Stanford University Libraries
3 6105 210 245 903

Digitized by Google



Digitized by Google

Digitized by Google

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ



1989

1

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



ҚӨКШЕТАУ ОБЛЫСЫ. Володар ауданы «Лавров» совхозының төртінші комплексті бригадасының бригадирі, Социалистік Еңбек Ері Тұрлыбек Әбілпейісовке еңбектегі көрнекі жетістіктері, дәнді жемдік дақылдардан жоғары және бітік өнім алғаны, оларды өсірудің интенсивті технологиясын енгізгені үшін 1988 жылғы СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Атақты дақан коллективті отыз жыл басқарады, ал оның дақандық стажына жарты ғасырдай болды. Әбілпейісов бригадасы облыста алғашқылардың бірі болып арендалық мердігерлікке ауысты. Коммунист Тұрлыбек Әбілпейісов өз совхозының қоғамдық өміріне белсене қатысады. Ол — Луначарский селолық Советінің депутаты.

СУРЕТТЕ: СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Тұрлыбек Әбілпейісов.

Суретті түсірген С. МАҒЗҰМОВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

1 • 1989
ЯНВАРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

1988 жылғы 29 ноябрь — 1 декабрьде Москвада СССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс он екінші сессиясы жұмыс істеді.

Сессияда мемлекеттік құрылыс саласындағы саяси реформаны жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. С. Горбачев баяндама жасады.

СССР Жоғарғы Советі СССР Конституциясының (Негізгі Заңының) өзгертулері мен толықтырулары туралы СССР Заңын және оны күшіне енгізу тәртібі туралы қаулы, СССР халық депутаттарының сайлауы туралы СССР Заңын қабылдады. Мемлекеттік құрылыс саласында саяси реформаны жүзеге асыру жөніндегі бұдан былайғы қадамдар туралы қаулы қабылданды.

СССР Жоғарғы Советі СССР халық депутаттарының сайлауын 1989 жылғы 26 мартқа тағайындады және Орталық сайлау комиссиясын құрды.

1931 жылдан бері шығып келеді.
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы.
© «Қазақстан үгітшісі», № 1, 1989 жыл.

Digitized by Google

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде

ОЯНҒАН ИНИЦИАТИВАҒА — САЯСИ КЕМЕЛДІК ПЕН ЖАСАМПАЗДЫҚ СИПАТ БЕРІЛСІН

Облыстық партия комитеттерінің идеология мәселелерін басқаратын секретарьларының, облыстық атқару комитеттері председательдері орынбасарларының, Алматы қалалық және аудандық партия комитеттері секретарьларының, бірқатар республикалық министрліктер мен ведомстволар, творчестволық одақтар басшыларының, астанадағы жоғары оқу орындары ректорлары мен бастауыш партия ұйымдары секретарьларының, бұқаралық информация құралдары өкілдерінің қатысуымен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының кеңейтілген мәжілісі болды. Онда «КПСС-тің Бүкілодақтық XIX конференциясының талаптарына сәйкес республика партия ұйымдарының талапкер қоғамдық құрамалармен жұмысы туралы» мәселе қаралды.

Былай деп атап өтілді: бүкіл еліміздегі сияқты Қазақстанда да демократияландыру мен жариялылық процесі кеңейтілуде, қайта құру барысында халық бұқарасының қоғамдық-саяси белсенділігін арттыру жөнінде дүниеге келген жұмыс формалары мен әдістері жетілдірілуде. Қоғамдық талапкерлердің өміршең процесі барған сайын жаңа қалалар мен селоларды қамтып, көптеген жақтастарды үсті-үстіне өзінің аясына тартуда. Қазіргі кезде республикада жүзге жуық әртүрлі инициативалық бірлестіктер жұмыс істейді.

Селқостыққа, әлеуметтік әділетсіздікке, бюрократизм мен көпірме сөзге қарсы әрістеген күрес толқыны өмірге әкеліп, еркіндік алған халық инициативасы қайта құруды қолдау жолындағы нақты да қуатты күшке айналып, ағымдағы және ұзақ мерзімді жоспарларды іске асыруға, еңбек коллективтеріндегі саяси және моральдық-психологиялық жағдайға игі ықпалын тигізуде. Қоғамдық сана-сезімнің өсуі, шаруашылық механизмін жетілдіру жолындағы күш-жігердің еселене түсуі нәтижесінде көптеген проблемалар ойдағыдай шешіле бастады, республикада ол проблемаларды бұрын қалай шешу керек екенін білмейтін. Атап айтқанда, бірқатар аймақтарда азық-түлікпен жабдықтау едәуір жақсарды, жүздеген және мыңдаған семьялар қоныс тойларын мерзімінен бұрын тойлады.

Қоғамдық талапкерлік қозғалысы түсіністік пен қолдау тапқан жерлерде партия комитеттері, совет және шаруашылық органдары, қоғамдық ұйымдар өткеннен мұра болып қалған кеселдерді жоюда, жол берілген қателіктерді түзетуде, өсудің жаңа резервтерін іздестіріп, енгізуде пәрменді де сенімді жақтастар тауып отырғаны аңғарылады. Демек, жеделдету жолындағы неше түрлі кедергілер мұнда тезірек және батылырақ жойылуда, материал ресурстары мен басқа да ресурстар тиімдірек пайдаланылуда, халықтың өскелең талап-тілектері жақсырақ қанағаттандырылуда.

Мысалға, Павлодарда инициативалы топтармен ынтымақтасудың белгілі бір тәжірибесі жинақталды. Көп кешеуілдеп болса да және шығынсыз болмаса да, қалалық партия комитеті мен қалалық атқару комитеті облыстық орындардың өкәрдемдесуімен экология саласында қалай дегенмен олармен ортақ тіл таба білді. Қазір облыс орталығында айналадағы ортаны сауықтыру, павлодарлықтардың өмір сүруі үшін неғұрлым жайлы жағдайлар жасау жөнінде зор, ынсаналы қарекет басталды. Және де бірлесіп жүргізіліп жатқан шараларға күн озған сайын жұмысшылардың, интеллигенцияның, оқушылардың пенсионерлер мен үй шаруасындағы әйелдердің көбірек қатысуының да маңызы бұдан әсте кем емес.

Алматыда осындай өзара іс-қимылды жолға қою жөнінде сенімді қадамдар жасалып жатыр. Республика астанасының совет қызметкерлері қоғамдық талапкерлік қозғалыстың қалың ортасындағы жұмысқа соны көзқарастарды іздестіре бастады. Алғашқы нәтиже міне, мынадай: қалалық атқару комитетінің жанынан қоғамдық қабылдау бөлмесі жұмысқа кірісті, оны ұйымдастырушылардың ой-жоспарлары бойынша ол азаматтық инициативаны пәрменді түрде іске асырудың штабына айналуға тиіс.

Талдықорғанның партия және совет органдарының қызметінде соңғы кезде көптеген қызғылықты істер пайда болды. Республиканың басқа да бірқатар қалаларындағы сияқты мұнда да, халықтың демалысын ұйымдастыруда бұдан бұрын осал буындар аз емес-тін. Алайда, мұндағылар қоғамдық наразылықтың айқын сипат алуын күтіп отырмай, толғағы жетті-ау деген мәселелерді анықтап, инициативаны өз қолдарына алды. Сөйтіп, қазір қоғамдық активистер подвалдар мен иесіз қалған үйлерді жамап-жасқап, мәдени орталықтарға айналдыруда.

Алайда, қоғамдық талапкерлік қозғалысында социалистік мұраттарға жат ағымдар да бар. Көбінесе бір ғана артықшылығы бар — тілі мен жағына сүйенген жауапсыз адамдардың біресе ана жерде, біресе мына жерде кінәратсыз, жасампаз күштерге желімдей жабысуы ықпалын тигізуде. Олар әдетте пайдалы еңбекпен айналысқысы келмейтін, оның үстіне көбінесе заңмен сыйыса алмайтын адамдар. Әлеуметтік көзқарасының таяздығымен, бейсаясаттылығымен ерекшеленетін немесе идеологиялық сілемтіктердің пағыз өзі болып отырған олар халық бұқарасының ой-санасы мен іс-әрекеттерін басқаруға тырысуда, қоғамдық-саяси ахуалға іріткі салғысы келеді, қоғамға сына қағуға, қайта құру ісін кері бұруға әрекет жасауда.

Кейде белгілі бір дәрежеде олар өз ойын іске асыруда. Партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ және комсомол органдарының нашар ықпалы, батылдықтың жетіспеуі, дәрменсіздік, жұмыстың әбден мезі қылған жаттанды формалары мен әдістері әсер етуде. Оның

Digitized by Google

үстіне кейбір лауазымды адамдар дүшпандық пиғылдағы топтар мен лидерлердің бар екенін, тіпті білмейді де, ал білген күннің өзінде оқиғалардың даму барысына араласпауды, көлеңкеде қалуды жөн көреді. Мұндай позицияны жекелеген қызметкерлердің нашар теориялық әзірлігімен түсіндіруге болады, олар алуан түрлі себептермен тікелей пікір таластыруға қорқатындар, жергілікті жерлердегі нақты жағдайды жетік білмейтіндер.

Алматы халық майданы дейтінді құру жөніндегі инициативалы топ іс жүзінде жұрттың көзін бақырайтып қойып ғалымдар үйінде екі рет бас қосты. Олар мұндай кездесулер өткізуге заң бойынша көзделгеніндей рұқсат алды ма, жоқ па — мұны білу оның әкімшілігінің ойына да келген жоқ. Ал бұл кезде ондаған кездейсоқ қатысушыларды жинап алған осы шараның инициаторлары өздері көксеген ұйымның құрылғанын кеңірдек кере мәлімдеді.

Бұл майдан қоғам үшін қандай пайдалы істер атқаруды жоспарлап отыр екен?— деген сұрақ туады. Сөйтсе оның қағидаларында игі қызметтің нышаны да жоқ көрінеді. «Декларация» қайшылықтарға толы және біржақты сипатта, оның үстіне түгелдей дерлік осындай Москва ұйымының қағаздарынан көшіріп алыныпты. Оның есесіне, тіпті бұлтартпас ақиқаттардың өзінің бұрмалануынан аяқ алып жүргісіз. Мәселен, майдан функционерлері халыққа республика астанасында метро салу туралы үкімет қабылдаған шешімнің зиянділығын түсіндірмек болады. Сырт қарағанда бұл өзі, әрине, аңғал адамның ойы сияқты көрінеді, бірақ астарында зіл жатқаны айқын: сандырақ ойдың авторлары фактілерді сапырылыстырудан тайынбайды. Алматылықтар арасында қалаға БАМ-нан он мың құрылысшы шақыру жөнінде жоғары жақтың шешім қабылдағаны-мыс туралы сыбыстар таратуда. Ал бұл «Тұрғын үй-91» программасының орындалмауына апарып соқтырады, өйткені бұл меймандарға онсыз да ұдайы жетіспей жатқан пәтерлерді бөлу керек болады-мыс.

Республикада контрреволюциялық «Демократиялық одақ» топтарын құру инициаторларының нұсқаулары бұдан да сорақы экстремистік пиғылдарымен ерекшеленеді. Өйткені, бұл «одақтың» КПСС-ке әлдеқандай оппозициялық партия ролінен дәмеленіп, түпкі міндеті ретінде елдегі саяси құрылысты өзгертуді жасырмай алға қойып отырғаны белгілі. Осы мақсатқа жету үшін олар «қоғамды дағдарысты жағдайға итермелеуге», «жанжалды ошақтар құруға», жаппай бүлік әрекеттерін ұйымдастыруға әзір екенін мәлімдеуде. Қазақстанды өздерінің ықпал ету өрісіне қосуға тырысып бағуда. «Демократиялық одақтың» филиалдарын құру әрекеттері қазірдің өзінде Алматыда, Қарағандыда, Оралда орын алды.

«Бүкілодақтық әлеуметтік-саяси клуб» дейтіннің құрамалары рухы бойынша оған жақын тұр. Мәселен, Қостанайдағы «Химик» мәдениет үйі жанындағы «Саяси пікірталас клубы» оның бөлімшесі болып табылады. Клуб мәжілістерінде советтік шындықты өрескел және арсыздықпен бұрмалайтын, өшпенділікке толы өздері басып шығарған документтер таратылады, жаппай азаматтық бағынбау және Конституцияға жат басқа да әрекеттер ұйымдастыру жолдары белгіленуде. Және де бір таңданарлық жәйт — осының бәрі қалалық және облыстық партия комитеттерінің іс жүзінде көз алдында болып жатыр. Ал олар болса, облыс орталығындағы жағдай ойдағыдай деп шіміркестен мәлімдейді.

Мынадай бір маңызды жәйт бар: экстремистік пиғылдағы ағымдар өтірік пен шындықты судай сапырылыстырып, өздерінің беделін көтеруге, қоғамдық талапкерлік қозғалыстағы игі істерді иемденіп кетуге тырысуда. Бұл орайда талай игі істер мен инициативаларға ұйытқы болған ұйымдарды идеологиялық жағынан үгіттеуге бірінші кезекте назар аударылуда. Мәселен, осыдан бірнеше күн бұрын Алматыда шын мәніндегі қайта құру ісіне дүшпандық пиғылдағы адамдар тобы «Алматы жасыл майданы» топтары өкілдерінің жұмыс бабындағы жиналысының барысын басқа арнаға салуға әрекет жасады. Онда қоғамдық негізде экология ісімен айналысушылардың қалалық атқару комитетімен іскерлік байланысын жолға қою туралы әңгіме болып жатқан еді. Жиналысқа қатысқан совет органы қызметкерлерінің белсенді де тегеурінді позициясы және осы шараны ұйымдастырушы талапкерлердің табандылығы ғана шақырылмаған қонақтарға тиісті тойтарыс беруге мүмкіндік туғызды.

Ұлтшылдық сарындағы талапкер топтар құрыла бастауы да алаңдаушылық туғызады. Атап айтқанда Жамбылда әскери қызметші, КПСС мүшесі Б. А. Дәукенов «Атамекен» қоғамының программасын жасаған, оны бірқатар адамдарға жіберіп, осы ұйымды құру жөніндегі съезге қатысуға шақырған. Соңдағы мақсаты — қазақтарды СССР-дегі басқа халықтардан, ең алдымен тіл мен мәдениет саласында оқшаулау негізінде біріктіру. Ал мұның ұлттық томаға-тұйықтыққа, халықтың бірте-бірте интеллектуалдық жағынан азғындауына бастайтын төте жол екені мәлім.

Республикада тек соңғы кездері пайда болған түрлі бағыттағы, бірақ жағымсыз ниеттегі қоғамдық құрамалардың тізімі мұнымен шектелін қалмайды. Олардың арасында мистиктер де, түрлі діни ағымдарға табынушылар да бар. Оның үстіне бейкүнә әуестенушілік сияқты болып көрінетін перденің тасасында көбінесе тіпті де залалсыз деуге бола қоймайтын байланыстар жатады. Целиноградта Москваның тұрғыны Колтунов дейтіннің денсаулық жүйесін үйренеміз деген сылтаумен шовинистік пиғылдағы бір топ интеллигенция жиналып, аты шулы «Память» ұйымымен байланыс орнатқан.

Жеткіншектердің талапкер топтарының саны көбеюде. Істің шын мәнінде қоғамдық тәртіпті бұзу негізінде біріккен бұларда күш пен озбырлыққа табынушылық уағыздалады. Олар Алматы, Жезқазған, Целиноград облыстарында бар. Мұнда бұзақылық жасайтын топтармен әзірше милиция органдары ғана жұмыс жүргізуде. Партия, совет, және комсомол органдары әзірге сырт қалып отыр.

Эксперименттік пиғылдағы түрлі одақ лидерлерінің, инициаторлары мен ұйымдастырушыларының әлеуметтік портретінде қызықты жайлар кездеседі. Олардың ұйытқысы — ғылы-

Digitized by Google

ми, творчестволық, инженер-техник интеллигенцияның өкілдері. Бұлармен жақынырақ танысатын болсақ, олар негізінен алғанда түрлі себептермен өмірден өз орнын таба алмаған, өзінің өктем шамшылдығын қанағаттандыру тұрғысынан таныла алмай жүрген адамдар екенін көреміз. Оның ішінде жоғары мектеп қызметкерлері де аз емес, мұның өзі, тегінде, республика Халыққа білім беру министрлігінің, жоғары оқу орындары ректорлары мен партия ұйымдарының ерекше назарында болуы тиіс.

Қостанайдағы «Саяси пікірталас клубының» жетекшісі жергілікті педагогикалық институттың философия кафедрасының оқытушысы Н. Ф. Федосеева, мәселен, еліміз бойынша көптеген сапарларға жиі шығып, толып жатқан жария емес және жартылай жария жиындарға қатысып тұрады. Сонда ол кімнің ақшасына барып жүр және уақытты қайдан табады деген сұрақ туады. Өйткені оқытушыларға демалыс жылына бір-ақ рет беріледі ғой.

Республика Ғылым академиясының Философия және право институтының кіші ғылыми қызметкері Л. М. Шерова деген біреу Алматыдағы «Халық майданы» үйлестіру советінің председателі және тиісті москвалық ұйымның эмиссары болып табылады. Оның жат пиғылы мен бұзақылық қылықтары институтта өбден белгілі болатын, бірақ институт басшылығы сөйте тұра Л. М. Шероваға Москвадағы аспирантураға оқуға түсу үшін кепілдеме беруді мүмкін деп тапқан. Мұны, ол, шынын айтқанда, диссертация қорғамастан аяқтады. Және де ол оқудың негізгі уақытын «Москва халық майданының» істеріне толық жұмсап келген болса, одан ғылым кандидаты шыға қоятын ба еді.

Біздің идеологияға жат адамдар бұқаралық информация құралдарында да пайда болды. Мысалы, Қазақ ССР Телевизия және радиохабары жөніндегі мемлекеттік комитетінің қызметкерлері С. В Дуванов, Е. Б. Шейгер «Алматы халық майданы» үйлестіру советінің мүшелері болып отыр, активистері ішінде Л. М. Кузнецова жүр. Мұнда бұларға іштартатын қызметкерлер де бар. Өзінен-өзі мынадай сұрақ туады: телевизия мен радиохабары сияқты жұртшылық пікірін қалыптастырудың қуатты жүйесіне саяси жағынан пісіп-жетілмеген және жауапсыз адамдарды жіберіп, Мемлекеттік комитеттің басшылығы қайда қарап отыр? Тегінде, мұндағылар Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің коллективтердегі моральдық-саяси ахуалдың жайы, интернационалдық және патриоттық тәрбиенің дәрежесі үшін бірінші басшылардың тікелей жауапты екені туралы қаулысын ұмытқанға ұқсайды.

Мұндай нәрсенің орын алуының тағы бір себебі мынада: партия комитеттері, совет және басқа органдар жағдайды көбінесе нашар біледі, жергілікті жердегі күштердің нақты орналасуы жайында дұрыс түсінігі жоқ. Жайбарақаттық та, енжарлық та, ойындағы нәрсені шындық етіп көрсетуге ұмтылу да, міне, осыдан.

Ол ол ма, жекелеген партия қызметкерлерінің бәрі де ойдағыдай деп көрсеткісі келетіні байқалады. Мәселен, осыдан біраз уақыт бұрын Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде жағымсыз құбылыстарға қарсы күрес қанағаттанғысыз жүргізіліп отырған бірқатар облыстар ішінде Жамбыл облысы аталды. Не болды дейсіз ғой? Жол берілген қателіктер мен олқылықтарды түзетудің орнына облыстық партия комитетінің секретарылары наразылықтар білдіріп, айдан анық нәрсенің өзіне толып жатқан дау айта бастады.

Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің қызметі көптеген кейістік туғызып отыр. Кезінде мұнда үлкен іс жайында, Целиноградта Бүкілодақтық рок-фестиваль өткізу жайында айтылып жүрді. Бірақ мамандардың пікірі басқаша болып шықты: осы шараға қатысқан жиырмадан астам коллективтің ішінде тек екеуі ғана профессионализмнен, музыка мәдениетінен дәмелене алады екен. Целиноградта қазір көшелер мен көрермендер залдарында бетімен кетті деуге болатын «рок өуесқойларының» толып жатқан топтарының пайда болуына осы фестиваль жағдай туғызбады ма екен.

Комсомол инициативасы қорларының басшылығымен жұмыс істейтін неше түрлі видеосалондарға, видеотекаларға байланысты істің жайы да дәл осындай: олардың экрандарында тек шетелдік, келеңсіз сарындағы фильмдер ғана көрсетіледі. Егер мүқият зер салып қарайтын болсақ, онда уақытты бұлайша өткізудің астарында талғамсыздық, біздің жастарымыздың бойына совет қоғамына жат адамгершілік қазыналарды ұялату әрекеттері, ақша «жасауға» ұмтылушылық жатыр. Комсомол басшыларының принциптілігі мен инициативасы қайда? Өйткені қоғамдық талапкерлік қозғалысына көбінесе жастар өнеге көрсетуде, сондықтан оларға нағыз эстетикалық тәрбие беру жолында комсомол активистері күреспегенде, кім күреспек.

Комсомолдың Орталық Комитеті жастар баспасөзін де қанағаттанғысыз басқарып отыр. Редакция коллективтерінде кінаратсыз моральдық-психологиялық ахуал орнатуға тиісті көңіл бөлінбейді. Сондықтан олардың кейбіреулерінде дүрдараздық пен кикілжің ошақтары пайда болған. Атап айтқанда, В. В. Столяров редактор болып қызмет ететін «Өркен» — «Горизонт» газетінде орыс және қазақ редакциялары ұрсысып қалған. Басылымның беттерінде күмәнді, саяси жағынан зиянды мақалалар жарық көріп жатады.

Немесе басқа бір мысал. «Ленинская смена» газеті «Комсомольская правда» газетінде басылған Литваның «Саюдис» туралы материал жөнінде қарсы пікір бергенде, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті газет редакторын қыспаққа алған. Бұл не: саяси өресіздік пе, әлде пікірлер плюрализмін өзінше түсіну ме?

Мынаны ашық мойындау керек: кейбір партия ұйымдары, республикада қазір қалыптасып келе жатқан жағдайдың көрсетіп отырғанындай, демократияландыруды және саяси системаның реформасын тереңдетуге қатысты Бүкілодақтық XIX партия конференциясы шешімдерінің төңірегінде терең насихаттық жұмысты әлі де жолға қоя алмай келеді. Сондықтан, әлбетте, пайда болған бос кеңістіктікті саяси көпірме сөзділер, байбалам-шылар және идеологиялық алыпсатарлар толтыруға тырысуда. Ал қазір белсенді іс-

Digitized by Google

қимылдар жасайтын, күрделі де қажырлы ұланғайыр жұмыс істейтін кез емес пе. В. И. Ленинің сөзімен айтар болсақ, «атап айтқанда теория практикаға айналатын, практика арқылы жаңданатын, практика арқылы түзелетін, практика арқылы тексерілетін тарихи кезең туып отыр...»

Талқыланған мәселе бойынша Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысы қабылданды. Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттеріне, бастауыш партия ұйымдарына, совет, кәсіподақ және комсомол органдарының коммунистеріне КПСС ұсынған совет қоғамын демократияландыру программасын жүзеге асыру жолдары, формалары және құралдары туралы республиканың еңбек коллективтерінде, оқу орындарында, ғылыми, техникалық және творчестволық интеллигенция, жастар арасында түсіндіру жұмысын кеңінен өрістету ұсынылды.

Бүкілодақтық XIX партия конференциясының шешімдеріне сәйкес еңбекшілердің демократиялық принциптерді тереңдетуге, жариялылықты кеңейтуге, қайта құру барысын, саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жеделдетуге бағытталған қоғамдық инициативасы мен творчестволық белсенділігі тұрақты қолдау тауып, көмек алуы, нақты істерге айналудың айқын мүмкіндігіне ие болуы үшін қолдан келгеннің бәрін істеу қажет.

Инициативалы топтар мен құрамалардың қызметін бір ізге салып, оны реттеп отыруға барынша жәрдемдесу, осы жұмысқа мәдениет, халыққа білім беру, спорт, табиғат қорғау, ДОСААФ және басқа да ерікті қоғамдар органдарының белсене қатысуын қамтамасыз ету керек. Талапкерлік бірлестіктерді қажетті есепке алу мен тіркеуді жолға қою, оларға қатысушыларды совет заңдарын сөзсіз құрметтеу рухында тәрбиелеу керек. Сонымен бірге қайта құру мүддесі жолында жұмыс істеп жатқан қоғамдық құрамаларға қол ұшын бермейтін коммунистердің бюрократтық иемқұрайдылығы фактілері принципті партиялық бағасын алуға тиіс. Өздеріне бағынышты коллективтерде моральдық-адамгершілік ахуалдың нашарлауына жол беретін басшы-коммунистерге қойылатын талапты күшейту керек.

Республиканың партия комитеттерінің идеологиялық бөлімдері, барлық идеологиялық ведомостволар мен ұйымдар жаңа қоғамдық құрамалармен тығыз байланыс орнату жөнінде табанды және нысаналы жұмыс жүргізуге тиіс. Марксизм-ленинизм теориясын, партия тарихын, экономиканың, правоның актуальды мәселелерін және т. б. білуде өздерінің әріптестерінен асып түсетін адамдар ғана сындарлы диалог жүргізе алатынын ескере отырып, белгілі бір инициативалы топтардың өкілдерімен әңгімелерді, «дөңгелек столдарды», пікірталастарды батылырақ өткізіп тұру керек.

Газеттердің, журналдардың, телевизия мен радиохабар редакцияларына қайта құру істеріне халық инициативасының қатысуын, партия, совет органдарының, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының қоғамдық құрамалардың қызметіне басшылық жасау жөніндегі жұмысын кеңірек және толығырақ көрсету ұсынылды. Бұқаралық информация құралдарының басты міндеті — адамдардың бойында демократиялық праволар мен бостандықтарды барынша толық пайдалануға ұмтылысты да, совет қоғамы мүшесінің міндеттерін мұлтіксіз орындауға әзірлікті де ұштастыра қамтитын шын мәніндегі азаматтық сезімдер тәрбиелеу.

(ҚазТАГ).

Digitized by Google

ҚИМЫЛ-ӘРЕКЕТ КЕЗІ, ЖҰМЫС КЕЗІ

Он екінші бесжылдықтың төртінші жылы басталды. Совет адамдары Бүкілодақтық XIX партия конференциясының шешімдерімен белгіленген елдің саяси және экономикалық өміріндегі үлкен өзгерістер арқылы оған енуде. Бүгінде қайта құру әр еңбеккерден практикалық қайтарымды, нақты қимыл-әрекетті талап етеді.

Редакция 1988 жылдың соңында қайта құрудың белсенді жақтаушылары — журнал оқырмандарының екі сұраққа жауап беруін өтінді:

1. Өткен жылы сіздің коллективте қандай өзгерістер болды, сіздің жеке өзіңіздің неге қол жеткізуіңіздің сәті түсті?

2. Сіздің пікіріңіз бойынша, жаңа жылда назарды неге шоғырландыру қажет, сіздің және жолдастарыңыздың қандай ойлары бар?



Р. КУРМЫШЕВ,

Орал облысы Зеленый ауданындағы «Пермский» совхозы трактор-егіс бригадасының бригадирі, шаруашылық парткомының мүшесі, Бүкілодақтық XIX партия конференциясының делегаты, үгітші

1. Партия конференциясынан оралғаннан кейін совхоздың еңбек коллективімен, басқа шаруашылықтар еңбеккерлерімен біраз кездесулеріміз болды. Онда басты мәселе: өндірісте, әлеуметтік салада ілгерілеушілікке қалай жедел жетуге болатындығы туралы сөз қозғалды. Бізде әзірше осы мәселе төңірегінде қаншама әңгіме қозғалатынын, ал істі қолға ала бермейтінімізді жасырмаймын. Дегенмен елеулі өзгерістер де баршылық. Егер есеп беру-сайлау партия жиналысы өткен жыл коммунистердің, шаруашылықтың бүкіл коллективінің өміріндегі басты оқиға болды десем, қателеспеспін. Онда практикалық істерге қарай маңызды қадам жасалды да. Бұрын біз совхоздың сүт, ет картоп өндіру жөніндегі жылдық тапсырманы табысты атқарып шығуын қанағат тұтатынбыз. Енді коммунистер шаруашылықтағы бүкіл істің жайына мейлінше талапшылдықпен қарады. Әлі де әсіре ұйымшылдық, жұмыстағы енжарлық, фермалар мен танаптарда ысырапқа жол берілетіні анықталды.

Партия комитетінің ұйымдастырушылық ролінің жетімсіздігі, маңызды ауыл шаруашылық науқандарын идеологиялық жағынан жете қамтамасыз етпеуі туралы келелі әңгіме қозғалды. Біздің партком ескі сарынмен, бұйрықтармен, иә шақырулармен жұмыс істеді. Басқа коммунистер сияқты мен де партия комитетінің секретары Малич жолдаспен оның жұмыс стиліндегі елеулі кемшіліктер, адамдармен нақты қатынасты жолға қоя білмеуі және оған ұмтылмауы туралы талай рет әңгімелестім, бірақ ол тиісті қорытынды шығармады. Партия жиналысында осы жайлы айтуға тура келді. Жиналыс оған сенім көрсетпеді. Коммунистер жұмысты ұйымдастыруды да жігерлі жүргізуді, комитет мүшелерінен қатаң сұрауды талап етті. Менің жолдастарым жігерлі, адамдар туралы қамқорлыққа жанашырлықпен қарайтын коммунист Александр Федорович Азовсковты парткомның жаңа секретары етіп сайлады.

2. Осы партия жиналысында келесі жылға арналған қимыл-әрекеттің нақты программасы белгіленді. Партия комитетінің мүшесі ретінде айналысатын басты жұмысым — арендалық мердігерлікті енгізу. Өткен жылы осы жаңа тартымды істі байқап көрдік. Мен және Федор Николаевич Кузьмин басқаратын бригадалар арендалық істі қолға алды. Енді совхоздың партия комитеті де арендаторлар қам-қарекетіне сырттай қарап тұрмайды, коллективтерде, мамандармен түсінік жұмысын жүргізеді. Біз іске шындап кірісіп, шаруашылық экономикасын жаңа арнаға бейімдей аламыз деп ойлаймын.

Digitized by Google

С. ЛЕГОСТАЕВА,
«Алматы үй құрылысы комбинаты» жобалау-құрылыс бірлестігінің сылақшы-сыршысы, СССР Жоғарғы Советінің депутаты, жастар тәлімгері



1. СССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс сессиясынан аса зор да жарқын әсер алдым, ал сессияда қайта құру тағдырын барынша анықтаған өте маңызды заңдар қабылданды. Мен жақсы көңіл-күймен Москваға аттандым. Кәсіпорнымыз жылдық программаны мерзімінен бұрын, 7 ноябрьге дейін орындап, 392 мың шаршы метрдей тұрғын үйді іске қосты. Демек алматылықтардың 10 мыңға жуық семьясы жаңа қоныстарын тойлады деген сөз. Жыл соңына дейін жоспардан тыс тағы жүздеген пәтер тапсырылды.

«Тұрғын үй-91» программасын жүзеге асыруға қосқан үлесіміз осындай. Әрине, мұны Алматы үй құрылысы комбинатының барлық қызметкерлері мақтаныш етеді. Қала тұрғындарының біздің істерімізге көңіл бөлуі кездейсоқ еместігін түсінеміз. Тұрғын үй проблемасы әзірше күн тәртібінен түскен жоқ. Біз де адамдар үмітін ақтауға ұмтыламыз.

Еңбек коллективтерінің советтері өзара талапшылдық ақуалын жасау үшін өте көп нәрсе атқарды. Бүгінде барлық істің біздің активистерімізге қатысы бар. Мәселен, біз краншы Надежда Мещерековаңы бригада советінің председателі етіп сайладық. Ол қаншама жаңа идеяларды, қызықты ұсыныстарды берді. Бұрын бізге бетон беруші № 6 цехтың сабақтас кәсіпшілерімен қатынасымыз кебіне кикілжіңге ұшырасатын. Енді бірлестігіміздің еңбек коллективі советі күш-жігерді біріктіріп, мемлекеттік қабылдау жүйесімен бірге ақтық қатаң бақылауды жолға қойды.

2. Мен үшін өндірістік және қоғамдық істер ажырамайды. Соңғы жылдары депутаттық қамқаракет мен үшін өмірдің бүкіл ырғағын анықтады. Мен тұрғын үй-коммуналдық комиссия құрамындамын, сондықтан адамдардың қам-қаракеттерін, олардың мұң-мұқтажын жиі естимін. Көпшілігіне көмектесудің, олардың аманаттарын орындаудың сәті түсті. СССР Жоғарғы Советі сессиясының жұмысына қатыса отырып, нақ осы адамдарды еске алдым. Қоғамдық өмір үшін маңызды заңдар, соның ішінде СССР Конституциясына (Негізгі Заңына) енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, СССР халық депутаттарының сайлауы туралы Заңдар сол күндері Москвада бекітілді. Депутатты өзінің негізгі қызметінен ішінара бостау туралы ұсыныстың толығынан қолдаймын.

Б. ИМАМАДИЕВ,
Алматы облысы Жамбыл ауданының Ленин атындағы совхозының жылқышысы, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, колхозшылардың Бүкілодақтық III съезінің делегаты, үгітші



1. Малшылардың әрдайымғы қам-қаракеті біреу — мал қыстатуды шығынсыз өткізу, иә, көп төл алу. Өткен жыл, былайша қарағанда, нәтижесі жағынан басқа жылдардан ерекше болған жоқ. Қыс жақсы өтті, төл 100 процеңттік мөлшерде алынды. Маусым ішінде тұтынушыларға 5 тонна қымыз жөнелтілді. Енді өзімнің атымнан ғана жұмыс қорытындылары туралы айтпаймын. Өткен жылы әйелім Тоқсұлу екеуміз жұмыс істеп, бір үйір жылқыны семьялық мердігерлікке алдық.

Демек шалғай мал шаруашылығы қызметкерлерінде әрдайым осылай ғой — әйелі бірінші көмекшісі әрі кеңесшісі, иә, тұрмыс ауыртпалығын да сол көтереді. Алайда кімнің үйғарымы екені белгісіз, әйелдер малшылар бригадасының, звеносының құрамына ұсынылмайтын. Осыдан барып сөз жүзінде тең праволы, ал іс барысында басқаша болып шығады. Енді ойдан шығарылған көптеген тосқауылдар күйретілуде. Адамдар анағұрлым еркін жұмыс жасайды, мезгілі жеткен мәселелер туралы айтады. Тоқсұлу екеуміз бірінші болып жаңаша жұмыс істей бастағаннан кейін совхозымызда жылқышылардың бәрі семьялық мердігерлікке ауысты.


Алайда шалғай тұрақтарда жұмыс істейтін малшыларда шешілмеген мәселелер әлі де жетерлік. Біз өмірден шеткақпайлау тұратынымызды бұрынғы-

Digitized by Google

сынша сезінеміз. Автоклубтар да, автодүкендер де бізде жүйелі болып тұрғанымен олардың жұмысындағы жаңалықтар әлі аз. Иә, кейде мәдениет қызметкерлері мен сатушыларды сондай аяйсың, олар қысқы жағдайдағы жұмысқа мүлдем бейімделмеген автобустармен тоңып-жаурап қаншама километр жол жүреді. Селолық мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасының артта қалуы жайлы көптен бері айтылып келе жатқанымен өзгерістер әзірше көрінбейді.

2. Менің алдымда жауапты сынақ тұр — өзімнің депутаттық жұмысым, сайлаушылардың аманаттарын орындауым туралы оларға есеп беруіме тура келеді. Осы қызметте шамама қарай адал әрі жауапкершілікпен жұмыс істеуге ұмтылдым. Демек соңғы кезде селоларымызда тұрғын үй жағдайы қыруар жақсарды. Өткен жылы ғана совхоз қызметкерлері 14 жаңа қоныстану тойын өткізді. Шалғай селоларға жаңа жол тартылды. Осы өзгерістерде менің де үлесім бар. Сонда да өзімнің депутаттық жұмысымнан толық қанағаттанғандық сезімді өткермеймін. Көбіне әлеуметтік даму, өндірістік өмір мәселелері депутаттардың, жергілікті Советтердің сыртынан шешіледі. Сондықтан да СССР Жоғарғы Советінің соңғы сессиясының материалдарын сондай зейін қоя оқып, депутаттық статусқа енгізілген өзгерістермен таныстым.

В. МИТРОФАНОВ,
Шығыс Қазақстан жастарының «Крона» ғылыми-өндірістік бірлестігінің бас директоры, саяси хабаршы



1. Өткен жылы өз жолдастарыммен бірге көптен бергі идеяны жүзеге асыруымыздың — жастардың ғылыми-өндірістік бірлестігін құруымыздың сәті түсті. Бұл — комсомол өмірін қайта құрудың нақты көрінісі. Бұрынырақта ол есептермен, иә, мерекелік шаралармен шектелетін. Менің өзім бертінге дейін Өскемен қалалық комсомол комитетінің ұйымдастыру бөлімі меңгерушісі болып жұмыс істегендіктен осы жайлы толық жауапкершілікпен айтып отырмын. Жастардың үлкен істерді де атқара алатынына әрдайым көміл сендім.

Бірлестігіміз туралы қысқаша баяндайын. Ол қалалық комсомол комитетінің инициативасы бойынша құрылды. «Крона» мемлекеттік кәсіпорындардың артықшылығын Бүкілодақтық өнертабысшылар мен рационализаторлар қоғамының және ғылыми-техникалық қоғамның мүмкіншіліктерімен сәтті қабыстырады. Біз өз білімін және тәжірибесін практикада қолдануға тілек білдірген жас өнертабысшыларды және рационализаторларды, ғылыми қызметкерлер мен инженерлерді, техниктерді, студенттерді біріктірдік. Күшті жұмсайтын жерлер көп-ақ. Ленин комсомолының 70 жылдығы аталған жылдың басты қорытындылары мынадай: штаттағы 40 қызметкер мен штаттан тыс мыңға жуық қызметкер жарты миллион сомның жұмысын орындады. Тағы екі миллион сомға шарт жасалды.

«Крона» мүддесінің ауқымы көлемді. Біз кәсіпорындар мен шаруашылықтар заказы бойынша құрылғылар мен механизмдерге арналған жобалау-смета документтерін әзірлейміз, сериялық жабдықтарды реттейміз, социологиялық зерттеулер жүргіземіз.

2. Біздің коллективтеріміз Өскеменнің май-экрация заводының жұмысына жете көңіл бөледі. Мұнда біз қарақұмықты тазалау жөніндегі жаңа комплекстің алғашқы кезегін ғана іске қостық. Біздің жігіттер механизмді конструкциялап, монтаждады. Ең алдымен инженер Виктор Еськов пен конструкторлық бюроның бастығы Андрей Липатниковтың қосқан үлесі туралы айту керек. Комплекс еңбек өнімділігін күрт арттырумен қатар дәннің алынуын бір жарым есе көбейтеді. Ол жұмыста ықшам, ыңғайлы. Ол жобалық қуатына шыққаннан кейін облыстың ішкі қажетіне жұмсалатын бүкіл қарақұмық жергілікті жерде ұқсатылады.

Биыл заводта оның екінші кезегін монтаждауымызға тура келеді. Ал жобаның түпкі мақсаты — совхоздар мен колхоздарға арналған, қарақұмықты жергілікті жерде ұқсатуға көмектесетін жабдықтар жасау. Демек елеске бой ұрып отырғанымыз жоқ, білімімізді нақты іске жұмылдырудамыз. Әрине, өз қатарымызға жаңа энтузиастарды тарта береміз. Ал олар бізде көп-ақ.

Digitized by Google

ЖЕКЕ ҚАТЫНАС ТЫНЫҚТЫ ОРНЫҚТЫРЫЛСЫН

Алматы ауыр машина жасау заводы шойын құю цехының қалыптаушысы, цех партия ұйымының секретары Әбділманап Бегенбаевтің мақаласы журналымыздың өткен жылғы жиырмасыншы санында «Бірлесе қимыл-әрекет жасайық» деген тақырыппен жарияланған еді. Онда озат жұмысшы еңбек коллективтерінде және тұрғылықты жер бойынша жеке тәрбие жұмысын қалай жақсы жолға қоюға, әрбір адамның белсенділігін қалай көтеруге болатындығы туралы бірлесе ойластыруды ұсынған-ды.

Редакция бүгін алғашқы пікірлерді жариялай отырып, барлық оқырмандарды әңгімені қолдауға шақырады. Идеялық-тәрбие жұмысының формалары мен әдістерін жаңарту үшін сіздердің партия ұйымдарыңызда не жасалып, онда жеке қатынастар қалай орнықтырылып жатқанын, сондай-ақ бұған не оралғы болып отырғаны жайында әңгімелеуді, осы проблемалар жөнінде өз ойларыңыз бен ұсыныстарыңызды айтуды өтінеді.


БІРЛЕСЕ ҚИМЫЛ-ӘРЕКЕТ ЖАСАЙЫҚ

ӘҢГІМЕЛЕСЕ БІЛУДІ ҮЙРЕНЕЙІК

Мен «Бірлесе қимыл-әрекет жасайық» деген мақалада біздің сөздеріміз ғана емес, біздің лекцияларымыз бен әңгімелеріміз ғана емес, күнделікті бүкіл ісіміз адамдардың сана-сезіміне ықпал жасайтыны туралы айтылған пікірмен келісемін.

Егер істер туралы айтар болсақ, совхозымызда ешкім ештеңе шешпейтін, бізге жоғарыдан қаптаған нұсқаулар берілген кез туралы міндетті түрде еске алу керек. Жайбарақаттылық пен немқұрайдылық осылай орнықтырылды. Ал енжар аудиторияда идеология жұмысын жүргізу қиын болды.

Соңғы жылдары көп нәрсе, алдымен адамдар өзгерді. Енді оларды даурықпа шаралар, жаттанды сөздер, жаттанды ұрандар баурамайды. Олар жанды істі қалайды және ең алдымен оны партия қызметкерлерінен талап етеді.

Біз осы талапты қанағаттандыра аламыз ба? Егер совхоздардың партия ұйымдары секретарларының деңгейі туралы әңгімелер болсақ, адалын айтқанда, әрдайым қанағаттандыра алмаймыз. Бізге әуелі саяси мәдениеттің жетімсіздігі оралғы жасайды.

Дегенмен біз әлденені өзгертіп, тәрбие жұмысының жаңа формаларын іздестіру керектігін көріп отырмыз. Бізге мұны партия шешімдері, өмір көрсетуде.

Өткен жылы жастарға арналған саяси пікірталас клубын құрдық. Онда ашық әңгіме жүргізіп, жігіттер мен қыздардың нақты өмір мәселелері бойынша өз позицияларын анықтауына көмектесеміз. Алайда, әрине, пікірталасты жүргізу іскерлігі жетіспейді, біздерді, селолық партия ұйымдарының жетекшілерін нақты мысалдар арқылы осыған үйрету керек-ақ.

Сондай-ақ біз эксперимент ретінде экономикалық оқуды агрономиялық оқумен қабыстыруға ұйғардық. Соның нәтижесінде тыңдаушылардың ынта-ықыласы артты, сабақ белсенді түрде өтеді. Біздің шаруашылығымыз — ВАСХНИЛ-дің ауыл шаруашылығы экономикасы институты үшін арендалық мердігерлікті енгізу жөніндегі базалық шаруашылық. Сондықтан да біз сабақтарды өткізуге осы институт қызметкерлерін тартамыз. Совхозымыздың көрсеткіштерінде олардың еңбек үлесі бар деп ойлаймын. Мәселен, 1987 жылы 330 мың сом пайда алуды жоспарлаған едік, демек аренданы енгізуге орай ол 635 мың сом болды. 1988 жылғы жоспар жоғары — 500 мың сом, ал біз 700 мың сом алдық. Біздің таңдаулы арендалық коллективтеріміз — Т. Жақыпов пен Е. Айтмұқановтың

Digitized by Google

есімдік өсірушілер бригадалары өте жақсы жұмыс жасайды. Бригадирлер өздерінің өндірістік істерін үгітшілер қызметімен ойдағыдай қабыстырады. Ал таңдаулы насихатшылардан совхоздың бас агрономы А. Ахметовты, селолық Совет атқару комитетінің председателі Ж. Сыздықованы атағым келеді.

Бертінде совхоздағы ескі плакаттардың, шақырулардың, ұрандардың бәрін алып тастадық. Олар ілулі тұрған кезде ешкім назар аударmаған еді, тіпті көзқырларын да салмады. Ал осы плакаттарды ала бастағанымызда жаттанды сөздер, ескірген ұрандар, қалай болса солай ілінген плакаттар адамдар тәрбиесінде қайсыбір роль атқара алады деп мықтап ойламағанымыз үшін қатты ұялдық.

Көрнекі үгітті жаңарттық, демек егіс қостарындағы үгіт алаңдарын безендіруге айрықша көңіл бөлдік. Құрмет тақтасын безендірдік, социалистік міндеттеменің қалай орындалып жатқанын көрсетуге ұмтыламыз.

Тұрғылықты жер бойынша да көрнекі үгітті безендірдік. Ол бізде іргелі, қымбат болмағанымен адамдардың бәрі игі істер, еңбеккерлердің құлықтары туралы жедел білсін деп ұйғардық.

Егер бұдан бір жыл бұрын ақсақалдар советі совхоз партия комитеті мен ауылдық Советтің ең үлкен көмекшісі бола алады десе, онша илана қоймас едім. Оны Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагері К. Сманов басқарады. Селодағы аса сыйлы, аса құрметті адамдар оның құрамына енді. Олардың ұлағатты сезі, мәселен, жаңа ғұрыптар мен салттарды орнықтыруда өте зор роль атқарады. Ардагерлер атеистік насихатқа да белсене қатысады. Жастарға қарағанда сыйлы ардагерлер сөздері де көбірек тыңдалады.

Бүгінде бізге, партия қызметкерлеріне, жұмыс істеу анағұрлым қызықты бола түсті. Өте көп нәрсе біздің өзімізге тәуелді екенін сездік. Аудандық партия комитеті орынсыз қамқорлық жасай бермейді, дегенмен олардан көмек сұрау мүмкіндігі әрдайым баршылық.

М. ЕСЕНБАЕВА,
XVIII партсъезд атындағы совхоз партия комитетінің секретары.
Тереңөзек ауданы,
Қызылорда облысы.

АДАМДАРДЫ ТЫҢДАЙ БІЛУ

Әрбір партия ұйымы тәрбие жұмысында өзіндік формалар мен әдістерді іздестіруге тиіс қой деп ойлаймын. Мұны біздің кәсіпорынымыздың мысалы арқылы түсіндіріп көрейін. Ақтөбені электр және жылу энергиясымен қамтамасыз етуші бірден-бір станция 1986 жылы қаланың ұдайы өсе түскен қажетінен қыруар кейін қалды. Қалыптасқан жағдайды талдап, әкімшілік пен партия бюросы жұмыс істеп тұрған жабдықтардың жүктелімін көмітпей-ақ станцияны қайта құруды жедел қарқынмен бастауға шешім қабылдады.

Осы күрделі жағдайдың өзінде кейбір цехтық партия ұйымдары адамдармен жұмыста күн талабынан қыруар кейін қала бастады. Бұл шаралар көбірек өткізілгендей болғанымен, адамдармен нағыз жанды жұмыс жүргізілмеген кездің салқынымен түсіндіріледі. Коллектив өмір сүріп отырған қам-қарекеттен қол үзушілік болды. Сөйтіп өмірдің өзі бізді жұмыстың жаңа формаларын таңдау алдына қойды. Адамдармен жеке жұмысты жүргізу әдістері арқылы коллектив белсенділігін арттыру ұйғарылды. Жариялылыққа сүйену, ең алдымен адамдардың өздерінің алдағы жұмысы туралы пікірлерін тыңдау ұйғарылды. Қайта құру жобасы жаппай талқылануға ұсынылды. Бұрынырақта бұл тұрғыдан әңгімелемес те едік: өйткені бүкіл документтер министрлікте бекітілген еді. Демек қызметкерлерімізде біраз іскер ескертпелер бар екені анықталды. Адамдар кемшіліктерді ашық көрсетіп, нақты ұсыныстар енгізе бастады. Трубина цехы коллективінде жоба жөнінен өте өткір пікірталас өтті.

Кәсіпорынымыздың аса беделді қызметкерлерінің бірі болып табылатын турбина машинасы, III дәрежелі Даңқ орденінің иегері, коммунист Н. Г. Папилов жас жұмысшыларды, мамандарды жобаны мұдделілікпен талқылауға бейімдей білді. Соның нәтижесінде қайта құру кезінде станцияның энергетикалық қуатын кеміту туралы ұйғарымға күдік келтірді. Осы талапты ескеру арқылы ТЭЦ коммунистері жұмыс бағытын қайта қарады. Орташа қысымдағы турбогенераторды ажыратуды экономикалық жағынан орынсыз деп тауып, біз осы ескертпелерді министрлікке жібердік, сөйтіп жобаға өзгерістер енгізуге қол жеткіздік. Енді турбогенераторды ажыратудың орнына осы заманғы конструкциялар, жаңа генераторлар монтаждалады, станция электр қуатын іс жүзінде кемітпейді.

Өте қажетті іс атқарылды, сонда да басқа нәтижені көрмеуге болмайды —

Digitized by Google

күрделі міндеттерді шешуге нақты қатыса отырып, жұмысшылар мен инженерлер өз күштерін сезініп, кәсіпорында болып жатқан өзгерістерге мүдделілікпен қарай бастады. Тоқыраушылық белең алған жерде адамдар өспейді, лекциялар мен әңгімелердің көмегі шамалы.

Демек еңбек коллективінің, коммунистердің позициясына көп нәрсе тәуелді. Және мұнда біз қайта құру кезінде де осыған иландық. Ол басталған кезде бүкіл тәрбие жұмысының ауыртпалығын бригадаларға, тікелей жұмыс орындарына ауыстырдық. Ең алдымен партия топтарына сүйендік. Партия топтарының ұйымдастырушыларына жұмыс барысы үшін дербес жауапкершілік жүктелді. Қайсыбір шараны белгілеу барысында олардың пікірі тыңдалды: мұның өзі партия топтары ұйымдастырушыларының коммунистердің бәрінің беделін қыруар көтеріп, авариясыз жұмыс істеу үшін жауапкершілікті де жүктеді. Партия тобының ұйымдастырушысы, монтажшы И. Ощепков бастаған «Среднеазэнергомонтаж» учаскесінің коллективі су жылыту қазанын монтаждау барысында өте жатық жұмыс істеді.

Станция коллективі ұдайы жасырып отырғандықтан бізде мына мәселе біршама алаңдаушылық тудырды: жастар, әсіресе жаңадан келгендер жұмыстың жоғары қарқынын сақтап, станцияның еңбек ырғағына ілесе ала ма? Тәлімгерлер советіне жүгіндік. Бұған дейін оның жұмысы формальды жүргізілгенін айту керек. Дегенмен нақты істі сезініп, ардагерлер де, жастар да желпінді. Коммунистер — тәлімгерлер советінің председателі, мастер А. Н. Гузеева, электр дәнекерлеуші, екі Ленин орденінің иегері М. Н. Мұрзағалиев тәлімгерлер мен жас жұмысшыларды дұрыс орналастыру үшін көп нәрсе жасады. Жоғары еңбек тәртібін сақтау тұрғысынан партия мүшелерінен айрықша сұралды. Мұнда да станцияның таңдаулы қызметкерлерін ішімдікке, қыдырымпаздыққа бейім адамдарға бекіттік.

Ашық партия жиналыстарында коммунистер есебін тыңдадық, бас мамандарға айрықша жоғары талаптар қойдық. Мәселен, өткен жылы коммунистер станцияның бас инженері Н. М. Кенбаевқа жұмысындағы елеулі кемшіліктерді атап көрсетті. Принципті әңгіме пайдаға асты. Коммунист сыннан дұрыс қорытынды шығарды.

ТЭЦ директорын сайлау да коммунистердің жоғары талапшылдығының үлгісі қызметін атқара алады. Оның қарсаңында аттарын айтпай, анкета жүргізілді, станцияның формальды емес 7 лидері анықталды. Ал ашық жиналыс осы кандидатуралардан директордың орынбасары болып жұмыс жасаған, белсенді өмірлік позицияны ұстайтын В. Ф.. Калиниченконы ТЭЦ директоры етіп сайлады. Мұнда партия бюросы мен коллективтің пікірі үйлесті. Міне, бір жарым жылдан бері Валерий Федорович станция коллективін ойдағыдай басқарып келеді. Тұтасынан станцияны қайта құру дәлме-дәлдікте өтуде.

Адамдармен жеке жұмыс жүргізу үйреншікті жолдар арқылы — жеке әңгімелер арқылы ғана өтпейтініне иландық. Қазір, қайта құру кезінде адамды тыңдай білу, оның ұсынысын ескеру, оның өз күшін байқап көруіне мүмкіндік беру маңызды.

А. ХЛЫСТУН,
Ақтөбе ТЭЦ-і партия бюросының секретары.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ. «Казсельмонтаж» тресі монтажшыларының бригадирі, коммунист И. С. Дубовик республиканың маңызды құрылыстарында отыз жыл жұмыс істейді. Қазақстан Магниткасы, Павлодардағы алюминий заводы, Рудныйдағы байыту комплексі, Қостанайдағы химиялық талшық комбинаты — құрылысшының шебер қолының таңбасы қалған ірі өнеркәсіп объектілерінің толық емес тізімі осындай.

Қазір Иван Степанович монтажшылардың ірі бригадасын басқарады. Осы коллектив трестің еңбек коллективтері арасындағы социалистік жарыстың бірнеше рет жеңімпазы болды, алғашқылар қатарында шаруашылықты жүргізудің жаңа формаларын практикада іскер қолданады.

Бригадир қызметі Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет Белгісі» ордендерімен аталды. И. С. Дубовикке 1988 жылғы СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.



СУРЕТТЕ: жұмыстас жолдастары өз бригадирін жылы лебізбен құттықтауда.

Суретті түсірген В. ДАВЫДОВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ОРТАЛЫҚ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ «ІЛЕ» СОВХОЗЫНДА БҰДАН БІР ЖЫЛ БҰРЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ОРТАЛЫҚ ЖҰМЫС ІСТЕЙ БАСТАДЫ

Шаруашылық парткомының секретары Е. С. Тұрымбетов Өзбек ССР Наманган облысы совхоздарының бірінде командировкада болған кезінде оны құру идеясын алмасқан еді. Дегенмен орталықты құру барысында жергілікті жағдайлар ескерілді.

Бұл үгіт-насихат, адамдармен тәрбие және ұйымдық жұмыс жүргізуге қажетті информациялар жиналған екі бөлме. Ал ол ұйымдық тұрғыдан саяси оқу, өндірістік-экономикалық білім кабинеттерін, клубты, кітапхананы, жауынгерлік және еңбек даңқы музейін біріктірді. Осы ұйымдардың бәрінің өкілдері енетін, тоғыз адамнан тұратын совет орталыққа басшылық жасайды.

Қоғамдық-саяси орталық не береді? Активистердің өздері осы жайды әңгімелейді.

«Орталық барлық қоғамдық құрамалардың жұмысын үйлестірді,— деп есептейді совхоздың әйелдер советінің председателі Нина Федоровна Сердюкова. — Бұрын біздің әйелдер советіміз де, салауаттық жолындағы күрес ерікті қоғамы да, ардагерлер советі де, селолық кітапхана да жеке-жеке жұмыс жасады. Көбіне олардың жоспарлары қайталанатын, шараларды өткізу күні мен сағаты түспа-түс келетін, иә, негізінен солбір адамдар активте болды. Бір сөзбен айтқанда, әрқайсысы өз сырнайын тартты, ал одан жатық әуен шықпады.

Енді бәрі өзгерді. Әр айдың соңында барлық қоғамдық құрамалар жетекшілері орталыққа жиналып, нақ осы айда қайсыбір шараны өткізу тиімділігін, әлде кейінге қалдыру керектігін, бірлескен күшпен не жасауға болатындығын ойластырады. Енді біз еркін тыныстап, формализмнен арылдық, жанды нақты істер көбейе түсті.

Ал соғыс және еңбек ардагерлері советінің председателі Николай Васильевич Егоров былай дейді: «Жалпы жоспарлау жинақыландырып, ширата түседі. Біз бірлескен күшпен семьяларға барамыз. Тұрғындар жиындары да өтті. Бұл, әрине, ардагерлер советі немесе басқа қайсыбір қоғамдық ұйым өз бейнесінен айырылып қалды дегенді білдірмейді. Жоқ, олардың әрқайсысы өз міндеттерін өздері шешеді, дегенмен үйлестіру қайталауды болдырмауға көмектеседі. Біз осында орталықта азаматтарды қабылдаймыз, адамдарға көбірек баруға ұмтылғанымызбен, саяси хабарларға, лекцияларға қатысамыз».

Қоғамдық құрамалар күш-жігерін үйлестіруге қоса қоғамдық-саяси орталық саяси оқу мен экономикалық білім мектептері насихатшыларының жұмысына көбірек көмектесуде. Орталықтағының бәрі — оның безендірілуі де, материалдардың іріктелуі де, қоғамдық-саяси әдебиеттер де бір мақсатқа: тыңдаушыларға пән бойынша нақты білім беріп, әр сабақты мүмкіндігінше мазмұнды етуге бағындырылған.

Анықтама материалдарын іріктеу ту-



СУРЕТТЕРДЕ:

● **«Іле» совхозының насихатшысы Татьяна Степановна Погромская (ортада) қоғамдық-саяси орталықта семинар тыңдаушыларымен әңгімелесуде.**

● **Қоғамдық-саяси орталықтың стендтерінде совхоз коллективінің жұмысы мен міндеттері туралы маңызды информациялар баяндалады.**

Суреттерді түсірген А. ЯШНЕВ.

Digitized by Google

ралы айрықша айтқымыз келеді. Кәсіпорындар мен шаруашылықтарда қаншама рет бола жүріп, информациялар жинақталатын папкаларды ренішпен ысыра салуымызға тура келеді. Олардың көпшілігінде ескірген және онша мәнді емес информациялар баяндалады. Ал мұнда келушілер назарына өте керекті топтамалар, салыстырмалы есептер ұсынылады. Оларды пайдалану арқылы аренданың, семьялық мердігерліктің т. б. артықшылығын бірден аңғаруға болады. Мен әңгімелескен насихатшылар Карп Петрович Новиковтың, Иван Георгьевич Шмидтің, Ақжолтай Мұрасылқызы Текесбаеваның орталық өздерінің жұмысында сүйенішке айналғанын бірауыздан мәлімдеулері кездейсоқ емес.

«Қазір бізде не керектің бәрі жанымызда тұрады,— дейді А. М. Текесбаева. — Демек, тыңдаушылармен еліміз туралы да, республика туралы да, Алматы облысы туралы да, нақты өзіміздің шаруашылығымыз туралы әңгіме жүргізуге көмектесетін қажетті деректеріміз бар. Біздің совхозымыз жинақы орналасқан, сабақтардың бәрі бөлімшелерде емес, қоғамдық-саяси орталықта өтеді, барлық бөлімшелердің тыңдаушылары тағайындалған күнде әкелінеді. Иә, олардың өздері де қайсыбір сәтте осында келіп, оқып, материалдарды ұқсата алады, осында рефераттар жазады».

Үгітшілер мен саяси хабаршылар қоғамдық-саяси орталықтан өздері үшін қаншама пайдалы мағлұматтар алады. Саяси хабаршы Николай Николаевич Хегай, ішінара алғанда, мынадай пікір айтты: «Бұрын әңгімені әзірлеуге, таныстарымда да, басшылар кабинеттерінде де, кітапханаларда да керекті газеттерді немесе журналдарды іздестіруге қаншама уақыт жұмсайтынмын. Енді бүкіл мерзімді баспасөз бір жерге жинастырылған, оның үстіне, былайша айтқанда, тақырып бойынша сөрелерге бөлініп қойылған, мұның өзі жұмыс істеуге өте ыңғайлы».

Қоғамдық-саяси орталық меңгерушісі Виктория Викторовна Малых былай деп әңгімелейді: «Партком мүшелерінің бірі орталықта өтетін сабақтарға жүйелі түрде қатысады, ал сосын насихатшы жұмысына баға береді. Біз айына бір рет семинарларда насихатшылармен кездесеміз. Онда олардың әрқайсысына ненің сәті түсекенін, қай тұрғыда әлі де жұмыс істеу керектігін айтамыз».


Активистер керекті фильмдерді көру мүмкіндігін де өте-мөте бағалайды. Қоғамдық-саяси орталық советінің өтініші бойынша клуб қызметкерлері фильмдерді іріктейді.


Қоғамдық-саяси орталық қызметінің тағы бір бағыты — кәсіптік бағдар беру. Мұнда оқушылар ғана емес, сондай-ақ бала бақшаның ересек топтарының балалары да келеді. Шаруашылық мамандары балаларды танымал түрде совхоз өмірімен таныстырады, оның даму жоспары туралы әңгімелейді. Осы жұмыс нәтижелері де қазірдің өзінде баршылық, өткен жылы жергілікті орта мектепті бітірушілердің бәрі өз селосында қалды.

«Іле» совхозы қоғамдық-саяси орталығының жұмыс тәжірибесі ауданда таралуда. Ілеліктердің көршісі — «Қаскелең» совхозы өз орталығын безендіруді аяқтап қалды, басқа шаруашылықтар да онымен қаруланды, сөйтіп осы тәжірибе облыс бойынша да таралуда.

Т. ЩИПАНОВА,
біздің тілшіміз.

Алматы облысы.





Digitized by Google

ОРТАҚ ҚАМ-ҚАРАКЕТІМІЗ БЕН ҚУАНЫШЫМЫЗ

Біздің республикамызда тұратын ұлыстар туралы мақалалар циклін* советтік корейлер өмірі туралы мақаламен жалғастырамыз. Оның авторы — философия ғылымының кандидаты, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының аға ғылыми қызметкері Дмитрий Вольбонович МЕН.



Совет корейлері СССР халықтары семьясында лайықты орын алады. Орыстармен, қазақтармен, еліміздің басқа халықтарымен қол ұстаса отырып, олар социалистік құрылысқа белсене қатысуда.

Корей еңбекшілерінің өмір жолы ел тарихымен тығыз қабысқан. Менің бабаларым бұдан жүз жылдан астам бұрын Россияға қоныс аударды. Жоқшылық пен теңсіздік азабынан, жақсы өмірді іздеп, олар осында өзінің жаңа Отанына ие болды.

Патшалық Россияда басқа халықтар сияқты қоныс аударушылар өмірі ауыр болды. Таптық және ұлттық тепкі, саяси теңсіздік халық бұқарасының наразылығын туғызды. Корей еңбекшілері революциялық қозғалысқа қосылды. Большевиктер партиясының басшылығымен корей интернационалистері Қиыр Шығыста Совет өкіметін орнатуға белсене ат салысты. Ли Донхи, О Сон Мук, Пак Ай, Ким Рип, Александра Петровна Ким (Станкевич), Пак Чинсун, Ли Ен, Ким Мангем, Хан Менсе және көптеген басқа адамдар алғашқы революционерлердің арасында болды.

Азамат соғысы жылдарында Приморье мен Приамурьеде дербес корей партизан отрядтары, сондай-ақ орыс отрядтарында корей бөлімшелері жасақталды. Демек Амур майданы штабының Қиыр Шығыс республикасының Әскери советіне жолдаған мәліметінде Қиыр Шығыстың түрлі аудандарында жалпы саны 3700 адамға жететін 36 корей партизан отряды бар екені хабарланды.

Бұлар — орыс халқымен бірлесіп қанаушылар өкіметіне қарсы күресте сенімді жолды таңдаған адамдар еді. Азамат соғысының аңызға айналған батыры Сергей Лазо 1920 жылы Владивостокте корей еңбекшілерінің митингісінде сөйлеген сөзінде былай деді: «Корей жолдастар! Біз сіздерді коммунистер партиясының Қиыр Шығыс комитеті атынан құттықтаймыз. Біз сіздердің не үшін күрескендеріңізді білеміз және сіздер біздің күресіміз неге ұмтылып отырғанын білесіздер... Қазір Россияда корей халқының өзін-өзі анықтау правосы бар. Мұнда, Қиыр Шығыста, сіздердің мүдделеріңіз біздің мүддемізбен тығыз қабысқан. Өздеріңіз ұмтылып отырған осы бостандықты купецтер мен капиталистер қуаты құлағаннан кейін ғана алатындарыңызға кәміл сенеміз».

Жаңа өмір еңбекші халық алдынан кең көкжиектерді ашты. Советтік құрылыс барысында корейлердің ұлттық мәдениеті барынша дамытылды. Жаңа мектептер, кітапханалар, клубтар құрылып, ана тіліндегі әдебиеттер басылып жатты. Қиыр Шығыс өлкесінде 20-30-жылдары корей тілінде алты журнал мен жеті газет басылды. 1931 жылы Владивостокте Корей мемлекеттік педагогика институтын, ал 1932 жылы — Корей музыкалық драма театрын құру маңызды кезеңге айналды. Алайда 1937 жылғы қайғылы оқиғалар — Орта Азия мен Қазақстанға қоныс аудару жүздеген мың советтік корейлердің тағдыры мен өміріне зардабын тигізді, ал социалистік заңдылықты бұзу ұлттық мәдениетті дамытуға елеулі нұқсан келтірді.

Көршілес қоныстанған халықтардың туысқандық қолдауы мен қайырымдылығы сол ауыр жылдарда корей қоныстанушыларының жаңа жерде қиындыққа төтеп беруіне көмектесті. Қазақ ауылдарының тұрғындары корей қоныстанушыларына қандай қайырымдылықпен қарағаны есімізде. Олар не қажеттің бәрін бізбен бөлісіп, сөздерімен де, істерімен де қолдау жасады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында бүкіл совет халқымен бірге корейлер тылда екпінді жұмыс жасады, олардың

*Журналдың 1988 жылғы 14 және 21 сандарын қараңыз

Digitized by Google



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ. Коммунист, Бүкілодақтық XIX партия конференциясының делегаты Ефрем Ким еңбек қызметін бұдан он бес жыл бұрын Калинин атындағы совхозда суарушы болып бастаған еді. Ол арендалық мердігерлікте жұмыс істейтін күріш өсіруші бригаданы сегіз жылдан бері басқарады. Коллектив биыл гектарына 50 центнерден астық алды.

СУРЕТТЕ: күріш өсіруші Ефрем Ким. Суретті түсірген И. БУДНЕВИЧ (ҚазТАГ).

Қызылорда облысы Қармақшы ауданының «III Интернационал» колхозының бригадирі, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Николай Иванович Ким, Алматы облысы Балқаш ауданы «Бақбақты» совхозының звено жетекшісі Федор Данилович Шин, Талдықорған облысы Қаратал ауданының Фрунзе атындағы тәжірибе шаруашылығының звено жетекшісі Андрей Петрович Ли осы дәстүрлерді дамытып келеді. Жамбыл облысының Қордай ауданындағы «Көккайнар» совхозы еңбеккерлерінің жетістіктері кеңінен мәлім. Оны Социалистік Еңбек Ері Леонид Иванович Хан басқарады. Мұнда шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістеріне батыл ауысып, арендалық және семьялық мердігерлікті енгізуде. Талдықорған облысы «Үштөбе» совхозының көкөніс өсірушісі, Ленин орденінің иегері Вера Васильевна Шин мен СССР Жоғарғы Советінің депутаты, құс өсіруші Элла Ивановна Ким бесжылдық сапалақтары қатарында келеді.

Бүгінде қаншама корей еңбекшілері өнеркәсіп орындарында, құрылыста, транспортта табысты жұмыс жасайды.

көпшілігі майданда батыл шайқасты. Шайқастарда көрсеткен батылдығы мен ерлігі үшін капитан-артиллерист Александр Мин және сүңгуір қайық командирі Алексей Хан Совет Одағының Батырлары атағына ие болды.

Соғыс кезінде колхозшылар бұқаралық еңбек ерлігін жасады. Тың жерде алған мол өнімдері үшін олардың көпшілігі ордендермен және медальдармен наградталды. Қызылорда облысы Шиелі ауданының «Авангард» колхозында соғыс жылдарында 730 гектар тың жерді көтерді. Кейіннен екі мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған Ким Пен Хван председатель болып істеген Ташкент облысының «Полярная звезда» колхозы мың гектардан астам тың жерді игерді.

Біздің халқымыз егіншілердің көп ғасырлық дәстүрлерін орынды түрде мақтаныш етеді. Тамаша күріш өсірушілер —

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА

1983 жылғы деректер бойынша, СССР-де 400 мыңдай корей тұрады. Алғашқы корей қоныстанушылары Россия территориясына, Оңтүстік-Уссурия өлкесіне сонау 1863 жылы келді. XIX ғасырдың 60-шы жылдарының соңында егіннің шықпауы мен аштық қоныс аударудың елеулі себебі болды. Корей шаруаларының Россияға және басқа елдерге қоныс аударуы Кореяға жапондық протекторат (1905—1910) және Жапонияның Кореяға отарлық үстемдігі (1910—1945) жылдары өтемөте күшейді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісінен кейін корейлер Қиыр Шығыста Совет өкіметін орнатып, нығайту жолындағы күреске және социлистік қоғам құрылысына белсене қосылды.

1937 жылы корей халқы негізсіз құдалаушылыққа ұшырап, еріксіз түрде Қиыр Шығыстан Орта Азия мен Қазақстан территориясына қоныстандырылды. Сталиндік озбырлық салдарынан партия және мемлекет қызметкерлерінің, сондай-ақ мәдениет қайраткерлерінің ұлттық кадрларына ауыр нұқсан келтірілді.

Советтік корейлер тұрғысынан тарихи әділеттілік 50-ші жылдардың ортасынан қалпына келтіріле бастады, сол кезде олардың Қиыр Шығыс пен Приморьеге оралуына рұқсат етілді. Олардың азаматтық праволарын шектеушілік жойылды.

Қазіргі уақытта корейлердің аса елеулі топтары Өзбек ССР-інде (1979 жылғы халық санағы деректері бойынша)—163.062 адам және Қазақ ССР-інде —92.000 адам тұрады. Қазіргі күндерде советтік корейлер сондай-ақ РСФСР-де (98.649 адам), соның ішінде Приморье мен Хабаровск өлкелерінде, Ростов облысында тұрады.

Digitized by Google





● **«Құрмет Белгісі» орденді корей музыкалық-комедия театры биылғы маусымды «Чунь-Хян деген қыз туралы аңыз» спектаклінің премьерасымен ашты.**

● **Галина Цой құрылысшы кәсібін қалады. № 15 орта кәсіптік-техникалық училищені бітіргеннен бері «Алматы үй құрылысы комбинаты» жобалау-құрылыс бірлестігінде крашы болып істейді. Галина өндірістік тапсырмаларын табысты атқарады, биыл ол механикаландырылған жұмыстар басқармасында кәсібі бойынша таңдаулы болды.**

Суретті түсірген А. ОРЛОВ.

Советтік корейлердің рухани бейнесі түбірінен өзгерді. Мәдениет, ғылым әдебиет жоғары дәрежеге көтерілді. Ұлты корей көрнекті ғалымдардың, мәдениет қайраткерлерінің жұмысы біздің елімізде және шет елдерде кеңінен танылды. Ішінара айтқанда, СССР Ғылым Академиясының академигі М. П. Кимнің совет мәдениеті тарихы жөніндегі еңбегі, СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Г. Ф. Кимнің, ғылым докторлары Ф. Ф. Лидің, Г. Б. Ханның, А. С. Шиннің, Г. Н. Югайдың жұмыстары кеңінен мәлім. Республика Ғылым академиясының корреспондент-мүшелері: математик Ким Ен Гван мен ғалым-металлург Л. П. Ни, ғылым докторлары — зоотехник-мал дәрігерлері, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Д. Н. Пак пен М. В. Хван, юрист В. А. Ким, экономистер И. Л. Ким мен В. Д. Ли жемісті жұмыс жасауда.

Қазіргі уақытта елімізде елуден астам профессионал жазушы шығармаларын корей тілінде жазады. Жазушылар Роман Ким (1899—1967) және Анотолий Ким, СССР-дің Мемлекеттік академиялық Үлкен театрының солисі, әнші Людмила Нам, сондай-ақ осы театрдың балет солисі, Сеулде Олимпиадада зор табыспен өнер көрсеткен Светлана Цой кеңінен мәлім. Әнші Виктор Цой да жастар арасында танымал.

Қазақстан Жазушылар одағында корей әдебиетінің секциясы жұмыс істейді. Ол Хван Дин, Лаврентий Сон, Ян Вон Сик, Пак Хен, Пак Ир, П. А. Тхайсу және басқа жазушыларды біріктіреді.

Алматыда 1967 жылдан бері профессионал корей музыкалық-драма театры жұмыс істейді, онда Қазақ ССР халық артистері Ким Дин, Ди Хам Дек, В. Е. Ким, республиканың еңбек сіңірген артистері С. Пак, М. Пак, Р. Лим, А. Мун, Р. Ким және басқа сахна шеберлері өнер көрсетеді.

Қазақстанда республикааралық «Ленин кичи» («Ленин туы») газеті жарты ғасырдан астам уақыт бойы шығып келеді. Ол табысты қызметі үшін бертінде Халықтар Достығы орденімен наградталды. Республикалық радио арқылы да корей тілінде хабарлар беріледі.

Лениндік ұлт саясатының арқасында советтік корейлер өміріміздің барлық саласында елеулі асуларға шықты. Бүкіл совет халқымен бірге корей еңбекшілері, ғылым мен мәдениет қызметкерлері бүгінде қайта құрудың жауапты міндеттерін шешуге қатысуда.

Қайта құру осы және басқа проблемаларды шешуге арналған жаңа мүмкіншіліктерді ашуда. Демек бертінде Низами атындағы Ташкент педагогика институтында корей тілі мен әдебиеті оқытушыларын даярлайтын бөлім ашылды. Алматыда С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде «Ленин кичи» газетінде жұмыс істейтін мамандарды даярлау басталды. Ұлтаралық байланысты дамыта түсуге барған сайын көп көңіл бөлінуде.

Digitized by Google

МАЛ ҚЫСТАТУ — ЖАУАПТЫ СЫН

Қазір малшылар жұмысындағы аса күрделі кезең. «Биылғы мал қыстату маусымы жақсы ойластырылған жауапты шешімдерді, жігерлі жұмысты талап етеді. Осы кезеңнен еліміздің мал шаруашылығы әлсіреген күйде емес, қайта неғұрлым мықты болып шығуға тиіс, ол басты нәрсеге жетуге — азық-түліктің елеулі түрде қосымша көбейтілуіне және соның негізінде адамдарды тамақ өнімдерімен жабдықтауды жақсартуға мүмкіндік береді»,— делінген КПСС Орталық Комитетінің «1988—89 жылдың күзгі-қысқы маусымында мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайту үшін қолда бар мүмкіндіктерді неғұрлым толық пайдалану туралы» елдің коммунистеріне, ферма еңбеккерлеріне, аграрлық-өнеркәсіптік комплексінің барлық қызметкерлеріне хатында.

Республика малшылары жылдық жоспарды сүт дайындау жөнінен мерзімінен бұрын, 15 ноябрьге дейін, ет дайындау жөнінен — декабрьдің ортасына дейін орындап шықты. 1987 жылмен салыстырғанда жан басына шаққанда мал шаруашылығы өнімдерін өндіру де: сүт —19 килограмм, ет — 4 килограмм өсті. Егер коллективтердің бәрі ойдағыдай жұмыс істесе, нәтижелер анағұрлым субелі болатын еді. Өкінішке қарай, 1988 жыл қорытындысы бойынша сүт тапсыру жөнінен Солтүстік Қазақстан, Орал облыстары, ет тапсыру жөнінен — Алматы облысы кейін қалды.

Республика малшылары биылғы мал қыстатуды табысты өткізу үшін өткен бесжылдықтағы қыстама қорытындылары бойынша Бүкілодақтық социалистік жарыс жеңімпаздарының тәжірибесін мұқият оқып-үйренуге тиіс.

Тұтасынан республика малшылары мал қыстатуға жақсы әзірліктен кірісті. Мал қораларының көпшілігі дер кезінде жөнделді. Өткен жылға қарағанда жемшөппен аз қамтамасыз етілуге қарамастан (жемшөптің қажетті мөлшерінің 93 проценті дайындалды), ол мейлінше жоғары сапада салынды. Целиноград, Талдықорған, Көкшетау және басқа бірқатар облыстарда жемшөп дайындау ұйымшылдықпен өтті.

Мердігерлік пен аренда малшылар алдынан үлкен мүмкіндіктерді ашуда. Қазір селодағы жаңа экономикалық қатынастар мал қыстату барысын барынша анықтауда.

АРЕНДА КӨМЕКТЕСТІ

Орал облысының Ленин атындағы колхозында шопан Рысқали Байғалиев көп жыл бойы жұмыс жасайды. Оның тәжірибесі жетерлік, жұмысында талай рет көмектескен шаруагерлік алғырлығы күшті. Ол колхозда алғашқылардың бірі болып арендалық мердігерлікке ауысты. Іс бірден оңғарыла бастады. Ол өткен жылы жоспардағы 619 төлдің орнына 768 қозы алып, жүн қырқу жөнінен де тапсырмасын асыра орындады. Совхоздан қой қорасын арендаға алып, ол семьясымен бірлесіп оны жөндеді, тазалады, дизенфекциялады.

БҰЗАУЛАРҒА АРНАЛҒАН «ПРОФИЛАКТОРИЙ»

Солтүстік Қазақстан облысының ВЛКСМ-ның 50 жылдығы атындағы колхозында бұдан төрт жыл бұрын бұзауларға арналған сауықтыру фермасы құрылған еді, шаруашылық бөлімшелерінің бәріндегі бұзаулар осында беріледі. Қазіргі уақытта 1100-ден астам бұзау бар, қазірдің өзінде 300-ден астамы совхоздың сауын табынын толықтырды. Бұл — бұзау өсірушілер А. Бурняшеваның, В. Кряжеваның және И. Петухованың қауырт та ауыр еңбегінің нәтижесі. Малшылар биылғы қыстамаға алдын ала дайындалды. Мұнда, әдеттегідей, қоралардың бәрін қымтап, жемді дер кезінде жеткізіп алды.

МЕРДІГЕРЛІКТЕГІ ФЕРМА

Бүгінде шаруашылықтың жайы да, селоның әлеуметтік жүйесінің дамуы да арендалық қатынастарды енгізумен байланыстырылады. Мәселен, Павлодар облысының КПСС XXIII съезі атындағы совхозында оны егіншілікте де, қой шаруашылығында да енгізуде. Қазір мұнда үш малшыға 700 малды бордақылауға тапсыруға әзірлік жүргізілуде, ал үш мыңыншы сауыншы К. Хамитова өз звеносымен бірге товарлы сүт фермасын мердігерлікке алуда. Осында жекелеген звеноларды ғана емес, бүкіл шаруашылықты арендалық қатынасқа ауыстырмақшы.

ШАМА КЕЛЕТІН МІНДЕТ

Көкшетау облысына қарасты «Авангард» совхозы бірінші бөлімшесінің сауыншылары сүт өндіруді өткен қыстамамен салыстырғанда кемінде 10 процент көбейтуге уәде берді. Оларда бұл үшін барлық мүмкіншілік бар. Қазір сиырларға пішен, сүрлем, пішендеме, басқа жемшөп түрлері жеткілікті беріледі.

Совхоз механизаторлары жемшөп қайтарымын арттыру үшін жемшөп цехының жұмысын жолға қойды. Оны іске қосуға орай бүкіл сауын табынына түрлі үстемелермен теңестірілген жемшөп қоспасы берілді. Сауын сиырлар табынының малшылары арасында қыстаманы табысты өткізу жөніндегі социалистік жарыс өріс алды.

Digitized by Google



ЦЕЛИНОГРАД ОБЛЫСЫ. Жақсы ауданы «Есіл» совхозының шопандары, ерлі-зайыпты Әнуарбек пен Бибігүл Қасымовтар жыл сайын жақсы көрсеткіштерге қол жеткізуде. Өткен жылы олар әрбір жүз саулықтан 125 қозыдан алды. Озат малшылар қыстамаға жақсы әзірленді және қазір төлдерді толық сақтау үшін бәрін жасауда.

СУРЕТТЕ: Әнуарбек пен Бибігүл Қасымовтар.

(ҚазТАГ).

РЕЗЕРВТЕР ІСКЕ ҚОСЫЛСЫН

Ағайынды Оспановтар — агроном Арыстан, экономист Мұрат, мал дәрігері Қайрат, зоотехник Мұхтар газ-электр дәнекерлеуші Юрий Караваевпен, механизаторлар Леонид Дицпен, сауыншылар Райхан Бегімқұловамен және Тәкен Жұманазаровамен бірлесіп, 25 сиырдың, ал келешекте 50 сиырдың әрқайсысынан 6 мың тоннадан сүт алу міндетін алдарына қойды, ал осы көрсеткіш совхоз бойынша орташа деңгейден екі еседей көп. Шымкент облысының Карл Маркс атындағы совхозынан «Ақбұлақ» кооперативі осындай міндетті атқарып жатқанын да айту керек.

ШОПАНДАР ТҰРМЫСЫ ТУРАЛЫ

Қызылорда облысының Арал ауданында қойлар, жылқылар және түйелер жақсы жабдықталған қыстамаларға қойылды. Фермалардың көпшілігінің былтырдан қалған пішенді ескергенде өткен жылға қарағанда ірі жемшөптің мол қоры бар. Мұнда малшылардың еңбек және тұрмыс жағдайына айрықша көңіл бөлді. Ауданда шопандардың тұрғын үйлері мен мал қораларын ағымдағы және күрделі жөндеу үшін алдын ала 32 арнаулы жөндеу бригадасы құрылды, оларда 158 адам еңбек етті. Жөндеушілер бүкіл жұмысты мерзімінде аяқтады.

ЕКІНШІ ҚАТАРДА

Семей облысының Буденный атындағы совхозында малды қыстатуға қатысушылар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыс, мәдени қызмет көрсету тиісті дәрежеде қойылмаған. Мәселен, фермадағы малшылар үйі уақытша құрылысшылар жатақханасы етіп ыңғайластырылған. Көрнекі үгіт те ешқандай сынға төтеп бере алмайды. Мәселен, «Социалистік жарыс экраны» еңбек коллективтерінің жұмыс орнына емес, орталық кеңсе маңына қойылған.

ЖЕМШӨПКЕ ҒАНА ТӘУЕЛДІ ЕМЕС

Мал шаруашылығындағы арендалық мердігерлікті дамыту, мал қыстатудың табысты өтуі тек жемшөп базасына тіреледі деген пікір әрдайым әділетті бола бермейді. Кейде тежейтін басқа себептер де ұшырасады. Мәселен, Павлодар облысының «Селеті» совхозы еңбеккерлерін отардан алып, басқа жұмыстарға жіберіп отырғанда олар өздерін арендаторлар, қожайындар ретінде қалай сезіне алады? Демек малшылар арендаторлар ретінде қойлардың қоңдылығы туралы, өз шаруашылығының істері жайлы тұрақты қамқорлық жасауға тиіс қой.

Биылғы мал қыстату барысының табысты өтуі көптеген факторлерге тәуелді, КПСС Орталық Комитетінің хатында атап көрсетілгеніндей, барлық міндеттерді шешу, селодағы, әрбір еңбек коллективіндегі ұйымдастырушылық және саяси жұмыстың нысаналылығына тікелей байланысты. Малды бағып-күту ережесін қатаң сақтау, малшылардың тұрмысы туралы қамқорлық жасау, қыстамаларды электр энергиясымен іркіліссіз жабдықтау, пәрменді социалистік жарысты ұйымдастыру керек. Кейбір шаруашылықтарда жемшөп қоры тиімсіз пайдаланылған өткен жылғы қателіктер қайталанбауға тиіс. Село адамдарына сауда, тұрмыстық және мәдени қызмет көрсетуді ұйымдастыруға айрықша көңіл бөлу керек. Тәжірибенің көрсетіп отырғанындай, аренда, семьялық мердігерлік малды талан-таражға салуға және оның орынсыз жұмсалуына сенімді тосқауыл болып табылады. Партия, кәсіподақ, комсомол активистері, шаруашылық жетекшілері қоғамдық малдың толық сақталып, қыстамадан күйлі шығуы үшін бүкіл күшті жұмылдыруға тиіс.

Digitized by Google

ЕРТЕҢГІ КҮН ТРАНСПОРТЫ

«Трамвай» мен троллейбустың қалалық транспорттың экологиялық тұрғыдан таза түріне жататыны мәлім. Осының өзі-ақ оларды жедел дамытуды талап етеді. Егер мұны біздің Қарағанды тұрғысынан бағалар болсақ, электр транспорты тым жете бағаланбайды деген қорытынды жасауға болады. Республикада бұл тұрғыдан не жасалып жатқанын білгіміз келеді!», — деп сұрайды қарағандылық «Киров» шахтасының слесары Н. ЕСТРОКОВ.

Басқа оқырмандар да осындай сұрақтар қояды. Оларға жауап бере отырып, біз республикалық «Автомобильный транспорт Казахстана» журналының өткен жылғы оныншы номерінен Қазақ ССР Транспорт министрлігі электр транспортын пайдалану және дамыту басқармасының бастығы Н. А. ДОНЕНКОМЕН интервьюді жариялап отырмыз.

Тілші: Николай Александрович, сірә, біздің диалогымызды Қазақстанда электр транспортының қалыптасып, дамуы туралы әңгімеден бастаған дұрыс болар.

Н. Доненко: Алғашқы трамвайлар республикада 1937 жылы ғана Алматыда пайда болды. Тағы жеті жыл өткеннен кейін оның көшелерімен алғашқы троллейбус жүре бастады. Өзіндік трамвай дүрбелеңі соғыстан кейінгі кезге келеді — олар 1950 жылы Қарағандыда, сосын Өскемен мен Теміртауда және 1965 жылы — Павлодарда жүре бастады.

Алайда сосын, бейнелеп айтқанда, троллейбус біріншілікті алып қойды. 1987 жылы Қарағанды тұрғындары, екі жылдан кейін Шымкент, сосын басқа да бірқатар облыстар орталықтарының тұрғындары оның тұрақты жолаушылары болды. Қазіргі уақытта электр транспорты республиканың тоғыз қаласында жұмыс істейді. Жалғыз табанды трамвай жолдарының ұзындығы 178 километрге, троллейбус желілері — 550 километрге жетті. Өткен жылы қалалық электр транспорты 282,6 миллион жолаушы тасыды, мұның өзі 1986 жылға қарағанда 10,8 процент көп.

Барлық жүргізушілердің 40 процентке жуығы бригадалық әдіс бойынша жұмыс істейді. Электр транспорты кәсіпорындары қазір толық шаруашылық есепке, өзін-өзі қаржыландыруға және келесі жылға белгіленген басқарудың екі буындық жүйесіне ауысуға әзірлікті аяқтап қалды. Алматыда, Қарағандыда және Павлодарда электронды есептеу машиналарын пайдалану арқылы транспорт жүрісін басқарудың автоматтандырылған жүйесі енгізілді, ал Петрпавл мен Целиноградта «Курс — 1» үлгісіндегі диспетчерлік жүйе қолданылуда.

Тілші: Бұдан бірнеше жыл бұрын газет беттерінде республика астанасында еліміздегі тұңғыш троллейбус поездарының пайда болғаны туралы хабар берілген еді.

Н. Доненко: Рас, астаналық трамвай-троллейбус басқармасының коллективі — осындай поездарды құрастыру мен жүргізу инициаторы. Олар тіркелген екі троллейбустан тұрады, демек олардың бірі, әдетте, тиісті мерзімінде жұмыс істеген. Мұндай поездардың артықшылығы әсіресе халық көп жүретін кезде айқын.

Демек, менің көзқарасымша, астанада тағы бір қызықты бастама дүниеге келді. Мен студенттік «Салют» отрядын айтып отырмын. Ол біздің профиліміздегі мамандарды даярлайтын жергілікті энергетика институтында құрылды. Отряд жауынгерлері үшінші еңбек семестрі кезінде Алматы трамвай-троллейбус басқармасында трамвайлар мен троллейбустердің жүргізушілері болып жұмыс істейді. Қазір біз халыққа білім беру органдарына студенттердің оқу кезінде де аптасына бір күн біздің кәсіпорындарымызда жұмыс істеуге рұқсат ету өтінішін жасадық.

Тілші: Николай Александрович, Теміртауда, мәселен, трамвайдың ғана, ал Шымкентте троллейбустың ғана қызметін пайдалану фактісін қалай түсіндіруге болады?

Н. Доненко: Отандық қала құрылысында кезінде ағаттық жіберілді, оның салдары әлі күнге сезілуде. Трамвайдың пайдасыз жақтарын: шудың жоғары деңгейін, кезу тогының пайда болу мүмкіндігін және басқаларды көрді. Соның салдарынан барлық жерде дерлік электр транспортының осы түрі тұйыққа тіреліп қалды, ол аса перспективалы екені енді жаппай танылғанымен осылай болып отыр. Адамдарды көптеп тасу қабілеттілігі, жылдамдықты барынша үдету мүмкіншілігі, тасымал құнының біршама төмендігі — осы және басқа сапалар жүрдек трамвайлар деп аталатын жаңғыртылған трамвайларды ерекшелендіреді.

Оның артықшылығын Киев, Волгоград, Старый Оскол және басқа қалалар тұр-

Digitized by Google

ғындары лайықты бағалады. Сондықтан Павлодар мен Қарағандының комплексті транспорт схемасын жасау барысында оған артықшылық берілді. Оның үстіне астаналық «Ақсай» микроауданында жүрдек трамвай желісі құрылысына арналған техникалық-экономикалық есептер аяқталды. Енді транспорттың осы түрінің тағдыры жергілікті өкімет органдарының позициясына, олардың ілгері қарай қадам жасау әзірлігіне тәуелді болады. Өкінішке қарай, сол Қарағандыда қала басшылары трамвайға тиісті көңіл бөлмейді және шахта орындарын ұлғайту салдарынан олар біртіндеп «ығысып барады».

Тілші: Орталық баспасөзде белең алған баға туралы пікірталастар Москва мен Ленинград метрополитендері жекелеген жетекшілерінің жүру ақысын арттыруды жақтайтынына, мұны оларда жүру құны жылдан-жылға өсіп келеді деп дәлелдейтініне талай рет назар аударылды. Алайда экономистер мен жұртшылық басқадай... пікірді ұсынады.

Н. Доненко: Республикада, сондай-ақ елімізде электр транспорты жоспарлы зиян шегуші болып табылады. Мұндай жағдайдың негізгі себебі мынаған саяды: жүріс құны (бес тиын) мен оның нақты құны арасында қиғаштық бар, ол өткен жылы трамвайдың бір жолаушысы үшін 8,98 тиын, троллейбус үшін — 9,76 тиын болды. Демек біздің басқармамыздың шығыны жыл сайын көбейіп келеді.

Бұрын, біз Қазақ ССР Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесінде болған кезде келтірілген зиян (иә, оның өзі толық емес) жергілікті бюджет есебінен өтелетін. Енді шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыру принципінде жұмыс істейтін республика Транспорт министрлігі қарауына ауысып, басқарма осы дотациялардан айырылып қалды, және біз өз күшімізге ғана үміт ете аламыз. Бізде әрбір шаруашылықта дерлік резервтер баршылық. Мысалға электр транспорты жұмысының ұзақтығын алайық. Егер 70-жылдардың басында әр трамвай тәулігіне 14,2 сағат, ал троллейбус — 13,5 сағат жол үстінде болса, енді осы көрсеткіштер тиісінше 12,2 және 10,1 сағатты ғана құрайды. Негізгі қорды осылай пайдалану барысында тасымал құнын кеміту туралы сөз де болуы мүмкін еместігі табиғи жайт. Транспортта жүру ақысын арттыру туралы мәселеге келсек, мұнда электр транспорты қызметкерлерінің де, жолаушылардың да мүддесін ескеру арқылы бүкіл іс мұқият ойластырылып, анықталуға тиіс.

Тілші: Сіздерде транспорттың осы түрлерінің даму перспективасы қандай?

Н. Доненко: қалалардың бас жоспарларына және транспорттың барлық

ҚАЙТА ҚҰРУ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ СӨЗДІК

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ — өндіріс тиімділігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі. «Еңбек өнімділігі дегеніміз. сайып келгенде. жаңа құрылыстың жеңуі үшін ең маңызды. ең басты шарт.» — деп атап көрсеткен еді В. И. Ленин.

Жеке еңбек (жекелеген қызметкер. саланың өндірістік коллективі) пен қоғамдық еңбек (елдің. республиканың халық шаруашылығы ауқымында) өнімділігі ерекшеленеді. Егер алғашқысы өнімнің мөлшерімен (товарлы. нормативті таза бөлігімен) өлшенсе. қоғамдық еңбек өнімділігі материалдық өндірісте істейтін бір адамға шаққанда өндірілген ұлттық табыстың көлемімен анықталады.

СССР-де 1986—2000 жылдары қоғамдық еңбек өнімділігі дүние жүзілік деңгейге көтерілуге тиіс. Бұл үшін оны 2,3—2,5 есе арттыру керек. Үстіміздегі бес жылдықта ол өткен бесжылдықтағы 16,5 проценттің орнына 20—23 процент көбейді. Бір мезгілде еңбек ресурстарына деген қажетті қысқарту арқылы өндіріс өсімі қамтамасыз етіледі — бес жыл ішінде 3,2 миллионға дейінгі адамды босатып. өндірістік емес салаға орналастыру қарастырылуда. Ұлттық табыстың. өнеркәсіптің және басқа салалардың өнімдерінің бүкіл өсімі алғаш рет еңбек өнімділігін арттыру есебінен алынады.

Мемлекеттік кәсіпорын (бірлестік) туралы Заңға сәйкес толық шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыруға өту аяқталғанға дейін еңбек өнімділігінің көрсеткіштері бесжылдық жоспардың бақылау цифрларының құрамына енгізіледі. Еңбек өнімділігінің өсімі жөніндегі жыл сайынғы тапсырманы кәсіпорын дербес анықтайды және техникалық-экономикалық факторлардың ықпалын ескеру арқылы техникалық-өнеркәсіптік финанс жоспарларында есептеледі. Мұның барысында әрбір фактор бойынша бастапқы адамдар санымен салыстырғанда жұмыс істеушілердің оның ықпалымен үнемге қол жеткізуі анықталады. Мәселен. Алматы ауыр машина жасау заводында 1988 жылы еңбек өнімділігінің 5,2 процент өсімін алу мен 171 адамды босатуды жоспарлауда. Демек өндірістің техникалық дәрежесін арттыру (жаңа технологияны енгізу. қолданылатын техника мен технологияның көлемін ұлғайтып. жетілдіру. есептеу техникасын енгізу) есебінен еңбек өнімділігі өсімінің 3,2 проценті, еңбекті

Digitized by Google

түрін дамытудың комплексті схемаларына сәйкес қазіргі уақытта трамвайлар мен троллейбустар республиканың 30 ірі қаласында жұмыс істеуге тиіс, алайда, бұған дейін айтқанымдай, бүгінде ол тоғыз қалада ғана бар. Электр транспорты географиясын ұлғайту үшін көлемді күрделі қаржыға қоса жергілікті өкімет органдары тарапынан мұны ұғынушылық, тұрғындардың белсенді қолдауы қажет. Өйткені біздің жалғыз өзіміз істі тұйықтан шығара алмаймыз.

Үстіміздегі бесжылдықта Қазақстанда 80 километр троллейбус желісі мен 20 километрдей трамвай жолы пайдалануға беріледі. Қостанай мен Семей көшелерінде троллейбустер жүретін болады. Оралда, Екібастұзда және Балқашта троллейбус желілерінің құрылысы көзделген, қазіргі уақытта оларды жобалау жүзеге асырылуда. Трамвай, жоғарыда атағанымыздай, Алматыда, Қарағандыда, Павлодарда және Өскеменде одан әрі дамытылады. Қазір республика астанасына РВЗ-6М2 (Рига), ал басқа қалаларға — КТМ-5М3 (Челябинск облысының Усть-Катав қаласы) үлгісіндегі трамвай вагондары берілуде. Олардың сыртқы пішіні тартымды, аса жайлы, электрониканы пайдалану арқылы басқарудың жартылай автоматты жүйесі, резиналы доңғалағы және рельстік магнитті тежегіші бар. Таяудағы уақытта тіркемелермен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін арнаулы жабдықтармен жабдықталған, тасымал қабілеті жоғары жаңа трамвайлар пайда болады.

Еліміздегі бірден-бір Урицкий атындағы троллейбус заводы (Саратов облысының Энгельс қаласы) негізінен Урал, Сибирь және Қиыр Шығыс аудандарында жұмыс істеуге арналған ЗиУ-682С троллейбусын жаппай шығаруға әзірленуде. Қос қабатты шыны, еденнің, төбенің, қабырғаның берік термоизоляциясы, сондай-ақ қуатты жылу жүйесі тіпті температураның — 60 градусы барысында жолаушылар үшін салонда жайлы жағдайды сақтауға көмектеседі.

Жол шаруашылығын дамыту үшін де біраз нәрсе жасауымызға тура келеді, онда жолдың табаны үшін темір-бетон конструкциялар мен шпалдар, дәнекерлеусіз рельстер және құрылыс пен жөндеу жұмыстарын механикаландырудың түрлі құралдары кеңінен қолданылатын болады. Энергетика жүйесін де қайта құру жалғастырылады. Әлеуметтік базамызды нығайту жөнінен де үлкен жұмыс жүргізілуде. Демек «Тұрғын үй-91» программасы бойынша Алматыда, Целиноградта және Павлодарда көп пәтерлі үйлер тұрғызылуда, таяу уақытта оларда қалалық транспорттың 200-ден астам қызметкері жаңа қоныстарын тойлайды.

ұйымдастыруды жетілдіру есебінен (жұмыс уақыты ысырабын кеміту, өнімділігі нормасын арттыру) — 1,2 процент алынады. Өндіріс көлемін үдету еңбек өнімділігін 3,8 процент көбейтеді, алайда номенклатура мен өнімнің түр-түрін өзгерту еңбек тиімділігі өсімін 3,6 процентке кемітеді.

Еңбек өнімділігінің өсімі, оның қарқыны мен орташа жалақының қатынасы ішкі өндірістік шаруашылық есептің негізгі көрсеткіштерінің бірі болуда.

Еңбек өнімділігі мен оған ақы төлеудің өзара қатаң тәуелділігінсіз түбегейлі экономикалық реформа принциптерін толық жүзеге асыру мүмкін емес. Еңбек өнімділігінің жалақыға қарағанда тым төмен қарқынмен өсуіне жол беруге болмайды.

Еңбек өнімділігінің өсімін жеделдету коллективтік, семьялық, арендалық мердігерлік және оның басқа формаларын дамытуға ықпал етеді. Мәселен, кәсіпорын жұмысшылары мен қызметшілеріне арендаға берілген «Талдықорғансельстройдың» Қаратал кірпіш заводы тәуліктік орта есеппен өнім шығаруды шұғыл көбейтті.

Қазақ ССР-інің Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті хабарлағанындай, бесжылдықтың үш жылында еңбек өнімділігінің өсімі өнеркәсіпте жоспардағы 9,2 проценттің орнына 13,1 процент, құрылыста — бесжылдық жоспардағы 8,6 проценттің орнына 13,7 процент болды. Өнеркәсіп өнімі мен құрылыс-монтаж жұмыстары көлемінің бүкіл өсімі осы фактордың есебінен алынды. Алайда былтыр еңбек өнімділігінің қарқыны Орман шаруашылығы министрлігінің өнеркәсіп орындарында (100,3 процент), Қазақ ССР Мемлекеттік ауыл өнеркәсіп комитеті жанындағы «Казрыбхозпром» мемлекеттік кооператив бірлестігінде (100,8 процент), Астық өнімдері министрлігі кәсіпорындарында (101,2 процент) төмен болды. Халыққа білім беру министрлігі мен Газдандыру және отын министрлігінің кәсіпорындарында еңбек өнімділігінің тіпті кеміп кетуіне (15,4 және 14,7 процент) жол берілді. Осындай жағдай Қостанай облысының құрылыс-монтаж ұйымдарында да қалыптасқан, онда өнім өндіру 2 процент төмендеген.

Әзірлеген Л. ПАК,
экономика ғылымының кандидаты.

Digitized by Google

ҚОС ТІЛДІЛІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҚЫНДЫҚТАР: ОЛАРДЫ ҚАЛАЙ ЖЕҢУГЕ БОЛАДЫ?

Ұлтаралық қатынастардың жоғары мәдениетін орнықтыру қос тілділікті дамытумен тығыз байланысты. Бұл тұрғыдан мынадай статистикалық деректерді ескертейік: біздің елімізде әрбір бесінші адам өзінің ұлттық-мемлекеттік құрылымы территориясынан тыс жерде тұрады. Өзің арасында бірге тұрып жатқан халықтың тілін білу — бұл ең алдымен жоғары әдептілік, ұлттың өткендегі тарихын сыйлаушылық көрінісі. Бұл — басқа ұлттар адамдарымен ізгі өзара қатынасты орнықтыру мүмкіндігі. Бұл — халықтың мәдениетін, ғұрпын, характерін, жан-жүрегін білу қуанышы.

Біздің елімізде В. И. Ленин қос тілділік идеясын ұсынған еді. Ұлттарды жақындастыру туралы айта отырып, Владимир Ильич барлық үлкен және шағын ұлттар тілінің толық тең праволылығы мен олардың еркін дамуы барысында ғана ол мүмкін болады, деп атап көрсетті. В. И. Ленин «ұлтаралық қатынас тілін таңдау еріктілігі принципін жақтап, ешбір ұлтқа, ешбір тілге ешбір пұрсаттылық берілмесін!» деп талап етті.

Советтік Қазақстанда тілдердің өзара әсері және ұлттық-орыс қос тілділігі ұлттарды рухани жақындастырудың маңызды шартына, интернационалдық тәрбие құралына айналды. Сонымен бірге тоқыраушылдық жылдарында қос тілділік жолында оның әлеуметтік мәнін ұғынбаушылық та, оны үйрету практикасына байланысты қиыншылықтар да ұшырасты. Сол жылдардағы басқа келеңсіз құбылыстармен қатар бұл ұлттық қатынастар саласындағы бұрмалаушылыққа бастады.

Баяндылыққа ие болғаннан гөрі одан айырылып қалу жеңіл екені жалпыға мәлім. Демек олқылықтар ерте немесе кеш болсын еске алынады. Жұртшылық қалыптасқан істің жағдайына қатты алаңдаушылық білдіреді. КПСС Орталық Комитетінің «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» қаулысында ұлттық-орыс қос тілділігін дәйекті орнықтыру қажеттігі аталды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советінің қазақ және орыс тілдерін мейлінше тиянақты үйрену туралы қаулысы қоғамдық үлкен серпін тудырды. Осы шешім заманымыздың нақты қажетін дәлме-дәл бейнелейді.

Іс тұйықтан біршама жедел жылжыды. Жер-жерде — кәсіпорындар мен мекемелерде, совхоздар мен колхоздарда қазақ тілін мейлінше түбегейлі оқып, үйрену жөніндегі үйірмелер ұйымдастырыла бастады. Алматы облысында ғана екі мыңға жуық үйірме құрылды. Оқу орындарында тілді үйренуге көңіл бөлу күшейтілді. Газеттерде, телевизияда қазақ тілінің сабақтары өте бастады.

Дегенмен қос тілділік сабақ барысында ғана орнықтыртылмайды. Мұнда — тұрмыс айрықша сала. Осы салада қос тілділікті жете бағаламауға жол бермеу керек, ал ол соншалықты сирек емес. Бұл көрсеткіштердің, транспарантардың, жарнамалық қалқандардың, транспорттағы хабарландырулардың аудармасы жоқтығынан, театрлардағы синхронды аудармалардың жоқтығынан көрінеді. Соңғы уақытта осы салада да көптеген өзгерістер болғанын айту керек. Сонда да осы нышандар жақсылыққа қарай өзгерісті пайымдау тілегінен ғана туындамаған. Түбегейлі қос тілділікті орнықтыру — күрделі де ұзақ процесс. Бұл істе жүрдім-бардым түрде ештеңеге қол жеткізе алмайсың. Алайда бүгінгі практикада нақ осындай қауіп біршама жиі ұшырасады. Өкінішке қарай, қалыптасқан дағды бойынша басталған іс көбіне соңына дейін жеткізілмейді, көптеген жақсы бастамалар бәсеңдеп қалады. Қазір астаналық облыста қазақ тілін үйрену жөнінен небары 600 үйірменің жұмыс істеу фактісін осылай түсіндіруге болады. Республиканың басқа аймақтарында да осындай көрініс байқалады.

Мұның себебі неде? Алматы облыстық партия комитетінің ұлттық және ұлтаралық қатынас жөніндегі секторында осы сұраққа жауап алу әрекетін жасадық, ол қазақ тілі үйірмелері жетекшілерінің семинарын ұйымдастырған еді. Оған қатысушылардың бірі, қос тілділіктің жалынды насихатшысы, филология ғылымының докторы А. Н. Горковецпен келелі әңгіме болды. Александр Николаевич өтіп жатқан процестің мәнін дәп анықтады ғой деп ойлаймыз: «Біз күрделі проблеманы шешуге тым жеңіл-

Digitized by Google

желпі қарадық. Әрине, өзгерістер елеулі, сонда да көшеде, тұрмыста қазір жиі ұшырасып жүргеніндей, орыс және қазақ сөздерін араластырып сөйлеудің, осы ұғымның толық мағынасында, қос тілділікке ешқандай қатысы жоқ».

Ересектер үшін қазақ тілін оқытудың ғылыми методикасы керек. Аптасына бір немесе екі рет өтетін сабақ пәнге деген ықыласты ынталандыра алмайды. Мұны телевизияда, газет беттерінде өтетін сабақтардағыдай филологияға қарай бет бұру тиімді бола қоймас. Тіл байлығын жедел меңгеру үшін лингафонды сабақ керек. Ал бұл үшін пластинкаларды немесе магнитофон жазбаларын шығаруды жолға қою қажет. Бірақ әзірше олар жоқ. Түсіндірме оқулықтар да жоқ. Мұнда, өкінішке қарай, ведомстволық қатынас жойылмаған. Республикада Халыққа білім беру министрлігінің, Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің, Қазақ ССР Ғылым академиясы тіл білімі институтының күш-жігерін біріктіре алатын бірыңғай орталық қажет. Әзірше осы ведомстволардың әрқайсысы өз оқулықтарын талдап жасайды, әрине, оларда өз ерекшеліктеріне баса мән береді.

Бір сөзбен айтқанда, республикада ұлттық-орыс қос тілділігін орнықтыруда қолға алған толығынан ұғынарлық энтузиамзм ұйымдық жағынан әлі нығайтылмаған. Осыдан барып тілді үйренуге деген ықылас бәсеңдеуде.

Қос тілділік туралы сөз қозғалғанда жергілікті ұлт тілі ғана емес, сондай-ақ ұлтаралық қатынас құралы ретінде орыс тілі, республикада тұратын басқа халықтар тілі ескеріледі. Армиядағы қызметке даярланып жатқан жігіттер үшін қос тілділіктің маңызы туралы айрықша айту керек. Әскерге шақырылушылардың бір бөлігінің орыс тілін жете білмеуі өте-мөте алаңдатады.

Расында, бастапқы жоспар мен істің нақты жағдайы арасындағы алшақтық әзірше елеулі. Тілді белсенді түрде үйрену әдісі таралмаған. Өткен жылы филология ғылымының кандидаты, қазақ тілі оқытушысы С. Б. Бизақовтың жұмыс принциптері туралы, оның ересек оқушыларының алғашқы табыстары туралы әңгімеленген-ді. Оқудың материалдық-техникалық базасын нығайтуда энтузиастқа елеулі қолдау жасау керек еді. Шындығында осы қам-қаракет ешкімді алаңдатпайды. Бертіндегі хабар мынадай: С. Б. Бизақовтың тобындағы сабақ тоқтап қалды.

Мәселенің материалдық жағы туралы да айтпауға болмайды. Қазақ ССР Министрлер Советі өткен жылы үйірмелерде сабақ жүргізетін оқытушылар жұмысына қосымша ақы төлеу жөнінен ұсыныстар берді. Бірақ осы шешімнің жариялылық деңгейі тым мардымсыз. Қазақ тілінде оқытатын мекемелер мен кәсіпорындарда (ішінара алғанда, Транспорт министрлігінде, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасында, Алматының Төменгі вольтті жабдықтар заводында) болдық. Осы шешім туралы еш жерде білмейді екен, үйірмелердегі жұмыс қоғамдық негізде жүргізіледі деп есептейді.

Әлеуметтік салада да көптеген мәселе соңына дейін жеткізілген жоқ. Мәселен, Алматыда автобустарда хабарландыруды екі тілде жасауға көмектесетін аппаратуралар орнату ұйғарылған еді. Жабдықтар сатып алынды. Бірақ мұнда оралымсыздық туындады. Астананың автобус паркінде бес мың машина бар, ал оларға небары 200 аппаратура алды.

Мынадай мысалдар да аз емес. Бертінде жаңадан құрылған ведомстволардың бірінен телефон соғылды. Мұнда, былайша алғанда, қарапайым проблеманы: мекеменің атын екі тілде жазуды шеше алмапты. Орысша жазудың соншалық қиындығы болған жоқ, ал қазақ тілі жөнінен маман табылмапты. Адамдардың алаңдаушылығын әбден түсінуге болады. Алайда дұрыс аударма жасау үшін кімге жүгіну керек? Редакция аудармашылары, әрине, әкімшілік адамдарына көмектесті. Алайда жағдайдан осылай шығу жолын әрқайсысы аңғара бермейді. Соның салдарынан өрескел қателері бар, мағынасы мүлдем бұрмаланып жазылған транспаранттар мен ұрандар пайда болады.

Қос тілділік саласы — өте нәзік сала екенінде дау жоқ. Осындай істегі әрбір қателіктің моральдық та, саяси да мағынасы болады. Қос тілділікті орнықтыру жөніндегі әр қадамымыз жоғары жауапкершілікті талап етеді. Бұл тұрғыдан ұлтаралық қатынастар мәдениетіне тәрбиелеу мәселесіне арналған ғылыми-практикалық конференцияда неміс жазушысы, қазақ тілінің үлкен білгірі Г. Бельгер осы жайлы өте жақсы айтты: «Өзің арасында бірге тұрып жатқан халықтың тарихын, мәдениетін, тілін білу, — бұл қарапайым іс, кісілік пен парасаттылықтың әліппесі. Осынау әліппедей анық шындықты... әлі де дәлелдеуге тура келетіні өкінішті, көңілге кірбің құяды... Демек мәдениетті терең әрі тиянақты, ұқыпты түрде сүйіспеншілікпен тұғырға орнату керек. Осы жолда аса перспективалы, жоғары мақсатпен, жүйелі жұмыс істеп, қадам сайын қос тілділік асуымен көтеріле беру керек».

Н. ЛАРИН.

Digitized by Google

ТУРИСТІК ЖОЛДАР ШАҚЫРАДЫ

Қазақ республикалық туризм және экскурсия жөніндегі совет үшін басталған жыл көбіне-көп бетбұрысты жыл болады. Біз шаруашылық есепке ауысудамыз. Егер бұрын кәсіподақтардан тым көлемді мөлшерде дотация алып келсек, енді олар тамаққа ғана — тынығушыға 23 тиыннан бөлінеді, өз шығынымыздың басым бөлігін өзіміз өтеуге тиістіміз. Бұл оңай міндет емес. Ол инициативалы қимылдап, алғырлық көрсетуді талап етеді. Әрине, қызмет түрлерін жақсарту, халыққа қызмет көрсету сапасы туралы көбірек қамқорлық жасау керек. Бұл үшін бізде негіз баршылық. Партия, совет органдары тарапынан көбірек көңіл бөлушілік арқасында соңғы жылдары көптеген туристік объектілерді кеңейтіп, жаңартудың сәті түсті.

Демек, біздің басты туристік базаларымыз — «Лесная» (Қостанай облысы), «Қаркаралы», «Баянауыл» және «Орал» базаларын қайта құруға арналған бас жоспардың схемасын талдап жасау қысқа мерзімде аяқталды. Шығыс Қазақстан облысының «Алтай бухтасы», Павлодар облысының «Баянауыл», Көкшетау облысының «Золотой бор» туристік базаларында ескі жазғы коттеджлер жаңаларымен алмастырылды. Басқа туристік базалардың бәрінде осындай жұмыс жүргізілуде. Өскеменде, Қостанайда және Оралда қонақ үйлер күрделі жөндеуден өткізілді. Біз ведомстволық демалыс үйлерін өз қарауымызға алдық. Бұлар — Жамбыл облысындағы Мерке баспанасы, Солтүстік Қазақстан облысындағы «Ольховая роща» туристік базасы және Шымкенттегі «Тұлпар» қонақ үйі. Олардың негізінде маусымдық жұмыс істейтін жаңа туристік базалар құрылды. «Лесная», «Қаркаралы» және «Южная» туристік базаларында маусымаралық кезеңде демалыс күні маршруттары бойынша туристерді қабылдап, қызмет көрсету ұйымдастырылды.

Көптеп пайдаланатын туристік маршруттарда баспаналар жасадық. Онда тынығушылар үйлерде немесе стационарлы шатырларда тұрып, тамақты өздері әзірлейді. «Өзіне-өзі қызмет көрсету» үлгісі бойынша демалыстың осы түрін енгізу арқасында мыңдаған заявканы қосымша қанағаттандыру сәті түсті. «Баянауыл» туристік базасы жанынан, сондайақ Топар су қоймасында (қарағандылық «Турист» қонақ үйі қызмет көрсетеді), Алматы облысының Кеген ауданында («Алматы» туристік базасынан), «Алакөл» (семейлік қонақ үйден) осындай баспаналар жұмыс істейді. Оның үстіне мұнда аса жайлы жаңа «Бастай» автотіркемелері-саяжайлары орналастырылған.

Өскеменнің «Турист» қонақ үйі салтатты маршрут өтетін жерлерде баспаналар ұйымдастырды, ал көкшетаулық «Достық» қонақ үйі тынығушыларды атпен және жаяу Имантау көлі маршрутымен жүруге шақырады.

Дегенмен республика халқының туристік экскурсиялық қызметке деген қажеті әзірше толық қанағаттандырылмайды, қызмет көрсету сапасы баяу жақсартылуда, біз қазір өз жұмысымызда көп нәрсені қайта қараудамыз. Мұның барысында жол жүрудің белсенді тәсілі арқылы туристік маршруттарды дамытуға айрықша көңіл бөлеміз. Өткен жылдың өзінде осындай 13 маршрут жұмыс істеді. Олардың ішінде Алматы облысындағы салт атты, жаяу және автомаршрут, Орал облысында — су және жаяу маршрут, Шымкент облысында —

ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕР

● *1988 жылы Қазақстанда туристер мен экскурсанттар саны 7 миллион адамға жақындады, халыққа көрсетілетін қызмет мөлшері 90 миллион сомнан асты.*

● *Бір мезгілде 7 мыңдай туристі қабылдай алатын 11 туристік мейманхана және 10 туристік база мен баспанада 111 жергілікті жоспарлы маршрут, сондай-ақ жүрістің белсенді әдісімен 46 және семьялық, балалары бар ата-аналарға арналған 58 маршрут жұмыс істейді. 43 саяхат және экскурсия бюросында көп күндік транспорт саяхатының 630 маршруты және демалыс күнінің маршруты жасалды. 1200 тақырып бойынша тарихи-революциялық, әскери-патриоттық, музейлік, өндірістік және басқа экскурсиялар өткізіледі.*

● *Қазақ республикалық туризм және экскурсия жөніндегі совет ВЦСПС бойынша біздің елімізге келетін шетелдік туристерге қызмет көрсетуге белсенді түрде қосылуда. Өткен жылы Қазақстан астанасында төрт мыңнан астам шетелдік турист болды. Келесі жылдары оларға Шымкентте, Жамбылда, Көкшетауда және Целиноградта қызмет көрсетілетін болады. Валютасыз негізде Қытай Халық Республикасының Синцзян-Уйғыр автономиялы ауданымен туристік топтарды алмасу туралы мәселелер қарастырылуда.*

Digitized by Google





Мына суреттер Шығыс Қазақстан облысында жылдың әр мезгілінде түсірілген. Жазда Кенді Алтайға туризм мен экскурсия жөніндегі облыстық совет ұйымдастырған салт атты маршруттарда өздерін байқау үшін еліміздің түкпір-түкпірінен туристер келеді. Ал қыста өскемендіктер мен қала қонақтарына денсаулық поездары қызмет көрсетеді, олар демалушыларды қорықты жерлерге апарады.

СУРЕТТЕРДЕ: «Алтай бухтасы» туристік базасында салт атты маршрутқа шығар алдында нұсқаулар беру.

● **Денсаулық поездары аса танымал.**

Суреттерді түсіргендер И. БУДНЕВИЧ пен В. ВОРОТНИКОВ (ҚазТАГ).

тау маршруты, Целиноград пен Шығыс Қазақстан облыстарында — автомобиль маршруты, Көкшетау облысында — салт атты және автомобиль маршруты бар. Қарағанды, Қостанай және Шымкент облыстарында салт атты маршруттар байқалды.

Салт атты маршрутта туристер көптеген қызықты әрі күтпеген жәйттер ұшыратады. Мұнда орман арқылы, дала арқылы, тау жолдарымен жүреді, қарағайлы орманда, өзендер мен көл жағасында тынығады, түнгі көріністерді алау жанында қызықтайды. Түйемен сапар шегу де тартымды, ол алғаш Ақтөбе облысында байқалды.

«Көкшетаудың курортты жерлері бойынша» автомобиль маршруты меншікті автотранспорт иелерінің семьялық демалысына арналған. Автоэкипаждар 13 күн бойы 500 километрден астам жол жүреді. Ол Көкшетаудан басталып, Бурабай, Зеренді және Имантау курорттары аймақтары арқылы өтеді. Туристер сапар кезінде дайын тамақпен және туристік-экскурсиялық қызметпен қамтамасыз етіледі.

«Семей—Алакөл—Семей» маршруты өте перспективалы болып табылады. Жаймашуақ күн нұры, таза ауа, суда шомылу, балық аулау — осының бәрі туристердің мұнда жақсы тынығуына ықпал етеді.

Тау шаңғысы туризмінің танымалдығы өсіп келеді. Осыған орай Қарағанды, Көкшетау және Шығыс Қазақстан облыстарының туристік мекемелерінде тау шаңғысы базаларын жасау жоспарлануда.

Туристер мен экскурсанттардың тынығу программасы да алуан түрлі бола түсуде. Олар велосипед тебуге, балық аулауға, желкенді катамарандарда, ат шанасында, үрмелі плоттарда серуендер жасауға, городки ойынына үйрене алады. Көркемөнерпаздар коллективтері, «Білім» қоғамының лекторлары — тынығушыларға жиі келетін қонақтар.

Прокаттағы туристік және спорт құрал-жабдықтарының түр-түрлері мейлінше көбейе түседі. Демек оны алуға көп ақша бөлінеді, ең алдымен тау шаңғысы спортымен, су туризмімен т. б. айналысуға арналған жабдықтар жақсарады.

Қазір семьялық туризмді дамытуға көп мән берілуде. Қазақ республикалық туризм және экскурсия жөніндегі совет бесжылдықтың соңына қарай семьялық демалысқа арналған орындар санын екі есе көбейтуді белгіледі. 1987 жылдың өзінде «Золотой бор» туристік базасы жаз бойына ата-аналарды балаларымен (7 жастан 16 жасқа дейін) — бір сапардың өзінде 500-ге дейін адамды қабылдады.

Туристік демалыстың арнаулы поездармен, теплоходтармен, самолеттермен және автобустармен саяхат шегу секілді танымал формалары одан әрі дамытылады, олар тиісті министрліктер мен ведомстволардың көмегі арқылы ұйымдастырылады. 1990 жылға қарай осындай маршруттар саны 700-ге дейін көбейеді. Еліміз және шетелдер бойынша теңіз бен өзен круиздерін жасау-

Digitized by Google

ға тілек білдірушілер көбейіп келеді. Москвада пристаньда тұрған және қонақ үй етіп жабдықталған теплоходтарда туристерді қабылдау, мінеки, үшінші жыл қолданылады.

Экскурсия халыққа идеялық-саяси тәрбие берудің маңызды формасы болып табылады. Біз жыл сайын бір жарым миллионға жуық оқушыға, жоғары және орта арнаулы оқу орындарының он мың студентіне және кәсіптік-техникалық училищелердің жарты миллиондай оқушысына қызмет көрсетуге тиіспіз. Экскурсия тақырыбын кеңейтіп, олардың информациялық және тәрбиелік құндылығын арттыруға ұмтыламыз.

Республикалық Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитетпен бірлесіп, туристер мен экскурсанттарға арналған маршруттарға енгізілген музейлер, картина галереялары, театрлар, көрмелер қыруар ұлғайтылды.

Талапкер туризмнің маңызы, еңбекшілердің, әсіресе жастардың оларды қажетсінуі жыл сайын өсіп келеді. Жол қапшығын арқалаған адам бұрынғысынша туризмнің символы болып табылады. Сондықтан кәсіпорындарда, мекемелер мен оқу орындарында туристік клубтар мен секциялар жүйесін ұлғайту, қазіргі туристік коллективтер қызметін жақсарту қарастырылуда. Талапкер туристерге арналған демалыс күні маршруттарының саны 900-ге жетеді. Туристік клубтар программасында туған өлке бойынша демалыс күні жорықтары, семьялық туризм маршруттары, туристік слеттер мен жарыстар үлкен орын алады.

Шаруашылық есепті енгізуге және дотацияны жоюға орай, өкінішке қарай, жолдамалар құнын бұрынғы деңгейінде сақтауымыздың сәті түспеді. Ол орта есеппен 10—25 процент өсті. Туристік ұйымдар шығынды, ең алдымен демалыстың семьялық түрлеріндегі шығындарды кемітуі жолдарын іздестіруде. Ондай резервтер баршылық. Олардың бірі — лотерея ойнау, олар бертінде Орал мен Ақтөбеде табысты өтті.

Дегенмен ең бастысы — туризм аясында жүздеген мың жаңа адамды тарту үшін материалдық базаны жедел нығайту керек. Туристік базаларды қайта құруды жеделдетуге көбірек күш жұмылдыру қажет. Осы жұмыс Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советі және ВЦСПС белгілеген мерзімінен кейін қалуда. Және мұнда жергілікті совет пен шаруашылық органдары тарапынан көмек керек.

ҚАЗАҚ ССР СТАТИСТИКА ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

Бала бақшадағы орындар

Республикада соңғы екі жылда (1986—1988) мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері 3 процент өсіп, 8209 мекемені құрады. Олардағы балалар саны 9 процент көбейіп, 1 миллион 57 мыңға жетті.

Республика бойынша орта есеппен балалардың мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде орынмен қамтамасыз етілуі еліміз бойынша 51 проценттің орнына набары 44 процент, ал Шымкент облысында —27 және Қызылорда облысында —31 процент құрайды. Ақтөбе облысында 266 селолық елді мекенде, немесе олардың жалпы санының 56 процентінде, Жезқазған облысының —171 елді мекенінде немесе 68 процентінде және Семей облысының 277 елді мекенінде немесе 56 процентіне жалпы бала бақша мен ясли жоқ.

Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің әрбір төртіншісі, селолық жерлерде — әрбір екіншісі дерлік, ал Ақтөбе, Жамбыл, Жезқазған және Семей секілді облыстарда 60 проценттен астамы ыңғайластырылған үйлерде орналасқан.

1986—1987 жылдары мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріндегі балалар жаңадан құрылған орындар санынан 16 мыңға асып кетті. Соның салдарынан олардың жүктелімі анағұрлым өсті. Тұтасынан республика бойынша 100 мыңға жуық бала санитарлық нормадан тыс ұсталады, яғни орта есеппен әрбір 100 орынға 110 баладан келеді. Қалалық мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің жүктелімі көп, онда 100 орынға 116 баладан, ал Солтүстік Қазақстан облысында —131, Шымкент облысында — 130, Орал мен Көкшетау облыстарында — 128 баладан келеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің тым жүктелімді болуы балалардың көптеп сырқаттануының басты себептерінің бірі. Мектеп жасына дейінгі балалар мекемесіне баратын әрбір бөбек жылына орта есеппен 17 күн ауырады, мұның өзі Орта Азия республикаларына қарағанда 4—7 күнге көп. Петропавл қаласындағы қабырғалық материалдар заводының «Колосок» ясли-бақшасының тәрбиеленушілері өткен жылы сырқаттанудан орта есеппен 50 күн, «Радость» ясли-бақшасының балалары (Жергілікті өнеркәсіп министрлігі) — 31, «Фиалка» (Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті) — 29 күн келмеді.

Digitized by Google

Біздің алдымызда тұрған міндеттер күрделі де жауапты. Оларды шешу министрліктер мен ведомстволардың қажетті ықпал жасауына көбірек тәуелді. Сонымен бірге олардың бәрі бірдей бізге бет бұрған жоқ. Мәселен, Қазақ ССР Транспорт министрлігі туристерді тасуға арналған автобустарды бөлуге деген заявкаларымызды толық қанағаттандырмайды.

Туризмді дамыту үшін халық шаруашылығының басқа салаларының резервтерін пайдалану сәті әзірше түспей келеді. Қазақ республикалық туризм және экскурсия жөніндегі совет қазір демалыс және туризм базаларын жедел жасауға өнеркәсіп орындарын, құрылыс ұйымдарын ынталандыра алатын шешімдерді іздестіруде.

Туризм совет адамдарының сенімді де ізгі серігіне айналды және онда өз жұмысы арқылы жақсы, көтеріңкі көңілкүйді орнықтыруға міндетті. Сондықтан біз туристік қызметті үнемі жақсартып, еңбекшілер демалысын қызықты да алуан түрлі етуге ұмтыламыз.

А. ДОЛГОВЯЗОВ,
Қазақ республикалық туризм және экскурсия жөніндегі совет председателінің орынбасары.

Жыл ішінде сырқат балаларға күтім жасауға орай жұмысқа шықпау тұтасынан республика бойынша, 8,3 миллион адам-күнді құрады, немесе осы себептен күн сайын 32 мыңнан астам адам жұмыс істемеді.

Кәсіпорындарды жұмыстың көп сменалық режиміне ауыстыруға байланысты да жұмыс істейтін аналарды мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерімен қамтамасыз етудің актуальдылығы өсе түсуде. 1987 жылы 12—14 сағатқа дейін ұзартылған топтардағы балалар тек 35 мыңға дейін, немесе 6 процент өсті, ал тәулік бойы істейтін топтардағы балалар тіпті 3 процент кеміп кетті.

Балалар мекемелерінде орынның жетіспеушілігінен 1988 жылдың 1 январына дейін тұтасынан республика бойынша 167,4 мың өтініш, соның ішінде Шымкент облысында —23 мың, Павлодар облысында —15,7 мың, Алматы, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарында — 10 мың және Алматы қаласында —12 мың өтініш қанағаттандырылмады. 1988 жылға қарастырылған объектілерді іске қосу балаларды мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне орналастыру өтініштерінің тек төрттен бірін ғана қанағаттандыратынын есептеулер көрсетіп отыр.

ЖУРНАЛ ПОЧТАСЫНАН

«МЕРИДИАН» — ДОСТЫҚ КЛУБЫ

Біздің институтымызда студенттердің «Меридиан» интернационалдық достық клубы, міне, он бес жылдан бері жұмыс істейді. Әрине, жігіттер — оның қожайындары. Олар еліміздің басқа да жоғары оқу орындарымен, өздерінің шет елдік құрбыларымен байланыс жасайды. Меридиандықтар конкурстар, фестивальдер ұйымдастырып, өткізуге ықыласпен қатысады. Олар мұнда басқа республикалардың, социалистік елдердің жастарымен жақынырақ танысады.

Бертінде бізде Монғолиядан қонақтар болды. Олар клубтың күнделігінде мынадай жазулар қалдырды: «Бізді сіздермен тек жастардың ғана қолынан келетін нағыз достық байланыстырады. Үйімізден алысқа оқуға аттанарда, біз кең пейілді жолдастар табатынымызға үміттендік. Үмітіміз ақталды. Қазір сіздің клубыңыздан біз жаңа жақсы достар таптық».

Клубқа келіп, ана тілінде құттықтау сөзін естігенде біздің монғолдық достарымыз таңқалды. Монғолдық жас жігіт қазақтың халық әнін орындағанда біз де олардан кем таңырқаған жоқпыз. Иә, қалай орындады десеңізші. Осы әуеннің оған соншалықты жақсы әрі түсініктілігі сондай, оған өз халқының әніндей болып кеткен сияқты. Әндер, өлеңдер, билер, дәстүрлі викториналар, базарлықтар алмасу — осының бәрін жігіттердің өздері ұйымдастырады. Олар Ашхабадта өткен чилилік әнші және композитор Виктор Хараны еске алуға арналған Бүкілодақтық фестивальге, саяси әндердің киевтік конкурсына, Алматыдағы және Қарағандыдағы интернационалдық достық клубының слеттеріне қатысты.

Интернационалдық достық анталықтары жүйелі өткізіледі, оған түрлі республикалардан студенттер шақырылады. Паркте отырғызылған ағаштар — осы кездесулерді еске салады.

Сонымен ардагерлері, интернационалистжауынгерлер — «Меридиан» клубының жиі келетін қонақтары. Клуб жұмысын жалғастыруда.

Е. БАРАНЦЕВА,
Жамбыл технология институты шет тілдері кафедрасының оқытушысы, «Меридиан» клубының жетекшісі.

Digitized by Google

ДЕРЕВНЯҒА ҚОНЫС АУДАРЫҢЫЗДАР

Селолық жерге қоныс аударғым келіп еді. Осыған орай қалалық семьяның селоға қоныс аудару тәртібі туралы айтсаңыздар екен.

Б. ЖАҚСАЛИЕВ, инженер.

Алматы қаласы.

Қазақ ССР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитетінің халықты еңбекке орналастыру, қайта үйрету және кәсіптік бағдар беру жөніндегі республикалық орталығының директоры С. С. ӘБІЛҚАСЫМОВ оқырман сұрағына жауап береді.

Қазір шаруашылықтардың көпшілігінде адамдар талап етіледі. Республика совхоздары кадрлармен 86—87 процент, ал колхоздар — небары 80 процент жасақталған. Жезқазған, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Целиноград облыстарының шаруашылықтарында іс өте-мөте жайсыз. Механизаторлар, құрылысшылар, мал шаруашылығы қызметкерлері жетіспейді. Демек, солтүстік облыстарда шопандар кадрларының жетіспеушілігі 20 процент, шығыс облыстарда — 13 процент және орталық облыстарда — 22 процент құрайды. Ауыл шаруашылық дақылдарын жинау кезінде еңбекпен қамтамасыз етудің өте қауырт жағдайы қалыптасады. Жыл сайын басқа республикалардан орақка 15—16 мың комбайншы, сондай-ақ қаншама шоферлер шақырылады. 1987 жылы ғана Қазақстан қалаларынан 9,6 мыңнан астам механизаторлар кадрлары орақка тартылды, ал үстіміздегі жылы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жұмысшыларын және қызметшілерін ауыл шаруашылық жұмыстарына тарту 4 миллион адамкүннен асты.

Селода жұмысшы кадрларының жетіспеушілігінің, ұзақ уақыт бойы село тұрғындарының қалаға қоныс аударуының, әлбетте, бірқатар себептері баршылық. Селода әлеуметтік программаларды шешуге жете көңіл бөлмеушіліктің, ауыл шаруашылығын басқарудың әкімшілік-әміршілдік әдістерінің бұған біршама ықпалы болғаны даусыз.



Дегенмен соңғы уақытта елімізде кері процестер — қаладан селоға қоныс аудару тенденциясы күшейіп келеді. Селодағы экономикалық қатынастарды қайта құру, шаруашылық есепті, арендалық және семьялық мердігерлікті дамыту, адамдарға жердің қожайыны сезімін оралту бұған шешуші ықпал жасауда.

Үстіміздегі бесжылдықтың екі жарым жылы ішінде республика шаруашылықтарына 5169 семья қоныс аударды. Олардың көпшілігі кезінде село тұрғындары болған еді. Демек қоныс аударушылар арасында кең профильді 850 механизатор, мыңнан астам малшы, 700 құрылысшы бар. Бүгінгі қоныс аударушылар — 80 проценті Қазақ ССР Министрлер Советінің 1973 жылғы қаулысымен жеңілдіктер мен артықшылықтар жүйесін пайдаланатын ауыл шаруашылығы мамандары. Адамдардың көпшілігінің осы жеңілдіктер мен артықшылықтарды білгісі келетіні орынды. Кадрларды тұрғылықты жаңа орында орнықтыру үшін жаңа қоныстанушыларға қажетті жағдай жасау туралы қамқорлық олардың негізіне алынған. Мемлекет семьяның қоныс аударуына байланысты барлық шығынды өтейді: семья басшысына 150 сомға дейін және семья мүшелеріне 50 сомға дейін бір мезгілді тегін жәрдем төленеді, үй салу және мал сатып алу үшін жеңілдікті ұзақ мерзімді несиелер беріледі.

Қоныс аударушыларды үй іргесінде учаскесі, мал мен құс ұстауға арналған қоралары бар үйлермен немесе пәтерлермен қамтамасыз ету қоныс аударудың маңызды шарты болып табылады. Семья екі жыл бойы коммуналдық қызметті: отынды, көмірді, электр жарығын тегін пайдаланады.

Демек қоныс аударушыларға арналған жеңілдіктер үнемі ұлғайтылуда. Сөйтіп қоныс аудару жөнінен қосымша жеңілдіктер мен жастарды, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісі, халық ағарту, мәдениет, денсаулық сақтау, тұрмыстық қажетті өтеу, дене тәрбиесі мен спорт мамандарын селоға тарту практикасын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар қарастырылған.

Қоныс аудару және қоғамдық шақыру тәртібімен шаруашылыққа келген механизатор, малшы, ауыл шаруашылығы маманы ретінде жұ-

Digitized by Google

мысқа қабылданған жігіттер мен қыздарға, сондай-ақ халық ағарту, мәдениет, денсаулық сақтау, тұрмыстық қажетті өтеу, дене тәрбиесі мен спорт қызметкерлеріне қосымша жеңілдіктер берілген. Еңбек коллективінің келісімімен олардың шаруашылықты жүргізуіне, тиісті кәсіптер бойынша III разрядты алты айлық тарифті ставка мөлшерінде жәрдем беруге, орташа жалақыға дейінгі мөлшерде үстеме төлеуге рұқсат етіледі.

Жаңа қоныстанушыларға қажетті әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық және өндірістік жағдайлар жасау, оларды коллективтердің еңбек және қоғамдық өміріне, селода тұрғын үйлер комплекстері құрылысының программасын талдап жасауға жедел тарту жөніндегі міндет Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті, Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті, Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитет алдына қойылды. Ал қазір қоныстанушыларды қабылдауға арналған мүмкіншіліктердің өскенін айту керек.

Бұрынғы қоныс аударушылардың өндіріс озаттары болып, мемлекеттік наградалармен наградталуының, өкімет органдарына сайлануының біраз мысалдарын келтіруге болады. Мәселен, Көкшетау облысы Еңбекшілдер ауданындағы «Краснофлотский» совхозының механизаторы Н. Ш. Қасенова «Құрмет Белгісі», Октябрь революциясы ордендерімен наградталды, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты. Осы облыстың Қызылту ауданына қарасты «Чехов» совхозының комбайншысы А. А. Роот Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының «60 лет Советской Армии» совхозының және Сергеев ауданындағы «Ишим» совхозының сауыншылары К. Н. Исматуллина мен Т. И. Дикарева және басқалар өндіріс озаттары.

Көптеген қоныс аударушылар арендалық звенолар, кооперативтерді құруда. Целиноград облысында жақсы тәжірибе баршылық. Мәселен, Целиноград қаласынан В. П. Ширмаковтың семьясы «Красноозерный» совхозына қоныс аударды. Бүгінде ол ірі қараны өсіретін семьялық мердігерлікте жұмыс істейді. Қырғызстаннан О. А. Рязанцев пен В. В. Кучеренко семьялары Есіл ауданының В. В. Маяковский атындағы совхозына келді, олар да мердігерлікте мал өсіруге кірісті. Азербайжаннан қоныс аударған ерлі-зайыпты Циколенколар Астрахань ауданының «Новочеркасский» совхозында мал бордақылау жөніндегі коллективте мердігерлікте жұмыс істейді.

Селоға қоныс аударуға тілек білдірушілер үшін тұрғылықты жер бойынша халықты еңбекке орналастыру және хабарландыру жөніндегі бюроға өтініш жасау керектігін хабарлаймыз.

ЕСІК КӨЛІНІҢ ТАҒДЫРЫ

Лайлы тасқынның қуатты еклінімен Есік көлінің табиғи бөгетінің бұзылғанына биылтыр ширек ғасыр толды. Табиғаты тамаша осы жердің қазіргі жағдайы қандай және оны қалпына келтіру жұмыстары қашан аяқталады?

Г. СИДОРОВА.
Алматы қаласы.

Алматы бассейн басқармасының инженері А. П. АНИЩЕНКО сұраққа жауап береді.

Көлді қалпына келтіру жұмыстары биыл аяқталады. Алайда ол туралы айтпас бұрын мына жайды ескертейін: Есік көлін жойып жіберген 1963 жылғы 7 июльдегі тасқын осы аттас өзеннің бассейінінде үстіміздегі ғасырдың басынан бері болған төртінші әрі аса күшті тасқын еді. Оның көлемі алты миллион текше метрге жетті. Табиғи бөгет бұзылғаннан кейін Есік қаласы мен басқа да жиырмаға жуық ауыл, сондай-ақ халық шаруашылығының көптеген объектілері, шаруашылыққа пайдаланылатын жерлер қауіпті аймақта қалып қойды.

Есік өзені бассейінін тасқыннан қорғау жөніндегі жұмыс жетпісінші жылдардың басынан жүргізілуде, сол кезде «Казгидропроект» институтына тасқыннан қорғайтын құрылыстар комплексінің техникалық жобасын жасау тапсырылған болатын. Құрылыс жұмыстары 1981 жылы басталды. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігіне енген, жақында өндірістік бірлестік болып қайта құрылған «Казселезащита» басқармасының коллективі осы жұмысты жүргізуде.

Көл аймағында тасқынға тосқауыл болатын биіктігі 53 метр топырақты плотина мен су ағызатын ұзындығы 600 метрлік тоннель салынды. Тасқыннан сақтайтын бұл жердің сыйымдылығы 12,3 миллион текше метр — бұл бұрын байқалған тасқындардың қай-қайсысынан да екі есе артық, сондықтан елді мекендерді тасқындардан қорғап қана қоймай, суармалы жерлердің сумен қамтамасыз етілуін арттырады. Су қоймасын толтыру барысында оның көлемі 0,42 шаршы километрге жетеді. Құрылысшылардың қолымен жасалған көл, сөз жоқ, тамаша демалыс орнына айналады.

Digitized by Google

РЕСПУБЛИКАНЫҢ КІТАП МУЗЕЙІ

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінің музейі қолжазбаларды, Қазақстанның кітап баспасы және полиграфиялық мәдениеті ескерткіштерін сақтайтын орын болып табылады. Біз кітап арқылы адамдарды ұлттық мәдениетті, тарихты сыйлаушылыққа баулып, интернационализмге тәрбиелейміз, халықтар арасындағы достық сезімін нығайтамыз.

Музейдің ғылыми қызметкерлері мемлекеттік кітап қоймаларында, сондай-ақ сирек ұшырасатын басылымдары бар Қазақстанның кітапқұмарлары арасында да жоспарлы іздестіру және ғылыми жұмыстар жүргізеді. Біз олардың көмегімен Октябрь революциясына дейін қазақ тілінде және басқа түркі тілдерде жазылған қолжазбаларды немесе басылған кітаптардың түп нұсқаларын (егер ол мүмкін болмаса, жасанды үлгілерін) мүмкіндігінше толық жинауға ұмтыламыз.

Он жыл ішінде музейде өте сирек кездесетін кітаптардың қоры жасалды, оған тым сирек ұшырасатын бес мыңдай кітап енді. Олардың көпшілігін кітаптың иелері музейге тапсырса, енді біразы сатып алу комиссияның көмегімен алынды. Ленинградтың М. Е. Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасының тамаша сыйлығы туралы айрықша айтқан жөн, ол Қазақстанда 20—30 жылдары шағын тиражбен басылып шыққан үш жарым мың кітапты музейге берді.

Музей экспозициялары дүние жүзілік кітап басу тарихымен, елдің және республиканың кітап мәдениетінің қайнарларымен таныстырады. Оның залдарынан Әбу Наср әл Фараби, Жүсіп Баласұғани, Махмуд Қашқари, Қадырғалы Жалайыр сияқты көне дәуірдің көрнекті тарихи қайраткерлерінің, ғалымдарының, ақындарының кітаптарын көруге болады.

Арнаулы стендтен Қазақстанды зерттеуші ғалымдар Н. Рычковтың, А. Левшиннің, В. Вельяминов-Зерновтың, К. Риттер-Карутцтың, С. Гединнің, П. Семенов-Тянь-Шанскийдің кітаптарын көруге болады. Ғасырдың басында Қазанда, Троицкіде, Ташкентте тым аз тиражбен қазақ тілінде шыққан бірегей кітаптар олармен қатар қойылған.

Өлкеге революционерлердің жер аударылып келуіне байланысты Қазақстанда пайда болған кітаптар туралы айрықша экспозиция әңгімелейді. Олар өздерімен бірге Радищевтің, Шевченконың, Пушкиннің, Толстойдың кітаптарын ала келген. Дж. Кеннаның «Сибирь және жер аудару» деген тамаша кітабынан осы адамдар туралы және осы кітаптар туралы оқуға болады, оларда, ішінара алғанда, жер аударылғандардың Семей колониясы барлық адамдардың жаппай және тегін пайдалануы үшін құрған кітапханасы туралы әңгімелейді.

Ғасырдың басындағы Қазақстанның мерзімді басылымдарының шығармалары, олардың ішінде 1913—1915 жылдары басылып тұрған қазақтың алғашқы «Айқап» журналы келушілерде зор ықылас тудырады. Музейде Қазақстандағы баспа ісінің пайда болуы мен даму жолдарын қадағалауға болады. Экспозиция келушілерді республиканың кітап баспаларының бүгінгі жұмысымен таныстырады. Мұнда олардың таңдаулы жұмыстары қойылған.

Залдардың бірі кітап миниатюрасына, графикаға және экслибриске арналған. Музейде К. Баранов, М. Қисамединов, А. Гурьев, А. Сидоркин, М. Алин секілді кітап графикасы шеберлері жұмысының тамаша коллекциясы бар. Бұлар кітап графикасының ғажап үлгілері ғана емес, сонымен бірге өнердің дербес туындылары.

Музейдің бүгінгі жағдайы қалай? Қаланың кинотеатрларында, парктерінде, көшелері мен алаңдарында көрмелер өткіземіз. Англияның «Пергамон Пресс» баспасы басқан кітаптар, сондай-ақ Чехословакияның балалар кітаптарының көрмесі музей тарихындағы маңызды оқиғалардың біріне айналды. Музей әрбір атаулы қоғамдық-саяси немесе әдеби күндерге міндетті түрде арнаулы экспозиция әзірлейді. Кітаптарды насихаттай отырып, көп жұмыс істейміз, тақырыптық экскурсиялар ұйымдастырамыз, студенттер мен мектеп оқушыларына лекциялар оқимыз. Өлкетану әуесқойларының пікірталас клубын, әдеби кафе, кітап театрын ашуды жоспарлаудамыз.

Елімізде алғашқылардың бірі болып, біздің музейіміз электронды-есептеу машинасын қолдану арқылы ірі кітап қоймасына арналған информациялық іздестіру жүйесін талдан жасауды бастады, ол кітапты насихаттауда зор пайда бере алады. Біз сондай-ақ республиканың барлық баспаларының каталогтерін басып шығаруға әзірлікті бастадық. Олар баспагерлердің, журналистердің, тарихшылардың, филологтардың жұмысында жақсы көмекші бола алады.

Жүртшылықпен, кітапқұмарлармен байланыссыз біздің музейімізді көзге елестету мүмкін емес. Сирек кездесетін басылымдарды іздестіру тиянақты жүргізілін жатқандықтан біз музеймен ынтымақтаса жұмыс істейміз деушілерге ризашылық білдіреміз.

●

Біздің адресіміз: 480100, Алматы қаласы, Калинин көшесі, 94. Кітап музейі.

●

К. ГИЛМАНОВ,
республикалық кітап музейінің директоры

Digitized by Google

«ҚАЙНАР»–89

Біз республикалық кітап баспалары басшыларынан соңғы уақытта шыққан аса маңызды әдебиеттер туралы, жаңа жылға арналған жоспарлары туралы әңгімелеуді өтіндік.

«Қайнар» ауыл шаруашылығы баспасының директоры Хайдолла Әбдірахманұлы ТІЛЕМІСОВ бірінші сөзді алды.

Баспа коллективі бүкіл азық-түлік проблемасын шешуге ықпал ететін жаңа прогрестік нәрселердің бәрін кеңінен насихаттаудан өз міндетін көреді.

Бізде шығарылатын әдебиеттер сериялларға бөлінеді, олардың әрқайсысы белгілі бір бағытты қарастырады. Бұл, мәселен, «Экономика: жеделдету резервтері», «Озық тәжірибе — көпке ортақ», «Басқара білу — өнер», «Азық-түлік программасы жүзеге асырылуда», «Жастарға — село кәсіптері туралы» секілді сериялар.

Өткен жылғы «Экономика: жеделдету резервтері» сериясында «Жеделдету тұтқалары», «Тиімді еңбекті ынталандыру» кітаптары шығарылды. Қостанай ауыл шаруашылығы институтының ғалымдары, профессорлар И. Петренко мен П. Чужиновтың «Ауыл шаруашылығының экономикасы» деген оқулығы толықтырылып және өңделіп екінші рет басылды. Жаңа жылда осы сериядан Қазақ ССР Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитетінің мамандары Н. Мартынов пен В. Радотовцтың «Ішкі шаруашылық есеп айырысудың чектік формасы» деген кітабы басылады.

«Агроөнеркәсіп комплексі: жаңалықтар, таңдаулылар», «Қайта құру жемістері», «Астық және ар-абырой», «Түйе шаруашылығын мамандандыру», «Шардара күріші», «Мақта шаруашылығы: тәжірибе және проблемалар», «Интенсивті технология танабы», «Дербестілік және жауапкершілік», «Астраханьдық технологияның тиімділігі»— осылардың бәрі «Озық тәжірибе — көпке ортақ» сериясынан 1988 жылы басылған еді. Серия жаңа жылда да бірқатар кітаптармен жалғасады.

Басқа сериялар туралы да осылай деуге болады.

«Қайнар» баспасы бұрынғыдай, қазіргі және болашақ мамандарға арнап анықтама әдебиеттерді, практикалық және оқу құралдарын көптеп шығаруда. Республиканың таңдаулы ғылыми күштері, ауыл шаруашылығы өндірісі мен басқарудың түрлі буындарының жетекшілері біздің басылымдарды әзірлеуге тартылды.

Үстіміздегі жылдан бастап біз кітаптар сериясын ашамыз, оның авторлары Қазақстанның агроөнеркәсіп комплексінің дамуы, өнімді өндіру, дайындау мен ұқсату, оны сақтау мен тасымалдау тәжірибесі туралы әңгімелейді. Осы серия «Халықты азық-түлікпен тиянақты жабдықтайық» деп аталады.

Халықты етпен және ет өнімдерімен іркіліссіз, тиянақты жабдықтауды қалай ұйымдастыру керек? Ет өнімдерін өндірумен, дайындап, ұқсатумен және оны тұтынушыларға жеткізумен айналысатын салалардың толық үйлесімділігіне жету үшін не істеу керек? Ет өнімінің ысырабына, сапасының төмендеуіне қай жерде жол беріледі? Осы сериядан «Республиканың ет балансын қалыптастыру және пайдалану» деген бірінші кітаптың авторлары осы және басқа сұрақтарға жауап береді. Экономика ғылымының докторы А. Ковалев кітаптың жалпы редакциясын басқарды.

«Меншікті қосалқы шаруашылық: сұрақтар мен жауаптар (праволық түйіндер)» кітабы көптеген адамдар ықыласын тудырады деп ойлаймыз. Немесе «Өмірге оралу» жинағын алайық. Онда еңбек коллективтері психологиясын қайта құру, зиянды әдеттер мен сарқыншақтарды жою проблемалары қаралады. Біздің көптеген басқа кітаптарымыз сияқты ол республиканың еңбек коллективтерінің өмірінен алынған нақты мысалдар мен фактілерден құрылған.

Совхоз директоры, партия комитетінің секретары, РАПО советінің председателі — бертінде шыққан «Жеделдету тұтқалары» кітабының авторлары. Онда қазіргі жағдайда социалистік жарысты ұйымдастыру тәжірибесінің құнды түйіндері айтылады. 1988 жылы «Қайнардан» шыққан немесе шығаруға әзірленіп жатқан жергілікті жерлердегі партия және совет жұмыстарының, практикалық қызметтің стильдері мен әдістерін қайта құрудың тәжірибелері баяндалған бірқатар кітаптарды атауға болады. Бұл, мәселен, «Өзгерістердің жаңа лебі», «Аудандық комитет жаңаша жұмыс істеуде», «Қайта

Digitized by Google

құру жемістері» және басқа кітаптар.

ВАСХНИЛ академигі Р. Куватовтың редакциялауымен «Жаңаша экономикалық ойлау (теория мен практика мәселелері)» деген кітап шығарылды.

Азық-түлік программасын орындау барысында туындаған тәжірибелер, қызықты ойлар мен көзқарастар әрбір кітапта дерлік баяндалады. Бір ғана мысал келтірейін. Қазір Алматы облысының Балқаш аудандық партия комитетінің бірінші секретары С. Құрманәлиевтің «Адам факторы — көпшілік назарында» деген кітабы басуға әзірленуде. Онда село еңбеккерлерінің көп қырлы өмірі, оның түбегейлі интернационалдық сипаты ашылады.

Бізде жыл сайын экология проблемалары бойынша көптеген кітап шығарылады. Мәселен, экологиялық жағынан таза технологияны зерттеп, жасау проблемасымен айналысатын қазақстандық ғалымдар тобы нақты ұсыныстар берілген «Адам — өндіріс — табиғат» жинағын әзірледі. «Арал мен Балқаш тағдыры» жинағы оқырмандарда жаңды үндестік тапты. Ботаниктер К. Мұхамедшин мен С. Сартбаевтың арша, бал қарағай, зәйтүн және басқа ағаштарға арналған «Көп жасаушы чемпиондар» деген кітабы тез таралды. «Ақсу-Жабағылы» қорығының түрлі-түсті суретті альбомы кітап магазиндеріне бертінде ғана түсті, оны Герман Демократиялық Республикасының полиграфистері басып шығарды.

Біздің баспамыздың жоспары ауқымды, демек біз кітаптарымыз туралы пікірлер алуға разымыз. Біз жаңа, қызықты тақырыптарды, талантты авторларды іздейміз.

НОМЕРДЕ:

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

Озған инициативаға — саяси кемелдік пен жасампаздық сипат берілсін 2

● **БІЗ — ҚАЙТА ҚҰРУҒА, ҚАЙТА ҚҰРУ — БІЗГЕ**

Қимыл-әрекет кезі, жұмыс кезі 6

● **ҮГІТ: ІЗДЕНІС ПЕН БАСТАМА**

Т. ЩИПАНОВА. Қоғамдық-саяси орталық 12

● **ХАЛЫҚТАРДЫҢ ТУЫСҚАНДЫҚ СЕМЬЯСЫНДА**

Д. МЕН. Ортақ қам-қарекетіміз бен қуанышымыз 14

● **АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ — БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ІС**

Мал қыстату — жауапты сын 17

● **ЭКОНОМИКА: ЖЕДЕЛДЕТУ БАҒЫТЫМЕН**

Н. ДОНЕНКО. Ертеңгі күннің транспорты 19

● **ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ӨМІРІ**

Н. ЛАРИН. Қос тілділік жолындағы қиындықтар: оны қалай жеңуге болады 22

А. ДОЛГОВЯЗОВ. Туристік жолдар шақырады 24

● **РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ**

К. ҒИЛМАНОВ. Республиканың кітап музейі 30

● **КІТАП БАСПАЛАРЫ ҰСЫНАДЫ**

● Х. ТІЛЕМІСОВ. «Қайнар-89» 31

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39

Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84
63-27-74,
63-27-56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: С. А. ДӘРМЕНБАЕВ, Н. И. ЛАРИН, А. МӘУТЕНБАЕВ, В. В. МАХИН, К. М. СҰЛЕЙМЕНОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.

Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,

Сдано в набор 29.11.88 г. Подписано к печати 13.12.88 г. УГ03448 Формат 70x108 1/16. Печать офсетная. Усл. печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8. Тираж 59060 экз. (каз. изд. 30568 экз., рус. изд. 28492 экз.). Заказ 109. Цена 15 коп.

ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.


Digitized by Google



● Республикалық кітап музейі,



● Музейдің ғалым секретары А. Бондаренко мен библиографиялық сездікті құрастырушы Е. Данилов алдағы көрмеге арналған сирек ұшырасатын кітаптарды іріктеуде.





● Музей залдарында.



● Музейдің аға ғылыми қызметкері Б. Кыстаубаева жаңа кітаптармен танысуда.

Суреттерді түсірген В. КОРЧИН (ҚазТАГ).

Республиканың кітап музейі туралы 30-беттен оқыңыздар.

Digitized by Google

Табиғатты аялай біл!



1989

ЯНВАРЬ

Д.	С.	С.	Б.	Ж.	С.	Ж.
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30	31					

ФЕВРАЛЬ

Д.	С.	С.	Б.	Ж.	С.	Ж.
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28					

МАРТ

Д.	С.	С.	Б.	Ж.	С.	Ж.
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30	31		

АПРЕЛЬ

Д.	С.	С.	Б.	Ж.	С.	Ж.
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30

МАЙ

Д.	С.	С.	Б.	Ж.	С.	Ж.
1	2	3	4	5	6	7
8	9	10	11	12	13	14
15	16	17	18	19	20	21
22	23	24	25	26	27	28
29	30	31				

ИЮНЬ

Д.	С.	С.	Б.	Ж.	С.	Ж.
			1	2	3	4
5	6	7	8	9	10	11
12	13	14	15	16	17	18
19	20	21	22	23	24	25
26	27	28	29	30		

ИЮЛЬ

Д.	С.	С.	Б.	Ж.	С.	Ж.
					1	2
3	4	5	6	7	8	9
10	11	12	13	14	15	16
17	18	19	20	21	22	23
24	25	26	27	28	29	30
31						

АВГУСТ

Д.	С.	С.	Б.	Ж.	С.	Ж.
	1	2	3	4	5	6
7	8	9	10	11	12	13
14	15	16	17	18	19	20
21	22	23	24	25	26	27
28	29	30	31			

СЕНТЯБРЬ

Д.	С.	С.	Б.	Ж.	С.	Ж.
			1	2	3	
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	

ОКТЯБРЬ

Д.	С.	С.	Б.	Ж.	С.	Ж.
						1
2	3	4	5	6	7	8
9	10	11	12	13	14	15
16	17	18	19	20	21	22
23	24	25	26	27	28	29
30	31					

НОЯБРЬ

Д.	С.	С.	Б.	Ж.	С.	Ж.
		1	2	3	4	5
6	7	8	9	10	11	12
13	14	15	16	17	18	19
20	21	22	23	24	25	26
27	28	29	30			


ДЕКАБРЬ

Д.	С.	С.	Б.	Ж.	С.	Ж.
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	31

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ



1989 2

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ. Ермак ферросплав заводының балқытушысы М. Г. Никитенко 1970 жылы кәсіптік-техникалық училищені бітіргеннен кейін кәсіпорынға келген еді. Еңбек Қызыл Ту орденімен және «Үздік еңбегі үшін» медалімен наградталды. Өткен жылы кәсіпорын толық шаруашылық есепке ауысқаннан кейін М. Г. Никитенко төрт балқыту пешін қамтитын бригаданы басқарды. Оның есебінде жоспардан тыс балқытылған бірнеше мың тонна металл бар. Михайл Григорьевич — цех еңбек коллективі советінің мүшесі, заводта оны қоғамдық жұмысқа белсене қатысушы, жастардың көптеген шараларын ұйымдастырушы ретінде біледі. Өткен жылы коммунистер Бүкілодақтық XIX партия конференциясына делегат етіп сайлап, оған зор сенім көрсетті.

СУРЕТТЕ: балқытушылар бригадирі М. Г. Никитенко.

Суретті түсірген Н. КУЗНЕЦОВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ

2 • 1989
ЯНВАРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТНЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

НОМЕРДЕ:

● 26 МАРТТА — СССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ
А. ТАРАНОВ. Лениндік дәстүрлер түлетілуде 2

● БІЗ — ҚАЙТА ҚҰРУҒА, ҚАЙТА ҚҰРУ — БІЗГЕ
А. ВАСИЛЕВСКИЙ. Бүкіл совхоз арендаға ауысты 6

● САЯСАТ. ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІР
Ю. МАРКЕЛОВ. Біз өз армиямызды неліктен қысқартудамыз 8

● ҮГІТ: ІЗДЕНІС ПЕН БАСТАМА
Н. ИВАНОВА. Жатақханалардағы жастар ортасында 10
Е. МАСАТОВ. Шопандар заявкасымен 11

● ЭКОНОМИКА: ЖЕДЕЛДЕТУ БАҒЫТЫМЕН
Бесжылдықтың төртінші белесі 12
Л. ВОЛОДИНА, Л. КОМАРОВ. Жел тиімділігі 14

● АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ
Л. МОЖАЕВ. Астық алқабының резервтері 16

● БІЗДІҢ КАЛЕНДАРЬ
В. ЩЕРБИНА. Н. К. Крупская 19

● СҰРАҚҚА — ЖАУАП
Р. СӘРСЕНОВ. «Біздің екінші үйіміз осында» 21

● ҚЫЗЫҚТЫ АДАММЕН КЕЗДЕСУ
С. ПЕСТЕРЕВА. Өмір бойғы ізденіс 23

● РЕСПУБЛИКАНЫҢ БАС КӨРМЕСІНДЕ
Л. ЦОЙ. Табиғат қорғау: нақты қимыл-әрекет керек 25
Г. МУЛЛИН. Информация-баспа орталығы 26

● ДЕНСАУЛЫҚ
Г. ХАУДАЛОВА. Туберкулез: алдын алу жолдары 27

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР
А. ЗОТОВ. Палестиналықтар не ұйғарды! 29

● САЛАУАТТЫҚ — ӨМІР НОРМАСЫ
Н. ЖАРМАҒАНБЕТОВ. Ығысуға болмайды 31

● РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ
Н. МҰҚАНОВА. С. Мұқановтың музей-үйі 32

1931 жылдан бері шығып келеді.
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы.
© «Қазақстан үгітшісі», № 2, 1988

Digitized by Google

ЛЕНИНДІК ДӘСТҮРЛЕР ТҮЛЕТІЛУДЕ

Саяси система реформасының шешуші бағыты — социалистік мемлекеттің және еліміздегі өзін-өзі басқарудың негізі ретіндегі халық депутаттары Советтерінің толық билігін қамтамасыз ету.

Бүкілодақтық XIX партия конференциясының «Совет қоғамын демократияландыру және саяси системаның реформасы туралы» қарарынан.

Елімізде СССР халық депутаттары сайлауына әзірлік барған сайын кеңінен өрістеп келеді. Ол біздің сайлау системамызды түбегейлі жаңарту жағдайында өтуде. КПСС Орталық Комитетінің 1988 жылғы ноябрь Пленумының «Мемлекеттік құрылыс саласындағы саяси реформаны жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысында **«сайлау науқанын жаңаша ұйымдастыру талап етіледі, сайлаудың бұл жолы бұдан бұрынғы сайлаулардың бәріне ұқсас болмайтынын, елдің саяси өміріне кандидаттардың нақты бәсекелестігі еніп келе жатқанын толық дәрежеде ескеру»** қажеттігі атап көрсетіледі.

Алдағы сайлаудың саяси үлкен маңызы бар. Ол сайлаушылардың еркін ерікті түрде білдіруі негізінде СССР халық депутаттары съезін қалыптастыруды қамтамасыз етеді және В. И. Ленин «орталықтың толық демократизмі» деп атаған нәрсеге кепілдік беруге тиіс.

СССР халық депутаттарының съезі территориялық, ұлттық-территориялық сайлау округтерінен және қоғамдық ұйымдардан сайланған 2250 депутаттан тұрады. Ол елдің мемлекеттік өкіметінің жоғары органы болып табылады. Ол ССР Одағының қарауына жатқызылатын кез келген мәселені өзінің қарауына алып, шеше алады. Съезд СССР Конституциясын қабылдайды, оған өзгерістер енгізеді, ұлттық-мемлекеттік құрылым мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды, елдің шекарасын белгілейді және одақтас республикалар арасындағы шекаралардың өзгеруін бекітеді. Өкіметтің жоғары органы ішкі және сыртқы саясатты белгілеп, мемлекеттік жоспарларды бекітеді. СССР Жоғарғы Советін, СССР Жоғарғы Советінің Председателін, оның бірінші орынбасарларын сайлау, СССР Министрлер Советінің Председателін, СССР Халықтық бақылау комитетінің председателін, СССР Жоғарғы сотының председателін, СССР Бас прокурорын, СССР Мемлекеттік бас арбитрін бекіту оның қарауына жатады. Сондай-ақ съезд СССР Конституциялық қадағалау комитетін сайлайды, СССР Жоғарғы Советі қабылдаған актілерді жоюға, сонымен бірге бүкілхалықтық дауыс беруді (референдум) өткізуге өкілетті.

СССР Жоғарғы Советі жаңа жағдайда СССР-дің тұрақты жұмыс істейтін заң шығарушы, атқарушы және бақылаушы органы болуда, мұның өзі халықтың сайланбалы өкілдері арқылы заң шығару функциясын да, заңдарды орындауды да қабыстыруға мүмкіндік береді. СССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс он екінші сессиясы бекіткен «СССР Конституциясына (Негізгі заңына) енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы», «СССР халық депутаттарының сайлауы туралы» СССР Заңдарында қарастырылған осы және басқа маңызды өзгерістер Бүкілодақтық XIX партия конференциясының советтік қоғамның саяси системасын қайта құру, Советтердің толық билігін қамтамасыз ету және праволық мемлекетті құру туралы шешімдерін практикалық тұрғыдан жүзеге асыру жолындағы ірі қадамды бейнелейді.

Сайлау туралы жаңа заңды сипаттай отырып, М. С. Горбачевтің СССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс сессиясында жасаған баяндамасының **ол сөздің толық мағынасында алғанда біздің сайлау системамызды түбегейлі жаңартуды бейнелейтіні туралы** қағидасына назар аудару керек. Жаңа Заң осы уақытқа дейін ресми түрде жарияланып келген, бірақ практика жүзінде көбінесе орындала бермеген нормаларды нақты жүзеге асыруға кепілдік беруге тиіс. Ол азаматтардың сайлау правосын айтарлықтай тереңдетіп, дауыс беру барысындағы жалпыға бірдей, тең және тәте сайлау правосын анағұрлым байыта түседі.

Жаңа сайлау заңының ең елеулі ерекшелігі мынада: **ол бірнеше кандидат ұсынылатын бір мандатты сайлау округіндегі сайлауды қарастырады, осының арқасында шын мәніндегі сайлау мүмкіндігі ашылуда.**

Сондай-ақ Заңда одақтас және автономиялы республикалардың, халықтың түрлі әлеуметтік топтарының толық праволы өкілдігіне кепілдік берілетінін атап көрсеткен жөн. Сайлау округтерінен СССР халық депутаттарын сайлау үшін 750 территориялық және

Digitized by Google

750 ұлттық-территориялық округ құрылуда. Сонымен бірге территориялық округтер бірдей сайлаушылар санымен құрылуда. Биылғы сайлауда 257,3 мың сайлаушы есебінен бір округтің нормасы тағайындалды. СССР халық депутаттарының сайлауы жөніндегі ұлттық-территориялық округтер әрбір одақтас республикада 32 округ, әрбір автономиялы республикада —11, әрбір автономиялы облыста —5 және әрбір автономиялы округте бір сайлау округы нормасы бойынша құрылуда.

СССР депутаттығына кандидаттардың үштен бірін (750 адам) қоғамдық ұйымдардан ұсыну да принципті жаңалық болып табылады. СССР Жоғарғы Советінің сессиясы қарсаңындағы пікірталас кезінде осы қағида өте-мөте қызу талқыланды. Әңгімелерде айтыстың мәнін ашып, оған қатысушылардың күдігінің негізсіздігін көрсету қажет, олар қоғамдық ұйымдардан депутаттар сайлауда сайлау системасының жалпы демократиялық негіздерінен шегінушілік бар деп білді. Керісінше, осы шара қосымша демократиялық институт болып табылады. Демек қоғамдық ұйымдар елдің барлық халқын дерлік қамтиды. Сөйтіп, олар арқылы территориялық және ұлттық-территориялық округтермен қатар өкімет органдарында барлық совет азаматтары қамтылады. Өз тарапынан, жаңа тәртіп қоғамдық ұйымдардың өзіне де игі ықпал етіп, олардың жұмысындағы енжарлықты жоюға көмектеседі.

Қоғамдық ұйымдардың өкімет органдарындағы өкілдігі советтік системаның лениндік дәстүрлердің жаңа жағдайында қайта түлеуіне етене байланысты екенін көрсету маңызды, Мемлекеттік өкімет ұйымдарының барлық бұрынғы формаларынан оның басты ерекшелігі еңбекшілермен тікелей және тұрақты байланыс жасауына саяды. Алайда осы қасиет көп жағынан айрылып қалынды. Енді, бір жағынан, территориялық және ұлттық-территориялық округтер бойынша сайлаудың шын демократиялық сипатын қалпына келтірудің — оларды қоғамдық ұйымдардан сайлаумен толықтырудың арқасында жағдай түбегейлі өзгеруде.

Сайлау науқанының түбегейлі мәселесі — өз сайлаушыларын лайықты бейнелеуге және қайта құру жағдайында халық мүддесін тиянақты жақтауға қабілетті депутаттық корпусты қалыптастыру. Бұған қол жеткізу үшін тағайындалған норманың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ету қажет. Әңгімелерде де сайлау правосының кепілдігін түсіндіру маңызды. Ол алуан түрлі және жұмыс орны бойынша да, сондай-ақ тұрғылықты жер бойынша да сайлаушылар мүддесі қорғалады.

Сөйтіп халық депутаттығына кандидат ұсыну правосы қыруар ұлғайтылуда. Мұндай право еңбек коллективтері жиналыстарымен қатар қоғамдық ұйымдар және әскери бөлімдер бойынша әскери қызметшілер, тұрғылықты жер бойынша сайлаушылар жиналыстарына берілуде.

Еңбек коллективтерінен депутаттыққа кандидат ұсыну жиналыстарда (конференцияларда) өткізіледі. Қоғамдық ұйымдардан сайлау округтері бойынша кандидаттарды олардың республикалық, өлкелік, облыстық, округтік, аудандық, қалалық, қаладағы аудандық органдары ұсынады.

Оларды тиісті халық депутаттарының Советтері немесе олардың атқару комитеттері округтік сайлау комиссияларымен бірлесіп шақырады. Жиналысқа сол сайлау округінің территориясында тұратын кемінде 500 сайлаушы қатысса, ол заңды деп есептеледі. Әскери қызметшілердің депутаттыққа кандидаттар ұсыну жиналыстарын әскер бөлімдерінің командованиесі шақырады.

Сайлау алдындағы жиналысқа қатысушы әр адам талқылауға қайсыбір кандидатты тура, соның ішінде өзінің кандидатурасын талқылауға ұсына алады. Заң сайлау бюллетеніне енгізілетін кандидаттар санын шектемейді.

Сайлаушылар жиналысы өз программасын баяндауға міндетті депутаттыққа кандидаттың өмірбаяндық деректерін дәстүрлі сипаттаумен шектелмеуге тиіс.

Депутаттыққа кандидаттар ұсынылғаннан кейін округтік сайлау алдындағы жиналыстар өткізіледі, депутаттыққа кандидаттар ұсынған еңбек коллективтері, қоғамдық ұйымдар органдары тұрғылықты жер бойынша, әскер бөлімдері бойынша әскери қызметшілер жиналыстары өкілдік берген азаматтар оған қатысады. Осы адамдардың депутаттыққа өз кандидатын және оның болашақ қызметінің программасын қолдай білетін саяси жағынан белсенді азаматтар болуы өте маңызды.

Сайлау алдындағы округтік жиналысқа депутаттыққа нақты кандидаттарды тіркеу туралы мәселені шешу правосы берілген. Осы шараның жеткілікті түрде демократиялық болып көрінбеуі мүмкін, өйткені жиналыс кандидаттардың бәріне бірдей сайлау процесінің осы стадиясынан өту правосын бере бермейді. Дегенмен мұндай күдіктің нақты негізі жоқ. Өйткені жиналыстарда кандидатураларды талқылау барлық мүдделі жақтардың қатысуы арқылы, жариялы-

Digitized by Google

лық жағдайында және кандидаттардың іскерлік және жеке сапаларын жан-жақты бағалау арқылы өтеді. СССР Жоғарғы Советінің сессиясында жасалған баяндамада осы жайлы айрықша айтылды: «Әрбір коллектив өз өкілдерін жоғарылатуға тырысатын болады, сондықтан бұл процесті реттеу көзделмесе, саналы сайлаудың орнына біз берекесіздікке ұшырауымыз ықтимал. Округ бойынша депутаттыққа кем дегенде екі кандидат ұсынылмаса, сайлау алдындағы округтік жиналыс өткізілмейтінін ескертейік.

Көп мандатты округтер бойынша өткізілген өткендегі жергілікті Советтер сайлауының тәжірибесін ескеру маңызды. Сонда демократиялық талқылау мәдениетінің жетімсіздігі жергілікті Советтерге әйелдердің, жастардың жеткілікті толық өкілдігін қамтамасыз етуге көмектеседі. Сонда олар он мыңнан астам орыннан айрылып қалады.

Лениндік ұлт саясаты, совет халықтарының мызғымас достығы рухында қимылдай отырып, әлбетте, әр кандидаттың жеке және іскерлік сапаларын ескеру арқылы барлық ұлттар мен ұлыстардың мейлінше толық өкілдігі қамтамасыз етілуі үшін қамқорлық жасай отырып, сайлау алдындағы жиналысқа қатысушылар еңбек коллективтері мен халықтың ұлттық құрамын ескермей тұра алмайды.

Көптеген еңбек коллективтері мен қоғамдық ұйымдар өткендегі көп мандатты округтер бойынша жергілікті Советтер сайлауына кандидаттар ұсынуға нақ осылай қарады, сөйтіп кандидаттардың ұлттық құрамы еңбек коллективтері мен сайлау округтерінің ұлттық құрамына барынша толығынан сәйкес келуі туралы қамқорлық жасады.

Округтік сайлау комиссияларының да ролі жауапты. Олар учаскелік комиссиялардың қызметіне бағыт беріп, үйлестіріп отыруға, үгіт коллективтеріне көмек көрсетіп, кандидаттардың сайлаушылармен байланысын нығайтуға тиіс.

Кандидатуралар мен олардың программасын соншалықты ұзақ уақыт бойы ашық талқылау енді ақиқатқа айналды, оның барысында кандидатты ұсынған ұйымдар мүшелері ғана емес, сондай-ақ басқа азаматтар өз пікірлерін айта алады. Әр кандидат сайлау алдындағы жиналыстарда, кеңестерде, баспасөзде, телевизия арқылы сөйлеуге правосы бар. **Олардың сайлау алдындағы программасы СССР Конституциясына, совет заңдарына қайшы келмеуге тиісті** екендігін атау өте-мөте маңызды.

Депутаттыққа кандидаттар арасында жергілікті ұлттық, сондай-ақ жалпы халықтық мүддені білдіріп, тиянақты азаматтық позиция ұстайтын, мемлекеттік қызметке қабілетті жұмысшылар, колхозшылар, интеллигенция арасынан аса беделді коммунистердің, комсомолецтердің, партияда жоқтардың болуы маңызды.

Сондай-ақ СССР халық депутаттығына кандидат ұсынған еңбек коллективтерінің, қоғамдық ұйымдар органдарының, тұрғылықты жер бойынша сайлаушылар, әскери бөлімдер әскери қызметшілері жиналыстарының, жалпы одақтық қоғамдық ұйымдар органдарының сайлауға дейін қайсыбір кезде депутаттыққа кандидат ұсыну туралы өз шешімін жою правосы Советтерге шын мәнінде лайықты да білікті адамдардың сайлану кепілдігін қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Жаңа заң бойынша округ бойынша дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың даусының жартысынан астамын, ал қоғамдық ұйымдардан сайлауда мандаттар санына сәйкес барынша көп дауыс алған және қоғамдық ұйымдар съездерінің, конференцияларының делегаттары немесе олардың жалпы одақтық органдарының пленумына қатысушылардың дауыс беруге қатысқандары даусының жартысынан көбін алған СССР халық депутаттығына кандидаттар сайланды деп саналады.

Сайлау алдындағы үгіт жүргізу процедурасы дәлдікте СССР халық депутаттарының сайлауы туралы заңда анықталған. Ол азаматтардың, еңбек коллективтерінің, қоғамдық ұйымдардың депутаттыққа кандидаттардың саяси, іскерлік және жеке басының қасиеттерін еркін және жан-жақты талқылау мүмкіндігіне, сондай-ақ, жиналыстарда, баспасөзде, телевизия мен радио арқылы кандидаттарды жақтау немесе қарсы үгіт жүргізу правосына кепілдік береді.

Сайлау алдындағы үгітті жүргізу барысында жұрт сенген өкілдердің ролі едәуір өсіп келеді. Әр кандидатта олар он адамға дейін бола алады. Олар кандидаттың сайлау науқанын өткізуіне көмектесіп, оны депутаттыққа сайлау үшін үгіттеуге, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен, сайлаушылармен т. б. өзара қатынаста оның мүддесін білдіруге тиіс. Демек, кандидат өзінің жұрт сенген өкілін өз қалауына қарай анықтайды.

Сайлау науқанына қатыса отырып, үгітшілер сайлаушылардың қайсыбір кандидат пайдасына таңдау жа-

Digitized by Google

сауына көмектеспей тұра алмайды. Олар, әрине, кандидаттарды бір-біріне қарсы қоймау үшін кандидаттардың жеке іскерлік сапалары, олардың сайлау алдындағы программалары туралы айтуға тиіс. КПСС Орталық Комитетінің 1988 жылғы ноябрь Пленумының қаулысында атап көрсетілгеніндей, **сайлау науқаны социалистік мораль шеңберінде, депутаттыққа әрбір кандидаттың, барлық сайлаушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу принципінде жүргізілуге, демократия мәдениетін игерудің шынайы мектебіне айналуға тиіс.** Үгітшілер әр совет адамының жағдайды, елімізде жүзеге асырылып жатқан түбегейлі реформалардың мәнін терең ұғынуы үшін партияның ішкі және сыртқы саясатын, қайта құру барысын жан-жақты әрі тартымды түсіндіріп, барлық совет адамдарын топтастыру туралы қамқорлық жасауға тиіс. Аймақтың (ауданның) даму перспективасын, халық үшін өмірлік маңызды проблемалардың дәйекті және мерзімінде шешілуін түсіндіру, халықтың пікірін анықтап, оны қорыту, аса маңызды жұмыстарды жариялау, күш-жігерді жұмылдыру өткір мәселелерден жалтармау қажет.

СССР халық депутаттарының сапалық құрамы сайлаушылардың сайып келгенде саяси белсенділігімен анықталады. Және осы жайлы күн сайын қамқорлық жасау керек. Қайта құру жағдайында депутаттық жұмыс тұрақты заң шығару, басқару, бақылау жұмысы болуда. СССР халық депутаттары съезінен поселкелік, селолық және ауылдық Советтерге дейін Советтердің іс жүзіндегі біртұтас системасын қамтамасыз етуге, «Советтер біріктірген... халықтың өзі — міне, соның өзі мемлекетті басқаруға тиіс» деген лениндік талапты ақиқатқа айналдыруға тура келеді. Бүкілодақтық XIX партия конференциясының, СССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс он екінші сессиясының шешімдері, ол қабылдаған жаңа заңдар лениндік осы маңызды өсиетті практикалық тұрғыдан жүзеге асыруға бағытталған.

А. ТАРАНОВ,
заң ғылымының кандидаты.

КАНДИДАТТАР ҰСЫНУ

Бүкіл еліміздегідей, республикада СССР халық депутаттары сайлауына әзірлік жаппай өтуде. Барлық облыстарда территориялық және ұлттық-территориялық сайлау округтерінен халық депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссиялары құрылды. Олар қазірдің өзінде жұмысқа кірісті. Демек енді аса маңызды кезең — депутаттыққа кандидаттар ұсыну кезеңі басталды.

Заңға сәйкес мемлекеттік өкіметтің жоғарғы органдары өкілдерінің үштен бірі алғаш рет жалпы одақтық қоғамдық ұйымдардан, соның ішінде Совет Одағы Коммунистік партиясынан сайланады.

Алматының мақта иіру фабрикасы коммунистерінің ашық жиналысында иіру цехының бастығы В. И. Придачин сөз алды. Ол мақта иіруші Меделхан Жарылқасынқызы Сванкушикованы депутаттыққа кандидаттыққа ұсынды. Ол беделді, жоғары білікті жұмысшы, қоғамдық істерде, өндірістік және тұрмыстық мәселелерді шешуде өзін таныта білді, коллективтің, еңбектес жолдастарының мүддесін әрқашан белсенді қорғай біледі. Оның азаматтық позициясы да ерекшелендіреді.

Валиктік шеберхана слесары З. Қарабаева мен жіп иіруші Р. Зуева өз сөздерінде М. Сванкушикованың кандидатурасын қолдады. «Асфальтобетон» бірлестігі партия жиналысына қатысушылар бас директор Г. Исламовты депутаттыққа кандидат етіп ұсынды.

Киров атындағы заводтың коммунистері де жиналыста депутаттыққа өз кандидатын атады. Бұл — станокшы Ю. Боровицкий.

Ф. Э. Дзержинский атындағы өндірістік-сауда трикотаж бірлестігінің арқау тоқу цехы коллективінде ұлттық-территориялық № 130 Алматы-Ленин сайлау округі бойынша СССР халық депутаттығына кандидаттар ұсыну жөніндегі жиналыс тоқушы Күнара Айтпайқызы Садықоваға зор құрмет көрсетті.

Қазақстан Театр қайраткерлері одағы басқармасының кезектен тыс пленумының шешімімен СССР халық депутаттығына кандидаттар ұсыну үшін М. О. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының көркемдік жетекшісі Ә. М. Мәмбетов пен М. Ю. Лермонтов атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының бас режиссері Р. С. Аидриасян есімдері аталды.

Депутаттық мандаттыққа үміткерлерді талқылау жөніндегі жиналыстар қаланың партия ұйымдарының төменгі буындары мен басқа кәсіпорындарында өтті.
Алматы қаласы.

Digitized by Google


БҮКІЛ СОВХОЗ АРЕНДАҒА АУЫСТЫ

А. ВАСИЛЕВСКИЙ,
Қостанай облысы Наурызым ауданының Н. Г. Козлов атындағы совхозының бригадирі, үгітші

Диқандарда масақ қыста да толысады деген көне нақыл сөз бар. Міне қазіргі қыс күндерінде біздің істерімізде саябырлық деген жоқ. Демек бізде үйреншікті қам-қаракетке — техниканы жөндеуге, танапқа тыңайтқыш енгізуге, механизаторлар оқуына қоса жаңа істер пайда болды. Ол арендамен байланысты. Біздің бригадамыз жаңа жағдайда екінші маусым жұмыс істейді. Егер біз өткен қыста аренда өзін ақтап, қайтарым бере ала ма деп көбірек алаңдасақ, енді істі батыл қолға алудамыз.

Біздің ортақ пікірімізді бірден айтайын: аренда тұрарлық іс. Диқандар үшін ауыр болған өткен жылдың өзі арендалық қатынаста қаланған идеялардың дұрыстығын қуаттады. Осының арқасында біз өткен жылы бір адамға шаққанда өнім өндіруді қауырт жоспардағы 18,2 мың сомның орнына 19,8 мың сомға жеткіздік. Бір центнер астық өндіру шығыны жоспардағы 10,49 сомның орнына 9,52 сом құрады. Астық өндіру жөніндегі тапсырма асыра орындалды, жанар-жағар материалдардың қыруар үнемделуіне қол жетті.

Әрине, біздің таңдаулы механизаторларымыз — Владимир Николаевич Губиннің, Раззат Рамазанович Нургиновтің, Сергей Степанович Иваниковтың, Альзир Агдамович Менияхметовтің, басқа диқандардың жоғары түпкі нәтижеге қосқан үлесі туралы айрықша айтқым келеді. Дегенмен осы адам-



дардың ғана атын атаумен шектелмеймін. Биыл біз бригадалық агроном Нина Ивановна Луньеваның жұмысын айрықша атадық. Бұрын қатардағы мамандардың еңбегі онша атала бермейтін. Иә, олардың өздері де бригададан шеттеп, көбіне кеңседе отыратын. Енді біздің агроном — бұл бригаданың барлық ісіне шындап қатысушы. Бұл тұрғыдан ол жалғыз емес. Мәселен, аспазшы Татьяна Александровна Василенко, менің жолдастарымның пікірі бойынша, асты сондай дәмді әзірлейді.

Біздің бригадамыз совхоз коллективінде қайсыбір жағынан өзгешелеу болған жоқ. Демек шаруашылық әкімшілігі барлық бөлімшелерді арендалық мердігерлікке ауыстыруға шешім қабылдай отырып, дұрыс жасады, деп ойлаймыз. Арендаңың жалынды насихатшысы — бас экономист Владимир Прокопьевич Коваленко алғашында жеке бригадамен «эксперимент» жасау ұсынысын қабылдамай, шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайына толығынан көшудің қажеттігін, әрине, мұндай қадамның күрделілігін аңғара алады. Өйткені Н. Г. Козлов атындағы совхоз еліміздегі ірі шаруашылықтардың бірі ғой. Бізде дәнді дақылдардың өзі 100 мың гектар жерді алып жатыр. Совхозда 60-қа жуық ірі бөлімше жұмыс істейді. Мұндай үлкен шаруашылықты жаңа арнаға ауыстыру, әрине, қиын. Дегенмен меніңше, экспериментті жасаумен жағдайдан шыға алмас едік. Қайсыбір жекелеген арендалық бригадада нәтиженің жоғары болуы да мүмкін ғой, алайда оның есесіне: «Бүкіл совхоз солар үшін жұмыс істеді-міс» деп күдіктенушілер де табылар еді. Екінші жағынан, басқару қызметкерлері, мамандар жаңа жағдайға ынталы бола қоймас еді. Арендаторлардың түрлі инстанцияларға жүгіріп, көптеген шаруашылықтарда ұшырасатынындай, ананы білмеймін, мынаны білмеймін, деп әрбір қадамын ыңғайластырып отыруы мүмкін. Енді біздің бәріміз бірыңғай қатынаспен байланысты болып шықтық, бәрі де түпкі нәтижеге жұмыс істеді. Ал ол совхоз үшін жақсы болды — жыл ішінде егіншілікте өнім өндіру шығыны 320 мың сомға, мал шаруашылығында —56 мың сомға кеміді. Таза пайда жоспардағы 4,4 миллион сомның орнына 5 миллион сом құрады.

Адалын айтқанда, бұ-

Digitized by Google

рын осы цифрлардың қатардағы қызметшілерге қатысы болмады, олардың мүдделерін қозғамады. Енді бәрі экономистер болып алды. Бұған дейін қалай еді? Қайсыбір адам пайдаланылған майды, солярканы, бензинді ойланбастан-ақ жерге төге салатын. Қазір қатынас өзгерді. Бірде механизаторды басқа трактормен отырғыздық. Демек ол өзінің ескі трактормен машина ауласына қоймастан бұрын ондағы солярканы жаңа трактор бағіне құйып алды.

Алайда мұнда да бәрі ойдағыдай еместігін айтуға тиістімін. Әрине, ақшаны есептей білу керек, дегенмен бәрін ақшамен өлшеуге болмайды ғой. Мәселен, біз тәжірибе станциясымен уағдаластық бойынша, «Кировец» тракторына арналған эксперименттік шинаны сынауға тиіспіз. Бұл маңызды, перспективалы іс, өйткені трактордың шинасы әзірше сенімді емес. Сіз не болды дейсіз ғой? Механизаторды баллондарды ауыстыруға әрең көндірдік. «Ал мұның өзі қаншаға түседі, бізді тонап жатқан жоқ па?»— келешекті көре білуге ғадеттенбеген «экономистің» дәлелі осындай.

Бұл жағдай күлкілі болуы мүмкін, алайда ол мені алаңдатады. Өйткені ақы төлейтін жерде ғана осындай сараңдық болады емес пе. Ал біздің жерге деген шаруагерлік қатынасымыз қайда? Арендаторларды жердің құнарсыздануынан сақтандырушылардың сөзіне құлақ асу керек. Қайсыбіреулерді еркіне жіберсең, бірден мол табыс табу үшін ауыспалы егісті де, парды да ұмытып, жерді аздырады.

Жерді пайдалану туралы жаңа заңды әзірлеу барысында осының бәрін ескеру керек деп ойлаймын. Иә, көктемгі дала жұмысына әзірлену күндерінде біздің бәрімізге жердің қожайыны болу правосы жолындағы жауапкершілікті айту керек.

Жазып алған И. ГОРОВЕЦ.

ЕҢБЕК МЕРЕКЕСІ

Сергеев электр жүйесі кәсіпорнының коллективінде еңбек мерекелерін өткізу дәстүрге айналды.

Еңбек ардагері А. В. Глухих жас электриктер А. Казанцев пен С. Жұмабаевқа жұмысшы қатарына қабылданғандары туралы куәліктер тапсырды. Мерекеге қатысқандар өндіріс озаттарын жылы шыраймен атады. Олардың атына игі тілек айтылып, концерттік номерлер арналды. Кәсіпорын қызметкерлерінің үлкен тобына «Еңбек ардагері» медалі тапсырылды.

Кәсіпорын коллективі «Целинэнерго» бөлімшелері арасындағы тоқсандық социалистік жарыстың қорытындысы бойынша үшінші орынды жеңіп алды. Еңбек мерекесінде осыған байланысты өндіріс озаттарына дипломдар мен сыйлықтар тапсырылды.

Аудандық партия комитетінің секретары А. М. Дикая жас коммунистер Г. Маркасаринаға және В. Дубровныйға партия билеттерін тапсырды. З. Р. Оспанов пен В. Лямкинді туған күніне байланысты жылы лебізбен құттықтады.

Н. СТЕПАНОВА.
Солтүстік Қазақстан облысы.



КӨШЕТАУ. Тоқыма-галантерея фабрикасы өзін-өзі қаржыландыру жағдайында жұмыс істей отырып, өз өнімін еліміздің жарты мыңнан астам кәсіпорнына береді. Қазір мұнда шаруашылық есептің екінші формасына ауысу үшін еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесі талдап жасалынды, ол жаңа жылдан енгізілді.

Шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістерін табысты игеруде фабрика партия комитетінің секретары Г. С. Новикованың еңбегі зор. Кәсіпорын коммунистері есеп беру-сайлау жиналысында Галина Степановнаны өздерінің партия ұйымының жетекшісі етіп сайлады.

СУРЕТТЕ: фабрика партия комитетінің секретары Галина Степановна Новикова (ортада) Көкшетау қаласының № 3 орта мектебінің оқушылары Ирина Тихаямен, Наталья Стригинамен әңгімелесуде, олар фабриканың оқу цехында өндірістік практикадан өтуде.

Суретті түсірген С. МАҒЗҰМОВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

БІЗ ӨЗ АРМИЯМЫЗДЫ НЕЛІКТЕН ҚЫСҚАРТУДАМЫЗ

СССР ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ БАС ШТАБЫНЫҢ ӨКІЛІ СОВЕТТІК ЖАҢА ИНИЦИАТИВА ТУРАЛЫ

Совет Одағында таяудағы екі жыл ішінде Қарулы Күштердің адам санын азайту, жай қару-жарақ көлемін едәуір қысқарту туралы шешім қабылданды. Еліміздің европалық бөлігінде және европалық одақтастарымыз территориясында СССР Қарулы Күштері барлығы 10 мың танкіге, 8,5 мың артиллериялық жүйеге, 800 жауынгерлік самолетке кемітіледі. СССР Қарулы Күштері Бас штабының өкілі генерал-майор Юрий Александрович МАРКЕЛОВ дүние жүзінде зор серпін тудырған осы оқиғаға түсініктеме береді.

— Осындай шешім, әлбетте, қолдау табумен қатар кейбіреулерде қауіп тудыруы мүмкін: біз тым қатты қарусызданып жатқан жоқпыз ба! Сіздің өзіңіз осы мәселеде қандай позицияны ұстайсыз!

— Мұнда пікірлердің әртүрлі болуы мүмкін. Әскери адам ретінде мен шешім дұрыс әрі дер кезінде қабылданды деп есептеймін. Бейбітшілік, қауіпсіздік және сенім туралы айтудың өзі жеткіліксіз. Бұл бағытта оған қоса қимыл жасай білу де керек.

— Мұндай жағдайда, сіз, қысқарту жақтасы ретінде, мәселен, дисбаланс біздің жағымыздағы танктермен қатар біз неліктен жауынгерлік самолеттарді де қысқартып жатқанымызды түсіндіре аласыз ба: НАТО-ның осы саладағы артықшылығы жаппай мойындалған.

— Осы қадамды жасай отырып, біз оны дисбаланспен де, Вена кездесуі мандаты бойынша келіссөздермен де байланыстырмаймыз. Біз қорғаныс үшін ақылға қонымды деңгейдегі жеткілікті принципіне ауысуды практикалық тұрғыдан жүзеге асырудамыз. М. С. Горбачев Біріккен Ұлттар Ұйымы трибунасынан осы жайлы мәлімдеді. Біздің еліміздің және оның одақтастарының қауіпсіздігіне қол сұғу ниеті ешкімде тумауы үшін СССР-дің қорғаныстық қабілетін ақылға сиымды әрі сенімділікті қамтамасыз етуге жеткілікті дәрежеде сақтай отырып, қажет деп тапқан мөлшерде қару-жарақ түрлерін қысқартамыз.

— Батыс осы акцияға біршама оңды үн қатты. Алайда көп болмағанымен мұндай қысқарту күштердің жалпы балансында ештеңені өзгартпейді, СССР артықшылығын бұрынғысынша сақтайды-мыс деп мәлімдеуге асыққан саясатшылар, бұқаралық информация құралдары табылды, ал бір газет ескірген танктер, артиллерия және самолеттер қысқартылады, оның үстіне батыстың мұндай қысқартуды бақылауға шамасы келмейді, деп те жазды. Сіз оппоненттеріңізге, әлбетте, жауап беріңізші.

— Мұндай әуендер, менің көзқарасымша, ауа райын жасамайды. Мұндай пайымдаулар жанталаса қарулануды кедергісіз жалғастырып, «советтік әскери қауіппен» алдаусырату әрекетін жасаушыларға ғана тиімді.

Егер СССР тіпті өзінің бүкіл қаружарағын жойса, қарусыздану қарсыластары біздің халқымызда бар аңшылық мылтықтарын санай бастар еді, деп бірде батыстық оппоненттерге айтуыма тура келді. Бұған жауап ретінде пікірталасқа қатысушылар тек күлді, бірақ қарсылық білдірмеді.

Қару-жарақты қысқарту шешіміне дейін Батыста ешкім біздің танктеріміздің сапасына күдік келтірген жоқ. Керісінше, онда әрдайым бұлар НАТО үшін қауіпті бейнелейді, деп мәлімдеді. Ал осы «қауіп» азайған қазіргі уақытта — АҚШ-тың 30-ға жуық танк дивизиясы танктерінің санымен бірдей дерлік 10 мың танк туралы сөз болып отыр — тағы да бұл танктер НАТО үшін ешқандай қауіп төндірмейді деп дүние жүзі жұртшылығын иландыруға тырысуда. Мен Германия Федерациялық Республикасының бүкіл бундесверіндегі адам санына тең келетін цифр — Совет Армиясын 500 мың адамға қысқарту туралы айтып отырғаным жоқ. Бақылау туралы сіздің сұрағыңызға оралайын: мұндай ірі ауқымды шараларды жасыру мүмкін еместігі жалпыға мәлім. ГДР-дің, ЧССР-дің, Венгер Халық Республикасының территориясынан 6 танк дивизиясын шығаруға келсек, ол, әлбетте, жариялылық пен бүкпесіздік рухында жүзеге асырылады.

— Осыншама қарулы күштерді біржақты қысқартуымыз біздің Варшава Шартының Батыстан артықшылығын мойындаушылығымыз болып шықпай ма!

— Ешқандай артықшылық жоқ. НАТО мен Варшава Шарты арасында шамамен әскери тепе-теңдік бар. Мұны Батыстағы мықты саясатшылар да мойындайды. Егер НАТО-лық статистер қолданатын әдістерді пайдалана бастасақ,

Digitized by Google

іс басқаша болады — мәселен, қиыр шығыстық шекараға дейінгі барлық дивизиямызды ескереді, сонымен бірге АҚШ территориясындағы американдық құрамалар есептен шығарылып тасталады. Немесе екі әскери одақтың қарулы күштерін салыстырады, одан әскери-теңіз күштерін шығарып тастайды, НАТО-ның бұл тұрғыдан басым артықшылығы бар. Сөйтіп қайсыбір «артықшылықты» дәлелдеуге болады.

Біз жаңаша саяси ойлауды және советтік әскери доктринаның қорғаныстық сипатын басшылыққа алып, біздің Қарулы Күштерімізді қысқартудамыз. Қаружарақты үдету өздігінен қосымша қауіпсіздік жасамайтынын өмір қуаттауда.

— Неліктен қысқартудың екі жыл мерзімі белгіленді! Мұны жеделірек жасауға болмай ма!

— ГДР-де, ЧССР-де және Венгер Халық Республикасында орналасқан советтік әскерлер тобынан адамдар құрамы мен техниканы ұйымдасқан түрде алып шығу үшін бұл аса ыңғайлы мерзім,— өйткені алты танк дивизиясы таратылып, десант-шабуыл және басқа бірқатар құрамалар мен бөлімдер, десант-тасу құралдарына қоса қаружарақтар мен жауынгерлік техника әкетіледі. СССР территориясында мейлінше көлемді мөлшерде қысқартуға тура келеді. Адамдарды еңбекке орналастыру, оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелері шешіледі — осының бәрі әлеуметтік ірі проблемалар.

— Қару-жарақты қысқарту қалай өтеді! Олардың бәрі металл сынықтарына айнала ма! Немесе халық шаруашылығында әлденені пайдалануға бола ма!

— Бәрі бірдей жентектеледі, немесе балқытуға жіберіледі деп ойламаймын. Тягачтар, крандар, автомашиналар, тасымалдау құралдары, жекелеген агрегаттар мен тораптар секілді техниканы халық шаруашылығында ойдағыдай пайдалануға болады.

— Дүние жүзі агенттіктері бертінде хабарлағанындай, НАТО-да қарулы күштер мен шабуыл құралдарын өзара үштен екісіне қысқарту ұсынысы талқыланууда. Бұған сіз қалай қарайсыз!

— Батыстың мұндай ұсынысы, әлбетте, біздің тарапымыздан қолдау табады. НАТО келісетін мұндай түбегейлі қысқартуларға біз жалпы дайынбыз. Совет Одағы Шығыс пен Батыстың өзара негізде өз қарулы күштерін құрып, қорғаныстық жеткілікті принципін басшылыққа алуын жақтайды.

Әңгімені жүргізген
С. ГУК.

(«Известия», 1988 жылғы 11 декабрь)

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР — ТУЫСҚАН АРМЕНИЯҒА

Арменидағы қайғылы зардаптарға соқтырған жер сілкінісі туралы хабар бірдебір совет адамын немқұрайды қалдырған жоқ.

Жер сілкінісі туралы хабардан кейін іле Алматы аэропортынан Ереванға самолет үшып шықты, оның бортында сол кез үшін ең қажетті жүк — бір жарым тонна қан, оны құю жүйесінің топтамалары болды. Апат шеккен аудандарда Қазақстаннан ерікті көмекшілер жұмыс істейді. Қарағандылық кен-құтқарушылар адамдарды құтқару барысында ерекше көзге түсті.

СССР Тұрғын үй-әлеуметтік банкісі № 700412 арнаулы есебіне ерікті жарналар үдайы берілуде. Қайғылы оқиғадан кейінгі алғашқы екі апта ішінде қазақстандықтардың қосқан үлесі 42 миллион сомнан асты. Осы уақытта зардап шеккендер үшін 21 тонна жылы киім жиналды. Арменияға жөнелтілген бірінші кезекті жүк ішінде Үштөбенің киіз үй фабрикасы жасаған мыңнан астам киіз үй бар. Баспанасыз қалған адамдар қазақтардың құрастыруға оңай, әрі жылы осы киіз үйін лайықты бағалады.

Одақтас республикалардың бәрі жер сілкінісінен қираған қалалар мен поселкелерді қалпына келтіруді қолға алып, мұны біршама қысқа мерзімде — екі жыл ішінде жасауға міндеттенді. Қазақстандық құрылысшылар Ленинаканда өз базасын жасауда. Қазір жобалаушылар, зерттеушілер, транспортшылар тобы сонда жүр. Құрылыс орындары, құрылысшылардың қалашықтарын уақытша орналастыру, жергілікті материалдарды пайдалану мүмкіншіліктері зерттелуде. Мұның барысында сейсмикалық аудандарда құрылыс салудың алматылық тәжірибесі ескерілуде. Жүктерді жеткізу графигі жасалуда. Топтамалы-блокты бетон заводтары, қазандықтар, жеңіл конструкциялардан оңай құрастырылатын модуль-үйлер жөнелтуге әзірленуде. Егер құрылыс индустриясы базасын жасауға әдетте жылдар қажет болса, енді бұл үш айдан аспайды. Декабрьдің соңына қарай біздің республикамыздан Арменияға келген отряд құрамында 600-дей адам болды.



СУРЕТТЕ: «Джамбулстрой» тресінің қуатты техникамен жарақтанған аса тәжірибелі жұмысшылары мен инженерлері жер сілкінісінен кейінгі алғашқы күндерде Арменияға аттанды.
Суретті түсірген Г. КОШКИНЦЕВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

ЖАТАҚХАНАЛАРДАҒЫ ЖАСТАР ОРТАСЫНДА

Н. ИВАНОВА,
СССР-дің 60 жылдығы атындағы Өскемен жібек матасы комбинаты кәсіподақ комитетінің председателі

Біздің комбинатымызда жастар көп, демек жас жұмысшылар мен мамандардың жартысына жуығы жатақханаларда тұрады. Бұл —1200 жігіт пен қыз, сондықтан да жатақханаларда тұрушы жастар туралы қамқорлық жасау комбинат дирекциясы мен қоғамдық ұйымдарында әрдайым алдыңғы қатарда тұрады.

Біз ең алдымен тұрмысты көркейту, ондағы оралымсыздықтар тұрғысынан қаптаған шағымдарды азайту үшін бәрін жасадық. Және мұның өзін жастардың өздерінің көмегімен атқардық. Жігіттер мен қыздар сондай-ақ спорт алаңдарын да, алкогольсіз «Солярис» кафесін де, қызыл мүйісті де жабдықтауға жәрдемдесті.

Жақсы жолға қойылған тұрмыс тәрбие жұмысын жүргізуге арналған қажетті жағдайға да айналды. Ал бұрын былай болушы еді: қайсыбір міндет туралы айта бастасаң-ақ, сол жерде саған кранның судың ағып тұратыны, ілгешегінен түсіп қалған есік, жұмыс істемейтін душ қондырғысы және осындай оралымсыздықтар туралы шағымдарды қаптата айтатын. Енді осының бәрі күн тәртібінен алынды, жастармен әңгімелеріміз де мүлдем басқа арнада өтеді. Саясат мәселелерін де, өндіріс мәселелерін де, бос уақытты ұйымдастыруға болатындығын да, кәсіпорын, қала үшін пайдалы не жасауға болатындығын да талқылаймыз.

Міне, көптеген жылдардан бері жатақханаларда «саяси жұмалар» өткізіледі. Оның атауы соншалықты сәтті болмағанымен осы кездесулердің басты мазмұнын, олардың қайтарымын сипаттайды. Комбинат директоры Л. Грезнева, партком секретары Л. Потапова, цехтар мен бөлімдердің жетекшілері, қоғамдық ұйымдардың жетекшілері, тәлімгерлер әр жұмыс аптасының соңында жатақханаға келеді. Мұның барысында біз баяндамалармен және лекциялармен шектелмейміз, бөлмелерде әңгімелесеміз, жігіттеріміз бен қыздарымыздың қалай тұратынын, не оқитынын, саяси оқиғаларға қалай үн қататынын, үйлеріне хат жазуын сұрап білеміз, біз сөзбен айтқанда, өмірлік мәселелер талқыланады. Қазір, мәселен, СССР халық депутаттарының сайлауы туралы әңгімелесеміз, жастар оған зор ықылас білдіріп, көптеген қызықты ұсыныстар айтуда.

Жігіттер мен қыздар белсенділігінің өсуі, мүмкін, біздің кездесулеріміздің ең басты нәтижелері болар. Бұрынғы селқостық, масылдық, өз қам-қаракетін басқаларға жүктей салу ниеті жоқ. Қазір жатақханаларда істің шын мәнінде өзін-өзі басқару орнықты. Жігіттер өз тұрмысын қалай жақсартуға болатындығын өздері іздестіреді, тазалық пен реттілікті қадағалайды, қызықты бастамалар инициаторлары болуда.

Демек тұрғындардың аса белсенді қатысуы арқылы мүдделілік клубтары мен түрлі үйірмелер құрылды. Бізде осындай жиырмаға жуық үйірме мен клуб бар. Бұлар, ең әуелі, «Планета», «Глобус», «Прометей» саяси клубтары, оларға коммунистер, партия ардагерлері нақты қатысады.

Біздің коллективіміз көп ұлтты, жатақханаларда да «Шолпан» интернационалдық достық клубы жұмыс істейді. Комсомол съездерінің делегаттары Гүлғайын Мұхиева, Зәмира Әзікенова оған көп күш-жігер жұмсайды. Облыстың шалғай аудандарынан келген жігіттер үшін орыс тілін оқып, үйрену жөнінен үйірмелер ұйымдастырылды.

Біз жатақханаларымызда тым жас ұлдар мен қыздардың — үйлерінен жырақта жүретін, кәсіптік-техникалық училищелер түлектері тұратынын да ескереміз. Сондықтан олардың үй шаруашылығын жүргізу, тоқу, киім пішу және тігу өнерлерін меңгеруіне көмектесеміз. Олар «Құрбы», «Үй шаруасындағы жас әйел», «Аленушка» клубтарында осындай шеберлікті үйренеді. Комбинатымыздың жетекші әйелдері осы клубтардағы кездесулерде ұдайы болып тұрады. Мұның өзі шынпейілділік пен сенім ахуалын жасайды, семьясынан қашықта тұратын қыздар бұған шын жүректен үн қатады. Ал мұның өзі өте маңызды ғой.

Шекарашылармен тұрақты қамқорлық байланыс, соғыс және еңбек ардагерлерімен, интернационалист жауынгерлермен кездесулер тәрбиенің жақсы мектебіне айналды. Туристік клуб пен демалыс күнінің клубы қаншама жігіттерді топтастырды. Бізде мұзей де

Digitized by Google

бар, жаңа тұрғындар онда комбинат тарихымен танысады.

Бізде комсомол-жастардың үйлену тойларын алкогольдік ішімдіксіз өткізу дәстүрі орнықты. Жатақханалардағы құлықтық ахуалдың арқасында мұның сәті түсті, онда мас күйінде жүру төтенше оқиға ретінде қабылданады. Дегенмен жастардың өздері мақұлдаған, бәріне ұнаған үйлену тойы салтына көп нәрсе тәуелді. Көңілді викториналар ойналады, жатақханалар жанынан құрылған сурет әуесқойлары үйірмесінің жігіттері «2000-ші жылы кездесейік» деп жазылған суретті альбом әзірлейді. Біздің үйлену тойларымыз сондай көңілді өтеді.

Екі үйірменің жұмысы туралы айрықша айтпай тұра алмаймын. Көне өнерді — гобеленді кілемді жасауды ұнатушыларды біріктірген үйірмелер бар, оған мата жөнінен суретші Леонид Суртаев жетекшілік етеді. Осы бірлестік мүшелері профессионалдық деңгейде жұмыс істейді деп батыл айтуға болады, олардың өнімдерінің СССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне қойылуы кездейсоқ емес.

Ал шағын механизация цехының бастығы Николай Григорьевич Ященко ұйымдастырған техникалық творчество үйірмесі жігіттерді баурап алды. Онда да жұмыс профессионалдық деңгейде жүргізіледі — үйірмеге қатысушылар плугты тіркеуге, бетон араластырғышты да орнатуға, бензинді араны қосуға болатын қондырғыны жасады, бір сөзбен айтқанда, меншікті қосалқы шаруашылықта қолдануға болатын агрегатты жасады. Оны да халық шаруашылығы жетістіктері көрмесі алды, заказ берушілер жетерлік.

Жастарды пайдалы істермен баурау дегеніміз оның есеюі үшін өте көп нәрсе жасау, еңбексүйгіштік пен азаматтыққа тәрбиелеу екенін айтып жатудың қажеті бола қоймас. Комбинаттың қоғамдық ұйымдары мен дирекциясының жатақханаларда жастармен жүргізетін бүкіл жұмысы да осыған қызмет етеді. Әрине, әзірше барлық істің сәті түсіп отырған жоқ. Бізде әзірше өзіміздің мәдениет үйіміз, стадионымыз жоқ, жас жұбайларға арналған тұрғын үй бөлу мәселесі күрделі күйінде қалып отыр. Профессионал артистер, білікті лекторлар біздің заявкаларымызға әрдайым үн қата бермейді.

ШОПАНДАР ЗАЯВКАСЫМЕН

Мен жетекшілік ететін автоклуб Индер ауданының Амангелді атындағы совхозының бірінші және үшінші фермасына қызмет көрсетеді. Сондықтан да біз өз жоспарымызды шаруашылықтағы маусымдық науқандарға сәйкес жасаймыз. Біз деп отырғаным, құрамында сөгіз адамы бар автоклуб советі.

Қандай жоспар да орындалатын болса ғана жақсы. Тіпті пайдалы деген шараның өзі сол арналып жасалған адамдардың өздерінің пікірі мен тілегіне сай келмесе оларды ешқандай қызықтырмайтыны туралы шындықты біз әлдеқашан түсіндік. Бәрін, әрине, қарастыра алмайсың. Сондықтан да сол жерде ойдан шығарып, коллектив өмірінен алынған фактілермен толықтыруға тура келеді, сөйтіп программамызды жасаймыз.

Жаздың қайнаған ортасында біз Малшылар күнін өткіздік. Бәрі де алдын ала әзірленді. Түрлі-түсті жарнамаларда мереке өтетін жер мен уақыт хабарланды. Халық көп жиналды. Осы заманғы және халықтық әндер шырқалды. Сол күннің кейіпкерлері — социалистік жарыс жеңімпаздары, еңбек озаттары көрінісімен қол шапалақталды. Олардың ішінде кеудесіне алқызыл лента ораған жылқышы Социалистік Еңбек Ері Ғалым Есмұратов пен Ленин орденінің иегері аға шопан Серік Досмағамбетов президиум столына өтті. Бұл күнгі салтанат үстінде олар екіұдай сезімде болды. Ардагерлерді құрметті демалысқа шығарып салды. Атақты жылқышы Ғ. Есмұратов құрығын ұлы Мұратқа, ал С. Досмағамбетов шопан таяғын ұлы Бақасқа тапсырды.

Туған совхозында жұмыс істеуге тілек білдірген В. И. Ленин атындағы мектептің 16 түлегіне де еңбек кітапшалары осында тапсырылды.

Ал содан кейін ақындар айтысты: көрші «Правда» совхозынан осы мерекеге автоклуб меңгерушісі М. Мұхтаров келді, ал біздің совхоздан И. Жақиев шықты.

Көрермендер осы күнге арнайы программа әзірлеген талапкер көркемөнерпаздардың концертіне қол соқты. Бәйге, қыз қуу, палуандар күресінің жанкүйерлері де көп болды.

Мереке өз алдына, алайда біздің күнделікті көңіл бөлуіміз бен қамқоракетімізді қажет ететін жұмысымыз да бар ғой. Автоклуб жанында «Мәдениет және тұрмыс мектебі» тұрақты жұмыс істейді.

Сонымен бірге малшылардың, механизаторлардың, егіншілердің және сауыншылардың озық тәжірибесін таратамыз.

Е. МАСАТОВ,
Индер аудандық мәдениет бөлімінің № 6 автоклубының меңгерушісі.

Digitized by Google

БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ТӨРТІНШІ БЕЛЕСІ

Он екінші бесжылдықтың төртінші жылы қандай болады? Қазақ ССР Жоғарғы Советінің былтыр декабрьде өткен он бірінші сессиясына қатысушылар осы мәселені талқылады. Қазақ ССР-інің экономикалық және әлеуметтік дамуының Мемлекеттік жоспары мен республиканың 1989 жылға арналған бюджеті бекітілді.

Жоспар КПСС XXVII съезінің шешімдерін, Бүкілодақтық XIX партия конференциясы мен Қазақстан Компартиясы XVI съезінің нұсқауларын жүзеге асыруға бағытталған. Ол еңбек коллективтерінің, министрліктер мен ведомстволардың, облыстық атқару комитеттерінің ұсыныстары негізінде талдап жасалды және негізінен бесжылдық жоспар тапсырмаларына сай келеді. Көрсеткіштердің құрылымы мен құрамы мемлекеттік кәсіпорын (бірлестік) туралы және СССР-дегі кооперация туралы СССР Заңдарын басшылыққа ала отырып, сондай-ақ территорияны комплексті дамыту мәселесінде халық депутаттары жергілікті Советтерінің праволарын іске асыруды ескеріп белгіленген.

Жоспардың маңызды ерекшелігі оның жаңа шаруашылық механизмі жағдайында өндірістің барлық салалары мен өндірістік емес саладағы көптеген кәсіпорындардың жұмысына бейімделе жасалуы болып табылады.

Жоспардың жалпы экономикалық көрсеткіштері негізінен бесжылдық тапсырмасының осы жылына сай келеді. Ұлттық табыс 3,8 процент өседі. Бұл орайда үстіміздегі бесжылдықта ұлттық табыс көбінесе қоғамдық өндірістің нақты нәтижелері есебінен артуда.

Қоғамдық өндіріс бөлімшелері арасындағы арақатынас жақсарады. «Б» тобының өндіріс көлемінің өсімі «А» тобынан екі еседей асып түседі. Мұндай жағдай біздің экономикамызда бұған дейін болып көрген жоқ. Жалпы экономикалық көрсеткіштердің белгіленіп отырған қарқыны интенсивті факторларға негізделуде: ұлттық табыс өсімінің 90 процентін қоғамдық еңбек өнімділігін арттыру есебінен алу көзделуде.

Бұдан бұрынғы жылдардан айырмашылығы, келесі жылдың жоспарында жеке мәселелерді шешуді көздейтін жекеленген бытыраңқы тапсырмалардың орнына ғылым мен техниканың жетістіктерін пайдаланудың түпкі нәтижелерін сипаттайтын барынша маңызды жинақтаушы көрсеткіштер қабылданған. Үстіміздегі жылы ғылыми-техникалық прогресті жеделдету жөніндегі шараларды жүзеге асыру жылдық экономикалық тиімділікті 1988 жылғыдан 9,1 процент арттыруға мүмкіндік береді.

Қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру мақсатында жалпы қоғамдық өнімнің 1 сомына жұмсалатын материалдық шығындарды кеміту жоспарланып отыр, мұның өзі 100 миллион сом салыстырмалы үнем жасауды қамтамасыз етеді. Министрліктер мен ведомстволарға металл прокатын өндіруде —4,5 процент, болат құбырлар —4, түсті металдар прокатын —4,2, ағаш материалдарын —7, цемент өндіруде —4 процент мөлшерде үнемдеу жөнінде тапсырмалар белгілеу көзделген.

Жоспардың басты ерекшелігі экономиканы дамытудың әлеуметтік бағытын күшейтуде болып отыр. Бұл, біріншіден, халықтың қоғамдық тұтыну қорларынан материалдық игіліктер мен қызметтерді, төлемдер мен жеңілдіктерді сипаттайтын көрсеткіштер бойынша бесжылдық жоспар тапсырмаларының айтарлықтай арттырылуынан және екіншіден, әлеуметтік-мәдени сала мекемелерін озық қарқынмен дамытудан байқалады.

Халықтың ағымдағы тұтынуына және өндірістік емес құрылысқа 27 миллион сомнан астам қаржы немесе бесжылдық жоспардағы 77,6 процентпен салыстырғанда пайдаланатын ұлттық табыстың 83 проценті жұмсалады. Халықтың жан басына шаққанда нақты табыс 3,2 процент, ал төрт жыл ішінде бесжылдық жоспардағы 10,1 процентпен салыстырғанда 12,5 процент артады. Қоғамдық тұтыну қорларынан төленетін төлемдер мен жеңілдіктер 9,4 миллиард сом болады, бұл бесжылдыққа есептелген мөлшерден 587 миллион сом артық. Жұмысшылар мен қызметшілердің орташа айлық жалақысын, колхозшылардың орташа еңбек ақысын бесжылдыққа жасалған есептерден артық мөлшерде өсіру белгіленіп отыр. Ақшалай табыстардың өсімін еңбек өнімділігін арттырумен байланыстыру мәселелері мұқият пысықталды.

Халықтың өскелең табысын товармен қамтамасыз ету үшін азық-түліктік емес бұйымдар бесжылдық тапсырмадан 348 миллион сом көп шығарылатын болады, ақылы қызмет көрсету —367 миллион сомға және бөлшек товар айналымы — 150 миллион сомға артады. Халық тұтынатын товарлар шығаруды молайту үшін экономикалық тұтқаларды табу міндеті қойылды. Товарлар өндіретін

Digitized by Google

және қызмет көрсететін коллективтердің арендалық мердігерлікке көшуін жеделдету, кәсіпорындардың, соның ішінде одақтық бағыныстағы кәсіпорындардың профилін өзгерту, пайдаланылмайтын алаңдарда қосымша қуаттар жасау керек. Одақтық үкімет республикаға осы мақсаттарға 1989 жылға арнап тағы 100 құрастырмалы модуль-үйлер бөліп отыр, оларды барынша ұтымды жолмен пайдалану қажет. Жоспарды әлеуметтік қайта бағдарлау жеңіл өнеркәсіп үшін белгіленетін тапсырмаларда да байқалып отыр,

Әлеуметтік-мәдени саланың материалдық базасының өзық қарқынмен дамуына ерекше көңіл бөлінген. Бұған 3,3 миллиард сом бөлініп отыр, мұның өзі бесжылдық жоспардың лимиттерінен 355 миллион сом көп.

Үстіміздегі жылы қаржыландырудың барлық көздері есебінен 8,5 миллион шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарлануда, мұның өзі бесжылдық жоспардағыдан 1,6 миллион шаршы метр көп. Олар мемлекеттік заказдарға қосылып, материалдық күрделі қаржымен және ресурстармен толық қамтамасыз етілген. Оның үстіне «Тұрғын үй-91» программасының тапсырмасын орындап шығу үшін үйлерді қосымша салуға арналған қаржыларды іздеп табу жөнінде үлкен жұмыс жүргізілмек. Тұрғын үй-құрылыс кооперациясының, халықтың қаржысы есебінен және мемлекеттік несие көмегімен тұрғын үйлерді іске қосу 1988 жылдағыға қарағанда бір жарым есе ұлғаяды. Үйлерді күрделі жөндеуден өткізу мен көркейту ұлғаяды. Осының бәрі әрбір тұрғынды пәтердің орташа көлемінен қамтамасыз етуді 1985 жылғы 12,7 шаршы метрден 1989 жылдың аяқ кезінде 13,8 шаршы метрге дейін арттыруға мүмкіндік береді.

124,1 мың оқушы оқитын жалпы білім беретін мектептерді іске қосу жоспарланып отыр, бұл бесжылдық жоспардан 12,9 мың орын көп. Балаларға арналған 80 мың орындық мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері іске қосылады. Ауруханаға жүйесі 2,7 мың төсекке артады. Бұл негізінен тууға көмектесу мекемелерінде, сондай-ақ аудандық орталық ауруханаларды кеңейту есебінен арттырылмақшы. Мүгедектер мен қартайғандар үшін 1880 орындық интернат-үйлер тапсырылады. Мәдениет мекемелерінің материалдық базасын дамытуға 58,5 миллион сом мемлекеттік күрделі қаржы бөлінеді, бұл бесжылдық жоспардан 9 миллион сом көп.

Экология мәселелеріне айрықша назар аударылды. Табиғат қорғау шараларына 210 миллион сомнан астам күрделі қаржы жұмсалады. Тазартқыш құрылыстардың іске қосылуы есебінен лас сарқынды судың көлемі 6 миллион текше метрден астам азайтылады. Әуе бассейніне зиянды қоспалар шығару 315 мың тонна қысқартылады.

Агроөнеркәсіптік комплексті дамытудың көрсеткіштері негізінен бесжылдықтың тапсырмаларына сай келеді. Оларда 1989—1990 жылдары азық-түлік тауарларын өндіруді молайту және халықты олармен жабдықтауды жақсарту жөніндегі қосымша шаралар ескерілген. Ауыл шаруашылығының жаңа жылға арналған жалпы өнімі 16,2 миллиард сом мөлшерінде көзделуде. Бұл бесжылдық жоспардан 827 миллион сом артық. Мұндағы басты резерв селодағы экономикалық қатынастарды қайта құру,

Мал шаруашылығы өнімдерімен жабдықтауды едәуір жақсарту белгіленген. Бір тұрғынға шаққанда ет өнімдерін тұтыну 1987 жылы нақты тұтынылған мөлшермен салыстырғанда 6 килограмм және сүт өнімдері 16 килограмм көбейтіледі.

Аграрлық-өнеркәсіптік салада болып жатқан оң ілгерілеушілікке қарамастан азық-түлік өндіру қарқыны әлі жеткіліксіз екені айқын. Демек ысырапты қысқарту есебінен ғана жыл сайын қосымша 100 мың тоннадай ет, 200 мың тоннадан астам сүт алуға болар еді.

Өнімді ұқсату салаларын дамытуға бөлінетін күрделі қаржыны шұғыл ұлғайту жоспарлануда, ол 22 процент артады.

Аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің қызметкерлері картоппен және жеміс-көкөніс өнімдерімен, кондитер, нан-тоқаш тағамдарымен қамтамасыз ету жөнінде де халық алдында көп қарыздар. Жалпы Қазақстан бойынша халықтың жан басына шаққанда көкөніс пен картоп азық-түлік программасының көрсеткіштерінен төмен болып отыр. Үстіміздегі жылы картоп өндіруді 2,4 миллион тоннаға, көкөністі —1,6 миллион тоннаға дейін жеткізу белгіленуде.

Бос еңбек ресурстарын қоғамдық өндіріске тартуға зор мән бере отырып, шағын қалаларда және селолық жерлердегі ірі елді мекендерде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың 13 филиалын ұйымдастыру белгіленіп отыр.

1989 жыл — бесжылдықтың соңғы жылының алдындағы жыл, бұл жылы барлық жерде жаңа шаруашылық механизмі нысықталып, экономиканы басқаруды демократияландыру кеңейтіле түседі. Белгіленген тапсырмаларды ойдағыдай орындау Бүкілодақтық XIX партия конференциясының шешімдері белгілеп берген жауапты міндеттерді жүзеге асыру үшін қолайлы алғы шарттар жасайды.

Digitized by Google

ЖЕЛ ТИІМДІЛІГІ

Соңғы кезде бүкіл дүние жүзінде энергияның дәстүрлі емес қайнарларын — күн нұрын, желді, жер қабатының жылуын, теңіздің көтерілуін т. б. пайдалануға деген ынта-ықылас өсе түсті. Мұның өзі энергияны тұтынудың интенсивті өсуінен, айналадағы ортаны ластамайтын энергияны алудың жаңа тәсілдерін іздестіруден туындап отыр.

Республикамыздың мамандарында жел мен күн энергиясын пайдалану зор мүдделілік тудыруда. Осы мақала жел күшін пайдалануға арналған, гелиоқондырғысын талдап жасау туралы журналдың келесі номерлерінің бірінде әңгімелейміз.

Жел энергиясын пайдалану идеясы жаңалық емес. Көптеген ғасырлар бойы жел адамның құдықтан су тартуына, ұн тарттыруына, басқа жұмыстарды атқаруына көмектесіп келді. Алайда бұдан бірнеше он жыл бұрын біздің осы көмекшіміз, былайша айтқанда, біржола дерлік отставкаға шықты. Алайда отынның қымбаттай түсуі, жылу-электр станцияларының қалдықтарымен айналадағы ортаның ластануы, ГЭС су қоймаларының көлемді кеңістікті алуы — осының бәрі көне «еңбеккердің» қызметіне жүгінуге мәжбүр етті. Желдің көмегімен бүгінде электр энергиясын алу перспективасы таяудағы уақытта жел энергетикасы құрылғылары аса қабілетті және оларды пайдалану экономикалық жағынан тиімді болады деген үмітпен де байланысты.

Ауа стихиясының күші ғаламат. Ғалымдардың бағалауы бойынша ол күн энергиясынан және теңіз тасқыны энергиясынан кейін болғанымен өзен энергиясының қуатынан жоғары. Сондай-ақ ресустардың сарқылмауын, айналадағы ортаға онша ықпал жасамауын, отынды өндіріп ұқсату қажеттігінің жоқтығын осындай артықшылықтарға жатқызуға болады.

Бүгінде ірі, сондай-ақ қуаты шағын (100 киловаттқа дейін) жел энергиясы қондырғылары жасалуда. Дүние жүзінің 16 елінен 130-дай фирма шағын қондырғыларды өндірумен айналысады. Германия Федерациялық Республикасы, АҚШ, Дания, Ұлыбритания, Нидерланды оларды негізгі өндірушілер болып табылады.

Жел энергиясы электр өндіру үшін ғана пайдаланылмайды. АҚШ-та, Англияда жел двигателімен тұрғын үйлерді жылыту және ыстық сумен жабдықтау жобалары талдап жасалды. Сондай-ақ жел энергиясын құдықтан су тарту, жерді суару, желкенді теңіз кемелерін электрмен жабдықтау үшін пайдаланады. Ауыл шаруашылығының қызметкерлері, әсіресе малшылар жел энергетикасы жүйесін пайдалануға аса мүдделі болып отыр.

Осы жұмыс біздің елімізде де аса белсенді жүргізілуде. Өткен жылы июньде КПСС Орталық Комитетіндегі кеңесте қаралған энергияның дәстүрлі емес қайнарларын пайдалану жөніндегі шаралар комплексі осы іске күшті серпін береді.

Қазақстанда жел энергиясы қондырғыларын талдап жасап, салу қырқыншы жылдардың соңында басталды. 1960 жылы Целиноград облысында еліміздегі ең ірі Ново-Ишим жел электр станциясы салынған еді, ол «Ишим» совхозының орталық усадьбасы мен оның механикалық шеберханасын электр энергиясымен жабдықтады. Сондай-ақ Семей облысының «Первомайский» совхозында, Гурьев облысының «Сүйіндік» қой совхозында, басқа шаруашылықтарда жел қондырғыларын тиімді пайдалану тәжірибесі баршылық. Қазақ ССР Ғылым академиясының Энергетика институты 50-ші және 60-шы жылдары жел энергиясын пайдалану жөнінен экспериментті жұмыс жүргізді. Алайда 60-шы жылдардың орта тұсынан осы проблемаға шаруашылық және ғылыми тұрғыдан көңіл бөлу орынсыз бәсеңдеп, мүлдем дерлік ұмытылды. Осы жұмыс қайтадан басталған қазіргі уақытта жел энергиясын пайдалану зор қайтарым беретін аса перспективалы географиялық аймақтарды анықтау өте-мөте маңызды. Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің Энергетика институты жүргізген зерттеулер көрсеткеніндей, мұндай аймақта жер деңгейінен он метр биіктікте ауа тасқынының бір шаршы метріндегі энергияның жылдық орташа мөлшері 4000 киловатт-сағатқа дейін құрайды. Ол Жоңғар қақпасында орналасқан Жалаңашкөл метрологиялық станциясы аймағында аса көлемді — бір шаршы метрге 18000 киловатт-сағаттан келеді. Басқа перспективалы жерлерден мыналарды атауға болады: Целиноград облысының Ерейментау ауданында—3700, Форт-Шевченкода (Каспий теңізінің жағалауы)—4300, Жамбыл облысының Қордай ауданында — 4000, Қостанай облысының Арқалық ауданында —4200, Семей облысындағы Жаңғызтөбеде —4000 киловатт-сағат т. б. Зерттеулердің көрсетіп отырғанындай, жел

Digitized by Google

энергиясы қыста артып, жазда кемиді. Сөйтіп оның қыруар үлесі халық шаруашылығының жылуға деген қажеті өсе түсетін жылдың салқын кезіне келеді, ал мұның өзі Қазақстан ауыл шаруашылығы үшін өте-мөте маңызды.*

Далалық, жартылай шөлейтті жайылымдары үлкен тұтасынан біздің республикамыз жел энергиясы ресурсының көлемі мен сапасы жөнінен елдің ең бай аймағы болып табылады. 14 облыста оның жылдық орташа жылдамдығы қуаты 5—6 киловаттық жел энергиясы агрегаттарының жұмысын қамтамасыз етуге жетеді. Мұның өзі шопандардың тұрғын үйлері мен қой қораларына жарық беру, телевизия мен радио аппаратураларының, тұрмыстық приборлардың жұмысы, құдықтан су тарту, бау-бақты суару, ал қажетіне қарай минералды суды тұщыту үшін өбден жетеді.

Табиғаттың осы сыйын пайдалану дегеніміз малшылардың тұрмыс жағдайын шұғыл жақсартып, олардың еңбек қайтарымын арттыру деген сөз. Демек республикада орталық усадьбадан шалғай орналасқан 14 мың шопан бригадасынан 9 мыңы электрлендірілмеген. Оларды орталықтандырылған жүйеге қосу көп шығынды талап етеді және әлеуметтік тұрғыдан өте-мөте қажет болғанына қарамастан экономикалық жағынан тиімсіз. Шағын жылу двигательдерінің көмегімен ток алу өзін ақтамайды.

Сонымен бірге мал шаруашылығы тұрақтарында жел двигательдерін орнату есебінен жайылымдық шаруашылықты электрмен сенімді қамтамасыз етуге болады. Мәселен, Жезқазған облысының КПСС XXIII съезі атындағы совхозының шалғай қыстауларында бертінде алғашқы екі жел двигателі жұмыс істей бастады. Олар шопандардың жылжымалы электр станцияларын — движоктарын алмастырды және ауа райының қайсыбір жағдайында қойшылардың өндірістік және тұрмыстық қажеттері үшін ток бере алады. Ал Жезқазған облысында ғана 600-ден астам мал шаруашылығының қыстауы әлі мемлекеттік энергетика жүйесіне қосылмағанын ескертейік. Оларды толық электрлендіру үшін кемінде үш бесжылдық қажет. Электр желісінің әр километрінің құрылысы 5—6 мың сомға түседі. Ал бір жел агрегатын сатып алып, монтаждау ондаған есе арзан.

Енді іс экономикалық жағынан тиімді жел двигательдерін жаппай өндіруді ұйымдастыруға саяды. Қазірдің өзінде осы бағытта алғашқы қадамдар жасалуда. Демек Бүкілодақтық «Ветроэн» ғылыми-өндірістік бірлестігінің заказы бойынша былтыр Қызылорданың эксперименттік жөндеу-механика заводында жел энергетикасы қондырғысының 30 топтамасы жасалды. Қызылордалық қондырғының құрылысы күрделі емес, оны оңай құрастыруға болады, тасымалдауға ыңғайлы және шалғай жайылымдарда, егіс қостарында пайдалануға арналған. Бұл Шымкент облысының Созақ ауданындағы сынау кезінде көрінді.

Сондай-ақ бертінде Қарағандыда ұйымдастырылған «Ветроэнергомаш» заводында жел энергетикасы қондырғыларын жасай бастады. Сонда да оны жаппай шығару туралы айтуға әлі ертерек. Ең алдымен өндірістік шығынның жоғары болуы істі тежеуде. Мәселен, Қызылордаының жөндеу-механика заводы жасаған жел энергетикасы қондырғысы жиырма мыңдай сом тұрады, дегенмен жаппай өндіру барысында жел агрегатының құны 1—1,5 мың сомдай құрайды. Осы деңгейге шығу үшін ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстарды интенсивтендіріп, ведомстволық қатынастарды жою қажет.

Қазір Қазақстанда көптеген мекемелер — Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті, Ғылым академиясы, Энергетика және электрлендіру министрлігі және басқалар жел энергетикасымен айналысады. Осы процесті үйлестіру әрекеттері жасалғанымен бертінге дейін тұтас республикалық программа болмады. Енді ол реттеледі деп үміт етуге болады. Өткен жылдың соңында Қазақ ССР Министрлер Советі ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі «Казсельхозмеханизация» ғылыми-өндірістік бірлестігін жел энергетикасы саласында республикада жүргізіліп жатқан жұмысты үйлестіруші ретінде анықтады. Мұнда мамандандырылған бөлім құрылды. Осы бағыт бойынша республиканың бас кәсіпорны бола отырып, ол Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті қаржыландыратын, жел энергетикасы саласында жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу, жобалау-іздестіру және конструкторлық жұмысты қадағалауға тиіс.

Алайда мамандардың, ғылыми-техникалық қоғам бөлімі қызметкерлерінің шағын тобы ғана осы күрделі міндетті шеше алмайды. Бірегей идеялар, сындарлы батыл шешімдер керек. Бұл жөніндегі ұсыныстарды «Казсельхозмеханизация» ғылыми-өндірістік бірлестігіне жолдауға болады.

Л. ВОЛОДИНА,
Л. КОМАРОВ.

*Осы жайлы Р. Бекметьев пен И. Заглиевтің «Народное хозяйство Казахстана» журналының 1988 жылғы 10-шы санында жарияланған мақаласынан толығырақ танысуға болады.

Digitized by Google

АСТЫҚ АЛҚАБЫНЫҢ РЕЗЕРВТЕРІ

Азық-түлік программасы талаптарына сәйкес енді республика шаруашылықтары жылына кемінде 32 миллион тонна, он үшінші бесжылдықта — 32,5 миллион тонна және он төртінші бесжылдықта — 34,1 миллион тонна астық жинауға тиіс. Астық өндірісін үнемі интенсивтендіру негізінде, шығымдылықты гектарына 4—4,5 центнер арттыру және оны 13,5—14,2 центнерге дейін жеткізу арқылы ғана осы проблеманы шешу мүмкін болады.



Республика агроөнеркәсіп комплексінің ресурстары жеткілікті, осы міндетті шешуге көмектесетін қажетті аграрлық-экономикалық потенциялы бар. Алайда бесжылдықтың соңғы үш жылы ішінде мемлекетке осы маңызды өнімдерді сату жоспары орындалмады. Осыдан барып 2,5 миллион тоннадай астық кем алынды. Өндіріс жоспары 91 процент қана орындалды, мемлекетке 7,9 миллион тонна астық берілмеді, ал оны сату жоспары небары 84 процент орындалды.

«Еліміз осынау астыққа зор үміт артқан еді, оның үмітін ақтай алмағанымызды сезіну өте күйінішті»,— делінді халықты азық-түлікпен жабдықтауды одан әрі жақсарту мәселелерін талқылаған республика партия ұйымы Орталық Комитетінің XIII пленумына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының баяндамасында.

Пленумда шаруашылықтардың көпшілігінің озаттар деңгейіне көтерілуіне орғалғы жасайтын себептердің неде екеніне тиянақты жауап берілді. Ол — егіншілік мәдениетінің төмендігінде. Осыдан барып ғылыми ұсыныстарды, технологиялық тәртіпті жаппай және мүлтіксіз сақтау жолындағы күрес республикалық партия ұйымының басты міндеттерінің бірі болуға тиіс деген тұжырым жасалды.

Барлық резервтерді іске қосу, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін, озық өндірістік тәжірибені барынша пайдалану қажет. Бұл тұрғыдан негізгі бағыттарды атайын.

Бүгінде астық шаруашылығында **интенсивті технология** кеңінен қолданылуда. Ол 6 миллион гектар алаңда қолданылады, мұның өзі Қазақстанның бүкіл астықты танабының төрттен бірін құрайды. Алайда біз осы технологияның басым мүмкіншіліктерін соншалықты толық пайдаланып отырғанымыз жоқ, көптеген совхоздар мен колхоздар шығымдылықты нормативті мөлшерде арттыруға қол жеткізбейді.

Осы жайлы айта отырып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті XIII пленумының материалдарына тағы да сілтеме жасауыма тура келеді. Шортандыда А. И. Бараев атындағы Бүкілодақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты тәжірибе шаруашылығында бірдей мерзімде себілген, шағын-шағын танаптарға бөлініп қатар орналастырылған, бірақ сапасы жөнінен әртүрлі агротехникалық тәсілдермен және технологиялық әдістермен өңделген бидайдың шығымдылығында көп — бес-алты центнерден айырмашылық болды. Сөйтсек, диқандар мен мамандар дәнді дақылдарды өңдеуге салдыр-салақ, ұқыпсыз қарайтын көзқарас қалыптасқан учаскелерді сипаттау үшін «еріншек технология» дейтін ерекше терминді де ойлап тауыпты.

Өкінішке қарай, республика танаптарында «еріншек технология» нышандарын ұзақ іздеуге тура келмейді. Цифрлар да осы жайлы тартымды әңгімелейді. Мәселен, егер 1987 жылы тұтасынан республика бойынша интенсивті технология есебінен гектарына жаздық бидай шығымының үстемесі кәдуілгі әдіспен салыстырғанда 5,2 центнер құраса, Орал облысында — тек 2,4, Павлодар облысында — 2,5, Ақтөбе облысында — 3,2, Қарағанды облысында — 4,4 және Қостанай облысында — 4,6 центнер болды. Өткен жылдың қорытындысы да осындай. Интенсивті технология тиімділігінің төмендігінен республикада жыл сайын 300—350 мың тонна астық кем алынады.

Алайда «еріншек технологияның» болуы — бұл агротехникалық шараларды жүргізудегі ағаттықтар ғана емес. Адам факторын бағаламаушылық та елеулі. Бүгінде адамға — жоғары түпкі нәтижелерге мүдделі, ешбір жетелеусіз жұмыс істей білетін өндіріс қожайынына сүйінбейінше астық шаруашылығын — бүкіл аграрлық саясаттың осы сара бағытын өрге бастыру мүмкін емес. Партия шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістерін, ең алдымен арендалық мердігерлікті енгізуді осы жұмыстағы тиімді буын деп атайды.

Digitized by Google

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ. Федоров ауданының «Путь к коммунизму» колхозы экономикалық жағынан берік шаруашылық, қайта құру жолымен нық басып келеді. Оның барлық бөлімшелерінің арендалық мердігерлікте жұмыс істегеніне міне, бір жыл болды. Жылды екі миллион сом табыспен аяқтады.

«Біз пайдаланылмаған резервтер туралы бұрын да білетінбіз,— дейді колхоз председателі Анатолий Александрович Габун,— алайда ондаған жылдар бойы қалыптасқан шектеулер бізді тежеп берді. Енді ізденіске жол ашық.

Колхозшыларға арналған екі миллион сомдық акцияның шығарылуын мысал ретінде келтіруге болады.



Шарт қарапайым, олар акционерге де, қоғамға да тиімді. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы: шаруашылықтың жоспарлы рентабельділікті орындауы барысында вкладчик үш процент үстеме алады. Жоспардан тыс әрбір 10 процентке тағы бір процент қосылады. Акциялық ақшаның бір бөлігі 17 коттедж алуға жұмсалады. Орталық қырманның материалдық-техникалық базасын жақсартуға да қаржы бөлінді.

СУРЕТТЕ: колхоздың алғашқы акционерлері (солдан оңға қарай) бас бухгалтер С. В. Нечитайло, бас зоотехник Н. Н. Алексеев пен соғыс және еңбек ардагері, механизатор Василий Ефимович Руденко.

Суретті түсірген В. ДАВЫДОВ (ҚазТАГ).

Өткен жыл егіншілікте іске деген шаруашылық қатынасты түлетудің қаншама мысалдарын берді. Озық шаруашылықтардың, басқа коллективтердің тәжірибесіне айрықша қарағаң жөн. Мұның барысында ең алдымен практика ғылыммен ұштасқан, егінші мамандар кеңесіне тиянақты сүйенетін жерде табысқа қол жететінін байқау керек.

Қазір, алдағы егіннің стратегиясы мен тактикасы анықталып, көктемгі дала жұмыстарына жаппай әзірлік өтіп жатқан қысқы уақытта **негізгі технологиялық** міндеттерге назарды шоғырландыру керек. Өткен жылдың нәтижелері бидайды себудің ыңғайлы мерзімінің ықпалы қаншалықты зор екенін көрсетті. Көкшетау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Целиноград облыстарының бірқатар шаруашылықтарында егін салуда асығыстық жасап, қателесті: ерте себілген танаптардағы шығымдылық орташа мерзімде және кешірек себілген танаптарға қарағанда қыруар төмен болды.

Егіншіліктің топырақ қорғау жүйесі далалық қуаңшылық аймақтарда егіннің шығымдылығын арттырудың аса тиімді құралы болып табылады. Жалпақ тілгіш құралдарды кеңінен пайдалану топырақты жел эрозиясынан сенімді қорғап, ылғалмен қамтамасыз етілуін арттыруға көмектеседі, алайда жекелеген мамандар, шаруашылық жетекшілері осы іске деген шаблонды, сараланбаған қатынасқа жол беріп, танапты терең қопсыту қажеттігін елемейді, мұның өзі шығымдылықтың кемуіне соқтырады. Село еңбеккерлеріне Бүкілодақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ұсыныстарын қатаң сақтау қыруар экономикалық тиімділік беретіні жақсы экономикалық тиімділік беретіні мәлім болғанына қарамастан осылай болуда.

Ғылым талаптарынан тағы да шегінушілік салдарынан кеміп бара жатқан **топырақтың құнарлылығын сақтап, арттыру** жөнінде табанды жұмыс жүргізу қажет. Қазіргі егістіктің төрттен үш бөлігінде гумус (құнарлы қабат) өте төмен (2 процентке дейін) және төмен (2 процентттен 4 процентке дейін).

Органикалық тыңайтқыш топырақтың құнарлылығын қалпына келтірудің негізгі құралы болып табылады. Дегенмен республикада 30 миллион тонна немесе гектарына 0,9 тонна органикалық тыңайтқыш енгізіледі. Бұл егістікке қажетті мөлшердің төрттен бірін ғана құрайды. Мұның барысында органикалық тыңайтқыш техникалық, овощ және басқа интенсивті дақылдарға енгізіледі, ал астық танабы онымен небары 2 процент мөлшерінде тыңайтылады. Сонымен бірге республика шаруашылықтары органикалық тыңайтқыштарды қолдану жөнінен қолда бар мүмкіншіліктердің жартысын ғана пайдаланады. Қолда бар қоғамдық мал санына қарай шірінді 80 миллион тоннадай болуға тиіс, қазірдің өзінде фермалар маңында үйіліп жатқан қи 60 миллион тоннадан асады.

Таза пар айрықша көңіл бөлуге тұрады. Ол астық-пар ауыспалы егістігінің негізі болып табылады, ылғалды және өсімдік үшін қоректік заттарды молайтуға, арамшөпті құртуға көмектеседі. Соңғы жыл-

Digitized by Google

дары республикада пар танабы 5,5 миллион гектарға дейін ұлғайтылды. Мұның өзі ғылыми жағынан негізделген нормаға біршама сәйкес келеді. Бірақ парға деген көзқарас барлық жерде бірдей емес. Кейбір шаруашылықтарда олардың алаңы ешбір негізсіз қысқартылуда, кейбір пар танабына егін салынады, оларға тиісті күтім жасалмайды, органикалық және минералдық тыңайтқыш аз енгізіледі, нашар ұқсатылады, ықтырма егістік өсірілмейді. Республикада таза парға байланысты жұмысты жақсарту нәтижесінде қосымша кемінде 1 миллион тонна астық мүмкіншілігі бар.

Суармалы жер астық түсімін молайтудың елеулі резерві болып табылады. Суармалы алқаптардағы дәнді дақылдар алаңы небары 560 мың гектар немесе республиканың бүкіл астықты алқабының 2 процентінен сәл астамын құрайтынына қарамастан оңтүстік облыстардың астық шаруашылықтары үшін суландыру маңызын жете бағалау қиын. Бізде осы істе елеулі ілгерілеушілік баршылық: екі жыл ішінде суармалы жерде жылына орта есеппен астық өндіру өткен бесжылдықпен салыстырғанда 270 мың тонна өсті, шығымдылық гектарына 4 процент артып, 35 центнер құрады.

Жүгері, қарақұмық, бұршақ тұқымдас дақылдарды өндіруде де артта қалушылықты жою қажет. Мәселен, қазіргі уақытта жүгері егістігі алаңын 200 мың гектарға, ал дән өндіруді 1 миллион тоннаға жеткізудің нақты мүмкіншілігі бар. Сөйтіп астық түсімі елеулі түрде ұлғайтылып, мал шаруашылығының жемшөп базасы нығайтылады. Дәнді дақылдардың түрін өсіретін аймақтар өте дұрыс жасайды. Демек Алматы облысы Балқаш ауданына қарасты Октябрьдің 50 жылдығы атындағы совхозда Б. Бекешевтің бригадасы 329 гектар алаңның әр гектарынан 55,8 центнерден күріш бастырды, ал осы бригададан К. Медешевтің звеносы 125 гектар алқаптың әр гектарынан 70,6 центнерден өнім алды. Павлодар облысы Шарбақты ауданының «Победа» колхозында 200 мың гектар алқаптың әр гектарынан жоспардағы 6 центнердің орнына 15,7 центнерден қарақұмық жинады. Осы ауданның КПСС XXII съезі атындағы колхозында 1556 гектар егістіктің әр гектарынан жоспардағы 8 центнердің орнына 21,3 центнерден тары өсірді.

Агроөнеркәсіп комплексі алдында астық **өндірудің сандық, сондай-ақ сапалық көрсеткіштерін үдете беру** міндеті тұр. Демек 1988 жылы бидайдың күшті сорттарының жалпы мөлшердегі үлесі 54 процент болды, жоспар 66 процент орындалды. Жоспарланған қатты бидайдың жартысынан аз мөлшері мемлекетке тапсырылады. Көкшетау облысында бидайдың қатты сорттарын қыруар кем берді, ол жоспарды небары 25 процент, Қостанай облысы — 19, Целиноград облысы — 76, Солтүстік Қазақстан облысы — 61 процент орындады. Ал село еңбеккерлері алдында нақты мәжелер белгіленген: біз таяудағы жылдары аса шығымды, интенсивті сорттар алаңын 7 миллион гектарға жеткізуге тиіспіз, мұның өзі әр гектардан бір центнердей астық үстемесін алуға ықпал етеді.

Тұқым шаруашылығы деңгейінің төмендігін де жою керек. Егер 1980 жылы совхоздарда бар тұқым мөлшерінің 10 проценті мемлекеттік ресурстардан алынса, 1987 жылғы егінге арналған тұқымның үштен бірі ауыстырылуға тиіс болып шықты. Осыдан келген нұқсан 100 миллион сомдай құрады. Орын алған жағдайдың себебі неде? Совхоздар мен колхоздарда материалдық база әлсіз. Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Целиноград және басқа облыстардың шаруашылықтары тиісті ылғалдылықтағы тұқым материалын құйып ала алмайды.

Сондай-ақ күнбағыс пен рапс тұқымының жартысынан астамы жыл сайын республикаға тасылады. Көкшетау, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының шаруашылықтары майлы зығыр тұқымын өндіруден іс жүзінде сырт қалды. Қарақұмық тапсыру жоспарының орындалуы да оның тұқымымен тікелей байланысты. Мұның ең алдымен Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Семей облыстары шаруашылықтарына қатысы бар.

Астық ысырабын, әсіресе оны жинау кезіндегі ысырапты қысқартуда үлкен резервтер баршылық. Бұл үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумында «Нива» және «Енисей» комбайндарын ені төрт метрлік хедерлердің орнына осындай 6 метрлік құрылғылармен жарақтандыру, яғни олардың өнімділігін 1,5 есе арттыру екпінді міндет ретінде қойылды. Астық жөніңен бесжылдық тапсырманы сөзсіз орындауға және 1989—1990 жылдары Азық-түлік программасы тапсырмасы деңгейіне шығуға бағытталған басқа да нақты шаралар белгіленді.

Бұған арналған мүмкіншіліктер барлық жерде, іс жүзінде әр шаруашылықта баршылық. Ырғалып-жырғалуға бір күнді де зая жібермей, оларды толығынан пайдалану маңызды.

Л. МОЖАЕВ,
Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіп комитетінің егіншілік бас басқармасы бастығының орынбасары.

Digitized by Google

Н. К. КРУПСКАЯ



Надежда Константиновна Крупская — Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. Ол отыз жыл бойы, өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап В. И. Ленинмен бірге жұмыс істеді, большевиктік партияны құрып, нығайту, революция жеңісі, социалистік қоғамды орнату жолындағы күресте оның адал серігі болды.

Н. К. Крупская 1917 жылғы февральға дейін — партияның орталық органдары —«Искраның», «Впередтің», «Пролетарийдың» секретары, партия Орталық Комитетінің секретары. Эмиграциядан Россияға оралғаннан кейін партия Орталық Комитетінің секретариатында, сосын Петроградтың Выборг ауданында жұмыс жасады. Октябрь күндерінде өкімет үшін революциялық күреске белсене қатысты. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Надежда Константиновна жан-жақты партиялық, насихаттық және үгіт-бұқаралық жұмыс жүргізді, әйелдер мен жастар арасындағы жұмысқа, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруге, халық ағартуға көп көңіл бөлді.

Лениндік мұраның жалынды насихатшысы Надежда Константиновна Крупская өз өмірінің ең бойында мақалаларында, баяндамаларында, еңбекшілер алдарында сөйлеген сөздерінде адамдарға Ильич, оның істері, идеялары мен ойлары туралы айтуға, оның жанды образын жасауға ұмтылды. Демек ол өзі жазып отырған оқиғалардың куәгері ғана емес, сондай-ақ оған тікелей қатысушы, сондықтан да оның жұмыстары Владимир Ильичтің өмірі мен қызметі туралы деректердің ең сенімді қайнарларының бірі болып табылады. Ол Лениннің өмірбаянын бірінші жазушы: Оның «Ленин туралы естелігі» сондай қарапайымдылықпен, ақиқатпен ұлы көсемнің және ұлы адамның образын көрсетеді.

Н. К. Крупскаяның педагогикалық мұрасының ролі зор. Келешектің еркендерін сондай аңғара білушілік оның педагогикалық тұрғыдан ойлауының ерекшелігі болды. Ол Петербургтің Нева заставасындағы ерлердің кешкі-жексенбілік Смоленск мектебінде тәрбиешілік және насихатшылық жұмысының алғашқы қадамдарын жасады. Партияның жауапты тапсырмаларын орындап отырды, сонымен бірге Надежда Константиновна Россияда халық ағартудың қойылысын зерттеді, ал эмиграция кезінде Францияның, Англияның, Швейцарияның, Германияның мысалдары арқылы осы проблемамен мықтап айналысты. Крупская «Жұмысшы әйел», «Пролетарлар балалары», «Мектептің өзін-өзі басқаруы туралы» және басқа еңбектерінде (олар отыздан асады) прогрестік педагогикалық ойды оятып, қоғамда революциялық өзгерістер негізінде мектептің аса өткір проблемаларын шешуге шақырады, «Халық ағарту майданын» әзірлейді. Лениннен жоғары баға алған «Халық ағарту және демократия» (1925 жыл) деген іргелі еңбегінде Надежда Константиновна алғаш рет прогресшіл ағартушылар мен педагогтар Руссоның, Песталоццидің, Оуэннің еңбек тәрбиесі, политехникалық оқу, оқуды өнімді еңбекпен қабыстыру жөніндегі көзқарастарын тұңғыш рет маркстік позиция

26 февраль — Н. К. Крупскаяның туғанына 120 жыл толуына.

Digitized by Google

тұрғысынан дамытады. Бүгінде осы кітап соншалықты маңызды. Ол тәрбиешіпедагогтардың қазіргі ұрпақтары үшін қолдан түспейтін еңбек болуға тиіс. Крупскаяның мұрасын зерттеу педагогикалық шеберлікті жетілдіруге ықпал етіп, педагогикалық білімді сындарлы жүйеге келтіруге көмектеседі, мұғалімнің тәрбиешілік ролі, оқушылармен өзара қатынас, мектептің, семьяның және жұртшылықтың бірлескен жұмысы туралы көптеген проблемалы мәселелерге жауап табуға мүмкіндік береді. Надежда Константиновна тәрбие жұмысында, жеткіншек ұрпақтармен тәрбие жұмысында семьяның роліне зор көңіл бөлді. Ішінара алғанда, ол былай деп жазды: «Егер анасы да, баласы да әкесінің қыдырымпаздығына ұялатын болса, одан екпіндіні көргісі келсе, онда бұл, сөз жоқ, семья басшысына үлкен ықпал жасайды, оның ширап, өзін үлкен құрылысқа қатысушымын деп сезінуіне көмектеседі».

Крупская ұзақ жылдар бойы Главполитпросветтің ұдайы председателі болды. Саяси ағарту қызметкерлерінің міндеттерін анықтай отырып, Надежда Константиновна бүгінде де өзекті талаптарды айтты: «Бұқараны білу... әр саяси ағартушыға қажет. Ол осыны зерттеуге деген маркстік қатынасқа негізделуге тиіс. Еңбекші бұқара тұрып, жұмыс істейтін нақты жағдайды мұқият зерттеу, өлке экономикасын, оның тарихын, оның ұлттық құрамын, мәдени дәрежесін зерттеу және осындай зерттеу негізінде ғана саяси ағарту жұмысы жоспарын құру керек. Бұқараны революциялық дүниетанымға тәрбиелеу саяси ағарту міндеті екені туралы саяси ағартушы бір сәтке де ұмытпауға тиіс».

Крупская 1929 жылдан Халық ағарту комиссарының орынбасары, жаппай мойындау бойынша «Халық ағарту комиссариатының жан-дүниесі». Оның басшылығымен және редакциялауымен «На путях к новой школе», «О наших детях», «Коммунистическое просвещение» деген педагогикалық журналдар шығарылып тұрды.

А. В. Луначарскиймен және халық ағарту комиссариатының басқа қызметкерлерімен тығыз достық одақта Н. К. Крупская жаңа совет мектебінің теориялық негіздерін қалады. Ағарту жүйесін қайта құру ісінде алғаш рет «пролетарлық революция платформасы» анық бейнеленген документ бірлескен күш-жігердің жемісі болып табылды. Ол «Біртұтас еңбек мектебінің негізгі принциптері» (1918) деп аталады. Осы документ біршама бертінде кеңінен жария етілді. (қараңыз: Коммунист, 1987. № 16). Мұның өзі оны лайықты бағалап, қазіргі мектептің жемісті концепцияларын іздестіруімізге бүгінде де шын мәнінде өзекті және қажет екеніне иланuымызға көмектеседі.

Н. К. Крупская оқу пәндерін оқыту методикасы мәселелеріне көп көңіл бөлді. Демек ол мектеп қызметкерлерінің бәріне оқу пәндері арасындағы өзара байланысты көріп, ескеруге кеңес беретін: «Біз оқуды пәндерге бөлгенімізбен олардың арасында терең ішкі байланыс бар; ғылымның барлық саласы социалистік құрылысқа қызмет етуге қойылуға тиіс».

Н. К. Крупскаяның пионер және комсомол қозғалысы теориясы мен практикасын жасаудағы қызметі айрықша. Ол, ішінара алғанда, осы ұйымдар өмірінің талапкерлік және өзін-өзі ұйымдастыру негізінде құрылуын жақтады. Пионер мен комсомол ұйымдастырушылары нақ осы жайлы ойластырып, оған қол жеткізуде.

Крупская марксизм-ленинизмді оқып-үйрену методикасына көп күш жұмсады. Надежда Константиновна жұмыстарының атаулары: «Мен қалай марксист болдым» (1922), «Ленинизмді қалай оқып үйрену керек» (1924), «Марксизмді оқып үйреніңіздер» (1933) т. б. еңбектерінің атаулары осы жайлы аңғімелейді.

Надежда Константиновнаның аса жұмыс қабілеттілігі біз үшін өте маңызды да керекті тағылым болып табылады. Мәселен, 1935 жылы январьда ғана (сонда жасы 66-ға келіп қалған еді) он бір мақала жазды, он бес кездесу өткізді, түрлі қалаларда сөз сөйледі.

Н. К. Крупская жастарға коммунистік тәрбие беру проблемаларына байланысты барлығы 255-тен астам іргелі еңбек, мақала, хат жазды.

Н. К. Крупская сондай-ақ өздігінен білім алудың теоретигі, әрі ұйымдастырушысы болып табылады. Оның осы тақырыпқа арналған алғашқы жұмысы —«Қалай оқу керек» 1919 жылы «Юный коммунист» журналының 3—4 сандарында жарияланды. Сосын «Өздігінен білім алуды ұйымдастыру» кітабы (1922) шықты. Н. Крупскаяның өздігінен білім алу саласындағы негізгі шығармаларымен «Өздігінен білім алу туралы» жинақтан (Москва, 1960) танысуға болады. Н. К. Крупскаяның жетекшілігімен 20-шы жылдары өрістетілген зор жұмыстың тәжірибесіне сүйенбейінше үздіксіз білім берудің қазіргі проблемасын шешу мүмкін емес, деп ойлаймыз.

В. ЩЕРБИНА,
педагогика ғылымының кандидаты.
Қарағанды қаласы.

Digitized by Google

«БІЗДІҢ ЕКІНШІ ҮЙІМІЗ ОСЫНДА»

Біздің республикамызда шетелдік студенттерді оқыту процесі қалай өтіп жатқанын, олардың қандай мамандықтар алатынын айтсаңыздар екен!

Е. Сайбель,
Алматы аэропортының техник-операторы.

Қазақ ССР Халыққа білім беру министрінің орынбасары Рәшит Темірболатұлы СӘРСЕНОВ сұраққа жауап береді.



Біздің республикамызда шетелдерге арналған мамандардың ұлттық кадрларын даярлау 1978 жылдан жүргізіледі. Жоғары оқу орындары соңғы бес жыл ішінде ғана шетелдер үшін 462 маман даярлады. Демек, 96 түлек үздік бітіргендігі туралы дипломдар алды.

Өткен жылы біздің институттарымызды 207 маман бітірді. Алматылық архитектура-құрылыс, медицина, зоотехникалық-мал дәрігерлік және ауыл шаруашылығы институттары олардың алғашқы тобын даярлап шығарды.

Қазіргі уақытта бізде дүние жүзінің 50-ден астам елінен 1167 студент, соның ішінде Кубадан —186, Ауғанстан Республикасынан —247 адам оқиды. Эфиопиядан, Анголадан, Перуден, Мозамбиктен, Йемен Халық-Демократиялық республикасынан, басқа елдерден студенттер көп. Жастар 36 мамандық бойынша даярланады.

1985 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті мен Алматы медицина институтында дайындық факультеттері ашылды. Мұның өзі дамушы елдерден жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыруға мүмкіндік беретін толық құнды орта білімді өз Отанында ала алмаған жұмысшылар мен шаруалар балаларын қабылдауға мүмкіндік жасайды. Шетелдік студенттерді оқыту процесінде олардың алдағы қызметінің өзіндік ерекшеліктері ескеріледі. Бұл үшін оқу жоспарларына 28 арнаулы курс енгізілді. Демек болашақ зоотехниктер мен агрономдар субтропиктік жағдайға ыңғайластырылып, архитекторлар мен құрылысшылар — ыстық ауа райын ескеру т. б. арқылы оқытылады.

Шетелдік студенттердің бүкіл оқу кезінде орыс тілін үйренуі, оны оқыту методикасын меңгеруі оларды даярлау сапасын арттыру жолындағы принципті қадам болып табылады. Оқу орындарын бітірушілердің көпшілігі мамандықтары туралы дипломдармен қатар орыс тілін оқыту правосы берілетін куәліктерді де алады.

Мамандарды даярлау сапасы туралы жақсы пікірлерді бізге жібереді.

Студенттердің өздері осы жайлы сыр шертеді. «Институт оқушылары біздің жігіттерді ғылыми жұмыспен баурай білді, олардың көпшілігі түрлі кафедралар жанынан құрылған арнаулы үйірмелерде оқиды, Бүкілодақтық конференцияларға қатысамыз, — дейді Перуден келген, медицина институтының емдеу факультеті 4-ші курсының студенті Луис Фуентес Авила. — Шетелдік оқушыларға қойылған талап советтік жастарға қойылатын талаптан ерекшеленбейді, мұның өзі де жақсы ғой. Рас, кейде қиындықтар болып тұрады. Демек біздің өзіміз осындай жауапты кәсіпті қалап алғандықтан өзімізге аяушылық жасамауға тиіспіз, институтты бітіргеннен кейін өзің үшін және өзіңді оқытқан ел үшін қызармайтындай жоғары білікті маман болып, жұмыс істеу үшін бүкіл күш-жігеріңді жұмылдыруға міндеттісің. Бұған толығынан қол жеткізуге болады, оқу материалдары барышылық, қосымша әдебиеттер ықғайлы, оқытушылардың көпшілігінің біліктілігі жоғары».

Шетелдік студенттер үшін арнаулы консультациялар өткізіледі, иә, советтік жігіттермен және қыздармен араласудың өзі оқуға көмектеседі. Қазақ мемлекеттік университеті философия-экономия факультеті үшінші курсының студенті, кампучиялық Ук

Digitized by Google

Саравуд әңгімелердің бірінде осы жайлы былай деді: «Біз мұнда өзімізді жат сезінбейміз. Механика және қолданбалы математика факультетінің студенті Нұрмат Түнғатаров жатақханада менімен бірге бір бөлмеде тұрады. Біз өте ұйымшыл тұрамыз. Жалпы маған орыс тілі қиындау соғуда, дегенмен Нұрматпен араласу менің сөз сөйлеуді ұштап, сөздік қорымды толықтыруға көмектесуде. Нұрматтың достары жиі келеді. Біз көп әңгімелесеміз, олар өз өмірлері жайлы әңгімелейді, жаңалықтарды алмасады. Мен советтік жастар өмірімен осылай танысудамын. Оның үстіне жатақханамызда өтетін түрлі шараларға белсене қатысамыз.

Совет студенттерінің бізге қайрымдылықпен қарайтынын атап көрсеткім келеді. Студенттік топтарда курстас жолдастарымыз күрделі тақырыпты меңгеруге, кейде тұрмыстық күрделі мәселелерді шешуімізге көмектеседі. Жігіттер біздің үйден жырақта тұратынымызды онша сезінбеуіміз үшін көп нәрсе жасауға ұмтылады. Ал факультетте және университетте өткізілетін мәдени-бұқаралық шаралар біздің сіздің ел адамдарын жақсы түсінуімізге көмектесуде».

Студенттер біздің ел, республика туралы өз білімін студенттік аудиторияларда ғана толықтырмайтынын қоса айту керек. Алматылық ірі кәсіпорындар — мақта-мата комбинаты, 1 Май атындағы тігін бірлестігі, «Алматы үй құрылысы комбинаты» жобалау-құрылыс бірлестігі, «Қазақстан» баспасы оқу орындарының қамқоршылары болып табылады. Завод цехтарында болу, адамдармен әңгімелесу, әлбетте, болашақ мамандардың біздің өмірімізге, советтік шындыққа деген көзқарастарын қалыптастыруға көмектеседі.

Жігіттердің оқу кезінде өз елдерінің қоғамдық-саяси өмірінен сырт қалмайтыны жақсы. Демек, Алматыда оқитын Куба жас коммунистері одағының бірінші секретары, политехника институтының студенті Хосе Баро Куба жас коммунистері одағы V съезінің делегаты болды.

Өткен жылы Алматыда, Ташкентте, Фрунзеде, Бакуде және Новосибирскіде оқитын кубалық студенттердің алғашқы спартакиадасы Қазақстан астанасында өтті. Ол жеңіс мерекесіне және Кубаның ұлттық батыры Эрнесто Че Гевардың туғанына 60 жыл толуына арналды, оған кубалықтар ғана қатысып қойған жоқ.

Қазақ мемлекеттік университетінің, архитектура-құрылыс институтының студенттері ауған балалары оқитын мектептер мен интернаттарды қамқорлыққа алды. Олар Қаратау мен Түркістан қалаларында бірнеше рет болып, концерт қойды, сыйлықтар таратты. Өткен жылы июльде Қазақ мемлекеттік университетінің шақыруы бойынша Қаратаудан 32 ауғандық оқушы Алматыда тынықты.

Шетелдік студенттер — студенттік құрылыс отрядтарының белсенді мүшелері. Өткен жылы он бір интернационалдық отрядта 156 жігіт пен қыз жұмыс істеді. Олар 1 миллион сомның дерлік жұмысын атқарды. Олардың көпшілігі грамоталармен, ескерткіш сувенирлермен наградталды.

Шетелдік студенттер ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартылады, ғылыми үйірмелерде оқиды, түрлі пәндер бойынша республикалық және Бүкілодақтық олимпиадаларға қатысады. Достық және мәдени байланыс үйіндегі «Жас әлем» кинолекторийі, «Білім» қоғамының «Бүгін әлемде» деген лекциялар циклы танымал. Жоғары оқу орындарының бәрінде студенттердің өз елдерінің атаулы күндеріне сәйкестендіріліп, интернационалдық шаралар өткізіледі. Студенттердің демалысын ұйымдастыру мен сауықтыру ойластырылған. Алматы іргесіндегі «Просвещенец» демалыс үйі базасында интернационалдық достық лагері жұмыс жасайды, «Адлер» курорты базасында Бүкілодақтық интернационалдық лагерь құрылды. Студенттер қажетіне қарай жеңілдікті тариф бойынша курорт-санаторий жолдамаларымен қамтамасыз етіледі.

Жоғары оқу орындарының түрлі елдерден келіп оқыған өз түлектерімен байланысы диплом тапсырумен аяқталмайды. Жігіттердің біліктілігін ұдайы арттыру мүмкіншілігі бар, аспирантурада оқиды, стажировкаға келеді.

Дегенмен шетелдік жігіттер жоғары оқу орындарында ғана білім алып отырған жоқ. Республиканың кәсіптік-техникалық училищелері (Жамбыл қаласының Сухэ-Батор атындағы № 8, Шымкент қаласының № 9, Петропавл қаласының № 3 орта кәсіптік-техникалық училищелері) Монғол Халық Республикасына арналған жұмысшы кадрларын көп жыл бойы даярлап келеді. Қазіргі уақытта төрт орта-кәсіптік-техникалық училищеде 318 монғол оқушысы түрлі мамандықтар бойынша оқытылуда. Өндірістік практика базалық кәсіпорындарда өтеді, оқушыларға жұмыс ауқымын әзірлейді, аспаптармен, арнаулы киіммен қамтамасыз етіледі.

Біздің еліміздің, соның ішінде Қазақ ССР-інің ұлттық кадрларды даярлаудағы интернационалдық көмегі социалистік мемлекеттердің жан-жақты ынтымағын нығайтып, дамытуда, комплексті социалистік экономикалық интеграцияның ұзақ мерзімді программасын жүзеге асыруда, сондай-ақ дамушы елдердің саяси және экономикалық тәуелсіздігінің қалыптасуында барған сайын маңызды роль атқаруда.

Digitized by Google

ӨМІР БОЙҒЫ ІЗДЕНІС

«БІР АДАМНЫҢ ӨМІРІН ЗЕРТТЕУ АРҚЫЛЫ БҮКІЛ АДАМЗАТТЫҢ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕП БІЛЕСІҢ...»—ФРАНЦУЗ АҒАРТУШЫСЫ ПАСКАЛЬ ВОВЕНАРГ СОНАУ XVII ҒАСЫРДА АЙТҚАН ОСЫ ПІКІР «КӨГІЛДІР ПЛАНЕТА АДАМДАРЫ» ДЕГЕН БІРЕГЕЙ БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІКТІ ҚҰРАСТЫРА ОТЫРЫП, АЛМАТЫЛЫҚ АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ ДАНИЛОВ МІНЕ, ЖАРТЫ ҒАСЫР БОЙЫ ДЕРЛІК АТҚАРЫП ОТЫРҒАН ҚАУЫРТ, ҰЛАНҒАЙЫР ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫН ӨТЕ ДӨП СИПАТТАЙДЫ».



Осы энциклопедист адамның кәсібі қандай? Александр Сергеевичтің кәсібі көп-ақ. Оның фельдшер дипломы бар — ол осы мамандық бойынша көп жыл Новосибирск маңында жұмыс жасады. От жағушы, қопарушы, алтын іздеуші, бетоншы, бұрғышы, балташы болып істеді. Ол көптеген кәсіпшілікті танып білді, демек оның негізгі қалауы — зерттеуші. Даниловта осындай ресми атақ жоқ, сондай-ақ ғылыми атақтары да жоқ. Алайда мұның өзі атақты ғалымдардың, академиктердің, профессорлардың, ғылым докторларының, мұғалімдердің, инженерлердің, дәрігерлердің және оқушылардың мәлім, онша мәлім емес, тіпті ұмыт болған, адамзат өмір сүрген барлық ғасырларда біздің планетамызда тұрған түрлі дәуірлер адамдары туралы күтпеген сұрақтармен Даниловқа жүгінуіне оралғы жасамайды. Әдетте, ол осы сұрақтарға жауап табады. Қазір бұл оның қаншама уақытын алады? Көп болғанда 50 минут уақыты кетеді, демек Данилов бүкіл өмір бойы оларға жауап іздеді.

Александр Сергеевич соңғы үш жылда ғана 26 мың сұрақ-хат, өтініш-хат, алғыс-хат алды. Оған Мурманскіден, Хабаровскіден, Рига мен Оймяконнан, Ташкент пен Анадырдан жазады. Ленинградтан, Москвадан, Киевтен... көп хат келеді.

Ол бүкіл өмір бойы немен айналысатынын 12 жасында-ақ дәл анықтағандықтан өзімнің жолым өте сәтті болды, деп есептейді А. С. Даниловтың өзі. Саша кітап оқуды өте ерте үйренді, оның ата-аналары ғалымдар: әкесі — ботаник, анасы — топырақтанушы еді. Екеуі де жалынды кітапқұмарлар болатын. Зерттеушілік ниеті, әлбетте, олардан алмасылды. Даниловтық бүгінгі сөздік тонналаған оқушы дәптерін құрайды, онда алтыншы кластың оқушысы Саша оқыған кітаптарының атаулары мен әрқайсысының қысқаша мазмұнын жазып отырды. Оның осы алғашқы каталогында 787 есім бар, ол 1939 жыл деп белгіленген. Кейініректе «Көгілдір планета адамдары» деп аталған сөздікті жасау жөніндегі жұмыс осылай басталды. Данилов осы жұмысты бір күнге де тоқтатқан жоқ.

Атақты адамдар өмірбаяндарын жаза отырып, ол арнаулы картотека жүргізуді бастады, оған өмірбаяндық мағлұматтарға қоса деректер алынған кітаптар, журналдар мен газеттер туралы мағлұматтар берілді. Оның өзі картотеканы жасай отырып, қаншама көптеген жаңалықтарды білді. Мәселен, өзі үшін ағылшын инженері және өнеркәсіпшісі, бу балғасын ойлап табушы Джеймс Несмит. (ол туралы деректерді жинай жүріп, 18 кітапты оқыды), көрнекті совет конструкторы Жозеф Яковлевия Котин, орыс өнертабысшы Огнеслав Степанович Костович және басқалар туралы білді. Ол басқалар онша біле бермейтін фактілерді де тапты. Мәселен, мынадай мысалды келтірейік: неміс зоологы Альфред Эдмунд Брэм Верный қаласында 21 күн болған, осы жайлы өз записін қалдырыпты. Былайша елеусіз факті, сонда да атақты ғалымның өмірі мен қызметін зерттеушіге ол қаншама мағлұмат берді.

Алғашында карточкалар өте аз еді, ал 1942 жылы ол 1 мыңға жетті. Фельдшер мамандығына оқыған Благовещенскіде А. С. Данилов библиографиялық сөздік жасауға кірісіп, ұрпақтар біліп, есте ұстауға тиісті жер планетасының адамдары туралы мағлұматтардың бәрін біртұтас етіп жинауға ұйғарды. Облыстық кітапхана директорынан біздің елімізде де, шетелдерде де мұндай

Digitized by Google

сөздік жоқ екенін білгеннен кейін ол осындай ойға келді.

Ол мағлұматтарды қайдан алды? Ол күн сайын 6—8 сағат бойы оқып, мұның барысында керекті жерлерін жазып отырған қаптаған кітаптардан, сөздіктерден, анықтамалықтардан, журнал мақалаларынан алды. Демек, «қаптаған» мағынасы шындыққа сай келмейді. Александр Сергеевич 1942 жылғы 12 октябрьден бері қанша кітап оқығанын дәл біледі —24.900 кітап.

Сөздікті жасай отырып, ол жүздеген кітапханаларда, ондаған архивте жұмыс істеді. Олардың ішінде шағын кітапханалар да, солтүстіктегі аудандық кітапханалар да бар, Данилов олардың қорын жатқа дерлік біледі, аса ірі кітапханаларда болды, олардың қызметкерлері абоненттің апта ішінде ондаған кітапты оқып шығатынына таңырқайтын. Колыма мен Магаданның шалғай аудандарында тұрған кезінде достары оған кітапханааралық абонемент бойынша ай сайын кітаптар салынған бірнеше посылке жіберіп тұрды. Кейініректе ол В. И. Ленин атындағы, Н. Е. Салтыков-Щедрин атындағы кітапханаларда, атақты Пушкин үйі архивінде болып тұрды.

Данилов төрт он жылдан астам уақыт бойы күн сайын сөздікті жасаумен айналысты. Оның еңбегі тым бертінде ресми түрде танылды; 1988 жылы 20 июльде А. С. Данилов Советтік мәдениет қорының құрметті мүшесі болып сайланды, № 1 диплом берілді, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет Грамотасымен наградталды, Республикалық мәдениет қоры Президиумының мүшесі болды. «Көгілдір планетаның адамдары» деген бірегей сөздікті жасаушы Александр Сергеевичтің есімі Гиннес рекордтары кітабына енгізілгені туралы хабарды газеттер жариялады.

А. С. Даниловтың сөздігінде барлық кездің, дәуірлердің және халықтардың 180 мың 604 ұлы, көрнекті, атақты адамдары туралы деректер жинақталған, оларда бір жарым миллионға жуық қайнарға сілтеме жасалады. Салыстыру үшін мынадай деректерді келтірейік: Үлкен Совет Энциклопедиясының 30 томдық басылымында 20 мың, әмбебап бір томдық Советтік Энциклопедиялық Сөздікте 80 мың адамның есімдері туралы мәліметтер келтіріледі. Қазақ ССР-інің шағын энциклопедиясында Қазақстанға тікелей байланысты 1300 есім баяндалады, ал Даниловтың сөздігінде олар 4 мыңнан асады. Көрнекті қазақ жазушыларының творчествосына үлкен бөлім бөлінген. Ол Абайдың әдеби мұрасын зерттеу жөнінен 200-ден астам қайнарды, Ыбырай Алтынсарин жөнінен 80 қайнарды олардың творчествосын зерттеуші мамандарға ұсына алады. Бейімбет Майлиннің, Тоқаш Бокиннің, Сәкен Сейфуллиннің және басқалардың өмірі мен қызметін жақсылап білуге тілек білдірушілерге арналған анықтама хабарлары көлемді.

Ленинградта бола жүріп, Александр Сергеевич академик Д. С. Лихачевпен бірнеше рет кездесті. Даниловтың жұмысы туралы толығырақ біліп, Дмитрий Сергеевич планетамызда тұрған адамдар туралы мағлұматтардың сөздікте толық баяндалуына күмән келтірді. «Өкінішке қарай, олай емес,— деп академикке наразылық білдірді библиограф,— сөздікті жасау кезінде, яғни бес он жыл ішінде дерлік ғұламалар деп есептеу қалыптасқан тіпті үш мың адамның есімін анықтауымның сәті түспеді. Ұлы таланттар 20 мың адамға жетпейді, ал 157 мың есім — тарихта қайсыбір із қалдырған адамдар».

Александр Сергеевич сөздік туралы Алматы, Москва және Ленинград ғалымдары мен жазушылары алдында талай рет сөз сөйледі. Ал Данилов заводтарда, институттарда қаншама лекциялар оқыды десеңізші. Профессионалдар, библиофилдер одан тыңғылықты жауап ала алмаған сұрақтар болған емес. Ол «Білім» қоғамынан лекция оқу үшін біздің бүкіл республикамызды аралап шықты, оның естелікті жерлерін жергілікті өлкетанушылардан қайсыбір жағдайда жақсы біледі. Бұдан үш жыл бұрын Өскеменде онымен мынадай жағдай болды: Александр Сергеевичтен лекция оқып болғаннан кейін қаланың қандай көрікті жерлерімен танысқыңыз келеді деп сұрады. Зиратқа апарып қайтуды өтінгенде, таңырқап қалды. Ал мұнда одан бетер таңданды: А. С. Данилов өзіне ерген адамдарды қараусыз қалған, құрай өскен мола жанына әкелді. Мрамор құлпытасты тазалағанда: «Евгений Петрович Михаэлис—Чернышевский мен Абайдың досы» деген сөздерді оқыды. Иә, таңырқауға болатын көрініс: адамдар бүкіл өмір бойы Өскеменде тұрды, бірақ осы адам туралы ештеңе білмеді және оның Қазақстан жерінде жерленгені туралы аңғармады, олар үшін мұны А. С. Данилов жасады. Қ. И. Сәтпаевтың өтінішімен оның қабіріне мрамор плита мен қоршау қойылған.

Иә, алған білім зая кеткен жоқ. Данилов адамдардың өз жері, адамдары туралы көбірек білуіне қамқорлық жасап отыр.

С. ПЕСТЕРЕВА,
СССР Журналистер одағының мүшесі.

Digitized by Google

ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ: НАҚТЫ ҚИМЫЛ-ӘРЕКЕТ КЕРЕК

Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде декабрьде «Айналадағы ортаны қорғау» тақырыптық көрмесі болды. Онда осы өзекті проблемалар бойынша ғылыми-практикалық конференция да өтті. Қазақ ССР Ғылым академиясы, Алматы қалалық атқару комитеті, Денсаулық сақтау министрлігі және республикалық басқа бірқатар министрліктер оларды ұйымдастырушылар болды.

Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесі бас павильоны экскурсоводының пікірі бойынша, кірпіш экспозицияға қойылған ең қызықты экспонат болды. Ол ең алдымен, өзінің техникалық сипаттамасы жағынан қызықты. Оның құрамының 70 процентін Павлодар облысының Ермак ГРЭС-і қалдықтарынан алынған күл құрайды. Елімізде алғаш рет Ермактың күл-керамикалық қабырғалық материалдар заводында қолданылған технология пайдаланылу сапасы жақсы материалдар алуға ғана емес, сонымен бірге бұрын күлді пайдаға асырудың шешілмейтіндей болып көрінген экологиялық проблемасын шешуге мүмкіндік берді. Бұрын ол ГРЭС маңында үйіліп жатып, айналадағы ортаға зиян келтіретін.

Көрмеде мұндай экспонаттар көп-ақ. Ол бірнеше бөлімнен тұрады: бұл — ауаны, жерді, оның қазынасын, суды, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау. Көрме республиканың ғылыми мекемелерінде экологиялық проблемалардың қалай шешіліп жатқанын көрсетеді. Қазір бірде-бір ғылыми талдау олардың назарынан қалыс қалмайды. Он екінші бесжылдықта Қазақ ССР-інде табиғатты қорғау шаралары мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға барлығы 640 миллион сом күрделі қаржы жұмсалады.

Ғылыми ізденіс ең алдымен айналадағы ортаның ластануымен күрес жүргізуге бағытталған. Бүгінде табиғатты қорғау жөніндегі шараларда бірнеше бағытты бөлуге болатыны көрмеде көрсетілді. Бұл-қазандықтарды, транспортты газды отынға көшіру, ауаны, суды тазартудың биологиялық және химиялық тәсілдері, өндірісте қалдықсыз технологияны енгізу.

Біздің республикада 19 мемлекеттік аңшылық инспекциясы өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғайды. Қазақстан территориясында жеті қорық, 33 мемлекеттік қорық, 10 балық питомнигі және үш уылдырық шашатын шаруашылық бар. Олардың қызметі де көрмеде көрінісін тапты.

Республикада жүргізіліп жатқан табиғат қорғау қызметі жеткілікті ме? Ғылыми-практикалық конференцияның қорытындылары көрсеткеніндей, шешілмеген проблемалар әлі де өте көп. Демек олар туралы сындарлы әңгіме қозғалды. Қазір ғылыми мекемелердің айналадағы ортаның ауыр жағдайы туралы жалпы пайымдаулардан нақты іске кірісуі осының айғағы.

Мәселен, Қазақ ССР Ғылыми акаде-

Павлодар облысы соңғы 15—20 жылдың ішінде ірі өнеркәсіптік аймаққа айналды, сонымен бірге экологиялық жағдай ауырлай түсті. Атмосфералық ауа мен судың ластану деңгейі тым жоғары. Павлодарда «Экология және қоғамдық пікір» инициативалы тобы белсенді жұмыс істей бастады. Оның құрамында жұмысшылар, қызметші.ер, инженерлер, мұғалімдер мен жоғары оқу орындарының оқытушылары бар. Партия, совет, комсомол органдарының ықпал жасауы арқылы топ кәсіпорындар мен ұйымдарда анкета жүргізеді, экологиялық хабаршы шығарады, ауа мен суды тексеруге қатысады, айналадағы ортаны сауықтыру жөнінен сенбіліктер өткізуге көмектеседі.



СУРЕТТЕ: суды қорғау бөлімінің бастығы Л. С. Ученик (оң жақта) пен Орталық Ертіс бассейндік инспекциясының су ресурстарын сақтау және ұтымды пайдалану жөніндегі инженер-технологы Г. Н. Поломарь Солтүстік өнеркәсіп торабының түйық суды толтырғышының жайын тексеруде.

Суретті түсірген Н. КУЗНЕЦОВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

миясы математика және механика институты математикалық модельді және оның негізінде атмосфераның ластануын, ағымдағы объективті болжаудың (ТОПАЗ) программалы комплексін талдап жасады. Академияның ядролық физика институты республикадағы және Алматыдағы экологиялық жағдайды бағалау үшін әуе кеңістігінің, топырақтың, т. б. микроэлементтік құрамын анықтау жөнінен жұмыс жүргізді. «Казмеханобр» институты Шығыс Қазақстан облысының байыту фабрикаларының бірінде байытудың тұйық технологиясын талдап жасап енгізді. Осы жаңалықтың арқасында жыл сайын 28 миллион текше метр су үнемделеді, байыту қалдықтарымен ластанған 50 миллионнан астам текше метр судың Ертіске ағызылуы тоқтатылды.

Алматы ауасы — еліміздің ең лас ауа екені жалпы мәлім. Бүгінде қалада экономикалық жағдай жайсыз күйде сақталып отырғанымен оңға қарай өзгеріс байқалады. Алматының ауа бассейнін сауықтыру жөніндегі республикалық программаның қабылданып, орындалып жатқанына үш жылдай болды. Осы программаның ауқымында алғашқы қадамдар жасалды. Мәселен, астанада автотранспорттың этиль бензинін пайдалануды азайтуының арқасында атмосферадағы қорғасынның мөлшері кеміді. Әрине, соншалықты көп жұмыс атқару керек.

Конференцияда қабылданған нұсқаулар республикада айналдағы ортаны сауықтыру жөніндегі кең көлемді программаның негізіне айналады.

Л. ЦОЙ.

ИНФОРМАЦИЯ-БАСПА ОРТАЛЫҒЫ

Қазақ ССР Статистика жөніндегі мемлекеттік комитетінде республикалық информация-баспа орталығы (РИИЦ) құрылды. Республиканың дамуын сипаттайтын статистикалық оперативті деректер жариялылығын қамтамасыз ету оған жүктелген.

— «Жаңа орталық, — деп әңгімеледі біздің тілімізге оның директоры Д. А. Мыңжанова,— тәжірибелі мамандармен жасақталған, өз қызметін шаруашылық есеп, мемлекеттік кәсіпорын туралы Заң негізінде жүзеге асырады.

Осындай орталықтар Москвада, Киевте және басқа қалаларда құрылды. Мұның өзі қазір елдің халық шаруашылығының, экономикалық және әлеуметтік өмірінің дамуы туралы халықты жүйелі хабарландыруға қандай зор маңыз берілін отырғаны туралы әңгімелейді.

Біздің коллективіміз статистикалық жинақтарды, анықтамаларды, бюллетеньдерді және статистикалық хабарлардың басқа түрлерін жүйелі шығаруға кірісті. Олардың тақырыптары республиканың Статистика жөніндегі мемлекеттік комитетінің заказы, сондай-ақ ұйымдармен, мекемелермен, кәсіпорындармен тікелей жасалған шарт негізінде қалыптастырылады. Үстіміздегі жылға арналған басылымдар каталогы әзірленіп, таратылуда, онда қысқаша аннотация берілін, информациялар қайнарлары көрсетіледі.

Біз қазірдің өзінде көптеген заказ жасаушылармен тура байланыс орнаттық. Олардың заявкаларында «Қазақстанның халық шаруашылығы» деген жылдық басылым, «Қазақстан цифрларда» шағын статистикалық жинағы, Қазақ ССР Статистика жөніндегі мемлекеттік комитетінің бір мезгілді есептер мен іріктеп зерттеу материалдарының жинағы, сондай-ақ статистикалық басқа басылымдар бар.

Алғашқы анықтамалықтар оқырмандарына берілді. Бұлар — «Қазақ ССР-інде халық тұтынатын тауарлар өндіру мен қызмет көрсету жүйесін дамытудың 1986—2000 жылдарға арналған комплексті программасын орындау барысы туралы», «Қазақ ССР-інде ауыл шаруашылығы өндірісінің рентабельділігі мен өзіндік құны», «Қазақ ССР-інің 1988 жылғы мемлекеттік қорықтары мен заказниктері» анықтамалықтары секілді материалдар.

Орталық сондай-ақ «Агроөнеркәсіп комплексінің материалдық-техникалық базасы», «Қазақ ССР-індегі тұрғын үй және мәдени құрылыс», «1986—1988 жылдары Қазақ ССР халқының саны, табиғи қоныс аударуы мен миграциясы», «Қазақ ССР халық шаруашылығында істейтін жоғары және орта білімді мамандар саны», т. б. анықтама-статистикалық жинақтар шығарды. Келешекте экономикалық шолуларды, баспасөз басылымдарын жүйелі шығаруды жолға қою қарастырылуда.

Республикалық информация-баспа орталығы қызметкерлері Қазақ ССР Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті мамандарымен бірлесіп, жұртшылықпен, үгітшілермен, насихатшылармен, кәсіпорындар мен ұйымдардың, министрліктер мен ведомстволардың, газеттер мен журналдар, радио мен телевизия редакцияларының коллективтерімен кездесулерге қатысатын болады.

Орталық республикалық «Білім» қоғамының, Саяси оқу үйінің, басқа ағарту, насихаттық ұйымдардың көмегі мен қолдауына үміт артады.

Г. МҰЛЛИН.

Digitized by Google

ТУБЕРКУЛЕЗ: АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Неміс ғалымы Роберт Кох туберкулездің микробактериялары осы аурудың қоздырушысы екенін ашқаннан кейін 1882 жылы әлем туберкулездің жұқпалы ауру екенін білді. Бүгінде осы аурудың бірнеше қоздырғыштары мәлім. Туберкулездің адамдар және мал ауыратын түрлері аса қауіпті.

Туберкулезбен күрес жүргізуде жинақталған қыруар тәжірибеге және осы аурудан өлімді азайтудағы белгілі табыстарға қарамастан проблема көптеген елдер үшін өзекті күйінде қалуда. Мәселен, Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша, дүние жүзінде жыл сайын туберкулезден үш миллионға дейін адам өледі, өкпе туберкулезінің асқынған және барынша жұқпалы формаларымен аурудың жыл сайын төрт миллионнан бес миллионға дейін жаңа оқиғасы тіркеледі, оның жеңілірек формасымен ауыратын науқастардың саны да сондай деңгейде.

Совет Одағында туберкулезбен ауыру жыл сайын азайып келеді. Аса тиімді түрлі емдеу құралдары табылып, кеңінен қолданылып жатқан қазіргі кезде науқастардың көпшілігі бұл кеселден толығынан айығуда. Алайда біздің республикамыздағы жағдай әлі де қатты алаңдатады. Мұның әсіресе Ақтөбе, Гурьев, Орал, Қызылорда облыстарына қатысы бар.

1987 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің инициативасымен халыққа туберкулезге қарсы көмекті жақсарту, осы аурумен күрес жүргізу жөніндегі комплексті программа талдап жасалынды. Онда көлемді нақты шаралар қарастырылған. Бұл, ең алдымен, туберкулезді емдейтін мекемелердің материалдық-техникалық базасын жақсарту және республика тұрғындарын жаппай тексеруден өткізу, туберкулездің асқынған формасымен сырқаттанушыларға пәтер беру, аудан орталықтарының бәрінде туберкулезбен сырқаттану хаупі бар балалар үшін санаторийлік топтар ұйымдастыру, сондай-ақ шаруашылықтардың туберкулезбен ауыратын малдары бар фермаларының жағдайын сауықтыру.

Белгіленген программа белсенді түрде жүзеге асырылуда. 1987 жылы 11,5 миллион адам профилактикалық тексеруден өтті, туберкулездің асқынған формасымен ауыратындарға 887 пәтер берілді, мұның өзі бұрнағы жылға қарағанда екі есе көп. Әсіресе Павлодар, Ақтөбе, Жамбыл, Қарағанды және Орал облыстық атқару комитеттері бұған барынша мұқият қарады.


Ауру малды сауықтыру ісі күрделірек болып отыр. Республиканың Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті өткен жылы бұл тұрғыдан жайсыз шаруашылықтардың тек 67 процентін ғана сауықтырды. Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Целиноград облыстарында ірі қара малдың ауруға шалдығуы тым жоғары. Қандай шаралар қабылдануда? Мал есепке алынады, барлық мал жылына екі рет тексеріледі. Басқа да варианттар байқалуда. Туберкулез институты Көкшетау филиалының қызметкерлері жақсы инициатива көтеруде, олар малдың туберкулезбен ауруын тез анықтау және малшыларды профилактикалық тексеру жөніндегі нұсқауларды талдап жасады. Бұл малдың ауруға шалдығуын болдырмауға, аурудың басталған кезін тез анықтауға көмектеседі. Қазір Солтүстік Қазақстан, Целиноград, Қостанай облыстарының мал дәрігерлері көкшетаулықтар әдісін пайдалануда.

Демек туберкулезбен күрес табысты болу үшін адамдардың өздерінің белсенді қатынасы қажет. Соңғы жылдардағы тексерулер көрсетіп отырғандай, сырқатқа шалдығу оқиғаларының жартысынан астамы тұрмыс салтына байланысты, сондай-ақ организмнің биологиялық қасиеті, соның ішінде генетикалық қасиеті оны жұқтырудың тең жартысына жуығына «кінәлі».

Адамның өзінің денсаулығына және басқа адамдардың денсаулығына жауапкершілікпен қарауы, медициналық нұсқаулар мен емдерді орындау, ауырған жағдайда дер кезінде дәрігерге көріну кінаратсыз өмір салты мен гигиеналық тәртіп ережелері принциптерінің бірі деп есептеледі. Жүйелі емделмейтін немесе емделуден жалтартатын, тағайындалған режимді сақтамайтын туберкулезбен сырқаттанушы тек өзінің денсаулығына емес, сонымен бірге өзінің айналасындағы адамдардың да денсаулығына зиянын тигізеді.

Адамдардың әдет-ғұрыптары мен дағдылары туберкулездің таралуына күшті ықпал етеді. Мәселен, ауыр науқасты аяушылық көбіне оның туберкулез

Digitized by Google



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ. Прибалтикадан келген медицина қызметкерлерінің бір тобы Арал теңізі аймағындағы санитарлық жағдайды сауықтыру жөніндегі жұмыста республика дәрігерлеріне үлкен көмек беруде. Олар Арал ауданында сырқаттарды қарап, профилактикалық жұмыс жүргізді.

СУРЕТТЕ (оңнан солға қарай): дәрігер-гинеколог Ш. Ромуальдас, терапевт И. Брюгайте және медицина сестрасы Д. Розгалайте консультация өткізуде.

Суретті түсірген И. БУДНЕВИЧ (ҚазТАГ).

диспансеріне жатудан бас тартуына соқтырады. Бұл әсіресе Талдықорған, Қостанай, Ақтөбе, Қызылорда облыстарына тән. Ал сырқаты асқынған адамның ауруы өте жұқпалы болады және айналадағы ортаға миллиондаған таяқшалар таралады, оларды үй жағдайында залалсыздандыру мүмкін емес. Алайда бізге осының бәріне иландырудың әр кез сәті түсе бермейтіндігін мойындауымыз керек. Туберкулез диспансері стáционарында ғана қайғылы эпидемиологиялық жалғасуды тоқтату мүмкін екенін адамдар түсінуге тиіс, ол жұқпалы ауруды тез қабылдайтын жас балалар үшін аса қауіпті. Осы аурудың оларда тек бірнеше жылдан кейін ғана, көбіне жасөспірім кезінде байқалуы мүмкін екенін есте сақтау керек. Жас әйелдер, әсіресе бала кезінде туберкулезбен ауырған туысқанымен араласып жүрген әйелдер жүкті кезінде және бала туғаннан кейін жиі ауырады, бұл организмнің иммуногормоналдық өзгеруімен байланысты. Сондықтан мұны декретті демалысынан шыққаннан кейін флюорографиядан өткізу арқылы анықтайды. Вакцинаца жасау туберкулезге қарсы профилактика жүргізудің арнаулы шарасы болып табылады, ол мүлдем залалсыз, аурудың асқынуына жол бермейді және организмнің төзімділігін арттырады. Ол балалар үшін өте-мөте маңызды. Сонымен бірге жұқпалы ауруды оңашалау мақсатында балалар тәулік бойы болатын, оларда қалыпты жетілуі мен алдын ала емдеу үшін жағдай жасалған интернаттар және санаторий типтес бала бақшалар ашылуда. Өкінішке қарай, республикада олар тым аз, осындай профилакторийлер әсіресе селолық жерлерде жетіспейді.

Зиянды әдеттердің туберкулездің таралуына күшті әсер ететінін ұмытуға болмайды. Солардың ішінде организмді әлсіретететін алкогольді, есірткіні, темекіні пайдалану бар. Қазақтың туберкулез ғылыми-зерттеу институты Гурьев облысында жүргізген зерттеулер туберкулезбен алғаш рет ауырғандардың отыз процентке жуығы тұрмыстағы маскүнемдіктен зардап шеккенін көрсетті, олардың бір бөлігі сонымен бірге алкоголизм мен нашақорлық салдарынан наркологиялық диспансерде есепте тұрған.

Үнемі шылым шегу де денсаулық үшін зиянды болып табылады, ол ең алдымен тыныс жолдарына әсер етеді. Науқастардың сексен процентінде өкпелері ауруға шалдығады, бүлінеді, басқа органдары (сүйек-қан тамырлары жүйелері, бүйрегі, несеп жолдары, ішек, ми және басқалар) сирек шалдығады. Оның үстіне шылым шегушінің бронхиті деп аталатын өкпе туберкулезінің бастапқы пайда болуы аңғартпайды, содан барып сырқат тым кеш, қан түкіру, температураның көтерілуі, көңіл-күйінің күрт нашарлауы сияқты қауіпті белгілер көрінгенде дәрігерлерге барады. Демек кінаратсыз өмір салты да туберкулездің алдын алудың негізі.

Г. ХАУДАЛОВА,
туберкулез институтының
аға ғылыми қызметкері,
медицина ғылымының кандидаты.

Digitized by Google

ПАЛЕСТИНАЛЫҚТАР НЕ ҰЙҒАРДЫ?

1988 жылы 15 ноябрьде Палестина мемлекетінің жалауы салтанатпен көтерілді

Бұл Алжирде Ұлт сарайының конференц-залында болды, онда қуылған өзіндік палестиналық парламент — Палестина Ұлттық советінің 19-шы сессиясы тәуелсіздік декларациясын қабылдады. Ұлттық гимн де шырқалды, бұл жерде осы «елдің» деп жазбақшы едім, бірақ мұнда түсініктеме беру керек.

Картада әлі жоқ ел

Картада осындай ел әлі жоқ, ал оның нақты пайда болу мүмкіндігі араб-израиль жанжалын бейбіт саяси реттеу процесімен байланысты. Израильдың оккупациялық әскерін 1967 жылы басып алған палестиналық территориядан әкету осындай реттеудің нәтижесі болуға тиіс. Сонда палестиналықтар осы жерде — Иордан өзенінің Батыс жағалауында және Газа секторында — өзінің ұлттық үйін салудың нақты мүмкіншілігін алады.

Бұдан қазір жарияланған Палестина мемлекеті — бұл төрт түсті ұлттық жалаумен оралған фант, емізік, бақытсыздыққа душар болған халықты әйтеуір алдаусыратып, әлдекімнің бостандық пен ұлттық правоны алу үмітін тудыру тілегі еместігін ескеру керек. Палестинаның бір бөлігі «араб мемлекетінің территориясы» ретінде белгіленген мектеп картасын ересек адамдар біледі, ол Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімі бойынша (Бас Ассамблеяның 1947 жылғы 29 ноябрьдегі Палестинаны бөлу туралы 181-қарары) құрылған еврей мемлекеті — Израильмен қатар өмір сүруге тиіс еді. Осы қарарды ұмыту мүмкін емес, өйткені ол Израильдің өмір сүруі үшін халықаралық-праволық негіз қызметін атқарады. Ол палестиналықтардың өз мемлекеті ауқымында тәуелсіз ұлттық дамуға деген ұмтылысының заңды екенін қамтамасыз етеді. Демек істің мәні тек формальды заңдылықта емес, осы ұмтылыстың күшінде.

«Интифад» факторы

Палестина лидерлері бұдан қырық жыл бұрынғы қарарды кенет архивтен тауып алғандықтан Алжирде Палестинаның ұлттық жалауы салтанатты жағдайда көтеріліп отырған жоқ. Батыс жағалау мен Газда бір жыл бойы дерлік әскери оккупация режиміне қарсы халық көтерілісі («Интифад») осы жалау астында өтуде. Палестиналық жігіттер мен қыздар израильдық жазалаушылардың жаудырып жатқан оғы астында, оккупацияланған ауданда жалауды күн сайын көтеріп жүргенде Палестинаны азат ету ұйымы лидері Ясир Арафат жиналғандардың ду қол шапалақтауымен Алжирде осы жалауды көтермей тұра алмады.

Сонымен тіпті Израильдің өзінде қарудың күшімен палестиналықтардың теңсіздігін мәңгілік ету мүмкін еместігі кеңінен (бәрі болмағанымен) мойындалып отырған, Иорданияның өзі Батыс жағалау халқына қамқоршы болуға одан әрі үміттену өзі үшін орынсыз деп есептеген көтеріліс жағдайында палестиналық халықтың өзі ұлттық үйін сала бастады. Бейнелеп айтқанда, оны «шатырдан» бастады — демек қазіргі құрылыс технологиясында осындай әдіс те бар. Дегенмен қайсыбір жағдайдың өзінде іргетассыз ештеңе шықпайтынын құрылысшылар біледі. Біріккен Ұлттар Ұйымының 1947 жылы қабылданған қарары — бұл «құрылыс салу» правосы туралы документ қана, ал таяу нығыстық жанжалды бейбіт шешу туралы халықаралық шартты, барлық елдер мен халықтардың бейбітшілік пен хауіпсіздік жағдайында өмір сүру мен даму мүддесі және даму балансын қамтамасыз ете алатын уағдаластықты орағытып өту арқылы нақты іргетасты қалау мүмкін емес.

Программаның жеті пункті

Сонда да Палестинаның Ұлттық советінің сонша лықты тарихи әрі бетбұрысты сессиясында қабылданған шешімдер комплексі нені бейнелейді. Документтердің бірі — Тәуелсіздік декларациясы, онда жарияланған палестиналық мемлекет діни және этникалық топтарды қоса алғанда барлық палестиналықтарға арналған мемлекет ретінде, басқа мемлекеттерге қарсы, сондай-ақ оның өзіне қарсы қоқан-лоқыны, озбырлықты және терроризмді теріске шығарушы бейбітшіл мемлекет ретінде пайымдалады.

Егер осы декларация алжирлік сессияны тарихи сессия етсе, келесі маңызды документ оны бетбұрысты сессия етеді. Бұл — Саяси программа мәлімдемесі онда, сайып келгенде, Алжирге немесе басқа араб елі астанасында емес, бейбіт келіссөз нәтижесінде израильдық оккупациядан азат етілген палестиналық

Digitized by Google

жерде өз парламентінің сессиясын шақыру үшін палестиналықтардың өз мемлекетінің іргетасын қалау жөнінен атқарған жұмысы көрініс тапқан. Осы ықшам жеті пункттен тұратын документтің маңызын жете бағалау қиын. Палестиналықтардың өздері оны икемділікке, ақиқатты ескеруге, палестиналық қозғалыс үшін ауыртпалыққа айналған көне символдар мен догмалардан бас тартуға негізделген «жаңаша саяси ойлау» өнімі деп атайды. Осы документ — көтеріліс жасаушы Палестина халқы алдындағы түбегейлі жауапкершіліктің пайда болуы; палестиналық басшылықтың қаза тапқан күрескерлер есімдерін азап шеккендер ретінде мәңгі есте қалдыруға ғана емес, сондай-ақ азаттыққа қарай нақты қозғалысқа ұмтылуының көрінісі.

Жаңа программа Таяу Шығыстағы жағдайды саяси реттеу жоспарын бейнелейді, ол өзінің басты түйіндерінің бәрінде бейбіт жолмен, келіссөздер жолымен арабтық-израильдық қатар өмір сүруге жету туралы дүние жүзінде жаппай танылған ұғыммен түйіседі. Программаның түйінді элементі — Палестинаны азат ету ұйымының жанжалға басқа қатысушылармен бірдей правомен Біріккен Ұлттар Ұйымы Хауіпсіздік Советінің 242 және 338-қарарлары және Палестина халқының заңды ұлттық правосын, соның ішінде оның өзін-өзі анықтау правосын қамтамасыз ету принциптері негізінде Таяу Шығыс жөніндегі халықаралық конференцияға қатысуға әзір екендігін білдіруі. Бұл формула израильдықтардың осы қарарды орындау міндеттемесі есесіне Израильдің хауіпсіз өмір сүру правосын палестиналықтардың мойындауының соншалықты айқын көрінісі болып табылады. Екінші сөзбен айтқанда, палестиналықтар конференция ауқымында Израильмен келіссөз жүргізуге әзір (мұнда оңаша мәміле туралы емес, араб-израильдық жанжалды тұтасынан комплексті және тиянақты кепілдікпен реттеу туралы сөз қозғалып отырғандықтан ұлы державалардың елеулі ролінсіз болмайды). Израильдің 1967 жылы оккупациялаған жерден кетуі және, тиісінше, палестиналықтардың ұлттық тағдырын өздері анықтау правосын нақты жүзеге асыру үшін осы территорияны босатуы оның қорытындысы болар еді.

Құрылыс баламасына орала отырып, палестиналықтар танған іргетаста екі халықтың — палестина және еврей халқының тәуелсіз ұлттық өмір сүру правосы бар екенін, конференция барысында осы халықтардың бейбіт қатар өмір сүру жағдайы мен кепілдігінің іргелі конструкциясы тұрғызылатынын айтайын. Әлбетте, Израильды ғана емес, сонымен бірге палестиналық мемлекетті қоса алғанда жанжалға қазіргі қатысушылардың бәрінің бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қамтамасыз ететін шараларды талдап жасасуда Біріккен Ұлттар Ұйымы Хауіпсіздік Советі айрықша роль атқаратыны туралы атап көрсетілген программада. Палестиналық-иордандиялық конфедерацияны құру мүмкіншілігі де қарастырылуда, мұның өзі сионистер дербес Палестина мемлекетін құру Израиль үшін аса қатерлі қауіп болып табылады-мыс деп ондаған жылдар бойы айтып келе жатқан аңызды көбірек сейілтер еді. Осыған орай мынадай пікірді де айтқым келеді: палестиналықтардың (ал палестиналықтар небары бес миллиондай адам) ұлттық баспанасының жоқтығынан

Палестина Ұлттық советі бекіткен саяси программа мәлімдемесінің негізгі қағидалары

1. Біріккен Ұлттар Ұйымы Хауіпсіздік Советінің 242 және 338-қарарларының негізінде Біріккен Ұлттар Ұйымының басшылығымен Таяу Шығыс жөнінен халықаралық конференция шақыру және Палестина халқының өзін-өзі анықтау правосына қоса оның заңды правосын қамтамасыз ету.

2. Араб Иерусалиміне қоса 1967 жылы оккупацияланған бүкіл палестиналық және араб территориясынан Израильдің кетуі.

3. Аннекциялың шараларды бәрін жою және 1967 жылдан оккупацияланған территориялардағы елді мекендерді жою.

4. Осы территорияны Біріккен Ұлттар Ұйымының уақытша бақылауына беру.

5. Босқындар проблемасын Біріккен Ұлттар Ұйымының осы мәселе жөніндегі қарары негізінде шешу.

6. Дінді ұстау бостандығы мен барлық діндер үшін Палестинаның қасиетті жерлерінде діни парызды орындау кепілдігі.

7. Біріккен Ұлттар Ұйымы Хауіпсіздік Советінің палестиналықтарға қоса аймақтың барлық мемлекеттері үшін хауіпсіздік және бейбітшілікті қамтамасыз ету шараларын талдап жасауы.

Digitized by Google

нақ жанкештілігі, өз жеріндегі мемлекет азаматы болу сезімі Израиль үшін қауіп төндіреді.

Зәйтүн бұтағы

Израиль әскерлерін әкетісімен бірден палестиналық мемлекет құрыла қоймайтынын ұғынушылық та программада көрініс тапқан. Халықаралық конференцияда аймақтағы бейбітшілік пен хауіпсіздіктің түпкілікті формуласы пысықталып біткенше оккупациядан азат етілген территорияға шектеулі мерзімге Біріккен Ұлттар Ұйымының бақылауы орнатылатын өтпелі кезеңнің болуы да мүмкін.

Сонымен Палестина парламенті бекіткен Палестинаны азат ету ұйымының жаңартылған нұсқауы анық көрсетіп отырғанындай, палестиналықтар бітім туралы келіссөздерде өздерін жауапты, реалистік тұрғыдан ойлаушы әріптестер ретінде ұсынады. Палестинаны азат ету ұйымы — бұл қарудың күшімен ғана сөйлесуге болатын «террористер бандасы» деген израильдық «дәлелдің» жалғандығы, тағы да анық болды.

Я. Арафат 1974 жылы январьда Біріккен Ұлттар Ұйымының трибунасынан атақты сөзін сөйледі, онда өзінің қолында көтерілісшінің винтовкасы ғана емес, сонымен бірге бейбітшіліктің зәйтүн бұтағы да бар екенін, қандай жағдай болса да оны түсірмейтінін айтты.

Палестина Ұлттық советінің алжирлік сессиясының шешімі, әлбетте, Таяу Шығыс жөніндегі халықаралық конференцияны шақыруға өзірлік тұрғысынан күш жігерді еселей түсуге арналған жаңа мүмкіншіліктерді ашуда. Израильден кейін Палестинаның заңды өкілдерінің бітім процесіне қатысуы правосын тануда әлі де бас тартып отырған АҚШ топтарының өздері мұны мойындауға мәжбүр болды. Палестиналықтардың ұлттық міндеттерді қоюда көрсеткен реализмі келешекте палестиналықтармен және басқа араб көршілерімен бейбіт тұруға уағдаласу үшін Израиль халқын түрмешілер мен жазалаушылар ұлтына айналдыруды қалаушы Израильді билеуші төбе топтың обструкционистік, мен айтар едім, ұлтқа қарсы бағытына жаппай ымырасыздық ахуалын жасауға пайдаланыла алады, пайдаланылуға тиіс.

Совет Одағында палестина халқының оккупация тепкісінен азат болу жолындағы күресіне ұдайы қолдау жасайтынын, палестиналықтардың өзінің суверенді мемлекеті болуы правосына қоса заңды ұлттық правосын танушылықты ескерін, Палестина Ұлттық советі 19-сессиясының қорытындыларын жоғары бағалады.

Александр ЗОТОВ.

САЛАУАТТЫҚ — ӨМІР НОРМАСЫ

ЫҒЫСУҒА БОЛМАЙДЫ

«Қазақстан» баспасы кінаратсыз өмір салтын, маскүнемдікпен, алкоголизммен, нашақорлықпен және токсикоманиемен күресті насихаттайтын бірқатар кітаптар мен кітапшаларды шығарды.

«Өз еркіңмен ақылыңнан алжаспа!» жинағында бірыңғай тиым салулар мен әміршілдік шаралармен, қысқа мерзімді шараларды өткізу арқылы салауатты өмірді орнықтыру мүмкін еместігі нақты мысалдар арқылы көрсетіледі. Мұнда тәрбиелік, экономикалық және әкімшілік-праволық шараларды қабыстыру қажет және еңбек коллективтеріне, овық қоғамдық пікірге айрықша роль берілуге тиіс.

Б. Данышпановтың қазақ тілінде шығарылған **«Салауаттық — өмір салты»** кітапшасында Алматы облысы Кеген ауданы партия ұйымдары мен еңбек коллективтерінің КПСС Орталық Комитетінің «Маскүнемдік пен алкоголизмді тию жөніндегі шаралар туралы» қаулысын орындау жөніндегі жұмыс тәжірибесі ашылады.

Профессор М. Х. Гонопольскийдің **«Ерік күші — құдірет»** кітабы маскүнемдікпен күрестің медициналық түйіндеріне, алкогольдік дерттің алдын алу және емдеу проблемаларына арналған.

Медицина ғылымының кандидаты А. Ембергеновтың **«Маскүнемдік — дертпен тең»** кітабында алкогольдік дертке шалдыққан сырқаттармен жеке қатынас жасау принциптері баяндалып, олардың психологиясын өзгерту мүмкіндіктері көрсетілген.

В. Меньшиковтың **«Заң әмірі осындай»** кітабында «Судьяның запискасы» деген қосымша тақырып бар, онда түрлі жылдарда азаматтық және қылмысты істер материалдары бойынша жазылған аса өткір әңгімелер мен тұрмыстық жағдайлар баяндалады. Кітапта бұрынғы маскүнемнің туысқандары мен достарының, жұртшылықтың, соттың жәрдемімен маскүнемдіктен арылып, қоғамға пайдалы адам болуының қаншама мысалдары келтіріледі.

Авторлар коллективінің **«XX ғасыр обасы»** жинағы таяуда жарық көреді. Сұрақ және жауап түрінде құрылған жинақ нашақорлық залалы, адамдар үшін тым зардапты осы дерттің таралуына жол бермеу және тиым салу үшін қандай шаралар қабылдау қажеттігі туралы ұғынықты әңгімелейді.

Н. ЖАРМАҒАНБЕТОВ,
«Қазақстан» баспасының
жетекші редакторы.

Digitized by Google

С. МҰҚАНОВТЫҢ МУЗЕЙ-ҮЙІ

Сәбит Мұқановтың республикалық әдеби-мемориалдық музей-үйі 1978 жылы ашылды. Оның экспозициялары жазушы өмірінің соңғы жылдарында тұрған нәтерге қойылды.

Музей қорында алты мыңнан астам экспонат, мыңнан аса фотосурет, бес мыңдай сирек кездесетін кітаптар мен басылымдар бар.

Әдеби-мемориалдық бөлімдер келушілерді жазушы өмірімен: оның оқуымен, рухани жағынан өсу және творчестволық жағынан қалыптасу жолдарымен, оның қоғамдық-саяси қызметімен таныстырады.

Мұқанов қызықты, оқиғаларға толымды өмір сүрді, ол өзін бақытты адаммын, тағдырымды толығынан өз қолыммен сомдадым деп жиі айтатын. Ғасыр құрдасы (1900 жылы туған), кедей баласы ол батырақтан академикке, республика Жоғарғы Советінің депутаттығына дейін үлкен жолдан өтті.

Қазақстанда Совет өкіметі орнатылған алғашқы күннен С. Мұқанов бірден-бір дұрыс жолды — революциялық күрес жолын таңдады. 1920 жылы РКП(б) қатарына өтті. Айрықша мақсаттағы әскер құрамында 1921 жылы Ақмола бүлігін басуға қатысты. Осы кезең туралы экспонаттар: жауынгерлік қару, хаттар, сол дауылды жылдардың басқа заттары көрнекі әңгімелейді.

Туысқан республикалар жазушыларымен достық байланыстар туралы баяндайтын материалдар экспозицияларға қойылған. Мұқанов өміріндегі айрықша беттер — Ленинград пен Москвада оқыған жылдары. Мұнда ол М. Горькиймен, А. Толстоймен, В. Маяковскиймен, А. Фадеевпен кездесті, осы кездесулер үлкен достыққа ұласты. 1922 жылы танысқан Сәкен Сейфуллин туралы бүкіл өмір бойы асқақ сезіммен зердесінде сақтады, оның адал досы, әрі серігі болды. Совет авторлары қолтаңбаларын қойып, С. Мұқановқа сыйлаған көптеген кітаптар жазушының творчестволық байланысының жарқын көрінісі болып табылады. Жазушы шығармалары басылған дүние жүзі елдерінің картасы келушілер назарын аударады. Олардың ауқымы көлемді, жазушы шығармалары түрлі жылдарда Монғолияда, Канадада, Герман Демократиялық Республикасында, Польшада, Венгрияда, Цейлонда шықты.

Музейге келгендер жазушының творчестволық лабораториясына да тап болады. Мұнда С. Мұқанов жазушы, прозаик, драматург, ғалым-әдебиет зерттеуші ретінде өз талантының барлық қырынан көрінеді.

Мемориалдық бөлім — қабылдау, жұмыс кабинеті, демалыс бөлмесі. Мұндағының бәрі: көлемді кітапхана, жазу столы, жеке заттар, жазушының көзі тірісінде қандай болса, сол күйінде қалдырылған.

Музей, міне, он жыл жұмыс жасайды. Онда біздің еліміздің түрлі мүйістерінен, шетелдерден он мыңнан астам қонақ болды. Қазіргі уақытта С. Мұқановтың әдеби музейі мәдениет ошағы ғана болып табылмайды, ол жазушының творчестволық мұрасын зерттеу жөніндегі өзіндік ғылыми орталықты бейнелейді.

Олардың қарауында С. Мұқановтың творчествосын зерттеп, белсенді насихаттауына көмектесетін архивтік бай материал бар. Музей жанынан үйірме жұмыс істейді, онда «Мұқанов оқуы» өтеді.

Музей жұмыс істеген он жыл ішінде ондаған ғылыми мақала, «Кәдімгі Сәбит Мұқанов» (замандастарының естеліктері) шықты. Музей қызметкерлері С. Мұқановтың туғанына 90 жыл толуына орай жазушы туралы буклетті, открыткалар топтамасын, сондай-ақ «Әдеби портреттер», «Жазушының хат түрінде жазылған мұралары» кітаптарын басуға әзірледі.

Музей қоры жаңа экспонаттармен үдайы толығуда, ал осы экспонаттар тарихы мүкият зерттеледі, олардың әрқайсысы музей коллекциясында өзінің лайықты орнын алады. Оларды іздестіру тұрақты жүргізілуде. Демек біз оқырмандардың қайсыбір көмегіне разы боламыз. Біздің адресіміз: 480091. Алматы, М. Төлебаев көшесі, 125.

Н. МҰҚАНОВА,
С. Мұқановтың республикалық әдеби-мемориалдық музей-үйінің директоры.

БІЗДІҢ АДРЕС:
480044, Алматы Гоголь көшесі, 39
Телефондар: 63-28-68, 63-29-08, 63-27-84 63-27-74, 63-27-56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: С. А. ДӘРМЕНБАЕВ, Н. И. ЛАРИН, А. МӘУТЕНБАЕВ, В. В. МАХИН, К. М. СҰЛЕЙМЕНОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.

Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,

Сдано в набор 16.12.88 г. Подписано к печати 30.12.88 г. УГ 02336 Формат 70x108/16 Печать офсетная. Усл. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8. Тираж 53686 экз. (каз. изд. 27438 экз., рус. изд. 26248 экз). Заказ 110. Цена 15 коп.

ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google




● Сәбит Мұқановтың музей-үйіндегі мемориалдық тақта.




● С. Мұқановтың кітаптары дүние жүзінің көптеген елдерінде басылып шықты.





● Жазушы осы столда жұмыс істеді.



● Жазушының есімі жазылған қарулар.

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын

Индекс 75328



«Плакат» баспасы

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ




1989

3

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google



ГУРЬЕВ ОБЛЫСЫ. «Забурун» совхозының озат шопаны, 1988 жылғы СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Жұма Құсайынов өзінің бір мың үш жүз бас қойы бар отарын Қарақұмдық жайылымында бағуда. Жемдеудің тиімді режимі, малға мұқият күтім жасау, төл алу науқанын тиянақты өткізу оның төлді көп алуына, қойдың қоңдылығын сақтап, жүнді көп өткізуіне көмектеседі.

Ж. Құсайынов өткен жылы әрбір 100 саулықтан жоспардағы 105 қозының орнына 140 қозыдан алды. Озат шопан өз тәжірибесін жас малшылармен еркін алмасады.

СУРЕТТЕ: аға шопан Жұма Құсайынов.

Суретті түсірген О. СВИДИН (ҚазТАГ).

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ

3 • 1989

ФЕВРАЛЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

НОМЕРДЕ:

● 26 МАРТТА — СССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

А. ГОНЧАРОВ. Дәлелдер және иландыру күшімен 2
Қ. ЕШМҰХАМЕДОВ. Сайлау системасындағы жаңалықтар 5
Жеделдету және қайта құру бағытымен 9

● ҮГІТ: ІЗДЕНІС ПЕН БАСТАМА

Л. ЧАГАЙ. Бірыңғай саяси күн: ол қандай болуға тиіс 12
Г. АЛПЫСБАЕВА. Жол-жөнекей аялдау 14

● САЯСАТ. ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІР

В. ЧИКАЛИН. Отанымыздың сенімді қорғаушыларын даярлаймық . . . 15
Р. ДҮЙСЕНБЕКОВА. Жұмысшы бақылауы 18

● АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ

Фермалардағы қысқы науқан 21

● ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ӨМІРІ

Э. ВАТЛИНА. Қайырымдылық қоры 22

● СҰРАҚҚА — ЖАУАП

С. ӘБІШЕВ. Дүние жүзілік рынокқа шығу 25

● КІТАП БАСПАЛАРЫ ҰСЫНАДЫ

Е. СЫЗДЫҚОВ. «Қазақстан» 30

● РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ

Б. ШАЙХИН. Медицина тарихының музейі 32

1931 жылдан бері шығып келеді.
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы.
© «Қазақстан үгітшісі», № 3, 1989 жыл.

Digitized by Google

ДӘЛЕЛДЕР ЖӘНЕ НЛАНДЫРУ КҮШІМЕН

Алматы қаласы Қазақстан Компартиясы Фрунзе аудандық комитетінің екінші секретары Александр Петрович ГОНЧАРОВ аудандық партия комитетінің СССР халық депутаттарының сайлауына өзірлік күндерінде үгіт-бұқаралық жұмысты қалай ұйымдастырып жатқаны туралы әңгімелейді.

Сайлау системасының жаңа принциптері үгіт-бұқаралық жұмыс формалары мен әдістерін мықтап қайта қарауды талап еткені туралы, әлбетте, айрықша айтудың қажеті бола қоймас. СССР халық депутаттарының алдағы сайлауы идеология қызметкерлерінің бәрін адамдармен тәрбие жұмысының арсеналына байыпты қарап, өткір мәселелерді терең әрі тартымды түсіндіре білуін сын тұрғысынан бағалауға жетеледі.

Сайлау процесін демократияландыру сайлау алдындағы науқанның бүкіл барысына да ықпал жасады. Аудандық партия комитеті қайсыбір тапсырмаларды тағайындап, үгіт-бұқаралық жұмыстың әдістері туралы директивалар берген жоқ. Алғашқы күндерде, еңбек коллективтерінде, қоғамдық ұйымдарда депутаттыққа кандидаттарды ұсыну басталғанға дейін-ақ біз оған қалай жақсы кірісуге болатындығын идеология активімен ақылдастық. Пікір бірауызды болды: оқиғаларға ілесіп, сайлау науқанының негізгі кезеңдерін түсіндіру тұрғысынан кешеуілдемеу, инициативаны қолда ұстау.

Демек, осы жұмыстың формалары мен әдістерін таңдау туралы пайымдаулар әртүрлі болды. Нені қанша мөлшерде жасау керектігіне жеделірек нұсқау алып, нұсқаулардың, т. б. орындалуы туралы тез баяндағылары келген қызметкерлер де бар екенін жасырмаймын. Үгіт пункттерін ашу қажеттігі туралы да күдіктер болды: формализмнің батпағына тағы да тап болып жүрмейміз бе? Осы мәселені талқылағаннан кейін ең бастысы — бұл үгіт коллективтері мен үгіт пункттерінің жұмысын жаңа мазмұнмен толықтырып, түсінік жұмыстарына жаңа леп беру керек деп түйдік. Ал бұл үшін шын мәнінде жауынгер үгіт коллективтерін құру керек. Демек, жаңа жағдайда, былайша айтқанда, үгітшілер деңгейінің өзі артуда. Бүгінде олардың қатарында сайлаушылар тізімін «жасаушылар» ғана емес, адамдармен иланымды әңгімені шынайы жүргізе алатындардың болуына бәрі мүдделі. Осыны ескеріп, аса беделді, принципті коммунистерге үгіт коллективтерін басқаруды тапсырдық. Осы жұмысқа кәсіпорындар мен ұйымдардың бірінші басшылары, жетекші мамандары қосылды, бұрын ондай болған жоқ еді. Демек, республиканың Денсаулық сақтау министрлігі эпидемиология және микробиология ғылыми-зерттеу институтында — директор Н. Х. Шуратов, Жергілікті өнеркәсіп министрлігінде — бас маман, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Ж. Ә. Әбдуғалиев, «Комплекс» ғылыми-өндірістік бірлестігінде — участке бастығы Д. С. Мәуленов үгіт коллективтерін басқарды. Үгіт коллективтері жұмысының алғашқы қорытындылары көрсеткеніндей, мұндай қатынас олардың белсенділігін, беделін айтарлықтай көтерді. Үгітшілер де стандартсыз жұмыс істей бастады.

Сайлау алдындағы науқанның бастапқы кезеңінде халық депутаттарының сайлауы, СССР Конституциясына (Негізгі Заңына) енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы Заңдарды түсіндіруге көп көңіл бөлу талап етілді. Біздің активистеріміз адамдарды үгіт пунктінде қабылдауды күтіп отырмай, оларға өздері барды. Декабрьдің өзінде жұмысшылар мен студенттер жатақханаларының бәрінде жас сайлаушылармен кездесулер, әңгімелер өткізді. Осы кездесулерге де жаңаша қарау талап етілді. Бүгінде, жариялылық жағдайында, оның үстіне жасандылыққа, формализмге және әсіре ұйымшылдыққа төзбейтін жастар аудиториясында дайын лекция оқумен шектелуге болмайды. Мұнда бізге Қазақ ССР Ғылым академиясының Философия және право институтынан мамандар үлкен көмек берді. Институт партия ұйымының секретары А. Таранов пен үгіт коллективінің жетекшісі Н. И. Акуев жас мамандар топтарын жасақтады, олар жігіттермен және қыздармен ашық, еркін әңгімелесіп, өткір пікірталастар өткізе білді.

Біз, әрине, жастармен жұмысты осымен аяқтағанымыз жоқ. Ауданның ірі өнеркәсіп орындары партия ұйымдарының және комсомол ұйымдарының инициативасы бойынша жас сайлаушылар клубтары құрылды. Ю. А. Гагарин атындағы тігін бірлестігінде, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бас-

Digitized by Google

Сайлау науқанын жаңаша ұйымдастыру талап етіледі, сайлаудың бұл жолы бұдан бұрынғы сайлаулардың бәріне ұқсас болмайтынын, елдің саяси өміріне кандидаттардың нақты бәсекелестігі еніп келе жатқанын толық дәржеде ескеру қажет. Науқан социалистік мораль шеңберінде, депутаттыққа әрбір кандидаттың, барлық сайлаушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу принципінде жүргізілуге, демократия мәдениетін игерудің шынайы мектебіне айналуға тиіс.

«Мемлекеттік құрылыс саласындағы саяси реформаны жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» КПСС Орталық Комитетінің 1988 жылғы ноябрь Пленумының қаулысынан.

пасында, кондитер фабрикасында олардың жұмысын жастар үшін шын мәнінде тартымды ете білді. Бұл ең алдымен мынадан болды: біз олардың мүмкіншіліктеріне, анағұрлым кеңінен қарауға ұмтылдық. Мұнда үгіт-бұқаралық жұмысты мәдени-ағартуды, бос уақытты жақсы ұйымдастырумен қабыстырды. Мұның кейбіреулерге көңіл көтерушілікке қарай ойысу болып көрінгенімен, бұл өте дұрыс қой деп ойлаймын. Мәселен, тігін бірлестігінен жас тігіншілер клубта тағдыры қызықты адамдармен кездесулер өткізеді, мәдени-бұқаралық шараларды, кинофильмдерді көруді ұйымдастырады. Осының бәрі сайлауға әзірлік жөніндегі шаралармен алмастырылып отырылады. Олардың бірі екіншісіне оралғы жасамайтынын, қайта адамдарды топтастырып, олардың араласуына көмектесетінін айту керек. Оның үстіне осы клубтарға сол кәсіпорынның қызметкерлері ғана емес, сондай-ақ жас шамасына қарамастан барлық сайлаушылар да шақырылады.

Адамдар депутаттыққа кандидаттармен кездесуге ғана емес, сондай-ақ лекцияларға, сұрақ және жауап кештеріне, тіпті өзара араласып, тынығуға келетін үгіт пункттерінің бәрі бүгінде осы принциптерді басшылыққа алады. Сөйтіп үгіт штабтары қызметінің іскерлік жағын бос уақытты жақсы ұйымдастырумен қабыстыру іске тек пайда беруде.

Жариялылық, сайлау системасының демократиялық сипаты адамдармен кері байланысты қыруар кеңейтіп, қоғамдық пікірді зерттеуімізге көмектесті. Сайлау алдындағы қызмет бірыңғай саяси күндерді, басшылардың есеп берулерін, ашық хат күндерін өткізумен қатар еңбек коллективтеріндегі, сондай-ақ тұрғылықты жердегі жұмыстың маңызды элементіне айналды. Аудандық партия комитеті осы мақсаттар үшін информациялық-насихаттық топты жасақтады, оған аудандық партия комитетінің, аудандық атқару комитетінің, республика Ғылым академиясының жауапты қызметкерлері, министрліктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары енді. Институттарда, кәсіпорындарда, ұйымдар мен мекемелерде, тұрғын үйлер кварталдарында адамдармен ондаған кездесу болды. Түсінік жұмысында елдегі, республикадағы, қаладағы, аудандағы қайта құру барысын, нәтижесін, әлі де қай тұрғыдан мықтап жұмыс істеуге тура келетінін кеңінен көрсетуге принципті мән береміз. Осындай кездесулердің көрсеткеніндей, адамдарды көлемді ауқымдағы оқиғалар ғана емес, сонымен бірге ауданның өзекті проблемалары толғандырады. Сондықтан информация-насихаттық топ баяндайтын материалдарда «Тұрғын үй-91» программасын, ауданның әлеуметтік даму жоспарын жүзеге асыру барысына айрықша көңіл бөлінді. Адамдар үшін жаңама мәселелер жоқ. Сондықтан, былайша қарағанда, елеусіз өтінішті, ұсынысты ескеруге ұмтыламыз. Бұрнағы сайлаулар кезіндегідей, кейбір сайлаушылар шағымдармен, түрлі өтініштермен үгіт пункттеріне келеді. Олардың еңбекті ұйымдастырудағы, тұрмыс қызметі, коммуналдық шаруашылық, медицина мекемелері және халыққа қызмет көрсетумен айналысатын басқа ұйымдар жұмысындағы кемшілікке қатысы бар. Аудандағы экологиялық жағдай да көп реніш тудырады. Үгіт пункттерінің бәрінде азаматтардың сұранымдары мен өтініштерін тіркеу журналдары жүргізіледі, партия және совет органдары оларға міндетті түрде жауап береді.

Адамдар көбіне үгіт пунктіне жеке ауыртпалықтарымен келеді. Мұндай мәселелерді шешу үшін әр үгіт пунктінде юристердің, дәрігерлердің, оқытушылардың, кәсіпорын басшыларының кезекшілігін ұйымдастырдық, олар адамдарды мұқият тыңдап, кеңес береді.

Үгіт учаскелерінің тағы бір ерекшелігі туралы да айтайын: ауданымыз өз құрамына Ғылым академиясының 20 институтын, 19 жобалау, ғылыми-зерттеу институты мен конструкторлық бюроны, 22 газет пен жур-

Digitized by Google

нал редакциясын, 12 творчестволық және мәдени-ағарту мекемесін біріктіретін қаланың академиялық және мәдени орталығы болып орынды есептеледі. Осындай қуатты интеллектуалды потенциал мақсатты, іскер қолдануды талап етеді. Біз ең алдымен институттардың, творчестволық ұйымдардың идеология активінің насихатшылық мүмкіншіліктерін пайдаланамыз. Ғылым академиясы химия институтының үгіт коллективі үгіт-бұқаралық жұмысқа белсене қатысу үлгісін көрсетуде, оны директордың орынбасары Ю. Л. Галюков басқарады. Осы институт қызметкерлері үгіт пункті орналасқан ғалымдар үйінде сайлаушылармен бірнеше кездесу өткізді. Оларда қайта құрудың өткір проблемалары қозғалып, айналадағы ортаны қорғау, республика ғалымдарының осы мәселелерді шешуге қосар үлесі туралы әңгіме болды. Осы әңгімелердің бәрі, әрине, сайлау алдындағы істер ауқымынан асып кетеді, сайып келгенде, қоғамдық пікірді қалыптастырып, депутаттыққа кандидаттармен кездесудегі басым бағытты дөп анықтап, оларға берілетін аманаттар сипатын пысықтауға көмектесуде.

Қазір бізге мектептердің педагогтар коллективтері де тұрғылықты жер бойынша халықпен жұмыс жүргізуімізге көмектесуде. Үгіт коллективтерін басқаратын № 53 мектеп директоры З. Ш. Абдуллина мен № 47 мектеп партия ұйымының секретары С. Ф. Суслова ата-аналармен ойдағыдай жұмыс жүргізіп, педагогикалық қызметті түсінік жұмыстарымен қабыстырады, иә, оқушыларға, әсіресе жоғары кластар оқушыларына сайлау алдындағы жұмыста келелі істер табуға ұмтылдық. Соғыс және еңбек ардагерлері советінің мүшелерімен бірге олар үгіт пунктіне келе алмайтындардың, жасы ұлғайған адамдар үйлерінде болады.

Сайлаудың жаңа жағдайы идеология активіне жоғары талаптар қоюда. Халық депутаттығына шын мәнінде таңдаулыларды ұсыну үшін адамдармен күнделікті қауырт жұмыс жүргізу керек. Біз адамдармен сайлау алдындағы кезеңдегі ұйымдық және тәрбие жұмысындағы ескі дағдылардан, шаблондықтан арылуға ұмтылудамыз.

Ішінара айтқанда, үгіт пункттерінің белсенді қызметінің елесін туғызбаймыз, бұрын солай болды ғой. Расында, оларды жай күндері сағат 14-те, ал кейде 12-де ашудың, өндірісшілерді, мамандарды — үгіт коллективтері мүшелерін жұмыстан қол үздірудің қажеті жоқ қой. Демек, бұл кезде оларда ешкімнің болмайтыны жалпыға мәлім. Үгіт активінің күшін кешкі сағаттарда, демалыс күндерде адамдармен жұмысқа шоғырландырдық.

Үгіт пункттерін дауыртпалық безендіруден де бас тарттық. Ең бастысы — бұл адамдармен кездесуге арналған жақсы жағдай, қажетті әдебиеттердің, анықтама басылымдарының, мерзімді баспасөздің болуы. Қазір республикалық медицина училищесіндегі, Халыққа білім беру министрлігіндегі, «Казақстан» тігін фирмасындағы үгіт пункттері нақ осылай жұмыс істейді.

Әрине, жұмыста әлі де формализм ұшырасады, жылдар бойы қордаланған жұмыс әдістерінен арылу қиындау. Біз іс барысында осы кемшіліктерді жойып, идеология активімен көлемді жұмыс жүргізіп жатқанымызды айту керек. Демек, сайлау алдындағы науқан күн санап белең алып келеді.

Кандидаттарды ұсыну көрсеткеніндей, еңбек коллективтерінің, қоғамдық ұйымдардың басым көпшілігі осы маңызды іске саналылықпен қарады.

Кандидатуралар төңірегінде қызу айтыс өтуде, адамдар кандидаттардың іскерлік пен жеке сапаларын мүдделілікпен талқылауда. Демек, осындай ашық әңгіменің сайлау алдындағы науқан үшін ғана емес, сондай-ақ коллективтерде моральдық ахуалды жақсарту, жұмыстағы іскерлік стилін орнықтыру үшін де зор маңызы бар. Кандидаттардың тұтасынан аудан халқының әлеуметтік және ұлттық құрамына сәйкес келуі кездейсоқтық емес.

Қазір кандидаттар үшін үгіт жұмысы белең алды. Ол тұрғылықты жерде, сондай-ақ еңбек коллективтерінде жүргізілуде. Аудандық партия комитеті партия ұйымдарына жұрт сенген өкілдермен кездесіп, олардың әрқайсысының қай кәсіпорында, ұйымда, бригадада, сменада кандидаттарды оларға таныстырғысы келетінін олардың қайда және қашан сөз сойлейтінін ақылдасуды тапсырдық. Жұрт сенген өкілдер пікірін ескеру арқылы кандидаттардың өмірбаяндары мен мінездемесі жазылған плакаттар, листовкалар әзірленуде.

Халық депутаттарының сайлауы қайта құру, КПСС XXVII съезі мен Бүкілодақтық XIX партия конференциясының шешімдерін жүзеге асыру барысының маңызды қорытындыларын шығарады. Қазір партия ұйымдары, үгіт активі толысу, адамдарды тыңдау, олардың көңіл-күйін, сұранымын, талабын білу, сөйтіп оларды толық қанағаттандыру қабілетіне өзіндік емтихан тапсыруда.

Digitized by Google

САЙЛАУ СИСТЕМАСЫНДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР

Сайлау алдындағы науқан барысында сайлаушылардан «СССР халық депутаттарының сайлауы туралы» СССР жаңа Заңына қатысты сұрақтар түсуде. Осыған орай Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Советтер жұмысы мәселелері жөніндегі бөлімінің меңгерушісі Қадірбек Әбсейітұлы ЕШМҰХАМЕДОВ редакция өтініші бойынша олардың бірқатарына жауап береді.

— Заң сайлау комиссиясы қызметіне қандай жаңалықтар енгізуде?

— Ең алдымен, олар сайлауды өткізу жөніндегі түбегейлі штабқа айналуда. Енді Орталық сайлау комиссиясын Жоғарғы Совет Президиумы емес, Жоғарғы Советтің өзі құрады, мұның өзі оның беделін арттырып, жауапкершілік пен дербестілігінің үлкен деңгейін анықтайды. Комиссиялар құрамы 29 адамнан 35 адамға дейін көбейтілді, оларға барлық одақтас республикалардың, көптеген қоғамдық ұйымдардың өкілдері енді. Ол территориялық және ұлттық-территориялық сайлау округтерін құрады, қайта сайлауды өткізуге, СССР халық депутаттарын кері шақырып алуды ұйымдастыруға, шығып қалған депутаттардың орнына сайлауды тағайындап, өткізуге және оларды өткізуді қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді шешетін болады.

Бұл, өз тарапынан, Орталық сайлау комиссиясының тұрақты жұмыс істеуін талап етеді. Оның өкілеттілігінің мерзімі, сондай-ақ СССР халық депутаттары Съезінің өкілеттігінің мерзімі бес жылға тағайындалады.

Ұлттық-территориялық сайлау округтерінен СССР халық депутаттарының сайлауы жөніндегі округтік сайлау комиссияларын одақтас республикалардың Жоғарғы Советтері немесе олардың Президиумдары құрады. Бұрынғы өкілеттіліктерге қосымша оларға қайта дауыс беруді және шығып қалған депутаттардың орнына қайта сайлау өткізуді ұйымдастыру, сондай-ақ депутатты кері шақырып алуға байланысты мәселелерді шешу жөніндегі міндеттер жүктелуде.

Учаскелік сайлау комиссияларының ролі арттырылуда. Егер бұрын сайлаушылар тізіміне Советтің атқару комитетінің председателі мен секретары қол қойса, енді олар учаскелік сайлау комиссиясының өзінде жұртшылық өкілдерін қатыстыру арқылы жасалады және комиссия председателі мен секретары қол қояды. Бұрын орын алғанындай, Советтің атқару комитеті емес, учаскелік сайлау комиссиясының өзі сайлау тізіміндегі қателіктер туралы шағымды қарайды және оған тиісінше түзетулер енгізу туралы мәселені шешеді.

Жаңа Заң СССР халық депутаттары сайлауына әзірлік пен оны өткізуді сайлау комиссиялары, еңбек коллективтері мен қоғамдық ұйымдар ашық әрі жария түрде жүзеге асыратынын баяндайды. Сайлау комиссияларының мәжілістеріне, сондай-ақ депутаттыққа кандидаттарды тіркеу, сайлау учаскесінде дауысты есептеу, округтер бойынша сайлау нәтижелерін анықтау, сайлаудың жалпы қорытындыларын шығару барысында енді еңбек коллективтерінің, қоғамдық ұйымдардың, сайлаушылар жиналыстары өкілдерінің, жұрт сенген өкілдердің, сондай-ақ баспасөз, телевизия, радио өкілдерінің қатысуға хақысы бар. Мұның барысында бұқаралық информация құралдары өкілдерінің сайлауға байланысты барлық жиналыстар мен мәжілістерге кедергісіз қатысуына кепілдік жасалады, оларға өздерін толғандыратын мәселелер бойынша қажетті барлық информация беріледі.

— Территориялық сайлау округтерінің бұрынғыдай халық санына қарай емес, сайлаушылар санына қарай белгіленуі неліктен туындаған?

— Мұндай қатынас қазіргі орын алған демографиялық жағдайды мейлінше әділетті бейнелейді. Істің мәні мынада: дауыс беру правосы жоқ халықтың үлесі (ал бұлар 18 жасқа жетпеген адамдар) РСФСР-де 30 проценттейін, Украинада —28 процентін, Өзбекстанда —51 процентten сәл астамын, Тәжікстанда —52, Қазақстанда —40 процентін, т. б. құрайды. Сондықтан Заңда жаңа қатынас баяндалған, ол бірде-бір республиканың мүддесіне қысым жасамайды. СССР Жоғарғы Советінің 1988 жылғы 1 декабрьдегі қаулысымен 257,3 мың сайлаушы есебінен СССР халық депутаттарының сайлауы жөніндегі бір территориялық сайлау округінде сайлаушылар нормасы тағайындалған. Қазақ ССРінде 41 территориялық сайлау округы құрылды.

Ұлттық-территориялық сайлау округтері аймақтың бүкіл территориясында сайлаушылардың бірдей санымен құ-

Digitized by Google

рылуда. Мәселен, әр одақтас республикада 32 округ құрылды.

— СССР халық депутаттарының үштен бірін қоғамдық ұйымдардан сайлау принципті жаңалық болады. Оларда сайлау қалай өткізіледі?

— Жалпы одақтық қоғамдық ұйымдардан 750 халық депутаты: Совет Одағы Коммунистік партиясынан, кәсіптік одақтар мен кооперативтік ұйымдардан 100 депутаттан, Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағынан, әйелдер советтерінен, соғыс және еңбек ардагерлерінен, ғылыми қызметкерлерден, творчестволық одақтардан 75 депутаттан, Заң бойынша белгіленген тәртіппен құрылған және жалпы одақтық органдары бар басқа қоғамдық ұйымдардан 75 депутат сайланады.

Сөйтіп қоғамымыздың басшы және бағыт беруші күші — Коммунистік партияға, сондай-ақ екі тап — жұмысшы табы мен колхозшы шаруаларға көп өкілеттілік тағайындалды. Басқа қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер өкілдігі олардың саяси салмағына, маңызына, қоғамдық нақты өмірге жасар ықпалына қарай анықталды.

Қоғамдық ұйымдардан халық депутаттарын сайлау олардың жалпы одақтық органдарының съездерінде, конференцияларында немесе пленумдарында сайлау күніне кемінде 20 күн қалғанда және сайлау өткізілетін күннен кешіктірілмей өткізіледі. Депутаттыққа кандидаттарды ұсыну жөніндегі пленумдар тиісті қоғамдық ұйымдарда сайлау күнінен кемінде екі ай бұрын өткізіледі.

Депутаттардың бір бөлігін қоғамдық ұйымдардан сайлау олардан СССР халық депутаттарының сайлауы жөніндегі сайлау комиссияларын құру қажеттігін тудырды.

— Заң сайлау учаскелерінің жұмыс тәртібіне нендей жаңалықтар енгізуде?

— Олар сайлаудан кемінде екі ай бұрын құрылады. Сондай-ақ олардың шалғай және баруы қиын аудандарда, сайлау күні жүзу сапарында жүрген кемелерде құрылуы мүмкін. Сайлау учаскелерін құру нормасының төменгі шегі 100 сайлаушыдан 20 сайлаушыға дейін төмендетілді. Жоғарғы шегі бұрынғысынша қалуда — 3000 сайлаушы болады. Сайлау учаскелерін аудандық, қалалық (ауданға бағынышты қалалардан басқа), қалалардағы аудандық Советтер немесе олардың президиумдары, ал осы сайлауда олардың атқару комитеттері құрады.

— Депутаттыққа кандидаттарды ұсыну тәртібіне қандай өзгерістер енгізілді?

— Жаңа Заң шын мәніндегі сайлау мүмкіншілігін ашады, миллиондаған адамды белсенді түрде өз еркін білдіруге тартуға көмектеседі. Бұл үшін, ең алдымен, депутаттыққа кандидаттарды ұсынуға бөлінетін уақыт көбейтілді. Енді осы жұмыс сайлауға үш ай қалғанда басталып, екі ай қалғанда аяқталады.

Территориялық және ұлттық-территориялық округтерден депутаттыққа кандидаттарды ұсыну еңбек коллективтерінің жиналыстарында, конференцияларда жасалады. Сондай-ақ, тұрғылықты жер бойынша сайлаушылардың депутаттыққа кандидатты ұсыну правосы берілген, ал бұрын бұл жоқ еді. Мұндай жиналысқа сайлау округінің территориясында тұратын кемінде 500 сайлаушы қатысса, ол заңды болып есептеледі.

Қоғамдық ұйымдардан кандидаттарды ұсыну правосы олардың жалпы одақтық органдарына берілген, олар ұсынылып отырған кандидаттар бойынша жергілікті органдардан, төменгі коллективтерден және осы ұйымдардың мүшелерінен түскен ұсыныстарды міндетті түрде ескеруге тиіс. Осы ұйымдардың қайсыбір мүшесі, бұған қоса дін қайраткерлері қоғамдық ұйымдардан халық депутаттығына кандидат болып ұсынылып алады.

Еңбек коллективтерінің, сайлаушылардың жиналыстарында және қоғамдық ұйымдардың пленумдарында кандидаттар ұсынуға шек қойылмайтын барлық жағдай жасауда. Оның үстіне бір орынға бірнеше кандидатураны ұсынудың өзі басым практикаға айналды. Жиналыстың немесе пленумның әрбір қатысушысы депутаттыққа кандидаттар туралы ұсыныс енгізуге, оларды талқылауға қатысуға, ұсынылып отырған кандидатураны қолдауға немесе оларды шығарып тастау туралы ұсыныстар енгізуге праволы. Ол депутаттыққа кандидат ретінде өз кандидатурасын да талқылауға ұсына алады — бұл да біздің сайлау практикамыздағы жаңалық.

СССР халық депутаттығына кандидатқа жиналысқа немесе қоғамдық ұйымдардың жалпы одақтық органдары пленумдарына қатысушылардың жартысынан астамы дауыс берсе, ол ұсынылған болып есептеледі.

СССР халық депутаттығына кандидаттар болып, әдетте, сайлау кезінде территориялық сайлау округтерінен тиісті сайлау округының территориясында

Digitized by Google

жұмыс істейтін, немесе тұратын, ал сайлау кезінде ұлттық-территориялық округтерден — тиісті одақтас, автономиялы республиканың, автономиялы облыстың, автономиялы округтың территориясында жұмыс істейтін немесе тұратын азаматтар ұсынылады.

Әрбір коллективтің өз өкілдерін жоғарылатуға тырысатынын ескеру керек, сондықтан Заңда осы процесті реттеу көзделген. Осы мақсатпен сайлау алдындағы округтық жиналыстарда кандидатураларды алдын-ала талқылау белгіленуде, оларда жиналысқа қатысушылардың кемінде тең жартысын осы сайлау округінің сайлаушылары құрауға тиіс. Осы жиналыстарға кандидаттарды тиісті сайлау комиссиясында тіркеуге ұсыну правосы берілуде. Мұның барысында округ бойынша депутаттыққа кемінде екі кандидатурадан көп ұсынылатын болса, онда ұсынылған кандидатуралардың бәрі округтық жиналыста қаралатыны ескеріледі.

Егер жиналысқа қатысушылардың жартысынан астамы оған дауыс берсе, округтік сайлау алдындағы жиналыс шешімі қабылданды деп есептеледі.

Депутаттыққа кандидаттарды тіркеу сайлау науқанының маңызды кезеңі болып табылады. Сайлау округтерінен кандидаттарды тіркеу сайлау күнінен екі ай бұрын басталып, бір ай қалғанда аяқталады, ал қоғамдық ұйымдардан СССР халық депутаттығына кандидаттарды ұсыну жөніндегі олардың жалпы одақтық органдарының пленумдары өткізілгесін бес күннен кешіктірілмей басталады. Мұның барысында мынаны ескеру керек: Заң СССР азаматы бір мезгілде екі Советтен артыққа халық депутаты бола алмайтынын дәлме-дәлдікте анықтады.

Атқару органдары тұрғысынан мемлекеттік өкіметтің өкілетті органының басымдылығын қамтамасыз етудің негізгі принципі заңда қарастырылған, СССР халық депутаты статусының лауазымдық жағдаймен үйлеспейтіндігі, СССР Министрлер Советінің құрамына кіретін, СССР Министрлер Советі Председателінен басқа адамдар, СССР ведомстволарының басшылары, СССР Жоғарғы сотының председателі мен мүшелері, СССР Мемлекеттік Бас арбитрі, мемлекеттік арбитрлері, СССР-дің Конституциялық қадағалау комитетінің председателі мен мүшелері бір мезгілде СССР халық депутаттары бола алмайды. Оларды депутаттыққа кандидат етіп ұсынған кезде мәлімдемелерінде олар депутаттар болып сайланған жағдайда атқарып отырған қызметінен босату ниеті туралы көрсетеді. Немесе өз кандидатурасын шығарып тастау туралы хабарлайды.

Депутаттыққа кандидат бір мезгілде бір ғана территориялық немесе ұлттық-территориялық сайлау округінде немесе бір қоғамдық ұйымнан дауысқа түсе алады.

— Ал Заңда депутаттыққа кандидаттар қызметіне қандай кепілдіктер қарастырылуда?

— Олардың депутаттыққа кандидат болып тіркелген уақыттан бастап сайлау алдындағы және басқа жиналыстарда, кеңестерде, мәжілістерде, баспасөзде, телевизия, радио арқылы сөйлеуге тең правосы бар. Халық депутаттығына кандидат өзінің болашақ қызметінің программасын баяндап сөз сөйлейді. Әлбетте, депутаттыққа кандидаттың программасы СССР Конституциясына, совет заңдарына қайшы келмеуге тиіс.

СССР халық депутаттығына кандидаттың онға дейін жұрт сенген өкілге ие болуы заң енгізген принципті жаңалық болып табылады, олар оның сайлау науқанын жүргізуіне көмектеседі, оның депутат болып сайлануын жақтап үгіт жүргізеді. Мұның барысында депутаттыққа кандидаттың жұрт сенген өкілдерін өзінің қалауынша белгілеуі көзделген.

СССР азаматтарына, еңбек коллективтері мен қоғамдық ұйымдарға депутаттыққа кандидаттардың саяси, іскерлік және жеке басының қасиеттерін еркін әрі жан-жақты талқылау мүмкіндігіне, сондай-ақ жиналыстарда, баспасөзде, телевизия мен радио арқылы кандидаттарды жақтау немесе қарсы үгіт жүргізу правосына кепілдік береді.

— Сайлаушылар тізімін жасау тәртібі қандай?

— Сайлаушылар тізімі әрбір сайлау учаскесі бойынша жасалады. Осы жұмысқа қатысу үшін жұртшылық өкілдері тартылады.

Заң азаматтардың сайлаушылар тізімімен танысуына мүмкіндік береді, оларға сайлаушылар тізіміндегі қателіктерге шағым айту правосы берілген. Осы мақсатпен сайлаушылар тізімі жалпы жұрттың танысуы үшін сайлауға 15 күн қалғанда, ал санаторийлер мен демалыс үйлерінде, ауруханаларда және басқа тұрақты емдеу мекемелерінде құрылған сайлау учаскелерінде сайлауға екі күн қалғанда ұсынылады.

Қоғамдық ұйымдардан СССР халық депутаттарының сайлауына дауыс берушілер тізімін қоғамдық ұйымдардың жалпы одақтық органы жасап, сайлаудан кемінде үш күн бұрын сайлау

Digitized by Google

комиссиясына береді. Оған съездің, конференцияның делегаттары немесе қоғамдық ұйымның жалпы одақтық органының пленумына қатысушылар енгізіледі.

— Жаңа Заң дауыс беру және сайлау қорытындыларын шығару тәртібіне қандай өзгерістер енгізуде?

— Бұл мәселеге аса жіті көңіл бөлу керек, өйткені дауыс беру процедурасына жаңа элементтер енгізілген.

Біріншіден, округтер бойынша дауыс беруді сайлау күні жергілікті уақыт бойынша, бұрын болғанындай, 6 сағаттан 22 сағатқа дейін емес, 7 сағаттан 20 сағатқа дейін өткізу тағайындалды. Дауыс беру уақыты мен орны туралы сайлаушыларға учаскелік сайлау комиссиясы сайлаудан кемінде он күн бұрын хабарлайды. Әрбір сайлаушының өзі тікелей дауыс беретінін, Заң басқа адамдар үшін дауыс беруге рұқсат етпейтінін атап көрсету керек. Сайлау бюллетеньдерін алу үшін паспортты және дауыс беру правосын растайтын куәліктерді ұсыну керек.

Екіншіден, дауыс беру тәртібінің өзі өзгертілді. Сайлау жәшіктері дауыс берушілер оларға жақындаған кезде міндетті түрде жасырын дауыс беруге арналған кабиналар немесе бөлмелер арқылы өтетіндей етіп орнатылады.

Бюллетеньдерді толтыру кезінде дауыс берушіден басқа біреудің кім болса да қатысуына тиым салынады. Әрине, сайлаушының бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі болмауы мүмкін. Мұндай жағдайда ол сайлау комиссияларының мүшелерінен басқа бір адамды өз қалауы бойынша шақыруға хақылы.

Егер жекелеген сайлаушылар денсаулығына байланысты немесе басқа да себептермен дауыс беретін үйге келе алмайтын жағдайда учаскелік сайлау комиссиясы олардың өтініші бойынша комиссияның жекелеген мүшелеріне осы сайлаушылар болатын жерде дауыс беруді ұйымдастыруды тапсырады. Сайлаушы бюллетеньді толтыра отырып, ал бұл өте маңызды, бюллетеньде өзі дауыс беретін кандидаттың фамилиясын қалдырады, қалған фамилияларды сызып тастайды. Егер бюллетеньде бір кандидаттан артық адам қалдырылса, онда ол дұрыс емес деп танылады. Сондай-ақ, сайлаушылар бюллетеньге қосымша енгізген азаматтар фамилиясы бойынша дауыс есептелмейтінін ескеру керек.

Енді, бұл бұрын болғанындай, тізімге енгізілген округтегі сайлаушылардың жалпы саны бойынша емес, дауыс беруге қатысқандар саны бойынша сайлаушылар дауысы есептеледі. Дүние жүзілік практика осындай. Осы жаңалық бұрынғы сайлау системасында орын алған даурықпалық пен формализмнен арылуымызға көмектеседі.

Сайлауда дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының жартысынан астамын алған кандидат СССР халық депутаты болып сайланды деп есептеледі. Сайлау округтері бойынша сайлау нәтижелері осылай тағайындалады. Сайлауда мандаттар санына сәйкес барынша көп дауыс алған және қоғамдық ұйымдар съездерінің, конференцияларының делегаттарының немесе олардың жалпы одақтық органдарының пленумдарына қатысушылардың дауыс беруіне қатысқандары даусының жартысынан көбін алған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Нәтижелерді анықтаудағы мұндай айырмашылық былай түсіндіріледі: сайлау округінен бір депутат сайланады, ал қоғамдық ұйымдардан, бұған дейін айтылғанындай, 75 депутаттан 100 депутатқа дейін сайланады.

Сайлауды өткізу барысында сайлау округы бойынша СССР халық депутаттығына дауысқа түскен екі және одан көп кандидаттардың бірде-бірінің сайланбай қалуы мүмкін. Мұндай жағдайда Заң округтік сайлау комиссиясына аса көп дауыс алған депутаттыққа екі кандидат бойынша қайта дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдауға право береді. Ол өз шешімі туралы Орталық сайлау комиссиясына және округ сайлаушыларына хабарлайды. Сайлау округінде қайта дауыс беру СССР халық депутаттарының сайлауы туралы Заң талаптарын сақтау арқылы екі апта мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі.

Қоғамдық ұйымдардан СССР халық депутаттарының сайлауы кезінде жекелеген депутаттыққа кандидаттарға бірдей дауыс беріліп, сайланған депутаттарды анықтау мүмкін болмаған жағдайда қайта дауыс беру өткізіледі. Ол сол кандидат бойынша сол күні немесе келесі күні заңның барлық талаптарын сақтау арқылы өткізіледі. Сайлау округтерінен, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардан қайта дауыс беру барысында ең көп дауыс алған кандидат халық депутаты болып сайланды деп есептеледі.

Бір сөзбен айтқанда, СССР халық депутаттарының сайлауы туралы Заң елдің әр азаматының өзінің сайлау правосына толық көлемінде жүзеге асыруына кепілдік жасайды. Ол халықтың шын мәнінде лайықты өкілдерін сайлауға кепілдік береді.

Digitized by Google

ЖЕДЕЛДЕТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚҰРУ БАҒЫТЫМЕН

СССР халық депутаттары сайлауына әзірлене отырып, совет адамдары жасампаз қызметтің, депутаттарға берілген аманаттардың орындалу қорытындыларын шығарып, жаңа міндеттерді белгілеуде.

КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы тарихи апрель Пленумынан басталып, партияның XXVII съезі мен Бүкілодақтық XIX партия конференциясының шешімдерінде дамытылған лениндік партияның қайта құру бағыты қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге қуатты серпін берді. Соңғы жылдары бүкіл елдегідей, республикада белең алған қайта құру процесінде экономиканы дәйекті сауықтыру өтіп, партия, совет, шаруашылық органдарының, еңбек коллективтерінің қордаланып қалған әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге көңіл бөлуі шұғыл өсе түсті. Сонымен бірге қоғамдық өндірістің тиімділігін арттырудың және әлеуметтік міндеттерді мейлінше жедел шешудің қолда бар резервтерінің көпшілігін пайдалану сәті әзірше түскен жоқ.

Редакция өтініші бойынша Қазақ ССР Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті әзірлеген үстіміздегі бесжылдықтың үш жылы ішінде республиканың экономикалық және әлеуметтік дамуы туралы деректер материалын сайлау науқанына қатысушы активистер назарына ұсынамыз.

● Бұрнағы бесжылдықпен салыстырғанда 1986—1988 жылдары өнеркәсіп өндірісінің жылдық орташа өсімі 1,5 есе жеделдеді, еңбек өнімділігі бесжылдық тапсырмасындағы 9,2 проценттің орнына 13,5 процент өсті. Түбегейлі экономикалық реформаны жүзеге асыру бұған белсенді ықпал етті, енді бүкіл халық шаруашылығы осындай жағдайда жұмыс істейді.

Республиканың барлық өндірістік салаларында да өндірістің техникалық дәрежесін арттыру жөніндегі жұмыс үдетілді. Енді жыл сайын өнеркәсіпте 228 механикаландырылған тасқынды және автоматты желі, сандық программамен басқарылатын 116 металл жонатын станок, 160-тан астам өнеркәсіптік робот, 15 роботтандырылған технологиялық комплекс орнатылуда. 200-ден астам учаске, цех, өндіріс комплексті механикаландыру мен автоматтандыруға ауыстырылуда. Шараларды енгізудің нәтижесінде үш жыл ішінде 39 мыңнан астам адам шартты түрде босатылды, өнімнің өзіндік құнын кемітуден 450 миллион сом мөлшерінде үнем алынды. Машина жасау комплексінің кәсіпорындарында СССР-де алғаш игерілген өнімдердің үлес салмағы 1985 жылғы 0,2 проценттен 1988 жылы 8,6 процентке дейін өсті. Сонымен бірге республика халық шаруашылығында ғылым мен техниканы дамытудың, жаңа өнімдердің маңызды түрлерін берудің мемлекеттік жоспары жыл сайын толық көлемінде орындалып отырған жоқ.

Үстіміздегі бесжылдықта отын өнеркәсібі (өндіріс көлемі 14,8 процент өсті), қара металлургия (18), химия және мұнай-химия өнеркәсібі (29,4), ағаш, ағаш өңдеу және целлюлоза қағаз өнеркәсібі (16,5 процент) секілді салалар басым қарқынмен дамып келеді.

Бульдозерлер өндіру 11,7 процент, приборлар, автоматтандыру құралдары мен оларға арналған басалқы бөлшектер 17,7 процент өсті. Сонымен бірге өнім сапасының төмендігінен оны жаңарту қажеттігіне байланысты өткен жылы тракторлар, металл жонатын станоктар мен ұста-пресс машиналарын шығарудың өсім қарқыны кеміп кетті.

● Республика өнеркәсібінің құны 40 миллиард сомнан асатын негізгі өнеркәсіптік-өндірістік қоры бар, ол 1986—87 жылдары 11,2 процент өсті. Алайда осы қуаттар соншалықты толығынан пайдаланылып отырған жоқ. Осы себептерден халық шаруашылығы 1987 жылы ғана 445 экскаваторды, 18,6 мың тракторды, 887 металл жонатын станокты, 245,5 мың тонна минералдық тыңайтқышты, 7,5 миллион текше метрден астам рудалы емес құрылыс материалын, шартты өлшемді 808 мыңдай қабырғалық материалдарды ала алмады.

● Үнем мен ұқыптылық жолындағы қозғалыс мейлінше бұқаралық сипат алды. 1987 жылы және 1988 жылдың үш тоқсанында материалдық және отын-энергетика ресурстарының бақылаудағы сегіз түрінің бәрі жөнінен үнем тапсырмасы орындалды. 1986—1987 жылдары өнеркәсіпте шығарылатын өнімнің бір сомына жұмсалатын шығын 1,28 процент, 1988 жылғы тоғыз ай ішінде тағы 0,54 процент кеміп, 84,84 тиын құрады.

Сонымен бірге 1987 жылы қара металл прокатына деген қажеттің өсімі оны үнемдеу есебінен 31 процент қана, қазандықпеш отыны — 16, жылу энергиясы — 12, электр энергиясы — 28 процент, ал дизель

Digitized by Google

отыны небары 2 процент мөлшерінде қамтамасыз етілді.

● Бесжылдық жылдары ішінде халық шаруашылығының барлық саласында жұмыс уақытының өнімсіз шығынын кеміту қамтамасыз етілді. Республиканың өнеркәсіп орындарында ол бір жұмысшыға шаққанда 15,4 процент, құрылыста — 25, совхоздарда 56 процент қысқарды. Қыдырымпаздықтан болатын жұмыс уақытының ысырабы (құрылыста — 2 есе, өнеркәсіпте — 35 процент) қыруар кеміді. Жұмысшылардың тұрақтамауы өнеркәсіпте 1,5 пунктке, құрылыста — 2, совхоздарда — 1,6 пунктке азайды. Сонымен бірге жұмыс уақытының өнімсіз шығындарын қысқартудың елеулі резервтері баршылық: 1987 жылы әр жұмысшы өнеркәсіпте 1,84 күнді, құрылыста — 1,24 күнді зая жіберді. Аталған жыл ішінде осы себептен ғана мемлекетке 136 миллион сомның өнеркәсіп өнімі берілмеді және 33 миллионнан астам сомның құрылыс-монтаж жұмыстары орындалмады.

● Соңғы жылдар ішінде республиканың агроөнеркәсіп комплексінде ауыл шаруашылығын жүргізудің принципті тұрғыдан жаңа формаларын дамытуға бағытталған ірі құрылымдық өзгерістер жүзеге асырылды және оның қоғамдық өндірістің басқа салаларымен кооперациясы негізінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, ұқсату және өткізу жөніндегі жұмыс циклін жүзеге асырушы 19 агроөнеркәсіп комбинаты мен бірлестігі, 11 агрофирма құрылды. 1988 жылы 560 совхоз бен колхоз немесе олардың жалпы санының 22 процентi толық шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыру жағдайында жұмыс жасады. 2182-ден астам ауыл шаруашылық кәсіпорны еңбекті ұйымдастырудың арендалық формасын енгізуде.

Қоғамдық секторда қабылданып жатқан шаралар, сондай-ақ меншікті аулаларды ұлғайтып, нығайта түсу Азық-түлік программасын жүзеге асыруда елеулі түрде ілгері жылжуға көмектесті. Алдын ала жасалған бағалаулар бойынша, 1988 жыл ішінде ауыл шаруашылығының жалпы өнімдерін өндіру 15,5 миллиард сом құрайды (1983 жылғы салыстырмалы бағамен), мұның өзі 1985 жылға қарағанда 11,7 процент көп. Осы уақыт ішінде қоғамдық ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі 14 процент көбейді және орта есеппен жылына бір қызметкерге шаққанда өндірілген өнім 8489 сомға жетті. Үстіміздегі бесжылдықтың үш жылы ішінде жылына орта есеппен астық өндіру 22 процент, ет — 20, сүт пен жұмыртқа 12—15, картоп — 10, көкөніс — 9 процент артты. Мұның өзі жан басына орташа есеппен ет тұтыну деңгейін 6 килограмға, ал сүтті — 31 килограмға арттыруға көмектесті, ал бүкіл он бірінші бесжылдық ішінде ет тұтыну үстемесі небары 2 килограмм болды, сүт — тіпті 15 килограмға кеміп кетті. 1987 жылы жан басына шаққанда ет пен ет өнімдерін тұтыну 64 килограмм, сүт пен сүт өнімдері — 291, картоп — 82, көкөніс — 86, килограм, жұмыртқа — 223 дана болды.

Үстіміздегі жылы республиканың бір тұрғынына шаққанда етті өндіруді іс жүзінде тұтынылған мөлшерден 6 килограмға және сүт өнімдерін 16 килограмға арттыру белгіленген.

1988 жылы 1985 жылмен салыстырғанда қант қызылшасының шығымдылығы гектарына 264 центнерден 316 центнерге, көкөніс — 161 центнерден 171 центнерге дейін өсті. Үш жыл ішінде бір сиырдан сүт сауу 137 килограмға көбейіп, 1957 килограмм болды, әр қойдан жүн қырқу 300 грамм артып, үш килограмға жетті, төлдейтін әр жүз малдан бұзау алу бес басқа (83 бұзау), қозы мен лақ — сегіз басқа (94) көбейді.

1988 жылы 1985 жылмен салыстырғанда қызметін шығынмен аяқтаушы совхоздар мен колхоздар саны тең жартысынан астам кеміді, алайда олар әлі де көп күйінде қалып отыр (680) — республикада әрбір төртінші шаруашылық 640 мың сом зиян шегеді. Істің осындай жағдайы мынаған байланысты: ауыл шаруашылығы өндірісінде үлкен резервтер іске қосылмай отыр. 1988 жылы жоспар астық өндіру жөнінен (өнім 22 процент кем алынды), картоп — 6, көкөніс — 10 процент орындалмады. 1988 жылы дәнді дақылдар шығымдылығы 1985 жылға қарағанда 9,3 центнер кеміп кетті. Мұнда республиканың көптеген аймақтарын қамтыған қуаңшылық ықпал етті. Дегенмен басты себеп — ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің интенсивті технологиясының баяу енгізілуінде. 1988 жылы жаздық дәнді дақылдардың 6,0 миллион гектары немесе оның жалпы егістігінің 27 процентi осы технологиямен өңделді, күнбағыстың, картоптың және көкөністің интенсивті егістіктерінің үлесі тиісінше 34,45 және 32 процент болды. Мұның барысында ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының көпшілігі интенсивті технология танаптарының өзінен тиісті экономикалық тиімділікті алмайды.

Өнімді ұқсату мен сақтау барысында көп ысырапқа жол беріледі. Егер танап пен ферма берген өнімдерді дұрыстап ұқсата білсек, азық-түлік қоры 25—40 процент молаяр еді. Республикада ұқсату кәсіпорындарының материалдық-техникалық базасын нығайту жөнінен талдап жасалған программа ысырапты азайтуға

Digitized by Google

МОСКВА. Творчестволық ойының және құнты жасалған жұмысының бірегейлігімен аталған Қазақстан жаңашылдарының ізденісі халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне келуші көп мыңдаған адамдардың назарын аударуда. Москвалықтар мен астана қонақтары қазақстандықтардың көмір өнеркәсібіндегі, ауыл шаруашылығындағы және экономиканың басқа салаларындағы жетістіктеріне шынайы ықылас білдіруде.

СУРЕТТЕ: Қарағандының көмір ғылыми-зерттеу институты коллективі жасаған, анкерлі крепиді тұрғызуға арналған қоидырғы В. И. Ленин атындағы «Ворошиловградуголь» өндірістік бірлестігінің проходшысы Сергей Данько мен прокатты білік шығаратын Лутугинскнй заводының жұмысшысы Виктор Никулишинді қызықтырды. СССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесі «Көмір онеркәсібі» павильонының аға методисі Наталья Фашиленко келушілерге қазақстандықтар жаңалықтары туралы әңгімелеуде.



бағытталған. Биыл осы мақсатқа өткен бесжылдыққа қарағанда үш есе көп қаржы бағытталуда. Көкөніс пен картоп қоймаларының құрылысы осы программаның құрамдас бөлігіне айналды. Екі жыл ішінде 234 мың тонналық қоймалар салынды, мұның өзі өткен бесжылдықта салынған қоймалардан екі еседен астам көп. Биыл тағы 104 мың тонналық қоймалар тұрғызылады.

● Қоғамдық өндірісті жетілдіруде тиімді инвестициялық саясат маңызды роль атқарады. Бесжылдықтың үш жылы ішінде республикада экономикалық және әлеуметтік дамуға 29 миллиард сомнан астам мемлекеттік күрделі қаржы пайдаланылды. Екібастұзда «Восточный» разрезі, Қостанай облысында Қашар кен-байыту комбинаты, Шымкентте мұнай өңдеу заводы, Өскеменде «Вторчермет» заводы, Целиноградта жіп иіру фабрикасының алғашқы кезегі, Қызылордада тоқылмайтын материалдар фабрикасы, Көкшетауда фарфор заводы, Балқашта тігін фабрикасы, Қарағандыда нан-макарон-кондитер комбинаты, Қарағанды облысындағы Шахтинскі мен Шымкентте сүт комбинаттары, Жамбыл облысындағы Жаңатаста қалалық сүт заводы, сондай-ақ басқа кәсіпорындар іске қосылды.

Үш жылда құрылыс-монтаж жұмыстарының жылдық көлемі 1,2 есе, ал құрылыста еңбек өнімділігі бесжылдық жоспардағы 8,6 процеттің орнына 15,5 процент өсті.

Табиғи-шикізат ресурстарын шаруашылық айналымына тарту міндеті жаңа құрылысқа арналған күрделі қаржының басым бағытын анықтауын жалғастырып келеді. 1987 жылы оның өндірістік құрылыстың жалпы көлеміндегі үлесі тұтасынан еліміз бойынша 35 процеттің орнына 42 процент болды. Жаңа құрылыстар есебінен Екібастұз тас көмір бассейнінің ресурстары базасында Павлодар-Екібастұз территориялық-өндірістік комплексін, Қарашығанақ газ конденсаты мен Теңіз мұнай кеніштері базасында Прикаспий мұнай-газ комплексін қалыптастырып, дамыту секілді жалпыодақтық ірі программалар жүзеге асырылуда.

1986—1988 жылдары мемлекеттік күрделі қаржы есебінен жылына орта есеппен жалпы білім беретін мектептерді іске қосу 1985 жылмен салыстырғанда 27 процент, клубтар мен мәдениет үйлері — 40, ауруханалар — 4, амбулаториялық-емдеу мекемелері — 45, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері — 2 процент өсті, алайда кәсіптік-техникалық училищелерді, клубтар мен мәдениет үйлерін іске қосу жоспары жыл сайын орындалмай келеді.

Күрделі құрылыста бірқатар елеулі кемшіліктер баяу жойылуда: әбден тозғанынша пайдаланылатын қор көбеюде, өндірістік мақсаттағы объектілер бойынша аяқталмаған құрылыс көлемі қысқармай отыр. Пайдаланылған күрделі қаржының жалпы мөлшерінде оның үлес салмағы 87 процент құрайды. Бесжылдықтың небары үш жылында бір жарым миллиардтан астам сомның негізгі қоры іске қосылмады.

(Соңы 27 бетте)

Digitized by Google

БІРЫҢҒАЙ САЯСИ КҮН: ОЛ ҚАНДАЙ БОЛУҒА ТИІС

Барлық жердегідей, бірыңғай саяси күндер Қызылорда облысында адамдармен жүргізілетін идеологиялық, саяси-тәрбие жұмысы практикасына берік енді. Қоғамдық пікірді сұраулар, еңбекшілердің хаттары, өтініштері жұмыстың осы формасының бұқараны тиянақты саяси хабардар етуге ықпал ететінін, адамдардың сұранымын жақсырақ білуге, өзекті мәселелерді жедел әрі іскер шешуге көмектесетінін көрсетеді. Саяси күндер басшылық жасаудың саяси әдістерін меңгеру мектебіне айналып, жетекшілердің қайта құру барысы, еңбек коллективтеріндегі моральдық-психологиялық ахуалдың жайы үшін жауапкершілігін арттыруда.

Сонымен бірге соңғы жылдары қалыптасқан ескі дағдылар қатты сезілуде. Саяси күндерді өткізудің мазмұны да, формалары да қайта құрудың жауынгерлік рухына толығынан сай келмейді. Саяси баяндамашылар көбіне өздеріне арналып әзірленген баяндамаларды ғана оқып беретін, сондықтан да ең өткір тақырыптың өзі үндестік таппайтын. Адамдар өздерінде қай жетекшінің лекция оқитынын соңғы сәтіне дейін білмейтін, содан барып әңгімеге даяр болмай шығатын, саяси күн қаптаған шаралардың — ашық хат күнінің, адамдар жиынының, сұрақ-жауап кешінің, т. б. шаралардың «қалтарысында» қалып қоятын.

Демократияландыру мен жариялылық процесі бізден саяси күндерді өткізуге деген қатынасымызды қайта қарауды талап етті. Шын мәнінде көптеген бұқаралық шараларды біріктіретін бірыңғай бұқаралық-саяси күндерді ұйымдастыру қажеттігі туындады. Саяси баяндамашының баяндамасы ғана емес, сонымен бірге еңбек коллективтерінің басшы партия, совет, қоғамдық активпен кездесуі, жұмыстың пікірталас формасын қолдану, жеке тікелей байланыстар, пікір алмасу мүмкіндіктері олардың негізіне алынды. Жанды іске, адамдарға бет бұру керек — актив алдына осындай міндет қойылды. Еңбекшілердің барлық сұрақтары, ұсыныстары тікелей партия ұйымдарына түсе бастады, олар арнаулы журнал жүргізіп, олардың жүзеге асырылу барысы туралы қалалық және аудандық партия комитеттері алдында, ал бұлар өз кезегінде облыстық партия комитетінің алдында есеп береді. Практиканың көрсетіп отырғанындай, мұндай жағдайда адамдардың көңіл-күйі, қоғамдық пікір туралы көлемді информациялар ай сайын түседі, хаттар тасқыны азайып, көптеген мәселелер жедел шешіледі.

Саяси күндерді өткізуде еңбек коллективтерінің таңдау правосының болмауы сияқты қиғаштық та жойылды: жоғарыдан кімді саяси баяндамашы етіп бекітсе, мұнда соны қарсы алатын. Енді демократиялық тұрғыдан жұмыс істей бастады. Әрбір еңбек коллективі жауапты қызметкерлердің белгілі бір тобымен кездесуге заявка береді. Мұның барысында саяси күн тақырыбы, әрине, өзгертілмейді, сонда да әңгіме мейлінше нақты, іскерлік сипат ұстайды, адамдар осы кездесуге алдын ала әзірленеді. Мәселен, СССР-дің құрылған күніне арналған бірыңғай саяси күн былай өтті. 80 мыңнан астам адамның қатысуымен 800-ден астам еңбек коллективінде кездесулер болды. Аралдың көтеру-транспорт жабдықтары заводында аудандық «Толқын» газетінің коллективімен кездесуге тілек білдірді. Қармақшы автотранспорт кәсіпорнының қызметкерлері халық судьясымен әңгімелесуді ұйғарды. Тереңөзек ауданының XXI партсъезд атындағы және С. Сейфуллин атындағы совхоздарында аудандық агроөнеркәсіп бірлестігінің басшыларымен кездесу болды.

Әрбір жағдайда коллективтердің нақ сол жетекшілермен кездесуіне тиянақты негіздері бар еді. Олардың тілегі ескерілді. Демек мүдделі, өткір әңгіме болды. Саяси күнге қатысушылар туысқан республикалармен, Қазақстанның жарысушы облыстарымен байланысты нығайту туралы айрықша айтты. Тереңөзек ауданы совхоздарының қызметкерлері, ішінара алғанда, біздің облысымызбен жарысушы Көкшетау облысы село коллективтерінің арендалық мердігерлікке ауысу тәжірибесін терең зерттеу қажеттігін айтты.

Біздің саяси күндеріміз шын мәнінде «серпілді», еңбекшілердің әлеуметтік белсенділігі әжептәуір өсті. Өтініштер мен тілектер ғана емес, іскер ұсыныстар да айтыла бастады. Мәселен, Шиелі локомотив депосының қызметкерлері

Digitized by Google

кінаратсыз өмір салтын орнықтыру жайында сөз болған кезде өз күштерімен спорт залын салуды ұйғарды. Қызылорда қалалық комсомол комитеті мен қалалық мәдениет басқармасы қызметкерлерінің Н. Бекежанов атындағы драма театрының творчестволық коллективімен кездесуінде алкоголизммен және нашақорлықпен күрес жөніндегі үгіт театрын құру, театрда жастардың кафесін ашу туралы идея туындаған еді, ол қазірдің өзінде жүзеге асырылды.

Бірыңғай саяси күндер ауқымын кеңейту тұрғылықты жер бойынша адамдарды саяси хабардар ету және тәрбиелеу мәселелеріне өте-мөте көңіл бөлуге мүмкіндік берді. Егер бұрын тұрғындар жиынында негізінен тұрғын үй-коммуналдық проблемалар талқыланатын болса, енді бірыңғай бұқаралық-саяси күндер мәселелердің аса кең ауқымын қамтиды. Жазғы уақытта тұрғын үйлер маңындағы үгіт алаңдары өз мақсатына пайдаланыла бастады. Партия комитеттері жергілікті жерлерде алдын ала жұмыс топтарын құрады, олар соғыс және еңбек ардагерлерінің, интернационалист-жауынгерлердің семьяларына, көп балалы семьяларға барады. Оның қорытындылары тұрғындар жиындарында баяндалып, талқыланады.

Адамдардың саяси баяндамашылармен кездесуде праволық сипаттағы сұрақтарды жиі көтеретіні бізде ықылас туғызды. Мәселен, ішінара алғанда, кейбір ескертулер мынадай: Шиелі ауданында бір топ жұмысшы право қорғау органдарының жұмысын қайта құрудың жетімсіз екендігі, милиция қызметкерлерін жүйелі аттестациялаудан өткізу қажеттігі туралы айтты. Қармақшы ауданында тұрғындар «Тұрғын үй-91 программасын жүзеге асыру жайында әңгіме қозғап, тұрғын үй жөніндегі заң бойынша түсінік жұмыстарының жеткіліксіздігіне тоқталды. Арал ауданында табиғатты қорғау жөніндегі заңды бұзғаны үшін жауапкершілік туралы өткір әңгіме болды. Көріп отырғанымыздай, қайта құру адамдардың праволық белсенділігін де барынша арттырды. Өкінішке қарай, саяси баяндамашылардың бәрі бірдей бұл мәселелерде жетік болмағандықтан юристік жаппай оқуға айрықша маңыз бере отырып, облыста право тақырыбы бойынша баяндамашылар тобын құрды. Оның құрамында ішкі істер органдарының, соттың, прокуратураның жауапты қызметкерлері бар. Осы топ ай сайын бірыңғай саяси күнде облыстың аудандарына шығып, барлық еңбек коллективтерінде лекциялар мен әңгімелер өткізеді, тұрғындардың өтініштері мен шағымдарын жедел қарап, шешеді.

Саяси баяндамашылардың жауапкершілігін, біліктілігін барынша арттырудамыз. Олар жұмысты былай құрады. Саяси күннен бір-екі күн бұрын еңбек коллективтерінде адамдармен кездеседі, жеке қабылдаулар жүргізеді. Әрбір саяси баяндамашы негізгі баяндамасына қоса саяси және экономикалық оқу жүйесіндегі сабақтарға қатысып, лекциялар оқиды, тыңдаушылармен өзекті мәселелер бойынша әңгімелеседі. Партия комитеттері саяси баяндамашылардың ауызша есептерін тыңдайды, олардың жұмысына баға береді, ұсыныстар айтады.

Бірыңғай саяси күндерді өткізуге байланысты саяси баяндамашылар жүктелімі едәуір өскені даусыз. Дегенмен бүгінде басшылық жасаудың саяси әдістерін меңгеруде басқадай жол жоқ қой, деп ойлаймыз.

Партия комитеттері саяси баяндамашыларға қойылатын талапты арттыра отырып, оларға көбірек көмектесуге де ұмтылады. Облыстық партия комитеті идеология бөлімі бірқатар саяси баяндамашылар тәжірибесін қорытып, осы жайында методикалық кітапша шығарды. Ішінара алғанда, облыстық атқару комитеті халыққа білім беру басқармасының меңгерушісі А. М. Мүсілімовтің, еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлімінің меңгерушісі З. И. Видищеваның, облыстық финанс бөлімінің меңгерушісі К. Шөкеновтің және басқалардың тәжірибелері қорытылды.

Облыстық партия комитетінің лекторлары, аудандық партия комитеттерінің идеология мәселелерімен айналысатын секретарьлары саяси баяндамашылардың лекцияларында жүйелі болады, еркін жағдайда лекцияларға талдау жасайды, жолдастық көмек көрсетеді. Анықтама материалдарын әзірлеу тәртібі де өзгерді. Біз қайсыбір саяси баяндамашылардың адамдармен қарымқатынас жасай білмеуін, қарапайым түрде сөйлей алмайтындығын бүркемелеуге «көмектесетін» көлемді текст беруді доғардық. Енді тек ықшам тезистер, облыс бойынша статистикалық деректер топтамасы ғана беріледі. Сондықтан баяндаманы әзірлеудің негізгі ауыртпалығы баяндамашының өзіне түседі. Бұл оны ойлануға, адамдармен кездесуге творчестволық тұрғыдан әзірленуге жетелейді.

Егер бізде барлық баяндамашылар жұмысын қайта құруда десем, ақиқатқа қарсы шыққан болар едім. Адамдардың жылдар бойы үйренген, баяндаманы текст бойынша оқып беру әдеті үлкен қиындықпен жойылуда. Бізде басқа проблемалар да баршылық. Мәселен,

Digitized by Google

өкінішке қарай, облысымызда социологиялық зерттеулер жүйесі әлі жоқ. Бұл жасайтын қадамдарымыздың идеологиялық қорытындыларын болжау мүмкіндіктерімізді шектейді. Біз бірыңғай саяси күнді әзірлеу барысында аясы тар тақырыптармен шектелеміз. Облысаралық мақсатты алмасу негізінде республика астанасынан және басқа облыстардан ғалымдардың, мамандардың, мәдениет және өнер қайраткерлерінің осы шараларға келуін қалаймыз. Республикалық министрліктер мен ведомстволар басшыларының, қоғамдық ұйымдардың жауапты қызметкерлерінің еңбек коллективтерінде жүйелі сөз сөйлеуін ұйымдастыратын уақыт жетті.

Қазір партия ұйымдарының бүкіл саяси-тәрбие жұмысы алдағы СССР халық депутаттары сайлауын идеологиялық жағынан тиянақты қамтамасыз етуге бағытталған. Бірыңғай саяси күндерді өткізу практикасында жинақталған құнды тәжірибенің бәрін үгіт-бұқаралық жұмыс барысында пайдаланудамыз. Сайлау системасының жаңа принциптері жер-жерде түсіндірілуде, еңбекшілердің жоғары белсенділігі арқылы депутаттыққа кандидаттар ұсынылды. Өтіп жатқан өзгерістердің мәнін, қайта құрудың бірінші кезекті міндеттерін әрбір адамға жеткізуге ұмтылудамыз. Демек мұнда біздің басты сүйенішіміз — адамдардың белсенділігі.

Л. ЧАГАЙ,
Қазақстан Компартиясы Қызылорда облыстық комитетінің лекторы.

ЖӨЛ-ЖӨНЕКЕЙ АЯЛДАУ

Бізде Шығыс Қазақстан облысында ноябрьдегі бірыңғай саяси күн СССР Жоғарғы Советі XI сессиясының материалдары бойынша өткізілді және ол «Жұмысты үдете түсейік» деп аталды. Әдеттегідей, облыстық партия комитетінің саяси баяндамашысын күттік. Бейсенбіде — бірыңғай саяси күн қарсаңында — бізге қалалық партия комитетіне облыстық юстиция басқармасының бастығы В. Салауаров пен облыстық соттың председателі С. Гришковты қарсы алыңдар!— деп телефон соқты. Алайда келесі күні: дүйсенбіге «дөңгелек стол» басындағы кездесуге әзірленіңдер, деп тағы да телефон соқты.

Кездесуді, оның үстіне «дөңгелек стол» басындағы кездесуді ұйымдастыру оңай емес. Дегенмен істі тез қолға алдық! Әңгіменің қызықты болуы мүмкін ғой. Екі үлкен коллективті — Зырян қорғасын комбинаты мен «Зыряновскстрой» тресін таңдап алып, сұрақтарды алдын ала әзірледік.

Алайда «дөңгелек стол» өтпей қалды. Баяндамашылар дүйсенбі күні күндіз келді де, аяқ астынан жинаған құрылысшылар бригадалары алдында небары бір сағаттай ғана сөз сөйледі де, Серебрянск қалалық партия комитетінің секретары күтіп отыр деп сілтеме жасап, қайтып кетті. Кездесуді өзгертуге, адамдардан кешірім сұрауға тура келді.

Бақытымызға қарай, тапсырылған іске адамдардың бәрі бірдей бұлай қарамайды. Облыстық сауда басқармасының бастығы Л. Королеваның келгенін еске аламыз. Ол Зырянда екі күн болып, азық-түлікпен жабдықтау басқармасы, кафе, магазин, КПСС XXII съезі атындағы рудник асханасы, сән ателъесі, «Жилстрой» учаскесі, комбинат басқармасы коллективтері алдында сөз сөйледі. Демек барлық жерде келелі әңгіме қозғалды, кездесуді тезірек аяқтауға асыққан жоқ.

Бірыңғай саяси күн бір кеселден арыла алмай қойды. Ол жайлы жазылды да. Істің мәні мынада: облыстық партия комитетінде саяси баяндамашыларға көмек ретінде әзірленген материалдар бізге тым кешіктірілін беріледі. Үстіміздегі жылы үш баяндаманы бірыңғай саяси күндер өткеннен кейін жіберді. Көбінесе материалдарды бірыңғай саяси күнге бір-екі күн қалғанда салып жібереді. Ал оларды жергілікті деректермен толықтырып, саяси баяндамашыларға танысу үшін таратып беру керек қой. .

Адамдармен жұмыста ұсақ-түйек жоқ. Бұл жайында ұмытуға, соның ішінде облыстық ұйымдар басшыларының ұмытуына болмайды.

Г. АЛПЫСБАЕВА,
Зырян қалалық партия комитетінің нұсқаушысы.

Ал сіздерде бірыңғай саяси күн қалай өтеді? Неңіз сәті түсті, не нәрсенің ыңғайы келмеуде? Бізге осы жайлы жазыңыздар.

Digitized by Google

ОТАНЫМЫЗДЫҢ СЕНІМДІ ҚОРҒАУШЫЛАРЫН ДАЯРЛАЙЫҚ

Менің бертінде Совет Қарулы Күштері дүниеге келген жерлерде болуыма тура келді. Ленинградқа, Киевке, Ригаға қарай жолдардың қиылысындағы көне Псков қаласына кіре берістегі өткір жел соққан қыратта тұрмын. Мұнда үшкіл найза түріндегі 47 метрлік обелиск осы арада аспанға қарай бой көтерген. Монументтің барельефіне «Жолдастар, сақ болыңыздар, біздің еліміздің және біздің Қызыл Армиямыздың қорғаныс қабілетін... көздің қарашығындай сақтаңыздар» деген лениндік сөздер ойылып жазылған. Монументтің жанында көлемді экспозицил, оның материалдары біздің армиямыздың дүниеге келуінен 1945 жылғы Жеңіс парадына дейінгі оның қаһармандық жолы туралы әңгімелейді.

Оның әр документінің әр жағында адамдар тағдыры тұр. Олардың ерлігі Совет Қарулы Күштерінің қаһармандық шежіресін ашты. Біздің армиямыз дүниеге келген Псков пен Нарва түбіндегі жердің көптеген совет жауынгерлерінің өшпес ерліктер жасауына күш беруі өте-мөте символды. Демек, 1943 жылы 23 февральда осы жерде, Чернушки деревнясында қатардағы гвардиялық жауынгер Александр Матросов жау дзотының амбразурасын көкірегімен жапты. Қазақ халқының атақты қызы Әлия Молдағұлова осы жерде өз есімін мәңгілік даңққа бөледі. Ол 1944 жылы январьда Заболотье деревнясында жау қорғанысын бұзып өту барысында шабуылға бірінші болып көтерілін, он бір гитлершілерді құртты. Воево деревнясына шабуылда Әлия тағы да алда болып, өте мергендікпен он екі фашисті жойды.

Жаужүрек пулеметші, аға сержант Мәншүк Маметова да біздің армиямыз дүниеге келген қасиетті жерде қаһармандық ерлік жасады.

Бүгінде Совет Қарулы Күштеріне — 71 жыл. Осы мереке — шынайы бүкілхалықтық мереке. Бізде Отанымыздың қорғаушысын тәрбиелемеген семья жоқ.

Жылдар, ондаған жылдар өтуде. Отан қорғаушылардың бірінің орнына басқа жастар келуде. Қару-жарақ пен жауынгерлік техника өзгеруде. Дегенмен совет жауынгерлеріне лениндік өсиет ұрпақтан-ұрпаққа берілуде.

И. С. Конев атындағы Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищесінде интернационалист-жауынгер, Совет Одағының Батыры, аға лейтенант, қазақстандық Андрей Шахворостовқа ескерткіш ашылуына байланысты митингіні еске түсіремін. Сонда соғыс ардагерлерінің бірі бүгінгі жауынгерлерге арнап былай деді:

— Сіздерге қарап, әрқайсыңыздан өзімнің жауынгерлік достарымның бейнесін аңғарамын. Сіздердің Совет Қарулы Күштерінің жауынгерлік дәстүрлерін лайықты жалғастырып келе жатқандарыңызға өтемөте бақыттымын.

Осы дәстүрлер — жауынгерлік ерлік пен даңқтың тоттанбас қаруы. Оларда өткеннің тағылымдары, бүгінгі тәжірибе және келешектің даңқты істері бар. Бертінде Қызыл Тулы Орта Азия әскери округінің мотоатқыштар бөлімінде болдым. Қарулы Күштердің тоғыз таңдаулы әскери коллективі ішінде оған ВЛКСМ-ның 70 жылдығы атындағы құрметті атақ берілді. Комсомол активисі капитан И. Кривошапко былай деді:

— Біздің бәріміз атақты бөлімдегі қызметімізді өте-мөте мақтаныш етеміз. Күн сайын жауынгерлік дәстүрлерді молайта түсетіндей әлденені жасауға ұмтыламыз.

Мен жауынгер-мотоатқыштарды іс үстінде талай рет көрдім. Міне, нысана көздеуші-операторлар, 1-класты мамандар, қатардағы жауынгер Б. Айнабеков пен сержант Қ. Қарсыбеков жаяу әскерлердің жауынгерлік машинасында өз орындарына жайғасты. Олар оқ-дәріні үнемдей отырып, алғаш атқаннан-ақ нысаналардың бәріне дөп тигізді.

Округ жауынгерлері өздерінің конституциялық парызын лениндік өсиеті бойынша орындауда. Олар жауынгерлік дәстүрлерді лайықты жалғастырып келеді. Олар КПСС-тің Бүкілодақтық XIX конференциясының бүкіл қорғаныстық құрылыс бұдан былай техника, әскери ғылым жөнінен де, қарулы күштердің құрамы жөнінен де негізінен саналық параметрлерге бағдарлануға тиіс деген нұсқауын қимыл-әрекеттің жауынгерлік программасы ретінде қабылдады. Біздің еліміз жанталаса қаруланууды тоқтату жолында дәйекті күресін, ақылға қонымды деңгейдегі жеткіліктілік принципіне ауысуды практикалық тұрғыдан жүзеге асыруда. СССР-дің жаңа инициативасы бейбітшілік туралы қамқорлықтың кезекті көрінісіне, осы заманғы саяси ойлау көрінісіне айналды: оған сәйкес Қарулы Күштерді біржақты қысқарту туралы

23 февраль — Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флоты күніне.

Digitized by Google



ТАЛДЫҚОРҒАН ОБЛЫСЫ. Ұлы Отан соғысының атақты партизаны, Совет Одағының Батыры Н. И. Кузнецовтың есімі Жоңғар Алатауы шыңдарының біріне берілді. Батырдың есімімен аталатын Текелінің әскери-патриоттық ДОСААФ мектебі курсанттарының бір тобы бертінде аспанмен астасқан осы шыңға көтерілді. Олар шыңда Н. И. Кузнецовтың барельефін орнатты.

Мектеп өзі өмір сүрген жиырма жыл ішінде кеншілер қаласының жас ұрпақтарына интернационалдық тәрбие берудің, дене шынықтырудың, оларды әскери қызметке даярлаудың орталығына айналды.

СУРЕТТЕ: әскери-патриоттық мектептің негізін қалаушы әрі ұдайы жетекшісі, Текелі қорғасын-мырыш комбинатының инженер-конструкторы, запастағы капитан Вячеслав Алексеевич Бацких курсанттар ортасында.

Суретті түсірген М. ҚАБЫЛОВ (ҚазТАГ).

шешім қабылданды. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. С. Горбачев өткен жылы декабрьде Біріккен Ұлттар Ұйымында сөйлеген сөзінде былай деп атап көрсетті: «Осынау принципті маңызы бар шешімдерді қабылдай отырып, совет басшылығы өзінің бүкіл социалистік қоғамын терең жаңартумен айналысып жатқан халықтың ерік-жігерін білдіреді.

Біз СССР мен оның одақтастарының қауіпсіздігіне қол сұғу ниеті ешкімде тумауы үшін еліміздің қорғаныстық қабілетін ақылға сыйымды, әрі сенімділікті қамтамасыз етуге жеткілікті дәрежеде ұстаймыз».

Осы талаптар бүгінде совет жауынгерлерінің басты міндетін анықтайды — елдің қауіпсіздігіне сенімді кепілдік болуға тиіс. Әрине, Қарулы Күштерді қысқарту психологиялық тұрғыдан оңай кезең емес. КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросы мүшелігіне кандидат, СССР Қорғаныс министрі Д. Т. Язов Германиядағы әскерлер тобының партия конференциясында сөйлеген сөзінде мұндай жағдайда жауынгерлік көңіл-күйдің төмендеуіне жол бермеу, жоғары ұйымшылдық пен тәртіпті қамтамасыз ету үшін барлық міндетті сондай табандылықпен және жауапкершілікпен шешу қажет, деді.

Бүгінде Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флотында әскери тәртіпті нығайтуға айрықша көп көңіл бөлінуде. КПСС Орталық Комитетінің осы мәселелер жөнінен қабылданған қаулысында, сондай-ақ өткен жылдың соңында болған партия Орталық Комитеті Саяси Бюросының мәжілісінде келеңсіз құбылыстардың бәрін түп-тамырымен жою, әскерлерге басшылықтың стилін жетілдіру, тәрбие жұмысының барлық формалары мен тиімділігін арттыру, ол жұмыстың адамдарға қарай түбегейлі бетбұрыс жасауын қамтамасыз ету талабы айтылды.

Бұл күндері Орта Азия әскери округының жауынгерлері жаңа оқу жылының міндеттерін жауапкершілікпен шеше отырып, сондай зор табандылықпен еңбек етуде. Бертінде өткен округтық VIII партия конференциясында командирлердің, саяси қызметкерлердің, бөлімшелер мен бөлімдер партия ұйымдарының жұмысы сараланды. Жауынгерлік жаттығу ырғағы тиянақты болып, әр сабақта жаттығуда жоғары нәтижелерге жету үшін сұрау артқанын делегаттар атап көрсетті. Тренажерлер, жаттығу кинофильмдері, телеорталықтар зор интенсивтілікпен пайдаланыла бастады. Әскери коллективтерде моральдық ахуал сауықты. Жариялылықты кеңейту, әскери өмірдің барлық жағын демократияландыру мәселелері барған сайын дамып келеді. Офицерлер жиналыстары, запасқа шығатын жауынгерлер советтері белсенді жұмыс жасайды. Демек, запасқа шығатын жауынгерлер советіне аға сержант А. Эргашев енетін бөлімде солдаттардың өздері запасқа шығу кезеңін шешеді, кімнің қалай қызмет еткеніне мінездеме береді, жас солдаттарды жауынгерлік тәлімгерлікке алуды ұйымдастырады.

Округ жауынгерлері ұйымшыл туысқандық семьяда барлық міндеттерді шешуде. Бүгінгі бөлімдер мен бөлімшелер — бұл көп ұлтты әскери коллективтер. Капитан М. Зырянов басшылық жасайтын танк бөлімшесін алайықшы. Онда ондаған ұлттың өкілдері қызмет етеді. Қазақ, қатардағы жауынгер М. Оразбаев, өзбек, кіші сержант Н. Саттаров, азербайжан Ш. Шаринов, М. Ибрагимов, неміс, аға сержант А. Шпирер әскери

Digitized by Google

парыздарын үлгілі орындауда. Өзара қолғабыс, әрдайым көмекке келуге әзір тұрушылық, міне, бұл жауынгерлерге тән көрініс. Демек, жаттығу барысында қатардағы жауынгер М. Оразбаев жүргізетін танк тоқтап қалды.

– Не болды? — деп сұрады кіші сержант Н. Саттаров машинасын тоқтата қойып. Екі танкист ақауды жедел жойды.

Осы мысал — күнделікті үйреншікті көрініс. Дегенмен ол коллективтегі ахуал туралы иланымды әңгімелейді. Бөлімшеде лениндік оқулар, СССР халықтарының достығы туралы сабақтар өткізіледі. Командирлер, саяси қызметкерлер жауынгерлерді ұлтаралық қатынас мәдениетіне баулиды. Мәселен, бір кезде бөлімшеде жерлестік нышанына қарай шағын топтар пайда болды. Кейбір жауынгерлер қызметтес жолдастарынан оқшаулана берді. Капитан М. Зырянов мұны байқады. Оның инициативасымен «Рота — менің жауынгерлік семьям» тақырыптық кешін, «Кәне, танысайық», СССР халықтарының мәдениеті мен ғұрыптары туралы әңгімелер өткізді. Осы бөлімде ұлттық тілдегі газеттер келетінін, шағын кітапхана топталғанын ескертейін.

Туысқан Армения жеріндегі апат күндерінде біздің жауынгерлеріміздің советтік патриотизмі мен интернационализмі айрықша күшпен көрінді. Бөлімдердің бәрінде сенбіліктер өткізілді, тапқан қаржы жер сілкінуден зардап шегушілерге көмек қорына аударылды. Округтің екі мыңнан астам жауынгері өз қандарын тапсырды, Армения тұрғындары үшін мыңнан астам жылы киім, он тонна азықтүлік берді.

Округтің әскери советі Алматы мен Есік әскери санаторийлерінде балалар қабылдау үшін 100 орын, сондай-ақ округтық «Орленок» пионер лагерінде 100 орын бөлу туралы шешім қабылдады. Округтің әскери құрылысшылары Арменияда көп қабатты төрт үй салады.

Орта азиялық жауынгерлер жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруге белсенді түрде қатысуда. Мәселен, округ офицерлері республиканың көптеген мектептеріне бекітілген. Олар батылдық сабақтарын өткізеді, жауынгерлер өмірімен таныстырады, балалардың армиядағы қызметке даярлануына жәрдем береді.

Бүгінде осы мәселелер бірінші кезекті маңызды сипат ұстайды, партия, бүкіл қоғам оған жіті көңіл бөлуде. Өткен жылдың соңында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Г. В. Колбиннің, Қырғызстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары А. М. Масалиевтің және Тәжікстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары К. М. Махкамовтың қатысуымен округтің Әскери советінің кеңейтілген мәжілісі болды, онда әскери-патриоттық тәрбиенің жайы, жастарды армиядағы қызметке даярлау жөніндегі міндеттер жан-жақты қаралды.

Қазіргі уақытта жастардың Қарулы Күштер қатарында қызмет етуге даярлық дәрежесі қыруар өскені аталды. Алайда әскер қатарына шақыруылушылар арасында орта білімі жоқ, еш жерде жұмыс істемейтін жастар аз емес. Бірқатар жерлерде мектептер бастауыш әскери даярлықтың жаттығу базаларынсыз салынуда. Мәселен, Қазақстанда өткен жылы салынған және қайта құрылған 208 орта оқу орнынан 122 оқу орнында ғана тирлер, арнаулы тренажерлер, т. б. бар. Ал осы мәселелердің бәрін жергілікті жерде ойдағыдай шешуге болады ғой. Көкшетау облысындағы Уәлиханов ауданының үлгісі осы жайлы сипаттайды. Ол шалғай аудан болғанына қарамастан мұнда 12 орта мектептің бәрінде атыс тирі, қарауыл қалашығына, тосқауылдар полосасына, басқа қажетті объектілерге қоса құрылыстар комплексі бар.

Бірақ істің жайы барлық жерде бірдей осындай емес. Жастар арасында әскери қызметтің беделі баяу көтерілуде. Әскерге шақырылушылардың бір бөлігі орыс тілін нашар меңгерген, көпшілігі елдің, республиканың, Қарулы Күштердің қаһармандық тарихын онша біле бермейді.

Әлбетте, партия, совет органдарымен, кәсіподақ және комсомол ұйымдарымен бірлескен жұмыс арқылы осы күрделі проблемаларды шешуімізге тура келеді. Мұнда еңбек коллективтері мен әскери бөлімдердің байланысын нығайта түсуге айрықша көңіл бөлу керек. Демек осындай байланыстар жауынгерлердің әскери қызметтің бастапқы күндеріндегі қиындықтарды жедел жеңуіне көмектеседі, сайып келгенде оларды өз кәсіпорындарымен, колхоздарымен және совхоздарымен тығыз байланыстырады. Партия комитетін капитан С. Ставинский басқаратын Кутузов орденді Выборг мотоатқыштар полкі мен Талдықорған облысындағы екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Н. Головацкий председательдік ететін «40 лет Октября» колхозы достық одақтың жақсы үлгісін көрсетуде. Әскери коллектив те, еңбек коллективі де бірбірінің жетістіктері туралы жақсы біледі, мезгіл-мезгіл хат алысып тұрады. Мына жағдай тартымды: колхозда әр жауынгерге жеке есеп беті ашылған және әскери қызметке дейін ол жұмыс істеген коллектив мүшелері осы уақытта ол үшін еңбек етеді. Жігіттер армиядан оралғаннан кейін сүбелі материалдық көмек алады. Демек, мұнда жерлестерінен әскери қызмет үшін қатаң сұрайды. «40 лет Октября»

Digitized by Google

колхозынан шақырылған жауынгерлердің өз парыздарын абыроймен орындайтынын айту керек. Қарағанды гарнизоны жауынгерлері мен Қазақстан Магниткасының еңбек коллективін осындай тығыз қатынас байланыстырады.

Округтің әскер бөлімдерінде жауынгерлерді армиядағы қызметтен кейін де жоғары үйымшылдық пен тәртіптіліктің жоғары үлгісі болып, қоғамдық өмірге белсене қатысатындай, жастарға әскери-патриоттық тәрбие беріп, оларды армиядағы қызметке даярлайтындай етіп тәрбие беруге ұмтылады. Мұнда Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің роліне баға жетпейді. Бізге әскери патриоттық клубтар үлкен көмек береді. Олардың бірі — «Океан» клубын бұрынғы жауынгер Владимир Исаев Қостанай облысының Рудный қаласында құрды. Мұнда 700-ден астам ұл мен қыз тәрбиеленеді. Клубтағы сабақ балалардың есеюіне, өзінің ар-намысын сезінуіне, әскери іс дағдысын алуына, шымыр болып өсуіне көмектеседі. Клубтың жиырма түлегі жоғары әскери оқу орнына түсті. 150 жігіт парашютпен секірудің даярлық курсынан өтті, балалардың үлкен бөлігі әскери әуе-десант бөлімдері мен Әскери-Теңіз Флотында қызметін табысты атқаруда. Клуб мүшелерінің көпшілігі, өткендегі «қиын» балалар бүгінде ерікті халық жасақтарында, комсомолдық оперативті отрядтарда белсенді жұмыс жасайды.

Алматының № 4 орта мектебі жанындағы жас десантшылар клубының, Қызылордадағы интернационалист-жауынгерлердің «Рафик» клубының есебінде де игі істер аз емес. Комсомол ұйымдарының Ауғанстан мектебінен өткен жігіттердің зор потенциалын барынша қамқорлықпен пайдаланып, олардың, әсіресе жараланғандардың күрделі проблемаларды шешуіне көмектесуі, қаза тапқандар семьясына қамқорлық жасауы керек деп ойлаймыз.

Отанымыздың сенімді қорғаушыларын тәрбиелеу — бұл маңызды партиялық, әскери парыз. Біз де оны абыроймен орындауға ұмтыла береміз.

Полковник В. ЧИКАЛИН,
Қызыл Тулы Орта Азия әскери округінің «Боевое знамя» газетінің жауапты редакторы.

ЖҰМЫССЫЗ БАҚЫЛАУЫ

Республиканың еңбек коллективтері сауда, қоғамдық тамақтандыру ұйымдарын және қызмет көрсету салаларын жұмыссыз бақылауына алуда.

Көптеген адамдар магазиндерде, асханаларда, тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерінде ілінген жұмыссыз бақылауының шұғыл телефон номерлері жазылған тақтайшаларды, әлбетте, байқаған болар. Кәсіподақтар осы жұмысты басқаруда. Сауда және қызмет көрсету саласының қызметіне тиянақты, күнделікті және шынайы жаппай жұмыссыз бақылауын жасауды жандандыру — осындай міндеттер КПСС Орталық Комитеті мақұлдаған ВЦСПС-тің «Сауда, қоғамдық тамақтандыру және тұрмыстық қызмет көрсету салалары кәсіпорындары мен ұйымдарының жұмысына кәсіподақтардың бақылау жасау жұмысын күшейту жөніндегі кезек күттірмес шаралар туралы» қаулысында анықталған еді, ол «Труд» газетінің 1988 28 сентябрьдегі санында жарияланған. Онда көптеген кәсіпорындар мен ұйымдардың кәсіподақ комитеттерінің өндірісте ыстық асты ұйымдастыруды жақсарту, еңбекшілердің жұмыс істейтін орындарында сауда және тұрмыстық қызмет көрсету орындарын кеңейту туралы шынайы қамқорлық жасамайтындығына, кемшіліктерді жою туралы орынды ескертпелер мен талаптарға құлақ аспайтындығына назар аударылды.

Қалыптасқан жағдай, деп атап көрсетіледі қаулыда, тиісті реттілікті орнату, еңбекшілердің қалың бұқарасын осы жұмысқа тарту жөнінен үзілді-кесілді шаралар қабылдауды талап етеді.

В. И. Ленин товарлар мен өнімдерді өндіру мен бөлуге бақылау жасау миллиондаған және миллиондаған жұмысшы мен шаруа жігерлі түрде, революциялық энтузиазммен қолдаушы бұқаралық, бүкілхалықтық, ерікті іс болуға тиіс деп бірнеше мәрте атап көрсетіп, осы мәселені нақ осылай қойды.

Қаулы қабылданғаннан кейін көп нәрсені жасаудың сәті түсті. Қазақ республикалық кәсіподақтар советінде және облыстық кәсіподақтар советтерінде жұмыс топтары мен баспасөз орталықтары құрылды, олар жұмыссыз бақылаушыларының қимыл-әрекетін бағыттап, оларға жетекшілік етеді, жұмыс нәтижелері туралы бұқаралық информация құралдары арқылы хабарлайды.

Соңғы уақытта осы салалардың өздерінде де тиісті реттілікті орнықтыруда түбегейлі шаралардың қабылданғанын айту керек. Ішінара алғанда, сауданы жетілдірудің комплексті программасы қабылданды, сауда сөресі мен қызмет көрсету қызметкерлерінің социалистік жарыс шарты қайта қаралды. Еңбек тәртібі

Digitized by Google

нығайтылуда, кадрлар корпусы сауықтырылуда.

Қостанай облысының кәсіподақ органдары көп нәрсе тындырды. 800 кәсіподақ комитетінен бес мыңнан астам жұмысшы бақылаушысы 1400-ден астам сауда, қоғамдық тамақтандыру және тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарын, барлық базаларды, қоймаларды, сауда орындары мен ет комбинаттарын қатаң бақылауға алды. Осы уақыт ішінде тек Қарасу ауданында ғана облыстық тұтыну қоғамдары одағының тексерілген кәсіпорындарының 37 процентінде совет саудасы ережесі мен принциптері өрескел бұзылғандығы анықталды. Қосалқы бөлмелерде үнді шайын, түкті сүлгілерді, ерлердің және әйелдердің пальтоларын, тондарды, шетелдік аяққиімдерді жасырып қалған.

Қарағанды облысы кәсіпорындары кәсіподақ комитеттерінің көпшілігі реттілікті орнату жөніндегі жұмысқа инициативалы түрде кірісті. Өткен жылдың октябрь-ноябрінде газет редакциялары мен кәсіподақтардың жұмысшы бақылаушылары бірлесіп 100-ден астам азықтүлік магазиндерін тексерді. Мұның барысында қойма үйлерінен ет, тапшы конфеттер, мармелад, шұжық, арақ пен шарап салынған жәшіктер шықты. Жұмысшы бақылаушылары араласқаннан кейін барып,осы товарлар магазин сөрелеріне қойылды.

Алайда жұмысшы бақылаушылары тек кемшіліктерді ғана анықтаумен шектеледі деп есептеу дұрыс болмас. Бұл атқарылып жатқан істің тек жартысы ғана. Сауда ережесін бұзушылықты жою ғана емес, сонымен бірге олардың пайда болу себептерін анықтау да, керек жерінде сауда, қоғамдық тамақтандыру қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсартуға көмектесу де маңызды. Мәселен, бір кезде «Джезказганцветмет» бірлестігі Шығыс руднигі асханасының жұмысына шағымдар жиі түсетін. Жұмысшы бақылаушыларының талабымен аспазшылардың жақсы жағдайда еңбек етуі үшін мұнда көп нәрсе жасалды. Асхананы шаруашылық әдісімен кеңейтті, оны барынша тартымды етіп безендірді. Жабдықтарды жаңартты, соның арқасында тамақты сақтау және әзірлеу технологиясы қатаң сақталады.

Алматы, Талдықорған, Гурьев, Солтүстік Қазақстан, Орал, Ақтөбе облыстары жұмысшы бақылаушыларының белсенділігі, ықпалы өсуде. Жергілікті партия



Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Алматы мақта-мата комбинаты шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыру жағдайында екінші жыл жұмыс істейді. Бұрын еленбеген нәрселер бүгінде сын тұрғысынан талданды. Ішінара алғанда қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру елеулі реніш туғызады.

Адамдарды тамақтардың түр-түрі мен сапасы қанағаттандырмайды, көбіне түнгі сменада суып қалған тамақ беріледі. Елеулі кемшіліктерге соқтырған себептер де анықталды. Бұл — асханаларда кадрлардың тұрақтамаушылығы, еңбектің шағын механикаландыру құралдарының жоқтығы, жабдықтарды алмастыру қажеттігі, жалақының реттелмеуі. Комбинаттың жұмысшы бақылауы осы және басқа мәселелерді әкімшілік пен кәсіподақ комитетінің алдына қойды, демек олар бойынша жедел шаралар қабылданды.

Суретте: солдан оңға қарай (түрегеп тұрғандар) «Текстильщик» қоғамдық тамақтандыру комбинатының инженер-технологы Р. Сарина, Алматы қалалық халықтық бақылау комитетінің қоғамдық тамақтандыру жөніндегі штаттан тыс инспекторы В. Уланов және кәсіпорынның жұмысшы бақылауы өкілдері — мемлекеттік қабылдау тобының мүшесі Л. Киселева мен химиялық лаборатория лаборанты В. Серикова фабрика асханасында жұмысшылармен әңгімелесуде. Суретті түсірген В. КОРЧИН (ҚазТАГ).

Digitized by Google

және совет органдарының көмегімен көптеген ұйымдық мәселелерді жедел шешудің сәті түсті. Демек, бір аптадан кейін-ақ Алматының әрбір ауданында пәрменді бақылауды ұйымдастыру туралы халық депутаттары Советі мен облыстық кәсіподақтар советінің бірлескен шешімі қабылданды.

Жариялылық жұмысшы бақылауына барлық нәрседе көмекші болуға, бірақ ол ешуақытта да аясы тар ведомстволық бақылаудың тағы бір түріне айналмауға тиіс. Мұнда баспасөздің, радионың, телевизияның көмегін де жете бағалау мүмкін емес.

Мәселен, облыстық кәсіподақтар советінің баспасөз орталығының телефон номері облыстық «Приуралье» газетінде жарияланып, магазиндерде, асханаларда, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарында ілінген. Қала тұрғындары сауда мен тұрмыстық кәсіпорындарды жеке бақылауға мүмкіндік алды. Телефондар үнсіз емес. Жүзден астам дабыл түсті. Мәселен, В. М. Рябовтың № 4 орта кәсіптік-техникалық училище асханасының қызметкерлері азық-түлікті бөліп алып, өздерінің таныстарына береді деген хабары бойынша жұмысшы бақылаушылары тексеру жүргізді. Тек бір түскі астың өзінде ғана оқушыларға 30 сом 99 тиынның тамағы берілмей қалғаны анықталды. Айыптылар осы соманы кассаға төледі. Аспаздар Р. Родионова, Н. Жасанова, Г. Дрянцева бір айлық сыйлықтан толығынан айырылды.

Ал Семейде бәрі бірдей жұмысшы бақылаушыларына көмек ретінде жариялылықтың мүмкіндіктерін лайықты бағалай білмеді. Мәселен, ет-консерві комбинатының көп тиражды газеті толық мәнінде пайдаланылмайды. Ал мұнда проблемалар жетерлік емес пе. Демек комбинат жанында «Жанар» магазині бар, оған негізгі келушілер — осы кәсіпорынның жұмысшылары. Осындағы жұмысшы бақылауы шынында қалай жүзеге асырылуда? Әзірше ондай ештеңе жоқ. Егер комбинат жұмысшыларының көпшілігі олардың сатып алушылық правосы қорғауға алынғанын білмесе, олар қайда және кімге барып жүгінеді? Кәсіподақ комитетінің телефон номерін, бақылаушының фамилиясын кім айтады? Осы деректер жазылған тақтайшалар бар, алайда ол кәсіподақ комитетінде жатыр. Оны магизинге ілетін адам жоқ. Тағы бір мәселе де маңызды. Жұмысшы бақылаушылары саудаға көмектесуге тиіс.

Әрине, бақылау жасау — оңай іс емес. Ол жұмысшы бақылаушыларынан, топтар мен комиссия мүшелерінен совет саудасының ережесін білуді, фактілер мен көріністерді терең талдауды талап етеді, сондай-ақ жоғары принциптілік, ағаттықтарға ымырасыздық, оларды түзетудің жолдарын іздеуге ұмтылушылық қажет. Сондықтан кәсіподақ органдары жұмысшы бақылаушыларының, кәсіподақ активінің оқуы мәселесіне көбірек көңіл бөлуге тиіс. Мұнда Қазақ ССР-інің Сауда министрлігінің Баға жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Мемлекеттік сауда инспекциясының мамандары көмектесуге тиіс.

Өкінішке қарай, жұмысшы бақылаушыларының жоспарлы оқуын барлық жерде бірдей ретке келтіру сәті түскен жоқ. Мәселен, Павлодар қаласы кәсіподақтар бақылаушыларының көпшілігі нұсқау кеңестен өтпейді, совет саудасының ережелерін нашар біледі, жұмысшы бақылауы комиссиялары мен топтарының пайдалы тәжірибелерімен таныс емес. Тек қана павлодарлық жұмысшы бақылауы топтары ғана оқуды қажетсініп отырмағанын айтқан орынды болар.

Жұмысшы бақылауы тобының тегеурінділігін күшейту үшін бақылаушыларды кәсіподақ жиналыстарында ашық, жария түрде сайлап, оларға міндеттер жүктеу керек. Бұл, әрине, олардың жауапкершілігінің тегеурінділігін арттырады. Және бақылаушылар тындырған істері туралы коллектив алдында есеп беруге тиіс.

Жұмысшы бақылауы топтарын ұйымдастыру барысындағы тағы бір маңызды мәселе — бұл жергілікті Советтермен, бақылау жасаушы басқа органдармен, қоғамдық ұйымдармен өзара келісілген қимыл жасау. Жұмысшы бақылауы топтарының халықтың бақылау органдарымен, Мемлекеттік сауда инспекциясымен, соғыс және еңбек ардагерлері советтерімен, социалистік меншікті талан-таражға салушылармен күрес жөніндегі органмен, жергілікті Советтермен іскер байланыс орнатуы керек. Бұл тексеруді ретке келтіруге, оларды әлдеқайда тиімді жүргізуге, нақты нәтижелерге жетуге көмектеседі.

Қатаң принципті түрде сұрау үшін жұмысшы бақылаушылары нақты правоны алуға тиіс. Қазір ВЦСПС-те жұмысшы бақылауы туралы жаңа ереже әзірленді, ол оның правосын қыруар ұлғайтуды қарастырады.

Р. ДҮЙСЕНБЕКОВА,
Қазақ республикалық кәсіподақтар советі тұрғын үй-тұрмыстық бөлімінің меңгерушісі.

Digitized by Google

ФЕРМАЛАРДАҒЫ ҚЫСҚЫ НАУҚАН

Аялы қамқорлық

«Трофимов» совхозы Качиры ауданының шалғай жерінде орналасқан. Трофимовка, Тегістік, Покровка, Жаңақұрылыс селоларында негізінен малшылар семьясы тұрады. Адамдар шалғайда тұрғанына қарамастан өмір жаңалықтарынан қол үзбейді. Селоларда еңбек етіп, демалу үшін жақсы жағдайлар жасалған. Тегістікте бертінде жаңа мәдениет орталығы ашылды, онда клуб, кітапхана, медициналық пункт орналасқан және өздерінің неке залы бар. Покровкада да осындай орталық салынады. Барлық бөлімшелерде малшылар үйлері жұмыс істейді.

Бесжылдық жылдары ішінде совхозда 80-ге жуық дерлік семья тұрғын үй жағдайын жақсартты, ал кезекте небары тоғыз-ақ адам қалды. Қыстаманы табысты өткізу үшін көп нәрсе жасалды. Мұнда соңғы екі жылда он бір база мен қойларға арналған бес қора қайта құрылды және салынды, үйдегі фермалар барған сайын танымал бола түсуде. Адамдарда арендада 550 қой мен 450 бұзау бар. Малды күтіп бағатын үй шаруашылығындағы әйелдер арендаторларға айналды, оларға еңбек кітапшалары ашылған. Селолық меншікті аулалардың белсенді көмегінің арқасында совхоз өткен жылды табысты аяқтады, еттің және жүннің өзіндік құны тоғыз процентке кеміді, жүннің сапасы артты, қысқа қабылданған социалистік міндеттеме табысты орындалуда.

— Бізде малшылар кадрына байланысты проблема жоқ,— дейді совхоз директоры К. Р. Серкебаев. — Мектеп түлектері совхозда ықыласпен қалуда. олар шопан және сауыншы болып жұмыс істеуге келуде.

Н. МАРИЕВКИЙ,
Павлодар облыстық «Звезда Прииртышья» газетінің қызметкері.

Сауыншы үлгісімен

Талдықорған облысының «Победа» совхозынан сиырды машинамен сауу операторы Қантжамал Бодаубаева Октябрь мерекесіне дейін-ақ өзіне бекітілген әрбір сиырдан үш мың килограмнан сүт сауды. Демек озат сауыншы жоғары нәтижелерге жетуге өзі ғана ұмтылмайды, ол жастар тәлімгері болып табылады.

Қ. Бодаубаеваның партия ұйымынан алған тапсырмасы — ферманың санитарлық жағдайына бақылау жасау. Ол сауын мал тобының ұсталу технологиясын қатаң қадағалайды, қырсыздық фактілері жанынан өте шықпайды, барлық істе жеке үлгі көрсетеді.

Өткен жылы Андреев ауданында «үш мыңыншы» сауыншылар отряды 30 адамнан жүз адамға дейін көбейді. Қазір товарлы сүт фермасының жүзден астам қызметкері осы межеге жетуді ұйғарды.

Б. ЖАСТАРМИН.



ОРАЛ ОБЛЫСЫ. Приурал ауданының Киров атындағы колхозында бұдан бір жыл бұрын құрылған құс фермасы ет өнімдерінің едәуір үстемесін беруде. Бес мыңнан астам қаз қаншама балапан басып шығарды, сөйтіп оларды 18 мыңға жеткізуге көмектесті. Ферма құс өсірушілер үшін жақсы тұрмыстық жағдай жасалған. Мұнда қыстама табысты өтуде.

СУРЕТТЕ: ферма меңгерушісі А. А. Моисеев құс өсіруші комсомолецтер Е. Башуровамен, Г. Байболовамен және Г. Безрученкомен бірге тұр.

Digitized by Google

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫ

В. И. Ленин атындағы Советтік балалар қорының Қазақ бөлімшесінің қызметі туралы білгіміз кéледі.

Т. МЕДВЕДЕВА,
әскери қызметші.

В. И. Ленин атындағы Советтік балалар қоры Қазақ республикалық бөлімшесінің аға референті Эльвира Александровна ВАТЛИНА сұраққа жауап береді.

В. И. Ленин атындағы Советтік балалар қоры — бұл балалардың ересек қамқоршыларының бұқаралық ұйымы. Ол сонау 1924 жылы Советтердің Бүкілодақтық съезінде құрылды, сосын 1938 жылы жабылды. Дегенмен 1987 жылы ол өз жұмысын қайта бастады.

Қорды қайта жандандыру совет жұртшылығының аналар мен балалар мүддесі үшін халықтың рухани күшін, материалдық игілікті біріктіру, жетім, мүгедек, қасіретке дұшар болған балалар тағдырына нақты қатысу ниетінен туындаған.

Жұртшылықтың кеңінен қатысуы, партия мен үкіметтің қолдау жасауы арқылы халық қалауымен құрылған В. И. Ленин атындағы балалар қоры бүгінде, өкінішке қарай, соншалықты балалар проблемасын емес, тұтасынан бірқатар басқа мәселелерді көтерудé. Мұның ең алдымен ана мен баланың денсаулығын қорғау мәселесіне қатысы бар. Елімізде де, республикада да бұл тым жайсыз учаскелердің бірі. Балалардың жұқпалы аурулар ауруханалары мен емханалары жетіспейді, ал барларының жүктелімі тым көп. Қазақстанның бірқатар облыстарында әйелдер босанатын бөлімшелер ыстық сумен қамтамасыз етілмеген, балаларға арналған денсаулықты түзеу орталықтары жоқ. Балалар өлімі айрықша дабыл тудырады, ал республикада ол әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Балалар тамағымен қамтамасыз ету жолға қойылмаған, қант диабетімен сырқаттанушы балаларды емдеуге байланысты проблемалар аз емес.

Мәселелердің осы комплексіндегі біздің позициямыз анық: балалар қоры бөбектердің өмірі мен денсаулығы жолындағы күрестен сырт қала алмайды. Советтік балалар қорының инициативасымен және оның қаржысына Эстония мен Литвадан келген медициналық десант республиканың Қостанай, Гурьев, Ақтөбе, Шымкент және Қызылорда облыстарында бөбектерге комплексті тексеру жүргізді. Туысқан республикалардан келген дәрігерлер көбіне дәлме-дәл диагноз қойып, ем тағайындады. Енді Алматы медицина институты студенттерінен жасақталған тегін еңбек отрядтары жыл сайын жазда, аса ауыр жағдай қалыптасқан облыстар мен аудандарда жұмыс істейтін болады. Қор емдеуді ұйымдастыруға қажетті қаржы бөсатады.

Оның үстіне біз балалар тамағының өзіндік индустриясын ұйымдастыру жөніндегі программаны да әзірлеудеміз. Демек қаншалықты өкінішті болғанымен, біздің оңтүстіктік республикамызда бөбектерге арналған жеміс сығындысы мен шырыны жетіспейді, немесе сапасы өте төмен өнім өндіріледі. Тиісті профильдегі кәсіпорындарда балалар тамағын өндіруге арналған жаңа жабдықтарды орнатуды айрықша бақылауға алдық, сөйтіп біздің қорымыз Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, осы мәселені шешуге ықпал жасайтын болады.


Мүгедек балаларға жәрдем беру, олардың емделуі және қоғамдық өмірге қатысуы үшін тиісті жағдай жасау қордың кезек күттірмес міндеттерінің бірі болып табылады. Әрине, мемлекет, жетім балалар үшін қаншама нәрсе жасауда, дегенмен біз күш-жігерімізді жұмсайтын жерлер баршылық. Мәселен, балалар қоры қаржысына интернаттарға 20 автобус, микроавтобус және жүк машинасы алынды, республиканың Денсаулық сақтау министрлігі балалар үйіндегі топтарды жасақтауға 15 мың сом аударды.

Қордың маңызды инициативаларының бірі — семьялық балалар үйін құру. Өткен жылы августе СССР Министрлер Советінің қаулысы қабылданды, онда Советтік балалар қорының осы үйлерде жетім балаларды тәрбиелеудің принципті түргыдан жаңа формасын ұйымдастыру туралы ұсынысы мақұлданды. Олар қандай болады? 5—10 жетім баланы тәрбиелеуге алатын семья үшін көп бөлмелі бір пәтерлі үйлерден балалар қалашығы салынады, немесе көптеген жеке пәтерлері бар үйлер тобы бөлінеді. Жаңа ата-аналар, демек өз балалары да бар ата-аналар, балалармен бірге тұратын болады. Балалар кәдуілгі бақшаға немесе

Digitized by Google

СЕМЕЙ. № 8 балалар үйіне елу жыл толды. Мұнда балалардың оқуы мен демалуы үшін барлық жағдай жасалынған. В. И. Ленин атындағы балалар қорының облыстық бөлімшесі бұл үшін көп нәрсе жасауда.

Балалардың тәрбиешілері үнемі олардың жанында болады. Надежда мен Лариса — апалы-сіңілілер. Ата-аналарынан ерте айырылған олар кейін осында тұрып, тәрбиеленді. Надежда Вальнер Н. К. Крупская атындағы Семей медицина институтын бітірді. Лариса Костина осы жоғары оқу орнында сырттай оқиды. Жұмыс істеу үшін қайда бару керек деген мәселе туындағанда апалы-сіңілілер көп ойланбастан өздерінің туған үйлеріне келді. Олар кішкентай балалар мен қыздардың әпкелері болып алды.



мектепке барады. Тамақ, киім алуға және басқа қажеттерге қаржы бөліп, мемлекет балаларды тәрбиелеу шығынын өтейді. Мұнда жалпы бәрі кәдуілгі семьядағыдай. мамасы үйдегі қам-қарекеті үшін жалақы алады, бұл оның еңбек стажына есептеледі. Папасы өз мамандығы бойынша жұмыс жасай береді. дегенмен қайсыбір семьядағыдай, ол балалар тәрбиесіне араласуға міндетті.

Республика үкіметінің шешіміне сәйкес 1990 жылға дейін Қазақстанның Өскемен және Шымкент қалаларында осындай екі балалар қалашығы салынады. Ақтөбеде мұндай екі үйдің және осы қалаға іргелес селолық аудандарда үш үйдің жобасы жасалуда. Мұның өзі семьялық үлгідегі балалар үйін жасаудың біршама көлемді программасын жүзеге асырудағы алғашқы қадам.

Сондай-ақ интернаттар мен балалар үйлерінің бұрынғы тәрбиеленушілері туралы қамқорлық жасау біздің ісімізге айналуда. Көбіне осы балалар дербес өмірге даярланбаған. Иә, бұл олардың кінәсі емес қой. Оларға көңіл бөлу, сөзбен қолдау жасау, іскер кеңес беру өте-мөте маңызды. Бүгінде балалар үйлері тәрбиеленушілерінің советтері осындай көмек береді. Олар балалар үйлерінің бұрынғы түлектерін, түрлі кәсіптердің өмірлік тәжірибесі мол адамдарын біріктірді. Осындай алғашқы совет балалар қорының Жамбыл бөлімшесі жанынан жұмыс істей бастады. Кәсіпорындардың, мәдениет мекемелерінің еңбек коллективтері де балалар үйлерінің тәрбиеленушілерін қамқорлыққа алуда. Мәселен, «Қазақфильм» студиясының қызметкерлері Алматының № 1 мектеп-интернатының түлектеріне қамқорлық жасайды. Режиссер ассисенті Лола Леонтьевна Ашрапова осы жұмысты басқарады.

Советтік балалар қорының Қазақ бөлімшесі семьяны нығайту, балалар тәрбиесінде оның ролін арттыру жөнінен үлкен жұмыс жүргізеді. Бұрынырақта семьялық тәрбие проблемаларымен айналысқан, балаларды тәрбиелеуде біршама тәжірибе жинақтаған министрліктер мен ведомстволардың, көп балалы семьялардың өкілдерін біріктірген өзіндік үйлестіру орталығы – республикалық «семьялық совет» алғашқы қадамдарын жасауда. Совет 1993 жылға дейін арналған «Семья» комплексті мақсатты программасын талдап жасауда, қазірдің өзінде бірнеше көп балалы және шағын семьялар тұрмысы тексерілді. Тым мұқтаждық көрушілерге қор қаржысынан материалдық жәрдем берілуде. Семьяның әлеуметтік-экономикалық, методикалық-демографиялық, психологиялық-тәрбиелік және праволық түйіндерін анықтау үшін таяудағы уақытта социологиялық зерттеулер жүргізу жоспарланды. Қордың Қазақ бөлімшесі бірқатар мәселелер жөнінен ұсыныстарды республика Министрлер Советіне әзірледі. «Семьялық совет» ең алдымен көп балалы семьяларды қолдан, ардақты аналардың беделін көтере беруден өз міндетін көреді.

Дарынды балаларды іздестіру қор қызметіндегі тағы бір маңызды бағыт болып табылады. Біздің жоспарларымызда республикада балалардың өнер академиясын құру қарастырылды. Осы істе творчестволық интеллигенция көмегіне үміт етеміз. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының қыз-

Digitized by Google

меткерлері үлгі көрсетуде, олар № 5 мектеп-интернатты қамқорлыққа алуда. Профессор Юрий Сергеевич Клюшкиннің басшылығымен үрмелі және соқпалы аспаптар кафедрасынан еріктілер өз қаржысына сатып алынған аспаптарды балаларға сыйға тартты. Профессор мен оның ерікті көмекшілері мектепте балалармен музыка сабағын өткізеді. Республика Сыртқы істер министрлігінің қызметкерлері 24 мың сомның видеомагнитофоны бар музыка аппаратурасының топтамасын астаналық № 1 мектеп-интернатқа сыйға берді. Солтүстік Қазақстан облысында Мамлют мектебі жанынан өнер мектебі құрылды, ол жайлы «Қазақстан үгітшісі»—«Агитатор Казахстана» журналында әңгімеленген еді.

Қамқорлық жасаушылар балалардың жемісті еңбек етуіне, ересектер істеріне тартылуына көмектеседі. Мәселен, Қарағанды облысы «Ишим» совхозының қызметкерлері Литвиновский балалар үйіне «Нива» комбайны мен трактор берді. Балаларға осы сый сондай қажет еді. Олардың өздері 1,5 гектар жерді өңдеп, демек өздері үшін де, сондай-ақ сату үшін де картоп өсіреді.

Біздің атқарар жұмысымыз көп. Әлбетте, барлық жоспарларымыз бен ойларымызды жүзеге асыру үшін қаншама қаржы керек. Ондай қаржы түсуде. Республиканың министрліктері, қоғамдық ұйымдары, жекелеген азаматтары қордың № 707 счетына үш миллион сомнан астам ақша аударды. Талдықорған облысының «40 лет Октября» колхозының председателі Н. Н. Головацкий, Алматы темір жол транспорты инженерлері институтының ректоры И. С. Карабасов, Целиноградтың «Целингипрозем» институтының бас маманы А. С. Ткачук, Шымкент облысы Келес аудандық ішкі істер бөлімінің учаскелік инспекторы, балалар үйі тәрбиеленушісінің ұлы Х. Оразбаев, Алматы архитектура-құрылыс институтының қызметкерлері, Алматының пластмассаны өңдеу жөніндегі «Қызыл Ту» өндірістік бірлестігінің коллективі, Шымкент педагогика институтының студенттері және басқа көптеген адамдар бізге үлкен қолдау жасауда.

Қорға түскен бүкіл қаржы пайдаланылуда. Арменияда қайғылы жағдай болғаннан кейін екінші күні В. И. Ленин атындағы балалар қорының Қазақ бөлімшесі № 700412 счетына 25 мыңнан астам сом аударды, қаншама жылы киім, ойыншық жиналып, Арменияға жіберілді. Біз барша адамға жәрдем беруге әзірміз. Сонда да балалар қорына көмек керек. Біздің есігіміз барлық адамдар үшін әрдайым ашық. Қордың республикалық бөлімшесі мына адрес бойынша орналасқан: Фурманов көшесі, 162. Сіздерді толғандыратын сұрақтарға мына телефондар бойынша жауап береміз: 62-45-10, 62-59-38.

Талапкерлер байқауы

ХАЛЫҚ ТВОРЧЕСТВОСЫНЫҢ БҮКІЛОДАҚТЫҚ III ФЕСТИВАЛІ ӨТУДЕ

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ. Ондаған талапкер коллектив, ансамбль, топ — барлығы 200-ден астам адам Күршімде өткен халық творчествосының аудандық фестиваліне қатысты. Қазақтың, орыстың, украинның және татардың халық әндері селода күні бойы шырқалды. Фольклордың қаптаған әуесқойлары талапкер артистердің шеберлігін лайықты бағалады. Көрермендер фестивальдің ең жас қатысушылары — Күршімнің № 1 мектебінің төменгі кластар оқушыларын жылы шыраймен қарсы алды. Сарбасовтар мен Мәліковтердің семьялық ансамблінің концерті адамдардың бәріне сондай ұнады.

ЖАМБЫЛ. «Қордай қыздары» ансамблі Қордай ауданы тұрғындары арасында аса танымал, оған аудандық Мәдениет үйінің директоры Любовь Павловна Кайдашова жетекшілік етеді. Талапкер артистер жақын маңдағы селоларға концерттермен жиі шығып тұрады.

«Қордай қыздары»— республикалық және облыстық байқаулардың бірнеше мәрте лауреаттары, оның көптеген қатысушыларының халық творчествосының Бүкілодақтық байқауының лауреаты белгілері бар. Ал әнші Қарлығаш Қожагазина 1987 жылы СССР халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде өткен Қазақстан күндеріне қатысты. Творчестволық коллектив конкурстар мен байқауларда бірнеше рет жүлделі орындарға ие болды.

Қыздар осы жолы да халық творчествосының облыстық байқауында лауреат атағына ие болды. Олар Жамбылдың суперфосфат заводы Мәдениет үйінің «Факел» үгіт бригадасымен бірінші орынды бөлісті.

Байқау халық творчествосының Бүкілодақтық III фестивалі ауқымында өтті.

Digitized by Google

ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК РЫНОККА ШЫҒУ

Өткен жылы сіздің журналдағы мақалалардың бірінде «Казахинторг» бірлестігінің жұмыс істей бастағаны туралы сөз болған еді. Оның жұмысы жайында толығырақ әңгімелеуге болмас па екен!

Н. ОМАРОВА,
инженер-конструктор.
Жезқазған қаласы.

Республикалық «Казахинторг» сыртқы сауда бірлестігінің бас директоры Сыздық Жұматайұлы ӘБІШЕВ оқырман сұрағына жауап береді.

Өткен жылы майда Қазақ ССР Министрлер Советінің жанынан құрылған біздің бірлестігіміздің міндеті — республиканың экспорттық потенциалын барынша толық пайдалануды қамтамасыз ету. Республиканың сауда-экономикалық және ғылыми байланыстары ауқымының қауырт өсуінен, осы істе кәсіпорындар мен өндірістік бірлестіктер ролінің артуынан «Казахинторг» дүниеге келді. Осы көп қырлы жұмысты үйлестіруге, әртүрлі өнімдерді сыртқы сауда айналымына тартуға көмектесетін арнаулы ұйым талап етілді.

Біздің бірлестігіміз экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асырады, бірлескен кәсіпорындарды құруға қатысады, шетелдік органдармен экономикалық ынтымақтасуға көмектеседі, компенсациялық келісімдер жасайды. Сондай-ақ лицензияларды сату мен сатып алу, сыртқы сауда байланысының прогрестік формаларын дамыту, сонымен бірге коммерциялық негізде ғылым, мәдениет, өнер және спорт салаларында өзара тиімді байланыстарды қамтамасыз ету міндеті бізге жүктелген.

Бірлестікте мамандандырылған төрт фирма жұмыс істейді. Мәселен, «Казахпроминторг» фирмасы халық тұтынатын товарлардың және өндірістік саладағы өнімдердің экспортымен және импортымен айналысады. «Казахагроинторг» агроөнеркәсіп өнімдерін өткізеді, «Казахпригранторг» шекарадағы сауданы жүргізеді. «Казахсервис» фирмасы сыртқы экономикалық қызметпен айналысушы кәсіпорындарға, ұйымдарға, жекелеген азаматтарға көмек көрсетеді. Бірлестіктің экспорттық құрылымында минералдық тыңайтқыш үштен бірінен астамын, металл прокаты 16 процентten астамын, былғары және мех шикізаттары — 15,5 процентін, тамақ өнеркәсібі өнімдері 18 процентке жуығын және халық тұтынатын товарлар 13 процентін құрайды.

Республиканың сыртқы экономикалық байланысында қазір бартер үлгісіндегі келісім басым. Бұл — шетелге сатылған товарлардың бүкіл ақшасына біз өзімізге қажетті товарларды сатып алу правомызды бейнелейді. Бір жағынан, бұл тиімсіз операция сияқты болып көрінеді, өйткені ол валюталық қор жасамайды. Дегенмен оның есесіне мұның барысында сатудан түскен бүкіл ақшаға қажетті жабдықтарды, халық тұтынатын товарларды шет елдерден сатып алуға мүмкіндік беріледі. Мәселен, импорт бойынша қысқы және спорт аяқ киімдері сыртының дайындамалары, «Десма» қондырғысында аяқ киімінің төменгі ұлтанын өзірлеуге арналған пресс-формалар, мебель наборларына арналған құрама элементтер топтамасы, тігін және трикотаж бұйымдары, термос, мейіз, шай, кондитер тағамдары, сағат, кофе сервиздер, пластмассаны ұқсатуға және тігін кәсіпорындарына арналған жабдықтар т. б. әкелінеді.

Біз алдымызға қойған басты міндеттердің бірі — шағын кәсіпорындардың шетелдік фирмалармен іскер байланыстарын дамытуына көмек беру. Өйткені бертінге дейін осындай кәсіпорындар әртүрлі себептерден, ең алдымен өнімді тым аз мөлшерде шығарудан, сыртқы сауда қызметінде дағдының болмауынан, жеткілікті хабардар болмаушылықтан біздің сыртқы рыногымызға қатыса алмай келді. Енді біздің бірлестігіміз экспорт үшін бұйымдардың шағын топтарын іріктейді, профилі әртүрлі кәсіпорындарды сыртқы рынокқа шығу үшін кооперацияға біріктіреді. Мәселен, егер Жергілікті өнеркәсіп министрлігіне қарайтын Алматының «Металлист» заводының өнімдері өткен жылдарда экспортқа шығарылмаса, енді олар «Казахинторг» арқылы металдан жасалған ыдыстарды Қытайға, Ауғанстанға және Венгрияға жібере бастады. Қарағандының металл бұйымдары заводы балалар велосипеді өндірісін Венгрия мен Ауғанстан сатып алды.

Соңғы уақытта шетелдік рынокта көптеп сұралатын былғары және мүйіз-тұяқ шикізатын, сүйекті, жүнді, балауызды, мысты, тұқымды, көркем қолөнер кәсіпшілігі бұйымдарын және басқа товарларды адамдардан жинап алатын мүм-

Digitized by Google

ЖАМБЫЛ. Жаңа Жамбыл фосфор заводының кіре берісінде «Содружество» фирмалық магазиннің ашылуы оның социалистік елдердегі серіктес кәсіпорындармен нығая түскен тікелей байланысының көрінісіне айналды. Мұнда адамдар өз өндірісінің, сондай-ақ шетелдік әртүрлі товарларды сатып алады.

СУРЕТТЕ: сатушы Вера Василенко магазиннің жарнама витринасын безендіруде.

(ҚазТАГ).



кіндігі бар кооперациялар экспортерлер қатарынан көріне бастады. Мәселен, Орал облысынан Жәнібектің «Комплекс» өндірістік кооперативі қой мен ешкі терісінің бір тобын Югославияға сатып, одан түскен ақшаға радиотехника алды.

Бірлестік құрылғаннан бері товар айналымының жалпы көлемі шетелдік валютамен бірнеше ондаған миллион сом болатын 16 шарт жасалды. Қазір біздің бірлестігіміз арқылы триполифосфат натрийі Югославияға, халық тұтынатын товарлар Венгрияға, фосфорлы тыңайтқыш, тоңазытқыш, фотоаппарат, мотоцикл, ұн, самаурын, шаң сорғыш Қытай Халық Республикасына, цемент, шыны, төбе жабатын қаңылтыр, ұн, тұз, сабын, ойыншықтар, үтік Ауғанстанға, былғары шикізаты — Швейцарияға, ішек-қарын шикізаттары — Нидерландыға экспортқа шығарылады. Демек бұл тек бастамасы ғана — республиканың экономикалық потенциалы сыртқы рынокқа бұдан да көп өнім жіберуге мүмкіндік береді.

Біз өз жұмысымызда ынтымақтастықтың жаңа формаларын дамытуға бағдар ұстаймыз. Мұның барысында іргелес көршіміз — Қытай Халық Республикасымен іскер байланысты дамытуға көп көңіл бөлеміз. Мәселен, Қытай Халық Республикасымен бірлесіп, Алматыда ресторан ашу, Алматы қаласы мен Үрімші, Талдықорған мен Құлжа қалалары универмагтарының тікелей байланыс жасауы жөнінен сындарлы жұмыс жүргізілуде. Сондай-ақ Қытай Халық Республикасының технологиясы және үлгісі бойынша Алматының «Қызыл ту» бірлестігінде бірлесіп термостар мен электронды-механикалық ойыншықтар өндірісін ұйымдастыру белгіленуде. Халық тұтынатын товарлар есесіне Энергетика және электрлендіру министрлігі кәсіпорындарынан Қытайға электр энергиясын беру жөніндегі контракт пысықталуда. Қытай Халық Республикасының бізбен іргелес Іле, Тарбағатай және Алтай автономиялы округтерімен шекара саудасы кеңейтілді.

Шетелдік мамандардың өте талапшыл екендігін, келіссөз кезінде олардың бізге қарағанда өнім сапасына қойылатын талаптар, дүние жүзілік коньюктюра мен баға жайында тереңірек хабардар екенін айту керек. Олар барлық мәселені дерлік кейінге қалдырмастан сол жерде-ақ шешеді. Біз болсақ, контракт жасаса отырып, қаптаған сұрақтарға, мәселен, баға жөніндегі сұрақтарға жауап алуға тиістіміз, сондай-ақ қор иелерінен және Сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі министрліктен, өнімді сыртқа шығаруға таможнядан т. б. рұқсатымыз болуы керек. Товарларды экспортқа шығарудың осындай ұзақ жолы серіктестерді үркітеді. Жергілікті сыртқы экономикалық органдарға көбірек дербестілік беру кезі келді ғой, деп ойлаймыз.

Ал ең бастысы — республикада шығарылатын товарлардың сапасын арттыра беру керек, сонда ішкі рынокта да, сыртқы рынокта да сұраным өсе түседі. Шетелдік әріптестермен қатынас жасау экономикалық жағынан ғана тиімді емес, ол сонымен бірге елдер арасындағы өзара қатынасқа елеулі үлес қосатынын ұмытуға болмайды.

Республикалық журнал бетінде сөз сөйлеу мүмкіндігін пайдалана отырып, кәсіпорындар мен кооперативтер жетекшілерінен өздерінің экспорттық мүмкіндіктері туралы бізге мына адреске хабарласуға болатынын айтайын: 48003, Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 111, «Казахинторг».

Digitized by Google

ЖЕДЕЛДЕТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚҰРУ БАҒЫТЫМЕН

● «Тұрғын үй-91» программасын талдап жасап, жүзеге асырудың арқасында тұрғын үй құрылысында қуатты секіріс жасалды. 1987—1988 жылдары 310 мың семья өздерінің тұрғын үй жағдайын жақсартты — бұл 1987 жылдың январында кезекте тұрған семьялардың 42 процентке жуығы. Тұрғын үйлерді іске қосудың жылдық жоспарын он ай ішінде орындау енді нормаға айналды. 1987 жылы Қазақстан мың тұрғынға арналған тұрғын үй өсімі жөнінен он төртінші орыннан бесінші орынға, ал өткен жылы бірінші орынға шықты, 1988 жылы жалпы алаңы 1,1 миллион шаршы метр меншікті тұрғын үй (жылдық жоспардың 161 проценті) салынды, мұның өзі 1985 жылға қарағанда еке есе көп. Сонда да олардың үлес салмағы өзірше онша емес — жыл сайын берілетін тұрғын үйдің жалпы көлемінің 13 процентінен де аспайды.

1989 жылы қаржыландырудың барлық қайнарлары есебінен 8,5 миллион шаршы метр тұрғын үйді іске қосу қажет, мұның өзі бесжылдық жоспардағыдан 1,6 миллион шаршы метр көп. Алайда қалалар мен аудандардың бәрі бірдей «Тұрғын үй-91» программасын жүзеге асыру үшін қолда бар мүмкіншіліктерді тиісінше пайдаланып отырған жоқ. Сондай-ақ коммуналдық қызмет көрсетуді жақсарту, тұрғын үйлерді жөндеуді ұйымдастыру, қалаларды, селоларды және ауылдарды көркейту жөніндегі жұмыс та жаңа қатынасты талап етеді.

● Жалпы пайдаланудағы транспорттың жүк тасу мөлшері 1986 жыл мен 1988 жыл аралығында 10 проценттей, жолаушылар тасу — 11, байланыс қызметінің мөлшері — 34 процент өсті. Қатқыл табанды 5 мың километрдей автомобиль жолы салынып, берілді. Олардың ұзындығы 6 процент өсіп, 83 мың километрге дерлік жетті.

● КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумынан кейін әлеуметтік міндеттерді шешу, халықтың әлауқатының өсуі туралы қамқорлық жасау зор маңызға ие болды. 1987 жылы тұтыну қоры 1985 жылмен салыстырғанда 6,3 процент өсіп, 22,2 миллиард сомға жетті, оның 84,8 проценті жеке тұтыну үлесіне келеді. Осы тұста халықтың жан басына шаққандағы нақты табыс 6,4 процент өсті. 1987 жылы жұмысшылар мен қызметшілердің бір семьясының орташа жиынтық табысы 5 664 сом болды, оның 78,4 проценті еңбекке ақы төлеу, 8,2 проценті қоғамдық тұтыну қорынан берілетін тікелей төлемдер, 13,4 проценті меншікті қосалқы шаруашылықтар мен басқа қайнарлардан түсетін төлемдер үлесіне келеді. Қоғамдық тұтыну қорларынан халыққа тікелей немесе жанама түрде көрсетілетін тұтыну игілігінің мөлшері семьяның жиынтық табысының орта есеппен 21 процентін құрайды.

(Соңы. Басы 9-бетте).

Алайда халықтың табысының өсімі халық тұтынатын товарлар өсімінен асып түсуде. Және республикада талдап жасалған халық тұтынатын товарлар өндірісі мен қызмет көрсету жүйесін жеделдете дамыту программасын жүзеге асыру жөніндегі жұмысты шұғыл күшейте түсу қажет. 1988 жылы халыққа арналған товарлар 1984 жылға қарағанда үштен біріндей көп өндіріледі. Алайда республика жан басына оларды шығару жөнінен елімізде бұрынғысынша он екінші орында тұр. Үстіміздегі жылы осы товарларды өндіруді 12 процент көбейту жоспарлануда. Сонымен бірге олардың жоғары сапасын қамтамасыз ету өте-мөте маңызды.

● Республиканың сауда жасаушы ұйымдары 1988 жылы жан басына шаққанда 1070 сомның товарларын өткізді. Бірқатар жылдар ішінде алғаш рет товар айналымының көлемі жөніндегі жылдық жоспар орындалды. Товар айналымы 17,7 миллиард сомға жетті. Алайда республикада жан басына шаққанда товарлар еліміз бойынша орташа деңгейден 16 процент аз сатылады.

Халыққа қызмет көрсету деңгейін көтеру үшін сауданың материалдық базасын нығайту, оны техникалық жағынан жарақтандыру жөнінен ірі шараларды жүзеге асыру қажет. Енді бұған арналған мүмкіншіліктер қыруар ұлғайтылуда — 1989 жылдан бастап тұрғын үй құрылысына бөлінетін күрделі қаржының бұған дейінгі бес процентінің орнына 7 процентіне дейінін бөлшек сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының құрылысына жұмсауға рұқсат етілді.

● Республикада халыққа қызмет көрсететін кәсіпорындар жүйесі ұлғайтылып, ақылы қызмет көрсету түрлері көбейтілуде, кәсіпорындар мен ұйымдардың бәрі дерлік осы іске тартылды. 1988 жылы халыққа қызмет көрсету көлемі 2,4 миллиард сом болып, 1985 жылмен салыстырғанда 55,9 процент өседі. Бір тұрғынға 152 сомның қызметі көрсетіледі — бұл 1985 жылға қарағанда 35 процент көп.

Дегенмен мемлекеттік заказбен ақылы қызмет көрсету жөнінен тағайындалған үш жылдық жоспарын алты облыстың кәсіпорындары мен ұйымдары орындай

Digitized by Google

алмады, олардың тұрғындарына 26,8 миллион сомның қызметі көрсетілмеді. Еңбекшілердің жұмыс орындары бойынша қызмет көрсететін тұрмыстық қажетті өтеу кәсіпорындарының жүйесі баяу ұлғайтылуда. Жалпы тапсырмада осы заказдардың үлес салмағы небары 33 процент құрайды.

Ауыл-село еңбеккерлері үй іргесіндегі учаскелерден ауыл шаруашылығы өнімдерін қалаға тасу, пішенді, дайындалатын жерден картоп әкелу, огород жырту секілді қызмет түрлерін пайдалануда үлкен қиыншылықтарды ұшыратады. Халықтың бос уақыты мен демалысын ұйымдастыруға байланысты қызмет тым баяу дамтылуда.

1989 жылға арналған Мемлекеттік жоспарда ақылы қызметті бесжылдық тапсырмадан 367 миллион сомға арттыру көзделген. Мұның өзі халыққа қызмет көрсетуді жақсартуда елеулі қадам жасауға көмектеседі.

● Халыққа білім беру одан әрі дамтылады. 1988 жылдың басында 7 миллион адам немесе республиканың әрбір екінші тұрғыны оқудың барлық түрімен (курстарды қоса алғанда) қамтылды. Үстіміздегі оқу жылында оқушылар 3,2 миллион адам болды, олардың ішінде 167 мың алты жастағы балалар (48 процент) бар. Күндізгі жалпы білім беретін орта мектептердің бәрінде дерлік 9—10 кластар оқушыларына арналған «Информатика және есептеу техникасы негіздері» курсы енгізілді. Алайда орта мектептердің 18 процентінің ғана электронды есептеу машиналарымен жабдықталған оқу кабинеттері бар.

Республикада үстіміздегі оқу жылының басында 546 мың адам оқитын 55 жоғары және 246 орта оқу орны болды. 1988—1989 оқу жылында жоғары оқу орындарына 60,3 мың адам, техникумдерге — 93 мың адам қабылданды. Үстіміздегі оқу жылынан жоғары оқу орындарына қабылдау жаңа, кең профильді мамандықтар бойынша жүргізілуде. 1988 жылы халық шаруашылығының түрлі салалары үшін жоғары білімді 38 мың маман және орта арнаулы білімді 77 мың маман даярланды.

Республикада 1988 жылы 1 январьда 482 (1985 жылы 1 январьда — 467) кәсіптік-техникалық оқу орны жұмыс істеді, оларда 247,7 мың адам оқиды, мұның өзі 1985 жылдың басында оқығандардан 7,5 процент көп. 1987 жылы 162,6 мың жас білікті жұмысшы даярланды, мұның өзі жоспардың 84 процентін құрайды. Сонымен бірге оқушылардың кетіп қалуы көп — бұл 20,8 мың адам немесе олардың жалпы санының 7,8 процентін құрайды.

● Партияның әлеуметтік саясатының маңызды бағыттарының бірі — совет адамының денсаулығын нығайту, жұмыс істеушілердің еңбек жағдайын жақсарту. «Он екінші бесжылдықта және 2000 жылға дейінгі кезеңде халықтың денсаулығын сақтау ісін дамытудың және СССР денсаулық сақтау ісін қайта құрудың Негізгі бағыттарына» сәйкес республикада халықтың денсаулығын нығайтып, профилактикалауды күшейту жөнінен 1986—1990 жылдарға арналған комплексті программа, сондай-ақ «Денсаулық» салалық программасы талдап жасалды.

Қазақ ССР-інде 219 мыңнан астам аурухана төсегі бар (1986 жылы 214 мыңнан астам аурухана төсегі болды, өсім екі процент) 1760 аурухана мекемесі, 3050 амбулаториялық-емдеу мекемесі (2891 және 5 процент), 1900 әйелдер консультациясы, балалар поликлиникасы мен амбулаториясы (1604 және 5 процент) жұмыс істеді. Демек 1987 жылы республиканың 10 мың тұрғынына 1985 жылғы 37 дәрігердің орнына 38,7 дәрігерден (тұтасынан ел бойынша — 43,3), 1985 жылғы 113 орта буын медицина қызметкерінің орнына 117 (ел бойынша 116) орта буын медицина қызметкерінен келді.

Республикада 65,7 мың төсегі бар 431 санаторий мен демалыс мекемесі (бір күндік және екі күндік демалыс орындарын есептемегенде) жұмыс істейді (1985 жылы 63 мың төсек болды, өсім 4 процент), оларда 1985 жылғы 1.590 мың адамның орнына 1.644 мың адам демалып, емделді.

Дегенмен медициналық, әсіресе, амбулаториялық-емханалық мекемелердің жетіспеушілігі емдеу сапасына теріс әсер етуде: 10 мың тұрғынға шаққанда сменасына 228 адамды қабылдаудың нормативті қажеті барысында 174 адамнан қабылдайтын осындай мекемелер бар. Дегенмен медициналық қызмет көрсету проблемалары өте өткір күйінде қалып отыр. Сондықтан денсаулық сақтауды дамытуға қосымша көп қаржы бөлінді, олардың игерілуіне қол жеткізу маңызды.

● Соңғы жылдары республикада демографиялық жағдай біршама жақсарды. Халықтың өсу қарқыны артты (табиғи өсім 17,2 проценттен 18 процентке дейін болды), халықтың республикадан тыс жерлерге кетуі азайды, өлім кеміді, өмірдің орташа ұзақтығы екі жыл ішінде 1,5 жылға артып, 1987 жылы 69 жасқа, соның ішінде ерлер — 65 жасқа және әйелдер 74 жасқа жетті. 1987 жылы 417 мың бала дүниеге келді, 1980 жылы 354 мың бала туған еді. Осы процеске маскүнемдікпен және алкоголизммен күресті күшейту оңды ықпал етті.

Digitized by Google

Республика халқының саны 1985 жылдың басымен салыстырғанда 625,1 мың адамға (4 процентке) көбейді, демек соңғы 20 жыл ішінде алғаш рет 1987 жылы оның барынша өсуі аталды — 223 мың адамға көбейді. 1988 жылы 1 январьда республикада 16.467,2 мың адам, соның ішінде қалаларда — 9.646,1 мың (59 процент) және селолық жерлерде — 6.821,1 мың адам (41 процент) тұрды. Алайда халықтың қалаға көшуіне байланысты село халқының азаю тенденциясын тоқтатудың сәті әзірше түскен жоқ. Селодағы тұрмыс жағдайын жақсарту, жастарды шаруашылықтарда орнықтыру жөнінен көп күш-жігерді жұмылдыру керек.

● 1985—1987 жылдары қоғамдық өндірісте еңбек ресурстарының жұмыс бастылық деңгейі қыруар артты — осы уақыт ішінде Қазақ ССР-інің халық шаруашылығында, соның ішінде меншікті қосалқы ауыл шаруашылығын жүргізушілерді қоса алғанда олардың жалпы саны 7.139,7 мың адамнан 7.290.6 мың адамға көбейді. Соңғы жылдары материалдық өндіріс жүйесінде жұмыс бастылық деңгейін тұрақтандыру тенденциясы белең алды, мұның өзі еңбек өнімділігінің өсуімен және жұмысшы күшін босатудың басталған процесімен байланысты.

Шаруашылықты жүргізудің интенсивті әдістеріне және еңбекке ақы төлеудің жаңа жағдайына ауысуға байланысты өндірістік салалардың мемлекеттік кәсіпорындарынан 149 мыңдай адам босатылды, олардың үштен бірінен астамы сонда еңбекке орналастырылды (соның ішінде 15 проценті жұмыс істеп тұрған өндірістердің екінші және үшінші сменаларын жасақтауға жіберілді), ал 56 проценті сол кәсіпорыннан (ұйымнан) кетті, олардың 20 проценті пенсияға шықты.

● Кооперативтік және жеке еңбек қызметі ұлғайып келеді. 1988 жылғы 1 октябрьде республикада қызметтің түрлі жүйесінің 2,9 мың кооперативі жұмыс істеді (олардың 4,9 мыңы тіркелген). Оларда 40 мыңдай қызметкер еңбек етеді.

Жеке еңбек қызметі жүйесінде істеушілер саны 20 мың адамнан асты.

Халық шаруашылығын басқару құрылымын жетілдіру нәтижесінде 1988 жылы басқару органдары аппаратының қызметкерлері қыруар қысқарды.

● 1988 жылдың басында республикада 115 миллион дана кітап қоры бар 9,8 мың бұқаралық кітапхана жұмыс істеді. Орта есеппен жүз адамға оларда 1984 жылғы 690 кітап пен журналдың орнына 699 кітап пен журналдан болды.

1987 жылы 34,4 миллион дана (1984 жылы — 33,6 миллион дана) кітаптар мен кітапшалар, 47,1 миллион дана журнал және басқа мерзімді басылымдар (1984 жылы — 43,6 миллион дана) шығарылды. Газеттердің біржолғы тиражы 6,5 миллион дана құрайды.

● Соңғы жылдары табиғи ресурстарды сақтап, ұтымды пайдалану, айналадағы ортаны қорғау жөніндегі жұмыс ауқымы қыруар өсті. 1985—1987 жылдары және 1988 жылдың алғашқы жарты жылдығында табиғат қорғау объектілерінің құрылысына 452 миллион сом мемлекеттік күрделі қаржы пайдаланылды, олардан су ресурстарын қорғауға — 313 миллион сом, атмосфералық ауаны қорғауға — 78 миллион сом жұмсалды.

Қабылданған шаралар айналадағы ортаға келеңсіз ықпал жасауды біршама азайтуға көмектесті. Демек, 1987 жылы 1985 жылмен салыстырғанда халық шаруашылығында айналым суын пайдалану және сумен дәйекті жабдықтау есебінен таза суды үнемдеу мөлшері 13 процент көбейді. Бірқатар кәсіпорындар мен қалаларда ауаны тазартудың программалары талдап жасалып, жүзеге асырылуда.

1989 жылға арналған халық шаруашылығы жоспарында экологияға айрықша көңіл бөлінуде. Осы мақсатқа 200 миллионнан астам сом бағытталды. Тазарту құрылыстарын іске қосу есебінен ластанған тұйық су мөлшері 6 миллион текше метрден астам кеміді, ауа бассейніне зиянды қоспаларды тастау 315 мың тоннаға қысқарды. Жыл ішінде зақымдалған 15 мың гектар жерді жақсартып, егістікті қорғаудың 19 мың гектар орманды белдеулерін жасауға тура келеді. Арал теңізі мен Балқаш көлі бассейндерінде экологиялық проблеманы шешуге көп көңіл бөлінуде.

Осында келтірілген статистикалық деректер республиканың әлеуметтік-экономикалық өмірінің барлық саласындағы елеулі ілгерілеушілік, оның дамуын жеделдету туралы көрнекі бейнелейді. Сонымен бірге қайта құруды барынша белсенді, жігерлі де дәйекті жүргізу керек, КПСС XXVII съезі мен Бүкілодақтық XIX партия конференциясының шешімдері осыны талап етеді. Экономикалық және саяси реформа ашып жатқан зор мүмкіншіліктерге сүйеніп, экономиканы дамудың интенсивті арнасына ауыстыру процесін жеделдету, еңбек өнімділігінің барынша өсуіне, материалдық, еңбек және финанс ресурстарының үнемделуне қол жеткізу қажет. Адамдардың қоғамдық дамудың мезгілі жеткен проблемаларын ортақ күш-жігермен, әр жұмыс орнындағы жоғары қайтарыммен, барлық учаскелерде жаңашылдық және жауапкершілік қатынаспен шешуге болатынын ұғынуына көмектесу маңызды.

Digitized by Google

«ҚАЗАҚСТАН»

«Кітап баспалары ұсынады» рубрикасы журналымыздың үстіміздегі жылғы алғашқы номерінде берілді. Оны жалғастыра отырып, «Қазақстан» баспасының директоры Ерік Хамзаұлы СЫЗДЫҚОВҚА сөз береміз. Ол республиканың қоғамдық-саяси әдебиеттерді шығаруға мамандануышы осы жетекші баспасының жоспарлары туралы әңгімелейді.

Біздің коллективіміз өзінің баспагерлік жаңа жылын «Советтік Социалистік Республикалар Одағының Конституциясы Негізгі Заңын (1988 жылы 1 декабрьде СССР Заңымен енгізілген толықтырулар мен өзгерістер және СССР халық депутаттарының сайлауы туралы» Советтік Социалистік Республикалар Одағының Заңын жалпы тиражбен шығарумен аштық. Олар төрт тілде — қазақ, неміс, ұйғыр және корей тілдерінде басылды.

К. Маркс пен Энгельстің тоғыз томдық таңдамалы шығармаларының, В. И. Ленинніңтаңдамалы шығармаларының он томдығының, «Партия туралы әңгімелердің» төрт томдық жинағының, «Қазақстан Компартиясы съездерінің, конференцияларының және пленумдарының қарарлары мен шешімдері» документтері жинақтарының кезектегі кітаптарын қазақ тілінде шығару жалғастырылады. Осы басылымдар қазақ тіліндегі «К. Маркс. Ф. Энгельс, В. И. Ленин әлеуметтік әділеттік туралы», ұйғыр тіліндегі «В. И. Ленин социалистік демократия туралы», қазақ тіліндегі «КПСС съездері мен конференциялары», орыс тіліндегі «Қазақстандағы Қызыл Бірінші май» секілді тақырыптық жинақтарды шығарумен толықтырылады.

Баспа саяси оқу мен экономикалық білім жүйесі тыңдаушыларына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жыл сайын қазақ тіліне аударып шығарады. 1989 жылғы тақырыптық жоспарда «Еңбек коллективінің шаруашылық есебі мен өзін-өзі басқаруы» (өнеркәсіп және халық шаруашылығының басқа салалары жұмысшыларына арналған), «Колхоздар мен совхоздардың еңбек коллективтеріндегі шаруашылық есеп пен өзін-өзі басқару», «Ұлттық қатынастарды, патриоттық және интернационалдық тәрбиені дамытудың ақтуальды проблемалары» секілді жұмыстар бар.

Қоғамдық өмірді жаңартудың түйінді мәселелері бойынша бұқаралық-саяси әдебиеттерді шығару көбейтілуде. Олар «КПСС XXVII съезі шешімдерін жүзеге асырайық», «Қайта құру: шаруашылықты жүргізу механизмін жетілдіру», «Біз — совет халқымыз», «Идеология жұмысы: жаңару практикасы», «Жеке адам мәдениеті» және басқа сериялларда өзі көрінісін табады.

Осы бағыттағы әдебиетте партиялық жұмыстағы қайта құру проблемаларына арналған басылымдар айрықша аңғарылады. Партия қызметкерлері, жазушылар, журналистер «Қайта құру комиссарлары», «Селолық аудандық партия комитеті: стильдің жаңаруы», «Алдыңғы сапта — коммунистер», «Насихатшы — қайта құру ісіне», «Басшы беделі — басқарудан», «Түйінді шешу» кітаптарында осы мәселелер тұрғысынан өткір публицистік формада ой толғайды.

Интернационалдық тәрбиеге байланысты тақырыптарды талдап жасауға да баса көңіл бөлінуде. Біз үстіміздегі жылдан «Достық дастаны» жаңа сериясынан жұмыстарды жариялауды бастаймыз. Мәселен, К. Беляевтің «Қазақстанның Россиямен туысқандық байланысы», М. Қалдыбаевтың «Ұмытылмас кездесулер» (Бауыржан Момышұлы өмірінен беттер) кітаптары, «Сөнбес жұлдыздар» (қызметі Қазақстанмен байланысты болған ғалымдар туралы) әңгімелер жинағы, Ю. Паповтың «Сарыарқа сағлақтары» (өз еңбектерін Орталық Қазақстанға арнаған жазушылар мен ғалымдар туралы), қарт большевик Е. Лапинаның «Орал өңірінің чекистері» деген еңбектері шығады.

Баспа Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қазақ және орыс тілін және Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының республикада неміс тілін үйренуді жақсарту туралы қаулысын жүзеге асыруға да өз үлесін қосуда. 1989 жылы «Орысша-қазақша тілашар», темір жол мен физиология терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздіктері жарық көреді. Орталық «Русский язык» баспасымен бірлесіп, «Орысша-қазақша-немісше тілашар» шығарылады.

Біздің неміс және ұйғыр тілдерінде әдебиеттер шығару жөніндегі редакцияларымыз интернационалдық және патриоттық тәрбие, республиканың көп ұлттық еңбек коллективтерінің озық тәжірибесін көрсету тақырыптарын белсенді жүргізуде. Демек неміс тілінде «Есеп — инициатива» деген очерктер жинағы, Р. Франциктың «Совхоздың бас инженері» жұмысы

Digitized by Google

шығарылады. Неміс тіліндегі «Қазақстан халықтарының ертегілері» жинағы оқырмандардың назарын аударады ғой деп ойлаймыз, оған қазақ пен неміс ертегілеріне қоса республиканың басқа ұлыстары — ұйғырлар, көрейлер, дүнгендер ертегілері енеді. Оның үстіне бізде шығарылып келе жатқан «Туысқан халықтар фольклоры» сериясы орыстар мен белорустардың халық ертегілерімен толығады, олардың әрқайсысы көркем безендіріліп, неміс және орыс тілдерінде шығарылады.

Ұйғыр тілінде «Әркімнің ісі» және «Парызға адалдық» очерктер кітаптары шығарылуға әзірленуде, оларда республиканың интернационалдық коллективтерінің үлгісі арқылы қайта құрудағы алғашқы табыстар, олардың Азық-түлік программасын орындауға қосып жатқан үлесі туралы әңгімеленеді.

Біздің баспамыздың халықаралық байланысы да жылдан жылға жақсарып келеді. Біз 1989 жылы шетелдік баспалардың бірқатар кітаптарын шығаруды жоспарлаудамыз, олардың ішінде Португалия Компартиясының Бас секретары А. Куньялдың «Партия парасаты» деген жұмысы да бар.

Атеистік тақырып биыл бұрынғыға қарағанда ауқымды көлемде қамтылады. «Атеистік тәрбиедегі интернационализм пен патриотизм», «Сөзімен де, ісімен де сендіру» жинақтары, сондай-ақ М. Тәжікованың «Ислам: дін, идеология, саясат», В. Татаринцевтің «Алдау» (шетелдерде кеңінен таралған мистикалық-діни «теориялар»), П. Классеннің Ф. Фрездің, И. Георгтың «Меннониттік және меннониттер туралы», Г. Лупаревтің «Дінге сенушілердің право ұғынуы және оның ерекшеліктері» жұмыстары жарық көреді.

Г. Чучкаловтың «Интернационалистерді тәрбиелейік», Т. Сүртаевтың «Отан деп соққан жүректер», А. Цыбульниктің «Әкелер жолы — ұлға мирас», А. Садуақасовтың «Отан сақшылары», «М. Рахманбердиевтің «Уақыт әуені» және басқа кітаптар әскери-патриоттық тәрбие проблемаларына арналған.

Әлеуметтік-саяси салалар мәселелері бойынша әдебиеттер шығаруға аса жіті көңіл бөлінуде. Бізде олар «Демократияландыру, жариялылық: әлеуметтік әділеттік» және «Адам үшін, адамның игілігі үшін» сериялары бөлінген. Демек «Айрықша назар аударатын сала» («Тұрғын үй-91») жинағында Қазақстандағы тұрғын үй құрылысын ұйымдастыру тәжірибесі қорытылады. «Бүкпесіз әңгіме» жинағына республиканың атақты журналистерінің мақалалары, очерктері, актуальды интервьюлері енген. Оларда еңбекшілердің мүддесі мен қажетін қанағаттандыру, олардың әл-ауқатын арттыру туралы мүдделі әңгіме қозғалады. «Тиімді еңбек пен кінаратсыз тұрмыс үшін» жинағы, А. Котовтың «Демократия және еңбек коллективіндегі тәртіп (өзін-өзі басқарудың саяси-праволық түйіндері)», Г. Кленков пен Н. Радостовцевтің «Еңбек коллективі: өндірісті басқаруды демократияландыру» осы жұмысты толықтыра түседі. Экономикадағы жаңа құбылыстар М. Гандрабурдың «Өсім мен тиімділік тетіктері». А. Дүйсенбаевтың «Агроөнеркәсіп комплексі және қайта құру», К. Олжаевтың «Биікке бастаған жол» және басқа бірқатар кітаптарда қаралады.

Баспа экологиялық мәдениет мәселелерін көтеруді өзінің парызы деп есептейді. Біз осы тақырыпты 1989 жылы қазақ тіліндегі «Арал тағдыры» кітабын шығарумен толықтырамыз, онда еліміздің көрнекті ғалымдары, Қазақстанның, Өзбекстанның және Қарақалпақстанның жазушылары, партия және совет қызметкерлері, журналистер сөз алады.

Біз сондай-ақ тақырыптық жоспардан тыс, баспа резерві есебінен маңызды жұмыстарды шығаруды жоспарлаудамыз. Бұл — уақыттың өткір тынысын, қайта құру тынысы күнделікті сезінуімізге көмектесетін, оперативті үн қату басылымдары.

Экологиялық сөздік

Б. А. Быковтың «Экологиялық сөздігі» («Ғылым» баспасы, Алматы, 1988) республиканың кітап магазиндерінің сөрелеріне түсті. Бұл толықтырылған екінші басылым, алғашқысы 1983 жылы шыққан болатын.

Экологиялық сөздік табиғи ресурстарды пайдалану проблемаларымен, сондай-ақ айналадағы орта мәселелерімен айналысатын мамандарға арналған. Дегенмен ол жалпы оқырмандар үшін анықтама материал ретінде қызмет етеді.

Жаңа терминдерге түсініктеме беріледі. Ал барлығы 1500-дей термин бар. Мүдделі адамдарға автор экологияның аса ірі бөлімдеріне арналған әдебиеттер тізімін келтіреді, одан қосымша тиянақты информация алуға болады.

Өкінішке қарай, экологиялық терминдердің бәрі бірдей шаруашылық және табиғат қорғау қызметінің бүгінгі проблемаларымен өзара байланысты берілмеген.

Қалың оқырмандар қауымына арналған танымал сөздік шығару туралы да ойластыру керек.

Digitized by Google

МЕДИЦИНА ТАРИХЫНЫҢ МУЗЕЙІ

Біздің музейімізде сіз медицина әлеміне саяхат жасап, оның тарихын шолып, оның бүгінгі күнімен танысып, денсаулық сақтауды дамытудың перспективалары туралы біле аласыз.

Қазақстанда дәрігерлік емдеудің ежелгі бастауы бар. Халық медицинасында науқасқа ем жасап, оны күтудің бай тәжірибесі жинақталған, оның ұтымды әдістері бүгінде де қолданылады. Бұл — емдік шөптерді пайдалану, қымызбен және сазбен емдеу, массаж жасау, жылумен емдеу, т. б. Әл-Фарабидің адам анатомиясы мен физиологиясын өте жетік білгені туралы сипаттайтын оның медицина мәселелері жөніндегі соңау ертеден бізге жеткен трактаттары музейге қойылған. Сонымен бірге революцияға дейін біздің өлкемізде бірде-бір дәрігер болмады, адам өлімі тым жоғары еді, надан балгерлердің кесірінен індет күшейе түсті.

1913 жылы Қазақстанда, мәселен, небары 244 дәрігер мен 1800 аурухана төсегі болды, яғни 10 мың адамға 0,3 дәрігерден, және 3,2 төсектен келді. Еңбекшілер шын мәнінде медициналық көмектен жұрдай болды, көшілігі өзінің бүкіл өмірінде дәрігердің қабылдауында бірде-бір рет болған емес.

Музей экспонаттары алғашқы қазақ дәрігерлері — Әміре Айтбақиннің, Мұхамеджан Қарабаевтың, Махмұт Шолтыровтың, Санжар Асфандияровтың, Мәжит Шомбаловтың, соңдай-ақ әйелдер Аққағаз Досжановаңың, Гүлсім Асфандиярованың көлемді ағартушылық, емдеу қызметтері жайында әңгімелейді, олар Россияның озық ойлы адамдарының көмегімен жоғары медициналық білім алған еді.

Музей экспозициясында Ұлы Октябрь революциясынан кейін республикада болған өзгерістер, революциялық қозғалысқа және азамат соғысына қатысқан Қазақстан дәрігерлері Ә. Майкотов, И. С. Ружейников, А. А. Герасимов және басқалар туралы кеңінен баяндалған. Дәйекті құжаттар, суреттер, плакаттар соңау жылдарда аштықпен, эпидемиямен жүргізілген күрес туралы бейнеледі.

Россия Федерациясының, Одақтың басқа республикаларының орасан зор қалтқысыз көмегі арқылы республиканың денсаулық сақтау органдары қалыптасып, дамыды, Москвадан, Ленинградтан, басқа қалалардан маман дәрігерлер, түрлі саладағы ғалымдар бізге жіберілді. Олар ауруханаларды, поликлиникаларды, оқу және ғылыми-зерттеу институттарын ұйымдастыруға тиянақты қатысты. Сонымен бірге Қазақстаннан жүздеген студенттер еліміздің жоғары оқу орындарында оқыды.

Мыңдаған медицина қызметкерлері Ұлы Отан соғысы жылдарында Отан үшін шайқастарда құрбан болды. Солардың ішінде Алматы мемлекеттік медицина институтының студенттері, Совет Одағының Батырлары Мәншүк Мәметова мен Владимир Иванилов бар. 8-ші гвардиялық панфиловшылар дивизиясының дәрігерлік-санитарлық қызметіне арнаулы экспозиция арналған.

«Медицина кадрларын даярлау» залының экспозициялары республикадағы медициналық білім беру жүйесі туралы әңгімелейді. Қазір Қазақстанда бес мидицина институты, 31 медицина училищесі және дәрігерлер білімін жетілдірудің республикалық институты жұмыс істейді.

Музей экспозицияларында Қазақстанның медицина ғылымы мен денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастығы туралы материалдар, соның ішінде 1978 жылы Алматыда өткен Бүкіл дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен ЮНИСЕФ-тің халықаралық конференциясының материалдары бар, ол біздің республикамыздың адамдарға алғашқы дәрігерлік-санитарлық көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі тәжірибесін қолдануды дамушы елдерге ұсынған-ды.

Республика бойынша медициналық тарихи информацияларды жүйелі іздестіру біздің соншама көп бағалы экспонаттар мен материалдарды жинауымызға көмектесті.

Музейге медицина қызметкерлері, туристер, мектептердің және кәсіптік-техникалық, медициналық училищелердің оқушылары, шетелдік қонақтар келеді. Біздің адресіміз: 480091, Алматы қаласы, Фурманов көшесі, 99[а].

Б. ШАЙХИН,
музей директоры.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: С. А. ДӘРМЕНБАЕВ, Н. И. ЛАРИН, А. МӘУТЕНБАЕВ, К. М. СҰЛЕЙМЕНОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.

Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,

Сдано в набор 28.12.88 г. Подписано к печати 16.01.89г. УГ08030 Формат 70x108 1/16. Печать офсетная. Усл печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8. Тираж 53686 экз. (каз. изд. 27438 экз. рус. изд. 26248 экз.). Заказ 111. Цена 15 коп.


БІЗДІҢ АДРЕС:
480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39
Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84
63-27-74,
63-27-56

ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google






● Қазахстанның медицина және денсаулық сақтау тарихы музейінің эмблемасы.

● Экскурсия бөлімінің меңгерушісі З. С. Тәжібаева мектеп оқушыларын музеймен таныстыруда.


● Медицина ғылымының залы.



● «Малшыларға медициналық қызмет көрсету» диаграммасы.

● «Ана даңқы» экспозициясы.





Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.

Индекс 75328



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ



ЛАЙЫҚТЫ АДАМДАРДЫ САЙЛАЙЫҚ!

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



КӨКШЕТАУ. Комсомол мүшесі Роза Жабағина тоқыма-галантерея фабрикасында жұмыс жасайды, кәсіпорынның өнімдері ленталық және көйлек бұйымдары сапасының жоғары болуы арқасында елде көптеп сұралады. Оны жеңіл өнеркәсіптің 500-ден астам кәсіпорны алуда.

Фабрикада екпінділік қозғалысы кеңінен дамытылған. Р. Жабағина жарыс саңылақтары қатарында келеді. Өткен жылы бірінші тоқыма цехының таңдаулы тоқымашысы деп танылды. Күні кешегі шәкірт Роза қазір нормадағы 6 станокты қамтиды әрі тәлімгер болып табылады. Оның жұмыс календарында —1991 жыл.

СУРЕТТЕ: тоқымашы Роза Жабағина.

Суретті түсірген С. МАҒЗҰМОВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ҮГІТШІСІ

5 • 1989

МАРТ.

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС Орталық Комитеті коммунистер мен партияда жоқтарды, еркектер мен әйелдерді, ардагерлер мен жастарды, Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флотының жауынгерлерін — барлық азаматтарды партияның платформасында бірігуге шақырады.

СССР халық депутаттарының алдағы сайлауы демократия мектебіне, халықтың толық билігінің салтанатына айналатын болсын!

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің «Партияға, совет халқына» Үндеуінен.

1931 жылдан бері шығып келеді.
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы.
С «Казакстан үгітшісі», № 5, 1989 ж.

Digitized by Google



БҮГІНДЕ СӨЗДЕН ІСКЕ АУЫСУ КЕРЕК, —

деп есептейді Коммунистік партиядан СССР халық депутаттығына кандидат, Қазақстан Магниткасының болат балқытушысы Қ. З. Рамазанов

КПСС Орталық Комитетінің январь Пленумында Коммунистік партиядан СССР халық депутаттығына кандидаттар ішінде Қараганды металлургия комбинатының болат балқытушысы Қабдолла Зәкірянұлы Рамазанов аталды. Ол жолдастарының жоғары сенімін КПСС XXVII съезінің жұмысына қатысқанда да, Бүкілодақтық XIX партия конференциясының мінберінен сөз сөйлегенде де, металлургтың ауыр жұмысында да, қоғамдық күнделікті істерде де талай рет ақтады. Қабдолла Зәкірянұлы КПСС Орталық тексеру комиссиясының мүшесі болып табылады.

«Бізде Рамазанов мемлекеттік адам ретінде ертеден қалыптасуда»,— кандидаттарды ұсыну жөніндегі жиналыс барысында осы пікір талай рет естілді.

Кандидат К. З. Рамазановтың сайлау алдындағы программасына ол Бүкілодақтық партия конференциясында атаған проблемаларды шешу енеді. Бұлар — өндірістік, әлеуметтік, экологиялық, азық-түлік мәселелері. Дегенмен проблемаларды атап қана қоймай, оларға барынша ықпал жасау керек — Рамазанов өз алдына осындай міндет қойды.

Ол қалай жүзеге асырылады — біздің тілшіміздің онымен әңгімесінде осы жайлы сөз болды.

— Қазір, сайлау алдындағы науқан кезінде, адамдармен кездесу, өз жоспарларымды айту үшін қайсыбір мүмкіндікті пайдаланып қалуға ұмтыламын. Қала тұрғындарының көмегімен нақты программаны да белгіледім.

Егер қаламызда, иә, тұтасынан облысымызда қалыптасқан экологиялық жағдайдың жайсыздығы менің жерлестерімді бәрінен көбірек мазалайды десем, қателеспеспін. Істі бір күнге де кешеуілдетпей, осымен айналысу керек. Мен айналадағы ортаға нұқсан келтіретін қайсыбір өндірісті дереу тоқтату туралы мәселе қойып отырғаным жоқ. Сонда да тазарту құрылғыларынсыз жаңа өндірістік қуаттарды іске қосуға тиым салу керек. Бізде, тұрақты жұмыс істеуші кәсіпорын жағдайында, орталық сорып алу станциясының құрылысын дереу бастаған жөн. Мұның өзі жаңа мәселе еместігін, оны шешу талабы комбинаттың есеп беру-сайлау партия жиналысының қаулысында да жазылғанын айтуға тиіспін, демек, сайып келгенде, сөзден іске көшетін уақыт жетті. Мен экологиядағы жағдайды өзгертуге қол жеткізуге бүкіл күшімді жұмылдырамын...

— Демек, бұл үшін қаржы керек қой...

— Әлбетте! Комбинатта қазірдің өзінде бұған арналған ақша бар. Егер бұдан бірнеше жыл бұрын біздің берешегіміз ондаған миллион сом болса, енді өткен жылы, шаруашылық есептің алғашқы модельдерін енгізгеннен кейін жоспардан тыс 40 миллион сом пайда алдық. Демек, оның қыруар бөлігін табиғат қорғау шараларына бағыттадық. Коллектив үстіміздегі жылдан шаруашылық есептің екінші моделіне ауысты. Пайда өсе береді деп үміт етеміз. Алайда жалғыз ақшамен емес, жігерлі, табанды жұмыссыз экологиялық жағдайды түзей алмайсың.

— Сіз Бүкілодақтық XIX партия конференциясында сөйлеген сөзіңізде жұмысшы коллективіндегі интернационализм сүйел басқан алақанынан және досының мықты көмегінен танылады дедіңіз. Сіздің

Digitized by Google

ойыңызша, интернационалдық тәрбиені жақсарта беру үшін бүгінде не істеу керек?

— Ең алдымен интернационалдық тәрбиеде ғана емес, барлық істе формализмнен, қасаңдық қатынастан арылу керек.

Мысалға көрнекі үгітті алайықшы. Егер қаламызды аралар болсақ, бояулары оңған көптеген стендтерден, ұрандардан жаттанды шақыруларды көресіз.

Ауызша үгітте кемшіліктердің көзге соншалықты шалынбауы мүмкін, әйтсе де, мұнда да жаттанды, формальды сөздер көп-ақ. Адамдар өздерін өте-мөте жиі алаңдататын экономикалық реформа, қаладағы жағдай, қайсыбір өзекті мәселені шешу туралы сұрақтарына дер кезінде жауап алмайды, мен бригадир әрі смена-ның партия тобының ұйымдастырушысы ретінде идеология жұмысындағы мұндай жұпынылық салдарын ұдайы ұшыратамын.

Егер интернационалдық тәрбие, ұлтаралық қатынастар туралы айтар болсақ, мені мынадай цифр өте-мөте алаңдатады — көп мың адамдық коллективімізде жергілікті ұлт өкілдері үш процеттей құрайды. Металлургтер, прокатшылар кадрларын мәпелеп өсіру керек, мұнда да тәлімгерлеріміз өздерінің тегеурінді сөздерін айтуға тиіс. Менің өзім цехқа келген жас жігітті қолдауға, кәсіпті үйренуіне, еңбектің сұлулығын тануына, қайнап жатқан металға таңдана қарауына көмектесуге ұдайы ұмтыламын. Менің бригадамның мүшелері Мейрам Ахметов, Николай Скворцов цехымызға келгенде нақ осылай болды. Бүгінде олар — сауатты жұмысшылар. Келешекте де осылай жасай береміз.

— Сіз сайлау алдындағы программаңызда жастар проблемасын, әлбетте, айрықша бөліп көрсетуіңіз кездейсоқтық емес шығар. Бұл неден туындаған?

— Ең әуелі қаламызда және облысымызда осы проблеманың өткірлігінен туындады. Біздің жастарымыз жақсы, алайда оларды тәрбиелеумен әлсіз айналысамыз. Осыдан барып, масылдық, бұзақылық, басқа кемшіліктер бой көрсетеді, оған жайбарақат қарауға болмайды.

Менің былайша айтқанда жеке мүддем де бар: семьямда екі ұл өсіп келеді, олардың есеюі оңай өтіп жатпағанын көріп жүрмін. Өзімнің еңбек өмірбаянымның басталуын да еске түсіремін, мен бұдан 20 жыл бұрын комсомолдық жолдамамен Қазақстан Магниткасына келдім. Армияда әскери қызметімді өтегеніммен село баласы маған үлкен жұмысшы коллективінде көндігіп кету оңай болған жоқ. Дегенмен аға жолдастарым, тәлімгерлерім, солардың ішінде атақты болат балқытушы Алтынбек Дәрібаев көмектесті.

Сондықтан да, біріншіден, кәсіпорындарда тәлімгерлікті дамытуға бүкіл күшпен ықпал жасауды өз мақсатым ретінде қойдым. Екіншіден, жасөспірімдер үшін екі-үш сағат еңбек ететін жұмыс орындарын құру туралы қамқорлық жасау керек. Мұның өзі оларға өте пайдалы ғой. Сенделіп босқа жүрген жас адамдарды көргенде бұдан өзімнің кінәмді де сезінемін, сондықтан аулалық клубтарды құруға, бұқаралық шараларды өткізуге, осы жұмысқа ардагерлерді, әйелдер советтерін, интернационалист-жауынгерлерді тартуға көмек бергім келеді.

— Қазақстан Магниткасының экономикалық жайы көбіне-көп сіздің қаланың өмірін, оның әлеуметтік жүйесінің дамуын анықтайды ғой. Сіз осы міндеттерді шешуге қатысуыңызды қалай жоспарлайдасыз?

— Әлбетте, бұл осылай ғой. Мұнда да мынадай көріністе назар аударғым келеді. Бүкілодақтық партия конференциясынан кейін Теміртауда азық-түлікпен жабдықтау жағдайы баяу болғанымен өзгере бастады: магазиндерге балық, ет консервілері түсуде. Олар тым шалғайдан, жоспардан тыс берілген металл есебіне әкелінуде. Алайда облыстың агроөнеркәсіп комплексінде өзгеріс онша байқалмайды. Менің пайымдауымша село адамдары



СУРЕТТЕРДЕ: жоғарыда — Қабдолла Зәкіриянұлы Рамазанов Нүркен Садырбаевпен, Геннадий Дровалевпен, Шыңғыс Асылбековпен бірге тұр.

Төменде оң жақта — Қабдолла семья ортасында — әйелі Майра Ахметжанқызы және ұлдары Жанат пен Нұрлан.

Суреттерді түсірген А. ТОНКИХ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

қайта құрылып, арендалық мердігерлікті енгізуде, азық-түлік өндірісін үдетуде. Сонда да таяудағы уақытта жергілікті ресурстар есебінен осы проблеманы толық көлемінде шешудің сәті түсе қоймайтын сияқты. Өйткені Қарағанды облысы — индустриалды аймақ. Меніңше, аймақтық шаруашылық есепті барынша дамыта беру керек. Көршілес облыстар бізге азық-түлікпен жәрдемдесе берсін, ал біз оларға көмір, металл, техника береміз. Сондай-ақ қала тұрғындарының қамқорлық көмегін сапалық жағынан жаңа деңгейге көтеру керек деп есептеймін. Егер мені СССР халық депутаты етіп сайласа, селоға,танаптар мен фермаларға қазіргі жағдайда қажетті техникаларды беруді жедел шешуді жақтайтын боламын.

Менің пікірім мынадай: депутаттар мемлекеттік маңызы бар проблемаларды нақты шешуді батыл қолға алып, олардың төңірегінде дұрыс қоғамдық пікір туғызуға, резервтерді іздестіруге көмектесеуге тиіс.

— Дегенмен бұл үлкен, қаншама уақыт пен еңбекті талап ететін жұмыс қой.

— Егер, мені сайласа, иә, жүктелімнің өте көп болатынын түсінемін. Жұмыстас жолдастарымның қолдауынсыз бұл істе қиын соғатынын да түсінемін. Мұны қазірдің өзінде сезіндім. Қарағанды металлургия комбинаты партия комитеті секретарының орынбасары Татьяна Николаевна Абрамова еңбекшілермен кездесуді ұйымдастыруға зор көмек беруде. Ол кездесулерді өткізеді, қайсыбір сұраққа жауап беруге қиналған кезінде маған көмекке келеді. Бригадамыздың мүшесі, болат қотарушы Леонид Ефимович Суңцов та — сайлау алдындағы науқанға белсенді қатысушы. Жұрт сенген өкіл ретінде ол жиналыстарда айтылған ұсыныстар мен өтініштердің бәрін ескереді, оларды қалай шешуге болатындығына кеңес береді. Әлбетте, партия және совет органдарының қолдау жасауына, олармен бірлесе жұмыс істеуге көбірек үміт артамын.

Өз семьям да — әйелім Майра Ақметжанқызы да, ұлдарым да жәрдемдеседі ғой деп үміт етемін, олар менің ұдайы қоғамдық жүктеліміме ұғынушылықпен қарайды, жалпы халықтың қолдауына сүйену арқылы ғана қайсыбір депутат өзінің жауапты міндетін орындай алады деп ойлаймын.

— Қабдолла Зәкірянұлы, сіз өз сайлау науқаныңыз туралы бірнеше мәрте айттыңыз. Дегенмен сізді Москвада, партия Орталық Комитетінің Пленумында сайлайды ғой... Сіздің кездесулеріңіз дауыс беру қортындысына қалай ықпал жасайды? Кейбіреулер қоғамдық ұйымдардан сайлау барысында қатардағы азаматтардың пікірінің қайсыбір шешуші ықпалы жоқ деп есептейтіндіктен осы сауалды қойып отырмын.

— Бұл қатты адасушылық, өйткені мені алғашында комбинаттың партия ұйымынан ұсынды, бұл коллектив пікірін ескеру арқылы жасалды, сосын облыстық партия комитетінің, Қазақстан Компартиясының және КПСС Орталық Комитетінің пленумдарында жан-жақты талқыланды. Ал екіншіден, сайлау туралы Заңда айтылғанындай, кандидатураны түпкілікті қарау барысында сайлау алдындағы кездесулерде түскен қарсы айтылған пікірлер міндетті түрде ескеріледі. Сайып келгенде, кездесулерде депутаттық программа түпкілікті пысықталып, өңделеді. Сонымен еңбекшілер пікірінің шешуші маңызы бар.

Әңгімені жүргізген В. ВОЛОДИНА.
Қарағанды облысы.

Үгіт поезының маршруты

Облыстық партия комитетінің үгіт-насихат поезы Еңбекшілдер ауданында бір апта бойы жұмыс істеді. Ол шалғай селоларда, мал фермаларында болды. Насихаттық топ мүшелері — облыстық партия комитеті идеология бөлімінің лекторы А. Бейсекеев пен облыстық атқару комитеті юстиция басқармасының аға консультанты К. Қәукенов село еңбеккерлері алдында әңгіме өткізді, совет қоғамының саяси реформасын жүзеге асыру, сайлау системасындағы өзгерістер туралы әңгімеледі.

Село еңбеккерлері үгіт поезының концерттік программасын да жылы лебізбен қабылдады. Аудандық Мәдениет үйінің құрамында Ж. Жалмұхамбетов, Р. Қартабиев, Н. Хамзин бар вокальды-аспапты тобы орындаған әндер қаншама қуанышты сәттерді сыйлады.

Облыстық тұтыну одағы мен халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің облыстық өндірістік бірлестігінің автомагазині мен автошеберханасының иелері Ф. Столбов пен В. Романенко тұрғындарға өнеркәсіп заттары мен тұрмыстық товарларды сатты, түрлі тұрмыстық қызмет көрсетті.

Үгіт поезының маршруты одан әрі жалғасуда. Ол облыстың тағы бірқатар аудандарында болды, ал сайлау науқанының соңына дейін олардың бәрінде болып қайтады.

Көкшетау облысы.

Digitized by Google

ЕЛ ӨКІМЕТІНІҢ ЖОҒАРЫ ӨКІЛЕТТІ ОРГАНЫ

Социалистік мемлекеттің және халықтың өзін-өзі басқаруының негізі ретінде халық депутаттары Советтерінің толық билігін қамтамасыз ету бүгінде жүзеге асырылып жатқан қоғамымыздың саяси системасы реформасының шешуші бағыты болып табылады. Осы жұмыс Бүкілодақтық XIX партия конференциясы белгілеген ірі, өзара байланысты шаралардың тұтас комплексін қамтиды, олардың қыруар бөлігі СССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс он екінші сессиясы қабылдаған «СССР Конституциясына (Негізгі Заңына) енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы» және «СССР халық депутаттарының сайлауы туралы» Заңдарда практикалық көрінісін тапты. Мемлекеттік өкіметтің жоғары органдарын қайта құрудың, ең әуелі СССР халық депутаттары Съезінің оның жоғары органына айналуының шын мәнінде түйінді маңызы бар.

Біздің өкілетті системамызда оның жоғары деңгейіндегі мұндай маңызды жаңалық неден туындаған?

М. С. Горбачев Бүкілодақтық XIX партия конференциясында жасаған баяндамасында былай деп атап көрсетті: «СССР Жоғарғы Советінің депутаттары, Президиумы, комиссиялары пайдалы жұмыс жүргізіп жатқанымен, біздің ең жоғары өкімет органымыздың құрылымы мен оның қызмет тәртібінің елеулі өзгерістерді талап етіп отырғаны жұрттың бәріне айқын».

СССР және республикалар Жоғарғы Советтерін ұйымдастыру мен олардың қызметінде орын алған кемшіліктерге, ішінара алғанда, өкілдіктердің біршама ықшамдалуы, яғни саяси системаның негізгі буындары — партия, кәсіподақ, комсомол, басқа бұқаралық қоғамдық ұйымдардың, сондай-ақ кооперативтік, творчестволық, ғылыми ұйымдардың өкілеттіктерін мүлдем жете бағаламау барысында депутаттық корпусты қалыптастырудың территориялық және ұлттық-территориялық принциптеріне біржақты бағдар ұстауды жатқызуға болады. Әрине, округтер бойынша депутаттарды сайлау саяси системаның барлық осы буындарының өкілдігін қайсыбір дәрежеде қамтамасыз етеді, сонымен бірге жалпы халықтың ортақ, түбірлі мүдделерін, қоғамдық ұйымдарға біріккен оның түрлі топтарының өзіндік мүдделерін толық білдіру үшін осы ұйымдардың жоғары мемлекеттік өкіметке қатысуының біршама дербес формасы қажет. Ал Жоғарғы Советтер құрылымында нақ осы жетіспеді.

Жоғарғы Советтердің жұмыс режиміндегі кемшіліктерге келсек, олардың мәжілістерінің қысқа мерзімділігін, басқарудың тиісті органдары дер кезінде әзірлеген мәселелердің біршама шағын тобының қаралуын, сондай-ақ өзінің сипаты жағынан Жоғарғы Советтердің қарауына жататын көптеген істерді осы органдардың қарауында қалдыруды оларға жатқызуға болады. Өмір бұқаралық өкілдікті заң шығару, басқару және бақылау жөніндегі тұрақты жұмыспен қабысатын жоғары буын құрылымын құрып, осы кемшіліктерді жоюды талап етті.

Ал осы міндеттердің бәрін бір ғана органға жүктеу мүмкін емес. Совет адамдары мүдделерін барлық қырларынан мейлінше толық білдіру үшін халық депутаттары Съездерінің үлгісінде ауқымды халық жиналысының болуы қажет. Бірақ олар мұндай көп адамдық құрамда заң шығару, басқару және бақылау жасау жөніндегі тұрақты қызметпен айналыса алмайды. Бұл үшін олар тым көлемді болып шығар еді. Оның үстіне қаншама адамды негізгі өндірістен және қызметтен қол үздіруге тура келеді. Аса кең өкілетті орган — СССР қарауына енетін мәселелерді шешудегі негізгі бағыттарды анықтауы, бұл үшін саяси және праволық негіз жасалған жағдайда көптеген мемлекеттік міндеттерді мейлінше нақты шешу үшін біршама ықғайлы әрі тұрақты жұмыс істейтін өкілетті де билікті органның болуының өзі жеткілікті.

Осының бәрі мемлекеттік өкіметтің жоғары қабатында өзара табиғи байланысты халықтың екі өкілетті органының — СССР халық депутаттары Съезі мен СССР Жоғарғы Советін құруға жетеледі.

М. С. Горбачевтің СССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс он екінші сессиясында жасаған баяндамасында атап көрсетілгеніндей, жалпы одақтық және республикалық деңгейлерде халық депутаттарының съездері секілді маңызды

Digitized by Google

элементті енгізу «мемлекеттік ғимараттың жоғары қабаттарында өкімет билігімен қиянат жасауға жол бермеу міндетінен — қоғамдық пікірдің барлық әлеуметтік топтары мен қырларының өкілі болып табылатын, ең жоғары жалпы халықтық форумның бұлжымас беделімен пайдаланылатын орган ғана шеше алатын міндеттен туындаған».

Сондай-ақ халық депутаттарының съездері Советтер съездерінің дәстүрін жаңа жағдайда қалпына келтіруде, ал олар толық билікті халық жиналыстары еді.

Қазір сайлау науқаны өрістеді. 1989 жылы 26 мартта территориялық және ұлттық-территориялық округтер бойынша халық депутаттарының сайлауы өткізіледі. Қоғамдық ұйымдардан халық депутаттарын сайлау оған кем дегенде жиырма күн қалғанда және 26 марттан кешіктірілмей өткізіледі. СССР халық депутаттарының Съезі өзінің алғашқы мәжілісіне сайлаудан кейін екі ай кешіктірілмей шақырылады. Ол тең негізде — территориялық округтердің, ұлттық-территориялық округтердің және қоғамдық ұйымдардың әрқайсысынан сайланған 750 депутаттан — 2250 халық депутатынан тұрады. Жүзден астам түрлі қоғам мен ассоциацияны біріктіретін,елдің бүкіл халқын дерлік қамтитын 38 қоғамдық ұйым депутаттық мандат алды.

СССР халық депутаттарының съезі еліміздегі мемлекеттік өкіметтің жоғары органын бейнелейді. Ол ССР Одағының қарауына жатқызылған қайсыбір мәселені өз қарауына қабылдап, шешуге праволы. Съезд кезекті мәжіліске жылына бір рет қана шақырылатындықтан, ол СССР қарауына жатқызылған мәселелердің бәрін іс жүзінде шеше алмайды. Олардың қыруар бөлігін ел өкіметі мен басқарудың басқа органдары — СССР Жоғарғы Советі, Жоғарғы Совет Председателі, СССР Жоғарғы Советінің Президиумы, СССР Министрлер Советі, одақтық министрліктер мен ведомстволар қарап, шешуге тиіс. Демек мұның барысында, СССР Конституциясының 91-ші статьясында айтылғандай, жалпы одақтық мәнібар аса маңызды мәселелер тек СССР халық депутаттарының Съездерінде ғана шешіледі, ал 108-статьяда тек оның қарауына жатқызылған мәселелер тізімі анықталады. Оған ең алдымен конституциялық мәселелер жатады. Халық депутаттарының Съезі ғана Конституцияны қабылдауға немесе оған өзгеріс енгізуге праволы.

СССР халық депутаттарының Съезі СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының перспективалы мемлекеттік жоспарлары мен аса маңызды жалпы одақтық программаларын бекіту секілді маңызды әлеуметтік экономикалық мәселелерді шешетін болады. Ұлттық-мемлекеттік құрылым мәселелері, мемлекеттік шекараға байланысты мәселелер, одақтас республикалар арасындағы шекараның өзгертілуін бекіту, СССР-дің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтау тек оның қарауына жатады.

СССР халық депутаттарының Съезі ғана СССР Жоғарғы Советін, оның Председателін, председательдің бірінші орынбасарын сайлау, СССР Министрлер Советі Председателін, СССР Халықтық бақылау комитетінің председателін, СССР Жоғарғы сотының председателін, СССР Бас прокурорын, СССР-дің Бас мемлекеттік арбитрін бекіту, СССР Конституциялық қадағалау комитетін сайлау секілді мәселелерді шешуге праволы.

Халық депутаттарының Съезі мемлекеттік өкіметтің тұрақты жұмыс істеуші, заң шығарушы және бақылау жасаушы органы болып табылатын, Съезге есеп беретін СССР Жоғарғы Советін жасырын дауыс беру арқылы құрады. Оны ұйымдастыру барысында депутаттық корпустың үш тобын қалыптастырудағы ерекшеліктер тікелей ескеріледі. Демек Съезде Жоғарғы Советтің Ұлттар Советі ұлттық-территориялық сайлау округтерінен сайланған СССР халық депутаттары мен қоғамдық ұйымдардан сайланған халық депутаттары қатарынан мынадай норма бойынша: әрбір одақтас республикадан 11 депутат, әрбір автономиялы республикадан 4 депутат, әрбір автономиялы облыстан 2 депутат және әрбір автономиялық округтен 1 депутат сайланады. Ұлттар Советіне барлығы — 271 депутат сайланады.

Жоғарғы Советтің Одақ Советінің, өз тарапынан, осындай құрамы болады және Съезде, демек территориялық округтер мен қоғамдық ұйымдар депутаттарынан жасырын дауыс беру арқылы сайланады. СССР Жоғарғы Советінің құрамына барлығы 542 депутат сайланады.

Жоғарғы Советтің саяси, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдық мәселелер бойынша көлемді өкілеттігі бар, тұрақты орган ретінде жұмыс істеп, ол әдетте әрқайсысының ұзақтығы 3—4 ай болатын көктемгі және күзгі сессияларға жиналады. Мұндай жағдайда ол маңызды мәселелердің көлемді ауқымын шеше алады. Қазіргі уақытқа дейін СССР Жоғарғы Советінің де, одақтас және автономиялы республикалардың Жоғарғы Советтерінің де мұндай мүмкіншілігі бол-

Digitized by Google

мады, әдетте олар небары бірнеше күнге жиналатын.

СССР Жоғарғы Советі палаталары қызметінде жеке жауапкершіліктің жоқтығын жою маңызды жаңа көрініс болады. Олар бертінге дейін бірдей мәселелерді қарады және бұдан палаталардың тең праволық көріністері байқалды. Енді СССР Жоғарғы Советінің жалпы компетенциясы ауқымында палаталардың әрқайсысының бірқатар өзіндік праволары мен қарайтын мәселелері баршылық. Мәселен, Ұлттар Советінде ең алдымен ұлттық тең праволылықты қамтамасыз ету, советтік көп ұлтты мемлекеттің ортақ мүдделерімен қабыстыра отырып, ұлттар, ұлыстар және ұлттық топтар мәселелері қаралатын болады.

СССР Жоғарғы Советінің Председателі, оның бірінші орынбасары, Жоғарғы Совет Председателінің он бес орынбасары — одақтас республикалар Жоғарғы Советтерінің Председательдері, Одақ Советі мен Ұлттар Советінің Председательдері, СССР Жоғарғы Советі палаталарының тұрақты комиссиялары мен комитеттерінің председательдері енетін СССР Жоғарғы Советінің Президиумына да жауапты міндет жүктеледі.

Президиумды СССР Жоғарғы Советінің Председателі басқарады, оны СССР халық депутаттарының Съезі жасырын дауыс беру арқылы сайлайды. КПСС-тің Бүкілодақтық XIX конференциясы өз қарарында атап көрсеткеніндей, «Советтер председателі қызметіне, әдетте, тиісті партия комитеттерінің бірінші секретарьларын ұсыну өкілдікті органдар ролінің артуына» жәрдемдеседі. Мұның өзі КПСС пен мемлекеттік өкіметтің жоғары деңгейіндегі барлық буындары қимыл-әрекетінің бірлігін нығайтуға тиіс, әлбетте олардың қызметінің аражігін дәйекті ету дәлме-дәл анықтау, мемлекеттік өкімет органдарының дербестігін қамтамасыз ету керек. Біздің елімізге осындай бірлік керек, ол революциялық қайта құру міндеттерін табысты шешуге белсенді ықпал етеді.

Жоғарғы Совет Председателі халық депутаттарының съезі мен СССР Жоғарғы Советіне елдің жағдайы, ішкі және сыртқы саясаттың, елдің қорғанысы мен қауіпсіздігінің маңызды мәселелері туралы баяндаманы ұсынып, мемлекет пен халық алдында зор жауапкершілікті көтереді.

Сайып келгенде, мемлекеттік өкіметтің жоғары қабатын қайта құру оларда еңбекшілер өкілеттігін ұлғайтуға көмектеседі. Совет адамдары саяси реформаны жүзеге асыру, Советтердің толық билігін қалпына келтіру жөніндегі ірі шараларды мақұлдап қарсы алды. Мұның өзі олар СССР халық депутаттары сайлауына келе жатқан жоғары саяси және еңбек өрлеуінде өзінің нақты көрінісін табуда.

В. КИМ,
заң ғылымының докторы, профессор.

Алматы қаласы.

Қалалық партия комитетіндегі кездесу

Шымкент қалалық партия комитетінде № 650 Шымкент территориялық сайлау округы мен № 157 ұлттық-территориялық сайлау округы бойынша халық депутаттығына кандидаттар – цемент заводы жөндеу-механика цехы токарьларының бригадирі А. П. Акимовпен, мақта-мата комбинатының жіп иірушісі Г. П. Коломиецпен, қорғасын заводының директоры К. С. Ізбасқановпен, «Чимкентжилстрой» жобалау-құрылыс басқармасының бригадирі Л. И. Ковальчукпен, «Фосфор» өндірістік бірлестігінің газ-электр дәнекерлеушісі В. И. Крештакпен және «Заря» өндірістік бірлестігі жөндеу цехының бригадирі В. Т. Халниязовпен кездесу болды.

Ол тиянақты әңгімеге ұласты. Қалалық партия комитетінің бірінші секретары В. А. Шеманский кандидаттарды өз жолдастарының сеніміне ие болуымен құттықтап, қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы әңгімелейтін цифрлы және фактологиялық деректерді тапсырды. Сайлау алдындағы программаны талдап жасау барысында кандидаттарға осы материалдар қажет. Қалада «Тұрғын үй-91» программасының қалай орындалып, азық-түлік программасының қалай шешіліп жатқанын, әуе және су бассейндерін тазалау үшін не жасау керектігі мүдделілікпен талқыланды.

В. ЛЕТЯГИН,
Шымкент қалалық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы.

Digitized by Google

ЖҮЙЕЛІ ҚАТЫНАС КЕРЕК

Тоқыраушылықтың ұзақ жылдарында біздің облысымыздың көптеген партия ұйымдары интернационалдық және патриоттық тәрбие беруді лекциялар, баяндамалар оқумен, кештер, фестивальдер өткізумен шектеп келді. Сонымен бірге осы шаралар көбіне даңғазалық сипат ұстады, нақты фактілерді пайымдаумен шектелді. Мәселен, облыста жүзге жуық ұлт пен ұлыстың өкілдері тұрып, еңбек ететіні әңгімеленетін, ал олардың әлеуметтік көңіл-күйлері қандай, рухани және мәдени сұранымы қалай қанағаттандырылуда — лекторлар мен насихатшылар бұл жайлы сөз етпейтін.

Енді қатынас біршама өзгерді. Партия ұйымдары облыста тұратын түрлі ұлттар топтары өкілдерінің рухани және мәдени сұранымын зерттеуге қарай елеулі қадамдар жасады. Демек осында біздің алдымыздан қызметтің кең өрісі ашылды. Мәселен, облыстық партия комитетінің ұлттық және ұлтаралық қатынастар жөніндегі комиссиясының мәжілісінде облыстағы курд халқы арасында саяси-тәрбие жұмысын күшейту жөніндегі шаралар талқыланды. Облыс территориясында 9 мыңнан астам курд тұрады, яғни олар осындағы халықтың жалпы санының 0,9 процентін құрайды. Олар халық шаруашылығының барлық саласында жұмыс істейді. Олардың көпшілігі үкімет наградаларымен аталған. Жамбыл ауданының XXII партсъезд атындағы колхозының қызылша өсіруші звеносының жетекшісі Кибара Дұрсынова партия XXVII съезіне делегат болып сайланды, осы колхоздың аға шопаны А. Караосманоглы «Құрмет Белгісі» орденімен, «Түркістан» совхозының аға шопаны А. Мұстафаев — Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды. 45 адам жергілікті Советтердің депутаты, төртеуі аудандық партия комитетінің мүшесі болып табылады.

Алайда бұрын осы мәселені қараудың сәті түсе қалса (ал бұл ешуақытта болған емес), анағұрлым тиімді деректерді пайымдаумен шектелген болар едік. Дегенмен комиссия ежелгі осы халық өкілдері мәдениетінің дамуына, белсенділігінің өсуіне, демек олардың басқа ұлт адамдарымен араласуына оралғы жасайтын қаншама қиыншылықтардың бетін ашты. Партия ұйымдарының, басқа қоғамдық ұйымдардың жеткіншек ұрпаққа білім беру, мамандар даярлау мәселелерін назардан қалыс қалдыратыны туралы ашық айтылды. Көптеген балалар мектепті бітірместен оны тастап кетеді. Маман курдтар сондай аз. Мәселен, олар ауыл шаруашылығы мамандары арасында небары — 12 адам, инженер-техник қызметкерлер — 32, мұғалімдер — 37, медицина қызметкерлері — 11 адам екен. Басшы орындарға да адамдар аз ұсынылды. Жұмысшы табының қатары ұлты курд адамдармен баяу толығуда. Осы және басқа мәселелерді шешу жөнінен тиісті органдарға нақты тапсырмалар берілді. Мұнда үгітшілер, саяси хабаршылар өз ролін атқаруға тиіс. Оларға өндірісте және тұрғылықты жерлерде, семьяларда түсінік жұмыстарын жүргізу тапсырылды. Оларға ұлты курд адамдар тартылды. Әсіресе көп балалы семьяларға айрықша көңіл бөлінді. Үш мектепте курд тілін оқыту жөнінен факультативтер ашылды. Мектеп бітірушілер жоғары оқу орындарына жіберілуде, басқа да шаралар қабылдануда.

Облыста тұратын дүнген, неміс, түрік халықтары өкілдері арасындағы жұмысқа да осындай тыңғылықты талдау жасалды, бұл нұсқауларды талдап жасауға, саяси-тәрбие жұмысын күшейту, мамандар даярлау, сайланбалы және шаруашылық органдарында тиісті өкілдіктерді қамтамасыз ету жөнінде нақты шаралар қабылдауға мүмкіндік берді.

Демек біз еңбек коллективтерінің, олардың қоғамдық ұйымдарының көбірек көңіл бөлуі жағдайында түрлі ұлт өкілдерінің белсенділігі өсіп келе жатқанын көріп отырмыз, олардың қоғам істеріне деген мүдделілігі танылуда. Мәдени байлықтарды түлету жедел өтуде. Немістің «Фройндшафт» және «Лорелай», гректің «Неотис», курдтың «Найнук», түріктің «Лейла», дүнгеннің «Чунтян» және басқа көптеген талапкер ансамбльдер облыстың қалалары мен селоларында аса танымал. Мектептерде және мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде әртүрлі ұлыстардың тілдерін оқыту жақсарды — неміс, дүнген және түрік тілдерін оқып үйрену жөнінен 35 топ ашылды.

Жұмысшы табының ұлттық отрядтарын, соның ішінде жергілікті ұлт өкілдері отрядтарын қалыптастыруға бағытталған жұмыс енді нақтырақ бола түсті. Осы процесс те ұзақ уақыт бойы бейберекет жүргізілген еді. Әрине, экономиканың жедел дамуы, Қаратау — Жамбыл өндірістік комплексінің құрылуы жұмысшы табын қалыптастыруға ықпал етті. Мәсе-

Digitized by Google

лен, Жаңа Жамбыл фосфор заводында жергілікті ұлт өкілдері 35 процентті, «Химпром» өндірістік бірлестігінде — 25 проценттейін, темір жол транспортында — 40 проценттен астамын құрайды. Алайда тұтасымен өнеркәсіпте, құрылыста, энергетика саласында жұмысшы-қазақтардың үлесі төмен екен. Дүнген, азербайжан, түрік ұлттары өкілдері туралы да осылай деуге болады.

Жұмысшы табының ұлттық отрядтарын қалыптастырудың облыстық программасы талдап жасалған қазіргі уақытта жағдай өзгере бастады. Онда мектептерде кәсіптік бағдар беруді жақсарту, кәсіпорындардың кәсіптік-техникалық училищелермен іскер достық одағын нығайту мәселелері өзекті орын алуда. Жаңа Жамбыл фосфор заводы мен № 11 орта кәсіптік-техникалық училищенің, «Джамбулстрой» тресі мен № 7 орта кәсіптік-техникалық училищенің, «Джамбулхимстрой» тресі мен № 2 орта кәсіптік-техникалық училищенің коллективтері осы жұмысты белсенді жүргізуде. Олар училищелердің материалдық-техникалық базасын нығайтудың көптеген мәселелерін қысқа мерзім ішінде бірлесіп шешті.

Жұмысшы табының таңдаулы өкілдері оқушылар арасындағы түсінік жұмыстарына тартылды. Мектеп оқушыларымен үнемі кездесіп тұратындардың қатарында «Қаратау» өндірістік бірлестігінің экскаваторшылар бригадирі, Бүкілодақтық XIX партия конференциясының делегаты Х. Орынбаев, суперфосфат заводының аппаратшысы, СССР Жоғарғы Советінің депутаты В. И. Чернявская, «Джамбулхимстрой» тресінің бригадирі И. Х. Афанасиади бар.

Демек облыстық партия комитетінің бірыңғай идеология бөлімін құрғаннан кейін оқушы жастармен жұмысқа деген біржақты көзқарас, сайып келгенде, жойыла бастады, бұрын оқу-методикалық жұмысы мәселесіне баса көңіл бөлініп, оқушылардың идеялық-саяси және адамгершілік жағынан шыңдалуы жете бағаланбағанын айтқан жөн. Көптеген мектептер мен училищелерде интернационалдық достық клубтары, музейлері, бөлмелері, жауынгерлік және еңбек даңқы мүйістері құрылды, қоғамдық-саяси өмірдің аса өзекті проблемалары бойынша кинолекторийлер жұмыс істей бастады. Мәселен, № 8 орта кәсіптік-техникалық училищенің Сухэ Батор атындағы музейі мен № 1 орта кәсіптік-техникалық училищенің жауынгерлік және еңбек даңқы музейі интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөнінен үлкен жұмыс жүргізеді. Училищелерде қазақ тілінде оқытатын топтардың ашылуы село жастарының орта кәсіптік-техникалық училищелерге көптеп келуіне ықпал етті. Сонымен бірге село мектептерінде орыс тілін оқытуға зор көңіл бөліне бастады.

Ойластырылған жұмыс өз нәтижелерін беруде. Үстіміздегі оқу жылында облыс училищелерінде оқитын жергілікті ұлт оқушыларының саны өткен оқу жылына қарағанда 51,4 проценттен 54,2 процентке, соның ішінде селолық жерлерде — 72,9 проценттен 76,2 процентке және қалалық училищелерде — 41 проценттен 43,2 процентке дейін өсті. Тұтасынан облыс бойынша екі жыл ішінде жергілікті ұлт жұмысшыларының үлес салмағы 23,9 проценттен 25 процентке, ал құрылыста 21 проценттен 23 процентке дейін өсті. Дегенмен тек әзірше алғашқы қадамдар ғана жасалғанын цифрлар аңғартады.

Интернационалдық және патриоттық тәрбиенің басқа бағыттары барынша нақты әрі мақсатты бола түсті. Мәселен, облыс еңбекшілерінің туысқан Монғолияның Қобда аймағы еңбеккерлерімен, социализмнің басқа елдері кәсіпорындарымен жарысының тәрбиелік ықпалы өсті. Одақтас және автономиялы республикалардың біртектес коллективтерімен байланыс нығайып келеді. Өндірістік бригадалар, сменалар мен бөлімдер жарысқа қосылуда.

Әлеуметтік мәселелерге көңіл бөлу, әрине, түсінік, үгіт-насихат жұмыстарын әлсірету деген сөз емес. Көп нәрседе оның мәні өзгерді — активистер декламация мен асқақ сөздерден өзекті өмірлік проблемалар туралы ашық иланымды әңгімелерге ауысуда. Ғалымдардың, Жамбыл мен Алматының жоғары оқу орындары оқытушыларының қатысуымен өтетін «дөңгелек столдар» лениндік ұлт саясатын түсіндірудің тиімді формасына, ұлтаралық қатынастарды нығайтудың тиімді жолдарына айналды. Олар саяси оқу кабинеттерінде, сондай-ақ тікелей еңбек коллективтерінде өтеді, демек теория мен практиканың аса күрделі мәселелерін тереңірек пайымдауға көмектеседі.

Тұрақты лекторийлер, жастардың пікірталас клубтары, кинолекторийлер адамдар сана-сезімінде елеулі із қалдыруда. Оларды тәжірибелі партия және комсомол қызметкерлері, партия комитеттері мен «Білім» қоғамының лекторлары жүргізді. Жамбылдың жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтының доценті, философия ғылымының кандидаты А. Зұлхарнаевтың, осы институттың аға оқытушысы, тарих ғылымының кандидаты Г. Замятинаның, гидромелио-

Digitized by Google

ративтік құрылыс институтының оқытушысы, тарих ғылымының кандидаты С. Ермекованың, осы институттың доценті, философия ғылымының кандидаты Д. Диқанбаеваның, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері А. К. Клаттың, Абай атындағы педагогика училищесінің оқытушысы В. А. Шишкаловтың және басқа бірқатар адамдардың лекциялары туралы еңбек және оқу коллективтерінде жылы лебізбен әңгімелейді.

Демек, идеялық-тәрбие жұмысындағы ілгерілеушілік туралы айта отырып, барлық жерде бірдей жұмыс КПСС Орталық Комитетінің Қазақ республикалық партия ұйымының жұмысы жөніндегі қаулысына сай жүргізіліп отырмағанын көрмеуге болмайды. Бірқатар партия комитеттерінің, олардың ұлттық және ұлтаралық қатынастар жөніндегі комиссияларының өз жұмыстарында шараларды жасап, есептерді қарауға ұмтылуы әлі де байқалып қалады. Әзірше нақты жұмыс істеуге бәрі бірдей үйренген жоқ. Жеке тәрбие жұмысын жүргізбейді. Келеңсіз көріністерді зерттеу көрсеткеніндей, оларды ұстаушылармен ұзақ уақыт бойы тәрбие жұмысы жүргізілмеді.

Біздің өміріміз тез өзгеріп жатқан бүгінгі жағдайда активистерді жаңа қатынастармен қаруландыру, қалыптасқан дағдыларды жеңуге көмектесу өте-мөте маңызды. Демек осында республикалық идеология мекемелері тарапынан елеулі көмек керек. Интернационалдық және патриоттық тәрбие тақырыбы бойынша кітаптар мен кітапшалар көбірек шығарыла бастағанымен, олардың көпшілігінде ескі көзқарастарды бірыңғай баяндау басым. Журналдар мен газеттерден ұлтаралық араласу мәдениеті туралы, тәрбие жұмысының қызықты тәжірибесі туралы сындарлы мақаланы бірден таба алмайсың.

Дүнген, түрік, курд, корей және республикада тұратын басқа халықтардың тілдерін оқыту үшін мамандар даярлау мәселесі де өз шешімін талап етеді.

Алматының жоғары оқу орындары бірінің жанынан осындай мамандарды даярлайтын бөлім ашу орынды болар еді, деп ойлаймыз.

Ж. КӘРІБАЕВ,
Қазақстан Компартиясы Жамбыл облыстық комитеті идеология бөлімінің меңгерушісі.

ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ХРОНИКАСЫ

Қостанай. Қалалық партия комитеті, «Білім» қоғамының қалалық ұйымы, облыстық «Коммунизм таңы» газеті және облыстық радиохабар мен телевизия комитеті «Достық» интернационалдық лекторийін ұйымдастырды.

Оның «Қостілділік — достықтың қос қанаты» тақырыбымен өткен алғашқы сабағында лекторий жетекшісі, «Коммунизм таңы» газеті редакторының орынбасары Б. Нұрмұқамедов лекция оқыды. Партия мен еңбек ардагері, дербес пенсионер Я. Устименко қазақ тілін білуі партиялық жұмыста, адамдармен араласуда өзіне қандай көмектескені туралы айтты.

Шымкент. Облыстың «Оңтүстік Қазақстан» мен «Южный Казахстан» газеттері редакциялары «дөңгелек стол» басында мәжіліс өткізді, онда В. И. Ленинның «Біз газеттеріміздің сипаты туралы» еңбегі талқыланды. Оған облыстың бұқаралық информация мен насихат құралдарының қызметкерлері, олардың штаттан тыс активі, қоғамтанушы-ғалымдар, жазушылар қатысты.

Қайта құру жағдайында баспасөз мақалаларының пәрмеңділігін, нақтылығын арттыру туралы лениндік талаптардың өсе түскен маңызы, экономика, озық тәжірибені қорыту мәселелеріне көңіл бөлуді күшейту туралы әңгіме қозғалды.

Қарағанды. Облыс орталығының Ленин аудандық партия комитетінде талапкер бірлестіктермен жұмыс істеу жөнінен семинар-практикум болды. Оған қатысушылар еңбекшілер инициативасын дамыту, оны пайдалы істер арнасына бағыттау жөніндегі жұмыс тәжірибесін алмасты.

Аудандық партия комитеті жанынан қоғамтанушы-ғалымдардан, партия және комсомол активінен инициативалы топ құрылды, ол облыстық құрамалар қызметін зерттеумен, ұсыныстар әзірлеумен және олар бойынша жұмысты ұйымдастырумен айналысады.

Семей. Мұнда «Білім» қоғамының облыстық ұйымы мен қалалық комсомол комитеті жариялаған таңдаулы жас лектор конкурсы өтті.

Конкурсқа жас лектор мектебінің 75 тыңдаушысы мен оны бітіргендер қатысты. Облыстық турға сегіз лектор барды. Олар беделді төрешілер алдында өз шеберліктерін, материалды баяндап, оны тыңдаушыларға жеткізе білушілігін, пікірталасты жүргізу қабілеттіктерін көрсетті.

Медицина институтының студенті Владимир Грец конкурс жеңімпазы болды. Технология институтынан Гүлмира Исаева мен медицина институтынан Дмитрий Акулов тиісінше екінші және үшінші орындарды алды.

Digitized by Google

ДЕРБЕСТІЛІК ПЕН ИНИЦИАТИВА НЕГІЗІНДЕ

ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ «БУРАБАЙ» АГРОКОМБИНАТЫНА ЕНЕТІН ЕҢБЕК КОЛЛЕКТИВТЕРІ

Көкшетау облысында жалғыз Бурабай агрокомбинатының құрамына 43 шаруашылық, кәсіпорын және ұйым енеді. Олардың міндеті — ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, ұқсатуды, өткізуді қамтамасыз ету. Мұнда өндіріс көлемі қыруар. Жыл ішінде өнім өткізудің жоспарлы тапсырмасы — 150 миллион сом. Заттай есептегенде бұл 141 мың тонна астық, 10790 тонна картоп, 4160 тонна көкөніс, 18 мың тонна ет, 30 мың тонна сүт, 140 миллион жұмыртқа және 132 тонна таза талшықты жүн.

Агрокомбинатты қалыптастыру өткен жылдың орта тұсында аяқталды. Ауыл шаруашылығы агроөнеркәсіп бірлестігі осы формуласының тиімділігін жыл қорытындысының өзі қуаттады. Комбинаттың бас директоры Николай Петрович ЦОЙ «Бурабай» агрокомбинатының алғашқы табыстары, оның даму перспективалары мен проблемалары туралы әңгімелейді.

Өткен жыл біз үшін күрделі болды. Біздің қауіпті егіншілік аймағында жұмыс істейтінімізді табиғат тағы да аңғартты. Өсімдік өнімдерінің барлық түрлерінен мемлекетке көкөністі ғана жоспарлы мөлшерде тапсырудың сәті түсті. Оның есесіне мал шаруашылығы тиісті деңгейде болып шықты. Программадан тыс 1370 тонна ет, 4686 мың тонна сүт, 20 миллиондай жұмыртқа және 26,8 тонна таза талшықты жүн сатылды. Соның қорытындысында комбинат бойынша жалпы пайда 16 миллион сом құрады. Демек ауыл шаруашылық кәсіпорнының өзі 12,4 миллион сом берді. Дегенмен егіннің шықпаушылығын да, қуаңшылықтан жемшөпті сырттан сатып алуды да біршама өтеудің сәті түсті. Астық өндірісінде өнім сапасы мейлінше жоғары болды. Егер 1987 жылы әр центнер астық 10,6 сом берсе, енді өткен жылы — 16,39 сом болды. Мал шаруашылығында да осындай көрініс белең алды. Сүттің бір центнері 1987 жылғы 39,25 сомның орнына 40,1 сом, сиыр етінің 1 центнері тиісінше 227,95 сомның орнына 254,96 сом берді. Әр сауын сиырдан 2283 килограмм сүт сауылды, мұның өзі облыс бойынша төртінші көрсеткіш болып табылады. Ірі қара малдың тапсыру салмағы 419 килограмға жетті. Бұл облыстағы екінші көрсеткіш. Келтірілген цифрлардан көрініп отырғанындай, ауа райының қайсыбір жағдайында экономикалық тұрғыдан тиімді жұмыс істеуге болады. Біздің комбинатымыздың тәжірибесі иландырып отырғанындай, тек адамдарда қажетті дербестілік болуы керек.

«Бурабай» комбинаты экономикалық потенциалы әркелкі шаруашылықтар базасында құрылғанын жасырмаймын. Біршама рентабельді, өзін-өзі қаржыландыру негізінде жұмыс істейтін совхоздар болды. Ұдайы зиян шегетін, қазіргі ұғым бойынша банкротқа ұшырауға шаруашылықтар бар еді. Комбинаттың ішінде бас, яғни экономикалық жағынан күшті шаруашылық бастаған шаруашылықтар бірлестігін құрып, оларды олқылықтан шығаруды ұйғардық. Бізде осындай бес бірлестік құрылды. Мәселен, «Первомайский», «Золотой колос» совхоздарын аса рентабельді «Веденовский» совхозының қарауына бердік. «Ұрымқай» совхозы «Климов» совхозына және Шучье аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігіне қамқорлық жасай бастады. Бас кәсіпорындардың директорларына, бас мамандарына бірлестікке басшылық жасағаны үшін 10 процент үстеме төленеді. Дегенмен оның құрамына енетін шаруашылықтар дербестіліктен айырылмаған. Олардың банкте счеті, балансы бар, мемлекеттік кәсіпорын туралы заң ережелері оларға таралады. Директорлар А. И. Боргульдің («Қотыркөл» совхоз-техникумы), В. Г. Люфтің («Златопольский») және басқалардың зор ұйымдастырушылық қабілеті мен мол тәжірибесі артта қалушы шаруашылықтар экономикасын нығайту үшін пайдаланылды. Соның нәтижесінде қосымша ақшалай шығынсыз және финанс көмегінсіз зиян шегуші шаруашылықтар жетіден төртке дейін қысқарды, ал шығынның өзі 7,5 миллион сомнан 3,6 миллион сомға дейін кеміді. Осының бәрі, талдау көрсеткеніндей, шығынды азайту, ресурстарды ұтымды пайдалану, арендалық мердігерлікті енгізу есебінен жасалды.

Шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайы финанс-экономикалық жұмысты қайта құруды да талап етті. Біз комбинатта финанс-есеп айырысу орталығын құрдық, ол агроөнеркәсіп банкімен тығыз қатынасты жолға қойды. Орталық

Digitized by Google

пен банк қаржыны шоғырландырудың аса перспективалы «жерлерін» анықтайды. Мәселен, «Ұрымқай» совхозында акционерлік қоғамды құрды. Осы шаруашылықтың тұрақты рентабельділігі 31 проценттен астам, дегенмен қысқа мерзімді кредиттерді азырақ пайдалану үшін еңбеккерлердің өздеріне сатуға арналған акция шығарды. Өткен жылы 90 мың сомның осындай акциясы таратылды, ол әлеуметтік саланы дамытуға пайдаланылды. Акционерлер әр сом үшін пайдадан 10 тиын табыс алады. «Оқжетпес» совхозында да январь айынан акционерлік қоғам құрылды, онда акцияны өткізуден түскен табыс қысқы теплицаларда көкөніс өндіруге жұмсалуда. Қаржыны жұмсаудың қай формасының жақсы екенін өмір көрсетеді. Сонда да қайсыбір жағдайда оның адамдарды жақсы еңбек етуге жетелейтіні қазірдің өзінде айқын.

Біз финанс қатынастарының басқа формасын да қолданамыз. Енді қуатты шаруашылықтар әлсіз шаруашылықтарға процент есебінен ақша береді. Демек, 1988 жылы құс фабрикасы мен «Оқжетпес» совхозы Фрунзе атындағы, «Щорс», «Мәдениет» совхоздарына үш-төрт жылдық мерзімге пайдадан белгілі бір соманы берді. Агрокомбинат пен бас кәсіпорындар кредиттердің пайдаланылуына бақылау жасайды.

Арендалық мердігерлікті тереңдетіп, ұлғайтудан «Бурабай» комбинатын одан әрі экономикалық дамытудың аса тиімді жолы көрінеді. Комбинат шаруашылықтарының бәрі үстіміздегі жылдың басына дейін оған ауысуды аяқтады. Мынадай заңдылық анықталды: арендалық мердігерліктегі бөлімшелер стажы неғұрлым мол болса, қайтарым солғұрлым сүбелі болады, адамдар кәміл сеніммен және жинақы жұмыс жасайды. Бұл тұрғыдан ондаған мысалды келтіруге болады. Бұлар — «Климов» совхозынан ірі қара мал төлдерін бордақылайтын Ш. Р. Сәбитовтың семьялық арендалық звеносының, «Веденов» совхозынан қызметкерлерді 20 процент қысқарту арқылы гектарына 15,1 центнерден астық алған, өндіріс шығынын да кеміткен В. И. Рыбалконың трактор-егіс бригадасының жұмысы, Шучье аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінен Б. У. Махметовтың, Фрунзе атындағы совхоздан К. К. Көшеғұловтың, Жамантұз аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінен Н. В. Мойсеевтің, «Ұрымқай» совхозынан А. Ю. Пивоваровтың және басқа көптеген адамдардың коллективтері арендада табысты еңбек етеді.

Біз агрокомбинатты құрғаннан кейін бірден мамандарды өндіріске жақындата беру саясатын жүргізе бастадық. Біздің агрономдарымыздың, зоотехниктеріміздің, экономистеріміздің көпшілігі арендалық коллективтерде жұмыс істеуге барды. Агрокомбинатты басқару штаты қыруар қысқарды. Оны құрудың алғашқы айында бізде штат кестесіне сәйкес 109 адам, жарты жылдан кейін 53 адам болды, қазір 36 адам бар. Демек, аталған финанс-есеп айырысу орталығының өз штатында бұрынғы 13 бухгалтердің, экономистің, т. б. орнына бастықты қоса алғанда небары 3 адам бар.

Арендалық мердігерлік комбинат шаруашылықтарында ғана емес, сондай-ақ оның ұқсатушы кәсіпорындарында да орнығуда. Сүт заводы, мәселен, астық қабылдау кәсіпорны сияқты оған толық ауысты. Ет комбинатында қазірдің өзінде үш цех арендалық жағдайда жұмыс істейді. Сонымен бірге мемлекеттік кооперативтерді дамыта беруге ұмтылып отырмыз. Өмірдің өзі бізді осыған жетеледі. «Бурабай» комбинатын қалыптастыру барысында біз құрылыс индустриясының іс жүзінде құрылыс ұйымдарынсыз және кәсіпорындарынсыз қалдық. Өз күшімізбен құрылыстың жылжымалы механикаландырылған колоннасын құрдық. Дегенмен құрылыс материалдары тұрғысынан не істеу керек? «Доломит» мемлекеттік кооперативі осылай дүниеге келді. Ол шаруашылықтарда жергілікті материалдар өндірісі жөніндегі барлық қосалқы цехтарды: «Веденов» совхозындағы лак-сыр және олиф, Фрунзе атындағы совхоздың әк, аудан орталығындағы құмды блок цехтарын, көптеген шағын кірпіш заводтарын біріктірді. Несиені пайдаланып, «Доломит» силикатты кірпіш шығаратын заводты салуды бастады. Агрокомбинат жанынан құрылған материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі «Меркурий» кооперативі де өзін ақтады, ол агрокомбинат шаруашылықтары мен кәсіпорындарының заказдарды бойынша қорға енбейтін материалдар берумен айналысады. «Агросервис» кооперативі, қой терісінен бұйымдар және аяқ киім тігу жөніндегі кооперативтік цехтар жұмысты бастады. Шучье құс фабрикасында кооперативтік ақ фермасы құрылды, ол құндыз, ақ түлкі өсірумен айналысады. Мемлекеттік кооперативтер комбинатты қосымша табыспен қамтамасыз етумен қатар ауыл шаруашылық және ұқсатушы кәсіпорындарды орынсыз қам-қарекеттен босатады.

Агрокомбинат жағдайында ұқсатушы кәсіпорындардың материалдық базасы

Digitized by Google

қыруар нығайды. Сүт заводын қайта құру туралы әңгіме, мәселен, он жылға созылған еді. Біз оны бір жылдан сәл астам уақыт ішінде жасадық. Демек, ұқсату технологиясын жетілдірумен қатар сүт құюды толығынан автоматтандырып, өнімнің түр-түрін көбейттік. Ет комбинатының жұмысы да жақсартылды. Мұнда шұжық цехын югославиялық өндірістің екі модулімен жабдықтадық. Тұтасынан комбинат үш сменалық жұмысқа ауыстырылды. «Бурабай» комбинаты өз ақшасын жұмсаған осы шаралар кәсіпорынның өнімділігін бір жарым есе арттырды, малдың орынсыз ұзақ ұсталуына және оны тапсыруға байланысты барлық проблемаларды жойды.

Агрокомбинат қызметінің тиімділігі ауыл шаруашылық өнімдерін өндіріп, ұқсатумен ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік жүйені дамытумен де анықталады. Екі мектеп, бала бақша, селолық Мәдениет үйі салынды. Шаруашылықтардың бәрінде кулинария магазиндері бар. Тұрғын үйді іске қосу жөніндегі жылдық жоспар асыра орындалды. Тұтасынан 1988 жыл ішінде әлеуметтік-тұрмыстық жүйеге 1987 жылғы 6,8 миллион сомның орнына 7,5 миллион сом жұмсалды. Биыл көмінде 9,8 миллион сомды игермекшіміз.

Сондай-ақ ұқсатушы кәсіпорындар базасын ұлғайта беруді жалғастырамыз. Құрғақ картоп, консерві, көкөніс, қарақұмық жармасын әзірлеу жөніндегі заводтар құрылысы басталды. «Щорс» совхозында жергілікті скважинадан минералдық суды құюдың технологиялық желісі монтаждалды. Аң терісін және қаз мамығын бірлесіп ұқсату жөнінен шетелдік фирмалармен ынтымақтасу перспективасы баршылық.

Өткен жылы май заводы мен ет комбинатының техникалық қалдықтары үйіндіге тасталатын. Қазір Шучье ауандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінде 2 мың бастық шошқа фермасы ұйымдастырылуда. Ондағы мал сүт заводы мен ет комбинатының қалдықтарымен жемделеді. Қарапайым есептеулер бойынша, мұның өзі қосымша 250 тонна ет береді.

Директивалар мен ескірген нұсқаулардың күшіне бұрынғысынша үміт артатын агроөнеркәсіп органдарының қарсылық білдіруі барысында көптеген жоспарларды орындауымызға тура келетінін жасырмаймын. Мәселен, ауданда орналасқан құрылыс-монтаж конструкцияларының селолық комбинаты «Бурабай» комбинатының құрамына енгізілмеді. Енді темір-бетонды көрші облыстардан тасимыз. Оның үстіне кірме темір жолы бар «Кокчетавсельстрой-1» трестінің тасымалдау базасы Шучьеде орналасқан. Трестің өзі оны жарым-жартылай ғана пайдаланады. Ортақ мүдде үшін біздің комбинатымыздың оны ішінара пайдалануына рұқсат ету керек-ақ. Алайда трест басқарушысы Н. И. Бельскийдің жеке нұсқауымен бұған тиым салынған. Іске деген мемлекеттік қатынастың «көрінісі» осындай.

Бір жағынан ұқсатушы кәсіпорындар мен сауда арасындағы тікелей байланыс кеңінен насихатталады. Алайда біздің ет комбинатымыз бен тұтынушыларымыз арасында «Бурабай» комбинатына қатысы жоқ Көкшетаудың «Мясомолторг» базасы нелiктен орын алып отыр? Сірә, ол кәсіпорын босататын өнімдер документін рәсімдеу және бұл үшін жылына 200 мың сом ақша алу үшін жасалса керек.

Демек, селодағы экономикалық қатынастарды қайта құру, сайып келгенде, ойдан шығарылған тосқауылдарды жойып, әр істе инициатива мен дербестілікке жол ашатынына көміл сенемін.

Әңгімені жазып алған Е. КУХТА.

Көкшетау облысы.

Село жаңалықтары

Жамбыл облысының Свердлов ауданында мереке күндерінде жергілікті лотерея ойнау игі дәстүрге айналды.

Бертінде ол «Кеңес» колхозында өткізілді. Екі жылқы, торпақ, қой, тігін бұйымдарын, кеңсе заттарын ұтып алу мүмкіншілігі болды. Осы оқиға селоның барлық адамдарының назарын аударды.

Мұғалім М. Өтепбергеновке, құрылысшы М. Мамаевқа үлкен ұтыс шықты. Бір сомға ат ұтып алу сәттілік қой!

Ш. ЖАНҚОРАЗОВ,
ойын комиссиясының председателі.

Семей мен аудандар орталықтарынан жүзден астам семья облыстың совхоздары мен колхоздарына көшті.

Байкешевтер семьясы — олардың бірі. Жергілікті еңбекке орналастыру жөніндегі бюрода айтқанындай, олардың таңдауы жай емес: арендалық мердігерлікте жұмыс істегілері, үй салып, усадьба жанындағы шаруашылықпен айналысқылары келеді. Бұл үшін тиісті жағдай да бар: жеңілдікті жәрдем бөлінді, совхоздан жұмыс берілді.

Н. СЕМЕНОВА.

Digitized by Google

ЖЕР ҚАЗЫНАСЫН БАРЛАУШЫЛАР

(ЦИФРЛАР МЕН ФАКТІЛЕР)

Қазақстанда мыңдаған пайдалы қазбалар қойнаулары ашылып, барланды. Олардың базасында ірі минералдық-шикізат комплекстері қалыптасты. Олардың ресурстар байлығы мен алуан түрлілігі жағынан еліміздің ірі экономикалық аймақтары арасында теңдесі жоқ.

Республика территориясындағы табиғи құрылымдарда Менделеев таблицасының 99 элементі тіркелген, олардан 70 элемент пайдалы қазбалардың барланған қойнауларында анықталды, 55 элемент қор балансында ескерілген. Елімізде өндірілетін пайдалы қазбалардың және жер астындағы сулардың 310 түрінен олардың 90 проценті Қазақстанда анықталды және 61 проценті барланды.

Республиканың геологиялық-барлау саласының елеулі өндірістік және ғылыми потенциалы бар. Қазақстан территориясында тоғыз өндірістік және ғылыми өндірістік геология бірлестігі, үш ғылыми-зерттеу институты, алты геологияжөндеу заводы т.б. бар.

Қазақстан геология-барлау жұмыстарының көлемі жөнінен елімізде екінші орын алады.

Үстіміздегі бесжылдықтың басынан бері Қазақстан геологтары елдің минералдық-шикізат потенциалын дамытып, нығайтуда, пайдалы қазбалардың барланған қорын молайтуда елеулі нәтижелерге қол жеткізді. Үш жылдың тапсырмасы жоспарланған пайдалы қазбалардың барлығы жөнінен өсім мен қорды бекіту орындалды, соның ішінде мұнай мен газ конденсаты — 154,8 процент, табиғи газ — 138,6, темір рудасы — 122, фосфорит — 129, көмір — 135 процент орындалды.

Қазақстанның геолог-барлаушылары 1988 жылдан бері толық шаруашылық есепке ауысты. «Казгеология» бірлестігінде, мәселен, өткен жыл ішінде еңбек өнімділігі 25 процент өсті, материалдың жұмсалуы — 14 процент кеміді, қордың қайтарымы 7 процент көбейді. Бұрғылау жұмыстарындағы жылдамдық 19,4 процент, терең барлау бұрғылауында проходкалау — 30 процент көбейді. Өнеркәсіп өндірісінің товарлы өнімдерін, халық тұтынатын товарлар шығару, ақылы қызмет көрсету, жалпы тұрғын үй алаңдарын іске қосу т. б. жөніндегі көрсеткіштер асыра орындалды.

«Уральскнефтегазгеология» бірлестігінің геологиялық-барлау жұмыстарының маңызды қорытындысы Батыс Қазақстанда Қарашығанақ қойнауы базасында жаңа ірі мұнайлы ауданды жасау болып табылады. Заказдар 1988 жылы СССР-дің Запас жөніндегі мемлекеттік комитетінде бекітілді. Қойнау комплексті, газдық, конденсаттың, мұнайдың және олардағы қоспалардың (этан, пропан, бутан т. б.) ірі қорларының шоғырлануы жөнінен бірегей болып табылады. Оның көмірсутегінің басым қоры тұрғысынан, сондай-ақ географиялық-экономикалық жағдайы жөнінен халық шаруашылығындық зор маңызы бар, мұның өзі оны өнеркәсіптік тұрғыдан игеруді жедел әзірлеуді анықтайды.

«Центргазгеология» Орталық Қазақстанда ашқан Шұбаркөл қойнауы көмірі запасының халық шаруашылығындық зор маңызы бар. Тым қысқа мерзімде барланған осы қойнау көмір қорының көлемі, запасы, кен-геологиялық жағдайы жөнінен бірегей және оны мейлінше прогресті ашық әдіспен өндіруге көмектеседі. Қойнауды өнеркәсіптік тұрғыдан игерудің басталуы республиканың коммуналдық-тұрмыстық отынға деген қажетін толық қанағаттандыруға тиісті. Қазақстандық ғалымдар мен өндіріс қызметкерлерінің бір тобы Шұбаркөл көмір қойнауын ашып, барлағаны үшін 1988 жылғы СССР Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Лауреаттар ішінде Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры Л. Ф. Думлер, «Карагандауголь» бірлестігінің бас директоры Н. А. Дридж, геологтар Р. И. Ридель, И. А. Ко, бұрғылау мастері В. В. Гулаев бар.

Жаңа Лениногор, Малеев, Жәйрем топтары полиметалл қойнауларының қорын барлау Кенді Алтай мен Орталық Қазақстанның жұмыс істеп тұрған кен өндіру кәсіпорындарының шикізат базасын қыруар ұлғайтты.

Үш жыл ішінде халық шаруашылығын сумен жабдықтауды жақсарту, жерді суландыру, жайылымдарды көлкіте суару, басқа да пайдалы қазбалар жөнінен геологиялық-барлау жұмыстарының қыруар көлемі орындалды.

Он екінші бесжылдықта «Казгеофизика», «Востокказгеология» және «Волковгеология» бірлестіктерінің еңбек коллективтері аса тиянақты жұмыс жасап келеді. Бүкілодақтық XIX партия конфе-

2 апрель — Геолог күніне.

Digitized by Google

ренциясын лайықты қарсы алу жолындағы социалистік жарысқа белсене қатысу бұған ықпал етті. Көкшетау геологиялық-барлау экспедициясынан В. Д. Пресняков пен Торғай геологиялық-барлау экспедициясынан Ж. Б. Байжановтың бұрғылаушылар коллективі, Орал мұнай барлау экспедициясынан Т. Т. Оразаевтың бригадасы, тағы басқа бірқатар коллективтер бесжылдықтың төрт жылының жоспарын конференция ашылғанға дейін орындап шықты.

Алайда осындай жоғары көрсеткіштерге бәрі бірдей қол жеткізіп отырған жоқ. Республика геологтарының жұмысында пайдаланылмаған резервтер көп. Республиканың кен өндіруші бірқатар кәсіпорындарының барланған қорларымен қамтамасыз етілуі жоғары емес, кейбір бағыттарда іздестіру жұмыстарының тиімділігі төмен, өнімсіз шығындар қыруар, геологиялық-барлау жұмыстарының, әсіресе мұнай мен газды терең бұрғылаудың сапасы нашар.

Республика геологтары он екінші бесжылдықтың экономикалық және әлеуметтік даму жоспарын табысты орындау көбіне-көп геологиялық-барлау жұмысы қарқынын одан әрі үдетуге, олардың, әсіресе жұмыс істеп тұрған кен өндіру кәсіпорындары аймақтарында олардың тиімділігін арттыруға тәуелді екенін түсінеді. Хромиттің, мыстың, қорғасынның және мырыштың, шашыранды металдардың жаңа қойнауларын іздестіруді күшейтіп, Батыс Қазақстанда, ең алдымен Каспий ойпатының тұзды қабаттарында мұнай мен газды іздестіруді ұлғайту, жер асты суларын, басқа пайдалы қазбаларды іздестіріп, барлауды жалғастыра беру қажет.

Әзірлеген Э. УСКОВ,
Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің қызметкері.

Қазақстан шетелдіктер көзімен

Француз коммунисі ретінде мен Совет Одағын жақсы білуге тиіспін. Алайда, ашығын айтсам, Қазақстанға келгенше менің бұл республика туралы мүлде аз біліппін, оның тек фольклорымен ғана таныс болатынмын. Менің ойымша мұнда өнеркәсіп орындары аз, жапан дүз деп есептейтінмін. Менің Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитетіндегі және Ғылым академиясындағы кездесулерім, ғалымдармен, оқытушылармен, жұмысшылармен және колхозшылармен әңгімелерім, әсіресе Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинатында және Целиноград облысының Малиновка селосында болуым менің түсініктерімді көп өзгертті. Республиканы басқа қырынан көруіме мүмкіндік берді. Қайта құрудың совет халқы үшін терең мәні мен зор маңызы бар екенін мен түсінемін.

Б. ГЕРИ, тілші.
Франция.

Біздің Қазақстан жеріндегі кездесулеріміз саяси жаңаша ойдан туған халықтық дипломатияның маңызын көрсетті. М. С. Горбачевтің франциялық «Инициатива-87» өкілдерінің тобымен кездескеннен кейін мұндай кең байланысқа серпін берілді. Осындай байланыстар өзара сенім мен өзара түсінісуді тереңдетеді. Оның негізінде екі елдің де бейбітшілікті сақтап, нығайтуға, байланыстарды бекіте түсуге деген мүдделілігі жатыр.

Ш. ЛАТИЛЬ, Р. РУССА,
«Франция—СССР» қоғамының президенттері.

Сіздің республикаңызға бірінші рет келіп отырған жоқпыз, алайда өткен сапар мен осы сапар арасында көп уақыт өтті. Осы жылдар ішінде Қазақстан және оның астанасы Алматы адам танығысыз болып өзгеріп кеткен. Қазақстандықтарды қол жеткен жетістіктерімен құттықтап, басталған қайта құруда табыс тілейміз. Қытай мен СССР арасындағы достық мәңгілік болсын!

Бүкілқытайлық кәсіподақтар федерациясының делегациясы.

Қазақ ССР Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесін қанағаттанғандық сезіммен қарап шықтым. Мұнда республиканың неге қол жеткенін бәрінен де жақсы көріп, түсінуге болады. Бұл көрме — социализмнің капитализмнен артықшылығының жанды көрінісі.

М. УРБАНО, журналист.
Португалия.

Республикаңыздың Совет өкіметі орнағаннан бергі 70 жыл ішіндегі экономика және әлеуметтік салалардағы жетістіктерін көріп таңқалдық. Қазақстан — Советтер еліндегі терезесі тең, әсемдік пен өнер республикасы. Біз Қазақстан еңбекшілерінің ленинше еңбек ететінін көрдік, бұл басталған барлық істердің табысты аяқталатындығының кепілі.

Д. ИДАЛЬГО. Куба.

Digitized by Google

КҮН ЭНЕРГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ

Біздің журналымыздың үстіміздегі жылғы екінші санында энергияның дәстүрлі емес түрлерінің бірі — желді республиканың халық шаруашылығында қолдану проблемалары мен перспективалары туралы әңгімеленген еді. Бүгінгі мақалада күн энергиясын пайдалану туралы сөз болады.

Адамдарда «тегін» күн энергиясын өз қажеттеріне пайдалану идеясы ерте-де-ақ туындаған еді. Ғылым мен техниканың дамуына қарай ол гелиоқондырғы арқылы өзінің практикалық шешімін тапты. Оның жұмыс принципі қайсыбір оқушыға түсінікті. Күн нұры түсетін қаптаған тегіс қара жәшік-панельдер суды жылытып, оны арнаулы резервуарға «қотарады». Оны тұрғын үйлерді, мал қораларын жылыту, ыстық сумен жабдықтау үшін пайдалануға болады. Принципті тұрғыдан қарапайым гелиоқондырғылар сонымен бірге тым күрделі инженерлік құрылғылар болып табылады. Дегенмен оны энергияның дәстүрлі қайнарларынан шалғай аудандарда қолдану тиімділігі шығынды еселеп өтейді. Мәселен, бір гелиқондырғысының өзі 200 сиыр қорасына арналған суды жарты жыл бойы жылытып отыруға қабілетті, сөйтіп 8 тоннадай шартты отынды үнемдейді. Егер осы отынды шалғай мал шаруашылығы учаскелеріне жеткізу шығынын да ескерсек, көлемді экономикалық тиімділік айқын бола түседі.

Елдегі экономикалық жағынан тиімді бүкіл күн энергиясының 60 процентке дейінгі біздің республикамыздың үлесіне келеді. Жыл бойына күн қызуының орташа ұзақтығы 2600 сағаттан астам құрайды, тәулігіне күн нұры шағылысуының орташа қуаты бір шаршы метрде 554—677 ватт болды. Мұның өзі тұрмыстық екі тоңазытқыштың бір күн бойы жұмыс істеуіне әбден жетеді. Бетпақдала шөлі, сондай-ақ Жезқазған, Гурьев, Шымкент, Талдықорған және Алматы облыстарының аудандары күн энергиясын пайдалану үшін өте перспективалы болып табылады. Нақ осында шалғай жайылымдық мал шаруашылығы дәстүрлі түрде дамып келеді, ол үшін гелиоэнергетика аса пайдалы. Республикада барлығы 14 мың шалғай шопандар бригадасы бар екенін, олардың 9 мыңға жуығы орталықтандырылған электр жүйесіне қосылмағанын ескертейік.


Республикада күн энергиясын пайдалану перспективасы тым жоғары бағаланады: 2000 жылға дейін мал шаруашылығының жылу энергиясына деген қажеті 26 миллион гигакалорий құрауға тиіс. Оның 34—52 процентін гелиоэнергетика бере алады. Осы деңгейге шығу үшін көлемді жұмыс атқаруға тура келеді. Оған арналған негіз қазірдің өзінде қаланды.

«Казсельхозмеханизация» ғылыми-өндірістік бірлестігінің мамандары жұмыс орындары мен мал қораларын ыстық сумен жабдықтауға арналған осы қондырғыларды талдап жасап, Алматы облысы Іле ауданының «40 лет Казахстана» колхозында, Шелек ауданының «Асы» совхозында, Гурьев облысы «Прикаспийкирдорстрой» бірлестігінің № 72 жол-құрылыс басқармасында енгізді. Олардың әрқайсысының өнімділігі тәулігіне 2500 литр ыстық суды құрайды. Қазақ ауыл шаруашылық институтының мамандары талдап жасаған механикаландырылған шөпшілер бригадаларын сумен жабдықтауға арналған ыңғайлы гелиоқондырғысы астаналық облыстың Талғар ауданындағы «Алматы» совхозында орнатылды. Алматылық «Казсантехпроект» институтында гелиоқондырғылардың 30 түрін жасады, олар арзан, монтаждау мен пайдалану барысында ыңғайлы, арнаулы жабық резервуар адамдардың екі күн бойына, тіпті бұлыңғыр күндерде ыстық суға деген қажетін қамтамасыз етуге көмектеседі. Сондай-ақ Қазақстанда жасалған гелиоқондырғылар қамтушы қызметкерлерді қажет етпейді. Олар іске қосылғаннан кейін бүкіл маусым бойына автоматты режимде жұмыс істейді. Сонда да күн қондырғыларын практикада кеңінен қолдану көптеген себептерден тежелуде.

Қондырғының маңызды бөлшегі — гелиоколлектор. Елімізде Братскінің жылу жабдықтары заводы оларды жаппай өндірумен айналысады. Братск заводы біздің республикаға оны негізгі беруші болып табылады. Алайда осы коллекторлардың тиімділігі төмен, металл көп жұмсалады және қызмет мерзімі шағын. «Казсельхозмеханизация» ғылыми-өндірістік бірлестігінің мамандары бұдан шығу жолын тапты ғой деп ойлаймыз. Бірлестікте талдап жасалған КС—1 күн коллекторының конструкциясы Қазақстан жағдайында барынша ыңғайлы. Оның тиімділігі Братскіде жасалған коллектордан 8 процент жоғары. Жұмыс істеу мерзімі — 2 есе ұзақ — 10 жылға жетеді. Салмағы — 32 килограмм бір коллекторды енгізуден алынатын экономикалық тиімділік 50 сом құрайды.

Digitized by Google





● «Казсантехмонтаж» ғылыми-зерттеу институтының мамандары құрастырған осы гелиоқондырғы Алматы облысының Құрылысшы поселкесінде орнатылды.

● Институтта топ жетекшісі Е. Шляхов, техниктер К. Назарчук пен Е. Голь гелиоқондырғының жаңа түрлерін жобалаумен айналысуда.

Суреттерді түсірген В. ЗИНИН (ҚазТАГ).

Енді іс оны өндіріске енгізуге саяды. Республиканың Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті жаңа талдауға мүдделілікпен қарағанын айту керек. 1990 жылға дейін КС—1 коллекторларының алғашқы тәжірибелік партиясын, ал келешекте — олардың негізінде гелиоқондырғыларды енгізу жоспарлануда. Қызылорда мен Үштөбе жөндеу-механика заводтары мамандарынан, еңбек коллективтерінен заказдарды орындауға инициативалы қарауды өтінеміз, ал гелиоқондырғыларды оларда шығару белгіленген. Біздің бірлестігіміздің қызметкерлері осы кәсіпорындармен тығыз ынтымақтасуға әзір. Біздің бәріміз үшін бұл іс жаңа болғандықтан инженерлердің, рационализаторлардың сын-ескертпелерін, ұсыныстарын ескереміз.

Мұндай достық одақ біздің программаны жүзеге асыруымызға көмектесетіні даусыз, осы программаға сәйкес 1991 жылға дейін республиканың түрлі облыстарында 150-ге жуық гелиоқондырғы жұмыс істейтін болады.

Гелиоэнергетиканы дамытудың тағы бір перспективасы туралы айтайық. КПСС Орталық Комитетінде өткен жылы энергияның дәстүрлі емес түрлерін пайдалану мәселелері жөнінен өткен кеңесте жылу, сондай-ақ электр энергиясын алу үшін күн энергиясын пайдалануды жеделдету қажеттігі айрықша аталды. Тым бертінге дейін осы бағытта тек теориялық талдаулар жүргізілді, демек қазір мұнда өзгерістер баршылық. Одақтық «Солнце» және «Квант» ғылыми-өндірістік бірлестіктерімен қатар С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті физика факультеті мамандарының бір тобы күн энергиясын электр энергиясына айналдыру секілді қиын міндетті шешуге кірісті.

Л. БАРАНОВ,
«Казсельхозмеханизация» ғылыми-өндірістік бірлестігінің бөлім меңгерушісі,
А. ИЛЬИНЫХ,
осы бірлестіктің лаборатория меңгерушісі.
Алматы қаласы.

Айға айна қою арқылы

Түнді күнге айналдыруға бола ма? Космосты зерттеу жөніндегі соңғы халықаралық форумдардың бірінде осы сұраққа оңды жауап берілді және оны қалай жасауға болатыны түсіндірілді.

Жоба авторлары Ай бетіне күн сәулесін Жер бетіне түсіретін айна орнатуды ұсынды. Мұның барысында біздің планетамызға қосымша жасанды жарықсыз түнде оқып, жұмыс істей алатындай жеткілікті жарық түсіп тұрады. Ай бетіндегі айналар көшедегі электр шамдарын алмастырады, түнде дала және құрылыс жұмыстарын тоқтатпауға мүмкіндік береді.

Идея тартымды, алайда... Жер шарының жартысын жарықтандыру үшін жалпы көлемі — 200—300 шаршы километрлік айна қажет болар еді.

Digitized by Google

СТУДЕНТТЕР ТҰРМЫСЫ ЖАҚСАРУДА

1986 жылдың соңында — 1987 жылдың басында республикалық партия және совет органдары Алматыда студенттер жатақханаларының құрылысын жеделдету туралы шешім қабылдаған еді. Оны орындау үшін не жасалды? Және республиканың басқа қалаларының жоғары оқу орындарында жалпы студенттерді тұрғын үймен, қоғамдық тамақтану орындарымен қамтамасыз ету ісінің жайы қалай?

М. ЖАҚЫПБАЕВ.

Алматы қаласы.

Қазақ ССР Халыққа білім беру министрлігінің жоғары білім беру бас басқармасы бастығының орынбасары Вячеслав Иванович РОМАНОВ осы сұрақтарға жауап береді.

Республикада студенттердің тұрғын үй проблемасына ұзақ уақыт бойы мықтап көңіл бөлінбеді. Соның салдарынан көптеген студенттер меншікті үйлерде тұруға мәжбүр болған. Тұтасынан бірқатар жатақханаларда болмашы жағдайдың өзі жоқ еді. 1987 жылдың басында астанада ғана жатақханаларда жеті мыңнан астам орын жетіспеді.

Осыны ескеру арқылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советінің тапсырмасы бойынша Алматыда 1987—1990 жылдары 7489 орындық жатақхана салу жоспары талдап жасалды.

С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде 400 орындық, Алматы архитектура-құрылыс институтында — 640, Алматы энергетика институтында — 600, Абай атындағы Қазақ педагогика институтында 740 орындық, Жамбылдың тамақ және жеңіл өнеркәсіп технологиясы институтының Алматы филиалында — 400 орындық, барлығы 3180 орындық жатақханалар тұрғызылды. Тұтасынан өткен жыл ішінде республика бойынша 64,3 мың шаршы метр жатақхана іске қосылды, мұның өзі 6187 студентті жатақхана орнымен қамтамасыз етуге көмектесті. 1989 жылы Қазақ мемлекеттік университеті мен архитектура-құрылыс институтына арналған 1200 орындық жатақханалар комплексінің, сондай-ақ Алматы халық шаруашылығы институтына арналған 240 орындық жатақхананың құрылысы аяқталады.

1990 жылға белгіленгеніндей, программа орындалады. Алайда тұтасынан республика бойынша проблема өткір күйінде қалып отыр. Бізде жоғары оқу орындарының жатақханалармен қамтамасыз етілуі 79,6 процент құрайды, ал орта арнаулы оқу орындарында ол 67,9 процент қана болды. 15 жоғары оқу орынында тұрғын үйді қажетсінетін әрбір төртінші студент, ал Қазақ және Гурьев педагогика институттарында — әрбір үшінші, Өскемен педагогика институтында — әрбір екінші студент жатақханамен қамтамасыз етілмеген.

Тоғыз орта арнаулы оқу орындары 50 процентке жетпейтін мөлшерде, ал Гурьев педагогика училищесі — небары 30 процент мөлшерінде жатақханалармен қамтамасыз етілген. Жезқазған, Қостанай, Арқалық, Панфилов және Рудный педагогика училищелеріндегі, Алматы кинотехникумындағы, Арқалық есеп-экономика, Ермак физкультура техникумындағы жағдай нақ осындай, ал 27 кәсіптік-техникалық училищенің жалпы өз жатақханалары жоқ.

Оқу орындарының асханалары мен буфеттерін салу мен кеңейтудің 1989—1991 жылдарға арналған жоспары әзірленіп, жүзеге асырылуда. Бірқатар оқу орындарында (Қазақ мемлекеттік университетінде, Өскемен жол-құрылыс институтында) қоғамдық тамақтандыру орындарын қысқартпай-ақ жастар кафесін, барын, кулинария және кондитер тағамдарының, шала фабрикаттардың магазиндері мен бөлімдерін ашуда. Өткен жылы 3,5 мың студент жеңілдетілген баға арқылы тамақпен қамтамасыз етілді. Жоғары оқу орындары асханаларының көпшілігінде диеталық тамақтану залдары ашылды. Дегенмен қоғамдық тамақтануда да көптеген күрделі проблемалар баршылық.

Мұның ең алдымен тағамдар түрлерін қатысы бар. Студенттер асханаларына ет өнімдері, сүт тағамдары, көкөніс жеткілікті әкелінбейді, шала фабрикаттар қажетті мөлшерден аз беріледі. Көптеген асханаларда отыру орындарымен қамтамасыз етілу нормадан төмен. Жамбыл, Гурьев, Өскемен, Көкшетау педагогика институттарында осындай жағдай орын алған.

Біз қоғамдық тамақтандыруды дамыту проблемасын назарда ұстаймыз және жергілікті органдардың жәрдеміне үміт етеміз.

Digitized by Google

ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Советтік Қазақстан ғылымының алғашқы қадамдары көрнекті совет ғалымы, СССР және Қазақ ССР Ғылым академияларының академигі, қоғам қайраткері Қаныш Имантайұлы Сәтпаевтің есімімен байланысты.

Болашақ ғалым 1899 жылы 10 апрельде Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Аққелін болысының 4-ші ауылында көшпелілер семьясында (қазір Павлодар облысының Баянауыл ауданы) дүниеге келді. Ол жастайынан асқан қабілеттілігі мен өте-мөте зеректілігін танытты. Бастауыш білімді ауылдың 2 кластық орыс-қазақ мектебінде алды. 1911 жылы Павлодардың орыс-қазақ мектебінде оқыды. 1911 жылы Павлодардың орыс-қазақ училищесінде оқуын жалғастырды. Білімге деген аса ынтығушылық Қанышты сол кезде ол үшін ыңғайлы бірден-бір оқу орны — Семей мұғалімдер семинариясына әкелді. Мұнда білімді, көпшілігі прогрестік тұрғыдан ойлайтын педагогтар жұмыс істеуші еді. Кітапханаларда кітап оқу алғыр да қабілетті жігіттің өздігінен білім алу, орыстың және европалық әдебиеттермен танысу мүмкіншілігін ашты. Қаныш Имантайұлы осы тұста Н. Г. Чернышевскийдің, Н. А. Добролюбовтың және В. Г. Белинскийдің шығармаларымен танысты, мұның өзі болашақ ғалымның интернационалистік дүниетанымының қалыптасуына жәрдемдесті. Қ. И. Сәтпаев 1918 жылы семинарияны бітірді, сосын біраз уақыт туған аулының мектебінде сабақ берді, сонымен бірге өздігінен оқуын тоқтатпады, оқуды одан әрі жалғастыруға әзірленді.

Ұлы Октябрь көшпелілер балалары алдынан білім асуларына, практикалық қызметке жол ашты. Сол жылдары жас Совет өкіметі жергілікті жерлерде революциялық өзгерістер саясатын жүргізе алатын, жергілікті ұлттардың сауатты адамдарына деген өткір қажеттілікті сезді.

Павлодар уездік революциялық комитет Қ. И. Сәтпаевты Баянауыл ауданында халық судьялығына тағайындады. Ол өзіне тән адалдықпен, принциптілікпен және күш-жігермен осы жұмысты бір жарым жыл атқарды. Қаныш Имантайұлы халық сотының көшпелі ауылдар мен қыстаулардағы жылжымалы сессияларында заңдылықты нығайту үшін күресті,



журналдар мен газеттерді жинала отырып оқуды ұйымдастырды, қырда жаңа өмірдің орнығуы үшін көп нәрсе жасады.

1921 жылы Сәтпаевтің өмір жолын анықтап берген оқиға болды. Томск технология институтының профессоры (кейініректе академик) М. А. Усов Баянауылға емделуге келді. Жас Қаныш Имантайұлы ғалым-геологқа ере жүріп, геология және Қазақстанның сарқылмас байлығы туралы тартымды әңгімелерді естіді. Ауыл жігітінің ғаламат талантын байқаған Михайл Антонович оның оқуды жалғастыруына кеңес берді. Сол жылы Семей губерниялық оқу бөлімі оны Томск технология институтына, тау-кен факультетінің геология-барлау бөліміне оқуға жіберді. Мұндай таңдау кездейсоқ емес-ті: М. А. Усов нақ осында сабақ берді. Көрнекті орыс ғалымы Қазақстаннан келген студент тағдырына барынша араласты — онымен жеке сабақ өткізді, әдебиеттерді іріктеуіне көмектесті, геологияда сенімді бағдарлар берді. Қаныш Имантайұлы профессордың үйінде талай рет болды. Осы көмек пен қолдау жас ғалымның ғылыми дүниетанымының қалыптасуына зор ықпал жасады. Кейіннен Усовтың көптеген идеяларының Сәтпаевтің Қазақстан геологиясы мен металлогениясы жөніндегі еңбектерінде дамытылуы кездейсоқ емес.

Қаныш Имантайұлы студенттік жылдарында республикамен байланысын үзген жоқ. Демек Қазақ республикалық ағарту комиссариатының ұсынысы бойынша ол

10 апрель — Қ. И. Сәтпаевтың туғанына 90 жыл толуына

Digitized by Google

орта мектепке арналған алгебра оқулығын қазақ тіліне аударды.

Институтты өте жақсы тәмамдап, кен инженері атағын алып, Сәтпаев 1926 жылы жазда жеке өтініші бойынша Қарсақпайға жіберілді. Жезқазған кен қойнауының геологиясымен, ізашарлар жұмысымен егжей-тегжейлі танысып, ол осы аймақтың орасан зор өнеркәсіптік перспективасын көре білді. Оның инициативасымен жоспарлы геологиялық-барлау жұмыстары тиянақты жүргізілді, Жезқазғанда геологиялық-барлау қызметі құрылды. Қ. И. Сәтпаев екі жылдан кейін былай деп жазды: «Жезқазған ауданы өзінің потенциалы жағынан дүниежүзілік бай мыс провинцияларының бірін бейнелейді, келешекте Урал қойнауы ғана емес, Американың атақты мыс провинцияларының көпшілігінің біріншілікті оған беруі ықтимал».

Қ. И. Сәтпаев 1929 жылы жаңа бесжылдықта Жезқазған рудасы базасында жаңа мыс комбинатын салу қажеттігі туралы мәселені СССР Халық шаруашылығы жоғары советі алдына қойды. Үлкен Жезқазған идеясы осылай дүниеге келді. Оны жүзеге асыру үшін бұрғышылар кадрларын даярлау қажет болды. Жергілікті халық арасынан қабілетті жастар табылып, Ленинградқа оқуға жіберілді. Жергілікті тұрғындар Қарсақпай құрылысына және геологиялық барлау жұмыстарына келді.

Қ. И. Сәтпаев қажымас зерттеуші болды, ол темір (Қарсақпай), марганец (Жезді), көмір (Байқоңыр, Қияқты), қорғасын (Қорғасын) қойнауларына барлау жасады, республиканың бүкіл территориясында геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізуге қатысты. Оның Жезқазған, Атбасар және Спасск кен аудандарының, Қаратау полиметалл қойнауларының перспективасы жөніндегі тұжырымдаулары Қазақстанда геология ғылымының қалыптасуында маңызды роль атқарды.

Қаныш Имантайұлына мақсатқа жетуге деген табандылық, ғылыми мәселелерді шешудегі принципшілдік, ымырасыздық секілді қасиеттер тән екенін де атау маңызды. 30-жылдардың екінші жартысында қаржының жетіспеушілігінен Жезқазғандағы геологиялық-барлау жұмыстарына арналған қаржы қысқартылды. Қ. И. Сәтпаев СССР Халық шаруашылығы жоғары советінің жетекшісі Г. К. Орджоникидзеден көмек сұрап, жағдайды өзгертуге қол жеткізді. 1934 жылы ноябрьде Москвада Үлкен Жезқазған мен Үлкен Алтайдың өндіргіш күштерін дамыту жөнінен арнаулы ғылыми сессия өткізілді, оны әзірлеп, өткізуге Қ. И. Сәтпаев белсене қатысты. Ол Жезқазған-Ұлытау ауданының жер қазынасы туралы көлемді баяндама жасады. Г. К. Орджоникидземен кездесу және сессия шешімі кен қойнауы тағдырында маңызды роль атқарды. 30-шы жылдардың екінші жартысында Жезқазғанға қарай темір жол салынды. Жезқазған комбинатының құрылысы туралы шешім қабылданды. Қ. И. Сәтпаевтің осы жоспары интенсивті өнеркәсіптік игеру жолына шықты.

Сол қауырт кезде өндірісте жұмыс істей отырып, Қаныш Имантайұлы геолог-теоретик, ғылымды ұйымдастырушы ретінде де қалыптасты. Оның есімі ғылыми дүниеде үлкен беделге ие болды. 1941 жылы көктемде Қ. И. Сәтпаев Алматыға шақырылды. Мұнда СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалында Геология ғылымы институтын басқарды, сосын СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалы президиумы председателінің орынбасары, ал бір жылдан кейін оның председателі болып тағайындалды.

Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында ғалымның ұйымдастырушылық таланты зор күшпен көрінді. Қаныш Имантайұлы геология ұйымдарының күш-жігерін басты міндетті шешуге — майдан үшін қорғаныс өнеркәсібін қажетті стратегиялық шикізатпен қамтамасыз етуге шоғырландырды.

«Барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін» ұранымен бүкіл еліміз сияқты өмір сүрген ғалымның жауды талқандауға қосқан үлесін жете бағалау мүмкін емес. Жаудың Никопольск марганец қойнауын оккупациялауы елді стратегиялық шикізаттың маңызды қайнарынан айырған кезде Қ. И. Сәтпаевтің басшылығымен қысқа мерзімде Жезді қойнауы қосымша барланып, оны өнеркәсіптік пайдалану басталды. Магнитогорск ферромарганец заводы қару-жарақ өндірісі үшін өте қажетті шикізатпен қамтамасыз етілді. Ғалым геологтардың осы ерлігі Ұлы Отан соғысы тарихына алтын әріптермен толығынан жазыла алады, өйткені олар майдан үшін қорғаныс өнеркәсібі қажетті стратегиялық шикізатпен қамта-

Соғыс жылдарында Алматыда эвакуацияда болған ғалымдар — СССР Ғылым академиясының президенті В. Л. Комаровпен, академиктер И. П. Бардинмен, В. А. Обручевпен, А. А. Скочинскиймен және басқалармен бірлесе жұмыс істеу Сәтпаевта ғылымның ірі ұйымдастырушысы сапаларының қалыптасуына көмектесті. 1946 жылы СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы базасында республика Ғылым академиясы құрылғанда Қ. И. Сәтпаев оның президенті болып сайланды. Сол жылы ол СССР Ғылым академиясының толық мүшесі болды. Академия мекемелері қыруар

Digitized by Google

нығайтылды. Осы — заманғы лаборатория базасы жасалды, институттардың іргелі проблемаларды талдап жасаудағы басты ғылыми бағыттары анықталды. Бұл республиканың ғылымын, мәдениетін және өндіргіші күштерін дамытуда маңызды роль атқарды. Қаныш Имантайұлы республиканың қайсыбір аймағының даму перспективасын дәл анықтай білді. Теміртауда металлургия заводының құрылысын негіздеп, салуда оның еңбегі зор. Ол Маңғышлақ жарты аралы мен Успенск кен белдеуінің табиғи ресурстарын комплексті зерттеуге, тыңды игеруге, Ертіс-Қарағанды каналының құрылысына байланысты зерттеулерге жетекшілік етті.

Сол жылдары академиялық институттар ірілендіріліп, жаңалары — тау-кен ісі, ядролық физика, математика және механика, Қарағандыда химия-металлургия институттары құрылды. Қ. И. Сәтпаев республиканың өнеркәсіптік орталықтары — Қарағандыда, Өскеменде, Гурьевте академиялық институттарды құрудың инициаторы болды. Дегенмен геология бұрынғысынша оның өміріндегі басты іс болды. Геология ғылымы институтының директоры болып жұмыс істей жүріп, Қ. И. Сәтпаев геологияның жаңа ғылыми бағыты — пайдалы қазбалар қойнаулары орналасуының геологиялық заңдылығын зерттейтін металлогенияны негіздеді. Ол геологтардың қазақстандық мектебін құрды.

1958 жылы ол бастаған қазақстандық ғалым-геологтардың бір тобы методологиялық негіздерді әзірлеп, металлогендік-болжамдық картаны жасағаны үшін Ленин сыйлығына ие болды. Осы зерттеуді оның шәкірттері жалғастырды. 1985 жылы республика Ғылым академиясының академиктері А. А. Абдулинге, А. К. Қайыповке, Г. Н. Щербаға және басқаларға «Қазақстанның металлогениясы және басты тау-кен аймақтарын комплексті зерттеу» жұмыстарының циклі үшін СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Қ. И. Сәтпаевты білетіндердің бәрі оның тұлғасына, білімдарлығына таңданатын. Қаныш Имантайұлы қазақ тарихының, этнографиясының, мәдениетінің және фольклорының терең білгірі еді. Атақты этнограф әрі музыкант, «Қазақтың 1000 әні» және «Қазақтың 500 әні мен күйі» жинақтарын құрастырушы А. В. Затаевичтің 25 халық әнін Қаныш Имантайұлының орындауында жазып алғанын адамдардың бәрі бірдей біле бермейді.

Қ. И. Сәтпаев жетекшінің және іскер адамның тамаша қасиеттерін меңгерген еді. Адамдармен араласуда оны қарапайымдылық, кішіпейілділік, әділеттілік, ұдайы ізгі ниеттілік пен шынпейілділік ерекшелендірді. Сонымен бірге ол принципті коммунист, тәртіпсіздікке, жалқаулыққа ымырасыз болды. Қаныш Имантайұлы ғылымнан шыққан төресымақтар мен бюрократтарға, даурықпаларға қатал болды. Сонымен бірге ол сондай қайырымды болды, аса қатал ашаршылық жылдары ретінде тарихқа енген 30—32 жылдарда оның осы сапалары айрықша күшпен көрінді. Сәтпаев адамдарға шамасынша көмектесу үшін ауылдардан аштықтан жүдеген балаларды жинауға арналған керуендер ұйымдастырып, оларды балалар үйлеріне орналастырды. Ғалым жезқазғандық қаншама баланы аштықтан құтқарды. Сонымен бірге ол және оның көмекшілері бірнеше ай бойы тегін жұмыс істеді, өйткені оларға тиесілі ақша аштыққа ұшырағандарды құтқаруға жұмсалды.

Қ. И. Сәтпаев ірі ғалым бола отырып, жастармен кездесу үшін уақыт тапты, еңбек коллективтерінде жиі болды, білімнің жалынды насихатшысы, ғылымды дәріптеуші болды. Ол көптеген жылдар бойы СССР Жоғарғы Советінің депутаты, СССР Жоғарғы Советі Одақ Советі председателінің орынбасары болып сайланды. КПСС XX, XXI және XXII съездерінің делегаты болды. Ол 538 ғылыми жұмыстың, мақаланың және қолжазбаның авторы.

Қ. И. Сәтпаев творчестволық күшінің толысқан кезінде — 1964 жылы январьда қайтыс болды. Алғашқы қазақ — СССР Ғылым академиясының академигіне, жалынды коммунистке, ірі ғалымға, қоғам және мемлекет қайраткеріне орынды баға беріп отырып, біз бүгінде оның идеялары Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына зор ықпал жасағанын көреміз. Академик Қ. И. Сәтпаевтің есімі «Джезказганцветмет» ғылыми-өндірістік бірлестігі мен Қазақ ССР Ғылым академиясы Геология ғылымы институтына, Қазақстан қалалары мен поселкелерінің көптеген мектептері мен көшелеріне берілді.

Ғалымның туғанына 90 жыл толуына орай Алматыда Қ. И. Сәтпаевтың мемориалдық музейі ашылуда, оған ескерткіш орнатылады. Табиғаттану жөніндегі таңдаулы зерттеу үшін Қ. И. Сәтпаев атындағы сыйлық және техникалық жоғары оқу орындары студенттері үшін стипендия тағайындалды.

Т. ЛАУМУЛИН,
геология-минералогия ғылымының докторы,
Н. ӘЗЕРБАЕВ,
геология-минералогия ғылымының кандидаты.

Digitized by Google

ДОСТАР ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Совет әйелдері комитеті председателінің орынбасары Г. Н. ГАЛКИНАМЕН интервьюді «Советская женщина» журналы осындай тақырыппен жариялады. Ол Герман Демократиялық Республикасында Германияның Демократиялық әйелдер одағы тобының тәжірибесімен танысып қайтқан делегацияны басқарған еді.

— Германияның Демократиялық әйелдер одағы (ДЖСГ) әйелдермен тек тұрғылықты жерде ғана жұмыс жүргізеді. Мұның барысында жас адамдармен де, пенсионерлермен де, еңбекші әйелдермен де, үй шаруасындағы әйелдермен де өз қызметін соншалықты жан-жақты құрады.

Бізде Совет Одағында 230 мың әйелдер советі бар. Олардың 36 мыңы ғана тұрғылықты жер бойынша құрылған. Әйелдер советтерінің көпшілігі өз қызметінің негізгі бағытын енді ғана іздестіруде. Басқалары жұмысты мейлінше тартымды ету үшін оның формалары мен әдістерін саралай отырып өзгертуде. Міне, осындай жағдайда Герман Демократиялық Республикасындағы достарымыздың тәжірибесін тыңғылықты әрі творчестволықпен үйренуіміз қажет-ақ.

— Және сіз әуелі нені айтар едіңіз?

— Бізді аса жылы лебізбен және шын жүректен қабылдаған Эрфурт округі туралы әңгімелейін. Германия Социалистік біртұтас партиясы округтік комитетінің бірінші секретары, Германия Социалистік біртұтас партиясы Орталық Комитеті Саяси бюросы мүшелігіне қандидат Гархард Мюллердің өз округіндегі әйелдер проблемасын жетік әрі жан-жақты білетіні бізге күшті әсер етті. Оларға барынша жәрдемдесуге ұмтылады. Өздеріңіз бағалап көріңіздерші. Эрфуртте жұмыс істеушілердің 94 проценті әйелдер. Олардың 32 проценті смена бойынша еңбек етеді. Осыдан барып әйелдердің мезгілді уақыттан тыс кезде ас ішуі де, үйіне жетуі де, өз балаларын сенімді адамдарда қалдыруы да, семьяны тамақ өнімдерімен қамтамасыз етуі де, т. б. керек. Демек округтегі транспорттың, қоғамдық тамақтандыру, сауда және осындай басқа қызметкердің жұмысы әйелдер сұранымын ескеру арқылы құрылған.

— Бұған қалай қол жеткізді?

— ДЖСГ активистері қоғамдық негізде құрылған асханалар жанынан кухнялық комиссия деп аталатындарда, яғни гастрономдар, тұрмыстық қызмет көрсету үйлері советтерінде болып, олардың жұмыс режимі мен сапасына елеулі ықпал жасай бастады. Мұның барысында олар осы қызметтердің таңдаулы қызметкерлерін міндетті түрде және жақсылап мадақтайды. Дегенмен олардың Германия Социалистік біртұтас партиясының жергілікті органдарымен бірлесе қимыл жасауының өзі мықтап көмектесті. Осындай қимыл-әрекет жалпы бүкіл республика үшін тән көрініс және оңды нәтижелер беруде.

— Одақтың әр әйел үшін өмірлік маңызды мәселелермен ғана айналысатынын естіген едім. Оның әрекетінде әсіре ұйымшылдық, формализм ұшырaспайды. Сіздің көзқарасыңызша, мұның сәті қалай түсуде.

— Білемісіз, ДЖСГ активистерінде өздері ойлап тапқан жақсы өмір формуласы: өз орындарында отырып алмай, оларды бәрінен гөрі не көбірек толғандыратынын, тап сол сәтте нақты адамға, жеке семьяға немен көмектесуге болатынын білу үшін көшеге шығу, үйлерге — әйелдерге бару қағидасы бар. Және олар біржола тағайындалған график бойынша емес, мұның өзі қажет болғанда осылай жасайды. Одақтың әр тобы өз ауданын, оның тұрғындарын, олардың қайсыбір мәселе жөніндегі пікірлерін біледі және жеке әңгімелер барысында айтылған тілекті орындап шығуға ұмтылады.

— Сіз бұл тұрғыдан нақты мысалдар келтіре алмайсыз ба?

— Тұрғылықты жер бойынша құрылған консультациялық пункттердің өзін мысалға келтіруге болады. ГДР-де олар 200-ден асады. Олардың атауы, расында, тым ресми. Ал мәні жағынан — әрбір жекелеген жағдайда — бұл сізді әрдайым тосып отыратын, сізге сондай разы болатын қонақжайлы үй.

Әйелге психолог кеңесі, юрист пікірі керек болса, әлбетте, осында келе берсін: ол үшін пункт жетекшісі мамандарды арнайы шақырады. Демек ол — жақсы, мың марка жалақысы бар штаттағы бірден-бір қызметкер. Қалғандарының бәрі мұнда қоғамдық негізде еңбек етеді. Жас анаға гинеколог, ал оның бөбегіне — бала дәрігерінің кеңесі қажет бола қалды делік. Әйел осы жайлы телефон арқылы консультациялық пунктке хабарлайды. Заказ сол сәтте қабылданады, сөйтіп әйел үшін ыңғайлы уақытта ол және бөбегі клиникада маманның қабылдауына жазылатынына кәміл сене беруіне болады. Жас жұбайларды әрдайым көптеген проблема: семьялық бюджетті қалай

Digitized by Google

орынды ұйымдастыруға болатыны, қызғаныш сезіміне берілмес үшін не жасау керектігі, өз бөбегін құндақтау туралы алаңдаушылық білдіретіні мәлім. Өздерінің әке-шешелерінен көмек сұрағылары келмейді. Ал курстар және қаншама беделді мамандар бар консультациялық пункттерде ақылдасуға болады. Мұнда белгілі бір күндерде тоқу, киім пішу жөнінен үйірмелер жұмыс істейді.

Әйелдер жайғаса отырып, кофе ішу, өздерінің фирмалық тағамдарынан құрбыларына дәм татқызу, оларды әзірлеу рецептерін алмасу, тіпті бір-бірімен әңгімелесу үшін осы жайлы үйге ықыласпен келеді.

— Бір сөзбен айтқанда, консультациялық пункт — бұл әйелдердің өзіндік клубы ғой?

— Сірә, солай болса керек, ДЖСГ топтарының көмегімен пайда болған басқадай орындар да баршылық. Активистер осылай тұрғылықты жерлерге барып, көптеген үйлер тұрғындарының үйлердің астыңғы қабаттарын жайғастырып, оларды тыныңу және мүдделі кездесулер орнына айналдыруды қалайтындықтарын білдім. Тұрғындардың өздері осы клубтардағының бәрін сондай тап-түйнақтай етіп жасаған. Осында слайдтерді, әуесқойлық фильмдерін көруге, көршілері пісірген тағамдар дәмін татуға болады.

Үлкен үй тұрғындары осылай бір-бірімен танысып, жақсы біледі, достаса бастайды. Үйлердің астыңғы қабатын көркейтіп болысымен олар әдетте подъездерге «ауысады». Баспалдақ алаңдарына газеттер мен журналдары бар шағын столдар қояды, көршілердің бірі басқалар жаздырып алмайтын журналды оқып болысымен көпшілік үшін оны сол столға қояды.

— Одақ әйелдермен бүкіл жұмысты тұрғылықты жер бойынша ғана жүргізетіндіктен оның аясындағылардың ынтықыласы бәсеңдеп кетпей ме?

— Нақты істерге қарасаңыз,— ДЖСГ активистері әйелдердің бәрін мемлекеттік міндеттерді — әрі экономикалық, әрі саяси, әрі мәдени міндеттерді шешуге тартатынын көресіз.

Біздегідей, мәселен, ГДР-де адамдардың көпшілігі бау-бақшамен айналысады. Мемлекет елдегі балдың 90 процентінің, демек олардың учаскелеріндегі көптеген басқа өнімдерді әуесқой бағбандардан алатынын білдік. Ал олардың бәрі бағбандық серіктестікте ДЖСГ топтарын құрып, азық-түлік программасын орындауда елге көмектесуді ұйғаруларынан басталды. Бұл үшін, деп есептеді олар, әуелі өздерін, өз семьяларын көкөніспен және жеміспен қамтамасыз ету, ал артығын тиянақты бағамен қабылдау пункттеріне өткізу керек. Кейінірек тағы бір құнды идея туып, жүзеге асырылды: бала бақшалар балдырғандарына арналған жас өнімді тегін консервілейді.

Әйелдер өз аулаларын, аудандарын көркейтіп, көгалдандыру секілді қоғамдық маңызды істе де жарысуда. Соның нәтижесінде қалалар мен поселкелер көркейіп, жайлы болуда.

ГДР-де, әлбетте, қайталама шикізат сондай шаруагерлікпен пайдаланылатынын білеміз. Бірде-бір зат та зая кетпейді. Бәрі іске жаратылады. Мұндай үнемнен мемлекетке келетін пайда орасан зор. Ал одақтағы әйелдердің нақ өздері үнем жолындағы осы қозғалысты бастады.

Саяси-тәрбие жұмысын жүргізетін әйелдер академиясы туралы да айтпауыма болмайды. Бұл оңай іс емес. Әйелдердің орындарынан көтеріліп, қайсыбір шараға баруы әрдайым жеңіл бола бермейді. Демек шаралар әйелдерде жанды ықылас, академияда тағы да болу тілегін тудыру үшін лекциялар, мамандармен кездесулер — сондай айшықты, өзгешелеу болуға тиіс. Академияға шақырылған мамандар әйелдермен экономика, саясат, революциялық дәстүрлер, мәдениет туралы келесі әңгімелерін нақ осылай жүргізеді.

Әңгімені жазып алған
Г. ГАЛКИНА.

«Росинкадағы» кездесу

Мәдениет және техника сарайының жанынан жұмыс істейтін әйелдердің «Росинка» клубының есебінде қырықтан астам өткізілген мәжіліс бар. Жылышырайлық, шынниеттілік жағдайы әр жастағы әйелдерді, «Балхашмедь» өндірістік бірлестігінің жұмысшы әйелдерін клубқа тартады.

Кездесулер бір-біріне ұқсамайды — мұнда жарыс озаттарын, көп балалы аналарды атайды, қызықты адамдармен кездесу ұйымдастырады.

Соғыс кезінде тылда еңбек еткен ардагерлер әйелдер клубының кезекті мәжілісіне 300 шақыру билетін алды. Оларға арналып гүл қойылған столдар жасалды. Олардың құрметіне өлеңдер оқылды, ән шырқалды, алғыс және ізгі тілек сөздері соларға арналды. Кешті жүргізуші, клубтың председателі В. Хованева комбинатта 1941-45 жылдары жұмыс істеген адамдардың орнынан тұруын өтінгенде... адамдар бірінен соң бірі тұрып жатты.

Еңбек ардагерлерінің осы кездесуінде сондай бір қайырымдылық пен жылы шырайлылық сезілді десеңізші.

Т. ГРИГОРЬЕВА.

Digitized by Google

БРУЦЕЛЛЕЗ

Бұл ауру мал ауыратын созылмалы індет тобына жатады, яғни оның пайда болуына үй жануарлары кінәлі. Індеттің орын алған алты түрінен қой мен ешкі бруцеллезі адамдар үшін өте-мөте қауіпті. Ірі қара малдың бруцеллезі аса қауіпті емес, ал шошқаның бруцеллезбен ауруы біршама сирек ұшырасады. Ауру сиырмен немесе қоймен бірге тұратын жылқының, түйенің, иттің, мысықтың, аң фермасы жағдайында ұсталатын терісі бағалы аңдардың індетке шалдығуы мүмкін, сондай-ақ адамдарға да жұғуы ықтимал.

Көбіне ауру малға күтім жасау кезінде, сондай-ақ ет арқылы: бруцеллезбен ауырған малды сою, оны мүшелеп ұқсату кезінде жұғады. Оның үстіне ешкінің және қойдың сүтін қайнатпай ішу, сондай-ақ қойдың жас брынзасын жеу салдарынан ауру пайда болады. Қайнатылмаған бір стақан ешкі сүтін ішуден сырқаттану оқиғалары мәлім.

Әсіресе ерте көктемде қозыларды және бұзауларды үйде ұстау қауіпті, балалардың олармен ойнаймын деп ауру жұқтыруы мүмкін.

Көріп отырғанымыздай, бруцеллез сырқатына оңай шалдығуға болады. Ал оны емдеу әлдеқайда қиын. Сауығу процесі барлық адамда бірдей бола бермейді, егер науқас дәрігердің айтқанының бәрін орындамаса, оның ұзаққа созылуы мүмкін.

Практикада бруцеллездің белгілері іш сүзек, ревматизм, безгек, эндокардит, туберкулез және басқа аурулардың белгілеріне ұқсас болады. Мұндай жағдайда лабораториялық диагностиканың мәні зор.

Әдетте, ауру біртіндеп өрбиді. Қайсыбір жағдайда бруцеллез онша білінбейді, және ол тек имунитетті реакциялар бойынша анықталады. Сиыр, кейде қой бруцеллезін жұқтыру барысында буындар сырқырайды немесе ыстығы 37—38° -қа көтеріліп, созылмалы түрде өтуі мүмкін.

Ұзақтығы бір аптадан алты аптаға дейін, кейде одан да ұзаққа созылатын сырқат түрлері бруцеллездің жиі кездесетін белгілері болып табылады. Әдетте, бруцеллезбен ауырғандардың басы қатты ауырып, денелерінде бөрткендер пайда болады, шаштары тез түсе бастайды, тырнақтары үгіле береді. Аурудың асқынған кезінде жүрек-қан тамырлары жүйесінің және ішек-қарын жолдарының өзгеруі жиі байқалады. Көбінесе көк бауыр мен бауыр үлкейіп кетеді. Сүйек-буын жүйелерінде де өзгеріс болады.

Өкінішке қарай, осы ауру республикада кеңінен таралған. Жайсыз ауыл шаруашылығы малдары пункттерінің 57 проценті Қазақ ССР-інің үлесіне келеді. Олар Алматы, Талдықорған, Шымкент, Жамбыл, Целиноград, Семей облыстарында өте көп. Республикада жыл сайын екі мыңға жуық село тұрғыны: малшылар, олардың семья мүшелері және науқан кезінде (төл алу, жүн қырқу, мал сою) уақытша жұмысқа тартылғандар бруцеллезбен ауырады. Бруцеллез көбіне семьялық сипат алады.

Медициналық, мал дәрігерлік және шаруашылық қызметкерлерінің бірлескен күш-жігері арқасында ауруды жеңуге болады. Халық депутаттарының жергілікті Советтері бруцеллезбен күрес жүргізуде көп нәрсе істей алады.

Республикада мемлекеттік, сондай-ақ меншікті малдың есебі көптеген жылдар бойы бетімен жіберілді. Медицина қызметкерлері осы қырсыздықтың қайғылы ауыртпалығын көтерді. Өйткені аурудың ошақтары кеш анықталғандықтан олардың таралуын тоқтату, шұғыл шаралар қолдану қиынырақ болды. Оның үстіне тексерілмеген, мал дәрігерлік бақылаудан өтпеген мал қоғамдық малдар табынына қосылды немесе аса құнарлы малға айырбасталды. Соның салдарынан соңғы бес жылда республиканың оңтүстік облыстарында мал басының көбеюімен қатар бруцеллезбен ауырған адамдар 1,5—2 есе өсті. Аурулардың жалпы құрылымында меншікті мал иелерінің (60 процентке дейін) және бір жастан 14 жасқа дейінгі балалардың үлесі қыруар өсіп кетті.

Бертінге дейін рыноктарда ет-сүт өнімдерінің сапасына бақылау жасау да төмен болды. 1987 жылы Талдықорған облысында қой-ешкі бруцеллезінің өршуіне дәл осы себеп болды, онда сиырлардың иелері сүттің майлылығын арттыру үшін оған ешкі сүтін қосып сатқан. Соның салдарынан 28 адам бруцеллездің ауыр түрімен ауырды, демек мұқият жүргізілген анализ, эпидемиолог С. Москвинаның және санитарлық-эпидемиологиялық станцияның бактериологы Т. Толстованың қауырт жұмысы аурудың себебін анықтауға және оның таралуына

Digitized by Google

жол бермеуге көмектесті. Осы оқиғадан кейін барып республикада рыноктарда сатылатын өнімнің сапасына бақылау жасау қатайтылды.

Қазір партия органдарының инициативасымен мал есебін ретке келтіру жөнінен қыруар жұмыс жүргізілуде. Мал дәрігерлік қызмет жұмысы қайта құрылуда, олар енді жайсыз мал шаруашылығы пункттерін анықтауға толығынан жауапты.

Бруцеллезбен күрес жүргізу үшін республикада 1986—1990 жылдарға арналған комплексті программа талдап жасалды, оны орындауға Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті мен Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі қатысуда. Оны жүзеге асыру барысында соңғы екі жылда адамдардың бруцеллезбен сырқаттануы азайғаны байқалады. Сөйтіп ол 1987 жылы 4,1 процентке, 1988 жылы — 7,2 процентке кеміді, кәсіптік бруцеллезбен ауыратын адамдар азайды.

Әрине, осы қауіпті ауруды жоюдағы басты нәрсе — оның алдын алу. «Қайсыбір ауруды емдегеннен көрі оның алдын алу оңай» деген медициналық қағиданың жұқпалы бруцеллезге толығынан қатысы бар. Бірде-бір жақсы қожайын бруцеллезбен ауыратын малды өз шаруашылығында ұстамайды. Әйтпесе бұл қыруар экономикалық және әлеуметтік шығынға соқтырады. Соңғы кезде адамдар арасында саяжайлық құрылыстар салынып, оларда мал өсіру кеңінен таралуына орай мына жәйттерді ескерту керек: барлық жағдайларда абай болу, ең алдымен малды сатып алмас бұрын мал дәрігерімен кеңесу керек.

Қоғамдық мал табындарында жұқпалы індеттің таралуына жол беруге болмайды. Осы жайында айрықша айтқымыз келеді. Таяуда мал шаруашылығы жұмысында жауапты кезең — көктемгі төл алу науқаны басталады. Осы науқанға қаншама адам тартылады, сондықтан оны ұйымшылдықпен өткізіп, адамдарды алдын ала оған даярлау керек, оларды арнаулы киіммен, аптекамен, жеткілікті мөлшердегі дезинфекция құралдарымен қамтамасыз ету керек. Медицина қызметкерлерінің осы жұмыс басталғанға дейін және ол аяқталғасын 1—1,5 айдан кейін жұмыс істеушілерді диспансерлік тексеруі қажет. Бруцеллез инфекцияларын тез қабылдайтын балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау туралы ерекше қам-қарекет жасау керек. Өкінішке қарай, қайсыбір жерлерде оларды мал шаруашылығы жұмысына тартады.

М. РЕМЕНЦОВА,
Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институты бруцеллез бөлімінің меңгерушісі, профессор.
Алматы қаласы.

Нашақорлықтың зияны туралы фильмдер

Ине (1988 жыл. «Қазақфильм». 8 бөлімді). Өткір сюжетті көркем фильм есірткіні таратушылардың ықпалына тап болған өзінің сүйген қызының өмірі және адамгершілік жағынан өмірге қайта оралуы үшін күресуші жас жігіт туралы әңгімелейді.

Қолтаңба үлгісі (1987 жыл. Свердловск киностудиясы. 2 бөлімді). Лента есірткіге улану жағдайында қылмыс жасап, үш рет сотталған адам туралы, оның нашақорларға арналған арнайы колониядан шыққаннан кейінгі өмірінің алғашқы айлары туралы әңгімелейді.

Иірім. (1987 жыл. Украинаның хроникалды-деректі фильмдер студиясы. 2 бөлімді).

Фильм — қауіп туралы дабыл, одан сақтандыру. Ол өздерінің жеңіл мінездерінен денсаулығын бұзып, өмірін қор еткен адамдардың трагедиясы туралы.

Ине. (1988 жыл. Леннаучфильм. 3 бөлімді). Фильм авторлары нашақорлықтың осыншама кең таралуына соқтырған себептерді анықтауға ұмтылады және оны емдеудің түрлі жолдары туралы ойларын алмасады.

Қаладағы қасқырлар. (1987 жыл. Тәжікфильм. 2 бөлімді).

Есірткіге құмарлық адамды — ересектерді немесе жасөспірімдерді қандай күйге түсіреді? Оған және өмірге зиян келтіретін нәрселерді сатып, ақша табатындарға қалай қарсы тұру керек? Картина авторлары өздерінің және көрермендердің алдарына осындай мәселелерді қояды.

Бумеранг. (1986 жыл. Өзбекстанның ғылыми-көпшілік және деректі фильмдер студиясы. 2 бөлімді).

Мидың семуі, ақылынан адасу, жеке бастың құлдырауы — нашақорлықтың қауіпті салдары осындай. Осы қауіпті кеселмен күрес туралы әңгіме қозғалғанда енжарлар болмауға тиіс.

Digitized by Google

Ауа жақсара түседі

Екібастұздың № 1 ГРЭС-і екінші энергоблоғының күл тұтқыш жүйесін қайта құру аяқталды. Күл тұтқыш қондырғының пайдалы жұмыс істеу коэффициенті 85,7 процеттен 98,35 процентке дейін артты.

Блок қайта құруға дейін ай сайын 12,8 мың тонна қатты ұлпаны атмосфераға шығаратын, енді, мамандардың есептеулері бойынша, ол 4,7 мың тоннаға дейін, немесе жылына 97 мың тоннаға дейін азайды.

Бұрынырақта станцияның бірінші және бесінші блогында осындай жұмыс атқарылған еді. Осының бәрі зиянды заттардың тасталуын тым қолайсыз болған 1985 жылмен салыстырғанда шамамен екі жарым есе кемітуге жәрдемдесті.

1989 жылы үшінші және төртінші энергоблоктардың күл тұтқыш жүйелері қайта құрылады. Ал станцияның бүкіл табиғатты қорғау жабдықтарын нормаға келтіру жөніндегі жұмысты 1991 жылы аяқтау белгіленуде (оған 48 миллион сомдай жұмсалады). Сөйтіп күл тұтқыш қондырғылардың пайдалы коэффициенті 99—99,5 процентке жеткізілуге, ал қатты заттардың атмосфераға тасталуы жылына 40 мың тоннаға кемітілуге тиіс.

Ю. ДМИТРИЕВ.

Жаңғақ бағы жайқалады

Село сыртында, ақырын ағып жатқан Келес өзенінің сол жағалауында жақсы күтілген танап ерекше көрінеді. Алқапта шағын бұталар қаз-қатар отырғызылған.

— Біздің болашақ жаңғақ бағымыз,— деп түсіндірді Карл Маркс атындағы колхоздың председателі Ерматола Суанов.

Мұнда жаңғақ өсіруге алғаш кірісті. Танапты таңдап алды. Шредер атындағы институттан екі мың түйе жаңғақ сатып алынды. Демек өткен жылғы көктемде бас агроном Адырбай Пернебаевтың жетекшілігімен Шәмші Лесов пен Пернебай Парпиев 36 гектарлық жерге жаңғақ бағын салды. Жаңа істің энтузиастары жаз бойы жас бұталарды қамқорлықпен күтіп баптады, суарды, арамшөбін жұлды.

— Келер жылы тағы да тез пісетін үш мың жаңғақ ағашын отырғызамыз,— деп жоспарын алмасты агроном. — Ал үш-төрт жылдан кейін өнімді жинай бастаймыз.

И. САВЧЕНКОВ.

Ленин ауданы,
Шымкент облысы.

Проблемаға бет бұрды

Шымкент цемент заводында, сайын келгенде, айналадағы ортаны кәсіпорындардың өнеркәсіптік қалдықтарынан қорғауға көңіл бөле бастады.

Тиеу жұмыстары жүргізілетін бір цехта ғана атмосфераға жыл сайын 30 тоннаға дейін шаң ұшады. Енді мұнда румынялық өндірістің шаң тұтқыш жаңа фильтрін монтаждады. Жалпы құрылыс жұмысын заводтықтар өздері, шаруашылық тәсілмен жүргізді. ал маманданған «Чимкентцемремонт» кәсіпорнының комплексті бригадалары фильтрді монтаждады.

Қазір осы цехта осындай тағы екі қондырғыны монтаждауға әзірленуде. Оларды төртінші тоқсанда іске қосу белгіленген. Мұнда Н. Митрофановтың бригадасы еңбек етеді. Үш фильтрдің бәрін іске қосуға орай тазарту деңгейін 99,9 процентке жеткізуге болады.

Заводтықтар үшінші және төртінші пештердің тоңазытқыштарында жаңа электрлі фильтрлерді монтаждауға да әзірлік жасауда. Мұнда жалпы құрылыс жұмысы толық қарқынмен жүргізілуде. Бір электрлі фильтрдің құны 120 мың сомнан асады. Мұның өзі өндіріске енгізілін жатқан механизмнің күрделілігі туралы әңгімелейді. Оның үстіне осындай екі қондырғыны іске қосуға орай кәсіпорын қазір айналадағы ортаға тасталатын 80 тоннадай клинкерді жыл сайын ұқсатуға қайтарады.

Г. РЕБРОВ.

Digitized by Google

СОТҚА ЖҮГІНУГЕ БОЛАДЫ

Бүкілодақтық XIX партия конференциясы «Бюрократизмге қарсы күрес туралы» қарар қабылдады. «Лауазымды адамдардың азаматтардың праволарына нұқсан келтіретін заңсыз әрекеттеріне байланысты сотқа жүгінудің реті туралы» СССР Заңы да осы құбылысқа қарсы белсенді жұмыс істеуге тиіс, ол лауазымды адамдардың өкілеттігін асыра пайдаланып, азаматтар правосына нұқсан келтіретін әрекеттеріне тағайындалған тәртіппен сотқа шағым беруге болатындығын анықтайды.

Осы тәртіп совет азаматтары правосы мен бостандығының маңызды кепілі болып табылады. Дегенмен сот практикасының көрсетіп отырғанындай, азаматтардың да, сондай-ақ лауазымды адамдардың да көбіне нақты әрекеттер үшін сотқа жүгінуге болатындығы және мұның іс жүзінде қалай жүзеге асырылатыны туралы анық мағлұматтары бола бермейді.

Сот практикасын зерттеу бейнелеп отырғанындай, азаматтар правосы көбіне пәтерге тұрақты тіркелуді рәсімдеу барысында бұзылады, демек әрбір екінші шағым тіркеуден бас тартқаны үшін беріледі.

Заңда **тұрғын үй алаңының көлеміне де қарамастан** азаматтардың оған тіркелу правосы болу оқиғаларының көлемді тізімі қарастырылған. Қалаларда және қала типтес поселкелерде тұрғын үй алаңының көлеміне қарамастан ерлі-зайыптылардың бірі екіншісінің тұрғын үй алаңына, кәмілетке толмаған балалар мен қамқорлықтағы адамдар ата-аналарының және қамқоршыларының тұрғын үй алаңына, өз семьялары жоқ үйленбеген ересек балалар ата-аналарының тұрғын үй алаңына, ата-аналар — балаларының тұрғын үй алаңына, ата-аналары жоқ кәмілетке толмаған ағайынды ұлдар мен қыздар, сондай-ақ, жасына қарамастан, бірақ өз семьялары жоқ, еңбекке қабілетсіз ағайынды ұлдар мен қыздар ағасының немесе қарындасының тұрғын үй алаңына, әскери қызметін аяқтағаннан кейін Қарулы Күштер қатарынан босатылған, демек әскери қызметке осы елді мекеннен шақырылған әскери қызметшілер тұрақты әскери қызметке алынғанға дейін иеленген тұрғын үй алаңына немесе ата-аналарының, басқа туысқандарының тұрғын үй алаңдарына тіркеледі, одақтас республикалардың астаналарында, Москвада, Ленинградта тұрғын үй алаңы нормасын сақтауға қарамастан ата-аналар еңбекке қабілетсіз немесе қарт (ерлер — 60 жастан, әйелдер — 55 жастан асқанда) болса, осы қалаға келгенге дейін басқа балаларымен бірге тұрмаса, балаларының тұрғын үй алаңына, ересек балалар өз семьялары жоқ болса, ал ата-аналары қарт болып, күтім жасауды қажетсінсе, сондай-ақ басқа да орынды себептер болса, ата-аналарының тұрғын үй алаңына тіркеледі.

Мұндай жағдайда пәтерге тіркеуден бас тарту барысында азамат сотқа жүгінуге праволы және бас тарту заңға қайшы келетіні анықталғанда сот тиісті лауазымды адамды, арыз жазушыны, немесе талапкерді сот шешімімен тұрғын үй алаңына тіркеуге міндеттейтін шешім шығарады.

Сот **техникалық инвентаризация бюросында үйлерді тіркеуден бас тарту** шағымын қарауға праволы. Талапкер арыз беру барысында осы құрылыстың оған тиісті екені туралы (нотариалдық куәландырылған шарт бойынша сатып алу, оны мирас ретінде алу, рұқсаты болған жағдайда оны тұрғызғаны туралы) документтерді ұсынуға тиіс.

Техникалық инвентаризация бюросының кейбір қызметкерлері СССР Министрлер Советінің «Жеке тұрғын үй құрылысы туралы» қаулысының 17-ші тармағын орындамайды. Қаулы салынып біткен жеке тұрғын үйлерді аулалық қора-қопсыларымен қоса тағайындалған тәртіппен мемлекеттік комиссия қабылдайтынын атап көрсетеді. Халық депутаттары жергілікті Советі атқару комитетінің мемлекеттік қабылдау комиссиясы материалдарды бекіткеннен кейін салынған үй қабылданды деп есептеледі. Салынып біткен, қабылданған үйді тіркеуден негізсіз бас тарту барысында сот осындай тіркеуді жүргізуге міндеттейді. Сот азаматтардың өз беттерімен салған үйлерін тіркеу туралы талабын қарамауға праволы.

Сот практикасының көрсетіп отырғанындай, транспорт құралдарын тіркеуде, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне, немесе мектепке тіркеуде, туберкулездің немесе есі ауысудың ауыр түрлерімен сырқаттануына байланысты қосымша алаң алу правосын беретін медицина мекемелерінің денсаулық жағдайы туралы документті беруден, соғыс мүгедектерін мебель,

Digitized by Google

автомашина алу үшін жеңілдікті кезекке қоюдан, үй іргесіндегі учаскеге теплица салуға рұқсат беруден, газ беріп, электрлендіруден, телефон немесе радио орнатудан бас тарту барысында азаматтардың правосына қысым жасау шағымдарын қарайды.

Демек **транспорт құралдары** оны магазиннен сатып алғаны туралы анықтамасы бар иесіне ғана тіркеледі. Құрастырылған немесе ақаулы тетіктерден қалпына келтірілген немесе заңды орағытып, қарапайым жолмен жасалған автомашиналар, мотоциклдер, мотоколяскалар, мотороллерлер тіркеуге қабылданбайды.

Көптеген азаматтар юстиция бөлімдері мен халық соттарына жолдаған хаттарында **жалпы мақсаттағы мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне кімнің қабылдануға бірінші кезекті правосы бар** екенін сұрайды. 1985 жылы СССР Оқу министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері туралы ережеге сәйкес жалпы мақсаттағы мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне жұмыс істейтін жалғызілікті аналардың,аналары жоқ жағдайда жалғызілікті әкелердің, балалары оқу орындарында оқитын әйелдердің, Ауғанстанда интернационалдық борышын өтеген мүгедектер мен соғыс мүгедектерінің, сондай-ақ I — II топтағы еңбек мүгедектерінің балалары, ата-аналары психикалық сырқатпен сырқаттанатын балалар, көп балалы семьялар балалары және мемлекеттің немесе жекелеген азаматтардың қамқорлығындағы балалар, зағип, саңырау ата-аналар балалары, әкелері Совет Армиясы қатарында қызмет ететін балалар бірінші кезекте қабылданады.

Сот практикасының көрсетіп отырғанындай, республикамыздың кейбір мекемелерінің, кәсіпорындарының, ұйымдарының жетекшілері азаматтардың өтініші бойынша осы кәсіпорындардан, мекемелерден, ұйымдардан қажетті документтердің көшірмесін беру туралы өтініштерін орындамайды. Бұл заңға қайшы келеді. Дегенмен паспорттың, оны алмастыратын документтердің, партия, кәсіподақ, комсомол билеттерінің, депутаттық куәліктің, қызмет куәліктерінің т. б. көшірмесін алуға тиым салынатынын ескеру керек. Сондай-ақ сот азаматтық психикалық сырқаты туралы психиатор-дәрігердің тұжырымымен келіскен және оны психикалық емдеу мекемесіне жіберген денсаулық сақтау органының бас психиаторының шешіміне сотқа шағым бере алады.

Кәсіпорын, ұйым, мекеме жетекшісінің жұмысқа қабылдаудан бас тартуына орай шағымның сотқа берілуі мүмкін. Екі қабаттығына немесе баланы күтуіне байланысты себептерден әйелдерді жұмысқа қабылдаудан бас тартуға тиым салынады. Сондай-ақ лауазымды адамның жынысына, нәсіліне, ұлттық тегіне, діни көзқарасына байланысты себептерден жұмысқа қабылдаудан бас тартуы да қаралады.

Азаматтар сотқа жүгіне алатын шағымдар туралы келесі жолы әңгімелейміз.

Б. АЛПЫСОВ,
халық депутаттары Алматы қалалық Советі атқару комитеті юстиция бөлімінің аға консультанты.

ЖУРНАЛ ДАБЫЛЫНАН КЕЙІН

«Мәдениет шеберлерінің селоға көмегі»

Республикалық қамқорлық жасау комиссиясының председателі Ю. Померанцевтің журналдың өткен жылғы бірінші санында жарияланған «Мәдениет шеберлерінің селоға көмегі» деген мақаласында селоға қамқорлық жасау жұмысына назар қатысқаны үшін Қараганды облысы мәдениет мекемелерінің атына сын айтылған еді.

«Мақала облыстық мәдениет басқармасында және творчестволық коллективтерде талқыланды. Сын орынды деп табылды. Көбірек творчестволық кездесулерді өткізу, тікелей селолық аудандарда таңдаулы спектакльдер мен концерттік программалардың он күндігін, фестивальдерін ұйымдастыру, сондай-ақ музейлер, кітапханалар, түрлі творчестволық одақтар қызметкерлерінің, үгіт бригадаларының оларға жүйелі баруы, селодағы таланкер артистерге пәрменді көмек көрсету белгіленді.

С. Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театрының селолық филиалдарының, симфониялық оркестр музыканттарының, «Гәкку», «Фроиндшафт» және «Шоу-9» ансамбльдерінің жұмысы жандандырылды. Творчестволық коллективтердің көмегімен селолық жерлерде таланкер творчестволық үйірмелері ұйымдастырылуда.

С. АШЛЯЕВ,
Қараганды облыстық мәдениет басқармасының председателі.

Digitized by Google

БҰЛ ҚАШАНҒА ДЕЙІН ЖАЛҒАСАДЫ...

ӘУЕ ДИВЕРСИЯСЫМЕН КҮРЕСТІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПРОГРАММАСЫ КЕРЕК

Мемлекеттер жолаушыларды және азаматтық авиация қызметкерлерін терror мен озбырлықтан қорғау үшін көп күш-жігер жұмсауда. Сонда да қылмыскерлердің өздерінің адамзатқа қас акцияларын жүзеге асыру сәті қалай түсуде?

Міне, жиырма жыл бойы мемлекеттер мен әуе террористері арасында шын мәніндегі соғыс өтіп жатыр, оның шегі көрінер емес. Халықаралық азаматтық авиация (ИКАО) деректері бойынша, мемлекеттердің 1969 жылдан 1987 жыл аралығында самолеттерді заңсыз басып алу актілерінің санын қысқартуға қол жеткізуінің сәті түсті. 1974 жылдан бастап халықаралық көлемде жолаушылар мен олардың қол жүктерін тексеріп, қарауды енгізу бұған көбірек ықпал етті. Сонымен бірге оңды өзгерістерге қарамастан ИКАО деректері айрықша оптимизм туғыза қоймайды. Демек 1985 жылы бүкіл дүние жүзінде 473 жолаушы қаза тауып, 243 адам жараланды, 1986 жылы тиісінше 235 адам қаза тауып, 112 адам жараланды. Диверсия актілеріне келсек, 1980 жылдан 1987 жыл аралығында 70-ке жуық диверсия жасалды. Мұның барысында ушу кезінде әуе кемесін толық қирату оқиғалары барған сайын жиі аталуда.

Террористердің ештеңеге қарамастан, олардың алдында жалпы ешқандай тосқауылдар тұрмағанындай, өздерінің қанқұйлы жоспарларын жүзеге асыруының талай рет жолы болды. Олар қорғаныс жүйесіндегі олқылықтарды таба білетінін талай рет дәлелдеді.

Өкінішке қарай, осы ағаттықтар, әдетте, террористік акті жасалғаннан кейін анықталады, сонда мемлекеттер оларды дереу жамап-жасқай бастайды. «Пан-Американ» компаниясының «Боинг-747» самолеті Шотландия үстінде жарылғаннан кейін дереу американдық өкімет бүкіл дүние жүзінде өзінің авиажелісіндегі қауіпсіздік шараларын күшейтті. Меніңше, осы шараларды ертерек қабылдау керек-ақ еді. Мейлінше оперативті қимыл жасау, әуе террорымен күресте инициативадан айырылып қалмау кезі туды.

Біздің де ойланып, осы оқиғадан тағлым алуымыз керек. Овечкиндер семьясының қылмысты істерін тергеу барысының өзінде СССР-дің бас прокуроры СССР Азаматтық авиация министріне жеке ұйғарым жолдады. Онда «қадағалау қызметкерлерінің еңбек және техникалық тәртібі деңгейінің төмендігі» атап көрсетілді. Мұндай тұжырым мынаған негізделген: 1987—1988 жылдары арнайы жүргізілген эксперименттер кезінде Алматы аэропортында милиция мен бақылау қызметі қызметкерлері 5 мылтық пен оқ-дәріні, Павлодар аэропортында — пистолетті, гранатаны және қанжарды, Целиноград пен Көкшетау аэропорттарында — 2 пистолет пен 2 гранатаны байқамады. Осы статистика келеңсіз ойға жетелейді. Демек бізде азаматтық авиацияны террористерден қорғау ісі әлі де жайсыз. Самолетті басып алудың немесе диверсияның жаңа оқиғасын күтуге тура келеді. «Қойын алдырып, қорасын бекітіптінің» кері болып жүр. «Пан-Американ» самолетімен болған оқиғаның көрсетіп отырғанындай, батыста да жағдай онша мәз емес. Сенім шамалы.

Терроризм актілерімен күрес проблемасы жаңа қатынасты талап етеді. Дегенмен, мұнда мынаны атап көрсету керек: жолаушылардың жүгі мен қол жүгін бақылаудың мейлінше қатал шараларын енгізу сонша арзан емес. Оның үстіне бұл қызмет көрсетуге елеулі әсер етеді. Кезек легі көбейеді, жолаушылар уақытты зая жібереді... Бақылау қызметкерлерін техникалық жағынан жарақтандыру тым қымбатқа түседі және бұған әр мемлекеттің дерлік шамасы келе бермейді. Бірақ басқадай жол жоқ, өйткені террористерге және самолеттерді айдап кетуге қарсы күрестің алдыңғы шебі аэропорттар, олардың бақылау қызметтері арқылы өтеді. Ол соңғы саты: егер оны жоймаса, келешекте қылмыскерлердің арамза ойларын жүзеге асыруына іс жүзінде ештеңе оралғы жасамайды.

1986 жылы өткен ИКАО ассамблеясының 26-шы сессиясында мемлекеттер әуе кемелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде осы ұйым жетекші роль атқаруға тиісті екенін айтты. ИКАО ұйым қызметінің заңды, сондай-ақ техникалық түйіндерін қамтитын қимыл-әрекет жоспарын талдап жасады. Осы әмбебап программа самолеттерді басып алып, айдап кетумен күрес жөніндегі конвенцияға, стандарттарды және ИКАО ұсынатын практиканы сақтауға, сондай-ақ қау-

Digitized by Google

іпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі алдын-алу шараларын қабылдауға сүйенеді. Сарапшылар тобы бекітілді, оған «Авиация қауіпсіздігін қамтамасыз етудің үлгі ұлттық программасын», сондай-ақ «Халықаралық аэропорттардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің үлгі программасын» талдап жасау тапсырылды. 1944 жылғы Чикаго конвенциясы 1-7 қосымшасының 5.1.14 жаңа стандартын енгізуге көп үміт артылуда, ол жүкті қадағалауға арналған мемлекеттік шараларды қабылдауды қарастырады. ИКАО-ның күш-жігерінің тиімділігі бәсеңдемеуі үшін ол талдап жасаған авиация қауіпсіздігі шараларын мемлекеттердің сақтауын бақылауға осы ұйымды тарту туралы да ойластырған жөн. МАГАТЭ-нің ұлттық атом электр станцияларын олардың қауіпсіздігі тұрғысынан тексеру тәжірибесі біршама тәуір нәтижелер беруде. ИКАО-ның да осы жолмен ілгері басуына неліктен болмайды?

Сондай-ақ әуе террористерімен күрес жөніндегі халықаралық орталықты құру туралы да ойластыруға болады. Өйткені бүгінде мемлекеттердің осы мәселелер жөніндегі қимыл-әрекеті соншалықты жетілдірілмеген. Әр ретте авиация қауіпсіздігі жөніндегі қажетті мамандардың болмай қалатыны анықталады, адамдарды іздестіріп, құтқару, іздеуді ұйымдастыру проблемалары туындайды. Бір сөзбен айтқанда, бағалы уақыт зая кетеді. Ал территориясында немесе әуесінде оқиға болған мемлекетке көмектесуге арналған не қажеттің бәрі бар, әуе терроризмімен күрес жөніндегі халықаралық орталық болса, проблеманы анағұрлым тез шешуге болар еді.

Виталий БОРДУНОВ,
СССР Ғылым академиясы мемлекет және право институтының аға ғылыми қызметкері.

Миллиардерлер парады

«Американдық «Форбс» журналы Құрама Штаттардың ең бай адамдарының тізімін жариялады, — деп хабарлайды Франс Пресс.

Магазиндер жүйесінің қожайыны, 6,7 миллиард доллар капиталдың иесі Сэм Уолтон миллардерлер көшінің басында басқалардан көп алда келеді. Америкада байлығы миллард доллардан асатын барлығы 51 адам бар. Осы ат төбеліндей миллиардерлердің капиталы елдің жылдық бюджетінің тапшылығын өтеуге артығымен жетер еді, деп атап көрсетеді агенттік.

БІР ТАҚЫРЫПҚА ЕКІ ЗАМЕТКА

Еңбегіне алғыс

Сарқант ауданы «Қарабөгет» совхозының өндіріс озаттары өз еңбектері үшін ауылдастарының ыстық ықыласы мен жылы лебізіне ие болды. Шаруашылықтың атақты адамдары, еңбек ардагерлері, ғанап пен ферма шеберлері үшін совхоз асханасында «Көгілдір алау» өткізілді. Онда өткен жылғы социалистік жарыс қорытындысы салтанатты жағдайда шығарылып, оның жеңімпаздары аталды. Олардың қатарында сауыншы Н. Жақыпбекова, шопан М. Малаев, қызылша өсіруші К. Төлегенов, құрылысшы П. Шаповалова, соя өсіруші Н. Әбішев және басқалар бар.

Шаруашылықтың таңдаулы еңбеккерлерінің құрметіне талапкер артистер В. Ерғалиевтің, Ж. Шоханованың, С. Мұхаметованың, А. Иманбердиевтің орындауында әндер орындалды.

Өндіріс озаттары мен жаңашылдары осы еңбек мерекесіне өз шеберліктерінің сырларын, жаңа жылға арналған жоспарларын алмасты. Соңында жеңімпаздарға ескерткіш сыйлықтар тапсырылды.

М. ДАРХАНОВ.

Талдықорған облысы.

Әр адамға көңіл бөлу

Адамның ақыл ойы мен жүрегіне жол табу оңай емес деп орынды айтады. Әйтсе де оны табуға болады. Менінше, адамға көңіл бөлмейінше жеке тәрбиені жүргізу мүмкін емес.

Біздің коллективімізде адамдар туған күнмен құттықтауларға ризашылықпен үн қатады. Бұл салтанатты жағдайда өтеді. Кәсіподақ комитетінің өкілі жиналыста осы айда туғандарды құттықтайды. Сыйлық шағын открытка мен сувенир болса да әріптестерінің өзі туралы жылы сөздерін есту, сүйікті әнін тыңдау әр адамға ұнайды.

Өкінішке қарай, көптеген кәсіпорындарда осы жайлы ұмытып кетеді. Бұл мүлдем орынсыз.

Н. ЛАТУНЕНКО,
«Джезказганцветмет» ғылыми-өндірістік бірлестігі № 1 ясли-бақшасының музыка пәнінің мұғалімі.
Жезқазған қаласы.

Digitized by Google

ҚАЗАҚСТАН КОМСОМОЛЫ ДАҢҚЫНЫҢ МУЗЕЙІ

Қазақстан комсомолы Орталық Комитеті жанындағы комсомол даңқы музейі 20—30 жылдар комсомолецтерінің инициативасы бойынша, партия және комсомол ұйымдарының тікелей қатысуы мен көмегі арқылы құрыла бастады. Материалдар қоғамдық негізде жиналды. Ол 1971 жылы, Қазақстан комсомолының 50 жылдығы қарсаңында алғашқы келушілерді қабылдады.

Қазір музей қорларында 8 мыңдай экспонат бар. Ол В. И. Ленинге арналған тақырыптық көрмемен ашылады. Мұнда революцияға дейінгі Түркістанда таратылған лениндік жұмыстарды, өлкемізде Совет өкіметінің қалыптасуына көмектескен революция көсемі серіктерінің суреттерін көруге болады. В. И. Ленин «Жастар одақтарының міндеттері» сөзін сөйлеген РКСМ-нің тарихи III съезіне жеке планшет арналған. Түркстан комсомолиясының Бүкілроссиялық съездегі алғашқы өкілдері Ш. Ярмухамедовтың, И. Гуреевтің, Ю. Абдрахмановтың суреттері осында қойылған. 1921 жылы 7 июльде өткен, жекелеген комсомол ұяларын біртұтас республикалық ұйымға біріктірген комсомолдың Бүкілқазақстандық өлкелік I конференциясының материалдары қойылған.

Келушілер алғашқы комсомолецтер — азамат соғысына қатысқандардың заттарын тебіреніспен қарайды. Аса жарқын экспозициялардың бірі жастардың республиканың алғашқы индустрия алыптары — Түрксибтің, Риддер, Шымкент, Балқаш кәсіпорындарының, Қарағанды көмір бассейнінің құрылысына қатысуына арналған. Витриналарда стахановшы-шахтерлер А. Топаев пен И. Ермаковтың, машинистер Г. Пугачевтің, П. Малюченконың және басқалардың документтері, суреттері, наградалары.

Комсомол Шығыста әйелдерді азат етуге, сауатсыздықты жоюға үлкен үлес қосты. Комсомолец алғашқы қазақ қызы Талбике Ғалиеваның суреті музейде сақтаулы.

Сіз музейдің Ұлы Отан соғысына арналған бөлімінде Брест қамалынан әкелінген снаряд жарықшақтары мен топырақты, «Казахстанская правда» газетінің 28 панфиловшы-батыр ерлігі туралы әңгімелейтін номерін, оқ тескен, қан тамған комсомол билеттерін, солдаттардың майданнан жолдаған хаттарын, комсомолецтердің жауынгерлік ерлігі үшін алған наградаларын көресіздер.

Тың совет жастарының еңбек ерлігінің символына айналды. 1954—56 жылдары ғана партияның шақыруымен еліміздің барлық республикаларының 350 мың өкілі тыңға келді. Осы бөлімге тыңға алғашқы комсомолдық жолдамалар,комсомол билеттері, Ю. Гагариннің Қазақстан ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесі түлектеріне жолдаған сәлем хаты, тың астығы үшін берілген алғашқы наградалар қойылған.

Музей қызметкерлері комсомол комитеттеріне, орта мектептерге, орта кәсіптік-техникалық училищелерге, жоғары оқу орындарына, әскер бөлімдеріне консультациялық көмек береді. Демек біз Көкшетау мен Қарағанды облыстық және Шымкент қалалық комсомол ұйымдарының тарихы музейлерін құруға жәрдемдестік. Теміртаудан келген балаларда біздің экспозицияларымызды көргеннен кейін Қазақстан Магниткасы комсомолының музейін құру тілегі туындады. Біздің көмегімізбен бертінде Әлия Молдағұлованың Ленинградтағы музейінде экспозициялар көркемдік жағынан жаңадан безендірілді. Батырдың музейі Москвада да бар,

Біздің музейімізде пионерге қабылдау салтанаттары, комсомол билеттерін, елдің екпінді құрылыстарына комсомол жолдамаларын тапсыру, әскерге шақырылушыларды қамқорлықтағы «Киров» крейсері мен «Қазақстан комсомолы» сұңғуір қайығына шығарып салулар өткізіледі. Бізге комсомол, соғыс пен еңбек ардагерлері Б. Х. Хасенова, К. А. Бөжікеева, М. С. Енин, А. А. Маркоренкова, О. Г. Кабазиев, Г. А. Ғұсманов және басқалар үлкен көмек көрсетеді.

Жастарға интернационалдық және патриоттық тәрбие беруге көп көңіл бөлеміз. Қазір интернационалист-жауынгерлер туралы материалдарды жинау, экспозицияларды жаңарту жөнінен жұмыс жүргізілуде. Біз олар ұйымдастырған әскери-патриоттық клубтармен қатынасты жолға қоюға ұмтылып отырмыз. Мұнда бізге журнал оқырмандары көмектесе алады деп үміт етеміз. Біздің адресіміз: 480091, Алматы қаласы, Дзержинский көшесі 70. телефон: 32-58-00.

Н. КОЛЕСНИКОВА,
музейдің ғылыми қызметкері.

Digitized by Google

НОМЕРДЕ:

● 26 МАРТТА — СССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

Қ. РАМАЗАНОВ. Бүгінде сөзден іске ауысу керек 2

В. КИМ. Ел өкіметінің жоғары өкілетті органы 5

● КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫ ҚАРСАҢЫНДА

Ұлтаралық қатынастарды жетілдірейік

Ж. КӘРІБАЕВ. Жүйелі қатынас керек 8

● АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ

Н. ЦОЙ. Дербестілік пен инициатива негізінде 11

● ЭКОНОМИКА: ЖЕДЕЛДЕТУ БАҒЫТЫМЕН

Жер қазынасын барлаушылар (Цифрлар мен фактілер) 14

Л. БАРАНОВ, А. ИЛЬИНЫХ. Күн энергиясын пайдалану 16

● СҰРАҚҚА — ЖАУАП

В. РОМАНОВ. Студенттер тұрмысы жақсаруда 18

● БІЗДІҢ КАЛЕНДАРЬ

Т. ЛАУМУЛИН, Н. ӘЗЕРБАЕВ. Қазақстан ғылымының мақтанышы 19

● ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕР — ТӘРБИЕ ОРНЫ

Г. ГАЛКИНА. Достар тәжірибесінен 22

● ДЕНСАУЛЫҚ

М. РЕМЕНЦОВА. Бруцеллез 24

● ТАБИҒАТ ЖӘНЕ БІЗ

Ю. ДМИТРИЕВ. Ауа жақсара түседі 26

● ЮРИСТІК ЖАППАЙ ОҚУ

Б. АЛПЫСОВ. Сотқа жүгінуге болады 27

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР

В. БОРДУНОВ. Бұл қашанға дейін жалғасады 29

● РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ

Н. КОЛЕСНИКОВА. Қазақстан комсомолы даңқының музейі 31

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39

Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84
63-27-74,
63-27-56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: С. А. ДӘРМЕНБАЕВ, Н. И. ЛАРИН, А. МӘУТЕНБАЕВ, К. М. СҰЛЕЙМЕНОВ, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.

Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,

Сдано в набор 27.01.89 г. Подписано к печати 14.02.89 г. УГ22049
Формат 70x108 1/16. Печать офсетная. Усл. печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8. Тираж 54045 экз. (каз. изд. 27623 экз., рус. изд. 26422 экз.). Заказ 113. Цена 15 коп.

ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google



● Музей экспонаттары.



● Комсомол ардагері, бұрынғы комсомол және партия қызметкері Н. Әбдіқалықов Алматы қаласы № 24 мектебінің оқушыларымен әңгімелесуде.

● Азамат соғысы залында.



Қазақстан комсомолы даңқының музейі туралы мақаланы 31-беттен оқыңыздар.




● Қазақстан комсомолы Орталық Комитеті жанындағы ардагерлер советінің мүшелері жаңа документтермен танысуда.

Суреттерді түсірген А. ПАВСКИЙ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын

Индекс 75328



«Плакат» баспасы

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ



1989

6

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



СЕМЕЙ. Алексей Петрович Колташев үшін өткен жыл ерекше болды. Оның ЯК-40 самолеті экипажының командирі болғаннан бері 10 жыл өтті. Ал Бугуруслан ұшқыштар училищесін бітіргеннен кейінгі оның ұшу стажына енді жиырма екі жыл толды. Ұшу отрядының коммунистері Колташевті партия ұйымының секретары етіп сайлады. Жыл соңында қуанышты хабар келді. Алексей Петрович Колташевқа Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

СУРЕТТЕ: Семей авиакәсіпорны ЯК-40 әуе кемесінің командирі А. П. КОЛТАШЕВ.

Суретті түсірген В. ПАВЛУНИН (ҚазТАГ).

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

6 • 1989

МАРТ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

НОМЕРДЕ:

● 26 МАРТТА — СССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

П. ЧУРСИНА. Әйелдер еңбегін жеңілдету керек 2

В. МАМОНОВ. Сайлаушылар аманаттары 5

● САЯСИ ОҚУ: ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР

В. ТОЛОЧКО. Сұхбаттаса білу өнерін меңгерейік 7

● ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЭНТУЗИАСТАРЫ

Л. БӘЙСЕИТОВА. Шәріповтің лекторлық мектебі 9

● САЯСАТ. ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІР

И. СОЛОВЬЕВА. Ұлы бастама дәстүрлерін дамыта берейік . . 10

● ЖАҢА ҒҰРЫПТАР МЕН ДӘСТҮРЛЕРДІ ӨМІРГЕ ЕНГІЗЕЙІК

Қош келіпсің, «Наурыз»! 12

● АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ

Е. СЕРГЕЕВА. Сүт көп алынуда 13

М. МӘЖИТОВ. Жемшөпті жеткілікті даярлайық 15

● ЭКОНОМИКА: ЖЕДЕЛДЕТУ БАҒЫТЫМЕН

Г. БРОКЦИТТЕР. Білікті жастарды даярлайық. (12 апрель — космонавтика күніне, дүниежүзілік авиация және космонавтика күніне) 18

С. ЧУРИЛИН. Еңбек зая кетпейтін ойын 20

● ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕР — ТӘРБИЕ ОРНЫ

С. ЖАЙЛЫБАЕВ. Шағын клубтарға қамқорлық жасайық . . . 22

● БІЗДІҢ КАЛЕНДАРЬ

В. ПРОСКУРИН. Ғалымның таяғы мен қаламы 25

● СҰРАҚҚА — ЖАУАП

В. КОВАЛЕРОВ. Саяхат жасауға шақырамыз 27

● КІТАП БАСПАЛАРЫ ҰСЫНАДЫ

Қ. НАЙМАНБАЕВ. «Жазушы» 29

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР

Т. ДМИТРИЕВА. Бетбұрыс 30

● РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ

Өскеменнің этнография музейі 32

1931 жылдан бері шығып келеді.
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы.
С. «Қазақстан үгітшісі», № 6, 1989.

Digitized by Google

«ӘЙЕЛДЕР ЕҢБЕГІН ЖЕҢІЛДЕТУ КЕРЕК»,—

ДЕП ЕСЕПТЕЙДІ СОВЕТ ӘЙЕЛДЕРІ КОМИТЕТІНЕН СССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ, ҚАРҒАЛЫ ШҰҒА КОМБИНАТЫНЫҢ ТОҚЫМАШЫСЫ ПАВЛИНА МИХАЙЛОВНА ЧУРСИНА



Павлина Михайловна Чурсинаның сайлау алдындағы программасы — көлемді емес, машинкамен басылған небары бір жарым бет. Демек бұл — жұмысшы адамның көпжылдық тәжірибесі, оның өмірге деген белсенді көзқарасы пайымдалған, шын мәнінде жақсы ойластырылған, нә, жасыратын несі бар, жұмыс істеуші әйелдер жиі ұшыратын қиыншылықтар бейнеленген документ. Сондай-ақ онда Чурсинаның құрбыларының, Қарғалы шұға комбинаты тоқымашыларының, республика жеңіл өнеркәсібінің басқа кәсіпорындарының жұмысшы әйелдерінің, олардың әйелдер советтерінің пікірлері жинақталған.

Программаның ең басты пункті — әйелдердің еңбек, тұрмыс жағдайын түбегейлі жақсарту. Халық депутаттығына кандидатпен әңгімеміз нақ осы мәселеден басталды.

— Жеңіл өнеркәсіп орындарындағы еңбек жеңілдейтін кезді өте-мөте жақындата түскім келеді. Комбинатымыздың жағдайы ұзақ уақыт бойы оңғарылмады, оның өнімдері сауда сөрелерінде шаң басып жатты. Дегенмен біз өз жұмысымызды қайта құра білдік. Енді маталарды шетелдерге де береміз. Париждің сәнді киімдер үйінің өзі бізбен контракт жасасты. Алайда бұл бізге қандай ауыр соқты десеңізші. Біздегі жабдықтар ескірген, жиі істен шығып қала береді. Смена ішінде жүздеген килограмм жүкті қолмен тасымалдауға тура келеді. Цехтардың іші шулы. Тағы бір кемшілігіміз — түнгі смена. Әкімшілік бізге жылжымалы графикті ұсынды, бірақ адамдардың бәрі одан бас тартты: бұл график сенбі және жексенбі күндерін қамтиды, демек демалыс күндері балалар аналарының қарауынсыз қалады ғой.

Сондықтан мен еңбек жағдайын жақсартудан күш-жігерімді аямауға уәде еттім. Мен мұны қалай елестетемін. Біріншіден, партия және кәсіподақ ұйымдарымен, әйелдер советтерімен бірлесіп, әрбір цехта, әрбір кәсіпорында өндірісті қайта құрумен аракідік емес, жоспарлы түрде айналысуға қол жеткізетін боламын. Ал екіншіден, бізге жұмыста ыңғайсыз, ескірген техниканы беруші машина жасаушыларға ықпал жасауға ұмтыламын. Бұл тұрғыдан талай жерлердің есігін қағып, осы мәселелерді баспасөзде көтеремін, машина жасаушылармен кездесемін. Алғашында оларды өз машиналарын жұмыс үстінде көру үшін комбинатқа шақырамыз.

Әзірше, маған, әрине, былайша айтқанда, бәрі анық емес, дегенмен көш жүре түзеледі ғой.

— **Программаның басқа пункттерін де орындау, ең алдымен тұрғын үй мен тұрмыс жағдайын жақсартуға байланысты пункттерін орындау, әлбетте, оңай бола қоймас!**

— Иә, министрлікте де, Алматы облыстық атқару комитетінде де біздің Фабричный поселкемізді ұзақ уақыт бойы назардан қалыс қалдырып келді. Бізде жүзу бассейні, спорт залы туралы айтпағанның өзінде мәдениет үйі, тұр-

Digitized by Google

мыстық қажетті өтеу комбинаты жоқ. Кәсіпорнымыздың әрбір үшінші қызметкері пәтер кезегінде тұр. Менде, әрине, осының бәрін әп-сәтте жасай қоятын сиқырлы таяқша жоқ. Дегенмен жұмыстас жолдастарым, поселке тұрғындары кездесу кезінде жақсы пікір айтты — үйлерді шаруашылық тәсілімен салуды бастау, өзіміздің құрылыс учаскемізді құру керек. Неліктен екені белгісіз, біз Волга автомобиль заводы жұмысшыларының мәдениет объектілері құрылысында сенбіліктер өткізу жөніндегі бастамасын да ұмыт қалдырдық. Сырттан қайсыбіреулердің келіп, бізге бәрін жасап беруін күтіп отырмай, бүкіл коллективті, жастарды осы жұмысқа тарту керек.

— Ал сіз заңдарды талдап жасауға қалай қатыспақшысыз?

— Бұл тұрғыдан менде, әрине, ешқандай тәжірибе жоқ. Әйелдер еңбегі туралы заңды жаңарту, ал қабылданғанын орындау керектігін тиянақты білемін. Мәселен, кішкентай балалары бар әйелдер үшін қысқартылған жұмыс күні туралы заң ертеде-ақ қабылданды. Бірақ, әйелдердің өш жерде осы правоны пайдаланбайтынымен келісерсіздер. Неліктен? Өйткені жұмысшы әйелдер жалақысы азайып кетеді, әлбетте, жұмыс істемеген осы сағаттар үшін ақы төленейтін кез келді ғой, демек, мұндай қамқорлық еселеп өтеледі: ана бала тәрбиесімен көбірек айналысатын болады, ол азырақ ауырады, әйелдің көңіл-күйі де тыныштанады. Таганрог ауыл шаруашылық машиналарын жасау заводында осындай қадам жасауға өкінбейтіні туралы оқыдым. Мұнда тіпті «Семья» қызметін құрыпты. Ол өз жұмысшыларының семья құруына, толық құнды өмір сүруіне көмектеседі. Біздің де осы тәжірибені алмасуымыздың артықшылығы болмас еді.

— Сіз көп жылдар бойы жастар тәлімгерісіз, бұл да сіздің программаңызда көрініс тапты. Сіз тәлімгерлікті дамыту туралы не ойлайсыз?

— Сіз, әлбетте, газеттер мен журналдарда тәлімгерлік туралы мүлдем дерлік жазбайтынына назар аударған шығарсыз. Бүгінде тіпті кейбіреулер социалистік жарыстан бас тартуға шақырады. Мұндай адамдар заводтық өмірді нашар біледі ғой деп ойлаймын. Бізде комбинатта тәлімгерліксіз және жарыссыз бір қадам да жасай алмайсың. Мен өзімнің шәкірттерім Гүлсара Құсайынованы, Галина Лешованы және басқа көптеген қыздарды мақтаныш етемін, олар өндіріс озаттарына, нағыз тоқымашыларға айналды. Менің құрбыларым, тәжірибелі тоқымашылар, тәлімгерлер Нина Яйнова, Манан Траут, Тұрған Сұртаева, Валентина Фарахова көптеген қыздарды тәрбиеледі. Демек, олардың педагогикасын, психологиясын бағалап, зерттеу керек. Мен де осы мәселелерді қалыс жібермеуге ұмтыламын. Егер мені сайласа, мен араласатын қаптаған істер арасынан семьяма да уақыт таба білуім керек, өйткені жар, ана, үй шаруасындағы әйел қам-қаракетін атқарып үлгеруім керек. Рас, балаларым ер жеткен — ұлым Валерий — армияда әскери борышын өтеуде, қызым — Инна оның-шы класты аяқтап қалды, бірақ бұл қамқарекеттің азаюын бейнелемейді. Бәрін үлгеруге ұмтыламын.

* * *

Бүгінде СССР халық депутаттығына кандидат П. М. Чурсинаның еңбек коллективтерімен, тұрғындармен, әйелдер советтері өкілдерімен кездесулері өтуде. Оларды ұйымдастыруға жұрт сенген өкілдер көмектесуде. Олардың ішінде оның цех бойынша жолдастары, сондай-ақ юрист бар. Оларға сөз берейік.

Тоқымашы Надежда Дмитриевна ГОРЛЕНКО:

— Павлинаның кандидатурасы үшін үгіттеу жеңіл, Фабричный поселкемізде



СУРЕТТЕРДЕ: сол жақта жоғарыда — Павлина Михайловна Чурсина: төменде оң жақта — Чурсинаға қонаққа оның жұрт сенген өкілі, тоқымашы Надежда Дмитриевна Горленко келді. Суреттерді түсірген Э. ЧИКОВАНИ.

Digitized by Google

оны әр адам дерлік біледі, ол өзінің бүкіл өмірін осында өткізді. Оның күш-жігері жетерлік. Көрші поселкеде орналасқан санаторийде сазбен емдеу орнын кәсіпорындарымызға пайдалануға рұқсат етілгені үшін жұмысшы әйелдердің бәрі оған міндетті. Ол автобус алуға да қол жеткізді, фабрика комитетінің адамдардың емделгені үшін ақша төлеуіне «мәжбүр етті». Демек, пенсионерлер де ем қабылдайды. Немесе тағы бір мысал мынадай: мүгедек баласы бар Сәния Бектасова басқалардың баспанасын паналаумен әбден қиналды. Павлина осы әйелдің жеңілдік кезекпен пәтер алуына қол жеткізгенше кәсіподақ комитетіне, дирекцияға талай рет барды.

Тоқыма цехы мастерінің көмекшісі Болат Ожақұлы ЕГІНБАЕВ:

— Қазір адамдармен кездесулер көбейді, және олардың мені ықыласпен тыңдайтынын көріп жүрмін. Осы сайлаудың көп жағынан өзгешелеу екенін өз жұмысымнан сезінемін. Бұрын да үгітші болуға тура келген еді. Деректерді анықтаумен шектелдік, сайлаушылар тізімін жасадық, ең жақсы дегенде көбіне көзіміз көрмеген болашақ қалаулының өмірбаянын айтып беретінбіз. Енді өз жұмысыма өзім мүдделімін, өйткені кандидатты талай жылдан бері білемін. Оны ұсына, программасын таныстыра, сұрақтарға жауап бере отырып, мен де Чурсинаның ұятқа қалдырмайтынына жеке кепілдік бергендей боламын.

Юрист Нина Николаевна МОРОЗОВА:

— Көптеген маңызды мәселелерді шешу үшін өмірлік, сондай-ақ, ұйымдық-қоғамдық жұмыс тәжірибесі қажет. Ал Павлина Михайловнада ондай тәжірибе жетерлік. Ол халық депутаттары Жамбыл аудандық Советіне депутат болып бірнеше мәрте сайланды, аманаттардың бәрін өзіне тән тиянақтылықпен орындады. Ол комбинат еңбек коллективі советінің, кәсіподақ комитетінің мүшесі, қоғамдық жүктелімі де жетерлік. Ол тапсырманың бәрін тиісті деңгейде тыңғылықты орындайды. Чурсинаны таныстыра отырып, сайлаушыларға осы жайлы әңгімелеймін.

Алматы облысы,
Фабричный поселкесі.

Жазып алған Т. ЩИПАНОВА.

САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ КҮНДЕЛІК

Клубқа шақырады

Семей. Енді Семей цемент заводының еңбекшілері кәсіпорынның Мәдениет үйінде СССР халық депутаттығына кандидаттармен олардың программасы туралы әңгімелесіп, өз ұсыныстарын айта алады. Мұнда сайлаушылар клубы жұмыс істейді.

Клуб активистері үгіт-насихат орталықтарының активистерімен бірлесіп кандидаттарға да, сайлаушыларға да жан-жақты көмек көрсетеді: олардың кездесулерін ұйымдастырады, кандидаттардың программалық мәлімдемелерінің ерекшеліктері мен оларды жүзеге асыру туралы әңгімелейді, сайлау туралы заңның негізгі қағидаларын түсіндіреді.

Аудандық партия комитетінің күні

Целиноград аудандық партия комитетінің күні «Воздвиженский» совхозының және Целиноград ауыл шаруашылығы институтының оқу-тәжірибе шаруашылығының бастауыш партия ұйымдарында өткізілді.

Аудандық партия комитеті қызметкерлерінің бір тобы шаруашылықтардың өндірістік учаскелерінде болып, село еңбеккерлеріне, әсіресе малшыларға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді ұйымдастыруға жәрдемдесті.

Сондай-ақ аудандық партия комитеті күнін өткізу барысында үгіт пункттерін безендіруге практикалық көмек берілді, өндірістік учаскелер мен тұрғылықты жер бойынша үгітшілер жұмысына ескертпелер жасалып, оны жақсарту жөнінен ұсыныстар айтылады.

В. ЭНОДИН,
аудандық партия комитетінің нұсқаушысы.

Целиноград облысы.

Жұмыс тобы

Лениногор қалалық атқару комитетінің жанынан сайлаушылардан түсетін ұсыныстар мен сын ескертпелерге оперативті үн қатудың жұмыс тобы жұмыс істейді.

Апта сайын сәрсенбіде жұмыс тобының мәжілісінде сайлаушылардың сұрақтары мен сын-ескертпелерінің кең ауқымы қаралады, оларды жүзеге асыру жөнінде дереу шаралар қабылданады. Мәселен, автобус маршруттарын жиілету, аялдамаларды жылжыту, сумен және жылумен жабдықтауды жақсарту, т. б. мәселелер қысқа мерзім ішінде шешілді.

Атқару комитетінің қабылдау бөлмесі мен сайлау учаскелерінде күнделікті кезекшілік тағайындалды. Жазбаша және ауызша өтініштер мен арыздардың бәрі, телефон арқылы берілетін хабарлар арнаулы журналда тіркеледі.

Б. СИМОНОВ,
Лениногор қалалық атқару комитеті председателінің бірінші орынбасары.

Digitized by Google

САЙЛАУШЫЛАР АМАНАТТАРЫ

СССР халық депутаттығына кандидаттармен сайлау алдындағы кездесулерде сайлаушылар оларға аманаттар тапсыруда. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің доценті, заң ғылымының кандидаты В. В. МАМОНОВТЫҢ аманаттарды қалыптастыру тәртібі туралы айтып беруін етіндік.

Қоғамымыздың саяси системасының қазіргі реформасын жүзеге асыру процесінде сайлаушылар аманаттарының ролі мен мәні қыруар артуда. Кезінде К. Маркс жұмысшы табының алғашқы мемлекеті — Париж Коммунасы табиғатынан туындайтын сайлаушылардың өз қалаулыларына беретін тапсырмаларының міндетті, өктем сипаты сәкілді осындай тән қасиетті айырып көрсеткен еді. Делегаттар өз сайлаушыларының дәлме дәлдіктегі нұсқауын қатаң ұстануға тиіс және қайсыбір сәтте кері шақырылып алынуы мүмкін, деп жазды ол (К. Маркс, Ф. Энгельс. Шығармалар, 17 том, 343 бет).

Біздің елімізде 1905—1907 жылдардағы революция барысында Советтердің дүниеге келуімен бірге аманаттар туындады. Алғашқы жұмысшы депутаттар өз коллективтерінің еркін білдірумен қатар олардың берген тапсырмаларын дәлме-дәлдікте орындауға міндеттенді. Осы тәжірибе 1917 жылы февральда Советтерді құру барысында түлетілді. В. И. Ленин бұған айрықша мән берді. Оның жеке өзі 1917 жылы майда «Жұмысшы және солдат депутаттары Советіне заводтар мен полктардан сайланатын депутаттарға аманатты» құрастырды. Владимир Ильич халық бұқарасы депутаттарына аманатты бұқараның творчествосының көрінісі, мемлекеттік формаларды қалыптастырудың маңызды қайнары, маңызды шешімдері, заң актілерін талдап жасап, қабылдауға арналған негіз ретінде қарады. (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 34 том, 122—123 беттер, 35 том, 27 бет). Аманаттардың ролі мен мәнін ұғынуға деген лениндік қатынасты біздің партиямыз, Совет мемлекетіміз сақтап, дамытып келеді. КПСС Программасының «сайлаушылардың аманаттарын... қорытып, жүзеге асыру... жүйесін одан әрі жетілдіру көзделеді» деген қағидасы осындай көріністердің бірі болып табылады.

Аманаттардың саяси және практикалық мәнін ескеріп, СССР Конституциясы (102-статья), одақтас (Қазақ ССР Конституциясының 91-статьясы) және автономиялы республикалардың конституциялары онымен жұмыс істеудің негізгі принциптерін тағайындайды. СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1980 жылғы 1 сентябрьдегі «Сайлаушылар аманаттарымен жұмысты ұйымдастыру туралы» Указы және бүгінде қолданылып отырған республикалық актілер аманат ұғымының өзін анықтайды. **Олар сайлау алдындағы жиналыстар мақұлдаған, мемлекеттік шаруашылық және әлеуметтік-мәдени құрылысқа басшылық жасау, өздерінің территориясында комплексті экономикалық және әлеуметтік дамуды қамтамасыз ету, совет адамдарының өскелең материалдық және рухани қажеттерін қанағаттандыру жөнінен халық депутаттары қызметін жеңсартуға бағытталған, сайлаушылардың өз депутаттарына деген жалпы мемлекеттік маңызы бар тапсырмалары сайлаушылар аманаты болып табылатынын анықтайды.** Заң оларды орындаудың праволық кепілдіктерін де тағайындайды.

Бертінде қабылданған «СССР Конституциясына (Негізгі Заңына) енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы» СССР Заңында аманаттар институтын одан әрі дамытуға арналған маңызды қағида тұжырымдалған. СССР Конституциясының 102-статьясы халық депутаттарының Советтері экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларын әзірлеу, сондай-ақ басқа да мәселелер бойынша шешімдер әзірлеу кезінде сайлаушылар аманаттарын ескеріп отыратыны туралы қағидамен толықтырылған. Мұның өзі Советтерді өздері қарайтын қайсыбір мәселені шешу барысында сайлаушылар аманаттарын ескеруге міндеттейді. Сөйтіп совет адамдарының инициативасын дамытуға арналған жаңа, аса көлемді мүмкіншіліктер жасалуда.

Аманаттармен жұмыс істеу бірнеше кезеңді қамтиды, олардың әрқайсысында депутаттың белсенді позициясы өте-мәте маңызды.

Бастапқы кезең — аманаттарды қарап, оларды орындауға қабылдау. Сайлаушылар еркін жүзеге асыруға байланысты мәселелерді шешуге міндетті жергілікті Советтердің атқару комитеттері осы жайлы ұсыныстарды және аманаттарды орындау жөніндегі жоспарларды жасайды. Атқару комитеттері аманаттарды алдын-ала қарау үшін оларды өз бөлімдері мен басқармаларына, сондай-ақ осы Советтің территориясында орналасқан кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға береді. Олардан түскен қорытынды атқару комитеттерінің басшы-

Digitized by Google

лары, жоспарлау және финанс органдарының қызметкерлері, халық шаруашылығының басқа мамандары құрамында арнайы құрылған комиссияларда қаралуы мүмкін. Депутаттар бұған қатысып, даулы мәселе жөнінен өз көзқарасын қорғауға тиіс. Советтер аманаттар туралы шешімді сессияларда қарайды. Бұл — бірыңғай олардың өкілеттігі, яғни басқадай ешбір орган аманаттарға өктем талап сипатын бере алмайды.

Советтер аманаттарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарларын бекітіп, олар экономикалық және әлеуметтік дамудың ағымдағы немесе перспективалық жоспарына енгізгеннен кейін сайлаушылар еркін жүзеге асыруға бағытталған іс жүзіндегі ұйымдық жұмыс кезеңі басталады. Аманаттарды жүзеге асыруда ұйымдастырушы басты рольді тиісті Советтер атқарады. Олар өз территориясында орналасқан барлық кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың аманаттарды орындау жөніндегі қызметін үйлестіреді, жергілікті ресурстар мен мүмкіншіліктерді тиімді пайдалануға, халықты оларды жүзеге асыруға кеңінен тартуға арналған шараларды қабылдайды. Дегенмен депутаттардың инициативасы, сайлаушылар талабын қанағаттандырудың ыңғайлы жолын тауып, пайдалану ұмтылысы да маңызды.

Аманаттардың көпшілігін сайлаушылар күшімен орындауға болады. Адамдардың, мәселен, жолды түзеуге, балалардың ойын алаңдарын жасауға, ауланы көгалдандыруға көмектесуі сонша лықты қиындық тудырмайды. Депутаттар өз сайлаушыларын ұйымдастырып, шаруашылық ұйымдарының ықпал жасауына қол жеткізе беруге тиіс.

Соңғы жылдар ішінде депутаттардың аманаттармен жұмыс істеуі жақсарып келеді. Демек, сайлаушылардың соңғы сайланған халық депутаттары Алматы облыстық Советінің депутаттарына берген аманаттары алдын-ала мұқият зерттелді, сейтіп сессия оларды орындау жөніндегі шараларды бекітті. Барлығы 256 аманат орындауға қабылданды, оларда мектептер, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері, ауруханалар, емханалар, спорт ғимараттары, мәдениет мекемелері, коммуналдық шаруашылық, байланыс объектілері, сауда, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары құрылысы туралы ұсыныстар баяндалады. Көптеген аманаттардың «Тұрғын үй-91» программасын орындауға, экологиялық жағдайды жақсартуға қосалқы шаруашылықты дамытуға қатысы бар.

Сайлаудан бері өткен уақыт ішінде аманаттар бойынша бес жалпы білім беретін мектеп пен осынша мектеп жасына дейінгі балалар мекемесі, Талғар қаласында стоматология емханасы, Жамбыл селосында күніне 70 адамды қабылдайтын дәрігерлік амбулатория, 370 тонналық екі тоқазытқыш, Шамалған селосында мәдениет үйі, «Луч Востока» колхозының товарлы сүт фермасында малшылар үйі, Қараой селосында ұзындығы 7 километрлік су құбыры салынды. Балқаш пен Қаскелең аудандарында аманаттардың тең жартысы жүзеге асырылды. Депутаттар В. Криворучко, Г. Куприянов, В. Ютин, М. Ахметов, А. Яковлев өз аманаттарын толығынан орындады.

Сонымен бірге әлі де қаншама кемшіліктер қалып отыр. Демек, соңғы үш сайланған республика Советтеріне енетін депутаттардың үштен екісінен астамы жалпы аманаттар алмады. Ел халқының 60 процентінен астамы тұратын қалаларда аманаттардың небары 13 процентгейі жинақталып, жүзеге асырылады.

Аманаттар мазмұны да онша мәз емес. Оларды экономикалық және әлеуметтік даму жоспарларына «қоса салу», салынған объектілерді орындалған аманаттар ретінде көрсету фактілері жалпыға мәлім. Халықтық инициативаны бұрмалап, совет аппаратының қызметкерлері кебіне түрлі етініштер мен тілектерді аманаттар деген желеумен жоғары орындарға ығыстыра салады.

Аманаттарды дамытуды тежейтін себептердің бірі — жариялылықтың жеткіліксіздігі. Сайлаушының аманаттарды қалыптастыру правосы туралы сайлаушылар жиналысын хабарландыруға міндеттейтін заңды нормалар әзірше жоқ.

Қазіргі уақытта сайлаушылар аманаттарын енгізу, қорыту, қарау және оларды орындауды ұйымдастыру тәртібін реттейтін арнаулы заң талдап жасалуда. Ол советтердің және олардың депутаттарының аманаттарды жүзеге асыру үшін жауапкершілігін мейлінше көтеруге тиіс. Егер депутат сайлаушылар аманатын орындамайтын болса, онда оны мерзімінен бұрын кері шақырып алу туралы Совет өкіметінің алғашқы жылдарында қолданған қағиданы түлету ұсынысы баспасөзде айтылуда. Ал СССР халық депутаттарына берілген, жалпы мемлекеттік мүддені қамтитын аманаттар бекітіп, жүзеге асыру үшін халық депутаттарының Съезіне немесе СССР Жоғарғы Советіне тапсырылады. Аманаттар институтын жетілдіруге бағытталған басқа да қызықты ұсыныстар баршылық.

Digitized by Google

СҰХБАТТАСА БІЛУ ОНЕРІН МЕҢГЕРЕЙІК

Идеология активистерінің көпшілігінің сөз таластыра білмейтінін, елеулі саяси дәлел келтіруді әлсіз меңгергенін, пікірталастарда теориялық білімді пайдалана алмайтынын соңғы жылдар көрсетіп берді. Оларда бүгінгі аудитория нашар қабылдайтын монолог дағдысы басым келеді.

Және үгітші-насихатшылар активін даярлаудағы елеулі теориялық және методикалық ағаттықтарды жою үшін марксизм-ленинизм университеттерінің мүмкіншіліктерін барынша пайдалану талап етіледі. Осыны ескеріп, университетіміздің оқытушылары сабақтың пікір алмасу, «дөңгелек стол» басындағы әңгімелер, актуальды тақырып бойынша пікірталастар секілді белсенді формаларын меңгеруге көп көңіл белуде.

Біздің университетіміз орналасқан саяси оқу үйінің қызметі де осыған бағытталған. Онда әр сәрсенбіде идеология активінің түрлі категориясына арналған пікірталас клубтары, олардың ішінде «Жастар және уақыт», «Эксперимент», «Насихатшы шеберлігі» және басқа клубтар бар.

Марксизм-ленинизм университеті тыңдаушылары мен насихатшылары үшін ай сайын топтық және жеке консультациялар өткізіледі, олардың программасында, біріншіден, жалпы информация (бұл тұрғыдан, ішінара айтқанда, Қазақстан Компартиясы Өскемен қалалық комитетінің екінші секретары В. Е. Деговцева, қалалық атқару комитетінің председателі Н. Г. Носиков, облыстық айналадағы ортаны қорғау жөніндегі комитеттің жетекшісі К. Г. Берікболов, облыс пен қаланың басқа басшылары сөз сөйлейді) баяндалады. Екіншіден, оқытушылар Э. С. Сегізбаев, В. П. Пизиков, Л. В. Столярова, Р. Б. Қарамұратова және басқалар баяндайтын теориялық мәселелер.

Үшіншіден, кезекті сабақты өткізу методикасы жөніндегі консультациялар, әдетте, бірнеше насихатшы сабақты өткізудің өзіндік модельдерін қорғайды.

Насихатшылардың облыстық семинарының жұмысы осы бағытта қайта құрылуда, қазір оларда уақыттың қыруар бөлігі практикалық формаларға — кәсіптік ойындарға, пікірталастарға, творчестволық интеллигенциямен кездесуге, экскурсия жасауға арналған. «Дөңгелек стол» басындағы әңгімелер насихатшыларда зор ықылас тудырды, оларға облыстық партия комитетінің бірінші секретары А. В. Милкин, облыстың, сондай-ақ кәсіпорындар мен мекемелердің басқа жетекшілері қатысты.

Сабақтарда да, кездесу кездерінде де қайта құрудың идеялық-теориялық байлығын, жаңаша ойлауды меңгеруге, тоқыраушылық жылдарда орныған қалған догмаларды үзілді-кесілді жоюға бірінші кезекті мән беріледі. Бүкілодақтық XIX партия конференциясының, КПСС Орталық Комитеті Пленумдарының материалдары бойынша рефераттар мен баяндамалар, теориялық және методикалық конференциялар, семинарлар және әңгімелесулер бұған сенімді қызмет етеді. Демократия мен тәртіптің өзара байланысы таптық және жалпы адамзаттық қатынастар, праволық мемлекетті қалыптастыру, саяси басшылық, партия және оның ұйымдарының қазіргі кезеңдегі қызметінің ерекшеліктері, жеке тұлға мен халық бұқарасының тарихтағы ролі секілді проблемалар, сондай-ақ көптеген басқа мәселелер өте қызу пікірталас туғызды. Тыңдаушылардың осы мәселелерді творчестволықпен меңгеріп, қайта құру жолындағы күрестегі белсенділікті дамытуға көмектесуіне қол жеткізуде.

Тыңдаушылардың социализмнің идеялық қарсыластарымен айтыста қажетті дәлелдерді меңгеруіне көмектесу туралы көбірек қамқорлық жасаймыз. Демек, партия құрылысы бөлімінде КПСС-тің советтік қоғам өміріндегі, социализмнің саяси системасындағы орны мен ролін бұрмалаушылықты сынау мейлінше кеңінен және тиянақты оқылады. Ғылыми атеизм бөлімінде клерикалдық антикоммунизмге қарсы бағытталған атеистік қарсы насихат проблемалары жөнінен арнаулы материалдар беріледі. Марксстік-лениндік этика мен эстетика бөлімінің тыңдаушылары әдебиет пен өнер саласындағы идеялық тайталас, идеологиялық күрестегі «бұқаралық мәдениет» ролі мәселелерін т. б. мейлінше терең оқып үйренеді. Осы тақырыптарға арналған баяндамаларды, рефераттарды іріктейміз, әдебиеттерді ұсынамыз. Сабақтарда баспасөз материалдары, көркем әдебиет, кино жаңалықтары бойынша пікірталастар міндетті түрде өтеді. Мұның өзі, әлбетте, университет оқытушыларының өздеріне көтеріңкі талаптар қойды.

Тыңдаушылардың профессионалдық білімін оқу процесінде қолдану, семинар

Digitized by Google

сабақтарында, оқудың басқа формалары мен насихат практикасында сөз сөйлеуге дайындалу барысында оларды пайдалану қаншалықты маңызды екенін жұмыс тәжірибесі көрсетіп берді. Мұның өзі тыңдаушылардың оқылатын курсқа деген ықыласын арттырып, идеологиялық жұмысты жүргізуде жоғары профессионализмді ұштауға ықпал етеді.

Аудиторияға деген жатық әрі жеке қатынастың маңызы зор. Әйелдер, мәселен, семинар сабақтарында өздерін мейлінше еркін ұстайды, тексерді онша пайдаланбайды. Комсомол активі бөлімдерінде, яғни жастар аудиториясында диалог, материалды баяндаудың пікірталастық, проблемалық формалары мен әдістері жақсы қабылданады. Мұғалімдер, оқытушылар сабақтарда аса белсенділік көрсетеді, жатық сөйлеп, пікірталасты қостайды, материалдарға еркін сілтеме жасайды, алайда, мәселен, инженер-техник қызметкерлердің көпшілігі туралы олай дей алмайсың. Тыңдаушылардың осы категориясына экономикадағы, ғылыми-техникалық прогрестегі идеялық тайталасқа байланысты рефераттар, сөз сөйлеу тақырыптарын ұсынамыз, әрине, ауызша сөз сөйлеу, пікірталас методикасын баяндау барысында да көбірек көңіл бөлеміз.

Енді тыңдаушылардың ұлттық құрамы да жақсы ескерілуде. Республиканың көп ұлттық құрамы Қазақстандағы идеология жағдайының ерекшеліктерін анықтайтыны мәлім. Аймақтағы діни жағдайдың ерекшелігі де онымен тығыз байланысты. Мәселен, католицизм туралы материалдар сабақтарда, үлкен аудиторияларда абстракты түрде қабылданады, оның есесіне ислам проблемасын талқылау, әдетте, тыңдаушыларда қызу үндестік, шынайы ықылас тудырады. Панисламдық насихаттың реакциялық мәнін, «Неміс толқыны» радиостанциясының және біздің аймағымызға бағдарланып жұмыс істейтін басқа радио орталықтарының зиянкестік қызметін әшкерелеуге баса көңіл бөлу қажеттігі өздігінен туындайды.

Тыңдаушылардың білім дәрежесін, кәсіптік ынта-ықыласын да ескереміз. Мұның өзі оқу процесінде жергілікті материалды пайдалануға көмектеседі. Ол да тыңдаушылар назарын күшейте түседі.

Тыңдаушыларды айтыс өнеріне үйрету мүмкіншіліктері аз емес. Мысалға зачеттер мен емтихандарды алайық. Қазір теориялық қағидаларды ғана емес, сондай-ақ білімді заманымыздың өзекті проблемаларын талдау үшін қолдана білу ескеріледі. Тыңдаушылар жауабы монолог болмауға тиіс. Демек, сұрақтарды әзірлеу барысында тыңдаушыларды пікірталастық сәттерге бағдарлау тәсілдерін ойластырамыз, тыңдаушыдан өз позициясын таңдап, оны өз көзқарасы тұрғысынан негіздеуді талап ететін ситуацияларды қарастырамыз.

Дегенмен, былайша айтқанда, білім тұңғиығына бойламайынша оны еркін меңгеруді үйренуге болмайды. Біз оқу процесінің өзінде ер тыңдаушының еңбек коллективтерінде, жастар жатақханаларында сөз сөйлеуіне, пікірталастарға қатыса алуына жағдай жасаймыз.

Аса даярланған тыңдаушылар діни бірлестіктердегі пікірталастарға қатысады. Өткен жылы ғылыми атеизм бөлімінің тыңдаушылары кафедра оқытушылары В. А. Чудиновпен, В. В. Власовамен, Н. В. Гусевамен және басқалармен бірлесіп, Өскеменнің інжілдік христиан баптистері общинасымен өмірдің мағынасы мен оның моральдық байлықтары туралы пікірталас өткізді. Община басшылығымен пікірталастың тақырыбы мен мәселелері алдын ала келісілді, екі жақ та оған мұқият әзірленді. Пікірталас төрт сағатқа жуық созылды. Және тыңдаушылардың діни әдебиеттерді нашар білетіні, пікірталастың күтпеген қалтарыстарына, сұрақтарға баяу үн қататыны туралы белгілі тұжырым жасауға көмектесті.

Басқа діни общиналармен де пікірталастар өтті. Олардың қорытындысы бойынша тыңдаушыларға көмек ретінде атеистік тақырып бойынша теориялық және методикалық талдаулар басылды. онда социалистік мемлекеттің шіркеу-

Сонымен бірге оқытушылар коллективі тыңдаушылармен жұмысты қайта құру үшін қолда бар мүмкіншіліктердің бәрін дерлік пайдаланып отырған жоқ. Бізде әзірше ғылыми, творчестволық интеллигенциямен, журналистермен кездесулер ұйымдастырылмайды. Университет түлектеріне жүйелі көмек беруді жолға қою үшін олардың жұмысты қалай жүргізетінін жүйелі талдап отыратын уақыт жетті ғой деп ойлаймын, сайып келгенде тыңдаушыларды саяси өмір құбылыстарын, экономика мен мәдениетте болып жатқан процестерді тиянақты таптық позиция тұрғысынан дербес талдауға үйрету өте-мөте маңызды.

В. ТОЛОЧКО,
Қазақстан Компартиясы Шығыс Қазақстан облыстық комитеті марксизм-ленинизм университеті марксистік-лениндік философия және КПСС тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымының кандидаты, доцент.

Digitized by Google

ШӘРІПОВТІҢ ЛЕКТОРЛЫҚ МЕКТЕБІ

Лекциялық насихат Қазақ мемлекеттік университеті ғылыми коммунизм кафедрасының аға оқытушысы Өмірсейіт Хафизұлы Шәріповтың сүйікті ісі дейді. Ол аудиториядағы адамдарды бауырап, әрбір баяндамасына творчестволықпен қарай біледі. Лектордың образды сөздері де тыңдаушыларды тартады.

Шәріпов жас лекторлар тобын даярлауға көп күш-жігер жұмсайды. Ол қоғамдық кәсіптер факультетімен тығыз байланыста студенттер қатарынан жыл сайын бірнеше лектор даярлайды. Жезқазған облыстық партия комитеті лекторлар тобының жетекшісі Әубәкір Ахметбеков Шәріповті өзінің ұстазы санайды. Қазақ ССР Ғылым академиясы Тарих және география институтының аға қызметкері Х. Әбжанов, журналист С. Черновский, Қазақ ССР Мемлекеттік архивінің қызметкері Ю. Бекмағанбетов және басқа көптеген адамдар оның жетекшілігімен насихатшылық алғашқы қадамдарын жасады. Университетте «Шәріповтің лекторлық мектебі» туралы құрметпен айтатыны кездейсоқ емес. Ол мектептен өту дегеніміз — көптеген жылдарға идеялық сөрпін мен методикалық дағды алу деген сөз.

Ал Өмірсейіт Хафизұлының лекторлық шеберлігінің сыры жалпы қарапайым: ол өмірге ілесуге, қайсыбір жаңалықты қалт жібермеуге, маңызды оқиғалардан хабардар болуға ұмтылады. Демек Шәріпов проблеманы бүге-шігесіне дейін талдайды, тиісті мәселеде өзі үшін «ақтаңдақ» қалдырмайды. Әңгімені тартымды жүргізіп, тыңдаушыларды бауырай білу біліктілік, алғырлық, істі жете меңгеру арқылы қалыптасады.

Өмірсейіт Хафизұлын 1 Май атындағы Алматы өндірістік тігін бірлестігінде жақсы біледі. Өйткені ғылыми коммунизм кафедрасы 1979 жылдың өзіндеақ бірінші майлықтармен достық одақ туралы шарт жасасқан еді. Оқытушылар еңбек коллективінде интернационалдық тәрбие проблемалары жөнінен лекциялар циклін ұйымдастырды, олар пікірталастарға, сұрақ-жауап кештеріне, «дөңгелек стол» басындағы кездесулерге қатысады, оларды әзірлеуге студенттерді тартады. Зерттеулер жүргізіледі, цехтар мен бригадалардағы моральдық-психологиялық ахуалға қанығады.

Шәріповке тән тағы бір қасиет — ол тыңдаушыларды толғандыратын сұрақтарға жауап берумен бірге олардың күнделікті өтініштеріне үн қатады. Оның тиянақты ұсынысымен кәсіпорынның байырғы қызметкерлері, соғыс ардагерлері, интернационалист-жауынгерлер тұрғын үй жағдайларын жақсартты. Ал Чернобыль атом электр станциясындағы апат кезінде Өмірсейіт Хафизұлы авария салдарын жою қорына ақша аударды. Бертінде ол Қызылорда облысында оқыған лекциясының қаламақысын Арал қорына, ал Қостанай облысында оқыған лекцияларының қаламақысын В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық балалар қорына аударды.



Суретте: **Ө. Х. Шәріпов.**

С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті ғылыми коммунизм кафедрасының көмек көрсету тәжірибесін «Білім» қоғамы Алматы облыстық ұйымы мақұлдады. Ол 1987 жылы буклет түрінде безендіріліп, СССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне жіберілді.

Ғалым-коммунистің қалтқысыз еңбегі жоғары бағаланды. Ол Бүкілодақтық «Білім» қоғамының «Белсенді жұмысы үшін» белгісімен және алғыс грамоталарымен наградталды.

Л. БӘЙСЕЙІТОВА,
Қазақ ССР «Білім» қоғамының аға референті.

Digitized by Google

ҰЛЫ БАСТАМА ДӘСТҮРЛЕРІН ДАМЫТА БЕРЕЙІК

Биылғы «қызыл сенбілік» еліміздің еңбек тарихында айрықша орын алады. Совет адамдары дәстүр бойынша осы апрель күні коммунистік сенбілікке шығады, алғашқы сенбілік бұдан 70 жыл бұрын өткізілген еді. Азат еңбек мерекесі өзінің шежіресін 1919 жылдың 12 апрелінен бастайды, онда Москва-Қазан темір жолының бір топ жұмысшылары үш паровозды тегін жөндеу үшін жұмыстан кейін шеберханада қалған еді. Осы инициативаны «ұлы бастама» деп атаған Владимир Ильич Ленин одан «коммунизмнің іс жүзінде басталуын» көрегендікпен көре білді. Коммунистік сенбіліктерге қатысу совет адамдарының түрлі ұрпақтарын еңбекке деген жоғары саналы қатынасқа коллектившілдікке, қолдау сезіміне, қоғамдық шақыруларға үн қата білуге әзір болуға тәрбиелеуге көмектеседі. Осы жоғары сапалар социализм идеяларының алдыңғы сапында тұр, ал олар бүгінде, қайта құру жағдайында, жаңа пайымдауларды талап етеді. Совет адамдары Бүкілодақтық коммунистік сенбілікті лениндік сенбілік деп атайды. Бұл арқылы олар өзінің көсеміне деген терең құрмет сезімін білдіріп қана қоймайды. Осы жоғары атақ толық күш-жігермен еңбек етуді, қабілетіне қарай өз еңбегінің жемісін өз еліне шын мәнінде бере білуді жүктейді.

Біздің халқымызда ұлы бастаманың өмір сүріп, дамып келе жатқанын әрбір сенбілік қуаттауда.

Өткен жылы Қазақстанда, мәселен, сегіз жарым миллионға жуық адам еңбек мерекесіне шықты, олардың төрт миллионы өз жұмыс орындарында еңбек етті. Қазақстандықтар бұл күні 42 миллионнан астам сомның өнімін шығарып, бесжылдықтың қорына 12,5 миллион сомнан астам ақша аударды. Совет адамдары өздерінің өткен жылғы сенбіліктегі жоғары өнімді еңбегін Бүкілодақтық XIX партия конференциясына арнады.

Сенбіліктерде қаланған зор мағына — бұл ортақ іс үшін тегін еңбек ету.

Армения халқының басына түскен қайғылы күндерде де бұл барынша көрінді. Жүрек қалауымен, советтік патриотизмнің шақыруымен бүкіл еліміз ауыртпалыққа душар болған адамдарға көмектесу үшін сенбілікке шықты. Өткен жылдың 17 декабрінде Қазақстан

КОММУНИСТІК СЕНБІЛІКТЕРДЕ ТАПҚАН ҚАРЖЫ ЕСЕБІНЕН

1986 жыл

Ақтөбедегі соғыс және еңбек ардагерлеріне арналған қалалық ауруханаңың 200 төсектік хирургия корпусы.

Өскемендегі 240 төсектік облыстық балалар ауруханасы.

Семей облысының Баршатас селосындағы 150 төсектік аудандық аурухана.

Талдықорғандағы соғыс және еңбек ардагерлеріне арналған, күніне 1200 адам қабылдайтын емхана.

Шымкентте тұрғын үйге жапсарлас салынған, күніне 400 адам қабылдайтын әйелдер консультациясы.

Целиноградтағы 280 орындық бала бақша.

Шымкенттегі 280 орындық бала бақша.

Алматының Ақсай микроауданындағы 300 орындық балалардың көп профильді ауруханасы.

1987 жыл

Алматыдағы облыстық балалар ауруханасының 100 төсектік корпусы.

Жамбылдағы 130 төсектік әйелдер босанатын үй.

Жамбылда тұрғын үйге жапсарлас салынған 300 орындық әйелдер консультациясы.

Целиноград облысының Қима селосындағы 150 орындық аудандық аурухана.

Қызылордадағы 280 орындық бала бақша.

Алматының «Ақсай» микроауданындағы 320 орындық бала бақша.

1988 жыл

Ақтөбедегі 280 орындық бала бақша.

Алматы облысының Шелек селосындағы 320 орындық бала бақша.

Алматының «Айнабұлақ» микроауданындағы күніне 500 адам қабылдайтын емхана.

Жамбыл облысының Бурное селосындағы аудандық ауруханаға жапсарлас салынған, күніне 250 адам қабылдайтын емхана.

Жамбылда соғыс және еңбек ардагер-

Digitized by Google

700412 есебіне 8 миллиондай сом аударды. Адамдардың басқаның қайғысын өзінің жеке қайғысындай қабылдауының хабарлары барлық жерден беріліп жатты. Гурьев облысында бұл күні 60 мыңға жуық еңбекші жұмыс орындарына шықты. Мұнайшылар, құрылысшылар, газ өндірушілер, балықшылар, малшылар жүздеген мың сомның өнімін өндірді, зардап шеккендер қорына 150 мың сомнан астам аударылды. Сонда да сол күндері адамдардың бәріне бұл аз көрінді. Облыс кәсіпорындарының қорынан, гурьевтіктердің жеке қаржыларынан 3,6 миллионнан астам сом аударылды. Прикаспий құрылыс басқармасы еңбек коллективтерінің советтері 164 дайын пәтерлерді баспанасыз қалған семьяларға беруге ұйғарды. Демек бүкіл елімізде, республиканың барлық мүйістерінде осындай жағдай басым болды.

Алғашқы сенбіліктерді өткізудің 70 жылдығы бізді В. И. Ленинның «коммунистік еңбек формаларының лабораториясы» деп атағандарымен қарулану үшін, тарихқа — өткендегі және бертіндегі тарихқа жіті қарауға, сондай-ақ «қызыл сенбілік» күндеріндегі творчестволық рухтың, энтузиазмнің өрлеуіне оралғы жасайтындарды сын тұрғысынан қайта қарауға міндеттейді.

Сенбіліктің барынша мол еңбек қайтарымын беріп, есте қалуы үшін оған мұқият әзірлену керек. Өйткені бұл күні еңбекті қанағаттанғысыз ұйымдастыру адамдарды сондай кейітеді. Сенбілікке әзірлену күндерінде кәсіпорындардың еңбек коллективтері советтері инициативаны өз қолдарына алуға тиіс деп ойлаймыз. Басқалардан гөрі оларға өндірістегі олқылықтар белгілі. Сондықтан жұмыс жоспарын ойластыру, материалдық-техникалық жабдықтау туралы алдын-ала қамқорлық жасау керек.

Шынайы сайыссыз еңбек мерекесінің болуы мүмкін емес. Алайда қайсыбір кәсіподақ комитеттерінде өздерін әуре-шілікке салмау үшін «дәстүрлі таңдаулыларға» арнап грамоталарды алдын ала әзірлеп қоятыны құпия емес. Атақты жұмысшы, өнеркәсіптегі стахановтық қозғалысты бастаушы А. Х. Бусыгиннің осы жайлы мойындауы еске түседі. Деревнядан Горькийдегі «Автостройға» келгенде ол «жарыс» деген сөздің не екенін білмеді, есепшілер көрсеткіш тақтасына жазып жатқан «цифрларға» назар аудармады, дегенмен оның өміріндегі алғашқы сенбіліктен кейін басқаларға қызыл жалаушалар, оның артта қалған бригадасына жөкеден жасалған ту тапсырғанда ғана ол жарыс дегеннің не екенін түсінді. Сол күн оның бойында жеке басының ар-намысын оятып, ойлануға, оқуға, еңбектің жаңа тәсілдерін іздестіруге бастады.

1986—88 ЖЫЛДАРЫ БЕРІЛГЕН ОБЪЕКТІЛЕР

леріне арналған облыстық ауруханаңың 100 орындық офтальмология корпусы.

Осы құрылыстардың іс жүзіндегі жалпы құны 35 миллион 337 мың сом құрайды.

* * *

Берілген объектілер тізімінен көрініп отырғанындай, құрылысшылар мейлінше нәтижелі жұмыс істей бастады. Сонда да олардың кінәсінен көптеген объектілерді іске қосу мерзімі бірнеше рет кейінге қалдырылды. Жоспарлы тапсырманы орындауды ұзаққа созу әдетке айналуда. Демек бұл коммунистік сенбіліктерден түскен қаржыларға салынып жатқан және еліміздің басты қазынасы — адамдардың денсаулығына және жеткіншек ұрпақ тәрбиесіне қызмет етуге тиісті объектілердің статуысымен мүлдем үйлеспейді.

Өткен жылы «Главалмаатастрой» коллективі Алматыдағы кардиология ғылыми-зерттеу институты кардиология орталығының 240 орындық корпусы сияқты аса маңызды объектіні іске қосу жоспарын орындамады. Оның құрылысын нормадағы 24 айдың орнына 50 ай бойы жүргізді.

«Агрострой» тресінің кінәсінен Целиноград облысының Есіл қаласында аудандық ауруханаға жапсарлас балалар және акушерлік корпустарын салу ұзаққа созылып кетті. Оны тұрғызу мерзімі де нормативтен екі есе асып түсті.

Қарағанды облысының Егіндібұлақ селосында аудандық ауруханаңың құрылысы тым қанағаттанғысыз жүргізілуде. «Карагандасельстрой» тресі оны 1984 жылдан бері салуда, ал қазір құрылыс-монтаж жұмыстарының тек жартысын ғана игерді.

Қызылорда қаласында соғыс және еңбек ардагерлеріне арналған емхананы салу жұмысы тек 9 процентке ғана орындалды. Бұған «Кзылордастрой» тресінің коллективі кінәлі. 1989 жылы сенбіліктер қаржылары есебінен 1800 төсектік ауруханa мен 2300 адам қабылдайтын емхананы салу жоспарлануда.

Оларды дер кезінде әрі жоғары сапамен салу — құрылысшылардың төл ісі. Жұртшылық осы объектілер құрылысын өз бақылауына алуға тиіс.

Digitized by Google

Әрине, бүгінде жекеден жасалған ту моральдық фактор ретінде әсер етпейді. Сонда да сенбілік күнгі еңбек сайысын жақсы ұйымдастыру, ынталандырудың жаңа формаларының барлық жағын ойластыру қажет-ақ.

Әдеттегідей, мыңдаған адам сенбілікте қала мен селоларды көгалдандырып, тазалауға қатысады. Демек мұнда да жұмысты жақсы ұйымдастырып, қызықты сайысты, еңбек ахуалын жасай білу керек.

«Қызыл сенбілік» бізді екпінді еңбекке шақырады. Бұл күні қайта құруға айрықша күш-жігермен еңбек етіп, іске деген жоғары саналы қатынастың үлгісін беруге тиіс.

И. СОЛОВЬЕВА,
Қазақ мемлекеттік университетінің аспиранты.

ЖАҢА ҒҰРЫПТАР МЕН ДӘСТҮРЛЕРДІ ӨМІРГЕ ЕНГІЗЕЙІК

Көктем мен еңбектің бүкілхалықтық мерекесі — «Наурыз» жақындап келеді. Жұртшылықтың инициативасымен осы көне мереке өткен жылы өмірге оралды.

ҚОШ КЕЛІПСІҢ, «НАУРЫЗ»!

«Наурыз» — шығыс календары бойынша жаңа жылдың алғашқы күні, ескі жыл санағына сәйкес 22 март — күн мен түн теңелетін күн. Қазақстанда «Нурыз» мейрамы сонау 1926 жылдан кейін алғаш рет өткен жылы тойланып, жұртшылық көңілінен шықты. Адамдар оны бүкіл жан-дүниесімен қабылдады: өйткені «Наурыз» — халық тарихы, ол ертеде-ақ интернационалдық сипат алды. Ол мереке табиғатының өзінде қалыптасқан. Тарихи деректердің бейнелеп отырғанындай, қазақтар, өзбектер, ұйғырлар, шығыс славяндары, Қазақстан мен Орта Азияның басқа халықтары сонау көне заманнан осы мерекені атап келді. Оны өткізу ғұрыптарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізді. Тәжіктер оны «Гульгардон», «Гульнавруз», татарлар — «Надруган» деп атаса, ежелгі гректерге бұл мереке «Патрих» деген атпен мәлім.

Ол қаншама жылдар өткенмен өзінің жарқын, сұлулық көрінісінен айрылған жоқ. Мәселен, ол өзінің тым көне ғұрпы — өз үйін ретке келтіріп, ағаш, гүл отырғызу, егіс құрал-жабдықтарын жөндеу ғұрпын сақтады. Ертеректе «Наурыз» басталғанға дейін осылай жасайтын. Ұқыпты жиналған, ақжарқын қожайынның үйіне осы мейрам келгенде, сырқат, түрлі сәтсіздіктер мен ауыртпалықтар оны орағытып өтеді деп есептелді.

«Наурыз» халықтық дәстүрлерді толығынан сақтай отырып, осы заманғы мерекеге айналды.

Биыл осының бәрі мерекеге арналған бұқаралық сенбілікке ұласады: қалалардың, ауылдар мен селолардың көшелері, алаңдары мен скверлері ретке келтіріліп, арықтар тазартылады, гүл шоқтары мен ағаштар отырғызылады. Сөйтіп мереке бұрынғысындай өткізіледі, тек оған зор қоғамдық мән беріледі: демек дайын машиналар сапына қойылған техника, транспорт жөнделіп, ақталған үйлер, аулалар, меншікті шаруашылық құрал-саймандары оған әзірлік жұмысына енеді. Бұл да кездейсоқ емес. Дәстүр бойынша «Наурыздан» кейін келесі күні адамдар көктемгі дала жұмысына кіріседі.

Қалалар мен селолар тұрғындарының мереке қарсаңында өз елді мекендерін көркейтумен мықтап айналысуымен қатар олар экологияның өзекті проблемаларын да сөз жүзінде емес, іс жүзінде шеше алады. Мереке бұл үшін жақсы себепке айналады.

Республикалық «Лениншіл жас» пен «Ленинская смена» газеттері 15 февральда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің лениндік ұлт саясатын насихаттау жөніндегі республикалық қоғамдық-саяси орталығы талдап жасаған «Наурыз» мерекесін өткізудің толық сценарийін басты.

Сценарийде «Наурыз» мейрамына әзірлік, оны өткізу жөнінен негізгі кезеңдер бейнеленіп, мерекенің ұлттық сипатын сақтап, оны бұқаралық, интернационалдық мереке ету жөнінен кеңестер берілген. Сондай-ақ көркем безендіру, көрнекі үгітті іріктеу жөнінен ұсыныстар бар, ұсынылатын әдебиеттер тізімі келтірілген.

Бұл — мерекенің негізі, ал оны ойдағыдай өткізу, әлбетте, партия, комсомол, кәсіподақ және басқа қоғамдық ұйымдардың инициативасына, творчестволық қатынасына тәуелді. Көне халық мерекесі бүгінгі күніміздің тынысымен толығып, идеялық жағынан толымды болу үшін бәрін істеу керек.

Digitized by Google

СҮТ КӨН АЛЫНУДА

Е. СЕРГЕЕВА,
Целиноград облысы Есіл ауданы «Двуречный» совхозының товарлы сүт фермасының бригадирі

Бұдан бес жыл бұрын біздің фермамыздың коллективін нашар жұмыс істегені үшін жиі сынаушы еді. Сынның әділетті екенін мойындау керек: 1985 жылы әрбір сауын сиырдан сауылған сүт небары 2144 килограмнан болды. Осылай жұмыс істеуді жалғастыра беруге болмайтын еді, мұны бәрі түсінді. Алайда қалай қимылдау керек екенін бәрі бірдей елестете алмады. Бізге тым көп нәрсе оралғы жасады. Табындағы малдар ауру еді, жемшөп базасы тым жұтаң болды, еңбек жағдайы ешқандай сынды көтермеді. Еңбекке ақы төлеудегі теңгермешілік іске ықпал етпеді.

Біз өз резервтеріміздің бәрін пайдалану керектігін түсіндік. Демек алдымен сауын сиырлар табынын жұқпалы индеттерден сауықтыруды мықтап қолға алдық. Ауру малдарды құнарлы қарала сиырлар тұқымының төлдерімен алмастырып, сауын сиырлар табынын жаңартумен айналыстық. Осы жұмыс жалғасуда — қазір фермамызда малдың екі тұқымы бар, алайда біз құнарлы қарала сиырларды өсіруге бағдар алдық.

Сонымен бірге семьялық звеноларды да енгізе бастадық. Мұнда бізді совхоз директоры Ф. Ф. Сафронов белсенді түрде қолдады. Демек бүгінде фермада Анна



Андреевна Чубирка, Надежда Николаевна Гресик, Евгения Петровна Колчина өз қыздарымен бірге жұмыс істейді. Әдеттегідей, олар басқаларға қарағанда сүтті көп алады. Мәселен, Анна Андреевна Чубрико мен оның қызы Наталья өткен жылы әр сиырдан 3896 килограмнан сүт сауды. Қазір олар қарауына алғаш бұзаулайтын сиырларды алуда. Надежда Николаевна Гресик пен оның қызы Раиса әр сиырдан 3300 килограмнан астам сүт алды. Евгения Петровна Колчина да қызы Маринамен бірге сүтті көп сауууда.

Семьялық звенода іс үнемі үдеп келеді. Демек анасы мен қызы кез келген сәтте бірбіріне көмектеседі ғой. Олар екі сменада еңбек етеді, егер қажет бола қалса, онда екеуі бірдей жұмысқа шығады. Ерлізайыпты Другаковтардың семьялық звеносында да іс табысты өтуде, олар қазір қарала тұқымды қашарлар тобына күтім жасайды. Олар адал жұмыс істейді, қарауындағы малдың уақытында жемделуін, күтілуін, індетке шалдықпауын мұқият қадағалайды.

Басшылардың, мал дәрігерлік мамандардың семьялық звеноға қоятын кінәсі жоқ. Біз басқаларға қарағанда қазымырлау болсақ та, сауыншылардың оларға реніші жоқ, өйткені осы тайыншалар сауын сиырлар тобына қосылады ғой, олардың арқасында біз сүтті бұрынғыдан да көбірек алуды жоспарлаудамыз, ал мұны істей алатынымызға кәміл сенемін. Демек біз үш жыл ішінде сауын малдың құнарлылығын 1100 килограмнан астам арттыра алдық қой. Бұрнағы жылы ол 3126 килограмды құрады, ол өткен жылы 216 килограмға көбейді. Дегенмен осы жетістік, турасын айтсақ, бізге шек емес.

Жемшөп өндірушілердің көмегінсіз біз мұндай нәтижелерге жете алмас едік, олар соңғы жылдары пішенді, пішендемені, сүрлемді жеткілікті мөлшерде дайындайды. Суармалы учаскелер жасалып, тұрақты жұмыс істейді, онда сүрлемдік жүгері, түрлі шөптер, қызылша өсіріледі. «Көк балауса» конвейері

Целиноградтық «Двуречный» совхозының сауыншылары үш жыл ішінде әр сиырдан сүт сауууды 1100 килограмға көтерді. Биыл олар оны тағы 158 килограмм арттырып, 3500 килограмға жеткізуге ұйғарды.

Digitized by Google

бүкіл жаз бойы жұмыс істейді, ол сүт сауууды жоғары деңгейде сақтауға көмектеседі.

Дайындалатын жемшөптің сапасына көбірек көңіл бөліне бастады. Мәселен, Н. А. Кравчук жетекшілік ететін жүгері өсірушілердің арендалық звеносы дәнді дақылдар технологиясы бойынша сүрлемдік дақылдар өсіреді. Механизаторларға еңбекақы жалпы көрсеткіш бойынша емес, дайындалған жемшөпке қарай төленді. Осының арқасында сауын мал табынына жоғары сапалы сүрлем дайындалды, ал арендаторлар қосымша жалпы табыс алды.

Біздің бәріміз ескі қораларды қайта құрып, жаңаларын салуға белсене қатыстық, бұл еңбек жағдайын едәуір жақсартуға көмектесті. Мәселен, сауын сиырлар тұратын қоралардың бәрінде сүт құбырлары орнатылды. Бұл сауыншылардың жұмысын біршама жеңілдетті: бұрын сүт құйылған шелектер мен кеспекттерді бүкіл базаның ішімен тасуға тура келетін. Енді әрбір базада сүт пункттері жабдықталды, онда ыдыстарды мұқият жуып, дегдітуге болады. Сүт құбырларын орнатудың, сүт пунктін жабдықтаудың арқасында өнім сапасы артты. Бүкіл сүт дерлік бірінші сортпен жөнелтіледі.

Қораларда жақсы микроклиматты жасау үшін көп нәрсе жасалды, ауа тартқыш, желдеткіш дұрыс жұмыс істейді. Сонымен бірге сауыншыларға арналған демалыс бөлмелерін жабдықтадық, онда демалып, шай ішуге болады.

Сондай-ақ, біздің әйелдердің бос уақыты туралы ойластырудамыз. Екі сменалық жұмысты байқап көруге ұйғардық — бұл оңды нәтиже берді. Үй шаруасындағы істерге уақыт көбейді: балаларға қарайтын мүмкіндік табылды. Қазір совхоз басшылығы фермада жылжымалы жұмыс кестесін жасап, сауыншыларға демалыс күндерін беруді де ойластыруда. Демек, біз осындай қамқорлықтың жауапсыз қалмайтынына сенімдіміз.

Мәселен, товарлы сүт фермасы алғаш рет жылды пайдамен аяқтады. Әр сиырдан сүт сауу 3342 килограмды құрады, әрбір жүз сиырдан 95 бұзаудан алынды. Сүттің сапасы да жақсарды.

Біз 1988 жылдың 1 январынан бері арендалық мердігерлікте жұмыс істейміз, демек оған өз қалауымызбен ауыстық. Семьялық звенолардың тәжірибесі біздің сенімділігімізді арттырды. Экономикалық оқу жүйесіндегі сабақтар арендалық мердігерліктің тиімді екеніне бізді иландырды. Маған бригадир, үгітші ретінде сауыншылар, малшылар көп сұрақ қояды. Олардың селодағы шаруашылық есептің бүгешігесіне дейін білгісі келеді. Сондықтан мен, мәселен, жалпы түсімнің, өнімнің есепті бағасының қалай қалыптасатынын түсіндіремін.

Ферма коллективі үстіміздегі жылы әрбір сиырдан 3500 килограмнан сүт сауууды көздеп отыр. Бұл қиын болғанымен орындауға болатын міндет.

Жазып алған В. ЧЕБОТЬКО,
«Целиноградская правда» газетінің қызметкері.

ҚАЗАҚ ССР СТАТИСТИКА ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

СССР-ДЕ НЕГІЗГІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЛЕС САЛМАҒЫ (ПРОЦЕНТ ЕСЕБІМЕН)

	1985	1988
Жалпы ауыл шаруашылық өнімдерінің үлес салмағы	6,6	7,0
Өндіріс бойынша үлес салмағы:		
Астық	12,6	10,7
Картоп	3,0	3,0
Көкөніс	3,9	4,6
Жеміс-жидек	1,2	3,2
Жүзім	1,2	1,5
Ет (сойыс салмағымен)	6,6	7,6
Сүт	4,8	5,0
Жұмыртқа	4,9	5,0
Жүн	21,9	22,6

Digitized by Google

ЖЕМШОПТІ ЖЕТКІЛІКТІ ДАЙЫНДАЙЫҚ

Жемшөп базасын дамыту мал шаруашылығын интенсивтендірудің маңызды буыны болып табылады. Соңғы жылдары қабылданған шаралар, ішінара алғанда, республикалық «Жемшөп» және «Белок» программаларын жүзеге асыру жемшөптің барлық түрін өндіруді біршама өсіруді, сөйтіп осы негізде мал шаруашылығы өнімдерінің алынуын көбейтуді және малдың құнарлылығын арттыруды қамтамасыз етті.

Үстіміздегі бесжылдықтың үш жылы ішінде ірі және шырынды жемшөпті жылына орта есеппен өндіру бұрнағы бесжылдықпен салыстырғанда 26 процеттей, соның ішінде пішен — 7 және пішендеме — 18 процент өсті. Өткен жылы 17 миллион тоннадан астам пішендеме, 23,1 миллион тонна сүрлем және жемнің басқа түрлері дайындалды. Тұтасынан республика бойынша шартты бір малға шаққанда жоспардағы 17,6 центнердің орнына 17,2 центнер ірі және құнарлы жемшөп өлшемі өзірленді. Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Семей және Талдықорған облыстарының колхоздары мен совхоздары тағайындалған міндетті мейлінше табысты орындап шықты, ал Целиноград облысының шаруашылықтары оны аса көп — 25,9 центнерден дайындады.

Сонымен бірге тұтасынан бірқатар облыстар жоспарды орындай алмады. Мұның басты себебі **жемшөптік шалғындар шығымдылығының төмендігінде.** Демек, Ақтөбе облысында соңғы жылдары пішенге арналған көп жылдық шөптердің шығымдылығы гектарына 5 центнердей құрады, ал Жезқазған мен Павлодар облыстарының шаруашылықтары бір жылдық және көп жылдық шөптердің әр гектарынан 5—10 центнерден жинайды, мұның өзі республика бойынша орташа көрсеткіштен екі еседей төмен. Көптеген жерлерде жемшөптік алқаптардың 50 процентіне дейін сапасыз тұқым себіледі. Бірқатар тұқым шаруашылықтарында шөп тұқымын тазалау жөніндегі материалдық-техникалық база әлсіз күйінде қалып отыр.

Өткен жылдардағыдай, жемшөп өндіруді молайту негізінен экстенсивті факторлар есебінен жүзеге асырылуда. Демек, бесжылдық ішінде жемшөптік дақылдардың жыл сайынғы егістік алаңы бұрынырақтағы жылдармен салыстырғанда 442 гектарға көбейді, сөйтіп 1988 жылы жемшөптік дақылдар егістігіне 10,5 миллион гектар бөлінді. Таяудағы жылдары жемшөп танабын тағы да 600—900 мың гектарға ұлғайту, және де мұның өзін түбегейлі жақсартуға арналған жаңа жерлерді айналымға тарту, сортаңды жерлерді игеру есебінен жасау қажет. Алайда бізде шалғындарды ұлғайту мүмкіншіліктері сарқылды деп айтпасақ та, тым шектеулі, және осының өзі-ақ **интенсивті факторларды дереу пайдалануды талап етеді.**

Мұндағы басты жол — бұл **еңбекті ұйымдастыру мен оған ақы төлеудің прогрестік формаларын кеңінен енгізу.** Арендалық звенолар мен бригадалар жұмысы ұтымды ұйымдастырылған жерлерде өнімділік 25—30 процент өсуде. Егер бүкіл жемшөп өндірісін осындай деңгейге көтерудің сәті түссе, бізде жемшөпке деген қажет толығынан қанағаттандырылар еді — қазір бізге оның тұтасынан 30 проценті жетіспейді, ал республикада оны өндіруді осындай мөлшерде көбейту міндеті қойылған.

Жемшөп өндірісін мамандандыру проблемасы тым өткір күйінде қалып келеді. Есептерге қарағанда, өткен жылы мамандандырылған бригадалар мен звенолар бүкіл жемшөп танаптарын өңдеген болып шығады, алайда тұтасынан бірқатар шаруашылықтарда мамандану тек қағаз бетінде ғана бар: адамдар әлсін-әлсін басқа жұмыстарға жіберіледі, шарт талаптары сақталмайды, ал мұндай қатынас барысында елеулі нәтиже алуға үміт ету неғайбыл.

Демек, **жемшөптің нақты мөлшерінің болуы жетімсіз, оны белок түргысынан теңестіре түсу керек.** Шаруашылықтардың көпшілігінде оның тапшылығы сезілуде. Қазір республика бойынша орта есеппен бір жемшөп өлшемінде нормадағы 110 грамның орнына 96 грамдай белок бар. Осыдан барып жемшөп артық жұмсалады, мал шаруашылығындағы еңбек шығыны жоғары.

Осы проблеманы қалай шешуге болады?

Ең әуелі **егістік алаңын ұлғайту, көп жылдық шөптің, әсіресе бұршақ, дәнді бұршақ тұқымдас дақылдар, соя және рапс шығымдылығын арттыру** есебінен оны шешуге болады. Олардың көп жылдық шөптер құрылымындағы үлес салмағы шамамен 34 процент құрайды, мұның өзі өте аз. Соңғы үш жыл ішінде олардың егіс алаңы небары 224 мың гектарға ұлғайтылды. Алайда Жезқазған, Қызылорда, Талдықорған облыстарында көп жылдық бұршақ тұқымдас шөптер егістігі азайтылып жіберілді. Үстіміздегі жылы республиканың солтүстік, батыс облыстарында және орталық бөлігінде олардың үлесін 50—60 процентке жеткізу қажет.

Digitized by Google

Жемшөп сапасын шұғыл көтеретін уақыт та жетті. Демек, Ақтөбе облысының шаруашылықтарында өткен жылы кластық емес пішенді дайындау 18 процент, пішендеме — 32 және сүрлем — 39 процент көбейді. Қостанай, Павлодар, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарының шаруашылықтарында 13 проценттен 20 процентке дейін кластық емес пішен дайындалды. Әрине, мұнда басқа жерлерге қарағанда қуаңшылық қаттырақ болды, сонда да көп нәрсе жемшөпті дайындап, сақтау технологиясын бұлжытпай орындауға төуелді. Биыл бұршақ тұқымдас шөптерді гүл жармаған кезінде, ал масақты дақылдарды дән байлану кезінде жинап үлгеретіндей етіп істі жолға қою талап етіледі. Бұршақ тұқымдас шөптің бүкіл пішені екпіндете желдету әдісімен дайындалуға тиіс.

Екпе шөп егістіктерінің жайына да назарды аударғымыз келеді. Олардың көпшілігі күтімсіз қалған. Шығымсыз бір жылдық шөптер егістігін шұғыл азайтып, олардың есесіне көпжылдық шөптер алаңын ұлғайтатын кез келді.

Қазір 6 миллион гектардан астам жерді алып жатқан **жақсартылған шалғындар мен жайылымдар шығымдылығы да төмен күйінде қалып отыр.** Олардың біраз бөлігінің шығымы сұйық және әсіресе Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар, Семей, Орал облыстары шаруашылықтарында оларды қайта жыртып, қайта егу қажет.

Шаруашылық практикасы көрсетіп отырғанындай, шалғындар мен жайылымдарды біршама қысқа мерзімде қайта құруға болады. Мәселен, Целиноград облысында соңғы жылдары жақсартылған жемшөптік егіс алаңы 1 миллионнан астам гектарға немесе шалғын мен жайылымның жалпы алаңының 16 процентіне, Қостанай облысында 930 мың (8,3), Павлодар облысында 876 мың (13) және Көкшетау облысында 570 мың гектарға немесе 19,5 процентке жеткізілді.

Бүгінде жайылымды сақтап, түбегейлі жақсарту туралы мәселе айрықша қойылып отыр. Оның маңызын жете бағалау мүмкін емес. Жайылымдық жемшөптің жалпы баланстағы үлесі орманды-далаңқы аймақта 50 процентке, шөлейтті аймақта — 80 процентке дейінін құрайтынын айтудың өзі жеткілікті. Сонымен бірге қаншама жайылым, ол әсіресе Алматы, Қызылорда, Гурьев облыстарында, иә, тұтасынан бірқатар басқа облыстарда жайылым суландырудың нашарлығынан, жүйесіз пайдаланудан өзінің шығымдылығын төмендетіп жіберді, егер шұғыл шаралар қабылданбаса, олардың жалпы айналымнан шығып қалуы мүмкін. Және бұған тұтынушылық тұрғыдан қарауға болмайды — табиғат қорғау туралы да ойлану керек.

Көп жылдық жайылым жасау жөніндегі жұмыс бағдар қызметін атқаруға тиіс Шымкент облысының көптеген шаруашылықтары қаракөл және жемшөп өндірісі мен жайылым ғылыми-зерттеу институттарымен бірлесіп оны жүргізуде. Олар жайылымды түлетіп, пайдаланудың жақсы ойластырылған жүйесін талдап жасап, жүзеге асыруда, ол жайылымды қоршап, изен, теріскен, кейреуік және басқа табиғи шөптерді өсіруді, сондай-ақ жайылым айналымын пайдалану есебінен оны түбегейлі жақсартуды қамтиды.

Тарлау мен еркек шөп сияқты шөптерге де назарды аударғымыз келеді. Қатал климат жағдайына жақсы бейімделгеніне қарамастан олардың егістігі ешбір негізсіз қысқартылуда. Демек табиғи жемшөп егістігімен, әсіресе республиканық оңтүстік облыстарында бір ғана табиғи жемшөп өсімдіктері егістігімен шектелуге ешбір болмайды, жергілікті нақты жағдайға қарай қуаңшылыққа төзімді жемшөп дақылдарын пайдалану қажет.

Сүрлемдік балауса өндіріп, оның сапасын арттыру жөнінен үлкен жұмыс атқаруға тура келеді. Бізде собығы қамырланған және сүттеніп қамырланған жүгері сүрлемін алудың біраз тәжірибесі жинақталған. Өткен жылы 850 мың гектар сүрлемдік жүгері дәндік технология бойынша өңделді (2,2 миллион гектар сүрлемдік дақылдан), 10,3 миллион тоннадан астам собықты жүгері сүрлемі немесе дайындалған сүрлемнің жалпы мөлшерінің 44 проценті алынды. Мұның өзі алынатын жемшөп өлшемі мен қорытылатын протеинді 20—25 процент көбейтуге көмектесті.

Үстіміздегі жылы жер-жерде дақылдар технологиясы бойынша сүрлемдік жүгері себу, собығына қоса сүрлемдік жүгері алу, ал оңтүстік облыстарда жүгеріні соямен араластырып егуді кеңінен қолдану керек.

Пішендеме өндіруді үдету, оның сапасын арттыру, оны бұршақ тұқымдас және астық тұқымдас пішен қоспаларынан салуды кеңінен пайдалану жөніндегі жұмысты жалғастыра беру қажет. Пішен мен пішендеменің сапасы көбіне-көп оның сақталуына төуелді болатындықтан сүрлем мен пішендеме орындарының, пішен қоймаларының және жемшөп сақтауға арналған басқа объектілер құрылысының қарқынын шұғыл күшейткен жөн. Өйткені, әзірше республиканың олармен қамтамасыз етілуі 52 процентті ғана құрайды. Таяудағы жылдарда қапталған орларда сүрлем мен пішендеме салуды қамтамасыз ету резервтерін іздестіретін кез келді.

Digitized by Google

Суармалы жерлерді пайдалануға айрықша көңіл бөлу керек. Қазіргі уақытта 1 миллионнан астам гектар жерге, немесе оның жалпы көлемінің 50 процентіне жемшөптік дақылдар егіледі, алайда олар барлық жерде бірдей тиімді пайдаланылмайды. Шымкент облысының «Восход», «Комсомол», «Қызылқұм», Алматы облысының Томаровский атындағы, «Қаскелең» совхоздары гектарына 100 центнерден өнім алып отырғанда, ол гектарына 32 центнерден аспайды.

Қазір республика шаруашылықтары алдына суармалы егістіктің әр гектарынан 60 центнерге дейін жемшөп алу міндеті қойылды. Жылына екі рет өнім жинау әсіресе Шымкент, Жамбыл, Алматы, Талдықорған және Қызылорда облыстарының шаруашылықтарында үлкен резерв болып табылады.

Егістік құрылымын қайта қарау, оларға аса шығымды жемшөп дақылдарын егу, көп жылдық бұршақ тұқымдас дақылдарды кемінде 4—5 рет оруға қол жеткізу, суды тиімді пайдалану қажет.

Қайта құру шаруашылықтарға, бригадаларға, звеноларға дербестілік үшін кең мүмкіншілік беруді, істі творчестволықпен жүргізуді талап ететінін атап көрсеткен жөн. Және мұның өзі жемшөп өндірісі сияқты тым күрделі де маңызды істе өте-мөте маңызды.


М. МӘЖИТОВ,
Қазақ ССР Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті жемшөп басқармасы бастығының орынбасары.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ. Екібастұздың №1 ГРЭС-і энергетиктерінің столынан түкы мен сазаннан жасалған тағамдар үзілмейді. Балықты кәсіпорынның қосалқы балық шаруашылығында өсіреді және жыл ішінде «судағы цехтан» 100 тоннаға дейін балық аулайды. Биыл осы цифр 300 тоннаға дейін өседі.

Сондай-ақ электр станциясында қосалқы мал шаруашылығы, егіншілік бригадасы бар.

СУРЕТТЕ: балық қабылдаушы Ольга Савина мен жүргізуші Александр Самарин №1 ГРЭС жанындағы «Сервис» магазиніне жас балықты жөнелтуге әзірлік жасауда.

Суретті түсірген Н. КУЗНЕЦОВ (ҚазТАГ).



Семьялық бюджетке қосымша

«Новая жизнь» колхозының басқармасы село еңбеккерлерінің өтініші бойынша 595 торайды меншікті аулаларға берді. Бұл екі жаққа да пайдалы болды.

Жемшөп цехының жұмысшысы А. К. Михель 20 торайды бордақылауға алды. Олардың әрқайсысы 20 килограмнан тартты. Оларды күтуге колхозда сауыншы болып істейтін әйелі Эрика көмектесті. Семья шошқаларды 120 килограмдық орташа тірідей салмағымен колхозға өткізді. Бухгалтерия оларға 3317 сом жазды. Осы сомадан 840 сом — жемшөп құны ұсталды. Сөйтіп ерлі-зайыпты Михельдердің таза табысы 2477 сом құрады.

Қой шаруашылығы бригадасының бригадирі Людмила Егельдің семьялық бюджетіне де қосымша табыс қосылды. Ол өзінің меншікті ауласында он шошқаны бордақылады, олардың сегізін 114 килограмдық орташа тірідей салмақпен өткізді. Табыс —1273 сом құрады. Сүт тасушы машинаның шофері А. Р. Егель де шошқаларды бордақылаумен айналысады. Оған 1179 сом жазылды.

Меншікті аулаларда шошқаларды бордақылау колхозға тиімді. Шаруашылықта бір центнер еттің құны 223 сом, ал семьялар еттің бір центнерін 180 сомнан өткізді.

Колхозда шошқаны меншікті аулаларында бордақылауға тілек білдірушілер барған сайын көбейіп келеді. Көпшілігі өздерінің қораларын кеңейтуді жоспарлап, басқармадан материал бөліп беруді өтінуде. Басқарма оларға жәрдемдесуде.

Целиноград облысы
Атбасар ауданы.

Digitized by Google

БІЛІКТІ ЖАСТАРДЫ ДАЯРЛАЙЫҚ

Космос адамдарға қызмет етуде. Ертеде-ақ қанатты сөзге айналған осы тіркестер нақты әрі өте бай мазмұнмен толықты. С. П. Королевтің «космосқа жұмсалған шығын еселеп өтеледі» деген пікірінің дұрыстығын өмір бірнеше мәрте қуаттады.

Бүгінде еліміздің 900-дей ұйымы мен ведомствосы космостық ұшулар нәтижелерін өте-мөте қажетсінеді, олардың ішінде Геология, Балық шаруашылығы, Мелиорация және су шаруашылығы министрліктерінің, Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитетінің, метеорологиялық қызметтің кәсіпорындары және басқалар бар. Бұған табиғат ресурстары мен айналадағы ортаны қорғаудан, гляциология мен мұхитты зерттеуден, орман өрттерін, шегірткелердің қауіпті таралуын байқап, зерттеуден және эксперимент жасаудан, астрофизикалық және басқа приборларды т. б. монтаждаудан түсетін қайтарымды қосуға болады. Космос бізге шын мәнінде баға жетпес қызмет көрсетуде. Ғалымдардың әділетті түрде айтып отырғанындай, бүгінде космостық зерттеулерсіз ғылымның, экономиканың, иә, адамзат цивилизациясының өзінің даму қарқыны басқадай болар еді. Салмақсыздық жағдайында тым таза биологиялық заттарға, бірегей медициналық дәрі-дәрмектер қасиетіне тән жаңа материалдар алу жөніндегі техникалық эксперименттер жасалады, ғылыми-техникалық прогрестің келешегін анықтайтын бағыттарда іздестіру жұмысы жүргізіледі.

Мәселен, «Энергия-Буран» жүйесінде жүзеге асырылған ғылыми-техникалық жетістіктерді халық шаруашылығының басқа салаларында пайдалану бүгінің өзінде экономикалық тиімділік беріп, космостық зерттеулерге жұмсалған шығынды толығынан өтуде. Космоста атқарылар жұмыстар көпақ. Енді космосқа ұшу ұзақтығы бір жылдық межеден асып түсті. Орбитадағы еңбек бүкіл халықтың күш-жігерін біріктіруді талап ететін өте-мөте қауырт, творчестволық сипат ұстайды. Сонымен бірге көптеген адамдар, әсіресе жастар космостық зерттеулер, олардың нәтижелері туралы онша хабардар емес, иә, қазір космосқа ұшудың өзі бұдан 20—25 жыл бұрынғыға қарағанда үйреншікті іс ретінде қабылданады. Осының бәрі космостық білімді насихаттауға, қызметтің түрлі саласында жер төңірегіндегі зерттеулер нәтижелерін пайдалануға деген жаңа қатынасты талап етеді.

СССР-дің космостық зерттеулер жөніндегі бас космос комитеті жанынан жұмыс істейтін Бүкілодақтық космонавтика федерациясы осы және басқа міндеттерді шешуде өз ролін атқаруға тиіс, оны космонавт-ұшқыш, екі мәрте Совет Одағының Батыры Н. Н. Рукавишников басқарады. Бұдан үш жыл бұрын Қазақстанда Қазақ ССР ДОСААФ-ының Космонавтика комитеті құрылды, республикалық Ғылым академиясының президенті Ө. М. Сұлтанғазин оның председателі болып сайланды. Тым бертінде ВЛКСМ Орталық Комитеті, Ғылым академиясы, СССР-дің космостық зерттеулер жөніндегі бас комитеті, ДОСААФ Орталық Комитеті, Ғылым мен техника жөніндегі комитет, В. И. Ленин атындағы Советтік балалар қоры және бірқатар мемлекеттік қоғамдық ұйымдар жастардың Бүкілодақтық «Союз» аэрокосмос қоғамын құрды. Ол 20 мың баланы, космонавтиканың 160-тан астам клубын, үйірмесін, музейін біріктіреді. Оларға арналған алғашқы космос орталығын жобалау қазірдің өзінде басталды, онда арнаулы тренажерлік қалашық, лаборатория, спорт комплексі жабдықталды. Қоғам жоспарында турнирлер, концерттер, космонавтика, астрономия, ғылыми фантастика әуесқойларымен кездесулер өткізу қарастырылған. 14—18 жастағы балалар — орбитада пайдалануға болатын таңдаулы космостық эксперимент — болжамдар мен жобаларға арналған алғашқы Бүкілодақтық конкурс жеңімпаздары бертінде Байқоңырда болып, әйгілі «Буранмен» танысты, тарихи жерлерде болды. Осы космостық қоғамның басты міндеттерінің бірі — жастарға кәсіптік бағдар беру. Бұл тұрғыдан космостық кәсіпті танымал етуге, жас өспірімдерді оларды аса белсенді түрде меңгеруге даярлауға оқырмандар таңырқамай-ақ қойсын. Біздің тәжірибеміз ғана емес, сондай-ақ шетелдік, бірнеше жүз тәрбиеленушілері бар жас астронавтардың жалпы мемлекеттік ауқымдағы мектебі жұмыс істейтін Америка Құрама Штаттарының тәжірибесі осыған иландырады. Космоста болып қайтқан «Шатл» кораблі, сондай-ақ, ұшуға даярлық барысында пайдаланылатын түрлі тренажерлер мен приборлар олардың қарауына берілген.

12 апрель — космонавтика күні, дүние жүзілік авиация және космонавтика күні.

Digitized by Google

Бұған таңдануға болмайды. Өйткені космостағы жұмыс мықты денсаулықпен қатар көп қырды жалпы, политехникалық білімді, айрықша кәсіптік дағды мен құлықтық шыңдалуды талап етеді. Егер орбитада жұмыс істеуге даярлық жастайынан басталса, осы сапарларды қалыптастыруға болады. Космос техникасының болашақ жасаушыларын іздестіріп, қалыптастыру да сондай маңызды. «Жердегі» көптеген кәсіптер өкілдеріне де космос туралы тиянақты білім керек, ал олар космос орбитасында алынған зерттеулер нәтижелерін халық шаруашылығында қолдануға міндетті.

Комсомолмен, мектептер педагогтарымен, басқа мүдделі ұйымдар өкілдерімен ынтымақтаса отырып, біздің комитетіміз жас космонавтар үйірмелерін, клубтарын және мектептерін құру шараларын қабылдауда. Бертінде осындай мектептер Алматыда, Қарағандыда, Жезқазғанда жұмыс істей бастады. Кезекте басқа қалалар тұр.

Ақтөбеде осы қалада туған космонавт В. И. Пацаев атындағы жас ұшқыштар мектебі он жылдан астам уақыт бойы табысты жұмыс істеп келеді. Оны авиакосмос техникасының үлкен білгірі А. К. Құрбанов ұйымдастырды. Қарағанды облысының Теміртау қаласындағы Ю. А. Гагарин атындағы космонавтика залы құрылған №10 орта мектептің және Қарағандының С. П. Королев атындағы космонавтика музейі көп жылдан бері жұмыс істейтін №28 орта мектебінің активистері алуан қырлы жұмыс жүргізеді. Оларға оқытушылар Л. Г. Морскова мен Л. И. Струкова жетекшілік етеді.

Өткен жылы Теміртау қаласында өткен алғашқы «Космос» республикалық конкурсы жастарда зор ықылас тудырды. 13 облыстан келген балалар оған программаның 6 бөлімі бойынша 49 жұмысты ұсынды. Космонавтардың алғашқы отрядына қабылданған гагариндік топтағы 20 ұшқыштың бірі, «Восток» космос кораблінде ұшуға даярлықтың бүкіл программасынан өткен Марс Закирович Рафиков төрешілер председателі болды. Конкурс жеңімпаздары — алматылық Тимур Қаскеев пен Андрей Пикановский аса елеулі заявка жасады. Олар космос корабльдерінің модельдерін ұсынды.

Қазақстандықтар ракета моделі спорты бойынша СССР чемпионаттарында және халықаралық жарыстарда бейтаныстар еместігін айту керек. Алматы темір жолы Жамбыл бөлімшесінің сигнализация және байланыс дистанциясынан электр механигі А. И. Клочков Жамбыл қаласында көп жылдан бері ракетаның түрлі модельдерін жасаумен айналысады. Ол өзінің бүкіл бос уақытын үйірмеге қатысушылармен жұмысқа жұмсайды. Оның ынтықыласы мен шәкірттерінің еңбегі көптеген наградалармен, соның ішінде 1987 жылы Югославияның астанасы Белградта өткен дүниежүзілік чемпионаттың күміс медалімен аталды. Ал өткен жылы оның шәкірті Александр Корчагин осы жарыстың алтын жүлдесіне ие болды.

Космос туралы білімді насихаттау, жастарға кәсіптік бағдар беру тұрғысынан басталған жұмысты осы мақсатта жалғастыра беру керек.

Біз алғашқы адамның космосқа ұшуының 30 жылдығына дейін «Қазақстан космосы» кітабын шығаруды жоспарлаудамыз. Лекциялық қызметті дамытып келеміз. «Байқоңыр» космодромының ардагерлері К. Х. Тоқмұхамедов, С. П. Шмотченко және басқа көптеген энтузиастар жастар алдында жүйелі лекция оқып, баяндамалар жасайды.

Әңгіме соңында мынаны айтқымыз келеді: Алматыда планетарий салу қажеттігі ертеде-ақ туындады. Мұның өзі космос туралы білімді дәріптеуге арналған мүмкіншілікті бірден анағұрлым кеңейтер еді. Тым шалғай және көп жағынан құпия космос біздің бәрімізге жақынырақ болуы үшін космонавтика мүйістері, бөлмелері, залдары, музейлері жүйесін дамыта беру қажет.

Біздің комитетіміз космостық білімді насихаттау энтузиастарының көмекшілерін, космосты игеруге байланысты кәсіп туралы армандайтын жастармен жұмыс жүргізе алатын адамдарды іздестіруде. Олардың назарына біздің адресімізді хабарлаймыз: 480100, Алматы. Пролетар көшесі, 22. Қазақ ССР ДОСААФ-ының Космонавтика комитеті.

Г. БРОКЦИТТЕР,
Қазақ ССР ДОСААФ-ы Космонавтика комитетінің жауапты секретары.

СІЗДІҢ БЛОКНОТЫҢЫЗҒА

● *1987 жылы қоғамдық еңбек өнімділігін 1 процентке арттыру 6 миллиард сомдай ұлттық табыс үстемесімен немесе 1 миллионнан астам қызметкердің еңбегін үнемдеумен бірдей болды.*

● *1981-1985 жылдары қоғамдық еңбек өнімділігінің өсімі 15 миллионнан астам адамның, 1986 жылы — 3,9 миллион адамның және 1987 жылы — 2,4 миллион адамның еңбегін үнемдеуді қамтамасыз етті. Сонда да оның өсімінің қарқынын жеделдету проблемасы әлі де баяу шешілуде.*

Digitized by Google

ЕҢБЕК ЗАЯ КЕТПЕЙТІН ОЙЫН

НЕМЕСЕ ЖЕТЕКШІНІ САУАТТЫ БАСҚАРУҒА ҚАЛАЙ ҮЙРЕТУ КЕРЕК

Эстониялық «Юхт» («Жетекші») фирмасы Оралда резервтегі басшы кадрлардың облыстық мектебіне іріктеу-конкурсын өткізді, ол — Қазақстандағы осындай алғашқы оқу орындарының бірі.

Самолетті, корабльді немесе автомобильді жүргізуші адамды алдымен оқытады. Ол тәжірибелі нұсқаушылармен араласа отырып, қажетті білім алады, тренажерлерде, тәжірибелік ұшуда, сапарларда, жорықтарда шеберлігін ұштай түседі. Демек оқудың осы кезеңдерінің бәрінен өткеннен кейін ғана жаңа адамға штурвалды, немесе рульді сеніп тапсырады.

Ал еңбек коллективтерін «басқару» бірден «рульге» — креслоға отырғызудан басталады. Жұмысты алып кетер деп ойлайды. Ал адамдар қайсыбір механизмнен өлдеқайда күрделі. Демек менеджмент жөніндегі (басқару туралы ғылым) жапониялық маманның мынадай пікірі толығынан орынды: «Істің ақсауының 90 процентіне жетекші, тек 10 процентіне ғана — орындаушылар кінәлі».

Басқару туралы ғылымды бағаламау, дәлірек айтқанда, елемеу дөрекі жетекшілердің әрекетіне, өндірістің құлдырауына, совхоздардың тұралауына соқтырады. Демек бұл жетекшісымақтардың кінәсі емес, кесел — басқарудың нәзік өнеріне үйретпеуде.

«Кадрлар бәрін шешеді» деп бар дауыспен айтсақ та білімді басшылардың ғылыми көзқарасынсыз нақты проблемалар шешілмейді. Сондықтан Орал қаласының партия комитеті осы кадрларды «шыңдауға» ұйғарды.

Туа жетекші болмайды — оларды іздеп табу принципі бойынша әрекет етеді. Механика заводының спорт залында екі күн бойына өткен іріктеу-конкурсы мұны жасауға көмектесті. Машина жасаушылар деректерді ұқсатуға арналған компьютерлер берді, ал ғылыми-инженерлік қоғамның облыстық басқармасы оқытудың аса ыңғайлы, тиімді әдістерін таңдаумен айналысты. Сөйтіп Таллиннің кадрларды бағалау және іріктеу жөніндегі мемлекеттік шағын кәсіпорнының көмегімен ойын басталып кетті.

Бұл ақталу емес: мұндай жауапты істе кәсіптік ойындарсыз болмайды. Олар нақты экономикалық нұқсан келтірмей-ақ болашақ жетекшілердің іскерлігін тексеруге мүмкіндік беретін солбір «тренажерлер». Бұл «көзбен шамалау» әдістеріне жақын екеніне келісерсіздер. Сайып келгенде, ойындағы қателіктер арзанға түседі.

Қала кәсіпорындары жіберген және өз инициативаларымен келген 150-ге жуық жас адам — жетекшілікке кандидаттар — жастар тапсырмалар алды, ұсынылған жағдайларды талдады, басқару шешімдерін бағалады, басқару ойынын ойнады. Сөйтіп олардың арасынан лидерлер анықтала бастады.

Конкурс қорытындысы бойынша «Омега» заводының командасы жеңіп шықты. Механикалық заводтың командалары екінші және үшінші орындарды алды. Алайда облыстық пария комитетінің жауапты қызметкері В. К. Жүнісов қорытынды сөзінде айтқандай, жеңілгендер болған жоқ. Конкурсқа түскендердің жартысына жуығы мектептің тыңдаушылары болды.

Конкурс барысында «Металлист» заводының директоры А. П. Малакеев үшін оның қарамағындағылардың бірінің өнер көрсетуі күтпеген жаңалық болды. Директор алғашында жетекшілікке екі кандидатты ұсынған еді, ал енді үшінішісі пайда болды. Жақсы жаңалық, алайда өндірістің нақ өзінде оны ұзақ күтуге тура келетін еді, оны жібермеуі де мүмкін ғой.

Ал басқа бір директордың конкурсқа деген пікірі мынадай: «Өз ақшама баяу жарылатын мина сатып алып, оны өз орындығымның астына қоятын мен ақымақпын ба?» «Юхт» фирмасының жетекшісі Г. М. Блинчук осы пікірді түсіндіріңіз деген өтінішке тұжырымды жауап берді:

— Мен бұл директорды пенсияға жіберуге кеңес берер едім.

Несі бар, ол жас жағынан деп басты. Ал ұйғарым бойынша ше?

— Өйткені, — деп жалғастырды әңгімесін Геннадий Михайлович, — біздің елімізде «әдемі шегініс» дәстүрі, адам үшін құрметті және іске тиімді дәстүрлер жоқ. Жылдар бойы жинақталған тәжірибені пайдаланбау дегеніміз бұл күнә, демек бұдан шығатын жол — барлық материалдық игіліктерді сақтау арқылы, бірақ тек кеңесші дауысы ғана бар консультант қызметін белгілеу. Стратегия-

Digitized by Google

лық бағытты талдап жасауды барлық проблемаларды білетін осындай адамға тапсыруға болады. Дегенмен оперативті басқару — бұл жастардың ісі. («Юхт» мұнда екінші рет шақырылған еді).

Ол Куйбышевте кәсіпорындардың бірінің директоры конкурстың нәтижелеріне қалай үн қосқанын әңгімелейді. Конкурсқа қатысушыны сыйлықпен мадақтау туралы бұйрықтан кейін: Н. басшы кадрлардың нақты резервіне алынсын. Цех коллективіне Н.-ның кандидатурасын цех бастығы ретінде қарау ұсынылсын» деп жазылды.

Идея бойынша мектептің түлегі тек «жағдайларда» жұмыс істеуші ғана емес, сонымен бірге сол жағдайды жасаушы да. Өйткені мектепке пайдалы істі және пайда түсіру жолын таба білуге үйретеді. Мұнда кәсіпорындар жетекшілерінің резервін, партия және совет органдары үшін кадрларды оқыту да, потенциалды жетекшілерді перспективалы оқыту да бар.

Оқу бір жылға арналған. Тыңдаушылар оқудың интенсивті курсынан өту үшін өндірістен ай сайын шақырылады. Сабақ қорытындысы бойынша олар өз кәсіпорындарының негізінде енгізілетін белгілі бір талдауды ұсынады.

Кейіннен мектепте кадрларды іріктеп алып, оқыту жөнінен өздерінің жергілікті мамандары болуға тиіс. Олар әзірше басқарудың отандық ғылымындағы таңдаулы тәсілдерді пайдаланады, еліміздің бірнеше ғылыми-техникалық кооперативтерімен және ұйымдарымен шарт жасалады, олар социология, психология, менеджмент жөніндегі жекелей теоретиктер мен практиктерді «беретін» болады. Атақты экономист, СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі П. Г. Бунич мектепте бірінші лекцияны оқыды.

Мектеп облыстың еңбек коллективтеріне жетекшілерді сайлаудың бай талдауын береді, демек жетекші қызметіне нақты кандидат біреу болмайды, деп ойлаймыз.

С. ЧУРИЛИН,
облыстық «Приуралье» газетінің тілшісі.

ЖУРНАЛ ДАБЫЛЫНАН КЕЙІН

«АҢҚАУЛАР ЕСЕБІНЕН»

Біздің журналымыздың өткен жылғы жиырма үшінші номерінде осындай тақырыппен «оймақшыларға» және құмар ойындарды ұйымдастыратын басқа адамдарға ымырашылдықпен қарау фактілері туралы сын мақала жарияланған еді. Мақала республикалық Ішкі істер және Юстиция министрліктерінің қарауына жіберілген еді.

Қазақ ССР Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Э. Басаров жолдаған жауабында былай деп хабарлайды: «Журналдағы «Аңқаулар есебінен» деген мақала министрлікте қаралды. Құмар ойындармен күрес жүргізуді күшейту мақсатымен Алматы қалалық атқару комитетінің ішкі істер басқармасында осы кәсіппен айналысатын адамдарды анықтап, жауапқа тарту жөнінен оперативті-іздестіру тобы құрылды. Оперативті іздестіру тобы тек соңғы үш айда ғана құмар ойындарға («үш оймақ», карта, рулетка) қатысушы 194 адамды ұстады. 144 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды, қалғандарымен профилактикалық әңгімелер өткізіліп, есепке алынды. 12321 сом айып салынып, ол мемлекет пайдасына түсті. Қабылданған шаралар Алматы қаласында мұндай фактілердің азаюына ықпал етті. Осындай жұмыс республиканың басқа қалаларында да жүргізілуде.

Біз Қазақ ССР Қылмыстық істер кодексінің жаңа редакциясының жобасына толықтырулар енгізу туралы ұсыныс жасадық, онда ақша, зат және басқа да құнды заттар салып ойнайтын құмар ойындарға қатысқаны үшін екі мың сомға дейін айып төлету немесе екі жылға бас бостандығынан айыру түрінде жауапқа тарту жауапкершілігін арттыру қарастырылуда.

Қазақ ССР Юстиция министрі Д. Досполов қазіргі кезде ССР Одағының және одақтас республикалардың қылмыстық істер заңдары негіздерінің жобасы талқыланып жатқаны туралы редакцияға хабарлады. Осы мәселе жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының арнаулы комиссиясы жұмыс істейді.

Правоға қарсы кейбір қимыл-әрекеттер, соның ішінде құмар ойындарды ұйымдастырғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті арттыру туралы ұсыныстар Қазақ ССР Қылмыстық істер кодексінің жаңа редакциясын талдап жасау барысында қаралады.

Digitized by Google

ШАҒЫН КЛУБТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАЙЫҚ



Өткен жылдың соңында өткен «Тұрғылықты жер — тәрбие орны» республикалық көрмесіне қатысушылар талдықорғандықтардың балалар мен жасөспірімдер клубтарын құру жөніндегі тәжірибесіне зор ықылас білдірді. Мұндай ынтызарлық әбден түсінікті: Талдықорғанда екі жыл ішінде үйлердің 38 астығы қабатында орындар жабдықталды, оларға аулалық клубтар, физкультура-сауықтыру комплекстері, дискобарлар мен кафелер орналасты.

Журнал тілшісі халық депутаттары Талдықорған қалалық Советі атқару комитеті председателінің орынбасары Сәбит Рақымбайұлы ЖАЙЛЫБАЕВТЫҢ жеткіншектермен тәрбие жұмысын жақсарту үшін тұрғылықты жерде не жасалып жатқаны туралы толығырақ әңгімелеп беруін өтінді.

— Балалар, жасөспірімдер мен жастар клубтары жүйесін осылай жедел көбейтудің сәті қалай түсті!

— Мұны жасауға бізді өмірдің өзі мәжбүр етті. Қаламыздағы негізгі тұрғындар — жастар, ал олармен жұмыс істеуге арналған базалар жоқ деуге болатын еді. Жасөспірімдер арасындағы право тәртібін бұзушылық өте-мөте алаңдатты, иә, бүгінде де осы проблема күн тәртібінен түсе қойған жоқ.

Осындай жағдайда қалалық партия комитеті мен қалалық атқару комитеті кәсіпорындардың, оқу орындарының аса нақты қатысуы арқылы «Бос уақыт» программасын талдап жасады. Қаланы әлеуметтік дамытудың бас жоспарында қарастырылған объектілер оған енгізілді. Қалалық атқару комитетінің арнаулы шешімі қабылданды. Оған сәйкес құрылыс ұйымдары мен өнеркәсіп орындары клубтарды жабдықтау міндетін өздеріне алды. Бұған арналған қаржының бір бөлігі қалалық бюджеттен бөлінді, ал қалғанын кәсіпорындар берді. Үш жыл ішінде мәдени-спорт объектілерінің құрылысына барлығы 4,5 миллион сом, соның ішінде үйлердің астығы қабаттарын клубтар етіп қайта құруға үш миллиондай сом күрделі қаржы жұмсалды.

Жұртшылық көп жұмыс атқарды. Демек комсомолецтер, студенттік құрылыс отрядтарының мүшелері, запастағы жауынгерлер, милиция қызметкерлері оларды тазалап, кеңейтті. Қалалық мәдени-спорт комплексі үлкен роль атқаруда. Сондай-ақ бейбітшілік қорының, мәдениет қорының және ескерткіштерді қорғау қоғамының қалалық ұйымдары бұған өз үлесін қосты.

Ықшамдап айтқанда, бүкіл жұртшылық болып іске кірістік, соның арқасында нәтижелерге жедел қол жеткіздік. Демек, бізде 24 спорт клубы бар, оларда 8 мыңдай бала мен жасөспірім спортпен айналысады.

Творчестволық бірлестіктер, жастар орталықтары, техникалық үйірмелер, әлбетте, аулалық клубтар үшін де жақсы үйлер жабдықталды.

— Дегенмен, клубтарды ашудың өзі жетімсіздік етеді ғой, оларды құрылғылармен, аппаратуралармен жабдықтау да керек. Өйткені республика қалаларында балаларға қағаз бен картон ғана... беретін клубтар аз емес қой.

— Мұндай жағдайда клубтардан пайдалы іс күтуге болмайды, өткен жылы ғана қалалық мәдени-спорт комплексі олардың материалдық-техникалық базасын дамыту үшін 200 мың сомдай бөлді. Қалалық атқару комитеті, өз тарапынан, клубтардың керекті тауарларды, аспаптарды, құрылыс материалдарын алуларына қолдау жасайды. Өткен жылы қалалық бюджет есебінен 160 мың сомның заттары алынды.

Егер бізде клубтардың жарақтануы жап-жақсы десем, шындыққа онша үйлесе қоймас еді. Әзірше оның біршама сәті түскенімен анағұрлым көп нәрсе жасауға тура келеді. Айталық, электроника, басқа техникалық құралдар туралы тек қиялдайсың.

Клубтарды қаржыландыру, оларды жабдықтау проблемаларына да жаңаша қарайтын кез келді. Бүгінде оларды ұстауға бөлінетін қаржы мүлдем жетіспейді. Өздеріңіз бағалаңыздаршы: клуб алаңының әр шаршы метрі үшін төленетін айлық төлемнің өзі 5 сомға түседі, ал тұрғын үй шаруашылығының тресі бір үйірмешіге есептегенде жылына небары 50 тиыннан бөледі.

Digitized by Google

Сонымен бірге кәсіпорындардың жұмыстың жаңа жағдайына ауысуына қарай осы мақсатқа бөлінетін қаржының азайып бара жатқанын көрмеуге болмайды. Жағдайдан қайткенде де шығу үшін клуб қызметкерлері ақылы үйірмелерді көбірек ұйымдастыруға ұмтылуда. Ал осыдан барып қаншама балалар мен жасөспірімдер оларға бара алмай қалады ғой. Жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу мүддесі клубтарды ұстау проблемасын тиянақты шешуді талап етеді.

— Ал осындай қаптаған клубтарға арналған жетекшілер проблемасын шешу сәті қалай түсуде?

— Бұл да біз үшін тым ауырлау соқты. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық тресі есебінен штаттағы 12 қызметкер бөлінді, олар жергілікті жерлердегі талапкер және қоғамдық ұйымдар жұмысын басқарды. Трестің бұдан көпке «шамасы» келмеді, жүктелімнің қыруар бөлігі қоғамдық негізде жұмыс істеуші адамдарға түсті.

Қазір бізде клубтардың, үйірмелер мен секциялардың 40-тан астам штаттан тыс жетекшісі бар, олардың көпшілігі өз міндеттерін өте жақсы атқаруда. Мәселен, XXII партсъезд атындағы тігін фабрикасынан комсомолец Галина Валитова «Искорка» клубында балл биінің үйірмесін жүргізеді. Мұнда педагогика институтының студенті И. Юсупов музыкалық тәрбиемен айналысады, ал қорғасынды аккумулятор заводының жас маманы В. Рожнев бірден екі үйірмені — суретке түсіру мен акробатика үйірмелерін жүргізеді.

Ал «Факел» клубында Валерий Цекола спорт жөнінен методист Сергей Рубанның жақсы көмекшісі болып табылады. Олар жасөспірімдерді баурай білді — балалар өз күштерімен атлетикалық гимнастика, бокс, дзюдо, дойбы мен шахмат, столда ойнайтын теннис залдары, бассейні, хоккей корты, футбол алаңы бар балалар спорт комплексін жасауға кірісті. Жалғыз энтузиазммен осындай алыптың тұрғызыла қоймайтыны түсінікті. Балаларға мықты жәрдем керек, ондай жәрдем көрсетіледі. Қалалық комсомол комитеті істі бастау тұрғысынан жас архитекторлар арасында таңдаулы жобаға конкурс жариялады.

Мен мұнда әлі де қаншама энтузиастарды, ең алдымен радио спорты үйірмесінің жетекшісі Владимир Митрофанович Беликовты, «Ровесник», «Жұлдыз», «Искорка» клубтарының жетекшілері Талғат Омашевті, Жәмилә Досымбекованы, Светлана Харитоновна Куликованы, сондай-ақ басқа адамдарды атауға тиіспін.

— Жастармен жұмыс істеу үшін үйлердің астыңғы қабаттарын жабдықтау, әрине, көп жағынан лажсыздық қой, бұл, әлбетте, түрлі істермен айналысуға арналған сондай лайықты орын емес. Сіздерде қалада басқадай қандай мүмкіншіліктер пайдаланылуда?

— Сіз, әлбетте, дұрыс ескертіп отырсыз. Демек орындарды интерьерлерінің тартымдылығы тұрғысынан да, жарық беру және желдеткіш орнату тұрғысынан да осылай жабдықтауға болады, денсаулыққа қайсыбір дәрежеде теріс әсер етпейді.

Дегенмен, екінші жағынан, әрине, тамаша мәдениет үйлері мен спорт залдары қаңырап бос тұрған кезде балаларды үйлердің астыңғы қабаттарына шақыру әділетті бола қоймас. Қалалық атқару комитеті де комсомол және кәсіподақ органдарымен бірлесіп, олардың жұмысына өзіндік тексеру жүргізді. Енді спорт ғимараттарының жүктелімі 100 процентке дерлік жетті, ал клубтардың көпшілігі нормалық жүктелімнен асып түсті.

Одан әрі «Қаратал» микроауданын, басқа тұрғын үйлер алқаптарын салу барысында жаңа тұрғын үйлерден орын бөлудеміз, мұның өзі құрылыс нормалары мен ережесіне қайшы келмейді. Екі орталықты — мәдени-ағарту және физкультура мен сауықтыру орталықтарын қала шекарасына енетін Еркін селолық Советінің территориясында ашуды жоспарлаудамыз. Қазір жаңадан жасалып жатқан қалалық мәдениет және демалыс паркінің мүмкіншіліктерін де бөлсенді пайдаланудамыз. Мұнда мүдделілік клубтары мен әуесқойлық бірлестіктеріне арналған орындар жоспарлы түрде жабдықталуда.

— Республикалық семинарда балалар мен жасөспірімдер клубтары тұрғысынан енжар позициялары үшін халыққа білім беру, мәдениет, спорт органдарының, ДОСААФ комитеттерінің атына көптеген реніш айтылғаны есіңізде болар. Бұл тұрғыдан сіздерде не өзгерді?

— Балалар клубтарына, жастар бірлестіктеріне үлкен көмек керектігі даусыз. Біз олардың жұмысына қалалық оқу бөлімі мен спорт комитетін де, ДОСААФ комитетін де, жастармен жұмыс істеуге тиістілердің бәрін тарттық. Әйтпесе ештеңе шықпайды ғой. Тағы бір мәселе. Бізде әр клубтың немесе бірлестіктің кәсіпорындар, мекемелер, мектептер, техникумдар, кәсіптік-техникалық училище-

Digitized by Google

лер, педагогика институты арқылы қамқорлық жасаушылары бар.

Жалпы клубтар мен бірлестіктер статусын көтеруге ұмтылудамыз. Мәселен, қалалық мәдени-спорт комплексі әр сенбіде облыстық газетте олардың жұмыс программасын береді, мұның өзі қаланың жас, сондай-ақ ересек тұрғындарының назарын аударады.

Осы жайлы айта отырып, мен жалпы жайлы көрініс бейнелеу ниетінен аулақпын. Клубтарға басшылық жасау жүйесін тиісінше пысықтау сәті әлі түсе қойған жоқ. Бізде қамқорлық көмек жасауды ауырлық ететін еңбек және оқу коллективтері, комсомол ұйымдары аз емес. Қалалық мекемелердің қызметкерлері жанды істі ұйымдастырушылардан гөрі тексерушілер ролінде болуды көбірек қалайды.

— Соңғы сұрақ. Сіз балалар мен жасөспірімдер клубтарының, жастар бірлестіктерінің ертеңгі күнін қалай елестетесіз?

— Бізді осы мәселе үнемі мазалайды. Біріншіден, клубтарда балалардың шын мәнінде өз қабілеттіктерін дамыта алуы үшін көшенің келеңсіз ықпалынан арылуы керек. Осыдан барып бізде техника мен балеттен дизайн мен киімді пішуге дейінгі түрлі үйірмелер көп-ақ. Сонымен бірге олардың қызметін қоғамдық пайдалы істермен толымды етуге ұмтылып отырмыз. Мұнсыз жас жеткіншекті өмірге даярлау мүмкін емес қой.

Жоғарыда аталғанындай, балалардың өздері үйлерді қайта жабдықтайды, сатуға арналған қарапайым товарлар шығару жөнінен кооперативтер ұйымдастырады, мектеп-интернатты қамқорлыққа алды, онда үйірмелер мен секциялар құрды. «Искорка» аулалық клубы жанынан «Гүл өсіруші әуесқойлар» үйірмесі ашылды. «Зеленстрой» оған гүл өсіруге арналған бөлек учаске бөлді. Клуб тәрбиеленушілері ересектермен бірге балалар алаңдарын, шағын архитектуралық формаларды жабдықтауға кірісті. Рас, біз клуб мүшелерін тұрғын үй қорын сақтап, ағымдағы жөндеуге тартудың пәрменді формаларын әзірше тапқанымыз жоқ, ал бұл қажет-ақ.

Балалар мен жасөспірімдерді еңбекке көбірек тартуға ұмтылып, қалалық атқару комитеті жаңа микроауданда көрме-демонстрация залын ашуды ұйғарды, онда балалардың таңдаулы жұмыстары, олардың пайдалы бастамалары көрсетілетін болады.

Ең бастысы — балаларды орынсыз аялай бермеу, әрқайсысын баурайтын және өзінің күші мен қабілетін көрсетуіне көмектесетін іс табу. Нақ осындай қатынастың арқасында қалада право тәртібін бұзуды көмітудің, 250 жасөспірімді милиция есебінен шығарудың сәті түсті.

Дегенмен мұнда әлі де көп нәрсе жасау керек. Жас адамдардың бәрінде бірдей парасатты бос уақытқа, творчестволық қызметке деген ынта-ықыласын оятудың сәті әлі түскен жоқ. Демек клубтарды ашудың өзі жетімсіз, балалардың әрқайсысымен жеке жұмыс істеу де керек. Қазір қалада «Жастар» программасы талдап жасалуда, онда біздің жас тұрғындарымыздың түрлі топтарының ынта-ықыласы мен сұранымы толығынан ескерілмек.

Біздің бәріміздің клубтар, үйірмелер мен бірлестіктер жетекшілеріне де көбірек көмек көрсетуіміз, жұртшылық олардың ниетін дер кезінде байқау үшін мадақтау формаларын ойластыруымыз керек.

Семьялық мердігерліктегі үй

Павлодар қалалық тұрғын үй басқармасы көп пәтерлі үйлерді семьялық мердігерлікке беру туралы алғашқы шартты жасасты.

1 Май көшесіндегі 40-шы тоғыз қабатты 423 пәтерлі үйде тұратын Воробоктың семьясы мердігерлікке бірінші болып ауысты. Оның еңбекке қабілетті үш мүшесі үйдегі жұмыстың барлық түрін: балташылық, слесарылық, электр жұмыстарын орындауға, баспалдақ алаңдарын, ауланы және сыпырындылар тастайтын жерді жинауға міндеттенді. Семьяның ай сайынғы жалақысы —1.093 сом. Сонымен бірге Воробоктер үш бөлмелі пәтер алды. Олар 10 жыл жұмыс істеу арқылы оны «өтеуге» тиіс.

Арендаторлар өздерінің жаңа міндеттеріне адал ниетпен кірісті. Демек бұл өз нәтижесін берді. Үйдің сыртқы көрінісі де өзгерді, баспалдақ алаңдары да тазарды, аула да дер кезінде жиналады.

Екінші бір семья — Штрицтің семьясына Совет көшесіндегі 205 пәтерлі үй берілді. Жалақысы —570 сом, табысының мөлшері орындалатын жұмысқа байланысты.

Эксперимент өзін ақтады. Оны барлық жерде енгізу тұрғын үй қорын жақсы сақтауға көмектеседі. Семьялық звенолар көрсететін қызметтің сапасы да едәуір жоғары. Демек қазір тағы да бірнеше шарттың әзірленіп жатқаны заңды да.

Х. ҚАРПЫҚОВ.

Digitized by Google

ҒАЛЫМНЫҢ ТАЯҒЫ МЕН ҚАЛАМЫ

Дүниежүзілік даңққа бөленген көрнекті орыс саяхатшылары қатарында Николай Михайлович Пржевальский сияқты соншалықты көп ірі жаңалықтар ашқан адам табыла қоймас. Осы көрнекті адам жай саяхатшы, пайымдаушы ғана емес еді. Ол Орталық Азияның табиғатын тұңғыш зерттеуші болды, таулар мен тау жоталарын, үлкен көлдер мен өзендер бастауларын ғана емес, сондай-ақ жануарлар мен өсімдіктердің жаңа түрлерін де ашты.

Н. М. Пржевальскийдің өмірі мен қызметі Қазақстанмен және Қырғызстанмен тығыз байланысты болды. Ол Жетісуда құпия бейтаныспен — Орталық Азиямен танысу алдында ұмтылмас күндерді, сосын Россияға оралудың қуанышты күндерін өткерді. Ол 1988 жылы Ыстықкөл жағасында қайтыс болды.

«... Мен тоқтап қалмақшы емеспін, — деп жазды Н. М. Пржевальский семейлік досы М. П. Степановқа, — келесі 1875 жылдың соңында өз жазбаларымның екінші томын ғана аяқтаймын, тағы екі жылға Тибетке, бұл жолы Түркістаннан аттанамын...».

Н. М. Пржевальскийдің біздің елкемізбен танысуы осылай басталады. Оның маршрут картасында Петропавл мен Павлодар, Семей мен Өскемен, Зайсан мен Алтынемел, Аягөз бен Верный белгіленген. Ғалым қазақ халқының тұрмысы, әдеті, дәстүрі туралы жарқын, образды жазбалар қалдырды.

Саяхатшы күнделігінің көптеген жолдары Азияға қарай, Зайсан постысының Сауыр тауының солтүстік етегіне қарай орналасқан жер туралы әңгімелейді, мұнда ол емделуге мәжбүр болған еді. Осында, Зайсанда, Пржевальский тамаша адамдармен — жергілікті табиғаттанушы А. С. Хахловпен және ақшы қазақ М. Алдияровпен достасты. Соңғы кісі Орталық Азия арқылы ауыр сапарларда Н. М. Пржевальскийге бірнеше рет еріп жүрді. Дегенмен сол кезде А. Бреммен бірге Зайсанда болған неміс ғалымы О. Финш «М. Алдияров... жабайы түйелер тұрғысынан өз байқауларының бірнеше деректерін хабарлады», — деп атап көрсетеді. Осы деректер лондондық зоология қоғамына берілді және Финштің 1876 жылғы жазбаларында басылды.

Архивтік және әдеби қайнарларды зерттеу Н. М. Пржевальскийдің Алматыда (сол кездегі Верный қаласы) үш рет — 1876, 1885, 1888 жылдарда болғанын анықтауға көмектесті. Атақты географтың алғашқы сапарында жетісулық ат айдаушы Епифан Кошкин оған ілесіп жүрді. Шығысты зерттеуші Н. Н. Пантусов басқаратын Құлжа кеңсесінде болғаннан кейін және шаруашылық мәселелерін шешкен соң Пржевальский қаланы аралап шықты. Николай Михайлович 1888 жылы күнделігіне Верный қаласын жойып жіберген апатты жер сілкінісі туралы жазды.

Төртінші, «Таулы Азияның ішіне қарай» атақты саяхаттан оралғаннан кейін Николай Михайлович пен оның серіктері тағы Верныйда аялдады. Демек сонда Пржевальский қалада ез саяхаты туралы лекция оқыды.

Ұлы географ Қазақстанда болғаны туралы ұмытылмас ескерткіштер де қалдырды. Пржевальскийдің қол таңбасы қойылған кітаптарының сирек ұшырасатын даналары Алматыда А. С. Пушкин атындағы Мемлекеттік көпшілік кітапханасында сақталуда. Пржевальский Жетісуға біржақты ғана көңіл бөлген жоқ. Жергілікті тұрғындар зерттеушіге шамаларынша жәрдемдесті, демек оның жұмысының табысты болуы жүздеген адамдарға: почта-телеграф қызметшілеріне, хабаршыларға, ат айдаушыларға, тілмаштарға тәуелді болды. Құлжа кеңсесі оған Тохтаахун, Алдияров, Юсупов секілді таңдаулы серіктер мен қабілетті тілмаштарды берді. Кейіннен ұлы географ әрі саяхатшының ғылыми мұрасы Верный қаласының музей мен статистика комитетінің, көпшілік кітапханасының қорларында құрметті орын алды.

Ыстықкөлдің жағасында, Пржевальск қаласының төңірегінде Н. М. Пржевальскийдің қабірін, ескерткіштерін, музейін қамтитын мемориалдық комплекс орналасқан. Күнгейдің және Теріскейдің қарлы шыңдарынан ескерткіш сондай зәулім болып көрінеді. Оның суреттерін Бильдерлинг салды, моделін академик Шредер ұсынды, верныйлық архитектор Борисоглебский оны орнатып, көркейтуді жүзеге асырды.

В. ПРОСКУРИН,
өлкетанушы.

31 март — Н. М. Пржевальскийдің туғанына 150 жыл толуына.

Digitized by Google

Республиканың қалалары мен селоларында жұмысшы бақылауы өз жұмысын мейлінше белсенді түрде өрістетуде. Оның міндеттері туралы журналымыздың үшінші санында әңгімеленген еді. Олар товарларды бөлуде, түрмыстық қажетті өтеу, сауда, тамақтандыру, тамақ және ет өнеркәсібі орындарында жұмысты ұйымдастыруда реттілік орнатуға тиіс.

Жарыс көмектесуде

Зырян (Шығыс Қазақстан облысы). Зырян қорғасын комбинаты Греховский руднигі асханасының нашар жұмысына көп шағымдар түсті. Жұмысшы бақылаушылары тексеру күшіне сенбестен, осы асханада оның қызметкерлері мен рудник еңбеккерлерінің бірлескен жиналысын өткізуді ұйғарды. Асхананың әрбір қызметкерінің жұмысын еңбекке қатысу коэффициенті бойынша бағалап, еңбекке ақы төлеуді осыған тәуелді ету керек деген идея сонда көтерілген еді. Жағдай бірден өзгерді. Асханада қызметкерлер арасында жарыс өрістеді, оның нәтижесін жарысқа қатысушылардың бәрі жіті қадағалауда.

Комбинаттың кәсіподақ комитеті мен азық-түлікпен жабдықтау бөлімі кәсіпорын қызметкерлері мен халыққа қызмет көрсетуде реттілікті жолға қою жөнінен жұмыс жүргізудің бірлескен программасын талдап жасады. Кәсіподақ комитеті тапшы товарларды бөлу жөніндегі қам-қаракетті өздеріне алды. Азық-түлікпен жабдықтаушы коллективтердің арендалық мердігерлікке ауысуына да ықпал жасалады.

Кінәлілер жазаланды

Көкшетаудың прибор жасау заводында түрлі кәсіптер адамдары жұмысшы бақылауына тартылған. Мәселен, құрастыру цехының сырлаушысы Игорь Маликов, қойма меңгерушісі Үмітжан Ысқақова, бақылау топтарының біріне жетекшілік ету тапсырылған қалыптаушы В. Зуб осы тапсырманы зор жауапкершілікпен орындайды.

Жұмысшы бақылаушылары бұрынғы тексерулерге қайта оралуды әдетке айналдырды. Мәселен, «Береке» магазині бірнеше рет тексерілді, демек әр ретте жасырып қалған товарлар табылды. Магазинде қырсыздық пен берекетсіздік белең алған. В. Зуб осының бәрі жөнінде облыстық «Степной маяк» газетінде әңгімеледі.

Қалалық азық-түлік саудасының директоры А. Седюк сатып алушыларды алдағаны және товарларды жасырып қойғаны үшін № 25 магазиннің сатушысы К. Сембаеваның жұмыстан шығарылғаны, сатушы Н. Марцинкеевичке сыйлық берілмейтіні, магазин меңгерушісі М. Петровaға сөгіс жарияланғаны туралы газеттің осы номерінде облыстық кәсіподақ комитетінің баспасөз орталығына хабарлайды.



ТАЛДЫҚОРҒАН ОБЛЫСЫ. Облыс қалалары мен селоларында жұмысшы бақылауының мыңнан астам тобы белсенді жұмыс істейді

СУРЕТТЕ: «Талдыкурганремводстрой» тресі қоғамдық бақылау тобының мүшесі Т. Писаревская мен облыстық атқару комитеті ішкі істер басқармасының социалистік меншікті талан-таражға салумен күрес бөлімінің қызметкерлері — капитан Е. Наурызбаев пен милицияның аға лейтенанты А. Мыңғатов рейд барысында қаланың №6 магазинінің сөрелері астынан табылған көптеп сұралатын товарлар жанында тұр.

Суретті түсірген М. ҚАБЫЛОВ (Қаз ТАГ).

300 тексеру

Семей. Бесқарағай ауданының жұмысшы бақылаушылары үш жүзден астам тексеру жүргізді. Олардың нәтижелері аудандық радио хабар, қабырға газеттері, сондай-ақ магазиндерге ілінетін бюллетеньдер арқылы кеңінен жария етіледі. Бұл совет саудасының ережесін бұзушылар төңірегінде қоғамдық пікір туғызуға көмектеседі, ал кемшіліктер көптеп анықталуда. Мәселен, мебель магазинінде жасырып қалған сепаратор, түрлі-түсті телевизор, кілем төсеніш. Буконь селосының магазинінде — фактурасы жоқ үш жәшік шай табылды. Уақытымыз жоқ деп, сылтауратып, тексеруден жалтаратын қайсыбір сауда қызметкерлері тарапынан кездесетін қарсылықтарды да жеңуге тура келді.

Digitized by Google

САЯХАТ ЖАСАУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

Құрметті редакция! Сіздер журналдың биылғы бірінші санында республикалық туризм және экскурсия жөніндегі совет ұсынған жаңа маршруттар туралы әңгімелеген едіңіздер. Басқа туристік ұйымдар — халықаралық жастар туризмінің «Спутник», «Интурист» бюроларының жоспарлары туралы оқығанымыздың артықшылығы болмас еді, оның үстіне жаз да жақындап қалды ғой.

А. ЫСҚАҚОВ.

Жамбыл қаласы.

Мұндай информация қалың оқырмандар қауымының назарын аударады деп ойлаймыз, демек бүгін біз Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің халықаралық жастар туризмі «Спутник» бюросының председателі Валерьян КОВАЛЕРОВҚА сөз береміз.

Ең алдымен «Спутник» бюросының қызмет ауқымы туралы мағлұмат берейік.

Жыл сайын 4 миллион жігіт пен қыз (Қазақстанда 250 мыңнан астам) туристік сапарларға, экскурсиялар мен жорықтарға шығады. Олардың 60 процентін мектептер мен кәсіптік-техникалық училищелер оқушылары, ал үштен бірін жұмыс істейтін жастар және шамамен алты процентін жоғары оқу орындарының студенттері мен техникумдардың оқушылары құрайды.

Соңғы бес жылда 22 мыңнан астам қазақстандық халықаралық туристік орталықтарға жіберілді. Өз кезегінде бес мыңға жуық шетелдік турист Алматыда, Жамбылда, Шымкентте болып қайтты.

Алматыда, Владивостокте, Днепропетровскіде, Красногорск-Шушенскіде, Ленинградта, Ульяновскіде, Минскіде жұмыс істейтін Бүкілодақтық туристік патриоттық клубтар совет жастарында зор мүдделілік туғызады. Оларға қоса республикалық және облыстық клубтар жұмыс істейді. Олардың саны үнемі өсіп келеді. Өткен жылы, мәселен, Москвада клуб ашылды, кәсіптік-техникалық училищелер оқушыларына арналған клуб Свердловскіде, творчестволық педагогика клубтары Донецкіде, Одессада және Тбилисиде ашылды.

Оқудың туристік-экскурсиялық программаларына өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына, жоғары оқу орындарына, мектептерге, музейлерге бару, соғыс және еңбек қаһармандарымен, комсомол ардагерлерімен және өндіріс озаттарымен кездесулер енеді.

«Спутниктің» Қара теңіз және Ақ теңіз бойынша, Волга, Амур, Днепр, Ертіс, Кама, Обь, Енисей өзендерімен, Ладога және Онега, Байкал көлдері бойынша жасалатын теңіз және өзен круиздері аса танымал болып алды.

Семьялық демалысты, соның ішінде ата-аналардың балаларымен демалысын дамытудамыз. Олар үшін Днепр және Қара теңіз бойынша екі апталық круиз жасау қарастырылған. Бір-екі-үш орынды каюталары, барлық жағдайлары бар, конденционерлермен жабдықталған жоғары класты «Николай Добролюбов», «Советская Россия», «Генерал Ватутин» кемелері демалушыларға қызмет көрсетеді. Оларда ресторандар, видеобарлар, оқу салондары, кинозалдар, музыкалық салондар, медициналық пункттер, солярийлер жұмыс істейді.

СССР бойынша саяхат жасайтын туристердің қарауына жастардың осы заманғы 19 туристік орталығы, қонақ үйлері мен лагерьлері берілген. Қазақстаннан жыл сайын 5 мыңға жуық жігіт пен қыз «Спутниктің» жолдамасымен жастардың туристік орталықтарына барады.

«Достық» поезымен СССР қалаларына саяхат жасайтын жастар туризмі одан әрі дамытылды. Соңғы бес жылда осындай 80-нен астам поезд ұйымдастырылды.

«Спутник» бюросы жорықтардың белсенді тәсілдерін қолдану арқылы жасалатын туризмді дамытуда алғашқы қадамдарын жасауда. Осындай формалардың бірі — демалыс күнгі маршруттарға қызмет ету. Мәселен, Талдықорған облыстық комсомол комитетінің «Спутник» бюросы «Ащыбұлақ» шаңғы базасына бұқаралық жорықтар ұйымдастырды. Көкшетау, Солтүстік Қазақстан және Целиноград облыстық комсомол комитеттерінің «Спутник» бюролары «Балықшы», «Қозықұйрық жинаушы», «Концерт» маршруттарына үнемі қызмет етеді. Олардың атауларының өздері-ақ осы сапарлардың мақсатын аңғартады. Ақтөбе облыстық комсомол комитетінің «Спутник» бюросы жастарды Сазды мен Қарғалы су қоймаларына екі күндік саяхат жасауға шақырады. Көкшетаулықтарға «Бурабай» курорт аймағында демалу

Digitized by Google

ұсынылады. Ал Орал облыстық комсомол комитетінің Чапаев дивизиясының қаһармандық ұрыстар жасаған жерлері бойынша қайықпен саяхат жасау маршруты әр адамды баурайды. Шығыс Қазақстан облыстық комсомол комитетінің «Спутник» бюросы ұсынатын катермен серуен жасау, дискотека мен кешкі шаралар да тартымды.

ВЛКСМ XX съезі жастар туризмін барынша тақырыпты, белгілі бір бағытта жасауды ұсынды, демек біз осындай жұмысты жүргізудеміз. Алматы, Көкшетау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шымкент облыстық комсомол комитеттерінің, халықаралық жастар туризмінің «Спутник» бюросы үстіміздегі жылдың өзінде-ақ озық өнеркәсіп орындарының,мердігерлік, арендалық және семьялық комсомол-жастар коллективтерінің, «Жастар модасы» фирмалық магазиндерінің жұмыс тәжірибесімен таныстыру үшін алғашқы топтарды қабылдайды. Туристер Алматы, Жамбыл және Қарағанды облыстарында жастардың тұрғын үй комплексіндегі құрылыстарды ұйымдастыруды үйрене алады.

Қарағанды, Қостанай, Талдықорған, облыстарында «Спутник» бюролары жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру және спорт жұмыстарын ұйымдастыру мен таныстыру мақсатымен ДОСААФ клубтарына баруды, тұрғылықты жер бойынша физкультура-спорт секциялары мен үйірмелері жұмыстарының тәжірибесімен таныстыруды программаға енгізуде. Бірқатар бюролар мектеп заводтарының, шаруашылық есептегі мектеп кооперативтерінің, игі қызметтің, пионерлер бюросының, шеберханалардың, мектептердің және басқалардың тәжірибесімен танысуды программаларда ұсынды.

Халықаралық жастар туризмінің алмасу ауқымы кеңейіп келеді. Егер біздің туристеріміз 1982 жылы дүние жүзінің 30 елінде болса, енді Қазақстан жастары 40-қа жуық елдерге бара алады. Жас қазақстандықтар алғаш рет өткен жылы Малайзияға, АҚШ-қа, Сингапурға, Тунискe және Канар аралдарына сапарға шықты. Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті көп ұлтты өнерімізді насихаттау мақсатында Халықаралық жастар туризмінің «Спутник» бюросы тарапынан 20-дан астам талапкер көркемөнерпаздар коллективін шетелге жіберді, олар Герман Демократиялық Республикасында, Болгарияда, Румынияда, Венгрияда, Чехословакияда, Монғолияда, Югославияда және Испанияда өз өнерлерін көрсетті. Қостанай облысынан «Шертер» ансамблі Жапония, Филиппин, Корей Халық-Демократиялық Республикасы, Вьетнам тұрғындарын қазақ халқының төл өнерімен таныстырды. Алматы консерваториясының «Мұрагер» фольклорлық музыка ансамблі Алжирде, Конгода, Анголада, Бенинде, Ганада, Гвинеяда концерттер қойды.

Мамандандырылған туристік топтар шетелге жүйелі жіберіліп тұрады. Олардың құрамында студенттердің құрылыс отрядтарының жауынгерлері, жас механизаторлар, мелиораторлар, күріш өсірушілер мен авиаторлар, кәсіптік-техникалық училищелер оқушылары, пионерлер мен мектеп оқушылары шығып тұрады. Қазірде мамандандырылған топтар: педагогтар— Чехословак Социалистік Республикасына, спортшылар, машина жасаушылар, металлургтер және басқалар — Герман Демократиялық Республикасына сапар жасауға әзірленуде. Біз 1989 жылы барлығы жеті мыңнан астам туристі шетелге жібереміз.

Өткен жылы біз Алматыда 2 мыңнан астам шетелдік туристі қабылдадық, биыл да қонақтар қабылдауды жоспарлаудамыз.

Қазір біз туристік топтарды алмасу туралы Қытай Халық Республикасы мен АҚШ-тағы туристік ұйымдарымен келіссөз жүргізудеміз.

«Арай» — әуесқойлар клубы

Көкшетаулық балалардың көркемсурет мектебінің вестибюлі осы көрмені өткізу үшін тарлық етті. Тағы бірнеше класс бөлмелерін алуға тура келді. Әуесқой суретшілердің «Арай» клубы өте кең экспозицияны, әртүрлі жанрдағы жүзден астам жұмысты көрмеге қойды.

Биыл клубқа бес жыл толды. Онда өнерге әуес жұмысшылар, мұғалімдер, инженерлер, финанс қызметкерлері, дәрігерлер... біріккен. Олар өндірістік шеберханалар суретшілерімен кездеседі, кітапханада арнаулы әдебиетпен жұмыс істейді, теориялық және практикалық сабақтар өткізеді, конкурстар ұйымдастырады, студенттермен, училище және мектеп оқушыларымен, жұмысшылармен жиі араласады.

«Арайдың» достары көбейіп келеді. Мәселен, клуб мүшелері Н. Котова мен А. Воловик жасөспірімдердің аулалық клубтары жанындағы балалар студияларына жетекшілік етеді, мектептердің бейнелеу өнері студияларымен байланысы бар. Сондықтан да адамдар көп келген осы вернисажда сондай көңілді болды.

В. ТОКАРЕНКО,
«Арай» клубының председателі.
Көкшетау қаласы.

Digitized by Google

«ЖАЗУШЫ»

Оқырмандарды республикалық кітап баспаларымен таныстыруды жалғастыра отырып, «Жазушы» баспасының директоры Қалдарбек НАЙМАНБАЕВҚА сөз береміз.

Әуелі біздің баспамыз көркем әдебиеттер шығарумен айналысатынын айту керек. Бертінге дейін әдебиеттер қазақ, орыс, ұйғыр, корей тілдерінде шығып келді, ал үстіміздегі жылдан сондай-ақ неміс тілінде кітаптар шығаруды бастадық. Сөйтіп «Жазушы» баспасы енді көп ұлтты қазақстандық әдебиеттер шығаруды қамтамасыз ете алады.

Биылғы жаңа әдебиеттер туралы әңгімені, әлбетте, екі жинақтан бастаған орынды болар. Осы екі кітап оқушылардың көңілінен шығады деп ойлаймыз. Алғашқысы «Жыл жаңалығы» деп аталады. Бұған өткен жылы мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған және республикадағы қайта құруға арналған повестер, әңгімелер, естеліктер, публицистикалық мақалалар негізгі арқау болмақ. Екіншісі «Мұшайра» деп аталады. Аты айтып тұрғандай, ақындар айтысы.

Сондай-ақ Олжас Сүлейменов өлеңдерінің бір томдығын да атауға болады. Аударма кітаптарды атағанда алдымен тілге тиек болатын Ю. Бондаревтің «Қалау» романы мен В. Распутиннің «Өрт» повесі. Қайта басылымдарға келетін болсақ, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын қазақ тілінде, Ілияс Есенберлиннің «Алтын Орда» романын орыс тілінде көп тиражбен шығарғалы отырмыз.

Таңдамалы туындыларын ұсынатын авторларды атасақ, Қалтай Мұхамеджановтың бір томы, Әнуар Әлімжановтың үш томы, Қабдеш Жұмаділов пен Әбіш Кекілбаевтың екі томдықтары шығады.

Қазақ поэзиясындағы өзгерістер де елеулі. Қадыр Мырзалиевтің үш томдығы жыр сүйер жұртқа жақсы жоралғы болатыны даусыз. Оған Ұлықбек Есдәулетовтың, Ысырайыл Сапарбаевтың, Шөмішбай Сариевтің жаңа жинақтарын қоссақ, жыр көші ұзара түседі. Арамыздан ерте кеткен Мұқағали Мақатаевтың «Жүрекжарды» жинағы мен Төлеген Айбергеновтің «Бір тойым бар» деп аталатын кітабына қалың жұртшылықтың ерекше ықылас қоятыны күмәнсіз. Жаңа прозалық шығармалар, өкінішке қарай, онша көп емес. Бүгінде баспа портфелінде небары төрт роман — Қалихан Ысқақовтың, Бексұлтан Нұржекеевтің, Тынымбай Нұрмағанбетовтің, Смағұл Елубаевтің романдары бар.

Белгілі орыс жазушылары Галина Черноголовинаның, Леонид Кривощековтың, Юрий Рожицынның, Алексей Брагиннің биыл баспадан шығатын кітаптарының өз оқырманын тез табатынына шүбәміз жоқ. Шығармалары орыс тілінде шығатын авторлардың ішінде Әкім Тарази, Софы Сматаев, Оразбек Сәрсенбаев, Молдахмет Қаназовтар бар.

Неміс тілінде жазатын қазақстандық жазушылар мен ақындар кітаптары басуға әзірленуде. Бұлар — Г. Генктің «Бал мерекесі» повесі, В. Гейнцтің «Әке шаңырағы» әңгімелері, Н. Пфейфердің «Сенсіз және сенімен бірге» өлеңдер жинағы және басқалар.

Ұйғыр тілінде кітаптар шығару ұлғайтылуда. Мұнда жылына екі рет альманах ретінде шығатын «Парваз» жинағы туралы айту керек. Ұйғыр жвзушылары З. Самадидің, І. Бахниязовтың кітаптары шығады.

Үстіміздегі жылы корей тілінде үш кітап шығарамыз. Олар — «Уақыт көркі» дейтін жинақ, Пак Ирдің «Корей-совет әдебиеті тарихының очерктері», Ли Диннің «Жылжүзік» кітабы.

Ендігі бір үлкен әңгіме — фольклор төңірегінде. Бұл — баспаның талай жылдан бері ерекше ден қойып келе жатқан шаруасы. Осыдан үш-төрт жыл бұрын «Бес ғасыр жырлайды» дейтін үш кітап шыққаны адамдардың көпшілігінің естерінде болар. Сол үш том жарық көрген бойда қолдан-қолға тимей тарап кетті. Кезінде ала алмай қалғандар осы күнге дейін баспаға хат жазады. Жұртшылықтың талап-тілегін ескеріп, баяғы үш кітапты екі томға сыйғызып, биыл қайта шығарудың қамындамыз. Келешекте осы басылымдар бес кітап болады, сонымен бірге төртінші және бесінші томға қазақ халқының батырлар жыры енеді.

«Асыл мұра» сериясынан XVII ғасырдағы көрнекті қазақ ақыны Дулат-жырау жырларымен таныстыратын «Дәуір ырғақтары» деп аталатын кітап жақында шығады.

Қазіргі баспа жұмысында бір ерекшелік бар. Ол — тақырыптық жоспардан тыс кітап шығару мүмкіндігі, соның арқасында жылдық тақырыптық жоспардан тыс онға жуық қызықты кітап оқушы жұртшылықтың қолына тиетіні сөзсіз. Ол кітаптардың тиражын да қолымыздан келгенше көбейтуге күш салатынымыз өзінен түсінікті. Осы дүниелердің ішінде көп жыл ұмыт болған Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Жүсіпбек Аймауытовтың таңдамалы шығармалары бар.

Мұнда шығару жоспарланған кітаптардың тек оннан бірін ғана айттық. Біздің баспа коллективімізді көп ойландыратын проблемаларға тоқталғым келеді. Бүгінгі күннің көкейкесті проблемаларын қозғайтын шығармалардың тапшылығын сезінудеміз. Әрине, қазіргі қайта құру кезеңін тереңнен толғап, үлкен дүние жазу үшін уақыт керек. Сонда бүгінде орталық газет-журналдарда жарық көріп жатқан жүрекжарды публицистика сияқты шығармалар қайда? Бар болса, бірлі-жарым ғана.

Ашығын айтайын, біз қажетсініп отырған қолжазбаны әкелген жазушының кітабын әрі кетсе жеті-сегіз айда шығарып берер едік.

Digitized by Google

БЕТБҰРЫС

Қайта құру Шығыс пен Батыс арасындағы өзара тиімді экономикалық қатынастарға арналған мүмкіншіліктерді қыруар ұлғайтуда. Телетайп лентасынан берілген жаңа хабарлар осындай көзқарасты қуаттайды.

Италия Министрлер Советі председателінің орынбасары Джанни де Микелис Нью-Йоркте өткен «Социалистік дүниедегі өзгеріске Батыстың қалай үн қатуы керек» деген конференция барысында атап көрсеткеніндей, СССР сыртқы саясатта ғана емес, сондай-ақ дүниежүзілік экономикалық қатынастарда да инициативаны ұстап отыр. Экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі аралас совет-италиялық комиссияның бертіндегі мәжілісінде түбегейлі де батыл реформалар жолына түрған нақ СССР жаңа дүние жүзілік экономикалық реттілікті жасауда шешуші роль атқара алады деп аталды. Мәжіліс барысында Италияның сыртқы сауда министрі Р. Руджиеро ел үкіметінің 1989 жылғы январьдан Совет Одағынан импортта өнімдердің 60-тан астам түрін шектеуді біртіндеп жою туралы шешімін хабарлады.

Шығыс — Батыс саудасын кемсітушілік, шектеушілік, орынсыз таможнялық салық шырмауынан азат ету, ынтымақтастықтың түрлі формаларын дамыту жөніндегі нақты қадамдар сыртқы экономикалық байланысқа қатысушылардың бәрінің мүддесіне жауап береді. Советтік серіктестермен ертеден-ақ іскер қатынастар жасаушы елдер бұған практикада иланды.

Совет Одағы экономикасының өсуі СССР мен Финляндияның өзара тиімді байланысын тереңдетуге ықпал жасады, бұл, өз тарапынан, фин фирмаларының бәсекелестік қабілетін арттырды, батыс европалық елдердің рыноктарында, сондай-ақ Финляндияның ішкі рыногында олардың қызметін ұлғайтуға арналған мүмкіншіліктер жасады, деп есептейді фин экономисі Сеппо Ремес. Ол жүргізілген зерттеу негізінде мынадай тұжырым жасайды: ең алдымен сауда байланысын дамыту, екі ел арасындағы жақсы саяси қатынастардың болуы арқасында фирманың, ішінара алғанда, Турку-Пори губерниясының жағдайы жақсарды, бұл да клирингтік есеп айыру жүйесін пайдалану нәтижесі болып табылады.

Әрине, деп атап көрсетеді фин маманы, екіжақты саудада шешілмеген проблемалар да баршылық. Біздің солтүстік көршіміздің кәсіпкер топтарының кәсіпорындардың экспорттық өнім беру жоспарларына енгізілмеген советтік тауарларды сатып алу барысында туындайтын қиындықтар алаңдатады, өнімнің сапасы, басалқы бөлшектермен қамтамасыз ету, қызмет көрсету дәрежесі әрдайым қанағаттандыра бермейді. Фирмалар фин және совет кәсіпорындары арасындағы тікелей қатынасты ұлғайтудан осы проблемалардың шешімін көреді. Оның үстіне олар советтік мамандардың Батыстың рынок шаруашылығында жақсы бағдар ұстай алуы үшін оларды менеджмент өнеріне үйретуді ұйымдастыруға әзір екендіктерін білдіруде.

Батыстың бұқаралық информация құралдары Совет Одағымен экономикалық қатынастарды орнықтыру саласында батыс елдері арасында өткір коммерциялық бәсекенің туындау мүмкіншілігін жоққа шығармайды. Демек Англияның «Индепендент» газеті Франциядағы өз тілшісінің мақаласын берді, онда Франция өзінің шығыс саясатында, ішінара алғанда, технологиялық ынтымақтасты дамытуға баса көңіл бөлетіні аталады. Францияның СССР-мен, басқа социалистік елдермен жасасып жатқан технологиялық келісімдері Лондон мен Боннда жасалып жатқан келісімдерден артта қалу фактісі Парижде еленбей қалған жоқ. Газет пікірі бойынша, бәсекелестері ығыстырып жібермеуі үшін Францияның күш-жігерді күшейте түскені жөн еді.

Американдық экспортерлер мен импортерлер ассоциациясының президенті Юджин Милоштың американдық «Джорнэл оф коммерс» газетінде жарияланған мақаласында да коммерциялық бәсекелестік тақырыбы сөз болады. «Келешектің рыноктарына айналып жатқан рыноктарға қаржы жұмсауға тәуекел еткен аса жігерлі коорпорациялардың басқаларға қарағанда пайдалы болуы мүмкін» екені онда тура айтылады.

«Болашақтың рыногымен» іскер байланысы бар компаниялардың көпшілігі мұны сүбелі коммерциялық капиталы ретінде қарап, осы фактіні жарнама қызметінде пайдалануда. Батыстық бірқатар фирмалардың жарнамалық хабар-

Digitized by Google

ландыруларында соңғы кезде олардың советтік әріптестермен жұмыс тәжірибесі туралы арнаулы информацияның пайда болуы кездейсоқтық емес. «Біз неліктен американдық фирмалардан бірінші болып СССР-де бірлескен кәсіпорын құрдық», делінген «Комбасчен Инжиниринг» компаниясының жарнамасында. «Біз Шығыс пен Батыс арасындағы сауданы қаржыландыруда ешкімге ығыспаймыз», деп хабарлайды Австрияның «Кредитанштальт» банкі ықтимал клиенттеріне.

М. С. Горбачевтің Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас ассамблеясының сессиясында сөз сөйлеуі халықаралық валюта рыногында доллар курсының дереу секіріс жасауына жеткізді. Англияның «Таймс» газетінің пікірі бойынша, кәсіпкер дүниенің мұндай үн қатуы Совет Одағының қару-жарақтың кәдуілгі түрлерін көптеп қысқартуына сәйкес АҚШ осындай ниетпен үн қатады деген үміттен туындаған. Ал бұл, өз тарапынан, американдық әскери бюджетті қысқартуға және тұтасынан бюджеттік шығынды қыруар үнемдеуге бастайды. Доллардың құнын нығайту тиімділігі қысқа мерзімді болғанымен, факті факті күйінде қалуда: әлем тайталастан екі жаққа тиімді өзара қимыл-әрекетке нақты бетбұрыс жасауға дайын. Осы бетбұрысқа 1989 жылы сеніммен енуде.

Т. ДМИТРИЕВА.
(«Экономическая газета», № 1, 1989)

ДОСТАР ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Біздің кезімізде қайталама шикізатты ұқсатып, қалдықтарды іске жарату деңгейі материалдық және шикізат ресурстарына деген ұқыпты қатынастың көрінісіне айналды. Бұл тұрғыдан Чехословак Социалистік Республикасында біршама тәуір нәтижелерге қол жеткізуде. Мәселен, металл сынықтарының 30 проценті халық шаруашылығы айналымына тартылады. Өткен жылы 450 мың тонна ескі қағаз ұқсатылды. Мұның өзі 4,5 мың гектар орманның кесілуден сақталуын бейнелейді. Сондай-ақ сынған шынының тең жартысы іске жаратылады, сөйтіп жаңа шыны ыдыс балқыту үшін қажетті шикізатты, электр энергиясын үнемдеуге көмектеседі. Шөлмектерді қабылдаудың тиянақты жолға қойылғаны туралы айтпағанның өзінде, Прагада сынған және стандартсыз шыны ыдыстарды жинау жақсы жолға қойылған. Барлық магазиндер жанында дерлік, әрбір микроауданда сынған шыны салынатын қызғылт түсті контейнерлер қойылған. Әр контейнердің өз «орны» бар, шынының тапсырудан түскен табыс аудандық ұлттық комитетке беріледі. Осы қаржы көркейту жөніндегі жұмысты қаржыландырудың қосымша қайнары қызметін атқарады.

Ал Острава қаласында оқушыларды ескі қағазды жинауға тартатын жақалық біраздан бері табысты қолданылуда. Онда екі килограмм ескі қағаз үшін киноға билет алуға болады. Жаңа финанстық артықшылықтар өнеркәсіпте де тиімді қолданылды, сөйтіп шаруашылық қызметкерлерін қалдыққа жақсы әрі ұқыпты қарауға мәжбүр етеді.

Прага қаласы.

БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫН ҚҰРЫЛДЫ

Бертінде бірлескен совет-американ жаңа кәсіпорны құрылды. Оның басты мақсаты — АҚШ пен Европа арасындағы тасымалды жүзеге асырып отырған Аэрофлоттың, дүние жүзінің басқа да жетекші авиакомпанияларының халықаралық және ішкі линияларында жолаушыларға қызмет көрсетуді жақсарту.

Аэрофлот пен «Мариотт» корпорациясы арасында келісім бойынша бірлескен жаңа «Аэромар» компаниясы құрылды, компания авиалайнерлерге арналған тамақ өнімдерін әзірлеумен және ыдыстарға салумен шұғылданатын болады. 1989 жылы жазға салым Шереметьево-1 аэропортындағы Аэрофлоттың «басты кухнясы» — борттық тамақтандыру цехын түбірімен жаңғырту жоспарлануда. Сонымен қатар «Хантс-мэн кемикл» компаниясы «Аэромар» фирмасымен жаңа кәсіпорынды самолеттің бортында тамақтандыруға арналған пластикалық контейнерлермен және басқа да қажетті заттармен жабдықтау жөнінде келісім жасады. Келісімнің екеуі де 30 жылға есептелген.

Digitized by Google

ӨСКЕМЕННІҢ ЭТНОГРАФИЯ МУЗЕЙІ

Оның құрылу тарихының өзі өзгешелеу. Жетпісінші жылдардың соңында Өскеменнен алпыс километрдей жерде орналасқан Бушаково селосының мектебінде тарих мүйісі пайда болды. Мұғалім Николай Алексеевич Зайцевтің жетекшілігімен балалардың өздері оны безендірді. Ол туған елке, осында тұратын халықтардың тарихы мен мәдениеті туралы материалдарды, тұрмыстық заттарды, ұлттық көне киімдерді жинай отырып, өздерінің мектеп музейін ашу идеясына қыздар мен ұлдарды тартты. «Мүйіс» толығып, ұзамай мектеп үйінің жеке бір бөлмесіне ие болды.

Жоғары кластар оқушылары жазғы каникул кезінде өздерінің мұғалімімен бірге Алтай селоларына жорыққа шығып тұрды, демек әр ретте сол жақтардан қызықты заттарды әкелетін. Сондай-ақ кейде ол көп жинал-ғандықтан көлікпен және жүк машиналарымен тасып жеткізуге тура келетін. Іле жинал-ған қазыналар мектеп класына сыймай, оны ашық аспан астына қоюға тура келді. Бұл адамдарды алаңдатпай қоймады, сейтіп, музей тағдырын шешуге селоның қоғамдық ұйымдары араласты. Селолық Совет шағын үй бөліп берді, оған жинал-ған заттардың бәрі жүйелі реттеліп, тіпті ғасырлар, жылдар бойынша, орналастырылды. Облыстық музей филиалы статусына ие болған осы музей-үйде Кенді Алтайдың XVIII—XIX ғасырлардағы декоративті-қолданбалы өнерінің 800-ге жуық экспонаты жинақталды.

Сексенінші жылдардың басында музей экспозицияларының кебейгені соншалық, ол облыс орталығына көшіріліп, мемлекеттік этнография музейі деп аталды. Бүгінде оның қорында өткен ғасырдың соңы мен үстіміздегі ғасырдың басындағы қазақ және орыс мәдениетінің сырын ашатын 20 мыңнан астам экспонат бар. Шаруа қонақ үйінің экспозициясы келушілердің назарын аударады, ол жаңадан табылған заттармен үнемі толығуда. Олардың көпшілігі, әрине, ескірген: сынған, тіпті үрлеп қалсаң үгіліп кететін сияқты. Алайда олар музейде тәжірибелі шебер-реставратор Филипп Гаврилович Черепановтың қолына түседі, ол оларға жаңа өмір береді.

Залдарда өткен ғасырдағы қазақтың киіз үйі мен орыс үйлерінің жасаулары, үй тұрмысындағы заттары, ас үйлік аспаптар қойылған. Өте тән нәрсе мынадай: орыстың қолөнер бұйымдарында — кестесінде, тоқылған кілемдерінде, шілтерлерінде қазақ оюларының элементтері, ал қазақ бұйымдарында орыс фольклорына тән өрнектер мен тоқулар бар. Осындай үйлесімді қабысулар қатар өмір сүріп, жұмыс істеген, әсемдікті жасаған халықтардың өжелгі достығының айғағы болып табылады.

Музей қызметкерлері оның ұдайы директоры Н. А. Зайцевтің басшылығымен үлкен ұйымдық жұмыс жүргізуде. Тарихқа қызығушылық білдірушілерге музей есігі әр уақытта да ашық. Мұнда суретшілер, композиторлар өз істерімен айналысады, жастар келеді. Музей қызметкерлері халықтық сериндер, халық музыкасының фестивальдерін, «Ісмерлер» байқауын ұйымдастырады, өнершілік творчествосын насихаттайды.

Музейде жыл сайын төрт мыңнан астам экскурсия өткізіледі және 400-ден астам лекция оқылады. Өткен жылы облыстың көптеген селоларында 18 көрме өткізілді. Музей жанынан балалардың «Лапушки» фольклорлық коллективі құрылды.

Музей көрмелері Ливади сарайында және Риганың этнография музейінде көрсетілді, сондай-ақ олармен Армения, Грузия, Эстония көермендері танысты.

Музейдің даму перспективасы да қызықты. Таяу арада Ертістің солжақ жағалауында ашық аспан астында оның филиалы — халықтың сәулет өнерінің музейі бой көтерді. Мұнда көшпелі қазақ ауылы, шіркеуі және таможнясы бар XVIII ғасырдың соңындағы казак қоныстары, ескі ғұрыпшылар үйлері — барлығы 20-дан астам құрылыс орналасады.

Бұл жоспарлар. Алайда мемлекеттік этнография музейі қазірдің өзінде-ақ Алматы, Новосибирск, Ленинград, Москва ғалымдарының, қаптаған туристердің назарын өзіне аударуда. Музейге келіңіздер. Адресі: 492034, Өскемен қаласы, Урицкий көшесі, 67.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39

Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84
63-27-74,
63-27-56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: С. А. ДӘРМЕНБАЕВ, Н. И. ЛАРИН, А. МӘУТЕНБАЕВ, К. М. СҰЛЕЙМЕНОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.

Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,

Сдано в набор 14.02.89 г. Подписано к печати 28.02.89. УГ 030066 Формат 70x108¹/₁₆. Печать офсетная. Усл. печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8 Тираж 54094 экз. (каз. изд. 27680 экз.. рус. изд. 26424 экз.). Заказ 114. Цена 15 коп.

ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.


Digitized by Google






● Шығыс Қазақстан облыстық этнография музейіне кіре беріс сондай көрікті.

● Жаңа экспонаттарды (солдан оңға қарай) экскурсовод З. Зару, музей директоры Н. Зайцев, аға ғылыми қызметкер Л. Семенова және этнография бөлімінің меңгерушісі Н. Зыкова қабылдауда.
● «Орыс ауласының» экспозициясы.
● «Қазақ киіз үйінің» экспозициясы.
● Музей қызметкерлері — экскурсовод Г. Остроушко (сол жақта) мен кіші ғылыми қызметкер С. Нечитайло.







Суреттерді түсіргендер И. БУДНЕВИЧ пен В. ВОРОТНИКОВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын

Индекс 75328




«Плакат» баспасы

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ



СОЦИАЛИЗМГЕ АПАРАТЫН...
ДЕМОКРАТИЗМНЕН ӨЗГЕ ЖОЛ ЖОҚ
В. И. Ленин.

1989 7

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



ТАЛДЫҚОРҒАН ОБЛЫСЫ. Крупская атындағы колхоздың Штиценбрехерлер семьясы арендаға алған товарлы-сүт фермасы Талдықорған ауданында ең арзан сүт өндіреді. Ол қызмет істеуші адамдарды екі есе дерлік қысқартып, трактористі, малшы, слесарь-баптаушы жұмыстарын өздері атқарады. Арендаторлар жұмысты дәлме-дәлдікте ұйымдастырып, шығынды қысқартты, бір литр сүттің өзіндік құнын 18 тиынға жеткізді. Жетісудың таңдаулы сауыншысы Владимир Штиценбрехер семьялық фермаға жетекшілік етеді. Сіздер оны суреттен көріп отырсыздар.

Суретті түсірген М. ҚАБЫЛОВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕРІ!

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ

7 • 1989
АПРЕЛЬ.

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Қоғамымыз сапасы терең өзгерістерді бастан өткізіп отыр. Қайта құру күш алып келеді, өзінің жеке потенциалын еселей түсуде, ол қазірде-ақ өзін көрсетіп отыр және совет қоғамының әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуына барған сайын елеулі ықпал жасайтыны сөзсіз.

Жаңару процесі экономикалық және саяси реформаларды етене қосып алды, ал қазір аграрлық қатынастар реформасын да қамтуда.

Біздің алдымызда тұрған міндеттер шын мәнінде орасан зор. Оларды шешу бүкіл партияның, бүкіл халықтың зор күш-жігер жұмсауын талап етеді. Алда отуімізге тура келетін әлі де талай асулар тұр.

Партия саналы түрде өз мойнына алған қиын жұмысқа бәріміз әзір болуымыз керек. Орта жолда тоқтап қалмайық, өмірге реалистік тұрғыдан, адал және тура қарайық — қазір бізге керегі міне осы.

Ал ең бастысы — әрбір қадамымызды ұлы халқымыздың мүдделерімен, социализмінің мүдделерімен салыстыра отырып, қажымай-талмай алға баса берейік.

«КПСС-тің қазіргі жағдайдағы аграрлық саясаты туралы» КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің 1989 жылғы 15 мартта КПСС Орталық Комитетінің Пленумында жасаған баяндамасынан.

1931 жылдан бері шығып келеді.
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы.
© «Қазақстан үгітшісі», № 7, 1989.

Digitized by Google

МЕРДІГЕРЛІК — ҚАТАЛ СЫНШЫ


Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ,
«Миргалимсайсвинецстрой» тресінің бригадирі, Қазақстан Компартиясы Шымкент облыстық комитетінің мүшесі

Құрылыстағы бригадалық мердігерлік туралы жазылғанның бәрін, былайша айтқанда, түгел оқимын, өйткені өз жұмысым күтпеген көптеген мәселелерді алға қояды. Рас, мақалалардан әрдайым жауап таба бермеймін. Оларда көрініс көбіне тым жақсы жағынан суреттеледі.

Біздің бригадамызда жағдай қыруар ауырлау, иә, қазірде де көп нәрсенің ыңғайы түсіп отырған жоқ. Өткен жылы бізде кикілжіңді оқиға болып, бірнеше жұмысшының коллективтен кетіп қалғанын айтудың өзі жеткілікті.

Осы жайлы қайсыбір табалаушылық тұрғыдан емес, жолдастарымның бірқатарының реттілікке неліктен шыдай алмағанын ұғыну ниетімен айтып отырмын. Өйткені олардың өздері мердігерлікке ауысу барысында осындай реттілікті тағайындаған еді. Біздің оған ауысу жолымыз тым қиындау соқты.

Біздің бригадамыздың ұйытқысын құраған дәнекерлеушілер — құбыр төсеушілер бұдан бес жыл бұрын жеке жұмыс жасады. Біздің әрқайсымыз жоғары класты профессионал болып, бізді қолға тигізбей пайдаланғанымен осылай болды. Еңбек сол-



ндай нашар ұйымдастырылды. Қауырт объекті пайда болған кезде біршама қалыпты өміріміз біз үшін ауыртпалыққа айналды: демалыс дегенді білмей жұмыс істедік. Біздің бригадамызға кейініректе қосылған бульдозершілер, краншылар көбіне өз жұмыстарын бір-екі сағат ішінде орындайтын, ал олардың нарядын әдетте толық бір сменаға жапты.

Міне, осыдан барып біз, әлбетте, жаңаша, толық жүктеліммен жұмыс істеуге бір күнде, бірден ұйғара қойғанымыз жоқ. Мына себептен оған ауыстық: апталап семьяны, балаларды көре алмайтын дүрлікпелік әбден қажытты. Табыс тұрғысынан да мүдделілік болды — шындап табыс тапқымыз келді.

Алғашында трест басшылығымен Кентауда құны 37 мың сомдық суару құбырын салу туралы шарт жасастық. Істі жақсы бастадық, бірақ трассаның бір километрін тартып үлгермей жатып, құбыр таусылып қалды. Сонда бізде түкке тұрмайтын шарт жөнінен қаншама реніш болды. Жігіттердің мердігерлікпен айналысуды дағарғылары келді, дегенмен бұрынғысынша жұмыс істеу мүмкін еместігі ғана бұдан шығу жолын іздестіруге мәжбүр етті.

Сайып келгенде, құны 400 мың сомдық жаңа объекті — Ғаялдыр су құбырына кірісуге ұйғардық.

Объектіні тапсыру ұмтылысы біздің бәрімізді ойлануға, қайсыбір ыңғайлы құралдарды табуға жетеледі. Мәселен, мындай көрініс еске түседі. Бізге су құбырындағы жұмысқа арналған өте керекті тягачты бір айға ғана берді. Біз онымен бір жарым километр құбырды тасып үлгердік, ал қалған үш километр құбырды қайтеміз? Ескі, істен шығып қалған трайлерді бейімдеуге тура келді: оны ұзартып, көлемін ұлғайттық, сөйтіп қиындықтан шықтық. Қайткенде де біз трест тарихында алғаш рет су құбырын

Кентаудың «Миргалимсайсвинецстрой» тресінен Әлімхан Сүлейменовтің су құбыры құрылысшыларының комплексті бригадасы бесжылдықтың үш жылы ішінде жоспардағы 1 миллион 914 мың сомның орнына 2 миллион 692 мың сомның құрылыс-монтаж жұмысын игерді. Еңбек өнімділігі үш есе өсті.

Digitized by Google

толық тапсырдық, оның үстіне бірде-бір ескерту болған жоқ.

Міне, жұмыс аяқталды, біз тағы да тұрақты объектісіз қалып қойдық. Қарқынды үдетіп келе жатқанда бізді дереу тоқтата қойғандай сезімде болдық. Бригада тарай бастады. Қауырт объектілерге — бір звеноны бір объектіге, екіншісін — екіншісіне жіберіп жатты. Мұндай жағдайда қандай реттілік болуы мүмкін. Бригадада тағы дегбірсіздік, өз күшіне деген сенімсіздік пайда болды, егер жаңаша жұмыс істеуге көміл сенген бір топ жұмысшылар болмаса, біз осының бәріне қолды бір-ақ сілтер едік. Сайып келгенде, жаңа объектіні — Бисерке су құбырын әрең алдық, демек бір жарым миллион сом дерлік сметалық құнынан бізге жылына небары 340 мың сомы жоспарланды. Үш есе көп жасай алатынымызды дәлелдеп бақтық. Есеп жоғары деңгейде жасалған еді — өйткені бізден жеті адам алдыңғы объектілерде разрядтарын арттырғанды. 11 адам сабақтас кәсіптерді меңгерді, олардың бәрі дербес жұмыс істеуді үйренді. Мұнда да жерлестеріміздің суды мерзімінде бергенше қаншама қиындықтарды жеңуге тура келді, сөйтіп жылына бір миллион сомды алғаш игердік. Сосын Түркістан қаласындағы су құбырын салдық, онда 32 мың сом үнемдедік.

Осы объектілерде де адамдардың инициативасы, олардың іске деген жанашырлығы көп нәрсені шешті. Бұл тұрғыдан да қаншама мысалдар келтіруге болады. Біздің бригадамызда құбырды ораушы жоқ еді. Сонда жеті адамнан тұратын арнаулы звеноны шақырдық. Жаңадан келгендер біздің қарқынымызға дағдылана алмады, яғни үлгермеді. Дайын құбырлар ұзыннан ұзақ созылып жатты, орлар жабылмады. Кешеуілдеушілік қыруар болды, жігіттер де қиналды. Сонда звено жетекшісі Саша Фролкин ораушыларға көмекке қосылуды ұсынды. Іс жедел үдеді, ал бригада мүшелері біраз уақыттан кейін мынадай ұйғарым жасады: «Жұмысты өзіміз атқарамыз, қиын іс емес». Адамдар қайтадан бөлініп, екі сменада жұмыс жасады.

Міне, бізде тұтас жаңалықтардың ашылуы Анатолий Яковлевич Озорин есімімен байланысты. Баялдыр су құбырының құрылысы аяқталып қалған кезде бульдозерші ауырып қалды, оның орнына Озоринді жіберуге тура келді. Ол бәрімізді таңдандырды: өзінен бұрынғы адамның екі айлық жұмыс мөлшерін тоғыз күн ішінде жасады. Міне, Анатолий Яковлевич екі бульдозершінің орнына жалғыз жұмыс істейтін болды.

Экскаваторшы, Ленин орденінің иегері Николай Сидоренко да біздің бәрімізді талай рет таңдандырды. Ол өз жұмысымызды дербес ұйымдастыра алатынымызға бірден сене қойған жоқ. Демек бұған көз жеткізіп отырып, үнемі күтпеген ұйғарымдарды айтады.

Біздің бәріміз қауырт қарқында жұмыс істеуге де әзір болып шықтық. Рас, мұнда мынадай жағдайдың ықпалы болды. Қайсыбір басшы қызметкерлер бригадамызда, былайша айтқанда, жалақы мол болғандықтан өз туысқандарын ашықтан-ашық қысым жасау арқылы бізге орналастырды. Тұйыққа тірелгендей болдық: біз жалқауларға сөл ғана кешірімділік жасамасақ, керекті механизмдерді т. б. ала алмаймыз. Екінші жағынан, осындай адамдар қайсыбір коллективке қарағанда мердігерлік бригадада анағұрлым көп жұмыс істеу керектігін таңырқай аңғарды. Демек москвалық құрылысшы, Злобиннің сөздерін келтірген орынды ғой деп ойлаймын: «Жаңаша жұмыс істеу адамдарға көтеріңкі талап қояды. Біздің жүйеміз үйренбегендерге, сөзуарларға, жалқауларға төзбейді. Ол істі жақсы білетін, инициативалы, алғыр, ұқыпты адамдарды ғана мойындайды».

Бізде бүгінде қиындықтар жоқ деп айта алмаймын. Олар аз емес. Дегенмен ең басты нәрсе — енді бізде коллективтің өз күшіне деген сенімі, жаңаша жұмыс істеу ұмтылысы бар. Біз ежелден жарыстас өзбекстандық құрылысшыларда бертінде болып қайттық. Бұдан былай қалай қимыл жасауға болатындығын талқылап, кооператив құру керек деген тоқтамға келдік.

Жазып алған
Алла ГЕЛЬФАНД.

Құрамында 27 адамы бар бригада өткен жылы бір миллион сомдық мөлшерден асып түсті. Әрбір жұмысшының жылдық өнімділігі 42 мың сомға, ал айлық табысы — 500 сомға жетті. Бригада бесжылдықтың жоспарын СССР Конституциясы күніне — 1989 жылдың 7 октябріне дейін орындап шығуды жоспарлауда.

Digitized by Google

ЛЕНИННЕН ҮЙРЕНЕЙІК

Владимир Ильич Ленинніц туған күні — 22 апрель біздің календарымызда айрықша орын алады. Бұл күні планетаның барлық прогрессіл адамдары назарын Маркс-Энгельстің революциялық ілімін жалғастырған, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің негізін қалаған кемеңгерге, өз елінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзінің тағдырына революцияландырушы ықпал жасаған Октябрь көсеміне аударады.

Пролетариаттың жауынгер ұйымы — дүние жүзіндегі тұңғыш жаңа түрпатты пролетарлар партиясын құру — Ленинніц халықаралық жұмысшы табы алдындағы зор қызметі болып табылады. Совет халқы жеңіп алғанның, жасағанның бәрі Ленинніц есімімен етене байланысты. Ұлы Октябрь социалистік революциясы оның есімімен жиырмасыншы ғасырға енді, ол революция бүкіл дүние жүзілік тарихтың бетбұрысты оқиғасына айналып, дүние жүзілік дамудың басты бағыты мен негізгі тенденцияларын анықтады. Ел Ильичпен қоштасу кезінде РКП(б) Орталық Комитетінің партияға, барлық еңбекшілерге арнаған сөздері, бұдан алпыс бес жыл бұрынғыдай, бүгінде де асқақ естіледі: «Пролетариат бойындағы шын мәніндегі ұлылық пен қаһармандықтың бәрі — қажырлы ақыл, темірдей берік, қайыспайтын, табанды, бәрін де жеңетін ерік, құлдық пен езушілікке деген нағыз күшті өшпенділік, өле-өлгенше өшпенділік, тау қозғайтын революциялық жігер, бұқараның творчестволық күшіне шексіз сенушілік, орасан зор ұйымдастырушылық даналық — осының бәрі есімі батыстан шығысқа дейін, оңтүстіктен солтүстікке дейін жаңа дүнненің символы болған Ленинніц бойында өзінің аса тамаша кемеліне келді».

Совет адамдары қоғамды қайта құру жолында күрес жүргізе отырып, биылғы лениндік жылдықты тарихи күрт бетбұрыста қарсы алуда. Қайта құру бізді Ленинге және Ленинді бізге жақындатты. Ол Ильич идеясының бүкіл байлығын толық көлемінде қалпына келтіруді, лениндік методологияны, оның жасампаздықтың бүкіл үзбесін тартуға көмектесетін түйінді буынды дәлме-дәл әрі дер кезінде іріктей білуді меңгеруді талап етті. **«...Біз... үлкен даму жолына түстік. Біз үшін қазір ең бастысы — социализмнің лениндік концепциясын қалпына келтіру»,** — деп атап көрсетті М. С. Горбачев КПСС Орталық Комитетінде елдің жұмысшы табының өкілдерімен кездесуде.

Біздің партиямыз социализмнің лениндік концепциясын қалпына келтіру жөніндегі жұмысты табандылықпен әрі дәйектілікпен жүргізуде. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының, партия XXVII съезінің, Орталық Комитеттің кейінгі Пленумдарының шешімдері мұның жарқын да иланымды көрінісіне айналды. Бүкілодақтық XIX партия конференциясының шешімдері қайта құруға жаңа серпін берді, ол лениндік рухта өтті және қазіргі кезеңде партия мен ел алдында тұрған барлық түрлі мәселелер бойынша айқын саяси позицияны талдап жасады. Ол революциялық қайта құруды қалай тереңдетіп, тұрлаулы ету мәселесіне дәлме-дәлдікте, ауқымды жауап берді. Бұған түбегейлі экономикалық реформа, Советтердің өкімет билігін қалпына келтіру, партияны қайта құру, қоғамның саяси авангарды ретіндегі оның потенциалын ашу, праволық мемлекетті қалыптастыру, қоғамның адамға бет бұруы арқылы қол жеткізуге болады.

Демократия мен социализмнің етене бірлігі туралы, «толық демократияны жүзеге асырмайынша, жеңімпаз социализмнің мүмкін болмайтыны» туралы Ленин ойының бүкіл мәнін қазір біз бұрынғы қай кездегіден болсын жақсы түсінеміз. Ол демократиядан жаңа құрылысты дамытудың басты күшін көрді және қоғамдық өмірдің барлық жағын демократияландырудың тиімді жолдарын қауырт іздеді, бюрократизммен үзілді-кесілді күрес жүргізді. Ильичтің саяси өсиетін құраған оның соңғы мақалалары мен хаттарында Совет мемлекетін түбегейлі демократиялық дамытудың қажетті кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталған нақты шаралар баяндалған. Өкінішке қарай, 30-шы жылдардың басында елдің саяси системасын демократияландыру туралы лениндік негізгі идеялардан іс жүзінде шегінушілік орын алды, ол орасан зор құрбандықтарға, саяси, идеялық-адамгершілік және материалдық шығынға соқтырды, бюрократизмнің белең алуы, 20—30 жылдары елдің партиялық-мемлекеттік басшылығының әкімшілік-әміршілдік жүйесінің пайда болуы, Сталиннің жеке ба-

22 апрель — В. И. Лениннің туғанына 119 жыл толуына

Digitized by Google

сына табынушылық, озбырлық пен жаппай репрессия салдарынан еліміз осыған душар болды. Сондай-ақ 70-ші жылдары және 80-ші жылдардың алғашқы жартысында елдегі мол мүмкіншіліктер оның одан әрі дамуы үшін пайдаланылмады.

Ленин партиясының, КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумының тарихи қызметі мынада: ол бүгінде біздің қозғалысымыздың қарқынына әлі де тежеушілік ықпал жасаушы осы құбылыстардың бәрін ымырасыз сынады, сонымен бірге лениндік идеяларды қалпына келтіре отырып, қоғамды демократияландырудың көлемді программасын талдап жасады және оны қадам сайын жүзеге асыруда. «Партияға, совет халқына» КПСС Орталық Комитетінің Үндеуінде аталғанындай, қайта құру жылдарында «еліміздің өміріндегі түбірлі бетбұрыс, экономикадағы, саясаттағы, рухани саладағы тоқыраудан кінәратсыз күштерді қайта түлету, оларға ерік беру, қатыпсемген догмалардың тұтқынынан арылған және революциялық лениндік мазмұнға қайтадан ие болған социалистік идеяның өзін жаңарту жолындағы бетбұрыс ақиқат шындыққа айналды».

СССР Жоғарғы Советінің сессиясы өткен жылдың соңында қабылдаған «СССР Конституциясына (Негізгі Заңына) енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы» және «СССР халық депутаттарының сайлауы туралы» Заңдар саяси системаны түбегейлі қайта құруға дағдыл жол ашты, 26 мартта өткен СССР халық депутаттарының сайлауы осы жолдағы ірі қадам болды. Оған өзірлік түбегейлі демократиялық ахуалда, түрлі көзқарастар мен пікірлерді кеңінен талқылап, салыстыру негізінде өтті. Қазақ ССР-інде 73 территориялық және ұлттық-территориялық округтер бойынша 300-дей, әр округте төрт кандидаттан тіркелді. Қоғамдық ұйымдардан депутаттыққа кандидаттар алғаш ұсынылды, біздің республикамыздан осындай 28 кандидат тіркелді.

Халық депутаттарының арасында жұмысшы табының, колхозшы шаруалардың, интеллигенцияның таңдаулы өкілдері, еңбек коллективтерінің, қоғамдық ұйымдардың басшылары бар. Олардың бәрі қайта құру жолындағы белсенді күрескерлер болып табылады, қажырлы еңбектерімен ортақ іске нақты үлестерін қосуда. Халық қалаулылары алдында үлкен де күрделі жұмыс тұр, дегенмен олар бүкіл халықтың жан-жақты және күнделікті жәрдеміне сүйену арқылы ғана өздерінің аскақ міндетін орындай алады. В. И. Ленин нақ Советтерді шын мәнінде халықты жаппай басқаруға үйрету үшін алғашқы қадамдар жасалатын, басқара бастайтын органдар ретінде қарады.

Демократияландыру процесі жалғасуда, ол бұқараның инициативасы мен творчествосының өсуіне белсенді ықпал жасай отырып, біздің өміріміздің барған сайын жаңа жүйелерін, оның ең түбегейлі түйіндерін қамтуда. Мұның барысында партия заңдылықты, право реттілігін және тәртіпті нығайту, заңды жетілдіру, халықтың жаппай заң оқуын өрістету, социалистік праволық мемлекетті қалыптастыру негізінде ғана түбегейлі демократия болатынын және болуға тиіс екенін ескереді.

Қайта құрудың тарихи міндеттерін шешуде партия Лениннің басшылығымен құрылған барлық ұлттар мен ұлыстардың туысқандық одағына сүйенеді. Бүкілодақтық XIX партия конференциясының «Ұлтаралық қатынастар туралы» қарарында ұлт саясатының лениндік нормалары мен принциптерін табанды орнықтырып, творчестволықпен дамытуға, оларды жасанды шегінділер мен бұрмалаулардан батыл тазартуға шақырды. Бұған арналған негіз — КПСС XXVII съезі белгілеген, барлық ұлттар мен ұлыстардың мүдделерінің қанағаттандырылуын еліміздің ортақ мүдделерімен және қажеттерімен ұштастыратын саяси бағыт, шовинизм мен ұлтшылдықтың қандай да болсын түрлерімен сыйыспайтын интернационалистік идеология.

В. И. Ленин «іс жүзінде интернационалист бола... білуді» үйретті. Бүгінде бұл өз еңбегімен советтік республикалардың туысқандық одағын нығайтуды, ел потенциалын үдетуге барынша үлес қосуды бейнелейді. Сонымен бірге түбегейлі интернационализм ұлттық ерекшеліктерге, ғұрыптар мен дәстүрлерге барынша жіті қарауды, ұлт мәселелерін шешуде көбірек икемділік, даналылық, сақтық көрсетуді қарастырады. Владимир Ильич өзінің бүкіл өмірінде мұны қалай жасауға болатынын көрсетті. Бұл тұрғыдан қазақ халқының тағдырына, оның мемлекеттік құрылысына, орыстармен және басқа халықтармен байланысын нығайтуға деген лениндік қатынасты еске алудың өзі жеткілікті. Ол осы мәселелерге 250-ден астам документ арнады. Оның «Өмірбаян хроникасында» Қазақстанмен байланысты 260-тан астам факті бар.

Лениндік қатынастар «Қазақ республикадық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» КПСС Орталық Комитетінің қаулысында өзінің нақты көрінісін тапты, ол жалпы партиялық мәні бар программалық доку-

Digitized by Google

мент болып табылады және республика партия ұйымы оған баса көңіл бөлуде. Бүкілодақтық XIX партия конференциясының қарарына сәйкес СССР-де ұлтаралық қатынастарды жетілдіру туралы КПСС Орталық Комитетінің Пленумына әзірлік жасалуда, онда орын алған проблемалар жан-жақты қаралуға тиіс. Пленумға белсенді әзірлене отырып, партия ұйымдары өмір ұсынған мәселелерді лениндік өсиеттер рухында шешу үшін оларға жауап іздеуде.

Қайта құру адамды, оның игілігін, оның қам-қарекетін, еңбегі мен өмірін барлық істеріміздің өзегі етіп қоюда. Демек Ленин «біз үшін ең қызықты саясат» деп талай рет атаған ел экономикасын табысты дамыту арқылы ғана осының бәріне қол жете алады. Қоғамдық, коллективтік және жеке мүдделерді тығыз қабыстырудың, әлеуметтік әділеттілікті сақтаудың, еңбекшілерді өндірісті басқаруға кеңінен тартудың лениндік принциптері қазір жүзеге асырылып жатқан түбегейлі экономикалық реформаның теориялық және практикалық негізін құрайды. Шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыру, кооперация мен аренда, социалистік меншіктің көп қырлы формалары біздің өмірімізге барған сайын толық еніп келеді. Осының бәрі еңбекшілер инициативасын дамыту, өндіріске деген түбегейлі шаруагерлік қатынасты, іскерлік пен ұқыптылықты қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасауда. «Реформа, аренда, мердігерлік арқылы, коллективтің өзін-өзі басқаруы арқылы, шаруашылық есеп арқылы, — делінген бертінде КПСС Орталық Комитетіндегі жұмысшылармен кездесуде, — біз адамды өндірістегі қожайын жағдайына келтіріп отырмыз».

Экономикада басталған түбегейлі өзгерістер нәтижесін бүгінде-ақ байқауға болады. Демек біздің республикамызда бесжылдықтың басынан бері ұлттық табыс алты процент, ал товарлы өнім өндіру қарқыны — 14 проценттен астам өсті. «Тұрғын үй-91» программасын тиянақты жүзеге асыру үй кезегінде тұрғандардың 40 процентten астамын пәтермен қамтамасыз етуге көмектесті, бұл белгіленген мөлшерден көп. Өткен жылы ғана 180 мыңнан астам семья жаңа қоныстарын тойлады. Азық-түлікпен жабдықтауда да нақты ілгерлеушілік бар. Үш жыл ішінде жан басына ет тұтыну 9 килограмнан астам, сүт — 33 килограмм өсті. Бесжылдықтың басынан бері жоспардан тыс 1,3 миллиард сомның халық тұтынатын товарлары өндірілді. Соңғы кезде алғаш рет өткен жылы ауруханаларды, емханаларды, басқа денсаулық сақтау объектілерін іске қосу жоспары орындалды.

Экология проблемаларына деген қатынас өзгеруде.

Дегенмен анағұрлым көп нәрсе жасау керек. «Жұмыс істеуге үйрену керек» деген лениндік талап біздің әрқайсымыз үшін бүлжұмас заңға айналуға тиіс. «Совет өкіметі бұл міндетті халықтың алдына толық көлемінде қоюға тиіс», — деп шақырды Владимир Ильич. Лениншe қимылдай отырып, әр коммунист, әр еңбеккер шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістерін бұрынғыға қарағанда барынша белсендірек жүргізіп, экономикада бетбұрысқа қол жеткізуге міндетті. Өнім беру жөніндегі тапсырманы дер кезінде орындауды қамтамасыз ету, зиян шегуші кәсіпорындар санын шұғыл қысқарту, ал олар бізде барлық салаларда көп-ақ, өнім сапасын арттыру қажет.

Партияның аграрлық саясатының толғағы жеткен проблемаларын талқылаған КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы март Пленумының шешімдерінде коммунистер, совет халқы алдына үлкен міндеттер қойылды. Онда азық-түлік мәселесінің бірінші кезекте шешілуін қамтамасыз ету жөніндегі түбегейлі шаралар талдап жасалды. Партия осы міндеттерді жүзеге асыруды аренданы дамыту, экономикалық қатынастарды қайта құрудың дәйекті бағыты арқылы село еңбеккерін жердің толық билікті қожайынына айналдырумен, сондай-ақ деревняны әлеуметтік жағынан жайластырумен байланыстырады. Селоны көркейту, азық-түлік проблемасын жедел шешуді қамтамасыз ету шын мәнінде әр коммунистің, әр совет адамының бүкілхалықтық ісі болуға тиіс.

Баяндамада КПСС Орталық Комитеті қабылдаған жаңа аграрлық саясаттың түбегейлі жаңашылдық, революциялық сипатын ашып, ауданда, қалада, еңбек коллективінде оны жүзеге асыру үшін не жасау қажеттігін және қазір не жасалып жатқанын көрсету қажет.

Ғылыми-техникалық прогресті түбегейлі жеделдету, техниканың жаңа легін, аса жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз етуші принципті тұрғыдан жаңа технологияны енгізу халық шаруашылығындағы қайта құру міндеттерін табысты орындаудың шешуші шарттарының бірі, оны интенсивтендірудің басты тұтқасы болып табылады. Мұнда да лениндік қатынастарды толығынан қалпына келтіру маңызды. Владимир Ильич ғылым мен еңбек одағынан елді қозғалысқа келтіруге, қуатты социалистік мемлекетті құруға көмектесуге қабілетті тұтқаны көрді. «Коммунизм орнату үшін техниканы да, ғылымды да алып, оны неғұрлым қалың топтар арасында тарату керек».

Digitized by Google

Қайта құру социализм дегеніміз — бұл бұқараның творчествосы, бұл инициативалы адамдардың қоғамы деген ұғымға қайта оралтуда. «Біздің қателіктерді әлі де жасайтынымыз сөзсіз, — деп жаңа қоғам құрылысының қиындықтары туралы сақтандырды көсеміміз, — бірақ енді әрбір қатеден мемлекеттік басқарудың қайсыбір курсын теориялық жағынан оқып жүрген студенттер тобы емес, миллиондаған еңбекшілер үйренетін болады, олар әрбір қатенің зардабын өздері сезетін болады, өздерінің алдында өнімдерді есепке алу және бөлу, еңбек өнімділігін арттыру жөнінде кезек күттірмейтін міндеттер тұрғанын өздері көретін болады және олар өкімет өз қолдарында екенін, өздеріне өздері көмектеспесе, басқа ешкім де оларға көмектеспейтінін тәжірибеде көретін болады.

Қайта құру партия туралы, «*алдыңғы қатарлы теорияны басшылыққа алатын партия ғана алдыңғы қатарлы күрескердің ролін атқара*» алатыны туралы лениндік ілімнің бүкіл мәнін зор күшпен көрсетіп берді. Қазіргі жағдайда партияның лениндік концепциясын қалпына келтірудің мәні мынаған саяды: партияға қоғамның саяси авангарды ролін В. И. Ленин ойластырған және оның көзі тірі кезінде жүзеге асырыла бастаған күйінде қайтару. «Жаңарған қоғамда жаңарған Коммунистік партия іс-әрекет жасауға тиіс, — делінген «Партияға, совет халқына» КПСС Орталық Комитетінің Үндеуінде, — қайта құрудың логикасы осындай». Қайта құруды партия өзінен бастады. Ол қоғамның саяси авангарды ретіндегі өзінің міндеттерін неғұрлым жіті айқындады, лениндік сөздермен айтқанда, коммунистердің «ең қиын, ең жауапты және ауыр міндеттер» алуына қол жеткізу үшін партиялық және адамгершілік принциптерді қадағалау жөнінде оларға қойылатын талапты қатайтты.

Партия аппаратының құрылымы қайта ұйымдастырылды. Басшылыққа тың күштер келуде. Ішкі партиялық демократия дамытылуда. Күнделікті шаруашылық істердің бұғауынан босана отырып, партия социализм теориясының, ішкі және сыртқы саясаттың актуальды проблемаларын зерттеуге, бұқара арасындағы саяси ұйымдастырушылық және идеологиялық жұмысқа кадрларды іріктеп, орналастыруға және тәрбиелеуге ден қоюда.

Социализмнің лениндік концепциясын қалпына келтіру марксизм-ленинизм теориясын терең оқып үйренбейінше, лениндік еңбектерге белсенді түрде жүгінбейінше мүмкін емес. Зор өкінішке қарай, осы бұлжымас заң көптеген адамдар үшін тек сөз күйінде қалуда. Мұнда да Ильич, оның Маркс пен Энгельс еңбектеріне үнемі жүгінуі біздің бәріміз үшін үлгі болуға тиіс. Сөз жүзінде емес, іс үстінде қайта құруға ұмтылатындардың әрқайсысына ленинизмді білу өмірлік маңызды іс әрі қажеттілік. Біз Лениннен социалистік байлықтар мен мұраттарға деген қалтқысыз адалдықты, ең қиын жағдайларда оны басшылыққа ала білуді, күрестің түпкі мақсатын бір сәтке де қалыс қалдырмауды үйренуге тиіспіз. Жаңа және жаңа ұрпақтар үшін Ильичтің құлықтық өнегесінің, оның адамгершілігінің, жұпынылығының, қарапайымдылығының, өтірік пен даңғойлыққа және бос қиялға ымырасыздығының шынында да баға жетпес маңызы бар. Ленин өзіне-өзі жоғары талаптар қойды, сөз бен іс бірлігінің өнегесі болды. «Ол өзін қажырлы жігер рухында тәрбиеледі, — деп еске алатын Н. К. Крупская. — Айтса болды, — орындап шығатын. Оның сөзіне сенуге болатын еді».

Ильич мүмкін болған жердің бәрінде жұмысшылармен және шаруалармен байланыс жасауды іздеді және оларды жаңа білім мен шешімнің маңызды қайнары ретінде пайдаланды. Партиялық және мемлекеттік істер жүктелімі көп болған, көбіне әбден шаршаған ол жиналыстарда ұдайы сөз сөйледі, өзі жоғары бағалаған қарапайым адамдардың идеяларын, пікірлерін мұқият тыңдайтын, олармен айтысып, партия саясатын шыдамдылықпен әрі тиянақты түсіндіретін. Ол тек 1918 жылғы марттан 1922 жылғы ноябрь аралығында Москва мен облыста, 200-ден астам баяндама (бұл конгрестер мен мәжілістерде сөйлеген сөздерінен тыс) жасады.

Замандастарының естеліктері Ленинның өзімен бірге күнделікті жұмыс істеген адамдармен достық әрі шын жүректен қатынас жасағаны туралы әңгімелерге толы. Оның қызметкерлері еске түсіргендей, ол Халық Комиссарлары Советінің барлық қызметкерлерінің есімдері мен әкелерінің аттарын білген, тіпті қауырт кездің өзінде оларды туған күнімен құттықтауды ұмытпайтын. Қарт большевик Ю. Ларин Владимир Ильич туралы былай деп жазды: «Адам онымен араласу арқылы іштей өсті — нақ жұмыс үшін өсті»

Ленинизм қазіргі дәуірде халықаралық өмірді ұғынуымыздың теориялық негізі болды, болып қала береді. В. И. Ленинның адамзат алдындағы ұлы қызметі мынада: ол соғыс және бейбітшілік проблемаларына деген көзқарастың ғылыми жүйесін жасады, әлеуметтік құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру мүмкіндігін негіздеді.

Digitized by Google

Лениндік принциптер жаңаша саяси ойлауды талдап жасау негізі болып табылды. Оның бастапқы принципі мынада: ядролық соғыс саяси, экономикалық, идеологиялық, қандай да болсын басқа мақсаттарға жетудің құралы бола алмайды. Бүгінде ғылым мен техниканың дамуы ілгері басқаны соншалық, қару-жарақтардың кейбір түрлері қырып-жою зардаптары жөнінен ядролық қару-жарақтан қалыспайды. Сондықтан қайсыбір әскери қақтығыстың қайсыбір аймақ үшін ғана емес, сонымен бірге бүкіл адамзат үшін зардабы ауыр болады.

Совет Одағы үстіміздегі жүз жылдықтың соңына дейін жаппай қырып-жоятын қаруларды толық жоюдың әмбебап программасын ұсынды. Осы процеске жақсы негіз қаланды. АҚШ-пен уағдаластыққа қол жетті және Европада орташа және одан кем қашықтыққа қолданылатын ракеталар жойылуда. М. С. Горбачев Біріккен Ұлттар Ұйымында сөйлеген сөзінде қарусыздану жөніндегі ұсыныстардың тұтас пакетін баяндады. Халықтар осы инициативаны бейбітшілікке қарай жолда жасалған шын мәнінде теңдесі жоқ үздік қадам ретінде бағалады. СССР таяудағы екі жыл ішінде біржақты тәртіппен өзінің Қарулы Күштерін 500 мың адамға қысқартуға міндеттеме алуда, жай қару-жарақ көлемі де едәуір қысқартылуда.

Сондай-ақ біздің еліміздің совет әскерлерін Ауғанстаннан әкету туралы шешімі жаңа саяси ойлау салтанатына айналды. Осы шешімді толық орындап, біз Ауғанстан проблемасын бейбіт әрі әмбебап реттеуге алдағы уақытта да ықпал жасай береміз.

Лениндік партия Октябрь жолымен ойдағыдай алға жылжудан өзінің басты интернационалдық парызын көреді. Біздің еліміздің дүниежүзілік дамуға ықпал жасауы айтарлықтай мөлшерде оның экономикалық потенциалымен анықталады, біздің іскерлігіміз бен қабілетімізге, жаңа құрылыстың артықшылығын дәлелдеу өнегемізге тәуелді. Қайта құрудың төрт жылы біздің еліміздің халықаралық аренадағы беделі мен ықпалын көбірек арттырып, социализм идеясы мен практикасының тартымдылығын күшейтті.

Совет Одағына деген көзқараста болған өзгерістің біздің еліміз үшін ғана емес, сондай-ақ бүкіл дүние жүзі үшін орасан зор және мейлінше нақты маңызы бар. Бұл социализмге деген қатынасқа жұмыс істейді, қазір көптеген социалистік елдер өз өмірінің жаңа сапасына, социалистік демократияның потенциалын аша түсу негізінде қоғамды нығайтуға ауысудың жолдары мен формаларын іздестіруде. «XXI ғасырға социализм қазіргідей емес, басқаша болып аяқ басады деп пайымдау үшін пайғамбар болудың керегі жоқ, — деді М. С. Горбачев Киев қаласында еңбекшілермен кездесуде. — Ол проблемасыз болмақ емес, бірақ өзінің бүкіл материалдық және интеллектуалдық потенциалын адамға қызмет көрсетуге жұмсап, өзінің алуан түрлі тәжірибесінен барлық тұжырымдарды жасай отырып, өзінің табиғатында бар бүкіл қуатын ашады, жалпы прогрестің сындарлы факторына айналады».

Лениндік жылдықты қарсы ала отырып, совет адамдары өшпес лениндік өсиетті жүзеге асыруда не жасауының сәті түскенін ой елегінен өткізеді, қайта құру, КПСС XXVII съезі мен Бүкілодақтық XIX партия конференциясының шешімдерін орындау жолындағы күрестегі жаңа межелерді белгілейді. Және бүгінгі бірінші кезекті іс — бесжылдықтың және оның төртінші жылының жоспары мен социалистік міндеттемесін сөзсіз орындау, мұндай табысты жұмыс істеудің қайта құру міндеттерін практикалық тұрғыдан жүзеге асыру үшін айрықша маңызы бар.

Е. САУЫТБАЕВ,
экономика ғылымының кандидаты.

ҮГІТШІ БЛОКНОТЫНА

● *К. Маркс пен Ф. Энгельстің шығармалары СССР-де 99 тілде, соның ішінде СССР халықтарының 52 тілінде және шетелдер халықтарының 47 тілінде басылды.*

● *В. И. Ленин шығармалары 122 тілде, соның ішінде СССР халықтарының 68 тілінде және шетелдер халықтарының 54 тілінде басылды.*

● *Совет өкіметі жылдары ішінде СССР-де кітаптар мен кітапшалар 165 тілде, соның ішінде СССР халықтарының 92 тілінде басылды. Демек көптеген халықтарда Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін жазу мәдениеті пайда болды.*

● *1986 жылы СССР-де шетелдер халықтарының тілдерінен тиражы 205,4 миллион дана екі мыңнан астам кітап пен кітапша, соның ішінде орыс тіліне тиражы 184,5 миллион дана 1,4 мың кітап пен кітапша аударылды.*

Digitized by Google

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗЫЛ БІРІНШІ МАЙ

Биыл прогресшіл бүкіл дүние жүзі еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні —1 Майдың жүз жылдығын мерекелейді. Ұлы мерекенің тарихы — барлық елдер еңбекшілері күшінің осы жауынгерлік байқауы 1886 жылғы 1 май оқиғаларынан бастау алады, сонда АҚШ-та кәсіперындарда сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізу талабымен елдің ірі қалаларының көшелеріне шыққан 350 мың жұмысшының жаппай ереуілі басталды. Чикагода осы күн полициямен қатты қақтығыстармен аталды, онда бірнеше жұмысшы қаза тапты және онда бұқаралық наразылық митингісі болды.

Чикаго жұмысшыларының қаһармандық бас көтерулері және полициямен күресі туралы есте сақтау үшін 1889 жылы июльде II Интернационалдың бірінші (Париж) конгресі барлық елдер пролетариатының, түрлі ұлттар еңбекшілерінің осы күнді жыл сайын мерекелеуін жариялады. Революцияға дейінгі Россияда ол алғаш рет 1890 жылы Варшавада (сол кезде Польша Россия империясының құрамына енетін) және 1891 жылы Петербургте мерекеленді.

«Қазақстан» баспасы атаулы тарихи дата қарсаңында документтер мен материалдардың «Қазақстандағы Қызыл Бірінші май» жинағын шығарды. Ол алғашқы маевкадан фашистік Германиямен соғысты аяқтаған жеңісті май күндеріне дейінгі кезеңді —1901 жылдан 1945 жыл аралығындағы кезеңді қамтиды.

Республикада мұндай жинақ алғаш басылды. Оны Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтының, Қазақ ССР Орталық мемлекеттік архивінің және Қазақ ССР Ғылым академиясы Тарих, археология және этнография институтының бір топ ғылыми қызметкерлері әзірледі. Жинаққа 162 документ пен материал енді, олардан 62 материал оқырмандарға алғаш ұсынылуда. Иә, бұрынырақта жарияланғандардың көпшілігі бүгінде библиографиялық сирек басылымдарға айналды.

Документтердің бір бөлігінің қазақ, неміс және ұйғыр тілдерінде жариялануы (бұл да алғаш рет), орыс тілінде шағын аннотациялармен сүйемелденуі жинақтың тартымды ерекшелігі болып табылады. Жинақтағы осы тексте Бірінші майдың ұлы интернационалдық идеяларын, қалың еңбекшілер бұқарасының, соның ішінде бұрынғы ұлт аймақтары еңбекшілерінің сана-сезіміне ықпал жасауын барынша толық ашады.

Жинақ документтері қандай нақты оқиғалар туралы баяндайды?

№ 6. Орал қаласындағы 1903 жылғы маевка туралы.

1903 жылы 1 майда 1 Май оқиғасына орай бір күндік ереуіл ұйымдастырылды. Осы ереуіл үшін жұмысшылар Қоқанов пен Алексеев баспаханадан қуылды...

№ 7. И. Е. Мартыновтың Семей қаласында 1904—1906 жылдардағы маевкалар туралы естелігінен үзінділер.

№ 8. Ç. Г. Малетиннің Верный қаласындағы 1904 және 1906 жылдардағы маевкалар туралы естелігі.

№ 9. В. П. Решетняктың Қостанай қаласы мен Қостанай уезіндегі 1904 және 1906 жылдардағы маевкалар туралы естелігінен үзінді.

№ 10. В. И. Ленин 1905 жылғы 12 апрельге дейін жазған Көпшілік Комитеттері Бюросы мен «Вперед» редакциясының листовкасы. Онда, ішінара алғанда, былай делінген:

«Жұмысшы жолдастар! Бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының ұлы мереке күні жақындап қалды. Бірінші майда жұмысшылар өздерінің нұр мен білімге аңсары ауғанын мейрамдайды, езушілік атаулыға қарсы, зорлық атаулыға қарсы, қанаушылық атаулыға қарсы күресу үшін қоғамды социалистік жолмен құру жолында өздерінің туысқандық бір одаққа біріккенін мейрамдайды. Еңбек ететіндердің бәрі, өз еңбегімен байларды және төрелерді асырайтындардың бәрі, жартымсыз ақы үшін әл жетпес ауыр жұмыста өмірін сарп ететіндердің бәрі, өз еңбегінің жемісін ешқашан татпайтындардың бәрі, біздің цивилизацияның үлде мен бүлде, сән-салтанаты ортасында жүк артқан мал сияқты күнелтетіндердің бәрі, осылардың бәрі жұмысшылардың азаттығы мен бақыты жолында күресуге қол созып отыр. Ұлттары әр түрлі немесе діндері әр түрлі жұмысшылардың арасындағы араздық пролетариаттың қараңғылығы мен бытыраңқылығы арқасында өмір сүріп жүрген тонаушылар мен озбырларға ғана тиімді. Еврей мен христиан, армян мен татар, поляк пен орыс, фин мен швед, латыш пен неміс — осылардың бәрі-бәрі социализмнің ортақ туы астында бірге сап түзеп келеді. Барлық жұмысшылар — бауырластар, сондықтан олардың берік одағы бүкіл еңбекші, езілген адамзаттың игілігі мен бақытының бірден-бір

1 Май — еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күніне.

Digitized by Google

кепілі. Бірінші майда барлық елдер жұмысшыларының осы одағы, халықаралық социал-демократия өз күштерін байқап көріп, бостандық, теңдік, туысқандық жолында жаңадан, қажымай-талмай, табанды күрес жүргізу үшін топтасады».

«Түркістан генерал-губернаторы Жетісу облысының соғыс губернаторына 1905 жылы 16 апрельде (№ 11 документ) былай деп алаңдаушылықпен хабарлайды: «Мен алған мәліметтерге қарағанда қырғыз (қазақ) халқы арасында, әлбетте, үкіметке қарсы сипаттағы сыбыстардың оларға жетуінен туындаған кейбір толқушылық байқалуда...»

Жинақта жарияланған хабарлар, агентуралық мәліметтер, полиция, жандарм, патша чиновниктерінің циркулярлы хаттары өлкеде Бірінші май қозғалысының ұлғайып, барған сайын жаңа аудандарды қамтып, ішкері қарай енгенін сипаттайды. Осындай хабарлардың бірінде, мәселен, «бұқаралық ереуілдерге қарамастан 1 Майды мерекелеу әрекеттері көше демонстрациялары мен ретсіздіктер формасына ұласа бастағаны, экономикалық талаптардың «басқа бейнедегі, Россияда қалыптасқан мемлекеттік құрылысты түбегейлі өзгертуге саятын басқадай талаппен шиеленісе түскені» туралы айтылады. (№ 23 документ).

Сайып келгенде, оқиғалар хронологиясы бізді ВЦИК-тің 1918 жылғы 1 Май қарсаңында барлық губерниялық, уездік, болыстық Совдептерге үндеуіне бастайды. «Біз социалистік республиканың азат азаматтары ретінде алғаш рет биыл 1 Май күнін қарсы аламыз... делінген үндеуде. — Енді бүкіл дүние жүзінің еңбекшілері орыс Советтік Социалистік Республикасынан өзінің Отанын, социализмнің қасиетті елін көреді. Олар оның ұлттық жалауынан жұмысшылардың өздерінің қасиетті Қызыл туын көреді. Олар оның ісін өз ісі, бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының ісі деп есептейді».

Документтер пролетарлық революцияның алғашқы жылдарында Советтік Қазақстанның қалаларындағы, ауылдары мен селоларындағы Бірінші май қозғалысы, жұмысшылар мен шаруалардың пролетарлық революция жеңісін қорғауға әзірлігі туралы егжей-тегжейлі әңгімелейді. РКП(б) IX съезінің (1920 жылғы 29 март —5 апрель) «Биылғы жылы сенбіге дәл келіп отырған халықаралық пролетарлық 1 Май мейрамы орасан зор Бүкілроссиялық сенбілікке айналдырылсын» деген шешіміне жауап ретінде жер-жерден адамдардың жоғары еңбек энтузиазмы туралы хабарлар берілді. Осы хабарлардың бірқатары мынадай:

№ 49. Түркістан телеграф агенттігінің информациясы. 1920 жылғы 4,10 май.

Түркістан. Бірінші майда барлық азаматтар жұмыс істеді. Диірменнің, халық үйінің, қоғамдық бақтың негізі қаланды. Он вагон тас пен кірпіш түсірілді...

Әулиеата. Тұлкібас станциясының коллективі Бірінші май сенбілігінде алғашқы двигателін тиеп, Арыс станциясына жөнелтті. Жұмысшы клубының іргесі қаланды.

№ 50. «Правда» газетінің информациясы (Верный қаласы), 1920 жылғы 14 18, 22 май.

Шамалған селосында сенбілік болды. Одақ (РКСМ) мүшелері 200 ағаш отырғызуға және танапты жыртуға қатысты. Күн қызу өтті.

Верный қаласында «1 Май күні ертеңгілікте жұмысшы отрядтары жиналу пункттеріне барды...

Барлық емдеу мекемелері, қалалық парк, казармалардың бәрі ретке келтірілді. Қалалық емханадағы су құбыры жөнделді, 1215 ағаш отырғызылды...»

Жер-жерде осылай болды.

Соңғы жылдардың документтері еңбекшілердің Бірінші май қозғалысының олардың социализм құрылысына белсене қатысуымен тығыз өзара байланысы туралы әңгімелейді. Мәселен, «Советская степь» газеті (№ 139 документ), 1929 жылы 5—10 майда былай деп хабарлайды:

«Семей. Бірінші май мерекесі бұрынсоңды болып көрмеген демонстрацияға және көп адамдық митингіге ұласты. Салтанатты жағдайда Ертіс арқылы көпір ресми түрде ашылды. Оның құрылысы мерзімінен 40 күн бұрын аяқталды».

Москва. Добролет басқармасы (Россиялық ерікті әуе флотының қоғамы. — **Редакциядан**) Алматы — Семей желісінің бастығынан Бірінші майда Алматы — Семей желісінде алғашқы жолаушылар рейсі сәтті жасалғаны туралы телеграмма алды. Орта Азияны Сібірмен байланыстыратын осы желі «жыл бойы жұмыс істейтін болады».

...«Казахстанская правда» соғыс алдындағы күндерде —1941 жылғы 30 апрельде, 1,4 майда Қазақстандағы Бірінші май салтанаттары туралы хабарлап, еңбек рапорттарын жариялады:

Бірінші майға дейін Қарағандыда Костенко атындағы мәдениет және демалыс паркі ашылды...

...Шалғай Жеңгелді кәсіпшілігінің коллективі Каспий өңірінде № 9 бұрғылау скважинасын мерзімінен бұрын пайдалануға тапсыру арқылы мерекені қарсы алды. Ол тәулігіне 20 тоннадан астам өнеркәсіптік мұнай береді.

Дзержинский атындағы Шымкент

Digitized by Google

химия-фармацевтика заводының коллективі Бірінші майды төрт айлық жоспарды мерзімінен бұрын орындаумен қарсы алды. Шымкенттік мақта өсірушілер де жоспарды орындады.

...Қазалы мен Арал аудандарының колхозшылары оң жағалаудағы ұзындығы 48 километрлік Қазалы каналының құрылысын аяқтады. Канал 40 күн ішінде — үкімет мерзімінен он күн бұрын салынды.

Хабарлар осылай жалғаса береді.

Дегенмен келесі документтер (№ 140—162) ауыр соғыс жылдарында Бірінші майды мерекелеуді сипаттайды, республиканың бүкіл күші мен резервін майданға көмек көрсетуге жұмылдыру туралы әңгімелейді. 1942 жылы 1 майда «Социалистік Қазақстан» газеті Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. Скворцов пен Қазақ ССР Совнаркомның председателі Н. Оңдасыновтың Панфилов атындағы 8-ші гвардия дивизиясының жауынгерлеріне жолдаған құттықтау хаты мен дивизия командованиесінің мерекелік сәлемін жариялады.

«Комсомольская правда» газеті бұл күні 1944 жылы февральда Украинаны азат ету жолында қаза тапқан жас қазақ-майдангер Баубек Бұлқышевтің запискасын жариялады. Батыр-жауынгер былай деп жазды:

«Біз кәрлі кезеңнің, соғысты заманның жандарымыз. Біз соғыста туғанбыз, соғыста өлеміз де. Күресте тудық, сол күреспен өлеміз. Осының бәрі сендер үшін, кейінгі ұрпақ!..

Мен соғыстың қымбатқа түсетінін жақсы білемін. Соғыс орасан көп адамның өлімі деген сөз. Бір кезде барлық адам баласы ұлы ақын Гетенің: «Біздің тәңірден алған ең үлкен сыйымыз — өмір», — дегенін айтып, қандай мейірленетін еді!. Бұл мерейін ешкім тартып ала алмайды.


Адам ұлы адамша өмір сүрсін, адам дүниесі шын мағынасында адам дүниесі болсын! Біз осы үшін күресеміз, осының жолында өмірімізді аямаймыз да!»

Жинақ 1945 жылғы Бірінші маймен аяқталғанымен жинақпен танысуды осы шынайы адамгершілік документтің тебіреністі жолдарымен аяқтауға әбден болады.

Еңбек адамдарының ынтымағын, олардың интернационалдық бауырластығын нығайтуға, жер бетінде бейбітшілікті сақтау жолындағы күреске деген олардың берік ұйғарымына шақыратын осы тамаша мереке ұрандары революциялық жаңару күндерінде қайсыбір кездегіден аса өзекті бола түсуде, өйткені оларды жүзеге асырмайынша түбегейлі демократияландыру мен әлеуметтік әділеттіктің болуы мүмкін емес.

Әзірлеген Э. БЫЧКОВА,
«Қазақстан» баспасының аға редакторы.





Шығыс Қазақстан облысы. Революцияшыл Петроградтың Обухов және Семенников заводтарынан 145 жұмысшы семьясы бұдан жетпіс жыл бұрын Кенді Алтайға қоныстанған еді. Мұнда олар егіншікоммунистердің тұңғыш россиялық қоғамын ұйымдастырды. В. И. Ленин олардың бастамасын мақұлдады.

Коммунарлар алғашқы егінді жинап үлгермеді. Олар ақ бандиттердің оқтарынан қаза тапты, дегенмен сол ауыр жылдарда соншалықты күш-жігермен, төгілген қанменен жер игі өркенін берді: коммунарлар қазір осында орналасқан «Обуховский» және «Первомайский» совхоздарының, болашақ коллективті шаруашылықтардың үлгісі қызметін атқарды.

Шығыс қазақстандықтар коммунарлар есімін ардақ тұтады. Совхоздар коллективін ленинградтықтармен берік достық дәнекері байланыстырады.

Ленинградтың «Большевик» заводы (бұрынғы «Обухов» заводы) өндірістік бірлестігінің делегациясы «Обухов» совхозында болды. Ал өткен жылы коммунарлар мирасқорлары Ленинградқа барды.

Суреттерде: ● ленинградтық делегацияны «Обуховский» совхозында жылы шыраймен қарсы алды. ● Ізашарлар-коммунарлардың ескерткіш монументі.

Digitized by Google

КЕЛУШІЛЕРДІҢ БӘРІНЕ ЕСІК АШЫҚ

Н. КОЗЫРЕВА,
Қазақстан Компартиясы Семей облыстық комитеті саяси оқу үйінің меңгерушісі

Семей облыстық партия комитетінің саяси оқу үйі күн сайын жүздеген адамды қабылдайды. Дегенмен бертінге дейін облыс орталығының көптеген тұрғындары оның табалдырығынан аттап көрмеген еді. Мұның барысында оларда (қазірде де бірқатарында) ресми үйге айрықша шақырусыз бармайды деген ұғым қалыптасса керек. Дегенмен ұзақ жылдар бойы орныққан саяси оқу үйі негізінен насихатшылар активімен жұмыс істейді және қайсыбір облыстық ірі шараларға арналған деген ұғым көбірек әсер етті.

Қайта құру мұндай ескі көзқарасты бұзуда. Бүгінде біздің қызметіміз анағұрлым кеңейді. Енді біз маркстік-лениндік білім беруді ұйымдастырумен ғана емес, сондай-ақ еңбекшілердің түрлі топтарына идеялық-саяси тәрбие берумен айналысамыз.

Әрине, саяси оқу үйі ең алдымен насихатшылар кадрларын, партия, совет қызметкерлерін даярлау және қайта даярлау орталығы болды, болып қала береді, сондықтан тікелей халықпен жұмыс жүргізу туралы сөз қозғамас бұрын осы туралы ықшам түрде айтпауға болмайды. «Еңбекшілердің саяси және экономикалық оқуы жүйесін қайта құру туралы» КПСС Орталық Комитетінің қаулысында насихатшыларды теория мен саясат, педагогика мен психология жөніндегі терең біліммен қаруландыру, олардың бойында оқытудың белсенді әдістерін қолдана білу мен қажетті дағдыларын қалыптастыру керектігі атап көрсетілді.

Біз насихатшылардың көмек сұрап келуін күтіп отырмадық. Біз олардың өздеріне бардық. Биылғы оқу жылында «Большевичка» өндірістік тігін бірлестігінде, ішкі істер басқармасында, мәдениет басқармасында, «Семпромстрой» мен «Семжилстрой» трестерінде, сондай-ақ бірқатар селолық аудандарда жылжымалы семинарлар мен консультациялар өткізілді. Саяси оқу үйі жанынан жұмыс істейтін саяси совет методикалық бюллетеньдерді жүйелі шығаруға көмектеседі, кәсіптік орындарды, нақты жағдайларды талдап жасайды, консультация ұйымдастырады, «Адам және социализм прогресі» курсы бойынша тақырыптық жоспарды қазақ тіліне аударуға басшылық етті.

Партиялық насихат методикасы кабинетінің қызметі қыруар молықты. Енді оған насихатшылар мен партиялық оқуды ұйымдастырушыларға көмек ретінде түрлі материалдар, облыстың, республиканың ғана емес, елдің басқа аймақтарының партия ұйымдарындағы насихаттық қызмет тәжірибесі туралы әңгімелейтін топтамалар қойылған.

Саяси оқу үйі мен кабинеттері насихатшыларға беретін мақсатты көмек партия және совет қызметкерлері арасында насихаттық қызметті жандандыруға ықпал етуде. Партия комитеттерінің жауапты қызметкерлері ішінен еңбек коллективтерінде насихат жұмысын жүргізуге тілек білдірушілер жылдан-жылға көбейіп келеді. Егер өткен жылы олар отыздай адам болса, қазіргі уақытта жүзден астам қызметкер насихатшы болып табылады. Облыстық партия комитеті әлеуметтік-экономика бөлімінің меңгерушісі В. В. Малинин «Казахкабель» заводында саяси семинарға жетекшілік етеді. Облыстық партия комитетінің лекторы М. К. Дүйсенбаева «Большевичка» өндірістік тігін бірлестігінің № 1 филиалындағы саяси оқу мектебінде «КПСС-тің белсенді, тұтас әлеуметтік саясаты» курсын жүргізеді.

Саяси және экономикалық оқуды қайта құру жағдайында марксизм-ленинизм университетіне жетекші орындардың бірі берілуде. Екі факультеттің орнына үш факультет: насихатшылар кадрлары, бұқаралық-саяси жұмыс, партия-шаруашылық активі факультеттері құрылды. Тыңдаушылар құрамының 70 процентten астамы насихатшылар. Биыл оқу мерзімі бір жылдық насихатшылар кадрларын қайта даярлау бөлімі ашылды. Тыңдаушыларда насихатшылық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға, олардың көпшілік алдында сөз сөйлеу, пікірталасты жүргізу шеберлігін меңгеруіне көбірек мән берілуде.

Енді шағын коллективке түсетін жүктелім қаншалықты көп болғанымен, біз халықтың түрлі топтары үшін

Digitized by Google

саяси оқу үйінің есігін мүмкіндігінше айқара ашуға ұмтылдық. Мұнда адамдар барған сайын жиі келеді, оларда саяси мәселелерді ажырата білу тілегі жеке азаматтық мүддеден туындаған. Облыстық «Білім» қоғамымен бірлесіп, олар үшін түрлі тақырыптар бойынша жеті лекторий ұйымдастырдық. Бұлар — «СССР-дің сыртқы саясатының азиялық-тынық мұхиттық бағыты және халықаралық қауіпсіздік проблемалары», «Осы заманғы семьядағы психологиялық өзара қатынас», «Қайта құру және жаңа экономикалық ойлау», «Денсаулығымыз өзімізге байланысты» т. б.

Екі жылдан бері саяси оқу үйі жанынан қала комсомолы активінің «Біз және уақыт» деген жастардың саяси клубы жұмыс істейді, ол облыстың қалалары мен аудандарында оларға ілесе пайда болған ондаған жастар клубы үшін методикалық орталыққа айналды. Жас ғалым, философия ғылымының кандидаты, зоотехника-мал дәрігерлік институты кафедрасының меңгерушісі Б. С. Үйсінбаев жетекшілік ететін осы клубта сабақ мейлінше байсалды, қызықты өтеді. Бізде клуб мәжілістері үшін видеомагнитофоны бар, арнайы безендірілген үй бөлінді. Балалардың саяси клубтарды ұйымдастыруына көмектесу үшін жастардың пікірталас клубы туралы ережені талдап жасадық. Оларды ұйымдастырушылардың жеке консультация алу немесе саяси оқу үйінің қызметкерлері өткізетін топтық консультацияларға қатысу мүмкіндігі бар.

Мұнда қала студенттері үшін «Жеке адам және қоғам» пікірталас клубы, интеллигенция үшін «Шындық» философия клубы, идеология активі үшін саяси кітаптардың «Насихатшы» клубы жұмыс істейді, ал қалың көпшілік үшін қызықты кездесулердің «Ғажайыптар әлемінде» клубы жұмысын бастады. Лекторий тыңдаушысы болуға немесе клуб мәжілістеріне, бізде өткізілетін пікірталастарға, «дөңгелек стол басындағы» әңгімелерге қатысуға тілек білдірушілерден кемшілік жоқ.

Облыс халқының мейлінше кеңінен саяси хабардар болуына қамқорлық жасай отырып, саяси оқу үйінде көрмелер өткіземіз. Өткен жылы ондай көрмелер «Семей қалалық партия ұйымының 70 жылдығына», облыста «Тұрғын үй-91» программасын орындау барысына, халық тұтынатын товарлар өндіруді үдету проблемасына, облыстың архитектурасы мен құрылысына арналды.

Бізде халықтың облыс пен қала басшыларымен, Бүкілодақтық XIX партия конференциясының делегаттарымен кездесулері жиі өткізіле бастады. Бізге партия, соғыс және еңбек ардагерлері де келеді, мұнда олар пионерлермен, оқушылармен, қала жастарымен кездеседі. Осы кездесулер, педагогтар пікірлері бойынша, балаларға оңды ықпал етуде.

Енді 57 мыңнан астам кітабы, сондай-ақ магнитофон ленталарына жазылған лекциялары, диафильмдері, слайдтері бар партиялық кітапхана да келушілер үшін есігін айқараашты. Осында арнайы жабдықталған мүйісте оларды қарауға немесе тыңдауға, сосын магнитофон жазбаларын өз лентаңа жазып алуға болады. Пенсионерлер, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері кітапханаға келуді ұнатады. Олар оның жайлылығын, қызмет көрсетудің жоғары мәдениетін жоғары бағалады. Демек саяси оқу үйінің оқу залы мен кітапханасы сенбі күндері де жұмыс істейді, мұның өзі оқырмандар үшін өте ыңғайлы.

Біздің қызметкерлеріміз облыстық телевизиямен бірлесіп, хабар әзірлеп, «Саяси тәрбие орталығы» фильмін түсірді. Екінші «Жаңару жолдары» деген фильм саяси және экономикалық білім беруді қайта құру барысында туындаған проблемалар туралы әңгімелейді. Осы фильмдерді жергілікті телевизия бойынша көрсеткеннен кейін (өткен жылы октябрьде «Жаңару жолдары» фильмі республикалық телевизия бойынша да көрсетілді) саяси оқу үйіндегі шараларға қатысуға тілек білдірушілер қыруар көбейді.

Қаламызда үлкен концерт залы жоқ, ал жеке ән айту, камералық концерттер әуесқойлары өте көп. Міне сондықтан облыстық партия комитетінің басшылығы облыстық филармонияның етінішін ескеріп, жеке концерттер ұйымдастыруға рұқсат етті. Январьда үш кеш бойы үлкен залымыз көрермендерге толы болды, олар СССР халық артисі Әлібек Дінішевті тыңдауға келген еді. Ал 23 январьда бізде интернационалистжауынгерлердің солдат әндері фестивалі өтті, ол облыстағы қорғаныс-бұқаралық жұмыстың дәстүрлі айлығымен басталды.

Әрине, саяси оқу үйінің қызметкерлерінің қам-қарекеті көбейді, демек бұл қуанышты қам-қаракеттер. Біз саяси оқу үйі — бұл ең әуелі саяси мәдениетке тәрбиелеу орталығы екенін ескереміз. Онда шараларды мүмкіндігінше қызықты, эстетикалық жоғары дәрежеде өткізуді жақтай отырып, біз үстірт ұйымдастырылған кейбір саяси оқу үйлерін адамдарға лық толтыратын «Арулар конкурстарын», мерекелік дүрлікпелерді өткізуге қарсымыз. «Совет-

Digitized by Google

ская культурада» 1988 жылғы 20 декабрьде осы жайлы айтылды.

Идеология орталығы жұмысының, біздің саяси оқу үйіміз сондай орталық болып табылады, проблемаларына келсек, екінішке қарай, олар аз емес. Саяси оқу үйлері мен кабинеттерін техникалық жаңа құралдармен қамтамасыз етуге байланысты қиыншылықтар туралы ұзақ айтуға болады. Аздаған құралдар, оның ішінде біз алатын ескірген үлгідегі құралдар саяси оқудың штаттағы кабинеттерінің қажетін өтей алмайды. Лектордың әмбебап «кафедралары» мен «портфельдерін», біздің пікіріміз бойынша, ең алдымен саяси оқу үйлері мен кабинеттері пайдалануға тиіс, содан кейін түрлі кооперативтік бірлестіктерге жіберуге болады. Егер өткен жылы облыстық комсомол комитеті тарапынан видеосалондарды ұйымдастыру үшін жеті видеомагнитофон берілсе, саяси оқу үйіне олардың бірде-бірі берілмеді. Біз В. И. Ленин атындағы балалар қоры, мәдениет қоры ұйымдарымен, облыстық әйелдер советімен тығыз байланысты әзірше жолға қоя алмадық. Енді ондай байланыссыз интеллигенциямен, әйелдермен, балалармен және жасөспірімдермен жатық жұмыс жүргізу мүмкін емес. Біз осы байланысты нығайта береміз.

Сайлау науқаны алдында бізде — саяси оқу үйімізде информация насихат орталығы құрылған еді, енді ол өз жұмысын одан әрі жалғастыруда. Сайлаушылар мұнда өз қалаулыларымен кездесіп, өзекті мәселелер жайлы әңгімелесе алады.

ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ХРОНИКАСЫ

Павлодар. Саяси оқу үйінде марксизм-ленинизм университеті оқытушылары мен тыңдаушыларының ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференцияның тақырыбы — «В. И. Ленниннің соңғы хаттары мен мақалалары және олардың қазіргі мәні».

Павлодардың Ильич аудандық партия комитетінің бірінші секретары В. Елисеев, Павлодар картон-рубериод заводының директоры Н. Шабрат, университеттің КПСС тарихы кафедрасының меңгерушісі Б. Қуатов, облыстық партия комитетінің лекторы Н. Замятии баяндамалар жасады.

Қызылорда. Арал аудандық партия комитеті бюросының кезекті мәжілісінде «Жіңішкекұм» совхозының бастауыш партия ұйымдарындағы идеология жұмысының жайы қаралды. Шаруашылықта өтіп жатқан қайта құру процесін идеологиялық жағынан қамтамасыз ету мәселелері партия жиналыстарында, партия комитетінің мәжілістерінде, цехтық партия ұйымдарының бюроларында сирек қаралатыны аталды. Өткен жыл ішінде бірде-бір үгітшінің есебі тыңдалмаған. Шопандар арасындағы мәдени-ағарту жұмысы жолға қойылмаған, идеология активі шалғай мал жайылымдарында анда-санда болады. Көрнекі үгіт ұзақ уақыт бойы жаңартылмайды, барларының өзі реңсіз.

Аудандық партия комитетінің бюросы совхоздың партия комитетінен (секретары Ж. Оразов) аталған кемшіліктерді аса қысқа мерзімде жоюды талап етті.

Жамбыл. Осында облыс орталығы қоғамдық советтері председательдерінің семинар-кеңесі болды. Онда жұртшылықтың қалада тиісті реттілікті сақтау жөніндегі жұмысын жақсарту жолдары қаралды. Қалалық атқару комитеті председателінің орынбасары А. Дүйсенбекова баяндама жасады.

Семинарға қатысушылар Завод ауданының 79 тірек пунктінде болды, онда қоғамдық советтің жұмыс тәжірибесімен танысты.

Қала жұртшылығына үндеу қабылданды.

Талдықорған. Бөрлітөбе ауданы «Құрақсу» совхозының үгіт бригадасы шаруашылықтың шопандар қыстақтарының бәрінде болып қайтты. Үгітшілер еліміздегі және шетелдегі оқиғалар, арендалық мердігерлікке ауысқан малшылар арасындағы социалистік жарыс туралы әңгімеледі.

Клуб меңгерушісі Ольга Фатееваның, киномеханик Мария Аленованың, жүргізуші Сәкен Досбаевтың, медицина қызметкері Рахат Ысқақованың және басқалардың орындауындағы әндерді адамдар зор ықыласпен тыңдады.

Тұрмыстық қызмет, сауда, денсаулық сақтау қызметкерлері түрлі қызметтер көрсетті.

Семейдің № 4 және № 43 мектептерінде жоғары кластардың оқушыларынан насихатшылар топтары құрылды. Олар оқушылар арасында жұмыс жүргізумен бірге техникумдерде, училищелерде, әлбетте, басқа мектептерде болады. Балалардың мерекелер қарсаңында жастар аудиториясы алдында тым көбірек сөз сөйлеулеріне тура келді. Мәселен, семейлік әскери дәрігерлер туралы әңгіме медицина училищесі тыңдаушыларына қатты әсер етті. Ол жас ішілер жинаған материалдар негізінде әзірленді.

Digitized by Google

СҮТ ПРОБЛЕМАСЫ: ОНЫ ҚАЛАЙ ШЕШУГЕ БОЛАДЫ?

«СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарында» Қазақ ССР ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің жылдық орташа көлемін 13—15 процент ұлғайту көзделген. Осы міндетті шешуде сүт фермаларының қызметкерлері айрықша орын алады, олар 1990 жылға дейін өнім өндіруді 5,3—5,4 миллион тоннаға жеткізуге тиіс.

Республикада бұл үшін мүмкіншіліктер баршылық. Демек 1491 шаруашылық сауын малын өсіреді, одан 261 шаруашылық сүт өндіруге мамандандырылуда.

1988 жылы сүт өндіріп, оны мемлекетке тапсыру жоспары орындалды. Сөйтіп колхоздар мен совхоздарда ғана тапсырмадағы 3022,2 мың тоннаның орнына 3478,80 мың тонна (тапсырманың 115 проценті) өндірілді, мемлекетке 3113,2 мың тонна (113 процент) өнім тапсырылды. 1987 жылмен салыстырғанда өсім 452,6 мың тонна құрады. Әр сауын сиырдан жоспардағы 2207 килограмның орнына 2309 килограмнан сүт сауылды. Әр жүз сиырдан 76 бұзау алынды.


Халықтың меншікті қосалқы шаруашылығын ескергенде, өнім өндіру мөлшері 5 миллион 311 мың тоннаға жетті. Сөйтіп республика осы көрсеткіш жөнінен Азық-түлік программасында белгіленген межеге жетуге жақындап қалды.

Сүт сауу жөнінен Алматы облысының шаруашылықтары өте жақсы керсеткіштерге жетті, онда орта есеппен бір сауын сиырдан 3141 килограмнан өнім алды. Шымкент (2679), Жамбыл (2558), Целиноград (2453), Шығыс Қазақстан (2425), Талдықорған (2420) облыстарында да тәуір нәтижелерге қол жетті.

Республикада өсірілетін мал тұқымының потенциалы соншалықты жоғары екенін және жемшөп базасын, мақсатты селекциялық-тұқымдық жұмысты жақсы ұйымдастыру, табынды толықтыратын төлдерді интенсивті өсіру, сүт өндірісінің озық технологиясын енгізу арқылы анағұрлым мол нәтижелерге жетуге болатынын атап көрсету қажет. Республиканың таңдаулы шаруашылықтарының тәжірибесі — мұның айғағы.

● Алматы облысының «Каменский» мемлекеттік асыл тұқымды мал заводында 1104 сиырдың әрқайсысынан орта

Қазақ ССР колхоздары мен совхоздарында жылына орта есеппен сүт сауу (килограмм есебінен)



Республикада үш жыл ішінде сүт өндіру 1,5 процент, жан басына шаққанда орта есеппен сүт тұтыну 33 килограмм көбейді, сөйтіп 1988 жылы 293 килограмға жетті.

Digitized by Google

есеппен 5021 килограмнан сүт сауылды. Оны жалпы өндіру 5543 тонна құрады. 100 сиырдан 90 бұзаудан алынды.

● Астаналық облыстың П. Ф. Томаровский атындағы совхозында 2202 сиырдың әрқайсысынан сауылған сүт 4735 килограмм болды, әр жүз сиырдан 96 бұзау алынды.

● Осы облыстың «40 лет Казахстана» колхозында 2622 сиырдың әрқайсысынан 4148 килограмнан сүт сауылды.

● Жамбыл облысында «Талапты» совхозы жетекші шаруашылық болып табылады, онда әр сауын сиырдан сауылған сүт 4223 килограмм құрады, әр сиырдан бір бұзаудан алынды.

● Шымкент облысы Сайрам ауданының «Победа» колхозының малшылары көрсеткіштерді жыл сайын арттырып келеді. Демек 1988 жылы 1635 сиырдың әрқайсысынан 3961 килограмнан сүт сауылды, әр 100 сиыр мен құнажыннан 106 бұзау алынды.

Малдың құнарлылығын арттыруда бұқаралық кәсіп қызметкерлерінің, ішінара алғанда, сиырды машинамен сауу операторларының біліктілік деңгейінің маңызы зор. 1988 жылы республикада 24 звено мен сиырды машинамен саудың 50 операторы әр сауын сиырдан бес мың килограмнан астам сүт саууға қол жеткізді. Олардың жұмыс нәтижелері туралы деректер журналдың келесі номерінде жарияланады.

Бригадалық, звенолық, арендалық және семьялық мердігерлікке ауысу, социалистік жарысты толық көлемінде пайдалану осындай жоғары көрсеткіштерге жетуге көмектесті. Демек «Каменский» мемлекеттік асыл тұқымды мал заводында Антонина Семеновна Плахинаның атындағы ауыспалы вымпел тағайындалды, ол тоқсан сайын таңдаулы операторға тапсырылады. Жеңімпаз 70 сом мөлшеріндегі ақшалай сыйлықпен мадақталады. Оның үстіне мұнда Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген зоотехнигі А. Е. Гаврасов атындағы ауыспалы күбок тағайындалды, ол тоқсан қорытындысы бойынша жеңімпаз фермаға тапсырылады. Қарағанды облысының Мичурин ауданында облыстың таңдаулы сауыншысы Галина Игоревна Фурдь атындағы ауыспалы вымпел тағайындалды, ол жас мастерлер конкурсының жеңімпазына беріледі. Алматы облысының «Ақсай» мемлекеттік асыл тұқымды мал заводында «бес мыңшылар» клубы құрылды. Бір сиырдан бес мың килограмм және одан көп сүт сауған сауыншы клуб мүшелігіне қабылданады, оған 300 сом сыйлық беріледі, санаторийге немесе демалыс үйіне тегін жолдама тапсырылады.

Семей облысы Бородулиха ауданының «Заветы Ильича» колхозында оңды тәжірибе жинақталған. Мұнда сиырдың құнарлылығын арттыруды қамтамасыз еткен сауыншылардың бәрі моральдық және материалдық жағынан мадақталады, олардың еңбекке қатысу коэффициентін арттырады.

Республиканың көптеген шаруашылықтарында өндірістің интенсивті технологиясына ауысу малдың құнарлылығын қыруар арттыруды қамтамасыз етті, тасқынды-цехтық жүйе оның негізі болып табылады. Республикада осы прогрестік технология 848 совхоз бен колхозда немесе сүт өндіруге маманданған шаруашылықтардың 57 процентінде енгізілді. Шаруашылықтардың басым көпшілігі — Қостанай облысында — 139 (185,5 мың сиыр), Павлодар облысында — 87 (77 мың), Целиноград облысында — 87 (90,4 мың), Көкшетау облысында — 82 (53,9 мың), Жамбыл облысында — 75 (41,7 мың), Талдықорған облысында — 70 (40,5 мың), Шымкент облысында — 65 (30,8 мың), Алматы облысында — 60 (62 мың) шаруашылық тасқынды-цехтық жүйеге ауысты.

Алайда республикада сүт саудың қол жеткен деңгейі халықтың сүт өнімдеріне деген қажетін қанағаттандыра алмайды. Қазақ ССР-і осы көрсеткіштер жөнінен елімізде Эстония, Латвия, Армения, Литва, Белоруссия, РСФСР, Украина, Азербайжан, Молдавия сияқты республикалардан кейін 11-ші орын алады. Өткен жылы одақ бойынша әр сиырдан 2600 килограмнан сүт сауылғанын, ал бізде ол 1960 килограмм болғанын ескертейік. Бесжылдықтың басынан бері 513 тонна сүт кем алынды.

Қызылорда, Гурьев, Семей, Ақтөбе, Жезқазған облыстарында тым жайсыз жағдай қалыптасты, оларда әр сиырдан жылына орта есеппен сүт сауу 2150 килограмнан аспайды. Мұнда сүт өндіру мөлшері де қыруар кейін қалуда. Осының бәрі — малды ұстау технологиясын бұзудың, жемшөп базасы әлсіздігінің, селекциялық-тұқымдық жұмыс деңгейі төмендігінің салдары, жоғары өнімді еңбек үшін малшыларға жағдай жасалмаған, мердігерлік пен аренда баяу енгізілуде.

Үстіміздегі жылдың өзінде әр сиырдан сүт сауууды кемінде 100 килограмм арттыру немесе 2400—2500 килограмм мөлшерінде жылдық сүт сауууды қамтамасыз ету қажет. Мұның өзі мынаны бейнелейді: бір сиырға шаққанда тәуліктік сүт сауууды қысқы кезде кемінде 600—800, ал жазда — 1300—1500 грамм арттыру.

Үстіміздегі жылы республика шаруа-

Digitized by Google

шылықтары алдына сиыр санын 3250 мың басқа жеткізу, шаруашылықтардың барлық категориясында 5500 мың тонна сүт өндіру, мемлекетке 3200 мың тонна сүт тапсыру, бір сиырға есептегенде өнімділікті 2400 килограмға дейін арттыру міндеті қойылды.

1990 жылға дейін сиырларды 3311 мыңға дейін көбейту арқылы сүт сауууды 2500 килограмға дейін арттыра беру белгіленуде, және 5700 мың тонна сүт өндіру жоспарлануда — бұл Азық-түлік программасында қарастырылғаннан 200—400 мың тонна көп.

Өткен жылы сүт сапасы біршама жақсарды. Демек бірінші сортты сүт тапсыру 1987 жылмен салыстырғанда 4,4 процент көбейіп, 52,3 процентке жетті. Мұнда Шымкент, Павлодар, Жамбыл, Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарының шаруашылықтары басқаларға қарағанда өте жақсы жұмыс істеді. Гурьев, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарында сүт сапасы онша емес.

Алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін алғаш бұзаулағаннан бастап сүтті мол алу үшін табынды толықтыратын бұзауларды интенсивті өсіру мәселелеріне айрықша көңіл бөлу керек. Бұл да шаруашылық мақсатына пайдаланудың бастапқы кезінде сиыр құнарлылығының генетикалық потенциалын анықтауға көмектеседі. Төл барлық кезеңде интенсивті түрде өсуге тиіс. 16—18 айлық торпақтардың тірідей салмағы 380—400 килограмға жететіндей етіп жемдеумен күту жағдайын жасау керек. Алғашқы ұрықтандыруға дейін тірідей салмағы 320 килограмға жеткен сиырлар алғаш бұзаулағанда 3000 килограмм, 360 килограмдық мал — 4000 және 400 килограмдық сиыр — 5000 килограмнан сүт бере алады.

Бұзауды ашық ауада ұстаудың «шынықтырушы» әдісін енгізу барысында жақсы нәтижелерге қол жетеді. Оны кеңінен қолдану малдың тәуліктік орташа өсімін ұлғайтумен қатар төлдің сақталуын арттырады, сондай-ақ ол ұстаудың ұзақ мерзімі барысында жоғары құнарлылығын сақтауға қабілетті сау малды өсіруді қамтамасыз етеді.

В. КАШУТА,
Қазақ ССР Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі басқармасының бас маманы,

М. ӘБДІРАЙЫМОВ,
Қазақтың мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу және технология институтының жетекші ғылыми қызметкері, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты.

КӨКТЕМГІ ЕГІС ҚАРСАҢЫНДА



КӨКШЕТАУ ОБЛЫСЫ. Рузаев ауданының «Привольный» совхозының механизаторлары техниканы жөндеуді январь айында-ақ аяқтады. 76 астық жинайтын комбайн, 58 трактор және барлық егіс агрегаттары әзір техника сапына қойылды.

СУРЕТТЕ: техника жөндеуде жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген «Привольный» совхозының машина-трактор шеберханасының меңгерушісі Серік Түржанов пен (сол жақта) таңдаулы механизатор Юрий Забара.

Жергілікті кадрлар

Тым бертінге дейін еліміздің түрлі мүйістерінен механизаторлар Боровской ауданына егін жинауға келетін. Қожайындар үшін бұл ыңғайсыз, әрі экономикалық жағынан тиімсіз еді. Міне, сондықтан мұнда үстіміздегі бесжылдықтан бастап өздерін механизатор кадрларымен қамтамасыз ете алады.

Биыл, мәселен, комбайншылар курстарында ғана 200-ден астам адам оқиды. Көпшілігі кластылығын арттырып, жаңа, мейлінше өнімді техниканы меңгеруде.

Жангелдин атындағы совхозда сабақ төрт бағыт бойынша жүргізіледі. Мұнда комбайншылар, трактористер курстары жұмыс істейді.

Малшылар А. Тимохович пен С. Ермаков, құрылыс учаскесінің жұмысшысы В. Губарев, дәнекерлеуші Р. Гребенников және басқалар өздері үшін жаңа мамандықты ойдағыдай меңгеруде.

Қостанай облысы.

Digitized by Google

ҚАЗАҚ ССР ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ КӨРМЕСІ 1989 ЖЫЛДА

Көрме коллективі қайта құру процесінде республикада дүниеге келген жаңа, таңдаулы нәрсенің бәрін белсенді насихаттаудан өзінің мақсатын көреді. Бізде ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін насихаттап, оның нақты проблемаларының республика халық шаруашылығының түрлі салаларында қалай шешіліп жатқанын көрсету айрықша орын алады. Осы талаптарды ескеру арқылы барлық павильондарымыздың экспозициялары жаңартылуда. Демек «Ауыл шаруашылығы» павильонында «Шаруашылық механизмін жетілдіру» деген жаңа бөлім ашылды. Ол арендаға және еңбекті ұйымдастырудың прогрестік басқа формаларына арналған. «Халық тұтынатын товарлар» павильонның экспозиялары жаңадан жасалды, ол келушілердің зор ықыласын тудыруда.

Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде өткен «Қайта құру мен қоғамдық өмірді демократияландыру — партияның стратегиялық бағыты», «Республикада «Тұрғын үй-91» программасын жүзеге асыру барысы», «Коллективтік мердігерлік жұмыс істеуде», «Рационализаторлар мен өнертапқыштардың ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге қосып жатқан үлесі» т.б. секілді салааралық ірі тақырыптық көрмелер туралы әңгімелейік. Қазір көрмеде мамандарды жұмыстың озық әдістеріне үйрету бұрынғыдан анағұрлым белсенді өткізілуде.

Үстіміздегі жылы жүзден астам тақырыптық көрме, байқау, озық тәжірибе семинары мен мектебін өткізу жоспарлануда. Оған 60-қа жуық министрлік пен ведомство, халық шаруашылығының 10 мыңнан астам маманы мен озаты, мәдениет пен ағарту қызметкері қатысады.

Қазір бас павильонда «Қазақстанның экономикасы», «Әлеуметтік өмір», «Ғылым және білім беру», «Спорт» және басқа жаңа экспозициялар әзірленуде. Сонымен бірге оларда тек жетістіктер ғана бейнеленбейді, сондай-ақ республиканы әлеуметтік-экономикалық дамытудың маңызды проблемаларын шешудің жолдары, саяси реформаны жүзеге асыру барысы көрсетіледі.

«Ауыр индустрия» павильонында шаруашылық есептегі информациялық-коммерциялық орталық құрылуда, ол аяқталған ғылыми-техникалық талдауларды өндіріске енгізуге белсенді ықпал етеді. «Информсервис» компьютерлік орталығы да осында ашылуда. Бұл — информатика, есептеу техникасы салаларындағы озық тәжірибелер мен ғылыми жетістіктерді тарату, автоматтандырылған жүйелерді қолдану. Бұл — компьютерлік сауаттылыққа оқыту жөніндегі шараларды өткізу, халық шаруашылығының мамандарына арналған программалық құралдарды, автоматтандырылған жұмыс орындарын талдап жасап, көбейту. Бұл, сайып келгенде, кәсіпорындарға, ұйымдарға, оқу орындары мен халыққа информациялық есептеу қызметін және оның басқа түрлерін көрсету.

Бүгінде экологиялық проблеманың қаншалықты өткір екені белгілі. Республикалық Табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетпен бірлесіп, көрмеде «Айналадағы ортаны қорғау — жалпы мемлекеттік міндет» экспозициясы ашылуда. Ол осы саладағы мамандарды оқыту және кадрлар даярлау жөніндегі методикалық орталыққа айналып, табиғатты қорғауда бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыруға және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға ықпал етуге тиіс. Үстіміздегі жылдың өзінде-ақ оның базасында «Құрылыс индустриясының кәсіпорындарында айналадағы ортаны қорғау», «Қазақстанның әуе бассейнін қорғау жөніндегі мемлекеттік бақылауды жетілдіру жолдары» деген тақырыптар бойынша таңдаулы тәжірибе мектебін өткізу жоспарлануда.

Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде жоспарланған шаралардың тікелей практикалық бағыты күшейіп келе жатқанын атап өткен жөн. Мәселен, көптеген кәсіпорындар «Республикалық салааралық ғылыми-техникалық «Фосфат» программасын жүзеге асыру» және «Жоғары оқу орындарының республиканың құрылыс комплексінде ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге қосып жатқан үлесі» деген көрмелерден жаңалықтарды пайдалана алады.

Біз 500-ден астам маманды ғылыми-техникалық идеялар мен талдаулар жәрмеңкесіне және «Ғылыми-зерттеу ұйымдарының ғылым мен техниканың

Digitized by Google

жаңа жетістіктерін әзірлеп енгізу жөніндегі жұмысының тиімділігі» деген салааралық тақырыптық көрмеге қатысуға шақырамыз.

Семинарлар мен байқаулар өткізілетін бірнеше тақырыптық көрме халық тұтынатын товарларды өндіру мен халыққа қызмет көрсетуді үдету проблемаларына арналуда. Ішінара алғанда, тоқыма бұйымдары салалары кәсіпорындарында шаруашылық реформасын енгізу тәжірибесі қорытылады. Мебель бұйымдарының таңдаулы үлгілерінің байқау-конкурсы болады. «Қазақстан кооперативтері бүгінде» байқау-көрмесі өтеді.

Агроөнеркәсіп комплексі павильондары шараларының ішінен «Арендалық мердігерлік — аграрлық саясаттың өзекті саласы» деген салааралық тақырыптық көрме, сондай-ақ «Агроөнеркәсіп комплексі кәсіпорындары өндіретін халық тұтынатын товарлар мен халыққа көрсететін қызметтері», «Агроөнеркәсіп комплексі үшін селолық кәсіптік-техникалық училищелерде кадрлар даярлау» байқау-семинарлары айрықша маңызды. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы машиналарының (баптап, ретке келтіру жөнінен) байқауы да қызықты болмақ.

«Ұқсату өнеркәсібі» павильонының экспозицияларында «Шикізаттың дәстүрлі емес түрлерін тамақ өнімдері өндірісінде пайдалану», «Балалар тамағы», «Контейнер-ыдыс» программасын жүзеге асыру», «Жеміс пен жүзімді тиімді пайдалану және жеміс-жидек өнімдері мен картопты сақтау мен ұқсатудың материалдық-техникалық базасын дамыту» және басқа жаңа бөлімдер безендіріледі. Осы павильонда «Жергілікті және дәстүрлі емес шикізатты пайдалану есебінен тамақ өнімдерін өндіруді молайту», «Сүт өнімдерінің сапасын арттыру», «Шикізат пен материалдық ресурс ысырабын кемітү есебінен қант өндірісінің тиімділігін арттыру жолдары», «Тәтті, дәмді тағамдардың бәрі — балаларға» семинарлары өтеді.

«Құрылыс және құрылыс материалдары өнеркәсібі» павильоны экспозициясының тақырыбы республикалық «Тұрғын үй-91» программасын жүзеге асыру барысын кеңінен көрсетеді. Қазір «Казстройтехпроект» институтының талдауларын пайдалану есебінен құрылыс кәсіпорындарын техникалық жағынан қайта жарақтандыру», «Құрылыстағы индустриалық өңдеу» мақсаты программасын жүзеге асыру», «Қазақ ССР Монтаждау және арнаулы құрылыс жұмыстары министрлігі ұйымдарындағы өзін-өзі қаржыландыру, өзін-өзі өтеу және арендалық мердігерлік жағдайындағы құрылыс өндірісінің тиімділігі» семинарлары әзірленуде.

Транспорт, жол құрылысы және байланыс қызметкерлеріне арналған программа да толымды. Оларды «Жол ұйымдарындағы шаруашылық есеп, өзін-өзі қаржыландыру және арендалық мердігерлік», «Алматы темір жолы кәсіпорындарында шаруашылық механизмін жетілдіру», «Республиканың телевизия және радио станцияларында басқарудың автоматты жүйесін енгізу», «Қазақстанның почта байланысы кәсіпорындарында микроэлектронды-есептеу машиналарын қолдану» тақырыптары бойынша кездесулер күтеді.

Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде өтетін бірқатар семинарлар жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу проблемаларына арналады. Олардың ішінде «Мектеп реформасы талаптарына сай еңбек және кәсіптік оқытудың міндеттері», «Озық педагогикалық тәжірибені мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері жұмысына енгізу» т. б. семинарлары бар.

Көрме коллективі біздің республикамыздың жетістіктерін шетелдерде насихаттауға, кәсіпорындарда экспорттық мүмкіндіктерді іздестіруге белсене қатысуда. Өткен жылы біздің қатысуымызбен «СССР-дегі ғылым мен техника» экспозициясының құрамында Пекинде көрме және «Қазақ ССР-інің ғылымы, техникасы және экономикасы» көрмесі Лаос Халық-Демократиялық Республикасының астанасы — Вьентьянда өткізілді. Олардың барысында сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы шарттар жасалды. Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде сондай-ақ Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен республикалық «Казахинторг» бірлестігі өкілдері Поляк Халық Республикасының, Қытай Халық Республикасының, Ауғанстан Демократиялық Республикасының, Францияның сыртқы сауда ұйымдарымен келіссөздері етті. Бізде бертінде ашылған «Экспортқа ұсынылатын товарлар» тұрақты көрмесі аса танымал болуда.

Көрмеде әсіресе сенбі және жексенбі күндер демалыстары жақсы ұйымдастырыла бастады. Фестивальдар, жәрмеңкелер, халық шаруашылығы салаларының күндері, шерулі мерекелер, концерттер және дискотекалар өткізіледі.

Т. ЖӘҢГІРОВА,
Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесі директорының орынбасары.

Digitized by Google

ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ БАСТЫ МІНДЕТІ

Баспасөз бен жариялылық — осы екі ұғымның бірлігінсіз қайта құру, демократияландыру процесінің өзін елестету мүмкін емес. Баспасөз, телевизия мен радиохабар қызметкерлері елдің өмірін жаңарту, адамдардың сана-сезімін ескі көзқарастан, тоқыраушылық кезеңінің догмаларынан арылту үшін көп нәрсе жасады. Дегенмен қайта құрудың қазіргі кезеңінде олардың алдында әлі де аса күрделі міндеттер тұр. «Қазір, — деді М. С. Горбачев КПСС Орталық Комитетінде жұмысшылармен кездесуде, — шын мәніндегі нақты жұмысқа көңіл бөлу керек, қазір практикалық жұмыстар уақыты еңбек коллективтерінің де, басқару органдарының да, партия органдарының да, бұқаралық информация құралдарының да назары осыған аударылуға тиіс».

Бізде осыншалықты жауапты міндетті орындау үшін не қажеттің бәрі бар. Республикамыздың газеттері мен журналдарында, кітап баспаларында, радиосы мен телевизиясында алты жарым мыңнан астам адам жұмыс істейді, олардың төрт жарым мыңы — еліміздегі ең үлкен творчестволық одақ — СССР Журналистер одағының мүшелері. Бізде 450 республикалық, республикааралық, облыстық, қалалық, аудандық және көп тиражды газет басылады, олар қазақ, орыс, неміс, ұйғыр, корей және өзбек тілдерінде шығады. Басылымдарды жаздырып алушылар енді жылдық тиражы 40 миллион данадан асатын 30-дан астам журнал және 100-ден астам журнал типтес басылым алады. Соңғы жылдары республикалық — 17, облыстық және қалалық — 13 телевизия студиясы мен радиохабар редакцияларының аудиториясы өсті.

Республиканың жеті кітап баспасы қоғамдық-саяси, көркем, ауыл шаруашылық, педагогика, ғылыми, балалар-жастар әдебиеттерін, өнер әдебиеттері мен бейнелеу өнімдерін шығарумен айналысады. Толық шаруашылық есепке ауысуға орай кітап өнімдерінің санасы жақсарды. Бүкілодақтық және халықаралық кітап жәрмеңкелеріндегі табыстарымыз осы жайлы әңгімелейді. Алматы полиграфия комбинатының коллективі 1988 жылы социалистік жарыс қорытындысы бойынша еліміздің полиграфия кәсіпорындары арасында бірінші орын алды. Республиканың кітап баспалары шығаратын 30 миллион данадан астам кітап пен кітапша — полиграфистер еңбегі.

Қайта құру жолындағы күресте бұқаралық информация мен насихат құралдарының тегеурінділігі өсіп келеді. Республикалық «Социалистік Қазақстан» мен Казахстанская правда» газеттерінде, басқа газеттер мен журналдарда қаншама бірлікті де принципті мақалалар жарияланууда Республикалық телевизия мен радионың тікелей эфирге хабарлар беруі, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Қарағанды телевизия студияларының көптеген программалары аса танымал болып келеді, оларда телевизия көрермендерінің аса өткір сұрақтарына дереу жауап беруге ұмтылады.

Баспасөздің, телевизия мен радионың СССР халық депутаттары сайлауына әзірлікке қатысуы партия және совет органдарынан, жұртшылықтан жоғары баға алды.

Баспасөздің көптеген органдарының ұйымдастырушылық ролі өсті. Орал облыстық «Орал өңірі» және «Приуралье» газеттері Волгоград облыстық «Волгоградская правда» газетімен бірлесіп, осы көршілес облыстар еңбекшілерінің социалистік жарысын ұйымдастырушылар болды. Олардың беттерінде үндесулер, өндіріс озаттары мен мамандарының, ғалымдардың, партия және совет қызметкерлерінің қатысуымен «дөңгелек стол» басындағы әңгімелер жүйелі өткізіледі. Солтүстік Қазақстан, Гурьев және басқа бірқатар облыстық газеттер жарысушы облыстармен интернационалдық достық одақты нығайтуға белсенді көмектесуде.

Еңбекті ұйымдастырудың арендалық және басқа прогрестік формаларына көңіл бөлу күшейді. Целиноградтық, ақтөбелік, шығыс қазақстандық, көкшетаулық, қостанайлық, шымкенттік облыстық газеттер осы тақырыптарды аса тиянақты жүргізеді.

Сондай-ақ баспасөздің экология проблемаларына бет бұруы орынды. Қызылорда облыстық «Ленин жолы» мен «Путь Ленина» газеттері осы проблемаларды тегеурінді жүргізуге ұмтылады, олар бірінші болып Аралды қорғау тұрғысынан өз пікірлерін айтты.

Көптеген аудандық, қалалық және көп тиражды газеттердің бейнесі айтарлықтай өзгеріп, олардың пәрменділігі өсіп келеді. Мысалға В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының

5 май — баспасөз күніне, 7 май — радио күніне, бүкіл байланыс саласы қызметкерлерінің мерекесіне.

Digitized by Google

«Металлург» газетін (редакторы З. А. Перекуто) алайық. Ол тым бертінде ағымдағы оқиғаларды көбіне атаумен шектелетін. Енді коллективті толғандыратын проблемаларды өткір қоюда, және редакция оларды шешуге табандылықпен қол жеткізуде. Мәселен, көп тиражды газеттің комбинаттағы экологиялық жағдайға елеулі ықпал жасай алатынына сенушілер аз еді. Демек «үлкен баспасөз» органдары да осы мәселені қолға алғанымен ештеңе шығара алмаған еді, сонда да «Металлург» газеті экологияға елеулі ықпал жасауда.

Заводтық журналистердің интернационалдық және патриоттық тәрбие тақырыптарын баяндап, өскемендік металлургтердің еліміздің өндірістік коллективтерімен және социалистік мемлекеттермен экономикалық және басқа байланыстарының барлық қырын көрсетуі игі лебізге лайықты. Демек «Металлургтің» тегеурінділігі көбіне-көп партком секретары Г. П. Клюев пен комбинаттың бас директоры А. С. Күленов тарапынан жасалатын қолдаумен де анықталатынын атап көрсетпеуге болмайды.

Қарағанды металлургия комбинатының «Металлург Темиртау» (редакторы П. А. Хегай), Қарағанды жылу жабдықтары заводының «Радиатор» (редакторы Л. Г. Аханова) көп тиражды газеттерінің жұмысында батыл қатынастар орнықтырылуда. Олар шаруашылық реформасы, экономикалық жалпыға бірдей оқу тақырыптарын тиянақты жүргізеді.

Ұлғая түскен демократияландыру мен жариялылық жағдайында баспасөздің оқырмандармен кері байланысы барған сайын зор маңызға ие болуда. Көптеген редакциялар оқырмандар почтасына сүйене біледі. Мәселен, «Индустриальная Караганда» газетінің редакциясы өткен жылы алған 20 мың хаттан бес жарым мыңнан астамы жарияланды. «Сіздің хатыңыз» деген тақырыптық бет айына екі рет беріледі. Қалың оқырмандар қауымының көмегімен редакцияның Қарағанды металлургия комбинаты мен Лисаков кен байыту комбинаты, Қарағанды металлургия комбинатының ақ қаңылтыр цехы мен Тираспольдың балалар тағамы консерві заводының сабақтас коллективтерінің социалистік жарысын дамытуына жасар ықпалын күшейтуінің сәті түсті.

Жаңа қатынастар шындап қуантады. Сонымен бірге республиканың журналистер коллективтері қызметінде іркілістер де аз емес. М. С. Горбачевтің КПСС Орталық Комитетінде жұмысшылармен кездесуде баспасөздің кейбір қызметкерлері және тұтас коллективтер митингілік кезеңде бөгеліп қалғаны туралы ескертпесінің бізге толығынан қатысы бар. Бертінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросында осы жайлы өткір де принципті әңгіме болды, онда Қазақстан Журналистер одағының бұқаралық информация құралдары қызметкерлерін материалдардың идеялық-саяси бағыты үшін жоғары жауапкершілік рухында тәрбиелеу жөніндегі жұмысы туралы мәселе қаралды.

Республиканың Журналистер одағы баспасөз, телевизия, радио қызметкерлерін Бүкілодақтық XIX партия конференциясының шешімдерін жүзеге асыруға, қайта құруға жұмылдыру жөніндегі жұмысты күшейте түскені аталды. Бюро өз қаулысында ірі кемшіліктерді, ең алдымен Журналистер одағында жасампаздық инициативаның, өз жұмысын өзара сын тұрғысынан бағалай білушілік жетіспейтінін атап көрсетті.

Баспасөз органдарының оқиғаларға ілесе алмай, соңында қалу, қоғамдық пікірді қалыптастыруға нашар ықпал ететін жәйттер әлі де жиі кездеседі. Кейбір журналистер өзінің ролін болып жатқан оқиғаларды тіркеу ғана деп біліп, ескіше жұмыс істеуден қол үзе алар емес. Басқалары, керісінше, плюрализмді ойына не келсе соны істеумен шатастырып, белгілі бір дәрежеде асыра сілтеңкіреп жіберуге жол береді, сөйтіп оқырмандарды адастырып тастайды. Көптеген бұқаралық информация құралдарына, әсіресе облыстық және аудандық газеттерге саяси және экономикалық реформа, партияның әлеуметтік саясаты, қайта құру тәжірбесін ой елегінен өткізу, праволық мемлекетті орнықтыру, ұлтаралық қатынастар сияқты және басқа маңызды бағыттарға терең бойлап, жұмысты өзгеше жүргізу жетіспей жатады. Партия ұйымдарындағы, басқа да қоғамдық ұйымдардағы қайта құрудың барысы туралы материалдар жаттанды әдіспен, көбіне тартымсыз әзірленеді. Қаулыда журналистердің бойында өз ойын баяндап берудің жоғары мәдениетін, өз материалдарының нәтижелерін бағалай білу шеберлігін, туындап жататын проблемаларға терең де жан-жақты талдау жасау, оларды болжап білу талабына тәрбиелеу қажеттігіне көп көңіл бөлінді.

Сонымен бірге одақ ұйымдарына партиялық басшылық жасауды жақсарту жөніндегі шаралар да белгіленді. Жан-жақты пікір алмасуды қолдана отырып, басшы партия, совет, кәсіподақ, шаруашылық қызметкерлерінің және мамандардың қатысуымен журналистерді жүйелі түрде, айына кемінде бір рет перспективалы және ағымдағы мәселелер бойынша хабарландырып отыру партия комитеттеріне тапсырылды.

Журналистер қауымы сондай-ақ қау-

Digitized by Google

лыда жазылған тиісті органдарға олардың еңбек, тұрмыс және демалыс жағдайын жақсарту, оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөнінде комплексті шаралар әзірлеп, жүзеге асыру ұсынысын зор қанағаттанғандықпен қарсы алды. Республикалық ұйымдардың Алматыда Қазақстан Журналистер одағының 100—120 орындық санаторий-профилакторийді салуға әзірлікке белсенді көмек көрсетуі осы бағыттағы алғашқы қадамдардың біріне айналды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысын орындай отырып, журналистік ұйымдар өмір ұсынған проблемаларды шешуді батыл қолға алуда. Бұқаралық информация құралдары қызметкерлерінің оқуы жолға қойылды, творчестволық секциялардың қызметі жандануда. Мұнда да Алматы қалалық журналистік ұйымы үлгі көрсетуде, онда журналистік шеберлік семинары мен мектебінің жұмысы жатық ұйымдастырылған. Сондай-ақ Павлодар облыстық журналистік ұйымының талантты жеткіншектерді тәрбиелеу жөніндегі жұмысы туралы да айрықша айтқымыз келеді. Үстіміздегі оқу жылында оның ұсынысы бойынша Москва мемлекеттік университетінің, Қазақ мемлекеттік университетінің және еліміздің басқа университеттерінің журналистика факультеттеріне 17 павлодарлық түсті.

Біздің одағымыз басқармасының пленумдарды өткізудегі формализмнен арылып, оларды пікірталас, «дөңгелек стол» басындағы кездесу түрінде мейлінше демократиялық формада өткізуінің сәті түсті. Соңғы, төртінші пленумға қатысушылар анкеталар алды, ондағы сұрақтар жариялылықты одан әрі дамыту, қайта құру проблемалары жөніндегі материалдардың тиімділігін арттыру жөнінен редакция ұжымдарындағы істің жайын ой елегінен өткізуге көмектесті. Республикалық телевизияның аса өткір де проблемалы хабарларының үзінділерінен тұратын арнаулы программа көрсетілді. Ашық, принципті әңгіме болды.

Қазақстан журналистері өздерінің кәсіптік мерекесін қарсы ала отырып, жариялылық — бұл қайта құрудың өзіндік айнасы ғана емес, оның пәрменді, жасампаздық аспабы екенін есте ұстайды және олар осы аспапты іскер әрі тиімді пайдалануға ұмтылуда.

В. ШТЫРОВ,
Қазақстан Журналистер одағы басқармасының секретары, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген қызметкері.

КӨМЕКТЕРІ ҮШІН АЛҒЫС АЙТАМЫЗ

Қайта құру проблемаларын баяндауға белсенді көмектескені үшін және Баспасөз күніне байланысты «Қазақстан үгітшісі»—«Агитатор Казахстана» журналының штаттан тыс авторларының бір тобы редакцияның Құрмет грамоталарымен наградталды.

Алтынай АБЫЛАЕВА — Алматы мақта-мата комбинатының жіп иірушісі, Бүкілодақтық XIX партия конференциясының делегаты.

Тереза Леонидовна БАРТАШ — Целиноград облысы Шортанды аудандық партия комитетінің секретары.

Александр Анатольевич ГРИГОРЬЕВ — Павлодар алюминий заводының насихатшысы.

Зинаида Ивановна ДИБАЕВА — Целиноград облысы «Целиноград» құс фабрикасының насихатшысы.

Манат ЕСЕНТАЕВ — Қызылорда облысы Тереңөзек ауданының XVIII партсъезд атындағы совхозы партия комитетінің секретары.

Өміреерік Төлешұлы ҚАСЕНОВ — Алматы жоғары партия мектебінің доценті.

Владимир Александрович КИМ — Жамбыл педагогика институтының доценті.

Бакир Яхиянович БАЯХУНОВ — Құрмаңғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының профессоры міндетін атқарушы.

Сейдін Бизақұлы БИЗАҚОВ — Қазақ ССР Ғылым академиясы тіл білімі институтының ғылыми қызметкері.

Эрвин Францевич ГОССЕН — ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі президиумы председателінің орынбасары.

Евгений Александрович КУХТА — Көкшетау облыстық «Степной маяк» газетінің тілшісі.

Алевтина Борисовна МАМЫШЕВА — Семей қалалық партия комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

Сайра Ақылбайқызы МОЛДАБЕКОВА — Алматы қаласы Октябрь аудандық партия комитетінің нұсқаушысы.

Кеңес МҰРЗАЛИН — Ақтөбе хром қоспалары заводы партия комитетінің секретары.

Раиса Ивановна РОГАН — Алматы облысы Талғар аудандық партия комитеті саяси оқу кабинетінің консультанты.

Галина Михайловна ЯКОВЕНКО — Шығыс Қазақстан облысы Серебрянск қалалық партия комитетінің секретары.

Digitized by Google

ЗАҢ КҮШІ ӘДІЛЕТТІЛІКТЕ

Елімізде ССР Одағы мен одақтас республикалардың Қылмыстық істер заңдары негізінің жобасын бүкілхалықтық талқылау өтуде. Осы документ ғалым-юристер мен практик қызметкерлердің үлкен коллективінің бірлескен еңбегінің нәтижесі болды. Оны қабылдау Бүкілодақтық XIX партия конференциясының право реформасын жүзеге асыру және социалистік праволық мемлекетті қалыптастыру туралы шешімдерін жүзеге асыру жолындағы ірі қадамды бейнелемек.

Жаңа заң актісі азаматтардың заңды мүддесі мен правосын қылмысты қол сұғушылықтан бұрынғыға қарағанда мейлінше сенімді қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Ол совет адамдарын заңды қайсыбір бұзушылыққа ымырасыздық, оны қорғауға әзір тұрушылық рухында тәрбиелеуге белсенді ықпал етуге тиіс. Социалистік әділеттік принциптерін жүзеге асыра отырып, жаңа қылмыстық істер заңы жазаланбаушылыққа, жауапкершіліктен құтылып кету мүмкіндігіне, сонымен бірге кінәсіз адамның заңсыз сотталуына жол бермеуге бағытталған.

Заң негізінің жобасында қаланған басты мақсаттар мен міндеттер осындай. Қазіргі қолданылып отырған заңмен салыстырғанда осы мақсаттар мен міндеттер қыруар ұлғайтылған. Енді онда төрт бөлімнің орнына тоғыз бөлім, 47 статьяның орнына 76 статья бар.

Жобада баяндалған принциптерге де көңіл бөлмеуге болмайды. Бұл — заңдылық, демократизм, жауапкершілік, азаматтардың заң алдындағы теңдігі, жеке және айыптылық жауапкершілігі, әділеттік пен адамгершілік.

Қылмыстық істер заңы реттейтін мәселелер ауқымы қыруар өзгеріп отырғанын айту керек. Бір жағынан, ол айналадағы ортаны қорғау, бейбітшілік және адамзат қауіпсіздігі секілді басты бағыттарды енгізу есебінен ұлғайтылуда. Бұдан қоғамның, сондай-ақ жеке тұлғаның игілігі туралы қамқорлық көрінетінін байқау қиын емес. Ал екінші жағынан, жазаланатын қылмысты әрекеттерден тұтасынан бірқатар право бұзушылық тармақтары алынып тасталды.

Демек жоба күйеуінің немесе жақын туысқанының қылмысы туралы хабарламағаны үшін азаматты қылмысты жауапкершіліктен құтқаруды қарастырады. Жеке адамның басына табынушылық кезіндегі келеңсіз тәжірибе осыған бастады, онда жақындарының әрекеті үшін қылмысты жауапкершіліктен сескенып, жала жабу салдарынан көптеген істер пайда болды.

Жеке бөлімде қылмысты жауапкершілікке жол бермейтін жағдайды анықтайтын статьялар берілген. Бүгінде қолданылып жүрген заңдағы қажетті қорғаныс және өте-мөте қажеттілік секілді жағдайларға қоса заң негізінің жобасы оған тағы үш тармақты жатқызады. Бұл —«қылмыс жасаған адамды ұстау» (25-статья), «кәсіптік және шаруашылық тәуекелі» (26-статья), сондай-ақ «бұйрықты немесе жарлықты орындау» (27-статья). Сөйтіп «риясыздық кінәсі» деп аталатын проблеманы шешуде нақты қадамдар жүзеге асырылуда. Мысалға кәсіптік немесе шаруашылықтық тәуекел етуді алайық. Қазіргі жағдайда көбіне шаруашылық қызметкерлері, өнертабысшылар жаңа техника мен прогрестік технологияны, шаруашылықты жүргізудің жаңа формаларын енгізу жөніндегі қызметінде тәуекел етеді. Алайда жобада анықталғанындай, егер тәуекел ету осы заманғы ғылыми-техникалық білім мен тәжірибеге негізделсе ғана, егер право қорғау мүддесіне зиян келтіруге жол бермеудің түрлі шаралары қабылданса ғана ол орынды деп танылады.

Бүгінде халық судьялары тоқыраушылық жылдарында инициативалық, алғырлық барысында болатын іркілістер үшін сотталған шаруашылық қызметкерлеріне шығарылған бірқатар үкімдерді жойды.

Жоба қылмыстық істер заңынан жазалаудың бірнеше түрін — жер аударуды шегеріп тастауды, бас бостандығын шектеудің, әскери қызметшілер тұрғысынан қызметті шектеудің жаңа түрлерін енгізуді қарастырады.

Жаза ретінде тұтқындауды енгізу қылмыстық істер заңында адамгершілік принциптерін жүзеге асыру болып табылады, оған сәйкес «қылмыс жасаған адамға жазаның ең аз мөлшері немесе қылмыстық-праволық ықпал жасаудың басқа шаралары, оның түзелуі және жаңа қылмыс жасаудың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті шаралар тағайындалуға тиіс». Осы қағиданың орын-

Digitized by Google

дылығын мынадай мысалдан көруге болады. Айталық, азамат қайсыбір қоғамдық орында, коммуналдық пәтерде ұрыс-керіс шығарды делік, демек оны бір жылға соттау немесе одан көп уақытқа бас бостандығынан айыру міндетті ме? Міндетті емес қой, деп ойлаймыз. Алайда мұндай жағдайда ымырашылдықпен қарауға болмайды, демек бір айдан үш айға дейінгі мерзімге тұтқындау қажетті де, жеткілікті де жаза өлшемі болып табылады.

Жалпы бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қолдану ауқымын одан әрі қысқарту қарастырылуда. Жазаның ең ұзақ мерзімі 10 жылға дейін кемітілді және жекелеген, аса қауіпті қылмыс үшін 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қалдырылды.

Ең ауыр жаза — өлім жазасына кесуді қолдану туралы мәселенің заңды, сондай-ақ саяси зор мәні бар. Оны толық жойғанға дейін өлім жазасына — ату жазасына кесуді аса қауіпті мемлекеттік қылмыс (шпиондық жасау, Отанға сатқындық, зиянкестік т. б.), сондай-ақ тым ауыр жағдайда кісі өлтіргені, жасы жетпегендерді зорлағаны үшін қолдануға жол беру қарастырылады. Оны 18 жасқа дейін қылмыс жасағандарға, сондай-ақ үкім шығарылу сәтіне дейін 60 жасқа жеткен әйелдерге, сондай-ақ ерлерге қолдануға болмайды.

Кәмелетке толмағандарды қылмысты жауапкершілікке тарту тәртібін реттейтін статьялар жеке бөлінген. Демек олар үшін бас бостандығынан айырудың ұзақ мерзімі 10 жылдан 7 жылға дейін кемітілді. 14 жастан 16 жасқа дейін қылмыс жасаған адамдарды қасақана кісі өлтіргені, қасақана ауыр және ауырлау жарақат салғаны үшін ғана қылмысты жауапкершілікке тарту тағайындалуда. Мұның барысында қажетті қорғану немесе қатты жан күйзелісі жағдайында жасалған әрекет үшін жауапкершілікке тартылмайды.

Жазаны іс жүзінде өтеу мерзімін қысқарту секілді кәмелетке толмағандар жазасын азайту формасы да қарастырылуда. Қоғамдық аса қауіп тудырмайтын қылмыс үшін сотталған жасөспірім жазасын өтегеннен кейін сотталды деп есептелмейтін болады. Осы арқылы өзінің тәжірибесіздігінен және тәрбиесінің нашарлығынан право тәртібін болмашы бұзушылыққа жол берген жасөспірімді бас бостандығынан айыруға соқтыратын келеңсіз практикаға тиым салынады. Әрине, жаңа жағдайда кәмелетке толмағандардың тәрбиесі үшін ата-аналардың, еңбек және оқу коллективтерінің жауапкершілігі шұғыл өсе түседі.

Назарды мына мәселеге аударғымыз келеді: жобада айыптының жауапкершілігін жеңілдететін жағдайлардың үлгі тізімі кеңейтілген. Оған кінәлінің қылмысты ашуға белсене ықпал жасауы, жан күйзелісінен, озбырлықтан немесе балағаттау ықпалынан, жәбірленушінің бейморальдық немесе аңғалдық мінезінен жасалған қылмыстар 43-статьяға енгізіледі.

Өз тарапынан, егер айыпты психикалық ауруға шалдыққан немесе ақылы жетіспейтін адамды пайдалану (мұндай сырқат адамдар заң бойынша қылмысты жауапкершілікке тартылмайды) арқылы жасалған қылмыс, егер айыптыға материалдық қызмет, және басқадай тұрғыдан тәуелді адамдар немесе айыпты үшін екіқабат әйелдерді тарту арқылы жасалған қылмыс өте ауыр жауапкершілік деп есептеледі.

Қылмыстық істер ауқымын қыруар қысқарту қарастырылуда, қазір қолданылып жүрген қылмыстық істер заңы бойынша үкімді орындауды кейінге қалдыруға тиым салынады. Енді ол аса ауыр қылмыс жасаған немесе бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айрылған адамдардан басқаларға қолданыла алмайды. Сондай-ақ адал ниетпен мойындау, кінәсін мойындап келу және қылмыстың зиянды салдарына жол бермеу, оны ашуға көмектесу, нұқсанды ерікті түрде өтеу және келтірілген зиянды жою — осының бәрі адамды қылмысты жауапкершіліктен толық босату үшін негіз қызметін атқара алады. Бұрын осы жағдай тек кінәні жеңілдететін көрініс деп танылды, және сот үкімді шығару барысында оны ескеру мүмкіншілігін өз қалауына қарай шешті. Мұндай жағдай сотталушының шындықты мойындап, өзі келтірген нұқсанды өтеуіне толық көлемінде ынталандырмады.

Жобада қылмыстық істер заңында адамгершілік пен әділеттік принциптерін жүзеге асыруда қабылданып жатқан нақты қадамдар туралы бейнелейтін басқа да жаңалықтар көзделген. Демек қылмыстың жасалғаннан бергі мерзімі кемітілді, осы мерзім өткеннен кейін адам қылмыстық жауапкершіліктен, сондай-ақ айыптау үкімін орындаудан босатылады.

Шартты түрде — мерзімінен бұрын босатуға немесе жазаны аса жеңілдеу жазамен алмастыруға болмайтын адамдар да күрт қысқартылды. Ішінара айтқанда, жоба өлім жазасы кешірім жасау немесе амнистия ретінде бас бостандығынан айырумен алмастырылатын адамдар, сондай-ақ аса қауіпті рецидивистер деп танылған адамдар тұрғысынан жазаны жеңілдету мүмкіншіліктері қарастырылуда. Мұның өзі олар-

Digitized by Google

дың өздерінің ауыр кінәсін өздерінің адал еңбегімен өтеуге жетелейді.

Жаңадан еңізілген 61 және 62-статьяларда психикалық аурумен сырқаттанған, өздерінің қимыл-әрекетіне есеп беру мүмкіншілігінен айрылған адамдарды жазалаудан құтқару тәртібі анықталуда. Сондай-ақ қылмыс жасаған және психикалық сырқатпен ауыратын немесе маскүнемдер, нашақорлар және токсикомандар болып табылатын адамдар тұрғысынан еріксіз түрде медициналық сипаттағы шараларды қолдану мәселесі де реттелуде. Психикалық сырқаттарға қолданылатын мұндай шаралар мен емдеу түрлерінің реті де анықталуда.

Жобаны талқылау барысында онда қаланған адамгершілік пен қайырымдылық идеялары азаматтарда қарама-қайшы пікірлер тудыруда. Біреулері өлім жазасын толық жоюды, жазалау мерзімін кемітуді, қылмысты жауапкершіліктен босатуды жақтайды. Қылмыстың жайына алаңдаған енді біреулері право қорғау органдарының жазалау қызметін қатайта түсуді талап етеді. Сот практикасының көрсетіп отырғанындай, бас бостандығынан айыру мерзімін ұзарту өздігінен қылмысты кемітіп, оны жою міндетін шеше алмайды. Қылмыспен күрес жүргізу — бүкіл қоғамның ісі. Бір жағынан, право қорғау органдары күш-жігерінің бірлігі ғана (қылмысты дер кезінде ашу, объективті тергеу және әділ сот), екінші жағынан, еңбек коллективтерінде, жұртшылық ортасында право тәртібін бұзушылықты принципті түрде талқылау қылмысты қол сұғушылыққа сенімді тосқауыл бола алады.

Бүкіл еліміздегідей, республикамыздың тұрғындары заң негізі жобасын талқылауға белсенді түрде қатысуда. Юристер еңбек және оқу коллективтерімен ұдайы кездесіп, оның негізгі қағидаларын түсіндіруде. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумында арнаулы комиссия құрылды, ол түсіп жатқан ұсыныстарды жүйелі түрде қорытады. Әр азамат өз ұсыныстары мен ескертпелерін айта алады.

Ш. БЕЛАЛОВ,
Қазақ ССР Юстиция министрлігінің заңды жүйелеу және насихаттау басқармасы бастығының орынбасары.

ЖУРНАЛ ДАБЫЛЫНАН КЕЙІН

«Нарколог жәрдемі»

«Қазақстан үгітшісі»—«Агитатор Казахстана» журналының 1989 жылғы 21-ші номерінде осындай тақырыппен жарияланған мақала авторы республикада алкоголизммен, нашақорлықпен, токсикоманиямен күрес жүргізудің өзекті проблемаларын қозғаған.

Айтылған ұсыныстар мұқият зерттелді. Денсаулық сақтау министрлігі наркологиялық қызмет жұмысындағы әсіре ұйымшылдықты жою, оның тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды белгіледі. Аты-жөнін айтпай емделу кабинеттерінің жүйесі дамып келеді, онда дәрігерлерге сырқатты диспансерлік есепке алу тиімділігі туралы мәселені өзінің шешуіне право берілді.

Алкогольден емдеу тиімділігін арттыру мақсатында Жамбыл қаласындағы облысаралық наркологиялық психотерапевтік орталық республикалық психотерапевтік наркология орталығы болып қайта құрылды. Мұнда республиканың барлық аймақтарына арналған нарколог-дәрігерлерді даярлау жолға қойылды.

Наркологиялық қызмет құрылымын қайта құру жөніндегі экспериментке көңіл бөлу арта түсті, ол Қарағанды облыстық наркология диспансері базасында жүргізілуде. Оны құру аяқталғаннан кейін мақала авторы атаған кемшіліктердің көпшілігінен ада болған наркологиялық қызметтің жаңа құрылымы құрылады.

Сондай-ақ журнал оқырмандарына мынаны хабарлаймыз: СССР Денсаулық сақтау министрлігі бертінде алкоголизм, нашақорлық, токсикомания дертіне шалдыққандарды емдеу мен диспансерлік қадағалауға байланысты мәселелерді шешуде республикалық денсаулық сақтау министрліктерінің правосын қыруар ұлғайтатын бұйрық шығарды. Оның үстіне одақтық министрлік алкоголизммен сырқаттанушыларды диспансерлік қадағалау ұзақтығын бес жылдан үш жылға дейін қысқартты, ескірген нұсқаулардың көпшілігін жойды.

Наркологиялық қызметті жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырыла береді.

Г. ҰРМҰРЗИНА,
Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрінің орынбасары.

Digitized by Google

ТЫҢДАУШЫЛАРДЫ БАУРАЙ БІЛЕЙІК

Аудиторияны бауырай білуді үйрену үшін лектордың дауыс екпіні мен дауыс ырғағын меңгеруі жетімсіз. Ол эмоционалдық ықпал жасау тәсілдерін меңгеріп, аудиторияның әлеуметтік-психологиялық қасиеттерін: оның құрамының біртекті немесе әртекті болуын, сипаты мен сөз сөйлеу екпінін, осы тақырыпқа әзірлігін ескеруге тиіс.

Лекторлық еңбек практикасымен қалыптасқан тәсілдер мен ережелер де баршылық. Оларды ескеруге кеңес береміз.

Ең алдымен аудиторияның назарын өзіңе аудара білудің маңызы зор. Аудитория алдына шығып, мінберге тұрып, 15—20 секунд үзіліс жасап, тыңдаушыларға шолу жасап, олардың көңіл-күйін бағалап, осы арқылы аудиторияның лектормен, оның киім киісімен, сырт пішінімен танысуына мүмкіндік беру керек.

Одан әрі микрофонды өзіңіз үшін мүмкіндігінше ыңғайлы етіп қойыңыз. Мұның барысында келесі қағиданы ескеру: микрофонмен арақашықтықты 40—50 сантиметрдей сақтау қажет. Неліктен? Тым жақын тұрғанда микрофон дауыс ырғағын бұзады, кейде дауыс шашыраңқы болып шығады, қағаздың сыбдыры, су ішу естіліп тұрады, оның үстіне «т», «п», секілді дыбыстар анық естілмейді, ш, ч, щ секілді дыбыстар естілмейді немесе теріс айтылады, созыңқырап айтылған «с» дыбысы ыңғайсыз, теріс әсер туғызады. Микрофон алдында қатты дем алмаған және текстіе өте дәлдікте айтуға ұмтылған жөн. Дегенмен 300—400 орындық залда микрофонды пайдаланбай, қаттырақ сөйлеген жақсы.

Әлбетте залдың көлемі мен оның архитектурасын ескеру қажет. Егер зал ұзын болса — дауыс қаттырақ шығады. Зал ыңғайлы, дөңгелек келсе, дауыс баяу шығарылады. Демек, дыбыс залдың ортаңғы қатарларына жететіндей етіп сөйлеу керек. Егер лектор шамамен жетінші қатардағыларға арнап сөйлесе, онда оның сөзі соңғы қатардағыларға естілмейді. Оның үстіне бұл «шеткі» қатарларда отырғандарға сыйламаушылық ретінде көрінеді. Соңғылары материалды нашар қабылдайды және психологиялық фактор күшіне енеді —лекторды елемеушілік байқалады.

Конспектіге үңіліп, текстіні оқи бермеңіз. Осы заманғы зерттеулер көрсеткеніндей, текстіні қағаздан оқу барысында аудитория 30 минуттық сөз сөйлеу ішінде хабардың 17 проценттен сәл астамын ғана қабылдайды. Мұндай сыдыртып оқу барысында аудиториямен тікелей қатынас болмайды. Лектордың интонациясы жұпынылау шығады, тыңдаушыларға эмоционалдық ықпал болмайды, яғни аудиторияға онша ықпал жасамайды.

Зерттеулердің көрсеткеніндей, аудитория 45 минуттық лекцияны біркелкі қабылдай бермейді. Алғашқы 25 минутта тыңдаушылардың 100—90 проценті, келесі 10 минутта — 70—50 проценті қабылдайды, ал соңғы 10 минут көбіне жалпы қабылданбайды. Лекцияның, баяндаманың соңында адамның миы шаршайды, көңіл бөлуі бәсеңдейді. Сөз сөйлеушінің лекция барысында мұны есте ұстап, ескеруі керек. Сонда не жасау керек? Лекцияның соңында аудиторияның назарын дереу өзіңе аудару қажет: қызықты фактоды келтіру, тақырыптан шегінбей-ақ күлкілі оқиғаға жетелеу немесе лекцияны оқу қарқынын жеделдету керек. Қазіргі өміріміздің жедел қарқынына 35—45 минуттық лекцияның ыңғайлы екені туралы пікірді де ескірген жөн, мұнымен келісуге болады.

Және соңғысы маңызды қағида: сөз сөйлеу барысында өзіңді-өзің қадағалауды, тым қатты сөйлеп тұрған жоқпын ба деп өз сөзіңді тыңдай білуді үйрену керек. Тақырыптан ауытқып кеткен жоқпын ба? Солбір тыңдаушымен ұзақ араласып тұрған жоқпын ба? Өзімді тым көбірек көрсетіп жүрген жоқпын ба? Өзіңді-өзің бақылау лектордың ішкі және сыртқы мәдениеттілігін ұштай түсуге көмектеседі.

Лектор күтпеген жағдайларды да ескеріп, оған әзір болуға тиіс. Сондықтан өзің үшін алдын ала сұрақтарды әзірлеп, көптеген «егер» сауалдарына жауап беруге тиіс.

Лектор аяғының бұлшық еттері, денесі, қолы шаршаса ше? Мұндай «шаршауды» сейілту үшін төмендегідей жаттығулар жасау: мінбердің ар жағында алақаныңды он-он бес рет ашып, жұму керек. Немесе алақаныңа назарды аудар, өйткені психологтардың айтатынындай қолдың саусақтары өзіңнің күйің туралы қаншама көптеген белгілерді миға хабарлайды.

Егер біз абыржысақшы? Толғаныстыі сейілту үшін бірнеше рет қатты дем алған жөн, сонда өкпедегі оттегі қанның

Digitized by Google

айналымын жақсартып, мидың қан тамырлары жүйесіне көбірек беріледі.

Егер залда у-шу болса ше? Мұндай жағдайда қаттырақ сөйлемеу, керісінше, біртіндеп ақырын немесе тіпті баяу сөйлеуге ауысқан жақсы.

Егер екі-үш тыңдаушы өзара қатты сөйлесіп отырса ше? Онда бүкіл назарды, бүкіл хабарды олардың жағына қарай бағыттап, дауыс екпінін бәсеңдете берген жөн.

Егер шам сөніп қалса ше? Онда лекция оқуды тоқтатауға болмайды, оны жалғастыра берген жақсы, сонда залда у-шу және үрей туындамайды.

Ал енді өзіңе «егер» деген ондаған сұрақ қойып, оларға жауап беруге әрекеттен. Егер тыңдаушы залдан қыр көрсетіп кетіп қалса ше? Егер сыртта трактордың моторы гүрілдеп тұрса ше? Егер лектордың сыртында үнемі адамдар жүріп, алаңдата берсе ше? Бұл осылай жалғаса береді.

Ал егер лекторға көбіне өткір, тіпті күтпеген сұрақтар қойып, оның сөзін бөле берсе қайтеді. Бұрынырақта лектор бұған көбіне мән бермейтін, залдағылардың көңіл-күйін елемегендей сықай танытатын. Енді, керісінше, олар таңдаушылармен осындай қатынас жасауды қалайды. Бұл да дұрыс. Ойға беріліп кетпей сұраққа нақты жауап беру, сөйлеп тұрған тақырыбың туралы естен шығармау керек.

Ауызша сөйлеу мәдениеті жалпы мәдениеттің маңызды элементі, «сөз сөйлеу мәдениеті», оның тазалық, дәлмедәлдік, ықшамдылық және айқындылық секілді сапаларды қамтитынын лектор ұмытпауға тиіс. Цицеронның «Ақын болып туады, шешен болып қалыптасады» деген нақыл сөзін есте ұстап, қайсыбір лектор осы сапаларды меңгере алады да.

Әрине, бұл аудиториямен байланысты сақтауға көмектесетін тәсілдер мен ережелердің тұтас комплексінің шағын бөлігі ғана. Оның психологиялық күйін бағалай білуді, жинақыланып, оның назарын лекцияның, әңгіменің мазмұнына аударуды да атайық. Алғашқы сәттен-ақ тыңдаушылар назарын аудара білу өте-мөте маңызды.

Сонда да ең бастысы — бұл әңгіменің идеялық-саяси мәні, оның өзектілігі, көкейкестілігі партия ұйымдары мен еңбек коллективтері шешіп жатқан міндеттермен байланысты. Адамдарды бүгінде толғандырып отырған нәрселерге назарды аударту — сөз сөйлеу табыстылығының сөзсіз шарты. Бұл тұрғыдан Н. К. Крупскаяның естелігіне сілтеме жасайық. Ленин «баяндама, лекция, әңгіме барысында сол сәтте тап сол аудиторияны не толғандыратынын, олар нені түсінбейтінін, олар үшін ең негізгі мәселе не екендігін ескеріп отыратын. Өзін қалай тыңдауларына, өзіне қойған сұрақтарға, репликаларға, сөздерге қарап Ильич аудиторияның көңіл-күйін тани қоятын, аудиторияның мүддесіне сай сөйлей алатын, түсініксіз мәселелерге жауап беріп, аудиторияны баурап әкете алатын.

Насихатшы-Ленин аудиторияны меңгеріп, әкете алатын, онымен қажетті тіл таба білетін»,— деп жазды Н. К. Крупская.

Егер, айталық, шешеннің солбір материалды логикалық дәйектілікпен, дәлелді түрде баяндап, жанды, еркін сөз сөйлеу әдеті бүгінгі тыңдаушының назарын аударады десем, әлбетте, қателеспеспін.

Сөз сөйлеушілердің жедел аңғару дағдысын, яғни қайсыбір қағиданы түсіндірумен бір мезгілде одан әрі не айтатынына көңілді аудару керектігін бөліп көрсетейік. Бұған, күмән жоқ, бірден емес, ұзақ әрі табанды жаттығу жолымен жетеді.

Кәміл сеніммен, еркін сөз сөйлеу үшін мұқият әрі тыңғылықты әзірлену — конспектіні әзірлеп, онда аса елеулі, түйінді сәттерді айырып көрсету, тұжырым жасауды ойластыру керек.

Бір сөзбен айтқанда, көрнекті француз суретшісі Э. Далекураның жазғанындай, «творчества сәттерінде өз өмірің туралы ойламау үшін оның техникасын ұдайы зерттеу керек». Осы кеңесті әрдайым ескерейік.

Ю. БЕСЕДА,
С. Сейфуллин атындағы Целиноград педагогика институтының аға оқытушысы.

ОҚУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР:

Г. Апресян. Шешендік сөздер. Москва университетінің баспасы, Москва, 1972 жыл.

Е. Ножин. Советтік шешендік өнердің негіздері. «Знание». Москва, 1973 жыл.

А. Михневич. Лектордың шешендік өнері. «Знание». Москва, 1984 жыл.

С. Никольская. Сөз сөйлеу техникасы. «Знание». Москва. 1978 жыл.

Сахнада сөз сөйлеу. «Просвещение». Москва, 1976 жыл.

Digitized by Google

КЕЛЕШЕКТІҢ АЗЫҒЫ

КУБА МЕКТЕБІНДЕ НЕГЕ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ ҮЙРЕТЕДІ!

Бостандық аралын шайып жатқан теңіз лангустермен әйгілі, дегенмен лангуст ішкі саудаға іс жүзінде түспейді, ал теңіз шаянын өуесқойлықпен аулау броконьерлік деп есептеледі. Фидель Кастроның түсіндіргеніндей, лангустер экспорты республикада жетіспейтін құрғақ сүтті сатып алуға жұмсалатын долларды береді (Куба революциясы жүзеге асырылғаннан кейін алғашқылардың қатарында әр баланы күн сайын бір литр сүтпен қамтамасыз ету уәдесі орындалды). Кубада жалпы балалар — қоғамның түрлі жеңілдікті пайдаланушы айрықша бөлігі. Елде қазіргі құрылыс дүрбелеңі басталған кезде мектептер, ішінара алғанда, дене бітімі мен ақыл-ойы кеміс балаларға арналған мектептер және бала бақшалар бірінші кезекті объектілерге айналды.

«Зачарованная креветка», «Подсолнухи», «Белые бабочки», «Моя трудолюбивая иголочка» — кубалықтар өздерінің бала бақшаларына осындай атаулар береді. Архитекторлар қаншама фантазия ойлап табады: әр бақшаның қайталанбас, әсем әрі тартымды бейнесі бар. Балаларды осында тәрбиелеу үшін ата-аналарынан ақы алмайды. Дегенмен кейде папалар мен мамалар үйді, реттілікте ұстауға, ойыншықтарды көбейтуге, қосалқы бау-бақ пен оранжереяны баптауға көмектеседі. Демек Кубада ата-аналардың ғана емес, тіпті көршілес тұратын адамдардың бәрінің балалар мекемелеріне жәрдемдесуі үйреншікті көрініс деп есептеледі.

Ата-аналар Бостандық аралының жеткіншек ұрпағының үлкен бөлігі оқитын ұзартылған күндердегі мектептерде және интернаттарда балалардың болуына ештеңе төлемейді. Камагуэй провинциясында, мәселен, қазірдің өзінде бастауыш кластар оқушыларының 85 проценті бүкіл күнді мектепте өткізеді, ал келесі оқу жылында оларды 100 проценттік қамту қарастырылуда. Оқытушылардың қадағалауы арқылы балалар сабақтардан кейін үй тапсырмасын орындайды, ойын ойнайды, спортпен айналысады, музыкаға және өнердің басқа түрлеріне тартылады, еңбек дағдысын алады. Куба мектептерінде мұғалімдер, сондай-ақ олардың көмекші-тәрбиешілері де бар; олар сабақтардан бос сағаттарда экскурсияларды, мәдени жорықтарды, табиғат аясына баруды және басқа осындай істерді ұйымдастырады.

Куба халқының көрнекті ұлы, ақын әрі ойшыл, тәуелсіздік үшін ұрыста қаза тапқан Хосе Марти былай деген еді: «Мектепте өзің жейтін нанды пісіруді үйрену керек». Оны, әрине, кең мағынада ұғыну керек: нан секілді білім де керек, демек қоғамдық пайдалы еңбекке тиянақты тартылмайынша, кубалық педагогтар иланымы бойынша, жан-жақты дамыған тұлғаны дамыту мүмкін емес.

МЕКТЕП РЕФОРМАСЫ

Кубада жаңашыл-мұғалімдер аз емес. Елдің шығысындағы «Исмаэлильо» мектебінің директоры Гонсало Бермудес өнерге, негізінен музыка өнеріне көмектесуге шақырып, тым тентек балаларды баурай білуі арқылы әйгілі болды. География пәнінің оқытушысы Педро Робайна еркін түрде өз шәкірттерінің айналадағы ортаны ластайтын өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық кәсіпорындарына дербес зерттеу жүргізіп, баяндамалар, үлгілер, талдаулар, макеттер — практикалық жағынан ғылыми құнды материалдар әзірлеуіне көмектеседі.

— Кейбір мұғалімдер, — дейді Робайна, — «программаны орындаумен» айналысып, ешнәрсені үлгермейді. Ал оқушыларды баурай білу керек

Әділеттілік ретінде мынаны қоса айтқан жөн: оның шәкірттері оқу министрлігі ұйымдастырған «Табиғатты қорға» конкурсына баяндамалар әзірледі.

Әрине, Кубада да мектеп ісінде өзіндік проблемалар баршылық. Кемшіліктер туралы айтып, ашық жазуда. Мұғалімдердің бірі «Хувентуд ребельде» газетіне жолдаған хатында «соңғы кезде соншалықты таралған әлеуметтік тәртіпсіздік көрінісін» «мектептің моральдық беделінің құлдырауымен» түсіндіреді. Кезінде ағарту жүйесінде басшылықтың түрлі деңгейінде «Тиісті дайындығы жоқ адамдардың» орнығу фактісі мойындалады және «осынша тым нәзік саладағы қателіктерді ұзақ жылдар бойы өтеуге тура келеді».

Қазір қыдырымпаздықты кеміту (көбіне мұғалімдердің келмей қалуын кеміту), үлгірімді арттыру, оқымайтын және жұмыс істемейтін жастарды мектепке оралту мәселелері баспасөзде талқылануда. Мектеп қабырғасынан әлеуметтік жағынан толыспаған, жауапсыз, енжар адамдардың шықпауы үшін не жасау керек? Үлгірмеушілерге кешірім

Digitized by Google

жасалады деп айтуға болмайды — ел бойынша орта есеппен оқу жылын аяқтайтын он оқушының біреуі келесі класқа көшірілмейді. Сонда да педагогтар «промосьонизмді» қалай жоюға болатындығы, яғни сабақты нашар үлгіретіндерді келесі кластарға көшіру туралы айтысуда.

Оқу министрлігінің инициативасы бойынша биылғы оқу жылында мектеп реформасы басталды. Қабілеттікті өте жақсы ескеретін, оқушының интеллектісін дамытуға көбірек уақыт бөлетін, оны бейімділік қабілетіне қарай дербес білім алуға үйретететін, моральдық-саяси және идеологиялық принциптерді қалыптастыруға көмектесетін жаңа программа пайда болды. Оқу жоспарынан елеусіз пәндер шығарылып тасталды. Басқа пәндер,мәселен, астрономия физикамен немесе испан тілі әдебиетпен қосылды. Үшіншілері үшін — сабақтар интенсивтілігін арттыру барысында курстың ұзақтығы қысқартылды. Сайып келгенде, «Азаматтық тәрбие» секілді жаңа пәндер енгізілді. Кубалық мектептердің программасы басқа елдерге қарағанда онша ауыр емес деген пікірді естуіме тура келді. Бұл солай ма, әлде олай емес пе, ол жағын білмеймін, дегенмен оқу процесін оқушының сұранымына жақсылап бейімдеу, білімге тартылуды жалықтырып жіберетін «міндеттілікке» айналдырмау ниеті ақталды ғой деп ойлаймын. Жас кубалық оқуды бес жасында бастайды, сонда ол дайындық класына түседі. Тоғызыншы класты, яғни «базалық орта мектепті» аяқтап, ол «университет алдындағы» үш жылдық курсқа немесе осындай «политехникалық» курсқа түсуді таңдау алдында болып шығады. Үстіміздегі оқу жылы басталар алдында, оқу министрі Хосе Фернандестің айтуына қарағанда, «базалық орта мектептің» 145 мың түлегі үшін гимназия үлгісіндегі оқу орындарында 100 мың орын, тиісті реалды училищелерде және ішінара алғанда, кәсіптік-техникалық училищелерде 35 мыңнан астам және педагогика училищелерінде 9 мыңнан астам орын дайындалды. Мектепте өткізілген 13 жылдан кейін қайсыбір жағдайда кубалық Хосе Мартидің айтқанындай, әдетте, өз қолымен нан пісіре алады.

ШАҒЫН АТАМЕКЕН

Апельсин бақтарының біркелкі қатар аралықтары арқылы геометриялық өрнектерді құрайтын қатқыл табанды жол тартылған, олардың қиылысында ағаштар саясынан типті мектептер, кубалықтар айтатынындай, «терезелері егістікке қарайтын мектептер» бой көтерген. Педагогикалық экспериментгің ауқымы таңдандырады — ел бойынша осындай мектептер 900-ден асады, көпшілігінде жүздеген бала оқиды. Олар тек демалыс күндері ғана үйлеріне барады, ал аптаны осында өткізіп, күніне бірнеше сағат бақта жұмыс істейді. Бұл мектепті ұстау шығынын өтеу үшін емес, еңбек адамын қалыптастыру үшін жасалады.

Жат елдіктің жабық оқу орнының өміріне көз жіберіп, айрықша режимге деген өз нанымын жеңуі оңай емес. Демек кезінде басқа бір интернаттың түлегі былай деді: «... бізге тұтас дүние жат: біздің ата-мекеніміз Царское селосы». Біз балалары «терезесі егістікке қарағаи мектептерге» баруға ұмтылған, сондай-ақ оған барудан бас тартқан кубалық ата-аналармен кездестік. Осы іс тым ерікті, тоғызыншы кластан кейін не істеу керектігін өзіңнің таңдауың керек, кейбір жерлерде тіпті вакантты орындарды қалдырады. Рас, «базалық орта мектептен» кейін басқа үлгідегі мектепте білім алуды жалғастыру мүмкіншіліктерінің болмауы ықтимал.

Қайсыбір жаңа іс сияқты, «терезесі егістікке қарағаи мектептердің» қалыптасуы қиындықсыз өтпейді. Өткен жылы «Гранманның» жазғанындай, олардың төрттен бірі жөндеуді, асхана мәзірін жақсартуды, барлық жерде бірдей жағдай жасалмағандықтан сақтала бермейтін село жұмыстары программасын мүлтіксіз орындауды қажетсінеді. Оның үстіне «оқушыларға еңбегінің мағынасын түсіндіру қажет, — деп атап көрсетеді газет... — өйтпегенде ол үшін танапқа бару жаза болуы мүмкін, демек ол экономикаға, өзінің дербес тұлғасын қалыптастыруға қосылатын өз үлесінің мағынасын елестете алмайды». Сонда да менің кубалық әңгімелесушілерім атағанындай, «терезесі егістікке қарағаи мектептер» түлектері арасында қалыпты дамудан ауытқушылық аз ұшырасады. Эксперимент соншалықты сәтті деп танылды. Демек Кубада Латин Америкасының, Азияның және Африканың басқа елдердің балалары үшін осындай мектептер жүйесі ұйымдастырылды. Қазір оларда 17 мыңдай адам оқиды.

Кішкентай кубалықтар еңбек дағдысын, әлбетте, апельсин бақтарында ғана алмайды. Мектептер механизаторларды, суарушыларды, малшыларды даярлайды. Барлық жерде дерлік түрлі пайдалы заттар жасайтын шеберханалар баршылық. Ал Вилья-Клара провинциясында құрылысқа бағдар ұстаған, алғашында ағаштан қиылған үйде орналасқан политехникалық мектеп оқушыларының өздері оған арналған жаңа үйді жобалап, салды.1 мың 300 оқушы мен 122 маман-оқытушы — елеулі күш қой. Олардың өз күшіне сенгені соншалық, таяу орналасқан шағын құрылыс материалдары заводын меңгеріп, шамалы төлем үшін теориялық сабақтан

Digitized by Google

бос кезде басқа мектептер мен мәдениет мекемелеріне арналған заказдарды орындауға кірісті. Шикізат пен жабдық проблемасы барлық жерде бірдей шешілмегенімен олардың да ізбасарлары баршылық.

КӨК ЖӘНЕ ҚЫЗЫЛ ГАЛСТУК

Че Гевара атындағы орталық пионерлер сарайы — 30 гектар жерді алып жатқан тұтас қалашық. Онда, шын мәніндегі қалада не жоқ десеңізші? Шағын шыны және қант заводтары, аяққиім мен тоқыма фабрикалары, олардың өнімдерін осында өз магазиндерінде сатады, жақсы жарақтанған медицина кабинеті, екі ресторан, почта бөлімшесі бар — барлығын атап шыға алмайсың. Қалашық халқы — оның көлеміне сай 30 мың пионер. Олар өз комбинатында шоколад қосылған дәмді балмұздақ шығарады, авиация, радио және электронды техниканы үйренеді, спортпен және өнермен айналысуды қалыс қалдырмайды.

Елде көлемі соншалықты үлкен болмағанымен осындай ғимараттар жүздеп саналады. Санкти-Спиритус провинциясы Хуан-Гонсалес атындағы ауыл шаруашылық кооперативі өз күшімен клуб салды және оны аздап ұлғайтып келеді. Іс пайдалы үйірмелерден — омарташылық, көкөніс, медицина үйірмелерінен басталды. Сосын спорт үйірмелері, сайып келгенде, әдебиет, драма, хор, қуыршақ, живопись, мүсін, халық кәсіпшіліктері үйірмелері пайда болды. Оның өз оркестрі мен би ансамблі бар. Балалар шаруалар фольклорін жинайды және шаруалар заттарының музейін құрды. Селода эстетикалық тәрбие беру мүмкіндіктері өзірше қаладағыдай болмағанымен, іс алға басып келеді.

Жас кубалық оқу жылы басталғаннан кейін іле бірінші класта пионерге өте алады. Егер ата-аналары қайсыбір, айталық, діни ниетпен оның мұны жасауына рұқсат етпесе, ол тілегіне қарай жолдастарымен бірдей ұйым өміріне араласады. Кубалық педагогтардың балаларда кемтарлық сезімінің туындауына жол бермеуге ұмтылуы орынды. Сайыс пен жарыстың түрлі формалары өркен жаюда.

Бастауыш мектепте пионерлер көк галстук тағады және 1953 жылғы Монкада казармасына революциялық шабуыл жасау туралы ескерткіш ретінде «монкадашылар» деп аталады. Сөз орайына қарай мынаны айтайық: қайта жабдықталған, әлбетте, осы казармада қазір ұзартылған күндегі мектеп орналасқан. Ол Сантьяго-де-Кубада бірінші болып үлгілі мектеп атағына ие болды, оның бірнеше оқушысы құрылыстардағы ерікті еңбектері үшін наградалар алды, мұнда 100, 200, тіпті 400 сағаттан жұмыс істеді.

Монкадашылар Хосе Марти атындағы пионер ұйымының мүшелері болуға әзірлене отырып, көк галстукты қызыл галстукке ауыстырады, оқуда, қоғамдық және әскери-патриоттық істерде жарысады. Жарыс қорытындысы баллмен есептеледі және балалардың өзі оны айрықша дәптерге жазып отырады; пионер вожатыйлары жазулардың шындыққа сай келуін ғана растайды. Оған қатысушылардың бәрі жеңімпаздар бола алады. Егер әлдекім бастауыш мектепті бітіргенге дейін тиісті мөлшердегі баллды ала алмаса, оны бесінші класқа көшірген жағдайда ғана Хосе Марти атындағы ұйым қатарына қабылдайды, яғни оның қалғандардың деңгейіне көтерілуіне алдын ала сенім көрсетіледі.

* * *

Революция сүт тағамдарын берген алғашқы кішкентай кубалықтардың жасы бүгінде 30-дан асты. Олардың балалары — социалистік Куба азаматтарының жаңа ұрпағы өсіп келеді. Республика олардың өз әкелері мен аталарының ісін лайықты жалғастырушылар болып өсуіне барлық жағдайды жасауда.

В. СОБОЛЕВ,
«Новое время» журналының өз тілшісі.

Гавана.

МОҢҒОЛ ЖАСТАРЫНЫҢ ӨМІРІНЕН

Мектеп демократиясын кеңейту, орта оқу орындарын басқаруға жұртшылықты тарту — Моңғол Халық Республикасында оқу-ағарту жүйесін қайта құрудың мәнісі осындай, деп атап көрсетті «Унэн» газетіне берген интервьюінде халыққа білім беру министрі Б. Давасурэн.

Қазір республикада мектеп уставының жобасы әзірленуде. Ол оқушыларға берілетін тапсырмаларды азайтуды және бірінші-сегізінші кластарда бірқатар пәндерді қысқартуды көздейді. Сонымен бірге оқушыларға этика, гигиена және санитария бойынша қажетті білім алуға мүмкіндік беретін жаңа пәндер енгізіледі. Жоғары класс оқушылары міндетті түрде семьялық өмірдің негіздерімен танысады, халық шаруашылығына қажетті мамандықтарды меңгереді. Сонымен бірге он жылдық мектептің орнына он бір жылдық мектеп енгізіледі, оған балалар бұрынғыдай сегіз жастан емес, жеті жастан баратын болады.

Digitized by Google

Ф. М. Достоевскийдің әдеби-мемориалдық музейі

Семейде 1971 жылы, ұлы орыс жазушысы Ф. М. Достоевскийдің туғанына 150 жыл толу қарсаңында әдеби-мемориалдық музей ашылды. Ол Федор Михайлович 1857—1859 жылдарда тұрған үйде орналасты.

Қазақ даласына сапар ұзақ болды. Патша 1849 жылы 22 декабрьде революционер-петрашевскийшілерге қайғылы сот комедиясын ұйымдастырды. Достоевский іштей әзір болған өлім жазасы төрт жылдық каторгамен ауыстырылды, оны өтеген соң қатардағы солдаттыққа жіберілетін болды.

Омбының каторга түрмесінде тұтқындау мерзімін өтегеннен кейін Семейге — Сібірдің жетінші линиялық батальонына қызметке жіберілді. Ол мұнда бес жыл болды, кейіннен осы жайлы былай деп жазды: «Азап шеккеніммен әйтеуір өмір кештім, демек өмір сүрдім».

Уақыт жазушы тұрған осы үйді сақтаған. Кейініректе мемориалдық үйге жапсарлас осы заманғы үй салынды. Архитекторлар оны жартылай ашылған кітап формасында жасауға ұйғарды. Онда әдеби экспозиция орналасты.

Ғылыми қызметкерлер И. Ф. Мельникова мен Н. И. Левченко мұқият зерттеу жүргізгеннен кейін музейдің мемориалдық бөлігінде (ескі үйде) XIX ғасырдың ортасындағы тұрғын үйдің жиһазы қалпына келтірілді, ал оның үйінде болған жазушы замандастарының естеліктері бойынша кабинет пен қонақ бөлме қалпына келтірілді. Енді олар жазушының көзі тірі кезіндегідей көрінеді.

Жаңа үйде орналасқан музейдің әдеби экспозициясы Ф. М. Достоевскийдің Семейде өткізген жылдарын барынша толық баяндайды. Бұл жылдар — солдаттық кез ғана емес, сондай-ақ әдеби еңбекке оралу. Ол осы кезде «Ағайдың түсі», «Степанчиково селосы мен оның тұрғындары» деген повестерін жазды. «Өлі үйден хаттарын» жазу үстінде жұмыс жүргізді. Экспозицияларда жазушының қол жазбаларының көшірмелері, алғашқы басылымдар, Ф .М. Достоевскийдің семейлік достары, серіктері туралы материалдар бар.

Айдауда болған жылдар Федор Михайловичті Шоқан Уәлихановпен терең де күшті достық байланыстырды. Хаттар, сондай-ақ, олар Семей сурет ательесінде бірге түскен сирек ұшырасатын сурет олардың өзара қатынастары туралы сипаттайды. Сол кезде Уәлиханов Қашқарияға сапарын аяқтап, Семейге келіп, осында екі аптадай тұрды, бос уақытын Достоевскиймен бірге өткізді. Демек, Уәлиханов осы суретте Достоевскийдің сыйы — қанжарды ұстап отыр.

Музей «Достоевский және қазіргі заман» экспозициясының бөлімімен аяқталады, оған Достоевскийдің дүние жүзі халықтарының түрлі тілдеріне аударылған кітаптары, живописьшілер мен графикшілердің жұмыстары қойылған. Қазір осы бөлім жаңа экспонаттармен толығуда. Музей қызметкерлері Омбы, Томск, Ленинград, Павлодар музейлерімен тығыз байланыс орнатты, олардан қаншама бағалы документтер, кітаптар жіберілді. Музей арнаулы суретті стендтер ұйымдастырды, оған А. С. Пушкин атындағы Ленинград театрының «Ойыншы», А. М. Горький атындағы Ленинград театрының «Ағайынды Карамазовтар» спектакльдерінен сахналық көріністер суреттері қойылған.

Музей қоры жыл сайын жаңа материалдармен толыға түсуде, ал өткен жылы бұл тұрғыдан аса сәтті болды. Ғылыми-зерттеу және жинау жұмыстарының нәтижесінде 536 зат алынды. Олардың ішінде Достоевскийдің тұсында шыққан кітаптар жинақтары, мерзімді басылымдар, соның ішінде революцияға дейінгі мерзімді басылымдар — «Отечественные записки», «Голос минувшего», XIX ғасыр литографиясы, суретші А. Веселовтың графикалық жұмыстары бар.

Музей коллективінің оқу орындарымен, кәсіпорындармен, әскер бөлімдерімен творчестволық достық одақ туралы шарттары бар. Селолық оқушыларға, жоғары оқу орындарының студенттері мен техникумдар оқушыларына қызмет көрсету күндері өткізіледі. Ф. М. Достоевскийдің творчествосы туралы әдеби кештер, лекциялар циклы, кинофильмдерді көру дәстүрге айналды. Мұнда кітапқұмарлар қоғамы да құрылған.

«Достоевский Семейде», «Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметі», «Достоевскийдің творчествосы» деген жылжымалы көрмелер семейліктер мен облыс тұрғындарында зор ынта-ықылас тудыруда.

Музей адресі: 490050 Семей қаласы, Достоевский көшесі, 118-үй.

Б. МОЛДАШЕВ,
Қазақ ССР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті мәдени-ағарту мекемелері басқармасының бас инспекторы.

Digitized by Google

НОМЕРДЕ:

● БІЗ — ҚАЙТА ҚҰРУҒА, ҚАЙТА ҚҰРУ — БІЗГЕ

Ә. СҮЛЕЙМЕНОВ. Мердігерлік — қатал сыншы 2

● САЯСАТ. ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІР

Е. САУЫТБАЕВ. Лениннен үйренейік 4

Э. БЫЧКОВА. Қазақстандағы Қызыл Бірінші май 9

● ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫ: ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР

Н. КОЗЫРЕВА. Келушілердің бәріне есік ашық 12

● АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ

В. КАШУТА, М. ӘБДІРАЙЫМОВ. Сүт проблемасы: оны қалай шешуге болады! . . . 15

● ЭКОНОМИКА: ЖЕДЕЛДЕТУ БАҒЫТЫМЕН

Т. ЖӘҢГІРОВА. Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі 1989 жылда . 18

● ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ӨМІРІ

В. ШТЫРОВ. Журналистердің басты міндеті 20

● ЮРИСТІК ЖАППАЙ ОҚУ

Ш. БЕЛАЛОВ. Заң күші әділеттілікте 23

● МЕТОДИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

Ю. БЕСЕДА. Тыңдаушыларды баурай білейік 26

● ДОСТАР ТӘЖІРИБЕСІНЕН

В. СОБОЛЕВ. Келешектің азығы 28

● РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ

Б. МОЛДАШЕВ. Ф. М. Достоевскийдің әдеби-мемориалдық мұзейі 31

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39

Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84
63-27-74,
63-27-56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: С. А. ДӘРМЕНБАЕВ, Н. И. ЛАРИН, А. МӘУТЕНБАЕВ, К. М. СҮЛЕЙМЕНОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.

Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,

Сдано в набор 28.02.89 г. Подписано к печати 16.03.89 г. УГ06122 Формат 70x108¹/16. Печать офсетная. Усл. печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8. Тираж 54094 экз. (каз. изд. 27670 экз., рус. изд. 26424 экз). Заказ 115. Цена 15 коп.


ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google




● Ф. М. Достоевскийдің Семейдегі әдеби-мемориалдық музейінің көрінісі.



● Ф. М. Достоевскийдің түрлі тілдерде басылған кітаптары қойылған сөрелер.

Достоевскийдің музейі туралы материалды 31-беттен оқыңыздар.




● Жазушы кабинетіндегі жұмыс столы.

Суреттерді түсірген Ю. БЕККЕР (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.

Индекс 75328



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ




1989

8

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



ЖЕЗҚАЗҒАН ОБЛЫСЫ. Жәйрем кен-байыту комбинаты Үшқатын рудни-гінен КПСС XXVII съезінің делегаты, СССР-дің құрметті кеншісі Е. Р. Алпыс-баев басқаратын экскаваторшылар бригадасы бесжылдықтың тапсырмасын төрт жарым жылда орындауға үйғарды. Міндеттеме мерзімінен бұрын орындалуда. Табыс заңды да. Есімбек Рахымұлы, басқа байырғы жұмысшылар жас жеткіншектерді тәрбиелеуге көп күш жұмсайды, коллективтегі жақсы мо-ральдық ахуал туралы үнемі қамқорлық жасайды.

СУРЕТТЕ: Е. Р. Алпысбаев.

Суретті түсірген В. ЗЫБИН (ҚазТАГ).

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕРІ!

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСІ

8 • 1989

АПРЕЛЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

НОМЕРДЕ:

● БІЗ — ҚАЙТА ҚҰРУҒА, ҚАЙТА ҚҰРУ — БІЗГЕ

В. ШВЕЦ. Жердің қожайындары 2

● САЯСАТ. ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІР

П. БЕЛАН. От-жалынды жылдар жақтырығы 5
М. МИНКЕЛЕВИЧ. Клубқа достар жиналуда 9

● КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ ҚАРСАҢЫНДА: ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ

В. УШАКОВА. Адам туралы қамқорлық 11

● АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ

Э. ГОССЕН. Әр танап ерекшелігі ескерілсін 14
Таңдаулыларға теңеліңіздер 17

● ЭКОНОМИКА: ЖЕДЕЛДЕТУ БАҒЫТЫМЕН

Ә. ҚАБДЕШЕВ. Шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайында 18

● ТАБИҒАТ ЖӘНЕ БІЗ

Қ. АСАНОВ. Арал: нақты іс-қимыл керек 20

● ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕР — ТӘРБИЕ ОРНЫ

В ИСТОМИНА. Белсенді көмекшілерді іздестірудеміз 23

● ЖУРНАЛ ПОЧТАСЫНАН

Т. МЕМБЕТӘЛИЕВ. Кино әуесқойларына кім көмектеседі! 25

● ЮРИСТІК ЖАППАЙ ОҚУ

Р. БАЙМҰРЗАЕВА. Нашақорлыққа қарсы заң 26

● КІТАП БАСПАЛАРЫ ҰСЫНАДЫ

Политиздат 1990 жылда 28

● БАСПАСӨЗ БАЯНДАЙДЫ

М. ЛАПИЦКИЙ. Американдықтар осылай жұмыс істейді 30

● РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ

● Б. АЛТАЕВ. Жамбыл музейі 32

1931 жылдан бері шығып келеді.
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы.
© «Қазақстан үгітшісі», № 8 1989

Digitized by Google

ЖЕРДІҢ ҚОЖАЙЫИДАРЫ

В. ШВЕЦ,
Целиноград облысының
М. Мәметова атындағы
совхозының бас экономисі

Менің таныс совхоз директорым бар. Ол өткен жылы майда бізде тәжірибе алмасуға келді. Ал августе бір кеңесте оның шаруашылығында арендалық мердігерлікті меңгерді, деп мәлімдеді. Осыдан кейін формализм туралы қалай ғана айтпассың? Демек біздің совхозымыз төртінші жыл арендалық әдіспен жұмыс істейді, жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Ал аренданы толық игеру үшін кемінде тағы үш-төрт жыл талап етіледі.

КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы март Пленумында атап көрсетілгеніндей, арендаға көшуге байланысты мәселелердің бәрін біз лениндік принциптерді, ең алдымен еріктілік принципін басшылыққа ала отырып шешуге, тапсырмалар тағайындап, мерзім белгілеп жатпауға тиіспіз.

Құнарлы жерді, күйлі малды кімнің болсын ризашылықпен арендаға алатынын ашық айту керек. Ал жолды, шеберхананы, жылу жүйесін т. б. кім арендаға ала қояды? Өткен жылы октябрьде КПСС Орталық Комитетіндегі арендалық мердігерлік жөніндегі кеңесте былай деп тиянақты айтылды: жаңа экономикалық формаларға шаруашылықтар болып көшу қажет, сонда біреулер үшін жайлы болатын, ал басқаларының ренішін туғызатын жағдай тумайды.

Біздің совхозымызда 400 адам жұмыс істейді, ал өнім өткізудің жыл сайынғы мөлшері 7 миллион сомға жеткізілді, яғни жұмыс істеуші бір адамға шаққанда өнімділік 20 мың сомға жетті. Шаруашылықта өсірілетін бидай сапа эталоны болып табылатын канадалық бидайдан қалыспайды, ал кейде тіпті одан асып түседі. Бізде жарамсыз деп аталатын астық қалдығы болмайды. Бұрын өзіміздің тұқымдық астығымыз болмады, енді оны валютаға сатамыз. Біз өз күшімізбен былтыр августен 20 декабрьге дейін құрылыста екі миллион сомға жуық қаржыны игердік. Орақты сырттан жұмысшыларды тартпай-ақ өткіздік, оны 15 күн ішінде үлгердік. Аренда осының бәріне қол жеткізді.

Әрине, аренданы игерудің әрбір нақты жағдайында табиғат-ауа райына, мамандануға, дәстүрлерге т. б. байланысты өзіндік ерекшеліктер болады. Сонда да өзіндік іргетастар, міндетті бірқатар шарттар баршылық, оларсыз толымды аренда туралы айтуға болмайды.

Бірінші шарт — арендалық мердігерлікті меңгеру жөніндегі нұсқауларда белгіленген арендалық төлем туралы сөз болады. Бұл, менің көзқарасымша, идеяның беделін түсіру, белгіленген төлем мынаны бейнелейді: мен, жетекші, жерді арендаторға беріп, төлемді аламын, ал қалғанының маған қатысы жоқ. Арендатор оқшау жұмыс істей алмайды, оған сапалы тұқым, құнарлы жемшөп, түрлі қызметтер қажет. Ал белгіленген төлем оны өзімен-өзі болуға мәжбүр етеді.

Аренданы игерудің арқасында Мәншүк Мәметова атындағы совхоз бұрнағы бесжылдықтың деңгейімен салыстырғанда ет тапсырудың жылдық орташа мөлшерін екі есе, сүтті — үш есе арттырды.

Ұдайы зиян шегуші шаруашылық жыл сайынғы табысы бір миллион сомнан асатын аса рентабельді совхозға айналды. Мұнда жұмыс істейтін әр адамға шаққанда 20 мың сомның дерлік өнімдері өндіріледі. Совхозда басқару қызметкерлері 70 адамнан 21 адамға қысқартылды. Шаруашылық бұрын егін жинауға сырттан кемінде 100 адам шақыратын. Өткен күзде олар егін жинауды өз күштерімен 15 күнде аяқтады.

Digitized by Google

Қатынас басқадай болуға тиіс. Мәселен, мен, совхоз әкімшілігінің өкілі, жақсы шаруаны тауып, оған ұсыныс жасаймын: «Сен осы учаскеде жұмыс істейтін боласың, ал мен сені не қажеттің бәрімен қамтамасыз етемін, ал пайданы тең бөлісеміз». Пропорцияның басқадай болуы мүмкін, істің мәні онда емес. Ең бастысы — екі жақ та шығымдылықты арттыруға, жердің құнарлылығын жақсартуға материалдық жағынан мүдделі. Мұның өзі өзара тиімді серіктестік.

Екінші шарт — жалақыны шаруашылық пайдасымен алмастыру. Жалпы аренда барысында жалақы ұғымының өзі болмауға тиіс.

Қазір әкімшілік норманы арттыруға және тарифті кемітуге мүдделі. Мұның өзі керіс алмасы іспеттес. Демек аренда барысында жалақыға нүкте қоямыз. Дегенмен ақша керек, алайда ол енді шаруашылық есеп табысы ретінде болады. Адамдардың шаруашылықтың өзінде өнімді сатуы үшін қарапайым сатусатып алу механизмін игеру қарастырылуда. Совхоз арендатор үшін — бұл өзіндік шағын мемлекет, мұнда өзінің, ішкі бағасы болуға тиіс (егер өнім түрлерінің бәрі бірдей пайда бермейтінін ескерсек), ол бойынша шаруашылық есеп қалыптасады. Мұның барысында шаруашылық есеп табысы толығынан арендатордың қарауында қалуға тиіс.

Енді аванс жүйесі туралы. Ол қазір қалай жасалады? Жыл бойы аванс беріледі, ал жыл соңында, өнім үшін есеп айырысу барысында, аванстың бір сомына ақша жазылады. Оның мөлшері тұрғысынан кикілжіңдер де туындайды: демек ол неғұрлым жоғары болса, төлем проценті солғұрлым өсе береді. Енді бізде шаруашылық есеп табысы жылына бір рет — декабрьде бөлінеді. Әрине, бригада мүшелерінің бәріне жыл бойы ақша керек. Демек аванс жалақы ретінде емес, алдағы өнім есебіне қарыз түрінде берілуге тиіс. Егер аренда енгізілгенге дейін аванс процент көбейе түсетін негіз қызметін атқарса, енді ол аренда барысында шаруашылық есеп табысынан ұсталады.

Осының бәрі — барлық нормалар, бағалаулар, лимиттер біржола ығысып, тек шарт қана қалуда. Осылай болған екен, онда, мәселен, нормативті станциялардың, басқа осындай мекемелердің керегі болмай қалады. Алайда сол нормативті станцияның қызметкері өзін және өзінің семьясын асырауға тиіс қой, содан барып ол ерікті немесе еріксіз түрде арендалық мердігерліктің қарсыласы болып, елеусіздеу болғанымен айтарлықтай тосқауылдар қоя бастайды. Мұндай жағдайдың болуы ықтимал, сондықтан оған кейістік білдіруге болмайды. Олармен экономикалық әдістер арқылы күресу керек.

Үшінші шарт. Арендалық мердігерліктің мәні есеп айырысу-шарт бағасына саяды, оның формуласы былайша аңғарылады: жоспарлы өзіндік құн және арендалық төлем. Бағаның бүкіл саясаты мен жүйесі нақ соның төңірегінде құралуға тиіс.

Шағын мысал келтірейік. Фермада жұмыс істейтін сауыншы сүттің бір центнерін 20 сомнан, ал меншікті ауласындағы сиырының сүтін — 30 сомнан сатады. Мұндай жағдайда оның өз сиырына барынша күтім жасайтыны ақиқат, ал совхоз сиырына жемшөп дер кезінде берілмейді. Сонда біз ферманы сауыншыға беріп, сүттің бір центнерін 20 сомнан, 30 сомнан емес, 31 сомнан сатуды ұсынамыз. Әрине, сана-сезімде бірден өзгеріс бола қоймайды, сауыншы дағды бойынша үйдегі сиырына күтім жасауын жалғастыра береді. Дегенмен ол уақытына қарай совхоз сиырына өз малындай қарай бастайды, өйткені жаңа есеп айырысу-шарт бағасы осыған міндеттейді.

Ал енді совхоз сүттің әрбір центнерінен ұтылатын 11 сом айырмашылықты неңің есебінен өтеуге болады? Оның өтеуі қарапайым — дирекция сауыншыға шөптің бір центнерін бұрынғыдай 3 сомнан емес, 6 сомнан сатады. Яғни рыноктық қатынас күшіне енеді.

Бұған дейін айтылғанындай, арендалық мердігерлік өнімділік нормасын қабылдамайды. Бірақ совхоздан тысқары жасалатын мемлекеттік нормаға мұның қатысы бар. Ішкі бригадалық нормалар болуға тиіс, оның негізінде бөлу механизмі құрылады.

Енді жетекшілер мен мамандар ролі туралы. Қазір олардың көпшілігі мәселені былай қоюда: ал егер мен сиырды немесе егістікті қарауға келсем, әлденені жасасам немесе тауып берсем, арендатор маған қанша төлейді? Бұл әншейінгі сауатсыздық емес, мәселені бюрократтық ниетпен қоюшылық. Зоотехник фермада, ал агроном — танапта болуға тиіс. Егер бұрын ақы жоғарыдан төмен қарай белгіленсе, енді төменнен жоғары қарай жасалады және жетекшінің, маманның ауқаттылығы толығынан арендаторға тәуелді.

Аренда барысында жақсы басшы, маман ештеңеден қауіптенбейді. Арендатор қасында маманның болып, көмектесуін жақтайды. Шарт жасасып, өздеріне көмек беруге қабілетті мамандарға жақсы ақы төлейді. Демек өткен жыл қорытындысы бойынша совхозымыздың

Digitized by Google

арендаторлары маған және тағы екі жетекші маманға өте көлемді соманы жазды. Рас, біз оны алмадық, өйткені біз үшін басты нәрсе — өзімізді қайсыбір тұрғыдан қамтамасыз ету емес, совхозда арендалық қатынасты реттеу.

Сайып келгенде, арендалық мердігерлік өнім өндіруді молайтып, рынокты қамтамасыз етуге, село тұрғындарының өздерінің тұрмыс дәрежесін көтеруге көмектеседі. Мәселен, совхоздарымызда астық тапсырудың жылдық орташа мөлшері өткен бесжылдық деңгейімен салыстырғанда екі есе, сүт — үш еседей артты. Сонымен бірге село адамдарының табысы қыруар өсті. Біз ардагерлер мен жалғызілікті аналарға материалдық қолдау жасау мүмкіндігін алдық — оларға ай сайын 50 сомнан ақша береміз, көмірді, тамызықтық ағашты, т. б. тегін босатамыз. Дегенмен, қайталап айтайын, совхозда арендалық қатынас одан әрі жетілдіре беруді талап етеді.

Арендалық қатынас негізінде шаруаны жердің, өндіріс құралдарының қожайыны ретінде оралту адамның потенциалын ойдағыдай жүзеге асыруға көмектеседі. Маған партия қойған міндеттер — деревняның таяудағы уақытта бүкіл ел үшін аса сапалы өнімдерді көп беруіне қол жеткізу міндеті түсінікті.

Жазып алған Ж. ДӘРМЕНОВ.

БАСТЫ ТАҚЫРЫП

КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін, ол талдап жасаған аграрлық саясатты орындауды қалай жақсы ұйымдастыру керек — бүгінде бұл түсінік жұмыстарының, саяси хабаршылар, үгітшілер, саяси баяндамашылар әңгімелерінің басты тақырыбы.

ЕҒІН ШЫҒЫМДЫЛЫҒЫН МОЛАЙТАЙЫҚ

Целиноградта осындай ұранмен трактор-егіс бригадалары бригадирлерінің, интенсивті еңбек коллективтері жетекшілерінің, арендаторлардың семинары өтті. Онда облыстық партия комитетінің бірінші секретары А. Г. Браун сөз сөйледі. Ол өзі қатысқан КПСС Орталық Комитеті Пленумының жұмысы туралы айтты.

Сөз сөйлеушінің атап көрсеткеніндей, таяудағы уақытта астық алқабының шығымдылығын қыруар арттырып, мемлекетке астық беруді көбейту қажет. Бұл үшін соншалықты мол мүмкіншіліктер бар. Мәселен, облыс бесжылдықтың үш жылы ішінде мемлекетке 9 миллион тонна астық тапсырды. Ал енді жыл сайын астық өндіруді бес миллион тоннаға дейін жеткізу қажет. Осы міндетті орындап шығу үшін жұмыстың озық әдістерін, прогрестік технологияны батылырақ енгізу керек.

Ж. СЕЙІТОВ.

ЖЕРГЕ ҰҚЫПТЫ ҚАРАЙЫҚ

КПСС Орталық Комитеті Пленумының материалдарымен дала жұмыстарының қарбалас кезінде таныстық. Оларды талқылай отырып, менің жолдастарым пайдаланылмай жатқан көптеген резервтерді атады. Ондай резервтердің бастылары — жерге ұқыпты қарау, суармалы алқапты тиімді пайдалану.

Бұл үшін агротехникалық тәсілдердің бәрін мүлтіксіз орындау, органикалық тыңайтқышты дер кезінде енгізу керектігін біздің тәжірибеміз көрсетуде. Биыл көктемде 360 гектар қызылша плантациясының әр гектарын тыңайттық. Механизаторлар Т. Әшімқұлов, Б. Ибрагимов, Е. Өмірбаев осы операцияда жақсы жұмыс істеді.

Аренданы белсендірек енгізу керек. Бізде бірнеше семья — Төлеулевтер, Ибрагимовтар семьялары аренда бойынша жұмыс істеді. Дегенмен адамдардың көпшілігі жаңа істі қолға алудан жүрексінеді.

Ж. АҚШАЛОВ,
Киров атындағы совхоз механизаторы, үгітші.
Жамбыл облысы,
Шу ауданы.

ТВОРЧЕСТВОЛЫҚПЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙІК

Талдықорған облыстық партия комитетінің Саяси оқу үйінде өткен егіншілердің «дөңгелек стол» басындағы әңгімесі КПСС Орталық Комитетінің март Пленумының қорытындысына арналды. Оған қатысушылар партияның село еңбеккерлерінің дербестігі мен инициативасын дамытуға, арендалық қатынастарды орнықтыруға арналған бағытын бірауыздан қолдады.

— Біздің бәріміздің творчестволықпен жұмыс істеуіміз керек, — деді «Бірінші май» атындағы колхозы дикандар звеносының жетекшісі И. Ткачев.— Біз, мәселен, тыңайтқышты сеялканың көмегімен енгізе бастадық. Соның нәтижесінде шығымдылық жоғары болды, сүбелі үстеме алынды.

Кездесуге қатысушы басқа адамдар да өз пікірлері мен жоспарларын алмасты.

В. НИКОЛАЕВ.

Digitized by Google

ОТ-ЖАЛЫНДЫ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Жеңіс күні биылғы көктемде 44-ші рет аталады. Біз осы қуанышты да жарқын мерекеде оған жеткізгендерді — армия мен флоттың жауынгерлерін, партизандар мен астыртын жұмыс жүргізгендерді, Отан қорғаушыларын не қажеттің бәрімен қамтамасыз еткен тыл еңбеккерлерін шын жүректен атаймыз.

Фашистік Германиямен соғыс 1418 тәулікке созылды, және әр тәулік сайын 15 мыңдай совет адамы құрбан болды, тікелей соғыс шығыны, бүліншіліктер құны және жанама шығындар — 300 миллион сомнан асты. Осындай құрбандықтар мен шығын фашистік блоктың және олар жаулап алған елдердің адамдар мен экономикалық потенциал тұрғысынан Совет Одағынан басымдылығының, совет басшылығының соғыс қарсаңында және оның алғашқы кезіндегі әскери-саяси ірі ағаттықтарының, сталиндік жаппай репрессия салдарынан қарулы күштерде және елдің өмірінің барлық саласында басшы кадрларды құртудың, сондай-ақ гитлершілдердің халықаралық заңдар мен соғысты жүргізу ғұрпын елемеуінің, уақытша оккупацияланған аудандардағы геноцид пен қатаң террор режимінің салдары болып табылды.

1942 жылғы күзге қарай жау елдің қыруар территориясын басып алды. Алайда осындай жағдайдың өзінде совет халқы Отанымыздың күші мен қуаттылығына, партияның саяси ақыл-ойы мен ұйымдастырушылық роліне, бауырлас халықтардың берік одағына деген сенімін жоғалтпады.

Совет халқының советтік патриотизмі мен социалистік интернационализмі, бірлігі, Ленин партиясы төңірегіне топтасуы мен Октябрь ісіне адалдығы Жеңістің маңызды бастауларының біріне айналды. Төменде жарияланып отырған документті деректер, майдан мен тылдың қатардағы жауынгерлері мен командирлері естеліктерінен алынған жолдар, Ұлы Отан соғысы деп орынды аталған соғыс туралы цифрлар мен фактілер осының жарқын дәлелі.

Алматы еңбекшілері митингісінің қарарынан (1941 жылғы 22 июнь):

«...Біз Қазақстанның барлық еңбекшілерін Қызыл Армияны, Әскери-Теңіз Флоты мен Авиацияны жауды талқандау үшін не қажеттің бәрімен қамтамасыз ету үшін өздерінің күш-жігерін еселеп арттыруға шақырамыз».

Ленин орденді Шымкент қорғасын заводы коллективі митингісінің қарарынан (1941 жылғы 22 июнь):

«Біз құтырынған төбеттердің төбесіне жаудыру үшін қазір қорғасынның қандай маңызды екенін жақсы түсінеміз. Сондықтан біз заводымыздың әлі де жақсы жұмыс істеуі және үкімет бізден талап етіп отырғанындай мөлшерде қорғасын беру үшін адал да қажырлы еңбегімізді, білімімізді жұмсаймыз».

Қазақстанның соғыс жылдарында жалпы одақтық балқытылған қорғасынның қыруар бөлігін бергені мәлім. Шымкент пен Лениногор қорғасын заводтары және бірқатар полиметалл кәсіпорындары жеңіске осындай сүбелі үлес қосты.

Лениногордың «Сокольный» руднигінен **бұрғылаушылар Петр мен Георгий Нефедовтардың бронебойшы Темір Шахабаевқа хатынан** («Казахстанская правда», 1944 жылғы 1 январь, майдангерлерге арналған арнаулы басылым):

«Қымбатты Темір Шақабаев! Біз сенің ерліктерің туралы тебіреніспен оқыдық. Алты рет жау танкілеріне атака жасадың, алты ретте де осы ауыр жекпе-жекте сен жеңіп шықтың.

Бауырымыз Темір! Сен фашистік сұмырайларға аяусыздықпен төгіп жатқан металды біз өндіреміз. Біздер, кеншілер үшін майдан шебі забой арқылы өтеді, біз де өз шабуылымызды ай сайын, күннен күнге үдетіп, қорғасынды барған сайын көптеп берудеміз. Біз ертеде-ақ екі жылдық нормадан орындап шықтық. Бертінде екі вахта өткіздік. Алғашқы вахта кезінде сменалық тапсырманы 2700 процент орындадық, ал екінші вахта кезінде — Бүкілодақтық рекорд жасадық — норманың 7150 процентін беріп, 11 миллион сомның металын өндірдік...»

Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің республика көмір өнеркәсібінің соғыс жылдарындағы жұмысы туралы анықтамасынан (1945 жылғы 15 июнь):

«...Қарағанды көмір бассейні ол ашылғаннан бері, 1854 жылдан 1940 жылды қоса алғанда, яғни өзі жұмыс істеген 86 жыл ішінде 30.441 мың тонна көмір берді, ал соғыстың 4 жылы ішінде бассейн өнеркәсіп пен транспорт-

9 май — Жеңіс күніне.

Digitized by Google

қа 34.443 мың тонна көмір жөнелтті».

Алматы ауыр машина жасау заводының ұстасы Семен Михайлович Бутырин-нің естелігінен (1965 жылы 7 майда Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми сессиясында):

«...Эвакуацияланған жабдық, яғни Ворошиловград паровоз жасау заводы жабдықтарының бір бөлігі (132 станок пен 200 мотор) тиелген алғашқы эшелон Алматыға 1941 жылы 10 декабрьде, екінші (соңғы) эшелон —1942 жылы 5 январьда келді. Жабдықтармен бірге жұмысшылар, техниктер және қызметшілер — олардың семья мүшелерін қоса есептегенде барлығы 384 адам келді.

Одақтық үкімет шешімімен ол Алматыда салынып жатқан автомобиль жөндеу заводының базасында орналастырыла бастады, алайда дайындалған өндірістік алаңға келген жабдықтардың бәрі сыймады. Кәсіпорын коллективі алғашқы күннен-ақ завод құрылысына кірісті...

Завод коллективі дайындық жұмыстарын аяқтап, 1942 жылдың басында Бүкілодақтық социалистік жарысқа қосылды. Мен және менің бірқатар жолдастарым — фрезерші Колаев, токарь Котляр және басқалар жоспарды 500 процент және одан көп орындады».

Қазақстанға барлығы 150-ге жуық кәсіпорын эвакуацияланды, олардан 107 кәсіпорын қысқа мерзімде іске қосылды. Оның үстіне 300-ден астам завод, фабрика, рудник, шахта және индустрияның басқа кәсіпорындары салынды. Республикада 1941—1945 жылдарда өнеркәсіп өнімдерін шығарудың 37 процент көбеюі жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың өндірістік қуаттарының өсуі мен еңбек өнімділігі артуының қорытындысы болды.

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің республика комсомол ұйымының соғыс жылдарындағы жұмысы туралы анықтамасынан (1945 жылғы 1 июльден ертерек емес):

«...Жастар өнеркәсіптің аса маңызды салаларында шешуші күш болып табылады. Демек жастар қорғаныс өнеркәсібінде істейтін адамдардың 75—85 процентін, көмір өнеркәсібінде —40—50 процентін, түсті металлургияда — 60—70 процентін құрайды.

Жастар бригадаларының саны едәуір өсті. Егер 1942 жылдың басында ондай бригадалар әлі болмаса, жыл соңына қарай 2.499 жас жұмысшыны біріктірген 301 бригада ұйымдастырылды... 1945 жылдың басында 19.559 адамды қамтыған 2.750 жастар бригадасы болды».

Ш. Берсиевтің СССР Халық Комиссарлары Советіне жолдаған хатынан («Казахстанская правда», 1943 жылғы 14 январь):

«...Мен, Ақтөбе облысының Ойыл ауданындағы «Құрман» колхозының звено жетекшісі Шығанақ Берсиев, даңқты жауынгерлеріміздің фашистік тобырларды совет жерінен жедел қуып шығуына көмектесу ниетімен «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасының құрылысына өзімнің жеке қаражатымнан 20 мың сом, жеке қорымнан 100 пұт астық қостым және Қызыл Армия қорына 252 пұт астық тапсырдым.

Мен 1943 жылы гектарына 200 центнерден тары алуға уәде бердім, мен мұны сөзсіз орындап шығамын.

Менің үш ұлымның бәрі тұрақты армияда Отанымыздың бақыты үшін зұлым фашистермен шайқасуда. Мен, жасымның 63-ке келгеніне қарамастан, өзімді сондай мықты сезінемін. Өзімнің тылдағы қажымас еңбегім арқылы майданға көмектесе беремін деп Сізді сендіремін...»

Коммунист Ш. Берсиев (1880—1944) 1943 жылы гектарына 201 центнерден тары жинады. Дүние жүзілік рекордқа жеткізген маңызды себептердің бірі — атақты звено жетекшісі өсіріп шығарған тарының жаңа сорты оның есімімен аталды.

Қазақ ССР Егіншілік халық комиссариатының бұйрығынан (1943 жылғы 25 январь):

«Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Буденов МТС-інің трактор бригадасының бригадирі, СССР Жоғарғы Советінің депутаты Прасковья Никитична Ангелинаның (Украинаның Донецк облысы Старобешевск МТС-інен эвакуацияланған) «1942 жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары туралы» есебін қарап, комиссариат коллегиясы соғыс кезінің қиыншылығына қарамастан бригада мен оның жетекшісі П. Н. Ангелина өздеріне жүктелген жұмысты өте жақсы орындап, бригаданың барлық мүшелерінің еңбекке деген адал көзқарасы арқылы трактордың іркіліссіз жұмыс істеуін, олардың жоғары өнімділігін және бригаданың танаптарында ауыл шаруашылығы дақылдарының аса мол шығымын қамтамасыз еткенін атап көрсетеді».

Қазақ ССР колхоздарының құрама жылдық есебінен (Қазақ ССР-інің Статистика жөніндегі мемлекеттік комитетінің деректері бойынша, 1941—1945 жылдар):

Жылына 400 еңбеккүн тапқан (яғни үш жылдық минимум) колхозшылар 1940 жылы 20.607 адам болды, ал 1945 жылы олар 94.202 адамға жетті.

Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің республика әйелдерінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жұмысы туралы анық-

Digitized by Google

тамасынан (1945 жылғы 15 июнь).

«Ауыл шаруашылығында колхозшы әйелдер шешуші күшке айналды. Олар колхоздардағы бүкіл жұмысшы күшінің 70—80 процентін құрайды, негізгі ауыл шаруашылық жұмыстарының бәрін атқарады... Қарағанды облысы Тельман ауданының «Красный Октябрь» колхозынан Агафья Литвишконың звеносы гектарына 207 пұттан бидай және 146 пұттан тары өсіріп, облыста аса мол өнім алды. Атақты жылқышы, комсомолец Шипа Шұғайыпова 17 жасында-ақ жылқылар үйірін өте жақсы бақты, сөйтіп Гурьев облысы Новобогат ауданындағы «Жаңаталап» колхозы жылқы фермасының меңгерушілігіне ұсынылды. Ол 1350 жылқы үйірін қыстан шығынсыз шығарып, 1944 жылы 415 биеден 413 құлын алып, аман сақтады...»

Қазақ ССР-і 1941—1945 жылдары еліміз бен майданға 365 миллион пұт астық (бұл 1937—1940 жылдарға қарағанда 30 миллион пұт көп), 734 мың тонна ет және 1.142 мың тонна сүт берді.

Украин ССР Халық Комиссарлары Советі председателінің орынбасары Л. Корниецтің Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің председателі Н. Оңдасыновқа хатынан (1945 жылғы 21 август):

«Украин ССР Халық Комиссарлар Советі Сізге Украинадан Қазақстанға эвакуацияланған балалар үйіне деген туысқандық көмек пен ауыр күндерде оларға қайырымдылықпен қарағандықтарыңыз үшін алғысын айтады...

Украин балалары бүкіл қазақ халқының, Қазақ ССР үкіметінің және Сіздің жеке өзіңіздің олар туралы шынайы аналық және аталық қамқорлықтарыңызды ешқашан ұмытпайды. Украиналық балалар үйлері Украинаға қайта көшкен сәтте де осындай аялы қамқорлыққа бөленді».

1942 жылғы 1 июльге дейін эвакуацияланған, 12.969 бала бар 111 балалар үйі Қазақстанда орналастырылды, ал соғыс жылдарында республикада барлығы 149 балалар үйі құрылды, оларда 21 мыңдай бала баспана тапты.

Қамқорлықтағы Орел облысы еңбекшілерінің қазақстандықтарға жаңа жылдық құттықтауынан (1944 жылғы 1 январь):

«Орел өңірінің еңбекшілері Қазақстанның өздеріне туысқандық көмегін ұсынғаны туралы хабарды қуанышпен білді. Жылдар өтіп, неміс басқыншылары Орел өңіріне келтірілген жаралар жазылар, бірақ біз СССР халықтарының мызғымас достығының жарқын көрінісі болып табылатын Қазақстан еңбекшілерінің жәрдемін ешқашан ұмытпаймыз. Орелдіктер қиын-қыстау кезде өздеріне туысқандық көмегін ұсынған қазақ халқына жалынды рахметін талай рет айтады».

Неміс-фашист әскерлерін Волгада талқандағаннан кейін Қызыл Армия шабуылға шыққаннан соң бүкіл ел бойынша азат етілген аудандарға көмек көрсету жолындағы бұқаралық патриоттық қозғалыс белең алды. Сталинград, Орел және Украинаның Ростов облыстарының еңбекшілеріне көмектесіп жатқан қазақстандықтар да оған белсене қатысты. Республика Донбасты қалпына келтіруге қамқорлық жасады. Қазақстан 1943 жылы ғана Украина мен Солтүстік Кавказға төрт мың трактор және ауыл шаруашылығының көптеген басқа техникасын жіберді, трактор бригадаларының 700 бригадирі, 300 комбайншы, 45 агроном, жүзден астам механизатор осы аудандарға аттанды.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі жанындағы Өнер істері жөніндегі басқарманың Қазақстанның театр және музыка мекемелерінің соғыс жылдарындағы жұмысы туралы анықтамасынан (1945 жылғы июнь):

«...Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі жанындағы Өнер істері жөніндегі басқарма соғыс кезінде 14 майдандық концерт бригадасын жасақтап, тұрақты армияға жіберді, олар жалпы 1216 концерт қойды. Қазақстан өнерінің жетекші қызметкерлерінің бәрі, соның ішінде Қазақ ССР халық артистері Жамал Омарова, Шара, Ержанов, Әмірзақов, Тұрдықұлова, Елебеков, Овчинников... майданда болып қайтты.

«Большевик Казахстана» журналының мақаласынан (1945, № 1):

Қорғаныс қорына берілген қаржы, соғыс заемына жазылу және танк колоннасы мен авиаэскадрильясы құрылысына арналған жарна республика бойынша 4,7 миллиард сом құрады. Жиналған 2 миллион дана жылы киім, сондай-ақ сыйлық тиелген 1600 вагон майдангерлерге жіберілді.

Балтық флоты теңіз жаяу әскерлері 260-шы бригадасы саяси бөлімінің бастығы, полковник Ф. И. Демидовтың Қазақ ССР делегациясының келуіне арналған митингі туралы саяси хабарынан (Кронштот аралы, 1943 жылғы 18 ноябрьден ертерек емес).

Қамқорлық жасаушылар, Қазақ ССР еңбекшілері делегациясымен кездесу митингісі 1943 жылы 18 ноябрьде болды. Делегация басшысы, Алматы облыстық партия комитетінің секретары С. Шәріпов Қазақстан тұрғындарының еңбегі туралы әңгімелеп, олардың жалынды сәлемін айтты. Мына жолдастар жауап сөз сөйледі.

Digitized by Google

Қызыл флотшы Маликова: «...Біздермен, Ленин қаласын қорғаушылармен бірге бүкіл еліміз жауға қарсы аттанды. Біздің қолымызда Уралда жасалған қарулар бар, бізді оқ-дәрімен Қазақстан жабдықтауда, біз Ивановода тігілген киімдерді киіп жүрміз, ал оған арналған мақта Түркменияда өсіріледі... Мен татар халқының қызымын, ұрыста қалт етпеймін. Отан алдындағы өз парызымды орындап шығамын».

Аға қызыл флотшы Кравчук ауыр 1941 жылы Днепр жағасындағы заводтар станоктарының қысқа мерзімде Сырдария жағасында қалай монтаждалғанын айтты. Жерлестеріңізге майданға көмегі үшін біздің рахметімізді айтыңыздар. Сіздер тылда қалай еңбек етсеңіздер, біздер — украиндер мен қазақтардың, белорустар мен өзбектердің, татарлар мен грузиндердің ұйымшыл бір семьяда Балтықта фрицтерді соғып жатқанымызды оларға айта барыңыздар.

Қызыл флотшы Әбдірайымов соңынан сөз сөйлеп, былай деп сендірді: «Жауынгер-қазақтар Ленинград облысы мен туған Балтық бойын жедел азат ету үшін өмірін аямайды». Митингіге қатысқандардың бәрі осы сертке қосылды, олар өз қамқоршыларына арнап үндеу қабылдады.

Еріктілер өтініштерінен:

Қазақстан Коммунистік партиясының көрнекті қайраткері, Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолындағы, белсенді күрескер **Әлібі Жангелдин** (1941 жылғы июль): «Осындай жауапты кезеңде сырт қала алмаймын және Сізден мені өз қалауыңызға қарай Қызыл Армия қатарында қайсыбір учаскеге алуды өтінемін».

Алматы-1 станциясы вагон учаскесінің электр дәнекерлеушісі **Б. Оспанова** (1944 жылғы июнь): «Отанымызға арсыздықпен бассалғаны үшін герман фашистерінен кек алу тілегім күшті. Мені дереу алдыңғы позицияға жіберуіңізді өтінемін».

Семей облысының Жарма ауданынан шофер **Л. Н. Пономарчук** (1942 жылғы август): «Мен машинаның озат жүргізушісі едім, жараланып госпитальға түстім, қазір госпитальдан шықтым және машинаны тағы жүргізе аламын, сүйікті Отанымды қорғауға тағы барғым келеді».

Х. Әкімжанов: «Жолдас әскери комиссар! Семей облысы Көкпекті балалар үйінің тәрбиеленушісі Сізге үлкен өтінішпен жүгінеді — танкші болу менің ежелгі арманым. Мұндай қарудан жауды соғудың қандай екенін Сіздің өзіңіз білесіз. Сондықтан бронетанк училищесіне түсуді өте-мөте қалаймын. Менің көздеген мақсатыма қол жеткізуіме жәрдемдесуіңізді өте-мөте өтінемін. Бұл мен үшін ең жоғары награда болмақ».

Республика облыстарының әрқайсысынан ерікті түрде майданға жіберу туралы үш мыңнан 25 мыңға дейін өтініш түсті.

Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің 1941—1945 жылдар ішінде республикадағы әскери-мобилизациялық жұмыс туралы анықтамасынан (1945 жылғы 15 июнь):

Соғыстың басынан 1945 жылғы 1 майға дейін Қазақстанда 1.196.164 адам, олардың ішінде 82 мың коммунист пен 250 мың комсомолец мобилизацияланып, армия қатарына жіберілді. Оның үстіне өнеркәсіп пен құрылыстағы жұмыс үшін 590.524 адам мобилизацияланды.

Қазақ ССР-інде 12 атқыштар мен 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы мен 50-ге жуық полк және басқа әскер түрлері үшін дербес батальондар жасақталды (Қазақ республикалық әскери комиссариатының деректері бойынша).

«Правдада» 1943 жылы 6 февральда жарияланған «**Даңқты қазақ халқы Советтік Отан үшін күресте**» деген мақаладан:

«Қазақтар майданда жақсы шайқасуда, тылда олардың әкелері, шешелері, зайыптары майдан үшін жақсы жұмыс істеп жатыр. Қазақстан өз жерінің бүкіл байлығымен, өз тауларының бүкіл қазынасымен майданға мықты тірек болуда. Қазақстан совет адамдарына жақын әрі қымбат. Біздегілер қазақтың турашыл, ақ жарқын, ер жүрек жан дүниесін, оның кішіпейілділігін, оның айнымас адалдығын жақсы көреді».

Республика Отанның жоғары айырым белгісі — Совет Одағының Батыры атағына ие болған 491 перзентін мақтаныш етеді. Қазақ халқының даңқты қыздары Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова Шығыс әйелдері арасынан бірінші болып, осы жоғары атаққа ие болды. Төрт ұшқыш — Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов, Леонид Игнатьевич Беда, Сергей Данилович Луганский және Иван Фомич Павлов оған екі мәрте ие болды. Қазіргі кезге дейін Алтын Жұлдыз иегерлері — қазақстандықтар жалпы 519 адам екенін ескертейік.

Республикадан үш дәрежелі Даңқ ордендерінің 115 иегері шықты. Соғыстан кейін Қазақстанға келгендерді қосқанда олар 141 адам.

Әзірлеген П. БЕЛАН,
тарих ғылымының кандидаты.

Digitized by Google



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ. Талас ауданының «Ұйық» совхозында екі жүзден астам ардагер бар, олардың әрбір төртіншісі Ұлы Отан соғысына қатысқан. Совхозда олар араласпайтын қызмет аясы жоқ.

СУРЕТТЕ: совхоз ардагерлері советінің мүшелері (солдан оңға қарай) Ірге Жатқанбаев, Сейілбек Әбдиев, Рахманәлі Жантайбеков, Қосалы Жәкелов, Сейілжан Нұрғожаев, Мәдира Имашева, Маманбай Мамролиев, Досмұрат Шахзадаев, Жолдыбай Төкебаев.

Суретті түсіргендер И. БУДНЕВИЧ, Г. КОШКИНЦЕВ (ҚазТАГ).

КЛУБҚА ДОСТАР ЖИНАЛУДА

Құрылтай конференциясынан кейін бірден жиналған, бұл бұдан екі жыл бұрын болған еді, астананың Ленин ауданы соғыс және еңбек ардагерлері советінің жаңадан сайланған мүшелері өздерінің жұмысын қандай нақты істен бастау керектігі туралы шындап ойластырды. Содан өздері жиналып, өзекті істер туралы әңгімелесіп, өткенді еске түсіре алатын өздерінің клубын ұйымдастырған жақсы болар еді деген ойға келді.

Өйткені мәселе былай ғой: ардагерлердің көпшілігінде түрлі-түсті телевизор да, жайлы пәтер де бар, алайда олардың көпшілігінде жан рахаты жетіспейді. Бір-бірімен, жастармен араласпағандықтан олар өздерін өмірден шетқақпай қалғандай сезінеді. «Телевизор мен орындық — пенсионер серігі» — қалжың сөздің астарында көлеңкелі көріністер жатыр. Біздің «Ардагер» клубымыз жасы ұлғайған адамдардың жаңа достар табуына, олармен емін-еркін кездесуіне, сыр ақтарысып, ашық әңгімелесуіне көмектеседі. Оны құрудың энтузиастары — Ия Емельяновна Дроздова, Клавдия Васильевна Маначинская, Шайзада Жұмашқызы Байқадамова, Людмила Михайловна Абетова, Қойшыбай Қадырұлы Мұсағалиев және басқалар кездесу үшін ыңғайлы «Жастық» кафесін таңдап алды. Ондағы әсем интерьерлі зал да, жақсы оркестр де, біршама тәуір ас үй де оларды өзіне тартты.

Бүгінде бізде клуб жұмысының формалары мен түрлері көп-ақ. «Дөңгелек стол» басындағы әңгімелерді, сұрақ-жауап кештерін, «саяси пікірталастарды», партия, совет кәсіподақ органдары жетекшілерімен, дәрігерлермен, юристермен, әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдері қызметкерлерімен, әдебиет және өнер қайраткерлерімен кездесулер өткіземіз. Оның үстіне ардагерлердің творчестволық жұмыстарының көрмелерін ұйымдастырамыз, мүдделілер үйірмесін т. б. құрдық.

Тақырыптық кештер барлығына сондай ұнайды. Оларды әзірлеуге кезекті кештің ұйымдастырушылар — ардагерлер де, жастар да, кәсіпорындар өкілдері де қатысады. Бүкіл ұйымдық жұмысты — гүл, сыйлық, сувенирлер сатып алу, заказдарға ақша төлеу, сондай-ақ репертуарды, әртүрлі викториналарды, атракциондарды, лотереяларды әзірлеу мәселелерін арнаулы топ шешеді. Саяси сұхбатты жүргізу мәдениетін үйрену, оған жастарды үйрету — «Ардагер» клубының тағы бір маңызды тәрбиелік міндеті осындай. Жастардың және жасы ұлғайған кісілердің қарым-қатынас жасауы екі жаққа да өте-мөте қажет екенін екі жылдық тәжірибе көрсетті. Бізге әскер қатарына шақырылушылар да, әскери міндетін өтеп қайтқан солдаттар да, «қиын» жасөспірімдер де келеді. Олар келіп, көңіл көтереді. Бізбен бірге ән айтады, би билейді, тең жағдайда әңгімелеседі. Жастардың «Концерт сыйы» — клуб дәстүрлерінің бірі. Ал Дзержинский атындағы трикотаж өндірістік бірлестігі комсомолецтерімен кездесуде атақты тігінші Валентина Васильевна Лагузинаның шәкірті Мәуре Қасымова өзінің кәсібіне үйреткен өзінің тәлімгеріне адамдар алдында алғыс айтып, осы кеште соған арнап ән шырқады. Сондай-ақ біз кештерімізде соғыс және еңбек ардагерлері — Ленин аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері А. К. Қасымов пен М. А. Макировты, темекі комбинатының қызметкері С. Момбекованы, полковник А. Н. Светачевті және отставкадағы сержант Х. У. Қарабаевты жылы шырайымен атадық.

Интернационалист-жауынгерлер біздің

Digitized by Google

жиі келетін қонақтарымыз. «Біз өзіміздің интернационалдық парызымызды ақырына дейін орындап шықтық, — деді Ауғанстаннан енді ғана оралған жас коммунист Юрий Партиков соңғы кездесулердің бірінде. — Ал бізге, қымбатты әкелер, сіздердің үлгілеріңіз көмектесті. Интернационалист-жауынгер Володя Кузнецов та кешке келеді. Ол өзі жетекшілік ететін жасөспірімдердің «Эспада» клубы тәрбиеленушілерімен бірге әрбір кешке дерлік ардагерлердің творчестволық жұмыстары: суреттері, картиналары, қолданбалы творчествосы бұйымдары көрмелерін ұйымдастырады. Мәселен, П. С. Иванов салған фотопортреттер, В. Н. Белоусованың тоқыған заттары, С. А. Лях-тың жапырақты ағаштар көріністері зор ықылас тудырды.

Тағы бір көрініс атайық. Біздің кештеріміздің бәрінде «Ленин атындағы балалар қорының 707-есебі» деп жазылған шағын жәшік көрнекі жерде тұрады. Клуб советінің инициативасы бойынша соғыс және еңбек ардагерлері бес мың жақсы кітап жинап, оларды Алматы облысының Бағанашыл селосындағы мектеп-интернатқа сыйлады. Біз сонымен бірге оларға спорттық формалар, столда ойнайтын ойын құралдарын, тәтті тағамдар сыйладық. Біз балалармен жиі кездесеміз, батылдық сабақтарын, бейбітшілік сабақтарын өткіземіз, балалар мерекелеріне келіп тұрамыз. Бізде «қиын» балалар қатарынан қамқорлыққа алынғандар да бар. Олар өздеріне көп көңіл бөлуді қажет етеді, демек балалардың жаны жадырап, көше ықпалынан арылып, жарқын болашаққа ұмтылысын көру қуанышты.

«Ардагер» клубының танымал болуына қарай оған келем деушілер де көп-ақ. Дегенмен бұл бізді, әрине, ренжітпейді. Оның үстіне біздің «Ардагерден» кейін Алматыда ардагерлердің басқа бастауыш ұйымдарында да осындай кештерді өткізе бастады.

М. МИНКЕЛЕВИЧ,
Алматы қаласы Ленин ауданының соғыс және еңбек ардагерлері советі председателінің орынбасары.

СҰРАҚҚА-ЖАУАП

Ардагерлерге арналған госпиталь

Алматыда соғысқа қатысушыларға және «ауғандық» жауынгерлерге арналған госпиталь қашан салынатынын айтсаңыздар екен.

А. Шойынбаев,
интернационалист-жауынгер.

Алматы облысы.

Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпитальдің бастығы Владимир Георгиевич СЛЕСАРЕВ сұраққа жауап береді.

Ұлы Отан соғысына қатысқандар мен интернационалист-жауынгерлердің көптеген өтініші бойынша республика Министрлер Советі өткен жылдың ноябрінде осындай госпитальдің құрылысы туралы шешім қабылдады. Советтік бейбітшілік қоры бұған 12 миллион сом бөлді. Ол Алматыға тақау Каменка поселкесі аймағында салынады. Осында 12 гектар тұтас аурухана қалашығы бой көтереді. 520 төсектік госпитальға қоса жүз орындық пансионат тұрғызылады, тексерілуге, алдын ала ем қабылдауға келген Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен «ауғандық» жауынгерлер осында орналасады. Сондай-ақ, спорт комплексі, медициналық және басқа қызмет көрсетушілерге арналған жатақхана салынады. Қалашық территориясында парк жасалады. Хирургиялық операциядан немесе тексерілуден және емделу курсынан өткеннен кейін науқастар одан әрі емделетін реабилитация бөлімшесі госпитальдың басты бөліміне айналады. Мұнда емдік массаж, психотерапия кабинеттері, әртүрлі тренажерлер қондырғылары жұмыс істейтін болады. Науқастар су-саз емдерін алады, сонымен бірге мұнда гелиоемдеу — яғни арнаулы айналар және күн сәулесінің көмегімен емдеу сияқты жаңалық та енгізіледі.

Қазіргі уақытта СССР Денсаулық сақтау министрлігінен Москва жобалау ғылыми-зерттеу институтының Алматыдағы филиалынан мамандар жобалық-сметалық документтерді талдап жасауда. Алайда іс, өкінішке қарай, ұзаққа созылуда, жоба 1991 жылы дайын болады. Кем дегенде бес жыл құрылысқа кетеді. Бұл мерзім ешкімді разы ете алмайды, өйткені жаңа госпиталь сондай қажет-ақ. Біз әзірге ескі үйлерде орналасуға және қалалық клиникалық аурухана үйін пайдалануға мәжбүр болып отырмыз. Біз жаңа госпитальдің құрылысы келесі жылдың өзінде-ақ басталуына қол жеткізуге ұмтыламыз, демек мұнда біз республикалық және қалалық өкімет органдарының көмегіне үміт артамыз.

Digitized by Google

АДАМ ТУРАЛЫ ҚАМҚОРЛЫҚ

Ұлтаралық қатынастар жөнінен КПСС Орталық Комитетінің Пленумына әзірлік кезінен өрістеген қазіргі уақытта облыстық партия комитетінде ұлттық және ұлтаралық қатынастар жөніндегі секторды құруға орай соңғы жылдары нешін сәті түсті, деп өзіңнен жиі сұрайсың. Біздің, осы сектор қызметкерлерінің, жұмыс барысында үйренуімізге тура келді, ең алдымен түрлі ұлттар өкілдерімен кездесулер біздің ой-өрісімізді байыта түсті. Олармен араласа жүріп, өзіміз үшін советтік немістер, дүнгендер, курдтар, қырым татарлары, түріктер, облысымызда тұратын басқа ұлттар өкілдері тарихының беттері мен проблемаларын аштық. Сайып келгенде, идеология активінде интернационалдық және патриоттық тәрбие ісіндегі нақты жағдайды дұрыс ұғынушылық қалыптасты, және мұның өзі бұдан былайғы жұмыстың сенімді негізіне айналды.

Облысымыздың партия комитеттері тікелей еңбек коллективтерінде ұлттық қатынасты жетілдіруге, бұл үшін бірінші жетекшілердің жауапкершілігін арттыруға айрықша мән берді. Облыстық партия комитетінің бюросында «Асфальтобетон» өндірістік бірлестігінің бас директоры Г. А. Исламовтың тәжірибесі мақұлданды. Партия ұйымымен тығыз қатынаста жұмыс істей отырып, Герс Аубакирович түрлі ұлттар адамдарының ұйымшыл, топтасқан жұмысын жолға қойды, ал осы коллективте 23 ұлттың өкілдері жұмыс жасайды. Коллективтің көп ұлттық құрамын ескеру арқылы мамандар іскерлік және моральдық сапаларына қарай басшы қызметтерге ұсынылады. Г. А. Исламов цехтарда, бригадаларда, жатақханаларда жұмысшылармен ұдайы кездесіп тұрады. Оның инициативасы бойынша жастардың творчестволық коллективтері құрылды. «Тұрғын үй-91» программасын жүзеге асыру өткен жылы-ақ аяқталды. Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін, жатақханаларды қажетсінетіндер олармен қамтамасыз етілді. Көкеніс қоймасы мен теплица салынды, соның арқасында жұмысшыларды овощпен және көкеніспен жыл бойы қамтамасыз ету сәті түсуде. Демек қамқорлықтағы № 87 мектеп мұғалімдеріне де пәтер, бала бақшада орын бөлінеді. Осындай шараларды одан әрі жалғастыра беруге болады. Және ең басты мәселе бірлестіктің бірінші және басқа жетекшілерінің әр адамға көңіл бөліп, олар туралы қамқорлық жасауына саяды.

Г. А. Исламовтың тәжірибесі туралы шаруашылық жетекшілерінің облыстық мектебі сабақтарында әңгімеленді, ал мектепте интернационалдық және патриоттық тәрбие проблемалары оқылады, облысымызда осындай стиль барған сайын белсендірек орнықтырылып жатқанын атау орынды.

Аудандық партия комитеттері селолық аудандарда жекелеген ұлттар өкілдерімен жұмыс жүргізу жөнінен құрып жатқан инициативалы топтар өздерін жақсы жағынан көрсете білді. Олар рухани және мәдени сұранымды зерттеуге, таңдаулы дәстүрлерді насихаттауға көмектеседі, бұқаралық шараларды әзірлеуге қатысады. Осындай топ Қаскелең ауданында белсенді жұмыс істейді. Оны оқу-өндірістік комбинатының оқу ісінің меңгерушісі, КПСС мүшесі А. А. Гартман басқарады. Топ мүшелері ұлты неміс еңбекшілердің түрлі мәселелер жөніндегі қоғамдық пікірін зерттеп, адамдармен жеке жұмыс жүргізеді, фольклорлық мерекені ұйымдастыруда, ұлттық дәстүрлерді түлетуде инициатива жасады.

Еңбекшіқазақ пен Жамбыл аудандарында қазақ, курд ұлттарының ақсақалдар советтері партия ұйымдарына үлкен көмек береді. Ұзынағаш поселкесінде түрік ұлты өкілдері арасында жұмыс жүргізетін осындай советті соғыс және еңбек ардагері, Жамбыл ауданының құрметті азаматы, КПСС мүшесі И. А. Гвинашев басқарады. Ақсақалдар советі жастарға зор ықпал жасайды. Мәселен, жігіттер мен қыздардың білім дәрежесінің өсуі, олардың қоғамдық белсенділігі туралы мәселе өткір қойылды. Демек олардың бәрі бірдей орта мектепті бітіріп, комсомол ұйымдары жұмысына қатыса бермейтіні құпия емес. Ақсақалдар советі осы мәселені өз бақылауына алды. Ал мұның қаншалықты маңызды екенін айтып жатудың қажеті бола қоймас.

Зор өкінішке қарай, біз осындай бастамаларды әлі нашар насихаттаймыз. Үгітшілерді, саяси хабаршыларды, лекторларды осы жұмысқа тартудың сәті әзірше түсе қойған жоқ. Біз де қазір идеология активінің барлық топтары-

Digitized by Google

мен жиі кездесіп, нені жасаудың сәті түскені және қандай проблемаларды шешу керектігі туралы әңгімелеуге ұмтыламыз.

Барлық ұлттар мәдениетін дамытуға көңіл бөлу күшейді. Қазір бізде 50-ден астам ұлттық ансамбль жұмыс істейді, олардың көпшілігі соңғы жылдары ғана пайда болды. Бұлар — гректердің «Эос» ансамблі, қырым татарларының «Наврез» ансамблі (екеуі де Шелек ауданынан), бұлар — Жамбыл ауданынан чечендердің «Лури», Еңбекшіқазақ ауданынан курдтардың «Бахор» және түріктердің «Генчилик» ансамбльдері. Енді түрлі ұлттардың сұранымы ескеріліп, кітап, поэзия мерекелері де өткізіледі. «Наурыз» және «Береке» мерекелері дәстүрге айналды, оларда ұлттық дәстүрлер бүгінгі дәстүрлермен астасып жатады. Демек биыл Кеген ауданында «Наурыз» мерекесі Қырғызстанның Тюп ауданының еңбекшілерімен бірлесіп өткізіледі.

Интернационалдық және патриоттық тәрбиеде творчестволық коллективтер ролі қыруар өсті. Мәселен, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театры мен Ұйғыр театры базасында «аудандар күндері» өткізілуде, опера мен балет әуесқойларының «Театралдар» клубы жұмыс істейді. Облыстық филармония коллективі, «Алтынай» ансамблі оқушылар мен олардың ата-аналарының қазақтың ғұрыптық мерекелерімен танысуына мүмкіндік берді. Ә. Қастеев атындағы мемлекеттік бейнелеу өнері музейі мен Қазақ ССР Ғылым академиясының Ботаника бағының қызметкерлері Калинин ауданы мектептерін қамқорлыққа алып, пайдалы инициатива жасады.

Түрлі ұлттық топтардың рухани және мәдени сұранымына ден қоюшылықтың күшейе түсуі оларды ұлттық пәтерлері бойынша ажыратады-мыс деп айтылып жүрген хауіптің толығынан негізсіз екенін өмір көрсетіп берді. Керісінше, бұл адамдарды жақындастырып, олардың еңбек және қоғамдық белсенділігін көтеруге көмектесуде. Әлбетте, осы жұмысты тереңдете беру, мұнда формализмге жол бермеу керек. Ал мұндай көріністер баршылық. Мәселен, Шелек ауданының Калинин атындағы мектебінде ұйғыр тілін оқып үйренуге нақ осылай қарады. Егер есептер бойынша бағалар болсақ, мұнда бәрі жақсы жасалған: бірнеше оқу тобы ашылған, Сонда да мектептен шағымдар түсуде. Сөйтсек, төменгі кластар оқушылары үшін топтар ашылған, ал ата-аналардың өтінішіне қарамастан орта және жоғары кластар оқушылары үшін оны жасамаған. Демек мұны қажетіне қарай жасауға ешкім оралғы жасаған жоқ қой. Формализмнің қайсыбір, тіпті болмашы көрінісі адамдардың сезіміне, соның ішінде ұлттық сезіміне қатты әсер етеді.

Тұтасынан облыста ұлттық-орыс тілін тиянақты орнықтыру сәті әзірше түсе қойған жоқ. Әрине, атқарылған істер аз емес. Мәселен, биылғы оқу жылында жалпы білім беретін мектептерде, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде ана тілін оқып үйрену жөніндегі кластар мен топтар саны көбейді. Курд, азербайжан, түрік тілдерін оқып үйрену жөніндегі топтар алғаш ашылды. Алайда кәсіпорындарда құрылған ондаған үйірмелер тарап кетті. Оларды ұйымдастырушылардың жоғары жауапкершілікті сезінбеуі бұған салқынын тигізді,



Астаналық облыстың көпұлтты Шамалған селосында балалар екі орта мектепте қазақ және орыс тілдерінде оқиды, ал енді мұнда екі арнаулы класс ашылды, оларда сабақ азербайжан тілінде өтеді.

Туысқан республикадан әріптестер көмек берді. Бүгінде Шамалғанға азербайжан тіліндегі оқулықтар, әдебиеттер, көрнекі құралдардың толық топтамасы, диафильмдер, пластинкалар салынған посылкалар келуде. Селолық мектептердің бірінде лингафон кабинеті ашылды.

Бертінде Азербайжанның мемлекеттік өкіметінің жоғары органы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумына жолдаған хатында Қазақ ССР-інде тұрып, мектептерде оқитын ұлты азербайжан адамдарға көңіл бөліп, қамқорлық жасағаны үшін ізгі лебіз білдірді. Қазақстанның жоғары оқу орындарында азербайжан тілі мұғалімдерін мақсатты даярлау туралы ұсынысты қолдады.

СУРЕТТЕ: бақулік мектептердегі достардан Шамалғанға тағы бір посылка келді. Азербайжан тілінің мұғалімі М. Н. Нәсіпов оқушылармен бірге кітаптармен танысуда.

Суретті түсірген А. ПАВСКИЙ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

сонымен бірге оқулықтардың, методикалық құралдардың, программалардың жетіспеушілігі де өте-мөте оралғы жасауда. Қазақ, сондай-ақ басқа тілдерді оқып үйрену жөніндегі таңдаулы оқулықтарға конкурсты ертеректе-ақ жариялау керек еді және оған тілек білдірушілердің бәрі қатысып көрсін. Айталық, шет тілдері институтының доценті Шәйкен Қаратайұлы Бектұров секілді энтузиастың бай тәжірибесі өте-мөте көмектесер еді. Ол ересек адамдар үшін 72 сағатқа арналған оқулықты әзірледі. Сондай-ақ тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері У. С. Сәлиева да көп нәрсеге үйрете алады, ол өзара араласу деңгейінде қазақ тілінде сөйлесе алатын адамдар тобымен жұмыс жүргізеді. Өз халқының тілін үйренушілерге көмектесуге тілек білдірген әлі де көптеген ғалымдарды, педагогтарды атауға болады. Мысалға Еңбекшіқазақ ауданының Жандосов атындағы орта мектебінің директоры Х. Д. Айвазовты алайық, ол үстіміздегі жылдан түрік тілін оқып үйрену жөніндегі факультативті жүргізе бастады. Алайда Халит Жамалович алғашқы сабақтан кейін-ақ қанағаттанбаушылық сезімде болды. Оның бәрі мынадан еді: оқулықтар жоқ, 18 оқушыға небары бес оқулықты, оның үстіне ротопринтте басылған оқулықтарды әрең тапты, ал олар оқулық бола алмайды.

Және тағы бір маңызды мәселе — кадрлар... Біз ана тілдерді оқыту жөнінен мамандар бар, деп өзірше мақтана алмаймыз. Рас, өткен жылы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде, қыздар педагогика институтында, шет тілдері институтында орыс мектептері үшін қазақ тілі оқытушыларын даярлау басталды. Демек бұл істің басталуы ғана, әлбетте, жоғары оқу орындары жанынан кешкі бөлімдерді ашқан, ана тілін оқытатын жоғары білімді мұғалімдерді қабылдаған дұрыс болар еді. Бүгінгі оқытушылар оқудың осындай формасы барысында пәнді оқыту методикасын жедел меңгере алады.

Ұйғыр, корей, дүнген, курд, грек, түрік, қырым татарлары тілдерінде саяси, көркем және балалар әдебиеттерін басуды мықтап қолға алу керек қой, деп ойлаймыз. Бұл жасына қарай барлық топтар арасында идеялық-тәрбие жұмысын дәйекті жүргізу үшін өте-мөте маңызды.

Астаналық облыстың идеология активі лениндік ұлт саясатын насихаттау жөнінен бертінде құрылған республикалық қоғамдық-саяси орталыққа үлкен үміт артады. Оның толық күшімен жедел жұмыс істей бастауын қалаймыз. Біз оның коллективінен нақты теориялық және методикалық көмек күтеміз, демек жанды практиканы ой елегінен өткізуге өте-мөте жіті көңіл бөлу керек.

В. УШАКОВА,
Қазақстан Компартиясы Алматы облыстық комитетінің ұлттық және ұлтаралық қатынастар жөніндегі консультанты.

Достық одақ

Бертінде Солтүстік Қазақстан облысының делегациясы Қорғанға барып қайтты. Оның құрамында өндіріс озаттары, партия, совет, кәсіподақ қызметкерлері болды.

— Біз қорғандық бірқатар өнеркәсіп орындарының және құрылыс ұйымдарының жұмысымен таныстық, әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық объектілерде болдық,— деп әңгімелейді Петропавл қалалық атқару комитетінің председателі В. И. Казимиров.— Өндірісті ұйымдастырудың, оны техникалық жағынан жарақтандырудың осында жинақталған тәжірибесімен тереңірек танысу үшін біздің коллективтеріміздің өз өкілдерін Қорғанға жіберуінің маңызы бар деген пікірге келдік.

Солтүстік қазақстандық делегация құрамындағы село еңбеккерлері «Разлив» совхозында, Қорған ауыл шаруашылығы институтының тәжірибе шаруашылығында болды. Содан кейін Қорған облыстық партия комитетінде қонақтар мен сол жердің адамдары пікір алмасты. Социалистік жарыс туралы шартқа салтанатты жағдайда қол қойылды. Онда озық тәжірибені үйрену үшін өзара сапарлар жасау, еңбек сайысының барысын жүйелі тексеру, мамандардың стажировкасы, талапкер көркемөнер коллективтерінің творчестволық байланысын дамыту, телевизия және радио программаларын, газеттік мақалаларды алмасу, сауда-жәрмеңке, спортшылардың жолдастық сайыстарын ұйымдастыру сияқты формаларды және басқа шараларды қолдану қарастырылды.

Петропавл қаласы.

Digitized by Google

ӘР ТАНАП ЕРЕКШЕЛІГІ ЕСКЕРІЛСІН

Диқандарда қызу күндер, халықтың дең айтқанындай, әр күні жылға азық болатын мезгіл басталды. Біздің тілшіміз ВАСХНИЛ-дің Шығыс бөлімшесі президиумы председетелінің бірінші орынбасары, Лениндік сыйлықтың лауреаты, ауыл шаруашылық ғылымының кандидаты **Эрвин Францевич ГОССЕНМЕН** егіншілердің көктемгі қам-қарекеттері туралы әңгімелесті.

— Биыл республике егістіктерінде көктем барысы қалай қалыптасуда?

— Қазақстандық диқандарды топырақтағы ылғалдың деңгейі әрдайым айрықша алаңдатады. Ауа райын зерттеу бюросының деректері бойынша, биыл оның қоры мөлшердегідей немесе нормадан біршама жоғары. Аудандардың көпшілігінде қар қалың түсті. Сонда да Орал, Қостанай, Көкшетау облыстарында қыс қарсаңында топырақтың бір метрлік қабатындағы ылғал кәдуілгі деңгейден аз болғанын ескеру, сөйтіп қазірдің өзінде қар суын танапта барынша сақтау үшін мүмкін болғанның бәрін жасау керек. Бүкіл агротехникалық тәсілдерді тиісті деңгейде өткізу барысында бітік өнімге толығынан үміт етуге болады. Оның үстіне егіншілер өткен жылдарға қарағанда биыл егіс техникасын дер кезінде әзірледі. Ол март айында-ақ толық жөнделді. Тұқым өткен жылға қарағанда жақсы ұқсатылды. Осының бәріне, әлбетте, ең алдымен жаппай арендаға ауысу, мамандардың жауапкершілігін арттыру көмектесті.

Рас, агроном ретінде мені көптеген арендаторлардың, тұтасынан агроөнеркәсіп комплексінің минералдық тыңайтқышқа деген көзқарасы қатты алаңдатады. Бір миллион тоннаның орнына 800 мың тонна минералдық тыңайтқышқа ғана заказ берілді. Сонымен бірге бізде интенсивті танаптар 900 мың гектарға өсіп, 7 миллион гектардан асып түсті. Әрине, тыңайтқышты барынша ұтымды пайдалану, еңбектің жоғары мәдениеті есебінен әлденені өтеуге болады. Алайда, тыңайтқыштан үнемдеуге болмайды ғой, деп ойлаймыз.

— Демек, бізде өткен жылы көктем ылғал тұрғысынан қолайлы болып қалыптасты. Сонда да көптеген шаруашылықтар және тұтасынан республика астық жөніндегі жоспарды орындай алмады. Мұнда істің мәні неде?

— Өткен жылғы тәжірибе талданды, түрлі пікірлер айтылды. Сонда да сәтсіздіктің басты себебін егіншіліктің топырақ қорғау жүйесі талаптарын елемеушіліктен көрмеуге болмайды, көп жылдық практика арқылы оның өміршеңдігі дәлелденді. Көптеген шаруашылықтар және тіпті тұтас аудандар ылғалдың молдығына үміт артып, дөнді дақылдар себуді ыңғайлы мерзімнен ерте өткізді, сөйтіп, үлкен қателік жіберді. Топырақтағы температура 40—50 және тіпті 60 градусқа жеткен, ауаның ықтимал ылғалдылығы 90 процент құраған (ауаның салыстырмалы ылғалдылығының 30 проценттен төмен болуы қуаңшылық деп есептелетінін ескертейік) июнь айындағы қуаңшылық тамыр түйнектің қайталап байлануына мүмкіндік бермеді. Осыған қарамастан топырақ қабатының 10 сантиметр терең-дігінде әлі де ылғал бар еді. Өсімдік оны бойлап өсе алмай, бастапқы тамыр байлану күйінде қалды, сөйтіп егін сирек шықты, ал июль айында жауған жауын арамшөптің қаулап өсуін жеделдетіп, жағдайды тым қиындатып жіберді.

— Және бұдан қандай қорытынды туындайды?

— Менің байқауымша, оның екі тағылымы бар. Алғашқысы — топырақ қорғау жүйесі мен интенсивті технология талаптарынан ауытқымау. Ал екіншісі — әрбір танаптың ерекшелігін нақты ескеріп, ылғалдануына, ластануына, топырақтың тығыздығына және басқа факторларға қарай жұмыс мерзімі мен тәсілдерін анықтау. Ал егер ықшамдап айтар болсақ, танапта творчестволықпен жұмыс істеу, диқандарға әміршілік етуге жол бермеу.

— Әлбетте, дала жұмыстарының жоғары сапасына қол жеткізу керек қой...

— Бұл өздігінен-ақ түсінікті. Мұнда, сірә, интенсивті технологиядан шегінушілік туралы айтпауға болмайды, өткен жылдарда егін салуда бұған тым жиі жол берілді.

Бұл, біріншіден, себу мерзімін сақтамау, бұл туралы жоғарыда айтылды. Әрбір жеке алқапты бір күн ішінде ұқсатып, тұқым себуге ұмтылу керек. Ал, екіншіден, тұқымды тым терең, немесе керісінше тайыз сіңіру. Және үшіншіден, тыңайтқыштар мен гербицидтерді енгізуге үстірт, ұқыпсыз қараушылық, оны енгізу мен сіңіру ара-

Digitized by Google

сындағы алшақтық, соның салдарынан оның тиімділігі күрт төмендейді.

Әрине, мұнда барлық кемшіліктерді жұмыс істеушілердің ұқыпсыздығына сауға болмайды. Көбіне агротехникалық талаптардан шегінушілік техниканың жетіспеушілігімен, адамдардың біліктілігінің төмендігімен байланысты. Дегенмен, былайша елеусіз болғанымен топырақ қорғау жүйесінің, интенсивті технологияның қайсыбір буыны орындалмаса, олар жұмыс істемейді. Мұнда «Қостанай» ғылыми-өндірістік бірлестігінің «Жаздық бидай» ғылыми-өндірістік жүйесінің практикасына сілтеме жасаудың артықшылығы болмайды. Өткен жылы мұнда егіншіліктің жоғары мәдениеті барысында пардан кейінгі егістікте гектарына 17 центнерден астам және екінші дақылдан кейін 14 центнердей өнім алынды. Алайда, технологиялық тәртіпті бұзуға жол берген, оған іргелес танаптардан гектарына небары 7,4 және 5,9 центнерден жинады.

Мынадай көрініс те айтқымыз келеді. Өткен күзде ылғал мол болады деп, көлемді алаң топырағы кесек-кесек күйінде қопсытылды. Егер көктемде жауын жаумаса, олардың үгітілуі үшін ылғалдың жетіспей қалуы мүмкін. Көктемгі ылғалдың аздығы барысында осы алқапты егін салғанға дейін немесе одан кейін міндетті түрде тығыздау керек.

Жалпы биылғы егін салу графигі тым қауырт. Істің мәні мынада: 4,7 миллион гектарға көктемгі ұқсатудан кейін тұқым себу қажет. Ылғалды үнемдеу және арамшөпті толық құрту туралы есте сақтай отырып, оны өте-мөте жатық жүргізу керек.

— Соңғы кезде баспасөз беттерінде парға деген көзқарасты қайта қарау, оған арналған алаңды қысқарту туралы біршама өктем талаптар айтылуда. Бұл тұрғыдан ВАСХНИЛ-дің, сіздің жеке өзіңіздің позицияңыз қандай?

— Иә, осы мәселе қазір талқылануда. Шортандыдағы Бүкілодақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары, оның директоры, ВАСХНИЛ-дің корреспондент-мүшесі М. К. Сүлейменов тыңайтудың және гербицидтер енгізудің белгілі бір жүйесі барысында масақты дақылдардың ұзақ, ұдайы егістіктері астық-пар ауыспалы егістігіне қарағанда өнімді көп бере алатыны туралы қағиданы негіздеуде. Сонымен бірге пар топырақтың құнарлылығын кемітеді деп есептеледі. Өйткені, ондағы шірінді қабат дәнді дақылдар егістіктеріне қарағанда тез «күйіп кетеді».

Осы ізденіс жердің құнарлылығын және шығымдылықты арттыру туралы қамқорлықтан туындаған. Қазір республикада пар 5 миллион гектар жерді алып жатыр, олардың әрқайсысынан жыл сайын астық алу өте-мөте тартымды. Демек, институттың тәжірибе шаруашылығында биыл пар алаңын 6 мың гектардан 5 мың гектарға дейін қысқартуда, сөйтіп егіншіліктің жаңа тәсілдерін талдап жасауды міндетті түрде жүргізу және аса белсендірек жасау керек.

Алайда жаңа концепция әзірше шағын танаптар ауқымында ғана байқалғанын көрмеуге болмайды. Оның үстіне топырақ қорғау жүйесінің бір буынына ғана — парға ден қою өзін ақтамайды ғой деп ойлаймын, өйткені мұндай тұтасынан ондаған буын баршылық. Оның үстіне егіншіліктің топырақ қорғау тәсілдерін, әсіресе, эрозияға қарсы қолданылатын техниканы сынаудан басқа ештеңе ұсынылмайтынын тура айту керек. Әрине, қазіргі қолданылып жүрген жүйені жетілдіріп, дамыта беру керек. Ішінара алғанда, аренда жағдайында микроаймақтық технологиялық жүйені атқаруға жарамды машиналар комплексіне қойылатын агротехникалық талаптарды дереу анықтаған жөн. Демек, қазір нақ астық-пар ауыспалы егістігі әсіресе интенсивті технология жағдайында мейлінше тұрақты өнім беруде. Нақ пар танабында сортаңды жерлерді аса нәтижелі түрде ұқсатуға, құнарсыз жерлерді түбегейлі жақсартуға, арамшөппен, әсіресе көп жылдық арамшөппен күресті тиімді жүргізуге, топырақ құнарлылығының кемуін қалпына келтіруге болады. Және мұнда сидералды пар қосымша мүмкін-

Жерді пайдаланудың ғылыми әдістеріне, ауыспалы егістерді, топырақ қорғау технологияларын енгізуге көбірек көңіл болу керек. Ал мұның өзі жерді пайдаланушылардың бәрінің тікелей міндеті.

«КПСС-тің қазіргі жағдайдағы аграрлық саясаты туралы» КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевтің КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы март Пленумдарында жасаған баяндамасынан.

Digitized by Google

діктер бере алады, оның барысында топырақты азотпен және органикалық заттармен байытатын бұршақ тұқымдас өсімдіктер түріндегі балауса жыртылады.

— Сіз Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIII пленумының шешіміне сәйкес құрылған астық шаруашылығын дамыту жөніндегі республикалық комиссияның мүшесі болып табыласыз ғой. Ол шешіп жатқан проблемалар туралы айта алмас па екенсіз!

— Ондай проблемалар көп. Диқандармен, ғалымдармен, партия, совет және шаруашылық басшыларымен ақылдаса отырып, комиссия саланы интенсивтендіру жөнінен сындарлы ұсыныстарды талдап жасады. Олардың бірінші — бұл жаңа сорттарды және олардың тұқым шаруашылығының аса жетілдірілген жүйесін енгізумен бір мезгілде интенсивті технологиямен ұқсатылатын алаңдарды ұлғайту.

Екінші бір ірі мәселе — бұл жерді ұқыпты пайдалану, табиғи шалғынды түбегейлі жақсарту. Республикамызда ондай жер 11,3 миллион гектардан асады. Осы жерлерді ретке келтіру, әлбетте, республикамызда егіншіліктің аса ірі резерві болып табылады, оларды «шағын тың» деп бекерге атамайды. Алайда шаруашылықтардың көпшілігінде оларды мелиорациялау жөніндегі жұмыс жылдан-жылға кейінге қалдырылуда. Комиссия биылғы көктемнің өзінен-ақ осы істі нақты қолға алуды ұсынды.

Егінді жинауға әзірлікке аса жіті көңіл бөлінуде. Биыл оны 12—14 күнде, ал келешекте 10 күнде өткізу белгіленуде. Бұл үшін комбайндар аса кең алымды хедерлермен және жатқалармен жарақтандырылуға тиіс. Астықты дегдіту мен ұқсату, оны тасымалдауды жетілдіру жөнінен елеулі шараларды жүзеге асыру керек. Мұндағы кемшіліктерден, мәлім болғанындай, жүздеген мың тонна астық рәсуа етіледі, бұдан былай бұған төзуге болмайды.

Жаңа проблемалар да туындауда. Олардың бірі — арендалық звенолардың жұмыс жағдайында егінді жинауды ұйымдастыру. Осындай коллективтің, көбіне небары 5—7 адамды біріктіретін звеноның орақтың қатаң графигін сақтауы өте-мөте ауыр соғады. Оның үстіне егін жинаудың ірі топтық әдісінің артықшылығы зая кетеді. Мұндай жағдайдан шығу үшін, сірә, арендалық звенолардан орақ кооперативтерін құрған дұрыс болар. Демек, басқадай шешімдердің де болуы мүмкін. Орақ қапыда қалдырмауы үшін адамдардың бәрінің осы жайлы қазірдің өзінде-ақ ойластыруы керек.

Астық сапасын шұғыл арттыру міндеті де көп көңіл бөлуді талап етеді. Демек, бесжылдықтың үш жылының жоспары қатты және күшті бидай сату жөнінен тиісінше тек 80 және 63 процент орындалды. Көптеген бригадалар мен звенолардың, соның ішінде арендалық коллективтердің жұмыс жоспарында осы сапалық көрсеткіштердің көрінбеуі қатты таңырқатады, демек қазір оны орындау астық бағасына деген мемлекеттік сүбелі үстемемен мадақталады. Бізге жалпы астық қана емес, тиісті тұтыну сапасындағы бидай керек. Және осы жайлы егін орағынан көп бұрын қамқорлық жасау керек.

КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы март Пленумы көп нәрсеге байыпты қарауды талап етеді. Олар творчестволықпен жұмыс істеуге, жаттандылықтан, салғырттықтан тегеурінді түрде арылып, диқандар инициативасына кең өріс ашуға шақырады.

Бұл күндері болашақ егіннің негізі қалануда, бүгінде егін салуда еңбек ететіндердің астық үшін күшті де, уақытты да аямауы керек.

Екі жаққа да пайдалы

«Павлодарпромстрой» тресі мен Краснокут ауданы «Агрономия» совхозының әкімшіліктері құрылысшылардың қосалқы шаруашылығын арендаға беру туралы шарт жасасты. Бұл қосалқы шаруашылықтағы жасалған потенциалды ұтымды пайдалануға, істі кәсіптік негізге қоюға мүмкіндік береді. Трест коллективі осы шарт бойынша шамасы келетін проблемаларды шешуді қолға алады — мал қораларын тұрғызады, өндірістік цехтарды жөндейді, пішенге орлар жасайды.

Құрылысшыларды ет және сүт өнімдерімен жабдықтаудың жоғары деңгейі өзара тиімді ынтымақтастықтың нәтижесі болады. 1990 жылы трестің әрбір қызметкеріне 30 килограмнан ет, бұл өткен жылғыдағыдан екі есе көп, сондай-ақ жарты центнерден сүт алу белгіленіп отыр.

Екінші бір шарт мұнай өңдеу заводының коллективімен жасалды. Ол алаңы үш гектар теплицалық комбинат салуды қарастырады. Оның жартысы трестің қарауына беріледі.

Құрылысшылардың, мұнай өңдеушілердің және химиктердің тағы бір бірлескен жобасы ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтайтын сыйымдылығы мың тонналық қойма салу мақсатын қоюда.

Павлодар облысы.

Digitized by Google

ТАҢДАУЛЫЛАРҒА ТЕҢЕЛІҢІЗДЕР!

Өткен жылы бір сауын сиырдан 5000 килограмнан және одан көп сүт алған машинамен сиыр сауу шеберлерінің саны қыруар өсті. Барлығы 24 звено мен 53 сауыншы осы межені алды. Мұның өзі бұрнағы жылға қарағанда бір жарым есе көп.

Целиноград облысы Вишневский құс шаруашылығы бірлестігінен Г. М. **Гриневич** (ол 37 сиырдың әрқайсысынан орта есеппен 6300 килограмнан сүт алды) пен Қостанай облысы «Краснопартизанский» совхозынан А. И. **Кузьмина** (24 сиырдың әрқайсысынан 6085 килограмнан) ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді.

Звенолар арасында Алматы облысының «Каменский» мемлекеттік асыл тұқымды мал заводынан А. С. **Плахинаның** және Э. А. **Гильденбергердің** коллективтері (45 сиырдың әрқайсысынан 5828 килограмнан), Алматы облысының «Ақсай» мемлекеттік асыл тұқымды мал заводынан Н. Ф. **Лысенко** мен А. Д. **Құрманғалиеваның** (53 сиырдың әрқайсысынан 5676 килограмнан), Қазақ егіншілік институтының тәжірибелік қосалқы шаруашылығынан Т. М. **Ридельдің** (48 сиырдың әрқайсысынан 5659 килограмнан) звенолары сүтті аса көп сауды. Сондай-ақ астаналық облыстың «Каменский» мемлекеттік асыл тұқымды мал заводынан А. М. **Бақаеваның** (49 сиырдың әрқайсысынан 5558 килограмнан), Л. А. **Ибрашеваның** (49 сиырдың әрқайсысынан 5558 килограмнан), Ф. Н. **Ральникованың** (49 сиырдың әрқайсысынан 5440), А. Н. **Агапованың** (44 сиырдың әрқайсысынан 5440 килограмнан), В. С. **Дордийдің** (46 сиырдың әрқайсысынан 5166 килограмнан), Н. И. **Магдинаның** (46 сиырдың әрқайсысынан 5166 килограмнан, Ш. **Мухамедьярова** мен К. **Оразхановаңың** (екі коллектив те 46 сиырдың әрқайсысынан 5010 килограмнан), «Ақсай» мемлекеттік асыл тұқымды мал заводынан А. П. **Голубцова** мен Х. О. **Мәсімованың** (50 сиырдың әрқайсысынан 5444 килограмнан), Қазақ егіншілік институты тәжірибелік қосалқы шаруашылығынан В. С. **Карандайдің** (48 сиырдың әрқайсысынан 5659 килограмнан), Н. В. **Черный** мен Ж. С. **Мусаралимованың** (50 сиырдың әрқайсысынан 5284 килограмнан), Е. А. **Иванова** мен С. **Сотымбаеваның** (44 сиырдың әрқайсысынан 5083 килограмнан), Н. Н. **Тережив** пен Н. Н. **Душанкованың** (47 сиырдың әрқайсысынан 5010 килограмнан), «Алатау» совхозынан Л. М. **Петренко** мен Г. Г. **Ламановаңың** (37 сиырдың әрқайсысынан 5098 килограмнан) звенолары сүтті аса көп саууға қол жеткізді.

Сондай-ақ, 5 мың килограмдық межеден асып түскен, жеке жұмыс жасайтын сауыншылар Алматы облысында аса көп. Бұлар —«Каменский» мемлекеттік асыл тұқымды мал заводынан В. А. **Кузьменко** (23 сиырдың әрқайсысынан 5473 килограмнан), Н. М. **Аккерман** (22 сиырдың әрқайсысынан 5304 килограмнан), В. А. **Маркова** (24 сиырдың әрқайсысынан 5236 килограмнан), Ш. **Әлиева** (17 сиырдың әрқайсысынан 5156 килограмнан), Р. **Зандарова** (20 сиырдың әрқайсысынан 5113 килограмнан), Г. К. **Макерова** (23 сиырдың әрқайсысынан 5042 килограмнан), «Ақсай» мемлекеттік асыл тұқымды мал заводынан М. А. **Шмидт** (49 сиырдың әрқайсысынан 5600 килограмнан), Т. В. **Кетова** (44 сиырдың әрқайсысынан 5446 килограмнан), Т. Г. **Масалкина** (48 сиырдың әрқайсысынан 5054 килограмнан), «40 лет Казахстана» колхозынан Р. Э. **Бетке** (39 сиырдың әрқайсысынан 5517 килограмнан), В. Т. **Иванова** (35 сиырдың әрқайсысынан 5361 килограмнан), Е. Р. **Кинсфатер** (25 сиырдың әрқайсысынан 5323 килограмнан) Г. Н. **Котвицкая** (31 сиырдың әрқайсысынан 5262 килограмнан), Е. Ф. **Россол** (46 сиырдың әрқайсысынан 5155 килограмнан), Т. В. **Узланова** (42 сиырдың әрқайсысынан 5188 килограмнан), Э. Я. **Черемисина** (35 сиырдың әрқайсысынан 5161 килограмнан), Е. Э. **Фурман** (17 сиырдың әрқайсысынан 5117 килограмнан), И. В. **Франк** (28 сиырдың әрқайсысынан 5060 килограмнан), Г. Т. **Кузнецова** (51 сиырдың әрқайсысынан 5008 килограмнан), Г. Н. **Буракова** (23 сиырдың әрқайсысынан 5002 килограмнан), О. Д. **Науц** (50 сиырдың әрқайсысынан 5090 килограмнан), Томаровский атындағы совхоздан Н. Т. **Ронжина** (50 сиырдың әрқайсысынан 5450 килограмнан), Н. Я. **Алистратова** (48 сиырдың әрқайсысынан 5435 килограмнан), А. Н. **Повелицына** (48 сиырдың әрқайсысынан 5430 килограмнан), Г. Г. **Журавлева** (47 сиырдың әрқайсысынан 5265 килограмнан), А. И. **Кочкарева** (48 сиырдың әрқайсысынан 5232 килограмнан), Н. П. **Кретова** (46 сиырдың әрқайсысынан 5014 килограмнан), М. В. **Зеель** (51 сиырдың әрқайсысынан 5100 килограмнан), Э. С. **Шульц** (48 сиырдың әрқайсысынан 5001 килограмнан), А. Н. **Кучерявая** (49 сиырдың әрқайсысынан 5001 килограмнан). Тың облыстары еңбеккерлерінің де нәтижелері өте жақсы. Қостанайдың «Краснопартизанский» совхозынан М. Л. **Лавриненко** 26 сиырдың әрқайсысынан 5948 килограмнан, Вишневский құс шаруашылығы бірлестігінен М. С. **Степина** 38 сиырдың әрқайсысынан 5793 килограмнан, Қостанай облысының «Набережный» совхозынан С. **Краснова** 33 сиырдың әрқайсысынан 5418 килограмнан сүт сауды.

Шымкент облысының Карл Маркс атындағы совхозынан Б. А. **Аманова** 27 сиырдың әрқайсысынан 5416 килограмнан сүт алды.

Сондай-ақ Жамбыл облысының Роза Люксембург атындағы совхозынан М. А. **Розе** (30 сиырдың әрқайсысынан 5018 килограмнан), Вишневский құс шаруашылығы бірлестігінен В. П. **Пономарева** (34 сиырдың әрқайсысынан 5227 килограмнан), Целиноград облысындағы Бүкілодақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының тәжірибелік қосалқы шаруашылығынан Э. Ф. **Диденко** (46 сиырдың әрқайсысынан 5061 килограмнан), Шымкент облысының «Победа» колхозынан А. Р. **Санкеевич** (24 сиырдың әрқайсысынан 5161 килограмнан), А. К. **Черенева** (21 сиырдың әрқайсысынан 5118 килограмнан) және Г. **Қалмұратова** (27 сиырдың әрқайсысынан 5061 килограмнан) бес мыңшылар санында келеді.

Digitized by Google

ШАРУАШЫЛЫҚТЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАҢА ЖАҒДАЙЫНДА

«Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының редакциясы Химик күні қарсаңында химия және мұнай-химия өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағы республикалық комитетінің председателі Әсихан Қабиұлы ҚАБДЕШЕВТІҢ бірнеше сұраққа жауап беруін өтінді.

— Химия өнеркәсібі орындарының кәсіподақ комитеттері қайта құру міндеттеріне толық жауап беру үшін өз жұмысын қалай қайта құруда?

— Қазақстан химия өнеркәсібін дамыту дәрежесі мен оның өнімдерін шығарудың жалпы көлемі жөнінен елімізде РСФСР-ден, Украинадан және Белоруссиядан кейін төртінші орын алады, ал өсім қарқыны жөнінен жалпыодақтық дәрежеден үш есе басым. Бесжылдықтың үш жылы ішінде химия және мұнай-химия өнеркәсібінің қызметкерлері өндіріс көлемін 29,4 процент арттырды.

Біздің кәсіпорындарымыз шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайында екінші жыл жұмыс жасайды, мұның өзі олардың қызмет нәтижелеріне оңды әсер етуде. «Карагандарезинотехника» бірлестігінің коллективі үлгі қызметін атқара алады, оның коллективі ұзақ уақыт бойы жоспарды орындай алмады, көп шығынға жол берді. Жыл ішінде бірлестік жұмысында өзгеріс болды, товарлы өнім мөлшері 15,2 процент өсті. Әрине, шаруашылықты жүргізудің жаңа әдісі дереу жұмыс істей қойған жоқ, партия және кәсіподақ ұйымдарының, дирекцияның орасан зор күш-жігері қажет болды. Батыл шешімдер қабылданды. Бас директордың орынбасары В. В. Величко, бас инженер В. В. Бозылев, партком секретары Б. Цой артта қалған цехтарды басқарып, олардың қысқа мерзім ішінде ырғақты да жоғары өнімді жұмыс істеуіне қол жеткізді.

Жаңа жағдайда кәсіпорындар жоспардан тыс өніммен сыртқы рынокқа шығу мүмкіндігін алды. Жаңа Жамбыл фосфор заводы, Жамбылдың «Химпром» бірлестігі коллективтері, шымкенттік фосфоршылар осы правоны кеңінен пайдалануда.

Басқа кәсіпорындардың бәрінде резервтерді іздестіру күшейді, бұл түрғыдан өндіріс озаттары мен жаңашылдары үлгі көрсетуде. Демек, «Қаратау» өндірістік бірлестігінен Бүкілодақтық XIX партия конференциясының делегаты Қ. Орынбаев басқаратын экскаваторшылар бригадасы тамаша жұмыс жасайды. Ол бесжылдықтың үш жылының жоспарына қосымша 800 мың текше метрден астам кен жынысын тиеді. Осы бірлестіктен О. Пономаревтің бұрғылаушылар бригадасы осы уақытта тапсырманы 165 процент асыра орындады. Мұнда А. Пережигиннің экскаваторшылар бригадасы және басқа көптеген коллективтер өте жақсы еңбек етеді. «Чимкентбиофарм» бірлестігінде өткен жылы А. Шольцтің бригадасы өте жақсы нәтижеге қол жеткізді, ол еңбек өнімділігінің өсімі жөніндегі тапсырманы 113,2 процент орындап, бүкіл өнімді алғаш ұсынғаннан тапсырды. Озық коллективтер туралы әңгімені одан әрі жалғастыра беруге болады.

Шаруашылық реформасы кәсіподақ комитеттерін өндірістік-экономикалық оқуды шындап қолға алуға мәжбүр етті. Бұл тұрғыдан Қарағандының «Карбид» өндірістік бірлестігінде көп нәрсе жасалды. Мұнда мектептер мен семинарлар тыңдаушылары үнем мен ұқыптылыққа, технологиялық процестерді механикаландыруға қосар үлесін үнемі молайтып келеді.

Өткен жылы сала кәсіподақтары республикалық комитетінің президиумы Шымкенттің «Фосфор» өндірістік бірлестігінің насихатшысы В. Вейстің тәжірибесін қорытты. Оның мектебінің тыңдаушылары экономикалық тиімділігі 16 мың сомның 8 рационализаторлық ұсынысын енгізді. Еңбек өнімділігі 12 процент артты.

Бригадалар мен сменалардың 60 процентten астамы «Еңбек пен қоғамдық тәртіпке — коллектив кепілдігі» қозғалысына қосылды. Еңбек және технологиялық тәртіпті сақтау жөніндегі міндеттемесін орындаған коллективтерге сыйлық орта есеппен 25 процент көбейтілді. Және міндеттемесін орындамаған бригадалар мен сменалар үшін ол осынша мөлшерде кемітіледі.

— Ал кәсіподақ ұйымдары кәсіпорындарда сырқаттанудың алдын алу, экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі жұмысқа қалай қатысуда?

— Бүгінде осы мәселелер алдыңғы қатарға ұсынылды. Кәсіподақ ұйымдары еңбек жағдайын, оны қорғауды жақсартудың және санитарлық-сауықтыру шараларының кешенді жоспарын талдап жасауға аса ықдағатты қатысты. Мұндай программалар кәсіпорындардың

27 май — Химик күніне.

Digitized by Google

бәрінде баршылық. Өткен жылы ғана оларды жүзеге асыру барысында 88 цех еңбекті қорғау нормасы мен ережесіне сәйкестендірілді, ал талапқа жауап бермейтін өндірістер ретінде 11 цех пен өндірісті пайдалану тоқтатылды. Еңбектің жайсыз жағдайында жұмыс істеушілер саны 3.400 адамға дерлік қысқартылды, олардың ішінде бір жарым мыңдай әйел бар.

«Денсаулық» комплексті программасы дәйекті түрде жүзеге асырылуда. Салынған объектілер тізімінің өзі-ақ осы жайлы өңгімелейді. Бұлар — Қарағандының «Карбид» өндірістік бірлестігіндегі 200 төсектік медициналық-санитарлық бөлім, «Карагандарезинотехника» өндірістік бірлестігіндегі 250 төсектік аурухана комплексі, Қостанайдың «Химволокно» бірлестігіндегі денсаулық сақтау пункті, Алматының мұнаймен қамтамасыз ету жөніндегі басқармасының 160 орындық пионер лагері, «Чимкентшина» бірлестігінің 500 орындық пионер лагері. Облыстық балалар ауруханасы мен медициналық-санитарлық бөлімнің профессионалдық патология бөлімшесін салуға және кеңейтуге үлестік тұрғыдан қатысқан Шымкенттің «Фосфор» өндірістік бірлестігінің коллективі жақсы инициатива көтерді. «Карагандарезинотехника» өндірістік бірлестігінің профилакторийінде жыл бойы жұмыс істейтін «Ана мен бала» бөлімшесі ашылды. Онда жылына орта есеппен 300-ге дейін бала денсаулығын түзейді.

Экологиялық жағдайға келсек, мұнда кәсіподақ комитеттеріне нақтылық, батылдық мүлдем жетіспейді, көбіне біз оқиғаларды тіркеуші ретінде көрінеміз. Республикалық комитет осы мәселені қарап, іс-қимыл жоспарын белгіледі. Бұл, ең алдымен, табиғатты қорғау объектілерінің құрылысына жасалатын бақылауды күшейте түсу, үстіміздегі бесжылдықта оған 200 миллион сомдай жұмсалады.

— Ал «Тұрғын үй-91» программасы қалай орындалуда?

— Осы программа бойынша 26 мыңнан астам семьяны тұрғын үймен қамтамасыз ету қажет. Екі жыл ішінде кезек он мыңнан астам семьяға жылжыды, демек, алдағы екі жылда 1,5 есе көп пәтер тұрғызу керек.

Мұның өзі, айталық, Шымкенттің «Фосфор» өндірістік бірлестігі секілді коллективтердің жігерлі қимыл жасауын талап етеді. Мұнда өз күштерімен үш қондырғы жасады, олардың әрқайсысы бес күн ішінде керамзитті бетоннан коттедж каркасын құяды. Фосфоршылардың 800-ден астам семьясы үй алды.

Өскемендік металлургтер үлгісі бойынша 500 жайлы үйден тұратын осы заманғы поселкені салып жатқан жамбылдық химиктерді де атағымыз келеді.

— Және соңғы сұрақ: химиктердің 1989 жылға арналған межелері қандай?

— Үстіміздегі жылы экономикалық реформаны жалғастырып, шаруашылық есеп қатынастарын жетілдіре білу керек. Қаратау түйіршік фабрикасының өндірістік қуаттарын пайдалануға қабылдап, оны игеруді бастауға тура келеді.

Техника қауіпсіздігінің, еңбекті қорғаудың, әсіресе Гурьев пен Ақтөбе химия заводтарындағы техника қауіпсіздігінің, еңбекті қорғаудың жайы өте-мөте алаңдатады. Әлеуметтік мәселелерді де белсенді шешу талап етіледі. Демек, биыл кәсіпорындар тұрғын үй кезегінің 20 процентке жылжуын және жұмыс істейтін бір адамға шаққанда қосалқы шаруашылықта 12 килограмнан 20 килограмға дейін ет өндіруді қамтамасыз етуге тиіс.

Дегенмен бірқатар кәсіпорындарда көптеген өсім резервтері іске қосылмаған. Мәселен, «Чимкентшина» бірлестігінде өндірістік қуаттардың жартысы ғана пайдаланылады. Шикізатты қалдықсыз пайдалану да онша мәз емес. Жаңа Жамбыл фосфор заводы сияқты озық кәсіпорындардың өзінде де осы проблема шешілмеген.



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ. Қуатты экскаваторлардың стреласы жоғары-төмен қарай қозғалуда, жүк сыйымдылығы мол БелАЗ-дар ағылуда, өнеркәсіптік жарылыстар жасалуда, фосфор рудасы тиелген составтар ерелі-қарсылы жүйткуде... Ленин орденді «Қаратау» өндірістік бірлестігінің коллективі қауырт жұмыс үстінде. Ал бірлестікте социалистік жарыс пен киношежіренің арнаулы қызметі құрылған, оған кен инженері Марк Вишневский жетекшілік етеді.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) инженер М. Вишневский, суретке түсіруші А. Петров және социалистік жарысты ұйымдастырушы Г. Өскенбаева суретті газеттің кезекті номерін әзірлеуде.

Суретті түсірген Г. КОШКИНЦЕВ (ҚазТАГ)

Digitized by Google

АРАЛ: нақты іс-қимыл кезеңі

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі өткен жылы күзде «Арал теңізі ауданындағы экологиялық және санитарлық жағдайды түбегейлі жақсарту, оның бассейніндегі су және жер ресурстарын пайдалану тиімділігін арттырып, қорғауды күшейту жөніндегі шаралар туралы» қаулы қабылдаған еді. Осы қаулының қалай орындалып жатқанын білгіміз келеді.

В. ВЕРИГИН, бұрғышы.

Өскемен қаласы.

Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығы министрінің орынбасары Қасқабай Асанұлы АСАНОВ сұраққа жауап береді.

Ең алдымен КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің қаулысында оңтайлы, сындарлы шешімдер баяндалатынын атап өткім келеді, оларды орындау Арал өңіріндегі жағдайды қыруар сауықтыруға көмектесіп, аймақтың су және жер ресурстарын мейлінше тиімді пайдалану үшін база жасайды. Мұны атап көрсету өте-мөте маңызды, өйткені баспасөзде Арал теңізін құтқару жөнінен қабылданып жатқан шаралар соншалықты тиімді емес деген пікірлер ұшырасты. Турасын айтайын: мұндай пікір негізсіз. Арал өңірінің жайсыз экологиялық және әлеуметтік-экономикалық процестерін бәсеңдетуге бағытталған шаралар комплексі талдап жасалды.

Қаулыда, ішінара алғанда, атап көрсетілгеніндей, ұзақ уақыт бойы негізгі назар экологиялық және әлеуметтік зардаптарды тиісінше ескерместен жаңа суармалы жерлерді пайдалануға беруге аударылып келді және Арал жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды сауықтыру, осында тұратын халықтың денсаулық жағдайын түбірінен жақсарту саяси маңызы зор міндет болып табылады. Осы проблемаларды шешуді аса қысқа мерзімде жүзеге асыру белгіленді.

Қаулыда Арал өңірі халқын сапалы ауыз сумен сенімді қамтамасыз ету жөнінен нақты тапсырмалар берілгенін ескертейін. Тәулігіне 50 мыңнан астам текше метрге дейін су беретін Аралға дейінгі топтық су құбыры салынып, пайдалануға берілді. Оның екінші кезегінің құрылысы басталды, ол Қазалы қаласын және оған іргелес елді мекендерді сумен қамтамасыз етеді. Қызылорданың оң жағалауындағы топтық су құбырының алғашқы кезегінің құрылысы жүргізілуде. «Союзгипрорис» және «Казгипроводхоз» институттары Қызылорда облысында салу белгіленген қалған жеті су құбырын жобалауды аяқтап қалды. Олардың құрылысы 1992 жылы аяқталуға тиіс.

Ауыз сумен қамтамасыз етудің басты қайнары ретінде жер астындағы су пайдаланылуда. Мұнда оның қоры жеткілікті. Қазақ ССР Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитетінің заказы бойынша келесі жылдың өзінде әрқайсысы тәулігіне 25 текше метрге дейін су беретін су қондырғылары бар жүз су тарту скважинасын іске қосуға тура келеді.

Аймақтағы санитарлық-экологиялық жағдайдың елеулі түрде өзгеруі туралы айтуға әлі ертерек, сонда да үміт етерлік алғашқы нәтижелер баршылық. Облыста балалар өлімі және жұқпалы гепатитпен сырқаттану біршама кеміді. Соңғы жылдары іш сүзек ауруының таралуы тіркелген жоқ. Ал сонымен сырқаттану тең жартысына жуық қысқарды. Демек, бүгінде осы белең алған оңды процестің тұрлаулы сипат алуы үшін нақты мүмкіншілік бар.

Қаулы суармалы жерлерді пайдалану тиімділігін арттыру, мелиоративтік жүйелерді комплексті қайта құру, топырақ құнарлылығын арттыру, егіс алаңдары құрылымын жетілдіру есебінен ауыл шаруашылығы өндірісін одан әрі дамытуды қарастырады.

Ірі суару жүйелерінің құрылысы және жаңа суармалы жерлерді іске қосу толығынан тоқтатылады. Сайып келгенде бірқатар күріш егістіктерін жемшөп пен көкөніс өндіру үшін бейімдеу, мақта мен күріш дақылдарын азайту қарастырылған.

Сонымен аймақта мелиоративтік жұмыстар стратегиясына деген көзқарас принципті тұрғыдан өзгеруде — енді мелиораторлардың күш-жігері жаңа құрылыстарға емес, суару жүйесін қайта құруға бағытталады. Одақтық қаулыға сәйкес Қазақ ССР Министрлер Советі

Digitized by Google

суландыру жүйесін комплексті қайта құру жөнінен біздің министрлігімізге нақты тапсырманы белгіледі. Олардың жалпы алаңы 250 мың гектар, соның ішінде Қызылорда облысы бойынша 100 мың, Шымкент облысы бойынша 150 мың гектар болады. 155 мың гектар коллектор-дренаж жүйесі салынады және қайта құрылады.

Теңіздің өзін қалпына келтіруге келсек, мұнда жағдай күрделі болды. Соңғы жылдары Арал теңізіне су құйылуда деп символды түрде айтуға болатын, дегенмен өткен жылы Сырдария мен Амудариядан Аралға 23—25 текше километр су құйылды. Алайда теңізді қазіргі деңгейде сақтау үшін одан қыруар көп — жылына 30—35 текше километр су талап етіледі.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі Мелиорация және су шаруашылығы министрлігіне 1988—1989 жылдары реттелетін су айдындарын жасаудың техникалық-экономикалық дәйектемелерін, сондай-ақ Амудария мен Сырдария өзендерінің атырауы аудандарында Арал теңізінің жағалауындағы суы тайыз учаскелерінің деңгейі мен су режимін реттеуге арналған құрылыстар салудың техникалық-экономикалық есебін жасауды, тапсырды. Әрине, осы шаралар Арал деңгейін сақтау жөніндегі жұмыстың алғашқы сатысын ғана бейнелейді.

Документтерді талдап жасау басталды. Ішінара алғанда, «Союзгипрорис» институты Арал қаласы ауданында Сарышығанақ айдыны құрылысының техникалық-экономикалық дәйектемесін қысқа мерзімде әзірледі. Біздің көзқарасымызша, оны жасау бірқатар өткір проблемаларды шешуге: келешекте балық өнеркәсібінде 1500 адамды және сабақтас өндірістерде шамамен осыншама адамды жұмыспен қамтамасыз етуге, Арал қаласын құрғап қалған теңіз табанынан ұшатын тұзды шаңнан қорғауға көмектеседі, аңдар мен құстардың мекендеу жағдайы жақсарады.

Суды ұқыпты әрі үнемдеп пайдалану, мұнда қатаң тәртіп орнату, әлбетте, аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Дегенмен осы істе әзірше қыр-сыздық көп ұшырасады, мелиораторлардың және егіншілердің ортақ күш-жігері арқылы оған тиым салу қажет.

Су шаруашылығы ұйымдарын ақтамақшы емеспін — расында, олар мелиоративтік жұмыстар сапасына, мелиоративтік жүйенің техникалық жағдайын жақсартуға аз көңіл бөлді. Үстіміздегі жылдың соңына дейін-ақ бір гектар жерге жұмсалатын судың үлестік шығыны кемінде 15 процент, ал 2000 жылы — 25 процент азайтылуға тиіс. Судың берілуін қатаң реттеу мақсатында 1990 жылға дейін су бөлгіштерді есептеу құралдарымен, ал 1993 жылға қарай ірі суармалы алқаптарда — автоматика және телемеханика құралдарымен жабдықтау белгіленді. Судың тұтынушылар арасында орынды бөлінуіне бақылау жасау үшін Сырдария мен Амудария бойынша бассейндік инспекция құрылды.

Осының бәрі бізді өз қызметімізге өзара сын тұрғысынан қарап, жергілікті жерлерде белсенді жұмысты өрістетуге жетелейді. Қызылорда облысының февральдағы партия-шаруашылық активінің жиналысында да осындай пікір айтылды, ол «Арал: нақты іс-қимыл кезеңі» ұранымен өтті.

Арал өңірі аудандарында бұзылған экологиялық тепе-теңдікті қалпына келтіру, табиғи объект ретінде Арал теңізін сақтап қалу (қысқарған айдынымен) мақсатымен Амурдария мен Сырдария өзендерінің атырауына және Арал теңізіне кепілді өзен суының құйылуын белгілеу қажет, деп тиянақты айтылған КПСС Орталық Комитеті мен Министрлер Советінің қаулысында.

ЭКОЛОГИЯҒА — 2 МИЛЛИАРД СОМ

Жамбыл облысындағы толғағы жеткен экологиялық проблемалар мен оларды шешудің жолдары облыстық ғылыми-практикалық конференцияда талқыланды, онда облыстық партия комитетінің бірінші секретары С. М. Байжанов баяндама жасады.

Табиғатты қорғау және облыс халқының денсаулығын жақсарту жөнінен елімізде соңғы уақытта алғаш рет әзірленіп жатқан салааралық комплексті программа жобасын талқылауға баса көңіл аударылды. Оны жүзеге асыруға шамамен 2 миллиард сом жұмсалмақшы. Зиянды заттардың атмосфераға тасталуын екі есе қысқарту, жер асты суы мен жер бетіндегі су қоймаларының ластану көздерін жою, жыл сайын 80 миллион текше метр суды үнемдеу міндеті қойылды.

Экология және денсаулық сақтау мәселелерінде барынша кең жариялылық қажет екені конференцияда айрықша аталды.

Жамбыл қаласы.

Digitized by Google

БАЙҚАУ-КОНКУРСЫ ЖАЛҒАСУДА

Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде өткен «Тұрғылықты жер — тәрбие орны» деген республикалық семинар-практикумға қатысушылар тұрғын үйлер аудандарында тұрғындармен жұмыстың жақсы жолға қойылуына арналған семинар-конкурсты жалғастыра беруге тілек білдірген еді. Оны ұйымдастырушылар осы ұсыныстықабылдаған-ды.

Байқау-конкурс 1990 жылдың соңына дейін созылады. Ол тұрғындар инициативасын дамытуға, тұрғын үйлер ауданында коллективизм ахуалы мен өзара көмек, келеңсіз құбылыстарға ымырасыздық ахуалын қалыптастыруға, бала тәрбиесінде, жаңа дәстүрлер мен салттарды енгізуде семьяның ролін арттыруға, тиісті праволық реттілікті қамтамасыз етуге, тұрғын үй қорына ұқыпты қарауға, тәлық құнды демалыс үшін қажетті жағдай жасауға, кінаратсыз өмір салтын орнықтыруға көмектесуге тиіс.

Сондай-ақ байқау-конкурсты «Қазақстан үгітшісі»—«Агитатор Казахстана» журналының редакциясы өткендегідей, Қазақ республикалық кәсіподақтар советімен, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетімен, республикалық Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитетпен, Халыққа білім беру, Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрліктерімен, Физкультура және спорт жөніндегі мемлекеттік комитетпен, республикалық «Білім» қоғамы ұйымы басқармасымен және Салауаттық жолындағы күрес ерікті қоғамының республикалық советімен бірлесіп өткізетінін ескертеміз. Енді оларға Қазақстан ДОСААФ Орталық Комитеті мен В. И. Ленин атындағы балалар қорының, қайырымдылық қоры мен Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай қоғамының республикалық басқармалары қосылуда.

Байқау-конкурсты ұйымдастырушылар оның қорытындысы бойынша халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде республикалық көрме мен семинар өткізбекші. Оған аса белсенді қатысқандар Құрмет грамоталарымен, дипломдармен, ескерткіш сыйлықтармен наградталады.

Біз журнал оқырмандары осы оқиғаға белсене қатысып, тәжірибелер жайлы айтады, тәрбиенің осы маңызды учаскесіндегі қайта құруды тежейтіннің бәрін кеңінен жария етеді деп үміт етеміз.

Сіздердің хаттарыңызды күтеміз.

БЕЛСЕНДІ

Павлодардың Дерибас көшесінің бойындағы он үшінші үйде балалардың көркемсурет студиясы жұмыс істейтіні туралы тақтайша ілінген. Әйтсе де осы студия туралы көп адамдар біледі. Осыдан бірнеше жыл бұрын пенсионер Иван Никитович Кальнко аула мерекесінде өз картиналарын көрсетті. Тұрғындар олармен таныса отырып, ондаған жылдар бойы қатар тұрған көршілерімен жаңадан танысқандай болды. Иван Никитович нақ сонда балаларды өзінің өнеріне, демек ешқандай ақысыз үйретуге тілек білдірді. Демек бүгінде ондаған ұлдар мен қыздар оның үйдегі студиясынан сабақ алды, олардың бірқатары көркемсурет училищелеріне түсті. И. Н. Кальнконың өзі салған картиналар, сондай-ақ, бір кездерде жинаған тамаша сурет репродукциялары қала тұрғындары үшін әлдеқашаннан ашық еді.

Өзінің рухани байлығын, өзінің шеберлігін алмасудың ізгі ниетінде И. Н. Кальнко жалғыз емес. Павлодарлықтар Кутузов көшесінің 19-шы үйінде тұратын тағы бір энтузиаст — Валерий Павлович Полозовты да жақсы біледі. Мамандығы жағынан технолог ол сирек кездесетін минералдар коллекциясын жинайды, ол да оны көрермендер назарына ұсынды. Осында келе-келе тастар мен минералдар жинаушы әуесқойлар клубы құрылды. Пәтер тарлық жасады, сөйтіп қалалық атқару комитеті творчестволық бірлестікке қатысушыларға үйдің подвалын берді, оған Валерий Павловичпен бірге оның өзі сияқты құштар коллекционерлер Михайл Владимирович Агарков, Эдуард Лифменский және басқалар жетекшілік жасайды.

Ал алғашқы тың игеруші, еңбек ардагері Екатерина Васильевна Довятас туралы қалай әңгімелемессің. Ол өз үйінде тігін шеберханасын ұйымдастырды. Мұнда шеберлер түрлі заттар тігіп, кейін жаппай қалалық шараларда саудакөрмесін, Бейбітшілік қорына лотереялар ұйымдастырды, оған қазірдің өзінде 3,5 мың сом ақша аударды. Темір жол микроауданы мәдени-спорт комплексінің қолдауы арқылы ардагерлер теміржолшылардың мәдениет үйіне көшіп, «Ардагер» клубы мен тақпақ әуесқойлары клубының ұйытқысын құрады.

Ал қалалық Мәдениет үйі жанындағы шағын «Қызық-ай» талапкер театры оның идеялық дем берушісі Серік Таласпаевтың инициативасы және энтузиазмы

Digitized by Google

КӨМЕКШІЛЕРДІ ІЗДЕСТІРУДЕМІЗ

арқасында ғана дүниеге келді, көңілді, талантты адамдар — Үміткен Садықова, Қадырхан Әбдікәрімов және Мұхтар Байжұманов оның творчестволық ұйытқысы. Олардың өздері сценарийді жазып, көріністерді қойды, келеңсіз кеселдерді келекеге етеді. Әсіресе маскүнемдікті көбірек түйрейді. Коллектив қаланың кәсіпорындарында, ал жазда — үгіт алаңдарында өнер көрсетеді. Қазір «Қызық-ай» театры құрамына педагогикалық институт студенттері мен училищелердің оқушылары енді, ал коллектив өз программасын қаланың мектептері мен жоғары оқу орындары жастарына да көрсетеді.

Осындай энтузиастардың іскер қатысуларынсыз тұрғылықты жер бойынша адамдармен толыққанды жұмыс жүргізілмейді деп ойлаймыз. Демек қалалық мәдени-спорт комплексі түрлі үйірмелердің, талапкер бірлестіктер мен клубтардың ұйымдастырушылары бола алатын адамдарды іздестіруден өздерінің басты міндеттерінің бірін көреді. Бұл үшін түрлі жолдарды пайдаланамыз.

Мәдениет қызметкерлері № 7 үй басқармасының Дерибас көшесіндегі жоғарыда аталған № 13 және 15 үйлерге адамдардың қоныстанғанына 25 жыл толуына арналған мереке өткізуіне көмектесті. Олардың байырғы тұрғындарына, сондай-ақ пәтерлер мен подъездерді өте жақсы жағдайда ұстайтын семьяларға алғыс хаттарын және сыйлықтар әзірледі. Теміржолшылар мәдениет үйі көркемөнерпаздар концертін қойды. Ал тұрғындар, өз тарапынан, декоративті-қолданбалы көрме ұйымдастырды, нақты программаны әзірледі, мерекелік столдар жасады. Осы үйлерде бірнеше әйелдің халық әндерін тамаша орындайтыны дәл осында анықталды. Мәдениет үйінің мамандары олардың ән айтуына көмектесті. Қорытындысында «Көршілер» деген тамаша фольклорлық ансамбль құрылды. Ол тек біздің қаламызда ғана емес, сонымен бірге облыста да аса танымал, Оралда табысты өнер көрсетті.

Қалалық «Ертіс өңірі өрнектері» фольклорлық мерекесінде әуесқой көптеген музыканттарды, суретшілерді, металдан және ағаштан ойып өрнектер жасайтын шеберлерді, басқа да халықтық ісмерлерді анықтадық, ол ВЛКСМ-нің 25 жылдығы атындағы орталық мәдениет және демалыс паркінде өтті.

Татар әндері мен билерінің қалалық «Чишма» коллективінің дүниеге келуі де сондай орынды. Ұлты татар адамдар жазғы кештерде мәдениет және демалыс паркінде жиналады. Олар өзара араласып, ән айтып, би билейді. Индустриалды ауданының мәдени-спорт комплексі ғылыми-методикалық орталықпен бірлесіп, ақындар мен жазушылардың, профессионал және талапкер артистердің қатысуымен «Ертіс үстіндегі сабантой» мерекесін өткізді. Татар АССР-інің мәдениет және өнер қайраткерлері біздің шақыруымызға үн қатты. Көне халық ғұрпы бойынша татар тұрғындарының инициативалы тобы мерекеге арнап сыйлықтар жинады, халық творчествосының көрмесін жасауға, мерекелік программа мен театрланған көріністер даярлауға, Қазаннан келген қонақтарды қарсы алуға көмектесті.



Осы сурет Павлодарда әр сенбіде Конституция алаңында өтетін дәстүрлі ән мерекелерінің бірінде түсірілді. Мұнда сахна да, зал да жоқ — коллективтер көрермендер алдында өнер көрсетеді, олар талапкер артистерге қосылып ән айтады.

СУРЕТТЕ: «Көршілер» фольклорлық ансамблі өнер көрсетуде.

Суретті түсірген Н. КУЗНЕЦОВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

Мереке — Орталық паркте басталып, кешке қарай Ленин атындағы алаңда жаппай серуенмен және фейерберкпен аяқталды. Онда қаншама таланттар көрінді десеңізші. Қалалық Мәдениет үйі талапкер артистерді шақырып, коллективті құруға көмек көрсетуді кешіктірмеді. Жетекші де анықталды — ол Чайковский атындағы музыка училищесінің оқытушысы Гуляри Шамилевна Чистякова. Коллективке қайсыбір адамдар — Асхатовтар, Беляловтар, Игнеевтар семьяларымен келді. Пенсионер Тоқзима Мағзұмованың өнері әрқашан ду қолшапалақтаумен құрметтеледі. Кейде оның биді жақсы билейтінін, әлде әнді жақсы айтатынын анықтау қиын. Осы «Чишума» коллективін қалада қазір бәрі біледі. Үстіміздегі жылдың январында «Ойна сырнай, шырқал ән» конкурсында Г. Шарифуллин, Г. Мамышев және басқалар бірінші орын алды.

Әрине, энтузиастарды тауып алудың өзі жетімсіз. Оларға көмектесіп, бағыт беру керек. Демек көбіне мұның сәті түседі. Мәселен, Ильич ауданының мәдени-спорт комплексі подвалда орналасқан жастардың әуесқой «Эксперимент» бірлестігінің аппаратура сатып алуына көмектесті. Тарктор заводының Мәдениет сарайы мен «Жастар» кафесі олардың жұмыс орны ретінде белгіленді, бірлестікке қатысушылар қаланың студент жастарымен, интернационалистжауынгерлермен бірлесіп, көңілділер мен тапқырлар клубын, саяси пікірталастар өткізе бастады. Ертіс жағасында әндер авторларының тамаша мерекесін ұйымдастыруға көмектесті.

В. ИСТОМИНА,
халық депутаттары Павлодар қалалық Советі мәдениет бөлімінің меңгерушісі.

«ЖЕКСЕНБІДЕ МЕКТЕПКЕ КЕЛІҢІЗДЕР»

«Аулаларға барып, онда балалармен айналысыңыздар. Мұнда әр шаршы метрде тәрбие процесі өтетінін есте ұстаңыздар», — Макаренконың осы сөздері бертінде Семейде өткен жасөспірімдермен жұмыс жөніндегі қалалық практикум-семинарда айтылды. Оның жұмысына облыс орталығы мектептерінің директорлары мен кластан тыс жұмысты ұйымдастырушылар, қалалық партия комитетінің, милицияның, қалалық оқу бөлімінің қызметкерлері қатысты.

№ 132 мектептің тәрбие жұмысын ұйымдастырушысы О. Г. Санникова семинарға қатысушыларға демалыс күні клубының қызметі туралы айтты. Арматура заводы басшыларының қамқорлықтағы мектепте оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруға көмектесу формалары мен әдістері туралы хабары ықыласпен тыңдалды. Семинарға қатысушылар осы мектепте болып, демалыс күні клубының, жасөспірімдердің «Жолдас» клубының, мектептің «Орленок» кинотеатрының жұмысымен танысты. Кинотеатрдың қызметі оқушылардың өзін-өзі басқару әдісі арқылы ұйымдастырылды, олар мектеп кинотеатрларының облыстық және республикалық байқау-конкурстарында талай рет жүлделі орын алды. Өз ісінің энтузиасы А. С. Елинская «Орленок» театрына көптеген жылдар бойы жетекшілік етеді. Сондай-ақ № 31 мектепте гир спорты, теннис, волейбол, туризм секциялары, вокальды және би үйірмелері, техникалық творчество үйірмесі, «Буратино» бейнелеу студиясы жұмыс жасайды.

Балалар демалыс күні клубына ықыласпен келеді. Оны құрудың қажеттігін өмір дәлелдеді. Бұрын мектеп өз тәрбиеленушілерінің сабақтан тыс уақытын ұйымдастыру проблемасын шешуге, демек бірыңғай педагогтар күшімен және мектеп коллективінің ауқымында шешуге ұмтылды, ал бұл оқушыларға — бос уақытының үлкен бөлігін өткізетін ортаға белсенді ықпал жасау мүмкіндігін бермеді. Мектеп өз микроауданында тәрбие жұмысының орталығына айналу әрекетін жасаған кезде жағдай өзгерді. Демек басқа «мәдениет ошағы» жоқ екенін айту керек. Осы істе базалық кәсіпорын — арматура заводының коллективі мектепке елеулі көмек бере бастады. Заводтықтар көмегімен спорт алаңы жабдықталды, онда балалар жаттықтырушылардың жетекшілік етуімен кешкілікте және жексенбі күндері спортпен айналысады, спорт түрлері бойынша жарыстар жүйелі өткізіледі, мүдделілік клубтары ұйымдастырылды. Завод жыл сайын осы пайдалы іске 10 мың сомнан астам ақша бөледі.

Осыған орай семинар-практикумде қаланың 21 мектебі тұрғылықты жер бойынша жастармен тәрбие жұмысын жүргізу орталығы ретінде белгіленді. Егер оқу орындары өздерінің базалық кәсіпорындары басшыларынан қолдау таба білсе ғана мұның тиісті тиімділігі болады.

Р. АБУЗЯРОВ,
Семей қалалық ішкі істер бөлімінің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторы, милиция капитаны.

Digitized by Google

КИНО ӘУЕСҚОЙЛАРЫНА КІМ КӨМЕКТЕСЕДІ?

Журнал бетінде талапкер кино творчествосын дамыту мәселелерін қозғағым келеді. Былайша айтқанда, қазір ол өзіндік дүрбелеңді өткеруде. Қазақстанның өзінде ғана 500-ге жуық кино үйірмесі тіркелген. Сонымен бірге жүздеген адам онымен жеке айналысады. Бертінде Москвада профессионал емес кинематографистер федерациясы мен кино клубтарды, сондай-ақ кино жөніндегі білім ассоциациясын біріктіретін кино достары қоғамының Бүкілодақтық съезі болып өтті.

Съезде әуесқойлық кино деңгейін көтеру ұйғарылды, демек бұл іште де кәсіподақтар мен басқа қоғамдық ұйымдардың көмегінсіз біздің алға жылжуымыз қиын. Алайда бізге жеткілікті көңіл бөлінбейтіні айдан анық. Кино үйірмелері үйлердің жоқтығынан, кино және сурет материалдарының, аппаратуралардың бөлінбеуінен қыруар қиындықтарды ұшыратады. Көптеген басшылар біздің өтінішімізге қоғамдық қайсыбір мәні жоқ, тікелей жеке адамға байланысты, өздерінің сауық-сайран құруы үшін материалдық байлық жинауға ұмтылушылық деп қарайды. Ал кино әуесқойлары әсіресе жеткіншек ұрпаққа тәрбие беру үшін көп нәрсе істей алады.

Шымкенттің кино әуесқойларының жұмыс тәжірибесі осы жайлы тартымды әңгімелейді. Осындағы Әл Фараби атындағы мәдениет және педагогика институтының жанынан жұмыс істейтін әуесқойлық «Фарабифильм» киностудиясы айналадағы ортаны қорғау, браконьерлермен күрес жүргізу туралы фильм түсірді. Біз табиғатқа рақымсыздықпен қарайтындарды көрсеттік. Біздің фильміміз кинотеатрларда көрсетілгенде осы адамдар өздерін ыңғайсыз сезінді, қалғандары осыдан тағлым алды.

Облыстық кино әуесқойлар клубының қызметкерлері К. Сарымсақов пен А. Омаров облыстық пионер лагерьлері туралы әңгімелейтін «Кәсіподақтар — балаларға» деген фильм түсірді. М. Әуезов атындағы педагогика институты жанындағы кино үйірмесінің жетекшісі Батырхан Өтебаев қазақтың халық ертегілері мен аңыздары желісімен мультфильмдер жасайды. Оның ленталары клубтарда, мектептерде, бала бақшаларда көрсетіледі, ол балаларда да, ересектерде де әркез ықылас туғызады. Қазір шымкенттік кино әуесқойлар жаңа дәстүрлер мен салттарға арналған фильмдер түсіре бастады. Ол өте өзекті тақырып қой.

Кино әуесқойлар лабораториясы жанынан жұмыс істейтін облыстық клуб өз қызметінің аясын кеңейтуге ұмтылуда. Оған қатысушылар колхоздар мен совхоздарда кездесулер өткізеді, село кино әуесқойларын қамқорлыққа алды. Алайда клубтың өзінің әзірше үйі де, осы заманғы жабдықтары да жоқ. Сондықтан да кәсіподақ, басқа қоғамдық ұйымдардың басшыларынан біздің өтінішімізді сырғыта салмауды, тәрбие беру жұмысында бізден өздерінің тиянақты көмекшілерін көруін өтінеміз.

Т. МӘМБЕТӘЛИЕВ,
Абай атындағы Қазақ педагогика институтының аспиранты, әуесқойлық «Фарабифильм» киностудиясының жетекшісі.

Қазақ әндерін орындаушы

Орал облысында қазақ әндерінің «Толқын» ансамблі кеңінен танымал, онда Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы «Красноярск» совхозының автоклуб меңгерушісі, Бүкілодақтық халық творчествосы II фестивалінің лауреаты Юрий Хохлов ән айтады.

Юрий — облыста қазақ әндерін тамаша орындаушылардың бірі. Олардың саздылығын, әуезділігін оған алғаш рет танытқан анасы Елена Ивановна еді, ол кісі бертінге дейін талапкер көркемөнерге қатысып келді. Оның үлгісі төртінші класс оқушысы Юраны мектеп көркемөнеріне алып келді, ол онда драмалық қойылымдарға табысты қатысып, орыс және қазақ әндерін орындады. Армияда қызметте жүрген кезде де ол осы әуесқойлығынан қол үзген жоқ.

— Шалғай тұрақтарда — шопандар автоклубты қуана қарсы алады. Олардың ән тыңдап, соңғы жаңалықтарды естігісі, жай әңгімелескісі келеді.— дейді Ю. Хохлов.

Юрий шопандармен әңгімеде қиналмайды. Ол қазақша таза сөйлеп оқи алады. Оның үстіне оған әйелі Күләш, достары Тілек Есқалиев пен Құрмет Андалиев, күйеу баласы Қамбар көмектеседі.

Digitized by Google

НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢ

Біздің заңымыз есірткіні әзірлегені, сақтағаны және таратқаны үшін қандай жауапкершілікті қарастырады?

Н. Байбарақова, педагог.

Алматы қаласы.

Республика Юстиция министрлігінің заңды жүйелеу және насихаттау басқармасының бас консультанты Роза Қожантайқызы БАЙМУРЗАЕВА оқырман сұрағына жауап береді.

Нашақорлықтың денсаулыққа қатты зардабы тиеді, адамның өзін аздырады, семьяны ажыратуға соқтырады, келешек ұрпаққа залалды әсер етеді, қоғамға материалдық және моральдық нұқсан келтіреді. Ол қылмыс жасаумен тікелей байланысты. Осының бәрі нашақорлықтың алдын алу және оны жою үшін көлемді шараларды — медициналық, тәрбиелік және праволық шараларды қолдануды талап етеді. Алайда біздің заңдарымызда осы кеселмен күрестің кейбір түйіндері ұзақ уақыт бойы толық көлемінде ескерілмеді. Қазір жағдай өзгеруде.

«СССР-дің кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы». СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1987 жылғы 22 июньдегі Указымен есірткі заттарды тұтынумен және таратумен күресті күшейтуге бағытталған әкімшілік және қылмысты жауапкершіліктің бірқатар шаралары енгізілді. Осы негізде Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1987 жылғы 30 июльдегі Указымен Қазақ ССР Қылмыстық істер кодексі мен Қазақ ССР Әкімшілік право бұзушылық туралы кодекске елеулі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қазақ ССР Қылмыстық істер кодексінің 214-статьясында, ол онда бұрын да болған еді, былай делінген: өткізу мақсатынсыз есірткі заттарды заңсыз әзірлегені, алғаны, сақтағаны және беріп жібергені үшін айыпты кісі үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға және екі жылға дейін мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады. Егер осындай әрекет қайталанса, 5 жыл мерзімге дейін бас бостандығынан айрылады. Егер осы әрекеттер қайталанса немесе бір топ адамдармен немесе аса қауіпті рецидивистпен алдын ала уағдаласу арқылы жасалса, ал тым көп мөлшердегі есірткі заттар осындай сөз байласу негізі болса, онда айыпкер 6 жылдан 15 жылға дейін мерзімге дейін бас бостандығынан айрылады.

Алайда тым бертінге дейін өткізу мақсатынсыз аздаған мөлшердегі есірткі заттарды заңсыз алуға немесе сақтауға немесе дәрігердің тағайындауынсыз оны тұтынуға айыпты әкімшілік жауапкершілікке тартылды немесе айып салынды. Енді бұл үшін қылмысты жауапкершілікке тартылады. Егер әкімшілік жаза қолданылғаннан кейінгі жыл ішінде олар мұндай әрекетті қайталаса, Қазақ ССР Қылмыстық істер кодексі 213-статьясының 3-тармағына сәйкес, екі жыл мерзімге дейін бас бостандығынан айрылады немесе сол мерзімге түзеу жұмысына жіберіледі, немесе 300 сомға дейін айып салынады.

Кәмелетке толмағандарды нашақорлыққа тартудың қандай залал келтіретінін айтып жатудың қажеті бола қоймас. Қазақ ССР Қылмыстық істер кодексі жаңа статьямен (200-4) толықтырылды, ол кәмелетке толмағандарды елітетін емдік және басқа заттарды медициналық емес мақсатта тұтынуға тартқаны үшін бес жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі қылмысты жауапкершілікті қарастырады.

Кәмелетке толмағандардың есірткі заттарды алғаны, сақтағаны және тұтынғаны үшін олардың ата-аналары немесе оларды алмастыратын адамдар жазаланады: оларға елу сомға дейін айып салынады. Бұл шара ересектерді өз балаларын тәрбиелеуге жауапкершілікпен қарауға жетелеуге тиіс.

Есірткіні тұтынуға арналған орынды ұйымдастырғаны немесе ұстағаны немесе осы мақсаттар үшін үйді бергені үшін қылмысты жауапкершілік қарастырылған. Бұған кінәлі адамдардың 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалануы мүмкін. Сол әрекеттер, бірақ есірткіге жатпайтын емдік және басқа заттарды пайдалану барысындағы әрекеттер екі жылға дейін бас бостандығынан айыруға, немесе сол мерзімге түзеу жұмыстарына, немесе 300 сомға дейін айып салуға соқтырады.

Сора мен майлы мактың мемлекеттік егістіктерін тиісті деңгейде күзетпеу республикада нашақорлықтың таралуына ықпал ететін жағдайлардың бірі. Бұрын Указ қабылданғанға дейін мұндай «ағаттық» үшін ешкім жазаланбайтын. Енді, әкімшілік, право бұзушылық туралы кодекстің 107-статьясының 2-ші тармағына сәйкес, сора мен мак егістігін, осы дақылдардың

Digitized by Google

өнімі сақталып, ұқсатылатын жерлерді күзетудің тағайындалған режимін қамтамасыз ету, сондай-ақ құрамында есірткі заттары бар аңыздық қалдықтар мен өндіріс қалдықтарын құрту шараларын қабылдамағаны үшін лауазымды адамдарға жүз сомға дейін айып салу көзделген.

Заң мак өсіруші бағбандарды аңғалдықтан сақтандырады. Майлы мак пен сораны өсіргені үшін ескерту жасалады немесе жүз сомға дейін айып салынады. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін жыл ішінде қайталанған сол әрекеттер үшін үш жылға дейін бас бостандығынан айыруға немесе екі жылға дейін түзеу жұмыстарына жазаланады, ал егер осы әрекеттер өте ауыр жағдайда жасалса, олар он жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1987 жылғы 4 февральдағы Указымен азаматтардың жеке мүлкін ұрлаған нашақорларды жазалау шаралары қатайтылды. Егер нашақор пәтерге түсіп, зат ұрласа, енді сот оны Указ қабылданғанға дейінгі 7 жылдың орнына 10 жылға бас бостандығынан айыра алады. Нашақор жасаған тонаушылық үшін төрт жылдан он жылға дейін (бұрынғы үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімнің орнына) түрмеге жабылады. Нашақор жасаған қарақшылық үшін де бес жылдан он екі жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Дегенмен қылмыстық жазаны қатайту есебінен ғана право бұзушылық үшін жауапкершілікті күшейту жазалау мақсатына — түзелу және қайта тәрбиелену мақсатына әрдайым жете бермейді. Сонымен заң өткізу мақсатынсыз алғаш аздаған мөлшерде есірткі заттарын алған немесе сақтаған адамдарды айып салу, түзету жұмыстары, тұтқындау түріндегі әкімшілік ықпал жасау шараларымен сақтандырады Есірткі заттарын ерікті түрде тапсырғандар өзі өткізген есірткі заттарды алғаны, сондай-ақ сақтағаны, тасымалдағаны және жібергені үшін әкімшілік немесе қылмысты жауапкершіліктен босатылады. Есірткіге кеселді құмарлықтан арылу тілегімен ерікті түрде медицина мекемесінен көмек сұраған азаматтар да әкімшілік және қылмысты жауапкершіліктен босатылады. Демек кеселден арылуға тілек білдірушілер жауапкершілік үрейінен ерікті түрде медициналық көмек сұрамайтыны құпия емес. Заң есірткі шырмауына әлі түспеген адамның ерік-жігер көрсетуіне мүмкіншілік беріп, кеселді құмарлықтан ерікті түрде арылу тілегін ескереді. Мұндай жағдайда атын айтпай емдейтін кабинеттері бар облыстық және Алматы қалалық наркология диспансерлеріне бару керек.

СССР-дің Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті хабарлайды

АЛКОГОЛЬДІК ІШІМДІКТЕРДІ ТҰТЫНУ

(СССР-дің Статистика жөніндегі мемлекеттік комитетінің деректері бойынша жан басына шаққанда алкогольді тұтынудың ең көп мөлшері (литр есебімен)

	1970	1980	1986
Франция	17,6	15,8	13,9
Австрия	10,5	11,0	11,6
Венгрия	9,1	11,7	11,3
Италия	16,0	13,9	11,0
Бельгия	9,6	11,4	10,6
ГДР	6,1	10,1	10,5
Дания	7,4	9,2	10,2
Чехословакия	8,2	9,4	9,3
Австралия	8,1	9,7	9,2
Болгария	7,4	9,2	9,2
Германия Федерациялық Республикасы	8,9	10,0	9,0
Ұлыбритания	6,4	8,5	8,4
Нидерланды	5,5	8,6	8,3
АҚШ	7,0	8,6	8,1
Канада	6,4	8,9	8,0
Польша	5,6	8,9	7,3
Финляндия	5,1	6,4	7,0
Югославия	9,0	8,8	6,7
Швеция	6,3	6,3	6,1
Норвегия	3,7	4,9	4,4
СССР	6,8	8,7	4,3
Түркия	0,5	0,7	1,0

Digitized by Google

ПӨЛИТИЗДАТ 1990 ЖЫЛДА

Баспаның аннотациялы жоспарында КПСС XXVII съезінің, Бүкілодақтық XIX конференциясының шешімдерін кеңінен түсіндіріп, насихаттайтын басылымдар, сондай-ақ партия ұйымдарының, озық коллективтер мен кәсіпорындардың тәжірибесі қорытылған басылымдар, қайта құрудың түрлі проблемалары бойынша кітаптар басты орын алады.

Жоспар К. Маркс, Ф. Энгельс, В. И. Ленин шығармалары бөлімімен ашылады. Оқырмандардың көптеген тілектерін ескеріп, баспа В. И. Лениннің шығармалар толық жинағының 44-ші және 45-ші томдарына енген және Ильичтің саяси өсиеттерін құрайтын таңдамалы шығармаларының екі томдық басылымын шығаруға әзірлеуде. «Ленин, партия, жастар» және «В. И. Ленин. Польша және поляк жұмысшы қозғалысы туралы» тақырыптық шығармаларын шығару жоспарлануда. «Ленин кемеңгер ойшыл» тақырыптық жинағы да оқырмандарда зор ықылас тудырады, деп ойлаймыз, оның көптеген материалдары біздің оқырмандарымызға таныс емес және библиографиялық сирек басылым болып табылады.

Маркстік-лениндік философия мен ғылыми коммунизм жөніндегі әдебиеттер ең алдымен осы саланың мамандары болып табылмайтын оқырмандарға арналған. Социализм тұсындағы жеке адамның басына табынушылықтың табиғаты мен бастауы туралы венгр философы А. Киштің «Жеке адамның басына табынушылық, бір бұрмалаудың анатомиясы», ғылыми-техникалық прогресті басқарудың және табиғи ресурсты пайдаланудың актуальды проблемалары туралы П. Г. Олдактың «Дабыл қоңырауы» секілді жұмыстар заманымыздың көкейтесті проблемаларын философиялық тұрғыдан ой елегінен өткізуге арналған. «Бетбұрыста: 20-шы жылдардың философиялық пікірталасы» жинағын басу жоспарлануда. Оқырмандар марксист-философтар (Н. И. Бухарин, А. М. Деборин, А. В. Луначарский, И. К. Луппол және басқалар) арасында әлеуметтік даму, этика, эстетика, таным теориясы проблемалары тұрғысынан орын алған түрлі көзқарастен танысады. XX ғасырдың буржуазиялық философиясын сын тұрғысынан талдауға арналған «Осы заманғы батыс философиясы» деген арнаулы сөздік-анықтамалық алғаш басылуда.

Библиографиялық сирек кітаптарға айналған басылымдар «Атеистік әдебиеттер» сериясымен шығады. Бұлар — ең алдымен неміс тарихшысы және экономисі К. Каутскийдің «Христиандықтың шығуы» және атақты совет тарихшысы А. Б. Рановичтің «Христиандықтың антикалық сыншылары» кітаптары. «Дін және бүгінгі атеизм. Проблемалар мен пайымдаулар» секілді жұмыс, әлбетте, идеология активистерінің назарын аударады. Атақты жазушы Вера Панова мен зерттеуші Юрий Вахтиннің «Мұхаммед өмірі» кітабында исламның негізін қалаушы — Мұхаммед пайғамбар туралы әңгімелейді. Кітап қалың оқырмандар қауымына арналған.

Тарих бөлімі «Алғашқы Совет үкіметі» жинағын, В. И. Старцевтің «Жеке төрт жол» (Россияның социал-демократиясының бастауында тұрған адамдар), А. Г. Латышевтің тамаша интернационалистер — лениншілдер өмірі, олардың қайғылы тағдыры туралы «Жеке-жеке айтайық: тарих оралтқан есімдер» кітаптарын, Ф. Ф. Раскольниковтың «Кронштад және Питер 1917 жылда» естелігін және басқа басылымдарды қамтиды.

Экономикалық әдебиеттер М. Л. Бергердің «Шаруашылық есеп туралы сұхбаттар», В. А. Тихоновтың «Кооперация. Проблемалар мен перспективалар» кітаптарын, «КПСС-тің әлеуметтік саясаты», «Еңбек және қайта құру» деген танымал анықтамалықтарды, сондай-ақ экономикалық реформаны жүзеге асыру жолдары мен проблемалары туралы әңгімелейтін басқа басылымдарды қамтиды.

«Саясат (мемлекеттердің қазіргі саяси жағдайы)» бөлімінде жалғастырылып отырған «Дүние жүзі мыңжылдық шебінде. Халықаралық панорама» жаңа кітабы

Digitized by Google

шығады. Оған шетелдік баспасөзде халықаралық тақырыпқа арналып басылған аса қызықты материалдар енді. Советтік сыртқы саясат пен халықаралық жұмысшы қозғалысы тарихындағы «ақтаңдақтар» туралы «Жаңа беттерді аша отырып» кітабында, Ш. де Голльдің, У. Черчилльдің, Д. Эйзенхауэрдің және басқа бірқатар көрнекті және саяси қайраткерлердің естеліктері енгізілген. «Екінші дүниежүзілік соғыс одақтастар көзімен» жинағында халықаралық қатынастардағы өткендегі беттер әңгімеленеді. «Қытай революционерлерінің портреттері» кітабында Чжоу Энь-лайдың, Чжу Дэнің, Ден Сяо-пиннің, Лю Шаоцидің өмірбаяндары баяндалады.

«Коммунистік және жұмысшы партиялары» бөлімінде Орталық Комитеттің қызметі, оның аппараты, партиялық бюджет туралы әңгімеленетін «КПСС Орталық Комитеті» және «КПСС Орталық Комитетінің Саяси Бюросы, Ұйымдастыру Бюросы, Секретариаты, 1917—1989 жылдар. Жеке адамдар» секілді анықтама басылымдары, әлбетте, оқырмандар ықыласын аударады.

В. Я. Матвиенконың «Коллективтегі идеялық-тәрбие жұмысы», Н. Н. Виноградовтың «Қайта құру және демократия, Бұқаралық ұйымдардың ролі» кітаптары, сондай-ақ басқа басылымдар партиялық жұмыс тәжірибесі мен проблемасына арналған. Идеология қызметкерлеріне көмек ретінде Б. Ц. Бадмаевтың «Партиялық оқудағы проблемалық» және Л. И. Грачтің «Жаңару идеологиясы және жетекші» жұмыстарын басу жоспарлануда.

1990 жылдың жоспарына, бұрынғысындай, қайта басылатын кітаптар енгізілген. Бұлар — М. П. Прилежаевтың «В. И. Ленинның өмірі» кітабы, «Қысқаша саяси сөздік», «Дүние жүзі елдері» анықтамалықтары, «Коммунист», 1991 жыл. «Социализм дүниесі цифрлар мен фактілерде. 1989». «Индия» календарь анықтамалықтары.

Жеке оқырмандардың, партия ұйымдарының, ғылыми мекемелердің және әдебиеттерді алуға мүдделі басқа ұйымдар мен кәсіпорындардың бәрінің баспаның тақырыптық жоспарымен дер кезінде танысып, алдын ала заказ жасауы қажет. Мұны республика кітап магазиндерінің бәрінде жасауға болады.

ҮГІТШІ КАЛЕНДАРЫ

1989 ЖЫЛҒЫ МАЙ АЙЫНДАҒЫ АТАУЛЫ ЖӘНЕ ЕСКЕ ТҮСІРЕТІН КҮНДЕР

1— Еңбекшілердің халықаралық ынтымақ күні.

5— Баспасөз күні.

— 1818— Карл Маркс туды.

— Бұдан 75 жыл бұрын (1914) «Просвещение» журналында В. И. Ленинның «Ұлттардың өзін-өзі билеу правосы туралы» мақаласы жариялана бастады.

— 1912— Петербургте В. И. Ленин негізін қалаған «Правда» газетінің бірінші номері шықты.

7— Радио күні, бүкіл байланыс саласы қызметкерлерінің күні.

— Еврей автономиялы облысының құрылғанына 55 жыл (1934).

8—1945— неміс халқын фашизмнен азат ету күні.

— 9— Совет халқының 1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс мейрамы.

1945— Чехословак халқының ұлт-азаттық күресі аяқталды және Совет Армиясы елді фашистік басқыншылардан азат етті. Чехословакия халықтарының ұлттық мейрамы.

11— Жапон басқыншыларының Халкин-Гол өзені маңында Монғол Халық Республикасына шабуыл жасағанына 50 жыл (1989). Совет және монғол әскерлері жапон әскерлерін талқандады.

18— Халықаралық музей күні.

— Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілісі мен Совет өкіметін орнату жолындағы күрес басшыларының бірі Амангелді Имановтың қаза тапқанына 70 жыл (1873—1919).

19— В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық пионер ұйымының туған күні.

24—1982— КПСС Орталық Комитетінің Пленумы СССР-дің 1990 жылға дейінгі кезеңге арналған Азық-түлік программасын мақұлдады.

25— Африканың азаттық күні.

28— Шекарашы күні.

— Химик күні.

31— Бұдан 80 жыл бұрын, 1909 жылы майда В. И. Ленинның «Материализм және эмпириокритицизм» кітабы баспадан шықты.

Digitized by Google

АМЕРИКАЙДЫҚТАР ОСЫЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Тарих ғылымының кандидаты М. Лапицкий очеркінен үзінділерді оқырмандар назарына ұсынамыз, ол толығынан «Рабочий класс и современный мир» журналының биылғы бірінші санында жарияланды.

Американдықтар еңбекқор деген фактіні немен түсіндіруге болады? Онда айрықша адамдар тұра ма? Американ жазушысы әрі этнографы Пола Гарб осы сұраққа былай жауап берді: «Американдықтардың еңбекқорлығы неден басталған? Бұл тәрбиеден, Америкада адамдар жұмыстан шығып қалу үрейінен ғана жақсы жұмыс істейді деп айта алмаймын. Бұл — американдықтардың еңбекқорлығының негізгі себебі болмағанымен оның бастауы. Расында, адамдар болмашы ағаттық үшін басқа біреулермен ауыстыратынын білген кез де болды. Ал кейіннен қоғам адамдардың санасезімінде «Американдық еңбек ете біледі» деген көзқарасты орнықтырды»...

Американдықтарды еңбек процесінде қадағалағандар олардың іскерлігін, ұқыптылығын, тиянақтылығын, уақытты бағалай білушілігін бірден аңғарады. Ғылыми қызметкерлер делегациясы құрамында АҚШ-та болған осы мақала авторы да бұған иланды.

Біз болған жерлердің бәрінде — университет орталықтарында, кітапханаларда, архивтерде бұған таңырқауға және бізде осы мекемелердің барлық буындары жұмысында дәлме-дәлдіктің, сабақтастықтың жоқтығына реніш білдіруге тура келеді. Кітапхананың өте жатық жүйесі қажетті материалды, білікті консультацияны, материалдың көшірмесін аса қысқа мерзім ішінде алуға мүмкіндік береді. Сайып келгенде, сіз өзіңізге қажетті кітаппен немесе мақаламен танысқыңыз келетінін айтқаныңызда жаратпаушылықты, немқұрайды көзқарасты аңғармайсыз, орынсыз ескертулерді естімейсіз, керісінше, сізге жарқын жүзбен ашық жауап береді.

Біздің елімізге ғылыми командировкаға келетін көптеген американдық ғалымдардың жұмысқа қабілеттілігін, қауырт еңбек ететінін, конференциядан, симпозиумнан, кездесулерден, экскурсиялардан сәл босаған уақыттың өзін өзінің жұмысы үшін пайдаланатынын осы мақала авторының талай рет байқап, таңырқауына тура келді. Олардың кейбіреуі өздерінің кезекті мақаласы немесе монографиясы үшін материалдарды іріктеп алады — кейде қалың кітаптардан тұратын осы материалдарды өздерімен бірге мұхит арқылы алып жүреді (үйіне келген соң осы жұмысты жасайтын сияқты). енді біреулері Совет Одағынан оралғаннан кейін университетте оқитын лекцияларына әзірленеді, үшіншілері, төртіншілері, бесіншілері де уақыттарын зая жібермей өз елінде бастаған қайсыбір жұмыстарын орындайды. Ал олар небары бір аптаға ғана келген ғой! Демек, конференцияларға және қонақжайлы қожайындар әзірлеген басқа да шараларға белсене қатысатын, солардан кейін және осылардың арасындағы үзілістерде өздері тұратын қонақ үйлерінің номерлерінде және холдарында жұмыс істеп жатқан олардың жүзінен шаршағандықты байқамайсың, керісінше, олар ширақ болып көрінеді.

Көптеген басқа компаниялардағыдай, КРМИ-дің өзекті бейнесі («Ю. С. стил эндэшнл дистиллерстің» серіктес кәсіпорны) — күліп тұрған адамның жүзі. оны фирмалық бланкалардан, завод қақпасына ілінген кәсіпорынның жарнамалық қалқандарынан, жұмысшылардың қорғаныс дулығаларынан көруге болады. «Неғұрлым көп күліп, неғұрлым көп қол алысайық, адамды есімімен атайық» — американдық сыпайгершіліктің нышаны осындай. Сонымен бірге бұл кәсіпорындарда, заводтық цехтарда еңбек белсенділігін ынталандырудың тамаша тәсілі. Бас директор — басқарушы Үлкен Джим Даниелл үнемі жұмысшылар қасынан табылады: олармен қалжыңдасып, екі мың жұмысшының әрқайсысын атымен атайды, кәсіподаққа да көп көңіл бөледі. Жергілікті кәсіподақ комитетінің председателі оны былай деп мақтады. «Ол бізді өзінің мәжілісіне шақырып, істің барысына қанықтырады, ал басқа кәсіпорындарда мұндай мүлдем жоқ». Әрине, мұнда мәселе Үлкен Джимнің жұмысшылардың үлкен досы болуында емес; оның адамдармен араласуға деген ықыласынан емес, ол іске деген қатынас барысында компанияның табысы көбейе түседі деген ниеттен туындаған. Сонымен бірге өндіріске деген «адамгершілік көзқарас» «адамгершілік емес» қатынастан әлдеқайда жақсы екенін мойындамауға болмайды.

«Үлгілі компаниялар» кәсіпорындарында адамға сыйлаушылықпен қарау оған деген жоғары талаптылықпен тығыз байланысты. Алайда осы қатынастардың негізінде басқарушының өзінің қарамағындағыларға талаптары ғана емес, жағ-

Digitized by Google

дайы жағынан сенім, бүкпесіздік, хабардарлық, қарым-қатынас жасаудағы қарапайымдылық арқылы тең адамдар тарапынан айтылатын талапқа тән көрініс. Авторлар осы кәсіпорындардағы істің жағдайын біршама дәріптейтін шығар, алайда олардың жұмыс істеу практикасынан алынған көптеген нақты мысалдар соншама иланымды көрінеді.

Ең алдымен мадақтау формалары әртүрлі, демек мұнда тек материалдық жағынан ғана емес, моральдық жағынан мадақтау да кеңінен қолданылады. Нью-Йоркте ИБМ финанс кеңсесінің вестибюлінде бізге үйреншікті Құрмет тақтасы жоқ, оның есесіне кеңсенің барлық қызметкерлерінің суреттері қойылған витрина бар, оның үстінде «Мәселенің бәрі адамдарға тәуелді» деген плакат ілулі тұр.

Мәселен, «Дженерал моторз» компаниясының басшылығы конвейерда жұмыс істейтін бригадаларға мынадай ұсыныс жасады: еңбек өнімділігін арттыру үшін не жасау қажеттігін жұмысшылардың өздері шешсін. Демек жұмысшылар мына жайды ойлап тапты: әрбір жұмысшының бастықтарсыз бөлшектермен жабдықтаушылармен дербес байланыс жасауы үшін конвейерлердің ен бойында әрбір жиырма метр сайын телефондар орнату керек. Сайып келгенде осы ұсынысты енгізу мынаған жеткізді: егер бұрын ақаулы бөлшекті ауыстыру 2—3 аптаға созылса, енді оны ауыстыру туралы ертеңгілік телефон соғылғаннан кейін түске қарай бөлшек жеткізіледі.

Кейбір американдық кәсіпорындарда бір топ жұмысшылардан (5—15 адамнан) құрылған, өнімі сапасы мен еңбек өнімділігін арттыру мәселелерін талқылап, шешетін «сапаны бақылау үйірмелері» «бөлек» жұмыс істейді, американдық бизнесмендер «сапа топтарын» жапониялық практикадан алмасты. 1985 жылы АҚШ-та кәсіпорындарының әрқайсысында 500-ден адам жұмыс істейтін американдық компаниялардың 44 процентінде «сапа үйірмелері» болды.

Осындай топтарды американдық кәсіпорындарда тезірек енгізудің (Жапонияда 16 жыл ішінде қанша топ құрылса. АҚШ-та соншама топ құрылды) екінші жағы да бар: ол — асығыстық, ұйымдық-методикалық жағынан нашар қамтамасыз ету, басшылар мен басқарма аппараты тарапынан қолдау жасаудың жетімсіздігі және басқалар. Сонда да осы топтар жұмысының жалпы тиімділігі соншалықты жоғары. 70-жылдардың соңында екі ірі зерттеу негізінде жұмысшылардың «сапа топтары» болуының 80 процентінде жоғары еңбек өнімділігімен өзін ақтады деген қорытынды жасалды. Тікелей экономикалық қайтарымға қоса оның есептеуге болмайтын жанама жағы да бар — бұл кәсіпорындардағы интенсивті және адал еңбекке жетелейтін моральдық-психологиялық ахуал.

Американдық сарапшылар қызметкерлердің денсаулығының еңбек өнімділігі мен табыстың артуына ықпал ететінін ертеде-ақ анықтаған еді, демек бұл соншалықты құпия емес, сондықтан бірқатар кәсіпорындарда түрлі сауықтыру шаралары: физкультурамен айналысу, шағын жүгірістер, аэробика, суда жүзу т. б. жаттығулары өткізіледі. Денсаулық программасы қызметкерлердің шаршаған-шаршамағанын жүйелі тексеруді, диетолог-дәрігерлердің консультациясына бақылау жасауды, шылым шегумен және нашақорлықпен, алкогольді пайдаланумен күресті, медициналық өзін-өзі бақылау жасау жүйесін ұйымдастыруды қарастырады.

Американдық бірқатар компаниялар арықтап, салмағын азайтқысы келетін, бірақ оған тәуекел ете алмағандарды финанс жағынан қолдау жасау, салмағы нормаға келгенше азайған салмағының әр килограмы үшін 20 долларлан беруді эксперимент ретінде ұсынды. Кәсіпорындарында осындай эксперимент жүргізілетін компаниялар басшылары оның есесі өтеледі — ақша артығымен қайтады, өйткені компанияның денсаулық сақтауға жұмсайтын шығыны күрт төмендейді, сырқаттанушылықтан жұмыстан қалу азаяды, моральдық ахуал жақсарады, деп тұжырымдайды. Мамандардың есептегеніндей, сауықтыру программалары практикада қолданылатын кәсіпорындарда моральдық ахуал біршама жақсаруда, демек жүгіретін бір жолда, шешінетін бір бөлмеде директорлар кеңесінің мүшелері мен қатардағы қызметкерлер араласады, сөйтіп сырттай болса да теңдік ахуалы қалыптасады.

Біз еңбеккорлық, еңбекке деген қатынас жағынан неліктен американдықтардан артта қалып келеміз? Осы келеңсіз жағдайды түсіндіретін маңызды себептердің ішінен адамдарды ынталандырмайтын жалақының төмендігін, тауарлардың жетімсіздігін, еңбекке ақы төлеудегі теңгермешілікті, әлеуметтік енжарлықты, тиісті дәстүр мен дағдылардың жоқтығын, сондай-ақ В. Маяковский айтқанындай, «Менің республикамның еңбегіне қосылып жатқан менің еңбегім» деген сезімнің жоқтығын атасам, мен Американы жаңадан ашушы бола қоймаспын.

Жақсырақ жұмыс істеу үшін өзіңнің жеке тәжірибеңді де, жеке жетістігіңді де, басқа халықтардың жетістіктерін де үйренуің қажет.

Digitized by Google

ЖАМБЫЛ МУЗЕЙІ

Халық ақыны Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалдық музей-үйі Алматыдан 70 километр жердегі Жамбыл селосында орналасқан. Ол өмірінің соңғы жеті жылын осы үйде өткізді. Мұнда ақынның өмірі мен творчествосының негізгі кезеңдерін сипаттайтын мемориалдық және тарихи-өмірбаяндық экспозициялар қойылған. Оны әзірлеуге республикалық Ғылым академиясы үлкен көмек берді. Көптеген бөлмелер ақынның өмірі кезіндегідей әдепкі қалпында сақталған. Мұнда қонақ бөлме, оның жұмыс кабинеті толығынан қалпына келтірілген. Мұнда ол өз қонақтарын — жазушыларды, ақындарды, суретшілерді, жұмысшылар мен колхозшыларды, студенттер мен оқушыларды қабылдаған-ды. 1943 жылы осында оған балерина Галина Уланова мен кинорежиссер Сергей Эйзенштейн келді, ақын олармен дос еді. Ақынмен бірге жұмыс кабинетінде оның әдеби хатшылары, атақты жазушылар Әбділда Тәжібаев, Ғали Орманов, Тайыр Жароков, Павел Кузнецов жұмыс істеді.

Жамбылдың балалық және жастық шағы өзінің тәлімгері әрі ұстазы Сүйінбай Ароновтың есімімен тығыз байланысты. Сол кездегі танымал ақындардың бірі болған ол Жабаевтың творчествосына зор ықпал жасады. Сүйінбай өлеңдері жинақтарының экспозицияларға қойылуы кездейсоқ емес. Музейдің ішкі көрінісі да, ақынның жеке заттары да мұнда келушілерді ақын өмір сүріп, өлең жазған кезеңнің ахуалын сезінуге көмектеседі. Абай мен Горькийдің кітаптары мен портреттері қойылған шағын кітапхана, Қазақстанның халық суретшісі Ә. Қастеевтің эскизі бойынша жасалған Амангелді Имановтың портрет-кілемі бар.

1936 жылы Москвада Қазақстан өнерінің алғашқы он күндігі табысты өтті, оған Жамбыл да қатысты. Жамбылдың «Туған елім» өлеңі «Правда» газетінде жарияланғаннан кейін ақынның есімі елге танымал болды. Ол он күндік күндерінде «Ленин», «Ленин мавзолейінде» атақты өлеңдерін жазды. Осы шығармалардың тексті мен «Правда» газетінің бір данасы арнаулы сөреде шыны астына қойылған.

Отан тағдырына қатты алаңдаған қарт ақын Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында домбырасын тағы қолға алып, өлеңдері арқылы жаумен күреске шақырды. Ақынның Москва, Ленинград, Сталинград қорғаушылары туралы патриоттық өлеңдері Ұлы Октябрь жеңісін қорғауға тұрған халықтың түбегейлі гимні.

Қазақстан жерінен
Мұнай да ағып тасыған:
Сұр қорғасын темір мен
Сол тасқынға қосылған.
Қара көмір, қызыл мыс,
Секілденіп жалын күш.

Барып жатыр осыдан.., — деген жолдар бүкіл елге ескен желдей тарады.

Жамбыл өзінің «Ленинградтық өрендерім» деген атақты өлеңінде Қазақстанның майдан мен Ленинградқа сарқылмас көмегін осылай білдірді.

Ленинград қорғанысына қатысушылардың заттары, Жамбылдың осы шығармасы туралы естеліктері арнаулы стендке қойылған. «Біз бұл хатты көзімізге жас алып, қуаныш толқуы сезімімен оқыдық, — деп жазды Всеволод Вишневский. — Бұл хатты күшті резервтің келуі секілді қымбат сезіндік. Қазақстан халқы бізге өзінің туысқандық сәлемін, сүйіспеншілігі мен достығын жолдады. Сондықтан да біз ұрысқа күш-жігеріміз тасып аттандық».

Ақынның соғыс жылдарындағы творчествосы жайлы суреттер мен майданнан келген хаттар, Украинада ерлікпен қаза тапқан ұлы Алғадай туралы өлеңдер көрнекі өңгімелейді.

Музей комплексі жанынан көрме залының құрылысы белгіленді. Онда ақындар айтысы, ойын-сауықтар, басқа шаралар өткізілетін болады. Бертінде «Өнер» баспасы мемориалдық музей қорлары негізінде жасалған «Жамбыл образы бейнелеу өнерінде» деген альбом әзірледі.

Музейдің адресі: 483170 Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл селосы.

Б. АЛТАЕВ,
Қазақ ССР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті мәдени-ағарту мекемелері басқармасының жетекші инспекторы.

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: Н. И. ЛАРИН, А.МӘУТЕНБАЕВ, К. М. СҮЛЕЙМЕНОВА Б. Ғ. ШОЛАНОВ

БІЗДІҢ АДРЕС:
480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39

Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84
63-27-74,
63-27-56

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.


Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,

Сдано в набор 15.03.89. Подписано к печати 31.03.89 г. УГ 00301 Формат 70х108/16 Печать офсетная. Усл. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8 Тираж 53892 экз. (каз. изд) 27630 экз., рус. изд. 26262 экз). Заказ 116 Цена 15 коп.

ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google







МІНІСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ
КАЗАХСКОЙ ССР

ЛИТЕРАТУРНО-
МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ
ДЖАМБУЛА

● Жамбылдың әдеби-мемориалдық музейіне кіре беріс.

● Музей интерьері.

● Ұлы Жамбылдың домбырасы.

● Ленинградқа арналған диорама. Қоршауда қалған қала үйлерінің қабырғаларында — Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» өлеңі жазылған плакаттар.

Суреттерді түсірген О. ИОНОВ.



Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.

Индекс 75328



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

93

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ




1989

9

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



АЛМАТЫ. Дильшат Михрамов өзінің ана тілі — ұйғыр тілін де, сондай-ақ қазақ және орыс тілдерін де бірдей жетік меңгерген. Нақ жсы білім Алматы мақта-мата комбинаты иіру-тоқыма фабрикасы партия комитеті жас секретарының адамдармен жұмыс жүргізуіне көмектесуде. Комбинатта Михрамовтар фамилиясын әр адам біледі. Дильшат және оның төрт інісі тамаша қызметкерлер, қоғамдық жұмысқа белсенді қатысушылар, тамаша артистер, эуесқой әрі шебер футболистер екенін көрсетті — олардың бәрі Алматы мақта-мата комбинатында еңбек етеді.

— Адамдармен жеке жұмысқа баса көңіл бөлемін,— дейді Дильшат Махрамов.— Біздің коллективіміз көп ұлтты — мұнда жиырмадан астам ұлт өкілдері еңбек етеді және ол партия комитетінің секретары ретінде қалыптасу кезеңінде көмектесіп, қолдау жасады деп кәміл сеніммен айта аламын.

СУРЕТТЕ: Алматы мақта-мата комбинаты иіру-тоқыма фабрикасы партия комитетінің секретары Дильшат Михрамов.

Суретті түсіргендер Н. ЫДЫРЫСОВ, В. ЗИНИН (ҚазТАГ).

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ

9 • 1989
МАЙ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС Орталық Комитетінің Пленумы коммунистерді, барлық еңбек коллективтерін партияның аграрлық саясатын практикада іске асыруға белсене ат салысуға шақырады. Селода жаңа экономикалық қатынастарды орнықтыру, ондағы омірдің әлеуметтік жағдайын түбірінен өзгерту, экономиканың осынау омірлік маңызды саласында ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін кеңінен игеру, демократияны және халықтың өзін-өзі басқаруын дамыту аграрлық-өнеркәсіптік комплексті қысқа мерзім ішінде дамудың сапалық жаңа сатысына шығаруға жәрдемдеседі.

«КПСС-тің қазіргі жағдайдағы аграрлық саясаты туралы» КПСС Орталық Комитеті Пленумының 1989 жылғы 16 марттағы қаулысынан.

1931 жылғы ноябрьден бері шығып келеді.
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы.
© «Қазақстан үгітшісі», № 9, 1989 ж.

Digitized by Google

ҚОЛ ЖЕТКЕНДІ ОРЫНДЫ БАҒАЛАЙЫҚ

К. ЕГІЗБАЕВ,

Қызылорда облысының КПСС XXIII съезі атындағы совхозының директоры, саяси баяндамашы

Егер шаруашылықтың банкке қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кредиттері үшін берешегі үш миллион сомдай құрап отырса, оны жайлы деп есептеуге бола ма? Мен осыдан төрт жыл бұрын қабылдаған совхоз финанс тұрғысынан ауыр жағдайда еді, дегенмен оғаштау болса да, ол өбден жайлы шаруашылық деп есептелді.

Бұдан былай қалай өмір сүруіміз керектігі туралы мәселе партия жиналысына ұсынылды. Онда ұзақ та өткір әңгіме қозғалды. Оның мәні мынаған сайды: экономикалық механизмді мүмкіндігінше белсендірек іске қосу үшін шаруашылықты жүргізудің экстенсивті әдістерінен бас тарту керек. Күріштің шығымдылығын, оның товарлы сапасын көтеру, ал күріш ауыспалы егістігіне күздік бидай егісін енгізу ұйғарылды. Осы істі жеделірек атқару үшін Өзбек ССР-інің Күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтымен тиянақты іскер қатынасты жолға қойдық, ол бізге сапалы тұқым беруге міндеттенді. Совхозда жемшөп дайындаудың жаңа прогрестік технологиясын да енгіздік.

Сонымен бірге біз күріш егістігін азайту қажет деген тұжырымға келдік. Егіс көлемін кеміту туралы айтуға ғана оңай! Аудандық басшылар әрбір сотық жер үшін «айғай» шығарады. Қазақтың егіншілік ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарымен бірлесіп жасаған есептеулеріміздің көрсеткеніндей, күздік бидай егістігін ауыспалы егіске енгізсек, біз ештеңеден ұтылмаймыз. Өйткені күріштен кейін егілген күздік бидай гектарына 40—50 центнерден өнім береді. Ал ең басты ұтыс — жердің құнарсыздандыруына соқтыратын дара дақыл егістігінен бас тарту, оның үстіне жылына 600—620 миллион текше метр су үнемделеді. Біздің облысымыздың жағдайында бұл өте-мөте маңызды, егер біз суды бағалай білуді үйренбесек, экологиялық апаттың алдын ала алмаймыз.

Совхоз қызметкерлері адамдардың жеке мүддесін күшейтіп, адамға жердің қожайыны сезімін оралту тұрғысынан біраз ойланды. Мұнда жол ең алдымен аренда арқылы өтеді. Біздің ардагерлеріміз бұл тұрғыдан бірінші болып «барлау» жасады. Мәселен, егіс бригадасының бригадирі, Социалистік Еңбек Ері Арапбек Әбиев алғашқылардың бірі болып бүкіл жаңа ауыспалы егіске арналған аренда туралы келісім жасасты. Оның бригадасында іс ойдағыдай өтіп жатыр, тек күздік бидайдың шығымдылығы гектарына 40—50 центнерден құрайды. А. Әбиевтің үлгісін партия мүшелігіне кандидат А. Тұрғанбаев та қостады, оның бригадасы арендаға ауысты.



Совхоз партия комитетінің ұйымдық жұмысы шаруашылық есеп қатынастарына ауысуға белсенді түрде көмектесті. Партия жиналыстарында, саяси оқу жүйесіндегі сабақтарда, шаруашылық жұмысшыларымен әңгімелерде шаруашылық есеп қатынастарын түсіндіріп, оларды енгізу қажеттігіне цифрлар арқылы иландырдық.

Осы жұмыстың түпкі нәтижесі қандай? Біздің бүкіл кредитті өтеуіміздің сәті түсті. 1986 жылы 420 мың сом, 1987 жылы —646 мың сом, ал өткен жылы — 1 миллион сомнан астам пайда алдық.

Мал шаруашылығының да зиян шегуі тоқталды. Бізде мал бордақылауда семьялық звенолар жұмыс жасайды. Мәселен, Бегалы Тұрсынбаев әйелі Рәбиямен бірге еңбек етеді. Олардың қарауында 270 мал бар. Мал жақсы күтіліп, жедел салмақ қосуда. Екінші бір звеноны комсомолец Айназар Әлімбетов басқарады. Онымен бірге анасы мен інісі еңбек етеді. Олар малды интенсивті бордақылауға мамандануда. Орташа салмағы 100 килограмдық бұзаулар 2—3 айдан кейін 400 килограмм тартады. Демек, ол

Digitized by Google

облыстағы малдың орташа тапсыру салмағынан аса жоғары.

Әлеуметтік мәселе қиындау шешілуде, ал осы мәселелер тым қордаланып қалған еді. М. С. Горбачевтің КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы март Пленумында жасаған баяндамасында айтылған «Осы мақсаттарға бөлініп жатқан ресурстар деревняның қаладан ұдайы артта қалып келуін жоюға мүмкіндік бермегенін мойындау керек. Селода медициналық, сауда және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету әлдеқайда нашар, ал тұрғын үй қорының техникалық жарақтандырылуы қаладағы тұрғын үй қорларынан 2—5 есе артта қалып қойған» деген сөздерді біздің шаруашылығымыз қуаттай алады. Біз қосымша қаржы бөлінуін күтіп отырмадық, коммунистердің, депутаттардың, бүкіл халықтың селоны қайта құруға белсене араласуларына өтініш жасадық. Сөйтіп жұмыс басталып кетті. Осы істе Миялы ауылдық Советіміздің көмегін жете бағалау қиын. Бірлесе поселкені жайластырып, жол салудамыз. Екі жыл ішінде поселкелер арасында аз-кемі жоқ 10 километр қатқыл табанды жол төседік.

Тюмень облысы Мамлют орман өнеркәсібі шаруашылығының коллективімен достық одақ көп нәрсе беруде, біз оларға пішен береміз, ал олардан бұл үшін ағаш аламыз.

Жас семьяларға жәрдем жасаудамыз. Оларға 25 құнажын бөлдік, селода меншікті малсыз тұруға болмайды ғой. Біздің тоған шаруашылығымыздың айдыны 50 гектар және Ескендір Тоққожаевтың, арендалық звеносы село тұрғындарының столына жас балық береді. Ал «Тұрғын үй-91» программасын орындау қарқыны бізді онша қанағаттандырмайды. Өткен жылы жоспарланған алты үйдің төртеуін ғана тапсырдық. Иә, менің өзім де бұған әрдайым тиісті көңіл бөлмедім, инициативалы адамдарды іріктей алмадым. Қазір олқылықты түзеуге тура келеді.

Клубты қайта құру үшін астаналық «Өнер» кобинатымен 60 мың сомға шарт жасастық. Совхоз ауруханасын күрделі жөндедік. Рас, дәрігерлер әзірше жетіспейді. Олардың келуін күтеміз және келісімен-ақ дәрігерлердің тұрғын үй алатынын хабарлайын.

Бертінде совхозда жаңа асхана аштық. Енді мұнда семьялық салтанаттар, үйлену тойлары өтеді. Ардагер Сейітжан Үсеновті атау жерлестерінің есінде ұзақ сақталады деп ойлаймын. Күрішшілер звеносының жетекшісін пенсияға шығарып сала отырып, жерлестері оған көптеген ізгі тілектер айтты, бағалы сыйлық тапсырды. Иә, жастарды да ұмытпаймыз. Бізде шаруашылық жылын аяқтағаннан кейін қорытындыны шығарып, таңдаулыларға тегін туристік жолдамалар тапсыру қалыптасты. Жыл сайын 15-ке дейін адам ел бойынша саяхат жасайды. Селомыздан жастардың кетіп қалмауы да тартымды.

КПСС Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін талқылай отырып, коммунистер мен партияда жоқтар өз жұмыстарына сын көзбен қарады. Демек арендадан біршама тәуір алғашқы қорытындылар алынды. Дегенмен кейбір қызметкерлерімізде тоқмейілсушілік пейілі пайда болды. Ал бұл оралғы жасайды. Қазір совхозда құрылысшылар мен жөндеушілерді арендаға ауыстыру тұрғысынан жұмыс жүргізілуде. Бұл олардың өндірісіндегі реттілікке көмектеседі. Ең бастысы — жаңа ауыспалы егістікті батылырақ енгізуіміз керек. КПСС Орталық Комитетінің Пленумы басшылықтың қысым жасау әдісін үзілді-кесілді айыптаған қазіргі уақытта коллективімізде РАПО қызметкерлері бізге тосқауылдар қоймайды, суармалы жердің қайтарымын жедел көтере аламыз деп үміт етеді.

Үстіміздегі жылға да қауырт межелерді белгіледік. Біз 1,5 миллион сом таза пайда алу межесіне шықпақшымыз. Нені есебінен? Ең алдымен дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру есебінен бұған қол жеткіземіз.

Басқару аппаратын қысқартуды жоспарлаудамыз — бухгалтерлер штатын, мәселен, тең жартысына азайтамыз.

Одан әрі 10 километр су құбырын тартып, бүкіл поселкені сумен қамтамасыз ету керек.

Ал қайта құру менің өзіме не берді? Шаруашылық есепке, арендаға ауысуға орай, перспективаға көбірек жұмыс жасап, ұзақ мерзімді істерді жоспарлаймын. Егер адалын айтсам, маған мұндай жұмыс көбірек ұнайды.

Жаңақорған ауданы,
Қызылорда облысы.

● 1985 жылы КПСС XXIII съезі атындағы совхоздың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кредиттер үшін банкке берешегі үш миллион сомдай құрады. Арендаға ауысуға сәйкес бүкіл кредит өтелді. Ал өткен жылғы пайда бір миллион сомнан асты.

● Қызылорда облысында алғаш рет мұнда күріш ауыспалы егістігіне күздік бидай егісін енгізе бастады, мұның өзі суармалы гектар қайтарымын арттырып, жылына 600—620 миллион текше метр суды үнемдейді.

Digitized by Google

КЛУБТАР КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Қостанай облысында үстіміздегі бесжылдықтың үш жылы ішінде совхоздардың орталық усадьбаларында 19 мәдениет үйі және бөлімшелерінде —55 клуб салынды. Осы уақыт ішінде 65 мәдениет мекемесі қайта құрылды. 48 кітапхана жайлы үйлерге көшірілді. Бүгінде бізде мәдениет мекемесі жоқ бірде-бір елді мекен кездеспейді.

Физкультура-спорт жұмысының базасы да едәуір нығайды. Егер 1985 жылға дейін облыста жаңа типті бірде-бір стадион болмаса, енді үш жыл ішінде селоларда 54 стадион салынды, олардың жартысында жасанды жамылғылар төселген жүгіру жолдары, шешінетін жылы бөлмелері, трибуналары, электр жарығы, ойын алаңдары бар және тағы да он стадион құрылысы аяқталуға таяу,

Осы фактілердің өзі-ақ облысымызда көптеген жылдар бойы жанама іс деп есептеліп келген мәдениет және бос уақыт жүйесіне деген қатынастарда белең алған өзгерістер туралы әңгімелейді деп ойлаймын. Өндірістік жоспарларды орындау басты мәселе болып келді, ал адамдардың рухани, мәдени сұранымдары туралы сирек еске алынатын. Осындай жете бағаламаушылықтың салдары көп күттірген жоқ: село адамдары азайып, жастар қалаға кете бастады. Маскүнемдік және басқа келеңсіз құбылыстар көбейді. Осыдан өндіріс зардап шекті, сөйтіп өмірдің өзі көптеген шаруашылық қызметкерлері мен қоғамдық ұйымдарды село адамдарының мәдениетіне, спортына, бос уақытына, тұрмыстық жағдайына көңіл бөлуге мәжбүр етті.

Осы мәселелердің бәрін шешуді нақты қолға алуды өктем талап еткен қайта құрудың бүкіл барысы оларды ұғынуды жеделдетті. Демек М. С. Горбачевтің КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы март Пленумында айтқанындай, «деревняны әлеуметтік жағынан қайта құру мектептерді, ауруханаларды, мәдени, спорт мекемелерін, сондай-ақ сауда және тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарын кеңінен салуды қамтиды».

Облысымыздың селоларындағы мәдени құрылыс енді жоспарлы жүргізілуде. 1986 жылы селолық клубтар мен мәдениет үйлеріиің жүйесін дамыту программасы талдап жасалды, ол облыстық партия комитеті бюросы мен облыстық атқару комитетінің бірлескен қаулысымен бекітілген еді. Онда халықтық құрылыс әдісіне, совхоздар мен колхоздардың, қамқорлық жасаушы ұйымдардың күшін, жастарды және барлық адамдарды кеңінен тартуға баса көңіл бөлінді. Жітіқара, Қамышин, Наурызым аудандарының басшылары, еңбек коллективтері программаны орындауға зор жауапкершілікпен қарауда, онда көптеген шаруашылықтарда біршама жақсы мәдени-тұрмыстық жағдайлар жасалған. Комсомол ұйымдарының мәдени-спорт құрылыстарына қатысуы туралы айрықша айтқымыз келеді. Облыстық комсомол комитетінің инициативасымен енді өлеуметтік, мәдени-тұрмыстық құрылыстарда сенбіліктер жүйелі өткізілуде. Қарапайым спорт алаңдарын жасау жөніндегі айлық нәтижелі болып шықты.

Алайда мәдениет үйлерінің, клубтар мен стадиондардың болуы жетімсіз. Адамдар хабардарлығының, рухани және мәдени сұранымының қазіргі деңгейі барысында оларды мұнда келтірудің өзі оңай емес, демек мұнда жаңа тартымды, қызғылықты нәрселермен баурамаса үндеулер де, алқызыл ұрандар да көмектесе алмайды. Демек көп иәрсеиің сәті түсетінін айту керек. Мәселен, «Тың» спартакиадасы орнықты. Олар совхоздар мен колхоздар бөлімшелерінде басталып, сосын орталық усадьбалар мен аудан орталықтарында жалғасады. Тұрғындар оған өзірлене отырып, спорт ғимараттарын ретке келтіреді, жаңаларын тұрғызуға көмектеседі. Спартакиадалардың өздері жарқын, бұқаралық мерекеге ұласады, онда күш сынасумен қатар мәдени программамен танысады.

Клубтар мен мәдениет үйлері өз қызметінің аясын кеңейткенін атап өту орынды, шараларды тікелей өндірісте, мал шаруашылығы тұрақтарында немесе егіс бастарында көбірек өткізеді.

Халық творчествосының Бүкілодақтық III фестивалі жаңа серпін берді. Талапкер творчествоның дәстүрлі ұлттық жанрларын дамыту, фольклорлық ансамбльдерді құру, оған халық таланттарын кеңінен тарту оның өзіндік көрінісі болып табылады. Байқаулар мен конкурстарды өткізу барысында мемлекеттік органдардың кәсіподақ және комсомол ұйымдарымен байланыстары нығайды. Егер бұрын талапкер творчествоны дамытуда оралымсыздықтар, қайталаушылық көбірек ұшырасып, ведомстволық қатынас басым болып, бұл олардың тиімділігін кемітсе,

Digitized by Google

енді соңғы жылдары фестивальдар мен байқауларды бірлесіп өткізу жағдайларында ведомстволық кедергілер қыруар жойылды, күш-жігер мен қаржы толығынан әрі ұтымды пайдаланыла бастады, әйтсе де мұнда да көптеген кемшіліктер әлі де азаймай отыр.

Бізде мәдени және спорт кадрлары туралы көбірек қамқорлық жасалуда. Облыстық комсомол комитеті идеология бөлімінің инициативасы бойынша оларды моральдық жағынан мадақтау шаралары ойластырылды. Олардың таңдаулыларының суреттерін қазір облыстық және аудандық Құрмет тақталарынан көруге болады. Өндірістік коллективтердің социалистік жарысының қорытындысын шығару барысында олардың үлесі көрсетіледі. Облыстық және аудандық газеттер олар туралы көбірек жаза бастады. Демек адамдар осындай қамқорлық пен көңіл бөлуге үн қатуда. Мәселен, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Жітіқара аудандық Мәдениет үйінің методисі Мария Федоровна Полулях өзінің сүйікті ісіне қаншама күш жұмсайды. Мына бір жағдай оның іске деген қатынасын өңгімелейді. Ол селолық клубта жұмыс істей жүріп, көптеген жылдар бойы өзінің үй іргесіндегі учаскесінде гүл өсірді, ал гүл шоқтарын совхоз жұмысшыларына — социалистік жарыс жеңімпаздарына салтанатты жағдайда тапсыратын. Наурызым аудандық Мәдениет үйінің республиканың еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Ғазиз Манайдаров жетекшілік ететін халықтық вокальды-аспаптар ансамблін шалғай елді мекендерде біледі. Ансамбльге қатысушылар селолар мен шалғай тұрақтарға шыға отырып, таланттарды іздейді, оларда талапкер көркемөнерді құруға көмектеседі. Қостанай ауданы Семенов селолық клубының директоры, республиканың еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Ольга Антоновна Гарвард жерлестері арасында аса беделді, ал клубты тәрбие орталығы деп толық негізде атайды. Мұнда село істерінің бәріне жедел үн қататын үгіт бригадасы бар, мүдделілік бойынша үйірмелер мен клубтар. кинолекторийлер бұқаралылығымен ерекшеленеді. Мәдениет майданының энтузиастары туралы өңгімені одан әрі жалғастыра беруге болады.

Селоға мәдени қамқорлық жасау да белсенді дамып келеді. Е. Өмірзақов атындағы облыстық филармония коллективі осы істер үшін жылы лебізге лайықты. Филармония директоры В. В. Рыдченконың жетекшілігімен артистер концерттік программамен селоларға барумен шектелмейді. Олар бірнеше клубтар мен мәдениет үйлеріне қамқорлық жасайды, оларда талапкер көркемөнер коллективтерін ұйымдастыруға көмектесті. Селолық мәдени-ағарту қызметкерлерінің тікелей филармонияда стажировкадан өтуі де өте пайдалы болуда. Облыстық тарихи-өлкетану музейінің (директоры Н. О. Балекенова) коллективі де қамқорлық жасау жұмысына барынша мақсатты қатысады. Камышин ауданы мен Рудный қаласының Е. В. Аверин жетекшілік ететін «Горняк» мәдениет және техника сарайының мәдени-ағарту қызметкерлері көп жылдан бері творчестволық достық одақ туралы шарт негізінде жұмыс істеп келеді. Облыс аудандарының біріде қалалық мәдениет мекемелері мен профессионал коллективтер күшімен жыл сайын фестивальдар өткізіледі.

Алайда партияның жаңа талаптарына сай қамқорлық жұмыста пайдаланылмаған мүмкіндіктердің де көп екенін біз көріп отырмыз. Әлі де көптеген коллективтер одан сырт қалып келеді, демек, қазір облыстық мәдениет басқармасы қамқорлық жасау жөніндегі комиссиямен бірлесіп, сол немесе басқа бір коллективтің селоға не бере алатынын зерттеуде.

Партия, кәсіподақ және совет органдары совхоздар мен колхоздар бөлімшелерінің, шалғай мал шаруашылығы учаскелерінің тұрғындарына нақты мәдени қызмет көрсетуді ұйымдастыруды қолға алуда. Урицикий ауданында қызықты тәжірибе қалыптасуда, онда аудандық ұйымдардың қатысуымен шағын селолар мерекесі өткізіле бастады. Оған әзірлік барысында елді мекендер жайластырылып, көгалдандырылады, мәдени-бұқаралық және спорт-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға көмек көрсетіледі. Қазір облыс аудандарының тең жартысы осындай жұмыс жүргізуде.

Әйтсе де, «шағын селолар» проблемасы — бұл біз үшін әлі игерілмей жатқан «тың» деп айтуға болады. Демек оған түрлі жақтарынан кірісу — автоклубтар жұмысы деңгейін көтеру, бөлімшелерде мәдениет ошақтары мен спорт залдарын және спорт алаңдарын құру, селолық және аудандық клубтардың филиалдарын т. б. ұйымдастыру керек болатын шығар. Ал Орджоникидзе ауданы «Покровский» совхозының және Обаған ауданы СССР-дің құрылуының 60 жылдығы атындағы совхозының директорлары В. К. Столбунов пен А. И. Бородин мынадай шешім ұсынды. Олар бөлімше тұрғындарының совхоз Мәдениет үйіндегі, сондай-ақ аудан және облыс орталықтарындағы концерттерге, спектакльдерге баруы үшін оларға жайлы автобус бөлді.

Әрине, біздің облысымызда селоға мәдени қызмет көрсету деңгейін арттыру үшін әлі де көп нәрселер жасауға тура келеді.

Сонымен бірге әлі де қаншама мәселелер шешілмеген күйінде қалуда, демек

Digitized by Google

олардың ең ірісі — клуб қызметкерлерінің жетіспеушілігі. Олардың тек үштен бірінің ғана жоғары білімі бар. Осыдан барып іс ақсауда. Өзара сын тұрғысынан мынаны мойындау керек: біз кадрларды тұрақтандыру үшін не керектің бәрін жасай бермейміз. Мәселен, жақсы жұмыс істегені үшін үкімет қарастырған 30 процеңттік үстеме ақыны тек 14 мәдени-ағарту қызметкері ғана алады. Көптеген шаруашылық басшылары бұл түрғыдан асығар емес, ал жергілікті Советтер сырттай бақылаушылар позициясында қалып отыр.

Алайда кадрларға байланысты қиыншылықтар тек бізде ғана емес, сондай-ақ көрші облыстарда да бар. Өйткені бізге ең жақын Челябинскінің мәдениет институтының бізге өгейсіне қарайтыны, ал Шымкент институты түлектерінің ауа райы салқын біздің аймаққа келе бермейтіні құпия емес қой. Демек сайып келгенде, Қазақстанның солтүстік аймағында мәдениет мамандарын даярлау жөніндегі жоғары оқу орнын ашу мәселесін шешу қажет.

Селоларға арнап, кадрлар даярлайтын ауыл шаруашылық, педагогика және басқа жоғары оқу орындарында әрбір жас маман шаруашылыққа келісімен селоның мәдени және рухани өміріне өзінің үлесін қоса алатындай етіп студенттерді қоғамдық кәсіпке оқытуды жақсы жолға қою керек.

Біз селоға жұмысқа келетін адамдардың қаладағы пәтерін сақтауына көп үміт артамыз, ол туралы КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы март Пленумында айтылды. Демек осы тәртіпті мәдениет қызметкерлері мен физкультура-бұқаралық жұмысты ұйымдастырушылар арасында да тарату керек.

Еліміздегі физкультура мен спортты басқару құрылымын жетілдіру туралы ойластыратын уақыт жетті. Демек тек біздің Қостанай облысымызда ғана оларды дамыту мәселелерімен бес ведомство айналысады. Сайып келгенде, мәдениет пен спорттың адамдардың күнделікті өміріне шын мәнінде еніп, біздің болмысымыздың міндетті элементіне айналуы үшін біздің бәріміз — партия, совет, кәсіподақ қызметкерлері, шаруашылық басшылары, активтің үлкен бөлігі, осы істі түсініп, ұнатуға, тек ұрандай бермей, сонымен бірге оның қиын проблемаларын төзімділікпен шеше білуге тиіспіз.

В. РЕМЕЗОВ,
халық депутаттары Қостанай облыстық Советі атқару комитеті председателінің орынбасары.

ҚАЗАҚ ССР СТАТИСТИКА ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

СЕЛО МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАЙЫҚ

Мемлекеттік ститистика органдары 1988 жылғы 1 январьға дейін селолық жерлердегі қызмет көрсету жүйесі кәсіпорындары мен мекемелеріне тексеру жүргізді.

Тексеру көрсеткеніндей, республиканың село халқының 98 процентке жуығын қамтитын 8260 ірі елді мекеннен 7314 елді мекенде мәдени қызмет көрсетудің стационарлық және жылжымалы формалары болды. Сонымен бірге стационарлық қондырғылар 81 процент, клубтар мен мәдениет үйлері —76, киноқондырғылар — 69 процент болды. Сондай-ақ стационарлық кітапханалармен Жезқазған облысының елді мекендері (68 процент), Гурьев (71), Солтүстік Қазақстан (71), Шт (74) облыстары, клуб мекемелерімен, Маңғышлақ селолары (51 процент), Гурьев (56) және Шымкент облыстары (59), киноқондырғылармен (Гурьев (44), Шымкент (50), Жезқазған (57) және Қарағанды (67) облыстары өте нашар қамтамасыз етілді.

Селолық жерлерде клуб (негізінен киноқондырғыға қоса) пен кітапхана — әзірше негізгі және бірден-бір мәдениет мекемесі, сондықтан мұнда олардың қызметін ештеңемен алмастыру мүмкін емес. Алайда республиканың әрбір оныншы селосында қызметтің аталған түрлерінің өзі жоқ, мұндай елді мекендер әсіресе Шымкент облысында көп, онда — 154, Павлодар облысында —123, Талдықорған облысында —62, Орал облысында —58, Семей облысында — 54, Жезқазған облысында —50 село бар. Оның үстіне олардың басым көпшілігі ең таяу мәдениет мекемесінен 10 километрден астам шалғай орналасқан.

Осындай жағдайға қарамастан клубтар мен мәдениет үйлерінің құрылысы тым қанағаттанғысыз жүргізілуде. Тұтасынан республика бойынша 1988 жылы қаржыландырудың барлық қайнарлары есебінен оларды іске қосу жөніндегі жоспар тек 56 процент, Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті совхоздарында—62, колхоздарда — небары 52 процент орындалды, оның үстіне совхоздар мен колхоздар осы объектілер құрылысында тағайындалған лимиттің 64 процентін ғана пайдаланды.

Digitized by Google

ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ХРОНИКАСЫ

Қостанай. Мұнда облыстық партия комитеті КПСС Орталық Комитетінің «Политическое образование» журналымен бірлесіп шақырған «Саяси оқу және қайта құру, жаңа тұрпатты насихатшыны қалыптастыру» деген ғылыми-практикалық конференция болды.

Облыстық партия комитетінің бірінші секретары Н. Г. Князев конференцияда пікірталасты бастады. Оған қатысушылар бірқатар сындарлы ұсыныстар айтты. Олардың бірі — облыс орталығында идеология активистері телефон арқылы консультация ала алатын информация банкін құру.

Талдықорған. Лекторларға, насихатшыларға, саяси хабаршыларға және үгітшілерге арналған семинар-пікірталастар облыс аудандарының бәрінде өтті. Идеология активистері тек тыңдаушылар болып қоймай, өзекті проблемаларды талқылауға белсене қатысты. Бұл олардың қайта құру барысында орнығып жатқан жаңа қатынастардың мәнін тереңірек түсінуіне мүмкіндік берді. Ұлтаралық қатынастарды жетілдіру, экономикалық реформаны, семьялық және арендалық мердігерлікті жүзеге асыру, кооператорлар қызметін дамыту сияқты тақырыптар бойынша ауқымды пікір алмасылды.

«Білім» қоғамының облыстық ұйымы басқармасы мен І. Жансүгіров атындағы педагогика институтының ректоры В. Г. Салгаев бастаған оның оқытушылары кездесуді әзірлеп өткізуге белсене қатысты.

Жезқазған. Мұнда партия оқуы жүйесінің сабақты қазақ тілінде өткізетін насихатшыларының облыстық семинары болды. Онда саяси оқу ықпалын арттыру, қоғамдық пікірді зерттеп, қалыптастыру, ұлттық және ұлтаралық қатынастар т. б. мәселелер талқыланды.

Насихатшылар облыстық ұйымдар басшыларымен кездесті. Осы кездесулер барысында облыстың әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуы мәселелері жөнінен толымды хабарлар алынды. Саяси оқу үйі кітапханасының қызметкерлері насихатшыларды оның қоймаларындағы әдебиеттермен таныстырды. Облыстық музыкалық-драма театрының артистерімен кездесу қызықты өтті.

Қарағанды. «Киров» шахтасында «Современник» пікірталас клубы жұмыс істейді. Экология оның кезекті мәжілісінің тақырыбы болды. Пікірталасқа клуб мүшелеріне, шахтаның жастарына, комсомолецтеріне қоса Қарағанды политехника институтының ғалымдары, облыстық сани-эпидстанцияның мамандары, насихатшылар қатысты.

Біздің аймағымыздың аса өткір экологиялық проблемалары талқыланды. Әуе және су айдындарының жағдайын жақсарту жөнінде бірқатар қызықты ұсыныстар түсті. Шахта комсомолецтерінің айналадағы ортаны ластанудан сақтауға ықпал жасайтын инициативалы топ ұйымдастыру, экологиялық сенбіліктер мен жексенбіліктер өткізу туралы ұсынысы қабылданды.

Қызылорда. Мұнда творчестволық интеллигенция мен бейнелеу өнері шеберлерінің облыстық семинар-кеңесі өтті. Оның жұмысына облыстың атақты суырыпсалма ақындары, жазушылары, суретшілері, композиторлары, архитекторлары, ісмер шеберлері, фото және кино әуесқойлары, журналистері, партия және совет қызметкерлері қатысты. Қазақстан Компартиясы облыстық комитетінің секретары О. С. Сапиев «Облыстың творчестволық күштерін қайта құрудың қазіргі кезеңіндегі міндеттері туралы» баяндама жасады.

Семинарға қатысушылар облыстың творчестволық күштерінің қайта құруға, еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беруге қосар үлесін арттыруға бағытталған көптеген ұсыныстар айтты. Творчестволық одақтардың облыстық бөлімшелері қызметі өткір сыналды. Жас таланттардың өсуіне көбірек көңіл бөлу қажеттігі туралы айрықша айтылды.

Алматы. Алматы рудалы емес материалдар комбинатының директоры, саяси семинар насихатшысы Т. С. Асанов «Еңбекшілердің саяси және экономикалық оқуы жүйесін қайта құру туралы» КПСС Орталық Комитетінің қаулысын орындауға өзінің жеке қатысуы туралы Талғар аудандық партия комитетінің бюросында есеп берді. Ол өз тәжірибесін жас насихатшылармен еркін алмасады, демек ол кәсіпорындағы экономикалық жаппай оқу жөніндегі советтің председателі бола отырып, кәсіптік шеберлігі мен экономикалық білім деңгейін көтеруге ұмтылады.

Сонымен бірге бюро бірқатар сын-ескертпелер де айтты. Ленин шығармаларын, партия документтерін тыңдаушылардың бәрі бірдей терең оқи бермейді. Николаев және Қаншағай учаскелерінің социалистік шаруашылықты жүргізу мектептерінде формализмнен арыла алмай келеді. Экономикалық білім кабинеттерін насихаттың техникалық құралдарымен жарақтандыру туралы қамқорлық жасау ұсынылды.

Digitized by Google

ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ТОВАРЛАР КӨП БОЛСЫН

Журналымыздың тілшісі Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті председателінің орынбасары Анатолий Анатольевич ШАЛВАРОВПЕН әңгімелесті.

— Республика жеңіл өнеркәсібіндегі істің жайы туралы әңгімемізді нақты мысалдан бастағым келеді. Шымкенттік «Восход» тігін фабрикасының басшылары бірде қазақ телевизиясы бойынша сөз сөйлеп, өз өндірістерінен ғана шыққан костюмдерді сатып алатындықтарын... мақтанышпен ескертті.

— Иә, шымкенттіктердің сауда маркасы өте-мөте жоғары, ешбір әсіреле-мей-ақ бұл тұрғыдан былай деуге болады: олардың бұйымдары отандық және шетелдік таңдаулы үлгілерден қалыспайды. Тұтынушы да бұған дереу үн қатады — олардың өнімдері магазин сөрелерінде жатып қалмайды. Ал тігіншілер, өз тарапынан, ықғайлы, сәнді әрі онша қымбат емес киімдерді шығара отырып, олардың түр-түрін ұдайы жаңартуда. Бұл үшін олар, жаңа модельдерді игерумен қатар өндірісті қайта құрып, кеңейтуде. Бүгінде олар былайша айтқанда, қаншама тұтынушылар талғамын қанағаттандыратын ерлер мен әйелдер костюмдерінің қырыққа дейін моделін шығарады. Қайта құру нәтижесінде балалар костюмдерін шығару жылына 350 мың, әйелдер костюмдері — 200 мың және балаларға арналған шалбар — 430 мың данаға көбейеді. Міне, бұл сүбелі үстеме!

— Сірә, өзгерістер жалғыз «Восходты» қамтып отырмаған болар?

— Әлбетте. Үміт етерлік өзгерістер Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің көптеген кәсіпорындары мен бірлестіктерінде баршылық. Және олар экономикалық механизмді қайта құрумен, қоғамды демократияландырумен, жариялылықпен, саланың 1987 жылғы 1 январьдан толық шаруашылық есепке және өзін-өзі қаржыландыруға ауыстырылуымен тікелей байланысты.

Өткен жылы мемлекеттік заказ бесжылдық тапсырмасына қарағанда маталың тоқылмайтын материалдар түрі, мақта-мата мен жүн мата, кілемдер мен кілем төсеніштері, шұлық-ұйық, тоқыма, тігін бұйымдары, былғары аяққиім, фарфор-фаянс ыдысы жөнінен асыра орындалды.

Министрлік өндірісті, ғылым мен техниканы дамыту қорына 95 миллион сом — 1987 жылға қарағанда 3 еседей көп қаржы алды, сөйтіп, мәселен, жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды техникалық жағынан қайта жарақтандыруға 40 миллион сомды дерлік пайдалана алды. Ал 1988 жылы әлеуметтік даму қорына 77 миллион сом бөлінді.

Оң өзгерістер туралы айта отырып, мен, әлбетте, салада өтіп жатқан процестердің біржақты еместігін де, үлкен қиындықтар мен ауыртпалықтарды да көремін. Былтыр жібек мата беру жөніндегі мемлекеттік заказ орындалмады. Басқа салалар да оралғы жасауда. Демек киіз байпақ, мебель, кір жуатын машина шығару жөніндегі тапсырма орындалмай отыр. Бізде товарлармен қамтамасыз етуде елеулі өзгерістер бола қоймағанын тура айту керек.

Аяққиім тігушілерге өте көп реніш айтылды. Бесжылдықтың үш жылы ішінде Қостанай аяққиім фабрикасының өзі бір миллион 250 мың аяққиімді, негізінен балалар аяққиімін бермеді. Тігін кәсіпорындарының потенциалы соншалық толығынан пайдаланылып отырған жоқ.

Әрине, жеңіл өнеркәсіп коллективтерінің жұмысында қиындықтар, ауыртпалықтар көп. Ең алдымен, жабдықтарды жаңғырту талап етіледі, өндірістік орындардың тым жетіспеушілігі сезілуде, әлеуметтік жүйе: тұрғын үй, бала бақша, жатақхана тым артта қалуда. Соншалықты жеңіл емес осы мәселелердің бәрі республикада халық тұтынатын товарлар өндіруді жедел үдетудің комплексті программасын талдап жасау барысында ескерілді. Ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің инициативасы бойынша қабылданды. Оны жүзеге асыру жөнінен қазірдің өзінде көп нәрсе жасалды. Демек, жаңа технологиялық жабдықтың 4,4 мыңнан астам өлшемі орнатылды. Техникалық прогресс жөнінен 300-дей шара жүзеге асырылды. Өндіріс көлемі бесжылдықтың есепті цифрларына қарағанда 73 миллион сомға өсті. Сменалық коэффициент артты, үшінші сменада жұмыс істеушілер көбейді. Қазір 1987 жылғы 13 мың адамның орнына 16 мың адам жұмыс істейді. Өндірістік қуаттар резерві жақсы пайдаланыла бастады.

Программаның өзекті тармағы — халыққа арналған товарлар шығару жөнінен 115 жаңа өндіріс пен цех құру.

— Республиканың көптеген ми-

---

11 июнь — Жеңіл өнеркәсіп қызметкерлері күніне.

Digitized by Google

нистрліктерінің кәсіпорындары мен ведомстволары бұған қосылды ғой...

— Иә. Товарлар өндірісі шын мәнінде бүкіл халық шаруашылығының ісіне айналуда. Басқаша болу мүмкін емес еді. Істің мәні мынада: Жеңіл өнеркәсіп министрлігі көп сменалық режим барысында өзінің өндірістік қуаттарымен халықтың осы өнімдерге деген қажетін тиімді норманың 50—60 проценті мөлшерінде ғана қанағаттандыра алады. Іс жүзінде барлық салаларды бұған тарту керек, қазір осылай жасалуда да. Үстіміздегі бесжылдықтың өзінде Қазақ ССР Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті кәсіпорындарына ғана қосымша товарлар өндіру жөнінен 300 миллион сомға тапсырма тағайындалды. Бірқатар облыс орталықтарында еңбек резервтері қоғамдық өндірісте жеткілікті пайдаланылмайтын еңбек ресурстары бар шағын және орташа қалалар мен поселкелерде жаңа өндірістер құру қарастырылған.

Одақтық үкімет республикаға үлкен көмек көрсетті, ол 115 модуль, негізгі материалдық ресурс пен күрделі қаржы бөлді.

Жаңа өндірістерді іске қосу қуаттарды 150 миллион сомнан астам, соның ішінде тігін бұйымдарын — 54 миллион сомға, трикотаж бұйымдарын — 3,5 миллионнан астам данаға, аяқкиімді — 1,7 миллион парға дерлік, мебельді — 14 миллион сомға арттыруға көмектеседі. Балалар товарларына деген сұранымды барынша толық қанағаттандыруға айрықша мән берілуде.

Үкімет шешімдеріне сәйкес күрделі-техникалық товарлар өндірісі қыруар ұлғаюда. Демек Шығыс Қазақстанда, Павлодарда және Алматыда шағын көлемді кір жуатын машиналарды шығару игерілді. Ақтөбе мен Алматыда — автомобильдердің басалқы бөлшектерін шығару басталды. Қарағандыда тоңазытқыштар, Павлодарда, Қарағанды мен Петропавлда жеңіл автомобильдерге арналған тіркемелер, Оралда, Қарағандыда және Шымкентте шаңсорғыштар, Алматыда — тігін машинасы, машина жасау, жергілікті өнеркәсіп, Автомобиль жолдары министрлігі, т. б. кәсіпорындарында электр товарлары өндірісін ұйымдастыру туралы мәселе шешілуде.

— Жаңа өндірістер жасау программасы қалай орындалуда?

— Алғашқы 15 цех пен модуль өнім шығара бастады. Алайда, оларды іске қосу жөніндегі тапсырма орындалмады. Ұйымдық мәселелерді шешуде барлық жерде бірдей, соның ішінде Жеңіл және Жергілікті өнеркәсіп министрліктерінде, Гурьев, Қарағанды, Семей, Павлодар облыстық атқару комитеттерінде инициатива, табандылық көрсетілмеді. Модульдер құрылысында СССР Министрлер Советінің резервтік қорынан берілген 15 миллион сом игерілмеді.

Іске қосылмаған фабрикалар, цехтар үшін кім жауап береді? Әрине, жергілікті өкімет органдары, халық тұтынатын товарлар шығару жөніндегі цехтар құрылысы жөніндегі шешімді ұзақ жылдар бойы елемей отырған, мәселен, Алматы ауыр машина жасау заводы секілді кәсіпорындар басшылары бұған жауап береді. Демек, басты кінәні, әлбетте, республиканың Мемлекеттік құрылыс комитеті өзіне алуға тиіс. Ол өткен жылы жеңіл өнеркәсіп объектілерінде 26 миллионнан астам сомның құрылыс-монтаж жұмыстарын немесе жоспарланған мөлшердің 50 процентін игере алмады. Біздің есептеулерімізбойынша,құрылыста орын алған артта қалушылық таяудағы екі жылда 12,8 миллион дана тоқыма бұйымдарының, 80 миллион шұлық-ұйықтың, 2 миллионнан астам былғары аяқкиім мен киізбайпақтың, 2 миллион сомның дерлік тігін бұйымдарының кем берілуіне соқтырады. Целиноград иіру-тоқыма фабрикасының қуаттары іске қосылмады. Алматының «Жетісу» өндірістік бірлестігінің жылына 1,5 миллион пар аяқкиім шығаратын № 1 филиалын, Ақтөбеде, Қаратау мен Қызылордада аяқкиім фабрикаларын, Теміртауда шұлық-ұйық фабрикасын кеңейту ұзаққа созылған құрылыстар болып табылады. Ал бес объектінің құрылысы жобалау документтерінің жоқтығынан жалпы басталмады. Үстіміздегі бесжылдықта бұған маманданбаған кәсіпорындарда іске қосу белгіленген 79 цех пен учаскенің нәбары сегізі салынды. Мұның бәріне, сірә, халыққа арналған товарлар өндірісі жүйесіне қосалқы іс ретінде қарау салқынының әсері болса керек. Түбірлі өзгерістерге қол жеткізу үшін нақты қадамдар жасау керек.

— Редакция почтасында бірқатар товарлар тапшылығынан туындаған сұрақтар тым жиі ұшырасады. Олардың алғашқы тобы — сабын мен жуу құралдары.

— Біздің республикамызда оларды өндіру өткен жылға қарағанда өсті және оларды сырттан көбірек әкеле бастадық. Дегенмен, экономистер тілімен айтқанда, рыноктық тепе-теңсіздік белең алды. Товарлардың күн сайын сөрелерде болуына күмән келтірген тұтынушылар оны сонша лықты көп алуда. Мұндай жағдайда сұраным теңестірілгенде жағдайдың қалпына келтірілетінін адамдарға түсіндіріп, тұтынушылармен жұмыс істей білмейміз ғой, деп ойлаймын.

— Екінші топ — тері-тон заттары, ықшамдап айтқанда, дубленкалар. Біздің республикамызда бұл үшін шикізат жеткілікті ғой...

Digitized by Google

— Көптен бері осы жайлы айтылып келеді. Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті, Жергілікті өнеркәсіп, Халық тұрмыс қажетін өтеу министрліктері және Қазақ республикалық тұтыну қоғамдары одағы жүйесінде цехтар құру туралы шешім қабылданған еді, бірақ осы ведомстволардың біреуі де тапсырманы орындай алмады. Оның себебі: арнаулы технологиялық жабдық жоқ. Оны ішінара жасау республика территориясында орналасқан бірқатар одақтық машина жасау кәсіпорындарына тапсырылды. Алайда олар іске кірісуге асығар емес. «Актюбрентген» бірлестігі, «Манкетживмаш», Жамбыл коммуналдық машина жасау заводтары «бөгде» ведомствоның заказдарын жалпы қабылдамайды. Қатынасты өзгерту, үзілді-кесілді өзгерту керек. Мұның сапасы төмен шикізат беретін агроөнеркәсіп орындарына да қатысы бар.

— Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің соңғы XIII пленумында тоқарлардың бөлшек бағасын негізсіз арттырғаны, халық көптеп сұрайтын арзан тоқарларды шығаруды қысқартқаны үшін Жеңіл өнеркәсіп министрлігі, оның кәсіпорындары, сонымен бірге жергілікті өкімет органдары тарапына өткір сын айтылды. Осыған орай қандай шаралар қабылдануда?

— Бұл шын мәніңде өткір мәселелер. «Кәсіпорындар «Н» индексімен тоқарлар шығаруды және шартты баға бойынша аса сәнді бұйымдар шығаруды үдеткенімен мұны олардың сапасын арттырумен әрдайым нығайта бермейді. Соның салдарынан Жеңіл өнеркәсіп министрлігінде өткен жылы өнім мөлшері жөнінен баға 4,4 процент өсті. Сонымен бірге қосымша үстемесіз өткізілетін тоқарлар бойынша өндіріс көлемінің жоспарлы мөлшерге қарағанда 0,5 процент немесе 11,6 миллион сомға кемуіне жол берілді.

Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Баға жөніндегі мемлекеттік комитет, Мемлекеттік сауда инспекциясы, басқа білікті ұйымдар, КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі бертінде қабылдаған қаулы талап етіп отырғанындай, осы мәселелерге қатаң бақылау қойды, қаулы бөлшек бағаны негізсіз арттыру практикасын мемлекеттер мен азаматтар мүддесіне қайшы келетін әрекет ретінде айыптады. Соңғы уақытта кәсіпорындарда тұтасынан бірқатар комплексті тексерулер жүргізілді, айыптылар жазаланды. Ішінара алғанда, Абай тігін фабрикасы, 1 Май атындағы Алматы өндірістік тігін бірлестігі, Дзержинский атындағы трикотаж бірлестігі, Жамбыл тігін фабрикасы, жергілікті өнеркәсіптің бірқатар кәсіпорындары туралы осылай деуге болады.

Көптеп сұралатын тоқарларды «азайтуға» келсек, расында өткен жылы республикада оларды өндіру көлемі кеміп кетті. Демек, қоспа жіп матасынан ерлер киімін шығару 74 процент, жүн жіптен тоқыма бұйымдарын шығару 88,6 процент қысқарды. Балалардың бағасы 20 сомдық жүннен жасалған костюмдерін шығару жоспарланған мөлшердің 89 процентін, ересек адамдарға арналған,бағасы 80 сомдық костюмдер — небары 37 процентін құрады.

Қазір осы мәселе де бақылауға алынды. Жеңіл өнеркәсіп министрлігі жүйесінде алғаш 1989 жылдан бері шығарылатын өнімінің бүкіл көлеміне емес, оның әлеуметтік қанағаттанбаушылықты білдіретін бөлігіне, яғни балалар тоқарларына, жастар мен егде адамдарға арналған тоқарларға мемлекеттік заказ енгізілді.

Оның үстіне үкімет екі қаулы арқылы халықтың аталған топтарына арналған арзан тоқарларды шығаруды ынталандыру үшін кәсіпорындар жағдайын жеңілдетті — олардың осы тоқарларды шығаруды молайтуға деген мүдделілігін арттырды. 1989 жылғы 1 январьдан балалар бұйымдарына және ересек адамдарға арналған бұйымдар үшін қолданылып жүрген көтерме бағаға үстеме қосылып, қымбат бұйымдармен бірдей мөлшерде пайда алу тұрғысынан оларды шығарудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін төмен бөлшек баға сақталады. Сондай-ақ кәсіпорындардың осы бұйымдарды жоспардан тыс шығарудан түскен пайданы өздерінде қалдыруына право берілді. Тоқарлардың осы тобы бойынша шартты баға мен бөлшек бағаға уақытша үстеме тағайындауға тиым салынды. Тұтасынан еліміз бойынша үстіміздегі жылы осы мақсатқа 3,7 миллиард сом немесе өткен жылға қарағанда 1,6 есе, ал республика бойынша тиісінше 55 миллион сом бөлінгенін ескертейік.

Үстіміздегі жылы Қазақстанда егде адамдарға арналған аяққиім шығаруды 123 процент, бағасы 15 сомға дейін жететін жастар аяққиімін — 110 процент, ересек адамдарға арналған, бағасы 100 сомға дейінгі пальтоларды 118 процент, бағасы 25 сомдық балалар пальтосын — 129 процент, бағасы 20 сомға дейінгі балалар костюмдерін — 1,7 есе көбейту белгіленуде.

Сайып келгенде, қабылданып жатқан шаралар халық тұтынатын тоқарлар өндірісіне байланысты жағдайды шұғыл жақсартуға көмектеседі. Демек, осыған қатысты адамдардың бәрі толық жауапкершілікпен жұмыс істеуге тиіс.


Әңгімені жүргізген Ю. ШАПОРЕВ.

Digitized by Google

ӘНІМ БЕРУ ТӘРТІБІ. ОЛ ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛУДА?

Экономиканы дамытудың қазіргі жағдайында кәсіпорындар мен ұйымдардың өнімдерді тағайындалған мөлшерде және номенклатура бойынша беру жөніндегі міндеттемені қатаң орындауы өндірісті интенсивтендірудің, халық шаруашылығының барлық саласының тиянақты жұмыс істеуінің шешуші факторларының бірі болып табылады.

Өткен бесжылдық жылдары ішінде шартты міндеттемелерді орындау деңгейін арттыру тенденциясы белең алды, егер 1987 жылы олардың құлдырап кеткенін ескермесек, оны төмендегі кесте сипаттайды:



1987 жылы шартты тәртіптің нашарлауы, ішінара алғанда, мемлекеттік қабылдау жүйесі жағдайында жұмыс істей бастаған кәсіпорындардың әзірленбеуінен болды. Аталған кәсіпорындар осы жағдайға ауысқанға дейін тұтасынан республика өнеркәсібіне қарағанда шартты міндеттемелерін жақсы орындап жүрді, ал сосын жағдай күрт өзгерді. Мемлекеттік қабылдау жүйесі сапасыз өнімдер шығаруға тосқауыл қойды. 1988 жылы ол 8 миллион сомның өнімін ақауға шығарды, ал өнім беруді орындау деңгейі де республикалық деңгейден 0,6 проценттік пунктке төмен болып шықты.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша республика кәсіпорындары мен ұйымдарының өнім беру жөніндегі тапсырманы орындауы 99,3 процент құрады, мұның өзі жалпы одақтық деңгейден 0,4 проценттік пункт жоғары. Әрбір тоғызыншы кәсіпорын (ел бойынша — әрбір алтыншы) міндеттемесін орындай алмады. Тұтынушылар 200 миллионнан астам сомның өнімін ала алмады.

Комплекстер	1988 жылы шартты міндеттемелердің орындалуы		
	Орындалу проценті	Міндеттемелерін орындамаған кәсіпорындар үлесі	берілмеген өнімдер, миллион сом
Қазақ ССР-і	99,3	10,9	200,3
Отын-энергетика	99,8	18,2	5,2
Металлургия	99,9	12,2	3,7
Машина жасау	97,7	36,2	60,4
Химия-орман	97,4	35,3	72,5
Агроөнеркәсіп	99,7	7,8	22,7
Әлеуметтік	99,7	13,1	10,4
Құрылыс	99,3	12,9	7,9

Көріп отырғанымыздай, ғылыми-техникалық прогресс көбінесе өзіне байланысты болып келетін машина жасау және химия-орман комплекстерінде шартты міндеттеме жөніндегі жағдай тым жайсыз болып шықты. Тұтынушылар алдындағы берешек 130 миллионнан астам сомды, яғни республикада берілмеген өнімдердің үштен екісін құрады. Мұның себептері көп. Бұл сабақтас кәсіпорындармен шаруашылық байланыстың және міндеттемелердің бұзылуы, өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудағы кемшіліктер, өскірген машиналар мен жабдықтардың болуы, барларының жеткілікті пайдаланылмауы, жаңа қуаттарды дер кезінде іске қосып, игермеу. Демек, Алматы ауыр машина жасау, «Поршень», «20 лет Октября» заводтарының, «В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» өндірістік бірлестігінің коллективтері көптеген мөлшердегі өнімдерді бермейді.

СССР және Қазақ ССР Жеңіл өнеркәсіп министрліктері мен Қазақ ССР Жергілікті өнеркәсіп министрлігінің кәсіпорындары халыққа 12 миллионнан астам сомның товарын, соның ішінде 1025 мың погон метр жібек матаны, 183 мың былғары аяқкиімді бермеді.

Сөйтіп, өнім беру тәртібін нығайту ісінде елеулі резервтер баршылық. Олар материалмен үздіксіз жабдықтауға, еңбектің прогрестік әдістерін енгізуге, жоғары ұйымдар мен облыстық атқару комитеттерінің тарапынан пәрменді, оперативті бақылау жасалуына саяды.

Л. КАРГАПОЛОВА,
Қазақ ССР Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті өнеркәсіп басқармасы бастығының орынбасары.

Digitized by Google

ЕТ КОНВЕЙЕРІНІҢ РЕЗЕРВТЕРІ

Республика ет өндіру мен дайындау жөніндегі тапсырманы үшінші жыл орындауда. Өткен жылы мемлекетке мал сату жоспарын облыстардың бәрі орындап шықты. Жоспарды 115 процент орындаған Целиноград, 114 процент орындаған Қостанай мен Алматы, 111 процент орындаған Көкшетау, 112 процент орындаған Жамбыл және 110 процент орындаған Шымкент облыстарының малшылары басқалардан өте жақсы жұмыс жасады. Тұтасынан республика бойынша 1988 жылы мал дайындау 1 миллион 787,2 мың тонна құрады. Ол жөніндегі жоспар 108 процент орындалды және қосымша 140 мың тонна ет өткізілді. Одақтық қорға өнім беру жөніндегі тапсырма да орындалды: оған тапсырмадағы 303 мың тоннаның орнына 306,5 мың тонна берілді. Тапсырмадан тыс 1989 жылдың есебіне ет өткізілді. **Үш жыл ішінде республикада жан басына ет тұтыну деңгейі 10 килограмнан астам арттырылып, 67 килограмға жеткізілді. Ал бүкіл он бірінші бесжылдық ішіндегі үстеме небары 2 килограмм ғана болған еді.**

Қазақстанда орталықтандырылған қорға өнім беруді орындауда және халықты азық-түлікпен жабдықтауды елеулі түрде жақсартуда белең алған оң өзгерістер КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы март Пленумында аталды. Дегенмен, алда әлі де үлкен жұмыстар тұр: бізде ет өндіріп, дайындауды молайтуға арналған әлі де көптеген мүмкіншіліктер соншалықты толық пайдаланылып отырған жоқ. Бесжылдықтың басынан бері ол Азық-түлік программасы деңгейінен 35 мың тонна кем алынды.

Мал шаруашылығының экстенсивті жолмен дамуы жалғасып барады. Егер Қазақ ССР-і жылына орта есеппен ет тұтыну жөнінен елде үшінші орын алса ал бір ірі қараның тірідей салмағы жөнінен тек алтыншы орында келеді. Осыдан барып мұндай малды өткізуден келетін нұқсан республика бойынша орта есеппен 55 миллион сомнан астам құрайды. Ал үстіміздегі бесжылдықта жылына орта есеппен ет өндіру 13 процент, ал ет өнімдері — үштен біріне көбеюге тиіс. Мұның өзі малдың тәуліктік салмақ қосуын бір жарым-екі есе көтеріп, фермалар мен комплекстердің бәрінде өндірісті шұғыл интенсивтендіру деген сөз.

Мұндай жағдайда халықтық бақылау органдарының жұмысы сапалық жағынан жаңа мазмұнға ие болуда. Біз бұрынғыдай, қымқырудан, қырсыздықтан келетін нұқсанды анықтаумен ғана шектелмейміз, олардың алдын алуға, «олқы» орындарды анықтап, жоюға көбірек көңіл бөлудеміз. Мәселен, шаруашылықтардың биылғы қыстамаға әзірлігін жаппай тексеру барысында қосып жазылған 26,6 мың тонна жемшөп есептерден шығарылып тасталды және жасырылып қалған 112,2 мың тонна жемшөп есепке алынды. Малшыларға арналған көптеген үйлерді, мал қораларын, жемшөп цехтарын және құдықтарды жөндеу жеделдетілді. 600-ден астам лауазымды адам жауапкершілікке тартылды.

Табын құрылымының шұғыл нашарлауы, толдейтін малдың үлес салмағының кемуі айрықша алаңдаушылық тудырады. Көптеген шаруашылық басшылары жоспарды орындау дүрмегімен бракқа шығарылды деген желеумен төлдейтін қаншама малды ет комбинаттарына өткізе бастады. Солтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстарында оның әрбір төртінші тоннасы, Орал мен Қарағанды облыстарында әрбір бесінші тоннасы — сиыр еті. Республикада 1987 жыл ішінде түрлі себептерден сиырлардың 36 проценті, Гурьев облысында — 60 проценті, ал Қызылорда облысында — 64 проценті табындардан шығарылып тасталды. Республикада сиыр саны өткен жылмен салыстырғанда 15 мыңға қысқарды, ал олардың табын құрылымындағы үлес салмағы 26,4 процентке дейін кеміді. Соның салдарынан ет өндіруді одан әрі үдетуге арналған потенциалды мүмкіндіктер қысқарды.

Мамандандырылған етті мал шаруашылығының резервтерін пайдалану ет өндіруді молайтудың маңызды қайнары болып табылады. Алайда, тексерулердің көрсеткеніндей, бізде 1 миллионға жуық құнарсыз мал етті мал ретінде ұсталады. Соның салдарынан жыл сайын 90 мың тонна қара мал еті кем алынады, мұның өзі Алматы тұрғындарының етке деген жылдық қажетінен көп. Демек, есептеулер көрсеткеніндей, етті мал табынын толықтыруды жақсарту мен малдың өлім-жітімін тым болмағанда үштен біріне кеміту жылына 60 мың тоннадан астам ет алуға көмектеседі.

Еңбекті ұйымдастыру мен ақы төлеудің арендалық формасын енгізу арқылы етті өндіру мен оны пайдалануда орын алған көптеген кемшіліктерді жоюға

Digitized by Google

болады. Демек, Шығыс Қазақстан облысының малшылары толық шаруашылық есепке, өзін-өзі қаржыландыруға және өзін-өзі өтеуге ауыса отырып, фермалардың өнімділігін қыруар арттыра алды. Осының бәрі халықты өнімдермен жабдықтауға оңды әсер етті. **Өскеменде шұжық пен етке арналған талондар жойылды, кооперативті магазиндерде шұжықтың және ысталған өнімдердің 19 түрін алуға болады.**

СССР Халықтық бақылау комитеті **меншікті қосалқы шаруашылықты** дамытуға арналған жағдай туғызуға бақылау жасауды елдің халықтық бақылау комитеттері мен топтары қызметіндегі басым бағыт деп жариялады. Бұл тұрғыдан Талдықорған облысы халықтық бақылаушыларының жұмысы мақұлдауға лайықты. Олардың табандылығы арқылы колхоздар мен совхоздар меншікті қосалқы шаруашылықтарды дамыту туралы көбірек қамқорлық жасай бастады. **Өткен жылы тұрғындарға өсіру үшін 17,6 мың торай, 100 мыңдай қозы мен 370 мыңдай балапан еткізілді. 54,5 мың гектар жайылым мен шалғын қосымша бөлінді. Халық несие есебінен 2310 сиыр алды және 1,3 миллион сомға мал ұстауға арналған қоралар салды.** Ешқандай мал ұстамайтын аулалар саны 2200-ден астам семьяға кеміді, ал халықтан мал мен құс сатып алу бір жарым мың тоннаға көбейді.

Қазір республикамыздың меншікті аулалар секторында меншікті бір шаруашылыққа есептегенде жылына 360 килограмнан астам ет өндіріледі. Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Целиноград облыстарының бірқатар шаруашылықтарында меншікті аулалар үшін жер бөлінуде. Азаматтар өз есебінен оларға арпа (бір аулаға бір тонна есебінен) және көкбалаусалы жемшөп өсіреді. Шарт бойынша оларға сиыр беріледі, олардың құны 2—3 жыл бойы шаруашылыққа сүт тапсыру және біршама аз арендалық төлем есебінен өтеледі. Төл, ал сосын сиыр арендатордың меншігіне айналады. Жемшөп өндіру мен торайлар өсіру жөнінен кооперативтер құрылуда. Сонда да қосалқы шаруашылықты дамытуда түбегейлі өзгеріс әзірше бола қойған жоқ. Қазір республикада селолық әрбір бесінші семья ешқандай малды, төртіншісі — ірі қараны, үшіншісі — сиырды ұстамайды, жартысынан астамының қой мен ешкісі, ал 80 процентінің шошқасы жоқ. Ал есептеулер көрсетіп отырғанындай, егер жеке секторда мал мен құс бекітілген нормаға дейін жеткізілсе, онда қосымша күрделі қаржысыз-ақ ет өндіруді екі еседен астам арттыруға болады.

Меншікті қосалқы шаруашылықты дамытуда **Қазақ республикалық Тұтыну қоғамдары одағының ролін шұғыл көтере беру** керек. Істің мәні мынада: село тұрғындарының көпшілігі өсірілген малды тапсыру барысында көптеген қиындықтарды кездестіреді. Тұтыну кооперацияларының кәсіпорындары мен ұйымдары малды дер кезінде қабылдауды қамтамасыз етпейді. Меншікті аулаларға бөлінген құрама жем көбіне толық көлемінде әрі өз мақсатына жұмсалмайды. Тапшы товарлардың үстеме саудасы барлық жерде бірдей ұйымдастырылып отырған жоқ.

Кәсіпорындардың қосалқы шаруашылықтарында ет өндіру тұрақты бақылауға алынған. 1987 жылдың өзінде олардың ауыл шаруашылық жерінің көлемі 129 мың гектарға, мелиорацияланған жер — үштен біріне жуық көбейді. Жемшөптік дақылдарды жалпы жинау бір жарым есе, ал қойларға арналған қоралар үш есе және құс қоралары — 10 есе көбейді. Малдың барлық түліктері өсті. Алайда көптеген мәселелер шешілмей отыр. Әдетте, қосалқы шаруашылықтарға көбіне фермалардан 200—300 километр шалғай орналасқан, тым құнарсыз жерлер бөлінеді, және мұның өзі олардың жұмыс нәтижелеріне тым кері әсер етуде.

Халықпен жасалған шарт негізінде меншікті аулаларда төлді өсіріп, бордақылау мол мүмкіншіліктерді ашады. **Республика аулаларының небары 10 процентінен шарт бойынша өнім сатып алудың өзі ет ресурсының 100 мың тонна үстемесін, сондай-ақ жалақыдан 15 миллион сомның және басқа қаржылардан 60 миллион сомның үнемін бере алады.** Ал көптеген шаруашылықтар практикасы көрсетіп отырғанындай, осы болжамдарды қыруар арттыруға болады. Мәселен, Қостанай облысының «Харьковский» совхозында өткен жылы меншікті аулалардан 150 центнер қара мал еті алынды, ал биыл осы көрсеткіш 250 центнерге жақындап қалады. Оның үстіне қазір меншікті аулаларда барлық торай өсіріледі. Өздерінің аулаларында совхоз малын өсірушілер ішінде совхоз директоры, көптеген мамандар, дәрігерлер, мұғалімдер бар.

Мұндай мысалдарды одан әрі жалғастыра беруге болады. Сонда да осы жұмыс қарқыны әзірше жоғары емес. Республиканың Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті бойынша өткен жылы тұрғындармен ірі қара мал төлдерін өсіріп, бордақылауға арналған шарт жасасу жөніндегі тапсырма жартылай, қой жөнінен 9 процент және шошқа жөнінен — үштен біріне орындалды.

Digitized by Google

Тиянақты жемшөп базасы мен жемшөпті ұқыпты пайдалану ет өндіруді үдету негізі болып табылады. Республикада осы проблемаға ден қоюшылық айтарлықтай күшейді. Республикалық «Жемшөп және белок» программасы талдап жасалып, жүзеге асырылуда. Алайда қырсыздық әзірше баяу жойылуда, кейбір жерлерде түрлі қосып жазулар арқылы жайылылық көрінісін туғызу әрекеттерін жасайды. Демек өткен жылы Шығыс Қазақстан облысының Самар мен Күршім аудандарының тексерілген 8 шаруашылығының жетеуінде 1630 тонна пішеннің, 1925 тонна пішендеменің, 3720 тонна сүрлемнің, 2625 тонна сабанның қосып жазылғаны анықталды. Облыста жыл сайын 300—350 мың гектар жайылым шөбі орылады, олардың бір бөлігін түбегейлі жақсарту желеуімен дөнді дақылдар өсіру үшін жыртып тастайды. Осының бәрі онсыз да тиянақсыз жемшөп базасын әлсіретуде.

Республика шаруашылықтарында «ішкі шаруашылық қажеттер» деген мақсатпен еттің жұмсалуын шұғыл қысқартуда ірі резерв бар. Осыдан болатын жыл сайынғы ысырап 20 мың тоннаға жетеді. **Бес жыл ішінде жол берілген лимиттен тыс шығынға тиым салудың өзі Шымкент, Павлодар, Өскемен, Семей қалаларының бәрін қоса алғанда олардың тұрғындарын етпен қамтамасыз етуге көмектеседі.**

Еттің осы артық жұмсалуына нелер енеді? Тексерулер көрсеткеніндей, бөлінетін еттің небары үштен біріне жуығы қоғамдық тамақтандыру орындарына беріледі, ал оның қалған бөлігі арзандатылған бағамен жұмысшылар мен қызметшілерге сатылады. Өлім-жітімге шалдыққан, жоғалып кеткен және ұрланған мал көбіне «қоғамдық тамақтандыруға «жұмсалды» деп рәсімделеді. Демек, еттің лимиттен тыс жұмсалуы малдың өлім-жітімі мен талан-таражға салынуын бүркемелеудің арналы арнасына айналды, бұл кейбір ұқыпсыз малшыларға ыңғайлы, өйткені олар малдың толық сақталғаны үшін қосымша ақы алады. Шаруашылық басшылары да ұтылмайды, өйткені қоғамдық тамақтандыру орындарына берілді деп рәсімделген бүкіл ет жоспарды орындауға есептеледі. Осы істе мейлінше қатаң да әділетті реттілікті орнататын мезгіл жетті.

ЖҰМЫСШЫ БАҚЫЛАУЫ ІС ҮСТІНДЕ

Кәсіподақтардың жұмысшы бақылауының сауда кәсіпорындары мен ұйымдарының, қоғамдық тамақтандыру және қызмет көрсету жүйесінің жұмыстарын қадағалай бастағаннан бері небары бірнеше ай өтті. Осы қысқа мерзім ішінде-ақ активистер өз қызметінде беделге ие болды. Ол тек келеңсіз фактілерді ғана анықтамайды, сонымен бірге сауда тәртібін бұзудың алдын алуға, қызмет көрсету жүйесі коллективтеріне пәрменді көмек көрсетуге көп көңіл бөледі.

● Жұмысшы бақылаушылары мен право қорғау органдары қызметкерлерінің бірлесіп жүргізген тексеруі барысында Жезқазған облысы Приозер аудандық тұтыну қоғамының майда-көтерме сауда магазині мен орталық қоймасында бала бақшалар мен яслилерге арналған аса тапшы товарларды жекелеген адамдарға босату фактілері анықталды. Тек аудандық тұтыну қоғамының председателі К. Төлеубековтің запискасы арқылы ғана ол товарларды алу мүмкін екен. Тексеру материалдары тергеу органдарына берілді, ол бойынша қылмысты іс қозғалды.

● Целиноградтың № 61 магазинінде электронды таразылардың өзі сөре қызметкерлерінің ептілігінен құтқара алмады, олар өнімнің дәл бағасын көрсеткенімен сатушылар бумалардың сыртына қосып жазды. Товарларды буып-орау барысында да көптеген өрескелдіктерге жол берілген. Мәселен, 9 пакет сары майды бақылау ретінде өлшеу барысында 340 грамм жетпеді — 1 сом 19 тиын. 10 қалтаға салынған сұлы печеньесін өлшегенде 1 сом 36 тиынның 1 килограмм 37 грамы жетпеді. Үш қалтадағы пряникті өлшегенде 505 грамм жетпеді. Ал вермишельден қанша «вермишель» қалды десеңізші: тексеру барысында бес қалта вермишельдің өзінен 505 грамм кем шықты. Демек оның килограмы 50 тиын болғанымен қалтаға салынған чектерде оның килограмы 70 тиын деп көрсетілген. Бұған кінәлі адамдар жазаланды.

● Қайсыбір жерлерде жұмысшы бақылауларын жұмыс орындарына жібермеуге тырысады, тексеруді жүргізуге кедергі жасайды. Оралда «Өнеркәсіп товарлары» бірлестігі № 8 сауда кәсіпорнының меңгерушісі В. Сармина, «Бакалея-Гастроном» бірлестігі № 16 магазині меңгерушісінің орынбасары Г. И. Лунева, «Южказэлектросетьстройдың» жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің бастығы Н. М. Мочалкин «өз иеліктерін» қызғыштай қоритындардың қатарында болып шықты. Ал Қостанай облысындағы Семиозер поселкесі универмагының қызметкерлері тапшы товарларды сатуға бақылау жа-

Digitized by Google

Малды тасымалдау, етті ұқсату мен сақтау барысындағы ысырапты қысқарту ет ресурсының қыруар үстемесін бере алады. Ақтөбе ет комбинатында ғана өткен күзде малды сояр алдында ұзақ ұстаудан 1200 қойдың өлім-жітімге ұшырағаны тексерулер арқылы анықталды. Мұнда екі жарым жыл ішінде технологияны бұзушылық салдарынан қалдық 305 тонна құрады, ал тоңазытқыштарда өнімді сақтау режимін орындамаушылықтан 200 тонна ет пен ет өнімдері рәсуа болды. Алайда есептерде осы ысырап көрсетілмеген — олар мал тапсырушылар есебінен және шығынға жатқызылатын норманы арттыру есебінен өтелді. Талдықорған облысының Үштөбе ет комбинатында, өз тарапынан, қуаттардың жетіспеушілігінен 500 тоннадай қайталама шикізат бүлініп, үйіндіге тасталды. Тұтасынан республика бойынша 1987 жылы 1 тонна етті жеңіл-желпі ұқсату нәтижесінде 1200 сомның ғана өнімдері жасалды, бұл еліміз бойынша төмен көрсеткіш, ол елде 1589 сомға жетті, ал Гурьев, Аягөз және басқа ет комбинаттарында ол 800 сомнан 900 сомға дейін құрайды. Ет өнімдерін сақтап, тасымалдаудың барлық сатысындағы ысырап 1985 жылы 1 тонна етке есептегенде 47 килограмм, ал 1987 жылы —76 килограмм құрады. Тамақ өнімдерінің өткір тапшылығы барысында осылай болып отыр. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы март Пленумының шешімдері талап еткеніндей, жер-жерде ұқсату кәсіпорындарын жедел дамытуды, салалардың техникалық дәрежесін арттыруды мықтап қолға алып, ысырапқа, қырсыздыққа тосқауыл қою қажет.

Әрине, **малшыларға арналған қалыпты өндірістік және тұрмыстық жағдай жасау басым бағыт болуға тиіс екені туралы** ұмытуға болмайды. Осы жайлы қамқорлық жасайтын жерлерде жақсы нәтижелерге қол жеткізілуде. Мәселен, Целиноград облысының Астрахань аудандық ауыл шаруашылығы бірлестігінде мұны жасау мүмкіншілігін тапты және мұнда малшылардың көпшілігі ірі қараның тәулігіне орта есеппен 800 грамнан астам салмақ қосуына қол жеткізуде.

Б. ЫДЫРЫСОВ,
Қазақ ССР Халықтық бақылау комитеті ауыл шаруашылығы бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

сау жұмысшы бақылауының міндетіне енбейді, деп мәлімдеді.

● Жұмысшы бақылауының тексерулері арқасында Петропавлдың № 107 магазинінің қосалқы бөлмесінде жасырып қалған № 36 шайы мен бразилиялық кофеге адамдардың қолы жетті. Ал олар Оңтүстік Урал темір жолы Петропавл бөлімшесінің жұмысшыларды жабдықтау бөлімі № 6 магазинінің қосалқы бөлмесінен 298 килограмм шұжық, 28 килограмм май, 25 килограмм үнді шайын тапты. Жұмысшы бақылаушылары Шубин мен Тарасова Бескөл құс фабрикасының фирмалық «Құс» магазинінен қыруар «қорды» — бір тоннаға жуық құс етін тапты.

Қызылорда облысы «Сұлутөбе» совхозы жұмысшы кооперациясы шопандар мен соғыс ардагерлеріне арналған шолақ тондарды өз қызметкерлеріне сатқан. Облыстық кәсіподақ советі президиумының шешімімен жұмысшы кооперациясының председателі Музанбаровқа сөгіс жарияланды, оған орын алған оқиға туралы жарнашылар алдында есеп беру ұсынылды. Басқа да қызметкерлер жазаланды.

● Павлодардың қарттар мен мүгедектерге арналған интернат үйін тексеру барысында тамақтандыруды және медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру ережесін өрескел бұзу фактілері анықталды. Тексеру нәтижелері облыстық кәсіподақ советінің президиумында қаралып, кемшіліктерді жою жөнінен шаралар қабылданды. Үйлерге күрделі жөндеу жасалып, мебель сатып алынды, дәрігерлердің көшпелі тобы медициналық тексеру жүргізді т. б. Облыстық кәсіподақ советінің мәдениет бөлімі музыка аспаптары мен радиоаппаратураны оған тегін берді.

● Оралдың «Омега» прибор жасау заводының жұмысшы бақылаушылары «Азық-түлік товарлары» бірлестігінің № 341 магазиніндегі кемшіліктерді ашты: онда өнімдер дұрыс сақталмайды, тауарларды жеткізу графигі бұзылған. Осының бәрі кезек легін көбейтіп, сатып алушылардың наразылығын туғызды. Жұмысшы бақылаушылары тексеру нәтижелері мен өздерінің ұсыныстарын заводтың кәсіподақ комитетіне баяндады.

Республика бойынша төрт ай ішінде (1988 жылдың ноябрінен 1989 жылдың февралі) тексеру нәтижелері бойынша қызмет көрсету саласының 15 жауапты қызметкері кәсіподақ мүшелігінен шығарылды, 69 жетекшіге сенім көрсетілмегендіктен жұмыстан босатылды, 39 адамға қылмыстық іс қозғалды. Бақылаушылардың инициативасы бойынша көптеген магазиндердің жұмыс кестесі қайта қаралды, ал қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының үлкен бөлігі бір жарым сменалық жұмысқа ауыстырылды.

Digitized by Google

АРДАГЕРЛЕР СОВЕТІ

Бұдан екі жыл бұрын құрылған соғыс және еңбек ардагерлері ұйымдарында есеп беру және сайлау жиналыстары өтті. Осы уақыт ішінде, көптеген есеп беру-сайлау жиналыстарында аталғанындай, ардагерлер ұйымдары өз күшіне еніп, дұрыс бағдар тауып, өздерін практикалық істерде көрсетті. Пенсионерлердің тұрмыс жағдайын жақсартуға бағытталған Бүкілодақтық рейд қорытындылары шығарылды. Оның барысында пенсионерлердің көпшілігіне тұрғын үй жағдайын жақсартуда, үйлерін жөндеуде, телефон орнатуда нақты жәрдем берілді, ал үйде қызмет көрсетуді қажетсінетіндерге Қызыл Крест тарапынан адамдар бекітілді, көршілер, еңбек коллективтері олардың қамқоршыларына айналды.

Соғыс және еңбек ардагерлері советтерінің инициативасы бойынша совет органдары кәсіподақтармен бірлесіп, «Қамқорлық» программасын талдап жасады. Оның алғашқы пункттерінің бірі — аз пенсия төленетін пенсионерлерге жәрдемдесу. Демек, республикада қартайған 630 мың пенсионер 60 сомнан аз айлық пенсия алады. Ардагерлер ұйымдарының ұсыныстары бойынша бүгінде совет органдары мен еңбек коллективтері пенсия туралы жаңа заң қабылданғанға дейін-ақ пенсиясы аз ардагерлерге жергілікті бюджет немесе кәсіпорындар мен колхоздардың қаржысы есебінен үстеме төлеу мүмкіндіктерін іздестіруде. Бірқатар кәсіпорындар, совхоздар мен колхоздар пенсионерлердің бәрін коммуналдық қызмет үшін ақы төлеуден босатуды мүмкін деп тапты, олардың тұрғын үйлерді жөндеуіне, үй іргесіндегі учаскелерін ұқсатуына, отынға ақы төлеп, жеткізіп беруге, мал мен құсқа жемшөп дайындауына көмектеседі.

Демек, Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданының Ленин атындағы колхозының коллективінде ізгі моральдық-психологиялық ахуал қалыптасты. Оның басқармасы мен қоғамдық ұйымдары Железинск селолық Советімен бірлесіп, ардагерлердің бәрін өз қамқорлығына алды. Мұнда талдап жасалған «Қамқорлық» қайырымдылық программасында олардың қажеттері мен сұранымдары ескерілген. Оқушылар мен колхоздың ардагерлер советі программаға белсенді қатысушыларға айналды. Олар қарт және жалғызілікті адамдарға азық-түлік пен отынды жеткізіп беруге көмектеседі, олардың өз шаруашылығын жүргізуіне жәрдемдеседі, бос уақытын ұйымдастырады. Пенсионерлер осы қамқорлыққа жауап ретінде шамаларына қарай колхоз үшін әлдебір пайдалы жұмыс атқаруға ұмтылады: шарт бойынша мал мен құсты бордақылауға алады, сүттің артылғанын өткізеді.

Несі бар, бұл барлық адамдар үшін жақсы үлгі, оның үстіне жиналыстар мен конференцияларда пенсионерлердің сұранымы мен қажетіне немкетті, көбіне немқұрайды қараудың қаншама фактілері аталды. Шучинскіде, мәселен, шыны заводы, қалалық тұрмыс қажетін өтеу комбинаты, бірқатар мектептер, рудалы емес құрылыс материалдары заводы коллективтерінде өз ардагерлерін ұмыт қалдырды, оларға ешкім бармайды, олардың қалай тұратынын білмейді. Денсаулық сақтау мен сауда қызметін көрсету орындары тарапына елеулі сын айтылды.

«Қамқорлық» программасының маңызды міндеттерінің бірі — мүгедектерге, жалғызілікті қарт адамдарға жәрдемдесу. Интернат-үйлер, соғыс мүгедектеріне арналған республикалық гос-



ОРАЛ ОБЛЫСЫ. Шыңғырлау ауданында Мықтыбаевтардың семьялық ансамблі аса танымал. Жаңақөш аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің бас зоотехнигі Қ. К. Мықтыбаев бала кезінен халық музыкасына үйір болды. Ол өзінің он үш ұлы мен қызының бәрін музыкалық түрлі аспаптарда ойнауға үйретті. Қайырғали Көшенұлы аудандық мәдениет үйінде методист болып істейтін тұңғышы Тілеккәлиймен бірге семьялық ансамбль құрды.

Мықтыбаевтар — облыстық және республикалық байқау конкурсының талай мәрте жеңімпаздары. Семьялық ансамбльге Ұлы Октябрьдің 70 жылдығы құрметіне Кремльдің Съездер Сарайындағы концертке қатысудың үлкен құрметі көрсетілді.

СУРЕТТЕ: Мықтыбаевтардың семьялық ансамблі.

Суретті түсірген А. СЕДЕЛЬНИКОВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

питаль құрылысын жеделдету жөнінен шаралар қабылдануда. 1 январьдан соғыс мүгедектері үшін госпитальдерде, аурухана мекемелері мен диспансерлерде медициналық дәрі-дәрмектер мен тамақ алуға жұмсалатын қаржы нормасы 50 процент арттырылды. 1990 жылға дейін басқаның көмегін қажетсінетін соғыс және еңбек ардагерлерінің бәрін, солдат жесірлерін қайырымды сестралар қызметімен қамтамасыз ету белгіленуде.

Соғысқа қатысқандардың және Ауғанстанда интернационалдық парызын орындау барысында қаза тапқан жауынгерлер семьяларының тұрғын үй жағдайын жақсарту проблемасы бұрынғысынша өткір күйінде қалуда. Халық депутаттары жергілікті Советтерінің атқару комитеттері тұрғын үй бөлуді реттеп, оларға пәтер бөлінуін бақылауды күшейтуге тиіс. Қартайған азаматтардың лифтісі жоқ үйлердің жоғарғы қабаттағы пәтерлерін төменгі қабаттарға ауыстыру, тұрғын үйлерін балалары тұратын жерлерге ауыстыру туралы өтініштеріне үн қату керек. СССР Байланыс министрлігі соғысқа қатысқандардың бәрінде 1993 жылдан кешіктірілмей телефон болуы үшін ардагерлердің пәтерлеріне телефон орнатуға міндеттенді.

Ардагерлерге сауда қызметін көрсету мықтап жақсартуды қажетсінеді. Өткен жылдың соңында СССР Министрлер Советі егде адамдар үшін әлеуметтік жағынан төмен баға бойынша товарлар өндіруді ынталандыру жөніндегі бірқатар шаралар туралы қаулы қабылдады. Онда пенсионерлерге арналған киім мен аяққиім өндіру және оларды арзан бағамен сату туралы сөз қозғалады, ал олардың бағасы тым арзан болуға тиіс. Өзіндік құн мен бұйым үшін тағайындалған баға арасындағы сәйкессіздікті кәсіпорын коллективтеріне мемлекет өтейтін болады. Қалалар мен селоларда арнаулы «Ардагер» немесе «Пенсионер» магазиндері ашылуда.

Ардагерлер өздерінің пенсионерлік қам-қаракетімен шектеліп отырған жоқ. Олар жастар тәрбиесіне қосар өз үлестерін қалай молайтуға болатындығы туралы зор мүдделіліпкен талқылады. Осы міндет — бірінші кезекті іс ретінде белгіленді. Семей қалалық конференциясында бұрынғы майдангерлер — Ленинградты қорғаушылар тобының председателі Ж. Н. Сапарбекова қызықты тәжірибе алмасты. Осы топтың инициативасы бойынша № 28 орта мектепте құрылған музей экспонаттары қазақстандық жауынгерлердің Невадағы батыр-қаланы ерлікпен қорғауға және азат етуге қатысқаны туралы әңгімелейді. Семейдің басқа ардагерлер ұйымдары да жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуге тиянақты қатысады. Олардың көмегімен әр мектеп жанынан интернационалдық достық клубы құрылды. Ардагерлер Б. П. Беззубенко, З. А. Садықова, А. Г. Храпов, Е. А. Курганская, О. С. Демкина, Н. Д. Жуков, В. П. Падерин, Ю. П. Төлегенова және басқалар бұған қаншама күш жұмсап, аялы қамқорлық жасады.

Жиналыстар мен конференциялардың бәрінде дерлік ардагерлердің еңбек және басқа қоғамдық-пайдалы істерге қатысуы туралы мәселелер көтерілді. Бүгінде еңбек етуге тілек білдірген және оған қабілетті ардагерлер іс жүзінде еңбек етіп жүрген пенсионерлерден екі есе көп. Өкінішке қарай, совет, кәсіподақ және шаруашылық органдары бұған тым аз көңіл бөледі. Ал біздің біліміміз бен күш-қуатымызға деген қажеттілік аз емес. Мәселен, кооперативті, меншікті және семьялық негізде пенсионерлер еңбегін пайдалану үшін аса қолайлы жағдай жасайтын, қазір әзірленіп жатқан «Ардагер» ауласы программасын мейлінше белсенді қолдау керек. Пенсионерлер малдың барлық түліктерін, 5—10 ірі қараны бордақылауға қабылдап, малды жайылыммен, жемшөппен қамтамасыз етуге, төлді сатуда жан-жақты көмек бере алады. Оларға жергілікті өкімет органдары көмектесетін болады. Мұнда жұмыс формаларының көп болуы мүмкін. Мәселен, Қостанай облысының Жітіқара ауданында пенсионерлер арендаторлар фермасын құрды. Шаруашылықпен шарт жасасып, Чайковский атындағы совхоз ардагерлері тым әлжуаз торайларды бордақылауға алды, ал бордақылаудан кейін құнарлы малды бірінші сортпен етке өткізді.

Өскеменнің «Алтайсвинецстрой» тресі соғыс және еңбек ардагерлерінің «Тұрғын үй-91» программасын орындауға шамаларынша көмектесу үйғарымы ардагерлер форумдарының, олардың қайта құруға нақты қатысуға деген көңіл-күйі серпінін барынша айқын білдіреді. Оғаштау болғанымен, құрылысшылар өздері үшін осы маңызды әлеуметтік программаны нашар шешуде. Міне, ардагерлер он адамнан инициативалы топ құрды, ол келесі күні-ақ салынып жатқан объектілерге барып, онда өз бақылауын тағайындады. Ардагерлер дабылдары бойынша ағаттықтардың бәрі дереу түзетіледі. Жастау пенсионерлер құрылыс бригадаларына енді. Сөйтіп іс үдей түсті.

Нақты іске деген осындай жауынгерлік көңіл-күй әрбір ардагерлер ұйымында орнығуға тиіс.

В. ЗАГОРСКИЙ,
соғыс және еңбек ардагері,
1943 жылдан КПСС мүшесі.

Digitized by Google

АПАТ СОҚҚЫСЫН КҮТПЕУ КЕРЕК

Армения трагедиясы үйретуге тиіс. Газеттер мен журналдар беттерінен, телевизорлар экрандарынан осындай пікірлер айтылуда. Және маңызды тағылымдардың бірі мынада: жауапкершіліксіз өмір сүруге, сырттай көрініс тұрғысынан тоғыз қабатты үйлерді тұрғыза беруге, ілдалдалаған үйлерді тапсыра салуға болмайды.

Ғалымдардың, жобалаушылардың, құрылысшылардың жер сілкінісі себептерін әлі де толық көлемінде зерттеулеріне тура келеді, деп ойлаймын. Біз Армения мен Тәжікстандағы қайғылы оқиғалардың негізінде ғалымдар мен жобалаушылардың Алматыда, Жамбылда, Шымкентте, республиканың сейсмикалық жағынан қауіпті басқа аймақтарында құрылысты жобалап, салуды нақты бағалауын күтеміз, ал сейсмикалық жағынан хауіпті аудандар көлемді. Сейсмикалық жағынан активті аймақтарда соңғы 100 жыл ішінде ғана екі ұрпақтың көз алдында верныйлық екі, красноводскілік, ашхабадтық, ташкенттік, газлилік, жамбылдық жер сілкіністері, Қырғызстанның шығыс аудандарында екі жер сілкінісі болды, ал шағын дүмпулерді жалпы есептеу мүмкін емес.

Біздің партиямыз бен үкіметіміз сейсмикалық жағынан берік құрылыс мәселелеріне әрдайым зор көңіл бөледі. Жариялылық елдің ең өткір проблемаларын талқылауымызға мүмкіндік берді. Тым бертінде табиғат апаттары мен олардың салдары туралы ашық әрі тура айтпаудың, шындықты жұртшылықтан жасыру ниетінің іске зор залалын тигізгені туралы бүгінде еске алу пайдалы болар деп есептеймін. 1971 жылы Жамбыл облысында жер сілкінісі болғанда, республика Министрлер Советі аппаратында жұмыс істейтін маған облыс басшылығымен дереу байланыс жасап, жағдайды анықтау және апат салдарын жою жөніндегі шаралар туралы ұсыныстар беру тапсырылды. Облыстық партия комитетінің секретары К. И. Лихарев соншалықты қирап жатқан ештеңе анықталмады деп жауап бергенде, мен сондай таңданып қалдым. Мен: «Кім анықтады?» — деп сұрағанда: «Біз!» деген сөзді естідім. Бірқатар мектептер директорларының, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері басшыларының балалардың жарықшақтар пайда болған, конструкциясы қисайған үйлерде болуына тиым салғаны анықталды. Ал тұтасынан облыстағы жағдай анағұрлым ауыр еді. Дегенмен орталықтан «Көмек керек пе?» деген сұрақтардың бәріне облыс басшылары көмектің керегі жоқ, өзіміз орындай аламыз, деп ширақ жауап берді. Бұл барып тұрған жауапсыздық еді, олардың өз күшімен апат салдарын жоя алмайтыны анықталды. Қазақстанның басқа облыстарынан құрылысшыларды және материалдық ресурсты жіберуге, қираған үйлерді өз күшімізбен қалпына келтіруге тура келді. Бұл жариялылық, шындық пайдасына айтылған иланымды дәлел ғой.

Өзіміздің отандық тәжірибемізді елемеушілік те таңдандырады. Кишиневтік құрылысшылар Алматы үй құрылысы комбинатында болып, сейсмикалық қауіпті аймақта құрылыс салу тәжірибемізге сондай таңдана қарады, бірақ өздерінің практикасында ештеңені қолданбады. Мұның өзі Кишиневте жер сілкінісі кезінде қаншама үйдің қирауына соқтырды.

Жер сілкінісіне берік құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес үйлерді сапалы тұрғызу практикасы бізде Алматыда архитектор әрі құрылысшы А. П. Зенков мектебі кезінде орныққан еді. Оның құрылыстары — кафедралдық собор, тұрғын үйлер, сауда орындары мен гарнизон қызметі үйі 1911 жылғы апатты жер сілкінісіне төтеп беріп, ондаған жылдар бойы тұр.

Совет өкіметінің алғашқы он жылдықтарында тұрғызылған объектілер — опера және балет театры, мемлекеттік банк, коммуналдық банк, тұрғын үйлер комбинаттары, мектептер жоғары сапада салынған. Олар біздің сейсмикалық жағынан қауіпті аймағымыздағы құрылыс нормалары мен ережелеріне жауап береді.

Ірі панельді үй құрылысы мен монолитті бетон үйлер, көп қабатты, соның ішінде болат каркасты үйлерді тұрғызуда жобалаушылар мен құрылысшылар алдына үйлер мен ғимараттардың беріктігін қамтамасыз ету, адамдардың қауіпсіз өмір сүруіне кепілдік жасау міндеттерін қоюда. Мұның барысында барлық деңгейде: жобаны талдап жасау барысында да, құрылыс материалдарын, конструкцияларды және бөлшектерді өндіруде де, монтаждау мен әрлеу жұмыстарын жүргізу барысында да құрылыс сапасын сақтау басты шарт болып табылады. Армениядан командировкадан оралған ғалымдарымыз бен жобалаушыларымыз осы қағиданы нақты мы-

Digitized by Google

салдармен қуаттауда. Сірә, келешекте үйлердің көп қабаттығын шектеуімізге, құрылыстың тығыз орналасуын кемітуімізге, астананың қазіргі тұрғын үй қорын тексеруді жүзеге асыруымызға тура келеді. Таяудағы уақытта ескірген үйлерді бұзуға тура келеді. Бұл тұрғыдан тағы да ойласып, ақылдасуға тура келеді. Демек қалалық атқару комитеті қаланың бүкіл тұрғын үй қорын тексеріп шығуға шешім қабылдады.

Сейсмикалық тұрғыдан қауіпті аудандарда жер қабатының жайын бақылау станциялары жүйесін құру қажет, деп есептейді ғалымдар, ол жер дүмпуінің бастапқы нышандарын ескеруді қамтамасыз етер еді. Ғалымдар Қазақстанда сейсмикалық жағдайды тұрақты қадағалауда. Осы жұмыстың басты орталығы — Қазақ ССР Ғылым академиясының Сейсмология институты. Оның лабораторияларында жер қабатындағы өзгерістерді ғылыми қадағалау деректері ұқсатылады, ал ондай бақылау сейсмологиялық, геофизикалық, гидрохимиялық, деформациялық және басқа станциялардың көмегімен Алматы іргесіндегі арнаулы болжам жасау полигонында жүргізіледі.

Сейсмикалық қауіпті жете бағаламаушылық қана емес, сонымен бірге үйлер мен ғимараттарды жобалап, салу барысындағы қателіктер, мамандандырылған құтқару қызметінің жоқтығы, жергілікті өкімет пен халықтың табиғат апатына әзір болмаушылығы Арменияда қайғылы зардапқа соқтырған себептер болды. Армениядағы жер сілкінісінің тағылымдары қорғанышты шаралар комплексін жүргізе отырып, оның апатты салдарына жол бермеуге болатыны туралы әңгімелейді.

Бертінге дейін жер сілкіністері туралы айту қалыптаспаған еді. Бұл өзіндік игі мақсаттан: адамдарды толғандырып, үрей тудырмау, сыбыстар таратпау үшін жасалған сияқты еді. Алайда информацияның жоқтығы сыбыстарды, тіпті оғаш сыбыстарды тудырды. Сейсмикалық жағынан қауіпті аймақта тұрғандықтан біз табиғаттың түрлі стихиялық дүмпулеріне әзір болып, әлеуметтік нұқсанды, экономикалық залалды кеміту шараларын қабылдауымыз, жер сілкінісі салдарын жедел жоя білуіміз керек. Мұнда да халықтың моральдық, психологиялық жағынан даярлығы аз роль атқармайды. Ал бұл үшін бұқаралық информация құралдарында, жұмыс орындары мен тұрғылықты жерлер бойынша жүйелі түсінік жұмысын жүргізу керек.

И. ДАВЫДОВ,
Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген құрылысшысы.

Алматы қаласы.

ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕР — ТӘРБИЕ ОРНЫ

Көшелер мерекесі

Совхоз орталығындағы үгіт алаңы. Жексенбі күні. Бүгін мұнда село тұрғындарының кезекті көше мерекесі өткізілмекші. Үгіт алаңының екі қанатына — Комсомол және Бейбітшілік көшелеріне киіз үйлері тігілген.

Көше мерекесін қызықтауға жиналғандар көп. Мереке басталмас бұрын қоғамдық ұйымдар өкілдерінен құрылған комиссия — төрешілер алқасы екі көшенің де киіз үйлерін аралап көрді. Үйлер сәнді безендірілген. Дастарқан ұлттық тағамдарға толы. Комиссия мүшелері 40-қа жуық тағам түрлері конкурсқа дайындалғанын анықтады. Киіз үйдің ішкі көрнекілігі де көз тартады. Ұлттық киімдер, шәлі, сәукеле, күмістелген ат әбзелдері келушілердің назарын бірден аударады.

Совхоз партия комитетінің мүшесі, селолық Советтің депутаты А. Ибраева көше мерекесін ашты. Ол жарысқа түсуші екі көше еңбеккерлерінің, совхоз экономикасын арттыруға еңбек үлестерін қосып жатқандар: Комсомол көшесінен —«Құрмет Белгісі» орденді механизатор К. Қайындиновтың, еңбек озаты Бөрібаевтың, Бейбітшілік көшесінен «Еңбек Даңқы» ордендерінің иегері Р. Төлегеновтің істері жайлы баяндады.

Мерекеде ақындар айтысына айрықша мән берілді. Комсомол көшесінен машина-техника шеберханасының бухгалтері Г. Смағұлова, Бейбітшілік көшесінен совхоздың электрик-монтері Е. Баспақов айтысты. Айтысты жергілікті ақын, Бүкілодақтық жастар фестивалінің лауреаты Ж. Мұқанов басқарады. Айтыста село тұрғындарының ауыл мәдениетін көтерудегі табыстары тілге тиек етілді, кемшіліктер де өткір сынға алынды.

Көше жарысының қорытындысында селолық Совет атқару комитетінің Құрмет грамоталары тапсырылып, бағалы сыйлықтар берілді. Мереке соңында Ұлы Отан соғысының ардагері К. Мұстафин және еңбек ардагері А. Жұмабаев жолдастар мінбеге көтеріліп, осы салтанатты үлгілі ұйымдастырғаны үшін жергілікті партия ұйымына және селолық Совет атқару комитетіне ризашылығын білдірді.

Ж. ӘУЕЗХАНОВ,
партия комитетінің секретары.
Қостанай облысы,
Жангелдин ауданы,
«Аққөл» совхозы.

Digitized by Google

ДІН ЖӘНЕ АДАМГЕРШІЛІК

Соңғы кезде діннің асқақ адамгершілігі, мақсаты, оның игілікті қызметі туралы пайымдауларды естуге тура келеді. Кейбіреулер діннен тыс азамат-патриотты тәрбиелеу, қалыпты құлықтық қатынастарды орнықтыру жалпы мүмкін емес, демек осылай екен, ол мәңгілік және қоғамды жаңартуда оның құлықтық байлығына сүйену керек дегенге дейін барады.

Олардың авторлары мұндай пайымдауларды қайта құру рухына сай келетін қайдағы бір жаңа, прогрестік іс ретінде ұсынады. Қазірде де құдай іздемпаздық пен құдай жасампаздық тенденцияларының көрінуі туралы айтуға болады. Жекелеген адамдар жариялылық желеуімен дуализм, яғни екі негіздің — рух пен материяның идеалдық және материалдық негіздердің теңдігін мойындаушылықтан туындайтын идеалистік-философиялық-идеологиялық ілім позициясынан сөйлейді. Демек олар нақ дуализмді плюрализм формасы ретінде ұсынады. Бүкі рухани-адамгершілік мәдениетінің өңін айналдыруға ұмтылып, қазіргі құдайды қорғаушылар мен құдай іздемпаздықшылар оны діннен туындады, деп жариялайды. Мұндай қорғаушылық қайырымдылық пен зұлымдықтың арақатынасын үстірт баяндаудан құрылады, мұның барысында қайырымдылықтан діни, ал қайырымсыздықтан — атеистік қатынас аңғарылады. Баспасөз беттеріндегі кейбір мақалаларда таураттық өсиеттердің таптық мәнін мүлдем сыпырып тастап, оларды жалпы адамгершіліктің асқақ байлығы ретінде ұсыну әрекеттері жасалды.

Мұндай құбылыстардың өзіндік түптамыры бар екенін — бұл рухани жұтаңдыққа соқтырған саяси және экономикалық тоқыраушылық екенін мойындау керек. Дегенмен діннің апологиясы қазіргі кезеңде қоғамымызды жаңарту диалектикасын ұғынбаушылықпен де байланысты. Тоқыраушылық жылдарыында белең алған келеңсіз құбылыстар, партиямыздың инициативасымен басталған оларды ымырасыз сынауды кейбір адамдар коммунистік адамгершіліктің құнсыздануы және діни адамгершіліктің мәңгілігін мойындау, дінге сенушілердің дінге сенбейтіндерден адамгершілік-психологиялық артықшылығының дәлелі ретінде қабылдады. Мұның барысында атеизм сын объектісіне айналуда. Ол мәдениет ескерткіштерін, ал егер дәлірек айтсақ, шіркеу ғимараттарын жою бірден-бір артықшылығы боп табылатын күйреткіш күш ретінде ұсынылады. Мәселен, филология ғылымының кандидаты К. Кедров 1988 жылы 9 январьда «Известия» газетінде жарияланған мақаласында, оның бейнелегеніндей, көптеген «штаттан тыс атеистеріміздің» асқақ діни сезімді ырымшылдықтан немесе фанатизмнен айыра алмаушылық қабілетсіздігі жөнінен өз өкінішін білдіреді. Және «оны түсінбеушілік біздің бүкіл мәдениетімізге зор нұқсан келтіретінін ұғынбаушылық», деп үзілді-кесілді тұжырым жасайды.

Іс жүзінде нақ атеизм құдайды жоққа шығару арқылы адамның өз күшіне сенуіне мүмкіндік беретін түбегейлі гуманизмді орнықтыруға да бастайды. Құдайды жоққа шығарушы ретінде атеизм,— деп жазды К. Маркс, теориялық гуманизмнің қалыптасуын бейнелейді, ал жеке меншікті жоюшы ретінде коммунизм іс жүзіндегі гуманизмнің қалыптасуын бейнелейді, екінші сөзбен айтқанда, атеизм дегеніміз қалыптасқан дінді жою арқылы өздігінен гуманизм, ал коммунизм — жеке меншікті жою арқылы қалыптасқан гуманизм.

Алайда атеизм мәдениетті, адамгершілікті, үлкен немесе шағын Отанға деген сүйіспеншілікті жоққа шығара ма? Керісінше ғылыми-материалистік дүниетанымның ажырамас, құрамдас бөлігі бола отырып, ол ынта-ықыласы әртүрлі, жан--жақты әрі үйлесімді дамыған адамды қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен бірге, жеке адамның басына табынушылық жағдайында елеулі асыра сілтеушілікке жол берілді, онда дінге қарсы күрес ұранымен құдайға құлшылық ету үйлері мен бірқатар тарихи ескерткіштер құртылды. Алайда, мұның ғылыми атеизммен ортақ ештеңесі жоқ және әміршілдік-әкімшілдік, қысым жасау жүйесі жылдарында қалыптасқан көріністердің біріне айналды, оның барысында «атеистік қозғалыс» функционерлері вандализммен астасып жатқан өз әрекеттері арқылы оңдан бостандығын марксткілениндік тұрғыдан ұғынушылыққа қайшы келетін адамгершілікке жат қылықтар жасап жатқаны жайлы ойламады. Және біздің партиямыз осы бұрмалаушылықтың бәрін үзілді-кесілді айыптады.

Digitized by Google

В. И. Ленин оларға жол беруге болмайтындығы туралы сақтандырды. Діннен күресте әкімшілік әдістерге, қысым жасауға, асығыстыққа жол беруге болмайды. В. И. Ленин «діншілдік тұманға қарсы таза идеялық және тек идеялық қару арқылы, баспасөзіміз арқылы, өз сөзіміз арқылы күресу» керектігін үйретті.

Бірқатар адамдар, соның ішінде «саликалы» ғалымдар социализм тұсында адамгершілік құлдырайды деп айтқанда, олардың көрсоқырлығына таңданасың. Жариялылық қоғамымызда моральдық заңдарды қаншама бұзушылықты ашқанында дау жоқ. Алайда бұл өз дамуында ғылыми дүниетанымды, коммунистік моральды басшылыққа алатын қоғам жалпы адамзаттық құлықтық нормадан айрылды деуді бейнелей ме? Жоқ, олай емес. Иә, бізде көптеген келеңсіз құбылыстар бар екенін білеміз. Демек біздің дүниетанымымыздың, біздің моралымыздың күші мынадан көрінеді: біз әсірелемейақ орын алған кемшіліктерді мойындаймыз, олардың жолдарын табуға әрекеттеніп, кері шегінген адамдарға, бүкіл қоғамның адамгершілік тұрғыдан одан әрі өсе беруіне көмектесу жолдарын іздестіреміз. Адал ниетті еңбек, қоғамдық мүдденің эгоистік, өзімшілдік мүддеден басым екенін, гуманизм, патриотизм, интернационализм қоғамымыздың іргелі байлығын бейнелейтінін көрмеуге болмайды. Дін ілімін дәріптеушілер мен құдай іздемпаздық жолына тұрған адамдардың нақ осыны мойындағылары келмейді. Олар адамгершілік байлықтың бәрін дін жасады, солардың арқасында сақталуда, ал коммунистік адамгершілік, олардың пікірі бойынша, діннен туындаған деп есептейді.

Мұндай қатынастарды алғаш ұшыратып отырмағанымызды айту керек. В. И. Ленин Совет өкіметінің алғашқы жылдарында жүргізген пікірталастарды еске түсірейік: «Жұрт арасында мәселені біздің өз моралымыз жоқ деп түсінушілік жиі кездеседі, сөйтіп өте көп реттерде буржуазия бізді: олар, коммунистер, мораль атаулыны теріске шығарады деп айыптайды. Бұл — ұғымды алмастырудың, жұмысшылар мен шаруалардың көзіне топырақ шашудың айласы»,— деді Владимир Ильич комсомолдың III съезінде.

Әлбетте, коммунистік адамгершілік бос жерде қалыптасқан жоқ, ол халық бұқарасы мыңдаған жылдар бойы жинақтаған жалпы негізгі адамзаттық моральдық нормаларды, соның ішінде бірқатар інжілдік өсиеттерді («кісі өлтірме, ұрлық жасама» т. б.) қамтыды. Марксистердің ешқайсысы мұны теріске шығарған жоқ, теріске шығармайды. Сонымен бірге жұмысшы табы, совет халқы өзінің адамгершілік принциптері мен нормаларын қалыптастырды. Бұл — таптық ынтымақ, коллективизм, социалистік интернационализм және советтік патриотизм т. б. Біз коммунистік адамгершілік — бұл адамзаттың адамгершілік прогресінің жоғары сатысы екенін толық негізде орнықтырудамыз. «Коммунизмге қарай бірте-бірте алға басу жағдайында,— делінген КПСС Программасында,— революциялық күрес мақсаттарына, коммунизм мұраттарына адалдыққа негізделген нағыз адамгершіл, әділ, ізгілікті мораль — коммунистік моральдің творчестволық потенциалы барған сайын толық ашылады. Біздің мораль өз бойына жалпы адамзаттың адамгершілік байлығын да, сондай-ақ адамдардың мінез-құлқы мен олардың арасындағы қатынастардың халық бұқарасының қанаушылыққа қарсы, бостандық пен әлеуметтік теңдік, бақыт пен бейбітшілік жолындағы сан ғасырлық күресінде туған нормаларын да сіңірген».

Діни моральды жақтаушылар, әдетте, оның күшін неден көреді? Бір жағынан, бұл — қайырымдылық, жұбата білушілік, адамға қиын сәтінде қолдау жасау. Бүгінде біздің қоғамымызда шіркеу тарапынан қайырымдылық көрінісіне ұғынушылықпен қарайды. Бірақ бұл діндарлардың монополиясы емес. Мұндай асқақ сезімдер әрдайым адамзатқа, халық бұқарасына тән қасиет болды. Адамға көңіл бөлу, ол туралы қамқорлық жасау, жолдастық сезім — социалистік моральдың да ажырамас нормалары болып табылады, демек іс олардың мүлтіксіз сақталуына саяды. Ал екінші жағынан, қайсыбір дінің күшті ықпал жасаушы адамгершілік стимулдары мен сенімді адамгершілік «тұтқасы» бар — жанның өлмеуіне, сондай-ақ оның уағыздарын сақтайтындар үшін жұмақтағы өмірге және олардан шегінушілік барысында тамұқтағы қатаң азапқа уәде етеді. Дегенмен осының бәрі өмірдің жалған байлықтары. Адамды нақты өмірден елес дүниесіне жетелейді. Мұнда да Энгельстің мына сөздерін ескерткен орынды: «Өзінің бүкіл болмысын, өзінің бүкіл өмірін ол дүние алдындағы кезең ретінде қарайтындар бұл дүниедегі істерге мемлекет өз азаматтарынан талап ететіндей мұдделілікпен қарай алмайды».

Өтіп жатқан пікірталастардан кейбір адамдардың біздің қоғамдық әдебиеттерімізде бертінде белең алған дінге тек өткеннің сарқыншағы ретінде, ал дінге сенушілерге надан адамдардың айрықша тобы ретінде қараушылыққа деген өзіндік үн қатуын да көрмеуге болмайды. Мұндай қатынас ғылыми қатынас емес

Digitized by Google

және адамгершілік жағынан жат көрініс. Социализм тұсында да дін қоғамдық сана-сезім формасы болып қала береді. Мұны мойындамау дегеніміз шындыққа қарсы келу деген сөз. СССР-дің азаматтары, өз Отанының патриоттары бола отырып, дінге сенушілер азаматтық-дүниетанымдық және адамгершілік тұрғыдағы мәселелерде әрбір совет адамы жақтайтын көзқарасты мойындайды. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачев Орыс православие шіркеуінің діни қайраткерлерімен кездесуде былай деді: «Біз дүниетанымдық айырмашылықтарымыздың бүкіл тереңдігін айқын көріп-біліп отырмыз, бірақ сонымен бірге қазіргі жағдайды реалистік тұрғыдан өскереміз. Діншілдер де — совет адамдары, еңбекшілер, патриоттар, сондықтан олардың өз сенімін лайықты білдіруге толық правосы бар. Қайта құру, демократияландыру, жариялылық оларға да қатысты, оның үстіне толық, ешқандай шектеусіз қатысты. Әсіресе мұның адамгершілік саласына ерекше қатысы бар, мұнда жалпы адамзаттық нормалар мен ғұрыптар біздің ортақ ісімізге жәрдемдесе алады».

Осы бағыт дәйекті түрде жүргізілуде, ондай бостандығының конституциялық кепілдіктері қатаң сақталуда. Алайда кейбір адамдар мемлекет пен шіркеу қатынастарын демократияландырудан Коммунистік партияның белсенді пәрменді атеистік жұмыстан бас тартуы, идеологиялық позициялардан айырылуы ретінде дерлік қарайтынын айтпауға болмайды.

Бұл қате пікір. Атеистік жұмыс партияның программалық міндеті, ал оған коммунистердің қатысуы олардың уставтық міндеті болып табылады.

Жауынгер материализмді орнықтыру қажеттігі туралы лениндік өсиеттің баға жетпес құндылығы мен өміршеңдігін уақыт көрсетіп берді, оның басты міндеті — қалың бұқара арасында диалектикалық-материалистік дүниетанымды насихаттау, алуан түрлі нақты материалды қамтитын ұдайы атеистік жұмыс жүргізу, буржуазиялық философияның түрлі ағымдарымен белсенді, пәрменді күрес жүргізу. Атеистік жұмыстың еңбекшілерді дүние танымдарына қарай ажыратуға емес, өмірді революциялық жаңарту үшін күрес жолдарында біріктіруге бастауы туралы лениндік талап та өзекті.

Дінге сенушілерге атеистік тәрбие берудің пәрмеңділігі айтарлықтай дәрежеде біздің діни бағдардың орнығу себептері мен түп-тамырын қаншалықты білетінімізге тәуелді. Дінге сенушілерге оның мәнін және халықтар тарихындағы ролін ғылыми әрі тарихи тұрғыдан түсіндіру, сөйтіп оларды өз сенімдерінің догмаларын, өзінің дүние танымының бастауларын ойлануға жетелеу қажет.

Дінге сенушілерге қоғамымыздың идеялық-адамгершілік байлығын, олардың гуманизмі мен тартымдылығын көрсету өте-мөте маңызды. Сонымен бірге оларды белсенді жасампаздық қызметке, қайта құрудың нақты міндеттерін шешуге белсенді түрде тарту керек. Біздің күш-жігеріміздің тиімділігінің сөзсіз шарты — сөз бен істің ажырамас бірлігіне саяды. Қазақтарда дін басшыларының өтірігі мен екіжүзділігін атап көрсететін мәтел бар: «Молданың істегенін істеме, айтқанын істе». Халық кімнің аузынан шықса да өтірікке иланбайды. Сондықтан атеистік тәрбиенің моральдық факторы мейлінше жоғары сипатта болуға тиіс.

Атеистік жұмыс өзіндік мақсат емес. Оның басты бағыты — гуманизмді, түбегейлі адамгершілік бақытты орнықтыруға, қайта құру жолындағы күресте бұқараның белсенділігін арттыруға ықпал ету.

Қ. ШҮЛЕМБАЕВ,
философия ғылымының докторы,
профессор.
Алматы қаласы.

Дін туралы

Білім... шексіз, ол діни нанымға мүлде кереғар.

И. Гете.

Құдай мен дін сөздерінен тас түнек қараңғылықтан, шынжыр мен қамшыны... көремін.

В. Г. Белинский.

Дүниедегі барлық тамаша, әсем, мінсіз нәрсенің бәрін құдай емес, адам, адам ақылы егіп өсірген.

Г. Мопассан.

Дін деген — өтірікке нану деген,
Көңілге өнбес қиял алу деген.

С. Торайғыров.

Digitized by Google

ЖУРНАЛ ПОЧТАСЫНАН

ШАЛҒАЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАР ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАСЫН

Мемлекеттік өкіметтің жоғары органына депутаттар сайлауға алғаш қатысып отырғаным жоқ. Бұрнағы сайлау алдындағы науқан мен қазіргі сайлау науқаны арасындағы ерекшелік өта-мөте зор. Біз дауыс беріп қана қойғамыз жоқ, өзіміздің халық депутаттарымызды сайладық.

Тек бір жағдай ғана қанағаттандырмады. № 648 Есіл территориялық сайлау округы бойынша кандидаттар Т. К. Өмірбеков пен С. Т. Арыстанбаев көптеген аудандарда болып, еңбек коллективтерінің, совхоздар мен колхоздардың, транспорт және өнеркәсіп орындарының, қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен кездесті. Өкінішке қарай, олардың біреуі де мен тұрып, жұмыс істейтін «Барақкөл» совхозында болып, біздің сайлаушыларымызбен кездеспеді. Олардың сайлау округымыздың барлық селоларын қамти алмайтынын түсінемін. Сонда да бізде болуы керек еді ғой деп ойлаймын. Демек, біз — түкпірдегі шаруашылықпыз, мұнда село өміріне, ауыл шаруашылығын дамытуға байланысты проблемалардың бәрі аса өткір болып отыр.

С. ПОДСОСОННА,
мұғалім.

Целиноград облысы,
Балқашин ауданы.

ҚЫЗЫҚТЫ ХАБАРЛАР САҒАТЫ

Таран аудандық кітапханасының қызметкерлері жергілікті тұқым лабораториясында кітап беретін пунктті ұйымдастыруды ұйғарды. Демек, олардың осында әрбір келуі қайсыбір қызықты шаралармен сүйемелденеді.

Айтыс формасында өтетін «Қызықты хабарлар сағаты» аса танымал болып алды. Мәселен, олардың бірінде емхананың меңгерушісі Елена Владимировна Пауль сөз сөйлеп, медицинадағы жаңалықтар туралы әңгімеледі. Ал кітапхана қызметкері Мария Антоновна Пискорская емдік шөптер туралы әңгімелеп, бірқатар журналдарға шолу жасады.

В. Кармазиннің «Біздің нанымыз» деген кітабы туралы әңгіме аса қызықты өтті. Жазушы суреттеген мынадай көрініс адамдардың бәрін толғандырды: «Кішкентай қыз магазин ішінде тоқаштарды бірінен соң бірін ұстай береді. Нанның құнын білетін қарт кісілер оның анасына ескерту жасайды. Ашуланған мамасы жұрттың көзінше қызы қолымен ұстаған тоқаштардың ақшасын төлейді де, оның бәрін қоқыс салынған жәшікке тастайды». Біздің оқырмандарымыз осы әйелді қаншама сөкті десеңізші. Осының бәрін оның естімегені өкініште.

Т. СОЛОВЬЕВА,
Таран аудандық кітапханасының қызметкері.

Қостанай облысы.

ДОСТЫҚ БАСТАУЫ

Анқаты орта мектебінде кластан тыс тәрбие жұмысын тым өзгешелеу өткізеді. Мұнда оқушылар маужырап, класс сағатында отыратын дағдылы стандарттан арылуды ұйғарды. Енді олармен кездесуге тағдыры қызықты адамдар: өндіріс озаттары, қарт коммунистер, Ұлы Отан соғысына қатысқандар, интернационалист-жауынгерлер келе бастады. Ардагерлер Ф. Скобычкин, Х. Хауленова, К. Пархоменко балалардың қадірменді қонақтары.

Балалар қонақтарға өз істері, мектеп өмірі туралы айтады. Қабырға газеті, радиогазет жақсы жұмыс істейді.. Мектепте сабақ қазақ тілінде өтеді. Дегенмен аптасына бір рет кластан және мектептен тыс шаралардың бәрі тек орыс тілінде өткізіледі. Мұның өз қостілдік принципін орнықтыруға белсенді жәрдемдесуде.

К. ЖОЛДАСОВ,
А. С. Пушкин атындағы Орал педагогика институты педагогика және психология кафедрасының доценті.

СПОРТ ЗАЛЫН САЛДЫ

Талдықорған ауданы Жаңалық селосының еңбеккерлері жаңа спорт залында алғашқы жаттығуларын өткізді. Олар осы спорт залын өз қолдарымен тұрғызған еді.

Шаруашылықта ескі астық қоймасы көптен бері бос тұратын. Физкультурашылар үнемі жаттығулар өткізу үшін оны қайта тұрғызуды ұйғарды. Шаруашылық әкімшілігі энтузиастарға қолдау жасады. Қажетті техника, құрылыс материалдары бөлінді. Физкультура объектісінде тілек білдірушілердің бәрі бос уақытында еңбек етті, сенбіліктер өткізілді. Мамандардың көмегімен оның қабырғаларын биіктетіп, төбесін жапты, жаттығу жасауға арналған қажетті жабдықтарды орнатты.

Талдықорған облысы.

Digitized by Google

ГЕПАТИТТЕН САҚ БОЛЫҢЫЗ

Көктемде көбіне жұқпалы гепатит ауруы өршіп кетеді. Егер дәлірек айтсақ, біз вирусты гепатит дегенде жұқпалы ауруды (А тобы), қанның түйіршіктелуін (Б тобы) және сары ауруды аңғарамыз. Олардың бәрі денсаулыққа аса қауіпті. Мәселен, Б тобындағы гепатиттен дүние жүзінде жыл сайын 40 миллион адам өледі, 6 миллионында аурудан кейін рак ісіктері, 1 миллионында вирустар пайда болады.

Біздің елімізде, әсіресе жекелеген аймақтарда вирусты гепатитпен сырқаттану әлі де жоғары күйінде қалып келеді. Соңғы он жылда СССР-де сырқаттанудың орташа жылдық көрсеткіштері жүз мың адамға шаққанда 332,4 адамнан, ал біздің республикамызда — 422,2 адамнан құрайды. Өте-мөте алаңдарлық жағдай мына облыстарда орын алған: Шымкент облысында осы деңгей 678, Қызылорда облысында 610,4 адамға жетті. Жамбыл облысының бірқатар елді мекендерінде де экологиялық тұрғыдан жайсыз жағдай қалыптасуда.

Қазір вирусты гепатиттің пайда болуын және территориялық жағынан таралуын зерттеу, оларға эпидемиологиялық бақылау жасау жүйесін жетілдіру жөнінен Бүкілодақтық программа талдап жасалды. СССР Медицина ғылымы академиясының Н. Ф. Гамалей атындағы Эпидемиология және микробиология ғылыми-зерттеу институты, СССР Денсаулық сақтау министрлігі Орталық эпидемиология ғылыми-зерттеу институты (ғылыми консультанты-профессор В. И. Васильева) және Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің Эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институты оны жүзеге асыруға қатысуда. Сырқаттану деңгейі тым жоғары Шымкент облысы мен осы ауру тым аз ұшырасатын Көкшетау облысы эксперимент жүргізуге арналған базалық территория ретінде таңдап алынды. Мұндай эксперименттер еліміздің басқа аймақтарында да жүргізілуде.

Әйтсе де бұл өзі қандай ауру?

Вирусты гепатит — бұл адамның бүкіл организмін қамтитын қатты ауру, ол ішек жұқпалы аурулары тобына жатады. Ол әсіресе бауырға ауыр зардабын тигізеді. Барлық жастағы адамдар, әсіресе балалар осы аурумен ауырады. Гепатиттің қоздырушылары тек адамдарды ауруға шалдықтырады, демек адам өз кезегінде тек ауру адамнан немесе вирус таратушыдан жұқтырады, сондықтан вирусты гепатиттің кез келген формасымен қатты немесе асқынған түрімен ауырушылар, сондай-ақ тәуір болып келе жатқандар инфекцияны таратушылар болып табылады.

Тұрмыстағы лас ыдыстар, сүлгі, киім, төсек-орын, тамақ өнімдері, сондай-ақ ауыз су арқылы гепатит қоздырғыштары жұғады. Елді мекендер территориясының санитарлық жағдайының нашарлығы, канализация жүйесінің болмауы, су қоймалары, сондай-ақ құдықтар мен су құбырларына берілетін жерасты суы вирустың таралуының басты себебі. Егер вирус сыртқы ортадан ауызға түссе, онда екі-алты аптадан кейін аурудың нышандары пайда болуы ықтимал.

Егер адам ауырып қалса, не істеу керек? Ең бастысы — аурудың ең алғашқы белгілері: төбеттің төмендеуі, жүректің айнуы, іштің үлкеюі, жауырын астының сыздауы, ауыздың кермек татуы т. б. байқалысымен дереу дәрігерге көріну керек. Тұмаудың кейде дімкәстік, әлсіреу, қалжырау, ыстығы көтерілу, жөтел, бұлшық еттері мен буындарының сырқырауы сияқты белгілері пайда болады. Көбінесе вирусты гепатит сары аурусыз өтеді, дегенмен мұның барысында бауырдың оған шалдығу белгілері қалып қояды. Аурудың бұл формасы науқастың өзіне де, сондай-ақ оның төңірегіндегі адамдар үшін де аса қау-

Цехтағы дәрігерлік қабылдау

Лениногор тігін-галантерея фабрикасы әкімшілік үйінің екі қабаты дерлік әйелдер консультациясы етіп қайта жабдықталады. Қалалық атқару комитеті мен Лениногор дәрігерлерінің өтініші бойынша өткен жылдың соңында фабрика еңбек коллективінің жалпы жиналысында бұл туралы шешім қабылданды.

Мұндай шешімнің пайдасы айқын: консультация еңселі бөлмелерде орналастырылады, ал фабрика қызметкерлері ескі үйді қайта жабдықтағаннан кейін тұрғын үй қорына қосылатын төрт пәтерге қоса, былайша айтқанда, өндірісте әртүрлі мамандықтағы дәрігерлердің қызметін пайдалана алады.

М. ЗОСИМОВ.

Лениногор қаласы,
Шығыс Қазақстан облысы.

Digitized by Google

ілті. Дәрігерге кешігіп көріну аурудың асқынған гепатитке, еттің қабынуына, бауыр цирозына, созылмалы ауруға ұшыратуы мүмкін. Вирусты гепатит ауруынан кейін айығу процесі тым ұзаққа созылады.

Өзіңді және төңірегіңдегілерді осы аурудан сақтандыру үшін бірқатар ережелерді орындау керек: вирусты гепатитпен ауырған адаммен араласпау, оны тезірек ауруханаға жатқызу, егер ол біраз уақытқа үйде қалатын болса, оған күтім жасайтын адамдардың жеке гигиенаны сақтап, медицина қызметкерлерінің қатаң нұсқауы мен дезинфекция жасайтын ертінділерді пайдалануы керек.

Оның алдын алудың бірден-бір ережесі — көкөніс пен жемісті мұқият жуу. Үй шаруашылығында пайдаланылатын суды, сондай-ақ құдықтан алынған ауыз суды және басқа ашық су қоймаларындағы суды міндетті түрде қайнату керек. Осы су көздерінің маңында кір жууға, қоқыс, ас қалдықтарын тастауға, мал суаруға т. б. болмайды. Лас су қоймаларында шомылу барысында да вирусты гепатиттің жұғуы мүмкін екенін есте сақтау керек.

Маусымды балалар мекемелері айрықша көңіл бөлуді талап етеді. Олардың бәрі медицина қызметкерлерінің бақылауында болуға тиіс, әсіресе тамақтану гигиенасы, тамақ өнімдерінің барынша мұқият ұқсатылуы туралы қамқорлық жасау керек.

Гепатитпен ауырғандар ауруханадан шыққаннан кейін бір жыл бойы диетаны қатаң сақтауға: тым майлы, ащы, тәтті ас ішпеуге, сүттен, өсімдіктен жасалған тағамдарды жеуге, витаминді, көкөністі көбірек пайдалануға тиіс.

Аурудың таралуынан балалар мекемелеріндегі орындар көбейтіледі, санитарлық-гигиеналық және эпидемиологиялық нұсқауларды бұзушылық та, жоғарыда айтылған адамдар тұратын жерлердегі санитарлық тазалық деңгейінің төмендігі де, бірқатар жерлердегі ауыз сумен жабдықтаудың нашарлығы да, су құбырының болмауы немесе оның санитарлық жағдайының нашарлығы да — осының бәрі аурудың таралуына ықпал етеді. Көріп отырғанымыздай, вирусты гепатит проблемасы біздің өміріміздің әлеуметтік жақтарын да қамтиды. Осының бәрі мамандармен бірге совет, право қорғау органдары, шаруашылық қызметкерлері, сондай-ақ адамдардың өздері де вирусты гепатитпен күреске белсене қатысуға тиіс екенін көрсетеді.

З. ТЕМІРБЕКОВ,
Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігі Эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институты эпидемиология бөлімінің меңгерушісі, медицина ғылымының докторы.

Тағамдағы дәрі-дәрмектер

Алғашында, әлбетте, өзіңізді қадағалаңыз. Егер ашық түс сізді тітіркендірсе, теріңіз құрғап, қабыршықтанса, шашыңыз үгіліп түсе берсе — онда сіздің организміңізде А витаминінің жетіспегені. В витаминінің жетіспеушілігінің барысында бас ауырады, шаршай бересіз, бұлшық еттер әлсірейді, жүйкеңіз, ас қорыту жүйелеріңіз бұзылады, тырнағыңыз үгіле бастайды. Көзіңіз тез шаршап, көру қабілетіңіз нашарласа, ауызда, еріннің шырышты қабығында жарықшақ, бетіңізде секпіл, пигменттік дақтар пайда болса, онда организм В витаминін жедел қажет етеді деген сөз. Ал С витаминінің жетіспеушілігі төбеттің болмауына, тез шаршауға, өңнің қуаруына соқтырады, тістің түбі қанап, тырнақ құмсара бастайды, сіз қайсыбір жұқпалы ауруды тез қабылдайсыз.

Дәрі-дәрмектер сіздің алдыңыздағы асыңызда. Әсіресе витаминдерге, органикалық тұздарға, күкірт пен темірге бай көкөніс пен жемісті, сәбізді, балдыркөкті, саумалдақты, петрушканы, жуаны көбірек жеңіз.

А витамині көк салатта, сәбізде, апельсинде, сүтте болады. Осы өнімдерді көбірек жесеңіз бетіңізге қан жүгіріп, қызыл шырайлы болып тұрады.

Темір терінің жақсы күйде болуына қаншама ықпал жасайды, ол еттің, қиярдың, таңқурайдың, қарлығанның, шиенің, алманың, саумалдақтың және қызыл капустаның құрамында болады.

Күкірт теріні емдеуде қолданылатын көптеген дәрілердің құрамында бар. Емделуді күкіртке бай өнімдерді — балдыркөкті, помидорды, грек жаңғағын пайдаланумен толықтыруға болады.

Йод саумалдақтың, шалғамның, лимонның, шиенің құрамында бар, ал біз ол үшін жыл сайын теңіз жағасына барамыз.

Қауырт жұмыстан кейін күшіңізді қалпына келтіру үшін қажет фосфорды сіз ақ басты брюссельдік және түрлі-түрлі капустадан, қиярдан және шалғамнан аласыз.

Енді ас мәзірін жасауыңызға болады.

Digitized by Google

ШЕШЕНДІК ӨНЕРІН ҚАЛАЙ МЕҢГЕРУГЕ БОЛАДЫ?

Біздің өмірімізді демократияландыру бүкіл халықтың өзекті проблемаларды шешуге белсене қатысуын көздейді. Жариялылық әр адамнан өз көзқарасын ашық әрі көпшілік алдында қорғап, ұсыныстар енгізіп, өз позициясын жақтай білуді талап етеді. Қайта құру сөз сөйлеу мен пікір айту мәнінің өзін елеулі түрде өзгертуде.

«Сөзді орынды қолдана білуді үйренуге бола ма және қалай қолдану керек?» — шешендік ғылымындағы ежелгі мәселе. М. М. Сперанский («Асқан шешендік қағидаларында» (1844) былай деп жазды: «Шешендік табиғатынан туа бітетін дарын» және «шешендікті үйренуге болмайды, өйткені бәрін айқын елестетіп, алғыр ойға үйретуге болмайды. Дегенмен осы дарынды қалай пайдалану керектігін үйренуге болады. Міне, бұл шешендік деп аталады». Осы пікір жалпы пессимистік емес, иә, «бәрін айқын елестетуге және алғыр ойға үйретуге болмайды», сонда да бойындағы қабілетті пайдаланып, оны ұдайы жаттығулар жасаумен, теорияны әрі практиканы жете білумен дамыта беруге болады.

Сонымен шешендік — ғылым, ол сөзді «тегін» пайдалануға көмектеседі. Қазіргі жағдайда ол өзінің сөз сөйлеу туралы іргелі ғылыми мәнін сақтап, сөз сөйлеуде «ойдың туындап, орналасуы және баяндалуы» заңдарын оқып үйренуді жалғастыруда. Оның қолданбалы бөлігі де — сөзді меңгере білуге үйрету бөлігі де (шешендендік педагогикасы) бар.

Сөз сөйлеушілер шешендік өнерімен айналысушы ғалымдардан: жақсы, иланымды әңгімелесуді, жиналыстарда, т. б. қағазсыз сөйлеуді қалай үйренуге болатындығы туралы нақты ұсыныстарды күтеді. Айталық, оқытушының төмендегідей хатына не деп жауап беруге болады: «Сөйлей білмеушілік менің өмірімдегі елеулі тосқауылға айналды. Арнаулы орта білімім бар. Өнер мектебінде жұмыс істеймін. Сөйлей білмеушіліктен ылғи қолайсыз жағдайға тап боламын. Мен жиналыстарды, педагогикалық советтерді, семинарларды ұнатпаймын, өзімде қандай тамаша ойлар болғанымен оларды адамдарға жеткізе алмайтынымды алдын ала білемін. Ал егер сөз сөйлеуге тура келіп қалса, мен әбден абдырап, қызарақтап, көкейімдегі керекті сөздерді баяндай алмай, келесі жолға дейін тағы тұйықталып қаламын. Әлбетте, еркін сөйлеуді қалай үйренуге болатынына көмектесіп, кеңес берсеңіздер екен?».

Расында, жақсы сөйлеуді, жазуды, сөзді қолдана білуді үйрену үшін не керек?

1. Шешен орынды «образды» қалап, сөз сөйлеудің жеке стилі мен иланымды үлгісін табуға тиіс.

Шешен сөз сөйлегенде өзінің қалай «көрінетіні», аудиторияның оның сөзіне қалай үн қататыны, тыңдаушылардың шешеннің өзі туралы жалпы тұжырымы туралы қамқорлық жасауға тиіс. Қандай сөз тыңдаушыларға ықпал жасап, иландырады және баурап алады? Шешеннің жеке тұлғасы мен ерік-жігері аңғарылатын сөздер баурайды. Өз мүмкіншілігін ескеріп, тыңдаушыларды, сөз сөйленетін ортаны бағалай отырып, сөз сөйлеуші нақты жағдайға, сол аудиториямен немесе адаммен араласуда орынды болатын белгілі бір «образды», стильді әзірлейді.

Тыңдаушыларды иландыра білу үшін «өзіңнің алғыр ойлы адам екеніңді көрсету керек»,— деп кеңес берген-ді Аристотель өзінің «Шешендігінде». Бұл өзіңнің сөз сөйлеуіңді талдап, қателік жібермеуге ұмтылуыңды аңғартады. Мұндай қатерліктер қай жерде ұшырасады? Ол сөйлеу логикасында, мазмұнында, эмоция түрінде, құрылымында, сөзді іріктеп, баяндауда, сөзді айту стилінде кездеседі (кейбір сөздер дұрыс айтпаудан, тыңдаушылар қабылдай қоймайтын сөз сөйлеудің жалпы мәнері мен екпінінен т. б. ұтылады). Хрестоматиялық мысал — «шешендердің екі образының» бағалауы мынадай: «Плеханов — біздің ұстазымыз, біздің мырзамыз, ал Ленин — біздің көсеміміз және жолдасымыз (қараңыз: А. М. Горький. В. И. Ленин). Бұдан сөйлеу мәнері, партиялас жолдаспен араласу мәні аңғарылады. А. М. Горький шешен-Ленинді, оның сөйлеу «образын» сипаттайды: «Саясаттың қиын мәселелері туралы осыншалық қарапайым сөйлеуге болатынын сонда мен бірінші рет естідім».

Расында, біздің әрқайсымыз «өзімізді белгілі бір ойдың адамы» екенімізді көрсетуге ұмтыламыз. Мұның барысында қойылатын басты талап — адам сөз сөйлеуіне қарай бағаланатынын есте ұстап, «орынды» болу, өзіңнің «шешендік образыңды» дұрыс философиялық және адамгершілік позицияда негіздеу.

Digitized by Google

Демек сіздің сөйлей білуіңіз ғана емес, сонымен бірге тыңдай білуіңіз (диалогты жүргізу негізі) — тұтасынан сіздің сөйлеу мәдениетіңіз бағаланады.

2. Әдепті, кішіпейіл сөйлеуге бейім болыңыз, тыңдаушылар мүддесіне қысым жасамаңыз.

Біздің сөзіміз кемсітпеуге, әңгімелесушіге немесе үшінші адамға нұқсан келтірмеуге, балағатты, дөрекі, әділетсіз болмауға тиіс. Және мұның өзі өзіңді қадағалау, үйрету, тәрбиелеу... құралы бола алады, деп ойлаймыз.

3. Сөйлегіңіз келсе — сөйлей беріңіз!

Нақты практика, жанды қақтығыстар, сөз сөйлеу күресі қайсыбір шешенді қалыптастырады.

Ұялшақ болмай, өз позицияңды жақтап, өз көзқарасыңды (мұның, ең алдымен, жоғарыда келтірілген хат авторына қатысы бар) қорғау арқылы өз бойыңнан осы күреске түсу күшін таба білу керек. Егер шешеннің ерік-жігері жұмылдырылмаса, егер ол өз көзқарасын қорғауда белгілі бір батылдық пен төгеурінділікке тәрбиелемесе, ешқандай иландыруға және істі шешуге қол жеткізе алмайды. Сөйленетін сөзді алдын ала дайындап, жаттап алуға кеңес беру оңай әдіс болуы мүмкін (сөз сөйлеушілер көбіне осылай жасайды), кейде күтпеген жағдайлар дайындықсыз сөйлеуді талап етеді. Қайсыбір жағдайда нені қалай айтқан орынды екеніне кеңес беру көбіне мүмкін емес, дегенмен әр «шешеннің» естіген әңгімесіне дереу үн қатуды үйренуі, практикалық дағдыны және нақты жағдайда оны пайдалана білуді меңгеруі керек.

4. Өзіңіздің және өзгенің сөзін талдап көріңіз. Өзіңіз үшін үлгі боларлық шешенді тауып, одан үйреніңіз!

Өзіңнің нашар сөйлеген сөзіңе шағым айтылған хаттар — шешендік оқудың басталуы. Дегенмен өз жолдастарыңның, әріптестеріңнің, мұғалімдердің сөз сөйлеуін қадағалау керек. Әр адам өмірінде ұқсауға еліктейтін, шешендік талантымен таңдандыратын кісілермен кездеседі. Осы шешендік оқу бүкіл өмір бойы жалғасуға тиіс. Өзіңнің және өзгенің практикасын талдап, нақты тақырыпқа арналған өз сөзіңді, хабарыңды әзірлеуді бастауға болады.

5. Сөйлеу эрудициясын дамыта беріңіздер.

Сөйлеу эрудициясы астарынан ауызша және жазбаша сөздің түрлерінде үлгілі текст білу аңғарылады. Осындай үлгі-текстерді талдау барысында ең әуелі текст құру принциптеріне, автор тыңдаушыларға ықпал жасау үшін пайдаланатын стилистік тәсілдерге көңіл бөлу керек.

Әрбір шешеннің ауызша диалогты (әріптестерімен, қарауындағы адамдармен, бастықтарымен) жүргізу нормаларын ғана емес, сонымен бірге кәсіптік хат ережесін (түрлі жанрда документтерді жасауды, хат алысып тұруды) біліп, жиналысты ұйымдастырып, кеңесті, т. б. өткізе білуі қажет.

6. Сөйлеу қабілетін дамыта беріңіз.

Шешендік шеберлікке үйренуге бола ма, деп жиі сұрайды. Классикалық шешендік бізге мұндай оқу үлгілерін береді. Олардың бірқатары мынадай:

1. Мұғалімнің көмегімен шешендікке үйрету. Көне Греция мен Римде шешендік мұғалімдері жеке сабақтар берді, оларда оқушылар түрлі тақырыптарда текстіні жазып, сөз сөйлеуді үйренді.

Шешендік өнердің бірқатар советтік ғалым-теоретиктері де осы классикалық тәжірибені пайдалану әрекетін жасады. А. К. Шнейдер жанды сөз институты тыңдаушыларымен сабақтарда дереу үш минуттық сөз сөйлеуді ұсынды, сосын осында, аудиторияда оларды саралап, шешендердің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдады.

2. Үлгілі шешендердің сөз сөйлеуі. Бұл үшін қайсыбір ұнаған тексті (оның проза да, өлең де болуы мүмкін) таңдап алып, оны дауыстап оқыған, жаттап алған жөн. Өз бетімен де, қателеріңді түзетіп отыратын педагогтардың қатысуы арқылы да оқуға болады. Жаттығу дұрыс сөйлеуге көмектеседі.

Тағы бірқатар ұсыныстарды келтіруге болады, ішінара алғанда, ауызша әңгімелесу шеберлері қайсыбір адамға әлденені ұдайы баяндап отыруға кеңес береді. Цицеронның: «қалам — шешендіктің ең жақсы тәлімгері» деген классикалық кеңесін де ұмытпайық. Демек көне Римнің таңдаулы шешенінің тәжірибесі алдағы сөйленетін сөзді жазып қоюдың өте пайдалылығы туралы әңгімелейді.

«Біздің өміріміздің жаңа жағдайында өзінен өзі түңілмеген қайсыбір адамның мезгіл-мезгіл шешен болуына тура келеді, — деп жазды. А. В. Миртов 1927 жылға дейін бес мәрте басылған «Көпшілік алдында сөйлей білу» кітабында. — Шешен деген сөздің астарынан үлкен жиналыстарда, митингілерде, т. б. сөз сөйлеуші адамды ғана емес, сонымен бірге жиналған шағын топқа арнап сөз сөйлейтін қайсыбір кісілерді аңғарамыз. Қайсыбір нәрсеге иландырып, түсіндіру, жұбатып, желпіндіру, шақыру — бізге өмір ұдайы жүктейтін міндеттілік осындай. Мұның әсіресе қоғамдық жұмыспен айналысатын: баяндама, есеп жасайтын, өз жоспарын, жобасын қорғайтын адамдарға қатысы бар — бұл олардың күнделікті жұмысы».

«Шешендік өнерді үйренуге бола ма?» деген сұраққа жауап бере отырып, автор былай деп жазады: «Біз шешендік өнер

Digitized by Google

арқылы иланымды сөйлеу қабілетін аңғарамыз. Осы өнерді, әлбетте, үйренуге болады. Алайда оқулық арқылы тым жатық сөйлеуді үйренуге болады деп тұжырым жасамаңыз. Егер сіз жүрексінбестен суға түспесеңіз, «суда жүзу» ережесін қаншалықты оқығаныңызбен сіз суда жүзуді үйрене алмайсыз.

Кітап, нұсқау сізге кейбір кеңестер береді, орынсыз ағаттықтардан сақтандырады, сіздің үйренуіңізді жеңілдетеді. демек оқу нақты жүзу әрекеттері арқылы өтуге тиіс. Сөйлеу өнері саласында да сондай. Сөз сөйлеудегі батылдық, тегеурінділік, табандылық, осы сөйленетін сөзді ойластырып, оған әзірлену, басқалардың сөзін қадағалау — міне бұл шешендіктің таңдаулы мектебі. Өмір, практика ғана шешендік мектебі бола алады, ал кітап осы өмір мен практиканы баяндайтын құрал ғана».

А. В. Миртовтың осы пікірі біздің бүгінгі дүниетанымымызбен үндес. Бірақ «шешендік ғылымын» меңгеру тұрғысынан біржола тиянақты жасалған ұсыныс жоқ. Сөз сөйлеу — белгілі бір дәрежеде әрдайым «құпия» творчество: сондай тартымды сөйлеу үшін ой мен ерік-жігердің творчестволық күшін жұмылдыру керек. Сөз, іс жүзінде сөз сөйлеу адамның рухани қызметінің өзегі, егер қайсыбір жауапты қызмет сөз сөйлеумен байланысты болса, адам өзінің сөздік болмысы мәселелерін ұдайы ойлауға тиіс. Оларды шешуге болады.

В. И. АННУШКИН,
филология ғылымның кандидаты,
К. В. МУРАТОВА.

(«Русская речь» журналының 1989 жылғы бірінші номерінен ықшамдап аударылды.

Активке көмек

Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті Саяси оқу үйі мен табиғат қорғау жөніндегі облыстық комитет идеология активіне көмек ретінде материалдарды әзірлей бастады. Онда табиғат қорғау заңдарының облыста бұзылу фактілері талданып, оларды сақтандырудың жолдары көрсетіледі.

Мәселен, облыста бір ай ішінде су қоймаларын фермадағы сарқынды сумен ластаудың бірқатар фактілері анықталып, мұнай өнімдерінің өзенге ағызылу оқиғалары ашылды.

Осынай материалдар сондай-ақ баспасөзде жарияланады. ал кәсіпорындарда «дабылдар» мен бюллетеньдер шығарылады. Бұл тәртіп бұзушылық төңірегіндегі жариялылыққа ықпал ете отырып, жұртшылықтың назарын табиғат қорғауға аударуға көмектеседі.

А. БЕРНИЯЗОВ.

ШЕШЕНДІК ӨНЕРІ ТУРАЛЫ

Барлық заманда тіл байлығы мен шешендік өнер қатар жүріп келеді.

А. П. ЧЕХОВ.

Шешендіктің түп мақсаты — адамдарды иландыру.

Ф. ЧЕСТЕРФИЛЬД.

Сөз күші көп нәрсені аз сөзбен айтып берумен сипатталады.

ПЛУТАРХ

Тіл сұлулығы оның айқындығы мен бейнелілігінен тұрады.

Д. И. ПИСАРЕВ.

Қарапайым да айқын түрде айтып беруге болмайтын ой жоқ.

А. И. ГЕРЦЕН.

Дәл тауып айтылған сөзді де, жазылған сөз секілді балтамен шауып тастауға болмайды.

Н. В. ГОГОЛЬ.

Бір рет айтудан бұрын екі рет ойлап алсаң,
екі есе жақсы айтасың.

Т. ПЕЙН.

Ақылмен ойлап білген сөз
Бойыңа жұқпай сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз
Бар тамырды қуалар.

АБАЙ.

Шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргем жоқ.

БҰҚАР ЖЫРАУ.

Сөйлеушінің сөзінен гөрі де ниеті көбірек сендіреді.

ПУБИИЛИЙ СИР.

Сөйлеу сөз болатын нәрсені білуден туындап, дамуға тиіс. Егер шешен оны тұтас қамтып, зерттеп алмаған болса, онда шешендік атаулы бекершілік, балалық тырбаныс болып табылады.

ЦИЦЕРОН.

Ұзақ-сонар сөздер — діңкеңді қатыратын нәрсе, оларға құлақ қоятындар да аз-ақ.

Ф. БЭКОН.

Жақсы ойлар тамаша сөзден артық саналады. Сөз дегеніміз, былайша айтқанда, сырт киім; ой-киімнің астында жасырынған дене.

Ф. М. ДОСТОЕВСКИЙ.

Айқын түсінбегеніңді айқын айта алмайсың: сөйлемдердің дәл еместігі мен шатысушылығы тек ой шатысушылығын ғана көрсетеді.

Н. Г. ЧЕРНЫШЕВСКИЙ.

Ділмарлықтан гөрі тоқ етерін айтқан артық.

Б. ГРАСИАН.

Шешен адал адам болуға тиіс. Ол өзінің шешендігін саудаға салуға хақысы жоқ.

П. РАМУС.

Digitized by Google

ҚАЗАҚ СОВЕТ ЭНЦИКЛОПЕДНЯСЫ

«Қазақ Совет Энциклопедиясы» баспасының жұмысы туралы оның бас редакторы, филология ғылымының докторы, Қазақ ССР-інің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Рымғали Нұрғалиұлы НҰРҒАЛИЕВ әңгімелейді.

Қазақ Совет Энциклопедиясының бас редакциясы жұмыс істеген 20 жыл ішінде жалпы тиражы 1,25 миллионнан астам дана 35 жеке том шығарды. Оларда адамзат жинақтаған білімнің маңызды салалары бойынша жүйелендірілген 80 мыңнан астам қорытулар, мәліметтер баяндалады.

Осы тұста қазақ тілінде 15 томнан тұратын әмбебап Қазақ Совет Энциклопедиясы жарық көрді. Оған алфавитті 12 том, сондай-ақ «Қазақ Советтік Республикасы энциклопедиялық анықтамалығы» (соңғы кітап орыс тілінде де басылды) мен I томды «Пәндік-есімдік алфавиттік көрсеткіш» енді.

Аймақтық (қалалық) «Алматы» («Алма-Ата»), «Қарағанды (Қарағанды облысы» энциклопедиялары шығарылды. 1991 жылы «Целиноград облысы» жинағын шығару әзірленуде. Қазір біз жаңа жанр — дербес, өмірбаяндық экциклопедияны шығармақшымыз, оны «Абай» томы ашады. Оны қазақтың ұлы ақынағартушысы, ұлттық жазба әдебиетіің негізін қалаушы Абай Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына арнап қазақ және орыс тілдерінде (1995) басу қарастырылуда. Қазақ тілінде үш томдық «Қазақстан табиғаты» мен «Қазақстан әдебиеті мен өнері», сондай-ақ бір томдық «Қазақ тілінің» энциклопедиясы сияқты ұлттық энциклопедияларды дайындау жөнінен жұмыс жүргізілуде. 1993 жылы алғаш рет «Шоңан» жинағы шығады. Онда қамтылатын тақырыптар ауқымы малшылардың кәсіптік ой-өрісін кеңейтеді және ол маманға да, барлық оқырмандарға да қызықты болады.

Энциклопедистер үстіміздегі жылы қазақ және орыс тілдерінде басылып жатқан төрт томдық «Қазақ ССР-і» шағын энциклопедиясын әзірлеу жөніндегі көп жылдық творчестволық қауырт жұмыс қорытындысын шығарады, оның әдебиет пен өнерге арналған төртінші томы шықты. Орысша варианты 1990 жылы басуға әзір болады.

Таяудағы бесжылдықта бірнеше сөздік басу белгіленді. Оларды шығару республиканың анықтама әдебиетіне деген қажетін уақытына қарай қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары оған деген сұраным шұғыл өсе түсті. Мәселен, «Философия сөздігін» (қазақ тілінде бір томдық) шығару тым ұзаққа созылып кетті. Қазір ол 1992 жылдың жоспарына енгізілді.

«Политехникалық сөздік» те (қазақ тілінде) оқырмандардың қалың тобына арналған. Қос тілді «Қоғамдық терминологиялық сөздік» алғаш басылады, ол терминдерді дұрыс жазып, айтуға ұсыныстар береді.

Сондай-ақ саяси және қос тілді қоғамдық-саяси терминологиялық сөздіктер басуға әзірленуде, ол ғылыми-техникалық прогресс толқынында пайда болған жаңа сөздердің тұтасынан лингвистік қабаттарын қамтиды. Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ғ. Мұсабаев пен филология ғылымының докторы, профессор Қ. Махмұтов құрастырған «Қазақ-орыс» сөздігінің түзетіліп, толықтырылған екінші басылымы жалпы тиражбен шықты. Ол таяудағы жылдарда бірнеше рет қайта басылады. Халық арасында танымал болып алған шағын орыс-қазақ және қазақ-орыс тілашарларын, сондай-ақ, орыс-қазақ сөздігін қайта басу да кітап рыногындағы сөздіктердің тапшылығын жоюға көмектеседі.

1990 жылы қазақ және орыс тілдерінде «Қазақстанның тарих пен мәдениет ескерткіштері жинағының» бірінші томы шығады. Бас редакция Қазақ ССР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының ғалымдарымен бірлесіп, 10 томдық осы іргелі еңбекті шығаруда. Жинақ «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» СССР мен Қазақ ССР заңдарына сәйкес басылуда. Оның алғашқы томына Шымкент облысының тарих, археология және мәдениет ескерткіштері туралы әңгімелейтін мақалалар енеді. Жалпы осы түрлі-түсті басылым жеті жыл бойы — 1990 жылдан 1997 жылдар аралығында шығады және республиканың мәдени өміріндегі маңызды құбылысқа айналады. Оны қазақ және орыс тілдерінде басу жоспарлануда.

1991 жылы «Семья» энциклопедиясын (орыс тілінде) және «Танымал меди-

Digitized by Google

циналық энциклопедия» (қазақ тілінде) шығару белгіленді. Келесі бір басылым — кітаратсыз өмір салтын, дұрыс тамақтануды насихаттайтын «Ұзақ өмір сүру энциклопедиясы» пайдалы әрі бірегей болмақ. Танымал ойындар әуесқойлары үшін қазақ тілінде Шахмат. Дойбы. Тоғызқұмалақ» энциклопедиялық сөздігі шығарылады.

Ертеректе басылған аса танымал «Ғаламаттар энциклопедиясы» көптен сұралады. Оқырмандар тілегін ескеріп, Қазақ Совет Энциклопедиясының бас редакциясы 1989 және 1990 жылдары оны қайта басуға ұйғарды. Ол «Ғаламаттар. Танымал энциклопедия» атауымен шығады. Ол үш кітаптан тұратын бұрынғы экциклопедияға қарағанда мағлұматтардың аса толымдылығымен ерекшеленеді: төртінші том — «Елестер дүниесінде» томы қосылады және көркем безендіріледі.

Біз үстіміздегі жылдың январынан толық шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыруға ауыстық. Мұның өзі тақырыпты кеңейтуге, жоспарға аса көптен сұралатын кітаптарды енгізуге көмектесті. 1991—1995 жылдары І. Есенберлиннің «Алтын орда» және «Көшпенділер» кітаптарын шығару ұсынылуда, оларда энциклопедиялық шолулар және кітаптарда аталған тарихи тұлғалар туралы өмірбаяндық анықтамалар беріледі. Кітаптар қазақ тілінде шығады. Басқа басылымдар — «Ғасырлар құпиясы», «Ғылыми фантастика» авторларымен және құрастырушыларымен шарт жасалды.

Энциклопедиялық басылымдар өтемөте танымал, ол оқырмандарды әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, тарихи және құлықтық проблемалардың қазіргі жайымен таныстырады. Сондықтан Қазақ Совет Энциклопедиясы бас редакциясының авторлық коллективіне үлкен жауапкершілік түседі, ал оның құрамында 56 академик, 92 корреспондент-мүше, 500-ден астам ғылым докторы мен кандидаты бар. Мынадай факті де қызықты: томды шығаруға орта есеппен 510 автор қатысады.

— Энциклопедияны қайдан сатып алуға болады?— деп бізден жиі сұрайды. Өкінішке қарай, біздің өзіміздің фирмалық магазиніміз жоқ және кітап өткізумен айналыспаймыз. Қазақ Совет Энциклопедиясы бас редакциясының басылымдары жазылу арқылы таратылады, кітап пен сауда жасайтын ұйымдар мекемелерден, ұйымдардан, жеке адамдардан алдынала заявкалар қабылдайды.

●

ҚОҒАМДЫҚ ПІКІРДІ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

Өткен жылдың соңында әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөнінен қоғамдық пікірді зерттеудің республикалық орталығы (РЦИОМ) жұмысын бастады. Ол Қазақ республикалық кәсіподақтар советі, Қазақ ССР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті жанынан жұмыс істейді.

Орталық республиканың социологиялық қызметтері жоқ кәсіпорындары мен бірлестіктері үшін күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді білікті әрі оперативті шешуге тиіс. Сондай-ақ келешекте жүргізіліп жатқан социологиялық зерттеулерді методологиялық және методикалық қамтамасыз етуге, басқару тұрғысынан кеңес беруге, нақты қолданбалы міндеттерді шешуге көмек береді.

Орталық бүкіл қызметті кәсіпорындар мен ұйымдардың заказы бойынша, шарт негізінде көрсетеді. Мәселен, біз республика кәсіпорындарында моральдық-психологиялық ақуалды зерттеуді және нақты нұсқаулар жасауды міндетімізге аламыз, олар әкімшіліктің қоғамдық ұйымдардың коллективті тұрақтандыру жолдарын нақты анықтап, қызметкерлер арасындағы өзара қарымқатынасты жақсартуына т. б. көмектеседі. Алматының таңдаулы социологтары мен психологтары орталық жұмысына тартылды.

Республикалық орталық Қазақ ССР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетіндегі бас социологтың қызметі республикалық орталық негізін құрайды. Ол маңызды әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге деген комплексті қатынасты қамтамасыз етуге, социологиялық зерттеулер мәселелерінде министрліктердің, ведомстволардың енгізу орталықтарының жұмысын үйлестіруге тиіс. Қызметтің 1989 жылға арналған бағыттары анықталды. Үстіміздегі жылдың октябрінде социологтардың республикалық семинарын өткізу белгіленді. Мұндай шара Қазақстанда алғаш рет өткізілмекші, демек біз мүдделі кәсіпорындардың, ұйымдардың бәрін, психологтарды семинарды әзірлеп, өткізуге шақырамыз.

Орталық мына адрес бойынша орналасқан: **480091 Алматы қаласы, Коммунистік проспект, 93—95, телефоны: 62—14—40.**

Б. ГАЛАНЦЕВ,
Қазақ ССР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитетінің бас маманы.

Digitized by Google

ТАРАСТЫҢ ҚЫЗЫЛ ТАЛЫ

Қазақстанда екі жер — Маңғышлақ пен Арал өңірі Тарас Григорьевич Шевченконың есімімен байланысты. Ол өзінің біршама қысқа өмірінің он жылдан астамын Қазақстанда өткізді.

Патша өкіметі 1847 жылы жазда ұлы ақын әрі суретшіні осында — Россия империясының шет аймағына жер аударды. Ешқандай сотсыз шығарылған үкімге патша Николай I өз қолымен былай деп жазды: «Қарындашты пайдалануына (яғни жазуына, сурет салуына) тиым салынып, қатаң бақылау жасалсын».

Дегенмен Орск қаласындағы каторгалық өмір де, күн сайынғы азапты жаттығулар да штрафты солдат Шевченконың сағын сындыра алмады. Тиым салынғанына қарамастан ол 1848 жылы А. И. Бутаковтың бастауымен Россия Ғылым академиясы ұйымдастырған Арал экспедициясына қатысты. Шевченко нақ осы Арал өңірінде өзінің атақты «Кобзарының» жартысына жуығын жазды, 400-ден астам сурет салды. Арал теңізінің алғашқы лоциясының чертежін жасады.

Москвадан бір топ энтузиастар өткен жылы Шевченконың халықаралық жылы, оның туғанына 175 жыл толуы қарсаңында сол көне экспедицияның маршрутын қайталады. Экспедицияға қатысушылар Кобзарь Қаратерең елді мекеніне тақау отырғызған ағашы маңына мыңдаған бұта отырғызды.

Тарас Шевченко Қазақстанда өткізген барлығы он жылының жеті жылында Маңғышлақ жарты аралында болды. Шынтуайтында, құғындалған ақын жазасын өтеген жер бұрынғы облыс орталығынан 150 километр-ақ. Ол Новопетров бекінісіне жіберілді. Бекініс кейіннен Александр форты, қазір Форт-Шевченко деп аталады. Маңғышлаққа жер аудару дегеніміз өлімге дұшар болу еді. Константин Паустовский Тарас тағдыры туралы былай деп жазды: «Орск мен Арал айдау алдындағы кезең еді. Нағыз каторга Маңғышлақта басталды... Осы шөл далаға қуылған адам туралы мүлдем ұмытып кетті. Ол уақытына қарай сарғайған қағаз бетінде ғана болды...» Шевченко бірінші линияның батальон роталарының бірінде қызмет етті. «Нағыз шөл дала! Құм мен тастан басқа ештеңе — тым болмағанда шөп те, тым болмағанда ағаш та жоқ», — деп күйзеліспен жазды ол достарына өзінің «ашық аспан астындағы түрмесі» туралы.

Қаншама жылдар өтті, міне үлкен әзірлік жұмыстарынан кейін 1925 жылы 12 октябрьде Форт-Александровск қаласында Т. Г. Шевченко музейі жасала бастады.

«...Тарастың атақты жер үйі. Бірнеше баспалдақ төбесі аласа құртақандай осы бөлмеге апарады. Осы жер үйдің жанында ауыр тастан қашалып жасалған стол мен екі орындық бар. Ол осында еңбектерін жазды, күннің аптаған ыстығында оның саясында отырды. 1932 жылы 1 майда музей жаппай келушілер үшін ашылды. Музей үшін 1935 жыл да ұмытылмайды: оның қорына Тарас Григорьевичтің қазақ тілінде басылған алғашқы кітабы берілді. Бұл — Әбділда Тәжібаев аударған «Кобзарь».

Т. Г. Шевченконың мемориалдық музейіне жер үйге қоса музей үйі (Новопетров бекінісінің коменданты И. А. Усковтың бұрынғы үйі) территориясындағы парк, ол су алған құдық, шығыр. Кобзарьға 1881 және 1927 жылдары орнатылған ескерткіштер енеді. Бұл, сайып келгенде, «Тарастың қызыл талы», ұлы ақын оның көшетін 1850 жылы Гурьевтен Маңғышлаққа әкеліп, осы қуаң, құмдақ жерге отырғызған еді. Ағаш тамырын тереңге жайып, украин және қазақ халықтары арасындағы өзіндік символға айналды.

Мемориалдық музейдің экспозициясы ұлы Кобзарьдің Маңғышлақ жеріндегі өмірі мен творчествосы туралы әңгімелейді. Мұнда ол 450-дей живописьтік жұмысты жасады, жүзден астам өлең, поэма және повесть жазды. Сурет салуға тиым салынғанына қарамастан Шевченко «Байғұстар», «Қазақ қызы Катя», «Келі түюші қазақ әйелі», «Казарма» және басқа тамаша көптеген шығармаларын жасады. Олардың көшірмелері музейді көркейте түскен.

Тарас Григорьевич өз шығармаларында өмірден алынған нақты көріністерді бейнеледі. Ол әсіресе қазақ балаларын және жергілікті халықтың еңбек өмірін бейнелеуді ұнатты. Ә. Тәжібаевтың Шевченко туралы: «Тарасты біз тағы мына себептен қадірлейміз: Қазақстанда айдауда болған кезінде ол профессионал-суретші ретінде сол кездегі қазақ ауылының өмірі туралы ондаған керемет суреттер салды», деп жазуы кездейсоқ емес.

Халық шебері Ш. Қалмұрзаева тоқыған «Адай кілемі», Қазақстанның халық шеберлері жасаған баскүр және басқа заттар сондай әдемі.

Музей адресі: Гурьев облысы, Форт-Шевченко қаласы, Шевченко атындағы бақ-парк.

Б. АЙТМҰҚАМБЕТОВА,
өнер зерттеуші.

Видеотехниканың көмегімен

Миялы селосының тұрғындары республикалық телевизия хабарларын көру мүмкіндігін алды. Бұл видеотехниканың көмегімен жасалды. Бір күннің программасы Гурьевте пленкаға жазылып алынады да, самолетпен Миялыға жеткізіледі. Ол жерде оны ретрансляторге орнатылған видеоаппаратқа салады. Тумблердің тетігін басып қалсаңыз село еңбеккерлерінің телевизор экранында қазақстандық хроникалардың кадрлары пайда болады.

Хабарларды көрсетуге арналған жаңа жабдықты облыстық байланыс басқармасының мамандары М. Шумский мен Б. Шәріпов қысқа мерзімде монтаждады.

М. КАТКОВ.

Digitized by Google

НОМЕРДЕ:

● БІЗ-ҚАЙТА ҚҰРУҒА, ҚАЙТА ҚҰРУ — БІЗГЕ

К. ЕГІЗБАЕВ. Қол жеткенді орынды бағалайық 2

● ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫ: ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР

В. РЕМЕЗОВ. Клубтар көбейіп келеді 4

● ЭКОНОМИКА: ЖЕДЕЛДЕТУ БАҒЫТЫМЕН

А. ШАЛВАРОВ. Халыққа арналған тауарлар көп болсын 8

Л. КАРГАПОЛОВА. Өнім беру тәртібі. Ол қалай орындалуда? 11

● АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ

Б. ЫДЫРЫСОВ. Ет конвейерінің резервтері 12

● САЯСАТ. ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІР

В. ЗАГОРСКИЙ. Ардагерлер советі 16

● ЖАНАШЫРЛЫҚ ПІКІР

И. ДАВЫДОВ. Алат соққысын күтпеу керек 18

● АТЕИСТІК ТӘРБИЕ

Қ. ШҮЛЕМБАЕВ. Дін және адамгершілік 20

● КІНӘРАТСЫЗ ӨМІР САЛТЫ

З. ТЕМІРБЕКОВ. Гепатиттен сақ болыңыз 24

● МЕТОДИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

В. АННУШКИН, К. МУРАТОВА. Шешендік өнерін қалай меңгеруге болады? 26

● КІТАП БАСПАЛАРЫ ҰСЫНАДЫ

Р. НҰРҒАЛИЕВ. Қазақ Совет Энциклопедиясы 29

● РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ

Б. АЙТМҰҚАМБЕТОВА. Тарастың қызыл талы 31

БІЗДІҢ АДРЕС:
480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39

Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84,
63-27-74,
63-27-56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: Н. И. ЛАРИН, А. МӘУТЕНБАЕВ, К. М. СҮЛЕЙМЕНОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.


Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ

Сдано в набор 29.03.89 г. Подписано к печати 14.04.89 г. УГ 03151 Формат 70x108 1/16. Печать офсетная. Усл. печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8. Тираж 53892 экз. (каз. изд. 27630 экз., рус, изд. 26262 экз). Заказ 117 Цена 15 коп.

ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина 2/4.

Digitized by Google



● Т. Г. Шевченконың мүсіні. Ф. Коцюбинский мен К. Кузнецовтың жұмысы.



● Музей стендтерінде.

● Украин еңбекшілерінің Т. Г. Шевченко музейіне берген сыйы.



● Т. Г. Шевченконың қызыл талы.



Суреттерді түсірген У. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Т. Г. Шевченко музейі туралы 31-беттен оқыңыздар.

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын. Индекс 75328.



Арал мен Балқаш проблемалары жөніндегі комитет есебі № 1700979

(Алматы қаласындағы Тұрғын үй-әлеуметтік банкінің операция басқармасы)

«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ




1989

10

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



Қазақстандық жазушы Герольд Бельгер неміс, қазақ және орыс тілдерінің бәрін бірдей жетік біледі. Оның қаламынан қазақ және неміс тілдерінен орыс тілінде талантты аудармалар, сондай-ақ оның өзінің осы тілдердің әрқайсысында жазған көркем және әдеби сын шығармалары шықты. Қазақ аулында өскен Герольд өз құрбыларымен араласу арқылы қазақ сөзін өте ерте үйрене бастады. Оның әуендік ырғағы мен балаларының байлығы барған сайын өзіне бауырады. Мұнда ол қазақ мектебін бітірді. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтының филология факультетін бітіргеннен кейін Бельгер аударма ісімен мықтап айналысты. Бүгінде оның творчестволық қоймасында қазақ тілінен аударылған 25 томнан астам еңбек бар.

Г. К. Бельгер Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ұлттық және ұлтаралық қатынастар жөніндегі комиссиясының мүшесі ретінде үлкен жұмыс жүргізеді.

СУРЕТТЕ: Г. Бельгер.

Суретті түсіргендер В. ЗИНИН, Н. ЫДЫРЫСОВ.

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ

10 • 1989
МАЙ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

НОМЕРДЕ:

● БІЗ — ҚАЙТА ҚҰРУҒА, ҚАЙТА ҚҰРУ — БІЗГЕ
Р. БЕЛЯНЦЕВА. Жастарға қамқорлық керек 2

● ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫ: ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР
Жаңа қатынастарды батылырақ орнықтырайық 4

● ДЕМОКРАТИЯҒА ҮЙРЕНУДЕМІЗ
Д. ДОСПОЛОВ. Қайта құруды қорғайық 8

● АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ
К. КАРПУХИН. Аренда бізге не берді? 10
Космостан берілетін көмек 12

● ЭКОНОМИКА: ЖЕДЕЛДЕТУ БАҒЫТЫМЕН
В. МАШКУНОВ. «...Қажет, ...Қажет» 13
С. ДОСҚОЖАЕВ. Барынша қайтарыммен жұмыс істейік . . . 16

● САЯСАТ. ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІР
А. КАЗАКОВ. Басты байлық — денсаулық 18

● ТАБИҒАТ ЖӘНЕ БІЗ
А. КОРОТКОВ. Шығасы шықпай, кірісі кірмейді (5 июнь — Айналадағы ортаны қорғаудың бүкіл дүниежүзілік күніне) . . 22

● ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕР — ТӘРБИЕ ОРНЫ
К. ЖҰМАДІЛОВ. «Жастар жатақханасының екі жылдығы» . . 25

● КІТАП БАСПАЛАРЫ ҰСЫНАДЫ
Ш. АМАНОВ. «Мектеп» 28

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР
В. БОГАЧЕВ. «Стратегиялық қорғаныс инициативасының» түпкі мақсаты қандай? 30

● РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ
Б. АЛТАЕВ. В. И. Чапаев музейі 31

1931 жылғы ноябрьден бері шығып келеді.
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің баспасы.
© «Қазақстан үгітшісі». № 10, 1989 ж.

Digitized by Google

ЖАСТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ КЕРЕК

Р. БЕЛЯНЦЕВА,
СССР-дің 60 жылдығы атындағы Өскемен жібек маталары комбинатының ленталы машинасының операторы, жастар тәлімгері



Жиырма жылдан асатын еңбек қызметімде адамдарға деген төрешілдік, немқұрайды қатынас фактілерін ұшыратуыма тура келді. Демек біз, әдетте, немқұрайдылық салқынына шалдыққандар деп есептейтін чиновниктер, бюрократтар тарапынан ғана әрдайым осылай болып отырған жоқ. Немқұрайдылық жұмысшылар ортасында да аз көрінбейді. Демек біздің қайсыбіріміз төңірегіміздегілердің мүдделі қолдауын, олардың қамқорлығы мен көңіл бөлуін, күрделі жағдайда көмек беруге әзір екенін сезе отырып, жақсы жұмыс істеуге ұмтыламыз. Және, өз тарапынан, осындай қатынасты көріп, адамдар көмек көрсету, жұмысшы қолғабысын жасау туралы шақыруларға үн қатуға әзір тұрады ғой.

Бұл туралы өзіме қарап айтып отырмын. Міне, мен Өскемен жібек маталары комбинатының ленталы машинасының операторы болып 12 жыл жұмыс жасаймын. Мен үшін де осы жылдар өте көп жағынан тағылымды болды. Өз мамандығымның әліппесін білместен комбинатқа келдім. Ал қазір нормадағы екі машинаның орнына төрт машинада жұмыс жасаймын. Бүкілодақтық XIX партия конференциясы ашылар қарсаңында он екінші бесжылдық тапсырмасын аяқтадым, бүгінде 1992 жыл есебіне еңбек етемін. Өндірістен қол үзбей-ақ Алматының тұрмыстық қажетті өтеу және жеңіл өнеркәсіп техникумын бітірдім.

Әлбетте, жолдастарымның қолдауын сезбесем, осының бәріне қол жеткізе алмас едім. Бригадир Александр Сергеевич Колотилин мен ленташы Зинаида Ивановна Гужова өз шеберліктерін ұдайы ұстамдылықпен, қайырымдылықпен және табандылықпен менімен алмасты. Бүгінде мен олардың мектебі арқасында жұмыста табысқа жете алғандықтан оларды өз ұстаздарым деп есептейтінімді, сонымен бірге нақ олардан тәлімгерге қажетті көптеген сапаларды алмасқанымды айтуға тиіспін, бүгінде менің өзім тәлімгермін.

Лента цехында жұмыс істеген жылдар ішінде отыздан астам жас қыз менің шәкірттерім болды. Олардың бәрі бірдей сауатты мамандарды, сонымен бірге жұмысшы абыройын ардақ тұтатын адамдарды даярлауға болатын, былайша айтқанда, «тамаша материал» емес еді. Кейбіреулерімен мықтап айналысуға тура келді, оларға аялап қарау ұстамдылығы талап етілді. Қолға алған істің ауырлығы жоқ қой. Тәлімгерлік жұмыс — бұл, ең алдымен жауапкершілік пен табандылық деп әрдайым ойладым. Әйтпесе оны қолға алуға болмайды ғой. Ал оның үстіне мұнда әдептілік, ұдайы қайырымдылықты талапшылдықпен қабыстыру керек.

● *СССР-дің 60 жылдығы атындағы Өскемен жібек маталары комбинаты ленталы машина операторы Раиса Антоновна Белянцева XII бесжылдықтың тапсырмасын Бүкілодақтық XIX партия конференциясының ашылуы қарсаңында аяқтады. Қазір ол 1992 жылдың есебіне еңбек етуде.*

● *Озат тоқымашы комбинатта жұмыс істеген жылдары ішінде отыздан астам жас жұмысшы қызды тәрбиелеп шығарды. Цех коммунистері Р. Белянцеваны бастауыш партия ұйымының секретарь етіп бірнеше жыл қатарынан сайлауда.*

Digitized by Google

Цехымызға селодан Айгүл Сейінғазина деген қыз келді. Ашығын айтсақ, көбіне селолық мектептер осы заманғы өндірістің күрделі жағдайындағы жұмыс үшін қажетті дағды мен білімді бермейді. Айгүл бірден жұмыс ырғағына қосылып, коллективте өз орнын таба қойған жоқ. Жұмыстан шығу туралы үш рет арыз берді. Оған көмектестік, аялы қамқорлық жасауға ұмтылдық. Асығыс ұйғарымнан бас тартуға көндірдік. Ал қазір қараңыздаршы, ол озаттар қатарында болумен қатар жас тоқымашыларды үйретеді. Бертінде сіңілісін, оған қоса өз мектебінен тағы бес қызды комбинатқа ертіп келді.

«Коллектив — екінші семья» ұғымы жаттанды сөзге ертеде-ақ айналған еді. Демек мұның өзі аса ірі құрылымдық бөлімшелер туралы айтпағанның өзінде, цехтардағы, учаскелердегі, бригадалардағы шынайы жағдайды әрдайым бейнелей ме? Лента цехымызда біз осы мұратқа жақындадық, әр адам коллективте өзін туысқан әрі жақын адамдарының ортасындағыдай сезінеді деп айта алмаймын. Дегенмен осы мақсатқа жетуге ұдайы ұмтылудамыз.

Қайсыбір семья қай жағынан мықты? Ол өзара сыйлаушылықпен, үлкендер туралы қамқорлықпен, балаларды тәрбиелеуімен мықты. Міне, біз өз цехымызда да осы принципті сақтауға ұмтыламыз. Пенсияға кеткен ардагерлермен ұдайы байланыс жасаймыз, жастарды да назардан қалыс қалдырмаймыз.

Мәселен, бізде Елена Николаевна Акулова сменалық мастер болып жұмыс жасады. Бұдан бірнеше жыл бұрын құрметті демалысқа шықты. Қазір ол біздің жиі келетін әрі қадірменді қонағымыз. Коллектив өміріндегі қайсыбір оқиға, мейлі ол жастардың үйлену тойы, қайсыбір адамның юбилейі, басқа да салтанатты күндер оның қатысуынсыз өтпейді. Демек ол бұларға мүдделі әрі белсенді түрде қатысады. Ол жас қыздар туралы анасындай өбектейді, ал қыздар, өз тарапынан, оны қалыс қалдырмайды.

Демек бертінде, күзде ол Ержан Қобжаевты Совет Армиясы қатарындағы қызметке шығарып салуға қатысты. Күні бүгінде де онымен байланыс жасап тұрамыз. Хат алысамыз, Совет Армиясы мен Әскери-Теңіз Флоты күні қарсаңында Ержанға посылка жібердік. Жігіттің әскери қызметі ойдағыдай өтуде, оның оралуын күтеміз.


Цех коммунистері мені бірнеше жыл қатарынан партия ұйымының секретары етіп сайлауда. Ол адам саны жөнінен онша үлкен болмағанымен партия мүшелері көп нәрсені жасап үлгеруде. Соның ішінде жеке тәрбие жұмысын жүргізуге айрықша көңіл бөледі. Оның үстіне коммунистердің басым көпшілігі шын мәнінде еңбекте де, коллективтің қоғамдық өмірінде де үлгі болуда. Өйткені өздеріне көңіл бөлуді сезінеді, маңызды мәселелерді шешу барысында әрқайсысының көзқарасы ескеріледі.

Коллективте ауырып қалған қызметкердің үйіне немесе ауруханаға бармау оқиғамыз болған емес. Біз жұмыста ғана емес, көбіне бос уақытта да бірге боламыз. Бірлескен шараларды ұйымдастырамыз, қала сыртына шығамыз. Жастар жатақханаларында да жүйелі болып, жастардың тұрмысын жайластыруға көмектесеміз.

Ал, мәселен, менің үйімнен күн сайын дерлік қонақ үзілмейді. Қыздар ақылдасу, өмір туралы еркін әңгімелесу үшін келеді. Жігіттерді де танystыру үшін ертіп келетін жағдайлар болады. Бұл түсінікті ғой. Өйткені олардың көпшілігі ата-аналарынан шалғай тұрады, өздерімен салыстырғанда өмірлік тәжірибесі мол адамның кеңесі мен достық ақылы керек қой.

Әрбір нақты адамға көңіл бөлу, өзара сыйлаушылық пен өзара талапшылдық, ұстамдылық, еркін жағдайда араласа білушілік табысқа жеткізеді. Демек мұндай жұмысты жоспарлаудың керегі жоқ, деп ойлаймын. Мұнда коллектив өмірімен тыныстау, қасында жұмыс істейтін адамдарды не толғандырып, алаңдататынын білу, оларға сенің көмегің керектігін жүрегіңмен сезіне білу маңызды.

Өскемен қаласы



ШЫМКЕНТ ОБЛЫСЫ. Молодежная — Сайрам ауданының Свердлов атындағы колхозының жас құрылысшылары тұрғызған тұрғын үйлердің жаңа көшесі осылай аталады. Жастар әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық объектілер құрылысына қамқорлық жасайды.

СУРЕТТЕ: Свердлов атындағы колхоздағы жаңа тұрғын үйлер көшесі.

Суретті түсірген Г. КОШКИНЦЕВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

ЖАҢА ҚАТЫНАСТАРДЫ БАТЫЛЫРАҚ ОРНЫҚТЫРАЙЫҚ

ЖУРНАЛ РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ ҮГІТ-БҰҚАРАЛЫҚ ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ПРОБЛЕМАСЫНА АРНАЛҒАН «ДӨҢГЕЛЕК СТОЛ» БАСЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУІ ПЕТРОПАВЛДА ӨТТІ. ОЛ ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІ ИДЕОЛОГИЯ БӨЛІМІМЕН БІРЛЕСІП ӨТКІЗІЛДІ.

Кездесуді аша келіп, облыстық партия комитеті идеология бөлімінің меңгерушісі **В. В. Самойленко** сайлаудың бұрынғы қайсыбір сайлауға қарағанда сайлаушылардың жоғары белсенділігі арқылы өткенін атап көрсетті. Шын мәніндегі таңдау мүмкіншілігін алып, адамдар бойкүйездікті серпіп тастап, саяси өмірге араласты. Партия ұйымдарының ұйымдық және саяси жұмысы бұған көмектесті. Биылғы сайлау науқаны идеология активі үшін ұлғая түскен демократия, сайыстық және пікірлер плюрализмі жағдайында қимыл жасай білудің, бұқара арасындағы жұмыс формасы мен әдістерін таңдауға творчестволықпен қараудың, сайлаушылар сұранымына дереу үн қатудың өзіндік байқауына айналды. Үгіт коллективтерінің кең жүйесі құрылды, облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерінің үгіт-насихат топтары белсенді жұмыс істеді. Қоғамдық-саяси орталықтар өздерін жақсы жағынан көрсете білді. Оларда жетекшілер, лекторлар, баяндамашылар сайлаушылармен бірге қайта құрудың өзекті міндеттерін қызу талқылап, мезгілі жеткен көптеген проблемалар шешімін бірлесе тапты. Үгіт орталықтары жұмысқа жаңа леп берді, олардың активтері кандидаттармен және олардың программаларымен таныстыру үшін көп жұмыс жүргізді. Партия, совет, кәсіподақ және шаруашылық жетекшілерінің үлкен тобы сайлау науқанына ыждағатты қатысты.

Алуан қырлы жұмыс жүргізілді, сонда да елеулі кемшіліктерді болдырмау сәті түсе қойған жоқ. Ескі қатынастар, ең алдымен жалпы көрсеткіштерді қуалаушылық салқыны болды, кейбір жерлерде бұқаралық шараларға баса мән берілді, адамдармен жатық әрі жеке жұмыс қалыс қалды, олардың көңіл-күйін, қоғамдық пікірді жүйелі зерттеу жүргізілмеді. Әр сайлаушының сайлау туралы жаңа заңды жақсы білуі, депутаттыққа кандидаттармен және олардың программасымен дер кезінде танысуы, сайлаудағы өз позициясын дәлме-дәлдікте анықтауы туралы тиісті қамқорлық жасалмады.

Осы және басқа кемшіліктер, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің есебі бойынша Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының қаулысында аталғанындай, көп жағынан мынадай фактіге соқтырды: дауыс беруге 21 мыңнан астам сайлаушы немесе олардың 5,7 проценті қатыспады. Тағы 2,1 проценті толтырылмаған бюллетень-дерді урналарға салды. Облыста тіркелген жұмысшылардың бірде-бірі халық депутаты болып сайланбауына байланысты тұрғындардан көптеген сұрақтар түсуде. Халық қалаулылары ішінде сондай-ақ жергілікті ұлт өкілдері, әйелдер жоқ.

Бүгінде біздің өмірімізге енген оңды көріністерді, сондай-ақ кемшіліктерді анықтау, оның себептерін ашу, жинақталған тәжірибе арқылы үгіт-насихат жұмысы арсеналына нені алуға болатынын, ал неден үзілді-кесілді бас тарту керектігін анықтау өте-мөте маңызды.

Дөңгелек стол» басында сайлау алдындағы науқанның түрлі жақтары талқыланды, сонда да оған қатысушылардың көпшілігі үгіт коллективтері қызметін қозғады. Мұның өзі кездейсоқ емес қой деп ойлаймыз, өйткені үгітшілер корпусы — аса бұқаралық, аса өкілді корпус, оның қызметіне көп нәрсе тәуелді.

Осының қарсаңында облыстық радиодан берілген хабар осы проблемаға деген ықыласты күшейте түскенін айту керек, онда біржақты тұжырым жасалды: баспасөздің және информация мен насихаттың басқа бұқаралық құралдарының ролі өсіп отырған бүгінгі күнде үгітші саяси тұлға ретінде саяси сахнадан түсуге тиіс.

Кездесуге қатысушылар осы жайлы айтты да.

К. Ш. ЕСХОЖИН, Возвышен аудандық партия комитетінің екінші секретары:

— Бізге қалыптасқан ескі, сондай-ақ жаңа шаблондар мен дағдылар оралғы жасағанымен, партия активі сайлау алдындағы күндерде өте қауырт жұмыс жасады. Егер көне шаблондарға келсек, олар мынадан көрінді: ұйымдастырушылардың, активистердің көпшілігі жоғарыдан нұсқау күтумен болды және әсіресе алғашқы

Digitized by Google

тұста инициатива көрсетпеді. Ал жаңа шаблондардың бірі мынада: біз баспасөз барлық жағдай туралы хабарландырып. бәрін түсіндіреді деп үміт еттік.

Әрине, енді баспасөз мүмкіншіліктері анағұрлым ұлғайды, алайда ауызша үгіт пен насихатты кеңінен өрістетпейінше әр адамды қамту мүмкін емес. Аудандық партия комитеті де аса қабілетті үгіт коллективтерін құру туралы қамқорлық жасады. Шаруашылықтар мен аудандық мекемелер жетекшілерін оларға енгіздік. Рас, олардың көпшілігі мұндай ұйғарыммен келіспеу әрекетін жасады: совхоз директоры үшін «он аулалық» ауқым аздық етеді-міс. Содан барып аудандық партия комитеті секретарьларының, бюро мүшелерінің жеке үлгі көрсетуіне тура келді, біздің әрқайсымызға бірнеше семья бекітілді. Олардың үйлерінде болып, ашық әңгімелесу кезінде жергілікті істер, сондай-ақ елдің, республиканың даму проблемалары туралы қызу пікір алысылды. Соның нәтижесінде аудан тұрғындарымен байланыс нығая түсті, сайлаушылар көтерген көптеген мәселелер шешілді.

Сайлау алдындағы науқан қорытындыларын талқылай отырып, аудандық партия комитеті үгіт коллективін сақтауға, барлық жетекшілердің, партия активистерінің, депутаттардың, партия, соғыс және еңбек ардагерлерінің оларда жұмыс істеуді жалғастыра беруіне қол жеткізуді ұйғарды.

М. А. БОРОДИН, «Союзцелинвод» трестінің үгітшісі:

— Осындай ұйғарымды қолдаймын. Егер біз, үгітшілер, жұмысымызды доғарсақ, адамдар бізді түсіне алмайды ғой. Сайлау алдында бізге келіп, кандидаттар үшін дауыс беруге шақырды, ал енді бізге келер жолды ұмытып кетті дейді ғой.

Өзімнің микроучаскемде жұмыс істей жүріп, біздің сөзіміз, біздің жанашырлық қамқорлығымыз тұрғындарға қандай қажетті екенін өз көзіммен көрдім. Менің қамқорлығымдағы адамдардың бірі, соғыс мүгедегі, аяғы жоқ өте сырқат адам көп жыл бойы үйіне телефон орнаттыра алмады. Сөйтсек, қарт, еңбегі сіңген адамның өтінішін жедел қанағаттандыруға болады екен. Және ардагер өзіне жиі келіп тұруды өтінді. Иә, саяси мәселелер де көп, оларды жеке әңгімеде, жолдастық пікірталас үстінде түсіндіру оңай.

Өкінішке қарай, үгітшілердің бәрі бірдей осындай белсенділікпен қимылдаған жоқ. Олардың көпшілігі бұрынғысындай сайлаушылар тізімін жасаумен және шақыруларды апарып берумен шектелді. Екі хаттан үзінділер келтірейік.

«Мен үгітшіден, тым жас қыздан халық депутаттығына кандидат О. М. Пале туралы не айтып бере алатынын сұрадым. Жауап орнына ыңғайсыз үнсіздік басталды. Содан кейін біздің мейманымыз оның өмірбаяны мен программасын әкеп беремін деді. Алайда ол бұдан кейін бізге келген жоқ. **В. Кушнаренко,** ардагер мұғалім».

«Сайлау учаскелеріне өздері келе алмайтын қарт адамдар туралы сіздердің қамқорлықтарыңыз бен шындықтарыңыз қайда? - деп сұрайды,— **А. Д. Конкина.** — Үгітшілер бірінші топтағы мүгедекке дауыс беру урнасымен келіп шығуға уақыт таппады немесе мұны жасау қажет деп есептемеді. Өте өкінішті. Он жасар немересі әжесіне келіп. «Әже, сен дауыс бердің бе, саған кім келді және сен кімге дауыс бердің?» — деп сұрауды ұмытпады. Ал оған не деп жауап бересің?»

Әрине, осындай реніштү үгітшілермен бірге учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері де бөлісуге тиіс. Ал кездесуде айтылғандай, олар көбіне асығыс жасақталды, көптеген функциялар үгіт коллективіне жүктеле салды.

Дегенмен «дөңгелек стол» басындағы кездесуде жазылған жазуларымызға оралайық.

Е. П. ДЕМАКОВА, С. М. Киров атындағы заводтың үгітшісі:

— Возвышен ауданында жауапты жолдастарды үгіт коллективі құрамына енгізіп, оларды қалай жасақтағаны маған ұнады. Ал біздің заводымызда адамның түсінік жұмысын жүргізе алу-алмауы ескерілместен қолы бос адамдарды үгітшілік қызметке жіберді. Сайлаушыларды толғандыратын сұрақтарға жауап бере алмағаным үшін олардың алдында өтемөте қатты ұяламын. Заводтың партия комитетінде де біздің жұмысымызды бір рет те сұрап білмеді.

А. П. ДЕРКАЧ. «Петропавловскстрой» өндірістік бірлестігінің үгітшісі:

— Біздің үгітшілеріміз де осындай жағдайда болды. Біз қала істері туралы онша хабардар болмадық, көптеген басқа сұрақтарға да жауап бере алмадық. Егер үгіт коллективтерін сақтағымыз келсе, онда міндетті түрде оларға жүйелі басшылық жасауды реттеу, материалдармен қамтамасыз ету керек. Әйтпейінше, бәрі зая кетеді. Активистерді моральдық жағынан мадақтау туралы да ұмытуға болмайды. Әйтпесе мынадай көрініс туындайды ғой — сайлау өтті және біздің ешқайсымызға тіпті рахмет те айтқан жоқ.

А. И. КРАПОВА, «В. И. Ленин атындағы Петропавл ауыр машина жасау

Digitized by Google

заводы» өндірістік бірлестігі партия комитеті секретарының орынбасары:

— Жалпы үгітші статусын анықтау, олардың белгілі бір кандидат үшін үгіт жүргізуі туралы нұсқауды қайта қарау керек деп есептеймін. Әйтпесе не болады? Біздің заводымыз жұмысшы Воронковты кандидаттыққа ұсынды, ал заводтық үгіт коллективі ол үшін үгіт жүргізе алмады. Осы міндет жұрт сенген өкілдерге жүктелді. Ал біздің округімізде олардың әрқайсысына аз-кемі жоқ 20 мың сайлаушыдан келеді. Олар осыншама адамды қамти ала ма?

Сондай-ақ, сайлау алдындағы үгітті жүргізу барысында кандидаттардың тендігін сақтаға байланысты мәселелерді ойластыру керек. Бізде көбіне кім плакаттарды, бетшелерді көп шығарады, кім көбірек уәде береді деген өзіндік жарыс жүргізілді. Әдептілік элементтерін бұзу оқиғалары болды, бәсекелестің плакаттары жұлынып тасталып, оның орнына өз кандидаты үшін дауыс беруге шақырулар ілінді.

М. С. КИРХГЕСНЕР, Булаев аудандық партия комитетінің секретары:

— Дегенмен, теңдік кандидаттар командаларының белсенділігіне тәуелді. Жұрт сенген өкіл бола отырып, мен аудан шаруашылықтарының бәрін аралап, барлық жерде адамдармен кездестім. Ал басқа кандидаттың жұрт сенген өкілі мұны мүлдем жасамады. Мұнда қандай теңдік болуы мүмкін?!

Әдептілікке келсек, мұнда да көп нәрсе біздің өзімізге тәуелді. Меніңше, сайлау науқанының басынан-ақ кейбір жұрт сенген өкілдер бәсекелестерінің олқы жерлерін, ағаттықтарын табу әрекетін жасап, теріс бағдар ұстады. Дегенмен, біздің кандидатымыздың қай жағынан таңдаулы екенін, ал екінші жақтың кандидаты қай жағынан әлсіз екенін көрсету қағидасын басшылыққа алу керек.

А. А. РАЙШ, «Фройндшафт» газетінің өз тілшісі:

— Мен де халық депутаттығына кандидаттың жұрт сенген өкілі ретінде сайлауға қатыстым, кейбір сайлаушылар кандидаттарды олардың программаларының түбегейлігіне, нақтылығына, оның өмірлік позицияларына қарай емес, қайсыбір сырт көріністе: кандидаттың өзін қалай ұстайтынына, қалай сөйлейтініне қарай бағалайтынын тым жиі аңғардым. Ал осыдан барып, меніңше, қос міндет туындайды. Біріншіден, қайсыбір қосалқы көріністен, лепірме сөздерден басты нәрсені қалыс жібермеуі үшін бұқараның саяси мәдениетін арттыруға көбірек көңіл бөлу керек, ал екіншіден, шешендік өнерінің, мәдени пікірталастың «сырларын» меңгеруге көмектесу керек.

А. А. БАШМАКОВ, Петропавл қалалық партия комитетінің секретары:

— Ал ең бастысы — жауынгерлік қабілеті күшті, қоғамдық даярлығы жақсы кандидаттарды тауып, ұсыну, қоғамдық-саяси шыңдалуға, әсіресе жас жұмысшылар мен колхозшылардың қоғамдық-саяси шыңдалуына көңіл бөлу, оларды қоғам игілігіне арналған нақты жұмыста аялап өсіру.

Б. К. НҰТБАЕВ, Совет ауданы «Смирнов» совхозы партия комитетінің секретары:

— Дегенмен кандидаттармен кездесулер аздау болды. Олармен кездесуге біздің совхозымыздан небары 30 адам шақырылды, қалғандары оған бара алмады. Ұйымдастырушылар осы кездесу тұрғысынан бадырайтып тұрып «белгі» соққанға ұқсайды, ал іс жүзінде сайлаушылардың көпшілігінің кандидаттармен байланысы болмады. Кандидаттармен және олардың программасымен мүмкіндігінше жақсырақ танысу үшін сайлау алдындағы науқан мерзімін ұзарту керек шығар.

Н. И. ТИХОНОВА, ет комбинатының үгітшісі:

— Расында, бізде формализм тым көп болды. Үгіт пункттері жайлы да осылай деуге болады. Оларды безендіруге қаншама қаржы жұмсалды, үгітшілер көпсағаттық кезекшілікке қаншама уақытын зая жіберді, ал оған бірлі-жарым сайлаушылар ғана келді.

В. М. КИСЕЛЕВА, Соколов ауданының В. И. Ленин атындағы колхозы мәдени-ағарту қызметкері:

— Оның есесіне адамдар үгіт пәтерлеріне ықыласпен келеді. Олардың бірі менің үйімде жұмыс істеді. Үйге «он аулалық» учаскеде тұратын адамдар жиналады. Мен балалармен бірге дәмді шай әзірлеймін, ал колхоз үгітшілері Надежда Васильевна Кормина мен Тамара Николаевна Житникова қонақтармен әңгімелеседі.

Л. П. САПРЫКИНА, саяси оқу үйінің меңгерушісі:

— Ал мен қоғамдық саяси орталықтар туралы айтайын. Таңдаулы лекторлар оларда шоғырланған, жетекшілер сөз сөйледі. Кездесу сайын аудиторияның саяси дәрежесі өсе түскенін байқауға болады. Егер алғашқы кездесулерде адамдар негізінен тұрмыстағы оралымсыздықтар туралы көбіне ашу-ызамен өңгімелесе, кейінгі кездесулерде қаланың, облыстың дамуының ірі проблемалары бойынша сындарлы ұсыныстар айтты.

В. С. КРИВУШИН, Соколов ауданы Красноярск орта мектебінің директоры, үгіт пунктінің меңгерушісі:

— Біздің кездесуімізде жұмыстың мазмұнынан гөрі оның формалары мен

Digitized by Google

әдістері туралы көбірек айтылды, ал жұмыс мазмұнын да өзгертіп, тереңдете беру керек. Демократия, праволар, заңдылық туралы үстірт пайымдауларды жиі естуге тура келеді. Бізде масылдық басым. Біз осы мәселелердің бәрін түсіндіріп, бұған «Білім» қоғамын, баспасөзді тартуға тиіспіз.

Сондай-ақ халық депутаттарының үгіт орталықтарын сақтау, ал жұрт сенген өкілдердің практикалық істерде халық қалаулыларына көмектесу правосын беру керек деп есептеймін.

КЕЗДЕСУГЕ қатысушылардың атап көрсеткеніндей, сайлау идеология активіне аса жоғары талаптар қойды. Олардың өмірді жете білуі, жағдайды дұрыс бағдарлап, дәлелді пікірталас жүргізуі, адамдарды иландыруы керек. Аты шулы «қағаз» бойынша сөз сөйлеу, өзекті мәселелерге жалпылама сөздермен жауап беру әрекеттері, бұқаралық шараларды үстірт өткізу, осының бәрі енді анохронизм ретінде көрінеді және бұған бұдан былай төзуге болмайды. Осы кемшіліктерді үзілді-кесілді жойып, жаңадан ие болған бай тәжірибені баянды ете отырып, партия ұйымдарының үгіт пен насихат кадрларымен жұмысты түбегейлі қайта құруы, оларды жүйелі үйретіп, хабарландыруы, сонымен бірге жауапкершіліктерін арттыруы қажет.

РЕДАКЦИЯДАН: Әрине, бір кездесудің өзінде сайлаушылармен үгіт-насихат жұмысы проблемасының өте ауқымды спекторының бәрін қамту мүмкін емес, сондықтан редакция үгітшілерді, саяси хабаршыларды, идеология активистерін, партия, совет, кәсіподақ және комсомол қызметкерлерін, СССР халық депутаттарының сайлауына әзірлік пен оны өткізуге қатысқандардың бәрін сайлаушылармен жұмыс тәжірибесін журнал бетінде алмасып, оны жетілдіру жолдары туралы ұсыныстар айтуға шақырамыз.

ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ХРОНИКАСЫ

ШЕВЧЕНКО

Шевченко қалалық партия комитеті лекциялық насихаттың тиімділігін арттыру проблемалары жөнінен анкеталық сұрау жүргізді. Оның барысында қандай тақырыптардың аса ықылас туғызатыны анықталды. Бұл — экономика, шаруашылық есеп, демократияландыру, заңдылық және право тақырыптары.

Сұралған адамдар «дөңгелек стол» басындағы әңгімелерді, мамандармен сұхбаттарды, ал жастар аудиториясында пікірталастарды жиірек ұйымдастыруды, юристік және саяси мәселелер жөнінде консультациялар өткізуді ұсынды. Қалада аса танымал облыстық лекторлар да аталды. Бұлар — Н. Чернов, В. Машошин, П. Долматов, Г. Померанцев, Г. Осипова. Рас, анкетада көрсетілген өз коллективінен лекторларды ата деген өтінішке тек біразы ғана үн қатты, демек, сұрауды ұйымдастырушылар мұны аса алаңдатушылық белгі деп бағалады. Сонымен бірге лекциялық насихатқа жетекшілік жасау жөніндегі бастауыш партия ұйымдарының жұмысын зерттеу соңғы бір жарым-екі жылда осы мәселелердің олардың ешқайсысында қаралмағанын көрсетті.

Сұрау нәтижелері қалалық партия комитеті мен «Білім» қоғамы қалалық ұйымының бірлескен шараларды талдап жасауы барысында пайдаланылды. Лекторлардың жүйелі және жеке оқуына, жаңа лекторлар күшін іздестіріп, даярлауға, өндіріс басшылары мен мамандарын, озат жұмысшыларды лекция оқуға тарту мәселелеріне көп көңіл бөлінеді.

Г. ТИМОФЕЕНКО,
Қазақстан Компартиясы Шевченко қалалық комитеті идеология бөлімінің нұсқаушысы.

КӨКШЕТАУ

Еңбекшілдер ауданында идеология активистерімен, партия, совет және шаруашылық басшыларымен әңгімелесулер өткізіле бастады. Олардың мақсаты — активтің хабардарлығын арттыру.

Кезекті кездесу ССР Одағы мен одақтас республикалардың Қылмыстық істер заңы негізінің жобасын талқылаумен байланысты болды. Әңгімеге қатысушылар мамандардан, юристерден, право қорғау органдары қызметкерлерінен жоба статьяларына түсініктемелерді есту, пікірлерін алмасу, сұрақтар қою мүмкіндігіне ие болды.

— Негізінен белгілі бір сценарийлерді қарастыратын семинарлардан мұның ерекшелігі — мұндай әңгімелерде күтпеген көп нәрселерді білесің. Мұның бәрі жетекшілердің және шақырылған мамандардың білімдарлығына ғана емес, сонымен бірге қатысушылардың қызықты сұрақтарына, пайымдауларына да байланысты,— дейді саяси оқу кабинетінің меңгерушісі Ғ. Омаров.— Тақырып пен мәселе ауқымы алдын ала хабарланады. Бұл пікір алысуды іскер өткізіп, өмірден мысалдар тауып, айта білуге көмектеседі.

Digitized by Google

ҚАЙТА ҚҰРУДЫ ҚОРҒАЙЫҚ

СССР Жоғарғы Советінің Президиумы «Мемлекеттік қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» СССР Заңына және СССР-дің басқа да кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылдады. Журнал редакциясы Қазақ ССР Юстиция министрі **Долда Досполұлы ДОСПОЛОВТЫҢ** *оған түсініктеме беруін өтінді.*

«Мемлекеттік қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» СССР Заңына және СССР-дің басқа да кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» СССР Жоғарғы Советінің Президиумы бертінде қабылдаған Указ елде жүзеге асырылып жатқан праволық реформа мен мемлекеттік және қоғамдық өмірді демократияландыру процесінің маңызды түйіні болып табылады.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы одақтық Указды дамыта беру тұрғысынан үстіміздегі жылы 14 апрельде республиканың қылмыстық істер кодексінің 56 және 60-статьяларына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Указ қабылдады.

Осы нормаларды қабылдау ең алдымен мынаған байланысты: мемлекеттік қылмыс туралы СССР-дің қолданылып жүрген заңының кейбір қағидалары мүлдем ескірді, нақты анықталмауынан кемшілігі болды, мұның өзі антисоветтік үгіт пен насихат секілді біздің өміріміздің теріс жақтарын сынауда тұжырымдалған қайсыбір қимыл-әрекеттерді тым екіұшты пайымдауға мүмкіндік берді. Әңгіме осы Заңның 7-статьясы (Қазақ ССР Қылмыстық істер кодексінің 56-статьясы) туралы болып отыр. Рас, қайта құру жылдарында осы статья қолданылмады, бірақ Заң өзгертілмеді.

Осы олқылықтарды жоя отырып, заң шығарушы айтарлықтай кең көлемде және екіұшты пайымдауға себеп болатын, антисоветтік үгіт пен насихат, мемлекеттік және қоғамдық құрылысты қаралайтын өсек-аяңдарды тарату секілді қылмыс түрлері қылмыстық істер заңынан іс жүзінде шығарылып тасталды.

Енді Заңның 7-статьясының редакциясы басқадай. Онда тек нақты қимыл-әрекеттер: советтік мемлекеттік құрылысты құлатуға немесе оны конституцияға қайшы келетін әдіспен өзгертуге; СССР-дің саяси және экономикалық системаларын әлсірету мақсатында совет заңдарының атқарылуына бөгет жасауға жария түрде шақырғаны сондай-ақ осындай мазмұндағы материалдар әзірлеп, тарату-қаны үшін қылмыстық жауапкершілік тағайындалды.

Бұл жерде әңгіме қайсыбір өзара әңгімелесу, ауызекі сөйлесу туралы емес, жария шақыру баяндалмайтын хаттар, жеке күнделіктер, немесе пікірлер туралы емес, нақты оқиға мен қылмысты іс-әрекет туралы болып отыр. Жаңа Указдың мәні көзқарасы, пікірі үшін соттауға саймайды. СССР Конституциясына қайшы келетін әдіспен советтік мемлекеттік құрылысты құлатуға, немесе оған опасыздық жасауға, яки оның саяси және экономикалық системаларын әлсірету мақсатында совет заңдарының атқарылуына бөгет жасауға жария түрде шақырғаны, сондай-ақ осындай мазмұндағы баспа, жазбаша, видео және басқа материалдарды шығарғаны және тарат-қаны үшін жауапкершілік басталады.

Үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру немесе екі мың сомға дейінгі айып салу түріндегі шаралар да сараланып, соншалықты тиянақты белгіленген. Егер олар қайталап жасалса, яки адамдардың ұйымдасқан тобы жасаған немесе жаппай көбейтуге арналған техникалық құралдарды пайдалану арқылы жасалған сол іс-әрекеттерге айыптылар жеті жылға дейін бас бостандығынан айырылады немесе 5 мың сомға дейін айып төлейді. Шетелдік ұйымдардың немесе олардың өкілдерінің тапсыруы бойынша немесе осы ұйымдардан алынған материалдық қазыналарды немесе техникалық құралдарды пайдалана отырып қылмыс жасаған адамдар үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады.

Осы жайлы айта отырып, бірқатар шетелдерде осындай қылмыс үшін тым қатал жазаланатынын ескерту керек. АҚШ-та 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру жауапкершілігі тағайындалған. Францияда өмір бойы тұтқында болу, Швецияда —10 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген. Дегенмен, мәселенің мәні мұнда емес. Заң шығарушының қайта құру дәуірінде нақты қол-

Digitized by Google

данылып отырған праволық қатынасты реттеуге деген көзқарасы маңызды.

СССР Заңының 11 статьясы (Қазақ ССР Қылмыстық істер кодексінің 60-статьясы) бойынша ұлттық және нәсілдік тең праволылықты бұзғаны үшін жауапкершілікті қыруар күшейту, әлбетте, осы қағидамен байланысты. Бас бостандығынан айыру жазасының ең ұзақ мерзімі үш жылдан он жылға дейін арттырылды. Армения мен Азербайжандағы, Прибалтикадағы, Молдавия мен Грузиядағы соңғы кездегі оқиғалар көрсеткеніндей, демократия мен жариялылықты ауа жайылушылықпен, заңсыздықпен алмастыруға әрекет етуші адамдар, ал кейде топтар азаматтардың қоғам мен заң алдындағы міндеттері туралы конституциялық қағидаларды елемей, ұлттық және нәсілдік дұшпандық ұранды қоздыруға ұмтылуда. Осы әрекеттер кейбір жағдайда кісі өліміне соқтырды, өтеуі қиын моральдық және материалдық нұқсан келтірді.

Заңдылықты мүлтіксіз сақтамайынша демократияның айтып болмас зардапқа соқтыруы мүмкін, және мемлекет өзінің тұтастығы, өз азаматтарының қауіпсіздігі туралы қамқорлық жасауға міндетті. Тиімді заң механизмі қажет, және жазалаудың қатаң шаралары — осындай қамқорлық аспаптарының бірі.

Жаңа заңдарды қабылдау ең алдымен праволық реттілікті нығайту, заңды және оны мүлтіксіз сақтау арқылы қайта құруды экстремистік көріністерден және авантюристік элементтерден қорғауға көмектеседі. «Ынталы қоғамдық бірлестіктерді құру тәртібі және олардың қызметі туралы» Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының республикалық баспасөзде жарияланған Указы да осы мақсатқа қызмет етеді. Ынталы қоғамдық бірлестік тиісті халық депутаттары жергілікті Советінің атқару комитеті тіркеген күннен бастап құрылған болып есептеледі және өз қызметін бастайды. Олар заңға қатаң сәйкес қимыл жасауға міндетті және тағайындалған тәртіпті бұзу қолданылып жүрген заң бойынша жауапкершілікке соқтырады.

СССР-дің жоғары мемлекеттік өкімет және басқару органдарын, басқадай мемлекеттік органдарды және лауазымды адамдарды, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен олардың жалпы одақтық органдарын жария қорлағаны немесе оларға кір келтіргені үшін жауапкершілікті қарастыратын Указбен енгізілген 11-1 жаңа статья да (Қазақ ССР қылмыстық істер кодексінің 60-1-статьясы) назарды аударады. Тиісті санкция: 2 мың сомға дейін айып салынады немесе үш жылға дейін бас бостандығынан айырады. Кір келтіру сөзінің астарынан, әлбетте, шындықты әдейі бұрмалайтын сыбыстар мен өсек-аяңдарды пайдалануға негізделген, мемлекеттік органның нұсқауына, лауазымды адамдарға және қоғамдық ұйымдарға сенім көрсетпеуге бағытталған өтірік жалақорлық информацияны таратудан көрінетін қасақана мақсатты жасалған әрекеттерді аңғарған жөн.

Совет адамдары жаңа документті ұғынушылықпен және мақұлдаумен қабылдады. Оны талқылау барысында ұсыныстар мен тілектер айтылуда. Олардың бәрі мұқият қаралуда және СССР Жоғарғы Советінің сессиясында Указды бекіту барысында, әлбетте, ескеріледі. Қазіргі міндет мынада: право қорғау органдарының қызметкерлері қайта құру процесін қорғауға, сондай-ақ заңның рухы мен әрпіне сәйкес оларды мүлтіксіз орындауды қадағалауға, асыра сілтеушілік пен екіұшты пайымдауға жол бермеуге бағытталған жаңа указдар мәні мен маңызын халыққа кеңінен түсіндіру.

Демократия — ауа жайылушылық емес

Біз жаңа Указды өз фабрикамыздың жұмысшылары ортасында, еңбек коллективтерінің жиналыстарында талқылап, ол дер кезінде енгізілген деген пікірге келдік. Расында, бүгінде коммунистердің, барлық еңбекшілердің партияның жасампаздық идеялары төңірегіне тығыз топтасуы керек. Біздің бәріміздің өз еңбегімізбен советтік құрылыстың іргетасын, халықтар достығы мен бірлігін нығайта беруіміз қажет. Біздің жоспарларымызды жүзеге асыру кепілі де осында.

О. АСҚАРОВА,
Қызылорда аяққиім фабрикасының жұмысшысы, Ленин орденінің иегері.

Демократияны дамыту барысында әлімжеттік, анархия синонимін көрмеуге болмайды. Біздің қоғамымызды жаңарту қарсыластары демократия ұранын пайдаланып, қайта құруға оралғы жасайды. Мұндай адамдарға берекесіздік туғызу тиімді. Указ қайта құру мен демократияны осындай адамдар әрекетінен сенімді қорғауға тиіс.

Д. ЯВОРСКИЙ,
«Семжилстрой» тресі ірі панельді үй құрылысы басқармасының дәнекерлеушісі, учаске партия тобының ұйымдастырушысы.

Digitized by Google

АРЕНДА БІЗГЕ НЕ БЕРДІ?

К. КАРПУХИН,
Орал облысының Ленин атындағы колхозының звено жетекшісі, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген механизаторы

Сіздің журналдың сегізінші номерінен Целиноград облысының М. Мәметова атындағы совхозының бас экономисі В. Швецтің арендалық мердігерлік туралы, шаруашылық ішінде рыноктық қатынасты ретке келтіру туралы «Жердің қожайындары» деген мақаласын қызыға оқып шықтым. Бұл ой маған аса маңызды болып көрінеді.

Арендаторлар шаруашылық басшыларымен шарт жасаспайынша, оны екі жақ та қатаң сақтамайынша ешқандай аренда туралы сөз болуы мүмкін емес, деп В. Швец орынды жазады. Арендатор өз проблемаларымен өзі айналыспауға тиіс.

Біз колхоз басқармасымен үш жылға шарт жасастық. Колхоз 246 гектар суармалы және 72 гектар тәлімі жерді, 156 құнажынды (звено жеті жыл үзілістен кейін тағы да мал алды), малды байлаусыз ұстайтын сарайды, қажетті техниканы да звеноға арендаға берді. Шартта жанармайдың, тұқымның, тыңайтқыштың және өндірілетін өнімнің бағасын анықтадық. Колхоз басқармасы бір центнер жемшөп өлшемін алғаны үшін 7 сом 97 тиын, бір құнажынның бір центнер салмақ қосқаны үшін —204 сом 38 тиын төлейді. Колхоз басқармасы үш жылға жемшөп пен оның түрлеріне тиянақты заказ берді.

Өткен жылдың қорытындысынан аренданың нық қадам жасағанын көремін. Ең алдымен біз бедені үш рет оруды үйрендік.

Бәрі жатық қимылдады — бірде-бір операцияда — шөпті оруда да, тиеп жөнелтуде де іркіліс болған жоқ. Жемшөп дайындау конвейері ешқандай кідіріссіз, тиянақты жұмыс істеді. Қарқынның қауырттылығында дау жоқ, дегенмен біздің звеномыз — Н. И. Чабанюк, В. Н. Рудаковский, В. И. Қасымов, А. У. Қажыгалиев, А. М. Боранбаев, А. Е. Резниченко,



А. Аржаных, М. С. Дәулетов, В. Н. Бакалдин, В. И. Токарев және мен — осындай жағдайға алдын ала келістік қой. Сөйтіп біз барлығы 5 мың центнер пішендеме дайындадық, лабораториялық анализдің деректері бойынша, осы жемшөптің жұғымдылығы аса жоғары болды. Жемшөп өсіруден алынған жалпы табыс 48529 сом болды. Күзде құнажындарды фермаға өткіздік, қосқан салмақ 153,5 центнерді құрап, звеноның жалпы табысы екінші статья бойынша 31372 сом болды.

Пішен дайындауды аяқтасымен үш механизаторды тракторларымен, арбаларымен комплексті бригадаға жібердік. Олар меншікті малға арналған жемшөпті тасыды. Звено бір жыл ішінде жалпы 49300 сомның қызметін көрсетті.

Біздің бүкіл жұмысымызды талдай

● **Орал облысының В. И. Ленин атындағы колхозынан Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген механизаторы К. Карпухин басқаратын жемшөп дайындаушылар звеносы арендаға ауыса отырып, өткен жыл ішінде ғана 130 мың сомдай жалпы табыс тапты. Табыстың 48529 сомы жемшөп дайындаудан, 31372 сомы малды бордақылаудан және 49300 сомы халыққа қызмет көрсетуден алынды.**

● **Коллектив шартты міндеттемені орындауды абыроймен атқарып, қоғамдық малды жоғары сапалы жемшөппен қамтамасыз етті.**

Digitized by Google

отырып, біз жоғары нәтижелерге жете алдық, деп айта аламын, біздің звеномыз да, колхоз басшылығы да шартты мүлтіксіз сақтады.

«СССР-дегі аренда және арендалық қатынас туралы» СССР Жоғарғы Советінің Президиумы бертінде қабылдаған Указда қордаланған проблемалар ескеріліп, туындап қалатын таласты шешудің тиянақты реттелгені жақсы болды. Біз, арендаторлар, мемлекет қамқорлығын сезініп, арендалық қатынастарды дамыту перспективасын да көрудеміз.

Демек істің одан әрі дами беруі үшін шаруашылықтардың бәрін арендамен қамту керек, деп ойлаймын. КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы март Пленумының материалдарынан өз ойыма қолдау таптым: онда колхоздар мен совхоздарды аренда негізінде ішкі қайта құру керек делінген. Ал біз өз тәжірибелерімізді алмасуға әрдайым әзірміз. Мәселен, чектің көмегімен есеп жүргізу жүйесі өзін жақсы жағынан көрсетті.

Колхоздың экономика бөлімінде звеномыздың есеп беті жүргізіледі. Мұнда чектер: колхоз басқармасы мен бөлімшенің өндірілген өнім үшін (жемшөп, қосымша салмақ, қызмет көрсету) төлемі, сондай-ақ жұмсалған шығын (жанар-жағар материалдары, тұқым, аванс) чектері ай бойынша жиналған. Әр айдың соңында чектердің негізінде бухгалтермен және экономиспен бірге есеп бетін толтырамыз. Есептің үлкен бөлігін өзім жүргіземін, бұған үйреніп алдым. Ал көмек керек болған жағдайда № 1 комплексті бригаданың есепшісі Ю. Өмірбековке жүгінемін. Оған бұл жұмысы үшін айына 30 сом төлейміз.

Звеноның 1988 жылғы жалпы табысы 128600 сомды, шаруашылық есеп табысы —56300 сомды құрады.

Әйтсе де звено әзірше толық мәнінде жұмыс істемейді — адамдар істі шаруагерлікпен жүргізуді енді ғана үйреніп келеді. Сонда да әр адамның бұған үйренетініне көмілсенім бар. Ол есепті жүргізудің қарапайымдылығына, тартымдылығына негізделген. Дегенмен бұл тек бір ғана себеп. Оның екінші бір негізгі себебі, менімше, басқада сияқты. Звено жерді өңдеудің озық технологияларын енгізу, шығымды сорттарды, т.б. пайдалану есебінен бұдан да жоғары нәтижеге қол жете алады. Мұнда да бізге агрономдардың, селекционерлердің көмегі керек. Ал мамандар әзірге сырттай бақылау позициясын ұстануда — олардың колхоздағы жұмысы жетерлік, демек звеноның қам-қаракеті олар үшін әзірге ауыртпалық болуда. Демек, мен аренданы шаруашылықтың ауқымына дейін кеңейту керек деген ойға тағы да келемін. Әрине, бұл күрделі, алайда бізді тежейтін шырмауды міндетті түрде үзу керек. Біз үстіміздегі жылға арналған шартта да мамандар көмегінің мейлінше нақты айтылуына қол жеткіздік. Енді іс осы пункттің орындалуына саяды.

Жазып алған Г. ГОЛУБЫХ,
аудандық «Сельский труженик»
газетінің қызметкері.

Приурал ауданы,
Орал облысы.

Колхозға да, мектепке де тиімді

Крупская селосы орта мектебіндегі қабырға газетінің жаңа номерін алғаш оқушылар жас балалар болды. Олар колхоздың озат адамдарының тізімінен өздерінің ағалары мен апаларының фамилиясын іздеп, жете оқып шықты. Демек тауып алса:

— Ал менің ағайым бәрінен де жақсы жұмыс істепті! — деп қуана айтып жатты.

Олар таңапта, өндірістік бригадада, шошқа фермасында жұмыс жасаушы аға жолдастарының істеріне қазірдің өзінде-ақ қатыстылығын сезінеді.

Мектеп тек түстен кейін ғана абырсабыр болады. Оқушылар шошқа фермасынан, таңаптан оралады. Оқушылардың өндірістік бригадасы жұмысын кешке қарай аяқтайды. Ол мұнда 1959 жылдан бері бар және жетінші кластан бастап түрлі кластардан 80 оқушыны біріктіреді. Олар 100 гектар егістікті иеленеді. Мұнда балаларға колхозшылар көмектеседі. Жерді жыртып, тұқым себу — олардың жұмысы. Қалғандарын оқушылар орындайды.

Бригадада жарыс кеңінен қанат жайған. Оның шартына тек жақсы жұмыс істеу ғана емес, сонымен бірге үздік оқу да кіреді. Балалар таңапта жұмыс істей жүріп (әсіресе көктемде), мектептегі сабақтарын қалыс жібермейді. Жарыс жеңімпаздары туристік жолдамалармен қыдырып қайтады.

Колхозшылар мектепке көмектесе отырып, қарбалас уақыттарда оқушылардың көмекке келетінін біледі. Балалар колхозшыларға көкөніс жинауда көмектеседі. Өнімнің бір бөлігін оқушылар өздерінің асханасына сатып алады.

Н. ЖДАНОВА.

Талдықорған облысы,
Талдықорған ауданы.

Digitized by Google

КОСМОСТАН БЕРІЛЕТІН КӨМЕК



СССР-дің космонавт-ұшқышы, екі мәрте Совет Одағының Батыры П. Р. Поповичтің есімі біздің елімізге және шетелдерге жақсы мәлім. Павел Романович космосқа екі рет ұшты, «Союз-14» космос кораблінің командирі болды, «Салют-3» орбиталық ғылыми станциясында бірлескен эксперименттер жүргізді. Оның қатысуымен бірнеше дүркін пайдаланылатын «Буран» космос корабліне сынаулар жасалып, ол ойдағыдай ұшырылды.

Павел Романович бертінде Көкшетауда қонақта болып, облыс диқандарымен кездесті. Оның тыңға келуі кездейсоқ емес-ті. Істің мәні мынада: өткен жылдың соңында П. Р. Попович «Агроресурс» автоматтандырылған информациялық басқару жүйесінің Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу орталығының директоры болып сайланған еді. Біздің штаттан тыс тілшіміз В. Марченко **П. Р. ПОПОВИЧТІҢ** бірнеше сұраққа жауап беруін өтінді.

— Павел Романович, Көкшетау облысына келу мақсатыңыз туралы айтыңызшы.

— Оның мақсаты ізгі — облыс шаруашылықтарымен ғылыми-өндірістік байланысты дамыта беру.

Көкшетау облысының көптеген аудандары өткен жылдың тәжірибесінен біздің талдауларымыздың пайдалылығын сезіп, біздің информацияларымызға ықылас білдіре бастады.

Космос не жасай алады? Жерді ғылыми жағынан негізделген әдіспен пайдалану үшін информация береді, ауыл шаруашылығы дақылдарының фитосанитарлық жайын, эрозияны, топырақтың сортаңдануын, қуаншылықты, шаңды дауылды анықтайды. Космостан санаулы минуттар ішінде тұтас аймақ жерінің ылғалын анықтай алады. Картографияны, фотографияны, оперативті документтер мен информацияны оған жатқызуға болады. Сіздің облыстың, мәселен, Куйбышев, Чистополь, Чкалов аудандары біздің қызметіміздің пайдалылығы мен жоғары тиімділігіне қазірдің өзінде иланды. Және бізбен бұдан былайғы ынтымақтасуға арналған шарттар жасасуда.

— Космонавтар космостан қарағанда жер тамаша дейді, ал аспаннан Солтүстік Қазақстан қалай көрінеді?

— Оның көрінісі қайталанбайды. Европаның үстінен ұшып өткенде жер көптеген түрлі құрақтардан тігілген құрақ көрпені елестетеді. Қазақстан үстімен ұшқанда кең жазира алқапты сезінесің. Менің қатысуыммен екі космостық сапар жазда өтті. Алғашында егіс танабы көгілдір теңіздей болып көрінді, ал екіншісінде — бұл августе болған еді — көлемді кеңістікте сап-сары егістік жайқалды... Менің космонавт-жолдастарым планетамызда төртеу емес, бес мұхит бар, бесіншісі — тың деп бекер есептемейді.

— Астық — баға жетпес байлық. Космоста да оны алмастыруға болмайды ғой.

— Өте дұрыс. Біз ұшу сапарларына космостық арнаулы шағын тоқашты аламыз. Оларды айрықша рецептен, демек қазақстандық күшті бидайдың таңдаулы сорттарынан пісіреді.

Біз ортақ күш-жігер арқылы жерде шаруашылықты жүргізуді үйреніп, егістіктің алып күшін молайта беруге тиіспіз.

— Мұнда сіз басқаратын орталық елеулі көмек бере алады ғой...

— Оған дау жоқ. Біздің міндетіміз — ғылымды халық шаруашылығына қызмет етуге қою, бүкіл еліміздің жер кадастырын жасау. Космостық зерттеулерді ауыл шаруашылығында қолдану қаншама халық ақшасын үнемдеуге көмектеседі. Өздеріңіз елестетіп көріңіздерші. Космостан бір гектар жерді суретке түсіру небары жарты тиынға бағаланады, ал оны самолеттен жасау 16 есе қымбат. Демек, космонавтика мен егіншіліктегі достық одағы — тиімді де перспективалы іс.

Суретте: СССР-дің космонавт-ұшқышы П. Попович көкшетаулық диқандар арасында.

Суретті түсірген В. ХОЛИН.

Digitized by Google

«...ҚАЖЕТ, ...ҚАЖЕТ»

— осындай хабарландырулар сирек болуы үшін не жасау керек?

Қазақстанның көп салалы экономикасын жедел дамыту үшін еңбек ресурстарын ұтымды пайдаланудың маңызы өте-мөте зор. Осы проблема күрделі әрі көп жағынан қарама-қайшылықты. Республиканың халық шаруашылығы салаларында 180 мың бос жұмыс орны бола тұрса да, қоғамдық өндіріспен айналыспайтын, еңбекке қабілетті адамдардың саны 240 мыңнан асады.

Бұл тепе-теңсіздіктің себептері бірнешеу. Олардың бастысы — еңбек ресурстары мен өндіріс қуаттарын территориялық жағынан бөлудің біркелкі болмауы. Оның үстіне көптеген кәсіпорындарда жоғары білікті кадрлардың жетіспеушілігі сезіледі, сонымен бірге оларды даярлау қанағаттанғысыз жүргізілуде.

Қазір халық шаруашылығында жүзеге асырылып жатқан кең көлемді экономикалық реформа да, еңбекті ұйымдастыру мен оған ақы төлеудің коллективті формаларына ауысу да, шаруашылық есеп пен арендалық қатынастар да, еңбек потенциалын тиімді пайдалану да жаңаша қатынастарды өктем талап етеді. Осыдан бір жарым-екі жыл бұрын қосымша жұмысшыларды жұмысқа шақырған, енді бүгінде жұмыс істеушілердің аз құрамымен анағұрлым қауырт өндірістік программаларды атқаратын кәсіпорындарды көптеп атауға болады.

Мәселен, Қостанайдың мәуіті-шұға комбинатында жағдай мынадай: онда 1987 жылы өндірістік тапсырмаларды орындау үшін 500 адам жетіспейтін, ал бүгінде 150-ге жуық адам босатылуда. Демек бұл еңбекті ұйымдастыру мен ақы төлеудің коллективтік формасына, шаруашылық есепке ауысудың, жұмыс уақытының зая кетуін күрт қысқартудың, қамту аймағын кеңейтудің, еңбекке ақы төлеу жүйесін жақсартудың арқасында мүмкін болды. Астананың Гагарин атындағы және 1 Май өндірістік тігін бірлестіктерінде, Автомобиль жолдары министрлігінің ағаш өңдеу комбинатында, «Целиноградсельмаш» бірлестігінде, Өскеменнің титан-магний комбинатында және шаруашылықты жүргізудің жаңа формасын қолданушы басқа да бірқатар кәсіпорындарда осындай жағдай қалыптасуда.

Тұтасынан республика бойынша соңғы жылдары материалдық өндіріс саласында жұмысбастылық деңгейінің тұрақтану тенденциясы белең алды, демек бұл еңбек өнімділігінің өсу қарқынының жеделдеуімен байланысты. 1986—1988 жылдары өндірістік салалардың кәсіпорындары мен бірлестіктерінен 150 мыңдай адам босатылды, олардың үштен бірінен астамы сол кәсіпорындарда жұмысқа орналастырылды, соның ішінде әрбір алтыншы адам екінші және үшінші смена-ларды жасақтауға жіберілді, ал әрбір бесіншісі құрметті демалысқа кетті, ал қалғандары басқа салаларға ауыстырылды. Бесжылдықтың соңына дейін материалдық өндіріс жүйесінен қосымша тағы да 160 мыңдай адамды босату қарастырылуда.

Мамандарды пайдалану проблемасы туралы жеке әңгімелеу керек. Кәсіпорындар мен бірлестіктердің шаруашылық дербестілігін арттыру, басқару аппаратының құрылымын жетілдіру олардың санын 35 мыңдай адамға қысқартуға мүмкіндік берді. Олардың әрбір үшінші тікелей өндіріске және халыққа қызмет көрсету жүйесіне жіберілді. Көпшілігі практиктер мен пенсия жасындағы адамдарды алмастырды. Мамандардың бір бөлігінің қайта үйренуіне немесе мамандығы бойынша жұмыс істеу үшін тұрғылықты жерлерін ауыстыруына тура келді.

Біз өндірістен жұмысшылар мен қызметшілерді жаппай босатуды көптеген ондаған жылдар ішінде алғаш рет кездестіріп отырмыз. Социалистік мемлекет жұмыссыздыққа жол бере алмайды. Бұл жағдайда еңбек ресурстарын басқару, оларды белсенді түрде қайта бөлу, қайта үйрету және іскер кәсіптік бағдар беру проблемалары мүлде жаңаша көтерілуде. Өйткені қызметкерді қысқарту оны жұмыстан мүлдем шығарып тастау деген сөз емес қой.

Республикада тұтасынан демографиялық жағдай жақсы қалыптасуда, демек ол еңбек ресурстарының елеулі қайнары болуына мүмкіндік береді. Мәселен, егер 1975—1988 жылдар ішінде Қазақстанның еңбек ресурсы 1 миллион 580 мың адамға, немесе 20 процентке дейін өссе, енді соңғы үш жылда ғана 263 мың адамға көбейді.

Digitized by Google

Алайда жайбарақаттық үшін негіз жоқ. Бізде еңбек ресурсын ұтымды пайдалануды қажеттігін әлі жете түсінбеген кәсіпорындар аз емес. Жұмыс істеп тұрған цехтарды жаңғыртып, қайта құру орнына қосымша жұмысшы күшін қажет ететін жаңа өндірістік объектілерді салу әлі де жиі кездеседі. Бұған қарсы тұру үшін жергілікті өкімет органдарында жеткілікті күш бар.

Бертінде болған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIV пленумында Алматыда орныққан практика оң бағасын алды. Мұнда халық депуттаттарының қалалық Советі бір тұрғынға немесе жұмыс істеуші бір адамға шаққанда күрделі қаржының бір мезгілді шығынының нормативін тағайындап, кәсіпорындарға берді. Енді ведомстволармен әңгіме былай өтеді: құрылыс салғыларың келген екен, онда әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық мақсатқа қаржы мен лимит бөліңдер, сырттан мамандар шақырады екенсіңдер — қаланы дамытуға қаржы беріңдер.

Бүгінде алда тұрған екінші бір проблема — бұл өндірісте жұмыс істемейтін адамдарды жұмысқа орналастыру. Зерттеу көрсеткеніндей, олардың едәуір бөлігінің (үй шаруашылығы мен меншікті қосалқы шаруашылықпен айналысатын әйелдердің басым көпшілігінің) қоғамдық өндіріске жедел тартылуы мүмкін. Бұл үшін қосымша жұмыс орындарын жасап, үйдегі еңбек формасын кеңейту, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерін салуға басымырақ көңіл бөлу керек. Кәсіпорындардың жергілікті Советтерге, ішінара алғанда, еңбек ресурстары үшін жұмыс істеуші әрбір адамға жылына 200—300 сом мөлшерінде төлем ретіндегі қаржысы да осы міндеттерді шешуге бағындырылады.

Адамдардың жұмысбастылық деңгейін арттыру жөніндегі жұмыс енді жоспарлы түрде жүргізілуде. Жаңа өндірістерді ең алдымен пайдаланылмай жатқан еңбек ресурстары бар жерде орналастыру ұйғарылды. Мәселен, республиканы 1990 жылға дейін экономикалық және әлеуметтік жағынан дамыту жоспары 29 шағын және орташа қалаларда қосымша жұмыс орындарын жасауды қарастыруда. Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің өзі ғана Алматы, Жамбыл, Талдықорған, Жезқазған және Шымкент облыстарында елуден астам модульді, төрт жаңа цехты құруда, жұмыс істеп тұрған екі кәсіпорынды кеңейтуді жүзеге асыруда. Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті, өз кезегінде, осында алты жаңа сүт заводы мен ауыл шаруашылығы шикізатын үқсату жөніндегі 12 кәсіпорынды құруда. Бесжылдықтың соңына дейін республикада қосымша бірқатар жаңа өндірісті орналастыру. 90 өнеркәсіп объектісін кеңейтіп, қайта құру белгіленуде, бұл қосымша 150 мың адамды қоғамдық өндіріске тартуға мүмкіндік береді.

Еңбектің кооперативтік формасын одан әрі дамыта беру адамдардың жұмысбастылық деңгейінің артуына ықпал етеді, онда бүгінде 70 мыңнан астам адам жұмыс істейді, ал бесжылдықтың қалған екі жылы ішінде ол тағы 30—40 мың адаммен толығады деп күтілуде. Оның үстіне еңбектің үйдегі формалары мен жеке еңбек қызметі кемінде қосымша 25 мың адамның қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысуына мүмкіндік береді, демек олардың басым көпшілігі — әйелдер. Демек бесжылдықтың соңына дейін мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде қосымша 90 мыңнан астам орынды іске қосу арқасында бұл міндетті шешу жеңілдейді.

Әрине, кооперативтер туралы әңгімелей отырып, оның келеңсіз салдары туралы айтпауға болмайды. Республиканың өнеркәсіп орындары мен құрылыстары жұмысшыларының, инженерлерінің және техниктерінің білікті бөлігі осында ауысуда. Демек мұнда да жаңа шешімдерді іздестіру қажет.

Республиканың жұмысшы күшін ол көп аймақтардан жетімсіз аймақтарға мақсатты қайта бөлуге тура келеді. Еңбек жөніндегі органдар бұл міндетті жоспарлы ұйымдық формалар есебінен шешуде. Тұтасынан үстіміздегі бесжылдықта халық шаруашылығының маңызды жаңа құрылыстары мен іске қосылатын комплекстеріне 120 мыңнан астам, оның ішінде ұйымдасқан қабылдау бойынша — 70 мыңға жуық адам, жастарды жаппай шақыру арқылы 18 мыңнан астам және студенттердің құрылыс отрядтары құрамында 30 мың адам жіберіледі.

Демек, Каспий өңірі мұнай-газ және Павлодар-Екібастұз отын-энергетика комплекстері еңбек ресурсымен біршама толықтыруды қажет етеді, сонымен мұны жергілікті халықтан мамандарды даярлауды жақсарту есебінен жасау белгіленіп отыр. Республикада жұмысшы табының ұлттық отрядын қалыптастырудың мақсатты программасы талдап жасалуда, онда республиканың ауыр индустриясы және халық шаруашылығының басқа салалары үшін жергілікті ұлт өкілдерінен жұмысшыларды даярлауға көп көңіл бөлінуде. Кәсіпорындар мен құрылыстардың коллективтері, кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінің қызметкерлері бұған зор үлес қосуға тиіс.

Әлеуметтік инфрақұрылымды басымырақ дамыту жұмысшы табының тұрақты ұйытқысын құру шарттарының бірі болып табылады. Осы жағдайдың әрдайым сақ-

Digitized by Google

тала бермейтінін мойындау керек. Мәселен, Теңіз бен Қарашығанақ комплекстерінде әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды жақсартуға жалпы сомадан бөлінетін нормативті 30 процент барысында олардың үлесі он проценттен аспайды. Мұнда жұмыс көбіне вахталық әдіспен жүргізіледі, бұл тұрақты жұмысшы ұйытқысын қалыптастыруды елеулі түрде тежеуде. Қазіргі уақытта партия және совет органдары жергілікті адамдардан жоғары білікті жұмысшылар мен мамандарды даярлауды күшейту жөнінен шаралар қабылдауда.

Кадрларды селода орнықтыру — ірі және кезек күттірмес міндет. КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы март Пленумы бұл үшін жаңа зор мүмкіндіктерді ашуда, демек мәселе осы мүмкіндіктерді толығынан пайдалануға саяды. Өйткені бүгінде республика совхоздары кадрлармен тек 76—87 процент, ал колхоздары —80 процент мөлшерінде ғана қамтамасыз етілген. Шопандар кадрларының жетіспеушілігі қатты сезілуде, механизаторлардың қыруар бөлігін астық жинауға тартуға тура келеді. Сонымен бірге республикамызда селолық жерлерден жыл сайын 150 мыңға дейін адам қалаларға қоныс аударады.

Бұл мәселені шешудің бір жолы — қаладан семьяларды ұйымдасқан түрде селоға қоныстандыру. Демек жаңа қоныстанушылар туралы тиісті қамқорлық жасалатын жерлерде олар жақсы орныға-ды. Ақтөбе, Целиноград және басқа облыстардың көпшілігінде күні кешегі қала тұрғындарымен қыруар мөлшерде толықтырылған совхоздар бар, олар жерде аса зор ықыласпен еңбек етуде. Бүгінде селоға қоныс аудару ауқымы едәуір кеңейтілуге тиіс.

Республика үкіметі бірқатар облыстардың шалғай аудандарын жедел әлеуметтік және экономикалық дамыту жөнінен бертінде қабылдаған программа село халқын орнықтыруға белсенді көмектеседі. Осы ірі шаралар жүздеген селолар мен ауылдар бейнесін өзгертуге тиіс.

Өзіне жіті көңіл бөлуді талап ететін өткір мәселе — бұл жұмыс уақытының зая кетуін күрт қысқартып, еңбек ресурсын ұтымды пайдалану. Мұнда бізде резервтер жеткілікті. Кадрлардың тұрақтамаушылығы салдарынан ғана ол тұтасынан республиканың халық шаруашылығы бойынша 15 проценттей құрайды, бесжылдық ішінде жұмыс істейтін 200 мыңға дейінгі адамның еңбегі зая кетеді. Смена аралығындағы және күні бойғы іркіліс, қыдырымпаздық, әкімшілік рұқсатымен жұмысқа келмей қалушылық әлі де жоғары болып отыр. Мәселен, өткен жылы олардың мөлшері өнеркәсіпте істейтін бір адамға шаққанда 1,1 күннен, құрылыста — 1,28 күннен және ауыл шаруашылығында — 1,8 күннен құрады.

Қалалар мен селолардың бәрінде еңбек ресурсын барынша тиімді пайдалану, адамдардың толық жұмысбастылығын қамтамасыз ету — бүкіл әлеуметтік-экономикалық жүйені қайта құрудың сара бағыттары. Демек әрбір еңбек коллективі осы жұмысқа белсенді қатысуға тиіс.

В. МАШКУНОВ,
Қазақ ССР-інің Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитеті председателінің орынбасары.

ҚАЗАҚ ССР СТАТИСТИКА ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

Қазақ ССР Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті Алматы мен облыс орталықтарында қалалық транспорттағы қызмет көрсету сапасы туралы алты мыңнан астам жолаушыға сұрақ қойды.

Зерттеу көрсеткеніндей, республика бойынша тұрғылықты жерден жұмыс (оқу) орнына дейін орта есеппен 36 минут уақыт кетеді, ал әрбір үшінші жолаушы жолға 40 минуттан астам уақытын жұмсайды. Ертеңгілікте аялдамаларда транспортты: автобусты тосуға орта есеппен 16 минут, троллейбусқа — 13, трамвайға — 8 минут (еліміз бойынша тиісінше 14, 10,9 минут) уақыт кетеді. Әрбір екінші жолаушы транспортты ауыстыру арқылы жүреді, демек олардың 14 проценті екі рет және 4 проценті үш және одан да көп ауыстыру арқылы жүреді.

Жолаушылар көптеген аялдамалардың орналасуына шағым айтты. Жолаушылардың 35 проценттен 50 процентке дейіні (транспорт түріне қарай) екінші сменаның аяғы мен үшінші сменаның басына қарай қызмет көрсетудің қанағаттанғысыздығына шағым жасайды. Автобус жолаушыларының 74 проценті, троллейбус жолаушыларының 30 және трамвай жолаушыларының 17 проценті салондарда айналатын жердің болмайтынына реніш білдірді. Олардың техникалық жайына да көп талаптар айтылды. Әрбір үшінші адам жүргізушінің аялдаманы хабарламайтынын атады. Осы кемшіліктердің көпшілігін жою үшін қайсыбір айрықша шығын талап етілмейді. Ең алдымен жоғары ұйымдастырушылық, жауапкершілік, жолаушыларды сыйлаушылық қажет.

Digitized by Google

БАРЫНША ҚАЙТАРЫММЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙІК

Рационализаторлар мен өнертапқыштар ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге, еліміздің халық шаруашылығының барлық салаларының тиімділігін арттыруға сүбелі үлес қосуда. Өткен жылы Қазақстан жаңашылдарының қатарында 145 мыңнан астам адам болды, олар ықтимал өнертабысқа 3468 заявка берді, 1856 авторлық куәлік алды, жалпы экономикалық тиімділігі 340 миллион сомнан асатын 1159 өнертабыс пен 127 мың рационализаторлық ұсыныс өндірісте пайдаланылды. Тұтасынан республика бойынша техникалық жаңалықтарды пайдаланудан алынған үнемнің өсімі 1987 жылмен салыстырғанда 22 миллион сомдай құрады. Жамбыл, Қызылорда, Орал облыстарының жаңашылдары да аса жақсы көрсеткіштерге қол жеткізді. Ақтөбе, Қарағанды, Жезқазған, Алматы, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Целиноград облыстарының жаңашылдары өздерінің жылдық социалистік міндеттемелерін асыра орындап шықты.

Алайда өнертапқыштар мен рационализаторлардың творчестволық потенциалы әзірше толық көлемінде қайта құру қызметіне қойылмай отырғанын түсінеміз. жаңалықтарды енгізу жолдарындағы кедергілер өте көп. Жобасы қазір кеңінен талқыланып жатқан өнертапқыштық қызмет туралы СССР Заңының қабылдануымен жағдай ісмерлердің пайдасына өзгереді деп ойлаймыз.

Егер жобаны талқылау қорытындыларын қысқаша жинақтар болсақ, айтылған пікірлердің мәні нақ мынаған саяды: бірегей техникалық шешімдерді қолдануды қиындататын қажетсіз бюрократтық тосқаулыдарды жою керек.

Ал осы заманғы өндірісте жаңашылдар шеберлігі мен күш-жігерін жұмсайтын жерлер әрдайым жеткілікті. Мәселен, соңғы кезде айналадағы ортаны қорғау, қол еңбегін азайту, материалдық-шикізат және отын-энергетика ресурстарын үнемдеу мәселелері қиындап кетті. Республика өнертабысшылары осы проблемаларды шешуге белсене қатысуда. 1988 жылы олардың талдауларын пайдалану есебінен 98,6 мың тонна қара металл прокаты, 811,2 миллион киловатт-сағат электр энергиясы үнемделді. «Материалдық-шикізат және отын-энергетика ресурстарын үнемдеу жөніндегі таңдаулы өнертабыс пен рационализаторлық ұсыныстар» конкурсын өткізу осыған ықпал жасады.

Мәселен, В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында «Қорғасын өндірісінің шаңын ұқсату тәсілі (авторлары Ю. П. Шлемов, Я. З. Бейлин және басқалар) жаңалығы енгізілді. Жаңалық ешқандай қосымша шығынсыз-ақ шлактан бағалы компонентті айыруды 3,1 процент арттыруға мүмкіндік берді, жылдық экономикалық тиімділік 231,8 мың сом құрайды. Ал Қарағанды металлургия комбинатының жаңашылдары Б. И. Богомяков, И. Н. Плешков шаңды ауаны атмосфераға шығарар кезде тазалау үшін тұтылған шаңды технологиялық процесте ұқсату әдісін енгізді. Жылдық экономикалық тиімділік 200 мың сомнан асты.

Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамының республикалық советі Ғылыми-инженерлік қоғам одағы республикалық басқармасымен бірбесін, «Қазақ ССР-інде 1988—1990 жылдарға арналған айналадағы ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөніндегі таңдаулы техникалық шешімдерді, жаңалықтарды және рационализаторлық ұсыныстарды талдап жасап енгізу туралы» конкурс жариялады. Өткен жылғы конкурс қорытындысы бойынша Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Семей облыстарының жаңашылдары оңды нәтижелерге қол жеткізді.

Республиканың өнеркәсіп орындары селолық өнертабысшыларға қамқорлық көмек көрсету жөнінен жұмыс жүргізуде. Қостанай және Қарағанды облыстарының кәсіпорындары осы бағытта аса тиімді жұмыс істеді. Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаты өндірістік бірлестігінің, «Алмалы» ғылыми-өндірістік бірлестігі Қазақ жеміс және жүзім шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының және Қарағанды металлургия комбинатының коллективтері байқау жеңімпаздары болды.

Коллективтік техникалық творчество мен оның экономикалық мақсаттылығының әлеуметтік мәні айқын. Бүгінде республикада еңбекшілердің 14616 қоғамдық творчестволық бірлестігі жұмыс істейді, олар 52415 техникалық шешімді талдап жасап, енгізді, ықтимал жаңалыққа 1197 заявка рәсімделді. Мәселен, Киров атындағы Алматы машина жасау заводының творчестволық бригадасы Ю. А. Поссенің жетекшілігімен өткен жылы экономикалық тиімділігі 30,5 мың сомның 6 рационализаторлық ұсынысын талдап жасап, пайдаланды, ал Қарағандының жылу жабдықтары заводынан К. М. Лозинскаяның творчестволық кол-

24 июнь — Өнертапқыш пен рационализатор күніне.

Digitized by Google

лективі экономикалық тиімділігі 71,1 мың сомның 25 ұсынысын енгізді.

Жеңіл өнеркәсіп, Монтаждау және арнаулы құрылыс жұмыстары, Денсаулық сақтау және Ішкі істер министрліктері, сондай-ақ республиканың агроөнеркәсіп комплексі авторлардың санын және рационализаторлық ұсыныстарды енгізу жөніндегі көрсеткіштерін төмендетіп алды.

Мемлекеттік кәсіпорын (бірлестік) туралы СССР Заңының күшіне енуі, шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайларына жаппай ауысу еңбек коллективтерінің, Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамы ұйымдары қызметінің жағдайын тегеурінді түрде өзгертуде. Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамы советтерінің өзін-өзі басқару мен шаруашылықты жүргізуге қатысушы ретіндегі ролі артып келеді, олардың қызметін ұйымдастырудың жаңа формалары пайда болуда.

Демек республикада 1988 жыл ішінде Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамы советтерінің жанынан 579 адамы бар уақытша 130 творчестволық коллектив пен инженер-техник кооператив жұмыс істеді. Олар жаңалықтарды бағалап, іріктейді, оларды енгізуге әзірлейді, авторлардың конструкторлық және технологиялық документтерді рәсімдеуіне көмектеседі, тәжірибелік үлгілерді жасайды. Шарттардың жалпы сомасы 1,8 миллион сом болды, 29 жаңалық пен 38 рационализаторлық ұсыныс жүзеге асырылды. Олардың өндіріс үшін экономикалық пайдасы айқын.

Материалдық ынталандырудың жоқтығы да істі тежеуде. Өкінішке қарай, пайдаланылған жаңалықтар үшін сыйлық төлемеу фактілері де бірлі-жарым емес. Мәселен, республика Ғылым академиясы Топырақтану институтының ғалымдары қыруар экономикалық тиімділік беретін «Сілтілі сортаңданған топырақта күріш өсіру әдісі» және «Күріш танабы топырағының бор токсикозымен күрес жүргізу әдісі» деген жаңалықтарды талдап жасап, енгізді. Осы жаңалықтардың пайдаланылғаны документтермен қуатталғанына қарамастан республиканың Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі авторларға заңды сыйлықтарды төлеуден негізсіз бас тартуда.

Демек СССР-дегі өнертапқыштық қызмет туралы Заңның қабылдануымен жаңашылдар праволық кепілдік алады ғой деп үміт етеміз.

Ал Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамының республикалық советі қоғам мүшелеріне пәрменді көмек көрсету үшін қайсыбір мүмкіндікті пайдалануға ұмтылады. Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамынан СССР халық депутаттарын сайлаған Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар Орталық советінің кеңейтілген пленумында да біздің қалаулыларымызға нақты аманаттар айтылды. Бұл, мәселен, өнертапқыштық және рационализаторлық қызметтің беделін арттыру, авторлық сыйлықты дер кезінде төлеу, жеңілдіктер жасап, пенсиямен қамтамасыз ету, тұрғын үй және басқа жағдайларын жақсарту.

Қазір Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамы советтерінің жанынан өнертапқыштық право жөнінен заң консультациялары ашылуда, олар өнертапқыштар мен рационализаторлардың мүддесін мемлекеттік, техникалық экспертиза, шаруашылық және сот органдарында қорғауда оларға праволық көмек көрсетеді.

Жеткіншектерді даярлау жайы да алаңдатады. Мәселен, Жоғары комсомол мектебі ғылыми-зерттеу орталығы бөлімінің деректері бойынша, жұмыс істеуші жастардың небары 5,7 проценті тікелей өндірісте өнертабыспен және рационализаторлық жұмыспен айналысады. Мұндай жағдай біздің республикамыз үшін де тән көрініс.

Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамы ұйымдарының талапкер техникалық творчество клубтарын, өнертапқыштар үйлерін құруда жергілікті партия, совет, кәсіподақ және шаруашылық органдарының көмегіне сүйенуге қақысы бар. Өнертапқыштардың осындай алғашқы үйін Алматыда салу жоспарлануда. Қазіргі уақытта республикада Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамы жанынан талапкер техникалық творчестволық 12 базалық клубы және 71 салалық клуб жұмыс істейді, алайда бұл аздық етеді.

Өнертапқыштар мен рационализаторлардың правосы мен жеңілдіктерінің нақты кепілдіктерін талдап жасап, коллективті шартқа енгізуде Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамы бастауыш ұйымдарының жауапкершілігі арттырылуда. Творчестволық қызметті жоспарлауда жаңа қатынастар талап етілуде. Ол еңбек коллективінің экономикалық және әлеуметтік дамуының перспективасына, коллективтік шарттар шараларына, өнертапқыштар мен рационализаторлардың социалистік міндеттемелеріне сүйенуге тиіс.

С. ДОСҚОЖАЕВ,
Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамы Қазақ республикалық советінің председателі.

Digitized by Google

БАСТЫ БАЙЛЫҚ — ДЕНСАУЛЫҚ

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі 1988 жылы қабылдаған «Он екінші бесжылдықта және 2000 жылға дейінгі кезеңде халықтың денсаулығын сақтау ісін дамытудың және СССР Денсаулық сақтау ісін қайта құрудың Негізгі бағыттары» советтік медицинаны дамытуда жаңа кезеңді ашты. Бұл кезең үшін толғағы жеткен проблемаларға деген комплексті қатынас, оларды елдің бүкіл потенциалын ұлғайтуға кеңінен тарту, саланы басқаруды түбірінен қайта құру, оны дамытудың интенсивті жолына ауыстыру, қордаланып қалған тоқыраушылық құбылысты үзілді-кесілді жою тән.

Коммунистік партияның инициативасы бойынша талдап жасалған осы программа дәйекті түрде жүзеге асырылуда. Біздің республикамызда да оған көп көңіл бөлінуде, үстіміздегі жылы мартта Қазақ ССР Жоғарғы Советінің он екінші сессиясында партия мен үкіметтің осы қаулысын орындау жөніндегі совет және шаруашылық органдарының жұмысын қарау осының көрінісіне айналды. Сессияда айтылғанындай, денсаулық — экономикалық, әлеуметтік-саяси категория, тұрақты экономиканың және қоғамдық көңіл-күй оптимизмінің алғы шарттарының бастысы. Ал салада қордаланып қалған проблемалар жеткілікті. Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрінің бірінші орынбасары Александр Яковлевич КАЗАКОВПЕН сұхбатымыз осы мәселелер туралы әңгімеден басталды.

Тоқыраушылық кезеңінің экономиканы, экологияны, әлеуметтік жүйені қамтыған сол кеселдерінің бәрі біздің медицинамызды да жайлады десем, ешкім үшін жаңалық бола қоймас деп ойлаймын. 70-ші жылдарда және 80-ші жылдардың бас кезінде денсаулық сақтау саласында келеңсіз тенденциялар пайда болып, үдей түсті. Мемлекеттік бюджетте оған жұмсалатын шығынның үлесі кеміді, базаның жаңаруы, жаңа дәрі-дәрмектер мен емдеу әдістерін игеру баяулады, аурудың алдын алуға аз көңіл бөлінді. Елде бруцуллез ауруына шалдығудың барлық оқиғаларының тең жартысына жуығы Қазақстанның үлесіне келді. Барлық осы жылдардың ішінде ол сырқаттану жөнінен қайғылы бірінші орында болды.

Қайта құру басталғаннан бері денсаулық сақтауды дамытуға деген қатынас едәуір өзгере бастады, және мұны нақты деректермен қуаттауға болады. 1986 — 1988 жылдары 10,2 мың төсектік 86 аурухана мекемесі, сменасына 27,5 мың адам қабылайтын поликлиникалар мен селолық амбулаториялар іске қосылды, 27 дәріхана, соның ішінде селолық жерлерде — 15 дәріхана ашылды. Алматыда бір мың төсектік республикалық аурухана, Павлодарда 1100 адам қабылдайтын поликлиникасы бар 1980 төсектік аурухана комплексі тұрғызылып жатыр. Алматыда ең жаңа техникамен жарақтандырылған республикадағы тұңғыш диагностикалық орталық жұмыс істей бастады. Келесі бесжылдықтың соңына қарай осындай 14 орталық болмақ. Республикада ұзақ жылдар ішінде алғаш рет — 1987—1988 жылдарда медицина мекемелерін іске қосу жөніндегі жоспарлы тапсырма орындалды.

Медицинаны дамытуға жергілікті бюджеттен, өндірістік кәсіпорындардан аса көп қаржы бөлінуде, құрылыстың шаруашылық тәсілі кеңінен пайдаланылуда. Мәселен, Семей облысының орталығында перзентхана үйі, Шұбартау ауданында поликлиникасы бар аурухана және басқа объектілер құрылысын жеделдету жөнінен шаралар қабылданды. Семейліктердің ведомстволық үйлерді, түрлі кеңселерді медицинаға беру жөніндегі инициативасы да көңіл бөлуге тұрады. Осының есебінен ғана денсаулықты қалпына келтіріп, емдейтін балалар бөлімшесі, күндізгі станционары бар балалар поликлиникасы, 200 төсектік стационары бар көз аурулары орталығы ашылды. Бұрынғы «Ертіс» мейманханасы негізінде санаулы айларда-ақ консультациялық-диагностикалық орталық жабдықталды.

Басқа облыстарда да өзгерістер баршылық. Министрліктер, ведомстволар, сондай-ақ жекелеген кәсіпорындар талдап жасаған «Денсаулық» және «Профилактика» программаларын жүзеге асыру жөнінен үлкен жұмыс жүргізілуде. Осы программаларының арқасында қазірдің өзінде жұмыс істеушілердің төрттен бірінен астамының еңбек жағдайы жақсартылды. Демек, осы жұмыс енді ғана басталуда, кәсіпорындар мен шаруашылықтар басшылары мен жергілікті өкімет органдарымен тығыз ынтымақтаспайынша біз осы проблемалардың бәрін шеше алмаймыз.

---

18 июнь — Медицина қызметкерінің күніне

Digitized by Google

— Ал министрлік өз қызметін қалай қайта құруда?

— Денсаулық сақтау министрлігі жаңа жағдайда экологиялық, әлеуметтік, медициналық және тіршілікті қамтамасыз етудің басқа проблемаларын шешуде ведомствоаралық күш-жігерді үйлестіруші болуға тиіс. Екі жыл ішінде оның аппараты қайта құрылды, бас басқармалар қысқартылды, облыстық денсаулық сақтау бөлімдерінің правосы қыруар кеңейтілді. Министрліктің көптеген функциясы оларға берілді. Олардың өздері штатты бекітеді, жетекшілерді тағайындайды, жас мамандарды бөледі, т. б. Сонымен бірге облыстық денсаулық сақтау бөлімдерінің бас мамандарының жауапкершілігі арттырылды.

Бізде жұмысты ұтымды ұйымдастыра білетін емдеу мекемелері барған сайын көбейіп келеді. Бұлар, мәселен, Қызылорда, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстық ауруханалары (бас дәрігерлері Тұрған Мақанұлы Мақанов, Филипп Сергеевич Павлов және Алексей Семенович Овсянников).

Бюджеттік шаруашылық есеп еңбекақыны түпкі нәтижеге тікелей тәуелді ету, медициналық қызмет көрсету сапасына тиянақты бақылау жасау біздің жұмысымыздағы кемшіліктерден көптеп арылуымызға көмектеседі ғой, деп ойлаймын, таяу келешекте медицина мекемелері оған ауысатын болады. Алматы облысының Қаскелең, Қостанай облысының Жітіқара, Талдықорған облысының Алакөл аудандарында үстіміздегі жылғы 1 январьдан ол эксперимент негізіне алынды.

Қайта құрудың алғашқы нәтижелері туралы да айтуға болады. Адам ғұмырының ұзақтығы екі жылға артып, ол орта есеппен 70 жасқа жетті. Бала туу көбейді: 1988 жылы 407 мың бала туылды, олар 1980 жылға қарағанда 100 мыңға жуық балаға көп. Осы процестерге басқа себептермен қатар салауаттық жолындағы қозғалыс оңды әсер еткенін айту керек.

— Сіз салауаттық қозғалысына тоқталдыңыз ғой. Медиктер оған қалай қатысуда?

— Соңғы жылдар ішінде республикада наркология қызметі іс жүзінде жаңадан құрылды. Қазір 23 наркология диспансері мен 240 наркология кабинеті жұмыс жасайды. Емдеу үшін ине терапиясынан гипнозға дейін жаңа әдістерді ұсынамыз. Қайсыбір қалада, ауданда консультация алуға, алкоголизмнен, соның ішінде атын айтпай алкоголизмнен емделуден өтуге болады.

Соңғы кезде маскүнемдікке ымырашылдықпен қарау фактілерін ұшырататынымызды айтпауға болмайды. Бұрынғы «стол басындағы думандар», демалыс және мереке күндерінде жиналып ішімдіктер ішу, жалақыны жуу дәстүрлері қайтадан түлетілуде. Медицина қызметкерлері осы қайғылы көріністерді күн сайын көреді: жарақаттану, спирттік ішімдіктерден улану, т. б. жиілеп кетті. Басқаларға қарағанда біздердің, медиктердің, алкогольге қарсы жұмысты аса белсенді жүргізуіміз, маскүнемдік пен алкоголизмнің және нашақорлықтың залалын барлық құралдар арқылы көрсетуіміз қажет. Шылым шегуді профилактикалау туралы да солай деуге болады, ал біз ол туралы көп айтқанымен мардымды ештеңе жасағанымыз жоқ.

— Медиктер қазір қандай проблеманы басты деп есептейді?

— Бұл, әрине, сырқаттарға қызмет көрсету сапасы. Демек диагнозды дұрыс қоймау, дәрігерлік басқа қателіктер ауыр зардапқа соқтырады. Біз үшін қаншалықты ұят болғанымен республика



ҚазТАГ-тың фототілшілері осы суретті Жамбыл облысы Қордай ауданының Благовещенка селосында — «Көкқайнар» совхозының орталық усадьбасында түсірген еді. Мұнда шаруашылық еңбеккерлері, олардың тұрмысы мен денсаулығы туралы көп қамқорлық жасайды. Селолық аурухана осы заманғы құрылғылармен жабдықталған, тәжірибелі дәрігерлер сырқат кісілерді қабылдайды.

СУРЕТТЕ (солдан оңға қарай): фельдшерлер Э. Малчанова, Д. Юстаналиева, терапевт Б. Жұмабаева, бас дәрігер Е. Рысқұлов, медсестра В. Тищенко, стоматолог В. Миронова, педиатор С. Бөрібиев.

Digitized by Google

Жоғары Советінің сессиясында дәрігерлердің біліктілігінің төмендігінен, қылмысты салғырттығынан құтқаруға болатын адамдардың қайтыс болуының біраз мысалдары келтірілді.

Медиктерге қойылатын талаптарды арттырған үстіне арттыра беру керек. Біз дәрігерлерді аттестациялауға нақ осындай өлшеммен қарадық, соның нәтижесінде олардан жүзеге жуық адам мамандығы бойынша жарамсыз деп табылды. Сонымен бірге кадрларға көбірек қамқорлық жасау керек. Медиктер біліктілігін арттыру жүйесі қайта құрылуда.

Одан әрі медициналық қызмет көрсету сапасы сырқаттанудың сенімді түрде алдын алумен, халықты сауықтыру жөніндегі жақсы ойластырылған жұмыспен етене байланысты. Осы мақсатпен жаппай диспансерлеу енгізілуде. Өткен жылы ғана үш жарым миллионнан астам адам диспансерлік бақылауда болды. Қосымша 29 профилактика кабинеті, денсаулықты қалпына келтіріп емдейтін екі бөлімше ашылды.

Балалар мен әйелдер туралы айрықша қамқорлық жасалуда. Соңғы екі жыл ішінде Жамбылда, Көкшетауда, Арыста, Шахтинскіде, Рудныйда перзентхана үйлері салынды. Бірқатар ауруханаларда «Неке және семья» консультациялары құрылды, жүкті әйелдер патологиясы бөлімшелері ашылды. Балалар мен әйелдерді санаторийлік сауықтыруға көп мән берілуде. Олар үшін кәсіподақтардың сауықтыру орындарында қосымша 550 төсек бөлінді, өткен жылы 25 мыңнан астам бала жергілікті санаторийлерде тынықты, 60 мыңнан астам бала санаторий үлгісіндегі пионер лагерлерінде болып қайтты.

Әрине, проблемалар әлі де өте-мөте көп, ұзақ жылдар бойы ол мықтап шырмалды, оны бірден үзе алмайсың. Мәселен, ата-аналары мен балалары бірге болатын санаторийлер-профилакторийлер жүйесі мүлдем дерлік дамытылмай отыр. Бізде балалар тамағын ұйымдастыру проблемасы бұрынғысынша өткір күйінде қалып келеді, қазір басқа министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, республикада балалар тамағы өндірісін дамыту программасы талдап жасалды. Сондай-ақ біз Балалар қорымен бірлесіп жергілікті жерде пәрменді практикалық көмек беру жөнінен десант-бригадалардың жолға шығуын практикаға енгіздік. Июнь айынан 30 адамнан болатын алғашқы отрядтар Қостанай, Шымкент, Гурьев, Қызылорда, Ақтөбе облыстарына аттанады. Олар негізінен селолық жерлерде жұмыс істейді.

— Ал селода медицинаны дамыту тұрғысынан не айтуға болады?

— Иә, қалаға қарағанда селода медициналық қызмет көрсету тым нашар, КПСС Орталық Комитетінің март Пленумында да осы жайлы айтылды: «Селода адамдардың өлімі еңбекке жарамды жаста қаламен салыстырғанда 20, ал балалар өлімі — 50 процент жоғары».

Біздің республикамызда селолық медицинаны дамыту денсаулық сақтау ісінің басым бағыты ретінде анықталды. Мұның барысында Қазақ ССР Министрлер Советі, СССР Денсаулық сақтау министрлігі және ВЦСПС «Ақтөбе, Гурьев, Қызылорда және Орал облыстарында халықтың денсаулығын сақтауды жақсарту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» үстіміздегі жылы апрельде қабылдаған қаулының маңызын жете бағаламау мүмкін емес. Соңғы жылдарда медицина институттары мен училищелерінің барлық түлектерінің 60 процентіне дейіні селода, шалғай аудандарда жұмыс істеуге жіберілуде.

Жыл ішінде селоларда 100 фельдшерлік-акушерлік пунктті салып, инициативалы түрде құрылып жатқан диагностика орталығы үшін жабдықтар мен аппаратура сатып алуға 2 миллион доллар таба білген шымкенттіктер тәжірибесі барынша қолдауға тұрады.

Қазақ ССР Министрлер Советі Президиумының республиканың әлеуметтік жағынан артта қалған бірқатар шалғай аудандарын дамытуды жеделдетуге бағытталған бертіндегі қаулысын орындауға медицина қызметкерлері белсенді түрде қосылды. Оқу орындарының таңдаулы түлектері осы аудандарға жіберіледі.

— Дегенмен селолар мен қалаларда медицинаны дамыта беру үшін осы заманғы жабдықтар мен дәрі-дәрмектер керек қой. Біздің республикамызда медицина өнеркәсібі қалай дамып келеді?

— Мұнда да көп нәрсені жасау керек. Павлодарда бір мезгілді пайдаланылатын шприцтер өндіру жөніндегі завод салынуда, жоба бойынша ол 1991 жылдың өзінде 80 миллион шприц шығаруға тиіс. Степногорскіде инсулин өндірісі жөніндегі завод құрылысы енді ғана басталды. Таяудағы он жылда медицина техникасын, соның ішінде қан құюға арналған бір мезгілді пайдаланатын жүйені, түрлі рентген және басқа аппаратураны шығару жөнінен барлығы 12 завод салу белгіленуде.

Келесі бесжылдықта республикамызда осы мақсатқа арналған мемлекеттік күрделі қаржы бес есе өсіп, 1 миллиард 300 миллион сомға жетеді.

Әңгімені жүргізген Т. ЩИПАНОВА.

Digitized by Google

Қайдасыңдар, әкелер?

Мен мектепте отыз жыл жұмыс істедім, демек бала тәрбиесінде әкенің ролі қандай деген сұрақты өзіме жиі қоятынмын. Жауап біреу-ақ: бірінші кезекті әрі жауапты. Сонда көптеген папалар неліктен бала тәрбиесін әйелдерге жүктей салады? Демек, көптеген әкелер армияда болып, батылдық, жинақылық, коллектившілдік мектебінен өтті ғой, олар жетекшілер, жұмысшылар, инженерлер болып істейді, олар бай өмірлік тәжірибелерін өздерінің балаларымен алмасуға тиіс-ақ.

Қалауы бойынша педагог А. П. Чернопятов Шымкенттің Маяковский атындағы № 2 мектебінде алғашқы директор болды. Ол әрқашан былай дейтін: «Еркектер, тыңдаңыздар, ер балалар әр кезде ең алдымен өздеріңе үйір ғой, оларды көкірегінен итермей, керісінше, соңдарыңнан ертіп, оларды ұйымдастырсаңдаршы». Ол осыдан 25 жыл бұрын балалардың «Шымкент» теплоходы экипажымен достығының инициаторы болған еді. Қазір бұл көп адамдардың есінде жоқ, дегенмен достық осы күнге дейін жалғасып келеді.

Ол мектепте жас теңізшілер клубын ұйымдастырған еді, клубқа цемент заводының жұмысшысы А. А. Яшманов жетекшілік етті, ал оған заводтың бүкіл комсомол ұйымы — негізінен армиядағы қызметін өтеп келген жігіттер көмектесті. Клубтың көптеген тәрбиеленушілері өз өмірлерін теңізбен байланыстырды. Тәрбие жұмысын әкелер жүргізді, олар жеке уақыттарымен санаспады.

Демек былай деп сұрағымыз келеді: «Қазіргі балалардың әкелері, қайдасыңдар? Ұл балалардың сіздердің соңдарыңыздан еретініне сеніңіздер. Демек мұның өзі тамаша ғой».

А. ПОБЕДИНСКИЙ,
еңбек ардагері, пенсионер.
Шымкент қаласы.

Бірыңғай баға болуға тиіс

Мен жұмыс істейтін аудандық ішкі істер бөлімінің статистикалық есептері бойынша, барлық салалар бойынша жасалатын қылмыстың 23 процентгей товарлардың жетімсіздігіне немесе бағаның қымбаттығына тікелей немесе жанама түрде байланысты. Мәселен, еттің мемлекеттік және рыноктық бағасының арасындағы айырмашылық екі есе болуы саудада қиянат жасауға соқтырады. Ет белгілі бір ақы төлеу арқылы магазин сөрелерінен ығысып, кооперативтерге қарай «ауыса» бастады. шашлық жасаушылар көбейіп барады. Бұл «шашлық» жасау орындарын жабуға мәжбүр етті. Мемлекеттік саудадан еттің азаю жолдары жабылды, бірақ толығынан емес. Социалистік меншікті талан-таражға салумен күрес қызметтерінің күш-жігері бағаның айырмашылығында жатқанымен осы процесті тек тежеуде, демек мұның өзі «тәуекелдік қатері» үшін қосымша төлемді көбейтуге бастайды.

Біз осы жағдайдан қайткен күнде де шығу үшін экономикалық стимулдың орнына тегеурінді тәсілдерді қолдануға мәжбүр боламыз, бұл кооперативтік қозғалыстың мәніне қайшы келеді.

Ет және ет тағамдары бағасын реттеп, оларды бірыңғай ету қажет деп есептеймін. Бұл қоғамға адамгершілік жағынан қаншама пайда береді, тәртіп бұзушылықты азайтуға бастайды.

С. ГЕНИЕВСКИЙ,
Алматы қаласы Октябрь аудандық ішкі істер бөлімі социалистік меншікті талан-таражға салумен күрес бөлімі бастығының орынбасары

Өзара ұғынушылық

Көбіне біз күнделікті өндірістік қам-қаракеттер үстінде жұмыстас өз жолдастарымызды байқай бермейміз. Жоспардан, тонна-километрден, паркті пайдалану коэффициентінен басқа ештеңені аңғармаймыз. Ал біз әртүрлі адамдармыз, бір-бірімізбен араласудың өзі бізге қызықты болуы мүмкін.

Содан да болар, мұнайшылардың Мәдениет үйінде өткен демалыс кеші оған қатысушылар есінде сондай сақталды. «Эмбанефть» бірлестігінің технологиялық транспорт басқармасында жұмыс жасаушы жастар, соғыс және еңбек ардагерлері, интернационалист-жауынгерлер осында еркін, ресми емес жағдайда кездесті.

Кездесуде ардагерлер советінің председателі И. Тоқпақов сөз сөйледі, сосын бәрі викториналарға да, басқа ойындарға қатысты. Бір сөзбен айтқанда, ол сондай көңілді болды. Мұндай кездесулерді алдағы уақытта да өткізуді белгілеудеміз.

М. ІЗІМБЕРГЕНОВ,
«Эмбанефть» бірлестігі технологиялық транспорт басқармасы кәсіподақ комитетінің председателі.
Гурьев облысы.

Digitized by Google

ШЫҒАСЫ ШЫҚПАЙ, КІРІСІ КІРМЕЙДІ

А. КОРОТКОВ,
Қазақ ССР Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінің председателі

Қайта құру, жариялылық жылдары заманымыздың аса өткір проблемаларының бірі — айналадағы ортаның ауыр жайын барынша толық ашып берді. Арал теңізінің трагедиясы, құнарлы егістіктер мен жайылымдардың күрт азаюы, қышқылды жауын — осының бәрі адамның табиғатқа орынсыз араласа беруінің салдары.

Республикамыздың көптеген аймақтары, ішінара алғанда, Шымкент облысы экологиялық апат шегінде болып қалды. Мұндағы жер түсті металдарға бай, мұнда қуатты химия индустриясы, мұнай айдау, жеңіл өнеркәсіп... бар. Ауа тым көп ластанған. Ал Шымкент облысы дегеніміз — халқының саны жөнінен республикадағы ең ірі облыс: екі миллиондай адам тұрады. Республиканың бүкіл суармалы алқабының төрттен біріне жуығы осында орналасқан, оның үлкен бөлігі деградацияланған.

Жамбыл облысы бүкіл еліміздегі фосфордың үштен біріи, минералдық тыңайтқыш, қызылша, қант береді. Дегенмен мұнда да ауа бассейні ауыр жағдайда қалып отыр. Өйткені фосфордың әр тоннасы қаншама электр энергиясын талап етеді және өзінен кейін тонналаған шлакты және атмосфераны ластайтын тастанды заттар түріндегі басқа өндіріс қалдықтарын қалдырады.

Экологиялық жағдай ескерілмей дамытылып отырған республиканың өнеркәсіп орталықтарының тізімін одан әрі жалғастыра беруге болады. Дегенмен «қызу нүктелерді» белгілеу ғана маңызды емес, ең алдымен айналадағы ортаны сауықтырудың нақты шараларын қабылдау, экономика мен экологияны дамыту міндеттерін өзара байланыстыру керек.

Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті жергілікті органдарының қатысуымен қазір Қазақстанның он жеті облысының бәрінде табиғат қорғау және халықтың денсаулығын жақсарту жөнінен салааралық комплексті программалар талдан жасалуда. Олардың негізгі мақсаты — санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес айналадағы ортаның сапалы жағдайын қамтамасыз ету, халық шаруашылығының экономикалық өсіміне, халықтың тұрмысын, еңбегін және денсаулығын жақсартуға жағдай жасау үшін аймақта экологиялық тепе-теңдікке қол жеткізу. Және ең маңыздысы — облыс тұрғындары жан-жақты талқыланғаннан кейін осы программаларды халық депутаттарының Советтері бекітетін болады. Мәселен, жамбылдық «Экология» программасының жобасы жергілікті газеттерде жарияланды. Оны баспасөз беттерінде талқылау барысында және жолданған хаттарда 300-ден астам ұсыныс пен толықтырулар түсті. Олар Қазақстан Компартиясының Жамбыл облыстық комитеті, халық депутаттары облыстық Советінің атқару комитеті, табиғат қорғау жөніндегі облыстық комитет және Қазақ табиғат қорғау қоғамының облыстық бөлімшесі ұйымдастырған облыстық ғылыми-практикалық конференцияда қорытылып, толықтырылды. Сосын программа халық депутаттары облыстық Советі кезекті сессиясының қарауына енгізілді, сөйтіп заң күшіне ие болды.

Тіршілік қызметі үшін қажетті табиғи жағдайды сақтау бірқатар проблемаларды шешумен, ең алдымен табиғатты пайдалануды басқару жүйесін жетілдірумен, табиғи ресурстарды ұтымды және

Экологиялық күнделік

1

● *Үстіміздегі жылдың басында экологиялық және санитарлық жағдайды жақсарту жөніндегі жұмысты үйлестіру үшін республикалық комиссия құрылды. Оның құрамына партия және совет органдарының, министрліктер мен ведомстволардың, қоғамдық ұйымдардың басшылары, талапкер инициативалы құрамалардың өкілдері енді. Комиссияны Қазақ ССР Министрлер Советі председателінің бірінші орынбасары Е. Ф. Башмаков басқарады.*

● *Соңғы екі жылда республиканың кәсіпорындарында зиянды заттардың атмосфераға тасталуы миллион тоннаға дерлік азайды. Жалпы қуаты сағатына 3,9 миллион текше метрлік ілеспе газдан осындай заттарды*

Digitized by Google

комплексті пайдаланумен оларды қалпына келтіруді қамтамасыз етумен байланысты. Осыны ескеріп, республикалық «Экология» комплексті программасында 1989—1990 жылдарда және он үшінші бесжылдықта табиғат қорғау шаралары белгіленуде, олар зиянды заттардың атмосфералық ауаға тасталуын қыруар қысқартуға көмектеседі және сарқынды сулардың тазартылмаған күйінде су айдындарына құйылуын толық тоқтатуға бастайды. Жүздеген мың гектар орманды қалпына келтіру, ұлттық жаңа табиғат парктері мен қорықтарын жасау, өнеркәсіпте қалдығы аз және қалдықсыз технологияны енгізу қарастырылуда.

Республиканың әлеуметтік және экономикалық даму жоспарында осы мақсаттарға жыл сайын жалпы күрделі қаржының 1,2—2 процентін жұмсау ұйғарылған, мұның өзі қажетті мөлшерден орта есеппен 5 есе аз, алайда оның өзі жүйелі игерілмейді. Мәселен, 1988 жылы ғана айналадағы ортаны қорғауға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға жоспарланған 187,2 миллион сом күрделі қаржының 153,6 миллион сомы ғана немесе 82,2 проценті, соның ішінде, ілеспе газдардан зиянды заттарды тұтып, залалсыздандыруға арналған құрылғылар құрылысында — 73,8 проценті, айналмалы сумен жабдықтау жүйесінде — 14,2 және сарқынды суды тазартуға арналған объектілерде — 3,2 проценті игерілді.

Әрине, табиғатты пайдалануды жоспарлауға деген қатынасты түбірінен өзгерту, экологияға арналған шығынды шұғыл арттыру, ал айналадағы ортаны қорғауға бөлінетін қаржыны барынша тиімділікпен пайдалану керек.

Тым бертінде елде табиғатты қорғаудың, сондай-ақ республикаларда, өлкелерде және облыстарда табиғатты қорғауды мемлекеттік басқарудың бірыңғай жүйесі құрылды. Біздің республикамызда Қазақ ССР Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті жұмыс істей бастады. Комитетті және жергілікті жерлерде олардың органдарын қалыптастыру барысындағы қиындықтарға қарамастан көлемді жемісті жұмыс басталды. Өскеменде, Лениногорда, Шымкентте айналадағы ортаны қорғау жөнінен бірінші кезекті шаралар әзірленді, жаңа құрылыстар мен кәсіпорындарды қайта құруға арналған ондаған жоба қаралды, өнеркәсіптік суды тұщытып, тазартуға арналған мембраналық технологияны қолдану туралы материалдар пысықталуда. Екібастұз көмірін қазып, ұқсатудың және пайдаланудың экологиялық проблемалары шешілуде.

Теңіз мұнай және Қарашығанақ газ-мұнай конденсаты кеніштерінде экологиялық жағдайды жақсартуды қамтамасыз ететін шаралар жөніндегі ұсыныстар Қазақ ССР Министрлер Советінің қарауына берілді. Теңіз бен Қарашығанақта бұрғылау жұмыстарын қаржыландыруды тоқтату туралы төтенше оқиғаны оқырмандар, әлбетте, білетін болар. СССР Мұнай өнеркәсібі министрлігінің кепілдігі ескеріліп, табиғат қорғау шаралары жөніндегі қателіктер мен ағаттықтар түзетілгеннен кейін бір жарым айдан соң Қазақ ССР Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті өзінің тиым салуын ішінара тоқтатты.

1988 жылдың екінші жарты жылдығында ғана су заңдарын бұзғаны үшін республиканың түрлі облыстарында 736 лауазымды адамға айып салынды және сыйлықтарынан айрылды. Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің жекелеген бөлімшелеріне ондаған ұйғарым жасалды. Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитет «Алмаатамелиорация» бірлестігінің Талғар, Күрті, және Қаскелең суландыру жүйесі басқармаларына салған айып санкцияларының жалпы сомасы 30 миллион сомнан асты. Егіннің көктеу кезінде суды заңсыз алу бағасы осындай.

Өкінішке қарай, біздің бақылаушы органдарымыздың жұмысы Мемлекеттік арбитраж тарапынан тиісті ұғынушылықты әрдайым ұшырата алмайды. Бірқатар министрліктер мен ведомстволар табиғат қорғау заңын бұзғаны үшін залалды өндіріп алуға арналған праволық және нормативтік негіздер табиғат қорғау

тұтып, залалсыздандыруға арналған қондырғылар, сондай-ақ тәулігіне қуаты 375,9 мың текше метр сарқынды суды тазалауға арналған станциялар салынып, іске қосылды.

2 ● ***Партия мен үкіметтің 1988 жылы күзде Арал өңірі проблемалары жөнінен арнаулы қаулысы қабылданған еді. Осы документ теңіз бассейніндегі экологиялық жағдайды сауықтыруға арналған шаралардың үлкен комплексін: Орта Азия республикалары мен Қазақстанның суармалы егістіктеріне суды жұмсаудың қатаң лимитін тағайындауды, ирригациялық жүйені түбірінен қайта құрып, жаңғыртуды, суды көп***

Digitized by Google

жөніндегі мемлекеттік комитетте әлі жоқ деп сілтеме жасап, комитеттің шағымдарына наразылық білдіреді. Расында, елде негізгі праволық нормативтік және методикалық документтерді талдап жасау баяу жүргізілуде. Дегенмен КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1988 жылғы 7 январьдағы «Елде табиғат қорғау ісін түбегейлі қайта құру туралы» қаулысы бар, табиғи ресурстарды пайдалану мен қорғауға мемлекеттік бақылау туралы уақытша ереже қолданылады, біз оларды басшылыққа алудамыз.

Қазақ ССР Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінің коллегиясы биыл февральда республика министрліктерінің, ведомстволарының және облыстық атқару комитеттерінің 1988 жылғы табиғат қорғау шараларының орындалуын қарады. Республиканың Табиғат қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті органдарында мемлекеттік экологиялық экспертизадан өтпеген жобалар бойынша халық шаруашылығы объектілерінің құрылысына тиым салынды, кәсіпорындардың, қалалар мен облыстардың табиғат қорғау қызметін бақылау талаптарына жауап беретін экологиялық паспорттарын талдап жасап, енгізу туралы шешім қабылдады. Орталық аппараттар мен бағынышты кәсіпорындарда айналадағы ортаны қорғау жөнінен арнаулы қызметтер құру, сондай-ақ еңбек коллективтерінде экологиялық білімді арттыру программасын талдап жасау министрліктер мен ведомстволарға ұсынылды.

Өскеменде осы іске нақты қарады. Онда қалалық партия комитетінің инициативасы бойынша жалпыға бірдей экологиялық оқу жарияланды. Халық алғашқы сабақтардан өтті.

Біздің комитетіміз Алматы қалалық атқару комитетімен бірлесіп, қалалық экология білімі университетін ашты. Оны қалалық атқару комитеті председателінің орынбасары А. Қ. Мінібаев басқарады. Өнеркәсіп орындарының жетекшілері университет тыңдаушылары болды.

Павлодарлықтардың қолданбалы экология мен табиғатты инженерлік қорғаудың негізгі проблемалары жөнінен студенттерді теориялық және практикалық жағынан даярлауды жақсарту жөніндегі жұмысы көңіл бөлуге тұрады.

Экологиялық тәрбие мәселелері былайша қарағанда ғана ойдан шығарылған немесе қарапайым болып көрінуі мүмкін. Іс жүзінде, проблема, ешбір әсірелемей-ақ, бірінші кезекті міндеттер деңгейіне ұсынылды. Және экологиялық сауатсыздықты жоюды, ең жақсысы — бала бақша жасынан бастау керек. Мектептерде, кәсіптік-техникалық училищелерде экологиялық білім беруді жолға қоюда Халыққа білім беру министрлігінен, республика комсомолы Орталық Комитетінен нақты жәрдем күтеміз.

Табиғаттың бүкіл байлығын қайтарымсыз ала беру кезі өтті. Және біздің жеріміздің ахуалы басқа да басым бағыттармен бірге бірінші орында тұруға тиіс. Табиғатпен өзара қатынас өздігінен өзі-ақ реттеледі деген жалған ұғымнан арылу керек. Сайып келгенде, біздің еліміз, республикамыз үлкен, байлық бәрімізге жетеді деген елестен арылу керек. Ұзаққа созылған осы енжарлықтан мүмкүндігінше жедел арылатын кез келді. Егер біз табиғат қорғау шараларына арналған шығынға сарандық жасасақ, егер осы үшін табиғат өтейтін болса, ертең бұл үшін шығысы шықпай, кіресі болмайтынын білуге тиіспіз.

Сайып келгенде, қайсыбір айрықша нүсқауды күтіп отыруға болмайтынын, әр кәсіпорында, әр жұмыс орнында, әрбір түрғын үйлер ауданында экология проблемаларын іскер шешу керектігін түсіну маңызды. Павлодарлық екі кәсіпорын — мұнай өңдеу мен алюминий заводтарының коллективтері нақ осылай қимылдауға ұмтылуда. Мұнда табиғат қорғауда сөзуарлық пен митингілерден іске ауысып, табиғат қорғау шараларын практикада жүзеге асыруда. Қазір алюминий заводында атмосфераға тасталатын зиянды заттардың 99,74 процентін тұтады. Өткен жылы табиғат қорғауға 800 мың сом жұмсаған мұнай өңдеушілер сумен жабдықтаудың түйық цикліне ауысуды жоспарлауда.

Енді іс жер-жерде осындай қатынастың орнығуына саяды.

қажет ететін дара дақылдар егістігін азайтуды және басқа көптеген шараларды қарастырады. Өткен жылдың өзінде-ақ Аралға судың құйылуы күрт молайды.

3 ● ***Республика территориясының 0,3 процентін Қазақ ССР Мемлекеттік табиғат қорғау комитетіне берілген жеті қорық алып жатыр. 2005 жылға дейін Қазақстанда тағы да он бес қорық құру және осындай қорықтардың территориясын жалпы 2,5 миллион гектарға жеткізу белгіленуде. Қапшағай аңшылық-қорық шаруашылығын Орта ілелік қорық етіп қайта құру осы жұмыстың бастауы болады.***

Digitized by Google

«ЖАСТАР ЖАТАҚХАНАСЫНЫҢ ЕКІ ЖЫЛДЫҒЫ»

БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ БІРДЕЙ НЕЛІКТЕН БАСТАЛМАДЫ?

Елімізде ВЦСПС пен ВЛКСМ Орталық Комитеті жариялаған «Жастар жатақханасының екі жылдығы» өтуде. Оның мақсаты — жұмысшылар мен студенттердің жатақханасын үлгілі реттілікке келтіру, жатақханалардың материалдық-техникалық базасын нығайтып, дамытуға еңбек коллективтерін тарту, тұрмыс пен бос уақытты ұйымдастыруда өзін-өзі басқаруды дамыту.

Қазір республикамыздың жатақханаларында 280 мың адам тұрады. Соңғы жылдары тұрғындар құрамы да өзгерді. Олардың ішінде жасы ұлғайған, демек орта жастан асқан (адамдардың 15 проценті 50—57 жастағылар деген деректер бар) адамдар көп. Жатақхана бірнеше жылдар бойы туған үйіне айналып кеткен семьялар саны да көбейді.

Бізде жатақхана қажетіне мұқият көңіл бөлінуінің, мұнда тәрбие жұмысының жақсы жолға қойылуының мысалдары көп-ақ. Бертінде «Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналының беттерінде СССР-дің 60 жылдығы атындағы Өскемен жібек маталары комбинаты басшыларының жатақханада тұратын жастарға көрсетіп жатқан күнделікті қамқорлығы туралы әңгімеленген еді. Комбинат директоры Л. Грязнева, партия комитетінің секретары Л. Потапова, кәсіподақ комитетінің председателі Н. Иванова әрбір жұмада жастармен кездеседі, баяндамалар жасап, әңгіме өткізеді, жеке жұмыс жүргізеді. Тұрмысты жайластыру мәселесі толығымен шешілген. Жамбыл облысының «Қаратау», «В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» өндірістік бірлестіктерінде, Талдықорғанның металдан жасалған ойыншықтар шығаратын «Арман» заводында, Шығыс Қазақстан облысы «Алтайсвинецстрой» тресінде де осындай жағдай қалыптасқан. Соңғы аталған трест өткен жылдың өзінде ғана жатақханаларды жабдықтауға 126 мың сом жұмсады.

Студенттер жатақханасына көп көңіл бөліне бастады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің инициативасымен жасалған жатақханалар құрылысының программасы Алматыда жүзеге асырылуда. Өткен жылы Қазақ республикалық кәсіподақтар советі республика жоғары оқу орындарының кәсіподақ комитеттеріне спорт пен мәдениет жабдықтарын алу және студенттер арасында сауықтыру және мәдени-тәрбие жұмысын жүргізу үшін 560 мың сом мөлшерінде бір мезгілді көмек берді.

Сонымен бірге екі жылдық барысында өте көп елеулі кемшіліктердің беті ашылды. Мәселен, Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің Алматыда өткізген бұқаралық рейді мынаны көрсетті: астананың көптеген жатақханаларының, сыпайылап айтқанда, санитарлық жағдайы қанағаттанғысыз екені анықталды. С. М. Киров атындағы заводтың, «Алматы» мебель бірлестігінің, трамвай-троллейбус басқармасының шағын семьяларға арналған жатақханаларында душ, кір жуатын бөлмелер атымен жоқ, ал кухнялар қажетті заттармен жабдықталмаған. Төбесінен су ағады, құбырларын тот басқан, сылақтары түсіп тұр, қабырғаларында жарықшақтар пайда болған.

Студенттер жатақханаларында да кемшіліктер көп-ақ. Республиканың Халыққа білім беру министрлігінің жөндеу-құрылыс басқармасы политехника институты металлургия факультетінің жатақханасын күрделі жөндеуді үш айға дейін созды, сондай-ақ Қазақ мемлекеттік университетінің № 6 жатақханасы белгіленген мерзімнен үш ай кешіктіріліп жөнделді. Осының салдарынан университеттің 600 студенті жарты жыл бойы кез келген жерлерде тұрып келді. Жылу жүйесін жөндеу ешқандай сынды көтермейді. Өткен жылдың декабрінде Қазақ мемлекеттік университетінің № 7 жатақханасында бірқатар бөлмелерде жылылық —5 градустен аспады.

Семейде рейд бригадасына қатысушылар кино тобын өздерімен бірге ертіп жүрді. Түсірілген материал облыстың кәсіподақ советінің мәжілісінде көрсетілді. Фильм ауыр әсер қалдырды. Объектив, мәселен, Семейдің мебель фабрикасының, сырт киімдік трикотаж фабрикасының жатақханаларында тұрудың тек ыңғайсыз емес, сондай-ақ аса қауіпті екенін анықтады: электр сымдары авариялық жағдайда екен.

«Агропромстрой» құрылысшыларының жатақханаларында қыс бойы температура тиісті нормадан төмен болды, ал кей күндері минустық белгіге дейін жетті. Кран да, шам да жоқ. Душ бөлмесі көптен бері істемейді, кухня жабдықталмаған. Тұрғындар асты бөлмелерінде дайындауға мәжбүр болған, ал бұл

Digitized by Google

ережені өрескел бұзушылық екені белгілі.

Шульба поселкесіндегі гидроқұрылысшылардың жатақханасына он үш жыл бойы жөндеу жүргізілмеген. Кухняда плита, спорт залында — спорт жабдықтары жоқ, қолжуғыштар баяғыда-ақ істен шыққан. Демек тұрғындардан шағымдар жиі түскенімен, «Иртышгэсстройдың» басшылары жатақханаларда болмайды. Жұмысшылардың мүддесін қорғауға тиісті кәсіподақ комитеті де олардың тұрмысына көңіл бөлмеді.

«Семжилстрой» тресі мен ет комбинатының басшылары өз жатақханаларын аттап басқан емес, осы қуатты ұйымдарда жатақханаларға жеңіл-желпі жөндеу жүргізу, оны ретке келтіру үшін күш-жігерлерін жинай алмай-ақ қойды.

Облыстық кәсіподақтар советінің президиумы жатақханаларда тұратын адамдардың тілегі мен мұқтажына салғырт қарағаны үшін Калинин атындағы Семей ет комбинаты директорының орынбасары С. Сергазиновқа және «Иртышгэсстрой» бастығының тұрмыстық қызмет жөніндегі орынбасары С. Каргаевқа сенім көрсетпеді. Олардың осы қызмет орындарында болуының лайықтылығы туралы мәселені қарау кәсіпорындар басшыларына тапсырылды. Жұмысшы жатақханаларында тұрмыстық жағдайды нығайту ісінде принциптілік танытпағаны үшін ет комбинаты кәсіподақ комитеттерінің председательдері Л. Дурицкая мен Ю. Лукаускасқа қатаң сөгіс жарияланды.

Жатақханалармен жедел айналысатын, проблемаларға бет бұратын қажеттілік туды. Рейд іске ізгі ниетпен қарау үлгілерін де тапты. Мәселен, Семейдің қолғап фабрикасының, Жезкент кен байыту комбинатының, «Большевичка» тігін бірлестігінің, аяқкиім фабрикасының, педагогика институтының, совет саудасы, сондай-ақ жеңіл өнеркәсіп және құрылыс техникумдарының жатақханаларында тұратындардың тұрмысын жеңілдетуге, бос уақыт, өзара араласу үшін жағдай жасауға ұмтылды. Мұнда оқу залдары, спорт сабақтарына арналған бөлмелер бар, көпшілік пайдаланатын бөлмелер, кухнялар, тұрмыстық бөлмелер, қабылдау пункттері және прокат пункттері, шаштараз бөлмелері кеңейтілген, тіпті тігін шеберханалары да бар. Жатақханалардың материалдық базасының мәселелері еңбек коллективтерінің экономикалық және әлеуметтік дамуының жоспарына, коллективтік шарттарға енгізілуде. Мәуіті-шұға бірлестігі мен қолғап фабрикасының жатақханаларында жыл бойына бірде-бір тәртіп бұзушылық болған жоқ.

Целиноградта ірі кемшіліктер анықталды. Ал мұнда 30 мыңнан астам адам, яғни қаланың әрбір бесінші тұрғыны жатақханада тұрады. Тексеру қорытындысы қалалық партия комитетінің бюросында талқыланды.

Петропавлда да жағдай онша емес. Мұнда бұдан үш жыл бұрын «Петропавловскстрой» тресінің бес қабатты жатақханасының бұрышы құлап қалды, қайғылы жағдай болған жоқ — сол кезде бөлмеде ешкім болмаған еді. Алайда бұл да дабыл туғызбады. Ескірген жатақханалар, тұрғын үй қорының осы категориясын орынсыз пайдалана беру проблемасы қалада бұрынғысынша өткір тұр.

Осы келеңсіз фактілерді келтіре отырып, оқырмандар тым сүреңсіз көріністерді тәптіштеп айтты, деп мені айыптай ма деп алаңдаймын. Алайда әділін айту керек қой. Көптеген еңбек және оқу коллективтерінде жатақханаға деген қатынас расында нашарлап кетті. Республикамызда ірі комсомолдық құрылыстар тұрғызылып, жастардың тұрмысы туралы қамқорлық алғашқы кезекте болған кездердің көптеген дәстүрлері тоқырау жылдарында ұмыт болды. Ол кезде басшылар, соның ішінде облыстық және республикалық ұйымдардың жетекшілері жатақханаға үнемі барып тұратын, тәрбиешілер оқуы ретке келтірілген-ді, басқа да көп нәрселер жасалған еді.

«Екі жылдық» барысында сол дәстүрлерді түлетіп қана қоймай, оны одан әрі дамыта беру қажет. Оның программасы жатақханаларда клубтар филиалдарын, сондай-ақ әуесқойлық бірлестіктерді, мүдделілік клубтарын құруды қарастырады. 200 және одан да көп адам тұратын әрбір жатақханада тұрмыстық қажетті өтеудің тұрақты және көшпелі пункттерін, спорт және мәдени заттардың прокат пункттерін, мамандандырылған «Өзің жаса», «Ісмерлер» пункттерін ұйымдастырған жөн.

Қазақ республикалық кәсіподақтар советі осы программаның ауқымында кәсіподақтар комитетіне өздерінің клубтық мекемелерін мәдени-бұқаралық және тәрбие жұмыстарын өткізу үшін әрбір жатақханаға бекітуді ұсынды. Жатақхана жанынан домбыра үйірмесін, хорды, туристік клубты, мүдделілік бойынша бірлестікті құрған Алматының «Строитель» мәдениет сарайының қызметкерлері (директоры Ф. М. Клопова) бұған алғашқылардың бірі болып үн қосты.

Кәсіподақ және комсомол комитеттерінің тұрмыстық қызмет пен бос уақытқа қатысты нәрсенің бәрінде көбірек талап қоя білулері керек. Бұл үшін тұрмыстық қажетті өтеу мен қоғамдық тамақтан-

Digitized by Google

дыру орындарының мүмкіндіктерін белсендірек пайдалану қажет. Петропавл педагогика институтының басшылары облыстық тұрмыстық қажетті өтеу басқармасымен бірлесіп, жатақханаларда киім тазалайтын орынды, аяққиім жөндейтін шеберхананы құру, спорттық және мәдени заттар прокат ұйымдастыру туралы мәселені шеше алды ғой.

Жатақхананың тәрбиешілері, штаттағы басқа қызметкерлері өздеріне айрықша қамқорлық жасауды қажетсінеді. Олардың ішінде өз ісінің шынайы энтузиастары баршылық. Мәселен, тәрбиешілер Эмма Емельяновна Штейнфельд (Шымкенттің мақта-мата комбинатының № 1 жатақханасы), Нағила Ілиясқызы Фахрутдинова (СССР-дің 50 жылдығы атындағы Өскеменнің «Востокмашзаводының» жатақханасы), Мәншүк Жангерейқызы Тұрғанәлиева (Ақтөбенің өндірістік тігін бірлестігінің жатақханасы) және басқалар жас еңбеккерлерді тәрбиелеуге көп күш-жігерін жұмсайды. Сонымен бірге кадрлардың тұрақтамаушылығы өте жоғары. Демек бұл осы отряд қызметкерлерінің тұрмыс проблемаларын мұқият қарауды, олардың бос уақытын жүйелі ұйымдастыруды талап етеді.

Облыстың «Кокчетавстрой», «Кокчетавстрой —17» трестерінің, фарфор заводының жатақханаларында орныққан мынадай практика өзін жақсы жағынан танытты: онда мастерлер, бригадирлер, тәлімгерлер бос уақыттарында жатақханадағы өз жігіттеріне келеді. Бірлесіп жиналыстар өткізеді, онда өзекті мәселелерді талқылап, бірге демалады.

Жатақханаларды ішінара немесе толығынан өзін-өзі басқаруға көшіру «екі жылдық» программадағы тәрбие сипатының тағы бір маңызды жағы болып табылады. Қарапайым күнделікті жағдайларда, айталық, сынған орындыққа, түсіп қалған кітап сөресіне, ақталмаған қабырғаларға жастардың бейжай қарамай, біреудің көмегін күтпестен өздері жасай салуға және толық мәнді бос уақыт туралы адамгершілік ахуал туралы қамқорлық көрсетуге тиіс.

Жас адам үшін жатақхана бір апта емес, бір ай емес, бірнеше жыл бойы туған үйіндей болып қалады, демек ол тек түнеп кететін жер емес, нақ үйі болуы үшін бәрін жасау керек.

К. ЖҰМАДІЛОВ,
Қазақ республикалық кәсіподақтар советі мәдениет және спорт бөлімі тәрбие жұмысының нұсқаушысы.

Бала күтушілер

Көптеген жас ата-аналар кешкілікте үй халаттарын әсем костюмдерге ауыстырып, жолдастарына қонаққа, жақсы фильм немесе спектакль көруге бара алады. Демек, балалар олардың қасында жоқтығын елемейді.

Қалалық комсомол комитетінің қолдауы арқылы қалада құрылған «Балаларды кешкі күтуші» қызметі ата-аналардың жұмысын өз міндетіне алды. Оның қызметкерлері — жас жұмысшылар, студенттер, мектеп және медицина мекемелерінің қызметкерлері — телефон арқылы заказ қабылдап, оны прейскурантқа сәйкес азғана ақы үшін орындайды.

Жаңа қызмет таяуда үйге барып қызмет көрсететін бала бақша-ясли ашуды жоспарлауда, тәуліктің кез келген уақытында оның қызметіне жүгінуге болады. Сондай-ақ ол жас ата-аналардың түрлі «шаруашылық» тапсырмаларын орындайды.

А. БОНДАРЕНКО.

Павлодар облысы.

ЖУРНАЛ БЕТТЕРІНДЕ

«Мекен-жай» не дейді?

«Қазақстан агроөнеркәсібі» журналының май айындағы саны «Мекен-жай» деген қосымшамен шықты. Шынтуайтында, бұл журнал ішіндегі журнал десе де болғандай. Көкшетау облысындағы Шучье ауданының «Воронов» совхозының бригадирі К. Касьянов шаруашылықтарда қозықұйрық өсіруді, бұл үшін теплицаны ғана емес, подвалдарды да пайдалануды ұсынады. Білікті мамандар жеміс беріп тұрған бақты қалай күтуге болатыны, аулада мал мен құс өсіру туралы ақыл-кеңес береді. Отырғызатын тұқым алуға болатын шаруашылықтардың адрестері хабарлануда. «Мекен-жай» әртүрлі тағамдар рецептерімен, емдік шөптерден тұнба дайындау әдістерімен таныстырады.

«Қазақстан агроөнеркәсібі» журналы редакциясы мұндай қосымшаны ұдайы беріп тұратындығын хабарлайды. Ол үй жанындағы шаруашылықпен, бау-бақша өсірумен, қосымша кәсіпшілікпен және қол өнерімен айналысатындардың бәріне арналған.

Н. СЕРГЕЕВ.

Digitized by Google

«МЕКТЕП»

«Мектеп» баспасы — көп профильді баспа. Біз республиканың жалпыға бірдей білім беретін мектептері үшін оқулықтармен және оқулық-методикалық әдебиеттермен қатар жоғары және орта арнаулы оқу орындарына, кәсіптік-техникалық білім беру жүйесіне арнап әдебиеттер, сондай-ақ жастарға арналған анықтамалық және ғылыми-көпшілік кітаптар басып шығарады.

Бізде кітаптар қазақ, орыс, ұйғыр және араб тілдерінде шығады. Басылымдардың үлкен бөлігі, әлбетте, мектепке арналған: бұл республиканың қазақ, орыс және ұйғыр мектептерінің оқушыларына арналған оқулықтар мен оқу құралдары, түрлі көрнекі құралдар, мұғалімдерге арналған методикалық әдебиеттер.

КПСС Орталық Комитетінің 1988 жылғы февраль Пленумының нұсқауларын бейнелейтін «Мектепті қайта құру: проблемалар мен тәжірибе» деген жаңа сериядағы кітаптар мұғалімдерге арналған басылымдардың ішінде жетекші орын алады. Өткен жылы қазақ тілінде Ш. Майғарановтың «Ұзартылған күн тобындағы тәрбие» және В. Мухиннің «Алты жастағы бала мектепте», орыс тілінде И. Буртованың және басқалардың «Төменгі класс оқушыларының еңбек сабағын ұйымдастыру» және Н. Кунгуровтың және басқа авторлардың «Қазақ мектебінде орыс әдебиетін оқыту методикасы» деген кітаптары шығарылды. Қазір республика мұғалімдері мақалаларының «Қазіргі кездегі сабақтың тиімділігін арттыру жолдары» деген жинағы (орыс және қазақ тілдерінде), жетекші ғалым-педагогтардың мектепті қайта құру проблемасы туралы мақалаларының «Ашық әңгіме» жинағы, жаңашыл-мұғалім И. Сарғожаевтың «Сен де бір кірпіш дүниеге...» кітабы, С. Елеусізованың «Мұғалім және оқушы: қарым-қатынас проблемалары» және И. Ломоносовтың «Болашақ мамандығым — мұғалім» деген жұмыстары басуға әзірленуде.

Ғылыми-көпшілік және анықтама-энциклопедиялық әдебиеттерін, сондай-ақ коммунистік тәрбиенің, әсіресе интернационалдық, патриоттық, адамгершілік және эстетикалық тәрбиенің барлық проблемалары бойынша кітаптарды шығару ұлғайтылуда. 1988 жылы Н. К. Крупскаяның «Мектепке дейінгі тәрбие туралы», сондай-ақ бір топ авторлардың «Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі», Л. Кузнецованың «Адамгершілік неден басталады», С. Ұзақбаевтың «Оқушыларға музыкалық-эстетикалық тәрбие беру», Қ. Аманжоловтың «Әкенің жолы — ұлға үлгі» кітаптары қазақ тілінде, А. Ковшарьдың «Қазақстан құстарының әлемі», А. Қасымжановаңың «Жастарды ойлауға тәрбиелеудің жаңа стилі» кітаптары орыс тілінде, Я. Перельманның «Қызықты физика» (2-бөлімі) және П. Ахметовтің «Шахмат және шахматшылар әлемінде» кітаптары ұйғыр тілінде басылды.

Неміс, француз және ағылшын тілін үйренушілер үшін де әдебиеттер шығарылуда. Мәселен, 1988 жылы Н. Құрманбаевтың «Қазақ аудиториясында ағылшын тілін оқыту методикасы», Т. Баймаханов пен басқа авторлардың «Ағылшын мақалдары мен мәтелдері және олардың орыс және қазақ тілдеріндегі балама-лары» деген оқулықтары басылды, ал биыл А. Никифороваңың «Француз тілінің ауызша және жазбаша түрін қолдану практикасы» деген оқулығы жарық көрді. Көлемді «Қазақ-неміс сөздігін» жасау жөніндегі жұмыс аяқталып келеді, ол жыл аяғына дейін шығады.

Үстіміздегі жылға арналған тақырыптық жоспарды қалыптастыру барысында барлық творчестволық қызметкерлерге анкета жүргізу әдісі біздің баспамыз практикасында алғаш рет қолданылды. Алынған деректердің арқасында «Жоғары оқу орындарына түсірушілерге көмекші құрал» және «Қазақша сөйлеуді үйренудеміз» деген екі перспективалы серия ашылды.

Тақырыптық жоспарда оқырмандардың анықтама әдебиетке және ғылыми-көпшілік басылымдарға деген сұранымы да ескерілді. И. Асамаанаң «Тәрбиелік тағылымдары», Л. Рувинский мен басқа авторлардың «Ерік пен мінезді қалай тәрбиелеу керек», С. Ленсинаның «Косметика және жыл мезгілдері», Р. Ушуров пен басқа авторлардың «Ұйғыр тағамдары» кітаптары жуықта жарық көреді.

Республиканың Халыққа білім беру министрлігімен тікелей байланыста, дәлі-

Digitized by Google

рек айтсақ, оның заявкалары бойынша жұмыс істейтін «Мектеп» баспасы үшін ведомстволық бытыраңқылықты жою, сондай-ақ шығарылатын әдебиеттер сапасын жақсарту және оқырман талабын барынша толық қанағаттандыру басты міндеттердің бірі болып табылады. Осы мақсатпен мектеп оқушылары мен мұғалімдерге арналған методикалық әдебиеттердің бәрі, көрнекі және дидактикалық оқу құралдарының бүкіл топтамасы, мектепке арналған анықтама әдебиеттері, сондай-ақ «Мектеп кітапханасы» сериясындағы көркем шығармалар «1990—91 оқу жылына арналған мектеп оқулықтары мен оқу-методикалық әдебиеттерге заказ беру бланкісіне» енгізілді. Бұл педагогтардың, оқушылардың сұранымын және кітапханалар қажетін ескеру арқылы тираж белгілеуді анағұрлым білікті жүргізу мүмкіндігін береді.

Орыс және қазақ тілдерін үйренушілерге көмек ретінде әдебиеттер шығаруды кеңейтуге айрықша көңіл бөлудеміз. Біз С. Жиенбаев пен басқа авторлардың «Өз бетінше үйренушілерге арналған қазақ тілі оқулығын», С. Тілеубаев пен В. Красныхтың «Қазақша-орысша тілашарын», сондай-ақ Х. Қожахметованың «Орысша-қазақша фразеологиялық сөздігін», М. Зәкіров пен басқа авторлардың «Тарих және қоғамтану пәндері бойынша 8—10 класс оқушыларына арналған терминологиялық сөздігін», А. Смирнованың басқаруымен «Орыс тілі грамматикасы бойынша қысқаша анықтаманы» Г. Нүркинаның «Орыс тілі бойынша қысқа мерзімді курстарға арналған оқулығын» басып шығардық. Б. Баймұратова мен басқа авторлардың сабақ орыс тілінде ететін мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне арналған «Суретті сөздігі», сондай-ақ Б. Баймұратова мен басқа авторлардың орыс мектебінің бірінші кластарына арналған «Суретті қазақ тілі» оқулығы шығарылды.

Баспа жыл соңына дейін мына кітаптарды: М. Мамоновтың «Жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде оқитын студенттерге арналған қазақ тілі», Б. Құлмағамбетованың және басқа авторлардың «Ересектерге арналған қазақ тілі сабақтары», Н. Оралбаева мен басқа авторлардың «Қазақ тілін оқып үйренудеміз», С. Дүкенбаевтың «Орыс мектептерінің оқушыларына арналған қазақша-орысша сөздігін», Л. Жаналинаның және басқалардың «Педагогика жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған практикалық курс», Ш. Бектұровтың және басқалардың «Қазақша-орысша сөздік» кітаптарын шығаруды жоспарлауда.

Баспаның С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің базасында аудармашылар ұйымдастыру секілді бастамасы, біздің көзқарасымызша, перспективалы болып табылады. Оған қатысушылар — үшінші-бесінші курстардың студенттері қоғамдық негізде ғылыми-көпшілік, сондай-ақ оқу-методикалық әдебиеттерді аударып, редакциялауды жүзеге асырады.

Ш. АМАНОВ,
«Мектеп» баспасының директоры.

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА БӨЛІМІМІЗ

Июнь айындағы атаулы және еске түсіретін күндер

1 — Балаларды қорғаудың халықаралық күні.

5 — Айналадағы ортаны қорғаудың Бүкіл дүние жүзілік күні.

— Москвада коммунистік және жұмысшы партияларының халықаралық Кеңесі ашылғанына 20 жыл (1969).

11 — Жеңіл өнеркәсіп қызметкерлерінің күні.

— К. Маркстің «Саяси экономия сынына» деген еңбегінің жарыққа шыққанына 130 жыл (1859).

12 — СССР мен ГДР арасындағы достық, өзара көмек және ынтымақ туралы Шартқа қол қойылғанына 25 жыл (1964).

16 — Бұдан 70 жыл бұрын (1919) совет әскерлері Балтық флотының қолдауымен контрреволюциялық көтерілісті басып, «Красная Горка» және «Серая Лошадь» форттарын алды.

— Словак Совет Республикасының жарияланғанына 70 жыл 1919).

18 — Медицина қызметкерінің күні.

22 — 1941 — фашистік Германия Совет Одағына тұтқиылдан шабуыл жасады. Совет Одағының фашистік Германияға қарсы Ұлы Отан соғысы басталды.

24 — **Өнертапқыш пен рационализатор күні.**

25 — **Совет жастары күні.**

28 — 1988 — КПСС-тің Бүкілодақтық XIX конференциясы ашылды.

29 — 1976 — Европа коммунистік және жұмысшы партияларының Берлин конференциясы ашылды.

30 — Бұдан 95 жыл бұрын, 1894 жылы июнь—сентябрьде В. И. Ленинің «Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» жұмысы жасырын түрде басылып шықты.

Digitized by Google

«СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚОРҒАНЫС ИНИЦИАТИВАСЫНЫҢ» ТҮПКІ МАҚСАТЫ ҚАНДАЙ?

Құрама Штаттардың бірде-бір программасы «жұлдызды соғыс» программасы ретінде аса мәлім американдық «Стратегиялық қорғаныс инициативасы» (СОИ) сияқты дүние жүзі мамандары мен саяси қайраткерлері арасында осыншама пікірталас туғызбаған болар.

Бұдан алты жыл бұрын, 1983 жылғы 23 мартта, АҚШ-тың сол кездегі президенті Рональд Рейган мәлімдеме жасап, онда «ядролық қаруды дәрменсіз әрі ескірген қару етуге» уәде берген еді. Бұған арналған құрал — космоста орналастырылатын элементтері бар кең көлемді ракетаға қарсы қорғанысты өрістету. Жерде және космоста ол АҚШ территориясын ракеталық-ядролық соққыдан «сенімді қорғай алады» деп тұжырымдады Вашингтонда. Жүздеген, тіпті мыңдаған екпінді жүйені орналастыру жоспарланған болатын. Пентагон СССР және басқа социалистік елдер территорияларының үстінен көп эшелонды лазерлік, шоғырланған, кинетикалық қарулар «күмбезін» орнатуды ұсынды. СОИ сыншылары әуел бастан-ақ атап көрсеткеніндей, оны жүзеге асыру ракетаға қарсы қорғаныс жүйесін шектеу туралы 1972 жылғы совет-американ шартының маңызды ережелерін бұзу болып табылады. Осы документ елдің бүкіл территориясында кең көлемді ракетадан қорғаныс құруға тиым салады, ракетаға қарсы қаруды сынап, космоста орналастыруға тиым салуды қарастырады, уағдаласушы әр жақ үшін жерде ракетаға қарсы жүз ракета лимитін тағайындайды, олардың радиусы жүз километрлік бір ауданда орналастырыла алады. АҚШ-тың осы шарттан бас тартуы қару-жарақка бақылу жасаудың бүкіл прогресіне елеулі соққы болар еді. Оның үстіне, сарапшылар пікірі бойынша, АҚШ-тың ракетадан қорғаныс жүйесінің тым айлалы түрінің өзі жауап соққы ретінде агрессор бойынша ұшырылған ракеталарды ұстауды 100 процент қамтамасыз ете алмайды. Ал бөгоголовкалардың бір-үш процентінің нысанаға жетуі, Пентагонда айтатындарындай, «орынсыз шығын», былайша айтқанда, ядролық қаруды бірінші қолданушы ел үшін апат. Мамандардың көпшілігі екі триллионнан астам доллар тұратын АҚШ-тың ракетадан қорғаныс жүйесі ең әрі дегенде жауап-соққыдағы ракета нөсеріне қарсы ешбір мағынасыз жыртық шатыр болып қалады деген пікірге келеді.

Одан әрі ракетадан кең көлемді қорғаныс тым тұрақсыздандыру жүйесі болып табылар еді, өйткені ол агрессияның жазасыз қалу елесін туғызып, Вашингтонда кейбір «қызба» адамдарды дағдарыс жағдайында «ядролық нүктені» басып қалуға жетелейді ғой.

Әдеп, сыпайыгершілік туралы

Біз өзіміздің бойымызда әдеп сезімін дамытуға тиіспіз, әйтпесе, адамдардың ілтипатына ие бола тұрып, біздің одан оп-оңай айырылып қалуымыз мүмкін. Бұл сабақ үшін өмірде адам қымбат төлейді және өкінішке қарай, үрпақтарын дәл осы ауыр төлемнен құтқара алмай келеді.

И. ГЕТЕ.

Тіпті күштің өзімен ештеңе тындыруға болмаған жағдайларда да әдеп арқылы табысқа жетуге болады.

Д. ЛЕББОК.

Мейірімді болу жеткіліксіз, оған қоса тағы әдепті болу керек.

А. АЛШЕЛЬ.

Бізге ештеңе де сыпайыгершіліктей соншалық арзанға түсіп, қымбат бағаланбайды.

М. СЕРВАНТЕС.

Шынайы сыпайыгершілік адамдарға тілектестікпен қараудан тұрады.

Ж. Ж. РУССО.

Адамдардың сыпайыгершілікке уақыты жетпейтіндей өмір соншалық шолақ емес.

Р. ЭМЕРСОН.

Адам кейде өзінің сезімдеріне ие бола алмаса да, әрдайым аузына ие болуға тиіс.

П. БУАСТ.

Digitized by Google

Сонымен стратегиялық қорғаныс инициативасының шынайы мәні неде?

Істің мәні мынада: «жұлдызды соғыс» программасында қолдану қарастырылған қарулар жердегі және космостағы объектілерді жою үшін бірыңғай шабуыл жасау мақсатында пайдалану қарастырылған және континентаралық баллистикалық «МХ» ракеталарына, В—1, В—2 бомбардировщиктеріне, «Трайдент —2» ракеталарына және басқа шабуыл жасау жүйелеріне маңызды қосымша болар еді. Оның үстіне, әлбетте, бұл бастысы — СОИ, оның авторларының пікірі бойынша, советтік экономиканы әлсірету үшін СССР-ді соншалықты қымбат тұратын космостық жанталаса қарулануға тартуға мүмкіндік берер еді.

Мәлім болғанындай, мұнда Вашингтон советологтары қатты жаңылысты. СССР өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында Пентагонда талдап жасалынған сценарийді қабыл алмайды деп мәлімдеді совет басшылығы. Стратегиялық қорғаныс инициативасына советтік жауап тиімді, жылдам және бұл программаға қарағанда әлдеқайда арзан болады, деп жариялады Москва.

Соңғы кезде, жаңаша саяси ойлау АҚШ-та да жол аша бастағанына қарай «жұлдызды соғыс» оппозициясы қыруар күшейді. Космостағы соғысқа әзірленуге ақшаны ала беру Пентагонға қиын бола түсуде. Вашингтонда жаңа әкімшіліктің қайсыбір өкілдерінің өзі стратегиялық қорғаныс инициативасын жүзеге асыру перспективасына күдікпен қарайды. Вашингтонда «жұлдызды соғыс» программасының одан арғы тағдырын шешу салауатты мағынаға не болады, деп үміттенгіміз келеді.

Владимир БОГАЧЕВ
ТАСС-тың әскери мәселелер жөніндегі шолушысы.

Қатты сөздер күшті дәлелдер бола алмайды.

В. О. КЛЮЧЕВСКИЙ.

Ауыздан шыққан суық сөз жүрекке жеткенше мұзға айналады.

І. ЕСЕНБЕРЛИН.

Дөрекі болу — өз басының қадір-қасиеті туралы ұмыту деген сөз.

Н. Г. ЧЕРНЫШЕВСКИЙ.

Дөрекілік — рухани осалдық.

М. ЭБНЕР-ЭШЕНБАХ.

РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ

В. И. ЧАПАЕВ МУЗЕЙІ

Чапаев қаласы Орал өзенінің тік жар қабағында орналасқан. Аңызға айналған дивизия бастығы, азамат соғысының батыры Василий Иванович Чапаевтың жауынгерлік жолы осы көне Ілбішін станицасында аяқталды.

1959 жылы қалада В. И. Чапаевтың республикалық мемориалдық музейі ашылды. Экспозиция 1919 жылғы августсентябрьде 25-ші атқыштар дивизиясының штабы тұрған үйде орналасты. Кейінірек оның қасынан жаңа үй салынды. Мемориалдық комплекске қаланың ортасында тұрғызылған В. И. Чапаев ескерткіші, батыр қаза тапқан жердегі обелиск енеді.

Бес зал мен мемориалдық үйге 1500-ге жуық экспонат қойылған. Олардың ішінде В. И. Чапаевтың жауынгерлік наградалары мен қарулары, 25-ші Чапаев дивизиясы туралы материалдар, сондай-ақ аңызға айналған дивизия бастығына арналған өнер шығармалары бар. Залдардың біріне РСФСР-дің еңбек сіңірген суретшісі В. М. Сибирский орындаған диорама қойылған, чапаевтықтардың Орал жағасында ақ казактармен шайқасының соңғы сәттері туралы нақты мағлұмат береді.

Музейдің бірінші залындағы материалдардың ішінде Чапаевтың 1918 жылғы қызметін, оның Қызыл Армияның алғашқы отрядтарын жасақтауға, Шығыс майдандағы ұрыс операцияларына қатысуын ашатын документтер мен суреттер аса құнды. 1918 жылдың соңында В. И. Чапаевты Бас штаб академиясына оқуға жіберді. Дивизия бастығына берілген мінездеме, сондай-ақ оның өзінің қолымен Академияға жазған өтініші, анкеталық бет экспозицияларға қойылған.

Екінші залдың экспозициясы В. И. Чапаевтың 1919 жылғы Шығыс және Орал майдандарындағы қолбасшылық қызметіне арналған. Сол жылдың көктемінде Поволжье мен Уралға Колчак армиясы қауіп төндіре бастады. В. И. Ленин 1919 жылы 29 майда Шығыс майданның революциялық әскери советіне телеграммасында былай деп жазды: «Егер біз қыс түскенше Уралды алмасақ, онда революцияның мерт болуы сөзсіз деп білемін. Барлық күшті салыңыздар». Бугульма, Белебей, Бугуруслан түбіндегі және Уфа бағытындағы шайқастарда колчактардың содырлы күшін талқандап, Чапаев дивизиясы осы міндетті шешуге баға жетпес үлес қосты.

Digitized by Google

25-ші Чапаев дивизиясының үлесіне түскен ауыр операциялардың бірін көрсетуге экспозицияда көрнекі орын берілген. В. И. Ленинің Гурьевте өндірілген мұнай қорын иеленіп, оны ақ казактардың өртеп жіберуіне жол бермеуге арналған шаралардың бәрін қабылдау қажеттігі туралы нұсқауын ескеріп, совет әскерлері шабуылды үдете түсті. Аштыққа, суыққа, сүзек ауруының кең таралуына қарамастан чапаевшылар ұрыс жүргізе отырып, ақ казактардың соңғы тірегіне жақындап,оны талқандады. М. В. Фрунзенің Урал майданының жойылғаны туралы В. И. Ленинге берген телеграммасы, В. И. Чапаев серіктерінің естеліктері және басқа экспонаттар осы жайлы баяндайды. Чапаевтық дивизия бейбіт күндерде де барлық жағынан үлгі болды. Суреттер мен документтер дивизия жауынгерлерінің әскери жаттығулары, олардың Украинадағы егін салу науқанына қатысуы туралы әңгімелейді. Құраманың табыстары наградалармен аталды. СССР Орталық Атқару Комитеті 1928 жылы 23 февральда 25-ші Чапаев дивизиясын құрметті революциялық Қызыл Тумен, ал 1933 жылы 22 февральда — Ленин орденімен наградтады.

25-ші Чапаев дивизиясының жауынгерлері Ұлы Отан соғысы жылдарында да бұқаралық қаһармандық пен мызғымас табандылықтың үлгісін көрсетті. 77 чапаевшы — жауынгерлік ерлігі мен қаһармандығы үшін Совет Одағының Батыры жоғары атағына ие болды. Қарт гвардияның чапаевшылары, Совет Одағының Батырлары генерал-полковник Н. М. Хлебников пен генерал-майор С. Ф. Данильченконың жеке заттары мен күнделіктерін, Ұлы Отан соғысының шайқастарына қатысқан Чапаев дивизиясы жауынгерлерінің қасиетті заттарын экспозициядан көруге болады.

Бүгінде В. М. Чапаевтың мемориалдық музейі республикамыздағы әскери-патриоттық және интернационалдық тәрбиенің танымал орталықтарының бірі. Осында, сондай-ақ чапаевтық ескерткішті жерлерде пионер қатарына қабылдау комсомол билетін, паспорт тапсыру, әскер қатарына шақырылғандарды шығарып салулар салтанатты жағдайда өткізіледі. Аңызға айналған дивизия бастығын, Совет өкіметі үшін құрбан болған барлық басқа адамдарды еске түсіру үшін еліміздің түкпір-түкпірінен адамдар осында келеді.

Музейдің адресі: 418210 Орал облысы, Чапаев қаласы, Чапаев көшесі, 36 үй.

Б. АЛТАЕВ,
Қазақ ССР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті мәдени-ағарту басқармасының жетекші инспекторы.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналына 1990 жылға жазылу жалғастырылуда.

Барлық байланыс бөлімшелерінде және кәсіпорындардағы баспасөзді қоғамдық таратушылар арқылы журналға жазылуға болады.

Сондай-ақ журналға үстіміздегі жылдың қалған айларына жазылуға болады.

Бір жылға жазылу бағасы 3 сом 60 тиын, жарты жылға —1 сом 80 тиын, бір тоқсанға —90 тиын.

БІЗДІҢ АДРЕС:
480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39
Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84
63-27-74,
63-27-56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: Н. И. ЛАРИН, А. МӘУТЕНБАЕВ, К. М. СҰЛЕЙМЕНОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.


Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,

Сдано в набор 13.04.89 г. Подписано к печати 27.04.89 г. УГ03171 Формат 70x108 1/16. Печать офсетная. Усл. печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8. Тираж 53941 экз. (каз. 27670 экз., рус. изд. 26271 экз). Заказ 118. Цена 15 коп.

ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google



● В. И. Чапаев ескерткіші.



● В. И. Чапаевтың қаза тапқан жеріндегі мемориалдық комплекс.

● Азамат соғысы кезіндегі тачанка.



Суреттерді түсірген О. ИОНОВ.

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын

Индекс 75328.



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ

САЙЛАУШЫЛАР АМАНАТЫ:

1 Тұрғын үй құрылысы

2 Азық-түлікпен қамтамасыз ету

3 Медициналық көмек көрсетуді жақсарту

4 Айналадағы ортаны қорғау

мәселелерінің шешілуін бақылауға алу



1989

13

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



Кәсіподақтардан халық депутаты, Орал облысы Чапаев ауданындағы Жамбыл селолық учаскелік ауруханасының бас дәрігері Меңсұлу Дүйсенбайқызы Жұматовамен таныстырамыз.

Оны жоғары профессионализм, тапсырылған іс үшін жауапкершіліктің асқақ сезімі ерекшелендіреді. Жан-дүниесі дарқан Меңсұлу Дүйсенбайқызы өзінің бүкіл күш-жігерін өз кәсібінің аса парасатты мақсатына, халық денсаулығын сақтауға жұмсайды. Ол өзінің сайлау алдындағы платформасында бұған көп көңіл бөлді. М. Д. Жұматова насихатшы әрі үгітші ретінде қоғамдық өмірге белсене қатысады.

СУРЕТТЕ: СССР халық депутаты, учаскелік ауруханаңың бас дәрігері Меңсұлу Дүйсенбайқызы Жұматова.

Суретті түсірген А. СЕДЕЛЬНИКОВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

13 • 1989
ИЮЛЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Қайта құрудың ең ірі жеңісі кеңінен өрістетілген еліміздің мемлекеттік және қоғамдық өмірін демократияландыру болып табылатындығын ...біздер толық негізбен айтып бере аламыз — және бұл осында айтылды да. СССР халық депутаттарының болып өткен сайлауы, біздің съездің жұмысы, оның өтіп жатқан ахуалы,— осының айқын дәлелі. Біз әуел бастан-ақ мәселені былай қойдық: егер өзінің мазмұны жөніиен осыпау революциялық процеске әуел бастан қоғамның барлық жіктері, бүкіл халық қосылмайтын болса, қоғам өмірін түбірінен жаңартудың кез келген ой-мақсаты сәтсіздікке ұшырамақ. Бұл Орталық Комитеттің 1985 жылғы апрель Плеиумынан бастап біздің барлық шешімдерімізге негіз етіп алынды және партияның XIX конференциясы шешімдерінде кеңінен негізделген болатын, ол қайта құрудың стратегиялық бағыттарының бірі — түбегейлі саяси реформаны жүргізу мен социалистік праволық мемлекет ориату екенін мөйындады.

Енді біз реформаның бірінші кезеңіиің міндеттерін іске асыру ашып берген орасан зор мүмкіндіктерді пайдалана өтырын, одан әрі ілгерілей аламыз.

СССР Жоғарғы Советінің Председателі М. С. Горбачевтің СССР халық депутаттарының Бірінші Съезінде «СССР-дің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы» жасаған баяндамасынан.

1931 жылғы ноябрьден шығып келеді.
ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАСПАСЫ.
© «Қазақстан үгітшісі», № 13, 1989 ж.

Digitized by Google

ЖҰМЫСТЫҢ БҮКІЛ ЦИКЛЫН ӨЗ КҮШІМІЗБЕН АТҚАРАМЫЗ

Алданыш ӘЛЕНАЕВ,
Целиноград облысының Ерейментау ауданындағы «Өлеңті» совхозының звено жетекшісі



Соңғы он бес жылда совхоздың аға экономисі болып жұмыс істей жүріп, ұйымдық-технологиялық проблемаларды шешудің қандай маңызы бар екеніне иландым. Ал КПСС Орталық Комитетінің март Пленумынан кейін қазіргі жағдай мынадай: ауыл шаруашылығын ғылыми-техникалық революциямен үйлесімді қабыстырудың, жаңа технологияға ауысуды қамтамасыз етудің, селекция, агрохимия жетістіктерін белсенді пайдаланудың барлық мүмкіншіліктері шын мәнінде пайда болды, нақ осылардың бәрі танап пен ферма өнімділігін қыруар арттыра алады.

Практиканың көрсетіп отырғанындай, интенсивті еңбек коллективтерінде ғылым мен техниканың жетістіктері аса тиімді игерілуде, мен олардың тәжірибесіне ертеден-ақ ден қоюдамын. Өз совхозымызда дәнді дақылдарды өсіру жөнінен осындай коллектив құру туралы ойластыра бастадым. Тәжірибелі механизаторлар, коммунист Серікбай Қамажанұлы Әубәкіровпен және Евгений Юлианович Кирикпен пікірімді алмастым. Оларға идея ұнап, мені қолдады.

Сөйтіп өткен жылы көктемде интенсивті еңбек коллективі құрылды, оған тоғыз адам енді. Іле интенсивті еңбек коллективі мүшелерінің талап етуімен совхоз басшылығы мені оған жіберуге келісті, кейіннен мені звено жетекшісі етіп сайлады. Демек, осы лауазым еңбек етуден босатпайды, мен есепті жүргізем, автомобиль айдаймын, танапқа адамдарды, түскі асты, басалқы бөлшектерді жеткіземін. Звенода дербес дәнекерлеуші, машинаны баптаушы, есепші-агроном, шаруашылық машинасының шофері жоқ. Олардың міндетін біздің әрқайсымыз қоса атқарамыз. Демек, звеноның қайсыбір мүшесі бірнеше аралас мамандықты жете меңгерген. Демек, бұл — өзіңді дилетант емес, маңдайалды профессионал ретінде сезіну тамаша ғой.

Мысалға Серікбай Қамажанұлы Әубәкіровті алайық — ол Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, шаруашылығымыздағы социалистік жарыстың бірнеше мәрте жеңімпазы. Ұлы Жанат та барлық жағынан оған ұқсауға еліктейді, ол өткен орақта комбайннан қырманға астық тасуда жұмыс істеді. Жанат өзінің «Кировеці» үшін екі тіркеме арбаны әзірледі, олардың бірін жұмыс істеп жүрген комбайндардың қасына қалдырады, ал астық толтырылған арбаны қырманға тасымалдады. Мұның өзі оның сырттан көмек алмай-ақ звено бастырған бүкіл астықты тасуына ықпал етті.

Звеноға 3410 гектар егістік, соның ішінде 600 гектар пар танабы, 3 мың гектар дәнді дақылдар егістігі бөлінді. Бізге жеті «Енисей-1200» комбайны, үш «Кировец» және басқа техника бекітіліп берілді. Біз алғашқы көктемде топырақты егіс алдында ұқсатуды, дәнді дақылдарды себуді атқарып үлгерумен қатар көрші бригадада 500 гектар дән себуге көмектестік. Жазда егістікті баптауға, ауыл шаруашылық техникасын ағымдағы жөндеуге қоса жемшөп дайындаушы бригадаларда пішен дайындаумен айналыстық.

Шаруашылығымыз қуаң далада орналасқан, мұнда көктемнің ұзаққа созылуы, жаздың қуаңшылығы жиі болады, мұның өзі біздің міндетімізді де анықтайды, ол — өндірістің ауа райының қолайсыздығына тәуелділігін барынша кеміту.

Дәнді дақылдарды өсірудің интенсивті технологиясы да осыған көмектеседі. Солтүстік Қазақстанда оны игеру тәжірибесі мынаны сипаттайды: технологияны енгізу барысында жанама элементтер болмауға тиіс. Шаралар комплексі ғана

Digitized by Google

астықты тиянақты өндіруге кепілдік жасайды. Егіншілік жүйесін игеру де, еңбекті ұйымдастырудың прогрестік әдістері де, химияландыру құралдарын қолдану да — бәрі маңызды.

Сонда да ғалымдар айналымдағы таза парды қолайлы нормаға жеткізу талабын бірінші орынға ұсынады. Біз пардың үлесін 30 процентке дейін ұлғайтуды ойластырудамыз. Әрине, пармен ұдайы жұмыс істеу керек, өйтпесе ол арамшөп қаулап өсетін жерге айналып кетеді. Біз Бүкілодақтық астық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты талдап жасаған технология бойынша агротехникалық және агрохимиялық қызмет көрсету комплексін жүргіземіз.

Кейде селодағы тағы бір маңызды науқан — жемшөп дайындаумен тура келетін парды ұқсату жұмыста қиындық тудырады деген пайымдауларды естуге тура келеді. Ал еңбек ресурстарының, техникалық құралдардың жетіспеушілігі пар танабымен технология талабына сай айналысуға мүмкіндік бермейді. Менің ойымша, бұл орынсыз сілтеме, еңбекті іскер ұйымдастыру арқылы бәрін жасап үлгеруге болады. Иә, енді біз істеген күні, атқарған жұмысы, кейде өндірісте әшейін болғаны үшін ақы төленетін уақытша адам емеспіз. Біз жердің қожайыны екенімізді барынша сезінудеміз.

Интенсивті еңбек коллективінде жерді де, ондірістің басқа құралдарын да дербес пайдаланудың нақты мүмкіншілігі пайда болды, яғни, адамға айырылып қалған жердің қожайыны сезімі оралтылуда. Ай ішіндегі жұмыс қорытындыларын талқылау үшін уақытылы жиналып, біз еңбек нәтижелерін мұқият талдаймыз, жіберілген кемшіліктерді атаймыз, бұдан былайғы жұмысты жоспарлаймыз. Звено мүшелері экономикалық білімін көтерумен зор ықылас қоя айналысады.

Звено қатты қуаңшылыққа қарамастан былтыр гектарына 7,3 центнерден — совхоз бойынша орташа көрсеткіштен бір центнер көп астық алды. Бізде астықтың бір центнерінің өзіндік құны 7 сом 92 тиын болды, ал совхоз бойынша ол қыруар жоғары. Совхозда егіншілікте жұмыс істейтін бір адамға шаққанда 6960 сомның, біздің звеномызда — 31060 сомның өнімі, яғни 4,5 есе көп өндірілді. Звено бір сомның өндірілген өніміне 20,2 тиын жұмсады, ал совхоз бойынша ол 64,6 тиыннан айналды. Коллектив мүшелерінің табысы қыруар есті — айлық орташа табыс 822 сом құрады.

Біздің коллективіміздің үлгісі арқылы еңбекті ұйымдастырудың жаңа формасының артықшылығына иланып, совхоздың партия комитеті мен дирекциясы жұмысшылардың егіншілікте осындай жаңа звеноларды құру туралы ұсынысын қолдады. Биыл интенсивті еңбектің тағы екі коллективі құрылды, оларды тәжірибелі диқандар, коммунистер Б. Әбішев пен Е. Бәкібаев басқарды. Енді шаруашылықта астық өндірісі толығынан интенсивті еңбек коллективтеріне берілді. Совхоз өзінің бүкіл тарихында алғаш рет командировкаға келетін механизаторлардан бас тарта алады, жұмысқа тартылатын автотранспорт та қысқарады.

Биылғы орақ науқанына тыңғылықты әрі жан-жақты дайындалудамыз. Техника ертеде-ақ дайын машиналар сапына қойылды, егін орағының маршруты жасалды, мұнда есеп қарапайым — техниканы орынсыз ауыстыра бермеу және комбайндарды қайта жабдықтау. Өткен жылы бізге орақ тактикасын таңдауда толық дербестілік берілді. Биыл да осы дәстүр бұзылмайды, бақылаушылар да, уәкілдер де коллектив ісіне араласа бермейді деп ойлаймын.

Әрине, біздің өз проблемаларымыз да баршылық — звеноның, мәселен, өзінің дала қосы жоқ, жылжымалы вагон туралы тек қиялдауымызға тура келеді. Әкімшілік жұмыс пен тұрмыс үшін тиісті жағдай жасауда көмектеседі деп үміт етеміз.

Егін орағы диқанның шыдамдылығы мен ұстамдылығын, астық тағдыры, жоғары түпкі нәтиже үшін әр кісінің жеке жауапкершілігін тексереді. Біз осы сынға өзірміз. Және өзіміз жасаған таңдауға күмән келтірмейміз.

● *«Өлеңті» совхозының аға экономисі Алданыш Әленаев өткен жылы батыл қадам жасады: ол интенсивті бригаданың звеносын басқарды және өз қадамына өкінген жоқ.*

● *Оның звеносы былтыр жұмыс істейтін бір адамға шаққанда 31060 сомның өнімін өндірді — бұл шаруашылық бойынша орташа көрсеткіштен төрт жарым есе көп. Бір центнер астықтың өзіндік құны жоспардағы 8 сом 71 тиынның орнына 7 сом 92 тиын болды. Звено мүшелерінің айлық орташа табысы 822 сомнан айналды.*

Digitized by Google

КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУҒА БОЛМАЙДЫ

АУЫЗША САЯСИ ҮГІТТІ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС

Идеология жұмысын жаңарту — біздің елімізде өтіп жатқан революциялық қайта құрудың маңызды құрамдас бөлігі. Осы саладағы өзгерістер өзінің мәні мен бірінші кезектілігі жағынан шаруашылық механизмін қайта құрумен және саяси система реформасымен бір қатарда тұр. Оның үстіне біздің қозғалысымыздың қарқыны көбіне-көп оның дұрыс қойылуына тәуелді. Өйткені, В. И. Ленинның айтқанындай, «... біздің жүргізгелі отырған қайта құру ісіміз неғұрлым терең болған сайын оған ден қоюшылықты, саналылықпен қараушылықты солғұрлым арттыра түсуіміз керек, жаңадан миллиондаған және он миллиондаған адамдарды мұның қажеттілігіне сендіре түсуіміз керек» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 42 том, 154—155-беттер).

Бүгінде елде өтіп жатқан реформа саяси үгітті сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтеру, оның мазмұнын, формасы мен әдістерін байыту үшін аса қолайлы жағдай жасауда, сонымен бірге оған өте-мөте жоғары талаптар қояды. Және мұның өзі идеология активі үшін ұлғая түскен демократия, сайыстық пен плюрализм жағдайында қимыл жасай білуінің елеулі сынына айналған СССР халық депутаттарының сайлауы жөніндегі бертіндегі сайлау науқаны барысында өте-мөте нақты көрінді. Оның барысында халықтың түрлі топтары арасындағы жұмысқа деген аса тиімді қатынастар табылды. Мәселен, үгіт орталықтары мен қоғамдық-саяси клубтар, автоклубтар мен үгіт поездарын шалғай селолар мен мал шаруашылығының шалғай учаскелеріне жіберу, пәтерлердегі, подъездердегі т. б. әңгімелер өзін жақсы жағынан көрсетті. Мұндай араласу адамдарды толғандыратынның бәрін жақсы біліп, олардың өтініштеріне дереу үн қатуға, дұрыс қоғамдық пікірді қалыптастыруға көмектесті. Алайда сайлау науқанының қорытындыларын саралай отырып, партия комитеттері елеулі кемшіліктерді ашты, тоқыраушылық кезеңнің формализм, қасаңдық, жеңілдетушілік, жалпы көрсеткіштерге үміт арту, өзара айтысты жүргізе білмеушілік т. б. секілді ауыр мирасын үзілді-кесілді жою қажеттігін атап көрсетті. Көптеген жерлерде үгіт коллективтерінің қызметі тым әлсіз буын болды.

Осының бәрі тоқыраушылық жылдары ауызша саяси үгітте қалыптасқан жүйені қайта құруды талап етеді, ол көлемділігімен және қаптаған буындарымен, бір-бірін қайталайтын, көбіне текке жұмыс істейтін бұрынырақта басталған эксперименттерді жалғастыра беруге жетелейді*.

Тұтасынан бірқатар партия ұйымдарында ізденіс жақсы нәтижелер беруде. Демек, Қостанай облысының совхоздары мен колхоздарында өз қызметін үгіт-ұйымдық қызметпен қабыстыратын саяси ұйымдастырушылар орныуда, мұның өзі сөз бен істің бірлігін баянды ету үшін өте-мөте маңызды. Шығыс Қазақстанда саяси шолушылар өздерін жақсы жағынан көрсетті, аса даярланған, өмір ұсынған проблемаларды түсіндіруге, пікірталасты жүргізуге қабілетті активистер олардың қатарына енді. Талдықорған облысында енді сайланбалы партия, кәсіподақ және басқа қоғамдық органдардың, мекемелер мен ведомстволар коллегияларының мүшелері, халық депутаттары, еңбек коллективтері советтерінің председательдері, яғни қажетті күнделікті информациялары бар адамдар бұқаралық-саяси жұмысқа тартылуда.

Ал, Көкшетау облысы Еңбекшілдер аудандық партия комитеті бүгінде шағын селолар мен ауылдар тұрғындары арасындағы жұмысқа жете мән беруде. Олардың әрқайсысына аудандық партия комитеті бюросы мен атқару комитетінің мүшелері бекітілген. Демек, аудандық партия комитетінің бірінші секретары Қ. Жұмабаев пен аудандық атқару комитетінің председателі А. Мигаль өздеріне ең ауыр учаскелерді алды. Адамдардың еңбек пен тұрмыс мәселелерінің бәрі жетекшілер назарында. Мұнда баяндамалар жасау жеке мәселелер бойынша тұрғындарды қабылдаумен, семьялар-

*Журналдың өткен жылғы 14-санында жарияланған «Саяси үгіт нақты да пәрменді болсын» деген редакциялық мақалада үгіт жұмысын қайта құру жөнінде ұсыныстар берілген еді.

Digitized by Google

дағы әңгімелермен қабысады. Соның нәтижесінде село тұрғындарының белсенділігі есіп келеді.

Жастардың саяси пікірталас клубтары олардың арасындағы жұмыста жаңа құбылысқа айналды, енді олардың тәжірибесі жас деңгейлері әртүрлі басқа топтар арасына да белсенді түрде таратылуда.

Солтүстік Қазақстан облысы Соколов ауданының Ленин атындағы колхозында бастауыш партия ұйымдарында (партком секретары В. Яковлева) үгітті қайта құруға творчестволық тұрғыдан қарады. Мұнда саяси хабаршылардан бас тартты, оның есесіне бригадалар мен бөлімшелердегі үгітшілер құрамын нығайтты. «Білім» қоғамы бастауыш ұйымының лекторларын саяси хабарландыруға белсенді түрде тартады. «Экспресс-топ» оперативті, «қызу» жұмысты жүргізеді. Осы атау біршама өзгешелеу, сонда да идея өте-мөте жемісті. Кітапхана меңгерушілері, мәдениет үйінің директоры, кадрлар бөлімінің инспекторы және қоғамдық жұмыстан мол тәжірибесі бар бірқатар активистер адамдарды толғандыратын мәселелерге дереу үн қатады, түрлі қауесеттерді сейілтуге көмектеседі, үгітшілерге арналған материалдарды әзірлейді, «молниялар» шығарады, әңгімелер мен қабырға газеттерінде түсініктеме береді. Демек өткен жылы өте мазмұнды жиырма қабырға газеті шығарылды.

Көптеген партия ұйымдарында үгіт коллективтерін нығайтып, оларды озық тәжірибені насихаттау, жас жұмысшылармен жеке жұмыс, атеистік тәрбие, сондай-ақ басқа мәселелер бойынша мамандандыруда. Мердігерлік және арендалық коллективтер мен кооперативтерде үгіт-бұқаралық жұмысқа деген көзқарас өзгеруде. Орал облысы Камен ауданының, мәселен, Амангелді атындағы совхозында мұны жақсы түсінеді. Мұнда үгіт коллективтерін тәжірибелі коммунистер, соның ішінде шаруашылық басшылары есебінен нығайтып, оларға арендалық звеноларда жұмыс жүргізу тапсырылды, демек партком секретары М. Айтжанов тапсырманың қалай орындалып жатқанын жүйелі қадағалаумен қатар өзі звенолардың бірінде үгітші болып табылады.

Халықпен тұрғылықты жерлерде жұмыс жүргізуде оң өзгеріс белең алды, Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінде республикалық семинар-практикум мен тақырыптық көрмені өткізу бұған ықпал етті. Осыған орай Шымкент қаласының партия ұйымдары мен депутаттары ізгі сөзге лайықты. Мұнда халықтың барлық тобымен жатық жұмыс жүргізуді өрістету программасы талдап жасалған. Тұрғын үйлер кварталдарында соғыс пен еңбек ардагерлері және әйелдер советтері белсенді жұмыс істей бастады. Кәсіподақ комитеттері балалар мен жетекшілер клубтарын жарақтандыруға арналған қаржыны көбейтті. Алаңдарда тұрғындардың басшылармен кездесулері жүйелі өтеді. Халық депутаттарының қалалық Советі микроаудандардың өзін-өзі басқаруы туралы үлгі ереже жобасын қала тұрғындарының талқылауына ұсынды. Демек, микроаудандар советтеріне халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету мен тәрбие берудің нақты мәселелерін шешу үшін қажетті финанс қаражатын бөлуді қарастыруда.

Мұндай мысалдарды одан әрі атай беруге болады. Ол үгіт-бұқаралық жұмыстағы нақтылықты күшейте түсу, оның өмірмен байланысын нығайта түсу тенденциясын көрсетеді. Сонымен бірге тұтасынан бірқатар партия ұйымдарында саяси үгіт формалары мен әдістерін жаңарту жөніндегі жұмысты үгітшілер мен саяси хабаршылар тізімін қайта жасаумен, олардың санын қысқартумен шектелгенін, ал кей жерлерде формализм мен жаттандылықтан арылу желеуімен осы буындардың бәрін жалпы таратып жібергенін көрмеуге болмайды. Соның салдары ретінде жұмысшылар мен қызметшілер қабылданып жатқан шешімдер, белгіленіп жатқан жоспарлар, кәсіпорындар мен шаруашылықтарды дамыту қорларын қалыптастыру туралы дер кезінде хабарланбайды.

Көкшетау облысы Ленинград аудандық партия комитетінің пленумында осындай факті аталды, ол «Жаңаауыл» совхозы партия комитетінің Бүкілодақтық XIX партия конференциясының шешімдеріне сәйкес қайта құруды жүзеге асыру жөніндегі есебін қарады. Өткен жылы шаруашылық жемшөпті сатып алу есебінен 120 мың сом зиян шекті. Алайда, малшылар әңгімелерде мұның өнімнің өзіндік құнына қалай әсер еткенін, жемшөп өндірісін дамыту үшін не жасау керектігін айта алмады. Малшылармен әңгіменің «жалпылама» өтетіндігінен, ал үгіт-бұқаралық жұмыстың тым бәсеңдеп кетуінен бұған таңдануға болмайды.

Көптеген кәсіпорындарда, қалалар мен селоларда көрнекі үгітке де көңіл бөлу бәсеңдегенін айтпауға болмайды: көлемді мағынасыз паннолар мен стендтерді алып тастады. Алайда, безендірушілер көрнекі үгіт құралдарын жаңадан жасауға асығар емес.

Саяси үгітті қайта құру проблемалары көбіне-көп партия комитеттері мен

Digitized by Google

ұйымдары секретарьларының жұмыс стилін өзгертуімен, олардың басшылық жасаудың саяси әдістерін меңгеруімен байланысты, ауызша саяси үгіт осындай әдістердің бірі болып табылады. Алайда шаруашылық басшыларының қызметін бұрынғысынша қайталайтын және партиялық, ең алдымен бұқара арасындағы бұқаралық ұйымдық және үгіт-бұқаралық жұмыс арқылы жүзеге асырылатынын ұмыт қалдырған кейбір партия ұйымдастырушылары қызметінде инерция әлі де күшті сезілуде. Оның үстіне соңғы уақытта бастауыш және цехтық партия ұйымдарын басқаруға адамдармен жұмыс жүргізудің практикалық тәжірибесін меңгермеген көптеген жаңа секретарьлар келді, мұның өзі аудандық, қалалық және облыстық партия комитеттері идеология бөлімдерінің ролін өте-мөте жауапты етеді. Олар кадрлар оқуын ұйымдастыруға ғана емес, сондай-ақ үгіт-бұқаралық жұмысқа қатысудың жеке үлгісін көрсетуге тиіс.

Активистерді оқыту, хабарландыру және нұсқаулар беру формаларын мұқият ойластыру — кезек күттірмейтін міндет. Солтүстік Қазақстан облысында осы мәселені зерттеу көрсеткеніндей, олар қоғамдық пікірлерді дүрліктіретін мәселелер бойынша дер кезінде толымды хабарларды ала бермейді.

Жариялылық пен пікірлер плюрализмі жағдайында пікірталассыз үгіт жүргізу мүмкін емес. Лениногор полиметалл комбинаты парткомы секретарының орынбасары Б. Колпаковтың хатында айтылған дабылға алаңдамауға болмайды: «Үгітшілер құрамының тең жартысына жуығы дерлік, — деп ескертеді ол, — адамдармен әңгімені жүргізуге өзір емес, өз позицияларын қорғай алмайды. Біздің бәріміздің бос сөзділіктен арылып, айтыса, дәлелдей білуді үйренуіміз керек».

Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда облыстарының қалалық және аудандық партия комитеттерінің «пікірталасты» жүргізу «сырын» оқып-үйрену жөніндегі курстар мен семинарларды ұйымдастыру жөніндегі инициативасын құптауға болады. Үгітшілерді және басқа активистерді саяси пікірталас клубтарына біріктіру де бұған көмектеседі, Семейде, Серебрянскіде және басқа бірқатар қалаларда осылай жасалды.

Үгітке деген жаңа қатынас пысықталып, тексеріліп жатқан қазіргі уақытта қалыптасқан тәжірибені түбегейлі әрі жүйелі талдау, жанды практиканы коллективті түрде ой елегінен өткізу, қайта құруға жұмыс істей алатын әдістердің бәрімен қарулану өте-мөте қажет. Бұқаралық-саяси жұмысты жетілдіру жолдарын ғылыми-техникалық және методикалық конференцияларда талқыланған осы проблемаларды газеттер беттерінде, үгітшілер, саяси хабаршылар және баяндамашылар семинарларында көтерген дұрыс болар еді.

Уақыт ауызша саяси үгітті жариялылықтың пәрменді құралы, саяси мәдениет пен белсенді өмір позициясына тәрбиелеу, еңбекшілерді өндірістік және қоғамдық істерді басқаруға тарту мектебі етуді өктем талап етеді. Ал бұл үшін оның формаларын, әдістері мен құралдарын жетілдіре беру керек. КПСС-тің Бүкілодақтық XIX конференциясының идеологиялық жұмысты жаңарту, оны қасаңдықтан, бос сөзділіктен, жаттандылықтан арылту, оның мазмұны мен ауанын өмір ақиқаттарына сәйкестендіру, адамдарды толғандыратын барлық мәселелер бойынша олармен тікелей шын ниетті әңгіме жүргізу қажеттігі туралы нұсқауы бізге мұның бәрінде басшылық қызметін атқаруға тиіс.

ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ХРОНИКАСЫ

Шымкент. «Насихатшылық қызметтің психологиялық-педагогикалық проблемалары» деген республикалық екі күндік семинар болды.

Семинар жұмысына Қазақстанның барлық облыстарынан насихатшылар, саяси оқуды ұйымдастырушылар, марксизм-ленинизм университеттері мен насихатшыларды даярлау курстарының оқытушылары қатысты. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті идеология бөлімі саяси білім беру мен қоғамдық ғылымдар секторының меңгерушісі Н. У. Жұбасова семинарды аша келіп, республикада осындай семинар алғаш өткізіліп отырғанын атап көрсетті. Идеология жұмысын жаңарту, еңбекшілердің саяси және экономикалық оқуын қайта құру өтуде. Дегенмен жаттандылықтан арылу баяу өтуде.

Талқыланып отырған тақырыптың түрлі түйіндері бойынша баяндамалар тыңдалды. «Саяси оқудың психологиялық-педагогикалық түйіндері және адамдар сана-сезімін қайта құру» тақырыбына дискуссия болды, саяси оқудың белсенді формалары мен әдістерін енгізуге арналған дөңгелек стол басында мәжіліс өтті.

Digitized by Google

СОВХОЗДА КҮНІ БОЙЫ ОҚИДЫ

Шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістеріне ауысу басшылар мен мамандардың, сондай-ақ қатардағы еңбеккерлердің ойлауын және психологиясын түбірінен қайта құруды талап етеді. Міне, сондықтан бүгінде кадрларды экономикалық жағынан даярлау сондай керек.

Өткен оқу жылында «Аят» совхозымыздың өндірістік-экономикалық білім беру мектептерінде 600-ден астам адам оқыды. Сабақты әр айдың соңғы жұмасында өткіздік. Ертеңгі сағат тоғыздан бірге дейін лекциялар оқылды. Алғашқы лекция саяси тақырып бойынша, екінші және үшінші лекциялар экономикалық тақырып бойынша өтеді. Содан кейін сабақтардың тақырыптарына қарай таңдап алынған деректі фильмдер көрсетілді. Адамдар түстен кейін сағат екіден кешкі беске дейін аудиторияларда болады. Біздің шаруашылық жағдайымызға сәйкес шаруашылық есеп қызметінің негіздері, еңбек өнімділігін арттырудың, ресурстарды тиімді пайдаланудың жолдары, арендалық қатынастар және басқа тақырыптар оқытылды. Сонымен бірге республиканың және еліміздің ауыл шаруашылығындағы озық тәжірибелер зерттелді. Сабақ жұмысшылар мен қызметкерлердің кәсіптерін ескеру арқылы жүргізілді. Бір топқа механизаторлар, жөндеушілер, шоферлер, екінші топқа — тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жұмысшылары, сушылар, сантехниктер, электриктер, үшінші топқа — кірпіш заводының құрылысшылары мен жұмысшылары, ал төртінші топқа — есеп қызметкерлері енді. Малшылар өндірістен қол үзбей оқыды.

Еңбек коллективі советінің шешімімен сабақтан себепсіз қалу қыдырымпаздық ретінде рәсімделеді, соған сәйкес демалыстың бір бөлігі шығарылып тасталады. Біз тыңдаушыларға 8400 сом жалақы төледік. Егер олар алған білімінің есебінен еңбек өнімділігін кемінде жарты процентке арттырсақ, онда совхоз қосымша 50 мың сомның өнімін алады. Біз алған білімнің нақты қайтарым беруіне күш-жігерімізді барынша жұмылдырудан басты мақсатымызды көреміз.

М. БУЧКО,
«Аят» совхозының
бас экономисі.

Қостанай облысы,
Орджиникидзе ауданы.

БІЗДІҢ ТҮСІНІКТЕМЕ

Біз Қазақ ССР Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитетінің агроөнеркәсіп комплексінің әлеуметтік және экономикалық дамуын жоспарлау бас басқармасының бастығы, экономика ғылымының кандидаты Владимир Васильевич ГРИГОРУКТЫҢ мақалаға түсініктеме беруін өтінген едік. Ол былай деді:

— «Аят» совхозының әкімшілік және қоғамдық ұйымдары өндірістік-экономикалық білім берудің нәтижелілігін арттырудың біршама тиімді жолын тапты. Біздің республикамыздың бірқатар басқа да шаруашылықтарында сабақтар осылай ұйымдастырылуда.

Ең алдымен Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитет, Халыққа білім беру жөніндегі мемлекеттік комитет, ВЦСПС қабылдаған бірқатар шешімдерде, сондай-ақ еңбекшілерге өндірістік-экономикалық білім беру жөніндегі үйлестіру советі, СССР Министрлер Советінің әлеуметтік даму жөніндегі бюросы 1988 жылғы 14 апрельде мақұлдаған халық шаруашылығы кадрларының кәсіптік және экономикалық үздіксіз оқуы туралы типтік ережеде оқудың осындай реттілігі қарастырылғанын атап өту керек. Осы документ еңбек коллективтерінің советтеріне басқа да көптеген праволар берді, ішінара айтқанда, олар сабақтардың кестелерін өздері жасау правосын алды, ал өндірістік-экономикалық оқу насихатшыларының енді өз еңбегі үшін ақша алу мүмкіндігі бар, демек біліктілікті арттыру факультеттері немесе институттары оқытушылары секілді олардың қызметіне ақы төленеді.

«Аят» совхозында таңдап алған оқу кестесінің барысында тыңдаушылар сабаққа бару мен оған әзірленуде зор жауапкершілік танытады. Өйткені сабақ жұмыс уақытында өткізіледі. Мектептер мен семинарлар жұмысында жиі кездесетін асығыстық пен формализм мұнда жоқ.

Совхозда оқу мейлінше нақты жүргізіле бастады, ал бұл экономикалық білімнің абстракты емес, нақты практикалық мәні болуының арендаторлар мен кооператорлар үшін маңызы зор.

Әрине, оқуға тұтас бір күн кететіні ойлантады. Бұл қырсыздық болып табылмай ма? Олай емес, деп ойлаймын. Оқу еңбекте үзіліс болатын қысқы уақытта өткізіледі.

Digitized by Google

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАППАЙ ОҚУ

Республиканың партия ұйымдары халыққа экологиялық тәрбие беруге барған сайын көбірек көңіл бөлуде. Төменде жарияланып отырған заметкалар осы жайлы әңгімелейді.

Маңызды бастама

Өскемен қалалық партия комитетінің бюросы «Қала еңбеккерлерінің экологиялық білім алуын ұйымдастыру туралы қаулы қабылдады, онда осы маңызды жұмыстың нақты программасы берілді. Онда бүкіл қала тұрғындарының табиғат қорғау білімін меңгеру міндеті қойылды, демек әрбір адам өзінің өндірістік қызметінің айналадағы ортаға келтіретін түрлі зияндарын анық көзге елестетіп, оның ластануына жол бермеуіне айрықша көңіл бөлуге тиіс.

Өндірістік-экономикалық оқу жүйесінде «Адамның өндірістік қызметі және оның табиғат ортасына әсері» деген тақырыпта тақауда өткен сабақта осы жайлы әңгіме болды. Атмосфераға және суға тасталатын өнеркәсіп қалдықтарының зиянды заттарын анықтау, олардың денсаулыққа зияны, табиғи ортаға тасталатын және шығарылағын зиянды заттардың ықтимал мөлшері, санитарлық-қорғау және суды сақтау аймақтарының жақсартылуы және басқалар сөкілді мәселелер қаралды.

Экологиялық жаппай оқу, сондай-ақ лекциялар циклін, лекторийлерді, халықтық университеттерін және насихат жүргізудің басқа формаларын қамтиды.

Өскемен қаласы.

Кездесулер жүйелі өтуде

Талдықорғандағы экологиялық жағдай қандай? Айналадағы ортаны кім және қалай ластайды? Ауа бассейнін таза сақтау үшін қандай шаралар қабылдануда? Саяси оқу үйінде өткен пікірталасқа қатысушылар осы және басқа мәселелерге баса мән берді. Оны табиғат қорғау жөніндегі облыстық комитеттің председателі Л. В. Белецких пен қалалық партия комитетінің екінші секретары Л. В. Михно жүргізді.

Кездесуге өнеркәсіп пен транспорт орындарының басшылары мен мамандары, оппоненттер ретінде қаланың денсаулық сақтау орындары мен жұртшылықтың өкілдері шақырылды. Насихатшылар, саяси хабаршылар, лекторлар қатысты.



ЖАМБЫЛ. «Химпром» өндірістік бірлестігі Мәдениет сарайының «Рампа» халықтық эстрадалық театр-студиясының программасында айналадағы ортаны қорғау проблемасы үлкен орын алады.

СУРЕТТЕ: экологияға арналған шағын көрініс.

Суретті түсірген Г. КОШКИНЦЕВ (ҚазТАГ).

Әңгіме қорытындысы бойынша толық есеп облыстық газеттерде жарияланды. Ғұрғындар одан қорғасынды аккумулятор заводында ортаның ластануын болдырмау үшін не істеліп жатқаны, қалада өнеркәсіп қалдықтарын төгетін полигон құрылысының жобасы талдап жасалғаны, сондай-ақ облыстық агроөнеркәсіп комитетінің бұйрығы шығарылғаны туралы білді, ол бойынша шаруашылықтағы улы химикаттардың қыруар бөлігі қайтарылып алынуға тиіс.

Алайда бір кездесу бәрін өзгерте алмайды. Қалалық партия комитеті экологиялық жағдай туралы адамдарды жүйелі хабардар етіп тұруды жолға қоюды ұйғарды. Осы мәселелерді үгіт-насихат активінің семинарына үнемі енгізіп отыруды, материалдарды газеттерде және радиода беріп тұруды ретке келтіру ұйғарылды.

Агрофирманың экология программасы

Панфилов ауданы «40 лет Октября» агрофирмасының коллективі жыл сайын үш-төрт миллион үйрек өсіретін құс фермасына арналған тазарту құрылыстары комплексін іске қосу арқылы бүгінде бірден экологиялық екі міндетті шешті. Жергілікті өзенді құс шаруашылығы қалдықтарымен ластауды тоқтатты, егіншілер оны бірнеше мың гектар егістіктің құнарлылығын арттыруға пайдалану және осының есебінен минералдық тыңайтқыштың жұмсалуын қысқарту мүмкіншілігін алды.

Талдықорған облысы.

Digitized by Google

БАСТЫ БАҒДАР — ҒЫЛЫМН-ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСС

Халық шаруашылығы комплексінің табысты жұмыс істеуі көбіне-көп транспортпен сенімді қамтамасыз етуге тәуелді. Мұнда темір жол транспорты маңызды роль атқарады, біздің республикамызда жалпы пайдаланудағы транспорттың барлық түрі орындайтын жүк айналымының 85 проценті және жолаушылар тасымалының 29 проценті оның үлесіне келеді. Қазақстанда темір жолдың ұзындығы 15 мың километрге (жалпыодақтық жүйенің 10 проценті) жетті. Оның 5 мыңнан астам километрі қос жолды және 3,5 мың километрі электрлендірілген. Тәулік сайын 1 миллион тоннадан астам өнім, шикізат тасымалдауға қабылданады және 15 мыңнан астам вагон түрлі кәсіпорындар мен ұйымдар үшін түрлі жүктерді түсіруге келеді.

Республиканың теміржолшылар коллективтері, партия және кәсіподақ ұйымдары КПСС XXVII съезі мен Бүкілодақтық XIX партия конференциясының шешімдерін орындау жөнінен үлкен жұмыс жүргізеді. Бесжылдықтың үш жылы ішінде жоспардан тыс 19,3 миллион тонна халық шаруашылығы жүгі тасылды. Тасымалмен айналысатын қызметкерлердің еңбек өнімділігі 12,7 процент өсті. Жоспардан тыс 171 миллион сом пайда алынды.

Республикада экономиканың дамуы, көмірдің, мұнайдың, газдың жаңа кеніштерін, әсіресе Батыс пен Орталық Қазақстанда жаңа кеніштерді игеру, Орта Азия республикаларына арналған жүк тасқынының үдей түсуі — осының бәрі барлық бағыттағы темір жол линиясын жеделдете дамытуды талап етеді. Үстіміздегі бесжылдық жылдары ішінде 700 километр екінші жол салу, 1800 километр жолды электрлендіру және 600 километрдей жолды автоматты блокировкамен және диспетчерлік орталықтандырумен жабдықтау белгіленді. Өткен жылдың өзінде ғана Алматы, Батыс Қазақстан және Тың темір жолдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға 300 миллион сомдай жұмсалды. 160 километр жол салынды, 100 километр линия электрлендірілді және 200 километр диспетчерлік орталықтандырылумен жабдықталды.

1990—1995 жылдарда Орал—Ақтөбе — Түркістан, Ақтөбе — Гурьев, Семей — Ақтоғай, Шу — Алматы — Сарыөзек бағыттарында станцияларды, локомотив және вагон деполарын қайта құрумен қатар екінші жол төсеуді толық аяқтау, Екібастұз— Павлодар, Көкшетау—Қызылту, Шымкент—Жамбыл—Алматы бағытын электрлендіру қарастырылуда. Мұның өзі 2000 жылы жүк жөнелтуді 1984 жылға қарағанда бір жарым есе көбейтуге мүмкіндік береді.

Ақтоғай—Дружба темір жол линиясын қалпына келтіру жөніндегі жұмыс басталды, ол бойынша Қытай Халық Республикасына және кері қарай жолаушылар мен жүк тасымалдау көзделуде. Жезқазған—Қызылорда, Индер—Александров Гай және Екібастұз—Қарағанды жаңа линиясының құрылысын бастау мәселелері пысықталуда.

Қазіргі уақытта тасымал процесін басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізуге, электрлендірілген линияларды телевизия арқылы басқаруға ауыстыруға көп көңіл бөлінуде.

Техникалық құралдарды тиімді пайдаланудың, составтарды жедел құрастырудың, ауыр салмақты және ұзын составтар поездарын жүргізудің озық әдістерін меңгеру жөнінен жұмыс атқарылуда. Белоруссия темір жолының тәжірибесін пайдалану осы бағыттағы маңызды іске айналды, оның басты принципі — жалақыны өсіру арқылы адамдардың аз штатымен жұмыстың үлкен көлемін орындау. Екі жыл ішінде 20 мың адам босатылды. Осы әдіс бойынша жұмыс істейтін коллективтерде еңбек өнімділігі 19 процент және жалақы 15 процент өсті, ал тасымалдың өзіндік құны 2,8 процентке көмітілді. Республика темір жолдарының басқармалары Алматының темір жол транспорты инженерлері институтымен бірлесіп, Москва темір жолы Бескудниково станциясы тәжірибесін творчестволықпен пайдалану негізінде Алматы-II, Семей, Шымкент, Қостанай, Көкшетау, Павлодар, Қызылорда және Ақтөбе станцияларында кәсіпорындардың тиеу-түсіру жұмыстарын қамтудың интенсивті технологиясын талдап жасап, енгізді. Мұның өзі осында әр вагонның кідірісін 0,5—1 сағатқа қысқартуға көмектесті. Жамбыл, Үштөбе, Қаратау, Ақтоғай, Целиноград, Екібастұз, Қостанай, Орал локомотив деполарында, Қарағанды, Қызылорда, Бурабай курорты, Қазалы вагон деполарында және басқа бірқатар кәсіпорындарда қайта құру

6 август — Теміржолшы күніне.

Digitized by Google

жұмыстары жүргізілуде, мұның өзі еңбек өнімділігін көтеруге көмектесті.

Темір жолда толық шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландырудың экономикалық әдістерін кеңінен енгізу негізінде шаруашылық механизмін қайта құру өтуде. Жұмыстың алғашқы қорытындылары жаңа әдістердің даусыз артықшылығын көрсетуде: тасымал қарқыны үдеп, жүк жеткізу мерзімі қысқаруда, транспорт құралдарын пайдалану жақсаруда. Демек, үстіміздегі жылы жолаушылар тасу 1988 жылға қарағанда 6 процент, жылжымалы составтың өнімділігі 2 процент және поездардың жүру жылдамдығы 4 процент өсті.

Соңғы жылдар ішінде жолаушыларға қызмет көрсету сапасы арта түсті. Жылжымалы состав осы заманғы жайлы вагондармен толықты. «Алматы—Ақтөбе», «Алматы—Семей» жаңа жолаушылар поезы, «Алматы—Иркутск», «Талдықорған—Алматы», «Құлсары—Москва», «Жаңатас—Москва» тіркеме вагондар тобы енгізілді. «Павлодар—Москва», «Қарағанды—Москва», «Алматы—Шымкент», «Алматы—Адлер», «Алматы—Петропавл» поездары фирмалы поездар разрядына ауыстырылды. Үстіміздегі жылы Екібастұзда, Шуда, Қарағандыда, Целиноградта, Арқалықта, Бурабай курортында, Жезқазғанда, Түркістанда, Жамбылда вокзалдар салынады немесе жұмыс істеп тұрғандары қайта құрылады.

Темір жолдардың Семей, Орал, Қостанай бөлімшелерінің, Алматы-I, Орал, Гурьев-I станцияларының, Алматы, Аягөз, Ақтөбе, Целиноград локомотив деполарының, Железорудная, Семей, Қазалы вагон деполарының, Маңғышлақ, Шу, Екібастұз жол дистанцияларының және басқа көптеген шаруашылықтардың коллективтері жолаушылар мен халық шаруашылығы жүктерін тасымалдау сапасын арттыруда, ғылыми-техникалық прогресс пен әлеуметтік сала мәселелерін шешуде елеулі табыстарға қол жеткізді.

Республиканың темір жол транспортында жоғары білікті, адал ниетті мамандардың үлкен отряды еңбек етеді. Олардың ішінде Арыс станциясының поезд құрастырушысы, Социалистік Еңбек Ері Әбдуәли Балғынбеков, Тобыл жол дистанциясының бригадирі, Социалистік Еңбек Ері, құрметті теміржолшы Балтабай Мырзахметов, Қызылорда локомотив депосының слесары, құрметті теміржолшы, Бүкілодақтық XIX партия конференциясының делегаты Алпысбай Серғазыұлы Уполходжаев, Целиноград локомотив депосы электровозының машинисі, СССР халық депутаты Александр Васильевич Семенихин, Есіл жол дистанциясының жол мастері, темір жол транспорты мен транспорт құрылысы қызметкерлері кәсіподағы Орталық Комитетінің мүшесі, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген транспорт қызметкері Нағима Қалитқызы Ерденова, Қандыағаш станциясының маневр диспетчері, елдің жол жүйесіндегі кәсіп бойынша таңдаулы Николай Федорович Грачев, Ақтөбе жол бөлімшесінің поезд диспетчері, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Елеусіз Жүгінісов, Алматының тиеу-түсіру жұмыстары механикаландырылған дистанциясының краншысы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Төлегенді Қасабайұлы Қаткенов, Защита локомотив депосының слесары, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген транспорт қызметкері Юрий Иванович Денисенко және басқа көптеген адамдар бар.

Халық шаруашылығының барлық салаларындағыдай, темір жол транспортында коллективтердің әлеуметтік дамуы туралы қамқорлық жасау күшейе түсті. 1988 жылы ғана тұрғын үй және әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық объектілер құрылысына 78 миллион сом жұмсалды, 2340 орындық мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері, 1800 орындық мектептер, сменасына 300 адам қабылдайтын емхана салынды. «Тұрғын үй-91» программасын орындау партия мен кәсіподақ ұйымдарының, халық депутаттарының, коллективтердің қызметінде алдыңғы қатарда тұр. Екі жыл ішінде пәтер алу кезегі 41 процентке жылжыды.

Үстіміздегі бесжылдықтың басынан бері теміржолшылар біраз жұмыс жасады, сонда да транспортта қайта құру әзірше баяу өтуде. Поездар жүрісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды проблема болып отыр. Мұнда бәрі жақсы деп әзірше айта алмаймыз. Мұның Алматы темір жолына қатысы бар, онда поездардың апаты мен авариясына жол берілді. Ал мұның өзі еңбек пен технологиялық тәртіпті шұғыл қатайта түсуді талап етеді.

Тың темір жолында Қарағанды мен Екібастұз көмірін тиеуге арналған вагондарды беру толық көлемінде қамтамасыз етілмейді, руда-металлургия шикізатын тасымалдауды қамтамасыз етуде іркіліске жол беріледі, мұның өзі кәсіпорындардың өнім беру жөніндегі шартты міндеттемесін орындауын тежейді және тұтасынан бірқатар өндірістік коллективтердің экономикалық көрсеткіштеріне кері әсер етуде.

Жолаушыларға қызмет көрсетуде қанша-ма кемшіліктер баршылық. Қабылданған шараларға қарамастан осы учаскедегі

Digitized by Google

Транспорттың негізгі міндеттері — халық шаруашылығының және халықтың тасымал жөніндегі қажетін дер кезінде, сапалы және толық қанағаттандыру, оның жұмысының экономикалық тиімділігін арттыру.

СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарынан.

жағдай әсіресе жазғы уақытта күрделі күйінде қалып келеді. Ең алдымен, вокзалдар мен поездарда реттілікті жолға қою, қозғалыс кестесін қатаң сақтау, составтарды жолға шығаруға әзірлеуді және жол бойында жолаушылардың тамақтануын жақсарту керек. Жер-жердің бәрінде жолаушыларға фирмалық поездар деңгейінде қызмет көрсетуге қол жеткізу қажет. Жолаушылардың заявкалары бойынша қол жүктерін сақтау камерасынан вагонға және үйге жеткізіп беру, келіп тоқтаған вагондардың өзінен заттарды сақтауға қабылдау секілді қызмет түрлері кеңінен дамытылуға тиіс.

Жолаушылар, сондай-ақ жүк тасымалын одан әрі дамыту шешуші дәрежеде ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің қалай енгізіліп, басқару мен шаруашылықты жүргізудің экономикалық әдістері қалай жетілдіріліп жатқанына қарай анықталады.

Вагон паркін жаңарту қарқынын жеделдету, өнеркәсіп орындарында, құрылыс ұйымдарында, агроөнеркәсіп пен сауда жүйесінде тиеу-түсіру жұмыстарын дамыту, оларды жоғары өнімді тиеу-түсіру құралдарымен жарақтандыру шешуге тура келетін бірінші кезекті міндеттер қатарына жатады.

Қазіргі уақытта жол шаруашылығы жұмыстағы олқы орын болып табылады. Темір жол табанының қыруар бөлігі жақсартуды немесе рельс пен шпалдардың аса қуатты түрлерімен алмастыруды талап етеді. Алайда жыл сайын орындалатын күрделі жөндеу көлемі жолдың тозған бөлігін жоспарлы түрде қалпына келтіруді әзірше қамтамасыз ете алмайды. Осының бәрі қозғалыс жылдамдығын шектеп, поездарды өткізуді тежейді.

Техникалық құралдар мен жылжымалы составқа қызмет көрсетуде еңбекті механикаландыру дәрежесі баяу артып келеді. Мәселен, ол локомотивтер мен вагондарды жөндеуде 28—30 процентten аспайды. Өнеркәсіптік телевизия мен роботты техниканы, сұрыптау станцияларының, контейнерлер пункттерінің және билет кассаларының жұмысын басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізуді жеделдететін уақыт келді.

Теміржолшылар алдына қойылған міндеттің күрделілігі мен жауаптылығы тым көлемді, қымбатқа түсетін басқару құрылымын жетілдіруге үзілді-кесілді өту талабын ұсынады. Барынша оңайлатып, оның жоғарғы қабаттарын арзандата отырып, линиялық бөлімшелер коллективтерінің инициативасына өріс ашу, олардың түпкі нәтижелер үшін дербестілігі мен жауапкершілігін арттыру керек.

Теміржолшылар мен олардың сабақтас кәсіпшілері арасындағы өзара қатынасты жетілдіре беру кезек күттірмес іс болып табылады. Олардың арасындағы үйлесімсіздік көбіне үлкен ысырапқа соқтырады.

Республиканың Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің, Газдандыру және отын, Жеңіл өнеркәсіп, Сауда министрліктерінің, Қазақ ССР Тұтыну қоғамдары одағының өнеркәсіп орындарының кірме жолдарында вагондардың нормативтен тыс кідірістері өте көп. Алты ай ішінде ғана осы себептен 35 мың вагонның тасымал ресурсы кемітілді, ал кәсіпорындарға 7 миллионнан астам сомның айыбы салынды. Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Гурьев, Жамбыл, Қызылорда және Талдықорған облыстарында аса көп ысырапқа жол берілді.

Істің табысты болуын түптеп келгенде адамдар анықтайды. Тікелей тасымалмен айналысатын сала қызметкерлерінің үлкен бөлігі ауыр жағдайда еңбек етеді, қаншама дене және нерв жүктелімін көтереді. Сондықтан олар туралы күнделікті қамқорлық жасау, бұған негізгі, сондай-ақ қосалқы өндіріс пен қызмет көрсету жүйесінде қол жеткізу өте-мөте маңызды. Әрбір теміржолшыға жоғары өнімді еңбек пен жақсы демалыс үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалатындай етіп істі ұйымдастырған жөн.

В. ДУДКИН,
Қазақ ССР Министрлер Советі Іс басқармасы транспорт және байланыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

Digitized by Google

ЕСКІ ДИІРМЕННЕН БАСТАДЫҚ

Жетісудің тау өзендері тым бертінге дейін қаншама диірменді жүргізіп, бидай үгуші еді. Селоларда өздерінің май шайқағыштары, наубайханалары, жармалау және басқа машиналар құрылғылары болатын. Тоқырау кезінде бәрін шоғырландыру, мамандану және дәу құрылғылар жасау дүрлікпесі басталды да осы кәсіпшіліктердің бәрі анахронизм ретінде жойылып кетті.

Алайда уақыт өзгеруде. Демек Сарқант ауданындағы «Всемирное пламя» колхозында кене кәсіпшіліктерді еске түсіруге тура келді. Колхоздың жаңа председателі С. П. Белоустовта оларды қайта жаңғырту идеясы туындады. Ол бұл істі неліктен қолға алды?

— Адамдарды бір нәрсемен серпілту керек болды,— деді Сергей Павлович.— 12 миллион сом қарызы бар шаруашылықты кезге елестетіп көріңізші, онда болмашы пайданың өзін қашан алғаның өзін ұмытқан. Колхоздың тағдырына, оның болашағына деген бойкүйездікті, немқұрайдылықты немен жеңуге болады? Сонда оның өткендегі даңқын қайта оралтатын энтузиастар табылар деген ой келді. Ардагерлерге сонша үміт арттық.

Осыдан бір жыл бұрын жыл сайын көп миллион сомдық пайда алушы Панфилов ауданындағы «40 лет Октября» колхозы, қазіргі агроөнеркәсіп фирмасы председателінің орынбасары болып жұмыс істеген Белоусовтың сол тәжірибені қолданғысы келді. Алайда колхоз кассасында ештеңе болмағандықтан ең алдымен тезірек барынша аз шығын жұмсап, ақша табуды ойластыру керек қой. Ондай жолдардың бірі — өнімді жергілікті жерде ұқсатудың қосалқы кәсіпшілігін дамыту.

Бұған көмектесе алатын адам да табылды. Алексей Федорович Галкин пенсияға шыққанға дейін колхоз кәсіподақ комитетінің председателі болып жұмыс істеген еді. Үйде қол қусырып отыра алмай, өзіне жұмыс табылмас па екен деп басқармаға, Белоусовқа келді.

— Жұмыс бар, бар болғанда қандай! — деп ол оны бірден қуантты. — Су диірменін ретке келтіру, жалпы кәсіпшілікпен айналысу керек.

Сонда олар көп нәрсе жайында әңгімелесті. Председатель Галкин арқылы іскер ұйымдастырушыны және пікірлес адамды тапты. Көп ұзамай колхоздың іскер, алғыр және диірмен жұмысымен таныс ардагерлері Я. Горбачев, Ф. Шевцов, В. Казанцев құрамында «Галкин командасы» жасақталды. Солардың арқасында үш айдың ішінде — майдан июльге дейін Лепсі өзенінің жағасында диірмен тұрғызылды, ал августың басында алғашқы ұн тартылды.

— Біраз әуреленуге тура келді,— деп еске алады сол ерекшелеу құрылысқа қатысушылардың бірі Ф. А. Шевцов.— Бәрін сол жерде жасадық. Бұдан он жыл бұрын біздің Қарғалы селомызда екі диірмен болған еді, демек біраз жабдықтар сақталыпты. Олардың ең бастысы — диірмен тастары. Ал айналмалы су доңғалағын жаңадан жасауға тура келді, оны дөнекерлеудің өзіне ғана бір ай уақыт кетті...

Олар чертежсіз, тек өз есептеулерін, өмірлік тәжірибелерін басшылыққа ала отырып, ескі диірменді қалпына келтірді. Бұрынғы диірменшілер Виктор Казанцев пен Владимир Молодцовтың кеңестері диірменді баптау барысында өте құнды болды.

Алғаш тартылған ұн сапалы болып шықты. Істің осылай оңғарылуына селода бәрі де разы. Бұрын ұн тарттыру үшін адамдар қаншама әурешілікке түсуші еді! Оны тартқызу үшін көрші Андреев ауданына баруға тура келетін. Оған көп шығын жұмсалып, қаншама уақыт кететін. Ал енді оның бір центнеріне 1,3 сом төлейсің де сол жерде-ақ ұныңды алып жүре бересің.

Өз ұнын тарта бастағанда Галкиннің сол «командасы» кезінде колхоздың ескі ауласында наубайхана болғанын айтты. Сөйтіп наубайхананың қараусыз қалған үйін қайта жөндеді, ал пеш салу ісінің шебері Сергей Кузьмин пеш қалауды ұмытпапты. Ұлы Виктор екеуі аз уақыттың ішінде екі пеш қалады. Енді наубайшылар Валентина Куйбеда мен Зоя Сергеева күн сайын онда үш килограмдық бидай нанын пісіреді,

Әйтсе де С. П. Белоусов дұрыс есептеген екен. Су диірмені ұн ғана тарта бастаған жоқ. Колхоз істеріне деген тамырын тереңге жайған керенаулық та ұнтақтала бастады. Егер диірмен болмаса, машина ауласында механик болып істеген бұрынғы комбайншы Николай Петрович Пеклов ет ыстау орнын салу жөнінен өзінің ұсынысымен басқармаға келе қоймас еді. Ыстау үйінің өзінен-өзі пайда болмайтыны түсінікті. Оған тоңазытқыш, шұжық цехы керек. Сол

Digitized by Google

Пекловтың өзі ата-бабаларымыз пайдаланған ескі әдісті ұсынды, — ол мұздақ жасау. Егер қыста мұзды жабық орда қатырып тастаса, онда ол келесі қысқа дейін пайдаланылады. Тоңазытқыш жабдығы тым тапшы, ал қазір колхоздың көлемі бес және алты метрлік мұзды оры бар, онда еттен жасалған тағамдарды тұздауға арналған кеспектерді қояды. Пеклов басқа пенсионер Анатолий Павлович Логонскиймен бірлесіп оны жабдықтады.

Колхозда тағы бір дәмді тағам — ысталған қаз етін дайындауды да қолға алмақшы. Бұл үшін көктемнен қаздарды әкеле бастады. Механик Сергей Савченко әйелімен бірге құс өсіру жөнінен арендалық мердігерлікте жұмыс істеуге әзір. Кейіннен өздерінің бір қора қаздары, өздерінің сою цехы болады. Олардың қауырсыны мен мамығын пайдаға асыру үшін шағын тігін цехын ашуды қарастыруда.

Колхозда ескі шаруашылық ауласы бүгінде кәсіпшіліктер шоғырландырылған өзіндік орталыққа айналды. Ыстау бөлмесі мен мұзды ордың жанынан қамысты қалқандардан үй салынды. Ал оның ішінде май айыру жабдығы бар. Онда майлы тұқымды сығатын тетік орнатылған. Мұнда да Галкиннің «командасы» жұмыс істейді. Май айырғышты жаңа науқанға қарсы іске қосу белгіленді, сөйтіп базарда сату үшін 100 тонна қош иісті деревнялық күнбағыс майын алмақшы.

Қызықты көрініс мынадай: бір кезде Қарғалыда май айырғыш болған, сосын оны жауып тастады. Жабдықты Сарқантқа алып кетті. Бірақ одан ештеңе шығара алмады, әйтеуір металл сынықтарына өткізіп жібермегені жақсы болды. Аудандық партия комитетінің бірінші секретары Г. П. Сумин осы жайлы біліп, бірден Белоусовты қуантты:

— Май айырғыш бар! Алып кетіңдер.

Аудандық тұрмыстық қызмет комбинатында таңқаларлық жай болды: тағы бір керекті машина — тары ақтайтын машина табылды. Сөйтсек, онда адамдарға қызметтің жаңа түрін көрсетпекші болған екен, бірақ оны қолға алмапты.

Колхозда май айырғышты да, тары ақтағышты да жүктелімге қояды. Биыл шаруашылық 100 гектар аса майлы күнбағыс екті. 50 гектарда тары өсірілуде. Қарақұмық өсірумен де айналыса бастады. Оған 100 гектар жер бөлінді.

Биыл шаруашылық ауласында тағы бір жаңалық — көкөніс сақтайтын қойма тұрғызылады, оған бұрынғыдай үш тонна емес, 50—100 тонна тұздалған овощ салынады.

Қой терісін өздерінде өңдеуді бастау да биылғы жылдың жоспарында бар. Теріні өңдейтін цех арендалық мердігерлікте жұмыс істейтін болады.

Жергілікті бақ өсірудің бұрынғы даңқын қайта оралту жағы ойластырылды. Бұл жердегі алмұрт, алма, қара өрік аса дәмді. Біркезде өздерінің тамаша жүзім бағы да болған еді. Тек соңғы жылдары бақтың ұқыпты иесі болмаған, ал жүзім бағын керек емес деп жұлып тастаған. 69 гектар бақты жаңарту керек. Мұны В. П. Казаков қолға алуда, онымен бірге жұмыс істеуге тілек білдірушілер де бар. Өткен жылы үш гектарда бұталар өсіруге арналған питомник салды, демек таяу келешекте колхоз адамдарға осы бұталарды сатудан қыруар ақша алады.

— Көп нәрсе жасауға болады,— дейді С. П. Белоусов.— Адамдардың көңіл-күйі өзгерді. Ал бұл — ең басты мәселе.

Колхозшылардың аға ұрпақ өкілдері ғана осы өзгерісті енгізіп отырған жоқ. Қарғалы орта мектебінің мұғалімі, ВЛКСМ XX съезінің делегаты Владимир Еремеевтің инициативасымен былтыр жоғары кластар оқушыларының бригадасы арендалық мердігерлікте 30 гектарда картоп өсіріп, гектарына 130 центнерден астам өнім алды. Балалар бір маусымда 1300—1500 сомнан ақша тапты, ал олардың өздерін өз жерінің иегері сезінгенін ешқандай ақшамен өлшей алмайсың. Қазір селода картоп өсіремін деушілер жетерлік.

Омарташылықпен айналысқысы келетіндер де баршылық. Өткен жылы колхоздың жеті омартасынан 11 тонна бал алынды. Таңдаулы омарташы Анатолий Бестужев әйелі Валентинамен бірге оны тапсырудың жоспарын екі есе асыра орындады. Биыл тағы да екі жаңа омарта пайда болады.

Әрине, жетекші сала — астық, қызылша өндірісіне, мал шаруашылығына жете көңіл бөлінуде. Мұнда да аренда орнығуда, соған сәйкес адамдардың инициативасы мен творчествосы туындауда. «Всемирное пламя» колхозы 25 жыл ішінде алғаш рет өткен жылды табысты аяқтады, екі жүз мың сомдай пайда алды. Демек бұл тек үлкен істің бастамасы ғана. Өзін-өзі өтеу мен өзін-өзі қаржыландыру жағдайында жақсы өмір сүру үшін шаруашылықтың кемінде бір миллион сом пайдасы болуы керек. Сол миллион сомды алатын резервтер баршылық.

Г. ДЕГТЯРЕВА,
Талдықорған облыстық «Заря коммунизма» газетінің тілшісі.

Digitized by Google

БІЗДІҢ КҮШІМІЗ — БІРЛІКТЕ

Ү. САДЫҚОВ,
Қазақ ССР Ғылым академиясы Органикалық катализ және электр-химия институтының аға ғылыми қызметкері, техника ғылымының кандидаты

Қазақстан — көп ұлтты еліміздің ең көп ұлтты республикаларының бірі. Мұнда жүзден астам ұлт пен ұлыстың өкілдері, соның ішінде курдтар тұрады.

Курдтар — Таяу Шығыс аймағының ірі этникалық тобы. Сонымен бірге осы ұлыс — Оңтүстік-Батыс Азиядағы байырғы халықтардың бірі. Курдтардың өмір сүргені жаңа дәуірге дейінгі соңау екі мыңыншы жылдықта анықталған.

Курд тілі Иран тілдерінің батыс тобына жатады. Бізге дейін жеткен ол тілдегі әдеби шығармалардың шамамен X—XI ғасырға қатысы бар. Шығысты зерттеушілер әдеби мектеп пен классикалық курд әдебиетінің негізін қалаушы Ахмеди Ханидің (1591—1652), сондай-ақ көрнекті ақын әрі оқымысты Мала Жизиридің (XII ғасырдың екінші жартысы) есімдерін ұлы ақындар, ойшылдар Руставели, Фирдоуси, Низами және Хакани есімдерімен қатар қояды.

Курдтың баспа әдебиеті



бастапқыда Курдистаннан тысқары жерлерде — Стамбулда, Каирде, Женевада, Лондонда, Петроградта және басқа қалаларда басылды. СССР курдтарына арналған жазба мәдениеті 1927 жылы латын жазбасы негізінде жасалды. 1945 жылдан олар орыс алфавитіне ауысты.

Курд халқы ғасырлар бойы азиялық құрылықтың оңтүстік-батыс бөлігіндегі солбір көлемді территорияны мекендейді, ол XII ғасырдан бері осылай — Курдистан деп аталады. XIX ғасырда оның шағын бөлігі Россия құрамына ауысты.

1937 жылы Армения мен Азербайжан территориясында тұратын курдтар ешбір себепсіз Орта Азия республикалары мен Қазақстанға қоныстандырылды. Грузия территориясында тұратын курдтар да 1944 жылы осында қоныстандырылды. Қазіргі уақытта Қазақстандағы курд халқы Шымкент, Жамбыл, Алматы және Талдықорған облыстарында тұрады.

Жаңа жерде менің ұлысыма оңай соққан жоқ, олардың бәріне «арнайы қоныс аударушылар» деген ғайбатты айдар тағылды. Біздің ақсақалдарымыз қазақтардың және Қазақстанның басқа халықтарының қамқорлығын, қайырымдылығын және туысқандық көмегін айрықша мейірбандықпен әрі достық лебізбен еске алады.

Курдтар колхоз құрылысына, тұрақты армияны және елді азық-түлікпен қамтамасыз етуге белсене қатысты.

Курд колхоздары ұйымдастырылды. Колхоздардың алғашқы председательдері Т. Османов,

Біздің анықтама: курдтар

Курдтар (өздерінше атауы — курд) — Кіші Азияның шығысы мен оңтүстік-шығысындағы көне халықтардың бірі. СССР-де олар негізінен Закавказьеде, Орта Азия мен Қазақстанда (1979 жылғы халық санағы бойынша 89 мың адам) тұрады. Біздің республикамызда 17,7 мың курд бар (бұл да 1979 жылғы деректер).

Курд тілінде түрлі әдебиеттер басылады. Ереванда «Риа тазе» газеті шығарылады, радио хабарлары беріледі. Біздің республикамызда курд балаларын ана тілінде оқыту ұйымдастырылуда.

Курд ұлтының еңбекшілері қоғамдық-саяси өмірге белсене қатысады. Олардың 119 өкілі республика жергілікті Советтерінің депутаттары болып табылады. Шымкент облысының КПСС XXI съезі атындағы совхозының директоры М. Абдуллаев республика Жоғарғы Советіне сайланды. Республикалық партия ұйымы құрамында курд ұлтының 452 КПСС мүшесі бар.

Digitized by Google

А. Әбішев, М. Әжиев, А. Асанов үлкен беделге ие болды. К. Әміров, С. Садықов, М. Әміров, Х. Сүлейменов, М. Сүлейменов, Қ. Мұстафаев, қазір республиканың еңбек сіңірген мұғалімі, еңбек ардагері Ә. Надиров колхоздар мектептерінде мұғалімдер болды. Әнуар Кәрімұлы Надировтің көптеген түлектері кең байтақ көп ұлтты еліміздің түрлі мүйістерінде еңбек етеді, олардың ішінде академиктер, профессорлар, совет және партия қызметкерлері бар.

Ұлы Отан соғысының ауыр күндерінде туысқан совет халқымен бірге курд халқының өкілдері ерікті түрде Отанды қорғауға аттанды. Олардың ішінде үш дәрежелі Даңқ ордені мен бірінші дәрежелі Отан соғысы орденінің иегері Айдин Слоевич Әлиев, екінші дәрежелі Отан соғысы орденінің иегері Әзілхан Мұстафаев, Зио Әлиев, Ағали Әбишев, Сари Асланов, Мұсал Әлиев және басқалар бар.

«Известия» үстіміздегі жылы 9 майда «Обелискідегі есім» материалында бір жауынгер — менің жерлесім Або Мамедұлы Саниевтің тағдыры туралы әңгімеледі. Онда югославиялық Опатовец селосында мектептің спорт алаңын салу барысында жырма үш советтік жауынгердің мүрдесі табылғаны туралы айтылған еді. Олардың мүрдесін алып, біздің 1.044 солдатымыз бен офицеріміз қойылған мемориалға жерледі. Алайда селода табылғандардың есімі сол күйінде бимағлұм қалды. Редакция жүргізген ізденіс оларды анықтауға көмектесті. Сонда басқалардың қатарында осы есім: Або Мамедұлы Саниев те аталды.

Қазір Або Мамедұлы Саниев Алматы облысы Талғар ауданының Белбұлақ селосында тұрады. Тоқсанға келгенімен ардагер көп жайды зердесінде сақтаған, тіпті әзіл-қалжың да айтады. Көп жайды бүге-шігесіне дейін: ауыр майдан жолдарын, достарын да, командирлерін де, күніне бірнеше рет қолдан қолға өткен Опатовец селосы үшін солбір ұзақ ұрысты есінде сақтаған. Сосын Або Мамедұлы ауыр жараланып, госпитальға түсті, сірә сонда қаза тапқандар тізіміне тап болса керек.

Ардагердің талай қиыншылықтарды өткеруіне тура келді. Соғыс ауыртпалығын ғана емес, жаппай репрессияға ұшырағаны өзінің шағын халқымен бірге ол оның күрделі, азапты жолынан өтті. Орденді майдангерді, күні кешегі барлаушыны «арнайы қоныс аударушы» ретінде есепке қойды — еркін жүру правосынан айырды, комендатурада ұдайы белгіленіп тұруға міндеттеді.

Соғыстан кейінгі жылдардың бәрінде А. Саниев Мичурин атындағы совхозда көкеніс бригадасында звено жетекшісі болып еңбек етті. Рекордты мөлшерде өнім алуға қол жеткізіп отырды. Енді құрметті демалыста. Қыздарын үйінде қуана қарсы алады. Ол өзінің 13 жасар немересімен болуды көбірек ұнатады. Ол югославиялық Опатовоц селосында болып, өз жолдастарының аруағына сондай ұқыптылықпен қараған адамдармен кездесуді армандайды. Тағы бір нәрсе: қартайған шағында туған жерінде тым болмағанда бір рет болуды армандайды.

Жауынгер әрі шаруа Або Мамедұлы Саниев осылай тұрады. Ол біздің тарихымыздың ауыртпалығы мен қуанышын көтерген азғана адамдардың бірі ғой...

Қазақстанның курд халқы негізінен ауыл шаруашылығымен айналысады. Село еңбеккерлерінің көпшілігі — мал шаруашылығының атақты шеберлері, олардың ішінде Еңбек Қызыл Ту орденінің иегерлері Ж. Ахметов, М. Ахмедов, А. Мұстафаев, А. Әлиев, С. Қараманов, республика Жоғарғы Советінің депутаты, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, Шымкент облысының КПСС XXI съезі атындағы совхозының директоры М. Абдуллаев бар.

Курдтар арасында Жамбыл облысы Жамбыл ауданы КПСС XXII съезі атындағы колхозы қызылша өсіру звеносының жетекшісі, КПСС XXVII съезінің делегаты Ж. Дурсунова, Қазақ егіншілік институты Қаскелең тәжірибе шаруашылығының звено жетекшісі, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Ш. М. Халилов, Жамбыл облысы Шу ауданындағы «Айдарлы» совхозы жүгері бригадасының бригадирі, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Д. Саноев, Іле ауданы «Комсомол» совхозының қызылша өсіру звеносының жетекшісі, Бүкілодақтық XIX партия конференциясының делегаты, Алматы облыстық партия комитетінің мүшесі З. А. Авлоева, Шымкент облысының Фрунзе атындағы совхозының директоры, облыстық Советтің депутаты, облыстық партия комитетінің мүшесі А. Х. Садықов секілді егіншілік шеберлері аз емес.

Арис Хамидұлы менің туысқаным екенін айтуға тиіспін, жоқ, ол осындай атаққа ие болғандықтан ғана игі сөздер айтып отырғаным жоқ. Ол бұдан бес жыл бұрын артта қалған, зиян шегуші шаруашылықты қабылдап, оны озаттар қатарына шығарудан күші мен білімін аяған жоқ. Бұл арада оның Приморье ауыл шаруашылық институтын өте үздік аяқтағанын, сосын аспирантураны бітіргенін айту керек. Шаруашылық екі жыл ішінде рентабельді болған. Совхоз республикада тым сирек өсірілетін, оңтүстіктің ыстық ауа райын ұнататын емдік шөптер өсіретін жалғыз шаруашылық болып табылады, емдік шөптер ішінен алқаны айрықша атауға болады. Бұл — одақта осы өсімдік өсірілетін бірден-бір жер. Шаруашылық Шымкенттің «Химбиофарм» өндірістік бірлестігінің, сондай-ақ москва-

Digitized by Google

лық «Акрохин» заводының қажетін қамтамасыз етеді, совхоз территориясында ғылыми-зерттеу институты орналасқан, мұнда 10 мың адам тұрады. Үш орта, екі сегіз жылдық мектеп, спорт және мәдени-тұрмыстық мекемелер бар.

Еңбек ардагерлері туралы айрықша атағым келеді. География ғылымының кандидаты Т. А. Әлиев Мелиорация және су шаруашылығы институты жүйесінде отыз жылдан астам еңбек етеді. Ол — министрлік коллегиясының мүшесі, қазір табиғат қорғау жөніндегі ресурстар басқармасын басқарады. Ж. Әлиханов осыдан отыз жыл бұрын комсомол жолдамасымен № 1 автомобиль жөндеу бірлестігіне жұмысқа кіріп, өзінің еңбек қызметін слесарьлықтан бастады. Енді ол 15 жыл бойы Қазақ ССР Транспорт министрлігінің «Казавторемпром» жөндеу-өндірістік бірлестігі бас директорының орынбасары.

1964 жылға дейін педагогтар курд интеллигенциясының негізін құрады, кейіннен түрлі салаларда мамандар пайда болды. Олардың ішінде ғалым Надир Кәрімұлы Надиров мәлім. Ол — Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, профессор, химия ғылымының докторы, республиканың еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, тоғыз монографияның авторы. Химия ғылымының төрт кандидаты — Г. А. Надированы, Г. У. Мұсаевты, Қ. А. Жалиловты, К. С. Надировты, медицина ғылымының екі кандидаты — Р. И. Исаев пен М. А. Бадировты, ауыл шаруашылығы ғылымының төрт кандидаты Г. Ғасановты, А. У Усеновты, С. Б. Исаевты, С. А. Асановты, филология ғылымының кандидаты Н. А. Надировты, техника ғылымының кандидаты Н. А. Надированы атайын.

●

Шадо Халилов бала кезінде Қазақстанға келді. Ол қазақ семьясында туған ұлындай қабылданды. Есейген ол өмір бойы перзенттік парызын өтеуде — тамаша қызметкер, суару шеберлерінің республикалық конкурсының талай мәрте жеңімпазы. Ол өзі жұмыс істейтін Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институты тәжірибе шаруашылығында дәнді дақылдар шығымдылығының жылдан-жылға өсе беруі үшін бәрін жасауда.

Суретті түсірген Э. ЧИКОВАНИ.

●

Дегенмен курдтардың жауапты партия және совет жұмыстарына әлі де аз ұсынылатыны мені алаңдатады. Курд балаларының бір бөлігінің түрлі себептерден жоғары оқу орындарында оқуын жалғастырмау жағдайы да мазалайды. Мұнда селолық мектептер жұмысының әлсіздігінің салқыны болса керек — демек курдтардың үлкен бөлігі селолық жерлерде тұрады ғой. Мамандардың жетіспеушілігінен мәдениет баяу дамытылуда. Ал Қазақстанның курд халқы арасында жоғары және орта музыка білімі бар бірде-бір адамның болмауы, жазушылардың, ақындардың, суретшілердің, архитекторлардың, мүсіншілердің жоқтығы өкініштірек.

Мәдени дамудағы осы кемшіліктердің себебі сонау сталиндік кезден басталады, онда курд халқының көптеген мәдени байлықтары жойылды. Халықтың алғыр ойлы өкілдерінің бір бөлігі, жүздеген адамдар 1938 жылы тұтқындалып, хабарсыз кетті.

Соңғы жылдары республикада ұлтаралық қатынастар проблемасына



көңіл бөлу күшейді. Ішінара алғанда, аудандық және облыстық партия комитеттерінде ұлтаралық қатынастар мәселелері жөніндегі секторлар, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының тұрақты комиссиясы көп жұмыс жүргізеді. Комиссия құрамында курд әйелі, педагогика ғылымының кандидаты Г. А. Надирова бар. Бірінші кезекті қам-қарекет — халыққа өзінің тілін қайтару. Демек курдтардың өздері оны онша меңгермегені құпия емес. Қазір жағдай өзгеріп келеді. Мектептерде ана тілі оқытылады. Сонда да оқулықтардың жетіспеушілігі сезілуде. Мәдениет ошақтары мүлдем дерлік жоқ. Жамбыл облысында екі жерде «Найнук» және «Синаме» көркемөнерпаздар ансамблі ұйымдастырылған еді, алайда олар түрлі себептерден тарап кетті. Бертінде онда қайтадан «Бахар» ансамблі ұйымдастырылды.

Барлық проблемаларды шешуде курд ұлтының коммунистері, оның өкілдері көбірек инициатива жасауға тиіс деп есептеймін. Біз барлық совет халқымен туысқандық достықты нығайта беруге міндеттіміз: бізге оқшау тұруға болмайды.

Digitized by Google

ФИЗКУЛЬТУРАДАН ҮНЕМДЕУГЕ БОЛА МА?

Елімізде өтіп жатқан қайта құру дене тәрбиесі мен спорт жүйесін де қамтыды. Мұның өзі олардың әлеуметтік-экономикалық міндеттердің жалпы комплексінде, совет адамдарын тәрбиелеп, олардың денсаулығын нығайтуда, совет адамдарын еңбекке және Отанды қорғауға даярлауда жоғары әлеуметтік мәні болуымен анықталады.

Соңғы кезде республикамызда физкультура қозғалысында қаншама оңды өзгерістер өтуде. Дене тәрбиесін басқарудың бас схемасы реттелді, кәсіподақтардың ерікті спорт қоғамдары біріктірілді, «Еңбек резервтері» спорт қоғамы қызметінің жүйесі кеңейтілді. Физкультура қызметкерлерін аттестациялау жер-жерде өткізілді, спорт комитеттері мен ерікті спорт қоғамдары советтерінің, соның ішінде Қазақ ССР Физкультура және спорт жөніндегі мемлекеттік комитетінің аппараты қыруар қысқартылып, жаңартылды. Осының бәрі мамандар мен жаттықтырушылардың тапсырылған іс үшін жауапкершілігін көтеріп, қағаз тасқынын қыруар қысқартуға көмектесті. Халықтың спорттың бірқатар жаңа түрлеріне деген өскелең ықыласын ескеріп, республиканың Физкультура және спорт жөніндегі мемлекеттік комитеті жанынан атлетизм, у-шу гимнастикасы, триатлон және спорттың басқа түрлері бойынша федерациялар құрылды. Енді ол бойынша түрлі деңгейдегі жарыстар өткізіледі, мамандар даярланады.

Олимпиада қозғалысының мұраттарын зерттеу, тарату және одан әрі дамыту мақсатында Қазақстанның Олимпиадалық академиясы құрылды. Оның құрамына атақты ғалымдар, спорт мамандары, атақты спортшылар мен жаттықтырушылар енгізілді. Спортшылар резервтерін даярлаудың біршама тиянақты жүйесін құрудың сәті түсті. Мәселен, көп жылдық даярлықтың барлық кезеңдерінде олимпиадалық резерв жүйесі реттелді. Жаттықтырушылар кадрлары ұтымды түрде қайта бөлінді, балалардың спорт мектебінде оқитын контингент 10 процентten астам көбейді. Өткен жылы 84 қазақстандық халықаралық класқтың СССР спорт мастері нормативін орындады, ал 414 спортшы СССР спорт мастері болды. Мұның өзі барлық жылдар ішіндегі ең жоғары көрсеткіш.

Қазақстандықтар XV қысқы және XXIV жазғы Олимпиадалық ойындарда табысты өнер көрсетті. Олар жалпы 23 медальді, соның ішінде 10 алтын, 6 күміс және 7 қола медальды жеңіп алды. 4 медальға, соның ішінде 2 алтын және 2 күміс медальға ие болған гимнаст Валерий Люкин аса зор табысқа жетті. Қазір Щучинскіде тұратын шаңғышы Владимир Смирнов, Целиноградтан штангашы Анатолий Храпатый, Жезқазған облысының Никольск қаласынан жеңіл атлет Валерий Савин, алматылық палуан Дәулет Тұрлыханов, баскетболшы Наталья Герлиц, волейболшы Елена Овчинникова жоғары нәтижелер көрсетті.

Дене тәрбиесі мен спорттың бұқаралық сипатын одан әрі дамыту үшін жарыстар қажет, оларда ұпай санын қуалаушылық емес, әр адамның сауықтыру шараларына қатысуы алдыңғы қатарға ұсынылады. Осыған орай Физкультура және спорт жөніндегі мемлекеттік комитет ерікті спорт қоғамдары советтерімен және ведомстволармен бірлесіп спорт-бұқаралық шаралардың бірыңғай календарын жасап, қабылдады, физкультура ұйымдары жұмысының перспективалы жоспарын үйлестірді. Осының арқасында енді жарыстар мен спартакиадаларды өткізу барысында төменгі ұйымдардан республикалық деңгейге дейін физкультура коллективтерінің бәрі қамтылады, демек оның бұқаралық сипаты өсе түсті. Мәселен, Алматыда «Семья және спорт» ұранымен жарыс бұқаралық сипатта өтеді, оларда жыл сайын 2 мыңдай семья өз күштерін байқап көреді. Өткен жылы Талдықорған облысында бригадалық жарыстардың бұқаралық кезеңдеріне 15 мың адам қатысты, ал Шығыс Қазақстан облысында 984 семья осындай сайыстарда жарысты.

Соғыс, еңбек ардагерлері, интернационалист-жауынгерлер, атақты жерлестер жүлдесіне арналған біріншіліктер, жарыстар және турнирлер өткізу дәстүрге енді. Қазіргі уақытта жыл сайын жүзден астам мемориалдық жарыс пен турнир өткізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысында «Ақ бидай» селолық спартикиадасын өткізу тәжірибесі өте көп пайда береді, ол облыстық физкультура ұйымдарының бәрінің дерлік игілігіне айналды. Осының арқасында селоларда физкультураның материалдық базасы айтарлықтай нығайды, өйткені облыстық және аудандық финалдарға әзірлік пен оны өткізу стадиондар, спорт комплекстері мен алаңдарының құрылысымен жалғасады.

Физкультура қозғалысының бұқаралық бастауы еңбек коллективтерінен баста-

12 август — Физкультурашы күніне.

Digitized by Google

лады, сондықтан қазір оларға баса көңіл бөлінуде. Республикалық Физкультура және спорт жөніндегі мемлекеттік комитет Көкшетау облысындағы Шучье құс бірлестігі физкультура коллективінің тәжірибесін қорытты. Мұнда жұртшылықтың белсенді көмегі арқылы осы заманғы спорт комплексі, 2 жүзу бассейні, денсаулықты қалпына келтіру орталықтары (душ, сауна, тренажерлер) құрылды, жақсы жаттықтырушылар кадрлары дайарланды. Партия және кәсіподақ ұйымдары, бірлестік директоры Н. Л. Цой дене тәрбиесінсіз адамдардың сергек сезінуі де, еңбектегі жоғары қайтарымы да мүмкін еместігін жақсы түсінеді. Еңбекшілердің бәрі дерлік бөлімшелер жетекшілерімен бірге коллективті жарыстарға қатысады. Коллектив мүшелерінің жартысынан астамы ГТО значкистері. Адамдар да қамқорлыққа алғыспен үн қатуда. Құс бірлестігінде кадрлардың тұрақтамауының іс жүзінде жоқтығы кездейсоқ емес.

«Алмаатажилстрой» трестінің, «В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» өндірістік бірлестігінің, Ермак ферросплав заводының, Қарағандының Костенко атындағы шахтасының, В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының, «Алматы үй құрылысы комбинаты» жобалау-құрылыс бірлестігінің, Целиноград облысы «Новорыбинский» және С. Сейфуллин атындағы совхоздарының коллективтерінде де бұқаралық-физкультура жұмысы әлеуметтік даму жоспарының етене бөлігіне айналды. Мұндай еңбек коллективтері барған сайын көбейіп келеді.

Алайда әлі де көптеген шаруашылық жетекшілері физкультура —«әсіре көңіл көтеруден» басқа ештеңе емес, «өндіріске ешқандай қатысы жоқ» деген ұғымды ұстанады. Содан да болар, алматылық ауыр машина жасау және «Эталон» заводтарында, «Алматы» мебель бірлестігінде, Алматы мақта-мата комбинатында дене тәрбиесімен және спортпен айналысу үшін әлі күнге дейін жағдай жасалмаған. «Целиноградсельмаш», Орал арматура заводтарында, Жезқазған облысының «Сарысу» және XXIII партсъезд атындағы совхоздарында еңбекшілермен физкультура-сауықтыру жұмысын жүргізу әлсіз ұйымдастырылған.

Көптеген кәсіпорындарда шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайына ауысу барысында бұқаралық-физкультура жұмысынан үнемдей бастауының көптеген фактілері өте-мөте алаңдатады. Мәселен, бүгінде Шымкент облысында орта есеппен бір совхозға есептегенде физкультура жабдықтары мен спорт киімдерін алуға жұмсалатын ақшаны 100 сомға дейін кемітті. Осы ақшамен құлашты кеңге сермей алмайсың ғой?! Шығыс Қазақстан облысында одан да асып түсті — жалақыны үнемдеу мақсатымен физкультура нұсқаушыларын қысқарта бастады. Бүгінде 34 шаруашылықта мұндай нұсқаушы жоқ... Жетекшілерді, сірә, сырқаттанудың көбейе түсуі алаңдатпайтын шығар. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің үстіміздегі жылы мартта өткен XII сессиясында мұндай қатынасқа принципті баға берілді. Онда «КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «Он екінші бесжылдықта және 2000 жылға дейінгі кезеңде халықтың денсаулығын сақтау ісін қайта құрудың Негізгі бағыттары» қаулысын жүзеге асыру жөніндегі республиканың совет және шаруашылық органдарының жұмысы туралы» мәселені талқылады.

Физкультура коллективтері де, спорт клубтары да мемлекеттік кәсіпорын (бірлестік) туралы СССР Заңының қолданылуы жағдайында өзі туралы әлі де жүрексіне мәлімдейді, ұлғая түскен демократия, өзін-өзі басқару жағдайында

Ғалымдардың пікірі бойынша, денсаулық жағдайы көбінесе адамның шындалуына және өмір салтына байланысты. Қолда бар деректер бойынша ақаудың, авариялардың, жабдықтың тоқтап қалуының барлық түрлерінің 24 проценті жас жұмысшылар мен инженерлердің нашар шындалуының салдарынан болып отыр. Республика бойынша уақытша сырқаттанып қалудың салдарынан күн сайын өнеркәсіп пен құрылыста ғана 67 мыңнан астам адам еңбек процесінен шығып қалуда. Ал бұл бір жылда 1,6 миллиард сомның өнеркәсіп өнімі кем беріледі, 300 миллион сомның құрылыс-монтаж жұмыстары кем орындалады деген сөз. Денсаулыққа байланысты жұмыс уақытын жоғалтуды тым болмаса 10 процент азайту орасан зор үнем берер еді. Және де мұны әбден түсініп алу керек. Мәселен, АҚШ-та «Дженерал моторс» корпорациясы өз қызметкерлерінің денсаулығын сауықтыруға ең ірі өнім берушіден болат қақылтыр сатып алуға жұмсалатын ақшадан көп қаржы жұмсайды. Францияда фирмалардың талап етуі бойынша мектептерде дене шынықтыру сабақтары аптасына төрт рет міндетті түрде өткізіліп тұрады.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі XII сессиясының материалдарынан.

Digitized by Google

өз орнын таба алмай келеді. Олардың өкілдерінің еңбек коллективтері советтерінің жұмысына белсене қатысуы, физкультурашылар мүддесін қорғауы қажет.

Сонымен бірге шаруашылық есептегі бірлестіктерді, мектептер мен кооперативтерді мейлінше белсенді түрде дамыта берген жөн. Бұл тұрғыдан бізде үлгі аларлық коллективтер баршылық. Бұл, ең алдымен, Қарағандының «Шахтер» клубы, онда қазір барлық жастағы топтарды қамтитын балалардың спорт секциялары құрылды.

Бүгінде кінаратсыз өмір салтын, әсіресе жастар арасында насихаттау мәселесі бұрынғыдан да өткір қойылуда, және бүкіл осы жұмыс маскүнемдікті, шылым шегуді және басқа келеңсіз құбылыстарды тыюмен қабыстырылуға тиіс. Бертінде құрылған, түрлі кәсіптер мамандарын, партия, совет, кәсіподақ және комсомол органдарының, түрлі министрліктер мен ведомстволардың, баспасөздің өкілдерін біріктірген дене тәрбиесі мен спорт жөніндегі республикалық совет осы жұмысты үйлестіруге міндетті. Совет мүшелері физкультура коллективіне көмек беруден, халықтың түрлі жіктерінде физкультура-спорт сабақтарына деген қажеттілікті қалыптастырудан өзінің басты міндетін көреді. Дене тәрбиесі мен спортты насихаттауда босатылатын қаржыны біріктіру жоспарлануда. Түптеп келгенде, біз физкультурамен айналысу өмірлік қажет екеніне адамдарды иландыруға тиіспіз. Бүгінде бұл үшін қажетті жағдайдың бәрі баршылық. «Істі әрбір адам өзінің дене тәрбиесін жас шағынан ойластыратындай, гигиена мен медициналық көмек саласындағы білімді игеретіндей, кінаратсыз өмір салтын ұстанатындай етіп жолға қою керек»,— деп атап көрсетілді КПСС Программасында. Және осы қағида физкультура қызметкерлері мен активистерін өте көп нәрсеге міндеттейді.

С. РЫЖКОВ,
Қазақ ССР-інің Физкультура және спорт жөніндегі мемлекеттік комитеті председателінің орынбасары.

БАСТАМА БАСТАУЛАРЫ

ОТАН ҚОРҒАУҒА ДАЙЫН

Совет селосында орта мектеп оқушылары тир құрылысып мерзімінде аяқтады. Ол совхоз комсомол комитетінің, кәсіподақ комитетінің, әкімшілігінің және селолық Совет атқару комитетінің көмегімен тұрғызылуда.

Олег Крот, Анатолий Власенко, Дмитрий Корчин және оныншы кластың басқа оқушылары құрылыс кезінде балташы, тас қалаушы, сылақшы мамандықтарын меңгерді. Тир жігіттердің армиядағы қызметке жақсы даярлануына көмектеседі.

Совет селосында екі спорт залы да бос тұрмайды. ДОСААФ мектебі жұмыс істейді. Селода әскерге шақырушылардың жақсы шынығып, әскери мамандықпен армия қатарына аттануы дәстүрге айналды.

В. СИДОРОВ.

Возвышен ауданы,
Солтүстік Қазақстан облысы.

ШАРУАШЫЛЫҚ ЕСЕППЕН САЛДЫ

Шемонаиха ауданының Горкуново селосында жаңа мәдени-спорт комплексі пайда болды. Онда клубты, кітапхананы, спорт залын шаруашылық тәсілімен салды.

XX партсъезд атындағы совхозда творчествомен әуестенетін адамдар аз емес, мұнда әрбір семья дерлік физкультурамен және спортпен айналысады. Горкуновтықтардың ауданда қыста шаңғы жолына бірінші болып шығуы кездейсоқ емес.

Моисеевка селосында да құлағалы тұрған ескі клубтың орнына осы заманғы типті клуб салынды. Бо.ьшая Речканың тұрғындары да жаңа жыл қарсаңында осындай сыйлық алды.

А. ДОЦЕНКО.

Шығыс Қазақстан облысы.

БАЛАЛАРҒА ТАРТУ

Петропавл тұрғындары жеке кітапханаларынан жүздеген кітапты мектеп-интернаттың тәрбиеленушілеріне сыйлады. Олардың ішінде соғыс ардагері А. А. Галкин, советтік балалар қоры облыстық бөлімшесінің председателі А. Н. Пенчук бар. «Петропавловскоблгаз» өндірістік бірлестігінің кәсіподақ комитеті, № 6 орта мектептің оқушылары осы игі іске қатысты.

Киров атындағы заводтың «Миг» кооперативі міне бес ай бойы жетім балалардың облыстық мектеп-интернатының есебіне мың сомнан ақша аударып келеді. Ал Агроөнеркәсіп бірлестігі жөндеу-құрылыс басқармасының қызметкерлері балалардың Омбыға барып қайтуына көмектесті. Қамқорлық жасаушылардың ұйымдастыруымен бейнелеу өнері музейінде, мұз үстіндегі циркте болу қыздар мен ұлдардың есінде ұзақ сақталады.

Digitized by Google

САБЫН, ЖУУ ҰНТАҒЫ ЖӘНЕ... ОБЪЕКТИВТІ СЕБЕПТЕР ТУРАЛЫ

Сабын, жуу ұнтағы мен басқа жуу құралдарын өндіріп, саудаға беруге байланысты проблемаларды жеделдете шешуге арналған қажетті шаралар қабылданды. Осы өнімдердің қыруар мөлшері шетелдерден сатып алынды, және ол қазірдің өзінде біздің рыногымызға берілуде. СССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары, СССР Министрлер Советінің химия-орман комплексі жөніндегі Бюросының председателі **В. ГУСЕВ** *«Известия» тілшісіне осы жайлы өңгімелейді.*

— Сонда да сізге, Владимир Кузьмич, алғашқы сұрақ сабынға, ұнтаққа деген қазіргі тапшылық себептері туралы... Ол неден туындаған?

— Соңғы уақытта товарларға деген тұтыну сұранымын қанағаттандыру проблемасы өте-мөте шиеленісе түскенін айтқым келеді. Мұның өнімдердің көптеген түрлеріне қатысы бар. Үкімет халық тұтынатын товарлар шығару өсімінің қарқынын таяу уақыттың өзінде шұғыл (3—4 есе) көбейтуге тиісті шараларды талдап жасады. Дегенмен кейбір товарлар тапшылығының өзіндік себептері де бар екенін ескерту керек. Демек, ең бастысы мынада: миллиондаған адамдарды толғандыратын осы проблемаларды шешудің нақты жолдары анықталды.

Бертінде мамандар мен ғалымдар осы мәселелерге арналған зерттеулер жүргізді. Соңғы он жыл ішіндегі жағдай сараланды. Сонымен жуу құралдарының тапшылығына байланысты жағдай жаңалық емес. 1979—1981 жылдарда осындай жағдай болды. Онда проблема товарларды шетелдерден сатып алуды көбейту есебінен шешілген еді. Тапшылық себебі жуу құралдарын тұтынудың арта түсуінен емес, халықтың осы өнімдерді көптеп алуымен байланысты болып отыр. 1983—1984 жылдарда осы товарларға деген сұраным көп төмендеп кетті. Айталық, 1981 жылы бір миллион 688 мың тонна сабын мен синтетикалық жуу құралдары сатылды. Ал, 1984 жылы ол 1 миллион 482 мың тонна болды. Соның нәтижесінде оларды шетелдерден әкелу қысқарды.

Сұранымның төмендеуі он екінші бесжылдықта осы өнім жоспарын қалыптастыруға да айтарлықтай мөлшерде әсер етті.

— Жуу құралдары мен сабын шығаратын кәсіпорындар өнімді кейіннен талап етілген мөлшерден өндіруге аз бағдарланған болып шықты ғой.

— Жалпы солай. 1983—1987 жылдары жуу ұнтақтарының көп болуына байланысты сабынға деген сұраным жыл сайын төмендей берді, содан барып 1987 жылы оны өндіру 1988 жылмен салыстырғанда 100 мың тоннаға қысқарды.

Ал жуу құралдарына деген көтеріңкі сұраным 1987 жылдың соңында ғана байқала бастады.

Алайда, сол кезде бірден шара қабылданбады. Сөйтіп, 1988 жылдың жоспарында сабынды шығару 50 мың тоннаға, ал синтетикалық жуу құралдарын —70 мың тоннаға көбейту белгіленді.

— Сонда да жағдай оңғарыла қойған жоқ. Сабын мен жуу ұнтақтары жөніндегі дүрбелең басылмай отыр ғой.

— Иә, 1979—1981 жылдардағы жағдай мынаны көрсетті: саудадағы қайсыбір іркіліс тұрғындар арасында дүрбелең туғызады. Товарларды үйіп-төгіп сатып алу басталды. Белгілі бір кезең ішінде жуу құралдарына деген сұранымның өсе түсетіні туралы өңгімелейтін сол жылдар тәжірибесі ескеріліп, жағдайды реттеуге арналған шұғыл шаралар қабылдау ұйғарылды. Рас, СССР-дің Солтүстік және батыс аудандарындағы құрылыс министрлігі, СССР Химия өнеркәсібі министрлігі, Тула облысының жергілікті органдары екі жыл кешіктіріп, еліміздегі ең ірі жаңа Москва заводын іске қосу мен пайдалану жөніндегі үдетілген жұмысты ұйымдастырды.

1989 жылға арналған жоспар 1988 жылғы өнім қажетінің өсімін ескеру арқылы түзетілді. Қосымша тапсырмалар да тағайындалды. Ондаған кәсіпорын жуу құралдарын өндіруге тартылды. Жергілікті органдар көп нәрсе жасауда.

— Шетелдерден қайсыбір өнімдер сатып алынуда ма?

— Иә, қазір импорт бойынша өнім беру өткен жылмен салыстырғанда қыруар

Digitized by Google

өсті. Өнім тиелген бірнеше кеменің жақын арада Совет Одағына келуі күтілуде, 18 майда «Вера Хоружая» теплоходы Мариуполь портына тоқтады. Онда мың тонна жуу құралдары бар. Ол Түркиядан келді. 320 тонна товары бар тағы бір теплоходтың 19—20 майда осында келетіні күтілуде. Ал 21—23 майда «Виктор Талалихин» келеді. Оның бортында 1500 тонна жуу құралы бар. Осы айдың соңына дейін Түркиядан, Египеттен және Индиядан кемелер келеді. Сонымен бірге 500-ге жуық автомобиль Югославиядан, ФРГ-ден, Австриядан және Италиядан, сондай-ақ басқа елдерден синтетикалық жуу құралдарын СССР-ге жеткізеді.

Сонымен тұтасынан 1989 жылы халыққа 2 миллион 100 мың тонна жуу құралы сатылады, мұның өзі бұрынғыға қарағанда 24 процент көп. Жан басына оларды тұтыну 7,6 килограмм құрайды, мұның өзі Финляндия, Жапония, Болгария секілді елдер көрсеткіштеріне сай келеді.

— Сонда да бірінші қажетті товарлардың тапшы өнімдер разрядына ауысуына кім кінәлі?

— Әрине, объективті себептерге сілтеме жасауға болар еді, бірақ бұл әділетсіз болар. Біз мұндағы кінә жуу құралдарын шығаруға жауап беретін министрлікке де, ведомствоға да жүктеледі деп есептейміз. Иә, СССР Министрлер Советінің химия-орман комплексі жөніндегі Бюромыз да тиісті талапты қоймады. Іркілістерге жол беруге болмайды. Тапшылықты жойғаннан гөрі оны туғызу жеңіл деген шынайы шындықты айтуыма болады. Біз 1990-1991 жылдарға арналған жуу құралдарын шығару жөніндегі қуаттардың қажетті шикізаттарының қосымша резервтерін жасауға арналған шараларды қабылдаудамыз.

— Және соңғы сұрақ. Жуу ұнтақтары мен сабын бағасының артуы күтілуде ме?

— Істің мәні мынада: белгіленген жуу құралдарын өндіру уақытына қарай тұтыну мөлшерінен арта түседі. Сондықтан осы товарлар бағасын көбейту экономикалық жағынан тиімді емес. Осыған орай халыққа алаңдамаңыздар және қор жасай бермеңіздер деп кеңес беремін. Жуу ұнтақтары мен сабынды шығарудың қазіргі деңгейі, сондай-ақ қабылданған қосымша шаралар сұраным мен ұсынысты теңестіруге көмектеседі деп есептеймін. Қиыншылықтардың жойылатынына көзім сенемін.

Р. ИГНАТЬЕВ.

(«Известия», 1989 жылғы 19 май).

Жаңа филиал өнімі

Республикада халық тұтынатын товарлар шығаруға арналған 115 модуль салу белгіленді. Олардың бірі Қызылордада салынды.

Өткен жылдың басында Қызылорданың Першин көшесінде ашық жер болды, ал октябрьде осында құрылған «Карагандаодежда» өндірістік тігін бірлестігінің филиалы өз өнімін берді. Құрастырмалы металл конструкцияларынан — модульдерден екі үй салу үшін небары бірнеше ай қажет болды. Оларда мақта-матадан балалар көйлектерін тігу жөнінен дайындама-пішу және тігу цехтары орналасты.

Кәсіпорындағы санитарлық-тұрмыстық жағдай да біршама тәуір, ыстық тамақ бөсататын буфет жұмыс істейді.

Филиалдың өндірістік қуаты 2 миллион сомнан асады — бұл күн сайын бір жарым мың балалар көйлегі тігіледі деген сөз. Демек, үстіміздегі жылы тағы бір корпустың іске қосылуына қарай өндіріс қуаты 10—12 миллион сомға дейін өседі. Осы соманы филиалды тұрғызуға жұмсалған қаржымен салыстырған орынды. Оның сметалық құны 1 миллион 597 мың сом құрады, оның 200 мың сомы жабдықтарға жұмсалды, демек шығын өте жедел өтеледі.

Филиалдың осы заманғы жабдықтармен жарақтанғанын айрықша атағымыз келеді. Мысалға Герман Демократиялық Республикасы өндірісінің «Текстима» деген әмбебап тігін машинасын алайық. Ол расында да, универсалды — жіпті үзеді, инені сабақтайды және табанын автоматты түрде көтеріп, жіптің ұштарын жалғастырады, басқа операцияларды атқарады, тетіктерді майлайды.

Филалды құру халыққа қажетті товарларды шығаруды молайту тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ жергілікті халықты өндіріске тарту тұрғысынан өте-мөте маңызды. Тоқыраушылық жылдарында қаламызда жұмысбастылыққа байланысты жайсыз жағдай қалыптасты. Енді міне, филиал коллективіне 500-ден астам адам қосылды.

Сонымен бірге әлеуметтік проблема да шешілуде. 250 орындық балалар комбинаты, жатақхана, тұрғын үйлер салынады.

...Мен әдемі жеңіл көйлекті ұстап тұрмын. Ол бұдан бір жыл бұрын қурай өскен жерде жұмыс істеп тұрған конвейерден жаңа ғана шықты.

С. ЖАМАНҚҰЛОВ.

Digitized by Google

ӘРІ ҚАРАЙ НЕ ЖАСАУ КЕРЕК?

Пікірлеріңізді айтуды сұраймыз

Бүгінде алкогольге қарсы күрес майданында сондай бір бәсеңдік белең алды. Күшті айтыс-тартыстан кейін қайтадан алаңдарлықтай тыныштық басталды. Бәрі бұрынғы орнына оралып келе жатқандай әсер туындайды. Спирттік ішімдіктер кезегі толастар емес, оның есесіне маскүнемдер өздерін көшелерде еркін ұстай бастады, иә, қайсыбір кәсіпорындарда оларға онша қысым жасамайды.

Әрине, сырт көрініс тиянақты дәлел емес қой, ілгері қарай жылжу үшін жағдайды жан-жақты саралау керек. Ал мұндай талдау соңғы жылдарда маскүнемдікке елеулі және дер кезінде соққы берілу фактісін сөзсіз анықтайды. Демек, облыста, мәселен, алкогольді тұтыну екі есе азайды. Алайда, ең бастысы, әлбетте, мынада болса керек: маскүнемдік көпшілік адамдарға келеңсіз құбылыс болып көрінеді. Асыра сілтеушілікті, тым ілгері кетушілікті сынай отырып, рапорт тасқынының, өндірістегі «салауаттық аймақ» жарысының көбеюіне қарамастан мұны ешкім теріске шығара алмайды.

Рас, маскүнемдік пен алкоголизмге тиым салу жөніндегі Указ күшіне енгеннен кейін көптеген адамдар әкімшілік тиым салудың ғаламат күшіне сондай сеніп алды. Спирттік ішімдіктер саудасы шұғыл шектелді. Енді міне, спирттік ішімдіктер саудасы қайтадан ұлғайтылуда. Біздің облысымызда, мәселен, өткен жылы жан басына шаққанда бұрнағы жылға қарағанда 0,6 литр таза алкоголь көп өткізіліп, 4,5 литрге жетті. Үстіміздегі жылғы бірінші тоқсанда да арақ-шарап тұтыну өсті. Тоқсан ішінде өткен жылғы осы кезеңмен салыстырғанда медициналық айықтырғышқа 300 адам көп жеткізілді, мас күйінде транспорт құралдарын басқарғаны үшін 200 жүргізуші көп ұсталды. Науқанның жаппай бәсеңдеуі барысында жұмыс орындарындағы маскүнемдік оқиғалары жиілеп кетті. Алаңдатарлық сұрақтарды естуге болады: біз спирттік ішімдіктерді сатуды азайтудан, КПСС Орталық Комитетінің 1986 жылғы «Маскүнемдік пен алкоголизмге тиым салу жөніндегі шаралар туралы» қаулысы жариялаған мақсаттардан бас тартқан жоқпыз ба және белең алған қауіпті тенденция бұрынғы ауқымға дейін ұласпай ма және мұндай жағдай болмау үшін не жасау керек?

Осындай сұрақтарға жауап бере отырып, көптеген адамдар спирттік ішімдіктер саудасына қатаң тиым салуға оралуды ұсынады. Меніңше, тиым салудан толық бас тартуға болмайды. Көптеген сауда қызметкерлері арақ-шарапты күннің кез келген уақытында және адамдар аса көп болатын жерлерде ұйымдастырып, оған тым жеңіл-желпі қарайды. Дегенмен іс, әлбетте, бірыңғай тиым салуларда ғана емес. Кесел басқада — алкогольге қарсы біртұтас майдан қимыл жасауын доғарды, ал осы жайлы көп айтылып, жазылғанымен көптеген жерлерде ол жалпы жұмыс істемеді. Негізінен милиция, иә, салауаттық қозғалысының жекелеген энтузиастары маскүнемдікке қарсы күрес жүргізеді деп айтудан жүрексінбеймін. Медицинаға, қызмет көрсету жүйесіне, спорт және басқа ұйымдарға келсек, осы істе олардың үні естілмейді. Маскүнемдік фактілерін еңбек коллективтерінде де бағалау өткірлігі жаппай бәсеңдеп кетті. «Экибастузуголь», «В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» өндірістік бірлестіктері, химия заводы секілді көптеген озық кәсіпорындар тұрғысынан да толық негізде осылай деуге болады.

Маскүнемдігі үшін жазаланған түрлі деңгейдегі жетекшілер саны да көбейді. Егер 1987 жылы ондай жетекшілер 15 адам болса, өткен жылы 32 адамға жетті. Егер, мәселен, «Мирный» совхозының директоры Н. Сикорский мас күйінде автомашинамен шаруашылық территориясын аралап жүретінін ескерсек, салауаттық жолындағы қайсыбір күрес туралы қалай айта аламыз. № 20 орта кәсіптік-техникалық училищенің мастерлері К. Калин мен С. Ахметов туралы да солай деуге болады. Айырмашылық тек мынада: соңғы екеуі мас күйінде жаттығу тракторларымен сейіл жасайды.

Оның есесіне кооперативтерде басқадай тәртіп орнықтырылуда. Мұнда маскүнемдікке тиым салу мәселесі дереу шешіледі — жұмысқа ішіп келген, оның үстіне жұмыс орнында ішкен адам дереу кооперативтен шығарылады. Сөйтсек,

Digitized by Google

«экономикалық тәрбиеші» айтарлықтай ықпал жасайды екен.

Жаңа жағдайда салауаттық жолындағы күрес ерікті қоғамының штаттағы қызметкерлері мен активистерінің бойкүйездігі мен енжарлығы сезілуде. Олардың көпшілігі спирттік ішімдіктер саудасы ұлғайтылғаннан кейін маскүнемдікке тиым салу мүмкіншілігіне күмән келтірді. Ал, күмәндануға уақыт жоқ. Бүгінде салауаттық қозғалысы формалары мен әдістерін тез қайта құру, олардағы кемшіліктерден арылу талап етіледі.

Ал ең ірі кемшілік — бұл формализм екенін мойындау керек. Тиісті бір сомын төлеген адамдардың бәрі бірдей қоғамға мүшелікке жазылды. Мүшелер санының дереу өсуі жеңісті шеру туралы елес туғызды. Енді кері процесс өтуде. Облыста 1988 жылы 1 январьда қоғамның 57 мың мүшесі болды, ал үстіміздегі жылдың басында олардан 49 мың адам қалды. Мүшелерді қаптата қабылдау көрінісі осындай.

Жұмысты қалай жүргізу керектігін ойластыра отырып, біз оны еңбек коллективтерінде шоғырландыру керектігіне барған сайын көбірек иланудамыз. Қазір біз шарт жасасу туралы ұсыныстармен кәсіпорындар, шаруашылықтар, мекемелер басшыларына бардық, оларда коллективтерді әдебиеттермен, методикалық құралдармен, көрнекі үгітпен қамтамасыз ету, сондай-ақ, активтің оқуын ұйымдастыру, дәрігерлердің, юристердің лекцияларын, консультацияларын өткізу т. б. жайлы айтылған. Алайда, көптеген жетекшілер бұдан өздері үшін ауыртпалықты көрді. Содан біздің ұсынысымызды ескеруге асығар емес. Дегенмен, мұнай өңдеу заводындағы, ет комбинатындағы, мебель фабрикасындағы, бірінші және төртінші темір-бетон бұйымдары комбинаттарындағы жолдастар біздің ұсынысымызға бірден үн қатты. Баянауыл, Ертіс және Лебяжье аудандарында шарт жасасу ұйымдасқан түрде өтті. Ал Ермак, Успен және Шарбақты аудандарында бұл тұрғыдан әлі ойланып-толғануда: бұл керек пе немесе керек емес пе? Демек, Украинадағы, Белоруссиядағы және РСФСР-дің бірқатар басқа облыстарындағы осындай жұмыс практикасы тым жоғары нәтижені көрсетті. Оның үстіне шарттар облыстарда, аудандарда, кәсіпорындар мен шаруашылықтарда маскүнемдік пен алкоголизмге тиым салудың комплексті программасын талдап жасауға арналған сенімді негіз қызметін атқара алады.

Одан әрі. Қалыптасып жатқан алкогольдік ситуация туралы халықты жүйелі хабарландыру өте-мөте маңызды. Осы мәселелердегі толық жариялылықсыз біздің күш-жігеріміздің зая кетуі мүмкін. Сондай-ақ алкогольге қарсы заңның қолданылуына бақылау жасауды күшейту, осы жұмыста жұртшылыққа, еңбек коллективіне көбірек сүйену қажет. Салауаттық жолындағы ерікті күрес қоғамының, меніңше, кооперативтік және баспа қызметінің түрлі формаларын белсендірек енгізуі қажет. Осы шаралар қаншалықты пәрменді болмақ? Олардың мақсаты — қызметті демократияландыру, формализмнен бас тартып, нақты өмірге жақындау екенін ескеріп, қоғам жұмысында да, адамдардың оған деген қатынасында да оңды өзгерістер болуға тиіс.

Ықшамдап айтқанда, бүгінде салауаттық жолындағы күрес ерікті қоғамы жұмысының формалары мен әдістерін түбегейлі өзгерту, алкогольге қарсы майдандағы күресті жалғастыруға міндетті адамдардың бәрінің күш-жігерін жедел күшейту жолдарын іздестіру қажет. Дегенмен, жаңа қатынастар тек практикадан, тәжірибеден қалыптасады. Кабинеттерде отырып алып, оларды жазуға болмайды. Зор өкінішке қарай, осы жайлы республикалық баспасөз беттерінен, телевизия хабарларынан тым сирек ұшыратасың. «Қазақстан үгітшісі»—«Агитатор Казахстана» журналының редакциясына алкогольге қарсы тәрбиені жетілдіру жолдары туралы, қазіргі кезеңде бүкіл осы жұмысты қайта құру туралы пікір алмасуды ұйымдастыру ұсынысын жасаймын.

В. САВЧЕНКО,
Павлодар облыстық салауаттық жолындағы күрес ерікті қоғамы облыстық советі басқармасы председателінің орынбасары

РЕДАКЦИЯДАН: Біз В. Савченконың ұсынысын қостаймыз. Ондай мәселе, шын мәнінде, піспі-жетілді. Үгітшілердің, саяси хабаршылардың, насихатшылардың, идеология жұмысы барлық активистерінің, партия ұйымдары секретарьларының, кәсіподақ және комсомол қызметкерлерінің, еңбек коллективтері жетекшілерінің, әкімшілік органдары өкілдерінің, әлбетте, салауаттық жолындағы күрес ерікті қоғамы активистерінің өз пікірлерін айтып, алкогольге қарсы жұмысты қайта құру туралы тәжірибелерін алмасуларын өтінеміз.

Сіздердің хаттарыңызды күтеміз!

Digitized by Google

«ОРАЛ ҚОРҒАНЫСЫНЫҢ ҚАҺАРМАНДАРЫНА ЖАЛЫНДЫ СӘЛЕМ!»

М. В. Фрунзеге жолданған лениндік телеграммадан алынған осы сөздер жауынгерлерге, командирлерге, жұмысшы жасақтарының мүшелеріне, коммунистер мен партияда жоқтарға, генерал Толстовтың ақ казактар армиясының Поволжьенің орталық аудандарына өту жолдарын жауып, қарт Орал жағалауындағы қызыл қамалды қорғап қалған барлық адамдарға арналған еді. Қала 82 күн бойы ақ казактар соққысын тойтара отырып, төтеп берді.

Ол қару-жарақ пен қажетті қосымша күштің жетіспеушілігіне қарамастан төтеп берді, күші тіпті алты есе дерлік басым контрреволюционерлердің бүкіл есебіне қарамастан төтеп берді, қаланы қорғау түбегейлі халықтық сипат алғандықтан да осылай болды. Орыстар мен қазақтар, украиндер мен татарлар, латыштар және басқа халықтардың өкілдері біртұтас жауынгерлік семьяны құрады. Революциялық комитет председателінің орынбасары, 1916 жылдан партия мүшесі П. Г. Петровский, питерлік жұмысшы, 22-ші дивизияның комиссары И. И. Андреев, сол дивизияның саяси бөлімінің бастығы, 1914 жылдан большевик Ф. Тартаковская қорғаныстың ұйытқысы болды. Сол кезде Петровскийдің 20 жаста, ал Фаина Тартаковскаяның 23 жаста екенін ескертейік. Нақ олар коммунистерді топтастырып, оларды жауға тәулік бойы соққы беретіндей етіп ұйымдастыра білді. Коммунистердің және Орал революциялық комитетінің ұлттық коллегиясының председателі Б. Қаратаевтың шақыруы бойынша 200-дей қазақ жігіті қазақтың атты әскер эскадронының құрамына және облыстық төтенше комиссия жанындағы барлау тобына енді. Қаланы қорғаушылар табандылығының үлгісі бүкіл советтік республикада таңданыс сезімін туғызды. Киевте олардың ерлігі туралы арнаулы листовка шығарды, С. М. Киров астраханьдық газетте осы жайында жылы лебізді сөздер жазды. Ал белгілі ақын, еліміз комсомолын ұйымдастырушылардың бірі Л. Котомка қорғанысқа қатысушыларға өлең жолдарын арнады.

Бұл өлең 1919 жылы 18 июньде, партия мен еліміздің көсемі В. И. Ленин Оралға өзінің сәлемін жолдаған күннің ертеңінде «Красный боец» газетінде басылды.

«Оралды ерлікпен қорғау ісі жеңіспен аяқталады»,— делінген лениндік телеграммада.

Оралға неліктен осынша көңіл бөлінді? Оның мәні мынада: Орал ақ казактар армиясы күшінің төрттен үшін өз маңында тежеді, сол кезде Колчак армиясын талқандап жатқан М. В. Фрунзе әскерлерінің тылын жапты. Оралды қорғаушылар ақтардың Қызыл Царицаға өтіп кетуіне, оралдық ақ казактардың Астраханьға шабуыл жасауына жол бермеді. Колчакқа оралдық және орынборлық казактар жетіспеді, ол бұларды қызыл Шығыс майданының тылы бойынша жорыққа жібермекші еді.

Бүгінде біз, өкінішке қарай, жалаң анықтамалардан немесе газеттер мен журналдардың беттеріндегі юбилейлік мақалалардан басқа республика тарихындағы осы елеулі құбылысқа арналған қайсыбір көлемді жұмыстар таба алмаймыз. Қысқаша курс схемасы мен догмасының салқыны болды, ол былайша Сталин болған жерлерде ғана жеңіс болды. Орал мұндай «абыройдан» құр қалды. П. Петровский мен Ф. Тартаковская алапатты 38-ші жылы қаза тапты. Олардың есімдерін қалпына келтіре отырып, біз көп қырлы және қарама-қайшылықты толық, қысқармаған боямасыз таза тарихты оралтамыз. Оралды қорғаушылардың «таңқаларлық ісі» интернационалдық бірлік күші туралы, туысқан халықтардың топтасуы туралы, мақтаныш етерлік, үлгі аларлық нәрсенің бар екені туралы біздің есімізге салады.

В. ГРИГОРЬЕВ,
тарих ғылымының докторы.

Орал қорғанысының 70 жылдығына.

ЕРЛІК ТУРАЛЫ

Батырлардың өмірі батып бара жатқан күнмен тең.

К. МАРКС

Сын сағаттарда қоғам мүддесі үшін жасалуға тиістіні жасайтын адам нағыз ер.

Ю. Фучик

Қалқып жатқан толқын ем, дауыл тербеп оятты.

Ғ. МҮСІРЕПОВ

Digitized by Google

ДОСТЫҚ ШЕРУІ

1 июльде Корей Халық-Демократиялық республикасының астанасы — Пхеньянда жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік фестивалі ашылады.

Пхеньяндық фестиваль осыдан төрт жыл бұрын Москвада өткен фестивальдан эстафетаны қабылдайды. Осы уақыт ішінде бүкіл дүние жүзі жастарының қоғамдық-саяси белсенділігі едәуір өсті.

Алдағы форумның бірқатар ерекшеліктерін қазірдің өзінде-ақ атауға болады. Олардың бірі — алғаш рет Азия континентінде орналасқан елдің оны өткізу орны болуында. Екінші бір ерекшелік — қытайлық жастар делегациясының фестивальге қатысуы, Кореяның әзірлік комитеті оларды байқаушылар ретінде Пхеньянға шақырды. Сондай-ақ мұндай форумдарда көптен бері болмаған жас мамандар да оған келеді.

— Әлбетте,— дейді Қазақ ССР Жастар ұйымы комитетінің председателі Кенжехан Бибатырова,— Пхеньянда антиимпериалистік трибунал, фестивальдық жәрмеңке, ынтымақтастық базары болады. Бес тақырып бойынша пікірталастар өтеді. Жастардың бейбітшілік жолындағы және ядролық соғысқа қарсы күрес тақырыбы, империализмге қарсы ынтымақтастық жолындағы күресі тақырыбы бұрынғысынша өзекті болып қала береді. Жас адамдардың өзара ұғынушылық пен достық, өз праволары жолындағы күреске қатысу мәселесі және экология үшін күрес мәселесі белсенді түрде талқыланатынына күмәнданбаймын.

Біздің елімізде Бүкіл дүние жүзілік фестивальге шындап әзірлену ол ашылардан көп бұрын басталды. Комсомол комитеттері алдында қиын да жауапты міндет қойылған: таңдаулылардың таңдаулыларын конкурстық жолмен фестивальге делегат етіп сайлау. Өйткені осы жолы СССР-дің саяси делегациясы сан жағынан Москва форумына қарағанда анағұрлым аз — небары 420 адам. Бұл түсінікті де: өткен жолы біз фестиваль қожайындары болдық, енді біздің жігіттеріміз бен қыздарымыз қонақтар ретінде барады. Демек, оларды іріктеу демократиялық негізде өткенін айту керек.

Қазақ ССР-інің саяси делегациясының құрамында әрбір облыстан бір-бір өкіл барады. Олардың ішінде Шығыс Қазақстанның мыс-химия комбинатының токарі Николай Рахманин, Қостанай облыстық ауруханасының дәрігер-хирургы Елтай Төлебаев, Целиноград ауыл шаруашылық институтының IV курс студенті Қанат Сәкенов, Орал облысының Жымпиты аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары Серік Егізбаев, Семей облысы Бородулиха ауданы № 2 орталау мектебінің физкультура пәнінің мұғалімі Галина Ершова бар.

Демек біздің республикамыздан саяси делегацияға қатысушыларға қоса тағы да бірнеше жігіт пен қыз аттанады. Бұлар — радиовикториналар мен түрлі конкурстерде жеңімпаздар болып, Бүкіл дүниежүзілік XIII фестивальға баруға жолдама алған жігіттер. Осындай конкурстардың бірін «Ленинская смена» газеті өткен жылы сентябрьде өзінің фестивалі кезінде өткізді. Жамбылдың гидромелиоративтік-құрылыс институтының оқытушысы Гүлнар Жұманова оның жеңімпазы болды.

М. МАСЛОВА.



АЛМАТЫ. Алатау аудандық комсомол комитетінің жанынан құрылған жастардың «Сирус» ғылыми-техникалық творчество орталығы көптеген алматылықтардың өз таланттарын көрсетуіне көмектесті. Облыстың шаруашылықтары мен кәсіпорындары оның қызметін пайдаланады, ал бірқатар творчестволық топтардың материалдары бойынша өнертабысқа заявкалар рәсімделді. Осы шаруашылық есептегі үйым 42 творчестволық коллективті біріктірді. Жас ғалымдар, мамандар және студенттер өздерінің негізгі жұмысы мен оқуына нұқсан келтірмей-ақ, сериялы емес құрылғыларды конструкциялап, жасауға және енгізуге әртүрлі заказдарды орындайды.

СУРЕТТЕ: жастардың ғылыми-техникалық творчествосы орталығының директоры Виктор Шестаков.

Суретті түсірген В. ЗИНИН (КазТАГ).

Digitized by Google

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН



«Өз Отанымызға қолымыздан келгенше пайда тигізу — біздің әрқайсысымыздың парызымыз», — деген еді қазақтың көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсарин, 17 июльде оның қайтыс болғанына 100 жыл толады. Ол өзінің бүкіл өмірінде осы қағиданы ұстанды. Оның есімі қазақ халқының ұлы перзенттері Шоқан Уәлихановпен және Абай Құнанбаевпен бір қатарда тұр. Олар өздерінің көзқарастары, адамгершілік және демократиялық мұраттары жағынан, қызметтерінің бағыттары жағынан бір-біріне өте жақын болды.

Ыбырайдың ғұмыры тым қысқа болды. Ол небары 47 жыл өмір сүрді.

Ы. Алтынсарин 1841 жылы 20 октябрьде (1 ноябрь) қазіргі Қостанай облысы Қостанай ауданының территориясында дүниеге келді. Ол Орынбордағы шекаралық комиссия жанындағы мектепте жеті жыл оқып, оны үздік бітіріп шықты.

Мектепте болған соңғы жылдарында жас Алтынсарин Орынбор өлкесіне жер аударылған орыстың әртүрлі шендегі интеллигенциясымен араласты. Бұл оның қазақ еңбеккерлерінің жағдайын жақсарту, оларды Россия мен Орта Азия халықтарының озық мәдениетіне тарту тұрғысынан тереңірек ойлануына түрткі болды.

Ыбырай Алтынсарин өз білімін өмір бойы табандылықпен толықтырды, орыс классиктері мен батыс европалық әдебиеттің шығармаларын мұқият оқыды. Ол революцияшыл демократтар В. П. Белинскийдің, А. И. Герценнің, Н. Г. Чернышевскийдің, Н. А. Добролюбовтың жұмыстарын жақсы білді, олардың көзқарастары оның идеялық-саяси позициясының қалыптасуына ықпал етті.

Алтынсариннің қызметі шын мәнінде ұлағайыр және көп қырлы еді. Ол — демократиялық бағыттағы қазақ көркем әдебиетінің, ішінара алғанда, көркем проза мен балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі болған талантты жазушы, этнограф және фольклорист. Ол сол кездегі жазушылар мен ағартушылардың еңбектерін тамаша аударды. Ол өлкеде кітапханалар, клубтар, талапкер көркемөнер үйірмелерін белсенді ұйымдастырушы да. Сондай-ақ оны осы заманғы қазақ әдеби тілін жасаушылардың бірі, қазақ жазуын орыс алфавитіне көшіру инициаторларының бірі деп орынды атайды.

Дегенмен осы бағыттардағы қызметтерінің әрқайсысына қоса Ы. Алтынсарин есімін ардақ тұтатын ұрпақтар ең алдымен оның ағарту саласының көкжиегіндегі талмас жұмысын, алғашқы қазақ мұғалімі ретіндегі, қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтардың авторы ретіндегі, халықтың зиялылар мектебі жүйесін құрушы ретіндегі жұмысын ерекше бөліп көрсетеді.

Ыбырайдың педагогтық қызметі 1860 жылы басталды, сол кезде облыстық басқарма жиырма жасқа әлі толмаған оған Торғайда бастауыш орыс-қазақ мектебін ашуды тапсырды, оған ол орыс тілі пәнінің мұғалімі болып тағайындалды. Шалғай қалашықта мектеп ашу оңай іс емес-ті: қаржы да, үй де, оқулық құралдары да болмады. Алайда қиындықтар жас педагогқа бөгет бола алмады. Ол ауылдарды аралап, адамдарға жарқын білімнің мәнін түсіндірді, демек барлық жерде адамдардан қолдау тапты. 1864 жылы 8 январьда алғашқы орыс-қазақ мектебі салтанатпен ашылды. Ол халық жинаған қаржыға салынды. Мектеп жанынан интернат ашылды.

Ы. Алтынсарин 1879 жылы Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметін атқаруды бастап, бірден жаңа мектептерді ұйымдастыруға кірісті. Ол ең алдымен облыстың уездік қалаларының бәрінде бір-бірден орталық училище ашуды ұйғарды.

Алтынсарин орыстың оқу әдебиетіндегі не жақсының бәрін қазақ мектебіне енгізді.

Ол оқу — білім беру жұмыстарын

Digitized by Google

сабақ өткізу сағаттарымен шектеген жоқ. Ол сол кезде орталық Россияда қоғамдық ұйымдар өткізетін халықтық оқуды аңғартатын кластан тыс оқуларды интернатта тұратын балалар үшін ұйымдастырды.

Сондай-ақ мектеп жанынан тәжірибелік ауыл шаруашылығы учаскелерінің, кәсіпшілік қолөнері шеберханаларының жұмыс істеуі де тамаша болды.

Сондай-ақ Қазақстанда қыздарға білім берудің басталуы да Алтынсариннің қызметімен байланысты. Қазақ қыздарына арналған және 20 адамдық алғашқы мектеп 1887 жылы ашылды.

Алтынсарин қазақ даласында кәсіптік білім беру жүйесінің негізін де қалады. Істі Торғайда қолөнер училищесін ашудан бастап, ол кейіннен алғашқы қыздар қолөнері мектебін, екі кластық училищелер жанынан қолөнер кластарын ұйымдастырды.

Алтынсарин мектептерде қазақ тілін жүргізді. Ол құрастырған «Махтубам» (қазақ хрестоматиясы) тарихи-мәдени мазмұны, педагогикалық құндылығы жағынан да тамаша ескерткіш болып табылады. Ұлы Октябрьге дейінгі бүкіл кезең ішінде ол ана тіліндегі балалар әдебиетінің бірден-бір үлгісі болды.

Алтынсарин мұғалімдерді даярлауға көп көңіл бөлді. «Біздің жұмысымызда, — деп жазды ол, — қазақ мектептерінің бүкіл болашағы, көбінесе қазір басталып отырған іске байланысты, сол себепті мен қазір ауылда жақсы мұғалімді бөрінен де жақсы бағалаймын. Халық мектептері үшін мұғалім бәрін шешеді».

Алтынсарин мұғалімдер туралы аталық қамқорлық жасады, барлық мәселелерде оларға достық ақыл-кеңесін беріп отырды, әйтсе де оқыту және тәрбие беру ісінде оларға қатал талап қойды. Бұл орыс-қазақ мектептері мұғалімдерінің ол қайтыс болғаннан кейін оған берген пікірлерінен көрінеді. Орыс мұғалімдерінің бірі былай деп жазды: Алтынсарин мұғалімдер үшін бастық ғана емес, сырлас, қайырымды әке де еді. Оның мектепке келуіне ұлы мерекедей қуанушы едік».

Көрнекті ағартушы-педагогтың түбегейлі жаңашыл қызметі мұсылман дін басшылығы тарапынан қарсылықты ұшыратты, оның өкілдері білім беруге және орыс мәдениетінің таралуына бөгет жасауға ұмтылды. «Ондай ықпалдан құтқару үшін мазмұны балалардың білімін кеңейтетін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды асықпай, бірақ алға ұмтылудан қайтпай, қазақтың өз тілінде, балардың өздеріне таныс әріптермен шығару керек» — деп есептеді Ы. Алтынсарин. Сонымен бірге ол жекелеген мұғалімдердің — қазақ оқушыларын құдай заңына үйретуге ұмтылушы патша үкіметінің миссионерлік бағытын жақтаушылардың қылығын қатал айыптады. Ол хаттарының бірінде былай деп жазды: «Әйтпегенде мұнымен мұғалімдер мектебінің келешегін ғана емес, онымен қабат жалпы орыс-қазақ мектептерінің бәрінің де келешегін мүлдем бүлдіріп алуымыз мүмкін ғой... Орыс-қазақ мектебі арқылы білім алуға мәңгі зиян келтіретін бір масқара жанжал көтеріліп кетуі мүмкін».

Көрнекті педагог осындай көріністерге тегеурінді түрде қарсы шықты, сонымен бірге қазақ даласындағы халықтық мектептің орыс білімімен, орыстың озық мектебімен табиғи байланыста ғана тиянақты және халықтың өмірлік қажетіне жауап бере алатын мектеп бола алатынын анық көре білді. Ол қазақ балаларын орыс тіліне оқытуға басшылықты аса зор ықыласпен әрі мұқият талдап жасады. «Орыс мектебі, орыстың ғылымы мен техникасы — біздің бүкіл болашағымыздың кілті, міне осында», — Абай Құнанбаевтың осы сөздері Алтынсарин ашқан мектептерде сабақ беру тілі туралы мәселені шешуді анықтаған формула болып табылды. Абай сияқты Алтынсарин де жастар үшін өзінің туған тілін білуі қажет, сонымен бірге орыс тілін меңгеруі де қажет деп есептеді. Алтынсарин мектепте сабақ бергенде орыс графикасы негізіндегі жаңа алфавитті бірінші қолданды.

Ы. Алтынсарин қазақ халқын прогрестік дамыту жолындағы жалынды күрескер болды, халық өзінің көрнекті перзентінің қызметі мен творчествосын әрқашан жоғары бағалады. Шәкірттері мен ізбасарларының оны қазақтың Ломоносовы деп атауы кездейсоқ емес. Ы. Алтынсарин қазақ және орыс халқының арасындағы байланыстың ұдайы нығайып, дами беруін шын жүректен тіледі. Ол 1880 жылы «Оренбургский листок» газетінде былай деп жазды: «Россияда жақсы жауынгер де, іскер егінші де, табиғатынан малшы да болуынан оның күшін сезінетін европалық дипломатияда қазақ өлкесі қызғаныш тақырыбын құрайды».

Ұлы ағартушы-педагогтың идеялары совет мектебін түбегейлі қайта құру өтіп жатқан бүгінгі күнде де аса өзекті.

Оның адамгершілік әрі демократиялық мұраттарының, оның халық ісіне ағартушылық қызметі үлгісінің маңызына шын мәнінде баға жетпейді.

Ж. БЕЙСЕНОВА,
Алматы шет тілдері институтының оқытушысы.

Digitized by Google

ЖАҢҒЫРТУҒА ҚАТЫСТЫ АЙЛА-ШАРҒЫ

Варшава Шартына қатысушы мемлекеттер сыртқы істер министрлері комитетінің (КМИД) кезекті мәжілісінде Солтүстік атлантикалық одаққа Европадағы тактикалық ядролық қару жөнінен келіс.өзді дереу бастау ұсынысын жасады. Мұндай ұсыныстың нені көздейтіні туралы, деп ескертті «Файнэншл таймс», М. С. Горбачевтің Лондонда сөйлеген сөзінен аңғаруға болатын еді, онда ол Европа континентіндегі ядролық қару-жарақтың бәрін жоюға шақырды. Жалпы осы жайлы ертеректе де аңғаруға болатын-ды.

Европадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің Вена кездесуі ауқымында 1987 жылғы февральда өткен Варшава Шарты Ұйымы мен НАТО-ның 23 елі өкілдерінің консультацияларында да Совет Одағы тактикалық ядролық қаруды Европадағы әскерлер мен қару-жарақты қысқарту жөніндегі келіссөз мандатына енгізуді жақтады. Ол өз позициясын былай негіздеді: ядролық арсеналды жоймайынша континентте түбегейлі тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүмкін емес.

Тактикалық ядролық қару-жарақ «жалпы мақсаттағы күштер» құрылымында тығыз астасқан. Шын мәнінде, ол «икемді үн қатудың» натолық стратегиясының өзегі, «ядролық тежеу» концепциясының сүйеніші болып табылады. Жай және ядролық қару-жарақтардың өзінің физикалық табиғаты жағынан соққы беру тиімділігі бірдей болмағанымен технологияның дамытылып, жетілдірілуіне қарай олардың ұрыс мүмкіншіліктері жақындасуда. Жай қару-жарақтың дәлме-дәлдіктегі жүйесінің басым ықпал жасау тиімділігі мен бірлі-жарым тактикалық ядролық қаруларды қолдану нәтижелілігі салыстырудың басты түйіні ретінде алынады. Қазіргі жай қару-жарақ іс жүзінде жаппай соққы беру қаруы сапасына ие болуда.

Проблемаға доктриналық көзқарас тұрғысынан қарайық. «Икемді үн қатудың» натолық стратегиясы блоктар арасындағы жай қарулы жанжалдың ядролық фазаға ұласуын қарастырады, ядролық қаруды бірінші болып қолдану ықтималдығына жол береді. НАТО жүргізіп отырған «икемді үн қату» мен тежеу және «алдыңғы шептегі қорғаныс» стратегиясын жүзеге асыру тиімділігін қамтамасыз ету үшін шағын қашықтыққа қолданылатын ядролық жүйелер сондай қажет. Егер Варшава Шартының қорғаныс стратегиясы да қарсыластың ядролық объектілерін жою үшін жай қаруларды қолдануды теріске шығармайтынын ескерсек, соғысты жүргізудің жай қару-жарағы саласындағы қарусыздану ядролық қарусыздануымен тығыз байланысты екені туралы тұжырым туындайды.

Алайда НАТО елдері Венадағы аталған консультацияларда тактикалық ядролық қару-жарақты Европадағы жай қарулы күштер жөніндегі келіссөзден шығарып тастауды талап етті. Келіссөздің басталуын мезгілсіз кезге дейін соза бермеу үшін Варшава Шарты қару-жарақтың осы түрін мандат ауқымынан шығарып тастауға барды. Мұның барысында СССР өкілдері континентте қалып отырған ядролық қару-жарақтар категориясын қысқарту және жою жөнінде дербес келіссөздің қажеттігін бұрынғысынша жақтайтындығын мәлімдеді.

Сонымен Варшава Шарты ұйымының елдері қазір қарусыздану проблемаларының бәрін келіссөздің бір пакетіне орынсыз енгізуді жақтамайды, бір мәселеде келісімге келуді біздің ғасырымызда бәрі объективті түрде өзара байланысты болғанымен басқа мәселелерді шешуге тәуелді етіп қоймайды. Сонда да, егер НАТО ядролық қару-жарақты жаңғырту жолындағы шлагбаумды көтерер болса, бұл, әлбетте, веналық келіссөздер барысына әсер етеді, орташа және одан кем қашықтыққа қолданылатын ракеталар жөніндегі шарт ауқымында қол жеткен көптеген нәрселердің құнын түсіреді. Бір сөзбен айтқанда, жай қару-жарақ жүйесіндегі ықтимал уағдаластықтар ауқымы айтарлықтай мөлшерде тактикалық қару-жарақ факторының ықпалына қарай қалыптасатын болады. Істің мәні оны жаңғыртуда ғана емес, бұл — ядролық арсеналды сақтап, үдете беру жолы. Оның Көне Дүниеде енді-енді ғана қалыптаса бастаған сенім ахуалын бұзуға соқтыруы ықтимал.

Варшава Шарты Ұйымының Европада тактикалық ядролық қаруларды кезең-кезеңімен қысқартып, жою ұсынысына деген әскери-саяси айла-шарғы осындай. Осы процесті келіссөздерге әзірлік, олардың мандаты мен қатысушылар құрамы мәселелерін талқылаудан бастауға болар еді. Варшава Шарты Ұйымы мен НАТО-ның ядролық державалары ғана емес, сондай-ақ территория-

Digitized by Google

ларында тактикалық ядролық қарулар орналастырылған олардың одақтастары да арнаулы консультацияларға қатыса алар еді. Уағдаласушы жақтардың тактикалық ядролық боезарядтар мен оларды ұшырғыштарды жаңғыртудан, осы қаруларды сан жағынан көбейтуден өзара бас тартуы мұндай келіссөздерге арналған қолайлы саяси жағдай жасауға ықпал етер еді.

«Үшінші ядролық нуль»— Европада, ал ең жақсысы, ғаламдық ауқымда тактикалық ядролық қаруларды жоюдың ықғайлы нұсқасы ретінде көрінеді.

Бірақ Батыстың әзірше мұны тыңдағысы келмейді. Қорғаныс министрлері бертінде Брюссельде өткен ядролық жоспарлау тобының сессиясында не туралы айтты? Ең алдымен Европада ядролық арсеналды сақтап, үдету проблемасы, өзіндік «үш тағанды» бейнелейтін блоктың тактикалық ядролық қаруларын жетілдіре беру туралы айтты. Екпінді авиация самолеттері, тактикалық ракеталар және ядролық компоненттері бар ірі калибрлі артиллерия зеңбіректері оның негізін құрайды.

Екі әскери одақтың әрқайсысында тактикалық ядролық қарудың 10 мыңнан астам өлшемі бар. Европада, әсіресе, оның орталығында және блоктардың жанасу шебі өтетін оң қанатта оны осыншалықты қаптата шоғырландыру өте-мөте қауіпті екенін айтудың қажеті бола қоймас. Егер екі жақтан олар бір-бірден ғана іске қосылса, біздің халық көп қоныстанған аймағымыз радиоактивті шөлге айналады.

НАТО-ның ядролық қару-жарағын жаңғырту жақтастарының дәлелдері қандай?

Бірінші. Совет Одағының тактикалық ядролық қарулардағы орасан зор басымдылығы. Бұл солай ма? Істің мәні мынада: натолықтар «тактикалық ядролық қару» ұғымын қасақана басқа ұғыммен —«жер бетінде орналастырылатын тактикалық ядролық ракеталармен» алмастырады. Иә, европалық «ядролық үш тағанның» осы компоненті жөнінен Варшава Шарты Ұйымы мен НАТО арасындағы күштер арақатынасы 12:1 мөлшерін құрайды. Варшава Шартында НАТО-ға қарағанда осындай ракеталар шамамен 1500 өлшемге көп. Оның есесіне Солтүстік атлантикалық одақта бортына бірнеше ядролық ракетаны немесе бомбаны алып ұшуға қабілетті ядролық қару ұшырғыштар-самолеттер шамамен 1 300 өлшемге көп. Иә, екпінді авиацияның ұшу радиусы да жер бетіндегі ракеталардың ұшу қашықтығынан 2—3 есе асып түседі. Демек, ядролық артиллерия жөніндегі күштер балансын ескерсек, екі жақтың тактикалық ядролық потенциалы іс жүзінде тепе-тең.

Екінші. СССР өзінің тактикалық ядролық қаруын жаңғыртуды аяқтағандықтан ғана ол Батыстың осындай жаңғыртуына қарсы шығып отырған жоқ. Бұл қателік. Совет Одағы мен оның одақтастары тактикалық ядролық қаруды жаңғыртқан жоқ. Варшава Шарты армиясының қару-жарақтары 70 километрге дейінгі қашықтыққа ұшатын «Луна», («Фрог») және «Точка» (СС —21»), сондай-ақ, бұдан 15—27 жыл бұрын жасалған, 300 километрге дейінгі қашықтыққа ұшатын «Р—17 («Скад —Б») ракеталарынан тұратынын Батыста біледі. Соған қарамастан натолықтар «жаңғыртусыз ешқандай келіссөз болмауға тиіс» ұранымен покер ойынын жалғастыруда. Мұнда «Лэнс» ракеталарын 500 километрге дейінгі қашықтыққа ұшатын, 80-ші жылдары қаруланууға қабылданған және орташа және одан кем қашықтыққа қолданылатын ракеталар жөніндегі шартқа сәйкес жойылып жатқан советтік қазіргі «Ока» (СС-23) ракеталарынан онша ерекшеленбейтін тым жаңа «Ленстермен» алмастыру қарастырылуда.

Блокқа мүше елдердің қорғаныс министрлері Брюссельде түпкілікті шешімді қабылдаған жоқ. Дегенмен Англияда орналастырылған 140 F-Ш истребитель-бомбардировщиктеріне қосымша онда FB-Ш үлгісіндегі американдық 50 самолет-ядролық қаруды ұшырғышты орналастыру туралы шешім қабылдауға таяп келді. Осы самолеттерді қимыл жасау радиусы 300 километрден 500 километрге дейін жететін «әуе-жер» класты жаңа ядролық ракеталармен, мүмкін әуеде орналастырылатын қанатты ракеталармен жарақтандыру қарастырылуда. Хейфордтегі англиялық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыс құны АҚШ-тың әскери әуе күштері бюджетінде ескерілген. Оның үстіне қазіргі уақытта 1990—1991 жылдарға арналған американдық бюджет жобасында ядролық боеголовкасы бар «әуе-жер» класындағы жаңа ракеталарды жасауға арналған қаржы көзделуде. Ракета британдық «Торнадо» истребитель-бомбардировщигінің бортына алуға болатындай соншалықты жеңіл болады.

Соңғы жылдар ішінде ядролық қаруларды алып ұшуға қабілетті осы заманғы F-16, «Торнадо» истребитель-бомбардировщиктерін қабылдау есебінен натолық самолет паркі толығынан дерлік толықты. Олар үшін европалық қоймаларға жаңа ядролық бомбалар әкелінді. Бұған қоса мынаны айтайық: калибрі 203,2 миллиметрлік гаубицаларға арналған артиллерия снарядтарының бір бөлігі жаңа

Digitized by Google

нейтронды және термоядролық снарядтармен алмастырылды. Таяу уақытта калибрі 155 миллиметрлік зеңбіректерге арналған снарядтарды ауыстыру басталады, мұның өзі НАТО-ның атом артиллериясының атыс қашықтығы мен дәлме-дәлдігі секілді параметрлерін жақсартуға көмектеседі. Соның нәтижесінде блоктың ядролық потенциалы қыруар өседі. Екінші сөзбен айтқанда, жаңғырту туралы емес, қосымша қарулану туралы сөз болып отыр.

Фактілер осындай. Сонда да Батыстың кейбір әскери-саяси лидерлерінің көкейінде соншалықты қарама-қайшы екі пайымдаудың: ядролық соғыс — кесапат, ядролық қару — агрессордың күшін тежейтін игілік деген ұғымның қалай орныққаны маған түсініксіз. Бір жағынан, соғыста жеңіске жету құралы ретінде ядролық қаруды қолдану жоққа шығарылады, екінші жағынан, жай соғысты жалғастыру құралы ретінде оған жол береді. Әскери құрылыс: егер соғысты тежеу сәті түсе қоймаса, оны жүргізіп, Батыс үшін қолайлы жағдайда аяқтау қажеттігі принципі негізінде жүргізілуде. Натолықтар ядролық қаруды жауап шара ретінде ғана қолданамыз деп бізді сендіріп бағады, бірақ оны бірінші қолданбау міндеттемесін алмайды. Жауап соққы стратегиясын ресми түрде жариялайды, оны қарсыласқа «күйрете соққы беру» мүмкіндігі деп қарайды.

Проблемаға деген екі қатынас айқын. Көзқарастар мүлдем үйлеспейді.

Одан шығу жолы қандай? Ол орынды ымырада, мүдделер балансын табуда. Табысқа үміт ету негізі бар ма? Меніңше, бар. Вашингтон мен Лондон ұстанатын қатаң бағыт жақтаушыларына қарағанда НАТО мүшелерінің көпшілігі тактикалық ядролық ракеталар саласында Шығыс пен Батыс арасында тепе-теңдік орнату туралы келіссөздер жүргізумен бір мезгілде жаңғыртуды жақтайды. ФРГ-де, Данияда, Испанияда «жаңғыртуға» мүлдем теріс қарауда. Олар 1991—1992 жылдарға дейін «Лэнстерді» алмастыру қажеттігін көріп отырған жоқ.

Владимир НАЗАРЕНКО,
полковник.

Тактикалық ядролық ракеталарды жаңғырту туралы мәселе 29—30 майда Брюссельде өткен НАТО сессиясында талқыланды. Ол қабылданған документте айтылғанындай, «лэнстерді» алмастыру туралы түпкілікті шешім қабылдау 1992 жылға дейін қалдырылды. Сессиядағы талқылау блок елдері арасында Европадағы тактикалық ядролық проблемаға деген қатынаста орын алған елеулі қайшылықтарды анықтады.

РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ

В. В. КУЙБЫШЕВТІҢ МУЗЕЙІ

Еліміздің көрнекті партия және мемлекет қайраткері, Владимир Ильич Лениннің серігі Валериан Владимирович Куйбышевтің мемориалдық музейі 1949 жылы январьда Көкшетау қаласында құрылды. Валериан Владимировичтің қарындасы — Елена Владимировна Куйбышева оны ұйымдастырушы және ұзақ уақыт бойы оның директоры болды.

Музей экспозициясы Куйбышевтер семьясы 1989 жылдан 1905 жыл аралығында тұрған үйде, сондай-ақ 1962 жылы музейге жапсарлас салынған үйде орналасқан. Музей қорында В. В. Куйбышевтің өмірі мен қызметіне қатысты 6 мыңнан астам экспонат жиналған. Олардың ішінде оның жеке заттары, документтері, суреттері, листовкалар бар.

Орыс офицері Куйбышевтің семьясы Омбыдан Көкшетауға көшіп келгенде Валериан сегіз айлық еді. Оның балалық және жастық шағы осы қаламен тығыз байланысты болды. Жиналған заттар оның өмірінің осы кезеңі туралы әңгімелейді. Олар бойынша жас жігіттің қалай есейіп, оның революциялық көзқарасының қалай қалыптасқанын қадағалауға болады. В. В. Куйбышев кейіннен анкеталардың бірінде былай деп жазды: «Корпустың 6— класында оқып жүрген кезімнің өзінде-ақ (1903—1904 жылдар) Омбыдағы жасырын социал-демократиялық үйірмелермен байланыс жасадым. 1904 жылы жазда, Көкшетауда каникулда болған кезімде, Омбыдан социал-демократиялық листовкалар алып тұрдым, және оларды қала бойынша және казармаларда тараттым»— деп еске түсірген еді Валериан.

В. В. Куйбыщевты патша полициясы бірнеше рет тұтқындады, ол тергеу мен түрменің не екенін танып білді, төрт рет Сібірде айдауда болды. Музейден оның тұтқындау кезінде жасалған жандармдық карточкаларды, патша полициясының революционер В. В. Куйбышевтің ісі бойынша рапорттарын, хабарларын көруге болады.

Көптеген документтер Валериан Владимировичтің Ұлы Октябрь социалистік революциясы мен азамат соғысы кезіндегі қызметін көрнекі түрде ашады, оның революциядан кейінгі жұмысы туралы толық әңгімелейді. Су-

Digitized by Google

ретші А. Кемнің «В. И. Ленинның тікелей телефон арқылы В. В. Куйбышевпен сөйлесуі» деген картинасы, Валериан Владимировичтің Самар губерниялық атқару комитетінің алғашқы председателі қызметіндегі жұмысы туралы материалдар, ол қол қойған декреттер, сондай-ақ, Шығыс майданынан жіберген хаттары мен телеграммалары экспозицияға қойылған. Сол кезде ол М. Н. Тухачевский басқарған бірінші армияның, ал кейіннен төртінші армияның саяси комиссары болды, С. М. Киров пен М. В. Фрунзенің серіктері болды.

Документтердің арнаулы топтамасы В. В. Куйбышевтің Орта Азиямен және Қазақстанмен байланысы, оның мұнда Совет өкіметін орнатуға, Қызыл Армияның алғашқы жауынгерлік отрядтарын жасақтауға қатысуы туралы әңгімелейді. 1918 жылы Орал облысында жасақталған қазақтардың алғашқы ерікті полкі жауынгерлері алдында сөз сөйлеп, Куйбышев былай деді: «Менің өзім қазақстандықпын, қазақ халқын жақсы білемін. Бұл қарапайым, бірақ өжет әрі ақылды халық. Сіздер, осы халықтың перзенттері, өздеріңіздің облысыңызды Совет мемлекетінің Қазақстандағы тірек пункттерінің біріне айналдыра отырып, оны ақ гвардияшылардан қорғап қалдыңыздар. Бұл тарихи зор іс. Мен өзімнің жерлестерім — қазақтардың ерлігін мақтан етпей тұра алмаймын». Валериан Владимирович өзінің серіктестері Ә. Т. Жангелдинді, Т. Рысқұловты жоғары бағалады.

Келушілер «Роза Люксембург» атындағы бронепоездың В. В. Куйбышев жазған өлең жолдары кестелеп тігілген ту көшірмесіне тебіреніспен қарайды. Демек, Куйбышевтің бүкіл өмір бойы өлең жазғанын, мұнымен ерте айналысқанын, осы әдеттен айдауда жүрген кездерінің өзінде де қол үзбегенін айту керек.

Куйбышев өмірде қарапайым болды, адамдармен ұдайы араласып жүрді. «Ең бастысы — әрдайым қызыл әскерлер бұқарасының ортасында болып, оны не нәрсе алаңдататынын біліп, ең өткір сұрақтардың өзіне большевиктік турашылдықпен жауап бере білу керек. Сіздердің саяси жұмысыңыз үгіт пен насихаттан ғана емес, сонымен бірге сіздердің қызметіңізден, сіздердің бүкіл мінез-құлқыңыздан көрінуге тиіс», — Валериан Владимирович саяси қызметкерлерге арнап айтқан осы сөздерді өмір бойы басшылыққа алды.

Совет халқы 1988 жылы В. В. Куйбышевтің туғанына 100 жыл толуын атап өтті. Мемориалдық музей юбилей қарсаңында революционердің өмір жолы туралы Омбыда, Томскіде, Петропавлда, сондай-ақ, колхоздарда, совхоздарда, пионер лагерьлерінде жылжымалы көрмелер ұйымдастырды. Осы кезде музей экспозициясы мемлекеттік архивтерден және Валериан Владимировичтің әйелі Ольга Андреевнаның есиеті бойынша оның Кремльдегі пәтерінен берілген жаңа материалдармен толықты.

Музейдің ғылыми қызметкерлері Иркутск, Полтава, Солтүстік Қазақстан, Иваново, Курск облыстары оқушыларының В. В. Куйбышевтің өмірі мен қызметіне арналған стендтер мен мүйістер жасауына методикалық және практикалық көмек берді.

Музей адресі: Көкшетау қаласы, Чапаев көшесі, 32.

Б. АЛТАЕВ,
Қазақ ССР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті мәдени-ағарту мекемелері басқармасының жетекші маманы.

Шағын село мерекесі

Қостанай облысының Урицкий ауданындағы шағын селолар мерекесі туралы біздің журналымызда әңгімеленген еді. Енді сондай мерекелерді павлодарлықтар да өткізе бастады. Алғашқы осындай мереке Качиры ауданы «Плодородный» совхозының екінші бөлімшесінде — Жақсы селосында болды.

...Жақсы селосы мерекеден бір анта бұрын тым жұпыны еді. Тұрғындар аз уақыттың ішінде селоны ретке келтірді. Көшелерді тазалап, балаларға арнап әткеншектер орнатты, клубты жөндеді. Фоеде жергілікті ісмерлер жұмыстарының стендгерін безендірді.

Мерекеге ауданның барлық шаруашылықтарынан қонақтар қатысты. Жақсы бірден өзгеріп кетті. Онда адамдар көп жиналып, көңілді болды. Музыка ойнап, ән шырқалды. Балалар үш ат жегілген арбамен жинақы көше бойымен серуендеді. Кулинария тағамдарының, кілем, аяқкиім, трикотаж, парфюмерия бұйымдарының саудасы қызу жүріп жатты. Лотерея ойналды.

Селолық Совет атқару комитетінің председателі Б. С. Қалиева мерекені ашу барысында Жақсы селосының қалай дамығаны, оның таңдаулы адамдары туралы әңгімеледі. Соғыс және еңбек ардагерлерінің сөздері де жылы лебізбен қабылданды.

К. ХАЛИН.
Павлодар облысы.

Digitized by Google

НОМЕРДЕ:

● БІЗ — ҚАЙТА ҚҰРУҒА, ҚАЙТА ҚҰРУ — БІЗГЕ

А. ӘЛЕНАЕВ. Жұмыстың бүкіл циклын өз күшімізбен атқарамыз 2

● ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫ: ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР

Кейінге қалдыруға болмайды 4
Экологиялық жаппай оқу 8

● ЭКОНОМИКА: ЖЕДЕЛДЕТУ БАҒЫТЫМЕН

В. ДУДКИН. Басты бағдар — ғылыми-техникалық прогресс 9

● АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ

Г. ДЕГТЯРЕВА. Ескі диірменнен бастадық 12

● ХАЛЫҚТАРДЫҢ ТУЫСҚАНДЫҚ СЕМЬЯСЫНДА

Ү. САДЫҚОВ. Біздің күшіміз — бірлікте 14
С. РЫЖКОВ. Физкультурадан үнемдеуге бола ма! (12 август — Физкультурашы күніне) 17

● СҰРАҚҚА — ЖАУАП

Р. ИГНАТЬЕВ. Сабын, жуу ұнтағы және... объективті себептер туралы 20

● САЛАУАТТЫҚ — ӨМІР НОРМАСЫ

В. САВЧЕНКО. Әрі қарай не жасау керек! 22

● РЕСПУБЛИКА ШЕЖІРЕСІНЕН

В. ГРИГОРЬЕВ. «Орал қорғанысының қаһармандарына жалынды сәлем!» . . 24
М. МАСЛОВА. Достық шеруі 25

● БІЗДІҢ КАЛЕНДАРЬ

Ж. БЕЙСЕНОВА. Ыбырай Алтынсарин 26

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР

В. НАЗАРЕНКО. Жаңғыртуға қатысты айла-шарғы 28

● РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ

Б. АЛТАЕВ. В. В. Куйбышевтің музейі 30

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39

Телефондар:
63—28—68,
63—29—08,
63—27—84,
63—27—74,
63—27—56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: Н. И. ЛАРИН, А. МӘУТЕНБАЕВ,
К. М. СҰЛЕЙМЕНОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана»)— журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.

Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,

Сдано в набор 30.05.89 г. Подписано к печати 12.06.89 г. УГ 06289 Формат 70x108 1/16. Бумага офсетная № 2. Печать офсетная. Усл. печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8 Тираж 53990 экз. (каз. изд. 27674 экз., рус. изд. 26316 экз.). Заказ 120. Цена 15 коп.

ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана 48004 Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google







● В. В. Куйбышев.

● Куйбышевтің семьясы Көкшетауда тұрған үй — қазір В. В. Куйбышевтің мемориалдық музей-үйі.

● Музей қорларының бас сақтаушысы Р. А. Булатова бағалы зат — кітапхана қорын толықтырған К. Маркстің «Франциядағы 1870—71 жылдардағы қоғамдық қозғалыс» деген кітапшасын ұстап тұр.

● Вьетнамның партия қызметкерлері музейде.

(ҚазТАГ).



В. В. Куйбышевтің музейі туралы 30—31-беттерден оқыңыздар.

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.

Индекс 75328



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ



1989

14

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕРІ!

14 • 1989
ИЮЛЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМНТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

22 июньде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XV пленумы болып, ол ұйымдық мәселе қарады. Пленум Г. В. Колбинді СССР Халықтық бақылау комитетінің председателі болып сайлануына байланысты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары міндетінен босатты.

Пленум Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары етіп Н. Ә. Назарбаевты сайлады, ол Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі болып істеген.

Пленумда КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Орталық Комитетінің секретары В. М. Чебриков сөз сөйледі.

НАЗАРБАЕВ Нұрсұлтан Әбішұлы

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XV пленумында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары болып сайланды.

1940 жылы Қазақ ССР-інің Алматы облысындағы Қаскелең ауданының Шамалған селосында туған, қазақ, 1962 жылдан КПСС мүшесі. Білімі жоғары — Қарағанды металлургия заводының жанындағы Завод-техникалық жоғары оқу орнын және КПСС Орталық Комитетінің жанындағы Жоғары партия мектебін сырттай оқып бітірген.

Еңбек жолын 1960 жылы Днепродзержинск техникалық училищесін бітіргеннен кейін Қарағанды облысының Теміртау қаласындағы «Казметаллургстрой» тресінің «Доменстрой» құрылыс басқармасында жұмысшы болып бастады, сонан соң Қарағанды металлургия комбинатында домна цехының құю машиналарының шойыншысы, домна пешінің горновойы, домна цехының диспетчері, домна пешінің газшысы, аға газшысы болып істеді. 1969 жылы партиялық жұмысқа ауыстырылды — Теміртау қалалық партия комитетінің өнеркәсіп-транспорт бөлімінің меңгерушісі болды. 1969—1971 жылдары Теміртау қалалық комсомол комитетінің бірінші секретары болып істеді. 1971 жылы Теміртау қалалық партия комитетінің екінші секретары болып сайланды, одан кейін 1973—1977 жылдары Қарағанды металлургия комбинаты партия комитетінің секретары, 1977—1979 жылдары — Қарағанды облыстық партия комитетінің секретары, екінші секретары, 1979—1984 жылдары — Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары болды. 1984 жылғы марттан Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі болып істеді.

КПСС XXVII съезінде КПСС Орталық Комитетінің мүшесі, Қазақстан Компартиясының XVI съезінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюро мүшесі болып сайланды. СССР халық депутаты, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты. Еңбек Қызыл ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, екі медальмен наградталған.

Digitized by Google

МЕКТЕПКЕ ДЕГЕН ҚАРЫЗДЫ ӨТЕЙІК

Борис Николаевич Шиннің қызметі бірегей, әлбетте, өзіндік тұрғыдан бірден-бір қызмет. Ол панфиловтық атақты «40 лет Октября» агрофирмасының басқармасы председателінің халыққа білім беру жөніндегі орынбасары болып табылады. Біздің Б. Н. Шиннен әңгіміміз міне осы қызметтен басталды.

— Осындай ерекше қызметті енгізу неден туындаған! Фирма басшылығына штаттағы көлкөсірлік үшін реніш білдірілмей ме! Бүгін халыққа білім беру жөнінен «орынбасарды» тағайындады, ал қызметшілер үшін жайлы орын жасау үшін ертең тағы бірдеңені ойлап таппай ма!

— Бұл қызметтің аса қажетті және қиын екеніне Сізді сендіруге тиістімін.

Қажет дейтін себебім мынадан: қайсыбір шаруашылық, қалай десең де, мектептен басталады және мектеппен күшті. Ал колхоз базасында құрылған фирмамыз туралы айтып жатудың да қажеті жоқ. Өздеріңіз ойлап қараңыздаршы — шаруашылықта бес жарым мыңнан астам адам еңбек етеді. Олардың қарауында 400 трактор мен 800 автомашина бар. Жүгері заводы, жұмыс көлемі 12 миллион сомдық құрылыс тіресі, ағаш дайындау учаскесі бар, былғары заводын тұрғызып жатырмыз. Фирманың мамандануы да көп нәрсеге міндеттейді — біз жүгері тұқымын өсірумен айналысамыз, ол республикамыздың барлық облыстарына және одан тысқары жерлерге беріледі.



Біздің арендаторларымыз өздерінің Жетісуында ғана емес, сондай-ақ Қызылорда облысында жерді игере бастады.

Мал шаруашылығы кең ауқымда жүргізіледі — бізде жүз мыңдай қой, 10 мың бас ірі қара мал, 3 миллион үйрек бар. Егер жылына бір адам 64 килограмм ет тұтынатынын ескерсек, онда бізде өндірілетін ет 188 мың адамға жетеді. Біз үш жыл ішінде 176 миллион сомның өнімін өндірдік.

Бір сөзбен айтқанда, шаруашылық үлкен, ол ұлғайып келеді, демек жоғары білікті қызметкерлер барлық жерде керек, оның үстіне соңғы жылдары ұрпақтар алмасуы жеделдей түсті. Демек, біз мектепке, онда оқып жатқан оқушыларға көп үміт артамыз.

Мұның жаңа қызмет маңыздылығына қатысы бар. Енді қиындықтар туралы айтайын — менің қызметім тым мазасыз. Біздің поселкелерімізде он мектеп және соншама бала бақша бар, және оның бәрін колхоздың өзі тұрғызды. Ал қазір тағы да үш мектеп салып жатырмыз. Демек, олармен де аракідік емес, күн сайын айналысуымыз керек.

— Демек, сіз не нәрседен бастадыңыз!

— Талдаудан, демек сын тұрғыдағы талдаудан бастадым. Біз халыққа білім беру ісінен қаржыны аямасақ та, мұқият қарағанда көптеген кемістіктер, демек, қандай кемістіктер анықталды десеңізші! Көптеген бала бақшалар бай туысқанының есігінде күн көріп жүргендей көрінеді: тамағы тоқ болса да сүреңсіздеу еді. Топтарда ойыншықтар аз, кітаптардың өзін негізінен ата-аналардың өздері үйлерінен әкелген. Көптеген бөлмелер жайсыз. Мектеп туралы айтып жатудың да қажеті жоқ. Кластар жүктелімі көп, физкультура және спорт сабағын өткізетін орындар жайсыз. Спорт жабдықтары аз. Ал біздің осындай мүмкіндігіміз жағдайында жақсы стадиондар, тіпті жүзу бассейндерін салуымызға болады ғой.

Не істеу керектігін жедел анықтадық. Ең алдымен агрофирманың орталық усадьбасында — Молодежный поселкесінде 1176 оқушы орындық жаңа орта мектеп салуға ұйғардық, оның құрылысын аяқтап, техниканың соңғы жетістіктері бойынша жабдықтадық. Осындай мектептерді әрбір бригадада салуды белгіледік.

Агрофирманың халыққа білім беру қызметкерлерінің конференциясын өткіздік, онда советті сайладық. Оның құрамына

Digitized by Google

педагогтар, ата-аналар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, бригада жетекшілері енді. Бірінші егіс бригадасының бригадирі, жастардың танымал тәлімгері Тұрғанғазы Жапарқұлов советтің председателі болып бірауыздан сайланды.

Ата-аналар комитеттері мен мектептердің методикалық советтері жұмысын қайталамауға, бақылау жасаумен айналыса бермеуге ұйғардық. Өйткені мектептерде бізсіз де бақылаушылар жетіп жатыр. Біз кәсіптік бағдар жұмысына, оқушылардың өндірістік оқуын ұйымдастыруға баса көңіл бөлдік. Балаларға арнап өндірістік учаскелерді құрдық, олар ондағы жұмысты түгелімен дербес жүргізеді. Жоғары кластар оқушылары маусымдық жұмыстарды жүргізу кезінде көптеген еңбек коллективтерінің мүшелері болып табылады. Олар Төліп Тохтахуновтың, Бекежан Жақыпбековтың, Нұрболат Бейсеғұловтың, Мұхамер Алисатовтың, Дәулет Наймантаевтың және басқалардың бригадаларына «орнықты» деуге болады. Педагогтардың және мамандардың жетекшілігімен мектеп оқушылары малдарға күтім жасауға, жүгері, көкөніс пен жеміс өсіріп, жинауға көмектеседі.

Шаруашылық бүгінде өз есебінен мектептер үшін оқу-көрнекі құралдары мен жабдықтарды сатып алады, балаларға мектеп жанындағы оқу-тәжірибе учаскесі үшін қажетті ауыл шаруашылық техникасын, құрал-жабдықтар мен материалдарды, жерді бөліп беруде. Барлық мектептерде техникалық және ауыл шаруашылығы үйірмелері құрылды, олардың біразын біздің мамандарымыз жүргізеді. Демек, осы үйірмелерде көп нәрсемен айналысуға — техниканы үйренуге де, құрастыруға да, тәжірибелік жұмысты жүргізуге де болады.

Мектеп оқушылары өндірістік бригадаларда, еңбек және демалыс лагерьлерінде жұмыс істей отырып, ауыл шаруашылығы еңбегіне жақсы дағдыланады, Сүтпай селосындағы орта мектеп оқушыларының құрылыс бригадасы қоғамдық-пайдалы еңбек жөніндегі мұғалім Тоқтыбакия Мұхаметжанұлы Сакимбековтің жетекшілігімен «Тұрғын үй-91» программасын жүзеге асыруға өз үлестерін қосты, олар 1988 жылы екі тұрғын үйді өз күштерімен салды. Осы бригада түлектері Н. Жанпейісовтің, А. Тыныбековтің, Е. Әзкеновтің, С. Жұмағұловтың, Т. Шодмановтың, Е. Сегізбаевтің, С. Натбаевтың, Е. Сейілжановтың өздерінің туған селосында қалып, құрылыста жұмыс істеуді жалғастыруды ұйғарғаны бізге бөрінен де қымбат.

Жастарды селода орнықтыру үшін жеңілдіктердің де зор мәні бар. Ал бізде олар аз емес. Мәселен, жігіттер Совет Армиясы қатарына шақырылған кезде олардың орташа айлық жалақысының 25 проценті сақталады. Демоблизацияланғаннан кейін олар өздерінің бұрынғы жұмыс орнына оралады, оларға тұрғын үй алдымен беріледі, ал егер қайсыбірі оқығысы келсе, колхоз стипендиясы төленеді. Жастарды фирманың есебінен институттар мен техникумдарға оқуға жібереміз.

— Ал сіздің халыққа білім беру жөніндегі советіңіздің тікелей педагогика коллективтерімен өзара қатынасы қалай құрылуда?

— Әрине, педагогтар жұмысының ерекше екенін және олармен қарым-қатынас жасауда айрықша әдептілік қажеттігін жақсы түсінеміз. Оларды кеңестерге азырақ шақыруға ұмтыламыз. Рас, советтің кейде туындап қалатын кикілжіңді мәселелерді талқылауына тура келеді. Мәселен, сондай кикілжіңдердің бірі оқу жылының басында жетінші кластардың

● *Талдықорған облысы Панфилов ауданындағы «40 лет Октября» агрофирмасының коллективі мектеппен өзара қатынасын жаңаша құруда. Мұнда халыққа білім беру жөнінен совет құрылды, оған педагогтар, ата-аналар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, бригадалар жетекшілері енді. Фирманың қаржысы есебінен және оның құрылыс тресінің күшімен 1176 орындық жаңа мектеп салынды, ол техниканың соңғы жетістіктерімен жабдықталды. Әр елді мекенде осындай мектептер тұрғызу белгіленді. Үш селода жүзу бассейндері бар балалар комбинаттары салынуда. Педагогтардың тұрғын үй жағдайы жақсартылуда.*

● *Совет селолық мектеп жылын өткізуге көлемді программаны жоспарлады. Әкімшілік мектептерге арналған компьютерлер, сондай-ақ бала бақшалар үшін кітаптар, ойыншықтар, спорт құрал-жабдықтарын алуға қыруар қаржы бөлді. Агрофирма поселкелерінде тұратын 146 ардақты ана мен көп балалы 400 анаға және олардың семьясына берілетін жәрдем қыруар ұлғайтылады.*

Digitized by Google

бірінде оқушылар мен класс жетекшісінің арасында туындады. Балалар өз наразылығын білдіріп, өздеріне басқа мұғалімді тағайындауды талап етті. Мектеп әкімшілігінің мұндай жағдайдағы дәстүрлі шешімі біреу-ақ — ол тентектік жасаушыларды тыныштандырып, жазалау. Біз кикілжіңнің себебін тиянақты зерттейтін комиссия құрдық. Балалар келтірген фактілер қуатталды. Мұғалім оқушылармен дөрекі сөйлескен, оларды орынсыз ренжітіп, тілдеп, келеке еткен, ал бұл педагог үшін кешірімсіз. Мұғалімнің шамшылдыққа салынбай, ескертуді дұрыс қабылдағанына қуандық. Кикілжіңді жағдайды зерттейтін комиссияны құра отырып, біз балаларда осыншама көп реніш жинақталып қалады деп ойламаған едік: әдепсіздік, қатыгездік, кейде мұғалімдердің көңіл бөлмеуі баланың жанын жаралайды. Бүгінде біз қолдан келгенше бүкіл ауыртпалықты жеңілдетуге ұмтыламыз. Ең бастысы, балалар бізге сенеді әрі бұл мұғалімдерді де жинақы етеді. Біздің советіміздің талапкер екені, мектеп ішіндегі проблемаларды шешуде ресми түрде қайсыбір өкілдіктердің берілмегені бізді алаңдатпайды, өмір бізді оларға араласуға мәжбүр етеді.

— Алдағы оқу жылы селолық мектеп жылы деп аталды. Осыған орай не нәрселер істеу белгіленіп отыр?

— Мектепке берілетін көмекті үдете түсу, демек оның жаңа формаларын іздестіру керек. Біз фирма жұмысшылары мен мамандарының оқушылармен жұмыстағы ролін көтеруге ұмтыламыз. Демек, осында агрофирмамыздың председателі Николай Николаевич Головацкий үлгі көрсетеді. Ол біздің поселкелеріміздегі балалардың бәрінің есімін біледі дейді. Оның мектепке келмейтін аптасы болмайды. Демек, басқалар да оның үлгісіне еліктейді.

Ал әр педагогқа арналған қолайлы жағдайды жасауды ең басты міндет ретінде қойдық. Мұнымен, былайша айтқанда, мықтап айналыстық. Жыл сайын екі-үш педагог пәтерлер алады, жұмыс үшін не қажеттің бәрімен қамтамасыз етіледі, мектептерді компьютермен жабдықтау жағын ойластырудамыз, дегенмен бұл істе бір оралғы бар — ақша да, қажетті техниканы сатып алу мүмкіндігіміз де бар. Алайда республикалық Халыққа білім беру министрлігі біздің бірнеше мәрте жасаған өтінішімізге үн қатқан жоқ. Бала бақшалар ісіне де көбірек көңіл бөлу керектігін көріп отырмыз — ондағы істі жақсарту жағын ойластырудамыз. Қазір үш селода үш балалар комбинатын салудамыз, олар біздегі бала бақшалардан елеулі түрде ерекшеленеді: жүзу бассейндерін жасап, спорт алаңдарын жабдықтаудамыз.

Семьяларға да қамқорлық жасау талап етіледі. Ал бізде 146 ардақты ана тұрады, 8—9 баласы бар әйелдер 400-ден асады. Енді міне біз балалардың жақсы жағдайда тұруы үшін әр семья бойынша дерлік не жасау керектігін анықтаудамыз.

— Демек сіздерде қам-қарекет жетерлік қой...

— Бұл солай, атқарар жұмыс көп, сонда да қанағаттанарлық сезімге бөлейді — мектепті бітіріп, кетуге жиналмайтын, туған жерінде қалып жатқан жігіттер мен қыздар көбейіп келеді.

Талдықорған облысы,
Панфилов ауданы,
«40 лет Октября» агрофирмасы.

БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ЕҢБЕК ЫРҒАҒЫ

КӨКШЕТАУ ОБЛЫСЫ. Қызылту ауданында алғашқы акционерлік қоғам Карл Маркс атындағы совхозда құрылды. Шаруашылық жұмысшылары мен мамандары оның мүшелері болды.

Демек ауыл шаруашылық өнімдерін ұқсатуға арналған машиналар мен жабдықтар, семьялық звенолар үшін техника алу белгіленуде.

СУРЕТТЕ: акционерлік қоғамның мүшелері — Карл Маркс атындағы совхоздың директоры Қағира Әміржанов (ортада) және механизаторлар Файзолла мен Ағыбай Ахметовтер.



ЖАҢА ӨНІМДЕР

Ақтөбенің хром қоспалары заводында қорғасынды-молибденді ұнтақтың тәжірибелік партиясы өндірілді. Ауыл шаруашылығы техникасына, ең алдымен «Дон» комбайнына арналған осы сыр Ленинградтың «Пигмент ғылыми-өндірістік бірлестігінің коллективімен бірлесіп жасалды. Сонымен бірге ақтөбеліктер ленинградтықтармен достық одақта сапалы сырлар өндірісін кеңейтудің жобасын әзірлеуде. Оны шығару екі есе көбейіп, жылына 5 мың тоннаға жетеді.

М. ПЕТРОВ.

Ақтөбе қаласы.

Digitized by Google

ШАҒЫН СЕЛОЛАР КӨРКЕЙТІЛУДЕ

Совхоз жұмысшыларының үштен бірі бөлімшелер поселкелерінде тұрады, сонда да олар дәнді дақылдардың 70 процентін, еттің жартысынан астамын және сүттің 30 процентінен астамын өндіреді. Олар өгін жинаудан басқа барлық жұмысты өз күштерімен орындайды. Бұл, әлбетте, шағын селоларды сақтап, дамыту пайдасына айтылған иланымды дәлелдер. Демек біз олар перспективасыз деп жарияланған кезді өткердік қой. Қазірде де олардың көпшілігінің орнында құрайлар қаулап өскен және бұрынғы фермалардың қазықтары қалған. Қаншама семья, қаншама механизатор мен малшы, шын мәніндегі қожайын осындай алды болжай білмеу саясатынан туған жерін тастап кетуге мәжбүр болды ғой. Сонда да ардагерлерімізге, алғашқы тың игерушілерге, шағын селолорда қалып, ыңғайсыз жағдайда тұрып, жерді өңдеген, балаларды тәрбиелеген барлық тұрғындарға алғыс айтуға тиіспіз.

Сайып келгенде, шағын селоларға деген қатынастың өзгергені жақсы ғой, бірақ ол сөз жүзінде қалып қоймасын. Бізде Дудаковка, Ермаковка және Соналы селоларын қайта түлету программасы, міне төртінші жыл жүзеге асырылуда. Совхоздың партия комитеті әкімшілікпен, кәсіподақ комитетімен және халық депутаттары Тагил селолық Советімен бірлесіп оны талдап жасады. Программаның басты мақсаты — жастардың шағын селолардан кетіп қалуына жол бермеу, олардың тұрғындарына қолайлы тұрмыс жағдайын жасау.

Осы істі бөлімшелерде бала бақшалар құрылысынан бастадық. Қазірдің өзінде олар Ермаковка мен Соналы поселкелерінде тұрғызылды. Бұл шаруашылық тәсілімен және бүкіл халықтың көмегімен жасалды. Бала бақшаларды сегіз жылдық мектептермен жапсарлас салып, оларды өзара өту орындарымен жалғастырдық. Мұнда алты жастағы балалар үшін кластар ашты. Бұған дейін балаларымен үйде отыруға мәжбүр болған әйелдер жұмысқа шықты. Бала туудың да көбейе түскенін айту керек. Өткен жылы бізде 54 бала туылды, бұл бұрынғыдан көп.

Сосын халықтың көмегімен үш селоның бәрінде магазиндер мен фельдшерлік-акушерлік пункттерге арналған жаңа үйлер салынды. Клубтар мен кітапханалар күрделі жөнделді, тұрғын үй құрылысы аса белсенді жүргізіле бастады.

Әрине, шағын селоларымызды көркейту және құрылыс салу жөнінен әлі де көп нәрсе жасауға тура келеді. Бұған тұрғындардың өздерін барынша көбірек тарту үшін, олардың белсенділігін көтеру үшін шағын селолар мерекесін өткізе бастадық. Қазір Урицкий ауданының елді мекендерінің бәрінде осындай мерекелер ұйымдастырылатынын және мұнда аудандық ұйымдар мен мекемелер үлкен көмек беретінін айту керек.

Тұрғындар мерекеге әзірлік барысында көшелерді, өз аулаларын ретке келтіреді, таңдаулы аулаға конкурс жарияланады. Совхоз құрылыс пен жөндеу жұмыстарына арналған қажетті материалдарды бөледі. Мәдени программа да әзірленуде, онда тұрғындардың өздері басты рольді атқарады. Мәдени программаны жүргізуші село тарихын зерттейді, ардагерлермен кездеседі, архивке жүгінеді. Әйелдер, ардагерлер советтері, идеология активі программаны әзірлеуге, селоны көркейтуге белсене қатысады.

Ардагерлер, алғашқы тың игерушілер, поселкелердің таңдаулы адамдары, көп балалы семьялар мерекелерде аталады. Ешбір әсірелемей-ақ былай деуге болады: бүкіл село концертке қатысады, әйелдер ұлттық тағамдарды дәмді жасау тұрғысынан жарысқа түседі. Еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін салтанатқа қатысушылардың бәрінің қуанышын, көңіл-күйінің өрлеуін, өз жерлестері үшін мақтаныш сезімін өткеретінін көре білу керек. Олардың көпшілігі ауыр да даңқты жолдан өтті. Интернационалды семьяларға аса жылы лебізді сөздер айтылады. Оның үстіне осы семьялар еңбек парызын да, ата-ана парызын да орындауда үлгі болып табылса, басқаша не деп айта аласың. Соналы селосында, мәселен, Қожалиновтердің еңбек әулетін шын лебізбен атады. Оның негізін қалаушылар — қазақ Біржан мен украин Марина Андреевна соғыс жылдары Украинада кездесті, міне жарты ғасыр дерлік уақыт бойы қазақ жерінде бақытты өмір сүруде. Төрт баланы тәрбиеледі, олар совхозымызда еңбек етеді.

Тыңды игерудің даңқты жылдарында қазақ Тұраш Төлегенов пен эстон Людмила Валентиновна Толпас, башқұрт Маният Мингазов пен орыс Зинаида Андреевна Васильева, қазақ Мәлік Шектібаев пен украин Зинаида Ивановна Ященко өз семьяларын құрды. Осы

Digitized by Google

ұйымшыл үлкен семьялар лайықты балаларды тәрбиелеп, оларды шаруа ісіне деген сүйіспеншілікке баули білді. Балалардың көпшілігі қазір совхозда ата-аналарымен қатар тұрып, еңбек етеді, орынды беделге ие болған. Мәселен, Марат Біржанұлы Қожалинов өзі дүниеге келіп, ер жеткен № 3 бөлімшенің басқарушысы болып сайланды. Ол Қостанай ауыл шаруашылық институтында сырттай оқиды. Өткен жылы механизаторлар алғашқы тың игерушінің ұлы Марат Маниярович Мингазовті өздерінің бригадирі етіп сайлады.

Мерекелерде, әрине, әр адамның өз селосы, тұтасынан совхозы үшін не жасай алатыны туралы іскер әңгіме қозғалады. Мәселен, жоғарыда аталған Соналы селосының тұрғындары типті мектеп құрылысына аса белсенді ықпал жасауды жақтап пікір айтты. Ал село жастары құрылыс бригадасын құру секілді игі бастаманың инициаторлары болып, тұрғын үй, техникаға арналған жылы ангар салуға көмектесті, ферманы қайта құруға қатысты.

Игі істер адамдарды жақындата түсуде. Поселкеде қоғамдық реттілікті ересекел бұзушылықтың жоқ екені кездейсоқтық емес. Мұнда адамдардың көпшілігі спортпен, көркемөнермен айналысады, ал домбыра оркестрі талапкер өнердің облыстық байқауының қорытынды концертіне қатысты. Өз қаржыларына қаза тапқан жауынгерлер обелискісін жасау туралы да шешім қабылданды, өздерінің депутаты Өстемір Төлегеновке осындай аманат тапсырды.

Совхоз басшылығы жұмыс күндерінде де шағын селолар туралы ұмытпайды. Оларды дамыту программасын орындау барысы идеология мәжілістерінде, селолық жиындарда жүйелі талқыланады.

Шағын селолар тұрғындарының сұранымы ескеріліп, үгіт-бұқаралық жұмысты да қайта құрдық. Партия комитетінің саяси баяндамашылары енді ай сайын бөлімшелерде сөз сөйлейді, ал олардың өздерінде үгіт коллективтері құрылған. Үгітші Д. Ә. Мәденованы айрықша атағымыз келеді. Дудаковка селосында бөлімше бухгалтері болып жұмыс істейтін Дина Әнуарқызы өзінің сезімталдығы, қайырымдылығы, істі білетіні және белсенділігі арқылы көршілерінің сый-құрметіне бөленді. Нақ ол селодағы мерекелерді жүргізеді. Өз жерлестерін жұмыс пен тұрмыста жете білетіндіктен үгітші ардагерлер туралы да, алғашқы тың игерушілер туралы да, жастар туралы да қызықты жайларды баяндап, әр семья туралы ең басты тебіреністі жайларды әңгімелей алады.

Д. Ә. Мәденова шаруашылық есепті жетілдіру, арендалық мердігерлікті енгізу жөніндегі жұмысқа белсене қатысады. Басқаларға қарағанда осы бөлімшеде осындай арендалық звенолардың көміл сеніммен жұмыс істеуі кездейсоқ емес. Ал бертінде бөлімшенің цехтық партия ұйымының коммунистері оны КПСС мүшелігіне кандидаттыққа қабылдады.

Біз көркемөнерпаздықты және халық творчествосын ұйымдастыруға да жаңаша қарадық. Оның байқауларын бүкіл жыл бойы өткіземіз. Әр коллектив мерекелердің біріне концерттік программа әзірлейді. Мәселен, мектеп — В. И. Ленинның туған күніне, бала бақша — 1 Майға, бөлімше — 9 майға, басқарма — Октябрьдің жылдығына арнап программа дайындады. Хор, би және басқа номерлер программаларда міндетті түрде болады. Коллективтердің бірде-бірі ұятқа қалдырымағанын атау керек. Совхоз коллективінің соңғы екі жылда көркемөнердің аудандық байқауында бірінші орын алуы кездейсоқ емес. Оқушылар да творчествомен белсендірек айналыса бастады. Ересектер мен балдырғандардың би тобы (жетекшісі Т. Н. Медведов), вокальды-аспапты ансамбль (жетекшісі П. Л. Зеленков) жұмыс істейді. Декоративті қолданбалы өнер жөніндегі оқушылар тобы (жетекшісі А. Н. Пряхин) халық творчествосының байқау-конкурстарына ұдайы қатысушы болып табылады. Аудандық өнер мектебінің филиалында сабақ өтеді.

Нижний Тагил қаласынан қамқорлық жасаушылармен мәдени байланысымыз бар, оның өкілдері біздің совхозымыздың негізін қалаған еді. Соңғы жылдары пионерлер сарайының делегациясы бізде болып қайтты, эстрада-хореография тобы тамаша жарқын концерттік программасымен біздің тұрғындарымызды қуантты, металлургтердің драма коллективі де спектакльдер қойды.

Шағын селоларды түлету жолында әзірше алғашқы қадамдар ғана жасалғанын жақсы түсінемін. Олардағы өмір жағдайы орталық усадьбадағы жағдайдан әлі де кейін қалуда. Дегенмен белгіленгеннің бәрін сөзсіз орындаймыз. Бүкіл совхоз коллективінің аса мүдделілігі мұның кепілі болып табылады.

Г. ИВАНОВ,
«Тагильский комсомолец» совхозы партия комитетінің секретары.

Қостанай облысы,
Урицкий ауданы.

Digitized by Google

Жастардың күш-жігерін бағыттай білейік

Бертінде Жезқазған облыстық партия комитетінің саяси оқу үйінде «Қалай тұрасың, жастар?» деген жалпы қалалық кеш-диспут өткізілді.

...Қалалық комсомол комитетінің секретары Сәуле Жүнісбекованың қобалжығаны байқалады: ол тілек білдірушілердің бәрі шақырылған кешті жүргізуші еді. Белгілі кестенің ауқымында қысылмайтындай жағдайда жастардың көкейтесті проблемалары жөнінен пікір алмасуы өтуге тиіс екені қарастырылды.

— Әр адам өзінің жан-дүниесінде туындаған жағдайлар туралы айтсын. Біз бүгінде жастарды толғандыратын мәселелерді біліп, бірлесе отырып, оларға жауап іздеуге тиіспіз. Түрлі пікірлердің туындауында тұрған ештеңе жоқ, бәріміздің шындыққа көз жеткізуіміз тартымды,— деді Сәуле. — Жалпы қалалық саяси клубтың моделін қалыптастыруға бүгін әрекет жасап көрейік, келешекте оның тұрақты болуы мүмкін.

Диспут ойлану үшін аса бай нәр берді. Мәселен, кезінде облыс орталығында Ауғанстанда өзінің интернационалдық парызын абыроймен орындаған жас жезқазғандықтар ескерткіші салынатын жерге мемориалдық тас қою туралы мүдделі әңгіме қозғалған еді. Дегенмен бір жыл өтті, ал нақты ілгерілеушілік жоқ.

Бұрынғы интернационалист-жауынгер В. Беликов, № 6 орта кәсіптік-техникалық училищенің балалары осы жайлы өкінішпен айтты. Сөйтсек, ескерткіш құрылысына қаржы аз жиналғаны анықталды. Кешке қатысушылар жалпы қалалық сенбілік ұйымдастырып, қажетті мөлшердегі ақша табуды ұсынды.

— Жасөспірімдерді еңбекке орналастыру — әзірше мұнда шешілмей отырған проблема, деді мектептер мен орта арнаулы оқу орындарының оқушылары. Алайда шаруашылық қызметкерлері мұндай қатынас жасауға соншалықты ықылас білдіре бермейді. Ал демек СССР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитетінің, СССР-дің халыққа білім беру жөніндегі мемлекеттік комитетінің ВЦСПС секретариатының және ВЛКСМ Орталық Комитеті секретариатының қаулысымен өткен жылдың өзінде жасөспірімдерді 14 жастан оқудан бос уақытында еңбекке орналастыру мүмкіншіліктері туралы ережені бекіткен еді. Жергілікті жерлерде түрлі желеулермен балаларды жұмысқа орналастырудан бас тартады. Қалалық комсомол комитеті жасөспірімдерді еңбекке орналастырудың қалалық штабын құру жөніндегі жұмысты бастады.

Қайсыбір жастар аудиториясындағы ең осал мәселе, әрине, бос уақыт мәселесі. Мұны толығынан түсіндіруге болады, өйткені жасөспірімдер үшін құрбыларымен араласу, өздерін көрсете білу ұмтылысы жастық дүниетанымның тұтас дүниесін бейнелейді. Алайда жас адамдардың көпшілігі бос уақыт проблемасын бірыңғай тұтынушылық, масылдық позиция тұрғысынан қабылдайды, былайша айтқанда, «бәрін дайын күйінде қабылдауға» әзір. Сонымен бірге қалалық комсомол комитеті жанындағы жастардың әуесқойлық бірлестігінің шаруашылық есеп қоры қайсыбір қызықты инициативалар мен идеяларды ұйымдық, әлбетте, финанс жағынан қолдауға әзір. Демек қор председателі Мирослав Бойчук тілек білдірушілердің бәрін ынтымақтасуға шақырды. Қор қазірдің өзінде музыка мен театр өнері әуесқойларының клубтарын,шаруашылық есептегі компьютерлік орталықты, мүдделілік жөніндегі басқа бірлестікті қамтиды.

Жезқазғанда «Қайта құру және жастар» тақырыбындағы бірыңғай саяси күн кезінде жастар аудиториясында осы тұрғыдан жастардың әлеуметтік әлеулі инициативалары, оның талапкер бірлестіктері, қоғамдық пікірді зерттеу туралы әңгіме қозғалды. Сосын облыс орталығының аулалық клубтары мен видеосалондары бойынша рейдтер өткізілді...

«Қалай тұрасың, жастар?» жалпы қалалық кеш-диспут идеологиялық үзбедегі өзіндік буынға айналды, оның бағыты — жастармен тура ашық әңгімелесу, ал ең бастысы — жастарды әлеуметтік-белсенді қызметке, қайта құруға қатысуға тарту. Жастар аудиториясымен араласу көрсеткеніндей, көптеген жас адамдардың қоғамда өтіп жатқан әлеуметтік-мәдени өзгерістер туралы хабардарлығы шамалы. Мұның өзі тағы да иланымды баяндап отырғанындай, түрлі тақырыптар бойынша идеология активі өмірінің өзі ұсынған кездесулерді, әңгімелерді, жастармен пікірталасты мүмкіндігінше жиірек өткізу, араласу мен байланыс жасаудың басқа формаларын іздестіру керек.

А. БЕЛАШ,
«Джезказганская правда» газетінің қызметкері.
Жезқазған қаласы.

Digitized by Google

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРДЫҢ ЖАҢА МЕЖЕЛЕРІ

Құрылысшылар еңбегі өнеркәсіп орындарынан, транспорт магистральдарынан, тұрғын үйлерден, мектептерден, ауруханалардан және біздің қоғамымыздың өмірін, экономика мен мәдениеттің дамуы мүмкін болмайтын көптеген басқа объектілерден көрінеді. Осының бәрі сала еңбекшілерінің көп миллиондық отрядының өте-мөте жоғары жауапкершілігін анықтайды.

Қазір қазақстандық құрылысшылар бір күн ішінде 19 миллионнан астам сомның құрылыс-монтаж жұмысын орындайды. Еңбек өнімділігі өсуде. Егер 1970 жылы 1 миллион сомның құрылыс-монтаж жұмысын 99 жұмысшы орындаса, енді 1988 жылы оны 86 жұмысшы атқарды.

Алайда құрылыстағы істің жайы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының бүгінгі міндеттеріне сәйкес келіп отырған жоқ. КПСС XXVII съезінде атап көрсетілгеніндей, салада ұзақ жылдар ішінде шешілмеген көптеген проблемалар қордаланып қалды және барлық шараларды — шаруашылық пен ұйымдық шараларды пайдалана отырып, оларды дереу шешу керек. Объектілерді салу мерзімдерінің ерескел бұзылуы, олардың қымбаттауы, аяқталмаған құрылыс, орнатылмаған жабдықтар қорының тым жоғары болуы ел экономикасына ауыр ауыртпалық болып түсуде. Бертінде өткен СССР халық депутаттарының алғашқы Съезінде де құрылыс комплексінің бүкіл қызметін дереу қайта құру қажеттігі туралы үлкен алаңдаушылықпен айтылды.

Осындай жұмыс жүргізіліп жатқанын да айту керек. Күрделі құрылыстың негізгі мәселелеріне басшылық жасаудың бірыңғай органын құру осы жолдағы маңызды қадамға айналды. Біздің республикамызда бірқатар министрліктер мен ведомстволардың базасында Қазақ ССР-інің одақтық-республикалық Мемлекеттік құрылыс комитеті құрылды. Ол республиканың құрылыс комплексінде жетекші позиция ұстады және құрылыс конвейерін жекелеген бөлімдерге бөлетін ведомстволық бытыраңқылықты жоюға міндетті.

1988 жылдан бері сала ұйымдары мен кәсіпорындарының бәрі толық шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыру жағдайында жұмыс жасайды, демек олардың қыруар бөлігі табысты нормативті бөлуге ауысты. 35 ұйымда ішкі өндірістік банктер құрылды. Құрылыс-монтаж басқармалары өндіріске арналған шығынды оперативті бақылаудың чектік формасын қолданады. Он бір мемлекеттік-акционерлік трест пен жобалау-құрылыс бірлестігі жұмыс жасайды. 165 ұйым мен кәсіпорын, соның ішінде 5 жобалау-құрылыс бірлестігі мен төрт трест арендалық мердігерлік жағдайында еңбек етеді.

Осындай жағдайда құрылысшылардың социалистік жарысы түбегейлі түрде өзгертілуде. Сапа көрсеткіштері оның негізіне алынуда. Бұл — коллективтердегі еңбек өнімділігі өсімінің қарқыны, рентабельділік деңгейі, материалдық және отын-энергетика ресурстарының маңызды түрлерін үнемдеу, жалпы сырқаттану дәрежесін кеміту және басқалар.

Жаңаша жұмыс істеудің алғашқы нәтижелері қуантады. Демек шаруашылық есептің екінші моделі бойынша жұмыс жасайтын ұйымдар үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсанында пайда жоспарын қызметтің барлық түрі бойынша 129 процент, соның ішінде мердігерлік қызмет жөнінен 128,4 процент орындады, осы топ бойынша құрылыс өндірісінің рентабельділігі тұтасынан саладағы 17,7 проценттің орнына 19,7 процент құрады.

Қазақ ССР Мемлекеттік құрылыс комитетінің коллективтері бесжылдықтың үш жылы мен үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсанында 200-ден астам маңызды объекті мен қуатты іске қосты. Жалпы алаңы 8,3 миллион шаршы метр тұрғын үй (жоспардың 105 проценті), 114 мың орындық жалпы білім беретін мектеп (101,3 процент), 40,4 мың орындық мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері, (102,6), 5213 төсектік аурухана, (114), күніне 14,1 мың адамды қабылдайтын емхана (115), 3740 орындық кәсіптік-техникалық училище (117 процент) берілді. Мердігерлік құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 102 процент, соның ішінде өз күштерімен 101,7 процент орындалды. Шаруашылық есептің екінші моделі бойынша жұмыс жасайтын ұйымдарда бесжылдықтың үш жылы ішінде бір қызметкердің жұмыс нормасы 47,5 процент көтерілді.

Саланың өнеркәсіп орындары жоспарды товарлы өнім шығару жөнінен —111,6, керамзит жөнінен 102,7, құрастырмалы темір-бетон жөнінен 98,6 процент орындады. Еңбек өнімділігі тапсырмадағы 12,5 проценттің орнына 21,1 процент өсті. Халыққа ақылы қызмет көрсету жөніндегі тапсырма орындалды.

Монтаждау және арнаулы құрылыс жұмыстары министрлігінің коллективтері 1988 жыл-

13 август — Құрылысшы күніне.

Digitized by Google

ӨСКЕМЕН. Өскемен мен Армения арасында жүк және темір жол қатынасы жолға қойылды. «Востокоблагропрометрой» бірлестігінен Армениянның Арарат ауданының шағын Цылкар поселкесіндегі вахталық бригада айына екі рет ауысады. Кенді Алтай өкілдері мұнда тұрғын үйлер тұрғызады. Адамдар алғашқы бес үйге қоныстанды, тағы 15 үйді тапсыруға әзірлік аяқталып келеді, 192 орындық мектеп, бала бақшалар, өндірістік объектілер құрылысы басталды. Шығыс қазақстандықтар екі жыл ішінде 7 миллион сомды игеруді ұйғарды.

СУРЕТТЕ: Тоғай Зульфиевтің комсомол-жастар бригадасы Цылкарда селолық клубты тұрғызуда.

Суретті түсірген В. ВОРОТНИКОВ (ҚазТАГ)



дың жоспарын мердігерлік жұмыстар бойынша 20 декабрьге, ал үш жылдың жоспарын 28 декабрьге орындап шықты.

Мемлекеттік құрылыс комитеті ұйымдары мен кәсіпорындарында қызметтің барлық түрі бойынша пайда 81,9 миллион сомға немесе 30,5 процентке көбейді. Монтаждау және арнаулы құрылыс жұмыстары министрлігінің ұйымдары өткен жыл нәтижелері бойынша бюджетке 133 миллион сом аударды, мұның өзі бесжылдық жоспарда қарастырылғаннан үш миллион сом көп.

«Кокчетавстрой», «Кустанайжилстрой», «Чимкентжилстрой» жобалау-құрылыс бірлестіктерінің, «Актюбстрой», «Алма-Атагорстрой», «Казметаллургстрой», «Каэтяжэкскавация», «Казмедьстрой», «Кустанайжилстрой», «Павлодарстрой», «Чимкентпромстрой», «Соколоврудстрой» трестерінің, Қарағандының «Карагандажилстрой» жобалау-құрылыс бірлестігі комбинатының, Павлодар үй құрылысы комбинатының, «Югстройконструкция» өндірістік бірлестігінің, Павлодар ағаш ұқсату комбинатының, Павлодар картон-руберойд заводының, Жамбылдың темір-бетон конструкциялары заводының, «Казмрамор» комбинатының коллективтері, партия және кәсіподақ ұйымдары ортақ нәтижеге үлкен үлес қосуда.

Салада таңдаулы коллективтер атағына ие болған учаскелер мен бригадалар жоғары өнімді еңбек үлгісін көрсетуде. Бұлар — «Алматы үй құрылысы комбинаты» жобалау-құрылыс бірлестігінен СССР халық депутаты Қ. Шопанаев, «Каратаухимстрой» трестінен К. Әбдікерімов, «Джамбулхимстрой» трестінен Р. Фельхе, «Уральскпромстрой» трестінен А. Шацкий, «Тургайалюминстрой» трестінен З. Уәлиев, Павлодар үй құрылысы комбинатынан П. Войчук пен Н. Лысенко, «Алмаатакультбытстрой» трестінен А. Верстаев пен А Дик, «Химстрой» трестінен В. Рожков, «Ермакферросплавстрой» трестінен Б. Буянов, Қостанай темір-бетон бұйымдары комбинатынан В. Попов, «Кайрактытяжстрой» трестінен А. Юшков, Алматының «Казремтсройманш» трестінен И. Христовериди, Павлодар картон-руберойд заводынан А. Ковалев, «Гурьевнефтехимстрой» трестінен К. Мазанов басқаратын коллективтер. Монтаждау және арнаулы құрылыс жұмыстары министрлігінің ұйымдарында «Казпромтехмонтаж» трестінен В. Васюхин, «Казстальмонтаж» трестінен В. Дронов, «Казпромвинтиляция» трестінен П. Беляев пен А. Решхе, «Казахвзрывпром» трестінен Б. Баранов пен П. Руднев, «Казахххимэлектромонтаж» трестінен В. Ефимов, «Казсантехмонтаж» трестінен К. Ким, «Казтеплоизоляция» трестінен Г. Файзрахманов басқаратын бригадалар еңбекте аса жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді.

— Бұлар — өз ісінің шынайы шеберлері, еңбек пен өндірісті ұйымдастырудың жаңа формаларын белсенді жүзеге асырушылар. Мысалы «Семипалатинскжилстрой» жобалау-құрылыс бірлестігінен Г. Шмидтің бригадасын алайық, ол арендалық мердігерлікке ауысып, үстіміздегі жылдың бес айы ішінде 2 миллион 125 мың сомның құрылыс-монтаж жұмыстарын орындады. Жұмыс нормасы (пайдадан бөлінгені) өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда екі еседей өсіп, 7.190 сом болды. Айлық орташа жалақы 530—550 сомға жетті. Құрылыс мерзімі қыруар қысқарды. Демек, 120 пәтерлі тұрғын үй нормадағы он айдың орнына алты ай ішінде салынды.

Осылай жұмыс істеу дегеніміз бүкіл құрылысты сапалық жағынан жаңа деңгейге көтеру деген сөз. Бұл үшін орын алған кемшіліктерді үзілді-кесілді жою керек, ал олар көп-ақ. Құрылыстарда оралымсыздықтардан, материалдық-техникалық жабдықтаудағы ірікілістерден, еңбек пен өндірістік тәртіпті бұзудан қаншама уақыт ысырабына жол беріледі. Республиканың Мемлекеттік құрылыс комитетіне бағынысты ұйымдарда ғана өткен жылы жұмыс уақытының өнімсіз ысырабы 150 мың адам-күндей құрады, олардан 35,5 мыңы қыдырымпаздықтан және 57 мыңы әкімші-

Digitized by Google

ліктің рұқсатымен жұмысқа келмеушіліктен болды.

Жұмыс сапасы қаншама реніш тудырады. Өткен жылы ақаудан келген тікелей шығынның бір ғана өзі 339 мың сом құрады.

Төмендегідей цифрлар пайдаланылмаған үлкен резервтер туралы көрнекі әңгімелейді: айып салуларға, өсімдерге, шаруашылық шартын бұзуға байланысты төленген тұрақсыздық айыбына 12 миллион сомдай, объектілерді дер кезінде іске қоспағаны үшін 2 миллион сомдай және вагондар іркілістері үшін 2,7 миллион сомдай кетеді. Осы мәселелердің бәрі кәсіподақ комитеттерінің назарында болуға тиіс. Оларды жұмысшы жиналыстарының, еңбек коллективтері советтері мәжілістерінің талқылауына жүйелі ұсыну, жауапсыздық пен ысырапшылдыққа жол берген адамдарға нақты ықпал жасау қажет.

Объектілерді дер кезінде іске тапсырмау салдарынан зор нұқсан келтіріледі. Өткен жылы Ақжал кен байыту комбинатының ірі панельді үй құрылысы заводы, Шилісай фосфорит руднигі, «Қаратау» бірлестігінің түйіршік фабрикасы, Шымкент пен Целиноградтағы трикотаж фабрикалары, Үштөбеде тоқазытқыштар берілмеді. Әрине, кейбір объектілерді жабдықтармен қамтамасыз етпеген заказ берушілердің де мұнда кінәсі бар, дегенмен құрылысшылар мен монжатшылар коллективтеріне үлкен жауапкершілік түседі.

Еңбектегі табыс оның жағдайынан, денсаулықты қорғаудан, адамдардың тұрмысын жайластыру туралы қам-қарекеттен ажырамайды. «Тұрғын үй-91» программасын жүзеге асыру нәтижесінде құрылысшылар мен монтажшыларды көптеген жылдар ішінде алғаш рет пәтерлермен қамтамасыз етудің, былайша айтқанда, тұйықтан шығарудың сәті түсті. Пәтер кезегінде тұрған 74.806 семьядан 36 мыңы немесе 48 проценті екі жыл және бес ай ішінде тұрғын жағдайын жақсартты. Бірқатары құрылыстар мен кәсіпорындарда, мәселен, Сәтөбе цемент заводында, «Казсантехмонтаж», «Карагандасантехмонтаж», «Казтеплоизоляция» трестерінде жұмыс графиктен бір жыл алда келеді. Алайда, бірқатар құрылыс ұйымдарында «ұста пышаққа жарымастың» кері келіп отыр және «Тұрғын үй-91» программасын жүзеге асыруға кіріскен жоқ. Бұлар «Алматастрой», «Карагандацемент» бірлестіктері, Қарағанды үй құрылысы комбинаты, «Уральскпромстрой» тресі және басқа бірқатар кәсіпорындар. Меншікті құрылыс әлсіз жүргізілуде — үстіміздегі жылдың басынан бері осындай әдіспен небары 164 пәтер салынды, немесе тапсырманың 4 проценті орындалды. Тұрғын үй құрылысына көңіл бөлуді бір күнге де бәсеңдетуге болмайды.

Өткен жылы ғана еңбекті қорғауға 29 миллион сом жұмсалды, мұның барысында әйелдер еңбегін қорғауға көп көңіл бөлінеді. Зор өкінішке қарай, нақ құрылыста жұмысшы әйелдердің өте үлкен бөлігі ауыр жұмыстарда істейді. Сонымен бірге құрылысшыларға салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайын жасау жөніндегі мәселелерді шешу барысында әлі де көптеген кәсіпорындар мен кәсіподақ комитеттері жетекшілері бұған қосалқы іс ретінде қарап, немқұрайдылық пен енжарлық көрсететінін көрмеуге болмайды. Бертінде Мемлекеттік құрылыс комитеті мен республикалық кәсіподақ комитеті президиумының мәжілісінде осындай әрекеттер үшін «Тургайалюминстрой», «Зыряновскстрой», «Капчагайстрой» трестері мен «Карагандажилстрой» жобалау-құрылыс бірлестігінің басқаушылары В. Мейстер, И. Крупко, В. Едуков, В. Фесько өткір сынға алынды.

Құрылысшылар өздерінің кәсіптік мерекесін өздері үшін қауырт кезде қарсы алуда. Көбіне-көп жылдық жоспар тағдыры осы күндерде шешіледі және келесі жылдың программасын талдап жасау аяқталып келеді. Республиканың Мемлекеттік құрылыс комитетіне бағыныстысы кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша ол 319 миллион сомға артық белгіленуде немесе өсім 66,6 процент болады. Сонымен бірге он үшінші бесжылдыққа арналған жоспарды талдап жасау барысында да мемлекеттік заказға, әлеуметтік жүйеге, өнеркәсіптің ұқсатушы салалары мен халық тұтынатын тауарлар шығарумен айналысатын объектілерге, азық-түлік программасын орындауға басым бағдар берілуде. Өндірістік құрылысты 30—40 процент қысқарту және әлеуметтік жүйе құрылысын 50 процент көбейту қарастырылуда. Теңіз мұнай-газ комплексі мен Қайрақты кен-металлургия комбинаты бойынша жұмыс көлемін үдете түсу бірінші кезекті іс болып табылады.

Осының бәрі кәсіподақ ұйымдарына, барлық еңбек коллективтеріне күрделі құрылыстың барлық буынындағы қайта құруды жеделдету, өсім резервтерін іске қосу үшін үлкен жауапкершілік жүктейді.

В. ИВАННИКОВА,
құрылыс пен құрылыс материалдары өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағы республикалық комитетінің секретары.

Digitized by Google

ҚЫЗЫЛША ШЫҒЫМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРА БЕРЕЙІК

Бізге техникалық және майлы дақылдар қант, тамақ, техникалық және өсімдік майын, мата, жем және ондаған басқа бағалы өнімдерді береді. Республикада осы дақылдар жарты миллион гектардай егістікті алып жатыр. Алайда, оларды дайындау тұтасынан елдегідей, республикада ұқсатушы өнеркәсіп пен халықтың қажетін өтемейді. Мемлекет шетелдерден шамамен төрт миллион тонна қант шикізатының шала фабрикатын және бір миллион тоннадан астам өсімдік майын сатып алуға мәжбүр болып отыр. Осының өзінде бізде жан басына шаққанда 10 килограмдай, ал басқа елдерде 18—20 килограмм, немесе 2—2,5 есе көп өсімдік майы тұтынылады. Қантқа келсек, өткен жылы оны тұтыну Қазақстанның бір тұрғынына шаққанда 42 килограмға жетті, тамақтың ұсынылатын нормасы 32 килограмм немесе одан 1,3 есе асып түседі. Салыстыру үшін мынаны айталық: шетелдерде жан басына оны 25 килограмнан тұтынады. Сонда да бізде қант жетіспейді, оны талон бойынша бөлуге тура келеді.

Осы проблеманың аса өзекті екенін ескеріп, редакция агроөнеркәсіп комплексінде жұмыс істейтін үгітшілер мен саяси хабаршыларға көмек ретінде республикада техникалық және майлы дақылдар өндірісін ұлғайту жолдары туралы материалдарды журналдың таяудағы номерлерінде жариялауды жоспарлауда.

Бүгінгі мақала қант қызылшасына арналады.

Республикада қант қызылшасын өсірумен Алматы, Жамбыл және Талдықорған облыстарының 17 ауданында орналасқан 120 шаруашылық айналысады. Сегіз қант заводы оны ұқсатады. Республикада өсірілетін шикізаттан жылына 100 мың тоннаға дейін қант өндіріледі. Осының есебінен біздің қажетіміздің 25 проценті ғана өтеледі. Демек, өндірісті үдеткен үстіне үдете түсу керек.

Біздің қызылша өсірушілеріміз еліміздегі қант қызылшасынан аса жоғары өнім — гектарына 850 центнерден өнім алушы еді. Алайда біз бұдан 18—20 жыл бұрын жеңіп алған позициядан жедел айырыла бастадық. Сөйтіп, өткен бесжылдық пен үстіміздегі бесжылдықтың үш жылының жоспарлы тапсырмаларын Талдықорған облысы Алакөл ауданының совхоздары ғана орындап шықты. Мұнда осы тұста әр гектардан орта есеппен 320 центнерден қызылша жиналды, тоғыз жылдық жоспар дерлік орындалды.

Үстіміздегі бесжылдықта шығымдылық республика бойынша орта есеп пен он бірінші бесжылдықтағы 258 центнердің орнына 302 центнер болды, ал 1988 жылы гектарына 316 центнерден жиналды. 1988 жылы қызылша егуші жеті шаруашылық гектарына 500 центнерден өнім жинады. Жамбыл облысының «Пионер» совхозы (директоры Т. Жапаров, бас агрономы А. Есенаманов), Алматы облысының «Қаскелең» совхозы (директоры М. Калинин, бас агрономы В. Новиков), Жамбыл облысының Рысқұлов атындағы (бұрынғы Жданов атындағы) колхозы (А. Момынов пен Р. Сүлейменов) үздік нәтижелерге қол жеткізді.

Озат қызылша өсірушілердің, өз ісінің түбегейлі шеберлерінің еңбегі зор сый-құрметке лайықты. Олардың таңдаулы нәтижелері мынадай:

Звенолар жетекшілері	шаруашылықтар	егіс алаңы (га)	шығымдылық, центнер
Ниязходжаев Т.	«Георгиев»	60	727
Алмабаева К.	«Октябрь»	25	676
Гайнудинова Г.	Фрунзе атындағы	12	639
Тілешев Ш.	«Пионер» (бәрі Жамбыл облысынан)	100	610
Мұсанов М.	«Жанама» (Талдықорған облысы)	70	601
Мекебаева Б.	«Рассвет» (Алматы облысы)	20	598
Райских А.	«Қызылту» (Талдықорған облысы)	40	523

Digitized by Google

Озық шаруашылықтар мен звенолар тәжірибесі саланың мол мүмкіншіліктерін көрсетеді. Алайда сол мүмкіншіліктер тым жетімсіз пайдаланылуда. Жекелеген колхоздар мен совхоздар ғана оны тұрақты жүргізеді. Республика он сегіз жыл ішінде қызылшаны сатып алу жоспарын небары төрт рет — 1972, 1978, 1981 және 1988 жылдарда орындады. Сала рентабельділіктен зиян шегушіге айналды. Соның салдарынан 1 килограмм қанттың өзіндік құны 93 тиынға жетті, ал ол халыққа 78 тиыннан өткізіледі. Мемлекет қант қызылшасы өндірісіне жыл сайын 15 миллион сомдай дотация беруге мәжбүр болған.

Талдықорған облысында іс өте-мөте жайсыз, ол соңғы үш жыл ішінде 416 мың тонна немесе бір жылдық тапсырма мөлшерінде дерлік берешек болып қалды. Мұның өзінен 40 мың тоннадан астам қант өндіруге әбден болады — ыңғайлы норма бойынша ол 1 миллион адамға жетер еді.

Осыншалықты қанағаттанғысыз жағдай, негізінен, қызылшаның дұрыс ауыспалы егістігін жете бағаламаудан, дақылдарды алмастырудың сақталмауынан, оларда қызылшаның басым болуынан туындаған. Мұнда республиканың ғылыми мекемелерінің келеңсіз роль атқарғанында күмән жоқ. Олардың ауыспалы егістікте қант қызылшасын 50 процент және одан да көп мөлшерде өсіру мүмкіндіктері туралы ұсыныстары өзін мүлдем ақтамады. Өз тарапынан, совхоздар мен колхоздардың мамандары жоспарлы тапсырманың қатаң қыспағын өткере отырып, бұл тұрғыдан ауыспалы егісте қызылшаны 80 процентке, ал кейбір шаруашылықтарда 100 процентке дейін жеткізіп, жалған жолға түсті, сөйтіп, плантацияны дара дақыл егістіктеріне айналдырды.

Осының салдарынан жер көптеген зиянкестермен, кеселдермен, әсіресе тамыр шірігімен, қызылшашылар арасында тамыр түйнектің «қауғалы» деп аталатын қызыл шірікпен зақымдалған болып шықты. Егістік кеселдері шығымдылықты 50—70 процент, кейде одан да көп кемітеді, көбіне олар егістіктің толық құрып кетуіне соқтырады. Осы кеселдер жылдан-жылға үдеп, барған сайын жаңа алаңдарды қамтыды. Егер 1972 жылы тексерілген алаңның 9,8 проценті тамыр шірігімен зақымдалса, енді 1984 жылы ол 41 процентке жетті.

Егістіктің зақымдалуының үдей түсуі ауыспалы егісте дақылдарды алмастыру кезегін сақтамаумен қатар көбіне-көп суармалы жердің қанағаттанғысыз мелиоративтік жайымен байланысты. Демек, қазір ауыспалы егіске тартылған 211 мың гектар егістіктің 47 мың гектары мелиоративтік тұрғыдан жақсартуды талап етеді. Тағы 87 мың гектары суару жүйесін қайта құруды және сумен қамтамасыз етуді жақсартуды, ал 66 мың гектары күрделі жоспарлауды қажетсінеді, яғни бұл егістіктің үлкен бөлігі. Осыған қарамастан Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің ұйымдары оныншы бесжылдықта жерді мелиоративтік тұрғыдан жақсарту жоспарын небары 20 процент, он бірінші бесжылдықта — 36 процент орындады. Мұндай жағдайда шаруашылықтар көлемді алқапқа қызылшадан кейін қызылша егуге немесе оны бұл үшін жарамды, бірақ жүйелі суландыру жүйесі жоқ жерлерге орналастыруға мәжбүр болуда.

Республикада он бірінші бесжылдық жылдарында жылына орта есеппен қант қызылшасы егістігінің жартысына жуығы қызылшадан кейін, олардан 25 процентін үш жылға дейін, 25 проценті — үш жылдан астам орналастырылды. Осының бәрі кейбір аудандарда қызылша себу үшін жердің мүлдем жарамсыз болып қалуына соқтырды. Жамбыл облысының Жамбыл, Қордай және Шу аудандары, Талдықорған облысының Киров және Талдықорған аудандары шаруашылықтарының көпшілігінде қызылша шаруашылығын жүргізу іс жүзінде мүмкін емес, ұдайы зиян шектіреді. Ал демек, тым бертінде Шу мен Қаратал алқабының егістіктерінде қант қызылшасынан рекордты өнімдер алынған еді, енді мұнда өнімнің төрттен үші шіріп кетеді, қызылша өсірушілер гектарына небары 100—150 центнер, оның үстіне жартысына жуығы зақымдалған және қант құрамы шамалы тамыр түйнек жинайды. Сонымен бірге егіншілер қант қызылшасын өсіруден уақытша босатылған танаптарда күздік бидайдан, дәндік жүгеріден сояның майлы тұқымынан жоғары өнім алады. Демек, мұның өзі ауыспалы егісті қатаң сақтау керектігін тағы да баяндайды.

Қант қызылшасын өсіру агротехникасы мен технологиясын бұзу үлкен нұқсан келтіреді. Мәселен, зябь көтеру бүкіл егіс алқабында жүргізілмейді және тағайындалған мерзім сақтала бермейді. Аңызды сыдыра жырту, ағымдағы жоспарлау және жартылай пар үлгісіндегі күзгі ұқсату секілді агротехникалық шаралар жарым-жартылай орындалады. Ал егістікті қандыра суару алаңның үштен бірінде ғана орындалады, осыдан барып өсімдік сирек шығады. Өсімдіктердің қаптай түптену мерзімдері ұсынылған мерзімнен 2—2,5 есе асып түр-

Digitized by Google

седі, осыдан барып өсімдік баяу өсіп, жетіледі, кеселдерге оңай ұшырайды. Мұның өзі еңбекті өте көп керек ететін осы процесті механикаландыруға арналған машиналарды жедел жасауды талап етеді.

Агрохимиялық қызмет көрсету де тиісті дәрежеде болып отырған жоқ. Жамбыл облысында, мәселен, соңғы жылдары қант қызылшасының әрбір оныншы гектарына ғана органикалық тыңайтқыш енгізілді. Құнарлылық отряд-тары деп аталатын звенолар көбіне танапқа шіріндінің орнына балшықты, құмды, қоқысты, құрылыс пен металл қалдықтарын төгіп, оны ластайды. Көптеген шаруашылықтарда көлемді мөлшердегі азот пен фосфор орынды жұмсалмайды.

Осының бәрі — қызылша шаруашылықтарындағы ұзақ тоқыраушылық жылдарының салдары, ол кезде егіншілер көбіне салауатты пікірге қарамақарсы қимылдауға мәжбүр болды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Бюросының инициативасы бойынша былтыр саладағы істің жайына терең талдау жасалды. Қызылша өсірушілердің және республиканың Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті ғылыми мекемелерінің аса белсенді қатысуы арқылы 1995 жылға дейін қант қызылшасы өндірісінің және қант өндірудің комплексті программасы талдап жасалды. Егіс алаңдарын, өндірісті және өнім дайындауды ықпайластыру жөнінен ғылыми жағынан негізделген ұсыныстар онда өз көрінісін тапты. Олар 1995 жылға дейін мынадай мөлшерде: егіс алаңы 40 мың гектар деңгейінде болады, яғни екі есе қысқартылады, өндіріс — 1.278 мың тонна, ал дайындау — 1.200 мың тонна мөлшерінде тиянақтандырылды.

Алайда егістік көлемін қысқарту қант өндірісінің құлдырауына соқтырмауға тиіс. Тұтасынан бірқатар шаруашылықтардың мысалынан көрініп отырғанындай, шағын алаңдардан да аса көп мөлшерде шикізат алуға болады. Мәселен, Жамбыл облысы Свердлов ауданының Ленин атындағы колхозы былтыр егістікті 700 гектардан 400 гектарға дейін қысқартты. Ал мемлекеттік заказды (ол азайтылмаған еді) 165 процент орындап, жоспардан тыс 7,5 мың тонна тәтті түйнек сатты.

Қызылша шикізатының сапасын арттыру қанттың қыруар өсімін беруге тиіс. Өткен жылы қызылшаның қанттылығы базистік 12,5 проценттің барысында 12,6 процент құрады. Дегенмен, көптеген шаруашылықтар көрсеткіштері анағұрлым төмен — алматылықтарда — 11,9, жамбылдықтарда —12,1 процент құрады, ал талдықорғандықтарда ол 13,2 процент болды. Барлық шаруашылықтардың республикалық орташа деңгейге көтерілуі барысында қосымша кемінде 4 мың тонна қант алуға болады.

Белгіленген программа жақсы ойластырылған шаралар комплексін қарастырады. **Олардың алғашқысы — ауыспалы егісті ретке келтіру.** Мұнда да қызылша өсірушілер өздерінің шешуші сөзін айтуға тиіс, енді олар егістікті дербес игере алады. Жердің жайын жедел жақсарту мақсатында ауыл шаруашылығы органдарына оны бұрынырақта өсірген шаруашылықтарда қалпына келтіру ұсынылды.

Екінші — істі осы заманғы деңгейде жүргізуді қамтамасыз ететін интенсивті технологияны енгізу. Қазір олар бүкіл алаңда қолданылуда, әйтсе де әрдайым тиімді болып отырған жоқ.

Үшінші — ғылыммен байланысты нығайта беру, ғалымдардың танаптың ластануымен күрес жүргізу жөніндегі ұсыныстарын пайдалану. Мұнда Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтының ротациясы қысқа және қызылша егістігі қара бидаймен алмастырылып егілетін арнаулы фитосанитарлы ауыспалы егісті жүргізу жөніндегі талдаулары жақсы қызмет атқара алады. Осының арқасында Алматы облысының «40 лет Казахстана» колхозында 1983—1987 жылдары егістіктің тамыр шіріндісімен зақымдалуы 29 проценттен 13 процентке дейін кеміді.

Үстіміздегі жылы 44,8 мың гектар алқапта қызылша егілді, оны 1.418 тонна (гектарына 317 центнерден) өндіру, ал осы өнімді 1.302 мың тонна дайындау белгіленді.

Бүкіл егіс алаңына таңдаулы алғы дақылдан кейін бірінші класты тұқым себілді, 300 мың тоннадай органикалық тыңайтқыш енгізілді. Қызылша екпейтін шаруашылықтарды өндіріске тарту және қызылша өсірмейтін аймақтар жерін пайдалану есебінен 5 мың гектарға жуық қызылша егілді. Биыл программада қарастырылғанға қарағанда егіс алаңы жоғары болу фактісін нақ осылай түсіндіруге болады.

Көктемгі салқынға қарамастан бүгінде егістіктің басым бөлігінің жайы жақсы әрі қанағаттанарлық деп бағалануда. Қызылша өсірушілер бүкіл күш-жігерін бітік өнім алуға жұмылдыруда. Олардың еңбегі еселеп өтеледі деуге кәміл сеніміміз бар.

В. ДМИТРОВСКИЙ,
Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті техникалық және майлы дақылдар басқармасының бастығы.

Digitized by Google

СӨЗ СӨЙЛЕУДЕГІ ЛОГИКА

Логика білімін, заңдарын терең білмейінше ауызша сөйлеу дәлелділігіне, иланымдылығына қол жеткізу мүмкін емес. Онсыз логикалық қарама-қайшылықтан да арыла алмайсың. «Әрине, логикалық тұрғыдан дұрыс ойламаған жағдайда, — деп атап көрсетті В. И. Ленин,—«логикалық қайшылық» экономикалық талдауда да, саяси талдауда да болуға тиіс емес».

Бүгінде насихатшылардың логикалық білімінің маңызы сондай өсіп келеді. Бұл, біріншіден, үгіт пен насихатта талдау жасауға, қоғамдық дамудың түбегейлі процестерін ашуға, қайта құру барысының диалектикасына, дүмшелікті, дайын тұжырымдарды формальды қабылдауды үзілді-кесілді болдырмауға көп көңіл бөлудің талап етілуімен байланысты. Біздің үгітіміз мен насихатымыздың негізі — талдау жасау қажеттігі туралы лениндік ой бүгінде де өте-мөте актуальды. Екіншіден, логикалық білімге деген көтеріңкі ынта-ықылас пікірталасты, айтысты жүргізудің шұғыл кеңейе түскен практикасымен ескеріледі. Бұл жерде академик Д. С. Лихачевтің халық депутаттарының алғашқы Съезінің мінберінен айтқан сөзін еске түсірмеуге болмайды: «Болмашы, формальды логиканы, право элементтерін білмеушілік, мәдени қоғамдық әдептіліктің жоқтығы тіпті біздің Съезіміздің жұмысына да теріс әсер етуде».

Логика диалектикалық және формальды болып бөлінеді. **Диалектикалық логика** объективті дүниенің дамуы мен өзгеруін ойлауда бейнелеудің заңдары мен формалары, шындықты танып-білу заңдылығы туралы ғылымды бейнелейді. В. И. Ленин оның негізгі талаптарын тұжырымдаған еді. Оның анықтауы бойынша, «затты шындап білу үшін, оның барлық жақтарын, барлық байланыстары мен «жанама түрдегі байланыстарын» қамтып, зерттеу керек. Бұған біз ешуақытта да толық жете алмаймыз, бірақ барлық жақтарын қамтуды талап ету бізді қателерден және сіресіп қатып қалудан сақтандырады. Бұл 1-ден, 2-ден, диалектикалық логика затты оның өз дамуында, оның «өз қозғалысында»..., өзгерістерінде алуды талап етеді... 3-ден, адамзаттың бүкіл практикасы ақиқаттың критерийі ретінде де, заттың адамға керекті нәрсемен байланысын практика жүзінде белгілеуші ретінде де заттың толық «анықтамасына» енуге тиіс. 4-ден, диалектикалық логика: «абстракты ақиқат жоқ, ақиқат әрдайым нақты» деп үйретеді».

Диалектикалық логика осы заманғы қоғамдық процестердегі жасырын қарама-қайшылықтарды көріп, қарама-қайшылықтардың тым алшақтығын болдырмауды, оларды дер кезінде байқап, сол сәтінде қабыстыруды үйретеді. Ол бізді нақты, иланымды дәлелдермен қаруландырады, сөйленетін сөзді нақты, аналитті, сындарлы етеді, тыңдаушылардың көз алдында олардың тартымдылығын арттырады.

Насихатта **формальды логиканың** ролі де маңызды. Оның заңдарын, қағидаларын, тәсілдерін пайдалану, сөйленетін сөздің, әңгіменің жоспарын дұрыс жасауға, материалды дәйекті баяндауға, қайталауларды, логикалық жағынан теріс пайымдауды болдырмауға, теориялық қағидаларды дәлме-дәлдікте тұжырымдап, иланымды дәлелдеуге көмектеседі.

Логикалық жағынан дұрыс ойлаудың төрт заңы мәлім:

— Ұқсастық, ұғымдардың біржақтылық заңы.

— Қарама-қайшылық заңы, екінші жағынан айтқанда, логикалық қарама-қайшылықсыз болу.

— Ойдың дәйектілігін қарастыратын, үшінші жағына жол бермейтін заң.

— Жеткілікті негіздеу, яғни, тұжырымдардың негізделу заңы.

Осы заңдарды сақтамайынша ойдың тиянақтылығын, ғылыми танымның дұрыстығын қамтамасыз ету мүмкін емес.

Үгітші, саяси хабаршы, насихатшы және лектор тыңдаушыларды қайсыбір проблемалар мен оқиғалар туралы хабарландырып қана қоймай, адамдарды өз көзқарасының дұрыстығына иландыра білуге міндетті. Ал бұл үшін дәлелдеу, яғни логикалық қимыл жасау **методикасын меңгеру** қажет, мұның барысында ойдың шынайылығы басқа ойлар арқылы негізделеді, ал ойлардың дұрыстығы мәлім. Дәлелдеу әдетте дәлелдеу талап ететін тезис-қағиданы ұсынудан басталады. Тезис — бұл сөйленетін сөздің басты идеясы. Ол екі мағынада пайымдауға жол бермейтіндей, әр адамға анық болуға тиіс. Осы шартты бұзушылық логикалық қателіктерге соқтырады. Кейде «тезистерді алмастыру» деп аталатынға жол беріледі, онда бір пікірді дәлелдеуді бастап, біраз уақыттан кейін басқа, ба-

Digitized by Google

стапқы тезиске біршама жақын немесе оны аңғартатын, шын мәніндегі негізгі идеяны басқамен алмастыратын ойды негіздеуге ауысады. Демек логика, сайып келгенде, тезис тұрғысынан екі қағиданы сақтауды талап етеді. Олардың алғашқысы — тезистің логикалық жағынан айқындылығы мен анықтығы; екіншісі. осы пайымдау процесінде тезисті алмастыруға тиым салу.

Дәлелдеудің келесі кезеңі — дәлелдемелерді, яғни себептерді ұсыну, олар арқылы тезис дәлелденеді. Оларды да тиянақты әрі дәлме-дәлдікте тұжырымдау қажет. Олар бір-біріне қарама-қайшы келмеуге, осы тезис үшін соншалықты негізді, шынайы, тезиске қарамастан дәлелденген болуға тиіс. Осы шарттарды ерікті немесе еріксіз түрде сақтамау логикалық қателіктерге соқтырады. Ішінара алғанда, «негізгі адасушылық» деп аталатын қателік оларға жатады. Онда тезис жалған дәлелдемелермен негізделеді. Демек, дәлелдеу міндеті — тезистің шынайылығын толық қуаттау. Мәселен, «Қайта құру біздің қоғамымызды революциялық өзгерту болып табылады» тезисін нақты тұжырымдар көмегімен дәлелдеуге болады. Одан мынадай түйін туындайды: «Қоғамды революциялық өзгерту түбегейлі сапалық әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер жиынтығын бейнелейді, ол экономикалық және әлеуметтік процестерді қоғамдық басқарудың, социалистік демократияны дамытудың жаңа жүйесін жасауды қамтамасыз етеді» және «Қайта құру түбегейлі сапалық осындай өзгерістердің жиынтығы болып табылады».

Дәлелдемелерде ғылыми қағидаларға, беделді қайнарларға, дәлме-дәлдіктегі статистикалық деректерге сілтеме жасау пайдаланылуға тиіс. Марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектеріне, партия мен үкімет документтеріне жүгіну маңызды. Дәлелдеу үшін үгітшінің өзінің жеке білімін де, тәжірибесін де, сондай-ақ баспасөз материалдарын да, қоғамдық-саяси, көркем және ғылыми-көпшілік әдебиеттерді де пайдалану қажет.

Осының бәрі талқыланып отырған мәселе бойынша аудиториямен өзара ұғынушылыққа қол жеткізуге, тыңдаушылардың материалды ұғынуындағы логикалық кедергілерді жоюына көмектеседі. Ал фактілерді пайымдаудағы, фактілер мен тұжырымдар мәнінің байланысын, ой логикасының жалпы жолдарын ұғынудағы алшақтық негізінде әдетте осындай кедергілер туындайды. Бұл көбіне-көп сөз сөйлеуші мен аудиторияның даярлығы деңгейінің, олардың логикалық ойлай білуі мен дағдысының әркелкілігінен болады.

Тәжірибелі насихатшылар ең алдымен хабарлап отырған фактілерінің растығына тыңдаушыларды иландыруға ұмтылады. Бұл түсінікті де, өйткені әрбір дұрыс дәлелдеме сайып келгенде, даусыз фактіге сүйенеді. Орыс жазушысы және қоғамдық қайраткер В. Г. Короленко бұл тұрғыдан өте тамаша айтты: «Іс жүзінде өте-мөте дәлме-дәл болыңыз, өйтпесе адамдар сіздің жүздеген ақиқат сөзіңіз бен қызметіңізді ұмытып кетеді, болмашы қателігіңізге мін тағады».

Демек, өздігінен алынған қайсыбір фактінің көп мағыналы екенін ескерген жөн. Ол тіпті қарама-қайшы пікірлерге дейін түрлі тұжырымдарға арналған негіз бола алады. Мәселен, бригаданың жоспарды орындай алмауы бригададағы еңбек тәртібінің төмендігі туралы (егер еңбектің қалыпты жағдайы болса), сондай-ақ оның мүшелерінің жоғары еңбек тәртібі туралы (егер олар өте ыңғайсыз жағдайда қалып, күштің толық қайтарымымен жұмыс істесе) бейнелейді.

Одан әрі. Ойды дұрыс баяндау үшін **нақты фактілер** жүйесі керек. В. И. Ленин былай деп бекерге атап көрсеткен жоқ: «Егер... күрделі әрі қиын мәселені шындап талдауға кеңіл қоятын болсақ, міне, осы дәл, даусыз фактілер ерекше қажет... Егер фактілерді **тұтасынан, өзінің байланыстарымен** алатын болсақ, олар «даусыз» екені былай тұрсын, сонымен бірге сөзсіз дәлелді де нәрсе. Егер фактісымақтар өзінің тұтастығынан тыс, байланыссыз алынатын болса, егер олар үзіліп-жұлып, қалай болса солай алынатын болса, олар тек ойыншық болады, немесе одан да жаман бір нәрсе болып шығады».

Активистердің **дәлелдеу тәсілін** де (көрсету), яғни тезисті негіздеуге мүмкіндік беретін дәлел мен тезис байланысы формасын меңгеруі қажет. Дәлелдеу процесінде тезисті негіздеудің екі тәсілмен өтуі — тікелей немесе жанама түрде өтуі мүмкін. Бірінші жағдайда дәлелдер тезистің шынайылығын тікелей негіздейді, мұның өзі қайсыбір қосымша құрылымдар көмегінсіз жүзеге асырылады. Мәселен, өндірістік тақырыпқа арналған әңгімеде үгітші тұжырымдары мен бағалау пайымдауларын нақты кәсіпорында қалыптасқан істің іс жүзіндегі жағдайына: жоспардың орындалуына, өнімнің өзіндік құнының, пайданың, табыстың өзгеруіне, шикізатты үнемдеуге, еңбек өнімділігінің өсіміне, өндірістік тәртіптің жайына т. б. тікелей сілтеме жасау арқылы негіздейді. Екінші жағдайда — тезиске қарама-қайшы пайымдау

Digitized by Google

дұрыстығы теріске шығарылады, яғни тезистің шынайылығын негіздеуге дәлелге тікелей жүгіну арқылы емес, оның айтқанына қайшы келетін жалғандықты анықтау арқылы қол жетеді.

Дәлелдеудің тағы бір түрін —**теріске шығаруды, яғни қайсыбір тұжырымдаудың жалғандығын ашуды жиі қолдануға тура келеді. Мұның өзінің үш тәсілмен жасалуы мүмкін: 1) тезисті сынау; 2) нақты көрсету арқылы сынау; 3) дәлелдерді сынау. Тезисті теріске шығару — сын күші тұрғысынан өте тиімді операция. Оның мақсаты — қағиданың негізсіздігін, ағаттығын немесе жалғандығын көрсету. Әрине, мұның ең сенімді, ең ыңғайлы тәсілі — оппонент тезисіне қайшы келетін нақты фактілерді келтіру.**

Ауызша әңгімеде ойды қалыптастырудың индукция мен дедукция, аналогия мен салыстыру секілді тәсілдері де қолданылады.

Индукция — эмпирикалық материал негізінде туындайтын қорытулар. Мынадай тәсіл индукция әдісі деп аталады: оның барысында жеке пайымдаулар жолымен жалпы қорытынды жасалады. Сонымен бірге ойлау процесі жекелеген фактілерден қорытындылауға, жекелеген бірлі-жарым оқиғадан жалпы тұжырым жасауға, білімнің бір сатысынан үлкен сатыдағы жаңа білімге қарай өтеді. Алайда, ауызша әңгімеде индукциялық әдіске және оны абсолюттендіруге бой ұрушылық оның теориялық-идеялық дәрежесін кемітуге соқтырады. Көптеген фактілерді қайталап айта отырып, біз олардан арылып, қорытындылау деңгейіне көтеріле алмай қаламыз.

Дедукция — бұл жалпы білімнен жеке білімге логикалық жағынан ауысу. Бұл мынадай тәсіл: оның көмегі арқылы жеке немесе жаңа жалпы тұжырым жалпы қағидадан логикалық пайымдау жолымен туындайды.

Индукция мен дедукция диалектикалық бірлікте болады. Олардың табиғатының өзінен-ақ қарама-қарсы дүниенің бірлігі ретінде олардың өзара байланысы соншалықты айқын. Индукция дедукцияны нақты материалдармен жабдықтайды. Дедукция, өз тарапынан, индукцияны теориялық жағынан қаруландырады, оның біржақтылығын жояды.

Ойлау қызметінде сондай-ақ **аналогия** елеулі орын алады. Оның мәні мынада: екі немесе одан көп заттардың бірқатар көріністерінің ұқсастығынан осы заттардың басқа белгілерінің ұқсастығы туралы тұжырым жасалады. Алайда, осы тәсіл бірқатар жағдайларды сақтау барысында, ең алдымен, егер құбылыс басты, елеулі көріністермен және жеткілікті мөлшерде салыстырылатын болса ғана тиянақты болады. В. И. Лениннің партияның Брест бітімі жолындағы күресі кезінде дәлелдеуі аналогия бойынша ойды пайымдау үлгісі қызметін атқара алады, сонда жас Совет республикасы үшін уақытша үзілістің қажеттігін дәлелдей отырып, ол Брест және Тильзит (1807) бітімдері арасында тарихи параллельді жүргізді. В. И. Ленин 1918 жылғы Германиямен бітім шарты туралы айта келіп, былай деп атап көрсетті. «Біз Тильзит бітімін жасасып отырмыз. Немістердің 1807 жылғы Тильзит бітімінен кейін 1813 және 1814 жылдары Наполеоннан азат болуға жеткені сияқты, біз де өзіміздің жеңісімізге, өзіміздің азаттығымызға жетеміз. Біздің Тильзит бітіміміз бен біздің азат болатын күніміздің арасы, сірә, бұрынғыдан гөрі азырақ болар, өйткені тарих жеделірек алға басып отыр».

Әлбетте, тыңдаушылардың материалды қабылдауы ең алдымен әңгіменің мазмұнына байланысты. Сонымен бірге біздің ойымыз дәйекті түрде өрби беруі үшін қаралып отырған мәселенің өзара байланысты болуына, ал тұжырымның қисынды түрде бұрнағы пайымдаулардан туындауына қол жеткізу керек. Осыдан барып, қайсыбір активистке қойылуға тиісті талап туындайды: материалды баяндау логикасын ұштап, жетілдіре беру.

К. БИЕКЕНОВ,
философия ғылымының кандидаты.

ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР:

Адамов Е. А. Насихатшыға шешендік өнері туралы. Москва, Московский рабочий, 1983.

Белостоцкая Н. Г. Тыңдаушылармен араласу. В. И. Лениннен ауызша сөйлеу методикасын қалай үйренуге болады. Москва, Политиздат, 1984.

Ерастов Н. П. Лекцияда логика мен психология талаптарын қабыстыру. Москва, «Знание», 1980.

Илюшин И. А. Дәлелдеме салмағы. В. И. Лениннің насихатшылық шеберлігі туралы. Москва, «Мысль», 1983.

Ножин Е. А. Ауызша сөйлеу шеберлігі. Москва, Политиздат, өңделіп, үшінші басылуы, 1989.

Лекторлық шешендік өнері. Москва, «Знание», 1986.

Кириллов В. И. Диалектикалық логика және лекцияны дайындау жұмысында оларды пайдалану принциптері. Москва, «Знание», 1977.

Digitized by Google

ДІНГЕ СЕНУШІЛЕРМЕН СҰХБАТ, оны қалай жемісті жүргізуге болады?

Шахтамыздың партия ұйымында атеистік тәрбиенің ежелгі дәстүрлері қалыптасқан. Осы проблемаға ден қоюшылық мынадан анықталған: шахтерлер поселкесінде православие шіркеуі, інжілшіл христиан-баптистерінің құлшылық ету үйі жұмыс істеді. Олардың өкілдері балаларды қоса алғанда жұмысшылар мен олардың семья мүшелері арасында жұмыс жүргізу әрекетін жасады.

Идеология активистері бұдан сырт қала алмады. Олармен тартысқа түсіп, пікірталас жүргізуге тура келді. Рас, саяси оқу кабинетінің меңгерушісі болғандықтан көп уақытты атеистік тәрбиеге жұмсайсың деп мені жиі жазғыратын. Партия кабинетінің ісі саяси оқумен айналысу дейтін. Дегенмен менің әріптестерім, Қарағанды қалалық және облыстық партия комитеттері идеология бөлімдерінің қызметкерлері реніш білдірмей-ақ қойсын, тоқыраушылық жылдарында атеистік тәрбиеге деген мұндай формальды қатынас салқыны бүгінде де білінуде. Түптеп келгенде, менің әріптестерім — саяси оқу кабинеттері меңгерушілерінен ешкім осы проблемаларды жете білуімен мақтана алмайды. Облыстық саяси оқу үйі консультанттары арасында да атеизм жөнінен маман жоқ. Облысымызда жоғары партия мектебінің түлектерінен осы жұмысқа араласқан бір адамды да білмеймін. Осыдан барып атеистік жұмыс бұрынғысынша идеологиялық қызметтің басқа бағыттарынан оқшауланған, қайсыбір қосалқы іс ретінде қалып отыр.

Демек, өкінішке қарай, бүгінде осы қиғаштықты ғана түзеу жеткілікті болмайды. Партия ұйымдарының көпшілігі атеист-үгітшілер мен лекторлар кадрларынан айырылып қалды. Біз өз жұмысымызды тіпті бертінге дейін өмірден, дінге сенушілерді, сондай-ақ дінге сенбейтіндерді де толғандыратын нақты проблемалардан тым алшақ жүргіздік. Біз бірқатар жылдар бойы үгітшілерді діндарлармен жұмыстың жалпы әдістеріне үйреттік, оларды дінге сенушілерді қоғамдық өмірге тартуға үйреттік, ал мұнда бойкүйездік басым еді, былайша айтқанда, солбір ортада жұмыс істеді. Ал дін өзінің жаңғыртуға қабілетті екенін көрсетті. Тоқыраушылық жылдарында да ол көбіне түңілген адамдарды сәтті пайдаланды. Оның үстіне үгітшілерге жаттанды әңгімелер өткізудің стандартты әдістері ұсынылды.

Былтыр шахтамызда өткен «Лениндік атеистік мұра және қазіргі заман» ғылыми-практикалық конференциясында идеология активистері, цехтық партия ұйымдарының секретарьлары осының бәрі туралы ашық айтты. Онда коллективтегі және тұрғылықты жердегі атеистік тәрбиені қайта құрудың нақты жолдары белгіленді.

Біз осы жұмысты неден бастадық? Партия комитеті, оның ғылыми атеизм жөніндегі методикалық советі оны комплексті жоспарды талдап жасаудан бастады. Дінге сенушілермен жұмыс жүргізуге мәдениет үйі коллективін, қамқорлықтағы мектептер педагогтарын тарттық. Олармен бірлесіп, үгіт алаңында кинолекторий ұйымдастырдық, онда атеистік кештер өткіздік. Шахтамыздың қызметкерлері — үгітшілер Н. И. Гришко, С. А. Николенко, Н. С. Строков және басқалар оларды әзірлеуге өте-мөте тиянақты қатысты.

Үгітші-атеистерді даярлауды да мықтап қолға алдық. Партиялық оқу жүйесінде саяси мектеп құрдық. Онда кешкі марксизм-ленинизм университеті ғылыми атеизм бөлімшесінің түлегі С. А. Николенко сабақ жүргізеді. Оның іске берілгендігі, мәдени ой-өрісінің кеңдігі тыңдаушылардың оқуға деген тұрақты ықыласын сақтауына көмектесуде.

Діндарлық деңгейін, атеизмге деген қатынасты анықтау, идеологиялық жұмыстың басқа бағыттары жөнінен шахтада және жұмысшы поселкесінде жүргізілген социологиялық зерттеулер бізге көп пайда берді.

Қазір бізге ғылыми-ағарту жұмысын бұрынғыдан да күшейту керектігін нақты көрдік, өйткені сұралған адамдардың 60 процентке жуығы олар білімсіздіктен атеистер екенін, яғни осы салада жеткілікті білімі жоқтығын атап көрсетті.

Сұрау бізді мынаған да иландырды: бүгінде тарихи тұрғыдан да, сондай-ақ қазіргі советтік қоғам өмірі тұрғысынан да дін мен шіркеудің ролін саралап түсіндіру сондай маңызды. Бүгінде кейбір баспасөз органдарында, телевизия бойынша берілетін хабарларда осы рольдің біржақты көрсетілетіні, әдетте діннің оңды қызметі аталатыны туралы активистеріміз пікірімен келіспеуге болмайды.

Digitized by Google

Былайша айтқанда, діннің ролін дәлелсіз теріске шығарудан оны мадақтап, дәріптеуге ойысып барамыз.

Дінге сенушілер құрамы жас мөлшерінің өзгеруін де ескеру қажет. Діни парызды бұлжытпай сақтаушы 17 адамнан 9 кісі 30 жасқа дейінгілер. Олар діни мәселелерден өте-мөте хабардар, ғылым мен мәдениеттен бойларын аулақ салмайды. Олардың екеуі миссионерлік қызметке ұмтылуда, өз көзқарастарын уағыздап, қорғауға, атеистермен пікірталастыруға қабілетті.

Біздің методикалық советіміз қаланың ғалым-атеистерінің қатысуымен бірқатар «дөңгелек стол» мәжілістерін өткізді. Елде өтіп жатқан процестерге — қоғамымызды демократияландыру процестеріне, шіркеумен өзара қатынастың өзгеруіне қарай дінге деген қатынас мәселелері құдайдың бар-жоқтығы туралы дінге сенушілер мен сенбеушілер арасындағы дау шегінен шығып кетті. Праволық мемлекет құрылысы, әлеуметтік әділеттік мәселелерін шешу атеистік жұмыс үшін қаншама серпін береді. Діни догмаларды ғылыми тұрғыдан сынаудан бас тартпай-ақ қазір біз нақты мысалдар арқылы құлықтық мұраттарымызды, коллективтік және интернационалистік принциптерді көрсетуге тиіспіз. Партиямыздың адамгершілік ахуалды сауықтыру, маскүнемдікпен, басқа да келеңсіз көріністермен күрес жөніндегі шаралары үгітші-атеистер дінге сенушілермен жүргізетін сұхбаттарда қуатты дәлелге айналды. Дінге сенушілер өздерін қоғамдағы моральдың, ішінара алғанда, салауаттылықтың бірден-бір жақтаушылары ретінде дерлік есептейді. Ал шахтерлер әлеуметтік өмірдегі ілгерілеушілікті жүрекке сондай жақын қабылдады, қайта құру, «Тұрғын үй-91» программасын жүзеге асыру осындай өзгерістерге бастауда. Шахтамызда екі жыл ішінде ғана шаруашылық тәсілімен 57 пәтер салынды. Бала бақшалар мен яслилердегі орынға деген өтініштердің бәрі қанағаттандырылды.

Дінге сенушілермен өзара қатынас өзгеруде. Біздің үгітшілеріміз үшін олар

КОНФЕРЕНЦИЯЛАР, СЕМИНАРЛАР

ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ДІНИ

Гурьев облысының партия ұйымдарында атеистік және интернационалдық тәрбие міндеттерін комплексті шешудің айтарлықтай тәжірибесі жинақталды. Сонымен бірге осы учаскеде біраз кемшіліктер мен проблемалар қалып отыр. Облыс тұрғындарының бір бөлігінде дінге саналы түрде қарау қалыптаспаған, стихиялы атеизм басым, діни және ұлттық арақатынасты араластыру оқиғалары баршылық.

Атеистік жұмысты күшейту, қолда бар тәжірибені тарату мақсатында Гурьевте Қазақстан Компартиясының облыстық комитеті мен «Білім» қоғамының облыстық ұйымы шақырған **«Ұлттық және діни арақатынастар, интернационалдық және атеистік тәрбие бірлігі»** тақырыбында облыстық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Онда КПСС Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясы Ғылыми атеизм институтының Ташкенттегі республикааралық филиалы директорының орынбасары, философия ғылымының докторы **И. А. Мақатов,** Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің лекторы, философия ғылымының кандидаты **Г. Қ. Оразалиева,** А. С. Пушкин атындағы Орал педагогика институты ғылыми атеизм, этика және эстетика кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымының кандидаты **К. С. Сәрсенов,** Қазақстан Компартиясы облыстық комитеті идеология бөлімі меңгерушісінің орынбасары **Л. Ф. Әділова** сөз сөйледі. Сосын қызу пікір алысылды. Бұған шараны өткізудің дәстүрлі емес формалары ықпал етті — мұндай форумдардағы үйреншікті баяндамасыз тілек білдірушілердің қайсыбіріне пікір айту мүмкіншілігі берілді.

Маңқыстау ауданы «Ақшыңырау» совхозы парткомының секретары **К. Бековтың** сөйлеген сөзі конференцияда ықыласпен тыңдалды. Мұнда адамгершілік тәрбие жөніндегі үйлестіру советі жұмыс істейді. Оның жұмысына мұғалімдер, дәрігерлер, мәдени-ағарту қызметкерлері белсене қатысады. Партия комитеті атеистік және интернационалдық тәрбие проблемалары бойынша әңгімелерді, кеңестерді, «дөңгелек стол» басында идеология активімен кездесулерді жүйелі өткізеді. «Жаңа адамға — жаңа ғұрыптар» деген селолық жиынға барлық ұрпақтар өкілдері қатысты, оның барысында азаматтық жаңа ғұрыптардың әртүрлі салттары ұсынылды. Әйелдер арасындағы атеистік жұмысқа көп көңіл бөлінеді. Әйелдердің «Сымбат» клубы жұмыс істейді, «Үлгілі семья» конкурсы өткізілді. Атеистік және интернационалдық тәрбие міндеттерін шеше отырып, партия комитеті шаруашылықты дамыту-

Digitized by Google

— көмір шахтасының ауыр жағдайында еңбек ететін, ортақ, елге керекті істі атқаратын жұмыстас жолдастар. Мұндай қатынас, әлбетте, атеистік тақырыптағы әңгімелермен шектелмейді, түрлі тіршілік проблемалары мен істері талқыланады.

Айтыстар, «дөңгелек стол» басындағы кездесулер, поэтикалық музыка кештері, қоғамдық-саяси клубтар — дінге сенушілер мен дінге сенбейтіндерді тартатын идеология жұмысының формалары осындай. Өткен жылғы октябрь айынан бері бізде жастардың «Современник» пікірталас клубы табысты жұмыс істейді, мәжіліс сайын оған қатысушылар көбейіп келеді. Шахтада артистермен кездесу аса танымал. Біздің коллективіміз облыстық филармонияның симфония оркестрімен достасқан. Донбастың шахталарының бірінің атеист-үгітшілерімен хат алыса бастадық.

Үгітшілер өз жолдастарын, дінге сенушілерді белсенді қоғамдық өмірге, коллектив бастамаларына тартуға ұмтылады. Енді өткенге қарағанда осылай жасау сәті түсуде. Мәселен, жекелеген дінге сенушілер жастардың «Современник» пікірталастық саяси клубына қатыса бастады, оларды экономика проблемалары, өткендегі тарих өте-мөте толғандырады. Бізде он жыл бойы дерлік жинаған атеистік әдебиеттер кітапханамыз бар. Біз оны да дінге сенушілер қарауына бердік. «Наука и религия» журналына, басқа басылымдарға шолулар жасаймыз.

Дегенмен біздің қадамдарымыздың бәрі үндестік тауып отырған жоқ. Бірден жауап табу сәті түсе бермейтін көптеген сұрақтар туындайды. Ішінара алғанда, біздің тәжірибеміз иландырып отырғанындай, тарихи тұрғыдан ойлау секілді мықты сүйеніш болмайынша жалпы атеистік насихаттың тиімділігі мүмкін емес. Ал еңбек коллективінде саяси оқудан, патриоттық және интернационалдық тәрбиеден тыс оны қалыптастыруға болмайды. Бізге адамның атеистік сауатсыздығы емес, ғылыми-атеистік позициясы керек.

Л. ШАЛЯПИНА,
«Киров» шахтасы саяси оқу кабинетінің меңгерушісі.
Қарағанды қаласы.

АРАҚАТЫНАС ТУРАЛЫ

дың әлеуметтік-экономикалық жоспарын орындауды ұдайы назарда ұстайды, село тұрғындарының қажеттеріне жанды үн қатады.

Қызылқоға аудандық партия комитетінің екінші секретары **К. К. Таңқиев** тұрмыстағы сарқыншақтарды жою жөнінен партия ұйымы жүргізіп отырған жұмыс туралы айтты. Индер ауданының Өрлік селолық Советі атқару комитетінің председателі **С. Бисалиев** халықтық жаңа мерекелер мен ғұрыптар және халыққа атеистік тәрбие берудегі олардың ролі туралы айтты.

Конференцияға қатынасушылар ұлттық және діни сезімдердің арақатынас проблемасын, интернационалдық және атеистік тәрбиенің бірлігіне жету жолдарын егжей-тегжейлі талқылады. Күнделікті практикада мұның бәрі көбіне оқшау құбылыс ретінде қаралды. Тұрмыстағы орын алған түрлі дәстүрлер ұлттық, сондай-ақ діни дәстүрлер ретінде айтылды. Партия ұйымы идеология, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда әрдайым атеистік және интернационалдық тәрбиені ұштастыра бермейді. Иә, адамдардың ұғымында тұрмыстағы ғұрыптарда көбіне діни және ұлттық арақатынастар астасып жатты. Осы проблемалар түбегейлі түсіндіруді талап етеді. Жаңа ғұрыптар мен дәстүрлерді таратудың мәжбүр етуші формаларынан бас тарту керек. Жаңа ғұрыпты насихаттау информация-ұсыныс сипатын ұстап, ұлттық көріністердің, ұлттық психологияның сабақтастығын, сонымен бірге социалистік өмір дәстүрлерін өскеруге тиіс.

Демократияландыру мен жариялылық жағдайында атеистік және интернационалдық тәрбиені қайта құра отырып, халықтың түрлі топтарымен жұмыс жүргізуге көңіл бөлуді күшейту, жеке қатынасты белсендірек орнықтыру, тұрғылықты жер бойынша тәрбие жұмысымен нақты айналысу қажет. Тыңдаушылар мүддесін, сұранымын ескеру, олардың пікіріне сүйену арқылы атеистік білімді, интернационализм идеяларын тарату, бұл үшін социологиялық зерттеулер жүйесін жолға қою керек. Атеистік бағдар ұстайтын мүдделілік жөнінен әуесқойлық клубтар, бірлестіктер құру, атеизм және лениндік ұлт саясаты проблемалары бойынша лекциялар циклы мен кинолекторийлер өткізу, лекциялық жұмыстың идеялық-методикалық дәрежесін көтеру, лекторлар біліктілігін арттыру ұсыныстары айтылды, ал лекторлар құрамы жедел нығайтуды қажетсінеді.

А. КЕНЖЕҒАЛИЕВ,
Қазақстан Компартиясы облыстық комитеті лекторлар тобының жетекшісі.

Digitized by Google

«ОТПЕН ОЙНАМА...»

Жыл сайын республикамыздың қалалары мен селоларында 5 мыңға дейін өрт шығады. Ол 10 миллион сомның нұқсанын келтіреді. Өрттен күн сайын бір адам өліп, 15—20 адам күйікке шалдығады.

Бұл қалай?

Бертінге дейін өрттер туралы хабарлар жария етілмеді, оларға деген қырағылық бәсеңдеп кетті. Оларды қауіпті әлеуметтік кесел емес, кездейсоқтық деп жариялау әдетке айналды.

Соған қарамастан статистика барған сайын дабылды бола бастады. Миллион сомнан астам нұқсан келтірген өрттер сирек емес. Қапшағай фарфор заводындағы (1980 жылы 5 миллион сомның заттары жойылды), Екібастұздың № 1 ГРЭС-індегі (1984 жылы —1,7 миллион сом), Қостанайдың тігін фабрикасындағы (1987 жылы —6 миллион сом) өрттерді еске түсірейікші. Биылдың өзінде-ақ екі ірі өрттен — Гурьев облысының Құлсары поселкесіндегі «Тенгизнефтегаз» өндірістік бірлестігі материалдық-техникалық жабдықтау базасында 5,5 миллион сомның және Шымкент облысының Арыс тігін фабрикасында — 2 миллион сомның нұқсаны келтірілді. Демек Алматы-1 станциясындағы өрттен бірнеше адам құрбан болды.

Қайсыбір өрт өндіріс технологиясын бұзады, жоспарлар мен тапсырмалардың орындалмай қалуына соқтырады. Демек мынадай оғаш көрініс қалыптасуда: жұмысшыдан бастап басшыларға дейін — еңбек коллективтері жоспардың орындалуына, өнім шығаруға мүдделі, ал өрттен қорғау ісі бәрін бірдей толғандыра бермейді.

— Міне, сондықтан да бұл туралы қам-қарекет көбінесе өрт сөндірушілерге жүктеледі,— дейді Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі өрттен қорғау басқармасының бастығы **Ю. А. Карпунин** журналдың штаттан тыс тілшісімен әңгімесінде. — Әрине, өрт сөндірушілердің кәсіптік даярлығы мен әскери отрядтардың техникалық жағынан жарақтануы біздің аса қатал өртпен табысты күрес жүргізуімізге көмектеседі. Бұған қазақстандықтар талай рет иланды.

Мәселен, сол Теңіз кенішіндегі өртті алайық. Өрт сөндірушілер отрядтары батыл, шебер, сауатты қимылдады. Демек отпен болған ұрыста жеңіп шықты — жақын маңдағы қымбат дайын өнімдер қоймалары өрттен сақталды.

— Салдыр-салақтықпен, меңмендікпен, селқостықпен және немқұрайдылықпен күрес жүргізу, өндірісте, тұрмыста өрттен сақтану ережесіне адамдарды үйрету, демек өрт кездейсоқ құбылыс немесе стихиялық апат деген ұғымдарды жою анағұрлым қиын,— деді Юрий Алексеевич.

... Бұл сөздер ешқандай боямасыз айтылып отыр. Өрттен сақтануды күшейту мәселелері бойынша үкімет қаулылары жүйелі қабылданады, оларда министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, шаруашылықтардың, жергілікті Советтер атқару комитеттерінің міндеттері анықталады. Дегенмен олар барлық жерде бірдей орындала бермейді. Өткен жылы тұтасынан республика бойынша өрттен сақтандыру деполарының құрылысы жөніндегі жоспарлы тапсырмалар небары 33 процент, өрттен сақтандырудың су қоймалары — 49, автоматты өрт сөндіру қондырғыларын енгізу —40, нажағайдан қорғау қондырғыларын орнату —34 процент қана орындалды. Жылу генераторларына арналған бөлек үйлер құрылысы жөніндегі жоспарлар да орындалмауда. Әсіресе Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті, Қазақ республикалық тұтыну қоғамдары одағы, Қазақ ССР Транспорт және автомобиль жолдары, Монтаждау және арнаулы құрылыс жұмыстары министрліктері кәсіпорындары осы жұмыстарды тым баяу жүргізуде.

Осындай тәртіпсіздіктің салдары көп күттірген жоқ. Бізде тек селолық жерлердің өзінде екі мыңнан астам үй жанып кетті және автомобиль-трактор және ауыл шаруашылығы техникасының үйлері істен шықты. Өрт кезінде 5 мың бас мал өлім-жетімге ұшырады. Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданындағы «Целинный» совхозында болған бір өрттің өзінде ғана бір мың саулық пен 500 қозы өлім-жітімге ұшырады.

Республиканың барлық селолық аймақтарында дерлік өрт көбейіп барады. Сонымен бірге өрт сөндіруші ерікті жасақшылардың өрттен сақтандыру техникасында тәулік бойы кезекшілік етуі шаруашылықтардың бәрінде бірдей ұйымдастырылып отырған жоқ. Демек әрбір он шаруашылықтың біреуінде ғана тәулік бойы кезекшілік ететін жақсы жабдықталған ерікті жасақшылары болғандықтан бүгінде, әлдеқайда қауіпті жаз айларының өзінде өрттен сақтанудың тиянақтылығы туралы сенімді айтуға болмайды.

Digitized by Google

Соңғы жылдарда жұртшылық елімізді дүр сілкіндірген, көптеген адамдардың өмірін үзіп кеткен талай қайғылы оқиғалардың куәсі болды. Олардың түп негізінде қайсыбір кәдімгі салдыр-салақтық, өзінің тікелей міндеттеріне қылмысты немқұрайдылықпен қараушылық жатыр. Чернобыльда және «Адмирал Нахимов» жонінде, Свердловск мен Арзамаста, Алматы түбінде және басқа жерлерде осылай болды. Және Оңтүстік Уралдағы поездармен болған соңғы қасірет те солай. Бұлар, жолдастар, тек ең сорақы мысалдар ғана, ал өзіміздің етіміз үйреніп кеткен оқиғалар қаншама, ал әрбір апаттың төркінінде экономикалық шығындарды айтпағанда, адамдардың өмірі жатыр ғой. Бізге бекем өндірістік технологиялық тәртіп керек, жауапсыздықтан арылуымыз керек, біз қоғамда саналы тәртіп орнатуға міндеттіміз.

М. С. Горбачевтің СССР халық депутаттарының I Съезіндегі қорытынды сөзінен.

Павлодар облыстық атқару комитетінің жарлығымен мал шаруашылығы объектілерінде электр жабдықтарын жөндеу, жылу шығаратын қондырғыларды және басқаларды ретке келтіру өткен жазда-ақ қарастырылған еді. Нақты орындаушылар мен мерзімдері анықталған-ды, алайда бәрі де қағаз бетінде қалып қойды. Бейқамдық өте қымбатқа түсуде — өрттің салдарынан облыстың совхоздары мен колхоздарында 84 мың сом зая кетті. Ал үстіміздегі жыл тағы бір сыйын ұсынды: «Ермаков» совхозында болған бір ғана өрттің өзі 50 мың сом нұқсан келтірді.

Көптеген бақытсыздықтар маскүнемдікпен байланысты. Өткен жылы республиканың қалалары мен селоларында мас адамдардың кінәсінен 296 өрт болды. 116 адам өртте қаза тапты, олардың 14-і балалар, материалдық байлықтар нұқсаны үш миллион сомға жетті. Алматы, Шығыс Қазақстан, Көкшетау және Орал облыстарында осындай өрт көбейіп кетті.

Бертінде Өскеменде нақ осындай себептен өрт болды. Үй қожайындары Самариндер қатты мастық жағдайда төсекте жатып шылым шеккен. Түн ішінде лап еткен өрт үй тұрғындары мен үйді жойып жіберумен қатар жақын маңдағы қоғамдық үйлерді де біраз бүлдірген. Маскүнемдік Қостанайдағы Т. Матренинч үйінің де өртенуіне себеп болған, оның барысында газдың иісінен және күйіктен үй тұрғындарының бәрі қаза тапты.

Балалардың отпен ойнауы да қаншама алаңдаушылық туғызады. Ақтөбе облысының «Красноярский» совхозында төрт бірдей баланың қаза табуына себепші болған бертіндегі өрт туралы аса өкінішпен айтуға тура келеді. Бұл былай болған еді. Қараусыз қалған кішкентай балалар от жағуға ұйғарады. Еденде шашылып жатқан сіреңкені тауып алып, столдағы қағаздардың бәрін бір жерге жинайды. От бірден лап ете түсті. Қорқып кеткен балалар кез келген жерге тығылады. Жүгіріп келген көршілері өртті бірден сөндіреді, алайда балаларға көмек көрсетіп үлгермеді — оларды төсек үстінде көрпеге оранған күйінде тапты — түтінге тұншығып өлген.

Гурьев облысының Мұнайшы поселкесіндегі өрт екі баланың ажалына себепші болды, ол да балалардың ойынынан шыққан, егер көршілері дер кезінде көмекке келмегенде үйдегі тағы үш баланың да қаза табуы мүмкін еді.

Балалардың отпен ойыны өте қымбатқа түседі, тек өткен жылдың өзінде ғана осы себептерден 900 өрт болды, олардың салдарынан болған шығындар жүздеген мың соммен есептеледі. Кәне, осының бәрі туралы балаларға әңгімелейік, олардың ойындарына, әуес нәрселеріне, олардың бос уақыттарына ұқыптырақ қарайық.

Қазір жаздың аптаған күндерінде ерікті өрт сөндіруші жасақшылардың көмегі аса қажет-ақ, сондықтан олардың қызметін күшейтудің барлық формаларын пайдалану: конкурстар өткізу, көрмелер, жарыстар, көрнекі сабақтар ұйымдастыру керек. Бір сөзбен айтқанда, өрттен сақтануға барынша қырағы болуға тиіспіз.

Сөз соңында тағы да милиция статистикасына жүгінейік. Ол бүкпесіз: республикада әрбір 4—5 минут сайын өрт шығады, олардың көпшілігі қайсыбір адамдардың салғырттығының, бейқамдығының, өрттен сақтану ережелеріне немқұрайды қараушылығының салдары болып табылады, демек, ең бастысы —«менде ештеңе болмайды» деген соқыр сенімнің салдары. Несі бар, бақытсыздықтың бізге, қаламызға, өлкемізге, үйімізге соқпауы әбден ықтимал. Ал ертең ше?! Демек, алыста өрт болып жатқан қала біз бен сіздің қаламыз емес пе? Ал өртте жанып кеткен құнды заттар — бұл да біздің байлығымыз емес пе? Демек, «Отпен ойнама!» деген көне нақыл сөз жұмыста да, үйде де, демалыста да біздің тәртібіміздің нормасына айналуға тиіс.

Т. СЕРГЕЕВА.

Digitized by Google

ОРМАННЫҢ ЕМДІК ҚАСИЕТІ

Орман ішінде сейіл жасау — үйреншікті іс қой. Сонда да жылдың қай мезгілінде және қанша мөлшерде қандай орманда болу нақ өздері үшін пайдалы екенін ойластыратын адамдар шамалы ғой. Сонау орта ғасырда Парацельс: «Барлығы у және барлығы дәрі — бәрі оның мөлшеріне тәуелді», деп ескерткен еді. Әр адам организмнің өзіндік ерекшеліктері бар. Түрлі орманды алқаптың да түрлі емдік қасиеті болады.

Дәрігер қазіргі қала тұрғынына емдік құрал ретінде орманда болуды тағайындай алады, дегенмен одан және оның емделушісінен осы дәріні қолдану оңды нәтижелер беруі үшін сондай байқағыштық талап етіледі.

Орман организмге қалай әсер етеді?

Айрықша нұрлы, өзіндік дыбыстар мен хош иісті орманның сондай бір қайталанбас атмосферасы қандай екенін, көк майсалы шөп үстінде жалаңаяқ жүгіріп, гүл жапырағын қолыңа ұстағанда қандай сезімде болатынымызды еске түсірейікші. Осының бәрі — организмге орман әсер ететін белгілер. Олар дененің бүкіл ән бойында теріде орналасқан айрықша «антенналар» арқылы қабылданады, дегенмен ондай «антенналар» құлақ қуысында, өкшеде, саусақтарда, мұрынның шырынды бөлігінде, көздің сыртқы мөлдір қабығында көп.

«Антенналар» организмнің бүкіл қызметін реттеуші ми мен жұлынның орталық бөлігімен, органдармен және дене талшықтарымен, гормондарды шығарып тұратын ішкі секреция бездерімен, сыртқы кеселдер — микробтар мен вирустардан қорғап, ішкі организмде талшықтар мен клеткалардың дұрыс құралуына қолдау жасайтын иммунды жүйелермен байланысқан. Соңғы жылдары ғалымдар қартаю, ісіктердің, атеросклероздың өрбуі, буындардың сырқырауы және басқа көптеген сырқаттар нақ иммунитет жүйесінің бұзылуынан болады деген тұжырымға келді.

Адамның организмі — тұтас, бірыңғай қабылдаушы механизм және орман секілді табиғи емдік факторлар оған комплексті ықпал жасайды. Мұнда ол жайлы ортада тұрғандай болады. Нерв жүйесіндегі процестер реттеледі, зат

СПИД: қауесеттер және шындық ~~~~~~~

СПИД ауруының біздің республикамызға да келіп жеткендігі туралы қауесет баршылық. Алматының темір жол ауруханасында осы аурудан бір әйел қайтыс болды, дәрігерлер аурудың диагнозын дер кезінде анықтай алмағандықтан көптеген сырқаттар осы ауруды жұқтырыпты-мыс деп айтылып жүр. Бұл рас па?

П. ФЕДЕРЕНКО.

Алматы қаласы.

Біз осы сауалмен Қазақ ССР-інің бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің орынбасары Әсия Әбдірахманқызы **ҚҰРМАНҒАЛИЕВАҒА** жүгіндік.

Мен темір жол ауруханасындағы СПИД диагностикасы туралы сыбысты үзілді-кесілді жоққа шығаруға тиістімін. Мұның бәрі кейбіреулердің таратып жүрген қауесеті.

Қазақстанның қалалары мен аудандарындағы жағдайға келетін болсақ, тұтасынан алғанда ол ойдағыдай деуге болады, соған қарамастан дәрігерлер мен адамдардың ұдайы қырағылығы керек. Алматыда азаматтарды жоспарлы түрде тексеру барысында шетелдік студенттер арасында СПИД ауруына шалдыққандар бар екендігі анықталды. Алғашқы оқиға 1987 жылдың декабрінде, қалғандары 1988 жыл ішінде тіркелді. Осы ауруды жұқтырғандардың бәрі елдеріне дер кезінде қайтарылды.

Мынадай факті хауіпті сыбыстардың шығуына негіз болған шығар: СПИД ауруын таратқандығы үшін Одессаның халық сотының үкімімен сотталған О. Лобуака деген азаматша жаңа туған ауру нәрестесімен бірге самолетпен үстіміздегі жылдың 26 апрелінде Алматыдағы әйелдер колониясына жеткізілді. Олар 30 апрельде кері қайтарылды. Әрине, ол бұл жерде ешкіммен қатынаста болған жоқ.

Бұдан басқа Қазақстанда СПИД ауруына шалдыққан немесе оның вирусы бар ешкім тіркелген жоқ.

Республика Денсаулық сақтау министрлігі аурудың алдын алу және онымен күрес қызметін құру жөнінде шаралар қабылдады.

Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігінің Эпидемиология, микробиология және жұқпалы аурулар ғылыми-зерттеу институты республикалық орталықтың қызметін атқарады. Алматыда 3 және облыстарда 19 СПИД лабораториясы ашылды.

Digitized by Google

алмасу, қан айналымы, тыныс алу жақсара түседі. Жасыл түс көздің шаршауын сейілтеді, шық түскен шөп үстінде жүру шынықтыра түседі.

Ормандағы дыбыстар, оттегімен, ұлпа органикалық заттармен байытылған таза ауа, жұмсақ сәуле ғасырлар бойы жайлы орта, адам организмінің алмасу процесінің стимуляторы қызметін атқарды. Адам осы ортаның бір бөлігі ретінде қалыптасты, сөйтіп көптеген тармақтар арқылы онымен байланысты болды.

Советтік ғалым Б. П. Токин 1928 жылы ащы сарымсақ, пияз, мойыл, т. б. секілді өсімдіктер микробтарды құртып жібере алатынын анықтады. Осы өсімдік антибиотиктері «фитоницидтер» деп аталды. Қылқан жапырақты алқаптың микробтарды құрту қасиеті ескеріліп, жұтқыншақтың созылмалы инфекциясымен, ревматизммен және туберкулезбен сырқаттанушы балаларға арналған санаторийлерді әдетте қарағайлы ормандарда салды.

Дегенмен фитонцидтер микробтарды жоюға әсер етумен қатар, көбіне ұлпа заттар ретінде олар тыныс алуды, қан айналымы, иммунды жүйені жақсарта отырып, иісті сезуге және басқа рецепторларға ықпал жасайды. Түрлі ағаш тұқымдары оларды түрлі мөлшерде бөліп шығарады. Бір гектар жапырақты орман тәулігіне 2 килограмм, қылқан жапырақты орман — 5 килограмм, ал аршалы алқап — 30 килограмм фитонцидті бөліп шығарады. Қарағай, шырша, емен, мойыл, мүк, арша, қара самырсын, таңқурай фитонцидтігі жоғары. Жас ағаштар орманында жаздың басындағы ыстық күндерде күннің екінші жартысында фитонцидті көп бөледі.

Дегенмен әңгімеміздің бастапқы сәтіне — орманды емдік тұрғыдан пайдаланудың жеке қатынасына оралайық.

Украин ССР Ғылым академиясының академигі К. С. Терновой мен медицина ғылымының кандидаты К. С. Гейхман жылдың түрлі мезгілінде қылқан жапырақты орман климатын сырқаттардың бәрі бірдей көтере бермейтінін сипаттайды. Сентябрь—октябрьде, салқын кезде (декабрьдің ортасы — февральдың орта тұсы) бөлінетін шағын мөлшердегі фитонцид жүрек-қан тамырлары жүйесі ауруымен сырқаттанушыларға оңды әсер етеді. Олар әсіресе тұрақты салқын ауа райы жағдайында өздерін жақсы сезінеді.

Өтпелі айларда (ноябрь, март) жапырақты ормандарға қарағанда қылқан жапырақты орман тым дымқыл болады. Тыныс жолдарының ауруы барысында суық пен дымқыл ауа тым қолайсыз болады. Апрельде—майдың орта тұ-

~~~
~~~

сында қылқан жапырақты орманда шайырлы заттар көп бөлінеді, ол тыныс алу жүйесінің қан айналымын жеңілдетеді, қақырықтың көп бөлінуін жақсартады, тыныс органдарының сырқаты барысында жөтелді жеңілдетеді, алайда демікпе адамдардың тыныс алуын ауырлатуы мүмкін. Өкпеге өтіп, бүйрекке бөлініп, шайырлы заттар зәрдің бөлінуін жеделдетеді, рас, бүйректің ауруы барысында жазда қылқан жапырақты орманда ұзақ болмаған жақсы. Гипертония, жүректің ауыр сырқаты барысында демікпемен ауырған кезде шайырлы заттар көп бөлінетін тұста (июнь, июль) қылқан жапырақты орман аймағында болу зиянды. Демікпенің асқынып, бас ауруы, бас айналуы, жүрек тұсының сыздауы, жүрек соғысының бұзылуы, құлақтың шулауы, ұйықтай алмаушылықтың пайда болуы мүмкін, мұның өзі қан қысымының көтерілуімен жалғасады. Аурудың ауыр өтуі барысында немесе егер адам осы аурумен көп жылдар сырқаттанып жүрсе, ол жаз айларында қылқан жапырақты орман климатын онша көтере алмайды. Жазда жүрегі ауыратын адамдарға қан қысымына игі ықпал жасайтын емен фитонциді мейлінше пайдалы екені дәлелденген.

Клеткалардың бірқалыпты жұмыс істеуі үшін оттегінің жеткілікті болу қажеттігі жақсы мәлім. Емен орманының бір гектары жылына 830 килограмм, қайың — 725, қарағай — 540 килограмм оттегі бөледі; алайда қанда оттегінің тым көп болуы ми тамырларының түйілуіне және естен тану жағдайына соқтыруы мүмкін.

Қала адамдарының біршама уақыт орман климаты жағдайына көндігуі талап етіледі, осы тұста алмасу процесі күшейе түседі, оның мидың клеткаларының оттегін қажетсінуін көбейте түседі. Көндігу кезінде «запастағы» капиллярлар ашылады. Ауру ұзаққа созылып, ауырлаған сайын, адам егде тартқан сайын осы кезең соншалық ұзаққа созылады. Орман жағдайына, әсіресе жазда көндігу қажеттігі туралы ұмытуға болмайды, демалыстың бас кезінде ұзақ қыдырмау керек. Сондай-ақ орман емін қабылдау кезінде организмде болған оң өзгерістерді баянды ете отырып, бүкіл жыл бойы қала сыртына жүйелі шығып тұру қажет.

Қайсыбір күшті әсер организмде «толқын» тудырады, оның есесіне біртіндеп жасалатын ықпал барлық органдар жұмысын реттейді. Орманда ауа райының өзгеруі онша аңғарылмайды. Бұлтты күндерде мұнда жел екпіні тежеледі. Орман іші қыста — жылы, жазда — салқын болады. Атмосфера қысымының ауытқуы азаяды. Ағаш діңгегі күн радиациясын шашыратып түсіреді.

Денсаулық үшін бірқалыпты тыныс алудың маңыздылығын әр адам түсінеді, алайда тыныс жолдарының үстіңгі қабатында өсетін және одан кілегей жентектері мен тозаңды сыртқа шығаратын көптеген түк жұмыс істемейінше таза ауада еркін сейілдеу мүмкін еместігін бәрі бірдей біле бермейді, түктердің толассыз қызметі өкпеге қарсы белгідегі жеңіл аэроиндердің толассыз берілуін қажетсінеді. СССР Медицина ғылымы академиясының корреспондент-мүшесі Л. Л. Васильевтің жұмысы көрсеткеніндей, оларсыз лабораториялық малдар тұншығудан өліп қалар еді.

Қайың, емен маңындағы ауа жеңіл аэроиндерге бай. Өсімдіктердің ұлпа заттары оның иондануына ықпал етеді. Орманда шаң жоқтың қасы, мұның өзі адамдардың денсаулығына ауыр әсер ететін ауыр иондардың болуына жол бермейді. Қылқан жапырақты орманның бір гектары жылына 30—35 тонна, жапырақты орман — 50—70 тонна шаңды ұқсатады.

Психотерапевт, медицина ғылымының кандидаты М. Е. Бурно табиғатпен емдеудің маңызы мен ерекшелігі туралы былай деп жазады: «Шаршаған адамның көңіл-күйі неден бәсеңдейді? — әрине, көбіне қайсыбір естен тандыру (шарап, дәрі-дәрмек, темекі т. б.) арқылы мұның сәті түседі, алайда осы босаңсу тұрпайы, әрі қауіпті. Босаңсудың көне, стихиялық... басқа әдісі бар. Бұл табиғатпен араласу».

Орман арқылы емделу, онымен араласу дегеніміз оның тіршілігін зерттеу. Табиғат көрінісіне жіті қарай білу, көргеніңнің бәрін зердеңде сақтау, сосын, мәселен, батып бара жатқан күн нұрының қарағай ұшына шағылысуын еске түсіру, осы образ, осы сәт ұдайы күйзеліс тудыратын қайсыбір сәтке қарағанда өмір үшін сондай маңызды. Ішкі дүниең ішектей қатты тартылған кезде пауза, үзіліс сондай қажет, ондай сәтті сүйікті орман мүйісі сыйлайды. Демек өзіңе психотерапевтік көмекті қабылдауды үйрену керек. Мұның барысында біз өз еркімізбен табиғи ситуацияда қалыптасқан қорғаныстың көне механизмдерін іске қосамыз. Оның тартымдылығы өте зор. «Менің осы кеңістікке толығынан үйлесуім жүрегіме сондай жылы»,— деп жазды К. Ваншенкин. Орманның көріктілігін қабылдау өнерін меңгерген адамға ол «кеселдерден» сақ болуға көмектеседі, сыртқы, шулы, абыр-сабыр өмірге тәуелді емес уақыттың айрықша барысын сезінуімізге мүмкіндік береді.

Г. АБРИН.

Digitized by Google

ТАҒЫ ДА ТҰЗ ТУРАЛЫ

«Тұз дүрбелеңі»— бертінде қайсыбір қалалар мен селолардағы тұзды үйіп-төгіп сатып алу көрінісін, әлбетте, осылай атаған дұрыс болар. Саудада тамақтық осы өнім болмай қалады деген сыбыстардың ықпалымен адамдар оны үйіп-төгіп сатып алды. Еліміздегі тұз қорының жайы қандай?— деп сұрайды біздің оқырмандарымыз.

Оларға жауап беру мақсатымен біз үстіміздегі жылы 28 майда «Правдада» жарияланған СССР Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті тамақ өнеркәсібі бөлімі бастығының орынбасары А. МАКАРОВПЕН интервьюді басып отырмыз.

— Өткен жылы сауда орындарына 2.425 мың тонна тұз, немесе норманың 158 проценті берілді. Тамақ кәсіпорындарына берілген тұзды ескерсек, бұл бір адамға шаққанда 14,4 килограмм құрады. Мұның өзі ғылыми жағынан негізделген үш норма!

Биыл жалпы тұзбен жабдықтау бір адамға 15 килограмға дейін жеткізіледі. 1 апрельде саудада оның 192 тәуліктік қоры болды. Адамдар осынша тұзды пайдалана алмайды деп сеніммен айтуға болады.

— Сіз тұтынудың ғылыми негізделген нормасы бар дедіңіз. Ол қандай норма!

— СССР Медицина ғылымы академиясы тамақ институтының деректері бойынша адамның ас тұзын тұтыну қажеті тәулігіне 5—6 грамды құрайды. Оның тамақ құрамындағы жалпы мөлшері күніне 15 грамнан аспауға, яғни жылына 5,5 килограмм болуға тиіс.

— Ал еліміздегі тұздың қоры қанша!

— СССР-де ас тұзының 101 кеніші барланып, есепке алынды, оның баланстық қоры 94.197,2 миллион тонна құрады. Тұз өндірудің қазіргі мөлшері барысында бұл қорлар бірнеше мың жылға жетеді. Қазір барланған кеніштердің тек үштен бірі ғана пайдаланылады. Кәсіпорындарды қайта құру мен салу программасы талдап жасалып, жүзеге асырылуда. Иркутск облысындағы қуаты жылына 2 миллион тонна тұз өндіретін Тырет тұз руднигінің, Тәжік ССР-індегі Яван тұз қайнату заводының құрылысы таяу жылдарда аяқталады, Арменияда ғы Аванский тұз комбинатын кеңейту аяқталды. Тұтасынан белгіленген жоспарларды жүзеге асыру 1995 жылға қарай тұз өндіру жөніндегі өндірістік қуатты жылына 7 миллион тоннаға жеткізуге мүмкіндік береді.

— Тұзды ұтымдырақ пайдалану үшін оны шағын қалталармен сатқан дұрыс болатын шығар!

— Елімізде бүкіл тұздың 63 проценті бір килограмдық қалтамен, қалғандары 40 килограмдық қаппен сатылады, ол көкөністі тұздауға және басқа шаруашылық қажеттеріне жұмсалады. Бұл онша ыңғайлы емес. Қырық килограмдық қаптарды 5—10 килограмдық пакеттермен ауыстырған дұрыс деп есептеймін.

— Демек, соңғы сұрақ. Үй шаруасындағы әйелдердің биылға қор жасауы керек пе! Мүмкін, бүкіл лимит алынып біткен шығар!

— Жұртшылық пікірін тыныштандырғым келеді: алаңдарлық негіз жоқ. Үстіміздегі жылдың март айында тұз кәсіпорындарының барлығы тұзды саудаға беру жоспарларын орындады, жоспардан тыс 24 мың тонна тұз жөнелтілді. Магазиндерге ас тұзы қанша керек болса, сонша беріледі.


КОЛЛЕКТИВТІ БАУ-БАҚ

Коллективтік бағбандық пен огород шаруашылығында азық-түлікті толықтырудың маңызды резервтері бар. Енді өзіндік бау-бақша дүрбелеңі басталды.

Қазір республикамыздың 3018 бағбандық серіктестігінде 654 мың семья бар. Олардың әрқайсысынан жыл сайын орта есеппен 76 килограмнан жеміс-жидек, 210 килограмнан көкөніс пен картоп өндіріледі. Әйтсе де коллективтік бағбандық пен огород шаруашылығын дамытуға барлық жерде бірдей тиісті мән берілмейді. Шымкент облысында, мәселен, 21 мың семья, Талдықорғанда — 10,8 мың, Өскеменде — 7,5 мың, Жамбылда — 5,5 мың, Гурьевте — 2,8 мың, Семейде — 2,5 мың, ал Алматыда — 35 мың семья осы уақытқа дейін учаске алмаған.

Digitized by Google

БІЗ ТҰРАТЫН ЖЕРДЕ



Тұрғылықты жердегі жұмыс көбіне шағын, онша елеулі емес істер арқылы құрылады, демек олардың бәрі адамдарға өте-мөте керек.

Төменде жарияланып отырған топтамаларда осындай істер жайлы әңгімеленеді.

АРДАГЕРЛЕР СЕРПІН БЕРУДЕ

Орал қаласының № 6 тұрғын үй-пайдалану басқармасы жанынан қоғамдық совет ұйымдастырылды, ал онда соғыс және еңбек ардагерлері белсенді роль атқаруда. Оның инициативасымен көп қабатты 28 үйдің бәрінде үй комитеттері құрылды. Олар атқарылған жұмыс туралы тұрғындарды ай сайын хабарландырады. Совет мәжілістерінде тұрғын үй қорын ұстаудың, өрттен сақтандырудың ережесін орындаудың, право реттілігін нығайтудың өзекті мәселелері қаралады. Март айында тұрғын үй-пайдалану басқармасы мен қоғамдық советтің бірлескен жұмыс жоспары қабылданды.

Жұртшылықтың не жасауының сәті түсті?

Алдымен үйлер подъездерін, аулалар мен балалар алаңдарын ретке келтірді.

Екіншісі — бұл тұрғын үйлердің, жылу жүйесі мен су құбырының жөнделуіне бақылау орнатты, тұрғындар осы жұмыс үшін советке алғысын айтты. Жұртшылық пен тұрғын үй-пайдалану басқармасы қызметкерлері өкілдерінен құрылған комиссия тұрғындардың жөндеу жұмыстарына жасаған заявкаларының орындалуын жүйелі қадағалайды. Демек, комиссия соғыс ардагері Б. Лавровтың шағымы бойынша пәтерді қарап шығып, жедел жөндеу жұмысын жүргізу қажеттігі туралы тоқтамға келді. Сөйтіп ондай жөндеу жасалды.

К. Луконькин, Ю. Козлов, Д. Харчев, Ф. Деумен, В. Землянушнов және В. Еремин басқаратын үй комитеттері жақсы жұмыс істейді. Олар тұратын үйлердегі подъездер мен баспалдақ алаңдары сондай таза, астыңғы қабаттар лас емес, аулалар территориясы жинақы. Үй комитеттері әзірше енжар позиция ұстайтын үйлерде мүлдем басқадай көрініс байқалады: подъездер лас, баспалдақ алаңдарында қоқыс көп, ал подвалдар тұрғысынан сөз етпің де келмейді.

Үй комитеттерінің жұмыс тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, инициативаның, адамдарды ұйымдастыра білудің маңызы зор. Үй комитетінің председателі В. Карицкий Дзержинский көшесіндегі № 104 үйде өз жұмысын білікті ұйымдастырғаны сондай, үй тұрғындарының бәрі аула мен подвалды тазалау жөніндегі сенбіліктерге белсене қатысты. Үй жанына бұталар отырғызды. Тұрғындар осы жұмыс барысында бір-бірімен жақынырақ танысып, достасты. Олар аула мерекесін өткізуге, балаларға арналған үйірмелер құруға уағдаласты.

Қоғамдық совет тұрғындардың социалистік тұрмыс ережесін бұзу туралы шағымдарын қарауға айрықша көңіл бөледі. Тәртіп бұзушыларға қоғамдық ескерту жасау шаралары қолданылады, әкімшілік жаза қолдану туралы ұсыныстар айтылады.

Совет мүшелері СССР халық депутаттары сайлауына әзірлікке белсене қатысты. Тұрғындар арасында сайлау туралы жаңа Заңды түсіндіру жөнінен жұмыс жүргізді, сайлаушыларды толғандыратын мәселелерді анықтады. Микроаудан сайлаушылары советінің аса белсенді мүшелері В. Землянушновты, В. Азовскийді, В. Ереминді сайлау алдындағы округтық жиналысқа өкілдер етіп сайлады.

Біздің советіміз тұрғын үй-пайдалану

Digitized by Google

басқармасының қызыл мүйісінде орналасқан, дегенмен біз адамдар арасында көбірек болуға ұмтыламыз. Қабырға газетін шығаруды қолға алдық, онда тұрғындардың игі бастамалары туралы әңгімелейміз, өз үйін ұқыпты ұстамайтын, бала тәрбиесімен жете айналыспайтын адамдарды сынаймыз.

Әрине, бізде ойластырғанымыздың бәрінің сәті түсіп отырған жоқ. Мәселен, қалалық коммуналдық шаруашылық қызметкерлеріне ешбір ықпал жасай алмай келеміз, олар қоқыс салынатын контейнерлерді бірнеше күн бойы әкетпейді. Тамақ қалдықтарына арналған кеспектер аулалардың бәрінде бірдей қойылып отырған жоқ, соның салдарынан қаншама нан жуындыға тасталады. Біз жүк автомобильдерінің үйлер аулаларына қойылуына тиым салу туралы мәселені мемлекеттік автомобиль инспекциясы қызметкерлері алдына бірнеше рет қойдық, бірақ біздің дабылымыз назардан тыс қалуда.

Дзержинский көшесіндегі № 64 және Фурманов көшесіндегі № 165 үйлердің іргетасының жайы тұрғысынан дабылымызға да мән берілмейді, көктемде олардың подвалдарын су басып кетеді.

Егер жұртшылық бұдан былай да белсенді жұмыс істей берсе, осы мәселелердің бәрі шешіледі, деп сенеміз.

С. КОЧНЕВ,
№ 6 тұрғын үй-пайдалану басқармасы қоғамдық советінің председателі, еңбек ардагері.

Орал қаласы.

БАЛАЛАР ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУДА

Өскеменде «Бригантина» аулалық клубының жанынан табиғат қорғайтын «Жас егерь» клубы құрылды. Оның міндеті — облысымыздың ең шалғай жерлерін браконьерлерден және табиғатты бүлдіретін басқа барлық адамдардан қорғау. Омарталарда жұмыс істейтін, шалғай мал жайылымдарында тұратын адамдардың Ленин атындағы мектеп-интернаттағы балалары үйірмеге енді.

Жас егерьлер үшін талдап жасалған программа екі жылдың ішінде экологиялық тұрғыдан сауатты оқушыларды даярлауға мүмкіндік береді. Жазушы-натуралист Б. Шербаков, облыстық аңшылар қоғамының қызметкерлері Т. Қоғабаев және А. Калмыков, «Бригантина» клубының оқытушылары үйірмедегі сабақты ерікті негізде жүргізеді.

Клуб жанынан оқушылардың басқа да табиғат қорғау коллективтері — «Жас ихтиолог», «Жасыл патруль» жұмыс істейді, олардың Алғабас селосында филиалы бар. Өкінішке қарай, қаржының жетіспеушілігінен «Бригантина» жас егерьлерді формамен қамтамасыз етіп, оқытушыларға үйірмені жүргізгені үшін ақы төлей алмайды.

Т. БУНЕЕВ,
табиғат қорғаудың қоғамдық инспекторы.

ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН СТАДИОН

Мұнда март айының өзінде тақыр алаңқай еді, ал май айында стадионның жүгіру жолдары алғашқы жүгірушілерді қабылдады. Көкшетаудың осы оңтүстік-шығыс ауданында жақсы жабдықталған бірде-бір спорт алаңы болмаған еді, ал оның жанында орта мектептер, № 2 орта кәсіптік-техникалық училище, автомеханика техникумы, мәдени-ағарту училищесі және басқа оқу орындары бар.

№ 2 «Көкчетавсельстрой» тресінің қызметкерлері бастама жасап, 250 мың сом бөлді. Трибунаны № 207 жылжымалы механикаландырылған колоннаның дәнекерлеушілері мен балташылары, қоршауларды — № 206 жылжымалы механикаландырылған колоннаның мамандары жасады,

Трестің бас инженерінің орынбасары А. Бокслер былай әңгімелейді:

— Көлемді жұмыс орындалды. Ересектер мен балалардың екі футбол командасына арналған шешіну орны, душы бар тұрмыстық корпус салынды. Қаламызда бүкіл жұртшылық болып «Торпедо» стадионын және «Юбилейный» спорт комплексін қалай салғанын еске түсірейікші. Ал осы «Жастар» стадионын бір трест 30 күн ішінде салды. Енді оның екінші кезегін қолға алудамыз. Мұнда саунасы бар монша, қысқы спорт залы мен бассейн жұмыс істейтін болады.

Жаңа стадионның ашылуына Щучьеде Олимпиадалық ойындардың жүлдегері, шаңғы жарысынан әлем чемпионы Владимир Смирнов келді. Ол былай деді:

— Мен өзімнің жас жерлестеріме өте разымын. Құрылысшылар мықтап көмектесті, бұдан артық ғимараттың керегі жоқ. Спортта шыңдала беру үшін жастардың осылай қарай ағылатынына көміл сенемін.

Г. СЕЙІТОВ.

Digitized by Google

ҒАРЫШ ШЕКАРАСЫН КЕҢЕЙТЕТІН «БОРАН»

Мен, профессионал астроном ретінде, отандық космостық құралдар арсеналында өзінің мүмкіндіктері жағынан айрықша класты аппараттың пайда болғанына қуанамын. «Боран» және жерге оралатын космолеттердің келесі легі жалпы табиғаттануды дамыту, соның ішінде аспан объектілері мен космос кеңістігінің құпиясына одан әрі қанығу үшін принципті тұрғыдан жаңа мүмкіншіліктерді береді.

Астрономдар ежелден не туралы армандады? Олар электр магнитті толқын спекторының барлық саласында Ғарышты зерттеуге көмектесетін өлшеусіз мол мүмкіндіктері бар телескоптар мен приборларды өз қарауларына алу туралы армандады. Өкінішке қарай, планета атмосферасы, спектордың бірқатар учаскелері (мәселен, қысқа толқынды радио, ұзын толқынды инфрақызыл, рентгенді және гамма-диапазондар) қабылдауға болмайтын экран болып табылады. Атмосфераның турбуленттігі оптикалық телескоптардың, соның ішінде Солтүстік Кавказдағы советтік 6 метрлік телескоп түріндегі аса ірі телескоптардың қадағалау мүмкіншіліктерін қыруар кемітеді. Демек одан шығу жолы біреу — бұл астрономиялық аппаратураны космос кеңістігіне шығару.

Көптеген жылдар бойы, бұл түптеп келгенде, бір дүркін қолданылатын ракеталар көмегімен жасалуда. Демек астрофизиктер қосынында жаңа, көбіне өзінің потенциясы жағынан таңданарлық ғылыми жобалар туындауда. Алайда бір дүркін қолданылатын ұшырғыш ракеталардың көмегімен оларды толық көлемінде орындау экономикалық жағынан тым тиімсіз, иә, технологиялық жағынан жүзеге асыру қиын болып шықты. Мәселен, дәстүрлі космостық құралдар арқылы әрқайсысының алаңы мың шаршы метрлік антенналарды күн жүйесі кеңістігінде орналастыруды елестетудің өзі оңай емес (ал осындай жоспарлар жасалуда). «Боран» осы және ауқымы жағынан осындай жобаларды шындыққа айналдыруға көмектеседі.

ЖҮК ТАСЫМАЛДАҒЫШ, ТАКСИ, «ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ»

«Боранның» практикалық мүмкіндіктері неден көрінеді?

Бұл ең алдымен космостық тамаша жүк тасымалдағыш. Аса көлемді космос комплексі құрылысына қабылданған жекелеген элементтерді — құрылыс фермаларын, герметикалық тұрғын бокстарды, тіршілікті қамтамасыз ететін құралдары бар орындарды, басалқы жөндеу бөлшектерін, алмастыру скафандрларын, т. б. мықтап қапталған күйінде оған тиеуге болады. Жүкпен бірге орбитаға келген монтажшылардың арнайы жаттықтырылған командасы ашық кеңістікке шығып, программа-қамтамасыз ету ретімен борттағы роботтың «қолынан» түсірілетін элементтерді қабылдап, жобалы конструкцияны біртіндеп жалғастыра береді. Көп дүркін ұшу көмегімен (мамандар пайымдаулары бойынша «Боранның» ресурсы космостық 100 сапарға дейін жетеді), мәселен, бүкіл астрономияны дамытуда сапалық жағынан жаңа секіріс жасауға жеткізетін тұрақты ірі обсерваторияны құруға болады.

Одан әрі космолет — бұл икемді, оперативті және қазіргі жағдайда жедел техникалық және қажетіне қарай медициналық жәрдем берудің экономикалық жағынан аса ыңғайлы құралы. Қазір түрлі елдер құны көбіне ондаған миллион доллардан асатын түрлі мақсаттағы спутниктерді космосқа ұшыруда. Дегенмен космоста пайда болған жекелеген, тіпті онша қымбат емес топтама торабының елеусіз ақауларынан бүкіл аппаратураның жұмыс істеуін доғаруға соқтыратын жайлар болады. Бұрын мұндай ірі материалдық және интеллектуалдық шығынның зая кетуімен ымыраласуға тура келді — болмай қоймайтын шығын секілді көрінді. Космостық құрылғы көмегімен оларға жол бермеу кезі басталды.

Мұның бір жолы — жұмыс істеуін тоқтатқан спутникті орбитадан «алып»,

Digitized by Google

оны космолет бортына ауыстыру, сөйтіп бұл үшін корабльдің арнайы ыңғайластырылған бөлігінде жөндеу-профилактикалық жұмысты жүргізу. Сосын робот-манипуляторды қайтадан орбитадағы аппаратқа отырғызу.

Екінші варианты — аппаратты алып, Жерге қайтару. Мұнда оның жақғыртылуы, жаңа жұмыс блоктарымен толықтырылуы және мұқият әзірленгеннен кейін тағы космосқа апарылуы мүмкін. Сайып келгенде, мұның өзі осындай объектіні қайтадан конструкциялап, жасағаннан гөрі арзан.

СОНДА БІЗ ҮШІН ҒАРЫШ КӨЛЕМІ... 40 ЕСЕ ҮЛКЕЙЕДІ!

Астрономия ғылымының мүмкіншіліктерін сапалық тұрғыдан өзгерту перспективасына оралайық. Совет ғалымдарының делегациясы, оның құрамында мен де болдым, 1988 жылы августе Халықаралық астрономия одағының 20-шы бас ассамблеясында олардың бірқатары туралы айтты. Космостық зерттеулер институты директорының орынбасары, СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі М. Кардашев пен СССР Ғылым академиясы Астрономия советінің председателі, академик А. Боярчук планетааралық кеңістікте ірі астрономиялық жүйелер жасау үшін советтік ракеталық-космостық «Энергия» комплексінің мүмкіншіліктері туралы (соның көмегімен «Боран» орбитаға шығарылды) хабар жасады.

Мәселен, космостық мақсаттағы жаңа құрылғы Жерден тысқары ортада айнасының диаметрі 10 метрлік алып оптикалық телескоптың болуына көмектеседі. Айналадағы дүниені танып білу үшін мұндай жобаны жүзеге асыру не беретінін төмендегідей салыстыру көрсетеді. АҚШ ғалымдары таяу болашақта NASA «Спейс Шаттл» корабльдерінің бірінің көмегімен негізгі айнасының диаметрі 2,4 метрлік оптикалық телескопты 600 километрлік биіктікке шығаруды жоспарлауда. Бақылау атмосферадан тысқары жүргізілетіндіктен бейненің көмескі болатыны сөзсіз, астрономдар аспан объектілерін 29—30-шы жұлдызды өлшеммен көреді (Жер бетіндегі таңдаулы телескоптар шегі 24-ші жұлдызды өлшем). Мамандар тілінен аударғанда бұл мынаны аңғартады: сәулесі 100 еседен астам әлсіз объектілерді бақылау ыңғайлы болады. Демек астрономдар 14 миллиард сәуле жылына дейін ғарышқа қарай алады. Яғни Жер бетіндегі таңдаулы телескоптар жасай алатыннан 5—7 есе әрірек қарайды. Ал біз планетадан тысқары айнасы 10 метрлік обсерваторияны алсақ қайтеді? Фантастика: Жер тұрғындары байқалатын дүниенің көкжиегін тағы 40 есе кеңейтеді!

Николай Кардашев жаңа тұрпатты советтік ұшырғыштарды қолдану арқылы ашылатын басқа бір ғаламат мүмкіншілікті де көрсетті. Мұнда космостық радиоинтерферометр деп аталатын құрылғыны жасау туралы әңгіме болып отыр. Егер космоста құрастырылған сонша лықты ірі екі немесе бірнеше радиоантенді жүз миллион километр қашықтыққа орналастырса (айталық, бірін Жер орбитасына, екіншісін — Юпитерге тақау қойса), онда радиотелескоптың мұндай жүйесінің бұрыштық секундтың миллионнан бір үлесін ажырату қабілеті («радионың қамту өткірлігі») болады. Осы өлшемнің ғажайып мәнін сезіну үшін доғаның бір секунды бұл 50 метрлік қашықтықтан адамның бір тал шашын ажыратуға болатын бұрыш екенін айтамыз. Соның нәтижесінде астрономдар жүзеге аспастай болып есептелген мүмкіндікті: басқа галактиканың өзінің қозғалысын көру, сөйтіп тым шалғай объектілерге дейінгі қашықтықты анықтауға қоса біздің кеңістігіміз — уақытымыздың алшақтығын өлшеу мүмкіндігін алады.

Астрономдарды күшті сезім бауырауда: біраздан соң Табиғаттың мүлдем күтпеген храмы ашылуы мүмкін!

Космостық транспорттың жаңа легінің пайда болуы бізде, Мемлекеттік астрономия институтында Айдағы обсерваторияны жобалау жөнінен жүргізіліп жатқан жұмысты жандандыра түсті. Бұл ақиқат, әрине, 21-ғасырдың туындысы, дегенмен Ай комплексі құрылысы алдында әзірлік кезеңдері өтеді, олардың басты мақсаты — осындай кәсіпорындарды барынша арзандату. Жер үстінде аралық орбиталық станция салу қажет болады, бірқатар жағынан одан Айға ұшу тиімді. Сонымен мұндай станция құрылысында «Боран» үлгісіндегі жүк тасымалдағыш, буксир роліне баға жетпейді. Демек аралық платформалардан немесе Ай бетінен Марсқа қарай келешектегі ұшқыш басқаратын сапарлар техникалық жағынан ыңғайлы және энергетикалық жағынан тиімді.

Түптеп келгенде, «Энергия» мен «Боран» адамдардың шексіздік дүниесі аз да болса жақындай түсетін сатыға көтерілуіне көмектеседі.

А. ЧЕРЕПАЩУК,
Штернберг атындағы Мемлекеттік астрономия институтының директоры (АПН)

Digitized by Google

НАРТИЯ ҚАТАРЫНДА ҚАЛДЫ

Кезінде шын мәніндегі халықтық қайғы-қасіретке айналып, миллиондаған адамдардың өмірін өшірген И. В. Сталиннің жеке басына табыну жылдарында көптеген қазақстандықтар да ешбір негізсіз партия қатарынан шығарылып, құрбан болды, адам айтқысыз жәбір-жапа шекті. КПСС Орталық Комитеті, жергілікті партия органдары қазір әділеттілікті толық қалпына келтіріп, социализм үшін күресіп, бірақ жазықсыздан-жазықсыз азап шеккендерді ақтау үшін зор жұмыс жүргізуде. Сондай адамдардың бір тобының ісін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының дайындауымен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы да қарады.

Журнал редакциясы осы номерден бастап, қайта құрудың әділдігі арқасында партиялық жағынан да ақталған, бір кездегі қара таңбадан біржола арылған азаматтар жөнінде деректер бере бастайды.

АЛТЫНБЕКОВ Дүйсенбай — 1927 жылдың ноябрь айынан ВКП(б) мүшесі. Партиялық жағынан жауапқа тартылар кезде Москва қаласындағы СССР Орталық Атқару Комитеті Президиумының жанындағы совет құрылысы Жоғары курсының тыңдаушысы болған. Д. Алтынбеков 1937 жылғы 22 ноябрьде Ішкі істер халық комиссариаты органдарының «Шәуілдір ауданындағы контрреволюциялық-ұлтшылдық ұйымға қатысқаны үшін» деп таққан айыбымен тұтқынға алынған. Содан кейін көп ұзамай ол партия мүшесі қатарынан шығарылып, 1937 жылғы 30 декабрьде ең ауыр жаза — атуға кесілген.

БЕЙСЕНБЕТОВ Сәрсенбай — 1920 жылдан ВКП(б) мүшесі. Алматы облыстық жерге орналастыру басқармасында аға жауапты атқарушы болып жұмыс істеген. Алматы қалалық партия комитеті 1937 жылғы 22 сентябрьде «халық жауы ретінде» ВКП(б) қатарынан шығарған. 1938 жылы 18 мартта ол «контрреволюциялық әрекеті үшін» деген айыппен сотталған. 1948 жылы еңбекпен түзеу лагерінде қайтыс болған.

ВЕРВЕЙКО Василий Пантелеймонович — 1943 жылдың апрелінен ВКП(б) мүшесі. Алтай өлкесінің Чапаев атындағы селосында бастауыш мектеп директоры болып жұмыс істеген. Белоглазов аудандық партия комитеті 1948 жылғы 29 ноябрьде «антисоветтік үгіт жүргізгені үшін» ВКП(б) қатарынан шығарған. Сол жылдың октябрь айында В. П. Вервейко Мемлекет хауіпсіздігі министрлігі органдары «антисоветтік әрекеті, СССР еңбекшілерінің экономикалық жағдайына жала жапқаны үшін» тұтқынға алынған, он жылға бас бостандығынан айырылып, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген, содан соң бес жыл правосынан айырылуға үкім болған. Қазір Алматы қаласында тұрады.

ГУСЕЙНОВ Миссир Юсуф-оғлы — 1921 жылдың июлінен ВКП(б) мүшесі. Халық Комиссарлары Советі Дайындау комиссариатының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өкілінің орынбасары болып жұмыс істеген. 1938 жылғы 20 июльде «оңшыл-троцкийшіл тыңшылық-бүлдірушілік ұйымына қатысып, зиянкестік жұмыс жүргізді, мобилизациялау арқылы жиналған астық қоры және халықтың көңіл-күйі туралы тыңшылық деректер жинап, беріп тұрады» деген айыппен тұтқынға алынған. Петропавл қалалық партия комитеті 1938 жылғы 25 июльде «халықтың және партияның жауы ретінде» ВКП(б) қатарынан шығарған, сотталып, 1938 жылғы 12 октябрьде атылған.

ЖҮРІМБАЕВ Нүрпелдеш — 1932 жылдың май айынан ВКП(б) мүшесі. Жамбыл облысының Шу ауданында Гуляев селолық Советінің председателі болып жұмыс істеген. 1937 жылы оған «колхозшылар арасында зиянкестік жұмыс жүргізіп, антисоветтік үгіт таратты» деген айып тағылып, «халық жауы ретінде» партия қатарынан шығарылған. 1937 жылғы 7 декабрьде айыбын еңбекпен түзеу лагерінде өтеуге ұйғарылып, он жылға бас бостандығынан айрылған.

ҚАЛМҰХАМЕДОВ Мырзеке — 1920 жылдан ВКП(б) мүшесі, партиялық жағынан жауапқа тартылар кезде Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Жаңақорған» курортының шаруашылық меңгерушісі болып жұмыс істеген. Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті оны 1937 жылғы 27 июльде «контрреволюциялық ұйыммен байланысы үшін» партия қатарынан шығарған. 1937 жылы Ішкі істер халық комиссариатының органдары М. Қалмұхамедовты «Алашорда контрреволюциялық-ұлтшылдық буржуазиялық ұйымының қызметіне қатысқаны үшін»

Digitized by Google

тұтқынға алған. Сол жылдың ноябрь айында атылған.

КАУФМАН Яков Моисеевич — 1903 жылдың мартынан ВКП(б) мүшесі, Шығыс Қазақстан облыстық халыққа білім беру бөлімінің Семей қаласындағы меңгерушісі болып жұмыс істеген. Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің 1937 жылғы 11 октябрьде болған бюросы мен сол жылғы 17—19 октябрьде өткен осы облыстық комитеттің пл[illegible]мы Я. М. Кауфманды «әшкереленген [illegible]лық жауларымен байланысы және бұл байланысын жасырғаны үшін, халыққа білім беру органдарындағы халық жауларын қорғағаны және оларды әшкерелемегені үшін» ВКП(б) қатарынан, сондай-ақ облыстық комитеттің мүшелігінен шығарған.

КЕЛЬМАНСОН Анатолий Израилович — 1919 жылдан ВКП(б) мүшесі. Үстінен іс қозғалғанға дейін Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті председателінің орынбасары болып жұмыс істеген. 1936 жылдың декабрінде А. И. Кельмансонды Ішкі істер халық комиссариаты органдары «Қазақстанның түсті металлургия жүйесіндегі контрреволюциялық-троцкийшіл зиянкестік ұйымға және Ащысай мен Риддер полиметалл комбинаттарында, Шымкент қорғасын заводында зиянкестік жұмыс жүргізуге қатысы бар» деген айыппен тұтқынға алған. 1937 жылғы 13 январьда ол «белсенді контрреволюционер, троцкийшіл, бүлдірушілік-зиянкестік жұмыс жүргізуші ретінде ВКП(б) қатарынан шығарылған. СССР Жоғарғы соты Әскери коллегиясының 1937 жылғы 3 октябрьдегі үкімімен атылған.

МАЙЖОЛОВ Мүбәрәк — 1927 жылдың мартынан ВКП(б) мүшесі, Шығыс Қазақстан облысындағы ет-сүт тресінің директоры болып жұмыс істеген. Семей қалалық партия комитеті 1935 жылғы 27 декабрьде М. Майжоловты «Алашорда қозғалысына белсене қатысушы, өзінің кулак тұқымы екендігін, әлеуметтік тегін партиядан жасырушы және партия сенімін ақтай алмаушы ретінде» партия қатарынан шығарған. 1937 жылғы 27 ноябрьде «антисоветтік әрекеті үшін» сотталып, атуға кесілген.

САТТАРОВ Зия Абдужаббарұлы — 1927 жылдың август айынан ВКП(б) мүшесі, партиялық жағынан жауапқа тартылар кезге дейін Алматы облысының Қаскелең ауданындағы балалар үйінің директоры болып жұмыс істеген. 1937 жылғы 19 ноябрьде «халық жауы ретінде» партия қатарынан шығарылған. З. А. Саттаров Ішкі істер халық комиссариаты органдарының «антисоветтік үйғыр ұлтшылдық ұйымының мүшесі болды» деп таққан айыбымен тұтқынға алынып, 1937 жылғы 1 декабрьде ең ауыр жаза — атуға кесілген.

СЕЙСЕКЕНОВ Бүркітәлі — 1919 жылдың декабрь айынан ВКП(б) мүшесі, Алматы облысындағы мемлекеттік қорықтың директоры болып жұмыс істеген. 1937 жылғы 26 августа «контрреволюциялық ұлтшылдық-фашистік элементтермен байланысы үшін» тұтқынға алынған. Тап сол күні Алматы қаласындағы Фрунзе аудандық партия комитеті, ал 1937 жылғы 9 сентябрьде Алматы қалалық партия комитеті оны «халық жауы ретінде» ВКП(б) қатарынан шығарған. СССР Жоғарғы соты Әскери коллегиясының 1938 жылғы 28 февральдағы үкімімен атылған.

Ешбір кінәсіз айыпталған бұл жолдастардың барлығы сот жағынан да ақталды.

ЖУРНАЛ ПОЧТАСЫНАН

АРДАГЕРЛЕР СОВЕТІ

Цемент заводының С. К. Демидов жетекшілік ететін ардагерлер советі коллективте және тұрғылықты жер бойынша көлемді жұмыс жүргізеді. Ол жайсыз семьялармен айналысады, барлық жастағы балалар қатысатын үйірмелерді жүргізеді, бұқаралық шараларды ұйымдастырады.

Кәсіпорын да өз тарапынан ардагерлерді ұмыт қалдырмайды: оларға заводтық профилакторийге жолдамаларды ұдайы беріп тұрады. Онда соңғы үш жыл ішінде 200-ден астам пенсионер денсаулықтарын түзеді. Курорттарға да жолдамалар бөлінеді, демек әрбір бесінші жолдама тегін беріледі.

Партия ұйымы мен әкімшілік пенсионерлердің тұрмыс жағдайын біліп отырады. Өткен жылы заводтық қаржы есебінен нәтерлерін жөндеуді қажетсінетіндердің бәріне көмек берілді.

Завод партия бюросының, әкімшілігінің ардагерлермен жұмысы бертінде Шымкент қалалық партия комитетінің бюросында мақұлданып, таратуға болатын тәжірибе ретінде ұсынылды.

К. БОПОВ,
Шымкент қалалық партия комитеті ұйымдастыру-партиялық жұмыс бөлімінің нұсқаушысы.

Digitized by Google

НОМЕРДЕ:

Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы (Өмірбаяндық анықтама) 1

● БІЗ — ҚАЙТА ҚҰРУҒА, ҚАЙТА ҚҰРУ — БІЗГЕ

Б. ШИН. Мектепке деген қарызды өтейік 2

● ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫ: ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР

Г. ИВАНОВ. Шағын селолар көркейтілуде 5

А. БЕЛАШ. Жастар күш-жігерін бағыттай білейік 7

● ЭКОНОМИКА: ЖЕДЕЛДЕТУ БАҒЫТЫМЕН

В. ИВАННИКОВА. Құрылысшылардың жаңа межелері 8

● АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ

В. ДМИТРОВСКИЙ. Қызылша шығымдылығын арттыра берейік 11

● МЕТОДИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

К. БИЕКЕНОВ. Сөз сөйлеудегі логика 14

● АТЕИСТІК ТӘРБИЕ

Л. ШАЛЯПИНА. Дінге сенушілермен сұхбат 17

● КОНФЕРЕНЦИЯЛАР, СЕМИНАРЛАР

А. КЕНЖЕҒАЛИЕВ. Ұлттық және дінн арақатынас туралы 18

● ӨҢГІМЕЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР

Т. СЕРГЕЕВА. «Отпен ойнама...» 20

● ДЕНСАУЛЫҚ

Г. АБРИН. Орманның емдік қасиеті 22

Ә. ҚҰРМАНҒАЛИЕВА. СПИД: қауесеттер мен шындық 22

● СҰРАҚҚА — ЖАУАП

А. МАКАРОВ. Тағы да түз туралы 25

● ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕР — ТӘРБИЕ ОРНЫ

С. КОЧНЕВ. Біз тұратын жерде 26

● ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКАНЫҢ КӨКЖИЕКТЕРІ

А. ЧЕРЕПАЩУК. Ғарыш шекарасын кеңейтетін «Боран» 28

● ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

Партия қатарында қалды 30

1931 жылдың ноябрьден шығып келеді.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАСПАСЫ.

© «Қазақстан үгітшісі», № 14, 1989.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39

Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84
63-27-74,
63-27-56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ

Редколлегия: Н. И. ЛАРИН, А. МӘУТЕНБАЕВ, К. М. СҰЛЕЙМЕНОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.

Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,

Сдано в набор 14.05.89 г. Подписано к печати 30.06.89 г. УГ01346 Формат 70x108¹/₁₆. Бумага офсетная № 2. Печать офсетная. Усл. печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8 Тираж 53578 экз. (каз. изд. 27522 экз., рус. изд. 26056 экз). Заказ 122. Цена 15 коп.

ИНДЕКС 75328.


Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.

Индекс 75328



«Плакат» баспасы:

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ




1989

15

ТАН ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



ШЫМКЕНТ ОБЛЫСЫ. Сайрам ауданының көп салалы «Победа» колхозының коллективі жыл сайын бес миллион сом пайда табу межесіне шықты. Арендалық мердігерлікті енгізу осыған көмектесті. Өнімді бастапқы ұқсатудың қалдықсыз технологиясы жолға қойылған. Қосалқы кәсіпшіліктер жүйесі оны қамтамасыз етуде, аң фермасы мен алкогольсіз сусын өндірісі жөніндегі цех осы салалардың аса маңыздысы болып табылады.

Колхоз басқармасының председателі Александр Дмитриевич Маслов осы табыстарға қол жеткізуге елеулі үлес қосуда. Насихатшы бола отырып, ол еңбек коллективінде көлемді түсінік жұмысын жүргізеді.

СУРЕТТЕ: «Победа» колхозы басқармасының председателі, облыстық колхоздар советінің председателі А. Д. Маслов.

Суретті түсіргендер Г. ГРОЙСЕР,
Л. БОГДАНОВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

15 • 1989
АВГУСТ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

НОМЕРДЕ:

● БІЗ — ҚАЙТА ҚҰРУҒА, ҚАЙТА ҚҰРУ — БІЗГЕ
А. МЕЗЕНЦЕВ. Нақты іс-қимыл қажет 3
● ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫ: ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР
С. ТӨЛЕКБАЕВ. Бұл жанды көрі байланыс 4
Г. ЫСМАҒҰЛОВА. Балалар көзімен қарай білейік 5
● АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ
В. ЛУЩАКОВ. Орақты мерзімінде әрі ысырапсыз өткізейік 8
Н. ЧЕТВЕРГОВ. Игі бастама 10
● ЭКОНОМИКА: ЖЕДЕЛДЕТУ БАҒЫТЫМЕН
М. РАЕВ. Мұнай-газ комплексі жасалуда 11
● ЖАҢА КІТАПТАР
Ю. КРИКУНОВ. «Айрықша көңіл бөлетін аймақ» 14
● САЯСАТ: ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІР
Р. СӘРСЕНОВ. Прогрестің қуатты бастауы 16
● ХАЛЫҚТАРДЫҢ ТУЫСҚАНДЫҚ СЕМЬЯСЫНДА
Ф. ӘЛИЕВ. «Біздің тарихымыз ортақ, мақсатымыз ортақ» 19
● ӘҢГІМЕЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫП
Л. ШКАТОВА. Семьяда бақытты адам өмірде де бақытты 22
● ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕР — ТӘРБИЕ ОРНЫ
Т. ЩИПАНОВА. Жоспар жасаумен... іс бітпейді 24
● ДЕНСАУЛЫҚ
Л. АФАНАСЬЕВА. Жұмыртқаны жеуге бола ма! 27
● СҰРАҚҚА — ЖАУАП
В. СИСЬКОВ. Қоршаудың әр жағында не өзгеруде! 28
● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР
В. ОВЧИННИКОВ. Тату көршілестік және өзара пайдалы ынтымақтастық . 30
● РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ
Г. ҚИСАМБАЕВА. Атеизм музейі 32

1931 жылғы ноябрьден шығып келеді.
ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАСПАСЫ.

С. «Қазақстан үгітшісі», № 15, 1989 ж.

Digitized by Google

НАҚТЫ ІС-ҚИМЫЛ ҚАЖЕТ



Уақыт жылдам өтіп барады. Күні кеше біздің бәрімізді сайлау алдындағы пікірталас толғандырған еді, ал сайлаудан кейін міне, төрт ай өтті. СССР Советтерінің алғашқы съезі жұмысының ұмытылмас күндері де тарихқа бойлап еніп барады, сонда да біздің ойымыз бізді Кремльдің Съездер Сарайына, депутаттар айтқан бай пікірлерге қайта оралта береді. Осы бірегей форумға қатысқан, Алматының № 1 автомобиль паркінің жүргізушісі **А. М. Мезенцевпен** сұхбатымыз да съезд туралы, оның қорытындылары туралы әңгімелерден басталғаны түсінікті ғой.

— Депутаттардың көпшілігі съезд туралы өз әсерлерін алмасып үлгерді, мен оларды қайталаймын ғой деп қауіптенемін, — деді Александр Моисеевич. — Маған ондағы еркіндік, батылдық ахуалы өте-мөте ұнады. Менің де, рас, қысқа болғанымен, екі рет сөйлеуіме тура келді. Мінберге бара жатқанда қатты толқыдым, сонда да залға қарап, өз жолдастарымның, мен сияқты жұмысшылардың жүздерін көріп, толқуымды басып, өзімізде автопаркте жұмысшы жиналысындағыдай немесе еңбек коллективі советінің мәжілісіндегідей іс туралы айтуға ұмтылдым. Съезд біздерге, депутаттарға берген ең үлкен тағылым: шешілмеген мәселелер мен қиыншылықтарға батыл түрде қарсы жүріп, істі нақты қолға алу.

— Қазір сіз осындай көңіл-күймен жұмыс істеп жатырсыз ғой...

— Басқадай болу мүмкін емес. Сайлаушылар бұған мұрша бермейді. Олар маған күн сайын келеді. Кешкілікте үйдегі телефонда түнгі сағат он екіге дейін дамыл болмайды. Бейтаныс адамдар өз проблемаларымен жүгінеді, өмірлік ситуацияларда қалай болу керектігі жайлы кеңестер беруді сұрайды.

Мен депутат ретінде ғана емес, сондай-ақ коммунист, жұмысшы ретінде осы өтініштердің бәріне үн қатпай тұра алмаймын. Басқа нәрсені де айтайын — бізде көптеген адамдар көмекті, болмашы адамгершілік қайырымдылықты қажетсінеді, мезгілі жеткен мәселелерді жылдар бойы шеше алмайды. Мен жұмысшы ортасында өстім, ешқашан және ештеңеде еркесымақ болып өскенім жоқ. Былайша айтқанда, өмірді білетін сияқтымын. Сонда да бізде адамның жайласып орналастырылмауы, кедейлігі, қайғы-қасіреті туралы анық көрдім. Егер осының бәрін жүрекке жақын қабылдамасам, онда өзімді сыйлаушылықтан қалар едім.

— Міне, ақын: бізге тыныштық түсімізге ғана енеді деп дөп айтқан ғой. Сіз өзіңізге жүктелген орасан зор істер мен қам-қаракетті қалай атқарудасыз! Өйткені сізде депутаттық қызметке қоса тағы басқа қоғамдық міндеттер бар ғой — сіз Москва аудандық партия комитеті бюросының мүшесісіз, автопарк еңбек коллективі советінің председателісіз. Ал жүргізушілік міндетті сізден ешкім алған жоқ қой...

— Иә, өте ауыр соғуда, дегенмен әлі де міндет қиындай түседі. Демек, сайлаушылар барған сайын жаңа мәселелерді көтеруде. Сондықтан кейбір міндеттерден бас тартуға тура келеді. Жалпы қоғамдық тапсырмаларды бөлуді реттеу керек. Бізде бұл тұрғыдан жаппай берекесіздік. Солбір адамдарға жүктелімді жүктей береді, ал коллективте ондаған, жүздеген адам сырт тұрады; олар жұмыс істеушілерді сынаумен ғана айналысады. Осының салдарынан жұмыс зардап шегеді, тәрбие қызметі ақсайды. Адам жанды іс, жанды жұмыс үстінде өседі ғой.

Тағы бір жайды айтайын — мені көпшілік алдында сөйлеуге ылғи шақырады. Бұл, әрине керек-ақ, халықтың съезд

Digitized by Google

СССР Халық депутаттарының бірінші съезі мынаған шақырады: негұрлым жақсы тұрып, негұрлым жақсара түсуіміз үшін өзіміздің еркімізді нығайтайық, күш-жігерімізді еселей түсіп, қайта құруды жігерлі түрде ілгері бастырайық!

«СССР-дің ішкі және сыртқы саясатының Негізгі бағыттары туралы» СССР халық депутаттары съезінің қаулысынан.

туралы бәрін белгісі келеді, депутат та адамдармен араласуға тиіс, дегенмен мұның да шегін білу және жұмыс уақытын үнемдеу керек. Мен үшін қайсыбір адамның автопаркте жұмыс істеуін мүлдем қаламаймын. Керісінше, сен депутат екенсің, еңбекте үлгі көрсетуге тиістісің. Өз жолдастарыммен бірге біздің автобус маршрутымызды үлгілі ету мақсатын алға қойдық.

— Сіз тәрбие мәселесін қозғадыңыз, ал олар біздің журналымыздың басты тақырыбы болып табылады. Бүгінде сізге тәрбие мәселесі қалай көрінеді?

— Мен, әрине, осы істің маманымын деп есептемеймін, сонда да үнемі нені ұшыратуға тура келетіні туралы ғана айтайын.

Мені, мәселен, «бұқара» деген сөз өте-мөте тітіркендіреді. «Үгітші бұқара арасында жұмыс істеуге тиіс», — дейді. Демек, қайсыбір бұқарамен емес, нақты адамдармен жұмыс істеуге тура келеді ғой. Әлбетте, әр адамның өміріне үңіліп, оның қам-қарекетіне үн қату керек. Міне, бұл нағыз тәрбие жұмысы. Мүмкін, біздердің, үгітшілердің «қайырымдылық» сөзін жиі еске алып, ақылгөйсімей, нақты адамдарға көмектесуіміз керек болар.

Үгіт пен насихаттағы жаттандылық та толғандырады. Москва аудандық партия комитеті бюросының мүшесі ретінде менің бір партия ұйымында партиялық оқу жүйесінің қорытынды сабағында болуыма тура келді. Мен насихатшының бірсарынды баяндамасынан, тыңдаушылардың немқұрайды жауаптарынан қатты тітіркендім. Осы сабақта жаттандылықтың басым болғандығы соншалық, насихатшы үшін ұялғандықтан ешкімге қарай алмадым. Иә, ол коллектив өмірінен мысалдар келтірді, иә, қайсыбір адамдар ұсыныстар жасады, бірақ осының бәрі ықылассыз, шабытсыз тиісті уақытты жедел өткізу ниетімен жасалды.

Ал бізде мұндай насихатшылар аз ба? Аудандық партия комитетінің идеология қызметкерлерімен әңгімелерде де семинарлар, лекциялар, үйірмелер санын есептеуді, осы жайлы анықтамалар жазуды доғаратын, олардың жұмыс мазмұнына көңіл бөлетін кез келді деп айтуға мәжбүр болдым.

— Сіз бертінде кешкі мектепті бітірдіңіз ғой. Егде адамның осындай өмірлік қадам жасауына не нәрсе жетеледі?

— Иә, кейбір жолдастарым сағаң оқудың керегі қанша, инженерлердің өздері сенен екі-үш есе аз алады деп күлді. Несі бар, мен жұмыс тұрғысынан да, жалақы тұрғысынан да жайлы орналасқанмын. Дегенмен мектепке оқуға бармасам, менің өмірім соншалықты қызғылықты бола қоймас еді. Мектептің арқасында төңірегіме жіті қарай бастадым, болып жатқан оқиғаларды жақсы ажырата алатын болдым. Оқудың керектігін жас жұмысшыларға да ұғындыруға ұмтыламын. Демек, мұның да тәрбие жұмысына тікелей қатысы бар: адамды өмірлік үлкен мақсаттарға шабыттандыру дегеніміз оны дұрыс тәрбиелеу міндетін шешу деген сөз.

— Әрине, мектепте алған және өздігінен оқу арқылы алған біліміңіз депутаттық қызметіңізге көмектесуде ғой...

— Әлбетте, солай, дегенмен одан әрі оқи беру керек. Депутат ретінде маған адамдармен араласу, пікірталасты жүргізу «сырларын» білу жетіспейді, заң білімі өте-мөте қажет. Бұл тұрғыдан мамандардан, сондай-ақ республикалық партиялық журналдардан, соның ішінде «Қазақстан үгітшісі» журналынан көмек күтеміз, оның беттерінде, меніңше, осы тақырыптар өз орнын алуға тиіс қой.

— Александр Моисеевич, сізді сайлаушылар аманатын қалай атқарып жатқаныңыз туралы әңгімеден «бұрып» әкеттім білем. Бұл тұрғыдан не айтуға болады?

— Жоғарыда айтқанымдай, сайлаушылармен жеке араласуға көп уақыт кетеді, бұдан ешқайда жалтара алмайсың. Дегенмен қаптаған істер үстінде аманаттарды қалыс жіберіп аламын ба деп қауіптенемін, бірнеше маңызды бағыттарға назарды шоғырландыруға ұмтылып отырмын. Сөйтіп жергілікті Советтер депутаттарымен бірлесе қимыл жасау, партия мен кәсіподақ ұйымдарының, шаруашылық жетекшілерінің көмегіне сүйену керек. Демек, бізге тікелей көмекшілер, консультанттар, юристер керек. Депутаттарға арналған осындай топтарды мүмкіндігінше жедел құру керек.

Әңгімені жүргізген Н. МОЙСА.

Digitized by Google

БҰЛ ЖАИДЫ КЕРІ БАЙЛАНЫС

«Сіздің көңіл-күйіңіз» қызметі біздің қоғамдық пікірді зерттеуімізге көмектесуде. Ол бірлестігіміз жұмысшылары мен қызметшілерінің сеніміне жедел ие болды. Енді әр еңбеккер директорға да, партия, кәсіподақ комитетіне де бармай-ақ өз сұрақтарын оларға қойып, жедел жауап ала алады, кемшіліктерді жою жөнінен өз ұсыныстарын енгізеді, сондай-ақ өзі көрген келеңсіз құбылыстар туралы басшылыққа хабарлай алады. Оның үстіне өтініш немесе ескертпе жазылатын карточка жұмысшы қайсыбір себептен беймағұлым қалу үшін атын айтпай-ақ өтініш жасауын қарастырады. «Сіздің көңіл-күйіңіз» қызметінің стендісі орталық кеңседе көрнекі жерге қойылған, демек мұнда қайсыбір кезде келуге болады.

Бізде партком секретарының орынбасары Болат Қызайбекұлы Сәрікенов жетекшілік ететін жұмыс тобының мәжілісі әр бейсенбіде өткізіледі. Топ мүшелері түскен сұрақтардың бәрін зерттейді, сосын адресаттарды анықтап, оларды әкімшілікке, партия комитетіне, кәсіподақ, комсомол комитеттеріне береді. Екі-үш күннен кейін қойылған сұрақтарға тиянақты жауап стендтке ілінеді. Егер оны бірден шешу мүмкін болмаса, осы сұрақты анықтап, шешудің нақты мерзімі туралы жауап беріледі. «Сіздің көңіл-күйіңіз» қызметі адамдардың қоғамдық істерге деген ықыласын көтеріп, азаматтық белсенділікті оятуға көмектесті. Егер алғашқы кезде оған негізінен жеке өтініштерімен жүгінсе, енді бүгінде село тұрғындары өндіріске, тәртіпке, социалистік меншікке салдыр-салақ қарауға қатысты мәселелерді көтере бастады. Дабылдар бойынша пәрменді шаралар қабылданады. Мәселен, шопан Тұрсынбай Тастеміров автодүкендердің шалғай мал шаруашылығы учаскелерінде тым сирек болатыны, ал олар келе қалғанның өзінде тауарлардың түр-түрі тым тапшы болатыны туралы дабыл көтерді. Әкімшілік осы мәселені талдады, сөйтіп 25 малшы семьясының тұрмысы ретке келтірілді.

Аға зоотехник Төлеген Ахметов күзетшілер фермадағы жемшөпті талан-таражға сала бергендіктен мамандар есебінен түнгі кезекшілер тағайындау туралы ұсыныс енгізді. Оның осы ұсынысы өскерілді, соның нәтижесінде талан-таражға салушыларға берік тосқауыл қою сәті түсті. Пенсионер Екатерина Ивановна Отева қазандық жұмысшыларының ішімдікке салынатыны туралы хабарлады. Ал шошқа өсіруші Екатерина Яковлевна Фролованың инициативасы арқасында бос тұрған ескі қора парник етіп қайта жабдықталды, енді онда помидор, қияр, гүл өсіріледі.

Немесе біз есімі жазылмаған карточка алдық, онда күзет жұмысшыларының жұмысқа кешігіп шығатыны немесе өз беттерімен кетіп қалатыны туралы дабыл болды. Тексеру барысында факті қуатталды. Осы мәселе бригада советінде қаралды, кінәлілер жазаланды. Ашық әңгіме болды, коллективте тиісті шешім қабылданды, соның арқасында адамдар өздеріне және өз жұмысына жаңа қырынан қарап, өз рольдерін жаңаша бағалап, өз істеріне қатаңырақ қарайтын болды. Соның нәтижесінде өндірістегі іс анағұрлым жақсарды. Бұл біздің бірде-бір мәселені жауапсыз, үнсіз қалдырмауымыздың нәтижесінде болды. Сондықтан еңбеккерлерді хабарландыруға айрықша көңіл бөлінеді. Олар қойған сұрақтарына жауапты біздің қызмет арқылы, сондай-ақ ашық жиналыстарда, жеке әңгімелерде алады.

Әлбетте, «Сіздің көңіл-күйіңіз» қызметі қоғамдық пікірді зерттеудің, совхоз еңбеккерлерімен араласудың басқа формалары мен әдістерін алмастырмайды, қайта оларды толықтыра түседі. Партия комитетінің мүшелері үнемі жұ-

Қазақ тіліндегі жаңа оқулықтар

Партия және экономикалық оқу жүйесінің тыңдаушыларына арналған «Ұлтаралық қатынастарды, интернационалдық және патриоттық тәрбие беруді дамытудың өзекті проблемалары», «Еңбек коллективінің шаруашылық есебі мен өзін-өзі қаржыландыруы», «Колхоздар мен совхоздардың еңбек коллективтеріндегі шаруашылық есеп пен өзін-өзі басқару» деген оқу құралдары қазақ тілінде шықты.

Бұдан артық «В. И. Ленин социалистік құрылыс туралы» жинағы, «Жеделдету стратегиясы», «Агроөнеркәсіп комплексін интенсивті дамыту» оқу құралдары шығарылды.

Digitized by Google

мысшылар арасында болып, коммунистермен және партияда жоқтармен жеке әңгімелер өткізеді, адамдардың пікірлерін, сұранымдарын зерттейді, сонымен бірге шаруашылық қызмет пен саяси-тәрбие жұмысының жайын талдайды. Шаруашылықтың комсомол комитеті оның секретары Балбосын Әділбековананың бастауымен осы жұмысқа қосылды.

Еңбеккерлер ұсыныстары бойынша тұрғылықты жердегі жұмыс аса тиімді жүргізілуде. Көше мерекелерін, таңдаулы аула конкурстарын өткізу мұның бастамасы қызметін атқарды.

Қызмет дабылдары партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарын, совхоз әкімшілігін өз қызметіне қатаңырақ қарауға, кемшіліктерге ымырасыз болуға, ақауларды дер кезінде түзетіп, өз жұмысының формаларын және әдістерін жетілдіруге жетелейтін өзіндік талапқа айналды.

С. ТӨЛЕКБАЕВ,
Талдықорған аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігі партия комитетінің секретары.
Талдықорған облысы,
Киров ауданы.

БАЛАЛАР КӨЗІМЕН ҚАРАЙ БІЛЕЙІК

«Целиноградкорммаш» бірлестігінің актылы залында ата-аналардың өзгешелеу жиналысы болды. Балалары қамқорлықтағы № 30 мектепте оқитын ата-аналар жұмыс сменасынан кейін осында жиналды.

Демек жиналыс неліктен заводта өткізілуде? Мүмкін, ата-аналарды мектепте жинау қиын шығар? Бір жағынан, осындай да себеп болғаны кейіннен анықталды. Бұл жолы залда негізінен ер адамдар отырды, оларды ата-аналар жиналысынан сирек көресің. Мектеп тарапынан қамқорлық жасаушылардың көңіл бөлмеуіне шағым айтылмағанымен бұл жолы олар тәрбие туралы әңгімеге қатысуға тиіс. Мектепті жөндеуге, жабдықтауға, жайластыруға жұмсалатын материалдық шығындардың бір бөлігін бірлестік өз міндетіне алады. Заводтықтар оқушылармен кездесуге, жиындарға келеді. Партия комитетінің инициативасы бойынша жасөспірімдер үшін спорттың әскери-қолданбалы түрлерінің клубы ұйымдастырылды. Демек, заводтықтар бұл жөнінде жақсы хабардар.

Ал папалар мен мамалар мектеп өмірі туралы не біледі? Өйткені семьялардың бәрі бірдей өз баласының істеріне ықылас қоя бермейді. Мектеп директоры Г. М. Глуховцева жиналыста қайта құруға байланысты мектепте өтіп жатқан өзгерістер туралы әңгімеледі. Мынадай мысал жадымда қалды. Төртінші кластардың бірінде үш кандидатураның ішінен... командирді сайлады. Ересек адамдар арасындағыдай, кандидаттар өз программаларын ұсынды. Ұсыныстары балаларға әлдеқайда қызықты және қажетті көрінген кандидат жеңді.

Кластар арасындағы жарысты ұйымдастыруға деген қатынас та өзгерді. Мектеп директорының айтқанындай, ол «балаларды сайысқа ғана емес, ынтымақтаса еңбек етуге үйретеді». Бүкіл класымен қонаққа бару сияқты ойын балаларға ұнады. Мәселен, 5«а» класы 5 «д» класын өзіне қонаққа шақырды. Қожайындар қонақтарды қабылдауға алдын ала әзірленеді: столды жабдықтап, көңілді программаны ойластырады. Сөйтіп балалар өзара араласу мәдениетіне үйренеді.

Әлбетте, оқушылар көңіл көтерумен қатар еңбек ете де біледі. № 5 үй басқармасымен шарт жасасқан олар аулалар мен көшелерді жинайды. Тапқан ақшаларын саяхат жасауға жұмсайды. Қаланың медицина мекемелерімен де жасалған шарт бар: қыздар дәкеден таңу материалдарын тігеді. Мұның табысы онша болмағанымен өте қажетті іс.

Демек, балалар өздерін қанаттандыратын, елеулі пайда беретін күрделі жұмыстарды орындау туралы армандайды. Бірақ заводтарда жасы 15-ке толмаған жасөспірімдерді жұмысқа қабылдамайды. Енді қамқорлық жасаушылар өздерінде өндірістік-оқу бригадасын құруға уәде етті. Әзірге оған 90 адамды енгізу белгіленіп отыр, ал оған тілек білдірушілер анағұрлым көп.

— Біздің ұлдарымыз бен қыздарымыз кеңінен тұтынылатын товарлар өндіретін учаскеде жұмыс істей алар еді,— дейді Галина Максимовна. — Мұғалімдер жиналысқа алып келген балалар творчествосының көрмесі осыған иландырды...

Мектеп білім берумен қатар балалардың творчестволық қабілетін дамытуына көмектеседі. Демек бұл жұмыс педагогтардың ата-аналармен өзара тығыз байланысы арқылы тиімді болады.

Облыстық ішкі істер басқармасы бөлімінің бастығы Е. Г. Орличенко жиналыста

Digitized by Google

ата-аналардың бақылау жасамауының, балаларды бетімен жіберуінің қандай қайғылы жағдайларға душар ететіні жөнінен көптеген мысалдарды атады. Право тәртібін бұзушы әрбір бесінші бала мастық жағдайда қылмыс жасайды. Жасөспірімдер арасындағы нашақорлық пен токсикомания өте-мөте алаңдатады. Кәмелетке толмаған тәртіп бұзушылардың орташа жас мөлшері жылдан-жылға төмендеп келеді.

— Мейірбандық, ізеттілік, адамдарға қайырымдылықпен қарау — осы сапалардың бәрінің негізі семьяда қаланады,— деді Е. Г. Орличенко. — Алайда мәселенің қиындығы мынада: балалар көбіне өз проблемаларымен өздері қалады.

Аты айтылмаған анкеталық сұрақтарға оқушылардың берген жауаптері осы жайлы бейнелейді. Демек, соларды жиналыста оқып бергенде, ата-аналар біршама абыржып қалды.

«Ата-аналар бос уақытында немен айналысады?»— осы сұраққа әртүрлі жауаптар берілді. Мамам —«магазиндерге барады», «пирог пісіреді», «тоқиды», папам «газет оқиды», «гаражға барады», «балық аулауға барады». Демек бір бала ғана былай дп жазыпты. «Егер олар демалыс күндері менімен аздап ойнаса, бұл жақсы болар еді. Ал біз бірге өте сирек боламыз...»

Аздаған семьяларда ғана айналысатын ортақ іс бар. Ал «Не туралы армандайсың?» деген сұраққа балалар міндетті түрде папасымен және мамасымен бірге «жорыққа шығуды», «ағаш арасында серуендеуді», «еліміз бойынша саяхатқа шығуды» қалаймыз, деп жауап берді.

Балалар семьядағы өзара ұғынушылықтың жоқтығын өздерінше түсіндіру әрекетін жасайды. Көпшілігі мұнда семьяға, балаға аз көңіл бөлетін әкелер кінәлі деп есептейді. Ал бір бала «стенка» кінәлі — әке-шешем оны сатып алғысы келеді, бірақ ала алмай жүр», деп жазған.

«Менің болашақ семьямдағы жағдай менің ата-аналарымдағыдай болмайды»— деп тұжырым жасайды қайсыбір оқушылар. Сұралғандардың көпшілігі ол көп балалы семья болады дейді. Ал ұл балалар «балаларды ұрмаймын», «арақ ішіп, темекі тартпаймын», «әйеліме жақсы қараймын, үйге ерте келемін» деп қоса жазған.

Демек осы бүкпесіз жауаптар ата-аналарды біз, расында, осылай тұрамыз ба деп ойлануға жетелейді.

...Мүмкін, бәрі бірдей ойлағандай болмаған шығар. Папалар жиналыста көбіне үндемей отырды. Әйтсе де, осы әңгіме балалар тәрбиесі мәселелеріне ата-аналардың басқаша көзбен қарауына көмектеседі ғой деп ойлаймыз.

Г. ЫСМАҒҰЛОВА,
«Целиноградская правда»
газетінің тілшісі.
Целиноград қаласы.

ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ХРОНИКАСЫ

ЦЕЛИНОГРАД

Целиноград қалалық партия комитетінде қаланың творчестволық интеллигенциясының Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті, прокуратура, сот және милиция қызметкерлерімен кездесуі болды.

Кездесуде сөз сөйлеген Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті облыстық басқармасы бастығының орынбасары А. М. Андриенко мемлекеттік қауіпсіздік органдары қызметінің негізгі бағытгары туралы, целиноградтық чекистердің жеке адамға табынушылық кезінде негізсіз репрессияланған азаматтарды ақтау жөніндегі жұмысқа қатысуы туралы әңгімеледі. Қалалық ішкі істер бөлімінің бастығы В. В. Кем қаладағы қылмыс жасаушылық жайын талдады. Қала прокурорының орынбасары У. Т. Құнтықовқа және қалалық халық сотының председателі С. Б. Ақылбаевқа социалистік заңдылықтың сақталуы туралы көп сұрақтар берілді.

Кездесуде право қорғау органдарының жұмысын баспасөзде кеңінен баяндаудың қажеттігі, олардың қызметкерлерінің еңбек коллективтері мен тұрғылықты жерлерде сөз сөйлеуін ұйымдастыру туралы тілектер айтылды.

ПЕТРОПАВЛ

Облыстық идеология комиссиянның мәжілісінде 1990—1995 жылдарға арналған облыстық «Мәдениет» программасының жобасы талқыланды.

Программа жұртшылықтың облыстың қалалары мен аудандарындағы нақты жағдайды ескеретін ұсыныстары негізінде қалыптасты. Онда селодағы мәдени-бұқаралық жұмысты жақсартуға айрықша көңіл бөлінеді. Мектеп жасына дейінгі балалардан бастап эстетикалық тәрбие беру жүйесі, сондай-ақ адамдардың қарым-қатынасының жалпы мәдениетін қалыптастыру ойластырылған.

Digitized by Google

ЖУРНАЛ ПОЧТАСЫНАН

Кітап достастырды

Социологиялық зерттеулер кітап оқуға ықыластың төмендеп кеткенін, әсіресе жастар арасында төмендеп бара жатқанын көрсетеді. Мәселен, Шымкент автомобиль жөндеу заводының, «Чимкентводстрой», «Джетысайсельстрой» трестерінің, Сарыағаш жылжымалы-механикаландырылған колоннасының кәсіподақ кітапханаларында жас оқырмандар жалпы жоқ. Иә, бүгінде кітапханадан кітап алатындар басқа қызметтерге: тағдыры қызықты адамдармен кездесуге, іздестіру, зерттеу жұмыстарына қатысуға, әдебиет майданында өз күштерін сынауға құмар.

Бір сөзбен айтқанда, көптеген кітапхана қызметкерлерінің үйреншікті қызмет аясынан шығатын кездері жетті. Шымкент қорғасын заводы кәсіподақ комитетінің С. Маслеева басқаратын кітапханасының қызметкерлері осылай жасайды. Олар завод жатақханасында «Әсемдік, Талғам. Экономика» клубын бірнеше жылдан бері жүргізіп келеді.

Оның мәжілістеріне жастар ықыласпен жиналады. Клубта лекция тыңдауға, қызықты әңгімешімен кездесуге, өз пікірін айтып, ұсыныс жасауға болады. Клуб мүшелері модельерлермен және косметологпен кездесті, макреме өнеріне үйреніп, әсемдік құпиялары туралы әңгіме қозғады.

Кітапхана қызметкерлері әрбір мәжілісте библиографиялық шолулар жасайды, кітап әлемінің жаңалықтары туралы әңгімелейді, әдебиеттермен еркін танысуды ұйымдастырады. Осының бәрі жас жігіттер мен қыздарды тәрбиелейді, олардың рухани дүниесіне әсер етеді. Әрине, олар кітапхана оқырмандарына айналып, достасып кетті.

В. ЧАЙКОВСКАЯ,
одақаралық кітапхана директорының орынбасары.
Шымкент облысы.

Жиналыс осылай ұйғарды

«Ақкөл» колхозында жалғызілікті • қарт кісілер мен жеткілікті қамтамасыз етілмеген семьялар туралы көлемді қамқорлық жасайды. Бертінде мұнда колхоз жиналысы болды, онда жан-жақты қолдау тапқан тұтасынан бірқатар шешімдер қабылданды.

Енді шаруашылықта 20 жыл істеген еркектерге, демек 15 жылдық еңбек стажы бар әйелдерге 70 сом мөлшерінде пенсия тағайындалады. Жалғызілікті анаға тәрбиесіндегі әр баласы 17 жасқа жеткенше 25 сом мөлшерінде ақшалай көмек төленеді. Көп балалы аналарға көмек беру мәселесі де шешілуде.

Осының бәрі колхоздың шаруашылық есепке ауысуының арқасында мүмкін болды.

С. ВАИТОВ.

Жамбыл облысы
Жамбыл ауданы.

Көптеген адрестер бойынша

Көкшетау прибор жасау заводы коллективінің өнімдерді жөнелту географиясы ауқымды. Таразылардың барлық түрлерінің 90 процентіне дейіні ауыл шаруашылығында қолданылады.

Заводгықтар КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы март Пленумының шешімдерін жүзеге асыра отырып, өз өнімдерін село еңбеккерлеріне беруді көбейтіп, оның түр-түрін молайтуды белгіледі. Завод цехтарында сүт пен ет өлшеуге арналған микропроцессорлы блокты информациялары бар таразылар жасауды бастады. Агрөнеркәсіп жүйесінің ұқсату кәсіпорындарына қазірдің өзінде осындай 40-тан астам таразы берілді. Таразыға деген мемлекеттік заказды орындау жыл аяғына қарай жүздеген өлшемге жетеді.

Д. ЖАҚЫПОВ.

Көкшетау қаласы.

Кімнің селосы көрікті

Селоның бейнесі. Соңғы жылдары онда қандай жаңалықтар болды? Село тұрғындарының еңбек етуі, тұрмысы және демалысы үшін қандай жағдайлар жасалған. Елді мекендерді комплексті жайластыру жүзеге асырылып жатыр ма? Селоны көркейтіп, көгалдандыруға адамдар қалай тартылуда?

Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің шешімімен өткізілетін облыстық байқау-конкурс осы сұрақтардың бәріне жауап береді.

А. СЕДОВ.

Өскемен қаласы.

Digitized by Google

ОРАҚТЫ МЕРЗІМІНДЕ ЖӘНЕ ЫСЫРАПСЫЗ ӨТКІЗЕЙІК

Орақ ауқымы күн сайын солтүстікке қарай ойысып барады. Таяу уақытта ол республикамыздың негізгі астықты өлкесі — тың шаруашылықтарына келеді, Отанның астық қамбасын толықтыруда оның еңбеккерлерінің жауапкершілігі өте-мөте зор.

Елдің астық балансында Қазақстан жалпы дайындалатын астықтың бестен бірін өндіретінін, республика сатып алынатын күшті және қатты бидайдың 75—80 процентін беретінін ескертейік. Бізде өткен бесжылдықпен салыстырғанда үстіміздегі бесжылдықта астық өндіру 4,8 миллион тонна өсіп, орта есеппен бір жыл ішінде 26,1 миллион тонна құрады. Өнімді сатып алу 1 миллион тоннадай өсті, шығымдылық гектарына 2,3 центнердей артты. Бидай, тары, қарақұмық, жүгері және күріш жинау артты. Алайда мұның өзі жоспарлы тапсырманы орындау үшін жетімсіз болып шықты. Үш жыл ішінде 7,2 миллион тонна астық кем алынды, ал оны сату жөнінен мемлекет алдындағы берешек 8,4 миллион тонна құрады. Қарақұмық пен тары сатып алу жөніндегі жоспарлар да орындалмады.

Осындай жағдайға байланысты өткен жылы ноябрьде өткен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIII пленумы үстіміздегі жылы өткен жылдарда кем алынған астықты барынша өтеу, сөйтіп астық өндіруді 31,5 миллион тоннаға жеткізу міндетін қойды. Мұның өзі он бірінші бесжылдық жылдарында орташа есеппен өндірілген өнімнен 10 миллион тонна және 1988 жылға қарағанда 9 миллион тоннадай көп.

Совхоздар мен колхоздардың көпшілігінде осы тапсырма жоғары жауапкершілікпен қабылданды. Жаздық бидай үшін 20,4 миллион гектар сүдігер және 5 миллион гектардан астам пар дер кезінде жыртылды. Жаздық бидай егістігінің 87 проценті жақсы әзірленген жерге орналастырылды және 10 миллион гектардан астам жазғы бидай таңдаулы алғы дақылдан кейін егілді. Аудандастырылған сортты тұқым дикандарда қажетті мөлшерде болды, демек өткен жылмен салыстырғанда себу сапасы жоғары тұқым үлесі 6 процент өсіп, 83 процент құрады, қысқы уақытта ылғал жинау жөнінен жұмыстың қажетті комплексі атқарылды. Өткен жылдардағыдай, топырақ өңдейтін және егіс техникасы ерте жөнделді, минералдық тыңайтқыш пен өсімдікті қорғау құралдары жеткілікті мөлшерде әкелінді.

Бидай егістігінің жартысынан астамы түпкі нәтижеге жұмыс жасайтын арендалық коллективтерге бекітілді.

Дикандардың және оларға көмек беруші барлық адамдардың күш-жігері тәуір шығымдылықпен өтелуде, қазір танаптарда егін жаппай қаулап өсіп келеді.

Рас, биыл көктемнің кеш түсуі, май айындағы қар мен июнь айындағы қуаңшылық егін шығымдылығына біршама нұқсан келтірді. Осы себептен Шымкент облысында 80 мың гектардан астам, Жамбыл облысында — 90 мың гектардай дәнді дақылдар егістігі есептен шығарылып тасталды. Сондай-ақ, Алматы, Талдықорған облыстарының бірқатар аудандарында және Семей облысының оңтүстігінде егістікке нұқсан келді.

Мұның өзі астық ысырабына жол бермеу тұрғысынан дикандарға мейлінше қатаң талаптар қояды. Орақ мерзімін қысқарту — оны ысырапсыз өткізудің бірінші шарты екенін орақка қатысушылардың әрқайсысының сана-сезіміне жеткізу керек, ал бізде ондай ысырап өте-мөте көп және жыл сайын 1 миллион тоннадан астам мөлшерге жетеді. Астық танабы тұрғысынан республикада соңғы орынды алмайтын Жамбыл облысы жылына орта есеппен осындай мөлшерде астық өндіреді.

Егінді жинау мерзімін барынша ықшамдау үшін біраз нәрсе жасалды. Көптеген облыстардың шаруашылықтарында орақ техникасы дер кезінде жөнделді, дала қостары күзгі жұмыстарға әзірленді.

Егінді жинау мерзімін қысқарту мақсатында дестелік кең алымды жатқалар мен комбайндар хедерлері көбейтілуде. Мәселен, 10 метрлік дестелік жатка негізінен солтүстік облыстарда пайдаланылатын болады. 13 мың комбайнды 6—7 метрлік хедерлермен жарақтандыру оның өнімділігін 13—14 гектарға дейін көтереді.

Тұтасынан республика бойынша 101 мың орақ комбайны жұмыс істейтін болады. Жұмысты жақсы ұйымдастыру барысында егінді тікелей комбайнмен оруды 9 күнде және десте жинауды 8 жұмыс күнінде аяқтаудың нақты мүмкіншілігі бар. Дикандар алдына осындай міндет қойылды да. Өткен жылы ауа

Digitized by Google

райының жауын-шашынды болуынан орақ мерзімінің екі айға дейін созылуы ескеріліп, биыл бөлектеп ору мөлшерін біршама кеміту ұсынылуда. Аса шығымды және лас егіндер ғана бөлектеп орылады. Биыл егін жайы ескеріліп, 9,6 миллион гектар алаңның егінін бөлектеп ору белгіленуде. Сайып келгенде, диқандардың өздері орақ тактикасын анықтауға тиіс.

Мемлекетке сатылатын астық сапасы туралы айрықша айту керек. Бізден алынатын астықтың қатты және күшті сорттары наубайхана өндірісінде ұнды жақсартушы ретінде пайдаланылады және дүние жүзілік рынокта жоғары бағаланады. Олардың сатып алу бағасына жоғары үстеме тағайындалуы кездейсоқ емес. Үстіміздегі бесжылдықта біздің республикамызда жоғары сапалы астықты сату жылына орта есеппен 500 мың тоннадан астам өсті. Целиноград облысының колхоздары мен совхоздары үш жыл ішінде күшті бидай сату жоспарын 103 процент, Павлодар облысы — 128, Қарағанды облысы — 136 және Жезқазған облысы — 300 процент орындады. Жамбыл мен Талдықорған облыстарының шаруашылықтары астық сапасын арттыру жөніндегі жұмысты айтарлықтай жақсартты. Олар үш жыл ішінде күшті бидай сату жоспарын тиісінше 500 және 157 процент орындады. Сонымен бірге Көкшетау, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары мемлекетке күшті бидай сату тұрғысынан көбірек берешек болып қалды, олар өнімді сату жоспарын тиісінше 68,53 және 47 процент орындады. Ақтөбе, Алматы облыстарының колхоздары мен совхоздарында жоғары сапалы астық жөнінен мемлекет алдындағы берешек тиісінше 335 мың тонна және 8 мың тонна құрады. Тұтасынан республика бойынша қатты бидай жөнінен де үш жылдық жоспар орындалмады, осы кезде 1.240 мың тонна кем берілді.

Қазір диқандар үстіміздегі жылы күшті және қатты бидай сату жоспарын толық орындау, сонымен бірге құралып қалған берешекті барынша өтеу тұрғысынан жұмыс жасауда. Осыған орай астықтың жоғары сапасын қамтамасыз ететін барлық талапты мүлтіксіз орындау керек. Бірқатар шаруашылықтарда ол нашар ұқсатылып, тазартылады, оның түрлі партияларының араласуына жол беріледі, дер кезінде дегдіту қамтамасыз етілмейді, қазір тынның басты науқаны басталар алдында бүкіл өнімді тазарту машиналарында міндетті түрде ұқсатуға арналған жағдайды қамтамасыз ету керек. Лас астықты өткізу шаруашылыққа экономикалық жағынан тиімсіз екенін, стандарттың жетілдірілмеуі себебінен ол күшті бидай ретінде емес, тек бағалы немесе жай өнім ретінде бағаланады.

Шаруашылықтарда астық сапасын анықтау жөніндегі лабораторияларды ұйымдастыру өте-мөте маңызды. Және мұны дереу жасап, астық қабылдау кәсіпорындарының көмегімен оларды қажетті жабдықтармен және приборлармен жабдықтау, лаборанттарды анализ жасау әдістеріне үйрету керек. Әр совхоз бен колхоз бойынша міндетті түрде орақ алдында орылмаған егіннің сапасын алдын-ала бағалау, ал егін жинау барысында шаруашылық тарапынан астық қабылдау кәсіпорындарында да оның сапасын дұрыс бағалауға бақылау жасауды жолға қою керек.

Әлбетте, орақта басты фактор — диқанды елемеуге болмайды. Нақ оның іске шаруагерлікпен, мүдделілікпен қарауы орақ қорытындысын анықтайды. Бүгінде барлық совхоздар мен колхоздар дерлік шаруашылық есепті, еңбекке ақы төлеудің чектік жүйесін енгізуде.

● Целиноград облысының «Краснознаменский» совхозында К. Әмірбеков басқаратын алтыншы бригадада, әдетте, көршілеріне қарағанда өнімді екі-төрт центнерден көп алады. Мұның өзі бірдей жағдайда болып отыр. Коллектив бұдан төрт жыл бұрын бірінші болып, шаруашылық есепті меңгерді, еңбекті ұйымдастырудың чектік формасын енгізді. Бригададағы адамдар құрамын қысқартты, сонда да бригада орақты мерзімінде әрі ысырапсыз өткізеді деуге көміл сенім бар. Арендада жұмыс істейтін бригадалар мен звенолардағы нәтижелер жоғары.

● Көкшетау облысының «Лавровский» совхозынан Социалистік Еңбек Ері Т. Әбілпейісовтың шаруашылық есептегі бригадасының да нәтижелері өте-мөте жақсы. Осы коллектив жыл сайын көлемді алқаптың әр гектарында 20 центнерден бидай өткізеді. Ал былтыр ол тіпті гектарына 24 центнерден өнім алды.

● Қостанай облысының «Прогресс» совхозынан А. С. Алиференц бригадасы 800 гектар алаңның әр гектарында 27,5 центнерден астық өсірді.

Егіні жиналған танаптың бір шаршы метрінде бір масақты қалдыру гектарына 8—9 килограмм астықтың рәсуа болуына соқтырады. Республика ауқымында осы шығын 200 мың тоннадан астам құрайды. Жезқазған облысы жылына орта есеппен осынша астық береді.

Digitized by Google

Арендалық және семьялық звенолар орақ жұмысын ұйымдастыру дербес қарауды талап етеді. Істің мәні мынада: өткен жылы шаруашылықтардың осы коллективтерге автотранспортты дер кезінде бөлмеуі, коллектив мүшелері туралы емес, қайсыбір бөгде бөлімшелер туралы сөз болып отырғанындай, қайсыбір мәселелерді сөзбұйдалықпен шешу фактілері болды. Мұндай қатынас ортақ іске нұқсан келтіреді және оған төзуге болмайды.

Өткен жылы сондай-ақ мынадай қиыншылық та байқалды: арендалық және семьялық звенолар, әлбетте, адам саны жағынан шағын, сондықтан егінді жинауды өз күштерімен атқарып шығуы қиын болды. Түрлі звенолар мүшелерін, автомашиналар жүргізушілерін біріктіретін орақ жөніндегі кооперативтерді дер кезінде құрып, адамдарды ынталандыра білген жерлерде дұрыс жасады. Онда шаруашылықтың егін жинауға жәрдем беруі қарастырылады. Осының арқасында оның мерзімі мен астық ысырабы қысқарады, демек звено да, шаруашылық та, тұтасынан қоғам да бұдан ұтып шығады.

Орақта көп нәрсе қалалардың қамқорлық жасаушы кәсіпорындарына тәуелді. Өз жұмыстары қаншалықты қауырт болғанымен қала тұрғындары біздің ортақ баға жетпес игілігіміз туралы сөз болып отырғанын ұмытпауға және диқандар өтініштері мен заказдарына сондай саналылықпен және жауапкершілікпен қарауға тиіс.

Сонымен орақ ауқымы барған сайын ұлғайып келеді, оның жоғары ұйымшылдықпен әрі ысырапсыз өтуі үшін бәрін жасау керек.

В. ЛУЩАКОВ,
Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті дәнді дақылдар өндірісі мен егіншіліктің жалпы мәселелері басқармасының бастығы.

ИГІ БАСТАМА

Көкшетаулық «Октябрь» совхозының шошқа өсіруші Н. Н. Загороднюктің үстіміздегі жылы алатын еті 800 адамға жетеді.

Николай Николаевич 350 шошқаны арендалық жағдайда бордақылай отырып, мемлекетке 75 тонна ет сатуға ұйғарды. Осыншама шошқаны жемдеу үшін күніне 900 килограмм концентрат беру керек. Арендатор малдың тәулігіне 500 грамм салмақ қосуына қол жеткізді, ал шошқаларды 120 килограмдық орташа салмақпен өткізеді. Ол жыл ішінде 700 шошқаны бордақылайды.

Загороднюк 32 жаста. Ол жас, жігерлі, өз ісін жақсы біледі, тракторды және басқа да ауыл шаруашылығы машиналарын жүргізе алады. Аренда оны бухгалтерлік істі де меңгеруге мәжбүр етті. Загороднюктің өзі біршама күрделі есепті жүргізеді, демек шаруашылықтың бас экономисі Валентина Петровна Киян оны осыған үйретті.

Егер шарттың барлық талабы орындалса, арендатордың табысы 14 мың сомға дейін жетеді. Алайда адам құр құлқынның құлы емес қой. Загороднюк еңбек жүктелімінің көптігіне қарамастан шаруашылықтың қоғамдық істеріне қатысады. Совхоз директоры Василий Филиппович Вагнер фермаға жиі келеді. Әуел бастан-ақ арендатордың белсенді көмекшісі болып табылады. Николай Николаевич бәрі қалай басталғанын еске ала отырып, бірде мал шаруашылығы комплексіне келген совхоз директоры: «Арендатор болғың келе ме?» деп сұрағанын әңгімеледі. Сонда Загороднюк осы ұсынысқа үн қатты. Василий Филлиппович артық сөз айтпастан оны машинаға отырғызып алып, «Северное» бөлімшесіне әкелді:

— Бос сарайды көріп тұрсың ба? — деді.

— Көріп тұрмын, — деп жауап берді болашақ арендатор.

— Сол сарайды ал да, іске кіріс.



Директор сол күннен-ақ арендатордың табысы туралы қамқорлық жасауда. Ал осындай қолдауға өте көп нәрсе тәуелді.

Ізашардың соңынан басқалар да ілесті. Бертінде совхоз құрылысшысы Алексей Алексеевич Дмитриев ағаш кесінділерінен сарайды тұрғызып, 20 торай мен 25 өгізшені бордақылауға алды.

Н. ЧЕТВЕРГОВ,
Көкшетау облысы Красноармейский ауданы.
Суретте: Н. Н. Загороднюк.

(ҚазТАГ).

Digitized by Google

МҰНАЙ - ГАЗ КОМПЛЕКСІ ЖАСАЛУДА

● *«Қазақ ССР-інде... мұнай өнеркәсібі одан әрі дамытылсын».*

● *«Каспий маңы ойпатында аса терең де жатқан мұнай көздерін өнеркәсіптік игеру басталсын».*

● *«Кен орындарын игерудің ұтымды жүйелерін қолдану, бұрғылау жұмыстарының технологиясын жетілдіру, олардың техникамен жарақтандырылуын жақсарту, қабаттардың мұнай қайтарымын арттырудың қазіргі заманғы әдістерін кеңінен енгізу және прогресті технологиялық процестерді қолдану есебінен мұнай өндірудің тиімділігі арттырылсын».*

● *«Теңіз мұнай және Қарашығанақ газ конденсаты кенішін игеру жеделдетілсін».*

КПСС XXVII съезі бекіткен «СССР-дің экономикалық және әлеуметтік дамуының 1986—1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған Негізгі бағыттарында» осылай деп жазылған. Біздің республикамыздың мұнай мен газ шығарушыларының істеріне осыншалықты нақты назар аудару олардың бүкіл ел алдындағы асқақ жауапкершілігі туралы мейлінше тартымды әңгімелейді.

Жаңа, аса күрделі міндеттерді шеше отырып, сала қызметкерлері өздерінен бұрынғы ізашарлар тәжірибесі мен дәстүріне сүйенеді, ал олар аса бай.

«Эмбанефть» көне өндірістік бірлестік болып табылады, оның кеніштерінде алғашқы мұнай фонтаны бұдан тура 100 жыл бұрын, 1889 жылы атқылаған еді. Совет республикасы бакулік мұнайдан айырылып қалған азамат соғысы жылдарында В. И. Ленин Ембінің мұнайлы аймағын игеруді жеделдету туралы мәселе қойды. Бүкіл елдің көмегімен шапшаң игерілген осы кеніш еңбеккерлері алғашқы бесжылдық жылдарында индустрияны жанар маймен және химия шикізатымен қамтамасыз етуге елеулі үлес қосты. Ұлы Отан соғысы жылдарында Ембі төрт миллион тоннадан астам мұнай берді. Бүгінде де оның кәсіпшіліктері жоғары сапалы мұнай беруді жалғастырып келеді, ал одан бірегей отын мен май алады.

Қазақстандағы ең ірі «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігі алпысыншы жылдары Маңғышлақ жарты аралында Өзен мен Жетібай кеніштерінің базасында жасалған еді, ол да көптеген республикалар өкілдерінің белсене қатысуы арқылы құрылды. Олардың қойнауын іске қосуға орай Қазақстан елімізде мұнай өндіру жөнінен РСФСР-ден кейін екінші орынды берік алды. Маңғышлақта мұнай өндірумен қатар газ кеніштерін игеру басталды, сөйтіп бұл арқылы республикада газ өнеркәсібінің негізі қаланды.

Жаңа Өзен қаласындағы Қазақ газ өңдеу заводы Маңғышлақ жарты аралының мұнай мен газ өнеркәсібінің етене бөлігіне айналды, оны 1973 жылы іске қосу арқылы республиканың газ өңдеу өнеркәсібінің негізі қаланды. Ол халық шаруашылығын сұйытылған газбен, мұнай-химия үшін шикізатпен және газды өңдеудің басқа өнімдерімен жабдықтайды. Мұнай кәсіпшіліктерінің ілеспе газы заводта кеңінен пайдаланылады. Соның арқасында көптеген алауларды өшірудің сәті түсті, ал 1988 жылы «Мангышлакнефть» бірлестігінде ілеспе газды пайдалану коэффициенті жалпы одақтық 74,5 проценттің орнына 90,8 процентке жетті.

1981 жылы Ақтөбе облысында жұмыс істеп тұрған Кеңқияқ кеніші мен Жаңажол жаңа кеніші базасында «Актюбинскнефть» өндірістік бірлестігі құрылды. 1988 жылы мұнда қара алтын шығаруды 1981 жылмен салыстырғанда 8 есе көбейту белгіленді.

1979 жылы қазақстандық геологтар Орал облысында Қарашығанақ газ-мұнай конденсаты кенішін ашты, ал бес жылдан кейін Россия Федерациясы мен Өзбекстан бұрғышыларының және құрылысшыларының көмегі арқасында ол іске қосылды. Бүгінде Қарашығанақ шикізаты өңдеу заводтарына толассыз берілуде.

1985 жылы Гурьев облысында жұмыс істеп тұрған Прорва мен Құлсары және Теңіз жаңа кеніші базасында құрылған «Тенгизнефтегаз» бірлестігі республиканың мұнай мен газ өндіруші ең жас коллективі болып табылады. Үкімет шешімдерімен Батыс Қазақстанда жаңадан ірі мұнай-газ өндіру аймағын жасау көзделген. Мұнай байлығын игеру үшін еліміздің барлық мүйістерінен жұмысшылар мен мамандар осында келуде. Азербайжан, Татарстан, Башқұртстан, Краснодар мен Ставрополье өлкелерінің, Куйбышев пен Волгоград облыстарының мұнайшылары туысқандық жәрдемін беруде. Венгрия өкілдері де Теңіз объектілерінде еңбек етеді. Олар газ өңдеу заводын аяқтап қалды.

Республика мұнайшылары үстіміздегі бесжылдықтың үш жылы ішінде жоспардан тыс тұтасынан 731 мың тонна мұнай 88 мың тонна конденсат және 751 миллион текше метр газ өндірді. Осы тұста 2,4 миллиард сомның күрделі қаржысы,

3 сентябрь — мұнай және газ өнеркәсібі қызметкерлерінің күніне.

Digitized by Google

соның ішінде 960 миллион сомға жуық құрылыс-монтаж жұмыстары игерілді, мұның өзі жылдық жоспар мөлшерінің тиісінше 100,2 және 105 процентін құрайды.

Мұнай мен газ өндіруші кәсіпорындардың әлеуметтік жүйесі де дамып келеді. Бесжылдықтың басынан бері 317 мың шаршы метрден астам тұрғын үй, 6.462 оқушы орындық мектеп, 2745 орындық бала бақша, сондай-ақ денсаулық сақтау объектілері берілді.

Негізінен Теңіз және Қызылорда облысында игеріліп жатқан Құмкөл мұнай-газ кеніштерін пайдалануға беру есебінен саланың қуаттарын одан әрі үдете беру белгіленуде.

Шетелдік фирмалардың қатысуы арқылы Теңіз мұнай кеніші шикізатының базасында химия материалдарын өндіру жөнінен бірлескен «Тенгизполимер» кәсіпорнын жасау туралы мәселе шешілуде. Бұл жоспарланып жатқан Батыс Сібірдегі мұнай-химия комплекстерін жасаумен қатар ел халық шаруашылығының химия өнімдеріне деген қажетін біршама қысқа мерзімде толығырақ қанағаттандыруға көмектеседі.

Социалистік жарыс мұнайшылар мен құрылысшылар табысына көбірек ықпал жасауда. «Мангышлакнефть» бірлестігі Маңғышлақ газ өндіру басқармасының, Қазақ газ өңдеу заводының, Жетібай мен Өзен бұрғылау жұмыстары басқармаларының, Маңғышлақ технологиялық транспорт басқармасының коллективтері жарыста бірнеше мәрте жеңіп шықты.

Социалистік Еңбек Ері А. Ереминнің, В. Шишкановтың, В. Нестеренконың, А. Ахмедовтың, К. Канишевтің және Т. Уәлиахметовтың бригадалары бұрғылау бригадалары арасындағы социалистік жарыс көшін бастап келеді. «Узеннефть» басқармасынан А. Қадымова, Т. Қызымбаев, «Комсомольскнефть» басқармасынан Б. Әбитов пен С. Кенжеғалиев, «Жетыбайнефть» басқармасынан Т. Нұрсейітов, Маңғышлақ газ өндіру басқармасынан Т. Дәулетбаев, В. Соснов, Б. Бексариев басқаратын бригадалардағы прогрестік ұйымдық-экономикалық факторлар мұнай мен газ өндіруде барынша толық пайдаланылып келеді.

«Эмбанефть» бірлестігі кәсіпорындары арасында «Жаикнефть» пен «Доссорнефть», технологиялық транспорт басқармалары, «Қамысты» мұнай мен газ өндіру жөніндегі цехтар, «Ботахан» (мастері К. Тәжкенов) мен № 1 «Мартыши» (мастері Ж. Жүсіпқалиев) бригадалары, Балықшы бұрғылау жұмыстары бригадасы (мастері Ф. Галиев), мұнара монтаждау конторынан бригада (прорабы Г. Жәлелов) және «Жаикнефтьтің» скважиналарды жер астында жөндеу жөніндегі бригадасы (мастері К. Рысқалиев) алда келеді.

Дегенмен республиканың мұнай-газ өнеркәсібінде жедел шешімін талап ететін көптеген проблемалар жинақталып қалды. Бұл, ең алдымен, мұнай өндірудің тұрақты деңгейін сақтау, онсыз мұнай қабаттарының тиімділігін арттыруға көмектесетін озық технологияны кеңінен қолдану мүмкін емес.

Әлеуметтік салада орын алған артта қалушылық өте-мөте алаңдатады. Демек, мұнайшылар кадрларын даярлау проблемасын кейінге қалдыруға болмайды. Ваханалық әдіс, әлбетте, жаңа кеніштерді игеруде өз ролін атқарды. Алайда бірлестіктер мен мұнай-газ өндіру басқармаларының, сондай-ақ тұтасынан бірқатар басқа кәсіпорындардың жетекшілері бірыңғай ведомстволық қатынастың ықпалымен жергілікті халықтан тұрақты кадрлар даярлау тұрғысынан ірі ағаттық жіберіп алды және мұның өзі мұнайшылар мен газ өндірушілер жұмысындағы және аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы елеулі тежегішке айналды. Сонымен Гурьев

ГУРЬЕВ ОБЛЫСЫ. «Приволжскгазпромстрой» бірлестігінің № 34 құрылыс-монтаж басқармасының құрамында туысқан Болгарияның өкілдері жұмыс жасайды. Ол «Мақат — Солтүстік Кавказ» газ құбырында «Тайман» газ компрессоры станциясын тұрғызуда.

Болгарлықтардың көпшілігі үшін бұл Совет Одағындағы алғашқы құрылыс емес.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) № 34 құрылыс-монтаж басқармасының механигі Василий Илларионович Битюцких, бетоншы Самат Қойшиев, болгарлық монтажшылар — бригадир Валентин Николов, Калчев, Неев Георгий Петров және Василев Ангел Стоянов.



Суретті түсірген О. СВИДИН (ҚазТАГ).

Digitized by Google

облысында еңбекке қабілетті жастағы 18 мыңнан астам адам қоғамдық өндірісте істемей отырған кезде кәсіпшіліктерге шалғай жерлерден мыңдаған жұмысшыны әкелуді жалғастыруда, оған көп қаржы жұмсалады. Осы проблеманы шешуді бір күнге де кейінге қалдыруға болмайды. Жергілікті кадрлар даярлауды, қазақ ұлты өкілдерінен жұмысшы табын қалыптастыруды нақты қолға алу қажет.

Барлық мамандықтар жұмысшыларын үйрету программасын талдап жасап, дәйекті түрде жүзеге асырып жатқан Теңіз газ өңдеу заводының партия және кәсіподақ ұйымдары мен басшылығы осы міндетке нақты қарады. Соның нәтижесінде ауыр шөл дала жағдайында жұмыс істейтін заводта таяудағы уақытта жоғары білікті кадрлар жеткілікті болады. Мұндай қатынасты жер-жерде басшылыққа алуға тиіс.

Гурьев облысының әлеуметтік жүйесін дамыту туралы мәселе өткір тұр. Үстіміздегі жылдың басында аймақ бойынша 19 мыңдай адам ескі әрі авариялы үйлерде тұрды. Олардың негізгі үлесі Гурьевтегі, Доссор, Ескене, Мақат, Сағыз Құлсары, Қаратон поселкелеріндегі, тағы басқалардағы мұнайшылардың тұрғын үй қорына келеді. Аймақта тым күрделі экологиялық жағдай қалыптасқан. Теңіз кеніші аймағында және оның маңайындағы поселкелерде атмосфераның ластану деңгейі оның ықтимал шоғырлану мөлшерінің тағайындалған нормасынан асып түседі, жаңа құрылыстар ауданын ауыз сумен қамтамасыз етуде де көптеген қиыншылықтар бар. Республика үкіметі СССР Мұнай өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, Теңіз мұнай-газ кенішіндегі қуаттарды үдетуге байланысты және Гурьев облысын дамытудың әлеуметтік программасын күшейте түсу қажеттігінен осы проблемалар бойынша комплексті программаны талдап жасады. Алғаш рет онда аймақтық әлеуметтік даму мәселелері айрықша орынға қойылған. Енді іс белгіленгеннің бәрінің жүзеге асырылуына байланысты болады.

М. РАЕВ,
Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті отын-энергетика бөлімі қосымша бөлімінің бастығы.

ЖАҢА КЕНІШ

Бертінге дейін өзінің отын-энергетика шикізаты болмаған Шығыс Қазақстанда мұнай табылды. Елуінші жылдардың соңында жасалған мұнай қойнауларын іздестірудің алғашқы әрекеттері оңды нәтижелер бермеді. Дегенмен қазақстандық ғалымдар материалдарды мұқият талдап, Зайсанда мұнай болуға тиіс деген тоқтамға келді. Олардың тұжырымы практикада қуатталды: алғашқы скважина мұнайдың бар екенін көрсетті.

— Бүгінде, — дейді Қазақ ССР Ғылым академиясы Геология институтының мұнайлы бассейндер лабораториясының жетекшісі Э. К. Азнабаев, — мұнда 7 тонна мұнай алынды. Осы кеніш өте перспективалы деп айтуға болмайды. Оның маңызы аймақтық пайдаланумен шектеледі, деп есептейміз. Сонда да Шығыс Қазақстан үшін мұның өзі өте-мөте маңызды, өйткені мұнда бүкіл отын мен энергетика ресурсы тасып әкелінеді.

Кенішке тақау бірегей табиғат қорығы — Зайсан көлі орналасқанын айту қажет. Мұндай көршілестік геологтарға айналадағы ортаның тазалығы үшін әлеуметтік жауапкершілік жүктейді.

БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ЕҢБЕК ЫРҒАҒЫ

Автомобиль әуесқойлары заказымен

В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы өндірістік бірлестігінде жеңіл автомобильдерге арналған тіркемелерді жаппай шығаруға әзірлік басталды.

Тіркемелердің жүк көтерімділігі — 200 килограмм. Олар шағын көлемді жүктерді тасуға арналған. Осы тіркемелерді жаппай шығару екінші жарты жылдықта басталады.

Бірлестікке жаңа заттардың басқа да түрлері — тұрмыстық күрделі товарлардың, балалар ойыншықтарының үлгілері де байқап көруге алынды.

Павлодар.

Digitized by Google

«АЙРЫҚША КӨҢІЛ БӨЛЕТІН АЙМАҚ»

«Тұрғын үй-91» программасын республикадағы қайта құрудың визит карточкасы деп жиі атайды. Ол 1987 жылдың 1 январына дейін кезекте тұрған барлық қала азаматтарын он екінші бесжылдықта, ал селода — үйді қажет ететін әрбір азаматты бір-екі жыл ішінде тұрғын үймен қамтамасыз ететіндей мөлшерде үйлер және пәтерлерді салуды қарастырады. Оны орындау партия және совет қызметкерлерінен, шаруашылық жетекшілерінен ұйымдық және түсінік жұмыстарының жаңа формаларын белсенді іздестіруді талап етті. «Қазақстан» баспасы бертінде шығарған **«Айрықша көңіл бөлетін аймақ» («Тұрғын үй-91»: ізденістер, проблемалар, тәжірибелер»)** деген кітапта осының бәрі туралы әңгімеленеді.

Программа бойынша барлығы кемінде жалпы алаңы 16 миллион шаршы метр тұрғын үй салу талап етіледі. Республиканың бүкіл тұрғын үй қоры 1988 жылдың 1 январына дейін 204 миллион шаршы метрді құрағанын айта кетейік. Белгіленгенді орындау үшін республиканың түрлі облыстарында тұрғын үй құрылысының қарқынын 1,3—2 есе арттыру қажет болды. Ал бұл үшін әрбір кәсіпорында резервтерді табу, құрылыс ұйымдары мен құрылыс индустриясы кәсіпорындарының іркіліссіз үш сменада жұмыс істеу режимін ретке келтіру, жергілікті резервтер мен мүмкіндіктерді толығынан пайдалану, құйма үй құрылысын, меншікті және кооперативтік құрылысты дамытуда ілгері басу, кезекте тұрғандардың өздерін тұрғын үйлерді әрлеу жұмыстарына белсенді тартуды қамтамасыз ету қажет болды.

Кітаптың құндылығы мынада: онда құнды тәжірибе тыңғылықты ашылады. Осы тәжірибенің адрестері көп. Олардың бірі — Шығыс Қазақстан облысы, Лениногор қаласы. Бұл орташа өнеркәсіптік қала, мұндай қалалар Қазақстанда аз емес. Демек осында ұшырасатын проблемалар да ұқсас: қаржы жетіспейді, жобалық-сметалық документтермен баяу қамтамасыз етіледі, жеке құрылыстардың дамуы әлсіз, құрылысты салудың шаруашылық әдісі баяу, т. б. Қаланың партия комитеті жанынан оперативті топ құрылды. Тұрғын үйді шаруашылық тәсілімен тұрғызып жатқан кәсіпорындардың көпшілігінде қажетті техниканың жоқ екенін анықтап, осында техникамен жарақтанған механикаландырылған тындырымды отряд жасақталды.

Құрылыстарды материалдық-техникалық жағынан жабдықтауды жақсартуды да, кооперацияны дамытуды да, жеке үй тұрғызушыларға несие беру мүмкіндігін кеңейтуді де, жылу, энергия ресурстарын, шикізат пен материалдарды үнемдеп пайдалануға бақылау жасауда да осы қатарда атауға болады. Әрине, еңбекшілердің қалың бұқарасының, қоғамдық және жастар ұйымдарының кеңінен қатысуы белгіленгенді нақты орындаудың кепілі болып табылады. Бүгінде Қазақстанда жастардың 22 тұрғын үй комплексі салынып жатқанын, 12 қалада жас адамдар бір-екі үйдің құрылысында өз күштерін байқап жатқанын атап өту жеткілікті. Жастардың тұрғын үй комплексі 1991 жылға дейін 270 миллион сомды игеріп, 700 мың шаршы метрдей тұрғын үйді іске қосады, ал бұл дегеніміз 25 мыңдай жігіт пен қыз өздерінің тұрғын үй жағдайын жақсартады деген сөз...

«Тұрғын үй-91» программасының орындалуы барысын қадағалап отырған әрбір адамда: шаршы метр санын қуалау барысында сапаға деген талап төмендеп кетпес пе екен деген сұрақ жиі туындаған шығар. Кітапта осы сұраққа нақты жауап беріледі.

Кітаптың «Тәжірибе, ізденіс, проблемалар» қосымша тақырыбы кездейсоқ емес. Иә, бұл қол жеткен нәрселер туралы әңгіме, сонымен бірге бұл программаны жүзеге асыру барысында туындаған немесе туындайтын проблемаларды ой елегінен өткізу. Сауда жүйесінде құрылысқа қажетті ағаштың, түсқағаздың, линолеумнің, эмальдің жоқтығынан жеке үйлерді салу қарқыны тежелуде, көптеген құрылыс ұйымдары жұмысшы қолының жетіспеушілігін сезінуде, ведомстволық кедергілер қатты оралғы жасайды. Осы проблемалардың бәрі кітапта көрініс тапқан. Рас, олар кейде қайсыбір проблемаларды баяндаудан әрі аса алмаған деп авторларға кінә тағуға болады. Тәжірибе географиясын кеңейту керек еді. Алайда осы кемшіліктер жалпы көпшілік оқырмандарға арналған кітаптың беделін түсірмейді.

Ю. КРИКУНОВ,
С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті профессорының міндетін атқарушы.

Digitized by Google

БҮКІЛ ҚАУЫМ БОЛЫП...

Қазақстандағы халық көп қоныстанған Шымкент облысы медициналық қызмет көрсету деңгейі жөнінен соңғы орындардың бірінде тұр. Соның салдарынан халықтың ауруханалармен қамтамасыз етілуі 85 процентке, ал емханалармен қамтамасыз етілуі — 55 процентке жетпейді. Күн сайын 18 мыңнан астам адам еңбекке жарамсыздық листогымен жұмысқа шықпайды.

Шымкенттіктер қалада құрылып жатқан облыстық консультациялық-диагностика орталығына көп үміт артады. Ол үшін үй бөлінді, жаңа медицина жабдықтарымен жарақтандырылады. Тұтасынан диагностика орталығының құны 8 миллион сомдай құрайды. Мұнда емделушілер үшін жайлы жағдай, медицина қызметкерлері үшін методикалық орталық жасау мүмкіндігі бар.

Алайда облыстық бюджеттегі ақшалай қаржы бұл үшін жетімсіз болып шықты, сөйтіп халық депутаттарының аудандық және қалалық Советтері көмекке келді, олар 1 миллион 100 мың сом аударды.

Кәсіпорындар да өз үлестерін қосуға ұйғарды. Шымкент қорғасын заводы еңбек коллективінің советі 100 мың сом аударуды ұсынды. «Южказэнерго» өндірістік бірлестігінің коллективі аталған корпусты сыртқы энергетикамен жабдықтауды жүргізеді, соның ішінде 10 мың сомның жұмысын тегін атқарады. «Казсантехмонтаж» тресінің Шымкент монтаждау басқармасының қызметкерлері іске қосу-баптау жұмыстарын тегін жүргізеді. Облыстық байланыс басқармасы өз қаржысы есебінен орталықты іске қосқанға дейін оған телефон желісін тартады. Облыстық тұтыну қоғамдары одағының коллективі орталық үйін безендіріп, әрлендіруге ықпал жасайды.

Тұрғын үй-әлеуметтік банкте ашылған есепке азаматтардан да қаржы түсуде.

Сөйтіп бүкіл жұртшылық күшімен өте-мөте керекті мекеме үстіміздегі жылдың соңына дейін жабдықталады.

ГРЕК МӘДЕНИЕТІНЕ АРНАЛДЫ

Жансүгіров поселкесінің барлық тұрғыны грек мәдениетінің мерекесіне қатысу үшін Ленин көшесіне жиналғандай көрінді.

Көшені грек, қазақ және орыс тілдерінде жазылған алқызыл ұрандармен және транспараттармен безендірді. Поселкелік Советтің депутаты К. А. Попондопуло салтанат басталар алдында жиналғандарға арнап құттықтау сөз сөйледі. Мерекені ашудың құрметті правосы көшенің қарт тұрғыны А. Г. Лоизидиге берілді.

Сосын интернационалдық семьяларды, күміс тойларын тойлаушы жұбайларды атады, адамдарды туған күндермен құттықтады. Жас жұбайларды тіркеу салты жарқын әрі тебіреністі болды — ол гректің халық әндерімен және билерімен сүйемелденді. Көңілді музыкалық-спорттық номерлерсіз қандай мереке өтеді?! Ұлттық костюмдер киген жігіттер мен қыздар сахнада көне Элладаның «сиртаки» халықтық әндері мен билерін орындады. Қант заводы клубының директоры В. Н. Чернухинаның орындауында грек тілінде халық әндері шырқалды. Халық биін ең үздік орындау конкурсына бәрі де араласып кетті. Әрине, шағын олимпиада балдырғандарға да, ересектерге де ұнады. Ересектер жүлде ілінген бөренеңің басына шығудан, арқан тартудан жарысты, ал балаларды шағын велосипед жарысында кедергілерден жүгіру қызықтарды. Жеңімпаздарға ескерткіш сыйлықтар тапсырылды.

Адамдардың көпшілігі викторинаға қатысты, оның барысында көрермендерге Грецияның тарихына және мәдениетіне қатысты сұрақтар қойылды. Қазақтың халық аспаптарының «Алтын дән» ансамблі тұрғындарға тамаша сый тартты, тұрғындарды мерекемен құттықтап, өз өнерлерімен қуантты.

Халық творчествосының көрмесі нақ сол көше бойына жайылды. Өрнектеп тоқылған салфеткалар, дастархандар, кілемдер көздің жауын алады. Жақсы әзірленген ұлттық тағамдарға конкурс өткізілді, үлгілі реттілікте ұсталған үй анықталды.

Мереке аяқталды. Адамдар алған әсерлерін алмасып, үйлеріне қарай асықпай аяңдады: өйткені мұндай мереке алғаш рет өткізілді ғой. Жансүгіров поселкесінде көптеген ұлт өкілдері біртұтас семьяда тұрып, еңбек етеді. Өткен мерекенің соңынан таяуда тағы бір ұлтқа арналған екінші бір мереке болады.

А. ЖҰМАБАЕВ.

Талдықорған облысы,
Ақсу ауданы.

Digitized by Google

ПРОГРЕСТІҢ ҚУАТТЫ БАСТАУЫ

Білім күнін атау — біздің елімізде біршама жаңа дәстүр. Оны енгізу білім мен ғылымның қоғамымыздағы жаңа ролін, оған қойылатын анағұрлым өскелең талаптарды бейнелейді. «Білім берудің, ғылыми зерттеулердің, жалпы және кәсіптік мәдениеттің жоғары сапасынсыз — осының бәрінсіз қайта құру мақсатына қол жеткізе алмаймыз. Саналы еңбек өмірі мен саяси өмірге қадам баса отырып, совет адамдарының жаңа ұрпақтары жоғары идеялық пен моральға ие болуы, өз кәсібін жетік білуі және кең мәдени дүние танымы болуы, елдің тағдыры үшін жауапкершілікті өзіне алуға әзір болуы үшін барлық жағдайды жасау керек», — деп атап көрсетті М. С. Горбачев КПСС-тің Бүкілодақтық XIX конференциясында. Бертінде өткен СССР халық депутаттарының бірінші Съезі халыққа білім беруге үлкен мән берді, ол білімнің осы заманғы жүйесін жасауды, оның материалдық базасын нығайтуды, соның ішінде есептеу техникасымен жарақтандыруды, халық мұғалімдерінің, халыққа білім берудің барлық қызметкерлерінің әлеуметтік статусын арттыруды үзілді-кесілді жақтады.

Білім күні қарсаңында біздің тілшіміз Қазақ ССР Халыққа білім беру министрінің орынбасары **Рәшит Темірболатұлы СӘРСЕНОВПЕН** республикада халыққа білім беруді қайта құру барысы туралы әңгімелесті.

— Халыққа білім беру бетбұрысты кезеңді еткеруде. КПСС Орталық Комитетінің 1988 жылғы февраль Пленумында атап көрсетілгеніндей, орта және жоғары мектеп реформасы практикалық істер басты түйін ретінде туындаған өзінің шешуші кезеңіне енді. Осы жұмыс біздің республикамызда қалай өтуде?

— Ең алдымен реформа көп жақты, алуан қырлы процесті бейнелеп, халыққа білім берудің барлық буынын қамтитынын айту керек. Бұл — біріншіден. Ал екіншісі мынаған саяды: педагогтардың ғана емес, сондай-ақ партия, совет, кәсіподақ органдарының, шаруашылық қызметкерлерінің, еңбек коллективтерінің, бүкіл жұртшылықтың, іс жүзінде әр азаматтың осы жұмысқа тура әрі тікелей қатынасы бар. Ал көптеген жерлерде нақ осының ұғынушылық жетіспейді және бұл біздің жұмысымызды тым ауырлатуда.

Ал еңбек тәрбиесі, ол өндіріспен, еңбек коллективінің өмірімен тығыз қабысатыны туралы айтудың қажеті бола қоймас.

Мектептердің қоғамдық байланысын нығайту — бұл бүгінде халыққа білім беру органдарының практикалық бірінші міндеті, ол біздің көп күшіміз бен уақытымызды алуда. Сонымен бірге қазір жеделдету арқылы ғана біздің мектебіміздің артта қалушылығын жоюға болатындығы туралы шындықты әр адамның сана-сезіміне жеткізу үшін реформа төңірегінде насихаттық жұмысты үдете беру қажет, ал артта қалушылық тым үлкен. Көп информация бере отырып, мектеп енжар азаматты және маманды қалыптастыратынын мойындау керек, ал елге, қайта құруға аса алғыр, дарынды, өзіне жауапкершілікті ала білетін тұлғалар керек.

Лениннің мектептің басты міндетін қалай көргенін еске түсірейік. «Біздің мектеп,— деді Владимир Ильич комсомолдың III съезінде,— жастарға... коммунистік көзқарасты өздері жасай білуді үйретуге тиіс».

Демек білім беру формалары мен дәрежесін интеграциялау реформаның стратегиялық бағыты болып табылады. Өкінішке қарай, бүгінде құрылып жатқан үш сатылы он бір жылдық жаңа орта мектептің қандай болатынын шағын мақалада толық баяндау мүмкін емес. Олардың алғашқы екі сатысында оқушыны жан-жақты дамыту процесі өтетін болады, ал тоғызыншы кластан басталатын үшінші сатыда мектеп ауқымды әрі түбегейлі тиянақты оқыту, оқушылар мүддесін барынша толық ескеру, оларды өмірге белсенді тарту негізінде оқушыларға жалпы білім беру даярлығын аяқтайды. Балалардың мектептің кәлемді пәндер топтамасын жаттауының қажеті болмайды, олар өздері аса бейімділік танытқан білім бағыттарына ден қоятын болады.

Сонымен бірге музыка, спорт, көркем-сурет және басқа мамандандырылған мектептер, сондай-ақ мектеп-интернаттар, денсаулығы әлсіз балаларға арналған орман мектептері жүйесі кеңейтілуде. Спорт секциялары мен клубтары, жас техниктер, биологтар станциялары, мүдделілік жөніндегі басқа бірлестіктер орта мектептердің етене бөлігіне айна-

1 сентябрь — Білім күніне.

Digitized by Google

лады. Бір сөзбен айтқанда, мектеп балалардың қабілетін дамытуға, оларға еңбек, творчестволық қызмет негіздерін беруге шын мәнінде көмектеседі. Және мұнда білім берудің жаңа интеграциялық формаларының болашағы зор. Әңгіме, ең алдымен, педагогтық комплекстер туралы болып отыр. Бізде осындай алғашқы комплекстердің бірі Абай атындағы Қазақ педагогика институтында құрылды. Онда педагогика институты, педагогика училищесі және орта мектеп бір міндетті — болашақ мұғалімдерді жастайынан даярлау міндетін шешуде.

Қазір үздіксіз білім беру туралы көп айтылып, жазылып жүр. Расында да, мұның өзі біздің асқақ міндетіміз, өйткені техниканың, қоғамдық өндіріс құралдары мен әдістерінің, оны ұйымдастыру формаларының жаңару қарқыны ұрпақтардың алмасу қарқынынан барынша асып түседі. Осының бәрі «өмірлік білім алу» формуласын «бүкіл өмір арқылы білім ала беру» формуласымен алмастыру қажеттігін тудыруда. Жоғары оқу орнын бітіргені туралы диплом алу енді білім алудың аяқталуын емес, тек оның басталуын бейнелейді.

— Халыққа білім беру қызметкерлері Бүкілодақтық съезінің ұсынысы бойынша басталғалы отырған оқу жылы селолық мектептер жылы деп жарияланды. Біздің республикамызда бұл тұрғыдан не жасау қарастырылуда?

— Бұл селолық мектепті түлету жолындағы ірі қадам болады. Бүкіл оқу жабдықтарының, мебельдің, құралдардың, кітаптардың тең жартысынан астамы оны жарақтандыруға бағытталуда. Селолық шағын мектептер туралы айрықша қамқорлық жасалуда. Қазір республиканың педагогикалық жоғары оқу орындарының бәрі дерлік олар үшін сабақты екі-үш пән бойынша жүргізуге қабілетті мұғалімдерді даярлауға бағдарланды. Село мектептерінің ерекшеліктерін ескеру арқылы мақсатты комплексті эстетикалық программа талдап жасалды. Селолық ұлттық мектептер үшін бірегей оқулықтар, құралдар және методикалық оқу материалдарын жасауға арналған конкурс жарияланды.

Сонымен бірге жергілікті Совет органдарын, колхоздар мен совхоздар коллективтерін селолық мұғалімдердің күш-жігерін мейлінше белсенді қолдап отыруға барынша етініш жасағымыз келеді. Қала халқы да қаншама үлес қоса алады. Мүмкін, жер кеңістігі үлкен біздің республикамызда селолық мектептерге көмектің арнаулы қорын жасаған дұрыс болар. Оларға приборлар да, кітаптар да, техника да, мәселен, компьютерлік кластар туралы айтпағанның өзінде, автомобильдер, тағы басқа көптеген заттар керек.

— Ал жоғары оқу орындары өмірінде қандай өзгерістер өтуде?

— Олардың құрылымы да жетілдіріліп, профилі мен мамандануы пысықталуда. Жалпы техникалық он факультет, үш филиал, ондаған шағын факультет пен кафедра қысқартылды.

Өткен жылдан шығынды ішінара өтеу арқылы шартты негізде мамандар даярлау басталды. 19 одақтық және 12 республикалық министрлікпен және ведомствомен кәсіпорындар үшін үш мыңнан астам маман даярлауға шарт жасалды, тоғыз миллион сомнан астам мөлшерде қаржы өтеледі. Кәсіпорын ақшаны бере отырып, өздері қалаған мамандарды оқытуға қатысады, ал жоғары оқу орындары өз дамуы үшін қосымша қаржы алады.

Министрлік ғылымды көп керек ететін өндірісті дамытуды және республикалық шаруашылық есеп идеяларын ескеру арқылы кадрларды мамандандырудың басым бағыттарын анықтады. Бірқатар жоғары оқу орындарында мамандарды мақсатты модульді даярлау басталды. Мұнда ол кәсіпорынды технологиялық жағынан қайта құрумен қабыстырылады. В. И. Ленин атындағы Қазақ политехника институтының Гурьевтегі жалпы техникалық факультетінің базасында Батыс Қазақстанның мұнайлы-газды аймағы үшін инженер кадрларын даярлау жөнінен оқу-ғылыми орталық жасалды. Алматылық бес жоғары оқу орны оны құрушылар болды.

— Біздің республикамыз көп ұлтты ғой. Мектеп жұмысында бұл қалай ескерілуде? Ана тілін оқып үйренуді жетілдіру үшін не жасалуда?

— Қазір Қазақстан мектептерінде сабақ орыс, қазақ, ұйғыр және тәжік тілдерінде жүргізілетінін, ана тілі ретінде неміс, дүнген, корей, түрік, азербайжан, курд, поляк және шешен тілдері оқылатынын ескертейін. Халыққа білім беру органдары қос тілділікті орнықтыру, барлық ұлттың топтар сұранымын қанағаттандыруға арналған тиянақты жағдай жасау тұрғысынан партия бағытын жүргізіп келеді,

Сондай-ақ қазақ ұлтының бір жарым миллионға жуық оқушысынан 900 мыңнан сәл астамы ғана ана тілінде оқытылатыны ескерілуде. Жаңа оқу жылында 17 қазақ мектебі, соның ішінде 2 мектеп Алматыда ашылады. Өз тарапынан жоғары оқу орындарына нақты жағдайды ескеру арқылы алдағы оқу

Digitized by Google

жылынан қазақ топтарын, лектерін және бөлімшелерін ұйымдастыру туралы мәселені пысықтап, шешу тапсырылды. Қазақ тілі мен әдебиетінің, орыс мектебіндегі қазақ тілінің мұғалімдерін даярлау қыруар ұлғайтылады, Абай атындағы Қазақ педагогика институтында «аудармашы» мамандығын ашу көзделген. Алматының шет тілдер институты кадрларды, негізінен «шет тілі», орыс мектебіндегі «қазақ тілі» мамандықтары бойынша селолық мектептерге баратын кадрларды даярлауды бастады.

Балаларды республикада тұратын халықтар тілінде оқыту кеңейтіліп келеді. Демек, Целиноград педагогика институтында неміс тілінде тарих мұғалімдерін, Алматы шет тілдер институтында қосымша ана тілі мен әдебиетінің неміс тілі мұғалімдерін даярлау басталды. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде ұйғыр, неміс, корей ұлттарының дарынды жастарына арналған топтар құрылды. Алдағы оқу жылында Абай атындағы Қазақ педагогика институтында «музыка» мамандығы бойынша ұйғыр бөлімшесі ашылады. Қазақ мемлекеттік университетінде шығыстану факультеті ұйымдастырылды.

Осының бәрі — білім беру саласындағы лениндік ұлт саясатын жүзеге асыру жөніндегі үлкен программаның жекелеген көріністері ғана. Ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін оқып, үйрену оның етене бөлігі болып табылады.

— Министрлік қызметіндегі тағы қандай басым бағыттар туралы айтуға болады!

— Әлбетте, бұл қоғамтану пәндерін оқып үйрену, қазір бұған да барынша көңіл бөлінуде. Студенттердің белгілі бір бөлігінде қоғамдық ғылымдарға деген селқостық элементтерінің пайда болуын көрмеуге болмайды. Көптеген педагогтар күрделі жағдайда қалды, олардың біршама қысқа мерзімде қайта құрудың бай идеологиялық потенциалын терең игеріп, оқытудың пікірталастық, проблемалық әдістерін меңгеруі қажет.

Бізде бұл бағытта өте интенсивті жұмыс жүргізілуде. Министрлік «Социализмді жетілдіре беру — әлеуметтік-экономикалық прогрестің түбегейлі бағыты» комплексті программасын талдап жасады, ол өзекті проблемаларды әзірлеуді, монографиялар, кітапшалар мен мақалалар шығаруды, кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғауды қарастырады, сөйтіп ол мектептер үшін Қазақ ССР тарихы бойынша жаңа оқулық әзірлеумен аяқталады.

— Иә, халыққа білім берудегі проблемалар өте-мөте көп. Демек, оларды ойдағыдай шешу үшін басты буынды табу маңызды. Сіздің министрліктің қызметкерлері оны қалай елестетеді!

— Біздің басты міндетіміз — бұл педагогтар кадрлары, оқытушының жетекші ролі туралы лениндік идеяны жүзеге асыру. Оқытушы тұлғасы, оның білімі мен іскерлігі, оның азаматтық позициясы бәрін болмағанымен өте көп нәрсені анықтайды.

Шалғай оқу орындары мен селолық аудандарды жоғары білікті кадрлармен нығайту туралы айрықша қамқорлық жасалуда. Иә, тұтасынан республика бойынша кадрларға қатысты жағдайды жайлы деп атауға болмайды. Егер елдің жалпы білім беретін мектептерінде мұғалімдердің 75 процентінің жоғары білімі болса, бізде олар 67 процентке жетпейді.

Мұғалім кадрларының тұрақтамауы тым жоғары болып отыр. Өткен жылы 10 мыңдай адам, соның ішінде жоғары білімді 6 мыңнан астам мұғалім кетіп қалды. Олардың көпшілігі қызметтің басқа салаларына ауысты. Қостанай, Шымкент, Алматы, Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарында кадрлардың тұрақтамауы аса жоғары деңгейде қалып келеді. Мұның басты себебі — мұғалімдер туралы тиісті қамқорлықтың жоқтығында. Әкінішке қарай, шаруашылық есепке ауысып, көптеген өндірістік коллективтер орынсыз «сараңдыққа» салынып, түрлі сылтаулар арқылы мұғалімдердің тұрмысын болмашы жайластыруға, мектепке көмектесуге қатысудан бас тартуда.

— Сонымен біз әңгімені жұрттшылықтың ролінен бастап, осымен аяқтайық. «СССР-дің ішкі және сыртқы саясатының Негізгі бағыттары туралы» СССР халық депутаттарының бірінші Съезінің қаулысында былай деп айрықша айтылуы түбегейлі заңды: «Қоғамның интеллектуалдық потенциалын еселей түсудің басты кезі — білім мен тәрбие берудің бүкіл жүйесін сапалық жағынан жақарту қазіргі жағдайда бірінші дәрежелі маңызға ие болуда. Съезд осы заманғы білім беру жүйесін жасауды, оның материалдық базасын нығайтуды, оның ішінде есептеу техникасымен жарақтандыруды, халық мұғалімінің, білім беру жүйесінің барлық қызметкерлерінің әлеуметтік статусын көтеруді батыл жақтайды. Жалпымемлекеттік шараларды жүзеге асырумен қатар осы міндеттерді шешуге республикалық және жергілікті органдарды, еңбек коллективтерін, қоғамдық қозғалыстар мен қайырымдылық қорларын белсендірек тарту қажет». Демек өте деп айтылған.

Әңгімені жүргізген В. КОСТРОВ.

Digitized by Google

«БІЗДІҢ ТАРИХЫМЫЗ ОРТАҚ, МАҚСАТЫМЫЗ ОРТАҚ»



Біздің республикамызда тұратын халықтар туралы мақалалар циклын месхеттік түріктер өмірі туралы әңгімемен жалғастырамыз. Оның авторы — Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымының кандидаты **Фадли ӘЛИЕВ.**

Уақыт, дейді, ең жақсы дәрігер, сонымен бірге ол әділ төреші де. Ол бәріне тиісті баға беріп, бәрін өз орнына қояды. Ферғана алқабындағы болған қайғылы оқиғалардан кейін көп күндер өткен сайын менің месхеттік түрік ұлтыма қол көтерген өзбек халқы емес, қайта құру тамағына сүйектей кесе-көлденең тұрып қалған бір топ бұзақылар екені барған сайын айқын бола түсуде.

Біз қайғылы күндерде бүкіл елде, соның ішінде өзбектер, Өзбекстанның басқа ұлттары арасында достарымыздың соншалықты көп екенін жақсырақ танып білдік. Біз орыстардың, қазақтардың, елдің басқа халықтарының жәрдеміне алғыспен үн қаттық. Әлбетте, басқа халықтардағыдай, месхеттік түріктерде ез балаларын аса сыйлы адамдардың есімдерімен атау қалыптасқан. Көршілес Ташкент облысынан Қазақстанның оңтүстігіне келген 5 мың месхеттік түріктердің бірі — жас ана Н. Асланова өзінің тұңғышын Шымкент облысының Абай селосында өздерін паналатқан қазақ шаруасының құрметіне Қазақбай деп атады.

Жергілікті тұрғындар қайғыға ортақтаспай қалған жоқ. Жасы 70-тен асқан түрік әйелі С. Әкімова былай деп әңгімелейді:

«Біз және басқалар 3 июнь күні түнде машиналармен Абай селосына келдік. Жол шетіне тоқтап, бізді бұдан әрі не күтіп тұр деген уайымға салындық. Біз үшін уақытша болса да баспана табылар ма екен? Міне, осы жерде бір қазақ келді, ал ол, кейін білгенімдей, Толабек Ермекбаев екен. Біздің қайғымызды түсінген ол өзінің үйіне шақырды. Ол әйелі екеуі біз және біздің балаларымыз үшін бөлмелерге өздерінің бүкіл төсегін жайып салды. Иә, оның үстіне ас берді. Ал Т. Ермекбаевтың үйі онша үлкен емес, онда небары үш бөлме бар. Оның үстіне оның өзінде 6 бала бар. Әйтсе де ол осы бөлмелердің екеуін босқындарға берді. Оларға сегіз семьяның әйелдері мен балалары жайғасты. Еркектер ауладағы жаппа астына орналасты. Ермекбаевтың үйіне уақытша барлығы. 35 адам қоныстанды».

Мұндай мысалдар өте-мөте көп, және мұның өзі ұлы совет халқының етене бөлігі болып табылатын месхеттік түріктердің игі болашағына деген кәміл сенімімізді орнықтыра түседі. Біздің тарихымыз ортақ, мақсат-міндетіміз ортақ.

Негізінен оңтүстік Грузияның батыс бөлігінде — Месхетияда тұрған советтік түріктер грузиндермен және басқа халықтармен бірге Грузияда Совет өкіметін орнатуға аса белсенді қатысты. Бұл жерде тамаша революционер, ақын, драматург, мұғалім Омер Фаикті еске

Месхеттік түріктер

1986 жылғы деректер бойынша СССР-де 100 мың месхеттік түрік тұрады. Олардан 34 мың адам Қазақстанда, үлкен бөлігі Алматы, Жамбыл, Шымкент және Қызылорда облыстарында тұрады.

Еңбекке қабілетті халық негізінен ауыл шаруашылығында істейді. Жас ұрпақ өкілдері жұмысшы табы қатарына барған сайын көптеп қосылуда.

Түріктер республиканың рухани өміріне белсене қатысуда. Соңғы жылдарда интеллигенция өкілдері сан жағынан өсті.

1989 жылы 1 январьда республикалық партия ұйымы құрамында ұлты түрік 383 КПСС мүшесі болды.

Digitized by Google

алу керек, ол революциялық күреске қатысқаны үшін бірнеше рет тұтқындалды, патша түрмелерінде отырды. 1921 жылы ол Ф. Махарадзе бастаған Грузияның Әскери-революциялық комитетінің құрамына енді. Біздің тағы бір жерлесіміз Шәкір Поладов 26 бакулік комиссарлар ішінде Түрікменстан құмында атылды.

Ұлы Отан соғысы басталған кезде 150 мың адамдық советтік түрік халқы өзінің 40 мың таңдаулы перзентін Отанды қорғауға аттандырды, олардың көпшілігі майданға еріктілер болып кетті. Осы 40 мың адамнан небары 14 мыңы тірі оралды, қалғандары өзінің ортақ Отаны — Советтік Социалистік Республикалар Одағын қорғай отырып, ұрыс даласында қаза тапты. Жеті жауынгер — Бәкір Мұстафаев, Мұртаз Қарлиев, Мәфиз Жулфиев, Ибрагим Буджигил, Ағалы Мәмедов, Бәдір Мұрадов, Көрім Исмаилов Совет Одағының Батыры жоғары атағына ие болды. Үш кісі — Мүнир Мамедов, Муаллим Айдын, (үшіншісінің фамилиясы анықталуда) Даңқ орденінің толық иегерлері болды. Ұлты түрік жауынгерлер Брест қамалын батыл қорғады, Европа елдерін фашизмнен азат етуге қатысты.

1944 жылдың соңында біздің халқымыз қайғылы ауыр сынға тап болды — бабалар жерінен зорлықпен қоныс аударту жүзеге асырылды. Орта Азия мен Қазақстанға барлығы 110 мың адам қоныс аударды.

Бастапқы кезде олар жаңа жерде қаншама қиыншылық көрді. Дегенмен жергілікті тұрғындар — қазақтар, өзбектер, ұйғырлар, орыстар, басқа ұлттар адамдары — бізді ауыртпалықта қалдырған жоқ. Олар бізге баспана мен тамақ берді, былайша айтқанда, бізді құтқарып қалды. Еңбекшілдігі, іскерлігі арқасында түріктер біртіндеп жайласып, мейманды қазақ жерінде тамырын тереңге жайды. Олар көп ұлтты колхоздар мен совхоздар коллективіне қосылды.

Ғасырлар бойы қалыптасқанындай, біздің халқымыз егіншілікпен, бағбандықпен, мал өсірумен, қыш кәсіпшілігімен айналысты, кілем, жүн маталар тоқыды, өндірген өнімдерін сатты. Шеберлік, жұмысқа деген іскерлік дәстүрлері халықта жойылып кеткен жоқ, ұрпақтан ұрпаққа берілді.

Советтік түріктер ішінде мұғалімдер, дәрігерлер, инженерлер, агрономдар, зоотехниктер, механизаторлар, сауда мен қоғамдық тамақтандыру қызметкерлері, творчестволық интеллигенция өкілдері аз емес. Партия және совет қызметкерлері бар. Олардың ішінде Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық партия комитетінің секретары Р. Әлиев, осы ауданның «Балтабай», Қаскелең ауданының «Ленин», Жандосов атындағы совхоздары партия комитеттерінің секретарьлары Т. Ломанов, Ф. К. Несімов пен С. С. Эйтоев бар.

Талантты ғалымдар да өсіп шықты. Бұл тұрғыдан өзімнің алматылық әріптестерім — халық шаруашылығы институты финанс-экономия факультетінің деканы М. М. Гейдаровты, саяси экономия кафедрасының доценті Я. А. Титроевты атайын. Ақын Б. Ш. Гусейнов жақсы мәлім, қазір оның шығармалары қазақ тіліне аударылуда. Астаналық облыстың Еңбекшіқазақ ауданында Х. Д. Айвазов Жандосов атындағы М. Сафаров Жамбыл ауданының Ленин атындағы совхоздарының орта мектептерін басқарады. Жамбылдық Мерке жеміс-жидек совхозының директоры Ш. Бадаловтың, Мерке аудандық партия комитеті бюросының мүшесі, «Победа» совхозының механизаторы В. Тухиевтың, № 2007 жылжымалы-механикаландырылған колоннаның бастығы Э. Тамидовтың, Свердлов ауданаралық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің директоры М. Раджаповтың есімдерін атағым келеді. Олардың істерін, еңбек табыстарын бүкіл облыс орынды мақтаныш етеді.

Совет түріктерінің еңбегі СССР ордендерімен және медальдарымен аталды. Жамбыл облысы Шу ауданының «Белбасар» совхозынан қызылша өсіруші Жәмила Мәмедова Социалистік Еңбек Ері жоғары атағына ие болды. Алматы облысынан Сәбира Дуллаева Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып табылады.

Жамбыл облысы Шу ауданының Ленин атындағы совхозында механизаторлар — екі Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Д. Аббасов пен Еңбек Қызыл Ту және Октябрь Революциясы ордендерінің иегері А. Аюбовты орынды мақтаныш етеді.

Ұлтаралық қатынастарды қайта құру қайсыбір ұлт адамдарының, соның ішінде өзінің мемлекеттік-территориялық құрылымынан тысқары жерлерде тұратын немесе сондай құрылымдары жоқ адамдардың ұлттық қадір-қасиетін сақтап, білім беру, ана тілінде оқу, халық творчествосы саласында өздерінің ұлттық-мәдени және рухани сұранымдарын жүзеге асыру, араласу, сондай-ақ өздерінің ұлттық мәдениет ошақтарын жасау, бұқаралық информация құралдарын пайдалану мүмкіншіліктерін алуына арналған қолайлы жағдайлар жасауда.

Digitized by Google



АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ. Ағапша Дүрсынов Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институты тәжірибе шаруашылығының звено жетекшісі болып істейді. Оның звеносы гектарына 76 центнерге дейін күздік бидай жинайды, биыл А. Дүрсынов арендаға 400 гектар жер алды, онда бидайға қоса беде, дәндік жүгері өсіруде.

Суретті түсірген Э. ЧИКОВАНИ.

●

Менің жерлестерім осы мүмкіншіліктерді біршама кеңінен пайдалануда. Мәселен, Жамбыл облысында түріктердің бес фольклорлық ансамблі құрылды. Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының «Генчлик» ән-би ансамблі де республика халқы алдында зор табыспен өнер көрсетуде, ол Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды.

Совет түріктерінің тіл тұрғысынан өзіндік ерекшеліктері баршылық. Олар Грузияда тұрған кезінде қостілділік біршама тән еді: семьяда ана тілінде сөйлесті, ал қоғамдық жүйеде ана тілін, грузин тілін, ішінара алғанда армян тілін пайдаланды. Соғыстан кейінгі жылдарда грузин мен армян тілдерін қазақ, өзбек, қырғыз, кейінірек — азербайжан тілдері алмастырды. Орыс тілін білу дәрежесі артты. Қазіргі уақытта қостілділікке қоса (түрік-қазақ, түрік-азербайжан), көптілділік (үш тілділік) формасы да бар: ана тілі және одақтас республиканың жергілікті халықтарының бірінің тілі және орыс тілі. Дегенмен мәсхеттік түріктер өздерінің ана тілін семьяда, от басында ғана пайдаланады. Ол қоғамдық басқа қызметтерді атқармайды — әзірше ол тілде ешқандай әдебиет басылмайды, газеттер шығарылмайды, радио мен телевизия хабарлары берілмейді. СССР түріктерінің жазба мәдениеті енді ғана қалпына келтіріле бастады. 1982 жылы СССР Оқу министрлігі 7—10 кластарға арналған, түрік ұлты оқушылары үшін түрік тілі жөнінен факультативтік курстың типтік программасын талдап жасап, бекітті. Москвалық атақты түрколог Р. А. Аганин осы программа негізінде екі бөлімнен тұратын оқу құралын құрастырды. Қазір Жамбыл облыстық баспаханасында түрік тіліндегі алғашқы оқулықты басу аяқталып келеді. Жамбыл облысының Шу ауданының бірқатар мектептерінде осы тілді оқып үйрену үшін факультативтер ұйымдастырылды, Алматы облысында жалпы білім беретін 10 мектепте осындай 15 факультативтік топ жұмыс істейді. Осы жұмыс та жалғастырыла берілуге тиіс.

Аса күрделі мәселелердің бірі — бұл советтік түріктердің олардың тарихи ата-мекеніне — Грузияның Ахалцихе, Ахалкалаки, Аспиндза және басқа аудандарына оралуы. Бұл оңай проблема емес, дегенмен біз ол шешіледі деп үміт етеміз.

Түрік ұлтының адамдары барлық басқа ұлттар мен ұлыстар өкілдері секілді елдің тең праволы азаматтары, Жамбыл облысының Ленин атындағы совхозының бұрынғы суарушысы, қазір пенсионер, коммунист Раим Рыдвановтың сөзін еске аламын:

— Қоныс аударған көптеген адамдар секілді мен үшін Оңтүстік Қазақстан туған жеріме айналды. Біз ештеңеден сырт қалдық деп сезінбейміз, біртұтас ұйымшыл семьяда туысқандардай өмір сүрудеміз. Осында, селода менің алты ұлым егінші болып еңбек етеді, олар биыл бригадаға бірігіп, астық пен жүгері өсіру үшін бірнеше жүз гектар жерді арендаға алды.

Түрік халқының қажеті мен проблемалары партия және совет органдарының назарында. Халық депутаттары Жамбыл облыстық Советінің тұрақты комиссиясы жанынан құрылған ұлттық және ұлтаралық қатынастар жөніндегі арнаулы жұмыс тобы, оған түріктер де енеді, түрік халқының проблемаларын мұқият зерттеуде. Алматы облысының аудандық Советтерінде де осындай топтар бар.

Біздің елімізде ұлттық және ұлтаралық қатынастарды дамыту жөнінен жүзеге асырылып жатқан нақты қадамдар қуантып, үміт шоғын ұялатады. Ол үлкенді-кішілі халықтардың — совет халықтарының туысқандық достығын нығайтуға белсенді ықпал етуде.

Digitized by Google

СЕМЬЯДА БАҚЫТТЫ АДАМ ӨМІРДЕ ДЕ БАҚЫТТЫ

Оқушылар каникулы өтіп жатыр. Бұл балалармен араласып, шешіле әңгімелесетін, семья мүшелерінің бәрінің бірге болатын кезі. Ондай сәттің жиі бола бермейтінімен сіздер келісерсіздер: жұмыс, оқу дегендей, қол тие бермейді. Ұлықмен немесе қызықмен тиянақты әңгімелесу үшін көп нәрсе «кейінге» қалдырылады. Ал бала болса ата-анасын тыңдау үшін көшедегі достарынан қол үзуге асықпайды. «Бір құлағынан кіріп, екінші құлағынан шығып кетеді»,— дейміз біз. Әңгіме үйлеспейді...

«Балалар — ата-аналардың адамгершілік өмірінің айнасы»— бұл семья тұрмысының тілі үшін де бұлжымас ақиқат. Аға ұрпақ өкілдері «баланың ата-анаға қарап өсетінін» ұмытып, жастарды тәрбиесіздігі үшін сөгеді. Семья тіршілігінде қалыптасқан сөйлесу қағидасын алып қарайықшы: сіздерде ертеңгісін бір-біріңізбен амандасу орныққан ба? Сіз ұйықтар алдында үй ішіндегілерге жайлы жатып, жақсы тұрыңыздар, деп тілек айтасыз ба? Сіз жұмыстан оралғанда қандай сөздерді жиі қолданасыз: «Сәлеметсіздер ме, менің сүйіктілерім, мен сендерді сағынып қалдым!» немесе «Ой, әбден шаршап кеттім! Қарным қатты ашып тұр?»

Сіздің үйіңізде: «Кешір, сенің алдыңда кінәлімін?» деген сөз жиі айтыла ма?

Тамақ ішу үстінде: «Ас сондай дәмді, рахмет!» немесе «Осы макарон (борщ, котлет, қуырылған тағамдар т. б.) сондай жалықтырды»,— деген сөздердің қайсысы жиі естіледі?

Кейбір семьяда әйелді мақтаудың ешбір қажеті жоқ деп, ас ішу үстінде көбіне үндемей отырғанды қалайды, алайда қайсыбір ағаттық үшін: «Сен ылғи тұзды көп саласың!», «Сен борщ пісіруді қашан үйренесің!», «Сенің ботқаң үнемі быламыққа ұқсайды, біреуден үйренсең етті!» т. б. сөгуді қажет деп есептейді. «Ал егер осы ақиқат шындық болса ше?»— деп сұрайды наразы еркектер. Дегенмен осындай қазымырлана беруден қабілеттің өскені, ал ұдайы мұқатулардан семьяның моральдық ахуалының жақсарғаны байқалмайды. Кулинарлық өнер төңірегіндегі шеберлікті (семьядағы сыйластық, махаббатты сақтауға ұмтылыс оларды жеңуге көмектеседі) жайына қалдырып, қарым-қатынас жасаудағы сөйлеу өнері туралы, семьядағы сөйлеу әдептілігі туралы әңгімелейік.

Егде бір еркектің ерлі-зайыпты болып өмір сүрген отыз жылдан кейін әйелін: «сүйіктім» деп атағаны туралы қарапайым әңгіме бар. «Бұрын ешқашан, тіпті жас кезімде де,— деп әңгімеледі ол достарына,— мен дәл осы сөзді айтқаннан кейінгідей таза, ұқыпты киініп, дәмді ас ішіп, күтімді болған емеспін!» Сыпайы сөйлеу, яғни сіздің үйіңіздің әдептілігі семьядағы өзара қарым-қатынасты дөп бейнелейді.

Жоғарыда айтылған мәселеге оралайық. Ертеңгісін сәлемдесу неліктен сонша-лықты маңызды?» Өйткені ықыласпен айтылған денсаулық тілеу бүкіл күні бойына көңілді көтереді, ал «Төсек астындағы шәркем тағы да жоқ қой» деп кейіс білдіру реніш тудырады. «Сол аяғымен» тұрған ғой деп аталатын реніш эстафета ретінде жалғасып, таңертеңнен бір адамнан екінші адамға ауысады. Егер үйде ертеңгілікте бір-бірімен жылы, жымия, әзілдесе сәлемдесу қалыптасса, бұл нақ «оң аяғыңмен» тұруға көмектеседі. Белгілі «ертеңгілік сөздер» үйреншікті әдетке айналсын:

Қайырлы таң!; Қайырлы таңмен және жақсы күнмен!; Сіз жақсы ұйықтадыңыз ба? Бүгін күн сондай жақсы, солай ғой!; Аздап бұлыңғыр болуының оқасы жоқ: бұлттан соң күн ашылатынын біліп қой!; Суық және күн нұры, тамаша күн! Сымбаттым, ұйықыңды әлі аша алмай жатырмысың!...

Иә, сіздің «репертуарыңызда», әлбетте, жүздеген жақсы сөз бар шығар. Мұның «семьялық» сөз тіркестері болуы мүмкін. Осындай сөздерден жаның жадырап сала береді. Соларды жинай жүріңіз, қиын сәттерде еске алыңыз, енді ғана қалыптасып келе жатқан семьялық тұрмысыңызға енгізіңіз. Үлкендердің жақсы дәстүрлері жас жұбайларға берілсін. Бұл да ұрпақтардың сабақтастығы.

«Жайлы жатып, жақсы тұрыңыз» тілегінің де ықпалы зор. Өйткені осы сөздерді айта отырып, біреудің телевизор немесе магнитофон дыбысын барынша қатайта түсуі, және өзара айқайласып сөйлесу өрескелдік қой. Көптеген қарт кісілерге ешкім мазаламайтын осы сағаттар сонша қымбат, жылы лебізбен және шын ықыласпен айтылған сөздердің өзі адамды тыныштандыратындай ықпал етеді.

Мен келдім! Ас ішкім келеді — қайсыбір жас және егде адамдар семьяларына

Digitized by Google

тән «сәлемдесу» осындай. *Қайырлы күн, мамажан немесе Сәлем, папа, қалың қалай? немесе Сәлеметсің, әжетайым, қалайсың? Немесе Сәлеметсіздер ме, қымбаттыларым, сіздерді көргеніме сондай қуаныштымын*, деген сөздер сирек айтылады. Балалардың өзімшілдігіне шағына отырып, өзіміздің жұмыстан келгенде бір құшақ реніш арқалап келетінімізді, оны өздерінің қам-қарекетімен айналысып жатқан туған адамдарымызға «аудара салатынымызды» ұмытып кетеміз. Олармен кездесуден, үйдің жайлылығынан, қалыптасқан тұрмыстан болатын қуанышымыз барлық реніштерді жеңуге тиіс. Сондықтан кездескен кездегі алғашқы сөздер жақсы көңіл-күй туғызатындай болғаны дұрыс: *Кеш жарық, менің сүйіктілерім, сендердің мамаларың келді, сүт әкелді! Денсаулық тілеймін! Бәрің де аман-есенсіңдер ме, папаларыңды көргенге қуаныштысыңдар ма?..* Әртүрлі етіп айтуға болады, бірақ әркез жылы шыраймен айту керек.

Кешірім сұрау сөздеріне дұрыс жауап бере білу де маңызды. Біз балаға: «Енді істемеймін деп айт! Кешірім сұра!» деп жиі зекіп жатамыз. Ал өзіміз ше? Қадір-қасиет, өзіңді сыйлаушылық басқа бір адамды көмсіту есебінен қалыптаспауға тиіс. Өзін кінәлімін деп есептемейтін үй ішіндегілерді кінәлісің деп «жазғырғаннан» гөрі, *білемісің, менікі дұрыс емес екен, кінәлімін?* деген сөздер әлдеқайда дұрыс. Өз қатеңді мойындай отырып, әңгімелесушіңнің де менікі дұрыс па, дұрыс емес пе деп ойланып қалуына негіз беретінің ертеден белгілі. Расында да солай, ренжіскен кезде, әдетте, тәрбиелі адамдар тез ығыса қоятынын тәжірибе көрсетіп жүр.

Жайлы семьялардың «сөйлеу репертуарында» төмендегідей әдепті сөз тіркестері бар: *Кешіріңіз, Ғафу етіңіз, Кешіре ғой, мені; Мен сіздің алдыңызда кінәлімін; Мен сізді ренжітіп алдым ғой деймін, мен сізді жалықтырып жіберген шығармын, кешір, кешіре көрші... Ал жауап ретінде: Оқасы жоқ; Кешірім сұрауға тұрмайды; Ештеңе етпейді? Ту, сөз етудің қажеті жоқ! Ұсақ-түйек қой; Ештеңе бүлінген жоқ қой; Жарайды, қойшы, мен тіпті байқаған да жоқпын...*

Әдептілік, қайсыбір қиын жағдайда семья мүшелерімен ортақ тіл таба білу тәрбиелі әрі ізгі ниетті адамға тән нәрсе. Семьяның психологиялық ахуал бейнелерінің бірі ретінде үйлесімділік «жүрек жылуының» нәтижесі. «Жан-тәніңнің жалқауланауына жол берме!»— деген еді ақын. Орыс халқының адамгершілік қасиеттерінің бірі — ұяла білушілік — қош бол!— деген әдепті сөзден байқалады, яғни біржола қоштаса отырып, менің еркіммен немесе еркімнен тыс істеген қылықтарым болса, асығыс жасаған ағаттықтарым болса, кеш мені дегенді білдіреді. Демек қоштасарда, кішкене тізе бүгіп, ойланып-толғанып мына сөздерді айтқан дұрыс: «Мүмкін, мен сіздің алдыңызда кінәлі шығармын. Кімде қателік болмайды. Екеуміз де бірлесе ойланып көрейікші...» Егер үміт сәулесі сөнбесе, бұл шақыру зая кетпейді. Өйткені ренжіскен кезде жүрекке инедей қадалған ауыр сөздер болуы мүмкін ғой. Өз кінәңді мойындай отырып, «мейірімді, жұмсақ» сөздермен осы ауыр жүкті түсіре біл...

Ағынан жарыла айтылған әңгіме үлкенге де, кішіге де керек. *Кәне, сөйлесейікші!*— осы сөз тіркесі үйреншікті болуға тиіс. Оның соңында «қарым-қатынасты анықтау» ғана емес, сондай-ақ ойлар мен көңіл-күйлерін ортаға салу, телевизия хабарлары мен театрлық спектакльдерді талқылау, алда тұрған демалыстың қам-қарекеті мен жақын адамдарына көмектесу ниеті тұрады. Егер семьялық укладта шын ниетті әңгімелесу орнықса, онда балалардың реніштері мен қуаныштарын сезіне білетін: *Мен сені түсінемін, мен сенің орныңда болсам...* дегендей пікірлер айтатын ересектермен әңгімелесуге олар бейім тұрады. Ылғи да ақылгөйсушілік, зеку, сырды сақтай білмеушілік тіпті туған адамының алдында да ағынан жарылып әңгіме айтуға бөгет жасайды. Демек жас жүрек өзін түсінетін әңгімелесуші адамды іздеп аласұрады, кейде ондай достары нашар адамдар болып шығады.

Семьялық әңгімелер — семья ахуалының көрінісі. Лев Толстой бірде мынадай деп жазған еді: «Семья дегеніміз бақыттың бірден-бір шарты». Сіздің семьяңызды, өзіңізбен бірге тұратын адамдарды бақытты ету үшін олардың сізден естітін сөздері туралы қамқорлық жасаңыз.

Л. ШКАТОВА,
филология ғылымының докторы.

БАЛАЛАР КҮЛКІСІ — БІЗДІҢ ҚУАНЫШЫМЫЗ,—

Павлодар трактор жасаушыларының Мәдениет сарайы «Құрбылар» клубындағы кеш осылай аталды. Облыстық балалар үйінің педагогы З. Кавязинаның алғашқы күнінен ақ ата-аналарының аялы алақанынан айырылған балалардың қалай тұратыны туралы әңгімесі бәрін толғандырды.

К. БОРИСОВА.

Digitized by Google

ЖОСПАР ЖАСАУМЕН... ІС БІТПЕЙДІ

Жамбылдың тұрғын үйлер аудандарындағы тәрбие жұмысы туралы заметкалар

Жамбылдың байырғы тұрғындары кешкілікте баян әуенімен адамдардың аулаларға жиі жиналатын кезін есте жақсы сақтаған. Мұнда тек музыка тыңдаумен, өзі ән айтумен бірге, өзекті істер туралы әңгімелесуге болатын еді. Еңкейген қарттар да, еңбектеген балалар да жиналатын, бәріне де қызықты еді.

Бүгінгі көрініс, өкінішке қарай, басқадай. Жетінші мүкроауданның тұрғыны Валерий Петрович Шульман аулада орналасқан үгіт алаңына қарап: «Мынау ауланың жартысын алып жатқан темірлер үйіндісі кімге керек, ал одан ешқандай пайда жоқ»,— деді қинала. Ал одан ең болмаса бір лекцияда, кездесуде болдыңыз ба деп сұрағанымызда, менің әңгімелесушім: «Олардың маған керегі қанша? Өз істерім жетерлік. Әне, балам жүгіріп жүр», — деп қолын бір-ақ сілтеді. Демек біз әңгімелескен көптеген лекторлар олардың тұрғылықты жер бойынша лекцияларына адамдардың жиналмайтынына, тек кішкентай балалар мен қарт пенсионерлер келетініне шағым жасады.

Мұның себебі неде? Неліктен осылай болуда? Алдын ала айтайық: бүкіл іс жұмыстың мазмұны мен формасында ғой. Қалада қазір 18 үгіт алаңы бар. Әділін айту керек, олар жақсы ұсталады. Алайда олар әркилы пайдаланылады.

Завод ауданында үш-бес адамнан: лектордан, право сақтау, денсаулық сақтау органдарының, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, аудандық финанс бөлімдерінің, т.б. өкілдерінен информациялық топ құру инициативасы дүниеге келді. Оларға аудандық Советтің депутаттары, аудандық партия комитеті мен аудандық атқару комитетінің қызметкерлері қатысады. Осы топтар үгіт алаңдарында небары бірнеше рет сөз сөйледі... Ал осының өзі тұрғындардың қаншама ықыласын туғызды десеңізші! Тұрғындардың көпшілігін толғандырып жүрген право тәртібін қорғау, пәтерлерді жөндеу, бос уақытты ұйымдастыру жөніндегі мәселелерді анықтау мүмкіншілігі ғана бауырағ жоқ.

Аудандық партия комитеті топтарды жасақтау барысында насихатшылардың біліктілігін ғана емес, сондай-ақ, олардың тілді жете білулерін де ескереді: егер олар қазақ, өзбек немесе неміс ұлты өкілдері басым тұратын аудандарға баратын болса, онда лекциялар мен әңгімелер, тиісінше, сол тілдерде өтеді. Мәселен, М. Молдабеков, Б. Абдуллаев және Н. Рүстембековтың қазақ тілінде, А. Акрамовтың өзбек тілінде, О. Кибаровтың — курд тілінде, Гаджи Исмаил оғлы мен А. Искаковтың — түрік тілінде оқитын лекциялары аса танымал. Сез орайына қарай мынаны айтайық: мехсеттік түріктер мен курдтар тұратын аудандардағы мектептерде балалар ана тілін оқиды. Осында ұлттық салт-дәстүр мерекелері жиі өтеді, оларға қазақтар да, орыстар да, өзбектер де, басқа ұлттар өкілдері де қатысады.

Завод ауданының екінші және үшінші микроаудандарының тұрғындары аудандық ЗАГС ұйымдастыратын интернационалдық семьялар мен еңбек әулеттерін атау туралы жақсы лебіздер білдіреді. Микроауданның құрметті тұрғыны атағы да осында беріледі. Кандидатураны жиын талқысына ұсынбастан бұрын тұрғындардан сұрап, олардың пікірлерін анықтайды. Сондықтан да адамдар осы салт-жораларды зор ықыласпен қабылдайды. Юрий Федорович Юрьевке, Валентин Николаевич Захаровқа, Борис Михайлович Нұрпейісовке, Жұмабек Қарбетовке микроауданның құрметті тұрғыны атағы осында салтанатты жағдайда берілді. Осы адамдардың бәрі тек озат өндірісшілер ғана емес, сондай-ақ өз үйіне, өз ауласына, өскелең ұрпақты тәрбиелеуге немқұрайды қарамайтын тұрғындар ретінде де танымал.

Өкінішке қарай, басқа микроаудандардың көпшілігінде адамдарды баурайтын осындай қайсыбір кездесулер өткізілмеді. Әдетте, бәрі стандартты жалпылама лекцияларға саяды. Оның үстіне адамдар ол туралы нашар хабарландырылады. Сондықтан да үгіт алаңдары бос тұрады.

Осы орталықтардың сүреңсіздігі де көзге түседі. Бүкіл көрнекілік маңдайшадағы жазуға ғана саяды. Қабырға газеті, «молниялар, әзіл-сықақ беттері қайда деп сұрағымыз келеді? Аса белсенді тұрғындарды көрсететін мейлі шағын болса да микроауданның Құрмет тақтасы қайда? Осының бәрі өткен жылы Қазақ ССР-інің халық шаруашылығы жетістіктө-

Digitized by Google

рінде өткен республикалық семинар-практикумда ұсынылған еді. Алайда, өкінішке қарай, осы нұсқаулар сияқты басқалар туралы активистердің біреуі де есіне түсіре алмайды: несі бар, семинар өтті, документі қабылданды, сонымен істің тәмамдалғаны ғой.

Қалалық партия комитетінің идеология бөлімінде маған үлкен тізімді көрсетті, онда әрбір микроауданда қоғамдық совет бар екені аңғарылады. Оларға жауапты адамдар іріктеп алынған сияқты. Олардың арасындағы міндеттер нақты бөлінген. Демек жұмыс үдей түсуге тиіс қой.

Алайда көптеген тұрғын үйлер аулалары жинақы емес, балалар және спорт алаңдары көптен жөнделмеген. Мәселен, микроаудандарда әткеншектері, ертегі кейіпкерлерінің мүсіндері, теремоктары бар балалар қалашықтары жабдықталған, осындай әрбір қалашық аз-кемі жоқ 35 мың сом тұрады. Демек, қазір ше? Әткеншектер үзіліп қалған, орындықтар кесіліп тасталған.

Вертолетке не болған дейсіз ғой? Авиаторлар жұмыс мерзімі өткен кәдімгі вертолетті балаларға берген еді. Онда видеозал жасап, мультфильмдер көрсету жоспарланған болатын. Алайда вертолетті құйын соққан ба деген әсер туындайды: салонда бәрі сынған, жыртылған, қайсыбір жерлері жұлып алынған. Үлкен бассейн де осында салынып жатыр, онда балалар жазда суға шомыла алар еді, құрылысшылар күндіз оның қабырғасын кафельді плиталармен қаптаса, тұрғындар түнде оны жұлып алып кетуде. Осының бәрін көргенде қоғамдық ұйымдар қайда қарайды, тізімде көрсетілген ондаған активистер қайда жүр деп еріксіз сұрағың келеді. Шындығына келсек, қағаз бетінде бәрі де жақсы, бірақ іске келгенде бәрі ұмыт болған... Советтердің көпшілігі жұмыс істемейтіні, барлығы да қағаз бетінде қалғандығы алғаш таныса бастағанда-ақ байқалды. Тек жекелеген энтузиастар ғана жұмыс істейді. Олардың бірі — Сәтпаев көшесіндегі № 3 үйдің тұрғыны Владимир Ступников тұрғындардан жөндеу бригадасын ұйымдастырды, олар подъездерді ретке келтіріп, ағаштардың қураған бұтақтарын кесті. «Қазір ауланы, үйді жайлы ету жұмысына тұрғындардың бәрі қатысады,— дейді Владимир.— Алайда жасөспірімдердің бізге көмектеспейтіні өкініштi-ақ». Жасөспірімдердің «Романтик» клубы осы үйде орналасқан ғой, демек оның жетекшілері балаларды осы іске неге тартпайды? Балалардың ойыннан қолы тимейді, ал олар қоғамдық пайдалы істермен айналыса алады ғой?! Демек республикалық семинар-практикумға қатысушылар осыған шақырған еді.

Ступниковпен де және басқа адамдармен де әңгімелерде қоғамдық ұйымдар неге үнсіз деген сұрақ туындады. Тұрғындардың пікірлеріне құлақ салған дұрыс болар. Ал олар мынадай:

— Істі қоғамдық жұмысты жақсы көретін адамдарды іздестіріп, оларға қолдау жасаудан бастау керек. Бізде ауланы жайлы етумен айналысып жатқан адамдардың атына ешкім де жақсы лебіз білдірмейді.

— Қоғамдық советтердің мүшелері, әлбетте, өздеріне бекітілген микроаудандарда емес, қаланың екінші бір шетінде тұрады. Әрине, олардың әрқайсысы өз ауласын, өз көшесін зор ықыласпен ретке келтірген болар еді.

— Қоғамдық советтерді жалпы тағайындай салу принципі бойынша емес, сол микроаудан тұрғындарынан аса инициативалы, жігерлі адамдарды сайлау жолымен жасақтау қажет.

Осы пікірлерге тағы бір байқауымызды қосу керек: қоғамдық советтерді құру жетімсіз, оған қоса активті оқытып, жұмыстарын сұрап отыру керек. Ал қалада нақ осы жағы жетімсіз.

Демек республикалық семинар-практикумге тағы да оралғымыз келеді. Онда Қаратау қаласы партия ұйымының өте тиімді жаңалығы мақұлданған-ды. Мұнда қоғамдық советтер

АУЛАЛЫҚ КЛУБТАР ФЕСТИВАЛІ

Жезқазғанның аулалық клубтарының «Біз лениндік достығымызбен мықтымыз» фестивалі Пионерлер мен оқушылар үйінде өтті.

Фестивальға қатысушылар Пионерлер үйінің есігінен кірісімен мерекелік ахуалға тап болды, онда балалар суреттерінің, балалар қолымен тігілген ұлттық костюмдер кигізілген құыршақтар көрмесі жасалған фестиваль салтанатпен ашылды. Ол балалардың ұлттық ойындар мерекесіне, билерге, әндер мен ертегілерге ұласты.

Төрешілер әрбір жанрдан таңдаулы жұмыстарды атады. «Романтик», «Комета», «Факел» аулалық клубтарына қызықты қойылымдары үшін арнаулы сыйлықтар тапсырылды.

Г. ЧУРИКОВА,
Жезқазғанның Пионерлер мен оқушылары үйінің «Альтаир» жас тілшілер клубының жетекшісі.

Digitized by Google

мен уставсыз партия топтарын көп пәтерлі тұрғын үйлерде құра бастады, сөйтіп жұмыс қыза түсті. Басқаны былай қойғанда, осы тәжірибе облыс орталығында мақұлдануға тиіс еді, алайда біз кіммен сөйлессек те, олардың ешқайсысы осы туралы ештеңе айта алмады.

Тұрғылықты жер бойынша жұмыста неліктен өзгеріс жоқ? Мүмкін, бұл осы учаскенің жұмысын бағалай білмеушіліктен болар, өйткені қалалық және аудандық партия комитеттері мен халық депутаттары Советтері атқару комитеттері олармен үстірт айналысады, олар үгіт алаңдарында өткізілетін, талдап жасалған бір жолғы шараларды бекітумен қанағаттанады. Ал егер мұнымен шындап айналысса, көп нәрсе өзгерер еді.

Мына бір көрініс осы жөнінде әңгімелейді. Біз Завод аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары Қосайгүл Сатыбалдықызы Сейдалинамен бірге аулалардың бірінде Саид Сайназаровпен таныстық. Жас жігіт № 39 орта мектептің кешкілікте бос тұратын спорт залын микроаудан балаларына беру туралы мәселені шешу үшін орта мектеп пен үй басқармасының есігін бірнеше айдан бері тоздырып жүргені жайында көңілсіз әңгімені айтты. Менің серігім осы мәселені үш минуттың ішінде шешті. Егер адамдармен жиі кездесіп тұрса, мұндай мәселелер аздау ұшырасып, микроаудандардағы өмір соншалық сүреңсіз болмас еді.

Т. ЩИПАНОВА,
біздің арнаулы тілшіміз.

Жамбыл қаласы.

КӨҢІЛДІ КЕШТЕР

«Индер» көкөніс-сүт совхозында көркемөнерпаздар конкурстары, спорт турнирлері, халықтық қолданбалы өнер шеберлерінің көрмелері жүйелі өткізіледі. Село тұрғындары ұлттық тағамдарды жақсы әзірлеу, киім тігіп, тоқи білу конкурстарында жарысады. Ал бергінде өсімдік цехы драма үйірмесінің мүшелері спектакль әзірледі.

— Соңғы жылдары шаруашылық коллективі қыруар жасарды,— дейді совхоз партия комитетінің секретары Аққенже Ерекешова. — Мұның өзі мәдени-бұқаралық жұмысты мықтап қолға алуды, жастардың бос уақытын ұйымдастыра білуді талап етті.

Б. БӨКЕЕВ.

Гурьев облысы.

ЖАС ЖЕЗКЕНТТІКТЕРГЕ ҚЫЗЫҒА ҚАРАЙСЫЗ

Семей облыстық кәсіподақтар советі Жезкент поселкесінде жасөспірімдер клубтары меңгерушілерімен семинар өткізді. Кездесу адресі кездейсоқ таңдап алынған жоқ. Мұнда балалар тәрбиесімен шындап және бәрі: кен-байыту комбинатының, мектептің, қоғамдық ұйымдардың әкімшіліктері бірлесе айналысады. Мәселен, кәсіподақ комитеті жас техниктер клубын, жасөспірімдердің «Бос уақыт» және аулалық «Жолдас» клубтарын ашып, оны өз қаржысына ұстайды, онда екі мыңға жуық оқушы айналысады. Жабық бассейн жанындағы жасөспірімдердің спорт мектебі поселке балалары арасында аса танымал. Мұнда соңғы екі жыл ішінде жеті жүзге жуық оқушы жүзуге үйренді.

«Хозяюшка» үйірмесінің мүшелері, сондай-ақ жас техниктер клубы өзінің оқытушысы В. В. Верницкаямен бірге семинарға қатысушыларға арнап қызықты шаралар әзірледі. Демек осы клубта бірінен-бірі қызықты он үйірме: авиамодель, сурет, кино, картингистер үйірмелері және басқалары жұмыс істейді, олар 250 жасөспірімді біріктіреді.

Алтай өлкесінің Горняк поселкесінен осы аттас және жергілікті «Жезкент» хореография коллективтері кеште өнер көрсетті. Би номерлерін көру өздері қолдан пісірілген тәтті пирогпен шай ішумен аяқталды. Қожайындар ду қол шапалақтау үстінде әсем тігілген киімдерді көрсетті.

Семинарға қатысушыларға аула клубында болған отырыс-кештер де ұнады. Семинар программасында сондай-ақ мектептердің спорт залдарына, жас картингистердің жарыстарына бару, Жезкент кен-байыту комбинатының басшыларымен кездесу де болды, олар поселкенің барлық балаларына арнап үйірмелер мен секцияларда сабақтар өткізу үшін жағдай жасағылары келетіндігі туралы әңгімеледі.

В. ЯНЫШЕВСКАЯ,
талапкер творчествоның облысаралық үйінің аға методисі.

Семей қаласы.

Digitized by Google

ЖҰМЫРТҚАНЫ ЖЕУГЕ БОЛА МА?

Москвада және басқа қалаларда адамдардың тауық жұмыртқасынан уланып қалуын естідім. Біздің республикамызда жағдай қалай қалыптасқанын айтсаңыздар екен?

М. КУЛЕШОВА, № 89 орта мектептің мұғалімі.

Алматы қаласы.

Республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станцияның тамақ гигиенасы бөлімінің меңгерушісі **Людмила Ивановна АФАНАСЬЕВА** сұраққа жауап береді.

Өкінішке қарай, Қазақстан да одан қалыс қалған жоқ, демек бізде тауық жұмыртқасын пайдаланғаннан кейін сальмонеллезбен науқастану оқиғалары сирек емес. Кейбір облыстарда, мәселен, Жамбыл, Қарағанды, Целиноград облыстарында тамақтан улануға байланысты ішек-қарын ауруларының көбейе түскені байқалады. Демек міндетті түрде тек жұмыртқа немесе құс еті емес, сондай-ақ сапасыз басқа тамақтар оның себебі болып отыр. Алайда үнемі сақтанған жөн: жеу алдында термикалық өңдеуден өтпеген жұмыртқа (балмұздақ және белоктан жасалған, крем жағылған торттар, қуырылған жұмыртқа, тағы басқалар) көбіне-көп сальмонеллез сияқты ішек-қарын ауруларының пайда болуының себептері болып табылады.

Сальмонелл микробтары әдетте үй жануарларының, сондай-ақ тышқан секілді кеміргіштер мен құстардың ішегінде болады. Ауру малдарды союдың және оларды мүшелеудің, кулинарлық жолмен дұрыс ұқсатпаудың салдарынан өнімдер бүлінеді. Мәселен, шағын бір кесек етті пісіру кезінде сальмонеллдарды құрту үшін кемінде бір сағат керек, ал үлкен кесек етте сорпасы қайнаған бір сағаттан кейін де оның тірі болуы мүмкін.

Сальмонеллезды жұқтыруға жол бермеу үшін мына ережелерді қатаң сақтау керек:

● *Санитарлық-мал дәрігерлік бақылаудан өтпеген етті, ет пен сүт өнімдерін тамаққа пайдалануға болмайды.*

● *Жердің алдында жұмыртқаны ас содасы ертіндісіне міндетті түрде жуу керек;*

● *Шикі жұмыртқаны жемеу, оны кемінде 8—10 минут қайнату, немесе духовкаға қуыру қажет.*

● *Шикі және піскен етті немесе балықты ұқсатуға арналған жеке-жеке тақтайшалар болуы тиіс.*

● *Үй ыдыстарын (ет турағышты, пышақты, ыдыстарды) шикі өнімді ұқсатқаннан кейін мұқият жуып, ыстық сумен шаю керек.*

● *Магазиннен тамақтарды әкеле жатқанда нанды жұмыртқадан, еттен, балықтан бөлек салыңыз, бір-бірімен араластырмаңыз.*

Сальмонеллез ең алдымен сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында, әсіресе магазиндерде, кулинарияларда санитарлық ережелерді бұзудан болады.

Санитарлық ереже бойынша кулинарлық ұқсатудан өтпеген етті, шикі құс етін және жұмыртқаны маймен және басқа тамақтармен бірге сатуға тиым салынған. Демек, май мен құс етін бір таразымен өлшейтін сатушылар дұрыс жасамайды.

Барлық асханалар мен кафелерде жұмыртқаны «шала пісіруге» тиым салынған. Жазда «картоп» пирожныесі мен еті бар құймақ пісіруге рұқсат етілмейді.

Оқырман сұрағына орала отырып, мынаны айтқым келеді: жұмыртқаны және құс етін пайдаланғанда өте абай болу керек. Шикі жұмыртқаны немесе «шала пісірілген» жұмыртқаны, қуырған жұмыртқаны жақсы көретіндердің осы тағамдардан бас тартқаны дұрыс, оларды ешуақытта балаларға бермеңіздер.

Құс етінен жасалған тағамды әзірлеген кезде **тауықтың еті термикалық өңделуден өтуі үшін ол кемінде 35—40 минут, үйрек — 50 минут, қаз бен күркетауық еті — 1 сағат 20 минут қайнатылуға тиіс.**

Жаңадан пісірілген асты кешеден қалған тамақпен араластыруға болмайды.

Ішек-қарын аурулары күтпеген жағдайда болады деп ешкім де есептемесін. Осы кездейсоқтықтың алдын алуға болады, демек бұл біздің әрқайсымызға тәуелді. Өз денсаулығымызды сақтап, тамақтарды сақтау мен әзірлеудің санитарлық ережелерін біліп, мұқият орындайық. Демек жұмыртқадан және құс етінен бас тартудың қажеті жоқ, тек оларды мұқият әзірлей білу керек.

Digitized by Google

ҚОРШАУДЫҢ ӘР ЖАҒЫНДА НЕ ӨЗГЕРУДЕ?

Қамауда болу жерлері туралы информацияға ұзақ уақыт бойы өзіндік тиым салынған еді. Бүгінде осы жайлы орталық газеттерден оқуға және тіпті колонияда түсірілген кадрларды «Уақыт» программасы бойынша көруге болады. Оларда түрлі «төтенше оқиғалар» туралы материалдар да тым жиі жариялана бастады. Және біздің облыстық газетімізде бертінде Екібастұздағы колонияның жабылғаны туралы және оның үйі тігін фабрикасына берілгені туралы заметка жарияланған еді. Журнал беттерінде қамауда болатын жерлерде өтіп жатқан өзгерістер туралы әңгімелеуге болмас па екен?

К. ЖАҚСЫГЕЛДИНОВ.
Павлодар қаласы.

Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің түзеу жұмыстары жөніндегі бас басқармасы бастығының орынбасары, ішкі қызмет подполковнигі **Владимир Ларионович СИСЬКОВ** сұраққа жауап береді

Расында да, қайта құру еңбекпен түзеу мекемелерін де қамтыды, оларда халық соттарының үкімімен бас бостандығынан айырылған адамдар мерзімін өтейді. Қазір оларда қайта тәрбиелеу мен дұрыс жолға салу процесі, біріншіден, сотталғандар режимін күзетіп, қадағалау жасауды қамтамасыз ететін қызмет көмегімен жүзеге асырылады. Саяси-тәрбие жұмысы жүргізіледі, медициналық және коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсетіледі, қайта тәрбиелеуде өнімді еңбекке маңызды роль беріледі, олар ауыл шаруашылық машиналарын, мал шаруашылығы мен жемшөп өндірісіне арналған машиналарды, олардың басалқы бөлшектерін, электр-техника бұйымдарын, түрлі мақсаттағы приборларды шығаруға қоса мебель, тігін бұйымдарын, халық тұтынатын товарлар өндіреді. Ауыл шаруашылығы бағытындағы колониялар да бар.

Сотталғандар үшін кәсіптік-техникалық және жалпы білім беру ұйымдастырылған. Олар түрлі мамандықтарды алады. Кешкі мектептерде орта білім алуға болады.

Соңғы үш жыл ішінде сот практикасын парасаттандыру нәтижесінде колонияларда сотталғандар саны 40 процент қысқарды. Демек, басқалармен салыстырғанда мейлінше жақсы жағынан көрінген адамдар босатылды. Ондаған мың адам мерзімінен бұрын бостандыққа шықты. Олардың көпшілігі қоғам сенімін ақтай отырып, адал еңбек етуде. Сонымен бірге енді ауыр қылмыстары үшін сотталғандардың үлес салмағы 50 проценттен асып түсті, демек олардың үштен бірі үш және одан көп сотталған.

Жазасын өтеуші барлық адамдардан 25 жасқа дейінгі азаматтар 27,4 процент, 25—55 жастағылар —67,2 55—60 жастағылар —4,4, 60 жастан асқандар —1 процент құрайды.

Өкінішке қарай, біздің қоғамымызда ел заңы «тым парасатты», соттар қылмыскерлерге аяушылықпен қарайды деген пікір көптен бері орныгып алған. Дегенмен, мұның өзі осылай ма? Цифрлар керісінше пайымдайды — жазасын өтеушілердің үлкен бөлігі —36,7 проценті бес жылдан он жылға дейін, небары жарты проценті бір жылдай мерзімде осында болады.

Бас бостандығынан айыратын жерлерде оның үстіне «заңды ұрылар» деп аталатындар ұсталады, олар жұмыс істемейді, басқа сотталғандарға қысым жасап, теріс жолға түсіреді, «ортақ қазына» есебінен, яғни олар үшін колонияда, сондай-ақ бостандықта жүрген адамдар жинайтын ақшамен күн көреді. Қамаудағылардың осы категориясы үшін дербес колония жасалынбақ. Мұның өзі адамдар жазасын өтейтін жерлердегі ахуалды сауықтыруға көбірек ықпал етеді.

Қамаудағылар құрамының өзгеруіне қарай колониялардағы жағдай аса қауырт бола түсті, ауыр зардаптарға соқтыратын оқиғалардың туындауы жиілеп кетті. Мәселен, Семей қаласының еңбекпен түзеу колонияларының бірінде үш тұтқын мекеменің екі қызметші әйелін кепіл ретінде ұстап, колония басшылығын бопсалай бастады. Ұстау тобының көмегі арқылы қарулы қылмыскерлерді жөнге келтірудің сәті түсті. Бірақ ол тым қымбатқа соқты. Операция барысында ішкі қызмет офицері А. Романов ауыр жараланды және екі әйел ауруханаға жатқызылды.

Осы және басқа көптеген келеңсіз жәйттер режимді нығайту, тәрбие жұмысын жетілдіру мәселелеріне айрықша көңіл бөлуді талап етті. Бүгінгі күнде,

Digitized by Google

қайта құру барысында, нақ мұның өзі еңбекпен түзеу мекемелері қызметіндегі басым бағытқа айналды.

Қамаудағылардың еңбек пен тұрмыс жағдайын жақсарту үшін көп нәрсе жасалуда, социалистік заңдылық нығайтылуда, жазаны өтеу жағдайын парасаттандыруға бағдар алынды. Сотталғандарды материалдық, коммуналдық, тұрмыстық және сауда жағынан қамтамасыз етудің заңмен тағайындалған нормасын орындау ісінде елеулі өзгерістер өтуде. Демек, 1988 жылы арнаулы контингентке арналған жатақханалардағы орындардың жетіспеушілігі екі есе азайтылды, асханалардың қуаты үштен біріне, көкөніс қоймалары — тең жартысына өсті. Мекемелердің көпшілігінде туысқандармен ұзақ кездесу бөлмелері қонақ үйі үлгісінде қайта құрылуда.

Медициналық-санитарлық бөлімдерді кадрлармен жасақтау, емдеу-диагностика жабдықтарымен, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету шаралары қабылдануда.

Мекеме қызметін қайта құрудағы тағы бір кезең — еңбек коллективтерін арнаулы контингентті тәрбиелеуге кеңінен тарту. Қамқорлық жасаушы ұйымдар өкілдері тақырыптық кештерді, спартакиадаларды, конкурстарды өткізуге қатысады. Босатылған тұтқындарды еңбекке орналастыруға көмектеседі. Мұнда проблемалар аз емес — жазасын өтегендерді жұмысқа қабылдайтын базалық кәсіпорындарды табу өте-мөте қиын. Еңбекпен түзеу мекемелерінен босап шыққан ондаған адамдар жыл ішінде қайсыбір завод қақпаларынан өтеді, ал олардың бірлі-жарымы ғана орнығып қалады. Бәрі бірдей жағдайға нақты қарай бермейді: өйткені еңбекпен түзеу мекемесінен заводқа келген адамның кәсіпті меңгерумен қатар бостандықта өмір сүруді жаңадан үйренуіне тура келеді. Демек, мұны зорлау арқылы емес, саналы түрде жасау керек. Еңбек коллективтері ғана емес, сонымен бірге сотталып келгендерді қайта тәрбиелеумен және дұрыс жолға салумен тікелей айналысатын мекеме қызметкерлерінің бұған саналы түрде қарауы керек.

Тағы бір мысал келтірейін. Алматының кәмелетке толмағандарға арналған еңбекпен тәрбиелеу колониясында ұзақ уақыт бойы күрделі оперативті жағдай орын алды. Мұнда қылмыс жиі жасалды, тіпті кісі өлімі де болды. Жаңа жігерлі жетекші, ішкі қызмет майоры А. К. Молдахметовтың келуімен мұндағы жағдай күрт өзгерді. Жұмысқа қабілетті ата-аналар комитеті құрылды. Қалың жұртшылық кәмелетке толмағандар тәрбиесіне тартылды. Қызметкерлер коллективінде жолдастық, өзара ұғынушылық ахуалы орнықты. Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетімен, творчестволық одақтармен, біздің басқармамыздың ардагерлер секциясымен бірлескен шаралардың комплексті жоспары жасалып, жүзеге асырылуда. Жасөспірімдермен жан-жақты, соның ішінде көлемді жеке жұмыс жүргізу тәртіп бұзушылықты төрт есе қысқартуға көмектесті. Әлбетте, мекеме коллективі үшін мынадай хат басты награда: «Нина Валентиновна, сіз менің тағы бір оқиғаға «тап болып қалуыма» алаңдайтыныңызды жазыпсыз. Сіздің алаңдаушылығыңыз бекершілік екеніне сендіремін. Асқақ сөздерді айтпай-ақ қояйын, енді өз аяғыммен нық тұрдым, мені, былайша айтқанда, «кино да, шарап та» мүлдем толғандырмайды. Менің бірден-бір әрі құмар әуестігім — музыка. Осының бәрі үшін сізге рахмет...»

Мекеме методисі Н. Рамм осы хатты өткен жылы мекеменің бұрынғы тәрбиеленушісі Олег Чернявскийден алды, ол қаскөй бұзақылық қылмысы үшін мерзімін өтеуде.

Дегенмен бүгінде басқа көріністе де бей-жай қарауға болмайды. Қамаудағылардың көпшілігінің ұғымында «демократия» мен «жариялылық» тек ауа жайылушылықпен байланыстырылады. Сонымен бірге статистика былай пайымдайды: өткен жылы республикада тіркелген қылмыстардың жалпы саны 5,1 процент өсіп, 100 мыңнан асты. Өкінішке қарай, жағдай үстіміздегі жылда да жақсарып отырған жоқ. Мемлекеттік мүлікті ұрлаудың, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсе түсуі өте-мөте алаңдатады. Мыңдаған адамдар автомобиль апаттарында қаза табады, осындай апаттардың көпшілігін мас жүргізушілер жасайды.

Тым бертіндегі оқиға мынадай. Азамат Т. өзінің төрт жасар өгей қызын зорлаған, бұдан ол қаза тапты. Право қорғау органдарынан сірә, «зардап шегушінің» тағы да пайда болуы мүмкін ғой. Ал кейбір мекемелерде қыздарды зорлағаны үшін сотталғандар бүкіл контингенттің жартысына жуығын құрайды. Олардың құрбандары арасында бір жастағы баладан 80 жастағы қарттарға дейін бар.

Адамгершіліктен жұрдай болған олардың көпшілігі тіпті осында, бас бостандығынан айырылған жерде бұзақылық қылмыс жасауға қабілетті болып шығады. Әлбетте, оларға жазаның ең қатал шаралары қолданылуға тиіс. Сонымен бірге темір тордың әр жағында жазатайым қадам жасаған адамдар да аз емес, олар үшін еңбекпен түзеу мекемесінде болу — трагедия. Бұл адамдар тұрғысынан мемлекетіміз кешірім жасау, амнистия, шартты түрде мерзімінен бұрын босату, қоныс аудару колонияларына жіберу түріндегі адамгершілік актілерді жүргізеді.

Жазып алған Т. СЕРГЕЕВА.

Digitized by Google

ТАТУ КӨРШІЛЕСТІК ЖӘНЕ ӨЗАРА ПАЙДАЛЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Пекиндегі кездесу совет-қытай қатынастары шежіресіндегі жаңа тарауды ашты. Оларды реттегеннен кейін сындарлы ынтымақтастық базасын кеңейту міндеті алдыңғы қатарға ұсынылуда. Мұндай жағдайда сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық байланыстар екі жақты қатынастардың өзегі болуда. «Совет Одағы мен Қытай, — деп жазды Пекин кездесуіне қатысушылар бірлескен мәзмұндамада, — теңдік пен өзара тиімділік принциптері негізінде экономика, сауда, ғылыми-техникалық, мәдени және басқа салаларда өзара байланысты белсенді әрі жоспарлы түрде дамыта береді».

Бір қарағанда, мұндағы істің жайы жақсы. 80-ші жылдардың басынан бері біздің елдеріміз арасындағы товар айналымы он есе өсіп, өткен жылы 1,85 миллиард сом немесе 3 миллиардтай доллар болды. Алайда дүние жүзілік сауданың қазіргі өлшемдері бойынша, әсіресе әлемде өтіп жатқан интеграциялық процестер, тереңдей түскен халықаралық еңбек бөлісі, кооперативтік байланыстардың жедел дамуы тұрғысынан осы цифрлар соншалықты тартымды емес. Жалпы ортақ үлкен шекарасы және орасан зор ресурстары бар көршілес екі мемлекет үшін аталған көрсеткіш қанағаттанарлық емес.

Қытай реформаның он жылы ішінде өзінің сыртқы товар айналымын бес есе көбейтті — ол алғаш рет өткен жылы 100 миллиард доллардан асты. Алайда Совет Одағымен сауда осы саланың небары 3 процентін, Құрама Штаттармен саудада — 13 процентін, Жапониямен — 20 процентін құрайды.

Сөйтсек біздегі жетістіктер әзірше анағұрлым төмен екен. Оның үстіне совет-қытай саудасының құрылымы оның өзара тиімділігі, екі ел экономикасын өзара толықтыратыны туралы сипаттайды. СССР-ден берілетін экспорттың шамамен тең жартысын машиналар мен жабдықтар, демек ең алдымен қазір қытай экономикасы үшін «тығырық» болған энергетика мен транспорт машиналары жабдықтары құрайды. Қытай бізден жылу электр станцияларына арналған энергетика блоктарын, темір жол вагондары мен электровоздарды, жүк және жеңіл автомобильдерді, сондай-ақ мұнай құбырларын, прокатты, ағашты, тыңайтқышты ризашылықпен алуда. Ал біз, өз тарапымыздан, қытайдан түсті металдар рудасын, жүздеген мың автомобиль аккумуляторларын, соя мен жүгеріні, ет өнімдері мен шайды, халық тұтынатын тауарларды аламыз.

Өзара пайдалы ынтымақтастық мүмкіншіліктері мұнымен сарқылмайды. Дегенмен товар айналымын үдету өздігінен совет-қытай саудасындағы түбегейлі ілгерілеушілікті бермейді. Оның экстенсивті дамуы шексіз емес. Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың жаңа формалары, ішінара алғанда, кәсіпорындар, конструкторлық бюролар, ғылыми-зерттеу институттары арасындағы тікелей байланысқа ауысу, бірлескен өндірістер құру мейлінше перспективалы.

Энергетика, металлургия, транспорт секілді дәстүрлі салалармен қатар ауыл шаруашылығы, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, сондай-ақ қазіргі ұғым бойынша осы заманғы озық технологияны жасап, қолдану, мәселен, «сұйық көмірді» тасымалдауға арналған труба құбыры құрылысы ынтымақтастық салалары бола алады, соңғысы энергетиканы дамытудың перспективалы бағыттарының бірі деп есептеледі.

Таяудағы жылдарда оларды қайта орталықтандыру СССР мен Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық байланыстарға тән қасиетке айналады. Демек олар үкіметаралық келісімдер ауқымымен шектелмейді. Аймақаралық ынтымақтастық, қалалар арасындағы байланыс, шекара маңындағы сауда қыруар өседі.

Таяу уақыттан бері екі жақты шаруашылық байланысында, біз үшін Қиыр Шығысты дамытуды жеделдету қажеттігіне, қытайлар үшін реформа мен ашық есік саясаты түрлі аудандарда ықпал жасауына қарай әркелкі географиялық фактор ролі өсті. Оның жемісін ең алдымен елдің шығысы мен оңтүстігінің

Digitized by Google

теңіз маңындағы провинциялары пайдаланды, онда арнаулы бес экономикалық аудан, он төрт ашық қала орналасқан. Түкпірдегі аудандар өздерінің жағалаудан шалғай өкендіктерін сезініп, Совет Одағымен тақау көршілестіктің потенциалды артықшылығын жаңаша бағалады.

Мұның өзі аймақаралық ынтымақтастыққа арналған қолайлы алғышарттар жасайды. Мұндай байланыстар үшін, біріншіден, бір жағынан, советтік Қиыр Шығыс пен Сібірдің өлкелері мен облыстары және екінші жағынан, Оңтүстік-Шығыс Қытай провинциялары табиғи серіктестер бола алады, екіншіден, бір жағынан, Қазақстан, Орта Азия республикалары, екінші жағынан, Солтүстік-Батыс Қытайдың провинциялары, автономиялы аудандары табиғи серіктестер бола алады.

Бірлескен кәсіпорындар мен өндірістерді, соның ішінде үшінші елдердің қатысуымен оларды салу өзара шаруашылық қимыл-әрекетінің жаңа формасы бола алады. Қытай мамандары Солтүстік-Шығыс Азиядағы аймақтық ынтымақтастық идеясы көп үміт күттіреді деп есептейді. Олар бұған ықтимал қатысушылар ретінде Қытайды, СССР-ді, Жапонияны, Солтүстік және Оңтүстік Кореяны атайды. Идеяның мәні мынада: советтік табиғи ресурстарды өндіру үшін Қытай Халық Республикасы мен Корей Халық-Демократиялық Республикасынан жұмысшы күшін, ал Жапония мен Оңтүстік Кореядан капитал мен технологияны пайдалану.

М. С. Горбачев қытай жұртшылығы өкілдерімен кездесуде СССР-де бірлескен кәсіпкерлік аймақтарын, соның ішінде Қытаймен шекаралас аудандарда жасау туралы мәселенің қаралып жатқаны туралы атады. Пекинде айтылған сөз Токиода да кеңінен серпін тудырды. «Нихон кэйдзай» газетінің жазғанындай, жапониялық жетекші сауда компаниялары осы іске қосылып, арнаулы экономикалық аймақтарды игеруге, советтік, қытайлық және жапониялық мамандардың қатысуымен бірлескен кәсіпорындар жасауға ортақтасу тілегін білдіруде. Ірі «Ниссио Иваи» сауда компаниясы аймақтағы көп жақты ынтымақтастықпен арнайы айналысушы бөлімді құрды.

Аймақаралық ынтымақтастықтың басқа, солтүстік-батыс аймағы да екі жақты совет-қытай қатынастары ауқымынан асып түсетін рольді атқара алады. Пекинде есептеп отырғанындай, кәсіпкерлік белсенділіктің дүние жүзілік орталығы Атлантикадан Тынық мұхит бассейніне ойыса бастағандықтан 90-шы жылдарда Европаның Азияға деген ықыласы елеулі түрде артады, олардың арасындағы шаруашылық қимыл-әрекеті өсе түседі. Және мұнда Қытай мен Совет Одағы арасындағы ынтымақтастықтың жаңа формалары зор роль атқара алады. Біздің елдеріміз алдынан Европа мен Азия арасындағы, Атлантика мен Тынық мұхит бассейндері арасындағы көпірдің өзіндік таянышы болу перспективасы ашылуда.

Және мұның өзі қиял емес, жүзеге асырыла бастаған жоспар. Москва Пекинге Синьцзянда Усу-Алашанькоу темір жолы құрылысына кредит берді. Сонда қытайлық Ляньюньган портынан басталған жол Сиань мен Үрімші арқылы Алматыға дейін тартылады. Екі елдің транспорт жүйесін түйістіріп, ол кеңе Жібек жолы сияқты Қытайдан Европаға шығатын тәте жолға айналады.

Совет басшысы Пекинде атап көрсеткеніндей, біз совет-қытай сауда-экономикалық байланысын кеңейтіп, тереңдетуді жалпы азиялық процесте экономикалық интеграцияның белең алуы тұрғысынан да қараймыз. СССР мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қатынасты реттеу Азиядағы әскери бәсеңдікке ықпал етуде. Ал ол өз тарапынан сенім мен қауіпсіздікті нығайтумен қатар өзара пайдалы ынтымақтастыққа арналған мүмкіншіліктерді көбейтеді. Мәселен, әскери өндірістің бір конверсиясы ғана Совет Одағының Азия-Тынық мұхит аймағы экономикалық өзара байланысының базасын елеулі түрде ұлғайтуға қабілетті. Советтік Қиыр Шығысты дамыту жалпы одақтық еңбек бөлісіне ғана емес, Азиялық-Тынық мұхиттық экономикалық байланысқа тартуға бағдарланған.

Аймақтық істерде сындарлы серіктес болу тілегімен Совет Одағы Қытай сияқты Тынық мұхиттың экономикалық ынтымақтастық конференциясы қызметіне қатысуға мүдделі. Бұған арналған алғышарттарды жақсартуға ұмтылып, СССР сыртқы экономикалық байланыстар жүйесін қайта құруда, аймақтар, қалалар, кәсіпорындар правосын кеңейтіп, Сауда-өнеркәсіп палатасы, Азиялық-Тынық мұхиттық экономикалық ынтымақтастық жөніндегі совет секілді қоғамдық ұйымдар қызметін күшейтуде.

Азиялық-Тынық мұхиттық аймақта жаңа қатынастарды қалыптастыру ұзақ әрі күрделі процесс. Совет-қытай қатынастарының реттелуі, оның негізінде біздің елдеріміз арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың дамуту осы кінаратсыз тенденцияларды ынталандыруға қабілетті.

Всеволод ОВЧИННИКОВ,
«Правданың» саяси шолушысы.

Digitized by Google

АТЕИЗМ МУЗЕЙІ

Республикадағы жалғыз және еліміздегі азғана дін және атеизм тарихы музейлерінің бірі Оралда 1983 жылдың май айынан бері жұмыс істейді.

Біздің шын мәнінде бірегей экспонаттарды жинауымыздың сәті түсті. Бұл, мәселен, біздің облысымыздан табылған және біздің дәуірімізге дейінгі екінші мыңыншы жыл деп жазылған қола дәуірінде көшпелінің жерленген жері. Фалар — жер бетіндегі зұлымдықты бейнелеуші үш басты аждаһамен алысып жатқан көне гректердің сүйікті мифтік кейіпкері Беллерофонттың бейнесі салынған күміс айылбас, сондай-ақ зооморфты аяқтары бар символды құрбандық столы назарды аударады. Олардың екеуі де Приурал мен Шығырлау аудандарының территориясынан табылған.

Бізде түрлі дәуірдегі атеистік жұмыстардың тым сирек ұшырасатын жинақтары, соның ішінде жерлестеріміз Ғ. Тоқай мен Т. Қарашевтің еңбектері де бар.

Экспозицияның советтік бөлімінде Совет өкіметінің алғашқы жылдарында жарық көрген басылымдар кеңінен қамтылған. Сол жылдары социалистік салт-жоралар да қалыптаса бастаған еді. Музей қасиетті зат — инженер болған алғашқы қазақ әйелі Мәдина Бегалинаның ұлына Октябрь күндерінде берілген аманаттың түп нұсқасын сақтаған. Салт-жораға қатысқан губерниялық совет-партия мектебінің тыңдаушылары Темір деп ат қойылған нәрестенің анасына аманат тапсырады, онда мынадай жолдар жазылған: «Табанды, мықты, күшті болып өс, ұлым, революция ісінің адал жалғастырушысы бол!».

Бізде шағын планетарий де жұмыс істейді, онда Күн жүйесінің жұмыс істеп тұрған моделін, Ғарыш құпиялары мен алғашқы ізашарлар, өткендегі ұлы оқымысты-астрономдар туралы кинофильмдер көруге болады. Планетарий бойынша экскурсия «космостық» музыка әуендерімен, түрлі-түсті слайдтермен және кинофильмдермен сүйемелденеді.

Музейден тыс жұмыстардың формалары ауқымды және көп қырлы. Бұл — Гагарин атындағы және «Мир» кинотеатрларында өткізілетін атеистік кинолекторийлерге қатысу, еңбек және мектеп коллективтерінде социологиялық зерттеулер жүргізу. Бізде жұмыс істейтін жасөспірімдердің «Космонавт» клубы да кеңінен танымал. Оның активистері мектептерде атеистік тақырыптарда кештер ұйымдастырады, өз құрбыларымен кездесу үшін пионер лагерьлеріне және оқушылардың өндірістік бригадаларына барып тұрады,

«Жұлдыздар және галактика әлемінде» лекторийінің сабақтары зор ықылас туғызады, оны өткізуге қала ғалымдары белсене қатысады. Бізде музыка лекторийі де жұмыс істейді, оны музыка училищесінің оқытушылары мен оқушылары жүргізеді. Концерттерде Гендельдің, Бахтың, Моцарттың және басқа классиктердің музыкалары орындалады, ал бертінде музей қоры XVI—XVIII ғасырлардағы хор музыкасының және Ростов кремлі қоңырауы әуенінің жазылып алынған сирек кездесетін жазбаларымен толықты.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары мақсатында СССР Космонавтика федерациясымен және Ленинградтың дін және атеизм тарихы музейімен хат алысылады, соңғысы біздің методикалық орталығымыз болып табылады және онда музей қызметкерлері жыл сайын стажировкадан өтеді.

«Атеистке көмек» бөліміміз қала атеистерінің жұмысына үлкен қолғабыс жасауда, оның ауқымында тәжірибе алмасу жөнінен семинарлар өткізіледі. Оған ғалымдар, педагогтар Л. Г. Заводская, Ж. К. Хайруллин, А. М. Ащенко, Г. С. Сәрсенов және атеистік тәрбиенің басқа да энтузиастары қатысады.

Музей адресі: **417000. Орал қаласы, Ленин проспектісі, 202.**

Г. ҚИСАМБАЕВА,
Оралдың дін және атеизм музейінің директоры.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39

Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84
63-27-74,
63-27-56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: Н. И. ЛАРИН, А. МӘУТЕНБАЕВ, К. М. СҰЛЕЙМЕНОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.

Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,

Сдано в набор 28.06.89 г. Подписано к печати 11.07.89 г. УГ03259 Формат 70x108 $^{1}/_{16}$. Бумага офсетная № 2. Печать офсетная. Усл. печ. л. 2. Кр. отт. 3,8. Уч. изд. л. 3,6. Тираж 59060 экз. (каз. изд. 30568 экз., рус. изд. 28492 экз.). Заказ 122. Цена 15 коп.

ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google






● Оралдағы дін және атеизм тарихының музейі — XIX ғасырдағы архитектура мен сәулет өнерінің ескерткіші.

● Орал музыка училищесі камералық оркестрінің музейдегі концерті.

● Экспозицияларды қарау.

(ҚазТАГ).



Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.

Индекс 75328



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ



1989

16

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



Целиноград. Мәншүк Мәметова атындағы тігін фабрикасының коллективінде негізінен әйелдер еңбек етеді. Қыздардың көпшілігі мұнда мектеп қабырғасынан келген. Тігінші-моторист кәсібін табысты меңгерген Венера Ғабдуллина фабрикада өз қалауын тапты. Цех комсомолецтері Венераны өз ұйымының секретары етіп сайлады. Оның қам-қаракеті көбейе түсті. Дегенмен болашаққа деген сенімі арта түсті. Ленин партиясы жастар үшін жарқын болашаққа кең жол ашты, жас жұмысшы бертінде оның қатарына енді.

Суретте: Венера Ғабдуллина.

Суретті түсірген В. Корчин (ҚазТАГ).

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕРІ!

16 • 1989
АВГУСТ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

НОМЕРДЕ:

Қайта құру қуатын еселей түсейік. Қазақстанның творчестволық және ғылыми интеллигенциясы өкілдерінің республика тұрғындарына үндеуі 2

● ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫ: ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР

В. КОСТРОВ. Алдыңғы қатарға ұсынылуда. Павлодар облысындағы экологиялық мәдениет тәрбиесі туралы заметкалар . . . 4

Р. РОГАН. Өзара ұғынушылық 6

● АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ

Астық алқабы шақырады 8

● СҰРАҚҚА — ЖАУАП

С. ХОДЖАЕВ. Магазин сөресіне әсер етеді 10

● ЭКОНОМИКА: ЖЕДЕЛДЕТУ БАҒЫТЫМЕН

М. МӘМБЕТОВ. Жарыс «жер бетіне», жұмыс орнына оралтылуда 12

З. АБДРАШИТОВ. Экономиканы жаңарту іргетасы (24 сентябрь — машина жасаушы күніне) 16

● САЯСАТ: ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІР

Н. БУГАЙ. Халықтарды не үшін қоныс аударттырды! 20

Т. ЩИПАНОВА. Бейбітшілік сабағы — іс-қимыл сабағы 24

● МЕТОДИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

Л. ЛИХАЧЕВ. Сұхбаттасу мәдениеті туралы 27

● ӘҢГІМЕЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР

О. КРЕЙМЕР. Қыздар — аналар 29

● РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ

А. ЛЕТЯГИН. Петропавлдың өнер музейі 32

1931 жылғы ноябрьден шығып келеді.
ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАСПАСЫ.
© 2. «Қазақстан үгітшісі», № 16

Digitized by Google

ҚАЙТА ҚҰРУ ҚУАТЫН ЕСЕЛЕЙ ТҮСЕЙІК

Қазақстанның творчестволық және ғылыми интеллигенциясы өкілдерінің республика тұрғындарына үндеуі

Құрметті қауым!

Біз бастан кешіріп отырған уақыт күрделі де жауапты. Революцияның жалғасы деп халық әділ атаған қайта құру жаңа кезеңге аяқ басты. Бүкілодақтық XIX партия конференциясы және жуырда аяқталған СССР Халық депутаттарының бірінші съезі қайта құрудың тұрлаулы сипатының сенімді кепілі болып, демократияның, жариялылықтың, бүкпесіздіктің нағыз мектебіне айналды, тереңнен ойлауға да, нақты сындарлы іс-қимылға да қуатты серпін берді. Ішкі және сыртқы саясат саласында конференция мен Съезд белгілеген міндеттердің орындалуы әрбір совет адамының социалистік Отанымызды жаңарту ісіне қосатын үлесіне түгелдей әрі толық байланысты.

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советінің Председателі М. С. Горбачевтің Орталық телевизиядан жуырда сөйлеген сөзінің әрбір қазақстандықтың жүрегінен қызу үндестік тапқанына еш күмән жоқ. Ол ұлтаралық қатынастарға арналды, ал адамдардың тыныштығы мен игілігі, қайта құрудың тағдыры, мемлекетіміздің тағдыры мен тұтастығы осы мәселенің дұрыс шешімін табуына байланысты болып отыр. Бұл — түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы қарым-қатынастағы шиеленістің күшейе түскен хаупі жөнінде, сонымен байланысты зардаптар туралы байсалды ескерту. Мұның өзі қазіргі және болашақ ұрпақтар алдында орасан зор жауапкершілік көрсетуге шақырып отыр.

Уақыт күш-жігерді біріктіруді мейлінше талап етуде. Проблемаларды бірлесіп қана шешкен жөн. Біздің бәріміз Қазақстан халқының көп ұлтты құрылымы тарихи тұрғыдан қалыптасқанын және достық пен өзара түсіністік жолынан басқа жолдың біз үшін жоқ екенін есте сақтауымыз керек. Әрбір қазақстандық партиямыз бен мемлекетіміз басшысының осынау жалынды сөзін тағы да бірнеше рет зер сала оқып, онда баяндалған барлық мәселелер мен тұжырымдарға барынша байсалды түрде қарағаны абзал.

Біз, творчестволық және ғылыми интеллигенция өкілдері, М. С. Горбачевтің сөйлеген сөзінен туындаған ой-пікірлеріміз бен сезімдерімізді ортаға салуды өзіміздің борышымыз деп есептейміз. Соңғы уақыттағы бірқатар оқиғалар бізден жоғары саяси мәдениет, ұстамдылық, ақыл-парасат көрсетуді талап етеді. Қазір енді ұлттық негіздегі жанжалдардың орманды шарпыған өрт сияқты екені әрбір парасатты адамға әбден айқын. Ал өрттің алдын алған жөн.

Ұлтаралық қарым-қатынастың шынайы, жоғары мәдениетіне тәрбиелеу көбінесе сіздер мен біздердің азаматтық позициямызға, басқа халықтардың өкілдеріне деген өктемдіктің көз-көлген фактілеріне ымырасыз қарауымызға байланысты. Конституцияға жат талаптарды ұсынып жүрген жекелеген адамдардың правоға қарсы әрекеттерін, экстремизм көріністерін айыптай отырып, біз сонымен бірге Жаңа Өзенде жуырда болған жаппай тәртіпсіздікке басы артық ұлттық бояу бердік, асығыс айдар тағудың орынсыз екенін атап өтпей тұра алмаймыз. Бүгін таңда күш-жігерді адамдарды ажыратуға емес, қайта біріктіруге шоғырландыру қажет. Ал бізді біріктіретін нәрселер көп. Және де ең бастысы — бізді Отан, атамекен, мақсаттар мен мұраттардың ортақтығы біріктіріп отыр.

Орайлы жағдайды пайдаланып, республиканың жұртшылығын толғандырып отырған тағы бір проблемаға назар аударғымыз келеді. Халық үшін шын мәніндегі бостандық тілдің шын мәнінде гүлденуінен басталады. Тіл болмаса халық өзінің ойын, сезімін, өзінің дүниеге деген бүкіл көзқарасын жеткізуге дәрменсіз. Біз түрлі халықтардың дәстүрлерін, олардың рухани қазыналарын құрметтейміз. Бірақ біздерді, түрлі ұлттардың өкілдерін, республикаға есімі берілген халықтың тілінің — қазақ тілінің тағдыры ерекше алаңдатады. Оны қолдану аясы бірте-бірте тарыла түсуде. Ғалымдардың деректеріне қарағанда, бүгінде қазақ тілі қоғамдық өмірдің 10 саласында ғана белсенді қызмет атқарып келеді. Біздерге бұл мәселені дұрыс

Digitized by Google

шешудің жолы қазақ тіліне мемлекеттік тіл статусын беру болып көрінеді. Бұл ретте орыс тілі ұлтаралық қатынастар тілі ретінде өзінің міндетін бұдан былай да ойдағыдай атқара береді, Қазақстанда тұратын барлық басқа ұлттық топтардың тілдері еркін дамытылып, қолданыла беретін болады.

Бүгінде көптеген одақтас республикалар ұлттық тілді қайта түлетудің, оны қолдану саласын ұлғайтудың дәл осы жолымен жүріп келеді. Әлбетте, бұған ашық та байыпты талқылаудан кейін барып кіріскен жөн.

Осынау жауапты кезеңде біздің әрқайсымыздың күш-жігеріміз, өмірлік тәжірибеміз жұмсалатын аса маңызды іс-қимыл өрісі аз емес. Бүгінгі ең маңызды міндет — әлеуметтік-экономикалық дамуды ұдайы өрге бастыру, совет адамдарының әл-ауқатын арттыру, он екінші бесжылдықтың жоспарларын орындау екені күмәнсіз. Ал Қазақстанда алға басу жолдарының анық белгіленгені, басым мақсаттардың айқындалғаны біздің көңілімізден шығып отыр.

Соңғы уақытта тұрғын үй мәселесін, азық-түлік проблемасын шешуде, халық тұтынатын товарлар өндіруде қол жеткен елеулі ілгерілеу партия таңдап алған бағыт адамдардың тұрмысын едәуір жақсартуға көмектеседі деп үміттенуімізге мүмкіндік береді.

Республиканың қоғамдық өмірінің барлық жақтарын демократияландыруды тереңдету, жариялылықты, социалистік плюрализмді кеңейту біздерге өзгерістердің тұрлаулы сипаты туралы тұжырым жасауға мүмкіндік беріп отыр. Мұның өзі қоғамның рухани жағынан жаңаруына да орасан зор ықпал жасамақ. Адамгершіліктің сенімді бағдарларын таңдап алу ұлтаралық қатынастарды жетілдіру жолындағы дұрыс мақсаттарды белгілеп береді.

Республиканың басшылығы ұстанған позициядағы бүкпесіздік, өткір мәселелерден орағытып өтпеуге деген ұмтылыс, қордаланып қалған өткір проблемалар жөнінде адал әрі тура мәлімдеу біздің діттеген жеріміздің шығып отыр. Өзіміздің алдымызда тұрған міндеттердің бүкіл күрделілігін сезіне отырып, біз бүгінде барлық қазақстандықтарды толғандырып жүрген бірқатар актуальды мәселелерге өзіміздің көзқарасымызды білдіруіміз қажет деп санаймыз. Біз ең алдымен сіздердің әрқайсыңызды қазіргі жағдайдың өткірлігін мейлінше айқын түсінуге, инициативаны, белсенділік пен жауапкершілікті арттыруға, тәртіп пен реттілікті күшейтуге шақырамыз.

Қымбатты қазақстандықтар!

Біздерді, белгілі бір өмір мектебінен өткен адамдарды, право тәртібінің әлсіреуі, өндірісте, сондай-ақ күнделікті өмірде тәртіп пен ұйымшылдықтың төмендеуі толғандырмай тұра алмайды. Демократия ұғымын тым еркін түсініп жүргендердің өздерінің кейбір іс-қимылының зардаптарын ойластырғаны жөн. Тарих, тіпті өзіміздің тәжірибеміз жүгенсіздіктің шынайы демократияға қатер төндіруден басқа ештеңеге де жеткізе алмайды деген тұжырым жасауымызға мүмкіндік береді. Тек ұйымшылдық, жоғары тәртіп, өз әрекеттеріміз үшін жауапкершілік, белсенді азаматтық позиция ғана біздің қайта құру, социализм мұраттарын орнықтыру жолымен одан әрі алға баса беруімізге көмектеспек.

Нақты істердің уақыты жетті. Тек күшті экономика ғана қайта құрудың тұрлаулы сипатына сенімді кепіл бола алады. Ал мұның өзі тұтасымен әрі түгелдей біздің әрқайсымызға байланысты. Сондықтан біз сіздерді заман талабына сай болуға, ерік-жігерді шыңдай түсуге, халықтың барлық жіктерін қайта құру платформасы негізінде топтастыруға, өзіңе де, өзгеге де талапшыл болуға, ең қастерлі де қасиетті байлығымыз — халықтардың туысқандық достығын, совет қоғамының интернационалдық бірлігін көздің қарашығындай сақтауға шақырамыз. Қанекей, социализмді жаңартуға өзіміздің үлесімізді молайта түсіп, көп ұлтты Советтік Қазақстан еңбекшілерінің даңқты дәстүрлерін жалғастыра беретін болайық.

Ж. М. Әбділдин, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі; Ә. Ә. Әбішев, Қазақстанның халық жазушысы; Ә. Т. Әлімжанов, жазушы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының және Д. Неру атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты; А. Әшімов, СССР халық артисі, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты; Э. Ф. Айрих, СССР-дің еңбек сіңірген жаттықтырушысы; Б. Я. Баяхунов, композитор, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері; Г. К. Бельгер, жазушы; С. З. Зиманов, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі; М. К. Қозыбаев, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі; Қ. Қ. Қожамьяров, композитор, СССР халық артисі, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты; Ш. М. Мұртазаев, жазушы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты; Қ. М. Мұхамеджанов, жазушы-драматург; Ә. К. Нұрпейісов, жазушы, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты; З. Сәмәди, Қазақстанның халық жазушысы; М. Д. Симашко, жазушы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты; Хан Дэ Эн, жазушы; И. П. Щеголихин, жазушы.

Digitized by Google

АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРҒА ҰСЫНЫЛУДА

Павлодар облысындағы экологиялық мәдениет тәрбиесі туралы заметкалар

Павлодарда өткен Бүкілодақтық «дөңгелек стол» мәжілісінде, былай қарағанда, бірыңғай жергілікті тақырып: «Павлодар Ертісі: адам және экология» тақырыбы талқыланды, дегенмен оған қатысушылардың сөздерінің айналадағы ортаның ластануы жөнінен, әлбетте, Павлодар облысы мықтап «көш бастап» келе жатқанымен, барлық басқа аймақтарға қатысы болды. Жыл сайын, облыстық табиғат қорғау комитетінің деректері бойынша, мұнда атмосфераға 1,3 миллион тоннадан астам зиянды зат тасталады, ал тұтасынан ел бойынша оның кең байтақ көңістігіне қоса 60 миллион тонна зиянды заттар тасталады. Космостан қарағанда Павлодар мен Екібастұз шет жағы жырымдалған «екі қара үңгірді» аңғартады. «Жел үрлеген шаң, түтін, ыс алақандағыдай көрінеді»,— деп сипаттайды космонавтар.

Кездесуде қалыптасқан жағдай себептері біршама қызу талқыланды. Мамандар — көмір өндірушілер, энергетиктер, металлургтер, химиктер олардың басты себебін қолданылатын техника мен технологияның жетілдірілмеуінен көреді, өйткені кәсіпорындарды қысқа мерзім ішінде жасау талап етілді. Екібастұз көмірі мен электр энергиясы Қазақстанға, Урал мен Батыс Сібірге керек. Егер біздің еліміз орнатылған 14 миллион киловаттық қуатпен Ұлы Отан соғысына енсе, қазір екібастұздық ГРЭС-тер қуаты 20 миллион киловатт болады. Ал мұның өзі табиғатқа барынша көп араласумен байланысты. Айталық, Екібастұздың № 1 ГРЭС-інің конденсаторларын салқындату үшін секунд сайын 119 текше метр су керек — бұл Москва өзені ағысының суынан көп. Дүниежүзілік практикада алғаш рет күлі өте көп көмірді пайдалануға тура келді. Кездесуде әлі күнге дейін шешімі табылмаған, экологиялық жағдайды қиындата түсетін, оны өте-мөте дәрменсіз ететін біраз проблемалар аталды.

Сонымен бірге жұмысшылар мен мамандардың қалың тобын экологиялық мәдениетке тәрбиелеу проблемасы көтерілді. Әзірше бұған тым аз көңіл бөлінеді. Содан да болар, көптеген жылдар бойы қайсыбір айрықша техникалық талдауларды талап етпейтін қазіргі мәселелер шешілмеді.

Олардың бірі — Екібастұздың көмір разрездерінен тым ащы жер асты суларын ағызу. Осыдан көлемді жер алқабы істен шығып қалды. Аграршылар көмір өндірушілерге талай жылдан бері осы жайлы дабылдарды қаптата түсіруде. Бірақ ештеңе өзгерген жоқ. «Экибастузуголь» бірлестігінің бас директоры В. Каландрашвили кездесуде Екібастұзда тоқыраушылық болған жоқ деп асқақ мәлімдеді, экологияға немқұрайды қараудың осы және тұтасынан бірқатар басқа фактілері айтылған сөздің шынайылығына күдік тудырады. Демек, экологиялық мәдениеттің төмендігі, ал көбіне оның болмауы — тоқыраушылық жылдарға тән мирас, тоқыраушылықтың нақты көрінісі.

Кездесуде мынадай пікір айтылды: нақ экологиялық тәрбиесіздік қордаланып қалған барлық кеселділердің бірінші себебі болып табылады. Бұл, Ленинның сөзімен айтқанда, біз «бұқараның мәдениеті жеткіліксіздігінен» сүрінуіміздің оқиғасы деуге болады. Демек екібастұздық алғашқы ГРЭС-ті пайдалану барысында анықталған экологиялық жоспардағы ірі кемшіліктерге қарамастан (1988 жылы мұнда зиянды заттардың атмосфераға тасталуы жобалық деңгейден 2,3 есе асып түсті), СССР және Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрліктері алғашқы станция жобасынан онша ерекшеленбейтін № 2 ГРЭС-ке экологиялық экспертиза жүргізуге мән бермеді. Басқа объектілер құрылысында да көптеген «ағаттықтар» болды. Немқұрайды қатынас, ортаны қорғауға деген экологиялық сауатсыздық жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды пайдалану барысында да біршама жиі көрінуде.

Ал экологиялық тәрбие партия комитеттері мен ұйымдары қызметінің маңызды бағыты болуға тиіс қой. Облыста бұл бағытта алғашқы қадамдар жасалуда. Ең алдымен халыққа экологиялық жағдай туралы информацияны толығынан бере бастады. Бұл баспасөз, радио мен телевизия, арнаулы стендтер арқылы жасалады. Информацияның бір-

Digitized by Google

шама «жақсы жұмыс істейтінін де» айту керек. Павлодардағы радиациялық ахуалдың жайсыздығы төңірегінде, мәселен, қаншама айқай-шу болды. Дегенмен радиация деңгейін көрсететін табло орнатылысымен әңгімелер басылды.

Айналадағы ортаны қорғау проблемаларына лениндік жұмалар арналуда. «Білім» қоғамы ұйымдарында тақырыптық секциялар мен топтар жұмыс істейді. Облыстық экологиялық білім университеті құрылды. Облыстық экскурсия бюросы қызметкерлері туралы ізгі сөздер айтпауға болмайды, олар өз программасын табиғат қорғаудың жайы туралы материалдармен толықтырды.

Экология мәселесі жөніндегі облыстық қоғамдық совет нақты істері арқылы өзі туралы барынша батылырақ мәлімдеуде, оның құрамына еңбек ардагерлері, партия, совет қызметкерлері, кәсіподақ, комсомол, басқа қоғамдық және талапкер ұйымдардың өкілдері енеді. Олардың ықпал жасауы арқылы табиғат қорғау проблемалары туралы мазмұнды, нысанаға дөп тиетін телефильмдер жасалды.

Басқа акцияларды да атауға болады, сонда да бүгінде экологиялық тәрбие жүйесінің контуры айқын көріне бастады деп айтуға болмайды. Тікелей кәсіпорындарда, яғни экологиялық жара басталатын жерлерде адамдармен жұмыс жүргізу ең әлсіз буын болып табылады. Қаншалықты өкінішті болғанымен, көптеген партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары осы мәселелердегі өз позицияларын анықтамаған. «Дөңгелек стол» басындағы кездесуде де, жергілікті жерлердегі әңгімелер кезінде де олардың үні естілмеді. Партия ұйымдастырушыларынан еңбекшілерге экологиялық тәрбие беру жөнінен не жасалып жатқаны туралы айтуды өтіну «құлату» ниетімен қойылған сұрақтар ретінде қабылданды. Ең жақсы дегенде шығарылған бюллетеньдер, жекелеген лекциялар еске түсірілді. Павлодарда талапкер экологиялық топ біз болған партия ұйымдарына қарағанда анағұрлым белсенді де тегеурінді жұмыс істейтінін айту керек. Олар әзірше экологиялық тәрбиені шешудің бастапқы бастауында тұр. Ал жанды істі нақты қолға алудағы сылбырлық бедел мен моральдық мерей әпере қоймайды.

Мынадай көрініс те назарды өзіне аударады. Экологияшылардың арнаулы тобы «дөңгелек столға» көрме әзірледі. Онда жайсыздық фактілері ғана емес, сонымен бірге облыста айналадағы ортаны сауықтыру жөнінен қазір қабылданып жатқан шаралар да көрініс табуға тиіс еді. Бірақ олай болмай шықты. Баяндаманы құрастырушылар да материалды іріктеуге нақ осы өлшем тұрғысынан қарады, кездесуде баяндаманы облыстық атқару комитеті председателінің орынбасары А. Половников жасады. Ол кәсіпорындарда не жасалып жатқаны туралы емеурін де білдірмеді. Облыстық газет беттерінде де сондай көрініс байқалады.

Соған қарамастан облыста табиғат қорғау қызметінің тегершігі айнала бастады. Мәселен, Ермак ферросплав заводында өткен жылы алынған 15 миллион сом пайдадан 8 миллион сомы еңбек коллективі советінің ұйғарымымен экологияға берілді. Бұл тұрғыдан завод директоры С. А. Донской белсенді қимылдайды. Соңғы кезде Екібастұзда күлді залалсыздандыру жөніндегі жұмыс үдетіле түсті, кірпіш, керамика, және басқа заттар жасаудың тәжірибелік өндірісі құрылды. Трактор заводында «экологиялық» қайта құру өтуде. Басқа кәсіпорындарда тазарту құрылыстарын салу өрістетілуде. Қазіргі уақытта судың 70 проценті қайталап пайдаланылады.

Насихатта мұны елемеу іске елеулі нұқсан келтіреді деген сөз. Табиғат қорғау жұмысы сол сәтте іске материалдық пайда береді деп есептеуге болмайды, керісінше орасан зор қаржыны талап етеді, көбіне осы қаржыны өлеуметтік-экономикалық басқа программалардан алуға тура келеді, мұның өзі ауыр соғады ғой. Осындай жағдайда экологиялық проблеманың түйінін шешуге белсенді кіріскен жетекшілерге, мамандарға, коллективтерге моральдық қолдау керек. Бұл, әлбетте, жұмыстағы кемшілікті, енжарлықты өткір әрі принципті сынауды ешқандай мөлшерде алмастырмайды.

Кездесуде табиғат қорғауға тәрбиелеудің ойластырылған программасының қажеттігі туралы айтылды, қызметкерлердің бәрін қамтитын экологиялық жаппай оқу оның басты құрамдас бөлігі болуға тиіс. Осындай программаны талдап жасауды соза беруге ешбір болмайды.

«Дөңгелек стол» басындағы кездесуді шақырып, Павлодар облыстық партия комитеті ертеде-ақ мезгілі жеткен ірі проблемаларды анықтады да, өткен әңгіме, оған қатысушылар жасаған тұжырымдар осы облыстың ғана емес, сонымен бірге республиканың басқа аймақтарының партия және басқа қоғамдық ұйымдарына, шаруашылық басшыларына пайдалы болады деп ойлаймыз.

В. КОСТРОВ.

Digitized by Google

ӨЗАРА ҰҒЫНУШЫЛЫҚ

Бірыңғай саяси күндердің бізде, Талғар ауданында қалай өтетіні туралы әңгімелейін. Біз олардың тиімді формаларын іздестіруде көптеген варианттарды байқап көрдік.

Бұдан бірнеше жыл бұрын бізде аудандық партия комитетінің 45 саяси бандамашысы бекітілген еді. Олар берілген тақырыптар бойынша баяндамалар жасап, сұрақтарға жауап беретін. Келесі саяси күн-кездесу басқа коллективте өтетін. Алайда аудандық партия комитетінің қызметкерлері де, саяси баяндамашылардың өздері де бұдан қанағаттанғандық сезімді байқамады. Сөз сөйлеушілер де, тыңдаушылар да бұлардан кезекті шараны өткізуді көретін, кездесулерде көтерілген көптеген мәселелер шешілмеген күйінде қалатын. Ізденісті жалғастыра бастадық.

Өткен жылы біз әрқайсысында 5—6 адамнан болатын 12 информация-насихат тобын құрдық. Топқа түрлі салалар өкілдері — партия, совет қызметкерлері, сауда, тұрмыстық қызмет, медицина, аудандық ішкі істер бөлімі және басқа ұйымдар өкілдері енді.

Бұл біршама сәтті болды, дегенмен топтың әрбір мүшесі тым қысқа сөйлегеннің өзінде кездесу ұзаққа созылып кететін, адамдар шаршап, ынта-ықыласы бәсеңдейтін.

Үстіміздегі жылы бізде 13 информация-насихат тобы құрылды. Бұл мейлінше ыңғайлы вариант деп есептейміз. Үш адамнан тұратын топ еңбек коллективіне келеді. Аудандық партия комитетінің секретарлары, бюро мүшелері, бөлім меңгерушілері, аудандық және қалалық атқару комитеттерінің басшылары олардың жетекшілері болып табылады. Аудандық партия комитеті бір тоқсанға арнап баяндамалар жасау графигін әзірлейді, топ жетекшілерін олармен алдын ала таныстырады. Оның үстіне алдағы саяси күннің тақырыбы туралы хабарды аудандық «Звезда Алатау» газетінде алдын ала жариялаймыз. Аудандық партия комитеті методикалық семинар-кеңестер өткізеді, қандай проб-

ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ХРОНИКАСЫ

ОРАЛ

Облыс еңбек коллективтерінің туысқан Чехословакия Социалистік Республикасынан Қарашығанақ газ конденсаты комплексіне келген құрылысшылармен және мамандармен ынтымақтастықты одан әрі ұлғайту мәселелері Совет-Чехословак достық қоғамы облыстық бөлімшесі мәжілісіне қатысушылардың назарында болды.

Тігін фабрикасы «Уральскпромстрой» тресі, педагогика және ауыл шаруашылығы институттары коллективтерінің туысқан елден келген құрылысшылармен тікелей байланысының оңды практикасы аталды. Осы байланыс ауқымына барған сайын жаңа коллективтерді тартып, оны ұлғайта беру керек. Облыстық тарихи-өлкетану музейіне чехословактармен достық байланысқа арналған мүйісті безендіру, сондай-ақ тиісінше жарнамалық өнімдер шығару тапсырылды. Көптеген адамдар валютасыз негізде Чехославакия Республикасы мен Орал облысы делегацияларын алмасуды ұйымдастыру, олардың демалысын өткізу, біртектес жоғары оқу орындары студенттерінің практикадан өтуі, Орал мен Орал өңіріне бауырлас қала мен облыс туралы пікірлер ынтықылас тудырды.

ӨСКЕМЕН

Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің облыстық басқармасында облыстық, қалалық, аудандық және көп тиражды газеттер, радио мен телевизия қызметкерлерімен кездесу болды. Басқарма бастығы Н. А. Вдовин, басқа жауапты қызметкерлер журналистерді басқарма қызметі туралы егжей-тегжейлі хабарландырып, көптеген сұрақтарға жауап берді, ішінара алғанда, өткенде кінәсіз репрессияға ұшыраған адамдар тұрғысынан әділеттілікті қалпына келтіру процесінің қалай өтіп жатқаны туралы сұрақ қойылды. Журналистерге комиссия жұмысының аяқталып келе жатқаны хабарланды. Журналистердің мемлекет қауіпсіздігі комитеті қызметкерлерімен кездесуін одан әрі жүйелі өткізу, теріс пайымдаулар мен сыбыстардың алдын алуға, кінаратсыз қоғамдық пікірді қалыптастыруға, совет

Digitized by Google

лемаларды көтеріп, оларды қандай ұғынықты түсіндіру керектігі тұрғысынан саяси баяндамашыларға бағдар береді.

Сөйтіп бірыңғай саяси күн басталды. Қалалық атқару комитетінің председателі Б. В. Жаворонкова жетекшілік ететін саяси баяндамашылар тобының құрылысты механикаландыру басқармасының жұмысшыларымен кездесуі екі сағаттан астам созылды. Қаланы жайластыру, тұрмыстық қызмет, сумен жабдықтау, тұрғын үй проблемасын шешу, Талғардың даму перспективалары жөніндегі сұрақтарға тиянақты жауаптар берілді. Саяси күнге қатысушылардың бәрі бірдей жауаптарға қанағаттана қойған жоқ, сонда да қиындықтардың себептері, біздің әрқайсымызға тәуелді нәрселер, қайта құруға көмектесу үшін қалай қимылдау керектігі туралы ашық әңгімелер адамдарға ұнады. Осында көлушілер жеке мәселелері бойынша қабылданды.

Аудандық партия комитетінің бірінші секретары А. Г. Поповичтің тобы «Луч Востока» совхозы фермасында сөз сөйледі. Сауыншылар, бұзау өсірушілер, малшылар бұл күні қандай мәселелер төңірегінде әңгімеледі десеңізші. Олар аудандық партия комитетінің секретарымен арендалық мердігерлік туралы, өз шаруашылығының болашағы туралы ақылдасып, ұсыныстарын айтты.

Топ мүшелері — аудандық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі М. Ә. Әлімов және оқу бөлімінің меңгерушісі Д. Р. Битуова малшыларға өз проблемалары туралы әңгімеледі. Бұл — аудан тұрғындарына медициналық қызмет көрсету, экологиялық жағдай мәселелері. Саяси күнге қатысушылар жалпыға бірдей білім беру мектебі реформасы, бала кезден ұлтаралық қатынастың жоғары мәдениетіне тәрбиелеу жөнінен айрықша ықыласпен әңгімеледі. Аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Д. Р. Битуова ата-аналардың тілегі бойынша аудан мектептерінде ана тілдерінде — қазақ, түрік, ұйғыр, азербайжан тілдерінде оқытатын кластар ашылып жатқаны туралы хабарлады.

Саяси күнге қатысушылардың пікірлеріне қарағанда, хабардар етудің мұндай формасы оларды толығынан қанағаттандырады.

Р. РОҒАН,
Қазақстан Компартиясы Талғар аудандық комитетінің нұсқаушысы.
Алматы облысы.

адамдары арасындағы өзара ұғынушылық пен достықты нығайтуға ықпал ететін материалдар мен хабарларды бірлескен күш-жігермен өзірлеу тиімді деп танылды.

ПАВЛОДАР

«Білім» қоғамының облыстық ұйымы Павлодар педагогика институты жанынан оқушы жастарға арналған видеолекторий ашты.

Қаланың жоғары оқу орындарының студенттері, техникумдар мен кәсіптік-техникалық училищелердің оқушылары лекцияларға шақырылады. Видеолекторийдің тақырыптық бағыты — жастар проблемалары.

ЖАМБЫЛ

Селода шаруашылықты жүргізудің жаңа формалары жолындағы кедергілерді қалай жоюға болады?— облыстық «Еңбек туы» газетінің редакциясы ұйымдастырған «Арендатор» клубының мәжілісінде осы жайында сөз қозғалды.

Арендаторлар шаруашылықтармен өзара қатынасын зор мүдделілікпен талқылады. Арендаторлардың резервтерді іздестіруінде оларға көмектесетін басқарушы керек екенін айтты, оған қатысушылар компьютерлік сауаттылықты меңгеру жөнінен курстарды ұйымдастыруды ұсынды.

Арендатор сондай-ақ өздерінің коллективтерін совхоздар мен колхоздардың өмірі туралы жақсы хабардар ету, оларды социалистік жарысқа тарту, моральдық мадақтау шаралары туралы да ұмытпау қажеттігін айтты.

ПЕТРОПАВЛ

Мектеп пен мектептен тыс мекемелердің жастар ортасында кездесетін моральдық және әлеуметтік жат көріністердің алдын алудағы ролі — облыстық семинар-практикум осы тақырыпқа арналды. Педагогика қоғамының облыстық советі оны өткізудің инициаторы болды.

Семинарға қатысушылар сабақтың тәрбиелік мәнін арттыру, тұрғылықты жер бойынша балалармен жүргізілетін жұмысты кеңінен өрістету қажеттігі, бұған жұртшылықтың өзін кеңінен тарту туралы айтты.

Digitized by Google

АСТЫҚ АЛҚАБЫ ШАҚЫРАДЫ

АДАМДАР ТУРАЛЫ ҚАМҚОРЛЫҚ

Луговой ауданының партия ұйымдары орақ әзірлікті ең алдымен диқандар тұрмысын жайластырудан бастады. Қоғамдық тамақтандыру туралы айрықша қамқорлық жасалды. «Мақтал» совхозында адамдарды төрт мезгілді ыстық аспен қамтамасыз ету мүмкіншілігін тапты, «Жаңа тұрмыс», Жамбыл атындағы колхоздарда және басқа шаруашылықтарда механизаторлар тамағын тең жартысына арзандатты.

Егіс қостарында уақытша душ қондырғылары жабдықталды, сөйтіп орақ қатысушы әр адам қауырт еңбек күнінен кейін душ қабылдап, жақсы тыныға алды...

Халықтық магазиндер ашылды, салқын сусын сату ұйымдастырылды, жаңа газеттер дер кезінде жеткізіліп тұрды, қызыл мүйістерге телевизорлар қойылды.

Орақ басталардан көп бұрын механизаторлармен еңбекті ұйымдастырудың перспективалы формаларын оқып үйрену жөнінен сабақ өткізілді. Луговой жылқы заводының дәнді дақылдарды жинау жөніндегі тәжірибесі қорытылды. Өткен жылы луговойлықтар 14 мың гектардай алаңның егінін 14 күн ішінде жинады. Олар мұны комбайндардың іркіліссіз жұмысы есебінен жасады. Мұндай жұмысты техникалық қызмет қызметкерлері қамтамасыз етті. Демек биыл осындай конвейерлік әдіс жерде енгізілді.

Орақ қарсаңында озық шаруашылықтар базасында тәжірибе алмасу жөнінен арнаулы семинар болды. Озат комбайншылар, орақ чемпиондары — «Жаңа тұрмыс» совхозынан Батырбек Жүнісов, «Алғабас» совхозынан Иманбай Жүнісов, «Мақтал» совхозынан Құрамыс Өмірәлиев жас механизаторлармен сабақ өткізді.

Түсінік жұмысына, социалистік жарысқа көп мән берілді, моральдық ынталандыру пайдаланылды, орақ кезінде уақытша партия топтары құрылды. Орақа қатысушыларды аудандық өкі үгіт-мәдениет бригадасы қамтыды, олардың құрамында «Білім» қоғамының лекторлары, талапкер артистер, сондай-ақ сауда, тұрмыстық қажетті өтеу, денсаулық сақтау қызметкерлері болды.

Ш. ЖАРЫЛҒАПОВ.
Жамбыл облысы.

ОБЛЫСТАРДЫҢ ДОСТЫҚ ОДАҒЫ

Целиноград облысының егін алқабы өте үлкен — төрт миллион гектардан асады. Бір ғана Есіл ауданының өзі дәнді дақылдарды бүкіл Шымкент облысына қарағанда көп өсіреді.

Шымкенттіктер мен целиноградтықтардың тыңдағы алдағы егін орағына арналған кездесуінде осы факті аталды. Целиноградтықтарда орақ енді ғана басталған кезде Оңтүстік Қазақстанның диқандары өздерінде орақты аяқтайды, демек босаған күштер мен техниканы целиноградтықтарға көмекке жіберуге болады.

Егін жинауға қатысу туралы шартқа сәйкес Шымкент облысы 1500 комбайншы мен 3000 автомашинаны жібереді. Шымкенттіктер осыншама адам мен техниканы алғаш рет жібереді, демек бұл айрықша ұйымдық күш-жігер мен уағдаластықты талап етеді.

Шынын айтқанда, аудандар бойынша мұндай байланыс ертеден жүргізіліп келеді. Сарыағаш, Түлкібас және Ленгер аудандарының шаруашылықтары целиноградтық аудандармен тиянақты байланыс орнатты. Олар екі жақты келісіммен астық жинауға және көкөніспен жабдықтауға қатысу мәселелерін ғана емес, сондай-ақ Шымкент облысын картоппен және жемшөппен жабдықтау проблемаларын да шешеді. Әсіресе осы аудандар-

Digitized by Google

дық Есіл ауданымен өте берік ынтымақтасуы қалыптасқан. Шымкенттен мұнда 300 комбайншы мен 600 автомашина жіберіледі. Ал Жаңадала ауданы Ленгер ауданымен жақсы байланыста. Түлкібастықтар мен ленгерліктер өздерін толығынан дерлік Целиноградтың тұқымдық картобымен қамтамасыз етеді.

Шарт іскер ынтымақтастықты қарастырады, сондықтан жұмысшы мәжілісінде бір-біріне деген объективті реніштер де айтылды. Ішінара алғанда, целиноградтықтар тек механизаторларды ғана емес, сондай-ақ комбайншыларды жіберуді өтінген еді, сондықтан кәсіптік-техникалық училищелерден жас жігіттерді тарту туралы мәселе барынша пысықтай түсуді талап етеді.

Шымкенттіктер, өз кезегінде, целиноградтықтардан комбайншылар мен автотранспорт жүргізушілерін тиімді, мүмкіндігінше бір шаруашылықта және ауданда орналастыру мәселелерін пысықтай түсуді тағы да өтінді, ал комбайншыларға келсек, олардың өздеріне өткен жылы берілген машиналарды алғылары келеді.

А. АНДРЕЕВ.

ІС ҮДЕЙ ТҮСТІ

Карл Маркс атындағы совхоз Шымкент облысының Сарыағаш ауданында алғашқылардың қатарында еңбекті ұйымдастырудың прогрестік формаларын кеңінен енгізе бастады. Мұнда өткен жылдан бері егіс танаптарында арендалық мердігерлік енгізілді, демек коллективтер өсірілген бүкіл астықты тиянақты және мемлекеттік сатып алудың есепті бағасы бойынша шаруашылыққа сатады.

Ильич атындағы бөлімшеде дәнді дақылдарды жинау басталды. Онда арпаның «циклон» сорты бидайдан ерте пісті. Қысқа мерзім ішінде 90 гектар алқаптың әр гектарынан жоспардағы 45 центнердің орнына 50 центнерден өнім алынды.

Жемшөп дайындаушылар егіні жиналған танапта жұмысқа кірісті: сүрлемдік жүгері себуде.

Красин атындағы бөлімшеде егін жинау табысты өтуде. Мұнда бүкіл суармалы астық алқабын —310 гектарды — арпа алып жатыр, оны Сүйіндік Тұрсынқұловтың арендалық звеносы өсіреді. Звено жетекшісінің кәміл сеніммен мәлімдеп отырғанындай, гектарына кемінде 50 центнерден астық алмақшы.

Звенода комбайншылар Н. Хайруллин, Ю. Неклюев табысты еңбек етуде.

Ж. ІЛИЯСОВ.

ЫСЫРАПҚА — ТОСҚАУЫЛ

Жыл сайын республикамыздың егіс танаптарындағы астық ысырабы 1 миллион тоннадан асатынын есептеулер көрсетіп отыр. Жамбыл облысы оны осынша мөлшерде береді. Әрине, орақ техникасының жетілдірілмеуінен қаншама ысырапқа жол беріледі, сонымен бірге орақка қатысушыларға, олардың шеберлігіне, жұмыстағы тиянақтылығына, іске шаруагерлікпен қарауына өте көп нәрсе тәуелді.

● Дала жұмыстарын дер кезінде бастаудың зор мәні бар. Озық коллективтерде 15—20 күн бұрын астықтың пісуіне бақылау жасайды, демек егін толық піскеннен кейін өнім ысырабы өте жедел көбейе түсетіні мәлім. Демек, ол сегізінші күнде ысыраптың 11 процентін, он бесінші күнінде —25 және жиырмасыншы күнінде —35 процентін құрайды.

● Үстіміздегі жылы Қазақстанның астық танабы 24,5 миллион гектарды алып жатыр. Бір шаршы метрде бір ғана масақты қалдыру гектарына 8—9 килограмм астықты кем алуға соқтырады. Республика ауқымында бұл 200—220 мың тонна құрайды. Жезқазған облысының шаруашылықтары жыл сайын осындай мөлшерге жуық астық жинайды.

● Алғашқы загонда әр комбайнның мықтап бекітілуін тексеру керек. Бұл үшін оны төсеніш үстіне апарып, толық бункермен 5—10 минут жүргізіп көру керек. Астық шашылатын саңылаулардың бәрі жақсы көрінеді. Демек «Нива» комбайнында астық шашылуы ықтимал 42 саңылау бар.

● Комбайндарды әзірлеудегідей, автотранспортқа, жолдың жайына көбірек көңіл бөлу қажет. Мұның барысында мынаны есте ұстаған жөн: егер астықтың үсті жабылмай тасылса, онда желсіз күннің өзінде жақсы жолда 50 километрлік аралықта 30—40 килограмға дейін астық рәсуа болады.

● Мамандар мынаны есептеді: егер двигательден секундына бір тамшыдан май ағa берсе, онда тәулік ішіндегі ысырып 4 килограмдай құрайды, ал республика бойынша отын рәсуасының 400 мың тоннаға жетуі мүмкін. Біздің республикамызда жылдық мөлшерден үнемделген жанар майдың бір проценті Целиноград облысының бүкіл астық танабын жыртып шығуға толығынан жетеді.

Digitized by Google

МАГАЗИН СӨРЕСІНЕ ӘСЕР ЕТЕДІ

Қазіргі уақытта селолық жерлерде меншікті қосалқы шаруашылық мөлшері қалай анықталатынын айтсаңыздар екен. Оларда мал мен құс ұстауға шектеушілік бар ма!

А. МҰРЗАБЕКОВ. Гурьев облысы.

Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті жоспарлау басқармасының бастығы Сабыржан Анарбайұлы ХОДЖАЕВ оқырман сұрағына жауап береді.

Меншікті қосалқы шаруашылықтар қызметін реттейтін заң соңғы кезде елеулі түрде өзгерді. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі осы өзгерістердің басты бағыттарын анықтады, сөйтіп халықтың меншікті қосалқы шаруашылығында мал мен құс ұстаудың шектеулі нормасын тағайындаудың қалыптасқан практикасынан бас тарту тиімді деп танылды.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1988 жылы 19 майда қабылдаған Указда жұмысшылардың, қызметшілердің және қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысатын басқа адамдардың, I және II топтағы мүгедектердің селолық және ауылдық Советтер, колхоздар, совхоздар және ауыл шаруашылығының басқа кәсіпорындары совхоздар жұмысшылары мен қызметшілерінің, селолардың басқа тұрғындарының қоғамдық өндіріске қатысуын ескеру арқылы белгілеген норма бойынша меншікті ауласында мал мен құс ұстай алатыны анықталды.

Осы документпен селолық жерлерде тұратын жұмысшылар мен қызметшілердің, басқа азаматтардың үй іргесіндегі жер учаскелерінің көлемі жөніндегі шектеулер жойылды.

Әлбетте, мұнда екі сұрақ туындайды. Біріншісі — жергілікті Советтер, шаруашылықтар бәрібір оның нормасын белгілейді, демек олар учаскенің шектеулі мөлшерін таңа алады. Және екіншісі — азаматтар қоғамдық өндіріске нұқсан келтіре отырып, өздерінің қосалқы шаруашылықтарын кеңейтіп жібермей ме?

Осы мәселелерге жауап бере отырып, қазір Советтер де, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары да меншікті қосалқы шаруашылықтың кеңейтіле түсуіне мүдделі екенін атап көрсетейік, демек соңғыларының өнімдері енді шаруашылықтың жоспарды орындауына енгізіледі. Әрине, норма жергілікті мүмкіншіліктерге тәуелді. Мәселен, Жезқазған облысының жекелеген аудандарында меншікті ауларда 200—250-ге дейін қой ұсталады. Қала маңындағы аймақта жайылымның жоқтығынан мұны жасау мүмкін емес. Екінші мәселеге келсек, жергілікті өкімет органдары қоғамдық шаруашылықтағы жұмыстан жалтаратын еңбекке қабілетті азаматтардың меншікті шаруашылықты жүргізуіне тиым сала алады.

СССР Министрлер Советінің 1987 жылғы 15 июньдегі «Халықтың меншікті қосалқы шаруашылықта ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді молайтуға мүдделілігі мен белсенділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» қаулысының зор маңызы бар. Совхоздардың және ауыл шаруашылығының басқа кәсіпорындарының жұмысшыларға, қызметшілерге және осы шаруашылықтармен, сондай-ақ тұтыну кооперациялары ұйымдарымен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге шарт жасасқан басқа азаматтарға үй іргесіндегі жер бөліктері, ауыл шаруашылығы алқаптарын қоса алғанда егістік жер есебінен жемдік дақылдар өсіру үшін қосымша жер учаскелерін беру үшін ол тиімді деп танылды. Жергілікті жағдайға қарай осы учаскелердің көлемі төлімі жерде 10 гектарға және суармалы жерде —1,5 гектарға жетуі мүмкін.

Шектеулерді жою, жер учаскелерін бөлу меншікті қосалқы шаруашылықты жүргізуде, халықты азық-түлікпен жабдықтауды жақсартуда олардың ролін арттыру үшін қолайлы жағдай жасалуда.

✦ Үш жыл ішінде олардан ет сатып алу 104,6 мың тоннадан 182,5 мың тоннаға (тірілей салмағымен) дейін, яғни аз-кемі жоқ екі есе өсті, ал қоғамдық секторда осы өсім небары 27 процент болды. Халықтан сүт сатып алу үштен біріне (52 процент) көбейді.

✦ 1988 жылы 1985 жылмен салыстырғанда меншікті қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара мал саны 16,1 процент, соның ішінде сиыр —15,6, қой мен ешкі —21,8, жылқы —20, шошқа —12,8, түйе —10,2 процент көбейді. 1989 жылы I январьда меншікті секторда 2,8 миллион ірі қара (шаруашылықтардың барлық категориясының 29 проценті), 1,4 миллион сиыр (44),5,5 миллион қой мен ешкі (1,15), 596,7 мың шошқа (18,8), 455,5 мың жылқы (28,8) 57,1 мың түйе (39,8 процент) болды.

✦ Қазіргі уақытта халықтың меншікті шаруашылықтарында картоптың 54 проценті, көкөністің 26, еттің 30, сүттің 33 проценті,

Digitized by Google

республика ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің барлығы 26 проценттей өндіріледі.

Алайда меншікті аула мүмкіншілігі тым әлсіз пайдаланылуда. Село тұрғындарының қыруар бөлігі әлі де мал ұстамайды — ол әрбір алтыншы аулада (15,9 процент) жоқ, меншікті аулалардың 21,6 процентінің ірі қарасы, 26 проценттен астамының сиыры, тең жартысынан астамының қой мен ешкісі, 78 процентінің — шошқасы жоқ. Селолық әр 100 аулаға шаққанда қазір 160 ірі қарадан, соның ішінде 81 сиырдан, 31 шошқадан, 37 қой мен ешкіден, 20 жылқыдан келеді. Дегенмен осы орташа көрсеткіштердің әр жағында айырмашылық бар. Мәселен, Ақтөбе, Қостанай, Павлодар, Орал, Целиноград облыстарында 100 аулаға 161 ірі қарадан 210 ірі қараға дейін келеді.

Сұралған семьялардың негізгі бөлігі (72 проценті) мал алып, оны өсірумен айналысқысы келетіндіктерін, бірақ жемшөп, төл алу қиыншылықтарынан, шалғын мен жайылымның жоқтығынан, зоотехникалық-мал дәрігерлік қызметтің нашарлығынан мұны жасамағандықтарын айтты. Көптеген аулалар шағын механикаландыру құралдарының жоқтығынан, шөп шабу мен жемшөп дайындау техникасының, сепараторлардың, май айырғыштардың т.б. жоқтығынан мал ұстаудан бас тартуда. Осы мәселелердің бәрін жігерлі түрде шешу керек.

Сондай-ақ коллективті бағбандық, огород шаруашылығы туралы айтқымыз келеді. Қазір 654 мың семья 3018 бағбандық серіктестікке енген. Коллективтік бау-бақ 78 мың гектар жерді алып жатыр. Бюджеттік зерттеулер деректері бойынша, жұмысшылар мен қызметшілер бау-бақтар мен саяжайлық учаскелерде 80 мың тоннадай жеміс, жидек пен жүзім, мұның өзі республика халқының меншікті қосалқы шаруашылықтарында жиналатын жалпы өнімнің 40 процентін құрайды, 200 мың тонна картоп (20 процент), 90 мың тонна көкөніс пен бақша дақылдарын (25 процент) өндіреді. Алайда оларды сатып алу өндірілген өнімдердің жалпы мөлшерінің оннан бір бөлігін ғана құрайды. Жамбыл, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында халықтан картоп сатып алу мүмкіндігі пайдаланылмайды. Бұл тұрғыдан оңды тәжірибе болғанымен көкөніс Талдықорған мен Шымкент облыстарынан басқа бір облыстан да сатып алынбайды. Демек, Талдықорған облысының XXII партсъезд атындағы колхозында халықтан жеміс-көкөніс өнімдерін сатып алу жөнінен шаруашылық есептегі звено құрылды, ал осы облыстың XXIII партсъезд атындағы совхозында өндірістік-



КӨКШЕТАУ ОБЛЫСЫ. Механизаторлар — Келлер ауданының Калинин атындағы колхозынан коммунист Андрей Шнайдер мен Ленин ауданының «Жаңа ауыл» совхозынан Серік Мұжыбаев былғы науқанда есімдері жазылған тракторлармен жұмыс істеуде. Оларға облыстық жарыста бірінші орын алған 18 жас механизатор ішінде облыстық слетте жаңа машиналар тапсырылды. Демек Андрей семьялық арендалық звено құрамында жұмыс істейді, оның қарауында 1850 гектар егістік бар.

тұрмыстық кооперативтік серіктестік ұйымдастырылды.

Республиканың Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті мен агроөнеркәсіп комплексі қызметкерлері кәсіподағының республикалық комитеті және Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесі азаматтардың меншікті қосалқы шаруашылықтары, коллективтік бау-бақ пен огород шаруашылығы тәжірибесін кеңінен насихаттау мақсатында таңдаулы меншікті шаруашылыққа, бау-бақ пен огород учаскесіне жыл сайын республикалық байқау өткізу туралы қаулы қабылдады.

Республикалық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесін ұйымдастыру комитетінің шешімімен бертінде 1988 жылғы қорытынды бойынша Бүкілодақтық байқау-конкурстың он үш жеңімпазы анықталды. Олардың ішінде Шығыс Қазақстан облысының «Родина» колхозынан И. Х. Чаляпина, Ақтөбе облысының Горький атындағы және Пацаев атындағы совхоздарынан З. Ж. Жақыпова мен Г. И. Савченко, Семей облысының «Путь к коммунизму» колхозынан Х. Х. Минх бар. Жеңімпаздардың бәрі ақшалай сыйлықтармен наградталды

Digitized by Google

ЖАРЫС «ЖЕР БЕТІНЕ», ЖҰМЫС ОРНЫНА ОРАЛТЫЛУДА

М. МӘМБЕТОВ,
Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің секретары

Шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайы еңбек сайысын ұйымдастыруды қайта құруды талап етеді. КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Советінің, ВЦСПС-тің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Он екінші бесжылдық тапсырмаларын ойдағыдай орындау жолындағы Бүкілодақтық социалистік жарыс туралы» қаулысында бұған деген негізгі қатынастар қаланған. Соңғы жылдар ішінде барлық деңгейдегі жарыс орынсыз қабаттардан, әсіре ұйымшылдықтан қыруар тазарды. Баяу болғанымен ол «жер бетіне», жұмыс орындарына қайта оралтылуда. Жарысты ұйымдастырудың лениндік принциптері: жариялылық, нәтижелердің салыстырылуы, тәжірибені жаппай қайталау, артта қалушыларды озаттар деңгейіне тарту т. б. түлетілуде.

Республиканың Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті жүргізген еңбекшілер пікірін зерттеу көрсеткеніндей, шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайында, әсіресе шаруашылық есептің екінші моделі бойынша жұмыс істейтін кәсіпорындарда социалистік жарыстың еңбек өнімділігін арттыру мен өнім сапасы, шикізаттарды, материалдарды, және отын-энергетика ресурстарын үнемдеу секілді экономикалық көрсеткіштерге жетуге, өнім беру жөніндегі шартты міндеттемелерді дер кезінде орындауға бағдарлануы мейлінше анық қадағаланады. Мұның өзі М. С. Горбачевтің СССР Кәсіподақтарының XVIII съезінде сөйлеген сөзінде «социалистік жарыс жүйесін сапа, ресурстарды үнемдеу, шарт бойынша өнім беруді қатаң орындау көрсеткіштеріне қарай қайта бағдарлауды шындап қолға алатын мезгіл жетті. Социалистік жарыс ең алдымен негізделетін үш басты нәрсе, міне, осылар», — деп айтылған нұсқаудың жүзеге асырыла бастағанын бейнелейді.

Социалистік міндеттемені қабылдауға деген мейлінше жауапты реалистік қатынас қадағаланады. Мемлекеттік кәсіпорын (бірлестік) туралы Заң қолданылып отырған жағдайда жұмыс істейтін коллективтердің көпшілігі жоспар жобаларын қалыптастыру сатысының өзінде-ақ өз резервтерін өндірістік программаларға енгізеді.

Адал серіктестікті материалдық жағынан мадақтауға арналған мүмкіншіліктер қыруар кеңейтілді. Қазір кәсіпорындарға материалдық және ақшалай ресурстарды, соның ішінде еңбек коллективінің келісімімен экономикалық ынталандыру қорлары қаржысын жұмысты орындайтын немесе қызмет көрсететін басқа кәсіпорындар мен ұйымдарды экономикалық ынталандыру қорларына тапсыру правосы берілді. Мұның өзі кәсіпорындар арасында ұзақ мерзімді шаруашылық байланыстарын орнатуға, шартты міндеттемелерді адал ниетті орындауға ықпал етеді.

Ұрандардан, шақырулардан арылу елеулі. Қазір инициатива озық тәжірибеге, нақты есепке сүйенеді.

Сонымен бірге тұтасынан экономика сияқты социалистік жарыс жаңа және ескі элементтерді қабыстыра отырып, өтпелі кезеңнің ықпалын өткеруде. Көптеген жаңа құбылыстар Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті, Қазақ ССР Министрлер Советі, Қазақ республикалық кәсіподақтар советі және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті бертінде қабылдаған «Республикалық социалистік жарыс туралы» қаулыда ескерілді.

Осы шешіммен қалалар, аудандар және облыстар арасындағы республикалық социалистік жарыстар әлеуметтік міндеттерді шешуге, материалдық және еңбек ресурстарын тиімді пайдалануға, халық тұтынатын товарлар шығаруды көбейтуге, олардың түр-түрін кеңейтіп, сапасын арттыруға, азық-түлік программасын орындауға қайта бағдарланды. Ол адамдардың тұрмыс дәрежесін нақты арттыруға, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға ықпал етуге тиіс.

Бірлестіктер, кәсіпорындар, колхоздар мен совхоздар, ұйымдар мен мекемелер коллективтері арасындағы салааралық республикалық жарыс қысқартылды. Бұл, біріншіден, мынадан болды: жарысқа қатысушылардың жұмыс нәтижелерін салыстыру принципі толық көле-

Digitized by Google

мінде қамтамасыз етілмеді. Әр сала үшін жеңімпаздар саны күні бұрын тағайындалған жүлделі орындар лимитімен анықталды. Мұндай қатынас еңбек сайысында көрсеткіштері орташа коллективтерге ауыспалы Қызыл тулар беру үшін жағдай жасады. Ал екіншіден, тікелей салаларда ұйымдастырылған жарыс ролі төмендетілді. Агроөнеркәсіп комплексі жүйесінде, мәселен, егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді үдету үшін колхоздар, совхоздар және ауыл шаруашылығының басқа кәсіпорындары арасындағы, жарыс жалпы доғарылды, өйткені агроөнеркәсіп комплексінің шаруашылықтарына арналған республикалық салааралық жарыста ақшалай сыйлыққа қоса 61 ауыспалы Қызыл ту тағайындалған еді.

Енді кәсіпорындар мен ұйымдар коллективтерінің ведомстволық бағыныштылығына қарамастан республикалық салааралық жарыс өнімдер, машиналар және жабдықтар шығаруды көбейтуде және олардың техникалық дәрежесін арттыруда жоғары түпкі нәтижелерге жетуге бағытталған. Сонымен бірге өндіруші және ұқсатушы салалар кәсіпорындары, құрылыс материалдары өнеркәсібі үшін заттай күйіндегі, ең алдымен базалық шикізат ресурстарының (отын, энергия, руда, қара және түсті металл, ағаш, т. б.) жалпы көрсеткіштерінің өсуі жарыстың маңызды бағыты болып қала береді. Осы ресурстарды жоспардан тыс қазу және бірқатар басқа тапшы өнімдерді өндіру мемлекеттік заказдармен бірдей материалдық ресурстармен қамтамасыз етілетінін атап көрсету керек. Демек жоспардан тыс өнім мөлшеріне арналған жалақы қоры қолданылып отырған нормативтер бойынша 1,5 есе көтеріңкі тағайындалады, экономикалық ынталандыру қорлары мемлекеттік бюджетке берілетін қаржыны кеміту есебінен, ал мадақтау қоры көтеріңкі нормативтер бойынша құралады. Осы жеңілдіктер өндіріс процестерінде резервтерді іздестіріп, іске қосу үшін аса қолайлы жағдайлар жасауда.

Бүгінде республикалық жарыс қорытындыларын шығаруға қойылатын жоғары талаптар аса елеулі сайыс барысында ғана коллективтердің Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің, Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туларын жеңіп алуына мүмкіндік береді, оның үстіне бұрынғыдай 149 емес, небары 10 жарыс жеңімпазы болады.

Ғылыми-зерттеу, жобалау ұйымдарының, өндірістік бірлестіктер мен кәсіпорындардың және жоғары оқу орындарының іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу, техниканың жаңа жетістіктерін, аса тиімді технологиялық процестерді жасап, енгізу, аса шығымды ауыл шаруашылық дақылдары мен мал тұқымдарын өсіру жолындағы республикалық социалистік жарысын жалғастыра беру тиімді деп танылды. Осы жарыс жеңімпаздары үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің, Қазақ республикалық кәсіподақтар советінің және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің ақшалай сыйлыққа қоса бес ауыспалы Қызыл туы тағайындалды.

Республикалық социалистік жарыстың тұтасынан барлық бағыттары бойынша 37 ауыспалы Қызыл ту тағайындалды. Мұның өзі осы қаулы жарыққа шыққанға дейінге қарағанда бес еседей аз. Оның үстіне бұрынырақта жекелеген көрсеткіштерді, өнімнің жекелеген түрлерін өндіруді орындау, аралық нәтижелер жолындағы ұйымдастырылған республикалық жарыстың 28 түрі жойылды.

Республикалық социалистік жарысты ұйымдастырудағы өзгерістер туралы баяндай отырып, оның жеңімпаздарын материалдық жағынан ынталандыруға деген жаңа қатынас туралы айтпауға болмайды. Егер бұрын қалалар, қалалық және селолық аудандар арасындағы жарыс жеңімпаздарына ақшалай сыйлық бірдей мөлшерде — 6 мың сомнан төленсе, ал облыстар үшін олар жалпы тағайындалмаса, қазір сыйлық мөлшері аймақ халқының санына қарай белгіленеді. Демек, сыйлық қалалар мен қалалық аудандар үшін 5 мың сомнан 10 мың сомға дейінгі, селолық аудандар үшін — 4 мың сомнан 8 мың сомға дейінгі және облыстар үшін 6 мың сомнан 18 мың сомға дейінгі аралықта тағайындалды.

Республикалық социалистік жарыста жеңген коллективтерге енді ақшалай сыйлық коллективтің өзі тапқан қаржысы есебінен емес, министрліктердің немесе органдардың, басқарудың орта буынының (орталықтандырылған қорлар) резервтері есебінен төленеді. Облыс, қала, аудан деңгейінде ұйымдастырылған жарыс жеңімпаздарына сыйлық жергілікті бюджет қаржысы есебінен төленеді.

Республикалық салалық жарысты ұйымдастыру мәселелерінде министрліктер мен ведомстволардың правосы қыруар ұлғайтылды. Ең алдымен, министрліктердің, ведомстволардың және тиісті кәсіподақтардың республикалық комитеттерінің қажетті класты орындар мен ақшалай сыйлық мөлшерін өздерінің тағайындауына рұқсат етілді. Олардың өздері жарыс шартын, оның

Digitized by Google

формалары мен түрлерін бекітеді. Салаларда біртектес кәсіпорындар мен ұйымдар арасындағы халық шаруашылығы мен халықтың қажетін жақсы қанағаттандыру жолындағы формальді емес сайысына арналған қолайлы мүмкіншіліктер жасалуда. Мұның өзі келешекте жекелеген кәсіпорындардың тапшы өнімдерді өндіруіне жаппай иелік етуін шектеуге мүмкіндік береді.

Бүгінде экономикалық жарыс тұрғысынан көп пікір айтылуда. Ғылым әзірше осы құбылысқа теориялық дәйектеме бермегенімен, экономикалық жарыс қыруар мөлшерде өздігінен туындап, өрбитіні анық, өйткені ол басқарудың командалық-әкімшілік әдістеріне емес, экономикалық әдістерге негізделген. Ол толық шаруашылық есеп принциптерінде тұтынушылардың тиімді, аз шығын жұмсалған, жоғары сапалы және бәсекелестік қабілеті жақсы өнімдерге деген сұранымын барынша толық қанағаттандыру жолында жұмыс істейтін кәсіпорындар арасында өріс алуда. Тұтынушылардың сұранымын қанағаттандыратын керекті өнімдерді ала отырып, олар бұл арқылы еңбек сайысы лидерлерін моральдық және материалдық жағынан бағалайды.

Экономикалық жарыс еңбек сайысының қазіргі практикасындағы балама болуға тиіс, мұнда нәтижелер негізінен көбіне субъективті сипат ұстайтын жоспарлы тапсырмалармен салыстырылады. Оны дамыта беру экономикалық реформаны жүргізудің тиімділігіне тікелей тәуелді, сонымен бірге оның өзі шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістерін жетілдіріп, тереңдету процесін жеделдетуге ықпал етуге міндетті.

Осыған орай кәсіподақтар үшін өмірде туындаған құнды нәрсенің бәрін анықтап, тарату маңызы міндетке айналуда.

Енді «Алтайсвинецстрой» тресінде, Кентаудың «Восход» тігін-трикотаж фабрикасында, Шымкент тігін, Алматының «Қызыл ту» өндірістік бірлестіктерінде, Жамбыл қант заводында және басқа бірқатар кәсіпорындарда жарысты ұйымдастыруға творчестволық тұрғыдан жаңаша қарайды.

«Алтайсвинецстрой» тресі 1988 жылдан шаруашылық есептің екінші моделіне ауысты. Осыған орай кәсіподақ комитеті, әкімшілік еңбек коллективі советімен бірлесіп, социалистік жарыстың жаңа шартын бекітті.

Енді жарыс қорытындысы межелік коэффициенті бойынша — қол жеткеннен шаруашылық есеп пайдасын алудағы мейлінше жоғары межеге жетуге қарай, өнім өндіру, халыққа қызмет көрсету тапсырмасын орындауға, еңбек тәртібіне қарай шығарылады. Сондай-ақ бұрынырақта қабылданған сыйлықты жасанды түрде, «еңбегі» және «жарыс» үшін бөлуден бас тартуға, ішкі трестік социалистік жарыс қорытындысы бойынша алған орынды ескеру арқылы шаруашылық қызметтің негізгі нәтижелері үшін сыйлық мөлшерін арттыруға баса көңіл бөлінді. Трестің барлық бөлімшелері арасында бірінші орыннан соңғы орынға дейін мадақтаудағы сатылық деңгейі анықталды. Жарыста алғашқы сегіз орынға шыққандар (еңбекке ақы төлеудің айлық бірыңғай қоры) мейлінше жоғары табыс алады (үстеме трест резерві есебінен 15 проценттен 1 процентке дейін құрайды). Оныншы орыннан 18-ші орынға дейінгі бөлімшелер коллективінің еңбекақы қоры, керісінше, 1 процентten 10 процентке дейін кемітіледі.

• **Кентау тігін-трикотаж фабрикасында** жарысқа экономикалық форма берілген. Қазір оның мақсаты өндірістік коллектив үшін шаруашылық тиімділігін қамтамасыз етуге, іркілісті кемітуге саяды. Кәсіподақ комитеті мен еңбек коллективі советі экономикалық мақсаттар мен оған жету жолдарының өзіндік ерекшелігін ескеріп, жарыстың бір ғана формасын — шаруашылық есептегі бөлімшелер — бригадалар (ал олар жоқ жерде звенолар) арасындағы жарысты тағайындады — мұндай қатынас барысында шаруашылық есеп қызметі нәтижелерінің өлшемін тағайындау жеңілдеді.

Барлық бөлімшелер (бірінші орыннан соңғы орынға дейін) арасындағы жарыс қорытындысы шығарылады, өнім шығару мен еңбек өнімділігі жоспарын орындау жағдайында ғана барлық коллективтер мадақталады.

Өнім сапасының артуына, оның өзіндік құнының кемуіне қарай тұтасынан цех бойынша ынталандыру қоры да есептеніп төменгі буын коллективтер еңбеккерлеріне мөлім. Әр бригада (звено) коллективінің жарыста алған орнына қарай сыйлық былай бөлінеді. Демек, бірінші орынға шыққан бригада 840 сом, соңғы орындағы — тең жартысына кем —360 сом (звено тиісінше 175 және 75 сом) сыйлық алады.

Жарыстағы орынға қарай сыйлықты бөлудің ыңғайлы вариантын табу сәті бірден түскен жоқ. Өткен жылы осы мақсатқа 8 мың сом жұмсалды. Жарыстың барлық формалары мен түрлерін қысқарту барысының өзінде, мұның өзі онсыз да шамалы ақшаны бөліп жіберуге соқтырды, жұмыс істеуші әр адамға арналған сыйлық тым мардымсыз болып шықты. Бұл тұрғыдан есеп қайта жасалды. Еңбек коллективі советі мен кәсіподақ комитетінің мәселені дұрыс қоюы арқасында үстіміздегі жылға арналған сыйлық 8 мың сомнан 26 мың сомға дейін көбейтілді. Демек, өнімнің сапа көрсеткіштері мен түр-түрі, оның өзіндік құнын кеміту мадақтау негізі етіп алынды.

Бөлімшелер бойынша сыйлық есебі төмендегідей жасалады. Ақшалай мадақтау мөлшері ең алдымен цехтың жалақы қорына тәуелді. Демек, тігін цехында ол 1,2 миллион сом құрайды. Осы қордың 1 проценті соңғы түйін ретінде алынады, мұның өзі жылына 12 мың сом немесе тоқсанына 3 мың сомнан құрайды. Цехта 150 адам жұмыс істейді. Тиісінше жұмыс істейтін бір адамға 20 сомнан келеді (3000 : 150-20). Бірінші орын алған бригадаға 1,4, соңғы орындардағы коллектив-

Digitized by Google

ке —0,6 коэффициенті тағайындалады. Бригадада 300 адам жұмыс істейді. Тұтасынан коллектив бірінші орын үшін 840 сом (30х1,4х, 4х20-840) алады. Келесі орын үшін коэффицент 0,2 процент, әрі қарай осылай көмітіле береді.

Мұндай жағдайда коллективте еңбек нәтижелеріне немқұрайды қарайтын «орташалар» деп аталатындар барған сайын азайып келеді. Мамандарға қойылатын талап арттырылды: жарыс олардың әрқайсысы адамдарды ұйымдастыруға, жоғары өнімді еңбек үшін жағдай жасауға қаншалықты қабілетті екенін анықтайды.

Мемлекеттік кәсіпорын (бірлестік) туралы Заң еңбек коллективтеріне жарыс шарттарын талдап жасау барысында толық дербестілік бергенін атап көрсету керек. Оларды еңбек коллективі советі партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарымен бірлесіп бекітеді. Бүгінде жарысқа басшылық жасаудың әкімшілік әдістеріне, жоғарыдан формалар мен көрсеткіштерді ұсынуға, ойдан шығарылған бастамалар мен инициативаларға жол беруге болмайды. Дегенмен бұл жарысты басқаруда кәсіподақ ролі төмендейді деген мағынаны білдірмейді, өзін-өзі басқару жағдайында осы жұмыс бүкіл коллективтің пікіріне көбірек сүйенуге тиіс.

Қазір еңбек коллективтері советтері мен кәсіподақ комитеттерінің жарысты ұйымдастыру жөніндегі жұмыс тәжірибесі жинақталуда, оның нәтижелері олардың дұрыс өзара қатынасы барысында мұның аса тиімді екенін әңгімелейді. Мәселен, «Казмеханомонтаж» басқармасының № 1 Теміртау басқармасында, «Казахимэлектромонтаж» трестінің Жамбыл басқармасында коллективтер пікірін ескеру арқылы тиісті жағдай жасау жүзеге асырылды, сондықтан ол ұғынықты әрі барша адамдар үшін ыңғайлы. Мұнда жарыс қорытындысын шығару тәртібі де өзгертілді. Еңбек коллективі советінің председателі оның мәжілісінде есепті мерзім ішінде бөлімшелердегі жарыс барысы туралы информацияны баяндайды, сосын кәсіподақ комитетінің өндірістік-бұқаралық жұмыс комиссиясының председателі оны толықтырады. Көбіне-көп жүлделі орын да, ақшалай сыйлық мөлшері де комиссияның бағалауына тәуелді. Еңбек коллективі советі мен кәсіподақ комитетінің председательдері ақтық шешімді бекітеді.

Шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайында барлық дәрежедегі және деңгейдегі жетекшілердің жарысты ұйымдастыру, коллективтерде кінәратсыз сайысты ахуалын жасау, еңбектің тиісті экономикалық, әлеуметтік және өндірістік жағдайларын қамтамасыз ету жолындағы дербес жауапкершілігі арттырылуда. Алайда шаруашылық жетекшілерінің, мастерлердің және учаске бастықтарының бәрі бірдей еңбек сайысының өндіріс тиімділігін арттырудағы маңызын көре бермейді, сондықтан оған басшылық жасау міндетін қоғамдық ұйымдарға жүктей салады. Мұндай фактілерге жол беруге болмайды және принципті бағасын алуға тиіс.

Кәсіподақ комитеттерінің, еңбек коллективтері советтерінің, шаруашылық жетекшілерінің және бүкіл жұртшылықтың социалистік жарысты ұйымдастырумен жүйелі әрі мақсатты айналысуы керек.

Кәсіподақ комитеттерінің, еңбек коллективтері советтерінің, шаруашылық жетекшілерінің және бүкіл жұртшылықтың социалистік жарысты ұйымдастырумен жүйелі әрі мақсатты айналысуы керек.

БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ЕҢБЕК ЫРҒАҒЫ

ТАУДАҒЫ ЖОЛ

«Дорстроймеханизация» тресінің № 4 құрылысты механикаландыру басқармасы Қатонқарағай ауданында үш миллион сомнан астам ақшаны игерді. Биыл «Большенарым — Қатонқарағай — Рахман бұлағы» трассасында ғана 23 километр өте жақсы жол тапсырылады.

Алматылық жолшылар осы маңызды транспорт артериясының құрылысын аяқтағаннан кейін жұмыс істеп тұрған асфальт заводын аудандық мамандарға береді. Бұл ауданның әлеуметтік даму программасын орындау ісінде елеулі көмек болады. Жоспарда аудандық ішкі жолдардың бәрін таяудағы жылдарда асфальттау, аудан көшелерін жайластыру көзделген.

Демек жергілікті жолшылардың аудан орталығын жайластыруына оның тұрғындары баға жетпес көмек беруде, олар жүргіншілер жолын төсеумен айналысады.

К. ПАВЛОВСКИЙ.

Қатонқарағай ауданы,
Шығыс Қазақстан облысы.

Digitized by Google

ЭКОНОМНКАНЫ ЖАҢАРТУ ІРГЕТАСЫ

Бүгінде отандық машина жасау өз дамуының сапалық жағынан жаңа кезеңіне жақындап келді, үзілді-кесілді әрі сындарлы өзгерістер пісіп-жетілді. «Оның барлық салалары,— деді М. С. Горбачев Тольятти қаласы еңбекшілермен кездесуде,— өндірістік қуаттарды қайта құрып қана қоймай, үстіміздегі бесжылдықта және одан кейінгі жылдарда аса жаңа машиналар, станоктар және жабдықтар шығаруға ауысуға тиіс».

Партия мен үкімет машина жасауды түбегейлі қайта құруға, машина жасау комплексін одан әрі дамытуға және оны басқару мен ұйымдастыруды жетілдіруге, кәсіпорындар мен бірлестіктердің шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістері мен жағдайларына толық ауысуын қамтамасыз етуге бағытталған шешім қабылдады. Ол қажетті материалдық-техникалық ресурстардың бәрімен нығайтылды.

Біздің республикамыз машина жасаушыларының өте көп нәрсе жасауына тура келеді. Істің мәні мынада: қазір сала машина жасау өнімдерін өндіру мөлшері жөнінен де, оның құрылымы жөнінен де республика халық шаруашылығының қажетіне жауап бермейді. Өнеркәсіп өнімдерін шығарудың жалпы мөлшерінде комплекс үлесі небары 8,4 процент құрайды. Соның салдарынан республиканың машина жасау өнімдерінің көптеген түрлеріне, соның ішінде прибор жасау, автомобиль өнеркәсібі өнімдеріне, металлургия жабдықтарына, жеңіл және тамақ өнеркәсібіне, сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына арналған технологиялық жабдықтарға, халыққа арналған күрделі тұрмыстық техникаға деген қажетінің 100 проценті дерлік оларды басқа жерлерден тасу есебінен өтеледі. Бізде трактор мен ауыл шаруашылық машиналарын жасау секілді дамыған салалар болып отырғанның өзінде өнімді тасудың оны жіберуден басым болуы орын алып отыр.

Үстіміздегі бесжылдыққа арналған жоспарда 1990 жылға дейін республиканың машина жасау мен металл өңдеу орындарының өнеркәсіп өнімдері өсімін 144,6 процент қамтамасыз ету көзделген. Машина жасау кәсіпорындарын кеңейтуге, қайта құруға және техникалық жағынан қосымша жарақтандыруға бұрнағы екі бесжылдықты қоса алғанда осы салаларда игерілген қаржының мөлшерімен бірдей дерлік күрделі қаржы бөлінді. Белгіленген жоспарды жүзеге асыру үшін басқа салалардың бірқатар кәсіпорындарының құрылысын және оларды дамытуды 1-2 жылға тоқтатуға тура келді. Дегенмен осыған қарамастан үстіміздегі бесжылдықтың үш жылы ішінде игерілген күрделі қаржы деңгейі 74,2 процент құрады, салынып жатқан бірқатар объектілердің іске қосылу мерзімдерінің сақталмауы бесжылдық тапсырмасын орындауды қатты қиындатты.

Кәсіпорындардың қолда бар өндірістік қуаттары жүктелімінің жетімсіздігі машина жасау өнімдерін шығару өсімін тежейтін екінші елеулі себеп болып табылады. Өткен жылы, мәселен, оларды пайдалану коэфициенті Алматы станок жасау заводында 50,7 процент, Шымкенттің ұста-пресс жабдықтарын шығару жөніндегі өндірістік бірлестігінде —69,1, «В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» өндірістік бірлестігінде — 63,8 «Целиноградсельмаш» өндірістік бірлестігінде —68, Семей арматура заводында —59,7, Кентау экскаватор заводында —56,6 процент, ал Өскеменнің «Каэтяжпромарматура» өндірістік бірлестігінде небары 7,7 процент болды. Мұндай көрсеткіштер барысында қор қайтарымының төмендей түскені даусыз. Ол СССР Химия және мұнай машиналарын жасау министрлігі кәсіпорындарында —47 тиын, Автомобиль өнеркәсібі министрлігінде —67, Станок жасау және аспап өнеркәсібі министрлігінде —80, Ауыр және транспорт машиналарын жасау министрлігінде —89 тиын құрайды. Егер машина жасау комплексінің қормен қаруланууы үстіміздегі бесжылдықтың үш жылы ішінде 18,3 процент өссе, еңбек өнімділігі 10,2 процент қана артты.

Жобалық қуаттарды игеруге байланысты артта қалушылық себептері жақсы мәлім. Бұл — объектілерді көптеген кем-кетіктерімен пайдалануға тапсыру, орнатылған жабдықтардың ақаулары, жабдықтардың аварияларының өндірістік емес кідірістері, негізгі және қосалқы өндірістің үйлеспеуі, материалдық-техникалық жабдықтаудағы кемшіліктер, өндірісті әлсіз ұйымдастыру, жобалаушылардың технология мен жабдықтарды іріктеу барысындағы қателіктері, білікті кадрлармен жасақталмауы, әлеуметтік жүйедегі артта қалушылық.

Шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыру жағдайында кәсіпорындардың технологиялық әзірлігінің жетімсіздігі мен тындырымдылығының төмендігі, машиналардың жекелеген түрлеріне деген сұранымның өзгеруі саланың бірқатар

---

24 сентябрь — Машина жасаушы күніне.

Digitized by Google

кәсіпорындарын ауыр финанс жағдайында қалдырды. Демек, «Целиноградсельмаш» өндірістік бірлестігі шығаратын сеялкалар мен культиваторларға деген сұранымның күрт құлдырауынан үстіміздегі жылы мұнда ауыл шаруашылық машиналарын өндіру жоспары екі еседей кеміді. Алайда жедел ретке келтірілетін өндірістің жоқтығынан бірлестік көптеп сұралатын машиналарды шығаруды ұйымдастыра алмайды. «Манкентживмаш» өндірістік бірлестігінде, Семей арматура, «Джамбулзапчасть», Семей «Казахкабель» заводтарында осындай жағдай қалыптасты.

Партия ұйымдары, еңбек коллективтері мұнымен ымыраласып отырған жоқ, ситуацияны өзгертуге ұмтылуда. Үстіміздегі жылы машина жасау комплексінің 56 кәсіпорнынан бес кәсіпорын алғашқы жарты жылдықтың жоспарын орындай алмады, ал 1988 жылы ондай 19 кәсіпорын болған-ды. Дүние жүзілік техникалық дәрежеге сәйкес келетін өнімдер мен СССР-де алғаш игерілген өнімдер көлемі өсті. Өндіріс мәдениеті артып, өнім сапасы жақсарды. Машина жасау комплексінің толық шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыруға ауысуы бұған айтарлықтай мөлшерде ықпал етті. Түпкі нәтижеге жұмыс істеу еңбек өнімділігіне арналған стимул болды. «Целиноградсельмаш» өндірістік бірлестігі цехының бастығы А. Кенжалин, Өскемен конденсатор заводының кең профильді станокшысы З. Кобзева, Алматының «XX лет Октября» станок жасау заводы құрастыру цехының бригадирі А. Гордиенко мен аспап цехының токарі Х. Әжібаев, «В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» өндірістік бірлестігі № 1 цехы дәнекерлеушілерінің бригадары В. П. Казакова мен трактор құрастыру цехының сынаушы-жүргізушісі В. А. Абзалов, «Актюбинсксельмаш» заводының автоматтарды баптаушысы И. Т. Пуставалов өз кәсіпорындарының қызметін жақсартуға белсене қатысуда.

Осы адамдардың және өз ісінің мыңдаған басқа шеберлерінің білімі, тәжірибесі мен ерік-жігері машина жасау кәсіпорындарында республика халық шаруашылығының қажетіне арналған машиналар мен жабдықтар өндірісін ұйымдастыру программасын жүзеге асыруда шешуші роль атқаруға тиіс. Демек, ірі машина жасау кәсіпорындарында («Қарағандасельмаш» заводында, «Целиноградсельмаш», Өскеменнің «Казтяжпромарматура» өндірістік бірлестіктерінде, Петропавлдың С. М. Киров атындағы, В. В. Куйбышев атындағы атқару механизмдері, «Манкентживмаш» және басқа заводтарда) шығынды кеміту және ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаруды көбейту мақсатында агроөнеркәсіп комплексінің ұқсатушы салаларына арналған жабдықтардың 28 түрін өндіру ұйымдастырылды. Ішінара алғанда, «Казтяжпромарматура» өндірістік бірлестігінде ірі көкөніс қоймалары мен ет сақтайтын орындарға арналған қуатты тоңазытқыш қондырғыларын, Алматы ауыр машина жасау заводында — тоңазытқыш-контейнерлер шығару игерілді. Бірқатар заводтар сауда мен қоғамдық тамақтандыру орындары үшін сауда-технологиялық жабдықтарды (жұмсақ балмұздақ жасауға арналған фризерлер, қамыр илегіштер, ас пісіру шкафтары т.б.), сондай-ақ коммуналдық шаруашылыққа арналған машиналар жасауды ұйымдастырды. Медицина техникасын шығару үш есе көбейтілді.

Машина жасау кәсіпорындарының өндірістік потенциалын мейлінше толық пайдалану, олардың қызметін үйлестіру, салааралық кооперацияны дамыту, түрлі машина жасау өнімдерін дайындауға арналған заказдарды оперативті орналастыру мақсатында Қазақ ССР Министрлер Советінің шешімімен Қазақ республикалық салааралық іскер ынтымақтастық ассоциациясы құрылды, ол қазіргі уақытта республиканың 131 машина жасау кәсіпорнын біріктіреді. Оның белсенді ықпал жасауы арқылы қазір халық тұтынатын тауарларды, әсіресе күрделі тұрмыстық техниканы шығаруды күрт көбейту жөнінен шаралар қабылдануда. Үстіміздегі жылы 306 миллион сомның осындай өнімдері, немесе 1985 жылға қарағанда 1,8 есе көп шығарылады.

Республикада алғаш рет кір жуатын «Малютка» машинасы («В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» мен «Целиноградсельмаш» өндірістік бірлестіктерінде), жеңіл автомобильдердің жүк тіркемелерін (В. В. Куйбышев атындағы Петропавл машина жасау заводында), электр шаңсорғыш (Көкшетаудың оттегі-тыныс аппаратурасы заводында), центрифугтер (Павлодар қаласындағы «Құрастырмалы механизмдер» ғылыми-өндірістік бірлестігінде) шығару алғаш игерілді.

Алайда республика халық шаруашылығының тұтасынан бірқатар машиналарға, жабдықтар мен приборларға, халық тұтынатын тауарларға деген қажеті әзірше толығынан қанағаттандырылып отырған жоқ. Нақ ол он үшінші бесжылдыққа арналған жобаны талдап жасау барысында бастапқы пункт болып табылады. Әлбетте, жоба кәсіпорындардан республика Жоғарғы Советінің сессиясына дейін барлық деңгейде кеңінен талқыланып, түзетулер мен дәйектемелер

Digitized by Google



ПАВЛОДАР. «В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы өндірістік бірлестігі «Уралмаштан» жылына жүз мың кір жуатын машина шығаратын учаскені құруға арналған документтерді сатып алды. Көптеп сұрайтын 60 мың аппаратты шығаруды үстіміздегі жылдың өзінде қамтамасыз ету шараларының бәрі қабылдануда.

СУРЕТТЕ: құрастырушы-слесарь Ш. Рафикова өнімдерді жөнелтуге әзірленуде.

Суретті түсірген Н. КУЗНЕЦОВ (ҚазТАГ).

енгізіледі. Сонда да бүгінде осы документті талдап жасау барысында қаланған негізгі бағыттар туралы айтуға болады.

Демек машина жасау комплексінің товарлы өнімдерін шығару мөлшерін бір жарым миллиард сомдай немесе 1990 жылғы деңгейге қарағанда 1,5 есе көбейту белгіленуде. Прибор жасау, электрон мен радиотехника, станок-аспаптар өнеркәсібі басымырақ дамытылуға тиіс. Өнім шығару СССР Прибор жасау, автоматтандыру құралдары және басқару жүйелері министрлігінің кәсіпорындарында 1,9 есе, Станок жасау және аспап өнеркәсібі министрлігінде — 1,6 есе өсуге тиіс. Медицина техникасын өндіру 10 еседен астам көбейеді, сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына арналған технологиялық жабдықтар шығару 2 есе, приборлар, автоматтандыру құралдары мен олардың басалқы бөлшектері, металл жонатын станоктар 1,4 есе өседі, прокат жабдықтарын шығару 1,7 еседей артады.

Белгіленіп жатқан құрылымдық өзгерістер өнімдердің бірқатар түрлері бойынша әкелу мен шығару арасындағы қатынасты айтарлықтай өзгертуге көмектеседі. Сөйтіп Арал электр-техника, Шымкенттің «Электроаппарат» және Алматының төменгі вольтті аппаратура заводтарында қуаты шағын электр двигательдерін шығару жөніндегі қуаттарды жасау күрделі тұрмыстық техниканы өндіруді айтарлықтай көбейтуге ықпал етеді. Медицина техникасын шығару жөніндегі ғылыми-өндірістік орталық кәсіпорындары құрылысы есебінен медицина жабдықтарымен қамтамасыз етуге арналған жағдай жасалады, қазіргі уақытта олар толығынан дерлік республикадан тысқары жерлерден әкелінеді.

СССР Автомобиль және ауыл шаруашылық машиналарын жасау министрлігінің бірқатар кәсіпорындарын республика қарауына беру және кейіннен Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің бірқатар машина жасау заводтарын жөндеу өндірісінен мал шаруашылығы мен жемшөп өндірісіне, сондай-ақ агроөнеркәсіп комплексінің басқа салаларына арналған машиналар шығаруға мамандандыру есебінен ауыл шаруашылығы машиналарын жасау өнімдерін әкелу мен әкету арасындағы қатынастарда да оңды өзгерістерді жүзеге асыру қарастырылуда. Алдын ала жасалған есептеулер бойынша, алдағы бесжылдық жылдарында республиканың Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті кәсіпорындарында аграрлық-өнеркәсіптік комплекстің ұқсатушы салаларына арналған жабдықтар шығару 2 есе көбейеді.

Қуаттарды қайта мамандандыру есебінен халық тұтынатын товарлар өндіруді үдетуге тура келеді. Оларды шығаруды (2,8 есе), соның ішінде СССР Байланыс құралдары (5,1 есе), Электр өнеркәсібі (5,6 есе), Қорғаныс өнеркәсібі (3,9), Радио өнеркәсібі (20 есе) министрліктерінің кәсіпорындарында көбейту қарастырылуда.

Басқа кәсіпорындармен кооперация негізінде Алматы механика заводында жылына 500 мың тұрмыстық тігін машинасы, Оралдың «Металлист» заводында тоңазытқыш агрегаттарына арналған компрессор-мотор, Қарағандының үй тоңазытқыштары заводында «ЗИЛ» үлгісіндегі тұрмыстық тоңазытқыштар, В. И. Ленин атындағы Петропавл ауыр машина жасау заводында газ және электр плиталарын, Алматының электртехника заводында тұрмыстық радио аппаратурасы т.б. өндірісін ұйымдастыру

Digitized by Google

Партия ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін іске қосуда машина жасау саласына өзекті роль береді. Оның өсу қарқынын жеделдету — халық шаруашылығының барлық салаларындағы ғылыми-техникалық прогрестің және елдің қорғаныс қабілетін тиісті дәрежеде ұстаудың негізі, болашақта экономиканы дамытудың сара бағыты.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасынан.

жоспарлауда. Шағын қуатты электр двигательдері базасында кең көлемде күрделі тұрмыстық приборларды (электрлі ет тұрағыштар, шырын сыққыштар, шаңсорғыштар, ас үй комбайндары, электрлі аспаптар т. б.) өндірісін ұйымдастыру белгіленуде.

Машина жасау комплексінің өндірістік базасын дамыту жөнінен белгіленген міндеттерді жүзеге асыру үшін он үшінші бесжылдықта, алдын-ала жасалған есептеулер бойынша, бір жарым миллиард сомнан астам күрделі қаржы, соның ішінде құрылыс-монтаж жұмыстарына 800 миллион сомнан астам бөлу талап етілуде. (Үстіміздегі бесжылдықта осы көрсеткіштер тиісінше 1062 миллион сом және 383 миллион сом болады).

Қостанайдың дизель двигательдері, «Қзылордарисмаш» заводтарының құрылысын аяқтау, Көкшетау прибор құрылысы, Алматы машина жасау заводтарын кеңейтуді, медицина техникасы жөнінен ғылыми-өндірістік орталықтың үш кәсіпорнын іске қосуды қамтамасыз ету қарастырылуда.

Белгіленген шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде республикада машина жасау өнімдерінің номенклатурасы қыруар кеңейеді. Халық шаруашылығына Павлодар трактор заводының Т—250 тракторлары, дизель двигательдері, күріш жинайтын техника, медицина жабдықтары, прокат жабдықтарының, ұстапресс машиналарының жаңа түрлері беріледі, халықтың тұтыну товарларына деген қажетін қанағаттандыруда саланың мүмкіншіліктері айтарлықтай өседі.

Елдің бүкіл өндірістік потенциалын жаңартуда, халық шаруашылығының әр саласын техникалық жағынан қосымша қаруландыруда машина жасау түйінді роль атқаратынына енді ешкімді иландырудың қажеті жоқ. Бұл экономиканы жаңартудың негізі, іргетасы. Дегенмен, өз тарапынан, машина жасау комплексінің дамуы көптеген салалар — металлургия, энергетика, химия индустриясы салаларының, құрылысшылардың т.б. жұмысына тәуелді. Олардың ісі — машина жасауды жедел дамытуға ұдайы ықпал жасау. КПСС XXVII съезі мен Бүкілодақтық XIX партия конференциясының шешімдері бізді осыған шақырады.

З. АБДРАШИТОВ,
Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті машина жасау өнеркәсібі мен салааралық байланыс бөлімі қосымша бөлімінің бастығы.

ҚАЗАҚ ССР СТАТИСТИКА ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

	1-жарты жылдық	1988 жылғы 1-жарты жылдықпен салыстырғанда (процент есебімен)
Ет пен құс, мың тонна	161,9	103,9
Балық, мың тонна	41,2	92,6
Мал майы, мың тонна	31,9	111,7
Қант, мың тонна	19,3	77,1
Арақ пен ликер-арақ ішімдіктері, мың декалитр	4600,4	119,2
Шарап, мың декалитр	5762,1	163,0
Коньяк, мың декалитр	244,8	98,5
Шампан, мың декалитр	529,2	95,2
Сыра, мың декалитр	12933	97,1
Алкогольсіз сусын, мың декалитр	13236	99,1
Жеміс шырыны, миллион шартты қалбыр	102,1	92,1
Овощ шырыны, миллион шартты қалбыр	48,5	115,3

Алкогольдік ішімдіктерді сату сомасы 1,3 миллиард сомнан асты немесе жоспардың 101,8 проценті болды. Бірінші жарты жылдықта республиканың әр тұрғынына ол 2 литрдей (абсолютті алкогольге шаққанда) сатылды, мұның өзі өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 22 процент көп.

Digitized by Google

ХАЛЫҚТАРДЫ НЕ ҮШІН ҚОНЫС АУДАРТТЫРДЫ?

КПСС Орталық Комитетінің «Агитатор» журналының үстіміздегі жылғы № 11 номерінде тарих ғылымының докторы Н. Ф. БУГАЙМЕН әңгіме осы тақырыппен жарияланған, онда Совет Одағының бірқатар халықтарының мәжбүр болған миграциясы мәселелері ашылады, олар (немістер, қырым татарлары, чечендер, ингуштер, түріктер, балкарлар және басқа бірқатар халықтар) 40-шы жылдары осындай миграцияға тап болды. Материалды сіздердің назарларыңызға ұсынамыз.

— Николай Федорович, 40-шы жылдарда тұтас халықтарды, ұлттық топтарды қоныс аударту мен жер аударудағы сталиндік озбырлық туралы бүгінде көп айтылуда. Оқырмандар: Сталиннің жеке басына табынушылық қалыптаса бастаған соғысқа дейінгі кезеңде мұндай факті болған жоқ қой? — деп сұрайды.

— 40-шы жылдарда орын алған халықтарды «күшпен» жер аудару іс-қимыл жүйесі ретінде біздің елімізде бұған дейін жүргізілмеген еді. В. И. Ленин ұлттық қатынастарға қатыстының бәрінде өтемөте абай болуға шақырған-ды. Дегенмен аса өктем әкімшілер қоныс аудару жөнінен жүргізген жекелеген волюнтаристік қадамдарға революциядан кейінгі алғашқы он жылдықта жол берілген еді, олар мұны «халықтар игілігі үшін» деп түсіндірді. Мәселен, 20-шы жылдардың басында Солтүстік Кавказдың тау халықтары мен басқа аймақтардың халықтары жазықтыққа қоныс аударды, мұның өзі кейіннен анықталғанындай, бірлесе түру үшін белгілі бір қиыншылықтар туғызды, аймақтың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын бұзды. Ал бастысы — қоныс аударту көбіне шаруалардың еркіне қарамастан жүргізілді. Сол кезде таудағы шаруаларды не қажеттің бәрімен қамтамасыз ету, сол жағдайларда шаруашылықты жүргізудің қалыптасқан дәстүрлерін пайдалана білу, біршама егіншілік алқаптарын елдің экономикалық потенциалынан шығарып тастамау дұрыс болатын еді. Оның үстіне тау шаруаларының психологиясы елеулі өзгеріске ұшырады, оның өмір уклады өзгерді. 20-шы жылдардың басында халықты тығыз орналастыру және басқа аймақтардан келген шаруалар үшін жер босату үшін қазақтар қоныс аудартылды.

20-шы жылдардың соңында — 30-шы жылдардың басында «кулактар тұрғысынан» да қоныс аударту саясаты жүргізілді, ол 2 миллионнан астам адамды қамтыды.

30-шы жылдардың екінші жартысында Қиыр Шығыстың советтік корейлері де қоныс аударуға тап болды. Олар Орта Азия мен Қазақстан территориясына қоныс аударылды. Басқа халықтар арасындағыдай, корейлер ортасынан шыққан партия мен мемлекеттік қызметкерлердің ұлттық кадрлары көп залал шекті. 50-ші жылдардың екінші жартысында корейлердің Қиыр Шығысқа және Приморьеге оралуына рұқсат етілді.

Демек соғысқа дейінгі кезеңде тұтасынан қоныс аудару процесін 40-шы жылдардағы ситуациямен салыстыруға болмайды, бұл кезде көптеген ұлттық-мемлекеттік автономиялық құрамалар қысқартылды.

— Поволжье немістері мен қырым татарларын немесе чечендер мен поляктарды т. б, қоныс аударту процесінде ортақ, «тән» не бар, ерекшелік, айырмашылық неде?

— Халықтарды қоныс аудартуда ортақ, «үйреншікті» іс ретінде нені атауға болады, өйткені бұл осы акцияларды жүргізу барысында басшылыққа алынған өрескел формалар мен әдістер еді. Мұнда айрықша айырмашылық болған жоқ. Операциялар зорлықпен әрі тұтқиылдан жүргізілді. Жер аудару жөніндегі процестер айырмашылығын, сірә, осы шараларды дәлелдеуге ғана саюға болар. Сонда да оларды «ортақ атауға» жатқызуға болады, осы халықтардың жекелеген топтарының Совет өкіметіне деген «өшпенді» қатынасы Сталин мен оның төңірегіндегілер 40-шы жылдардағы тұжырымдаған жер аударту саясатының негізіне алынды.

Мәселен, советтік немістер «үшінші рейхпен байланысы» үшін жер аударылды. СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1941 жылы 28 августе жарияланған «Поволжье аудандарында тұратын немістерді қоныс аударту туралы» Указынан былай деп оқимыз: «Әскери өкімет алған нақты деректер бойынша Поволжье аудандарында тұратын неміс халқы арасында мыңдаған және ондаған мың зиянкестер мен шпиондар бар, олар Германиядан берілген белгі бойынша Поволжьенің немістер орналасқан аудандарында жарылыстар жасауға тиіс». Соның салдарынан Поволжьенің 380 мың немісі, олардың көпшілігі қарттар, балалар еді, заңсыз және орынсыз Новосибирск, Омск

Digitized by Google

облыстарына, Алтай өлкесіне, Қазақстанға, Бурятияға көшірілді. Поволжье немістеріне қоса Кавказдың, Қырым жарты аралының территориясында тұратын советтік немістер де 1941 жылдың екінші жартысында миграцияға ұшырауға мәжбүр болды.

Ұлттық-мемлекеттік құрылыстың лениндік принциптерін өрескел бұзудың салдарынан 1944 жылы Чечен-Ингуш АССР-і жойылды. Осы ұлттар арасында фашистердің «жаңа тәртібін» қолдаған жекелеген адамдар болғанына қарамастан тұтасынан чечендер мен ингуштер Ұлы Отан соғысының майдандарында өжет шайқасты. Соғыстың алғашқы күндерінде олардан 12 мыңнан астам адам армия қатарына аттанды. Осы халықтардың кезінде Солтүстік Кавказдағы Совет өкіметі үшін күрес ісіне де елеулі үлес қосқанын, мұны сол кезде Г. К. Орджоникидзе, С. М. Киров және басқалар талай рет атағанын еске салу қажет.

Алайда осыған қарамастан чечендер, ингуштер өз территориясынан қуылды. Оларды қоныс аударту 1944 жылы 23 апрельде басталды. Олардан Қазақстанға 400 мыңнан астам адам, Қырғызстанға — 90 мыңға жуық адам келді. Қоныс аударушылардың осы санына 1944 жылғы февральдан кейін Қызыл Армия қатарынан босатылған 16 мыңнан астам чечен мен ингуш қосылды.

40-шы жылдарда поляктарды қайта қоныстандыру мәселесі өте күрделі болды. Негізінен Украина мен Белоруссияның батыс аудандарында тұрған поляктар зорлықпен шығыс аудандарға қоныс аудартылды. Ол кезде олардың көпшілігінің ерікті түрде Польшаға, негізінен 1944—45 жылдары кетуіне мүмкіндігі болғанын ескерген жөн.

— Бүгінде қырым татарлары тұрғысынан қаншама алаңдаушылық айтылуда. Осы мәселе тарихына толығырақ тоқталсаңыз екен.

— ВЦИК пен РСФСР Халық Комиссарлары Советінің 1921 жылғы 18 октябрьдегі қаулысымен РСФСР құрамындағы территориялық автономиялы республика ретінде Қырым АССР-і құрылған еді. Мұнда мыналар тұрды: орыстар — 51,5 процент, қырым татарлары — 21,9 процент, басқа ұлттар азаматтары — 24 процент. 1944 жылдың ортасына қарай автономиялы республикада қырым татарларының 19,4 проценті қалғанын атап көрсету керек.

Сол кезде ВКП(б) Қырым облыстық комитетінің секретары болып істеген В. С. Булатовтың кейіннен атап көрсеткеніндей, қырым халқы негізінен Совет өкіметіне оңды қарады, оккупанттар келгеннен кейін де осылай болды. «Тұтас деревнялар партизандарға жәрдемдесті, және олардың көпшілігі партизандарды паналатқаны үшін өртеп жіберілді. Совет әскерлері Севастопольге және Керчь бұғазы арқылы шегінгеннен кейін халықтың небары бір бөлігі немістер үшін біршама тәуір олжа болып шықты».

Немістер Қырымды басып алғаннан кейін оның территориясында «жаңа өкімет» органдары мен мұсылман комиттетері құрыла бастады. Германияның қолжаулығы — «дербес» татар ұлттық мемлекетін құру мақсаты қойылды. Симферопольде мұсылман съезінде Белял Асанов хан бастаған қырым үкіметі құрылды. Қырым территориясында 200—300 адамнан қырым татарларының 10 «ерікті батальоны» мен 14 ротасы [illegible] әрекет жасады. Алайда татарлардың көпшілігі өздерінің еркіне қарамастан зорлықпен немістік құрамаларға енгізілгені мәлім.

Совет әскерлері Қырымды азат еткеннен кейін, 1944 жылы майда Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті жергілікті татарларды қоныс аударту туралы қаулы қабылдады. Ол 4406 семьяны (191088 адам) қамтыды. Қазақстанға, Өзбекстанға, Удмуртияға және басқа жерлерге қоныс аудару жүзеге асырылды. 1945 жылы 30 июльде Қырым АССР-і Қырым облысы болып қайта құрылды.

В. С. Булатов бертінде бұл түрғыдан былай деді: «Мұндай шаралар қателік болды. Дегенмен облыстағы идеологиялық жағдайды нашар білгенімізді мойындау керек. Орталық көп жағынан хабардар болғанымен ұлттар арасындағы тікелей идеологиялық жұмысқа аз көңіл бөлінді. Сонда да бүкіл халықты айыптамау керек еді». Соғыс жылдарында Қызыл Армия қатарында 56 мыңдай қырым татары болғанын қоса айтқан жөн. Жаумен ұрыстарда 29 мыңдай адам қаза тапты. Қырым татарлары арасынан шыққан Совет Одағы Батырларының, фашистерге қарсы ерлікпен шайқасқан партизандардың есімдері мәлім.

— Оқырмандар қалмақ халқын қоныс аударту себептеріне де ықылас білдіреді. Мұнда істің мәні неде?

— Расында, осы проблема да көптеген адамдарды толғандырады. Оның үстіне осы тақырып түрғысынан, демек, 40-шы жылдарда қоныс аудартылған басқа халықтар түрғысынан айла-шарғылар жетерлік.

Кейбір «мамандар» өздерінің «концепцияларын» Ұлы Октябрь, социализм идеялары қалмақ халқы үшін тиімсіз болды-мыс деп негіздеуге ұмтылады. Соғыс жылдарында германиялық командованиенің насихаттық машинасы да осы өтірікті кеңінен қақсағанын еске түсірейік. Гитлершілдердің Россия халықтарын бөлшектеп,

Digitized by Google

құлдану жоспарында «Қалмақ облысы» рейхс-комиссариатын ұйымдастыру көзделді. Контрреволюциялық элементтер мен бандиттік топтар сарқыншақтарының негізінде гитлершілдер 1942 жылы сентябрьде «қалмақ корпусын» жасақтауға кірісті. Осы мақсатпен Берлиннен барлаушы доктор Долл және ақ эмигранттық «Қалмақ ұлттық комитетінің» өкілдері келді. Олар окупанттармен ынтымақтасуға шақырды, қоқан-лоқы жасады, зорлық пен терроры қолданды. Олардың бірнеше атты әскер эскадронын жасақтауының сәті түсті.

Фашистік бөлімдер қуылғаннан кейін 1943 жылы 27 декабрьде Одақтық үкіметтің шешімімен Қалмақ АССР-і жойылды. Қалмақ халқы, олардың ішінде 65 проценті 16 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер еді, Сібір, Қырғызстан және Өзбекстан аудандарына зорлықпен қоныстандырылды. Жекелеген топтар тіпті Сахалин мен Чукоткаға дейін апарылды. Барлық майдандардан жиналған қалмақ жауынгерлері Молотов (қазіргі Пермь) облысына апарылды және Кунгур ГРЭС-інің құрылысына қатысты. Бұрынғы республика территориясы өкімшілік жағынан көршілес облыстар мен Ставрополье өлкесіне енді.

1957 жылы 9 январьда қалмақ халқының мемлекеттігі қалпына келтірілді. Қалмақ автономиялы облысы 1958 жылғы 29 июльге дейін өмір сүрді, ал сосын Қалмақ АССР-і қалпына келтірілді. СССР-де қазір барлығы 137 мың қалмақ, олардан Қалмақ АССР-інде 110 мыңнан астам адам тұрады.

— А. Приставкиннің «Алтын бұлт қалықтаған түн» повесі жарияланғаннан кейін осы проблемалардың бәрі кеңінен мәлім болды ғой...

— Бұл солай. Повесте түбегейлі әлеуметтік проблемалар, ішінара алғанда, тау халықтарын қайта қоныстандыруға байланысты проблемалар көтерілген. Біз чечендерді, ингуштерді жер аудару проблемасын талқылаған кезде осы әңгімені бастаған едік. 1944 жылы 8 мартта олар, сондай-ақ балқар ұлтының халықтары жер аударуға әзірленген болатын. Себеп бұрынғысындай қалды: жауға белсенді түрде көмектесті. 35 мың балқардың қыруар бөлігі (басқа қайнарлар бойынша 39 мың) Қырғызстан мен Қазақстан аудандарына жіберілді. Қоныс аударылған жерлерде тұрған адамдардың айтуына қарағанда, мұнда балқарлар саны қыруар қысқарған. Аштықтың, болмашы тұрмыстық жағдайдың болмауының, халықты қайта қоныстандыру қиыншылықтарының салқыны болды. Бұрын балқарларға тиесілі жерлер Қабарда АССР-і мен Грузин ССР-інің пайдалануына берілді. Кейіннен осы аудандарға кабардалар, орыстар және басқа халықтар қоныстанды. Алайда, территория нашар игерілді, сөйтіп қысқа мерзім ішінде бүлінді.

Балқаралармен қатар олардың көршілері — 100 мың адамдық қарачай халқы да зардап шекті. Қарачай автономиялы облысы жойылды. Мұнда грузиндік қалалар мен поселкелер атаулары пайда болды. Облыстың астанасы Микоян-Шахар Клухори деп атала бастады.

Әрине, халықтарды осылай қоныстандыру — Сталиннің және оның төңірегіндегілердің тікелей кінәсі. Сонымен бірге қарачай халқы арасында сілімтіктер болғанын мойындау керек: олардың Отанға сатқындық, қорқақтық жасауының, Совет өкіметіне қарсы шығуының, бандитизмінің масқара фактілері мәлім. 1943 жылы, мәселен, бұрынғы облыс территориясында жалпы саны 1416 адамдық 65 банда мен бандиттік топ, 182 жеке бандит залалсыздандырылды, 2000-ға жуық дезертир, 300 фашистік қолжаулық ұсталды. Әрине, бұл тұтасынан бүкіл халық үшін тән нәрсе емес.

Қарачайлар Қырғызстан, Қазақстан аудандарына қоныстандырылды. Кейінгі кезде Ставрополье өлкесінің құрамында Қарачай ұлттық автономиясы қалпына келтірілді.

— Енді курдтардың, басқалардың қоныс аудару проблемасын да атайды.

— Курд проблемасының туындауын 30—40 жылдарға және 60 жылдардың басына жатқызуға болады. Негізінен Армения мен Грузияда тұратын (шамамен 50—60 мың адам) курдтар Түркиямен шекаралас территориядан — Батуми аудандарынан қоныс аударуға душар болды. Орта Азия аудандары олардың жаңа тұрғылықты жерлеріне айналды. Олардың көпшілігі қоныс аударуға қарсылық білдіріп, қайта оралды. 70-ші жылдардың басында, әділеттілік қалпына келтірілгеннен кейін Закавказьеде 89 мың курд тұрды, 70-ші жылдардың соңына қарай олар 116 мың адам болды.

Соғыс жылдары Гурзиядан курдтармен бірге армяндар, месхилер (месхеттіктер) жер аударылды. Оларды жер аудару 1944 жылы ноябрьде жүргізілді. Ол Месхетидің 220 елді мекенінде тұрған 110 мың месхедті қамтыды. Месхилер Оңтүстік Қазақстанға, Орта Азияның солтүстік аудандарына, Қабарда АССР-іне және Азербайжанға көшірілді. Негізгі себеп ретінде Түркияның СССР-мен соғысқа ықтимал кірісуінен кейін месхилердің оларға қолдау жасауы мүмкін деп ұсынылды.

40-шы жылдары Месхетиде 169,7 мың адам тұрды. Халқы көшірілген аудандарды Грузияның жері аз және баруы қиын

Digitized by Google

таулы аудандарынан келген шаруалар алды. Қазіргі уақытта месхилерді еңбекке орналастыруға, оларды жермен қамтамасыз етуге, шекара маңында орналасқан туған жерлерінде болуына байланысты бірқатар проблемалар баршылық.

— Халықтарды жер аудару олар кеткен аудандардың, сондай-ақ тұтасынан мемлекеттің экономикалық және мәдени дамуына ықпал жасай алды ма?

— Әлбетте. Алайда бүкіл проблеманы бірер сөзбен баяндау күрделі. Мұны баяндау ықшамдылығынан бір экономикалық ауданның мысалы арқылы көрсету әрекетін жасайын. Мәлім болғанындай, халқы көшірілген ел аймақтары негізінен аграрлық аудандар еді. Соғысқа дейін-ақ онда егіншілік пен мал шаруашылығы кеңінен дамыған-ды.

Совет үкіметі 1943 жылы СССР Халық Комиссарлары Советі жанынан халық шаруашылығын қалпына келтіру жөнінен комитет (Г. М. Маленков басқарды) құрып, құрылыс-қалпына келтіру жұмыстарына Солтүстік Осетия үшін 21 миллион сом, Қабарда-Балқария үшін 11 миллион сом т. б. бөлді. Орталықтың көмегі, бұқараның еңбек энтузиазмы арқасында электр станциялары, көпірлер, фабрикалар, ауыл шаруашылық объектілері қалпына келтірілді. Алайда, халықты күштеп қоныс аудартудан осы процестердің бәрі тоқырап қалды.

Ең алдымен ауыл шаруашылығы өндірсі, мал шаруашылығы зардан шекті. Солтүстік Кавказ халық шаруашылығындағы өз потенциалын қыруар қысқартты. Қарачайдан, Қалмақ, Чечен-Ингуш аудандарынан жылқы, ірі және ұсақ мал мың-мыңдап жаудан азат етілген Украина аудандарына, Ростов, Гурьев, Сталинград, Ленинград облыстарына, Карело-Фин ССР-іне айдалды. Өнеркәсіп өндірісіне де нұқсан келтірілді. Аймақтың мәдениет, білім, денсаулық сақтау жүйесі елеулі нұқсан шекті. Оларды қалпына келтіру үшін көп қаржы талап етілді.

— Біздің елімізде негізгі этникалық бұқарадан шалғай тұрған және тұрын жатқан этникалық топтар — гректер, түріктер, болгарлар т. б. аз емес қой. 40-шы жылдары олардың проблемасы қалай шешілді?

— 40-шы жылдар осы және басқа ұлттық топтар мен халықтар үшін ауыр соқты. Қырымда, сондай-ақ Краснодар өлкесінде тұрған армяндар болгарлар, гректер үлесіне ауыр сындар түсті. Сол кезде Қырым территориясында тұрған халықтың жалпы санының 3,3 проценті (875 мың адам) гректер, 1,6 проценті — болгарлар, 6,9 проценті еврейлер, 1.7 проценті қырым армяндары еді.

1944 жылы 2 июньде Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің Қырымнан болгарларды, армяндарды, гректерді жер аудару туралы қаулысы (№ 5984) шықты. Июньнің соңында екі күннің ішінде олардың бәрі қуылды. Қоныс аударушылар ішінде 12422 болгар, 9621 армян, 15040 грек, сондай-ақ басқа ұлттардың 1119 өкілі болды. 3652 шетелдік азаматты қоныс аударту туралы бұйрық берілді. Қырымда тұрған халықтардың шағын топтарының араласқан өкілдерінің жалпы саны 39 мың адамнан астам құрады. Москвадан берілген арнайы нұсқаумен караимдар ғана Қырымда қалды. Жер аудару үшін солбір себептер ұсынылды: антисоветтік насихат, тікелей жау жағындағы қызмет, герман армиясының қажеті мен оның құрамаларын жасақтау үшін қаржы жинау, ұлтаралық өшпенділікті өршіту т. б.

Краснодар өлкесінде, Анападан Сочиге дейінгі учаскеде тұрған гректерді жер аудару екі кезеңде өткізілді. 1942 жылы шетелдік азаматтығы бар гректер қоныс аударылды. Оларға тұрғылықты жерді таңдау правосы берілді. Екінші кезеңде (1948 жылдан) өлкенің барлық қалған грек халқы қоныс аударды. Рас, онша қашыққа ұзаған жоқ. Мәселен, Новороссийскіде тұрған гректер Георгиевскіге, Орджоникидзеге, Прохладныйға барды. Орта Азия мен Қазақстанға бара жатқан гректердің біразы Дағыстан аудандарында қалды. Краснодар өлкесі территориясынан гректермен бірге шетелдік азаматтығы бар армяндар да қоныс аударылды.

Соңғы уақытта ремиграция нәтижесінде 40-шы жылдары қоныс аударғандардың көпшілігі бұрынғы тұрған жерлеріне оралды.

— Қоныс аударушылардың оралу процесі қалай өтті?

— Коммунистік партияның XX съезі (1956 жылғы февраль) СССР халықтарының мемлекеттілігін, олардың правосын қалпына келтіру, лениндік ұлт саясатын өрескел бұрмалауларды жою жөнінен алғашқы қадам жасады. Съезд ұлтаралық қатынастарды дамытудың, социалистік заңдылықты бұзу салдарын жоюдың негізгі бағыттарын анықтады.

50-ші жылдардың екінші жартысында корейлерді бұрынғы тұрған жерлеріне оралту туралы арнаулы қаулы қабылданды. 1955 жылы декабрьде арнаулы елді мекендерде тұрған советтік немістер мен олардың семьяларының праволық жағдайын шектеу жойылды. 1957 жылы январьда қырым татарларының Қырымға оралуына рұқсат етілді. Осы кезде қалмақ халқының мемлекеттілігі қалпына келтірілді. Басқа халықтардың ұлттық-мемлекеттік құрылымдары ұйымдастырылды. Мәселен, Қабарда-Балқар АССР-і ұйым-

Digitized by Google

дастырылды. 1957 жылғы 9 январьдан бірікken Қарачай-Черкес автономиялы облысы жұмыс істей бастады. Чечен және ингуш халықтарының да мемлекеттілігі қалпына келтірілді.

Халықтардың қайта оралуы территориялық жайласуына, республикалар мен облыстар территориясының аражігін ажыратуға байланысты бірқатар жаңа қиындықтарды тудырмай қойған жоқ. Осы мәселелердің бәрі толығынан шешілін біткен жоқ. Олар бүгінде де терең зерттеуді, жаңа қатынастарды талдап жасауды, икемділікті талап етеді. Жинақталған тәжірибені қорытып, не бағалының бәрін пайдалану, сонымен бірге неден арылу керектігін, халықтарымыздың достығына не нұқсан келтіретінін анықтау керек.

Біздің қоғамымыздың барлық жүйесін қайта құру ұлтаралық қатынастардың көптеген проблемаларын саралау үшін мүмкіндіктер ашты, сонымен бірге оларды шешу үшін жағдай жасады. СССР — біздің ортақ үйіміз екенін есте ұстап, Ұлы Октябрьдің халықтар достығы секілді жеңісін жақтап, қорғай беру керек.

Әңгімені жүргізген В. АРКАДЬЕВ.

БЕЙБІТШІЛІК САБАҒЫ — ІС-ҚИМЫЛ САБАҒЫ

Мектептерде, кәсіптік-техникалық училищелерде, техникумдарда жаңа оқу жылын Бейбітшілік сабағын өткізуден бастау қазірдің өзінде игі дәстүрге айналды. Және мұның өзі біздің социалистік қоғамымыз үшін заңдылық.

Советтер елі, бейбітшілік туралы лениндік Декрет оның алғашқы документі болған еді, В. И. Ленин талдап жасаған қоғамдық құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүру принциптерін орнықтыру үшін көп нәрсе жасады. «Қарусыздандыру — социализмнің мұраты», — деп атап көрсете отырып, В. И. Ленин миллиондаған адамдарды бейбітшілік жолындағы күреске тарту міндетін қойды, халықтардың соғыс және бейбітшілік мәселелеріне араласуына көмектесу керектігі туралы жазды. Енді осы лениндік нұсқаулар да халықтардың бейбітшілік жолындағы қуатты қозғалысында көрінісін тапты, совет адамдары оған аса белсенді қатысуда.

Біздің елімізде өтіп жатқан революциялық қайта құру бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті орнықтырудың жаңа көлемді перспективаларын ашты. Біздің партиямыз талдап жасаған жаңа саяси ойлау принциптерін жүзеге асырудың нәтижесінде халықаралық шиеленіс айтарлықтай бәсеңдеді, ядролық арсеналдарды қысқарту басталды. СССР мен АҚШ арасындағы орташа қашықтыққа және одан кем қашықтыққа қолданылатын ракеталарды жою туралы уағдаластық дәйекті түрде жүзеге асырылуда. Планетаның барлық мүйістерінде СССР-дің өз Қарулы Күштерін бір жақты тәртіппен 500 мың адамға қысқарту міндеттемесі бейбітшілікке қарай жолдағы теңдесі жоқ әрі үздік қадам ретінде бағаланды. Совет әскерлерін Ауғанстаннан әкету жүзеге асырылды.

Біздің елімізде 1995 жылға дейін қорғанысқа арналған шығынның үлес салмағын 1,5—2 есе қысқарту жоспарлануда. Үстіміздегі бесжылдықтың өзінде әскери бюджет жоспарланған мөлшерге қарағанда 30 миллиард сом қысқарады. Тарих ағымымен орыс сөздеріне енетін шетелдік сөздер тіркестеріне енді конверсия сөзі енуде. Былайша айтқанда, қайта өңдеу, семсерден түрен соғу. 1995 жылға қарай қорғаныс комплексі өнімдерінің 60 процентten астамы бейбіт өнімдер болады.

Үстіміздегі жылы өткен СССР халық депутаттарының бірінші Съезі Совет мемлекетінің қайта құру жолдарындағы халықаралық қызметін мақұлдап, жоғары бағалады. Ол қабылдаған «СССР-дің ішкі және сыртқы саясатының Негізгі бағыттары туралы» қаулысында былай делінген: «Қатып-семген түсініктерден бас тарту, халықаралық өмірдің түрлі құбылыстары мен процестеріне көзқарастағы реализм, жалпы адамзаттық қазыналарға олардың жойылып кеткен маңызын қайтарып беру, мемлекетаралық қатынастарды идеологиядан арылту, елдің мүддесін қорғауға бағытталған саясатты адамгершілікпен етене қайта қосу — бұлардың бәрі жаңаша ойлау жүйесінің ерекше белгілері, ал осыларға сәйкес СССР-дің сыртқы саяси бағытында түбірлі өзгерістер болды. Бүгін таңда ол КПСС XXVII съезінің ядролық қару мен жанталаса қаруланудың адамзаттың өмір сүруі үшін жойқын хауіп-қатері бар екені туралы, қазіргі дүниенің біртұтастылығы және оның өзара тәуелділігі күшейіп отырғаны туралы, халықтардың әлеуметтік-саяси таңдау жасау еркіндігі жөніндегі ажырамас правосы туралы тарихи тұжырымдарына берік негізделген...

Сонымен бірге Съезд қарусыздану және сенім шараларын нығайту саласында басталған оң өзгерістердің тұрлаулы сипат алуының кепілдіктері әзірше

Digitized by Google



ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ. Бір сентябрьде Масанчи селосының оқушыларына Бейбітшілік сабағына ВЛКСМ-нан СССР халық депутаты болып сайланған интернационалист-жауынгер, жергілікті орта мектеп комсомол ұйымының секретары Леджер Вейсер келеді. Ол Ленин комсомолының сайлау алдындағы программасын жүзеге асырудан күш-жігерін аямай-тындығын, жас адамдарда түбегейлі коммунистік дүниетанымды қалыптастырып, творчестволық тұрғыдан ойлай білетін, білімді бұқараға жеткізіп, қайта құруды белсенді түрде ілгері бастыратын мамандарды тәрбиелей беретіндігін мәлімдеді.

СУРЕТТЕ: Л. Вейсер (ортада) Масанчи атындағы орта мектеп комсомолецтері мен пионерлерінің арасында.

қалыптаса қоймағанын атап өтеді. Осындай жағдайда елдің сенімді қорғанысын қамтамасыз ету біздің мемлекетіміздің аса маңызды функцияларының бірі болып табылады».

Біріккен Ұлттар Ұйымы балалар қоры басқармасының (ЮНИСЕФ) деректері бойынша, күн сайын мағынасыз жанталаса қаруланудың оттығында үш миллиард доллар жанып кетеді және әр күн сайын аштықтан және емдеуге болатын сырқаттардан 40 мың бала өледі. Планетаның әрбір 100 мың тұрғынына 556 солдаттан, демек небары 85 дәрігерден келеді. Осы заманғы бір ядролық бомбардировщиктің құны дүние жүзінде жаңа туған балалардың бәріне вакцина жасау үшін қажетті қаржыдан асып түседі.

Осы цифрлардың арасында тікелей байланыс бар. Планетаны жанталаса қаруланудан арылтпайынша әлеуметтік-экономикалық өткір проблемаларды шешу мүмкін емес.

Бейбітшілікті нығайту ісі барлық совет адамдарынан, соның ішінде жеткіншек ұрпақтан жаңа күш-жігерді талап етеді.

Әр адамның бейбітшілікті нығайтуға қосар үлесі туралы әңгіме Бейбітшілік сабағының негізгі мазмұнын құрауға тиіс. Біздің еліміздегі бейбітшіл күштер қозғалысын бейнелейтін ұйым — Советтік бейбітшілік қорының жұмысы туралы әңгіме оның тақырыптарының бірі болуы мүмкін. Советтік бейбітшілік қорының есебіне жыл сайын жарна түрінде жүздеген миллион сом түсіп отырған, осы ұйым жұмысына ондаған миллион адам қатысып отырған қазіргі уақытта көптеген кісілер шын мәніндегі осы бүкіл халықтық қозғалыстың қалай дүниеге келгені туралы сұрайды.

Советтік Бейбітшілікті қорғау комитеті мен Бейбітшілік қорының алғашқы жауапты секретары М. И. Котовтың еске алғанындай, 1949 жылдың өзінде советтік бейбітшілікті жақтаушылардың конференциясында делегаттардың көпшілігі халықтың қалың ортасында бейбітшілік үшін ақшалай жарна мен қолдау ұмтылысының тууы туралы хабарлаған еді. Іле Советтік бейбітшілікті қорғау комитетіне хаттар түсе бастады: адамдар бейбітшілік жолындағы күреске материалдық қолдау жасау тілегін білдірді. Шын мәнінде, әрбір семья дерлік, материалдық қиыншылықтарды өткеріп отырған сол жылдардың өзінде соғыстың барлық қауіп-қатерін білетін совет адамдары бейбітшілік ісіне ақшалай жарна берді.

Советтік бейбітшілікті қорғау комитеті, шетелдермен достық және мәдени байланыстың советтік қоғамының одағы, Советтік әйелдер комитеті, Советтік соғыс ардагерлері комитеті және бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысына қатысушы басқа қоғамдық ұйымдар 1961 жылы апрельде өткен жиналыста Советтік бейбітшілік қорын құрды.

Содан бері ширек ғасырдан астам уақыт өтті. Кәсіпорындарда, колхоздарда, совхоздарда, мекемелер мен оқу орындарында қорға ықпал жасау комиссиялары құрылды. Қалалар мен аудандарда Советтік бейбітшілік қорының бөлімшелері бар. Көптеген жеке жарналармен қатар «Бейбітшілік вахталары» және бейбітшіл күштердің бүкіл халықтық «қорын» толықтырудың басқа бұқаралық формалары елдің әлеуметтік-саяси өмірінің ажырамас элементіне айналды.

Әр облыста, әлбетте, түрлі кезде ақшалай үлес қосқан, бейбітшілік ісіне көмектескен кәсіпорындар, адамдар баршылық. Оларды балалармен әңгімеге қатысуға шақыруға болады. Ал олардың айтар істері баршылық. Демек өткен жылы ғана елдің ұйымдары мен азаматтарынан қорға 201 миллион 596 мың сом, соның ішінде Қазақ ССР-інен 10 миллион 129 мың сом түсті.

Digitized by Google

Қор қаржысы халықаралық байланыстар мен қатынастарды нығайтуға жұмсалады. Бұл — конгрестерді, конференцияларды, семинарларды өткізу, шерулерді, бейбітшілік жорықтары мен үйірмелерін, соғысқа қарсы басқа шараларды ұйымдастыру.

Қыруар қаржы соғыс ардагерлеріне, балаларға көмекке беріледі. Демек соғыс ардагерлері мен интернационалист-жауынгерлерге арналған Алматыдағы госпиталь құрылысына 12 миллион сом аударылды. Ал 15 миллион сом Армениядағы жер сілкінуден зардап шеккен аудандардағы ауруханалар, мектептер, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері құрылысына берілді.

Қор балалардың халықаралық конференциясын ұйымдастырушылардың бірі болды. Оның барысында советтік, американдық және финляндиялық оқушылар КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары М. С. Горбачевпен және АҚШ президенті Р. Рейганмен кездесті. Халықаралық туризмнің «Спутник» бюросымен бірлесіп «Балалар —XXI ғасырдың түлектері» программасы бойынша жоғары класс оқушыларының советтік-американдық жасөспірімдер лагерінде кездесуі, шведтік «Бейбітшілік жолындағы ынтымақтастық ұйымы» тарапынан соғысқа қарсы шеру ұйымдастырылды.

Біздің балаларымыздың көпшілігі «Польшаның жас достары» деген бұқаралық акцияға қатысты, оның барысында туысқан елдегі құрбыларымен байланыс орнатты. Қазір «Біз — бейбітшілік үшін күрестеміз» деген балалар суреттерінің республикалық конкурсы өтуде, олардың таңдаулылары биыл республикалық «Өнер» баспасында шығатын альбомға қойылады. Балалар ядролық сынауларды тоқтату жолындағы «Невада» қозғалысына да белсене қатысуда.

Егер оқушылар бейбітшілікті нығайту үшін нақты не жасай алатынын анықтаса, бейбітшілік сабағы өз мақсатына жетеді. Ал мұндағы қызмет өрісі кең. Бұлардың жексенбіліктер, ынтымақ жәрмеңкелері болуы, оларда тапқан қаржының Бейбітшілік қорына немесе В. И. Ленин атындағы балалар қорына аударылуы мүмкін.

Бұл — интернационалдық достық клубтарының жұмысын жақсарту, басқа елдердегі өз құрбыларымен байланыс орнату, «Балалар дипломатиясына» қатысу, жас американдық Саманта Смит пен москвалық Катя Лычева оның тамаша бастаушыларының бірі болды. Қазір жас парламентарийлер қатарында түрлі елдерден 1 миллион бала бар. Қазақстандық балалар АҚШ-тан 11 жасар ұшқыш Тони Алиендженмен кездесті. Және ол арқылы бейбітшілікті нығайту ісіне ықпал жасау ұсынысы айтылған көптеген хаттарды президент Джордж Бушқа берді.

Бұл — Ұлы Отан соғысы ардагерлерін, интернационалист-жауынгерлерді және олардың семьяларын қамқорлыққа алу.

Бұл — кәсіпорындар мен ұйымдардың түрлі еңбек істеріне қатысу. Демек біздің еліміздің бейбітшілік ісіне қосатын үлесі көбіне-көп оның экономикалық потенциалымен анықталады.

Әлбетте, жас ұрпақтың аса сүбелі үлесі — бұл өте үздік оқу, өз Отанының патриоты, түбегейлі интернационалист, халықтар арасындағы достық жақтаушысы болу ұмтылысы.

Т. ЩИПАНОВА.

Үгітші календары. Сентябрь

1— Білім күні.

— Бүкіл дүниежүзілік бейбітшілік күні

— Кәсіподақтардың бейбітшілік жолындағы іс-қимыл күні.

3 — Мұнай мен газ өнеркәсібі қызметкерлерінің күні.

4— Омбыда қазақ балаларына арналып мектеп ашылғанына 200 жыл толады (1789).

5— Азамат соғысының батыры В. И. Чапаевтың қаза тапқанына 70 жыл (1887—1919).

8— Журналистердің халықаралық ынтымақ күні.

10— Танкішілер күні.

14— Павлодар облыстық «Қызыл Ту» газетінің бірінші номері шыққанына 60 жыл (1929).

17— Орман қызметкерлерінің күні.

24— Машина жасаушы күні.

27— Бүкіл дүниежүзілік туризм күні.

28— КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, СССР Министрлер Советінің Председателі Н. И. Рыжков 60 жаста (1929).

— Бұдан 125 жыл бұрын (1864) Лондонда жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі (I Интернационал) құрылды.

Digitized by Google

СҰХБАТТАСУ МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ

Шындыққа өктем правоны ешкім иеленбейді. Егер қайсыбіреу қайсыбір проблеманы аса терең білушілікке үміттенер болса, онда ол мұны өз ойын ашық айтумен, иланымды баяндаумен, дәлелдің әдептілігімен көрсетуге тиіс. Әлбетте, мұның барысында оппоненттің қарсылық білдіру правосы бар. Жалпы, оппонентті сыйлаушылық болған, пікір алмасу барысында өзінің көзқарасын өзгерту мүмкіншілігі қарастырылатын жерде ғана шын мәніндегі сұхбат мүмкін. Сұхбатты жүргізе білмеу және оған ниет етпеу — біздің өткендегі қиындықпен алатын догматикалық әдеттеріміздің бірі. Сонымен бірге сұхбат — жаңаша ойлауға тән қасиеттердің бірі.

Академик С. Д. Лихачев өзінің «Ізгі де тамаша қасиеттер туралы хат» деген кітабында сұхбат мәдениеті лайдасына қызықты дәлелдерді баяндайды. Біз оның кітабынан бір бөлімді жариялап отырмыз.

СЫПАЙЫГЕРШІЛІКПЕН АЙТЫСА БІЛЕЙІК

Өмірде өте көп айтысуға, қарсылық білдіруге, басқалардың пікірін теріске шығаруға, келіспеуге тура келеді.

Адам дискуссияны жүргізіп, дауласып, өз иланымын жақтай білген кезде ол өзінің мәдениеттілігін бәрінен жақсы көрсетеді.

Айтыс үстінде интеллигенттілік, ойлау үйлесімділігі, кішіпейілділік, адамдарды сыйлай білушілік және... өзін-өзі сыйлаушылық бірден байқалады.

Егер айтыс үстінде адам шындық туралы емес, өзінің қарсыласын жеңіп шығу туралы ғана қамқорлық жасап, өз қарсыласын тыңдай білмесе, одан қаттырақ сөйлеуге, айыптаулармен қорқытуға ұмтылса бұл бос адам, оның айтысы да мәнсіз.

Ақылды әрі әділетті адам айтысты қалай жүргізеді?

Ең алдымен ол өз қарсыласын — пікірімен келіспейтін адамды мұқият тыңдайды. Оның үстіне, егер қарсыласының позициясында оған әлдене түсініксіз болса, оған қосымша сұрақтар қояды. Тағы: егер қарсыласының бүкіл позициясы анық болса, онда ол қарсыласының пайымдауларындағы ең әлсіз буындарды алып, өзінің қарсыласының мұны қуаттайтынын қайталап сұрайды.

Өз қарсыласын мұқият тыңдап, қайталап сауалдар қою арқылы айтысушы өз мақсатына жетеді: 1) қарсыласы оны «теріс ұғынды», ол «былай деп пайымдаған жоқпын» деп қарсылық білдіре алмайды; 2) айтысушы қарсыласының пікіріне өзінің мұқият қарауы арқылы айтысты қадағалаушылар назарын бірден өзіне аударып алады; 3) айтысушы тыңдау және қайталап сұрау арқылы өзінің наразылық білдіруін ойластыру (ал мұның өзі сондай маңызды), айтыста өз позициясын анықтау үшін уақыт ұтады.

Одан әрі қарсылық білдіре отырып, айтыстың әдепсіз тәсілдерін қолдануға ешуақытта болмайды және төмендегі ережелерді ұстануға: 1) айыптауға емес, қарсылық білдіруге; 2) «кек тұтуға емес», қарсылас иланымының дәлелдеріне араласу әрекетін жасауға емес («сіз өзіңізге тиімді болғандықтан осы көзқараста тұрасыз», «өзіңіз сондай болғандықтан осылай деп тұрсыз» т. б.); 3) айтыс тақырыбынан басқа жаққа жалтаруға болмайды, айтысты ақырына дейін жеткізе білуге, яғни қарсыластың тезисін теріске шығару, немесе қарсыласының дұрыстығын мойындауға тиіс.

Мен өзімнің соңғы пайымдауыма айрықша тоқталғым келеді.

Егер сіз әуел бастан айтысты әдепті әрі байсалды, дауыс көтермей жүргізсеңіз, сол арқылы сіз өзіңізге лайықты түрде кері шегінуді қамтамасыз етесіз.

Байсалды, қажетті жағдайда қарсыласының дұрыстығын толық немесе ішінара мойындаудан асқан ештеңе жоқ екені естеріңізде болсын. Сіз бұл арқылы төңірегіңіздегілердің сый-құрметіне бөленесіз. Сіз бұл арқылы өзіңізге ақиқаттың қаншалықты қымбат екенін көрсетесіз. Сіз бұл арқылы өз қарсыласыңызды да, былайша айтқанда, шегініс жасауға шақырып, өз позициясын жұмсартуға мәжбүр етесіз.

Іс сіздің жалпы иланымыңызға, сіздің адамгершілік принциптеріңізге (олар әрдайым асқақ болуға тиіс) қатысты болмағанда ғана қарсыластың дұрыстығын мойындауға болады.

Адам флюгер болмауға тиіс, оппонентке жақсы көрініу немесе құдай

Digitized by Google

сақтасын, қорқақтықтан, мансапқорлық ниеттен т. б. оған ығыспауға тиіс.

Дегенмен сізді өз иланымыңыздан (әлбетте, асқақ) бас тартуға мәжбүр етпейтін немесе айтыста жеңілгенді келекелеп, масаттанбай, оппоненттің заңды пікірін кемсітпей өз жеңісіңді лайықты қабылдай білу арқылы мәселеде орынды шегіне білу — мұның өзі сондай тамаша.

Аса үлкен интеллектуальдық сезімдердің бірі — іскер де ақылды айтысушылар жүргізетін айтысты қадағалау.

Айтыста дәлелсіз айтысудан асқан орашолақтық болмайды. Гогольдің «Өлі жандарындағы» екі бикенің әңгімесін еске түсіріңіздерші.

«— Е, сәулем-ай, ол бажалақ болады ғой.

— Жоқ, сәулем, бажалақ емес.

— Қой, бажалақ қой».

Айтысушыларда дәлел болмаған кезде тек «пікір» керінеді.

ҚАЛАЙ СӨЙЛЕУ КЕРЕК

Жұртшылық алдында сөз сөйлеу енді біздің өміріміздегі үйреншікті іс. Әрбір адамның жиналыстарда сөз сөйлеп, лекция және баяндамалар жасай білуі керек.

Шешендер мен лекторлар өнері туралы барлық ғасырларда мыңдаған кітаптар жазылды. Шешендік өнері туралы белгілі нәрселерді осында қайталап жатудың қажеті жоқ. Бір ғана, тым жұпыны нәрсені айтайын, сөйленетін сөз қызықты болуы үшін сөз сөйлеуші адамның өзіне ол қызықты болуға тиіс. Өзінің көзқарасын баяндау, бұған иландыру оның өзіне қызықты болуға тиіс, лекция материалы оның өзі үшін тартымды, қайсыбір дәрежеде таңданарлық болуға тиіс. Сөйлеушінің өзі сөйлейтін сөзіне мүдделі болуға және осыны тыңдаушыларға жеткізіп, сөз сөйлеушінің мүдделі екенін сезіне білуге оларды жетелей алуы керек. Сонда ғана оны тыңдау қызықты болады.

Демек, тағы бір мәселе: сөйлейтін сөзде тең праволы бірнеше ой мен идея болмауға тиіс. Барлық сөздерде басқа сөздер бағынатын басым бір идея, бір ой болуға тиіс. Сонда сөз өзіңді бауырымен қатар жадыңда сақталады.

Ал негізінен, әрдайым жақсы позиция тұрғысынан сөйлеңіз. Тіпті қайсыбір идеяға, ойға қарсы сөздің өзін өзіңізбен пікірталастырып тұрған адамның сезінің жағымды жағын қолдайтындай етіп құруға ұмтылыңыз. Жұртшылық алдында сөйленетін сөздер әр кезде қоғамдық позицияда болуға тиіс. Сонда ғана ол ниеттестік қолдау табады.

СІЗДІҢ БЛОКНОТЫҢЫЗҒА

ТАЛАСТАН ШЫНДЫҚ ТУЫНДАЙДЫ

Айтыстарсыз, таластарсыз және пікірлер күресінсіз ешқандай қозғалыстың, оның ішінде жұмысшы қозғалысының да болуы мүмкін емес.

В. И. ЛЕНИН.

...Өзіңнен өзгеше ойлайтындардан немесе іске басқаша қарайтындардан «интригаға» немесе «қарсы әрекет» іздемей, қайта өз пікірі бар адамдарды бағалау керек.

В. И. ЛЕНИН.

Пролетариаттың көзін ашатын, оны ұйымдастыратын жұмыстың барысына **өзінің** *жауапкершілігін білетін алдыңғы қатарлы жұмысшылар* **болмай қоймайтын** *таластардың,* **болмай қоймайтын** *пікірлер күресінің салғыласқан жанжалға, өсек-аяңға, ұрыс-керіске, жалаға* **айналып кетпеуіне** *өте-мөте зер сала қарап отыруы керек.*

В. И. ЛЕНИН.

Ақиқат жалаң сөздер мен жарлықтардан тумайды, ол ғылыми айтыстар мен таластардан туады, іс-қимыл үстінде тексеріледі.

М. С. ГОРБАЧЕВ.

Сөз таластыру көп адамның қолынан келеді, ал жай ғана әңгімелесе білетіндер аз-ақ.

А. ОЛКОТТ.

Бүге-шігесіне дейін түгін қалдырмай айтуға тырысу нәзік сезінуге қабілетті адамды жалықтырып, намысына тиеді.

Р. ЛЮКСЕМБУРГ.

Өзара әңгімені әңгімелесушілердің әрқайсысы одан пайда көріп, көп білім алатындай етіп жүргізу керек.

ГЕРАКЛИТ.

Digitized by Google

ҚЫЗДАР — АНАЛАР

«Ана. Жылдар өткен сайын осы сөздер мәні ұлғая түседі, алайда көбіне оның мәніне ана деп ешкімді атауға болмайтын кезде қанығасың».

Галина СЕРЕБРЯКОВА.

Менің мазамды алған екі кездесу туралы әсерімді алмаспай тұра алмаймын. Алғашқы кездесу балалар үйінде болды. Есікті ашар-ашпастан мені түрлі жастағы балалар қоршап алды. Бір топ бөбектер маған жармаса кетті. Әрқайсысының маған жанасқысы, менің кімнің мамасы екенімді, кімге келгенімді білгісі келді. Демек әрқайсысының жанарынан мүмкін бұл менің мамам шығар деген үміт отын аңғардым.

Екінші кездесу Алматыдағы мүгедектер мен қарт адамдардың интернат-үйінде болды. Егер балалар үйінде мамаларын тосса, мұнда, керісінше, мамалары қыздарын, ұлдарын, немерелерін зарыға күтеді. Мен үй маңындағы аллеямен келе жаттым, ал парктің әрбір жерінен бұл кім екен, кімге келді екен деп қарап, кемпірлер маған қарай асыға басып келеді. Назарларында мұң мен үміт бар.

Әлдебір кереметті күткен осы адамдар арасымен өту ауыр да қиын болды. Балалардың жаудыраған көзіне қараған кезде жүрегіңді сыздатқан осы жағдайды айтып жеткізер сөз табу қиын, дегенмен балалардың болашағы бар ғой. Ер жетеді, семья құрады, демек ананың аялы мейірімін бүкіл өмір бойы аңсап жүрсе де, туған адамдары қасында болады. Ал қарт адамдарға анағұрлым қиын — олар өмірдегі ең ардақтысынан айрылған.

Демек, аналар туралы, балаларының, немерелерінің ортасында жайлы, бақытты өмір сүріп жатқан аналар туралы емес, «қамқорлықтағы» деген атқа ие болған, олардың қартайған шағындағы өмірі туралы, мемлекет әлеуметтік қамсыздандыру арқылы ғана қамқорлық жасайтындар туралы әңгімелейік. Олар қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде тұрады. Ең алдымен статистикалық деректерді еске салайық.

Бүгінде елімізде 10 миллионға жуық жалғызілікті егде адамдар тұрады. Олардың 700 мыңнан астамы ұдайы күтімді қажет етеді. 300 мыңға жуығы-интернат-үйлерде тұрады, олардың 80 процентінің туысқандары, әрбір төртіншісінің балалары бар. Интернат-үйлер Армения мен Грузияда ғана жоқ, онда ата-аналар семьяларымен бірге тұрады.

Біздің республикада 29 мыңдай жалғызілікті қарт, 4310 адам тұратын 15 интернат-үйі бар. Олардың тең жартысының ғана сол елді мекендерде тұратын жақын туысқандары бар.

Аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімдерінде әртүрлі комиссиялар мәжіліс құрады, олар мәселелерді шешеді, қаулы етеді, үйлерге орналастырады, алайда ешқандай комиссия туған балаларын, олардың ыстық лебізі мен мейірімін алмастыра алмайды.

...Евдокия Петровна 80 жаста, дегенмен ол жылдам жүреді, әрі ширақ, әзілқалжыңы қалмаған. Оның тағдыры көптеген замандастарының өмірі сияқты ауыр да қиын болды. Соғыс кезінде шиеттей жас үш баламен қалды, күйеуі майданнан оралмады, алайда қиындыққа қарамастан ұлдарын өсіріп, ел қатарына қосты. «Бірақ мен оларды сақтай алмадым, — деп көзіне жас алады Евдокия Петровна. — Ұлдарым ішімдікке үйір болып алды.



ЦЕЛИНОГРАД. Есіл жағасында соғыс пен еңбек ардагерлеріне арналған 450 орындық жаңа интернат-үй ашылды. Целиноградтықтар осы жағдайды сырттай бақылаушылар ретінде қалған жоқ: кәсіпорындар коллективтері үйді жайластыруға және оның тұрғындары үшін жағдай жасауға жобалық құнға қосымша тағы 500 мың сом бөлді. Жайлы бөлмелер, кең холдар, үлкен асхана, сымды кинозалы, шаштараз, тамаша жабдықталған медицина кабинеттері — осының бәрі адамдар туралы аялы қамқорлық көрсетуге арналған.

СУРЕТТЕ: холда түрлі-түсті телевизор көруге болады.

Digitized by Google

Басында мерекеде, жалақы алған күндері ішетін, ал кейіннен ешбір сылтаусыз-ақ іше беретін болды». Ұдайы ұрыс-жанжал, ал кейіннен қол жұмсау, оның өзінің айтқанындай, «паналау үйіне» келуіне мәжбүр етті. «Осында келіп түскенде сондай қиын болды, түнімен ұйықтамады, жылады», — деп әңгімелейді медсестра. Бірте-бірте көндігіп, бұрынғы ширақтығы оралды, бір нәрсе істеу, біреуге қамқорлық жасау тілегі оянды. Асханаға көмектесуге, шақырғанға, өзінің немесе басқа біреудің кір заттарын жуғанға разы болып қалады, «Жұмыс істеу арқылы өмір сүрудемін», — деп күлімдейді ол.

Мен интернат-үйде тұтас бір күн болдым. Және менің шағын дәптерім жалғызілікті адамдардың ащы тағдыры туралы жазбаларға толды.

...Ерлі-зайыпты Ледневтар — соғыстан кейін үйленеді, әрқайсысының бір-бір баласы болды. Демек қартайып, біреудің көмегін қажетсінген қазіргі кезде олар балаларға қажет болмай қалды. Анастасия Якимовнаның қызы оны өгей әкесінсіз қолдарына алуға, ал Григорий Семеновичтің балалары әкесін өгей шешесінсіз алуға келіседі. Ал олардың бір-бірінен ажырасқысы келмейді.

...Менің алдымда тамырлары білеуленген қолдарын тізесіне қойып, Палагея Семеновна К-ва қайғылы пішінде үнсіз отыр. Ол кірпіш заводында отыз жыл жұмыс істеген. Туған кәсіпорны оның еңбегін жоғары бағалады. Ленин орденімен наградталды, пәтерді де осында алды, демек келін алғанша ұлымен қарымқатынасы жақсы болды. Кейін өзінің меншікті пәтерінен кетіп, осында паналауына тура келді. Кейде немерелері келіп тұрады. Олар туралы айтқанда әйелдің көздері ұшқын шашып, жүзі жадырай түседі, олар туралы шексіз айта бергісі келетіні көздерінен аңғарылады. Бірақ ол немерелерімен тым сирек жүздеседі.

Демек әңгімелескен адамдардың бәрінің тағдыры ұқсас: соғыс, ауыр бейнет, қолда қалған жас балалар. Күйеулері соғыста қайтыс болған, немесе ауыр жарақаттан және аурудан соғыстан кейін көп ұзамай қайтыс болған. Балалар тәрбиесімен айналысуға уақыттары болмаған: тамағы тоқ, киімі бүтін болса, тірі жүрсе болды деген. Соғыс кезі ғой, балалар тәрбиесінде көп нәрсенің қалыс қалуы әбден мүмкін, деп пікір түйеді менің әңгімелескен кісілерім. сөйтіп өз балаларын қайта-қайта ақтай береді. Алайда осылай деп түсіндірген сайын менің олармен келісуім қиындау.

Мен мақаланы әзірлей отырып, осы күндері қатыгездік, осы ауыр кеселдердің бастауы қайдан шығатыны, эгоизм, ата-ананы сыйламаушылық неден басталатыны туралы көптеген адамдармен әңгімелестім. Менің сұхбаттасушыларымның көпшілігі ата-аналардың педагогикалық жағынан дәрменсіздігі туралы айтты. Расында да, мынадай көрініс біздің әрқайсымыз елестете аламыз: ауыр заттарды көтерген, бала жетектеген, шаршаған жас әйел адамдарға лық толған автобусқа қысылып мініп жатады, дәл сол сәтте соншама маңызды болып көрінетін бір

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН

НАРАЗЫЛЫҚ ЖӘНЕ РЕНІШ ТУДЫРМАЙ

адамға ықпал етудің тоғыз тәсілі. Дейл Карнегидің ұсыныстары

1. Егер сіздің біреуді жазғырғыңыз келсе, оны мақтаудан және шынайы мақұлдаудан бастаңыз. **«Өзіңіздің жақсы жақтарыңыз туралы айтылған сөздерді естігеннен кейін жазғыру сөздерін есту әрқашан да жеңілдеу болады».** (Мәселен: «Сіз ақылды, тындырымды қызметкерсіз ғой. Сіз неліктен осы тапсырманы әлі күнге дейін орындамағансыз?»).

2. «Адамның назарын оның қателіктеріне аудара отырып, оны бетке салық етпеңіз». Карнеги, мәселен, мынадай оқиғаны келтіреді: «Универмагтардың бірінің директоры сөре жанында жалғыз тұрған сатып алушыны көреді, ал сатушылар бұл кезде бір-бірімен қалжыңдасып, әңгімелесіп жатады. Ол ешнәрсе деместен сөренің арғы жағына өтіп, қысылып қалған сатушылардың көз алдында сатып алушыға қызмет көрсетті».

3. Біреуді сынамастан бұрын, ең алдымен осындай жағдайдағы өткен өз қателегіңізді ескертіңіз. Сынап тұрған адамыңыз сіздің де кінәлі болғаныңызды білін, өзінің қателігін тезірек мойындайды.

4. Бұйрық бере отырып, мұны сұрақ түрінде жасаңыз: «анда барып келіңіз, мында барып келіңіз!» демей, **«Сіз сол жаққа барып, мынаны істей алмайсыз ба?»,** деңіз. Осы кеңес сізге соншама маңызды болып көрінеді.

5. «Әңгімелесушінің қадір-қасиетін сақтаңыз». Сынаған кезде асыра сілтемеңіз, қарамағыңыздағы адамды басқа адамдардың көзінше сынамаңыз (нақтылай түсейік —

Digitized by Google

сұраққа жауап сұраған баласын жұлқа тартады, тіпті шапалақпен тартып жібереді. Балаиың еркі, ынтызарлығы осылай жаныштамай ма? Балалар мен ата-аналар арасындағы өзара ұғынушылықтың бәсеңдеуі осы сәттен басталмай ма екен?

Ал әкелер көбіне қандай өнеге көрсетеді? Өкінішке қарай, әр кез жақсы үлгі-өнеге көрсете бермейді, қоғамдық орындарда маскүнемдікті ығыстырған қазіргі кезде маскүнем әкелер көзге түсіп қалудан сескеніп, үйде ішеді. Балаларға деген немқұрайды қатынасымыз қартайған шағымызда бізді осындай жағдайға душар ететін шығар. Заманымыздың көрнекті жазушысы Стефан Цвейгтің адамның қайғылы жағдайларының елеусіз себептері туралы даналық сөздерін осы жерде еріксіз еске аласың: «Сырқат анықталғаннан көп бұрын басталатынындай, адам тағдыры ол шындыққа айналып, қалыптасқан сәтте ғана туындамайды: ол бізде анық білінгенше, қанымызға толық жайылып үлгереді. Өзіңді-өзің сезіну сырқатқа қарсылық көрсетумен бірдей».

Демек, ата-аналардың қателіктері мен ағаттықтары туралы айта отырып, балалар, өзінің қартайған папалары мен мамаларын ұмытқандар кінәсін ақтау ниетім жоқ. Өмірге қаншама өкпелесең де өзінің ата-ана алдындағы парызын ешқандай ұлдың да қыздың да ұмытуға хақысы жоқ. Өмір бізге қаншама ауыр сыйын тартқанымен перзенттік парызын ұмытуға ешкімнің хақысы жоқ. Бізді өмірге әкелген, бізді асыраған, шамаларына қарай тәрбие берген ата-аналарға разы болуға тиістіміз. Дегенмен қарт адамдар осы жолдарды оқи отырып, мен үлкендерді қатты кіналайды деп ренiш білдіруінен сескенемін. Өйткені аялы ортада өскен, әкелері мен шешелерінен керек нәрсенің бәрін алған ұлдар мен қыздар да олар туралы ұмытып кетеді ғой.

Тағы бір сұрақ еріксіз туындайды: қатыгез ұлдар мен қыздар еңбек ететін коллективтерде осы жайында біле ме екен? Әрдайым олай бола бермейді дер едім. Бұл жағдай коллективтердің назарына кеш, ата-аналардың жан-жарасы асқынып, әйгілі болған кезде жететініне өкініш білдіруге тура келеді.

Қарт адамдармен болған кездесулерден кейін В. А. Сухомлинскийдің қарттық туралы сөздерін жиі еске аламын: қарттық бақыт болуы мүмкін емес, оның тек тыныштық немесе ауыртпалық болуы мүмкін. Оны сыйлаған кезде ғана ол тыныштыққа ие болады, ал жалғыздық пен ұмыт қалдыру оны бақытсыз етеді.

Демек, тағы бір мәселе ертеде-ақ байқалған: ол ата-аналарға қатыгездікпен қарау — бұл балалардың өздері үшін өте нашар үлгі, олардың ержеткеннен кейін папалары мен мамаларын осындай жағдайға душар етуі мүмкін. Демек, «не ексең, соны орасың» дегендей, бәрі өзімізге оралады, байқамай жіберіп алған қатыгездік пен мейірімсіздік өз басымызға түсіп жүрмес пе екен.

О. КРЕЙМЕР.

егер біреулердің жіберген қателіктерін басқалардың білуінің ешқандай қажеті болмаса; ақталу тәсілдері әлі де анық болмаған кезде кінәлі адаммен оңаша әңгімелесу кезінде оны сынау тиімді).

6. «Адамды оның әрбір, тіпті елеусіз жетістігі үшін мақтаңыз. Мұның барысында өзіңіздің қолдау жасау сөзіңізді шын ниетпен айтыңыз». Орынды айтылған мақтау адамдардың бойындағы ашылмаған мүмкіндіктерді оятады.

7 «Адамдарға игілікті атақ беріп, ол соған лайық өмір сүретіндей жағдай жасаңыз». Адам өзінің жақсы сапасына сіздің берген жоғары бағаңыздың әділеттілігін төңірегіндегілерге дәлелдеуге ұмтылатын болады, демек жаңа әлеуметтік роль ол үшін үйреншікті іске айналады. **«Егер адам бойында нақты бір қасиетті дамытқыңыз келсе, осы қасиеттер оған тән сияқты сыңай танытыңыз...», «Адамға жақсы бедел сыйлай біліңіз».**

8. Кемшілікті немесе жіберілген ағаттықты жою оңай екенін, ал өзіңіз ұсынатын істі орындау жеңіл екенін адамға көрсете біліңіз. **«Адамды желпіндіре біліңіз... оның бойында интуиция бар екенін, оны тек дамыту керектігін түсінуіне мүмкіндік беріңіз... Сонда ол сіздің оның бойында оятқан сеніміңізді ақтау үшін, сол мақсатқа жету үшін таң атқанша жұмыс істейтін болады».**

9. «Сіз ұсынған істің адамдардың орындауына ыңғайлы болуына ұмтылыңыз. Қайсыбір адам оның өзіне ұнамды, қызықты және пайдалы болатын тапсырманы орындау туралы өтінішті ықыласпен орындайды».

Дейл Карнеги — американ жазушысы, экономисі, психологы. Оның «Достарды қалай табу керек және адамдарға қалай ықпал ету керек» деген кітабы көптеген тілдерге аударылған. «Народное хозяйство Казахстана» журналы (үстіміздегі жылғы бесінші номерінде) осы бірегей еңбектен мақалалар сериясын жариялауды бастады.

Digitized by Google

ПЕТРОПАВЛДЫҢ ӨНЕР МУЗЕЙІ

Аспанмен астасқандай әсер тудыратын үшкіл мұнарасы, ағаштардан түрлі ойып жасалған өрнектері бар. күн сәулесі кептеп түсетін еңселі үй. Өнер музейі ыңғайлы орналасқан Петропавлдағы бұл көне үй осылай көрінеді. Облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорларында сақталған живопись, графика және мүсін коллекцияларынан жасалған бейнелеу өнері бөлімі оның негізін қалады.

Жаңа мәдениет ошағында, оның бертінде құрылғанына қарамастан, мыңнан астам жұмыс бар. Олардың ішінде атақты алғашқы қазақ суретшісі Ә. Қастеевтің, Алматының өнер музейі оның есімімен аталады, сондай-ақ республиканың қарт қылқалам шебері Н. Крутильниковтың полотносы қойылған. Н. Крутильников отызыншы жылдары Петропавлда ұйымдастырылған алғашқы жылжымалы көркем сурет көрмесіне белсене қатысушы болған еді. Қазақ ССР-інің халық суретшілері А. Черкасскийдің, Л. Леонтьевтің, С. Сидоркиннің, Г. Гаевтің, еңбек сіңірген өнер қайраткері К. Барановтың шығармалары бар.

Музейде сондай-ақ басқа республикалардан қылқалам мен ойып өрнек жасаушы шеберлердің тамаша жұмыстары бар. Мәселен, СССР халық суретшісі Г. Ханджянның көмірмен жасалған суреттері бірегей, Р. Хачатрянның, В. Ткачуктың графикалық беттері қызықты, О. Комовтың, А. Пологовойдың, А. Марцтың жасаған мүсіндері қызықты.

Музей қызметкерлерінің коллекцияларды жинауына Алматыдағы, Целиноградтағы, Павлодардағы, Қарағандыдағы әріптестері көмектесуде. Музей директоры Олег Иванович Мартынюк пен аға ғылыми қызметкер Наталья Степановна Чепурнова бұл тұрғыдан көп күш жұмсады. Әрине, жанашырлар да табылды. Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, республикалық картина галлереясының бұрынғы директоры, қазір дербес пенсионер Любовь Георгиевна Плахотная сондай адамдардың біріне айналды. Ол өз коллекциясының үлкен бөлігін музейге сыйға берді, ал қазір живопись пен графиканың көне туындыларын іздестіруге қатысуда.

Қазіргі уақытта музей жанынан халық творчествосы бұйымдарынан құрастырылған қор жасалды. Жергілікті этнографиялық экспедицияға қатысушылар жинаған экспонаттар оның негізі болды. Шалғай елді мекендерде болып, олар көне киімдерді, тұрмыстық, діни бұйымдарды және басқа заттарды әкелді.

Музей қызметкерлері қала мектептерінде, кәсіпорындарында көне және бүгінгі өнерді дәріптейді, тақырыптық лекторийлерді жүргізеді. Ал тікелей музейдің өзінде қылқалам мен ағаштан ойып өрнек жасаушы шеберлер семинары, халық творчествосы үйірмелері жұмыс істейді. Оларда профессионалдар талапкерлердің шеберлік сырына қанығуына көмектеседі. Келешекте өнер музейін Солтүстік Қазақстанның ағаш сәулетшілігі мен көне кәсіпшіліктерінің кептеген түрлері жиналатын этнографиялық комплекс орталығы ету белгіленуде. Жаңадан салынған бірегей теремоктерде мүдделілік клубтары ашылады, онда балалар мен ересектер ұсталық ісіне, тоқымашылыққа, ағаштан ойып өрнек жасауға үйрене алады.

Музей адресі: **642000 Петропавл қаласы, Бостандық көшесі, 17.**

А. ЛЕТЯГИН,
«Ленинское знамя» газетінің тілшісі.

БІЗДІҢ АДРЕС:
480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39

Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84
63-27-74,
63-27-56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: Н. И. ЛАРИН, А. МӘУТЕНБАЕВ, К. М. СҰЛЕЙМЕНОВА, Б. Ғ. ШОЛАНОВ.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.

Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,

Сдано в набор 13.07.89. г. Подписано в печати 31.07.89. г. УГ 06380 Формат 70x108 1/16. Бумага офсетная № 2. Печать офсентая. Усл. печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8. Тираж 53578 экз. (каз. изд. 27522., рус. изд. 26056 экз.). Заказ 135. Цена 15 коп.

ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google



● Өнер музейі.
● Музейдің насихат және баспа қызметі бөлімінің меңгерушісі И. В. Приходько.
● Музейдің суретші-реставраторы В. С. Сальков жұмыс үстінде.






Digitized by Google

Бағасы — 15 тиын.

Индекс 75328



«Плакат» баспасы.


«Қазақстан үгітшісі», 1989, № 16, 1—32.

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ

Баршаға арналған өнім туралы бәріміз қамқорлық жасауға тиіспіз



1989

17

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



Ибрайымжан Қожақметов Талдықорған облысы Панфилов ауданының Киров атындағы колхозының ұдайы председателі болып ширек ғасырдан астам жұмыс істейді. Председательдің әлеуметтік саланы дамытуға көңіл бөлуінің арқасында колхозда әр семьяны бөлек пәтермен қамтамасыз ету проблемасы шешілді, бала бақшадағы орынға деген кезек жойылды, өндірістік бөлімшелердің бәрінде мектептер, клубтар, кітапханалар, магазиндер ашылды. «Шағын азық-түлік программасы» жүзеге асырылды. қазір диірмен мен наубайхана құрылысы аяқталып қалды, колхозшылар семьялары үшін картоп пен көкөніс өндіруге арналған суармалы алқап кеңейтілді. Облыс коммунистері Ибрайымжанның қайта құруға қосып жатқан үлесін орынды бағалады — ол Бүкілодақтық XIX партия конференциясының делегаты болып сайланды. Ал биыл оны СССР халық депутаты етіп сайлады.

Суретте: СССР халық депутаты, Одақтық колхоздар советінің мүшесі, Киров атындағы колхоз председателі И. Қожақметов.

Суретті түсірген В. ЗИНИН (ҚазТАГ).

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕРІ

17•1989
СЕНТЯБРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

НОМЕРДЕ:

Совет халқына Үндеу 2

● БІЗ — ҚАЙТА ҚҰРУҒА, ҚАЙТА ҚҰРУ — БІЗГЕ
Г. НОВИКОВ. Сенім көрсету 3

● ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫ: ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР
А. МАМЫШЕВА. Өз аясымен шектелмейді 5

● САЯСАТ. ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІР
К. КОЛПАКОВ. Бюрократизмге жол жоқ 8

● ЭКОНОМИКА: ЖЕДЕЛДЕТУ БАҒЫТЫМЕН
Л. ДОГВАЛЬ. Орманға ұқыптылықпен қарайық 11

● АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ
С. КУЛЬПИН. Кеңседе ешкім жоқ, бәрі — танапта 14
Б. ИБРАГИМОВА. Көкөніс конвейері 16

● ОҚЫП ШЫҚТЫМ — ПІКІРІМДІ АЙТАЙЫН
А. ҒАЛЫМОВ. Жаңа қырынан көрінуде 18
Н. КОТЛЯРОВА. Осындай семья бар 19

ТАБИҒАТ ЖӘНЕ БІЗ
Ж. ӘДІРБЕКОВ, В. ПЯТАК. Шымкенттіктердің «көк» сомы 20
Н. СКАЧКОВ. Табиғат қорғау объектілері іске қосылсын 21

● СҰРАҚҚА — ЖАУАП
Қ. САДЫҚБАЕВ. Лотерея: кімдерге пайдалы! 22

● ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН
Н. ОБЗОРОВ. Ерлі-зайыпты керісер де келісер 24

● ТӘЖІРИБЕ АДРЕСТЕРІ
Г. ДЕГТЯРЕВА. Сылдырлап бұлақ ағa бастады 26

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР
Н. МИРОШНИК. «Иә, астық болады» 28

● ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ
Партия қатарында қалды 31

● РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ
Б. АЙТМҰХАМБЕТОВА. Жансүгіров музейі 32

1931 жылдың ноябрьден шығып келеді.
ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАСПАСЫ.
С «Қазақстан үгітшісі», № 17, 1989 ж.

Digitized by Google

СОВЕТ ХАЛҚЫНА ҮНДЕУ

Соңғы уақыттағы оқиғалар, біресе ана аймақта, біресе мына аймақта бұрқ ете түсіп отырған ереуілдер мен стачкалар, ұлттық жанжалдар, біздің елімізде қайта құрудың өткір де қиын кезеңді бастан кешіп отырғанын көрсетеді. Түбегейлі экономикалық реформа, демократияландыру, жариялылық процесін одан әрі дамытуды жақтаушы барлық күштерді барынша біріктіруді талап ететін жағдай қалыптасып отыр.

СССР ЖОҒАРҒЫ Советі еңбекшілердің заңды талаптарына қосылады және қолдайды, олардың қайта құруды неғұрлым батыл жүргізуге, барлық адамдардың, қоғамымыздың әрбір мүшесінің еңбегі мен өмірінің жаңа жағдайларын жасау жолындағы бюрократтық кедергілерді жоюға ұмтылуына толық түсіністікпен қарайды.

Халық алдындағы өз жауапкершілігін толық сезіне отырып, СССР Жоғарғы Советі одақтық үкіметті қазірдің өзінде ең кезек күттірмейтін проблемаларды — азық-түлік, транспорт, сауда, денсаулық сақтау, қалалар мен поселкелердің тұрғын үй құрылысы, еңбек режимі мен ақы төлеу, демалыс жағдайлары проблемаларын шешуге шұғыл назар аударуға міндеттеді. Бұған жұмырда депутаттардың ұсынысы бойынша қабылданған халық тұтынатын тауарлар мен дәрі-дәрмек сатып алуды 10 миллиард сомға ұлғайту туралы шешім көмектесетін болады. СССР халық депутаттары партияның, кәсіподақтардың, қоғамдық ұйымдардың пенсионерлердің аз қамтамасыз етілген категориялары пенсиясының ең аз мөлшерін 1989 жылғы октябрьден бастап көбейту үшін өз бюджеттерінен қаржының бір бөлігін беру жөніндегі инициативаларын қолдайды.

Біз республикалық және жергілікті өкімет органдарын, барлық еңбек коллективтерін адамдардың көкейтесті талап-тілектерін қанағаттандыру үшін мүмкіндіктер мен материалдық ресурстарды табанды түрде іздеуге шақырамыз.

СССР Жоғарғы Советі осы және күзгі сессиялар кезінде еңбек коллективтерінің шынайы дербестігі мен өзін-өзі басқаруын, кәсіпорындарды және өз еңбегінің нәтижелерін пайдалану правосын, жердің шаруаларға іс жүзінде берілуін қамтамасыз ететін, республикалардың суверенитеті мен шаруашылық есебін қамтамасыз ететін, жергілікті және республикалық өкімет органдарына халық өкілдерін демократиялық жолмен сайлау үшін жағдайлар жасайтын, әрбір азаматтың праволары мен бостандығының қорғалуын қамтамасыз ететін заңдар қабылданатынына кепілдік береді. Ондай заңдардың қатарына мыналар жатады: меншік туралы, жер, және жерді пайдалану туралы, аренда және арендалық қатынастар туралы, кәсіпорындар туралы, одақтас республикаларда экономика мен әлеуметтік салаға басшылықтың жалпы негіздері туралы, жергілікті өзін-өзі басқару мен жергілікті шаруашылықтың жалпы негіздері туралы, кәсіподақтар туралы, жастар туралы, ар-ождан бостандығы туралы, баспасөз бен информация туралы және басқа заңдар.

Жоғарғы Совет жергілікті Советтердің алдағы сайлауын мүмкіндігінше жақындатып, оның шынайы демократиялық негізде өткізілуін, басшылықтың нығайтылуын, мемлекеттік аппараттың біліксіз және қабілетсіз қызметкерлерден тазартылуын, басқару аппаратының қысқартылуын және орынсыз артықшылықтарды жою бағытының одан әрі бекем жүргізілуін дұрыс деп санайды.

Біз іс-қимыл жасай аламыз және жасауға тиіспіз — бірақ сіздер қолдаған жағдайда, жұмысшы табы, шаруалар, интеллигенция, барлық қоғамдық қозғалыстар экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асыруға, барлық деңгейлердегі басқаруды демократияландыруға, біздің дамуымыздың толғағы жеткен проблемаларын сындарлы шешуге белсенді түрде қатысқан жағдайда ғана батыл да мақсатты түрде іс-қимыл жасайтын боламыз.

Қоғамымыздың экономикалық құрылымын, адамдардың бүкіл өмірін терең өзгерту ісін жүзеге асыру үшін уақыт, қажырлы да адал еңбек қажет. Еңбек жанжалдары мен әлеуметтік жанжалдарды шешудің тәртібін реттейтін заң таяудағы уақыттың ішінде қаралады, адамды бюрократизм мен озбырлықтан қорғайтын кепілдіктерді нығайту шаралары қолданылады. Ереуіл қозғалысы, түрлі аймақтардағы ұлтаралық жанжалдар іске көмектеспейді, қайта халық шаруашылығының көптеген салаларында жалғасып кетуі, экономикада дағдарысты күшейтуі, өздері үшін жүргізілін жатқан мәселелердің шешімін алыстатуы, қайта құруды күрт тежеуі мүмкін. Ал осы кезде, СССР үкіметі СССР Жоғарғы Советінің тапсыруы бойынша аз қамтамасыз етілген адамдардың пенсияларын көбейту үшін бір жарым миллиард сом қаржы іздестіріп жатқан кезде ереуілдер келтірген нұқсан қазірдің өзінде жүздеген миллион сом болып отыр.

СССР халық депутаттары сіздерден, өз сайлаушыларынан, әрбір совет адамынан біздің тарихымыздың осынау қиын өтпелі кезеңінде түсінушілік пен қолдау, ұйымшылдық пен ізгі істер күтеді.

СССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ.

Digitized by Google

БІЗ — ҚАЙТА ҚҰРУҒА, ҚАЙТА ҚҰРУ — БІЗГЕ

СЕНІМ КӨРСЕТУ


Г. НОВИКОВ,

Қазақстан Ленин комсомолы атындағы Жамбылдың «Химпром» өндірістік бірлестігі № 5 цехының аппаратшысы, цехтық партия ұйымының секретары

Біз адамдарды тәртіптілікке, тапсырылған іс үшін жауапкершілікке, дербестілікке тәрбиелеу қажеттігі туралы жиі айтамыз, ал әр адамның осы талапты жүзеге асыруына мүмкіндік береміз бе? Өкінішке қарай, әрдайым олай бола бермейді. Ал кейде адамға шындап сенім көрсетудің, коллективте оны бағалап, сыйлайтынын сезінуіне мүмкіндік берудің өзі оның өз бойындағы қасиеттерін өзгертіп, жақсы жұмыс істей бастауы үшін жеткілікті болып шығады.

Мынадай мысал келтірейін. «Салауаттық жолындағы жорық» енді ғана басталған кезде, біз өзара оны осылай атадық, бір жолдасымыз ауыр жағдайға тап болды. Ол ешқашан ішкіш болмағанымен кенет «қара» тізімге тап болды: оны «масаңдау күйінде» қақпадан шығаға берісте ұстады. Әлбетте, тиісінше акті жасады, директор оны жұмыстан шығару туралы бұйрық берді. Осы адамның ұнжырғасы мүлдем түсіп кетті: оның қатты қиналып жүргенін, егер оған қолдау жасалмаса, оның үлкен бақытсыздыққа душар болатынын көрдік. Коллективте жиналыс өткіздік, бірінші етіп оны «талқыладық», сонымен бірге кінәлінің жұмыстан қумау туралы әкімшілік алдына ұсыныс жасау ұйғарымын қабылдадық.

Әлі есімде, цехтың бұрынғы бастығы Владимир Алексеевич Житков сонда бізге былай деді: «Оны өз жауапкершіліктеріңізге алудан қорықпайсыңдар ма, егер ол тағы ұятқа қалдырса, онда бәріміздің сыйлықтан да, он үшінші жалақыдан да айырылып қалуымыз мүмкін ғой». Дегенмен осы сақтандыру бізді тоқтата алмады, біз бүкіл бригада болып жолдасымыз үшін кепілдік бердік және бұған өкінбейміз. Бүгінде бізде ол жоғары кәсіптік шеберлігі, әлбетте, еңбекке деген саналы қатынасы үшін жалақысына дербес үстеме алатын азғана адамдардың бірі.



Сенім көрсету керек-ақ, дегенмен менің көзқарасымша, тәртіп пен дербестілік адамдарды тәрбиелеу негізі болуға тиіс. Біздің бұрынғы цех бастығымыз В. А. Житков осындай принципті басшылыққа алушы еді, ол жастарды жауапты учаскелерге қойды және олардан жаңа адамдар ретінде емес, тәжірибелі мастерлер ретінде істі сұрайтын. Оның есесіне Балтабай Бөкенов пен Владимир Соколовтан қандай профессионалдар шықты десеңші. Олар бізде тым бертінде келген сияқты еді, ал қазірдің өзінде технологиялық процестердің бәрін мұқият меңгерді.

Жастармен жұмыс туралы айрықша айтқым келеді, мұнда бізде жақсы дәстүрлер баршылық, тәжірибелер жинақталған, сондықтан да оларды алмасуға болады ғой. Иә, жастарға сенім көрсетіп, оларды өз орнымызға дайарлай отырып, үйретеміз. Оның үстіне кадрлардың тұрақтамаушылығына жол бермеуге ұмтыламыз. Армия қатарына кеткен жігіттердің жұмыс орындары, барлық жеңілдіктері сақталады, сөйтіп армиядан оралғаннан кейін өздерін күтіп отырған туған коллективіне қайтып келеді. Демек, олардың бәрі оралатынын айту керек. Мен де кезінде «Химпром» бірлестігінен армия қатарына аттанған едім, биыл Федор Соколовский мен Андрей Гампер демобилизацияланғаннан кейін цехқа келді.

Ал қазіргі бастығымыз Валерий Иванович Обуховтың адамдармен тіл табыса білуді үйренген үстіне үйрене беруі керек. Демек, адамдар оның кабинетіне бара бермейді — орынсыз сөздерге қаламыз ба деп қауіптенеді. Мұнда біздің партия ұйымымыз да, адалын айту керек, өз деңгейінде болып отырған жоқ. Менің өзімді де, көптеген басқа адамдар да Обуховтың кісілерге деген қатынасын өзгерту уәдесіне иланып қалдық. Ал бұл үшін енді менің кім тарапынан бол-

Digitized by Google

сын қатыгездік пен дөрекілікке ымыраласқысы келмейтін өз жолдастарымның алдында жауап беруіме тура келеді. Мені теріс позициям үшін жұмысшы жиналысында өткір сынайды. Мен де қажетті дұрыс тұжырым жасаудамын.

Жеткілікті түрде жедел болмағанымен, ағаттықтар мен кемшіліктерге жол бергенімізбен саяси-тәрбие жұмысында жаңа қатынастарды іздестірудеміз. Біздің цехымызда ғана емес, сондай-ақ бүкіл кәсіпорында формальды түрде жұмыс істеген үгіт коллективінен бас тарттық. Саяси шолушылардың тындырымды отрядын құрдық, ол сан жағынан екі есе аз, оның есесіне аса қабілетті. Оның үштен біріне жуығы бригадалардың бұрынғы формальды емес лидерлерінен жасақталды. Бізде технолог Виктор Иванович Лапухов осы жұмысты жүргізеді. Экономист Шахризада Бейбітова оған көмектеседі. Олар еліміздің, республиканың өміріндегі оқиғаларды жұмысшылармен бірлесіп талқылауды ұйымдастырады.

Коммунистер инициативасы бойынша жаднама-кітапшалар талдап жасалып, баспахана әдісімен басылды, оларда экономикалық реформаның барлық түйіндері тартымды түрде түсіндіріліп, кәсіпорынды дамыту қорын пайдалану жөніндегі дәлме-дәлдіктегі топтамалар беріледі, жабдықтарға, қолда бар құралдар мен материалдарға деген қатынастың экономикаға қалай нақты ықпал жасайтыны көрсетіледі.

Бертінде бірлестігімізде қоғамдық пікірді зерттеу жөнінен қызмет құрылды. Оның жұмысына тәжірибелі социолог Лариса Цхай тартылды. Ол қосалқы шаруашылық жұмысынан бастап экологиялық жағдайға дейін заводтық көптеген проблемаларды шешуге көмектеседі. Осының бәрі, әлбетте, жұмысшылардың сана-сезімінің, олардың белсенділігінің өсуіне өте-мөте жәрдемдеседі.

Біз қыдырымпаздық дегеннен мүлдем арылдық, жұмыс орнына масаңдау күйінде келу көріністерінің бәрі «төтенше оқиға» ретінде қабылданады. Мұның өзі әкімшіліктің қайсыбір қысым жасауынсыз жасалды. Өндіріс мәдениетімен мықтап айналыса бастадық, бригадаларды сменалар арасында бос жүрушілік болмайтындай етіп жасақтадық. Мәселен, біздің бригадамыздағы адамдар саны екі есе азайды. Оның есесіне жалақы 250 сомнан 400 сомға дейін өсті.

Біздің сменамыз алғашқылардың бірі болып бригадалық мердігерлікке ауысты. Бұған кіріспес бұрын мастер Бақыт Тұралбаевпен және бригадир Николай Васильевич Румелеймен барлық мәселені сөйлестік. Экономикалық білім мектебінің насихатшылары біздің цехымызға, біздің жұмысымызға тікелей қатысты тақырыпты программаға енгізді. Нақ оның сабақтарында И. Ветров пен А. Соколовскийдің рационализаторлық ұсыныстары «туындады», олардың жүзеге асыру еңбек өнімділігінің өсіміне ықпал етті. Біздің еңбек коллективі советіміз барған сайын үлкен беделге ие болып келеді, оның құрамына Валерий Иванович Клепцов, Владимир Симашенко, Владимир Вагнер т. б. секілді аса инициативалы, принципшіл адамдар енді.

Айтатын несі бар, бүгінде еңбек коллективтеріндегі өмірді тану қиын. Бұдан бес жыл бұрын жұмысшылардың өнімді өткізу, оның сапасы, өзіндік құны проблемаларын талқылайды дегенді елестетудің өзі қиын еді. Ал енді біздің бірлестігіміз шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыруға ауысқан кезде бұған деген ден қоюшылық дереу өсті, дегенмен бізде бәрі бірдей жатық өтіп жатқан жоқ. Біз ірі және ұсақ малға арналған жемдік үстемелер шығарамыз. Олар сүттің мөлшері мен майлылығын қыруар арттырады. Алайда бағасы біршама төмен болғанымен біздің концентратымыз әлі де қымбаттау. Шаруашылық есепке ауысқан совхоздар мен колхоздардың бәрінің бірдей оған шамасы келе бермейді. Сөйтіп бір кезде бізде қиын жағдай қалыптасты — заказ берушілеріміздің жартысынан көбінен айрылып қалдық. Мұнда біздің өткізу бөліміміз ширақтық көрсетті, олар шетелдерден өнімді сатып алушыларды тапты. Енді біздің өніміміз Польшаға, ГДР-ге, Болгарияға, Венгрияға, Кубаға, ФРГ-ге беріледі.

Адамдардың барлық нәрсеге деген көзқарасы менің көз алдымда өзгеруде. Мысалға мынадай фактіні алайық. «Тұрғын үй-91» программасы бекітілген кәсіподақ жиналыстарының бірінде коллектив ұсынысы бойынша біздің қызметкерлеріміз ғана емес, сонымен бірге ведомстволық медициналық-санитарлық бөліміміздің қызметкерлері және қамқорлықтағы мектеп мұғалімдері кезекке қойылды.

Қайта құру еңбек коллективі правосын анағұрлым кеңейтті.

Әңгімені жүргізген
Т. КИРИЛЛОВА.

Digitized by Google

ӨЗ АЯСЫМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ

Өткендегі істер интернационализм мен патриотизмге, мәдениет пен адамгершілікке шындап тәрбиелеуі үшін не жасау керек? Мұнда музейлер ролін алмастыруға болмайды. Осы рольді көтерген үстіне көтере беру керек.

Семейде төрт музей: қазақтың ұлы ақын-ағартушысы Абай мен орыс жазушысы Ф. М. Достоевскийдің екі мемориальдық музейі, өлкетану және өткен жылдың басында ашылған ең жас бейнелеу өнері музейлері бар. Олардың әркайсысы қала тұрғындарын тәрбиелеуге үлес қосуда.

Демек Абай музейінің қызметкерлері директор Төкен Смайылұлы Ибрагимовтың бастауымен қызықты, бастапқыда семейліктерді өздерінің атақты жерлестерінің творчествосына тартудың өзгешелеу формасын ұсынды. Қазақ совет әдебиетінің классигі М. О. Әуезовтің туғанына 90 жыл толған 1987 жылы музей үйі жанынан оған ескерткіш ашылды. Нақ сол кезде қонақтардың — көптеген одақтас республикалардан, Москвадан, Ленинградтан, Алматыдан келген атақты жазушылардың, ақындардың, сыншылардың қатысуымен жаңа аланда алғашқы әдеби мереке өтті. Ал былтыр музей қызметкерлері халық әншісі Әміре Қашаубаев пен заңсыз репрессияға ұшыраған, алайда жерлестері ұмытпаған халық ақыны әрі философы Шәкәрім Құдайбердиевтің творчестволарына арналған әдеби кештер ұйымдастырды. Осындай шараларды өткізу қазірдің өзінде дәстүрге айналды. Ондай кештерді тағатсыздана күтеді, оларға әзірленеді. Әдебиет әуесқойларын музейге тартатын жексенбілік оқулар сияқты олар қала тұрғындары арасында аса танымал.

Достоевский музейінде де өз ісіне берілген пікірлестер коллективі еңбек етеді. Аса албырт адам — директор Ирина Федоровна Мельникова оның шын мәнінде ұйтқысы болып табылады. Осы музейде проза мен поэзияның, романс пен классикалық музыканың шынайы әуесқойларын жинайтын әдеби және музыкалық кештер дәстүрге айналды.

Қалалық «Кітапқұмар» клубы музей жанынан оныншы жыл жұмыс істейді, ол творчестволық интеллигенциямен, ардагерлермен, идеология активімен кездесулерді ай сайын өткізеді, лекциялар, концерттер, әдеби, музыкалық және өнертану күндерін ұйымдастырады. Жұмысшы клубтарында, жатақханаларында, оқу орындарында, үгіт алаңдарында көшпелі мәжілістер жиі өтеді. Музей қызметкерлері түкпірдегі тұратын елді мекендер тұрғындарын, шалғай учаскелерде еңбек ететін және қалалық шараларға қатысу мүмкіндігі бола бермейтін малшыларды қалыс қалдырмайды. Оларға көшпелі көрмелер жүйелі жіберіліп тұрады.

Облыстық өлкетану музейінің қызметкерлері де өз үйімен шектелмейді. Олар жылжымалы экспозициялар ұйымдастырады, қала мен облыс кәсіпорындарында өлкенің, республиканың тарихы туралы лекциялар оқып, оларды деректі фильмдерді көрсетумен сүйемелдейді. Семейлік Совет Одағының Батырлары В. Засядькоға, П. Железняковқа, Ф. Сорокинге, В. Кощуковқа, П. Плешковқа, Г. Баздыровқа, С. Рубусинге, Д. Синицынге арналған плакаттарды көп тиражбен басты, ал қаламыздың көшелері осы кісілердің есімдерімен аталады.

Қаламыз өткен жылы октябрьде өзінің 270 жылдығын атады. Осы мерекеге сәйкес москвалық Невзоровтар семьясының меншікті коллекциясынан біздің жас көркемсурет музейімізде сыйға берілген живопись мен графиканың 273 шығар-

Агрономның құрметіне

Глубокое ауданының Опытное Поле поселкесінде Хохряков атындағы жаңа көше пайда болды.

Бұдан бірнеше жыл бұрын қайтыс болған Рудольф Алексеевич Хохряков Шығыс Қазақстан мемлекеттік ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясында ұзақ жыл жұмыс істеген еді. Шаруашылықтың бас агрономы бола отырып, ол егіншілік мәдениетін арттыру, жаңа сорттар мен технологияны енгізу үшін көп нәрсе жасады, егіншілердің бірнеше ұрпағын тәрбиеледі.

Адамдар оны ұмытқан жоқ. Жыл сайын орақ қорытындысы бойынша таңдаулы комбайншыларға Р. Хохряков атындағы жүлде тапсырылады. Енді селоның шетіндегі көше оның есімімен аталды, мұнда егіс танабы үйлерді жанай өтеді.

В. РУДНЕВ.
Шығыс Қазақстан облысы.

Digitized by Google

масы Семейдің мәдени өміріндегі үлкен оқиғаға айналды. Москвалық инженер Юрий Владимирович Невзоровтың патриоттық ниеті бейхабар адамдарда таңданушылық тудырды: дегенмен Москваға бірнеше рет барып, коллекционер назарын өз «перзентіне», оның проблемаларына аудара білген өз ісінің энтузиастары — музей қызметкерлері үшін бұл ниет күтпеген оқиға емес еді. Демек олардың қызметі арқасында енді семейліктердің ұлы қылқалам шеберлері А. Венециановтың, В. Тропининнің, К. Брюлловтың, И. Крамскойдің, А. Саврасовтың, И. Левитанның, В. Поленовтың, И. Шишкиннің және басқалардың полотноларын тамашалау мүмкіндігі бар. Осы баға жетпес сый қала тұрғындарының талай ұрпағын тамаша дүниеге баулиды.

Біздің үлкен музейлеріміз қызметкерлерінің қызметі зор: олардың энтузиазмы, күш-жігері, инициативасы жауап үндестік тудырып, творчество адамдарын желпіндірді. Әуесқой-энтузиастар кәсіпорындарда, оқу орындарында, мәдениет үйлерінде жауынгерлік және еңбек даңқы музейлерін құра бастады. Қалада қазірдің өзінде 65 музей жұмыс істейді. Аңызға айналған Түріксиб музейі, өзеншілердің, цементшілердің, үн-құрама жем комбинаты құрылысшыларының еңбек даңқы музейлері қала тұрғындарының мақтанышы болып табылады. Олар қала тарихымен, атақты жерлестеріміздің қызметімен, өлкеміздің алғашқы бесжылдық жылдарында, соғыс жылдарында және соғыстан кейінгі жылдарда дамуымен таныстырады. Оларды құрушылар есімдерін алғыспен атағым келеді. Бұлар — цемент заводының бұрынғы аспапшы-слесары Георгий Константинович Олышевич, үн-құрама жем комбинатының бұрынғы директоры Иван Степанович Алейкин, кеме жөндеу заводы цехының бұрынғы бастығы Павел Григорьевич Задворский және басқа энтузиастар. Семейліктер Отанды қорғаған жерлестері туралы зерделеп сақтағандардың бәріне разы. Соғыс ардагерлерінің өздері көбіне жауынгерлік даңқ музейлерін құру инициаторлары болуда. Демек кейінгі 30-шы гвардиялық дивизия деп аталған 238-ші атқыштар дивизиясы ардагерлерінің семейлік секциясы (секция председателі В. В. Секачев) № 4 орта мектепте дивизия музейін құрды. Онда құраманың жауынгерлік жолы мен оның адамдары туралы бай материал жинақталған. Мұнда солдаттар-ардагерлердің жауынгерлік наградалары, жеке заттары, хаттары мен суреттері бар. Музей советі көлемді ұйымдық жұмыс жүргізеді. Қарулас жолдастар Дивизияның гвардиялық дивизия болып аталуы және оның жауынгерлік Қызыл Ту орденімен наградталу күнін бірлесе атау үшін екі рет қаламызға жиналды. Қала тұрғындарының, жастардың соғыс батырларымен кездесулері ұмытылмас әсер тудырды. Ал музей осы күндерде жаңа экспонаттармен, суреттермен және документтермен толықты. Осындай музейлер № 6 және № 30 орта мектептерде, автомеханика, құрылыс, финанс-экономика техникумдарында бар.

Қалалық мәдениет үйінде семейліктердің жауынгерлік даңқ музейін ұйымдастыру жөніндегі қауырт жұмыс он жылдан астам жүргізілді. Соғыс ардагерлері қалалық советінің мүшелері Ф. Г. Пересыпкин, А. А. Бруцис, И. А. Шерин және басқалар оны құрудың инициаторы болып, бұған белсене қатысты. Партия, совет және комсомол органдары, әскери комиссариаттар, ДОСААФ комитеті, «Білім» қоғамы, қаланың көптеген кәсіпорындары мен мекемелері осы патриоттық жұмысқа үлкен көмек берді. Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында музей салтанатпен ашылды. Бүгінде мұнда әңгімелер, кездесулер, лекциялар, пионерге қабылдаулар ұйымдастырылады, жасөспірімдерге комсомол билеттері тапсырылады, бейбітшілік сабақтары мен батылдық сабақтары өтеді.

Медицина институтының студенттері құрған Совет Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы комсомолдық даңқ музейі семейлік комсомолецтер мақтанышы болып табылады. Партия мен еңбек ардагері, институт доценті А. Л. Нтушенко оның ұйытқысы, ұйымдастырушысы және дем берушісі болып табылады. Ал оған негізгі келушілер — қала мектептері, кәсіптік-техникалық училищелері, техникумдары оқушылары, жоғары оқу орындарының студенттері, жұмысшылар, соғыс және еңбек ардагерлері. Музей советі — батылдық сабақтарын, студенттік топтар мен жатақханаларда зерде вахталарын өткізуде белсенді жәрдемші. Өте-мөте тән көрініс — осы сабақтардың практикалық қайтарымы. Ал олардың пайдалы екеніне күмәндануға болмайды. Демек музейде болған құрастырмалы темір-бетон өндірістік бірлестігінің комсомолецтері Мәншүк Мәметованы өз бригадасына мүше етіп жазуға ұйғарды. Танқан қаржы Советтік бейбітшілік қорына аударылуда. Қыздардың Мәншүк Мәметова атындағы студенттік құрылыс отрядының мүшелері өз күрбысын отрядтың қыркүйкіні жауынгері ретінде енгізіп, танқан ақшаны Бейбітшілік қорына аударуда.

Жастар Ауғанстан жолдарынан өткен өз күрбыларына да сый құрмет көрсетуде.

Digitized by Google

Мектеп музейлері мен жауынгерлік даңқ залдарында интернационалист-жауынгерлердің ерліктері туралы алғашқы экспозициялардың болуы өте символды ғой деп ойлаймын. Бұл — ертең солдаттар болатын балалар үшін маңызды тәрбиелік кезең, оларды әскери өмірдің алдағы қиыншылықтарына рухани жағынан жақсы даярлау.

Партия ұйымы жинақталған тәжірибені баянды ете отырып, адамдарға интернационалдық және патриоттық тәрбие беруге бағытталған жұмыстың оңтайлы формаларын жетілдіруге ұмтылуда. Тәжірибе алмасу жөнінен семинарлар талай рет өткізілді, музейлер қызметкерлері мен әуесқой-энтузиастарға үй мен транспорт бөлінуде, жарнама жасауда көмек беріледі. Қалалық партия комитеті мен қалалық; атқару комитетінің қызметкерлері музейде өткізілетін шаралардың бәріне ұдайы қатысады. Ал музей қызметкерлері, өз тарапынан, насихатшылардың, үгітшілердің, саяси хабаршылардың семинарларында жүйелі сөз сөйлейді, оларды адамдармен тәрбие жұмысында қажетті көптеген материалдармен қамтамасыз етеді.

А. МАМЫШЕВА,
Семей қалалық партия комитеті идеология бөлімінің меңгерушісі.

ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ХРОНИКАСЫ

Лекторлар туралы қамқорлық

Қалалық партия комитеті бюросының кезекті мәжілісінде К. Е. Ворошилов атындағы машина жасау заводы партия комитетінің лекциялық насихатты жетілдіру, адамдарға құлықтық және еңбек тәрбиесін беруде оның ролін арттыру жөніндегі есебін қарады. Заводта он бір аудитория құрылып, тіркелгені, қоғамдық-саяси маңызды проблемалар бойынша лекция циклдері оқылатыны аталды.

Сонымен бірге лекциялық насихаттың қалыптасқан жүйесі қазіргі талаптарға жауап бермейді. Партия комитеті лекция тақырыптарын құрастыру барысында қоғамдық пікірді зерттеумен жеткілікті айналыспайды. Интернационалдық және патриоттық тәрбие, жастар проблемаларына аз көңіл бөлінеді. Лекторлар активімен мақсатты жұмыс жүргізілмейді, олардың қатары жас күштермен толықтырылмайды, тақырыптық лекторийлер, ауызша журналдар мен қоғамдық-саяси оқулар өткізілмейді.

Қалалық партия комитетінің бюросы завод партия комитетін лекциялық насихаттың қалыптасқан жүйесін қайта қарауға, «Білім» қоғамы бастауыш ұйымының ролі мен жауапкершілігін арттыруға, оған ұдайы көмек көрсетуге міндеттеді.

Үлгілі ұсталатын үй

Жасыл желек жамылған үй, жайлы да таза аула. Мерке тұрғындары А. Щербаков пен М. Ибрагимовтың усадьбалары нақ осы жағынан ерекшеленеді. Екі үйге үлгілі ұсталатын үй атағының берілуі кездейсоқ емес. Мерке селолық Советі депутаттарының аудан орталығындағы таңдаулы көшелерді де анықтауы қиынға соққан жоқ. Мәншүк Мәметова мен Кәсіподақ көшелері осындай көшелер ретінде аталды.

М. ТАНЕЕВА.

Жамбыл облысы,
Мерке поселкесі.

Клубтар мен лекторийлер

Қарағанды облыстық партия комитетінің саяси оқу үйінде пікірталас клубтары мен лекторийлер ай сайын жұмыс істейді. Жоғары кластар оқушылары мен жастарға арналған пікірталас клубтары — «Поиск» және «Аргумент» клубтарының мәжілісі айдың әрбір төртінші сәрсенбісінде өтеді. Үшінші жұмада саяси кітаптар мен фильмдер әуесқойлары жиналады. Ал әрбір үшінші бейсенбіде саяси фильмдердің «Кругозор» клубы мәжіліс өткізеді. Лектории насихатшылар назарын аударады, онда консультациялар өткізіледі. Лекторийлер КПСС-тің экономикалық саясатының, ұлтаралық қатынасты дамытудың, интернационалдық және патриоттық тәрбие берудің, осы заманғы халықаралық өмірдің өзекті мәселелеріне арналған.

Саяси оқу үйінің коллективі бұл күндері СССР халық депутаттары сайлауына әзірлік жөніндегі үгіт-бұқаралық жұмысқа белсене кірісті. Лекциялар, пікірталастар, сұрақ және жауап кештері өтеді.

Саяси оқу үйінің кітапханасында әрбір екінші және төртінші сенбіде насихатшының творчестволық күндері, кітап көрмелері мен партия тарихы жөнінен басма басылымдарына шолу өтеді.

Т. ҚУАНЫШЕВА.

Digitized by Google

БЮРОКРАТИЗМГЕ ЖОЛ ЖОҚ

Бүкілодақтық XIX партия конференциясының маңызды документтерінің бірі — «Бюрократизмге қарсы күрес туралы» қарар. Онда қоғамдық өмірдің барлық саласында социализмге жат осы бұрмалаушылықты жою жөнінен көлемді шаралар комплексін талдап жасау қайта құру ісі және қоғамды революциялық жаңарту үшін бюрократизммен және оның көріністерімен күрестің айрықша маңызын көрсетеді.

Біз көбіне бюрократизмнен тек кеңесшілдікті, сөзбұйдалықты, мейірімсіздікті, майда-шүйдемен айналысуды, қағазбастылықты көруге, бюрократтардың өздері қатал ережелер мен қатаң жарлықтар тағайындалған жерлерде істің мәні емес, оның формасы басты түйін ретінде қойылуына ғадеттеніп алғанбыз. Алайда бұл бюрократизмнің бір ғана жағы, демек ең басты жағы емес. К. Маркстің бюрократия формальдыны мазмұн ретінде, ал мазмұнды әлдебір формальды ретінде беруге мәжбүр болған деп атап көрсеткен.

Неліктен мәжбүр болған? Өйткені бюрократтар үшін басты нәрсе — қоғамға деген қатынас тұрғысынан атқару, басқару аппаратының оқшаулану жағдайын қамтамасыз ету, чиновниктерге олардың қолындағы билік тізгінін ең алдымен өз мақсатына одан әрі пайдалануына мүмкіндік беру. «Бюрократизм дегеніміз,— деп атап көрсетті В. И. Ленин,— істің мүдделерін *мансаптың* мүдделеріне бағындыру, *орынға* ерекше көңіл бөліп, жұмысты елемеу». Расында да, бюрократта өзінің жеке немесе топтық мүддедей ештеңе сондай берік әрі нәзік іштартушылық тудырмайды. Нақ сонда қайсыбір ведомствоның пайдакүнемдік, арнаулы мүддесін қалыптан тыс тым ұлғайтуын бейнелейтін, қайсыбір басқа органдардың немесе жекелеген адамдардың қажеті мен сұранымына қарағанда оларға басымдық беру бюрократизмнің басты кеселдерінің бірі, оның тура жалғасы. Бюрократ өзі және өз «кеңсесі» үшін бәрін яққа басып, қайсыбір экономикалық, әлеуметтік-мәдени және басқа мүдделерді, соның ішінде адамдардың, сол жерлер мен территориялардың болмашы тұрмыстық мүдделерін елемеуге, олардың есебінен өз проблемаларын шешуге дайын тұрады. Мұның өзі әрі материалдық, әрі моральдық зор іркіліске соқтырады. Олардың, мәселен, басқару шешімдерін талдап жасап, қабылдау барысында айналадағы ортаны сақтау мүддесін елемеуінің көптеген фактілерінен анық көрінеді.

Бюрократизм социализмге ғана, немесе капитализмге, немесе басқа формацияға ғана тән қайсыбір нәрсе емес. Ол кез келген қоғамда онда қайсыбір таптың билік жүргізуіне қарамастан бар. Нақты әлеуметтік-саяси күш, өзін-өзі билейтін және қоғамның жоғары күші болып алған ол өмір сүру жағдайына қарай өзінің қимыл-әрекетінің формалары мен әдістерін ғана өзгертеді. Демек мұның барысында оның мақсаты әрдайым және барлық жерде біреу — қоғамға билік жүргізу.

Бюрократизм — революциялық жаңару процестерінің елеулі қарсыластарының бірі. Бүкілодақтық XIX партия конференциясының қарарында атап көрсетілгендей, «тоқырау, демократиялық институттардың шектеулілігі жағдайында бюрократизм хауіпті шекке дейін ұлғайды. Бюрократтық бұрмалаушылықтар, әсіресе саяси басшылықты бұрмалаушылықтар бұқараның жанды творчестволық ретіндегі социализмге жат».

Қазір жүргізіліп жатқан экономиканы түбегейлі қайта құру, саяси система реформасы, мемлекеттік, партиялық және қоғамдық өмірді демократияландыру, жариялылықты кеңейту, халық бұқарасын мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға нақты тарту — осының бәрі бюрократизмге күшті соққы беруде. Оған қарсы күресті өрістете отырып, партия демократияны ұдайы тереңдету, бұқараның инициативасын кеңінен дамыту социалистік өзін-өзі басқару арқылы ғана бюрократизмнің кеселін жеңуге болатындығы туралы лениндік нұсқауды басшылыққа алды. Өйткені «бүкіл халық басқару жұмысына қатысқанда ғана бюрократизмге қарсы ақырына дейін, оны толық жеңгенге дейін күресуге болады (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 38-том, 188 бет). Ленин мұның барысында еңбекшілердің жолдастық тәртіпті дамытып, нығайтуға және олардың өз әрекеті мен сана-сезімін, өз жұмысы үшін жауапкершілігін жан-жақты арттыра беруге өте-мөте көп көңіл бөлуді талап етті.

Осы ой өте-мөте түбегейлі. Бұқараның өз қызметінің, олардың өндірісті басқаруға қатысуының арендалық мердігерлік

Digitized by Google

секілді формасын алайық. Оның жағдайында қызметкерлер белсенділігі шұғыл өсіп келеді, сонымен бірге олардың өз қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілігі арта түсуде, тәртіп басқадай болуда, демек көбіне-көп өндірістік процестердің қаптаған арнаулы ұйымдастырушылары мен еңбек процесін бақылаушылардың қажеті болмай қалуда. Жұмысшылар мен колхозшылар өндірісті басқаруға нақты қатысушыларға айналуда, сөйтіп бюрократтық тенденциялардың өрбуіне арналған жағдайлар шектелуде.

Бүкілодақтық партия конференциясы партияның бюрократизмге қарсы күрестегі авангардтық ролін айрықша атап көрсетті. Егер партия өз қызметі мен партиялық ішкі өмірді демократияландырудың, қайсыбір бюрократтық қабаттардан тазартудың иланымды үлгісін берген жағдайда ғана бюрократизмге қарсы күресте қоғамдық күштердің бәрін өз соңынан ілестіріп, онда нақты табыстара жете алады.

Осы талапты орындай отырып, партия комитеттері партиялық аппаратты жетілдіру жөнінен үлкен жұмыс жүргізуде. Біздің республикамызда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің аппараты 30 процент, облыстық партия комитеттерінің аппараттары орта есеппен 20 процент және қалалық партия комитеттерінің аппараттары 10 процент қысқартылды. Облыстық партия комитеттерінде ғана 107 салалық бөлім қысқартылды және 275 жауапты қызметкер босатылды.

Бертіндегі есеп беру-сайлау барысында партия топтары ұйымдастырушыларының 30 проценті, цехтық партия ұйымдары секретарларының 53 және бастауыш партия ұйымдары секретарларының 42 проценті, аудандық және қалалық партия комитеттерінің 70-тен астам секретары балама негізде екі және одан да көп кандидатуралардан сайланды.

Бюрократизмге қарсы күрес жүргізудің сөзсіз әрі басты жолдарының бірі — бұл халық депутаттары Советтерінің билігін көтеріп, нығайта беру. СССР халық депутаттарының Съезі мен ел Жоғарғы Советі бірінші сессиясы «СССР Конституциясына (Негізгі Заңына) енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы» СССР Заңымен бұл үшін өкіметтің жоғары эшелонында жасаған жағдайды нақты практикада жүзеге асырды.

СССР өкіметінің жоғары өкілетті органдары — халық депутаттары Съезі мен СССР Одағы Жоғарғы Советінің, оның палаталарының, тұрақты комиссиялары мен комитеттерінің мемлекеттік аппараттан түбегейлі басымдылығы мемлекеттің барлық, ең алдымен атқару және басқару органдарын ұйымдастыруға және қызметіне жүйелі әрі қатаң бақылау жасау, олардың өздерінің бүкіл жұмысы туралы халықтың өкімет органдары алдындағы қатаң жауапкершілігі қамтамасыз етіліп, тікелей жүзеге асырылуда.

Жергілікті өкімет органдарының министрліктермен және ведомстволармен іскер, өзара мүдделі қатынастары реттелуде, Советтердің экономикалық билігі нығайтылуда, олардың қызметкерлері шаруашылық және әлеуметтік түрлі мәселелерді шешуде көбірек инициатива, алғырлық, дербестілік көрсетуде, партия, совет органдары функцияларының аражігі дәлірек анықталуда. Халық депутаттарының жұмысы күшейтіліп, нақтылануда.

Осы жағдайда СССР Заңының қағидалары, әзірленіп жатқан, Советтердің экономикалық әлеуметтік және саяси салалардағы толық билігін білдіретін және оларға кепілдік беретін басқа заң актілері елеулі серпін болады.

Басқару аппаратын қайта ұйымдастыру белсенді түрде өрістетілуде. Бірқатар министрліктер мен ведомстволар, түрлі мекемелер мен ұйымдар таратылды, көптеген артық әрі аралық басқару буындары қысқаруда, басқару қызметкерлері босатылуда. Тұтасынан ел бойынша қазірдің өзінде 600 мыңдай адам қысқартылды. Қазақ ССР-інің одақтық-республикалық және республикалық министрліктері мен ведомстволары аппараты қырық проценттей азайтылды. СССР Министрлер Советінің Председателі Н. И. Рыжковтың СССР Жоғарғы Советіне ұсынған СССР үкіметіндегі құрылымдық өзгерістерге сәйкес ССР Одағының 25 министрлігі мен мемлекеттік комитеті таратылуда.

Демек «аппарат» сөзі ұр да жық сөздерге дерлік айналып кетті. Түрлі мінберлерде аппаратқа сойып салма сөздер айтылады, тіпті оны қысқарту шақырулары естіледі. Бұдан, бір жағынан, басқару жүйесінде қордаланып қалған ірі кемшіліктерге деген заңда реніш, ал екінші жағынан, проблеманың мәнін ұғынбаушылық көрінеді. В. И. Лениннің атап көрсеткеніндей, «мұндай аппаратсыз біз өмір сүре алмаймыз, басқарудың қай саласы болса да мұндай аппаратты керек етеді». (Шығармалар толық жинағы, 38-том, 187 бет). Аппаратты — партиялық аппаратты да, мемлекеттік аппаратты да барынша жетілдіре беру, жаңа жағдайға сәйкес оны білікті әрі оперативті, икемді ету, әміршілдік-әкімшілдік жүйе мирасы элементтерін үзілді-кесілді жою керек.

Digitized by Google

М. С. Горбачев СССР халық депутаттарының I Съезіндегі қорытынды сөзінде мұны айрықша атап көрсетті: «Егер жалпы аппаратқа қарсы бағытталған науқанмен шектелетін болсақ, бюрократизмнен арылу бізді табысқа жеткізбейді. Орталықта және жергілікті жерлерде жақсы жолға қойылған маман, білікті басқару аппараты болмайынша біз... ауыз толтырар айтарлықтай еш нәрсеге қол жеткізе алмаймыз».

XIX партия конференциясының бюрократизмге қарсы күресте кадр саясатын толық дәрежеде пайдалану, кадрларды іріктеу мен орналастыру ашық, конкурстық, жарыстастық негізде жүргізілуіне қол жеткізу қажеттігі туралы нұсқауы барған сайын белсенді түрде жүзеге асырылуда. Бұл тұрғыдан СССР халық депутаттарының Съезі мен ел Жоғарғы Советінің бірінші сессиясы түбегейлі үлгі көрсетті. Халық депутаттары кадр мәселелерін шешуге сапалы, жаңаша, жария, принципті, ең бастысы — нәтижелі түрде қарады.

Бұрын санаулы минуттар ішінде, көбіне депуттардың ашықтан-ашық енжарлығы барысында жасалған, анкеталық деректерді оқып беріп, дауыс беруге саятын істер енді түбегейлі әрі салмақты, халық депутаттарының тікелей әрі жіті қадағалауы және белсенді қатысуы арқылы жүргізіле бастады.

Республикада да осындай оңды процестер күш алып келеді. Мәселен, Қазақстан кәсіподақтарында демократиялық негізде кәсіподақ комитеттерінің негізгі жұмысынан босатылған 554 председателінің, облыстық және аудандық кәсіподақ комитеттерінің 58 председателі мен секретарының қызметі енгізілді. Тұтасынан КПСС XXVII съезінен бері өткен кезде республиканың еңбек коллективтері кәсіпорындардың 4,5 мыңдай басшысын, орта буындардың 7 мың жетекшісін, 12 мыңдай бригадирді, ғылым, мәдениет, сауда және денсаулық сақтау жүйесінің 900 басшы қызметкерін сайлады.

Алайда бюрократизмге қарсы күресте бәрі бірдей, біздің қалағанымыздай, жақсы әрі тез өтіп жатқан жоқ. Еңбекшілердің көптеген инициативалары мен бастамалары бұрынғысынша бюрократтық қалтарыстарда қалып қояды немесе тіпті қарсылыққа тап болады. Республика Жеңіл өнеркәсібі министрлігінің жұмыс стиліне, оның жетекшілерінің басқарудың өктемдік жасау әдістерінен бастартпау ниетіне көптеген реніш айтылады. Мемлекеттік кәсіпорын (бірлестік) туралы СССР Заңына қарамастан министрлік жылдық жоспарды жібереді, бүкіл номенклатуралық өнімді мемлекеттік заказ ретінде белгілейді. Ал Алматыдан жүргізуші Г. Самойлов былай деп жазады: адамдардың Алматы қалалық тұрғын үй есебі мен оны бөлу басқармасы бастығының қабылдауына ондаған рет баруына тура келеді, сонда да хатшының қабылдауға тілек бідірушілерді тіркеп, жіберу ниетінің жоқтығынан қабылдауда бола алмайды.

Қайта құруға кедергі жасаушы бюрократтық бұрмалаушылықтар, адамдардың мұң-мұқтажына немқұрайды қарау шахтерлердің жұмыстан ереуілдерін туғызған басты себептерінің бірі болды. Жұмысшылар көмір бірлестіктерінің далиып кеткен аппаратын қысқарту қажеттігі, еңбек коллективтерінің инициативасына тұсау болатын нәрсенің бәрін жою туралы, басшылардың әлеуметтік проблемаларға назар аударуы ісінде күрт бетбұрыс жасау туралы мәселені алға қатты қойды.

Еңбекшілерді саяси мәдениетке тәрбиелеу, жалпыға бірдей заң оқуын өткізу жөніндегі жүйелі жұмыссыз бюрократизмді жою мүмкін емес. Қоғамдық сана-сезімді қалыптастыру мәселесін талқылаған Петропавл қалалық партия комитетінің пленумына қатысушылар бұған назар аударды. Мәдениетсіздік бюрократизмнің жайлы ортасы, оның «оттегісі» болып табылады, деп атап көрсетілді. Әр азамат өз правосы мен міндетін жақсы білуге тиіс.

Бюрократизмге қарсы күрес ұзақ әрі көп қырлы. Оның жүйелі, пәрменді жүргізілуі, шынайы бүкілхалықтық сипат ұстауы маңызды. Осындай жағдайда ғана біз «бюрократизмнің арам шөбін өсірмей, қайта-қайта үнемі жұлып тастап» отыра аламыз. (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 36-том, 223-бет).

К. КОЛПАКОВ,
заң ғылымының кандидаты.

ОСЫ ТАҚЫРЫПТА ОҚУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

Бюрократия және бюрократизм. «Коммунист», 1988, № 12.

Бюрократизмді талқылау. «Слово лектора», 1989, № 1.

Инструкционизм. «Известия», 1989 жылғы 2 март.

Комаров Е. И. Бюрократизм жариялылық талқысына. Москва, 1989, Политиздат.

Пискотин М. И. Бюрократизм және оны жою. Москва, Юридическая литература, 1989.

Кузьминов В. Г. Тұтас дәуір мәселесі (бюрократизмге қарсы күресті лениндік тұрғыдан ұғыну). «Вопросы истории КПСС», 1989, № 2.

Digitized by Google

ОРМАНҒА ҰҚЫПТЫЛЫҚПЕН ҚАРАЙЫҚ

Орманның бізді киіндіріп, асырайтыны әркайсымызға бала кезімізден белгілі. Орман беретін барлық өнімдердің бағасын нақты цифрлармен анықтау қиын емес, сонда да оның денсаулық, адамның эстетикалық лоззат алуы, дүнитаным мен характерді, асқақ көңіл-күйді қалыптастыру, шабытты еңбек бастауы ретіндегі ролін ешқандай есептеулермен баяндай алмайсыз.

Планетаның орманды алқабының төрттен бірін иелене отырып, Совет Одағы ағаш қоры жөнінен дүние жүзінде бірінші орын алады. Алайда орман байлығы шексіз емес, демек біздің ұлттық ұлы байлығымызды қарауымыз керек. «Кінәратсыз өмір салтын орнықтыру **табиғат ортасын қорғауға,** яғни, қазір айтылып жүргеніндей, экологиялық хауіпсіздікке ерекше **назар аударуды** талап етуде. Мұндағы жағдай алаңдатып отыр, тіпті одан асырып айтпағанның өзінде... су ресурстарын, өзендерді, ормандарды қорғауға... байланысты ауыр жағдай қалыптасып отыр...»,— деп атап көрсетті М. С. Горбачев СССР халық депутаттарының I Съезінде жасаған баяндамасында. Енді біз өз қам-қарекетін әп-сәттілік тиімділікпен шектемейтін, қайта айналамыздағы ортаның ғаламат көріктілігін, байлығы мен алуан түрлілігін сақтауға көмектесетін шешімдерді таңдап алушы ұқыпты қожайындар ретінде қимылдауға міндеттіміз. Және мұның өзі орманы аз біздің республикамыз үшін өте-мөте актуальды. Қазір орман қызметкерлері оның табиғатты реттеу, топырақ қорғау, эрозияға қарсы күрес, санитарлық-гигиеналық ролін арттыру үшін көптеген шараларды қабылдауда.

Орман шаруашылығын басқаруды жетілдіру жөнінен соңғы уақытта жүргізілген жұмыстар осыған бағытталған. Облыстық басқармалар таратылды, сөйтіп олардың базасында орман шаруашылығы өндірістік бірлестіктері құрылды. Олардың құрамына мемлекеттік заказниктер мен ашылық шаруашылықтары енгізілді, соның арқасында істі комплексті, түбегейлі шаруагерлікпен жүргізуге арналған мейлінше қолайлы жағдайлар жасалуда. Орман өнеркәсібінде министрлік таратылды және территориялық «Казмебельлеспром» қылыми-өндірістік бірлестігі құрылды. Мұның өзі шаруашылық механизмінің көп буындылығын жойды, еңбек коллективтерінің правосы мен



дербестігін кеңейтті. Сала кәсіпорындарының бәрі шаруашылық есепке ауысты.

Жаңа жағдайда кәсіподақ ұйымдарының жұмыс формалары мен әдістері айтарлықтай өзгеруде. Кәсіподақ топтарының, цехтық комитеттердің, еңбек коллективтері советтерінің, бригадалардың ролі өсіп келеді. Енді еңбекшілердің өмірлік маңызды мәселелерін шешу үшін оларға үлкен жауапкершілік түседі. Кәсіподақтардың республикалық комитеті де творчестволықпен жұмыс істеуге ұмтылуда. Мәжілістер мен кеңестерді аз өткіземіз, біздің жұмысымыздың орталығы жергілікті жерлерге, бастауыш кәсіподақ ұйымдарына көбірек ауыстырылуда.

Социалистік жарысты ұйымдастырудағы формализм жойылуда. Енді ол саналы жоғары көрсеткіштерге жетуге, орманды қалпына келтіру мен оны қорғау жұмыстарын мүлтіксіз жүргізуге бағытталуда. Орман шаруашылығы кәсіпорындары өткен жылы тапсырманы барлық көрсеткіштер бойынша орындап шықты. 80 мың гектар алаңда орманды қалпына келтіру шаралары жүргізілді, ал совхоздар мен колхоздардың жерінде 11 мың гектардан астам егістікті қорғаудың орманды белдеулері жасалды. Республиканың 21 миллион гектарды құрайтын ормандар алаңы тағы 58 мың гектарға ұлғайды. Сексеуіл отырғызу 4,5 мың гектарға өсті, мұның жартылай шөлейтті және шөлейтті жайылымдарды қалпына келтіру үшін зор маңызы бар. Шығыс Қазақстан облысында самырсын алқаптары жасалуда, Алматы облысында түйе жаңғағын отырғызу кең көлемде басталды. Арал теңізі арнасын орманмен

Digitized by Google

бекіту үшін оның құрған қалған 25 мың гектар жеріне зерттеу жүргізілді. Және 600 гектарға қара сексеуілдің тәжірибелік егістігі егілді.

Орман шаруашылығы кәсіпорындары жоспарға қосымша 600 мың сомның өнімін берді. 242 тонна шырын, 1000 килограмнан астам майқарағай майы дайындалды. Бұрын ағаш дайындау барысында орманда өртеп жіберетін жанғырақтардан жеті мың тоннадай витаминді ұн өндірілді, ол өте бағалы витаминді үстеме болып табылады. Ағаш пен құрылыс материалдарын өндіру жөніндегі мемлекеттік заказ арттырылды.

Көркем кәсіпшілік бұйымдары мен шаруашылық товарларының 40 жаңа түрі жасалып, енгізілді.

1989—1991 жылдары орман қорғау станциялары жүйесін жасау ірі қадам болып табылады. Олар жақсы жарақтандырылады және орманды өрт пен зиянкестерден мейлінше сенімді сақтай алады.

Орман шаруашылығында кадрларға айрықша талаптар қойылуда. Қызметкерлерден кәсіптік біліктілік, іске деген айрықша сүйіспеншілік, көлемді білім, жоғары озаң тәртіптілік пен шешімдер қабылдауда дербестілік талап етіледі. Көптеген адамдар осындай саналарға ие болған. Озат орманшылар — Талғар орман шаруашылығынан Құдайберген Меңлібаев пен Зеренді орман шаруашылығы кәсіпорындарынан Иван Федорович Ветров, орманшылар — Қапшағай орман шаруашылығынан Петр Иванович Корсунов пен Бөкебаев орман шаруашылығынан Қазбек Шайдоллаұлы Шайдуллин, Маралды орман шаруашылығының бас орманшысы Иван Алексеевич Косаревский, Жаңасемей орман шаруашылығының прорабы Нұрғайша Серікханқызы Наурызбаева, Долонск орман шаруашылығы кәсіпорындарының инженері Галина Михайловна Сысоева және басқа көптеген адамдар өндіріске көп күш-жігерін жұмсайды.

Оқушылар ересектер істеріне белсенді түрде тартылуда: мектептердің 146 орман шаруашылығы жұмыс істейді, оларға 128 мың гектар питомник, жас ағаштар мен орман өсімдіктері бекітілген. Балалар былтыр 8 мың гектардай жерге отырғызылған орман дақылдарына, питомниктердегі 615 гектар егістікке күтім жасады, 266 гектарға ағаш көшеттерін отырғызды, ағаш түрлерінің жеті тонна тұқымын жинады, көптеген мөлшерде емдік шөп дайындады.

Ағаш өңдеу мен мебель өнеркәсібіндегі істің жайы анағұрлым күрделілеу болып отыр. Өткен жылдың тапсырмасы орындалмады, бірінші жарты жылдықта жағдай бірнама оңғарылғанымен, бетбұрыс ауылы әлі алыстау. Негізгі кесел «Қазлес» өндірістік бірлестігі жұмысының тұрақсыздығында, оның коллективі ағаш дайындау мен жоңқа және талшықты плита өндіру жөніндегі тапсырманы үдайы орындай алмай келеді.

Мебель жасаушылар ағаш талшықты плита өндіру жөніндегі «Бұқтарма» кооперативіне үлкен үміт артты, бірақ ол әзірше қарқынды үдете алған жоқ. Қазір кәсіподақ комитеттері партия және совет органдарымен бірлесіп, бірлестікке де, кооперативке де жәрдем беруде. Осы коллективтердің парызы — сайып келгенде, соңғы уақытта жақсы жұмыс істей бастаған мебель жасаушылар үшін қажетті материалдарды беру.

Югославиялық фирмалармен ынтымақтасу бұған белсенді ықпал жасауда. Қарағандыда, Зырянда ағашты майда ұқсату жөнінен жаңа автоматты желілер жасалуда, мұның өзі мебель сапасын дереу жақсартуға көмектеседі.

Былтыр және биыл Бүкілодақтық социалистік жарыс жеңімпазы болған Павлодар мебель фабрикасының коллективі көлемді жұмыс жүргізуде. Павлодарлық мебель жасаушылар маркасы республикада жоғары бағаланады. Мұнда кәсіпорынның бас бухгалтері Фрида Павловна Турығина басқаратын еңбек коллективі советі, сана топтары белсенді жұмыс істейді. Сондай-ақ Талдықорған мен Қызылордағы мебель фабрикаларының, Қызылордағы целлюлоза-картон комбинаты мен Алматының «Мерей» өндірістік бірлестігінің коллективтері тиянақты еңбек етеді.

Салада өтін жатқан оңды өзгерістер — бұл, ең алдымен, жұмысшылар мен мамандардың зор еңбегінің нәтижелері. Ақтөбе мебель фабрикасының қаптаушылар бригадирі Алтынай Мәлікқызы Матжанова, «Қарағандамебельдің» жөндеуші-слесары Валерий Анатольевич Спиридонов, Петропавл мебель фабрикасының түсқағазбен қаптаушысы Клавдия Ивановна Шутова, Семей фабрикасының станокшысы Шәрінжамал Сүлейменова, Павлодар фабрикасы комплексті бригадасының бригадирі Қарлығаш Темірханқызы Шаукпаева, Өскемен мебель комбинатының ағаш шебері Леопард Якович Сакс, Өскемен орман өнеркәсібі шаруашылығының ағаш кесушісі Николай Сергеевич Мартынов, «Мерей» бірлестігінің әрлеу учаскесінің бастығы Наум Петрович Немеченицер және басқа көптеген еңбеккерлер коллективтерде орынды беделге ие болған.

Енді әлеуметтік мәселелер де жақсы шешілуде. Былтыр орман шаруашылығы кәсіпорындарының қызметкерлері үшін 220 пәтер салынды, мұның өзі бастапқы межеден 20 процент асып түседі, ал орман

Digitized by Google

өнеркәсібі қызметкерлері 423 пәтер алды, ол да жоспарланған мөлшерден көп. Мемлекеттік заказ мектеп жасына дейінгі балалар мекемесін іске қосу жөнінен де асыра орындалды. Осы жұмыс Семей мен Қостанайдың орман шаруашылығы өндірістік бірлестіктерінде, алматылық тәжірибелік-эксперименттік кәсіпорын мен «Мерей» бірлестігінде жақсы ұйымдастырылған. Ақтөбе мебель фабрикасы жетекшілерін айрықша атау керек. Мұнда жатақхана жақсы жайластырылған, қоғамдық тамақтандыру мен медициналық қызмет көрсетуге көп көңіл бөлінеді, «Тұрғын үй-91» программасы графиктен көп озық жүзеге асырылуда.

Әлбетте, кәсіпорындардағы ілгерілеушілік айқын. Демек үш жарым жыл ішінде республикада мебель өндіру 20 процент өсті. Егер тұтынушы өлшемімен қарар болсақ, республиканың мебель жасаушылары қазақстандықтар алдында өте көп қарыздар болып отыр. Мебель және халық тұтынатын басқа товарлар шығаруды шұғыл көтеру керек, бұл үшін коллективтерде қаншама мүмкіншілік бар.

Демек, орман қызметкерлерінде проблемалар да көп. Бұл — орман алқаптарын, ең алдымен Семейдің қылқан жапырақты орманын, республиканың солтүстік облыстарындағы қайыңды ормандарды, Іле Алатауының тау орманын, Іле мен Балқаш маңындағы тоғай алқаптарын сақтап, молайта беру. Бұл — Аралды қорғауға қатысу. Бұл — ағашты және мебель өндірісін комплексті пайдалану, халық тұтынатын товарларды, жемдік үстемелерді шығаруды жедел үдете түсу, сондай-ақ кезек күттірмес басқа міндеттерді шешу. Республиканың барлық тұрғындарының біздің бүкіл ісімізге тікелей қатысы бар. Бертінде Қостанай облысында өртті сөндіру үшін көп күш жұмсауға тура келді, орманды алқапты жойып жіберуге соқтырды. Өртпен күреске бір жарым мыңнан астам адам қатысты. Осы кесел, ормандардағы үлкен өрттер сияқты, адамдардың салдыр-салақтығынан болды. Бізде жыл сайын өрттен жүздеген гектар орман жойылып кетеді, демек өрт себебінен еккеннен гөрі көп ағаштан айрыламыз. Ал оны ластау, бейберекет кесу, ауыл шаруашылығында химиялық препараттарды дұрыс қолданбау оған қаншама нұқсан келтіреді?! Егер біз — орман біздің аялы ортамыз дейтін болсақ, онда оған шын пейілмен, қамқорлықпен қарауға тиістіміз!

Л. ДОВГАЛЬ,
орман, қағаз және ағаш өңдеу өнеркәсібі жұмысшылары кәсіподағы республикалық комитетінің секретары.

Павлодар мен Шверин тумалас қалалар

Германия Социалистік біртұтас партиясының Шверин округі комитеті мен Павлодар облыстық партия ұйымы арасында тікелей байланыс туралы шарт жасалды. Германия Социалистік біртұтас партиясы делегациясының Павлодарға келген кезінде осы шартқа қол қойылды.

Сөйтіп Павлодар мен Шверин тумалас қалаларға айналды. Жан-жақты қатынас барысында Герман Демократиялық Республикасынан достар Павлодар Ертісінде неміс тілі мен ұлттық мәдениетті оқып-үйренуді жетілдіре беруге ықпал етеді — мұнда неміс ұлтының азаматтары халықтың 10 процентін дерлік құрайды, олар облыстың барлық еңбекшілерімен достықта тұрып, жұмыс істейді.

Партия жұмысында, экономикада, туризмде ынтымақтасуға арналған бағдарлар белгіленді.



СУРЕТТЕ: «В. И. Ленин атындағы Павлодар трактор заводы» өндірістік бірлестігінің трактор құрастыру цехында. Ортада — Шверин округтік комитетінің екінші секретары, Германия Социалистік біртұтас партиясы Орталық Комитетінің мүшесі Э. Постлер.
Суретті түсірген В. КУЗНЕЦОВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

КЕҢСЕДЕ ЕШКІМ ЖОҚ, БӘРІ — ТАНАПТА

Пішен дайындауды негізінен егін орағы басталғанға дейін аяқтау керектігі туралы көптеген жылдар бойы, яғни жыл сайын айтып келеміз. Өйткені қарбалас келген науқандардан тым көп ұтылудамыз. Облыста алғашқылардың бірі ретінде Чапаев атындағы колхозда коллективтік мердігерлік пен аренда берік орнықты. Сондықтан ешкімді жетелеудің қажеті жоқ, тек шаруашылықты жүргізудің жаңа формаларын меңгеруде әкімшілік тарапынан көмек керек.

Мәселен, Анатолий Павлович Шубняковтың жемшөп өндіруші звеносының қалай жұмыс істейтініне сондай сүйсіне қарайсың. Ол колхоздың бүкіл табиғи жемшөбінің төрттен бірін суармалы жерден жинайды. Ал звенода небары жеті адам бар, оларға төрт «Фрегат», үш трактор және басқа техника бекітіліп берілген. Бұрын мұндай жағдай болмас еді.

Шубняковшылар мен басқа жемшөп дайындаушылар жағы науқанның қауыртты тығын бәсеңдете алды. Июль айының ортасына таман колхозда жемшөп сақталатын жерге жоспардағы 26 мың центнердің орнына 29 мың центнер пішен жеткізілді

Шаруашылықта егін жинауды да ұйымдасқан түрде бастады: пішен жинау мен егін орағы арасында күшті бөлудің қажеті болмады. Колхоз председателі Борис Иванович Одинцов былай әңгімелейді:

— Алғашқы күндердің өзінде-ақ науқанның көш бастаушылары анықталды — бұлар колхоздың шеберлері Владимир Петрович Бондаренко мен Евгений Калинович Резник. Олар алғашқы күндерде 2 мың центнерден астық бастырды.

Олардың жеткіншектері де лайықты. Мәселен, біздің орта мектебіміздің тоғызыншы класс оқушысы Александр Черныйдың жеке есебінде бір жарым мың центнерден астам бастырылған астық бар. Жалпы бізде егін жинаумен айналысатындардың жартысына жуығы — жас колхозшылар. Бұлар — механизаторлар мен автомобиль жүргізушілері Антон Маликов, Береген Пасанов, Виктор Кравцов, Иван Яковенко, Виктор Калмаз, Владимир Тульговец, Евгений Рычагов және басқалар. Бізде мирасқорлық нормаға айналғанын, демек шаруа еңбегінің беделі түспегенін атап көрсеткім келеді.

Председательдің сөзін қуаттағандай, кеңседе ешкім көрінбейді, егістікте қауырыт жұмыс белең алған. Комбайндардың соңына танаптан сабанды жинаушы тракторлар, ал оларға зябь жыртушы плугтары бар агрегаттар ілескен.

Мұнда тағы бір фактіні атағымыз келеді. Шаруашылық есеп адамдарды, былайша айтқанда, материалдық өлшемдер бойынша бөлген жоқ. Бөлімшелердің бәрі колхозға жұмыс жасайды және оның мүддесін сақтайды. Мәселен, екінші бригада күздік бидай оруды бірінші болып аяқтады, оның басқа қам-қаракеттері де жетерлік, сонда да ол төртінші бригадаға жәрдемге келді (мұнда үлес қолданылып жүрген тиянақты чектік жүйемен анықталады).

— Шаруашылық есеп біздің парасатты мағынаға бастауда,— дейді колхоздың бас агрономы Анатолий Александрович Сокор. — Бізде дәнді дақылдарды өсіру



ЦЕЛИНОГРАД ОБЛЫСЫ. Жеті ағайынды Қосовтар — Жанат, Әсет, Қайрат, Талғат, Болат, Марат және Мұрат биылғы көктемде «Торғай» совхозында арендалық звено құрды. Оны ағайынды жігіттердің үлкені — жоғары білімді маман, соңғы жылдары совхоз директорының орынбасары болып істеген Жанат басқарды. Оның інілері де осы шаруашылықта ер жетіп, кең профильді механизаторлар болып алды, совхоз өндірісінің түрлі учаскесінде еңбек етті.

Олардың егіс танабы үлкен — 2600 гектар. Биылғы жазда ауа райы жайсыз болғанымен Қосовтар қатты сортты бидайдан да, жүгеріден де бірмаша тәуір түсім алды.

Суретті түсірген **В. КОРЧИН** (ҚазТАГ).

Digitized by Google

жөнінен қанша ұсыныстар болса, соншалықты нұсқаулар баршылық. Алайда олар жерде жұмыс істеудің анықтаушы факторларын — жинақталған тәжірибені әрдайым ескере бермейді, содан барып қағаз бетінде қалып қояды.

Агроном пар туралы әңгімелемей тұра алмады. Ал колхозда пар ешбір қысым жасаусыз-ақ жеткілікті. «Красный Октябрь» колхозының жерімен шектес танап — осының дәлелі, мұнда пар танабында шөп шабуға болады. Чапаев атындағы колхозда парға айрықша күтім жасайды, жаз ішінде ол төрт рет өңделді, егіс алдында тағы бір рет ұқсатылады. Биыл мұнда пар алаңын 3 мың гектарға дейін ұлғайтуда. Және осы шара ақталған —«өткен жылғы» егістіктер, әлбетте, тұрақты өнімімен ерекшеленуде. Қазір колхозда бірінші репродукциялы күздік бидайдың класты тұқымын себуге әзірленуде. Мұнда табысқа толығынан тиянақты негізде қол жеткізбекші.

Үгітшілердің, саяси хабаршылардың сөздері де жұмысты ұйымдасқан түрде жүргізуге көмектесуде. Күн қорытындысы бойынша «молниялар» шығарылып, онда аса таңдаулы нәтижелерге қол жеткізгендер құттықталады. Ағаттықтар да елеусіз қалмайды — олар туралы халықтық бақылау бетшелерінде әңгімеленеді, «молниялар» секілді олар жұмыс орнына жедел жеткізіледі. Тура загон басында және қырманда сыйлық пен басқа наградалар тапсырылады. Ал озаттар семьясына алғыс айтылған хаттар жіберіледі.

С. КУЛЬПИН.

ОРАҚ ҰҚЫПТЫЛЫҚҚА ҮНДЕЙДІ

ЕГІН ЖИНАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ОЙЛАНЫП, ҚИМЫЛ ЖАСАУЫНА АРНАЛҒАН ИНФОРМАЦИЯЛАР

Халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету өсірілген ауыл шаруашылығы өнімінің көлеміне ғана байланысты емес, сонымен бірге оның тұтынушыларға қаншалықты жеткізілуіне байланысты.

Мемлекеттік статистика комитетінің есептеріне қарағанда, 1988 жылы егінді жинау мен сақтау кезінде шаруашылықтарда, сондай-ақ тасымалдау мен сақтау кезінде дайындау ұйымдарында астықтың тікелей ысырабы миллион тоннаға жетті, бұл өсірілген түсімнің 5 проценті, оның құны 182,5 миллион сом.

39,5 мың тонна қант қызылшасы (фабрикалық) ысырап болды, (3 процент және 2 миллион сом)—118,5 мың тонна картоп (5 процент, яғни 26 миллион сом), 52,5 мың тонна көкөніс (4 процент және 10,7 миллион) ысырапқа ұшырады.

Салыстыру үшін мынаны атап көрсетейік: ысырап болған дән 7 миллион адамды жыл бойы нан-булка тағамдарымен қамтамасыз етуге, картоп — бір жарым миллион адамды, көкөніс — 600 мың адамды қамтамасыз етуге жетеді. Ысырап болған қызылшадан 4 мың тоннадай қант шығаруға болады, ол кем дегенде 100 мың адамды қамтамасыз етер еді.

Орасан зор нұқсан келтіріліп отырғанын көруге болады, дегенмен оған жол бермеуге болар еді. Бұл үшін ең алдымен орақ жұмыстарының сапасын көтеру керек. Ішінара тексерулердің көрсетіп отырғанындай, орта есеппен егін жинау кезінде жыл сайын гектарына 35 килограмнан 50 килограмға дейін дән, 9 центнерге дейін қант қызылшасы (фабрикалық) және 4 центнерге дейін картоп пен көкөніс ысырап болады.

Бұл ысыраптарды туғызатын себептер де айқын: егін жинау техникасы толық әзір болмайды, комбайндар көтеріңкі шапшаңдықпен істейді, комбайн бункерлері мен автомашина шанақтары нашар саңылаусыздандырылады, егін жинау мерзімі кешігіп, ол ұзаққа созылып кетеді, өнім өткізуде ұқыпсыздық пен қателіктерге жол беріледі. Әрине, егін жинау техникасының жетілдірілмегенін де есептен шығарып тастауға болмайды, бұл орайда егін даласы еңбеккерлерінің алдында машина жасаушылар үлкен қарыздар болып отыр. Алайда көп нәрсе орақта қатысушылардың өздеріне, олардың халық алдындағы өз борыштарын түсінуіне, жұмыстағы тәртіптілігіне байланысты.

Бұл күндері 1989 жылдың егінін жинау толық кемелінде жүріп жатыр, сондықтан оған қатысушы әрбір адам өсірілген өнімнің ысырабын азайту туралы қамқорлық баршаның және әрбір адамның борышы екенін түсінулері керек. Асқан құнттылық — бұл азық-түлік ресурстарын толықтырудың өте маңызды қайнар көзі.

В. ЕВСТАФЬЕВ,
Қазақ ССР-і Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті агроөнеркәсіп комплексі статистика басқармасының бастығы.

Digitized by Google

КӨКӨНІС КОНВЕЙЕРІ,

оның тиянақты жұмыс істеуіне не оралғы жасайды

Қазір маңызды кезең — қысқа көкөніс пен жеміс дайындау өтіп жатыр. Жерден өнгеннің жерде қалмауы, ұқыпты жиналып, қоймаға салынуы үшін ұқыпты қожайын әдетте бұл кезге тиянақты әзірленеді. Біздің тілшіміз Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің жеміс пен көкөніс дайындау, саудаға беру және сақтау жөніндегі бас басқармасы бастығының орынбасары Б. А. Ибрагимовамен кездесіп, қысқы маусымға әзірлік жағдайының бүгін қалай қалыптасып жатқаны, бізде картоптың, көкөністің және жемістің қаншалықты жеткілікті болатыны туралы әңгімелеуін өтінді.

— Өкінішке қарай, шаруашылықтардың көпшілігінде егін шықпай қалды, майдың басында суық түсіп, плантациялар зақымдалды. Демек дер кезінде қабылданған шаралар стихия салдарын жоюға көбірек көмектесті. Егіні зақымдалған алаңдарға жедел қайта тұқым себілді, ал сақталған алаңдарда егістікті баптау күшейтілді. Содан кейін картоптың едәуір бөлігін зақымдаған құрғақшылық болды.

Биыл баға, әсіресе қиярдың, помидордың, пияздың бағасы жоғары болып шықты. Істің мәні мынада: июнь-июль айында негізінен Өзбекстаннан, Түркменстаннан әкелінген өнімдер сатылды және транспорт шығынын өтеу керек болды.

— Келесі жылы бағаның мұндай шарықтауы болмайды деп күту керек қой...

— Иә, солай ғой. Қазір Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіп комитеті ерте пісіп жетілетін көкөніс пен картоп өндіруді жетілдіру жөніндегі шараларды талдап жасауда. Бұл үшін республиканың бір тұрғынына бір шаршы метрден келетіндей есеппен теплицалар құрылысын жеделдету керек.

— Сонда да бағаға байланысты жағдай тұтынушыларда наразылық тудырады. Әлбетте, барлық жағдайды суықтың ұруымен ғана түсіндіруге болмайтын шығар...

— Сізбен келісемін. Бағаны құраудың жаңа тәртібі, әлбетте, оған әсер етуде. Енді бұл тұрғыдан облыстық агроөнеркәсіп комплексі соңғы сөзін айтады. Шаруашылықтар жұмысын тұтынушылар қалтасы есебінен ынталандыруды бастап, бәрі бірдей осы правоны соншалықты орынды пайдалана қойған жоқ. Тұтынушы ретінде маған, жәшікте жатып әбден пісіп жетілген, сыпайылап айтқанда, онша сапалы емес помидордың әр килограмы үшін 50 тиыннан төлеу оңай емес қой. Бағаны бақылауды күшейту, ал бағаның кемуі үшін ең бастысы — өнімді көп өндіру керек.

— Сондықтан егін түсімінің бүгін таңда қалыптасып отырған жағдайында қандай шаралар қолдану керек?

— Мемлекеттік агроөнеркәсіптік комитет, сауда ұйымдары совет органдарының көмегіне сүйене отырып, бұл күндері республикадан тысқары жерлерден картоп пен көкөніс сатып алу шараларын қолдануда. Кездесіп отырған тапшылықтың орнын негізінен толтыруға болатын шығар деп ойлаймыз.

Қазір егінді жедел әрі ысырапсыз жинап алу керек. Бұған, мәселен, қарағандылықтар жауапкершілікпен қарады. Онда картоптың шығымы жақсы. Ақтөбеліктер туралы да солай деуге болады. Алайда бүгінде өткен жылғы ағаттықтарды еске алу керек. Сонда Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Көкшетау, Семей, Талдықорған және Целиноград облыстарының көптеген шаруашылықтары сапасыз картоп жөнелтті. Ондағы қалдықтармен зақымдалған өнімдер кейде 20—25 процент құрады.

Мұндай фактілерге жол бермеу үшін биыл сапаға екіжақты бақылау алғаш енгізілді: өнімдер оны берушілерде де, сатып алушыларда да тексеріледі. Мұның өзі қалдық мөлшерін кемітуге көмектесті. Дегенмен жалпы санды қуалаушылықтан бас тарту арқылы істің жайын толық түзеуге болады ғой деп ойлаймын. Әлбетте, жаздың бастапқы кезінде зиянкестермен зақымдалған капустаның тым сарғайып кеткен қиярдың, майда картоптың саудаға берілуі-

● **Өнімді жинаған танаптың бір шаршы метріне қалдырылған жалғыз түйнек гектарынан 1 тонна картоптың кем алынуына соқтырады. Республика ауқымында бұл жүз мың тонна картопты кем алумен бірдей.**

● **Егінді жинау барысында бір шаршы метрде қалдырылған бір помидор гектарынан 2 тонна өнімді кем алуға соқтырады. Республика ауқымында мұның өзі 9 мың тонна помидордың рәсуа болуымен тең түседі.**

Digitized by Google

нің көптеген фактілері осы арқылы түсіндіріледі. Бұл тұтынушыларда әділетті реніш тудырды. «Жалпы көрсеткіш» туралы мәселенің сайып келгенде күн тәртібінен алынуына және көкөніс өсірушілердің өсірілген және жиналған жалпы өнім үшін емес, аса сапалы өнім үшін көтеріңкі айлық алуына қол жеткізу керек.

— Сақтау барысында өнім ысырабының көп болуының алғашқы себептерінің бірі де осыған саяды. Сонымен бірге көкөніс қоймасының жайына да көп нәрсе тәуелді ғой. Ал олар өнімді қабылдауға қалай әзірленуде!

— Бізде қоймалар жетіспейді. 1 миллион 100 мың тонналық қойма қажет болып отырғанның өзінде 700 мың тонна ғана өнім сақталатын орын бар.

Қызылорда, Семей, Орал, Шымкент облыстарында істің жайы өте-мөте нашар, оларда картопқа арналған қоймалармен қамтамасыз етілу тиісінше 20,32,44 және 49 процент құрайды. Қоймаларды, соның ішінде тікелей шаруашылықтардың өзінде қоймаларды жедел салу керек. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советінің шешімдері осыған бағдар береді, онда әр мың тұрғынға 115 тонна картоп пен көкөніс сақтауды қамтамасыз ету үшін қоймалардың материалдық базасын елдегі қолданылып жүрген нормативтер деңгейіне жеткізу міндеті қойылды.

Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеттің ұйымдары қоймаларды іске қосу жөніндегі тапсырманы орындауда, ал Қазақ республикалық тұтыну қоғамдарының одағы, Сауда министрлігі, кәсіпорындардың жұмысшыларды жабдықтау бөлімдері масылдық ниет ықпалында болып, базаны дамытпай отыр. Оған деген қатынасты шұғыл өзгерту керек. Өйтпейінше, біз ысыраптың тұйық шеңберінен ешуақытта шыға алмаймыз. Демек дайындалған картоптың оннан бір бөлігі жыл сайын қоймаларда жатып бүлінеді немесе малға беріледі. Көкөніс қоймаларымен біршама жақсы жабдықталған Алматының өзінде былтыр картоптың жемістің оннан бірі және көкөністің бестен бірі рәсуа болды.

— Демек, қоймалар құрылысы мен оны техникалық жағынан жарақтандыру жеміс-көкөніс үзбесіндегі басты буын болып табылады ғой! Ал Азық-түлік программасы межесіне шығуға байланысты істің жайы қандай!

— Енді республикада жан басына 77 килограмм көкөністен, 87 килограмм картоптан, 20 килограмм жемістен және жидектен келеді. Бұл, әрине, тамақтану нормасында анықталған мөлшерден кем.

Демек азық-түлік программасы межесіне шығу үшін көкөніс пен бақша дақылдарын тұтынуды 130 килограмға, картопты —93, жеміс пен жидекті 46 килограмға жеткізу керек.

Бізде Азық-түлік программасын орындауға арналған мүмкіншіліктер мол, және мұның өзі картоп өндіруді үдету мысалынан жақсы көрінеді. Соңғы бес жыл ішінде басқа республикалардан картоп тасу толық тоқтатылды. Тым бертінде Қазақстан өзін олармен қамтамасыз ете алмайды деп есептелгенімен осылай болып отыр. Енді біз тіпті оны сыртқа шығара бастадық.

Облыстардың өздерін өздері қамтамасыз ету туралы қамқорлық жасайтын уақыт жетті. Бұл тұрғыдан әзірше Қызылорда, Орал, Гурьев облыстарында істің жайы мәз емес, жыл сайын оларға басқа облыстардан 25 мың тоннадан 50 мың тоннаға дейін картоп пен көкөніс әкелінді. Тұтасынан республикалық ішкі картоп тасымалы 210 мың тоннадан астам, көкөніс —180 мың тонна, жеміс —40 мың тоннадан астам, бақша дақылдары — 66 мың тонна құрайды. Бұл өте ауыр.

— Басқа салаларға қарағанда жеміс-көкөніс өнімдерімен жақсы жабдықтау шешуші дәрежеде саудаға тәуелді ғой. Бұл тұрғыдан қандай жаңалықтар баршылық!

— Бұл, әлбетте, арендалық магазиндер. Өнім айналымының тең жартысы олардың үлесіне келеді. Товардың толық праволы қожайындары бола отырып, олардың коллективтері өнімді жедел өткізуге, оның бүлінуіне жол бермеуге мүдделі. Олар өнімдерді сатып алу есебінен олардың түр-түрін толықтыруда, шаруашылықтармен шарт жасайды. Оның үстіне халыққа қызметтің қосымша түрлерін ұсынады: қиярды, капустаны, помидорды тұздайды және мұны өте білікті жасайды.

Сауданың шаруашылықтармен тікелей байланысы дамытылуда. Өткен жылы — 200 мың тоннадан астам картоп пен көкөніс базаларға және түрлі басқа бөлу орындарына соқпай-ақ серелерге түсті. Мәселен, Шымкент облысындағы «Киров» совхозының магазині аса танымал, мұнда жас көкөніс пен жеміс жыл бойы дерлік беріліп тұрады. Облыстардың бәрінде осындай магазиндердің көбейе түскені жақсы ғой.

Өнімді өсіріп, жинап алу, сақтау — оңай іс еместігін ұмытуға болмайды. Осы көкөніс конвейерінің бірде-бір учаскесінде іркіліс болмауы үшін адал еңбек ету керек.

Әңгімені жүргізген Т. ЩИПАНОВА.

Digitized by Google

Журналымыздың он бірінші номерінде жарияланған О. Кореляковтың жасөспірімдер арасындағы қылмыс жасаудың алдын-алуға арналған «Қателіктен сақтандырайық» деген мақаласына орай көптеп хаттар түсе бастады. Оқырмандарды өсы аса маңызды проблеманы талқылауды одан әрі жалғастыруға шақырамыз.



ЖАҢА ҚЫРЫНАН КӨРІНУДЕ

«Не жақсының бәрі балаларға» тақырыбындағы көптеген әңгімелер барысында біз балаларға аз көңіл бөлеміз. Бертінде каникул аяқталды, өздерін қоярға жер таба алмай көшеде босқа сенделіп жүрген балаларды, әлбетте, бәріміз көрдік қой. Мен О. Кореляковтың қылмыстың басым көпшілігі балалар «өздерін қоярға жер таппайтын» кезде, яғни кешкі көшелерде жасалады, сондықтан қиын жасөспірімдермен жұмысқа деген қатынасты шұғыл өзгерту керек», деген пікірмен толығынан келісемін.

Жамбыл облыстық жас туристер станциясының шағын педагогтар коллективінің жұмысы нақ осындай мақсатты ізденіспен ерекшеленеді. Станция қаланың шет жағында, ескі, бұрынғы балалар үйінде орналасқанымен мұнда өте ұйымшыл нұсқаушылар жұмыс жасайды.

Олардың есебінде дұрыс жолға түскен қаншама балалар тағдыры бар, право тәртібін бұзушылар қатарын толықтырмаған, жақсы адамдар болған қиын жасөспірімдер көп.

Педагогтар жасөспірімдермен жұмыс практикасында солбір балаларды бағалаудағы сондай алшақтықты жиі ұшыратады. Мәселен, Дима Гольцев, Саша Краснов, Владимир Дзго, Владимир Гайн туристік коллективке сондай айрықша тұлға болып табылады деуге болады. Олар —№ 42 және № 43 орта мектептердің орташа оқитын, оңша ерекшеленбейтін оқушылары. Оғаштау қайшылық. Олар үшке оқиды, сабаққа айрықша құштарлық көрсетпейді. Жалпы мектеп мұғалімдері оларды тәрбиелеуге көнбейтіндер қатарына «жатқызған». Бізде станцияда олар мектепте көрсете алмаған қасиеттерін байқады. Бұл — шымырлық, батылдық, ширақтық, әлсіз адамдарға көмектесуге әзір тұрушылық. Сайып келгенде, сондай қайырымды. Демек аса сезімтал Сашаны отрядтың барлық мүшелері командир етіп сайлады.

Істің мәні неде? Ол жасөспірімдерге деген түрлі қатынастарда ғой деп ойлаймын. Тоғыз-он бес жасар адам қызықты өмір сүргісі келеді, оның әлденеге деген қажеті дамып, жетілу қажеттігі бар. Оны да қанағаттандыру керек. Алайда тәрбиенің қазіргі мектеп методикасы өзінің мәні жағынан қосымша сабақтарға ұқсас шаралардың дәстүрлі формаларына бейімделген, сондықтан олар балаларды қанағаттандырмайды. Туристік станциядағы істің жайы басқадай. Мұнда балалар экспедицияларға, жорықтарға, көбіне көп күндік сапарларға шығады. Күрделі дегенмен қызықты маршруттарды таңдайды. Адалын айтқанда, жол қапшықтарын арқалаған жігіттер мен қыздардың он метрлік, кейде одан да биік ағаш көпірлер арқылы өтіп бара жатқанын, нұсқаушылар соңынан ілесін, жіңішке тау соқпақтарымен жоғары қарай өрмелеп бара жатқанын көргенде сондай бір сезімге бөленесің. Немесе ересектермен бірдей аптаған күн ыстығында көне Таразда археологиялық қазба жұмыстарын жүргізеді. Қиын ба? Демек осындай қиындықтарды алу барысында характер шыңдалады, ұстамдылық қалыптасады. Мұнда ойдан шығарылған қиындықтар жоқ.

Біздің өз түлектерімізге ұсақ-түйек жөнінен қамқорлық жасай бермеуіміздің де ықпалы зор. Ересектер мен балалардың араласуының сүйікті формаларының бірі — туристік кештер, олар әдетте, жорықтардан кейін бір-екі күннен соң станцияда, мектепте, аулалық клубта немесе нұсқаушылардың бірінің пәтерінде өтеді. Балалардың өздері пирог, печенье пісіреді, самаурын қояды, ал сосын олардың бәрін толғандыратын тақырыпта: осы заманғы музыка, формальді емес бірлестіктер, туризм проблемалары қозғалады, тауда болған ауыр немесе күлкілі оқиға-

Digitized by Google

лар еске түсіріледі. Осындай араласу арқылы балалардың жан-дүниесі қалыптасады. Егер біздің балаларымыз шынығуға беруін, сонымен бірге қайырымды болуын қалайтын болсақ, онда оларға қызықты да пайдалы істерді тапсыру керек деп есептеймін, сонда балалар оларға қатыса отырып, өз елінің саналы азаматтары болып өсе алады.

А. ҒАЛЫМОВ,
Жамбыл педагогика институты педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы.

ОСЫНДАЙ СЕМЬЯ БАР

Сіздің журналдың он бірінші номерінде жарияланған О. Корельяковтың жасөспірімдер арасындағы қылмыс жасаушылық себептері мен оның алдын алу жолдары туралы «Қателіктен сақтандырайық» деген мақаласын аса ықылас қоя оқып шықтым.

Мен мектепте көп жыл жұмыс істедім. Сондықтан да мынаған көзім жетті: баланың мінез-құлқы мен жеке тұлғасының қалыптасуында көп нәрсе семьялық тәрбиеге тәуелді. Бірақ қазіргі көптеген мамалар мен паналар ата-аналық парызына сонша жауапкершілікпен қарамайды.

Менің бұрынғы шәкіртім Елена Ивасик биыл алғаш рет біздің мектебімізде жұмыс істеді, ол алты жасарлар класында сабақ берді. Мен оған көмектесе отырып, ата-аналардың тең жартысына жуығы жиналысқа келмейтініне, өздерінің кішкентай оқушыларының істерін сұрап білмейтініне назар аударды. Біз мектепке келмейтін ата-аналармен жеке әңгімелесу әрекетін жасағанымызда олардың түсінбеушіліктеріне тап болдық, «бізге ақыл үйретпей-ақ қойыңыздар» деген бірауызды жауапты естідік. Сонда да мен тек бір ғана семья — Шуваловтар семьясы туралы әңгімелей отырып, осындай әрекет жасағым келеді.

Светлана Ильинична мен Борис Федорович Екібастұзда көп жылдан бері тұрады. Светлана Ильинична инженер-технолог, ал күйеуі балташы болып жұмыс істейді. Олардың үш баласы бар — Олег, Максим және Таня. Осы семьядағының бәрін — кішісін де, үлкенін де ортақ іс, ортақ еңбек біріктіреді. Шуваловтар — таланкер туристілер. Қысқы каникул кезінде ата-аналары демалыс алып, балаларымен бірге антальық шаңғы жорығына кетеді. Олар сүрлеулер мен жылғаларды, қала төңірегін жете біліп алған, олардың өздерінің сүйікті жерлері де бар. Ал жазда велосипедпен жорыққа шығады. Демек, балалар он айлығынан бастан-ақ папасының арқасындағы қапшықта. Борис Федорович оны осы мақсатқа лайықтап жасаған, саяхатқа шығуды бастаған.

Шуваловтарда қонақта болу сондай қызықты. Балалар бөлмесінде үш жұмыс орны — қабырғаға бекітілген қайырмалы шағын столдар (оларды жігіттердің өздері істеген) бар. Қабырғада — сабақ үлгірімінің табелі, ол былайша айтқанда жаңнай көру үшін ілінген. Борис Федорович бұл тұрғыдан былай дейді: «Бұл біздің балаларымыздың бір күнде, бір айда және бір жылда істеген жұмысы туралы есеп».

Пәтердегі заттардың бәрін дерлік ата-аналары мен балалары өз қолдарымен жасаған. Қазақстан және Қиыр Шығыс бойынша саяхаттардан әкелінген әртүрлі және қызықты заттар көп-ақ. Балалар бөлмесін жасыл түспен сырлаған кітап сөрелері бөліп тұр, онда бәрі балаларға арналған: кітаптар, бояулар, қыл қаламдар, қолдан жасалған заттар, баян, т. б. заттар қойылған. Бөлменің төрттен бірін үлкен макет — темір жол құрылысының макеті алып тұр. Семья мүшелерінің бәрі бос уақыттарында онымен айналысады.

Балалардың үшеуі де музыка және бейнелеу өнері мектебін бітірген. Оның үстіне балалар да, ересектер де фото және кино ісімен айналысады. Олар жорықтар, балалар оқыған кластарының өмірі туралы семьялық фильмдерді көптеп түсірген. Олег пен Максим мектепті бітірді, екеуі де Алматы ауыл шаруашылығы институтының орман шаруашылығы факультетінде оқып жүр. Демек, мектеп бітіру кешінде кластастарымен және мұғалімдерімен бірге балалардың бірінші кластан оныншы класқа дейінгі өмірі туралы деректі киноленталарды көру қандай тартымды десеңізші.

Олардың ата-аналарының үнемі мектепке көмекші екенін және оларды жиналысқа немесе басқа мектеп шараларына келу үшін үгіттеудің қажеті жоқ екенін айтқым келеді.

Семьяда ішімдік ішілмейтінін қоса айта кеткім келеді, бұдан ешкім залал көріп жатқан жоқ. Мерекелердің бәрінде шырғатар, сусындар қойылады.

Ал ең бастысы — Шуваловтар семьясында ересектер мен балалар бір-бірін жақсы көретін әрі түсінісетін нағыз достар. Осындай семьяда балалар көшенің жаман ықпалына тап болады деп қауіптенудің қажеті жоқ. Керісінше, олар өз қатарластарына оңды ықпал жасайды.

Н. КОТЛЯРОВА,
№ 11 орта мектептің мұғалімі.
Павлодар облысының
Екібастұз қаласы.

Digitized by Google

ШЫМКЕНТТІКТЕРДІҢ «КӨК» СӨМЫ

Шымкентте өнеркәсіптік потенциалдың дамуы ұзақ жылдар бойы табиғатты қорғау шараларын жүзеге асырумен сүйемелденген жоқ. Соның салдарынан қорғасынның, фосфорлы ангидридтің, тозаңның, фторлы қоспалардың және басқа зиянды компоненттердің шоғырлану деңгейі, әдетте, ықтимал мөлшерден төрт-бес есе, ал жекелеген кезеңдерде — он есе асып түседі. Осыдан барып сырқаттану, ішінара алғанда, гепатитпен сырқаттану көбейе түсті, балалар оған өте-мөте жиі шалдығады. Бізде демікпе де жиі ұшырасады.

Қалалық Советтің атқару комитеті, санитарлық-эпидемиология қызметінің органдары кәсіпорындардың шаруашылық механизмінен айналадағы орта тұрғысынан ведомстволық өзімшілдікті қолдайтын элементтерді ығыстыру міндетін қойды. Табиғат үшін аса қауіпті шешімдер барлық көзқарас тұрғысынан, ең алдымен кәсіпорынның және оның министрлігінің өзі үшін аса тиімсіз болуға тиіс. Кәсіпорындардан зиянды заттарды тастағаны үшін ұсталатын төлем осындай механизм болуға тиіс.

Партия мен үкіметтің халық депутаттары Советтерінің әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдету үшін ролін арттырып, жауапкершілігін күшейту, елде табиғат қорғау ісін түбегейлі қайта құру мәселелері жөніндегі шешімдерін басшылыққа алып, халық депутаттары қалалық Советінің атқару комитеті мұндай қаржыны зиянды заттарды атмосфераға шығарғаны үшін қаланың өнеркәсіп пен автотранспорт кәсіпорындарынан ұсталатынын анықтау, аудару және пайдалану туралы уақытша методика мен ережені бекітті. Біздің заказымыз бойынша осы документтің жобасын Пермьнің жастардың ғылыми-техникалық творчествосы орталығы талдап жасады. Зиянды заттардың ықпалынан айналадағы ортаға және адамның денсаулығына келтірілген экономикалық нұқсанның есепті деректері оның негізіне алынған. Кәсіпорындардан атмосфераға, соның ішінде авариялық және бір мезгілді көптеп тасталған зиянды заттар үшін төлем ұсталады. 1988 жыл ішінде өнеркәсіп орындарынан ұсталған жылдық осы төлем есебі 3,3 миллион сомнан асты. асты.

Осы қаржы автотранспорт шаруашылықтарынан да қалалық бюджетке аударылады: 60 мың километр жол жүрген әр автомобильден мынадай төлем ұсталады — бензинді двигателі бар бір жүк автомобилінен — жылына 96 сом, дизель двигателі бар жүк автомобилінен —72 сом және жеңіл автомашинадан —24 сом.

Экономикалық санкцияларды қолдану кәсіпорындар жұмысының түпкі нәтижесін табиғат қорғау қызметімен қабыстыруға көмектеседі. Кәсіпорындардан бюджетке аударылатын «көк» сом, қала тұрғындары қаржыны нақ осылай атады, айналадағы ортаны қорғауға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға жұмсалады, оның 25—30 проценті денсаулық сақтау қажетіне бөлінеді.

Бертінде осы документ қалалық Совет сессиясында бекітіліп, күшіне енді. Кәсіпорындар қызметкерлерінің айтуына қарағанда, олар цехтар мен учаскелер жұмысының режиміне мейлінше жіті қарайтын болды. Бұл түсінікті ғой: «көк» сом заводтық қордан алынады.

Ж. ӘДІРБЕКОВ,
халық депутаттары қалалық Советі атқару комитетінің председателі,
В. ПЯТАК,
Шымкенттің мемлекеттік бас санитарлық дәрігері. (Шымкент облыстық «Южный Казахстан» газеті).

ЖАҢА КЛУБ

Лениногорскіде экологиялық «Биосфера» клубы құрылды. Оның құрамында түрлі жастағы және кәсіптері бойынша геологтар, мұғалімдер, жұмысшылар, дәрігерлер бос істейтін жиырмадан астам адам бар.

Адамдар қолдау табу үшін клубқа келеді. Электрик-слесарь Г. Багдаев кәсіпорын мен қалалық өкімет басшылары нарын тиеу жұмыстары барысында цементтің шашылуына жол бермеу, айналадағы ортаны зиянды шаңмен ластамау туралы мәселелерді шешуге аударуға талай рет әрекеттенді. Ол клубта көмекшілерін тапты.

Клуб ұраны — қайсыбір, тіпті шағын істі логикалық жағынан аяқтап шығу.

Digitized by Google

ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ОБЪЕКТІЛЕРІ ІСКЕ ҚОСЫЛСЫН

Өткен жылы Қазақ ССР-інде айналадағы ортаны қорғауға (орман шаруашылығын жүргізуге жұмсалған шығындарды қоса есептегенде) 620 миллион сом жұмсалды. Алайда ол әркез тиісті орнына және ұтымды пайдаланыла бермейді, тіпті осы мақсатқа бөлінген мемлекеттік күрделі қаржы қанағаттанғысыз игерілуде, мұның өзі төмендегі деректерден көрінеді (миллион сом):

	1986 ж.		1987 ж.		1988 ж.	
	іс жүзінде пайдала-	пайдаланылу проценті	іс жүзінде пайдала-	пайдаланылу проценті	іс жүзінде пайдала-	пайдаланылу проценті
Табиғат қорғау шараларын орындауға бағытталған күрделі қаржы, барлығы	111,6	80	159,5	85	268,2	102
оның ішінде су ресурстарын қорғауға	84,4	84	108,0	87	109,5	84
атмосфералық ауаны қорғауға	13,8	68	30,2	82	39,8	88
жерді қорғауға	4,9	98	6,1	55	12,7	102
минералдық ресурстарды қорғауға	3,8	67	4,8	78	90,9	158

Өткен жылы Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитетінің, Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің, СССР Мұнай өңдеу және Мұнай-химия өнеркәсібі және Автомобиль өнеркәсібі министрліктерінің кәсіпорындарында бөлінген мемлекеттік күрделі қаржылар тым нашар пайдаланылды. Оларда қаржыны игеру деңгейі 50—70 процент құрады. Соның салдарынан Энергетика және электрлендіру министрлігі 10 мың текше метр сарқынды суды тазалауға арналған станцияны және 1468 мың текше метрлік қайталама сумен жабдықтау жүйесін іске қосу жөніндегі жоспарлы тапсырманы орындауды қамтамасыз етпеді. Түрғын үй-коммуналдық шаруашылық министрлігі Алматы, Шымкент, Түркістан және Орал қалаларында сарқынды суларды тазалау жөніндегі ірі станцияларды іске қоспады.

Су ресурстарын қорғауға бөлінетін қаржының жыл сайын өсуіне қарамастан табиғи су қоймаларына лас сарқынды су құйылу мөлшері әлі де көбейіп келеді. Олар 1988 жылы 339 миллион текше метрден асты, немесе 1980 жылмен салыстырғанда 1,5 есе, ал 1985 жыл деңгейіне қарағанда 27 процент өсті, шығын мөлшері тиісінше 1,7 есе артып, 24 процент құрады. Әсіресе Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар және Семей облыстары территориясында орналасқан кәсіпорындар ластанған суды көп жібереді.

Тұрақты қайнарлардан зиянды заттардың ауаға шығарылуы, өкінішке қарай тым мардымсыз азайтылуда, демек өткен жылы ол 5,4 миллион тонна құрады, немесе республиканың әрбір тұрғынына 327 килограмнан келді. Мұның барысында Алматы, Шығыс Қазақстан, Жезқазған, Қызылорда, Көкшетау және Орал облыстары сияқты жерлерде олардың ауаға тасталуы тіпті 2—16 процент көбейіп кетті. Энергетика және электрлендіру министрлігі (барлық зиянды заттардың 39 проценті), Қара металлургия министрлігі (18 процент), Түсті металлургия министрлігі (13) процент), Мұнай өнеркәсібі министрлігі (5 процент) ауаны ластаудың негізгі қайнарлары болып қалуда. Осы кәсіпорындарда ауаны ластайтын газ бен шаң тұтқын қондырғылармен жарақтануы (64 процент), сондай-ақ оларды тазалау деңгейі өте төмен — зиянды заттардың тек 8—7 проценті ғана тұтылады.

Жайсыз экологиялық жағдай (ауе бассейнінің, жер бетіндегі және жер астындағы судың ластануы, агроөнеркәсіп комплексі шаруашылықтарының улы химикаттар мен минералдық тыңайтқыштарды өте көп мөлшерде қолдануы) түрлі созылмалы аурулармен ауырудың жоғары деңгейде болуының негізгі себептерінің бірі. 1988 жылы республика бойынша өлім 1987 жылмен салыстырғанда көп болды, мәселен, іш сүзегімен қайтыс болу 1,7 есе көп, демікпеден —15 процент, тыныс органдары туберкулезінен —5 процент, қан айналу жүйелері ауруынан —4 процент, аса қауіпті ісіктерден —3 процент көбейді.

Әзірлеген Н. СКАЧКОВ.

Digitized by Google

ЛОТЕРЕЯ: КІМДЕРГЕ ПАЙДАЛЫ?

Ауызекі әңгімелер мен баспасөз беттерінде ақшалай-заттай лотереялар туралы түрлі пайымдауларды ұшыратуға болады. Лотерея халыққа ештеңе бермейді, ал бүкіл пайда қазынаға түседі дейді. Ол жеке меншік ниетті өршіте түседі-міс деген пікір де баршылық.

Біздің республикамызда ақшалай-заттай лотереяларға байланысты істің жағдайы қандай?

С. ИГНАТОВ.
Ақтөбе қаласы.

Қазақ ССР Финанс министрлігінің сауданы қаржыландыру мен ақша айналымы бөлімінің бастығы **Құмар Мүсәлімұлы САДЫҚБАЕВ** оқырман сұрағына жауап береді.

Қазақ ССР-інің ақшалай-заттай лотереясын өткізу басталғаннан бері (1958 жылдан) ол танымал болып алды, билеттердің бәрі толық сатылады. Енді жыл сайын 10 миллион 80 мың сомның республикалық ақшалай-заттай лотереясы шығарылады.

Халыққа ұтыс түрінде ойналатын соманың 60 проценті қайтарылады — бұл 6 миллион 48 мың сом. Тиражды, жарнамалық шараларды өткізуге және ұтыстарды жіберуге арналған шығынды ұстағаннан кейін қалған ақша жергілікті бюджетке түседі. Демек лотереяның халыққа тиімсіздігі туралы әңгімелер негізсіз. Оның үстіне оларда «Волга», «Жигули», «Москвич», «Лиаз» автомобильдері, сондай-ақ тоңазытқыштар, телевизорлар, кір жуатын және тігін машиналары, магнитофондар, шаңсорғыштар және басқа тапшы товарлар ұтысқа шығады.

Лотерея шарттары бойынша 1989 жылы орта есеппен әрбір он алтыншы билет ұтады. Ұтыстың орташа мөлшері 2,96 сом құрайды. Заттай ұтыстар құны ұтыс қорының жалпы сомасының 35,8 процентін, ал заттай ұтыстың орташа мөлшері 880,6 сом құрайды. Орташа мөлшермен 1,9 сомнан ұтыс қорының 64,2 проценті ақшалай ұтысқа түседі.

Ұтқан лотереялардың жалпы санының 90,9 проценті ұтысқа және 0,1 проценті заттай ұтысқа келеді.

Демек аса жиі кездесетін ұтыс — 1 сом. Дегенмен әр адам лотерея билетін ала отырып, осы 1 сомды емес, аса көлемді жүлдені ұтуға үміт етеді. Лотерея бойынша басты ұтыс нені аңғартуға тиістігі туралы мәселе түрлі жыл-

ЖАНАШЫРЛЫҚ ПІКІР

ШАРУАШЫЛЫҚ ЕСЕПТЕГІ ӨЗІМШІЛДІК

Қалалық жолаушылар транспорты кәсіпорындары жоспарлы зиян шегуші кәсіпорындар екені мәлім. Жолаушылардың жолақысы құны (бес тиын) мен оның іс жүзіндегі өзіндік құны арасындағы «айырмашылық» трамвайларда — 8,98 тиын, ал троллейбустерде — 9,76 тиын құрайды. Қалалық маршрутты автобустар шығыны да шамамен осындай деңгейде.

Шығын рентабельді жұмыс істейтін жүк автомобилі транспорты кәсіпорындарының пайдасы есебінен өтеледі, ал мұның өзі өзін-өзі қаржыландыру принципіне қайшы келеді. Біздің көзқарасымызша, коллективтері қалалық транспорттың іркіліссіз жұмысына тікелей мүдделі болатын өнеркәсіп орындарының қаржысын бұған тартқан тиімді. Олардың жергілікті бюджетке қосатын төлемдері әзірше символды сипат ұстайды. Мәселен, өткен жылы Шығыс Қазақстан облысында олардың пайдасынан бөлінген бүкіл қаржы 5,8 миллион сомға әрең жетті. Мұның өзі облыстық бюджет мөлшерінің небары 2,5 процентін құрайды. Ал облыста ағарту мен денсаулық сақтауды қаржыландыруға арналған шығын 150 миллион сомнан асты.

Сірә, мұнда шаруашылық есеп эгоизмі өз правосына ене бастаған сияқты. Еңбек коллективтерінің өз ақшасынан айырыла қоюы өте ауыр. Сонда да мұны жасау қажет, егер жол жүруге 20 минуттен 40 минутке дейін уақыт кететін болса, транспорттағы кешеуілдеушілік салдарынан еңбек өнімділігі 2—3 процент кемиді. Уақыттың 40 минуттан 60 минутқа дейінгі ысырабы барысында ол 3—5 процент, бір сағаттан асқанда — 5—8

Digitized by Google

дарда нақты өмір жағдайын ескеру арқылы шешілді. Демек 1822 жылы Россияда өткен лотереяда 365 мың сом жылдық табыстың болуы басты ұтыс еді. Капиталистік елдердің көпшілігінде 1 миллион доллар (марк, франк)— басты ұтыс болады. Мұндай ұтыстар жекеменшік тәбетті аша түседі. Біздің елімізде ойналатын жүлделер азаматтардың өз табысын толықтырып, қайсыбір тапшы заттарға деген қажетін қанағаттандыруға көмектеседі. Сонымен бірге халықтың қаржысын ерікті түрде қоғамдық-пайдалы жұмыстарды ұйымдастыру үшін ерікті түрде тарту формасы болып табылады.

Өткен жылдан бері басты ұтыс ретінде ГАЗ-24 «Волга» автомобилін енгізу басты ұтыстың беделін көтеруге күшті көмектесті. Осының арқасында лотерея билеттеріне деген сұраным қыруар көбейді.

Әрине, лотереяны ұйымдастыруды жетілдіре беру керек. Оның тиражы жылына алты рет өткізілетіндіктен ол өзінің сонылығынан айрылып қалды. Бірнеше апта бойы нәтижені күтпеу, билетті сатып алғаннан кейін ұтысты бірден алу үшін «Спринт» лотереясы үлгісіндегі билеттерді сату дұрыс болар еді. Өкінішке қарай, баспахананың техникалық жарақтануы осындай билеттерді жасау заказын қанағаттандыруға мүмкіндік бермейді, тіпті «Спринт» лотереясының билеттері қазір сатуға сирек түсе бастады.

Лотерея түрлерін де өзгертетін уақыт жетті. Бұл бағытта қазірдің өзінде алғашқы қадамдар жасалды. Үстіміздегі жылы Қазақстанда эксперимент ретінде Халықаралық әйелдер күні —8 мартқа арналған 1,5 миллион сомның мерекелік лотереясы шығарылды. Оның билеттері жарты ай ішінде толық сатылды. Халықтың осы лотереяға деген ықыласын ескеріп, 1990 жылғы мартқа дейін оны 3 миллион сом мөлшерінде өткізу ұйғарылды.

Қазақстан комсомолының Орталық Комитеті өз тарапынан Жастар лотереясын өткізді, одан түскен қаржы тұрғын үй құрылысына бағытталды. Қазіргі уақытта 1990 жылы 20 миллион сомның осындай лотереясын өткізу мәселесі пысықталуда.

Оған қоса республика ДОСААФ, «Спринт» лотереяларының билеттері, «Спортлото», «Спортпрогноз» карточкалары және басқалар таратылады. Стадиондарда ұйымдастырылатын лотереялар ойыны үйреншікті көрініске айналды. Олар жәрмеңкелер, қызықтау шаралары мен парктердегі халықтық сейілдер кезінде жиі өткізіле бастады.

Өткен жылы Қазақстан халқы барлығы 63,9 миллион сомның немесе жан басына шаққанда 3,8 сомның лотерея билеттерін алды. Алайда СССР Халық Комиссарлары Советінің сонау 1933 жылы қабылдаған қаулысы қазіргі уақытта лотереяны дамытуды тежеп келеді, ол лотереяны өткізуге әрбір жекелеген жағдайда СССР үкіметінің рұқсатымен жол беріледі. Қазақ ССР Финанс министрлігі аймақтық шаруашылық есеп жағдайында лотереяны өткізу мәселелері тікелей республика үкіметінде қаралуға тиіс деп есептейді.

процент кемиді. Оның үстіне, жапониялық экономистер есептеулері көрсетіп отырғанындай, бос уақытты тәулігіне бір сағатқа көбейту еңбек өнімділігін күніне 1,4 процент өсіреді.

Сөйтіп, жолаушылар транспорты кәсіпорындарының зиян шегуін жоюға қатыса отырып, еңбек коллективтері өз кәсіпорындарының табысын молайта алады.

А. КАЙГОРОДЦЕВ,
В. СУДАКОВ,
экономика ғылымының кандидаттары.
Өскемен қаласы.

1989 жылғы Бүкілодақтық халық санағының хабарларынан

Қазақ ССР-інің Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті үстіміздегі жылдың 20 майында 1989 жылғы Бүкілодақтық халық санағының алғашқы қорытындылары туралы хабарлады.

1989 жылғы 12 январьда Қазақстан халқының саны алғашқы деректер бойынша 16 миллион 538 мың адам, оның ішінде еркектер — 8. 026 мың (48, 5 процент) және әйелдер — 8. 512 мың (51, 5 процент) болды.

Соғыстан кейінгі жылдарда жүргізілген санақтар бойынша Қазақ ССР халқы санының өсуі мынадай деректермен сипатталады (мың адам):

1959 жыл (15 январьда) —9295
1970 жыл (15 январьда)—13009
1979 жыл (17 январьда) —14684
1989 жыл (12 январьда)—16538

Соңғы 30 жыл ішінде республиканың халқы 7243 мың адамға (78 процент), ал 1979 жылғы санақтан кейін өткен он жыл ішінде 1854 мың адамға, яғни 13 процентке көбейді.

Халықтың өсуінің жылдық орташа қарқыны: 60 жылдарда —3,10 процент, 70-ші жылдарда —1,35 процент және 80-ші жылдарда —1,20 процент болды.

Digitized by Google

Ерлі-зайыпты... керісер де келісер

Семьялық өмірде кикілжіңдер болмай тұрмайды. Ең бастысы — оның шегін білу. «Ерлі-зайыпты ұрысар да керісер, керісер де келісер», деп пайымдайды халық даналығы. Іс жүзінде кикілжіңнің мынадай да жағы бар: қайсыбір керіс қатынастарға теріс ықпал жасайды. Ерлі-зайыптылар кикілжің кезінде бір-біріне көбіне жақсырақ танып біледі, шындықты анықтайды, өзара наразылық туралы нақты мағлұмат алады. Демек кикілжіңді семьялық қатынасқа пайдалы етіп пайдалануға болады. Бірақ, мұны қалай жасау керек!

Семьядағы керіс табиғи нәрсе, олардан үрейленбеу және асығыс тұжырым жасамау керек. Мұнда басқа нәрсе керек — кикілжің шешілмеген күйінде қалмауға тиіс, оның себебін іздестіріп, өз қателігіңді түсіну, реніш пен түңілушілік болмауы үшін оны талдау керек. Керісті бастаушы талаптарын, шағымдарын айтып, келесі жақтың оны тыңдауын және өзін басқаша ұстауын күтеді.

Кикілжіңді жағдайда өзіңді ұстаудың бірінші қағидасы — оны бастаушыға әділетті түрде қарау.

Әдетте, оның реніштері, талап-тілектері, шағымдары айыпталушы жағынан теріс пікір тудырады. Мұқият тыңдап, наразылықтың себептеріне үңілудің орнына ол барлық қаһарын төгеді. Топшылаулар мен қорытулар жүйесі іске қосылады: «Сен тағы да ұрысты бастадың ғой», «Саған бәрібір ұнамайды».

Екінші қағида — кикілжің себебін анықтау. Мұның ең алдымен айыпталушы жағына қатысы бар. Ол өз реніштерін дәлме-дәлдікте пайымдауға тиіс. Әйелі күйеуі креслода отырып алып, журнал оқиды деп реніш білдіріп, оған айқайлай бастайды: «Сені шешең сондай еркелетіп жіберген», «Сен тағы да ыдыс-аяқты жумапсың, ал мен үйдегі күң емеспін ғой», «Сен мені сүймейсің, әрі аямайсың!» Сонымен үш айып тағылды: 1. Күйеуінің ата-аналары оны нашар тәрбиелеген. 2. Ол үйде көмектеспейді. 3. Ол әйеліне деген сезімді өткермейді (әйтпесе бәрі басқаша болар еді). Әйелі өзінің наразылық білдіруінің шынайы себебін түсіндіре алмады. Әйелдің үйдегі істерден қолы босамай жатқанын және күйеуінің көмегін қажетсінетінін түсіндіруі ғана керек еді.

Үшінші қағида — жеке кикілжіңдерді болдырмау. Өз реніштеріңді айта отырып, оны ушықтыра бермеу керек. Мәселен, әйелдің күйеуіне «Мен сенің бөлмеде шылым шекпеуіңді қаламаймын, демалыс күнін достарыңмен өткізсең еді» деген талабы дәлме-дәлдікте тұжырымдалған және реніште, балағатты ештеңе баяндалмайды. Егер ол «Сен қандай сылбыр әрі икемсізсің» немесе «Сен әрдайым өзің қалағанды ғана жасайсың» дейтін болса — бұл зайыбыңның жеке наразылығы. Жеке кикілжің ұзақ уақыт есте сақталады, өзара айыптаулардың қайталап туындай беруі мүмкін. Екі жақ та реніштерден, бір-біріне айбат көрсетуден шаршайды, әрқайсысы оны «ұдайы күн көрсетпеу» ретінде қабылдайды.

Төртінші қағида — кикілжің себебін ұлғайта бермеу. Әдетте, ұрыс кезінде оны бастаушы өзінің барлық шағымдары мен реніштерін айтып салады. Қайсыбір проблеманы байсалды жағдайда талқылаудың орнына ерлі-зайыптылар барлық мәселені бірден шешу әркетін жасайды. Әлбетте, ол сәтті бола бермейді.

Бесінші қағида — дауыс көтеріп ұрыспау. Дөрекі сөздер айтылған адамның дауыс көтеруі мүмкін: «Бұл неткен әуен?» «Сен неліктен айқайлайсың?», «Сен менімен қалай сөйлесіп тұрсың?»— мұндай жағдайда кикілжің себебін талқылаудан бас тарта алады.

Кикілжіңнің бастапқы кезінде өзіңді ұстай білу — бұл бүкіл істің түйіні емес. Өйткені екінші жақ өзіне қойылған шағымдармен келіспегендіктен, өзін кінәлімін деп есептемейтіндіктен және керісті бастаушының шарттарын қабылдағысы келмейтіндіктен кикілжің үдей түседі.

Ықтимал варианттарды қарап көрейік.

Кикілжіңнен тартыну. Кикілжіңнен тікелей тартынып қалу. Айыпталушы әңгіменің орынсыз екенінде, уақыттың жетімсіздігіне сілтеме жасайды. Ол «керіс алаңынан» шегініп, үйден шығып кетеді, сөйтіп екінші жағының сабасына түсіп, ойлануына, оның қатысуынсыз шығар жолды табуына мүмкіндік береді.

Көптеген жағдайда шығып кету шиеленісті жоймайды, өйткені оның себебі жойылмаған.

Кикілжіңді жуып-шаю.

Digitized by Google

Айыпталушы ұрысты бастаушыны тыныштандыруға ұмтылып, оны кикілжің үшін себеп жоқтығына, өзінің де осындай пікірде екеніне, бірақ оны дұрыс түсіне алмағанын түсіндіреді. Дегенмен, наразылық себебіне айналған қылықтың біраз уақыттан кейін қайталануы ықтимал. Сонда бәрі ретке келеді деп қайсыбір сендіру күдікпен қабылданады.

Күштеу. Әдетте, кикілжіңді бастаушы өзінің пікірін тура таңады. Мәселен, күйеуі әйелінің телефон арқылы ұзақ сөйлесуіне наразы. Ол әйелінен телефон трубкасын жұлып алып, орнына қояды. Міне, бұл күштеу. Осындай күштеуге душар болған адам өзін қорланған адаммын деген сезімде болып, ауыр реніш, жатырқаушылық күйі ұзақ сақталады. Оның ыңғайлы алғашқы сәтте-ақ күйеуіне осындай әрекетпен жауап беруі ықтимал. Кикілжіңді тоқтату әдісі ретінде күштеу тым ыңғайсыз деп есептеледі.

Ерлі-зайыптылар пікірінің ашықтан-ашық қақтығысы. Әрқайсысы өз дәлелдері мен себептерін ұсынады. Екі жақты да қанағаттандыратын ортақ шешім пікірталастың түйіні бола алады. Осы ұйғарым соншалықты қатал орындала береді, өйткені ол ерікті, саналы түрде жасалады ғой.

Алайда пікірлер қақтығысы әрдайым кикілжіңнің орынды шешілуі бола бермейді. Уақыттың жетіспеуіне қарай күштеуді, ал ұсақ-түйек үшін ұрыс-керіс барысында үйден шығып кетуді немесе жұып-шаюды қолдануға болады. Нақты жағдайда өзіңді дұрыс ұстай білу үшін әр варианттың пайдалы және пайдасыз жақтарын білу маңызды.

Н. ОБОЗОВ,
психолог-дәрігер.

ӘҢГІМЕЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР

ҚАУЫРТ ЖҰМЫС МЕЗГІЛІ

Күз – қалалар мен селоларды көгалдандыру, сонымен бірге оларды жайластыру кезі, қысқа дайындықтың қызу шағы. Соңғы уақытта біздің республикамызда осы өмірлік қажетті мәселелерге көңіл бөлудің өсе түсуін атау орынды.

Өткен жылы, мәселен, 78 километр жол мен 27 километр тротуар салынды. Осы жұмыс Алматыда, Гурьев, Жамбыл, Павлодар облыстарында көбірек жүргізілді. Солтүстік Қазақстан облысының өнеркәсіп орындары мен құрылыс ұйымдарын айрықша атау керек, олар сегіз километр тротуар төсеуге қаржы бөлді және осы жұмыстарға қатысты.

1200-гектардан астам қоғамдық парк, бақ, сквер жасалды – бұл бүкіл Алматы облысындағы бақтардан 1,5 есе көп. Демек Қостанай облысының тұрғындары бәрінен жақсы жұмыс істеді.

Көшелерге жарық берудің 218 мың сом жұмысы орындалды. Мұның барысында Қарағанды мен Қостанай облыстарында аса көлемді жұмыс атқарылды. Ал Орал облысында тапсырма орындалмай қалды.

Енді профилактикалық және жөндеу жұмыстарына айрықша көңіл бөлінуде. Демек бір жыл ішінде қалалық және поселкелік 570 километр ішкі жолдар күрделі жөнделді. Басқаларға қарағанда шығыс қазақстандықтар, жамбылдықтар, қарағандылықтар, шымкенттіктер, целиноградтықтар көп жұмыс атқарды. Алайда Ақтөбе, Жезқазған, Семей облыстарында тапсырманы орындай алмай келеді.

Целиноград облысының тұрғындары парктер мен скверлер туралы көбірек қамқорлық жасады: 18 мың гектарға жуық жерді ретке келтірді. Биыл одан анағұрлым көп жасау қажет.

Социологтар қалалар мен селоларды жайластырып көгалдандыруды халықтың әлеуметтік сана-сезімін анықтайтын, тіпті оның миграциясына ықпал жасайтын маңызды факторлар қатарына жатқызады. Иә, күтілмеген және жайластырылмаған көшелер мен аулалар, ойлы-шұқырлы тротуарлар адамдарды сергітпін, өндірісте өнімді жұмыс істеу тілегін тудыра қоймайды.

Қазір жайластыру мен көгалдандыру туралы қам-қарекет халық депутаттарының жергілікті Советтеріне жүктелуде. Еңбек коллективтері бұған еңбек пен қаржының қыруар үлесін қосуға тиіс. Тұрғындардың, студенттер мен оқушылардың өздері көп нәрсе жасай алады. Халық депутаттары, қоғамдық советтер, үй және көше комитеттері осы істің ұйытқысы болуға тиіс. Әр тұрғын үй кварталында, аулада, әр көшеде олар атқарар істер баршылық. Баршаның өз қаласының, селосының, ауылының игілігі үшін жұмыстарында табыс тілейміз. Демек жайластыру сөзін «игілік жасау», яғни өмірді жақсарту деп түсіндіруге болады.

Digitized by Google

БҰЛАҚ СЫЛДЫРЛАП АҒА БАСТАДЫ

— Сіз біздің арыстанымызды көрдіңіз бе? — бертінде Суықсайда осында орналасқан «Ақсу» совхозының директоры Ж. К. Жұмановтан осындай күтпеген сұрақты естуіме тура келді.

Осы селода расында да арыстан бар. Рас, тірі емес, жергілікті шеберлердің гранитпен ойып жасаған және Биен өзеніне салынған көпірге таяу орналасқан бұлаққа көрік беріп тұрған жансыз арыстан. Селоның көптеген адамдары бұлақ суын ертеден пайдаланатын, малдарын да осында суаруға әкелетін, сондықтан да ол санитарлық жағынан таза емес деп есептеліп келеді. Қазір бұлақ бетонды қақпақпен мықтап жабылды, ал су құбыр бойымен «жатқан» арыстанға келеді де, оның аузынан сыздықтап ағып тұрады.

Совхоздың ешқандай шығын жасауының қажеті болмады. Тек құрылыс материалдарына ғана азын-аулақ қаражат жұмсалды. Қалғанының бәрі сенбілікте жасалды. Демек бұл атқарылған істердің бәрі емес. Осында демалуға арналған шағын алаң жасау, ағаш отырғызу, баспалдақты жабдықтау белгіленді.

— Қазір адамдардың село көрінісіне деген қатынасы көз алдымызда өзгеруде, — деп әңгімелейді Жеңіс Қабдоланұлы. — Демек оны жайластыру жөніндегі істерге өздері араласты, инициатива жасады.

Коммунистік сенбілік күні арыстан орналасқан бұлаққа таяу жерде спорт алаңдары бар Мәдениет және демалыс паркін салды, бірден арка орнатып, оны мықты қоршаумен қоршады, ағашты суаруға арналған су жүйесін жүргізді. Қазір онда теректер мен қара ағаштар жасыл желек жамылды, тағы да қайың, саялы бұталар, жеміс ағаштарын отырғызу белгіленді. Совхоз бағы да кеңейтіледі. Қазір ол көлемі жағынан онша үлкен емес — оның алаңы небары бір гектар, ал келешекте жеміс ағаштары 35 гектар жерді алуға тиіс.

Он екінші бесжылдық «Ақсу» совхозында көп жағынан бетбұрысты болды. Арендалық мердігерлік енгізілуіне қарай барлық салалардағы нәтижелер айтарлықтай жақсаруда. Биыл совхоз тарихында алғаш рет жүз саулықтан 96 қозыдан алды, жоспар мен социалистік міндеттемеден едәуір асып түсті. Көктемгі дала жұмыстары ұйымшылдықпен өткізілді. Демек тағы бір қуанарлық жәйт мынадай: шаруашылық науқандарымен бір мезгілде әлеуметтік-тұрмыстық бағыттағы объектілер шапшаң салынуда немесе қайта құрылуда.

Демек, бір пәтерлі үлкен үйді салуға совхоз гаражының жүргізушілеріне небары екі апта жеткілікті болды, оған көп балалы семьясы бар өздерінің жолдасы Ақанай Қауысов қоныстанды. Селолық соңғы жиында гараж меңгерушісі Ауылбек Нүсіповтің ұсынысына коллектив осындай нақты іспен жауап берді. Онда селоның әлеуметтік проблемалары, ішінара алғанда, тұрғын үй құрылысын қалай жеделдету керектігі туралы әңгіме болған еді. Соңғы жылдары жаңа қоныстанушылар анағұрлым көбейе түскенімен совхозда тұрғын үй алу кезегінде әлі де 57 семья тұр. Сөйтіп село адамдары гараж коллективінің үлгісімен жұмыстан тыс уақытта үйлерді тұрғызуға көмектесуге ұйғарды. «Тұрғын үй-91» программасы бойынша жоспарланған жиырма пәтерге қоса халықтық құрылыс әдісімен тағы он пәтерді салу белгіленді.

— Үйді осынша жылдам салу сәті қалай түсті, — деп сұрадым Нүсіповтен.

— Біз бәрін жақсы ұйымдастырдық, — деп жауап берді ол. — Кешкі сағат бесте жұмысты аяқтаймыз, сосын бес-алты адам қажетті материалдардың бәрін алып, құрылысқа барады. Ол материалдарды алдын-ала автомашинаға тиеп қоямыз. Иә, біздің арамызда тәжірибелі құрылысшылар да баршылық. Бұл тұрғыдан Ербол Дәуітбаев пен Дәнияр Мамытовты атау керек.

Ауылбектің өзі бұрын совхоздың құрылыс бригадасында жұмыс жаса-

● Тұрғындар жиынының ұйғарымымен Суықсай селосын әлеуметтік дамыту қоры құрылды. Ол тұрғындардың жеке қаржысынан құралуда.

● Физкультура-сауықтыру комплексінің құрылысы алғашқы объекті болды, оған жиналған 5 мың сом ақша жұмсалды.

● Мұнда сенбіліктерде селоны жайластыру, тұрғын үйлерді және әлеуметтік-тұрмыстық объектілерді салу жөнінен көптеген жұмыс жүргізіледі.

Digitized by Google

ған-ды. Сондықтан оның осы тәжірибесі пайдалы болды. Демек, коллектив жетекшісінің құрылысқа белсене қатысуының өзі-ақ басқаларды да тартады. Бертінде гараж коллективінде өткен жиналыста жүргізушілер тағы да екі үй салатындықтарын мәлімдеді. Осының арқасында өндіріс озаты Рүстембек Дәуренбеков өзінің семьясы үшін пәтер алуға тиіс. Коллектив келесі жаңа қоныстанушылардың кандидатурасын бекітті.

Енді Суықсайда жаңа үйлердің тұтас бір көшесі пайда болады. Жаңа қоныстанушылар арасында жергілікті орта мектептің мұғалімдері де, қызмет көрсету саласының қызметкерлері де, яғни тұрғын үй жағдайы нашар тұрғындар категориясы да бар. Жаңа қоныстанушылар үшін мал және құс ұстауға, бау және бақ егуге болатын усадьбалар қарастырылған. Су жайлы да ойлап, су құбыры мен арық жүргізді.

Селоның орталық бөлігінде тұратын суықсайлықтардың үйлеріне орталық қазандықтан жылы су жүйесін жүргізудің мүмкіндігі табылды. Рас, олардың магистральды желіден жылу жүйесін тартуға жеке қаржыларын жұмсауына тура келеді, оның есесіне бұл олардың жұмысын сондай жайлы етеді.

Моншаны қайта құру аяқталып келеді. Ол селоның тағы бір көрікті орнына айналады. Мұнда совхоз құрылысшыларының күшімен буы бұрқыраған орыс моншасына қоса фин саунасы да жасалған, түрлі-түсті кафельмен қапталған көлемді бассейн салынды, онда шомылуға, сондай-ақ жүзуге де болады. Жергілікті құрылысшылардың осындай объектілер салу тәжірибесі болмағанымен, олар село адамдарын қуанту үшін оны әдемі етіп, талғаммен безендіруге бар ықыластарын салды. Типтік үйді келушілердің демалып, шай ішуі үшін әдейі кеңейтті. Осының бәріне жұмсалған шығын онша көп емес — 15 мыңдай сом. Моншаның бұрын бос тұрған бөлмелеріне қайта жөнделгеннен кейін тұрмыстық қызмет орналасады. Мұнда шаштаразы, етік жөндейтін шеберхана, тігін цехы болады.

— Моншаны салып болғаннан кейін оны құрылыс цехының қызметкері Нәкетай Сейітқожановқа арендаға беру ұйғарылды. Қызмет көрсетудің осы түрі зиян шегушіден рентабельді салаға айналатынын есептеулер көрсетуде.

Аптаның бір күнінде бала бақша балаларын моншаның бассейнінде жүзуді үйретеді. Шайхана, моншалық қызметтер, сондай-ақ тұрмыстық қызмет бөлмелерін моншаның қазандығы арқылы жылумен жабдықтау қосымша пайда беретін болады.

Селода басқа да өзгерістер болады. Сауда орталығы, бала бақша салу туралы мәселе шешілуде. Егер бұрын село адамдары осы жайындағы әңгімелерге күдіктене қараса, енді оны көп күтпейтіндігіне сенеді. Демек Суықсайда тағы бір пайдалы инициативаның тууы кездейсоқ емес — тұрғындардың жеке қаржысы есебінен селоны дамыту қоры жасалды. Совхоздың бас агрономы У. Ноғайбаев село жиынында оны құруды ұсынып, оған өзінің бір айлық жалақысын аударатынын айтты. Барлығы бес мың сом жиналды, физкультура-сауықтыру комплексі, халықтың осы ақшасы жұмсалатын алғашқы объектіге айналды.

... Арыстанның аузынан мөп-мөлдір бұлақ суы ағып жатыр. Көзі қарақаттай бала оның арқасына шығып, тастан жасалған жалынан сипалайды. Аң патшасының түсі суық емес. Шамасы, ауылдастарына сыйлық жасау үшін тасты ойып жасағандар қайырымды болса керек.

Г. ДЕГТЯРЕВА.

Талдықорған облысы,
Қапал ауданы.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР

«Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналына жазылу биыл әдеттегіден бір ай бұрын — 1 октябрьде аяқталатынын естеріңізге саламыз. Кезінде жазылып қоюды ұмытып кетпеңіздер. Жазылуды барлық байланыс бөлімшелері мен «Союзпечать» органдары шек қоймастан қабылдайды.

Журнал жылына 24 рет орыс және қазақ тілдерінде шығып тұрады. Жазылу бағасы жылына — 3 сом 60 тиын, 6 айға — 1 сом 80 тиын, 3 айға — 90 тиын. Бір номері 15 тиын тұрады.

Digitized by Google

«ИӘ, АСТЫҚ БОЛАДЫ»

ФАО-дан репортаж

Римнің тарихи орталығында, Колизейдің дәл қарсысында дерлік бүгінде бүкіл дүниежүзіне жақсы мәлім үй комплексі орналасқан. Кей жерлерде оның төңірегіндегі ескерткіштерге қарағанда оны тіпті жақсы біледі. Мұнда Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы орналасқан, оны көбіне ағылшын атауының бас әріптерімен ФАО деп атайды.

«Fiat panus» («Иә, астық болады») — ФАО эмблемасында жазылған екі латын сөзі — бұл ресми ұран ғана емес, сонымен бірге оның өмір сүруінің мағынасы. Осы ұйымның негізгі міндеттері ішінде ең алдымен дамушы елдердің село халқына консультациялық және техникалық көмек беру, ауыл шаруашылығы, балық пен орман шаруашылығы бойынша информацияларды жинап, талдау және тарату; үкіметтерге ауыл шаруашылығы саясаты мен жоспарлау мәселелері жөнінен консультациялар беру бар. ФАО мақсатты «егіншілік» жобалары арқылы тікелей техникалық жәрдем береді. 1987 жылы олар 2.700-ден асты.

АНЫҚТАМА: Чернобыльдегі авариядан кейін ФАО Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттікпен (МАГАТЭ) бірге тамақ өнімдеріндегі радиацияның ықтимал деңгейі жөнінен уақытша ұсыныстарды талдап жасады. ФАО мамандары Бүкіл дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымымен достық одақта 200-ге жуық халықаралық азық-түлік стандартын әзірледі. Азық-түлік ысырабына жол бермеу жөніндегі іс-қимыл программасы 1974 жылдан бері қолданылып келеді. Алғашқы жеті жыл ішінде программа ауқымында 142 арнаулы жоба жүзеге асырылды.

«1945 жылы 16 октябрьде осы үйде 44 мемлекеттің өкілі жиналып, Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған ұйымдарының алғашқысы — Азық-түлік пен ауыл шаруашылығы ұйымын құрды...» Осындай текст жазылған ескерткіш тақта канадалық Квебек қаласында, Фронтенак замогының қабырғасына орнатылған, онда ФАО-ның құрылтай конференциясына қатысушылар мәжіліс құрған еді.

44 ел делегацияларының ішінде СССР өкілдері де болды. Олар кейінірек құрылған, ішінара алғанда, ФАО уставын әзірлеумен айналысқан Уақытша комиссия жұмысына да қатысты.

Бүгінде осы ұйымның мүшелері кімдер? Әлбетте, оған енбейтін мемлекеттерді атау жеңіл. Олар — 14 ел: Андорра, Бруней, Ватикан, Кирибати, Лихтенштейн, Монако, Науру, Сан-Марино, Сингапур, Тайвань, Тувалу, оларға қоса Оңтүстік Африка Республикасы, белгілі себептерден оның енуіне жол жабық. Қалған екеуі қай елдер? Бұлар — ГДР мен СССР. Ал ФАО жұмысына дүние жүзінің үлкенді-кішілі 158 мемлекеті тұрақты қатысады.

Иә, ұйымның негізін қалаушылар болғанымен оған мүше болмау оқиғалары да ұшырасады ғой. Квебекте құрылтай конференциясына біздің адамдарымыз байқаушылар ретінде ғана барды. Сосын ондаған жылдар бойы ФАО туралы жалпы «ұмыт қалдырды»: СССР-ден байқаушы өткен жылы ғана оның штаб-пәтеріне тағы келді.

— Сіздің көзқарасыңызша, ФАО-ға ену біздің елімізге қандай тиімділік бере алады?— деп сұрадым мен осы ұйымның Европалық аймақтық бюросының жетекшісі, профессор Александро Бодзиндеден:

— ФАО-ның мүдделілігі түсінікті ғой: оның бюджеті валюталық жаңа түсімдермен толығады.

— Әрине, материалдық «мүдделілікті» ешкім теріске шығармайды,— дейді А. Бодзини. — Алайда моралдық факторды да төмендетпеу керек: біздің қатарымызда әзірше планетаның ең үлкен мемлекеті болмағандықтан өзімізді шын мәнінде әмбебап ұйым деп есептей алмаймыз.

ФАО, әрине, кереметтер жасамайды: егер адамдар танапта жұмыс істемейтін болса, мұны олар үшін ешкім атқармайды. Екінші жағынан, біз дамушы елдерге ғана қызмет етеді деу дұрыс емес. Әлбетте, осы ұғымның өзі де тым көлемді. Мысалға Аргентинаны немесе Бразилияны алыңызшы: оларды даму дәрежесі жағынан, айталық, Гаитимен, немесе Европада — Түркиямен салыстыруға мүлдем болмайды. Стамбул ауданы — басқадай, өз іс жүзінде европалық деңгейде, бірақ ішкері қарай бойлаған сайын... Сіздерде, менің білетінімдей, түрлі аудандардың даму дәрежесі ерекшеленеді.

Аймақтың барлық мүше елдері арасындағы ынтымақтастықты күшейте беру, ғылыми-зерттеулер нәтижелерін, тех-

Digitized by Google

нологиялық талдауларды алмасу — Европалық бюроның негізгі міндеті болды, болып қала береді. Сіздердің ғалымдарыңыз ауыл шаруашылығының бірқатар мәселелері жөнінен басқаларды басып озғаны бізге жақсы мәлім. Әлдебір жағынан, сіздер, керісінше, артта қалудасыздар. Бұл орынды, барлық жерде осылай ғой. Дегенмен, информацияларды алмасу, проблемаларды кеңінен талқылау мүмкіншілігі — прогресс тездеткіші. Сіздер, өздеріңізде проблемалардың қайсыбір бөлігін шештіңіз, әлдекім өзінде басқа бір бөлігін шешті, сөйтіп біз оны толығынан шешеміз.

Қазір біз, мәселен, мақта шаруашылығы жөніндегі зерттеулердің біртұтас европалық жүйесін ретке келтірудеміз. Оған сондай-ақ Таяу Шығыс пен Солтүстік Африка елдері енеді. Сіздердің осы дақылды өсіру, жаңа сорттарды өсіріп шығару тәжірибелеріңіз өте-мөте пайдалы болар еді.

Немесе сояны алайық. Біз осы дақылды Европада көптен бері насихаттап келеміз, оның егістігін ұлғайтуды жақтаудамыз. Біздің науқанымыз басталғаннан бері Көне Дүниеде сояны өндіру 3—4 есе өсті. Ал бірқатар елдерде — Италияда, Югославияда —10 еседей артты. Әлбетте, біздің күш-жігеріміз, сондай-ақ олардың күш-жігері арқасында осылай болып отыр. Демек, ФАО алмаса алатын пайдалы тәжірибе баршылық.

Және қазіргі дүниеде шын мәнінде маңызды әрі бағаланатын іс, дейді А. Бодзини, бұл информация. ФАО-ның информация жүйесімен танысуыңызға кеңес беремін, оның мүшелерінің бәрі осы информацияны еркін пайдалана алады. Мұндай жағдай еш жерде жоқ қой, деп ойлаймын. Оның үстіне менің ұғынып отырғанымдай, сіздің орыс тіліндегі сөзіңіз ФАО-ның ресми тілдерінің бірі болуға тиіс. Ал мұның өзі мынаны бейнелейді: барлық басқа жәйттерге қоса оның мамандандырылған, техникалық публикацияларын бірден аударма күйінде алу мүмкіншілігі, олардың көпшілігі жерде тікелей жұмыс істейтін адамдарға керек.

АНЫҚТАМА: ФАО-ның біртұтас компьютерлендірілген жүйесіне — АГРОСТАТ-қа мамандандырылған «деректер банкі» енеді: АГРИС — ауыл шаруашылығы ғылымы мен технологиясы жөнінен дүние жүзіндегі ірі информация жүйесі, онда бір жарым миллионға жуық мақала бар, информацияның 120 ұлттық және халықаралық орталықтарымен байланысқан. КАРИС — қатысушы елдердің ауыл шаруашылығы саласындағы зерттеулер нәтижелерін тұрақты алмасуына көмектесетін ағымдағы ғылыми информациялар жүйесі. ИКС — мыңнан астам негізгі ауыл шаруашылық өнімдері, азық-түлік және басқа бірқатар товарлар — ағаш, тыңайтқыш, ауыл шаруашылығы техникасы жөнінен деректерді сақтап, ұқсататын компьютерлендірілген жүйе. АСФИС — ихтиология мен су шаруашылығы проблемалары жөніндегі информация. ФИЩДАБ — балық аулау статистикасы. ГЛОБФИШ — дүние жүзілік балық рыногының статистикасы. ФОРИС — орман ресурстары. Өсімдіктерді үстеп қоректендіру, мал шаруашылығының генетикалық ресурстары, агрометрология, агро-экологиялық аймақтар, тұқым қоры, тропикалық орман проблемалары жөнінде жекелеген «деректер банктері» бар.

— «ФАО-ның ғаламдық информация мен алдын ала сақтандыру қызметі» 1975-жылы дүниеге келді. Осының алдындағы халықаралық азық-түлік дағдарысы мынаны көрсетті: егер қауіп сәл ертерек белгілі болса, онда көптеген қиындықтарды болдырмаудың сәті түсетін еді,— деп Раффаэлло Марсили біздің әңгімемізді тарихқа осындай шағын шолудан бастады. Осыншалықты эгзотикалық атауы бар қызметте оның лауазымы сондай қарапайым — аға экономист деп аталады.

— Біздің қызметіміздің міндеті,— деп әңгімелейді ол,— мүше елдер үкіметтеріне бағдар беру қажет жағдайда мұқтаждық етушілерге жәрдем көрсету үшін негізгі азық-түлік товарларына деген дүние жүзілік сұраным мен ұсыныстарға ұдайы бақылау жасау. Мақсат — азық-түліктің өте-мөте жетіспейтіні күтілген аудандарды мүмкіндігінше ертерек анықтап, проблемалардың ықтимал шешімдерін ұсыну.

Дүние жүзінің барлық елдеріндегі дәнді және басқа бірқатар дақылдардың шығымдылығына, малдың, жайылымның, сүт, ет өндірісінің жайына бақылау жүргізіледі. Ең бастысы — үстіміздегі жылға арналған перспективаға мүмкіндігінше ертерек баға беру.

Біз бүгінде былай деп айта аламыз: айталық АҚШ-тағы, СССР-дағы, тұтасынан Европадағы үлкен сандар, яғни күтілетін шығымдылық тенденциялары туралы сөз болғанда біздің бағалауларымыз өте-мөте сенімді.

Біз ай сайынғы болжамдардың алғашқысын, әдетте, февраль айында жасаймыз. Жүйе 14 жыл жұмыс істеген уақыт ішінде ерте жасалған тұжырымдардың барлық қатеріне қарамастан біз тенденцияларда бір рет те қателескен жоқпыз.

Өткен жылы АҚШ-тағы күшті қуаңшылықтан дүние жүзінде астық өндіру қысқарды. Оның резервтік қоры да қысқарды. Ғалымдар 70-жылдардың өзінде-ақ астық тұтыну мен дүниежүзілік рынокта баға өсімінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін оның ықтимал дәрежесін анықтаған еді. Қор осы деңгейден төмендеген жағдайда баға шарықтап кетеді, халықаралық саудада тепе-теңсіздік туындайды.

Digitized by Google

РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ

ЖАНСҮГІРОВ МУЗЕЙІ

Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Ілияс Жансүгіровтің әдеби музейі оның туған жерінде, Талдықорған қаласында, жазушының туғанына 90 жыл толуы қарсаңында — 1984 жылы 23 ноябрьде ашылды.

Музей тарихи-революциялық мәні бар үйде орналасты: 1918—1919 жылдары мұнда қызыл гвардия отрядының штабы тұрған еді.

Экспонаттар бес залға қойылған, олар ақынның өмірі мен творчествосы туралы жалпы жеткілікті толық мағлұмат береді.

Музейді ұйымдастырушылар алғашқы залда І. Жансүгіров өмір сүрген дәуірге тән көріністерді қалпына келтіруге ұмтылған. Осы зал экспозицияларында Абай, Жамбыл, Шернияз, Махамбет, Ақан және Біржан суреттері мен шығармаларына, ақын творчествосының бастауы ретінде ауызша қазақ халық әдебиетіне айрықша орын берілген. Жетісудың атақты ақыны Молықбай қобызы айрықша ықылас тудырады. Ілияс Жансүгіров өзінің алғашқы поэмаларының бірі — «Күйді» оған арнаған еді.

Келушілер екінші зал экспозицияларында Ілиястың кітаптарын қарап, оның творчествосымен — драмалық шығармаларымен, поэзиясымен, прозасымен, сатирасымен, фельетондарымен, әдебиетті зерттеу жөніндегі еңбектерімен таныса алады. Мұнда ақынның халықтың кедей және батрақ жіктері арасындағы ағартушылық қызметі туралы көлемді информация алуға болады. Ол мектептер үйымдастырып, балаларды сауаттылыққа үйретті, балалардың жастайынан екі тілді — қазақ және орыс тілдерін үйренуіне күш салды.

Музей экспозициясында қазақ совет әдебиетінің таңдаулы туындыларының бірі — «Күлагер» поэмасының жазылуы туралы әңгіме, сондай-ақ оның «Улы Октябрь», «Октябрь екпіні» өлеңдері, «Кек», «Түрксіб», «Исатай — Махамбет» пьесалары орталық орын алады. Демек қазір «Қазақфильм» студиясында «Күлагер» поэмасы бойынша осы аттас фильмнің сценарийі бекітілді, ол Талдықорған облысында түсірілетін болады.

Келушілердің Жансүгіровтың досы, әрі әріптесі Бейімбет Майлиннің оған жазған хаттарын көру мүмкіншілігі бар. Осы жолдарда ақындар өмір сүрген ауыр кезең көрініс тапқан біздің тарихымыз баяндалады.

Келесі зал келушілерді І. Жансүгіровтің қоғамдық қызметімен таныстырады. Көптеген документтер мен суреттер әдебиетінің СССР Жазушылар одағы Қазақ ұйымдастыру комитетінің председателі және Қазақстан Жазушылар одағының алғашқы жетекшісі қызметіндегі инициативалы, жігерлі жұмыстары туралы әңгімелейді.

Бірегей сурет — совет жазушыларының алғашқы съезінде І. Жансүгіров А. М. Горькиймен түскен сурет назарды аударады.

Музей қызметкерлері көлемді қоғамдық жұмыс жүргізеді. Оның ішінде бұқаралық түрлі шаралар: кездесу-кештер, әдеби-оқулар, Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогика институты бірінші курсы мен соңғы курсы студенттерінің күндері өтеді. Оның есімімен аталатын клуб жұмыс істейді. Музей село еңбеккерлері үшін жылжымалы көрмелер ұйымдастырып, ақынның өмірі мен творчествосы туралы деректі фильм көрсетеді.

Музей адресі: 488000. Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 231.

Б. АЙТМҰХАМБЕТОВА,
өнер зерттеуші.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39

Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84
63-27-74,
63-27-56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: С. А. ДӘРМЕНБАЕВ, М. А. МӘМБЕТОВ, А. МӘУТЕНБАЕВ, Д. Д. НАУРЫЗБАЕВ, Б. О. САПАРҒАЛИЕВ, Т. В. ЩИПАНОВА.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.

Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,

Сдано в набор 28.07.89 г. Подписано к печати 15.08.89 г. УГ03330 Формат 70x108 1/16. Печать офсетная. Усл. печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8. Тираж 53421 экз. (каз. изд. 27511 экз., рус. изд. 25910 экз.). Заказ 125. Цена 15 коп.

ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.


Digitized by Google





● І. Жансүгіров музейінің үйі.


● Ақын Ілияс Жансүгіров.



● Жетісудағы белгілі ақын Молықбайдың қобызы.

● Ақынның жұмыс кабинеті.

Суреттерді түсірген
У. Мұхамеджанов.



Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.

Индекс 75328



«Плакат» баспасы.

«Қазақстан үгітшісі», 1989, № 17, 1—32.

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ



989

18

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

Жалпы алғанда қайта құрудың ұлт саясатының түйінді мәселелерін біз мынадай деп білеміз.

Саяси салада — бұл одақтас және автономиялы республикалардың, басқа да ұлттық құрылымдардың праволарын елеулі түрде кеңейту; жергілікті жерлерге басқару функцияларының неғұрлым кең ауқымын беру; республикалық және жергілікті органдардың дербестігі мен жауапкершілігін күшейту. Федерациялық мемлекетте Одақтың компетенциясына нені жататыны, ал республиканың, автономияның суверенді правосы болып нені табылатыны айқын белгіленуге тиіс. Олардың өзара қатынастарында пайда болуы мүмкін мәселелерді шешудің праволық механизмдерін жасау қажет.

Экономикалық салада республикалардың экономикалық дербестігін және жалпыодақтық еңбек бөлінісіне белсене қатысуын етене ұштастыру негізінде Одақ пен республикалардың арасындағы қатынастарды үйлестіру қажет. Республикаларды, аймақтарды, өлкелер мен облыстарды өзін-өзі басқару мен өзін-өзі қаржыландыруға көшіруді совет экономикасын жаңартудың жалпы процесіне етене қоса отырып, елдің біртұтас халық шаруашылық комплексін реттеуді міне осы тұрғыдан қайта құрған жөн болар еді.

Республикалық шаруашылық пен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға жаңа көзқарас қазіргі дүниеде анахронизм болып көрінетін оқшауланууға апарып соқтырмай, қайта әрбір республиканың және бүкіл елдің мүдделеріне сай келетін кооперацияны тереңдетуге жәрдемдесудің принципті маңызы бар.

Демографиялық және экологиялық проблемалар экономикалық проблемаларға тығыз ұштасып жатыр. Бұл арада да жалпыодақтық және республикалық-аймақтық мүдделерді шебер ұштастыра білу керек.

Рухани салада біз бүкіл Одағымыздың аса ұлы әлеуметтік және тарихи қазынасы, бірегей игілігі ретінде ұлттық мәдениеттердің алуан түрлі екенін тануды басшылыққа аламыз. Біз олардың бірде-біреуін жоғалтып алуды былай қойғанда, қайсысын болсын жете бағаламауға хақымыз жоқ, өйткені олардың әрқайсысы қайталанбас мәдениет.

Біз — әрбір халықтың, ұлттық тіл мен мәдениеттің еркін, жан-жақты дамуын жақтаймыз, барлық ұлттардың, ұлыстардың, ұлттық топтардың тең праволы және достық қатынастарын жақтаймыз.

«СССР-дің ішкі және сыртқы саясатының Негізгі бағыттары туралы» СССР Жоғарғы Советінің Председателі М. С. Горбачевтің СССР Халық депутаттарының I съезінде жасаған баяндамасынан.

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

18 • 1989

СЕНТЯБРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ

Үзбекистон агитатори

Кыргызстандын пропагандисти жана агитатору

Агитатори Тоҷикистон

Түркменистан агитаторы

1931 жылғы ноябрьден бері шығып келеді.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАСПАСЫ

С «Қазақстан үгітшісі», № 18, 1989 жыл.

ОҚЫРМАНДАРҒА АРНАУ

Сіздердің алдарыңызда Орта Азия республикалары мен Қазақстанның біртектес журналдарының коллективтері бірлесіп әзірлеген тақырыптық номер. Бұл номер КПСС Орталық Комитетінің ұлтаралық қатынастар жөніндегі Пленумының қарсаңында әзірленді. Біздің интервью, репортаж, мақалаларымызда СССР халық депутаттары съезінің трибунасынан толғана және бүкпесіз айтылған сөздердің жаңғырығы сезіледі. Демек, сайып келгенде, біздің авторларымыз туысқан республикалардың ынтымақтастығын нығайтудың және дамытудың жолдары туралы ойластыра келіп, өздерінің пікірлері мен ой-түйіндерін КПСС-тің Бүкілодақтық XIX конференциясының шешімдерімен салыстырды, ол аймақтың көбірек дербестігі үшін, әрбір республика өз игілігінің негізі ретінде шаруашылық қызметінің түпкі нәтижелерін жақсартуға, Совет мемлекетінің ортақ байлығы мен күш-қуатын еселеп көбейтуге мүдделі болатындай ынтымақтастық формаларын жүзеге асыруына жағдай жасау міндетін белгіледі.

Біздің республикаларымызда тек табиғат-географиялық белгілері ғана емес, сонымен бірге тарихи тағдырларымыздың ортақтығы, халықтарымыздың рухани және тұрмыстық дәстүрлерінің, алдымызда тұрған міндеттеріміздің ортақтығы біріктіреді. Біздің республикаларымыздың әрқайсысы көп ұлтты. Осының бәрі мейлінше тығыз ынтымақтастыққа, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағынан дамытудың маңызды бағыттарына күш-жігерімізді шоғырландыруға міндеттейді.

Соңғы жылдары біздің өлкемізде қайсыбір интеграциялық процестердің жандана түскені байқалуда. Үстіміздегі жылғы февральда болған біздің республикаларымыз Министрлер Советі Пред-

Digitized by Google

седательдері кездесуінің осыған байланысты зор маңызы бар, онда ынтымақтастықты тереңдету, әртүрлі халық шаруашылығы комплекстері арасындағы өзара тиімді байланыстарды дамыту туралы бірлескен протоколға қол қойылды. Кездесуге қатысушылардың нұсқауына сәйкес бес республиканың ынтымақтастығының Комплексті программасын талдап жасау жүргізілуде. «Республикалардың өндірістік кооперациясын, ынтымақтастығы мен өзара көмегін дамыту біздің көп ұлтты мемлекетіміздің және әрбір республиканың мәртебелі мүдделеріне сай келеді. Партия ұйымдарының, Советтердің міндеті қолда бар мүмкіндіктерді ортақ мүдделерге сай толығырақ пайдалануда, жергілікшілдіктің кез келген көріністерін табанды түрде жоюда болып отыр» деген КПСС XXVII съезінің нұсқауы осыдан өзінің көрінісін табады.

Сырттай «дөңгелек столға» қатысушы ғалымдар, мамандар, ведомстволар басшылары республикалар ынтымақтастығының нақты проблемалары туралы журналдың осы номерінде сөз қозғайды. Олар республикааралық ынтымақтастықтың жақсы нәтиже беретін адрестерін атады, шаруашылық және ғылыми байланыстарды қай салада тереңдету керек екенін көрсетті. Осы сырттай пікір алмасу материалдарын лекторлар, насихатшылар, үгітшілер еңбек коллективтеріндегі және тұрғылықты жер бойынша әңгімелер мен баяндамаларында кеңінен пайдаланады деп үміт етеміз. Түсінік жұмыстарының осы түрі Бүкілодақтық XIX партия конференциясы ұсынған талапқа тікелей жауап береді: еңбекшілер өз республикаларының қалай дамып отырғанын және ол халық шаруашылығы комплексінде қандай орын алатынын толық біліп отыруға тиіс. Олар өздерінің көршілері ғана емес, сонымен қатар елдің барлық республикалары да қалай тыныстап, дамып келе жатқанын біліп отыруға тиіс. Мұны істеу керек болатын тағы бір себебі, кейде республикалар арасындағы өзара қатынастар туралы әбден толық емес немесе тіпті сыңаржақ информацияға негізделген әңгімелер мен пайымдауларды кездестіруге тура келеді.

Ұлттық эгоизм мен өзімшілдік, тұтас алғанда, совет адамдарына жат қылық. Біз интернационализм принциптері негізінде тәрбиеленгенбіз. Алайда Сталиннің жеке басына табыну кезінде жіберілген ұлттық саясаттағы деформациялар мен бұрмалаушылықтар тоқыраушылық жылдарға да тән сипат, сондай-ақ жинақталып қалған қарама-қайшылықтарды көргісі келмеу және оны шешуге ықылас қоймаушылық еліміздегі ұлтаралық қатынастарды шиеленістіре түседі. Интернационализм сіздің өміріңізде қандай орын алады? Халықтар арасындағы достықты нығайту үшін сіздіңше, не істеу керек? Біздің анкетамыздың осы сұрақтарына берілген жауаптар еңбекшілердің, интеллигенцияның ұлтаралық қатынасқа деген алаңдаушылығын, олардың халықтар достығы мұраттарына деген адалдығын түсінуін көрсетеді.

Идеялық-тәрбиелік ықпал жасаудың, әсіресе интернационалдық-патриоттық тәрбие беру саласында ықпал жасаудың нәтижелілігін күшейту проблемасы саяси үгіт активистерін толғандырмай қоймайды. Біздің республикамызда Жаңа Өзен қаласында және Тәжікстанның Исфара ауданында Қырғызстанның Баткен ауданында пайда болған дағдарыс жағдайлары да адамдар арасындағы идеялық-тәрбие жұмысының елеулі олқылыққа дұшар болғанын көрсетеді.

Бұл үшін тек партия қызметкерлері ғана емес, сонымен бірге біздер, үгітшілер, насихатшылар да кінәліміз... «Интернационалдық тәрбие беру тәжірибелерінен» бөлімінде үгітшілер мен насихатшылар әңгімелейтін, осы саладағы творчестволық ізденістер мен жаңалықтар біз үшін осы жағынан құндырақ болады.

Февральдың аяғында Ташкентте өткен аймақтық ғылыми-практикалық конференцияда аталғанындай, ұлтаралық қатынастарды одан әрі жетілдіру мақсатында республикаларда болып жатқан жалпы процестер мен мәдениет саласындағы ерекшеліктерді тереңірек зерттеу, оларға партия ұйымдары мен идеологиялық мекемелер тарапынан бірыңғай қатынастарды талдап жасау, территориялық құрылымынан тысқары жерде тұратын, немесе ондай құрылымы жоқ адамдардың ұлттық-мәдени талаптарын қанағаттандырудың тиімді жолдарын іздестіру қажет. Демек Орта Азия мен Қазақстанның үгіт-насихат журналдарының алғашқы бірлескен номері СССР халықтарының достығы мен ынтымақтастығын нығайтуға, олардың мәдениетін өзара байытуға, материалдық және рухани жағынан гүлденуіне ықпал ететін бірқатар шаралардан өз орнын табатын болсын.

Редакция алдағы уақытта да материалдар алмасуға келісті. Демек сізді туысқан республикалар өмірінде не нәрсе көбірек қызықтыратыны, қандай проблемаларды ақылдаса отырып көтеруге болатыны туралы пікіріңізді тыңдағымыз келеді. Бізге хат жазып тұрыңыздар!

Digitized by Google

ТАҒДЫРЫМЫЗ БІР ЕЛМІЗ

1. Интернационализм Сіздің өміріңізде қандай орын алады!

2. Халықтардың лениндік достығын одан әрі нығайту үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

ОСЫ СҰРАҚТАРҒА МЫНА КІСІЛЕР ЖАУАП БЕРЕДІ:

А. ЖҮНІСОВ,
Қарағанды металлургия комбинатының №1 мартен цехының болат балқытушысы, жастар тәлімгері

1. Менің жерлесім, комбинатымыздың болат балқытушысы, СССР халық депутаты Қабдолла Рамазанов Бүкілодақтық XIX партия конференциясында сөйлеген сөзінде жұмысшы коллективінде интернационализм өз досының сүйелді қолынан және мықты демеуінен танылады деді. Оның айтқаны мың есе дұрыс. Мұны Қазақ металлургия заводынан өсіп шыққан Қарағанды металлургия комбинатының — біздің кәсіпорнымыздың тарихы да қуаттап отыр. Ол Ұлы Отан соғысы жылдарында халықтық құрылыс әдісімен салынды. Бүгін таңда комбинатымыз еліміздің аса ірі алты металлургия кәсіпорындарының қатарына еніп отырса, бұл оны құрудың бастауында болғандардың, сол жылдары туындап, қазір ойдағыдай жұмыс істеп отырған біздің көп ұлтты коллективіміздің еңбегінің арқасы. Челябинскіден, Макеевкадан, Төменгі Тагилден, Магнитогорскіден, Новокузнецкіден, Череповецтен жіберілген өкілдер Теміртау металлургтеріне үлкен көмек көрсетті. Олардың көбі біздің мейманды жерімізде қалып, өз істері арқылы даңққа ие болды. Бұлардың ішінде болат балқытушы А. В. Кыштымов, слябинг операторлары А. А. Амазин, А. М. Подылин, Социалистік Еңбек Ері, цех қыздырушысы А. Г. Хвостов, вальцовщиктер С. В. Дрожжин және В. В. Вагин және басқа көптеген адамдар бар. Бұлармен қатар жұмысшы-қазақ ұлт кадрлары қалыптасты. Қазір бұл комбинаттың таңдаулы өндіріс озаттары аға агломераттшы Ж. Әбдіқайымов, машинист Х. Иманбаев, горновой Х. Беков, оператор М. Сарғожин және басқалар.

Бүгінгі Қазақстан Магниткасы — бұл прокат, шойын, болат өндіруге мамандандырылған толық металлургиялық циклы бар кәсіпорын. Біздің өніміміз ондаған мың адреске — барлық одақтас республикаларға және әлемнің 25 еліне кетіп жатыр. Бізден КамАЗ-дың автомобиль жасаушылары жыл сайын мыңдаған тонна болат алады. Ташкенттің, Фрунзенің, Ашхабадтың, Душанбенің, Орта Азияның басқа да қалаларының кәсіпорындары біздің металымызды тұрақты тұтынушылар.

Біздің металымызды шетелдегілер де жоғары бағалайды. Ал өткен жылдан бастап біз шетелдік кәсіпорындармен тікелей байланысқа көштік. Мәселен, біз Қытайға жоспардан тыс шығарылған прокат сатамыз, ал оның орнына халыққа арналған товарлар аламыз. Италиямен, Югославиямен, Швейцариямен ынтымақ дамып келеді. Бұл елдердің фирмалары біздің металл, мебель және шлакты блок цехтарын салуымызға, балалар ойыншығын жасауға қажетті қаңылтыр шығаруымызды жолға қоюымызға көмектеседі.

2. Менің ойымша, жұмысшы бауырластығының дәстүрін нығайту басты мәселе. Сондықтан мен бұл орайда Қазақ және Өзбек металлургия заводтары арасында көп жылдар бойы жүргізіліп келген социалистік жарыс туралы айтқым келеді. Ол жарыс осыдан қырық жылдай бұрын дерлік басталып, ойдағыдай өрістеп келді. Ал оның бәсеңдей түскеніне екі жылдай уақыт болды.

Біз өз тарапымыздан хаттар, телеграммалар жібердік, кездесуді ұсындық. Бүгін таңда осы кәсіпорынды бұрынғы қарағандылық Анатолий Михайлович Анохин басқарып отырса да біздің үнімізді қолдаушы болмады. Мынадай жағдайды алуға да болады.

Digitized by Google

Демек біздің бәріміздің тікелей байланыстарды да одан әрі батылырақ дамыта беруіміз керек. Біздің комбинатымыз екі жылдан бері қиыр шығыстық балық-консерві комбинаттарына шартқа сәйкес емес қаңылтыр беріп келеді, ал оның орнына олардан балық алады. Көрші республикалардың өндіріс коллективтерімен осындай алмасуды неге ретке келтірмеске?

Өзбек әріптестерімізбен социалистік жарысты қайтадан өрістету керек екеніндігінде күмән жоқ. Демек, біздің өніміміз Өзбекстандағы, Қырғызстандағы, Тәжікстандағы, Түрікменстандағы тұтынушыларымыздың ренішін туғызбау үшін жұмыстың ең жоғары сапасына қол жеткізуіміз керек.

Тағы бір ұсыныс айтқым келеді. Орта Азия республикаларында еңбек резервтері ұдайы артық болып, ал бізде тапшы болып отырған жағдайда біз адамдарды оқытып, жұмысқа қабылдай аламыз. Қарағанды металлургия комбинатында өзбектер де, тәжіктер де, түрікмендер де, қырғыздар да жұмыс істейтінін айта кетейін. Біздің адамдарды қай ұлтқа жататындығына қарай емес, еңбегіне қарай бағалайтынымызды олар растайды ғой деп ойлаймын. Мұның өзі әділ іс.

Халықтардың достығын іс арқылы, жақсы жұмыс арқылы нығайтуға болатынын біз жақсы түсінеміз. Біздің цехымыз 21 июньде-ақ жарты жылдық жоспарды орындап, қосымша ондаған мың тонна болат берді. Өнімнің өзіндік құны бір процент арзандады. Бірақ жұмысты жақсырақ істеу керек. Қайта құру осыны талап етеді.

1. Сайлау алдындағы жиналыстардың бірінде сайлаушылардың біреуі маған: «Сайлау күні мен сізге өз дауысымды беремін, өйткені сіз қайта құру үшін күресетініңізді сенемін» деді. Сайлау алдындағы толқулар артта қалды. Халық депутаттары I съезінің жұмысы артта қалды. Сан түрлі әсерлер көп, ал әлгі сөз менің есімнен шықпайды. Мен оны сайлаушылардың ең басты аманаты деп есімде тұтамын және өзімнің депутаттық қызметімде оларға адал болуға тырысамын.

Ю. САФАРОВ,
СССР халық депутаты, Өзбек ССР-і Бұқар облысындағы У. Юсупов атындағы колхоздың механизаторы.

Съездің жұмысын қадағалағандардың бәрі ұлтаралық қатынастар проблемасының онда кеңінен және өте ашық талқыланғанына назар аударса керек. Нағыз сан түрлі, кейде қарама-қайшы пікірлер айтылды, түрліше баға алған батыл ұсыныстар болды. Съезде айтылған идеяларды ойлану, олардың негізінде осы мәселенің шиеленістілігін жоятын нақты ұсыныстар әзірлеу үшін уақыт керек екені сөзсіз.

Таудағы Карабах, Армения, Азербайжан және Грузия бастан кешірген келеңсіз нүктелердің көңілсіз тізіміне жақында Ферғана алқабы қосылды. Мен ол жерде орын алған қайғылы оқиғаларды орасан зор қинала отырып, қабыл алдым. Мен өзбекпін, ойрандау мен қырқысудың қара көлеңкесі атам заманнан бері өзінің басқа ұлттар мен ұлыстар өкілдеріне қонақжайлылығымен, ізгі көзқарасымен ерекшеленіп келген өзбек халқының басына түскені мен үшін ұят. Осы жантүршігерлік оқи-

★★★

ғалардың себептері мұқият тексерілетініне, ал олардың ұйымдастырушылары мен қоздырушылары жазаға тартылатынына сенемін.

2. Көп қасірет шеккен месхеттік түріктердің басына түскен қаталдықты ақтауға болмайтынын тағы да айтамын, ондай ақтау болған жоқ және болмайды да. Бірақ біз мәселені басқа жағынан да ойластыруымыз керек болатын шығар. Ол — Ферғана алқабындағы халықтың әлеуметтік проблемалары. Ол жерде еңбек ресурстарының керегінен көп артық екені, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің қызмет көрсету саласы кәсіпорындарының жетіспейтіндігі жұртқа мәлім, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларының тапшылығы да мол. Бұлардың бәріне көз жұмып қарауға болмайды.

Біздің Бұқара облысында да осыған ұқсас проблемалар бар. Менің ұлттық-территориялық округіме енетін Казань қаласында кәсіпорындардың шаруашылық есепке көшуіне байланысты жаңа жұмыс орындарын құру қажеттігі туралы мәселе алға өте өткір қойылып отыр. Мұнда тиісті үлгідегі бірде-бір аурухана немесе емхана жоқ. Бірнеше мың адам пәтер алу үшін кезекте тұр. Жұмысшылар айлар бойы ет сатып ала алмайды. Мыңдаған жасөспірімдер тұратын қалада парк, бассейн жоқ, балалар алаңдары өте аз. Мен осы мәселелермен шұғылданамын деп сайлаушыларыма уәде бердім. Село еңбеккерлері де өздері жөнінде қамқорлық жасалады деп үміт артуға праволы. Олардың мақта плантацияларында қаншалықты қажырлы еңбек етіп жүргенін көзіммен көремін. Олардың ауа райының қолайсыздығына қарамастан, еңбекте қаһармандық көрсетіп, «ақ алтынды» қалай өсіретіні маған мәлім. Әйелдер мен балалар аптаған ыстық күндерде жұмысты қалай атқарғанын көріп жүрмін. Ал олардың тұрмыс жағдайы қандай екеніне көз жүгіртейікші. Бұқара газы Уралға кетіп жатыр, соның өзінде облыс қыстақтары мен поселкелерінің көпшілігіне газ берілмеген. Тамақ өнімдерінің тапшылығы дегеніңіз адам төзгісіз. Ішетін таза ауыз су жоқ, мақта шаруашылығында соншалықты көп пайдаланылатын гербицидтерге және басқа химиялық заттарға ұдайы қатысы болғандықтан ересектер де, балалар да ауруға ұшырауда.

Маған бұл мәселелердің интернационализмге, халықтар достығына қандай қатысы бар деп сұрақ қойылуы мүмкін. Оған тікелей қатысы бар. Ол проблемалардың шешілуі, менің пікірімше, ұлтаралық негіздегі жанжалдардың өткірлігін жоя алар еді, әртүрлі ұлттар адамдарының қадамдарын тығыз топтастыруға мүмкіндік берер еді.

Тіл туралы мәселелерге де соқпай өте алмаймын. Кейбір депутаттар съездегі сөздерінде қос тілділік туралы сын-пікір айтты. Менің ойымша жарты тілділікке айналып кеткен мұндай қостілділікті сынау керек, өйткені көптеген адамдар орыс тілін де дұрыстап үйренген жоқ, ана тілін де ұмытып кетті. Өкінішке орай, менің өзім де орыс тілін нашар білемін. Мұны сайлаушылармен кездесу үстінде айқын сезіндім, өйткені әртүрлі ұлттардың адамдарымен араласуыма тура келді ғой. Таяу уақыттың ішінде орыс тілін үйреніп аламын деп серт бердім.

...Халық депутаттарының съезінде «жақтап» немесе «қарсы» қол көтерген кезде өз сайлаушымның сөздері есіме оралды, өзіме осы мен қайта құру үшін дауыс беріп отырмын ба деген сұрақ қойдым. Мұндай сұрақты депутаттар немесе басшылар ғана емес, қазір жұрттың бәрі өзіне қоюға тиіс қой деп ойлаймын. Қайта құрудың тағдыры өзінің де қолында екенін әр адам түсінуге тиіс.

Қайта құруға көзқарас бәрінен бұрын

★★★

біздің еңбектегі қызметіміздің көрінеді. Біздің совхозымыз көктемдегі қиыншылыққа қарамастан барлық тапсырмаларды орындап, жақсы өнім жинауда.

Бригададағы менің жолдастарым қайта құру жағдайында жұмысты жақсырақ істеу үшін туысқан республикалардың мақта өсірушілерімен жарысу жөнінде шарт жасасып, кеңесіп отырғысы келеді. Біз Қазақстан тығының егіншілеріне өз сөзімізді арнаймыз: біздің мамандығымыз әртүрлі болғанымен, біз әлеуметтік және тәрбие міндеттерін шешуде біріміз бірімізден үйренгіміз келеді. Біздің арамыздағы байланыс өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуге де жақсы қызмет етер еді, ол жұмыс әртүрлі ұлттардың адамдары арасындағы бірліктің, ынтымақтың айқын өнегесін көрсете алар еді.

А. ХАМСАРИЕВ,
«Рогунгэсстрой» құрылыс басқармасы ауыр жүк тасушы автомобильдерінің жүргізушісі, Тәжікстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі, үгітші

1. Менің үйімде орыс, қазақ, өзбек, қырғыз, украин, белорус тілінде айтылған сөздер жиі естіледі — бұл менің еңбектес жолдастарым маған қонаққа келді деген сөз. Бізде Рогун ГЭС-інің құрылысында 40 ұлттың өкілдері еңбек етеді. Олардың көпшілігі үшін Рогун — төртінші, бесінші, тіпті алтыншы энергетика құрылысы. Бізге, өзінің бауырластарына ақыл-кеңесімен, шеберлігімен, талантымен көмектесу үшін адамдар өздерінің туып-өскен жерлерін тастап мыңдаған километр шалғай жерлерге жүрек қалауымен келіп жатады.

Құрылыстағы жергілікті ұлт өкілдерінен тұратын жұмысшылар мен мамандардың үлкен отряды солардың арқасында құрылып, қалыптасты. Бүгінде, мәселен, «Рогунгэстройда» тәжіктер адамдардың тең жартысына жуығы болып отыр.

Республикада туып-өскен бес жүзге жуық адам құрылыс жолдамасымен бүгінде Москваның, Свердловскінің, Харьковтың, Запорожьенің... техникалық жоғары оқу орындарында білім алуда. Менің өзім де гидроқұрылысшылар әулетінен шыққан адаммын. Балаларымның да семьялық дәстүрімізді жалғастыруын қалаймын.

2. Әртүрлі ұлттан шыққан менің жолдастарымды бүгін таңда: біздің республикаларымыздың Одағын қалайша нығайтуға болады, деген мәселе толғандырады. Осы туралы ой-пікір естен кетпейді. Таулы Карабахтағы, Грузиядағы, Ферғанадағы, тағы басқа бірқатар жерлердегі оқиғалар үлкен алаңдаушылық туғызуда. Туындаған шиеленісушіліктің себептері белгілі, олар туралы Бүкілодақтық XIX партия конференциясының «Ұлтаралық қатынастар туралы» қарарында, одан кейінгі партия документтерінде егжей-тегжейлі айтылды.

Мұнда бізде резервтер орасан зор. Республикалар достығын нығайтудың жаңа жолдарын іздеумен бірге ондаған жылдар бойы жинақталған бай тәжірибені де ұмытуға болмайды. Мәселен, «Жұмысшы эстафетасын» алайық. Сабақтас коллективтердің еңбектегі достығының осы формасы біздің ГЭС-іміздің ізашары Нүрек құрылысында дүниеге келді, демек содан ол еліміздің көптеген құрылыстарына, көптеген еңбек коллективтеріне тарады. Демек бүгін таңда да ол

★★★

Рогунде өзінің беріктігі жағынан сыннан өтуде. Сабақтас кәсіпшілердің достық одағы қазір жаңа кезеңге енді. Рогун ГЭС-ін техникалық жағынан жабдықтау жөнінен прогрессивті шешімдерді енгізудің кең көлемді программасы басталды. Күтіліп отырған экономикалық тиімділік — миллиардтан астам сом. Бұл қомақты цифр. Алайда мәселе онда ғана емес. Бастысы, біз — Харьковтен, Запорожьеден, Свердловскіден, Қарағандыдан, Москва маңынан жабдықтаушыларымыздың — біздің достарымыздың берік қолдауын үнемі сезінеміз. Демек біздің істеріміз бен қам-қаракетімізге қатыстылықтан, достарымыздың көмекке келуге әрдайым әзір болуынан нағыз интернационализмнің жарқын қырларының бірі көрінеді. Өйткені тек өндірістік байланыстар ғана емес, сонымен бірге адамгершілік достық байланыстар да нығая түседі ғой.

Алайда соңғы уақытта республикалық кәсіподақ органдарының, баспасөздің жұмысшы эстафетасына ықылас қоюы төмендеп кеткені алаңдатпай қоймайды. Жабдықтармен және конструкциялармен жабдықтаудағы іркіліс фактілері жиі кездесетін болды, ал мұның өзі біздің үлкен аймағымызда энергиясын жұрт соншалықты күтіп отырған ГЭС-тің салыну қарқынын тежей түседі.

К. БЕРДІКЕЕВ,
Қырғыз ССР-і Талас облысы «Жергетал» асыл тұқымды мал заводының аға шопаны, жастар тәлімгері

1. Менің өмірімде интернационализм нені көрсетеді? Бәрін де. Адам достарсыз жалғыз өмір сүре ала ма? Мүмкін біреулер өмір сүре алар да. Алайда ондай өмір әрі ауыр, әрі қорқынышты болады. Ешқайдан көмек те, ақыл-кеңес те күтпейсің, жалғыздан жалғыз боласың. Ал халық өз төңірегіндегі басқа халықтардың тіршілік-тынысын сезінбей өмір сүре ала ма? Иә, ешқашан да олай өмір сүре алмайды.

Мен халықтар арасында достық орнамайынша интернационализм болуы мүмкін емес деп түсінемін. Менің өз өмірім адамгершіліктің осы заңымен өтіп келеді. Өйткені қартайған шағында өзінің шопан таяғын маған берген әкем осылай тұрған және тұрып келеді. Менің жеті балам да осы заңмен өмір сүрсе екен деймін — өйткені мен олардың бақытты шағын көремін деп сенемін. Ал олар өздерінің тағдыры тоғыстырған барлық ұлттар мен ұлыстардың адамдарына өшпенділікпен емес, шын ықыласпен қарағанда ғана бақытқа жете алады.

2. Бүгін таңда қайсыбір адамдардың ақыл-ойын, қайдағы бір қара күш билеп алғандай — мен аппақпын, сен — қарасың дегендей ұлтқа бөлу басталды. Әрине, біз бүгін кездесіп отырған және тез арада шешуді қажет ететін ұлт мәселесінің көптеген проблемалары ерекше күрделі. Бұл орайда бізде ешқандай проблема жоқ деп біз тым ұзақ уақыт бойы айтып келдік. Алайда, қымбатты отандастарым мынаны айтыңыздаршы, қолыңды басқаның қанына бояп алып, өз халқының жарқын болашағы үшін күресуге бола ма? Жоқ, ешқашан да болмайды. Сумгаит, Таудағы Карабах, Ферғана, Жаңа Өзен — шынын айтсам, осының бәрі туралы есту қиын болды.

Менің жолдастарым туысқан республикалардағы шопандарды жарысқа шақыруға, тәжірибе алмасуға, жұмысты қалай жақсарту керек екенін бірлесіп ойластыруға әзір. Өздеріңіздің мұнымен келісетіндеріңіз туралы бізге жазып жіберулеріңізді өтінемін.

★★★

«БІЗДІҢ ДОСТЫҒЫМЫЗДЫҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ»

— дейді екі мәрте Совет Одағының Батыры, СССР халық депутаты Талғат БИГЕЛДИНОВ



Әр адамның өмірінде оның есінде мәңгі сақталатын сәттері болады. 1945 жылғы 24 июль күнгі Қызыл алаңдағы Жеңіс парады менің есімде дәл солай сақталып қалды. Біздің Бірінші Украина майданы полкінің алдында маршал Иван Степанович Конев жүріп келеді. Оның соңынан екінші сапта біздер, майдандас достар — әртүрлі халықтың ұлдары Иван Кожедуб, Сергей Луганский және мен жүріп келемін.

Соғыстың соңғы күні мен өзімнің жауынгерлік 305-ші ұшуымды іске асырдым. Жеңіс күні мен небары жиырма үш жасқа толған едім. Генерал-полковник, космонавтар тәлімгері Николай Петрович Каманин кейін өзінің «Ұшқыштар мен космонавтар» деген кітабында мен туралы жылы лебіз білдіреді, мен оны осы уақытқа шейін мақтан тұтамын. «Бұл сол еді, демек, басқалары да оған сайма-сай... Олар ұрыстар жалынында шынығып, шабуылдап соққы берудің нағыз шеберлері болып алды. ИЛ —2-нің даңқын «ұшып жүретін танктей» етіп таратып, оған өмір берген де солар».

Адамдардың туған жерлері Украина немесе Өзбекстан, Қазақстан немесе Сібір болса да олардың достығы мен туысқандығының тек төтеп беріп қана қоймай, сондай-ақ аман қалуымызға көмектескен мысалдары менің есімде көптеп сақталды. Орыс солдаты Степан Поливальниковтың мен үшін не істегенін, мәселен қандай сөзбен айтып жеткізуге болады, мен оған өз өміріммен қарыздармын. Степан Демьянович жауынгерлік тапсырманы орындау үшін менің орныма кетіп, одан оралмай қалған сол күн бүге-шігесіне дейін менің есімде сақталып қалды.


Менің балалық және жастық шағым өткен, аэроклубта оқып үйренген, алғаш рет аспанға көтерілген жерім — Фрунзенің тамаша адамдары туралы қалай айтпасыма, сонымен тәрбие алуым жағынан мен көбіне қырғызстандықпын. Ал кейін Орынборда, Саратовта және Москвада оқыдым, онда да әртүрлі ұлттың адамдары менің ұшу ісін меңгеруіме көмектесті.

Иә, біздің халқымыз достығының қайнары мөлдірдей таза. Мен ұзақ өмірді бастан кештім, көп нәрсені көрдім, демек сондықтан да біздің күшіміз бірлікте екеніне, өзара түсінушіліксіз, өзара көмексіз біз ешнәрсеге де қол жеткізе алмайтынымызға менің көзім жетті. Сондықтан ұлтшылдық ұрандарымен өтіп жатқан әртүрлі оқиғалар, жанжалдар туралы хабарларды естіп, көргенде жүрегің қатты сыздайды. Елімізде қайта құрумен байланысты соншама көп істер туындап жатқан қиын шақтарда біздің ортақ үйімізге ұрыс-керіс әкеліп, астан-кестең ету ұят-ақ. Біздің «Бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» деген майдандық өсиетімізді бейбіт уақытта да берік ұстануымыз керек. Біздің жастарды осы рухта тәрбиелеп, барлық өмірлік мәселелер жайында олармен төте де адал әңгіме жасауымыз керек, біздің достығымыздың бастауында болған адамдардың есімдерін жиі еске салып, оларды құрмет тұтуымыз керек.

Осындай ойлар мен қатысқан СССР халық депутаттарының бірінші Съезінде қайта-қайта атап көрсетілді. Ұлтаралық қатынастар мәселесі төңірегінде бізде қаншама шешілмеген проблема жинақталып қалғанын Съезд жұмысын қадағалап тыңдаған адам, әрине, байқаған да болар. Партияның арнаулы Пленумының да осы мәселеге арналатыны тегін емес. Бүгін таңда біздің бәріміздің ұстамдылық пен төзімділік, сондай-ақ бірімізге біріміздің толық сенім білдіруіміз талап етіледі. Біздің халықтарымыз достығының дәстүрлері, біздің ортақ парасатымыз толғағы жеткен осы мәселелерді де шешуімізге көмектесетініне менің сенімім мол.

Digitized by Google

РЕСПУБЛИКАЛАРДЫҢ СУРЕТТІ ШЕЖІРЕСІНЕН



● Маргиландағы «Атлас» өндірістік бірлестігінің бас директоры Н. Митдинов (ортада) бас мамандармен өндірістік мәселелерді талқылау үстінде. (Өзбек ССР-і)






● Өскемендік металлургтердің жеке құрылыстарының поселкесі жылдам өсіп келеді.

● Қырғыз ССР-інің Москва ауданындағы «Дружба» колхозындағы дүнгендік үйлену тойы. Қалыңдықты жасандыру кезі.

● Шыршықтың «Электрохимпром» өндірістік бірлестігі панорамасының фрагменті.

(Өзбек ССР-і)



Digitized by Google

СЫРТТАЙ «ДӨҢГЕЛЕК СТОЛ»

ӨЗАРА ТИІМДІ

Үстіміздегі жылдың февралінде Душанбеде Министрлер Советтері Председательдерінің: Өзбек ССР-інен Г. Х. Қадыровтың, Қазақ ССР-інен Н. Ә. Назарбаевтың, Қырғыз ССР-інен А. Д. Жұмағұловтың, Тәжік ССР-інен И. Х. Хасевтың, Түрікмен ССР-інен А. Х. Хожамұратовтың алғашқы кездесуі болды, онда көршілес туысқан республикалардың ынтымақтастығын тереңдетіп, дамыту мәселелері талқыланды.

Республикалардың шаруашылық және мәдени өмірінің барлық салаларын қамтитын бірлескен протоколға қол қойылды, тікелей шарт жасасу, өзара өнім беру, кооперативтендіру жолдары және ынтымақтастықтың басқа да формалары арқылы маңызды халық шаруашылығы комплекстерінің арасындағы өзара тиімді қатынастарды тереңдету ұйғарылды. Ғылыми-техникалық байланыстар саласында ғылыми мекемелердің күшін аймақтық мәселелерді және перспективалық бағыттарды талдап жасауға, соның ішінде энергияның дәстүрлі емес түрлерін қолдануды, сондай-ақ еңбек ресурстарын ұтымды пайдаланудың әлеуметтік-экономикалық негіздемесін, жоғары сапалы өнім шығаруға арналған өндіріс құрылымдарын жетілдіруді талдап жасауға біріктіру жоспарлануда. Табиғат қорғау, аймақтағы экологиялық және санитарлық жағдайды сауықтыру ісінде күш-жігерді үйлестіріп, біріктіруге ерекше мән беріледі.

Ұлтаралық қатынастарды нығайту мен еңбекшілерге интернационалдық тәрбие беруді күшейтуге маңызды роль беріледі. Орта Азия мен Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың жан-жақты тілектерін ескере отырып, мәдениет мекемелерінің, баспалардың, бұқаралық информация құралдарының өзара тығыз байланысып, жұмыс істеуі дамытылады. Баспа өнімдерін, телевизия және радио хабарларын алмасуды жандандыру, өскелең ұрпақты ұлт тілінде оқыту ісіндегі ынтымақтастық, туысқан республикалардың жоғары оқу орындарында әртүрлі кәсіптегі мамандарды даярлау жөнінде қосымша шараларды талдап жасау белгіленді.

Құрамына республикалардың Мемлекеттік жоспарлау комитеттерінің председательдері енгізілген республикааралық жұмыс органы — Экономикалық совет құрылды, ол республикалардың ынтымақтастықтың нақты программалары мен ұсыныстарын талдап жасау жөніндегі жұмысын бағыттап отыруға тиіс. Республикалар ынтымақтастығының Комплексті программасына ұсынылған пікірлерді талдап жасау аяқталып келеді. Бірлескен бірсыпыра шаралар 1990 жылға, келесі бесжылдыққа және 2005 жылға дейінгі перспективаға арналған республикалық жоспарлардың жобаларына енгізіледі.

Осында жарияланып отырған интервьюде белгіленген шараларды жүзеге асырудың барысы, республикалар алдында тұрған проблемалар туралы әңгіме қозғалады.

А. ШАЛВАРОЗ,
Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті председателінің орынбасары

Біздің республикаларымыз халық шаруашылығының құрылымы бір-біріне өте жақын, демек бұл экономикалық ынтымақтастықты тереңдетуді едәуір жеңілдетеді. Алайда перспективалар туралы айтпастан бұрын біздің қазіргі байланысымызды сипаттайтын қайсыбір деректерді атап өтейін. Орта Азия республикалары өзара өнім беріп, алысуымыз көлемі жағынан Россия Федерациясы мен Украинадан кейін үшінші орынды алады. 1987 жылы Қазақстаннан жіберілген түрлі өнімдердің 21 проценті және бізге әкелінген өнімдердің 6,7 проценті аймақтың үлесіне тиді. Біз шетке шығаратын көмірдің 6,6 процентін, қара металл прокатының — 15, машина жасау заттарының — 8,5, минералдық тыңайтқыштардың — 5,6, мақта-матасының — 69 және ет өнімдерінің — 85 және ет консервілерінің — 46, астықтың — 31 процентін, сондай-ақ құрғақ және консервіленген сүттің, жұмыртқаның, қой терісінің, кір жуатын машинаның, тігін және тері бұйымдарының, аяқкиімнің, киіз үйдің, т. б. заттардың едәуір мөлшерін бердік.

Ал бізге маталар, тоқыма бұйымдары, аяқкиім және басқа өнімдер әкелінеді. Бұлардың көпшілігі бізде үлкен сұранысқа ие болатын сапалы товарлар. Туысқан республикалардан келіп түсетін түсті

Digitized by Google

БАЙЛАНЫСТЫ НЫҒАЙТАЙЫҚ

металдар, химия өнімдері, электр тоқ-тоқ, ауыл шаруашылығы машиналары, құрал-саймандар, ыдыс-аяқтар, тоңазытқыштар қазақстандық тұтынушыларға белгілі.

Энергия ресурстарын өзара алысу туралы ерекше айтып өткен жөн. Біздің оңтүстік облыстарымыздың экономикасы Орта Азия беріп отырған электр энергиясынсыз қалыпты жұмыс істей алмас еді. Өткен жылы біз 10 миллиардтан астам киловатт-сағат, соның ішінде Өзбекстаннан 8 миллиард киловатт-сағат электр энергиясын алдық. Орта Азияның жер қойнауларынан алынған «көгілдір отын» теңізі бізге құяды. Өткен жылы біз оның 7,4 миллиард текше метрін Өзбекстаннан және 68 миллионнан астамын Түрікменстаннан алдық. Қазақстандықтар да қарыздар болып қалмайды, олар жыл сайын Орта Азия республикаларына 580 мың тоннадан астам автомобиль бензинін, 620 мың тоннадан астам дизель отынын және бір жарым миллион тоннадан астам мазут береді. Өнімдердің қыруар үлесі Өзбекстанға тиеді. 1990 жылдан бастап Түрікмен ССР-іне оның Красноводск мұнай өңдеу заводында өңдеу үшін миллион тонна мұнай шикізатын беру белгіленіп отыр.

Біздің байланыстарымыздың өсіп келе жатқандығын бейнелейтін тағы да бірқатар цифрларды атауға болады. Әйтсе де өзімізде бар көптеген мүмкіндіктерді біздің бәріміз бірдей пайдаланбай отырғанымызды көрмеуге болмайды. Энергия ресурстарын беруді алайық. Қазақстанның өзінің оңтүстік көршілеріне қосымша екі миллион тонна Екібастұз көмірін және Шұбаркөл кен қойнауының 250 мың тонна сапалы көмірін қосымша бере алатындығын біздің талдауларымыз көрсетіп берді. Біз сондай-ақ машина жасау өнімдерін де бере аламыз. Мәселен, бұл электрмен қырқу аппараттары, басқа да ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтары. Сонымен бірге біз көршілерімізде шығарылатын бірқатар шикізат түрлері мен жабдықтарға тапшымыз. Алайда біздің республикаларымыздың үкімет басшыларының кездесуінде атап көрсетілгеніндей, бүгінде тек товар алмасумен шектелуге мүлде болмайды, өзара мұқтаж өнімдерді ескере отырып өндіруді дамытатын, ең алдымен аймақтың халық шаруашылығы аса қажет ететін бұйымдарды шығаратын мезгіл жетті.

Мәселен, адамдарды тұрмыстық электр техникасымен жабдықтау мәселесінің өткір екені бәрімізге де аян. Оны өндіру көбінесе электр двигательдерінің тапшылығынан тежеледі. Сонымен бірге Қырғызстандағы электр двигательдері заводын кеңейтіп, түрлі-түсті металдармен және қайсыбір топтаушы бұйымдармен жабдықтаса бүкіл аймақтың оған деген қажеттігін қамтамасыз етер еді.

Кадрларды, жұмыс күшін алмасуды алайық. Қазірде Теңіз және Қарашығанақ кен қойнауларында Өзбекстаннан мыңнан астам бұрғылаушы және Түрікменстаннан 150 құрылысшы еңбек етуде. Алайда, өкінішке қарай, бұған ұқсас мысалдарды келтіре алмаймын — демек мұның өзі Қазақстанның бірқатар аудандарында жұмысшылардың жетіспеушілігі және қайсыбір туысқан республикаларда жұмысқа орналастырудың қиыншылығы жағдайында болып отыр. Осы проблемалардың көпшілігі республикалардың әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларына енгізілуде. Бұл ең алдымен күрделі-тұрмыстық техниканы және халық тұтынатын басқа да тапшы тоқ-тоқ, соның ішінде электр двигательдерін бірлесіп шығаруды дамыту, электрониканы, құрал-жабдықтарды, радиотехникасын дамытуда, құрылыс материалдары мен конструкцияларды, керамикалық бояулар мен т. б. заттарды шығаруда бір-біріне көмектесу. Трикотаж және шұлық-ұйық фабрикаларын жабдықтауға арналған ине-жіп бұйымдарын, сондай-ақ жіп орау өндірісіне арналған басалқы бөлшектерді шығару жөнінен республикааралық кәсіпорындар құру пайда береді. Импорттық жабдықтарға қызмет көрсету және басалқы бөлшектерді дайындау жөніндегі орталық туралы да осылай деуге болады, оны бірлесіп құру белгіленіп отыр. Соңғы уақытқа дейін әрбір республика осы проблеманы жеке-жеке шешуге ұмтылып келді. Алайда жұмсалған қыруар қаржы ойдағыдай қайтарым бермеді.

Біздің республикаларымыздың нығайып келе жатқан достық одағы қуантады, әйтсе де бірлескен жоспарлар мен өтініштер әзірше нақты іске баяу айналуда. Министрліктер мен кәсіпорындар делегациялары бір-біріне барып тұрады, ал істің алға басуы баяу. Сондықтан біздің басты күш-жігерімізді бүгін таңда жаңды практикалық жұмысқа шоғырландыруымыз керек қой деп ойлаймын.

Digitized by Google

П. СТЕЛЬМАХ,
Қырғыз ССР Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті председателінің орынбасары

Иә, республикааралық ынтымақтастық пен айырбас үшін бізде мүмкіндіктер толып жатыр. Мысалға тамақ өнеркәсібін алайық. Біз көршілестерімізге шақпақ қант пен кондитер тағамдарын көбірек бере алар едік, қазір біз оларды 40—50 мың тонна мөлшерінде шығарып жүрміз, ал 80 мың тонна шығаруға да әзірміз. Қырғызстанда минералды су қоры өте мол. Ол — өзінің шипалы екенін дәлелдеген «Ақсу» «Барбұлақ», «Фрунзе», «Джалалабад» сулары. Біз жылына 10—15 миллион шөлмек су шығара аламыз.

Жоңышқа мен қызылша тұқымдарын беру жөніндегі ұсыныстарымызға туысқан республикалардың көптеген совхоздары мен колхоздары ықылас қояды ғой деп ойлаймын. Біз көршілестерімізге ірі қараның асыл тұқымды алатау сиырларын, сондай-ақ асыл тұқымды қойлар беруге де әзірміз.

Өзбекстанмен, Тәжікстанмен бірлесе отырып, ыдыс тығындау материалын, полиграфия бұйымдарын — горфрирлі ыдыстарға жапсырылатын қағаздарды шығару ісін ұйымдастыра алар едік. Сайып келгенде, біздің бәрімізге әрқашан тапшы болып жүрген шөлмектерді бірлесіп шығаруды да жолға қоя алар едік.

Сөзден тезірек іске көшу керек, барынша ширақ қимылдау керек деген пікірді мен қолдаймын.

Г. ЗИЯДУЛЛАЕВ,
Өзбек ССР Ғылым академиясының академигі, профессор

Республикалар мен бүкіл еліміздің алға басуы айтарлықтай дәрежеде соған байланысты болып отырған орасан зор перспективалы мәселелерді шешуге батылырақ кірісу керек деп санаймын. Әсіресе энергетиканы дамытуға көп күш жұмсау керек. Бұл салада бізде бірлесіп жұмыс істеудің тәжірибесі бар екені игілікті жағдай. Ортақ күш-жігер жұмсау арқылы Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның бірлескен энергетикалық жүйесі құрылды; мұнсыз аймақ өнеркәсібінің өсіңкі дамуы, еңбектің энергияға молығуын арттыру мүмкін болмас та еді. Тәжікстан мен Қырғызстан су-энергетика ресурстарына, Өзбекстан мен Түркменстан табиғи газға, Қазақстан көмірге бай. Жазда Тәжікстан мен Қырғызстанның су-электр станциялары толық қуатында жұмыс істеп, шығарылған энергияның бір бөлігін Өзбекстанға, Қазақстанға, Түрікменстанға беріп отырады. Қыста олардың қуаты азаяды, сол кезде Өзбекстанның, Қазақстанның, Түрікменстанның көмірмен және табиғи газбен жұмыс істейтін мемлекеттік аймақтық электр станциялары өз көршілестерінің энергетикалық потенциалын толықтырады. Дегенмен, республикалардың артықшылықтарын пайдалана отырып, осы ынтымақтастықты одан әрі дамыта беру керек.

Тау-кен индустриясы мен түсті металлургияда да ынтымақтастық жемісті және өзара пайдалы жағдайда дамып келеді. Тәжікстанда, Алтын-Тапқан кенішінде түсті металл рудасы өндіріледі, Алмалықтағы өзбек металлургтері одан

★★★

концентрат жасап, Қазақстанның металлургтарына жібереді, ал бұлар одан бүкіл еліміздің, оның ішінде біздің аймағымыздың машина жасаушылары үшін металл балқытады. Бұл орайда да кеншілер мен металлургтердің шұғыл міндетінің бірі — шикізаттың комплексті пайдаланылуына қол жеткізу, одан металды барынша көп алу. Ал оның едәуір бөлігі қалдыққа кетіп, айналадағы ортаны ластап жүргені мәлім.

Халық шаруашылығының басқа салалары мен ғылыми қызметкерлері де бірлесіп көп жұмыс тындыра алады. Мәселен, құрылыс материалдары өнеркәсібінің өндірілуін алайық. Біздің Кувасай цемент комбинаты цемент пен шифер өндіруді үш есе арттыра алар еді. Бірақ бұл үшін оған арнап әк шығарылатын Қырғызстандағы карьерді комплексті механикаландыру қажет, көршілес республикалардың күш-жігері мен қаржы-құралдарын осыған шоғырландыру керек. Өйткені цемент бұлардың бәріне де керек қой.

Біздің республикаларымыз үшін халықты еңбекке тарту мәселесі өте маңызды. Орта Азия аймағының еңбек ресурстарын барлық жерде ұтымды пайдалануды іске асыру үшін күш-жігерді біріктіріп, үйлестіріп отыру қажет. Және де тек еңбек ресурстарын ғана емес, сонымен бірге табиғи ресурстарды: суды, пайдалы қазбаларды ұтымды пайдалану үшін де осыны істеу керек.

Алайда, бірлескен жұмыс жоспарлы жүруі үшін үйлестіріп отыратын орган қажет. Оның ролін СССР Ғылым академиясы ғылыми советінің Орта Азия мен Қазақстанның аймақтық проблемалары жөніндегі комиссиясы атқара алады. Оның алғашқы ұйымдастыру мәжілісінде мынадай өте қызықты факт айтылды: Орта Азия республикаларының бір-бірімен экономикалық байланысы олардың аймақаралық байланыстар көлемінің 10 процентінен аспайды. Біздің комиссия жалпы аймақтық маңызы бар алғашқы мақсаттар мен міндеттерді анықтау, интеграциялық байланыстарды реттеу, орталық және республикалық органдар үшін құрылымдық саясат саласындағы ұсыныстарды әзірлеу істеріне кірісе алады.

Орта Азия республикалары мен Қазақстан ынтымақтастығының өрге басуы олардың ССР Одағының барлық республикаларымен байланыстарын нығайтып, қызмет ететінін түсіну маңызды мәселе. Өйткені экономиканың жеделдете өсуі, оның құрылымының өзгеруі арқасында одақтық рынокқа өнім ұсыну мүмкіндігі көп кеңейтіледі, еліміздің халық шаруашылығы комплексіне олардың қосар үлесі арта түседі.

Д. БАЙРАМОВ,
Түрікмен ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті Экономика институтының директоры

Біздің республикааралық қатынастарымызда оқшаулану бағыты әлі де күшті екенін өкінішпен атап көрсетуге тура келеді. Және де біздің біртұтас табиғи өзара байланысты аймағымыз біртұтас экономикалық аймақ болып табылады деп зорға айта аласың. Бұл орайда ведомстволық бытыраңқылықтың кері әсер еткені сөзсіз. Ол жағдайда республикаларда біріне бірі ұқсас кәсіпорындар салынумен болды; кейде тіпті Түрікменстанда шығарылған өнім Қазақстандағы немесе Өзбекстандағы тұтынушының қолына тиюі үшін әуелі еліміздің басқа аудандарына ұзақ сапар шегуі

★★★

де жиі кездесті (иә, бұл қазір де үйреншікті нәрсе).

Барынша жоғары психологиялық кедергілердің де қалыптасқанын және олар біздің өзара қолайлы байланыстар жасауымызға кедергі болып отырғанын да айта кету керек. Біз Өзбекстанға: сіздерде қолы бос жұмыс күші мол ғой. Қарақұм каналы аймағындағы біздің жерімізді алсаңдаршы деп ұсыныс жасадық. Енді міне, Хорезм облысынан келген қоныс аударушылар 150 мың гектар түрікмен тыңын игеріп те жатыр. Біз тәжіктерге де: бізде жер жетеді, содан алып игеріңдер, ал су бәрімізге ортақ қой дедік.

Барлық мәселеде де осылай істелсе ғой! Алайда, қаншалықты өкінішті болғанымен, әрқашан мұндай ынтымақтастық іске аса бермейді. Ұлттық оқшаулануышылық пен жатсынушылықтың қайталануы анда-санда болса да бой көрсетіп қалады. Бұл жайында айта отырып, мен өзімнің жерлестеріме жараса бермейтін бір фактіні келтірейін: біздің селекционерлеріміз мақтаның жапырақтары өздігінен түсіп қалатын сорттарын өсіріп шығару жолындағы жұмысты күшті жүргізуде. Өткен жылы 15 гектар жерден сентябрьдің орта шенінде жапырақтары өзінен өзі түсіп қалатын өсімдік алды. Ешқандай дефолиацияның қажеті жоқ. Орта Азия үшін мұның қаншалықты маңызды екенін түсіну оңай. Бірақ бұл сараптық мөлдек қана. Сондықтан сортты тиісті дәрежесіне жеткізу және плантацияда «жасыл көше» ашу үшін әлі де көп және табанды еңбектену керек. Сондықтан Өзбекстан селекционерлерімен күш-жігерді біріктіру істі едәуір жеделдеткен болар еді. Бірақ олай болмай отыр, біздің ғалымдарымыз бұлай істеуге келіспейді. Мұны істеу өзіміздің де қолымыздан келеді, дейді. Кейін өзбектерге тұқым материалын сататын боламыз дейді. Әрі күлкің келеді, әрі өкінесің. Өйткені олардың «өздері» мұнымен тағы да ондаған жыл, тіпті одан да көп уақыт бойы әуреленетін болады ғой.

Осындай көзқарастар отын-энергетика ресурстарын ұтымды етіп, суару жүйелерін тиімді етіп пайдалануға да кедергі жасауда. Сондықтан еліміздің біртұтас халық шаруашылығы комплексінің шеңберінде республикаларымыздың ынтымақтасуына қайта құрудың белсенді түрде жәрдемдесіп отырғанына қуанбасқа болмайды. Республикаларымыз ынтымақтастығының қазір әзірленіп жатқан комплексті программасына ұсыныстарда мен суды және энергияны көп талап етпейтін, бірақ еңбекті көп талап ететін салаларға арналған жабдықтар шығаруды кеңейту жөнінде бірлескен жұмыстар, мұндай өндірісті ортақ күшпен құру белгіленгенін ерекше атап көрсеткім келеді. Мұның өзі республикаларымыздың комплексті дамуы жолында алға басқан елеулі қадам болып табылады. Сонымен бірге шағын гелиоэнергетикалық станцияларға арналған жабдықтардың, жобалық-техникалық документтерін әзірлеу және олардың өндірісін жолға қою белгіленгенін де атап көрсеткім келеді.

Айналадағы ортаны қорғау туралы да осыны айтуға болады. Тым бертінде өткен уақытта бұл мәселеде істен гөрі өзара жазғырушылық, суды кім көп ысырап етеді? — деп күдіктенушілік көп болды. Ал қазір Арал мен Балқаштың да, Ыстықкөл мен Қарабұғаз көлінің де, біздің барлық үлкенді-кішілі өзендеріміздің де мәселелерін шешуге бірлесіп кірісетін уақытымыз туды. Өйткені біздің аймақтарымызда су дегеніміз әлеуметтік-экономикалық прогрестің шешуші факторы.

★★★

Т. ҒАФАРОВ,
Тәжікстан Компартиясы Орталық Комитетінің әлеуметтік-экономикалық бөлімінің меңгерушісі

Республикаларымыздың арасында ынтымақтастықты тереңдете түсудің қазір әзірленіп жатқан комплексті программасы іс жүзінде жасампаздық қызметтің барлық саласын қамтитыны және белгіленген шараларға жұрттың бәрі жан-тәнімен мүдделі екені қанағат туғызады.

Айтылған нәрсені қайталап жатпастан бірлескен қызметімізді үйлестірудің аймақтық демографиялық саясатын, еңбек ресурстарының жұмыспен қамтамасыз етілуі мен миграциясы проблемасын, жұртшылық пікірін зерттеу және еңбек саласындағы мәселелерді шешу жөнінде республикааралық орталық құруды талдап әзірлеу сияқты маңызды бағыттарын ғана атап өтемін.

Медицина ғылымының өзара бірлескен іс-қимылы, денсаулық сақтауды дамыту жөнінде ірі-ірі шаралары іске асырылуы керек. Бұл — өкпе ауруының, бруцеллездің, боткин ауруының профилактикасы, әйелдер мен балаларды сауықтыру.

Мәдениет саласында «Орта Азия мен Қазақстанның тілдері мен халықтары» деген тақырып бойынша зерттеулер бөлініп алынды. Ортақ күш-жігер жұмсау арқылы халықтарымыздың тарихы мен мәдениеті ескерткіштерінің жинағын әзірлеу белгіленді. Бұл орасан зор жұмыс мыңдаған ғалымдардың, суретшілердің ғана емес, сонымен бірге жұртшылықтың ең қалың тобының да күш-жігерін біріктіруді талап етеді.

Шынтуайтқа келгенде саналуан кәсіп пен сан түрлі жастағы миллиондаған адамдардың белсене қатысуынсыз басқа жұмыстардың бәрі істеледі деп есептеу мүмкін емес. Ал бұдан бірлескен программалардың орындалу барысы туралы ұдайы хабарлап отыруды қамтамасыз ету міндеті туындайды. Бұлай істемейінше халықтың назарын осы мәселеге қалай аударуға болады? Алайда, сол сияқты хабарлау әзірше өте нашар болып отырғанын мойындау керек. Бұл орайда қолданылып жатқан шаралар жайында айтып беруге тиісті баспасөз қызметкерлері, лекторлар, үгітшілер, саяси хабаршылар, насихатшылар өз рольдерін атқарулары керек.

Мынадай жағдайға да назар аудармауға болмайды республикалардың шаруашылық есепке көшуі идеясы кейбір адамдардың ой-санасында аймақтардың томаға тұйықтыққа, жекеленушілікке тырысуымен байланыстырылады. Бұл мәселелерді түсіндіру керек, шаруашылық есеп дегеніміз — ажырату құралы емес, қайта республикалардың мүдделері мен мақсаттарының ортақтығы негізінде оларды біріктіру екенін дәлелдеу керек.

Менің пікірімше, әлеуметтік-экономикалық саладағы ынтымақтастықты партия ұйымдары мен басқа да қоғамдық ұйымдардың өзара іс-қимыл бірлігі арқылы баянды етіп отырған жөн. Біртектес кәсіпорындар мен шаруашылықтардың партия ұйымдары, аудандық және қалалық партия комитеттері тұрақты байланыс орнатып, ұйымдастырушылық және идеялық-саяси жұмыстың тәжірибесін ұдайы алмасып отыратын уақыт туды. Мұның өзі республикалардың ынтымақтастығын саяси зор көлемде үндестіре түседі, оны шын мәнінде бұқаралық және тиімді ынтымақтастық етуге көмектеседі.

★★★

ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУДЕМІЗ

Туысқан республикалар партия ұйымдарының идеялық-тәрбие жұмысының тәжірибелерін өзара алмасу — оның нәтижелілігін арттырудың маңызды шарты. Бұл туралы мақалалар біздің журналдарымыздың беттерінде жүйелі шығып тұратын болады деп редакциялар үміт етеді.

Адамдар тұратын жерлерге

Аудандық партия комитетінің идеология бөлімі жуырда интернационалдық тәрбие мәселесі жөнінде жұмысшылар арасында анкетаға жауап беруді ұйымдастырды және де сұрақ қойылған адамдардың бәрі дерлік егер әділетсіздік, теңгермешілік болмаса, егер істің бәрі ар-ұжданмен, ашықтан-ашық, жариялылықпен тындырылса, онда еңбек коллективінде бұл процесс тезірек жүргізілетінін көрсетті. Осылай болғанда бірде-бір адам өзіне ұлттық нұқсан келтірілді деп санамайды. Ал, дегенмен әлуметтік әділеттілікті бұзу бар, демек әртүрлі ұлттар адамдарының туысқандығын орнықтыру үшін ондай кемшілікті жою керек. Сондықтан партия ұйымдары бұл мәселемен нақты да дәйекті шұғылдануда.

Адамның мінез-құлқы мен адамгершілік қасиеті ретінде патриотизм мен интернационализм семьяда қалыптасып, оқудың барысында дамитынын, жұмыс пен тұрмыста шыныққатынын біз түсінеміз. Сондықтан да біздің белсенді қызмет атқаратын жеріміз міндетті түрде азаматтарымыздың тұрғылықты орны болуға тиіс. Біз тұрғын үй аудандарында бұқаралық шаралар жүргізумен әсте шектелмейміз, қайта адамдардың шағын тобы арасында, семьяда жұмыс жүргізуге тырысамыз. Мұның өзі оларды толғандырып жүрген мәселелерге тезірек үн қосуға, ол мәселелерді жедел шешуге, ауданда болып жатқан ұлтаралық процестерді біліп отыруға мүмкіндік береді.

Ұлтаралық қатынастар мәселелері жөніндегі аудандық комиссияның көшпелі мәжілістері де осы мақсаттарға сай. Ондай мәжілістер Фриденвельд селосында, «Искра», «Бірлік» совхоздарында өткізілді. Оларда эмиграциялық ниеттерді жою, әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың өкілдері арасындағы өзара қатынастарда кездесіп қалатын келеңсіз көріністердің алдын алу жөнінде келелі әңгіме қозғалды. Ұйғыр, балқар, әзербайжан, неміс ұлттарынан шыққан өте-мөте танымал және беделді адамдарды топтастырып, жұмыс істеп отырған біздегі «ықпал жасау топтарымен» кездесулер де пайдалы болып шықты. Оларда көтерілген мәселелердің бір бөлігі қазірдің өзінде шешілді. Хунчи селосында мектеп салынды, Интернационал селолық Советі діни бірлестіктерді тіркеді, адамгершілік идеяларымен нәрленген, бірақ соңғы жылдары ұмытылып кеткен халықтық әдет-ғұрып қайтадан өріс алуда.

Тегі, ықпал жасау топтары туралы егжей-тегжейлі айтқан жөн болды. Оларға коммунистер мен партияда жоқтар, ақсақалдар, интеллигенция өкілдері, жұмысшылар, колхозшылар енгізілген. Партия ұйымдары мен аудандық партия комитеті олардың әрқайсысымен ұдайы жұмыс жүргізеді, ауданның өмірі, қабылданған шешімдер туралы хабарлап отырады. Халық көтерген мәселелерді бірлесіп талқылайды. Осы топтарға арқа сүйеу арқылы ауданда тұратын барлық ұлттардың өкілдеріне саяси ықпалдың күшейтілуін іске асыра алдық.

Идеология активінің халықтың түрлі категориясымен кездесулері біздің ойлануымызға, болашақ жұмыстың жоспарларын әзірлеуімізге керекті жақсы информациялар беріп отырады. Олар пікірталастық жаңа тақырыптарды, социологиялық зерттеулердің адрестерін, ізденістердің бағытын айтып береді.

Кездесулерде, әңгімелерде ұлттық-орыс қос тілділігін дамыту мәселесі барынша кең қамтылады. Солардың қорытындысы бойынша тілдерді факультативті үйренуге мүмкіндік туғызылды, қырғыз, неміс, дүнген тілдерінің кластары, топтары, мектептері ашылды. Атап айтқанда, қалалық атқару комитетінде, Фрунзе атындағы қант заводында, электр жүйелері комбинатында, аудандық ауруханада, тұрмыс комбинатында, аудандық тұтынушылар одағында қырғыз тілін оқытатын курстар жұмыс істейді. № 1 Қант орта мектебінде қазір азербайжан тілін үйрететін факультатив жұмыс істейді, ал № 3 Новопокров орта мектебінде ұйғыр тілін оқытатын класс

Digitized by Google

құрылып, халыққа арналған кешкі курс ашылды. Дүнген халқы көп тұратын орын — Милянфан селосында өткізілген дүнген әдебиетінің күні, Люксембург және Фриденфельд селоларында өткізілген неміс әдебиетінің күні сияқты шараларымыз да әртүрлі ұлыстардың мәдени дамуына қызмет етеді.

Егер тәрбие дегеніміз өнер болса, интернационалдық тәрбие осы өнердің күрделі түрі. Мұның өзі ең алдымен адамды қалыптастырудың әлеуметтік және ұлттық ортасының көп жағын ескеретін сараланған және дара жұмыс деп ойлаймыз. Ленинның сөзін пайдалансақ мұнда «асқан өнегелілік» маңызды, барлық халықтардың дәстүріне, мәдениетіне, тарихына тілектестік, құрметтеу көзқарасы керек.

А. ЭШИМОВА,
Қырғызстан Компартиясы Қант аудандық комитетінің екінші секретары.

Әйелдер советі көп нәрсе жасай алады

Бұдан бір жыл бұрын, біздің аудандық әйелдер советінің жаңа құрамы өзінің ұйымдастыру мәжілісінде жиналған кезде, менің интернационалдық тәрбие беру жөнінде сектор құру керек деген ұсынысыма қарсылық білдіргендер болды. Ол қарсы пікір жалпы алғанда ауданның ұлттық құрамы біртектес, ұлтаралық негізде ешқандай жанжал туып көрген жоқ, сондықтан мұндай сектор құрудың қажеттігі де жоқ дегенге сайды. Аудандық партия комитетінің бірінші секретары М. Г. Гельдыевамен екеуміз ол кезде мұндай сектордың керектігіне әйелдер советі активистерінің көзін жеткізе алдық. Ал қазір, Ферғанада қайғылы оқиғалар болып өткеннен кейін өзіміздің дұрыс істегенімізге көзіміз әбден жетіп отыр.

Секторға «Москва» совхозының бригадирі Кичик Аманова, XXVI партсъез атындағы совхоздың механизаторы Роза Кан, Социалистік Еңбек Ері Маккам Хазраткулова және басқа активистер енді. Ақыр аяғында ауданда интернационалдық тәрбиенің нақтылық пен іскерлік сипатқа ие болып отырғаны да олардың көмегінсіз бола қалған жоқ. Жуырда ғана жағдай қандай еді? «Біздің күшіміз лениндік достықта» деген тақырыппен селолық клубта кеш өткіздік, оның негізгі бөлімі концерт болды, оған осы тақырыптағы тартымсыз лекцияны қостық, немесе «қоғамдық-саяси оқулар» деген одан да тартымсыз шараны қостық. Сөйтіп, интернационалдық тәрбие беру жұмысымыз туралы есеп жаздық.

Сөз жоқ, тақырыптық кештер өте қажет. Оларды ұйымдастыру мен өткізуге қазір де әйелдер советі барынша белсене қатысады. Дегенмен қазір басты назарды басқа жағына — адамдармен жанды қатынас орнатуға, оларды хабардар етіп отыруға, күрделі сұрақтарға жауапты бірлесіп іздеуге аударамыз. Бізде көшпелі клуб жұмыс істейді. Егіс қостары мен фермаларда, махаллалар мен селолық клубтарда, ал кейде тіпті диқандардың бірнеше семья бас қосатын үйлерінде де әйелдермен кездесулер өткіземіз. Клубтың мәжілістеріне дәрігерлер, заң қызметкерлері, аудан басшылары қатысады, олар әйелдеріміздің нағыз көкейтесті сұрақтарына жауап береді. Мәселен, біз Таулы Карабахтағы жағдай туралы, республикадағы мемлекеттік тіл туралы бірнеше әңгіме өткіздік. С. Рахимов атындағы совхоздың жұмысшысы, аудандық әйелдер советінің мүшесі, Синобар Рахимова СССР халық депутаттарының съезінен қайтып оралысымен дереу үгіт-насихат жұмыстарына араласып кетті, Ферғанадағы оқиғаның себептерін түсіндірді, ал оның беделді сөздерін адамдар ұйып тыңдайды.

Осы мәжілістерімізде шаруашылықтарымыздағы әйелдер советтері председательдерінің есептерін тыңдап отырамыз. Мәселен, жуырда Энгельс атындағы совхоз әйелдер советінің председателі Буритош Иргашева есеп берді. Талқылау, ашық, іскерлік жағдайда өтті. Шаруашылықта жүргізіліп жатқан интернационалдық тәрбие беру шаралары аз емес те сияқты, дегенмен көптеген әйелдер қоғамдық өмірге қатыспайды, олардың қамқорлық жасайтын ісі үй ішіндегі, семьядағы шаруамен шектеледі. Өткен заманның әйелдер намысын кемсітетін сарқыншақтары жиі-жиі көрініс беріп қалады. Сондықтан біз активист әйелдерімізге өмірге батылырақ араласыңыздар, ағартушылық жұмыспен ғана шектелмеңдер деп ұсыныс бердік.

Ал, тұрғылықты жердегі жұмысқа келетін болсақ, мұның өзі бүкіл аудан үшін зор проблема. Бізде бірнеше мың әйел жұмысқа орналастырылмаған. Мұның себептері толып жатыр — мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері мүлде жетіспейді, соның салдарынан көптеген әйелдер жас сәбилерін бағып жылдар бойы үйде отырады, оның үстіне жұмыс та табылмайды. Сондықтан да жұмыс істемейтін әйелдердің идеологиялық ықпалдан тыс қалмауының зор маңызы бар. Әйелдер

Digitized by Google

советінің мүшелері сондықтан да тұрғын үй аймақтарында ұдайы болып жүреді. Біз көп адам қатысқан аудиториялар іздеумен әуестенбейміз. Адамдардың шағын тобы арасында, семьяда әңгімелер өткізіледі, сондықтан әйелдер өздері назар аударатын мәселелердің бәрі жөнінде сұрақтар қойып, оларды біле алады, өз толғаныстарын қысылмай-ақ ортаға сала алады.

Көп мәселенің тұрмыс жағдайларына қатысы бар. Көптеген қыстақтарымызға газ берілмеген, басқа отын, мәселен, көмір өте тапшы. Кейбір поселкелерде таза су жоқ, кәдімгі тұрмыстық орындар, мәселен, монша жоқ, азық-түлік және өнеркәсіп товарларының проблемасы туындауда... Бұл мәселелердің бәрін қаншалықты қиын болғанымен шешу керек. Біздің әйелдер советі де әйелдердің еңбек жағдайына, тұрмыс жағдайына әсер етуге ұмтылуда, ол мұны еңбеккер әйелдерді ойдағыдай тәрбиелеудің, олардың белсенділігін арттырудың басты негіздерінің бірі деп біледі.

М. УМАРОВА,
Қаршы аудандық әйелдер советінің председателі.

Өзбек ССР-інің
Қашқардария облысы.

Көптеген тілдерде

Біздің кітапханамызға келгендердің бәрі Павлодар халқының ұлттық құрамы туралы айтып беретін стендіні көреді. Ал бізде, қалада 78 ұлттың адамдары тұрады. Біз Орта Азия республикаларынан қашық емеспіз, бізде ондаған халықтардан шыққан адамдар тұрады. Мәселен, 700-ден астам өзбек, 200 тәжік, 10-дағаң түріктер, қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр бар. Олар қаламыздың үлкенді-кішілі заводтарында қызмет істейді.

Таяудағы өткен кезеңде бірге тұратын ұлттардың аттары мақтанышпен айтылып келді, бірақ олардың рухани және мәдени қажеттерін қанағаттандыру үшін ешнәрсе істелмеді десе де болады. Адамдардың ана тілінде газеттер мен журналдар оқуына мүмкіндік болмады, кітап жаңалықтарын қадағалап отыра алмады. Қандай да болса республикада шығатын әдебиеттерге жазылу және оны сатып алу мүмкін емес.

Біздің халықтар достығы кітапханамыз (оның ресми аты осындай) осы олқылықтың орнын толтыруды көздейді. Оның жұмыс істей бастағанына үш жыл болғанына қарамастан кітап сөрелерінде халықтарымыздың барлық тіліндегі 26 мың кітап тұр. Оқырмандар сонымен қатар барлық республикаларда шыққан газеттер мен журналдарды пайдалана алады. Біздің әдебиет жинауымызға әртүрлі республикалардан кітапқұмарлар, жазушылар, кітапхана қызметкерлері көмектесуде, олар алғашқы кездегі біздің өтініштерімізге дереу үн қосты. Біз Украинадан, Белоруссиядан, Грузиядан, Арменияда, Прибалтика республикаларынан мыңдаған кітаптар алдық. Алайда, Орта Азия халықтарының тіліндегі кітаптар бізде әзірге аз. Біз мұны ең алдымен өзімізден деп біледі. Өйткені көршілес республикалардағы өз әріптестерімізбен байланысты жолға қоя алмай келеміз. Ал оқырмандар нақ осындай кітаптарды сұрайды.

Біздің шағын коллективіміз оқырмандар тілегін орындауға ұмтылады. Жұмысшы жатақханаларында, мектептер мен кәсіптік-техникалық училищелерде оқырмандар конференцияларын «Халықтар достығы — әдебиеттер достығы» лекториясы сабақтарын өткіземіз. Ал тікелей кітапхананың өзінде әрбір ай бір республикаға немесе ұлт округіне арналады. Сауық кештерінде, басқа да кездесулерде әртүрлі халықтардың сөздері сөйленіп, әндері шырқалады. Оқырмандар өздерінің ұлттық ақындарының өлеңдерін оқиды, музыкалық хабарлар әзірлейді. Тұрмысты жақсы білетіндердің викториналарын әзірлеп жүрміз.

Әртүрлі ұлт адамдарының араласуы, олардың сұрақ-тілектерінің қанағаттандырылуы солардың топтасуына көмектесетінін біз көріп отырмыз. Бірақ, әрине, өзіміздің кітап қорларымызды толықтыру үшін әлі де көп жұмыс тындыруымыз керек, сондықтан да осы жағдайды пайдаланып, Орта Азия республикаларындағы мәдениет пен ғылым қайраткерлерінен, өзіміздің әріптестерімізден жаңа кітаптар жөнінде бізге мүмкіндігінше көмектесуін оқырмандарымыздың атынан өтінгім келеді. Бұл үшін сіздің жерлестеріңіз, барлық оқырмандар үлкен алғыс айтатын болады.

Біздің адресіміз: **637000, Павлодар қаласы, Кутузов проспектісі, Халықтар достығының қалалық кітапханасы.**

Найля МАҚСҰТОВА-СТОЛБОВА,
кітапхана меңгерушісі.

Digitized by Google

Интернационалдық достық клубы шақырады

Балалар ойыншықтарынан — пластмассадан жасалған құм салатын ыдыстар мен кішкентай крокодилдерден безендірілген қуыршақтар мен «мияулайтын» мысықтардан стол үстінде шағын үйінді пайда болды. Олардың түстерінің ашықтығы және әдемілігі сонша тіпті ересек адамдардың өзі қолдарына алғысы келіп тұрады. Ауғанстан республикасы балалар үйіне арнап сыйлықтар жинау жаппай жүріп жатыр. Ал бірнеше күннен кейін осы қызылды-жасылды заттар Ауғанстанның кішкентай азаматтарына жөнелтіледі. Әбу Әли Ибн Сина атындағы Тәжік мемлекеттік медицина институты интернационалдық достық клубында өткен кездесулердің бірі осылайша өтті. Біз өз клубымызды ұлы гумманистің — «Авиценнің» атымен атадық. Демек, біз ойыншықтарды, кітаптарды, оқу құралдарын ауған балаларына үнемі жіберіп тұрамыз. Және туысқан елден алғыс жазылған хаттар аламыз.

Біздің жоғары оқу орындарымызда әртүрлі ұлттардың советтік студенттеріне қоса басқа жиырмадан астам дамушы елдің өкілдері оқиды. Он бес жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан интернационалдық достық клубымыз көп тілді студенттер коллективін нығайтуға көмектесуде.

Достық кештері бізде ай сайын өтеді, ал басқа елдерден келген студенттермен кездесулер әлдеқайда жиі ұйымдастырылады, мұнда олар өз отанындағы өмір туралы, жастар ұйымдарының істері туралы әңгімелейді.

Бертіндегі «Жастық империализмді әшкерелейді» деген кеш, жатақханадағы шығыс поэзиясының кеші және басқа кездесулер көңілді өтті. Олар нағыз жастық жігеріне толы болды. Интернационалдық ансамбльдің концерті, наурыз мерекесіне арналған театрландырылған көріністер есте сақталып қалды.

Біз институт аясында шектелмейміз. Клуб делегациясы Ашхабадта болды, онда студенттер күнін өткізуге қатысты. Саяси плакаттар, әндер конкурстарындағы грамоталар осы сапардың қорытындысы болды.

Клубта еліміздің көптеген жоғары оқу орындарынан студенттер болып тұрады. Пікірлер кітабындағы қолтаңбалар осы жайында әңгімелейді.

Түркімен мемлекеттік медицина институтының «Қызыл қалампыр» интернационалдық достық клубының мүшелері былай деп жазды: «Сіздердің ортаңызда өткізген күндер үшін көп рахмет! Жастардың жиналуы керемет қой! Біз: Варзоб жақсы дейміз, дегенмен Фирюза да жаман емес, келіңіздер, көресіздер».

«Бұл керемет тамаша болды! Көп рахмет! «Глобус» интернационалдық клубы, Ивано-Франковск қаласы. «Интернационалдық достық клубының мүшелері, сендер нағыз жігіттер екенсіңдер!» «Меридиан» интернационалдық достық клубы. Самарқанд қаласы.

Совет Одағының әртүрлі қалаларынан келген студенттермен болған кездесуден бізде үлкен әсер қалды. Мейірбандық, жылышырайлылық, қайырымдылық үшін алғыс айтамыз! Ұзақ уақыт есімізде сақтаймыз, қонаққа келулеріңізді күтеміз! — С. М. Киров атындағы Ленинабад педагогика институтының делегациясы.

Ауғанстан республикасында апрельде бұрынғы жылдардағы сияқты революция жылдығын кеңінен атап өтті. Ауған студенттері радиодан сөйледі, бізді өз елінің жетістіктермен таныстырды. Клуб мүшелерінің қатысуымен баспасөз-конференциялары, салтанатты жиналыстар, «дөңгелек стол» басындағы достық әңгімелер, көркемөнерпазға қатысушылардың концерті болды. Демек олар тек біздің институтымызда ғана емес, Душанбенің басқа да жоғары оқу орындарында өтті.

Соңғы кеш қызықты болды. Жыпылықтаған түрлі-түсті музыкалы лампалары, әуе шарлары, столдардағы тәбет ашатын пирожныйлар — бәрі де кәдімгі нағыз мерекедегідей болды. Интернационалдық ансамбльдің орындауында Отан туралы ауғандық ән шырқалғанда ауғандық студенттік қыздар да, кешке басқа қатысушылар да шыдап тұра алмады. Сосын студенттер ақын Зырминнің әуенді өлеңдерін оқыды...

Интернационалдық достық клубының мүшелері халықтар мәдениеті мен тарихын зерттеудің инициаторы болды. Жатақханада Тәжік өнер институтымен бірлесіп, орыс әдебиетінің классигі Антон Павлович Чеховқа арналған кеш өткізілді. Шетелдік студенттер өздерінің советтік достарымен бірлесіп жазушының әңгімелерінен қойылымдар көрсетті.

Бір сөзбен айтқанда, бізге келгендердің бәрі өзіне ұнайтын іс табады. Ал клуб есігі әрбір адам үшін ашық.

Дильбар ЖАХАНГИРОВА,
Әбу Әли Ибн Сина атындағы Тәжік мемлекеттік медицина институты «Авиценна» интернационалдық достық клубының президенті.

Digitized by Google

ДОСТЫҚ КӨПІРІНІҢ МЫҚТЫЛЫҒЫ БІЗГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

«Пропагандист и агитатор Киргизии» журналының тілшісі М. Седова Қырғыз ССР-інің Мәдениет министрі А. Т. Тоқтосартовпен әңгімелесті.

— Ақун Тоқтосартұлы, сіз ынтымақтастықтың республикааралық гастрольдер сияқты түріне қандай маңыз бересіз!

— Нағыз үлкен маңыз беремін. Республиканың творчестволық коллективтері үшін мұндай алмасу өз еңбегінің жемісін әдетте талап қойғыш болып келетін жаңа аудиторияда көрсетуге болатындықтан ғана төтенше маңызды болып отырған жоқ. Біздің көрермендеріміз туысқан республикалардан бізге келіп жүрген коллективтердің көрсеткен өнерлеріне лайықты баға бергенін айтуға тиіспін. Олардың ішінде еліміздегі ең жас және өте тамаша театр коллективтерінің бірі — Қазақстаннан келген Неміс драма театры да болды.

— Қазіргі гастроль сапарларының өткендегілерден айырмашылығы қандай!

— Адрестер таңдап алудағы дербестік. Қазір творчестволық коллективтерге көршілес республикалармен шарттар жасасуға право беріліп отыр. Ал мұның өзі республика творчестволық коллективтерінің гастрольдік өмірін едәуір жандандыра түсті, ынтымақтасудың жаңа көкжиегін ашты.

Бірлесіп жұмыс істеуге зор мүмкіндіктер ашылуда. Мәселен, Қырғыз драма театры мен Өзбектің Хамза атындағы мемлекеттік музыкалық драма театры режиссерлері мен артистерінің Шыңғыс Айтматовтың «Күн ұзарып ғасырдан да асады» деген романы бойынша спектакль қоюдағы бірлесіп атқарған жұмысы өзара көп жылдар бойы гастроль алмасуының нәтижесі болды. Ал құрамына Алматы, Ташкент, Свердловск консерваторияларының, Ашхабадтағы, Душанбедегі, Фрунзедегі өнер институттарының студенттері енген «Интероркестр—89» студенттік симфония коллективінің құрылғанын қалай айтпауға болады. Оны аса көрнекті музыканттар Ф. Мансуров пен В. Руттер басқарды. Мұндай оркестр еліміздің мәдени өміріндегі принципті жаңа құбылыс, жаңа серпін. Онда жұмыс істеу жас дарындардың өсіп шығуына көмектеседі. Қазақтың «Отырар сазы» фольклорлық-этнография ансамблі және оның жетекшісі, СССР халық артисі Нұрғиса Тілендиев жайында ізгі лебіз айтқым келеді. Алматы музыканттары қазір өз филармониямыздың жанынан нақ осындай ансамбль құруда бізге методикалық және практикалық көмек көрсетіп жүр.

Көркем өнер шығармаларының көрмелері де ұдайы байланыс жасап, мәдени алмасуды ұйымдастырудың нәтижесі болып шықты. Жас суреткерлер жұмыстарының, тақырыптық полотнолардың жылжымалы экспозициялары республикадан республикаға «көшіп жүр», атап айтқанда біздің Фрунзеде олар орасан зор табысқа ие болды. Турасын айтқанда, енді біздің суреткерлеріміз, сонымен қатар Орта Азия мен Қазақстандағы олардың әріптестері де енді Өзбекстанның, Тәжікстанның, Түрікменстанның, Қазақстанның өздеріне ұнаған жеріне барып, табиғаттың, заттың өзіне қарап сурет сала алады — бұл істе оларға көмек көрсетуге біз әрқашан даярмыз.

Биылғы көктемде Ашхабадта өткен

★★★

халық шеберлері шығармаларының көрмесі де қандай қызықты болды десеңізші!?

— Бір сөзбен айтқанда, Сіз мәдени алмасу — халықтар достығын нығайту ісіндегі төтенше маңызы бар фактор деп санайды екенсіз ғой!

— Бұл, біріктігі біздің әрқайсымызға байланысты болатын көпір, ол нағыз сан алуан кірпіштен қаланады деп айтуға болады.

Жуырда менде ұдайы Өзбекстанда тұратын, әкесі де, атасы да сонда туып өскен қырғыз болды. Біз ынтымақтастықты қалайша жақсартуымыз керектігі жайында ұзақ әңгімелестік. Өйткені Өзбекстанда көптеген қырғыздар тұрады. Олар Сурхандарияда, Ферғана алқабында, Самарқанд пен Ташкентте баяғы заманнан қоныс тепкендер ғой... Ал біздің бауырластарымыз қырғыз концерт коллективтерінің, би ансамбльдерінің өздеріне келуін асыға күтеді екен. Және де біз олардың тілектерін, әрине, орындаймыз да.

Біз театр коллективтерінің ынтымақтастығы туралы Өзбекстанның Мәдениет министрлігімен екі жылға шарт жасастық. Енді ынтымақтастықтың шеңберін де, оның шекараларын да кеңейтуді ойластырудамыз. Бізде Мәдениет пен өнерге қатысы бар басқа да орындар бар емес пе? Қайткен күнде де Қырғызстан осындай шарттарды Орта Азияның басқа республикаларымен де, Қазақстанмен де жасасуға даяр.

Халықтар арасындағы достықты нығайту ісінде өнердің ролін асыра көрсету, менің пікірімше, іс жүзінде мүмкін емес. Өнер — әсерлік әлемі, сезіну әлемі, ықылас әлемі. Ал достықтан, туысқандықтан берік не бар?

Былтырдан бері біз республиканың шекаралас аудандарында достықтың тосын мерекелерін өткізе бастадық. Және де онымыз сәтті болды деп айта аламыз. Мәдениет қызметкерлері мерекелердің ұйымдастырылуы, өзара қиысуы жағынан орындалуы күрделі ең ауыр міндетті өз мойындарына ала тұрса да, адалын айтқанда, олардың дамуы қарым-қатынастың мұндай түрін айналадағы бүкіл халық қабылдай ма немесе қабылдамай ма, ол творчестволық ахуалға араласып

Қырғызстанда ақсақалдар советі зор беделге ие. Нақ колхоздар мен совхоздардың ардагерлері, селолар мен қыстаулардың қарт тұрғындары көптеген қызықты істердің инициаторлары болады, селодағы әлеуметтік мәселелер де солардың көмегімен шешіледі.

СУРЕТТЕ: Ош облысы Ленин Джол колхозы ақсақалдарының советі, алдыңғы жақта — Ураим Маметов, Гапарал Орозбаев, Мамыт Ахметов.

Суретті КирТАГ тілшілері түсірген.



★★★★★★★★★★★

✦ 1988 жылдың бірінші тоқсанында халық шаруашылығында істейтін жұмысшылар мен қызметшілердің орташа айлық жалақысы өткен жылдың осы кезеңіндегі 174,2 сомның орнына 186 сом болды, колхозшылар еңбегіне төленген ақы 155 сомның орнына 174 сом болды.

1989 жылдың бірінші жартысында 732 миллион сомның халық тұтынатын товарлары өндірілді, өткен жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда бұл 99 миллион сом (алкогольдік ішімдіктерсіз) көп.

Digitized by Google

кете ме, жоқ па, түгелдей соған байланысты еді. Ал халық жиналды. Оның үстіне адамдарымыз іс-қимылдың белсенді қатысушылары болып алды.

Алматы облысының Кеген ауданы мен республикамыздың Тюп ауданы еңбеккерлерінің бірлескен мерекесі де өте сәтті болып шықты. Бұл аудандардың екеуі де қой өсіреді, сондықтан шопандар әңгімесіне тиек те баршылық еді. Олар өздерінің әсем әндерімен де бірі-бірінің сусынын қандырды.

Келесіде Жамбыл облысындағы Қордай ауданының еңбеккерлерімен кездесу өтеді. Ол аты шулы Қордай асуында болады. Оның биіктігі де, қаталдау ауа райы да мерекеге бөгет бола алмайды ғой деп ойлаймын.

Халықтар туысқандығы — әдебиеттер туысқандығы

КӨРШІЛЕС РЕСПУБЛИКАЛАР БАСПАГЕРЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС НЫҒАЙЫП КЕЛЕДІ

Орта Азия Республикалары мен Қазақстанда баспа өнімдерін алмасу дәстүрлері ертеден қалыптасқан. Бұл жөніндегі шарттар арнайы жәрмеңкелерде жасалады. Сонымен бірге әдеби алмасулар Мемлекеттік Кітап саудасы орындарының указдары бойынша, сондай-ақ аннотацияланған тақырыптық жоспарлар бойынша жүзеге асырылады.

Тек өткен жылы ғана Қазақстан Орта Азия республикаларынан бір миллионнан астам сомның, соның ішінде Өзбекстаннан —782 мың сомның, Қырғызстаннан —227 мың, Тәжікстаннан —33 мың, Түрікменстаннан 12 мың сомның баспа өнімдерін алды. Оның тақырыптары әртүрлі: бұлар қоғамдық-саяси оқу-методикалық, ауыл шаруашылығы бағыттарындағы кітаптар, көркем және балалар әдебиеті, өнер жөніндегі басылымдар.

Соңғы жылдары республикада қырғыз жазушыларының жалпы тиражы бір миллион данадан асатын 26 кітабы басылып шықты. Қазақстандықтар Ш. Айтматовтың барлық романдары мен повестерін дерлік қазақ және орыс тілдерінде оқуға мүмкіндік алды. Өзбек жазушылары Айбектің, К. Яшеннің, Т. Булатовтың және басқаларының шығармалары оқырмандар арасында жоғары сұранымға ие.

Тәжік әдебиетінің классиктері Фирдоуси мен Хафиздің, сондай-ақ тамаша ақын Каноаттың шығармаларын Қазақстандағылар жақсы біледі және сүйіп оқиды. Соңғы он жылда түрікмен авторларының поэзиялары мен прозаларының жалпы тиражы 131 мың дана 12 кітабы қазақ тіліне аударылып шықты. Олардың ішінде түрікмен әдебиетінің негізін қалаушы, ақын әрі философ Мақтұмқұлидың шығармалары, белгілі көркем сөз шебері Б. Кербабаевтың «Солтүстіктен шыққан күн» романы, Т. Жұмагелдиевтің «Тартыс» повестер кітабы, Р. Әсеновтің «Таң алдындағы дала елестері» романы, сондай-ақ түрікмендік ақын және балалар жазушыларының өлеңдері мен әңгімелерінің жинағы «Капетдаг таңы» деген атпен екі кітап болып шықты.

Қазақстанда бір миллион сомның әртүрлі баспа өнімдерін Орта Азия республикаларына жөнелтті. Тек өткен жылдың өзінде Өзбекстанның кітап магазині сөрелерінде Қазақстанда өзбек, қазақ, орыс және ұйғыр тілдерінде басылып шыққан 550 аталым кітап пайда болды.

Қазақ совет әдебиетінің классигі М. Әуезовтің қаламынан туындаған кітаптар Қырғызстан мен Өзбекстан оқырмандарында зор ықылас туғызды. Оларға ұсынылған М. Мақатаевтың «Қос қарлығашы», М. Өтемісовтің «Жорық» романы ұсынылды.

Бертінде Алматыда өткен кеңесте Орта Азия мен Қазақстан Баспа, полиграфия және кітап саудасы жөніндегі мемлекеттік, комитеттерінің 1989—1995 жылдарға арналған өзара ынтымақтастығы негіздері туралы шарт жасалды. Онда таяудағы жылдарда оқырмандарды біздің аймағымыз авторларының творчествосымен толығырақ және тереңірек таныстыру үшін коллективті бірлескен жинақтар шығару белгіленіп отыр. Баспаларға Ұлы Октябрьдің 75 жылдығы мен СССР-дің құрылғанына 70 жыл толуына арнап «Революция қадамдары», «Революциямен танылғандар» деген аттармен ғылыми-тақырыптық жинақтар шығару туралы мәселені қарау ұсынылды.

«Памирден Небитдағқа дейін» деген коллективті жылнама шығару жоспарлануда, оған Орта Азия мен Қазақстанның осы заманғы жазушыларының шығармалары енеді. Туыстас халықтардың поэтикалық антологиясын шығару да көзделген.

Digitized by Google

— Оқулықтар мен оқу құралдарын шығаруда кооперацияның зор маңызы бар. Қазақстанда тұратын өзбектер үшін (300 мың адам) оларды енді ташкенттік баспалар шығаратын болады, ал алматылық баспагерлер Өзбек ССР-інде тұратын қазақ оқушылары үшін қажетті басылымдарды беріп тұрады. Осындай алмасу басқа барлық республикалармен арада да ретке келтірілуде, демек дүнген, корей, түрік, курд және басқа тілдердегі оқу әдебиеттері осылайша басылып шығады. Бұл балаларды ана тілдерінде оқыту мәселесін көп жақсартуға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сондай-ақ көп қаржыны сақтап қалуға көмектеседі.

Мәди АЙЫМБЕТОВ,
Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеті көркем әдебиет бөлімінің жетекші редакторы.

«Шарора» — «Ұшқын»

Қырсық ойда жоқта кездесті. Үйлер қирап қалды, қырқалар шайқалып тұрды. Көп метрлі балшық толқыны қорғансыз қыстақтарға қарай жылжи бастады. Адамдар ұйқыдағы балаларын қолтықтарына қысып алып, көзге түртсе көрінбейтін қараңғылыққа бет қойды, өздеріне тап берген ғаламаттан қаша жөнелді... Бірақ бәрі бірдей құтылып кете алған жоқ.

Кеш ататын қысқы таң қорқынышты суретті көз алдыңа әкелді. Шарора қыстағының бір бөлегі ізсіз-түзсіз жоқ болып кетті. Окулиболо, Окулипоен... селолары мықтап зардап шекті.

Үстіміздегі жылдың 23 январында Гиссар алқабы душар болған қырсық республиканы қайғы-қасіретке ұрындырды, елімізге қаралы хабар болып тарады. Және барлық жерден қазаға ортақ болған көмекші қолдар созылды.

Күйзелудеміз, қайғырудамыз, қайғыларыңызға ортақпыз... деген телеграммалар.

Үрдіс жүктер: азық-түлік пен заттар, киіз үйлер мен шатырлар, құрылыс материалдары...

Азаматтар мен коллективтерден, облыстар мен республикалардан, үкіметтер мен халықаралық ұйымдардан аударылған... ақша...

Шығындар тіркесінде — екі жүз миллион сомнан астам зиян, баспанасыз қалған 25 мыңнан астам адам. Және де бүкіл еліміз көмекке келмеген болса апат ұрындырған жараны жазу үшін көп жылдар керек болар еді. Сондықтан біздің жүзден асатын халықтарымыз біріне-бірі дереу көмекке келуге әзір отырған бір семья болып өмір сүрмесе ол халықтардың әрқайсысы не күйде болар еді дегенді ойлаудың өзі жан түршіктіреді. Гиссар мынаны дәлелдейді: совет халықтарының бауырластығы дегеніңіз болды және бар, ол жасанды нәрсе емес әрі күшті — біртұтас семья сезімі! Ал ұрыс-керістің қара мысығына келетін болсақ, ол апатқа ұшыраған аудандарға аяқ баспайды. Мұнда оған тіршілік жоқ.

Гиссар қасіреті жайында кітап жазыла ма, жоқ па? — оны білмеймін. Жазылар, сөзсіз жазылады. Демек, ол тек қатал, жанға бататын беттерге ғана толы болмас. Адамдар рухының күші мен сұлулығын, адам ізгілігі мен қалытқысыздығын әңгімелейтін жылы лебіздер мен жарқын бояулар табылып қалар.

Апатқа ұшыраған ауданға ең алдыңғылардың бірі болып келген Армения жігіттері туралы қалай айтпауға болады? Оларды мұнда келуге итермелеген не? Қирап қалған Спитак пен Ленинаканға олардың қолы аз керек болып па?

Ата-анасынан айырылып қалған, бірақ жетімдікке ұшырамаған жаңа туған жас қыздың тағдыры туралы қалай айтпауға болады?! Оның туысқандары — атасы, әжесі, туған ағасы табылды. Солай бола тұрса да ауруханаға — қыздың денсаулығы қандай, оны тәрбиеге алуға болмай ма? — деген телефон қоңырауы үсті-үстіне соғылуда. Әзір оған ат қойылған жоқ, бірақ жұрттың бәрі оны жоқ болып кеткен қыстақтың атымен Шарора (Ұшқын) деп атайды. Ал мұның өзі символ. Ұшқын... Біздің әрқайсымыздың бойымызда бірімізге біріміз терең құрмет көрсетудің осы ұшқыны бар.

Онсыз біз ешқандай қырсықты да жеңе алмаймыз...

В. ПШЕНИЧНЫЙ,
Тәжікстан Жазушылар одағының секретары.

Душанбе қаласы.

Digitized by Google

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ РЕФОРМАНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

19 августа республикалық баспасөзде халықтың талқылауы үшін «Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы» Қазақ Советтік Социалистік Республикасы Заңының жобасы жарияланды. Бұл республикамыздың саяси өмірбаянында Бүкілодақтық XIX партия конференциясының шешімдерінде белгіленген негізгі қайта өзгертулердің жаңа кезеңі ашылады деген сөз. Жоба СССР Конституциясына сәйкес әзірленді.

Қазақ ССР-інде саяси реформаны заң жүзінде орнықтыру үшін алда тұрған кезеңнің басты мәні неде? Әңгіме республикалық социалистік мемлекеттік пен демократияның принципті жаңа негіздерін қалпына келтіру ғана емес, сонымен бірге тереңдете түсу болып отыр. Бұл ең алдымен Республика Советтері системасының өкілетті органдар ретіндегі бірлігін, Қазақ ССР Жоғарғы Советін тұрақты жұмыс істейтін орган етіп қайта құруды, Конституциялық қадағалау комитетін құруды, сайлауды негізінен демократияландыруды, республиканың жоғары өкімет билігі органдарына да қоғамдық ұйымдардың тікелей өкілеттік жасауы, мемлекеттік тіл статусын анықтау, сот право реформасын жүргізу ісін қамтамасыз ету. Осы мәселелер бойынша Жобада Қазақ ССР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі де алға қойылып отыр.

Жобаның тоғызыншы тарауында халық депутаттары Советтерінің системасы және қызмет принциптері баяндалып, республиканың барлық Советтері Қазақ ССР Мемлекеттік өкіметі өкілетті органдарының біртұтас системасын құрайтыны атап көрсетілген. Жобаны әзірлеу барысында халық депутаттарының республикалық съездерін өткізіп, оларда өте-мөте маңызды мәселелерді шешу туралы ұсыныстар түсті. Сонымен бірге ондай жиындарды өткізудің қолайлы еместігі туралы да пікірлер айтылды. Соңғы пікірді қолдаушылар басымырақ болып шықты. Мұның өзінде республиканың Жоғарғы Советінде халықтың барлық топтарынан өкілдік етуге және барлық мәселелерді кем дегенде жылына екі рет шақырып, екі ай бойы жұмыс істейтін сессияларда шешіп отыруға мүмкіндік бар. Мұның үстіне социалистік демократияны дамыта беру мүддесі үшін халық депутаттарының Советтеріне өздерінің компетенциясына енетін қалаған мәселе жөнінде референдумдар өткізу правосы берілді. Бұл жобаның 80-статьясының бірінші тармағында бейнеленеді.

Нақ осы статья халық депутаттарының Советтері сайлайтын немесе тағайындайтын лауазымды адамдар өз қызметтерін қатарынан екі мерзімнен астам атқара алмайды және олардың кез келгені өзінің қызмет бабындағы міндеттерін лайықты орындай алмаған жағдайда атқарып жүрген қызметінен мерзімінен бұрын босатылуы мүмкін деген нұсқаулармен толықтырылған.

Жобаның оныншы тарауы сайлау өткізу тәртібін анықтайды. Мұнда екі принципті кезеңді ерекше атап өткен жөн. Бұл, біріншіден, Советке енетін адамдар оған депутат бола алмайды деп белгіленді. Нақ сондықтан да Қазақ ССР Министрлер Советінің, халық депутаттарының жергілікті Советтері атқару комитеттерінің құрамына енетін адамдар, осы органдардың председательдерінен басқалары, ведомстволардың басшылары, министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен вдеомстволар басшыларының орынбасарлары, жергілікті Советтердің атқару комитеттері бөлімдерінің, басқармаларының, басқа да бөлімшелерінің басшылары мен олардың орынбасарлары тиісті Советтің депутаты бола алмайды. Судьялар мен мемлекеттік арбитрлар да өздерін тағайындайтын немесе сайлайтын Советтің депутаты бола алмайды. Екіншіден, халық депутаттығына кандидаттардың санына шек қойылмайды. Сайлау алдындағы жиналысқа қатысушы әрбір адам талқылау үшін қайсыбір кандидатураны, оның ішінде өзін де ұсына алады.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі 510 депутаттан 360 депутатқа дейін азайтылады. Мұндай азайтуды нақ Жоғарғы Советке енетін адамдардың оған депутат бола алмайтындығы есебінен қамтамасыз етуге болады.

Қазақ ССР халық депутаттарының төрттен бір бөлігі қоғамдық ұйымдардан сайланатындығы принципті жаңалық болып табылады. Жобаны әзірлеу үстінде бұл мәселе жөнінде толық бірауыздылық болған жоқ. Осы документті әзірлеу жөніндегі жұмыс тобында талқыланғаннан кейін ақырында мұндай өкілеттік қосымша демократиялық институт болады деген пікір ақыры жеңіп шықты. Сонымен жобада көрсетілгеніндей, Қа-

Digitized by Google

зақ ССР-інің 90 халық депутаты Қазақ ССР халық депутаттарының сайлауы туралы Заң белгілеген нормалар бойынша республикалық қоғамдық ұйымдардан сайланады. Коммунистік партия мен кәсіптік одақтардан 18 депутаттан, кооперативтік ұйымдар мен комсомолдан 10 депутаттан, Қазақстан творчестволық одақтарынан, ғылыми қызметкерлер бірлестіктерінен, өнертапқыштар мен рационализатор қоғамынан 8 депутаттан, әйелдер советтерінен, соғыс және еңбек ардагерлері ұйымынан, юристер одағынан, шетелдік байланыс саласындағы қоғамдық ұйымдарынан, басқа да қоғамдық ұйымдардан 6 депутаттан сайланатыны көрсетілген.

Қазақ тілінің мемлекеттік статусын конституциялық жолмен баянды ету туралы ереженің 70-статьясының бірінші тармағын енгізбестен бұрын бір топ ғалымдар, мамандар және юристер осы мәселе бойынша ұзақ уақыт бойы жұмыс істеді. Біз жергілікті ұлт тілін нақты қорғау туралы бұлтартпас уақыт талабына жүгіндік. Сонымен бірге республикада тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілдерін еркін дамыту кепілдігі туралы мәселе шешілуде. Мұның өзінде орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі болып табылады. Қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялау ана тілі басқа тіл болатын азаматтардың конституциялық правосын кемітпейді және оған нұқсан келтірмейді. Қазақ ССР-і тілдердің тең праволылығын мойындайды, оның праволық кепілдігін, республикада қолданылатын барлық тілдерге құрметпен қарауды қамтамасыз етеді және қайсыбір ұлттың болсын өз тілін, мәдениетін, оның ана тілі қандай екеніне қарамастан барлық азаматтардың заң алдындағы тепе-теңдігін қорғайды. Біз мәселенің осылайша қойылуы барысында республика еңбекшілері Қазақ ССР Конституциясы жобасының 70-статьясын, сондай-ақ тіл туралы Қазақ ССР Заңының халықтық талқылауға ұсынылған жобасын қабылдау қажеттігі туралы бірауызды пікір білдіреді деп үміт артамыз.

Халықтық бақылау комитетінің беделі нығаюда. Жоба бойынша оған заң шығару инициативасы беріледі, ал оның председателі лауазымы бойынша Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі болады.

Қазақ ССР-і Конституциялық қадағалау комитетін сайлау туралы мәселенің жобада қойылуы Қазақ ССР Конституциясының, оның басымдылығының мызғымайтындығын, республиканың, тұтас алғанда мемлекеттің Негізгі заңына қайшы келетін право бұзушылықты жоюды қамтамасыз етуде елеулі үлес болып табылады. Комитеттің қайсыбір ықпалдардан тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатымен жобада оны республиканың Жоғарғы Советі он жыл мерзімге сайлайтыны және оған заң белгілеу инициативасын беру қарастырылған. Оның мүшелері өз міндеттерін орындау кезінде тәуелсіз болады және СССР Конституциясы мен Қазақ ССР Конституциясына ғана бағынады. Комитеттің саясат және право саласындағы мамандар қатарынан председателі, оның орынбасары және тоғыз мүшесі құрамында сайлануға тиіс екені жобада атап көрсетілген. Мұның өзінде олар Қазақ ССР халық депутаттары бола алмайды. Комитетке республика Жоғарғы Советі актілерінің немесе актілері жобаларының, республика Министрлер Советінің қаулылары мен жарлықтарының, халық депутаттары жергілікті Советтерінің шешімдерінің сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдар актілерінің Қазақ ССР Конституциясы мен Қазақ ССР Заңдарына сәйкестігі туралы қорытынды бере алатын право беру жайындағы ұсыныс талқылауға енгізіліп отыр. Комитет актінің немесе оның жекелеген ережелерінің Қазақ ССР Конституциясына немесе Қазақ ССР Заңына қайшы келетінін анықтаған жағдайда оның орындалуын тоқтату туралы немесе ондай актілерді бұзу туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советіне немесе Қазақ ССР Министрлер Советіне ұсыныс енгізуге праволы.

Жобада право тәртібін сақтаудың басты құралы — сот туралы, судьялар мен халық заседательдеріне қол сұғылмауын және олардың ешкімге тәуелді болмауын қамтамасыз ету туралы сөз болып отыр. Судьяларды халық депутаттары Советінің бес жылға емес, он жылға сайлауы олардың тәуелсіздігін нығайту кепілдігінің бірі болып табылады.

Саяси реформаны жүргізу барысында біз демократияландыру мен жариялылықтың бейбастақтықпен, бейберекетсіздікпен және анархиямен ымыраласпайтынын айқын түсініп, нақты сезіне білуге тиіспіз. Жаңару міндеттерін үзілді-кесілді талаптар қоюмен, конституциялық емес саяси ұйғарымдармен, өндірістегі еңбек ырғағын бұзу жолымен шешуге болмайды. Қайта құруды қорғап, Қазақ ССР-інде реформаға байланысты заңдарды халықтық талқылау барысындағы қоғамға қарсы және қайта құруға қарсы бағыттарға аяусыз тойтарыс беру керек.

М. МАЛАХОВ,
Қазақ ССР Юстиция министрінің бірінші орынбасары.

Digitized by Google

МҰҒАЛІМНІҢ МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТІ

Интеллигенцияның басқа топтары арасында мұғалімдер өзгеше жағдайға ие, ол жағдай педагогикалық еңбектің ерекшелігімен, қоғамның мұғалімге жүктеген сан алуан кәсіби және қоғамдық міндеттерімен байланысты. Қоғам мұғалімдерге ең қымбатты, ең бағалы нәрсені — балаларды, өзінің үмітін, өзінің болашағын сеніп тапсырды. Икемділік, осы іске өзін толық арнау, ізгілік, жаңаны, прогрессивтілікті барынша сезіну болмайынша мұғалімнің өзінің асқақ міндетін орындауы мүмкін емес.

Оқу ісінің көптеген шынайы еңбеккерлерінің бойында осындай қасиет баршылық.

Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысындағы Мамлют мектеп-интернатын ұзақ жылдар бойы басқарған СССР халық мұғалімі Григорий Максимович Кубраков зор беделге ие. Мектеп А. С. Макаренконың принципі бойынша жұмыс істейді. Мұндағы балалар бірінші кластан бастап творчестволықпен өнімді еңбек етеді, көптеген пайдалы істерде өздерінің күшін сынап көреді. Бір игілігі — күш жұмсайтын жер де бар. Бұл мектеп — өзінің бағы, бақшасы, теплицасы, шеберханалары бар тұтас ауыл шаруашылық қалашығы. Мұндағылар класс жетекшісінен әлдеқашан бас тартқан, шәкірттердің өзін-өзі басқаруы енгізілген. Бұған таңдануға да болмайды, осындай жағдайда право тәртібін бұзушылық толық жойылған. Балалар дербестілікпен өсіп келеді, өмірден өз орнын тез табады. Григорий Максимович жуырда Петропавл педагогика институты жанындағы творчестволық лабораторияны басқара бастады, ол өзінің мол тәжірибесін болашақ мұғалімдерге үйретуде.

Архимед Ысқақовтың Алматыдағы авторлық мектебі республикадан тысқары алыс жерлерге мәлім. Оның бастауымен пікірлестер коллективі қалыптасты, олар өздерінің алдына принципті жаңа мектеп — жас ұландар өздерін қысылып-қымтырылмай еркінбіз деп сезінетін, ықыласпен оқитын, мұғалім мен шәкірттің қатынасы үстемдік пен айқайға негізделмей, қайта ынтымақ пен сенімге негізделетін мектеп құру міндетін қойды. Бұл мектепке мұғалімдер конкурс бойынша іріктелді, ал балалар қаланың барлық мектептерінен, дегенге көнбейді деп саналғандардың ішінен алынды. Мұнда өзіндік оқу программасы мен жоспары бар, дәстүрлі пәндер қысқартылып, шәкірттердің рухани дүниесін кеңейтетін жаңа пәндер енгізілді. Еңбек ету елеулі негізге айналған, балалар қаланың кәсіпорындарында жарты күн жұмыс істейді, қаржының бір бөлегі мектеп қажетіне жұмсалады, қалғаны шәкірттердің жалақысына беріледі.

Ташкенттегі Бүкілодақтық педагогикалық оқуларда озып шыққандардың ішінде Павлодар қаласындағы № 8 кәсіптік-техникалық училищенің физика пәнінің оқытушысы Александр Александрович Найдин болды. Оның әріптестері қазіргі оқулықтарды сынап, жаңалары қашан келеді деп күтіп жүргенде Найдин өзінің оқу құралын әзірледі, ол құрал бойынша тек Павлодардағы ғана емес, республиканың басқа жерлеріндегі пән мұғалімдері де үлкен ықыласпен сабақ өткізіп жүр.

Алматыдағы № 12 мектептің орыс тілі мен әдебиетін оқытушы, Социалистік Еңбек Ері Рафиқа Бекенқызы Нұртазинаның ынта-жігері мен қажымас қайратына қызығасың. Орыс тілі мен ана тілін оқыту мәселесі бүгін таңда алға қаншалықты жаңаша қойылып отырғанын терең түсінген ол пенсия жасына келгеніне қарамастан, ауыл мектептеріне барып тұрады, әріптестеріне методикалық көмек көрсетеді. Ол В. И. Ленин атындағы Балалар қорына көп күш жұмсайды, республикалық радиода күн сайын қазақ тілін үйрету дәрісін өткізеді, сондықтан оның дауысы бүгінде миллиондаған қазақстандықтарға танымал.

Бізде нұсқаулар мен бұйрықтар күтіп отырмастан күні өткен еліктеушілікті қиратуға батыл кірісіп жүрген мұғалімдер коллективтері де көбейіп келеді. Пәндерді терең зерттеп, оқитын бес күндік жұмыс аптасы бар мектептер де көрініс табуда, өмір талаптары ескеріле отырып, оқу жоспарлары мен программалары қайта қаралуда. Педагогтар коллективтерінің 200-ден астамы инспекторлардың тексеруінсіз, сенімге сүйеніп жұмыс істейді, мұның өзі әр педагогтан зор қайтарыммен, кәсіби шеберлікпен жұмыс істеуді талап етеді. Эстетикалық, әскери-патриоттық және дене шынықтыру тәрбиесін берудің жаңа программаларын енгізу жөнінде тәжірибе жүргізілуде. Мұғалім еңбегіне ақыны саралап төлейтін мектептер де көрініс табуда.

Digitized by Google

Нақ осындай бір сарынды емес көзқарас жеткіншек ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісін сапа жағынан қоғам дамуының стратегиялық және тактикалық талаптарына сай келетін жаңа дәрежеге көтеруге тиісті мектеп реформасының табысты болуының тағдырын шеше алады.

КПСС XXVII съезінің, Бүкілодақтық XIX партия конференциясының, КПСС Орталық Комитетінің 1988 жылғы февраль Пленумының шешімдері халыққа білім беру ісін қоғамды жаңғырту жолындағы күрестің алдыңғы шебіне қойды. СССР халық депутаттарының жақында болған бірінші съезінде де бұған зор назар аударылды. Өзінің қаулысында білім мен тәрбие беру жүйесін қоғамның интеллектуалдық потенциалын еселей түсудің басты көзі деп атап, осы заманғы білім беру жүйесін жасауды, оның материалдық базасын нығайтуды, оның ішінде есептеу техникасымен жарақтандыруды, халық мұғалімінің, білім беру жүйесінің барлық қызметкерлерінің әлеуметтік статусын көтеруді батыл жақтады. Жалпы мемлекеттік шараларды жүзеге асырумен қатар осы міндеттерді шешуге республикалық және жергілікті органдарды, еңбек коллективтерін, қоғамдық қозғалыстар мен қайырымдылық қорларын белсендірек тарту қажет деп табылды.

Соңғы жылдары мектеп реформасы идеялары белсендірек жүзеге асырыла бастады, мектептің өндіріс коллективтерімен байланысы нығайды, еңбек тәрбиесін беру жүйесі қалыптасып келеді, халыққа білім берудің барлық буыны арасындағы өзара іс-қимыл күшеюде. Солай бола тұрса да реформаның әзірге бұяу жүріп жатқанын мойындау керек. Мұнда бөгет жасаушы сәттер аз емес. Бұл әлі де болса сездіріп отырған білім беруді қаржыландырудағы қалдықтық принципі және әлі де өте нашар күйінде қалып отырған оқу-материал базасы, бұл басқару жүйесінің жетілдірілмеуі, сапасыз оқулықтар мен программа және басқалары. Мектептегі қайта құру процестері бөгелуінің негізгі себебі, басты өзекті тұлға мұғалімнің оған әлі де тиісінше қосылмағандығында болып отыр.

Көптеген педагогикалық коллективтерде жайбарақаттық пен бәріне кешірім жасаушылық басым болып отыр. Антипедагогикалық әдістер — дөрекілік, оқытушылардың балаларға деген әдепсіздігі мұғалімдер арасында әрқашан тиісті бағасын ала бермейді. Балалардың оқығысы келмейтіндігінің, олардың мектепті жатсынуының, өзінің мінез-құлқымен үлкендерге қыр көрсетуге тырысуының себебі көбіне нақ педагогтің бейнесіне, оның мінез-құлқына байланысты.

Алайда әрбір мұғалім еңбегінің нәтижесіне қатал баға бере, педагогикадағы брак үшін талап қоюды көтере отырып, халыққа білім беру органдары, партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары педагогтарға көмекті күшейтулері, олардың саяси және рухани өсуі туралы әлдеқайда көбірек қамқорлық жасаулары керек. Оларға көтеріңкі назар аударып, жылы лебіз, әдептілік көрсетуде сараңдық жасамау қажет.

Бүгін таңда мектеп ішіндегі өмірдің жаңа деңгейіне оны дәйектілікпен, демократияландыру негізінде, оқу-тәрбие процестерін басқаруға барлық педагогтарды кеңінен қатыстыру арқылы ғана көтерілуге болатыны айқын. Соңғы уақытта көптеген мектептерде халыққа білім беру жөніндегі советтер құрылды, директорлар мен оқу бөлімі меңгерушілерін, халыққа білім беру органдарының басшыларын сайлау жүргізіліп жатыр.

Мұғалім әрқашан, әсіресе совет патриоттары мен интернационалистерін тәрбиелеуде партияның тірегі және көмекшісі болды. Сондықтан осы жауапты және күрделі міндеттің шешімі мұғалімнің не айтқанына, не істеуге шақырғанына ғана байланысты емес, сонымен бірге оның өз позициясына, сенімділігіне интернационализмді іске асыра білетініне де байланысты. Интернационалдық және патриоттық тәрбиеге тіл проблемасын шешу ісі де тығыз байланысты. Қазақ ССР-індегі тіл саясаты мен тіл құрылысының концепциясының жуырда жарияланған жобасы тікелей тіл мамандарына ғана қатысты емес, сонымен бірге барлық педагогтарға да қатысты. Республикаға ат берген халықтың тілін де, сонымен бірге ұлтаралық қатынастар тілі — орыс тілін де, сонымен бірге Қазақстанда тұратын барлық ұлыстардың тілдерін де үйрену жөніндегі бүкіл жұмысты жоғары деңгейге күрт көтеру қажет.

Мұғалімдердің алдында тұрған көптеген міндеттердің ішінде өскелең ізбасарларға эстетикалық тәрбие беру проблемасын бөліп көрсетпеуге болмайды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеологиялық комиссиясы әзірлеген адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру Концепциясының жобасында бұл жұмыстың кеңейтілген программасы берілген, мұның өзінде оқытушылардың өздерінің эстетикалық сауаттылығына ерекше назар аударылады. Сондықтан мұғалімдердің эстетикалық жаппай оқуын ұйымдастыру, олардың әрқайсысының дүниежүзілік

Digitized by Google

және отандық мәдениеттің барлық байлығын меңгеруінің міндеті күн тәртібіне қойылып отырғаны да заңды.

Жұртшылық бүгін таңда право тәртібін қорғаудағы келеңсіз жағдайға мықтап алаңдап отыр, мұны СССР Жоғарғы Советінің «Қылмысқа қарсы күресті батыл күшейту туралы» қаулы қабылдауы сипаттайды. Жарты жылдың ішінде республикамызда кәмелетке толмағандардың арасындағы право тәртібін бұзушылық өткен жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 26 процент өсіп кеткен. Бірнеше мың жас ұлан Заңға қайшы әрекет жасайтын болып шықты. Бұл үшін жауапкершіліктің едәуір бөлігін мұғалімдер коллективтері өз мойындарына алуға тиіс. Бірде-бір жасұлан мектептің, мұғалімдердің ықпалынан тыс қалмауға тиіс. Олардың борышы ата-аналармен, әкімшілік органдарының қызметкерлерімен, жұртшылықпен байланысты нығайту және бірлесіп күш-жігер жұмсау арқылы қатерлі бағытты жоя білу болып табылады.

Мұғалімнің ролі өте зор, алайда ол өзінің игілікті міндетін олардың өздері жөнінде ұдайы қамқорлық көрсетілгенде ғана орындай алады. Бұл — шындық, бірақ осы шындық, өкінішке орай, әлі де жиі естен шығарылады. Бүгін таңда республикада 9 мыңдай мұғалімнің пәтері жоқ, оның ішінде Алматыда —1145, Қарағанды облысында —1041, және Шымкент облысында —700 мұғалім пәтерсіз. Мұндағы ең абыржытатын нәрсе мынау, осындағылар осы проблеманы шешуде жаңа қатынастарды іздемейді, мұғалімдердің қатысуымен оларға арнап 80 пәтерлік үй салған павлодарлықтардың өнегесіне назар аудармайды. Тамақ өнімдерімен, отынмен, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз етуде, балаларын мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне орналастыруда көптеген семья қиыншылыққа душар болып жүр.

Осының бәрі кадрлардың тұрақтамауына әсер етуде. Мұғалімдердің еліміздегі ең төмен білім дәрежесі бізде. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің 67 процентінің ғана жоғары білімі бар. Оның бер жағында дипломы бар 43 мыңнан астам маман балаларды тәрбиелеуге қатысы жоқ салаларда жұмыс істеп жүр. Әрине, бұған педагогикалық институтқа түсуге мүмкіндік беретін біршама жеңілдік әсер етті, сондықтан мұғалім кадрлары проблемасына жалпы көзқарастың да әсері болды, осы көзқарас тұсында тиісті жағдайы болмаса да институттар мен жаңа мамандықтар ашуға жол беріліп, студенттер санын көбейтуге бой ұрушылық әсер етті. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарының жұмысын негізді түрде қайта құратын, шәкірттер арасындағы кәсіби бағдарлау жұмысын елеулі түрде тереңдете түсетін уақыт жетті. Осы тұрғыдан алғанда Петропавл, Семей, Жамбыл, Өскемен институттары тартымды ізденістерді жүргізуде, бұл қазірдің өзінде оларға түскісі келетін жастар санын көбейтуге қол жеткізді. Республиканы тұтас алғанда педагогикалық жоғары оқу орындарына жастарды қабылдау өсіп отырғаны қуанарлық.

Селодағы кадрлар жағдайы ерекше ауыр, сондықтан халыққа білім беру қызметкерлерінің Бүкілодақтық съезінің шешімі бойынша селолық мектеп жылы деп жарияланған биылғы оқу жылын оның жұмысындағы бетбұрыс жылы ету үшін қажетті нәрсенің бәрін істеу керек. Республикада әзірленген селолық мектептерді нығайту программасы қолданылатын шаралардың кең комплексін қамтиды. Әсіресе мұғалімнің бір мезгілде бірнеше класта сабақ өткізуіне тура келетін балалары аз мектептерді дамытуға назар аударылуы керек. Ал мұғалім бұл үшін жоғары оқу орнында немесе педагогикалық училищеде тиісті даярлықтан өте алмайды. Қазір бұл жағдай түзетілуде, көптеген жоғары оқу орындарының программаларына тиісті түзетулер енгізіліп жатыр.

Семей, Қостанай, Целиноград облыстарында балалары аз мектептерді қайтадан көбейтіп, нығайтудың мақсатты программасы жасалып, іске асырылып жатыр, «мектеп — бала бақша» комплекстері салынуда. Солтүстік Қазақстан облысының совхоздары мен колхоздары жақсы өнеге көрсетіп келеді, олар өз қаржысы есебінен спорт комплекстерін салып, оларды мектептерге беруде. Облыстың көптеген шаруашылықтарында жақсы үйлер мұғалімдерге беріледі. Әрбір ірі селода балалардың музыкамен, сурет салумен, спортпен айналысуы үшін жағдайлар жасау шаралары қолданылуда.

Талдықорған облысының партия және совет органдары, шаруашылық басшылары село мұғалімдерінің тұрмыс жағдайын жақсарту ісімен елеулі түрде шұғылданып келеді. Бұларда мұғалімдерден құрылыс бригадалары жасақталып, олар жоғары класс оқушыларымен және олардың ата-аналарымен бірлесіп, педагогтар үшін тұрғын үй салумен айналысуда.

З. КЕРІМҚҰЛОВА,
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Идеология бөлімінің нұсқаушысы.

Digitized by Google

ПАЙДАЛЫ СЕМИНАР

Өскеменде салауаттық жолындағы күрес ерікті қоғамы республикалық, өлкелік, облыстық советтері жетекшілерінің Бүкілодақтық семинар-практикумы болып өтті. Ол «Адамдарды салауаттық нанымға тәрбиелеу жөніндегі жылжымалы насихат құралдарын пайдалану практикасы туралы» тақырыпқа арналды.

Семинар не себепті нақ осы Шығыс Қазақстанда өтті? Оның себебі салауаттық жолындағы күрес ерікті қоғамы облыстық советінің инициативасымен «Салауаттық — өмір салты» деген үгіт поезы рейсі 1986 жылы алғаш рет осында ұйымдастырылған болатын. Оның құрамына мәдениет жөніндегі облыстық комитеттің киноаппаратурасы, радиоторабы, жылжымалы кітапханасы, үгіт бригадасы бар автоклубы, ал ауданда облыстық денсаулық сақтау бөлімінің нарколог, дәріханасы бар үгіт машинасы, ішкі істер басқармасы мен облыстық комсомол комитетінің машиналары енді. Рейстерге журналистер белсенді қатысады. Самар ауданына барған алғаш рейске қатысушы, Өскемендегі «Строитель» мәдениет үйінің директоры Н. Попованың еске алғанындай, үгіт поезы селоларда зор ықылас туғызды. Оған қатысушылар барған жерлерінде иланымды фактілерді тауып, оларды сол жердің өзінде-ақ әдеби көркемдеп, театрландырылған көрініс арқылы үгіт соты түрінде көрсетті, оны сахнада көрсетуге село тұрғындарының өздерін актерлер — айыптаушылар, сотталушылар және куәгерлер етіп тартты. Әңгіме өткір, иланымды болып шығатын үлкен қанағаттандырушылық сезім туғызатын.

Үгіт поездарының маршруттары шалғайдағы және жақын жердегі мал қыстауларына: дала қостарына, темір жол станцияларына, деревнялар мен ауылдарға дейін созылып жатты: ал лекторлар мен баяндамашылар әдетте оларға соқпайтын... Олар өздерінің адамдарды көп жинай алатын қабілетімен ерекшеленеді, азғана күннің ішінде тыңдаушылардың орасан зор тобын қамтыды. Бастама көп ұзамай теміржолшылар мен өзеншілер арасынан қолдау тапты... Шығыс Қазақстан облысында осы кезге дейін насихат жұмысы тегін жүргізілетінін айта кету керек. Кәсіпорындар жетекшілері үгіт рейстерінің тиімділігіне илана отырып, олардың ұйымдастырушыларының сөзіне ықыласпен құлақ асады, қажетті құралдармен қамтамасыз етеді. Мәселен, өзен пароходствосы теплоход бөліп берді, техникалық құралдармен, стендтермен, плакаттармен жабдықталған ол енді Бұқтарма теңізінің жағалауын бойлай үнемі жүріп тұрады, ондағы демалыс базаларына, пристаньға, аймақтарға жақын маңдағы совхоздар мен колхоздарға қызмет көрсетеді.

Бұқаралық жұмыстың көп қырлы формаларының бәрі — лекция мен «дөңгелек столдан» сұрақ-жауап кештерінен, консультациялардан, фильмдер көрсетуден бастап әлеуметтік зерттеу кітаптарына шолу жасауға дейін пайдаланылады.

Салауаттық жолындағы күресті ұйымдастыру ісін партия және совет активі белсенді түрде қолдап отырады, маскүнемдікті тыю мәселелері облыстық партия комитетінің секретариаты мен бюросында бірнеше рет қаралды.

Сөйлеушілердің бірауызды пікірі бойынша, арнаулы үгіт рейстері — адамдармен жұмыс жүргізудің тиімді формасы. Демек әрбір совет дерлік оған өз жаңалығын енгізді. Мәселен, Волгоградта көрнекі үгітті қала трамвайларын безендіруге кеңінен пайдаланады, ал үгіт поездарының сапарларына жергілікті клубтар, мұғалімдер, дәрігерлер белсене араласады.

Қазірде барған сайын жиі көріне бастаған маскүнемдікке деген жайбарақаттық элементтерін жою қажеттігі атап көрсетілді. Шығыс Қазақстан облыстық қоғамы советінің председателі, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, педагогика институтының ректоры Е. М. Мәмбетқазиев өзінің баяндамасында маскүнемдік пен алкоголизмнің әлі де келтіріп отырған қыруар зияны туралы иланымды деректер келтірді. Маскүнемдіктің салдарынан елімізде жыл сайын 20 мыңнан астам адам өледі (республикамызда 500). Еліміздің экономикасына келтірілетін зиян 14—19 миллиард сом деп бағаланады. Партиямыз бен үкіметіміздің 1985 жылы қабылдаған маскүнемдік пен алкоголизмді тыю жөніндегі қаулысының қаншалықты тарихи маңызы бар екенін осының өзі-ақ дәлелдейді. Ал оның қалай орындалып жатқаны басқа мәселе.

Баяндамашы облыстағы жағдай туралы айта келіп, егер қаулы қабылданғаннан кейінгі алғашқы екі жылда қылмыс жасаушылық, ажырасушылық саны, кісі өлімі

Digitized by Google

күрт азайған болса, самогон қайнату, спирт ішімдіктерімен алып-сатарлық жасау көбейіп, қылмыс жасаушылықтың қайтадан өрбіп келе жатқанын атап өтті.

Қоғам жұмысына түзетулер енгізу үшін педагогика институты ғалымдарының қатысуымен қоғамдық пікір жүйелі түрде зерттелді. Нәтиже мынадай болып шықты: анкетаға қатысқан облыс тұрғындарының 40 проценті адамдарға көбірек көңіл бөлуге ақыл-кеңес берді, Және де әңгіме тек бос уақытты, көңіл көтеруді ұйымдастыру туралы ғана болған жоқ. Қанағаттанбаушылықтың себебі тереңде — шешімін таппаған көптеген әлеуметтік мәселелерде жатыр. Сұрақ берілгендердің 25 проценті маскүнемдікке салынудың себептерін, алкогольдің бос сатылуымен т. б. байланыстырды.

Зерттеулер сондай-ақ облыстың мектептері мен кәсіптік-техникалық училищелерінде де жүргізілді. Анықталғанындай, оқушылардың 73 проценті алкогольдік ішімдіктер туралы бірінші кластан-ақ білетін болып шықты. Оқушылардың 23 проценті бірінші кластан: 21 проценті — екінші кластан: 16 проценті — үшінші кластан-ақ спирт ішімдіктерінің дәмін татып көрген, ал балалардың 42 проценті шарапты ата-аналарының қолынан ішкен.

Осының бәрі салауаттық жолындағы күрес қоғамы ұйымының жауапкершілігі қаншалықты зор екенін анықтауға тиіс.

Көптеген баяндама-сөздерде салауаттық жолындағы күрес ерікті қоғамы ұйымдарының жұмысы туралы, маскүнемдікті тыю жөніндегі шаралар мен олардың нәтижелігі туралы информацияларды жүйелі жолға қою, салауаттық жолындағы күрес ерікті қоғамы Орталық, республикалық және облыстық советтері жанынан тұрақты жұмыс істейтін информация орталықтарын құру керектігі жайында пікірлер айтылды. Ал ең бастысы, делінді семинарда, активистер толық қайтарыммен жұмыс істеуі керек.

Семинарға қатысушылар облыстың кәсіпорындарында болып, онда салауаттық қозғалысының активистерімен кездесті. Семинар жұмысына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Идеология бөлімі бұқаралық-саяси жұмыс секторының меңгерушісі Ж. Ж. Наурызбаев, Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары Г. Л. Бердюгин, Салауаттық жолындағы күрес ерікті қоғамы Орталық советі председателінің орынбасары И. Г. Астафьев, Салауаттық жолындағы күрес ерікті қоғамы республикалық советі председателінің бірінші орынбасары Н. К. Орловский қатысты.

Е. ЛЕЗАНИНА,

Өскемен қаласы.

Назар аударыңыз: КОНКУРС

Республикамыздың өзендері мен көлдерінде өткен жылы 1109 адам суға кетіп қаза тапты. Оның өзінде екі адамның біреуінің трагедиясына себеп болған маскүнемдік. Алғашқы жарты жылда суға батып кеткен 438 адамның үштен бір бөлігі есірікер екен. Адам өлімі өте көп, әлі де орын алып отырған маскүнемдік шамадан тыс қымбатқа түсуде.

Салауаттық жолындағы күрес ерікті қоғамының республикалық советі, Қазақ ССР Суларындағы құтқару қоғамының (ОСВОД) Орталық советі және «Агитатор Казахстана» — «Қазақстан үгітшісі» журналының редакциясы «Салауаттық — су жағасында тынығуда болудың міндетті шарты» деген тақырыптағы плакатқа республикалық конкурс жариялайды. Конкурсқа қатысуға кәсіби және талапкер суретшілер, көркемөнер оқу орындарының студенттері, қатысқысы келгендердің бәрі шақырылады.

Конкурс 1990 жылғы 1 мартқа дейін жүргізіледі. Жұмыстар 15 февральға дейін Салауаттық жолындағы күрес ерікті қоғамының республикалық советіне мына адрес бойынша жіберіледі: 480091, Алматы қаласы, Коммунистік проспектісі 93/95, 451 бөлме.

Конкурсқа қалаған техника және материалды орындалған, баспаға жарамды түріндегі, берік негіздегі (картон немесе органит) форматы 60х90 см плакаттар қабылданады. Плакаттың сыртқы бетінде шифр (әріп және бес таңбалы сан көрсетіледі. Жұмысқа сол шифр жазылып жапсырылған конверт қоса салынады. Конвертке автордың фамилиясы, аты, әкесінің аты, туған жылы, білімі, жұмыс істейтін немесе оқитын орны, қандай творчестволық одаққа жататыны, сондай-ақ почта адресі мен телефоны жазылған бір парақ қағаз салынады.

Плакат конкурсының жеңімпаздары үшін диплом және 200, 150, 100 сом мөлшерінде үш сыйлық белгіленеді.

Таңдаулы жұмыстар көп тиражбен басылып шығады.

Digitized by Google

Г. Н. ПОТАНИН АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

Ертістің павлодарлық өңіріндегі облыстық музейдің құрылғанына әлі жарты ғасыр болған жоқ, ал оның залдарын бір жарым миллионнан астам адам көріп үлгерді.

Музей Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау жылдарында құрылған еді. Оның экспозицияларының негізіне «Қазақстанды зерттеу қоғамы» облыстық бөлімшесінің материалдары, өлке танушы-суретші Дмитрий Поликарпович Багаев жинаған коллекциялар алынды, ол туған өлкесінің 60 жыл ішіндегі суретті шежіресін жасады. Музейдің алғашқы директоры және экскурсия жүргізушісі бола отырып, ол жас музейдің жұмысына жетекшілік етті. Ұзақ жылдар ішінде музей өзінің «орнын» үш рет ауыстырды.

1959 жылы музейге Орталық Азияның көрнекті саяхатшысы әрі зерттеушісі, этнограф әрі публицист, біздің жерлесіміз Григорий Николаевич Потаниннің (1835—1920 ж.ж.) есімі берілді. Музейдің арнаулы экспозициясы соған арналған, онда ғалым-зерттеуші туралы бай материал, оның саяхаттарына қатысқан әйелі А. Ғ. Потанинаның осы туралы естеліктері жинақталған. Потаниннің экспедициялары Павлодардан басталып Зайсан көліне, Тарбағатайдың тау жоталарына, Монғолияға қарай созылып жатты.

Музейде алты бөлім — табиғат, өлкенің советтік дәуірге дейінгі және советтік кездегі тарихы, бұқаралық жұмыс, әдебиет және ескерткіштерді қорғау бөлімдері жұмыс істейді.

Табиғат бөлімінде бірқатар қызықты комплекстер — гиппарионның (үш ашалы жылқының), ірі мүйізді бұғының, құстар мен жануарлардың қаңқалары, минералдардың үлгілері қойылған. Мамонттың қаңқасы қалпына келтірілуде.

Тарих залында археологиялық бөлім бар, онда облыс территориясындағы ертедегі көмбелердің комплекстері, тастан жасалған еңбек құралдары, әйелдердің әшекей заттары қойылған.

Қазақ халқының мәдениеті мен этнографиясы қолдан жасалған заттарда — киімдерде, киізден жасалған бұйымдарда, күмістен жасалған әшекей заттарда, ыдыс-аяқта, музыка аспаптарында сақталып қалған. Шоқан Уәлихановтың қызметімен байланысты экспонаттар ерекше көңіл аударады. Оны Григорий Потаниннімен жақындастырған үлкен достық, туған жерге деген сүйіспеншілік еді. Музейде Шоқан Уәлиханов түсірген тамаша суреттер қойылған. Х ғасырдағы скифтік-сарматтық қазан және басқа экспонаттар тым көне дәуірді бейнелейді.

Советтік кезеңдегі залдарда — тұтас дәуір, өлкенің революциялық қозғалысынан бастап осы заманғы экономикасына дейін көрсетіледі. Тамаша экспонаттар — айрықша мақсаттағы бөлімнің тулары, павлодарлық большевиктердің «Объединение» газетінің алғашқы номері де осы бөлімге орналастырылған. Совет өкіметі үшін алғаш күрескендердің суреттері, павлодарлық Совет Одағының Батырлары мен Даңқ орденінің толық иегерлерінің портреттері де осында. Біздің жерлестеріміз — интернационалист-жауынгерлер туралы материалдар кеңінен қойылған.

Осы заманғы затттар бөлімінде сондай-ақ Екібастұз территориялық энергетика комплексінің дамуы, түсті металлургия, машина жасау, транспорт, құрылыс кәсіпорындарының, ауыл шаруашылығының қалыптасуы көрсетілген. «Павлодарлықтар бейбітшілік жолындағы күресте» бөлімі ерекше көзге түседі.

Музей қызметкерлері өзінің баянауылдық филиалы — академик Қ. И. Сәтпаев атындағы мемориалдық музейге, Екібастұз қалалық музейіне, облыстың қоғамдық музейлеріне үнемі методикалық көмек көрсетеді.

Облыстық музейдің жуырда ашылған әдебиет бөлімі кітапқұмарларды өзінің «алауына» жинайды, кештер мен диспуттар өткізеді. Тұрақты өлкетану лекторийі жұмыс істейді. Музей облыстық архивтермен, жас туристер станциясымен, қалалық экскурсия бюросымен, М. Қатаев атындағы пионерлер үйі жанындағы қызыл ізшілер отрядымен, ғылыми мекемелермен және оқу орындарымен тығыз байланыс жасап отырады.

24-ші мектеп базасында архив үйірмесі құрылды.

Музейдің адресі: **637000. Павлодар қаласы, Ленин көшесі, 211.**

Э. СОКОЛКИН,
музей қорларының аға сақтаушысы.

Digitized by Google

НОМЕРДЕ:

Оқырмандарға арнау 1

● БІЗДІҢ АНКЕТА

Тағдырымыз бір елміз. Орта Азия республикалары мен Қазақстанның еңбек коллективтерінің өкілдері редакция сұрақтарына жауап береді 3
Т. БИГЕЛДИНОВ. «Біздің достығымыздың тамыры — тереңде» 8

● СЫРТТАЙ «ДӨҢГЕЛЕК СТОЛ»

Өзара тиімді байланысты нығайтайық 10

● ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫ: ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР

А. ЭШИМОВА. Адамдар тұратын жерлерге 16
М. УМАРОВА. Әйелдер советі көп нәрсе жасай алады 17
Н. МАКСУТОВА-СТОЛБОВА. Көптеген тілдерде 18
Д. ЖАХАНГИРОВА. Интернационалдық достық клубы шақырады 19
А. Т. ТОҚТОСАРТОВ. Достық көпірінің мықтылығы бізге байланысты 20
М. АЙЫМБЕТОВ. Халықтар туысқандығы — әдебиеттер туысқандығы 22
В. ПШЕНИЧНЫЙ. «Шарора»—«Ұшқын» 23

● ӘҢГІМЕЛЕР МЕН БАЯНДАМАЛАР ҮШІН

М. МАЛАХОВ. Қазақстандағы саяси реформаның жаңа кезеңі 24

● САЯСАТ. ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІР

З. КЕРІМҚҰЛОВА. Мұғалімнің мәртебелі міндеті 26

● САЛАУАТТЫҚ — ӨМІР НОРМАСЫ

Е. ЛЕЗАНИНА. Пайдалы семинар 29

● РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ

Э. СОКОЛКИН. Г. И. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану мұзейі 31

Авторлардың ұсынысы бойынша номерде жарияланған материалдардың қаламақысы Аралды құтқару қорына және Тәжікстанның Гиссар жазығындағы жер сілкінісінен зардап шеккендерге көмек қорына жіберіледі.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39

Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84
63-27-74,
63-27-56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: С. А. ДӘРМЕНБАЕВ, М. А. МӘМБЕТОВ, А. МӘУТЕНБАЕВ, Ж. Ж. НАУРЫЗБАЕВ, Б. Ө. САПАРҒАЛИЕВ, Т. В. ЩИПАНОВА.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.

Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,

Сдано в набор 16.08.89 г. Подписано к печати 30.08.89 г. УГ22435. Формат 70x108 1/16. Печать офсетная. Усл. печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8. Тираж 53406 экз. (каз. изд. 27506 экз., рус. изд. 25900 экз.). Заказ 126. Цена 15 коп.

ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google



● Г. Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық музейінің жалпы көрінісі.

Музей туралы материалды 31-беттен оқыңыздар.



● Советтік кезге дейінгі зал. Бидай үгу.

● Интернационалист-жауынгерлермен кездесу.

Суретті түсірген Л. БАГАЕВ.



Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.

Индекс 75328

ТУЫНДАҒАН МӘСЕЛЕНІ ШЕШУ КЕРЕК



«Өнер» баспасы.

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ



1989

19

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КӨШІ БАСТАУШЫЛАР



АЛМАТЫ. Екатерина Сайытқызы Самсаева қаладағы таңдаулы оқу орындарының бірі — №3 орта кәсіптік-техникалық училищені басқарады, жастайынан оның өмірі осы оқу орнымен байланысты болды. Ол бұдан аз-кемі жоқ отыз жыл бұрын осы оқу орнын аяқтады, сөйтіп Қызылордаға жіберілді. Екі жыл жұмыс істегеннен кейін оны таңдаулы түлектердің бірі ретінде жұмысшы кадрларын даярлау үшін Алматыға шақырын алды. Екатерина Сайытқызы содан бері өзінің білімі мен тәжірибесін болашақ моторист-тігіншілермен алмасады.

Ол көпжылдық және адал еңбегі үшін жоғары үкімет наградаларына ие болды. Алматы коммунистері оны Бүкілодақтық XIX партия конференциясына делегат етіп сайлады. Ол СССР халыққа білім беру жөніндегі Бүкілодақтық совет құрамында белсенді жұмыс жасайды. Көптеген жылдар бойы училищенің комсомол ұйымына дербес қамқорлық жасайды.

СУРЕТТЕ: Екатерина Сайытқызы Самсаева.

Суретті түсірген М. ЧУМИН (ҚазТАГ).

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

19•1989
ОКТЯБРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

НОМЕРДЕ:

ОКТЯБРЬ ЖОЛЫМЕН, ЖАҢАРУ ЖОЛЫМЕН. (Ұлы октябрь социалистік революциясының 74 жылдығына баяндама жасаушыларға көмек) . . . 2
«ҚАЖЕТТІ ЗАҢ» Тіл туралы Қазақ ССР Заңының жобасын талқылау . . . 8

● АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ

Р. ВАГИЗОВА. Біздің столымыздағы нан 10
В. ГРЯЗНОВ. Малшылардың қыс қарсаңындағы қам-қаракеті 12

● ЭКОНОМИКА: ЖЕДЕЛДЕТУ БАҒЫТЫМЕН

Т. КАПЛАН. Автомобиль транспортындағы экономикалық реформа инициативаға өріс ашты (24 октябрь — Автомобиль транспорты қызметкерлері күніне) 15
Г. МАЦАКОВА. «Тұрғын үй-91», ол қалай орындалуда! 18

● ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫ: ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР

Р. ШАРДАБАЕВ. Жариялылық, бүкпесіздік 20
С. ҚАБИЕВА. Зерттеу не көрсетті 22

● МЕТОДИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

Ж. НАУРЫЗБАЕВ. Насихатшының педагогикалық мәдениеті туралы . . 25

● ДЕНСАУЛЫҚ

В. ЛУКАШОВ. СПИД. Оның алдын алу сенімді ме! 28

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР

Г. ДИЛЬДАЕВ, А. КРУШИНСКИЙ. Жібек жолы өткен жермен 30

● РЕСПУБЛИКА МУЗЕИЛЕРІНДЕ

А. БЕЛАШ. Космонавтиканың жезқазғандық музейі 32

1931 жылғы ноябрьден шығып келеді.
ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАСПАСЫ.
© «Қазақстан үгітшісі», № 19, 1989 ж.

Digitized by Google

Октябрь жолымен, жаңару жолымен

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 74 жылдығына баяндама жасаушыларға көмек

Совет халқы Ұлы Октябрь социалистік революциясының 72 жылдығын қарсы алғалы отыр. Біздің календарымыздың осы ең үлкен датасын атай отырып, біздің бәріміз оған ой жібереміз, лениндік сөздермен айтқанда, «өз жұмысымыздың тұтас алғанда практикалық тәжірибесіне де» солғұрлым тереңірек ой жібереміз. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумынан кейін өткен төрт жарым жыл біздің елімізде өріс алған қайта құру Октябрьдің тікелей ісі, біздің революциямыздың туында жазылған мұраттарды дәйекті жүзеге асыру болып табылады деген сөздердің бүкіл ақиқатын қуаттайды. Бүгінде қайта құру ісінің жалғасуы, демек мейлінше тегеурінді түрде жалғасып, елеулі нәтижелер беруі үшін не жасау керектігі жайлы мәселе біздің бәрімізді толғандырады. Нақ осы ой Октябрь жылдығына арналған бүкіл баяндаманың өзегі болуға тиіс. Онда төмендегідей тарауларды бөліп көрсетуді ұсынамыз:

1. Ұлы Октябрь социалистік революциясының бүкіл дүние жүзілік-тарихи маңызы.

2. Ленин партиясы — Ұлы Октябрь мен социалистік құрылыстың ұйымдастырушысы және дем берушісі. Қайта құрудың қазіргі кезеңіндегі оның актуальды проблемалары.

3. Партияның лениндік ұлт саясатын творчестволықпен талдап жасауы, оның совет халықтарын одан әрі топтастыру, СССР-ді нығайту жөніндегі қызметі. Қазақстан халықтардың біртұтас туысқандық семьясында.

4. Советтер елі — прогрестің, демократия мен бейбітшіліктің мызғымас тірегі.

5. Қайта құруды дәйекті жүргізу дегеніміз Ұлы Октябрьі ісін жалғастыра беру.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы адамзаттың таңдаулы перзенттерінің арман-үмітін жүзеге асырып, еңбекшілердің бостандық пен бейбітшілік, әлеуметтік әділеттік жолындағы, таптық, ұлттық және рухани тепкіге қарсы көп ғасырлық күресінің идеялары мен практикасын дамытудың заңды нәтижесі болып табылды. Ол бүкіл адамзат дамуының барысын түбегейлі өзгерткен XX ғасырдың басты оқиғасына айналды. Оның жеңісімен тарихи жаңа дәуір — империализмді күйретіп, социализмге өту дәуірі басталды, бүгінде жүздеген миллион адамдар келе жатқан және бүкіл адамзаттың өтуіне тура келетін жол басталды. Біз Совет мемлекетін құру ісін бастау, осы арқылы бүкіл дүние жүзілік тарихтың жаңа заманын... бастау бақыты біздің үлесімізге тигеніне мақтануға праволымыз және бұған мақтанамыз да»,— деп жазды В. И. Ленин.

Халықты ескі дүниеге шабуылға көтерген лениндік партия Ұлы Октябрьдің дем берушісі және ұйымдастырушысы болды. В. И. Ленин 1917 жылы апрельде талдап жасаған социалистік революцияға бет бұру программасы көп адамға — достарға да, қастарға да утопия ретінде көрінді. Сол күндерде Г. В. Плеханов социализмнің бидай пирогын пісіруге болатын ұнды тарих әлі үккен жоқ деп дәлелдеді. Дегенмен өмір социалистік революцияның лениндік программасының дұрыстығын көрсетіп берді. Большевиктік партияның 1917 жылғы стратегиясы мен тактикасы туралы айта келіп, М. С. Горбачев былай деп атап көрсетті: «Мұның бәрі Ұлы революция жылнамасының жай ғана беттері емес. Бұл — сондай-ақ қазір өмір сүріп жатқан бізге коммунистердің әрқашан оқиғалардың өтінде болу, батыл шешімдер қабылдай білу, қазіргі кезең мен болашақ үшін бүкіл жауапкершілікті толығымен өз мойнына алу жөніндегі жоғары жауапкершілігін ұдайы еске салып отыру».

Ұлы Октябрь социалистік революцияның басты қозғаушы күші ретінде жұмысшы табының тарихи қызметі туралы маркстік-лениндік теорияның дұрыстығын іс жүзінде көрсетіп берді. Жұмысшы табы ғана еңбекшілердің пролетарлық емес жіктерін, Россияның барлық халықтарын қуатты бір тасқынға біріктіріп, өз соңына ілестіре алды.

Революция еңбекшілерді азапты капиталистік қанаудан құтқарды; шаруаларға жер берді. Ол дүние жүзілік тарихта тұңғыш рет еңбек адамын, оның мүддесі мен қажетін мемлекеттік саясат өзегі етіп қойды. Совет өкіметінің алғашқы декреттерімен сегіз сағаттық жұмыс күні енгізілді, ал Россия жұмысшылары ол үшін көптеген он жылдықтар бойы күрес жүргізген еді. Бір жарым-екі он жылдан кейін жұмыссыздық жойылды. Халыққа тегін және кепілді медициналық жәрдем берілді. Егер революци-

Digitized by Google

яға дейін елдің үш азаматының екеуі оқи да, жаза да білмесе, енді соғыс қарсаңындағы жылдардың өзінде жаппай сауаттылық қамтамасыз етілді. Еңбек адамдары ертеңгі күнге деген кәміл сенімге ие болды.

Жерді, заводтарды, фабрикаларды, банктерді национализациялау қоғамдық социалистік меншікті орнықтырып, дамыту, халық шаруашылығының жоспарлы жүйесін ұйымдастыру үшін, социалистік құрылыстың лениндік жоспарында қаланған ұлы тарихи өзгерістер үшін қажетті алғышарттарды қамтамасыз етті. Ол елді индустрияландыруды, ауыл шаруашылығын кооперативтендіруді, мәдени революцияны, ұлт мәселесін шешуді қамтыды.

Өкінішке қарай, методикалық талдау ауқымы социалистік құрылыстың әр дәуірінің маңызын ашып, жетістіктерді, сондай-ақ қиындықтар мен қателіктерді көрсетуге мүмкіндік бермейді. Сөз сөйлеуші М. С. Гробачевтің «Октябрь және қайта құру: революция жалғасуда» деген баяндамасынан, оның «Қайта құру мен жаңаша ойлау біздің ел үшін және бүкіл дүние жүзі үшін» кітабынан көлемді бағалауларды таба алады. «Біз және планета» (Цифрлар мен фактілер. Құрастырушы Я. А. Иоффе, толықтырылып, жетінші басылуы. Москва, Политиздат, 1988) кітабында қызықты нақты материалдар баяндалады.

Дәуірлердің әрқайсысының бүкіл қарама-қайшылықтығына қарамастан халықтар тағдыры үшін зор маңызы болды. Мысалға елді индустрияландыруды алайық. Табиғи байлықтың молдығына, түрлі климат жағдайына қарамастан Россия өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының бірқатар маңызды түрлері жөнінен басқа елдерге тәуелді болып келді. Ұлттар лигасының деректері бойынша 1913 жылы оның өнеркәсіп өндірісі АҚШ өндірісі деңгейінің небары 15,4 процентін құрады. Шетелдерден тракторлар мен автомобильдердің, алюминий мен никельдің 100 проценті, қорғасының 97 проценттен астамы, металл жонатын станоктардың 85 проценті, өнеркәсіпке арналған машиналардың 60 проценті және ауыл шаруашылығына арналған машиналардың 58 проценті әкелінді. Ел үшін ауыр сын болған индустрияландыру оны дүние жүзінің өнеркәсіптік жағынан дамыған мемлекеттерінің қатарына шығарды. Бұл жолдан өтпесек, біз фашизм алдында қарусыз қалар едік.

Коллективтендіру 1917 жылдан кейінгі ірі әлеуметтік бетбұрысқа айналды. Ол әдістер мен қарқында елеулі асыра сілтеушілік пен қателіктер арқылы ауыр өтті, сонда да онсыз елдің бұдан былайғы прогресі мүмкін болмас еді. Коллективтендіру экономиканың аграрлық секторын жақғыртудың әлеуметтік базасын жасады, еңбек өнімділігінің өсімін қамтамасыз етті, шаруалар өмірінің бүкіл укладын өзгертті.

Ұлы Отан соғысы ауыр сынға айналды. Фашизммен қиян-кескі шайқаста біздің халқымыз социализм жеңісін, өз Отанының ар-абыройы мен тәуелсіздігін қорғап қалды, ал соғыстан кейін елді қалпына келтіру үшін асқан қаһармандық күш-жігер жұмсады, сөйтіп әлеуметтік-экономикалық және рухани прогресс жолымен ілгері басты. Соғысқа дейінгі кезеңмен салыстырғанда елдің ұлттық табысы 3 есе өсті, өнеркәсіп өнімдерін шығару 24 есе артты. Біздің индустриямыз дамыған капиталистік елдерге қарағанда екі есе жедел өркендеді.

Біздің жетістіктеріміз орасан зор және даусыз, совет адамдары да оларды орынды мақтаныш етеді. Дегенмен қайсыбір, тіпті ұлан-ғайыр жетістіктер қоғам дамуындағы қайшылықтарды да, қателіктер мен ағаттықтарды да көлеңкелей алмайды. Қайта құру инициаторы болып, біздің партиямыз жіберілген қателіктерді сынауға түбегейлі лениндік көзқарас тұрғысынан қарау үлгісін көрсетті. Индустрияландыру барысында қалыптаса бастаған және коллективтендіру кезінде жаңа серпін алған әкімшілік-әміршілдік жүйе елдің бүкіл қоғамдық-саяси өміріне теріс ықпал жасады. Экономикада орнығып, қондырмаға да таралды, сөйтіп социализмнің демократиялық потенциалының өрістеуін шектеп, тежеді. Советтік қоғамның нақ тиісті деңгейде демократияландырылмауы жеке адам басына табынушылықты, заңның бұзылуын, 30-жылдардағы озбырлық пен қуғындауды мүмкін іс етті. Мұның өзі социализмге жат.

50-ші жылдардың орта тұсында, әсіресе КПСС XX съезінен кейін басқарудың әміршілдік-бюрократтық әдістерін күйретіп, экономикалық дамудың басымдылығын өзгерту, жеке мүдделіліктің стимулдарын іске қосу тұрғысынан жасалған қадамдар демократияландыру процестерін кеңінен өрістетуге сүйенбегендіктен табысты аяқталмады. Тоқыраушылық жағдай елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қатты тежеді. Осы кезде қалыптасқан тежеу механизмі өсу үшін елде бар мол мүмкіндікті пайдалануға көмектеспеді.

Социализм тағдыры үшін тарихи жоғары жауапкершілікте болу қабілетін көрсете отырып, партия, оның Орталық Комитеті біздің барлық істерімізді революциялық тегеуріндікпен бұруды, біздің бүкіл өмірімізді жақсылыққа қарай жаңартуды жақтайды. КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы апрель Пленумы белгілеген жаңартудың басты бағытын партияның XXVII съезі, Бүкілодақтық XIX партия конференциясы, Орталық Комитеттің Пленумдары дамытып, нақтылай түсті. Баяндамада өтіп жатқан түбегейлі процестердің мәнін, олардың өзара байланысы мен өзара қатыстылығын, олардың түбегейлі гуманистік бағытын ашу қажет. Бізге

Digitized by Google

қайта құру неге керек»? деген сұраққа қарапайым жауап беруге болады, деді М. С. Горбачев «Ижорск заводы» өндірістік бірлестігінің жұмысшыларымен әңгімеде. Біз елімізде адамның жақсы тұруы үшін, ол өзін сенімді, еркін сезуі үшін, ол елімізде өтіп жатқан процестердің бәріне араласа алуы үшін, ол өзін осы елдің қожайыны деп сезінуі үшін қарапайым заттарға қол жеткізуіміз керек. Қарапайым формула сияқты, бірақ оны жүзеге асыру соншалықты оңай іс болып шыққан жоқ. Сондықтан экономикалық және саяси реформаны жүргізу қажеттігі пайда болды.

Экономиканы басқарудың күні ертеде-ақ өткен әкімшілік-әміршілдік жүйесін күйретуге міндетті экономикалық реформа еңбек коллективін басты тұлға етіп қойды. Мұның өзі социалистік экономикада қаланған үлкен резервтерді іске қосуға көмектеседі. Аренда, кооператив, коллективтік меншіктің басқа формалары дамытылуда.

Ауыл шаруашылығында түбегейлі өзгерістер өтуде, КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы март Пленумының аграрлық саясат мәселесі мен Азық-түлік проблемасы жөніндегі шешімдері бұған белсенді ықпал етті. Ол талдап жасаған жаңа аграрлық саясат жерді оның қожайынына қайтаруға, селоны жедел әлеуметтік жағынан жаңартуды қамтамасыз етуге міндетті.

Саяси реформа экономикадағы өзгерістермен тығыз байланыста өтуде. Көктемде болған сайлау, СССР халық депутаттарының алғашқы съезі, СССР Жоғарғы Советінің бірінші сессиясы нақты демократизмді, түбегейлі халықтық өкіметті баянды етудегі бетбұрысты кезеңге айналды. Қазір қоғамның саяси системасын жаңартудың келесі кезеңі өрістетілуде. Ол республикалық Жоғарғы Советтердің, халық депутаттары жергілікті Советтерінің жұмысының түбегейлі реформасымен байланысты және лениндік партия ұсынған, жаңа тарихи мазмұнмен байытылған «Бүкіл өкімет Советтерге берілсін!» ұранын іс жүзінде орнықтыруға тиіс.

Әр совет адамының ақыл-ойы мен сезіміне арналған қайта құру халықтың рухани өмірінің болып көрмеген серпінін тудырды. Білім беру қайта құрылуда, ғылым құлашты кеңге сермеуде, мәдени өмір бай да айшықты бола түсті, баспасөз мақалаларының серпіні айтарлықтай өсті.

Ұлтаралық қатынастарды жетілдіру проблемалары заңды түрде қайта құрудың орталығы болып шықты. Демократияландыру процесінде мұнда қордаланып қалған проблемаларды шешу үшін қолайлы жағдай жасалуда, Октябрь өсиет еткен, ұлттар мен ұлыстардың әрқайсысы мен бүкіл елдің түбегейлі мүдделеріне жауап беретін СССР-дің барлық ұлттары мен ұлыстарының одағы жаңа мазмұнмен толығуда.

«Партияның қазіргі жағдайдағы ұлт саясаты» туралы КПСС платформасының бүкіл халықтық талқылауға ұсынылған жобасында бүкіл осы жұмыстың түбегейлі ойластырылған, ауқымды программасы берілген. Осы іргелі документте атап көрсетілгеніндей, «советтік федерацияның негізіне алынған басты идея жалпы жұрт танығаң формуламен білдіріледі: күшті Одақсыз күшті республикалар жоқ, күшті республикаларсыз күшті Одақ жоқ.

Әр халық, әр республика революциядан кейін зор тарихи жолдан өтіп, әлеуметтік және мәдени даму шыңдарына көтерілді. «Совет өкіметі тұсында тындырылған нәрселердің ауқымы мен мән-маңызын түсіну үшін біз қандай шептерден бастағанымызды есте ұстау керек, — делінген КПСС платформасында. Ұлан байтақ кеңістіктерде, әсіресе ұлттық аудандарда, іс жүзінде өнеркәсіп өндірісі болған жоқ, ұлттық мәдениеттің тұтас қатпарлары халық бұқарасына беймәлім күйінде қала берді. Көптеген халықтар қоғамдық дамудың феодальдық және тіпті патриархалдық-рулық сатысында болды. Әлеуметтік теңсіздік ұлттық езгімен асқына түсті».

Совет халықтары семьясында қазақ халқы, көп ұлтты Қазақстанның барлық еңбекшілері үздік табыстарға қол жеткізді. Қазақ халқының ұлттық мемлекеттілікке ие болуы Ұлы Октябрь жеңісімен етене байланысты. В. И. Ленин «Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Социалистік Республикасын құру туралы» декретке қол қойған 1920 жылғы 26 август қазақстандықтардың игі зердесінде мәңгі сақталады.

Алғашқы бесжылдықтарды орындау нәтижесінде Қазақстан индустриалды республикаға айналды. Лениндік ұлт саясатын жүзеге асыру, СССР-дің барлық халықтарының қалтқысыз көмегі қазақ халқының капитализмге соқпай-ақ социализмге өтуіне мүмкіндік берді. Қазақтың социалистік ұлты қалыптасты, жұмысшы табының ұлттық отряды өсе бастады. Социалистік мәдениет ойдағыдай дамытылды. 30-шы жылдардың өзінде-ақ республикада іс жүзінде сауатсыз адам болмады.

Осы жылдардың бәрінде Қазақ ССР-і елдің тұтас экономикасына қарағанда мейлінше жоғары қарқынмен дамыды. Демек, 1940—1986 жылдары өнеркәсіп өндірісі 40 есе (ел бойынша 26 есе), жан басына электр энергиясын өндіру 32 есе (ел бойынша 26 есе) өсті. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің өсімі қарқыны тиісінше 8,4 және 2,9 есе болды.

Digitized by Google

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің ірі өндірушісі бола отырып, Қазақстан дәнді дақылдардың жалпы одақтық түсімінің 12—14 процентін береді, қой саны мен жүн өндіру жөнінен екінші орында, ірі қара мал саны мен ет өндіру жөнінен үшінші орында тұр.

Қазақ ССР-і одақтас республикалар арасында қорғасын мен сары фосфор өндіру жөнінен бірінші орын, мыс пен мырыш шығару жөнінен екінші, көмір, темір рудасын қазу, электр энергиясын, күкірт қышқылын өндіру жөнінен үшінші орын алады. Жүн жуу, былғары, ет, жарма және тұз салалары жалпы одақтық маңызға ие болды. Тың және тыңайған жерлерді игерудің басты нәтижелерінің бірі осында.

Сонымен бірге республиканың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуында көптеген проблемалар қордаланып қалды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. Ә. Назарбаевтың СССР халық депутаттарының бірінші съезінде сөйлеген сөзінде («Социалистік Қазақстан» газетінде үстіміздегі жылдың 1 июлінде жарияланды) және үстіміздегі жылғы 26 августегі «Известия» газеті тілшісінің сұрақтарына жауабында оларға талдау жасалады.

Ең алдымен ведомстволардың әкімшілік өктемдігінің салдарынан Қазақстанның экономикасы түгел дерлік елдің шикізат базасы ретінде қалыптасты. Ұқсатушы өнеркәсіп тым артта қалуда, бүгінде республика халық тұтынатын тауарлардың 44 процентін басқа жақтан әкелуге мәжбүр болып отыр. Көптеген әлеуметтік мәселелерді шешуде де артта қалушылық қалыптасты. Экологиялық жағдай күрт ауырлай түсті. Осы қиғаштықтарды жою республиканың да, бүкіл елдің де мүддесіне сай келеді. Республиканы келесі жылдың 1 январынан өзін-өзі басқару мен қаржыландыру принциптеріне ауыстыру мезгілі жеткен проблеманы жедел шешуге — өндірістік және ғылыми-техникалық потенциалды тиімді пайдалануға, республика аймақтарының дамуы деңгейін теңестіруге, халық шаруашылығының оңтайлы құрылымын жасап, оның шикізат бағытынан қайтуға белсенді көмектесетін болады. Қазақ ССР-інің өзін-өзі басқару және өзін-өзі қаржыландыру концепциясы жобасын талқылаған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVI пленумында атап көрсетілгеніндей, Қазақстанның экономикалық дербестігін еліміздің біртұтас халық шаруашылығы комплексі шеңберінде алып қарауы оның маңызды іргелі принципі болып табылады.

Рухани және мәдени өмірдің көптеген проблемаларын шешуде де жаңа қатынастар орнықтырылуда. Демек, қазақ тілі тұрғысынан қамқорлық жасау қажеттігі ертеден-ақ пісіп-жетілді. Қалың жұртшылық, соның ішінде орыстар оның мемлекеттік статусын заңды түрде баянды етуден оны нақты қорғауды көреді. Бұл бертінде жарияланған тіл туралы Қазақ ССР Заңының жобасында өз көрінісін тапты. Документ түбегейлі демократизм, Қазақ ССР-інде тұратын барлық халықтардың, ұлыстар мен ұлттық топтардың тіліне және мәдениетіне сыйлаушылықпен қарау арқылы ерекшеленеді. Орыс тілінің ұлтаралық қатынас тілі ретіндегі қызметі баянды етіледі. Сонымен бірге республикада тұратын ұлыстар мен ұлттық топтардың мәдени мұрасын дамытуға арналған шаралар қабылдануда.

КПСС Орталық Комитетінің елде ұлтаралық қатынастарды жетілдіру жөніндегі ұсынысы еліміздегідей, біздің республикамызда кеңінен қолдау тапты. Қазақстандықтар Советтік Прибалтика республикаларындағы жағдай туралы КПСС Орталық Комитетінің Мәлімдемесін зор алаңдаушылықпен және дабылмен қарсы алды. Онда баяндалған бағалаулар мен тұжырымдарды мақұлдай отырып, ұлтаралық проблемалар қаншалықты күрделі болғанымен олардың ыңғайлы шешімі мүмкін екенін жақсы ұғынады. Бұл үшін ұстамдылық, төзімділік, сындарлы қатынас қажет.

Басқа мәселе де айқын. Өмір интернационалдық және патриоттық тәрбиенің, әсіресе жастар арасындағы тәрбиенің қойылысына жоғары талаптар қояды. Бүгінде әр коммунистен, саналы азаматтан тиянақты принципті позиция, ұлтаралық қатынастарды үйлестіріп, біздің одағымызды нығайтуға ықпал ету ұйғарымы талап етіледі.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы дүние жүзінің саяси картасын, планетаның бүкіл бейнесін танымастай етіп өзгертті. Енді адамзаттың үштен бірі социализмді қалап алды. Дүние жүзінің социалистік бөлігінде жаңару толқыны көтерілуде, туысқан елдердің партиялары мен халықтары қоғамдық даму қарқынын жеделдету, техникалық прогресс қарқынын, еңбек өнімділігін, халықтың тұрмыс дәрежесін шұғыл үдету, демократияландыруды тереңдету жолында күрес жүргізуде. Осы процесс көбіне қарама-қайшылықты өтіп, қаншама қиыншылықтарды ұшыратып отырғанына қарамастан туысқан елдердің жаңа тарихи межелерге шығатыны даусыз. Біздің Қытай Халық Республикасымен қатынасымыздың жақсаруы екі елімізде, және дүние жүзінде зор қанағаттанғандықпен қабылданды.

Империализмнің отарлық системасының ыдырауы, ондаған жас ұлттық мемлекеттердің пайда болуы Октябрьден кейінгі дамудың қорытындысына айналды, социализмнің дүние жүзілік системасы болмаса, олардың отарлық үстемдіктен азат

Digitized by Google

етілуі соншалықты жедел бола қоймас еді, қаншама құрбандықты талап етер еді.

Қоғамдық процесс халықаралық коммунистік және жұмысшы қозғалысының дамуында да өз көрінісін табады. Көп миллиондық демократиялық қозғалыстарды, соның ішінде соғысқа қарсы, ядролық соғысқа қарсы қозғалыстарды дүние жүзінің саяси картасына енгізген жөн.

Совет өкіметі өзі дүниеге келген сәттен-ақ, бітім туралы декрет оның алғашқы заңды актісі болды, халықаралық қатынастардың үйреншікті нормасы болған басқыншылық соғыстарға қарсы күрес жүргізді. В. И. Ленин талдап жасаған бейбіт қатар өмір сүру принциптерін, Октябрь мұрасын дәйекті түрде дамыта отырып, енді партиямыз термоядролық соғысқа жол бермеу және шиеленісе түскен жалпы адамзаттық проблемаларды шешу мақсатында бүкіл планета ауқымында мемлекеттер мен халықтардың сындарлы жасампаз қимыл-әрекетін талап ететін жаңа саяси ойлау концепциясын ұсынды. Осының негізінде халықаралық өмірдің түйінді проблемаларына деген стандартты емес, жаңашылдық қатынас табылды. Халықаралық шиеленіс бәсеңдей түсті, дүние жүзінде жайлы әрі қауіпсіз жағдай орныға бастады. Бейбітшілікке қарай жасалған ірі қадамдар ішінде орташа және одан кем қашықтыққа қолданылатын ракеталар туралы совет-американ шартының келісімдері бар. Біздің Қарулы Күштерді 500 мың адамға, яғни 12 процент қысқарту туралы шешіміміз бүкіл дүние жүзінде зор қанағаттанғандықпен қабылданды. Әскери бюджет 14 процент, қару-жарақ өндірісі 20 проценттей қысқарды. Сонымен бірге бейбітшілікке қарай жол, кезінде В. И. Лениннің айтқанындай, жеңіл емес. Мемлекеттер жыл сайын қару-жарақ-қа 900 миллиард доллар жұмсайды. Қарусыздану мен сенім шараларын нығайту саласында басталған оң өзгерістердің тұрлаулы сипат алуының кепілдіктері әзірше қалыптаса қоймаған жағдайда елдің сенімді қорғанысын қамтамасыз ету біздің мемлекетіміздің аса маңызды функцияларының бірі болып табылады делінген «СССР-дің ішкі және сыртқы саясатының Негізгі бағыттары туралы» СССР халық депутаттары бірінші съезінің қаулысында.

Біздің революциямыздың халықаралық маңызын талдауды аяқтай отырып, социализм өзінің шаруашылық саясаты, әлеуметтік-экономикалық жетістіктер арқылы айналадағы ортаға басты ықпалын жасайтындығы туралы лениндік пікірді ескерткен жөн. Дүние жүзінің прогресшіл жұртшылығының көз алдында Совет Одағы адамдардың ғасырлар бойғы әлеуметтік үмітінің бейнесі болды, бола беруде. Ол асқан ұйымшылдық пен экономика тиімділігінің үлгісі де болуға тиіс.

Қайта құру бұл үшін даңғыл жол ашуда. Соңғы жылдары елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетудің сәті түсті. «СССР-дің ішкі және сыртқы саясатының Негізгі бағыттары туралы» СССР халық депутаттарының бірінші съезінде жасалған баяндамада (үстіміздегі жылғы 31 майдағы газеттерді қараңыздар) келтірілген деректер осы жайлы сипаттайды.

Онда, ішінара алғанда, төмендегідей деректер келтіріледі.

● Советтік экономика тарихында алғаш рет еңбек өнімділігінің өсуі жеделдетілді, материалдық өнімділік саласында істейтін адамдарды қысқату басталды.

● Экономиканы дамытудың әлеуметтік бағыты едәуір күшейтілді. Соңғы үш жыл ішінде елде тұрғын үй құрылысының жылдық орташа көлемі бұрнағы бесжылдықпен салыстырғанда 15 процент көбеиді. Мұның өзі совет адамдарының қосымша 900 мыңдай пәтер алғанын бейнеиеді.

● Экономикалық ауыр жағдайдың өзінде денсаулық сақтауға арналған 6 миллиард сом және білім беруге 6 миллиардтан астам сом қаржы табылды. Осы бесжылдықта жылына орта есеппен өткен бесжылдыққа қарағанда емханалар 39 процент, мектептер 37 процент, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері 14, ауруханалар —20, клубтар мен мәдениет үйлері —54 процент көп берілді. Үш жыл ішінде бұрнағы бүкіл бесжылдықтағыдай мөлшерде қарттар мен мүгедектер үшін интернат-үйлер салынды.

● Соңғы бесжылдықтарда алғаш рет екінші жыл қатарынан халық тұтынатын товарлар шығарудың өсімі тұтасынан өнеркәсіптің дамуынан қыруар басым келеді. Қызмет көрсету жүйесі бұрнағы жылдарға қарағанда екі есе — жыл сайын 15 процент ұлғаюда. Үш жыл ішінде 5 миллионнан астам семья бақтық учаскелер мен коллективтік огородтар үшін жер алды.

СССР Жоғарғы Советі 30 миллион пенсионердің материалдық жағдайын жақсарту туралы шешім қабылдады. Партия өз бюджетінен осы мақсатқа бір жарым миллиард сом бөлді.

● Біздің республикамызда да оңды өзгерістер өтуде. Бұл тұрғыдан деректерді біздің журналымыздың 18-ші санында жарияланған «Қазақстан статистика бетінде» деген цифрлар мен фактілер топтамасынан табуға болады.

Дегенмен оңды өзгерістер мен процестер жолында өзіндік қауырт тораптар, кеселді орындар туындады. Бұл — жалақы өсімінің еңбек өнімділігін үдету қарқынынан басым болуы, мұның өзі рыноктағы жағдайды шиеленістіруге соқтыруда.

Digitized by Google

Мұндағы басты нәрсе — ақша айналымымен салыстырғанда товарлық қордың басым өсімін қамтамасыз ету үшін халық тұтынатын тауарлар өндірісін жедел үдете беру.

Қорғаныс комплексінің басталған конверсиясы кең мүмкіндіктер ашуда. Оның кәсіпорындары телевизорлар өндірісінің жалпы одақтық мөлшерінің, тұрмыстық тігін машиналарының 100 процентін, тоңазытқыштардың 97 процентten астамын, мотоциклдердің жартысынан астамын және шаңсорғыштар мен кір жуатын машиналардың 70 процентке жуығын шығарады. Мамандар пікірі бойынша, салада аталған тауарларды шығаруды молайту есебінен таяудағы екі-үш жылда олар жөніндегі аталған тауарлар тапшылығын жоюға болады, ал олардың бірқатары үстіміздегі жылда шешіледі. Алайда міндеттің күрделі әрі ауқымды екені соншалық қай салаға жататынына қарамастан әр кәсіпорындарда дерлік халық үшін тауарлар өндіруді ұйымдастыру талап етіледі. Финансты сауықтыру мен ақша айналымын реттеу кезек күттірмес іс болып табылады.

Партия халықты азық-түлікпен сенімді қамтамасыз етуді бірінші кезекті маңызы бар міндет ретінде қарайды. Келесі бесжылдықта елді азық-түлік тауарларымен бірқалыпты жабдықтауға көмектесетіндей деңгейге шығу үшін үстіміздегі жылды қоса алғанда таяудағы екі жыл ішінде оның негізін жасау міндеті қойылды. Жеті жылға арналған тамақ индустриясын дамыту программасын жүзеге асыру осы жұмыстың етене бөлігі болып табылады, мұның өзі танап пен ферма өнімдерінің ысырабын қысқартуға көмектеседі.

Тиянақты мемлекеттік және еңбек тәртібі жағдайында ғана ойдағыдай ілгері жүру мүмкін. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің он үшінші сессиясында демократияландыру мен жариялылық жағдайында оны нығайту мәселесі арнайы қаралды (үстіміздегі жылғы 28 июль — 1 августегі республикалық газеттерді қараңыз).

Сессияда атап көрсетілгеніндей, егер қоғамдық өмірдің бүгінгі жайын бағалар болсақ, жауапкершілік деңгейінің шұғыл төмендеуіне байланысты дабылды нышандарды атамауға болмайды. Демократия мен жариялылықты орнықтырудың жедел процесі адамдарды ұйымшылдық пен тәртіпті нығайтудың көкейтесті міндеттерінен бұратын соншалықты әдепті емес формаларға біртіндеп ұласа бастады. Тәртіп дегеніміз қайсыбір саналы қызметтің бірден-бір компоненті екенін, ал тәртіпсіз демократия өзінің қарама-қайшы сипатына — қоғамдық астан-кестеңге және анархияға ерте немесе кеш болсын ұласатынын ұғыну елеусіз түрде екінші орынға ығыса бастады.

Ірікілістерден, қыдырымпаздықтан, әкімшіліктің рұқсатымен жұмысқа шықпаушылықтан, сессияда атап көрсетілгеніндей, өткен жылы республикада 100 миллионнан астам сомның өнеркәсіп өнімдері берілмеді және құрылыс-монтаж жұмыстары орындалмады. Өнеркәсіп өнімдерін жасау барысындағы ақаудан болатын ысырап 23 миллион сомнан асты, олар жыл сайын өсіп келеді. Өндірістік қуаттардың толық жүктелімін қамтамасыз ету өнім шығаруды 1 миллиард сомға көтеруге көмектеседі. Іс жүзінде бір сом да жұмсамай-ақ іске қосуға болатын мүмкіндіктер осындай.

Сондай-ақ право реттілігін нығайту, қылмыспен күресті күшейту міндеттеріне көңіл бөлу керек. Үстіміздегі жылдың алты айы ішінде республикада ол 32 процент көбейді. Медициналық айықтырғыштарға түсушілер саны азаймай отыр. Республиканың Жоғарғы Советі әрбір еңбек коллективінде, әрбір елді мекенде алдын алу, тәрбие жұмысын күшейтуді талап етті.

Қайта құруды адамдар, олардың саналылығы, белсенділігі, инициативасы және іскерлігі ілгері бастап келеді. Идеология, үгіт-насихат жұмысы осы сапаларға тәрбиелеуге анағұрлым зор дәйектілікпен бағытталуға тиіс. Осыған орай қарулы көтерілістерден кейінгі алғашқы сағаттардың өзінде-ақ Советтердің Бүкілроссиялық съезінде жаңа өмір құрылысының басты мәселелерін талқылау кезінде В. И. Ленинның «Мемлекет бұқараның саналылығымен күшті. Бұқара бәрін біліп, бәрі туралы өз пайымын айтып, және барлық істе саналы түрде кірісетін болса, мемлекет сонда күшті» деген сөзін еске алған орынды.

Аға ұрпақтың, Октябрьдің ұлы мұраттарын адал орнықтырған, ортақ істен күш-жігерін аямаған адамдар үлгісімен тәрбиелеу маңызын көтере түсу керек. Жиналыста коллективтің таңдаулы адамдарын, ұрпақтар өкілдерін атау керек.

Жыл сайын 1917 жылғы Октябрь тарихқа бойлап еніп барады. Дегенмен оның өшпес идеяларының баға жетпес маңызы жыл сайын барынша айқын көрінуде. Ленин партиясы жетекшілік еткен, Ленин ғылымымен қаруланған совет халқы елімізді мейлінше жоғары жаңа асуларға көтере береді. Ұлы Октябрь ісі жалғасып келеді. Ол біздің қайта құруымызда, істеріміз бен қызметімізде, совет адамдарының жан-жүрегі мен ақыл-ойында көрініс табуда.

Digitized by Google

«ҚАЖЕТТІ ЗАҢ», —

дейді журнал оқырмандары тіл туралы Қазақ ССР Заңының жобасын талқылай отырып

Тіл туралы заң керек, менің жерлестерім жобаны мақұлдаумен қарсы алды. Алайда біз осы істі кезекті ерікті-зорлау науқанына айналдырып жібермейміз бе деп өте-мөте қауіптенемін.

Қазақ тілінде тәрбиелеп, оқытатын мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері, жалпы білім беретін мектептер, кәсіптік-техникалық училищелер, орта арнаулы және жоғары оқу орындары жүйесін кеңейтудің қарастырылуы орынды. Дегенмен, менің көзқарасымша, жобада орыс тілінде оқытудың қалай жолға қойылатыны туралы аз айтылады.

Әлбетте, орыс тілін тиянақты оқып үйренуге бағытталған шараларды үлғайта беру керек. Орыс тілі — бұл Ленин сөйлеген тіл екенін бәріміздің есімізде ұстауымыз керек. Біздің балаларымыздың оның еңбектерін түп нұсқада оқуда, ұлы Отанымыздың басқа халықтарының өкілдерімен араласу барысында қиындықтарды өткеруіне жол беруге болмайды. Мен армияда қызмет ету туралы айтып отырғаным жоқ, онда орыс тілін білу міндетті ғой.

Т. СҰЛЕЙМЕНОВ,
«Ұлытау» совхозының механизаторы, КПСС мүшесі.
Жезқазған облысы.

* * *

Бертінде кәсіпорнымыздың саяси оқу кабинетінде «дөңгелек стол» басында сұхбат өткіздік. Ойтіме қызу өтті, түрлі пікірлер айтылды. Сайын келгенде, республикаға ат берген ұлттың тілі туралы барынша қамқорлық жасау керектігіне бәрі келісті. Демек түрлі ұлттар адамдары осындай пікір білдірді. Мәселен, смена бастығы В. Синяева жетекшілер коллективте жұмыс істейтін түрлі ұлттар адамдарының тілі мен мәдениетіне ұқыпты қарауға тиіс деді. Мұнсыз оларды топтастыру қиын болады.

Бүгінде кәсіпорнымызда қазақ тілін үйрену жөнінен 12 үйірме құрылды. Оларға жазылуға тілек білдірушілер көп-ақ. Қамқорлықтағы мектептен оқытушыларды шақырдық. Оның үстіне бірлестіктегі қазақ қызметкерлері олардың қазақ тілін оқып үйренуіне жәрдемдесуге, тіл практикумдерін өткізуге тілек білдірді.

М. БУНИН,
Жамбылдың «Химпром» өндірістік бірлестігі партия комитеті саяси оқу кабинетінің меңгерушісі.

* * *

Мен орыс мектебінде қазақ тілінен сабақ беремін. Сабақ программасының тым жұпыны екенін, пәнге бөлінген сағаттардың мүлдем жетімсіздігін ашығынан айту керек. Жалпы мектепте ұзақ уақыт бойы қазақ тілін оқып үйренуге тым үстірт қарау қалыптасқан, ол екінші, тіпті үшінші орынға ығыстырылды. Оның үстіне мектептерде қазақ халқының тарихы мен әдебиеті өте нашар оқылады. Ал білім ешкімге оралғы жасамайды ғой. Керісінше, ол ұлтаралық қатынасты нығайтуға ықпал етеді.

Біздің қазақ халқымыздың өнеріне аялы қамқорлық жасағаны, оны жақсы білін, халықтың рухани мәдениетінің өсуіне ықпал еткен ұлы орыс адамдарының есімдері тарихта аз емес қой. Тек бір ғана есімді — Владимир Иванович Дальді атайын. Орыс тілінің тұңғыш түсіндірме сөздігін жасаушы қазақ тілін жетік білген, қыр халқының сый-құрметіне бөленді. Қазақ тілін және басқа халықтар тілін білуі оның ғылыми-қоғамдық жұмысына мықтап көмектесті. Неліктен бүгінде осы жақсы дәстүр бұзылды? Тіпті біздің қаламызда драма театры қазақ драматургтерінің шығармаларын қоймайды, олардың творчествосын насихаттамайды.

Егер біз ұлтаралық қатынасты шындап жетілдіре беруді қалар болсақ, онда қазақ тіліне мемлекеттік статус беру, әлбетте оны оқып үйренуді мейлінше жоғары деңгейде жолға қою керек, деп ойлаймын. Бұдан орыс тілі, республикада тұратын басқа халықтардың тілдері де ұтып шығатынына кәміл сенемін.

Г. ШАЛҚАРОВА,
мұғалім.
Орал қаласы.

* * *

Жобаны зор ықыласпен оқып шықтым. Мен өзім ұлтым жағынан неміспін. Біздің кәсіпорнымызда менің ұлтымның көптеген өкілдері жұмыс істейді. Алайда соншалықты бұрмаланған ана тілін жастар туралы айтпағанның өзінде, ересектердің бәрі бірдей біле бермейді. Сайын келгенде, ана тілінің одан әрі дамып, жетілдірілуіне тиянақты кепілдік алуына өте-мөте қуанамын. Ішінара алғанда, Заң жобасының он екінші статьясы осы жайлы баяндайды. Онда былай делінген: Қазақ ССР-і

Digitized by Google

әрбір азаматтың тәрбие және оқып, білім алу тілін еркін таңдау правосын қамтамасыз етеді. Бұл право белгілі бір жерде тұратын ұлттардың мүдделерін ескере отырып, қазақ тілінде, сондай-ақ орыс тілінде немесе басқа тілде тәрбиелеп, оқытатын мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің, мектептердің кең жүйесін жасау, ұлттық дәстүрлер мен мәдениет саласындағы тұрақты ғұрыптарға баулу әдісі ретінде ана тілінде тәрбиелеу мен оқытудың сабақтастығы мен үздіксіздігі практикасын таратуға бағытталған саясатты жүзеге асыру арқылы қамтамасыз етіледі».

В. БАРКЕН,
Қарабұлақ «Бытовая мебель» фабрикасы кәсіподақ комитетінің председателі, өндірістік бөлімінің бастығы.

Талдықорған облысы.

* * *

Талқылауға ұсынылған тіл туралы Заң жобасы, менің ше, сараланып еңшелген. Ол халықтар достығы принциптеріне толығынан жауап береді, қайсыбір ұлт адамының өз тілін, демек мәдениетін дамытып, ұлттық дәстүрлерін жалғастыру правосына кепілдік береді.

Дегенмен бүкіл осы күрделі жұмысты үйлестіре алатын механизм Заң жобасында қарастырылмаған. Мен республикада тұратын барлық ұлттар өкілдері енетін ғылыми-мәдени орталық құруды ұсынамын. Осындай орталық Заңды орындау барысында туындап қалуы ықтимал қателердің алдын алуға қабілетті болар еді.

А. ЗАВЬЯЛОВА,
В. Терешкова атындағы Алматы кілем тоқу фабрикасы иіру машинасының операторы.

Наташа қазақша сөйлейді

Жеті жасар Наташа Алексеенко күтпеген «емтиханға» біздерден — ересектерден гөрі байсалды қарайды. Қазақша сөйлеу керек пе? Сәл ойланғаннан кейін: терезе — окно, көрінкенше — досвидания, сәлеметсіз бе — здравствуйте, деді. Ол үшін қазақ тілін үйрену өз ауласындағы Жанна, Фариза секілді қыздармен достығы сияқты сондай еркін өтті.

Қыздың қазақ тілін үйренуі бұдан екі жыл бұрын басталды, сонда ол көкшетаулық «Сказка» бала бақшасының ересек балалар тобына ауысқан еді. Ол осында, бала бақшада оқыған нольдік класта да жалғасты. «Мектепте қазақ тілін оқып үйрену жеңіл болады — бұл пайдалы ғой», — деп ұйғарды ата-аналары Вячеслав Михайлович пен Лидия Георгиевна.

Наташа сентябрьде мектепке барды, әлбетте, оның өзінен бұрын папасы мен мамасы оның қазақ тіліне деген жалпы қатынасы оқу программасының қайсыбір негізді пәні секілді тиянақты болуға тиіс деп ойлады. Дегенмен істің мәні осында ғана емес. Алексеенко бұдан бірнеше күн бұрын өзінің кіші қызы Таняны бала бақшаға берді. Ол бір жарым жаста. Ол енді ғана сөйлей бастады, «мама», «папа» деп ықыласпен айтады. Ойын жасындағы баланың қайсыбір тілде сөйлеуі үшін ыңғайлы орта керек. «Орыс тіліне өзіміз үйретеміз, — деп есептейді ата-аналар. — Ал бала бақшада біздің республикамыздың халқының ана тілін үйрене берсін. Өмірде пайдалы болады».

Несі бар, олар мені иландырды. Қыз өсіп, ешбір қиындықсыз екі тілді үйрене береді, демек ол өз құрбылары арасында жеңіл араласа алады.

Алексеенко — баласын қазақ тілінде тәрбиелейтін бала бақшалық топқа беруге ұйғарған көкшетаулық алғашқы семья емес. Мұның барысында әрқайсысы өз дәлелдерін басшылыққа алады. Әлбетте, ортақ көрініс те бар: ұлттық республикада тұрғандықтан оның халқының ғұрпын, мәдениетін жақсы білу, оның байырғы тұрғындарымен, былайша айтқанда, ана тілінде еркін сөйлесе білу керек. Яғни бір-бірін сыйлау, таңдаулының бәрін қабылдау қажет. Демек қазақ тілін үйрететін топтарда орыс тілін де оқып үйрену қарастырылған, ал орыс тілінде үйрететін ересек балалар мен дайындық топтарында қазақ тілін жүйелі оқыту енгізілуде.

Біздің жаңа таныстарымыз еш жағынан онша ерекшеленбейді. «Целиноград» облысында туған «Киіз» кооперативінің жұмысшысы Вячеслав Михайлович Алексеенко бір кезде қазақ тілін біршама тәуір білгенін, кейіннен көп жайды ұмытып қалғанын айтты. Қыздарым біраз сөздерді еске түсіруге көмектеседі ғой деп ойлаймын. Лидия Георгиевна «Кокчетавстрой» бірлестігінің механикаландырылған басқармасында кассир болып жұмыс істейді. Ол Қазақстанға Удмуртиядан келген. Туған өлкесінде бола жүріп, ана тіліндегі сөздерді естіп, тілдердің бірін-бірі байыта түсетінін, бір-бірін ұғынатын адамдардың қалай жақындасатынын өте айқын сезінеді.

Н. ДРОЗДЕЦКИЙ.

Көкшетау қаласы.

Digitized by Google

БІЗДІҢ СТОЛЫМЫЗДАҒЫ НАН



Орақ жұмыстары аяқталып келеді. Биыл қазақстандық диқандар зор өрлеу үстінде жұмыс істеді, олар қуаңшылыққа төтеп беру үшін біраз нәрсе жасады, сонда да ол қыруар нұқсан келтірді. Совхоздар мен колхоздардан беріліп жатқан хабарларды тыңдай отырып, әр адам биыл астықпен қамтамасыз ету қалай болады деп алаңдаушылықпен сұрайды. Осындай сұрақтар журнал редакциясы почтасында да бар.

Көптеген жылдар ішінде астық дайындаудағы ауытқушылық барысында бұл астық беруге ықпал етпейтінін айту керек. Биылғы астық дайындау жалғасуда, демек оның қорытындысы әзірше мәлім емес.

Демек, Қазақ ССР Астық өнімдері министрінің бірінші орынбасары Г. А. Кинасовтың бізге хабарлағанындай, ұнмен және нанмен жабдықтауда қайсыбір өзгеріс болмайды. Рас, мұның барысында Георгий Аванесовичтің атап көрсеткеніндей, оны жасау оңайға соқпайды, сөйтіп қатаң үнем, астыққа өте-мөте ұқыпты қарау керек.

Халықты жабдықтауға арналған ұнның жұмсалуы туралы Қазақ ССР Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті деректерін оқырмандар назарына ұсынамыз. Соңғы жылдар ішінде ол төмендегідей цифрлармен сипатталады (мың тонна):

	1985 ж.	1987 ж.	1988 ж.	1988 жылы	
				1985 жылға,	1987 жылға қарағанда процент есебімен
Ұнның жұмсалуы, барлығы	1582,8	1521,0	1492,3	94,3	98,1
соның ішінде нан пісіруге халыққа сатуға (нан орнына өткізілген ұнды қосқанда)	1099,3	1000,0	980,4	89,2	98,0
қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында	156,4	160,3	138,0	88,2	86,1
жұмсалғаны	211,6	216,9	210,7	99,6	97,1

Үстіміздегі бесжылдықтың үш жылы ішінде нан мен нан-тоқаш тағамдарын өндіру 12,5 процент қысқарды, биылғы январь-июньде оларды өндіру шамамен өткен жылғы тиісті кезең деңгейінде қалды. Демек мұның өзі ұнның жетіспеушілігінен немесе оның нан заводтарына іркілістермен берілуінен болған жоқ. Ет, сүт, көкөніс, макарон тағамдарын, күріш, жарма тұтынудың өсуі әсер етті.

Дегенмен, жоғары сортты бидай мен қара бидай ұнынан нан пісіру молая түскенін атап көрсеткен жөн. Қазір ол бесжылдықтың басына қарағанда тиісінше 3 және 2,5 есе көп шығарылады. Сондай-ақ соңғы жылдары республикада өсірілетін қара бидаи ұнынан нан пісіруге толық ауысудың сәті түскенін ескертейік. Жыл сайын жақсартылған рецептура бойынша нанның онға дейін жаңа түрін пісіру игерілді. Біздің республикамызда қазір нанның барлығы жүзден астам түрі шығарылады. Бесжылдықтың басынан бері баранка шығару 1,3 есе өсті, биыл оларды пісіру тағы 30 процент көбейді. Үш жыл ішінде тоқаш пен тоқаш тағамдарын өндіру 20 процент ұлғайтылды.

Сонымен бірге Қазақ ССР Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті биылғы майда Қарағанды, Семей, Көкшетау және Жамбыл облыстарының бірқатар қалалық және селолық елді мекендерінде жүргізген зерттеулері көрсеткеніндей, халық, әсіресе селолық жерлерде нанмен, нан-тоқаш тағамдарымен толық көлемде қамтамасыз етілмейді. Әрбір екінші селолық магазинде нан мен нан-тоқаш тағамдары күніне бір-ақ рет

Digitized by Google

әкелінеді, көбіне оны жеткізу графиктерінің өзі сақталмайды. 8 қалалық магазин (жалпы зерттелген магазиндердің 57 проценті) мен 14 селолық магазинде (82 процент), соның ішінде Аягөз қаласының (Семей облысы), қала типтес Көктал мен Ойтал поселкелерінде (Жамбыл облысы), Рузаевка, Чистополье (Көкшетау облысы), Мерке, Новотроицкое, Михайловка (Жамбыл облысы) магазиндерінде бүкіл күн бойына қара бидай мен қара бидай-бидай ұнынан пісірілген нан болмады. Тексеру күні Семей қаласының № 58 магазинінде және осы облыстың Глухока селосында бидай ұнынан пісірілген нан болмады.

Халықтың кешкілікті (жұмыстан кейінгі) уақытта нан сатып алуында елеулі қиыншылықтар ұшырасады. Тексеру жүргізілген күні Көкшетау қаласының магазиндерінде, Жамбыл облысының Мерке және Новотроицкое селоларының магазиндерінде көрсетілген уақытта нан болмады.

Нан мен нан-тоқаш тағамдарының түр-түрі мен сапасы бұрынғысынша халықтың сұранымын қанағаттандырмайды. Тоқаш тағамдары аз жасалып, саудаға беріледі, нан мен нан-тоқаш тағамдары өндіру мөлшеріндегі олардың үлесі 3,8 процент қана, сондай-ақ кепкен нан-баранка (1,5 процент) және диеталық нан (0,5 процент) аз беріледі.

Нан мен нан-тоқаш тағамдарын пісіру жөніндегі кәсіпорындар сапаны жақсартатын қоспаларды (крахмал, витамин, фермен т. б.) қолдану арқылы өнім шығаруды молайтуда. Үстіміздегі жылдың алғашқы жарты жылдығында олардың мөлшері 72,8 мың тонна болды, мұның өзі тағайындалған тапсырмадан 1,5 еседен асып түседі. Сонымен бірге сұрақ қойылған қала тұрғындарының 54 проценті мен селолық тұрғындардың 58 проценті нанның нашар иленуіне, тез қатып қалуына, ластануына байланысты нанның дәмдік сапасының төмендігін атады. Республика Сауда министрлігі мемлекеттік сауда инспекциясы 1988 жылы 199 тонна нан мен нан-тоқаш тағамдарын (сапасы тексерілген өнімнің 8,8 проценті) және 63 тонна макарон тағамдарын (7,4 процент), ал үстіміздегі жылы алғашқы жарты жылдықта тиісінше 65 (11,3 процент) және 19 тонна (7 процент) өнімді бракқа шығарды.

Осыдан барып ұн артық жұмсалады, бұған жол беруге мүлдем болмайды. Тұтыну барысында да қаншама нан рәсуа болады. Зерттеу көрсеткеніндей, әлі де көптеген семьялар нанды толық пайдаланбайды. Жуындылар ыдысына тасталған нанды көру ауыр-ақ. Ал нан бүкіл халықтың зор еңбегімен өндіріледі ғой, ол туралы энергияның айрықша түрі ретінде әңгімелейді, ал энергиясыз бір бұранда да, бір жұлдызша да айналмайды, онсыз өлең жолдары жазылмайды, космосқа ұша алмайсың. Тамаша дикан, халық академигі Т. С. Мальцев осылай деді. Иә, астық барлық істің бастауы, және ол өзіне ұқыптылықпен қарауды талап етеді.

Р. ВАГИЗОВА.





Биылғы егінді өсіру ауыр соқты. Сонда да дикандар астықтың қайсыбір ысырабына жол бермеуден күш-жігерін аяған жоқ.

● Жамбыл облысы Луговой ауданының Карл Маркс атындағы колхозы үшінші бригадасының механизаторлары комбайндарды алаңса егінді оратындай етіп қайта жабдықтады. Оратағы таңдаулы комбайншы вымпелді Әбдігапар Жапасбаевтың (сол жақтағы суретте) экипажына бірнеше мәрте тапсырылды.

● Солтүстік Қазақстан облысының Комаров атындағы совхозынан Коломиец үшін биылғы орақ — еңбек жолындағы алғашқы орақ. Сонда да бұл оның жақсы нәтижелерге жетуіне оралғы жасамайды.

Digitized by Google

МАЛШЫЛАРДЫҢ ҚЫС ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚАМ-ҚАРАКЕТІ

Орал облысында мамандар мал шаруашылығын өркендетудегі бір тұрақты бағытты байқады. «Сауын аймағы» деп аталатынға кіретін шаруашылықтарда ол бағыт өте айқын көрініс табуда. Бұл — Бөрлі, Зеленый, Приуралск, Теректі және Шыңғырлау аудандары. Соңғы төрт жылдың ішінде бұл аудандардың бірде-біреуі сиырдың және тұтас алғанда ірі қараның көбеюі жөніндегі көрсеткіштерін бір рет те орындаған жоқ.

Бүгін таңда шаруашылықты жүргізудің жаңа, өте-мөте қолайлы формасын іздестіру жағдайында бұрын күрт қарсылық туғызатын көрсеткіштерге жармасып жатудың қажеті бар ма, мұның өзі онша елеулі нәрсе емес қой деп наразылық білдірушілер болар. Олар ең бастысы, малды күту ісін жақсарту және оны өсіру негізінде фермалардың өнімділігін күрт арттыруға қол жеткізу деушілер табылар. Көңіл жұбататын цифрлар да баршылық. Өткен жылы облыста бір сауын сиырға шаққанда алынған сүт 2294 килограмм болды, яғни республикалық орташа мөлшердегіден небары алты килограмм аз. Мұнда көптен бері мұншалықты сүт алып көрген жоқ еді.

Алайда барынша назар аударып, ой жүгірткен кезде істің жайы онша мардымды болмай шығады. Әңгіме облыстың қалалары мен селоларындағы магазиндерде сүт өнімдерінің көбеймегендігінде ғана емес, сала тиімділігінің жайы туралы рыноктағы жағдайдың маңызы да аз емес қой. Басқа бір мәселені де көрмеуге болмайды. Шаруашылықты жүргізудің қандай формасында болса да барынша көп нәтижеге жету үшін ғылымның деректеріне арқа сүйеу қажет. Ал ол деректер былай дейді: сауын малдар шаруашылығын тиімді жүргізу үшін табындағы малдың 35—40 проценті сиыр болуға тиіс. Ал Бөрлі ауданындағы «Заветы Ильича» колхозында соңғы жылдары сиыр саны екі есе азайып, олардың үлес салмағы 15 процент қана болып отырса, онда экономикалық жағынан тұрақтылыққа қол жеткізуге бола ма? Бұл шаруашылықтың облыстағы ең артта қалғандардың біреуі болып отырғаны кездейсоқ емес.

Бір сөзбен айтқанда, тереңірек талдау жасайтын болсақ, малды бағып күту ісін жақсарту туралы қамқорлық жасалмай отырғаны айқын болып шығады, олардың азайып кетуі де сондықтан. Бұл бағыттың орын алу себебі: облыстың совхоздары мен колхоздарында жемшөп базасын нығайтуды іске асыра алмаушылық кездеседі. Сондықтан да мал басын осыған қарай ықғайлайды, ал шынында мүлдем басқаша істеу керек. Мұндай бағыт республиканың басқа да көптеген шаруашылықтарында байқалады және мұның өзі елеулі түрде алаңдатып отыр. Дегенмен Орал облысына қайта оралайық. Өткен қыста мұнда әрбір шартты мал басына шаққанда небары 15,5 центнер жемшөп өлшемі мөлшерінде азық қоры болды, сөйтіп көптеген шаруашылықтарда қыс аяқталмастан көп бұрын-ақ малдың жемсіз қалу жағдайы кездесті. Мұның үстіне жемшөптің едәуір бөлігі сапасыз болып шықты. Сауын аймағы аудандары бірнеше жыл бойына пішендеме салу және витаминді шөп ұнын өндіру жөніндегі жоспарларды орындамай келеді. 187 жемшөп цехы мен жемшөп кухнясының едәуір бөлігі пайдаланылған жоқ немесе толық жүктеліммен жұмыс істемейді. Тамыр жемісті азықты елемеушілік бар.

Фермаларды жемшөппен қамтамасыз ету, оларды ұқыпты жұмсау бүгін таңда мал өсірушілердің алдына жаңадан қойылып отыр — өйткені кезекті мал қыстату науқаны басталғалы тұр. Сондықтан оны ойдағыдай өткізу үшін өткендегі тағылымды ескерудің, елеулі кемшіліктерді ашудың, оларды жою жолдарын табудың зор маңызы бар.

Соңғы жылдары республикада жемшөп базасын нығайту жөнінде едәуір жұмыс жүргізілді. «Жемшөп және белок» программасы жүзеге асырылуда, егіс көлемінің құрылымы қайта қаралуда, сөйтіп құнарсыз жерлер шалғынға айналдырылғаннан кейін мал шаруашылығының қажетіне берілуде. Жемшөп дақылдары егістігінде аса белокты шөптер — түйе жоңышқа, эспарцет және дән қоспасы түрлерінің үлес салмағы көбейтілуде. Көп жылдық шөптерді ұдайы жаңарту жүргізіліп жатыр. Осының бәрі шалғынның шығымын арттыруға және жемшөп қорын көбейтуге мүмкіндік береді. Республикада үш жылдың ішінде жұмсалған жемшөп өлшемі бес миллион тонна көбейді, бұдан екі миллион тоннасы азықтық жемнің үлесіне тиеді. Мұның өзі малды азықтандыру құрылымы өзгеріп отыр деген сөз. Мал рационында сабанның үлес салмағы азайып, пішендеме мен таза пішеннің үлесі көбейіп келеді. Малды азықтандыру барған сайын тиісті мөлшерге келтірілуде, мұның өзі малдың өнімділігіне оңды әсер етуде. Биылғы жылдың алғашқы алты айы ішінде, мәселен, мал мен құс

Digitized by Google



КӨКШЕТАУ. Осында өткен озат малшылардың облыстық слетінде Уәлиханов ауданы «Чапаев» совхозының жылқышысы Сағат Қабдешовке басты жүлде — ер-тұрманымен ат тапсырылды. Озат малшы биыл әр жүз биеден 95 құлын алды.

СУРЕТТЕ: Сағат Қабдешов өзінің жүлдеге алған атына мініп тұр.

Суретті түсірген
С. МАҒЗҰМОВ (ҚазТАГ).

сатып алу өткен жылдың тиісті деңгейімен салыстырғанда 40 мың тонна, ал сүт —106 мың тонна асып түсті. Биылғы жылдың өзінде ет пен сүт өндіру жөнінен Азық-түлік программасында белгіленген мөлшерге шығу үшін алғышарттар жасалды.

Бірақ бұл орташа көрсеткіш, оның артында өте-мөте ала-құла нәтижелер жатыр. Жыл сайын совхоздар мен колхоздардың 14 проценті ет сатып алу, 18 проценті сүт сатып алу жоспарын орындамайды. Солтүстік Қазақстан облысында мұндай шаруашылықтар олардың жалпы санының 41 проценті, ал Семей облысында тіпті 44 проценті болып отыр. Целиноград облысында төлді бордақылауда өткен жылы тәулігіне 510 грамм ғана салмақ алды, ал Солтүстік Қазақстан және Көкшетау облысында бұл салмақ 349 грамнан ғана құрады.

Мұндай келеңсіз құбылыстардың себебі тағы да жемшөп базасының нашарлығында, фермалар жұмысындағы кемшіліктерде. Өткен жылы, мәселен, облыстар бойынша және тұтас алғанда республика бойынша жемшөп дайындау онша жаман болған жоқ. Жергілікті жерлерден жоспарлар мен тапсырмалардың орындалғандығы туралы рапорттар қаптата беріліп жатты. Ал мал қыстатуға кіріскен кезде шаруашылықтардың үштен бірі ғана өздері әзірлеген жемшөппен қамтамасыз етілгені анықталды. Қалғандары малға берілетін жемшөпті азайтуға, қосымша құрама жем қорын сұрауға мәжбүр болды. Оның бер жағында пішеннің немесе сүрлем-сабан қоспасының орнына концентрат қолдану әрекеті мал азығын пайдаланудағы ысырапшылдық болып бағаланғаны қашан, өйткені мұндай жағдайда азық өнім алуға емес, тек малды шығыннан аман сақтауға ғана жұмсалады.

Мұндай практиканың қандай жағдайға әкеліп ұрындыратынын Целиноград облысының Атбасар ауданындағы «Шуйский» совхозының екінші бөлімшесіндегі өткен мал қыстатудың нәтижелерінен көруге болады. Мынаны бірден атап көрсету керек: шаруашылықтың бас зоотехнигі А. Цих, бөлімше зоотехнигі В. Коваль, бригадир Р. Шикина бұл маңызды ауыл шаруашылық науқанын ұйымдастыруға жауапсыз қарағаң. Малды қолда ұстау кезі басталғанға дейін мал қоралары мүлде әзір болмаған, оның ішін өкпек жел жайлап, су қатып қалған. Жемшөпті әзірлеп беру ісі өте нашар болып, рациондар белокпен байытылмаған, ал әзірленіп берілмеген азықтың 20 проценті босқа шығын болатыны, ал рационның мөлшерленбеушілігі малдың өнімділік потенциалының 70—75 проценті, ал бордақылаудағы төлдің — 50 процентін ғана пайдаланатынын көрсетті. Бүкіл Целиноград облысында сүт өндіруді бұрнағы жылғыдан 10 процент көбейту жолындағы қозғалыс өріс алып отырса да бұл совхоз қыс айларында сүт өндіруді кемітіп жіберді.

Керісінше, іске жауапкершілікпен қараған жерлерде нәтижелер қомақты болды. Республиканың көптеген облыстарында биылғы жаз өте ыстық, су тапшы болды. Қуаңшылық, мәселен, Павлодар облысының ауыл шаруашылықты жерлерін мықтап шарпып өтті. Сонда да Железинка аудандық мамандырылған шаруашылық бірлестігіндегілердің істі ұйымдастыра білгені соншалық, олар жемшөп дайындау жоспарын бәрінен бұрын орындады. Бұл істе Н. Минко және В. Асмус басшылық ететін арендалық звенолардың еңбегі зор.

Қарағанды облысының «Мичурин» агрофирмасында да арендалық коллективтер жақсы нәтижеге жетті. Мұндағы шабындықта тәжірибелі және жауапты механизаторлар И. Шнейдер, В. Котюков және С. Меерле басқаратын үш бригада

Digitized by Google

жұмыс істеді. Олар белгіленген жоспарларды қолайлы мерзімде және бірінші болып орындап, тек қоғамдық мал басына ғана емес, сонымен бірге село тұрғындарының меншігіндегі малға да жетерлік жемшөп қорын жасап алуға ұйғарды.

Бірақ басқа да толып жатқан мысалдар баршылық. Көкшетау облысының В. Редигер басқаратын Шевченко атындағы колхозы августың басына дейін жемшөп дайындау жоспарының 40 процентін де орындаған жоқ. «Заречный» совхозының директоры Г. Крючков жолдас та фермалар туралы тиісінше қамқорлық жасамады, мұнда жоспардың жарымы ғана орындалды. Шымкент облысында жемшөп базасын нығайту ісінің қанағаттанғысыз жағдайы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде принципті әңгіме арқауы болды. Шаруашылық басшыларының, мамандардың жемшөп базасын нығайту жөнінде жеткілікті қамқорлық жасамайтыны, ал партия органдарының мал шаруашылығын өркендету және Азық-түлік программасын орындау жолында талапты күшейтпей отырғаны атап көрсетілді. Қазір жемшөп қоры өте төмен болып отырған коллективтердің міндетті — танапта қалғанның бәрін — мекенді, сабанды толық жинап алу, кей жерлерде жаңадан өсіп келе жатқан шөпті ору, тағы басқа шараларға күш-жігерді толық жұмсау.

Жаздың қуаңшылықты болуына қарамастан тұтасынан республика бойынша ірі жемшөп қорын жасаудың сәті түсті, алайда қолда бар мүмкіндіктің бәрін пайдалану үшін оны дайындауды жалғастыра беру, қыстаманың алғашқы күндерінен жемшөптің әр килограмын ұқыпты жұмсау қажет.

Алдағы мал қыстатудың ерекше белгісі — малдың бір бөлігі, рас, өте аз бөлігі шаруалардың өз аулаларында, немесе қазір айтылып жүргеніндей,фермерлік шаруашылықтарда бағылатын болады. Олардың саны республикада қазірдің өзінде 187. Әрбір фермер жеткілікті мөлшерде жемшөп қорын жасап алуға, мал қораларын дер кезінде жөндеуге және басқа шараларды тындыруға ұмтылатын болады.

Жемшөп, жақсылап жөнделген қора — фермалардың тұрақты жұмыс істеуі үшін алғашқы жағдай ғана. Ал табысты адамдар қамтамасыз етеді. Сауыншыларға, бақташыларға, шопандарға қажетті жағдай туғызылған, олардың жоғары өнімділікпен еңбек етіп, жемісті тынығуына жағдай жасалған, олардың тұрмысы туралы, материалдық, мәдени, медициналық қызмет көрсету жөніндегі талаптары бірінші орынға қойылып, қамқорлық жасалған жерлерде ғана табысқа қол жетеді.

Солтүстік Қазақстан облысы биылғы қыстамаға мұқият әзірленді, онда осы мәселелер партия және жұмысшы жиналыстарында талқыланды.

Сергеев ауданының Ыбыраев атындағы мамандандырылған шаруашылығының директоры М. Қ. Умбетбаев коллективтің алдына ойластырылған программа ұсынды. Мұнда жемшөп дайындау және әрбір шартты мал басына оны 25 центнерден келетін етіп әзірлеу үшін барлық резервтер пайдаланылды, өткен жылдан қалған қорды ескергенде бұл 35 центнерден айналады. Мұндағы тапшылықтың орнын толтыру үшін 500 гектар рапс егілді. Жеке адамдардың малы жемшөппен 100 процент қамтамасыз етілді. Ықғайсыз жерлердің де шөбі шабылып, қамыс, жапырақ дайындалды.

Мал қоралары 1 сентябрьге дейін әзірленіп қойылды, ал 15 октябрьге дейін желдеткіш жүйелермен жарақтандырылатын болады. Бордақылаудағы жас төл мен ірі мал бокстерде ұсталатын болуы үшін қоралар қайтадан ықғайластырылды.

Сиыр санын көбейту туралы ерекше қамқорлық жасалуда. Келесі жылдың алғашқы жартысында оны 1100, ал екінші жартысында — 1300 басқа дейін көбейту шаралары қолданылуда.

Табынды сауықтыру жөнінен биыл жүргізілген жұмыс ірі қараның 1800 басқа азайып кетуіне әкеліп соқты, сондықтан қазір мал сатып алып, табынды толықтыру шаралары қолданылуда. Жылқы шаруашылығын бөлсенді түрде дамытуда.

Мал өсірушілер үшін мәдени-тұрмыстық жағдай жасауды жақсарту мақсатында барлық базаларда тұрмыстық үйлер жабдықталды, ал екінші бөлімшеде сауна салынып жатыр, буфеттердің жұмысы жолға қойылды, малшы-

Мал өсірушілер арасында үгіт-бұқаралық жұмысына басшылар мен мамандар тартылуда. Фермаларда апта сайын шаруашылық есеп күні өткізіледі, яғни арендалық мердігерлікті игеру үшін қажетті өндірістік-экономикалық оқу жүргізілді. Көп кешікпей бүкіл шаруашылық осы әдіске көшетін болады.

Адамдар көбірек жиналатын жерлерде, сондай-ақ мектептерде жабдықталған Информациялық орталықтарда мал өсірушілердің жұмысы туралы апта сайын әңгімеленеді.

Адамдар арасындағы ұйымдық-шаруашылық және түсінік жұмыстарын осылайша тығыз ұштастыруға көмектесетін осындай көзқарастың барлық жерде қамтамасыз етілуі керек. Келе жатқан ауыл шаруашылық науқаны оған қатысушылардың бәрінен жоғары жинақылықты, тәртіптілікті, жауапкершілікті, фермалардың өнімділігін кемітуге жол бермеуді, еліміздегі азық-түлік проблемасын шешуге қосар үлесті молайтуды талап етеді.

В. ГРЯЗНОВ,
«Партийная жизнь Казахстана» журналының бөлім меңгерушісі.

Digitized by Google

АВТОМОБИЛЬ ТРАНСПОРТЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМА ИНИЦИАТИВАҒА ӨРІС АШТЫ

Үстіміздегі жыл Қазақстан автомобильшілері үшін айрықша атаулы. Біздің республикамызда жалпы пайдаланудағы автомобиль транспорты құрылғанына июньде жарты ғасыр толды. Өткен ондаған жылдар ішінде зор өзгерістер болды. Бүгінде небары бір сағат ішінде бүкіл 1940 жылдағыдай мөлшерде жүк және жолаушылар тасылады. Дегенмен соңғы жылдары салада аса елеулі өзгерістер өтуде, онда қайта құру автомобиль транспорты кәсіпорындары қызметінің барлық жақтарын қамтыды.

Екі жылдық экономикалық эксперименттен кейін сала 1988 жылғы 1 январьдан толық шаруашылық есеп пен өзін-өзі өтеуге ауысты. Дегенмен осы іс аса күрделі болып шықты, реформа бірден автомобиль транспорты қызметін пайдаланушылар мүддесі мен оның қызметін бағалаудың орын алған жүйесі арасындағы қарама-қайшылыққа тап болды. Демек тым бертінде автотранспортшыларда кімдер озаттар деп саналды? Жүкті көбірек тасығандар, тонна-километрді орындағандар озаттар деп есептелді, жалпы олардың заказ берушілерге қажеттігі ескерілмеді, транспортшылардың содан барып жалпы көрсеткіштер санын қуалаудан халық шаруашылығы қажетін мүлдем елемеуіне таңдануға болмайды. Әлбетте, бізде шаруашылық механизмін жетілдіру кәсіпорын қызметін бағалауды қайта қараудан басталды. Ол жүк тасымалын жоспарлы орындау жөнінен жасалған шартқа сәйкес, ал жолаушылар тасымалы — қозғалыс жүйелігін ескеру арқылы ақылы қызмет мөлшеріне қарай бағаланады.

Нәтижелер кешеуілдеген жоқ. Алғаш рет былтыр жасалған барлық шарт бойынша тасымал жоспарын жүз процент орындау қамтамасыз етілді. Егер оныншы және он бірінші бесжылдықтар ішінде автомобиль парктерін көбейту есебінен жүк және жолаушылар тасымалы өссе, енді ол екінші жыл жылжымалы составтың өнімділігін арттыру есебінен қамтамасыз етілуде. Биыл саланың автотранспорт және өнеркәсіп орындарының бәрі шаруашылық есептің екінші моделіне ауысты, ол өзінің экономикалық мағынасы тұрғысынан арендалық мердігерлікке барынша ұқсайды. Алғашқы қорытындылар үміттендіреді. Шығынға қарсы механизм іске қосылды. Үстіміздегі жылғы январь-август айларының жоспарын барлық көрсеткіштер бойынша орындау барысында материалдық шығынның салыстырмалы үнемі 12 миллион сомнан асты, еңбек өнімділігі 7,4 процент өсті.

Салада коллективтік және арендалық мердігерлік барған сайын кеңінен таралып келеді, ал 280 бригада, 136 автоколонна және 12 цех арендалық мердігерлікте жұмыс істейді. Оның үстіне сегіз автомобиль кәсіпорны оған ауыстырылды, ал екі бірлестік — Орал мен Шымкент жүк автомобилі транспорты бірлестіктері еңбек коллективтеріне арендаға берілді.

● **Жолаушылар транспорты кәсіпорындары ішінен Алматының № 1 автобус паркі республикада бірінші болып арендалық қатынасты енгізді, онда А. И. Борисов парк директоры, СССР халық депутаты А. М. Мезенцев еңбек коллективі советінің председателі. Мұнда коллектив табысы мен еңбекке ақы төлеу қоры жүріс графигін орындауға қатаң тәуелді етіп қойылған, мұның өзі жүргізушілерді жолаушыларға қызмет көрсетуді жақсарта түсуге жетеледі.**

● **Алматылық үшінші автобус паркінің жетпіс төртінші маршрутты қамтитын жүргізушілерінің бригадасы (бригадирі А. А. Митрофанов) арендада табысты жұмыс істеуде. Қозғалыстың жүз прценттік реттілігі мен жолаушыларға мінсіз қызмет көрсетуді қамтамасыз етіп, ол төрт жарым мың сомнан астам қаржы үнемдеді. Жалақы 20 проценттей өсті.**

● **Қарағандылық үшінші автобус паркінің оныншы маршрутты қамтушы жүргізушілер бригадасы (бригадирі А. В. Мерлинг) екі тоннадан астам дизель отынын үнемдеді және жүріс графигінің тиянақты орындалуына қол жеткізді. Айлық орташа жалақы 457 сомға жетті.**

---

24 октябрь — Автомобиль транспорты қызметкерлерінің күніне.

Digitized by Google

● Алматының № 2588 автоколоннасы (бастығы В. З. Герман, партия ұйымының секретары П. А. Никитин, кәсіподақ комитетінің председателі Г. С. Жусанбаев және еңбек коллективі советінің председателі Р. Г. Нуриев) арендалық мердігерлікте екінші жыл жұмыс жасайды. Мұнда барлық шартты орындау барысында тасымал шығыны 6,6 процент, соның ішінде материалдық шығын 13 проценттен астам қысқартылды, рентабельділік үштен біріне, ал қор қайтарымы 18 процент өсті. Мына көрініс тән: адамдарға қызмет көрсетудің транспорт шығыны кемітілді. Жаңа жағдайда әлеуметтік проблемаларды шешуді, жеделдетудің сәті түсті. «Тұрғын үй-91» программасы озық жүзеге асырылуда, бала бақша, емдеу-сауықтыру және мәдени-спорт комплекстері, демалыс аймағы іске қосылды.

● Шымкенттің жүк және Оралдың автотранспорт бірлестіктері (жетекшілері К. Р. Үсенов пен А. К. Валахов) аренда жағдайында жақсы нәтижелер көрсетуде. Осы коллективтерде жыл басынан бері еңбек өнімділігі 11 проценттен астам өсті, мұның өзі жалақыны 8 процент көтеруге және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін біраз қаржы алуға көмектесті.

Сонымен бірге көптеген кәсіпорындарда реформа баяу өтіп жатқанын, жұмыста түбірлі бетбұрыстың әлі басталмағанын атап көрсету керек. Басты кесел мынада: экономикалық реформа бригадаларға, колонналарға, өндірістерге, әр қызметкерге жетпеген, арендалық және коллективтік мердігерлік тым баяу енгізілуде. Демек осы мәселелерді шешуде кәсіпорындар жұмысы тиімділігін арттырудың негізгі резервтері бар.

Толық шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыру жағдайындағы жұмыс автотранспорт кәсіпорындары коллективтерінен жалпы пайдаланудағы автотранспорт қызметі жүйесін кеңейту мәселелерін шешуге жаңаша қарауды талап етеді. Кәсіпорындар мен ұйымдардың ведомстволық транспорты болуына мүдделілігі қажет болмайтындай етіп істі ұйымдастыру керек. Қазір біздің министрлігіміз жүйесінде жүк автомобильдері паркінің 23 проценті ғана шоғырланған, ол транспорт жұмысының бүкіл көлемінің 44 процентін орындайды. Бүгінгі міндет мынаған саяды: транспорт шығынын қыруар кемітуге және жүк алушыларды оны жеткізуге байланысты міндеттерден босатуға көмектесетін аса үнемді орталықтандырылған тасымалды жаппай енгізуге қол жеткізу.

Алматының құрылыс материалдары комбинатынан кірпішті қала құрылысшыларына жеткізу әдісі осындай тасымалды тиімді ұйымдастырудың көрнекі үлгісі қызметін атқара алады. Небары 21 адамнан тұратын жүргізушілер бригадасы (бригадирі А. К. Евсеенко) электронды есеп машинасында есептелген сағаттық график бойынша жұмыс істей отырып, күн сайын 120 мың кірпіш жеткізеді. Осы операцияны атқарушы автомобильдер саны екі есе қысқарды, әр жүргізуші екі-үш рейсті көп жасайтын болды, ең бастысы сол, құрылысшылар кірпішті дер кезінде алатын болды. Жылдық экономикалық тиімділік 200 мың сом болды.

Қалааралық қатынаста да жүк тасымалын орталықтандыру айрықша көңіл бөлуді талап етеді. Зерттеулердің көрсетіп отырғанындай, республика жолдарында ведомстволық транспорт әлі де көптеп пайдаланылады, ол, әлбетте, жүкті бір бағытқа ғана тасиды және жүктелімі 20—30 проценттен аспайды.

Жалпы пайдаланудағы автомобиль транспортының ауыл шаруашылығы өндірісін қамтамасыз етудегі үлесі жыл сайын өсіп келеді. Автомобиль кәсіпорындарының еңбек достық одағы шарттары мен бригадалық мердігерлік негізінде ауыл шаруашылық және дайындау ұйымдарымен іскер өзара қатынасы кеңінен таралуда. Мұнда теңелерлік адамдар баршылық. Есіл автомобиль транспорты-экспедиция кәсіпорнынан СССР халық депутаты Сағит Төлешұлы Арыстанбаев бір сапарда элеваторға сексен-жүз тонна астық жеткізеді. Жүргізушілер: Социалистік Еңбек Ері, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Анатолий Усманович Юнусов, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Тұрар Ысқақұлы Ташмаков, Социалистік Еңбек Ерлері Валентин Петрович Щербаков, Николай Иванович Киреев, Тарғынбек Жәкенұлы Тілеулин, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары Николай Павлович Мирчев, Сергей Акбарович Балян, Құрманғожа Тілепбергенұлы Самарханов, Георгий Александрович Черепанов, Есілбай Елубайұлы Төлемісов, Александр Георгиевич Матюшин, Аққай Пішенбаев, Алпыс Нұрғалиұлы Есмағанбетов және басқа көптеген тамаша еңбеккерлер ұзақ жылдар бойы «астық вахтасын» лайықты атқарып келеді.

Сонымен бірге КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы март Пленумының шешімдері автомобильшілерден орақ агрегаттары мен транспорт құралдарының өнімділігін арттыруға, орақ мерзімін қысқартып, оған тартылатын авомобильдер санын азайтуға, өсірілген бүкіл өнімнің толық сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған жаңа шараларды қабылдауды талап етеді. Орақ-транспорт-дайындау жұмысын ұдайы жетілдіру, комбайндардан қырмандарға астық тасудың комбитрейлерлік және үлестік жүйесін жаппай енгізу, оны астық қабылдау пункттеріне жүк сыйымдылығы мол автопоездармен электронды есеп машиналарында есептелген сағаттық график бойынша жеткізу, совхоздар мен колхоздардың астық қырмандарын же-

Digitized by Google

дел жарақтандыру арқылы ғана бұған қол жеткізуге болады.

Халық ең алдымен жолаушылар тасымалын ұйымдастыруға қарай біздің жұмысымызды бағалайды. Соңғы жылдары оның көлемі қыруар өсті. Республиканың барлық облыстық орталықтарында, өнеркәсіптік және аудандық орталықтардың көпшілігінде автовокзалдар мен автостанциялар салынды. Үстіміздегі бесжылдықтың басынан бері ғана республиканың жолаушылар транспорты парктері 13 мыңнан астам жайлы автобус пен жеңіл такси алды, ал маршрут жүйесінің жалпы ұзындығы 500 мың километрге жетті. Енді автобустар күн сайын тоғыз жарым миллионнан астам адамды тасиды. Үш жыл ішінде маршрутты автобус тасымалынан түскен табыс 21 процент, немесе 70 миллион сом көбейді, мұның өзі жоспарлы тапсырмадан жоғары. Село халқына көңіл бөлу күшейді. Қазір совхоздар мен колхоздардың орталық усадьбаларының бәрі дерлік аудандар орталықтарымен, тәуқалалармен және темір жол станцияларымен жүйелі автобус қатынасымен байланысқан.

Панфилов-Хоргос-Инин маршруты бойынша СССР мен Қытай Халық Республикасының халықаралық автобус желісінің ашылуы маңызды оқиға болып табылды.

Дегенмен жолаушыларға қызмет көрсету қанша мәнеш тудырады. Өкінішке қарай, бұл тұрғыдан Алматы транспортшылары үлгі көрсетіп отырған жоқ. Бертінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. Ә. Назарбаевпен кездесуде осы жайлы сындарлы әңгіме қозғалды. Келеңсіз фактілер аталды. Көптеген автобус ақаулардан және басқа себептерден жолға шықпай қалады. Жүргізушілердің өздерінің еңбегі мен тұрмысын ұйымдастырудың болмашы мәселелерінің ойластырылмауы өте-мөте өкініштi: олар еш жерде түстік ас ішіп, тыныға алмайды. Бұл үшін маршруттан шығып қалуға мәжбүр болады. Орынды сыннан кейін транспортшылар қалалық атқару комитетімен бірлесіп, маршруттарда жүргізушілерге қажетті өндірістік және тұрмыстық жағдай жасалатын диспетчерлік пункттер құруды қарастырды.

Қала сыртына шығатын маршруттар рентабельділігін қамтамасыз ету туралы мәселе бүгінде өткір қойылып отыр, қазір олардың үштен бірі дерлік зиян шегеді. Бұл үшін бақылау жасауды шұғыл күшейте түсу, мердігерлік пен арендаңы жаппай енгізу, қызмет көрсету мәдениетін көтере беру керек.

Соңғы уақытта халыққа ақылы қызмет көрсетуде кәсіпорындарымыздың ролі өсе түсті. Күн сайын 4,4 мыңнан астам автомобиль халық үшін жүк тасумен айналысады, транспорттық-экспедициялық қызметтің 65 түрі көрсетіледі. Сонда да оған деген қажет соншалықты қанағаттандырылып отырған жоқ, агенттіктер мен қабылдау пункттерінің жүйесі баяу дамуда. Соңғы уақытта бірлестіктердің көпшілігі қосымша бір пункт те ашқан жоқ, ал Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Гурьев, Солтүстік Қазақстан, Целиноград облыстарында олар тіпті азайып кетті.

Транспорттың авариясыз жұмысы мен айналадағы ортаны қорғауды қамтамасыз етуге байланысты жағдай өте-мөте алаңдатады. Сегіз ай ішінде 439 жолтранспорт оқиғаларына жол берілді, оларда 113 адам қаза тапты және 574 адам жарақаттанды. Еңбек пен линиятранспорт тәртібін барынша арттыру жылжымалы составтың жұмысы мен техникалық жайын қадағалауды күшейту керек. Тәуқалалармен уақытта зиянды заттардың атмосфераға тасталуын шұғыл кемітуге қол жеткізу қажет, ал өткен жылы атмосфераға тасталған осындай заттар 650 мың тоннаға дерлік жетті.

Түбегейлі экономикалық реформа еңбек коллективтеріне көлемді право беріп, олардың әлеуметтік дамуын жеделдету үшін өріс ашты. Егер 1986 жылы барлық қаржыландыру қайнары бойынша 60 мың шаршы метр тұрғын үй алаңы салынса, 1987 жылы —150 мың, ал 1988 жылы 268 мың шаршы метр тұрғын үй алаңы берілді. Еңбекшілердің емделіп, тынығуына арналған ведомстволық база кеңейтілуде. Қазіргі уақытта салада 9 санаторий-профилакторий, Ыстықкөлде демалыс үйі, көптеген денсаулық цехтары бар. 22 қосалқы селолық шаруашылық жұмыс істейді.

Алайда жайбарақаттық үшін ешкімде ешқандай себеп болмауға тиіс. Шаруашылық басшыларының бірінші кезекті парызы — еңбек коллективтерінің, партия және кәсіподақ ұйымдарының көмегіне сүйеніп, сала еңбеккерлерінің өмір дәрежесін арттыру, қалыпты өндірістік және тұрмыстық жағдай жасау мәселелерін анағұрлым зор табандылықпен әрі дәйектілікпен шешу. Бүгінде партияның талап етіп отырғанындай, біздің бүкіл жұмысымыздың орталығы нақ осында ауыстырылуға тиіс.

Т. КАПЛАН,
Қазақ ССР Транспорт министрінің орынбасары.

Digitized by Google

«ТҰРҒЫН ҮЙ-91», ол қалай орындалуда?

«Тұрғын үй-91» программасын жүзеге асыру барысында Қазақстанда тұрғын үй алаңымен қамтамасыз ету бір адамға шаққанда 1987 жылдың басындағы 13 шаршы метр жалпы алаңның орнына 1988 жылдың аяғында 13,5 шаршы метрге артты.

Өткен екі жыл ішінде (1987—1988 ж.ж.) тек мемлекеттік, қоғамдық және тұрғын үй-құрылыс кооперативтері қорының есебінен 322 мың семья, соның ішінде «Тұрғын үй-91» программасы бойынша кезекте тұрған 297 мың семья тұрғын үй жағдайын жақсартты. Үстіміздегі жылдың бірінші жартысында мұндай семьялар тиісінше 68,6 мың және 57,2 мың болды, алайда кезекте тұрғандар санын азайту жөніндегі жылдық тапсырма небары 37 процент орындалды. Мұның өзі өткен жылға қарағанда аз.

Төменде «Тұрғын үй-91» программасы бойынша кезекте тұрған адамдар санын азайту туралы тапсырманың облыстар бойынша орындалуы туралы деректер келтіріледі (процент есебімен):

	1987	1988	1989 жылдың 1-жартысы
Қазақ ССР	**113**	**90**	**37**
облыстар:			
Ақтөбе	**114**	**88**	**31**
Алматы	**115**	**80**	**42**
Шығыс Қазақстан	**103**	**91**	**32**
Гурьев	**x**	**109**	**28**
Жамбыл	**118**	**85**	**35**
Жезқазған	**108**	**77**	**47**
Қарағанды	**113**	**99**	**42**
Қызылорда	**80**	**76**	**26**
Көкшетау	**121**	**1,5 есе**	**78**
Қостанай	**113**	**93**	**35**
Павлодар	**114**	**112**	**60**
Солтүстік Қазақстан	**109**	**91**	**39**
Семей	**103**	**99**	**35**
Талдықорған	**191**	**103**	**37**
Орал	**109**	**63**	**29**
Целиноград	**112**	**98**	**26**
Шымкент	**104**	**62**	**29**
Алматы қаласы	**67**	**69**	**33**

Тұрғын үй алаңының жалпы көлемін іске қосудың жоспарлы тапсырмалары былайша орындалды: екі жыл ішінде жалпы көлемі 17 миллион шаршы метр, тұрғын үй, бірінші жарты жылдықта мемлекеттік, күрделі қаржылардың және колхоздар мен тұрғын үй-құрылыс кооперативтері қаржыларының есебінен жалпы көлемі 4,8 миллион шаршы метр 53 мыңнан астам жаңа пәтер пайдалануға берілді немесе жылдық тапсырманың 57 проценті дерлік орындалды.

Дегенмен, тұрғын үй жағдайларын жақсарту облыстардың бәрінде бірдей белгіленген қарқынмен жүріп жатқан жоқ. Мәселен, кезекте тұрғандар санын азайту жөніндегі 1989 жылдың тапсырмасы жоғарыдағы облыстардың жетеуінде ғана үштен бір бөлігіндей мөлшерде орындалды. Бұл, екінші жарты жылдықта осы жұмыс аса қауырт қарқынмен жүргізілуге тиіс, немесе кезекте тұрғандардың көпшілігі тағы да пәтер ала алмайды деген сөз Сонымен бірге қаншама семьялар ескі әрі құлағалы тұрған үйлерде тұрады. Өткен жарты жылдықта тек 3,6 мың адам ғана өзінің тұрғын үй жағдайын жақсартты, бұл осындай үйлерде тұратын адамдардың 0,8 проценті ғана, демек әлі де 434 мың адам сондай үйлерде тұрып жатыр.

Құрылыс сапасы үлкен алаңдаушылық туғызуда. Статистика органдарының тексерулері салынып бітпеген үйлерді есепке енгізу фактілерінің көп екенін анықтады. 1988 жылдың төртінші тоқсанында жалпы көлемі 20,6 мың шаршы метр 28 тұрғын үй мемлекеттік есептен шығарылып тасталды. Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитетінің, Мемлекеттік құрылыс комитетінің, Жергілікті өнеркәсіп министрлігінің, Автомобиль жолдары министрлігінің, Мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Энергетика және электрлендіру министрлігінің, Қатынас жолдар министрлігінің кәсіпорындарында және басқаларында қосып жазу фактілерінің беті ашылды. Мәселен, Қап-

Digitized by Google

шағай қалалық атқару комитетінің шешімімен жалпы көлемі 679 шаршы метр екі тұрғын үйді іске қосу жөніндегі мемлекеттік комиссияның актісі бекітілген, ал оларда жылу, электр-газ жүйелері жасалмаған, әрлеу және сырлау жұмыстары бітпеген, линолеум, санитарлық жабдықтар және басқалары жоқ.

Мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісінсіз жалпы көлемі 1077 шаршы метр алты тұрғын үй, оның ішінде Алматы облысының Мыңбаев атындағы тәжірибе шаруашылығында жалпы көлемі 131 шаршы метр тұрғын үй, Павлодар облысының топырақты эрозиядан қорғау тәжірибе станциясында жалпы көлемі 314 шаршы метр екі тұрғын үй, Талдықорғанның жергілікті өнеркәсіп өндірістік бірлестігінде —352 шаршы метрлік тұрғын үй осындай есепке енгізілген.

Көзбояушылық фактілері өмірлік маңызды программаны орындауға оралғы жасайды, сондықтан да оған қатаң тиым салынуға тиіс.

Г. МАЦАКОВА,
Қазақ ССР Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті.
әлеуметтік статистика басқармасы бастығының орынбасары.

Село тұрғындарына арналған үйлер

Көкшетаулық «Амандық» совхозында үстіміздегі жылды қоса алғанда үш жыл ішінде 70 пәтер салынатын болады. Осы факті облыстық «Степной маяк» газетінің тілшісі В. Лукьяновтың совхоз директоры Т. Қоныспаевпен әңгімесіне арқау болды.

— Сіздерде тұрғын үй негізінен шаруашылық тәсілімен салынады. Бұл сондай бейнеті көп іс. Тегінде, сіздердің оған көп уақыт бөлулеріңізге тура келетін шығар!

— Әрине, солай. Құрылыстың жылдам жүруін қалайтын жетекші барлық істің мән-жайын күн сайын біліп отыруға тиіс. Жақсы көмекшілердің, жігерлі адамдардың болуы керек. Бізде мұндай адамдар баршылық. Мәселен, Александр Дороговты алайық. Ол өткен жылдың аяғында құрамына үш бригада енген кооператив құрды. Осының арқасында біз тұрғын үйді бүкіл жыл бойы салуға ауыстық. Күзден бастап үйлердің іргетасы құйылады, сосын бұрын пайдаланылған шпалдардан қабырғалар тұрғызылады. Кооператив үйлердің бәрін дап-дайын етіп, кілтін қолға ұстатады.

Нұри Шекербаев басқаратын құрылыс бригадасы ерекше көзге түсуде. Ол да үй салады, дегенмен негізінен үйлерді күрделі жөндеумен айналысады. Биыл жеті үй жөнделді. Қайтадан жөнделген үйлер жаңа үйлерден әсте кем емес.

— Демек, сапа туралы. Кейде тұрғындар жаңа қонысына онша қуана қоймайды: жаңа пәтерді бірден жөндеуге тура келеді.

— Біз үшін бұл күні өткен іс. Қазір экономикалық ынталандыру шаралары жақсы нәтиже береді. Құрылысшылар істелген іске аккордты, сыйлықты жүйе бойынша ақы алады, ол толығынан сапаға тәуелді. Оның үстіне болашақ тұрғындар үй тұрғызыла бастағаннан-ақ оның құрылысына араласады. Олардың қалауы бойынша бөлінген жер көлеміне қарай жобаны өзгеруге болады. Ішкі әрлеуді, ақтық жұмыстарды тұрғындардың өздері жасайды. Атқарылған жұмысқа наряд бойынша ақы төленеді.

— Өз қаржысы есебінен өз күштерімен салып алуға тілек білдірушілер бар ма!

— Бар. Шопан Мирон Коксгаус жуырда өзіне осындай әдіспен үй салып алды. Ондай тілек білдірушілердің бәріне жер учаскелері, құрылыс материалдары бөлінеді, қажетіне қарай транспорт беріледі.

— Селоның жаңа көшелерінің бейнесі біртектес болып келеді, үйлердің бәрі бір-бірінен айнымайды...

— Біз бертінге дейін үйлерді ескірген жобалар бойынша, көбінесе екі пәтерлі етіп салып келдік. Енді селоның архитектуралық бейнесін өзгертудеміз. Негізінен бөлек үйлер салынуда. Жол, қоршау бірден жасалады, мал, құс ұстайтын сарайлар салынады. Көп балалы семьяларға арналған тұрғын үй алаңын 120 шаршы метрге дейін кеңейтудеміз.

— Материалдардың жетіспеушілігі құрылыстағы негізгі оралғы болатыны белгілі ғой...

— Иә, оларды тауып алуға көп күш, уақытың кетіп, жүйкең жұқарады. Алғырлықты үйренудеміз. Құрылыс материалдарын бүкіл еліміз бойынша іздейміз. Өйткені жоспардағы 7—8 пәтердің өзіне қор бойынша қажетті деген нәрселердің үштен біріндейі ғана бөлінеді. Сондықтан да орман өнеркәсібі шаруашылықтарымен шарт жасасамыз. Біздің адамдарымыз сол жерлерге барып, жұмыс істеп, ағаш алып қайтады.

«Алабота» совхозымен бірлесіп кірпіш шығарамыз. Цементті алмастырғыш ретінде балшықты кеңінен пайдаланамыз. Үйдің ішкі сылағы да түгелдей сонымен істеледі.

Көкшетау облысы,
Чкалов ауданы.

Digitized by Google

ЖАРИЯЛЫЛЫҚ, БҮКПЕСІЗДІК

Жаңаөзен қалалық партия комитеті бүгінде жұмысты осылай істейді

Жуырда Жаңаөзенде болған оқиғалар совет адамдары арасында елеулі алаңдаушылық туғызды. Орын алған қысыл-таяң жағдайдың барлық егжей-тегжейін оқырмандардың назарына салып жатудың қажеттігі бола қоймаса керек: олар баспасөз хабарларынан жүртшылыққа әбден мәлім. Тек қайғылы зардаптарды ғана атап өтейік: жаппай тәртіпсіздік кезінде бес адам қаза тапты, бірнеше ондаған адам, оның ішінде право қорғау органдарының 50-ден астам қызметкері жараланды, сауда мен тұрмыстың 50-ден астам объектісі бүлінді, алты автомобиль өртелді. Келтірілген моральдық-саяси нұқсан да аз емес. Демек қалада тұратын әртүрлі ұлттар адамдарының бірлігі жайындағы мәселе неғайбыл болып қалды.

Қайғылы оқиғалардың туын кетуіне себеп болған не нәрсе? Қазақстан Компартиясы Жаңаөзен қалалық комитетінің бірінші секретары болып жуырда сайланған **Равиль Тәжіғарақұлы ШАРДАБАЕВПЕН** біздің әңгімеміз осы сұрақтан басталды. Бірсыпыра жылдар бойы Гурьев қалалық партия комитетін басқарған бұл тәжірибелі партия қызметкері сол кезде тұрғын халықтың арасында тәрбие жұмысын өрістету үшін көп жұмыс тындырған-ды. Сондықтан оның идеологиялық жұмыс проблемалары жайындағы пікірлері оқырмандарымыздың назарын аударуға әбден лайық.

— Ең алдымен мынаны айту керек: орын алған оқиғалар әлеуметтік себептерден туған. Қалалық партия комитетінің жақында болған пленумында бұл жайында қатты айтылды. Республикалық үкімет комиссиясы жұмысының алғашқы нәтижелеріне, халықпен кездесулердің қорытындыларына сүйеніп, азаматтардың тілектеріне талдау жасай отырып, пленумға қатысушылар жанжалды жағдайдың негізгі себебі мына факторлар: сауданы, қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастырудағы, қызмет көрсету саласындағы, қала мен жұмысшы поселкелерінің инфрақұрылымындағы елеулі кемшіліктер, бұқаралық-саяси жұмыстың бәсеңдеп кетуі, интернационалистік тәрбиені ұйымдастырудағы формализм мен еліктеушілік болды деген қорытындыға келді.

— Егер әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы себептер баспасөз бетінде барынша егжей-тегжейлі жазылған болса, идеологиялық жұмыстағы қиғаштықтар туралы тек жалпы сарында ғана сөз болды. Бұл жайында барынша толығырақ айтып беруге болмас па екен?

— Тегі, қанша айтқанмен, бұл екі кезеңді бөлектеп алуға болмайтын шығар. Адамдардың көкейтесті мұқтаждарын ұзақ уақыт бойы елемеу, қалада 700-ден астам адамның ұзақ уақыт бойы жұмыс таба алмауы, әлеуметтік әділетсіздіктің орын тебуі — осының бәрі адамдарды ашындырды, ой-пікіріне әсер етті. Мектеп бітірген көптеген жас адамдар бірден-ақ жұмыс іздеушілер қатарына қосылды.

Тұрғын үй проблемасы да төтенше өткір. Бүгін таңда кем дегенде бес жарым мың адам тұрғын үйге мұқтаж, ал жылына 500 пәтер ғана салынады. Мұның үстіне көптеген тұрғын үй жөндеуді керек етеді.

Азық-түлікпен жабдықтау, денсаулық сақтау ісін ұйымдастыру, адамдар жайында қамқорлық жасайтын басқа да барлық қызмет түрғындарда елеулі реніш туғырды.

Мұндай жағдайда идеологиялық актив не істей алады, тіпті жалпы алғанда идеологиялық жұмыстың бұған қандай қатысы бар? Егер істің жағдайы басқа бағытта болса, сөзден не шығады? — деген сұрақ та туып қалады. Мұндай сұрақты қаланың идеология қызметкерлерінен де естуге болатын еді.

Бұл орайда не айтуға болады? Әрине, егер адамдар арасындағы жұмысқа көбіне бұқаралық шаралардың санымен баға берілін келген тоқырау кезіндегі өлшеммен қарайтын болсақ, онда мұндай пікірмен келіспеуге болмайды. Бірақ өмір партия комитеттерінің барлық қызметкерлері сияқты идеологтардың да қалыптасып келе жатқан жағдайға сын көзімен талдау жасауын, жағымсыз құбылыстарды дер кезінде байқауын, адамдармен байланысты нығайтуға көмектесуін талап етеді. Осылай екенін біз бұл орайда жақсы сезіндік. Нақ осы жағы бізде жетіспей жатты және де бұған ең алдымен қалалық партия комитеті, оның секретарьлары кінәлі. Қаладағы хауіпті жағдай, жанжалдардың өрбін келе жатқаны туралы көптеген дабыл түскеннен кейін де қалалық партия комитеті идеологиялық активпен кеңес өткізіп, онда «Ты-

Digitized by Google

нышталыңдар, халықты да тыныштандырыңдар. Бізде ондай жағдай болуы мүмкін емес» деген тезис ұсынған. Егер партия, совет, идеология активінің барлық күші жанжалдың себебін анықтауға және оны шешуге жұмсалған болса, сол қайғылы оқиғаға ұшырамауға да болар еді-ау деп сенемін.

Қалалық комитеттің пленумында «таншылық» деген сөз көп айтылды және де ол материалдық жетімсіздіктерге қатысты болып отырған жоқ. Басшылардың адамдармен араласуындағы таншылық туралы өкінішпен айтылды. Көптеген басшылар халықпен өте сирек кездесті, ал кейбіреулер тіпті кездесуден басын алып қашумен болды. Мұндай жағдайда кемшіліктер қордаланып, асқына берді.

Орын алып отырған істің жайына наразылықтың ұлтаралық жанжалға айналып кету фактісі идеялық-тәрбие жұмысы нашарлығының нәтижесі емей не? Бұл жанжалдың қайғылы зардабы қаламызда әлі ұзақ уақыт бойы өзін сездіретіні айқын ғой. Біздегі интернационалдық тәрбие абстракты ұраннан әрі асқан жоқ. Қазақ халқы арасында идеология жұмысы әлсіз жүргізілді. Кавказ ұлттарының азаматтары арасындағы түсінік жұмысы да салақсытылып кетіпті.

Әрине, мен өзімнің алдыма кемшіліктерді тізбектей беру, менен бұрын істегендерді қаралау міндетін қойып отырған жоқпын. Партия ұйымдарында, еңбек коллективтерінде, қалалық партия комитеті аппаратының өзінде кемшіліктермен ымыраға келмейтін, өз орындарында адал қызмет атқарған принципті адамдар болды. Мынаны ерекше атап айтуым керек: біздің ең ірі коллективіміз — В. И. Ленин атындағы Қазақ газ өңдеу заводы — дабылды күндерде бүкіл құрамымен түгел жұмыс істеді, ал сменадан кейін коммунистер мен партияда жоқтар халықтың арасында түсінік жұмыстарын жүргізуге зор көмек көрсетті. Алайда қалыптасқан жағдайдан шығу үшін нақты іске сын тұрғысынан қарау керек болады.

— Тәртіпсіздікке қатысқандардың көпшілігі дерлік жас адамдар болды. Мұның себебі не, жас жігіттер мен қыздар қайғылы оқиғаға қалайша тартылған болып шықты?

— Тәрбие жұмысындағы формализм туралы өкінішпен тағы айтуға тура келеді. Жас жеткіншектермен жүргізілетін жұмыс жастар ортасындағы істің жайын саралап талдаумен ынғайтылмады, негізінен үстірт сипат ұстады және көбіне түрлі көңіл көтеру шараларын өткізуге сайды, демек олар біржақтылығымен ерекшеленді, тиісті тәрбиелік тиімділік бермеді. Жұмысқа орналасу, тұрғын үй алу ісіндегі қиыншылықтар тағы бар. Мұның үстіне тағы сол басшылар, соның ішінде қалалық партия комитетінің, қалалық атқару комитетінің, қалалық комсомол комитетінің басшылары жастар арасында нақты жұмыс жүргізбеді, жатақхана, мектеп, кәсіптік-техникалық училище дегендерге аяқ баспады, жастар жиналатын жерлерде болмады. Егер турасын айтатын болсақ, жастар қалыс қалдырылды.

Әрине, мұның бәрі азаматтардың совет заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілігін кемітпейді. Қаладағы жаппай жүгенсіздік фактілері бойынша тергеу ісі аяқталып қалды. Сот таяу уақытта жүгенсіздік инициаторларына үкім шығарады.

— Одақтық және республикалық органдардың көмегіне сүйеніп, қалалық партия ұйымы қазір дағдарыстан шығу жөнінде зор жұмыс жүргізуде. Бұл істе идеология активінің ролі қандай болмақ?

— Ең бірінші дәрежелі болмақ. Тәртіпсіздіктер туған бойда-ақ коммунистер, саналы еңбеккерлер қалалық комитеттің тапсыруы бойынша семьяларды аралап, қаладағы жағдай туралы, адал азаматтардың қандай бағыт ұстауы керектігі туралы ашық әңгімелер өткізді. Бұл жайында көп адамдар бірін-бірі білмейтін жиындарда айту қиын еді, қызғын билеген адамдардың санасына біздің сөзіміздің жете бермеуі мүмкін еді. Ал семьялардағы әңгіме сәтті болып шықты.

Мұның өзі тұрғылықты жердегі адамдар арасында жүргізілген жұмыс көп нәрсе бере алатынын айқын дәлелдеді. Сондықтан қазір біз халықтың арасында жұмыс жүргізетін тұрақты үгіт коллективтерін құрып, оған әртүрлі ұлттардың адамдарын тартудамыз. Қала мен микроаудандар жүртшылығының советтері жұмыс істей бастады. Олар бұқаралық-саяси, профилактикалық жұмыстарды жолға қоюда, жастар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыруда жайластыру ісімен айналысуда. Жұмысшы поселкесіндегі адамдармен араласу, халықты хабардар ету үшін үгіт машиналарын пайдаланамыз.

Қайғылы оқиғалардан алған біздің тағы бір тағылымымыз — бұл қоғамдық пікірді зерттеу ісін елеулі жолға қоюымыз керек, саналуан сыбыстарға, өсек-аяңдарға назар аударып отыру керек., Жұмысты жариялылықпен ашық жүргізіп, Ленин айтқандай, бәрін де халықтың көз алдында істеуіміз, адамдардан ешнәрсені жасырмауымыз керек. Осы мақсатпен қалалық партия комитеті мен атқару комитетінің информациялық бюллетені жүйелі шығарылады, тұрғылықты

Digitized by Google

жер бойынша жиындар, еңбек коллективтеріндегі кездесулер жиі өткізіле бастады. Қала тұрғындарымен байланыс жасаудың басқа жолдарын іздестірудеміз.

Жариялы, ашық көзқарастың маңыздылығын мына мысал айқын дәлелдейді. Оқиғалар болып өткеннен кейін халықтың арасында кавказдықтар алыпсатарлықты ұйымдастырып, жұмысшы жабдықтау бөлімдеріндегі, базалардағы «жылы» орындарға жайғасып алып, іріткі әрекеттер жасауда деген лақап таран кетті. Қалалық комитет арнаулы комиссия құруға мәжбүр болды, ол істің жайымен мұқият танысып, мұндай лақаптар негізсіз деген қорытындыға келді. Бұл туралы актив арқылы, радио хабары арқылы айтылды. Бұл хабар әртүрлі ұлттардың адамдары арасындағы қатынастарға оңды әсер етті.

Сөз жоқ, бізге газет — қалалық немесе көп тиражды газет — өте қажет. Ол халықты хабардар ету, адамдарды топтастыру үшін керек болып отыр.

— Сіз үгіт коллективтері құрылуда дедіңіз. Бірақ қазір үгітшінің тұлғасы тарихи жағынан енді өз шаруасын бітірді, сәнсі саханадан кетуге тиіс деген сөздер көп айтылып жүр. Қиын күндерді басынан кешірген сіздің партия ұйымыңыздың тәжірибесі бұл жайында не туралы әңгімелейді?

— Ол үгітке сенбеушілік көзқарасты түгелдей жоққа шығарады. Баспасөз бетінде, жиналыстарда, жиындарда сөйлеу, баяндамалар барлық жерде әрбір адамға күнделікті ықпал ету үшін жеткіліксіз. Бұл жауапты тапсырманы қандай адам атқаратыны басқа мәселе. Бұл үшін саяси шыныққан, жауынгерлік қасиеті бар адамдар керек. Саналы адамдардың сөзі мен өнегесі қаншалықты маңызды екендігіне тәртіпсіздіктер кезінде менің көзім жетті. Еркектердің кейбіреулері тығылып қалып жүргенде автомашина жүргізуші әйел Несіпқан Садырова асханалар мен магазиндерге нанды үздіксіз тасумен болды, бұзақыларды ауыздықтаудан да тайынған жоқ. Бұрғылау бригадасының байырғы бригадирі, Социалистік Еңбек Ері Александр Иванович Еремин өзінің кәдімгі партия мүшесі, ержүрек адам екенін көрсете білді. Оның беделі мен батылдығы сол күндерде көп роль атқарды. Мұнайшы-шебер, ұлты әзербайжан Алахверды Гульверды Оғлы Беквердиев туралы және басқа көптеген коммунистер мен партияда жоқтар туралы ізгі сөздер айтуыма әбден болады.

~~~~ ЗЕРТТЕУ НЕ КӨРСЕТТІ ~~~~

Студент жастарды ұлтаралық қатынастардың жоғары мәдениетіне тәрбиелеу — тек актуальды міндет қана емес, сонымен бірге аса күрделі де міндет. Мұндағы қиыншылық мынада: ол адам қатынастарының қарама-қайшы және нәзік саласымен байланысты, ал олар нақты және әрқашан прогресшіл бола бермейтін өмірлік құбылыстардың қалың тасқыны ықпалын үнемі өткеріп отырады. Сонымен бірге жоғары оқу орындарындағы тәрбие жұмысы кейде әртүрлі ұлттардың адамдары арасындағы жеке қатынас ескерілместен құрылады. Сондықтан КПСС Орталық Комитетінің «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» қаулысында жасалған «жастарды тәрбиелеуде формализм мен қасаңдық... берік тамыр жайды... Жастардың ортасында, әсіресе студенттер коллективтерінде болып жатқан процестерге терең талдау жасалмады» деген қорытынды көп жағдайда өзінің актуальдылығын сақтап келеді. Біз Алматы халық шаруашылығы институтының студенттері арасындағы ұлтаралық қатынастар мәдениетінің жайын зерттеу әрекетін жасап көрдік. Әртүрлі ұлттардың 356 адамына сұрақтар қойылды. Мұның өзінде сұрақтар қоюда үлкен әдептілік талап етілді.

Анкета толтырудың барысында бірде-бір адам басқа ұлттардың өкілдеріне теріс ниетпен қараймын деп мәлімдеген жоқ. Рас, сұрақ қойылған кейбір адамдар мұндай студенттер бар екенін, бірақ олар азшылық екенін айтты. Төменгі және жоғары курстар студенттерінің бұл мәселе жөніндегі пікірлері біршама өзгеше: егер төменгі курстар студенттерінің 60 проценті топтағы студенттердің бәрі басқа ұлттардың өкілдеріне тілектестікпен қарайды деп санаса, жоғарғы курстағыларда мұндайлар 38 процент қана болды.

Студенттердің белгілі бөлегінің мінез-құлқының келеңсіздігі, жеке басының кемшіліктері, белгілі дәрежеде, қандай ұлтқа жататындығына байланысты деп ойлау қате. Сұрақ қойылғандардың 41 проценті осылай деп санайды. Оның бер жағында олардың үштен бірі кемшіліктерді бұлайша түсіндіруге болмайды деген әділ пікір білдіреді, ал қалғандарының бұл жайында тиянақты пікірі жоқ.

Digitized by Google

Мынаны ерекше атап көрсетуге тиіспін: жанжалдың алғашқы сағаттарында қалалық Совет депутаттарының, қалалық партия комитеті мүшелерінің көпшілігі дереу Советтер үйіне келіп, жұмысқа жегілді. Дегенмен, қорқақтық, екіжүзділік көрсеткендер де болмай қалған жоқ, сондықтан қалалық партия комитетінің пленумы әрбір коммунистің қылығына талдау жасап, тиісінше баға беру қажет деп санады.

— Қорытындысында, Жаңаөзендегі бүгінгі жағдай қалай қалыптасып отыр?

— Көп мәселеде жағдай қазірдің өзінде реттелді, мұның өзі июльдің аяқ шенінде коменданттық сағатты жоюға мүмкіндік берді. Әртүрлі ұлттардың адамдары арасында жылы шырай көрініс табуда. Толғағы жеткен мәселелерді қақтығыстар немесе жиындар жасау жолымен шешуге болмайтынын адамдар түсіне бастады. Білекті сыбанып еңбек ететін уақыт туды. Адамдардың шымбайына батқан, толғандырып жүрген мәселенің бәрін бірлесіп талқылау керек. Бұған бізде жұмыс істейтін формальды емес «Ынтымақ», «Бірлік» бірлестіктері белсенді көмектесуде, біз олармен тығыз ынтымақтасып жұмыс істеуге ұмтыламыз.

Мұнай кәсіпшіліктерінің жұмысы қалпына келтірілуде. Бірақ мұндағы істің жайы ауыр. Жұмысшылар мен мамандар Кавказға кетіп қалғандықтан олардың көбінде адам болмай отыр. Бұл іште бізге Россия Федерациясының мұнайшылары көмек көрсетуде. Үкімет комиссиясының, облыс басшыларының жәрдемімен қазірдің өзінде бірсыпыра проблемаларды шешіп үлгердік. Жүздеген адам жұмысқа орналастырылды. Тігін фабрикасының құрылысы жеделдетілді, онда 800 адам жұмыс істейтін болады. Ол жыл аяғында іске қосылады. Болашақ тігіншілер мен реттеушілер курстарға оқуға жіберілді. Ескіөзенде осы фабриканың филиалы қазірдің өзінде ашылды, онда да біз 100—150 адамды жұмысқа орналастырамыз. Тұрғын үй проблемасын шешуді нақты қолға алдық. Осының бәрі адамдардың жақындаса түсуіне қызмет етуде.

— Әңгімеңіз үшін рахмет. Идеология активтерінің, барлық жаңаөзеншілердің қиыншылықтарды тезірек жеңіп, жалпы тату-күш-жігермен қордаланып қалған проблемалардың бәрін ойдағыдай шешуіне тілектестік білдіруге рұқсат етіңіз.

Әңгімені жүргізген В. КОСТРОВ.

~~~
~~~

Тілдегі ортаның жай-күйі ұлт қатынастары дамуының аса маңызды факторы болып табылады. Сұрақ қойылғандардың 65 проценті студенттер арасындағы қатынас орыс тілінде болатынын көрсетті. Қазақ ұлты студенттері (40 процент) орыс тілінде де, қазақ тілінде де сөйлесетінін, 40 проценті (көпшілігі қалалық жерлерден келгендер) тек орыс тілінде ғана сөйлесетінін көрсетті. 75 проценті жергілікті халықтың тілін міндетті түрде үйрену қажет деп көрсетті. Оның бер жағында қазақ емес ұлттар студенттерінің ішінде сұрақ қойылғандардың жарымына жуығы қазақ тілін үйрену қажет деп санамайтынын білдірді.

Адамдар арасында басқа ұлттардың өкілдеріне көзқарастың қалыптасуына (оңды немесе берік) әртүрлі факторлар әсер ететіні мәлім. Сұрақ қойылғандардың пікірі бойынша, бұған семья (29 процент), достары (23), мектеп (14), көркем әдебиет (13) және бұқаралық информация құралдары (10) барынша күшті әсер етеді. Студенттердің бағалауы бойынша, студенттік топтар коллективінің әсері онша мардымды емес — тек 7 процент.

Көптеген студенттер ұлтаралық қатынастар мәдениетінің мәселелері жөнінде өздерінің қажетті хабарлар ала алмайтынын атап көрсетеді. Мәселен, сұрақ қойылғандардың 30 проценті СССР халықтарының өнері проблемалары бойынша, 37 проценті — ұлтаралық қатынастар мәселелері бойынша, 77 проценті шетел мәдениеті жөнінде лекция және әңгіме тыңдамағанын көрсетті.

Сұрақ қойылғандардың жартысынан астамының «ұлтшылдық» және «шовинизм» деген сөздерді анықтап беруге қиналғаны да назар аударарлық мәселе. Көп адамдар «интернационализм» ұғымын өзінше түсініп, оған тек ынтымақтастық, туысқандық, теңдік, достық, сүйіспеншілік, тілектестік көзқарас, мәдениетке, татулыққа, ықылас білдіру мәселелерін ғана қосады. «Патриотизм» деген сөз де әлдеқайда абстрактылы және шашыраңқы түсіндіріледі. Бұл — әрі борыш, әрі сүйіспеншілік, әрі бейбітшілік жолындағы күрес, әрі өзін құрбан ету және өз ұлтын сақтау, әрі өз Отанына сүйіспеншілік және интернационализм.

Біздің зерттеулеріміз жастарды тәрбиелеудегі толып жатқан ағаттықтардың бетін ашты. Ол студенттік топтардың көп ұлтты құрамы өзінен-өзі шынайы интернационализмді қалыптастыруға кепілдік бере алмайды деген қорытындыны қуаттады. Интернационалдық тәрбие берудің күрделі де сан қырлы процесінде педагогикалық ықпал жасаудың студенттік коллективтің нақты, практикалық қызметіне қатысты болатын әдістерін пайдалана білу қажет. КПСС XXVII съезінде атап көрсетілгеніндей, «партия адамды тәрбиелеу халық игілігі жолындағы жасампаздық еңбекке, қоғамдық өмірге, әлеуметтік-экономикалық және мәдени құрылыс міндеттерін шешуге оның іс жүзінде қатысуынан ажырамайтынын басшылыққа алады. Өмір шындығынан, оның нақты проблемаларынан қол үзу идеялық-саяси жұмысты жадағай ағартушылыққа, жалаң сөзуарлыққа ұрындырады, коммунистік жасампаздықтың шұғыл міндеттерінен бұрып әкетеді». Жастарды идеялық жағынан шыныктыру ісіне оларды студенттер өмірін басқаруға тарту, өзін-өзі басқару ісін дамыту жақсы қызмет етеді.

Сонымен қатар жастар арасында информацияны қабылдаудың жарқын бейнеленген әсерленгіш бояуы да көп ретте көрініс табатынын ескермеуге болмайды. Сондықтан тәрбие барысында жастар барынша әсерлі формаларға бағыт ұстайтыны кездейсоқ емес. Біздің зерттеулерімізге қатысқан студенттердің көпшілігі интернационалдық тәрбие берудің советтік республикаларға экскурсияға бару, еңбек істеріне, достық фестивальдарына, ұлт республикалары мен социалистік елдер апталықтарына бірлесіп қатысу, олардың арасында делегациялар алмасу сияқты формаларына көбірек назар аударды.

Жылма-жыл қайталанып отыратын, жаңа информация бере алмайтын шараларға жас адамдар ықылас көрсете бермейді. Сондықтан студенттердің өсіп отыратын білім дәрежесі мен әлеуметтік тәжірибесін, төменгі және жоғарғы курстардың студенттері арасындағы мүдделер мен талап-тілектер айырмашылығын ескермеуге болмайды. Интернационалдық тәрбиенің қандай формасы өте-мөте тиімді деген сұраққа жауап бергенде студенттер бірінші орынға (32 процент) әртүрлі ұлттардың өкілдерін қатыстыра отырып, достық кештерін өткізуді, интернационалдық клубтардың қызметін (19), білімнің әртүрлі салаларының мамандарын қатыстыру арқылы ұлтаралық қатынастар проблемалары бойынша әңгімелер өткізуді (18 процент) қойды.

Совет студенттері — бұл халқымыздың табиғи бір бөлігі. Жоғары оқу орындары жастарының ұлтаралық қатынастар мәдениеті өзінен-өзі қалыптаспайды, қайта педагогтардың, партия, комсомол және басқа ұйымдардың ұдайы жүргізетін тәрбие жұмысын талап етеді.

С. ҚАБИЕВА,
Алматы халық шаруашылығы институтының шет тілдер кафедрасының оқытушысы.

Digitized by Google

НАСНХАТШЫНЫҢ ПЕДАГОГНКАЛЫҚ МӘДЕННЕТІ ТУРАЛЫ

Соңғы жылдар ішінде қоғамның ширақ дамуы, демократия мен жариялылықтың кеңеюі, адамдармен жұмыс істеудің жаңа түрлерінің енгізілуі жағдайында марксгік-лениндік оқу методикасына қойылатын талаптар шын мәнінде толығынан өзгерді. Саяси мектептер мен семинарларда білімді меңгерудің белсенді, творчестволық әдістерінің кеңейе түскені байқалады.

Осының бәрі насихатшылардан педагогикалық білімді меңгеруді, оны саяси оқуда және еңбеккерлерді тәрбиелеуде белсенді түрде қолдануды талап етеді. Оларға методикалық көмек беру мақсатымен насихатшылық шеберліктің педагогикалық негіздері қаралатын әңгімелер циклін жариялауды бастаймыз.

Әңгімені педагогика ғылымының кандидаты Ж. Ж. Наурызбаев жүргізеді.

АЛҒАШҚЫ ӘҢГІМЕ

НАСИХАТШЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ: МАҢЫЗЫ, ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛДАРЫ

Насихатшының педагогикалық мәдениеті дегеніміз не?

В. И. Ленинің «әрбір насихатшының және әрбір үгітшінің шеберлігінің өзі де сонда, сол өзі сөйлеп тұрған аудиторияға барынша ықпал жасай білуде, ол үшін белгілі ақиқатты мүмкіндігінше нефұрлым дәлелді, мүмкіндігінше оңай түсінілетін, мүмкіндігінше көрнекі және есте берік қалатын ете білуде» деп айтқан сөзінде осы ұғымды түбегейлі анықтау баяндалады.

Көпшілік алдына қайсыбір сөз сөйлеуде шешеннің идеялық-теориялық дайындығымен, эрудициясымен бірге оның сендіре білу өнерін, адамдарға әсерлі ықпал ету тәсілдері мен дағдысын меңгеру деңгейімен қатар тыңдаушылардың жеке және топтық бейнелерімен санаса білушілігі, сондай-ақ сөз сөйлеушінің коммуникативтік қабілеті көрінеді. В. И. Лениннің атап көрсеткеніндей, саяси қызметте әрқашан педагогика элементі бар және үнемі болады да. Владимир Ильичтің өзі педагогикалық шеберлікті тамаша меңгерген-ді. Бұл өз зерттеушілерін күтуші ерекше тақырып, сонда да ұлағат боларлық бір жайды айтпауға болмайды. Қазір біз пікірталас өнері жөнінде жиі айтамыз, оның мақсатын жөнсіз тарылтатын кезіміз де аз емес, оны көбінесе оппоненттер пікірлерінің жетімсіздігін дәлелдеуге саямыз. Саяси пікірталастар кезінің өзінде-ақ Владимир Ильич партиялық принциптілікті ұдайы сақтай білген, оппонентіне мейлінше сергек қарағаң, бүгінде айтып жүргеніміздей, пікірталастың тәрбиелік салдары туралы қамқорлық жасаған. Халықаралық және ағылшын жұмысшы қозғалысының белгілі қайраткері Уильям Галлихер В. И. Ленинмен өзінің қалай айтысқаны жайында айта келіп, былай деп жазған: «Ленин менің қағидаларымды ымырасыз принципті сынға душар ете отырып, әр ретте мені қате көзқарастарға жетелеген

Digitized by Google

қиын жағдайымды айтарлықтай жеңілдетті, әлденені айту арқылы маған көмектесу оқиғасын пайдаланды».

Еңбекшілердің саяси оқуы оқу-тәрбие процесін бейнелейді және тиянақты ғылыми-педагогикалық негізде жүзеге асырылады. Ал бұл насихатшының педагогикалық мәдениеті мыналарды қарастыратынын сипаттайды:

— оның педагогикалық теория негіздерін, заңдылықтарды, оқыту мен тәрбиелеудің принциптерін және әдістерін білуі;

— педагогикалық білімді практикада қолдана білу, саяси оқу процесін мейлінше қолайлы ұйымдастыру, оқушылардың оқу-белсенділігі мен олардың өзін-өзі тәрбиелеуіне бағыт беру;

— оқу нәтижелілігінің педагогикалық және жалпы дидактикалық факторларының мейлінше түсінікті түрде айқындалуы, мақсатқа лайықтылықты, әрбір нақты насихаттық ықпалдың перспективасы мен нәтижесін алдын-ала көре білу.

Сонымен, ықшамдай қарасақ, **насихатшының педагогикалық мәдениетін кадрлардың идеялық шыңдалу міндетін, еңбекшілердің саяси оқуы мен тәрбиесін педагогикалық құралдар арқылы шеше білу деп қарауға болады.**

Насихатшының педагогикалық мәдениетінің құрылымы

Насихатшының педагогикалық мәдениеті — көлемді ұғым. Ол өзара байланысқан әрқилы компоненттерден тұрады. Олардың ішінде педагогикалық шеберлік, педагогикалық техника, педагогикалық әдептілік, педагогикалық болжағыштық пен алдын ала көру, сабақ жетекшісінің коммуникативтік қабілеті маңыздылары болып табылады. Сонымен бірге насихатшының **методологиялық даярлығының,** оның шындықты барлық қырынан, қарама-қайшылығын, ұдайы дамуын оқып үйренуге деген диалектикалық қатынасты орнықтара білуінің тиянақты іргетасында ғана педагогикалық еңбектің жоғары мәдениетін қалыптастыру мүмкін екенін айрықша атап көрсеткен жөн.

Егер саяси мектеп немесе семинар жетекшісі нақты процестерді марксистік-лениндік теория тұрғысынан талдау жасау барысында білімнің жетімсіздігін байқаса, оған, әрине, ешқандай педагогикалық тәсілдер көмектесе алмайды.

Педагогикалық шеберлік, яғни, арнаулы білімнің, дағды мен іскерліктің жиынтығы насихатшының педагогикалық мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады. Педагогикалық білімдер оны насихатшылық практикада сыналған, оқыту және тәрбиелеу ғылымымен екшеліп алынған түсініктердің, заңдардың, оқу-тәрбие жұмыстарының жүйесімен қаруландырады. Мысалы, оқытудың дамушы және тәрбиелеуші ерекшелігі, тәрбие принциптері, көрнекілік пен техникалық құралдарды тиімді пайдаланудың педагогикалық шарттары. насихатшылық ықпалдың тиімді криитерийлері және т. б. теориясы туралы жақсы білу қажет.

Педагогикалық іскерлік насихатшының практикалық әрекеттерді жылдам, саналы және педагогикалық сауатты іске асыруына көмектеседі. Оларға жеке білімге сүйеніп әрекет жасау және ауызша информацияны бір мезгілде тыңдап, есте сақтап, әрі түсініктеме беру, сондай-ақ өз еңбегінді дұрыс ұйымдастыру, жеке мінез-құлқыңды әртүрлі ситуацияда реттеу, өзіңді ұстай білу, оқу материалын сенімді әрі дәлелді баяндау, сөздің бейнелеу және айшықтау құралдарын пайдалану және т. б. жатады. Ұлы педагог Я. А. Коменский айтқанындай, «барлығын да тиянақты, ықшам әрі сенімді оқыту керек» және «тиянақты, толық көлемінде білім бере алмайтындар нашар оқытады».

Педагогикалық дағдылар насихатшы еңбегін дұрыс ұйымдастыруға ықпал етеді. Олар шешендік (сөз сөйлеу техникасын меңгеру, дауыс ырғағы, мимика, ишара, сөздің дәлдігі, дұрыстығы және тазалығы т. б.) методикалық (саяси сабақтың негізгі кездерінің уақытын ұтымды бөлу, өз зейінін басқара білу, жазып отыру, көрнекі құралдарды дайындау және пайдалану т.б.) және қатынас жасау дағдылары болып бөлінеді.

Насихатшының білімге, іскерлікке және дағдыға қоса өзінің **педагогикалық техникасына** жататын педагогикалық әдістер жүйесін меңгеруі керек. Әрбір тәжірибелі насихатшы практикада сыналған өз тәсілдерін, яғни әрқилы ынталандыру топтамасын, жазалау түрлерін, сондай-ақ үйретуді (құптау, келіспеу, талап ету т.б.) қолданады.

Насихатшының педагогикалық шеберлігі мен техникасы қаншалықты ұшталса да, олар саяси оқудың жоғары функциясына жету үшін жетімсіз. Бұған қол жеткізетін шарттар педагогикалық **байқағыштық** (идеологиялық ықпал және оның нәтижесі аралығындағы себепті тексеруші байланыстарды табу) және **педагогикалық көрегендік** (болжай білу. насихатшылық ықпалдың нәтижесін жоспарлау).

Насихатшының коммуникативтік қабілетімен санаспауға болмайды. Мұнда ұсақ-түйек жоқ, бәрі де: оның тәрбиелік деңгейі, сыртқы пішіні, сөз сөйлеу мәне-

Digitized by Google

рі мен жүріс-тұрысы, тыңдаушыларға қарым-қатынасы, аудиториямен кері байланыс жасай білуі, т. б. маңызды.

Сайып келгенде, насихатшының педагогикалық мәдениетінің елеулі құрамдас бөлігі — ол **педагогикалық әдептілік.** Партиялық және ғылыми-педагогикалық әдебиетте ол күшейген сезім өлшемі, психология мен педагогиканы коммунистік мораль формасын жете білу негізінде ең дұрыс қалыптасқан құралдар таңдау және қолдану, нақты жағдай мен тыңдаушылардың жеке ерекшелігін ескеру арқылы идеологиялық ықпал жасау формалары мен әдістері ретінде сипатталады.

Насихатшының адамдармен қатынас жасау принциптерінің өлшемін, сергектік пен мейірімділік, әр тыңдаушының пікіріне құлақ салу педагогикалық әдептіліктің маңызды элементі болып табылады.

Насихатшының педагогикалық мәдениетін қалыптастыру жолдары

КПСС Орталық Комитетінің «Ульянов облысы партия органдарының КПСС Орталық Комитетінің «Еңбекшілердің саяси және экономикалық оқу жүйесін қайта құру туралы қаулысын орындау жөніндегі жұмысы туралы» қаулысында кең жариялылық, совет адамдарының өскелең білімділігі мен хабардарлығы, әлеуметтік-саяси өмірдің серпінді өзгеруі жағдайында жұмыс істей білетін жаңа тұрпаттағы насихатшыны қалыптастыру» қажеттігі атап көрсетілген.

Бүгінде насихатшылардың аса тән бейнесі қандай? Бұл — озат жұмысшы, ауыл шаруашылығы маманы, инженер-техник қызметкер, кәсіпорын басшысы. Бұл — көбінесе сергек, ымырасыз адам. Солай бола тұрса да, көптеген насихатшылар бүгінгі насихат деңгейіне көтерілуге әзір емес. Бұған ең алдымен педагогикалық, психологиялық білімнің жетіспеуі оралғы жасайды. Анкеталық сұрақтар қойылған республиканың алты облысындағы үш мың насихатшының 72 проценті нақ осы білімнің жетіспейтіндігін атап өтті.

Насихатшының педагогикалық мәдениетін көтеру мақсатында партия комитеттеріндегі барлық мүмкіншілікті пайдалану керек. Бұл — ең алдымен «Партиялық оқу методикасы» курсы мен насихатшылық қызметтің педагогикалық-психологиялық аспектілері бойынша әралуан арнаулы курстар оқылатын партия комитеттерінің марксизм-ленинизм университеттерінде оларды даярлау және қайта даярлау.

Целиноград облыстық партия комитетінің марксизм-ленинизм университетінде оқудың мазмұнын, формалары мен әдістерін жаңартуға творчестволықпен қарады. Мұнда оқу программаларында барлық бөлімшелер үшін біртұтас базистік негіз бөлінген, практикалық оқуларға, насихат пен үгіттің белсенді формаларындағы жаттығуларға, пікірталастар жүргізуге, көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға, қоғамдық пікір қызметін ұйымдастыруға және оны үйрену мен қалыптастырудың қарапайым әдістеріне баса назар аударылған. Теориялық білім марксизм-ленинизм тарихы, теориясы және саясатының өзекті мәселелері жөніндегі курстарды қамтиды. Оқу материлдарын меңгеру мен оқушыларды аттестациялауға тікелей бақылау жасау жүйесі енгізілген.

Насихатшылардың **екі апталық курстары мен семинарлары** мектеп және семинар жетекшілерінің методикалық арсеналын жаңартудың маңызды формасы болып табылады. Мұнда оқу уақытының қыруар бөлігі насихатшылық қызметтің педагогикалық негізін оқып-үйренуге бөлінеді.

Көкшетау облыстық партия комитетінің саяси оқу үйі өз жұмысын міне, былай құрған. Оның қызметкерлері 80 сағаттық программа бойынша насихатшылардың психология-педагогикалық және методикалық жалпы оқуын ұйымдастыру жөнінен арнаулы оқу құралын әзірлеп, басып шығарды. Курс тыңдаушыларына «Насихатшылық жұмыстың психологиялық және педагогикалық негіздері», «Оқытудың белсенді формалары мен әдістері» тақырыптарына лекциялар, «Оқу тиімділігін көтеру факторы ретінде насихатшы мен аудиторияның өзара байланысы» тақырыбына консультация, «Насихатшының педагогикалық шеберлігі» атты сегіз сағаттық практикум ұсынылады, «Психологиялық-педагогикалық ситуацияны шешу» деген жаттығу ойындары, «Насихатшының пікірі дұрыс па?» типіндегі ситуацияны талқылау өткізіледі, 1988—1989 оқу жылы «Сабақ өткізудің белсенді әдістерін меңгеру — насихатшының саяси оқу жүйесін қайта құру жағдайындағы маңызды міндет» деген облыстық ғылыми-методикалық конференциямен аяқталды.

Әлбетте, насихатшының **жеке білімін көтеруі,** оның өзінің педагогикалық білімін байыту, оны практикада сәтті қолданудағы жүйелі және мақсатты түрдегі жұмыстары педагогикалық мәдениетті көтерудің басты шарты болып табылады. Өйткені жоғары педагогикалық мәдениет тума талант емес, табанды еңбектің, партияның идеялық жауынгерлерінің ұмтылысы мен ерік-жігерінің нәтижесі.

Digitized by Google

СПИД. Оның алдын алу сенімді ме?

Тіпті бертінде ғана ол дені сап-сау адам еді. Ал бүгін көрпесін түзеу үшін қолын көтеруге шамасы келмейді, жекелеген сөздерді әрең айтады, жастықтан басын көтере алмайды. Алпамсадай жігіт енді 30 килограмнан сәл көбірек тартады. СССР Медицина ғылымы академиясының Д. И. Ивановский атындағы вирусология институтының емделушісі осындай халде, ол бұдан бір жыл бұрын бейберекет байланыстар жасау салдарынан СПИД-пен сырқаттанған. Аурудың мөңдеу процесі өте жедел өтіп барады, өкінішке қарай, сауығудың ешқандай үміті жоқ.

Қазір СПИД туралы көп жазылуда, бір кезде тұтас елдер мен континенттерді жайпаған XX ғасырдың обасы деп атайды. Дегенмен осының бәрі біршама абстрактылы естіледі. Бізге, оларды қабылдайтын дәрігерлерге, трагедия көрінісі бүкіл қаталдығымен ашылады. Және мұның өзі бізді ұдайы алдын алу жұмысын, соның ішінде жаңа, адамдар әлі білмеген топалаңды тоқтату үшін насихат жұмысын жүргізуге, оның біздің еліміз бойынша таралуына жол бермеуге міндеттейді. Сонда да көп нәрсе, өте көп нәрсе әр адамға тәуелді, әр кісі сырқат туралы бәрін білуге тиіс.

СПИД дегеніміз не?

СПИД немесе адам жұқтырған иммунодефицит синдромын алғаш 1981 жылы американ дәрігерлері жазды. Сырқаттар — Нью-Йорк университетінің госпиталіне түскен жас гомесексуалистерде Капоши саркомасының өзгешелеу формасы болды. Саркоманың осы түрі XIX ғасырдың соңында-ақ мәлім болатын, бірақ тым сирек байқалды — он миллион адамға екі оқиғадан және әдетте жасы 60-тан асқан еркек адамдарда болды. Біршама кейініректе Нью-Йорк пен Лос-Анжелоста өкпесі қабынған гомесексуалистердің тағы бір тобы анықталды. Ол дені сау адамдар үшін непатогенді микроорганизмдерден туындады және сырқаттарда иммунды жүйенің бәсеңдігі байқалды.

Сырқаттың сипаты мен сырқаттар контингенті (гомесексуалға бейім жас еркектер) дәрігерлерді мынадай ойға келтірді: олар екі ауру емес, түрліше пайда болатын бір ауруды кездестіріп отыр. Осы сырқат адамның жұқтырған иммунодефицит синдромы — СПИД деп аталды.

Кейіннен қатерлі басқа топтар да анықталды: СПИД есірткіні күре тамырға енгізуші нашақорлар, жеңіл жүрістілер мен қанды көп құйдыратын сырқаттар арасында таралды. СПИД-ті зерттеудің бастапқы түйінінің өзінде-ақ сырқаттың жұқпалы сипаты туралы болжам жасалды. Сөйтіп 1983 жылы АҚШ пен Франция ғалымдары адамның иммунодефицит вирусы — вич деп аталған СПИД вирусын бөліп көрсетті. Организмде өрби отырып, осы вирус иммунды жүйенің клеткаларын — лимфоциттерді құртады, адам қайсыбір жұқпалы сырқат алдында дәрменсіз болып қалады.

Инкубациялық үлкен кезең, яғни оны жұқтыру мен сырқаттың клиникалық көріністерінің пайда болуы арасындағы аралық кезең осы вирусқа тән ерекшелік болып табылады.

Мұндай вирусы бар адамдар көптеген жылдар бойы оны жұқтырғаны туралы аңғармайды. Ең алдымен мынадай факті осы арқылы түсіндіріледі: сырқаттанудың алғашқы оқиғалары жазылып, дәрігерлер онымен күрес жүргізу жолдарын іздестіре бастағанға дейін-ақ вирус кеңінен таралып үлгерді.

Енді СПИД бүкіл дүние жүзін қамтыған жұқпалы ауру сипатына ие болды. 1989 жылғы 1 июньге дейін осы ауру 149 елде тіркелді және 157 мыңнан астам сырқат анықталды. Дегенмен, Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ВОЗ) ресми осы көрсеткіштері дәлме-дәлдіктегі деректердің, ең алдымен Африка бойынша деректердің жоқтығынан ол толық болып табылмайды. Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сырқаттанушылардың жалпы саны 350 мың, ал оны жұқтырған адамдар 10 миллионнан асады деп есептейді. СПИД әсіресе мына елдерде көп таралған: АҚШ-та —92 мың сырқат, Францияда —6,4 мың, Италияда —3,5 мың, ФРГ-де —3 мың, Бразилияда —5,7 мың, сырқат бар. Біздің еліміз азаматтары арасында 11 сырқат және оның вирусын жұқтырған 169 адам тіркелген.

СПИД-тің жұғу жолдары қандай?

Вирусы бар адамдар мен сырқаттар инфекция қайнарлары болып табылады. Демек сырқаттың таралуы тұрғысынан оның вирусы бар адамдар үлкен қауіп төндіреді: біріншіден, олар сырқаттарға қарағанда көп, ал екіншіден, олардың өздері мен төңірегіндегілер инфекцияның барлығы туралы күдіктенбейді және өз өмір салтына тиісті өзгерістер енгіз-

Digitized by Google

бейді. Қазіргі уақытта СПИД-тің таралу жолдары анықталған. Бұлар:

— Вирустары бар адамдар мен сау адамдар арасындағы сексуалдық қатынастар: вирус әйелден еркекке, сондай-ақ еркектен әйелге жұғады (бірқатар себептер бойынша бұл тұрғыдан гомесексуалдық байланыстар өте-мөте қауіпті);

— Қан арқылы жұқтыру (вирусы бар қанды немесе оның өнімдерін құю, стерилизацияланбаған құралдарды пайдалану);

— Вирусы бар әйелдердің екі қабат кезінде және балаға емшек беру кезінде сырқатты жұқтыруы.

Басқа аса қауіпті инфекцияларға (шешекке, топалаңға, обаға т. б.) қарағанда СПИД тұрмыстық араласу: **қол алысу, әңгімелесу, жалпы асхана приборларын, жуыну заттарын пайдалану барысында жұқпайды. Вирус үй малдары, қан сорушы жәндіктер арқылы жұқпайды.** Бүгінде вич жұқтырған адамдары бар жүздеген семья зерттелді. Демек вирусы бар адамдармен сексуалдық қатынаста болмаған осы семьялар мүшелерінің біреуінде де иммунодефицит вирусы анықталмады. **Мұны білу өте-мөте маңызды, өйткені сырқатқа теріс қарау оқиғалары баршылық: емханалар мен ауруханаларда оларға қызмет көрсетпейді, тіпті жақын туысқандары олардан қауіптенеді. Осы және басқа абайлаушылық орынсыз**

СПИД-тің таралу қаупі денсаулық сақтаудың мемлекеттік қызметі тарапынан кезек күттірмес шараларды талап етеді. Совет Одағында бүкіл донорлық қан вич инфекциясының болуы тұрғысынан міндетті түрде тексеруден өткізіледі. Алайда бір мезгілді қолданылатын шприцтердің, инелердің, ішкі тамыр катетерлерінің және басқа құралдардың қажетті мөлшерінің жоқтығынан медициналық процедуралар барысында ауырудың жұғу қаупі сақталып отыр. Мұндай сипаттағы соңғы қайғылы мысал — Элиста, Волгоград және Ростов ауруханаларында 112 баланың осы ауруды жұқтыруы, оларда қан тамырлары инъекциясы үшін стерилизацияланбаған шприцтер пайдаланылған. Медицина қызметкерлерінің аспаптарды стерилизациялаудың ережесін мұқият сақтауы, бір мезгілді қолданылатын жабдықтардың жеткілікті мөлшерде өндірілуі арқылы ғана аурухана инфекциясының қаупін толық жоюға болады.

Түсінік жұмысын жүргізе отырып, адамдардың жеңіл жүрістік қылығын өзгертуге баса көңіл бөлу қажет. **Кездейсоқ байланыс жасаудан бойын аулақ салу арқылы өзін СПИД-тен қорғай алатынын әр адам білуге тиісті.**

СПИД аса кеңінен таралған елдердегі медицина саясатының тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қоса тексеруге (соның ішінде атын айтпай тексеруге) арналған лабораториялардың кең жүйесін құруды, ауруханаларда санитарлық ереженің сақталуын қадағалауды қамтитын шаралар комплексін қабылдау жолымен эпидемияны шектеуге болады.

Бақытымызға қарай, СССР-дегі эпидемиологиялық ситуация шет елдердегідей қайғылы емес. Алайда бұл бізді ешуақытта бейқамдыққа ұрындырмауға тиіс. СПИД-ке қарсы күрестің ұлттық программасын дереу жасап, оны жүзеге асыруға бүкіл қоғамды тарту керек.

В. ЛУКАШОВ,
СССР Медицина ғылымы академиясы вирусология институтының аспиранты.
Москва қаласы.

Ұдайы сымбатты болу сыры

Сіздің қартайғыңыз келмейді ғой? Одан оңай нәрсе жоқ. Францияның «Мод этраво» журналы бұл жөнінде төмендегідей кеңес береді. Әрқез жас болып көрінгіңіз келсе мына-лардың жасаңыз:

Қажет	Қажет емес
1. Тамақты аз ішу.	1. Тамақты тым көп ішу.
2. Балықты жиірек жеу.	2. Алкогольді пайдалану.
3. Суды көбірек ішу.	3. Темекіні көп шегу.
4. Спортпен айналысу.	4. Үйде отыра беру.
5. Мүмкіндігінше көбірек жүру.	5. Телевизорды көп қарау.
6. Таза ауада көп болу.	6. Қамығу.
7. Жеткілікті ұйықтау.	7. Айналадағы адамдарға өкпелеу.
8. Көбірек күлу.	8. Олпы-солпы киіну.
9. Мүсінді сақтау.	9. Тым биік өкшелі аяқкиім кию.
10. 40 жаста бала туу.	10. Қалжыңды түсінбеу.
11. Саяхат жасау.	11. Жастарды еске беру.
12. Жас әрі көрікті әже болу.	12. Жаңадан үрейлену.
13. Өмірді сүйе білу.	13. Сезімді ішпей сақтау.

Digitized by Google

ЖІБЕК ЖОЛЫ ӨТКЕН ЖЕРМЕН

Қазақстан — Синьцзян: тікелей байланыстардың проблемалары мен перспективалары

Шекаралық шлагбаум көтерілді де, таможня үйіне өңсіз бір автобус келіп тоқтады, одан чемодандары, буған-түйген заттары, қызылды-жасылды жапон видеоаппаратурасы салынған қораптары бар адамдар түсе бастады...

Біздің жолымыз болды: Хоргос тексеріп-өткізу пунктіне жеке шақырулар бойынша Қытайда болып қайтқан Қазақстан тұрғындары кезекті тобының түсіп жатқан кезіне тап болдық.

— Мен туысымның үйінде болып қайттым,— деп ықыласпен жауап берді біздің сұрақтарымызға Киров атындағы колхоздың шопаны Ілияс Ақиев.— Екі ай қонақ болдым. Өте жылы шыраймен, қуанышпен қарсы алды. Енді олардың бізге келуін күтемін...

— Ал мен Үрімшідегі атама барып қайттым,— деп әңгімеге араласты алматылық шофер Дальшан Хашимов.— Ол 93 жаста.

— Көріспегендеріңізге көп болды ма?

— Алғаш рет кездестік.

Туысқандарының шақыруы бойынша жеке сапарлардың қағаздарын реттеу 1987 жылдан бері жеңілдетілді, деп түсіндірді бізге таможня бастығы В. Есликов. — Қазір шекарада тәулігіне жүз адамға дейін өтеді.

Уақыт өткен сайын картада жаңа белгілер пайда болуда. Алайда осы заманғы атластың өзі кейде адамзат ашқан ерте замандағы керуен жолдарын қайталайды. Ұлы Жібек жолының басым бөлігі Қазақстан территориясымен өткен.

Қазақ ССР-і мен оған көршілес Синьцзян-Ұйғыр автономиялы ауданы (СУАР) үшін осы өзгерістердің мәні аса зор: өйткені екі жақта да тілі, әдет-ғұрпы, мәдениеті ортақ адамдар — қазақтар, ұйғырлар тұрады ғой. Олардың көп ғасырлар бойы қалыптасқан өзара тиімді шаруашылық байланыстары бар. Әрине, М. С. Горбачевтің жуырда Қытай Халық Республикасына барған сапарын, совет-қытай қатынасының қалпына келе бастауын мұндағылардың жаппай ынта-жігермен қабыл алғаны табиғи нәрсе. Оның үстіне республиканың бірқатар мекемелерінде, кәсіпорындарында болғанда мынадай қорытындыға келесің: көп адамдар үшін қарым-қатынастардың қалпына келіп, жақсара түсуі күтпеген нәрсе емес еді, олар мұны болжап білді, соған алдын ала даярланды.

...Республикалық «Казахинторг» сыртқы сауда бірлестігі өткен жылғы майда құрылған еді. Синьцзян-Ұйғыр автономиялы ауданы экспорт-импорт компаниясының оның алғашқы серіктестерінің бірі болғаны көрнекті оқиға.

Өзара тиімді өндірістік кооперация мысалдары қазірдің өзінде көп-ақ. Мәселен, Қостанай мәуіті-шұға комбинаты қытайлық Шихэцзы қаласының біртектес кәсіпорнымен ынтымақтастық жасаудың арқасында өзінің шығаратын өнімдерінің түр-түрін көбейтуді қарастыруда, «Фосфор» бірлестігі қытайлықтардың көмегімен бізден аса тапшы товар — сыр өндіру жөнінен завод салу туралы протоколға қол қойды. Атақты колхоз жетекшісі Н. Головацкий қой терісін бірлесіп ұқсату туралы қытайлық серіктестерімен келісті: демек, біздің ішкі рыногымыз мыңдаған тонға ие болады. Ол басқаратын «40 лет Октября» агрофирмасының егін алқабынан Хоргосқа дейін қол созым жер, демек тәжірибелі шаруашылық иесі географиялық жағдайды қазірдің өзінде белсене пайдалануда.

Ал қытай термостарының сапасын кім білмейді — бұл товар сөрелерде жатып қалмайды. Импорт товарлар мөлшері талап-тілегімізді қанағаттандырмайтыны мәлім, бірақ таяуда Алматының пластмасса өңдейтін «Қызыл ту» өндірістік бірлестігі негізінде бірлесіп термостар шығару жолға қойылады.

Шекараға шектес сауда-экономикалық ынтымақтастықтың маңызды «артықшылықтарының» бірі: ол мемлекеттік заказдан тыс өнімдер өндіруді арттырудың, қауырт жоспарды қабылдаудың қосымша стимулдарын туғызды. Мәселен, Маңғышлақтың әкімшілік орталығы — Шевченко қаласына жуырда қытай товарлары көптеп түсе бастады — бұл шекараға шектес сауданың нәтижесі.

Шевченко қаласы таяу уақытқа дейін қатаң тәртіпте болып келген кәсіпорын — Каспий өңірі кен-металлургия комбинатының базасында пайда болған. Алайда көп мың адамдық коллективтің едәуір бөлігі жыл өткен сайын азаматтарға арналған өнімдер шығаруға ауыса бастаған еді. Атап айтқанда, комбинат минералдық тыңайтқыш беретін ірі

Digitized by Google

кәсіпорындардың біріне айналды. Өмірдің өзі мәжбүр еткеніндей, бертінде жаңа бөлім — маркетинг бөлімі ашылды. Оның жетекшісі А. Рябцовский былай деп әңгімеледі:

— Еліміздегі бізге бекітілген тұтынушылардың бәрін біз тыңайтқыштармен толығынан қамтамасыз ететінімізді ең алдымен айта кетейін. Қытаймен екі ортадағы саудаға мемлекеттік заказдан тыс өндірілген өнімдер жіберіледі. Ішкі рыноктағы сияқты сыртқы рынокта да біз шүбәсіз нағыз серіктестер болғымыз келеді. Демек іс біршама жақсы жүре бастаған сияқты. Өткен жылы Синьцзян-Ұйғыр автономиялы ауданына 19 мың тонна тыңайтқыш саттық, балама сомаға сапалы өндірістік және азық-түліктік товарлар сатып алдық. Шекараға шектес ауданның көмегімен өзіміздің басқа да бірқатар проблемаларымызды шешкіміз келеді. Мәселен, ұқсатушы салаларға арналған жабдықтар алғымыз келеді. Атап айтқанда, комбинат Гурьев облысының совхоздарымен бірлесіп қой терісін өңдеу, тері бұйымдарынан киім тігу жөнінен кәсіпорындар жүйесін құруды көздеп отыр. Тіс тазалайтын пасталар, кір жуатын ұнтақтар өндіруді кең көлемді өрістетудің нақты мүмкіндігі бар. Алайда, СССР Министрлер Советі шешімдерінің бірі біздің энтузиазмымызды басып тастады.

Оның себебі неде? Саудаға лицензияны енді осы өнімге жауап беретін Москвадағы министрлік беруге тиіс екен. Ал ведомствоға былайша қарағанда, мұндай бәсекелес керек емес екен. «Казахинторгта» бізге Союзагрохимэкспортпен ұзақ уақыттан бері жазысып тұрған хаттарды көрсетті: баға жөнінде информация беру, коньюнктурадан хабардар болу жөніндегі өтінішімізге орталық ведомство жауап бермеді.

Иә, ұлы көршімен сауда-экономикалық ынтымақтастықты реттеу жөніндегі жұмыста инициативалы шаруашылық қызметкерлері қиындықтарды көптеп кездестіруде. Мұны тағы бір мысалмен дәлелдей кетейік.

Демек ең алдымен «Совтрансавто» басшыларына баға берейік: олар Синьцзян-Ұйғыр автономиялы ауданындағы товар айналымының өсуін дер кезінде болжап білді: 1983 жылдың өзінде-ақ Қазақстанның, советтік Орта Азия республикаларының Синьцзян-Ұйғыр автономиялы ауданымен сыртқы сауда байланысына қызмет көрсету үшін Талдықорғанда мамандандырылған кәсіпорын құрды. Ыңғайлы машиналарды, жоғары білікті шоферлер штатын іріктеп таңдап алды. Алайда үй салу шамадан тыс ұзаққа созылып кетті. Бастысы — кәсіпорын өзінің толық жүктеліміне қарамастан банкротқа ұшырады. Не себепті? Жалпы мөлшер көрсеткіші бойынша бағалаудан. Бізде тасымалдаудың тиімділігі тонна-километрмен өлшенеді, сондықтан да Қытайдан, айталық, шай, тігін бұйымдарын немесе сол термостардың өзін тасу зиян шектіреді: жүк бағалы болғанымен, салмағы жеңіл. Демек шығынның орнын толтыру үшін осы тамаша транспорт кәсіпорнын «тиімді»— ауыр жүктер таситын басқа кәсіпорынмен біріктіруге тура келді.

Тағы бір маңызды проблема — бұл кадрлар мәселесі.

— Сол «Казахинторгтың» өзінің дүние жүзілік рынокты және біздің экономикамызды жақсы білетін білікті мамандары болса көп нәрсе жасай алар еді,— деп ой толғайды Қазақ ССР Сыртқы істер министрі М. Есеналиев. Министрлік әуел бастан-ақ Синьцзян-Ұйғыр автономиялы ауданымен екі арадағы өзара сенімсіздік кедергілерін жеңудің, онымен байланысты біртебірте реттеудің барынша тиімді құралы болды.

Шынын айту керек, Сыртқы істер министрлігі Қазақстанға ұзақ жылдар бойы негізінен «көрнекті абырой» үшін ғана қажет болды. Қазірде оның ««шағын» мойнына барынша маңызды жүк түсіп тұр. Демек, министрлікті күшейту керек деген ой келеді. Әзірше екі-үш қытай маманын (Есенәлиевтің өз сөзімен айтқанда) жан-жаққа тартқылауда.

1987 жылғы октябрьде Синьцзян-Ұйғыр автономиялы ауданына барған Қазақстан мен Орта Азия республикалары достық қоғамының біріккен делегациясын дәл сол Есенәлиевтің басқаруына тура келген-ді. Ол жуықта Синьцзян-Ұйғыр автономиялы ауданы халық өкіметі сыртқы істер басқармасының бастығы Жумахунды қабылдады. Келіссөз барысында шекаралас экономикалық ынтымақтастыққа бірінші дәрежелі көңіл бөлінді.

— Өткен жылы ол 60 миллион швейцарлық франк мөлшерінде болды, — дейді әңгімелесуші. — Бір жыл бұрынғыдан бұл бірнеше есе көп, алайда екі жақ та біздің потенциямыз әжептәуір жоғары деген бір пікірде. Олардың одан әрі дамуына ықпал жасауға өзара міндеттенді...

Оның болжамдары қандай? Қазақстан мен Синьцзян-Ұйғыр автономиялы ауданы арасындағы айырбас сауданың көлемі үстіміздегі жылы 100 миллион франктен асады, ал 1995 жылға қарай, күтіліп

Digitized by Google

отырғанындай, 300—350 миллион швейцар франкіне жетеді.

...Осыдан бір жылдан астам бұрын осы мақала авторларының бірі Пекинде болған халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жиналысына қатысқан еді. Сонда бірқатар делегаттардың елдің ішкі аудандарын сыртқы-экономикалық байланысқа бұрынғыдан кеңінен тарту қажеттігіне ұмтылғандықтары ерекше көзге түскен болатын.

— Теңіз маңындағы аудандарды дамыту мен оны сыртқы дүние үшін ашу саясаты дұрыс саясат болып табылады,— деді Синьцзян-Ұйғыр автономиялы ауданынан депутат Хуан Боочжан сессияда.— Алайда Батыс және Оңтүстік-Батыс аудандарды дамытуға да көңіл бөлу қажет. Шығыс, Солтүстік, Оңтүстік «қақпаларды» аштық, енді батыс қақпаны да ашу қажет...

Осы сияқты міндеттер қазір Қазақстанның ортаазиялық республикаларымыздың алдында да тұр, деп ойлаймыз. Демек олар үшін сыртқы-экономикалық байланыстарға кеңінен белсене араласу — әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдетудің, адамдар тұрмысын жақсартудың маңызды резервтерінің бірі.

Г. ДИЛЬДАЕВ,
А. КРУШИНСКИЙ,
«Правданың» меншікті тілшілері.
Алматы қаласы.

РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ

Космонавтиканың жезқазғандық музейі

Жезқазған онша үлкен қала емес, дегенмен ол «мысты қала» және «космостық гавань» ретінде тек біздің елімізде ғана емес, сондай-ақ одан тысқары жерлерде де танымал. Советтік космонавтармен қатар шетелдік 9 космонавт қаланың құрметті азаматтары болып табылады.

Қ. И. Сәтпаев атындағы «Джезказганцветмет» ғылыми-өндірістік бірлестігі тарихи-өндірістік музейінің филиалы — Жезқазғанның космонавтика музейі. Оның экспозициялары «ИЛ —18» самолетінің салонына қойылған.

Жезқазғандық инженер, академик С. Королев пен космонавт Ю. Гагарин медальдарының иегері Сүтемген Тақабайұлы Бүкіров музейдің негізін қалаушылардың бірі болды. Ол материалдарды жинауға белсене қатысты, музей жанынан үйірмелер ұйымдастыруға көмектесті.

Музейдің құрылу тарихы былай болған еді: адамның космосқа тұңғыш ұшуының 20 жылдығы қарсаңында —1981 жылы жезқазғандықтардың өтінішімен және космонавтика ардагері Алексей Архипович Леоновтың белсенді көмегінің арқасында ұшу мерзімі өткен қанатты лайнер Жезқазғанға жеткізілді.

Музей экспонаттары арасында «Восток» және «Союз» космос корабльдерінің макеттері, «космостық» ас түрлерінің қызықты үлгілері, космонавтардың жеке бақылау жасау датчиктері, космосқа ұшқан Жер өкілдерінің қолтаңбалары жазылған кітаптар мен суреттері бар. Музейде Монғолияның Эрденет кеніші рудасынан ескерткішті мыс құймасы да бар. Оны совет және монғол металлургтері бірлескен совет-моңғол экипажының құрметіне арнап Жезқазған мыс заводында қорытқан еді.

Совет космонавтикасы жетістіктерін насихаттағаны үшін, сондай-ақ үлкен тәрбиелік жұмыс жүргізгені үшін музей СССР Космонавтика федерациясының Дипломымен екі мәрте наградталды.

А. БЕЛАШ.

БІЗДІҢ АДРЕС:
480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39
Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84
63-27-74,
63-27-56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: С. А. ДӘРМЕНБАЕВ, М. А. МӘМБЕТОВ, А. МӘУТЕНБАЕВ, Ж. Ж. НАУРЫЗБАЕВ, Б. Ө. САПАРҒАЛИЕВ, Т. В. ЩИПАНОВА.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.

Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ.

Сдано в набор 30.08.89 г. Подписано к печати 14.09.89 г. УГ06450 Формат 70x108 1/16. Бумага офсетная № 2.Печать офсетная. Усл. печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8. Тираж 53406 экз. (каз. изд. 27506 экз., рус. изд. 25900 экз.) Заказ 127. Цена 15 коп.

ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google



● Жезқазғанның космонавтика музейі біржола тұғырға қойылған осы самолетте орналасқан.


● Оқушылар космонавтика музейінде экскурсияда.

● Музей қызметкері Марина Николаевна Бексұлтанова экскурсия өткізуде.

● Музейдің негізін қалаушылардың бірі С. Бүкіров.

Суреттерді түсірген С. ОТЫЗБАЕВ.







Digitized by Google

Бағасы 15 тиын. Индекс 75328



БЕЙБІТШІЛІК ҮШІН ДАУЫС БЕРЕМІЗ!

«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ



1989

20

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ



ПАВЛОДАР. Армиядағы қызметін аяқтап (барлау ротасының мотоатқышы Ауғанстандағы жауынгерлік ұрыстарға қатысқан) Сергей Яценко оқуын Павлодар музыка училищесінде жалғастырып диплом алды, дегенмен ол басқа, аса қауіпті кәсіпті таңдап алды. Ол — ведомстводан тыс күзет бөлімшесінің командирі. Орталық пульттен дабыл берілісімен-ақ Сергей Яценко мен оның жолдастары күзетілетін объектіге санаулы минуттар ішінде жетіп үлгеріп, тонаушыны ұстауға әзір тұрады. Сергей мінсіз қызметі үшін «Советтік милицияның үздігі» белгісімен наградталды. Ал ол музыкамен бос уақытында айналысады — Павлодар облысы ішкі істер басқармасының вокальды-аспапты ансамбліне қатысушы.

СУРЕТТЕ: кіші сержант Сергей Борисович Яценко.

Суретті түсірген Н. КУЗНЕЦОВ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕРІ

20 • 1989
ОКТЯБРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

НОМЕРДЕ:

● **БІЗ — ҚАЙТА ҚҰРУҒА, ҚАЙТА ҚҰРУ — БІЗГЕ**

Л. ДОРОНИНА. Еңбегіңмен қолдау жаса 2

● **САЯСАТ. ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІР**

Э. БАСАРОВ. Батыл қимылдап, жұртшылыққа сүйенейік 4

● **АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ**

Н. ДУДКИН. Жер қожайынына қайтарылуда 8
В. КАРМАЗИН. Біздің нанымыз 12

● **ДОСТЫҚ МАРШРУТТАРЫМЕН**

Ю. МЕЛЕНТЬЕВ. Жалғыз түсті шұғыла болмайды 14

● **ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫ: ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР**

В. ОЖЕРЕЛЬЕВ. «Мыслитель» — философтар клубы 16
В. КОСТРОВ. Баиқаулар әдісімен және қателіктер арқылы 17

● **МЕТОДИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ**

Ж. НАУРЫЗБАЕВ. Насихатшының педагогикалық мәдениеті туралы екінші әңгіме 20

● **ТАБИҒАТ ЖӘНЕ БІЗ**

С. ЖҮНІСОВ, Т. ТІЛЕУОВ. Қаладағы автомобиль 23

● **ОБЛЫСТЫҚ ПАРТИЯ КОМИТЕТТЕРІНДЕ**

Партия қатарында қалдырылды 26

● **СҰРАҚҚА — ЖАУАП**

В. ОВЧИННИКОВА. Семья қызметінің көмегі 30
Г. РЕБРОВ. «Шығымды шай керек пе! — Алыңыз» 31

● **РЕСПУБЛИКА МУЗЕИЛЕРІНДЕ**

М. САТЫБАЛДИЕВА. «Жәркент мешіті» архитектуралық-көркем музейі 32

1931 жылғы ноябрьден шығып келеді.
ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАСПАСЫ
© «Қазақстан үгітшісі», 1989 ж., № 20

Digitized by Google

ЕҢБЕГІҢМЕН ҚОЛДАУ ЖАСА

Лидия ДОРОНИНА,
Шымкенттің май-өсімдік майы комбинатының жұмысшысы, цехтық партия ұйымының секретары, Қазақстан Компартиясы облыстық комитеті мүшелігіне кандидат



Бертінде халық депутаттарымен кездесуде болдым. Онда мүдделі, қызу әңгіме қозғалды. Сонда мына нәрсе көзге шалынды: сөз сөйлеушілердің көпшілігі аманаттардың бәрінің дереу орындалуын талап етті. Мәселен, он бес көшені бірден асфальттау керек. Жиналысты басқарушы аманаттардың бұдан небары бірнеше ай бұрын берілгенін, осы уақыт ішінде жұмыстың осынша ауқымын орындап шығу мүмкін еместігін, депутаттармен бірлесіп жұмыс жасау, оларға көмектесу керектігін айтуға әрекет еткен кезде: біз сіздерді сайладық, енді жұмыс істеңіздер! — деген дауыстар естілді.

Әрине, мұндай шыдамсыздық маған түсінікті. Әркімнің-ақ кемшіліктерді мүмкіндігінше жедел жойып, қалыпты өмірді ретке келтіргісі келеді ғой. Қайта құру да осы үшін жүргізілуде. Рас, сайлаушылардың дауыстарын көбірек алу үшін депутаттыққа кандидаттар уәде беруден таршылық жасаған жоқ, ал енді оларды орындау керек қой. Сонда да, кездесудің көрсеткеніндей, кейбір адамдар масылдық ниетте екен. Кейбір адамдарға біздің мемлекетімізде түрлі қазыналар үйіліп жатқан үлкен қоймалар бар, бастықтарға сәл ғана қысым жасасаң, шу көтеріп, «ереуіл жасаймыз» десең, Алладиннің сыйқырлы шамындағыдай бәрін бірден алатындай болып көрінеді.

Коллективте түсінік жұмысын жүргізе отырып, партия ұйымымыздың активистері осының бәрі туралы ашық айтып, әр адамның өз жұмыс орнында адал, инициативалы жұмыс істеуі қажеттігін, сонда біздің істеріміз ілгері басатындығын дәлелдеді. М. С. Горбачевтің Орталық телевизия арқылы бертінде сөйлеген сөзі де мұның қажет екеніне иландырады: «Қоғамда қайта құру ең алдымен еңбекпен — творчестволық, қауырт, жоғары өнімді еңбекпен, күш-жігер мен білімнің түгелдей жұмсалуымен байланысты екенін түсінудің күшейіп келе жатқанын өте маңызды деп санаймын, — деді Михаил Сергеевич. — Маңызды дейтін себебім, соңғы уақытқа дейін бізде еңбек туралы әлдеқайда аз айтылып, игіліктерді қайта бөлу туралы көп айтылып келеді. Қайта құру тек дүниеде жоқ әлдебір қиялдағы байлықтарды қайта бөлуге келіп саяды деп ойлауға болатындай». Біздің коллективімізде де осындай түсінушілік нығайып келеді. Ол республика халқы мен өнеркәсібін мақта және соя майымен қамтамасыз етіп, жыл сайын оны 44 мың тоннадан астам беруде жетекші роль атқаруда. Оның үстіне біз 27 мың тоннаға дейін кір сабын, сондай-ақ 160 мың тонна жемдік шрот береміз. Біз шаруашылық есептің екінші моделі бойынша жұмыс жасаймыз, жабдықтардың көпшілігі баяғыдан ескіргеніне, шикізатқа байланысты қиыншылықтардың туындауына қарамастан жоспарлы тапсырманы асыра орындаудамыз. Жоспардан тыс 630 мың тонна өсімдік майын өндіруді 500 тоннаға көбейттік. Рас, бізде шикізаттың жетіспеушілігінен соя майы жөніндегі жоспар орындалмай қалды. Шаруашылық есепке ауысуға орай шаруашылықты жақсы жүргізе бастадық. Демек, шикізаттан майдың алынуын нормативке қарағанда 1 процент арттырдық, сөйтіп 200 мың сомның материалдық ресурстарын үнемдедік.

Комбинаттың техникалық үзбесі басталатын біздің дайындама цехымыз осы нәтижелерге қыруар үлес қосты: іс шикізатты қалай дайындайтынымызға тәуелді. Біздің көп ұлтты коллективімізде көптеген адамдар адал еңбек етеді. Бұлар, мәселен, Луиза Галиуллина, Таисия Гончарова, Жанна Тұрсынова, Жәмила Дәденова, Есет Төреқұлов, Гуля Шалқарова, Рустам Акрамов, Қадыр Ысқақов, Жаппар Юнусов және басқа көптеген адамдар.

Дегенмен цехта да, сон-

Digitized by Google

дай-ақ комбинатта да жалпы игілік туралы қайсыбір басқа адам қамқорлық жасауға тиіс деп есептейтін масылдық ниеттегі кісілер баршылық. Өнімді қымқыру үлкен нұқсан келтіреді. Бертінде партия комитеті бұл тұрғыдан анкеталық сұрау жүргізді. Оған қатысушылардың әрқайсысы өнімді қымқыруды көргендерін айтты. Бірақ осы үлкен кеселге қарсы ашық сөйлегендер аз-ақ. 60 процентten астамы қымқырушыларға коллективтің елеулі ықпал жасай алатынына сенбейтіндіктерін мәлімдеді.

Бізбен бірге ведомстводан тыс күзет қызметкерлері осындай жағдай үшін аса жауапты. Облыстық партия комитетінің соңғы пленумында осы жайлы ашық айтуыма тура келді. Ұрлық жасау тұрғысынан күзетте жең ұшынан жалғасу қалыптасқан, немесе бұған ықпал еткен қызметкерлер жеңіл-желпі шарамен құтылып кетеді. 30 жастан 40 жасқа дейінгі дені сап-сау жігіттер, соның ішінде жоғары оқу орындарының дипломдары бар жігіттер 90 сомдық жалақымен жұмыс жасайды.

Облыстық ішкі істер басқармасының басшылығы менің сөзіме жедел үн қатты, алайда бұл формальді тұрғыдан жасалып отырған жоқ па деп қауіптенемін.

Дегенмен, күзетті сынай беру жетімсіз, өз коллективімізде тәрбие жұмысын жүргізуіміз керек. Оның үстіне шаруашылық есеп бұл үшін жақсы негіз жасап отыр ғой. Жалақының орташа мөлшері 50 сомға көбейді, он үшінші жалақы екі есе көп мөлшерде беріледі. Адамдардың енді өмір дәрежесі комбинат қызметінің түпкі нәтижелеріне көбірек тәуелді екенін ұғынушылық өсіп келеді.

Енді коммунистер инициативасы бойынша өнімнің сақталуын, еңбек тәртібін бұлжытпай орындауды тексеру жөніндегі рейдтер жүйелі өткізіледі. Анықталған фактілер суретті витриналарда, жұмысшы жиналыстарында жария етіледі. Сонымен бірге адал еңбек ететіндерге көп көңіл бөлеміз. Заводта жабдықталған «Жариялылық қалқаны» цехтар жұмысы, экономикалық реформаның барысы туралы информацияны ұдайы береді. Осының бәрі, әлбетте, жұмысшылар мен қызметшілердің сана-сезіміне ықпал етуде.

Партия ұйымының нақты бастамалары да оңды ықпал етуде. Ұзақ жылдар бойы біздің цехымызда, мәселен, еңбек пен тұрмыс жағдайын жақсарту туралы әңгімелер нәтижесіз болды. Жұмысшылардың тіпті түскі ас ішетін жері де жоқ. Сайып келгенде, биыл сөзден іске ауыстық, өз күшімізбен екі тұрмыстық бөлмені жабдықтадық. Енді адамдар тағы нені қолға алу керектігін айтып, өз қызметтерін ұсынуда.

Комбинатта азық-түлік магазині жабдықталуда, оны ашу туралы қалалық сауда бөлімімен бірнеше жыл бойы хат жазысып келген едік. Ең күрделі проблема — тұрғын үй мәселесіне де кірісе бастадық. Меншікті құрылыс үшін блок өндіру жөнінен кооператив ұйымдастырдық. «Чимкентспецсельстрой» тресінің құрылысшылары үш жыл бойы аяқтамай отырған, біздің жұмысшыларымыз үшін салынып жатқан 126 пәтерлік үйді әрлеуді қолға алдық. Бір сөзбен айтқанда, қол қусырып отырғанымыз жоқ, аз болса да адамдарға керекті міндетті шешуге ұмтылудамыз.

Соңғы аталған факті — құрылысшылардың нашар жұмысы туралы әңгіме тәртіпті нығайту қажеттігі, әр коллективтің, әр адамның өз міндетін басқаға жүктей салмай, өз ісін адал жасауы туралы тағы да баяндайды ғой деп ойлаймын. Осындай жағдайда ғана біз ілгері баса аламыз.



АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ. Каменский асыл тұқымды мал заводы егіншілер бригадасының бригадирі азербайжан Мамед Резаевич Гасанов Қазақстан жерінде қырық жылдан бері тұрып, еңбек етіп келеді. Бригадада оның бүкіл семьясы бар. Кіші ұлы Құрбан армияда қызмет етіп келіп, Қазақтың ауыл шаруашылығы институтының механика факультетін бітіргеннен кейін әкесінің бригадасына — қазіргі арендалық бригадаға оралды. Механик қызметіндегі инженер, бүкіл техника, механизмдер және теплица шаруашылығының жабдықтары оған бекітілген. Ал мұндай жастар бригадада көп. Аренданың ертеңгі күні солардың қолында.

Digitized by Google

БАТЫЛ ҚИМЫЛДАП, ЖҰРТШЫЛЫҚҚА СҮЙЕНЕЙІК

Советтік милиция қызметкерлері биыл өздерінің кәсіптік мерекесін күрделі, тым қауырт жағдайда атап өтуде. Статистика қылмыстың өсе түсуі туралы сипаттайтын цифрларды келтіреді. СССР Жоғарғы Советі осындай жағдайда Заң негізінде милицияға, право қорғау органдарының бәріне қылмыспен күресте мейлінше кең мүмкіншіліктер беру, оларды материалдық-техникалық жабдықтауды жақсарту, ішкі істер әскерлерінің адам құрамын көбейту, қызметкерлердің материалдық жағдайын арттыру қажет деп тапты. КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советінің Председателі М. С. Горбачев сентябрьде Орталық телевизия арқылы сөйлеген сөзінде осы шаралар туралы айта келіп, «қоғамдық тәртіп, социалистік заңдылық күзетінде тұрғандардың бәріне де жоғары талаптар» қойылуға тиіс деді.

Қазақстандық милиция осы талаптарға қалай жауап беруде? Журналдың штаттан тыс тілшілері А. Черепанов пен А. Штульберг Қазақ ССР Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары, милиция генерал-мойоры **Э. Ө. БАСАРОВПЕН** осы жайлы әңгімелесті.

— Эрнст Өмірзақұлы, кеселді емдемес бұрын оның себептерін мұқият зерттеу керек қой. Журнал оқырмандары қылмыстың неліктен көбейіп кеткенін сұрайды — үстіміздегі жылдың сегіз айы ішінде республикада ол 32,6 процент өсті және 82 мыңнан астам қылмыс жасалды.

— Партия мен үкімет документтерінде осы сұрақтарға жауап берілген. Ішінара алғанда, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. Ә. Назарбаевтың Қазақ ССР Жоғарғы Советінің бертіндегі сессиясындағы баяндамасында осы жайлы толық баяндалды. Қылмыстың, әсіресе, пасықтықпен, зорлық-зомбылықпен жасалатын қылмыстардың көбеюі көп жағдайда қоғамда болып жатқан өзгерістердің іркілістерімен, тоқырау жылдары қордаланып қалған көптеген проблемалардың күрт жалаңаштануымен байланысты. Экономиканың дағдарысты жайы, тұрмыс деңгейінің төмен болуы, бағаның өсуі, тұрғын үйлер мен тұтыну товарларының тапшылығы, халықтың дүние-мүлік жөнінен саралануының үдей түсуі сияқты құбылыстар тым жайсыз әсер етуде. Адамдардың бір бөлігінде, ең алдымен жастар ортасында адамгершілік өлшемдер төмендеп кетті.

Демек, мұның өзі айқындаушы болғанымен себептердің бір бөлігі ғана. Право қорғау органдарының, милицияның қызметіне өте көп нәрсе тәуелді. Және біздің жұмысты әлсіз жүргізуіміз, право бұзушылықтың ашылуының төмендігі қылмыстың көбейіп кетуінің басты себептерінің бірі екенін барынша ашық мойындауымыз керек. Ол алғашқы жарты жылдықта небәрі 66 процент құрады — демек право тәртібін бұзушы әрбір үшінші адам бостандықта қалады және өзінің қара ниетті ісін жалғастыру үшін мүмкіндігі бар деген сөз. Қазір осы аса өткір мәселелердің бірі және право қорғау органдары жұмысын бағалау ашылған қылмыстар санына тікелей тәуелді етіп қойылған.

— Демек бұл үшін не жасалуда?

— Көп нәрсе атқарылуда. Алайда алдымен партия және совет органдары милиция кадрларын нығайту жөнінен көрсетіп жатқан үлкен көмек туралы айту керек. Милиция кадрлары нығайтылуда, ол транспортпен, техникалық құралдармен жарақтануда. Оның үстіне милиция қызметкерлерінің жеке пайдалануына сату үшін 300 жеңіл автомобиль бөлінді, олар осы машиналарды қызмет бабында пайдаланып, бұл үшін үстеме алып отыратын болады. Қазір қалаларда милицияға ықпал жасайтын жұмысшы отрядтары құрылуда. Бұл — милиция коллективтері құрамында қимыл жасауға міндетті жаңа қоғамдық құрамалар.

Әлбетте, негізгі жүктелім право қорғау органдары қызметкерлерінің мойнына түседі. Қазақстан милициясы қызметкерлері есебінде дер кезінде ашылған қауіпті әрі бүркемеленген қылмыстар, соның ішінде кісі өлтіру, тонаушылық, ұрлық көп. Сонда да, жоғарыда айтылғанындай, жайсыз жағдай қалыпта-

10 ноябрь — Совет милициясы күніне.

Digitized by Google

сты және бізден жұмыс стилімізді мықтап қайта құру, 1987—1988 жылдардағы біршама тыныш криминалистік жағдайда туындаған өзіндік самарқаулықты үзілді-кесілді жою талап етіледі.

Біз әзірше қылмыс құрылымының өзгеруіне онша үн қата бермейміз, ол барған сайын ұйымдасқан сипат алуда. Үстіміздегі жылы ондай топтарда әрбір оныншы дерлік қылмыс жасалды. Бұл өте қауіпті нышан. «Ұйымдасқан қылмыстық топтар» деген анықтаманың өзі ғана көп жайды әңгімелейді. Бұл — қылмыс жасауды мұқият талдап, әзірлену, осы заманғы техникалық құралдарды, транспортты, қаруды пайдалану. Бұл — қатігездік, барып тұрған жауыздық. Бір сөзбен айтқанда, оның қоғамдық қауіпі арта түсті.

Қарақшылық ниетпен, тонаушылықпен пәтерлерге ену арқылы ұрлық жасау, мемлекеттік және меншікті мүлікті ірі мөлшерде ұрлау, қаруды иелену ниетімен милиция қызметкерлерін өлтіру, мемлекеттік объектілерге, азаматтарға тонаушылық ниетпен қол салу көбейіп кетті. Рэкет қыруар таралды. Республикада әр 15 минут сайын азаматтардың жеке мүлкі, әр 40 минутта мемлекеттік мүлік ұрланады, әрбір бір жарым сағатта денеге ауыр жарақат салынады, әрбір 5—6 сағатта кісі өлтіріледі немесе зорланады.

Милиция қызметкерлері осындай жағдайда қатерге қарамастан тегеурінді қимылдауға тиіс. Оперативтілік, дереу қимыл жасау маңызды кезеңге айналуда. Демек, небары 10 минутке кешігу қылмыстың, әсіресе пәтер тонаушылықтың ойдағыдай ашылу мүмкіндігін екі есе кемітеді.

Осы факторлардың бәрі ішкі істер органдарының жұмысын қайта құру процесінде ескерілуде. Қазір бізде жаңа бөлімшелер құрылды, бұл, ең алдымен, алдын алу қызметі, ол милицияның учаскелік инспекторлары мен кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлар. Олар право бұзушылыққа және қылмыс жасауға бейім адамдармен, қиын балалармен, жайсыз семьялармен тікелей айналысуға міндетті. Ұйымдасқан қылмыс жасаумен күрес жөніндегі қызмет іске белсенді түрде кірісті. Қалалық және аудандық ішкі істер бөлімдері, яғни біздің негізгі жұмыс буынымыз офицер кадрларымен, кіші командирлер құрамымен нығайтылуда. Мұнда бізге партия және совет органдары, қылмыспен күрес жөніндегі уақытша комитеттер үлкен көмек беруде. Жоғары класты профессионалдар ғана ұйымдасқан, профессионал қылмыспен күресе алатынын, дәлірек айтқанда,ымырасыз күрес жүргізетінін есте ұстап, республиканың Ішкі істер министрлігі адамдар құрамын кәсіптік жағынан даярлауды ұдайы жетілдіріп келеді. Тергеу аппараттарының, қылмыстыларды іздеу бөлімінің, социалистік меншікті талан-таражға салуға қарсы күрес бөлімінің, милицияның кезекші бөлімдерінің, учаскелік инспекторлардың жұмысын барлық күш арқылы тиісті деңгейге көтеруге ұмтылудамыз. Бұл үшін алғышарттардың бәрі баршылық.

— Тағы бір «осал» проблеманы қозғағымыз келеді. Әңгіме алыпсатарлық туралы болып отыр ғой.

— Сіздер осы проблеманы «осал» деп дұрыс атадыңыздар, ал осы кесел шиеленісіп барады. Түрлі бейнедегі сұғанақтар, алыпсатарлар халық шаруашылығының түрлі жүйесіне қол суғуға ұмтылуда. Көптеген фактілер бойынша мыңдаған іс қозғалды. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы үстіміздегі жылдың басында қабылдаған Указ рыноктық және көшедегі алыпсатарлықпен, заңсыз сауда жасаумен, тауарларды жасырып қоюшылықпен және советтік сауда ережесін басқадай бұзушылықпен күресті қыруар күшейтуге көмектесті. Алайда алыпсатарлар өз позициясынан ығысар емес. Милицияға көмектесу отрядтары мен сауда кәсіпорындарының қызметін бақылау жөніндегі жұмысшылар топтары социалистік меншікті талан-таражға салуға қарсы күрес бөлімі қызметкерлеріне біраз көмек беруде. Олардың көмегі арқылы көптеген қылмыстар ашылды. Гурьев облыстық тұтыну қоғамдары одағы сауда базасының қоймаларын тексеру барысында, мәселен, 146 мың сомның көптеп сұралатын заттары негізсіз жиналып қалғаны, соның ішінде мебель гарнитурлары, үнді шайы, шампан шарабы, тұрмыстық кондиционерлер бар екені анықталды.

Милиция алдағы уақытта да алыпсатарлықпен күресте өз күш-жігерін үдете береді. Дегенмен, осы істе жұртшылықтың ролі зор екенін және оған баға жетпейтінін есте ұстау керек. Әр азамат алыпсатардан өзіне өте-мөте керекті «тапшы» затты алуы арқылы оны ынталандыратынын, қалтарыстағы рыноктың белең алуына ықпал ететінін ұғынуға тиіс.

— Сіз жұртшылықтың қылмыстың алдын алуға қатысуы туралы мәселені қозғадыңыз. Осыған орай тағы нені айтуға болады!

— Жұртшылықтың қатысуынсыз, демек оның белсенді, аса ыждаһатты қатысуынсыз қылмыс толқынын азайта алмайсың. М. С. Горбачевтің Орталық телевизия арқылы сөйлеген сөзінде мәселе нақ осылай қойылды. Онда атап көрсетілгеніндей, күреске бүкіл қоғам қосылмай әр

Digitized by Google

қалада, әр елді мекенде ең қатаң тәртіп орнатуда жедел бетбұрысқа жете алмайсыз. Партия жастардың белсенділігі мен батылдығына үміт артады.

Право бұзушылыққа оның бастапқы кезінде, ол ұлғаймай тұрған кезде тиым салу маңызды. Ал мұны еңбек коллективі, семья, мектеп бәрінен жақсы жасай алады. Осыған орай қазір милицияның учаскелік инспекторларының жұмысын шұғыл жақсарту туралы мәселе өте-мөте өткір туындауда. Олардың мақсаты — іс жүзінде право қорғау органдарының халық ортасындағы толық праволы өкілі болу, оқиғалардың қайнаған бел ортасында жүру, оперативті жағдайды өзінің бес саусағындай білу, жұртшылықтың көмегіне сүйене білу. Алайда турасын айту керек, олардың көпшілігі тұрғындармен нашар байланыс жасайды. Бертінде жүргізілген социологиялық зерттеулер көрсеткеніндей, әрбір оныншы тұрғын ғана өзінің учаскелік инспекторын таниды.

Учаскелік инспекторлар қамтитын аудандардың өздерінде оларға қызмет бабындағы пәтерлерді бөлу іске өте-мөте көмектесе алады. Шымкенттің халық депутаттары Абай аудандық Советінің атқару комитеті (председателі И. Г. Чушкова) мұны бірінші болып жасай бастады. Мұнда партия ұйымдары, бертінде құрылған микроаудандардың өзін-өзі басқару советтері біздің қызметкерлерімізбен бірлесіп, әлеуметтік жағынан жайсыз адамдар ортасындағы сындарлы жұмысты жолға қоюда. Ал бұл міндет барлық қалалар мен елді мекендер үшін өзекті екенін айтуға тиіспін — республикада бүгінде ондаған мың маскүнем, алты мың арамтамақ, бес мың кезбе және бертінде бас бостандығынан айыру орнынан шыққан, көпшілігі еңбекке орналастырылмаған он мыңдай адам есепте тұр.

Мынадай сәтті де назардан қалыс қалдыруға болмайды — бізде әрбір бесінші қылмыс мастық жағдайда жасалады. Маскүнемдік көптеген право бұзушылықтың негізі болып табылады. Сонымен бірге соңғы бір жарым-екі жыл ішінде маскүнемдікпен күрестің өткірлігі қыруар төмендеп кетті.

Осының бәрі милицияның және жұртшылықтың бірлескен қызметінің аясы. Біз өз жұмысымыз туралы халықты мүмкіндігінше толығынан хабардар етуден өзіміздің басты міндеттеріміздің бірін көреміз. Бұл да халықпен байланысты нығайту, право тәртібін бұзушылықтың алдын алу үшін өте-мөте маңызды. Демек, кезінде К. Маркстің ескерткеніндей, адамдар қылмысты көргенімен жазаны көрмейтін және жазаны көргенімен қылмысты білмейтін екі жағдайда сана-сезім құлдырайды.

Қоғамымызды демократияландырудың ұдайы жалғасуы, жариялылық жағдайында орнығып қалған көптеген дағдылардың күйреп жатқанын айту керек. Енді біз осының бәрі туралы, соның ішінде право қорғау қызметіндегі кемшіліктер, милиция туралы да ашық айтамыз. Кездейсоқ, күні өткен көріністерді ашық сынаймыз, жылпостардан, сұғанақтардан, жұмыс істемеушілерден, халықтан қол үзіп қалғандардан үзілді-кесілді арылудамыз. Осы оңды процестер, әлбетте, жаңа формаларға ие болып, милицияны өзінің халқымен бұрынғыдан бетер мықты топтастырады. Оның қатарында кімдер қызмет етеді? Олардың басым көпшілігі еңбек коллективтерінің таңдаулы өкілдері, күні кешегі жұмысшылар, колхозшылар, Совет Армиясының жауынгерлері. Олардың ішінде шынайы батырлар аз емес.

— Сіз біздің кезекті, дәстүрлік мерекелік сауалымызға жауап беріп үлгердіңіз. Қазақстан милициясының тарихы өзінің мыңдаған қалтқысыз батырларын зердеде сақтайтынын білеміз. Әлбетте, біздің күндерімізде ерлік жасаған қазақстандық милиция қызметкерлерінің есімдерін атасаңыз екен...

— Ондай есімдер көп. Алдымен, милиция майоры Серікбай Бигелдіұлы Жұбаев пен милиция старшинасы Бағдәулет Дәуітұлы Елшінбековті атау керек. Екеуі де—Арыс станциясындағы линиялық ішкі істер бөлімінен. Адамдардың тыныштығын қорғай отырып, олар аса қауіпті қарулы қылмыскермен айқасқа түсіп, оны ұстады. Екеуі де Қызыл Жұлдыз орденімен наградталды, старшина Есімбеков қаза тапты. Ол ауыр жараланғанның өзінде шегінген жоқ.

Ал Алматы облыстық атқару комитеті ішкі істер басқармасы мемлекеттік автомобиль инспекциясының инспекторы Е. И. Горбачевтің батылдығы туралы айтпауға болмайды. Жоғары профессионалдық шеберлік пен батылдық көрсетіп, ол арамза ниетпен кісіге қол жұмсап, автомобильді айдап кеткен қылмыскерді ұстады. Бұл батылдықтың бірлі-жарым мысалы емес. Е. И. Горбачев «Милиция үздігі» белгісінің иегері болып табылады.

Алматы-1 станциясындағы ішкі істердің линиялық бөлімінің милиционерлері, Қызыл жұлдыз орденінің иегері Ж. Қойтановтың, Е. Құнанбаевтың және У. Иманғалиевтің есебінде өте күрделі де қауырт ситуациялар аз емес. Солтүстік Қазақстан облысынан «Еңбегі сіңген учаскелік

Digitized by Google

милиционер» белгісімен наградталған аға учаскелік инспектор О. Н. Тоғаев қызметін өте адал атқарады. Оның адамдар өмірі мен тыныштығы үшін бірнеше рет қатерге бас тігуіне тура келді.

1989 жылы майда Алматы-II темір жол станциясының кірме жолында екі маневрлі составтың қақтығысуы салдарынан, алты цистернаның бірінде сұйық газ бар еді, өрт шықты, алау ауқымы 50 метрге жетті. Цистерналардың бірінің жарылуы барысында және өртті сөндіру кезінде алған жарақаттан тоғыз өрт сөндіруші қаза тапты, олар алдыңғы сапта болып, алаулаған өрттің бүкіл соққысын бірінші болып қабылдады. Өртеніп жатқан үйлерден 67 адам, бір жарым миллионнан астам сомның материалдық байлығы құтқарылды. Алматы қалалық атқару комитеті ішкі істер басқармасының өрттен сақтандыру басқармасы бастығының орынбасары Ф. А. Шәріповтің, астаналық өрттен сақтандыру қызметкерлері И. А. Әбдірановтың, К. Аққұловтың, С. К. Әлімтаевтың, Е. К. Ысқаховтың, Р. Ә. Қасымовтың, М. И. Мәліковтің, В. В. Никуленконың, И. Ф. Сапарғалиевтің есімдері астана тұрғындарының зердесінде мәңгі сақталады. Өрттен сақтандыру қызметкерлерінің көпшілігі жоғары үкімет наградаларына ұсынылды.

Милиция қызметкерлері Жаңаөзен қаласындағы бұзақы элементтердің жүгенсіздігі кезінде табандылық пен ерлік көрсетті. Олардың көпшілігі қатерлі қауіпке қарамастан салқынқандылық пен ұстамдылық көрсетіп, талай адамның өмірін құтқарып қалды.

Совет милициясының жаңа ұрпағы осы батыл патриоттар үлгісінде тәрбиеленуде.

— Қазір право қорғау органдарының қарауында, былайша қарағанда, жете бағалау қиын соғатын документ бар — бұл «Қылмысқа қарсы күресті батыл күшейту туралы» СССР Жоғарғы Советінің қаулысы. Басқа да маңызды шешімдер әзірленуде. Сіз бұл тұрғыдан не айта аласыз?

— Осы қаулы барлық право қорғау күштері мен бүкіл қоғамның күш-жігерін қылмысқа қарсы тегеурінді күрес жүргізуге бағдарлайды. Біздің бәріміз екі жыл бойы, істің шын мәнінде, «сақадай сай» әзірліктеміз деуге болады. Қаулы тергеу органдары мен соттарды заңда қарастырылған мерзімді мүлтіксіз сақтай отырып, тонаушылық, ұрлық, зорлау, есірткі саудасы, алыпсатарлық, браконьерлік және басқа қылмыс жасау оқиғаларын барынша қатаң қарауға міндеттейді. Біз прокуратурамен, мемлекет қауіпсіздігі комитетімен, сотпен бірлесіп, қылмысты элементтердің әрекетіне батыл тиым салу жөніндегі шараларды анықтадық. СССР Жоғарғы Советінің осы маңызды документті қабылдауы жақсы болды.

Қазір Советтік милиция туралы, Ішкі істер органдары мен басқа право қорғау органдары қызметкерлерінің, ішкі істер әскерлерінің әскери қызметшілерінің, сондай-ақ халық жасақшыларының праволық жағынан қорғалуы мәселелері жөнінен Заң жобалары әзірленуде. Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресті күшейтуге бағытталған қылмыстық істер мен қылмыстық-процессуалдық заңдарға өзгерістер енгізу туралы жобалар да талдап жасалды.

Осы документтер біздің бәрімізге — әкімшілік органдары қызметкерлеріне арналған. Ол бізді халық алдындағы өз парызымызды абыроймен орындауға міндеттейді.

Тәртіп бұзушылық азаюда

Талдықорған облысының Николаевка селосында тәртіп бұзушылық едәуір азайды. Ішімдікке әуесқойларға жайсыз бола бастады. Оның есесіне өндіріс пен тұрмыста реттілік пен тәртіп нығайды.

Ал осының бәрі селолық жиыннан басталған еді. онда тұрғындар бірлесіп, шаруашылықта орын алған жағдайды, маскүнемдік, самогон қайнату және оның негізінде бұзақылық жасау, қылырымпаздыққа салыну оқиғаларын талдады. Маскүнемдікпен және алкоголизммен күрес жүргізу жөнінен комиссия құру, ерікті халық жасақшыларын және активтерден, өндіріс озаттарынан, еңбек ардагерлерінен арнаулы тындырымды топ ұйымдастыру ұйғарылды. Рейдтерді жиі өткізе бастады, көшелер мен селолық Советте кезекшілік тағайындады. Алдын алу шараларына көп көңіл бөлді, оған жайсыз семьялармен әңгіме өткізуді, тәртіп бұзушыларды жолдастық сотта және тікелей еңбек коллективтерінде талқылауды енгізді.

Адамдардың белсенділігі, олардың күш-жігері оз жемісін беруде. Селодағы право реттілігі әжептәуір жақсарды. ал фермалар мен танаптарда еңбек өнімділігі өсті.

А. ПЕТРОВ.

Талдықорған облысы,
Андреев ауданы.

Digitized by Google

ЖЕР ҚОЖАЙЫНЫНА ҚАЙТАРЫЛУДА

«Уысқа салып сезесің
Егеу мұрт алып масақты.
Дән шашқан салғырт жандарға,
Келеді тұрып тас атқың», — бертінде аптаған күн ыстығынан егін танабын көрген кезімде Олжас Сүлейменовтің «Молшылық түні» өлеңінен осы жолдар есіме түсті. Биылғы қуаңшылық егіншілердің тағы да мол өнім жинауына мүмкіндік бермеді.

— Сонда да біздің астығымыз бар, — деді кездесу барысында Целиноград облысының «Колутон» совхозынан республикаға әйгілі бригадир, Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты В. А. Дитюк. — Өте сапалы бидай жинап алдық, оны тұқымдық астық ретінде өткіздік. Сөйтіп егіншіліктің тың жүйесі, пар, адамдардың тәжірибесі мен шеберлігі көмектесті.

Алғашқы тың игеруші, жастар тәлімгері В. А. Дитюк дала өлкесіне жан-жүрегімен бауыр басқан, бүкіл күшін оны жаңартуға жұмсап, лайықты жеткіншектерді даярлауда. Мұның өзі рухы жағынан оған ұқсас және танап пен ферманың атақты шеберлері Нұрғабыл Малғажадаров, Наталья Геллерт, Айтбай Құсайынов, Антонина Плахина және селолардың басқа мыңдаған жалынды патриоттары үшін тән. Олардың еңбегінің және өз тәлімгерлерінің игі дәстүрлерін жалғастырып отырғандардың энтузиазмы арқасында республикада халықты азық-түлікпен жабдықтауды жақсарту қамтамасыз етілуде. Әрине, бұл істе әзірше күрт өзгеріс бола қойған жоқ, сонда да оңды өзгерістер баршылық. Үстіміздегі жылдың соңына қарай бізде ет пен сүт өндіру көлемі Азық-түлік программасында белгіленген деңгейге жетеді деп күтілуде, ал алғашқы жарты жылдықта мал мен құс дайындау өткен жылдың осы кезеңіне қарағанда 40 мың тонна және сүт — 106 мың тонна артты.

Партияның жаңа аграрлық саясатын талдап жасаған КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы март Пленумының шешімдерінен үлкен міндеттер туындайды. Село еңбеккерін жердің толық билікті қожайынына айналдыру үшін жағдай жасау, арендаға дамыту, экономикалық қатынастарды қайта құру және селоны әлеуметтік жағынан өзгерту — оның мақсаты. Келесі бесжылдықтың өзінде елді азық-түлікпен тиянақты жабдықтауды қамтамасыз ету мақсаты қойылып, жүзеге асырылуда.

Қазақстанның село еңбеккерлері бұған өз үлесін қосуға міндетті. Республикада 1995 жылға қарай жан басына ет тұтынуды 86 килограмға, сүтті — 356, картопты — 90, көкөніс және бақша дақылдарын — 130 килограмға жеткізу міндеті табанды түрде жүзеге асырылуда.

Демек азық-түлік проблемасының табысты шешілуі үшін бізді асыраушыларға көбірек көңіл бөлу керек. «Егер шаруаның жағдайы нашар болса, елдің де жағдайы нашар», деп ертеден бекерге айтылмаған.

Айтпақшы, халық академигі Т. С. Мальцевтен осы сөздерді алғаш естідім. Оны қазақстандық егіншілермен ежелгі достық байланыстырған. Егістікке немкетті қарауға болмайтындығы, өніммен бірге алынғанның бәрін оған қайтару керектігі туралы ой толғаудан кейін Терентий Семенович деревняға деген қарызды өтеу қажеттігі туралы осындай рухта пікір айтты. «Жақсы бапталған жерде ғана алтын астық алуға болады және жақсы жайластырылған поселкеде ғана шаруа тұрып, дәулет жинай алады», — деп ескертті ол.

Соңғы жылдары селода әлеуметтік жүйенің басым дамуына қарай бетбұрыс жасалды. 1998 жылға дейін селолық әр семьяны жеке пәтермен немесе бөлек үймен қамтамасыз ету шаралары қабылдануда. Былтыр қазақстандық деревня еңбеккерлері 2,9 миллион шаршы метрдің орнына 3,4 миллион шаршы метр тұрғын үй алды, биыл да одан кем болмайды деп күтілуде. Сонда да танап пен ферма еңбеккерлері туралы әзірше жеткілікті қамқорлық жасалмайды, үстіміздегі жылы июльде Көкшетауда өткен республикалық партия-шаруашылық активінің жиналысында осы жайлы алаңдаушылықпен айтылды. Әлеуметтік даму деңгейі жағынан селоның қаладан ұдайы артта қалып келе жатқаны аталды. Соңғы он жыл ішінде оның үлес салмағы 5 процент кеміді. Деревнялар ескіріп барады, ал мұның өзі алаңдатпай тұра алмайды.

Соңғы жылдары екпінді еңбегі, жоғары түпкі нәтижелерге жеткені үшін егіншілерді, малшыларды, ұқсату саласы қызметкерлерін наградтау азайып бара жатқаны туралы айтпауға болмайды. Мұнда жергілікті жерлердегі партия,

---

15 ноябрь — ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіп комплексі ұқсату өнеркәсібі қызметкерлерінің күніне.

Digitized by Google

совет және шаруашылық органдарының ағаттықтары баршылық.

Қазір әлеуметтік міндеттерді шешуде облыстық және аудандық орталықтардан тікелей совхоздар мен колхоздарға көңіл бөлу талап етіледі. Селолар мен ауылдарға бірінші кезекте ауыз суды, көгілдір отынды беру, сауда, медициналық, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсарту талап етілуде. Ұзақ уақыт бойы екінші қатарға ығыстырылып келген осы мәселелерді дереу шешу керек.

Қостанайлық фермалардың бірінің сауыншыларымен әңгіме кезінде: не туралы армандайсыздар? — деп сұрадым. Күтпеген жауап естідім: «Жұмыстан үйге оралысымен қаладағыдай жылы ваннада шомылып, кешкі асты газда әзірлеген жақсы ғой... Мұның өзі көңіл-күйді көтере түсер еді».

Болмашы жағдай жасалмай отырғанда «асқақ сөздердің» қажетсіздігін түсіндім. Сонда да әйелдер іле оптимистік сезімге оралып, табынның құнарлылығын арттыру резервтері, биылдың өзінде 3 мың килограмдық межеге қалай жетпекші екендіктері туралы айта бастады.

Әлеуметтік әділеттілік принциптерін басшылыққа алып, ең алдымен әлеуметтік дамуы жағынан қыруар артта қалған республиканың шалғай аудандарын көтеру керек. Осы мақсатпен республика Министрлер Советінің арнаулы қаулысы қабылданды. Енді жәрдем берілініп жатқан 30 артта қалған ауданның ішінде Қостанай облысының Жангелдин ауданы бар. Облыстың 15 ауданы мен облыстық орталықтан еріктілер осында келді. Олар үстіміздегі жылдың өзінде 180-нен астам пәтерді тапсырмақшы.

Артта қалушыларға жәрдем ұсынылған кезде бұл олардың сенімін арттыра түседі. Әлбетте, олардың өздерінің селолар мен ауылдарды жаңарту үшін қолда бар мүмкіншіліктерді толығынан пайдалануы керек. Мұның барлық аудандар мен шаруашылықтарға қатысты екені түсінікті. Адамдарға нақты қамқорлық жасалған жерлерде іс үдей түседі.

Енді Көкшетау облысының «Златополь» совхозында конкурста тәтеп бергенде ғана фермада жұмысқа орналасып, жерді арендаға алуға болады. Мұнда адамдардың кетуі жоқ, олардың жоғары өнімді еңбегі мен парасатты тынығуы үшін қажетті жағдай жасалуда. Сондықтан шаруашылық экономикасы нығайып, оның еңбеккерлерінің табысы өсіп келеді.

«Златополь» совхозынан тәжірибелі диқан А. Я. Гардерді көп жылдан бері білемін, оның бригадасы алғашқылардың қатарында коллективті мердігерлікті енгізіп, 1987 жылдың өзінде «Коллективтік мердігерлік негізінде жоғары түпкі нәтижелерге жетейік» ұранымен ұйымдастырылған республикалық байқау-конкурстың жеңімпазы болған еді (байқау-конкурсты Қазақ ССР Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті біздің журналымызбен бірлесіп өткізген-ді). Енді Александр Яковлевичтің өз жолдастарымен бірге астық өндіру жөнінен кооператив құрып, шаруашылықты дербес жүргізетінін білдім. Арендаға алынған танаптың әр гектарынан 20 центнерден жоғары сапалы астық жинауда, шаруашылық есеп табысы көлемді.

Демек «Златополь» совхозында экономикалық негізде арендалық қатынасты шындап дамыту тұрғысынан жер үшін төлем — гектарына 58 сомнан төлем тағайындады. Селолық Совет оны арендаға береді. Сондықтан кооператорлар совхозға онша тәуелді емес, олармен бірдей жағдайға қойылған.

Жердің қожайынының болуы селодағы уақыт нышанына жалпы тән көрініске айналды. Ол уақытша жұмыс істеушілерден азып, әбден құнарсызданды, мұның өзі біздің ар-ұждан нымызды оятуға тиіс. Сауатсыз, жүйесіз пайдаланудан топырақтың құнарлылығы кемуде, эрозиялық жағынан қауіпті процестер толастамай келеді, арамшөптер қаптап кеткен. Қостанай облысының көлемді алқабында топырақтың құнарлылығының кему процесі басым бола түсті, соңғы 20 жыл ішінде облыстың аса құнарлы солтүстік аудандары жерінің құнарлы қабатының құрамы төрттен біріне қысқарды. Табиғатта топырақтың бір сантимер құнарлы қабатын табиғи түрде қалпына келтіру үшін 300—600 жыл талап етіледі, ал біздің қырсыздығымыздан оның санаулы сағаттар ішінде бүлінуі мүмкін.

Арендалық коллективтер топырақтың құнарлылығын қорғауға міндетті. Бұл тұрғыдан целиноградтық Мәншүк Мәметова атындағы совхоз тәжірибесі иланымды әңгімелейді, ол арендалық қатынастарды меңгерудің инициаторы болды, бес жыл ішінде мемлекетке астық тапсыруды екі есе, ал етті — үш есе молайтып, еңбек өнімділігін төрт есе, ал адамдардың табысын екі есе арттырған осы шаруашылық табыстары туралы көп жазылуда. Дегенмен, істің мәні мынада: мұнда танаптың құнарлылығы біртіндеп арттырылады, дегенмен ол туралы елеусіз түрде айтылады, немесе жалпы ауызға алмайды, демек мұның өзі аренданың аса маңызды қорытындысы болуы мүмкін.

Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитетінің мәліметтері бойынша, тұтасынан республикада арендалық коллективтер ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығы мен малдың құнарлылығын орта есеппен 20—30 процент, еңбек өнімділігін 25—30 және пайдаланылатын материалдық-техникалық құралдардың 1 сомына өнімнің алынуын 10—15 процент арттырды.

Digitized by Google

Республиканың түрлі аймақтарында орналасқан және арендалық қатынастарды барынша толық игерген 53 совхоз бен колхоздың шаруашылық қызметі қорытындылары тартымды көріністі анықтауда. Өткен жылы осындай бір шаруашылыққа орта есеппен 1.590 мың сом — 1986 жылға қарағанда 880 мың сомнан көп пайдадан келді. Өндіріс рентабельділігі 19,5 проценттен 41,1 процентке дейін өсті. Осы шаруашылықтарда жалпы өнімнің 1 сомына жұмсалатын шығын республика бойынша орташа деңгейден 26 процент кем. Арендаторлар толық праволы қожайындарға айналған ұқсату өнеркәсібінің сегіз кәсіпорнында осындай жағдай қалыптасқан.

Республикада 200 семьялық (фермерлік) шаруашылық құрылды. Агроөнеркәсіп комплексінің кәсіпорындары мен ұйымдары жанынан 450 кооператив жұмыс істейді, олар негізінен азық-түлік және халық тұтынатын басқа заттар өндірумен, халыққа тұрмыстық қызмет көрсетумен айналысады.

Дегенмен республиканың агроөнеркәсіп комплексінде шығынға қарсы механизм әзірше баяу іске қосылуда. Хаттар мынаны пайымдайды: арендалық қатынастарды жаппай игеру қажеттігі туралы «жоғарыдан» берілетін нұсқаулар кеңінен қолдау таппайды. «Төменнен» жасалатын инициатива да бастау бола алмайды. Неліктен? Адамдарды қожайын сезімінен ұзақ уақыт бойы айырды.

Алматы іргесінде, Ақшиде шаруашылықты жүргізудің жаңа өркені — И. Н. Худенконың бірегей әлеуметтік-экономикалық эксперименті бой көтерген кезде оны сол бойда басып тастады. Ол мағынасы жағынан тым батыл ой еді, тоқыраушылыққа, әкімшілік-бюрократтық аппараттың жайлығы мен игілігіне «мина» қойған еді. И. Н. Худенко әкімшілік өктемдіктен азат, коллективтік мердігерлік принципінде жұмыс істейтін шаруашылықты бірінші болып құрды. Онда ешкім ешкімге бұйрық бермейтін, барлық мәселені совет, нарядсыз звеноларға біріккен еңбек адамдары шешті, түпкі нәтижелермен тығыз байланысты болды. Және худенкошылар өнім өндіруді шұғыл молайту барысында шығыннан көптеп үнемдеді, еңбек өнімділігінің бірнеше есе өсуіне қол жеткізді. Алайда сол кезде республиканы басқарған адамдар басқаларға тағылым болу үшін экспериментті ұзақ уақытқа басып тастады.

Дегенмен, арендаторлардың жолы болған шығар? Аренда жағдайында малды бордақылауға кіріскен Белгібай Құсайынов Солтүстік Қазақстан облысы «Медвеженский» совхозының әкімшілігімен тіл табыса алмды. Оның еңбекке ақының дұрыс төленуін ұзақ уақыт бойы анықтауына тура келді. Ортақ істі қорғады, ал оған жалақор деген жала жабылды. Дегенмен бұл Құсайыновты ғана алаңдатпайды, өйткені ол жем рационын жасау барысында ғана өз дербестілігін көрсете алады. Ал ол өндіретін өнімге және оны өткізуден алынатын табысқа совхоз әкімшілігі билік жүргізеді. Демек, мұнда дербестілікке қарағанда тәуелділік көп.

Көптеген басқа арендаторлар да осындай жағдайда болып шықты. Республиканың Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті түрлі шаруашылықтарда жұмыс істейтін 229 арендалық коллективті бір мезгілді зерттеуі көрсеткеніндей, арендаторлардың үштен бірі есеп айырысу бағасы төмендетілген деп есептейді, олар өздері өндірген өнімді осы баға бойынша совхоздар мен колхоздарға сатады. Олардың кейбіреулері өздерінің правосын дәлелдеу әрекетін жасады, бірақ Белгібай Құсайынов сияқты бұдан ештеңе шығара алмады. Коллективтердің бестен екіге жуығы атқарылатын қызметтегі дербестіліктің жетімсіздігін, шаруашылық жетекшілері мен мамандарының коллективтердің ішкі мәселелеріне орынсыз араласатынын, техниканы және арендаторлардың өздерін басқа жұмысқа жіберетінін, сұраққа жауап беруге қатысқандардың әрбір екіншісі совхоздар мен колхоздар жетекшілері тарапынан шартты міндеттемелерді бұзу фактілерін атады. Осының бәріне материалдық-техникалық жабдықтаудағы оралымсыздықтар, агросервис деңгейінің төмендігі қосылады. Республикада арендатор-шаруалардың правосын қорғайтын, қоғамдық өлеулі күшке айналатын олардың ассоциациасын құру қажеттігі туралы пікірлердің барған сайын асқақ естілуі кездейсоқ емес.

Шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайында мамандар мен аграршы ғалымдар ролі өсе түсуде. Өздерінің творчестволық мүмкіншіліктерін арендалық коллективтердің практикалық қызметімен қабыстыру жолдарын табуы керек. Осындай коллективтерді басқаруға ұйғарған мамандар дұрыс жасайды. Өкінішке қарай, мамандардың бәрі бірдей жаңа экономикалық қатынастарды «қолдауға» асығар емес, көбіне арендаторларды сынаушылар ролін атқарады, ал арендалық звенолар мүшелерінің көпшілігінде мамандарға, олардың ұсыныстарына деген сенімі бәсеңдеуде.

Қазір республикада агроөнеркәсіп комплексіндегі құрылым мен басқаруды жетілдіру жөнінен жұмыс жүргізілуде, демократиялық негізде агроөнеркәсіп одақтары, агрокомбинаттар мен агрофирмалар құрылуда, меншіктің кооперативтік және акционерлік формалары дамытылуда. Дегенмен, жаңа істер Павлодар, Жезқазған, Солтүстік Қазақстан облыстарында баяу енгізілуде. Кейбір жерлерде шаруашылықты жүргізу әдістерін емес, жарнаманы ғана ауыстыруда, аграрлық экономика дағдарысты жағдайда қалып отырғанымен, көптеген совхоздар мен колхоздарда шығын табыстан асып түсуде. Көкшетауда актив жиналысында атап көрсетілгеніндей, әр коллектив тапқан табысымен тұруға тиі-

Digitized by Google

сті кезең басталды. Басқаша болуы мүмкін емес.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді барынша молайтумен қатар оның сапасын арттыру, дер кезінде ұқсатып, сенімді сақтауды қамтамасыз ету, оның ысырабы мен бүлінуіне жол бермеу маңызды. Үстіміздегі бесжылдықта республикада өткен бесжылдықпен салыстырғанда қоймалар салу қарқыны екі есе өсті, консерві заводтары мен ұқсатушы басқа кәсіпорындар қуаттары молайтылды. Сонда да бүкіл шикізатты ұқсату сәті түскен жоқ. Ақшаға шаққанда өнімнің рәсуа болуы жылына екі миллиард сомнан асады. Оны ұқсатуға арналған аса тиімді технологиялық жабдықтар талап етіледі. Қазір қорғаныс өнеркәсібінің кәсіпорындары осындай машиналарды шығаруға тартылды. Әлбетте, таяу уақытта біздің республикамызға да жаңа технологиялық жабдықтар беріледі. Дегенмен, тікелей шаруашылықтарда өнімді ұқсатып, сақтауды жолға қойған тиімді, Қарағанды облыстық тәжірибе станциясында осылай жасалуда, мұның өзі өте-мөте пайдалы.


Алматының орталық рыногында «Ленин» совхозынан шартты тапсырмадан тыс өндірілген помидорын әкелген арендатормен әңгімелестім. Алайда маусымның қызу шағында оны сату оңай емес екен. «Енді іскер қимылдайтын боламыз», — деп тұжырым жасады арендаторлар, — көкөністің түр-түрі мен оларды ұқсату жағын ойластырамыз». Бұған өмірдің өзі үйретуде.

Республика агроөнеркәсіп комплексі еңбеккерлерінің биылғы ауыл шаруашылық жылының қорытындыларын саралап, келешекке арналған межелерді белгілеуіне тура келеді. Дегенмен, қазір олардың көңіл-күйі мынадай: танаптар мен фермалар қайтарымын үнемі арттыра беру, экономикалық жағынан сауатты қимылдау, шығынды табыспен салыстыру.

Н. ДУДКИН,
«Қазақстан агроөнеркәсібі» — «Агропромышленный комплекс Казахстана» журналының бас редакторы.







Эксперимент жалғасуда

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ. Қала тұрғындарының көпшілігі Іле ауданының «Арман» экспериментальды поселкесінде бой көтерген үйлердің біріне өздерінің жайлы пәтерін ауыстырудан тартынбас та еді. «Алматы» теплица совхозының қызметкерлері барлық жағдайлары, гаражы және үй іргесінде шағын учаскелері бар екі қабатты үйлердің қоныстанушыларына айналды. Село адамдары тұрғын үй ғана емес, осы заманғы бірегей коттеджді алды, оларда адамдар үшін жайлы жағдайлар қарастырылған. Мұнда Алматы облыстық атқару комитетінің архитектура және қала құрылысы бас басқармасы жанындағы жобалау бюросы мамандарының қызметі аз емес, олар осы үйлердің жобасын талдан жасады.

Жоғарыдағы суретте осы бюроның жобасы бойынша Жамбыл ауданының Жамбыл атындағы жылқы заводының поселкесінде салынған үй. Ортадағы суретте: Алматы облыстық атқару комитетінің архитектура және қала құрылысы бас басқармасының меншікті құрылыс бөлімінің жетекші архитекторы С. А. Чернов болашақ үйдің иесі В. М. Безруковқа консультация беруде. Төмендегі суретте: «Арман» поселкесін жайластыру.

Суретті түсірген А. ПАВСКИЙ. О. КИМ (ҚазТАГ тілшісі).

Digitized by Google

БІЗДІҢ НАНЫМЫЗ

140000, Москва облысы, Люберцы қаласы, «Астық» орталығы адресі бойынша экспонаттар салынған посылкалар, хаттар, естеліктер еліміздің түкпір-түкпірінен келеді. Оның құрамында нан туралы қолжазба қоры, кино, фото, фонотека, видео материалдары, слайдтер, нан туралы әдебиеттер кітапханалары және басқа бөлімшелер, сондай-ақ еліміздің бірқатар аймақтарында оның филиалдары болады. Қазірдің өзінде олардың бірқатары — Киевте нан музейі және Брест облысының Новая Рясна поселкесінде «Нан» орталығы жұмыс істейді.

Соғыс кезінде біз Қырым облысындағы Керчьте тұрдық, — деп әңгімелейді. Алматыдан Валентина Васильевна Алимова. — Фашистер қаланы толығынан қиратқан еді. Тұратын баспана болмады, және әрқашандағыдай, бүліншілік серігі — аштық жайлады. Біздің жазғы ас үйімізге үш семья — біздің мамамыз үш баласымен және оның екі сіңлісі үш баласымен орналасты. Тату тұрдық. Он бір жастағы Оля балалардың ең үлкені еді. Мен ол кезде сегіз жасқа толдым.

Біздің аналарымыз теңіз портында жүкшілер болып істеді — онда паекті көбірек беретін: 500 грамм нан, балық сорпасы және сол үйдегі әрбір адамға 200 грамнан нан босатылатын. Әкелеріміз соғысып жатты. Соғыстан кейін тек біздің папамыз ғана оралды.

Аналарымыз көбіне сорпасын үйге әкелетін. Біз оған су қосатынбыз. Сөйтіп ол бәрімізге де жететін. Үлкен балалар ретінде Оля екеуміз екіге бөлінген кесек нанды сату үшін күн сайын базарға баратынбыз, одан түскен ақшаға сорпа пісіру үшін қолдан үгілген екі қалбыр жарма сатып алатынбыз. Мамам: бастысы — ыстық тамақ, — онсыз балалар тіпті ашығып қалады дейтін.

1943 жылғы октябрь күндерінің бірі осы күнге дейін анық есімде. Себелеп жаңбыр жауып тұрды. Біз Оля екеуміз ертемен базарда тұрдық, алайда нанымызды сата алмадық. Қалтырап тоңдық, қарнымыз ашты, сөйтіп жарты нанымыздың шетінен үзіп жей бастағанымызды байқамаи қалдық. Нан арпа кебегінен жасалғанымен сондай тәтті, қош иісті, қышқылтым болды. Оның иісін әлі күнге дейін сезінемін.

Нанның сыртқы қабығын түгел жұлып жеп қойғанда барып байқаппыз. Енді ондай нанды сата алмайсың. Біз сол жерде-ақ қосылып жылап жібердік. Оля: «Үйге не дейміз, жарманы не нәрсеге сатып аламыз...?» деп жылай берді. Біз одан сайын қалтырап кеттік.

Демек дәл сол кезде егделеу, бетін қалың әжім басқан, самайы ағарып кеткен әскери адам бізге жақындап келді. Шинеліндегі погонында бір жұлдызша бар, қолы гипске салынып таңылған. Ол бізден:

— Сендерді кім ренжітті?, — деп сұрады.

Біз одан сайын жыладық. Сосын мен не болғанын айттым. Әскери адам мені басымнан сипап, былай деді:

— Нанды қаншаға сатпақшы едіңдер?

— Жүз сомға, — деп жауап берді Оля.

Ол жүз сомдық қағазды қалтасынан суырып беріп, былай деді:

— Ал нанды өздерің жеңдер.

Біз алғысымызды айтып, жүгіре жөнелдік. Жүгері жармасын сатып алып, үйге қайттық.

Кешкісін біздің мамаларымыз жұмыстан оралды. Біз болған оқиғаны айтып бердік. Олар үшеуі бірдей қосылып жылап жіберді, ал біз бұған түсінбедік.

...Біздің бәріміз әлдеқашан есейдік. Демек біздің балаларымыз да ер жетті. Алайда сол жылдарды ойлағанда көзімізге жас келеді, кесек-кесек нандардың жуынды шелегіне тасталып жатқанына бейжай қарай алмайсың. Нанның нақты құнын білу үшін адамдардың бәрінің аштықты бастан кешулері керек пе?!

Белгород облысындағы Старый Оскодан **Галина Александровна Комардинаның** хатын оқиық:

— Соғысқа дейін біздің семьямызда алты бала болдық. Біз Ленинградта Петроград жағында тұрдық. 1942 жылдың қысы қатты болды. Су да, жылу да, электр энергиясы да болмады... Бейтаныс адамдар сіңлім Марияны шалажансар күйінде шанамен екі рет үйге әкелді.

Ол ұзақ тұрған жоқ, сол қыста қайтыс болды.

Көктемге қарай балалардан екеуміз — әпкем мен мен ғана қалдым. Әпкем жұмысқа барады, ал мен күні бойы үйде жалғыз жататынмын. Әкем жараланғаннан кейін госпитальде емделді (ол Ленинград майданында соғысты), мамам ауруханада жатты. Ол дистрофияның соңғы сатысына қоса жүрек ауруымен

Digitized by Google

ауыратын. 1942 жылдың июлінде мамам қайтыс болды.

Менде цинга, өкпенің қабынуы басталды, әлбетте мұның бәрі аштықтан еді. Әрине, мынадай жағдай есімде. Бір тәуліктен астам нәр татпастан пәтерде жападан-жалғыз болдым. Диваннан әзер дегенде түсіп, еңбектеп көшеге шықтым. Мұның қаншаға созылғанын білмеймін, бір заводтың кіре берісіне тап болыппын. Ағаш баспалдақта отырып, өксіп жылап жібердім. Осы кезде кіреберіс есіктен жас әйел шықты да, мүмкін станок жанында он алты сағат тұрған болар, неге жылап отырғанымды сұрады. Мен түсіндірдім. Ол ойланбастан өзінің күндізгі паегі — бір үзім нанын ұсынды.

Осындай адамды қалай атауға болады? Өзі ашықса да басқаны құтқарады. Нағыз адамда ғана осындай қасиет, мейірімділік болады.

Одан кейінгі жағдайымды айта алмай тұра алмаймын — әзер аман қалдым ғой. Санитарлық жасақшы сестраның келуін күтті де оған мені балалар үйіне өткізуді бұйырды. Ол үй алыс емес-тін, бірақ біз әзер дегенде жеттік — сестра кей жерлерде мені арқалады, кей жерде өзім еңбектеп жылжыдым. Балалар үйінің табалдырығына жете бере құлап қалдық, көтерілуге шамамыз келмеді.

Мені Филатов атындағы ауруханаға жатқызды, онда күзге дейін, балалар мектепке барғанша болдым. Қазір мен сол үрейлі кезді есіме ала отырып: «Онда кімді құтқару керек еді... Жаралы жауынгерлерді емдеп, қатарға қосу керек болып жатқан кезде мен сияқты шала-жансарларды құтқарғаннан не пайда»,— деп ойлаймын. Бұл толассыз тасталған бомбалар мен қардай бораған оққа қарамастан, демалыс дегенді білместен өз жандарын пида ете отырып, күндіз-түні бізді — науқастарды, аштықтан дәрменсіз балаларды күтіп жатқан адамдар — дәрігерлер, медсестралар еді. Бұл шын мәніндегі ерлік еді.

Донецк облысы Кирпичной станциясынан **И. С. Маханько** былай деп еске түсіреді:

— Мені қырық жетінші жылы бірінші класқа апарды. Мен кластағы ең кішкентайы болып шықтым — класта он екі жастағы ересек қыздар болды, ал мен небары жеті жасқа толған едім. Біздің әрқайсымыз бір үзім нанды апталап көрмейтінбіз, демек бұл сөз біз үшін музыка сияқты естілетін.

Бірде класқа майдангер-мұғалім әйел кірді де, стол үстіне түйіншекті қойып, оны асықпай, ептеп шешті. Бәріміз тына қалдық — біздің алдымызда нағыз аппақ нан жатты! Оның қош иістілігі соншалықты, бәріміз де жылап жібердік. Таңданыс сәті өтті де, біздің бәріміз әбігерленіп кеттік, орнымыздан тұра салып, столды қоршап алдық. Біздің әрқайсымыздың нанды ұстап көргіміз, оған жақындағымыз келді. Алайда мұғалім бізге қарағаң кезде бәріміз орындарымызға отырдық. Тыныштық орнаған кезде ол: «Балалар, мына нанға баға жетпейді. Осы нан үшін мыңдаған және мыңдаған адамның қаны төгілген. Оны бізге Отан берді», деді.

Біздің бәріміз «Ура!» деп айқайлап, қол соқтық. Мұғалім пышақты алып, нанды қырық тілімге бөлді, класта осыншама бала болатынбыз. Әрбір тілім жұпжұқа, үлбіреп тұрды... Осыншама қымбат тілім нан мұғалімге жете қоймаған шығар.

Жетпісінші жылдардың бас кезінде бірде кешкілікте күйеуіміз екеуміз нан магазиніне кірдік, деп жазады бізге Калиннен еңбек ардагері **С. А. Иванова.** Аппақ тоқашты қолына ұстаған қарт кісі бірдеме деп күбірлеп, бізге қарай келе жатты. Жақындаған біз мына сөздерді естідік.

— Бұл алтын ғой. Жоқ, бұл алтыннан да қымбат. Маған ешқандай алтынның керегі жоқ. Нан болса болғаны!».

Расында да, бәрі — қуаныш та, күйініш те, үміт те — бәрі нанада. Аштықтың, суықтың, соғыстың, демек нанның бағасын білетін ұрпақтарымыз өмірден өтіп жатыр. Біз өз дәуіріміздің рухани қасиетін келешек үшін сақтауға тиіспіз, оған міндеттіміз.

Қымбатты жолдастар, сіздердің үн қатуларыңызды: нанға байланысты қызықты оқиғалардың бәрі туралы хабарларыңызды күтеміз, өткен жылдардың документтерін, хаттарын, суреттерін, адамдар туралы әңгімелерді, экспонаттарды салып жіберулеріңізді өтінеміз.

Өз естеліктеріңізді, немесе өздеріңіздің жақын адамдарыңыздың, жолдастарыңыздың естеліктерін жазып жіберулеріңізді өтінеміз. Хаттар мен экспонаттарды мына адреске жіберіңіздер: **140000, Москва облысы, Люберцы қаласы, «Нан» орталығы, ұйымдастыру комитеті.**

В. КАРМАЗИН,
«Нан» орталығының ғылыми жетекшісі, техника ғылымының кандидаты.

Журнал редакциясы осындай естеліктерді алып тұрғысы келеді. Диқандар туралы, нанға ұқыпты қараудың үлгілері туралы осындай әңгімелерді күтеміз.

Digitized by Google

ЖАЛҒЫЗ ТҮСТІ ШҰҒЫЛА БОЛМАЙДЫ

Сентябрь айының алғашқы күндерінде РСФСР Мәдениет министрлігі мен Қазақ ССР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті арасында мәдени ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды.

Дегенмен, осы оқиғаға байланысты РСФСР Мәдениет министрі Ю. С. МЕЛЕНТЬЕВПЕН әңгімеміз соншалықты оптимисті негізде басталған жоқ.

— Юрий Серафимович, мұндай актіде үстірттік қабаты мен формализм бар ғой. Менің көзқарасымша, мынадай сұрақ табиғи іс: осы қадам неден туындаған! Шарттың алғашқы жолдарынан мынаны оқыдым: «СССР-дің құрылуының 70 жылдығын лайықты қарсы алуға әзірлене, біздің халықтарымыздың әлеуметтік-саяси бірлігін ескере отырып...» т. б. Бәрі дұрыс. Сонда да юбилейге арналған шаралар тағы басталды ғой. Біздің халықтарымыздың әлеуметтік-саяси бірлігі бүгінде кенеттен пайда болған жоқ... Сонда неліктен мәдени ынтымақтастық туралы шарт идеялары бұдан бес, он, жиырма жыл бұрын дүниеге келіп, жүзеге асырылмады! Осы қадамдардан мұжық күн күркірегеннен кейін шоқынар деген принципті көруге болады ғой.

— Әлбетте, мәдениет ұлттық ауқымда қатаң оқшаулана алмайтынын ұғынушылық бүгін дүниеге келіп отырған жоқ. Оның ұлттық ерекшеліктері, ұлттық өзіндік қыры жалпы адамзаттық ынта-ықылас тудыруға тиіс. Жеке халық мәдениетінің тұйықталуынан арылу ниеті де, практикалық қадамдар да, өзінің рухани қазыналарын бір-біріне ашу ұмтылысы, көркем творчествоның жоғары үлгілері мен қолда бар тәжірибеге мүмкіндігінше көбірек қанығу ұмтылысы күні бүгін дүниеге келіп отырған жоқ.

Бүгінде, мен айтар едім, кейбіреулер мәдениеттің оқшаулығын аңғарып, орталыққа тартушы күштердің емес, орталықтан кері тепкіш күштердің басым болуын жақтап, суверенді құрылымдар туралы үзілді-кесілді айтуда — бұл адасушылық қой. Біздің мемлекетіміздің, ортақ мәдениетіміздің тағдыры өз дамуымыздың диалектикасын қаншалықты дұрыс ұғынып, бағалай алатынымызға тәуелді. Иә, ұлттық мәдениетті нығайтып, одан әрі дамыта беруді, оның позициясын орнықтыруды құттықтау керек. Дегенмен, мұны мәдениеттердің бір-бірін теріске шығару арқылы емес, өзара байланыс, жалпы адамзаттық мәдениет арқылы жасау керек және мүмкін болады. Жалпы басқа халықтың мәдениетін қабылдау дегеніміз өз бейнеңнен айырылып қалу дегенді бейнелемейді. Бір-бірін танып, біле отырып, әр халық өзін терең ұғынып, таниды. Бұл тұрғыдан мысалдар көп. Былайша айтқанда, тарихи тұрғыдан олардың бірқатарын: Шоқан Уәлиханов пен Федор Достоевскийді, Уәлиханов пен Чернышевскийді еске алайық. Сақталған документтер олардың бір-біріне, екі халықтың мәдениетіне өзара ықпал жасау мысалдарын бізге жеткізді.

Дегенмен, шартқа оралайық. Оның идеясы бірден аспаннан түскен жоқ. Кенеттен пайда болған жоқ. РСФСР мен Қазақстанның ежелгі мәдени байланысы бар. Оның мысалдары соншалықты жеткілікті. Ондай мысалдар өткенде де, қазірде де баршылық. Міне, россиялық екі театр — Свердловск мен Челябинск театрларының Алматыдағы гастрольдері енді ғана аяқталды. Сіздің республикаңыздың бертінде Сахалинде өткен күндерін еске түсіруге болады. Сәл ертеректе РСФСР-дің Қазақстанда және Қазақстанның РСФСР-дегі мәдениет күндері болды. Біздің екі республикамыздың түрлі концерт және театр коллективтерінің іс жүзіндегі алмасу концерттері дәстүрлі және ол үзілген жоқ...

Биылғы шарт, былайша айтқанда, оларды заңды түрде орнықтырып, Россия мен Қазақстан халықтарының ұлтаралық мәдени қатынастарын одан әрі дамыта беруге мегзейді. Онда бұл тұрғыдан сонылық элементтері баршылық. Ішінара алғанда, мәдени өзара алмасу бұрын болғанындай, мұны мойындау керек, астаналарымыз арасында ғана емес, ең алдымен жекелеген облыстар арасында, әсіресе, РСФСР-мен шектесетін облыстарда, олардың мүддесі мен мәдени қажетін ескеру арқылы дамытылатыны қарастырылуда. Россия мен Қазақстан халықтарының және Россия Федерациясында тұратын қазақтардың мәдени мұрасын зерттеу, сақтау және дамыту шартта жеке тармақпен белгіленген. Әлбетте, астаналарда емес, кейбір жерде облыстық қалаларда тиісінше мәдени орталықтарды құруды жүзеге асыру қарастырылуда.

Шартты талдап жасай отырып, біз коллективтерге, творчестволық одақтарға, түрлі ұйымдарға нақты бағдар ұстау үшін ынтымақтастық бағыттарын анықтауға

Digitized by Google

ұмтылғанымызды атап көрсетейік. Өйткені шарт — бұл түрлі тосқауылдарды, соның ішінде ведомстволық тосқауылдарды жоюға көмектесетін өзіндік документ. Ол заказдарды, әдебиет пен өнер шығармаларын алмасуды және сатып алуды кеңейтуді, мәдени құрылыс проблемалары жөнінен бірлескен ғылыми және ғылыми-методикалық зерттеулер жүргізуді, тікелей, атап көрсетейін, творчестволық одақтар, қоғамдар мен қорлар, мәдениет пен өнер мекемелері, сондай-ақ оқу орындары және рухани саланың басқа мемлекеттік және қоғамдық ұйымдары арасындағы тура байланыс жасауды дамытуға жан-жақты ықпал етуді қарастырады. Музыка аспаптарымен, дыбысты және сәулелі аппаратурамен т.б. қамтамасыз етуге ықпал жасалады. Мұның қаншалықты маңызды екенін айтып жатудың қажеті жоқ. Демек қазірдің өзінде жасалған нақты қадамдар баршылық. Орыс халық аспаптарының бір бөлігі Қазақстанға берілуде, мұнда олар өз иелерін тауып, қолданылады ғой деп ойлаймыз. Өз тарапынан, қазақ халық аспаптарын Россия аудандарының бірі алады.

— Тағы бір қауіптенушілікті айтайын. Күндер. Он күндіктер. Фестивальдар. Олар шарттың үйлестіру жоспарларында көрсетілген. Практиканың көрсетіп отырғанындай, олар тым дулы өткізіледі, қаншама ақшаға түседі. Ал шығын пайдалы іс-қимыл коэффициентіне тура пропорционалды емес. Дегенмен, бір-бірімен байланыс жасап, тану тұрғысынан олардың қажеттілігі мен пайдалылығын ешкім теріске шығармайды...

— Бәрі осылай. Егер ауқымды шаралармен ғана шектелсек, бәрі солай ғой. Олар қажет, оларды болжап отыру керек. Мәселен, Тәжікстанда 19 жыл бойы РСФСР-дің он күндігі өткізілмеуін анықтау фактіміз өкінішті ғой. Біз бес жылда кемінде бір рет осындай шараларды, мерекелерді өткізуді болжаудамыз. Дегенмен, біздің шартымыз ең алдымен мәдени өзара байланыс жөніндегі күнделікті жұмысты қарастырады, былайша айтқанда, соған бағытталған. Үстіміздегі жылдың соңында қайсыбір жақтың нақты сұранымын анықтау үшін Қазақстанның РСФСР-мен шектес барлық «шағын» аймақтарының өкілдерін жинаймыз. Бір миллионнан астам қазақтың республикадан тысқары жерлерде, соның ішінде РСФСР-де тұратыны мәлім, Қазақстанда орыстар көп. Екі суверенді республиканың ынтымақтастығын мәдени жүйедегі араласудың жаңа деңгейіне көтеру — шарттың мақсаты. Оған, сіздің байқағаныңыздай, үйлестіру жоспары, шын мәнінде толық жоспар қосылады. Дегенмен, бұған дейін атап көрсетілгеніндей, ешбір астарсыз жасалды: оны іскер қатынастар бағдары ретінде қарау мүмкіндігін беру. Иә, формальды емес, бір-бірін шынайы түрде білуге, мәдениетке тартылуға ұмтылу үшін жасалды, біздің он күндіктеріміз бен фестивальдарымызда өз өнерімізді, өз мәдениетімізді көрсетуге келгенде сол жердің халқының бай рухани қазынасын елемеушілік көрсетеміз, бұл кімнің ескерткіші, меймандас халық аузында айтылған музыка кімдікі деп, ынтызарлықпен сұрап жатамыз. Осының бәрі ұсақ-түйек емес, біздің қатынастарымыз және өзара байланысымыз солар арқылы қалыптасады.

— РСФСР-да осындай шарт Қазақстанмен ғана бар ма!

— Жоқ, Белоруссиямен де шартымыз бар. Украинамен шарт жасасу жағын ойластырудамыз.

— Былайша айтқанда, арбаға керекті жүкті артығымен тиеп, даңғыл жолдың өзімен оны сүйрете алмайтындай жағдай болып қалмай ма! Егер, әлбетте, іске бұрынғы позиция тұрғысынан қарасақ, қағазға бәрін сыйғызуға болады, ал нақты істер қандай болады!

— Біз осы жайлы ойластырдық және сондықтан еліміздің басқа республикаларымен осындай шарттарды жасаспас бұрын өз мүмкіншіліктерімізді екшедік. XIX партия конференциясының шешімдерінде атап көрсетілгеніндей, экономиканы және бүкіл қоғамдық өмірді интернационалдандыру — заңды процесс. Ұлттық тұйықтаушылыққа қайсыбір ұмтылушылық экономикалық және рухани жұпынылыққа соқтыруы мүмкін. Мен көптеген жылдар бойы совет-ливан достығы қоғамының председателімін, шығыс Париж деп аталған Ливан астанасын үйінділерге айналдырып жіберген ұлттық, діни және басқа өшпенділікті көрдім, ойшылдар, дарындылар және тіпті оқымыстылар осы үйінділер астында қалды ғой.

Біздің бүкіл күш-жігеріміз өзара баю процесіне бағытталуға тиіс, өйткені өмір үлкенді-кішілі халықтардың ұлттық мәдениеті өзара байланыс жағдайында жемісті дами беретінін қуаттады, қуаттауда. Өйткені ең шағын ұлттың өзінің айрықша бояулары бар, сөйтіп ортақ көрініс жасайды. Түрлі-түсті болғандықтан шұғыла соншалықты көрікті.

Әңгімені жүргізген
С. ЯГМУРОВА.

(«Казахстанская правда» газетінің бесінші сентябрьдегі номерінен ықшамдап аударылды).

Digitized by Google

«МЫСЛИТЕЛЬ»—ФИЛОСОФТАР КЛУБЫ

Философия мамандардың шағын тобы қызметінің жүйесі деген ұғым бертінге дейін орын алып келді. Сонымен бірге ол қоғамдық-саяси өмірдің барлық жүйесін қамтиды. Оған, алдымен материалистік диалектикаға сүйенбейінше бірде-бір зерттеуші елеулі табысқа жете алмайды. Бірыңғай нақты жұмыспен айналысушы адамдар диалектикаға сүйенбейінше ойдағыдай қимыл жасай алмайды. К. Маркс философияны «мәдениеттің жан-тәні» деп бекер атамаған.

Бүгінде философиялық білімнің мәні өлшеусіз өсуде. Демек қайта құру әрбір адамның ойлау образы мен іс-қимылына, оның рухани және айрықша әлеуметтік мәдениетінің деңгейіне талап қояды. Сондықтан Целиноградта жұмыс істейтін «Мыслитель» философиялық клубының жедел танымал болуы кездейсоқ емес. Ол 1986 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институты философия кафедрасының жанынан ашылған еді, ал 1987 жылы қалалық клуб болып қайта құрылды. Облыстық партия комитетінің Саяси оқу үйі, ауыл шаруашылығы институтының философия кафедрасы және облыстық комсомол комитеті оның ұйымдастырушылары болды. Қайсыбір проблеманы талқылауға тілек білдірушілер үшін клуб есігі әрдайым ашық. Оның тұрақты мүшелері — жоғары оқу орындарының оқытушылары, қоғамдық ұйымдар өкілдері, инженерлер, дәрігерлер, жұмысшылар, студенттер, журналистер бар.

Еріктілік клуб жұмысының өзіндік ерекшелігі болып табылады. Ресми шақырулар жоқ, сонда да облыстық газеттерде алдын ала жарияланатын әрбір мәжіліске адамдар көптеп жиналады.

Пікірталастар ашық өтеді. Ой-пікір таластыру өзіне кез келген адамды тартады, өйткені ол өзінің көзқарасын басқалармен бірдей баяндауына, әңгімелесушілерді өзінің пікіріне қатыстыруына, ғалымның, инженердің, журналистің, партия қызметкерінің, студенттің т.б. ой-пікірлерін тыңдауына, айналадағы өмір көріністері туралы өз ұғымын өзгертуіне, белгісіз нәрселерге қанығып, пікірталас арқылы ақиқатқа көз жеткізуіне мүмкіндік береді.

Қайшылықты тенденцияларды, жаңа саяси философиялық информацияларды, олардың анализі мен синтезін коллективті түрде саралау, өзінің кәсіптік қызметін ойластыру клуб жұмысының маңызды сәті болып табылады. Қоғам өмірін экономиканың, әлеуметтік-саяси жағынан ұйымдастыруда мызғымастай болып көрінетін принциптерді түбірінен өзгерту жүріп жатқан қазіргі кезде бұл өте-мөте маңызды.

Дегенмен, клуб жұмысы пікірталастармен шектелмейді. Жұмыстың түрлі формалары: облыстың қалалары мен аудандарындағы көшпелі мәжілістер, проблемалық фильмдерді, көркем шығармаларды, спектакльдерді, мақалаларды талқылау, облыста идеология активімен, мұғалімдермен, басшы қызметкерлермен, талапкер бірлестіктер өкілдерімен, дінге сенушілермен кездесулер, қоғамдық пікірді зерттеу, әлеуметтік информацияларды жинап, қорытулар, партия және совет органдарына ұсыныстарды талдап жасау кеңінен пайдаланылады. Клуб мүшелері еңбек коллективтерінде, оқу орындарында, жастардың саяси пікірталас клубтарында белсенді сөз сөйлеп, лекциялар оқиды, әңгімелер өткізеді, идеология активінің курстары мен семинарларындағы, марксизм-ленинизм университетіндегі сабақтарды жүргізеді.

Целиноград қаласы жоғары оқу орындарының оқытушылары В. П. Шаронова, Т. Г. Шляхтич, Х. Т. Тұрсынов, В. К. Шапров, С. Б. Жалмақанов, А. К. Ренде, Н. В. Стручков және басқалар бүкіл осы жұмыстың инициаторлары және белсенді ұйымдастырушылары болып табылады. Философия ғылымының докторы, профессор В. И. Зорин клуб президенті болып сайланды.

Ғылыми-практикалық информацияларды өткізу клуб қызметінің аясын кеңейтуге, танымал ғалымдармен байланыс жасауға, интеллигенцияның ғылыми және қоғамдық белсенділігін арттыруға ықпал етуде. 1988 жылы олар «Қайта құру жағдайында творчестволық ойлауды қалыптастыру», «Ғылыми-техникалық революцияның агроөнеркәсіп комплексіндегі философиялық-әлеуметтік және адамгершілік проблемалары» деген тақырыптар бойынша өтті. Оған елдің түрлі қалаларынан ғалымдар қатысты. Қазір «Мәдениеттің даму формасы ретіндегі проблемалылық» деген тақырыптағы Бүкілодақтық ғылыми конференцияға әзірлік жүріп жатыр.

В. ОЖЕРЕЛЬЕВ,
Қазақстан Компартиясы Целиноград облыстық комитеті саяси оқу үйінің меңгерушісі.

Digitized by Google

БАЙҚАУЛАР ӘДІСІМЕН ЖӘНЕ ҚАТЕЛІКТЕР АРҚЫЛЫ

С. М. Киров атындағы Петропавл заводы цехтарының жетекшілері мен мастерлері тәрбие ғылымын меңгеруге мәжбүр болды

Училище оқушылары таласының куәгері болуыма тура келді, олар заводта практикадан өтіп жатқан екен. Алғашқы жұмыс күнінен көп әсер алған балалар заводта кімнің басты тұлға екені туралы өз пайымдауларын айтуда.

— Директордың басты тұлға екені түсінікті ғой,— деп иландыра әңгімеледі біреуі.

— Сенің оның не, жұмысшылардан асқан басты тұлға жоқ,— деп оған қарсылық білдірді жолдасы.

— Меніңше, бәрібір, цех бастығынан, мастерден асқан басқа ешкім жоқ,— деп беріле әңгімеледі үшіншісі. — Олар бәрін біледі, бәрін көреді, бәріне команда береді.

С. М. Киров атындағы Петропавл заводы мастерлерімен және цех бастықтарымен кездесуде осы әңгіме есіме түсті. Өндірісті ұйымдастыруда да, коллективті тәрбиелеуде де осы мамандардың ролі шұғыл өсе түсуде. Қайта құру адамдар арасындағы қатынасқа үлкен өзгерістер енгізіп, әңгімелесе білуге, иландыру өнеріне үйренуді өмірде болып жатқан өзгерістердің бәріне ілесуді талап етеді. Иә, осы қызметтің өздері де мықтап жаңарды. Егер өткенде, айталық, мастердің ролінде, әлбетте, самайын қырау шалған, өмірлік тәжірибесі мол адамдар болса, енді бүгінде олардың арасында жоғары оқу орындары мен техникумдардың күні кешегі түлектері аз емес. Завод жұмысшысы А. Сапожниковтың облыстық газет бетіндегі мақаласында ескерткеніндей, жас мастерлер, әлбетте, өндірістік мәселелерді ажырата біледі, дегенмен олардың өз еңбектерімен беделге ие болуы, кісілермен араласа білуі, олардың өз адамына айналуы ең қиын іс болып табылады.

Дегенмен мастерлер, цех бастықтары жаңа жағдайда осы іскерлікті қалай меңгеруде, оларды қандай проблемалар толғандырады? Олар осы жайлы баяндады.

А. А. МАРАХИН, пластмасса цехының бастығы: Коллективіміз цехты арендаға алды. Алғашқы айларда шығынды 100 мың сомға кеміткенімізбен істің ілгері басуы өте ауыр болды. Жұмысшылар оның қайтарымын әлі сезінген жоқ. Мұның өзі мынадан болса керек: біз қажетті дербестілікті бәрібір алғанымыз жоқ. Оған қоса көптеген адамдарда жылдар бойы қалыптасқан цехтық істерге деген немқұрайдылық салқыны сезілуде. Егер жұрттың бәрі жұмысшы Виктор Самковский сияқты қимыл жасаса ғой. Ол барлық мәселеге араласады, бәріне қынжылады, көптеген іскер ұсыныстар айтады. Біз онымен үнемі ақылдасып отырамыз. Мені осындай жәрдемшілерді көбірек табу, адамдарды ынталандыру жағы қатты мазалайды. Әзірше мұның сәті түспей отыр.

Н. М. БАЛАГУРОВ, эксперименттік цех бастығы: Мені де Александр Анатольевичті толғандыратын мәселелер алаңдатады, оның үстіне менің тәжірибем аздау. Цех бастығы болып тым бертінде сайландым, ал бұған дейін бір жарым жыл көрші заводта мастер болып жұмыс істедім. Адамдармен жұмыс істеуге қатысты ешқандай ғылымды институтта да, әлбетте, одан кейін де өткеніміз жоқ. Ал өмір осындай білімді талап етеді. Бүгінде жұмысшылар анағұрлым талапшыл. Адамдардың жеке қадір-қасиеті өсе түсті. Мынадай мысалдың өзі-ақ осы жайлы әңгімелейді ғой: учаскелердің бірінің жұмысшылары жиналыс шақырып, дөрекі, меннен мастермен бұдан былай жұмыс істегілері келмейтіндігін мәлімдеді. Мұндай пікірдің бірауызды екенін жасырын дауыс беру де көрсетті. Мастерді жоспарлау-бөлу бюросының бастығы етіп ауыстырмақшы болып еді, бірақ жұмысшылар наразылық білдірді. Демек ұзақ жылдар бойы оған шыдап келді ғой. Жалпы сауатты, талапшыл қызметкердің адамдармен неліктен ортақ тіл табыса алмау себебін анықтау әрекетін жасағанда оның жеке мәдениетінің төмендігін, психологияны білмейтіндігін көрдім. Цехта оның осы кемшіліктері құпия болмағанымен ұзақ уақыт бойы оған мұндай қылығын ешкім көрсетпесе керек.

Digitized by Google

Менің де талапшыл болуыма тура келеді. Мастерлермен қатынасым шиеленісіп кетті, сонда да ситуациялардың бәрінде маған ұстамдылық, әдептілік жетісе бермейді. Демек үйрену, психология мен педагогика заңдарына қанығу керек. Өкінішке қарай, осы мәселелер жөніндегі семинарларда бір рет те болғам жоқ. Жалпы бізде, заводта тәрбие жұмысында жаттандылық басым. Бізге әлі күнге дейін жоғарыдан көптеген нұсқаулар береді. Мәселен, біреу медициналық айықтырғышқа түсіп қалса, кәсіподақ комитетінен цехқа телефон соғады: емдеуге жіберіңдер, ал коллективте мұның кездейсоқ жағдай екенін, адаммен тәрбие жұмысын жүргізу керектігін көреді.

Ф. З. САЛЬКАЕВА, құрастыру цехының мастері: Менің жұмыс стажым, әлбетте, аз емес. Учаскеміздің коллективі де біршама тәуір, сонда да үйрену, әсіресе, жастармен жұмыс істеуді үйрену керектігін көріп отырмын. Егер завод бойынша кадрлардың тұрақтамауы 8 процент құрап отырса, жастар арасында 30 процентке дерлік жетті. Демек жас жұмысшылармен араласа білмейміз.

В. Т. СПИЦЫН, құрастыру цехының бастығы: Қазір мастер болып ешкімнің жұмыс істегісі келмейді, вакантты орындар көп. Неліктен? Ол жұмысшылардан анағұрлым аз табыс табады, ал оның жұмыс істеуі оңай емес. Мысалға біздің цехымызды алайық. Бізде жылдар бойы теңгермешілік қалыптасты. Демек адамдар өндірген өнім үшін емес, жұмыс істеген сменасы үшін ақша алды. Келеңсіз психологияны жеңу, еңбек етпей-ақ табыс табу ниетін жою көбіне мастерлерге ауыр жүк болып түседі, ал бұл әрине оңай емес.

Цехтар басшыларының, мастерлердің правосы жоқ. Істің шын мәнінде жатақханаларда, бала бақшада орын бөлу, өмірлік көптеген басқа мәселелерді шешу барысында біздің пікірімізді ешкім ескермейді. Ал мұның өзі біздің беделімізді көтере алмайды ғой.

Бізге заводтық қызметтер аз көмектеседі, көбіне олар тексерушілер ролінде болады. Мысалға аренданы алайық. Заводтық экономистерден ешкім біздің цехымызға келіп, іске қалай кірісу керектігін көрсеткен жоқ, ешнәрсені түсіндірмеді. Нұсқаулар шығарады, қардай боратып қағаз жібереді. Сөйтіп өз қызметтері атқарылды деп есептейді.

Н. Е. ШАЙКИН, аспап цехының мастері: Бізді басқалардан гөрі қағазбен тым аз жабдықтайды. Цехымыздағы адамдар аренданы қаламайды, бригадаларға барғылары келмейді. Мұның бәрі мынадан: біздің өзіміз мұның өзі не екенін шындап ажырата алмадық. Заводтық басқарманың бізді кекесінді түрде «Ақ үй» деп неліктен атайтынын ойлану керек — мұның бәрі басқарушылардың көмектесеннен гөрі әміршілдігінен болса керек.

В. З. ХАЙБУЛИН, транспорт цехының бастығы: Цех қызметкерлеріне қойылатын талап өсіп келеді, ал бізде білім, әсіресе, адамдармен жұмысқа қатысты білім жетісе бермейді. Егер бізде цех бастықтары адамдардың бәрінен ең нашар хабарланған деп айтсам, қателеспеспін деп ойлаймын. Жұмысшылардың бос уақыты көп, содан барып бізге қарағанда көп оқиды, ал біздің өз білімімізді көтеруге уақытымыз жетпей жатады. Қалалық, облыстық партия комитеттерінің қызметкерлері цехтарда баяндамаларды аз жасайды.

* * *

Бізде әңгіме, көріп отырғанымыздай, біршама еркін өтті. Бәрінің соңына нүкте қою үшін біз шағын сұрау жүргіздік, сөйтсек біздің әңгімелесушілеріміздің ешқайсысы соңғы айларда идеология, тәрбие жұмысы проблемалары жөнінен тыңдаған лекцияларын еске түсіре алмады. Заводтық партия комитеті саяси оқу кабинетінің кітапханасын ешкім пайдаланбайды.

Цех жетекшілерінің бәрі насихатшылар болып табылады және облыстық саяси оқу үйі жанындағы апталық курстардан жүйелі өтіп тұруға тиіс. Алайда оған, әлбетте, қолы бос адамдарды жібереді. Иә, күн сайын жұмыс орындарында болуға тиісті жетекшілерді жалпы апталық семинарларға жіберу дұрыс па екен? Оларды аса қысқа мерзімге шақырған жақсы ғой. Оның үстіне завод Саяси оқу үйімен көршілес көшеде орналасқан.

Заводта мамандардың коллектив тәрбиесіне қатысу практикасы көптен бері қорытылмаған.

Мен заводтың партия комитетін жеткілікті белсенділік көрсетпейді деп кіналау ниетінен аулақпын. Егер партия комитеті цех жетекшілеріне көбірек сүйеніп, олардың адамдармен жұмыс істеу сырларына үйретсе, оның қызметі анағұрлым тиімді болар еді. Әлбетте, жасау керек болатын ең бірінші іс — бұл олардың өзінің жұмыс уақытын мейлінше ұтымды ұйымдастыруына көмектесу, білімін, жемісті ұйымдық және тәрбие жұмысын жүргізуі үшін жағдай жасау.

В. КОСТРОВ.

Петропавл қаласы.

Digitized by Google

ЖУРНАЛ ПОЧТАСЫНАН

Шыныға берулеріңізге көмектесеміз

Қазір Армияның қам қаракеті көбейе түсті — әскери қызмет мерзімін өтеген жігіттер запасқа шығуда. Әскери комиссариаттарда — адам көп, жаңадан жігіттер алу керек. Олар жаңа жағдайға қалай келеді? Өйткені армияда көп білу, нақты шеберліктерді, дағдыларды жақсы меңгеріп, дене күші жағынан жақсы даярлықта болу керек. Қазірде әскер қатарына шақырылушылардың бәрі осы мәселелерді ойлап жүрген шығар деп ойлаймын. Бірақ әскери-патриоттық бірлестікке барып жүрген жігіттерді бұл оңша алаңдатпайды. Олар армия туралы тек армандан қана қоймай, сонымен бірге өздерін соған даярлайды. Осындай бірлестіктерді мүмкіндігінше көбірек құру керек деп ойлаймын.

№ 1 орта кәсіптік-техникалық училищенің «Жас десантшы» және топография техникумының «Гвардияшы», № 11 орта кәсіптік-техникалық училищесінің «Жас гвардия», № 15 орта кәсіптік-техникалық училищенің «Десантшы» клубтары және басқалар біздің облысымызда аса танымал. Олардың көптеген тәрбиеленушілері қазір армия қатарында, әуе-десант әскерлерінде, теңіз жаяу әскерінде қызмет етеді, әскери училищелерде оқиды.

Сонда да клубтардың материалдық базалары әлсіз. Көпшілігінде формалар, спорттық құрал-жабдықтар жетіспейді.

Клубтар тәрбиеленушілеріне жақсы тәлімгерлер аса қажет. Мұнда запастағы жас жауынгерлер үлкен роль атқара алады. Барлық жігіттерге, әсіресе теңіз жаяу әскерінде, десант әскерлерінде, Ауғанстанда болған жастарға сөз арнаймын. Біздің кішкентай бауырларымызды нақты істен бауран, оларды соңынан ерте алатын жетекшілер керек. Сіздер, сондай жетекшілер болсаңыздаршы!

Ю. ИСАЕВ,
№ 11 орта кәсіптік-техникалық училище комсомол комитетінің секретары.
Семей қаласы.

Осылай орынды болар

Кооператорлардың тым жоғары табыстары көбіне-көп экономиканың түбегейлі кемістігі, мемлекеттік сектордың оралымсыздығы, рыноктың дамытылмауы туралы сипаттайды. Сонда да, менің көзқарасымша, басталған істі доғармау керек. Өйткені жаңа кооперативтердің дамуын тежеу арқылы біз жұмыс істеп тұрғандарының көп табыс табуына ықпал етеміз. Керісінше, кооперативтерді одан әрі дамыта беру товар мен қызмет құнының кемуіне бастауға тиіс.

Бүгінде баспасөз бетінде кооперативтерге салық салу туралы айтыс өтуде. Бұл тұрғыдан өз пікірімді айтайын.

Салықты арттыру тиімсіз, деп есептеймін. Меніңше, кооперативтерді Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне, оған қатысқандарға, пенсионерлерге өнімдерді арзандатылған (мәселен, 2—3 есе) бағамен сатуға міндеттеу керек. Кооперативтердің мұны ерікті түрде жасайтынына, сөйтіп жалпы халықтық проблеманы шешуге қатысатынына кәмілсенемін. Кейбір кооперативтер қазірдің өзінде жеңілдіктерді тағайындады.

К. СӘРСЕНБАЕВА,
Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанындағы жоспарлау мен нормативтер институтының кіші ғылыми қызметкері.

Орманды қорғаңдар

Өзімнің бүкіл саналы өмірімді мен орманда ағаш отырғызып, оны күтіп-бағуға арнадым. Орман шаруашылығының басқа қызметкерлерімен бірігіп, Қостанай маңын жасыл желекке бөледім.

Орман өсірушінің еңбегі оңай емес. Қарағайды және басқа ағаш тұқымдарын көктемде суық жерге отырғызу қиын шаруа, салқын тиген қол аяқтарың қандай сырқырайды. Алайда біздің бәріміз өз балаларымыз бен немерелеріміз таза ауамен тыныстайды деп сендік.

Сондықтан көшеттер отырғызылған орман алқаптарында қоқыстар мен құрылыс қалдықтарын, кесілген қарағайлардың түбірлерін көру қандай өкінішті десеңізші! Қайсыбіреулер, сірә, ар-ұятқа жүрдай болса керек. Бұл орайда мүмкін, табиғат қорғау органдары мен халық депутаттарының жергілікті Советтері өз сөздерін айтуға тиіс шығар. Үгітшілер де осы жайында жиірек айтуға тиіс.

Г. ПОЛОСА,
Қостанай орман шаруашылығының бұрынғы жұмысшысы.

Digitized by Google

НАСИХАТШЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ

Журналдың өткен санында педагогика ғылымының кандидаты **Жұмағали Жөкейұлы НАУРЫЗБАЕВТЫҢ** насихатшының педагогикалық мәдениеті туралы бірінші әңгімесі жарияланған еді. Сіздердің назарыңызға екінші әңгімені ұсынамыз. Ол оқудың белсенді формалары мен әдістеріне арналады.

Саяси оқуды өзекті етіп, мазмұнын байыту, оның логикасы мен құрылымын өзгерту сондай-ақ оқудың формалары мен әдістерін үзілді-кесілді жаңартуды да талап етеді. «Еңбекшілердің саяси және экономикалық оқуы жүйесін қайта құру туралы» КПСС Орталық Комитетінің қаулысында: «еңбекшілердің мүдделері мен талап-тілектерін ескеру, жоғары идеялық-теориялық дәреже, оқытудың озық формалары мен әдістерін, ең жаңа техникалық құралдарын қолдану, мүлтіксіз ұйымдастыру мен бақылау қазіргі жағдайда сабақ өткізудегі ең маңызды талаптарға айналуға тиіс», — деп атап көрсетіледі.

Оқытудың формалары мен әдістері дегеніміз не!

Партиялық оқуда **«оқыту формасы»** баламасы оқу процесін ұйымдастыру түрін аңғартады. Ол **топтық** (семинар сабақтары, конференциялар, әңгімелесулер, «дөңгелек стол» басындағы мәжілістер т. б.) және **жеке оқу** (рефераттар, логикалық тапсырмалар, бастапқы қайнарларды конспектілеу, консультациялар т.б.) болып бөлінеді. Практикада оқытудың **құрама** формалары — кәсіптік ойындар, әңгімелер, практикалық сабақтар, т.б. тым жиі ұшырасады.

Марксстік-лениндік білім беруде оқыту әдістерінен насихатшының сабақты беру және оқушылардың білімді меңгеру тәсілдері олардың өзара байланысты қызметі процесінде тыңдаушылардың дағдысы және ғылыми-дүниетанымын, саяси тұрғыдан ойлап, қимыл жасай білуін қалыптастыруды аңғартады.

Оқыту әдістерін жүйелеу

Қазір методикалық әдебиетте оқу-насихатташылық әдістерді жүйелеудің төрт түрі жиірек қолданылады. Демек олар **саяси білім алудың басым қайнарлары бойынша ауызша** (лекциялар, әңгімелер, сұхбаттар т.б.), **көрнекі** (көрсету, байқау, эксперимент әдістері т.б.) және практикалық (бастапқы қайнарларды конспектілеу, рефераттарды әзірлеу, насихатшының тапсырманы орындауы т.б.) болып бөлінеді.

Кейбір ғалым-педагогтар **насихатшы мен тыңдаушы қызметінің формаларын басшылыққа алып, оқыту әдістерін** (насихатшының білімді баяндау әдісі) мен оқу әдісін (насихатшының дербес жұмыс істеу әдісі) бөледі. Басқа авторлар сабақты әзірлеу мен өткізудің негізгі кезеңдерін ескеру арқылы тыңдаушылардың **оқу-танымдық қызметін ұйымдастырып, жүзеге асыру** (лекциялар, практикалық тапсырмалар, эксперимент т. б.) **оны ынталандыру мен дәлелдеуді** (айтыс, мадақтау, саяси сайыс т.б.), оқу-танымдық қызметінің тиімділігін **бақылау мен өзін-өзі бақылау** (сұхбаттасу, зачет, реферат т.б.) әдістерін негіздейді.

Осында келтірілген оқу әдістерін бөлудің барлық түрін насихатшы қайсыбір оқу проблемасының методикалық дұрыс шешімін іздестіру барысында қолдана алады. Алайда олар тыңдаушылардың танымдық белсенділігі мен дербестілігінің дәрежесін соншалықты дәлме-дәлдікте анықтауға мүмкіндік бермейді.

Практикада көбіне әдістерді пассивті және белсенді деп қатаң жіктеуді де ұшыратуға тура келеді, дегенмен оқу процесін ұйымдастыруға деген түрлі қатынас барысындағы солбір әдістердің оқудың түрлі нәтижелеріне жеткізуі мүмкін. В. И. Ленинның петербургтік жұмысшылармен өткізген сабағы идеялық тәрбиенің қандай қуатты құралы болғанын ғана еске түсірейік. «Лектор бізге бұл ғылымды (саяси экономияны — Ж. Н.) ешқандай дәптерсіз ауызекі баяндайтын, көп уақытта біздің арамызда не қарсы пікір, немесе талас туғызуға тырысатын, мұндай кездерде ол біреуімізге өзінің бұл мәселеге көзқарасының дұрыстығын басқамызға дәлелдеп беруге айдап салып, біздерді қыздыра түсетін. Сөйтіп біздің лекцияларымыздың өте қызу, қызықты, шешендік дағды алуға ұмтылған сипаты болатын; сабақ өткізудің бұл әдісі тыңдаушылардың белгілі бір мәселені анықтауына жақсы құрал болды», — деп әңгімелейтін жұ-

Digitized by Google

мысшы-революционер И. В. Бабушкин Владимир Ильич өткізетін сабақтар туралы.

Сөйтіп кәдуілгі лекция мен әңгіменің оқыту мен тәрбиенің ең белсенді формалары болуы керек.

Тыңдаушылардың оқу-танымдық қызметі мен белсенділігінің сипатына қарай оқыту әдістерін топтау аса ыңғайлы болып көрінеді. Мұның барысында оқыту әдістерінен екі үлкен топ: **информациялық-репродуктивтік** (зерденің есте сақтау қабілетіне негізделген) және **іздестіру-проблемалық** (оқушылардың дербес ойлануы мен творчестволық қызметіне негізделген) әдістері ағқарылады. Әдістерді осылай жүйелеу негізіне алынған нышандар тыңдаушылардың ойлау қызметі мен танымдық белсенділігі дәрежесін тауып, оқу пәрмеңділігін анықтауға көмектеседі.

Оқу процесін күшейту әдістері

Оқыту әдістерінің аталған екі тобы тығыз бірлікте қимыл жасайды және жеке адамның дербес танымдық қызметінің екі деңгейіне: танымдық репродуктивтік және репродуктивтік-творчестволық деңгейіне сай келеді.

Мәлім болғанындай, адамның ойлау қызметінің алғашқы деңгейі — бұл белгілі білімді, дағды мен іскерлікті қалпына келтіру, жаңа информацияны негізінен дайын күйінде қабылдау. Сондықтан көптеген ғалым-педагогтар мен практиктер оқытудың информациялық-репродуктивтік әдістерін пассивті әдістерге жатқызады. Дегенмен, оқушыларда өнімді (творчестволық) қызмет үшін тиянақты білім болмаған кезде жаңа әрі күрделі проблемаларды оқу барысында да оларды тиімді пайдалануға болатынын ескеру керек.

Танымдық қызметтің екінші дәрежесі жинақталған білім негізінде стандартты емес міндеттерді шешудің бірегей жолдарымен сипатталады. Егер информациялық-репродуктивтік әдістерді баяндау барысында насихатшының міндеті — дайын қағидалар мен тұжырымдарды дәлелдеп, негіздей отырып, жаңа материалды баяндау, ал тыңдаушылар міндеті — осы материалдарды қабылдау болса, іздестіру-проблемалық (өнімді, творчестволық) әдістердің көмегі арқылы тыңдаушылар оқу міндеттері мен проблемаларын шешу үстіндегі белсенді интеллектуалдық жұмыс жолымен білім алады. Сөйтіп, бірінші жағдайда тыңдаушылардың оқу-танымдық қызметі шамамен мынадай схемада өтеді: «Қабылдау — есте сақтау — еске түсіру» енді екінші жағдайда ол сапалық жағынан басқа формулада ұйымдастырылады: «проблемаларды шешудің, жаңа білімді іздестірудің таныс, таныс емес жолдары». Ал мұның өзі мынаны бейнелейді: оқушылардың пікірін туындатып, оларды сұрақтарға жауапты дербес іздестіруге, жаңа білім ала білуге жетелейтін проблемалық-ізденіс әдістерін саяси оқудың белсенді әдістеріне жатқызуға болады.

Педагогикалық және методикалық әдебиетте, өз тарапынан, ізденіс-проблемалық әдістер проблемалық, ішінара ізденіс, зерттеу әдістеріне ажыратылады. Оларды қарап көрейік.

Проблемалық әдістер оқудың даму түрін бейнелейді, онда оқушылардың жүйелі дербес іздестіру қызметі олардың марксшік-лениндік теориясы, КПСС саясатын творчестволықпен оқып үйрену дағдысын меңгеруімен қабысады. Проблемалық оқудың негізгі нышаны — проблемалық ситуацияларды, яғни интеллектуалдық қиындық тудырып, оны шешу. Онда алған білімнің жетімсіздігі анықталып, осы олқылықты толтыру ниеті туындайды.

Бірлі-жарым ізденіс әдістері жекелеген проблемалық мәселелерді қою, жалпы міндеттерді ажырату, тыңдаушылардың ойлау қызметін ынталандыру (ізденіс әңгімесі, пікірталас, практикалық сабақтар т.б.) көмегімен оқу материалын меңгеруді қарастырады.

Зерттеу әдістері проблемалық оқудың жоғары кезеңін бейнелейді. Онда насихатшының көмегі арқылы тыңдаушы оқу-зерттеу міндеттерін дербес шешеді. Мысал ретінде кәсіптік ойындарды, логикалық тапсырмаларды орындауды, рефераттар әзірлеуді т.б. келтіруге болады.

Оқытудың белсенді әдістерін қолдану тәжірибесінен

Республиканың партия ұйымдарында саяси оқу процесін интенсивтендіру, оқытудың тиімді формалары мен әдістерін енгізу жолдарын іздестіру ұлғаюда. Насихатшылар оқу материалын проблемалық баяндауды, ізденіс әңгімелерін, семинарларды, тыңдаушылардың дербес зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруын барған сайын батылырақ қолға алуда. Сабақтарда пікірталасты ұйымдастыру тәжірибесі де қалыптасуда. Көптеген насихатшылар олардың таласты жүргізу әдістері мен тәсілдерінің — қиындық ситуацияларын, мәмлеге келу әдістерінің кең спекторын кеңінен пай-

Digitized by Google

даланады, оппоненттердің дәлелдерін оларды теріске шығару үшін, қарсы сұрақ қою үшін т.б. қолданады.

Енді курсты оқып үйренудің қорытындысы бойынша соңғы сабақтарда басқару, сондай-ақ педагогикалық ойындар секілді кәсіптік ойындар барған сайын жиі пайдаланылады.

Мәселен, Қарағанды қаласының № 25 орта мектебі саяси семинарының насихатшысы Б. К. Бегімбетова өткен оқу жылын «КПСС — жеделдету стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырушы» деген жеке-рольдік ойынмен аяқтады. Сабақтан бір ай бұрын рольдер бөлініп, ойынға қатысушылардың әрқайсысының функциялары анықталды, сабақ жоспары жасалды. Негізгі мәселелер бөлінді. Сабаққа дейін әр топпен жеке-жеке бірнеше консультация өткізілді, рецензия жасау ережесі айтылды.

Жеке-рольдік ойынға даярлану партияның қоғам өміріндегі ролі туралы лениндік мұраны, кадр саясатының принциптерін, КПСС XXVII съезінің, XIX партия конференциясының, Орталық Комитет Пленумдарының материалдарын мұқият оқуды талап етті. Тиісінше аудиторияны безендіріп, ойын тақырыбы бойынша кітаптар мен кітапшалар көрмесін ұйымдастырды.

Сабақ барысында немқұрайдылар болған жоқ. Ойынға қатысушылар арасында сұхбат басталды. Бәрі теориялық қағидаларды шындықпен қабыстыруға, әр адамның қайта құрудағы ролін көрсетуге ұмтылды.

Проблемаларды бірлесіп талқылау нәтижесінде ойынның соңында жалпы қорытындыларды, тұжырымдарды жасады, барлық қатысушылардың даярлық дәрежесін, білімдарлығын анықтады. Қатысушылардың тыңдай білу, мәселелерді дұрыс пайымдау, басты түйінді аңғарып, айтысты жүргізе білу қабілеті мен дағдысын талдады. Баршаға ортақ кемшілік аталды — білімдарлар жауабы мен оппоненттер сұрақтары толымдылығымен, түбегейлілігімен және дәлме-дәлдігімен әрдайым ерекшелене берген жоқ. Дөгенмен сабақ басты мақсатына жетті: семинар тыңдаушыларының бәрі В. И. Ленин жұмыстарын түбегейлі оқып, үйреніп, Ленин идеялары мен партия бағытының сабақтастығына иланды.

Сонымен бірге көптеген адамдардың методикалық арсеналы әлі де жұпыны екенін көрмеуге болмайды. Соңғы уақытта көптеген мектептердің бірыңғай пікірталастарға бағыт ұстауы барынша анық көрінуде. Оның үстіне оларда тыңдаушылардан гөрі шешендер көп болып шығады. Мектептердің кейбір жетекшілері советтік дидактика дамуының қазіргі деңгейі мен озық насихатшылық практикасын бейнелейтін оқыту әдістерін елемейді. Оқудың белсенді формалары мен әдістері — бұл білім алудың дағдылы бір-екі тәсілі емес, бұл адамдарды ашық әңгімеге, еңбек коллективі өмірімен тығыз байланыста партия теориясы мен саясатының өзекті проблемалары жөнінен мүдделі пікір алмасуға тарту өнері.

БІЗ ТУРАТЫН ЖЕРДЕ

Тұрғындарды қабылдау

Қостанай қаласының сегізінші микроауданында азаматтар жиыны болды. Оған облыстық партия комитетінің бірінші секретары Н. Т. Князев пен облыстық атқару комитетінің председателі К. У. Укин қатысты.

Қалалық атқару комитетінің председателі Я. Н. Бектібаев жұртшылықты қаланың және микроауданның әлеуметтік-экономикалық даму программасымен таныстырды. Сосын тұрғындар сөз сөйледі. Мұнда тұрғын үйлер салынуда, ал мектептер жетіспейді. Он алтыншы мектепте бірінші кластардың көптігі сонша-лық, оларды белгілеу барысында «К» әрпіне дейін барды. Бала бақшалар жүктелімі жоғары, емдеу мекемелері жоқ. Қаланың әлеуметтік-экономикалық даму жоспарының жобасын талдап жасау барысында осы проблемалардың бәрін шешуге бірінші кезекті мән берілді. Микроауданда аулалық клуб, жаңа магазиндер ашу, тұрмыстық қызмет көрсетуді, тұрғын үйлерді жөндеуді ұлғайту белгіленді.

Сонымен бірге жиында тұрғындардың ауланы жайластыру мен көгалдандыруға қатысуы туралы мәселе көтерілді, тұрғын үйді реттілікте ұстау қажеттігі туралы айтылды. Право тәртібін бұзушылықтың алдын алу, балалар мен жасөспірімдер тәрбиесін күшейту туралы айрықша әңгіме болды. Осы мақсатпен үй комитеттерінің, микроауданының қоғамдық советінің қызметін күшейтіп, тұрғылықты жердегі бүкіл жұмыста коммунистер ролін көтеруге уағдаласты.

Қалалық партия комитеті мен қалалық атқару комитеті микроаудандардың бәрінде осындай жиындар өткізуді белгіледі.

В. ФЕДОРОВ.

Қостанай қаласы.

Спорт клубы құрылды

Шемонаихада «Химстрой» тресі тұрғын үй-коммуналдық комплексі базасында жұмыс істейтін «Самсон» атлетикалық клубы (жетекшісі Г. Райц) жұртшылық арасында әбден танымал.

Атлетикалық гимнастикамен айналысуға арналған жақсы жабдықталған зал, душ, сауна клубқа келушілерге қызмет көрсетеді және бәрі тегін көрсетіледі.

Қамқорлықтағы № 3 мектептің оқушылары мен трест жұмысшылары денсаулығын нығайту, тынығу үшін мұнда ықыласпен келеді.

А. ПЕТРОВ.

Шығыс Қазақстан облысы.

Digitized by Google

ҚАЛАДАҒЫ АВТОМОБИЛЬ

Соңғы кезде біздің елімізде, әлбетте, экологияға, экологиялық жағынан таза өнеркәсіп орындары мен энергетиканы дамыту проблемаларына барған сайын көбірек көңіл бөлініп келеді. Энергияны үнемдейтін және қалдықсыз технология енгізілуде, көптеген жерлерде бүлінген табиғат қалпына келтірілуде. Бір сөзбен айтқанда, айналадағы ортаны қорғау үшін біраз нәрсе жасалуда. Сонымен бірге шешілмеген қаншама проблемалар баршылық, ішінара алғанда, жұртшылық қалалар үстіндегі әуе бассейнінің жағдайына алаңдаушылық білдіруде. Демек таза ауа бәрімізге керек қой!

Автомобиль транспорты әуе бассейніне аса көп нұқсан келтіріп, оның ластануына қыруар үлес қосуда. Ол көміртегін, азот қышқылдарын, көміртегі қышқылдарын атмосфераға шығарады. Оның себебі — отынның толығынан және бірқалыпты жанбауында: өйткені оның тек 15 проценті ғана автомобильдің жүрісіне жұмсалады, қалғаны желге ұшып кетеді. Оның үстіне автомобиль двигателінің жану камерасы улы заттарды синтездеуші ғана емес, сонымен бірге өте-мөте алаңдататыны — оларды атмосфераға шығарушы өзіндік химиялық реактор болып табылады. Оның үстіне әр автомобиль жылына 10 килограмға дейін резинаны желге ұшырады.

Әсіресе республика астанасы атмосферасының ластануы өте-мөте алаңдатады. Табиғи желдің тым мардымсыздығы, суық кезде желдің мүлдем соқпауы, Алматының қалалық орталығын қоршаған гигиеналық және басқа да өзіндік ерекшеліктер ауада зиянды заттардың көбірек жинақталуына ықпал жасайды. Егер зиянды тастанды заттардың 30 процентке дейінгі ГРЭС-тер мен қазандықтардың үлесіне келсе, оның 60—70 проценті автомобиль транспортының үлесіне тиеді.

Қазақ мемлекеттік университеті табиғат қорғау мен билогияны оқыту методикасы кафедрасының меңгерушісі, биология ғылымының докторы, профессор В. И. Фурсовтың жетекшілігімен жүргізілген зерттеулер шамамен 1985—1986 жылдарға дейін Алматының ересек тұрғындары қанының құрамындағы қорғасынның мөлшері жоғары болғанын, әсіресе шоферлерде ол аса қауіпті деңгейге дейін жақындағанын көрсетті. Республика астанасының автотранспорты үшін этилденділірілмеген бензин беріле бастаған соңғы екі жыл ішінде адамдардың осы тобы қанының құрамындағы қорғасынның мөлшері едәуір —100 миллилитр қанда 10—14 микрограмға дейін азайды. Зиянды заттардың осыншама шоғырлануы балалар үшін зиянды болғанымен ересектер үшін бұл — норма. Демек жағдай арнаулы қызметтердің тұрақты бақылауына алынды.

Алайда қалалық атқару комитеті, республиканың минстрліктері мен ведомстволары, одақтық бағыныстағы кәсіпорындар жүргізіп жатқан жұмыс «Алматының атмосфералық ауасының ластануына жол бермеу жөнінде 1989—1990 жылдарға арналған шаралар туралы» Қазақ ССР Министрлер Советінің үстіміздегі жылғы апрельдегі қаулысында атап көрсетілгеніндей, қаланың табиғи ортасының түбірінен жақсаруын қамтамасыз етпеді. Оның атмосфералық ауасының ластану деңгейі бұрынғысынша жоғары. Мұнда өндіргіш күштерді дамытудың перспективалы және ағымдағы жоспарлары және соған сәйкес қуаттардың үдетілуі ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін және олардың экологиялық жағдайға ықпалын ескерместен жүзеге асырылуда. Бірлестіктердің, кәсіпорындардың және ұйымдардың табиғи ортаны ластайтын заттардың шығарылғаны үшін төлем төлеуінің уақытша экономикалық нормативтерін әзірлеп, эксперимент ретінде іске қосу қарастырылуда. Қалалық атқару комитетіне, республиканың Транспорт, Ішкі істер министрліктеріне, басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволарына қаладағы жолаушылар транспортының маршрут желісін қайта қарау, бұл орайда электр транспортының басым дамуын қамтамасыз етіп, 1991 жылы оның жолаушылар тасымалының көлеміндегі үлесін 40 процентке жеткізу тапсырылды. Жолда жүруді реттеудің автоматтандырылған «Қала» жүйесінің комплексін қайта құрып, кеңейту тапсырылды.

1991 жылға дейін 4 коммуналдық қазандықты табиғи газды пайдалануға көшіру және 7 ұсақ жылыту қазандығын жабу ұйғарылды. 1990 жылы атмосфераның ластануын бақылаудың автоматтандырылған жүйесінің лабораториялық корпусын салып, пайдалануға беру қарастырылуда.

Астананың қалалық атқару комитеті жанынан айналадағы ортаны қорғау жөнінен ведомстволық комиссия құрылды, Алматының әуе бассейнін жақсарту оның қызметінің басты түйіні болып табылады. Қазіргі уақытта қалалық атқару комитеті адамдарды автотранспорттан шығарыла-

Digitized by Google

тын лас заттардан, соның ішінде әсіресе түнгі және ертеңгілік уақыттарда шудан құтқару жөнінен өте маңызды санитарлық-гигиеналық шараларды жүргізуде. Автобазалар қала сыртына шығарылуда, меншікті транспорт аулалардан ақылы, ашық тұрақтарға көшірілуде. Дегенмен мамандар жерасты немесе жартылай жер асты гараждар салу әлдеқайда тиімді болар еді деп есептейді.

Әрине, миллионнан астам тұрғыны бар қала тіршілігі үшін ұтымды экономикалық-климаттық жағдай жасау көптеген факторларға — экономикалық, әлеуметтік, гигиеналық, эстетикалық және ғылыми факторларға тәуелді. Қазірде мәдени мұраларды сақтау, өткендегі ұрпақтар тәжірибесін практикаға кеңінен енгізу қажеттігі туралы көп айтылып жүр. Демек, бұл өте орынды. Көне Верный қаласы сәулетшілерінің тәжірибесін түлеткен дұрыс болар еді, олар құрылыс тұрғызу барысында табиғи желді ескерді, яғни көшелер солтүстіктен оңтүстікке қарай салынатын. Қазір архитекторлар мен құрылысшылар жел бағытын ескерместен қала құрылысын жүргізуде. Тұрғын үй қорын салудың перспективалы программасын орындау барысында басқа да экологиялық факторлар сияқты ол фактор да ескеріледі, деп үміттенеміз.

Алматының әуе бассейні жайын болжай отырып, автомобиль паркінің өсіп келе жатқанын ескерген жөн, ол, біздің есептеулеріміз бойынша, 2005 жылға қарай 120 мыңға дерлік жетеді. Демек экологиялық саясатта бірқатар бағыттарды саралау керек, ол бойынша басты шараларды белгілеу қажет. Ең алдымен оған мыналарды жатқызар едік: Алматыны этильдендірілмеген бензинмен одан әрі жабдықтау, пайдаланудағы автомобильдерді жоғары техникалық күтімде ұстау және двигательдер шығаратын газдың улы заттары мен түтінін бақылайтын және жүйеге келтіретін пункттер жүйесін кеңейту; автотранспортты газ бен дизель отынына ауыстыру;

Біздің елімізде автомобильдер үшін көміртегі тотықтары мен көмірсутектері мөлшерін, сондай-ақ двигательдерінің түтін бөлу мөлшерін анықтауға арналған стандарттар талдап жасалып, бекітілді. Алайда, өкінішке қарай, ол ертеректе қабылданған еді және практикада әрдайым қолданыла бермейді. Иә, диагностикалық жабдықтар, газанализаторлар жетіспегендіктен олар қайдан орындалсын. Қазақстанның ондаған, жүздеген автомобиль шаруашылықтары қарадүрсін, жалпы жетілдірілмеген құрылғылармен жабдықталған.

Мәселен, Шығыс Қазақстан облыстық агроөнеркәсіп комитетінің жүз ірі автомобиль шаруашылығынан тек «Чапаев» совхозында ғана автомобильдерден шығарылатын газды тексеру жөнінен пункт құрылған. Тіпті «Алтайсвинецстрой» трестінің, Ертіс құрылыс басқармасының, осы облыстың «Казтяжпромарматура» өндірістік бірлестігінің автобазалары сияқты ірі автомобиль шаруашылықтарында да осындай пункттер жоқ. Гурьев автобус паркінде диагностика постысы формальды түрде ғана бар, двигательдердің газды бөлуін тексеру жүргізілмейді. Гурьев автотранспорт кәсіпорыны паркінің 70 процентке жуығын дизельді отынмен жұмыс істейтін автомобильдер құрайды, ал мұнда пайдаланылған газдың түтін бөлуін тексеруге арналған приборлар атымен жоқ. Қызылорда облысы автотранспорт кәсіпорнына қарайтын, тексерілген 5,5 мың машинаның әрбір төртіншісі тым улы газды шығарады.

Автомобиль транспортындағы экологиялық проблемаларды шешуді біршама арзан әрі бензинді толық алмастыратын сұйық (пропан мен бутон қоспасы) және сұйық (метан) көміртегі газдарын қолданумен тікелей байланыстыруға болады.

Қазақ ССР Статтистика жөніндегі мемлекеттік комитеті хабарлайды

Экология туралы көбірек қамқорлық жасайық

Тұтасынан республика бойынша тұтас алғанда 1989 жылдың бірінші жартысында ластаудың тұрақты көздерінен шығарылған зиянды заттар көлемі 2,7 миллион тонна болып, өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 61 мың тонна, оның ішінде Жезқазған және Семей қалаларының территориясында 16 процент, Павлодарда — 12 процент, Теміртауда —10 процент, Қарағанды мен Екібастұзда 4 процент азайды.

Сонымен бірге атмосфералық ауаға зиянды заттардың шығарылуы СССР Газ өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындарында 6 есе, СССР Мұнай өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындарында 37 процент өсіп кетті. Бірсыпыра қалаларда, атап айтқанда Өскеменде, Зырянда, Жамбылда, Ақтөбеде, Балқашта және басқа қалаларда ауа бассейнінде жекелеген зиянды заттардың мықтап шоғырландырылып, нормадан бірнеше есе асып кеткені атап көрсетілді. Мұның өзі негізінен Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің, СССР Қара металлургия министрлігінің, Түсті металлургия министрлігінің, Химия өнеркәсібі министрлігінің кәсіпорындарының және басқаларының кінәсінен болды. Автотранспорттан адамдардың денсаулығына зиянды заттардың атмосфераға шығарылуы да азаймай келеді.

Digitized by Google

Оны енгізу жылына бір автомобильге шаққанда 10 тонна мөлшердегі сұйық мотор отынын үнемдеуге, жұмсалатын майды 15—20 процентке кемітуге мүмкіндік береді.

Транспортшылар тиімділігі жоғары дизельді двигательдерге көп үміт артады, республика автотранспортының жүк айналымындағы олардың үлесі таяу болашақта 60 проценттей құрайды. Жаңа тенденциялар әуе бассейнін қорғау жөнінен бірқатар талаптарды ұсынады. Өте дәлдіктегі отын аппаратурасын, дизельді отынды, арнаулы майды, двигательдер диагностикасына арналған жабдықтарды шығаруды қазірдің өзінде ретке келтіру керек. Осындай двигательдің жұмыс істеуі барысында орта есеппен бір тонна жағылған отынның 16—18 килограмм күйесі атмосфераға шығарылатыны белгілі.

Бейтараптандыру құралдарын қолдану ұқсатылған газдың уыттылығын азайтудың маңызды бағыты болып табылады. Алғашында мұндай приборларды жасау мен пайдалану қарапайым әрі арзан деп есептелді. Алайда іс жүзінде оларды қолдану оңай болмай шықты. Оның үстіне автомобильдің құны мен оны пайдалану шығындары күрт көбейіп кетеді. Каталиктік бейтараптандыру құралдарын өндіру шығарылатын автомобильдердің 0,1 процентін құрайтынын атап өткен жөн. Сонымен бірге олар пайдаланылған газдың құрамындағы көмір қышқылы тотығы мен көмірсутегі тотығының мөлшерін 30—80 процентке төмендетуге қабілетті.

Көше-жол жүйесін, транспорт магистральдарын дамыту проблемаларын, яғни жоспарланған орталық ауданды жанай өтетін қалалық жылдамдық магистральдарын, қала орталығын транзитті транспорттан босатып, жартылай айналма және таратушы жүк тасу жолдары мен магистральдарын салуды да комплексті шешу керек, үздіксіз қозғалыс магистральдары қажет.

Тек осының есебінен ғана амтосферадағы ауаның ластану деңгейін 10—20 процентке азайтуға болады. Алматылықтар метро құрылысына көп үміт артады.

Қалалардағы трамвай, сондай-ақ троллейбус жүйелері осы заманғы әлеуметтік жағынан арзан және экологиялық таза транспорт болуға тиіс. Қоғамдық электр транспорты қаптаған автомобильдерді ауыстыруға тиіс.

С. ЖҮНІСОВ,
техника ғылымының кандидаты,
Т. ТІЛЕУОВ,
тарих ғылымының кандидаты.
Алматы қаласы.

СІЗДІҢ БЛОКНОТЫҢЫЗҒА

ТАБИҒАТ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Дала тұрғынын басқаша көрініс, басқаша табиғат қоршайды... Жайқалған өзен кең айдынды тұнық та жарқын, үйрек, қаз, аққулар су бетінде әсем қалықтап жүзеді, қаңқулап ұн қосады, бірақ бәрі де орынды, жарасымды.

Ш. УӘЛИХАНОВ.

Көз көріп, құлақ естімеген табиғаттың таңғажайып кеңістігін тану жолында қазіргі адам баласы жеткен ұлан-ғайыр рухани дүние өрісін, жеке бір салаларда ғана болмаса, көркемдік ой жүйесін әлі тұтас қамти алған жоқ.

Ш. АЙТМАТОВ.

Табиғат қандай заңдарға бағынса, адам да сондай заңдарға бағынады.

Т. ГОББС.

Болдым ғашық туған дала, мен саған,
Алыс жүрсем арманым сен аңсаған.
Жақын жүрсем мен төрінде рахаттың
Алтын бесік — өзім туған босағам.

Қ. АМАНЖОЛОВ.

Табиғат тылсымын түсіне білген адам — кіршіксіз де, адал жан.

Л. И. ЛЕОНОВ.

Барша байлықтардың анасы — жер. Жерді күтіп-баптай білу, оның қойнауынан қазба байлықтарын тауып ала білу, табиғат пен қоршаған ортаны түлетіп гүлдендіре беру өз қолымызда.

Ы. ЖАҚАЕВ.

...біз табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз. Жер, су, ауа — адам баласының ұрпағынан ұрпағына мұра болып келе жатқан мол қазына...

Ы. ЖАҚАЕВ.

Біздің жалғыз Алатаудың айналасына берер су байлығы, өзендері мен жаңбыры ешбір теңізден кем емес. Жетісудың алатын жерін, үлкен өзенін былай қойғанда, Алатаудың әр түсынан алатын кіші өзендердің өзінде қанша тіршіліктің арқауы мен қыры бар.

Ғ. МҮСІРЕПОВ.

Мен табиғатпен тіл табыса білуге ұмтылдым. Шайдай ашық аспаннан, шуақты күннен, көктемгі жаңбырдан пайдалы сыр іздедім.

Ж. ҚУАНЫШБАЕВ.

Әзірлеген **К. ЖАРЫҚБАЕВ.**

Digitized by Google

ПАРТИЯ ҚАТАРЫНДА ҚАЛДЫРЫЛДЫ

Журнал редакциясы отызыншы, қырқыншы жылдарда және елуінші жылдардың басында заңсыз айыпталған жазықсыз жандардың партия қатарында қалғаны туралы документтерді жариялауды одан әрі жалғастырады. Төмендегі жолдастар Қазақстан Компартиясы облыстық комитеттерінің шешімдерімен партия қатарында қалдырылды.

ӘБДІКӘРІМОВ Нұрлыбек — 1927 жылдан ВКП(б) мүшесі. Партиялық жауапқа тартылар кезде Ақтөбе облысындағы Ойыл аудандық партия комитетінің бірінші секретары болған. 1937 жылғы 14 ноябрьде ол «партия мен халық жауы» ретінде ВКП(б) мүшелігінен шығарылды. СССР Жоғарғы соты Әскери коллегиясының 1938 жылғы 15 февральдағы үкімімен «контрреволюциялық, буржуазиялық-ұлтшыл террорлық бүлікшілер ұйымына қатысып, ауыл шаруашылығында зиянкестік әрекеттермен шұғылданғаны үшін» кінәлі деп айыпталып, ең ауыр жаза — атуға кесілген. 1957 жылғы 7 майда СССР Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы үкімінің күшін жойды және құрамында қылмыс болмағандықтан істі тоқтатты. Ақтөбе облыстық партия комитетінің бюросы 1989 жылғы 16 майда Н. Әбдікәрімовті партия қатарында қалдырды (қаза тапқаннан кейін).

БАХОВА Галина Николаевна — 1930 жылдан ВКП(б) мүшелігіне кандидат. Ростов қалалық комсомол комитетінде саяси оқу бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1937 жылғы 13 мартта Андреев аудандық партия комитеті және 1937 жылғы 19 апрельде Дондағы Ростов қалалық партия комитеті таптық қырағылықты жоғалтқаны және халық жауларымен байланысты болғаны үшін деп ВКП(б) мүшелігіне кандидаттықтан шығарған. 1937 жылғы 28 ноябрьде Ішкі істер халық комиссариатының Ростов облысындағы «үштігі» оны Отанын сатқан семьяның мүшесі ретінде сегіз жыл бас бостандығынан айыруға кесті. 1959 жылғы 4 июньде СССР Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы Г. Н. Бахованың іс-әрекеттерінің құрамында қылмыс болмағандықтан үкімнің күшін жойды, істі тоқтатты. Ақтөбе облыстық партия комитеті 1988 жылғы 18 октябрьде Г. Н. Бахованың партия мүшелігі туралы мәселе қарады және ВКП(б) мүшелігіне кандидаттықтан шығару барысында оған тағылған саяси айыпты негізсіз деп тауып, сот арқылы толық ақталуын ескеріп, оның КПСС мүшелігіне кандидаттығын қалпына келтірді.

БЕЙЛЬ Андрей Матвеевич —1939 жылдың август айынан ВКП(б) мүшесі. Партиялық жауапқа тартылған уақытта еңбек армиясында болған. 1945 жылдың май айында «контрреволюциялық іс-әрекеті және антисоветтік үгіті» үшін айып тағылып, тұтқындалған және 1945 жылғы 15 декабрьде сотталып, бес жылға бас бостандығынан айыруға кесілген. 1946 жылғы 29 ноябрьде РСФСР Ішкі істер министрлігі Ивдельгер саяси бөлімінің жанындағы партиялық комиссия және 1947 жылғы 29 ноябрьде Свердлов облыстық партия комитеті оны ВКП(б) мүшелігінен шығарған. Свердлов облыстық сотының президиумы 1956 жылғы 20 июньде іс-әрекетінің құрамында қылмыс болмағандықтан, А. М. Бейльге қатысты үкімнің күшін жойды, істі тоқтатты. Қостанай облыстық партия комитетінің бюросы 1988 жылғы 16 августе А. М. Бейльді КПСС мүшелігінде қалдырды.

ДЕЙНЕГА Тит Емельянович — 1921 жылдан ВКП(б) мүшесі, Ақтөбе қалалық халыққа білім беру бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1938 жылдың июнь айында «екі жүзділіп үшін және халық жауы» ретінде қамауға алынып, партия қатарынан шығарылған. 1940 жылдың июнь айында құрамында қылмыс болмағандықтан оған қатысты іс тоқтатылды. 1958 жылғы февраль айында Алға аудандық партия комитеті Т. Е. Дейнеганы жалпы негізде КПСС мүшелігіне қабылдаған болатын. Ал Ақтөбе облыстық партия комитетінің бюросы 1989 жылғы 16 майда оның 1921 жылдан КПСС мүшелігін қалпына келтірді (қаза тапқаннан кейін).

ЕРОФЕЕВ Александр Петрович — 1930 жылдан ВКП(б) мүшесі, Солтүстік Қазақстан облыстық тұтынушылар одағы финанс-жоспарлау бөлімінің бастығы болып жұмыс істеген. 1938 жылы ол «оңшыл-троцкийшіл, диверсиялық-зиянкестік ұйымының мүшесі болды және сауда саласында зиянкестік жұмыстарды белсене жүргізді» деген айып тағылып, тұтқынға алынған. 1938 жылғы 25 июльде Петропавл қалалық партия комитеті А. П. Ерофеевті «партия және халық жауы» ретіне ВКП(б) мүшелігінен шы-

Digitized by Google

ғарған. 1938 жылғы 30 сентябрьде Ішкі істер халық комиссариатының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «үштігінің» қаулысымен атуға кесілген. СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1989 жылғы 16 январьдағы «30-40 жылдары және 50 жылдардың бас кезінде орын алған репрессия құрбандарына қатысты әділеттілікті қалпына келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Указына сәйкес ол ақталды. Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросы 1989 жылғы 28 мартта оны КПСС мүшелігінде қалдырды (қаза тапқаннан кейін).

ЕЛЕУОВ Мұхамеджан —1932 жылдың апрель айынан ВКП(б) мүшелігіне кандидат. Қарағанды облысындағы Новочеркасск аудандық финанс бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1937 жылғы 19 июньде Новочеркасск аудандық партия комитеті «ұлтшылдық іс-әрекеттері және контрреволюциялық әңгімелері үшін» М. Елеуовті ВКП(б) мүшелігіне кандидаттықтан шығарған. Оған контрреволюциялық ұлтшыл-фашистік, диверсиялық-зиянкестік ұйымның басшысы және ұйымдастырушысы болды, оның мүшелерін жүйелі түрде жасырын, жинап, колхозда зиянкестік жұмыстар жүргізуге бағыт-бағдар беріп отырды деген айып тағылған. 14 февральда ең ауыр жаза — атуға кесілді. Целиноград облыстық сотының президиумы 1988 жылғы 14 ноябрьде құрамында қылмыс болмағандықтан М. Елеуовке қатысты істі тоқтатып, үкімнің күшін жойды. Қарағанды облыстық партия комитетінің бюросы 1989 жылғы 28 мартта М. Елеуовтің партиялылығын қалпына келтірді (қаза тапқаннан кейін).

ҚАРАБАЕВ Қайыр — 1931 жылдан ВКП(б) мүшелігіне кандидат, Павлодар облысындағы Ертіс аудандық «Колхоз тілі» газеті редакторының міндетін атқарушы болып жұмыс істеген, 1937 жылғы 24 декабрьде Ертіс аудандық партия комитеті Қ. Қарабаевты «халық жауы» ретінде ВКП(б) мүшелігіне кандидаттықтан шығарған. Сол жылы антисоветтік іс-әрекеттері үшін сегіз жылға сотталып, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. 1943 жылғы январьда қамауда қайтыс болған. 1955 жылғы декабрь айында сот органдары оны ақтады. Павлодар облыстық партия комитетінің бюросы 1989 жылғы 21 февральда Қ. Қарабаевтың партиялылығын қалпына келтірді (қаза тапқаннан кейін).

КИМ Валерий Петрович —1931 жылғы декабрь айынан ВКП(б) мүшесі, партиялық жауапқа тартылар кезеңде Ақтөбе облысы Қарабұтақ ауданының «Бөгетсай» колхозында председательдің орынбасары болып жұмыс істеген. 1938 жылы «жапон барлаушыларына көмектескені, әскери және экономикалық сипаттағы мәліметтерді жинап бергені үшін айыпталып, тұтқындалған. 1938 жылғы 4 августа Қарабұтақ аудандық партия комитеті В. П. Кимді «халық жауы» ретінде ВКП(б) қатарынан шығарған. 1938 жылғы 1 октябрьде Ішкі істер халық комиссариатының Ақтөбе облысы бойынша «үштігінің» қаулысымен атуға кесілген. Ақтөбе облыстық сотының президиумы 1988 жылғы 8 июньде Ішкі істер халық комиссариаты «үштігінің» В. П. Кимге қатысты қаулысының күшін жойды және құрамында қылмыс болмағандықтан істі тоқтатты. Ақтөбе облыстық партия комитетінің бюросы 1989 жылғы 24 мартта В. П. Кимнің партиялылығын қалпына келтірді (қаза тапқаннан кейін).

МАГАРИЛ Давид Александрович — 1925 жылдың июль айынан ВКП(б) мүшесі, Солтүстік Қазақстан облыстық халыққа білім беру бөлімінің сектор меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1938 жылғы 9 мартта Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті Д. А. Магарилді «халық жауы» ретінде ВКП(б) қатарынан шығарған. РСФСР Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы оны 1938 жылғы 29 августа ең ауыр жаза — атуға кескен. 1957 жылғы 15 ноябрьде Түркістан әскери округінің Әскери трибуналы үкімді жойды және құрамында қылмыс болмағандықтан істі тоқтатты. Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросы 1988 жылғы 27 декабрьде Д. А. Магарилдің партиялылығын қалпына келтірді (қаза тапқаннан кейін).

МАМАЕВ Иван Васильевич—1931 жылдан ВКП(б) мүшелігіне кандидат, Петропавл қаласында облыстық астық дайындау басқармасының сектор бастығы болып жұмыс істеген. 1938 жылғы 9 июльде Петропавл қалалық партия комитеті И. В. Мамаевты «Ішкі істер халық комиссариатының органдары қамауға алған партия мен халық жауы» ретінде ВКП (б) мүшелігіне кандидаттықтан шығарған. 1938 жылы атуға кесілген. 1957 жылғы 13 сентябрьде Түркістан әскери округінің Әскери трибуналы құрамында қылмыс болмағандықтан үкімнің күшін жойды, істі тоқтатты. Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросы 1989 жылғы 23 майда И. В. Мамаевтың партиялылығын қалпына келтірді (қаза тапқаннан кейін).

СЕРЕБРЯКОВ Виктор Сергеевич — 1925 жылдың апрель айынан ВКП (б) мүшесі, партиялық жауапқа тартылар кезеңде Қостанай облысының Меңдіқара ауданындағы Долбушин машина-трактор станциясы директорының саяси жұмыс

Digitized by Google

жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеген. 1936 жылғы 20 сентябрьде Қазақ өлкелік партия комитетінің Қостанай облысы бойынша ұйымдастыру бюросы «машина-трактор станциясында контрреволюциялық жұмыстар жүргізген жат элементтермен байланысы» үшін В. С. Серебряковты ВКП(б) қатарынан шығарған. 1936 жылы «антисоветтік троцкийшіл ұйымының мүшесі бола жүріп, Долбушин және Жаркөл машина-трактор станцияларында осы ұйымның бөлімшесін құрды» деген айып тағылып, қамауға алынған. Ішкі істер халық комиссариаты басқармасының Қостанай облысындағы «үштігінің» 1937 жылғы 25 ноябрьдегі қаулысымен 1937 жылғы 27 ноябрьде атылған. Қостанай облыстық сотының президиумы 1962 жылғы 31 мартта В. С. Серебряковқа қатысты үкімнің күшін жойып, оның іс-әрекетінің құрамында қылмыс болмағандықтан істі тоқтатты. Қостанай облыстық партия комитетінің бюросы 1988 жылғы 13 декабрьде оны партия қатарында қалдырды (қаза тапқаннан кейін).

УБУГУНОВ Даниил Михайлович — 1921 жылдан ВКП (б) мүшесі, Солтүстік Қазақстан облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1937 жылы контрреволюциялық іс-әрекеттері үшін қамалып, ең ауыр жаза — атуға кесілген. 1937 жылғы 1 октябрьде КПСС Орталық Комитеті жанындағы партиялық бақылау комитетінің өкілі Солтүстік Қазақстан облыстық партия коллегиясымен бірлесіп, «ВКП (б) қатарына алдап-арбау жолымен еніп кеткені және троцкийшілдермен байланыс жасап, оларды жасырғаны үшін» Д. М. Убугуновты ВКП(б) қатарынан шығарған. Забайкал әскери округінің Әскери трибуналы 1957 жылғы 25 январьда үкімнің күшін жойды және құрамында қылмыс болмағандықтан істі тоқтатты. Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросы 1989 жылғы 23 майда Д. И. Убугуновтың партиялылығы туралы мәселе қарап, партиядан шығарған кезде оған тағылған саяси айыптың негізсіздігін, соттың оны толық ақтағанын ескере келіп, партияда қалдырды (қаза тапқаннан кейін).

ЧИЧАЕВ Павел Николаевич — 1931 жылдың январь айынан ВКП(б) мүшесі, Павлодар облысының Шарбақты поселкесінде кірпіш заводының меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1935 жылдың октябрь айында Цюрупа аудандық партия комитеті «контрреволюциялық-диверсиялық іс-әрекеттері үшін» оны ВКП(б) қатарынан шығарған. Ішкі істер халық комиссариаты басқармасының Шығыс Қазақстан облысы бойынша «үштігінің» шешімімен 1937 жылғы 24 декабрьде ол он жылға сотталған. 1957 жылы П. Н. Чичаев сот арқылы ақталды. Павлодар облыстық партия комитетінің бюросы 1988 жылғы 21 июньде оны партияда қалдырды (қаза тапқаннан кейін).

ШИЛИН Михаил Данилович — 1925 жылдан ВКП(б) мүшесі, Петропавл ет комбинатында партком секретары болған. 1938 жылғы 9 июньде Петропавл қалалық партия комитеті М. Д. Шилинді халық жауы ретінде ВКП(б) қатарынан шығарған. «Поляк барлаушыларының тыңшысы және оңшыл троцкийшіл диверсиялық зиянкесшіл ұйымның мүшесі болды» деген айып тағылып, қамалған. Ішкі істер халық комиссариаты басқармасының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «үштігінің» қаулысымен 1938 жылғы 30 сентябрьде атылған. Түркістан әскери округінің Әскери трибуналы 1958 жылғы 15 майда үкімнің күшін жойды және құрамында қылмыс болмағандықтан М. Д. Шилинге қатысты істі тоқтатты. Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бюросы оны КПСС қатарында қалдырды (қаза тапқаннан кейін).

ЖАҢА КІТАПТАР

«ҚАУЫМ. СЕМЬЯ. ДІН»

Қазақ ССР «Білім» қоғамында философия ғылымының кандидаты А. Артемовтің кітапшасы осындай атаумен шықты.

Қазақстан территориясында жұмыс істейтін діни бірлестіктер өмірінен іс жүзінде көп материалды, нақты социологиялық зерттеулер деректерін, түрлі діни қайнарларды — діни ілімі еңбектерін, рефераттарды, шіркеудің мерзімді басылымдарының мақалаларын пайдалану кітапшаның артықшылығы болып табылады. Дінге сенушілердің рухани дүниесіндегі өзгерістердің қауымдардың белгілі жағдаяттарға қатысуы процесімен, оларда жұмыс істеушілер үлесінің өсуімен, олардың мүшелерінің білім дәрежесінің артуымен байланысы қадағаланады.

Түрлі діни бірлестіктер мүшелерінің қайта құру туралы пікірлері келтіріледі. Дінге сенушілердің саяси адалдығын баяндай отып, әлеуметтік белсенділігін арттыру үшін оған деген дұрыс қатынасты пайдала-

Digitized by Google

«ДИАЛОГ»—СІЗДІҢ СҰХБАТТАСЫҢЫЗ

КПСС Орталық Комитетінің қоғамдық-саяси «Диалог» жаңа журналы 1990 жылғы январьдан шыға бастайды.

«Диалог» сіздің қоғамдық саяси өмірді бүкіл күрделілігімен және қайшылығымен қоса біліп, XX ғасырдың қоғамдық пікірінің тынысын сезінуіңізге көмектеседі. Оның беттерінен отандық және шетелдік саясатшылардың, социологтардың, философтардың, экономистердің, әлеуметтік психологтардың еңбектерімен таныса аласыздар. Журнал балама көзқарастарды білдіруге өз беттерінен орын береді. Оны оқи отырып, сіз пікірлерді салыстырып, партиялық, мемлекеттік және қоғамдық ірі қайраткерлермен сұхбаттарда өз позицияңызды негіздей аласыз.

«Диалог» біздің қоғамымыздағы саяси, экономикалық, праволық, адамгершілік проблемалардың жаңа қырларын ашады, маңызды оқиғаларды, өткір фактілерді, саяси және экономикалық реформаға байланысты қоғамдық пікірдің «қызу нүктелерін» түсіндіреді.

Сіз «Диалог» беттерінен бүгінде өзіңізді толғандыратын, журналға жолдаған сұрақтарыңызға жауап табасыз. Сіз оқырмандар мен партия лидерлері, халық депутаттары, атақты ғалымдар, совет және шаруашылық қызметкерлері, ғылым мен мәдениет қайраткерлері арасындағы творчестволық дәлелді пікірталастарға қатысушы бола аласыз.

*Егер сіздің елдің қоғамдық-саяси өмірін толығынан елестетіп, партия мен қоғамдағы қайта құру процестерінің бүкіл мәнін, Отанымыздың тарихи өткен кезеңін, бүгінгісін және келешегін творчестволық марксизм позициясы тұрғысынан ой елегінен өткізгіңіз келсе, егер сіз саяси араласуды, пікірталасты жүргізуді, адамдар арасындағы түбегейлі адамгершілік қатынастарды жолға қоя білуді үйренгіңіз келетін болса, онда **«Диалог» журналын жаздырып алып, оқыңыз.***

Журнал коммунистер мен комсомолецтердің, насихатшылардың, саяси хабаршылардың, мұғалімдердің, жоғары оқу орындары мен техникумдар қоғамдық ғылымдары оқытушыларының ең қалың ортасынан өз аудиториясын табуға ұмтылады. «Диалогта» жарияланатын материалдар марксизм-ленинизм университеттерінің, партиялық оқудың түрлі формаларының тыңдаушылары, пікірталастар клубтары мен саяси әңгімелерге қатысушылар, студенттер мен жұмысшы жастар үшін — партия мен қоғамда өтіп жатқан процестердің мәніне қанығып, жаңалықтарды білуге ұмтылатын адамдардың бәрі үшін өте пайдалы болмақ.

Жаңа басылымның индексі — 70699. Жылына журналдың 18 номері шығады. Бір номерінің бағасы — 25 тиын, жылдық топтамасы — 4 сом 50 тиын.

«Политическое образование» журналын жаздырып алушыларға «Диалог» басылымы жеткізу карточкасын қайта толтырмай-ақ беріледі. «Агитаторды» жаздырып алушылардың алғашқы 14 номерді алу правосы бар, ал қалған төрт номері қосымша 90 тиын төлеу барысында жеткізіледі.

КПСС Орталық Комитетінің «Правда» баспасы.

ну қажеттігі әділетті түрде атап көрсетіледі. Дінге сенушілердің атеистік наным-сенімдерінің ерекшеліктерін, олардың ғылыми-материалистік дүниетанымға қарсы тұрғанын ескере отырып, автор бұл мәселеге ғылыми тұрғыдан қарайды.

Қауымдардың діндерді сақтап, қалыпқа келтіруде атқаратын қызметіне арналған бөлімде де қызықты байқаулар баяндалады. Діндарларға эмоционалдық ықпал жасауды күшейту, олардың белсенділігін арттыру мақсатында дін практикасын жаңғырту формалары туралы да әңгімеленеді.

Семьяның рухани практикалық комплексіндегі орны тиянақты қаралады. Мұның барысында дін басыларының семья тәрбиесінің әдістері мен діни наным-сенімді сақтап, тұлғадағы оның ролін деген көзқарасы талданады.

Орыс, қытаншада біраз кемшіліктер бар-шылық. Олардың бірі — жұмыстың артықшылығын дәріптей беру: жекелеген жерлерде түрлі діни қайраткерлерден алынған үзінділер қаптата берілген. Автор бірқатар көп жанрлықтан арыла алмаған: бөлімдердің бірі тым күрделі беріледі және басқалары мейлінше танымал түрде баяндалады.

Демек мұның бәрі жеңіл-желпі кемшіліктер. Ең бастысы, біздің көзқарасымызша, А. Артемьевтің жұмысы материалы бойынша да, оны ой елегінен өткізу тұрғысынан да бірегей еңбек.

В. КОВАЛЕНКО,
Қазақ ССР Ғылым академиясы Философия және право институтының кіші ғылыми қызметкері.

Алматы қаласы.

Digitized by Google

СЕМЬЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨМЕГІ

Алматыда таныстыру қызметі міне бірнеше жылдан бері жұмыс істейді. Ол туралы толығырақ білгім келеді. Өйткені газеттердегі «Серік іздеп жүрмін» немесе «Танысқым келеді» деген хабарландырулар көбінесе мысқылды күлкі туғызады.

Ю. СКВОРЦОВА, Қостанай қаласы.

Біздің штаттан тыс тілшіміз Наталья Павлик Алматының «Жанар» фирмасы семья қызметінің қызметкері **В. А. ОВЧИННИКОВАДАН** осы хатқа түсініктеме беруді өтінді.

Валентина Александровна алдымен хаттағы қызмет атауының жаңсақ аталуына назар аударды.

— Біздегі таныстыру қызметі емес, семья қызметі, — деді ол.

— Демек бұл әлденені өзгерте ме!

— Әрине. Біздің мақсатымыз адамдардың семья құруына көмектесу.

— Көп адамдар сіздің қызметіңіздің нәтижелілігін білгісі келеді. Қайсыбіреулер әлі күнге дейін бюроға бару тек уақытты зая кетіру деп есептейді...

— Демек бұл бекершілік! Құмәнданушыларға мынаны айтайын: егер сіз газетке жарнамалық хабарландыру берсеңіз, онда сіз кемінде 300 жауап хат аласыз. Көріп отырғаныңыздай, «көңіліңіз қалаған» өмірлік серік таңдау мүмкіндігіңіз соншалықты жеткілікті, демек біз ай сайын үш-төрт семьяның құрылғаны туралы хабар аламыз. Рас, мұның бәрін есептеу қиын, ал іс жүзінде некелесулер әлдеқайда көп тіркеледі.

— Жарнамалық хабарландыруларға қарасақ, семья құру қызметіне көбіне әйелдер жүгінеді. Олардың барлық хабарландырулары дерлік бірден: «Жалғызілікті, сұңғақ бойлы...» — деп басталады.

— Алғашқы әсерді бірден ескерудің қажеті жоқ. Әлдеқайда ұстамды еркектер де біздің қызметіміздің жақсы жағын тез бағалады. Рас, олар хабарландыру беруге онша құштарлық білдірмейді, деректерді біздің картотекамызға енгізуге болады. Осы әдістің шыдамдылықты қажет ететініне ер адамдар онша алаңдамайды. Жалпы еркектердің семья құруға деген ниеті қуантады.

— Жолы болмағандар мен көңіл көтеруге әуес адамдар ғана хабарландырулар береді, дегенді жиі естуге тура келеді....

— Мен мұнымен мүлдем келіспеймін. Хабарландыру құнының өзі-ақ көңіл көтергісі келетіндердің ниетін басып тастайды. Сонымен бірге біз (клиенттің) келушінің парасаттылығын қуаттайтын бірқатар документтерді талап етеміз. Демек, біздің сөзімізге сенулеріңізге болады, бізге семья құруға шындап ұмтылатын өнегелі, парасатты адамдар келеді. Ал жолы болмайтындарға келсек, сіздер өздеріңіз де түсінесіздер — өзін еркін ұстау, араласа білу қабілеті сирек кездесетін қасиет, көбіне мінезі тұйық адам өмірлік серігін таба алмаған үйреншікті таныстары ортасынан шыға алмайды. Демек біз орта жастағы және егде адамдар бойындағы аса араласа білмеу кемшілігін өтеуге тиіспіз.

— Сіз өз клиенттеріңіздің орташа статистикалық келбетін суреттеп бере аласыз ба!

— Егер бұл еркек болса, онда ол 30 жастан 50 жасқа дейінгі адам, әлбетте, ол ажырасқан, қаншама рет әрекет жасаса да некеге отыра алмаған адам. Балалары өзімен бірге тұрмайды. Материалдық жағынан қамтамасыз етілген. Өзінің жаңа семьялық «ошағын» құруға жауапкершілікпен қа-

БІЗ, ЕРКЕКТЕР, ҚАНДАЙМЫЗ?

Осы сауалдар қалжың болғанымен біздерге, үйленген еркектерге, семьядағы өз орнымызды жақсы білуімізге көмектеседі. Несі бар, бастап көрейік.

1. Сіз ертеңгі асты әзірлейсіз бе? (Иә — 3 ұпай, жоқ — 1).

2. Сіздің демалыс күні ас әзірлейтін кезіңіз бар ма? (Иә — 3 ұпай, жоқ — 1).

3. Сіз демалыс күндері азық-түлік сатып алуда әйеліңізге көмектесесіз бе? (Иә — 3 ұпай, аратұра — 2, жоқ — 1).

4. Магазиннен картоп әкелу сіздің міндетіңізге ене ме? (Иә — 3 ұпай, кейде — 2, жоқ — 1).

5. Үйді жинастырғанда әйеліңізге көмектесесіз бе? (Иә — 3 ұпай, кейде — 2, жоқ — 1).

6. Сіз үйдегі еңбекті жеңілдететін приборлармен құхняны жабдықтай аласыз ба? (Иә — 3 ұпай, жоқ — 1).

7. Әйеліңіздің қолы босамаған кезде сіз мектепке ата-аналар жиналысына немесе

Digitized by Google

райды. Әйелдерден шаруақорлықты, сабырлылықты, кішіпейілділікті қалайды.

Ал егер әйел болса — әдеттегідей, ол 30 жастан 40 жасқа дейінгі әйел. Тұрмыста болған (жолы болмаған), баласымен бірге тұрады. Жоғары немесе орта білімі бар. Еркек адамның бойынан өзіне тек серікті ғана емес, өмірдегі сүйенішін іздейді.

— Бюроға алматылықтардан басқа адамдар жүгіне ала ма?

— Әрине. Біз көптеген қалалардан — Қарағандыдан, Тюменьнен, Липецкіден, Ригадан... жарнамалық газеттер алып тұрамыз. Еліміздің қайсыбір ауданынан қалыңдықты немесе күйеу жігітті іздеп таба аламыз.

— Демек бұл үшін не нәрселер керек?

— Кез келген байланыс бөлімінен төмендегідей адреске 40 сом ақша аудару керек: 480057, Алматы қаласы, Ғабдуллин көшесі, 92, «Жанар» фирмасының Москва аудандық өнеркәсіптік құрылыс банкісіндегі есеп-счеті 500209. Ақша төлегені туралы квитанцияны, газетке берілетін хабарландыру текстін, жұмыс орнынан анықтаманы, сондай-ақ некенің бұзылғандығы туралы куәліктің көшірмесін (ажырасқандар үшін) мына адреске жіберу керек: 480001 Алматы қаласы, а/я 416, семья қызметі бюросы.

«ШЫҒЫМДЫ ШАЙ КЕРЕК ПЕ? —АЛЫҢЫЗ!»

деп жауап береді «Чимкентбиофарм» бірлестігінде

Адамдар қош иісті әрі сергітетін сусын — шайды талай ғасырлардан бері біледі. Ол бәрімізге ұнады және бүгінде оның танымдылығын жете бағалау қиын. Медиктер оның үйреншікті дәстүрлі қасиеттеріне қоса емдік, былайша айтқанда, әр аурудың өз «дәрісі» болуын қабыстыруға болмас па екен деген ойға келді. Сөйтсек, солай етуге болады екен. Еліміздегі осындай шайды әзірлейтін жалғыз кәсіпорын Шымкентте орналасқан.

«Чимкентбиофарм» өндірістік бірлестігінің коллективі шағын қалтаға салынатын емдік шай жөніндегі арнаулы өндіріс құрылысын бастады. Оған арналған жоба-смета документтерін батыс германиялық «Наттерман» және «Ферросталь»» фирмалары орындады. Олар қазірдің өзінде технологиялық жабдықтарды беруде. Шай «Наттерман» фирмасының рецептісі мен лицензиясы бойынша жасалады.

Объекті іске қосылғаннан кейін түрлі емдеу-профилактика мекемелеріне, дәріханаларға, ал келешекте кәдуілгі сауда жүйесіне жыл сайын 300 тоннадан астам шығымды емдік шай жөнелтілетін болады. Тиісінше зәр айдағыш, тыныштандыратын және іш жүргізетін қасиеті бар осы сусынның үш түрі болады.

Құрылысты 1991 жылдың екінші жартысында аяқтау белгіленуде. Дегенмен бірлестіктің бас директоры М. Матчинскийдің есебіне қарағанда, заказ берушілер шығымды емдік шайдың алғашқы партиясын мерзімінен екі-үш ай ерте алады. Бұл үшін құрылыс-монтаж және іске қосу-баптау операцияларын жеделдету шаралары қабылдануда.

Мынадай көрініс те атаған орынды: көп жылдан бері «Чимкентбиофарм» бірлестігінде емдік дәрідәрмектерді жасап, орау үшін оларды сабақтас кәсіпорынға беретін. Енді өнім нақ осында автоматты және жартылай автоматты желіде оралып, дайын күйінде тұтынушыларға берілетін болады.

Шай шикізаты қоспасын толық топтау үшін біздің елімізде өндірілмейтін қош иісті үстемелерді шет елдерден сатып алуға тура келеді.

Г. РЕБРОВ

Шымкент қаласы.

бала бақшасына барасыз ба? (Иә — 3 ұпай, жоқ — 1).

9. Әйеліңіз шаштаразға немесе косметика салонына барғанда, ал сіз бұл кезде үйде ас әзірлеуге қалатын кезде шамырканбайсыз ба? (Иә — 1 ұпай, кейде — 2, жоқ — 3).

10. Әйеліңіз жұмыстан кеш оралғанда сіз оған ашуланасыз ба? (Иә — 1 ұпай, жоқ — 3).

Ал енді жалпы ұпай санын есептен көрелік:

26—30 ұпай. Сіздің әйеліңіздің жолы болған деуге болады: сіз үй шаруасына тартырмайтын адам болып шықтыңыз. Сіздің еңбегіңіз әйеліңіздің жақсы көңіл-күйімен және алғысымен мадақталады.

16—25 ұпай. Сіздің үй шаруасына қосатын үлесіңіз онша көп емес. Әйеліңіздің не істеп жатқанына мұқият қарыңыз, сонда сіз қаншама іші өз міндетіңізге алуға болатынын көресіз.

10—15 ұпай. Сіз үй шаруасын жүргізуде әйеліңізге еш жағынан көмектеспейсіз, өзіңізді сүйікті күйеу ретінде емес, Ерлі-зайыптылар» деп аталатын тұрмыстық қызмет көрсету фирмасының клиенті ретінде ұстайсыз.

Digitized by Google

«ЖӘРКЕНТ МЕШІТІ» АРХИТЕКТУРАЛЫҚ-КӨРКЕМ МУЗЕЙІ

«Үйдің сыртқы көрінісінің өзі-ақ — оның архитектуралық үйлесімділігі, ағаштан жасалған күрделі ансамблі таңдандырады, оның бөлшектерінде бірде-бір шеге, бірде-бір металл зат жоқ. Мұнаралы үлкен мешіт намаз оқу үйімен, медресемен үйлесіп жатыр. Мұнаралар мен аспанмен астасқан төбесі де бірбірімен үйлесімді қабысқан, — деп суреттейді, Жаркент мешітін қазақстандық жазушы А. И. Брагин өзінің «Кеш атқан таң» деген повесінде.

Ағашқа байланыстының бәрі — ойып салынған өрнек те, әшекей де Іле өлкесінің сәулет мектебінің ісі. Ал кірпіштен үй тұрғызу, қышқа өрнектер салу, қабырғадағы жазулар орта азиялық мектептің архитектуралық ескерткіштеріне тән. Сондықтан Жаркент мешіті архитектурадағы бірнеше бағытты қабыстыра отырып, өзіндік географиялық және тарихи қиылыста тұр.

Неліктен олай болды? Мешіт құрылысын бірінші гильдиялық көпес Уәли Ахун Юлдашев бұдан жүз жыл бұрын бастаған еді, оның ықпалды жағдайы Шығыстан да, Батыстан да сол кездегі таңдаулы шебер құрылысшыларды жинауға мүмкіндік берді. Архитектор, ұлты қытай Хон Пик халық шеберлері Хасан Иминовтың, Таир Исмаиловтың, Насреддин Кардың, Ұшырбаки Зайнаутдиннің қатысуымен құрылысты және оны декоративтік безендіруді жүргізді. Құрылысқа қатысушы түрлі шеберлері де бүкіл комплекстің бейнесіне ықпалын жасады. Мәселен, құрылысшылар Қазақстан мен Орта Азияның дәстүрлі сәулет мектебінен оған тән атрибуттары бар портал архитектурасын алмасты. Демек үйдің сыртқы бейнесінде қытай архитектурасының элементтері басым болса, интерьерді безендіруде орта азиялық сәулет стилі қатаң сақталған. 1948 жылы ол мемлекеттік қорғауға алынды. 1979 жылы осында музей ашылды. Қазір оның қорларында халық творчествосының сирек кездесетін көптеген үлгілері сақталады. Декоративті-қолданбалы өнер көрмесі жұмыс істейді.

Оның қазақ бөлімінде талантты шеберлер жасаған тұрмыстық заттар: шеберлікпен жасалған ертоқым, мыс құмандар, қымыз құятын ыдыстар, торсықтар, ожаулар, қолдан тоқылған тамаша кілемдер көп. Ұйғыр бөлімінде көне музыкалық аспаптар жиналған. Мыңға жуық экспонат орыс, дүнген және Жетісуда қоныс тепкен басқа ұлттардың өнері мен тұрмысынан толымды мағлұмат береді.

Қазақстан архитектурасының тарихы деген жаңа бөлім ашу белгіленіп отыр. Оның архитектурасында «Қарахан», «Бабаша Хатун», «Жошы хан», «Сырлытам», «Ахмед Яссауи» ескерткіштерінің макеттері жасалынады.

Музей адресі: **4890. Талдықорған облысы. Панфилов қаласы.**

М. САТЫБАЛДИЕВА,
музей қорларының бас сақтаушысы.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39

Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84
63-27-74,
63-27-56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: С. А. ДӘРМЕНБАЕВ, А. МӘУТЕНБАЕВ, М. А. МӘМБЕТОВ, Ж. Ж. НАУРЫЗБАЕВ, Б. Ө. САПАРҒАЛИЕВ, Т. В. ЩИПАНОВА.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.

Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,


Сдано в набор 14.09.89 г. Подписано к печати 29.09.89 г. УГ01427 Формат 70x108¹/₁₆. Печать офсетная. Усл. печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8. Тираж 53327 экз. (каз. изд. 27488 экз., рус. изд. 25839 экз.). Заказ 128. Цена 15 коп.


ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google







● Панфиловтың тарихи-архитектуралық музейінің жалпы көрінісі.

● Жәркент мешітінің үлкен орталық арқасы.

● Үлкен мешіттің ішкі жинақылығы өзінің көріктілігімен таңдандырады.

● Музей залдарының бірінде.



Digitized by Google

Бағасы 15 тиын. Индекс 75328



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ



1989

21

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



ЦЕЛИНОГРАД ОБЛЫСЫ. Ерейментау аудандық шаруашылық бірлестігі коллективінде жас коммунист Әлкен Амангелдиновты қатты сыйлайды. Ол жетекшілік ететін арендалық бригаданың егістігі жеті мың гектардан асады. Ол жыл сайын 15—16 центнерден дәнді дақыл алады. Жаздың үш айында бір тамшы жаңбыр жаумаған қатаң қуаңшылық дықандардың осы деңгейге шығуына мүмкіндік бермеді, алайда олар ысырапқа жол бермеу үшін бәрін жасады, сүдігерді дер кезінде көтерді.

Әлкен бригадада саяси ұйымдастырушы, ол жас дықандарды тәрбиелеуге көп күш жұмсайды.

Суретте: Ә. Амангелдинов.

Суретті түсірген **В. КОРЧИН** (КазТАГ).

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

21 • 1989
НОЯБРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ 1989 ЖЫЛҒЫ 19 СЕНТЯБРЬДЕГІ ҚАУЛЫСЫ

КПСС-ТІҢ КЕЗЕКТІ XXVIII СЪЕЗІН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ

I. КПСС-тің кезекті XVIII съезі 1990 жылғы октябрьде шақырылсын.

II. Мынадай күн тәртібі бекітілсін:

1. Қайта құрудың барысы және партияның міндеттері туралы. КПСС Орталық Комитетінің есебі.
2. КПСС Орталық Тексеру Комиссиясының есебі.
3. КПСС Уставы туралы.
4. Партияның орталық органдарын сайлау.

III. КПСС Орталық Комитетінің Саяси Бюросына съезд қарсаңында есеп беру-сайлау науқанын өткізудің мерзімі мен тәртібі, съезге өкілеттік нормасы және съезд делегаттарын сайлаудың тәртібі туралы ұсыныстар әзірлеп, оларды Орталық Комитет Пленумының қарауына енгізу тапсырылсын.

1931 жылғы ноябрьден шығып келеді.
ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАСПАСЫ.
© «Қазақстан үгітшісі», № 21, 1989 ж.

Digitized by Google

САЙЛАУ НАУҚАНЫН ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒЫНАН СЕНІМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕЙІК

Республиканың қоғамдық-саяси өмірінде жауапты кезең басталды. Үстіміздегі жылғы 24 декабрьге тағайындалған халық депутаттары жергілікті Советтері депутаттарының сайлауына әзірлік толық қарқынмен өтуде. Сонымен бірге тағы бір маңызды саяси оқиға — 1990 жылы 25 мартта өтетін Қазақ ССР халық депутаттарының сайлауына әзірлік күш алып келеді.

Мемлекеттік өкіметтің республикалық және жергілікті органдарының бұрынғы сайлауларына қарағанда қазіргі сайлау науқаны мүлдем жаңа құбылыс. Қазақ ССР халық депутаттары мен жергілікті Советтер депутаттарының сайлаулары туралы енді ғана қабылданған заңдар ел Конституциясына және Қазақ ССР Конституциясына енгізілген ірі өзгерістерді, сондай-ақ СССР халық депутаттарының сайлауы туралы Заңның маңызды әлеуметтік-саяси түйіндерінің бәрін білдіреді. Бұл, ең алдымен, кандидатураларды шектеусіз ұсыну, тұрғылықты жер бойынша, қоғамдық ұйымдардан кандидаттарды ұсыну мүмкіншілігі, кандидаттар құрамына қайсыбір нұсқаулардың жоқтығы. Бұл сенім білдірілген адамдардың болуын қарастыратын, қайталап дауыс беру мен қайта сайлау өткізу қағидалары.

Сонымен бірге республиканың жаңа сайлау заңының өзіндік ерекшеліктері баршылық. Демек Жоғарғы және жергілікті Советтердің өкілдік мерзімдері теңестірілді. Қоғамдық ұйымдардың өкілдері халық депутаттарының жалпы санының төрттен бірін құрайды. Егер округ бойынша республиканың халық депутаттығына бес адамнан аспайтын кандидат ұсынылса, онда сайлаушылар конференциясы өткізілмейді. Кандидаттың бес кісіге дейін сенім білдірген адамдарының болуы мүмкін. Депутаттыққа кандидат ұсыну правосы алғаш рет студенттер мен орта арнаулы оқу орындары оқушыларының коллективтеріне берілген. Кандидатты ұсыну правосы берілген коллектив үшін адамдар санының цензасы (300 адам) т. б. тағайындалған. «Қазақ ССР халық депутаттары жергілікті Советтері депутаттарының сайлауы» туралы Заң да жаңа қағидалармен толыққан.

Биылғы сайлау науқаны партия қоғамда бастаған революциялық өзгерістерді тереңдетудің жауапты кезеңінде өтуде. Қайта құру бұқараның сана-сезіміне қуатты серпін беріп, пікірлердің, иланымдардың, бағалаулардың көлемді ауқымын ашып берді. Түбегейлі саяси және шаруашылық реформасы, КПСС-ті жаңарту, ұлтаралық қатынастарды үйлестіру күрделі әрі ауыр жағдайда өтуде. Әлеуметтік-тұрмыстық және экономикалық проблемалардың тұтас комплексі өткір қойылып отыр.

Осындай жағдайда республиканың халық депутаттары мен жергілікті Советтері сайлауындағы табыс көбіне-көп партия ұйымдарының идеологиялық қызметінің мазмұнымен, түбегейлілігімен, белсенділігімен анықталатын болады. Партия мен үгіт-насихат активінің барынша жауапкершілік көрсетіп, жағдайды толық ұғынуы, жариялылық пен демократияландыру процестеріне сай келетін тиімді, стандартсыз шешімдер мен қимыл-әрекетке әзір болуы қажет.

СССР халық депутаттарының өткен сайлауының қорытындылары көрсетіп бергеніндей, көптеген партия комитеттері мен ұйымдары, коммунистер-жетекшілер, үгіт активі инициативадан айрылып қалды, топтық эгоизм көріністеріне, әлеуметтік шиеленісті өршітуге, кінаратты көзқарастар мен көңіл-күйге әрдайым қарсы тұрған жоқ. Көбіне олардың күш-жігері бытыраңқы болып, нақты өмірден, адамдардың күнделікті қам-қаракетінен қол үзіп қалды. Үгіт коллективі қызметінің дәрменсіздігі көбіне ойластырылған жайға қарама-қайшы сипатқа соқтырады. Бұқаралық информация құралдары әрдайым сайлау алдындағы жұмыстың объективті көрінісін беріп отырған жоқ. Қоғамдық пікірді зерттеп, қалыптастыруға аз көңіл бөлінді.

Республика партия комитеттерінің көпшілігі СССР халық депутаттары сайлауының қорытындыларын талдап, олардан тағылымдар алды, ұйымдық және бұқаралық-саяси жұмыс формалары мен әдістерін қайта қарады. Үстіміздегі жылы октябрьде Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде өткен партия қызметкерлері мен бұқаралық информация құрылдары жетекшілерінің кеңесі, идеология активінің республикалық семинар-практикумы сайлау науқанына әзірлікті күшейтіп, үйлестіруде, үгіт-насихат қызметінің таңдаулы тәжірибесін қорытып, енгізуде үлкен роль

Digitized by Google

атқарды. Және сайлау барысында және соңғы айларда дүниеге келген адамдармен тиімді жұмыс формаларын қазір ескеріп, дамыта беру қазір өте-мөте маңызды.

Республиканың партия ұйымдарында сайлаушылармен жанды жұмыстың жақсы мысалдары баршылық. Мәселен, рұхсат етілмеген түрлі митингілерде, формальды емес ұйымдар жиналыстарында, басқа «қызу нүктелерде» сөз сөйлеу үшін аса білікті насихатшылардан жасақталып жатқан тындырымды лекторлық топ өзін біршама тәуір көрсетті. Алматы қалалық комсомол комитеті жанындағы жас сайлаушылар мен депутаттар клубы тиімді жұмыс істейді. Бұқаралық информация құралдарының көмегімен оқырмандармен және көрермендермен тікелей сұхбаттасуға бағдарланған «қызу телефон», «тікелей байланыс», «сұхбат» рубрикаларында қоғамдық пікірді оперативті зерттеу оңды нәтижелер беруде.

Активтер мен халық депутаттығына кандидаттардың елдің қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінің өзекті проблемалары бойынша пікірталас жүргізу дағдығысына ие болуы мақсатымен өзіндік пікірталас семинарларын құра бастаған Жезқазған, Қостанай, Талдықорған облыстық партия комитеттерінің тәжірибесі перспективалы болып табылады.

Биыл август-сентябрьде Шығыс Қазақстан облысында депутаттыққа ықтимал кандидаттарды анықтау мақсатымен халыққа анкеталық сұрақтар қойылды. Өскемен қаласының Орталық мәдениет үйі негізінде «Жариялылық мінбері» клубы жұмыс істейді. Қалалық партия комитетінің секретарьлары, қалалық атқару комитетінің, қалалық қызметтердің басшылары адамдармен сұхбаттасуға қатысады. Қалалық және аудандық атқару комитеттерінде сайлаушылар сұрақтарына жауап беруге арналған тікелей байланыс жасау телефондары қойылды. Облыстық радиода «Демократияны үйренудеміз» хабарының сериясы жүргізіледі, облыстық газеттердің бәрінде «Сайлаушылар қарастырады, ой толғайды және кеңес береді» рубрикалары ашылды.

Павлодар облысы партия ұйымдарының көпшілігі сайлауға әзірлікке белсенді түрде қосылды. Облыстық партия комитеті алдағы сайлау науқанының тактикасы, тәсілдері көрініс тапқан методикалық материалдарды, кітапшаларды шығарды. «Демократияны үйренудеміз» методикалық талдауында, мәселен, тұрғын үйлер аудандарындағы, еңбек коллективтеріндегі бұқаралық-саяси жұмыс практикасы көрсетіледі, үгіт штабтарының жұмыс формалары туралы баяндалады, қоғамдық-саяси орталықтар жұмысының календарьлық, тақырыптық жоспарлары, сайлау алдындағы плакаттардың үлгілері, сөз сөйлеуге әзірлік жөнінен методикалық кеңестер берілген. «Сайлау науқанының программасы» кітапшасында методикалық ұсыныстар мен үлгі жоспарларға қоса депутаттыққа кандидаттардың, сенім білдірілген адамдардың, үгітшілердің сапаларын анықтауға арналған анкеталар мен тестер баяндалады. Мұнда, айталық, «Сіз жақсы әңгімешімісіз?», «Сіздің сөйлеу мәдениетіңіз» тестерін, «Сіздің позицияңыз» анкетасын т. б. табуға болады. Облыста сайлауға әзірлік үшін жасалып жатқанның бәрі бірдей кемшіліксіз емес. Дегенмен жанды жұмыс, таңдаулы варианттарды іздестіру, белсенділік, алдағы сайлауды идеология құралдарының тұтас арсеналымен қарсы алуға деген әзірлік айқын.

Сайлау алдындағы кезеңде сөз сөйлей отырып, ең алдымен адамдарға КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы сентябрь Пленумының материалдарын, Қазақ ССР Жоғарғы Советі XIV сессиясының қағидалары мен тұжырымдарын, Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, халық депутаттарының республикалық және жергілікті Советтері депутаттарының сайлауы туралы Заңдарды түсіндіру жайлы қамқорлық жасау қажет. Осы документтердің мәнін әр сайлаушының сана-сезіміне жеткізіп, Заң жобаларын бүкіл халықтық талқылау барысында туындаған сұрақтарға тыңғылықты жауап беру маңызды.

Халықпен информациялық кездесулерді, саяси және өндірістік-оқу жүйесінде арнаулы сабақтарды, лекциялар циклін, саяси хабаршылар мен үгітшілер әңгімелерін жүйелі өткізу тиімді. Партия, совет қызметкерлерінің, ғалымдардың, юристердің, мәдениет қайраткерлерінің қатысуымен насихатшы-лекторлар топтарын жасақтап, адамдармен жұмыс жүргізуге жіберу керек. Заң сайлаушыларға берген правоны, депутаттыққа кандидаттарды ұсыну мен оларды тіркеу, дауыс беруді ұйымдастырып, өткізу реттілігін зерттеп, насихаттауға айрықша көңіл бөлу қажет.

Партия комитеттері мен идеология активінің басты міндеті — сайлаушылардың депутаттық мандатқа аса лайықты үміткерлерді анықтап, қайта құру идеясына адал, социалистік өзгерістер жолында белсенді, сындарлы жұмыс істеуге әзір тұрған түбегейлі лидерлерді табуына көмектесу, сайлау округтерінде олардың саяси беделін қалыптастыру жөнінен іскер жұмысты ұйымдастыру. Сайлаудың процедуралық мәселелері, үгіт-бұқаралық жұмыстың, ауызша саяси әңгіменің методикасы

Digitized by Google

жөнінен консультациялық пункттерді оперативті түрде әрі жер-жерде құру, депутаттыққа кандидаттардың сайлау алдындағы платформасын қалыптастыруына көмектесу, оларды қажетті талдау, анықтама-информация материалдарымен қамтамасыз ету керек.

Депутаттыққа кандидаттар тіркелгеннен кейін дереу олардың жанынан активті қатыстыру арқылы сенім білдірілген адамдардан үгіт штабтарын құру керек.

Ірі үгіт және қоғамдық-саяси орталықтарды батылырақ құру керек. Мұның барысында тұрғылықты жер бойынша сайлаушылармен жұмысқа баса көңіл бөлінуге тиіс. Пікірталас клубтарын, жылжымалы үгіт құралдарын, үгіт автобустарын, үгіт поездарын, үгіт бригадаларын кеңінен пайдаланған жөн. Облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері жанынан тұрақты жұмыс істейтін баспасөз орталықтары кездесулер, сайлау алдындағы күрес мәселелері жөніндегі баспасөз конференциялары, жүйелі социологиялық зерттеулер, бір мезгілді сұраулар жүргізу, экспресс-талдаулар өзін ақтап келеді. Сайлау науқанының алғашқы күндерінен-ақ сайлау клубтарын, мәдениет үйлерін, кинотеатрларды, кітапханаларды, мәдениет мекемелерінің бәрін аса белсенді жұмысқа тарту керек.

Бірде-бір сайлау үгітшілердің көптеген отрядтарынсыз өтпейді. Партия ұйымдары үгітшілерге партия мен халықты байланыстырушы негізгі буындардың бірі ретінде қарауға тиіс. Асқақ азаматтық адамгершілік позицияларда тұрған, әрбір баламалы кандидатураның қадір-қасиетін қорғайтын үгітшілер керек. Үгітші сайлаушылармен жұмыста КПСС пен Совет мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатын қайта құру идеяларын, экономикалық және саяси реформалардың мәнін ашуға баса көңіл бөлуге тиіс. Сондай-ақ сайлаушыларға сайлау мен дауыс беру тәртібі туралы заңдарды егжей-тегжейлі түсіндіруді қамтамасыз ету маңызды.

Үгітшілердің де, сондай-ақ бүкіл идеология активінің де күш-жігері адамдармен сараланған және жеке жұмысты жүргізуге бағытталуға тиіс. Өткен сайлау науқанында көптеген жұмысшылар мен студенттер жатақханалары, шалғай поселкелер мен тұтас тұрғын үй алқаптары үгіт активі назарынан қалыс қалғанын елемеуге болмайды. Жастарға, соғыс және еңбек ардагерлеріне, «ауғандық» жауынгерлерге, көп балалы семьяларға айрықша көңіл бөлу керек. Демек, мәселен, сайлаушылардың төрттен біріне жуығын пенсионерлер құрайды, олардың біразы тұрмыстың жайластырылмауын, басқа да тұрмыстық қиындықтарды өткеруде. Әлбетте, түсінік жұмысы адам туралы қамқорлықпен, сайлаушылар көтерген мәселелерді шешумен сөзсіз қабысуға тиіс. Жақсы даярланған адам ғана осылай қимылдай алады. Міне сондықтан үгітшілерді іріктеу, үгітші тапсырмасын коллективте «қолы бос» адамдарға жүктеу практикасынан үзілді-кесілді бас тарту керек. Кәсіпорындар, цехтар, бөлімшелер жетекшілерін, тәжірибелі коммунистерді, сондай-ақ насихатшыларды, саяси хабаршыларды, лекторларды олардың құрамына енгізетін партия ұйымдары дұрыс жасайды.

Мемлекеттік өкіметтің республикалық және жергілікті органдары сайлауын идеологиялық жағынан қамтамасыз етудің маңызды мәселесі — бұқаралық информация құралдарының сайлау науқанын объективті түрде баяндауы, оның әр кезеңі, оқиғалардың әрбір бұрылысы бойынша халықты оперативті әрі барынша толық хабарландыру. Облыстық, қалалық және аудандық газеттерді, жергілікті телевизия мен радио хабарын тиімді пайдалану қажет. Кандидаттар арасындағы пікірталас пен саяси айтысты кеңінен қолдану, мұның барысында депутаттыққа кандидаттар үшін сайлау алдындағы күресте бірдей жағдайды қамтамасыз ету, оларға сый-құрметпен қарау керек.

Көрнекі үгіт формалары мен құралдарын қайта құру, оны өмірге барынша жақындату, іс-қимылға, жаңару міндеттерін шешуге ынталандыратындай ету қажет, оны безендіру барысында ешбір жағдайда көл-көсірлікке жол беруге болмайды.

Сайлау алдындағы жұмыста көп нәрсе партия және совет органдарының мақсатты өзара қимыл-әрекеттеріне, олардың қоғамдық ұйымдармен және талапкер бірлестіктермен ұдайы, жемісті сұхбатты жүргізе білуіне тәуелді. Демократия мақсатында олардың бірлескен жұмысын жолға қою, олардың күш-жігерін сайлау науқанын елдегі саяси реформа мақсаттарынан туындайтын принциптерде ойдағыдай жүзеге асыруға бағыттау маңызды.

Қазақ ССР халық депутаттары мен халық депутаттары жергілікті Советтері депутаттарының сайлауларын үгіт-насихаттық жағынан қамтамасыз ету — бұл қайсыбір ұрандарды, міндеттерді, шақыруларды әншейін түсіндіру, қайсыбір кандидаттарды дәріптеу емес, ол сөздің толық мағынасында—саяси күрес. Ол түбегейлі де іскер дәлелдеуді, иландыра білуді, өткір пікірталасты, пікірлерді салыстыруды, яғни бүкіл идеологиялық потенциалымызды жұмылдыруды талап етеді. Сайлау науқаны алдындағы күрестің барлық кезеңінде идеологиялық инициативаны сақтап, оны қайта құру процестері арнасында өткізу қажет.

Digitized by Google

ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ ТӘРБИЕНІ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРЕЙІК

Республиканың партия ұйымдарында, еңбек коллективтерінде КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы сентябрь Пленумының материалдарын, ол қабылдаған «Партияның қазіргі жағдайдағы ұлт саясаты» деген КПСС платформасын талқылап, оқып үйрену өтуде. Мұның барысында интернационалдық және патриоттық тәрбиені айтарлықтай күшейту, оны сапалық жағынан жаңа деңгейге көтеру проблемаларына бірінші кезекті маңыз берілуде.

ІЛЫЧ ІДЕЯЛАРЫНА ЖҮГІНЕЙІК

КПСС Орталық Комитеті Пленумының материалдары бізде саяси және экономикалық білім беру мектептері мен семинарларының бәрінде оқытылуда Оның үстіне саяси оқу үйінде, аудандық және қалалық партия комитеттерінде, бастауыш партия ұйымдарында «дөңгелек стол» басындағы әңгімелер мен пікірталастар өтуде. Коммунистермен, жетекшілермен Пленумда көтерілген проблемалар бойынша, олардың еңбек коллективтеріндегі ұлтаралық қатынастарды жетілдіруге қатысуы туралы әңгімелесулер өткізілуде. Сонымен іс бірден практикалық қызмет арнасына ауыстырылуда.

Облыстық ғылыми-практикалық конференциялар зор ынта-ықылас тудыруда. Алғашқы конференция ұлтаралық қатынастарды жетілдіру проблемалары мен интернационалдық тәрбиені жетілдіру міндеттеріне, екіншісі — партияның ұлттық құрылыс процесіндегі роліне арналды. Оларға қатысқандардың қанағаттандықпен атап көрсеткеніндей, КПСС платформасы Ленин негізін қалаған ұлт саясаты дәстүрлері мен принциптерін бастапқы, бұрмаланбаған келбетінде түлетіп, оларды қазіргі дәуір ақиқатына сай келетін жаңа мазмұнмен байытуда.

Конференцияларда шығыс халықтарына арналған лениндік жұмыстарды терең оқып үйренудің үлкен идеялық-тәрбиелік және практикалық мәні атап көрсетілді. Ал мәлім болғанындай, Владимир Ильичтің тікелей Орта Азия мен Қазақстанға қатысты документтері мен материалдарының өзі ғана 400-ден асады. Татарстан, Башқұртстан, Қиыр Шығыс, Солтүстік Кавказ және Закавказье халықтарына жолданған бірегей документтер көп.

В. И. Ленинның Түркістан, Азербайжан, Грузия, Армения, Дағыстан, Тау республикасы коммунистеріне және басқаларға жолдаған хаттарының Шығыс еңбекшілерін жас Совет республикасы төңірегіне топтастыруда зор маңызы болды.

Алайда жүргізілген сұраулар көрсетіп отырғанындай, бүгінде адамдардың көпшілігі осы жұмыстарды, сондай-ақ Россия Федерациясы халықтарының Шығыстың советтік республикаларының қалыптасуына, олардың экономикасы мен мәдениетін көтеруге көрсеткен зор көмегіне қатысты тарихи фактілерді жеткілікті білмейді.

1918 жылы В. И. Ленин қол қойған, Түркістанда суландыру жұмысын ұйымдастыру үшін 50 миллион сом бөлу туралы декрет жас Совет республикасы көмегінің нақты көрінісі болып табылды. Россияның өзі қаржыға қатты мұқтаж болғанына қарамастан ол ұлттық аймақтардың өндіргіш күштерін көтере бастады. Ал Россияның Қаратопырақсыз аймағын игеруге кірісудің 60 жылдан кейін ғана сәті түсті. Ақиқат үшін мынаны айту керек. Бүгінде Орта Азияның, Қазақстанның, Закавказьенің және басқа республикалардың осы аймақты көтеруге көрсетіп жатқан көмегі әзірше тым мардымсыз. Колхозшылардың Бүкілодақтық IV съезінде де, СССР халық депутаттарының Съезінде де осы жайлы әділетті айтылды.

1920—1921 жылдардағы апатты қуаңшылық азамат соғысынан кейінгі ауыр кезеңдердің бірі болды. Ол Россияның Қаратопырақты орталығын, Поволжьені, Солтүстік Кавказды, Қазақстанның бір бөлігін қамтыды. Совет өкіметінің органдары 1921 жылдың жазында-ақ зардап шеккен аудандар халқына жәрдем беру жөніндегі шараларды қабылдай бастады. Оларда азық-түлік салғырты қысқартылды, ашыққандарға көмек беру үшін арнаулы комиссиялар құрылып, тегін тамақ беретін асханалар ашыла бастады. Лениндік үндеуге Украинаның астықты губернияларының шаруалары, Арал теңізінің жұмысшылары мен балықшылары, сондай-ақ еліміздің басқа аудандарының халықтары қызу үн қатты. Ашыққандарға балық тиелген 14 вагон жөнелткен аралдықтар көмегінің қара-

Digitized by Google

пайым фактісі Владимир Ильичтің «...бір-бірінен ең шалғай жерлердегі пролетарлардың бір-біріне барынша көмектесуіне негізделген жұмысшы Совет мемлекетінің мызғымас» қуаты туралы өте маңызды тұжырым жасауына ықпал етті (53-том, 284-бет). Бүгінде осындай өзара көмектің қаншалықты маңызды екені, кейбір республикаларда ұлтшылдардың ел қам-қаракетінен оқшаулануға шақырулары осы лениндік өсиетке үйлеспейтіні туралы айтып жатудың қажеті бола қоймас.

Революция жеңісінен кейін В. И. Ленин бастаған большевиктер партиясы мен Совет үкіметі Россия халықтарын көп ұлтты Совет республикасын нығайтып, еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын арттыруға бағытталған үлкен экономикалық міндеттерді жүзеге асыруға көтеріп, бастауға өзінің қабілетті екенін иланымды түрде көрсетті. Мұның барысында әр республиканың ерекшелігі ескерілді. Еңбекшілердің қалың бұқарасын жаңа өмір құрылысына тартуға, партия мақсаты мен міндеттерін олардың өздеріне түсінікті де етене жақын етуге көмектескен қатынастар мен әдістерді іздестіру жүргізілді. Осы кезеңде атқарылған жұмыстың қорытындысын шығара келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Біздің тактиканы айнытпай қабылдаудың керегі жоқ, ал оның өзіндік ерекшелігінің себептеріне, оның жағдайлары мен қорытындыларына өздеріңізше ой жүгіртулеріңіз керек, өздеріңізде 1917—1921 жылдардағы тәжірибенің әрпін емес, мәнін, мағынасын, сабақтарын қолдануларыңыз керек» (43 том, 222-бет).

Түркістан мен Закавказье республикаларында ұлттық қатынастардың даму тәжірибесі көңіл бөлуге тұрады. Олар күрделі жағдайда жүзеге асырылып, ауыр өткеніне қарамастан В. И. Ленин олардың алғашқы нәтижелерін жоғары бағалады. Ол былай деп атап көрсетті: «Соншалық көп ұлтты болып отырған мемлекетте, мұндай көп ұлттылық басқа елдерде табыла қоюы екіталай, біздің ұлт мәселесін бес жыл бойы шешкендегі тәжірибеміз бізді бүтіндей мынаған сендіреді: мұндай жағдайларда ұлттардың мүдделеріне бірден-бір дұрыс көзқарас — ол мүдделерді барынша қанағаттандыру және бұл негізде дау-жанжалдардың мүмкіншілігі атаулының бәрін болдырмайтындай жағдайлар туғызу болып табылады».

Ильичтің сарқылмас бай ой-пікіріне жүгіну, тарихи фактілерді кеңінен пайдалану КПСС Орталық Комитетінің Пленумы ұсынған біздің еліміздегі ұлттық құрылыс программасының түбегейлі лениндік сипатын насихатшылардың мейлінше анық ашуына көмектеседі.

А. АЙДОСОВ,
Қызылорда облыстық партия комитеті Саяси оқу үйінің меңгерушісі, тарих ғылымының кандидаты.

ЖАТТАНДЫЛЫҚТАН АРЫЛАЙЫҚ

КПСС Орталық Комитеті Пленумының жұмысы интернационалдық тәрбиені мықтап жетілдіру туралы үлкен қамқорлыққа толы. Ең алдымен мұнда ұрандаушылықты, жалпылама шақыруларды жою қажет. КПСС платформасын ой елегінен өткізе отырып, идеологияны өмірмен, әлеуметтік әділеттікті орнықтырумен қабыстыру қандай маңызды екенін көресің. Өйтпейінше табысқа қол жеткізе алмайсың.

Біздің институтымыздың өмірінен алынған фактілер де осыны қуаттайды. Соңғы үш жыл ішінде институтымыздың студенттері үшін әрқайсысы 400 орындық үш жақсы жатақхана ашылды. Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен республика Министрлер Советі 1987 жылдың басында Алматыда студенттер жатақханаларының құрылысын жеделдету туралы қабылдаған шешімге сәйкес олар тұрғызылды. Республиканың жоғары инстанциясы өз қаулысын орындап, жастарға берген уәдесінде тұрғаны туралы жастар лебізін есту маған да, қарт коммунистке, сондай орынды. Кейбір адамдардың біліктілігі мен біліміне қарай емес, жерлестік, туысқандық немесе басқадай қайсыбір байланыстарына қарай ұсынылуы секілді протекционизм көріністерін тыю жөнінен қабылданған шаралар да студенттерге игі ықпал жасады.

Әділеттілікті орнықтыру бағытын одан әрі табандылықпен жүргізе беру керек. Сонымен бірге үгіт-насихат жұмысында шаблондыққа жол бермеу, оның қызықты формаларын іздестіру керек.

Институтымыздың партия және комсомол ұйымдары, оқытушылары өткізілетін әр шараның зердеде сақталып, сана-сезімде жарқын із қалдыруына ұмтылады. Біздің студенттеріміздің Совет Одағының Батыры К. М. Сұрағановпен және үш Даңқ орденінің иегері П. И. Туговпен (екеуі де біздің институтымыздың түлектері), отставкадағы полковниктер И. А. Хитринмен және М. И. Радченкомен, сондай-ақ интернационалист-жауынгерлермен кездесулерді жиі еске

Digitized by Google



ЦЕЛИНОГРАД ОБЛЫСЫ. Мәншүк Мәметова атындағы совхоздың тәжірибесі өзіне жұрттың назарын аударып отыр, онда шаруашылықтың бас экономисі, бертінде мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті председателінің орынбасары, Қазақ ССР министрі болып тағайындалған В. В. Щвецтің күш-жігер жұмсауы арқылы бұдан үш жыл бұрын арендалық мердігерлік енгізіле бастаған еді. Қазір Қазақстанның барлық облыстарынан және басқа республикалардан адамдар келіп жатады.

СУРЕТТЕ: совхоз директоры Николай Лечитьевич Баклан (суретте сол жақтан екінші) Кемерово облысы Промышленный ауданының «Мир» колхозы өкілдерімен әңгімелесуде.

алатынын білемін. Осындай кездесулердің бірінде біздің институтымыздың студенті Б. С. Жайлыбаев Ауғанстан туралы, өзімен бірге қызмет еткен жігіттер туралы айтты. Ұлы Отан соғысына қатысқан Совет Одағының Батыры В. Е. Бреусовтың бізге көрсететін көмегі туралы аса игі лебізбен айтқымыз келеді. Владимир Ефимович ұзақ жылдар бойы институтымызда саяси экономия кафедрасының доценті болып жұмыс істеді, қазіргі уақытта да студенттермен кездесуге шақыруларымыздың әрқайсысына үн қатады, практикалық сабақтарға қатысады, студенттердің тұрмыстық проблемаларын шешуіне көмектеседі.

Біз қоғамдық ғылымдарды оқытуда жаңа формаларды іздестірудеміз. Мәселен, тарихшылар күндерін өткізе бастадық, оларға республиканың көрнекті ғалымдарын шақырамыз. Осындай күндердің бірі «СССР-дің құрылуы — лениндік идеялардың, халықтар достығы мен туысқандығының салтанаты» тақырыбы бойынша өтті. Оны өткізуге Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Н. Ж. Жандосов қатысты. Ол біздің халқымызды толғандыратын өте күрделі поблемалар жайлы ашық әрі еркін әңгімеледі. Демек осындай кездесулер институт аудиторияларында ғана емес, сонымен бірге студенттер жатақханаларында өткізіледі. Оларға сондай-ақ қамқорлықтағы мектептер балалары қатысады. Студенттер осы мектептерде ерлік, бейбітшілікті қорғау сабақтарын, спорт жарыстарын өткізеді. Болашақ педагогтар үшін мектеп оқушыларымен осылай жанды, тікелей байланыстар өте-мөте маңызды. Біздің жігіттеріміз шекарашы-курсанттармен де достасқан. Бірлесіп өздерінің батыр жерлестері туралы материалдар жинайды, олар туралы әуесқойлық фильмдер түсіреді. Сондай бір фильмнің сюжеті алғашқы советтік қазақ генералы Ш. Жексенбаевтың өмірімен және ерлік тағдырымен таныстырады.

Жастарға эстетикалық тәрбие беруге, туысқан халықтардың мәдениетін терең білуге көбірек көңіл бөлу керек деп есептеймін. Мұның өзі болашақ педагогтар үшін мейлінше қажет. Егер, мәселен, жас адам Абайдың, қазақ әдебиеті мен өнерінің басқа тамаша қайраткерлерінің творчествосын жақсы білсе, егер ол тілді үйренсе, онда ол халыққа анағұрлым зор сый-құрметпен қарайтын болады. Қазақ жастарының орыс ұлтына деген қатынасы туралы да солай деуге болады: Пушкинді, Лев Толстойды, Горькийді жете білу оны орыс халқымен одан әрі жақындастыра түседі.

Зор өкінішке қарай, біздің институтымызда ұлты орыс студенттерінің қазақ әдебиетін, тарихын, тілін, дәстүрлерін оқып үйренулеріне тым аз көңіл бөлінді. Бүгінде оларда қазақтардың рухани және мәдени байлықтарына деген ықыласының жедел өсе түскенін көру қуанышты.

Біздердің, коммунистердің, жастарда қазақ тілі мен мәдениетіне деген өсіп келе жатқан ынта-ықыласты қолдай беруіміз керек. Осының бәрі біздің халықтарымызды одан әрі жақындастыру үшін, жас адамдардың иланымды интернационалистер және өз Отанының жалынды патриоттары болып өсуі үшін өте-мөте маңызды.

М. КОЖУХАРОВ,
Абай атындағы Қазақ педагогика институтының доценті, жоғары оқу орны ардагерлер советі председателінің орынбасары, 1944 жылдан КПСС мүшесі.

Digitized by Google

АДАМДЫ ҚАЛЫС ҚАЛДЫРМАЙЫҚ

Партия топтары мен коммунистердің саны 15-ке жетпейтін бастауыш және цехтық партия ұйымдарында есеп беру-сайлау жиналыстары өтті. Оларға қатысушылар идеялық-тәрбие жұмысы мәселелеріне көп көңіл бөлді. Сөйлеген сөздерден төменде жарияланып отырған үзінділер осы жайлы баяндайды.

А. КУЛАГИН, «Алмаатапищестрой» тресінің құрылыс материалдары мен конструкциялары комбинатының қызметкері: Менің достарымның арасында қазақтар, ұйғырлар, басқа ұлттар адамдары баршылық және әрдайым ортақ тіл табысамыз. Ұлтаралық негізде кикілжің туған оқиғаны еске түсіре алмаймын. Сонда да елде жағдайдың шиеленісуін аса алаңдаушылықпен қадағалап отырмын. Интернационалдық және патриоттық тәрбиені шұғыл жақсарту, біздің мұраттарымызды, халықтардың лениндік достығын қорғау керек деп есептеймін.

К. МАХМҰТОВ, Көкшетау облысының Карл Маркс атындағы совхозынан партия ардагері: Тәрбие ісінде партия мүшесінің жеке үлгісінің ролін көтере түсу керек. Бізде даңғой, дандайсыған жетекшілер әлі де баршылық қой. Былтыр цехтық партия ұйымының жиналысында ауданның басшы қызметкерлерінің бірі болуға тиіс еді. Оны бес сағат бойы күтуге тура келді. Бұл үшін оған ескерту жасалды. Біздің алдымызда кешірім сұраудың орнына мені сынағаным үшін айыптай бастады. Дегенмен жетекшілердің мінез-құлқындағы ағаттықтарды сынағанмен, өз кемшіліктерімізді көбіне елемейміз. Совхоз коммунистерінің ішінде еңбекке адал қарамайтын, маскүнемдікке салынған, қоғамдық істерді елемейтін адамдар баршылық. Осының бәрі коллективтің, жастардың көз алдында өтіп жатады. Өзіңе де талапшылдықпен, қатаңырақ қарау, сөзден гөрі істің тәрбиелейтіні туралы өзіңе есеп беру керек.

В. КРАВЦОВА, Семей облысы «40 лет Октября» совхозы № 1 товарлы-сүт фермасы партия тобының ұйымдастырушысы: Тәрбие экономикадан басталады ғой. Бізде осы жайлы көбіне ұмыт қалады. Мәселен, бізде арендаға арналған шарт ештеңеге де міндеттемейтін қағаз күйінде қалып қойды. Биыл март айында оған қол қойылды, ал малды ұстау жағдайын анықтайтын технологиялық карта майда ғана жасалды. Осының бәрі елеулі есептеулерсіз, молшермен жасалды. Мұның өзі адамдардың мәселін қайтарады ғой.

Партия тобымыздың коммунистері қол қусырып отырған жоқ. Біз, мәселен, егіншілердің қымбатқа түсетін, әрі ферма үшін пішендемеге қарағанда онша пайдалы емес күнбағыс өсіру ұмтылысына үзілді-кесілді қарсы шықтық, сөйтіп олардың егіс құрылымын өзгертуіне тура келді. Барлық істе де табандылық көрсетіп, кемшіліктерге қарсы күрес жүргізу керек, сонда ғана тәрбие ісі ілгері басады.

Н. ҚАЛДЫБАЕВ, «Чимкентпромстрой» тресінің жұмысшысы: Біздің тресіміз акционерлік болды, демек жұмысшылардың өндіріске деген ынта-ықыласы өсті. Дегенмен еңбекте жоғары нәтижеге жету қозғалысы адам арқылы өтетінін ұмытуға болмайды. Адамның қалай тұрып, тынығатынына, оқитынына шындап көңіл бөлу керек. Алайда осының бәрі бізде екінші қатарға ығысып кетеді. Мысалға, жұмысшылар жатақханасын алайық. Онда тұрмыс жайластырылмаған, реттілік жоқ. Біз қайда қарайміз деген сұрақ туындайды.


Сондай-ақ өзіміздің бос уақытымызды өткізуімізді үйренуіміз керек. Миллион сом пайдасы бар біздің тресімізде неліктен тәуір клубтың жоқ екені түсініксіз. Бұқаралық спорт жұмысы неліктен бәсеңдеді, трестік спартакиадалар неліктен өткізілмейді? Осы сұрақтарға біздер, коммунистер жауап беруге, іспен жауап беруге тиістіміз.

Т. ҚОЗҒАНБАЕВ, Целиноград облысы, «Львовский» совхозының зоотехнигі: Коллективтің ісін талқылап, еркін әңгімелесу, пікірталастыру үшін сирек, тым сирек жиналамыз. Саяси хабаршылар мен үгітшілер жұмыс істемейді. Біз олардан бас тарттық, ал жаңадан ештеңе ойлап тапқанымыз жоқ. Басқа мәселе де қатты алаңдатады — қазір тәртіп туралы көбірек айтылуда. Бұл қажет-ақ, сонда да, әлбетте, реттілікті сақтамайтын, кері тартатын адамдардың есімдерін атамаймыз. Мұндай жалпылама сыннан келер пайда шамалы.

А. КРЕЦ, Қостанай облысының СССР-дің құрылуының 60 жылдығы атындағы совхозының қызметкері: Біздің шаруашылығымызда адамдармен жұмыста, тәртіп пен реттілікті нығайтуда бұрынғысынша бұйрық күшіне үміт артады. Кезекті «төтенше оқиға» бола қалғанда бөлімше басқарушысы совхоз директорына баяндау хат жазады, ал ол

Digitized by Google

Бүгінде алтыр, инициативалы адамдар барлық жерде керек-ақ. Сіздер суреттен көріп отырған Алматының № 56 мектебі математика пәнінің оқытушысы Архимед Мыңбайұлы Бекқақов сондай адамдардың бірі болып табылады. Ол экспериментті мектеп ашты, онда қиын жасөспірімдер үлгірімі жақсы оқушылар қатарына қосылады. Мұнда жоғары оқу орындарындағы зачеттер мен емтихан сессиялары жүйесі енгізілген. Компьютерлік класс мектептің мақтанышына айналды. Ағылшын тілі тиянақты оқытылады, оған апталына төрт сағат бөлінеді. Дене тәрбиесі сабағы бір сағатқа арттырылды. Демек бұған арналған қаржыны балалардың өздері қала кәсіпорындарында жұмыс істеп таба ды.



бұйрық шығарып, маскүнем-қыдырымпазға сөгіс жариялайды, маскүнемдікпен күрес жөніндегі комиссия 50—100 сом мөлшерінде айып салады. Іс осымен тәмәмдалады, ал маскүнем ішімдікке салынуын бұрынғысынша жалғастыра береді, семья қыруар сомадан қағылады.

Жұмысшылар жеткіншектері туралы көбірек қамқорлық жасау керек. Совхозымыздағы малшылардың негізгі бөлігі — жасы ұлғайған адамдар. Мұның әсіресе сауыншыларға қатысы бар. Сонымен бірге жастар бөлімшеде тұрақтап қалмайды. Неліктен? Сірә, мәдени-бұқаралық жұмыстың бетімен жіберілуінен болса керек, соңғы кезге дейін клубта тіпті кинофильм де көрсетілмеді. Ал поселкеде жалпы совхоздық және аудандық мерекелерде табысты өнер көрсететін халық таланттары баршылық. Селс тұрғындарының бос уақыты мәселесі жыл сайын көтеріліп, шаралар белгіленеді, ал жағдай өзгермейді.

Ж. ТӘКЕНОВ, Орал облысының «Лубенский» совхозының шопаны: Біздің Юбилейное селомыз — совхоздың төртінші өндірістік учаскесінің орталығы, шағын деп есептеледі, онда малшылар тұрып, жұмыс істейді. Ол үлкен жолдан шалғай орналасқан, мұнда үгіт-мәдениет бригадалары тым сирек болады, лекторлар мен баяндамашылар бізді аялап отырған жоқ. Медицина, сауда және тұрмыс мәселелеріне қатысты жағдай да осындай. Шағын селоларды көтеруді қолға алатын, оларда адамдар арасындағы жұмысты жақсылап жүргізу жағын ойластыратын мезгіл жетті ғой. Азық-түлік программасының тағдыры көбіне-көп бригадалар мен бөлімшелерде шешіліп жатқанын ұмытуға болмайды.

В. КОРОЛЬ, Көкшетау облысының «Көкшетау» совхозы трактор-егіс бригадасының бригадирі: Бұдан он жыл бұрын біздің Ивановка селомыз үлкен елді мекен еді. Онда жастар көп болды. Олар жақсы техникамен жұмыс істеп, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. Енді осының бірі жоқ. Мұндай құлдырау үшін жауапкершіліктің үлкен бөлігін цехтық партия ұйымы алады. Біз ағымдағы өндірістік мәселелермен тұйықталып қалдық. Цехтық комсомол ұйымы, клуб пен кітапхана, мектепке қамқорлық көмек жасау, селоны жайластыру мен адамдардың тұрмысы коммунистер назарынан қалыс қалды.

К. ЖАЙЫҚМУСИН, осы совхоздың мал өсірушісі: Біз арендаға ауыстық, бұдан бізде сүт пен ет арзандай қойған жоқ. Кейбір адамдардан фермаға әлденені жасай ғой деп өтінсең, есеп айыру чегін сұрайды. Аренда бізді — бұл менікі, ал мынау сенікі деп екі айырғандай болды, ал ол біріктіріп, ұйымшыл жұмысты жолға қоюға көмектесуге тиіс қой.

Экономистер бізге есеп айырысу чектерін бөліп беріп, оны қалай пайдалану керектігін айтты, бірақ шаруашылық есеп әліппесіне үйреткен жоқ. Кейде олар келеді де, газеттерден қайсыбір мақалаларды оқып береді, алайда жүйелі экономикалық оқу жоқ. Ал бізде совхозда үш экономист бар.

Жиналыс айтылған сынды ескеріп, арендалық қатынастар мектебін құруға, адамдарды инициативалы, білікті қимыл жасауға үйретуге ұйғарды. Цехтық партия ұйымы талдап жасаған іс-қимыл программасында әлеуметтік мәселелер, коммунистердің жеткіншек тәрбиесіне нақты қатысуы алдыңғы қатарға қойылды.

Қ. АҚШАБАЕВ, Гурьев облысы Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасының бұрғышысы: Сайып келгенде, экономикалық информацияны жолға қою керек. Біз еңбекке ақы төлеуде белгіленіп жатқан өзгерістер туралы сыбыстар арқылы естиміз — осы шешімдер үстірт, кеңсе кабинеттерінде жасалады. Жұмысшылар бірлестіктегі экономикалық реформаның барысы туралы онша хабардар емес. Экономистердің бригадаларға келіп, адамдармен сұхбаттасатын мезгілі жетті ғой.

2. «Қазақстан үгітшісі», № 21.

Digitized by Google

В. АЛЕКСАНДРОВ, Өскемен титан-магний комбинаты № 3 цехының энергиямен жабдықтау қызметі партия тобының ұйымдастырушысы: Идеология жұмысына бәрі қатысты, бірақ әрдайым тиісті қайтарым алынбады, формализм қатты оралғы жасады. Мысалға қабырға газетін алайық. Редколлегия жұмыс істейді, газет ай сайын шығады, бірақ онда өткір материалдар жоқ, коллективтің мұқтажы мен қам-қаракеті баяндалмайды. Сайып келгенде, қабырға газеті «белгі соғу» үшін ғана шығарылады.

Г. ЯНКОВСКИЙ, «Кустанайсельхозстроймонтаж» тресінің № 3 құрылыс-монтаж поезының бас инженері: Инженер-техник қызметкерлер арасында көбірек жұмыс істеу керек. Учаскелер жетекшілері, мастерлер коллективтер жиналыстарында сайланып қойылатын қазіргі уақытта олардың көпшілігі жұмысшылардан тәртіпті талап етуден қаймығады, демек өндіріс есебінен бәріне қайырымды болып көрінуге ұмтылады. Өндіріс командирлері емес, партия және кәсіподақ ұйымдары адамдарды тәрбиелеумен айналысуға тиіс деп айтылып жүр. Бұл дұрыс емес.

Д. ГРУЩКОВ, Рудный мебель фабрикасының жұмысшысы: Мен 38 жыл партия мүшесімін, фабрикада үшінші жыл жұмыс істеймін. Алайда мұндай енжарлықты әлі кездестірген емеспін. Кәсіпорын жоспарды орындай алмай келеді, адамдардың еңсесі түсіп кетті. Сенбіліктерде, жұмыстан тыс уақытта еңбек ету орын алған ағаттықты өтей алмайды.

Қостанайда орналасқан өндірістік бірлестік басшылығы коллективімізге жәрдемдеспейді, дегенмен біз, коммунистер жұмыстағы бетбұрыс үшін күреспейміз, қарауымыздағы құралдардың бәрін пайдалана бермейміз. Мәселен, бас кәсіпорын коммунистерімен бірлесіп жиналыс өткізуге, өндірісті материалдармен қамтамасыз ету үшін басшылардан қатаң сұрауға болады ғой. Ал біздің көрнекі үгітті, қабырға газетін қалай пайдаланатынымызға қараңыздаршы. Бір шектен екінші шекке ұрынамыз. Егер бұрын фабрикада стендтер қаптап жатса, енді саналы еңбеккердің құрметіне «молния» шығаруға дәрменіміз жетпейді. Фабрикада қымқырушылық белең алған, ал осындай фактілер бойынша «Дабылды» немесе «Тікенекті» күндіз от алып іздесең де таба алмайсың.

Олқылықтан шығу үшін енжарлықтан арылып, инициатива жасауға, белсенді ізденіске, тиянақты жұмысқа бейімделу керек деп есептеймін.

* * *

Иә, есеп беру-сайлау жиналыстары нақ инициативаға, мезгілі жеткен проблемалардың сындарлы шешімдерін белсенді іздестіруге, табанды жұмысқа мегзейді, жиналыстарда бастауыш партия ұйымдары іс-қимылдарының нақты программасы талдап жасалды. Енді іс қабылданған шешімдерді жүзеге асыруға саяды.

ЖУРНАЛ ПОЧТАСЫНАН

Бізге тағы да келіңіз

Себей облыстық байланыс басқармасында бертінде № 3 карттар мен мүгедектер үйінде таланкер коркемоперназдардың концерті болатындығы туралы, сондай-ақ қайырымды адамдардың бәріне жалғызілікті адамдар үшін шағын сыйлықтар жинауға өтініш білдірілген хабарландыру ілінді.

Тағайындалған күні инспекторлік бөлмеде қолдан тұздалған коконіс пен вареные қалбырлары, журналдар мен кітаптар бумалары жиналды.

Міне, таланкер артистер карттар үйіне келді. Корпустың барлық қабаттарынан үй иелері – біреуі балдакпен, енді бірі арбамен дегендей, еппен жинала бастады. Облыстық байланыс басқармасының инженері И. Қалиев, телефонистер С. Карпеева мен Е. Бажутова, техниктер В. Макарова ен И. Каралаш таланкер коллективтің басқа да көптеген артистері сахнаға шықты.

Соңғы ән айтылып болысымен әңгіме басталды. мүгедектер, әжелер мен аталар сыйлықты ықылассыз алып, алғыстарын айтты.

Әрине, оларды шағын сыйлықтар ғана емес, өздеріне жетіспей жүрген адамгершілік қамқорлық қуантты. Әзер концерт үшін шын жүректен алғыс айтты, келесі жолы қатысушыларды, ескі әндерді айтуды өтінді. Адамгершілік негізінен қойған сұрағы мынадай еді: «Ал сіздер, бізге тағы да келесіздер ме?»

Е. КОНСТАНТИНОВА.

Digitized by Google

ЖУКОВТАР ҰЙЫМШЫЛДЫҚПЕН ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ

Шошқаларды жемдейтін уақыт болып қалды да біз фермада әңгімелесе алмадық. Жуковтың шуылдаған шаруашылығы шыдамсыздана шиқылдап, кезекті жемшөп қоспасын талап етті.

— Александра, сен қонақпен әңгімелесе тұр, мен жемшөп салып келейін, — деді Николай Степанович.

— Бізде азықтандыру тәртібі қатаң сақталады, бәрі график бойынша жасалады, әйтпесе малдың салмақ қосуына қол жеткізе ала алмайсың, — деп жалғастырды сөзін ол.

Александра Семеновна бізді шошқа қорасының алдындағы тұрмыстық бөлмеге шақырды. Біз жинақы шағын бөлмеге кірдік, оның терезе-есіктеріне әдемі перде ұсталған, еденге таза төсеніш төселген. Бұрыштағы стол үстінде телевизор, оның үстінде үйдегідей сағат тықылдап соғып тұр. Иә, Жуковтың фермада үйдегідей жайлылық пен жинақылықты жасауының сәті түскен. Демек осының өзінен-ақ мұнда өз ісін жақсы көретін адамдар тұратыны, осында нағыз қожайындар болып ұзақ уақытқа келгені байқалады.

Жуковтардың семьясы есілдік «Двуречный» совхозының шошқа шаруашылығында, міне, алты жылдан астам уақыттан бері еңбек етеді. Александра Семеновна бұған дейін сауыншы, ал Николай шофер болып істеген еді. Нақ сол кезде совхоз басшылығы мал шаруашылығы қораларын қайтадан құруды қолға алған болатын. Торайлар ұсталатын баздарға өте көп көңіл бөлінді. Онда ешқандай жағдай болмайтын, қол еңбегі басым еді, Мал жиі індетке шалдығатын, салмақты өте аз берді, малдың өлім-жітімінің көбеюі байқалды. Демек шошқа өсірушілердің осы учаскедегі жұмысқа ықылассыз келуіне таңдануға болмайтын.

Енді мұнда мүлдем басқадай көрініс байқалады. Егер бұрын бір қорада 700 торай ұсталатын болса, енді онда қайтадан құрғаннан кейін 1800 торай ұсталады. Малды суару, жем үлестіру, қиын тасу толығынан механикаландырылды. Торайлар тұратын үйшіктердің еденін жылытылатын етті.

Сөйтіп Жуковтар өз күштерін өздері үшін жаңа рольде байқап көруді ұйғарды. Сол екі арада қызы Галина мектепті бітіріп, ата-аналарының звеносына сұранды. Олар алғашында «сені шошқа бақсын деп мектепте оқытқан жоқпыз»! — деп қарсы болды, бірақ Галина өз дегенінен қайтпады.

Алғашқы жылы Жуковтарда мал тәулігіне 160 грамнан салмақ қосты. Бұл да жаман емес. Өйткені оларға дейін ол 50—70 грамнан ғана болатын. Бірте-бірте тәжірибе жинақталып, нәтижелер өсе бастады. Еңбекті ұйымдастыруды жеңілдететін жаңалықтар пайда болды. Мәселен, жылжымалы графикті қолданды, ол бойынша звеноның әрбір мүшесі аптасына екі күн демалыс ала алады. 1985 жылы шошқа өсірушілер мердігерлікке ауысты. Нақ ол Жуковтарды малдың қондылығын арттырудың резервтерін іздестіруге, жемдеу технологиясын бүге-шігесіне дейін пысықтай түсуге мәжбүр етті. Бұл нәтижелерге бірден ықпал етті. Шошқа өсірушілер жемшөптің аз жұмсалуы барысында малдың тәулігіне 300 грамнан астам салмақ қосуына қол жеткізді. Әлбетте, бұл еңбекақыға да ықпал етті. Мәселен, Жуковтар 1986 жылы 18 мың сом ақша тапты, ал келер жылы ол біршама аздау болды.

Өткен жылы Жуковтар звеносы шаруашылықпен арендаға шарт жасасты. Ол шошқа өсірушілерге не берді? Мен осы сұрақты Александра Семеновнаға қойдым.

— Біз бірнеше жыл мердігерлікте жұмыс істей отырып, арендаға ауысу негізін әзірледік, — деп әңгімелейді шошқа өсіруші әйел. — Шығындарымызды көбірек есептей бастадық. Енді өнім өндірудің қаншаға түсетінін өзіміз көріп отырмыз. Кейде өз қалтаңнан төлеуге тура келгенімен де, бізде, әрине, үнем де аз емес. Малдың өлім-жітімге ұшырауы барысында осылай болғанды...

1988 жылы Жуковтардың звеносы 300 мың сомның дерлік өнімін өндірді. Бір центнер салмақ қосудың өзіндік құны 86 сом құрады. Бір центнер салмақ қосуға жоспардағы 5 центнердің орнына 4,3 центнер жемшөп өлшемі жұмсалды.

Мен Жуковтарға жаңа жылдан кейін іле келген едім, демек звено жұмысының барлық экономикалық көрсеткіштері сол кезде-ақ дайын екен.

— Ал мұнда таңданарлық ештеңе жоқ, — деді Александра Семеновна. — Қазір біз чек арқылы есеп айырысамыз және шығынымызды бірден жауып отырамыз.

Ол столдан қалың папканы алды да мал басының ай сайынғы өсімін, малдың

Digitized by Google

салмақ қосуының нәтижелерін көрсетті. Бір сөзбен айтқанда, бұрын мамандар жүргізетін бүкіл бухгалтерияны звено түгелінен дерлік өз қолына алды.

— Бізде мұнымен Галина айналысады, — деді Александра Семеновна, оның сөзінен қызын мақтаныш ететінін аңғаруға болатын еді, ал олар бұдан бірнеше жыл бұрын оны шошқа фермасындағы жұмыстан сақтандыруға әрекеттенген-ді.

Өткен жылы шошқаларды бордақылау және өсіріп-жетілдіру цехында бригадирден бас тартты. Арендаға ауысқан кезде оның қызметі қажет болмай қалды. Звено жетекшісіне чек берді, шошқа өсірушілер енді мал басының, жемшөптің, электр энергиясының есебін өздері жүргізіп, өз базасы бойынша есеп жасайды. Шошқа өсірушілер малды қалжырататын ай сайынғы өлшеулерді жүргізбейтін болды. Одан олар тек салмағын төмендетеді. Базда әр ай сайын өлшенетін бақылаудағы мал тобы бар.

Жуковтардың звеносына оралайық. Шошқа өсірушілерді өте алаңдататын проблемалар баршылық.

— Бізде мегежіндерді күтушілердің жұмысына ренішіміз аз емес, — дейді Александра Семеновна. — Бізге арық, көбіне әлжуаз торайлар беріледі, онда оларға қажетті дәрі әрдайым егілмейді, осыдан келіп малдың өлім-жітімі жоғары болады. Әрине, өзіміз кінәсізбіз деп айта алмаймыз. Дегенмен осы проблеманы бірлескен күшпен шешу қажет.

Бұл орынды ескертпе екенінде дау жоқ. Цехтар арасындағы өзара қатынасты қайсыбір тұрғыдан реттеу, әлбетте, керек, шошқа өсірушілер малды бір-бірінен сатып алатындай, сатып беретіндей есеп айырысу бағалары қажет.

В. ЧЕБОТЬКО.

Целиноград облысы,
Есіл ауданы.

ВАЛЮТА—ДИҚАНДАРҒА

СССР Министрлер Советінің августе «Мемлекетке 1989—1990 жылдарда бидайдың, бұршақ дәнді дақылдардың жоғары сапалы дәні мен майлы дақылдар тұқымын сатуды шет елден астық пен азық-түлік сатып алудың қысқаруына байланысты валютаны төлеу жолымен ынталандыру туралы» қаулы қабылдағаны мәлім. («Экономическая газетаның» 33-ші номерін қараңыз).

Көптеген халық депутаттары сайлау қарсаңындағы күрес барысында-ақ өз программаларын қорғай отырып, осы қадамды жасауға шақырды. Демек съезд мәжілістерінде де нақты валюта мұхиттың арғы жағына кетпей-ақ өз елімізде қала алады деген ойлар айтылды. Валюталық қаржыны өзіміздің ауыл шаруашылығымызды дамытуға жұмсаған әлдеқайда дұрыс болар еді.

Жаңа қаулы екі жылға есептелген экономикалық эксперименттің негізін қалады. СССР Министрлер Советінің Азық-түлік және сатып алу жөніндегі мемлекеттік комиссиясының бірінші орынбасары, мемлекеттік азық-түлік ресурстары бас басқармасының бастығы **М. Л. ТИМОШИШИН** *осы жайлы былай деп әңгімелейді.*

— Соңғы уақытта колхоздар мен совхоздардың мемлекетке астықты аз сата бастағаны мәлім. Өткен үш жыл ішінде оның жалпы түсімі оныншы бесжылдықтың деңгейінен асқан жоқ. Біз селода шаруашылықты жүргізудің әміршілдік-әкімшілік әдістерінен арылып, нені, қашан және қанша мөлшерде өндіру керектігін село адамдарының өзі шешу правосын берген кезде дәнді дақылдар егістігі 13 миллион гектар азайып кетті, ал мұның барысында шығымдылық гектарына небары бір центнер өсті. Астық сатып алу 1986 жылғы 77,9 миллион тоннадан өткен жылы 60,2 миллион тоннаға дейін азайды. Оның себебі мынадан болса керек: астықты сатып алу бағасының қалыптасқан деңгейі шаруашылықты оны мемлекетке сатуға ынталандырмайды. Ал жаңа қаулы, менің көзқарасымша, астықты өндіру мен сатып алуға белгілі серпін береді. Өйткені диқанда валюта алу және оны өзінің қалауынша жұмсау мүмкіндігі пайда болады.

— **Қабылданған қаулыда қатты және күшті бидай дәнінің бір тоннасының бағасы шетелдік валютамен 60 сом (90 долларға жуық) деп аталады. Нақ осы сома қандай есепке сүйеніп қабылданған!**

— Қаулыда берілген валютаның орташа төлемі осы дақылдардың дүние жүзілік бағасының шамамен 60 процентін құрайды. Демек ол үшін экспорттық операцияларға арналған мемлекеттік салықты және совет экспортерлері өтейтін бірқатар басқа шығындарды ұстау арқылы дүние жүзілік баға төленеді. Екінші сөзбен айтқанда, шаруашылықтың бидайды, бұршақ дәнді дақыл-

Digitized by Google

ТАЛДЫҚОРҒАН ОБЛЫСЫ. Талдықорған совхоз-заводының жаңа өнімдері магазин сөрлеріне түсті. Бұл — мамандандырылған цехта өндірілетін балалар тамағы. Оған арналған жабдықты қорғаныс өнеркәсібі берді. Үстіміздегі жылдың өзінде-ақ бес миллион қалбыр шығарылады, ал өндірістің жобалық қуатын игергеннен кейін ол сегіз миллион қалбырға дейін өседі. Осыны ескеру арқылы биыл шикізат: сәбіз, асхана асқабағы, кәді т.б. өсіретін алаң едәуір кеңейтілді. Мұнда осы дақылдардың бәрі биологиялық таза танапта өндіріледі.

СУРЕТТЕ: цех операторы, сана тобының мүшесі Келбет Тұрысбекова.



дарды және майлы дақылдарды дербес экспортқа шығару барысында ала алатын орташа валюталық табысын ескеру арқылы төлем мөлшері белгіленген.

— Михаил Лукич, сізбен кездесердің алдында мен облыстық агроөнеркәсіп комитеттерінің бірнеше председателімен әңгімелестім. Олардың айтуынша, көптеген шаруашылық басшылары атаалған бағаны төмен деп есептейді, мемлекет мұхиттың әр жағындағы фермерге екі-үш есе көп төлейді, дейді. Сондықтан да қаулы текстін оқи отырып, астықты советтік ақшаға сату оларға тиімдірек деп санайды. Диқандар қайсыбір шетелдік сыр қайнату немесе шұжық цехына арналған валютаны жылдап жинағаннан гөрі өзіміздің ақшамызға жолдар, тұрғын үйлер салуды, отандық жаңа техниканы сатып алуды қалайды.

— Біріншіден, мен агроөнеркәсіп қызметкерлерінің күдігін сейілтуге тиіспін. Сырттай қарағанда ғана біз шетелдік фермерге көп төлейтін сияқты болып көрінеміз. Іс жүзінде олай емес.

Біз астықты жеке фермерден емес, ол тұрып, өнім өндіретін мемлекеттен сатып алдық. Ал мемлекеттік өнім беру еркін рынок бағасымен сатып алуға қарағанда арзанға түседі. Өткен жылы, мәселен, біз шетелдерден астықты оның рыноктық құнының 60 процентін құрайтын бағамен сатып алдық. Мемлекет сол бағаны біздің диқандарымызға да ұсынады.

Екіншіден, астықты валютаға сату сондай ерікті іс. Егер шаруашылық өзінің жоспардан тыс өнімін советтік ақшаға сатамын десе, солай жасай берсін, ал мұндай жағдайда бір тонна бидай бағасы 400—600 сомға дейін жетеді. Жалпыхалықтық қамбаның толыға беруі басты мәселе ғой...

— Михаил Лукич, демек соңғы сұрақ. Шаруашылықтар тапқан валюталарын қандай мақсаттарға жұмсай алады?

— Қаулы бұл тұрғыдан ешқандай шектеу қоймайды. Шаруашылық валюталық қаржыны жұмсау туралы шешімді өзінің қажетіне қарай дербес қабылдайды. Техника да, технология да, тұтыну товарлары да сатып алу заттары бола алады. Мен шаруашылық басшыларына осы мәселелер бойынша Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің тиісті сауда ұйымдарына жүгінуді ұсынамын, олар диқандар үшін аса тиімді жағдайда қажетті товарларды сатып алуға көмектеседі.

(«Экономическая газета» № 36, 1989, сентябрь).

Digitized by Google

РЕСПУБЛИКАНЫҢ БАС КӨРМЕСІНДЕ

«Қазақ ССР-інің ауыл шаруашылығы» павильонында азаматтардың меншікті қосалқы шаруашылығына арналған көрме болып өтті. Оған келушілер қызықты экономикалық топтамалармен танысып, озық тәжірибе адрестерін білді.

Соңғы жылдары осы сектор халықты азық-түлікпен жабдықтауда барған сайын үлкен роль атқаруда. Біздің республикамыз меншікті шаруашылықтарында картоптың—52 проценті, көкөністің — 26 проценті, еттің үштен бірі және сүттің бұдан көбірегі өндіріледі. Үстіміздегі жылдың өзінде ғана 600 мың торай, 41,6 миллион құс балапаны өсіріп-жетілдіру үшін адамдарға сатылды. Меншікті қосалқы шаруашылықтармен совхоздардың және колхоздардың өзара қимыл-әрекеті өсіп келеді. Өткен жылы тұрғындармен жасалған шарт бойынша 140 мыңдай ірі қара, 136 мың шошқа, 21,6 мың қой меншікті аулаларда бордақыланды.

Егер 1986 жылы бау-бақша серіктестігі коллективтерінде 468 мың семья болса, 1988 жылы 654 мың семья болды, ал оларға бекітілген жер көлемі 35,9 мың гектардан 52,5 мың гектарға дейін көбейді. Бақша шаруашылығымен 459,9 семья (1987 жылы 410,9 мың семья болған) айналысады, коллективтік бақша көлемі 35,8 мың гектардан 37,6 мың гектарға дейін өсті. Бір семьяға шаққанда 236 килограмм жеміс пен жидек, 780 килограмм көкөніс жиналды.

1990 жылы халықтан 113,2 мың тонна ет, 88,9 мың тонна сүт сатып алу көзделіп отыр, бұл жалпы сатып алу мөлшерінің тиісінше 4,1 және 5,4 процентін құрайды. Жеке меншікті сектордағы қой санын 10 миллион басқа жеткізу үшін мүмкіндіктің бәрі бар.

Көрмеде азаматтардың меншікті қосалқы шаруашылықтарын дамытуына зор көмек көрсетіп отырған совхоздар мен колхоздардың тәжірибесі ашылды. Бұлар — Қарағанды облысы Осакаров ауданының Вильгельм Пик атындағы, Семей облысы Новошульба ауданының Ленин атындағы, Целиноград облысы осы аттас ауданындағы «Октябрь» совхоздары және басқалар.

Бірқатар меншікті шаруашылықтардың тәжірибесі анықталып көрсетілген. Мәселен, Семей облысындағы Песчанка селосының тұрғыны Владимир Федорович Фризоргер бір жылда 3580 килограмм мал төлін, 830 құс және 11 центнер картоп сатты.

Бау-бақша өсіруші Гурьев қалалық бағбандар серіктестігі советінің жанындағы «Тамырлы-2» бау-бақ серіктестігінің мүшесі Иван Петрович Свербихин 8 сотық жер учаскесінде 1100 килограмм жеміс, 400 килограмм жидек, 550 килограмм көкөніс өсіріп, 900 килограмм жеміс-жидек сатты. Осы қаланың тағы бір тұрғыны Серуер Мұстафаев он сотық учаскеде 1500 килограмм жеміс, 550 килограмм жидек және 1100 килограмм көкөніс, 900 килограмм картоп өсірді.

Қостанай облысы Тимирязев атындағы совхозда бау-бақ серіктестігінің мүшесі Валентина Ивановна Штаньконың ісі де оңға басуда. Ол 800 килограмм помидор, 200 килограмм алма, 30 килограмм таңқурай сатты. Бау-бақ учаскесінде 50 құс өсіреді.

«Актюбрентген» өндірістік бірлестігі бау-бақ серіктестігінде пенсионер А. И. Самик көктемде уақытша теплица жасайды, ал егер дәлірек айтсақ, помидор, қияр және баклажан көшеттерін суықтан қорғап, пленкамен иілген металдарға бекітіп жауып қояды. Гладиолус, қалампыр, астра гүлдерінің шағын гүлзары бағбанның мақтанышы. Ол жылына өнімнің 15—20 процентін сауда орындары арқылы колхоз базарында сатады.

Таңдаулы қосалқы шаруашылық, бау-бақ және бақша учаскелерінің жыл сайынғы республикалық байқау-конкурсына қатысушы басқа азаматтардың жетістіктері де көрсетіледі, оның жеңімпаздары салалық жұмысшылар кәсіподағы республикалық комитеті мен Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің дипломдарымен және грамоталарымен наградталуда.

Осындай көрмелерді жүйелі көрсетіп тұру ұйғарылды. Демек халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі меншікті қосалқы шаруашылық иелерімен қатар кәсіпорындар, кооперативтер коллективтерін, сондай-ақ инженерлерді, агрономдарды, меншікті қосалқы аулаларға арналған техникалар мен технологияларды талдап жасауда өз күштерін байқап көрейін деуші басқа мамандарды шақырады. Биылғы көрме шағын механикаландырудың болмауы бүгін таңда меншікті қосалқы шаруашылықты дамытуға үлкен кедергі болып отырғанын көрсетіп берді.

Д. АРЫНОВ,
Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесі «Ауыл шаруашылығы» павильонының директоры.

Digitized by Google

ВЛАДИМИР ИЛЬИЧ ҚАЛАЙ ӨМІР СҮРІП, ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕДІ

Осы естеліктің авторы Софья Борисовна Бричкина (1883—1967) 1903 жылдан Коммунистік партия мүшесі, 1919 жылғы май айынан Халық Комиссарлары Советінде кеңсе меңгерушісі, содан кейін секретары, Орталық Комитеттің Саяси Бюросында және Орталық Комитет Пленумдарында протоколшы-секретарь болып істеді және Владимир Ильич Ленинның қалай тұрып, жұмыс істегенін жақынырақ қадағалау мүмкіндігі болды.

Владимир Ильич асқан іскер адам еді. Ленинмен өте жақын араласып жүрген адамдарды оның бұл қасиеті, сондай-ақ бір уақыттың ішінде бірнеше іспен қатар шұғылдануға қабілеттілігі қайран қалдыратын. Оның алдында әрдайым кітап жататын, ол жұмыс арасында қолы аз уақыт болса да босаған кезінде сол кітапты оқып қоятын. Кейде Халық Комиссарлары Советінің немесе Еңбек және Қорғаныс Советінің мәжілісі кезінде сөз сөйлеп тұрған адам, кітап оқып отырған Ленин оны естімей қалды деп ойлап, сөзін тоқтата қоятын. Бірақ Ленин шешеннің соңғы айтқан сөздерін өзі қайталап айтып ұсынатын.

Халық комиссарлары Советінің, Еңбек және Қорғаныс Советінің немесе Орталық Комитет Саяси бюросының түнің бір уағына дейін созылған мәжілістерінің аяғына таман көп ретте шаршағандықтан Владимир Ильичтің түсі бозарып кететін. Әсіресе сол күндердегі саяси қиын жағдайларды ескерсек, мұндай отырыс қалуышылық өте жиі болатын еді.

Владимир Ильичтің үлкенді-кішілі істердің бәріне бірдей сонылықты көп көңіл бөлуіне күші мен уақытының қалай жететіндігін біздер біле алмай, қайран қалатынбыз.

Аштыққа ұшыраған Москва мен Петроград үшін астық тиелген маршрутты вагондардың немесе заводтарымызға арналған көмір тиелген вагондардың қай жерде келе жатқандығын оның өзі телефон арқылы сағаттар бойына қоймастан сұрап жатушы еді.

Владимир Ильичтің сөйлейтін сөзіне, жазатын мақалаларына және басқаларына керекті материалдар дайындап беретін референттері болған жоқ. Мұндай әзірлік жұмыстарының бәрін оның өзі істейтін, өзіне керекті мәліметтерді телефон арқылы мекемелерден немесе жеке адамдардан сұрастыратын, кітаптардан, журналдар мен газеттерден көшірмелер жасайтын.

Владимир Ильич үкімет немесе партияның Орталық Комитеті мүшелерінің біріне белгілі бір күнгі немесе өте шұғыл документ жібергенде, оны конвертке өз қолынан салып, желімдеп, сол адамның фамилиясы мен адресін жазып, содан кейін жіберу үшін оны секретариатқа беретін. Мұндай жағдайда секретариаттан пакет қашан жіберілді және адресат оны қашан алды — осылардың бәрін оның өзі қадағалайтын.

Шетелде жұмыс істеп жүрген басшы жолдастар өздері тұрған жерде қай тілде болсын шыққан кітаптарды, егер қажетті деп тапса, Владимир Ильичке жіберуді өздерінің борышы деп санайтын.

В. И. Ленин өзінің үлкен кітапханасында айтарлықтай тәртіп жоқтығына, одан керек уақытында қажетті кітапты немесе журналды тауып алу қиынға түсетіндігіне өте қапаланатын. Ол менен жақсы кітапханашы тауып беруді өтінді. Мен оны іздеуге кірістім. Істі жақсы білетін адам, әрі ұқыпты қызметкер деп маған Ш. М. Манучарьянцті ұсынды. Бұл жайында мен В. И. Ленинге айттым, ол оны өзіне шақырып алып танысты да іске кірісуді ұсынды. В. И. Ленинның жеке кітапханасында тәртіп орнатылуы керекті материалдарды іріктеп алуы үшін оған көп жеңілдік берді.

В. И. Ленинның өзіне өзі рұқсат еткен бір ғана артықшылық — ол түскі тамақтан кейін аз уақыт дем алу еді. Бүкіл секретариат осы сағатты мүқият қадағалап, Владимир Ильичті мазаламауға тырысатын. Ал басқа уақытта біз, күндіз демей, түн демей, Владимир Ильичтің өзінің жеке тапсыруы бойынша, қандай да бір маңызды хабар алына қалса, мұны дереу оған хабарлап отыратын едік.

Халық Комиссарлары Советінің кеңсесі үшінші қабатта еді, баспалдақ өте тік көтерілетін, ал лифт жиі бұзылып қалып жүрді. Владимир Ильич жүрегі ауыратын жолдастардың да осы баспалдақпен көтерілуіне тура келіп жүр-ау деп мазаланатын. Ол лифтінің жиі бұзылып қалмауы үшін, оңымен үш адамнан артық көтерілмесін деп секретариат бойынша жарлық беруді ұсынды және бірінші болып оған өзі қол қойды.

Digitized by Google

В. И. Ленин партияның Орталық Комитетінің мүшелерімен, халық комиссарларымен, аппарат қызметкерлерімен өзара қарым-қатынаста бәріне бірдей тең қарады, бәріне де «сіз» деп сөйледі.

Владимир Ильич, өзінің семьясы сияқты, өте қарапайым киінетін. Халық Комиссарлары Советінде істеп жүрген уақытым ішінде В. И. Ленинның жаңа костюм немесе пальто кигенін көрген-көрмегенімді қанша тырыссам да есіме түсіре алмай қойдым. Ленинның қаракөл елтірі жағасы бар қысқы пальто мен қаракөл елтірі құлақшын киіп түскен суретін біздің елімізде білмейтін адам жоқ: бұл киімдерін ауыстырмайтын-ды. Ленин затқа өте ұқыпты қарайтын және таза ұстайтын.

Владимир Ильич семьясының үй тұрмысындағы ерекше қарапайымдылығы олардың үйінде болған адамдардың бәрін де қайран қалдыратын. Ленинның пәтеріне мен сиректеу барып жүрдім, ол Владимир Ильичтің кабинетімен және Халық Комиссарлары Советінің секретариатымен ұзын коридор арқылы жалғасатын еді. Егер оның пәтеріне қайсыбір документ апару керек болса, мен әдетте қоңырау соғамын да, оны есік ашқан адамға беремін. Ал мен бұл пәтердің табалдырығын бірінші рет аттағанымда алғаш кірген бөлмем асхана еді. Сонда бұл бөлменің өте тарлығы, бөлмені түгел алып тұрған шаршы стол ғана менің есімде қалыпты. Асханамен қатар екінші бөлме бар, мен барғанымда оның есігі ашық тұр екен. Менің көзіме ерекше түскені рояль еді. Онда роялдан басқа ешнәрсе жоқ сияқты көрінді. Мен оған таңданған жоқпын, өйткені мен Владимир Ильичтің музыканы өте жақсы көретінін білетінмін.

Владимир Ильич Ленинның семьясында Надежда Константиновна Крупская мен Мария Ильинична Ульянова болды. Надежда Константиновна халық ағарту комиссары А. В. Луначарскийдің орынбасары. Саяси ағарту бас басқармасының меңгерушісі болды, Мария Ильинична «Правданың» жауапты секретары болып істеді. Үй қызметшісі А. М. Сысоева еді. Күнделікті тұрмыс мәселелерінің бәрімен Мария Ильинична шұғылданды. Мария Ильиничнаның қаншалықты жұмыс басты екендігін және Ульяновтар семьясына тән жұпынылықты білетін мен үй қызметшісінің Владимир Ильичтің семьясында ең қажетті деген азық-түлік жиі-жиі болмай қалып жүрді дегеніне таңдана қоймадым.

Біздердің, Ленин қызметкерлерінің, оған сонша бір жағымды іс істегіміз-ақ келді. Бірақ біз тек оның қандай жұмыс стилін ұнататынын ғана білетінбіз. Сондықтан біз бұл жөнінде қолымыздан келгенінің бәрін істеуге тырысып бақтық, ал оның жеке басының өзін немен қуантуға болатынын біздер білмей-ақ қойдық.

Мынадай бір факті есімде қалыпты. Владимир Ильич арқалығы, отыратын жері сабаннан тоқылған креслода отырып жұмыс істеуге дағдыланған болатын. Оның осы пайдаланып жүрген ескі креслосы әбден тозып, іске жарағысыз болып қалды, сабандары жыртылып, онда отырып жұмыс істеу өте ыңғайсыз болды. Біз Москваның барлық қоймаларынан сондай креслоны іздеп әуре болдық, сабанды қайта тоқып, жөндей алатын шеберді де іздедік. Ақыры, еңбегіміз зая кетпеді. Моссоветтің шаруашылық қоймаларынан сол іздеген кресломызды тауып, оны Владимир Ильичтің кабинетіне қойғанымызда, қуанышымыз қойнымызға сыймады.

В. И. Ленинның өз жеке басының жұмыстарына уақыты өте аз қалатын. Надежда Константиновна Крупская 1919 және 1920 жылдары базедоаурумен қатты науқастанды. Бәріміз де оны жақын тұтып, жақсы көретін едік, сондықтан оның жағдайын қатты ойладық. Бір күні кеште көрнекті маман дәрігерлердің консилиумы белгіленді. Дәл осы уақытта Халық Комиссарлары Советінің мәжілісі өтіп жатты. Ол Кіші Халық Комиссарлары Советінің үйінде болды. Владимир Ильич дәрігерлер түгел жиналған кезде мені шақырыңыздар деп үй ішіне тапсырып қойған еді. Мәжілістің орта шенінде Ленин кешірім сұрады да, мәжіліске председательдік етуді халық комиссарларының біріне берді, содан соң 10 – 15 минуттан кейін қайтып келемін деп ескертіп, кетіп қалды. Ол жақта Л. Б. Красин мәжіліске қатысушылардың кейбіреулері сырқаттанып отыр, басқалары шаршады деген сылтаумен мәжілісті жабуды ұсынды. В. И. Ленин келген дәрігерлер оның пәтерінен кетпей тұрып, дәл айтқан уақытында қайтып келді. Л. Б. Красин мәжілісті жабу жөнінде ұсыныс жасады, бірақ Владимир Ильич оны тыңдағысы да келмеді. Мәжіліс әдеттегідей жұмысын жүргізе берді.

В. И. Ленин суретке түсуді және суретке түсу үшін сөздің тұруды өте жек көретін. Ол кезде Ленинның жақсы түскен суреті аз болатын. Владимир Ильичтің портретін жасау үшін 1920 жылы июльде Петроградтан фотограф келді. Фотограф менен В. И. Ленинмен кездестіруді өтінді. Мен оның өтінішін Владимир Ильичке айтқанымда ол екі қолын сермеліп, ат-тонын ала қашты, тіпті сөйлесуден де бас тартты. Алайда фотограф өзінің көздеген мақсатына жетуге тырысып бақты, онысына мен де тілектес болдым, өйткені В. И. Ленинның әрбір жаңа суреті тарихи маңызы

Digitized by Google

зор, қүнды материал екенін мен жақсы түсінетінімін. Бір қолайлы кезеңді таңдың. Владимир Ильичтің келісімін алуға үйгардым. 1920 жылы 20 июльде фотографты Кремльге кіргіздім де, оны екінші қабаттағы бір бөлмеге отырғыздым. Свердлов залына (Дөңгелек залға) В. И. Ленин осы бөлме арқылы өтіп мәжіліске баруға тиіс еді. Фотографқа «сақадай сай» әзір тұрыңыз деп кеңсе бердім де, өзім Владимир Ильичті «үгіттей» бастадым. 5 минуттан артық уақытыңыз кетпейді деп сендірдім. Владимир Ильич ақырында бұған келісім берді, сөйтіп біз Ленинің тағы да бір суретін түсіріп алдық.

Ленин бұл портретіне ойға шомған күйі, болашаққа зейін қоя, алысқа көз жіберіп тұрғандай. Мұны көргенде оның партияның IX съезінде айтқан: «Совет өкіметінің тарихы үшін әлі уақыт жеткен жоқ... Қайта біз қазіргі уақыт пен алдағы уақытқа назар аударамыз», — деген сөздері еріксіз есіңе түседі. Осы суретке қарағанында, Ленин ұлы Совет елінің болашағы жайындағы кітапты ашып қойып, оқып отырған сияқты болып көрінеді де тұрады.

Ленинің қарапайымдылығы мен кішіпейілділігі үлкен істен де, ұсақ-түйек істерден де әрдайым көрініп отырды.

Ленинің «Коммунизмдегі солшылдықтың» балалық ауруы» деген кітапшасын жазып жатқан кезінде Г. В. Чичеринмен өзіне көмек көрсетуін өтінгені менің есімде. «Мен Сізден және Файнберггеннан гөрі егер Сіздің қолыңыз тимесе, ағылшын социалистік қозғалысын жақсы білетіндерден Сіздің нұсқауыңыз бойынша бөлінген жолдастан) менің кітапшамды *немесе Англия туралы тарауын* қарап шығып, маған кеңес беруді өтінер едім, қате немесе оғаштау кеткен жерім жоқ па екен? Егер қиын соқпаса, пақты түзетулерді қарындашпен жеке жазып беруін қатты өтінер едім.

Сіздің Ленин».

Осы запискадан Ленинге тән әрі сыпайыгершілікті, әрі терең ғылыми адалдықты, әрі өзіне сын көзімен қарай білушілікті айқын көруге болады.

* * *

Ленин — тек кемеңгер ақыл-ой иесі ғана емес, сонымен қатар адамзаттың езілген бөлігінің күллі қайғы-қасіретін өз бойына жинап алған алып жүректің де иесі. Ол пролетариаттың сарқылмас күшіне, оның тұңғиықтық жеңіп шығатындығына бүкіл жан-тәнімен сенген болатын. Оның бойында данышпандық пен ізгі жанды адамгершілік бітіе қайнасып, үштасып жататын.

«В. И. Ленин туралы естеліктер» бес томдығының үшінші томынан аударылып басылып отыр. Москва, Политиздат, 3 том, 1979 ж.

ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ХРОНИКАСЫ

АҚТӨБЕ

Ақтөбе қалалық партия комитетінде «Қайта құру үшін» деген саяси клуб жұмыс істейді. Ол өзінің мәжілістеріне қатысамын деушілердің бәрін шақырады.

Қала жұртшылығының кеңінен қатысуымен Жоғарғы Совет пен халық депутаттары жергілікті Советтерінің сайлаулары және Тіл туралы Қазақ ССР Заңдарының жобалары талқыланды. Айтылған ұсыныстар республиканың Жоғарғы Советіне жіберілді. Қала мен облыстағы экологиялық жағдайды жақсарту, жастарды тәрбиелеуді жетілдіру, тұрғылықты жер бойынша жұмыстарды ұйымдастыру т.б. сияқты өзекті проблемаларды талқылау кезекте тұр.

ПАВЛОДАР

Идеология активінің облыстық семинары басшылық жасаудың саяси әдістерін меңгеру проблемаларына арналды. Онда облыстық партия комитетінің секретары А. М. Әжібаеваның баяндамасы, Алматы Жоғары партия мектебінің доценті Г. В. Оболенскийдің «Партия қызметкерінің саяси және іскер қарым-қатынасының психологиясы», Новосибирск Жоғары партия мектебінің социология лабораториясының меңгерушісі Е. А. Бойконың «Қазіргі партия қызметкерінің социологиялық ойлауы» деген лекциялары тыңдалды. Идеология активінің облыстық партия комитетінің бірінші секретары Ю. А. Мещеряковпен кездесуі болды.

ОРАЛ

Қалалық партия комитетінде облыста жұмыс істейтін қоғамдық экологиялық комитеттің активтерімен кездесу болып өтті. Оған қатысушылар қала мен облыстың табиғат қорғау проблемаларын шешуде күш-жігерді үйлестіру туралы келісті. Біркатар бірлескен рейдтер, «дөңгелек стол» басындағы әңгімелерді өткізу, облыстың түрлі кәсіпорындарындағы экологиялық жағдайды жақсарту жөнінен сындарлы ұсыныстарды талдап жасау белгіленді.

Digitized by Google

НАСИХАТШЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ

Педагогика ғылымының кандидаты **Жұмағали Жөкейұлы НАУРЫЗБАЕВ** *әзірлеген үшінші, соңғы әңгіме насихатшының оқу-тәрбие және ұйымдастырушылық қызметінің бірлігіне арналған.*

Саяси оқудың негізгі функциялары

Насихатшының педагогикалық мәдениетті меңгеруінің нәтижесі ретінде оның оқу-тәрбие және ұйымдастырушылық қызметінің бірлігі туралы әңгімелемес бұрын саяси оқудың өзіндік функцияларын ажыратып алған тиімді.

Партия Программасында атап көрсетілгеніндей, «КПСС барлық совет адамдарының маркстік-лениндік ілімді терең меңгеруіне, саяси мәдениетін арттыруына, партия саясатын белгілеуге саналылықпен қатысып, оны белсенді түрде жүзеге асыруына ұдайы қамқорлық жасап отырады». Саяси білім беру — өзіндік мақсат емес, осы міндетті жүзеге асырудың маңызды құралы. Осыдан барып оқудың бірыңғай және біртұтас педагогикалық процесте өзара тығыз қабысқан негізгі функциялары туындайды.

— **білім беру** — тыңдаушыларда саяси білімді қалыптастыру, оларды әлеуметтік практикада қолдану дағдысын, іскерлігін және тәжірибесін ұштау;

— **тәрбиелік функция** — диалектикалық-материалистік дүниетанымды, идеялық нанымды, жоғары адамгершілік сапаларды қалыптастыру, әр тыңдаушыда бұқараның саяси жауынгері әрі ұйымдастырушысы сапасын дамыту;

— **ұйымдастырушылық функция** — тыңдаушыларды белсенді қоғамдық-саяси қызметке тарту, оларды қоғамның, еңбек коллективінің өзекті міндеттерін шешуге жұмылдыру.

Саяси оқудың түрлі әдістерін дұрыс қолдану арқылы маркстік-лениндік білім берудің осы функцияларының бәрі тек тығыз бірлікте ғана ойдағыдай жүзеге асырыла алады. Бұл—тыңдаушылардың сана-сезіміне ықпал етуді, олардың қызметі мен мінез-құлқын ынталандыруды, сендіруді, еліктеуді т.б. қарастыратын **тәрбие** әдістері; **оқыту** әдістері, яғни тыңдаушыларға ықпал жасаудың ауызекі және көрнекі тәсілдері, проблемалық оқытуды, зерттеушілік қатынастарды пайдалану т. б. Бұл, сайып келгенде, таңдаулы тәжірибені саралауды, тыңдаушылар ұсыныстарын ескеріп қорытуды т. б. қамтитын тыңдаушылардың қоғамдық-саяси қызметін ұйымдастыру әдістері.

Саяси оқу — коммунистер мен партияда жоқтардың революциялық өзгерістер диалектикасы мен оларды жүзеге асыру жолдарын түсінудің пәрменді аспабы. Өкінішке қарай, егер тоқыраушылық кезінде көптеген насихатшылар өмір шындығын зерттеп, ой елегінен өткізуде орынсыз оптимистік қатынастарға жол берсе, енді соңғы жылдары екінші шекке бой ұра бастады. Саяси система реформасын жеделдету, экономика мен әлеуметтік жүйелердегі қиыншылықтарды жоюдың, ұлтаралық қатынастардағы бұрмалаушылықты түзеудің жолдарын елеулі, сындарлы талдаудың орнына, осы жұмыста әр адамның ролін анықтаудың орнына сабақтарда көбіне тоғышарлық, тіпті кінәратты көңіл-күй байқалады, байбаламшылар мен даңғазашылардың ықпал жасау оқиғалары ұшырасады. Басталған оқу жылында саяси оқудың қайта құру практикасымен байланысын нығайту, саяси сабақтардың сындарлы-ұйымдастырушылық функциясын, олардың практикалық қайтарымын күшейту талап етіледі. КПСС Орталық Комитетінің Ульянов облыстық партия ұйымы жөніндегі қаулысы бәрімізді нақ осыған мегзейді.

Саяси оқудың сындарлы-ұйымдастырушылық функциясын күшейту жолдары.

Практикалық тапсырма саяси оқуды күшейтудің, насихатшының оқу-тәрбие және ұйымдастырушылық қызметін қабыстырудың әмбебап әдістерінің бірі. Ол оқу процесі аясын анағұрлым кеңейтіп, коллективтің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінің өзекті проблемаларын теориялық жағынан ой елегінен өткізіп, жүзеге асыруға көмектеседі.

Ғылыми-педагогикалық және методикалық әдебиеттерде практикалық тапсырмалар төрт түрге бөлінеді. **Дидактикалық** (оқу) тапсырмасы оқу материалының теориялық түйіндерін терең зерттеуге, бұрынырақта алған білімді баянды етуге бағытталған. Осы мақсатпен насихатшының тапсыруы бойынша тыңдаушылар сабақтарда белгілі бір

(Соңы. Басы журналдың 19, 20 номерлерінде).

Digitized by Google

мәселе бойынша хабарлама жасайды немесе марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, журнал мақалаларын т.б. конспектілейді.

Талдау тапсырмасы әлеуметтік-экономикалық жеделдету резервтерін іздестіруге (коллективтегі моральдық-психологиялық ахуалды талдауға, еңбек өнімділігін арттыру жолдарын т.б. анықтауға) бағдарланған. **Ұйымдастырушылық** тапсырма құнды инициативаны қолдауға, өндірістік озық тәжірибені енгізуге т.б. көмектеседі. Және, сайып келгенде, **насихатшылық** тапсырма үгіт-насихат кадрларын даярлаумен, тыңдаушыларды идеялық-тәрбие жұмысына тартумен (саяси хабаршы, үгітші ретінде сөз сөйлеу, қабырға газетін шығаруға қатысу) байланысты.

Практикалық тапсырманы бере отырып, олардың оқылатын материалмен, еңбек коллективінің міндеттерімен және партия ұйымдарының идеология активін даярлауға деген қажетімен тығыз байланысын қамтамасыз ету, мектептің немесе семинардың өзіндік ерекшелігін, тыңдаушының жеке қасиеттерін ескеру керек. Насихатшы тапсырманы мұқият пысықтап, оларды жүзеге асыру мерзімін, негізгі кезеңдері мен формаларын дәлме-дәлдікте анықтап, тыңдаушыға жәрдем беруге, оларды материалдармен қамтамасыз етуге тиіс. Тыңдаушылар ұсыныстары мен ескертпелерін жүзеге асыруға айрықша көңіл бөлу керек.

Қоғамдық-саяси практика практикалық тапсырма әдістерін одан әрі дамыту болып табылады. Ол мұны, әсіресе тыңдаушыларда теориялық білімді қалыптастырып, баянды ету, сондай-ақ оларды практикалық қызметте қолдану тұрғысынан елеулі түрде толықтырады. В. И. Ленин нақ осыдан саяси білім берудің басты мағынасын көрді. «Саяси жұмыстан және саяси күрестен тыс, қайдағы бір сабақ берулер немесе кітаптар және т. с. жұмысшылар бұқарасына саяси тәрбие бере алады деп ойлауға бола ма?»— деп сұрады ол (Шығармалар толық жинағы. 4 том, 339-бет).

Өскемен титан-магний комбинатында қоғамдық-саяси практика тиімді ұйымдастырылады. Партия комитеті осы мәселелер бойынша партия ұйымдары секретарьларымен және оқуды ұйымдастырушылармен семинарлар өткізеді. Ол мәселелер кәсіпорын жетекшілерімен талқыланады. Тапсырманы орындау, бақылау жасау, қорытындыны шығару және практиканы бағалау мерзімдері тағайындалады. Цехтар жетекшілері мен бас мамандар қызметтері өндірістегі «олқы» орындарды жою, кәсіпорынды ғылыми-техникалық жағынан жаңарту резервтерін табу жөнінен талдау сипатындағы тапсырмаларды әзірлейді. Партия комитеті мен цехтық партия ұйымдары насихатшылық сипаттағы тапсырмаларды (баяндамашы, лектор, үгітші т. б. функцияларын орындау) әзірлейді. Ұйымдастырушылық сипаттағы тапсырмаларды әзірлеуге, мәселен, еңбек тәртібін нығайту, өндірісті ұйымдастырудың озық әдістерін насихаттап, тарату жөніндегі шараларды талдап жасап, жүзеге асыруға кәсіпорынның партия комитетімен және әкімшілігімен бірге кәсіподақ, комсомол комитеттері, ғылыми-техникалық қоғам мен Бүкілодақтық өнертапқыштар мен рационализаторлар қоғамының советтері қатысады. Тыңдаушылардың орындаған тапсырмаларын, олардың іскерлігі мен дағдысының дамуын ескеру арқылы әр мектеп, семинар коллективіне идеялық-тәрбие жұмысын жүргізу, қоғамдық өмір процестерін талдау тапсырылады. Ішінара алғанда, үгітшілерді немесе редколлегия мүшелерін даярлау, бригадирдің, мастердің тәрбие жұмысы әдістерін меңгеруіне көмектесу т.б. жөнінен екі-үш тапсырма беріледі.

Оқудың сындарлы-ұйымдастырушылық қызметін күшейтуде оқитындар **ұсыныстарын есепке алып,** жүзеге асыру ролін жете бағаламауға болмайды. Партияның осы талабын жүзеге асыру тұрғысынан біздің республикамызда алғашқы қадамдар жасалды. Алматы, Солтүстік Қазақстан, Семей облыстарында жеделдету резервтері журналы жүргізіледі, оларға тыңдаушылардың нақты ұсыныстары мен Талдықорған облыстарында идеялар аукционы ұйымдастырылады. Қостанайда тыңдаушылардың аса тиімді ұсыныстары мен ескертпелеріне арналған облыстық конкурс жарияланды. Соколов-Сарыбай өндірістік бірлестігінде идеялардың компьютерлік банкі құрылды. Қазақстан Магниткасында «Сигнал» қызметі жұмыс істейді, еңбекшілер ұсыныстарының бәрі оған түседі. Бірқатар жерлерде көп тиражды газеттер беттерінде тыңдаушылар ұсыныстарын жүзеге асыру экрандары жарияланады, хабарлар бланкілері т.б. енгізілуде.

Саяси оқудың жасампаздық, іскерлік сипатын күшейту тәжірибесінен

Талдықорған облысының КПСС XXIII сьезі атындағы совхозының директоры, саяси семинар насихатшысы М. Ш. Қалықовтың пікірталас формасында өткізілетін сабақтың практикалық бағытын күшейту жөніндегі тәжірибесі зор ықылас тудырады. Пікірталастық, В. И. Ленинің атап көрсеткеніндей, «орасан зор тәрбиелік және ұйымдық маңызы бар» екенін (48 том, 267-бет) ол жақсы түсінеді. Насихатшы пікірталас пәні ретінде оқылып жатқан «Экономиканы басқарудың жаңа жүйесі» курсының проблемаларын, сондай-ақ практикалық мәселелерді іріктеп алады. Әсіре ұйым-

Digitized by Google

шылдық, басқаның пікірін қайталаушылық болмауы үшін пікірталас барысы алдын-ала ескерілмейді, мәселелер алдын-ала бөлінбейді, насихатшы сабақтарда тыңдаушылар ұсынатын ұсыныстар мен шешімдердің баламалы болуына қол жеткізеді.

Өзін-өзі қаржыландыру жағдайында совхоз жұмысын жетілдіру жолдары туралы пікірталас мысалы арқылы мұны көрсетуге болады. Оның алдында «Шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыру жағдайында еңбекке ақы төлеу» тақырыбы боиынша сабақ өтті. Тыңдаушылар осы мәселе жөнінен төрт рефератты талдады және «Еңбек коллективіндегі шаруашылық есептің негізгі принциптері» деген жұмысшы жаднамасын коллективтік түрде талдап жасады. Совхоздың шаруашылық жүргізудің нақты формасына ауысуының оңтайлы вариантын іздестіру оның келесі кезеңіне айналды. Пікірталас үшін осы проблема іріктеп алынды да. Насихатшы пікірталастық серпін тудыратын бірқатар торапты мәселелерді алдын-ала анықтады. Саяси оқу кабинетінің методикалық советі пікірталас алдында совхоздың шаруашылық қызметі, «Тұрғын үй-91» мен «Денсаулық» программаларын орындау барысы туралы талдау материалын әзірледі. Ол сұрақтармен бірге арнаулы стендке ілінді. Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институты мен Алматы халық шаруашылығы институты жоспарлау кафедрасының ғалымдары, РАПО қызметкерлері оны талқылауға қатысуға шақырылды.

Пікірталас барысында көкөніс өсірушілердің дербес арендалық звеноларын, сондай-ақ ішкі өндірістік кооперативтерді құру негізделді. Интенсивті технологияны енгізу, қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту, коллективтегі моральдық-психологиялық ахуал жөнінен бірқатар қызықты стандартты емес ұсыныстар айтылды. Осы ұсыныстардың көпшілігі қазірдің өзінде жүзеге асырылды.

Тәжірибелі насихатшылар қоғамдық-саяси практика оқу процесін күшейтуге, марксистік-лениндік білім беру тиімділігін арттыруға айтарлықтай мөлшерде ықпал ететініне талай мәрте көз жеткізді. Сондықтан оны өткізуге мұқият әзірленеді.

Мәселен, Көкшетау облысындағы «Чкалов» совхозының директоры, саяси мектеп насихатшысы В. Я. Шторц тапсырмалар тыңдаушыларда адамдармен жұмыс істеу дағдысы мен іскерлігін дамытуға ықпал ететіндей етіп, оларды іріктеп алуға тырысады. Виктор Яковлевичтің жеке творчестволық жоспарында тыңдаушылардың қоғамдық-саяси практикасын ұйымдастыру жөніндегі шаралар комплексі, оны өткізу уақыты, орны және орындау мерзімі көрініс тапқан. Мұның барысында тыңдаушылар мүддесі мен іскерлігі, өндіріс қажеті ескеріледі. Демек жеке жоспар совхоз партия комитетінің мәжілісінде талқыланады. Насихатшы тыңдаушыларға тапсырма-жолдама береді, сосын ол тиісті пікірлермен оның өзіне қайтарылады. Бұл да тыңдаушылардың практикадан өту процесінде енгізген ұсыныстары мен ескертпелерінің жүзеге асырылу барысын қадағалауына көмектесуде. Практика аяқталғаннан кейін тыңдаушылар қоғамдық кәсіптердің бірі бойынша аттестацияланады. Аттестация, әлбетте, қорытынды сабақта өтеді. Тыңдаушы жұмысына баға беріледі, практиканы ұйымдастыруды жақсарту жөнінен ескертпелер мен ұсыныстар айтылады.

Еңбекшілерге саяси білім берудің сындарлы-ұйымдық функциясын күшейтуде белең алған оң өзгерістерді жаңа оқу жылында баянды етіп, дамыта беру өте-мөте маңызды, және насихатшының педагогикалық шеберлігі осы мақсатты жүзеге асырудың пәрменді тұтқасына айналады.

Редакциядан: Насихатшының педагогикалық мәдениеті проблемасы күрделі әрі ауқымды. Жарияланған мақалалар, әлбетте, оның барлық қырын қамтымайды. Біз оқырмандар осы тақырыптағы әңгімені жалғастырып, адамдармен жұмыс жүргізудегі өз тәжірибелері туралы айтады деп есептейміз.

ҚАЗАҚ ССР СТАТИСТИКА ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

Жұмысшылар, қызметшілер және колхозшылар семьяларындағы мәдени-тұрмыстық заттардың мөлшері (1984—1989 жылдарда жұмысшылар, қызметшілер және колхозшылар табысын бір мезгілде іріктеп зерттеу материалдары бойынша).

(100 семьяға 1 данадан)

	телевизорлар		соның ішінде тірлітүсті телевизорлар		тоңазытқыштар		кір жуатын машиналар		тігін машиналары		электршаңсорғыштары		жеңіл автомобильдер	
	1984	1989	1984	1989	1984	1989	1984	1989	1984	1989	1984	1989	1984	1989
Жұмысшылар мен қызметшілер семьялары	96	101	23	49	93	96	83	86	65	62	40	51	18	22
Колхозшылар семьялары	94	99	4	17	77	81	79	81	67	61	13	21	15	22

Digitized by Google

ӘЛІ ЗАПАСТА ЕМЕС

Табиғатынан адамдарға үйір старшина Жәнібек Құдабаев бірінші апрель күні ояна салысымен взводтағы өз жолдастарын алдап соғу жайлы осының алдында ойланған еді. Бірақ басқаша болып шықты: оларды дабылмен көтеріп, вертолетке отырғызды да таң алдындағы қаракөлеңке кезде Чирикар алқабына жеткізді. Мұнда жергілікті халықты үрейлендіріп, душмандар бандасы қимыл жасап жатқан екен...

Жәнібектің Ауғанстандағы қызметінің он алтыншы айы өтіп бара жатқан еді. Ол бұған дейін транспортқа ілесіп жүрді, душмандармен шайқасты, минада жарақаттанды. Жарақаттану да, соққы да, құлап түсу де болды ғой. Дегенмен ол орнынан тұра салып, шабуылға шығатын. Ең бастысы — бәрін басынан соңына дейін есінде сақтады. Дегенмен 1981 жылғы бірінші апрель күнін, онда әзіл-қалжың айту үшін уақыт болмады ғой, жарым-жартылай ғана есінде сақтаған.

...Олар қыстаулардың бірінің шет жағынан шықты, оларды минометтен атқылап жатқан еді. Сосын взводтағы жас жауынгерлердің бірімен биік дуалдар арасындағы жіңішке көшемен келе жатқанда ол өздері қуып келе жатқан адаммен беттесті. Оның жүзінен өшпенділік байқалады, ал ниеті айдан анық. Оларды өлім мен өмірден секундтар бөліп тұрды. Абыржып қалған жас солдатты дереу итеріп жіберіп, Жәнібек бірінші болып тура атты. Душман құлап бара жатып, автомат гашеткасын басып үлгерді. Стволдан шыққан оқ аулаға кіреберісті жауып тұрған металл қақпаға тиіп, одан Құдабаевқа жетті.

Кабул госпиталінде, реанимация палатасында оның есі кірді. Іштен ауыр жараланғанын, жарылған миналардың жарықшақтары өзіне тигенін білді.

Сонымен сексенінші жылдардың басында дербес өмірге енді ғана қадам басқан, күреспен және бокспен айналысушы жігіт мүгедекке, Кабул, Ташкент, Алматы госпитальдерінің, ауруханаларының емделушісіне айналды. Жарақаттану салдарын емдеді, оған ілесе пайда болған ауруларды емдеді. Болашақ туралы ойлар жеңіл болмады.

Ауғанстандағы қызметтес жолдасы Алексей Быстрицкий бірде оны Свердловскіге қонаққа шақырды. Оқуды жалғастыру туралы әңгімелесіп, Заң институтына түскен жақсы деген тоқтамға келді. Екеуі де арыз берді, алайда Құдабаев қана студент болды. Дегенмен бұдан достық дәнекері үзілген жоқ. Жәнібек Уралда жаңа достарын да тапты: сол кезде институтта «ауғандық жерлестік» деп аталатынды құрды, Құдабаев қоғамдық жұмысқа белсене қосылды, іле жаңадан ұйымдастырылған клуб советінің мүшесі болды.

Рас, мұнда да сырқат қайталанып тұрды, сабақты біраз уақытқа үзіп, тағы емделумен айналысуға тура келді. Сонда да ол Свердловскінің Заң институтын бітіріп, 1986 жылы өзінің әкесі мен анасы тұратын туған қаласы — Рудныйға жолдама алды. Мұнда оны прокурор көмекшісі етіп тағайындады, ал төрт айдан кейін қалалық комсомол комитетінің бюро мүшесі етіп сайлады.

Ол бюро мәжілістерінің бірінде жасаған алғашқы ұсыныс тағы да «ауғандықтармен» байланысты болды.

— Интернационалист-жауынгерлер клубын құрайық. Онда балаларды әскери қызметке даярлайтын боламыз.

Рудный индустриалды институтының студенті Николай Першин оны бірінші болып қолдады.

Соғыстың от-жалынынан өткен олардың екеуі де кімдер туралы қамқорлық жасайтынын жақсы білді. Олар күшті, бәрін білетін, шыныққан, ең бастысы — рухы жағынан интернационалист қалалық балаларды көргілері келді.

Бастапқыда тәлімгерлер корпусы туралы қамқорлық жасады. Қалада Ауғанстанда шайқасқан 200-ден астам жігіт бар. Олардың көпшілігі балаларды тәрбиелеуге өздерінің әзір екенін айтатынына сене беруге болады. Құдабаев іштей осыған үміт артты. Ол жалпы романтиктер ортасынан ғой. Алайда оның өзіне және Першинге қоса клубқа небары үш «ауғандық» — электр дәнекерлеуші Андрей Исаев, медициналық сестра Татьяна Адайкина және әскери қызметші Сергей Васильченко келді.

Жәнібекті мұның өзі ренжіткені табиғи іс, бірақ меселін қайтарған жоқ. Бес адам — бұл да күш қой. Оның үстіне қалада оларды көбірек шақыратын болды. Оларды мектептердегі, училищелердегі класс сағаттарына, еңбек коллективтеріндегі кездесулерге шақыра бастады.

Осындай кездесулер клубты құру идеясына да жұмыс істеді. Оны «Шуравви» деп атады, ауған тілінен аударғанда

Digitized by Google



СУРЕТТЕ: Жәнібек Құдабаев (оң жақтан екінші отырған) өзінің тәрбиеленушілерімен бірге.

бұл советтік деген сөзді білдіреді. Жеткіншектер клубтың бар екені туралы көбірек біле бастады — көпшілігі оның мүшелері болуға тілектестік білдірді.

Ауғандықтарға «Жас теңізшілер» клубының үйінде бөлінген шағын бөлмеде алғашқы сабақтар өтті. Жалпы олар таза ауада біраз уақытын өткізетін. Олар Тобыл жағасында балаларға (алғашқы кезде олар жоғары кластардың оқушылары еді) қолма-қол ұрыс тәсілдерін көрсетті, кросстар ұйымдастырды, денені шынықтыратын жаттығулармен айналысты.

Дегенмен іле «өздерінің подвалы» туралы ой үстем болды. Жаңа ғана салынып біткен тұрғын үйден ондай орынды тапты. Бірақ оған еңбектеп қана кіруге болатын еді — еденінен төбеге дейінгі биіктік бір метрден сәл асатын. Су құбырлары мен канализация құбырлары тартылған қараңғы дәліздерден болашақ клубты байқау үшін сондай жітілік керек еді. Демек мұнда романтиктер жиналды ғой...

Жалпы «ауғандықтарда» тиянақтылық басым еді. Олар подвалды жайластыру жөніндегі өздерінің барлық мүмкіншіліктерін пайдаланып болғаннан кейін «мықты қамқоршыны» табу идеясы туындады. Құдабаев қалалық партия комитетінің кезекті пленумдарының бірінде осы жайлы сөз сөйледі. Ол жиналғандарға клубтың мақсаты мен міндеті, оның құрылысындағы қиыншылықтар туралы айтты. Әдеттегідей, батыл айтты. Түйіршіктер өндіру жөніндегі цех қызметкерлері «ауғандықтардың» клубты салуына көмектесті. Рудныйдағы осы атақты коллективтің жетекшісі Дмитрий Михайлович Крылов айрықша қамқорлық жасады. Өткенде Ұлы Отан соғысына қатысқан, запастағы аға лейтенант ол мұндай әрекеттің пайдалылығына күмән келтірген жоқ. Құрылысқа талай рет келіп, не қажет екенін білді, жұмысты орындау барысын қадағалады.

Енді осының бәрі дерлік артта қалды, «дерлік» деуіміз мынадан: «ауғандықтар» өз клубының ауқымын ұдайы кеңейтіп, жайластыруда. Міне, бертінде олардан бұлшық етті шынықтыруға арналған жаңа стендті көрдім, олар мұны өз чертежі бойынша жасапты. «Шуравидің» филиалдары да пайда болды: олар мектептерде, үйреншікті подвалдарда, біреуі Рудныйдан 60 километр Қашар жұмысшы поселкесінде орналасқан. Қазір клубтың 200-ден астам мүшесінің арасында мектептер, кәсіптік-техникалық училищелер оқушылары мен студенттер, сонымен бірге жасы отыздан асқандар бар. Олар доп, теннис ойнау, әншейін араласып, әңгімелесу, көп жайды еске түсіру үшін балаларымен бірге клубқа келеді.

Digitized by Google

Дегенмен «Шуравидегі» бұрынғысынша басты міндет — жеткіншектермен, соның ішінде үйреншікті түрде «қиын» балалар деп аталатындармен жұмыс жүргізу. Клубта мұндай жеті бала бар. Олардың бәрі милицияның есебінде, екеуі бұрын сотталған. Сонда да олар «Шуравидегі» жаттығулар кезінде адамның адамгершілігіне кір келтіретін теріс бір қылық та жасаған жоқ. Клуб советінің председателі Жәнібек Құдабаевтың бұған сондай қуанатынын да айту керек. Ол өз тәрбиеленушілерінің ата-аналарымен байланыс жасап тұрады. Кездесу барысында жеткіншекке сенім көрсету, оларға қызықты, пайдалы істерді жүктей білу қажеттігі туралы айтады.

Клуб энтузиастары материалдық қолдау тапты. Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігінің кәсіподақ комитеті оларды өзінің «аясына» алды. Бертінде кеншілер жеткіншектер үшін туристік жылы киім, шатыр сатып алды, автомашина, моторлы қайық, гидрокостюм алу үшін ақша бөлді. Клуб советінің өтініші бойынша кәсіпорын арнаулы спорт комплексінің жобасына заказ берді. Сөйтіп клуб тиянақты материалдық негізге сүйенуде.

Дегенмен «Шурави» активистерін алаңдататын жайлар да баршылық. Екі жүзден астам «ауғандықтан» жеткіншектерді тәрбиелеуге, басқа қоғамдық істерге қатысушылар неліктен аз? Қалғандары немен айналысады? Олардың бәрі жас болғанымен өмірлік тәжірибелері баршылық қой.

Клуб бертінде кеншілердің Мәдениет және техника сарайының үлкен залында зерде кешін өткізді. Ауғанстан халқының бостандығы үшін өз өмірлерін құрбан еткен бес рудныйлықтың портреті сахнаға әкелінді. Олардың аналарына жылы лебіздер айтылды, ауған әндері шырқалды. Біраз уақыттан кейін интернационалист-жауынгерлер слетін өткізді. Советті сайлады, оны басқаруды тағы да Жәнібек Төлегенұлына тапсырды. Жиналғандар реттілікті қолдау жөнінен қалада оперативтік отряд құру идеясын құптады. «Ауғандықтар» интернационалист-жауынгерлерге қалада ескерткіш салу үшін банкте өзінің есеп бетін ашты. Жергілікті өлкетану музейінде де «ауғандық экспозиция» бар.

Совет бұрынғы жауынгерлердің, «ауғандықтардың» ғана емес, басқалардың әлеуметтік, праволық жағынан қорғалуымен мықтап айналысуда. Мәселен, Евгений Сергеевтің тағдырына қарайық-шы. Ол үшінші топтағы мүгедек. Пенсиясы — өте аз, ешкім жұмысқа алмайды. Бұл іске совет араласты. Евгенийді жөндеу-құрылыс басқармасына балташы етіп орналастырды. Енді оның финанс жағдайы жақсарды. Мұндай мысалдар көп-ақ. Құдабаев жолдастарының тағдырына көбірек араласады, өйткені ол право білгірі. Адамдарды интернационализмнің таңдаулы дәстүрлеріне тәрбиелеуге бағытталған басқа идиялар да баршылық. Олардың көпшілігін Ж. Құдабаев ұсынды (осы жайлы клуб мүшелерімен әңгімелесуге тура келді).

Иә, ол көп біледі, көп оқыған, ынтызар, дегенмен оның басқа қам-қаракеттері, ең алдымен профессионалдық жұмысы аз емес. Осының бәріне қоса кеш сайын дерлік клубта болады, көбіне мұнда ұзақ отырып қалады. Иә, оның келіншегі — трикотаж фабрикасының жұмысшысы Александра Николаевна кеш келгені үшін кейде реніш білдіріп қалады. Дегенмен ол да клубты жақтайды, өйткені Жәнібек Төлегенұлы сияқты өзінің бөбегі Қобыландының келешегі туралы ойлайды. Оның өз атына сай болып, нағыз азамат, патриот әрі интернационалист болып өсуіне тілектестік білдіреміз.

П. АБРАМОВИЧ,
Қостанай облыстық «Ленинский путь» газетінің өз тілшісі.

Рудный қаласы.

СІЗДІҢ БЛОКНОТЫҢЫЗҒА

Ерлік пен батырлық

Өмірде ерлікке әрқашан орын бар.

М. Горький.

Жау берілмесе, оны құртар болар.

М. Горький.

Моральдық тұрғыдан алғанда ерліксіз асқан адамгершілік іс жоқ.

А. М. Коллантай.

Ең қиыны — күн сайынғы, көп жылдық еңбек ерлігі. Өзіңе ерлік мұратын таңып, содан көз жазбай ілес те отыр.

В. А. Сухомлинский.

Жүректілік басқа ізгі қасиеттерді дамыту үшін міндетті түрде қажет. Ерліксіз ақиқатты іздеуге немесе махаббатты аялап сақтауға бола ма?

М. Ганди.

Бізде адамзат сыны — ерлікті іздесең — табасың, алыссаң — аласың.

М. Әуезов.

Ерлік — аяулы қасиет, соның арқасында адамдар қауіп-қатер үстінде тамаша істер істейді.

Аристотель.

Digitized by Google

«БІЛІМ» ҚОҒАМЫНЫҢ ІСТЕРІ

Қайта құру барысында «Білім» қоғамының ұйымдары өз қызметінде нақтылықтың көбірек болуына ұмтылып, оны еңбек коллективтерінің, қалалар мен селолардың міндеттерімен тығыз қабыстыруда.

Мамандарды оқытуда

«Білім» қоғамы Жамбыл облыстық басқармасының жанынан халық шаруашылығы мамандарының түрлі категорияларын үздіксіз даярлайтын орталық құрылды. Осыған орай іскер ынтымақтастық орнатылған академиялық және оқу институттарымен байланыс кеңеюде.

«Прогностика» ғылыми-өндірістік бірлестігі арқылы СССР Ғылым академиясының мүмкіндіктері де ынтымақтастық аясына тартылды. Оның Алматыдағы филиалымен өндіріс жетекшілері мен мамандарын менеджмент және маркетинг негіздеріне үйрету туралы шарт жасалды. Оқу СССР Ғылым академиясының ғылыми күштерін тарту арқылы 70 және 140 сағаттық программа бойынша Алматыда, сондай-ақ тікелей еңбек коллективтерінде өтеді.

Сонымен бірге басқару консультациясы, ішкі шаруашылық арендасын талдап жасап, енгізу, сондай-ақ ғылыми зерттеу және конструкторлық талдауларды енгізу үшін уақытша творчестволық коллективтерді ұйымдастыру қарастырылуда. Практикалық көмек көрсету арқылы экологиялық проблемалар бойынша информациялық лекциялар циклдары ұйымдастырылуда. Жарнамалық-информациялық қызмет, советтік және шетелдік серіктестермен іскер байланыстарды ұйымдастыру қызметі көрсетіледі.

С. ЛАТИНОВ,
«Білім» қоғамы облыстық басқармасының референті.

Жамбыл облысы.

Дәрігерлер десанты

БЕРТІНДЕ РУДНЫЙДЫҢ «КАЗОГНЕУПОР» ЗАВОДЫНА КЕЛДІ. ОНЫ ҚАЛАЛЫҚ «БІЛІМ» ҚОҒАМЫНЫҢ БАСҚАРМАСЫ (ЖАУАПТЫ СЕКРЕТАРЬ С. ТЛЕУОВА) МЕН ҚАЛАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БӨЛІМІ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.

Невропотолог, терапевт, онколог және басқа мамандар завод басқармасының арнайы әзірленген бөлмелерінде консультациялар өткізді, кәсіпорын жұмысшыларын, инженер-техник қызметкерлерін қарады. Дәрігерлік қабылдаулар болды, сонымен бірге дәріхана киоскісі жұмыс істеді. Алкоголизмнің, нашақорлықтың, шылым шегушіліктің алдын алу және олардан емдеу туралы әңгімелер болды.

«Білім» қоғамының мүшелері басқа коллективтерге де осылай барып тұруда.

Н. ДНЕСТРОВ.

Өзекті проблемалар

«Білім» қоғамы облыстық ұйымының инициативасы бойынша Москва мен Алматыдан келген лекторлардың Гурьев облысында лекциялар оқуы ұйымдастырылды.

СССР Сыртқы істер министрлігінің қызметкері С. С. Зыков, философия ғылымының докторы, профессор, КПСС Орталық Комитеті жанындағы Жоғары партия мектебінің оқытушысы А. И. Рябов, Казақ политехника институтының доценті Р. Г. Әзербаева, СССР Жазушылар одағының мүшесі М. Сарикова оқу және еңбек коллективтерінде қайта құрудың партияның ішкі және сыртқы саясатының өзекті проблемалары бойынша лекциялар оқыды. Лекторлар шалғай елді мекендерде, мал шаруашылығының шалғай тұрақтарында болды.

Р. ХУСНИТДИНОВА.

Digitized by Google



ТЕМІРТАУ. Ленинград мемлекеттік университетінің түлегі Зарема Шәукенова Қарағанды металлургия комбинатының әлеуметтік-психологиялық зерттеу лабораториясында аға инженер-психолог болып істейді. Ол кадрларды өндірісте тұрақтандыру программасын талдап жасап жүзеге асыруға белсене қатысады.

Дегенмен Зареманы цехтарда білікті лектор, «Білім» қоғамының қажымас активисі ретінде де жақсы біледі. Оның психология жөніндегі лекцияларын адамдар әрдайым зор ықыласпен тыңдайды.

Суретті түсірген **С. БҰХАРОВ** (КазТАГ).

Лекторлар балаларға келді

Сергеев ауданында мұғалімдермен бірге «Білім» қоғамының лекторлары да 1 сентябрьде мектеп кластарына келді. Олар Бейбітшілік сабағына қатысты. Бұл күні еңбек коллективтерінде мектеп реформасы туралы, жұртшылықтың балаларды тәрбиелеуге қатысуы туралы лекциялар өтті. Авторлардың өтініші бойынша осы лекциялардың қаламақысы В. И. Ленин атындағы Балалар қорына аударылды.

Халық судьясы Н. Исенова, аудандық партия комитетінің қызметкерлері В. Каражігітов, А. Перятин, В. Попов, Н. Сарин, А. Фильберт, дәрігерлер Ф. Бузяк, К. Нұржанов, Е. Черник өздерінің лекторлық қаламақыларын бірнеше рет Балалар қорына және Бейбітшілік қорына аударды.

С. МОЛДАХМЕТОВ.
Петропавл қаласы.

Жас жұбайларға

Шымкенттің облыстық Некс үйінде жастарға арналған облыстық Білім қоғамының қатысуы арқылы құрылған лекторий жұмыс істей бастады.

Некелесетін жас адамдар «Жас семья және заң», «Некенің құлықтық-психологиялық негіздері» тақырыбына лекциялар мен әңгімелер тыңдайды, білікті дәрігерлердің консультациясын алады.

Е. ЖЕЛОНОВА

ӘҢГІМЕЛЕРДЕ ПАЙДАЛАН

Жұмыс тоқтағанымен жалақы сақталуда

СССР Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті былай деп хабарлайды: қызметкерлерді негізгі қызметінен басқа жұмыстарға тартуға байланысты 1988 жылы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың шығыны бұрнағы жылмен салыстырғанда 1.650 миллион сомнан 1.350 миллион сомға дейін кеміді. Алайда еңбек коллективтері әлі күнге дейін «ерікті» түрде қамқорлық көмек беруге жүздеген миллион сом жұмсайды.

Шығынның басты статьясы, статистика органдарының бағалауы бойынша, негізгі жұмыс орны бойынша сақталатын жалақыны төлеу (1987 жылы 1.550 миллион сом, 1988 жылы 1.265 миллион сом болды). Ал негізгі жұмыстың тоқтап қалуынан келетін шығынды қалай есептеу керек.

Адамдар өздерінің жайласқан жерлерінен пақты қайда барды? Әлбетте, ауыл шаруашылығы жұмыстары бірінші орында тұрады. 1988 жылы «қамқорлық көмек» көрсетуге 63 миллион адам-күн жұмсалды (негізгі қызметтерінен тартылған адамдардың жалпы санының 42,4 процент). Объектілер құрылысы мен қалалық территорияны жайластыруға «қамқорлық көмек» көрсетуге 25,2 миллион адам-күн (16,9 процент) жұмсалды. Пионерлер лагерьлеріндегі жұмыска тиісінше 7,8 миллион адам-күн (5,2 процент), жеміс-көкөніс базаларындағы жұмыска — 6 миллион адам-күн (4 процент) кетті.

Көркемөнер және спорт жарыстарымен айналысу өндірістен 1, 6 миллион адам-күнді алды. Егер село адамдарына немесе құрылысшыларға тегін көмек көрсетуде кейбіреулер әлі күнге дейін түсіну әрекетін жасап отырса (мұны түсіндіруге болады — келісуге болмайды), жұмыс уақытында және қазына ақшасына ән айтып, би билеу барын түрған өрескелдік екені неліктен түсінікті емес.

Жұмыс уақыты ысырабының тағы бір үйреншікті статьясы — кеңестер мен семинарлар осы ән айтулар мен би билеуге кететін уақытқа қосылады. Өткен жылы олар жалпы 2,4 миллион адам-күнді алды.

Дегенмен бір ғажабы мынада: статистикалық мәліметте әңгіме болып отырған кеңестер мен семинарлар адамдардың негізгі қызметімен байланысты бола бермейді.

Егер жиналыс өзекті де пайдалы болады деп жорамалдасақ, неліктен олар жұмыстан кейін өткізілмейді.

Digitized by Google

ӘЙЕЛДЕРДІҢ АУЫР ЕҢБЕГІ

Қайран, қазіргі әйел-ай шаршаулы тірлікте,
Сонда да қиындық жоқ оны жүнжіткен.
Баяғы тамаша тәңірдей қалпында,
Баяғы сұлулық — ең қымбат тарту да.
Күштімін демейді, тауқымет жетерлік,
Ешнәрсе тілемес, ісіне өтеу ғып.

Қызметте, үйде де бейнетің белшеден,
Шын құдірет көремін әрқашан мен сенен.
Кеше мен бүгіннің қасіретін көтерген
Қазіргі әйелді мадақтап өтем мен.

Р. РОЖДЕСТВЕНСКИЙ.

Ақынның дөп айтқанындай әйелдің әлсіз иығына бүгінде өте-мөте ауыр жүк түскен — ол өндіруші де, өз балаларының тәрбиешісі де, шаңырақтың жайлығын сақтаушы да. Ынтызар социологтар мұны цифрлар арқылы қуаттау әрекетін жасады: сөйтсек, әйелдер аптасына 40 сағат үй шаруасымен, семьямен, балалар тәрбиесімен айналысады екен, ал ерлердің бұған кететін уақыты 6 сағат қана. Олар жыл бойы үйге сатып әкелетін тамақ пен заттардың жалпы салмағы 2,5 тоннаға тең, ол күніне 12 километр жол жүреді.

Ұзақ уақыт бойы әйелдің өндірістегі еңбегі туралы негізінен бір жақты — тек жақсы жағынан ғана айтты. Нақ осында ешқандай проблема жоқ деп есептелді. Әйелдер бірдей еңбегі үшін ерлермен бірдей ақша алады, ал үкімет қаулыларымен оларға берілген жеңілдіктер жалпы оның өмірін бақытты етуде деп айтылды.

Дегенмен бүгінде осы пікір 180 градус өзгерді: әйелді өндірістік қам-қарекеттен босату, оның үй шаруашылығымен, семьясымен, бала тәрбиесімен айналысуына мүмкіншілік беру қажеттігі туралы айтылуда. Үш «К»-ден (неміс тіліндегі бала, ас үй, шіркеу деген сөздердің бастапқы әріптері) үлесі мен бақытын көрген неміс мещанының мұраты мадақталуда.

Көптеген адамдар бала тәрбиесіндегі көптеген ағаттықтардың, кәмелетке толмағандар арасындағы право бұзушылықтың көбейіп кетуінің басты себебін ананың нақты жұмыс бастылығынан көреді. Мұның өзі көп жағынан ақиқатқа сай келеді. Жоғарыда аталған социологтардың есептегеніндей, жұмыс істеуші ананың бала тәрбиесіне күніне 17 минут қана уақыт бөлу мүмкіндігі бар екен. Әрине, мұндай жағдайда өзімізді тыныштандыру үшін А. С. Макаренконың ата-аналар өздерінің болуы барысында, сондай-ақ жоқ кезінде балаларды тәрбиелейді деп қуаттағанын еске түсіреміз. Дегенмен Ф. Энгельстің 1845 жылы жарық көрген «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген еңбегіне жүгінейік. Мұнда да оның беттерінен өте нәзік байқағыштықты ұшыратамыз. «Өз баласы туралы қамқорлық жасау уақыты бола бермейтін және оның өмірінің алғашқы жылдарында кәдуілгі аналық мейірімділік сыйлай білмейтін ана, өз перзентін тым сирек көретін ана — ана бола алмайды, мүлде бөгде адамның бөбегіндей, ол балаға салқын, мейірімсіз, ешбір қам-қаракетсіз қарайды. Мұндай жағдайда өскен бала да кейініректе семья үшін мүлдем жатбауыр болып кетеді, кейіннен бала етіп алған семьяда ешқашан өз шаңырағындай сезімде бола алмайды, өйткені жалғыздық өмірге тым әдеттеніп кеткен және мұның өзі семья шырқының бұзылуына көбірек соқтыртатыны даусыз».

Осы жолдар бұдан жүз жылдан астам бұрын және бүгінде біз тұрып жатқан кезге қарағанда мүлдем басқадай жағдайда жазылғанымен, олар жеткіншек ұрпақ тәрбиесі туралы біздің алаңдаушылығымызбен өте-мөте үндес және әр анаға қажетті жағдай жасау жөнінен кезек күттірмес шаралар қабылдау қажеттігін тудырады.

Өкінішке орай, бүгінде әйелдерді заводтардан, фабрикалардан, колхоздар мен совхоздардан, мектептер мен ауруханалардан босату жалпы мүмкін емес. Өйткені олар халық шаруашылығында істейтін қызметкерлердің тең жартысынан астамын (52 процент) құрайды. Қазіргі уақытта жарты миллион әйел кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға жетекшілік етеді, 1 миллионға жуығы учаскелерді, бөлімдерді басқарады. Әйелдер инженерлердің 58 процентін, агрономдардың, зоотехниктердің және мал дәрігерлік қызметкерлердің — 45, дәрігерлердің — 67, мұғалімдердің —73 кітапханашылардың —91 процентін құрайды. Олар ғылыми қызметкерлер арасында 40 процент болып отыр. Үш жарым мыңға жуық әйелдің академик, корреспондент-мүше немесе профессор атағы бар. Тағы бір сұрақ туындайды: ал әйелдердің өздерінің жұмыс орындарын тастап кеткісі келе ме? Егер тұрмыстағы әңгімеге қарап бағалар болсақ, қам-қаракеттен әбден шаршаған әйел-

Digitized by Google

дер бұған әзір-ақ. Қаншалықты өкінішті болғанымен, соңғы социологиялық зерттеулер деректері бойынша сұрақ қойылған әйелдердің 60 процентке дейінінің өздерінің жалақысын күйеулеріне төлегеннің өзінде жұмыстан ешбір қол үзгісі келмейді. Іс жүзінде мұның өзі көбінекөп кері шегінуді — әйелдің күйеуіне бағыныштылығының көне дәстүрін қалпына келтіруді бейнелер еді, оның материалдық жағынан қамтамасыз етілуі күйеуіне тәуелді болып қалады ғой. Еңбек коллективімен байланыстан қол үзу, қоғамдық өмірден шеттеу моральдық сана-сезімге тым ауыр әсер етеді. «Бүкіл күні бойы ас үйде болуда тұрған бақыт шамалы», «Менде күн тіпті ұзарып кетті — үйде ешкіммен сөйлесе алмайсың, ертеңнен кешке дейін жалғызсың», «Жұмыстан кеткеннен кейін күйеуім маған салқын қарай бастаған секілді көрінеді», «Өзімнің сырт пішінімді қадағалауды доғардым...»,— үй шаруашылығындағы әйелдерден социологиялық сұрау барысында мұндай өкінішті жиі естуге тура келеді.

Оның үстіне кардиолог-дәрігер А. Полкарповтың «Знание» баспасынан бертінде шыққан «Жүректі сақтаңдар» деген кітабында өте қызықты факті келтіріледі. «Сан-Антонио (АҚШ) университетінің бір топ дәрігерлері үй шаруашылығындағы әйелдер мен жұмыс істеуші әйелдердің денсаулық жағдайын ұзақ зерттеуден кейін бірінші категориядағы әйелдердің қан тамырлары мен жүрек ауруларына көбірек шалдығатыны туралы тұжырымға келді. Сөйтсек, үйден тысқары жерлерде жұмыс істейтін әйелдерде триглицеридтер деңгейі тым төмен және липопротеиндер деңгейі аса жоғары екен, олар жүрек-қан тамырлары ауруларына қарсы өзіндік қалқан болып табылады. Үй шаруашылығындағы әйелдерге қарағанда өндірісте істейтін әйелдер жүрек ауруларына онша шалдықпайды, сөйтіп зерттеушілер: дендерің сау болсын десеңіздер — жұмыс істеңдер деп қуаттайды.

Көріп отырғанымыздай, кереғар пікірлер түйіседі. Қоғамдық өндіріске қатысушы, семья ошағын сақтаушы және ана — әйел қызметін үйлестіру арқылы қалыптасқан жағдайдан шығуға болады. «Семьяның көптеген проблемаларын шешудің алғышарты, — деп атап көрсетілді КПСС XXVII съезінде,—**әйелдердің** ана болуды еңбекке және қоғамдық қызметке белсене қатысуымен ойдағыдай ұштастыруына мүмкіндік беретіндей **еңбек және тұрмыс жағдайларын жасау».**

Соңғы жылдары орталық органдар әйелдердің, семьялардың, балалардың жағдайын жақсартуға бағытталған тұтасынан бірқатар шешімдер қабылдады. Олардан уақыт жағынан бертіндегі шешім — бала туғаннан кейінгі демалыс ұзақтығын алғашқы бір жарым жыл бойы жалақы төлеу арқылы үш жылға дейін ұзарту. Таяудағы жылдардың өзінде халықтың мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне деген қажетін толық қанағаттандыру міндеті шешілуде.

Келешекте, әлбетте, үкіметтің жаңа шешімдерін күту керек. Дегенмен проблемалардың тым ауқымды, күрделі екені соншалық, оларды тек жоғары деңгейде шешу мүмкін емес. Бұл тұрғыдан әр еңбек коллективінің, әйелдер советтерінің, барлық қоғамдық ұйымдардың күш-жігері керек. М. С. Горбачевтің КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы сентябрь Пленумында айтқанындай, мұнда да «барлық мәселелер бойынша жоғарыдан нұсқаулар мен ұсыныстар күту әдетін батыл жою, жұмыста дербестілік көрсету керек».

Зор өкінішке қарай, мұндай қатынас мүлдем жетіспейді. Көптеген жерлерде жаңа қаулыларды күтіп, экономикалық реформа жасаған мүмкіншіліктерді пайдаланбайды. Сондықтан да озық коллективтердің әйелдердің еңбек және тұрмыс жағдайын жақсартуға, балаларды тәрбиелеу үшін барынша қолайлы жағдай жасауға бағытталған шешімдері сондай қуантады.

Ащысай полиметалл комбинаты (Шымкент облысы) еңбек коллективінің конференциясы жұмысшы әйелдерге ақы төленетін үш жылдық декретті демалыс беру туралы шешімді қабылдады. Мұның алдында жұмысшы әйелдердің еңбекке жарамсыздық қағаздары зерттелді, соның нәтижесінде уақытша еңбекке қабілетсіздік көбіне-көп бөбектердің сыр-

ӘЙЕЛДЕР ТУРАЛЫ ҚАМҚОРЛЫҚ

Әкімшілік үйінің бір бөлігі әйелдер консультациясына берілсін — Лениногор тігін-галантерея фабрикасының еңбек коллективі бұдан жарты жыл бұрын осындай ұйғарым жасаған-ды. Демек жөндеуденнен кейін кең, жаңа клиника алғашқы емделушілерді қабылдады.

Онда гинекологтар ғана қабылдамайды, он кабинеттің біразын тіс дәрігері мен басқа мамандар алады. Осында операция жасайтын бөлмеге де, кең процедуралық кабинетке де орын табылды. Бір сөзбен айтқанда, дәрігерлерге де, жұмысшы әйелдерге де ыңғайлы

Р. БУНИНОВИЧ.
Шығыс Қазақстан облысы.

Digitized by Google

қаттануынан болатыны анықталды. Берілген правоны қазірдің өзінде жүзден астам жұмысшы пайдаланды. Демек ұзақ мерзімді демалыстан кейін еңбек стажы үзілмейді.

Бұған қыруар қаржы талап етілді. Дегенмен коллективте өндірістік жоспарды асыра орындаудың қосымша стимулы пайда болды.

Мұндай хабарлар барған сайын көбейе түсуде. Алайда жалғыз осы шарамен ғана шектелуге болмайды. Төмендегідей статистикалық топтамалар қатаң шындық туралы әңгімелейді: біздің елімізде 4,2 миллион әйел қол еңбегімен айналысады, 3,5 миллионы зиянды жұмыстарда істейді, 4 миллионнан астамы түнгі уақытта еңбек етеді, 300 мыңға жуығы жұмыста он килограмнан астам ауыр заттарды көтереді, сөйтіп сменасына ол жеті тоннадан асады.

Біздің республикамызда бірқатар қалалар мен поселкелерде жұмыс орындарының жетіспеушілігінен, әйелдердің жалпы жұмыс таба алмауынан жағдай қиындай түсуде. Кейбір шаруашылық жетекшілерінің көзқарасы тұрғысынан әйелдердің еңбегі ерлермен салыстырғанда көбіне онша тиімсіз деп қаралады. Өкінішке қарай, кәсіпорындарды толық шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыруға ауыстыруға байланысты мұндай позиция күшейе түсті. Қысқарғандар қатарына ең алдымен әйелдердің тап болу фактілері ұшырасады.

Мынадай жағдай да қатты алаңдатады. Өнеркәсіпте істейтін еркектердің 40 процентке жуығының төртінші және бесінші разрядтары бар, жоғары білікті жұмысшы әйелдердің үлесі 10 процент қана құрайды. Көбіне әйелдер жайсыз жағдайда да өте жоғары жалақымен өтелетін жұмысты атқарады. Үкімет қаулысымен қарастырылғанындай, сегіз жасқа дейінгі балалары бар әйелдер жұмыстан қол үзіп, қайта даярлықтан өтеді және біліктілігін арттырады, оқудың бүкіл кезінде олардың орташа айлық жалақысы сақталады. Практиканың көрсетіп отырғанындай, әйелдердің 1—2 проценті ғана осы правоны пайдаланады. Жалпы әйелдердің басым көпшілігі өз правосын тым нашар білетінін айту керек. Бұл кәсіпорындардың, заң қызметкерлерінің, қоғамдық ұйымдардың, әйелдер советтерінің ағаттығы.

Бертінде бірқатар облыстарда «дөңгелек стол» басындағы әңгімелер өтті, оған облыстық әйелдер советтерінің, облыстық кәсіподақтар советтерінің өкілдері, кәсіпорындардың жұмысшы әйелдері қатысты. Әңгіме тақырыбы ортақ мәселені қамтыды — әйелдердің тұрмысын жеңілдетіп, оның қаптаған проблемаларды атқарып шығуына көмектесу үшін әйелдер советтері не жасауда? Өйткені әйелдер советі шын мәнінде өте көп нәрсені жасай алады. Бұл тұрғыдан фактілер мынадай.

● «Чимкентшина» бірлестігі директорының сапа жөніндегі орынбасары, әйелдер советінің мүшесі А. Сителеваның инициативасы бойынша кәсіпорын территориясында орналасқан шағын дүкендерге өнімнің толассыз беріліп тұруы ұйымдастырылды. Енді әйелдер азық-түлік сатып алу үшін қай магазинге барамын деп ойланып жатпайды.

● Талдықорғандағы эксперименттік коммуналдық жабдықтар заводында да осындай көрініс байқалады. Мұнда да тікелей территорияда дүкендер — көкөніс, азық-түлік, кулинария дүкендері бар, әйелдер іс арасында, түскі үзілістерде олардан көкөніс, қамыр, котлет, тоқаш сатып ала алады. Кезінде заводта тұрмыстық қызметтің комплексті қабылдау пункті де жұмыс істеген еді. Жұмысшы әйелдер оның қызметін ықыласпен пайдаланды — шаш қидыратын, маталарын піштіретін, заттарын химиялық жолмен тазалауға тапсыратын. Кейіннен ол өз жұмысын елеусіз түрде «доғарды». Енді әйелдер советі мүшелерінің қам-қарекет етуі арқасында мұнда тұрмыстық қызмет филиалы жұмыс істей бастады. Завод кәсіподақ комитетінің председателі Татьяна Михайловна Мазур кәсіпорынның әйелдер советінің барлық бастамаларына қолдау жасайды. Әйелдер советінің председателі Галина Семеновна Радченкомен бірге ол өз кәсіпорынының еңбеккер әйелдері үшін көп нәрсе жасауда: олардың жұмыс жағдайы, бос уақыты туралы қамқорлық жасайды, семьяларда болып тұрады.

● Солтүстік Қазақстан облысының бірқатар кәсіпорындарында әйелдер еңбегін механикаландырудың және жеңілдетудің программасы талдап жасалып, жүзеге асырылуда. Бұған рационализаторлар мен өнертабысшылар кеңінен тартылуда.

Әйелдерді түнгі сменалардан үйлеріне апару өте өзекті проблема, әрбір бесінші жұмыс-

Мамалар конкурсы

Камышин аудандық мәдениет үйінде өткен «Бер, мамалар!» конкурсына қатысушылар салат жасау, ертегі оқу, бесік жырларын айту, сурет салу іскерлігіне жарысып, балалар тәрбиесіне қатысты сұрақтарға жауап берді.

Сахнада жарыстың қызу түсуіне қарай жанкүйерлер арасында мамалар үшін қосымша балл алу тілегі пайда болды. Балалар тақпақ оқып, ән айтты.

Ал. аудандық аурухананың медицина сестрасы Г. Шуткова конкурс жеңімпазы болды. Конкурсқа қатысушылар ескерткіш сыйлықтар алды. Ал көрермендердің көңіл-күйі біраз көтеріліп.

Қостанай облысы.

Digitized by Google

ды әйел республика кәсіпорындарының түнгі меналарында еңбек етуге мәжбүр болып тыр. КПСС XXVII съезінің материалдарында ұмысшылар үшін толық емес жұмыс күнін еңінен қолдану немесе жұмыс аптасын ысқарту көзделген. Бұл тұрғыдан қазірдің зінде нормативті актілер жасалды, алайда әсіпорындарда оларды аз пайдаланады.

Әйелдердің жайлы жағдайы, әлбетте, өндірістегі реттілікке ғана тәуелді емес. Қазақ ССР Статистика жөніндегі мемлекеттік комитетінің ертінде жарияланған деректері әрі аңдандырады, әрі күйіндіреді: сөрелерде тұрған товарлар мен қызмет көрсету кезегінде тұрушылық азаюдың орнына өсіп кетті. Сауда, тұрмыстық қызмет, денсаулық сақтау мекемелері қызметкерлерінде әйелдер жағдайын жеңілдету үшін ойланарлық іс баршылық.

Мен республикалық «Білім» қоғамы басқармасы жанындағы «Жас семья» клубының жұмысына көп жылдан бері қатысып келемін. Осы клуб жаңа тұрмыстық дәстүрлерді, семья туралы праволық білімді насихаттаудың өзіндік орталығына айналды. Сабақтардың бірінде болған оқиғаны жиі еске аламын. Онда әйелдердің тұрмыс жағдайын жеңілдету әйелдердің істері мен қам-қарекетін өздеріне алу туралы пролетар еркектерге лениндік шақыруды ескерттім. Тыңдаушылардың бірі Ленин осылай айтты ма деп күмән келтірді. Ұлы көсемнің осындай қарапайым нәрсе туралы ескертуі оған, менің ұққанымдай, ыңғайсыздау болып көрінген.

Сонымен бірге өмір жаңа тұрмыс укладын енгізуді ертеден-ақ талап етті: еркектер мен әйелдер бірдей еңбек етеді екен, онда олар үй туралы, балалар тәрбиесі туралы бірдей қамқорлық жасауға тиіс. Біздің әйелдер екенімізді ескерсе, еркектер — күйеулеріміз, балаларымыз өздеріне көбірек жүктелім алуға тиіс. Оқырмандар цитаттарды көптеп келтірді деп реніш білдірмес деп ойлаймын. Басқа дәуірде өмір сүрген ұлы адамның сөзі пікірімізді толық, әрі айқын білдіруге көмектеседі: «Ас пісіру, киім тігу, кір жуу, бала күту бірыңғай әйелдің ісі және еркектің мұны жасауы ұят-ақ деген орын алған оғаш ағаттық бар. Сонымен бірге керісінше ұят болуы керек: шаршаған, тым жүдеу жүкті әйел әрең ас пісіріп, кір жуып немесе ауру баланы күтіп жүргенде көбіне қолы бос, ұсақ-түйекпен айналысатын немесе ештеңемен айналыспайтын еркекке ұят»,— деп жазды Л. Толстой. Бүгінде де бұдан артық ештеңе айта алмаймыз ғой, деп ойлаймын.

Э. ШЫНЫБЕКОВА,
педагогика ғылымының кандидаты.
Алматы қаласы.

ӨЗ ҮЙІНЕ АЙНАЛУДА

«Оқжетпес» совхозының жұмысшы жиналысы өзгешелеу шешім қабылдады: Көкшетау облысында құрылып жатқан семьялық үлгідегі балалар үйі коттедждерінің бірінің құрылысына арналған қаржы табу. Міне, «Көкчетавстрой» тресі көрікті жердегі Володар балалар үйі жанынан төрт бөлмелі бөлек үйді тапсыруда.

Оған кім қоныстанады? Облыстық «Степной маяк» газеті облыстық халыққа білім беру басқармасымен және Володар балалар үйімен бірлесіп жарияланған конкурс осы мәселеге жауап алуға көмектеседі.

Қазір семьялық үлгідегі балалар үйін құру жолындағы қозғалыс республиканың басқа облыстарында да белең алғандықтан оқырмандарды тәрбиешілерге қойылатын шарттармен таныстырудың артықшылығы болмас.

Семья бес жетім баланы тәрбиелеуге алуға тиіс. Кемінде 25 жасқа жеткен және 45 жастан аспаған, кемінде бес жыл бірге тұрған ерлі-зайыптыларға артықшылық жасалады. Еңбек коллективтерінің советтері, әкімшілік, кәсіподақ комитеттері, сондай-ақ олардың балалары оқитын мектептердің жетекшілері тәрбиеші-ата-аналарды ұсынуға тиіс.

Тәрбиеші ата-аналар праволарды пайдаланып, балалардың қамқоршысы міндетін атқарады. Олардың үш жыл және одан да көп уақыт өткеннен кейін тәрбиелеудің барлық правосын сақтау арқылы бөбекті бала етіп алуға правосы бар. Ал бұл праволар мынадай. Семьяда тәрбиеленетін бөбектер балалар үйіндегі норма бойынша толығынан мемлекет есебінен қамтамасыз етіледі. Мәселен, бір балаға жылына 100 сом мөлшерінде құрал-сайман мен жабдық алу қаржысы қарастырылуда. Пәтер ақы, жылу, тұрғын үйді ағымдағы жөндеу т. б. шығыны өтеледі. Жаңа семьяда орнығу үшін балаға 1000 сом мөлшерінде өсімсіз несие бөлінуі мүмкін, ол кейіннен бес жыл бойына өтеледі.

Тәрбиеші-ата-аналардың біріне ай сайын 170 сом жалақы төленеді. Балаларды тәрбиелеу кезі үздіксіз еңбек стажына есептеледі, ал педагогтық білімі барлардың педагогикалық стажы үзілмейді.

Г. ТРОФИМОВ.

Володар селосы,
Көкшетау облысы.

Digitized by Google

ТЕЛЕВИЗИЯ: ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ У МА?

«ЖОҚ»,— деп жауап береді американ ғалымдары


Балалардың телевизор экраны алдында өткізген сағаттары оларға онша пайда бермейді, деп есептейді адамдардың көпшілігі. Балалар әдебиеттерді азырақ оқи бастайды, олардың көз нұры нашарлайды, онша қозғала бермейді, айналадағы дүниені қабылдау қабілеті әлсірейді, мұның өзі олардың ақыл-ойының дамуына әсер етеді. Кейбіреулер телевизияның ықпалын уыты бояу таралатын умен салыстыруға бейім тұрады. Демек бұл осылай ма!

Американ ғалымдары осы мәселені зерттеумен айналысты. Олар телевизияның балалардың интеллектуалдық дамуына ықпал жасауына арналған 165 зерттеу нәтижелерін қорытты, сөйтіп оның балаға теріс ықпал жасауының ешқандай ғылыми дәлелі жоқ деген тоқтамға келді.

«Телевизор кішкентай балаға гипнозды ықпал жасайды» деген пікір орын алған. Дегенмен мамандар олай емес, деп қуаттайды. Сөйтсек, телевизор экраны алдында отырған бес жастан он бір жасқа дейінгі балалар бұл кезде басқа әрекеттер туралы ойлаумен болады, олар бейжай болып, телевизия программасын қабылдауға онша ден қоймайды екен.

Тағы бір пайымдау мынаған байланысты: балалар «телевизия хабары» тұрғысынан стандартты түрде ойлай бастайды. Бірақ бұл олай емес. Олар телевизор экранынан көріп, естігенінің бәрін сол күйінде қабылдай бермейді, алынған хабарларды саралап, оны өз білімімен салыстырады. Олардың телевизордан көргенін талдауын, мамандар пікірі бойынша, кітапты оқығаннан кейін және радио программасын тыңдағаннан жасайтын талдауымен салыстыруға болады.

Телевизия баланың танымдық белсенділігін төмендетеді деумен де ғалымдар келіспейді. Рас, алынған деректер бойынша, телевизия хабарларының әсерімен балалар информацияның газеттер, радио, кино секілді басқа қайнарларына онша мән бермейді. Кітапқа келсек, АҚШ-та балалар телевизия пайда болғанға дейін де оны аз оқитын. Ғалымдар телевизия хабарларын көру мен әдеби-





АЛМАТЫ. Алматының төменгі вольтты аппаратура заводының филиалы Н. К. Крупская атындағы № 1 мектеп-интернаты жанынан ашылды. Оқушылардың жеті жұмысшы бригадасы құрылды. Алғашқы апталарда балалардың есеп беттеріне олардың өмірбаянындағы алғашқы жалақы —4 684 сом түсті. Енді жоғары кластар оқушылары ғана емес, сонымен бірге бастауыш білім алуды енді ғана аяқтағандар да жұмыс орындарына тұруда. Спорт лагерьлеріне жолдамалар, грамоталар, сыйлықтар — жұмысшы коллективінің алғысы.

СУРЕТТЕРДЕ: 1. Мектеп заводының цехында. 2. Мектеп заводында өзін-өзі басқару, өзінің финанс қызметі бар. Бас бухгалтер Қалдығүл Байталиева, бас механик Женя Уколов және бірінші бригаданың бригадирі Рүстем Жәбиболаев мектеп-интернат директоры Ю. В. Гремченконы балалар орындаған заказ үшін ақы төлеуге дайын нарядтармен таныстыруда.

Суреттерді түсірген А. ПАВСКИЙ (ҚазТАГ).

Digitized by Google

еттерді оқу арасында өзара байланыс болуын талдау үшін эксперимент жүргізді. Олардың өтініштерімен ата-аналар балаларының телевизия программаларын көруіне рұқсат етпеді. Ғалымдар балалар көбірек оқи бастар ма екен деп ықылас білдірді. Расында, оқуға ден қоюшылық арта түсті, бірақ сонша елеулі емес, бұл небары бірнеше аптаға, яғни телевизия программасын көруге тиым салынған кезден аз уақытқа созылды.

Тағы бір проблема. Шын мәнінде, телевизия балалардың қабылдау дәрежесін кемітіп, олардың творчестволық белсенділігін тежей ме? Анықталғанындай, мұнда бәрі баланың қандай программаны көретініне тәуелді екен. Әлбетте, танымдық және оқу хабарлары оның творчестволық белсенділігінің дамуына ықпал етеді. Телевизия балаларды желіктіріп жібереді деген пікірге келсек, мұның дәлелі жоқ. Баланың «тым ширақ» болуы оның табиғатынан екені, және ол енжар балаларға... қарағанда телевизор алдында анағұрлым аз болатыны аталды.

Ал телевизия интеллектуалдық қабілеттің дамуына қалай әсер етеді? Ғалымдар пікірі бойынша, ол бұған ықпал етеді. Мәселен, оқушылар танымдық және оқу программаларынан өте көп жайды біледі, мұның өзі олардың мектеп программасын жеңіл қабылдауына көмектеседі. Телевизия балалардың өз пікірін білдіру қабілетін тежейді-міс деген тұжырымдауды көптеген эксперименттер қуаттамады. Оқушының табысы оның экран алдында қанша уақыт өткізетініне емес, ата-аналардың оның таным белсенділігін қаншалықты іскер қалыптастыратынына тәуелді. Егер олардың өздері көп уақытын телевизор алдында өткізетін болса, балаларды да осыған баулиды. Егер үйдегілер аз оқитын болса, онда бала кітап оқуға бейім болады деп күту қиын.

Сонымен бірге, деп жауап береді американ мамандары, әрине, телевизияның балалардың дамуына кейбір теріс ықпал жасауы туралы айтуға негіз бар. Оның темекі мен алкогольге үйір болуы мүмкін, бұл оған қатыгездік тағылымын береді, ұғына бермейтін проблемаларға душар етеді.

Мынадай тұжырым жасалады: телевизия өзінен-өзі жақсы немесе жаман бола алмайды. Сайып келгенде, балалардың қандай программаны көруін ата-аналар шешуге тиіс. Олар баланы оқуды спортпен, кітап оқумен және телевизор экраны алдында болумен орынды қабыстыруға үйретуге тиіс.

Сергей БАБИЧ,
ТАСС тілшісі.

РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ

КЕГЕН ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯ МУЗЕЙІ

Кеген тарихи-этнография музейі біздің республикамыздың көрнекті партия және совет қайраткері, Кеген аудандық партия комитетінің бірінші секретары Ораз Жандосовтың 1933—1934 жылдары тұрған үйінде орналасқан. Қарт большевиктің тағдыры қайғылы болды. Оған нақақтан-нақақ жала жабылып, халық жауы ретінде атылып кетті. Әйтсе де өлкеміздің адал ниетті адамдары ақиқаттың жеңіп, олардың үміті мен арман-мұддесін білдірген адамның өздерінің ортасына оралатынына сенді. Солай болды да. Ораз Жандосов ширек ғасырдан кейін туған өлкесіне оралды, яғни қоладан құйылған мүсіні келді, ал 60-жылдарда оған арналған мемориалдық музей құрылды. Одан кейін үйді қайта қалпына келтіріп, оған жалғастырып осы заманғы архитектуралық залдар тұрғызды, сөйтіп тарихи-этнографиялық музей пайда болды.

Музейдің орталық бөлігі — О. Жандосовтың жұмыс бөлмесі, онда бәрі жаңадан құрылды. Жандосовтың достары мен туысқандары осы жұмысқа жақсы көмектесті. Келушілер осы бөлмеден 30-жылдардағы тұрмыстық заттарды көре алады. Дегенмен оның қоғамдық әдеби қызметі мен философиялық көзқарастары туралы баяндайтын хаттар, заметкалар, мақалалар нобайлары олардың назарын көбірек аударады.

Музейдің келесі бөлімі «Этнография, тұрмыс, мәдениет» деп аталады. Оның әрбір экспонаты — тарихтың бір бөлшегі — халықтың қолданбалы өнерімен таныстырады. Ғасыр құрдасы — қоғамдық активист әйел Уәлиева Күләйхан апай тұрмыстық заттардың қолданылуы туралы тартымды әңгімелейді. Оның музейге жиі келуіне денсаулығы жарамайды, алайда онымен болған әрбір кездесу музейге келушілер үшін шынайы мереке.

Музейдің тағы бір бөлімі Кеген ауданының табиғат байлығы мен экономикалық дамуына арналған. Оны Іле Алатауының маржаны — тау басындағы Көлсай көлі бейнеленген картина ашады. О. Жандосовтың досы, ақын Ілияс Жансүгіров «Жетісу суреттері» поэмасында оның сұлулығын жырлаған еді. Жансүгіров өзінің ежелгі досында қонақта бола жүріп, осы ғажайып өлке тауларының, өзендері мен көлдерінің сұлулығына таңырқай қарай беруден жалықпайтын.

Digitized by Google

Көлсай туралы көптеген аңыздар айтылады, бұл да түсінікті, табиғат адамның өзіне қайырымдылықпен қарауының сыйы ретінде осы ғаламат сұлулықты жасағандай әсер туады. Расында да, мұнда табиғатты аялау дәстүрі ұрпақтан ұрпаққа берілуде, сондықтан оның суы мөлдір, көл айдынын сырт көзден қорғаушы орман бұрынғысынша қалың.

Көптеген экспонаттар ауданның ежелгі саласы — мал шаруашылығының дамуымен, сондай-ақ басқа кәсіптермен — дәнді дақылдар мен картоп өсірумен таныстырады. Әсіресе осы жерде өндірілген картоптың жақсы екені мәлім, кезінде қайсыбір адамдар 2,5—3 мың метрлік биік жерде егілген картоп өнбейді деп дәлелдеген еді.

Музей мәдени қазыналардың сақтаушысына айналды. Тамаша экспонат — күміспен өрнектеп безендірілген белдікке қанша уақыт болғанын дөп айту мүмкін емес, ол ғасырлар бойы қарттардан жастарға беріліп отырған. Бір қарт әже жас кезінде тіккен кимешегін берді. Адамдар көненің құнды заттарын, бүгінгі қолөнер бұйымдарын музейге әкелуде.

Бүгінде музейде 1200 экспонат бар. Оған Қазақ ССР Орталық музейінің филиалы статусы берілді. Музейде этнография үйірмесі, жас қызыл ішілер клубы жұмыс істейді, пионерлердің соғыс және еңбек ардагерлерімен, интернационалист-жауынгерлермен кездесулері де осында өтеді. Музей адресі:

483430, Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген селосы.

НОМЕРДЕ:

КПСС Орталық Комитеті Пленумының 1989 жылғы 19 сентябрьдегі қаулысы. КПСС-тің кезекті XXVIII съезін шақыру туралы 1

Сайлау науқанын идеологиялық жағынан сенімді қамтамасыз етейік 2

● ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫ: ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР

А. АИДОСОВ. Ильич идеяларына жүгінейік. 5

М. КОЖУХАРОВ. Жаттандылықтан арылайық 6

Адамды қалыс қалдырмайық 8

● АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ

В. ЧЕБОТЬКО. Жуковтар ұжымшылдықпен жұмыс жасайды 11

В. ТИМОШИШИН. Валюта — диқандарға 12

Д. АРЫНОВ. Республиканың бас кормесінде 14

● ЛЕНИНДІК ТАҒЫЛЫМДАР

С. БРИЧКИНА. Владимир Ильич қалай өмір сүріп, қалай жұмыс істеді 15

● МЕТОДИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ

Ж. НАУРЫЗБАЕВ. Насихатшының педагогикалық мәдениеті туралы (үшінші әңгіме) 18

● ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕР — ТӘРБИЕ ОРНЫ

П. АБРАМОВИЧ. Әлі запаста емес 21

● ӘҢГІМЕЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР

Э. ШЫНЫБЕКОВА. Әйелдердің ауыр еңбегі 26

● НАЗАРДА БОЛСЫН

С. БАБИЧ. Телевизия: интеллектуалдық у ма! 30

● РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ

Кеген тарихи-этнография музейі 31

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39

Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84
63-27-74,
63-27-56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: С. А. ДӘРМЕНБАЕВ, М. А. МӘМБЕТОВ, А. МӘУТЕНБАЕВ, Ж. Ж. НАУРЫЗБАЕВ, Б. Ө. САПАРҒАЛИЕВ, Т. В. ЩИПАНОВА.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.

Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,


Сдано в набор 28.09.89 г. Подписано к печати 13.10.89 г. УГ03410 Формат 70x108¹/₁₆. Бумага офсетная № 2. Печать офсетная. Усл. печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,6. Кр. отт. 3,8. Тираж 53327 экз. (каз. изд. 27488 экз., рус. изд. 25839 экз). Заказ 129. Цена 15 коп.

ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google







● Ғасыр құрдасы, музейдің активісі Уәлиева Күләйхан апай.

● Мектеп оқушыларының еңбек ардагері, коммунист Қанәділ Әбдікәрімовпен кездесуі.

● О. Жандосовтың жұмыс бөлмесі.

● Қанипа Дүнгенбаева (ортада) музейдің өлкетану үйірмесіне жетекшілік етеді.




Музей туралы
31-беттен
оқыңыздар.

Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.

Индекс 75328



«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ




1989

22

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



ТЕМІРТАУ. Коммунист А. П. Рубцов «Карагандацемент» өндірістік бірлестігі № 2 күйдіру цехында футеровщиктер бригадирі болып ширек ғасыр жұмыс істеп келеді. Ол осы жылдар ішінде шынайы беделге және жолдастарының құрметіне ие болды. Анатолий Петрович өз жұмысын өте жетік біледі. Тыңғылықты, тындырымды, сонымен бірге қайырымды мінезі үшін де оны коллективте бағалайды. Анатолий Петрович халық депутаттары қалалық Советінің депутаты ретінде де көлемді жұмыс жүргізеді.

Суретті түсірген **С. БҰХАРОВ** (ҚазТАГ).

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

22•1989
НОЯБРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

НОМЕРДЕ:

● СОВЕТТЕР САЙЛАУЫ ҚАРСАҢЫНДА
К. ИШМҰХАМЕДОВ. Сайлау туралы жаңа заңдар 2
Л. САПРЫГИНА. Кешкілікте Саяси оқу үйінде 8

● ЭКОНОМИКА: РЕФОРМА БАҒЫТЫМЕН
Ю. КАРЦЕВ. Жезқазғандық металлургтердің әлеуметтік программасы . 11
А. БАЕКЕШЕВА. Теңіз: проблемалар түйіні шешілуде 12

● БІЗДІҢ СҰХБАТ
С. БИЗАҚОВ, А. ГОРКОВЕЦ. Досымның тілі — менің де тілім 15
Б. САДЫҚОВ. Іс-қимыл арқылы тәрбиелеу 17

● ДОСТАР ТӘЖІРИБЕСІНЕН
И. ВЛАДИМИРОВ. Ұсақ-түйектен үнемдеу 18

● САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ОРНЫҚТЫРАЙЫҚ
И. ПАРХОМЕНКО. Комиссия не жасай алады! 20
В. МОСКАЛЕНКО. Әйел және ішімдік 21

● ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕР — ТӘРБИЕ ОРНЫ
В. КОСТРОВ. Балалар жайлы аялы қамқорлық 24

● ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТТЕРІНДЕ
Партия қатарында қалдырылды 27

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА
Э. ГУСЕЙНОВ. Экологиялық апат шегінде 30

● РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ
Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің музейі 32

1931 жылғы ноябрьден шығып келеді.
ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАСПАСЫ.

© «Қазақстан үгітшісі», № 22, 1989 ж.

Digitized by Google

САЙЛАУ ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢДАР

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1989 жылғы 21—22 сентябрьде өткен кезектен тыс он төртінші сессиясы өте-мөте маңызды заңдар қабылдады, олар шын мәнінде республикадағы саяси реформаны жүзеге асырудың екінші кезеңін ашты. Қазақ ССР Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы, тіл туралы және сайлау туралы заңдар түбегейлі халықтық өкіметті қамтамасыз етіп, кең демократиялық өзгерістер үшін жағдай жасайды деп толық негізде айтуға болады. Бүкілодақтық XIX партия конференциясының идеяларына сүйенген осы заңдардың басты мәні нақ осында.

Саяси реформаны жүзеге асырудың Советтер құрылымын жаңартуды, елдің мемлекеттік өкіметінің жоғары органдарын қалыптастыру мен олардың қызметінің реттілігін өзгертуді, сайлау системасын жетілдіруді қамтитын екінші кезеңі совет қоғамын демократияландыру процесіне қуатты серпін беріп, әлеуметтік-экономикалық, сондай-ақ қоғамдық дамудың барлық басқа міндеттерін шешу кілтін ашты.

Партия келесі кезеңді жүзеге асыру жөнінен белгілеген шаралар ССР Одағы мен оның құрамына енетін республикалар арасындағы қатынастарды үйлестіруге байланысты проблемаларды шешуді көздейді. Осы кезеңде одақтас республикалардың статусы, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірде олардың правосы мен мүмкіншіліктерін кеңейту, осы негізде біздің федеративтік социалистік мемлекетімізді одан әрі жетілдіру мәселелері қаралатын болады.

Сайлау туралы заңдар — Советтердің толық билігіне жету жолы

Сонымен бірге халық депутаттары Советтерінің толық билігін түлету үшін қажетті жағдай жасап, республикалар мен жергілікті жерде өкімет органдарын түбегейлі қайта құруға тура келеді.

Біздің республикамыздағы қайта құру барысын, экономика мен әлеуметтік жүйенің қазіргі жайын талдау көрсетіп отырғанындай, әзірше Советтердің бәрі бірдей өз территориясында өздерін түбегейлі қожайын ретінде сезініп отырған жоқ. Совет өкіметін оның жауапкершілігіне сай келетін праволармен қаруландырмайынша, оның материалдық мүмкіншіліктерін кеңейтпейінше, екінші сөзбен айтқанда, мемлекеттік өкімет органдары системасындағы жан-жақты түбегейлі реформасыз осы міндеттерді шешуге болмайтыны толығынан айқын.

Экономикадағы және бүкіл қоғамдағы қайта құрумен үйлестірілген, саяси системаның барлық буындарын қамтитын оның комплексті реформасының негізгі принциптері СССР халық депутаттарының Съезінде талқыланды, оның Қаулысында көрініс тапты. Қазір Советтердің толық билігін жүзеге асыруға бағытталған бірқатар жаңа заң актілері жасалып жатқаны мәлім.

Сонымен бірге жергілікті жерлерде мемлекеттік өкімет органдарының құрылымы мен оларды қалыптастыру тәртібіндегі түбегейлі өзгерістерсіз осы процесті жүзеге асыру мүмкін емес. Сайлау туралы республикалық заңды түбегейлі жаңарту талап етілгені, оның негізінде қайта құру жағдайында басқарып, түрлі мәселелерді шешуге қабілетті толық бағалы депутаттық корпусты жасақтау қажеттігі толығынан түсінікті. «Қазақ ССР халық депутаттарының сайлауы туралы» Заң және «Қазақ ССР халық депутаттары жергілікті Советтері депутаттарының сайлауы туралы Заң» осындай заң актілеріне айналды.

Түбегейлі түрде жаңартылған сайлау системасы белең алған сайлау науқаны барысында өзінің практикалық көрінісін табуда. Республиканың Жоғарғы Советі өзінің қаулыларымен жергілікті Советтер депутаттарының сайлауын 1989 жылғы 24 декабрьде, ал Қазақ ССР халық депутаттарының сайлауын 1990 жылғы 25 мартқа тағайындағаны мәлім.

Сайлау туралы заңдардың жаңашылдық сипаты

Сайлау туралы заңдардың республикада бұрынырақ қолданылған заң актілерінен елеулі түрде ерекшеленетінін атап көрсету қажет. Сайлауға әзірлік пен оны өткізудегі демократиялық негіздерді нығайтуға, депутаттыққа кандидаттарды іріктеуде күні өткен директивалық әдістерді алмастыруға, сайлаушылардың өздерін мемлекеттік өкімет органдарында кімдер бейнелейтінін саналы әрі жауапты түрде анықтауына көмектесетін сайыстық формаларының бәрін күшейтуге бағытталған тұтасынан бірқатар қағидалар баянды етілуде.

Digitized by Google

Сайлау туралы принципті тұрғыдан жаңа заңдар рухы мен мазмұны жағынан түбегейлі интернационалды. Олардағы жергілікті емес халықтардың сайлау правосын ешқандай кемсітушілік жоқ. Олардың нәсілі мен ұлттық тегіне, тіліне, сол жерде тұру уақытына қарай қайсыбір тікелей немесе жанама шектеушілікке тыйым салынады.

Жаңа сайлау заңдарының аса маңызды ерекшелігі мынада: олар сайлауды бір мандатты сайлау округіндегі сайлауды қарастырады, онда бірнеше кандидат тіркелетін болады. Мұның өзі шын мәніндегі таңдау мүмкіншілігін ашады. Сайлаушылардың осы правоны толық көлемінде пайдалануы керек.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің құрамы туралы

Қазақ ССР халық депутаттарының сайлауы туралы Заңда республика Жоғарғы Советін 360 депутаттан сайлау көзделген, олардың төрттен үші немесе 270 халық депутаты жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең, тікелей сайлау правосы негізінде сайлау округтері бойынша сайланатын болады.

Сайлау округтері, әлбетте, әкімшілік-территориялық бөліністі ескеру арқылы республиканың бүкіл территориясында сайлаушылардың бірдей санымен құрылады. Қазақ ССР Жоғарғы Советі бір сайлау округіндегі сайлаушылар санын 36,4 мың адам деп анықтады.

Министрлер, республикалық мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың басшылары, сондай-ақ олардың орынбасарлары, жергілікті Советтердің атқару комитеттері бөлімдерінің, басқармаларының және басқа бөлімшелерінің жетекшілері мен олардың орынбасарлары Қазақ ССР халық депутаттары және жергілікті Советтердің депутаттары болып сайлана алмайтынына назар аудару керек. Осы лауазымды адамдардың бәрі атқару органдарының өкілдері болып табылады, Советтерге есеп береді.

Сайлау округтері туралы

Мынадай көрініс өте маңызды. Сайлау туралы заңдарда Советтер буындары бойынша сайлау округтерін орта есеппен 30—40 процент, депутаттарды 131 мың адамнан 79 мың адамға дейін қысқарту көзделген, алайда мұның өзі өкілетті орган жұмысының сапасына ешқандай әсер етпеуге тиіс. Мұнда ең алдымен екі мақсат көзделуде. Біріншіден, Советтерді мейлінше тындырымды, шын мәнінде жұмыс істейтін орган ету. Екіншіден, олардың сапа құрамын жақсарту.

Советтердің өздерінің шешімі бойынша халық депутаттары поселкелік, селолық, ауылдық Советтері депутаттары сайлауының тиісті Советтің бүкіл территориясында сайлау округтерін құрмай-ақ өткізілетіні туралы заңда баяндалған қағида демократияның жаңа көрінісіне айналды. Мұндай жағдайда сайлаушылардың бәрі тізімге енгізілген барлық кандидатуралар жазылатын бірыңғай бюллетень бойынша дауыс береді. Советтердің 314 бастауыш буыны осы правоны пайдаланды.

Сондай-ақ бұрынғы қолданылған заңға қарағанда, онда орын алғанындай, Жоғарғы Совет емес, тиісті жергілікті Советтің немесе оның президиумының өзі халық депутаттары облыстық, аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің сайлауы жөніндегі сайлау оуругтері санын анықтайтынын атап көрсету керек. Республика Жоғарғы Советінің Президиумы биылғы жиырма бірінші шақырылған жергілікті Советтер депутаттарының сайлауы жөніндегі сайлау округтары туралы жергілікті жерлерден берілген деректерді қорытты. Тұтасынан республика бойынша 73140 округ, соның ішінде облыстық Советтер сайлауы бойынша —2308, қалалық Советтер бойынша —5575, аудандық Советтер бойынша — 13850, поселкелік, селолық және ауылдық Советтер бойынша — 51407 округ құрылды. Сонымен сайлау округтері құрылмай сайланған депутаттарды ескергенде, жергілікті Советтердің депутаттық корпусы жиырмасыншы сайланған 131134 депутаттың орнына 79161 депутаттан тұратын болады.

Қоғамдық ұйымдардан депутаттар сайлау туралы

Жоғарыда атап көрсетілгендей, олардың төрттен бірін немесе Қазақ ССР-інің 90 депутатын жалпы республикалық органдары бар қоғамдық ұйымдардан сайлау қарастырылуда. Қоғамдық ұйымдардан депутаттарды сайлау республикадағы сайлау науқанының қосымша демократиялық институтына айналады.

Мынадай жағдай сайлаудың осы системасын жақтайды: біріншіден, басым көпшілігі қайсыбір қоғамдық ұйымның мүшесі болып табылатын республика азаматтары мемлекеттік өкімет органдары қызметіне тікелей ықпал жасау-

Digitized by Google

дың тағы бір мүмкіншілігін алады. Екіншіден, осы жаңалық түрлі ұлттық топтар мен халықтың әлеуметтік жіктерінің сұранымын толық ескеруге көмектеседі, сөйтіп, сайып келгенде, қоғамдық ұйымдардың республиканың саяси өміріндегі ролін арттыру үшін қосымша жағдайлар жасайды. Оның үстіне қоғамдық ұйымдардан депутаттарды сайлау көбіне-көп мынаған ықпал етеді. Өз саласындағы жоғары білікті адамдар — ғалымдар, юристер, экономистер депутаттық корпусқа, республика Жоғарғы Советіне сайланатын болады.

Қоғамдық ұйымдардың республикалық органдарының халық депутаттығына кандидаттарды ұсыну барысында жергілікті органдардан, төменгі коллективтерден және тікелей осы қоғамдық ұйымдар мүшелерінен түсіп жатқан ұсыныстарды ескеру керек.

Сондай-ақ кандидаттарды ұсынғаннан кейін екі ай бойы дерлік олар талқыланатынын, мұның барысында осы қоғамдық ұйымның мүшелері ғана емес, сонымен бірге басқа азаматтар да өз пікірлерін айта алатынын ескеру керек. Бұл бәрі қоғамның көз алдында өтетінін және адамдардың таңдау мүмкіншілігі болатынын, халықтан жеткілікті қолдау таппағандар барынша азайтылатынын бейнелейді.

Оның үстіне сайлаудың жаңа тәртібі қоғамдық ұйымдардың өздеріне игі ықпал етіп, олардың қызметін жандандыруға көмектесетін болады. Өкімет органындағы өкілдікке право алып, олардың әрқайсысы өзі біріктірген адамдардың мүддесін, өзінің саяси платформасын анық білдіретін болуға тиіс. Осы платформа ұйымның ішінде де, бүкіл халықтық талқылауда оның қатарын топтастырып, ұйымдық жағынан нығайтуға мүмкіндік береді.

Депутаттыққа кандидаттар ұсыну тәртібі туралы

Депутаттыққа кандидаттар ұсыну тәртібіне елеулі өзгерістер енгізілді. Қазақ ССР халық депутаттарының сайлауы туралы Заңда кем дегенде 300 адамы бар еңбек коллективтеріне ғана депутаттыққа кандидатты ұсыну правосы берілетіні туралы қағида енгізілді. Осы жаңалық сайлау науқаны мәселелерінде ірі коллективтер тұрғысынан әлеуметтік әділеттікті жүзеге асыруға көмектеседі. Адам саны аз еңбек коллективтері округтық сайлау комиссиясымен келісу арқылы бірлескен жиналыстар өткізіп, Қазақ ССР халық депутаттығына бір кандидатты ұсына алады. Жергілікті Советтер депутаттарының сайлауы туралы Заңда аталған шектеушілік жоқ.

Тұрғылықты жер бойынша азаматтар жиналыстарында кандидаттарды ұсыну мүмкіндіктері туралы заңдар нормасы жаңалық болып табылады. Мына мәселеге де назарды аударғымыз келеді: қайсыбір жиналыстың мұны жасауға қақысы жоқ. Оны тиісті Совет немесе оның президиумы округтік сайлау комиссиясымен бірлесіп шақыруға тиіс. Демек Қазақ ССР халық депутаттығына кандидат ұсыну жиналысына сайлау округінің территориясында тұратын кемінде 300 сайлаушы, ал облыстық Совет депутаттығына кандидат ұсыну үшін —200, аудандық, қалалық Совет бойынша —100 және поселкелік, селолық және ауылдық Совет бойынша — кемінде 25 сайлаушы қатысуға тиіс.

Бұдан көрініп отырғанындай, азаматтардың қайсыбір бірлестігі емес, нақ Совет, оның атқару комитеті, президиумы сайлаушылардың осындай жиналысын шақыра алады. Сондай-ақ заңдардың сайлаушылардың аталған қайсыбір коллективіне емес, сол сайлау округінің территориясында шын мәнінде тұратын сайлаушылар коллективтеріне ғана депутаттыққа кандидаттар ұсыну правосы берілетін статьяларын мүлтіксіз сақтауды қамтамасыз ету қажет.

Сондай-ақ еңбек коллективтерімен, тұрғылықты жер бойынша сайлаушылар, әскер бөлімдерінде әскери қызметшілер жиналыстарымен қатар жоғары және орта арнаулы оқу орындары студенттері мен оқушыларының коллективтеріне де депутаттыққа кандидаттар ұсыну правосының берілуі жаңалық болып табылады. Одақтық Заңда мұндай қағида жоқ.

Советтердегі ұлттық және әлеуметтік өкілдік туралы

Баспасөзде, партия мен үкімет басшыларының сөйлеген сөздерінде бірнеше мәрте атап көрсетілгендей, СССР халық депутаттары сайлауы нәтижесінде жұмысшы табы өкілдері өте аз болды. Барлық жерде бірдей ұлттық топтардың тиісті өкілдігі қамтамасыз етілмеді. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысында депутаттар арасында бірде-бір жұмысшы, бірде-бір әйел және жергілікті ұлттың бірде-бір өкілі болмады. Республиканың басқа облыстарындағы көрініс бұдан онша ерекшеленбеді.

Мұнда қалай жасау керек? Сайлау туралы заңдар кандидаттардың әлеуметтік және ұлттық құрамын реттейтін қайсыбір процедураны қарастырмай-

Digitized by Google

ды. Бәрін сайлаушылардың еркі шешеді, ал мұнда халық қалаулыларының іскерлік, моральдық, саяси сапалары басты түйін ретінде қойылады. Жаңа жағдайда сайлаушылардың өздері депутаттыққа кандидаттарды ұсыну процесінің өзінде осы маңызды кезеңдерді көре білуге тиіс.

Сайлаушылар конференциялары туралы

Сайлау туралы заңда сайлау бюллетеніне кандидаттардың кез келген саны енгізілуі мүмкін екені анықталған. Мұндай жағдайда әр коллектив өз өкілдерін ұсынуға ұмтылатыны ескеріліп, Қазақ ССР халық депутаттарының сайлауы туралы Заңда осы процесті реттеу көзделген. Осы мақсатпен округ сайлаушыларының конференциясында кандидатураларды алдын ала талқылаудың өткізілуі мүмкін. Демек СССР халық депутаттарының сайлауы туралы Заңда қарастырылған округтік сайлау алдындағы жиналысқа қарағанда, егер округ бойынша депутаттыққа бестен көп емес кандидат ұсынылған болса, сайлаушылар конференциясы өткізілмейді.

Округ сайлаушылары конференциясының функциясы мұнымен шектелмейді. Ол еңбек коллективтері мен тұрғылықты жер бойынша тұрғындар өкілдерінің тұрақты жұмыс істейтін советіне айналады. Ол округ бойынша Қазақ ССР халық депутаттығына ұсынылған кандидаттарды талқылау мен оларды тіркеуге ұсыну туралы шешім қабылдауға қоса өкілдерді округтік сайлау комиссиясына ұсынуда, депутаттарға аманаттарды әзірлеуде, сайлаушылар алдында есеп берулерді өткізуде, сондай-ақ сайлау округінде халық депутатын кері шақырып алу туралы мәселені шешуде маңызды роль атқара алады.

Сайлаушылар конференциясын өткізу мүмкіндігі туралы қағида Қазақ ССР халық депутаттарының сайлауы туралы Заңға ғана енгізілгенін айрықша атап көрсету қажет. Жергілікті Советтер депутаттарының сайлауы туралы заңға осы қағида енгізілмеген.

Сайлау науқаны барысында сайлаушылар конференциясының жергілікті басшылардың бірыңғай, оңаша кеңесіне айналып кетпеуі өте-мөте маңызды. Ол мағынасы жағынан сайлау науқанына одан әрі қатысу үшін аса лайықты да беделді кандидаттарды іріктеудің маңызды функциясын білікті де әділетті жүзеге асыруға қабілетті кең өкілді, өкілетті, түбегейлі демократиялық форум болуға тиіс. Мұның барысында депутаттыққа әрбір кандидаттың конференцияға қатысушы өкілдерінің саны міндетті түрде бірдей болуы керек. Осы жиналысқа қатысушылар құрамының қатаң демократиялық негізде қалыптасуын, мұндай құрам механизмінің сайлау заңына дәлме-дәлдікте сай келуін жер-жерде қамтамасыз ету қажет.

Сайлау комиссияларының ролі мен правосы туралы

Сайлау комиссиялары сайлау науқанын өткізуде түбегейлі штабтар болуға тиіс. Жергілікті Советтер депутаттарын сайлау үшін 2980 сайлау комиссиясы, соның ішінде 17 облыстық, 205 аудандық, 84 қалалық, қалаларда 21 аудандық, 210 поселкелік және 2443 селолық және ауылдық сайлау комиссиясы, яғни осы Советтердің санына сәйкес сайлау комиссиялары құрылды. Осы комиссиялар бес жыл мерзімге құрылды. Олардың алғашқы мәжілістері өткізіліп, басшылары сайланды.

Бұрынғыдай президиум емес, республика Жоғарғы Советінің өзінің Қазақ ССР халық депутаттарының сайлауы және кері шақырып алу жөнінен Орталық сайлау комиссиясын құруы жаңа заңның маңызды актісіне айналды. Және оның Қазақ ССР халық депутаттарын кері шақырып алу мәселесін шешу правосы бар екенін атап көрсеткен жөн. Республиканың мемлекеттік өкіметінің жоғары органына ғана есеп беру Орталық сайлау комиссиясының беделін арттырып, оның жауапкершілігі мен дербестілігінің зор деңгейін анықтайды.

Оның құрамында 25 адам: республиканың барлық дерлік аймақтарының, көптеген қоғамдық ұйымдарының өкілдері бар екенін атап көрсеткен жөн. Олардың кандидатураларын еңбек коллективтері, қоғамдық ұйымдар ұсынды. Бұлар практикалық тәжірибесі мол, түрлі кәсіптер мен ұлттардың адамдары, сөйтіп қоғамның барлық жіктері мен ұлттарының мүдделері толық көрініс тапты, сайлау туралы Заңның орындалуын мейлінше пәрменді бақылау қамтамасыз етілді.

Комиссия қазіргі құрамында бес жыл бойы тұрақты жұмыс істейтін болады. Мұның өзі жаңа жағдайдағы жұмыстың қажетті тәжірибесін жинақтап, сайлау науқанын ұйымдастыру мен өткізуге байланысты проблемалардың бәрін шешуге мүмкіндік береді. Әлбетте, комиссияның 25 мүшесі жұмыстың үлкен көлемін атқара алмайды. Олардың ба-

Digitized by Google

сым көпшілігі кәсіптік міндеттерінен босатылмайды. Сондықтан Орталық комиссия аппараты жасақталды, оған совет жұмысының тәжірибелі мамандары енді.

Орталық сайлау комиссиясы Заңға сәйкес сайлауды ұйымдастыру мен өткізуге қатысты мәселелердің бәрінде кең көлемді өкілдік алған. Өткен сайлауларда жүзеге асырылған дәстүрлі өкілдіктерге қоса оған бірқатар жаңа міндеттер жүктелуде. Бұл сайлау округтерін құру, бұрын бұл республика Жоғарғы Советі Президиумының ісі еді, Қазақ ССР-інің бүкіл территориясында сайлау туралы Заңның орындалуына бақылау жасау, оны біркелкі қолдануды қамтамасыз ету, сайлауды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету мәселелерін шешу, қайта сайлауды өткізу; Қазақ ССР халық депутаттарын кері шақырып алуды ұйымдастыру; шығып қалған депутаттардың орнына сайлауды тағайындап, оларды өткізуді қамтамасыз ету. Орталық сайлау комиссиясы шын мәнінде сайлауға байланысты барлық даулар мен наразылықтарды шешу ісінде (сайлаушылар тізіміндегі қателіктер туралы сот тәртібімен қаралатын шағымдардан басқасы) соңғы инстанция болып табылатынын атап көрсету маңызды.

Сайлау науқанының календарлық жоспарына сәйкес үстіміздегі жылғы 15 октябрьге дейінгі мерзімде округтік сайлау комиссияларын қалыптастыру өтті, олар жергілікті Советтер депутаттарының сайлауы жөніндегі сайлау системасының ең көп санды буыны болып табылады, 22 мыңдай комиссия құрылды. 79 мың депутат сайланады, ал нелiктен 22 мың округтік комиссия құрылды деген сұрақтың туындауы әбден орынды. Мұнда қайсыбір қателік жоқ. Заң бойынша поселкелік, селолық және ауылдық Советтер депутаттарын сайлау барысында округтік комиссиялар құрылмайды, олардың функциясын учаскелік комиссиялар атқарады. Жоғарыда аталғанындай, Советтердің бастапқы буындарына 57 мың депутат сайланады.

Сайлау комиссияларының, соның ішінде 10,5 мыңдай болатын учаскелік сайлау комиссияларының қызметі мен міндетін түсіндіруді аяқтай келіп, сайлау туралы заңдарда Қазақ ССР халық депутаттарының сайлауы жөніндегі округтік сайлау комиссияларының өкілдік мерзімі бес жыл болатыны қарастырылғанын, ал жергілікті Советтер депутаттарының сайлауы жөніндегі округтік және учаскелік комиссиялар өкілдігі Советтер сайланған депутаттар өкілдігін таныған кейін аяқталатынын атап көрсеткен жөн.

Сондай-ақ заңдарда барлық сайлау комиссияларының құрамына қажетіне қарай оны құрған органдар өзгерістер енгізе алатыны айтылған. Еңбек коллективтерінің, қоғамдық ұйымдар органдарының, тұрғылықты жер бойынша сайлаушылар жиналыстарының, әскер бөлімдері әскери қызметшілері жиналыстарының, қоғамдық ұйымдардың республикалық органдарының сайлау комиссиясының құрамына өз өкілін ұсыну туралы өз шешімін қайсыбір кезде жою правосы бар.

Қазақ ССР халық депутаттарының сайлауы жөніндегі округтік сайлау комиссиясы мүшелерінің бірі, комиссия председателін, председателінің орынбасарын, секретарын қоса комиссиясының шешімі бойынша сайлау өткізуге бөлінген қаржы есебінен орташа жалақысы сақтала отырып, сайлауды әзірлеу мен өткізу кезінде, ал жергілікті Советтер депутаттарының сайлауы жөніндегі облыстық, аудандық, қалалық, қалалардағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері бір ай өндірістік немесе қызмет міндеттерін атқарудан босатылады.

Депутаттыққа кандидаттардың сайлау алдындағы науқанға қатысуы туралы

Депутаттыққа кандидаттардың сайлау алдындағы науқаны принципті тұрғыдан жаңа негізде өтетін болады. Депутаттыққа кандидаттың сайлау алдындағы программасын талдап жасауы қағидаға айналады. Ол СССР Конституциясы мен Қазақ ССР Конституциясына, СССР мен Қазақ ССР-інің басқа заңдарына қайшы келмеуге тиіс. СССР халық депутаттарының өткен сайлаудағы тәжірибесін ескере отырып, онда депутаттық мандатқа бірнеше үміткердің сайлау алдындағы платформасының нақты негізі болмай, жалпылама шақырулар мен ұрандардан тұрған еді, енді сайлау туралы республикалық заңдарға депутаттыққа кандидаттардың сайланған жағдайда өзінің сайлау алдындағы программасының орындалуы үшін жауапты екені туралы қағида енгізілді.

Қазақ ССР халық депутаттығына кандидаттың беске дейін, ал жергілікті Советтер депутаттығына кандидаттың үшке дейін сенім білдірген адамы болуы мүмкін. Демек олар тиісті сайлау комиссиясының құрамында бола алмайды.

Заңдарда сайлау алдындағы үгіт сындарлы пікірталас шеңберінде жүргізі-

Digitized by Google

лiп, депутаттыққа кандидаттың қайсысын болса да сыйламау фактілеріне жол бермеуге тиістілігі дәле-дәлдікте әрі анық айқындалған.

Жергілікті Советтер депутаттарының сайлауы туралы жаңа Заңда осы Советтер депутаттығына кандидаттар қызметінің кепілдіктері қыруар кеңейтілген, олар кандидаттардың сайлау алдындағы программасы, сенім білдірген адамдар, тегін жүру, ешкімнің тимеу правосы туралы қағидалармен толықтырылған.

Сайлаушылар аманаттары туралы

Сайлау туралы республикалық заңдарда сайлаушылар аманаттары туралы статьялар жоқ. Заң авторлары аманаттар депутаттыққа кандидаттарға емес, сайланған депутаттарға берілетінін басшылыққа алды, осы қағиданың сайлау туралы заңнан гөрі СССР халық депутаттарының статусы туралы заңға көбірек қатысы бар. Өйткені ол сайлау науқанын емес, депутаттық қызметті реттейді. Осы жаңалықты басшылыққа алып, сайлау өтіп, сайланған депутаттар анықталғаннан кейін округ сайлаушыларының конференцияларын, жиналыстарын, депутаттармен кездесулерді өткізу, оларда сайлаушылар аманаттарын қалыптастыру тиімді.

Дауыс беру процедурасы туралы

Сайлау туралы заңдарда дауыс беруді өткізу мен сайлау қорытындыларын шығарудың процедуралық мәселелері нақтыланып, тиянақты түсініктеме берілген. Тиісті халық депутаттары Советтерінің немесе оның президиумының ұсынысы бойынша округтік сайлау комиссияларына өндірістік себептерден туындаған қажеттілік жағдайында дауыс беру уақытын өзгерту правосы берілді. Дегенмен бұл орайда дауыс беру сағат 6-дан ерте басталмауға және сағат 22-ден кеш аяқталмауға тиіс. Мұндай шешім сайлауға дейін кемінде бес күн бұрын қабылданады.

Сайлау туралы бұрынғы заңдарға қарағанда жаңа заң актілерінде қайтадан дауыс беру процедурасын реттейтін статья енгізілген. Заңдардың қажетті дауыс санын ала алмаған және халық депутаттары болып сайланбаған кандидаттардың қайтадан сайлауға түспейтінін баяндайтын қағидасы мүлдем жаңа әрі принципті ерекшелік болып табылады.

Жұртшылықтың сайлау науқанына қатысуы туралы

Жұртшылықтың сайлау науқанына тікелей қатысуы, оны ашық әрі жария түрде өткізу мәселелері сайлау туралы заңдарда дамытылды. Осы мақсатпен сайлау комиссияларының мәжілістеріне, соның ішінде депутаттыққа кандидаттарды тіркеу, дауыс беруге арналған жәшіктерді мөрлеп, бекітуге және оларды ашуға, сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде, дауысты санау және сайлау нәтижелерін анықтау кезінде еңбек коллективтерінің, қоғамдық ұйымдардың, тұрғылықты жер бойынша сайлаушылар және әскер бөлімдері бойынша әскери қызметшілер жиналыстарының, мемлекеттік өкімет органдарының өкілдері, сенім білдірілген адамдар, сондай-ақ баспасөз, телевизия, радио өкілдері қатысуға праволы, аталған өкілдердің өкілеттігі тиісті документпен куәландырылып, сайлауға дейін кемінде екі күн бұрын хабарландырылуға тиіс. Аталған өкілдердің сайлау комиссияларының жұмысына араласуына жол берілмейтінін атап көрсету керек.

Сайлау науқанына арналған шығындар туралы

Сайлау туралы заңдарда атап көрсетілгендей, Қазақ ССР халық депутаттарының және жергілікті Советтер депутаттарының сайлауына байланысты шығындар тек мемлекет есебінен жұмсалады. Сөйтіп депутаттыққа кандидаттар үшін бірдей жағдай жасалып, кейбір кандидаттардың, бұл СССР халық депутаттарының сайлауында болғанындай, сайлау алдындағы күресті жүргізу үшін кәсіпорындар қаржысын және мақсатты қорларды пайдалануына тыйым салады. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы «1989 жылы Қазақ ССР халық депутаттары жергілікті Советтері депутаттарының сайлауын өткізу шығынының сметасы туралы» қаулы қабылдады, онда сайлау науқанына қажетті қаржы бөлу көзделген.

Қазақ ССР халық депутаттарының сайлауы және кері шақырып алу жөніндегі Орталық сайлау комиссиясының алғашқы мәжілісінде сайлауды өткізуге арналған шығынның сметасы бекітілді. Әр округтік және учаскелік сайлау комиссиясында оның председателі ақшалай қаражатты жұмсаушы болып та-

Digitized by Google

былатыны белгіленді. Белгіленген қаржы сайлау комиссиясының негізгі қызметінен босатылған мүшесіне жалақы төлеуге, сайлау әдебиеттерін, кеңсе заттарын, жабдықтар алуға, округтік және учаскелік комиссия үйлерін, учаскелерді безендіруге, сайлау бюллетеньдерін басуға, кеңестер өткізуге, сондай-ақ командировка, почта-телеграф, телефон және транспорт шығынын өтеуге және басқа мақсаттарға жұмсалады.

Сонымен сайлау туралы жаңа заңдарда көлемді демократиялық потенциал қаланған, ол әр азаматтың таңдау правосын толық жүзеге асыруына көмектеседі және халықтың шын мәніндегі лайықты өкілдерінің сайлануына кепілдік береді.

К. ИШМҰХАМЕДОВ,
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Советтер жұмысы мәселесі жөніндегі бөлімінің меңгерушісі.

КЕШКІЛІКТЕ САЯСИ ОҚУ ҮЙІНДЕ

Саяси оқу үйлері ұзақ жылдар бойы активтің негізінен шағын тобымен жұмыс істеуге бағдарланып келді ғой, олардың аудиториялары тәуліктің қыруар бөлігінде бос тұратынына таңырқауға болмайтын. Және бүгінде біз күні өткен, формальды қатынастарды жойып, халықтың қалың бұқарасына, оның түрлі әлеуметтік және әркелкі жастағы топтарына шығу, партия саясатын олардың арасында насихаттап, түсіндіру үшін барынша күш-жігер жұмсау міндетін қойып отырмыз.

Облыстық партия комитеті саяси оқу үйінде қоғамдық-саяси орталықты құру барысында нақ осыны басшылыққа алды. Ол СССР халық депутаттарының сайлауына әзірлік кезінде жұмыс істей бастады және біршама жедел сайлаушыларға танымал болып алды. Демократиялық жағдай, талқылаудың еркін арнасы, қайсыбір сұраққа білікті жауап алу мүмкіндігі, қайсыбір тұрғыдан өз пікіріңді айту — осының бәрі адамдарды тартады. Пікірталас көбіне белгіленген уақыт мөлшерінен ұзаққа созылып кетеді.

Орталықта үгіт коллективтері жетекшілерінің, үгітшілердің, идеология активінің оқуы, оларға консультация беру ұйымдастырылған. Халық депутаттарының сайлауы туралы Заң, басқа документтер талданды, информациялық кездесулер, «дөңгелек стол» басындағы сұхбаттар, тыңдаушылардың қалың тобына арналған лекциялар өткізілді. Оларға облыстық партия комитетінің секретарьлары, сондай-ақ аса білікті ғалымдар мен лекторлар қатысты, олардың ішінен философия ғылымының докторы, КПСС Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясының профессоры Н. Н. Виноградовтың, тарих ғылымының кандидаты, КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының аға ғылыми қызметкері В. Б. Козловтың, тарих ғылымының кандидаты, Москва мемлекеттік университетінің доценті А. С. Барсенковтың лекцияларын атап көрсеткен орынды.

Осында облыстық және аудандық газеттер, телевизия мен радио хабары журналистері, сайлау комиссияларының мүшелері мен сенім білдірілген адамдар үшін баспасөз орталығы жұмыс істеді. Қоғамдық-саяси орталық мәжілістері видеомагнитофонға жазылып алынды, бірқатар жазбалар облыстық телевизия мен радиохабары хабарларында пайдаланылды, ал сайлау науқанының қорытындысы бойынша «Сайлауға дейін және сайлаудан кейін» видеофильмі әзірленді. Онда осы маңызды саяси науқанға жасалған талдаулар партия және идеология активінің өздерінің сайлаушылармен жұмысындағы «плюстері» мен «минустерін» тиянақты ой елегінен өткізуіне көмектесті. Сонда оны тұрақты жұмыс істейтін орталыққа айналдыру ұйғарымы жасалды, сөйтіп бұл өзін толығынан ақтады.

Қоғамдық-саяси орталықтың өткен сайлауларда қызметі нені көрсетті? Ең алдымен сайлаушылармен сұхбаттардың пайдалы екенін аңғартты. Кездесулер сайын аудиторияның саяси дәрежесінің өсе беруін көру орынды ғой. Егер адамдар алғашқы кездесулерге негізінен тұрмыстық оралымсыздықтар, демек көбіне кейісті түрде айтса, енді соңғы кездесулерде қоғамдық мәні бар ұсыныстар жасалды. Кандидаттар программасы іскер талқыланды.

Digitized by Google

Сонымен бірге елеулі ағаттықтарға жол бермеу сәті түсе қойған жоқ. Демек сараланған қатынас жеткілікті түрде жүзеге асырылмады, қоғамдық пікірді зерттеу қарадүрсін жүргізілді. Бүгінде нақ осыған айрықша көңіл бөлінуде. Облыстағы саяси жағдайды оперативті зерттеу жөніндегі топпен тығыз ынтымақтасу жолға қойылды. Орталық ауқымында сайлаушылар клубы жұмыс істей бастады, СССР халық депутаты И. М. Гульченко оның председателі. Клубтың мақсаты — сайлаушылар мен жергілікті Советтердің халық депутаттарын СССР халық депутаттарының съезі мен СССР Жоғарғы Советі сессиясының қарауына ұсынылатын заң жобаларын талқылауға, облыс орталығын, аудандарды, бүкіл облысты дамытудың өмірлік маңызды мәселелерін шешу жолдарын коллективті түрде іздестіруге тарту, СССР халық депутаттарының қызметі туралы халықты хабарландыру. Саяси оқу үйінің консультациялық-информациялық орталығында заң жобалары бар, тұрғындар да оларды зерттеп, өз қатынастарын білдіріп, депутатқа ұсыныстар жасай алады. Халықтың клуб жұмысына зор ықылас білдіріп, белсене қатысуын, пікірталастың өткірлігін атаған орынды. Ішінара алғанда, мұнда «Қазақ ССР халық депутаттары жергілікті Советтері депутаттарының сайлауы туралы» Заң жобасы және тіл туралы Заң кеңінен талқыланды.

«Сенім телефоны» сайлаушылармен жеке жұмыстың, олардың ұсыныстары мен ескертпелерін жүзеге асырудың маңызды каналына айналды. Оның номері облыстық газеттерде жарияланды және телефон қызметін көптеген петропавлдықтар мен селолық аудандар тұрғындары пайдаланады. Олар қоятын сұрақтар облыстық партия комитеті мен атқару комитетінің бөлімдерінде қаралады.

Қоғамдық-саяси орталық ауқымында лениндік ұлт саясатын насихаттау жөнінен активистер тобы құрылды. Олар еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмыста, ұсыныстарды талдап жасауда, конференцияларды, «дөңгелек стол» басындағы сұхбаттарды, пікірталастарды



ЦЕЛИНОГРАД ОБЛЫСЫ. Шортанды ауданының Сейфуллин атындағы совхозында сайлаушылар клубы түн жарымына дейін ашық болады. Село тұрғындары депутаттыққа кандидаттармен кездесу үшін ғана емес, сондай-ақ жаңалықтарды алмасып, көкейтесті істер туралы әңгімелесу, дәрігерлер қабылдауында консультациялар алу үшін оның «алауына» келеді.

СУРЕТТЕ: сайлаушылар клубы орналасқан мәдениет үйі. Клуб жетекшісі Е. В. Евсеева (сол жақта) мен үгітші Т. Ш. Сайбель.

Суреттерді түсірген Ю. КАЗАКОВ.

САЙЛАУШЫЛАР КЛУБЫ



2. «Қазақстан үгітшісі», № 22.

Digitized by Google

ұйымдастыруда партия комитеттеріне, идеология активіне, еңбек коллективтеріне методикалық көмек беруге тиіс.

Сайлаушылардың ұлттық ерекшеліктері де ескеріледі. Саяси оқу үйі базасында «Ана тілі» клубы құрылды, оның ауқымында 20 сентябрьде СССР халық артисі, СССР және Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Асанәлі Әшімовпен кездесу болды. Ол бірден аударылып, қазақ және орыс тілдерінде берілді. Қазақ тілін үйрену жөнінен үйірме ұйымдастырылуда. Мұнда советтік немістер қоғамы жұмыс істейді, осы мақсат үшін арнаулы аудитория жабдықталуда.

Қоғамдық-саяси орталықта интеллигенциямен жұмысқа көп көңіл бөлінеді. Саяси оқу үйінде творчестволық интеллигенция клубы, міне, екінші жыл жұмыс жасайды. Оның ай сайынғы мәжілістеріне жергілікті жазушылар, ақындар, суретшілер, артистер жиналады.

Қоғамдық-саяси орталық Советтік бейбітшілік қоры облыстық бөлімшесімен, облыстық комсомол ұйымымен облыстық зерде кітабын жасау жөніндегі жұмыста ынтымақтасып отыр, мұнда да «Ізденіс» тобы тығылықты көмекшіге айналды. Биыл көктемде оның мүшелері «Зерде» Бүкілодақтық акциясына қатысты, ол Новгород облысында өткен еді. Оның материалдары бойынша облыс жастарымен, Бүкілодақтық «Ізденіс» тобының жетекшісі Степан Савельевич Кашуркомен бірнеше кездесу өткізілді. Облыстық комсомол комитеті идеология бөлімінің меңгерушісі В. Ачкасов жетекшілік ететін «Сұхбат» пікірталас клубы екінші жыл жұмыс жасайды. Клуб жұмысы жастарға тәрбие беруде жаңа қатынастарды табуға — жігіттер мен қыздардың мүддесін ескеру, дүниені аңғара білу арқылы тәрбиелеуге көмектеседі.

Саяси оқу үйінің методисі М. Ф. Кононов жетекшілік ететін саяси кітаптар клубы да сайлаушылармен жұмысқа белсенді қатысады. Қоғамдық-саяси орталықтағы әр кездесуге орай әдебиеттер сатылады. Демек, асхана-кафе де келушілерге қызмет көрсетеді. Саяси оқу үйінің қызметкерлері қоғамдық-саяси шаралардың толық бағалы бос уақытты ұйымдастырумен сүйемелденуіне қамқорлық жасайды.

Қазір қоғамдық-саяси орталық активистерінде қызу шақ. Біз жергілікті Советтердің сайлауына әзірлік жөніндегі бұқаралық-саяси жұмысқа нақты кірістік. Ең алдымен Советтердің өскелең ролін, олардың облыс еңбекшілерінің өмірінің өзекті проблемаларын шешу жөніндегі қызметін көрсетуге ұмтыламыз. Әлбетте, тыңдаушылардың дұрыс таңдау жасауына көмектесу туралы айрықша қамқорлық жасалады. Демек, өткен сайлауда мынадай жағдайлар ұшырасып қалды: қайсыбір кандидат үшін дауыс беру барысында, айталық, сол кандидаттың кездесуде өзін қалай ұстайтыны, өз пікірін қалай баяндайтыны секілді кездейсоқ көріністер шешуші сәт болды ғой, мұның барысында оның платформасы мен позициясы екінші қатарға ығыстырылды. Жақындап келе жатқан сайлауда бұған жол бермес үшін біз сайлаушыларды кандидаттармен кеңінен таныстыруға ұмтылудамыз. Олармен кездесулер радио мен телевизия арқылы беріледі. Мұның өзі біздің орталығымыздың ықпал жасау жүйесін анағұрлым ұлғайтуда.

Бір сөзбен айтқанда, ізденістерді, эксперименттер жасауды жалғастырып отырмыз. Дегенмен мынаған көміл сенемін: келелі ауызекі әңгіме деңгейінде адамдардың өзара араласуын белсенді түрде дамыту, бүгінде қоғамды толғандырып отырған барлық мәселелер жөнінен ғылыми дәлелдер қажет.

Л. САПРЫГИНА,
Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті саяси оқу үйінің меңгерушісі.
Петропавл қаласы.

«Собеседник» клубында

Ертіс қаласында «Собеседник» қоғамдық-саяси клубы, міне, үшінші жыл жұмыс істейді. Оның «дөңгелек столы» басында өзекті проблемалар, мәселен, «Қастардың қоғамдық-саяси белсенділігін дамыту жолдары», «Кінәратсыз өмір салтын қалыптастыру», «Ұлтаралық қатынас мәдениеті» мәселелері талқыланады. Ертістіктер алдында облыс пен республиканың жетекші лекторлары, партия, совет органдарының қызметкерлері, өндіріс мамандары, мұғалімдер, дәрігерлер сөз сөйлейді.

«Собеседник» клубының мәжілісі аудандық партия комитетінде, сондай-ақ Ертіс кәсіпорындарында, аудан совхоздарында өткізіледі.

Бұл күндері клубта депутаттыққа кандидаттармен кездесулер өтуде, халық депутаттары жергілікті Советтері жұмысының проблемалары талқылануда.

Ғ. ЖАМАНБАЛИНОВ.
Павлодар облысы.

Digitized by Google

Жезқазғандық металлургтердің әлеуметтік программасы

Биыл жазда Металлург күніне арналған мақаланы әзірлеу үстінде редакция қызметкерлері мынадай көріністі ұшыратты: «Қ. И. Сәтпаев атындағы «Джезказган-цветмет» ғылыми-өндірістік бірлестігінде еңбек өнімділігінің өсімі цифрмен көрсетіліпті. Қолжазбада айтылғанындай, жезқазғандық металлургтер өткен жыл ішінде осы көрсеткішті 37 процент көтеріпті. Демек біздің жолдастарымызға өсім тым жоғары сияқты көрінді. Дегенмен тексерулер бұл цифрларды қуаттады.

Шаруашылық есептің екінші моделі бойынша жұмыс істеуге ауысып, бригадалық шаруашылық есепті жер-жерде дерлік енгізіп, бірлестік қызметкерлері ірі резервтерді жедел іске қоса білді: өнім өндіруді арттырып, оның сапасын көтерді, жабдықтарды қамту аймағын кеңейтті, өнімсіз шығынды шұғыл қысқартты. Соның нәтижесінде жоспардан тыс табыс та өсті, өткен жылы ол 20 миллион сомнан асты. Шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыру алынған табысты бөлуге, ертеден-ақ мезгілі жеткен әлеуметтік проблемаларды шешуге: негізгі және қосалқы цехтар мен қызметтер коллективтеріне жасалатын жеңілдіктерді теңестіруге, пенсионерлерге жәрдем бөлуге, баланы күту жөнінен әйелдерге ақы төленетін демалыс беруді т. б. қамтамасыз етуге жаңаша қарауға мүмкіндік берді. Еңбек ақының бірыңғай қоры жасалды, социалистік жарыс жеңімпаздарын мадақтауға арналған қаржы екі есе көбейді.

Бірлестік кәсіподақ комитетінің председателі **Юрий Петрович КАРЦЕВ** төменде осы жайлы әңгімелейді.

Біз февральда коллективті шартты жасасу жөнінен еңбек конференциясын өткіздік. Ал июльде кезекті конференцияны өткіздік, сөйтіп бұрынырақта қабылданған шарт тармақтарының бір бөлігін қайта қарауға тура келді. Мәселен, бөлімшелер жетекшілеріне кәсіподақ комиттерімен келісу арқылы пенсияға шығып бара жатқан адамды үш айлық ақы мөлшерінде мадақтауға рұқсат етілді. Мұндағы шарт біреу: бізде әйел 20 жыл, ал еркек — 25 жыл жұмыс істеуге тиіс. Енді мадақтау көлемін екі есе көбейтуге үйғардық.

Осы ереже 1 октябрьден күшіне енді. Бірлестік осы күннен бастап пенсиясы айына 70 сомнан аспайтын пенсионерлерге айлық табысы кемінде 90 сом болатындай етіп жәрдем бөлетін болады. Осы жеңілдік бірлестікте кемінде он жыл жұмыс істеген және пенсияға ғылыми-өндірістік бірлестіктен шыққан адамдар үшін көзделген. Тағы бір қосымша: егер пенсионер еш жерде жұмыс істемей, тек жәрдеммен ғана күн көрсе, ал біздің кәсіпорнымыздағы оның еңбек стажы он жылға жетпесе, онда ағымдағы жыл қорытындысы бойынша ол он үшінші жалақы деп аталатын айлықты, яғни жыл қорытындысы бойынша сыйлық алады. Бұл пенсионер пенсияға шыққанға дейінгі жыл ішінде бұрынғы жұмыс орны бойынша алған мадақтау мөлшеріне теңеледі.

Сонымен біз пенсионерлер тұрғысынан мемлекеттік әлеуметтік программадан қыруар алда келеміз. Әйелдер тұрғысынан да осындай программа талдап жасалды. Оларға босанғаннан кейін үш жыл бойы баланы күту үшін демалыс беріледі және ай сайын 90 сом төленеді. Әрине, мұндай әйелдің қосымша табыс қайнары болмаған жағдайда ғана осылай жасалады. Мұның өзі бірлестік үшін де тиімді. Бізде жыл сайын орта есеппен 600 әйел декретті демалысқа шығады, ал мұның өзі бала бақшадағы 600 яслилік орын ғой. Енді ондағы орын босауда, осының есебінен ересектеу балалар орны көбейтілуде. Сөйтіп жаңа балалар мекемелері құрылысының қажеттігі жойылуда.

Бірлестік кәсіпорындарында әлі де көп әйел жұмыс істейді, олардың қыруар бөлігі ауыр қол еңбегімен айналысады. Олардың еңбегін жеңілдету — бірінші кезекті маңызы бар міндет. Бұрын да осы жайлы көп айтылды, алайда, былайша айтқанда, бірыңғай косметикалық шаралар қабылданды. Енді мынадай мысал келтіре аламын: жол жұмыстарында істейтін Солтүстік руднигінің әйелдерін жинадық. Кім жаңа кәсіпті, айталық, сылақшы-сыршы кәсібін алғысы келеді, оларды кәсіпорын есебінен оқытатын боламыз дедік. Оқудың барлық алты айы ішінде орташа жалақы алатын боласыздар. Бұған келісті, бірақ бәрі бірдей емес. Мұнда психологиялық сәттің де әсері болса керек: жұмысқа дағдыланып, үйреніп алған, ал өзгеріс үрейлендіреді...

Сол Солтүстік рудникте әйелдердің жұмыс сменасын бір сағатқа қысқарту мүмкіншілігін таптық. Біз өндірісте істейтін барлық әйелдер үшін осындай жағдайды қарастырудамыз. Дегенмен әзірше дәлме-дәлдіктегі жолды: сменаны қысқартуды

Digitized by Google

немесе ай сайын қосымша демалыс беру керектігін анықтай алмай отырмыз. Қандай болғанда да 41 сағаттық жұмыс аптасы барысында бізде әйелдердің отыз тоғыз сағаттық жұмыс аптасы болады.

Қазір тағы бір үлкен істі аяқтай қалдық: семьяның бір мүшесіне шаққанда табыс айына 50 сомнан аспайтын көп балалы және жетімді қамтамасыз етілмеген семьяларды анықтаудамыз. Алдағы жылдың январынан осы семьялардағы әр балаға 16 жасқа жеткенге дейін 50 сомнан төлеу ұйғарымы жасалды.

Бірлестікте жұмыс істейтіндердің бәрін бірдей осы тұрғыдан теңестіргенімізді атап көрсеткім келеді. Бұрын кітапханашылар, мәдениет және спорт мекемелерінің қызметкерлері, еңбеккерлердің бірқатар басқа категориялары былайша екінші қатарда саналды. Енді ғылыми-өндірістік бірлестік коллективі тұрғысынан қабылданып жатқан барлық шаралардың осы қызметкерлерге де қатысы бар. Мәселен, біз алдағы жылдың январынан бірлестік қызметкерлерінің барлық категориясы үшін 24 жұмыс күніне созылатын негізігі демалысты енгіземіз.

Біз тиянақты финанс базамыз болғандықтан осы шаралардың бәрін қабылдаудамыз. Адамдардың түрлі үстемелер арқылы өз еңбегі үшін мүмкіндігінше көбірек табыс алуына ұмытылып келеміз. Міне жарты жылдың қорытындысы бойынша жетінші жалақы төлеу мүмкіндігі табылды. Демалысқа шығушылар үшін емделу немесе тегін жолдамалар бөлуді белгілеудеміз. Ал егер керекті жолдаманы өзің сатып алсаң, кәсіпорын оның ақшасын төлейді.

Бір сөзбен айтқанда, тікелей, сондай-ақ жанама табысты арттыру үшін зор мүмкіншіліктер ашылуда. Мәселен, қызметкерлер үшін біздің профилакторилерімізге арналған жолдамалар тегін болуға тиіс деп есептейді кәсіподақ комитеті, пионер лагерьлерін тамақ сапасы жақсартылған санторийлік категорияға ауыстырудамыз — қосымша шығын өндіріс есебінен өтеледі. Бірлестіктің әр кәсіпорнының

ТЕҢІЗ: ПРОБЛЕМАЛАР ТҮЙІНІ ШЕШІЛУДЕ

Гурьев облысында құрылып жатқан Теңіз мұнай-газ комплексін ешбір әсірелемей-ақ орасан үлкен комплекс деп атауға болады. Таяу болашақта еліміздегі мұнай өндірудің басты орталықтарының бірі, осылай қарай ойысады. Еліміздің барлық республикаларының аса белсенді қатысуы арқылы мұнда біршама қысқа мерзім ішінде 1,2 миллирад сомнан астам күрделі қаржы игерілді. Дүние жүзінің 8 елі комплексті жасауға қайсыбір дәрежеде қатысып отыр. Күрделі пластамасса өндіру жөнінен «Тенгизполимер» (СССР, Жапония, Италия, АҚШ), Королев кенішін әзірлеу жөніндегі (СССР мен АҚШ) бірлескен кәсіпорындарды құру туралы келісім жасалуда.

Жаңа комплексті қалыптастыру аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған кең перспективалар ашуда. Дегенмен мұнда бәрі дереу жасалады деп үміттенуге ешбір болмайды. Өкінішке қарай, бүгінде мұнда көптеген әлеуметтік проблемалар шиеленісті. Бұл ең алдымен мынаған байланысты: «Тенгизнефтегаз» өндірістік бірлестігінің, сондай-ақ мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің басшылары оларға тиісті көңіл бөлмейді. Осы мақсатқа бөлініп жатқан күрделі қаржы жыл сайын игерілмей қалады. Комплексте әлеуметтік жүйені дамытуға арналған шығынның мөлшері күрделі қаржының жалпы мөлшерінің 10—12 процентінен аспайды (нормативтегі 30 проценттің орнына). Сондықтан «Тенгизнефтегаз» комплексі орналасқан Құлсары поселкесінде тұрғын үймен қамтамасыз етілудің 60 проценттен сәл астамын, ауруханалар — 47, балалар мекемелері — 50, сауда кәсіпорындары — 50, қоғамдық тамақтандыру — 60, жалпы білім беретін мектептер — 70 процент құрайтынына таңданбау керек. Осыдан барып кадрлардың тұрақтамауы жоғары.

Егер әуел бастан-ақ жоспарлау мен басқарудың салалық және территориялық әдістерінің тығыз түйісуі қамтамасыз етілсе, ал халық депутаттарының жергілікті Советтері территорияны комплексті дамыту мәселелерін шешуде нақты билікке ие болса, осының бәріне жол бермеуге болатын еді. Гурьев облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитеті Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, СССР Жоспарлау комитеті алдына осы мәселелердің бәрін бірнеше рет қойғанын, алайда олардың ұсыныстары қолдау таппағанын атап көрсету керек.

Кенішті игеруге деген қатынастағы шаблондар да өте-мөте оралғы жасауда. Мәселен, еңбекті ұйымдастырудың вахталық әдісін алайық. Мәлім болғанындай, ол Батыс Сібір мұнай-газ комплексін жасау барысында, Сібір мен Қиыр Шығысты игеруде кеңінен пай-

Digitized by Google

еңбекшілерді азық-түлікпен жабдықтауды жақсартуы жөнінен нақты міндетті орындау мақсатын қойдық. Қазір Батыс руднигі тамақтандыру комбинатына қозықұйрық, Шығыс және Солтүстік рудниктері шошқа етін береді, мыс заводы теплицаны қолға алды, байыту фабрикасы балық өсіреді, құю-механика заводы бұзауларды сатып алып, бордақылауға қояды. Мұнда, әрине, қосымша шығындар, сонымен бірге қосымша табыстар баршылық. Оның үстіне әр кәсіпорынның қоғамдық огороды бар, оның өнімі де ортақ қазанға түседі.

Шаруашылық дербестілігі өз күшімізбен тұрғын үйді көптеп салуымызға, жеке құрылысты дамытуымызға мүмкіндік береді, біз табыстан қызметкерлерге осы құрылыс үшін 600 мың сом мөлшерінде несие бөлдік. Еңбекті қорғауға, техника қауіпсіздігіне, еңбек жағдайын жақсартуға қаржыны көбірек босатудамыз. Қарапайым мысал мынадай: арнаулы киімді пайдалану нормасы бар. Дегенмен біз осы нормаларды сақтамауға ұйғардық: етік, қолғап, шалбар жыртылып қалса, қоймаға келіп, жаңасын ала бер.

Осы жолдарды оқыған кейбір адамдар «жезқазғандықтар асқақтап кетпен екен, ақшаны қайда жұмсарын білмейді» деп айтар деп қауіптенемін. Бұл үстірт пайымдау болмақ. Біздің коллективімізде адамға «жұмсалған» ақша өте тиімді деп есептейді. Бізде жұмысшылар мен мамандар күрделі, ауыр жағдайда еңбек етеді. Осыған қарамастан олар өздерінің еңбек парызын адал орындауда.

Сайып келгенде, экономикалық реформа әр адамның еңбегі мен коллективтің түпкі нәтижелері арасындағы байланысты нығайту үшін жағдай жасады, ал мұның өзі әр кісінің тапсырылған іс үшін жауапкершілігін көтеруде. Түсінік жұмысын жүргізе отырып, партия және кәсіподақ ұйымдары материалдық игілікті күнделікті табанды да жоғары өнімді еңбекпен табу керектігін және онсыз кәсіпорынның қоры өте тез сарқылып қалатынын атап көрсетеді.

даланылып, онда өзін ақтады. Дегенмен игеріліп жатқан аудандарда жұмысшылар мен мамандардың уақытша болуына байланысты оның келеңсіз жақтары да анықталды. Осы тәжірибе Теңізге сол күйінде дерлік көшірілді. Мұнда өзіндік еңбек және ұлттық және табиғи-климаттық жағдайлардың ерекшеліктері бар екені ескерілмеді. Егер облыста жұмыс басты емес 39 мың адам бар екенін, олардың 12,5 мыңы тындырымды жұмысшы күші, соның ішінде мамандығы бойынша жұмыс беру жағдайында еңбек етуге тілек білдірген құрылысшылар, мұнайшылар екенін ескерсек, онда вахташылар санын жұмыс істеушілердің жалпы санының 56 процентіне жеткізуге, демек Гурьев облысының өзінен олардың тек 12,7 процентін әкелуге болмайтын еді.

Іс мынаған дейін барды: жергілікті кәсіптік-техникалық училищелердің 300-ден астам түлегі жыл сайын облыстан, тіпті республикадан тыс жерлерде еңбекке орналасуға мәжбүр болды.

Жергілікті тұрғындарды жұмысқа қабылдаудан бас тарту олардың біліктілігінің төмендігімен немесе жалпы қайсыбір мамандықтың жоқтығымен түсіндірілді. Әрине, мұнай-газ комплексі белгілі бір мамандықтардың, демек облыста жоқ және таяудағы бірнеше жылда бере алмайтын жоғары білікті жұмысшыларды қажетсінеді. Вахталық әдістің комплексті игеру жөніндегі жұмысты қыруар жеделдетуге көмектескені даусыз. Бүгінде де одан толығынан бас тартуға болмайды. Алайда басқа жерлерден көпшілік және тындырымды кәсіптердің мыңдаған жұмысшыларын, тіпті жергілікті халық арасынан біршама жедел даярлауға болатын жүк тиеушілерді, кассирлерді, секретарь-машинисткаларды осында әкелу фактісін ешбір ақтауға болмайды. Басқа аймақтардан жұмысшыларды осында тартатын басты себеп — бұл жалақыға үстеменің жоғары деңгейі (70 процент), сонымен бірге аудандық коэффициент жергілікті бағыныстағы кәсіпорындар үшін анағұрлым төмен (30 процент).

Халықтың еңбекке қабілетті тобының 70 процентін құрайтын әйелдерді еңбекке орналастыру ісі өте күрделі болып отыр. Негізінен олар мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде орын беру, сондай-ақ қайсыбір мамандыққа үйрету барысында қоғамдық өндіріске қатысуға тілек білдіруші 18—30 жастағы қыздар мен келіншектер. Аймақта қабілетті және жұмыс істегісі келетін пенсионерлер мен мүгедектер аз емес.

Қазір халықтың талқылауына ұсынылған Қазақ ССР-інің өзін-өзі басқару және өзін-өзі қаржыландыру концепциясының жобасы аймақтарды комплексті дамытуда жергілікті өкімет органдарының ролін елеулі түрде арттырып, ведомстволық өктемдікке нақты тосқауыл қояды. Алайда жаңа жағдайда проблемалардың бәрі өздігінен шешіледі деп есептеуге болмайды. Қазірдің өзінде аймақтағы жұмыс бастылықты реттеудің әлеуметтік-экономикалық механизмін пы-

Digitized by Google

сықтауды қолға алып, облыстық атқару комитетінің жоспарлау бас басқармасының, еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлімінің, сондай-ақ еңбекке орналастыру, қайта бөлу және кәсіптік бағдар беру жөніндегі орталықтар мен бюролардың қызметін мықтап жақсарту керек.

Олардың көпшілігінің жұмысы тым төмен деңгейде жүргізіледі. Демек еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі бөлім қызметкерлері уақытының үлкен бөлігі анықтамалар, жоғары органдарға есептер жазуға кетеді. Олардың көпшілігі жоспарлау бас басқармасының тиісті бөлімдерінің қызметін қайталайды. Осы қызметтердің кадрлар құрамын нығайту талап етіледі. Гурьев облыстық орталығының бастығы мамандығы жағынан техник-электрик, екі қызметкердің педагогикалық білімі бар, бір қызметкер сауда экономисі болып табылады. Құлсары бюросының бастығы — педагог, шаттатағы үш қызметкердің біреуінің ғана орта арнаулы білімі бар. Біз жүргізген анкеталық сұраудың көрсеткеніндей, қызметкерлердің бәрі бірдей өз функцияларын анық елестете алмайды, көпшілігі өздеріне жүгінген азаматтарды тікелей еңбекке орналастырудан ғана бюро міндетін көреді.

Экономистерді, демографтарды, психологтарды, социологтарды осы органдарға тартатын мезгіл жетті. Жұмыс бастылық пен халықтың көшіп-қонуы туралы көлемді информациялар банкі де керек. Осыған орай бұл мәселелермен айналысатын ғалымдар мен мамандардың уақытша творчестволық коллективтерін құру тиімді болып көрінеді. Аймақта алдағы бес жылдықта жұмыс бастылықтың ұтымды құрылымының болжамын талдап жасауды, жұмыс істемейтін халықты қоғамдық өндіріске тартудың т. б. аса ыңғайлы варианттарын әзірлеуді оларға тапсыруға болады ғой. Мұны жасауға әбден болады, өйткені еңбекке орналастыру жөніндегі бюро шаруашылық есептегі бюро болып табылады.

А. БАЕКЕШЕВА,
Алматы халық шаруашылығы институтының аспиранты.

ҚАЗАҚ ССР СТАТИСТИКА ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

1989 ЖЫЛЫ ЯНВАРЬ — СЕНТЯБРЬДЕ ҚАЗАҚ ССР-ІНІҢ КЕЙБІР КӘСІПОРЫНДАРЫНДА ОРЫН АЛҒАН ЖҰМЫСҚА ЖАППАЙ ШЫҚПАУШЫЛЫҚҚА (ереуілге) БАЙЛАНЫСТЫ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ МЕН ӨНІМ МӨЛШЕРІНІҢ ЫСЫРАБЫ

	Жұмыс уақытының ысырабы, адам-күн	Олардың ішінде		Берілмеген өнімнің, орындалмаған жұмыстың мөлшері, мың сом	
		өнеркәсіпте	құрылыста	өнеркәсіпте	құрылыста
Қазақ ССР	75996	60060	4321	6085,0	250,8
соның ішінде облыстар бойынша					
Гурьев	18814	2927	4321	836,0	250,8
Жамбыл	49	-	-	-	-
Қарағанды	56984	56984	-	5240,7	-
Целиноград	149	149	-	8,3	-

Өнеркәсіпте аталған ысырап олардың жалпы мөлшерінің 79 процентін, құрылыста — 6, транспортта — 9, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта 4 процентін құрады.

«Карагандауголь» өндірістік бірлестігінде өте көп ысырапқа жол берілді, онда ереуіл күндері 275 мың тонна көмір мен 33 мың тонна көмір концентраты берілмеді. Шахтинск жуу құралдары заводында 4,6 тонна сабын мен жуу ұнтағы алынбады. «Карагандарезинотехника» (Сарань қаласы) бірлестігінің жұмысында іркіліске жол берілді, олар бірнеше мың погон метр бұйымды бере алмады.

Жаңа өзендегі жаппай ретсіздік кезінде Гурьев облысында өнімдердің (мұндайдың, аяқкиімнің, тігін бұйымдарының) кем берілуіне соқтырды. Мұнда құрылысшылар тұрып қалды, олар 250 мыңнан астам сомның құрылыс жұмыстарын орындай алмады. Осы қаржы 20—25 пәтер құрылысына толығынан жетеді.

Целиноград облысында «Каззолото» кен-байыту комбинатында, Жамбылда — жолаушылар автобусы паркінде жұмысқа шықпауға жол берілді.

Келтірілген цифрлардан ереуілдер, бұқаралық ретсіздіктер қоғамға өте қымбатқа түсетінін көруге болады.

Digitized by Google

ДОСЫМНЫҢ ТІЛІ—МЕНІҢ ДЕ ТІЛІМ



Біз тілді оқып, үйрену туралы сұхбатқа қатысуға шақырған филология ғылымының докторы А. Горковец пен филология ғылымының кандидаты С. Б. Бизақов тек әріптестер ғана емес, оларды көптеген нәрсе біріктіреді. Александр Николаевич тым бертінде Сейдін Бизақұлы жүргізген қазақ тілін үйрену курсында оқыды, әлбетте, әңгіміміз курс туралы, ұстаздың шәкіртке, керісінше, шәкірттің ұстазға қалай қарайтыны туралы мәселеден басталды.



С. БИЗАҚОВ: О не дегеніңіз, Александр Николаевичке қазақша біршама еркін сөйлеу үшін екі айдың өзі жеткілікті болды.

ТІЛШІ: Мұның сәті қалай түсті! Өйткені біз мектепте және институтта солбір ағылшын немесе неміс тілін он жыл бойы оқимыз, бірақ «мылқау» күйімізде қалып қоямыз ғой...

С. БИЗАҚОВ: Бұл арадағы жағдай айрықша ғой. Александр Николаевич орыс пен украин тілдеріне қоса белорус, поляк, болгар, түрік, қырым татарлары тілін біледі. Ол еліміздегі қырым татарларының тілі, осы халықтың тарихы мен мәдениеті жөнінен жетекші мамандардың бірі болып табылады, осы проблемалар бойынша үш кітап шығарды. Әріптесімнің көптеген тілдерді жете білуі қазақша сөйлеуді соншалықты жедел меңгеруіне көмектесті. Бұл тұрғыдан лингвистикада біржақты пікір бар: тілдерді көбірек білген сайын әрбір келесі тілді үйрену жеңілдей түседі.

А. ГОРКОВЕЦ: Дегенмен іс, әлбетте, мұнда ғана емес, Сейдін Бизақұлы талдап жасаған курстардағы сабақ жүйесінің өзі өте-мөте көмектесті. Осы жүйе оның тәуелсіз «Мектеп» баспасынан шығатын «Қазақ тілінің бастауыш курсы» кітабында баяндалған.

Осы жүйенің мәні неде? Сейдін Бизақұлы ауызекі сөйлеу тіліне бірден баули бастады. Көбіне мынадай жағдай болады: адам бес жүз — мың сөзді жаттап алады, бірақ оларды қолдана білмейді. Бизақов сабақтың ықшамдалған графигін — интенсивті тіл практикасымен аптасына бес рет айналысуды енгізді. Екі ай ішінде екі мыңнан астам сөзді үйреніп, оларды еркін пайдалануымның сәті түсті.

С. БИЗАҚОВ: Иә, Александр Николаевич тілді тәп-тәуір білгендіктен, Тіл туралы республикалық заң жобасын талдап жасау жөніндегі комиссияның мүшесі бола отырып, оның мәжілістерінде орыс тілінде де, қазақ тілінде де сөйледі.

ТІЛШІ: Демек сіз Заң жобасы авторларының бірісіз ғой! Бүгінде қазақ тілін үйренуге кіріскендерге қандай кеңес бере аласыз?

А. ГОРКОВЕЦ: Әлбетте, ең біріншісі — бұл жергілікті ұлт тілін білу қажеттілігін шындап сезіну. Заң мұнда ерікті лікке бағдар береді. Демек тіл туралы Заң жеке қатынастарда тілді қолдануға шек қоймайды, әр адам күнделікті тұрмысында өз қалауына қарай тілді пайдалана алады. Лауазымды адамдар, қызмет көрсету жүйесінің қызметкерлері — істің басқа жағы ғой. Олардың заңда тағайындалған мерзімді күтпей-ақ қазақ тілін үйрене бастауы, бастапқыда қабылдауға келгендермен жеңіл-желпі түсінісе білуі керек қой деп ойлаймын.

Ал жалпы жаңа заңды іске қосу тәртібі мұқият ойластырылған. Демек көп талас тудырған 16-статья (жобадағы 17-статья) бес жыл ішінде күшіне енгізіледі, осы мерзімде тілді әбден үйренуге болады ғой. Онда Мемлекеттік өкімет басқару органдары, право қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру органдары, халыққа білім беру, мәдениет пен денсаулық сақтау мекемелері, сауда, тұрмыстық қызмет көрсету, байланыс, транспорт, коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары, бұқаралық коммуникация мен информация құралдары қызметкерлері қазақ және орыс тілін, ал басқа ұлттық топтар жинақы тұратын жерлерде олардың да тілін қызмет функцияларын орындау үшін қажетті көлемде білуге тиіс делінгенін ескертейін.

Digitized by Google

С. БИЗАҚОВ: Кейбіреулер осы міндетті орынсыз ауырлатып отыр ғой деп ойлаймын. Қызмет көрсету жүйесі қызметкерлерінің өздерінің тиісті міндеттерін орындауы үшін шамамен жүз сөзді білуі қажет.

А. ГОРКОВЕЦ: Ал сүйіспеншілігіңді білдіру үшін он бес сөз де жетеді дейді ғой. Бұл қалжың, әрине, ал егер шынтуайтына келсек, ең алдымен тіл туралы республикалық заңда аталған кәсіп өкілдеріне керекті сөздік минимумды анықтау керек.

С. БИЗАҚОВ: Қазір Ақтөбеде нақ осылай жасады. Онда лингвистердің көмегі арқылы медицина қызметкерлеріне, педагогтарға, сатушыларға т.б. арналған минимумды анықтап, тілашарлар жасады. Сөз саны шамамен жүз сөзден екі жүз сөзге дейін құрайды. Егер күніне тіпті бір сөзден үйренер болсақ, осы минимумды небары бірнеше ай ішінде меңгеруге болады. Дегенмен көбірек сөйлесуге ұмтылу, қысылмау, білмеген сөздерді жолдастарыңнан, қызметтес достарыңнан, таныстарыңнан сұрауға ұялмау керек, сонда іс ілгері басады.

ТІЛШІ: Ал елеулі жұмыстан жалтару дегеніміз қадірді кетіру емес пе!

А. ГОРКОВЕЦ: Мүлдем олай емес. Осы арқылы тілді үйренуге деген үрейді сейілтуге болады: қайсыбір тіл — бұл тұтас мұхит деуге болады, одан кенеттен жүзіп өте алмайсың. Сондықтан қайсыбір келелі бастамадағыдай, алғашқы қадамды жасау өте-мөте маңызды. Менің байқауымша, сөздік қор кемінде 500—700 сөз болуға тиіс. Қазақ тілін үйренуді мықтап қолға алған әр адам бұған өкінбейтініне кәміл сенемін. Оның мынадай себептері де баршылық. Біріншіден, кезінде Гетенің айтқанындай, егер адам шетелдік бірде-бір тілді білмесе, онда ол өз тілі туралы да ештеңе білмейді. Ал мұнда туысқан халықтың тілі, біз бір семьяда тұратын, ортақ тағдырмен байланысқан адамдар тілі туралы сөз болып отыр. Мұны өзіме қарап бағалай аламын: тілді білу мені институт коллективіндегі адамдармен етене жақындата түсті, төңірегімдегі кісілермен араласуымды анағұрлым жеңілдетті. Екіншіден, қазақ тілі өзбек, қырғыз, ұйғыр, башқұрт, татар, азербайжан сияқты көп санды түркі халқы тілдерімен өзара өте ұқсас.

Сайып келгенде, лингвист ретінде қазақ тілінің орасан зор уыттылығы, эстетикалық байлығы, оның өте-мөте образдығы туралы сипаттай аламын. Бұл жерде орыстың көрнекті шығыс танушы-тюркологы, Петербург Ғылым академиясының академигі Василий Васильевич Радловтың пікіріне сілтеме жасамауыма болмайды. Ол былай деп жазды: «Қазақтардың тілі жатық әрі шешен. Сөздері өткір әрі шымшымалы да жиі. Сұрақ пен жауапқа тапқыр, кейде таңданарлықтай епті сөйлейді. Көз келгені, тіпті сауатсыз қазақтың өзі, меншікті тілін меңгеру күші сондай, ондайды біз Европада тек французбен мен орыстардан ғана байқай аламыз. Сөйлей қалғанда, олардың сөз орамдары таза да сүйкімді».

С. БИЗАҚОВ: Заң республикада тұратын барлық халықтар тілдерін оқып-үйрену үшін кең өріс ашатынын атап көрсеткім келеді. Ал бұған дейін филолог ретінде маған Пушкинді, Лермонтовты, Толстойды және басқа орыс жазушыларын түп нұсқада оқи алмауымнан қатты қиналдым. Ал Ленин еңбектерін орыс тілінде оқуым барысында қандай қайталанбас дүние ашылды десеңізші. Мен қазақ жастарында, басқа ұлттық топтар жастарында орыс тіліне деген ынта-ықылас төмендемесе екен деймін. Ол шын мәнінде ұлы да қуатты, бізді шын мәнінде әлдірек те бай ете түседі. Мен орыс тілін тым кеш — отыз жасқа толған шағымда үйрендім. Өйткені шалғай ауданда тұрдым, ал әскери қызметтен босатылған едім. Демек орыс тілін үйрену барысында маған балаларым қатты көмектесті. Балалар, менің байқауымша, бала бақшадан, мектептен жаңа сөздерді үйреніп келіп, тілдерді үйрену барысында өзіндік семьялық мұғалімге айнала алады.

А. ГОРКОВЕЦ: Бұл орынды пікір. Оқу орындарында тілді оқытуды қайта құруды дереу бастау, бала бақшаларда тілді үйренуге арналған құралдарды табу керек. Оқытудың осы заманғы әдістеріне, соның ішінде Сейдін Бизақұлының жүйесіне мықтап жүгіну керек қой деп ойлаймын, ол тіл пәндерін үйренуді көптеген жылдарға созатын дәстүрлі әдістермен салыстырғанда елеулі нәтижелер береді.

С. БИЗАҚОВ: Игі сөзіңізге рахмет. Дегенмен менің ізденістерім еліміздің көптеген басқа лингвистерінің эксперименттерімен қатар өтуде. Москва мемлекеттік университетінде интенсивті оқыту технологиясының орталығы құрылды. Оның қандай асқақ естілетінін байқап отырсыздар ғой. СССР-дің Әлеуметтік өнертабыстар қоры оны ұйымдастырушыға айналды.

Баспасөзде хабарланғанындай, осы орталықта экспертиза жүргізу кезінде студенттер тобы небары 48 аудиториялық практикалық сағатты өткізу барысында қытай тілін ауызша әңгімелесу, оқу, хат жазу деңгейінде меңгерді. Оқудың

Digitized by Google

жалпы ұзақтығы алты айға жуық. Жаңа әдіс бойынша оқытқаннан кейін студенттер қытай тілімен мықтап айналыса бастады. Қазіргі уақытта олардың бірқатары қытай тілінен сабақ береді, ал біреуі осы саладағы ғылыми жұмысқа бой ұрды. Осы тәрізді фактілер ғалымдарды, педагогтарды тілді меңгерудің тиімді әдістерін творчестволықпен іздістіруге ынталандыруға тиіс. Бұл тұрғыдан кешеуілдеуге болмайды.

ТІЛШІ: Демек біздің қонақтарымыздың пікірлерімен келіспеуге болмайды.

Сұхбатты жүргізген
Т. ЩИПАНОВА.

ІС-ҚИМЫЛ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУ

Студент практикада... Бұл алдағы жұмысқа әзірліктің жауапты кезеңі. Демек болашақ маманның өзін өндірістік істер жағынан ғана танытып қоймай, қоғамдық өмірге де белсене қатысуы маңызды. Философия-экономия факультетінде оқитын соңғы курс студенттері жоғары оқу орнының қабырғасында педагогикалық практикадан өтер алдында кафедра оқытушылары оларға қызметтерінің аясын кеңейтуді ұсынды. Ішінара алғанда, практика программасына интернационализмнің идеялық-теориялық және методикалық негіздері, қазіргі кезеңдегі лениндік ұлт саясатын түсіндіру, айналадағы ақиқат құбылыстарын талдау мәселелері енгізілді.

Практика кезінде жоғары курстар студенттері мен олардың төменгі курстардағы әріптестерінде жекелеген мәселелер мен тақырыптар бойынша өткір пікірталастар туындады, оларға жастар көптеп тартылды. Бұл марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, кітаптарды, оқулықтар мен журналдарды мейлінше мұқият оқуды талап етті. Демек практиканттар Ф. Агишева, Б. Жаухашина және Н. Төребеков философия-экономия факультетінің 301-ші тобында өткізген ұлттық және интернационалдық тәрбиенің қоғамдық өмірдегі арақатынасы туралы пікірталас тағылымды. Студенттер «ұлттық» және «интернационалдық» категорияларды, олардың байланысы мен қоғамдық өмірдегі көрінісін анықтады, қоғамдық өмірдегі интернационалдандыру көріністері мен процестері туралы пікір таластырды. Практиканттардың келесі бір тобы — Ж. Айтқожина, Б. Етекбаева, Ж. Нұрманбекова — философия-экономия факультетінің 303-ші тобында «Интернационализм және қазіргі заман» деген диспут өткізді. Олар пікірталас формасында интернационалдандырудың біздің еліміз халықтарының мәдениетіне тигізетін ықпалын анықтады.

Демек КПСС Орталық Комитетінің бертінде өткен Пленумы дұрыс бағдар ұстауға көбірек көмектесті. М. С. Горбачевтің баяндамасында: «Халықтар достығы біз үшін қайдағы бір дерексіз ұран емес, қайта күнделікті өмір шындығы болды. Біз осыны ұмыта аламыз ба, біздің революцияның интернационалистік мұрасынан бас тарта алармыз ба?» деп орынды айтылған.

Алайда бірыңғай диспуттар және әңгімелер арқылы студенттерде интернационалдық иланымды қалыптастыру міндеттерін шешу мүмкін емес, сондықтан университетте жоғары оқу орындарында педагогикалық практика кезінде «Махаббат» кафесінің базасында интернационалдық достық кештерін өткізу дәстүрге айналды. Кеште советтік және шетелдік студенттер кездеседі, олар көркемөнер нөмірлерін әзірлейді,

Студенттерге интернационалдық тәрбие берудің басқа да формалары көріне бастады. Мәселен, өткен педагогикалық практика кезінде философия-экономия факультетінде ауғандық бесінші курс студенттерінен — Абдулла Әзиз, Наима Акбари, Эхсанолла мен Миагуль Сохбралар құрамында насихат тобы құрылды. Оның әңгімелерінің басты тақырыбы — «Ауғанстан: кеше, бүгін және ертең». Практиканттар топты әртүрлі факультеттердің академиялық топтарында жетекшілік ететін студенттермен «дөңгелек стол» басындағы әңгімелерге шақырды. Практиканттар кездесулерде Ауғанстан туралы, оның өткені мен бүгінгі күндері туралы, ұлттық ымыраласу саясаты туралы, Женева келісімдерінің орындалуы туралы әңгімелесіп, студенттер сұрақтарына жауап берді. Олардың Ауғанстандағы саяси оқиғаларға баға берудегі толымды ойларын атап өткіміз келеді.

Б. САДЫҚОВ,
С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының доценті.

Алматы қаласы.

Digitized by Google

ҰСАҚ-ТҮЙЕКТЕН ҮНЕМДЕУ

Тоқаштарды немесе батондарды салуға арналған қағаз қалталардың тоқаш магазиндерімізде әрдайым болуын көзге елестете аламыз ба?

Мен мұндай жағдайды ұшырата алған емеспін. Бізге қарағанда қағазға байланысты жағдай нашар болуға тиісті Герман Демократиялық Республикасында (онда жан басына шаққанда орман 17,5 есе кем) осы пакеттер магазиндердің кәдуілгі үйреншікті заттары. Тұтынушыны орау қағаздарымен жабдықтау міндетті деп есептелетін жергілікті сауда мәдениетіне қоса оның көптеп болуына — 55 процентке жеткізілуіне—ескі қағаздарды ұқсату дәрежесіне қарай қол жетеді, мұның өзі жеткілікті мөлшердегі қағаздың әрдайым және барлық жерде болуына көмектеседі.

Мақалада республикада қайталама шикізатты пайдаланудың осы және басқа мысалдары туралы әңгімеленеді.

Экономиканың осы саласымен танысуды оның төменгі буыны — қабылдау пунктінен бастаған жақсы. Мұнда жұмыс күнінің ұзақтығы кәсіпорындар мен ұйымдарда жұмыс аяқталғаннан кейін олар екі сағаттан соң жабылатындай етіп тағайындалған. Сонымен бірге «Жабық. Ыдыс жоқ» деген жазуды кездейсоқ ұшырату қаупі болмайды.

Егер пункт қызметкерлері демалысқа кетер болса, бір мезгілде көршілес бірнеше пункттің жабылып қалмауы үшін осы ұйғарым магистраттың тиісті қызметімен келіседі.

Бәрін — тоқыма заттарды, металл сынықтарын, шыны ыдыстарды, пластиктен жасалған орау заттарын, пластмассаны және ескі қағаздардың бәрін осында әкелуге болады.

Тиісті ұйымдық және база осыншалықты әртүрлі және көлемді шикізатты жинауға көмектеседі. 1981 жылы құрылған қайталама шикізатты пайдалану жөніндегі комбинат ел ауқымында оларды жинаумен айналысады. Оның әр округте филиалы бар, оған қабылдау пункттері ғана емес (олар барлығы он бес мыңға жуық), қалдықтың жекелеген түрлерін ұқсату жөніндегі мамандандырылған кәсіпорындар бағынады. Берлинде орналасқан өзінің ғылыми-зерттеу институты олардың қызметін үйлестіріп, ұсыныстар береді.

Демек ГДР астанасының мемлекеттік, сондай-ақ меншікті қабылдау пункттерінің (250-ден астам) қаптаған жүйесі бар. Оның үстіне пластиктен жасалған ыдыстарды жинау үшін қалада универсамдар мен магазиндер маңына тағы 200-ден астам торлы контейнерлер қойылған. Мұның өзі өте маңызды — қалдықтардың түр-түрін бір жерде тапсыруға болады, ал бұл келушінің уақытын да, күшін де, нервін де сақтайды.

Егжей-тегжейлі жасалған прейскуранттардың өзінде көзделмеген заттар мен бұйымдар қабылдауға жатады. Мәселен, шөлмек тығындарын алайық. Оларды тапсырғаны үшін жалпы ақша төленбейді. Олар арнайы қойылған ыдысқа салынады.

Бұл ұсақ-түйек дейсіз бе! Олай деп ойламаймын. Статистиканың қуаттап отырғанындай, ГДР-дің әр азаматы (ал бұл 17 миллиондай адам) орта есеппен жылына 140 литрдей сыра тұтынады. Бұл жарты литрлік 280 шөлмек. Және олардың осыншама мөлшерде тығыны бар. Егер олардың бәрі үйіндіге тасталса, онда мемлекеттің жыл сайын оларды 470 миллион данадай дайындауына тура келер еді. Пункттерге өткізілетін олар қайта бал[illegible]ға жіберіледі, негізінен «қайта өндіріле[illegible]

Біздің көпшілігімізде осы мысал[illegible]ін тудыратынына кәміл сенемін. Үлкен, сонымен бірге ұсақ-түйектен үнемдеу ыңғайлы кәсіп емес қой. ГДР-де тұрмыс дәрежесінің біздің елімізге қарағанда жоғары болуында ол аз роль атқарып отырған жоқ.

«Ұсақ-түйектен үнемдеудің» зор мәні туралы төмендегідей факті де сипаттайды: Берлиннің іргесіндегі қала — Хоппегартенде бұдан бірнеше жыл бұрын қайталама шикізаттан түсті металды «айыру» жөнінен техниканың соңғы жетістіктерімен жарақтанған завод тапсырылған еді... Елдің барлық мүйістерінен бөлшектерінде мырыш, мыс, күміс, тіпті

Қалдықтардан пайда табу

Қарағандының жылу жабдықтары заводы өнімдерінің төрттен бірі — халық тұтынатын товарлар. Жуғыштар, радиаторлар, спорт жабдықтары «Карагинднец» фирмалық магазинінің сөрелерінде жатып қалмайды. Үстіміздегі жылы оларды өндіру үш миллион сомға өсті.

Тот баспайтын болаттан жасалған жуғыш заттар өндіру екі есе артты, олар ас үйлік гарнитурларды жабдықтауға кетеді. Кәсіпорында болат қақылтыр қалдықтарынан манты табақтары мен турағыштар жасап шығару жолға қойылды. Жыл басынан бері тоттанбайтын қақылтыр қалдықтарынан 50 мың сомның өнімі шығарылды.

Р. КЕЛЛЕР.

Digitized by Google

алтын секілді бағалы металдар қоспалары бар ескі радио және телевизия қабылдағыштары, кір жуатын машиналар мен центрифуггер, газ және электр пештері осында беріледі. Мұнда аталған металдардың шағын мөлшері туралы әңгіме болып отырғанына қарамастан оларды валютаға сатып алғаннан көрі осындай тәсілмен «айырумен» айналысу экономикалық жағынан ақталған және тиімді.

ГДР-де шикізатты тапсырушы қабылдаушыны іздемейтінін, ол керісінше екенін атамауға болмайды. Демек селолық жерлерде, Берлинде, республиканың басқа қалаларында тұрақты пункттерге қоса жүк машиналарындағы жылжымалы қабылдау пункттері де жұмыс істейді. Қызмет көрсетудің осы түрі азаматтар үшін өте-мөте ыңғайлы. Қабылдау пунктіне бару үшін көбіне уақыт бола бермейтіндіктен подвалдарда орналасқан қоймаларда (әр семьяның мұндай қоймасы бар) немесе сарайларда керексіз заттар көптеп үйіліп қалады. Егер машина болмаса, оларды өткізуге апару соншалық жеңіл де оңай емес, мұнда егде адамдар туралы әңгіме болып отыр. Бұл жағдайда шикізатты қабылдаушы қызмет сізге келеді.

Рас, егде адамдар үшін ескі заттардан арылудың тағы бір мүмкіншілігі бар: оқушылар оның бұларды өткізуіне көмектеседі. Жалпы балалар — осы қозғалысқа аса белсенді қатысушылардың бірі.

«Ұқыптылық» сөзін айту барысында тағы бір сәтке тоқтағым келеді. Қабылдау пункттерінің қызметкерлері шетелдік қайсыбір шыны ыдысты қабылдаудан бас тартатын біздің елімізге қарағанда ГДР-де олар түгелінен дерлік (рас, кемітілген бағамен) қабылдайды.

Осы пайымдауды төмендегідей топтамамен қуаттаймын. Мамандар есептеулері бойынша, 10 мың тонна сынған шыны 7.800 тонна кварцты, 2 200 тонна соданы және 1 200 тонна әкті үнемдейді. Бастапқы өнімді өндіру барысында олар осыншама мөлшер талап етіледі ғой.

Тұтасынан ГДР-де қайталама ресурстарды пайдалану не береді? Аса елеулі пайда береді. Ел жыл сайын 8 миллиардтан астам марка тұратын қалдықтарды жинайды. Демек, оның 1,2 миллиард маркаға жуығы халықтан түседі.

Игорь ВЛАДИМИРОВ,
АПН тілшісі.

«Қағаз» тасқыны азаяр емес

«Мемлекеттік кәсіпорын (бірлестік) туралы» СССР Заңында ол өндіріс мәселелерін жоғарыдан нұсқауды күтпей-ақ дербес шеше алады делінген. Демек заң бар, ал жоғарыдан ұсақ қамқорсушылық жалғасуда.

Мемлекеттік статистика органдары тек бірінші жарты жылдықта ғана кәсіпорындар мен ұйымдардың жоғары ұйымдарға есептер мен анықтамалардың 243 түрін беретінін анықтады. Қазақ республикалық тұтыну қоғамдары одағы жүйесінің кәсіпорындары заңсыз есептің 68 формасын, Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті —50, Мемлекеттік құрылыс комитеті —22 формасын, Транспорт министрлігі мен Жергілікті өнеркәсіп министрлігі салаларында 19 формадан тапсырады.

Қазақ республикалық тұтыну қоғамдары одағының бақылау-тексеру басқармасы информациялар жинау стилі мен әдісін «қайта құруды» талдап жасады. Есеп жинауға болмайды екен деп, өзіне қарайтын облыстық тұтынушылар қоғамдары одағы үшін тоқсан сайын 158 көрсеткішті толтыру арқылы ықшам «текст» информация беруді тағайындады. Ревизорлардың осы информациялардан облыстар мен аудандар ревизорларының не істеп жатқанын, қаншама тексерулер жүргізгенін, олардың не жасағанын және нені анықтағанын білгісі келеді. «Жоғарыдағы осындай құлшыныстарды көрген Шымкент тұтыну одағы қоғамының басшылары тым ілгері басып, өздеріне қарайтын ұйымдардан бір тұтыну қоғамы одағына шаққанда жылына көлемі 16,3 мың көрсеткіші бар форма бойынша кооперативті меншіктің сақталуы туралы «ықшам» информация бойынша мәлімет қағаз сұрайтын болды.

Еңбек коллективтерінің барлық деңгейдегі бюрократтарға тиісті жауап беретін: біз қожайындармыз, демек дербес жұмыс істейміз, жұмысқа кедергі жасамаңыздар дейтін кезі келген жоқ па! Тек осындай жауап қана өндіріс мамандарын қағазбастылықтан босатып, елдің экономикасын көтеру жөнінде жемісті жұмыс істеуге жағдай жасайды.

И. НЕМЦОВ,
Қазақ ССР Статистика жөніндегі мемлекеттік комитетінің статистиканы ұйымдастыруды жетілдіру бөлімінің бастығы.

Digitized by Google

КОМИССИЯ НЕ ЖАСАЙ АЛАДЫ?

«Целиноградсельмаш» заводында маскүнемдікпен күрес жөніндегі комиссияда 21 адам жұмыс істейді. Олардың ішінде қоғамдық ұйымдар мен наркология қызметінің өкілдері, жұмысшылар, инженер-техник қызметкерлер, бөлім бастықтары бар. Комиссияны «Целиноградсельмаш» өндірістік бірлестігі бас директорының кадрлар жөніндегі орынбасары Г. Ляликов басқарады.

Комиссия мәжілісінде алкогольге қарсы заңды бұзушылармен тиянақты әңгімелеседі. Әлбетте, мәжіліске айыптылармен бірге завод бөлімшелерінің жетекшілері де шақырылады. Сөгіске және қоғамдық ескертуге қоса олар наркологиялық есепке қойылады, сыйлықтың барлық түрінен, он үшінші жалақыдан айырылады, айып салынады... (білікті жұмысшы медициналық айықтырғышқа бір рет түсіп қалғанның өзінде 500 сомнан астам материалдық игіліктен айырылады), семья мүшелерінің қатысуы арқылы талқыланады, үйдегі жағдай тексеріледі, демалыс қысқы уақытқа ауыстырылады, пәтер кезегі шегеріледі. Кезекті мәжілістен кейін дереу оның материалдары суретті витринаға ілініп, заводтық «Машиностроитель» көп тиражды газетінде жарияланады. Газеттің редакторы И. Кан комиссия мүшесі болып табылады. Цехтар мен жатақханаларда «Маскүнемдікке тойтарыс берілсін!», «Еңбек және қоғамдық тәртіпті бұзушыларға ұят-ақ» және басқа стендтер безендірілген, сатиралық бетшелер жүйелі шығарылады. Спирттік ішімдікті тұтынушы адамның неден айырылатыны туралы әңгімелейтін плакаттар пайдаланылады.

Салауаттық жолындағы күрес ерікті қоғамы мен наркология қызметінің активистері комиссия жұмысына қатысады. Коллективте емдеу-еңбек профилакторийінде емдеу курсынан өткен адамдарға бақылау жасалады. Маскүнемдікпен күрес жөніндегі комиссия мүшелері — поликлиниканың бас дәрігері Л. Курлова, нарколог-дәрігер Л. Данилова, нарколог-фельдшер Г. Антонова және басқалар еңбек коллективтері мен жатақханалардағы алкогольге қарсы насихатқа аса белсенді қатысады.

Маскүнемдікпен күрес жөніндегі комиссия мәжілісінде цехтар, учаскелер, бөлімдер, қоғамдық наркологиялық постылар жетекшілерінің алкогольге қарсы жүргізіліп жатқан жұмысы туралы есептерін тыңдау практикаға енді. Мәселен, тұрғын үй-коммуналдық бөлімнің бастығы С. Гришиннің есебі қаралды. Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық бөлімі әкімшілігінің салауатты өмір салтын орнықтыру жөніндегі жұмысы қанағаттанғысыз деп танылды, ал С. П. Гришинге сөгіс жарияланды. Сыннан дұрыс қорытынды жасалды. Коллективте талапшылдық ахуалы орнықты.

Тұтасынан завод бойынша салауатты өмірді насихаттау өз нәтижелерін беруде. 1988 жылмен салыстырғанда биыл қыдырымпаздық 138 адамға, ал медициналық айықтырғышқа жеткізушілер 41 адамға азайды. Демек, «Целиноградсельмаш» өндірістік бірлестігі медициналық айықтырғышқа жеткізілген адамдар көбейе түскен Целиноград облысының көптеген басқа кәсіпорындарына қарағанда анық ерекшеленеді. Келеңсіз құбылысты түсіндіре отырып, қоғамдық ұйымдардың жетекшілері, шаруашылық қызметкерлері спирттік ішімдік сатылуының көбейе түскеніне сілтеме жасайды. Алайда, мұның әр жағынан тәрбие жұмысының нашарлауын, маскүнемдерге қойылатын талаптың төмендеуін көрмеуге болмайды. Кәсіпорындарда бола жүріп, біздің советіміздің мүшелері ішімдік ішу оқиғаларына бей-жай қарауды, милиция дабылдарына үн қатпауды көптеген фактілерін анықтайды.

ТАҒЫЛЫМДЫ, ҚЫЗЫҚТЫ

Атайым мұны аңғармады

«Менің атам ғасырлар шебінде темекіні жаппай шығара бастаған кезде ол ондаған миллион адамның ажалына себепші болатынына күмәнданбаған еді»,— бұл сөз дүние жүзіндегі ең ірі «Райнолдс тобэкко» темекі фирмасының негізін қалаушы адамның немересі Р. Рейнолдстің аузынан шыққан-ды. Атақты онеркәсіпшінің үрпағы калифорниялық медицинаның ассоциациясының негізінен шылым шегумен күрес проблемасына арналған. Анахаймде өткен сессиясында сөз сөйледі. Қазіргі уақытта американдықтар алкогольді, героинді, кокаинді, ортті, автомобиль апатын және СПИД-ті қосқандағыға қарағанда темекіден көп өледі.

Digitized by Google

«Целиноградсельмашта» статистика деректерімен ғана шектелмейтінін айту керек. Онда өз кемшіліктерін жақсы біледі. Көбіне ішімдікке әуесқойдың қылығын комиссияда қараумен шектейді, сосын осы адам жайлы ұмытып кетеді. Оның еңбек және өмір жағдайына әрдайым үңіле бермейді. Қазір мұнда жеке тәрбие жұмысына, маскүнемдіктің алдын алуға көбірек көңіл бөлінеді.

Маскүнемдікке ықпал ететін жағдай терең зерттеледі. Олардың ішінде бос уақыттың нашар ұйымдастырылуын және айналадағы адамдардың ішімдік ішу фактілеріне кешірімділікпен қарауын жиі атайды. Комиссия ұсынысы бойынша заводта алкогольге қарсы насихат күшейтілді, осы тақырып бойынша кинолекторийлер өткізіледі. Комиссия мүшелерінің өздеріне басты бағыттар: алкогольге қарсы насихат, әлеуметтік реабилитация және экономика, жастар және салауаттылық, семья және салауаттылық, ұйымдық-методикалық жұмыс жөнінен нақты тапсырмалар берілді.

И. ПАРХОМЕНКО,
Целиноград облыстық салауаттық жолындағы күрес ерікті қоғамы советі председателінің орынбасары.

ӘЙЕЛ ЖӘНЕ ІШІМДІК

ІШІМДІК ЖӘНЕ АНА — БІР-БІРІНЕ ҮЙЛЕСПЕЙТІН ҰҒЫМДАР. НЕЛІКТЕН?

Әйел қоғамдық, өндірістік және қызметтің басқа салаларында қандай жоғары асуларға көтерілгенімен, өзінің әлеуметтік теңдігіне қаншалықты қуанғанымен, ол ең алдымен ана, адамзаттың ұрпағын жалғастырушы болып қала береді.

Адамға жаңа өмір сыйлауды табиғат тек әйелге ғана берген. Алайда мұнда ішімдік қатерлі роль атқара алады. Егер әйел екіқабат кезінде ішімдікке үйір болса, бұл дүниеге келетін нәрестенің кемтар болып тууына, медициналық келеңсіз терминмен айтқанда, «ұрықтың алкогольдік синдромы» дегенге, тіпті түсік тастауға соқтырады, баланың өлі тууы да болады. Ал баланы емізуші әйелдің аздаған мөлшерде ішімдік ішуі баланың қатты уланауына соқтырады, өйткені алкоголь ана сүтімен балаға беріледі, тым әлжуаз нәрестенің өміріне оның ең аз мөлшерінің өзі қауіпті. Нәрестенің денсаулығына зиян келтірмес үшін әуел бастан-ақ спирттік ішімдіктен бас тартқан жөн.

Әйел қолындағы рюмка — тек болашақ балалардың денсаулығы үшін ғана емес, сонымен бірге семья үшін де жаман ырым. Егер бірде мамасының мас болғанын ұлы немесе қызы көріп қалса, оның көңіліне қатты қаяу түседі. Мұның өзі жүйке ауруына соқтыруы мүмкін. Қатты күйзелген бала анасын жек көреді, не өзінтызарлықтан ішімдікке әуес бола бастайды. Алкоголизммен ауырған әйелдердің балаларын қарай жүріп, баланың жан-дүниесінің күйзелетінін аянышпен бақылауға тура келеді. Ол осы тақырыпқа ешкіммен де ешқашан әңгімелеспейді. «Мамам тағы да мас» деу ол үшін тыйым салынған, қорқыныштың тақырып. Әр кезде дерлік сенің мамаң науқас, оған көмек қажет, оны емдеу керек деп түсіндіргенімнен кейін балалар жеңілденіп қалады. Иә, ананың алкоголизмге шалдығуы расында да сырқат қой. Мамасы көңілді отырыстардан, яғни маскүнемдікке салынбағанымен зиянды әдеттерден міндетті түрде арылғысы келмей отырғанда баланы қалай тыныштандыруға болады? Үнемі арақ ішулер, масаң күйдегі жанжалдар, жылуы кеткен үй, аш-жалаңаш, күтімі жоқ, жүдеу, бақытсыз балалар — арақ оларды анасынан айырып, балалық шағына, семьядағы жайлы өміріне ойран салды ғой.

Әйелдің расында да әлсіз екенін алкоголь қуаттайды, спирттік ішімдіктен оның денсаулығы ер адамдарға қарағанда тез бұзылады. Мәселен, еркектерде қайсыбір уақыт бойы күн сайын орта есеппен 60 грамнан таза алкогольді пайдаланса, онда бауыр циррозы пайда болады, ал әлсіз әйелдер өкіліне оның үш есе кем мөлшері де жеткілікті.

Ішімдік ішетін ана әйелдік келбетінен тез айрылып қалады, түрпайылау бола бастайды, гормональдық статусы өзгереді, аналық бездерінің өзгеруі де мүмкін, бір сөзбен айтқанда, ол әйел-ана болудан қалады, оның үстіне тез қартайып кетеді. Мұның өзі оның сыртқы пішінінен де аңғарылады, арнайы жүргізілген зерттеулер барысында ішімдік ішетін әйелдердің есі, ақыл-ойы, жүріс-тұрысы және басқа психологиялық-физиологиялық сипаттары өздерінің ішімдік ішпейтін құрбыларына қарағанда әлдеқайда нашар екені байқалды, егде адамдарда да солай болады ғой.

Ішімдікке салынған көптеген әйелдер өздерінің ішімдікке құмар екендігін айтудан қысылады, оны байқатпауға тырысады, шамасына қарай ұзақ уақыт бойы жасырын ішіп жүреді, тіпті бұл туралы жақын адамдары да күдіктенбейді. «Ерте-

Digitized by Google

ден-ақ мұндай ауруды өз еркіңмен есіңнен адасу деп аталатын ауру ғой бұл» деп есептеп, дәрігерге ынтамен көрінбейді.

Социологтар былай атап көрсетеді: жігіттер ризашылықпен спирттік ішімдіктер ішетін қыздардың ортасында болады, алайда қалыңдықты шарап ішпейтін қыздар ішінен таңдайды. Демек дұрыс жасайды! Ішімдікті еркектермен жарысып ішетін қыз маған көріксіз болып көрінеді — мұнда тұрған ешқандай ерлік жоқ, тек бақытсыздыққа душар етеді. Тоқта, өзіңнің әйелдік келбетіңді бұзба! — деп айтқың келеді.

Мынадай оқиға еске түседі. Түнде дәрет тоқтамайтын және ақыл-есі кеміс 16 жасар бала менің қабылдауымда болды. Оның жоғары білімді шешесі былай деп әңгімеледі: «Менің Мишатайым — студенттік кездегі балам: біз ол кезде жатақханада тұрдық, күнде ойын-сауық болып жатты ғой. Алғашқы кезде жүкті екенімді аңғармай ішімдіктен тартынбадым. Сол кезде біздерге, алаңғасар жастарға: егер біз еркектермен бірдей арақ ішіп, темекі тартсақ осы заманғы әйелді аңғартатынымыздай болып көрінетін». Дәрігерлер ұлының науқасын студенттік кездегі ішімдік ішулермен, темекімен байланыстырғанын енді Мишаның мамасы біледі. Алайда қолынан не келеді? Өзін-өзі қатты айыптағанымен ұлының алдындағы кінәсін өтей алмайды...

Әйелдер ортасын көріктендіріп, тұрмысқа эстетикалық бастау енгізуге қабілетті. Бірыңғай еркектер отырғанда ішімдік көп ішілетінін сіздер байқадыңыздар ма? Ол — ана, әйел, апа-сіңілі, от басының бірлігін сақтаушы, қайғыда жұбаныш, ақындар мен батырларға шабыт беруші — сол ғана біздің өмірімізде салауаттық жолындағы күресте көп нәрсе жасай алады. Демек оған ішімдікке үйір болу жараса ма? Өзіміздің әйелдік қасиетімізді, балалар алдындағы, семья үшін жауапкершілігімізді ұмытпайық. Ішімдікке өзіңнің теріс қарайтыныңды қалай көрсету керек екенін айтайын деп отырғаным жоқ, бірақ олар отырған жерде еркектер өздеріне ішімдікті құйып алуға ұялатынын білемін, ал сол тамаша әйелдердің өкілдеріне ішімдік ұсынуға мүлдем болмайды.

Егер әйел салауатты өмір үшін шындап күресе білсе, ол өзінің әйелдік қасиетін арттыра түседі. Ал әйел тым нәзік қасиет, адамгершілік категориясы, тек жағымды қасиеттердің жиынтығы. Содан барып «әйел және алкоголь» сөздері тіркестері оғаштау естіледі.

В. МОСКАЛЕНКО,
медицина ғылымының докторы.

Арақ-шараптың зияны туралы

...Арақ сияқты басқа сондай еліртпе нәрселерге жол беретін капиталистік елдерден өзгешелігіміз сол — біз бұған жол бермейміз, өйткені олар сауда жасау үшін қаншама тиімді бола түрса да, бізді коммунизмге қарай ілгері бастамайды, қайта капитализмге қарай тартады.

В. И. Ленин.

Мас болу — өз еркіңмен жындану деген сөз.

Аристотель.

Спиртті ішімдіктер адамды айуан, аң етіп жібереді.

Ф. М. Достоевский.

Ішкішікке салынған адамнан қайыр жоқ.

А. С. Пушкин.

Бұзықтықтың көбі мастықтан болады.

Л. Н. Толстой.

Арақ өзі ақ болғанымен, мұрныңды қызартып, абыройыңа дақ түсіреді.

А. П. Чехов.

...маскүнемдікке, мешкейлікке салыну — тағылардың қылығы

В. Г. Белинский.

Адам өмірі үшін ең керегі ақыл-парасат болса, көп адамдардың темекі тартып, арақ ішіп, сол ақыл-парасатын тұншықтырудан қорықпайтынын қайтерсің.

Л. Н. Толстой.

Шараптың күшін айтпаңыз: ол ең ақылды деген адамның өзін рабайсыз айғайлатып ән айтқызып, оспадар күлдіріп, тіпті тапырақтатып би билетеді. Ішіңде ұстағаның жөн болатын сөзді де көбіне аузыңа салады.

Гомер.

Маскүнемдік — ақылдан алжасуға жаттығу деген сөз.

Пифагор.

...өз үйінде бірінші бокалды әдетте денсаулық үшін, екіншісін — рахатқа бату үшін, үшіншісін — ардан ада болу үшін, соңғысын — ақылдан алжасу үшін ішеді.

Анахарсис.

Арақ-шарап оны ішкен адамды төрт түрлі күйге түсіреді. Ә дегенде ол адам тотыға ұқсайды — жұрт көзіне түсуге тырысады, оның қимыл-қозғалысы да кербез әрі керім болып келеді. Содан соң ол маймылдың қылығын шығарады, елдің бәрімен қалжыңдасып, қылжақтай бастайды. Одан кейін ол арыстан кейпіне кіріп, тәкаппар, пақ, өз күшіне сенген өркөкірекке айналады. Бірақ ол ақыр аяғында шошқаға айналып, сол құсап балшыққа аунайды.

Абдуль-Фарадж.

Digitized by Google

ЖУРНАЛ ПОЧТАСЫНАН

Ардагердің орақтағы табысы

Талдықорған облысының «Октябрь» колхозының комбайншысы Орынбасар Бидайбаев аяқталған егін орағында жоғары шеберлік көрсетті. Ол науқан ішінде 7 200 центнер астық бастырды, мұның өзі екі маусымдық норманы құрайды.

Танаптың осы қажымас еңбеккері отыз жылдан астам уақыт бойы егін өсіреді. Биыл колхоз егіншілері арендалық мердігерлікке ауысты. Ардагер өткен жылдардағыдай, биыл да өзінің орақ агрегатын дәлме-дәлдікте баптаумен қатар жас механизаторлардың осылай жасауына көмектесті. Ал орақ басталған кезде Орынбасар жас комбайншылармен бір загонда еңбек етті. Жарыс озатының алқызыл жалаушасы желбіреген комбайны күні бойы аялдамасыз жұмыс істеді. Орынбасардың ұсынысы бойынша бригадада егінді топтық әдіспен жинады. Мұның өзі әдетте егіні бір мезгілде пісетін бір танапты бір-екі күн ішінде жинап алуға көмектесті. Техника сынып қалған жағдайда механизаторлар екеулеп-үшеулеп, ақауды тез түзеп отырды. Иә, слесарьлар, ұста, дәнекерші енетін жөндеу қызметінің комбайншыларға жедел жәрдем көрсетуі ыңғайлы болды. Комбайншылардың бәрі нормаларын орындап шықты.

Қазір Орынбасар комбайнын трактормен ауыстырып, малшыларға көмектесуде. Жасының ұлғайғанына қарамастан ол бұрынғысынша бүкіл күш-жігерімен және жоғары шеберлігімен адамдардың бәрін таңдандырады.

Б. ЖАСТАРМИН.

Талдықорған облысы.

Орынбордағы қазақ киіз үйі

Биылғы жазда Орынбор облысының аудан орталығы — Домбаровкада алғаш қазақтың киіз үйі тұрғызылды. Онда ұлттық құхня тағамдарын жеуге, салқын қымыз ішіп, шөл қандыруға болады. Оны Домбаровка ауданының 50 жылдығын атаған көршілерінің мерекесіне Комсомол аудандық делегациясының құрамында келген ақтөбелік «Жабасақ» совхозының өкілдері орнатты.

Ақтөбелік тың игерушілер жылжымалы сауданы ұйымдастырып, екі тілде көркемөнер концертін қойды. Екі ауданның футбол командасының кездесуі 2:2 болып, тең аяқталды.

Россия Федерациясы мен Қазақстанның көршілес екі тың ауданының өкілдері дәстүрлі байланыстарды белсендірек дамытып, жас жеткіншектерді тәрбиелеуде олардың ролін көтере беруге уағдаласты.

А. ЫСҚАҚОВ.

Асхана жанындағы гүлзар

«Краснооктябрьский» совхозының асханасын гүлзарсыз елестету мүмкін емес. Аға аспазшы Г. Сәрсенбаева, оның көмекшісі С. Кригер, жұмысшылар Р. Иштелечева, Н. Забелинская, А. Тілеубекова оны егіп, баптады. Демек оған суды көбіне құдықтан шелекпен тасуға тура келді. Ал асхананың өз ішінде шағын гүл шоқтары, оның ішінде бидай масағы жаз күндерінде ақ дастархан жабылған столдарды көркейте түседі.

Демек дәулетімен емес, асымен көрікті. С. М. Терновых басқаратын шағын коллективтің жұмыс күні таңсәріден басталып, тым кеш аяқталады. Әйелдер ас әзірлеуге қоса қысқы ас мәзіріне варенье қайнатады, қияр мен помидор тұздайды. Ал келушілер саябырлаған кезде мұнда манты, пельмен, самса, бауырсақ пісіреді. Осының бәрі жергілікті адамдарға сатылады.

Н. ЗАЙЦЕВ.

Қостанай облысы,
Камышин ауданы.

Жаз сыйы — балаларға

Семейдің зоотехникалық-мал дәрігерлік институтында әр күзде «Табиғат сыйы» мерекесі өтеді. Биыл да солай болды. Гүлден, көкөністен және жеміс-жидектен қызылды-жасылды безендірілген экспозициялар көрермендердің, төрешілер алқасы мүшелерінің талқысына ұсынылды. Үй маңындағы учаскелерде бітік өнім өсірген мал дәрігерлік санитарлық экспертиза кафедрасының қызметкерлері тағы да жеңімпаз атанды, олар үшінші жыл қатарынан алда келеді. Екінші орынды кітапхана коллективі және үшінші орынды патофизиология кафедрасының қызметкерлері алды.

Біздің көрмеміз қайырымдылық көрмесі болды — ол жабылғаннан кейін экспонаттардың бәрі «Малютка» балалар үйіне берілді.

М. ВОЙТОВ, оқытушы.

Семей қаласы.

Digitized by Google

БАЛАЛАР ЖАЙЛЫ АЯЛЫ ҚАМҚОРЛЫҚ

Жаңа дегеніміз — бұл мықтап ұмытылған ескі деп жиі қайталанып жүретін пікірді қоғамдық даму заңы қатарына қоюға әсте ұмтылмаймын. Солай дегенмен де жуырда Саяси әдебиет баспасынан шыққан **«Біздің жас ұландарымыз»** деген кітаптың авторларымен бірге жиырмасыншы жылдарда тұрғылықты жерде балалар мен жас ұландар арасында тәрбие жұмысының қаншалықты кең көлемде жүргізілгеніне таңданбай тұра алмайды. Дегенмен, алдымен кітап туралы бірнеше сөз. Ол Пенза қаласында тұрғылықты жерлерде балалар мен жас ұландар арасында жүргізілетін жұмыстың тәжірибесіне арналған. Бұдан он жыл бұрын осында балалар үшін мүдделер бойынша жұз клуб құруды көздейтін программа әзірленген болатын.

Кітаптың авторлары — қалалық партия комитеті секретары мен журналист әйел Совет өкіметінің алғашқы жылдарында комсомол және пионер ұйымдары «тұрғылықты жер принципі» бойынша негізделгенін әңгімелейді. Ол кезде панасыз және жұмыссыз қалған жас ұландар арасындағы жұмыс нақ тұрғылықты жерлерде жүргізілген-ді. Егер панасыздар жайындағы мәселе әдебиет пен кинофильмдерден жұртшылыққа жақсы мәлім болса, жұмыссыздарға қамқорлық көрсету тарихтың әлі ақырына дейін анықталмаған беті. Мұндай балалар еңбек сенбіліктеріне жинастырылды, оларды футбол командаларына жазды, олар үшін спорт жарыстары, лекциялар, әңгімелер мен кештер ұйымдастырылды, оларды еңбекке орналастыру жүргізілді. Осының бәріне «Балалар досы» және радио достарының қоғамы сияқты қоғамдық ұйымдар да қатысты, бұлар жас ұландарды сол кездегі салалық жаңа техникамен таныстырды. Осының бәрі Оқу халық комиссариаты 1919 жылдың өзінде қабылдаған «РСФСР-дегі мектептен тыс білім беру ісін ұйымдастыру туралы Ережеде» көзделген еді. Қарт большевиктер, революциялар мен азамат соғысының қатысушылары, фабрикалар партия ұяларының, әскер бөлімдерінің өкілдері тұрғын үй кварталдарында жұмыс істеген комсомол және пионер ұйымдарының қамқоршылары болды. Нақ тұрғылықты жерлерде қызықты істер атқарылып жүрді. Аркадий Гайдар аңызға айналдырған тимуршылар дәстүрлері жас активистердің осындай жұмысынан туындағаны да кездейсоқ емес.

Осы тарихи кезеңдердің бәрі кітапта егжей-тегжейлі жазылған. Бұл түсінікті де, өйткені ол жылдардың тәжірибесі қалада бүгінгі күнде де белсенді түрде пайдаланылуда. Демек балалар мен жас ұландар клубтарының қызметі туралы әңгімелей отырып, авторлар идеологиялық жұмысқа арналған кітаптар мен кітапшаларда жиі орын алып жүргеніндей, фактілерді тізбектеумен ғана шектелмей, қайта практикаға ой жүгіртуге, тәрбие жүйесін ашып көрсетуге тырысқан. Балалар мен жас ұландар клубтарының кең қанат жайған жүйесінің құрылуы қалада көмелетке толмағандар арасындағы право бұзушылық жағдайын көп ретте өзгертуге мүмкіндік бергенін және тіпті заводтар мен фабрикалардағы кадр саясатына да өзінің ықпалын тигізгенін авторлар көз жеткізе дәлелдейді.

Соңғы баға асырып айтылмаған ба?— деп сұрарсыздар. Әрине, асырып айтылмаған. Жас ізбасарлардың жан-жақты дамуы туралы қамқорлықты бәсеңдетпестен клуб ұйымдастырушылары қамқорлық жасаушы кәсіпорындардың профиліне сай келетін техникалық үйірмелер құрды. Мұның қорытындысында кәсіптік-техникалық училищелерде және тікелей заводтар мен фабрикаларда балаларды «қосымша оқыту» азаяды. Мәселен, радиоэлектроникасымен айналысатын «Радар» клубында түрлі жастағы балалардың әрбір тобы үшін техникалық оқудың 3-4 жылдық программасы әзірленген, ол жұмыстың сан алуан түрін — радиоаппаратын құрастыруды, механикалық-слесарьлық, монтаждау жұмыстарын қамтиды. Бес жылдың ішінде «Радардың» 300 тәрбиеленушісі осы мамандықтар бойынша кәсіптік-техникалық училищелерге, техникумдар мен жоғары оқу орындарына түсті. Міне, балалардың әуестігі өндірісте осылайша кәдеге жарап жатыр! Сондықтан үлкен кәсіпорындардың ғана емес, шағындарының да өз клубтарын ұйымдастырып жатқаны кездейсоқ емес. Ондай клубтар емдеу мекемелерінде де бар. Қалалық аурухана мен медицина училищесі жас

Н. А. Новосельцева, В. В. Федорова. «Біздің жас ұландарымыз». Москва. Саяси әдебиет баспасы, 1989.

Digitized by Google



Алматы облысының «Дегерес» жылқы заводында ішкі рынокта және халықаралық аукционда сатуға, сондай-ақ совхоздар мен колхоздардың жылқы үйірлерін жақсартуға арналған асыл тұқымды жылқылар өсіріледі.

Мұнда балалардың спорт мектебі жұмыс істейді. Балалар жастайынан жылқыға үйір болуға баулынады.

СУРЕТТЕ: «Дегерес» жылқы заводының жас шабандоздары өсіп келеді.

Суретті түсірген Г. ПОПОВ (ҚазТАГ).

ұландардың «Айболит» клубын құрған. Онда тәрбиеленушілер тіркейтін жерде, дәрігерге дейінгі және ем жасау кабинеттерінде жұмыс істейді, халықты диспансерлеуде емхана қызметкерлеріне көмек көрсетеді, ауыр науқасты адамдарға күтім жасайды. Екі жыл үйренгеннен кейін балалар дәрігерлік қызметтер мамандығы жөнінде жеткілікті мағлұмат алады. Олардың көбі кейін осы мархабатты жолға түседі.

Пензалықтардың тәжірибесі тағы неге үйретеді?

Біріншіден, тұрғылықты жердегі жұмыс үшін қайсыбір қалада жақсы жағдай жасауға болады. Тек мүддегерлік пен мақсаткерлік қана керек. Жүз клубқа керекті үйлер мен жабдықтар үш айдың ішінде ғана табылған. Оларды жөндеу дереу ұйымдастырылды, оны өнеркәсіп орындары мен тұрғын үй-пайдалану шаруашылықтары жүргізді. Студенттер, оқушылар, спортшылар, жас педагогтар, заводтар мен құрылыстардың комсомолецтері зор көмек көрсетті. Кәсіпорындар мен ұйымдар балалардың пайдалануына әртүрлі жабдықтарды, материалдарды, құрал-саймандарды тегін берді. Спорттық және мәдени мақсаттарға арналған заттар сатып алуға керекті қаржыны ДОСААФ пен қалалық оқу бөлімі, кәсіподақ, спорт ұйымдары және басқалар бөлді.

Екіншіден, клуб базасы әсте клуб қабырғаларымен ғана шектелмейді, оларға Мәдениет сарайлары мен үйлері, стадиондар мен спорт залдары, тіпті завод цехтары да берілген. Мектептердің, пионерлер сарайының педагогтары, творчестволық ұйымдардың өкілдері — бала тәрбиесіне қайсыбір қатысы барлардың бәрі клубтармен өте тығыз ынтымақтасып отырады.

Үшіншіден, клубтың бейнесін оның басшысы, педагог, жаттықтырушы анықтайды. Бүкіл жұмыстың ұйымдастырылуы нақ осыларды іріктеп алудан басталады, сондықтан кітаптың талай беті дарынды тәрбиешілерге арналған. Қазіргі уақытта клубтардың, үйірмелердің, творчестволық бірлестіктердің, спорт секцияларының жетекшілері болып бес жүздей адам істейді. Олардың 12 проценті қоғамдық негізде істейтіндер, тең жарымы — ер адамдар. Бұлар педагогтар мен спортшылар, инженерлер мен техниктер, студенттер мен пенсионерлер, партия және еңбек ардагерлері.

Клубтардың көп және жемісті жұмыс істеп жүрген басшыларына «РСФСР халық ағарту ісінің үздігі» деген атақ беріледі. Олар қалалық Советтің депутаты болып сайланады. Тұрғылықты жерлерде балалар мен жас ұландар арасында жүргізген ұйымдастырушылық жұмысы және материалдық база құрғаны үшін 1981 жылдан 1988 жылға дейін 310 адам қалалық партия комитеті мен қалалық атқару комитетінің, қалалық үйлестіру советінің құрмет грамоталарымен және ескерткіш сыйлықтармен наградталды.

Төртіншіден, клубтарда балалардың өзін-өзі басқаруы өріс алуда. Тәрбиеле-

Digitized by Google

нушілер қоғамдық пайдалы істерге — ойыншық, құрал-сайман, халық пен кәсіпорындарға керекті басқа да бұйымдар жасап шығаруға, сондай-ақ қаланы көріктендіріп, көгалдандыру ісіне, кәсіпорындардағы, ауруханалардағы және басқа қолынан келетін жұмыстарға қатыстырылады. Осының бәрі балалар тәрбиесіне барынша игілікті әсер етуде.

Сайып келгенде, жұртшылық тарапынан ұдайы көмек көрсетілмеген жағдайда, әдетте, клубтар «қағаз жүзіндегіге» тез айналып кететінін — олардың қызметін ұйымдастыру әсте қарапайым еместігін авторлар жасырмайды. Міне, сондықтан да қалалық комитеттің, қалалық атқару комитетінің, партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының басшылары клубтарда ұдайы болып тұрады, олардың нені қажетсінетінін анықтайды. Ал комсомол комитеттерінде аптасына екі рет, сейсенбі және жұма күндері жұмыс уақыты 14-00 сағатта басталып, 22-00-де аяқталады. Комсомол қызметкерлері мен активистері кешкі уақытын клубтарда өткізеді, олардың тәрбиешілеріне, жетекшілеріне жәрдемдеседі. Қалалық партия комитеті секретарьларының балалар клубтарының комиссарларымен кездесіп тұруы дәстүрге айналды.

Жарты миллион халқы бар Пензада қазір балалардың 70 проценттейі ұйымдасып тынығудың барлық түрлерімен, 30 проценттен астамы клуб қозғалысымен қамтылып отыр.

Авторлар жаңа бағыттарды да тілге тиек етеді. Мәселен, мүдделер бойынша 18—20 жастағыларға арналған клубтар құру, балалар ата-аналарымен бірге болатын клубтар бірлестігін қалыптастыру жайында айтылады. Әрине, шешілмеген проблемалар да бар. Бұл штат мәселесіндегі шым-шытырықтар, тәрбиешілерді слесарьлардың, су құбыршыларының жалақысы есебінен ұстауға тура келеді. Мұның ішінде клуб туралы үлгі ереженің жоқтығы және басқалар бар. Сондықтан кітапта «бәйшешектерден» бас тартып, қажетті жалақы бөлетін уақыт жетті деген мәселенің қойылуы әділетті. Мұның есесі артығымен өтеледі.

Сөз жоқ, республикамыздың қалалары мен поселкелерінде балалар клубтарының жұмысын ұйымдастыру проблемалары әлдеқайда көп. Олардың көбінде техникалық, ғылыми, спорттық және басқа үйірмелерді өрістетуге мүмкіндік беретін жабдықтар жоқ. Бұл жайында тұрғылықты жердегі халықтың арасындағы жұмысты жетілдіру проблемасын талқылаған республикалық семинар-кеңесте педагог-ұйымдастырушылар барынша айтты. Сондықтан тұрғын үйлер аудандарында «балалар республикасын» құрған пензалықтардың тәжірибесі балалар мен жас ұландар арасындағы жұмысты көтеру ісінде әрі сын, әрі оқыған шақыру болып естілуі керек.

В. КОСТРОВ.

XVII ғасырда аталған

Жексенбі күндерінің бірінде Сатай селосында мереке өткізді. Ол «шағын село мерекесі» атауымен естіліп жүрді, бірақ ол бұл жерлерде алғаш өткізілді.

Ертемен мереке өтетін жерге, оған орынды орман арасынан таңдап алған еді, халық келе бастады. Адамдар шептің үстінде, ағаштар саясына жайғасты. Жүргізуші толқу үстінде салтанатты ашты. Оны атақты адамның есімінен бастады — бір кезде осы селода Ыбырай Алтынсарин тұрған еді.

Шағын Сатай селосы туралы шежірелік атаудың сонау XVII ғасырға қатысы бар. Онда жоңғар шапқыншылары қазақтарды қаншама қайғы-қасіретке душар етті. Қазір поселке орналасқан жерді де жоңғарлар басып алған-ды. Сатай батыр басқыншыларға қарсы күрескен қазақ сарбаздары жетекшілерінің бірі болды. Село соның есімімен аталды.

Адамдар тарихты ықылас қоя тыңдады. Содан кейін соғыс ардагерлері, өндіріс озаттары аталды. Төрт еңбеккер әйел: С. Кежікееваның Б. Әлжанованың, Ү. Есімбаеваның және К. Құрманғалиеванның есімдері мақтанышпен аталды. Жерлестерінің оларға деген құрметі мен лебізін сөзбен айтып жеткізу қиын-ақ. Жақсымбек Өтепов пен Каби Жұмабаев соғыстың қатал жылдарын өткерді, туғандарынан, достарынан айрылды, жараланып, госпитальдерде жатты.

Сатай тұрғындары көп балалы семьяларды да ұмытқан жоқ. Ең кішкентай азаматтар, тіпті бертінде ғана тууы туралы куәлік алған Серік Шалабаев пен Руслан Бөлебаев та село мерекесіне шақырылды.

Салтанатты заттар лотереясы билеттерін ойнау жалғастырды, спорт сайыстары басталды, тілек білдірушілер айтысқа қатыса алды. Қонақжайлы үй иелері адамдардың бәріне қазақша ет пен қымыз ұсынды.

Демек мереке қарсаңында село құлпыра түскенін — тұрғындар сенбіліктерде көшелерді ретке келтіріп, үйлерді ақтағанын айту керек.

Б. КЕНЖЕТАЕВ.

Қостанай облысы.

Digitized by Google

ПАРТИЯ ҚАТАРЫНДА ҚАЛДЫРЫЛДЫ

ӘЗІРМӘМБЕТОВ Бақытжан Алманұлы — 1932 жылғы ноябрьден ВКП(б) мүшесі, Ақтөбе облысындағы Қарабұтақ аудандық жер бөлімінің бастығы болып жұмыс істеген. Ақтөбе облыстық партия комитеті 1937 жылғы 25 сентябрьде Б. А. Әзірмәмбетовты «халықтың және партияның жауы» ретінде ВКП(б) мүшелігінен шығарған. Ішкі істер халық комиссариатының органдары 1937 жылғы 15 ноябрьде оны соттап, еңбекпен түзеу лагеріне сегіз жыл мерзімге қамаған. Ол «контреволюциялық ұлтшыл ұйымының мүшесі болып, ауыл шаруашылығында зиянкестік-бұлдіру жұмысын жүргізгені үшін» кінәлі деп айыпталған. Ақтөбе облыстық сотының президиумы 1957 жылы 31 сентябрьде оны ақтады, ал Ақтөбе облыстық партия комитеті 1989 жылғы 20 июльде КПСС мүшесі қатарында қалдырды (қаза тапқаннан кейін).

АРҒЫНШИЕВ Сақыпкерей Жарманұлы — 1917 жылғы агустан ВКП(б) мүшесі, партиялық жауапқа тартылар кезде Ақтөбе облысындағы Темір облыстық тәжірибе станциясының директоры болып жұмыс істеген. Жұрын аудандық партия комитеті оны 1937 жылғы 14 августа «сатқын және халық жауы ретінде» ВКП(б) мүшелігінен шығарған. Тап сол күні ол Ішкі істер халық комиссариаты органдарының контрреволюциялық әрекеті және зиянкестігі үшін деп таққан айыбымен тұтқынға алынған. СССР Жоғарғы соты Әскери коллегиясының 1938 жылғы 15 февральдағы үкімімен ату жазасына кесілген. 1957 жылғы 13 июньде СССР Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы бұл үкімнің күшін жойды және құрамында қылмыс болмағандықтан істі тоқтатты. Ақтөбе облыстық партия комитеті 1989 жылғы 20 июльде С. Ж. Арғыншиевті партия қатарында қалдырды (қаза тапқаннан кейін).

ӘЙТЕКЕНОВ Ахметкерей — 1926 жылғы марттан ВКП(б) мүшесі, Ақтөбе облыстық атқару комитетінің жауапты секретары болып жұмыс істеген. 1937 жылғы 31 августа «партияның және халықтың жауы ретінде» ВКП(б) мүшелігінен шығарылған. 1938 жылғы 15 февральда облыстық атқару комитетінде әрекет еткен контрреволюциялық ұйымға қатысушы болды және облыстағы ауыл шаруашылығы мен халыққа білім беру саласында зиянкестік жүргізді деп айыпталып, жиырма жыл түрмеде отыруға сотталған. 1961 жылғы августа сот арқылы ақталды. Ақтөбе облыстық партия комитеті 1989 жылғы 20 июльде оны КПСС мүшелігі қатарында қалдырды (қаза тапқаннан кейін).

АТЫРАУОВ Сауыр — 1924 жылғы августан ВКП(б) мүшесі. Шығыс Қазақстан облысындағы еңбекшілер депутаттары Цюрупа аудандық Советі атқару комитеті председателінің орынбасары болып жұмыс істеген. 1937 жылғы 27 октябрьде антисоветтік әрекет жүргізді деген айыппен тұтқынға алынған. Цюрупа аудандық партия комитеті 1937 жылғы 30 октябрьде С. Атырауовты «халық жауы және ұлтшыл-фашист ретінде» ВКП(б) мүшелігінен шығарған. СССР Жоғарғы соты Әскери коллегиясының үкімімен 1938 жылғы 7 марта сотталған. 1959 жылғы 14 декабрьде сот органдары оны ақтады. Гурьев облыстық партия комитеті 1989 жылғы 12 апрельде С. Атырауовты партия қатарында қалдырды (қаза тапқаннан кейін).

АЮПОВ Нәзір — 1936 жылдан ВКП(б) мүшелігіне кандидат, «Прибалхашстрой» тресіндегі фабрика құрылысының жер қазушысы. «Контрреволюциялық ұлтшыл-фашист тобының мүшесі бола жүріп, партия мен үкімет шараларына қарсы антисоветтік үгіт жүргізді» деген айыппен тұтқынға алынған. Ішкі істер халық комиссариаты басқармасының Қарағанды облысы бойынша «үштігінің» шешімімен 1937 жылғы 27 декабрьде ол ең ауыр жаза — атуға кесілген. СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1989 жылғы 16 январьдағы «30—40-шы жылдары және 50-ші жылдардың бас кезінде орын алған репрессия құрбандарына қатысты әділеттілікті қалпына келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Указына сәйкес сот арқылы ақталды. Жезқазған облыстық партия комитеті 1989 жылғы 25 апрельде оны партия қатарында қалдырды (қаза тапқаннан кейін).

АХМЕТБЕКОВ Бақберген — 1931 жылдан ВКП(б) мүшесі, «Жезқазған» руднигінің партком секретары. Қарағанды облысындағы Қарсақпай аудандық партия комитеті 1938 жылғы июньде антисоветтік әрекеті үшін ВКП(б) мүшелігінен шығарған. Оған «ұлтшыл-фашистік ұйымға қатысы бар және Совет мемлекетінің күш-қуатына іріткі салуға бағытталған контрреволюциялық жұмыс жүргіз-

Digitized by Google

ді» деген айып тағылған. Ішкі істер халық комиссариаты басқармасының Қарағанды облысы бойынша «үштігінің» шешімімен 1938 жылғы 26 октябрьде ату жазасына кесілген. Жезқазған облыстық партия комитеті 1989 жылғы 30 майда оны партия қатарында қалдырды (қаза тапқаннан кейін).

ӘЖИЕВ Нұрғазы — 1928 жылғы июльден ВКП(б) мүшесі. Батыс Қазақстан облысындағы Тайпақ аудандық партия комитетінің бірінші секретары, 1937 жылғы 27 октябрьде Тайпақ аудандық партия комитеті және 1937 жылғы 27 ноябрьде Батыс Қазақстан облыстық партия комитеті Н. Әжиевті «ұлтшылдармен тығыс байланысты болғаны үшін, партияда алашордашыларды және әлеуметтік тегі жат элементтерді сақтап, кооперацияны бұлдіруде жауларға жәрдемдескені үшін» ВКП(Б) мүшелігінен шығарған. СССР Жоғарғы соты Әскери коллегиясының үкімімен 1938 жылғы 13 ноябрьде ату жазасына кесілген. Ол Батыс Қазақстанда әрекет еткен антисоветтік, ұлтшыл, террористік ұйымға белсене қатысып, ауыл шаруашылығында зиянкестік жұмыс жүргізгені үшін кінәлі деп айыпталған. 1957 жылғы 24 сентябрьде СССР Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы Н. Әжиевке қатысты үкімнің күшін жойды және оның құрамында қылмыс болмағандықтан істі тоқтатты. Орал облыстық партия комитеті 1988 жылғы 27 декабрьде Н. Әжиевті партия қатарында қалдырды (қаза тапқаннан кейін).

АҚБЕРДИН Хафиз Қаскейұлы — 1927 жылдан ВКП(б) мүшесі. Солтүстік Қазақстан облысындағы Қызылту аудандық партия комитетінің секретары болып жұмыс істеген. Солтүстік Қазақстан облыстық партия коллегиясы Х. К. Ақбердинді 1937 жылғы 17 декабрьде «ұлтшыл-фашистік, табы жат элементтерді қолтығына алғаны, аудандық партия комитетінің секретары болып тұрған кезде қосалқы шаруашылықты талан-таражға салуға қатысқаны үшін» партиядан шығарған. Ішкі істер халық комиссариаты басқармасының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «үштігінің» қаулысымен 1938 жылғы 5 февральда ату жазасына кесілген. Түркістан әскери округінің әскери трибуналы 1957 жылғы 11 октябрьде Х. Қ. Ақбердинді ақтады. Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті 1989 жылғы 27 июньде оны партия қатарында қалдырды (қаза тапқаннан кейін).

БАЙДУЛЛИН Мұхамедәлі — 1929 жылдан ВКП(б) мүшесі, Шет ауданындағы Нұраталды ет совхозы саяси бөлімі бастығының комсомол жұмысы жөніндегі көмекшісі болып жұмыс істеген. 1937 жылы Ішкі істер халық комиссариаты органдарының «совхозда контрреволюциялық үгіт және диверсиялық-зиянкестік жұмыс жүргізгені үшін» деп тақкан айыбымен тұтқынға алынған. 1937 жылғы июльде — «халық жауы ретінде» партиядан шығарылған. 1937 жылғы 28 ноябрьде ең ауыр жаза — атуға кесілген. 1989 жылғы 10 апрельде сот арқылы ақталды. Жезқазған облыстық партия комитеті 1989 жылғы 30 майда оны КПСС мүшесі қатарында қалдырды (қаза тапқаннан кейін).

БЕЛОЦЕРКОВСКИЙ Александр Петрович — 1939 жылдан ВКП(б) мүшелігіне кандидат, партиялық жауапқа тартылар кезде Свердлов облысының Ивдель қаласындағы орта мектептің мұғалімі болып жұмыс істеген. 1941 жылғы 14 февральда Ивдель аудандық партия комитеті А. П. Белоцерковскийді антисоветтік әрекеті үшін ВКП(б) мүшелігіне кандидаттықтан шығарған. 1941 жылғы 2 мартта Свердлов облыстық соты оны «партия мен үкіметтің саясатына қарсы бағытталған антисоветтік көзқарасты насихаттағаны, партия көсеміне тіл тигізгені және Қызыл Армияның әскери күш-қуаты мен қабілетіне жала жапқаны үшін» он жылға бас бостандығынан, бес жыл правосынан айыруға үкім еткен. РСФСР Жоғарғы сотының Президиумы 1957 жылғы 25 октябрьде бұл үкімнің күшін жойып, А. П. Белоцерковскийді ақтады. Шымкент облыстық партия комитеті 1989 жылғы 13 июньде оны КПСС мүшелігіне кандидат етіп қалдырды.

БОЛДОВ Александр Алексеевич — 1928 жылдан ВКП(б) мүшесі. Батыс Қазақстан облысындағы Приурал ауданының Январцев пунктіндегі «Заготзерно» меңгерушісі болып жұмыс істеген. 1935 жылғы 13 сентябрьде зиянкестік жасады және астықты кенелермен зақымдандыруға жол берді деген айыппен тұтқынға алынған. 1937 жылғы 23 сентябрьде Батыс Қазақстан облыстық соты арнаулы коллегиясының шешімімен ату жазасына кесілген. 1937 жылғы 29 сентябрьде Приурал аудандық партия комитетінің пленумы оны «партияның және халықтың жауы ретінде» ВКП(б) мүшелігінен шығарған. 1958 жылғы 27 сентябрьде Қазақ ССР Жоғарғы соты А. А. Болдовтың ісін қайта қарап, үкімнің күшін жойды және құрамында қылмыс болмағандықтан істі тоқтатты. Орал облыстық партия комитеті 1988 жылғы 25 октябрьде А. А. Болдовты партия мүшесі қатарында қалдырды (қаза тапқаннан кейін).

ДӘНЕНОВ Миса — 1931 жылғы августан ВКП(б) мүшесі. Ақмола облысының

Digitized by Google

Есіл ауданындағы Есіл ет-сүт совхозының күзетшісі болып жұмыс істеген. Есіл аудандық партия комитеті 1937 жылғы 10 октябрьде М. Дәненовты «халық жауы ретінде» ВКП(б) мүшелігінен шығарған. 1938 жылғы январьда ол совхозда зиянкестік-бүлдіру жұмысын жүргізген антисоветтік, контрреволюциялық ұйымның мүшесі болғаны, осы ұйымға жаңа мүшелер тартуға әрекеттенгені, ұлтаралық араздықты қоздырғаны және капитализмді қайта орнатуды өзіне міндет етіп қойғаны үшін деген айыппен жиырма жылға бас бостандығынан айыруға сотталған. 1957 жылғы 12 декабрьда СССР Жоғарғы Сотының пленумы М. Дәненовке қатысты үкімнің күшін жойды және құрамында қылмыс болмағандықтан істі тоқтатты. Целиноград облыстық партия комитеті 1989 жылғы 20 июньде М. Дәненовті партия мүшесі қатарында қалдырды (қаза тапқаннан кейін).

ЖАҢАБАЕВ Сейітжан — 1931 жылдан ВКП(б) мүшелігіне кандидат, үстінен іс қозғалған кезде Ақмола облысының Есіл ауданындағы Дайындау халық комиссариаты өкілдігінің инспекторы болып жұмыс істеген. Есіл аудандық партия комитеті 1938 жылғы 1 февральда оны партияның және халықтың жауы ретінде ВКП(б) мүшелігінен шығарған. Ішкі істер халық комиссариаты басқармасының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «үштігінің» шешімімен 1938 жылғы 12 февральда ату жазасына кесілген. Ақмола облыстық соты 1957 жылғы 19 январьда оған тағылған айыпты негізсіз деп тапты және құрамында қылмыс болмағандықтан істі тоқтатты. Целиноград облыстық партия комитеті 1989 жылғы 20 июньде С. Жаңабаевты партиялық жағынан ақтады (қаза тапқаннан кейін).

ИМАНМҰҚАНОВ Құсайын — 1932 жылдан ВКП(б) мүшесі, Есіл аудандық партия комитетінің нұсқаушысы. 1938 жылғы 1 февральда «партияның және халықтың жауы ретінде» ВКП(б) мүшелігінен шығарылған. 1938 жылғы 12 февральда Ішкі істер халық комиссариаты органдары оған «ауданда зиянкестік-бүлдіру жұмысын жүргізген контрреволюциялық топқа белсене қатысушы, ұлттар арасындағы араздық отын тұтандырушы» деген айып тағылған және ату жазасына кесілген. Ақмола облыстық соты 1957 жылғы 19 январьда ақтады, ал Целиноград облыстық партия комитеті 1989 жылғы 20 июньде партия қатарында қалдырды (қаза тапқаннан кейін).

ҚҰСАЙЫНОВ Мұрат — 1932 жылдан ВКП(б) мүшелігіне кандидат, партиялық жауапқа тартылар кезде Батыс Қазақстан облысындағы Жымпиты аудандық партия комитетінің іс басқарушысы болып жұмыс істеген. Жымпиты аудандық партия комитеті 1938 жылғы 1 июльде М. Құсайыновты «халық жауларымен және Ішкі істер халық комиссариатының тұтқынға алынған адамдарымен байланысы бар жат элемент ретінде» ВКП(б) мүшелігіне кандидаттықтан шығарған. Оған Совет өкіметін құлату және Қазақстанды Жапонияның протекторaты етіп бөліп әкету мақсатын көздеген антисоветтік ұйымның белсене қатысушысы болған кезде антисоветтік элементтерді өз жағына тартумен айналысты, бүлдірушілік жұмыс жүргізді деген айып тағылған. Ішкі істер халық комиссариаты басқармасының Батыс Қазақстан облысы бойынша «үштігінің» 1938 жылғы 27 октябрьдегі қаулысымен ату жазасына кесілген. 1989 жылғы 16 январьда М. Құсайынов сот арқылы ақталды. Орал облыстық партия комитеті 1989 жылғы 30 майда оның КПСС мүшелігіне кандидаттығын қалпына келтірді (қаза тапқаннан кейін).

МЕНЯЙЛО Дмитрий Петрович — 1932 жылдан ВКП(б) мүшесі, Ақмола облысы Сталин ауданы Никольское селосында ВКП(б) ұясының секретары болып жұмыс істеген. 1938 жылы июньде ОГПУ органы колхоздың қалыпты жұмыс істеуіне қарсы әрекет жасады деп таққан айыппен тұтқынға алынып, сотталған. Осы қылмысы үшін партиядан шығарылған. 1988 жылы 15 декабрьде Целиноград облыстық соты ОГПУ «үштігінің» Д. П. Меняйло тұрғысынан шешімін жойды және құрамында қылмыс болмағандықтан істі тоқтатты. Целиноград облыстық партия комитеті 1989 жылғы апрельде оның 1932 жылдан КПСС мүшелігін қуаттады.

ПОПОВ Василий Фомич — 1932 жылғы майдан ВКП(б) мүшелігіне кандидат, партиялық жауапқа тартылар кезде Шығыс Қазақстан облысының Цюрупа ауданындағы «Красная Заря» колхозының председателі болып жұмыс істеген. 1935 жылғы 18 октябрьде Цюрупа аудандық партия комитеті оны антисоветтік әрекеті үшін ВКП(б) мүшелігіне кандидаттықтан шығарған. 1937 жылғы 7 декабрьде Ішкі істер халық комиссариаты басқармасының Шығыс Қазақстан облысы бойынша «үштігінің» қаулысымен ұдайы контрреволюциялық үгіт таратқаны үшін он жылға бас бостандығынан айырып, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. Павлодар облыстық соты 1988 жылғы 7 октябрьде В. Ф. Поповқа қатысты істі тоқтатты. Павлодар облыстық партия комитеті 1989 жылғы 20 июньде В. Ф. Поповты партиялық жағынан ақтады.

Digitized by Google

ЭКОЛОГНЯЛЫҚ АПАТ ШЕГІНДЕ

Астық дағдарысы ауыл шаруашылығы өнімдерінің дүние жүзілік өндірісін жайлады

«Топырақтың құрғақ болғаны соншалық, оның өзі ұнтақты аңғартты, тұқым өніп, өнім бере алады деген сенімді тудырмады...» Осы сөздер Сахараның құмы және Орта Азияның сортаңдары туралы айтылып отырған жоқ. Мамандар Американың құнарлы астықты өлкелері — Канзас, Айова штаттарындағы топырақтың жайын осылай бағалады.

АҚШ ауыл шаруашылығы министрлігі президент Бушке елдің қол сұғылмайтын қорынан 2 миллион тонна астық алуға рұқсат ету өтінішін жасады. АҚШ үкіметі соншалықты көл-көсір көрсететін азық-түлік көмегі жөніндегі міндеттемені орындау туралы сөз болып отырғанымен осы фактілердің әр жағында американдықтар үшін тым жайсыз ситуация тұр. Өйткені астықты көп өндіруші және дүние жүзілік рынокқа беруші осы елдің ауыл шаруашылығы міне, екінші жыл орын алған қажеттілікке қарамастан оны өндіруді қысқартуда.

Бірден мынаны айтайық: АҚШ-тың қуатты астық индустриясындағы дағдарыс туралы сөз болып отырған жоқ, ол, әлбетте, келесі жылы олқылықтан шығады. Дүние жүзінде екінші жыл қатарынан жалғасып отырған астық өндірісінің қысқаруы айқын, егер ол жалғаса берсе, апатты сипат алуы мүмкін.

1988 жылы тұтасынан социалистік емес дүниеде астық түсімі 67 миллион тонна немесе 1987 жылғы деңгейден 4 процент кеміді. Мұның өзі басты экспортерлер — Канада мен АҚШ-тың нақ тыйым салулары есебінен болды. АҚШ-та ғана астықтың кем алынуы 83 миллион тонна құрады. Дүние жүзінің басқа аймақтарында астық өндіру өскенімен ситуация өте қиын күйінде қалуда: 1989 жылдың басында астықтың дүние жүзілік резерві болып көрмеген төмен деңгейге дейін кеміді, азық-түлікке деген қажеттіліктің ең аз мөлшерін қанағаттандыру үшін ол 54 күнге ғана жете алады.

Халықаралық ұйымдар мен дамыған державалар тарапынан донорлық көмектің арқасында бүгінде өмір сүріп отырған дамушы елдерге бірінші кезекті қауіп төнді. Африкада ғана осындай 45 ел бар. Мұнда, Латин Америкасындағыдай, жан басына астық тұтыну кеміп барады.

Сірә, таяудағы уақытта жағдайдың жақсылыққа қарай өзгеруі мүмкін. Ішінара алғанда, бұл үшін дүние жүзінің астықты империясы — Құрама Штаттарда да қадамдар жасалуда. Бертінде осы елдің ауыл шаруашылығы министрі Клейтон Йяттер жария еткен жоспарға сәйкес 1990 жылдың өзінде фермерлердің бидай егуге арналған егіс алаңын ұлғайтуына рұқсат етілді, мұның өзі қосымша 2,1 миллион акр егін салуға көмектеседі. Алайда осындай жағдайдың өзінде американдықтар бір жылдан кейін ғана астық түсімінің орташа көрсеткішіне жетіп, қорды қалпына келтіре алады.

Адамзаттың трагедиясына толы болғанымен біршама жалаң осы цифрлар неліктен бізді толғандыруға тиіс? Астық өндірісін қысқарту салдарынан дүние жүзілік рынoктарда оның бағасының 1,5 есе көтерілуінен болып отырған жоқ, бұл да біздің мемлекеттік мүддемізге елеулі түрде әсер етеді: өйткені Совет Одағының бұрнағы көптеген жылдардағыдай, биыл да шетелдерден ондаған миллион тонна бидай мен жүгері сатып алуына тура келеді (біз үшін осы астықтың жетімсіз болуы мүмкін). Астықты негізгі өндіруші ел үшін өзгеше осыншалықты дағдарыстың себептері маңызды. Ресми

Табиғат туралы ойлар

Қыстағы қар жерге ырыс.
Жердегі ылғал — елге ырыс.

Тау бұлағымен сәнді.
Көл құрағымен сәнді.

Көлдің құты кетсе.
Құтаны үш күн бұрын кетер.

Digitized by Google

топтар өгіннің шығымсыздығын американдық Орта Батысты және африкандық Сахел аудандарын жайлаған ұзаққа созылған қуаңшылықпен түсіндіруге бейім тұрғанымен, ғалымдар басқадай жауап береді, оны ықшамдап былай тұжырымдауға болады: жерді тиімсіз пайдалану.

Табиғат адамды қабілетсіздігі мен пайдакүнемдігі үшін қатаң жазалайды. Демек 1988 жылы Американың астықты белдеуін жайлаған қуаңшылыққа 1972 жылы бағаның көп көтерілуінен кейін парды жаппай жырту өз үлесін қосты, ол 80-ші жылдардың алғашқы жартысында жерді шексіз пайдалана беруге мәжбүр етті. АҚШ-тың негізгі астықты аудандарындағы жаппай эрозия, топырақтың құнарсыздануы, көптеген штаттарда қардың аз түсуі, тұщы судың жетімсіздігі оның қорытындысы болды. Соңғы жылдары бағаны біршама тұрақтандыру ғана АҚШ үкіметінің құнарсызданған жерді шаруашылық айналымынан шығарып, олардың құнарлылығын қалпына келтіру программасын жүзеге асыруына көмектесті. Енді қуаңшылықтан туындаған бағаның жаңадан шарықтауы Америка фермерлерін парды тағы да жыртып тастауға мәжбүр етуі мүмкін.

Қытайдың, Индияның, басқа елдердің проблемалары да осындай: шаруашылықты жүргізудің экологиялық жағдайының күрт нашарлауы, жерді ауыл шаруашылығы айналымынан өнеркәсіп немесе қала құрлысына беру. Рас, мұнда бұл агротехниканың тым жоғары деңгейіне қарағанда соншалықты баяу өтуде, Дәнді дақылдарға деген қажет соншалықты зор болып отырған жерлерде оның алаңдарын мәжбүр болған қысқартудың тұрақты процесі өтуде. Біздің еліміз де осы құбылыстан қалыс қалған жоқ.

Біздің елімізде су және жел эрозиясы қамтыған, ұқсатылатын жердің жалпы мөлшері бүгінде 213 миллион гектар құрайтынын, жыл сайын 2 миллирад тоннаға дейінгі топырақтың танаптан шайылып кететінін, соңғы жиырма жыл ішінде ғана ауыл шаруашылығынан басқа қажетке 33 миллион гектар егістік жер бөлінгенін, жыл сайын 40—50 мың гектар құнарлы жердің құнарсызданатынын білетін адамдар шамалы.

Басқа елдер сияқты біздің де өз жер байлығымыздың қалған бөлігін құтқаратын кезіміз жетті. Әлбетте, мұны жасау Құрама Штаттар мен Канадаға қарағанда бізге анағұрлым қиындау. Өйткені осы елдерде экологиялық дағдарыс ауыл шаруашылығының белгілі бір, өте жоғары ұйымдасқан түрінің даму шегін бейнелеп, мейлінше тиімді, табиғатты сақтайтын технологияға ауысуды сипаттайды. Экологиялық дағдарыс бізді төніп келе жатқан азық-түлік ауыртпалығымен күрестің қызу шағында тап болуда. Сөйтіп Совет Одағының сол проблемаларды тым ауыр жағдайда, демек аса қымбат бағамен шешуіне тура келеді.

Ойланатын кез келді.

Э. ГУСЕЙНОВ.
(«Известия», 1989 сентябрь).

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ҮНЕМДЕУ

Сіздер баспалдақ алаңдары мен пәтерлерде көбіне күндіз-түні электр шамдарының көбіне жанып тұратынын байқадыңыздар ма? Үй шаруасындағы әйел ас үйде жұмыс істеп жатқан кезде телевизор жұмыс істеп тура ма?

Электр энергиясы осылай ұқыпсыз жұмсалады.

Ал сіз электр энергиясын қалай жұмсайсыз?

— Орынды ма?

— Ұқыпты ма?

— Үнемді ме?

Ал бұл мынаны бейнелейді:

Сіз электр приборларын, кондиционерлерді қажетінсіз қоспайсыз:

— өз пәтерлеріңізде, баспалдақ алаңында, подъезде жанып тұрған электр шамын сөндірмей кетпейсіз,

— суды орынсыз жұмсамайсыз — демек бір текше метр су беруге 0,7 киловатт-сағат электр энергиясы жұмсалады ғой.

Сонда үнемделген электр энергиясының бір киловатт-сағатына

— екі пар аяқкиім тігуге,

— 10,5 килограмм шитті мақтаны ұқсатуға,

— 20 килограмм ұн, 18 килограмм өсімдік майын өндіруге,

— 50 килограмм нан-тоқаш тағамдарын пісіруге,

— 60 килограмм кір жууға болады.

Digitized by Google

Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің музейі

Музей 1975 жылы құрылды. Оның экспозициялары В. И. Ленин Октябрь қарулы көтерілісінен кейінгі алғашқы күндерде айтқан сөздер жазылған плакатпен ашылады. «Еңбекші жолдастар! ... Өте қатаң революциялық тәртіп орнатыңыздар, маскүнемдердің, бұзақылардың, контрреволюцияшыл юнкерлердің, корниловшылардың және сол сияқтылардың тарапынан анархия жасау әрекеттерін аяусыз басып-жаныштыңыздар» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 35 том, 71-бет). Осы сөздер Владимир Ильичтің инициативасымен 1917 жылы 28 октябрьде (10 ноябрьде) құрылған советтік милицияға арналған аманатқа да айналды.

Ведомстволық болғанымен музей ішкі істер органдары қызметкерлерімен ғана жұмыс жүргізумен шектелмейді. Экскурсиялар, лекциялар, оқушылардың, жастардың қарт чекистермен кездесулері оның қызметінің аясын анағұрлым кеңейтуде.

Есімдері жазылған қарулар, архив документтері, қылмыскерлер қолынан қаза тапқан милиция қызметкерлерінің меншікті заттары және басқа нәрселер заңдылықты қорғаушылардың ауыр қызметі туралы баяндайды. Тәжірибелі экскурсоводтар Қазақ ССР-інің алғашқы Ішкі істер халық комиссары Ә. Әйтиев, Верный қаласындағы қылмысты іздестіру бөлімінің алғашқы бастықтарының бірі И. М. Кукс, біздің республикамыздағы право реттілігінің басқа да адал қорғаушылары туралы әңгімелейді.

Людмила Михайловна Колесникова бірқатар жылдар бойы музейді басқарып келеді. Ішкі істер министрлігі басшылығының көмегімен ол жаңа үйдің бөлінуіне қол жеткізді. Оның құрылысы 1991 жылы аяқталады. Қызметкерлердің шағын коллективі өз күштерімен экспозицияларды жаңартып тұрады, облыстық музейлерге методикалық көмек береді. Ішкі істер органдарының ардагерлері Г. Г. Ибатуллин, Х. Г. Сұлтанғалиев, Б. В. Ершов, З. А. Исмагилов, Ю. Д. Самойлов, П. И. Васильев және басқалар музеймен тұрақты ынтымақтаса қызмет етеді.

Қазақстан облыстарындағы осындай музейлермен тығыз қатынас жасау өткен оқиғалар туралы деректерді анықтап, үйдегі архивтерде сақталған экспонаттармен экспозицияларды толықтыра түсуге көмектесуде.

Алдын ала жазылу арқылы музейге келуге болады. Оның адресі:

480060, Алматы, Гагарин көшесі, 155 (Шмелев көшесінің қиылысы).

Текстіні жазған және мұқабаның үшінші бетіндегі суреттерді түсірген «На страже» көптиражды газетінің тілшісі Михаил САФИН.

ДЕРЕКТІ ЭКРАН

«Леннаучфильм» киностудиясы **«№ 1500-іншi іс»** фильмін шығарды. Кинолента көрнекті орыс ғалымы-биологы Н. И. Вавиловтың тағдыры туралы әңгімелейді. Ішкі істер халық комиссариатындағы тергеу ісі 1500 номерімен белгіленген Н. И. Вавиловтың өмірінің соңғы қайғылы жылдары кинолента авторларының айрықша назарын аударды.

«СПИД: планета үстіндегі дақ» деректі лентасының авторлары мен оны жасаушылар СПИД-тің таралу ауқымы, осы аса қауіпті кеселдің жұғу жолдары, оны емдеуге байланысты проблемалар туралы әңгімелейді.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39

Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84
63-27-74,
63-27-56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: С. А. ДӘРМЕНБАЕВ, М. А. МӘМБЕТОВ, А. МӘУТЕНБАЕВ, Ж. Ж. НАУРЫЗБАЕВ, Б. Ө. САПАРҒАЛИЕВ, Т. В. ЩИПАНОВА.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.

Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,

Сдано в набор 13.09.89 г. Подписано к печати 30. 10. 89 г. УГ02597 Формат 70x108¹/₁₆. Бумага офсетная 2. Печать офсетная. Усл. печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8. Тираж 53466 экз. (каз. изд. 27536 экз., рус изд. 25930 экз.). Заказ 130. Цена 15 коп.

ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google








● Ардагерлердің жастармен кездесуі.

● СССР Ішкі істер министрлігі Алматы орта арнаулы милиция мектебі үшінші курсы комсомол ұйымының секретары, оқу озаты Асқар Мұхамбетқалиев музей экспонаттарымен танысуда.

● 1918 жылдан 1920 жылдарға дейін Қазақстанның бірқатар облыстарында милиция қатарында жұмыс істеген ішкі істер қызметінің подполковнигі Е. С. Афанасьевтің есімі жазылған сағаты.

● Қарағанды облысы Осакаров аудандық ішкі істер бөлімінің қылмысты істерді іздестіру бөлімінің оперативті уәкілі, аса қауіпті қылмыскерді ұстау кезінде қаза тапқан милиция аға лейтенанты Беслан Аушевтің куәлігі мен жеке заттары. Қарапайым қаламсап оқтардың бірін Бесланның жүрек тұсына жібермеді.



Суреттерді түсірген
М. САФИН.


Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.

Индекс 75328

II

ЖОҒАРЫДАН НҰСҚАУЛАР КҮТПЕ,



өзің шеш


Суретші Ю. И. БОНДАРЕВ.

«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН ҮГІТШІСІ



1989

23

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Digitized by Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



КӨКШЕТАУ ОБЛЫСЫ. Біз СССР Жоғарғы Советінің екінші сессиясының жұмысы туралы репортаж берілген кезде осы қызды — СССР Жоғарғы Советі Одақ Советі председателінің орынбасары Баян Сейілханқызы Ысқақованы күн сайын дерлік телевизор экранынан көреміз. Ол Целиноград медицина институтын бітіргеннен кейін Қызылту аудандық ауруханасында дәрігер-терапевт, кейін терапевт бөлімшесінің меңгерушісі болып жұмыс істеді. Комсомолдық саяси оқудың насихатшысы бола отырып, көп жылдар бойы қоғамдық жұмыстарды атқарды. «Білімді, іскер маман, өзіне және айналасындағы басшыларға талапшыл, адамдарға көмек көрсетуге әзір тұратын қарапайым, мейірман, қайырымды адам»— жұмыстас әріптестері және сайлаушылар Баян Сейілханқызы туралы осындай пікірлер айтады.

СУРЕТТЕ: СССР Жоғарғы Советі Одақ Советі председателінің орынбасары, дәрігер Баян Сейілханқызы Ысқақова.

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

23 • 1989
ДЕКАБРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Октябрь өмірге әкелген және Отан соғысында сыннан өткен халықтар достығы талай ұрпақтағы совет адамдары үшін олардың төл ісіне айналып, мұның өзі еліміздегі ұлтаралық қатынастарды қалыпты дамытудың аса маңызды кепілдіктерінің бірі болды. Соңғы уақытта қоғамдық өртаға тасталған ұлтаралық дүрдараздық ұрығының болашақта өсіп-өнуіне, біздің балаларымыз бен немерелеріміздің өміріне қаяу салуына жол беруге болмайды. Жас ұрпаққа интернационалдық және патриоттық тәрбие беру партияның, Советтердің, кәсіподақтардың, еңбек коллективтерінің, комсомолдың, семья мен мектептің бірінші дәрежелі міндетіне айналуға тиіс.

Интернационалистік сананы қалыптастыру жөніндегі жұмыс әдістерін және олардың мазмұнын түбірімен өзгерту қажет. Бірлік туралы лепірме сөздер, өмір шындығынан қол үзген, бұлтартпас дәлелдермен баянды етілмеген лекциялар, әңгімелер, баспасөз материалдары әлдеқашан-ақ кәдеге жарамай қалды. Мұнда да жаттампаздықты қабылдамайтын жаңаша саяси ойлау жүйесі керек. Мынаны басшылыққа алу қажет: интернационализм — ұлттық ерекшелікті сақтау правосын теріске шығару емес, керісінше, бұл — халықтардың ұлттық мүдделеріне деген өскелең ықылас және сонымен бірге — жалпы адамзаттық қазыналарды қорғау, бүкіл дүние жүзінде күш алып келе жатқан интеграциялық тенденцияларды ескеру. Интернационализмнің сырттан, бөгде біреу тарапынан таңылған әлдебір нәрсе емес, қайта өз санаңмен ұғынылған қажеттілік ретінде қабылдануы маңызды.

Интернационализмнің мәртебелі адамгершілік мәні оның ұлтшылдыққа және шовинизмге төзбейтіндігінде.

КПСС Орталық Комитетінің Пленумы 1989 жылғы 20 сентябрьде қабылдаған «Партияның қазіргі жағдайдағы ұлт саясаты» атты КПСС Платформасынан.

Digitized by Google

ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ АРИАЛҒАН

Үстіміздегі жылы 13 ноябрьде өткен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVII пленумы партия ұйымдары мен еңбек коллективтерінде кеңінен талқыланғаннан кейін Қазақ ССР Халық депутаттары мен жергілікті Советтерінің сайлауына байланысты Саяси платформаны қабылдады. Осы маңызды документте республикалық партия ұйымының сайлау алдындағы жауапты кезеңдегі іс-қимылының терең ойластырылған, нақты программасы баяндалады. Сайлау науқаны КПСС XXVIII съезі мен Қазақстан Коммунистік партиясы XVII съезіне әзірлікпен бір мезгілде белең алуда. Ол уақыты жағынан В. И. Ленинның туғанына 120 жыл толуын және Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы жеңісіне 45 жыл толуын мерекелеуге әзірлікпен тұспа-тұс келеді. Осы мүшел тойларды социализмнің мұраттарын және елімізді революциялық жолмен жаңартудың басым бағыттарын кеңінен насихаттау үшін пайдалану қажет.

Саяси платформада атап көрсетілгеніндей, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті одан әрі ілгерілеуді саяси және экономикалық өмірдегі түбегейлі өзгерістермен байланыстырады. Қазақ ССР-інде экономиканың адамның мұң-мұқтажына қарай бет бұруы, оның әлеуметтік бағдар алуы байқалып отыр.

● Бесжылдық ішінде әлеуметтік салаға бөлінген қаржының үлесі 26 проценттен 30 процентке дейін өсті. Азық-түлік, тұрғын үй және халық тұтынатын тауарлар өндіру төрізді әлеуметтік елеулі программалар дәйекті түрде жүзеге асырылып келеді.

● 1986—1988 жылдары ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 17 проценттей өсті. Астық өндірудің жылдық орташа мөлшері он бірінші бесжылдықпен салыстырғанда 22 процент, ет —19, сүт —12, жұмыртқа —16 процент өсті. Халықтың жан басына шаққандағы нақты табысы 9,2 процент көбейді. Халықтың жан басына шаққанда негізгі тамақ өнімдерін тұтыну артты.

● Бесжылдықтың төрт жылы ішінде қаржыландырудың барлық көздері бойынша 33 миллион шаршы метрден астам, яғни өткен бесжылдықтың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,4 есе көп тұрғын үй қатарға қосылады.

● Халық тұтынатын тауарлар өндіру 1,4 есе ұлғайып, 1989 жылдық қорытындысы бойынша 11,1 миллиард сом болады.

Сонымен бірге Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті әлеуметтік саясаттағы шешілмеген проблемаларды, елеулі ағаттықтарды да айқын елестетеді. Ұлтаралық қатынастардағы қиғаштықтар жойылған жоқ, экологиялық ситуация шиеленісіп кетті, право тәртібін бұзушылық көбейіп барады. Соңғы кезде жасалған қадамдар экономиканы сауықтыруда түбегейлі өзгеріске бастаған жоқ. Одақтық, сондай-ақ республикалық ауқымда да басқаруды қатаң орталықтандыру оны дамытуды әлі де тежеуде.

Қалыптасқан жағдайдан шығу республиканың экономикалық дербестік, өзін-өзі басқару мен өзін-өзі қаржыландыру принципіне өтуінен, «Қазақ ССР-нің өзін-өзі басқару мен өзін-өзі қаржыландыру концепциясы» жобасына сай басқарудың қазіргі құрылымын қайта қараудан көрінеді. Мұның барысында советтік федерализм принциптеріне адал Қазақстан аймақтық экономиканың дамуы туралы қамқорлық жасауды жалпы мемлекеттік мүдделермен, оның елдің біртұтас халық шаруашылық комплексіне қосар үлесін үнемі арттыра берумен қабыстырады.

Сайлауды қарсы ала отырып, Қазақстан коммунистері қайта құру ісін жалғастыра береді. Бүгінде жүзеге асырылып жатқан өзгерістерде адамға баса көңіл бөлінуде.

● Тұрғын үй программасын іске асыру жалғастырылуда. «Тұрғын үй-91» программасына сәйкес бес жылда 800 мыңға жуық семья тұрғын үй жағдайын жақсартады. Одан әрі алға қойған міндетті шешу —2000 жылға дейін әрбір семьяны пәтермен немесе жеке үймен қамтамасыз ету үшін тұрғын үй құрылысының қарқыны еселене түседі.

● Күшті әлеуметтік саясатты жүргізуде азық-түлік проблемасын шешу ең басты мәселе болып қала береді. Аграрлық-өнеркәсіптік комплекс кәсіпорындарының алдына 1990 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIII пленумы белгілеген шептерге жету және бір адамға шаққанда өнімдердің жан басына тұтынылуын: ет бойынша 72 килограмға, сүт бойынша 300 килограмға, картоп бойынша 93 килограмға, көкөніс және бақша дақылдары бойынша 130 килограмға жеткізу міндеті қойылды. Республикалық партия ұйымы осы міндеттердің шешілуін арендалық қатынастарды, фермерлер (шаруалар) шаруашылықтарын барлық жерде дамытудан, жерді ұзақ мерзімге пайдалануға беруден және шаруашылық жүргізудің басқа да прогрестік формаларын дамытудан көріп отыр. Селоның әлеуметтік дамуына айрықша көңіл бөлінетін болады.

Digitized by Google

Рынокты тұтыну товарларымен молықтыру ұлғаяды. 1995 жылға дейін оларды өндіру көлемі 1,4 есе артады. Кооперация туралы Заңның сақталуына қатаң бақылау жасау қамтамасыз етіледі. Жұмыс істеп тұрған кооперативтер товар өндіру мен көрсетілетін қызметті еселей түсуге бағдарланады. Орталық Комитет алыпсатарлық есебінен байып отырған кооперативтерді және қызметі әлеуметтік-экономикалық жағдайды шиеленістіріп, финанс жүйесін тұрақсыздандырып отырған кооперативтерді құруға жол беруге болмайды деп есептейді.

● Халыққа медициналық қызмет көрсетуді жақсарту жөніндегі, ең алдымен оны шалғай аудандар мен елді мекендерде жақсарту жөніндегі республикалық мақсатты программа халықтың денсаулығына деген қамқорлыққа толы. Үстіміздегі бесжылдықтың соңына дейін 17,9 мың төсектік аурухана, сменасына 49,5 мың адамды қабылдайтын поликлиникалар мен емханалар салынады. Он үшінші бесжылдықта облыстық 12 жаңа консультациялық-диагностикалық орталық ашу белгіленіп отыр. Денсаулық сақтау саласын дамытуға арнап бөлінетін жалпы қаржыны кемінде 2-3 есе көбейту көзделуде.

● Жеткіншек ұрпақты адамгершілік-эстетикалық тұрғыдан оқыту мен тәрбиелеудің республикалық комплексті программасы жүзеге асырылады. Ол халыққа білім беруді гуманитарландыруды қарастырады. Ұлттық мәдениетті оқып үйренуге мамандануышы жалпы білім беретін оқу орындары жүйесі ұлғайтылуда, селолық аудандарда эстетикалық тәрбие орталықтары құрылуда, балалардың республикалық музыка театрын, халықтық үрмелі аспаптар мектебін, көркем кәсіпшілік училищесін ашу белгіленді. Осының бәрі социалистік адамгершілік пен моральді одан әрі орнықтыра беруге ықпал ететін болады.

Партия айналадағы ортаны қорғауға, экологиялық жағдайды жақсартуға ерекше мән береді. Осыны басшылыққа ала отырып, Орталық Комитет республикалық экологиялық программаны әзірлеу, республикалық органдардың табиғат ресурстарын жұмсау жөніндегі праволарын кеңейту деп есептейді, табиғаттың ұтымды пайдаланылуына тәуелсіз бақылаудың бірыңғай қызметін құру жөніндегі шараларды батыл қолдай береді. Республикадағы, әсіресе ірі өнеркәсіп орталықтарындағы, сондай-ақ Семей ядролық полигонына, Арал теңізі мен Балқаш көлі бассейндеріне шектес жатқан аймақтардағы экологиялық жағдайдың жәй-күйі туралы хабарды кеңейту қажет. Орталық Комитет Семей қаласы ауданындағы полигонда ядролық сынауды тоқтатуды, одақтық үкіметтің осы аймақтар халқының тұрмыс жағдайын жақсарту және оған ерекше жеңілдіктер беру жөнінде арнаулы шешімдер қабылдауын батыл жақтайды.

Ұлтаралық қатынастар проблемасын шешу, делінген Платформада, Қазақстан Компартиясының ерекше қамқорлық көрсететін ісі болып келді және солай болып қала береді.

Республикада тұратын барлық халықтар мен ұлттық топтардың, олардың мәдениеті мен тілінің практикада еркін дамуы мен теңдігін қамтамасыз ету, барлық ұлттар мен ұлыстардың түбегейлі рухани байланыстарын байытып, нығайту жөніндегі жұмысты жалғастыру қарастырылуда. Республика коммунистері социалистік федерализмді қорғау, қоғамның барлық кінаратсыз күштерін сепаратизмге, экстремизмге, шовинизм мен ұлтшылдық көріністеріне, еліміз халықтарының туысқандық семьясына жік салуға тырысқан кез келген әрекеттерге қарсы біріктіру бағытын табандылықпен жүргізе береді.

Документтер право реттілігін, еңбек пен қоғамдық тәртіпті нығайту жөнінен нақты шаралар белгіленді. Еңбек коллективтерінің ролі мен инициативасын арттыру, еңбекті ұйымдастыру мен ақы төлеуді жақсарту міндеттеріне айрықша мән берілуде.

Республиканың партия ұйымы Бүкілодақтық XIX партия конференциясы талдап жасаған позицияны толығынан қолдай отырып, қазіргі кезеңде мемлекеттік өкімет билігін халық депутаттарының Советтеріне нақты беруді жүзеге асырудан өзінің басты міндетін көреді. Осындай жағдайда ғана өкіметтің түбегейлі демократиялық механизмін жасау қамтамасыз етіледі, оның барысында қалың халық бұқарасы жалпы мемлекеттік, республикалық және аймақтық мәселелерді шешуге тартылатын болады.

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті өзінің Саяси-платформасында сайлауларда партия ұйымдары белсенді позиция ұстайды деп мәлімдеді. Батыл, өжет, біліктілікпен, ауқымды түрде іс-қимыл жасай алатын қайта құрудың белсенді қатысушыларына — жұмысшы табы мен шаруалардың таңдаулы өкілдеріне ерекше қолдау көрсетіледі. Депутаттық корпусқа халықтық интеллигенцияның таңдаулы өкілдері, халықтың қам-қаракеті мен үмітін білетін, адамдардың ақыл-ойы мен жүрегіне ықпал жасауға, жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу жолындағы жауапкершілікті өзіне алуға қабілетті шын мәніндегі жарқын тұлғалар енуге тиіс. Орталық Комитет республиканың коммунистерін, барлық еңбекшілерін сайлауға белсенді түрде қатысуға, қайта құрудың жауапты міндеттерін шешуге бағытталған партияның Саяси платформасы негізінде бүкіл қоғамды топтасуға шақырады.

Digitized by Google

САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ ДҰРЫС ТАҢДАУ ЖАСАУЫНА КӨМЕКТЕСЕЙІК

Халық депутаттары жергілікті Советтері мен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сайлауына дейін аз-ақ уақыт қалды. Сайлаушылардың халықтық өкіметтің пәрменді органдарын қалыптастыруына көмектесу үшін оған әзірлік жөніндегі үгіт-насихат жұмысын қалай жақсы ұйымдастыруға болады — үстіміздегі жылы 27—28 октябрьде Жамбыл қаласында өткен «Партия ұйымдарының сайлау науқаны туралы бұқаралық-саяси жұмысы» тақырыбы бойынша республикалық семинар-практикумде осы өзекті мәселе талқыланды. Қазақстан Компартиясы идеология бөлімі меңгерушісінің орынбасары В. А. ЕРМАКОВ онда баяндама жасады. Қазақстан Компартиясы Жамбыл облыстық комитетінің бірінші секретары С. М. БАЙЖАНОВ семинар-практикум жұмысына қатысып сөз сөйледі. Семинарға қатысушылар облыс орталығының кәсіпорындары мен тұрғын үйлер аудандарында болып, оларда сайлау науқаны барысымен танысты.

Семинарға қатысушылардың бәрі өз сөздерінде сайлаушылар арасындағы үгіт-насихат жұмысын ұйымдастыруға творчестволық тұрғыдан қарау, формализм мен қасаңдықты үзілді-кесілді жою қажеттігін атап көрсетті. Бәрі өткен сайлау науқанының тағылымдарына қайсыбір дәрежеде тоқталды. Ол үгіттің бірқатар жаңа тиімді формалары мен әдістерін өмірге әкелді. Мәселен, саяси оқу үйлерінде жұмыс істейтін қоғамдық-саяси орталықтар, сайлаушылардың пікірталас клубтары, депутаттыққа кандидаттардың үгіт штабтары өздерін оңды көрсете білді. Үгіт поездары мен үгіт автобустарын шалғай және шағын елді мекендерге, мал шаруашылығының шалғай учаскелеріне жіберу, кандидаттардың «жылжымалы мінберін», олардың портрет-кештерін т.б. өткізу өзін ақтады. Сонда да көптеген партия ұйымдары, идеология кадрлары демократиялық жаңа жағдайға әзір болмай шықты, ескі қатынастарды қалайтындықтарын көрсетті, самарқаулыққа жол берді, сайлаушылар сеніміне дереу ие боламыз деп үміттенді.

Осы және басқа кемшіліктер ешбір жағдайда қайталанбауға тиіс, деп атап көрсетілді семинарда. Ұйымдық және бұқаралық-саяси жұмыстың жұмысшылар, шаруалар және интеллигенция ортасынан қайта құру жолындағы белсенді күрескерлердің Советтерге ұсынылып, сайлануына ықпал жасауы маңызды.

Бүгінде үгіт-насихат активінің бірінші кезекті міндеті — Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Саяси платформасының мазмұнын сайлаушылар сана-сезіміне жеткізіп, әр адамның қайта құрудың нақты міндеттерін шешуге, әлеуметтік-экономикалық жағдайды түбірінен жақсартуға белсенді қатысуының қажеттігін көрсету.

Семинарға қатысушылар оның творчестволық сипатын қанағаттанғандықпен атап өтті. Шындық дәріптелмей, коллективті түрде іздестірілді. «Дөңгелек стол» басындағы мәжілістер кезінде бірлескен ізденіс ахуалы барынша толық көрінді, олардың бірі сайлаушылардың тұрғылықты жері бойынша үгіт-насихат жұмысының ерекшеліктеріне, ал екіншісі — еңбек коллективтеріндегі осы жұмысқа арналды.

Үгітшілер қызметі алғашқы кездесуге қатысушылар назарында болуы орынды еді. Олардың жаңа ролін анықтау жолы соншалықты оңай болған жоқ: ақиқатқа көз жеткізуге ескі, сондай-ақ жаңа пікірлер оралғы жасады. Пікірталас тудырған адамдардың аты-жөнін атамай-ақ ой толғау арнасын қалпына келтіру әрекетін жасап көрелік.

— Депутаттыққа әр кандидаттың сенім білдірілген адамы мен қолдау тобы болғандықтан бүгінде үгітшілер онша керек емес, ал сенім білдірілген адамдар мен қолдау топтары олар үшін үгіттеуге тиіс қой.

— Дегенмен кандидат өкілдері бүкіл сайлаушылар бұқарасын қамтуға қабілетті ме? Округте мың, ондаған мың адамның болуы мүмкін, үгітшілерсіз оларды қамту мүмкін емес.

— Бізде үгіт коллективтері құрылған, алайда олар кандидаттар үшін үгіттемейді. Кандидаттарды таныстырумен шектеледі.

— Демек, бейтарап позиция ұстайтын болғаны ғой. Сонда үгіттің мәні неге саяды?

— Ол сайлау туралы заңдарды түсіндірумен, кандидаттармен, олардың өмірбаянымен таныстырумен айналысады.

— Дегенмен таныстырудың өзі — соншалықты бейтарап процесс емес қой. Үгітші өзі аңғармаса да көзқарасы мен позициясы біршама жақын кандидаттарға іштартпай тұра алмайды ғой.

— Ең алдымен сайлау алдындағы программаны салыстырып, сайлаушылардың кандидаттар белгілеген программаның қаншалықты нақты екенін, оның дауысты көбірек алу үшін жазылмағанын талдауына көмектесу керек қой. Осылай болды да. Демек шопандарға вагоннан шай жеткізіп беруге уәде еткен депутатқа үміткерлер болды ғой. СССР халық депутаттығына кандидаттардың сайлау алдындағы жиналыстарда берген уәделерін орындау

Digitized by Google

үшін... үш триллионнан астам сом немесе елдің жеті жылдық бюджеті талап етілетіні туралы хабар орталық баспасөзде ұшырасты. Қазір аспаннан мұндай «құймақ» жаудырудың ешкімге керек еместігі айқын, сонда ол кейбіреулердің көтерілуіне көмектесті ғой. Егер үгітші сайлаушылардың, программалар мен позициялардың қаншалықты сындарлы, қоғамға, оның ілгері басуына қаншалықты қызмет ететінін ажыратуына көмектессе, мұнда ешқандай сөкеттік жоқ қой.

— Үгітші сайлаушылармен кері байланыс орнатуға, оларды толғандыратын мәселелерді анықтауға көмектесуге тиіс.

— Біз адамдар, нақты адамдар туралы аялы қамқорлық басты мәселе екенін ұмытып кетеміз. Үгітші қайырымдылық қызметін де атқарып, адамдардың мезгілі жеткен мәселелерді шешуіне көмектессе ғана, ол өз міндетін ақтай алады.

— Ең біріншісі, ол әр адамның бүгінде сайлауға қатыса отырып, елдің саяси өміріне, қайта құру жолдарын анықтауға нақты ықпал жасай алатынына иландыруға тиіс.

Сонымен талқылаудан көрінгеніндей, үгітші функциясы өте-мөте ауқымды, ол жай хабаршы немесе оқиғаларға түсініктеме беруші бола алмайды, ол партия бағытын жүзеге асыру, республикада тұратын барлық ұлттар өкілдерінің, шын мәнінде таңдаулы адамдардың Советтерге сайлануы үшін белсенді күрес жүргізіп, бұл үшін жұмыстың иландыру, позицияларды салыстыру, сындарлы пікірталас секілді формаларын пайдалануға міндетті. Түптеп келгенде, адамның өзін тыңдап, оған немен көмектесуге болатындығын түсіну — мұның өзі де үгіт қой. Қайсыбір тұрғыдан қысым көрген, өмірде ауыртпалықтарды өткерген адамдарға, жалғызілікті қарт адамдарға айрықша көңіл бөлу қажет.

Жақсы даярланған адамдар ғана осындай күрделі міндетті орындай алады. Демек, кәсіпорындар мен қоғамдық ұйымдар жетекшілерін, аса тәжірибелі насихатшыларды, ғылым мен өнер адамдарын үгіт коллективтеріне енгізу керек. Соғыс пен еңбек ардагерлері, Қызыл Крест пен Қызыл Жарты Ай ұйымдары, қайырымдылық, денсаулық, мәдениет, Балалар қорлары және басқалар осы жұмысқа қосылуға тиіс. Олардың көпшілігі тұрғылықты жер бойынша емес, әзірше кәсіпорындарға сүйенеді, мұның өзі олардың халықпен байланысын, ықпал жасау аясын шектейді.

Өткендегі сайлаудан кейін көптеген тұрғын үйлер аудандарында белсенді жұмыс толқыны қалай тез бәсеңдеп кеткені туралы семинарда аса алаңдаушылықпен айтылды. Енді жаңа кездесулерде кейбіреулер мұндай ұмытшақтықтан өздерін жайсыз сезінуде. Тұрғылықты жер бойынша үзіліссіз, жүйелі жұмыс жүргізетін уақыт жетті, өмір, практика мұны қалай жақсы жасауға болатынын көрсетуде. Жезқазған облысының қалалары мен поселкелерінде жинақтала бастаған тәжірибе бәрінің тағы да ықыласын аударды.

Жезқазғанның Некрасов көшесінде тұратын коммунистер алғашқылардың бірі болып бірікті. Ұйымдастыру жиналысына осында тұратын төрт жүз тұрғыннан небары 40 адам келді, сонда да бұл оны ұйымдастырушылардың меселін қайтармады. Партия ұйымының сайланған секретары мыс балқыту заводының мастері Борис Николаевич Макаров, партия бюросының басқа мүшелері қадам сайын коммунистерді топтастырып, оларды микроауданды жайластыруға, право реттілігін нығайтуға, бәрін жауыр еткен басқа проблемаларды шешуге көтерді. Демек, микроаудан бойынша өз көршілері ішінен қалалық партия комитеті бюросының мүшесін де, цех бастығын да, Социалистік Еңбек Ерін де танып, адамдардың қандай таңырқағанын көре білу керек еді, сонымен бірге олардың үлгілері, әлбетте, бәрінен көбірек керек болатын жерлерде оның нашар бой көрсететініне таңырқады. Коммунистер бір-бірін жақсы таныған қазіргі уақытта олардың төңірегіндегілерге жасар ықпалы барған сайын күштірек, демек нақты істерде көрінуде.

Уставтан тыс партия ұйымдарының негізінде үгіт коллективтері құрылды, олар да сайлау науқанына белсене қосылды. Мәселен, Дальне-Западный рудниғінің инженері Амангелді Жақыпов басқаратын үгіт коллективі жұртшылық тарапынан көбірек көңіл бөлуді қажетсінетін семьяларды анықтады, тұрғындармен жеке жұмыс жүргізуді жолға қойды.

Партия комитеттерінің уставтан тыс партия ұйымдары мен үгіт коллективтерін құрумен ғана шектелмей, оларға жан-жақты көмек беруі, ішінара алғанда, қалалар мен поселкелердегі жағдай, сайлаушылар қоятын аса орынды мәселелер туралы жүйелі хабарландырып, қажетті анықтама материалдарымен қамтамасыз ету, актив үшін семинарлар мен нұсқау-кеңестер өткізуі орынды.

Шымкенттіктердің микроаудандардың өзін-өзі басқару советтерін құру жөніндегі бастамасы да семинарда оңды бағасын алды, ол халықтың тұрғын үйлер алқабының әлеуметтік-экономикалық дамуына деген мүдделілігін, оларда қолайлы моралдық-психологиялық ахуалды сақтау үшін жауапкершілігін көтеруге көмектесті.

Жамбыл қаласында қоғамдық советтер мен уставтан тыс партия топтары тікелей көп пәтерлі тұрғын үйлерде құрылуда, мұның өзі тұрғындарды үй коллективтеріне топтастыруды жеңілдете түсті.

Оңды тәжірибенің басқа адрестері де аталды. Осы жаңалықтардың бәрі халықпен жұмыстың дәлме-дәлдіктегі тиянақты жүйесін құруға көмектесетін сол бір «кірпіштерді» аңғартады деп айтуға болады.

Жамбыл облыстық партия комитетінің бірінші секретары С. М. Байжановтың сөз

Digitized by Google

сөйлеуі арқылы семинар жұмысына елеулі серпін берілді.

Сәбит Мұқанұлы жылдар бойы байқалып келген «түрмыстық уақ-түйектердің» қандай оралғы жасап, адамдар сана-сезіміне кері әсер ететіні туралы айтты. Мұнда сондай-ақ облыстық партия комитетінің бірінші секретарының соңғы айлар ішінде елуден астам семьяның пәтерінде болғаны туралы да айту орынды болмақ. Ол жатақханаларда да жүйелі болып, адамдарға қатты әсер ететін түрмыстық істерде көмектесуге ұмтылады. Былғары аяқкиім жатақханасында тым сүреңсіз көрініс ұшырасты: қызыл мүйіс нашар, буфеттің сөрелері қаңырап бос тұр. Тағамдар калькуляциясын сұраған кезде сонау... 1987 жылғы жасалған бетшені берді. Дегенмен облыстық партия комитеті басшылығының қызметі үшін осының бәрі соншалықты «уақ-түйек пе?» Жоқ, олай емес. Осындай ұшырасқан кеселдерді түзеу адамдар позициясына белсенді ықпал етеді, шаруашылық жетекшілері үшін көрнекі тағылым қызметін атқарады, ал олардың көпшілігі өз міндеттеріне бұрынғысынша үстірт қарайды, өндірістік, шаруашылық мәселелерімен шектеледі, адамдардың өміріне, тұрмысына үңілмейді.

Еңбек коллективтеріндегі сайлау алдындағы үгіт-бұқаралық жұмыс проблемаларын талқылаған «дөңгелек стол» басында осы жайлы өткір әңгіме қозғалды. Оған қатысушылар өндірістің әрбір жетекшісінің стилінде, мейлі ол совхоз, кәсіпорын директоры, немесе мастер, бригадир болсын, шұғыл бетбұрыс керектігін айтты. Қарауындағылардың мұң-мұқтажын ұмыт қалдыратындарға адамдар бармайды, сайлаушылар депутаттыққа кандидаттарды ұсыну жөніндегі өз жиналыстарында осы жайлы ашық айтты.

«Дөңгелек стол» басындағы мәжіліске қатысушылар айтқан тағы бір пікір: Советтерге өз үміткерлерін ұсынған еңбек коллективтері, партия ұйымдары оларды жақтан, олар үшін белсенді үгіт жүргізуге тиіс. Еңбек коллективтерін сайлау науқанының барысы туралы жүйелі хабарландыруды жолға қойып, бұл үшін саяси хабаршылардың, лекторлардың әңгімелерін, көп тиражды және қабырға газеттерінің мақалаларын, көрнекі үгітті кеңінен пайдалану өте-мөте маңызды.

Семинарда қоғамдық пікірді зерттеп, қалыптастыруға, бұған адамдардың көңіл-күйі туралы дер кезіндегі хабарларды жинаудың барлық арналарын тартуға көп көңіл бөлінді.

Қазірдің өзінде осы бағытта белгілі қадамдар жасалды: Қазақ республикалық кәсіподақтар советі мен Қазақстан комсомолы Орталық Комитеті жанынан қоғамдық пікірді зерттеудің республикалық орталықтары. Ғылым академиясы Экономика институтының Социологиялық орталығы жұмыс істей бастады, облыстық партия комитеттерінде қоғамдық пікірді зерттеу жөніндегі консультант қызметі енгізілді. Қазір Қарағанды облыстық партия комитеті қоғамдық пікірді қалыптастыру мақсатымен баспасөзді белсендірек пайдалануда. Облыстық ұйымдар басшыларының газеттерде, радио мен телевизия арқылы сөз сөйлеуінің графигі жасалды. Баспасөз бетінде депутаттыққа кандидаттарды да таныстыру жүйесі ойластырылды.

Тікелей кәсіпорындар мен селоларда да тартымды тәжірибе қалыптасуда. Демек, Ақтөбе облысында мұны жасауға ақсақалдар советі көмектесуде. Өмірден тоқығаны көп адамдар көптеген іскер ұсыныстар айтады. Қостанайда халықтың атынан жергілікті Советтерде болуға лайықты адамдарды атау өтініштері баяндалған жүздеген ашық хат таратылды. Соның қорытындысында көптеген жаңа, тіпті күтпеген есімдер аталды. Алматының, басқа қалалардың партия комитеттерінде «үздіксіз байланыс» телефоны жұмыс істейді.


Семинарға қатысушылар Жамбылдың «Химпром» өндірістік бірлестігінде болған кезде де көптеген тағылымды жайларға қанықты. Мұнда сайлаудан көп бұрын партия комитетінің тапсыруымен социология қызметі анкеталық сұрақтар жүргізді, ол аса беделді жұмысшылар мен мамандарды, коммунистер мен партияда жоқтарды, түрлі ұлттар өкілдерін анықтады. Бір тағылымдысы сол, олардың бірқатары сосын депутаттыққа кандидаттар болып ұсынылды.

Қазір әрбір партия комитетінде қоғамдық пікірді ескерудің, оған саяси және идеологиялық ықпал жасаудың, түрлі сыбыстар мен қауесеттердің таралуының алдын алу жүйесін жасау, жергілікті өмірдің барлық мәселелері бойынша адамдарды дер кезінде саяси хабарландыруды қамтамасыз ету қажет. Оқиғалар соңында қалып қоймау үшін сайлау науқанының әр күніндегі дерлік жағдайды оперативті түрде тексеріп, ой елегінен өткізу және партия ұйымдарының бәрін туындап қалатын киелжіңді жағдайларды дереу шешуге, қоғамдық кінәратты пікірдің қалыптасу себептерін жоюға бағдарлау қажет.

Семинарда партия қызметкерлерінің, идеология активистерінің қайта құрудың «митингілік демократия» секілді көрінісін де шындап меңгеруінің қажеттігі туралы айрықша айтылды. Осыған орай семинарда Талдықорған, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстары партия ұйымдарының практикасы өте-мөте жіті талданды. Олар «рәсімсіздерді,» қоса алғанда барлық күштерді сайлауды ұйымшылдықпен өткізу мақсатында шоғырландыру мәселесін, мезгілі жеткен проблемаларды сындарлы шешуде. Облыстық партия комитеттерінде, басқа партия комитеттерінде сайлау науқаны басталардан көп бұрын арнаулы штабтар мен топтар құрылды. Алматы мен Павлодар қалалық партия комитеттерінде түрлі инициативалы топтар өкілдерімен кезде-

(Соңы 15-бетте).

Digitized by Google



СОВЕТТЕР ЕЛІНІҢ БІРЛІГІН НЫҒАЙТА БЕРЕЙІК

БІЗДІҢ халқымыз жақындап келе жатқан бүкілхалықтық мереке — Советтік Социалистік Республикалар Одағының құрылу күнін Коммунистік партияның қоғам өмірінің барлық жағын белсенді түрде жаңартуға, ортақ үйімізде туындаған қиыншылықтарды үзілді-кесілді жоюға бағытталған сындарлы шешімдерді анықтаған жағдайда қарсы алуда. Үстіміздегі жылы сентябрьде өткен, КПСС Орталық Комитетінің Пленумы бүкіл партия, қоғамның салауатты барлық күштері әзірлеуге қатысқан «Партияның қазіргі жағдайдағы ұлт саясаты» платформасын қабылдады. Шын мәнінде кезеңдік, жалпы партиялық осы документте елде ұлтаралық қатынасты жарастырудың ауқымды да түбегейлі реалистік программасы баяндалады. Лениндік принциптер түлетіліп, олар сталиншілдік пен тоқыраушылық кезіндегі қаптаған бұрмалаушылықтардан тазартылуда. Біздің халқымыз социалистік қоғам құрылысына бірлесе қатысу жылдарында жинақтаған не құндының бәрі ұқыптылықпен жиналып, ой елегінен өткізілген, мұның өзі олардың осы заманғы адамзат цивилизациясына қосқан баға жетпес үлесіне айналды. «Бұл — жаңашыл программа... Ол ақиқаттарды ескерген және қазіргі қажеттерге сай келеді, — деп атап көрсетті М. С. Горбачев КПСС Орталық Комитетінің Пленумында сөйлеген қорытынды сөзінде. — Оның ғылымилығы мен өміршеңдігі де осында, сондықтан да ол кеңінен қолдау тауып отыр, және де оны жүзеге асырған кезде өзіміздің күткеніміздей мәуелі жемістер беретініне сенемін».

ПЛАТФОРМА позициясынан біздің өткен тарихи жолымыз өте-мөте жақсы көрінеді. СССР — бұл жер бетіндегі ең ірі көп ұлтты мемлекет. Тұратын ұлттар саны жағынан Советтер Еліне тең келер ел жоқ. Қазіргі уақытта бізде 53 ұлттық мемлекет пен мемлекеттік құрылым бар. Олардың ішінде 15 одақтас және 20 автономиялы республика, сондай-ақ 8 автономиялы облыс пен 10 автономиялы округ бар.

Ұлы Ленин Одағымызды құрудың бастауында тұрды. Ол партияның ұлт мәселесіндегі оңтайлы стратегиясын теориялық жағынан негіздеумен қатар ұлттық құрылысты тікелей ұйымдастырушы болды. Владимир Ильич советтік республикаларды біріктіру туралы мәселені өте-мөте маңызды деп атады, олардың күш-жігерін біріктіру әр республиканың және тұтасынан елдің дамуын бірнеше мәрте жеңілдетеді, деп әділетті санады.

Сонымен бірге ол әр ұлттың рухани, мәдени, тіл қажетіне аса ұқыпты қамқорлықпен қарау, осы мәселелерді барынша жүзеге асыру үшін барлық жағдайды жасау қажеттігін атады: «...Әр түрлі ұлттардың мүдделеріне орасан зор көңіл бөлушілік қана дау-жанжалдардың негізін жояды, өзара сенбеушілікті жояды, қандай да бір интрига болып қалар ма екен деп қауіптенуді жояды, әсіресе әр түрлі тілдерде сөйлейтін жұмысшылар мен шаруалардың сенімін туғызады, мұндай сенім болмайынша халықтар арасында бейбіт қатынастар да, қазіргі цивилизациядағы барлық бағалы нәрселерді азды-көпті ойдағыдай өркендету де мүлдем мүмкін емес».

Советтік республикалар мен автономиялы облыстарды құру процесі Октябрь революциясынан кейінгі алғашқы айларда басталып, В. И. Ленинің кезінде және одан кейінгі бірқатар жылдарда өте белсенді түрде өтті. 1917—1922 жылдары ғана 4 суверенді одақтас және 12 автономиялы республика, сондай-ақ 16 автономиялы облыс құрылды.

В. И. Ленин қалаған принциптер, советтік федерацияның қалыптасып даму оралымдылығы ел халықтарының өздерінің экономикалық, мәдени және саяси

Digitized by Google

дамуына қарай мейлінше төмен және мейлінше жоғары ұлттық автономияға өтуіне көмектесті. Олардың біреулері ұлттық округтерден автономиялы республикаларға (Мордва АССР-і), екіншілері автономиялық облыстан автономиялы республикаға (Чуваш, Мари АССР-лері), үшіншілері — автономиялы облыстан одақтас республикаға (Қырғыз), төртіншілері — автономиялы республикадан одақтас республикаға (Тәжік, Қазақ) дейінгі даму жолынан өтті.

Советтік автономияның мұндай икемділігі оның басты қасиеттерінің бірін құрады, сонда да социалистік құрылыстың жалпы принциптері секілді бұрмаланды. Ұлт мәселесімен айналысып, И. В. Сталин В. И. Ленининен қолдау тапқан маркстік дұрыс қиғадаларды талдап жасаумен қатар ұлттық-мемлекеттік құрылымдардың правосын кемсітуге бағытталған және социалистік федерацияны бұрмалаған өрескел теориялық және практикалық қателіктерге жол берді. Ол 1922 жылы СССР-дің құрылуы қарсаңында жасаған баяндамасындағы «автономияландыру» жобасы Ленинның тарапынан тегеруінді түрде сыналды. Сталиннің пікірі бойынша тәуелсіз советтік республикалардың автономия ретінде РСФСР құрамына енуі қарастырылды, мұның өзі іс жүзінде тең праволы республикалардың одағын құруды емес, олардың бәрін бір ғана РСФСР-ге бағындыруды бейнеледі. В. И. Ленин Сталиннің концепциясын зиянды әрі түбірінен қате деп атады. Оны қабылдап, жүзеге асыру республика праволарын кемсітуге соқтырған болар еді. Бұл пролетарлық интернационализм принциптерінен шегінушілік болар еді. Сталин 1922 жылы 22 сентябрьде Саяси Бюро мүшелеріне жолдаған хатында осы ескертпеге кінаратты түрде үн қатып, В. И. Ленинді «ұлттық либерализммен» айыптады.

Мұнда, Сталиннің осы позициясында ұлт мәселесіндегі оның теориялық және практикалық қателіктерінің түйіні жатыр. Бұл одақтас республикалардың правосын бюрократтық тұрғыдан шектеу тенденциясынан, олардың мемлекеттік суверенділігіне қысым жасаудан, бюджет қаржыларын одақтас республикалар бойынша әділетті бөлу принциптерін бұзудан көрінді. Жергілікті ұлттық проблемаларды шешуде ұсақ-түйек қамқорлық жасауды енгізіп, әкімшілік-территориялық құрылым, сот құрылысы, заң шығару және басқа көптеген мәселелер орталыққа шоғырландырылды, республикалық органдар ұдайы алмастырылды.

Лениндік ұлт саясатын бұрмалаушылық мынаған соқтырды: ұлттық аймақтардағы басшы партия, совет қызметкерлеріне қарсы бағытталған репрессияға, «буржуазиялық ұлтшылдықпен», «пантюркизммен», «космополитизммен» т. б. өрескел айыптауларға жол берілді. Ұлт саясатын бұрмалау, ұлттық ерекшеліктерді, әлеуметтік-экономикалық даму дәрежесін, еңбекшілердің ұйымдасу деңгейін және басқа өте маңызды факторларды елемеушілік тұтас халықтарды қайғылы жағдайларға душар етті.

СССР-дің 1924 жылғы Конституциясы мен 1936 жылғы Конституциясы қағидаларын салыстыру одақтас республикалар өкілдігінің ұдайы тарыла бергенін көрсетеді. Демек 1936 жылғы Конституция СССР халық шаруашылығы жоспарын тағайындауды, ақша және кредит жүйесіне басшылық жасауды ССР Одағының компетенциясына жатқызса, 1924 жылғы Конституция халық шаруашылығының негізі мен жалпы жоспарын және ақша мен кредит жүйесін тағайындауды ғана Одақтың қарауына қалдырған еді. 1936 жылғы Конституцияда сот құрылысы мен сот өндірісі туралы заң, қылмысты істер мен азаматтық істер кодекстерін, сондай-ақ одақтық азаматтық пен шетелдіктер праволары туралы заң ССР Одағының орындау компетенциясына жатқызылды, ал 1924 жылғы СССР Конституциясы бойынша осы салалардағы жалпы негіздерді талдап жасау ғана СССР-дің қарауына жатқызылған еді. 1947 жылы неке және семья туралы заң негіздерін тағайындау Одақтың компетенциясына жатқызылды, сонымен бірге бұрын бұл одақтас республика өкілдігінің ауқымына енген болатын.

Нақ отызыншы жылдары орталық ведомстволардың өктемдігі белең алды, мұның өзі жекелеген республикалардың, сондай-ақ тұтасынан Одақтың социалистік дамуына елеулі нұқсан келтірді. Егер 1924 жылғы Конституция бойынша одақтас республиканың Орталық атқару комитеті мен оның Президиумы одақтық халық комиссариаттарының жарлығын тоқтатуға праволы болса (59-шы статья), енді кейінгі Конституцияларда бұған мүмкіншілік берілмеді. Бұрынырақта қолданылған заң бойынша СССР-дің біріккен халық комиссариаттары одақтас республиканың осы аттас халық комиссариаттары арқылы тиісті салаларға жетекшілік етті, енді 1936 жылғы СССР Конституциясы жекелеген кәсіпорындар мен мекемелерді тікелей басқару мүмкіншілігін қарастырды.

Біздің идеялық қарсыластарымыз, сондай-ақ экстремистік элементтер осы фактілерді атай отырып, оларды жаңа құрылыс табиғатынан шығарып тастау әрекетін жасайды. Дегенмен мұның, әлбетте, шындықпен ортақ ештеңесі жоқ. Республика правосын тарылту линиясы социализмді бюрократтық бұрмалаушылық пен жеке адамның басына табынушылық жылдарында қалыптасқан әміршілдік-әкімшілік жүйенің қимыл-әрекетімен байланысты болды. Енді партия түбегейлі интернационалдық байлықтарды орнықтыру, социализмнің парасатты мұраттары жолында осы бұрмалаушылықтардың бәрімен принципті күрес жүргізуде. КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы сентябрь Пленумында атап көрсетілгеніндей, орын алған кемшіліктерге

Digitized by Google

қарамастан Совет мемлекетінің дамуындағы басты нәрселерді көре білу керек. Біздің мемлекетімізді орнатқан, елдің экономикалық мешеулігін жоюда ауыртпалықтарды өз мойнымен көтерген, Ұлы Отан соғысында бір сапқа тұрып, Отанды қорғаған, соғыстан кейінгі жылдарда оны үйінділерден қайта түлеткен барлық адамдардың өмірі мен тағдырына, ой-ниеттері мен істеріне баға беру туралы сөз болып отырғанда мұны ұмытуға хақымыз жоқ. Бүгінде қаптай түскен қиыншылықтар мен проблемалар Совет өкіметінің жеті-он жылы ішінде қалыптасқан іргелі байлықтарын көлегейлеуіне жол беруге болмайды. «Совет өкіметі тұсында тындырылған нәрселердің ауқымы мен мән-маңызын түсіну үшін біздің дамуымызды қандай шептерден бастағанымызды есте ұстау керек,— делінген КПСС Платформасында,— Ұлан-байтақ кеңістіктерде, әсіресе ұлттық аудандарда іс жүзінде өнеркәсіп өндірісі болған жоқ, ұлттық, ал оның үстіне дүниежүзілік мәдениеттің тұтас қатпарлары халық бұқарасы үшін қол жетпес күйінде қала берді. Көптеген халықтар қоғамдық дамудың феодалдық және тіпті патриархалдық-рулық сатысында болды. Әлеуметтік теңсіздік ұлттық езгімен асқына түсті»

Қазақ халқының, өлкеміздің басқа халықтарының жағдайы осы сөздерді көрнекі түрде қуаттай алады. Патша өкіметі патрирхалдық-феодалдық тепкіні қасақана қолданып, ұлттық өшпенділікті өршітті, өнеркәсіптің дамуына жол бермеді, жергілікті мектепке, ағартушылық мекемелерге қысым жасады, кейде жалпы қысқартып тастады. Ана тілден айыруға ұмтылды. Бұқараны қараңғылықта, теңсіздікте ұстады. Халық бұқарасының қайсыбір инициативасы мен белсенділігін өшірді, адамды болмашы праволарынан айырды. Тұтас ғасыр бойы қазақтар тіпті өзінің ұлттық есімінен айырылды.

Совет өкіметі жылдары ішінде Қазақстан еңбекшілері зор жетістіктерге қол жеткізді. Экономиканың, білімнің, мәдениеттің бүгінгі дәрежесін Октябрьге дейінгі деңгеймен салыстыруға мүлдем болмайды. Өкінішке қарай, мақалалардың, кітапшалардың, кітаптардың кейбір авторлары осыны көрсететін цифрларды қалыс қалдырып, халық ауыртпалықтарына — аштыққа, ұлттық кадрлардың репрессияға ұшырауына баса көңіл бөледі, мұның барысында елдің барлық басқа халықтарына да осындай ауыртпалықтар түскенін атауды ұмытып кетеді. Тым ауыр ауыртпалықтарды өткеруге тура келді ғой. Алайда оны қайсыбір жалғыз халыққа бағытталған оқшауланған құбылыс ретінде қарауға болмайды, барлық халықтар, соның ішінде орыс халқы оларды өткерді ғой.

Социалистік өзгерістердің, еліміздің туысқан халықтарының, ең алдымен ұлы орыс халқының үлкен көмегі арқасында Қазақстан қуатты индустриалды республикаға, елдің астықты және мал шаруашылылығы базасына айналды. Енді республика құрылған жылы — бүкіл 1920 жылы шығарылған өнеркәсіп өнімдерін шығару үшін бізге небары жарты күн талап етіледі. 1988 жылы жеті күн ішінде бүкіл 1940 жыл ішінде өндірілген мөлшердегідей өнім шығарылды. 1940 жылы 139 күн ішінде өндірілген электр энергиясы, 37 күнде шығарылған мұнай (газ конденсатын қосқанда), 21 күн ішіндегі көмір, 1955 жылы 31 күн ішіндегі болат, бүкіл 1950 жылғы минералдық тыңайтқыш мөлшері бір күн ішінде өндіріледі. Он мың халқы бар қала үшін қажетті мөлшердегі тұрғын үй шамамен алты күн ішінде тұрғызылады. Сондай-ақ республиканың ғылымдағы, білім берудегі, мәдениеттегі жетістіктері жалпыға мәлім.

Ұлттық құрылыста қордаланып қалған проблемаларды табандылықпен әрі дәйекті түрде шеше отырып, партиямыз ұлттық қатынастар елде өтіп жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси процестермен етене екенін басшылыққа алады. Экономикалық қатынастар советтік ұлттарды өзара көмек және ынтымақтастық дәнекерлерімен байланыстырып, көп ұлтты Совет мемлекетінің қалыпты жұмыс істеуіне жағдай жасады. «Біздің бүкіл тәжірибеміз мынаны көрсетеді: ұлтшылдық әуендеріне тек дәйекті, ұстамды интернационализмді ғана ойдағыдай қарсы қоюға болады, — деді М. С. Горбачев КПСС Орталық Комитетінің 1987 жылғы январь Пленумында. — Біз тындырған істің бәрі — ортақ еңбекпен атқарылған. Егер бір аймақта мұнай өндірілетін болса, екіншісі оған астық жөнелтеді. Мақта өсірушілер машина алады. Астықтың әрбір тоннасында, алтынның әрбір грамында, мақтаның, көмірдің, мұнайдың әрбір тоннасында, әрбір машинада — олардың ең қарапайым түрінен бірегейіне дейін — бүкіл совет халқының, бүкіл елдің, біздің бүкіл көп ұлтты Одағымыздың еңбегінің бөлшегі бар».

Экономикамыз дамуындағы ірі кемшіліктер ұзақ жылдар бойы ұлттық қатынастарға кінараты ықпал жасады. Лениндік партияның қызметі мынада: ол дағдарыстық құбылыстарды бүкпесіз ашып, экономика мен шаруашылық қатынастарды басқаруды түбегейлі қайта құруға тегеурінді бағдар алды. Республикалар мен аймақтардың экономикалық дербестілігін арттыру осы жұмыстың маңызды бағыты

Digitized by Google



КӨКШЕТАУ ОБЛЫСЫ. Димитров атындағы колхоздың фольклорлық ансамблін республиканың көптеген қалалары мен селоларында біледі. Ансамбльге қатысушылар арасында поляктар көп, содан барып репертуарда полякшы халық әндері кеңінен қамтылған. Сондай-ақ колхоз ансамблі — халық творчествосының Бүкілодақтық фестивальдерінің екі мәрте лауреаты. Бертінде коллектив Польша Халық Республикасында өткен фольклор мерекесіне қатысты.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай): ансамбльге қатысушылар Фроня Милевская, Наталья Новажская, Анна Малицкая, Ядвига Осницкая және Валентина Шнайдер.

болып табылады. Шаруашылық есепке, өзін-өзі қаржыландыру мен өзін-өзі басқаруға ауысу бағыты, өміріміздің көрсеткеніндей, өткір ұлтаралық проблемаларды шешуге көмектесуде.

Рас, кейбір адамдардың сана-сезімінде республикалық шаруашылық есеп оқшаулануға ұмтылыс ретінде қабылданылуын айтпауға болмайды. Сонымен бірге жаңа қатынастар республикалар, аймақтар арасындағы байланысты нығайтып, эквивалентті алмасуды және осы арқылы әлеуметтік әділеттілікті орнықтыруға тиіс. Қазір құрылып жатқан экономикалық байланыстар «Күшті республика — күшті орталық» деген негізгі принципті толық көлемінде жүзеге асыруға көмектеседі.

Біздің республикамызда талдап жасалған аймақтық шаруашылық есеп концепциясының маңызды ерекшелігі мынада: ол экономикалық дербестілік мәселелерін СССР-дің біртұтас халық шаруашылығы комплексі аукымында қарайды. Өзін-өзі қаржыландыру мен өзін-өзі басқару, біздің республикамыз ол бойынша келесі жылдың 1 январынан жұмыс істей бастайды, қоғамдық өндіріс тиімділігін арттыру, халықтың әл-ауқатын шұғыл өсіру және Қазақ ССР-інің, сондай-ақ қайсыбір одақтас республиканың және бүкіл елдің мүддесі тұрғысынан ұлтаралық қатынасты толық үйлестіруге қолайлы жағдай жасайды. Алайда республиканы шаруашылықты жүргізудің жаңа принциптеріне ауыстыру — бұл «сиқырлы таяқша» арқылы жасалмайды. Бүгінде әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдету жолында жасалып жатқан мүмкіншілікті пайдалану үшін әр коллективтің, әр еңбеккердің орасан зор әрі мақсатты жұмысы керек.

КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы сентябрь Пленумының шешімдері, ол ұсынған сындарлы программа үлкенді-кішілі әр халықтың мәдени және рухани өмірін жан-жақты дамыту туралы лениндік қамқорлыққа толы. «КПСС ұлттық мәдениеттердің өзіндік ерекшелігін, олардың бірегей құндылығын мойындауды басшылыққа алады,— делінген КПСС Платформасында. — Мұндай өзіндік ерекшеліктің сақталуы қандай да болсын кемсітушілік пен құрметтемеушілікке жол бермейтін праволық шаралармен қамтамасыз етілуге тиіс».

Бізде, сондай-ақ басқа республикаларда соңғы айлар осы бағыттағы белсенді жұмыс арнасында өтті. Тіл туралы Қазақ ССР Заңының қабылдануы республикадағы ұлтаралық қатынастарды үйлестіруге бағытталған маңызды қадамға айналды. Оны түбегейлі демократизм ерекшелендіреді, тілді үйренудегі еріктілік оның негізіне алынған. Мәлім болғанындай, қазақ тілі республиканың мемлекеттік тілі деп танылды, орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі деп жарияланды. Республикада бірыңғай жинақы тұратын басқа ұлттар тілдері де ұмытылған жоқ. Олар да еркін қолданылып, дамытыла береді. Республикада бертінде құрылған «Қазақ тілі» қоғамының қызметі осы міндеттердің бәрін шешуге белсенді ықпал ететін болады.

КПСС-тің қазіргі ұлт саясатының маңызды бағыты — өздерінің ұлттық-мемлекеттік құрылымынан тысқары тұратын немесе ондай құрылымдары жоқ азаматтардың мәдени және рухани сұранымына көңіл бөлуді күшейту. Мұнда көп нәрсені тауып, байқап көруге тура келеді, дегенмен осы жұмыстың жүргізілуі өте-мөте маңызды. Республика қалалары мен облыстарында ұлттық-мәдени орталықтар — неміс, ұйғыр, корей, украин, татар, еврей, грек, курд және басқа халықтардың ұлттық-мәдени орталықтары құрылуда, талапкер және профессионал көркемөнер коллективтері ұйымдастырылуда, баспасөз бен кітап басу ісі дамытылуда. Барлық ұлттық топтардың қоғамдық-саяси құрылымда барынша өкілдігі болуы іс жүзіндегі тең праволылықты сақтаудың маңызды шарты болып табылады.

Совет адамдарына және, әсіресе жастарға интернационалдық, патриоттық тәрбие беру Советтер Елінің бірлігін одан әрі нығайтуға берудің, халықтардың

Digitized by Google

лениндік достығының сөзсіз шарты болуда. Партия Орталық Комитетінің сентябрь Пленумында, КПСС Орталық Комитетінің «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» қаулысында осы жұмысқа дәлме-дәлдіктегі баға берілді. Партия оның әдістері мен формаларын түбірінен өзгертуді, жаттампаздықты жоюды, жаңаша ойлау жүйесін осы сферағе енгізуді талап етті. Бүгінде ең алдымен партия ұлтаралық қатынастарды жарастыру тұрғысынан қабылдап жатқан шараларды, олардың түбегейлі парасатты жарастыру тұрғысынан қабылдап жатқан шараларды, олардың түбегейлі парасатты мәні мен бағытын кеңінен көрсету қажет. «Совет азаматтары еліміздің кез келген түкпірінде өзін үйінде жүргендей сезінуге тиіс — ұлтаралық қатынастарды жарастыру жөніндегі бүкіл жұмыстың ең асқақ және түпкі мақсаты міне осы деуге болады»,— деп атап көрсетіледі КПСС Платформасында.

Қоғамдық өмірдің барлық саласын демократияландыру жолы арқылы ғана ұлт мәселесін шешу мүмкін екенін адамдардың сана-сезіміне жеткізу де маңызды. Партияның инициативасымен өтіп жатқан саяси және праволық реформа қордаланып қалған ұлттық проблемалардың бәрін дәйекті шешуге кепілдік береді. Соңғы айлар оқиғалары көрсеткеніндей, даурықпалар мен үрейлерді өршіту, ультиматумдар, қақтығыстар, ереуілдер арқылы оларды шешу мүмкін емес. Мұның өзі адамдарды тек ажыратып, жаңа қиындықтарды тудырады. «Адамдардың жікке бөлінуіне, ұлттық белгісі бойынша іргені ажыратуына жол бермеуі үшін бүгінде, қауырт, турасын айтайын, мазасыз уақытта ерекше қырағылық таныту керек», — деп шақырды Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. Ә. Назарбаев республика партия ұйымы Орталық Комитетінің XIV пленумында.

Тәрбие жұмысын қайта құру өзін ақтаған формалар мен әдістерден, оның үстіне идеялық байлықтарымыздан бас тарту арқылы жүргізілмеуге тиіс, өкінішке қарай, мұны байқауға тура келеді. Кейбір газеттер мен журналдарда халықтардың достығы мен интернационализмнің жасампаз күші туралы тым сирек айтады, кейде жалпы жұмған ауыздарын ашпайды. Туысқан халықтар өкілдері араласуының республика он күндіктері мен күндіктері секілді тәжірибені, мәдени және рухани игілікті алмасу формалары тұрғысынан да кекесінді әуендер естіледі. Бертінде біздің республикамызда өткен Украин ССР әдебиеті мен өнерінің күндері, Қазақстан мәдениетінің Ленинградтағы күндері халықтарымыздың социалистік интернационализмге адалдығының тебіреністі шеруіне ұласты.

Егер интернационалдық және патриоттық тәрбие нақты міндеттерді шешумен, іскерлікті орнықтырумен, қайта құруға қосар еңбек үлесін күнделікті молайту, өзінің көп ұлтты Отанының әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге ұмтылысымен аса тығыз байланысса ғана ол мақсатына жетеді. «Қазір біз ең бастысы — сындарлы жұмыс екенін түсіну қоғамда орнығып жатқан сәтті бастан кешіп отырмыз»,— деді бертінде М. С. Горбачев. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Қазақ ССР халық депутаттары мен халық депутаттары жергілікті Советтерінің сайлауына байланысты Саяси платформасы нақ осындай жұмысқа мезгейді. Онда атап көрсетілгеніндей, ұлтаралық қатынастар проблемаларын шешу Қазақстан Компартиясының ерекше қамқорлық көрсететін ісі болып келді және солай болып қала береді. Ол советтік социалистік федерализмді қорғау, қоғамның барлық кінаратсыз күштерін сепаратизмге, экстремизмге, шовинизм мен ұлтшылдық көріністеріне, біздің халықтарымыздың туысқандық семьясына жік салуға тырысқан кез-келген әрекеттерге қарсы біріктіру бағытын табандылықпен жүргізу қажет деп есептейді. Әр ұлттың аса беделді өкілдерінің, өз позициясын, азаматтардың ұлттық тегіне қарамастан олардың бәрінің мүддесін қорғауға қабілетті, қайта құрудың иланымды күрескерлерінің Советтерге ұсынылуы маңызды.

КПСС-тің кезекті XXVIII съезіне басталған әзірлік совет адамдарын одан әрі топтастыруға ықпал ететін болады. Осы оқиға алдында Қазақстан Компартиясының XVII съезі мен партия ұйымдарында есеп беру науқаны өтеді, олар өткен кезеңге қорытынды жасап, оның перспективасын белгілейді. Партия форумын қарсы алатырып, республикамыздың коммунистері, еңбекшілері барлық совет халқымен бірге ССР Одағының экономикалық потенциалының, оның беделінің өсіп, халықтың тұрмыс дәрежесін арттыру міндеттерінің жедел шешілуі үшін бәрін жасауға тиіс.

С. ҚАСЫМОВ.

ЦИФРЛАР ТІЛІМЕН

Алматыда әр жұмыс күнінде түрлі атаудағы шамамен 12 – 15 кітап шығады. Ал Қазақстанда жыл сайын қазақ, орыс, ұйғыр, неміс және корей тілдерінде жалпы тиражы 36 миллион данадан асатын барлығы екі мыңдай кітап басылады.

Digitized by Google

«Жарайсың, Қазақстан!»

КАЛЬВАДОСТАҒЫ ЖӘРМЕҢКЕ СУРЕТТЕРІ

Плакаттағы алманың екі бөлігі Франция мен Қазақ ССР-інің түлары түсімен боялған. Биыл Кальвадос департаментіндегі басты қала Кандағы дәстүрлі халықаралық жәрмеңке өзін осылай мәлімдей келді. Оның атауының өзі ғана соншалықты даңқты, соншалықты күшті алма сусынымен әдемі үйлеседі. Мұның өзі Алматының барша жұртқа жақсы мәлім апорт сортындағы үлкен-үлкен қызыл алмалармен әсем үйлесетіндігі сияқты әсер қалдырады.

«Екі алманың» құпиясын оп-оңай түсіндіруге болады: бұл жолы Кандағы жәрмеңкеде Совет Одағы Қазақстан арқылы танылмақ. Бұл жәрмеңкеде дәстүр бойынша әр жылы оған қатысушы елдердің біреуі құрметті қонақ деп жарияланады. Мұның мәнісі: ол елге таңдаулы стендтер тегін беріледі. Сонымен қатар үш қабатты ресторан да соларға қызмет етеді. Онда жәрмеңкеге келушілерге ұлттық тағам түрлері міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Жәрмеңкеге осылай қатысу — француз рыногына товар өткізудің ең таңдаулы және ең қарапайым жолы. Мұндай мүмкіндікті біз дұрыс пайдалана алдық па?

...Орасан зор көрме алаңында түрлі тілдерде сөйлегең сөздер естіледі, алуан түсті ашық бояулар мен товарлардың молдығы таң-тамаша қалдырады. Мұнда не жоқ дейсіз! Бәрі де бар сияқты — видеокамералар мен компьютерлерден бастап тағамды күйдірмейтін табалар мен кострюльдерге дейін, культиваторлардан бастап журнал қоятын столдарға дейін, былғары тондардан бастап... Тіпті айта берсең, таусылмайды! «Осынша заттардың тым болмаса бір бөлегі біздің магазиндерде болсайшы, шіркін!» дегің келеді.

Осындай мол байлықтың бәрін көрген сайын екі түрлі сезімді бастан кешіресің. Ең алдымен совет адамын аяп, жәбірленесің. Өйткені ол мұндай заттарды сатып алуы былай тұрсын, тіпті көре да алмайды, ал егер шетелге шыға қалса, өзі бұрын-соңды көріп-білмеген мұндай товардың не үшін жасалғаны және қандай тағамды қалай жеу керектігі оның көп жағдайда ақылына сия бермейді. Осының өзінен-ақ қатты өкініш пайда болады — ғарышқа самғауға қабілетіміз жеткенде осындай байлықты өз қолымызбен жасауға шынымен-ақ қабілетсіз болғанымыз ба? Мұндай товарларды әрі көп, әрі әркімнің сатып алуына байланысты болатын бағамен үйіп-төгіп жасап тастауға болмас па? Көрмеге қоюға болатын жекелеген товарларды барлық параметрлері жағынан алғанда да Батыстың товарларынан жақсы етіп шығаруды бүргені тағалаған Левша заманынан-ақ игергеңбіз. Шынын айтсам, мен Канға келерде барынша күмәнді көңіл күйде едім, зор болғанда әлгіндей жекелеген көрмелік «үздік дүниелерді» ғана көремін деп ойлаған едім. Мұның өзі ешкімнің де қолы жетпейтін нәрсе екендігімен жүйке тоздыратын, Батыс өкілдерін тығырыққа тірейтін жағдай. Өйткені өзге елдердің товарларымен салыстырғанда біздің товарларымыздың айырмашылығы әдетте оларды көруге, иіскеуге, ұстап көруге болғанымен, сатып алуға тіпті де мүмкін емес...

Міне, жәрмеңкеде тұрмыз. Жәрмеңке алаңының бір қабырғасын орасан зор панно алып тұр. Жазғы жайлауға көшіп жатқан елдің стильдік тәсілмен салынған суретінен живописьтегі қазақ әуеніне тән көрініс байқалады. Мұның өзі кез-келген жарнама түрінен артық әсер етеді. Экспозицияның орталығында көң сарайдай ақ орда тұр. Оның іші қолдан тоқылған кілемдерге толы. Ал орданың айналасы бейнебір шағын шатырлар. — Оларда Қазақстанның әртүрлі өнеркәсіп бірлестіктері мен тігін фабрикаларының стендтері, халықтың қолөнер шеберлерінің, кілем тоқушыларының шағын шеберханалары, суретшілердің, фарфор мен керамика шеберлерінің ательелері бар.

Бұл көрініс кімді де болса баурап алады. Зерлеп тігу шебері шағын сый-кәде полотноны аяқтап бола сала, оның бағасын картон қағазға жазып қойды. Шебердің іс-қимылына назар аударған ерлі-зайыпты екі адам ешқандй саудаласып жатпай-ақ, ақшаларын ұсынды. Францияда қолдан жасалған мұндай заттар жоғары бағаланады...

— Біздің әртүрлі халықаралық көрмелерге қатысып келе жатқанымызға,— деді маған Қазақ ССР Сауда-өнеркәсіп палатасы президиумының председателі Әуесхан Мақатайұлы Қырбасов,— жиырма жыл болып қалды. Алайда өз товарларымызды үйімізге қайта алып кетпей, оның үстіне оны қайта тасымалдауға қосымша валюта төлемей, сол

Digitized by Google

жердің өзінде сатып кетуге рұқсатты енді ғана алып отырмыз. Міне, сондықтан да, өзіңіз көріп тұрғаныңыздай, бұл жерде біз витрина шыныларының астына ештеңені де тығып отырған жоқпыз. Көрмеге қойылған және жәрмеңкенің барысында қолөнер шеберлері өндірген кез-келген товарды қолма-қол сатып алуға болады.

Таңдап алуға болатын зат жеткілікті. Біз мыңнан астам экспонатты көрмеге қойған болатынбыз. Оның үстіне, нефұрлым өтімтал товарларды бірнеше дана етіп алып келгенбіз. Көрме жұмыс істеген кезде олардың барлығы дерлік өтіп кетті. Көрменің жабылуына екі күн қалғанда, мысал үшін айтайын, жүзден астам кілемнің үшеуі-ақ қалды.

Соның өзінде де қалған кілемдерге қызыға қарап, сұраушылар аз болған жоқ. Тіпті дирекцияның отауындағы кілемдерді де «сатып жіберуге» тура келді.

Кан қаласы мэрінің орынбасары Жак Ламберттен совет экспонаттары туралы не ойлайтынын сұрадым.

— Мен ол экспонаттармен өз отандастарымнан едәуір ерте таныстым. Өйткені көрмені әзірлеу үшін Алматыға барып қайтқанмын,— деді Ж. Ламберт. — Біз өз ойлағанымыздың бәрін де жүзеге асырдық. Мен бұған өте-мөте ризамын. Жәрмеңке көпшілікке мейлінше ұнады, соңғы он күн ішінде оған 150 мыңнан астам адам келді. Бұған қоса айтарым — Қазақстан павильонына соқпай кеткен ешкім де болған жоқ.

— Сіздің ойыңызша, СССР-ден әкелінген товарлар француз товарларымен бәсекеге түсе ала ма? Осындағы рынокгағы өзге елдердің өнімдерімен салыстырғанда қалай?

— Неге олай болмасқа? Мысалы, біздің қазақ достарымыз осында алып келген ұлттық товарлармен бәсекеге түсе алатын өзге товарлар Францияда атымен жоқ. Өйткені ондай товарлар жасалмайды. Ал қалған мәселеде шешуші сөзді рынок пен тұтынушы айтады.

Осында келер алдында қазақстандық Сауда-өнеркәсіп палатасының сарапшылары Париждегі совет сауда өкілдерінің қызметкерлерімен бірге бірегей зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мақсат — «Қазақстанның дәстүрлі товарлары француз рыногында өте ме, өтпей ме, өтсе қандай бағамен өтеді?» дегенді анықтау болатын. Бұл ретте біздің өзге республикаларымыздағы кейбір бизнесмендердің өкінішті тәжірибелері де еске алынды. Ал олар қас-қағым сәттегі валюта түсіру мақсатын көздеп, халықаралық аукциондардағы бағаны арттырғандары сонша, тіпті бұл «пайданың» өзі мемлекетті елеулі шығынға душар етумен болды. Міне, сондықтан да бұл жолы баға атаулы ақылға қонымды мөлшерде белгіленді. Ол бағалар жәрмеңкенің барысында сұранымның дәрежесіне қарай не өсіп отырады, немесе кеміп отырады.

Қазақ мамандары өздерінің осы бір «шет елдермен сауда жасау университетінде» Лион қаласында өткен жылы болып өткен халықаралық жәрмеңкенің тәжірибесін де ескерген болатын. Онда қазақстандықтар совет экспозициясы жабылғаннан кейін товарларды сатуға тұңғыш рет рұқсат алған еді. Олар товарларды сөрелердің өзінен сатып жіберіп, одан түскен ақшаны чемоданмен әкеткендерін еске алады. Ал қазір республиканың осында, Париж банкінде ашылған өз есебі бар, сатып алушылардың несие алу карточкалары бойынша товарлардың төлемін жүзеге асыруына мүмкіндіктер жасалған. Міне, мұның бәріне өзіміздің Финанс министрлігіміз бен француз өкімет орындарының ресми рұқсаттары бар екені өзінен-өзі түсінікті. Бір сөзбен айтқанда, бәрі де үлгілі үйдегі тірлік сияқты... Дегенмен, де, әрине, әлі де көп нәрсені үйренуге тура келеді.

Кан жәрмеңкесінен тәжірибе үйренуге оған қатысқан ведомстволардың, сыртқы рынокқа шығуға право алған кәсіпорындардың басшылары келді. Олар көбінесе күніне он екі сағаттан жұмыс істейді, маркетингтің күрделі кәсібін игерудің, өздерінің отанынан келген товарларды «өткізудің» жолдарын іздестірді. Қапшағай фарфор фабрикасының стендісі жанында, мысал үшін, маған былай деушілер болды: «Француздарға қандай заттардың өтімтал екенін ендігі жерде жақсы білеміз. Біздің кейбір модельдерімізді француз рыногының талаптарын ескере отырып, қайта жасауымызға тура келеді, оның үстіне жаңа модельдер іздестіру де қажет болып отыр...».

Жинақталған тәжірибе кейіннен республикада арнаулы талқылаудан және талдаудан өткізілетін болады. Оған 1990 жылы Францияға Қазақстанның өкілі болып келетін мамандар қатысады. Оның үстіне Қазақстанның өзіндегі атқарылар жұмыс үшін де мұндай тәжірибе пайдалы болмақ, өйткені қазір, әсіресе, Медеуде туристік спорт комплексін салу үшін бірқатар француз фирмаларымен шарт жасалғаннан кейін республика Франциямен іскерлік байланыстар жасау көлемі жағынан бірінші орынға дерлік шыққалы отыр. Қазақстандағылар француз рыногін биржола жаулап алуды көздей бастаған сияқты. Соның ішінде Франция үшін бейнебір

Digitized by Google

қорық ауқымы сияқты мода қуу ісінде де байқалады.

Қазақ ССР Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінің моданы дамыту және өмірге ендіру жөніндегі республикалық орталығының (бұл «Маклал» деген бөлгілі атпен: көбірек таныс) директоры Бәзила Көкенқызы Әбділманова маған айтқан әңгімесінде өздерінің модалар коллекциясын Канға әкеліп көрсету правосын алу үшін коллективтің елеулі түрде тер төге жұмыс істеуіне тура келгенін баяндады. «Маклалдың» мамандары былтыр Лионда өткен көрме кезінде-ақ манекеншілер үшін дүние жүзілік стандарт дегеннің қаншалықты маңызды екенін мейлінше айқын түсінген болатын. Соған сәйкес олар биыл өз штатын тиісінше жаңартты. Коллекция март айының өзінде-ақ әзір болған еді. Бірақ Қазақстанның өзге модельшілерімен болған бәсеке конкурсының үш турынан кейін ғана «Маклалдың» финалға шығуы мүмкін болды.

Істің нәтижесін мен Канда байқадым. Модалар көрсетудің әр жиынына жүздеген адам келді, олар көп жағдайда екі-үш реттен келді. Олар сұлу манекеншілерді тамашалауға ғана келген жоқ, сонымен қатар шын мәніндегі дүниежүзілік класс дәрежесіне көтерілген модельдерді көріп тамашалауға келді. Бұл коллекцияны жасаушылар қазіргі моданың даму бағыттарын мұқият ескерді және оларда Қазақстанның ұлттық дәстүрлерін шебер үйлестіре білді. Бұл ретте республикада өндірілетін кездемелердің, аң терілерінің және былғарылардың барлық түрін дерлік пайдалана білді.

Қазақстан Суретшілер одағының өкілі Мария Молдағалиева маған өздерінің «өнімдері» — әсіресе қазақ суретшілері шығармаларының көрмесі жәрмеңкемен бір кезде Канның көрме залдарының бірінде өткізілгенін, көрмеге қатысушылардың назарын мейлінше күшті аударғанын айтты. Живописьті сүйетін көптеген адамдар, маман-аукционшылар қатысты. «Ендігі жерде Қазақстан Кальвадосқа тіпті етене жақын бола түсті», — деп жалғастырды біздің әңгімемізді «Франция — СССР» достық қоғамының осы департаментіндегі өкілі мадам Ф. Парнот. Оның біздің көрмемізде өз стендісі бар еді. Онда рождество каникулдары кезінде Қазақстанға сапар шегіп қайтуға право беретін жолдама сатылуда. Мен: «Тілек білдірушілер көп пе?» деп сұрадым. «Сіз білсеңіз, ғой, әдеттегімен салыстырғанда әдеккида көп,— деп жауап берді мадам Парнот. — Бұған сіздің еліңізбен осында, Канда жеке таныс болу факторы игі әсер етуде».

...Жәрмеңкенің аяқталғаны да сол еді, Ә. Қырбасов маған телефон соғып, күшті әсер ететін бір цифрды хабарлады — тоқарларды сатудан 800 мың франк дерлік таза пайда түсіпті. Бұл ақшалар қайда жұмсалады? Оның 70 процентін республиканың өзіндегі өнім өндірген кәсіпорындар, соның ішінде жұқа киізден түрлі сый-кәделер жасап, Канда зор табыспен сауда жасаған кооператив алады. Ал қалған 30 проценті қолданылып жүрген заңға сәйкес бюджетке қосылады. Бірқатар фирмалармен, көтерме сауда жасаушылармен жаңа келісімдер жасалды. Шамасы, жаңадан бірлескен кәсіпорындар құрудың сәті түсетін болар, совет-француз ресторанының қазақтың ұлттық тағамдарын әзірлейтін бөлімінің ашылуы да ғажап емес, өйткені Кандағы тағам талғағыштар бас аспаз Равиль Урамшевтің пісірген тамаша тағамдарының дәміне естері шыға риза болған сияқты. Алдағы жылы Францияда болатын бірнеше көрмеге қатысуға шақыру қағаздары алынды. «Рафаль» француз фирмасымен бірлескен кәсіпорында алдағы кезде Алматыда тігіле бастайтын былғары тондардың, тері кеудешелер мен тондардың үлгілері тиянақты түрде біржола келісілді. Мұның өзі, сөз арасында айта кетейін, осы саладағы баяғыдан орын алып келе жатқан зәрулікті едәуір осалдатуға көмектесетін болады. Мен ол үлгілерді көрдім және бұл жолы зор мақтанышпен «Жасай аламыз, қолымыздан келеді?!» деп айта аламын.

— Бұл, әрине, алғашқы тәжірибе. Дегенмен, менің ойымша, сәтті нәрсе,— деді Әуесхан Мақатайұлы, — біз өзіміздің ұлы еліміздің атына лайықты болу үшін қолдан келгеннің бәрін де істедік. Өйткені, біз бұл жерде тек Қазақстанды ғана емес, сонымен қатар бүкіл Совет Одағын таныстырдық.

Қазақ мамандарының Канда жинақтаған тәжірибесі, менің ойымша, олардың өздеріне ғана емес, сонымен қатар өзге республикаларымыз үшін де пайдалы болмақ. Өйткені, ендігі жерде ол республикалардың бәрі де сыртқы рынокқа неғұрлым белсенді түрде шықпақ. Ал Кандағы жәрмеңкенің совет-француз қатынастарына тигізген ықпалына келетін болсақ, онда бұл туралы көрмедегі пікірлер жазылған кітапта бәрінен де жақсы айтылған. Онда көрмеге қатысушылардың бірі сүйсіне жазған мынадай жолдар бар: «Жарайсың, Қазақстан! Совет Одағы дегеніміз, қайта құру, жарқын болашақ...»

В. БОЛЬШАКОВ,
«Правданың» меншікті тілшісі.
Кан — Париж, октябрь.

Digitized by Google

САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ ДҰРЫС ТАҢДАУ ЖАСАУЫНА КӨМЕКТЕСЕЙІК

су-сұхбаттар жүйелі сипат ұстайды, олар көптеген әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге тартады.

Сонымен бірге семинарда атап көрсетілгеніндей, митингілік аудитория алдындағы жүрексінушілік әлі баяу жойылуда, партия, идеология қызметкерлері, коммунистер пікірталастарды әрдайым көміл сеніммен жүргізе бермейді, кейбіреулері тіпті дәрменсіздік көрсетіп, түрлі бейнедегі «сыншылар», демогогтар алдында жұмған ауыздарын ашпайды. Мұның өзі оларда өмір құбылыстарын талдау, пікірталасты жүргізу дағдысының жоқтығымен түсіндіріледі. Араласу мен иландыру проблемалары жөнінен тіпті мақсатты семинарлар немесе курстар ұйымдастыратын партия комитеттері дұрыс жасайды. Бұл Жамбыл, Павлодар, Талдықорған облыстық партия комитеттерінде мейлінше тиянақты жүргізіледі, оларда активтердің көптеген категориясы мен депутаттыққа кандидаттар үшін семинарлар өтті.

Алдағы сайлауда — Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясында тіл туралы Заң қабылданғаннан кейінгі алғашқы сайлауда — мемлекеттік тілде — қазақ тілінде, ұлтаралық қарым-қатынас тілінде, ұлттық топтар жинақы тұратын басқа ұлттық топтардың тілдерінде насихат пен үгітті қамтамасыз ету үшін бәрін жасау қажет.

(Соңы. Басы 4—6-беттерде)

Сайлау алдындағы көрнекі үгітті безендіруге де жаңаша қарау керек. Өткен сайлауларда қалыптасқан оның «дуалдық» стилі өзінің қалай болса солай жазылуынан және жаттандылығынан мезі етті, ұрандар, жарнамалар, қолдан жазылған плакаттар кез келген жерлерге жапсырылды ғой. Сайлау алдындағы бүкіл көрнекі үгіт белгілі жерлерде, арнаулы қалқандар мен тұғырларға қойылуға тиіс.

Семинар-практикумде сайлаушылармен сайлау алдындағы жұмыстың бірқатар басқа түйіндері де қаралды. Ішінара алғанда, ауызша және баспасөз насихатын үйлестіру, әрбір баспасөз органының сайлау науқанын объективті, партиялық позиция тұрғысынан баяндауына қол жеткізу қажеттігі атап көрсетілді. Бүгінде қалыптасқан әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайдың ерекшеліктерін барынша ескеру, партияның қайта құрудағы жетекші ролін, әр азаматтың жаңару жолындағы күреске қосып жатқан жеке үлесін көрсету маңызды. Жер жағдайы көлемді біздің республикамыз жағдайында шалғай елді мекендердегі, мал шаруашылығы тұрақтарындағы, геологиялық партиялардағы, вахташылар арасындағы жұмыс айрықша маңыз алуда.

Сайып келгенде, әр семьяны, әр адамды қамтып, олардың сайлау процесіне белсенді түрде қосылып, дұрыс таңдау жасауына көмектесу керек.

В. КОСТРОВ.

ЖУРНАЛ ПОЧТАСЫНАН

Зерде сабақтары

Көкшетау облыстық жасөспірімдер кітапханасы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлармен бірлесіп жастарға праволық тәрбие беруді жетілдіру проблемалары жөнінен семинар өткізді. Оған қатысушылар Көкшетаудың № 13 мектебіндегі «Қалқан мен Семсер» клубының сабағында болды.

Семинар облыста кітапханалардың праволық насихат және жастарға праволық тәрбие беру туралы жарияланған байқауы аукымында өтті, ол декабрьге дейін жалғасады. Онда студенттер және жұмысшылар жатақханаларында, жастардың еңбек коллективтерінде шаралар өткізу, сондай-ақ право тәртібін бұзуға бейім жастармен және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекцияларда есепте тұрған жасөспірімдермен жеке жұмыс жүргізу карастырылған.

Байқау жеңімпаздарына мадақтау үшін «Романтик» магнитофоны, Халықаралық жастар орталығына туристік жеңілдікті жолдама, кітаптардың шағын топтамасы бөлінуде.

С. САЛҒАРИНОВА,
кітапхананың ағa методисі.

Digitized by Google

ЭНЕРГЕТИКТЕРДІҢ ЖАҢА МЕЖЕЛЕРІ

Энергетиктер өздерінің кәсіптік мерекесін атай отырып, 1920 жылы 22 декабрьде болған тамаша оқиғаға ұдайы назар аударады. Бұл күні Советтердің Бүкілроссиялық VIII съезі Россияны электрлендірудің мемлекеттік жоспарын — ГОЭЛРО-ны мақұлдаған Россияны электрлендіру туралы қарар қабылдады. Бұл электрлендіру негізінде халық шаруашылығын дамытудың ел тарихындағы тұңғыш бірыңғай жалпы мемлекеттік перспективалы жоспары еді. В. И. Ленин оны әзірлеп, жүзеге асыру жөніндегі жаңашылдық жұмыстың инициаторы, дем берушісі және жетекшісі болды.

Жоспарда бүлінген электр шаруашылығын қалпына келтіріп, қайта құру, сондай-ақ қуаты 1750 мың киловаттық 30 ірі жаңа электр станциясының құрылысы көзделді. Программа революцияға дейін энергетика базасы мүлдем дерлік болмаған Қазақстан территориясындағы маңызды жұмыстарды да қамтыды. Жиынтық қуаты 2,5 мың киловаттық бытыраңқы, аз санды электр станциялары небары 1,3 миллион киловатт-сағат электр энергиясын немесе жалпыроссиялық электр энергиясы өндірісінің 0,07 процентін өндірді. Аса ірі алты қалада ғана жалпы қуаты 448 киловаттық шағын электр қондырғылары болды. Дегенмен ГОЭЛРО жоспары бойынша 1928 жылдың өзінде сол кездегі ірі алғашқы ірі электр станциясы — қазіргі уақытта да жұмыс істеп отырған қуаты 3 мың киловаттық Хариуз станциясы (қазіргі Лениногор территориясында) салынып, іске қосылды.

Бізде индустрия орталықтарының құрылуына байланысты Қазақстан энергетикасы дамуының жаңа кезеңі ашылды. 1932 жылы Қарағанды мен Алматы орталық электр станциялары жұмыс істей бастады, соңғы станция 1944 жылға дейін республика астанасын электрмен жабдықтаушы бірден-бір қайнар болды. 1937 жылы Балқаш ТЭЦ-і мен Ульба ГЭС-і іске қосылды. Лениногор—Ульба ГЭС-інің кернеуі 110 киловаттық алғашқы электр желісінің іске қосылуымен республикада бірыңғай энергетика жүйесі, қазіргі Алтай энергожүйесі қалыптаса бастады.

Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында Қазақстанда 160 мың киловаттық жаңа энергетика қуаттары берілді. Олар еліміздің Батыс аудандарынан көшірілген 140-тан астам өнеркәсіп орнын энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етті. Сондай-ақ соғыстан кейінгі жылдар да ірі өзгерістер кезеңіне айналды. 1962 жылы Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің құрылуына орай электр станциялары мен жекелеген энергетика тораптарын ірі энергетика жүйесіне біріктіру басталды. Осы тұста аса қуатты бу және энергетика агрегаттарының жоғары және тым жоғары параметрлерін пайдалану арқылы қуатты электр станцияларының құрылысы басталды. Қазіргі уақытта республиканың электр станциялары 90 миллиард киловатт-сағаттай электр және 70 миллион гигакалорий жылу энергиясын өндіреді.

Республикада мұнай, көмір, металлургия және химия өнеркәсібімен қатар ауыл шаруашылығы мен коммуналдық-тұрмыстық жүйені электрмен жабдықтау интенсивті түрде дамытылып келеді. Қазіргі уақытта барлық совхоздар мен колхоздар, аудан орталықтары мен астық қабылдау пункттері, бөлімшелер мен фермалардың бәрі дерлік мемлекеттік энергетика жүйесіне қосылды. Соңғы алты жыл ішінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта электр энергиясын тұтыну бір жарым еседей өсті. Бүгінде республиканың бір тұрғынына жылына 5300 киловатт-сағатқа жуық электр энергиясы өндіріледі, алайда мұның өзі жалпыодақтық деңгейден 200 киловатт-сағат кем. Демек мамандар қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін анықтау, адамдардың материалдық-мәдени сұранымдарын қанағаттандыру барысында осы көрсеткіш шешуші деп есептейді. Электрмен жабдықтауда өнеркәсіптік жағынан өркендеген елдер деңгейіне жету үшін де әлі өте көп нәрсе жасауымыз керек. Ал оларда бізге қарағанда бұл екі есе жоғары — 9 мың киловатт-сағаттан 12 мың киловатт-сағатқа жетеді.

РЕСПУБЛИКАМЫЗДЫҢ өзін-өзі қаржыландыру мен өзін-өзі басқаруға ауысуына орай энергетиктер коллективтері алдында жаңа міндеттер тууда. Қазір энергетиканы тұтыну құрылымының өзін шұғыл өзгерту қажет. Бұл үшін, біріншіден, ауыл шаруашылығы мен халық тұтынатын азық-түліктік емес товарлар шығарумен айналысатын өндірісті, сондай-ақ әлеуметтік-тұрмыстық жүйе мен электр транспортын энергиямен басым қамтамасыз ету ке-

17 декабрь — Энергетик күніне.

Digitized by Google

рек. Оларға арналған электр және жылу энергиясы өнім өндіру мен қызмет көрсетуді үдетуге қажетті мөлшерде босатылуға тиіс және босатылады. Ал, екіншіден, бүгінде энергетика ресурстарының үлкен бөлігін тұтынатын ауыр индустрия кәсіпорындарының энергияны үнемдеу негізінде өндірісті одан әрі үдетуді қамтамасыз етуіне тура келеді. Басқадай жол жоқ. Мұндағы резервтер зор. Мемлекеттік энергетиканы қадағалау инспекциясы органдары үстіміздегі жыл ішінде республиканың 2 мыңға жуық өнеркәсіп орны мен ұйымында, құрылысында және транспортында жүргізген тексерулер 80 миллион киловатт-сағаттай электр энергиясы мен 650 мың гигакалорий жылу энергиясының рәсуә болғанын анықтады. Оның үстіне 140 миллион киловатт-сағат электр энергиясы мен 1100 мың гигакалорий жылу энергиясын үнемдеу мүмкіншіліктері табылды. Осы цифрды көрнекі түрде елестету үшін анықталған электр энергиясының мөлшері (220 миллион киловатт-сағат) Ақтөбе облысы сияқты ірі облыс ауыл шаруашылығының оны тұтыну мөлшеріне тең, ал рәсуә болатын жылу орташа қаланы жылумен қамтамасыз етуге толығынан жететінін айтайық. Бірқатар министрліктердің, кәсіпорындардың, халық депутаттары Советтері атқару комитеттерінің энергияны үнемдеу жөніндегі жұмысқа белсенді түрде қосылуы қуантады. Қарағанды металлургия, Алматы үй құрылысы комбинаттарында және басқа бірқатар кәсіпорындарда ірі резервтер іске қосылды.

Республика өз қажетін өтеу үшін жыл сайын елдің сабақтас аймақтарынан — Уралдан, Сібірден және Орта Азиядан 15 миллиард киловатт-сағаттай электр энергиясын немесе жалпы қажеттің 14 процентін алады. Мұның өзі энергетика қуаттарын одан әрі үдете беруді талап етеді. Бұл үшін бізде көмір, мұнай, газ және су ресурстарының қоры түріндегі үлкен ресурстар баршылық. Бұл тұрғыдан республиканың энергетика қуаттарының 40 процентten астамы шоғырланған Павлодар облысын атасақ та жеткілікті, Екібастұз отын-энергетика комплексін дамытуға қарай ол одан әрі өсе түседі.

Арзан, күлі аса көп екібастұздық көмірді жағатын қуатты электр станцияларын осылай шоғырландыру республика энергетиктері алдына экологияны қорғауды қамтамасыз ету, энергетика өндірісінің қалдықтарымен жердің, судың және ауаның ластануына жол бермеу проблемаларын өткір қойып отыр. Қазіргі уақытта саланың бүкіл ғылыми-техникалық потенциалы осы міндетті шешуге бағытталған. Мәселен, Қазақ энергетика ғылыми-зерттеу институты жемісті жұмыс жасайды. Олардың талдауынқазақстанның жылу электр станцияларында енгізу 1988 жылы зиянды заттардың атмосфераға тасталуын төрттен бірінен астам (26 процент) қысқартуға көмектесті. Мұның барысында электр энергиясын өндіру 1986 жылмен салыстырғанда 2,5 миллиард киловатт-сағат өсті. Бүгінде Екібастұзда салынып жатқан № 2 ГРЭС-те, сондай-ақ Екібастұздың № 3 ГРЭС-і мен Оңтүстік Қазақстан ГРЭС-інің энергетика блоктарында осы талдауларды байқап көру жүзеге асырылады. Бұл кәсіпорындар экологиялық жағынан таза болады.

Сонымен бірге республиканың халық шаруашылығы үшін, ең алдымен құрылыс үшін электр станциясының күлді-шлакты қалдықтарын пайдаланудың зор мәні бар. 1988 жылы республиканың электр станциялары тұтынушыларға 460 мың тонна күлді-шлакты қалдықты, соның ішінде 200 мың тонна құрғақ күлді босатты. Ал үстіміздегі жылы шамамен 30 миллион дана құрылыс шлак-блогы (шартты кірпішке шаққанда) шығарылады. Мұның барысында цементтің жұмсалуын қысқарту үшін байланыстырушы сапасы бар құрғақ күлді пайдалану басталады. Мұның өзі, әлбетте, істің бастауы ғана. Таяудағы жылдарда одақтық үкіметтің республикада негізінен екібастұздық ГРЭС-тер базасында күлден кірпіш өндіру жөніндегі алты заводтың құрылысы туралы шешімін жүзеге асыруға кірісуімізге тура келеді. Сөйтіп құрылыс индустриясының қуатын үдету тұрғысынан да, экология тұрғысынан да зор тиімділік алынады.

Лай судың ашық қайнарларға тасталуын қысқарту, айналым суымен жабдықтау жүйесін пайдалану жөніндегі жұмыс жалғасады. Өткен жылдың өзінде жылу-электр станцияларымыздың суды тұтынуы 220 миллион текше метрге қысқартылды.

Жылу-электр станцияларының 14 су айырығын балықты қорғау құрылғыларымен жабдықтау жөніндегі биологиялық зерттеулер енді аяқталып қалды және Гурьев, Орал ТЭЦ-тері мен Ермак ГРЭС-терінде осындай құрылғыларды салу басталды. Министрліктің кәсіпорындары соңғы екі жыл ішінде 400 тоннадай балық өткізетін болады. Ал 1995 жылға қарай осы көрсеткішті 6 мың тоннаға жеткізу белгіленді. Павлодардың № 1 ТЭЦ-і коллективі (директоры В. М. Блажко) осы іске жауапкершілікпен қарады. Онда жыл ішінде 30 тонна

Digitized by Google

балық өндіретін өнеркәсіптік қондырғы небары үш айда игерілді.

Балық — энергетиктер халыққа беретін өнімдердің бір бөлігі ғана. Өндірістік коллективтер кәсіпорындарда құрылған 120 кооперативпен бірлесіп, халық тұтынатын тауарлар шығаруды жыл ішінде жеті есе, ал ақылы қызмет көрсетуді 1,6 есе көбейтті.

«Тұрғын үй-91» программасы табысты жүзеге асырылуда. 1987 жылғы январьдан бастап 1989 жылғы 1 октябрьге дейін 450 мың шаршы метрдей тұрғын үй алаңы берілді, кезек 9600 адамға (немесе 55 процентке) азайды.

Саланың шаруашылық есеп пен өзін-өзі қаржыландыру жағдайындағы жұмыс тәжірибесі жаңа шаруашылық механизмінің түрлі формасын практикада көрнекі түрде тексеруге көмектесті. Министрлігіміздің кәсіпорындарында шаруашылық есептің төрт түрі байқалды. Мұның өзі шаруашылықты жүргізу мен өндірісті басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жолдарын мейлінше дәлдікте анықтауға ықпал етті. Кәсіпорындар мен өндірістік энергетика бірлестіктері басты буынға айналуға тиіс. Қазір өндірістік және әлеуметтік мәселелерді шешуге, коллективтің әлеуметтік-экономикалық дамуы мақсатына арналған қаржы мөлшерін анықтап, жұмсауда оларға барынша дербестілік беру қажет. Ал бұл, өз тарапынан, еңбек коллективтері советтерінің, кәсіподақ комитеттерінің жауапкершілігі мен ролін арттыруды, өндіріс жетекшілері мен мамандарының жоғары іскерлігіне қол жеткізуді талап етеді.

Елде бірыңғай энергетика жүйесінің жұмыс істеуін және салада бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты жүргізу қажеттігін ескеру арқылы республикалық және одақтық деңгейде басқару құрылымы да пысықталды. Енді республикада одақтық-республикалық Энергетика және электрлендіру министрлігін сақтау аса ыңғайлы болып табылады. Олардың республикалық деңгейдегі стратегиялық, перспективалық міндеттерді шешуге, ведомстволық бағыныстағы бірлестіктер мен кәсіпорындардың потенциалды мүмкіншілігін ашуға толық мүмкіндік беретін экономикалық механизмді қалыптастырып, жетілдірудегі функциясы сақталуға тиіс.

Энергетика бірлестіктерінің жергілікті Советтермен және республиканың Энергетика және электрлендіру министрлігімен өзара қатынасы да өзгеруде. Олар шартты негіздерде, ал финанс қатынасы — салық салу негізінде құрылуға тиіс. Елдің бірыңғай энергетика жүйесінің сенімді жұмысын қамтамасыз ету энергетика кәсіпорындары жұмысының режимін басқаруды шоғырландыру және тиісінше СССР Энергетика және электрлендіру министрлігінің негізгі өндірістік буындардың оперативтік-шаруашылық қызметіне араласуына тиым салуға болмайтындығы ескеріліп, олардың өзара экономикалық жауапкершілігінің механизмдерін талдап жасау қажет.

Жаңа жағдайда республикалық және жергілікті бюджет қаржысы, сондай-ақ энергетика бірлестіктері қаржысы есебінен республикада энергетиканы дамыту жүзеге асырылуға тиіс. Тұтынушы кәсіпорындар өздерінің электр және жылу жабдықтары жүктелімін көбейту үшін үлестік қатысу тәртібімен энергетика объектілерін дамытуға қаржы қосуға тиіс. Мемлекеттік бюджеттен берілетін қаржы есебінен республикааралық электр желілері мен ірі энергетика қайнарларының құрылысы жүзеге асырылуға тиіс. Осының бәрі энергетиканың басым дамуы, халық шаруашылығы мен халықтың энергетика ресурстарына деген қажетін барынша қанағаттандыру үшін сенімді жағдай жасайды.

Энергетика кәсіпорындарының коллективтері көмір өндірушілермен, теміржолшылармен бірлесіп, қысқа әзірлік тұрғысынан көлемді жұмыс жүргізді. Қажетті көлемдегі профилактикалық жөндеу, ең алдымен Екібастұздың № 1 ГРЭС-і, Ермак пен Жамбыл ГРЭС-тері энергетика блоктарында жүргізілді. Бірқатар бытыраңқы жөндеу кәсіпорынын өз «аясына» біріктірген Казремэнерго өндірістік бірлестігін құрудың арқасында мұны дер кезінде әрі тыңғылықты жасаудың сәті түсті.

Сөйтіп бүгінгі күннің өзінде бізде жылдың қысқы мезгіліндегі тиянақты жұмыс үшін соншалықты жеткілікті жағдай жасалды. Павлодар энергетика жүйесі, Карагандаэнерго, Ермак ГРЭС-і, Жамбыл ГРЭС-і, Павлодардың № 1 ТЭЦ-і, Целиноград, Ермак және Қарағандының солтүстік жоғары вольтты электр жүйесі кәсіпорындары, Казэлектросетьстрой территориялық құрылыс бірлестігі коллективтері кәсіптік мерекеге жақсы өндірістік табыстармен келді. Жамбыл ГРЭС-і (бригадирі Ю. А. Варзин), Алматы механикаландырылған колоннасы (Г. Т. Бахарев), Екібастұз № 2 ГРЭС-і (А. И. Перин), Казремэнерго (А. Т. Видмаер), Южказэнергоремонт (В. Н. Шин) және басқа көптеген кәсіпорындар электрмонтажшылары мен энергетика жабдықтарын жөндеушілер бригадалары өте жақсы еңбек етеді.

Дегенмен таңдаулы коллективтердің жақсы жұмысы орын алған кемшіліктерді көлегейлемеуге тиіс, ал бізде олар

Digitized by Google

аз емес. Республикадағы аса қуатты Екібастұздың № 1 ГРЭС-і тиянақты жұмыс істемейді. Оның берешегі 2,5 миллиард киловатт-сағатқа дерлік жетті. Әрине, мұнда экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған қайта құру нәтижесінде электр өндірудің кемуіне жол берілді, бірақ жұмыстағы оралымсыздықтың да салқыны болды.

Министрлік кәсіпорындарында аварияльқ оқиғалар жойылған жоқ. Жаңа энергетика объектілерінің құрылысы тым баяу жүргізілуде. Биыл Екібастұздың № 2 ГРЭС-інде алғашқы блокты іске қосу сәті түспеді, ал бұған жол беруге болмайтын еді. Кәсіпорындардың көпшілігінде үнем мен ұқыптылық жолындағы бұқаралық қозғалысты ұйымдастырудың сәті түскен жоқ, энергетиканың қайталама ресурстары нашар пайдаланылады, энергетиканы үнемдейтін жаңа технология дамытылмай келеді.

Коллективтерде қайта құру процестерін жеделдету, экономикалық реформаны тереңдету, еңбекшілерді өндірісті басқаруға кеңінен тарту арқылы ғана осы кемшіліктерді жоюға болады. Партия ұйымдарының басшылығымен еңбек коллективтерінің жаңа үлкен міндеттерді атқарып шығатынына күмән жоқ.

Б. НҰРЖАНОВ,
Қазақ ССР Энергетика және электрлендіру министрінің бірінші орынбасары.

СЕМИНАРЛАР, КОНФЕРЕНЦИЯЛАР

Мердігерліктегі автоклубтар

Жезқазған облысының Приозерный ауданында автоклубтар жұмысының бригадалық формасын енгізу және шалғай учаскелер мен шағын елді мекендер тұрғындарына қызмет көрсету жөнінен республикалық семинар-практикум өтті.

Призерныйдың кездесу орны ретінде таңдап алынуы кездейсоқ емес. Бұдан бір жыл бұрын Жезқазған облыстық мәдениет жөніндегі комитет автоклубтарды жұмыстың бригадалық формасына ауыстыру инициативасын жасады. Облыстық мәдениет жөніндегі комитеттің аға инспекторы Т. В. Өсіпбаев, автоклубтардың орталықтандырылған жүйесінің директорлары — Приозерный ауданынан С. Сардарбекова және Шет ауданынан С. Түсіпбеков оның инициаторлары болды. Олардың автоклубтарды шалғай және шағын елді мекендер тұрғындарының, шалғай учаскелер мен жайылымдардағы шопандардың бос уақытын ұйымдастырудың нағыз орталықтарына айналдыру идеясы дәстүрлі кинофильмдер көрсетуді, лекциялар оқуды жоққа шығармайды. Жұмыстың осы ежелгі формаларына елеулі өзгерістер енгізілді — жай лекцияларды емес, сүйікті әншілердің әндері магнитофонға жазылған, көбіне таланкер артистер, үгіт бригадасының мүшелері, тіпті автоклуб қызметкерлерінің өздері қатысатын концерт-лекциялар әзірленеді. Демек экипаждар кәсібіне қарай ғана емес, сондай-ақ талантына қарай жасақталды.

Ал халық аспаптары туралы әңгімелер, сондай-ақ оларда ойнау зор ықылас тудырады. Кең далада әншінің асқақ даусы естіледі, сенімді қолда домбыра шектері күмбірлеп қоя береді, көрермендер жол-жөнекей ұйымдастырылған айтысқа қатысады. Міне, осында газеттер мен журналдарда оқылған материалдар туралы қызу әңгіме міндетті түрде өрбиді. Автоклубтар шағын кітапханаларды да әкеледі, оларда шопандар семьясына бұрын берілген кітаптарды алмастыру қоры болады. Мұндай автоклубтар мүшелерінің шалғай поселкеде немесе шопандар тұрғында ұзақ күткен әрі қадірменді мейман екеніне келісерсіздер. Бригадалық жүйе бойынша жұмыста тағы бір ерекшелік бар: жүргізуші-киномеханик немесе жүргізуші-шаштараз кәсіптерін алмастыру штатты қысқартып, мәдени-ағарту қызметкерлерінің жалақасын көбейтуге көмектесті. Мұның өзі де бригададағы әр адамды мүдделілікпен жұмыс істеуге ынталандырды.

Семинарда көтерілген көптеген мәселелерге қарағанда жезқазғандықтар тәжірибесі республиканың басқа облыстарында да сөзсіз байқалады.

Сонымен бірге автоклубтардың материалдық базасын жақарту, шөлді және жартылай шөлейтті жағдайда жұмыс істеуге жарамды машиналарды бөлу, автомобильдердің басалқы бөлшектерімен және жанар маймен қамтамасыз ету қажеттігі туралы өткір айтылды. Осы жайлы әңгіме ұзақ жылдардан бері айтылып келеді, бірақ өзгеріс шамалы. Қаланың селоға материалдық қамқорлық жасауын ұйымдастырудағы формализмді де жоятын уақыт жетті..

Т. ТИМОФЕЕВА.

Digitized by Google

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СЕЛОНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ

АЗЫҚ-ТҮЛІК проблемасын шешу, ауыл шаруашылық өндірісі тиімділігін арттыру көбіне-көп (негізгі болмағанымен) еңбек ресурстарын селода орнықтыруға тәуелді. Ал селоның әлеуметтік дамуын жеделдетпейінше бұған қол жеткізу мүмкін емес. КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы март Пленумы мұны тағы атап көрсетті. М. С. Горбачев Пленумда жасаған баянмасында селоны әлеуметтік жағынан қайта құруды «өте қиын және өткір» мәселе деп атап, осы мақсаттарға бөлініп жатқан ресурстар деревняның қаладан үнемі тым артта қалып келуін жоюға мүмкіндік бермегенін көрсетті. Шаруаның тұрмыс салты өзінің тартымдылығы мен беделінен айырылды. Адамдар, алдымен жастар деревнядан кетіп жатыр.

Қазақстан үшін селолық жерлерде 7,1 миллион адам немесе халықтың 43 проценті тұруына байланысты осы проблема өте өткір сипат алуда. Ал территорияның үлкендігі қайта құру үшін көп қаржы талап етеді. Республикада соңғы үш жыл ішінде село халқының саны 115 мың адамға көбейгенімен, осы өсімге небары үш облыс — Шымкент, Алматы және Жамбыл облыстары есебінен қол жетті, Солтүстік Қазақстан, Орал, Шығыс Қазақстан және Павлодар секілді облыстарда ол қысқарып кетті.

Халықтың қартаюы жалғасуда. Қазіргі уақытта еңбекке қабілетті жастағы адамдардың үлесі оның қажетті мөлшерінің жартысына жуығын құрайды, оның есесіне қалалық елді мекендерде ол 61 процент болып отыр.

ҚПСС Орталық Комитетінің март Пленумы әлеуметтік мәселелерді экономикалық, ұйымдық-шаруашылық және техникалық проблемалармен тығыз байланыста қарау қажеттігін атап көрсетті. Мұның барысында еңбектің механикаландырылуы мен энергиямен қаруланууы, оның жағдайы мен ақы төлеу олардың өзегін құрайды. Селода қол еңбегімен айналысатын жұмысшылардың үлес салмағы өнеркәсіпке қарағанда 1,6 есе жоғары, ал мұның өзі еңбек өнімділігі мен жалақының артта қалуына соқтырады. Өткен жылы республика совхоздарында жалақы айына орта есеппен 229 сом және колхоздарда — 189 сом құрады. Салыстырып көрелік: өнеркәсіпте ол 244 сом болып отыр. Сондай-ақ 1985 жылы ол совхоздарда 201 сомға және колхоздарда 167 сомға тең болғанын байқаймыз. Алайда жалақы әзірше еңбек өнімділігінің өсімінен басым болып отыр. Селоға жоғары өнімді техниканы, ең алдымен өнімді ұқсатуға арналған жабдықтарды беруге міндетті бүкіл халық шаруашылығы комплексінің күш-жігері арқылы ғана еңбек проблемасы шешіле алады.

Аренда еңбек жүйесіне мүлдем жаңа кезеңдерді енгізуде. Материалдық ынталылықты шұғыл көтере отырып, ол адамдарды өнімді жұмыс істеуге, шығынды кемітуге жетелейді. Алайда, совхоздардың немесе колхоздардың қызметін талдай отырып, арендалық коллективтер болған жағдайдың өзінде олар шаруашылық ауқымында әрдайым еңбек өнімділігін үдете бермейтінін көрмеуге болмайды. Істің мәні мынада: совхоз, колхоз коллективтеріндегі жалпы адам саны мұның барысында кеміп отырған жоқ, әсіресе басқару аппараты тым мардымсыз қысқартылуда. Ал бұл шаруашылық құрылымын мықтап қайта құру, қосалқы қызметтерді ілгері тарту керектігін бейнелейді. Демек селоны қалыптастыру барысында қоғамдық тұтыну қорларының зор маңызы бар. Біздің республикамызда 1983—1988 жылдары ғана халыққа көрсетілетін ақшалай төлемдер, жеңілдіктер және қызметтер екі есе көбейіп, өткен жылы жан басына шаққанда 500 сомнан асты. Бұл тұрғыдан пенсиялық қамтамасыз етуді, әсіресе колхозшыларды пенсиямен қамтамасыз етуді реттеу аса елеулі шара болып табылады. Осы мәселелер де өзіне көңіл бөлуді талап етеді. Мысалға санаторий-курорттық емделуді алайық. Бүгінде ауыл шаруашылығында істейтін 1000 адамға жыл сайын 13 жолдама бөлінеді.

Соңғы жылдары меншікті қосалқы шаруашылықтар ролі өсті. Жалпы республиканың ауыл шаруашылығы өндірісінде картоптың 60 процентке жуығы, көкөністің — 35, жемістің — 65 және жүзімнің — 20 проценті олардың үлесіне келеді. Соңғы он жыл ішінде халықтағы ірі қара мал 30 процент, соның ішінде сиыр — 20, шошқа — 45, қой мен ешкі — 28 процент өсті. Сонымен бірге семьялардың үштен бірінің сиыры, 75 процентінің шошқасы жоқ және 60 проценті қой ұстамайды.

ДЕРЕВНЯНЫ әлеуметтік жағынан қайта құру тұрғын үйлерді, мектептерді, ауруханаларды, мәдениет, спорт мекемелерін, сондай-ақ сауда мен тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпо-

Digitized by Google

рындарын кеңінен салуды қамтиды. Республикамызда соңғы үш жыл ішінде осы мақсатқа 2787,2 миллион сом, яғни бұрнағы үш жылға қарағанда он процент көп күрделі қаржы жұмсалды.

Шығынның негізгі статьясы тұрғын үй құрылысына жұмсалады, оған 2524,3 миллион сом бағытталды. Қазіргі уақытта Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитетінің тұрғын үй қорында тұратын әр адамға жалпы 12,5 шаршы метр және 9,1 шаршы метр тұрғын үй алаңынан келеді. Қазақ ССР Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті қызметкерлерінің тұрғын үймен қамтамасыз етілуі одақтық орташа көрсеткіштен (15 шаршы метр) төмен, бұл тұрғыдан Гурьев, Шымкент және Жамбыл облыстары өте-мөте артта қалуда.

Селолық тұрғындар үлкен үмітін республикалық «Тұрғын үй-91» программасымен байланыстырады. 1987—1991 жылдары Қазақ ССР Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті жүйесі шаруашылықтарының 303 мың пәтер, соның ішінде совхоздар мен колхоздардың 288 мың пәтер салуы көзделген. Екі жарым жыл ішінде 109,6 мың пәтер берілді немесе жоспардың 62 процентін құрайды. Тұрғын үй алу кезегі 69 процент немесе 109,6 мың семьяға қысқарды. Программа Қостанай облысының шаруашылықтарында жақсы орындалуда, онда 1987 жылы орта есеппен бір шаруашылықта 32,5 пәтерден, ал 1988 жылы — 22,9 пәтерден берілді.

Дегенмен Жезқазған облысының шаруашылықтарында басқадай көрініс қалыптасуда. Онда жыл ішінде небары 10,9 пәтер, Ақтөбе облысында — 14,6, Қарағанды облысында — 13,7 және Павлодар облысында 14,8 пәтер берілді. Егер біз әрбір село тұрғынының пәтері немесе бөлек үйі болуына бүгінгі күннің өзінде жақындап келсек, тұрғын үйді жайластыру ешбір сынға төтеп бере алмайды. Оның 20 проценті ғана су құбырымен және орталық жылумен, 10 проценті — канализациямен және небары 4 проценті ыстық сумен қамтамасыз етілген. 43,4 миллион шаршы метрден 30 миллионнан астам шаршы метр тұрғын үйде жалпы ешқандай инженерлік жабдық жоқ.


Зор өкішішке қарай, бүгінде құрылыс инженерлік жабдықтарсыз жүргізілуде. Демек 1987 жылы берілген 3,3 миллион шаршы метр тұрғын үйдің 312 мың шаршы метрі су құбырымен, 295 мыңы орталық жылумен және 183 мың шаршы метрі канализациямен жабдықталды. Қолда бар тұрғын үйді 1995 жылға дейін инженерлік тұрғыдан жайластыру жөніндегі нормаға келтіру үшін ғана жыл сайын 468 миллион сом бөлу талап етіледі. Партияның жаңа аграрлық саясаты рухында қимылдайтын, сайып келгенде, осы проблеманың түбегейлі шешімін табатын кез келді.

Жеке және кооперативтік құрылысты мейлінше кеңінен дамыту қажет. Совхоз жұмысшысы немесе колхозшы өз үйін тұрғызу арқылы мемлекетті елеулі материалдық және еңбек шығынынан арылтады. Дегенмен бұл үшін орталықтандырылған сумен, газбен, орталық жылумен, канализациямен қамтамасыз ету туралы тағы да барынша қамқорлық жасау керек.

Республикада әлеуметтік инфрақұрылымның дамуында елеулі артта қалушылыққа жол берілді. Демек совхоздардың орталық усадьбаларының мектептермен қамтамасыз етілуі (қажетті мөлшердің деңгейі) 68, бала бақшалары бойынша — 46 және клубтар бойынша — 50 процент құрайды. Оның үстіне 1,6 миллион оқушы орнынан 1,1 миллионы ғана типті үйлерде орналасқан. Көптеген пионер

ТАЛДЫҚОРҒАН ОБЛЫСЫ. Панфилов ауданы Киров атындағы совхозы амбулаториясының медицина қызметкерлерінде еңбекке қабілетсіздік қағазының шығыны күрт азайды. Село адамдарының сырқаттануының азаюын мұнда спорт-сауықтыру комплексін жасаумен байланыстырады. Онда екі жабық жүзу бассейіні, спорт ойындары, ыргақты гимнастика, күрес залдары, спорт жабдықтарының прокат пункті бар.

Суретте: Колхоз спорт комплексінің жүзу бассейні.



Суретті түсіргендер В. ЗИНИН, В. ЗАХАРЧЕНКО (ҚазТАГ)

Digitized by Google

лагерьлері, еңбек және демалыс лагерьлері, оқушылардың өндірістік бригадалары қарадүрсін жабдықталған. Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелеріне деген қажеттілік небары үштен екісіне қанағаттандырылған. Қырық үш совхоз бен колхозда олар атымен жоқ. Қаншалықты оғаштау болғанымен, нақ Шымкент, Жамбыл және Алматы облыстары бала бақшалармен нашар қамтамасыз етілген, ал оларда көп балалы семьялар көп-ақ. Бірінші кезекте мектеп-интернаттар салуға және шағын мектептерді жабуға бағдар ұстаған білім беруді дамытудың теріс концепциясы селода оны дамытуға үлкен нұқсан келтірді. Балаларды семьядан, ата-анасы жұмыс істейтін еңбек коллективінен жасанды түрде қол үздіруге болмайтындығын өмір көрсетіп берді. Енді әр селода мектеп құру, ал әр мектеп жанынан кәсіптік білім беру кластарын ұйымдастыру бағыты белең алды. Сайып келгенде, алты жастан еңбекке араласу танап пен ферманың болашақ қызметкерлеріне еңбек тәрбиесін беру үшін қажетті жағдай жасайды.

Жастардың селодағы өмірдің мәдени жағдайына қанағаттанбаушылығы олардың қалалық жерге қоныс аударуының негізгі себептерінің бірі болуда. Дегенмен былайша қарағанда, клубтармен және мәдениет үйлерімен соншалықты толық қамтамасыз етілген сияқты көрінеді: нормативті қажеттегі 886 мың орынның есесіне 1160 мың орын бар. Алайда, 443 орындық мекеме ғана типті үйлерде орналасқан. Қалған клубтардың үйірме жұмыстарына арналған бөлмелері жоқ, көпшілігі пеш жағылатын үйлерде орналасқан.

Кітапханалар жағдайы да мәз емес, олардың қыруар бөлігі жайсыз үйлерде орналасқан. Әрбір оныншы клуб қызметкерінің ғана арнаулы жоғары және әрбір үшіншісінің орта білімі бар. Ведомстволық бытыраңқылық мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына қатты оралғы жасауда. Мәдени-спорт комплекстерін дамыту бұл тұрғыдан перспективалы болып табылады, алайда соңғы уақытта оған көңіл бөлу бәсеңдеп кетті.

КПСС Орталық Комитетінің март Пленумында селодағы медициналық қызметтің нашар жағдайы туралы зор алаңдаушылықпен айтылды. Мұнда адамдардың өлімі еңбекке жарамды жаста қаламен салыстырғанда 20, ал балалар өлімі — 50 процент жоғары. Біздің республикамыз село тұрғындарына медициналық қызмет көрсету жөнінен орта азиялық республикалардан ғана басым болып, елде соңғы орындардың бірін алады.

Елді мекендердің бестен біріне жуығында (1548), соның ішінде Павлодар облысында — 34 процентінде (207 мекен), Жезқазған облысында —28 (70 мекенде), Шымкент облысында —23 (216 мекен) және Гурьев облысында 22 процентінде (49 елді мекенде) ешқандай емдеу мекемесі жоқ. Орта есеппен республика бойынша село халқының дәрігерлермен қамтамасыз етілуі қалаларға қарағанда 4,2 есе, ал аурухана төсектерімен қамтамасыз етілуі — 2 есе төмен. Бүгінде медицина кадрларын орнықтыру үшін жағдай жасау денсаулық сақтау базасын дамытумен қатар басты мәселе болып табылады. Мұнда көкшетаулықтар инициативасы барынша қолдауға лайықты. «Тұрғын үй-91» программасын орындап, бірқатар шаруашылықтар дәрігерлер мен орта буын медицина қызметкерлері үшін жайлы үйлер сала бастады.

Үстіміздегі бесжылдықта товар айналымы қарқыны жеделдеді. Қазақ ССР Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитеті жүйесінің шаруашылықтарында 33 процент, соның ішінде қоғамдық тамақтандыру жөнінен 39 процент өсті. Бұл маңызды жүйе, алайда халықтың сұранысына сай келмейді. Ведомстволық тосқауылдардан сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына қызмет көрсету мен технологиялық және тоңазытқыш жабдықтарын жөндеуді ұйымдастыру туралы мәселені шешудің сәті әлі күнге дейін түскен жоқ.

Тұрмыстық қызмет көрсету туралы да солай деуге болады. Селолық жерлерде жан басына шаққанда қалаларға қарағанда 1,3 есе аз қызмет көрсетіледі. Өткен жылғы қызметтің 25 негізгі түрінен 12 түрі бойынша жоспар орындалмады.

Перспективада селолық жерлерде көлемді қабылдау пункттері болатын, халықтың тұратын және жұмыс істейтін жерлеріне барынша жақындатылған, тұрғындарға үйде қызмет көрсетуге көмектесетін, құрамында мамандандырылған автомобиль транспорты бар тұрмыстық қызметтің ірі кәсіпорындарының құрылысына бағдар ұстаған жөн. Сондай-ақ, республиканың Халық тұрмыс қажетін өтеу министрлігінің селода материалдық-техникалық база құрылысына өз үлесін қосатын кезі ертеде-ақ жетті, әзірше мұнымен қалаларда көбірек айналысады.

Біздің республикамыз үшін ауыз сумен қамтамасыз етудің айрықша мәні бар. Мұндағы жағдай өте-мөте қанағаттанғысыз. Селолардың үштен біріне жуығының ғана (32 проценті ғана) су құбыры бар екенін айтудың өзі жеткілікті. Алты мыңнан астам поселке жергілікті қайнарлардың суын пайдаланады, ол көбі-

Digitized by Google

не-көп санитарлық нормаға жауап бермейді, ал 700 поселкенің халқы тасылып берілетін суды пайдаланады. Өткен жылы елді мекендерді сумен қамтамасыз етудің жалпы республикалық программасы әзірленді. Бұл Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитетінің заказы бойынша Мелиорация және су шаруашылығы министрлігінің күшімен жасалды. Жұмыстың түпкі мерзімі — 2005 жыл, дегенмен таза су — бұл адамдар денсаулығы, жоғары экологиялық мәдениет болғандықтан олардың жеделдету талап етіледі. Онымен қамтамасыз ету, демек, селодағы әлеуметтік саясаттың маңызды бағыты болып табылады. Енді тыңайтқышты және өсімдік құралдарын пайдалануға т. б. байланысты жұмысқа қойылатын талап шұғыл қатайтылуда. Осы мақсатпен өсімдікті қорғау станциялары құрамында токсикологиялық бақылау лабораторияларын ұйымдастырылуда.

Селолардың территориялық жағынан тым бытыраңқылығы, республика бойынша олардың арақашықтығы 34 километр құрайды (ел бойынша орташа деңгейден 45 процент жоғары), сондай-ақ ауыл шаруашылығы жерінің көлемділігі жағдайында қатқыл табанды жол құрылысының бірінші кезекті маңызы бар. Қазіргі уақытта жолдың барлық түрімен қамтамасыз ету 33 процент ғана құрайды. 16,3 мың поселкеден 7,1 мың поселкенің қажетті жолдың болмауынан автобус қатынасы жоқ. Кемінде 50 мың километр жол салу керек. Ал мұны барлық шаруашылықтардың, халық депутаттары жергілікті Советтерінің қатысуы арқылы ғана жасауға болады. Бұл проблемаға көңіл бөлу өсіп келе жатқанын да айту керек. Үстіміздегі бесжылдықта жол құрылысы жөнінен көтеріңкі міндеттемені орындау осы жайлы сипаттайды.

СЕЛОНЫҢ әлеуметтік жүйесі дамуының артта қалуы — көптеген жылдар бойы жоспарлауда белең алып келген «қалдықтық принципінің» неге соқтыратынының көрнекі мысалдарының бірі. Кемшілікті түзеу үшін барлық деңгейде барынша күш-жігер жұмсау керек. КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы март Пленумында атап көрсетілгеніндей, партия белгілеген деревнядағы әлеуметтік өзгерістердің ауқымды және мақсатты программасы бүкіл қоғамның орасын зор күш-жігерін, партия ұйымдарының, халық депутаттары Советтерінің оған көңіл бөліп, табанды жұмыс істеуін талап етеді. Бұл шын мәнінде бүкілхалықтық іс.

Республиканың өзінің әлеуметтік жағынан өсуінде елеулі түрде артта қалған селолық аудандарын дамытуды жеделдетудің республикалық программасын талдап жасау ірі, шын мәнінде кезеңді іс болып табылады, оны республика Министрлер Советі әзірледі. Ол 71 аудан бойынша ірі шараны қарастырады. Олардан 30 ауданды дамыту үшін жауапкершілік Мемлекеттік агроөнеркәсіп комитетіне, тағы 30 аудан үшін — облыстық атқару комитеттеріне және 11 ауданды дамыту үшін жауапкершілік республиканың Мемлекеттік жоспарлау комитетіне жүктелді.

Жергілікті жерлерде де инициатива жасалуға тиіс, демек қазір күрделі қаржы облыстық совет және шаруашылық органдарының қарауына берілді. Бұл тұрғыдан қостанайлықтар жақсы үлгі көрсетуде. Облыста мәдени құрылыс жоспарлы жүргізілуде, бөлімшелік елді мекендерге көңіл бөлу күшейтілді.

Көптеген жұмысқа аудандардың, шаруашылықтардың өздерінің шамасы келеді. Мұнда Павлодар облысы Екібастұз ауданының партия, совет және шаруашылық органдарының, жұртшылығының қатынастары туралы айтқан жөн. Осында үлкенді-кішілі селоларды жайластыруды белсенді түрде қолға алды. Он екі фермада әкімшілік-мәдени комплекстер салынды, онда фельдшерлік-акушерлік пункт, клуб, кітапхана және кеңсе бір үйде орналасқан.

Селоны әлеуметтік жағынан дамыту үшін қамқорлық жасаушылар көп нәрсені атқара алады және атқаруға міндетті. Мұнда да екіжақты мүдделілік стимулдарын іске қосу өте-мөте маңызды. Өнеркәсіп орындары жұмысшылары үшін жоспардан тыс ауыл шаруашылық өнімдерін өткізудің берілген правосын пайдаланып, совхоздар мен колхоздар сенімді серіктестер бола алады.

Қаралып отырған тақырып көлемді, оның барлық түйіндерін бір мақалада баяндау мүмкін емес. Сонда да село еңбеккерлерінің өз тұрмысына деген қатынасы, совхоз директорларының, колхоздар председательдерінің позициясы туралы айтпауға болмайды. Көптеген жерлерде орныған қалған масылдық, өз қам-қарекетін жоғары инстанцияларға жүктей салу ниеті өте күшті оралғы жасайды. Тиянақты жұмыс істеуші шаруашылықтар тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, жоғары өнімді жұмыс бастаулары тиянақты жолға қойылған әлеуметтік жүйеден, адамдар туралы ұдайы қамқорлықтан басталады. Және мұның өзі әрбір жетекшінің, әрбір коллективтің заңына айналуға тиіс.

П. ШКУРУПИЙ,
Қазақ ССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің селоны әлеуметтік дамыту басқармасының бастығы.

Digitized by Google

ӘР ХАТТЫҢ СӨҢЫИДА АДАМ БАР

Адам лауазымды кісіге шағым жолдады делік. Сырттай қарағанда, бұл оның бірыңғай жеке ісі болып көрінуі мүмкін. Қайсыбір өтініштің қоғамдық сипаты бар. Партия, совет, шаруашылық органдары мен олардың жетекшілерінің беделі көбіне азаматтар хаттарына, өтініштеріне, шағымдарына деген қатынасына тәуелді.

Алматы облысы мен республика астанасында жүргізілген зерттеулер көрсеткеніндей, бүгінде азаматтардың түрлі инстанцияға жолдаған хаттары мен ауызша өтініштерінің басым көпшілігі: «Қайта құруға сенеміз» немесе «Белең алған өзгерістерді қызу қолдаймыз» деп басталады. Олардың көпшілігі үшін елде өтіп жатқан процестерге деген алаңдаушылық та тән, адамдар әр кісінің өз ісі үшін жауапкершілігін қалай арттырып, право реттілігін қалай нығайтуға болатындығы жайлы өз ұсыныстарын енгізуде.

Алматыдан құрылысшы В. Л. Сбоев та қызықты пікір айтады: «Мен Тимирязев көшесінде тұрамын, ол Калинин ауданында. Алайда аудандық партия комитетінде кімдердің жұмыс істейтінін білмеймін. Көршілерімнен сұрап көріп едім, олар да иықтарын бір қозғап қойды. Неліктен осылай болып отыр? Өйткені партия қызметкерлерінің ешқайсысын көрмейміз. Секретарьлар, иә, аудандық партия комитетінің бүкіл аппаратының микроаудандардың біріне келіп адамдарды жинап, олармен әңгімелескенінде ешқандай сөкеттік жоқ қой. Әлбетте, әңгімелесерлік істер жоқ па?..»

Алматылықтардың ауызша және жазбаша өтініштерінде көтерілген проблемалардың аса көлемді ауқымы жөнінен осындай ашық, мүдделі пікірлер, сындарлы ұсыныстар, іскер кеңестер аз емес. Оларды жақсылап тыңдап, ең бағалы да пайдасын қабылдай білу керек қой. Демек, В. И. Ленин еңбекшілер хаттарын «бүгінгі таңдағы келелі мәселелер» туралы түбегейлі адамгершілік документтер, информацияның бай қайнарлары деп атады (Шығармалар толық жинағы, 54 том, 162 бет). Владимир Ильич Халық Комиссарлары Советінің іс басқарушысына арнайы жарлығында барлық үкімет орындары мен адамдарының үстінен... түсіп жатқан барлық шағымдар туралы маған дереу баяндап отыруды Сізге жүктеймін, оның бер жағында жазбаша түсетін шығармалар жиырма төрт сағат ішінде, ауызшалары — қырық сегіз сағат ішінде маған баяндалуға тиіс», деп талап етті (Шығармалар толық жинағы, 50 том, 272 бет). В. И. Ленин осы мәселелер бойынша нормативті актілердің бірқатар жобаларын талдап жасады. Ол жазған «Заңдарды бұлжытпай орындау туралы қаулы тезистерінің нобайында» шығармаларды рәсімдеу тәртібі алғаш анықталды. В. И. Ленинның тезистері Советтердің Бүкілроссиялық төтенше VI съезі 1918 жылы 8 ноябрьде қабылдаған «Заңдарды бұлжытпай орындау туралы» қаулының негізіне алынды. Осы документ біздің елімізде азаматтардың шағыммен қайсыбір совет мекемесі мен ұйымына жүгіну және бюрократизммен күресте праволық негіз жасау правосын баянды ету бастамасын қалады. В. И. Ленин азаматтардың өтініштерінен бұқараны мемлекетті басқаруға қатысуға да таратудың тиімді формасын көрді. Ол мемлекетті мәні бар мәселелер қойылатын өтініштерге кең жариялылық беруді, олар бойынша қабылданған шешімдер туралы әңгімелеуді талап етті.

Қайта құру совет адамдарының жоғары белсенділігін тудырған бүгінгі күнде лениндік нұсқаудың зор маңызы бар. КПСС XXVII съезі мен Бүкілодақтық XIX партия конференциясында еңбекшілердің өтінішіне мұқият қарауға, олардың орынды талаптарын қанағаттандыруға, қоғамдық пікірді зерттеуге, бюрократтық бұрмалауларды жоюға зор мән берілді. СССР халық депутаттарының бірінші съезінде жариялылық, право және азаматтардың өтініштері жөнінен комитет құрылуы проблемалардың өзектілігі туралы сипаттайды. Бертінде өткен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің XIII сессиясы азаматтардың өтініштері мен шағымдарын қарау және бюрократизммен күрес жөнінен комиссия құрды. Бүкіл осы жұмыста қалыптасқан тәжірибеге сүйену, оны одан әрі дамыта беру маңызды. Ал қызықты тәжірибелер баршылық.

Алматы облысының Кеген ауданында 1987 жылдан бері қоғамдық пікірді зерттеу жөнінен социологиялық сұрау жүргізілуде. Әр сәрсенбіде шаруашылықтар мен ұйымдарда аудандық партия комитетінің күні өткізіледі, онда партия активі бастауыш партия ұйымы коммунистері алдында атқарылған жұмыс туралы есеп береді, осында көптеген сұрақтарға жауап қайтарылады, нені атқарылғаны

Digitized by Google

туралы адамдар хабарланады. Осындай практика оңды нәтижелер беруде.

Партиялық жұмыс әдістерін қайта құру да қоғамдық пікірді зерттеуге көбірек ықпал жасауда. Соңғы үш жыл ішінде Алматы облысында қалалық және аудандық партия комитеттері бюроларының жазбаша және ауызша өтініштермен жұмыс істеу мәселелері жөніндегі мәжілістерінде 27 жетекшінің есебі тыңдалды. Әлбетте, іс есептердің санында емес қой, партия органдары оларды кадрлардың адамдармен жұмыс істеуді үйренуінің өзіндік мектебіне айналдырып, мейлінше тиімді, өзгешелеу формаларды іздестіруге жәрдемдесуге ұмтылады.

Сонда да адамдар өтініштерін қараудағы кемшіліктер әлі де жеткілікті. Кейбір басшылардың бұрынғысынша бюрократизмге бой ұрып, адамдардың қам-қарекетіне, қажетіне, өтініштеріне немқұрайды қарауы алаңдатады.

Демократияландыру мен жариялылық жағдайында совет адамдарының еркін білдіруінің конституциялық кепілдік жасалған формасы ретінде олардың қоғамдық маңыздылығын сапалық жағынан жаңаша ой елегінен өткізу қажеттігі туды. Енді өтініштер мен шағымдар совет қоғамының саяси системасы буындары мен жеке тұлғалар арасындағы қайшылықты анықтаудың аса пәрменді құралына барған сайын көбірек айналуда. Елімізде өтініштерге үн қатудың және оларды жүзеге асырудың тиімді жұмыс істейтін механизмі болса, адамдар өз талаптарын қанағаттандыру үшін «митингілік» демократияны анағұрлым сирек қолданар еді, көптеген проблемаларды дер кезінде шешіп, көптеген елеулі кикілжіңдердің алдын алуға болар еді.

Демек, шахтерлер талабында баяндалған мәселелер тұтасынан бірқатар жылдар бойы көтеріліп келді. Және олардың көпшілігін дер кезінде шешуге болатын еді. Елдің Көмір өнеркәсібі министрлігіндегі, сондай-ақ жергілікті жерлердегі бюрократтық тосқауылдар мұны жасауға оралғы жасады. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. Ә. Назарбаев бертінде Қарағанды облыстық партия комитетінің пленумында осы жайлы айта келіп, шахтерлер, әрине, әкімшілдік-әміршілдік системаның баяу жойылып отырған бөгелістеріне қарсы төтенше шараға жақсылықтан барған жоқ, деп атады. «Менің сөздерімді ереуілді, қозғалысты қолдап отыр-ау деп қабылдамаңыздар,— деп атап көрсетті мұның барысында Назарбаев жолдас. — Әлбетте, нокаут екіұшты қару, ол түзете алмайтын шығындарға әкеліп соғуы мүмкін. Ал қазір еліміз экономикалық дағдарыстың табалдырығында тұрғанда мұның өзі қайта құруға ауыр соққы болып табылады. Бірақ та ол өзгерістерді көре алмай шаршаған, бұл өзгерістердің қашан келеріне сенімнен айрылған жұртты түсінуге болады...

...Біздер, партия активі болмағанда, кім жұмысшы адамның қажеттіліктері мен көңіл-күйін біліп, дер кезінде алдын алатын тиімді шаралар қабылдайды!»

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Идеология комиссиясы бертінде мақұлдаған «Басшылықтың саяси әдістерін меңгерейік» концепциясы оқиғаларды бастапқы сәтінде алдын алып, өрби түскен қоғамдық қайшылықтар қоғам үшін тиімсіз зардаптарға соқтырмай тұрғанда оларды көре білу қабілетін дамытуға мегзейді. Онда нақты шаралар ойластырылмай, бәрі тек мәселелер мен айтылған пікірлерді тіркеуге сайып отырған кезде бұған жеңіл-желпі қараушылықтан арылу талабы ұсынылған. Өйткені мұның өзі кемшіліктер мен шешімін таппаған проблемалардың қордалануына соқтырып, кикілжіңді ситуацияларды тудырады. Қоғамдық пікірді зерттеп, қалыптастыру барлық партия комитеттері мен олардың бөлімдерінің және әрбір бастауыш партия ұйымының күнделікті қам-қарекетіне айналуға тиіс. Концепцияда мұны қалай жасауға болатыны туралы егжей-тегжейлі ұсыныстар айтылған, ішінара алғанда, бірқатар заводтар, фабрикалар, совхоздар мен колхоздар тәжірибесі бойынша тікелей кәсіпорындарда коллектив мүшелерінің пікірін, мұддесін, сұранымын әлсәтте зерттейтін қызмет құру керек.

Шахтерлер ереуілдері бұқара сана-сезімінде проблемалардың бәрін шешуге болады, бұл үшін талаптарды тұжырымдап, оларды қатаңырақ талап ету жеткілікті болады деген елес туғызды. «Қайта құру тек дүниеде жоқ әлдебір қиялдағы байлықтарды қайта бөлуге келіп саяды деп ойлауға болатындай»,— деді М. С. Горбачев үстіміздегі жылы сентябрьде Орталық телевизия арқылы сөйлеген сөзінде.

Мұнда белсенді түсінік және ұйымдық жұмыс өте-мөте маңызды. Коллективтер мен еңбекшілер топтары қоятын «талаптар пакетін» партия, кәсіподақ, совет және шаруашылық органдарының талқылауына ұсынып, жұмысшылар мен қызметшілердің өздерінің қатысуы арқылы коллективті түрде көтерілген проблемаларды шешудің ықтимал жолдары туралы пікірлерді тұжырымдап, нақты проблемаларды орындау мерзімін негіздеп, тым көтеріңкі талапты орындау

Digitized by Google

мүмкін еместігі туралы ашық айтатын жерлерде дұрыс жасайды.

Барлық деңгейдегі жетекшілердің өтініштер мен шағымдарды қарау үшін дербес жауапкершілігін арттыру өте-мөте өзекті. «Сіздер көпсіз, ал мен жалғызбын» деген кереғар пікір сөзбұйдалылықты және кімнің тарапынан болсын адамдарға көңіл бөлмеушілікті ақтай алмайды. Социологтар отандық және шетелдік практиканың негізінде мынадай тиянақты тұжырым жасайды: жетекші (мәселен, завод, совхоз директоры, колхоз председателі) тиісті қызметтер, өз көмекшілері және сайып келгенде, адамдармен қатынас жасау арқылы коллективтің әр мүшесінің қажетін дер кезінде біліп, олардың өтініш жасауының алдын алатындай етіп, өз жұмысын жолға қоя алады. Расында, шаруашылық немесе бөлімше жетекшісі адамдардың өзіне пішенді немесе отынды жеткізіп алу үшін транспорт сұрап келуін күтіп отырмауға тиіс қой. Өйткені шаруаның осы көкейтесті қам-қаракеті жыл сайын қайталанады, жыл мезгілі сияқты ол даусыз, сондықтан жетекші өзінің көмегін қажетсінетін адамға бірінші болып қадам жасауға тиіс. Бұл коллективтің мүддесіне сай келеді, иә, жетекшінің беделін де көтереді.

Еңбекшілер өтініштерін талдау көрсетіп отырғанындай, қайсыбір материалдық шығынды талап етпейтін мәселелердің өздері ұзақ уақыт бойы шешілмей қалады. Бертінде Талдықорған облысы Текелі қалалық Советі сессиясында депутат, пенсионер В. З. Яганова осы жайлы кейіспен айтты. Қорғасын-мырыш комбинаты тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының қызметкерлері пенсионерлердің үйдегі кранды жөндеуге, жылу жүйесіндегі ақауды жөндеуге жасаған заявкаларына айлап, тіпті жыл бойы үн қатпайды.

Осындай бюрократтық қылықты үзілді-кесілді жоюда жергілікті Советтер ролі өте-мөте зор болуға тиіс. Және мұнда принциптілік қана емес, сондай-ақ бюрократизм мен сөзбұйдалықты тудыратын себептерді көріп, оларды жоя білу керек.

Осыған орай Қаратау қалалық атқару комитетінде енгізілген «Қызмет-06» жаңалығы біраз ынта-ықылас турдырады. Қала тұрғындары осы номерге телефон соғып, кезекші диспетчерге өз ескертпелерін, ұсыныстарын хабарлай алады. Соның арқасында адамдарды толғандыратын мәселелер анағұрлым жедел шешілуде. Сөйтіп еңбекшілердің көкейтесті қажеті жақсы қанағаттандырылады. Демек, адам өндіріске көбірек пайда келтіреді.

Көптеген дәстүрлі формалар, мәселен, ашық хат күндері, тұрғылықты жер бойынша халықпен кездесу, жетекшілер мен Советтер депутаттарының тікелей цехтарда, бөлімшелерде, тұрғын үй алқаптарында қабылдау жасаулары, сондай-ақ басқа шаралар туралы ұмытуға болмайды.

Бүгінгі лауазымды адамдарды жоғары саяси және праволық мәдениетке, жауапкершілікке, адамдарға көңіл бөлуге тәрбиелеу өте-мөте маңызды іс болып табылады.

Көптеген жағдайда азаматтардың өтініштері ауыртпалық ретінде қабылданып, олардың авторлары «шағым жасаушы», «жалақор», «өсекші» ретінде көрсетілетін принциптердің әлі де бар екенін ұмытуға болмайды. Сонымен бірге азаматтарға праволық тәрбие беруді де жаңа деңгейге көтеру талап етіледі. Бір ғана факті мынадай: домалақ арызды қарауға тиым салынғанына тәяуда екі жыл толады, алайда ондай хаттардың түсуі жалғасуда. Кейбіреулер сынағаны үшін қудалаудан тайсақтаудан осыны жасауға мәжбүр болады, екіншілері жалақорлығы әшкереленбес үшін өз есімін жасыру әрекетін жасайды. Осындай кеселдердің бәрін жою үшін қауырт жұмыс керек.

Өтініштер авторы тұрғысынан мекемелер мен ұйымдардың бәрінде бірдей ізгі ниеттілік ахуалы жасалуға, яғни әр адамның өзін мұқият тыңдап, дұрыс түсінетініне, ал қайсыбір адасушылығы жағдайында қудаланбайтындығына кепілдігі болуға тиіс. Демек, азаматтың дер кезінде қанағаттандырылмаған өтініші, шағымы, бейнелеп айтқанда, қайта құрудың жақтастарынан айырылуға соқтырады. Қоғамның экономикалық, әлеуметтік, рухани өмірі жүйесіндегі жайсыздық, кадрларға идеялық-саяси тәрбие беру мен кәсіптік даярлаудағы орын алған кемшілік — азаматтар өтініштерін қараудағы осындай ағаттықтарды, бюрократтар, қайта құруға қарсы басқа күштер өздерінің арамза мүддесіне — халықтың КПСС-тің совет қоғамын сапалық жағынан өзгертудің стратегиялық курсының тұрлаулығына деген сенімін үзуге белсенді пайдаланатынын ұмытуға болмайды.

Азаматтарды қабылдау процедурасының өзі де мықтап жетілдіруді қажетсінеді. Бүгінде осы жайлы көп айтылуда. Мәселен, алматылық теміржолшы Д. И. Горенконың пікірі мынадай: «Жеке мәселелермен қабылдауды қарап көріңізші: аудандық, қалалық немесе облыстық партия комитеттері болсын, бірінші секретарьлардың бәрі азаматтарды аптасына небары бір-ақ рет, оның

Digitized by Google

үстіне жұмыс уақытында және небары үш сағат уақыт ішінде қабылдайды. Ал егер мен жұмыс істеп, жұмыс орнымды тастап кете алмасам қайтемін?

Бірде, әйтеуір демалыс кезінде қалалық партия комитетінің бірінші секретарымен кездесуді ұйғардым. Мұнымнан ештеңе шықпады. Сөйтсем, қабылдауға тап болу үшін ертеңінде ертерек кезекке тұру керек екен. Сайып келгенде, қабылдау бөлмесіне енгеннен кейін өзіңе бейтаныс адамға не үшін келгеніңді егжей-тегжейлі хабарландыруға тиіссің. Ол өзін таныстырмайды. Осыдан кейін ғана менің қабылдауға лайықты екенімді немесе лайықсыз екенімді шешеді. Сосын, түстен кейін қабылдауға тап бола аламын. Мұнда тағы да кезек жиналады. Мен мұндай «делдалға» түсініктеме беруден бас тарттым, сөйтіп қабылдауда бола алмадым...»

Ал алматылық пенсионер С. С. Клявцовтың пікірі мынадай: «Маған көмек көрсету тұрғысынан алғашында аудандық партия комитетіне, ал сосын қалалық және облыстық партия комитеттеріне жүгінуіме тура келді. Бұдан не шықты, деп ойлайсыз ғой. Менің шағымыма ешкім жазбаша жауап бермеді. Партия органының мұндай қағазды қолға беруіне болмайды деді. Бұл неліктен?»

Иә, өмір, қайта құру ұйымдық, сондай-ақ азаматтардың хаттарын, өтініштері мен шағымдарын қарау тәртібін нормативті тұрғыдан реттеуді мықтап талап етеді. Азаматтардың жүгіну институты ролінің де маңызын лениндік тұрғыдан ұғынуды түлетіп, оның қолданылу тиімділігін көтеру керек. «Бұл хаттар...,— деп атап көрсетті М. С. Горбачев,— партия мен мемлекет басшылығына деген зор сенімнің дәлелі. Сенімнің қайта өрлеуі! Ал мұның өзі — ұлы күш, баға жетпес капитал». Совет қоғамын қайта құру мен демократияландыру жағдайында бюрократизммен күрестің лениндік қағидаларын одан әрі дамыта беру азаматтардың ұсыныстарына, сын-ескертпелеріне, өтініштері мен шағымдарына аса жауапкершілікпен қарауды, оларды осы заманғы ғылыми зерттеулер мен ғылыми жағынан негізделген ұсыныстар негізінде қарау практикасын жетілдіре беруді талап етеді.

А. ӘБІЛДИНОВ,
КПСС Орталық Комитеті жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясының аспиранты.

ҚАЗАҚ ССР СТАТИСТИКА ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

1989 жылдың 9 айы ішінде мемлекеттік және кооперативтік сауда арқылы жекелеген азық-түлік товарлары мен алкогольдік ішімдіктерді сату туралы.

	1989 ж. 9 айда	1988 ж. 9 айға қарағанда % есебімен
Ет пен құс, мың тонна	283,9	105,1
Шұжық тағамдары, мың тонна	83,4	101,6
Балық, мың тонна	59,6	95,1
Мал майы, мың тонна	50,3	108,1
Өсімдік майы, мың тонна	44,7	107,8
Қант, мың тонна	275,5	79,3
Кондитер тағамдары, мың тонна	195,5	100,9
Арақ және ликер-арақ ішімдігі, мың декалитр	7085,7	120,9
Шарап, мың декалитр	8446,2	157,0
Коньяк, мың декалитр	365,3	97,3
Шампан шарабы, мың декалитр	832,1	97,3
Сыра, мың декалитр	20764,8	97,7
Алкогольсіз сусын, мың декалитр	22372	104,0
Жеміс шырыны, миллион шартты қаблыр	165	97,6
Жеміс шырыны, миллион шартты қалбыр	71,1	112,0
Табиғи шай, мың тонна	23,8	106,7

Өткізілген алкогольдік ішімдіктер сомасы екі миллиард сомнан асты. Республиканың әр тұрғынына шаққанда 9 ай ішінде ол үш литрден өткізілді (абсолютті алкогольдік ішімдікке шаққанда), мұның өзі өткен жылғы тиісті кезеңдегіден 22 процент көп.

Digitized by Google

ҚАЗІРГІ АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС

Енді азаматтық қорғаныс құрамалары қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, авариялардың, табиғат апаттарын жоюға белсене қатысатыны туралы оқыған едім. Осы жайлы толығырақ айтуға болмас па екен?

Д. ДОРЖ.

Қостанай облысы.

Біз Қазақ ССР Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, полковник **Николай Иванович ХЛЮПИННІҢ** оқырман сұрағына жауап беруін өтіндік.

Өмірдің өзі азаматтық қорғанысты бірыңғай қорғаныс міндеттерін орындаудан жаңа проблеманы шешуге — әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мәжбүр етті.

Чернобыль атом электр станциясындағы, Арзамастағы авариялардың, басқадай төтенше оқиғаларды, сондай-ақ Армения мен Тәжікстандағы жер сілкіністерін талдау бізді, азаматтық қорғаныс мамандарын, бейбіт уақыт жағдайындағы қауіпсіздік проблемасына басқаша қарап, өз қызметімізді түбегейлі қайта құру үшін сындарлы шаралар қабылдауға жетеледі. Халықты ықтимал авариялар, апаттар мен табиғат ауыртпалықтары салдарынан қорғау, осы зардаптарды жою барысында құтқару және басқа кезек күттірмес жұмыстарды жүргізу қазіргі уақытта маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Сонымен бірге халық шаруашылығы объектілерінің беріктігі мен қауіпсіздігі, олардың қызметкерлері мен қауіпті аймақта тұратын халықты қорғау үшін бүкіл жауапкершілік министрліктер мен ведомстволарға жүктеледі.

Бізді химиялық жағынан қауіпті объектілер мен өндірісте пайдаланылатын токсиндік қасиеті жоғары аса улы заттар өте-мөте алаңдатады. Мәселен, улы заттар тобына жататын аммиак пен хлор республика өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы өндірісінде кеңінен қолданылады. Шынтуайтында, тамақ және ет-сүт өнеркәсібі тоңазытқыш қондырғыларының бәрі аммиакпен жұмыс істейді және осында жұмыс істеушілерді қорғауды қамтамасыз етуге немкетті қараушылық қылмыс жасаумен бірдей. Өйткен технологияны қайсыбір бұзушылық авариялық ситуацияның ықтималдығын арттыра түседі. Мәселен, 1987 жылы Өскемен ет комбинатындағы аварияда аммиактың сыртқа шығуы кезінде кездейсоқтық трагедияны болдырмауға көмектесті. Сонда да онда тұжырым жасалмады, бертіндегі тексерулер осы кәсіпорында қауіпсіздік шараларының өрескел бұзылатындығын анықтады.

Тиісті құрылыс нормалары, ережелері және басқа нормативті документтер жобалау, құрылыс сатысында, сондай-ақ өндірістік қызмет процесінде ұйымдық және инженерлік-техникалық қорғаныс шараларының тұтас комплексін атқаруды қарастырады. Олардың мақсаты айқын: аса токсинді сұйық заттар мен газдың атмосфера мен топыраққа тасталуына жол бермеу үшін бәрін жасау, ал егер авария бола қалса, оның салдарын жойып, қамтушы қызметкерлер мен таяу маңда тұратын адамдардың зардап шегуіне жол бермеу. Алайда Шығыс Қазақстан, Павлодар, Семей, Қызылорда, Целиноград және басқа облыстарда жүргізілген тексерулер көрсеткеніндей, қарастырылған шаралар толық көлемінде орындалып отырған жоқ.

Әлбетте, қорғаныс шараларының бүкіл комплексін жүзеге асыру үшін айтарлықтай мөлшердегі финанс және материалдық қаржы талап етіледі. Оларды кәсіпорынның экономикалық және әлеуметтік даму жоспарында қарастыру керек. Сонымен бірге әр жұмысшы мен қызметшінің жауапкершілігі мен тәртібін көтеру де, кезекші қызметшілерді, азаматтық қорғаныстың мамандандырылған әскери емес құрамаларын жарақтандырып, авариялардың тоқтатып, жою әдістері мен тәсілдеріне үйрету де сондай маңызды.

Бейбіт уақытта авариялар, апаттар, зиянды, улы заттардың тасталуы салдарынан адамдардың қаза табуын қайсыбір тұрғыдан ақтау мүмкін емес. Халықтың өзі де осындай ситуацияға дайын болуға тиісті екенін есте ұстауы керек.

Бертінде Воениздат халыққа арналған «Мұны біліп, орындай біл» деген жаднама шығарды. Онда химиялық қауіпті кәсіпорындардағы, атом қондырғыларындағы түрлі авариялар, сондай-ақ табиғат апаттары барысындағы тәртіп пен қимыл жасау ережелері туралы ұсыныстар беріледі. Рас, оның тиражы онша көп емес, ол біздің республикамызда қазақ, орыс және басқа халықтар тілінде қайта басылады деп ойлаймыз.

Digitized by Google

Әрине, негізгі күш-жігер профилактикалық шараларды жүргізуге шоғырландырылуға тиіс. Біздің салалық ведомстволарымыз бен азаматтық қорғаныс қызметкерлеріміздің ықтимал қауіпті кәсіпорындарды тоқсан сайын тексерулері қағидаға айналды. Мұның барысында не нәрсеге назар аударылады?

Бұл — токсинді, өрт шығуы мен жарылу қаупі бар сұйық заттар мен газ ыдыстарының сенімді сақталуы, халықты жаппай хабарлау жайы, жұмысшылар мен қызметшілердің противогаздармен қамтамасыз етілуі, кезекші сменаларда жақсы даярланған және жарақтанған, қауіпті аймақты оқшаулауға қабілетті қызметкерлердің болуы, қажетті мөлшердегі бейтараптандырушы заттар мен ертінділердің, сондай-ақ тағайындалған нормаға сәйкес улы заттардың тиісті қоры болуы; қорғаныс құрылыстарының жайы, жұмысшылар мен қызметшілердің, азаматтық қорғаныстың мамандандырылған әскери емес құрамаларының жаттығу дәрежесі.

Төтенше ситуациялар туындаған жағдайда — стихия ауыртпалығы, аварялар, апаттар жағдайында — халықты хабарландырудың жаңа жүйесі енгізілді. Жаңалық мынаған саяды: электрлі сирендердің, кәсіпорындардың, арнаулы транспорттың, мемлекеттік автомобиль инспекциясының толассыз гудогі іске қосылады. Бұл азаматтық қорғаныстың «Баршаның назарына» сигналы болып табылады. Оны естісімен дереу телевизорды немесе радионы қосып, жергілікті өкімет пен азаматтық қорғаныс штабының хабарын тыңдау керек.

Әр адам осы сигнал бойынша қимыл жасауға әзір болуға тиіс. Қазір адамдардың көпшілігі оған назар аудармайды, немесе абдырып қалады, ал Семей мен Шымкент облыстарының бірқатар кәсіпорындарындағы жаттығулар барысында тіпті дүрлігу оқиғасы да болды. Республиканың сейсмикалық жағынан қауіпті аймақтарының тұрғындары, сондай-ақ улы заттар өндіретін немесе оларды пайдаланатын кәсіпорындар осы дабыл бойынша қимыл жасауға өте-мөте дайын болуға тиіс.

Фактілердің көрсетіп отырғанындай, азаматтық қорғаныс жайы оңды деп бағаланатын жерлердің өзінде халықтың бәрі бірдей хабарландыру сигналы бойынша қимыл жасай білмейді, ал бірқатар аудандарда — Ақтөбе облысының Мұғаджар, Ойыл, Темір аудандарында, мәселен, тексеру сәтінде хабарландыру құралдары ақаулы болып шықты. Әр кәсіпорында дерлік хабарландырудың бөлек құралы болып отырған жоқ — сейсмикалық жағынан жайсыз аймақтарда мұның қанашалықты қауіпті екенін, айталық, Армениядағы жер сілкінісі көрсетті. Мұның өзі бәріміз үшін маңызды тағылым болуға тиіс.

Төтенше комиссиялар қимыл-әрекетінің түрлі вариантын қарастыру, асығыстық пен теріс шешімдер салдарына жол бермеу үшін олардың мүшелерінің функционалдық міндеттерін дер кезінде талдап жасау қажет. Олар азаматтық қорғаныс қызметкерлерімен бірлікте тығыз қимыл жасауға тиіс.

Өткен жыл ішінде Талдықорған облысында ғана 169 өрт болды, оларда он адам қаза тапты. Өрт 160 мың сомнан астам мөлшерде материалдық нұқсан келтірді. Олар, осы өрттер қандай олқылықтарды анықтады? Осы объектілерге жауапты жетекшілердің жайбарақаттығы, ойлау инерциясы оралғы жасады: онда өрт қауіпсіздігі мәселесі қосалқы міндеттер қатарына жатқызылған. Ал Гурьев облысының Құлсары поселкесінде құны бірнеше миллион сом тұратын импорттық жабдықтар қоймасы өртеніп кетті. Оның автоматты түрде өрт сөндіру жүйесі де, тым болмағанда өрт сөндіру түтігің жалғастыратын су құбыры да жоқ екен. Дегенмен ең өкініштісі мынада: қойма құрылысшылардан қабылданып алынбаған. Сөйтіп одан металды конструкциялар үйінділері қалды, кейіннен олардың... трактормен сүйретіп шығарып тастауға тура келді. Қазір осы оқиға үшін «Тенгизнефтегаз» бірлестігінің орта және жоғары буын жетекшілерінің жауапкершілік ауқымы анықталуда, дегенмен Мұнай өнеркәсібі министрлігінің өкілі — министрдің орынбасары С. М. Тепловтың мойындағанындай, импорттық жабдықтар қоймасы мен базасында ғана емес, сонымен бірге бүкіл Құлсары поселкесінде өрттен сақтандыру шаралары бүгінгі талап пен нормаға сай келмейді.

Темір жол арқылы тасымалданатын токсинді, өрт шығуы мен жарылуы жағынан қауіпті заттар мөлшері мен түр-түрі көбейіп келеді. Олардың тасымалына қатысты адамдардың бәрінің осы өнімдерді жеткізу, түсіру және сақтау барысындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ететін арнаулы ережені қатаң сақтауы арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Бізді темір жолда жиілеп кеткен аврияларалаңдатады, олардың бір бөлігі өнім берушілердің, мәселен, Шымкент «Фосфор» бірлестігінің кінәсінен болды.

Үстіміздегі жылы майда Алматы-II станциясының кірме жолында екі маневр составының соқтығысуының салдары ауыр зардапқа соқтырды. Маневр жү-

Digitized by Google

мысын атқару барысында өрескел ағаттықтар жіберілді. Оның үстіне жолдың конфигурациясы өте күрделі, оған іргелес территорияда түрлі құрылыстар, бұталар мен ағаштар көп, мұның өзі машинистердің жолды қадағалауын қиындатты. Осындай ауыр жағдайда астананың өрттен қорғау қызметі тиянақты әрі оперативті қимылдады. Алайда маневр составтары қақтығысынан кейін тұрмыстық сұйық газ — пропан құйылған цистерналардың бірінің жарылуы қайғылы жағдайға соқтырды. Өндірістік үйлер зардап шекті, меншікті 11 тұрғын үй мүлдем өртеніп кетті. Кісі өлімі де болды. Жараланғандар ішінде осы аймақта жұмыс істемейтін және тұрмайтын адамдар аз емес. Орынсыз ынтызарлық оларды осындай жағдайға душар етті. Мәселен, бір алматылық өзінің «Волга» машинасымен өртті көруге келген: машинасы бүлінген жоқ, ал оның иесі ауыр күйікке шалдықты.

Еліміздің жаңа сыртқы саяси бағытты табанды әрі дәйекті жүргізуінің, Батыс пен Шығыс арасындағы сенімді нығайту жөніндегі шаралардың нәтижесінде халықаралық шиеленістің біршама бәсеңдеуіне қарамастан дүние жүзіндегі жағдай әзірше күрделі күйінде қалып отыр, хауіп сақталуда, ядролық соғыс қатерін толық жоюдың сәті түскен жоқ. Осындай жағдайда халықты және ел экономикасын әскери шабуыл жасаудан, дұшпанның жаппай қырып-жоятын қаруды қолдануынан қорғау шараларына-даярлау азаматтық қорғаныстың маңызды міндеттерінің бірі болып қала береді.

Азаматтық қорғанысқа жүктелген міндеттердің күрделілігі мен алуан қырлылығы, олардың маңыздылығы мен оперативтілігі қатардағы қызметкердің, сонымен бірге барлық деңгейдегі жетекшілердің міндеттерді дәлме-дәл діктé әрі дер кезінде орындауын, инициатива көрсетуін және өздеріне жүктелген жұмыс учаскесіндегі істің жайы үшін жауапкершілік сезімін талап етеді. Сонда ғана біз бейбіт уақытта адамдар құрбандығына және орынсыз материалдық нұқсанға жол бермейміз.

ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІ КҮШЕЙТЕ БЕРЕЙІК

Ауғандықтар инициативасы

Запастағы жауынгерлердің бөртінде өткен қалалық жиынында көптеген мәселелер қаралды. Бұлар — тұрғын үй мәселесі, санаторийлер мен реабилитациялық орталықтарға жолдамалармен қамтамасыз ету, жасөспірімдердің әскери-патриоттық «Рафик» клубының жұмысы. Совет және партия органдарының емделуді қажет ететін запастағы жауынгерлерді емдеу туралы мәселенің ешқандай бюрократтық сөзбұйдасыз шешкенін бірден айта кетейін. Мәселен, сентябрьден бастап «Энергетик» және Ы. Жақаев атындағы санаторий-профилакторийлерде әрбір маусымға бес орыннан берілді. Біздің қалағанымыздай, тез болмағанмен, тұрғын үй құрылысына несиеге ақша бөлуде ілгерілеушілік бар.

Запастағы жауынгерлер жиынында «ауғандықтар» өздерінің «сырқаттары» туралы ғана емес, сондай-ақ қала тұрғындарының бәрін толғандыратын мәселелер туралы да ренішпен айтты. Ең алдымен мұның тәртіп бұзушылыққа қатысы бар. Интернационалист-жауынгерлерден мамандандырылған отряд құру туралы идея айтылды. Бұрынғы «ауғандық», ішкі істер қызметінің майоры Рашид Жүсіпов оған жетекшілік етті.

Бүгінде оннан астам рейд өткізілді. Біз негізінен қалалық мәдениет және демалыс паркіндегі реттілікті бақылаумен айналысамыз, онда кешкі уақытта жастар көп болады. Арнайы форма киген бұрынғы жауынгерлердің келуі тым тентек жасөспірімдердің желігін басып тастайды, тек оларға ғана ықпал етіп отырған жоқ. Жастардың қайсыбір бөлігі шектен шыққан кезінде «төтенше оқиғаның» бетін қайтара алдық.

Бізге әзірше тындырымдылық, оперативтілік жетіспейді. Демек бұл уақытша ғана, өйткені таяуда біздің отрядымыз үшін автомашина бөлу туралы мәселе шешілуге тиіс, мұның өзі біздің милициямен бірге қаланың алыс учаскелеріне бақылау жасауымызға мүмкіндік береді.

Запастағы жауынгерлердің осының бәрін жұмыстан бос уақытында, сондай-ақ демалыс күндерінде атқаратынын атап өткім келеді. Біздің мақсатымыз — жанжалдардың алдын алу, жастардың түрлі категорияларымен ортақ тіл табу, тек сөзбен ғана емес, іспен де иландыра білу.

Е. ЫБЫРАЕВ,
запастағы жауынгерлердің қалалық советінің председателі.
Қызылорда қаласы.

Digitized by Google

Қ. И. СӘТПАЕВ АТЫНДАҒЫ ГЕОЛОГИЯ МУЗЕЙІ

Аса алуан түрлі геологиялық жағдай мен пайдалы қазындылар байлығы — осының бәрі Қазақстанның лаборатория ретінде даңқын көтерді, онда жер құрылымының түрлі теориялары, магматиттік процестердің дамуы мен рудалы қойнаулардың құрылуы тексеріледі. Республикада пайда болуы мен құрамы жөнінен әртүрлі минералдар, жыныстар, кендер табылды, олардың бірқатары бірегей. Олардың үлгілері Одақтың көптеген геология музейлерінде көрсетілуде. Қазақ ССР Ғылым академиясының Геология ғылымы институты жанындағы Геология ғылыми-зерттеу музейі 1940 жылдан бері жұмыс істейді, ол академик Қ. И. Сәтпаевтың инициативасымен құрылған еді. Бүгінде оның қорында 50 мыңнан астам экспонат бар. Сондай-ақ республиканың жер қазынасын игеру тарихы жөнінен бай материал жиналған. Онда Қазақстанның геология ғылымының негізін қалаушылар Қ. И. Сәтпаев, Н. Г. Кассин, М. П. Русаков туралы, олардың серіктері мен шәкірттері туралы тартымды әңгімеленеді.

«Үлкен Жезқазған» панорамасы музейдің орталық экспозициясы болып табылады. Қаныш Имантайұлы мен оның зайыбы Таиса Алексеевна оған арналған экспонаттардың көпшілігін кен қазындыларынан сұрыптап алып, әкелген еді. Демек Қ. И. Сәтпаев Жезқазған жөніндегі, қазір музейде сақталып отырған алғашқы коллекцияларын 1930—1935 жылдарда жинаған еді. Сәтпаевтың коллекциясынан жиналған, кейіннен оның қызы, академик, геология-минерология ғылымының докторы Мейіз Қанышқызы Сәтпаева мен Жезқазғанның басқа зерттеушілері толықтырған, түзілуіне қарай бөлінген кен жыныстары, руда түрлері, түрлі минералдар аса бай ғылыми-информативтік материал болып табылады.

Әр экспонаттың өз тарихы бар. Мәселен, Жезді мен Найзатастың марганец рудасының үлгілері салынған ыдыстар витринада тұр. Украинаның марганец кеніштерінен уақытша айрылып қалып, Грузиядан осындай руданы тасу қиынға соққан Ұлы Отан соғысы жылдарында осы кеніштердің ашылуы елімізге мықтап көмектесті.

Қазақстан жерінде аса көп ұшырасатын түсті әрлеу тастарын алайықшы. Олардың әрқайсысының табиғи ойластырған нағыз аңызы бар. Музей жанынан тас қашайтын шағын шеберхана жасалды, онда өрнектер салынып, тас түрлі-түсті нұрға бөленеді. Тас қашау жөнінен уралдық тәжірибелі шебер Т. П. Семенин шеберхананы құрды. Қазір мұнда оның шәкірттерінің екінші легі — талантты шеберлер А. Н. Мамонтов пен Е. Н. Портов еңбек етеді. Шеберханада тастардан өрнектеліп жасалған шағын картиналар келушілер назарын аударды, оларда табиғаттың әсерімен қайталанбас сыйқырлы сюжеттер жасалған. Шебер түрлі әрлеу тастарынан жинап жасаған мозаикалы картиналар өте тартымды. Гүл шоқтары салынған базалар бірегей, олардың жапырақтары шашатын түрлі-түстер енді ғана түскен шық әсерін тудырады.

Біздің коллекцияларымызбен танысу үшін дүние жүзінің көптеген геология мекемелерінен мамандар келеді. Музейде жыл сайын 15 мыңнан астам адам болады. Мұнда геологиялық білімді танымал ету жөнінен үлкен жұмыс жүргізіледі, дегенмен музейдің ғылыми және халық шаруашылығындағы ең басты мақсаты — өнеркәсіптік игеру барысында жойылып бара жатқан минералды, рудалар мен кен жыныстарын сақтау. Осы экспонаттардың құндылығы мынада: ғылыми танымының қазіргі деңгейі мен жаңа оптикалық техниканы пайдалануды өсе түскен мүмкіншілігі тым қиын немесе кен қойнаулары уческелерін ұқсату процесінде жалпы жойылып бара жатқан музей коллекцияларын зерттеуге қайта оралуға көмектеседі, олар бүкіл ғылыми және практикалық информацияларды қайнары қызметін атқарады. Бұл тұрғыдан геология музейі геологиялық табиғи феномендерді шоғырландырып, сақтау орталығы болуда.

Біздің музейіміз Қ. И. Сәтпаев ұрпақтарға қалдырған баға жетпес сый деп орынды есептеледі.

Музей адресі: **480100. Алматы қаласы, Калинин көшесі, 69, Қазақ ССР Ғылым академиясы Геология институты, 1 қабат.**

Н. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
музей меңгерушісі,
геология-минерология
ғылымының докторы.

Digitized by Google

НОМЕРДЕ:

● СОВЕТТЕР САЙЛАУЫ ҚАРСАҢЫНДА

Халық игілігіне арналған 2

В. КОСТРОВ Сайлаушылардың дұрыс таңдау жасауына көмектесейік 4

● 30 ДЕКАБРЬ — СССР-ДІҢ ҚҰРЫЛҒАН КҮНІ

С. ҚАСЫМОВ. Советтер елінің бірлігін нығайта берейік 7

● БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАЙДЫ

В. БОЛЬШАКОВ. «Жарайсың, Қазақстан!» 12

● ЭКОНОМИКА: РЕФОРМА БАҒЫТЫМЕН

Б. НҰРЖАНОВ. Энергетиктердің жаңа межелері . . . 16

● СЕМИНАРЛАР. КОНФЕРЕНЦИЯЛАР

Т. ТИМОФЕЕВА. Мердігерліктегі автоклубтар 19

● АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ

П. ШКУРУПИЙ. Қазақстандық селоның әлеуметтік дамуы 20

● ӘҢГІМЕЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР

А. ӘБІЛДИНОВ. Әр хаттың соңында адам бар . . . 24

● СҰРАҚҚА — ЖАУАП

Н. ХЛЮПИН. Қазіргі азаматтық қорғаныс 28

● РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ

Н. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА. Қ. И. Сәтпаев атындағы геология мұзейі 31

1931 жылғы ноябрьден шығып келеді.
ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАСПАСЫ.

© «Қазақстан үгітшісі», № 23, 1989 ж.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39

Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84
63-27-74,
63-27-56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: С. А. ДӘРМЕНБАЕВ, М. А. МӘМБЕТОВ, А. МӘУТЕНБАЕВ, Ж. Ж. НАУРЫЗБАЕВ, Б. Ө. САПАРҒАЛИЕВ, Т. В. ЩИПАНОВА.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.


Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,

Сдано в набор 25.10.89 г. Подписано к печати 15.11.89 г. УГ22574 Формат 70x108 1/16. Бумага офсетная № 2. Печать офсетная. Усл. печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8. Тираж 53466 экз. (каз. изд. 27536 экз., рус. изд. 25930 экз.). Заказ 131. Цена 15 коп.

ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google




«Плакат» баспасы.


Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.

Индек 75328



Қ. И. Сәтпаев атындағы геология музейі минералдарының коллекциясынан



1. Мыс жентегі
2. Арогонит тобы
3. Жадеиттен жасалған «Жүзім үзбесі».
4. Аммонит, тас болып қатып қалған көне фауна.

Музей туралы материалды 31-32 беттен оқыңыз.





Digitized by Google

ISSN 0132—6139

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ




1989

24

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Google

КӨШ БАСТАУШЫЛАР



АҚТӨБЕ. Ақтөбе ферросплав заводының Александр Тарасов басқаратын балқытушылар бригадасы жыл басынан бері жоспардан тыс 1200 тонна өнім берді. Коллективтің табысы кездейсоқ емес. Александрдың өзі жастарды тәрбиелеуге көбірек назар аударып, күш-жігер жұмсайды, бригадада өндірістік-экономикалық оқу жақсы жолға қойылған, ол шаруашылық есепке алғашқылардың бірі болып ауысты. Соның нәтижесінде еңбек өнімділігі өсіп, іске деген қатынас өзгерді.

СУРЕТТЕ: балқытушылар бригадирі А. Тарасов.

Digitized by Google

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

24•1989
ДЕКАБРЬ

Қазақ және орыс тілдерінде айына екі рет шығады.

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖУРНАЛЫ

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті

XVII пленумының қаулысы

Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті XVII съезін шақыру туралы

1. Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті XVII съезі 1990 жылғы сентябрьде шақырылсын.

II. Мынадай күн тәртібі бекітілсін:

1. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қайта құруға басшылық жөніндегі есебі және республика партия ұйымдарының міндеттері.

2. Қазақстан Коммунистік партиясы Тексеру комиссиясының есебі.

3. КПСС Уставын өзгерту жөніндегі ұсыныстар туралы.

4. Қазақстан Коммунистік партиясының басшы органдарын сайлау.

III. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросына бастауыш, аудандық, қалалық және облыстық партия ұйымдарында есеп беру-сайлау науқанын өткізу мерзімі, съездің өкілдік нормасы және оған делегаттар сайлау тәртібі туралы ұсыныстар әзірлеп, оларды Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті пленумының қарауына енгізу тапсырылсын.

1931 жылғы ноябрьден шығып келеді
ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ БАСПАСЫ

© «Қазақстан үгітшісі», 1989 ж. № 24.

Digitized by Google

ЖЕКЕ ҮГІТ КЕРЕК

Тоқыраушылық жылдарында сайлау алдындағы үгіттің негізгі мазмұны сайлаушыларға депутаттыққа кандидаттардың қадір-қасиетін түсіндіруге емес, өздерінің азаматтық парызын орындауға шақыруға сайды. Балама кандидаттар пайда болған қазіргі уақытта сайлау науқаны мүлдем басқадай жағдайда өтуде. Енді СССР ішкі істер министрлігінің Қарағанды жоғары мектебі мемлекеттік-праволық пәндер кафедрасы сайлаушылардың дауыс беруіне ықпал жасайтын факторларды, сондай-ақ сайлау алдындағы үгіт формалары мен әдістерін анықтау мақсатымен зерттеу жүргізді. Осы мақалада оның кейбір нәтижелерімен және сайлау алдындағы үгітті ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстармен таныстырады.

Өткен сайлауларды талдау көрсетіп отырғанындай, сайлаушылардың қыруар бөлігі кандидаттардың іскерлік және адамгершілік қасиеттері, олардың программалары туралы жеткілікті хабардар болмады. Көбіне сайлау, былайша айтқанда, тиімді нышандарға негізделді. Мәселен, еркектер мен әйелдердің бір мезгілде тіркелуі барысында еркектер сайлаушылар үшін көп нәрсе жасай алады деп қалыптасқан иланымға қарай оларға көп дауыс берілді. Түрлі жастағы адамдар тіркелуі барысында да осы көрініс жиі байқалады: жастар мен егде кісілерге емес, көбіне орта жастағы адамдарға артықшылық жасалды. Осы белгілердің бәрі әрбір нақты депутаттың депутаттық жұмысқа жарамдылық деңгейін анықтай бермейді.

Біз бұдан халықтың ұғымындағы біршама тұрақты ескі көзқарасты ұшыратып отырмыз. Адамдар кандидаттардың жеке сапалары туралы көбірек білген жерде олардың ықпалы да аздау болады. Түрлі ұлттар кандидаттары туралы да солай деуге болады. Егер округте түрлі ұлттар кандидаттары тіркелетін болса, онда округтің ұлттық құрамы сайлаушылардың кандидаттардың жеке және іскерлік сапаларын қаншалықты жете білуіне қарай шешуші, немесе қосалқы фактор болуы мүмкін.

Осының бәрі сайлау алдындағы үгітті жолға қоюға мықтап қарауды, сайлаушылардың кандидаттармен және олардың программаларымен нақты танысуын талап етеді. Мұнда да өткен сайлау науқанының тәжірибесін ескеру маңызды. Онда сайлау алдындағы күрес баспасөз, радио мен телевизия арқылы сөйлеу, еңбек коллективтерінде, клубтар мен мәдениет үйлерінде сайлаушылармен кездесу секілді дәстүрлі құралдарды пайдалану арқылы жүргізілді. Қарағанды деректеріне қарағанда, үгіт коллективтері соншалық елеулі ықпал жасамады.

Мынадай кезеңді де ескермеуге болмайды. Өткен сайлауларда округке аудандар, шағын қалалар, тіпті облыс орталығы енді, осыдан барып СССР халық депутаттығына кандидат еңбек коллективтері мен клубтардағы өз кездесулерінде өзіне дауыс беретін адамдар алдында сөз сөйледі. Облыстық газет оқырмандары да нақ осылай СССР халық депутаттығына аздаған кандидаттардан оның территориялық немесе ұлттық-территориялық округі бойынша тіркелген нақ үш-төрт адамды жедел анықтады.

Биылғы сайлау басқаша қалыптасуда. Қарағанды облысының территориясында ғана мыңнан астам сайлау округі құрылды, әлбетте, газеттер мен бұқаралық информацияның басқа құралдары соншалықты көптеген үміткерлердің әрқайсысын таныстыра алмайды. Иә, газет беттеріне немесе эфирге берілетін информациялардың өзі әрдайым мақсатына жете бермейді, өйткені сайлаушылардың басым көпшілігі өз сайлау округінің номерін жадында сақтамайды, содан барып қайсыбір мақалада өз кандидаты туралы жазылғанын біле бермейді.

Осы себептен еңбек коллективтерінде сайлаушылармен кездесу әрдайым пайдалы бола бермейді: өйткені оның қызметкерлерінің шағын бөлігі ғана кандидаттың сайлау округінде тұрады. Клубтар мен мәдениет үйлеріндегі кездесулер туралы да солай деуге болады. Зерттеудің көрсеткеніндей, оларға тиісті сайлау округінің тұрғындары емес, көбіне жақын маңдағы кәсіпорындардың қызметкерлері қатысады.

Кандидаттардың сайлау программасы сайлаушыларға бағдар беруге шешуші ықпал жасай алады, сонда да мынаны ескеру қажет: егер СССР халық депутаттығына кандидаттың программасы кез келген, соның ішінде жалпы одақтық деңгейдегі мәселені қамти алса, жергілікті Совет депутаттығына кандидаттың программасы өкіметтің сол органының компетенциясымен шектеледі. Содан ба-

Digitized by Google



ЖАМБЫЛ. Жергілікті Советтер мен республика парламентінің сайлауына әзірліктің алғашқы күндерінен-ақ облыс орталығында Жамбыл гидромелиоративтік институтының сайлаушылар клубы жұмыс істей бастады.

СУРЕТТЕ (солдан оңға қарай): клуб мүшелері — құрылыс материалдары кафедрасының доценті К. Е. Ермұханов, маркизм-ленинизм кафедрасының меңгерушісі Э. А. Исаев, техникалық механика кафедрасының аспиранты К. Б. Жұмаділов, институт оқытушылары Г. К. Жаманқұлова және Т. Л. Кислинская кезекті социологиялық сұрау қорытындыларын шығарды.

Суретті түсірген Г. КОШКИНЦЕВ (ҚазТАГ).

рып ол біршама біржақты және онша елеулі болып көрінбейді.

Сөйтіп, біздің байқап отырғанымыздай, сайлаушылардың тікелей тұрғылықты жеріндегі жұмыс жергілікті Советтер мен Қазақ ССР халық депутаттары сайлауындағы үгіттің негізіне алынуға тиіс. Сонымен бірге еңбек коллективтерінің ролін, ең алдымен кандидаттар ұсынуда кемсітуге болмайды. Істің мәні мынада: қала тұрғындары өз көршілерін жете біле бермейді, осы себептен, әлбетте, жалпы жиналыс өткізу үшін өздері жиналып, округтің барлық тұрғынына таныс кандидаттарды өз ортасынан ұсына алмайды. Ал еңбек коллективтерінде адамның жеке және іскерлік сапаларын жақсы біледі, әкімшілік пен бастауыш қоғамдық құрамалар арқылы ұйымдастыру негізі баршылық. Кандидатты ұсынған және оның сайлауына мүдделі еңбек коллективі кейініректе өзінің үгіт коллективі, басқа өкілдері арқылы сайлау науқанына қатысуға тиіс. Сонда да сайлаушылар тұратын жерлердегі үгіт мүмкіншіліктерін жақсылап пайдалану керек.

Демек мұны қалай жақсы жүргізуге болады? Ең алдымен, біздің байқауымызша, депутаттыққа кандидаттың, сондай-ақ оның сенім білдірілген адамдары мен үгітшілердің сайлаушылар пәтерлерінде болуы аса үлкен тиімділік бере алады. Мұны жүзеге асыруға әбден болады, өйткені округтердің көпшілігінде небары бірнеше жүз, ал облыстық Совет сайлауы жөніндегі округте бірнеше мың адам бар. Пәтерлерде болу депутаттыққа кандидат болып тіркелушінің өз округін және оның тұрғындары алдындағы тұрған проблемаларды жақсырақ білуіне, оларда кандидат туралы тиянақты пікір туғызуына ықпал етеді.

Кандидат немесе оның сенім білдірген адамы пәтерлерді аралау барысында программасын тапсыра алады. Осы документтерді басуды орталықтандырылған тәртіппен (қала немесе аудан көлемінде) немесе депутаттыққа кандидаттарды ұсынған еңбек коллективтерінің ішкі полиграфикалық мүмкіншіліктері есебінен ұйымдастырған жөн. Әзірше көптеген жерлерде бұл қарадүрсін жасалады.

Үйлер аулаларында өткізілетін жиналыстар депутаттыққа кандидаттар үшін сайлау алдындағы үгіттің жақсы формасы бола алады. Қарағандылықтар тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, жаңалықтың тиімділігінің өзі, ықғайлылығы, сондай-ақ ынтызарлық мұндай кездесуге тұрғындарды көптеп тартады, қалалық клуб немесе мәдениет үйінде азаматтардың мұндай жиынын ұйымдастыру барысында осындай нәтижені күту қиын-ақ.

Енді балама кандидаттар үшін үгіт сайлау учаскелерінің орталықтарында құрылып жатқан және жайлы сайлаушылар клубтары арқылы да жүргізілуде. Онда кезекшілік ететін үгітшілер немесе сенім білдірілген адамдар кандидаттардың пайдасына жұмыс жүргізеді. Сайлаушыларды осында тарту үшін көңіл көтеретін және басқадай шаралар: концерттер, видеотекалар, дәрігерлер немесе юристер консультациялары, тұрмыстық қызмет қызметкерлерімен кездесулер қарастырылуда. Барлық жаңалықтар барысында үгіт коллективтерінің аса белсенді қатысуынсыз сайлау алдындағы көлемді түсінік жұмысын жүргізу мүмкін емес. Демек олар қазіргі жағдайда өз жұмысын жаңаша құруға тиіс. Алдымен сайлау науқанын ұйымдық, идеологиялық және үгіт жүргізу жағынан қамтамасыз етуші активистер арасындағы міндеттерді қалай жақсылап бөлуге болатындығын ойластыру керек. Әлбетте, сайлауға шақыруларды таратып, сайлаушылар тізімін жасауға көмектесетін адамдарды учаскелік сайлау комиссиясының активі деп есептеген дұрыс болады. Сайлаушыларды сайлау туралы

Digitized by Google

заңмен таныстыратын, партия мен мемлекет саясатын түсіндіретін активистерді үгітшілер емес, насихатшылар деп атаған дұрыс болар. Депутаттыққа нақты кандидаттар үшін үгіттеу олардың тікелей міндетіне енбеуге тиіс, дегенмен өз функцияларын орындау барасында олар, барлық совет азаматтары сияқты қайсыбір кандидатты жақтап, немесе оған қарсы өз пікірін айта алады. Турасын айтқанда, бүгінде сайлаудың сайыстылығын қамтамасыз етіп, үгіт қызметінде аса маңызды роль атқаруға тиісті адамдар үгітшілер деп есептелуге тиіс. Бұлар — депутаттыққа кандидаттың сенім білдірілген адамдары мен олардың өз жақтастары ішінен іріктеп алған үгітшілері. Сенім білдірілген адамдар мен үгітшілер арасындағы праволық ерекшелік тым елеусіз екенін атап көрсеткен жөн. Ол мынада: біріншісінің заң бойынша депутаттыққа кандидаттың атынан ресми таныстырып, мемлекеттік мекемелер, қоғамдық ұйымдар мен сайлау комиссияларымен қатынастарда оның атынан сөз сөйлеу правосы бар, ал үгітшілердің мұндай өкілдіктері жоқ. Шетелдік саяси терминологияны пайдаланып, осы топқа қатысушыларды өзіндік «кандидат командасы» деп атауға болады. Нақ осы «команда» сайлаушылардың тұрғылықты жерлері бойынша жұмыс істеуге тиіс, нақ оның қызметі есебінен сайлаудың түбегейлі баламалылығы, халықтың депутаттыққа өз кандидатын білуі және сайып келгенде, округ бойынша дауыс беру нәтижелері қамтамасыз етілуге тиіс.

Бастауыш партия ұйымдары және қоғамдық құрамалар, кандидаттың аталған адамдарды таңдап алуына ықпал жасауға тиіс. Кәсіподақ комитеттері, өз тарапынан, депутаттыққа кандидаттардың сенім білдірілген адамдары мен үгітшілерді өндірістегі жұмыстың ыңғайлы графигімен қамтамасыз етуге міндетті.

А. МАТВЕЕНКО,
заң ғылымының кандидаты.
Қарағанды қаласы.

Пайдалы кездесулер

Сайлау алдындағы науқан кезінде облыстық және қалалық партия комитеттерінің информация-насихат тобы құрылды, ол «Партия, қайта құру, саяси системаны жаңарту» тақырыбында қаланың еңбек коллективтерінде кездесулер ұйымдастырып, өткізеді. Оның мақсаты — қайта құру, халық депутаттары жергілікті Советтерінің сайлауына әзірлік проблемалары бойынша сұрақтарға жауап беру.

Бертінде осындай кездесу «Реммелиостроймаш» заводында өтті. Оған облыстық партия комитеті лекторлар тобының жетекшісі В. Б. Тимченко, облыстық юстиция басқармасы бастығының орынбасары П. Б. Дмитриенко, педагогика институнының оқытушысы М. Х. Шәріпов қатысты.

Көлемді мәселелер бойынша мүдделі әңгіме қозғалды. Оған қатысушылар қала мен облыстың шаруашылық есепке ауысуы, рынокты сауықтыру және право реттілігін нығайту проблемаларын талқылады.

Информация-насихат тобы қабырғалық материалдар заводы, иіру-трикотаж фабрикасы, автомобиль транспорты кәсіпорны, вагон жөндеу заводы жұмысшыларымен, оқу орындары студенттерімен кездесті.

Г. ЛЕЙХВИСТ,
Целиноград қалалық партия комитетінің нұсқаушысы.

«Үгітші» клубы жұмыс істейді

Тұрғылықты жер бойынша үгітшілерге, үгіт коллективтерінің жетекшілеріне практикалық көмек көрсету, оларды информация-анықтама материалдарымен қамтамасыз етіп, үгіт жұмысы тәжірибесін алмасу үшін Никольск қалалық партия комитеті жанынан қоғамдық-саяси орталық жұмыс істей бастады, онда «Үгітші» клубы құрылды. Үгіт коллективтерінің жетекшілері мен үгітшілер өздеріне ыңғайлы кез келген күні осында қалалық партия комитеті идеология бөлімінің қызметкерлерінен жеке консультация ала алады.

Никольск қалалық партия комитетінің секретары А. К. Дүйсембаева өткізген клубтың кезекті мәжілісінде тұрғылықты жер бойынша адамдармен үгіт жұмысын жүргізу туралы, биылғы сайлау науқанының ерекшеліктері туралы әңгіме болды.

— Үгітшінің жұмысы қиын да жауапты. Өйткені ол қалалық идеология активінің өкілетті өкілі, сайлаушы мен учаскелік сайлау комиссиясын, партия, совет, шаруашылық органдарын байланыстыратын буын болып табылады,— деді А. К. Дүйсембаева.— Сіздерден депутаттыққа кан-

Digitized by Google

дидат сапаларына лайықты баға беру үшін идеология жауынгерінің ғаламат саяси кемелдігі талап етіледі. Сайлаушылардың депутаттық мандатқа аса лайықты кандидатты анықтай білуі айтарлықтай дәрежеде сіздерге тәуелді.

Үгіт коллективтерінің жетекшілері, үгітшілер сайлаушылармен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі методикалық нұсқаулармен айрықша ынтамен танысты. Бұл жаңа іс, ал сайлау науқанының табысты болуы көбіне-көп идеология жұмысының мазмұнына, тереңділігіне, белсенділігіне байланысты. Барынша жауапкершілік, жариялылық пен демократия процестеріне сәйкес тиімді, жаттанды емес қимылдар жасау мен шешімдер қабылдау қажет.

Сөз — үгітшінің сенімді қаруы. Клуб мәжілістерінде үгітшілер өз ойларын тыңдаушыларға айқын, қысқаша әрі түсінікті етіп жеткізуге үйренеді. «Үгітші» клубы ұсынған идеология жұмысының әдістері бұл күндері идеология активінің сайлау алдындағы жұмысты жүргізуіне көмектесуде.

В. СЛАВИН.

Жезқазған қаласы.

Сұхбатқа шақыру

«Өз депутатымды қалай елестетемін» — Пресновкада жұмыс істейтін қоғамдық-саяси орталықта кезекті кездесуге жиналған сайлаушылар осындай сауалға жауап беру мүмкіндігін алды.

Селолық және аудандық Советтің депутаттары партия және совет қызметкерлері, соңғы сайлау алдындағы науқан барысында депутаттыққа ұсынылған кандидаттар қызықты, тартымды әңгімеге қатысты.

А. НОВИКОВ.

Солтүстік Қазақстан облысы.

ЖУРНАЛ ДАБЫЛЫНАН КЕЙІН

«ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ТЫҢДАЙ БІЛУ КЕРЕК»

Октябрьдің жиырма жылдығы атындағы Алматы станок жасау заводының жұмысшысы, құю цехы партия ұйымының секретары Р. Садықованың мақаласы журналымыздың биылғы он бірінші санында жарияланған еді. Автор онда кәсіпорын жұмысын қайта құруға, мұнда демократия мен жариялылықты дамытуға оралғы жасайтын проблемаларды көтерді. Ол жағдайды түзеу жөнінен пәрменді шараларды қабылдамаған завод әкімшілігін, партия комитетін, еңбек коллективі советін сынады. Тәрбие жұмысындағы кемшіліктер өткір сыналды.

Кәсіпорын партия комитетінің секретары **С. Атабаев** редакцияға мына жайды хабарлады:

«Р. Садықованың «Жұмысшыларды тыңдай білу керек» мақаласы қаралып, онда көтерілген мәселелер тұтасынан орынды деп танылды. Завод директоры Ю. М. Чабин қызметінен босатылды. Басым көпшілік дауыспен Э. Э. Мантель директор болып сайланды.

Еңбек коллективінің шешімімен жеке бақылау жасамағаны, завод әкімшілігіне талап қоя білмегені үшін А. П. Чернаков еңбек коллективі советі председателінен босатылды.

Партия комитеті завод коммунистерін, бүкіл коллективті финанс-шаруашылық қызметті түбегейлі жақсартуға жұмылдыру жөніндегі шараларды талдап жасап, жүзеге асыруда. Сондай-ақ онда еңбек коллективінде жариялылықты дамыту, бұл үшін ауызша саяси үгітті, қабырға газетін, заводтық радио хабарын және басқа құралдарды пайдалану мәселелері көрініс тапты. Шараларда әлеуметтік программа да елеулі орын алды.

Завод құрылымы қайта қаралды. Әкімшілік-басқару қызметкерлерін қыруар қысқарту белгіленді. Босаған қызметкерлерге өндірістің олқы орындарында жұмыс істеу ұсынылады.

Еңбек, өндірістік, технологиялық тәртіпті нығайту, социалистік меншіктің сақталуын күшейту жөнінен шаралар қабылдануда. Орталықтандырылған табельдік есеппен кәсіпорынға кіру режимі енгізілуде.

Сонымен бірге тұтасынан заводтағы жағдай әзірше тым күрделі болып отыр, мұның өзі партия ұйымынан және бүкіл коллективтен елеулі күш-жігерді жұмылдыруды талап етеді».

Digitized by Google

Редакцияға КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы сентябрь Пленумының шешімдеріне үн қатқан хаттардың түсуі жалғасуда. Олардың авторлары «Партияның қазіргі жағдайдағы ұлт саясаты» атты КПСС Платформасын жүзеге асыру жөніндегі жұмысты жақсылап ұйымдастыру туралы ұсыныстар айтады.

МІНБЕРДЕН ШАҚЫРУЛАР ЖЕТІМСІЗ

Ұлт мәселесі барлық совет адамдарының мүддесін тура әрі тікелей қамтиды. Сондықтан да біздің бәріміз КПСС Орталық Комитетінің Пленумын тағатсыздана күттік, демек бүгінде ол біздің үмітімізді ақтады деп қанағаттанғандықпен айта аламыз.

Біздің қаламыз бен заводымыз өкінішті белгілі жанжалдардан сырттау қалған секілді, алайда олар коллективке қандай ауыр салдарын тигізгенін қараңыздаршы. Завод өзінің өнімдерін — қара және түсті металлургияға тоқыма мен лак-сыр өнеркәсібіне арналған шикізатты Совет Одағының 600 тұтынушысы мен 28 шетелге береді. Біз, өз кезегімізде, ырқақты жұмыс үшін не қажеттің бәрін одақтас республикалардан аламыз. Демек бүкіл ел біздің заводымызбен «байланысты» деп есептеңіз. Мәселен, біз Азербайжан мен Грузиядан ыдыс — полиэтилен қаптарын аламыз. Сумгаитте жұмысшылар ереуіл жасаған кезде біз қаптау материалынсыз, яғни ұнтақты уыстап беретіндей жағдайда қалдық. Грузиялық Цулукидзе қаласы қол ұшын берер деп үміттенген едік, алайда онда да адамдар «абхаздық мәселе» төңірегіне тартылған болып шықты.

Мұндай жағдайда қалай тиянақты жұмыс істей аласың? Тіпті де мүмкін емес. Демек ретсіздікті, ереуілдерді тоқтатып, нақты істермен айналысуды бастау керек. Бізде жұмысшылар мен қызметшілер нақ осындай көңіл-күйде тұрып жатыр. Заводымыздағы ұлты азарбайжан және грузин жұмысшыларының өтіп жатқан оқиғалардың бәріне үн қатқаны маған өте-мөте ұнады. Олар адамдармен әңгімелесіп, Закавказьедегі кәсіпорындардың кідірістері біздің өндірістік істерімізге қалай салқынын тигізетінін түсіндіру үшін Сумгаит пен Цулукидзеге барып қайтуға тілек білдірді.

Бүгінде партия, менің көзқарасымша, біздің еліміздегі ұлттық құрылыстың пәрменді программасын белгіледі, демек оның әрбір нұсқауын әр адамға жеткізе білу өте маңызды. Партия комитеті осы мақсатпен «Партияның қазіргі жағдайдағы ұят саясаты» атты КПСС платформасында баяндалған идеяларды насихаттау жөнінен лекторийлер құрды. Ақтөбенің жетекші лекторларын осыған қатысуға шақырамыз.

КПСС Орталық Комитетінің Пленумынан кейін бізде насихатшылармен семинар болды. Біз олардан кезекті тақырыптарды қарау барысында платформаның қағидаларын түсіндіруін, цехтар мен жатақханаларда өтіп жатқан пікірталастарға белсене қатысуларын өтіндік. Аппаратшы Сәбит Жұмалиев, жөндеуші-слесарьлар бригадирі Әкімғали Ғұбайдоллаұлы Құрмантаев, жабдықтар бөлімінің бастығы Григорий Михайлович Аграновский, завод комсомол ұйымының секретары Виталий Кумейко және басқа активистеріміз бұған жанды үн қатты.

Көрнекі үгіттің рөлін жаңаша ұғынуға ұмтылудамыз. Жалпылама үндеулер мен ұрандарды қаптата беруден бас тарта отырып, информация орталығын жабдықтадық, онда завод өмірі туралы материалдарды шоғырландырдық. Еңбекшілердің ұсыныстары мен сұрақтарына арналған жәшік те осында қойылды, оларға жауаптар дереу беріледі. Қазір «Біз — интернационалистерміз» көрмесін безендіруде́міз, онда заводымызда 30 ұлттың өкілдері ұйымшыл бір семьяның адамдарындай қалай еңбек етіп жатқанын көрсетеміз.

Заводта ғана емес, сонымен бірге қамқорлықтағы № 16 мектепте де жастар арасындағы жұмысқа айрықша көңіл бөлеміз. Завод жұмысшылары мен инженерлерінен әрбір класқа тәлімгер бекітілді. Дегенмен осы жұмысты да күшейткен үстіне күшейте беру керек. Өйткені КПСС Платформасында атап көрсетілгеніндей, «соңғы уақытта қоғамдық ортаға тасталған ұлтаралық дүрдараздық ұрығының болашақта өсіп-өнуіне, біздің балаларымыз бен немерелеріміздің өміріне қаяу салуына жол беруге болмайды».

Әрине, тәрбие жұмысын жоспарланған шараларға ғана саюға болмайды.

Digitized by Google

Мұнда көп нәрсе жеке қатынастарға, өзекті проблемаларды емін-еркін өңгімелерде түсіндіруге төуелді. Бізде заводта бұл тұрғыдан директор Леонид Степанович Слюсарь үлгі көрсетуде. Ол өзінің әрбір ертеңгіліктегі жұмысын цехтарды аралаудан бастайды. Кімнің қандай етінішпен, ұсыныспен өзіне жүгінгенін әр кезде есінде сақтайды, демек адамдардың оны істің адамы ретінде, турашыл әрі адал партия мүшесі ретінде сыйлайтынына таңданбау керек. Басқа жетекшілер де оған ілесуде, бүгінде «цехтарды аралап шығу» олар үшін белгі соғу үшін серуендеу емес, жұмыстың жаңа стилі. Менің айтып отырғаным ұсақ-түйек нәрсе сияқты көрінуі мүмкін.

Алайда олар коллектив еміріне сондай ықпал етеді. Өйткені ең алдымен нақ жеке қатынастың, жұмысшылардың жетекшілерге сенім білдіруінің арқасында сыбыстар сейіліп, ең қиын деген мәселелер анықталады.

Сонымен бірге заводымызда істейтін барлық ұлттар адамдарына достық, қалтқысыз көңіл бөлмейінше, олардың істері мен қам-қарекетіне ортақтаспайынша коллективті топтастыру мүмкін еместігін жақсы түсінеміз. Осыдан әлеуметтік мәселелерге ұдайы көңіл бөлінеді. Бізде алты жатақхана бар. Олардағы тұрмысты ретке келтіруге ұмтыламыз, олар жөнделіп, не қажеттің бәрімен жабдықталды. Қосалқы шаруашылығымыз бар, демек адамдар тікелей кәсіпорында-ақ етті сатып алады. Біздің тұтынушыларымыз шет елдік фирмалармен тапшы товарларды, аяққиімдерді беру туралы шарт жасасты. Осының бәрі цехтарда жұмысшыларға сатылады.

КПСС Орталық Комитетінің Пленумында ұлттық мәдениет пен тілге зор мән берілді. Біз, коммунист-өндірісшілер, бұрын осы мәселелерді онша бағаламадық. Бұл қосалқы мәселелер деп есептелді. Біздің заводымызда екі жыл бойы қазақ тілін үйрену жөнінен үйірме бар деп саналғанымен оның тыңдаушыларының не сөлемдесуді, не қоштасуды жөндеп үйрене алмау фактісі осы жайлы аңғартады ғой. Ал үйірмеге көпшілігіне күнделікті ұлты қазақ жұмысшылармен және инженерлермен қатынас жасайтын мамандар баратын.

КПСС Орталық Комитетінің Пленумы, Тіл туралы республикалық Заң осы мәселені толығынан анықтап берді. Қазір бізде бірнеше үйірме құрылуда, оларда сабақтарды оқытушы Бақытжан Самыратов жүргізетін болады. Қазақстан тарихы мен әдебиеті де осында оқытылады. Демек түрлі ұлт өкілдерінің сабақтарға қатысуды ұйғаруы қуантады. Селолық мектептерді бітіргеннен кейін заводқа орналасушы жастарды орыс тіліне үйрету де қам-қарекет жасауды талап етеді. Жаңадан келгендердің бәрі бірдей Ленин тілінде еркін сөйлей алмайды. Бір сөзбен айтқанда, интернационалдық тәрбиенің бірде-бір қырын назардан қалыс қалдыруға болмайды.

К. МЫРЗАЛИН,
Еңбек Қызыл Ту орденді Ақтөбе хром қоспалары заводы партия ұйымының секретары.

Ақтөбе қаласы.

Игі дәстүрлерді түлетейік

Қазақстан мен Россия Федерациясы жеңіл өнеркәсібі коллективтерінің достық одағының тарихы туралы диссертацияма материалдар жинай жүріп, олардың еңбек және қоғамдық-саяси байланыстарының мол әрі алуан түрлі екеніне қатты таңырқадым. Сонымен бірге сала еңбекшілерімен тәрбие жұмысында осы тамаша фактілердің аз пайдаланылатынына үнемі реніш білдіруіме тура келді.

Достық одақ негіздері Совет өкіметінің алғашқы жылдарында қалыптаса бастады, Москва түбіндегі Коломна қаласынан Қостанайға және Нижний Новгородтан Оралға екі шұға фабрикасына арналған жабдықтар әкелінді. Кейініректе РСФСР-ден жобалау институттары, біртектес кәсіпорындар қайсыбір дәрежеде құруға қатыспаған республикамызда ірі фабрика немесе комбинат болған емес. Осы көмек мынадан туындады: революцияға дейінгі Қазақстанда дербес сала ретінде жеңіл өнеркәсіп болмады; техникалық және экономикалық жағынан тым артта қалған бірнеше меншікті кәсіпорын жұмыс істеді. Тәжірибесіз, білімсіз, жабдықтарсыз жаңа өндірісті құрып, жедел игеру мүмкін емес еді.

Әр кәсіпорынның тарихы — бұл совет адамдарының бірлескен қызметінің тарихы. Демек соғыс жылдарында Семейге келген Азов және Артемов аяқкиім фабрикаларының базасында осында аяқкиім фабрикасы іске қосылды. Шымкентке көшірілген Занар және Завидов фабрикаларының жабдықтары негізінде мақта-мата фабрикасы құрылды. Еліміздегі ірі москвалық «Парижская коммуна» аяқкиім фабрикасы Алматы, Қарағанды және Қызылорда аяқкиім фабрикалары негізін қалады.

Digitized by Google

АЛМАТЫ. Вениамин Яковлевич Дорофеев 166-шы атқыштар дивизиясының құрамында майдан жолымен жүздеген километр жол жүрді. Взводтың бұрынғы командирі, қазір запастағы полковник, пенсионер ол жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруге көп уақыты мен күшін жұмсайды. Бертінде майдандастар дәстүрлі кездесуге жиналды. Астаналық № 95 орта мектептің оқушылары ардагерлерді өздеріне қонаққа шақырды.

СУРЕТТЕ: ортада запастағы полковник В. Дорофеев мектеп музейінде.

Суретті түсірген
В. ШИПУЛИН
(ҚазТАГ).



Россия Федерациясының мамандары талдап жасаған техникалық документтерсіз республикада салынған жеңіл өнеркәсіптің бірде-бір ірі өнеркәсіп орны берілген емес. Мәселен, жеңіл өнеркәсіптің ірі кәсіпорыны — Алматы мақта-мата комбинаты жеңіл өнеркәсіп орындарын жобалау жөніндегі № 1 мемлекеттік институттың (Москва қаласы) жобасы бойынша салынды. Қызылордадағы тоқылмайтын материалдар, Целиноградтағы жіп иіру, Қостанайдағы аяқкиім фабрикаларының құрылыстарына арналған жобалау документтерін жасауға осы институтпен қатар Ленинградтың № 3 мемлекеттік жобалау институты тартылды. Москваның, Ленинградтың, Иванованың, Брянскінің, Челябинскінің және Россия Федерациясының басқа қалаларының өнеркәсіп орындары бізге білікті жұмысшылар мен инженерлерді жіберді, олар жаңа кәсіпорындар құрылысына тікелей қатысты, сонымен бірге жергілікті халықтан өнеркәсіп кадрларын даярлауға көмектесті. «Адамдар түрлі жерлерден келіп жатты, демек біз дереу достарға айналдық. Біз Қостанайға 1972 жылы келдік. Сонда үлкен жаңа тоқыма комбинаты енді ғана қуатын үдетіп келе жатқан еді. Және оған білікті мамандар, негізгі кәсіптердің жұмысшылары талап етілді. Мен бұл кезге дейін Ярославль облысында Р. Люксембург атындағы жүн-иіру фабрикасында жеті жыл жұмыс жасаған едім»,— деп еске алады жіп иіруші З. А. Живчук.

Майданға арналған өнім шығаруды жолға қою үшін Москва түбіндегі Ивантеев трикотаж фабрикасынан 1941 жылы қыста осында келген жұмысшылар В. Г. Мотняк, С. И. Исхакова, Е. С. Брагина күні бүгінге дейін Ф. Э. Дзержинский атындағы Алматы трикотаж бірлестігінде жұмыс жасайды. Осы бірлестіктің жіп иірушісі К. Д. Жуманова былай деп еске түсіреді: «Сол кезде ивантеевтіктердің қажырлы еңбегі туралы көп естуімізге тура келді. Жұмысты енді бастаған біздер үшін олар туысқан, жақын адамдарымызға айналды. Біз олар сияқты екпінді жұмыс істеуге уәде бердік».

Соғыстан кейінгі жылдарда Россия Федерациясының озық кәсіпорындары, ең алдымен «Трехгорная мануфактура», «Рабочий», «Красная нить», «Красная Талка» фабрикалары Қазақстанның жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері үшін өндірістік практикадан өтудің негізгі базасы болды. Мәселен, тоғызыншы бесжылдық жылдарында 157 маман «Трехгорная мануфактурада», ал 124 адам ленинградтық «Рабочий» фабрикасында оқу курсынан өтті.

Республика жеңіл өнеркәсіп орындары мен Россия машина жасау заводтары арасындағы социалистік жарыс үлкен роль атқарды. Мәселен, Алматы мақта-мата комбинаты мен Климов машина жасау заводы коллективтерінің бірлескен міндеттемесі комбинатта тораптар мен станоктарды стендалық жөндеуді ұйымдастыруды қарастырды. Машина жасаушылар бұл үшін Алматы мақта-мата комбинатына қосымша 15—20 станок беріп, жөндеу базасын ұйымдастыруға көмектесті. Климовтық машина жасаушылар қажетті қамқорлық көмек беруді жүзеге асыруға жәрдемдесіп, заводта тоқыма өндірісінің қызмет көрсетуші және жөндеу қызметкерлерін тегін үйретті. Алматылық тоқымашылар, өз тарапынан, осы заводқа станоктар конструкциясын жетілдіруде, басалқы бөлшектердің жұмсалу нормасын, тораптар мен бөлшектердің беріктігі мен ұзақ пайдаланылуын анықтауда елеулі көмек көрсетті.

Өкінішке қарай, журналдық мақала көлемі мұнда өте қызықты фактілерді келтіруге, мәселен, біртектес кәсіпорындар жұмысшыларының бірлескен еңбек вахтасын өткізу, озық тәжірибе мектептері, бірлескен ғылыми-техникалық талдаулар туралы айтуға мүмкіндік

Digitized by Google

бермейді. Қазақстанның фабрикалық коллективтерінің, біздің жобалаушыларымыздың басқа республикаларда, соның ішінде Россия Федерациясында кәсіпорындарды жасауға аса белсенді қатысуы жаңа кезең болып табылады.

Халық шаруашылығының үлкен саласының тарихы ұлтшылдық желігіне еліктіп, интернационализмді, халықтар достығы түк мәні жоқ насихаттық ұран, істің шын жағдайын көрсете алмайтын аңыз деп жариялаушы бөз біреулермен айтыстарда иланымды дәлел қызметін атқара алады. Ол КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумында жасалған баяндаманың біздің қоғамымыздың өмірінде туысқандық көмек, ынтымақтастық, бір-бірінің ісі мен қам-қарекетіне ортақтастық көрініс беріп отыратыны туралы қағиданы жарқын бейнелейді.

Дегенмен, жоғарыда айтылғандай, кәсіпорындарда адамдар, әсіресе жастар осының бәрі туралы жете хабардар емес. Фабрикалар мен комбинаттардың қалыптасуы туралы өңгімелейтін музейлер, суретті документтер көрмелерін құру, ардагерлер естеліктерін жазып алу керек-ақ.

Қазір бірлескен еңбек вахталарын өткізу, біртектес кәсіпорындар делегацияларын алмасу тым сирек түскені туралы айтпауға болмайды. Түрлі дәлелдер, достық одақтың осы формалары тоқыраушылық көріністері деп жариялаушылық ұшырасады, шаруашылық есеп командировка шығынын үнемдеуді талап етеді дейді.

Көптеген фабрикалар мен бірлестіктерде басқа республикалардағы әріптестерімен жарыс қорытындылары жүйелі шығарылмайды.

С. САДЫҚҰЛОВА,
Әл-Фараби атындағы мәдениет педагогика институтының оқытушысы.

Халық творчествосы конкурсы

Целиноград облысында қазақ халық творчествосының конкурсы өтуде. Оның мақсаты — қазақтың ұлттық өнерін одан әрі дамыту, талапкер көркемөнер коллективтерінің репертуарын ұлттық музыкалық және поэзиялық фольклормен байыту, талантты жастарды талапкер творчествоға тарту, қазақ халқының ғұрыптары мен дәстүрлерін жаңғырту.

Облыстық конкурс үш кезеңде өткізілуде. Октябрь-ноябрьде аудандық конкурстар болып өтті. Мәселен, Краснознамен ауданы талапкер артистерінің концерті театрландырылған көрініс сипатында болды. Баланың дүниеге келгеннен көмелетке толғанға дейінгі ұлттық жоралғылары (бесікке бөлеу, тұсау кесер, шашу, құдалық, үйлену тойы) көрсетілді.

Облыста белгілі ақындар мен орындаушылар, облыстық айтыстың лауреаттары Мұқан Сағымбеков, Сәбит Төлегенов, Бөлеген Тыныбеков «Тойға арнауды» жазып, орындады. «Коммуна» совхозының жас таланты, термеші Х. Тоқбалин мен «Құланөтпес» совхозынан әнші Б. Смағұлова жеке орындаушылық қасиеттерімен тыңдаушыларын ұйытты. Балалар музыка мектебінің оқушысы Амангелді Әбілев Құрманғазының «Сарыарқа» күйін шебер орындады.

Қазақтың халықтық творчествосының мерекелері декабрьдің басында Целиноградта үлкен конкурспен аяқталды.

З. ҚАЛҚАМАНОВА,
облыстық халық творчествосы ғылыми-методикалық орталығының методисі.



ӨСКЕМЕН. Шығыс Қазақстан облысында алғаш рет Шемонаиха ауданында неміс мәдениеті мен халық творчествосының мерекесі болды, оған облыстың ғана емес, сондай-ақ Алтай өлкесінің көршілес селоларынан да қонақтар көптеп келді. Мәдениет пен халық творчествосының жаңа мерекесі дәстүрге айналады.

СУРЕТТЕ: XX партсъезд атындағы колхоздың фольклорлық тобы немістің үйлену тойын көрсетуде.

Суретті түсірген В. ВОРОТНИКОВ.

Digitized by Google

СІЗДІҢ СӨЗІҢІЗ ДЕ ҮНДЕСТІК ТАБАДЫ

Бізге жанды сөздің тапшылығы тоқырау кезінен тап болды ғой. Сол жылдары көпшілік алдында сөйлеуге деген ықылас бәсеңдеп қалған-ды, оны әртүрлі жасанды сөздермен қаптатып жіберді, ал олар тыңдаушыларды жалықтырғаннан басқа ешқандай сезімге бөлемейтін. Өзінің лекциясын қағазға қарап оқитын лектор да үйреншікті болып кетті.

Ал көпшілік алдында шебер сөз сөйлей білу үлкен өнер деп есептеледі ғой. Шешендіктің тұтас теориясын Аристотель, Цицерон, Квантилиан қалаған. Алғашқы орыс шешендігінің авторлары Сафроний Лихуда, Михаил Усачев, Андрей Белобоцкий, Михаил Ломоносов және басқалар осы өнердің методикасын талдап жасауға өз еңбектерін арнады.

20-шы жылдары және 30-шы жылдардың бас кезінде лекторлық шеберлік туралы еңбектер көптеп басылды. В. И. Ленинның шешендік өнері туралы көп жазылды. Н. К. Крупскаяның В. И. Ленин туралы естелік кітабында мынадай сөздер бар: «Ильичті тыңдаған үстіне тыңдай бергің келетін. Ол өте қарапайым, барынша ықшам сөйлейтін. Алайда әрбір сөзі ой-пікірге толы болатын, шоғырланған ерік-жігер мен әсердің үлгісі болып табылатын».

Өмірдің барлық салаларынан сан қилы сұрақтар қойылып жатқан қазіргі кезде насихатшының біліктілігі, өзін ұстай білуі, тыңдаушылармен араласа білуі өте маңызды.

Көпшілікке ықпал ете білу өнерін, әсіресе жас активистердің үйренуі керек. Шешендік шеберлік мектебі қажет. «Білім» қоғамы Алматы облыстық ұйымы жоғары оқу орындарында, кәсіптік-техникалық училищелерде, мектептерде осындай мектептер құруда. Өткен оқу жылында Қазақ мемлекеттік университеті гуманитарлық факультеттерінің КПСС тарихы кафедрасы Калинин аудандық партия комитеті мен аудандық оқу бөлімінің қолдау жасауы арқылы таңдаулы шешен мен таңдаулы саяси хабаршы конкурсын өзірлеп, ұйымдастырды. Мұндай ай сайынғы сабақтарға тек студенттер ғана емес, сондай-ақ жоғары кластар оқушылары да қатысты. Конкурс жеңімпаздары университеттің Құрмет грамоталарымен наградталды, сондай-ақ оқушыларды даярлаған мұғалімдер де мадақталды.

Жастарды сөз сөйлей білу өнеріне бауырау үшін биыл Бүкілодақтық «Білім» қоғамы таңдаулы шешенге арналған конкурс жариялады. Ол төрт кезеңде: біріншісі — оқу орындарында немесе кәсіпорында (ноябрь-декабрь), екіншісі — облыстық, үшіншісі — республикалық (1990 жылғы февральде Алматы қаласында) және төртіншісі — соңғы кезең майда Москва қаласында өткізіледі.

Конкурсқа қатысушы әр адам өзекті тақырыптар бойынша митингіге немесе жиналысқа арнап он минуттық сөз дайындауға тиіс немесе 15 минуттық лекция оқуы керек. Оның үстіне өз көзқарасыңды қорғай білуің, сұрақтарға жауап беру барысында күйгелектенбеуің керек. Сөйлейтін сөз тақырыбының қоғамдық-саяси мәні болуға, түрлі аудитория үшін қызықты болуға тиіс. Тақырып таңдауға еркіндік беріледі. Үшінші және төртінші турлар телевизия арқылы көрсетіледі.

Бірінші турды ұйымдастыруға жауапты адамдар — жас лекторлар мектебінің, қоғамдық кәсіптер факультеттерінің, саяси клубтардың жетекшілері, комсомол комитеттері. Олар «Білім» қоғамы облыстық ұйымына екінші турға заявка жібереді.

Біз жоғары кластар оқушыларына, студенттерге, аспиранттарға, жас мамандарға, 35 жасқа дейінгі еңбекшілерге сөз арнаймыз. Егер сіз жалпы саяси және кәсіптік мәдениетті меңгерсеңіз, барлық нәрседен жетік хабардар болсаңыз, жақсы сөйлеп, аудиториямен жақсы байланыс жасай білсеңіз, онда сізді осы конкурсқа қатысуға шақырамыз. Бағыңызды сынап көріңіз! Жеңімпаздарды сыйлықтар: дипломдар, ақшалай сыйлықтар мен ескерткіш сыйлықтар күтіп тұр. Соңғы турдың жеңімпаздары жас американдық лекторлармен кездесу үшін АҚШ-қа сапар шегеді.

Осы конкурстың барлық шарттары туралы сіз «Білім» қоғамының республикалық, облыстық ұйымдарына телефон соғып, біле аласыз.

М. ЗАСЛАВСКАЯ,
Қазақ мемлекеттік университетінің доценті, «Білім» қоғамы Алматы облыстық ұйымы жас шешендер мектептері жөніндегі комиссиясының председателі.

Digitized by Google

МЕН НЕЛІКТЕН КОММУНИСТПІН?

Бүгінгі әңгімелерде, көпшілік алдындағы пікірталастарда, саяси сабақтарда партия мен коммунист туралы мәселелер аса өткір айтылуда. Міне, «Правда» беттерінен де «Сағаң партия билеті нелiктен керек?» деген сұрақ кездейсоқ айтылып отырған жоқ. Әрине, мұнда партия билеті туралы сөз болып отырған жоқ. Ол небары партияға мүшеліктің белгісі ғана. Билет оның иесінің адамгершілік дүниетанымының мәнін өздігінен анықтамайды. Ал істің мәні осында ғой. Содан барып түбегейлі жеке тұлға, сенім, адалдық, сүйіспеншілік, ар-намыс, қадір-қасиет туралы сөз қозғалғанда, әңгіме елеулі сипат алады.

Жастық шағымнан-ақ басты екі пікір «таныс емес жолдағы ерлік сапар» бағдарыма айналды. Біріншіден, бұл грек даналарының «өзіңді өзің тани біл» және екіншіден, маркстік «бәріне шүбә келтір» ұғымдары.

Түсінбеген романтик ретінде мектептегі және студенттік жылдарымда айналамдағы құрбыларымның көпшілігі жеке дүниетанымды қалыптастырудың нақ осы екі қағидасын елемейтінін көрдім. «Зачетті және емтиханды тапсыра салудың» ағымдағы міндеттері прагматизміне бой ұрып, марксизм-ленинизмнің жекелеген қағидаларын жаттап алу немесе оны «өзіндік ұғыну» арқылы ол қанағаттандырылды, өз зачеттерін алды, сөйтіп олардың жүздерінен: не бірінші, не қосалқы, кім гегемон, кім қас, қоғамдық және жеке меншікке қалай қараймын, революциялық зорлық-зомбылық пен оппортунизм батпағы дегеніміз не екеніне күдік тумастан бәрі анық екені туралы елес пайда болды. Кейіннен олардың біразы әміршілдік-әкімшілік системаның мүлтіксіз жұмыс істейтін бұрандаларына айналды. Жоғарыдан берілген қайсыбір тапсырманы «жасалады» деп жарқын кейіппен қабылдады. Мұндай бой ұсынушылық қорытындысы енді баршаға мәлім.

Өзінің сана-сезімінің аясын білетін, өз білімінің сапасына күмән келтірмейтін адам үшін мұндай өрісі тарлық бәрінің шыңына шықтым деген елес туғызады (ал ол шексіз ғой), сайып келгенде, осы сана-сезім меңмендік арсыздыққа, жайбарақаттыққа, басқаша ойлауға ымыраласпаушылыққа соқтырады.

Бірде мектепте «Оқы, оқы және оқы!» (В. И. Ленин) ұраны тұрғысынан талас туған кезде балалардың көпшілігі оны түрліше түсінетіні анықталғаны есімде: біріншіден, Ленин оқудың интенсивтілігін, екіншіден, Жастар одағының өзекті міндеттерінің бірі ретінде оқудың қажеттілігін, үшіншіден, білімді толықтырудың толассыздығын ескерген деп есептейді. В. И. Ленинның комсомолдың III съезінде сөйлеген сөзін оқуға жаппай кірістік. Әлбетте, осы оқу коммунист ретінде өз жолымды ой елегінен өткізуіме жетеледі. Үлгермеген оқушыға зекіп: «Ленин не деді?»— деп бір қолымен ұранды көрсетіп, екінші қолымен кітапты нұқыған класс жетекшісінің сөзіне күмән келтірген кезімде өзімнің пікірім дұрыс деген тоқтамға келдім.

Ленин сөзін осылай пайымдау орашолақтығы (ал жер-жерде осылай жасалды ғой және ұран тұрғысынан ғана осылай болған жоқ) коммунистік идеяларды кемсітті. Ал лениндік ілім мүлдем басқа мәселе туралы баяндайды: кітапшалар арқылы коммунист болмайды, адамзат жасаған не жақсының бәрімен өзін байытқан адам ғана коммунист дәрежесіне дейін өседі.

Мен өзім үшін коммунистік сана-сезімнің өзіндік моделін жасадым. Осы модель бойынша, әлбетте, оның қарама-қарсы көріністері — тоғышарлық, мещандық сезім анықталады. Барынша бүкпесіз болу үшін, идеялар моделі менікі емес — итальяндық коммунист Сержо Вернонікі екенін мойындауға тиіспін. Ол былай болады ғой. Әр адам мүдделердің жеті деңгейімен өмірде орнығады.

Бірінші — бұл менің өзім, менің жеке, турасын айтқанда, өзімшілдік мүддем.

Екінші — бұл менің семьям, менің тұрмысым мен көңіл-күй ахуалым.

Үшінші — менің жұмысыма, кәсібіме, қызметкерлер коллективіне, еңбек жайына байланысты мүддем.

Төртінші — бұл тұрғылықты жер, қала, село, географиялық немесе әкімшілік аймақ, биологиялық және әлеуметтік ортам.

Бесінші — менің қоғамдық, рухани, саяси әуестігім (партия, дін, қоғамдық ұйымдар).

Алтыншы — бұл мен азаматы болып отырған ел, мемлекет.

Жетінші — адамзат.

Сонымен өмір коммунистен белгілі бір сәттерде мүдделердің бірін екінші-

Digitized by Google

сіне бағындыра білуді талап етеді. Мұны жұпыны пайымдауға болады.

Маған ештеңе оралғы жасамаған кезде өз тілегім мен әуестігіме дейін жеке мүдделерімді қанағаттандыру туралы қамқорлық жасай аламын. Жеке мүдделерден толығынан жұрдай болған тұлғасыз индивидуум, тарихтың көрсеткеніндей, «казармалық коммунизм» үшін ғана жарамды. Дегенмен мен уағыздайтын сезімге, коммунистік моральге тәрбиелеуді дамыта беру қоғамдық мүдде үшін жеке мүддені ығыстыруға мәжбүр етеді. Сонда мен үшін семья мүддесі жеке мүддемнен, еңбек коллективінің мүддесі семьямның мүддесінен т. б. жоғары болып шығады. Алайда бүкіл адамзаттың мүддесінде жоғары мағына бар, ол үшін коммунист тіпті өз елінің, партиясының, коллективінің, семьясының, өзінің мүддесінен безінеді.

Осы тенденция жалпы адамзаттық байлықтар мен мүдделерге негізделген тапсыз қоғам құру үшін өзін-өзі жоюға мүдделі бірден-бір тап — пролетариат психологиясында қаланған. Индивидуумның әлеуметтік тегі мен жағдайы басқадай болғанымен коммунистің әлеуметтік-психологиялық гендік мұрасы — осы ата-тектен басталады. Және, керісінше, жұмысшы табына жатушылық адамды дереу коммунист ете алмайды.

Тоғышарлық, мещандық сана-сезімде мүдделердің осы иерархиялық пирамидасы керісінше болады. Бұл индивидуум тоғышарлық, мещандық сана-сезім мен өзімшілдік мүддені қанағаттандырумен ғана айналысады дегенді білдірмейді. Топтық, аймақтық, ұлттық өзімшілдік — жалпы адамзаттық мүддені өз елінің мүддесіне, ел мүддесін — өз аймағының немесе өз еңбек коллективінің мүддесіне бағындыруды аңғартады. Формасы жағынан бұлар да қоғамдық мүдделер, тек олардың векторы жоғары, адамзатқа қарай емес, төмен, өзіне қарай бағытталған.

Адам өз сөзі мен мінез-құлқындағы басым бағыттар иерархиясын жасыра алмайды, олардың солбір немесе басқадай тенденциясы: не жасаушы не тұтынушы, не революционер, не консерватор, не оптимист, не пессимист, не қоғамшыл, не өзімшілдік... тенденциясы көрінеді. Осы антиподтар қатарын шұбыртып жалғастыра беруге болады. Және бәрінен сана-сезімнің жоғарыда аталған екі тенденциясына сай келетін полюстер аңғарылады, өзім үшін шартты түрде оларды — бірін коммунистік (қоғамдық), екіншісін — мещандық (бюргерлік, филистерлік, өзімшілдік) тенденцияларға бөлемін.

Адам сапаларының коммунистік (қоғамдық, коллективтік) қатарын құрайтынның бәрі маған қымбат. Және, керісінше, екінші жағы сүреңсіз. Мұның барысында екінші жағы да сондай сарында («қандай идеялы» деген оқушылардың кекесінді мысқылынан, «саған бәрінен көп керек пе?» деген жеңіл-желпі қоқан-лоққыдан тәтенше жағдайлардағы «коммунистердің бәрін дарға асу керек!» деген өршеленген у-шуға дейін) айтады. Әр антипод өз нанымына сәйкес өмір сүруіне ешкім оралғы жасамауы үшін екіншісін жойып жіберуді қалайды. Бірақ ешқашан мұндай болмайды, өйткені қоғамдық даму диалектикасы буған жол бермейді. Дүниені тану диалектикасының сеірппесі коммунист ретінде мені адамдардың қаптаған қарама-қайшылығынан жоғары көтеріп, қоғамдық механизмді көре білу тетігімен қаруландырады, баршаның, соның ішінде антиподымының да игілігі үшін кимыл жасауға тартады, өйткені біздің арамыздағы қайшылықты оның игілігі арқылы жоюыма болады. Менің орынсыз әрі мағынасыз қиялым (менің антиподым көзқарасы тұрғысынан) осындай, өйткені өзімнің артықшылығым үшін, емес, баршаға арналған әділеттілік үшін қоғамдық күрес жүргіземін.

Құрбандық — коммунистің идеологиялық тұрақты шамасы, бұл оның мұратының ядросында қаланған: әділетті қоғам орнатып, онда «өлу», яғни пролетариат өзін азат ете отырып, бүкіл адамзатты азат ететіндіктен таптық әрі идеологиялық жағынан сіңісу.

Иә, менің генетикалық тегім адамзаттың таңдаулы ұлдарынан бастау алады, олардың көпшілігі шын мағынасында жарқын болашақ жолында құрбан болды. Коммунистің генеалогиялық еркені Маркс, Энгельс, Ленин туралы айтпағанның өзінде Платон мен Спартакқа, Данте мен Монтенюге, Сервантес пен Бруноға, Бэкон мен Мюнцерге, Мор мен Кампанеллге, Мидтон мен Мельеге Дидро мен Маратқа, Сен-Симонға, Оуэн мен Фурьеге, Радищев пен декабристерге, Герцен мен Чернышевскийге, париждік коммуналарға бастайды.

Бүгінде қайта құру, керексізін серпіп тастау, ақтау керек болғаны үшін коммунистерді айыпты деудің қазіргі көріністері сияқты тарихтың идеологиялық құйыны да мені жаңылыстыра алмайды. Менің моделім Киров және Сталин, Тухачевский және Ворошилов, Вавилов және Лысенко, Горбачев және Брежнев секілді адамдарды өз орындарына қояды. Иә, қаншалықты оғаш болғанымен, «№ 1 коммунист», өткенде партияда ең жоғары қызметте болған адамды осылай атағанындай, ақиқатында мещан болып

Digitized by Google

шықты, басымдылдық векторы оның өзіне бағытталды.

Бүгінгі тарихқа шолу жасаушы кейбір адамдардың пайымдауларында Сталиннің зорлық-зомбылығы мен қатыгездігі, әлбетте, революциялық зорлық-зомбылық туралы Маркс пен Ленинның теориялық көзқарастарынан туындайды деген пікір аңғарылады, осы пайымдаулар ақ гвардияшыл «Русская мысль» газетінің: «Ленин — бұл бүгінгі Сталин» деген басты тұжырымдауымен үйлеседі.

Жоқ, мен тегім Октябрь революциясынан басталған коммунистпін. Өзімнің тегімді көмсітуге жол бермеймін. Ол әлдекімнің ермегімен дүниеге келген жоқ. Бұл азапты, халық таңдаған коммунистер ақиқаты.

Иә, «дүние жүзілік революция алауынан», «бір елде социализм орнатуға дейін», «біртұтас фабрика» ретінде социализм туралы ұғымнан «цивилизациялы кооператорлар қоғамына» дейін, «жаңа пролетарлық мәдениетті» жасаудан бүкіл адамзат мәдениеті мирасына дейін өз көзқарасымды өзгертуіме тура келді. 20-шы жылдары революциялық энтузиазм эйфориінде буржуазиялық нәрсенің бәрін өз өмірімнен серпіп тастау керек сияқты көрінді. Галстук, қалпақ, косметика және жұмсақ мебель тұрғысынан біршама жедел ақылды болғанымнан шаруашылық есеп, мердігерлік, аренда және шаруашылық қызметтің басқа механизмдері тұрғысынан сондай мифұла болып, оларды капиталистік, социализмге жат нәрсе ретінде ұшқарлықпен серпіп тастадым.

Міне, сондықтан ақылды болған үстіне ақылды бола беру үшін «оқу керек, оқу керек және оқу керек»! Өзімнің тарихи жағынан мифұлалығымнан Ленинның соңғы тұжырымдарын дер кезінде «түсінбегенім» үшін сондай ұят. Маған қиын соғатын лениндік мәселелерді Сталин жігін сондай жатқызып жіберді. Тарих дегеніміз Невский проспектісі еместігі туралы ескертуді ұмытып, шаттықпен және асқақтата ән салу арқылы даңғыл жолмен социализмге төте тарттым. Ақылды болып келеміз. Ештен кеш жақсы деген ғой.

Выходи, бедняк Митюха,
Со своей Матреною.
Нынче польза не на брюхо —
На башку ядреную,—

осындай частушканы деревня комсомолеці, менің әкем 20-шы жылдарда айтты. Коммунистік идеяны халықтық қабылдау осындай еді, өйткені ол адамды өзінің шынайы болмысына көтерді, онда адам құр құлқынның құлы емес қой... Бұл тарихта тұңғыш рет адамды еңсесін көтеруге шақырған Ұлы шындық еді, солай болды. Бүгінде біздің әкелеріміз бен салыстырғанда ақылдылығымыз мынада: еңсемізді көтеріп, табалдырықты таптамау, оны қиратпау. Дегенмен тағы да еңкеюге шақырған қаншама кеңесшілер пайда болды. Бұлтартпас дәлел — магазиндердің қақырап тұрған сөрелері. Және коммунистің «мықты басы» ғана түңілушілікке салынбауға, жасымауға қабілетті, өйткені оның тарихи көрегендігі өз аясынан асып кетеді және коммунистік идеялар жолында құлдырау мен өрлеу болатынын біледі, бірақ оның векторы өзгермейді. Социализмнің беделіне түскен ауыр соққылардың бәріне қарамастан революциялық қайта құрудың бүгінгі айналымы 1917 жылғы Октябрь революциясына қарағанда анағұрлым жоғары деңгейде өтуде. Ешкім, тіпті коммунистердің қаскөй жаулары-ның өзі Октябрьдің маңызын терiске шығармайды, Октябрьден кейін бүкіл адамзат бірнеше саты «коммунистік» бола түсті. Біздің қайта құруымыз оны тағы да жоғары көтереді.

«Сіздер, әлбетте, капиталистік елдердің жұмысшыларына қандай көмектескендеріңізді ақтармайтын шағырсыздар»,— деді маған Италиядан шыққан француз коммунисі Джовани Конти. Мені оның өзі жолықтырды, сөйтсем «Советтік басшылардың сөйлеген сөздерінде неліктен «таптық күрес» ұғымы жойылып кетті?» деген сұрақты қою үшін советтік коммунистен кездесуді іздестірген екен. Демек ол жалғасып қана отырған жоқ, сонымен бірге өрлеп келеді,— деп есептейді Джовани.— Заманымыздың басты кеселі — мультиұлттық компаниялар, бүгінгі капитализмнің шоғырланған көрінісі. Францияның жұмысшы табы өзінің күресі арқасында біршама әлеулі әлеуметтік жеңістерге қол жеткізді. Капиталистер бұған баруға мәжбүр болды, өйткені олардың көз алында орыс үлгісі тұр. Бүгінде француз халқының дәстүрлері мен әлеуметтік жетістіктеріне сай олар жоғары білікті электр технигі, жақсы маман маған әлеуметтік сала үшін төлеуге тиіс. Олар менің есебімнен зор астам түсім ала алмайды. Сондықтан олар мұнда өндірісті (телефон өндіретін Швейцария фирмасы) доғарып, оны Гонконгта және Оңтүстік Америкада ашуда. 50 жастағы маған жұмыссыздық хаупі төнуде. Ал бұл — қатерлі ауыртпалық, бүкіл өміріңнің күйреуі, жан-дүниеңнің күйзелісі. Ішетін астың жоқтығынан осылай болып отырған жоқ. Жәрдеммен күн көруге болады ғой. Демек өзіңнің қоғамға қажетсіздігіңді, білімің, тәжірибең, біліктілігің болғанымен мұның ешкімге керек еме-

Digitized by Google

стігін сезінуден осылай болып отыр... Ал сосын сағаң ешкім кредит ашпайды, ешкім ешқайдан шақыру жібермейді. Мұның қандай үрейлі екенін сіз білемісіз?

Біздің топтасуымыз, таптық күресіміз ғана әлеуметтік жеңісті қолда ұстауымызға көмектесуде. Коммунистердің позициясына өте көп нәрсе тәуелді. Коммунистер позициядан айырыла бастағанда барлық солшыл күштер зардап шегетінін қазір бәрі түсінеді. Мультиұлттық корпорациялар қысымымен ығысушылық басталысымен-ақ социалистерді жұмыстан шығарады. Де Голль Францияны НАТО-ның әскери ұйымынан шығарды, бірақ оны осы халықаралық жыртқыштың тонауына берген жоқ».

Джовани өз қаласы — Монтлусьонды бүкіл Францияның саяси және экономикалық моделінің үлгісі деп есептейді. Қалада еңбекке қабілетті 25 мың адам бар. Олардан 8—9 мыңы (шамамен бірдей) оңшыл және солшыл күштер ретінде жіктеледі. Халықтың үлкен бөлігі ұйқыда, осы 16—17 мың бұқара қалай қарай қозғалады, дауыс беру нәтижесі осыған тәуелді. Оны, осы бұқараны Совет Одағымен үрейлендірді. Қайта құру оны біздің жағымызға бұрады.

Біздің әңгімемізді аударып тұрған жас тілмаш Вероника Джованидің партиялық тапсырманы орындауына айына шамамен 20 сағат уақыты кететінін, ол партиялық істер бойынша телефонмен әңгімелесуге, хат жазуға, сапарға шығуға 8 мың франк жеке ақшасынан (жалақысынан) 2 мың франктей жұмсайтынын естігенде сондай қатты таңырқап, өз міндетін ұмытып кетті. Қалада 1300 коммунист бар. Олар өз кандидаттарына идеялармен және информациялармен демеу жасайды және 1976 жылдан бері мэр сайлауында жеңіске жетуде. Қоғамдық істерді ерікті түрде орындаумен қатар осы мақсатқа өз ақшасын жұмсайтын адамды Вероника алғаш көрді. Оған жастар, өз құрбылары арасында мұндай адамдар жоқ сияқты көрінеді: әр қадам жасау есесін қайтаруды талап етеді. Оның осы репликасына Джовани былай жауап берді: күресті қалап алғандар үшін түрмыстық қайсыбір істер еселеп өтеледі. Ал бүгінде сіздер француз буржуасы сияқты, Құрама Штаттарға сын тұрғысынан қарамайсыздар деп бізге, совет коммунистеріне реніш білдірді Джовани. «Демек бұл өзінің мультиұлттық компанияларының қысқаштарына қоса планета денесіндегі шырмауық қой,— деді ол.— Жер шары халқының 6,6 процентін құрай отырып, олар оның табиғи ресурсының 40 процентін пайдаланады. Оның үстіне бүкіл дүние жүзін ластайтын тастанды қалдықтардың 70 проценті — бұл олардың қалдықтары. Оларға теңелуге болмайды. Сіздердің өз жолдарыңызбен, социалистік жолмен жүруле-ріңіз керек».

Біздің еліміз 1920 жылы АҚШ өнеркәсібі өндірісі мөлшерінің 0,5 проценті, ал қазір төрттен үші мөлшерінде өнеркәсіп өнімдерін өндіретінін еске алдым.

— Міне, көріп тұрмысың!— деп қуанды Джовани.— Сіздердің жолыңыз ауыр, дегенмен адал жол болды.

Коммунистер партиясы, оның кінаратсыз, шынайы коммунистік күштер қоғамдық өмірді демократияландыруға, социалистік рынокты және праволық мемлекетті құруға бағдар алды, қазір олардың қоғамды, мемлекетті және партияны қайта құруы керек. Біз Октябрь революциясының мақсатын әлі жүзеге асырғанымыз жоқ. Бізге оралғы жасады, бізді өлтірді, бізге қарсы соғысты, бізге жала жапты, бізді қоршап алып, қоқан-лоқы жасады, біздің демократиялық және праволық негізде социализмді қалыпты жағдайда орнатуымызға мүмкіндік бермеді, енді оған кірісудеміз. Әсерлі перспектива ашылуда, тоннельдің арғы бетіндегі сәуле, біздің программамыздың сәулесі мен кейін тапсыз коммунистік өзін-өзі басқару қоғамын орнатуға ауысу үшін азаматтардың көлемді праволары, социалистік праволық мемлекетті орнату минимумы сәулесі жақындай түсті. Сонда ғана коммунистер өзінің тарихи міндетін орындайды.

Альберт УСТИНОВ,
жазушы.

Алматы қаласы.

Интернационализм туралы

Өміршең, қайраткерлік патриотизмнің ерекшеліктері нақ мынада: ол халықтар арасындағы жаулық атаулыны жоққа шығарады және мұндай патриотизм жігерлендірген адам, егер қолынан келсе, бүкіл адамзат үшін еңбек етуге әзір.

Н. А. ДОБРОЛЮБОВ.

Тарихта жануарлардың үйірі деп есептеуге болатындай халық жоқ, сондай-ақ таңдаулылар тобы деп аталуға лайықты халық та жоқ.

А. И. ГЕРЦЕН.

Әлемде бірде-бір халық басқа халықтарға қарағанда қандай да бір қабілетімен ерекше дарынды емес.

Г. ЛЕССИНГ.

Digitized by Google

БАСШЫЛЫҚ ЖАСАУДЫҢ САЯСИ ӘДІСТЕРІ

Оны әрбір активист меңгеруге тиіс

Басқару процесі қоғамның қалыпты жұмыс істеу жағдайларының бірі екенін марксизм-ленинизм басшылыққа алады. «Біршама ірі көлемде істелетін қандай да болсын тікелей қоғамдық еңбек немесе бірлескен еңбек,— деп атады К. Маркс,— азды-көпті дәрежеде басқаруды керек етеді. Жеке скрипкашы өзін өзі басқарады, оркестр дирижерді керек етеді».

Біздің елімізде Коммунистік партия социалистік қоғамды басқарудағы жетекші әрі бағыт беруші күш болып табылады. «Басқару үшін шыныққан революционер-коммунистердің армиясы болуы керек, ол армия бар, ол партия деп аталады»,— деді В. И. Ленин. Партияның совет халқының авангарды, еңбекшілердің барлық ұйымдарының саяси басшысы ретіндегі ролі КПСС Уставы мен Программасында, сондай-ақ СССР Конституциясының алтыншы статьясында баянды етілген. Қазір, М. С. Горбачевтің 1989 жылғы 6 январьда КПСС Орталық Комитетінде ғылым және мәдениет қайраткерлерімен кездесуде сөйлеген сөзінде атап көрсетілгеніндей, «... терең өзгерістер кезеңінде біз лениндік принциптер негізінде, кең көлемді ішкі партиялық демократия негізінде әрекет ететін теориялық, идеологиялық және ұйымдық жағынан күшті партияға бұрынғыдан да көп ділгер болып отырмыз».

Өзінің табиғатынан партиялық басшылық — бұл саяси басшылық. В. И. Ленин коммунистер «халықтың саяси» басшылары екеніне назарды талай рет аударды.

«Саяси басшылық» ұғымын «саясат» категориясынан туындау ретінде қараған жөн. В. И. Ленин былай деп атады: «...саясат дегеніміз мемлекет істеріне қатысу, мемлекетті бағыттау, мемлекет қызметінің формаларын, міндеттерін, мазмұнын белгілеу». Әлеуметтік топтар, таптар, ұлттар, мемлекеттер арасындағы қатынас саясат саласы болып табылады. «Таптардың, әлеуметтік топтардың, жеке адамдардың мүдделері дәл ескеріп құрылғанда ғана,— деп атап көрсетті КПСС XXVII съезі,— саясат қажетті нәтиже береді».

Коммунистік партия өз саясатын екі жолмен жүргізуде. Ол өзінің марксистік-лениндік идеологиясымен және өз саясатының мазмұнымен қоғамға, еңбекшілер бұқарасына тікелей ықпал жасайды. Сонымен бірге партия өзі талдап жасаған саяси бағытты қоғамның саяси системасы арқылы жүзеге асырады.

Саяси басшылық, біріншіден, қоғамды дамыту стратегиясын талдап, жасауды қамтиды. Бұл саяси басшылықтың шын мәніндегі ұйытқысы. Партиялық стратегияда жинақтап қорытылған түрінде қоғамдық дамудың объективті қажеті мен тенденциялары, сондай-ақ халықтың түбегейлі мүддесі білдіріледі. Партияның бүгінгі стратегиялық бағыты — бұл қайта құру қоғамымызды революциялық жаңарту, социализмге жаңа келбет беру бағыты. Нақ партияның өзі қоғамның бұрнағы даму тәжірибесін сын тұрғысынан талдап, оны өзгерту программасын белгілеп, осы тарихи инициативаны жасады.

Екіншіден, идеология жұмысын, марксизм-ленинизм идеяларын таратуды, еңбекшілерді социалистік өмір салты мен коммунистік мораль рухында тәрбиелеуді қамтиды. Бұқараның марксистік-лениндік дүниетанымын қалыптастыру, оларды жұмысшы табының мұраттарын бойынелейтін жаңа қоғамды іс жүзінде құрып, дамыту жолындағы күреске ұйымдастыру — партия қызметінің мәні осында.

Үшіншіден, мемлекеттік және шаруашылық аппараттың басшы кадрларын іріктеп, орналастыруды және тәрбиелеуді;

Төртіншіден, қоғамның саяси системасы институттарының бәрінің қызметін үйлестіруді;

Бесіншіден, дүние жүзілік коммунистік және жұмысшы қозғалысының бірлігі мен топтасуы жолындағы күресті қамтиды.

Саяси басшылықтың жаңа әдістері, деп атап көрсетіледі, «Қайта құру және жаңаша ойлау біздің ел үшін және бүкіл дүние жүзі үшін» кітабында, «ең алдымен процестерді теориялық тұрғыдан ұғыну, қайшылықтардың дамуындағы шетін тұстарды дер кезінде аңғару, стратегия мен тактикаға түзетулер енгізу, саясатты белгілеп, оны жүзеге асырудың әдістері мен формаларын анықтау, кадрларды іріктеп алып, орналастыру, қайта құруды ұйымдық және идеологиялық жағынан қамтамасыз ету».

Сонымен бірге партия басқару функциясын негізінен тікелей емес, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарды алмастырмай, олардың функциясын өзіне алмай, олар арқылы жүзеге асыруға тиіс.

Digitized by Google

Партия ұйымдарын Коммунистік партияның социалистік қоғамды басқару системасындағы жетекші және бағыт беруші ролі партияның мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар тұрғысынан әкімшілік жарлық беру қызметінен емес, партияның олардың функциясын өзіне алудан емес, «дирижердің аялы жетекшілік етуін» аңғартатын саяси басшылықтан көрінетіндігіне мезгеп, В. И. Ленин осы мәселеге көп көңіл бөлді. Ол, ішінара алғанда, «... партия (және оның Орталық Комитеті) мен Совет өкіметінің функцияларын неғұрлым дәлірек ажырату қажет; совет қызметкерлері мен совет мекемелерінің жауапкершілігі мен дербестігі көтерілсін, барлық мемлекеттік органдардың бәрінің жұмысына жалпы басшылық жасау партияға қалдырылсын...» деп атады.

Өкінішке қарай, Сталиннің өкімет басына келуімен лениндік өсиеттер ұмыт қалдырылды. Ленинның айтқанына қарамастан, ол партияны жұмысшы табынан және еңбекші халықтан үстем тұрған күш ретінде қарап, бұқараға әміршілдік етуге шақырды. «Коммунистік партия,— деп жазды Сталин,— Совет мемлекетінің ішіндегі, оның органдарына жөн сілтеп, олардың қызметіне дем беріп отыратын бейнебір семсерлілер жасағы». Партияны «семсерлілер жасағы» ретінде, әміршілдік құрам мен штаб ретінде ұғыну құпиялылықтың өрши түсуін, кері байланыстың үзілуін бейнеледі. Әйткені сенімге жұмыс істеу дегеніміз — бұл бұқараның ауанын біліп, оған бағдар ұстау, адамдар мүддесі негізінде саясатты қалыптастыру деген сөз. Ал штаб, әміршілдік құрам ретіндегі партия жағдайында мұның ештеңесі талап етілмеді. Соның салдарынан басқару правосы қатаң тәптіштеуге ұласты. Пікіталасқа деген ұдайы өзірлік, сын үшін ашықтық, сындарлы сұхбатқа деген қабілеттілік секілді қасиеттер біртіндеп жойылды және қазір олар қиындықтар арқылы қалпына келтірілуде. Ал мұның өзі партия қызметіндегі басты нәрсе — қоғамның саяси авангарды ретіндегі оның ролінен, оның бұқарамен жанды байланысынан айырылуға соқтырды.

Саяси әдістер түбегейлі парасатты сипат ұстайды, ол адамға, оның сана-сезіміне арналған. Егер адамдардың саналылығына, творчестволық мүмкіншіліктеріне сенімсіздікті тудырған әкімшілдік-әміршілдік стиль үшін бәрін жоғарыдан қарастыру, алдын ала тәптіштеп, реттеу ұмтылысы тән болса, саяси әдістер адамдарды ойлануға, шешімді іздестіруге жетелеуге міндетті.

Қайта құру тағдыры партия комитеттері мен ұйымдарының басшылық жасаудың саяси әдістерін қаншалықты толық меңгеруіне, әміршілдік-бұйрықшыл әдістерден үзілді-кесілді бас тартуына көбірек тәуелді. Осыны атап көрсете отырып, Бүкілодақтық XIX партия конференциясы назарды «әрбір партия ұйымының қызмет деңгейін, партия қызметкерлерінің кемелділігін партия саясатына жаңаша, бұқара арасындағы идеялық-саяси және ұйымдастырушылық жұмыс әдістерімен жүргізе білу қабілетіне қарап айқындау» керектігіне аударды.

Осы талап табандылықпен жүзеге асырылуда. Партия Орталық Комитетін қайта құру мен оның аппаратын 40 процент қысқарту жүзеге асырылды. КПСС Орталық Комитеті мен одақтас республикалар Компартиялары Орталық Комитеттерінің, облыстық, өлкелік, қалалық және аудандық партия комитеттерінің комиссиялары құрылды. Партия комитеттерінде салалық бөлімдер қысқартылды, тындырымды кураторлық енгізілді. Партия аппаратының функциясы өзгертілді: олар жұмыстың саяси әдістеріне бағдарланды. Бастауыш партия ұйымдарының ролін арттыру жөніндегі шаралар қабылданды.

Дегенмен осы процесс әзірше өте баяу өтуде. Оның себептерінің бірі — партия қызметкерлерінің бір бөлігінің саяси басшылық тәсілдері мен әдістерін жеткілікті меңгермеуінде. «Кейбір партиялық басшылардың өңгімесіне құлақ түріп көріңіздерші,— деп атап көрсетілді КПСС Орталық Комитетінің 1986 жылғы июнь Пленумында.— Олар ағымдағы шаруашылық науқан туралы, сүт мөлшері мен салмақ өсімі, тонналар және басқалар туралы құлшынып, істің жайын біліп айтады, ал әңгіме қоғамдық құбылыстарға саяси талдау жасау, әлеуметтік-экономикалық міндеттер, ғылыми-техникалық проблемалар туралы, адам факторында жатқан мүмкіндіктер туралы болғанда көбінесе абдырап қалады».

Кейбір адамдардың санасында басшылық жасаудың саяси әдістеріне ауысу партияның экономиканы дамыту, әлеуметтік проблемаларды шешу жауапкершілігінен бас тартуы ретінде қабылдануда. Әлбетте, олай емес. Партия адамдардың өміріне, олардың игілігіне байланыстының бәрі үшін жауапкершілікті өзінен ала алмайды. Енді экономикалық, әлеуметтік саясатты талдап жасап, жүзеге асыру — партия ұйымдарының осы бағыттағы жұмысын саралап, бақылау жасау, партиялық күшті орналастыру мәселелері оның қызметінің басты мазмұнын құрауда. Ал бұл егін салуды, жинауды қашан бастау, қанша тыңайтқыш енгізу,

Digitized by Google



ТАЛДЫҚОРҒАН ОБЛЫСЫ. Социалистік Еңбек Ері, республика Жоғарғы Советінің депутаты З. Ж. Тамшыбаева басқаратын «Еңбекші» совхозы — аса рентабельді озық шаруашылық. Селоларда әлеуметтік программа табысты шешілуде.

Шаруашылық табыстарының басты түйіндерінің бірі — бұл интернационалдық коллективтің топтасуы. Мұнда 35 ұлттың өкілдері жұмыс істейді.

СУРЕТТЕ: Зылиха Жанболатқызының жас сауыншылармен әңгімелесер істері баршылық. Демек оның өзінің еңбек өмірбаяны да фермадан басталған еді.

Суретті түсіргендер И. БУДНЕВИЧ пен М. ҚАБЫЛОВ (ҚазТАГ).

т. б. жөнінде өмір етуге қарағанда анағұрлым күрделі. Бұл басқадай білімді, қатынасты, қаншама батылдық пен ұстамдылықты талап ететін процес.

Саяси басшылық әдістері басшылық жасаудың түрлі деңгейінде түрліше көрінуде. Бертінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Идеология комиссиясының мәжілісінде мақұлданған «Қайта құру және жұмыстың саяси әдістері» концепциясында республиканың облыстық, аудандық, қалалық партия комитеттері, бастауыш партия ұйымдары деңгейінде қолданылатын көлемді ұсыныстарды талдап жасау міндеті қойылды. Осы жұмыстың ұзаққа созылмауы да өте-мөте маңызды.

Концепцияның өзінен мынадай принципті қағидаларды бөліп көрсеткіміз келеді.

Бұл біріншіден, қоғамдық пікірді зерттеу жөніндегі жүйелі жұмысты жолға қою қажеттігі, мұның өзі әрбір партия ұйымы қызметінде шын мәніндегі бастапқы пункт. Адамдар пікірін ескермейінше партия ұйымының өндірістегі, коллективтердегі процеске түбегейлі ықпал жасауы мүмкін емес, өйткені, В. И. Ленинның атап көрсеткеніндей, «біз халық ұғынатын нәрсені дұрыс көрсете білсек қана басқара аламыз». (45 том, 128 бет) Жер-жерде қоғамдық пікірді ескеріп, оған саяси және идеологиялық құралдар арқылы ықпал жасаудың, түрлі сыбыстар мен қауесеттердің алдын алудың ойластырылған жүйесін құратын кез басталды. Бұл үшін партия комитеттерінің осы мәселелермен айналысатын штаттағы және штаттан тыс топтарының, секцияларының, ал тікелей кәсіпорындарында — «Сіздің көңіл-күйіңіз» атты социологиялық қызметтің жұмысын күшейте түсу қажет. Осы жұмыстың сындарлы жүйесі, мәселен, Жамбылдың «Химпром» өндірістік бірлестігінде қалыптасты, онда социологиялық қызмет партия комитеті мен цехтық партия ұйымдарының коллективтердегі жағдайға дер кезінде ықпал жасап, еңбекшілер белсенділігін арттыру жолдарын табуына жүйелі көмектеседі.

Концепция партия ұйымдарына бағдар беретін екінші мәселе — бұл ресми емес бірлестіктерді қоса алғанда қоғамдық ұйымдармен, еңбекшілердің талапкер ұйымдарымен дәлме-дәлдіктегі өзара қимылды қамтамасыз ету, олардың қызметін үйлестіру. Бүгінде орташа кәсіпорындарда алпысқа дейін түрлі қоғамдық ұйым мен бірлестік жұмыс істейді, егер олардың бәрі нақты, мақсатты, инициативалы қимылдаса, қайта құру потенциалы еселей түсер еді. Дегенмен, екінішке қарай, олардың бірқатары қағаз бетінде ғана есептеледі, ал партия ұйымдарының көпшілігі олардың қызметіне көңіл бөлмейді, оларды жандандыру әрекетін жасамайды, мұны ең алдымен оларда жұмыс істейтін коммунистер жауапкершілігін арттыру арқылы жүзеге асыруға болады ғой.

Концепция жобасын талқылау барысында онда еңбек коллективтеріндегі, сондай-ақ әсіресе тұрғылықты жердегі үгіт-насихат және тәрбие жұмысын қайта құру жөніндегі ұсыныстарды мейлінше нақты баяндау тұрғысынан көптеген ұсыныстар айтылды. Бұл өте-мөте орынды, өйткені басшылықтың саяси әдістері ең алдымен бұқара ортасындағы күнделікті жанды жұмысты қарастырады. Саяси үгітті жете бағаламау, оны қайта құрудың ұзаққа созылуы, совет, кәсіподақ, шаруашылық қызметкерлерінің, коммунистер-

Digitized by Google

дің бүгінде өтіп жатқан пікірталасқа белсенді қатыса білмеуі, кейбір жағдайда ондай тілектің болмауы адамдарды алаңдатады. Концепцияда атап көрсетілгеніндей, жетекшілердің адамдар алдында, баспасөз беттерінде, радио мен телевизия арқылы жүйелі сөз сөйлеуі олардың қызмет әрі партиялық міндетіне сөзсіз айналуға тиіс. Ол активті бригадалардағы, сменалардағы, басқа төменгі буын коллективтердегі, сондай-ақ шалғай және шағын елді мекендердегі, шалғай мал шаруашылығы учаскелеріндегі түсінік жұмысын жүргізуге, оған түрлі ұлттар өкілдерін тартуға мезгейді. Халық депутаттары Советтері сайлауына әзірлік кеңінен белең алған бүгінгі күнде бұл өте маңызды.

Басшылықтың саяси әдістерін меңгеру партия ұйымдары қызметінің барлық жағын қамтиды. Демек бүгінде партия топтары жұмысын, қызметін, кадрлар оқуын, т. б. жоспарлауға жаңаша қарау талап етіледі. Сайып келгенде, әр коммунист партияның саяси жауынгері ретінде қимылдап, оның идеялары мен шешімдерін табандылықпен жүзеге асыруы үшін олардың авангардтық ролін арттыра беру басты міндет болуға тиіс. Өзінің төңірегіне партияда жоқ 4—5 адал жұмысшыны топтастыра алмаған адам коммунист емес деген лениндік сөзді еске алмауға болмайды.

Тиянақты оқып, түрлі жағдайда басшылық жасаудың саяси әдістерін қолдану ерекшеліктерін анықтамайынша оны меңгеру мүмкін емес. Осы елеулі проблемалар саяси және экономикалық білім беру семинарлары мен мектептерінің программаларында, КПСС XXVII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVII съезіне әзірлік барысында белең алған пікірталастарда көрнекі орын алуға тиіс.

Ю. БУЛУКТАЕВ,
тарих ғылымының кандидаты.
Алматы қаласы.

ӘЙЕЛДЕР СОВЕТІНІҢ ИНИЦИАТИВАСЫМЕН

Көп балалы семьялар

Көп балалы аналардың кезекті аудандық слетін Красноармейск аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің орталық қонысы — Теңдік селосында өткіздік. Мұнда 14 ардақты ана мен көп балалы 87 семья тұрады.

Орынбасар Қасқырбайқызы Жұмағұлова алғашқылардың бірі болып сөз алды. Оны көптеген адамдар біледі. Ол Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, мал шаруашылығында жиырма жылдай жұмыс істейді. Қазір мал бордақылаумен айналысатын звеноны басқарады. Оның он баласының ішінде трактористі, ауыл шаруашылығы институтында сырттай оқитын студент, автомобиль кәсіпорынының жетекшісі, медицина қызметкері, екі мұғалім бар, тағы біреуі педагогика училищесінде оқиды, мектеп оқушылары да баршылық. Анасы оларды мақтан етеді, оларды кішкентайынан адал еңбек етуге, адамдарды сыйлауға, қоғамның қам-қаракетімен өмір кешуге баулыды.

Бұл, әлбетте, мүлдем өзгешелеу семья емес. «Кантемировец» совхозынан Наталья Павловна Малофеева өзін бақытты анамын деп есептейді. Оның он бес баласы ержетіп, өз семьяларын құрды, ал ана ошағы бұрынғысынша оларды өзіне тартады. Енді Наталья Павловна шөберелерін тәрбиелеуге көмектесуде.

«Котов» совхозында малшы Күләш Жұмабекқызы Сұлтановаңың, Ильич атындағы совхозда мұғалім Софья Натановна Ольшевскаяның семьяларын сыйлайды. Тайынша жөндеу-механика заводында Эйзенбраундер әулеті қалыптасып келеді. Мұнда алты баланың анасы Лилия Михайловна Эйзенбраун табысты еңбек етеді, оның екі баласы да осы кәсіпорынға келді.

Аналар кездесуі шын пейілді жағдайда өтті. Аудандық партия комитетінің секретары З. Степаненко, аудандық ауыл шаруашылығы бірлестігінің директоры М. Ұлсайытов әйелдерді құттықтады. Сара Көшекова аналарға арналған өз өлеңдерін оқыды. СССР халық депутаты, аудандық мамандандырылған шаруашылық бірлестігінің трактористі Ғазиза Қожанқызы Кеңесбаева сөз сөйледі. Слетке қатысушылар сол күні Ана медалі тапсырылған әйелдерді жылы шыраймен құттықтады.

О. ПРИЛУЦКАЯ,
Красноармейск аудандық
әйелдер советінің председателі.
Көкшетау облысы.

Қайырымдылық кеші

Трактор жасаушылардың Мәдениет сарайы «Құрбылар» әйелдер клубында өткен кеш қайырымдылық пен балалар тәрбиесіне арналды. Облыстық балалар үйінің педагог-методисі З. К. Кавязинаның дүниеге келген сәтінен ата-ананың аялы қамқорлығынан айрылған сәбилердің қалай тұратыны туралы әңгімесі адамдардың бәрін толғандырды.

Павлодар қаласы. **К. БОРИСОВ.**

Digitized by Google

ШЫМКЕНТ МИКРОАУДАНДАРЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ СОВЕТТЕРІ

БИЛІКТІ ӨЗ ҚОЛДАРЫНА АЛУДА

Мына оқиғаны Шымкентте бірнеше рет естуімізге тура келді. Қатысқан адамдардың есімдерінсіз және болған оқиғаның дәл адресінсіз оны аңыз ретінде әңгімелейді. Геодезистер аулалардың біріне келіп, жаңа үй құрылысына әзірлікке кірісіп кетті. Алайда тұрғындар жұмысты тоқтатуды талап етті. Осы мәселенің микроауданның өзін-өзі басқару советінің мәжілісінде талқыланғанын, оның үйғарымын атқару комитеті қолдағанын, демек мұнда демалыс алаңы жасалатынын айтты. Жоспарлаушылар өз үйғарымында тұру әрекетін жасап, аудандық атқару комитетіне телефон соқты, дегенмен онда советтің үйғарымын қуаттады.

Осы астарсыз оқиға Шымкентте бертінде дүниеге келген микроаудандардың өзін-өзі басқару советтерінің күшін көрнекі көрсетеді. Жаңа қоғамдық ұйымдар бірден-ақ өздерін пайдалы істер арқылы мәлімдеп, қала арқылы өтетін Қарасу өзені мен Янгичек каналын тазарту жөніндегі бұқаралық сенбіліктерді өткізу инициаторлары болды. Қаланың мыңдаған тұрғыны оларды шөгінділерден тазарту жұмысына қатысты. Ал күзде советтер тұрғын үйлер кварталдарын көгалдандыру инициаторы болды.

Қоғамдық өзін-өзі басқару советтерінің статусы халық депутаттары қалалық Советінің арнаулы сессиясында бекітілді, ол қоғамдық қызметтің осы органы туралы үлгі ережені қабылдады. Бұл документтің алғашқы тармағында жарияланғанындай, олар депутаттық топтарды, көше комитеттерінің, үй комитеттерінің өкілдерін, осы территорияда орналасқан кәсіпорындар мен ұйымдар, түрлі ведомстволар, еңбек коллективтері советтерінің, білім беру, мәдениет, спорт, әкімшілік органдары, мәдени-спорт комплекстері, кәсіподақтар, тұрғын үй-коммуналдық мекемелер т. б. өкілдерін біртұтас өзін-өзі басқару органына біріктіру арқылы территориялық депутаттық топтар қамтитын шекарада құрылады.

Өзін-өзі басқару советінің өкілділігін баяндайтын бөлім он бес пунктті қамтиды. Осы өкілдік көлемді және микроаудан өмірінің барлық жағын дерлік қамтиды. Олардың аса маңыздылары мынадай:

● Совет микроауданның экономикалық және әлеуметтік дамуының ағымдағы және перспективалық жоспарын талдап жасауға, бекітуге және орындауға, жөндеу-пайдалану басқармасы табысы мен шығынының сметасын бекітуге қатысады.

● Тұрмыстық қызмет көрсету, сауда, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын, мәдениет ұйымдары мен мекемелерін, кооперативтерді, халықтың бос уақытын ұйымдастыруға арналған орындарды орналастырып, дамыту және мамандандыру жоспарларын қарайды, халық депутаттарының аудандық Советіне өз ұсыныстарын енгізеді.

● Микроаудан территориясында орналасқан кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар жоспарлары жобаларының жерді пайдалануға, табиғат пен айналадағы ортаны қорғауға, құрылысқа, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты, әлеуметтік, мәдени және тұрмыстық және басқадай қызмет көрсетуді дамытуға қатысты бөлігін қарауға қатысады, қажетті жағдайда өз ұсыныстарын халық депутаттарының аудандық Советіне енгізеді.

● Ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізілетін тұрғын үйлерді анықтайды, оның барысына бақылау жасайды, тұрғындармен бірлесіп жөнделген үйлерді қабылдап алады.

● Халықты ауланы жайластырып, көркейтуге, балалар мен спорт алаңдарын жабдықтауға ұйымдастырады.

● Тұрғындар арасында мәдени-ағарту және тәрбие жұмысын ұйымдастырып, жүргізеді, көркеменерпаздықты, дене тәрбиесі мен спортты, ғылыми-техникалық творчестволы дамытады, советтік дәстүрлерді, мерекелер мен ғұрыптарды, кінәратсыз өмір салтын тұрмысқа енгізеді. Тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға, ұтымды пайдаланып, насихаттауға ықпал етеді. Смета бойынша мәдени-бұқаралық және спорт жұмысына бөлінген қаржының жұмсалу тәртібін анықтайды.

● Жалғызілікті және қарт тұрғындар мен мүгедектерге, әскери қызметшілер семьяларына, Ұлы Отан соғысына қатысқандарға, көп балалы семьяларға, жетім балаларға көмек беру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.

● Тұрғындар мен еңбек коллективтерін қоғамдық реттілікті, өрттен сақтандыруды қамтамасыз ету жөнінен ішкі істер органдарымен бірлескен жұмысқа тартады.

● Азаматтар өтініштері мен шағымдарын қарайды, адамдарды қабылдайды.

● Қоғамдық реттілікті, тұрғын үй қорының ұсталу ережесін бұзғаны үшін тұрғындар түсініктемелерін қарайды, оларды жолдастық сотқа, атқару комитетінің әкімшілік комиссиясына береді.

● Тұрғындардың тұрмыстық жоғары мәдениет пен үлгілі қоғамдық реттілік, үйді үл-

Digitized by Google

гілі ұстау жолындағы жарысын ұйымдастырады, тұрғын үйге қызмет көрсету жөнінен семьялық мердігерлікті енгізуге ықпал етеді.

● Халық депутаттарының аудандық Советіне, оның атқару комитетіне, тұрақты комиссияларға, депутаттарға, атқару комитетінің бөлімдері мен басқармаларына, басқа мекемелерге, кәсіпорындар мен ұйымдарға ұсыныс енгізуге және оларға жүгінуге правосы бар.

● Микроауданның қызмет көрсету саласы жетекшілерінің өздерінің қызметі туралы есептерін тыңдайды, оларға сенім білдірмеу правосы бар.

● Халық депутаттары Советінен және оның органдарынан өз қызметі мәселелері жөнінен информация алу, сондай-ақ өз ұсыныстарын енгізу правосы бар.

● Аудандық атқару комитеті бекіткен лауазым тізімі бойынша өзін-өзі басқару советінің пікірі шешуші болып табылады.

Өзін-өзі басқару советінің кең көлемді осыншалықты өкілеттілігін жүзеге асыру үшін қажетті қаржысы бар. Олардың мөрі және банкте ақша счеті бар. Қаржы еңбек коллективі әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық дамуға бөлетін екі процеңттік төлемнен, пәтер ақыдан бөлінетін, тұрғылықты жер бойынша бұқаралық-саяси және физкультура-бұқаралық жұмысты ұйымдастыруға жұмсалатын үш процеңттік төлемнен, сондай-ақ ұйымдар, кооперативтер, ерікті қоғамдар және жеке адамдар беретін ақша қаражатынан тұрады. Шараларды өткізуден түсетін табыстан, әкімшілік право бұзушылық, қала кәсіпорындарының зиянды заттарды тастағаны т. б. үшін салынатын айыптардан белгілі мөлшердегі қаржының осында тартылуы мүмкін. Оның үстіне қалалық атқару комитеті ұйымдастыратын «Мәдениеті жоғары және үлгілі реттіліктегі микроаудан» атағы жолындағы қалалық жарыста бірінші орын алған өзін-өзі басқару советі 2 мың сом мөлшерінде сыйлықпен мадақталады, қалалық құрмет тақтасына жазылады.

Тағы бір кезеңді атап көрсетейік: советке тұрғылықты жер бойынша жүргізілетін жұмыс үшін микроаудан территориясында орналасқан кәсіпорындар мен ұйымдардың материалдық-техникалық мүмкіншілігін және кадрларын комплексті пайдалану правосы берілді. Мәселен, бертінде кәсіпорынның кадрлар бөлімінің қызметкерлері мен социологтары микроаудандардың әлеуметтік паспортын жасауда советтерге көмек берді. Демек осы документтер тыңғылықты әзірленген және тұрғын үйлер алқаптарында жатық және жеке жұмысты жолға қоюға арналған жақсы база қызметін атқара алады.

Сөйтіп өзін-өзі басқару советі микроаудандардың толық праволы қожайындары, халықтың еркін білдіруші, сонымен бірге ұйымдастырушылары және халық депутаттары қалалық және аудандық Советтерінің өкілдері болуда.

Советтерде бұқаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстары; балалар мен жасөспірімдерге коммунистік тәрбие беру; жатақханаларда тұратын жастармен жұмыста право тәртібін бұзушылықтың алдын алу; бұқаралық-спорт жұмысы; микроауданды жайластыру және санитарлық талапқа сай ұстау секциялары жұмыс істейді. Жергілікті жағдайға қарай басқа секциялардың құрылуы мүмкін.

Ережеге тағы жүгінейік. Өзін-өзі басқару советі атқару комитетінің шешімімен бекітіледі, микроауданның тұрғындары сайлаған депутатты, бас кәсіпорын жетекшісін оның председателі етіп сайлау ұсынылады. Совет председателі мен оның орынбасары халық депутаттары аудандық Советінің сессиясында бекітіледі. Совет жыл сайын микроаудан жұртшылығының жиналысында есеп береді.

Бүгінгі күнде Шымкентте 25 совет жұмыс істейді. Абай ауданында оларды басқалардан ертерек құра бастады, нақ осында өзін-өзі басқару принциптері пысықталды да. Осы жайды әңгімелей отырып, аудандық партия комитетінің секретары Н. В. Суховтың ескерткеніндей, аудандық атқару комитетінде советтердің қызметі туралы әңгімені өрістету керек, өйткені өзін-өзі басқару советтерін құруға орай тұрғын үй кварталдарында тұрғындармен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі негізгі жүктелім Совет өкіметінің мойнына түсуде.

«Әрине, аудандық партия комитеті мен партия ұйымдары осы істен шеттеген жоқ. Бізге үгіт-бұқаралық жұмысты жүргізу жүктелген, аудандық партия комитетінің идеология жұмысымен айналысатын секретары Л. Л. Мялова аудандық үйлестіру советінің құрамына енеді, — деп анықтады Николай Викторович. — Аудандық партия комитеті қызметкерлерінің бәрі дерлік осы жұмыспен айналысады. Советтерді құруға орай «тұрғылықты жер бойынша халық арасындағы жұмыс» формуласының өзінен ұзақ жылдар бойы орнықты деп есептелген көптеген нәрсені қайта қарауға тура келді. Мұндай жағдайда халық пассивті бөлік, ықпал жасау керек болатын объекті ретінде қаралды. Енді тұрғындардың талапкерлігі, олардың микроаудан өмірінің барлық мәселелерін шешуге белсенді қатысуы басты түйін ретінде қойылуда. Мұндай қатынас барысында қамқорлық жасаушы еңбек кол-

Digitized by Google

лективтерінің партия ұйымдары үшін тұрғылықты жердегі жұмыс біршама қосымша ауыртпалықтан микроаудан, квартал, үй тұрғындары қызметінің табиғи бөлігіне айналуда. Сөйтіп «Тұрғылықты жер бойынша халықпен жұмыс формуласы» мүлдем басқа мағынаға ие болуда.

Аудандық атқару комитетінің председателі Ида Григорьевна Чушковамен әңгіме проблеманың басқа қырларын ашты. Ең алдымен, оның атап көрсеткеніндей, өзін-өзі басқару жұртшылық қызметіндегі қайталаушылықты жоюға көмектесті. Барлық жердегідей, Шымкенттің микроаудандарында қоғамдық советтер мен депутаттық топтар қатар жұмыс істеді. Олар солбір міндеттерді шешкенімен жеке дара жұмыс істеді. Енді депутаттар өзін-өзі басқару советтеріне белсене қатысушылар болып табылады, оларды басқарады.

Аудандық атқару комитетінің жетекшілері тұрғылықты жер бойынша жұмысты басқару міндетін бірден өздеріне алуға ұйғара қоймағанын айтты. Неліктен осылай болды деп сұрадым Ида Григорьевнадан.

— Сірә, жауапкершіліктен, жүрексінушіліктен, өз күштеріне сенбеушіліктен болса керек. Бізде осы мәселелердің бәрін аудандық партия комитеті жүргізді, ал қоғамдық советтерді кәсіпорындар жетекшілері басқарды. Міне, енді олардан істің осы жағын сұрай бастады. Аудандық партия комитетінде мұның сәті әрдайым түсе берген жоқ. Былайша айтқанда, тәбет ас үстінде ашылады ғой. Жаңа қам-қаракетке кіріскеннен кейін, олар маған да, атқару комитетінің басқа қызметкерлеріне де босаңсуға мүмкіншілік бермейді. Және ең бастысы — бүгінде микроаудандардағы жүйелі жұмыссыз халық депутаттарының аудандық Советтері қызметін тиімді орындап, халықпен тығыз байланысқа қол жеткізу мүмкін еместігін ұғынушылық туындады. Демек, өздеріңіз бағалап көріңізші, микроаудандарда 20—30 мың адамнан тұрады. Бұл орташа селолық аудан ғой. Ал өкімет органдарының оларға ешқандай қатысы болмады. Тіпті бертінге дейін адамдардың ұсақ-түйек мәселелермен атқару комитетіне келуіне тыйым салынатын. Өзін-өзі басқару советтерін құруға орай тұрғындардың өздерінің қатысуы арқылы жергілікті жерде көптеген мәселелер шешіле бастады.

Жаңа жағдайда аудандық атқару комитеті бөлімдерінің жұмыс кестесі өзгерді. Оның қызметкерлерінің көпшілігі үшін енді негізгі жұмыс жүктелімі сенбі күндеріне келеді, онда тұрғындар жиналыстары мен жиындары, өзін-өзі басқару советтерінің мәжілістері өтеді, қоғамдық жұмыстар, басқа бұқаралық шаралар атқарылады. Жай күндерде жұмыс графигі кешкі сағаттарға шегерілді.

Әлбетте, өзін-өзі басқару советтерінің ақша қаражаты туралы да әңгіме қозғалды. Абай ауданында қорғасын заводынан басқа ірі кәсіпорын жоқ, сонда да олардың қорларынан өзін-өзі басқару советінің есебіне 60 мың сом аударылды. Бұған қоса пәтер ақыдан бөлінген қаржы 18 мың сом болды. Аз қаржы емес, Аркадий Гайдардың айтқанындай, ақша болған кезде фантазия туындайды ғой.

Абайлықтардың «фантазиясы» қандай? Ең алдымен ол балаларға жұмсалады. Балалар мен жасөспірімдер клубтары жұпыны, тым жұпыны ғой. Таяу уақытта клубтарды электроникамен, басқа техникалық құралдармен, спорт жабдықтарымен жарақтандыру, сонымен бірге осының бәрін жастар, ересектер үшін пайдалану керек. Келесі «фантазия» — бұл балалар спорт қалашығының құрылысы. Оған 24 мың сом жұмсау жоспарлануда.

Немесе тұрғындарды төмендегідей «фантазия» толғандырады. Қалада семьялық дәрігерлер пайда болды. Олардың ұқыптылығын, сырқаттарға көбірек көңіл бөлуін, ресми графиктен тыс жұмыс істеуін жергілікті өзін-өзі басқару советінің қорынан ынталандыруға болмай ма? Мұны жасау керек және солай етуге болады.

Микроаудандардың біріндегі жиында ардагерлер клубына арналған үйді салу ұсынысы бірауызды қолдау тапты. Демек бұл осындай екінші клуб болады. Алғашқы клуб бұдан бірнеше жыл бұрын негізінен өзбектер тұратын төртінші микроаудан тұрғындарының күшімен тұрғызылған еді. Жалпы «клуб» ұғымының өзі шайхананы да, ардагерлерге арналған магазинді де, қоғамдық кітапхананы да қамтиды. Мұнда шай үстінде жаңалықтар талқыланады, қоғамдық істер белгіленеді, ана тіліндегі газеттер оқылады. Қорғасын заводының ардагері, соғыс мүгедегі Сейфолла Иманов бүкіл осы мазасыз жұмысты қоғамдық негізде басқарады.

Аудандық атқару комитетінің шешімімен қаржының бір бөлігі — 6 мың сом — өзін-өзі басқару советтері секретарьларының жалақысына бөлінді. Совет жұмысы ауқымының көлемділігі соншалық, дербес қызметкерсіз әзірше бәрін атқарып шығу мүмкін емес, деп есептейді атқару комитетінде. Жалақы айына 150 сомнан тағайындалды.

Советтерге арналған үйлер де жабдықталды. Олар қоғамдық реттілікті

Digitized by Google

қорғау пункттерінде орналасты, мұнда учаскелік милиционерлер, көмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлар жұмыс істейді. Аудандық атқару комитетінің қызметкерлері, депутаттар, әкімшілік органдарының қызметкерлері осында апта сайын азаматтарды қабылдайды, әр күнде кешкі сағатта қайсыбір тұрғын өз қам-қарекетімен совет кезекшісіне жолыға алады.

Өзін-өзі басқару советтері алғашқы қадамдарын ғана жасауда. Олардың пайдалы не нәрселер жасауының сәті түсті? Советтердің өкілдері бұл тұрғыдан былай деп әңгімелейді.

М. И. МАТЧИНСКИЙ, № 4 микроауданның өзін-өзі басқару советінің председателі, «Чимкентбиофарм» өндірістік бірлестігінің директоры: Өзін-өзі басқару идеясын микроауданымыз тұрғындарының көпшілігі сенімсіздікпен қабылдады. Жиындарда сарыуайымға салынушылық көбірек болды, бастықтар жасай алмағанда қарапайым тұрғындар жалпы ештеңе жасай алмайды, деп пайымдады.

Адамдарды тек іс арқылы иландыруға болатын еді. Біздің советіміз тым күмәнді мәселені — ауыз су мен суару құбырын тартуды шешуге кірісті. ТЭЦ-те су тұтынуды азайту есебінен оны беруге уағдаластық. Мұның өзі халықты бізге қарай бұрады ғой деп ойлаймыз.

Мені мынадай мәселе де өте-мөте алаңдатады: советтің міндеттері тым көп. Барлық істі атқарып шығу үшін директорлық жұмысты доғарып, өзіңді толығынан микроаудандағы жұмысқа бағыттауың керек.

Б. ӘБДІРӘШЕВ, екінші микроауданның өзін-өзі басқару советінің председателі, № 13 орта кәсіптік-техникалық училище директоры: Біздің советіміз әзірше өзін-өзі басқару функциясын орындамайды, бұл тұрғындар инициативасын оятуға ұмтылатын инициативалы топқа ұқсайды. Қарт адамдарды, сырқаттарды, көп балалы семьяларды қамқорлыққа алуды жолға қоюдамыз. Көгалдандыру жөнінен сенбіліктер өткіздік. Адамдардың бізге үйір бола бастағанын сезінудеміз.

Т. К. АСАНБАЕВ, облыстық атқарў комитетінің жоспарлау-экономика бас басқармасы-өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі, № 1 микроауданы советінің председателі: Біз адамдардың белсенділігін жедел көтеруге көмектесетін басты буынды табу әрекетін жасадық. Тікелей көп қабатты үйлердегі жұмысты жолға қою осындай буын болып табылады. Оларда тұрғындар жиналысын өткізіп, үй комитеттерін сайладық. Сөйтіп олар біздің бірінші көмекшілерімізге айналды.

В. В. КИМ, почтамт бастығы, № 8 микроауданы советінің председателі: Біз де тікелей үйлердегі жұмыстан бастадық. Аудандық партия комитетінің шешімі бойынша оларда уставтан тыс партия топтары құрылуда. Осы топтар барлық бастамаларда жетекші роль атқара бастады. Адамдарды микроаудан мәселелеріне шақыруға көмектеседі, оларда тұрғындар қызметтің түрлі саласындағы таланттарын көрсетеді.

Халық депутаттары жергілікті Советтерінің сайлауы жөніндегі белең алған сайлау науқанында өзін-өзі басқару советтеріне көрнекі роль берілуде. Тұрғылықты жер бойынша халықпен жұмыс жүргізу жөніндегі қалалық үйлестіру советінің председателі болып табылатын қалалық атқару комитеті председателінің орынбасары П. К. Дәулетбаевтың айтқанындай, тұрғындар ресми ұсынулардан көп бұрын депутаттыққа кандидаттар тұрғысынан өз пікірлерімен атқару комитетіне келе бастады. Сөйтіп өзін-өзі басқару советі істі нақты қолға алған, адамдар туралы қамқорлық жасалатын жерлерде олардың активтистерін жақсы біледі, оларды халық депутаттары Советтеріне ұсынды.

Басқа жағдайды да байқамауға болмайды: көптеген ұйымдардың күш-жігерін біріктірген өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатыса отырып, депутаттар өз күштерін нақты, адамдарға керекті істерге барынша пайдалы етіп жұмылдыра алады.

В. КОСТРОВ.

Шымкент қаласы.

* * *

Материал басуға өзір болған кезде Павлодар мен Семейден өзін-өзі басқару советтерінің құрылғаны туралы хабар келді.

Павлодарда алғашқы өзін-өзі басқару советі Шығыс микроауданында құрылды. Халық депутаттары Ильич аудандық Советінің депутаты, партия ұйымының секретары, біздің журналымыздың көптен бергі авторы А. Т. Наумчук оның белсенді ұйымдастырушысы болды. Совет милициясының жұмысшы отрядын ұйымдастыруға көмек көрсетіп, өз қаржысынан оны ұстау шығынын өтеуді қарастырды.

Семейде микроаудандардың өзін-өзі басқару советтері, сондай-ақ үй комитеттері арасындағы жарыстарға зор мән беріледі. Таңдаулы микроаудандар, ұйымдар мен кәсіпорындар, үлгілі ұсталатын үй тұрғындары тулар, дипломдар, ақшалай сыйлықтар алады. Қатарынан үш рет табысқа жеткендерге микроауданның қажеті үшін жеңіл автомобиль бөлінеді. Микроауданды жайластыруға көп үлес қосып, жарысқа белсене қатысқандардың видеомагнитофонды немесе басқа тапшы заттарды бірінші кезекті алу правосы бар. Биыл күзде жұртшылықтың нақты қатысуы арқылы қалада 15 мыңнан астам ағаш отырғызылды.

Digitized by Google

Жұма күндеріндегі сұхбаттар

Жаңаөзендегі бертіндегі қайғылы оқиғалардан кейін милиция қызметкерлерінің қала тұрғындарымен тіл табысуы өте қиындау соқты.

Біздің бөліміміз басшылығының халық алдындағы есебі тұрғындармен араласуға көмектесуде. Есеп берулер жұма күндері, кешкі сағаттарда үгіт алаңдарында өтеді. Рас, оларды есеп берулер деп шартты түрде атауға болады. Істің шын мәнінде, бұл халықпен ашық әңгіме. Бөлім жетекшілерінің бірі атқарылған жұмыс, қаладағы жағдай туралы толық әңгімелейді. Учаскелік инспектор да сөз сөйлейді. Ал сосын тұрғындар сұрақ қойып, оларға право қорғау органдарының өкілдері жауап береді. Мұндай кездесулерге микроауданға қамқорлық жасаушы кәсіпорындар жетекшілері мен партия ұйымдары секретарылары келеді. Мұның өзі кезек күттірмес проблемаларды жергілікті жерде шешуге көмектеседі.

Үгіт алаңына жиналған адамдарға анкеталар үлестіріледі. Оларда учаскелік инспектор өз міндетін атқара алатыны, оның сізді қанағаттандыратыны, оның жұмысын жақсарту жөнінен қандай ұсыныстар бар екені туралы сұрақтар баяндалған. Кездесу кезінде адам анкетаны толтырып, соңында оны тапсырады. Анкетаны жүргізу қорытындылары кейініректе шығарылады, оның нәтижелері бойынша нақты шаралар қабылданады.

Кездесудің ең басты қорытындысы — право реттілігін бұзушылықпен күресті күшейту, осы процеске халықты белсенді түрде тарту, демек тұрғындар милиция қызметкерлерінің назарын жасөспірімдердің түнгі уақытта «сейіл жасауына» аударды. Жасөспірімдер шағын-шағын топтармен түн ортасында қаланы кезіп, ысқырып, өлең айтады, дауыс көтеріп сөйлеседі. Мұнда не жасауға болады? Учаскелік инспекторлар мынадай фактілерді хабарлады: түнгі тыныштықты бұзушы жас адамды ұстап, оны ата-аналарына алып келеді, ал ұлың немесе қызың қайда жүр деген сұраққа жабық есіктің әр жағынан олар үйде ұйықтап жатыр деп жауап береді. Екінші сөзбен айтқанда, мұндай құбылысты жол берушілік деуге болады. Дегенмен екінші жағынан қайсыбір шаралар қабылдау керек-ақ. Міне, жұртшылықпен бірлесіп тұрғын үйлер аудандары өкілдерінің ерікті халық жасақтарында кезекшілігін түлету ұйғарылды.

Ұлтаралық қатынастар туралы да әңгіме қозғалды. Бертінде қалалық партия комитетінің секретары болып сайланған В. В. Елизаров бұл жөнінен өте жақсы айтты.

— Бір-бірімізді тілдеуге біз, өкінішке қарай, үйреніп алдық. Енді бір-бірімізді сыйлай білуді үйренуіміз керек. Нашар ұлт жоқ, нашар адамдар баршылық. Оның мысалы мынадай. Қазақ газ өңдеу заводы жасақшылары жас бұзақыны ұстады, оның туысқандарын тірек пунктіне шақырды. Ал олар осы жігітті мықтап жазалауды өтінді және өз өтініштерін былай деп дәлелдеді: ол өзінің қылығы арқылы бүкіл ұлтқа кір келтіруде. Егер жас бұзақылар әр семьяда осындай тойтарыс алса, онда біздегі ахуал сауыға түсер еді.

Тұрғындар көмегі арқылы екінші микроауданда ішімдік қайнату фактісі ашылды, онда бір азаматша сату үшін сексен литрге жуық ішімдік өзірлепті.

К. ЖҰМАҒАЛИЕВ,
қалалық ішкі істер бөлімі бастығының саяси жұмыс жөніндегі орынбасары.



Аса қауіпті қылмыскерді ұстау барысындағы батылдығы мен табандылығы үшін Шымкент облысы Арыс ішкі істер линиялық бөлімінің бастығы С. Б. Жұбаев пен милиционер Б. Д. Елшібеков (қайтыс болғаннан кейін) Қызыл Жұлдыз орденімен наградталды. Жұмыстан тыс кезде, қарулары жоқ олар колониядан қашқан, пышақпен және үш қырлы қанжармен қаруланған бандитті ұстау әрекетін жасады. Жүрек тұсынан ауыр жараланғанымен милиция старшинасы оның соңына түсті. Ал милиция майоры Жұбаев бірнеше жарақат алғанына қарамастан қылмыскерді ұстады.

СУРЕТТЕ: милиция майоры С. Б. Жұбаев (оң жақта) аға сержант Б. Зияхановқа нұсқау беруде.

Digitized by Google

МЕКТЕП ДОСТАРЫ БАРШЫЛЫҚ

«Семьяның, мектептің, еңбек коллективтерінің өзара іс-қимылы тереңдетілсін» — КПСС Орталық Комитетінің 1989 жылғы февраль Пленумының осы талабы алматылық № 5 орта мектеп өміріне барған сайын берік еніп келеді. Оны — «Казмеханобр» ғылыми-зерттеу институтымен, әскери бөліммен, Алматы құрылыс техникумымен және № 15 орта кәсіптік-техникалық училищемен аса тығыз қамқорлық көмек байланысы қабыстырады. Осы мекемелер мектеппен бір ауданда орналасқан, оларда оқушылар ата-аналарының көпшілігі жұмыс істейді.

Оқушылардың «Казмеханобр» институты қызметкерлерімен (директоры Г. С. Попов, партия ұйымының секретары А. Н. Клец) өте тығыз достық одағы қалыптасқан. Институттың әр лабораториясы кластардың бірінің коллективті қамқоршысы. Қамқорлық жұмысқа жауапты адамдар үшін оқу жылында бірнеше рет семинар өткізіледі. Бәрі — балалар да, ересектер де бірлесіп, бір жылға арналған өз істерін жоспарлайды. Осы жоспар қамқорлық жасаушылар кәсіптерімен және институт дәстүрлерімен танысуды, бірлескен спорт жарыстарын, конкурстарын өткізуді, үйірмелер ұйымдастыруды қарастырады.

Институтта қамқорлықтағылардың оқуын қадағалайды. Өзара есеп берулер кеңінен пайдаланылады: қамқорлық жасаушылар қабылдаған социалистік міндеттемесін орындауы туралы балалар алдында, ал оқушылар өз оқуы және қоғамдық тапсырмаларды атқаруы туралы есеп береді. Ұқыпсыз оқушылар цех немесе лаборатория бастығына өңгімелесуге шақырылады, мұнда ұлдармен, қыздармен тәлімгерлері қосымша айналысады. Институт комсомолецтері спорт секцияларын ұйымдастырды.

Институт мектептің материалдық базасын нығайту туралы да ұдайы қамқорлық жасайды. Соңғы жылдар ішінде ғана қамқорлықтағылар үрмелі оркестрге арналған аспаптар, киноқондырғы, түрлі-түсті телевизор, кино және фотолаборатория үшін жабдықтар, жас қызыл әскерлер үшін форма алды. Оқушылар институт базасында сызушы-конструктор, түптеуші, бақылау-өлшеу приборлары мен автоматика слесары мамандығын алады. Балалардың көпшілігі практикадан өткеннен кейін каникул кезінде институтта жұмыс істеуге қалады, ал бірқатары мектепті бітіргеннен кейін онда еңбекке орналасады. Бірлесіп сенбіліктер, құттықтау-концерттер өткізеді, қабырға газеттерін шығарады. Пионерлер институттың бала бақшасына қамқорлық жасайды. Олар мебельді жөндеуге жәрдемдеседі, ойыншықтар мен көрнекі оқу құралдарын жасайды, территорияны жинап, безендіреді.

Оқушыларды жауынгерлермен де үлкен достық байланыстырады Бірлесіп өткізілетін шаралар ішінде жас қызыл әскерлерді «Зарница» және «Орленок» әскери ойындарына даярлау, оқушылардың бөлім жауынгерлерімен және офицерлерімен кездесулері, спорт жарыстары, оқушылар мен солдаттар командалары арасында «Көне, жігіттер», әскери-спорт конкурстары бар. Қалыптасқан дәстүр бойынша нысанаға деп тигізетін және бастауыш әскери даярлық жөнінен өте жоғары бағасы бар оқушылар ғана конкурстарға қатысады. Мұның өзі балаларды жақсы оқуға ынталандырады.

Мектептің жауынгерлермен тығыз байланысы балаларды СССР Қарулы Күштері қатарындағы қызметке даярлауға көмектесуде. Мектептің 120-дан астам түлегі Совет Армиясының офицерлері болды, ал 8 түлегі Ауғанстанда өздерінің интернационалдық парызын орындады.

Оқушылар селолық құрбыларымен де достасуда. Мектептің өзінің кино қондырғысы болмаған 1987 жылы «Таугүл» совхозының мәдениет үйі базасында шаруашылық мектебінің оқушыларына арналған кинолекторий ұйымдастыруды ұйғарды.

«Жасөспірім және заң» клубы аса танымал. Балалар оның сабақтарында судьялармен, юристермен, нарколог-дәрігерлермен кездесіп, газет және журнал мақалаларын, кинофильмдерді талқылайды.

Мектептің аулалық «Эдельвейс» клубымен бірлескен жұмысы қызықты жүргізіледі, онда 15 үйірме мен секция бар. Оларға микроаудандардың тұрғындары жетекшілік етеді. Спорт гимнастикасы секциясына энергетика техникумының студенті жетекшілік етеді, тоқу үйірмесін «Казпищепром» институтының қамқорлық жасаушылары жүргізеді.

Оқушылар ата-аналары мектепке үлкен көмек береді. Олар мұғалімдермен бірге қоғамдық-саяси лекторий сабақтарын өткізеді, лекция оқуға білікті адамдарды тартады, кәсіпорындарға экскур-

Digitized by Google

сия, мәдени жорықтар ұйымдастырады, балалармен бірге спорт секцияларында айналысады.

Мектеп өмірінің өзі көбіне ата-аналармен бірлескен жиналыс тақырыбын ұсынады. Демек, оқушыларды оқу-өндірістік комбинат бойынша бөлу барысында қиыншылықтар ұшырасты. Кейбір ата-аналар балаларының слесарьлар, сатушылар, аспаздар топтарында оқуларын қаламады. Сонда мектепте жиналыс өткізді. Онда кәсіптік бағдар беру жөніндегі жұмыс үшін жауапты мұғалім Н. Е. Сафари сөз сейледі. «Біздің оқу-өндірістік комбинатымыз» слайдты фильмі көрсетілді, оған өндірістік оқу мастері түсініктеме берді. Экраннан кең, жақсы жарақтанған шеберхананы көріп, комбинаттағы оқуды бітіргеннен кейін оқушылар алдынан ашылатын перспективаны аңғарған ата-аналар да жұмысшы кәсіптеріне деген көзқарасын өзгертті.

Папалары мен мамалары бір кезде оқушыларды колхозға практикаға жібергісі келмеді. Олар түрлі анықтамаларды әкелді, балалардың қалада қалуы үшін түрлі себептерді табуға әрекеттенді. Сонда мұғалім Г. Д. Квач «Ровесники» еңбек және демалыс лагерінде балалардың болуы туралы фильм түсірді. Фильм сәтті шықты, сейтіп жаңа проблема туындады: еңбек және демалыс лагерінде тілек білдірушілердің бәріне бірдей орын жете бермейді. Жұртшылықтың және ата-аналардың жәрдемі арқылы мектептің мұғалімдер коллективі оқушыларды тәрбиелеуде қысқа мерзім ішінде біраз табысқа қол жеткізді. Тәртіп жақсарды, үлгерім артты, право тәртібін бұзушылық азайды.

Э. БАЙДАЛИНОВА,
Абай атындағы Қазақ педагогика институтының доценті, педагогика ғылымының кандидаты.

Өмірге, еңбекке әзірленуде

Ю. А. Гагарин атындағы Лениногор мектеп-интернаты педагогтар коллективінің жұмысына көптен бері зейін қоя қадағалаудамын. Мұнда балаларды жақсы көретін, олардың келешектегі тағдырына аса мүдделі адамдардың іріктелгені сезіледі. Сондықтан да мұнда бүкіл тәрбие жүйесі балаларды еңбекке тартып, оларды қайсыбір кәсіпке баулитындай етіп құрылған.

Жұмыс бірден сәтті бола қойған жоқ. Балалардың есік-терезені жуудан жалтармауы, ешбір ескертусіз бұған кірісуі үшін көбірек жұмыс істеуге тура келді. Енді балалардың өздері мектеп пен жатақхананы реттілікте ұстайды, бұрын штаттағы он үш үй сыпырушы онымен айналысатын.

Педагогтар коллективі өнімді еңбекті ұйымдастыруда да елеулі табысқа қол жеткізді. Осы іste Поперечный селосында сауықтыру лагерін ашу көмектесті, онда балалар жыл бойы тынығып, жұмыс істейді.

Мектеп-интернаттағы тәрбие жүйесі А. С. Макаренконың «Ұстаздық дастанын» оқығандарға таныс. Балалардың өзін-өзі басқаруы жұмыс істейді, тәртіп, еңбек пен демалысты ұйымдастыру мәселелерін командирлер советі шешеді. Ересектер жалпы мәселелерді ғана бақылайды.

Балалардың 50 тонналық көкеніс қоймасын салғанын, оған 10 гектар жерден алынған картоп салынғанын қоса айтайын.

Балалар ертеңгі күн туралы да ойлауға үйреніп келеді. Бұл жердің табиғаты сондай көрікті. Алайда осы жасыл желекті ұзақ уақыт сақтау үшін орманға ұдайы күтім қажет. Демек балалар «Орман санитариясы» операциясын өткізеді, орман бұлағының тазалығын қадағалайды. Еңбек десанты Абай орман шаруашылығында тамаша еңбек етіп, 60 гектар бос алаңға қылқан жапырақты бал қарағай, ырша және қайың көшеттерін отырғызды. Одан түскен ақша «жасыл» рейдке қатысқандардың әркайсысына тапсырылды.

Әрине, көп нәрсе тәрбиешінің жеке өзіне, оның іске деген қатынасына байланысты. Бұл жағынан Гагарин атындағы мектеп-интернаттың жолы болған. Мұнда таланатты педагогтар коллективі жиналған. Мектептің бұрынғы түлегі, қазір Гагарин атындағы мектеп-интернаттың оқытушысы және пионер лагерінің директоры Анна Назаровна Рукавичниковаңы балалар «біздің мамамыз» деп атайтынын естігенімде мен таңданған жоқпын. Ол сондай көпшіл, биязы, сонымен бірге талапшыл, әрбір баланы түсініп, олармен ортақ тіл таба біледі. Басқа педагогтар — Г. Огайды, В. Алексееваңы, Л. Безрукованы, Х. Жүргенбаевты, Н. Зиновьевті, Н. Аронды, С. Әбенованы және И. Куликованы да балалар жақсы көреді. Ал осының бәрін мектеп-интернаттың бұрынғы директоры, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі Михаил Арефьевич Федоров бастаған еді. Қазір ол пенсияда, дегенмен басталған істерден шет қалмайды.

Г. БОГДАЕВ.
Лениногор қаласы.

Digitized by Google

АРХЕОЛОГИЯ МУЗЕЙІ

Республика Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы археология музейі Тарих, археология және этнография институты жанынан 1973 жылы ұйымдастырылған еді. Қазіргі уақытта онда көне дәуір мен орта ғасырда Қазақстан территориясын мекендеген тайпалар мен халықтар мәдениеті ескерткіштерінің бай коллекциясы бар. Оны құруға қазақстандық ірі ғалымдар К. А. Ақышев, Х. А. Алпысбаев, М. К. Қадырбаев, К. М. Байпақов және басқалар қатысты.

Музей экспедициясы ірі үш бөлімге: тас ғасыр мен қола дәуіріне, ертедегі темір ғасыры, орта ғасыр бөлімдеріне бөлінеді. Әдетте біз экскурсиялардың бәрін «Алғашқы қауымдық құрылыс және оның ыдырауы» тақырыбынан бастаймыз. Қазақстанның оңтүстігінен табылған орта палеолит ескерткіштері осында жиналған. Бұлар қыштан өрнектеліп жасалған заттар, садақ жебесі мен найзаның қолдан соғылған ұшы, пышақ. Неолит пен энеолит Орал облысындағы көне қабырлардан табылған кездейсоқ заттармен бейнеленген.

Сондай-ақ қоладан, қыштан жасалған бұйымдар қойылған. Бұл, мәселен, андроновтық мәдениеттің бейнесін, республиканың оңтүстік және оңтүстік шығыс аймақтары үшін оның әркелкі ерекшеліктерін ашатын құмыра, ыдыстар, балталар, орақтар, әшекей заттары. Орталық Қазақстанда табылған ескерткіштер де қойылған. Бұл — қару-жарақтың қоладан жасалған заттары, ер-тұрман қолданбалы өнер бұйымдары. Шымкент облысы территориясында қазылған Ақтөбе, Баба-Ата тұрақтарынан табылған, металдан, сүйектен жасалған заттар және басқалар назарды өзіне аударады.

Біздің «Алтын қоймамыз» бірегей болып табылады. Онда түрлі қазба жұмысын жүргізу барысында табылған асыл металдардан жасалған алты мыңнан астам археологиялық зат бар. Олар біздің дәуірімізге дейінгі екінші мың жылдықтың екінші жартысында-ақ Қазақстан территориясында зергерлік өнердің туындағаны туралы сипаттайды. Алматыға тақау орналасқан «Есік» обасынан табылған киімнің, қару-жарақтың, тұрмыстық заттардың әшекейлік заттары, ерте орта ғасырлық Құйрықтөбе қалашығынан (Оңтүстік Қазақстан) VI—VIII ғасырлардағы өрнектеліп жасалған ағаш заттар коллекциясы, көне Отырар мен Тараз қалашықтарының қыш ыдыстары айрықша назарды аударады.

Музейлік көрмелер мен «Алтын қойманың» бірегей экспонаттары Египетте, ГДР-де, Түркияда, Жапонияда, Швецияда, Финляндияда, Индияда, Алжирде өте табысты көрсетілді. Біздің музейіміз әзірленген, 1986 жылы Швецияда, Финляндияда және Жапонияда өткен: «Ұлы жібек жолы» тақырыптық көрмесі сан миллион адамдарды қазақ халқының мәдениетімен таныстырды.

«Евразия — көшпенділер отаны» көрмесі тұтасынан бір жыл бойы АҚШ-тың үш қаласында зор табыспен өтті. Оған еліміздің ірі ғылыми музейлері қатысуда. Осы көрмеде біздің «алтын адамымыз» лайықты орын алды. Қазақстандық археологтар осы бірегей олжаны «Есік» обасын қазу барысында тапқан еді. Ол біздің бабаларымыздың — жаңа дәуірге дейінгі V—IV ғасырлардағы көшпенділер — сақтардың ежелгі тарихы туралы мағлұматтар береді. К. А. Ақышевтің жетекшілік етуімен бір топ археологтар 1969 жылы осы обада 16—18 жасар жігіттің мүрдесін тапты. Оның киімі — қамзолы, бас киімі және аяқкиімі көлемді алтын заттармен, сондай-ақ алтыннан жасалған әшекейлік заттармен өрнектелген екен. Жерлеудің көл-көсірлігі, көптеген көркем алтын әшекейлер, жақсылап өрнектелген қару қайтыс болған адамның жоғары деңгейі туралы сипаттайды. Олжа «Алтын адам» атауымен археологиялық анықтамаларға еніп, бірден жаппай назарды аударды. Ол ғалымдарға сақ қоғамындағы таптық құрылу процесі туралы қосымша мағлұматтар берді. Советтік көрнекті суретші М. И. Герасимов жетекшілік еткен музей реставраторлары киімді реконструкциялады және осы костюмнің үлгісі сондай әдемі жасалды. Шетелдерде «алтын адам» «советтік Тутанхамон» деп аталды.

Өлкетанушылар, мектептердің және басқа оқу орындарының оқушылары музей төңірегіне топтасуда. Олар археологиялық экспедицияларға қатысады. Біздің қызметкерлеріміз республикалық Пионерлер сарайында, Алматының бірнеше мектебінде музей құруға көмектесті.

Музей адресі: 480100, Алматы қаласы, Ленин проспектісі, 44, телефоны: 61-85-85.

Р. БЕКТӨРЕЕВА,
музей меңгерушісі.

Digitized by Google

«Қазақстан үгітшісі» журналында 1988 жылы жарияланған материалдар көрсеткіші

№№

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

Оянған инициативаға — саяси көмелдік пен жасампаздық сипат берілсін . . . 1
Партияға совет халқына. Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Үндеуі 4
Советтік Социалистік Республикалар Одағы Халық депутаттары съезінің қаулысы. СССР Жоғарғы Советінің Председателі туралы 12
М. С. Горбачевтің Мәлімдемесі . . . 12
Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы (Өмірбаяндық анықтама) 14
Қайта құру қуатын еселей түсейік, Қазақстанның творчестволық және ғылыми интеллигенциясы өкілдерінің республика тұрғындарына үндеуі 16
Совет халқына үндеу 17
Оқырмандарға арнау 18
Октябрь жолымен, жаңару жолымен 19
КПСС Орталық Комитеті Пленумының 1989 жылғы 19 сентябрьдегі қаулысы КПСС-тің кезекті XXVIII съезін шақыру туралы 21
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті XVII пленумының қаулысы. Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті XVII съезін шақыру туралы 24

● 26 МАРТТА — СССР ХАЛЫҚ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ №№

А. Таранов. Лениндік дәстүрлер түлетілуде 2
Кандидаттар ұсыну 2
А. Гончаров. Дәлелдер және иландыру күшімен 3
Қ. Ишмұхамедов. Сайлау системасындағы жаңалықтар 3
Жеделдету және қайта құру бағытымен . 3
В. Алесин. Советтер және демократияны дамыту 4
Сұхбаттаса білейік 4
Қ. Рамазанов. Бүгінде сөзден іске ауысу керек 5
В. Ким. Ел өкіметінің жоғары өкілетті органы 5
П. Чурсина. Әйелдер еңбегін жеңілдету керек 6
В. Мамонов. Сайлаушылар аманаттары . 6

● СОВЕТТЕР САЙЛАУЫ ҚАРСАҢЫНДА

Сайлау науқанын идеологиялық жағынан сенімді қамтамасыз етейік . . 21
К. Ишмұхамедов. Сайлау туралы жаңа заңдар 22
Л. Сапрыгина. Кешкілікте саяси оқу үйінде 22
Халық игілігіне арналған 23
Сайлаушылардың дұрыс таңдау жасауына көмектесейік 23
Қ. Мырзалин. Мінберден шақырулар жетімсіз 24

● БІЗ — ҚАЙТА ҚҰРУҒА, ҚАЙТА ҚҰРУ — БІЗГЕ №№

Қимыл-әрекет кезі, жұмыс кезі 1
А. Василевский. Бүкіл совхоз арендаға ауысуда 2
Н. Степанова. Еңбек мерекесі 2
Ә. Сүлейменов. Мәрдігерлік — қатал сыншы 7
В. Швец. Жердің қожайындары 8
Қ. Егізбаев. Қол жеткенді орынды бағалайық 9
Р. Белянцева. Жастарға қамқорлық керек 10
Р. Садықова. Жұмысшыларды тыңдай білу керек 11
А. Әленаев. Жұмыстың бүкіл циклын өз күшімізбен атқарамыз 13
В. Шин. Мектепке деген қарызды өтейік 14
А. Мезенцев. Нақты іс-қимыл керек . . 15
Г. Новиков. Сенім көрсету 17
Л. Доронина. Еңбегіңмен қолдау жаса . 20
В. Костров. Билікті өз қолдарына алуда . 24

● САЯСАТ. ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІР №№

Ю. Маркелов. Біз өз армиямызды неліктен қысқартудамыз 2
В. Чикалин. Отанымыздың сенімді қорғаушыларын даярлайық 3
Р. Дүйсенбекова. Жұмысшы бақылауы 3
Ф. Батырбекова. Әйелдер туралы аялы қамқорлық 4
И. Соловьева. Ұлы бастама дәстүрлерін дамыта берейік 6
Е. Сауытбаев. Лениннен үйренейік . . 7
Э. Бычкова. Қазақстандағы Қызыл Бірінші май 7
П. Белан. От-жалынды жылдар жаңғырығы 8

М. Минкелевич. Клубқа достар жиналуда 8
В. Загорский. Ардагерлер советі . . . 9
А. Казаков. Басты байлық — денсаулық 10
Р. Серсенов. Прогрестің қуатты бастауы 15
М. Бугай. Халықтарды не үшін қоныс аударттырды? 16
К. Колпаков. Бюрократизмге жол жоқ . 17
З. Керімқұлова. Мұғалімнің мәртебелі міндеті 18
Э. Басаров. Батыл қимылдап, жұртшылыққа сүйенейік 20
С. Қасымов. Советтер елінің бірлігін нығайта берейік 23

А. Устинов. Мен неліктен коммунистпін? . 24
Ю. Булуктаев. Басшылық жасаудың саяси әдістері 24

● ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫ: ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР №№

М. Есенбаева. Әңгімелесе білуді үйренейік 1

Digitized by Google

А. Хлыстун. Адамдарды тыңдай білу . . 1
Т. Щипанова. Қоғамдық-саяси орталық . 1
Н. Иванова. Жатақханалардағы жастар ортасында 2
Е. Масатов. Шопандар заявкасымен . . 2
Л. Чагай. Бірыңғай саяси күн: ол қандай болуға тиіс? 3
Г. Алпысбаева. Жол-жөнекей аялдау . . 3
В. Толочко. Сұхбаттаса білу өнерін меңгерейік 6
Л. Бәйсейітова. Шәріповтың лекторлық мектебі 6
Н. Козырева. Көлушілердің бәріне есік ашық 7
В. Ушакова. Адам туралы қамқорлық . 8
В. Ремезов. Клубтар көбейіп келеді . . 9
Жаңа қатынастарды батылырақ орнықтырайық 10
Т. Якименко, Л. Семенова. Қамқорлық көмек 11
Л. Овчаренко. Теорияға ден қоюшылық өсіп келеді 12
Кейінге қалдыруға болмайды 13
Экологиялық жаппай оқу 13
Г. Иванов. Шағын селолар көркейтілуде 14
А. Белаш. Жастар күш-жігерін бағыттай білейік 14
С. Төлекбаев. Бұл жанды кері байланыс 15
Г. Ысмағұлова. Балалар көзімен қарай білейік 15
В. Костров. Алдыңғы қатарға ұсынылуда .
Р. Роган. Өзара ұғынушылық 16
А. Мамышева. Өз аясымен шектелмейді 17
А. Эшимова. Адамдар тұратын жерлерге 18
М. Умарова. Әйелдер советі көп нәрсе жасай алады 18
Н. Максутова-Столбова. Көптеген тілдерде 18
Д. Жахангирова. Интернационалдық достық клубы шақырады 18
А. Тоқтосартов. Достық көпірінің мықтылығы бізге байланысты 18
М. Айымбетов. Халықтар туысқандығы — әдебиеттер туысқандығы 18
В. Пшеничный. «Шарора»—«Ұшқын» . 18
Р. Шардабаев. Жариялылық, бүкпесіздік 19
С. Қабиева. Зерттеу не көрсетті . . . .
В. Ожерельев. «Мыслитель» — философтар клубы 20
В. Костров. Байқаулар әдісімен және қателіктер арқылы 20
А. Айдосов. Ильич идеяларына жүгінейік 21
М. Кожухаров. Адамды қалыс қалдырмайық 21

● **ЭКОНОМИКА: РЕФОРМА БАҒЫТЫМЕН**

Н. Доненко. Ертеңгі күн транспорты . . 1
Бесжылдықтың төртінші белесі . . . 2
Л. Володина, Л. Комаров. Жел тиімділігі 2
Халыққа қызмет көрсетуді жақсартайық (Цифрлар мен фактілер) 4
Жер қазынасын барлаушылар (Цифрлар мен фактілер) 5
Л. Баранов, А. Ильиных. Күн энергиясын пайдалану 5
Г. Брокциттер. Білікті жастарды тәрбиелейік 6
С. Чурилин. Еңбек зая кетпейтін ойын . 6
Т. Жәңгірова. Қазақ ССР халық шаруашылығы жетістіктері көрмесі 1989 жылда . 6
Ә. Қабдешев. Шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайында . . . . . —
А. Шалваров. Халыққа арналған товарлар көп болсын 9
Л. Каргаполова. Өнім беру тәртібі. Ол қалай орындалуда 9
В. Машкунов. «...Қажет ...Қажет» . . . 10
С. Досқожаев. Барынша қайтарыммен жұмыс істейік 10
Б. Шоланов. Экономикалық тұтқалар пайдаланылуда 11
В. Некрасов. Әрі отын, әрі тыңайтқыш . 11
Е. Дербісов. Экономикалық реформаға не оралғы жасайды? 12
В. Дудкин. Басты бағдар — ғылыми-техникалық прогресс 13
В. Иванникова. Құрылысшылардың жаңа межелері 14
М. Раев. Мұнай-газ комплексі жасалуда 15
М. Мәмбетов. Жарыс «жер бетіне», жұмыс орнына оралтылуда 16
З. Абдрашитов. Экономиканы жаңарту іргетасы 16
Л. Довгаль. Орманға ұқыптылықпен қарайық 17
Т. Каплан. Автомобиль транспортындағы экономикалық реформа инициативаға еріс ашты 19
Г. Мацакова. «Тұрғын үй-91», ол қалай орындалуда? 19
Ю. Карцев. Жезқазғандық металлургтердің әлеуметтік программасы 22
А. Баекешева. Теңіз: проблемалар түйіні шешілуде 22
Б. Нұржанов. Энергетиктердің жаңа межелері 23

● **АЗЫҚ-ТҮЛІК ПРОГРАММАСЫ**

Мал қыстату — жауапты сын 1
Л. Можаев. Астық алқабының резервтері 2
Фермалардағы қысқы науқан 3
И. Курьянов. Қамқорлық көмек шартты негізде 4
Н. Цой. Дербестілік пен инициатива негізінде 5
Е. Сергеева. Сүт көп алынуда 6
М. Мәжитов. Жемшөпті жеткілікті дайындайық 6
В. Кашурка, М. Әбдірайымов. Сүт проблемасы: оны қалай шешуге болады? . . 7
Э. Госсен. Әр танап ерекшелігі ескерілсін 8
Б. Ыдырысов. Ет конвейерінің резервтері 9
К. Карпухин. Аренда бізге не берді . . 10
Космостан берілетін көмек 10
А. Дмитриев. Балықшылардың тындырымды істері 11
М. Новиков. Қосалқы шаруашылық пайдасы 11
Б. Қасымов. Совхоздың бас үйі 11
Көк балауса науқаны 12
П. Дегтярева. Ескі диірменнен бастадық 13

Digitized by Google

В. Дмитровский. Қызылша шығымдылығын арттыра берейік 14

В. Лущаков. Орақты мерзімінде әрі ысырапсыз өткізейік 15
Н. Четвергов. Игі бастама 15
Астық алқабы шақырады 16
С. Кульпин. Көңседе ешкім жоқ, бәрі танапта 17
Б. Ибрагимова. Көкөніс конвейері . . 17
Р. Вагизова. Біздің столымыздағы нан . 19
В. Грязнов. Малшылардың қыс қарсаңындағы қам-қарекеті 19
Н. Дудкин. Жер қожайынына қайтарылуда 20
В. Кармазин. Біздің нанымыз 20
В. Чеботько. Жуковтар үйымшылдықпен жұмыс жасайды 21
В. Тимошкин. Валюта — диқандарға . 21
Д. Арынов. Республиканың бас көрмесінде 21
П. Шкрупий. Қазақстандық селоның әлеуметтік дамуы 23

● **ӘҢГІМЕЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР**

М. Орынбеков. Сыбыстардан абай болыңыздар 12
Т. Сергеева. «Отпен ойнама» 14
Л. Шкатова. Семьяда бақытты адам өмірде де бақытты 15
О. Креймер. Қыздар — аналар 16
Қауырт жұмыс мезгілі 17
М. Малахов. Қазақстандағы саяси реформаның жаңа кезеңі 18
Э. Шыныбекова. Әйелдердің ауыр еңбегі 21
А. Әбілдинов. Әр хаттың соңында адам бар 23

● **МЕТОДИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ**

Ю. Беседа. Тыңдаушыларды баурай білейік 7
В. Аннушкин, К. Муратова. Шешендік өнерін қалай меңгеруге болады . . . 8
В. Костров. Бұдан ауыр жұмыс жоқ . . 12
К. Биекенов. Сөз сөйлеудегі логика . . 14
Л. Лихачев. Сұхбаттасу мәдениеті туралы 16
Ж. Наурызбаев. Насихатшының педагогикалық мәдениеті туралы . . № 19, 20, 21

● **ХАЛЫҚТАРДЫҢ ТУЫСҚАНДЫҚ СЕМЬЯСЫНДА**

Д. Мен. Ортақ қам-қарекетіміз бен қуанышымыз 1
Ү. Садықов. Біздің күшіміз — бірлікте . 13
Ф. Әлиев. «Біздің тарихымыз ортақ, мақсатымыз ортақ» 15
Тағдырымыз бір елміз 18

● **ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ӨМІРІ**

Н. ЛАРИН. Қос тілділік жолындағы қиындықтар: оларды қалай жеңуге болады? . 1
А. Долговязов. Туристік жолдар шақырады 1
Э. Ватлина. Қайырымдылық қоры . . . 3
В. Штыров. Журналистердің басты міндеті 7

● **ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕР — ТӘРБИЕ ОРНЫ**

Г. Галкина. Достар тәжірибесінен . . . 5
С. Жайлыбаев. Шағын клубтарға қамқорлық жасайық 6
В. Истомина. Белсенді көмекшілерді іздестірудеміз 8
К. Жұмаділов. «Жастар жатақханасының екі жылдығы» 10
С. Кочнев. Біз тұратын жерде 14

Т. Щипанова. Жоспар жасаумен... іс бітпейді 15
П. Абрамович. Әлі запаста емес . . . 21
В. Костров. Балалар жайлы аялы қамқорлық 22

● **СҰРАҚҚА—ЖАУАП**

С. Әбілқасымов. Деревняға қоныс аударыңыздар 1
А. Анищенко. Есік көлінің тағдыры . . 1
Р. Сөрсенов. «Біздің екінші үйіміз осында» . 2
С. Әбішев. Дүние жүзілік рынокқа шығу 3
В. Ковалеров. Саяхат жасауға шақырамыз 6
Ф. Сағытдінов. Тапшылық жойылуда . . 11
А. Жалалов. Облыс таратылғаннан кейін . **Л. Дружинин.** Алыпсатарлыққа — тосқауыл 12
Р. Игнатьев. Сабын, жуу ұнтағы және... объективті себептер туралы 13
А. Макаров. Тағы да тұз туралы . . . 14
В. Сиськов. Қоршаудың әр жағында не өзгеруде 15
Қ. Садықбаев. Лотерея: кімдерге пайдалы? 17
В. Овчинникова. Семья қызметінің көмегі 20
Г. Ребров. «Шығымды шай керек пе? — Алыңыз» 20

● **ДЕНСАУЛЫҚ**

Г. Хаудалова. Туберкулез: алдын алу жолдары 2
М. Ременцова. Бруцеллез 5
З. Темірбеков. Гепатиттен сақ болыңыз . 9
Г. Жидебаева. Өзіңді ұстай білуді үйрен 11
Г. Абрин. Орманның емдік қасиеті . . 14
Ә. Құрманғалиева. СПИД: қауесеттер мен шындық 14
Л. Афанасьев. Жұмыртқаны жеуге бола ма? 15
В. Лукашев. СПИД. Оның алдын алу сенімді ме? 19

● **САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ОРНЫҚТЫРАЙЫҚ**

Н. Жармағанбетов. Ығысуға болмайды . 2
Салауаттылықты насихаттаушыларға көмек 4
В. Савченко. Әрі қарай не жасау керек? . 13
Е. Лезанина. Пайдалы семинар 18
И. Пархоменко. Комиссия не жасай алады? 22
В. Маскаленко. Әйел және ішімдік . . 22

● **БІЗДІҢ КАЛЕНДАРЬ**

В. Щербина. Н. К. Крупская 2
Т. Лаумулин, Н. Әзербаев. Қазақстан ғылымының мақтанышы 5
В. Проскурин. Ғалымның таяғы мен қаламы 6
Ж. Бейсенова. Ыбырай Алтынсарин . . 13

Digitized by Google

● ТАБИҒАТ ЖӘНЕ БІЗ

Л. Цой. Табиғат қорғау: нақты қимыл-әрекет керек 2
Ю. Дмитриев. Ауа жақсара түседі . . . 5
Қ. Асанов. Арал: нақты іс-қимыл керек . 8
А. Коротков. Шығасы шықпай, кірісі кірмейді 10
Г. Пряников. Таулар қорғауды қажет-сінеді 11
С. Жүнісов, Т. Тілеуов. Қаладағы автомобиль 20
Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінде 14, 17
Облыстық партия комитеттерінде . . . . . № 20, 22, 23

● ЖУРНАЛ ПОЧТАСЫНАН

Н. Степанова. Еңбек мерекесі 2
Г. Алпысбаева. Жол-жөнекей аялдау . . 3
Л. Тимирязев. Адамдар жанында болу . 4
О. Мұсабеков. Жас сайлаушыларға көмек 4
Н. Позднияков. «Егер мен депутат болсам...» 4
З. Гурецкий. Зор жауапкершілік . . . 4
К. Ермұқанов. Спорт залы жабдықталды 4
В. Летягин. Қалалық партия комитетіндегі кездесу 5
Т. Григорьева. «Россинкадағы» кездесу . 5
В. Энодин. Аудандық партия комитетінің күні 6
Б. Симонов. Жұмыс тобы 6
Х. Қарпықов. Семьялық мердігерліктегі үй 6
Жергілікті кадрлар 7
Т. Мәмбеталиев. Кино әуесқойларына кім көмектеседі? 8
Қазақ әндерін орындаушы 8
С. Подсосна. Шалғай шаруашылықтар елеусіз қалмасын 9
Т. Соловьева. Қызықты хабарлар сағаты 9
К. Жолдасов. Достық бастауы Спорт залын салды 9
А. Побединский. Қайдасыңдар, әкелер 10
С. Гениевский. Бірыңғай баға болуға тиіс 10
М. Ізімбергенов. Өзара ұғынушылық 10
Ф. Ахметжанова. Туысқанымыздай . . 11
С. Ғайсин. Үрмелі аспаптар оркестрінің асқақ әуені 11
С. Жаманов. Ардагердің позициясы . . 11
Ж. Қапанов. Халықтар өмірі туралы әңгіме 12
К. Байманов. Журнал достастырды . . 12
Н. Потоцкий. Ардагерлер балаларға 12
В. Сидоров. Отан қорғауға дайын . . . 13
А. Доценко. Шаруашылық есеппен салды 13
Балаларға тарту 13
К. Бопов. Ардагерлер советі 14
В. Чайковский. Кітап достастырды . . 15
С. Ваитов. Жиналыс осылай ұйғарды 15
Д. Жақыпов. Көптеген адрестер бойынша 15
А. Седов. Кімнің селосы көрікті . . . 15
К. Павловский. Таудағы жол 16
В. Рудиев. Агрономның құрметіне . . . 17
Ю. Исаев. Шыныға берулеріңізге көмектеседі 20
К. Сәрсенбаева. Осылай орынды болар 20
Г. Полоса. Орманды қорғаңдар 20
Е. Константинова. Бізге тағы да келіңіз 21
Б. Жастармин. Ардагердің орақтағы табысы 22
А. Ысқақов. Орынбордағы қазақ киіз үйі 22
Н. Зайцев. Асхана жанындағы гүлазар 22
М. Войтов. Жаз сыйы — балаларға . . 22
С. Салғаринов. Зерде сабақтары . . . 23

● ҚАЗАҚ ССР СТАТИСТИКА ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИТЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

Бала бақшадағы орындар 1
Алкогольдік ішімдіктерді тұтыну . . . 8
Село мәдениеті туралы қамқорлық жасайық 9
Үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсанында азық-түлік өнімдерінің өткізілуі . . . 11
Орынсыз ысырап 12
Экология туралы көбірек қамқорлық жасайық 20

● ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨМІР

А. Зотов. Палестиналықтар не ұйғарды . 2
В. Бордунов. Бұл қашанға дейін жалғасады 5
Т. Дмитриева. Бетбұрыс 6
М. Лапицкий. Американдықтар осылай жұмыс істейді 8
В. Богачев. «Стратегиялық қорғаныс инициативасының» түпкі мақсаты қандай? . 10
ФРГ-дегі иммигранттар 11
В. Назаренко. Жаңғыртуға қатысты айлашарғы 13
В. Овчинников. Тату көршілестік және өзара пайдалы ынтымақтастық . . . 15
Н. Мирошник. «Иә, астық болады» . . 17
Г. Дильдаев, А. Крушинский. Жібек жолы өткен жермен 19
Э. Гусейнов. Экологиялық апат шегінде 22

● ЮРИСТІК ЖАППАЙ ОҚУ

Б. Алпысов. Сотқа жүгінуге болады . . 5
Ш. Белалов. Заң күші әділеттілікте . . 7
Р. Баймұрзаев. Нашақорлыққа қарсы заң . 8
Д. Досполов. Қайта құруды қорғайық . 10

● АТЕИСТІК ТӘРБИЕ

Қ. Шүлембаев. Дін және адамгершілік . 9
Л. Шаляпина. Дінге сенушілермен сұхбат 14

● КІТАП БАСПАЛАРЫ ҰСЫНАДЫ

Қ. Тілемісов. «Қайнар»-89 1
Е. Сыздықов. «Қазақстан» **С. Оразалин.** «Өнер» 4
Қ. Найманбаев. «Жазушы» 6
Политиздат 1990 жылда 8
Р. Нұрғалиев. Қазақ Совет энциклопедиясы 9
Ш. Аманов. «Мектеп» 10

Digitized by Google

● **РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ**

К. Ғилманов. Республиканың кітап музейі 1
Н. Мұқанова. С. Мұқановтың музей-үйі . 2
Б. Шайхин. Медицина тарихының музейі . 3
Б. Молдашев. Шоқан Уәлиханов музейі . 4
Н. Колесникова. Қазақстан комсомолы даңқының музейі 5
Өскеменнің этнография музейі . . . 6
Б. Молдашев. Ф. М. Достоевскийдің әдеби-мемориалдық музейі 7
Б. Алтаев. Жамбыл музейі 8
Б. Аймұқамбетова. Тарастың қызыл талы . 9
Б. Алтаев. В. И. Чапаев музейі 10
Б. Алтаев. «Отырар» мемлекеттік археология музейі 11
Б. Молдашев. Абай музейі 12
Б. Алтаев. В. В. Куйбышевтің музейі . . 13
Г. Қисамбаева. Атеизм музейі . . . 15
А. Летягин. Петропавлдың өнер музейі . 16
Б. Аймұқамбетов. Жансүгіров музейі . —
Э. Соколин. Г. И. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі . 18
А. Белаш. Космонавтиканың жезқазғандық музейі 19
М. Сатыбалдиева. «Жөркент мешіті» архитектуралық-көркем музейі . . . 20
Көген тарихи-этнография музейі . . . 21
М. Савин. Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің музейі 22
Н. Құдайбергенова. Қ. И. Сәтпаев атындағы геология музейі 23
Р. Бектереева. Археология музейі . . 24

□□□

НОМЕРДЕ:

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті XVII пленумының қаулысы. Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті XVII съезін шақыру туралы 1

● **СОВЕТТЕР САЙЛАУЫ ҚАРСАҢЫНДА**

А. МАТВЕЕНКО. Жеке үгіт керек 2

● **ИДЕОЛОГИЯ ЖҰМЫСЫ: ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН ПРОБЛЕМАЛАР**

К. МЫРЗАЛИН. Мінберден шақырулар жетімсіз 6
С. САДЫҚҰЛОВА. Игі дәстүрлерді түлетейік 7

● **КОНКУРС ЖАРИЯЛАНДЫ**

М. ЗАСЛАВСКАЯ. Сіздің сезіңіз де үндестік табады 10

● **САЯСАТ. ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІР**

А. УСТИНОВ. Мен неліктен коммунистпін! 11
Ю. БУЛУКТАЕВ. Басшылық жасаудың саяси әдістері 15

● **ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕР — ТӘРБИЕ ОРНЫ**

В. КОСТРОВ. Билікті өз қолдарына алуда 19

● **ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІ КҮШЕЙТЕ БЕРЕЙІК**

К. ЖҰМАҒАЛИЕВ. Жұма күндеріндегі сұхбаттар 23

● **МӘДЕНИЕТ. МОРАЛЬ**

Э. БАЙДАЛИНОВА. Мектеп достары баршылық 24
Г. БОГДАЕВ. Өмірге, еңбекке әзірленуде 25

● **РЕСПУБЛИКА МУЗЕЙЛЕРІНДЕ**

Р. БЕКТӨРЕЕВА. Археология музейі 26
«Қазақстан үгітшісі» журналында 1988 жылы жарияланған материалдар көрсеткіші 27

Digitized by Google

ЖУРНАЛ ОҚЫРМАНДАРЫ МЕН ОҒАН ЖАЗЫЛУШЫЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақстан үгітшісі» — «Агитатор Казахстана» журналын шығару 1990 жылғы 1 январьдан тоқтатылады. Оның негізінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қазақ тілінде «Сұхбат» және орыс тілінде «Позиция» хабаршылары шығады.

Жаңа басылым республиканың саяси өмірінің санқырлы формаларын баяндап, партия ұйымдарының идеология жұмысын жаңартуға, олардың қызметінің саяси әдістерін орнықтырып, оқырмандарда қайта құруға деген сындарлы қатынасты қалыптастыруға ықпал етеді. Республиканың қоғамдық-саяси өміріндегі оқиғаларды баяндаудағы жоғары оперативтілік хабаршылардың артықшылығы болып табылады. Бұл насихатшылар мен саяси және экономикалық білім беру жүйесі тыңдаушыларына, сондай-ақ ауызша саяси үгіт активистеріне, лекторларға, мектептер мен басқа оқу орындары педагогтарына көмек ретіндегі материалдарды дер кезінде жариялауға көмектеседі. Сонымен бірге жаңа басылымдар оқырмандардың қалың тобына арналып әзірленетін болады.

Хабаршылар «Правда» газетінің жарты формасында 12 бет болып, айына екі рет басылатын болады. Бір номерінің бағасы — 15 тиын. Индекстері сол қалпында сақталады: «Сұхбат» хабаршысы үшін — 75328 және «Позиция» үшін — 75602.

Журналға 1990 жылға жазылғандарға хабаршылар қайта рәсімдеусіз жеткізілетін болады.

Сондай-ақ 1990 жылғы 1 февральдан алып тұру үшін «Сұхбат» және «Позиция» хабаршыларына барлық байланыс бөлімшелерінде, «Союзпечать» учаскелерінде, магазиндер мен киоскілерінде, кәсіпорындар мен ұйымдардағы баспасөзді қоғамдық таратушылар арқылы жазылуға болады.

БІЗДІҢ АДРЕС:

480044, Алматы
Гоголь көшесі, 39

Телефондар:
63-28-68,
63-29-08,
63-27-84
63-27-74,
63-27-56

Бас редактор В. А. ПАРАМОНОВ
Редколлегия: С. А. ДӘРМЕНБАЕВ, М. А. МӘМБЕТОВ, А. МӘУТЕНБАЕВ, Ж. Ж. НАУРЫЗБАЕВ, Б. Ө. САПАРҒАЛИЕВ, Т. В. ЩИПАНОВА.

«Қазақстан үгітшісі» («Агитатор Казахстана») — журнал ЦК Компартии Казахстана на казахском языке.

Техникалық редактор С. ҚАСЫМОВ,

Сдано в набор 14.11.89 г. Подписано к печати 28.11.89 г. УГ22606 Формат 70x108 1/16. Бумага офсетная № 2. Печать офсетная. Усл. печ. л. 2. Уч. изд. л. 3,6 Кр. отт. 3,8. Тираж 53462 экз. (каз. изд. 27536 экз, рус. изд. 25926 экз). Заказ 132. Цена 15 коп.

ИНДЕКС 75328.

Ордена Трудового Красного Знамени типография Издательства ЦК Компартии Казахстана. Алма-Ата, проспект Ленина, 2/4.

Digitized by Google



● Жаңа экспонаттармен танысу. Жоғарыдағы суретте (солдан оңға қарай): аға ғылыми қызметкер Л. Рақымжанова, республикалық кітап палатасының референті А. Қуанышәлиева, музей меңгерушісі Р. Бектұрова.



● Отырар қалашығының қазындыларынан табылған экспонаттар витринасы.

АРХЕОЛОГИЯ МУЗЕЙІ ТУРАЛЫ МАТЕРИАЛДЫ 26-БЕТТЕН ОҚЫҢЫЗДАР.



● Шаушықұмтөбе қалашығы қазындыларынан шыққан құмыралар, III—V ғасырлар.

● «Жетісу ескерткіштері» стендісі.

Суреттерді түсірген Р. БЕГИШЕВ.



Digitized by Google

Бағасы 15 тиын.

Индекс 75328

БАСТЫ ЖҮЛДЕ — ДЕНСАУЛЫҚ




«Плакат» баспасы.

Digitized by Google

Digitized by Google

Digitized by Google





Digitized by Google